

Балабек
Жыдырбекұлы





*Балабек
Жыдырбекұлы*

АЛАТАУ

Роман

Бірінші және екінші кітап



Алматы 2010
Ел-шежіре

УДК 821. 512. 122
ББК 84 Қаз 7-44
Қ 96

Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару” бағдарламасы
бойынша шығарылды

Баспаға дайындаған – **Балнұр Қыдырбек**

Балғабек Қыдырбекұлы
Қ 96 Алатау. Роман-диптих, *(1-ші және 2-ші кітап)*/ Қыдырбекұлы Б.
– Алматы, «Ел-шежіре», 2010.
– 928 бет .

ISBN 978-601-7011-90-1

«Алатау» романы кеңестік дәуірдегі «Ұлы қазан революциясы» деп танылған тарихи оқиғаны, онан кейінгі жылдардағы отырықшыландыру, коллективтендіру, колхоздастыру кезеңдерін қамтиды. Сол бір сындарлы кезеңде қазақ халқының ауыр тұрмысын, әлеуметтік жағдайларын суреттейді. 30-жылдардағы колхоздастыру кезеңінде жіберілген асыра сілтеулер, соның салдарынан ұлтымызды жайлаған ашаршылық жайы кеңінен баяндалады. Осы ауыр кезеңнен өтіп, есін жия бастаған елді тағы да ауыр күндер күтіп тұр еді. Бұл кітапта сол бір нәубеттен құтылған елдің басына түскен екінші зобалаң да, яғни 1937-1938 жылдардағы жаппай жазалау науқаны да халықтық трагедия ретінде айшықты суреттелген.

Бұл роман алғашында екі кітап болып, жеке-жеке баспа бетін көрген еді. Енді сол екі кітап роман мазмұнына сәйкес біріктіріліп басылып отыр.

Кітап қалың көпшілікке арналған.

УДК 821. 512. 122
ББК 84 Қаз 7-44

Из личной библиотеки Балнур Кыдырбек
www.balnur-qydyrbek.com

ISBN 978-601-7011-90-1

© Кыдырбекұлы Б., 2010
© «Ел-шежіре», 2010

Абыз бен аңыз

Уақыт өткен сайын жұрттың іздейтін, сөзін сағынатын тұлғалар болады. Халық олардың атын қастерлеп, ұлты үшін атқарған қызметін ой елегінен өткізіп, қалдырған мұрасын үкілеп ұстап, ел кәдесіне жаратуға тырысады. Өткен түп-тұқиян тарихты қаузамай-ақ, күні кеше дүниеден өткен асыл ардақтыларымыз Бауыржан Момышұлы, Жұбан Молдағалиев, Сафуан Шәймерденов, Қасым Қайсенов, Сейдахмет Бердіқұлов секілді қаламгерлерімізді алайықшы. Олар Кеңестік жүйенің ноктасына басы сыймаған, салмақты да сарабал сөз айтып, шындықтың ауылын іздеп қана қоймай, оны нәркескен болаттай шауып түсетін сөз зергерлері, уытты ойдың ордасы еді.

Сондай орақ тілді, кінәз мінезді, жүрісі мен тұрысы үйлесім тапқан тағы бір ерекше тұлға бар. Ол – Балғабек Қыдырбекұлы!

Халық кейбір анық жүріп, тура басатын, келелі де көсем сөз айта-тын, мінезі бөлек тұлғаларды тегіне тартқан азамат деп әсте әспеттеп жатады. Бәкеңкөзі тірісінде де, дүние салғаннан кейін де әлдебіреулер жамыра жазып, тырнақ астынан кір іздеп, тағдырын таразылап жататын тұлғаға айналған жоқ. Ол ашық өмір сүрді, ашық жазды, анық сөйледі, тауып төрелік жасады.

Иә, тек дегеннен шығады. Балғабек Қыдырбекұлы шапырашты Қазыбек Бек Тауасарұлының өз кіндігінен тараған тікелей ұрпағы. Сондықтан да Қазыбек Бек Тауасарұлының «Түп тұқияннан өзіме шейін атты» қазақ тарихы туралы баяны 1993 жылы «Жалын» баспасынан шыққанда қуанушылардан гөрі күндеушілердің шабуылдап шыққаны жадыдан шыға қойған жоқ. Тіпті бұл кітапты бабасының атынан «өзі жазған болар» деп сәуегей ой айтқандар да табылды. Бірақ «аққа құдай жақ» дегендей, қазір тарихшылар да, әдебиетшілер де осы кітаптағы деректерді тарихи жылнама ретінде қабылдап, кейде сілтеме, кейде сілтеме жасамай-ақ пайдаланып, біраз дүние жазып тастады. Тәуба!

«...кітап осы уақытқа дейін неге белгілі болмады деген сұрақ болары хақ. Кітап жазылғаннан кейінгі жылдары Абылай өтінішімен жария болмаған. Патша өкіметінің отарлауынан кейін, Кеңес өкіметі жылдары неге жария болмағанына оқушы кітапты оқығанда жауап алады деп ойлаймыз.

...Бұл кітапқа мен қол тигізген жоқпын, өңдемедім де, оқушыға қалпымен жетсін деп ойладым», – деп жазған еді кітаптың алғы сөзінде Балғабек Қыдырбекұлы.

Балғабек Қыдырбекұлы 1929 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданында дүниеге келді. 1950 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тамамдап, «Социалистік Қазақстан» газетінде жұмысқа қабылданды. Осы редакцияда қатардағы қызметкерден бөлім бастығы, редактордың орынбасары, бірінші орынбасары, бас редактор дәрежесіне дейін өсіп, зейнеткерлікке шыққанға дейін табаны күректей 36 жыл бір мекемеде қызмет етті. Еңбек кітапшасында екі-ақ жазу бар. Бірі жұмысқа кіруі, екіншісі зейнеткерлікке шығуына орай газеттен кетуі.

Газеттің күні түнге, түні күнге айналатын мазасыз тіршілігін жұрт ұмыта бастаған болар. Шрифтер қолмен теріліп, партия көсемдерінің сөздері аударылып, түзетіліп келетінін біз өз басымыздан өткерген болатынбыз. Сондай қарбаластың ішінде жүріп-ақ Бәкең «Ешкімге айтпа» (1958), «Шайтанның шатағы» (1967), «Шойын құлақ» (1968), «Қара сандық» (1966), «Ұрының еншісі» (1972) атты сатиралық кітаптар шығарды. Сондай-ақ «Маздаған шырақ» (1970), «Ораз Жандосов» (1971) атты очерктер жинағы, «Жетім бала» атты поэмасы жарық көрді.

Бәкең үлкен панорамалық дүние жазуға мол дайындықпен келді. Жетісу жерін аттылы жаяу, көлікпен, көліксіз аралады. Елдің, жердің тарихын зерттеді. Жетісудің өзен-көлдері мен таулары, шөптері мен аң құсы, тарихи тұлғалары, сал-серілері туралы мол материалдар жинақтады. Осылай «Алатау» атты роман-диалогия жазылды. Ол 1986 жылы басылып шықты. Өкінішке орай, жазушы мұрасының биік шоқтығы саналатын роман диалогия цензурадан өтіп, қысылып, қымтырылып шығып еді. Бәкеңнің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы ретіндегі шен шекпені де цензурадан құтқара алмады. Диалогия газет қағазына қысқартылып, жұлмаланып үш жылда әрең жарық көрді. Өйткені романның ішіндегі кейбір деректер Орталықтың ұлт саясатына дөп келе бермейтін. Ол төмендегі мәселелер еді:

-орыстардың Жетісу өлкесін XIX ғасырдың басында жаулап алғаны туралы, «өз еркімен» ешкім, әсіресе, ғасырлар бойы соғысып келген қазақ, біреуге бодан болмағаны туралы;

-Ермақтың жауыз бейнесі және ит өлімі;

-орыстардың қазақты менсінбей жәбірлегендері, Жандосов бұйрығымен олардың белсенділерінің атылып кеткені;

-қазақ байларының кеңдігі;

-кеңес тарихында қалыптасып қалған деректерге қайшы келген пікір. Мәселен, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ халқының жалпы

сауаттылығы дерек бойынша 2% болып келген, ал автор оның мөлшерін 70% жуық деп атап көрсеткен.

Романның екінші кітабы 5 жылдан соң, 1991 жылы жарық көрді.

...1986 жылдың желтоқсанының ызғары көп адамның тағдырына кесел болып жармасты. Бәкеңнің де өміріне сын-сағат келді. Қаламгер қайыспады. Орталық басылымда жарияланған «Шырмауық» мақаласын «Социалистік Қазақстанға» жариялаудан бас тартты. Бұл басына бәле болып жабысты. Қонаевтың кадрының бірі ретінде Бәкең де құрбандыққа шалынбақ. Кешегі өзі тәрбиелеген жас коммунистер атой салып бірі балағына, бірі тамағына жармасты. Шиебөрілер шуылына Бәкеңнің еті әлдеқашан үйренген. Бірақ шиебөрілер өз қандасын аямай-тынына осы жолы әбден көзі жетті. Арызын жазды да, бас редактордың қызметін босатып берді. Бірақ қызметтен кеткеніне емес, өзін қабатын інілерінің барлығына жүрегі ауырды. Қанша жүрек мықты болса да білінбейтін сызаттар тереңдей береді. Абыз ағаның өз парызы алдында қарызы жоқ.

...Бір күні Бәкең бір топ қаламгерлерді үйіне шақырды. Бірінші рет болуым. Қаланың ортасында болғанымен, «қазақ этажы» саналатын бесінші қабатта тұрады екен. Кабинетінде қылау жоқ. Әр кітап орын-орнында. Төменгі тартпаларда өзі жазған мақалалар жыл-жылдарға бөлініп, рет-ретімен қойылыпты. Ал, ең бастысы «Түп тұқияннан өзіме шейін» атты тарихи жылнамада жазылған Бәйдібек бабамыздың қара қазанын көріп, қолымызбен ұстап, тәу еттік. Біреулер құсап, Бәкең үйкүшік болып, беті күйген адамдай босағасынан шыға алмай қалған жоқ. Елдің ішіне барды, той-томалақта төрде отырды. Абыз аға болып шыға келді. Атқа мініп, Алатаудың көркем, тарихи жерлерін аралады. Сондай сапардың бірінен кейін Бәкеңнің жүрегі тоқтады. Ол не көрмеген, ол не көтермеген жүрек?! Жүрек те шаршайды екен. Әрине, адамдардың наласынан...

...Сейдахмет Бердіқұлов ағамды соңғы сапарға шығарып салу рәсімі түгел менің қолымнан өткен. Қасымда облыстық әкімшіліктің бөлім бастығы, қарындасым Күлімхан Жайшыбекова жүрді. Арулап жуып, мұсылман рәсімі жасалып жатқанда есік алдына шыққанмын. Ақ қайыңға сүйеніп Балғабек Қыдырбеков ағам тұр екен. Бір ғана сөз айтты:

-Уәлихан, енді бізге өле беруге болады екен...

-Аға, не деп кеттіңіз, қапалана бермеңізші!

-Жоқ, бауырым, енді бізді көметін інілерімнің де бар екеніне көзім жетті.

...Бәкеңді мен көмген жоқпын. Мен көп інілерінің бірі ретінде жылап тұрдым. Бәкеңді халық көмді, Бәкең тарихқа енді...

Иә, адамды өлтірмейтін оның сөзі мен ісі. Осы ретте Балғабек Қыдырбекұлының азаматтық тұлғасын асқақтатқан Жоғарғы Кеңестің депутаты болған кезін еске алуға тиіспіз. Парламент мінберінен айтқан

оқтай қарыған сөздерін әлі де есте сақтап, айтып жүретін замандастары баршылық. Әсіресе, жер сатылуға тиіс емес, ұлттың тілі біреу ғана – ол қазақ тілі, - деп аттандаған кезі көзден де, көңілден де кетпейді.

Сонымен, қадірлі оқырман, сіздің қолыңызға Б.Қыдырбекұлының «Алатау» роман дилогиясының толық нұсқасы тиіп отыр. Бұл уақыт жылнамасы, адамдар тағдыры, қазақтың аласапыран тағдырының тайталасқа толы ғұмырнамасының бір үзгігі...

Бұл ел мен жер тарихы, бұл – халық тарихы.

*Уәлихан ҚАЛИЖАН,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,
филология ғылымдарының докторы,
Қазақстанның Еңбек
сіңірген қайраткері.*



БІРІНШІ КІТАП



Ата-бабаны ардақтамау - тағылық пен мауыздықтың елесі болады.

А. С. Пушкин

– Ешкінің санындай қалақтай неме екенсің. Өзің атқа бұтынды артып көріп пе едің, жүре алушы ма едің? – Оның әуелгі сөзі осылай салқын соққан адамның иығындай қырын келді. Мен ешкім тіке сөйлеп көрмеген, майға былғаған сөктей құрметке бөгіп келе жатқан журналистпін, тіпті мұны ілкіде маған айтып тұр деп ұқпадым. Шынымен маған айтқан екен. Кеше ымырт жабыла келген үйден міне аттанып барамын. Бұл құмырсқа илеуіндегі бір түп жусандай шоқша сақалды шалды өзім сұрап алғандағым осы ма еді?

Кеше екі аппен келіп, көгін күн келістіріп сүймеген теріскейде отырған осы шатыраштан ұтылып қалған адамның дойбы тұсындай аз ғана үй – малды ауылға ат басын тірегенмін. Жүргінші дүбірін әдетте сақ құлақ ит білетін де, ол үре жөнелгенде қызыл жұдырық бала артынан қоса жүгіретін. Ал бұл бес-алты үй ауылда сүттің қаймағын бұзар бала жоқ, оның артына мені мына орманды жердің талындай сыптай, шоқша сақалды кісі қарсы алып, ат байлады. Жаныма ере келген адам лауды қамшылар жағына алып, тебініп-тебініп ұра жөнелгенде осы шал:

– Ауызғы үйге қонақтаған қоқи қораздай беймаза мейман болмағай едің, анау сенен құтылғанша асықты ғой, - деп жаралы жерге қадаған кененің тұмсығындай қызыл бізін бір шаншып қалып еді. Бұдан ары бұл байқұс жазықсыз шалға қарны алмалы-салмалы бірдемедей салпынып алдында жатқан, от басында шоқыдай болып отырған ферма бастығы аты-жөні жоқ, ұрсып, бір жаққа жұмсап жіберді. Ел орынға отырғанда біздің үстімізге кірген бұл кісіні көріп үй-іші тағы тыжырынып, күйген терідей құрыса қалысты. Бұл адам бір келеңсіз жандай оны елемеген болды, киіз үйдің босағасында жинаулы тұрған арбайып-сарбайып жатқан аршаның иір-иір бұтағына отыра кетті. Ол маған тіке сұрақ қойды, ол да дөрекі естілді.

– Сен қайдан келдің? Қайда істейсің? – Үй-іші бұл сұрақты ит үрді, керуен көшті қылып аяқсыз тастатпақ болып «сізге не керек!» деп жабылып кетті. Сұрақ бір көрген адамға тіке, анайы қойылса да мен оның жасының үлкендігін ескеріп жауап бердім.

–Е, газеттенбісің? Газетшілерді де білуші едік...

Нақ осы кезде қақпайлау ма, әлде әдейі-ақ шаруасы бар ма, даладан біреу:

– Шүке, а Шүке, далаға шығып кетші, – деп жарықшақ-жарықшақ дауыспен айғай салды. Әлгі кісі қайтып оралмады.

Содан қонақ кәде жасай, жатар алдында түзге шыққанша оны ұмытып кеткен екенмін. Мен екі-үш рет кеудемді кере таудың таза ауа-

сымен дем алып, тау үстінен ылдида – даладағы жылтылдаған жұлдыз құрттай отқа сүйсіне қарап қалып едім. Қасымнан біреу қараң ете түсті. Сескеніп қалдым.

– Ертең жолға мені қала. Мыналар мені жібермес, – деді ай жарығында анық көрінген шоқша сақал кете беріп. Ойланып қалдым. Жас албырт, журналистік тез қатар көңілім әлде қайда құлама жарларға соғылып, не қанат, не тұяқ жетпес, тіпті қиял шалмас қияндарды шолып қайта келіп жатты. Неге бұл байқұсты бәрі жақтырмай шетқақпайлайды екен? Әлде бұл шоқша сақалды шал мына ферма меңгерушісімен алакөз бе екен, оны көргенде талаураған шиканың жаратып тәуіп қолындағы үшкір сүйекті көре ме екен? Бәлкі бұл ауылдың тоғызхаттағыдай қимыжық сырларын ол жалғыз білетін шығар. Жоқ, әншейін әркіл-тәркіл, бей-берекет сөйлейтін біреу ме екен? Неге бұлар оны алапес аурудай аластап маған жолатқысы келмейді? Тіпті бағана «көсені үйге кіргізбе, дүмін жерге тигізбе» дегендей алып жөнелгені несі? Ыңғайына қарай таңертең көрейін деп қойдым.

Таңертең әлдекімдердің үй сыртында сыбырласып сөйлескенінен оянып кеттім.

–Қой, Шұнақты қой. Бүлдіріп жүрер, – дейді бірі.

– Түк те жоқ. Басқа адам жоқ, сол апарып салар. Екі-үш шақырым жерге барғанша не бүлдіреді дейсің.

– Кім біледі, – деді алғашқы дауыс. – Өзі жас жігіт екен, ұрмалау бірдеме болып, бәріміз су түбіне кетпейік...

Шай ішіп болған соң мен жүрмек болдым.

– Шұнақты қосып беріңіз! – Үй иесі – ферма меңгерушісінің бір жері қатты қышып, оны қасуға ұялып отырғандай көзі алайып барады. Қипақтап, себеп іздеп бірдеме айтуға ыңғайланды.

– О кісінің несі... есі ауысқан...

– Несі болса да маған сол кісіні қосыңыз. – Үй иесі үнсіз қалды. Есік алдындағы біреу:

– Шұнақ, а Шұнақ, – деп дауыстап шақырып жатты. Шұнақ – демекші сол құлағы мүлдем жоқ, сары шұбар адам екен. Шұнақ жағынан қарағанда басы желінің қазығын қағар тоқпақтай сымпыып тұр. Қамбар батыр жырындағы Алшораз шұнтитатын Келмембеттің жартылай тірі көрінісі сияқты. Артық еті бітпеген, сылыңғыр тіп-тік. Шұнақ құлақтың орнында сүйелдей ғана екі-үш бүртік-бүртік бұдыр ет бар. Одан жоғары қарай самай шаш алғашқы қардан кейінгі селеудей аппақ, қырау ерте шалғанға ұқсайды. Ол менің бетіме қайта бір қарап:

– Менің атым Шұнақ емес, Шұнақ атандырған мыналар, – деп екі бүктеп ұстаған қамшысымен ферма меңгерушісінің кәрі қайыңның безіндей шодырайып шығып тұрған қарнына түртті. Ол жуандау қарнын, мол денесін тез жинап алып:

– Апыр-ау, артық сөз неге керек, – деп қайта тыржың етті. Етті, келте мұрнының тарбақ танауы аспанды бір көздеп қайта төмендеді. Шоқша сақал атқа міне беріп қайта сөйледі:

– Құлағымды кескенсіңдер, тілімді кесе қоймассыңдар!
Аттанып кеттік.

* * *

Күн едәуір көтеріліп қалыпты. Сайдағы күрілдеген өзеннің дыбысы тау үстіне анық жете алмай, дамылсыз көп қой шулап, маңырап тұрғандай болып естіледі. Жаз күнінде де ата мекені – Алатаудың қойнау-қойнауына кіріп, шөгіп жатып алатын бұрқақ бұлттардың бүгін алашабыры да қалмапты. Тек төменде ежелгі Мысырдағы ферғауын пирамидаларындай, аспанды көздеген жебе ұшындай Ханай шоқысының бауырында ғана жалқау кісінің берекесіз айырына ілінген шөпке ұқсап бір шөкім бұлт көрінеді.

Үсті жон арқаланып, соғымға байлаған торының сауырындай жалпайып жататын Ақтасты жайлауы Қазақ, Қырғызға тең мекен. Іле Алатауының үстін таспадай тіліп өтетін мына бір жүздеген жылдардың сокпағы – алып құмырсқалардың ізбініндегі үлкен жол екі одақтас республиканың тек арасын айырып беру үшін жатқандай. Біз аттарымызды кей жері ор болып қазылып қалған, ойлы-қырлы осы жолға салдық. Бетіміз Суық төбе, батыс жаққа қарай кетіп барамыз.

Қазақстан жағымыз, сонау көкжиекке дейінгі жер тегіс көзге оралады. Көкжиек болғанда бұл жаяу адам көретін көкжиек емес. Үш мың метр биіктікте бұлттан жоғары шығып қараған соң көз тұрақтамас бұлдырға дейінгі жер-дала сайрап жатыр. Сонау Алмалы-Долаңқара, Аңырақай адырлары – ит шайнаған майлы орамалдай қырка, жырым-жырым. Аппақ болып осыдан Сорбұлақ көрінеді. Аяқ астында тұрғандай. Бірақ екі жүз шақырымдай жерде. Одан әрі тағы адыр-адыр, тау. Малайсары тауы. Бәрі алақанында. Колхоз, совхоздардың орталықтары, бөлімшелері, бригадалары, тіпті Жауырдағы колхоздың екі көшесі еңбегіндегі шашынан айрылып қалған қасқа бастай даңғырап жатыр. Ол тынбай аяңмен жүрген атты кісіге он сағаттық жол.

– Жүрсенші, мінгенің ит емес, ат қой. Ұр!

Шұнақтың дүниеде барын енді білгендеймін. Үлкен адымды ұмытып кетіппін. Тесік қалта сияқты. Ойдың түбіне жеткен бар ма? Желі бойы жүргеннің өзінде-ақ сонау Күрті жағалап, Ақадыр түсіп, Бозой барып қайттым. Ол жерлердің әр түп жусаны маған таныс сияқты, тіпті қазір солай қарай ат басын бұрып кеткім де келеді. Ес біліп, етек жапқалы бастан кешкеннің бірін де ұмытпаған сияқтымын. Тіпті кімнің үйінен сусын ішкеніме дейін есімде, көңілге кірбін салған, қабаққа қуаныш ұялатқан қаусырма жақтан шыққан лебідің бәрі кекшіл жетімнің жадысында жазулы сияқты.

Шұнақ ат басын іркіп мені тосып алды. Астындағы ақжал шабдар жайтандап басын шұлғып тастап, басып келеді. Мен Шұнақтың жанына таяла беріп, оның маған бірдеңе дегісі келгенін байқадым. Тайпалған жорғасымен ақжол шабдардан мойны оза бастаған астындағы күрәннің тізгінін тежедім. Тағы жөн сөйлемес пе екен деген ойда едім. Тағы қазақ үйден желді күш ұйытқып шыққан түгінде қисық кетер ме екен? Не десе де мейлі, қалап алған өзім ғой.

– Сен зиялы қазақ тәрбиесінде өскен баласың-ау, осы!

Мен ләм демедім. Неге айтты екен оны? Екі жүз метр ғана жер жүрдік қой. Шұнақ менен жауап күткен жоқ. Онысы маған қатты ұнады. Он қадам жүрмей ол мойнын маған бұрып бүркіт қабақтың астынан шүңірек көзін қадай түсіп қайта тіл қатты:

– Сен әкесіз өскен баласың-ау, осы! – Ол тағы жауап күткен жоқ. Өз ойымен болып кетті. Тесік қалтаның түбіне жете алмай бара жатса керек. Мен де таусылмас дарияға сүнгідім де, арғы жағалауына шыға алмай малти бердім. Құлаштап емес, ит малтасқа салып келемін. Есі ауысқан адамның сұрақтары осындай болушы ма еді? Мынау адам танитын кісінің, көпті көрген, әсіресе, адам жанының пұшпағын әбзел жасап өскен кісінің аяқ тастасы ғой. Неге шұнақ болды екен, неге Шұнақ атанды екен? Өз аты кім болды екен? Мүмкін тіпті бұл бір жұмбақ сыры бар, сегіз қырлы жан шығар. Адам тәрбиесін, мінезін аңғару екінің бірінің қолынан келер ме? Келсе де тез арада қалай айыра алмақ? Әлде бір адам пиғылын, пейілін зерттейтін тәрбиеден өтті ме екен? Дошылар үшін алақанның бәрі сыр, оның айқыш-ұйқыш сызықтарына қарап «күйеулерін асырау үшін» жанын жалдап, тісін қайрап олар бір сағат сөйлей алады, өзі туралы әлде қуаныш, әлде реніш жайлар тап боларын алдын ала болжайтын адамдардың кездесетіні қанша? Ал кейде көпті көрген адамдар ондайда тәжірибеден де сезінсе керек-ті. Шұнақтың кім екенін, мұқиттың түбіндегі ішкі тылсым дүниесінде не жатқанын қайдан білерсің? Табиғатта адам біле алмайтын жайлар болғанымен, біліп болмағаны әлі мол ғой. Мүмкін әлі ғылым аспаған, біреудің ішіндегісін біреу білетін де табиғатта бір сыр бар болар.

Аттар қатар аяңдап келеді. Пысқырына береді. Танауын бетеге исі қытықтай ма, қалай? Шұнақ басындағы ақ киіз айыр қалпағын түзеп киіп, оң жағына қарай қырын отырды. Оң жақ үзеңгісі аяғында салқындап бос қалды.

– Бұл жаққа бұрын келіп пе едің? – Мен басымды шайқадым.

– Сен басыңды шайқағаныңды қой да, дұрыс жауап бер – деді ол. – Мен де қызмет істегенмін. Мен де белсенді болғанмын. Мына құлағымды құдайға кесіп берді ғой деп ойлап па едің, әлде Голощекиннің асыра сілтеуіне тапсырды ғой деп тұрмысың.

Шұнақты үндемей тыңдадым. Ол маған қарап сынағандай күліп қойды. Сөзінің сауатты шығуы менің күдігімді азайтты. Оның ешқандай

кеңкелес-керенау емес екенін аңғарғандай болдым. Бірақ әлі де тіс жармай тыңдай бердім. Менің шап ете түспеуіме ол сүйсініп қалған сияқты. Ақжал шабдарды бір тебініп қалып қайта қатарласты. Алды аяңдап, арты желіп алшаңдай басып келе жатқан Шұнақтың астындағы атқа адам қызығатын.

«Ат қайда Ақбақайдай арты желген

Қыз қайда құдашадай көзі күлген...» Нақ осы Ақбақай осы болғай ма, сонау бір жолдары біздің колхозда да осындай бір алды аяңдап, арты желетін. Алатау үстіндегі жайлаудағы қазақ пен қырғызға көкпар бермейтін. «Көкаяқ» атанған бедеу бие бар еді-ау, соған қалай ұқсайды... Мүмкін жақсы адамдардың мінезіне келетіндей жақсы малдың қасиеттері де ұқсас келетін болар. Нағыз бота тірсек, қаз сағаң. Ауыздықты басып, басын шұлғып қояды. Менің атқа сұқтана қарауым Шұнаққа ұнамай қалды білем.

– Алғаш санатта әрқашан адым тұруға тиісті. Сен оның үстіндегі адамның кім екенін білмей тұрып астындағы атына қарайсың. Ия, бұл қазір бар мінез.

Шұнақ соңғы сөзімен маған көп нәрсе аңғартты. Ол өмір деген зор аспаптың сырлы бір пердесін басып, ішегін шертіп келеді. Тіпті оны нәзік ескерттіп, біреу білсе біреу білмейтін етіп жеткізді. Бұл әрпіл-тәрпіл айтылған сөз емес, мақтамен бауыздағандай жұмсақ, бірақ өңменнен өтіп тұр. Егер ол шатасқан адам болса, батпандай бастыра салар еді. Менің жүйкемді жегідей жеп келе жатқан осы бір ойдың пернесін дөп басқандай ол қайта сөйледі, бұл жолы даусы жұмсақ және кәдімгі ағаның ініге ақыл айтқаны сияқты естілді.

– Сен сөз түсінуге тиіс адамсың. Қатты тиісе сөйлеп келеді деп ойлама, Қатты айтсам қалжың айтам, қалжыңды қажап айтсам да шындықтан жырақ кетпеймін. Егер сен деп сөйлесем ол менің тұрпайылығым емес, шырағым. Ағалығымды, сақалымды ескерткендігім. – Есі ауысқан адамның сөзі ме, бұл? Әлде жаңағы қарны бір бөлек, өзі бір бөлек ферма меңгерушісінің өзі дүбәрә бірдеме ме? Әйтеуір енді Шұнақтың ақыл-есі орнында екеніне шүбәланбадым. Шұнақ мені шынымен састырмақ болған адамдай жалт қарап:

– Сен Жандосовты білесің бе, – Естуің бар ма? – деді. Міне қиямет керек болса! Мұндай өртке итерер сұраққа не деп жауап беру керек. Көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз, «білмеймін» десем қайтеді. Онда әжептәуір адам деп келе жатсам бір бітеу көкірек неме екен ғой демей ме? Осыларды да жұрттың арасына жібереді-ау дейді ғой. Үндемегеннің өзінде жеп қоя жаздап келе жатқаны мынау. «Білем, естіп едім» десем қалай? Ашылмай қара түнекке сонда қалмаймын ба? Қалай білесің? Жассың ғой. Қайдан естідің, кімнен естідің? Онан соң ондай сауалдардың ұшы-қиырын, ұзын-ұрғасын біліп болармысың? Ислам дініндегі Мүңкір-Нәңкірдей сұрап берсін, бір. Оның үстіне қандай оймен сұрап келе жатқанын қайдан ғана сезі-

не алармын, сөзінен оны бір ішек әккі қу түлкі байқатар ма? Оның сөйлескені, көргені мен ғана емес болармын. Пәлені басыма тілеп алдым-ау деп те бір уақыт өзімді айыптаймын. Бұйткен Шұнағың құрысын. Бұдан екі құлағы сау, адам киімін киіп жүрген құлан құлақты, ат тұяқтының өзі-ақ тәуір еді-ау! Бәсе, аяқ тастасы қиын еді. Жаңа «құлағымды Голощекинге тапсырды ғой дейсің бе?» деуін көрдің бе, оны қай пікірмен айтып келе жатқанына ақылың алтау, санаң сан болмай көз жеткізе алармысың? Голощекин, Жандосов! Екеуі де бір кездегі Қазақстан өлкелік партия комитетінің хатшылары. Бірақ екеуі біріне бірі қарама-қарсы адам. Олардың атын ескі газеттен оқымасаң, ауыздан естірмісің? Пікір айтпақ түгіл қайталап олардың атын атау оңай ма. Жандосов деп ол Жандосовты айту былай тұрсын, әншейін сонымен аттас біреуді атап көрші! Шұнақ екең мені өзінің құлағындай құртқалы келе жатпасын?!

Не жауап қайтарсам екен? Күздің қара суығында қос өкпеден қадалған шаншудай болды ғой, бұл. Мейлі бәрін де көтеріп алармын, «білмеймін» дейін деген тиянаққа келдім. Бірақ күн ысып бара ма, әлде жаңа ферма меңгерушісінің үйінен ішкен сары қымыз ішті қыздырып сыртқа тебе бастады ма, терлеп кеттім. Шұнақ өзіндегі бар жалғыз құлағын сыйпап, мені байқайын дегендей бетіме бажайлап қарады. Мен тура қарай алмай, мөлтендеп ат жалына көзімді аудара беріп:

– Білмеймін, – дедім.

– Білмеймін!? – Ол ажырая маған қарады. Шүңірек көзі мұндай өткір болар ма, өңменімнен өтіп кетті. Қайта көзімді қырғиландырып аударып әкеттім. Дегенмен одан іш жиып келе жатқаныммен осы тақырыпта әңгімелесу маған бір түрлі көктемгі самалдай жылы тиді. Ішім қатты ұнатып бара жатқанын байқаймын. Енді тағы өзімді өзім жазғыра бастадым. Не де болса, естіген едім демеген екенмін. Енді бұл кісі қайтып бұл әңгімеге мән бермей, жақ ашпай қояр ма екен. Қорқақсың, Балбақ, қорқақсың деп келемін. Қорықпай қайтерсің. Былтыр берілген бір арыз бір жыл сүйреген жоқ па!?

Шұнақ шал түнеріп, шүңірек көзі ішіне кіріп кеткендей, әлде жабылып қалғандай біразға дейін маған көз салмай қойды. Ол басын оңға бұрып алып, ақырын тебініп қойып, сонау көз ұшындағы Аңырақай даласынан көзін алмайды.

– Өтірік айтасың! – деді ол біраздан соң жұлып алғандай. Мен селк ете түстім. – Жасынан қақпан көріп өскен түлкінің жаутаңы сияқты, мұның бәрі. Кім сенеді мұныға. Он бес жыл оқыған, өзі газетте істейтін адам Жандосов сияқты адамды білмеуші ме еді. Сен істейтін газетке қол қойғанын да білмеймін дейсің бе? Қорқақ неме. Білмесең мен айтып берейін, тыңдаймысың?

Шұнақтың шын ашуланып алғанын байқадым. Бірақ үндемей құтылуға тырыстым. Ол мені сөйлетпей қоятын емес. Кенедей қадалған пәлені басыма қайдан ғана қалап алып едім!..

– Сақалын сатқан кәріден жастығын сатқан бала артық деп келе жатырмысың? Мен сақалымның ағы бар, ағалығым тағы бар деп келе жатқанда сөзімді мән-маңызына жете ұғынсын деп келемін. Сен оны ұға алмайтын мәңгі біреу болсаң айтпаған да болар едім. Әйтпесе сақалымды сатып жаяу журналистен бірдеме сұрағалы келе жатқан жоқпын. – Мына Шұнақ біртіндеп айтса да мені біраз жерге апарып тастады. Енді ылау мініп келе жатқан жаяу екенімді де бетіме бір басып өтті. Еменнің қисық біткен бұтағындай бұл шалдың қыңыр сөзінің артында не бар? Ол алдымен борандатып алып, артынан май шелпекке орап асамай тастағысы келіп тұрған жоқ па екен? Әлде шындыққа жете алмай шырылдап жүрген бір ашынған, арыған жан ба екен? Қамшыны сауырына сала-сала енді әбден кертқақыстанып алған кедейдің көкшолағындай біреу ме? Бұл не? Бірге ала кетуді өтінген өзі. Мыналар жібермес деді. Расында да олар оны ертіп жібергісі келмеді. Құлағымды кестіндер, тіл кеспек жоқ деді. Атым Шұнақ емес, мыналар Шұнақ атандырды деді. Голошекинді бір түйреп, Жандосовты бір атап өтті. Бұл сол құлағы жоқ Шұнақ шалда не сыр бар? Әлде әншейін көп қиқар қарттың бірі ме өмір талқысына жүйкесін жүлгелетіп алып, қайтып жүйеге келтіре алмай жүрген аузынан пәтуасы кеткен біреу ме? Әлде аузымен орақ оратын, өмірде шілдің саңғырығындай тозып кеткен жан ба?

Ескі сүрлеу бір төбені жанап өтті де, белге шыға келдік. Сонау бір текшеде төрт-бес үй отыр. Шамасы қойы да, жылқысы да бар болуы тиіс. Өйткені екі-үш үйдің ортасы қоңырайыңқы көрінеді. Арғы бөлектеу екі үйдің жанында тартылған желі, байлаулы құлын. Құлынға иегін асып, қыл құйрығымен қара шыбынды қағып тұрған биелер. Желі басында ежелгі қазақ әдетімен әңгіме құрып, малды қызықтап отырған екі-үш адам. Бауырын шалғынға төсеп бір бала етпеттеп жатыр. Шамасы аналардың әңгімесін ұйып тыңдап жатқан болуы керек.

– Баратын ауылың анау, – деді маған Шұнақ ажырая қарап. Мен оң жағымыздағы дегереске көзім түсіп қызығып келе жатыр едім. Осынды білгендей Шұнақ:

– Дегереске қызығып келе жатырсың ба? Нақ осы сүрлеумен келе жатып сол төбеге Жандосов та қызығып, ат шалдырып еді, – деді.

Мен бұл сөзді өзімше ұқтым. Әңгіменің бетін бағанадан бері бастаған сөзіне аудару ғой деп ойлады. Нағып Жандосов мен дегереске қарай қалғанда соған ат шалдырта қойыпты.

Дегерес – ұлы тауларда көп болатын тақия сияқты көрінісі бар төбе. Мынау да кейбіреулердің тазын жасыратын бастарға киілген тақиядай. Айналасы дөп-дөңгелек тазтауланып келген де, нақ ұшар басы мың қойдың қорасындай, теп-тегіс. Жыл сайынғы шөп тұяқ көп тие бермегендіктен еркін өсіп, ұйысып, күзге жеткен де, шымданып, жұп-жұмсақ болып алған. Жығылсаң жамбас ауырмастай.

– Баратынымыз мына ауыл болса, отағасы, асығатын не бар, біраз дегереске шығып, ат шалдырсақ қайтеді. – Мен мұны айтуын айтқанмен қиқар шал не дерін білмей қипақтанқырап қалдым. Шұнақ үндемеді. Бірақ аттың басын солай қарай бұрды. Ақжал шабдар тізгінін оңға тартқанда-ақ шұлғып салып, үйреншікті жолы ма, дегереске қарай ыңғайлана берді. Шұлғып қойып, құйрығымен шылпылдатып шыбын қағып барады.

Аттар өрге қарай қатты еңтіккі. Құлақтарының түбінен тер шыға бастады. Дегерес жаңағы жолдан төмен жатқандай көрініп еді, ал жанына жақындағанда оның биіктігі біліне бастады. Дегерестің таз таула-нып тұрған жерлерінің өзі төрт-бес метрдей жартақ екен. Ұшар басына атпен шығып кетердей жол көрінбейді. Жартақ бір алып жалмауыз өліп, соның бас сүйегі қурап, сояу-сояу тісі қалғандай немесе піскен бастай ырсиып, қорқыныштылау елес береді.

– Аттарды осында қалдырамыз ба?

– Жоқ. – Шұнақ шал жаңағын ұмыта алмай келе жатса керек, келте қайырды. Ол сөзін нық айтқандықтан бүкіл жартақ жаңғырығып, жаңағы ырсиған ауыз «жоқты» әлденеше рет қайталап, зор репродуктордай дыбысты алысқа әкетіп жатты. Жаңағы ауылдағылардың рухы ере келіп Шұнақты келекелеп тұрғандай. «Жоқ-жоқ-жоқ!...»

Шұнақ алда келеді. Тебіндірмейтін, қамшы салдырмайтын ақжал шабдар жартаққа тірелген жолдан сол оңға бұрылып жартасты қуалап айнала берді. Осыдан арқан бойы жерде жартақта күрек тісі түскен адамның ауызындай омырайып тұрған бір ат сиярлық қақпа көрінді. Оны есепшіл табиғат тауды тамашалай келген адам үстіне шықсам деп абажадай ауызды әдейі қалдырғандай. Көк жайлаудың тоқ, бүйірі шығыңқы аттарының бастары жерге салбырап өрмелей жөнелді. Мысықша тырмысып барады. «Тауда туған құлынның екі көзі таста, ашаршылықта туған баланың екі көзі аста!» Қалай керемет айтылған. Бұл екі ат та не бір тасқа тұяғын соқпай, не қақпа тасқа бір үзеңгіні соғып сығыр еткізбей, абайлап басып, жыландай сырғып бара жатыр. Жүріп үйренген сары табан аттар.

Ақжал шабдар үске шыға берісте тоқтады. Күрең де азаптан аза болдық па, жоқ па дегендей тұра қалды. Шұнақ дереу аттан түсіп, ақжалды қаңтара салды. Ақжал үйреткендей тапжылмады. Ит аузынан түскен қоян көжегіңдей тек екі бүйірін соғып тұр.

– Аттар солығын бассын, түс, – деді. Түстім. Күреңді де қаңтарып қойды. Қасиетті Алатаудың төбесінен жан-жаққа көз тастап, мен өз ойыммен болып кеттім. Қырғызстан жағымыз тау, ал Қазақстан жағымыз тегіс көрініп тұр. Адам осындай биікке көтерілгенде көңілі де көтеріледі. Ұшақпен адам бұдан да биікке көтеріледі емес пе, бірақ онда адам алғаш сәл-пәл еліккенімен артынан екі аяғым жерге қашан тиер екен деп, жанын шүберекке түйіп отырады ғой. Шіркін жердің қадірін аспанға шыққанда білесің. Аспанға түк те қызықпан. Тіршілігі жоқ

меніреу бірдемеге неге ғана ұмтылайын. Құрттай қайнап жатқан жерге не жетсін! Екі аяғыңмен қара жерді басып тұрудың өзі бақыт. Ал мына биіктің жөні басқа. Алатау биігі ғой. «Алатау мен қайтеін биігіңді...» Тіпті ойым әр нәрсені соға береді. Шар тарапқа кетіп жатыр. Басы қосылар емес, жанған қарағайдың шашыраған шоғындайбыт-шыт. Әлде ол алып ұшқан көңілдің шығымтал малдай басасаулығы шығар.

Сәлден соң Шұнақ екі аттың сулығын шығарып, ауыздығын алды, тізгінді түсіріп, сол жақ үзеңгіден өткізіп, үзеңгілеп өткен тізгіннің арасынан шыжымдап ескен ұзын қылшылбырларды тағы өткізіп, шұбатып жіберді. Сөйтіп аттарды отқа қойды. Өзі аяғының астына жантайып жата кетті. Шымданып жатқан, шөбі аюдың жүніндей ұйлығып көбеленген жер былқ ете түскендей болды. Мен де қалай болса солай жантая кеттім. Шұнақ біразға дейін үн шығармады. Шамасы әңгімені неден бастарын білмей жатқан сияқты.

Бар өмірін мәңгі бақи осы ашық аспан астында өткізген Шұнақ төңкерілген көк күмбезін қазір көргендей шүңірек көзін түпсіз мұхиттай көгерген әуеге қадап қалды. Егер бұрынғылар айтқандай көз тиетін болса, немесе қазір шала жансар әңгімеленіп жүргендей көзден биоток шығатын болса, онда Шұнақтың көзі көк аспанды әлдеқашан тесіп кетер еді.

– Сен қанша оқыдың? – деп сұрады Шұнақ әлден уақытта. Бірақ менің жауап беруімді күтпей-ақ өзі сөйлей берді. Мен әңгіме нақ осылай шұғыл бастала қояр деп ойламап едім. Ол алдымен «әңгіме айтамыз ба» деп сұрар ма екен деген едім. Жоқ, кенет «қанша оқыдыңнан» соң әңгіме өрбіп, бір қобыға өзі сайды. – Мен де оқып көргенмін. Енді бәрі де ұмыт, дүниеде ештеме болмағандай. Біздің атымыз енді Шұнақ болды. – Шұнақ қабаржып сәл үндемей қалды. Мен тіс жармадым. Әлі ашық сөйлесе алмай, діңкелеп жатырмын. Сырын білмеген аттың сыртынан жүруге болар ма? Ол кеудесін жерден көтеріп, малдас құрып, бетін терістікке, жотасын күнге беріп, маған қамшы салым жерде жақын отыр. Шұнақ бүркіт қабағын бір көтеріп маған қарады. Әңгімесін қайта бастап кетті.

– Мен бағанағы өзің көрген ферма бастығының әкесінің қойын он үш жыл бақтым. Қазір елудің сегізіне келдім. Басынды көтерші, шырағым. Сонау далаға мойныңды бұр. – Оның үні қатқылдығын жоғалтып, майда, жұмсақ естілді. Мен басымды көтеріп өзіне ұқсап малдас құрып, бетімді терістікке бұрдым. – Анау қалың қырқаның ішіндегі қарайған биікті көріп отырмысың. Сол дөңді Дегерес дейді. Кәдімгі қырқыншы жылдардан бастап жылқысымен атағы шыққан жылқы заводы сол жерде. Сол «Дегерес» совхозын құрысқандардың бірі мен. Мұны әншейін қартайғанда бітетін шалдың мылжың мақтаны деп ұқпа. Соның төменгі жағын Беріктас дейді. Ол жер де Жетісудың басқа жерлері сияқты көтеріңкі, түгін тартсаң майы шығатын бір ырысты алқап. Менің бар балалық өмірім сол жерде өтті. Балалық де-

генде мен пақырда не балалық болды дейсің. Бес жасымда әкем өлді. Қанғып шешемнің төркініне келдік. Олар да қырылып қалды. Бірақ ол кезде жетімдік көре қойған жоқпын. Өйткені «әкемді алсаң ал, құдай шешемді қой, шекпен тоқып берсе де өлмеймін ғой» дегендей, шешем байғұс жаңағы ферма бастығының әкесі Жаубайдың отымен кіріп, күлімен шығады. Маған әйтеуір күніне екі-үш рет іркіт болса да ішкізіп қояды. Танның атысымен шешем келеді. Дұрысын айтсам ол байғұстың қай кезде тұрып кететінін мен біліппін бе? Кешке тағы қай кезде келіп жататынын көрген емен. Қырық шоқпыт кимешегінің әр тесігінен шашы көрініп тұратын шешеме бір күні сол Жаубайдың ұрысқанын есіттім:

– Жап, албасты шашынды. Сексимей жасырсаңшы ары. – Бұған дейін менің шешеме қожалық ететін адамның дүниеде барын білсем-ші. Дүниедегі ең алып та, ең дана да менің осы жыртқыш кимешекті шешем сияқты еді. Енді міне, менің шешемді әлде біреу албасты атандырды. Өзімнен өзім бір түрлі болып кеттім. Ішіме әлде бір жәндік кіріп кеткендей анда-санда бір жерін түртіп қояды. Сол күні шешемнің берген тамағын іше алмадым. Үндемей жүрдім. Тіпті сөйлегім келмейді. Жаубайдың қара бұжыр сұрықсыз жүзін бұрын күнде талай көрсем де, сол күні қара шұбар жыландай екенін алғаш рет байқадым. Бұдан былай ол ел айтқандай ырысы тасып, ит басына іркіт төгіліп жататын Жаубай емес, тақырды адам алдында амалы таусылып айыр тілін жаландатып тұратын қара шұбар жылан болады да тұрады. Күнде кешке қарай ұйқтап қалып, шешемнің қай мезгілде келетінін білмеуші едім, бұл кеште көзіме біреу тіреуіш қойғандай жұмылмады. Жаубайдың сөзін ойласам ішімдегі әлде қалай кіріп кеткен мысық алдыңғы аяғымен қазантолмасымды тырнап-тырнап кетеді. Ұйқтайын десем көз алдымда қап-қара, қара қожалақтанып, таскөмірден қалған қождай әлде өрт шалған томардай Жаубай тұрады да қояды.

Түннің бір шамасында шешем келді. Қолындағы шелегің жерге қойып, отырды. Үн-түңсіз. Шешінбеді, әлде бірдеме істеп отыр ма десем ондай ештеме де жоқ. Құры бедірейіп есікке қарап телміріп қалған. Әрине тұлдыры жоқ мына қырық найзалы қара лашықты, төрде ескі шапанға оранып, қырық шоқпыт құры текеметтің үстінде жатқан мені ойлап отырған болуы керек. Ойлағанмен бүтінделе ме ол. Бірақ бүтінделмегенімен бүтіндеудің жайын ойламауға бола ма? Тіпті осы қара құрым киізді шошала болмаса шешем байғұс екеуіміз кімнің босағасында жатар едік. Япырай деп ойлап жатырмын, осыған дейін бұлар менің қалай есіме келмеген. «Ат жалын тартып мінді» деп халқымыз айтатындай қыдыра жалды қыл құйрықтан марқұм болғанмен мен де атқа өзім мініп кете алатын дәрежеге жеттім. Ендеше мұны осы уақытқа дейін есіме алмауымның өзі ақымақтық екен-ау. Күндіз ішкен бір аяқ іркіт, жарып берген жарты құрттан басқа ешнәрсені ойламағанымға тандандым. Не деген ардан, ақылдан есіктегі

үренде құрлы үлесін ала алмаған сорлы едім. Нағып адам атын жамылып жүргенмін. Ойбай-ау, менен тіпті есіктегі ебей жасалғалы жатқанына, әлде жасалып қойғандығына қалай көңіл қоймағанмын. Сорлылыққа душар ететін шерлілік екенін қалай ғана сезбегенмін. Міне осыларды ойлағанда ішімнің қызып, күйіп бара жатқанын аңғардым. Тұра салып бір шелектен бір тостаған суық су ішкім келді. Енді қайтем? Ішім өрт болып барады. Бірақ шыдайын дедім. Бұларды бұрын ойлағаныммен не бітіре алар едім. Күндіз шешемнің сауған бие сүтін желі басынан бай үйіне жеткізіп беремін. Кейде шешем орнына құдықтан су әкелемін. Мен шешемді аясам, шешем мені қорғаштайды.

– Бойың өспей қалады, ауыр жүк көтермей-ақ қойшы. Сорлаған біреуміз-ақ сорлайық, – дейді ол. Шешемнің мені аяғаны жүрегімді елжіретте түседі. Кейде балалықпен әлденеге айналысып кеткеніммен көбіне шешемнің жүгін жеңілдетуге, қолынан азды-көпті бейнетін алуға тырысамын. Өстіп жүріп Жаубайдың бір жалшысын екеу қылғанымызды білмедік те. Бағана соңғы биені сауып тұра беріп шешем жығылып кетті. Енді міне түнді орталап лашығымызға зорға бас сұғып отыр. Отырды. Не ойлап отыр екен. Мен қимылсыз жатырмын. Ұйқтамағанымды білдіргім келмеді. Ұйқтамағанымды білсе, ол тағы да өзі жүйкелеп, жүрімі құрып отырып тыншы кетер деймін. Есікке қараған күйі тырп етер емес. Кәдімгі елсіз жотаның ең биігіне орнатқан оба сияқты. Тілсіз де, үнсіз де. Мүмкін бүгін ғана осылай отырған шығар. Жоқ, күндегісі осы ма екен? Бағанағы жығылғаны жаман еді. Әбден жеріне жетіп, жіліншік майы үзіліп титықтаған болар. Сәлден соң мен ұйқтап бара жатқанымды байқап көзімді ашып алуға тырыстым. Шешем менен айналып толғанып жатыр екен.

Шұнақ осы жерге келгенде тамағына әлде не тұрып қалғандай үні өшіп кетті. Алпысқа келген шал өлгеніне елу жыл болып кеткен шешесін айтып отырып көзінен жасы тимей-тимей барады. Ене көкірек деген осы дағы. Тіпті адамның жаны жасы жүзге келсе де өзіне әлдеқандай бір қорғаныш қолды, сырт қайырымдылығын аңсап тұрса керек-ті. Шұнақ сол шешесі әлі тұрса деп ойласа керек. Егер шешесі болса мүмкін алпысқа келмей жас қалпында тұра берер ме еді, қайтер еді. Өзінен айналып-толғанып отыратын, үлкен кісі болу адам баласы үшін бір үлкен қорғаныш, бақыт сияқты көрінеді. Адам жаны, жалпы тіршілік дүниесі сондай бірғайыптан да қорғаушыны күтетін, аңсайтын сияқты. Шұнақ шүңіректеу, оты өше қоймаған көзіне жиналған жасты кірпігін қағып, домалатып жіберді. Екі моншақ үзіліп түскендей. Көзін оң қолының сыртымен сүртіп бір жөткірінді. Мен үнсізбін. Бір жағынан бұл маған күлкі сияқты да көрінді. Өйткені өзімнің шешем әлі бар болғандықтан Шұнақ қайғы-қасіретін бөлісе алмасам керек. Оның үстіне өзі алпысқа келіп отырып, шешесіне жылағаны ерсілеу сияқтанды. Елудің сегізіне шықтым деді ғой. Шұнақ жөткірініп сөзін қайта бастады.

– Шешем марқұм менен айналып толғанып жатыр екен. «Қалай күн көрер екенсің, жарықтығым. Қандай азап күтіп тұр екен алдында. Әлде бір сорың ажырамаған шерлі көкірек жан болармысың. Жаубайдың, оның содырлы, оспадарсыз балаларының тепкісін көрермісің. Әлде сенің де бақытың жанатын күн болар ма...»

Шешем жыртқы шапанды қымтай түсті. Шешенің аялы алақаны денеме тиісі мұң екен, денем жылынып, көзім жұмылып бара жатты. Жаныма жалау байлап, денеме алау берген Алатау арқа жағыма келіп орнағанына көзім жеткен соң мен меңіреу ұйқы құшағына кетіппін.

Әлде бір бақырған дауыстан оянып көзімді аштым. Күндегідей үйдің іші жарық емес, қоңырқай. Түндік жабық. Сыртта ат дүбірі естіледі. Жаубайдың даусы шығады.

– Албасты басып жатыр ма-ей! Түске дейін жатуын.

Бұл сөздерді шешеме айтып жатқанын білсемші. Мені бірдемеге керек етіп жатқан болар дедім. Дереу ұйқылы көзімді қайта укалап, есімді жисам сол жағымда жатқан шешемді байқап қалдым. Таңданып қалдым. Неге жатыр?

– Апа, апа! – Далада Жаубай ат ойнатып тұр. Ол шешеме тағы тілін тигізеді-ау деп зәре-құтым қалмады. Даусымды көтеріп шешемді жұлқылай түстім. «Апа, апа!». Апада үн жоқ. Нақ осы сәтте жүрегім су ете түсті. Осыған дейін шешем өледі деп бір ойласамшы. Қазір осы ой соғып өткенде жүрегім тулап, денем мұздап жүріп берді. Әлде қандай жаман бір сезім денемді билеп делсалдандырып жіберді. Әлім құрып апалаған даусым дірілдей қатты шықты білем.

– Апа-ау, апа, ең болмаса а десеңші. – Шұнақ қайтадан сөйлей алмай қалды. Тағы да көзінен жас домалап-домалап түсті. Шоқша сақал тұштындап барады. Ұстараның тері сүйреткендей, өзін қырпап өткен қорлығын әлденеше жыл көрген кәрі иек қайта кемсеңдеп сай-сай болып кетті. Шерлі жан ғой бір деп отырмын. Әйтпесе өлгеніне елу жыл болған шешесіне жылаушы ма еді. Өзі шал болғаны мынау. Шұнақ денесін бұл жолы тез жинап алды.

– Сен, інішек, не деген сорлы еркек деп отырған шығарсың. – Мен сорлы еркек емеспін. Мен шерлі еркекпін. Еркек шерлілікті үнсіз көтерер болар. Бірақ боз-бозымда көкіректен шерді шығармасаң ол шерменге айналады. Қатып қасаңданған шер ішінді түгел жайлап, бүкіл жүйкеңді билеп ауру етеді. Жас шығару ол осалдық белгісі емес. Ол сол осалдықтан, шерліліктен тез айығудың жолы. Өзің байқайсың ба, көп оқыған жігітсің ғой. Әйелдер әлденеге ашуланса, тез жылайды. Соны зерттей келсең сол жас оның бар ашуы да, шері де шығып басылып қалады. Бұл менің өзімді ақтайын деп отырғаным емес. Өмірдің ұзақ, рақатсыз, бейнетті жолында байқағаным. Бірді айтып бірге кете беремін. Сонымен далада Жаубай ат ойнатып тұр. Мен апалап жылай беріппін. Апам оянбады. Мәңгі ұйқыға кетті, мәңгі

тыныштыққа бөленді. Жаубайдың апам үшін бейнетті дәулетінің батпандай пәлесінен мәңгі азат болды. Әрине өліп құтылды.

– Сорлы, тұр былай. Шешең өлді, – дегенге қарасам, қасымда күнде шешеммен бірге Жаубай үйінің қыларын қылып, ортасын толтырып жүретін Сәлиман деген сары кемпір екен. Оны көріп құшақтай алып өкіріп жібердім. Сәлиман әйел бола тұрып жылаған жоқ, мені басымнан сипап жұбата отырып: «шешең өлді, ол өзі өлген жоқ, оны өлтірді» деп саңқ-саңқ етті. Үй тола отырған адамның ішінен бірі «сен кемпір не деп көкіп отырсың, қарыстыр жағыңды!» деп еді, қарасам Жаубайдың туған інісі Даубай екен. Сәлиман оның сөзінен ығыса қоймады:

– Қарыстыр?! Мә! – Ол Даубайға қолын шығарды. – Қайта қасарысып тұрып қайталап айтамын. Дәметкенді өлтірген Жаубай! Естіңдер қалайық. Бұлар әлі бәрімізді осылай өлтіреді. Өлмей құтылмаймыз, бұлардан.

– Астапыралла! – деп Жаубайдың қатыны Сәлиманды жақтырмай жағасын ұстады.

Екі бетінің ұшынан қаны шығып тұрған сары жалақ кемпір Сәлиман самайынан шыққан селдір ақ шаштарын қолымен әуре болып қайыра тығып жатпай, кимешегінің төбесінен ұстап, оның шошақ төбесін маңдайына әкеліп қайта киді. Самайдан шыққан ақ селеу жоқ болды. Сонан соң ерегісіп саңқылдап қайта сөйледі:

– Айтқаным айтқан. Қолдарыңнан келсе мені қоса өлтіріңдер. Әйтпесе Дәметкенді өлтірген Жаубай екенін күнде айтып отырамын. Он күннен бері көнін сүйреп жүргенін бәрің көрдіңдер. Зорлап, сабап жұмсадыңдар. Бейнет өтіп кетті оған. – Сәлиманға ешкім дау айта алмады. Айтқанмен бұл өжет кемпір ешкімді беттетер емес. Тек Жаубайдың Аққатыны:

– Астапыралла, – деп бұл сөзден Сәлиман жала жауып отыр дегендей рай білдірмек болып, оны таңданумен аярлық жасап жеткізбек еді, оның «астапыралласы» ондай салмай ала алмады.

Сәлиман кемпірді де бекер айтып отырғаным жоқ. Ол кемпір менің қалған жетімдік тауқыметін тартатын шағымда жанымға жалау, көңіліме медеу болған жалғыз адам. Оның қолынан келген іс осы төңіректегі ешбір мен еркекпін дегеннің қолынан келген емес. Оған мына асқар Алатау айғақ.

* * *

Сол жазда-ақ панасыз байғұс – мен қозы бақтым. Жетімнің азапты, қасіретті өмірі ғазіз басқа тап болды. Күннің аптабының бәрі, аяздың бар қыспағы түгел өз еншіме тиді. Суықта бүрсеңдеген де, ыстықта пысынаған да мен. Қаңтарда құламадым, тамызда талмадым. Таудың ұшар басында қармен қабаттасып өсетін андыр деген тікен гүл болады, мен де сол тікендей тіресіп, беріспей бекіп келе жаттым. Жетімнің

ақылы тез кіреді. Өйткені оны жағдайдың, тұрмыстың өзі жасайды, есеймесіңе, ес білмесіңе ол қоймайды. Сен өтірік айтып көрдің бе, әрине айтқан жоқпын дейтінін білемін. Менің ондай қыңыр сауалыма жауап бермей-ақ қой. Дегенмен сендер журналистер жөні келгенде зықпыртып жіберетіңдерінді жақсы білемін. Сен де талай өтірікті жазған боларсың. Добролюбовты заманында «ұлы суайт» атауы неліктен? Демек журналистер өтіріктің не екенін жақсы білсе керек-ті.

Шұнақ шал бағанағыдай емес тым тереңдеп бара жатыр. Енді міне, Добролюбовты атауы оның білімді адам екеніне құманымды қалдырмады. Қайта бұл маған зор ақыл, парасат иесі сияқтанады. Жаңа келе жатқандағы шүңірек көз жылып, түбінде құдық табанындағы пайдалы тұщы судай ақылдың көзі көрінгендей болады. Менің сәл таңданғанымды ол біле қойды.

– Сен шырағым, таңданбай-ақ қой. Добролюбовты білу ол білімділікті көрсетпейді. Оның заманының ұлы журналисі – фельетонисі болғанын білу білімді шамалатса керек-ті. Ал мен сияқты мал баққан ауылдағы шал оны білсе, әрине ол көп нәрсе аңғартады. Сонымен өтірік туралы. Өтірік өнердің ісі емес, ол қажеттіліктің қарекеті. Өтірікті айтушыны сөгудің өзіне де байқас болу керек. Неге? Өтірік айтушының бәрі де өтірік дегеннің қасиетсіз қарекет екенін жақсы біледі. Сөйте отырып өтірікті жүндей сабап, күбітеді. Өйткені оған жағдай итермелейді, айтпауға болмайды. Мысалы өмірде «басымды кесіп алса да өтірік айтпаймын» дейтіндерді көп кездестіруге болады. Бірақ бір де бір ақылды адам «өтірікті айтпаймын» деген болуы керек. Айталық ұлы Отан соғысы кезінде қолға түскен партизан өтірікті келістіріп айта алмаса, қапылыста амал тауып кете алмаса онда не болғаны. Оны тек қана өлім күтіп тұрмай ма? Ол өлмеуі үшін күресуі керек. Демек күрес құралының бірі – өтірік десем оным көп жағдайда теріс бола бермеуі мүмкін. Өтірік қажеттіліктен туғанда ол да кездейсоқтық сияқты соның бір тұрлаулы мүшесі бола алады. Өтірік философиялық ұғым болатыны осыдан келіп шығады. Егер Павел Корчагин «түрмеде не үшін отырсың?» дегенде «тебінгіден ұлтан кесіп алып едім» деп келістіріп айта алмаса, Петлюра қолынан қаза табар еді, онда біздің жастарымыз сүйіп оқитын «құрыш қалай шынықты» сияқты әдеби мұра жасалмай қалар еді.

Баз бірде өтіріктің керек жерін халық та біліп отырған. «Өтірікті айтса жарар, қоштаушысы келіссе» деген мәтелді шығарған екеуміз емес екеніміз белгілі. Оны халық қалай әдемі келтіреді. Мерген едім депті бір ауылға келген жігіттің бірі. Құланды қуып бара жатып атқанымда, оқ артқы аяғын жұлып кетті, оң құлағын жырып кетті, депті. Ауыл адамының бір тез тапқыш ақылдысы: ой өтірікші иттің баласы! Артқы аяққа тиген оқ қалай қайта көтеріліп басындағы құлағына барыпты депті. Сонда мергеннің жанындағы жігіт: «өй құланның қасынуы келгенде, мылтықтың басылуы келген ғой», – депті. «Өтірікті айтса жарар қоштаушысы келіссе» деген мәтел осыдан қалыпты. Әрине бұл да бір

кажеттіліктен туған болуы, әбден. Ал қырық өтірікті халықтың қалай шығарғаны өз алдына. Демек кейде өтірік айтушыны емес, оны туғызған, өтірікке кіріптар еткен жайды кіналау керек. Міне осының бәрін айтып отырғаным әлгі жетімдіктен туған ғой. Өмір сүру үшін ол кезде ең алдымен өтірікті үйрендім. Оны жағдай және тез жетілген жетімдік ақыл айтқызды. Ал жетім болып жүріп ақылды болмау миқұлалық. Жетімдік ойды жетектейді. Өйткені көп ойлау ауыр тұрмыстан туындайды, ол миды жұмыс істетпей қоя ма? Темір қанат ұшқан сайын жетілсе, ми ойлаған сайын жетіледі. Өзің екі күн жүрмеші, үшінші күні жатқың келеді. Осылай інім.

Шұнақ маған қайтадан бұйрық берді.

– Енді жамбастап жата бер. Тек астың сыз болмасын, соны байқа. Аурудың бәрі суықтан. Әзірге ыстықтан жабысқан ауруды ешкім атап бере алған жоқ. Суықтан мәңгі сақтанып жүру керек. – Ол өзі жамбастап жата кетті. Сәске түс болып, күн шекемізді қыздыра бастады. Қырықпа, қысқа бетегені тырыс-тырыс үзіп, күрт-күрт шайнаған аттар бір тынатын емес. Жылқының тоймайтын жалмауыздығын еске алдым. Күнімен, түнімен жеуден бір тынбайды. Мүмкін күштілігі де, көп мінсі беретіні де содан шығар. Бірақ түйе ше? Түйе керісінше, өте аз жейді ғой. Бірақ ол да өте көп күш береді. ...Шұнақ менің ойымды үзіп жіберді.

– Бұл айтып отырғандарым негізгі айтатын ойым емес. Тек соған жеткенге дейінгі өмірімнен елес. Шешем өлген соң алғашқы күндері жар басындағы жарты лашықтай құрым үйіме жалғыз жатуым қиын болып жүрді. Үйге кірсем-ақ шешем ойыма түседі де, ұйқтай алмаймын. Шешем өзін орап көмген ақ дәке кебінің сүйретіп есіктен қарап тұрады. Әлде Жаубаймен дауласып жатады. Ол дауға мен араласамын да өз даусыммен өзім шошып оянып кетемін. Сонан соң әрнәрсе көзіме елестеп ұйқтамаймын. Өтірік демекші алғашқы өтірігім осыған байланысты болды.

Шешем өлген соң-ақ қозы бағатын болғанымды жаңа айттым. Кеш алдында қатындар да қойды жебей сауып болған соң қозыны жамыратамыз. Інір қараңғылығы түсе ол қозыны ауыл-аймақ, бота-тайлағымыз қалмай жиналып, улап-шулап жүріп зорға бөліп аламыз. Сөйтіп енесінен жаңа бөлінген маңырақ қозыны шулатып, бөлек жерге апарып кіреміз. Таң ертеңмен қозыны мен өргізіп кетуші едім. Түнде түнімен ұйқтай алмай, әруақтармен алысып шыққан бір күнім еді. Жаздың қысқа таңы сараң қатынның көжесі піспейтіндей уақытты-ақ сапақ жарып, қылаң етті. Енесінен жаңа ажыратылған қозы маңырап, таң ағысымен-ақ шөпшендеп, жер анасының сүмесін еміп, өріп жүріп береді. Оған ере мен де кетемін. Табанымды тас тіліп, өкшемді күс басып қозы соңында жөнелемін. Түнімен ұйқы көрмеген қорқақ, мәнжу бас мәңгіп қозы соңында әйтеуір кетіп бара жатырмын. Түске таман қозы да маңырай-маңырай жалықты білем. Бестен-оннан әр жерге тұрып үйездеді.

Қозыны бетке салып тастап, бір шетінде қисайып жаттым. Шер көкірек пәле қуып кетті. Сегіз жаста-ақ пәле қуып үйрендім. Үйренбеуге болды ма? Алдымен шешем, оның өлерінде айналып толғанғаны есіме түсіп біраз жасып алдым. Шаңқай түстегі жаздың ыстық күні салқын сияқтанып, жылылық, пана іздедім. Шамасы ол іздеп отырған жылылығым ана құшағы болса керек-ті. Күн тас төбеде шақырайып күйдіріп тұрса да, бүрісіңкіреп, аяғымды жинаңқырап алдым. Нақ осы бір сәтте Сәлиман шешем есіме түсіп еді, әлде қайдан сол кісінің «шешен өзі өлген жоқ, оны өлтірді. Жаубай өлтірді» деген дауысы шықты. Айдалада басымды жерден жұлып алдым. Ешкім көрінбейді. Қозы бытырамай, жақсы жайылып жатыр. Төңірек тып-тыныш. Дүние күн ыстығынан балқып, мүлгіп тұр. Алыста аспанда екі-үш қара құс қалықтап жүр. Көкте еркін самғаған құс өміріне қызықтым. Менің де қанатым болса деп ойлады. Әрине оным адам өмірін білмеуден болу керек. Өйткені адам ғана дүниеге өктем екені ол кезде таназарыма кіріп пе!? Ойыма қайтадан Сәлиман шешемнің сөзі түсті. Оны неге «Жаубай өлтірді» дейді деген сұрақ санама осы жерде тұңғыш рет оралды. Шешемнің өлер күнгі, одан бұрынғы жайларын тегіс салмақтап, сарапқа салдым. Желі басында сүрініп жығылғанын, бір шелек бие сүтінің төгілгенін, оған Даубайдың кіжіне зекігенін есіме алдым. Бір күні таңертең шешемнің «әттең дүние, өкінішпен өтті-ау, ауруына да сенбейді» деп қалғаны жанымды шымшып кетті. Көзімнен жас ыршып кетті. Сенбеген кім? Неге сенбейді? Науқасына сенбей ме? Ол кім? Есіме түсті, Жаубай екен. Есім осы жерде кірді. Шешемді өлтірген Жаубай екенін осы жерде білдім. Жаубайдың қара шұбар түрі қара шұбар жыландай болып көз алдыма тұра қалды. Тітіркеніп кеттім. Сол кездегі өзімше теңдесі жоқ зор жұдырығым түйіліп қалғанын аңғардым. Жаубай көзіме қайта елестеді. Денем қайта түршігіп, әлде қайдан жылылық іздеймін. Ол жылылық алыс емес екен. Әлде бір қайырымды жан арқамнан құшақтап жылтып жатыр. Сүйсіне түстім...

Нақ құлағымның түбінен шыққан қатты айқайдан көзімді ашып алдым.

– Мұнда, мұнда жатыр! – Жатқаны қалай? Кім жатыр екен? Қараңғы дүниені, қайда жатқанымды есіме түсіре алсамшы. Ымырт жабылып, қас қарайып барады екен. Арғы бетте жартас көрінді. Бағана қара құс сол жақта қалықтап жүр еді. Қозы қайда? Нақ осы жерде құдайдың тас төбеден қос қолдап тұрып ұрғанын білдім. Өрісте ұйқтап қалғанымды аңғардым.

Мен жатқан жерімнен басымды жұлып алдым. Шұнақ жатқан қалпын бұзған жоқ. Тіке сұрақ бердім:

– Сонымен не болыпты? – Шұнақ әңгімені қызынбай, суынбай бір қалыппен, алыста, егістіктегі шоқалақ жолда келе жатқан өгіз арбадай аяңдата берді. Мен де әңгімеге елегізіп жан-жағыма көз салып едім, екі

ат тойып қалса керек, бірінің құндыздығын бірі тістелеп, қасынысып тұр. Айнала тыныштыққа бөленген. Ызындаған, гүлге ұшып қонған ара, бүгелек қанатының дыбысы естіледі. Дамылсыз ызың. Өздерін бірден-бір сактаушы құдай – тынымсыз еңбегі екенін дәріс тыңдап білгендей дамыл таппайды. Менің алдымдағы бәрпінің көк гүлінің қоңырауына, гүл шешегінің қауашағына кезек-кезек кіріп-шығып шырынын сорып жүр.

– Не болғанын сұрайсың, – деді Шұнақ жайбағыстап, – дүние әбден бүлініпті. Не болғанын біле алмай ұйқымды аша алмай отырғанымда жақын жерден тағы бір адам дыбыстады.

– Қасқыр қырған бар қозыны бір жерге жиындар. Қаншау екен?

– Отыз үш! – деген айқай естілді алысырақтан. Бұдан кейінгі жайымның не болғанын өзін де аңғарып отырған шығарсың. Өтірікті нақ осы жерден бастадым. Көзімді ашсам ба екен, әлде ашпасам ба екен деген ой сап ете түсті. Сөйлесем бе екен, әлде тіл-аузымды қойып қалсам ба екен? Егер қарабасып ұйқтап қалғанымды анық айтып мойныма алсам, ашылмас тұманға қаламын. Отыз үш қозыны қырғаны да жақсы болыпты. Қозы сорлының жазығы жоқ екенінде жұмысым бар ма, Жаубайдың малы қырылды ғой деп те қоямын ішімнен. Артқы жағым қылпылдап, кішкентай жүрегім тарсылдап соғып не амал істерімді ойластырудамын. Екі көзім тарс жұмулы, көңіл ояу, сарнап та, зарлап та тұр.

– Сорлы бала, сорлы бала, тұр, – дейді қасымдағы адам. Жаубайдың қойшысы, өзім сияқты жетім – Аман. Тек жасымызда ғана айырма бар. Ол он алтыда, мен он екіде. Мұрты тебіндеп, иегі түбіттеніп қалған. Қылмың көз қыздарды көргенде қырындап қалағын. Ол өзін жігіт санайды. Әрине он алтыдағы бала ол кездегі ауылда үлкен жігіт есептелуші еді ғой. Ал киім-кешек жағымыздан екеуіміздің айырмалары жоқ. Ол да, мен де жұлым-жұлым. Жас көңіл жұлымыңды, жұрқанды елең қыла ма, қыз көрсе елеңдеп қалады. Тіпті Даубайдың мен құралпы жас келіншегі Нұрия өзі оны жек көрмесе де, «жұлдыз бөрікті жігіт» дейді. Ондағысы Аманның бөркінің әлденеше жерінен тысы жыртылғандықтан ішіне салған жүні түтеленіп шығып тұрады. Солай дей тұра онашасын тапса Аманды шымшып-тартып ойнап қояды. Кейде ол қойдан келгенде тары көженің суын алып шығып бере тұрып, қолының астына бес-алты бауырсақ та қыстырып кетеді. Аман оның маған біреу-екеуін беріп қояды. Мен бәрін ішіме тоқимын, бірақ көрмеген боламын. Сол Аман міне менің басыма іс түскен кезде жанымда тұр.

– Сорлы бала, сорлы бала! Не болды? – дейді ол. Мен үн шығармадым. Ол жанымызға тағы екі-үш жігіт келгенде «мынау сөйлемейді, тіл-аузын қойған ғой» деді. Маған керегі де осы бір сөздің айтылуы еді. Көзін жамандық көрмегір Аман мені алғашқы соққыдан қорғағысы келсе де, әлде мезгілсіз ұйқтағанымды тегін көрмесе де әйтеуір жетім жанымда жайлы жылымық сөзді айтып салды. Күнде бай қағыны жасырып бе-

ретін май бауырсақты бөліскен соң тәуір көруші едім. Енді тағы міне ішімді сөзімен жылтты. Аманның аузынан естіген сол бір жылымық сөз ашаршылықта аш кісіге май жағып берген жанмен бірдей еді. Жанымның жайлауынан орын алған жылы лебіз жанашырдың жанымнан табылғаны қарудай көңілде медеу қалды. Бірақ сұлық жатырмын. Түзелмес сорлымын. Сорламағаныммен сорлы болып көрінуім керек. Міне құбылған артистікті, өтірікті өмірдің өзі үйретті. Мысықтың соқырының мияуындай ғана дыбыс беріп, бір-екі ыңырысып қойдым. Сол қолымды көтергім келгендей жыбырлатқан болдым. Сол қолымның білегін көтере беріп, жаны кеткендей сылқ дегізіп түсіріп жібердім. Саусақтарымның басын жыбыр-жыбыр еткізіп қойдым. Екі-үш жігіт мені «тұр-тұрлап» еді, мен мелшиіп, міз бақпадым. Нақ осы кезде жаны малына әбден күйген болуы керек, Даубай келді. Ол мені жұлқылап, бетімді шапалақпен екі мәрте осып-осып жіберді. Мен шыдамдылық көрсетіп үндемедім. Көзімді бір қадаған жерден алмадым. Егер жетім болмасам, басыма жастай осы жамандық түспесе, онекі жасар бала осынша пәлені ойлар ма еді. Жігіттер Даубайға мені қайта ұрғыздады. Кеңірейіп үндемей қалған менен кейбіреуі бірдеменің салқыны тиді деп шыныменен қорықты да. Мен өнерімді одан көбейтпедім. Сезіліп қалар деп қорықтым. Оным дұрыс та еді.

Өлген қозыларды әлі екі-үш жігіт жинап жүр. Мен орнымнан қозғалмаған соң Аман мені көтеріп бір жігіттің артына мінгізді. Мен өзімше атқа жүре алмайтын болып көріну үшін жалғаны мол жерге екінші жағынан ауып түсіп қала салдым. Олар ат сауырына қайта салғанда осы жұмсақтау деген жерге аттың артынан құлап сыпырылып түстім. Сонан соң мені Аман алдына алып отырды. Мойнымды басымды салбыратып, көзімді бұқакөздендіріп жібердім. Жолай әңгіменің сыңайын байқасам мен ұйқтаған соң қозы телім-телім болып тозып кетеді де, оған екі бөлтірігін ауыздандырып жүрген шулан шабады. Екі бөлтірік, қозының кез келгенінің мойнын бұрай береді. Қасқырдан үркіп телім-телім болып кеткен қозының қаншасы бары белгісіз. Не болғанының ешкім ұшығына шыға алатын емес. Қалған қозы барып жамырап кетеді. Ішінде құйрығы жырымдалып тартылған, қаны саулап жүргені болады. Мұның тегін емес екенін сезген ауыл мені іздейді.

Мені беткейдегі ауылға әкелді де, өз үйіме түсірді. Қайырымды қара лашық шешем Дәметкенше мені жылы қарсы алды. Өлгендей болып үндемей мен жатырмын. Содан үш күн тұрмай, тік ішегі түскен адамдай жылжымай жаттым. Тамақ та таппадым. Аузыма зорлап құйған сүт, қымыз болса жартысын жұтып, жартысын езуімнен ағызып жіберіп жатырмын. Шынын айтсам тамағым тілеп те барады, бірақ өзімді өзім әшкерелеп мені жың соғып па! Іше алмаған, жұта алмаған сорлымын. Мұны көрген кедей-кепшіктің жүрегі елжіреп, кейбіреуі тостағанынан жасын да төгіп кете барады. Неде болса үш-төрт күндік аштыққа шыдауға бел байлады. Түзелмес, шалықтаған сорлы болып көріндім.

Бұл өтірігім жаман да шықпаған сияқты. Өстіп жатқанда өтірікті әбден жұптадым. Қалай болғанына жауаптар әзірледім. Өтірікті шындай, ақсақты тындай етіп тұрып айтуға әзірледім. Бүйтіп жатқаным құрысын деп те ойлаймын. Осы жатқан үш күн маған үш жылдай көрінгенімен ой-жүйемді әбден жетілтті. Ойламаған нәрсе жоқ. Жаубайдан қалай кек алуым керек. Аман мен Нұрия арасындағы тиіп-қашты жағдайды қалай пайдаланбақпын. Көрдің бе, жағдай, тұрмыс дүние пәлені қалай үйретеді? Үш күн бойы үйде ойнап отырдым. Даладан тысыр естілсе болды, дереу төсегіме жата қаламын. Дегенмен бұл жан тыныштықтан қозы соңындағы басымнан күн, аяғымнан тас өткен азапты өмірім әлдеқайда жақсы екеніне көзім жетті.

Мен жатқан үш күнде Жаубай мен Даубайдан басқаның бәрі де бұл үйге басын бір-бір сұғып шықты. Тіпті Жаубайдың ақ қатыны да келіп кетті. Оның келісі басқалардан бөлектеу болды. Сәлиман шешем маған бір шара қымыз әкеліп қойып кеткен соң, мен басымды көтеріп қымыздан бір жұттым. Сөйткенше болған жоқ, далада қайтадан тысыр білінді. Төсегіме зып бердім. Көзімді бір ашып, бір жұмып жатырмын. Келгендерге жауап бермеймін. Үйге байдың жылқышысы Дәуқара кірді. Дәуқара еңгезердей, аты әдейі зор болып жаратылған соң қойылғандай адам еді. Жаз күнінде де қиетін екі саптама етігінің қоны қара санына келіп тұр. Етіктің басымен өкшесінің арасы екі қарыс боларлық, дүбір аяқ кісі еді. Кең кеудесінің түймесін ағытып тастапты. Одан қоп-қоңыр мойыны, күн сүйген шалқақ төс сүйегі көрініп тұр. Кірген бетте төрдегі бөстекке отырды да, маған көз тастап «жетімек қалайсың?» деп гүр ете түсті. Мен бір қарадым да жауаңдап үнсіз жата бердім. Жылы сөйлеген соң еңіреп жіберуге де әзер жеттім. Кейбір кедейдің сөзі, әсіресе шешемді айта келгендердің лебізі жүйкемді босатып жібереді. Дәуқараға жібігендей едім. Бірақ олай істемеуім керек екен. Ішімді жиып ала қойдым. Ол тыбыр етпей менің жанымда отырды. Қашан кетер екен бұл қара дәу деп ішім пысып, ішімдегі ойнаған арыстан күшіктері бірін бірі қуалап, алас ұрып мен жатырмын. Сәлден кейін сартылдаған кебіс даусы естілді. Мен бұл жүрістің кімдікі екенін бірден-ақ білдім. Аққатын келеді. Бұл ауылда көксалдаған кебіспен көксауыр мәсіні осы Аққатын ғана қиетін. Кебістің шоңқайма биік өкшесін Аққатын көтеріп баса алмай ма, әлде әдейі-ақ байдың қатыны келеді дегізгісі келе ме, сартылдатып жүретін. Ол үйге кірісімен маған көз салмастан Дәуқараға «отырмысың» деді. Ол үндеген жоқ. Қолындағы ақ үре табакқа салып әкелген бауырсақ пен ірімшікті іргедегі беті жабық тоғыз қарыс қазанның қақпағына төге салды. «Сорлы бала жазылғай еді» деді Дәуқара гүрілдеп.

– Жазылар, сен болмасаң, – деді. Сол кездері жиырмаға не жетіп, не жетпеген Аққатын мол денесін соған жапсыра оның иығынан баса отырып жатып. Сен білемісің, шырағым, әйелдің семіздігі қашанда, көп жағдайда бетіне нұр береді, – деді. Шұнақ оң қолымен қамшыны жерден

ала беріп. – Семіз денесі Аққатынға да ерекше бір сәулетті көрсететінді. Аққатын мені адам жатыр, ауырып жатыр деген жоқ. Бұрыла беріп аппақ бетін Дәуқараның қаба сақалына тигізіп қойды. Дәуқара тапжылмады.

– Мен ауырған емен, – деді Дәуқара. Аққатын танадай әдемі көздерін жалтылдатып біресе маған, біресе Дәуқараға тастады. Аппақ ақ жарқын лапылдаған жалқындай жүзіндегі қырлы мұрынын қисайта бір тартып, оң жақ қасын кере көтеріп, оң көзін сәл қысыңқырап күлімсіреді. Аққатынның денесі зор болса да, тым көркем адам екенін анық осы жерде байқадым. Кейін ойласам «аққұбаның зорын ал» деген осы екен ғой. Дәуқарада әлі үн жоқ.

– Дәрітай ауырған жаныңа дауа тауып жүр деседі ғой, – деп Аққатын күмістей сылдыратып күлді. Дәуқарада әлі де үн жоқ.

– Кешке осы үйге қон, – деді Аққатын орнынан тұра беріп. Оның кимешегінің сере қарыс зерлеп тіккен жағы тағы да Дәуқараның сақалын жанап өтті. Аққатын бұл жолы маған сенімсіз көзбен қарап қойды. Мен ауруы мендеп кеткен адамдай кірпігімді зорға қимылдатып сұлық жатырмын. Дәуқараға жан бітті. Тұрып бара жатқан қатынның қонын жалаңаш қолымен бір соғып қалды. Аққатын үйден шыға беріп «онысы несі-ей!» деп күлімдеп көзінің қиығын тастап кебісін сартылдатып жөнелді. Оның артынан көп кешікпей Дәуқара да кетті. Аққатын да адаммен сөйлеседі екен-ау деп ойладым мен. Маған ол Жаубайдан басқа тірі жанмен тілдеспейтіндей көрінуші еді.

Кеш алдында үйге Аман келді. Балғын денесі майысып менің басымды құшақтады. Қымыздан бір сіміртті.

– Ертен басыңды көтер. Далаға шығып жүр, – деді.

Шұнақ осы жерге келгенде ойына әлдене түсіп кеткендей қамшысын екі бүктеп ұстап, соған сүйеніп тұрды да, ақжал шабдардың жанына барды. Өзінің атының аткөрпесін алды. Тартпасын қайта тартты да, аткөрпені әкеліп жасынға төсеп тастады.

– Сен мынаның үстіне отыр. Шөлдеген шығарсың, – деп қайта әрі қарай бұрылып кетті. Ол он қадымдай жердегі басы түйісіп тұрған екі тастың жанына барып тізелеп, еңкейіп, төмен қолын созды. Қуыс екен, Одан атдорба алып шықты. Оны көтеріп менің жанымға келіп көрпеге іліне отырды. Атдорба ішінде торсықтың мойны сораиды. Екі жағы батырлар етігінің тұмсығындай қайқайған және екеуінің тұмсығында да қызыл жібек шашағы бар, өрнектеліп, нақыштап тастаған майлы торсықты суырып ортаға қойды. «Құртты көрсе құр ауыздан су ағар» дегендей қымыздың ісі мұрнымды жарып, тамсанып-тамсанып қойдым. Шұнақ шал атдорбаның түбіне кәрі тарамыс қолын қайта жүгіртті. Аппақ сүлгіге оралған бірдемелер шығарды. Тамақ екеніне шүбаланғаным жоқ. Орамалды жазғанда тоназыған, жіліктеп пісірген қойдың бір сан еті, бір кішкене жылқы шұжығы, көмбе нан көрінді. Сыртқы қалтасынан «Социалистік Қазақстанның» бір номерін алып көкшөпке төседі. Етті,

нанды үстіне қойып, қолы шалбарының жанқалтасын шарлап кетті. Қалтадан шүберекке түйілген бір нәрсе алып шықты. Бұл кезде мен жаңа Шұнақ айтқан жылқышы мен Аққатын әңгімесі неге саяр екен деп ойлап кетіп едім.

– Не ойлап отырсың? – деді Шұнақ шүберек түйінін шешіп жатып.

– Аққатын мен қаба сақалды Дәуқара.

– Ә, оны әлі білесің, әзірге тамақ жеп алалық. – Түйіншектен сыртында арапша жазуы бар екі басты жасыл бәкі шықты. Бәкі бабында, өткір екен. Етті, нанды бәрін Шұнақ турады. Жамбасты менің алдыма қойды. Маған «жей бер» деді. Ол атдорбаға қайта қол салып, тай тұяғындай кішкентай сырлы тостаған алып қымыз құйды... Ішіп отырмыз, жеп отырмыз... Біраз тоғайып алған соң Шұнақ әңгімені қайта бастап кетті:

– Аман мықты болу керек бала, деді. Анау апаңның қара абдырасында табақта сары май, бауырсақ бар. Соны қарның ашса, алып жей бер деді. Өзі сәл отырып кетіп қалды. Осы күні уыздай жап-жас майысқан Нұрия да келді. «Қарның ашты ма?» деп сұрады. «Абдыраға тамақ салып қоямын, соны жей бер» деді. Аман аузына түкіріп қойғандай. Менің басымнан сипап шығып кетіп қалды. Абдыраны ашсам әдемі сырлы тостағанда бір-екі құрт, қызыл бауырсақ, мейіздей сағырданданып кебе бастаған сары ірімшік тұр. Шеті кетіліп, түбінің бір жағы күйген біздің үйдің түсі белгісіз, ақжонқа тостағаны бос. Бір бауырсақты аузыма жалма-жан тығып жібердім де ірімшіктің бір кесегін алып, жерде абдыра алдында төсеулі жатқан қатқан тулақ үстіне отырып жей бастадым. Ауызыма тамақ тиген соң ойым дүниені шарлап кетті. Тіпті осы жатқан үш күнде Жаубай мен Даубайға болмаса басқаға қадірім артып қалғанға ұқсады. Бірақ ол кезде менің өтірік ауруымды әркім өзінің әлдеқандай мақсатына пайдаланып жүргенін аңғара қоймаппын.

Біз жайлап отырған жер Іле-Шу Алатауының сілемі. Қазіргі анау Алматы-Фрунзе жолының Қордайға барып тірелер жеріне дейін Шөладыр, Шөлқопа аталатын жазықты басып өтетін тұсы Бозжорға делінетін. Осы жолдың үстінде екі тау Атжайлау, Балажан ерекше сараланып тұрады. Көбіне Жаубай ауылы осы Атжайлаудың үстін жайлайтын. Кейде бір көңілі келгенде ұзай салып Шапыраштының жайлауларынан да қоныс сұрап алатын. Оны көбіне малдың көші-қонын ауырсынғанмен әйел, бала-шағасының басқа бір рудың ішін жайлап, ерулік-қарулық жесіп, жылына бір келер, жан жадыратар жайлауды сауық-сайранмен өткізу тілегін орындау тұрғысынан жасайтын. Биыл Ұлбай бәйбіше қанша өтінсе де ол тілек жүзеге аспапты. Қара бұжыр бай қара жыландай иіріліп, төрінің алдында түк естімегендей үн шығармай жатып алыпты десетін. Сол жылы Атжайлаудың үстінде едік. Одан төменгі Шетбұлақ, Үшшоқы, Долаңқара бәрі жақсы көрінетін. Қордайды желкесінен көздейтін біз. Күн сол Қордайды асып, батып бара жатқанда Сәлиман шешем үйге қайта келді. Тағы да тамақ әкеліп жүр. Менің басымды

ұстап көрді. Үлкен, қайырымды адамның қолы басыма тиюі менің бір түрлі жүйе-жүйемді босаттты. Пысыңдап жылап жібердім. Сәлиман шешем жатқан мені бауырына басып көзінің жасын сығып алды. Сонан соң орнынан тұрды да:

– Кешке осы үйге келіп жатамын, – деді. Қолына шелегін ұстап шығып кетті.

Мен саған осының бәрін бекер айтып отырған жоқпын. Расы жоқ сол бір дүниенің өзін көрген кескінін мына жас журналист сенің көз алдыңа бір елестетпек едім. Сонымен сол күнгі кештің қара шымылдығын жамылуын асыға күттім. Орнымнан тұратын, жарық дүниені көретін ертеңгі күн тіпті алыс сияқты болды.

Қас қарайып, Беріктас өңірі тегіс шымырт тартып, қалғи бастағанда есіктен иіліп Дәуқара кірді. Мен үнсізбін. Ол төрдің алдына жұкаяқ үстінде тұрған жұлым-жұлым ескі шапанды басына бүктеулі қалпында қоя салып жата кетті. Жаныма адам келгені жанымды жайландыра түсті. Түн қорқынышсыз өтетіні ойымда тұрды. Жаным тыныш болғандықтан ба түнімен ұйқтай алмай дөңбекшіп шығамын. Тымырсық түнде ұйқтамаған соң ойына да әр нәрсе түсе береді. Ал Дәуқараның келуі көңілімді демдей түсті.

Кешке дейінгі киіз үйден өткен ыстық аптабы басылып, кештің салқыны мені ұйқы құшағына баурап әкеткенін аңғармаппын. Қай мезет екенін білмеймін, тарс-тұрс еткен дыбыстан көзімді ашып алсам Дәуқара екен. Далаға ата жөнелді. Даладан кіріп келген Сәлиман шешем қолындағы бос шелегімен орнынан тұра алмай үйелеп жатқан мол денені саңғыр-саңғыр еткізіп салып-салып жіберді. Аққатынның ақырын ғана даусы естілді:

– Апатай, өлсем ұмытпайын, апатай!

– Жоғал көзімнен, құрған қары, ауру баланың жанын былғамай. Жоқ болса бұл үйде дүние жоқ. Бірақ бұл үйдің іші арын жоғалтқан жоқ. Былғама қасиетті от басын, сайқал неме! – Аққатын орнынан тұрып есікке беттеді. Сөйлеп барады. «Апатай, өлсем ұмытпайын, арым таза!..» Сыртта кебістің сыртылы естілді. Аққатын, аяғының дыбысы. Сөйтіп жетімнің жыртқық үйінде қайта тыныштық орнады.

– Бәсе, – деді Сәлиман шешем даусын естірте, – түнеугі күні бұл бала біреудің қолында болсын дегенде өз шаңырағында отыра берсін, түтіні өшпесін, – деп безектеп едің. Сондасың бұл үйді жын ойнақ жасау екен ғой. – Сәлиман шешейдің адуын сөзінен әлде не ұққандаймын. Менің шешем өлген соң сол ауылдың естиярлары жиналып, жетім қалған, жетілмей қалған мені қайтпек керек дегенді ойластырады. Сонда осы Аққатын Жаубайды да, басқаны да бет бақтырмай Сәлиман шешемді қостап, «үстінде үй, бауырында қазаны» бар болып тұрсын, тимеңдер деген. Онда ауылдың қойшы-қоланы Аққатынды бір ұнатып қалып еді.

Ал енді Сәлиман шешемнің істеген бір ерлігі күні бүгінге дейін көз алдымда, – деді Шұнақ аяғын көсіліп тастап. – Танертең менің сөйлей

бастағанымды далаға кіріп-шығып жүргенімді естіп Жаубай үйіне шақыртты. Бай үйіне жалғыз баруға жүрексіндім.

– Шеше, сіз ертіп барыңызшы, – деп өтініш жасадым Сәлиман шешеме. Ол кісі үндемей-ақ менің үстіме үлінгірімді кигізді. Сауыс болып кеткен қансұрып жейдемді, шешемнің әкем баршағынан қалған мақпал шолақ жеңінен тігілген көкірекшені кидім. Бұтымда рәпістен кең тігілген дамбал. Оның кімнің киімінен кішірейтілгені есімде жоқ. Түрлі түсті шуда жіптен тоқылған дамбал бауды тартып байлағанда тым ұзын болғандықтан екі ұшындағы шашағы тіземді соғады. Сәлиман шешем баудың есілген жерлерін жазып, алақанын жайды. Көкірекшеден шыққан жеңденің жеңі әйтеуір жалпылдап, кең тұр. Аяқ жалаңаяқ. Құс басқан, тікенді білмей кеткен табаным көн болып, қасанданып қатып қалған. Енді тікен түгіл шөңге кірмейді. Аяғымның кежірі тасбақаның мойнындай, сіңірі білеуленіп тұр. Өз табаныма өз қолымның тигені сезілмейді. Сыртынан қазақ құранды ерді қаптайтын түйенің мойнағынан жасалатын көндей бір ғажайып былғарымен қаптап тастағандай. Осы күндері Америкадан әкелініп жүрген, қолтырауынның терісінен жасалған қапшықтың сыртындай жып-жылтыр екені ойыма түседі. Дамбалдың жырым-жырым балағы балтырымда кең болғандықтан далаң-далаң етеді. Осы қалыппен Сәлиман шешем бай үйіне апарып кіргізіп келіп жіберді. Өзі де артымда келе жатқан шығар деймін. Артқа қарауға менде шама бар ма! Төрде осы менің көзім сияқты шүңірек көз, басында сәлдесі бар, арық, тарамыстай қатқан, мауыздай шал адам отыр. Молда екенін білдім. Қолындағы тәспесін дамыл жоқ қозғап отыр. Тәспі тартқандарды бұрын талай көргенмін. Бірақ мына молданың аузының қимылы бұрынғылардікіндей «іләиләһа иллала» емес, «я ғапи, я шапи» дей береді. Шамасы бұл құдайға басқа молдекендерден гөрі таныстау болуы керек. Құдай оны ерекшелендіру үшін өңі бөтен, басқаларға бұйырмаған бір сөз үйреткен екен. Онысы сол «я ғапи, я шапи» екен. Молда сегіз қанат үйдің төрінде бір жапырақ болып көрінеді. Алты жасар баланың ұлы дәретіндей қисайып отыр. Төменде оң жақта Жаубай бір қырын, малдас құрып алған. Обадай. Қабағы түксініп, ұзын қастары жылан көзін жауып кетіпті. Оның арғы жағында Жаубайдың бұрынғы өлген бәйбішесінен туған, мен құралпы ұлы Таубай етпеттеп бір оңқай бір солақай, бірі қызыл, бірі көк екі асықты шертіп жатыр. Ол жаңа өзің үйінен аттанған ферма бастығы. Маған қараған сайын әкесінің артынан анда-санда оң қолының жұдырығын түйіп көрсетіп қояды. Өттең мен де есемді жібермес едім, амал не, осы үйдегі көз атаулының бәрі – жымық көз, жылан көз, айна көз, қайнаң көз, өгіз көз, теке көз, шегір көз, бадырақ көздерің әмбесі маған қадалып, қимылымды мүлт жібермей отыр. Содан діңкем құрып, қолпашқа үйренген ұл – Таубайға таудай ақым кетіп тұр. Көрдің бе, бай Жаубай, інісі Даубай, баласы Таубай өңкей құдай байға лайықтап жаратқандар,

өздері құдайдан байлықтан басқа нәрсе тілеп көрмеген көркеуделер. Денсаулық бермесең де құдай он саулық бер дейтіндей. Неге екенін қайдам менің балалық пайымым-қиялымда Жаубай да, Даубай да көй сияқты болып елестейтін. Ал оған қарама қарсы жақта қос етек көк көйлегі бар, шашын арқасын қаптырып, қоян сирақ етіп, әлденешеу қылып өріп қойған әдемі кескінді әлпештеген қыз Ұлтуған Таубай маған жұдырығын түйген сайын оған өз жұдырығын көрсетеді. Ол Жаубайдың мен көрген үлкен әйелі Ұлбай бәйбішеден. «Күндестің гүлі де күндес». Яғни Таубай мен Ұлтуған өш. Ол Таубайдан үш-төрт жасы кіші. Өзі аппақ болғандықтан ба, әлде өзі де солай ма еріні қып-қызыл шиедей болып, оймақтанып тұрады. Оны Даубайдың жас тоқалы, Нұрия жеңгесі «оймақ ауыз» дейді. Нұрия аузынан сол сөз естілген сайын мен Ұлтуған аузына ұрланып қарап қоятынмын. Маған оның еріндері оймақтан гөрі бір шие тістеп жүретіндей көрінетін.

Біз үйге кірген заматта Жаубайдың оң тізесін баса отырған ақ тоқал «ойбай, апам келіп қалыпты ғой» деп орнынан тұрып кетті. Күнде кермаралдай керіліп, бір басарға ерініп жүретін Аққатынның бұл тұрғысын мен жақсы ұғып тұрдым. Балалық қой деймін онда оған күлкім келген жоқ. Шамасы көп маңыз бермеген болсам керек. «Арым таза!» дегені есіме түсті. Бірақ онда оны ұға алмаппын. Тек сол сөз құлағымда қалды.

– Өрі таман жиналып отырсаңшы, апам отырсын, – деді Аққатын баптанып. Бұл неғып жаман қатынды сыйлап қалды дегендей Жаубай жылан көзін жылтың еткізіп тоқалына бір тастады да, төрге таман сырғып отырды. Мен тік тұрып қала бердім де, Сәлиман шешем босаған орынға дүмін төсеп, бір аяғын бүгіп астына басып, аяғын тіктеп қойып бір тізерлеп отырды. Жаубай жылан көзін маған қадап, қабағын көтерді. Кішкентай жылан қарағының төңірегі қып-қызыл құрланып тұр. Жас ботаның өркендегеннен кейінгі өрістігіндей.

– Кәне, қозыны қалай қырдың? Айт, – деді ол онша қатал келмей. Мен қыпылықтап, көзімді төменшіктетіп тұрып едім Сәлиман шешем қайрат берді:

– Айта бер, маған айтқаныңды! – Үш күн бойы дайындаған шындыққа жуыстығы ұжмақ пен тозақ ұғымындай кереғар сөздерді ежіктеп, езулеп тізіп жөнелдім.

– Шетке шыққан қозыны қайырып, бұрыла бергенімде алдымнан қара жылан кескестеді. Тұра қалдым. Сол кезде ақбоз атты, ақ киімді кісі неге тоқтайсың, пағшағар деп қолындағы сылдырмақты бірдемесімен жауырынымнан салып қалды. Байқап отырған шығарсың, әдейі асасымен демей тұрмын ғой, Содан кейінгісін білмеймін, – дедім де төмен қарап үндемей тұрып қалдым. Жаубай жылан көзін төрдегі молдаға қадады. Ол кешікпей-ақ тез тіл қатты:

– Құдай қайта сақтаған екен. Егер бет алдынан келсе өліп кететін екен. Бетінен ұрса аузы-басы қисайып қалар еді.

– Астапырралла! – деді Аққатын жағасын ұстап. Жаубай молдадан көзін алып маған қайта қадалды.

– Ал қырылған қозыны қалай төлейсің? – Менде үн жоқ.

– Төрт түйең аман қалды ғой, – деді Аққатын. – Енді болды да. Сары апам түйенді тұрғызып берді ғой. Кеше кеште Аққатынның Дәукараға айтып жатқанын естіп едім. Көктемнен көтерем, солма болып Жаубайдың төрт түйесі қалады тағандап. Үш күннен бері отыз қозының бір азын майға қуырып, сол солма болған түйелерге салған екен. Оны да маған тигізбеу үшін ойлап тапқан Сәлиман шешем көрінеді. Өтірікті алғаш рет осылай сылқытып салып бай үйінен асыға бердім. Нақ осы сәтте Сәлиман шешемнің ерлігін көрдім. Атынан асығыс түскен кеспелтек Даубай сыртқа шыққан бізді көріп айқай салды:

– Осы иттің баласын аяп! – Ол менің жанымға жете беріп былтық қолымен шапалақпен мені тартып кетті. Сәлиман шешем есік алдындағы екі басында темір ілгіші бар мойынағашты ала салып Даубайға қақ бастап салып қалды. Оның бетін қан жауып кетті. Даубай арғы жағы қорқып тұрса да, еркексініп Сәлиман шешеме қайта ұмтылып еді, шешем мойынағашты қайта көтеріп тұра ұмтылды. Даубай не істерін білмей екі қолымен төбесін басып отыра қалды. Күлкілі жағдай болды. Бірақ ешкім езу тартпады. Сәлиман шешем ұрмады. «Ой еркек емес, желкек неме» деді. Даубай сүмірейіп орнынан көтерілді. Алғашқыдай арыны жоқ, бас сауғалап желі кеткен бүйендей ириіп қалды. Өзі де тайқақтап тұр еді, арғы жағынан Аққатын келіп ұстап, сүйрей жөнелді.

– Біткен істі қайтесің, төрежан! – Аққатынның көрінуі шешемнің есіне бірдеме салып жібергендей. Сәлиман шешем:

– Еркек болсаң жетім балаларға қожандамай, қатындарыңа ие болыңдар, өңкей ит бас, сиыр аяқ неме! – деді. Аққатын естімеген болып үйге зып берді. Ертеңіне Даубай ауырып жатыр деп естідім. Сол кездегі әйел түгіл еркектің қолынан келмейтін бұл көзсіз ерлік менің бар өміріме Сәлиман шешемді сыбайлас, сабақтас етті. Менің кеудеме кек осылай қатып, қас жауыма қаным осылай қарайып, өтірікті алғаш осылай айттым. Бай үйінен ұзап шыға бергенімде артымнан жүгіріп қос етек көйлегі шұбаландап, басындағы үкісі бұлғақтап Ұлтуған жетті. Байдың әлпештеген кішкене қызы ешбір сөзге келместен:

– Өтірігіңе құдай береке берсін, – деді де қайтадан жүгіре жөнелді. Менің бетімшапалақпен ұрғандай ду ете түсті. Даубайдың шапалағынан бұл сөз қатты тиді. Нақ осы сәтте өтірікті, өтірік айтқан өзімді қанша жек көрсем, іштей өзімді өзім мүрдем қаптырсам шындықты өзіме ғана бетіме басқан Ұлтуған сонша сүйкімді, соншалықты ақықтай қымбат көрініп кетті.

Шұнақ құлағының орнын сол қолымен бір-екі тырнап қойып әңгімені қайта айта берді. Мен Шұнаққа тек білгені емес көргені де, кешкені де көп екен деумен телміре ұзақ қарап отырдым.

– Ия, – деді Шұнақ, – Ұлтуған айтқандай құдай өтірігіме береке берді. Бұдан кейін өмірдің тұлдырсыз, бұлдыр, қисық та, қыңыр да жолында талы өтірік айттым білем. Өтірік сол заманның адамдарының ең жақын досы болса керек-ті.

Жетімнің ғаріпшілігі Жаубай, Даубайлардың ішін ауыртпай, жанын қанамай уақыт итырғылжыңмен өте берді. Білгенге бықсып көрініп тұратын, бірақ ішінен түтеген, жауынды күздің қырманының түбіндей көксіген бай өмірі де, екі тесік бір келіп әбиірі кеткен кедейдің кермек тұрмысы да сол бір қалыппен кетіп бара жатты. Оны түзетер, іштегі ірінді жалқыаяқтай ақтарып тастар, алдыңнан ақ таң атырар күн де өңірге әрі көріне қоймаған-ды. Жаубайдың өгіз өлмес, арба сыймас бұйығы тұрмысы, оның қатынының өмірден өз орнын таба алмай, кімге ұрынарын білмей, кімге тығылып, кімге арқа тірерін аңғармай алас ұрған қапалы шағы – бәрі де менің балалық-шалалық түсінігімді түрткілеп оята бастады. Өйткені соның бәрінің менің жолыма әсері, қатысы болды. Өмір осылай ит қорлықпен жылжып жатты.

Жасым он екіден он үшке беттеді. Басыңды бір көтерші шырағым, – деді Шұнақ бағанағы ертеңгіліктегі май көрмеген көндей құрысқан мінезін бір жола ұмытып. – Мына батыс жағыңа қара. Сонау тұрған биікті Қоңыр дейді. Көріп отырмысың? Жаңа екеуміз жүрген жол сол Қоңырды басып ары қарай Сарыжазыққа еңкейеді. Ол Сарыжазық анау жон терісін күнге қақтаған мұз үстіндегі итбалықтай дөңкііп жатқан Суықтөбенің бергі бауырынан басталады. Оның өзі Сарыжазық десе дегендей, үстіне аюдың жүніндей ұйысып бетеге өскен, Алатаудың ең көрікті Асы сияқты атақты жайлауы. «Құдай білер Асыны кім жайлауын, кімдердің аттан құлап ойбайлауын» деген осы Жетісуда мәтел бар. Оның мәнісін өзің де біліп отырған шығарсың, өте әдемі, кең жайлауға жылда жұрт таласып төбелес болып жатқан ғой. Сол сияқты осы өңірде Сарыжазыққа да талас болып жатушы еді.

«Сарыжазық дегенге Сарыжазық.
Сарыжазықта бетеге малға азық.
Бір жаманы сол екен, япыр-ай,
Уәдеде тұрмайды қаққан қазық»

деген Шапырашты-Әжіке Байғазы ақынның өлеңі бар. Онда жыл сайын жайлауда таласа-гармаса қонып алған соң, төбелес тоқырап, ашу тарқап, еңтік басылып, базына айтып, ерулік-қарулық басталады. Сонда бас мұжып, баталаса отырып әркім келесі жылы өзі жайлаған жерді мекендеу үшін мама орнатады. Қазақ бұрын қазықты мола басына ғана қағатын. Өйткені бір жақынының жанына екінші біреуін қою үшін қазық болашақ моланың орнына қағылатын. Сонда ол жерді бөтен біреу қазбауға тиіс еді. Ал мына кең жайлауда тентек болған тоқтыны, не түнде жылқыға мінетін атты арқандау үшін болмаса қазақ жер жарала-

майды. Сол әдепті, әдетті аттап өтіп игі жақсылар жерге таласып, белгі қалдыру үшін өлгенде қағатын қазықты тірісінде қақты. Оны мамағаш түрінде қалдырды. Мұны естіген көрші болыс адамдары тойда, топта Сарыжазықты жайлайтын Шапыраштының Бәйтәлі – Қауменін, кейде қонсы қонатын Қасқарауды келекелеп, мазақ етіп те жүрді. Соңғы үш жылда бойым да, ойым да әжептәуір өсіп қалған. Көп үлкеннің ішіндегі бір бала – мен жалшы-жақпайлардан талай нәрселер естимін, талай қулық-сұмдықты білемін, тіпті үйренемін. Көп нәрсені маған Сәлиман шешем айтып береді. Кейде не істейтінімді де, қай жолмен кетсем дұрыс болатынын да сол көрсетіп жібереді.

Сәлиман менің шешемнен үлкен. Өзі заманында сұлу адам болған деседі. Алпысқа таяп қалған шағында да екі бетінің қызылы кетпеген, алмадай. Тек жаз күнінде ерні шыдамай жарыла береді де, сары жалағына жапсырған қағаз бетінің әдемілік сәнін бұзады. Бірақ сырлы аяқтың сыры кетсе де сыны кетпеген. Дембелше денесіне үстіндегі көнетоз киімдер-ақ ұнаса кетеді. Қайрат иесі екендігі қажырлы ісінен әр кезде-ақ сезіліп тұрады. Сәлиман шешемнің де үйі-күйі жоқ. Жаубайдың ас әзірлету үшін тігетін үйінде жатып тұрады. Шешемнің шалы осы Жаубайларға жақын ағайын екен. Сәлиман шешемнің ол шалынан алты ұлы болады. Елге оба келгенде шалы да, алты ұл да бір-ақ жұртта қаза болыпты. Өзі екі сөзінің бірінде «домалатпай жылы» деп отырады. Осының жай-жапсарын айтқан шақта да Сәлиман шешем ел сияқты ебіл-себіл жылап, мазасы кетпейді, басқа бір сорлы, шерлі жанның қайғысын, өкінішін жеткізген біреудей салқын қанмен баяу баяндайды. Кейде әңгіме арасында ғана балаларының жеке қылығынан, шалының ақылынан тамтұмдап мысалдар келтіріп қояды. Адамгершілікті айтқанда, жоқ-жітікке қарасуда тағы да шалын мысалға алады. Бірақ ел көзінше егілмейді. Тек ешкім жоқта оқта-текте көкірегі қарыс айрылып күрсінгенін байқаймын. Немесе елсізде әлде бір оңаша жерде басын ұстап, жағын таянып үнсіз, тілсіз отырғанын көресің. Көбіне-ақ жарқылдап, күліп жүрген болады, ал шынында сырты бүтін, іші түтін екенін жақын-жуық жүргендер ғана аңғарады. Тасты-тайлы, баптақты-қатқақты жолдарда, құлар еністе, мал өрер өрісте омақа аспаса да талай-талай сүрініп кетіп тұрғандығы сөз арасында келтірген мысалынан, әңгіме аңғарынан байқалып қалар еді. Тіпті ол ешкімнен ығыспайды, басқалар менен қаймығады екен деп ежірендеп-шікірендемейді де. Әйтеуір өзі арнасынан аспай, ешбір жанға ұқсамай өмір ағымымен құлдилап береді. Құлдилапты деп, інім, мен әдейі айтып отырмын. Шешемнің бар болмысы енді өрлеу емес, әлдебір мақсатқа ұмсыну, ұмтылу емес, күнелту ғана сияқты көрінеді. Дүниеге де қызықпайды. Бай екен деп қалтырамайды, той екен деп жалтырамайды. Құба төбел қалпында өзгермей, ешнәрсеге өзеуремей қалыпты күн кешеді. Әсіресе Жаубайдың үй-ішіне ол қатал, қатты келеді. Олар дегенде жылы сөзі таусылғандай келте қайырады, ешбір бітімге келмейді. Жаубайдың

көзінше де, өзіне де ауыр сөздер, адуын сөздер айтып тастайды. Неге олай екен деп таңданып жүретінмін. Бақсам онда үлкен сыр жатыр екен.

Сәлиман шешемнің шалы дүние салғанда артында қорымдай малы, омарталы талы қалады. Сол малды, балды иемдену үшін Жаубай жасының айырмасының алшақтығына қарамай Сәлиманды жесірім деп жариялап, жеңге алмақ болады. Сондай ойы барын абысын-ажыннан сезген Сәлиман шешем қауіпсіз болмайды. Бір күні мал көкейін тескен Жаубай түн жамылып келіп жалғыз жатқан жеңгесіне қол салады. Бір жұртта шалы, алты ұлы өліп, өлім артынан өле алмай, өз жанын қия алмай, қайғымен қаруланып ұлы ойды сусынға жұтып, ішінен іріндеп жүрген шешем әбден ыза болады. Сонда да осы ұстанымдылығы болса керек. Алдымен Жаубайға жөн айтады:

– Мені тағдырдың қорлағаны аз ба, қотыр үстіне шикан болып бұл сенің қай қорлығың. Жоқ, жасым келгенде мені байсырап бара жатыр деймісің. Көкейінді тескен мал болса, бәрін саған бердім, бар да ала бер. Адыра қалсын, ол мал деген. Күстім дүние атаулыдан. Өлгенше ит көзі түтін танымас өмір сүруге мақұлмын. Тілімді ал да жөніне кет. Менің малым саған қос қатынға қалыңға жетеді дейді. Әбұйырға жолдас болмаған сорлы Жаубай найсаптықпен еркексіп, ол ақылға көнбейді. Төңіректегілердің қызыл тілі де оны өтпес пышақтай әбден жаныса керек. Сөйтіп жиырманың ішіндегі әлі денесі толыса қоймаған Жаубай елуді алқымдап қалған шешеме жармасады. Ыза қатты буып, санасы сай сүйегін сырқыратып тұрса да, шешем тағы да ескертеді. «Тілімді ал да қой!». Жоқ. Жаубай қоймайды. Ақыр болмадың ғой, онда шешін дейді Сәлиман. Жаубай енеден тумай жалаңаш болғанда қайрат күші қайтпаған өзін әбден ыза кернеген Сәлиман шешем оны алып ұрады да, басып отырып:

– Намыстанбасаң, аттан сал. Қатыннан таяқ жеп жатырмын де. Егер дыбысыңды шығарсаң қара кездік кеңірдегіңе жетеді. Тура өндірішегіңнен саламын. Мен соншалықты сенен несін ығамын. Артымда жылап балам қалып бара ма, намысына тиетін байым қалып бара ма!? – дейді де күні бұрын дайындап қойған, қылпып тұрған кездікпен өлмес жерің осы ғой деп май құйрықтан төрт жерден тіліп-тіліп жібереді. Еркек басымен жесір қатыннан теперіш көрген Жаубай намыстанып, айқайлай алмайды. Сәлиман шешем сол жерде құйрығынан қан ағып жатқан Жаубайдан уәде алады. Ертең-ақ орнынан тұра өш алуды ойлайтын, «қатігез қара» атанған Жаубай оған бірден уәде бермейді. Сол жерде Жаубайды қайта жығып тілінген жерлерге қара тікен тұз себеді.

– Енді уәде бермесең пішіп жіберемін. Мен сияқты қатын боласың, – дейді шешем Жаубайдың жалаңаш арқасында отырып. Қанды құйрық удай ашыған соң, әбден ыза болып алған Сәлиман шешем ешкім жоқ, қара түнде өлтіріп тастар деп Жаубай ант ішеді. «Саған қарап сөйлесем

аузыма қара қан толсын!» Оған шешем көне қоймайды. Жаубайдың аузынан өз басына азаттық күтеді. Ол өзі білмеген соң шешем қайта қатал сауал қояды: «Мені аласың ба?» «Жоқ сені алсам шешемді алайын!» дейді Жаубай. Бұл қарғыстанудың да, уәденің де ең берігі болса керекті. Мұны байқап отырсың ба, қарғыста шешені құрметтеуден артық ешнәрсе жоқ делініп тұр ғой. Шеше ағымен ант ету адам өмірінен, адам арынан жоғары тұр. Мен қазақты осы үшін де құрметтер едім. Әрине әр халықтың-ақ жақсы қасиеті, жаман тағылымы бар. Дегенмен екі сөзінің бірінде шешені ала жүгіріп боқтау тәрбиелі елден шықпаса керек. Мүмкін әкенің аузын боқтау не оңып тұр дерсің. Менің топшылауымша ол шешеден әлдеқайда жеңіл. Адам баласында анадан ардақты ешнәрсе болмауға тиіс деп ойлаймын. Жаубай анасын ауызға алған соң Сәлиман шешем бұл сөзге тұрады да, құйрығынан қан сауған Жаубайды тізе астынан босатады. Жаубай әдетте жым-жылас жоқ болады.

Сонымен түнгі оқиғаны ешкім білмеді деп үйіне келіп күнді күнге, түнді түнге ұрып жырым-жырым тілінген, ашыған құйрықты (майдың бітуі де қиын болса керек-ті) жаза алмай жатқан Жаубай бір күні далаға шыққанда бұл оқиғаны Дулат, Шапырашты тегіс білгенін естиді. Сөйтсе есік алдындағы қойшы-қолаң, жоқ-жітіктер Сәлиманға болысу үшін үйді аңдиды да, сыр сақтамайтын киіз үйдің сыртында бәрін де біліп алады. Сол кезде әлгінде ғана атап өткен Әжіке Байғазы ақынның жаңа шыға бастаған от тілді, орақ ауызды, дуалы бала жігіт кезі екен. Ол ылғи ауызша сықақ, өлең шығаратын адам еді. Оны өзім де көрдім. Сонда ол Жаубайды былай деп әшкерелеген:

Деуші еді Қасқарауда таудай батыр,
Енді міне орнынан тұрмай жатыр.
Бір қатынға құйрыққа тұз құйғызып,
Жыртық көтен атанды Жаубай батыр.
Мұны білген Жаубай «жыртық көтен»

атанған соң Сәлиманды біржола құртпақ болып, қаһарына мінеді. Ол бар намысын жинап қойып жоғарыға арызданады. Сонымен Дулат, Шапырашты жиналған қара қорымдай қалың топқа түседі. Көп алдында Жаубай бүгежектеп сөйлей алмайды. Ал Сәлиман шешем шаршы топта Жаубай қылығын жайып салады. Ол өзінің жеті бірдей адамнан айрылып, басы қаралы беті жаралы шағында қол салуын, тағдыр мазағының үстіне мұның тап болғанын басқа әйелдерге ұқсап жылап-сықтамай, асқан бір байыптылықпен, ашына тұрып ашық айтып береді. Әсіресе, алты ұлының бірінен кейін бірінің бір жұртта өлгенін, күнде күңіреніп, қайғыдан қара жалын оралғанын, күнде түнде өлік күзеткенін айтқанда, жұрт қобырап түрегеп, солқылдап жылап жібергендер болған. Сонымен төбе би тереңнен толғап, пайымдай келе істі Сәлиман шешемнің пайдасына шешкен де, Жаубай отырып қалған. Бері келе Жаубайдың дәулеті

артқан соң барып «жыртық көтен» аты ұмытыла бастаған. Сөйтіп Сәлиман шешем топты жарып тұңғыш сөз сөйлеген осы өңірдегі қазақ әйелі екен. Кейінірек Сәлиман Шапырашты қызы болғандықтан төбе би болған шапырашты Қожбанбет бұрып кетіпті деген өсек тараған.

Қожбанбет шынында да жұрт айтағындай беделді адам болған. Оның сөзін ешкім жерге тастамайды екен. Осы өңірде белгілі Сәт Ниязбеков деген атақты, кісілікті болыс Күрті биі Қожбанбет алдында қипақтап тұрады екен. Өйткені сөзге ұста, бір сөйлесе де түйреп тастайтын тілі өткір адам болған. Сөз қадірлеген, сөзге тоқтаған ол заманда сөзге мат болмау үшін әркім өресінен шығуды ойлаған. Заманында қызыл би атанған Қожбанбет би таудан жайлаудан түсіп келе жатса, Дулаттың болыс, билері Қарғалыда базарда қарбыз жарып жеп сусындап отырады. Мұны байқаған Сәт болыс «мына пәле қайдан келіп қалып еді, байқамаған болып отыра беріндер» деген. Бірақ күрең жорғасын көйкелтіп базар ортасына келіп қалған Қожбанбетке Мәңке тұра келіп «ассалаумағаләйкөм, Қомеке! Келіңіз, дарбыз жеңіз» деген. Сонда іліп алғандау анау: «ой, енеңді... аю алма жейді, шошқа дарбыз жейді, кім деп едің мені» деп жорғаны көйкелтіп өте шығады. Тірідей өліп аналар қалады. Осындай оның сөзге шешендігін атақты Бармақ ақын былай деген екен.

«Қожбанбетім,
Екі қарыс, төрт елі сенің бетің.
Бұ Күрті топ болғанда қудай жайқар,
Сен өлгенде көрер ме ем мұның к...»

Қожбанбет шешен адам болмағанмен айтқанын жүзеге асырмай қоймайтын бірбеткей батыл адам болыпты. Бірақ Сәлиман туралы айтылған сөз шындықтан жырақ. Шешем шаршы топта өзін өзі қорғап шыққан. Содан бері Жаубайдың жағы біржола қарысқан. Бірақ билер «ерден кетсе де елден кетпейді» деген ескі заңды бұза алмай, Сәлиманды осы күйкі ауылдың, көңірсі болмағанмен көнбіс жалшысы етіп қалдырған. Сол Сәлиман шешем үнемі мен сүрініп бара жатсам сүйеп, жығылсам тұрғызып жіберіп жүрді. «Өзің жақсы болғанша бір жақсының қосын ет, өзің жақсы болған соң қайда кетсең онда кет» демей ме қазақ. Сол айтқандай ақылым толғанша шеше орнына шеше болған сол кісінің сөзін екі етпедім, алдынан қия өтпедім. Ол мені үнемі оң жолға бағыттап отырды, жол жүрсем оң сапар, ұйқасам оң жамбасыммен тұруымды тіледі.

Он төрт жасқа шыққанда алғаш Жаубаймен жүз шайыстым. Анау Сарыжазықты жайлаған жылымыз болатын. Жайлау үстінде ешкім мал бақпайды ғой. Өріске айдап тастайды. Қасқырдан қалғаны адамдікі. Қойшылардың да мойны бір босайтын кезеңі осы еді. Айдап салған мал көп ұзамайды, көкке жабысады да жатады. Тек күнде тұз

беріп тұрсаң болғаны. Егер екі күн малға тұз төкпесең, ол жүре оттап сырдақтап тоқтамайды. Сондықтан жаны тыныш, қолы бос болуы үшін қойшылар күнде кешке қарай науаға тұз төгеді: өйткені тау шөбі жасық, мал тұзсырайды. Қол бостау болғандықтан отау-отауларда адам толып алып, тоңазыған піскен етті жақана жасап, сары қымызды сапырып әңгіме дүкен құратын кезең туады. Егер ауылда Жаубай жоқ болса, онда әннің де дыбысы шығып қалады.

Мен бұл кездері қой бағатынмын. Кешке қойдан келгенімде Даубайдың жас келіншегі Нұрия маған да көженің суын береді. Бірақ менің аңсайтыным да қол астынан басқа сұқ көздерден жасырып беретін бауырсақ. Аманға солай істеуші еді ғой. Мен өтірік ауырсынғаннан кейінгі жерде Нұрия менімен тиіп-қашып сөйлесе кететінді шығарды. Кейде тіпті күлмейтін нәрседен маған күліп, «құрған шешек» деп шымшып кетеді. Мен де есемді жібермеймін, кез келген жерінен мыжып қалған боламын. Ондай күні маған тары көжені қоюлап құйып береді. Сырын біліп алған сияқтымын.

Жайлауға келген күні қойдан қозы бөлдік. Дырду болып жатқанымызда төрт-бес қой қозысымен өзенге қашты. Оның артынан мен жүгіріп кеттім. Оны өлгенде әрең қайырып қайтып келе жатсам жартастың астында жиырма шақты қой тұр. Оны да қайыра кеткім келіп бұрыла берсем, апақ-сапақта көгерген бір нәрсе көзіме түсе кетті. Бұл не деп жақындадым. Көйлек сияқты. Таныс көйлек. Бүгін Нұрия көк жібек көйлек киіп жүрген. Жақындадым. Ол мені байқар емес. Арғы жағында Аман. Нұрия екеуі сөйлесіп тұр. И-һе деп қатты жөткеріндім де, қойды айдап кете бердім. Менің артымнан ол екеуі де жүгірді. Қозыны бөліп бардық. Аман бір жылқышының үйінде жүреді. Жайлауға менің үйімді ауырсынып көшірген жоқ. Сондықтан мен Даубайдың үйіне жатамын. Қозы бөлуден Нұрия екеуміз бір қайттық. Қатар келе жатқан келіншекке:

– Нұрия сенің бетінде сілекей тұр ма, қалай? – дедім. Нұрия қырлы мұрынын бір тартып сасып қалып, бетін алақанымен бір сүртіп алды. Сонан соң барып түсініп, жұмсақ алақанымен мені «құрған шешек» деп салып қалды.

Нақ сол күні Дәуқара Дәрітайды үйіне әкеліп, той-томалағы болды. Тойды басқарушы Сәлиман шешем. Ауылдағылардан ауырып қалған Аққатыннан басқаның бәрі жиналды. Ауылдағы ең жас келіншек болғандықтан Нұрия даладағы текемет үстіндегі елге шай құйды. Мен шай алып беруге Нұрияға арқамды тигізе, жанаса отырдым. Тым тиісіп кетсем «әрі отыршы, шешек» деп итергенсіп қояды. Екеуміз Сиам егіздері сияқты отырмыз. Ол Аман жанына отырғаннан гөрі жұлым-жұлым менің жақын жүргенімді ұнататын сияқты. Мен оны жұрттың көзін адастырып, көңілін алдау үшін осылай етеді деп ұғамын. Кім біледі тіс қаққан келіншек, әккі түлкідей із тастап жүрмегенін қайдан білем. Әйтеуір менің арам ойым солай дейді. Тамақ ішіліп болған соң той бас-

тар айту кәдесі келді. Жұрт сен айт, мен айт деп отырғанда мен кәдімгі той бастайтын адамдай жөткірініп жұрттың назарын өзіме қаратып алдым. Сонан соң Жетісудың айтыс әніне салып, «ах-ау» деп созып тұрып даусымды шырақатып жібердім. Жұрт ұзақ биік дауысқа құлаққа ұрған танадай тына қалды. Тойға жиналған көз атаулының бәрі маған қадалып, ішіп-жеп барады. Найзадай қадалған кірпік ішінде Нұрия көзі де бар. Тосын естілген дауысқа назар аударып «бұл өлеңнің не теңі» деп қарайтындар да көп екенін байқадым. Кейбіреулер таңырқап қалған. Не айтар екен, бұл жетімек деп менен той бастарды қызғанып отырғандар да қас-қабақтан танылады. «Мұның осындай өнері бар ма еді!?» деушілер де шықты. Бірақ мен тез бітірдім және менің той бастарым жалғыз ауызбен аяқталды.

– Ах-ау, жартастың түбінен бір ұрлық көрдім! – Мен тоқтап қалдым. Жұрт әлі аяғын тосып отыр. Шынымен той бастайды деп отырғандар аяғы жоқ жалғыз ауыз сөзді түсіне алмай аң-таң. Менікі әншейін қалжың екенін білгендер күлкіні қойып келіп берді. Нұрияның екі бетінен оты шықты, қып-қызыл болды деп ойладым. Кеш қой, бет-ауыз көрінбейді. Әрине оның бетіне қараған да жалғыз мен болсам керек. Желсіз түнде шай құюға қойылған май шамдал Нұрияның алдында жалпылдап тұрған. Келіншектің нұрлы жүзі анық көрініп тұр екен. Әдемі қыр мұрнының үстінен тарыдай-тарыдай үш-төрт тамшы тер бұрқ-бұрқ етіп шыға келгені анық еді.

Аяғы жоқ болған соң жұртпен бірге ол да күлді. Жұрттың көзін ала беріп ол маған сыбыр етті:

– Жанымды мұрнымның ұшына келтірдің ғой. – Нұрия ақырын ғана күліп қойды. Мен күлген жоқпын.

Шығыстан ай көтеріліп, дүниені күміс нұрына бөлеп келе жатты. Нақ ортасы екен. Алыста әуілдеген үкінің даусы естіліп тұрды. Қараңғы түнде қойшының да, қой төңірегінде жүрген барлық адамның да жауы осы үкінің әуілі. Көзге түртсе көргісіз түнде, әсіресе, осы үрейлі дауыс артыңнан біреу ұстай алардай, әлдебірдеме бас салардай қорқыныш туғызады. Қазақ даласының талай баласы-ақ осы үкі әуілін естіп, үрейлене жүріп ержетеді. Жалғыз келе жатқанда бұдан өткен үрейлі жау жоқ, жаныңды мұрнының ұшына келтіреді. Түнгі дүрсіл мен іңірде жар басынан ұшқан жапалақ, үкі әуілі арқаңа бірдеңе кіріп кеткендей шымырлатып жібереді, сол кезде денеңнен суық тер де бұрқ ете түсер еді. Өз қызығы өзінде, әлде тойдың, әлде қымыздың қызуымен делебесі қозған, дабырласқан тойшылар оны бірде естіп бірде естімейді. Ит атаулы үргенін қойып, осы кедей үйінің тамашасын ұзақ тыңдап қалғандай. Абалағаны да, шабаланғаны да жоқ. Тек қоңырсыған ошақ басын аңдыған ауыл үй иттері ыржиысып, ырылдасып қояды. Сүйектен олжасын алғандар, үлесін алысыраққа барып жеке мұжуға қиралаңдап кетіп қалды. Дүние маған тамақ үшін таластан тұратын сияқтанды. «Ұшқан құс, жүгірген аң бәрі тамақ». Мен де тамақ үшін... Япырмай деп

ойладым нақ осы маужыр кеште, тіпті ішкен көжеге ғана мәз екенмін-ау. Неге мен Дәуқара сияқты үйленбеймін. Ал үйлену үшін мен де малды болуым керек емес пе? Менің малым неге жоқ. Менің істеген еңбегім қайда? Ақы дегенді қалай ойламағанмын. Дәуқара отыз жасында неге жаңа үйленіп жатыр. Демек үйленуге мұршасы болмады ма, әлде малы болмады ма? Әрине қысқа жіптің күрмеуге келмей жүргенін аңғардым. Ай жарығында екі көзім аяғымдағы етігіме түсті. Етігім аяғымнан екі есе үлкен, әкеңнің киімі ме дейтіндей. Қолқылдаған екі қоныш тағы да кедей баласының аяғын тықсаң да қарсылығым жоқ дегендей далдиып тұр. Темір ұстаның қау көрігінің түсіндей күйелеш пе, әлде қожалақ па әйтеуір бірдеме. Біреуінің жұлығынан, екіншісінің шажымайынан шұлғауым шығып, шеті көрінеді. Тіпті мал құрысын, ең болмаса киімім неге бүгінделмейді? Бұл не тұрмыс, бұл иттің күнінен артық па? Бір тамағын ит те тауып ішеді. Сонда тапқаным тамағымнан артылмаса, немене шекем қызып, немене жетісіп күлмекпін. Арсыз неткен күлкі, ол!? Неткен ұйқы. Тіпті қалай ғана тыныш ұйқтап жүргенмін. Әлде уақытты ұйқтап өткізіп келемін бе? Ол ұйқы ма, әлде ездік пе? Жаным түршігіп кетті. Өзімнен өзім қалтылдап, мұздап барамын. Жалма-жан осы ойларымды Сәлиман шешеме айтқым келді. Оның қолы тимей жүр. Кедей үйдің тойы оның мойнында, түгелімен сол жайғастырады. Кімге қай табақты тарту керек, кімге не сыбаға беру керек, қай жілік үлкен, қай жіліктің орны қайсы. Шешемнің қолы тимейтінін көрген соң үндемей тұнжырап бір шетте шымдана біткен, жұмсақ көрпе көкте отырдым.

Мені Аққатын шақырып жатыр. Ауру қатынға мен сияқты ақысын ала алмай ішсе тамаққа, кисе киімге жарымай жүрген, үстіндегі қоңыр шолақ тоны аяғына тартса басына, басына тартса аяғына жетпей, еңірегенде етегі толып жүрген жетімек не үшін керек? Ақырын тұрып, аяғымды санап басып бай үйіне келдім. Әжептәуір жер. Киіз есікті көтеріп, табалдырықтан аттадым. Үйге керосинді, аспалы, шынылы шам жанып тұр. Аққатын ауруы жоқ, түрегеп жүр. Мені көріп қадала қалып, көзінде бір сенімсіздік тұрады. Бір тапсырма бергісі келіп тұрғанын біле қойдым. Оңай болса игі еді. Тамашалап отырмасам да, талтандап жүрмесем де тойдан басқа жаққа жұмсамаса екен. Аққатынның даусы қатты шықты. Жарықшақтанып, жалынып жаман естілді. Үнінде әлде жылаудың, әлде реніштің, әлде қызғаныштың сарыны бар.

– Маған Дәуқараны шақырып келіп берші. Ешкімге сездірме. Өлсем ұмытпайын. Не дегенін келіп айтып кет.

– Жарайды, – дедім мен. Басқа не демекпін. Бізді құлдануға жаралған жандардың айтқанын орындаудан басқа не амал бар.

Бұрынғыдай емес, бәрін де біліп келемін. Зығырданым қайнайды. «Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ» деген осы екен. Әлде барлық білгенімді Жаубайға айтамын десем бе екен. Бірақ Жаубай менің жауым ғой. Оған неге жақсылық істемекпін. Үйінен бүлінбесе

үйелменімен өргенсін. Ал айтпай қойсам не болмақ? Тойға келіп қалғанымды байқамаппын. Дәуқара үйін басым емес, аяғым тапты. Оңашасын тауып Дәуқараға айттым. Барар ма екен деп кіжініп тұрмын. Ішімнен бармаймын десе екен деп тілеп те қоямын. Дәуқараның түсі бұзылып кетті. Бет аузы әлем тапырық, күл беттеніп алды. Мұның іші Аққатынды қимай тұр ма екен деп құтым қашты. Бет-жүзінің өзгергені жылтиған білтелі май шамның жарығында-ақ анық байқалып тұрды. Намыссыз неме осы тағы да барайын дер ме екен, егер солай десе бетіне түкіріп жібермекпін. Аузынан әлі сөз шықпаған оған көнім құрысып, маңдайым тырысып, ойымдағымды құсып жіберуге дайын тұрдым. Түтеп өртеніп барамын. Ішімдегі әлдеқашан өліп қалған намысымның бәрі бүгінгі кедей тойымен тіріліп, Дәуқараның сойылын соғып жатыр. Жарылар шикандай, сыздап, буынып та, іштей бұлқынып та барамын. Дәу көп ойланған жоқ. Мені шетке алып шықты да:

– Мазағы біткен, тезегін искейтін айғыр емен. Енді жайына жүрсін, бармаймын. Нақ осылай деп айт, – деді. Дәуқараның көп ойланбай айтқаны жаныма жағып, қышыған жеріме дәл тиді. «Уһ» деп демімді бір еркін алдым. Бай үйіне қарай тезірек жөнелдім. Аққатын сегіз қанат үйге сыймай үһлеп-аһлап түрегеп мені күтіп жүр екен. Дәуқара сөзін айтқанымша ол тағат таппай:

– Не деді, келе ме? – деп сұрады. Айтқанын бұлжытпай жеткіздім.

– Жоғал! – деді Аққатын келмей қойған мендей-ақ, ақырып. Екі тұнжыр көзін жас басып, олар әдемілігінен айрылып қалды. Қара тасқа тұрған қақтай мөлт-сөлт етеді. Алдымен долы зәрін көзінен шашады деп ойлап едім, жетім жаным оның дұрыс емес деп бір хабар берді. Неге дұрыс емес? Мес қарын, қара шұбар жыланға бұл Аққатын келгісі келіп пе еді дейді ол. Жастары тым алшақ. Онымен не сөйлесіп, не ойнап ләззат ала алмайды. Тек әйтеуір некелескен соң төсекте басы қосылады. «Бойың үйір болған соң бір жатасың, келбеті мегежіннің қашырындай» дегеннің соңғы сөзін «келбеті мегежін әңгісіндей» деп өзгерте салса Жаубайға тура келетіндей.

Шұнақ шал еттен қайта турап, екі тостағанға қымыз құйды. Мен қымыз ішпес бұрын жаңағы бір ауыз өленді ойлап, Сүйімбайдікі ме, Шернияздікі ме, екеуінде де бар ғой деп отыр едім. Шұнақ маған тесіле қарады да, домбыраның керек пернесін дәп басты.

– Ол өлең Шерниязда да, Сүйімбайда да бар. Екеуі де ауыз әдебиетінен сусындап өскен жандар ғой. Екеуінде де болуы әбден ықтимал, екеуі де халық теңеуін пайдаланса керек-ті, – деп тостағандағы қымызды сіміріп салды. Тостағанды мен де көтердім. Балдай сары қымыз, уыз қымыз. Атамыздың асы. Анамыз жерік болған қымыз. Желке жағымнан аттардың қырықпа қысқа бетегені тырыс-тырыс үзгені естілді. Осы жылқы ғой, шіркін мал, деймін қымыздың дәмін ала отырып. Қазақ тіпті жылқы болмаса күн көре алмайтын сияқтанып кетті. Жеп еті бар, ішіп қымызы бар. Екеуі де дертке дауа. Шұнақ көзін маған қайта қадап

қалыпты. Бұл шұнақ шалдың білім иесі екенін, әдебиетті де білетінін байқадым. Әрине «келбеті мегежіннің қашырындай» дегенді білетіндер табыла береді. Ал ол кімдікі еді дегенді тек әдебиетпен бірқыдыру айналысқандар ғана жадында ұстап қалса керек-ті.

– Қалай қоямыз ба, – деп маған сынай қарады Шұнақ шал, – Әңгімені аяқтайық па?

– Жоқ, жоқ, – дедім мен қисық шал осынша көркем айтқан әңгіменің аяғын айтпай қырсығып қала ма деп. Ол бірден Аққатын әңгімесіне ойысты:

– Жаубайды қай бір Аққатын байғұс ұнатқанынан бірге жатады дейсің. Жаубай Аққатынды құшақтап жатыр деймісің, өзінің айдап, санап берген малын құшып жатыр да. Ал Аққатын байқұстың пікірі мүлдем бөлек. Оның ойы өзінің қатары Дәуқарада. Дәуқара болмаса да сол сияқты біреуде. Әйтеуір оның ойы Жаубайдан құтылу екенін айқын аңғарамын. Оған оны кінәлауға бола ма? Осылай деп ой дариясынан жауап ала тұрсам да, жаным олардың өмірінен емен жапырақтарын жамылған морыған, бүгін болмаса ертең морт кеткелі тұрған шірік теркті көреді. Шыдай алмай, мүнкіген, сасық дүниенің иісін жібермей тұрған жібек қабыршығын жұлып тастағым келеді. Бірақ ол мен сияқты қырық найзалы үйлі, шоқпыт шапан, жұлым бөрікті, оны ойлағанда есі екеу, түсі төртеу болатын, аяғына екеуі екі пұт етік киген, жұлығынан шұлғауы шығып жүрген есіктегі ебейдің қолынан келер ме!? Келсе немене жасына жетпей жүр ме?!

Ешкім жоқ үлкен сегіз қанат үйде Аққатын еңіреп жіберді. Ол байдың қатынына тепсініп, жарылар шикандай сыздамады. Ол жылай тұрып менен сырын жасырмай айтып салды:

– Қайтейін, аз күн болса да алданыш болсын деп едім. Осылай болатынын райынан білгенмін. Бетінен жарылқасын. Оған жамандық тілемеймін. Мендей байдың қызы, мендей байдың сұлу қатыны болғанша, мендей көңірсіген өмір сүргенше Дәрітай сынды кедейдің қызы, сіңірі шыққан жалшының қатыны болып, өз қатарыңа қосылған артық, есекке қосақтаулы мен де бір қашыр. Сырын шыдай алмай көпке жаяр – мен сорлы. Әттең... – Ол аяғын айта алмай мол денесімен құс төсегіне болп етіп құлап түсті. Борпылдақ құс төсекте оның етпеттей құлаған денесі өксігінің қаттылығынан селк-селк етті. Ышқынып-ышқынып жылады. Арғы жағында ақыл мен ыза булықтырып, буындрып жатқаны айқын еді. Аққатынның аз да болса ақылының, пайымының бар екенін көрдім. Аядым да. Бірақ оның сөзін Дәуқараға жеткізген жоқпын. Айнап қалар деп қорықтым. Аяңдап тойға келдім. Жастар ай жарығымен ақсүйек тастап ойнап жатыр. Алдымен көңілім болмай тұрды да, қалай қосылып кеткенімді өзім де аңғармаппын. Шамасы жасыған жетім көңілім балалық адырлық, елік-желік билеп кетсе керек.

Бір жолы ақсүйекті лактыру кезегі Дәуқараға келді. Ол әдетте тым алысқа құлаш ұратын. Кейбір қатын құлашқа салып тұштаң еткізетін

боз балаларға қалжыңбас келіншектердің «құлашыңды құрт жесін, арқа-мойныңды бит жесін» дейтін сөзі оған айтылмайтын. Жұмсақ көк жайлаудағы тынық түнде ойыншының бәрі құлақ түрді. Ақсүйек алысыраққа тырс етіп түсті. Көтерілген күміс табақ әлемді босша нұрға бөлеп, тау өңірі бозамықтанып, әлсіз самал тымдық ауаға әсер ете алмай тұр. Маған ақсүйек ай астына түскендей көрінді. Дүркіреп жастар тұра жүгірді. Мен жаяу жарыстың алдында кеттім. Барлық ойыншыдан жырақ ілгері бардым. Өйткені Дәуқара құлашының шамасын білуші едім. Жаппай ағарған нәрсені тегіс ұстап көріп жүрміз, алды-алдымызға тентіреп кеттік. Тағы үш-төрт қадым ілгері жүрдім. Ағарып бірдеме көзіме түсе кетті. Оны көре тұрсам да, сол ақсүйек болар деп шамаласам да тімтіңкіреп жақындадым. Тура барсаң қолға түсесің. Шынымен ақсүйек екен. Тайып жығылған болып ақсүйекті қолыма алдым. Анадай жерде жүрген Нұрия сезіп қалды. Келе жармаса кетті. Екеуіміз алысып жатырмыз. Мен де өзім іздеп тапқан жас көздерімнің еңбегін тегіншілікпен беремін бе. Басқалар да біліп қалды, ал түйебас, дода басталды. Ірі жігіттердің бірі тартып алып «менде» деп айқайлап тұра жүгірді. Оны Нұрия естімеді білем, әлі мені жіберер емес. Басқалар дүркіреп ақсүйектіңің қуып жөнелді. Бір кездері байқасам алысып жатқан әлі Нұрия екеуіміз. «Құрған шешек бой берер емессің ғой». Мен одан құтылуға ұстылып едім, ол кенедей жабысып босатпады. Теке тіреске салып қызынып алыса бердім. «Жігіт болып қапсың ғой» деді ол мыжғыласып жатып. Денем жалындап, өртеніп кеттім. Әлде бір белгісіз күш маған алыса бер дегендей. Байқаймын ана жақта ақсүйек қайта лақтырылды, жастар дүркіреп жүгірді. Қаным қызып Нұрияны жықпақ болдым. Неге екенін қайдам, дірілдеп кетіппін. Нұрия сылқ етіп құлап қалды. Алысып жүрген мен үстіне жығылдым. Нұрия алысып қарсылық білдірмеді. Мүмкін он төрттегі маған он алтыдағы әйел адамның шамасы да келмей қалған шығар. Сұлық жатыр. Мен ол жеңілгенімді мойындам деп айтар ма екен деймін. Жоқ ол үндемеді. Сәлден кейін үнсіз жатқан маған «тұр арман, ойнайды десе шындайды ғой» деп зекіді. Қожамның әйелінің үстінде жатқанымды сонда ғана есіме алдым. Абдырап қалдым. Айтқандай ол қайда еді деп зәре құтым қалмады. Есіме түсті. Тілеуқабыл ұрылары алған мал дауын даулап, Самсыға ағасы екеуі кетіп еді. Пәле салар ма екен деп құтым қашты. Ол түрегеліп үстін қақты да, көк жібек көйлектің етегін жөнделді. Сүттей жарық ай астында бәрі де анық көрініп тұр. Басындағы шәлісін жөнделді. Жас түскен келіншек болғандықтан ол әлі кимешек кие қоймаған. Жап-жас бәлекет келіншек кимешек киіп, күндік әлде шаршы ораса, ілешек шалса не болар еді. Бар ұсқынынан айырылып шыға бермес пе еді деп тұрмын. Енді Нұрия маған сөйлемейтін шығар деймін. Көңілсіз. «Сен ана жағымен бар, мен мына жағынан қосыламын» деді ол. Той тарқағанда үйге бірге қайттық. Ол бұрынғыдан гөрі маған жақынырақ келе жатты. Үйге жеткеше әлденеше рет нұқып-нұқып қойды. Байдың жас тоқалының

жаңағыдай зекігенінен кейін ер болсаң сөйлеп көр. Сөйлеп қайтемін. Сөйлеймін деп уақтысымен ішетін көжеден қағылармын. Одан да жымып жүрген бай болады. Үйге дейін үнсіз келдім. Нұқымақ тұрмақ ұрса да былқ етпеуге бекіндім...

Таңертең түндегі ойымды Сәлиман шешеме жеткіздім.

– Дұрыс,– деді ол, – жақында олар Тоқпаққа мал айдайды. Соған қосып жіберу керек, бергенін. Соған дейін даула. Араға екі күн салып Жаубайдың үйіне кірдім. Бір қырын отырған Жаубай мені әдеттегісінше суық қарсы алды да, керісінше Аққатын жылы қабақ көрсетті.

– Мен ақы сұрап келдім, бай. Төрт жыл қойыңды бақтым, төрт тиын сұраған жоқпын. Киім мынау, түр мынау. Ақымды бер мал малданамын. – Сәлиман шешем үйреткен сөздерді тегіс жеткіздім. Бірақ даусымда діріл барын өзім де сезіп тұрмын. Жаубай басын көтеріп, түксиген қабағын ашпаған қалпымен жылан көздерін маған қадады:

– Кім үйретті саған оны. Дәуқара ма? Әлде... Сен алғансың ақынды.

– Қашан? – дедім. Бұл жолы даусым орнықты шықты. Ыза кернеп, егер бай қатты сөйлесе бетін тырнап алуға әзір тұрдым.

–Отыз үш қозы алғаның қане? Ұмыттың ба?

– Жоқ ұмытқан жоқпын. Отыз үш қозыны солма болған төрт түйен жегені қане!? Онда сол төрт түйені бер. Басқаны сұрамайын. Сонан соң. Маған ешкім ешнәрсе үйретпейді. Өзім де отау иесі болатын уақытым болды. Өз ақымды өзім даулаймын. – Барлық бірнеше күннен бері жұпталған, Сәлиман шешем әлденеше рет сынаған, тыңдаған дайын сөзді айттым. Қайтпадым.

– Қалыңдығың дайын болса, қалыңды өзім берейін, – деп күлді Жаубай. Кекейіп қалғыр кекетіп отыр.

–Қалыңдығым жоқ. Бірақ қалыңым болса, қалыңдық осы төңіректен де табылар. – Көзімді Жаубайдың қызы Ұлтуғанға бір тастап қойдым. Ол үнсіз жібек ширатып отыр. Ұлтуған бір жыл Самсыдағы медреседен сауатын ашты, енді әкесі орысша оқытпақ деп естігенмін. Анау жылғы қозы қырыстан кейін осы қызды ішім тәуір көретін. Бірақ ерке, бұла болып өскен бай қызына жақындаса алмағанмын. Қайдан жақындарсың, одан маған аспандағы жұлдыз жуық сияқты. Қол жетпес арман шыбықтай бұралып өсіп қалған. Анда-санда маған қарап қойып, үміттендіріп қоятыны да бар. Үмітсіз шайтан. Көзімді сүзгеннен басқаға шамам келмейді. Қасы, көзі қиылып бір тізерлеп отыр. Ол маған көз қиығын тастады. Тағы жылы қараған сияқты. Әлде маған солай көрінген болар.

– Берерім жоқ, жалғыз Шапыраштыны мен асырауға құдай алдында уәде еткен емен, – деді Жаубай зілдене.

– Ендеше оязға барамын. Иса төреге барамын. Әке-шешемнің отыз жылғы ақысын қоса даулаймын. Онда маған өкпелеме. – Иса төрені әдейі айттым. Ол ояздың тілмәші. Шапырашты-Шыбылдан. Әрине

ол менен гөрі қонса ауызы майға, аттанса қалтасы ақшаға толатын Жаубайдың сөзін сөйлейтінін ол кезде де біліп тұрдым. Жаубай түксиіп үндемей отырды. Ол жуғарақпанда сөйлей қоймады. Сонан соң мен қатты кеттім:

– Айтпады деменіз, мен енді бала емеспін. Өз сыбағасына құлдық асатын жаман да емеспін. Жанынан өткенде жаманға да жан бітеді. Тіпті жаманның жау түсіретін кезі де болады. Жау түсірген кісінің жауласа алатынын білетін боларсыңдар. Екі-үш күнде жауап беріңіз. Мен есікті серпіп тастап шықтым. Сыртта үйдегі сөзді Нұрия тыңдап тұрғанын көрдім. Жылы жүзін, сүйсініп тұрғанын байқадым. Қатулы қабағымды ашпаған күйі «ей сен де байдың қатынысың ғой» деген оймен нық-нық басып өте шықтым. Сөйтіп алғаш Жаубаймен сөзге келдім. Өзіме ол күні өзім де бір риза болып қалдым. Тіпті түк бермесе де айтарымды айтып, ішіме шемен болып қатып жүдетіп жүрген тікенек алынып, дүңкіген табаннан ірің шыққандай жаным жай тауып қалды. Ертеңіне көргенде Сәлиман шешем «жаман өз сыбағасына құлдық асады» деген. Адам өз еңбегін тең тұрып даулап алуы тиіс. Еңбегін сұрау дауа-кестік, бейбастық емес, өз табан ет, маңдай терін жоқтамау маубастық. Сондықтан қалай, қайтіп сұрасаң да сенің еркің, осының дұрыс!» деп қоштады. Чапаев жанындағы Фурмановтай комиссарымның құптауы да мені көтеріп тастайды. Қой қайыруға бара жатып көлеңкеме қарап едім, күндегіден бойым биіктеп кетіпті.

* * *

Тоқпаққа қой айдау тоқталып, уақыт біраз озып кетті. Жайлау сары сайғақ тартқан кезде барып Жаубай базар жүрмек болып қамданды. Мен Жаубай әлденеге қитықтанып қалды деп жүрсем, бірім екі болсын деген тулақтың жүнін санаған қутұмсық, тымырсық бай мал семірсін, сонан соң қой пұл болатын жерге ұзата айдап Жалдауат кетпек екен. Күні бұрын жүрісін жария етсем менен басқа біреу де әзірленіп, базарда мал көбейіп, қой арзан кетеді деп тіс жармай қалған екен. Басқадан қырғыздың базарын да қызғанады. Байдың пейілінің тарылуын көрдің бе!? Сонымен ол енді қойды Қырғыздың мына бел астында тұрған Тоқпағына емес, тау асып, тас басып баратын Жалалабатқа айдамақ еді. Ондағысы бір тиынды екі тиын ету. Жалпы адам бірді екеу етем деп жүріп осы дүниеден кеткенін білмей қалады ғой. Біздің ел оны Жалдауат дейді. Жалдауат жолы Жаубай ауылына нақ осындай жуа біткен, бетінде сазасы, басында азасы бар сары жол болды.

Ауыл жолға дайындалды. Үш жүз құнан қой бөлініп, оны Аманға баққызып қойды. Сонан соң бай үйлерінде Жалдауатқа кім баратыны үлкен дауға айналды. Бай алдында беделі болса да Аққатын бәйбішеге кезегін ұсынған екен, Ұлбай бәйбіше сырқаттанып жүрмін деп бармайтын болыпты. Екінші қатын Түңке Аққатынмен таласқа түсіп,

ештеме өндіре алмады. Байдың қолпаштаған жалғыз ұлы Таубайдың айбарынан жел есіп, бірге кетпек. Ұлтуған пейіл білдірмесе де, қиын да қысталаң да жолға ұмтылмаса да Аққатын Ұлбай бәйбішеге жағыну үшін болса да ала кетпек болды. Ал байдың бай інісі Даубай үйінде кәдімгідей жанжал шықты. Жас тоқал Нұрияға бұрыннан келе жатқан, баласы бар бәйбішесі Құлқаш бой бермеді. Оның үстіне бәйбіше Нұрияға күндестікті біржола асырып келіншекке қырындайтын Аманға қой айдатып алды. Сөйтіп базаршылар Қастек асуымен жолға шықты.

Жаубайдың үш үйінің бірі – тоқалдың үйі мүлдем есігі жабылып бос қалды. Тек Дәрітай таң ертең барып түндігін ашады да, кешке жауып, бауын байлап, үстінен салған арқандарының беріктігін байқап, арқан бекіткен қазықты тоқпақпен бір-екі ұрып қайтады. Үшінші үйінде Жалдауатқа бармағанына қан түленіп, асасын жерге ұрып жүрген екінші әйелі Түңке үш жасар қызымен. Даубайдың бәйбішесі кеткендіктен бұл кең үйде Нұрия екеуміз.

Базаршылар кеткеннен екі-үш күннен кейін кешке маған төсек үйге салынды. Күндегі маған қаттамақ алдымда әзір. Ертегідегідей. Тамаққа мені Нұрия әбден тойғызды. Күндегі қолға түспейтін жайлаудың жас қазы-қартасы, балдай жент алдыма тегіс жетті. Күнде кешкі аста бұл тамақты қайсысының қойнына жататын болса, Даубайға сол қатыны беруші еді. Көбіне Даубайдың қалауымен асты Нұрия даярлайтын.

Бір күні Нұрияға көріне көзге жасалған зорлықты көргенім бар-ды. Даубай даладан кең ақ дамбалының түрлі түсті шуда жіптен жалпақ етіп термелеп тоқыған бауын салпылдатып кіріп, алты қанат үйдің төрінің оң жағын ала қисайды. Бәйбіше оған қора төрінде жатып бөтен адамға қараған төрт көз қаншықша қадалып, қисайғанша ала көзімен атты да отырды. Даубай талшыбықтай бұралып тұрған Нұрияға сойқан көзімен тесіліп, «жастық тасташы» деді. Бәйбіше Даубайға тағы бұрылды да:

– Маған сөйлеуді қойғанбысың? – деді. Дауысы дарылдап естілді.

– Бәйбішені жоқтан өзгеге жұмсай берермісің. – Бәйбіше осы бір көңіл жұбатар сөзді медеу көргендей еді, бірақ ұзамай бояудай бұзылды. Оның да себепшісі Даубай өзі болды. Оның көзі бәйбішеге бір, байға бір еліктің лағынша жауаңдап қарап тұрған Нұрияға түскенде:

– Тамақ әкелші, – дегенін өзі де сезбей қалды. Нұрия сып-сып етіп тамақты бай алдына қойды. Ішінде сол бай жоқ кездері менің алдыма қойылған тағамның бәрі түгел. Жүрегім қарайып, сілекейімді жұтып мен отырмын. Даубай тамақты асықпай жеп болды. Сонан соң қарнын сипап Нұрияға төсек салуға бұйырды.

– Нұрия, төсек сал! – Пәле осы жерден басталды. Ол айы күніне жетіп отырған әйелдің ішіндей мес қарынын көтеріп орнынан тұра бергенде күл беттеніп отырған бәйбіше өзінен туған екі жасар баласын шапалақпен тартып жіберді. Бала шар ете түсті. Әдеттегі шығатын шаң-шұң болғандықтан Даубай оған бой салмай далаға бет-

теп еді, «Әкең сияқты әділетсіз біреу боларсың, әлі, шешек» деп түк түсінбейтін баланы қарғап-сілеп жөнелді. Мұндай сөздерді осындай төсек қызығынан қағылған күні айту оның әдетіне айналған. Оның бажылдауы ескі үйреншікті ауру болғандықтан Нұрия көңіл аудармай төсекті салып бітіріп еді. Рас қызығы да, аяныштысы да осы жерде болды. Даубай келіп тоқал салған жұмсақ төсекке жалп етті. Іргеде енді не болар екен деп жоқтан өзгені шұқылап мен отырмын. Бәйбіше жылаған баланы төсекке тастай берді де, орнынан тұрды. Бала ұйқысы қысқан екен бір-екі барылдап дауысын шығарды. Мұрыны пысылдап, пырылдап аунап жатты да, пырылдай бастады. Нұрия жатуға беттеп келіп, Даубай жанына отырып шешінді. Бұл жерде бәйбіше ұят намысты қойып, «тұр былай, күң неме, ана төсекке кет» деп тоқалды тұрғызып жіберді. Өзі Нұрия төсегіне орнап алды. Біреу ұрып жіберген жетім баладай көлбірейіп тоқал байқұс бәйбіше төсегіне жөнелді. Әрине бұл қорлық біреудің ұрып жіберуінен әлдеқайда ауыр екенін мен білемін. Ондай күндері таңертең Нұрияға:

– Бүгін қабағың салыңқы ғой, – деп күлмей сұраймын. Ол «құрған шешек» дей тұрып көзінің жасын сығып алады.

Міне, енді осы бір үлкен үйде Нұрия екеуміз-ақ жатырмыз. Мен бай үйінің төрінде жатқандықтан әлденеден қысылып, әлде қорқып ұйқтай алмадым. Байқаймын Нұрия да аунақши берді. Сөйтіп көрер танды көзіммен атқызып ертемен қой өргізе кеттім. Келесі күні кешкі тамаққа отырғанда Нұрия ішіндегісін байқамай айтып салды:

– Сені алып, Аманды тастап кетпеген екен! – Мен бұған іштей намыстанып қалдым. Үндемедім. Төсегімізге жаттық. Кешегідей тағы ұйқтауым қиын болды. Әлде үйреншікті болмаған жұмсақ төсектен бе, қайдам. Бір кездері уһлеп, аунақшып жатқан Нұрия жауап қатты:

– Нағып ұйқтамай жатырсың?

– Ұйқтаймын ғой. – Шынымен таң атқанда бірақ ояндым. Кешегі ұйқы қатты буса керек. Таңертеңмен тұрған Нұрия үстімдегі көрпемді жұлып алды.

– Тұр, өлік шешек! – Үнсіз, қойға жөнелдім.

Кешке Нұрия күліп қарсы алды. Бүгін дұшпан көзі қылып күндегідей көже ұсынған жоқ. «Үйге кіріп қымыз іш» деді. Қозы бөліп үйге қайта оралдық. Табалдырықтан аттай берген мені «өлік шешек» деп жұдырығымен қойып жіберді. «Өлікті көрсетейін» деп алыса кеттім. Екеуміз біраз алыстық. Сәлден соң ол қарсыласпай сұлық жата кетті. Мен сасып қалдым. Не дерімді білмей жата берішпін. Өлден уақытта:

– Тұр әрі! – деді ол. – Төсек саламын. – Мен далаға шықтым. Бай үйінің шамы бүгін ерте өшіпті. Ауыл бір өлі дүниедей. Ауылдан әрілеу салған қотандағы қой төңірегінде ғана қой күзетушілер жүргенге ұқсайды. Бұл күз жақындап, күннің қысқарған кезі. Айдың кешесі. Тау үсті, әсіресе, түні бұрынғыдан суық тартқан. Бұрын иттер тынық, салқын кеште дем тартса, енді бұйығып, бүрсііп, тұмсығын бұтына

тығып, үрмей жатады. Жаубайдың екінші үйінде белдеуде байлаулы ат тұр. Түңкенің есебі түгел екен дедім... Бай үйіне қараған соң-ақ бір жалған жарқын, күйкі тұғыр өмірден, заманнан жиреніп кеттім. Ойыма Сәлиман шешем түсті. Содан басқа рас сөйлейтін, дұрыс жүретін бір адам жоқтай тұрмыс көзіме айнығыш болып елестеді.

Үйге қайта кірсем менің төсегім кешегі екі күнгедей төр алдында емес. Оң жаққа таман, Нұрия төсегіне тақау. Даладағы ит жатағындай орнымды аңсағандай ләм-мим демей қақиып қатып қалыппын.

– Жатсаңшы төсегіңе, шамды өшіремін, – деді Нұрия өте бір майдай есілген дауыспен. Сөйтті де мен шешініп жатар жатпастан шамды өшіре салып, маған сүрініп құлады. «Өй шешек, нағып отырсың» деді сыбырлап. Мен үндемей төсегіме қисайдым. Несіне сыбырлайды, кім ести қоймақ деп ойладым. Ол төсегіне жата беріп мені нұқып қалды. Мен де баяғыша нұқып жауап бердім. Сол бір қараңғы, ел орынға отырған сәтте ол төсектен басын көтеріп алды.

– Мен қорқып жатырмын. Төсекті жақын салғаным да сол. Бірге, менің қойныма жатшы. – Мен бұл жолы бұл сиқырлы, артында қызығы мен реніші мол сөзді қожа әйелінің қызмет бұйрығы деп ұқтым. Бірақ жігіт болып, жетіліп қалғандықтан мұны ұйтсынып, әлі де қозғала қоймадым. Жүрегім тарсылдап, тоқтамай барады.

– Кел деймін бері, – деп ол қолымнан тартты. – Немененді бешкеш қыласың. Нең бар дейсің сен шалдуардың. – Ол мені жанына сүйреп жатқызып, қолын жүгіртіп алды. – Насыбайың бар ма, ту, мысыктікіндей бірдеме ғой.

Мен жүрегім лүпілдеп, өзім дірілдеп барамын. Мұздаған теректей, шалқамнан, тып-тыныш жаттым. Оның тынши кетіп, менің бетімді өзіне қаратып алды. Мені де белгісіз бірдеме билеп ақсүйек ойнап алысқан күнгедей лапылдап, өрт болып кеттім. Нұрия қолын тағы сумандатып, бір қолын менің қабырғамның астынан өткізіп алды. Сөйтті де:

– Байдан беті қайтпаған батырым, келші бермен, – деп екі қолымен қапсыра құшақтап, қатты қысып, құшырланып сүйе берді, сүйе берді. Мен оның ыңғайына көніп, айтқанын екі дегізбей жалдамалы құлынша қимылдадым...

Таңертең мен күндегідей күбіден ашыған көжені өзім құйып ішіп кете бермедім. Мен тұрғанда шай қайнап, дастарқан жайылып тоңазыған ет, қызыл бауырсақ дайын тұрды. Мен Нұрияның бетіне қарай алмадым. Бір-екі кесе шайды зорға ішіп орнымнан тұрдым. Таяғым мен дорбамды алғанымда ол күндегіден қомақты да, ауыр да көрінді. Қойды тез айдап, ауылдан ұзап кеткенше асықтым.

Тау үсті болса да тамыздың күні қыздыра бастады. Түнгі оқиға есіме түссе, жүрегім су ете түседі, бетім дуылдап кетеді. Кешке дейін әуел баста үйге жатқанымға өкіндім. Егер күндегімдей ашық аспан астында, еркін ауаны жұтып, жаман тонға оранып жатсам мұндай ұятқа ұрынбас едім. Япырай Нұрия қалай ұялмайды. Бетім ду-ду етеді, кейде бетіме

біреу шапалақпен тартып жібергендей болады. Барлық тірі жан менің ұрлығымды біліп алып, ту сыртымнан сұқ көзін қадап, келеке қылып тұрғандай. Ол күні күндегідей қойды ауылға жақындатпай алысқа айдап, қапатып, шынға түсіріп кеттім. Кеш батқанша ел бетін көргім келмеді.

Ол кезде маған дүние өтірікші, алдамаштардың жиынтығындай көрінуші еді. Кімге ұрынарын білмей жүрген Аққатын анау, ал ақ тоқалға қыр көрсетіп жүретін Түңкенің үйінде түн ортасында ерттеулі ат байлаулы тұрғанын тағы көрдім. Даубайдың бәйбішесі Құлқаштың қойшы-қолаңның ішінде жасырып қымыз беріп тұратындары бар, ал Нұрия... сонда не болғаны. Ал байлары келгенде Жаубайдың Ұлбай бәйбішесінен басқасының бәрі де жайылып жастық, иіліп төсек болып, мысықтай аузы-басын сүртіп түк көрмегендей. О, тоба. Рас нәрсе бұл төңіректе қалды ма? Елсізде жүріп осының бәрін ойлап, соның бірі өзім болғанымға іштей ренжідім. Өз қолыңды өзің кесермісің? Бұл өтірік дүниеден безіп бір жаққа қашып кетпек те болдым. Қойды ауылға жақындатып барып, қапталдатып жіберіп өзім түнімен безейін деп те оқталдым. Осындай өзімнен өзім безіп, өзімнен өзімнің түңілген кезім өмірімде көп болды. Ғылым ондайды шатасудың басы деп есептейді. Бірақ өзімнен түңілсем де, өзімді өзім жақтырмасам да, міне көріп отырсың, сақал-мұртты қуарттым, – деп Шұнақ шал тостағандағы қымызды сіміріп салды. Ол көзін жұмып, шымырқанып, мұртын сүртті, екі жағына қарай оны жатқыза сылап-сипап қойды. Пышақпен тоназыған еттен қиялап кесіп алып аузына салды. Бірақ оны шайнамай далаға көзін тікті. Аспаннан жердегі жемтігін көрген бүркіттей қадалып, сәл үнсіз қалды. Әрине нақ осы бір сәтте оның көңілі өзі тіке қарап отырған далада да, жанындағы менде де емес екенін анық байқағандаймын. Қалтарысы мен қапасы, қуанышы мен реніші көп болған өзінің артта қалған сүренді сүрлеуінен әлде бір елес алып отырған болар. Әлде өмірінің сәтті болған бір шағын енді бір оралар ма еді деп те армандап отырмасын кім біліпті. Өткен кезеңнің өкінішті күндерін ойлап, сәл бір балалық-шалалықпен жіберген қатесін енді түзетіп жібергісі келетіндер қаншама? Осындай ойлайтын, еске алатын өмірі болудың өзі де бір қаныбет. Мен де үнсіз, тырт етпей бірсыпыра уақыт отырардай едім, ол тұнық тыныштықты аттың бірінің пысқырғаны бұзып жіберді. Шұнақ аттарға жалт қарады. Ақжал шабдар тапыр-тұпыр етіп алдыңғы оң аяғына тұмсығын егеп-егеп жіберді де, шұлғып-шұлғып алды. Пырылдатып-пысылдатып қайта пысқырынды.

– Жануар жол азабын көре ме, мұнысы несі? – деп аттарға қарап шал тіксініп қалды. Малмен көзін ашқан қазақ пен қырғызға оның дұрыс емес деп айту қиын. Олар жануардың бар сырын кәнігі профессордан кем біледі деуге болмас еді. Кәрі жіліктің жігін пышақты бір салғаннан табатын қазақты малды, мал мінезін білуде кім мойындамас. Су ішкен,

ішпегенін, жем жеген, жемегенін түгінен танитын қазақ емес пе, бұл. Шұнақ ақжал шабдардың сырын да білетін болар. Тіпті малдың, әсіресе жылқының күйін кірпігіне, қабағына қарап айыратын қазақ бұл жерде де бірдеме сезіп-сезіктенуі де мүмкін. Шұнақ сәлден соң барып, бүркіт қабағын көтеріп жөнге келді. Аты-жөні жоқ «ә» деп алып көңілденіп сөйлей жөнелді.

– Сонымен сенің ойың жас Нұрияда отыр ғой, – деді Шұнақ шал. – Ұялсам да, ұнжырғам түссе де, ауылға қайтып келдім. Көрдей қараңғы қапас дүниеде мен сияқты жетімек ол кезде қайдан жол тауып түсе қойсын. Панасызды мемлекет қамқорлығына алатын заман емес. Қазіргі Совет заманындағы жетімдердің жетімдігі не? Ұлы Отан соғысынан кейінгі жерде біздің елде жетімдер саны, мүмкін, біраз болған да шығар. Бірақ тамақ тоқ, көйлек көк, әкесі жоқ дегені болмаса, жетімдіктің материалдық кемшілігін, жыртқы-тесігін, аш-жалаңаштығын көрді ме, олар. Сонымен қойды ымырт жабыла бір-ақ қайырдым. Алысырақта қой соңында мимырттап, ілбіп келе жатып Даубай үйіне көзім түсіп еді, бетім тағы ду ете түсті. Жүрегім тағы да тулап жүріп берді. Бірақ байқаймын, бұл кешегі дүрсіл емес. Ұят дүрсілі, қысылу, қорқыныш дүрсілі. Есік алдында қақшиып тұрған көк көйлекті әйелге көзім түскенде айдалада келе жатып төмен қарап кеттім. Маңдайымнан суық тер бұрқ етті. Буындарым дірілдеп, әлім кетіп қалды.

Әбден жайылып, кеш қайтқан қой қордалы орнына бірден иіріліп қалды. Күнде көпке дейін қайыру бермей, өзім шаршап келгенде қадаңдатып тыным бермейтін топалаң келгір шашау шықпай, бытырамай бұйыға қалыпты. Тіпті жаға қалып, тым тойып кеткендіктен іңірде ыңыранып жатқандары бар. Қақшандап қой бастап жүретін жағал серкеге дейін селт етпей, тынып қалыпты. Егер оның бір-екеуі қора төңіректен кетсе, соны іл қылып тұра жөнелмек ойым бар. Мен Даубай үйіне таман жақындағанда қаққан қазықтай қадалып тұрған Нұрия маған ақырын ғана сөйледі:

– Кешке дейін жүріп алып, сағындырдың ғой. – Менде үн жоқ. Бағанағыдан да жаман болып барамын. Жұрттың бәрі ту сыртымда менің жүрген-тұрғанымды жіпке тізіп, қадалып тұрғандай қуыстанамын. Ұрының қуыстанатыны осы екен ғой дедім, ішімнен.

– Үйге кіріп тамақ іш, – деді Нұрия тал шыбықтай бұралып тұрып. Бетіне қарау жоқ. Үйге кірсем дастарқанда неше түрлі тамақ. Үлкен жәннен кеседе қымыз тұр. Тамағым тілеп тұрса да, оларға қарамадым. Бір сырлы аяқты алып күнде кейде үйде әйел жоқта істейтін әдетімше күбіге жақындап, көже құйғалы жатқанымда Нұрия көлең етіп кіріп келді. Ол сықылықтап күліп алды да «қымыз тұрып көже ішкен қойшы байқұс» деп әндегіп, онаша үйде қолымнан ұстап, мойным асыла кетті. Беті бетіме тигенде күйдіріп жібере жаздады. Не дерімді білмей, күбідегі көже жанынан қымызға жақындадым. Әйтеуір Нұриядан алыстауды ойладым да, жәннендегі қымызды басыма көтере

бердім. Нұрия шығып кетсін деп қымызды екі күрек тісімнің арасынан сыздықтатып сімірдім. Аздан барған қымызға қанағаттанбай, ішім сіміре түссе екен деп тілеп-ақ барады. Сонда да тартынып, ішкен болып тұрып алдым. «Өлімнен ұят күшті» деп айтылған мәтелдің мәніне осы жолы жеткендеймін. Тілеп әкетіп бара жатқан тамақты ұят осы жерде «жеңді». Даладан бір әйелдің «Нұриялап» шақырғанын естігенде «уһ» деп демімді бір алдым. Ұялып бара жатқанмен «ұшқан құс, жүгірген аң бәрі тамақ» демекші тоймасам да өлмес ауқат алдым. Бірақ жегенім желкемнен шыққандай. Әлде қалай керегенің басында ілулі тұрған Даубайдың түлкі тұмағына көзім түсіп кетіп еді, тура осы тұмақты киіп жабықтан Даубай сығалап тұрғандай көрінді. Зәре-иманым қалмады. Сескеніп қалдым. Сол кезде де тым ақылсыз емеспін-ау деймін, «өлі бураның басынан тірі атан қорқыпты» деген есіме түсіп өзіме өзім күліп жібердім. Күлмей қайтейін, Даубайдың өзі жоқ өлі тұмағынан құтының қашуы күлмейтін қылық па!? Егер нақ осы бір сәтте оның өзі тұрса өліп кетер ме едім, қайтер едім. Титімдайдан тізесі өтіп қалған байдың бас киімі жүрегі шайлығып, жүрімі құрғыан, кенезесі кепкен сорлы кедейге қақаған қаңтарда жараған бұрқ-сарық бурадай әсер етпегенде қайтсін. Бұл шынымен күлкі еді, інім. Мұнда күлмегенде қайда күлерсін.

Сен білесің бе, шырағым, дүниедегі құдіретті нәрсенің бірі – күлкі. Қазақ өлім үстінде «арсыз ұйқы, арсыз күлкі, арсыз тамақ» деп талай көңіл айтып отырғанын естуші едім. Сол рас. Бауырың өліп, бауыр етің жыртғылып отырғанда да тамаққа, ұйқыға тоқтау жоқ. Күлкі де солай. Бірақ күлкі шын мағнасында құдіретті құбылыс. Сол күлкі келген жерде қайғы қара пердесін түріп, мойнына оралған қара жылаңын ала қашады. Күлкі келген жерде ұйқы тыныш. Ұйқы тыныш болуы – денінің саулығы. Ертеңіне көңілің көтеріңкі, сергек боласың. Дені сау адам күлмей, қабағы ашылмай тұра ма? Жаңағы күлкі менің де әжептәуір еңсемді көтертіп тастады. Тамақ та жүріңкіреп кетті. Алдымдағы тағамды еңсеріп, ойсыратып жібергенімді байқадым.

Қас қарайып кетті. Өйткені тауда күн батқан соң кеш түсуі оңай. Екі жағындағы аспанмен астасқан биік тау бар жарықты өз бойымен қалкалап, қас пен көз арасында-ақ қараңғылық салбырап қара пердесін жайып, басып алады. Ай әлі туа қоймаған. Не істерімді білмей сасып-салбырап тұрғанымда үйге Нұрия қайта кірді. Мен жалма-жан ескі көрпем мен өңі түсе қоймаған, қып-қызыл етіп рауғашқа бояған қысқы тонымды құшақтай кеттім. Ондағы ойым оларды далаға шығарып, сыртқа жағу. Әйтеуір Нұрияға жоламау. Оларды құшақтап сыртқа беттегенімде ол басында байқамай қалса керек, ұстай алып көрпемен қоса итеріп жіберді. Аймыштап, оюлаған өткіздің етегіне құлап түстім. Ол өзі де қоса құлады. Жатқан жерімде мойнымнан қысып алып, бет-аузымды әбден сілемейледі. Сәлден соң оның құшағынан сытылып шығып, далаға жөнелдім. Енді жаңағыдай емес, бойым сергіп, біраз ойға кет-

тім. Суды лайлап алып, енді одан қашқаным не деген ой бір жылт беріп өтті. Болары болып, бояуы сіңген соң енді мұным қай кірпияздық деп өзімді өзім жазғырдым. Сонан соң елсіз тауда, ессіз үйде бұл қандай қорқақтық. Мүмкін тіпті бұл қорқақтық емес, әлде ездiк, әлде топастық. Тіпті нақ осы сәтте менің кінәм да аз-ау. Өйткені менің салған лаңым ойдың, ақылдың қарекеті емес, жастық-мастықтың, көзсіздіктің тұрпайы бір көрінісі еді. Далада бірсыпыра жүріп үйге кірсем төсек салыныпты. Бірақ екеуі бұрынғыдай жақын емес, арасы алшақ. Қуанып қалғандай жайым бар еді. Оным балалық-білместік екен.

– Ана төсекке жат,– деді Нұрия шамның жанында тұрып алып. Ақпен сейсептелген өз төсегін нұсқап. Көзі күлімдеп, екі беті албырап тұр. Жазда үстінде не киім болушы еді, жарғақ шалбар мен күн өтпесін деп киетін күніні тастай салып ақ мамыққа күмп бердім. Шамасы сүтке түскен қара қоңыздай шығармын деймін. Ірге жакқа қарай құладым. Шамды өшіре салып Нұрия анау төсекке кетпей менің көрпемді ашты. «Саған не болған бүгін ұнжырғаң түсіп, бозбастық істеген кісі көтеріңкі жүрмей ме» деп ол үскір саусақты сол қолын қолтығымның астына жүгіртіп жіберді. Теріс қарап жатқан мені өзіне қаратып алды. Ып-ыстық демі мені күйдіріп барады...

* * *

Танертең мен ақ төсектен емес, қоңыр төсектен тұрдым. Күнде солай. Ақ төсекке жатып, қоңыр төсектен түрегелемін. Іс бір де, сөз басқа, тілек бір де жүз басқа. Нұрия мені осыған үйретті. Жұрт көзінше маған байдың ерке токалынша бұйыра, әкірейе сөйлейді де, кешке қарай жібектей есіліп, ақ білегін айрылмастай етіп арта салады. Бұрынғыдай емес, қуыстануды қойдым. Нұрияның не айтып, не қойғанын алыстан білетін болдым. Бойым үйреніп те кеткендей. Інім саған бір шындықтың бетін ашайын. Мен қазір махаббат қой, Нұрияны жақсы көріп кеттім деп өтірік айтуыма да болады. Ол құдайға шүкір, қазіргі әдебиетте жеткілікті. Алғаш жастықтың жаңсақтығымен Нұрияға жақындасып қалдым да, кейін, имандай сырым, інім, байға талай ақым кетіп жатыр, ең болмаса төсегіне ойнап, төбесіне шығып өшімді алайын деп жаңсақтықтан туған әуейлікті созылған шүйкедей тарта бердім. Алдымен мен оны өш алу деп ұқтым. Түсінігімнің сияғын қара! Шыны керек, кейде бар көңілімен құлап жүрген Нұрияны аядым да. Сондықтан қапырық күнгі салқын самалдай жанына жайлы соғып жүрдім. Оған бірақ басқалардың бәрі де бейхабар болды. Жетімнен жетелі біреу шығар деген ешкім болмады. Маған әзірге басқалар қор, зорға жаратылған жандай қарап, күн өте берді. Қолға үйренген жалғыз қарғадай күтімді едім. Бұл өмір дегенді қойсаңшы. Сол қарным тойып ас ішпеген, інім жылтырап киім кимеген, жақсылық жағы жарты қадам жақындатпай, жамандық жарты ширек соңымнан қалмай жүрген кезімді де сағындым. Мүмкін ол тақияға

өлшеп тары сепкен заманды емес, ашты-тоқты білдірмеген, қызыл аяқ қар, жалаң аяқ жар кешкенді елемеген жастық шақты, қыз-келіншекпен көбірек ыржалақтасып, шымшыласып, кейде ымдасып, кейде шындасып жүрген шақты аңсау шығар. Сен әлі бала көрінесің. Мысалы аузынан ақ май ағып отырғандардың қара су мен қара нанды ғана жеген шағын аңсайтын кезі болады. Бірақ сол қара нан мен қара суға оларды бір күн қаратшы, екінші күні беттер ме екен. Дегенмен солайы солай. Адам өткенінің бәрін аңсаса керек-ті. Бірақ аңсайтыны, сайып келгенде, сол қара нан майдай, қара су балдай татыған өндірі өмірі, оның желі тартып, шешегі шеруен атқан шағы. Қазақ адам жылқы мінез деседі. Сондағысы да осындай өткенді аңсау, бір сарынды өмірден жалығу, қыс болса жазды, жаз болса күзді ойлау сияқты құбылыстар екен. Дарияның жарға соққан толқынындай арсыз, тойымсыз көңіл қаға беріс қалған жайды көз алдына елестетіп, ішінді у жегендей тырнап-тырнап кетеді. Тіпті сол балалығым кетпеген сары ауыз балапандай кезімдегі, өмірімнің алғашқы қаз тұрған шағындағы Нұриямен кездесуді де талай ойладым... Ол да бір қайталанбайтын, суреті қайта көзге көрінбейтін, алтын беріп енді сатып ала алмайтын шақ екен ғой. Ол кезде сол бір оқиғаның ішінде өзің болғаның өзіңе көрген түстей, сағымдай бұлдырайды. Енді ойласам ол да өзінше қызығы, өзінше ат танауын көтерер желпеңі бар, кезінде ілгері ойдан, іргелі мәдениеттен мақрұм адамдарға алданып болған заман екен. Ол бір ішкен қымызға маз болғандардың бірі өзім ғой.

Біреу қалың беріп қатын алады, біреу қойнына жатып алады дегендей, мен де Нұриямен бір төсекте қатып ұйқтап қалған екем, дүние дүрлігіп барады. Шошып ояндым. Түндігі түсірулі үйдің іші қаранғы. Таудың таза ауасын да ат дүбірі, «ой бауырым» салған дауыс қатты естіледі. Әйтеуір тегін нәрсе емес екенін білдім. Төрдегі төсек-орнымды далаға көтере шықтым. Нұрия да оянды. Бірақ оған қарауға шамам болмады. Қуды заман туғызады, қулықты құйрықсыз құландай тұрмыс үйретеді. Сондықтан да ойыма түскені ең алдымен даладан табылуым керектігі еді. Алдамшы өмірге арбаушы бола бастағандығым еді, бұл. Жаубай мен Даубай үйінің ортасы едәуір жер. Жаубай үйінің жанына «ой бауырым» салған еркектер түсіп жатыр. Алысырақта дауыс салып, сызылтып келе жатқан әйелдер жете қоймаған. Ауыл түннің бір шамасында жылы төсектен тұрып дірдектеп, жүректер дүрсілдеп не болғанын білмей шошып кетті. Шатыраштан ұтылған кісі алдындағы дойбы тасындай мал қамымен бытырай, сирек қонған ауылдағы жан-жақтағы қойшы-қолан, малшы-қосшы, кемпір-шал әдетте-ақ жиналып қалды. Бұл ай таң алдында туатын шақ болатын. Мүлгіген, самарқау шөгіп жатқан тау ұйқысын қимайтын, оянбайтын сияқты. Келгендер мен ауылдағылар араласып мый-мый. Не болғанын ешкім түсіне, біле алмай сең-соқ. Алғашқы келген төрт-бес салт аттының бәрі де ел ырымын жасап, ойбай да ойбай жасап, «бауыр-е-ем, бауыр-е-ем» деп

бақырып жүр. Қараңғыда шырты ұйқыдан тұрған ауыл адамдарының кейбірі де не екенін білмесе де дауыс қосып кеткен жайы бар. Атты біреу өкіріп, бауырымдап аяндап келеді. Бұл Жаубай сияқты.

– Ойбай, бауыр-е-ем, қолқа-жүрегім, қайткенде сенен айрылдым...

Нақ осы түн ішіндегі көр ойбай, жер ойбайдан бір әйел даусы бақырып-шақырып қатты шықты:

– Ойбай, ойбай, айтып өлтірсеңдерші! Не болды, ойбай, не болды. – Бұл Жаубай бәйбішесі Ұлбайдың дауысы екенін жазбай таныдым. Оған жаңағы еркектің бірі бақырып-шақырып жақындай берді. Оның солығын баса алмай тұрған атының тізгінін бір әйел алды. Жігіт бәйбішеге жақындап:

– Ойбай, Даубайдан айрылдык. Қайран бауырым Даубай, – деп құшақтап көрісіп қалды. Енді байқасам әлгі егіліп, еңіреп жүрген Аман болып шықты. Осыдан соң-ақ ауыл адамдары Даубай туыстарына көрісіп шу-шұрқан көбейе түсті. Тәтті ұйқысын зорға ашып, ыстық төсегін қимай осы жерге келген Нұрия оңаша тұрған маған сыбырлады:

– Не болды, кім екен? – Жаубай мен Даубайға өштігімнен Даубай өліпті дей жаздап тоқтадым. Жаубай менің жауым болса да олай десе бұл барып тұрған хайуандық болар еді. Оның үстіне жаңа ғана құшағымыз жазылған Нұрияны аядым. Өлген артынан қайран өкпе-наз жүрмейтіні де осы жерде ойыма түсті. Аман сыпыра жұртпен көрісіп, Нұрияға жақындады. Жылы, мамық төсектен тұрған ол қалш-қалш етеді. Нақ осы бір сабырсыз, ауылды қаралы сәт басқанда-ақ менің албырт, жастық көңілім сорлы болған Нұрияның болашағын да бір шолып өтті. Шынымен сорлады-ау, сорлы. Қабағынан кірбің, көзіңнен жас кетпейтін байқұс болдың-ау деп тұрдым. Бұл әлі қалшылдағаныңның басы ғана шығар деймін. Бетінің қызылы, шашының ұзыны кезінде жесір қалып, сорлы Нұрия қай құмайдың, қай тазқараның жемтігіне айналар екен. Байқұс жасынан басы қаралы, беті жаралы болды. Байы өлген ол ғана ма, ондайлар көп. Туған адам кезі келгенде, бұл дүниеден жейтін талқаны таусылғанда о дүниеге аттанып жатады. Бірақ Нұрия сияқты «менің қатыным болсын» дейтін, әдемі бетінен нұры тамған әдемі келіншекке пәлесі артынан келеді ғой. Тіпті осы бір зәндеміліктің туын тіккен, кердері тартқан кері заманда көз ұйқылы, көкірек бітеу заманда әспеттеп жүрген әсем келіншектің әлдебір шөлдегі кеуректей кеудіреген, шалбар бет шалдың үшінші, төртінші қатыны бола салу қиын ба? Сорлы Нұрия өмірінің бәрін жылап-сықтап, көз жасын көл-дария қылып өтері бар дүниеге несін келді екен!? О баста сіңірі шыққан кедейдің қызы, табиғат онымен қоймай, оны әдейі келемеж қылғандай жылтыратып бет, сымға тартқан күмістей сымбат беріп әркімді оған қызықтырды. Сөйтіп жүріп Жаубай ауылының жайын ілер жалманды қармағына түсіп, Даубайға тоқалдыққа қатын үстіне келді. Осы бай үйіне келгенде бірден осындай дәрежеге ие бола қойған жоқ, отырса

опақ, тұрса сопақ болған күндер қаншама. Ауылда балалардың шашын ұстарамен қырып тастап шаш алған адам баласының басын қос қолдап ұстап тұрып «адамның басы – алланың добы» деп қысып-қысып қоюшы еді. Сол сияқты Нұрияның басы Жаубайдың үш қатынының, Даубайдың бәйбішесінің добы есепті еді. Қолы көтерсе қолына алып ойнайтын, қолы көтермесе аяғының ұшымен домалататын ойыншығы еді. Құлқаштың былтыр «мынау қотан төрінде Қойлыбай қойшымен құшақтасып тұр» деп көріне көзге шағыстырып, даубайдан қызыл тақия кигізіп, көк ала қойдай, көк шымшықтай таяқ жегізгенін қайтерсің. Қисық жүріс дегенді Нұрия байқұс біліп пе еді? Қойлыбай түгіл ол кезде Нұрия жылқылы байынды, жылмаң байынды керек етіп пе? Ұзақты күнге дүмі жер иіскемейтін сорлы тоқал еркінше, қанғанша ұйқтайтын бір күнді арман етумен жүретін еді. Қолы арқан есу, жүн түтуден бір сәт қалт етсе, қалғып кетуші еді. Даубайдың аямай салған сегіз өрме бұзау тіс қамшысы мұның суық жолға түсуіне итермелей түсіп еді. Тіпті ойда жоқта, балалық ұйқысын аша алмай жүргенде бұған «қойшымен құшақтастың» дегені «қойшымен құшақтас» дегендей болды. Қойшымен құшақтасқандағы көретіні қамшы болса, оның ащы дәмін нақақтан тағты. Сол бұзау тіс қамшының салған ізі қайта қойшы құшағын аңсата түскендей. Аманмен жақындаспақ болуы да, оның сәті түспей, әлде жүрегі дауамай, әлде өзі қаламай жүріп, енді мені бауырына тартуы да сол қанды таяқтан кейінгі жерде еді. Өзіне де жан бітті, бай қатыны екенін жұрт тани бастады.

Аман демекші, «бауырымдаған» Аман Нұрияға жақындады. Мен жаңағы айтқан ойдан жел тұрып көтерілген тұмандай тез сейілдім. Ішімде бірдеме Аман Нұрияны құшақтап қояды дегендей қызғаныш отын тұтатып, тар пейіл пайда бола қалды.

– Ойбай, Нұрия-ау, Даукемнен айрылдык, – деп Аман Нұрияны құшақтады. Бұл түннің қараңғы шағында, шырты ұйқыда жатқандардың жылы төсектен шошып түрегеп, сасып-салбырап тұрған шағында біреуді біреу біліп болмайтын еді. Кіммен кім көрісіп жатқанында ешкімнің жұмысы жоқ. Тек Нұрия мен Аманды аңдып тұрған мен ғана болсам керек-ті. Аман арада өткен екі айдың ішінде көлеңкеде өскен қурайдай сарайып кеткен сияқты. Нұрия оның алтыаяқ өрмекші аяғындай кең құшағының қоршауында қалды. Нұрия бұрын дауыс салып, жылап үйренбегендіктен бе, әлде Даубайға онша жаны ашып тұрған жоқ па, даусы шықпады. Тек иегі иегіне тимей сақ-сақ етеді. Бір кездері қарасам ұзын қойшының қонқақ мұрны Нұрияның бетіне тиіп тұр. Маған Нұрияның бетін аймалап жатқандай көрінді. Тоқал жыламады. Ол Аман құшағынан сытылып шықпақ болды. Қойшы оны босата қоймады. Осы сәтсіз шақтағы өлім үстінде тірлігін білдіріп жатқан пендешілікті де көзі жасты, қамкөңіл көпшілік аңғармады.

Осы жерде кеше ғана осы Аман жөніндегі сөздерімізді еске алдым. Жаубайлардың Жалдауаттан келетін күні таянып қалған соң Нұрияны

кимай барамын. Сонан соң көптен ішімде күпті қылып жүрген ойдын да шетін шығардым.

– Ертең Аман келеді ғой, сонда қайтесің? – деймін мен Нұрияға сөзімнің аяғын жұтып. Ол менің бетіме бетін тигізді де:

– Менің Аманмен ештеңем жоқ. Бірақ қолқа салып жүргені рас. Ал мына сенімен құдайдан да, құқайдан да қорықпай-ақ Қырымға да, Рүмге де кетер едім, – деді. Ол көз жасын сығып алды. Енді міне сонысы рас сияқты көрінеді. Аманның қолын сілкіп жіберді. Жаңа туып келе жатқан ай жарығында, тымық тау түнінде ол ап-анық көрінді.

Нұрия Аманнан босанып менің жанымға жақындап тұрды.

Бұл маған ұнаған сияқты. Ішімдегі жаңағы қызғаныш оты сөніп, менде Аманға деген адамшылық, аяушылық орнай бастады. Сор мандай Нұрияны ол екі ай көрмегендіктен сағынбады деймісің. Одан басқа Аманның кімі бар еді. Жүдеу көңіліне медеу қылып жүрді ғой. Ал екі ай бойы ішкен асын жерге қойып, есі екеу, түсі төртеу болып жүргендегісі жаңағы. Қолын қағып тастады. Мен өзімнің қатігездік райымнан қайтқандаймын. Бірақ Нұрияны Аман құшақтайды-ау деген ойыма келсе, әлдебір менің табиғатымнан тыс бірдеме «жолатпа оны» деп тұрғандай. Нұрия менде айып бар ма дегендей маған қарады. Оның танадай көзі ұшқын атып, жалт ете түсті. Қою қараңғылық басқан түн жарқ еткендей. Күнде қашып құтыла алмай жүрген, көп көңілімді аудармайтын Нұрия бүгін қымбаттап, менен алыстап, әлде біреудің қолтығына кіріп бара жатқандай.

– Ойбай, қайран қайным-ай! Азаматым-ай! – деген дауыс дүниені жарып жібере жаздаған соң қарасам Сәлиман шешем екен. Маңдайы тікше келген ақ кимешегінің төбесіндегі жыртығынан шығып тұрған шашынан таныдым. Мен шешем жылайды деген ойымда үш ұйқтасам жоқ. Кәдімгідей боздап жүр. Ол жылауын тоқтатпастан біздің жанымызға келді. Түнгі салқында жаурап бүрсіп тұрған Нұрияға әндетіп көрісіп жатты:

– Сорлы қар-ау, ең болмаса дұшпан көзі қылып даусыңды шығарсаңшы... Қайран азаматым-ай! Сорлы-ау, ертеңгі күнінді ойласаң бүгін жыласаңшы. Ойбай, қайран қайным-ай! – Ол жылауын қоя салып маған сөйледі:

– Сен нағып жыламай тұрсың. Өлгенге өкпе жүрмейді. Даулассақ та, тартыссақ та бұл жердің орны басқа. Бар анау Жаубайға, жақындарына даусыңды шығарып көріс. – Сәлиман шешем маған сөйлегенін қоя салып: «Арыстай азаматым-ай, ойбай, алыста шырақ қалды, елден жырақ қалды-ау...» деп анау жерде егіліп отырған Аққатынға көрісуге жөнелді. Жылауы да, қоюы да жылдам. Нұрия сорлы алдымен бетін басып «е-е-е» деп ұрып жылатқан балаларша тұрды да, артынан біреуі естілер, біреуі естілмес бірдеме айтқан болып тұр. Не деп тұр деп жанына жақындай түстім. Әншейін сөздер.

– Сорлы қылған құдай-ай! Енді қайтем...

Ескі ауылда жылау деген де сын. Аңырап бүкіл елді еңіретіп жылататын заржақ қатындар болады. Ондайлардың дүниеде білмейтіні аз сияқты. Кейде олар өлендетіп жөнелгенде шын жыламаған адам болмайды. «Төрден жат кетті, белдеуден ат кетті, көңілден шат кетті-ау, құдай!» деп артын боздата келіп қайтарғанда еңкейген, көпті көрген, өлімді өңгеріп жүретін, талайдың денесіне мейрам су беріп, жуығын киетін шалдарды да кемсеңдетеді. Әсіресе ондайлар ауылда екі-үш бай өлтіріп, аға өлсе іні мұра деп «таз бастың тоғызын да тамамдап» жүрген қутақым атанған қатындар. Олардың кейбірі алдыңғы байлары өлгенде жоқтап үйреніп, енді тек жалдап жылатып қойғандай қақсап-сарнап жөнелер еді. Өлген кісінің туғаннан бергісін, өткен жолын, көрген қорлығын, ауруын, өлімін, артында шикі кіндік бар ма, әлде ол дүниеге қубас атанып, тұяқсыз кетті ме, осыларды әндетіп тұрып, арасына «ойбай» қосып бір айтып алар еді. Сонан соң жұрт «қой, қой» деген кезде «екі ойбайға бір тәуба, құдай алдынан жарылқасын, артын қорқытпасын» деп аяқтар еді. Ал мұны айта алмаса, келістіріп жылай алмаса, ол басына қара жамылып қайғы-қасіретке батып отырған сорлыға сын. Оның шын егіліп, көз жасын көл-дария қылып төккені түк емес. Ондай басы қаралы, беті жаралы байқұсты ертеңіне-ақ ағаш атқа мінгізіп, сылпылдақ, жылпылдақ ауыздар ала қашып алысқа апарып тастайды. Осындай желім ауыздан қорыққан бір момын әйел болу керек, – деді Шұнақ шал маған бар денесімен бұрылып отырып, – «Өзіміз жылау білмейміз, жылау білген қатынның байы өлсін» деген екен. Ертеңіне сорлы болған Нұрия да сол өсекке ілінеді ғой деп ойладым. Нұрия өз білгенінше жылады, әлде жылаған болып көрінді.

Сәлиман шешемнің даусы бәрін басып тұр. Қою қараңғылық салбыратқан тау түні ай жарығымен түрілді. Аманның кәдімгідей ойбайына қарап біраз таңданғандай жайым бар еді, тамсанарымды артынан көрдім. Озан салып жуан дауысты біреу ой жақтан жүгіріп жетті. Артынан шырылдап әйелі келді. Жазбай таныдым. Дәуқара мен Дәрітай. Сіңірі шыққан кедейлер, бар өмірін осы бай есігінде өткізіп келе жатқан сорлы бұлар да егіліп келеді. Маған Дәуқара Жаубай мен Даубайды ыңғайы келсе ұрып өлтіретіндей көрінетін. Дәуқара Жаубайдың қылығын айтып кіжінгенде басқалардың ашуланғаны ойыншықтай көрінер еді. Аузындағы ашулы сөзден артында жатқан зіл әлдеқайда ауыр, әлдеқайда салмақты болатын, бір түпсіз тұңғиық, қара түнек жататын. Ондай байламым бүгін бекер болып шыққандай. «Бауырым-ау. Бізден топырақ бұйырмады-ау!» деген Дәуқара даусы әркімге-ақ естілді. Нақ осы сөз маған да әлденені ескерткендей. «Бәріміз өлеміз, сондықтан бірімізді біріміз тіршіліктегі қыжылды ұмытып, өлгенде туған бауырдай терең қазып, тепкілеп көмуіміз керек» дейді Дәуқара сөзі. Ол барып Аққатынға, одан Жаубайға көрісті. Олардың тұқымын тегіс жағалап шықты. Алғаш бұл да күнде көретін алдамыш дүниенің жалғасы сияктанып еді, бірақ Сәлиман шешем мен Дәуқараның шын

жылауы көңілімді толқытып жіберді. Сен оқыған баласың, шырағым, – деді Шұнақ, – көп нәрсе, көп елдің тарихын, дәстүрін білсең керек. Ал шынымды айтсам, мен біздің халқымыздың осы бір дәстүрін, өлгенді қадірлеу, оның артынан қайбар айтпау, тірідегі өкпесін өлгенге ала жүгірмейтінін өте қатты қадірлеймін. Көрдің бе, ағайынды екеуін тіршілігінде атарға оғы жоқ болса да, атадан балаға дейін келе жатқан кегі болса да, шынжыр балақ шұбар төстің есігінде жүріп құйрығына кішкентай шыр бітпесе де, есігіне екі кісі, төріне төрт кісі отырып көрмесе де, соның бәрі төрінде аюдай аунап жататын байлар Жаубай мен Даубайдың көрсеткен қорлығы мен кесапатынан болып отырса да, Дәуқара мен Аман соның бәрін өлім үстінде ұмытып, ұялас күшіктей тату пішін көрсетті. «Күлсең өлімге күл, күлсең де келеді басыңа, күлмесең де келеді басыңа» деп бабаларымыздың данышпандықпен айтқан өсиетін бұлар орындап, бәріміз де өлеміз, бұл жерде бәрін ұмыту керек дескендей. Мұндай қасиет дүниенің жүзінде біздің халқымыздан басқа бір де бір елдің адамдарының қолынан келе алмайды. «Жақсының кегі жібек орамал кепкенше, жаманның кегі басы жерге жеткенше» дегенде де біздің адамдарымызды осы жоғарыдағы мақсатқа бағындыру пікірі байқалады. «Қарыздасып өлме, қарыздасып өлсең де арыздасып өлме» дегенде де негізгі ой бәріміз тең болар, жер болар өлімді ескертіп тұрса керек-ті. Бұл ғой, інім, біздің халқымыздың ұлылығын көрсететін үлкен жүректің, ашуын ақылға билеткен жүректің ісі, ұсақтан аулақ, ірілікпен ауылдас халықтың шешімі, пішімі. Бұл жағасы жайлау, етегі қыстау елдің ғана қолынан келеді. Бұл тасқа желіндеп, мұзға бұзаулаған елдің, батпақтан балық аулаған елдің, көргені кесек, мінгені есек елдің қолынан келмесе керек-ті. Бұл халқымыздың өзара өштігі мен өкініші көп болса да өлімге қимайтынын көрсетеді, жаман кетсе де аман кетсін дейтінін, тіршіліксіз болса да тірі болсын дейтінін көрсетеді.

Шұнақ екі аттың бетегені тырсылдатып үзген аузына қарап, әлдеқалай көзіне келген жасты қолының сыртымен іркіп тастады. Бір сәт тағы үнсіз. Мен мына Шұнақ шалдың халқына берген бағасын ойлап қалдым. Өз халқының артықшылығын, адамшылығын бағалай білген адам қалай нақұрыс болмақ, әдебиеттен, мәдениеттен хабары мол, көргені мен тоқығаны көп, ілгерінді-кейінді оқиғаларды ой желісін бұзбай айтып отырған адамды ақылы түгел демей не дерсін.

– Иә менің ақылым түгел, – деді Шұнақ. Мен селк ете түстім. Қалай-ақ естіртіп айтып қалдым, ойымды сөйлеп айтпаушы едім ғой деп таңдандым. Шұнақ менің ол ойымды да бетімнен оқығандай сөйлеп кетті. – Сен ойыңды сыртқа шығарып айтқан жоқсың. Ойын сөйлеп айту да біздің халқымызда жоқ қой. Сонымен Сәлиман шешем қараңғыда менің жаныма қайта келді. Ол менің тұрысымнан үлкен кемшілік тауып, бұйыра сөйледі:

– Атамыздың салты бар, әр нәрсенің нарқы бар. Қодырайысатын жерде қодырайыс. Адам болатын жерде иттік істемес болар. Ит маған

үрді деп ит болып үруге болмас. – Шешем әрі қарай кетті. Бетімнен отым шықты. Бір жақсысы мені сөккенін қараңғыда ешкім көре алмады. Мені шешем жыламады деп айыптап тұрған жоқ. Өйткені жылау өлімге келген адамның бәріне міндетті емес. Ал көңіл айту парыз. Көңілі қалысқандардың көңіл білдірмей кете беретіні де көп. Дегенмен ол адамшылықтан алыстау болса керек. Сондықтан Сәлиман шешем маған көңіл айтпадың, көріспедің деп кетті. Ал мен оны кіммен, қалай бастаудың есебін таба алмадым. Түнеріп тұрып қалдым. Осы жерден зытып кетуді ойластырдым. Бірақ жаңағы сақаға құйған қорғасындай салмақтап-салмақтап айтылған ауыр сөз екі инімді басып, бір батпан бірдеме жауырыныма мініп алғандай. Екі аяғым тас байлап қойғандай орнымнан қозғалуым қиын болды. Міз бақпай қалдым. Жұрттың жылауы толастап бола берген шақта аттан жаңа түскен Ұлтуған қосетек көйлегі шұбалаңдап, үкілі тақиясы бұлғақтап, жіңішке, шаңқобыз дауысындай үн шығарып, дауыс салып жетті. Кезек маған да келді. Ал енді жыламай көр, ер болсаң. «Бауыр-ем» деп шын егілген Ұлтуғанның үзік-үзік үні менің жанымды жаншып кетті. Мынандай шын жылайтын бауыры бар, туған-туысқаны бұл дүниеден баракатсыз өткені, тұяқсыз кеткені сөз бе деп өзімнің жалғыздығымды еске алдым. «Сыйласуға жат жақсы, жыласуға өз жақсы» деген осы дағы. Солай дей тұрса да, туған-туысқаны жоқ, өз ауылынан жырақ жан тапсырған менің әке-шешеме де осынша қазақтың бәрі жылағандай еді. Айтып айтпай не керек, жанашыр, бірге туған адам шын жылайды ғой. Оның көзінен шыққан жасты жас деп ойлама, ол – қан. Міне Ұлтуғанның жұп-жұмсақ бір ақ білегі мойныма оралды. Шын қайғырған, бауырынан айрылып, қанаты қайрылып тұрған Ұлтуғанды аямау мүмкін емес еді. Сәлден кейін өзімнің жалғыздығым бар, Даубай қарындасының түптен тартып егілуі бар, даусым шығып кеткенін өзім де байқамадым. Бірақ кек қатқан кеудем өлген Даубайды аясам да, тірі Жаубайға қарай мені жетелей алмады. Кежегем кейін тартып, бай балаларының бізді айтатынындай, «кедейдің жеті қаңтаруының» бірі ұстап жібермеді. Бірақ бұл «қаңтаруға» ол жолы қатты риза едім.

Бұл «Сарыжазық» Шапырашты жайлауы – бір жыл кірме қонған Қасқарауға жақпады. Әйтеуір Жаубайдың сөзіне қарағанда солай болып шықты. Сондықтан жайлауда олсыз да жалғыз қалған ауыл опайтопай көшіп далаға түсті. Жаубай қалың елінің ішіне келген соң жылау көбейді.

Осы шырағым, сен жылаудың философиясын білемісің? Мысалы біздің елде «өгіз өлген жеріне өкіреді», сен сол құрлы жоқпысың деп, өлікке жыламай келген туысқанына қатты өкпе айтады. Сияр сойылған жерді қазақ қан-жынын түк болмағандай етіп көміп тастайды. Әйтпесе кішкентай сияр қанының ісі шықса, бүкіл ауылдағы Зеңгі баба тұқымы тана-торпағына дейін тегіс жиылып өкіріп-бақырып пәле салады. «Шамасы біздің ел жылауды осы сиярдан үйренген болса керек» деп бір

үлкен адамның сонау революция жылдарында айтқаны үнемі есімнен кетпейді. Сонда менде де балалық бар шығар, қатты күлген едім. Кейін білдім осылай «бауырымдап» қатты жылаудың да өз орны бар екен. Балам басына түскенде білерсің деуші еді, қариялар. Сол айтқандай оны да өзімнің басымнан кешіргенде сезіндім.

Сен білесің бе, шырағым, сенің қай жердікі екеніңде жұмысым жоқ, мына біздің Жетісу өңіріндегідей өлікке жылас Қазақстанның барлық жеріне тән емес. Сонау Семейден тартып, Қарақалпақстанның Қоңырат ауданына дейінгі қазақ, қарақалпақ бәрі «ой бауырым» салып, ат қойып жылайды. Сонау Гитлер құзғындарының еліміздің апшысын қуырып тұрған қырық бірінші жылдары менің бір немере інім Ақмоланың Жолымбет деген кен орнында қызметте – жер астында өлген еді. Соны қоюға жалғыз бардым. Елде қатын-қалаш, еркек атаулы жоқ, солай етпей қайтерсің. Ол жердегі елде әйелдер ғана дауыс салады да, еркектер жыламайды десек те болады. Кейде тіпті жап-жақын туысқанына да қайбана қазақтай көңіл айтып жұбатумен танытады. Сол, өлікке еркек-әйел тегіс дауыс шығарып жыламайтын жерде ішімнен ышқымды, қайғы-қапамды шығара алмай құса болып қайтқаным бар. Жылаудың, дауыс шығарып жоқтаудың кейінгі тірі қалған адамға тәуір екенін алғаш сонда аңғардым. Адам ішіндегі қайғысын, ойын сыртқа шығарғаны іштен тынғаннан әрине жақсы. Іштегі ірінді жалқаяқтай ақтарып тастағанға не жетсін!

Коллективтендіру кезінде осы біздің ауданда жиырма бестер шамасындағы бір жігіт басшы қызметте жүрді. Қазалылық сол жігіттің елінде Арал төңірегінде шешесі өліпті. Естіруге бардық. Дүниеде өлім естіртуден жаман нәрсе жоқ. Шешесінің өлімін қазақ жаралғысымен, мәймөңкелеп, алыстан орағытып отырып естірткенімізде әлгі жігіт беті быттыып, шала піскен бұршақтай быдырайып отырып алды. Мен өз басым жаман састым. Жас жігіт өлімді тосыннан естіген соң есі ауып кетіп, сондықтан жыламай отырған шығар дедік. Не әлде тұмаған шеше, қабырға ағайындарының бірінің әйелі шығар дестік. Әлгі жігіт есін жиатындай, шай қайнатымдай уақыт тап жылмадық. Есі дұрыс екен. Қырық беске келген шешесін көз жасынсыз аттандырып салды. Мүмкін әлде ол жігіттік, көнбістік, көтерімпаздық шығар. Жігіт болмай жидіп кетсін. Шешеге жыламаған көзді ойып тастау керек. Ол тоқсанға, жүзге келсе де шеше. Армансыз өлім десең де – өлім. Дүниеде шешеден, әкеден жақын кім бар? Әйелің өлсе, төсек жаңғыртуың мүмкін. Балаң өлсе, тағы да бесік өңгеруің, нәресте көруің ықтимал. Ал шешеден екі туа алармысың!?

Біздің елде өлген адамға көңіл айта салып, туысқанына ім «жылама» деспейді. Шынында жұбату абзал, жылама деу – ақымақтық. Жасынан молда-қожаны көп көріп, көп тыңдап өскендер өлімді естірте салып «қой жылама» деседі. Жыламауға бола ма? Жыламау үшін адам болмау керек, тылқау қара тас – будда құдай болу керек. Өлгеніне шын

жылап, тірісіне, туғанына рас қуанбаса, оның малдан не айырмасы бар. Мал екеш мал да өлгенге жылайды. Өлгенге, ажалға ара тұру жоқ. Жарайды. Мықты бол деп жұбатамыз, ол да жөн. Бірақ мықты болу үшін іш құса болу қажетсіз. Байқаймысың шырағым, ашуланшақ, тезқатар адамдар қан қысымы ауруымен көп науқастанбайды. Ал бәзін ішіне тығып жүре беретіндер – ішінен бықсып, сыртына шығара алмай, сары уәйімға түсіп кетеді. Оның арты неге соқпақ? Демек жылау үнемі ездің ісі емес. Баз-базына жылау ердің де ісі. Егер ер жылай білмесе, ол адам емес – ағаш. Жыламау ердің ісі емес, шердің ісі. Жылай білмеген адам, күле де білмейді. Қайғыра біле алмаған адам, қуана да алмайды. Сондықтан қайғыны үлкейтпеу үшін іштен шерді шемен болып, көн тулақтай қатпай тұрып, айрандай ақтарып тастау керек. Көрдін бе шырақ, біздің елдің «өгізден үйренген» үлгісінде үлкен философия жатыр. Заман өтер, қала көбейер, түрлі ұлт араласар, сонда өлімге жылау мүмкін қазіргісінен бізде де азаяр. Бірақ ұрыспай, боқтаспай, төбелеспей өмір сүрген қазіргі мәдениетті заманда ішті жегідей жеген реніш жүрек-қан тамыры ауруларын көбейтіп бара жатқанындай, ол да іштей тынудың тымырсық құбылысына айналмасына кім кепіл. Сондықтан өлім үстінде қанша рабайсыздықпен жыласа да, мен ешбір адамды сөкпеген болар едім. Оны сөккенді, оған күлгенді дүниедегі адамзаттың қара тізімінің алғашқы орынына ілігетін сұрқия Гитлердің қатарына қояр едім.

Келесі жылы Жаубай тағы да қалың Шапырашты ішін жайлауға Сарыжазыққа көшті. Шынжырбалақ, шұбар тас өзімен сыбайлас біреудің қонысына иек артса керек-ті. Нақ былтырғы жұртта Даубайға ас берді. Иек астында тұрған мына Дегерес пен Беріктастан қасқараулар қаптады. Бір күн қонақ алып, екінші күні асты беріп тарқатты. Сарыжазықтың үсті топырлаған адам, топылдаған тұяққа толып, түстен кейін адам аяғы сейіле бастады. Ас тарқаған соң түстен кейін Даубайдың екі қатыны дауыс салды. Бұрынырақта тұлданған аттың қара жабуын салт атты біреу найзаның үшімен іліп түсіреді екен. Тұлдап қойған Даубайдың шұбар жорғасын әкеліп қара жабуын, құланды ерінің басына ілген қамшысын алмақ болып тосын біреу қол салғанда бәйбіше де, Нұрия да қара жабуды алғызбаймыз деп жылауды үдетіп, аттың кежім жабуын басып тұрып алды. Қос қатынның қараны түсіртпейміз деуі – біз бар ғұмырымызда Даубайдан басқаны керек етпейміз, бар қызығымыз Даубаймен кетті, енді өмір бізге қара түн, қалған қаңсық өмірде қара жамылып қайғырып өтеміз дегенді білдіру. Әрине мұндай жағдайда да жылаудың екі түрі болушы еді. Оның бірі жыламасын демесін деп өтірік қана көз қылу да, екіншісі шынымен ендігі күніміз не болады, алда тағы сау басқа сақина салып, өміріміз ауға, басымыз дауға түсіп кімге бұйырар екенбіз, одан да қара жаулық астында-ақ еркін отырған тәуір болар деуші еді. Ондайлар шын жылайтын. Нұрия да шын жылады. Ал Құлқаш бәйбіше болса, есебі түгел, соңғы күндері осында Жаубай келгіштеп

жүр деген өсек шықты. Әрине Жаубайдың үш қатынының, әсіресе Аққатынның қаупі Нұрия еді. Өйткені өзінен жасырақ болғандықтан байдың оң тізесін сол баса отыра ма деп қорықты. Қара түсірілді. Екі жесірдің басындағы қара жаулық жұлып алынып, ақ жаулық жабылды. Ақ жаулықты әйелдер төркіні жабады екен. Неге екені белгісіз, мүмкін әдейі келмеген болар, Нұрия төркіні әлдеқандай себеп тауып асқа келмейті. Сондықтан да асқа келген Құлқаш төркіні екеуінің де басын ағартты. Қазақта күндес екі әйелдің бірінің төркіні біріне төркін болып таныла салатыны да болады. Тіпті ол әйелдердің бірінің інісі екіншісін де апа ретінде көріп, апа деп атайды. Ал еметайы өзілген екі апасының кейде бірін бірі атарға оқ таба алмай жүретіні де естен шығарыла салады. Сондықтан Нұрия төркінінің келмегені түк емес, оның басындағы қарасын да Құлқаш төркіні түсірді.

Асқа келген көп тарап, Жаубай үйінде тек оның жақын-жуықтары қалды. Қайтадан қазан көтерілді. Жерошақта екі жерде екі тай қазанға ет салынды. Өзім қатарлы жарлы-жақыбайдың сөзіне қарасам екі қазанда екі бітеу көтен-ішек пісіп жатыр. Соны кім жесе, жесір сонікі болмақ. Әрине оны кім болса сол еркімен жей алмайды. Анау Жаубай үйіндегі ақсақалдар кімнің аузын майларын, кімге ұйғарарын кім білсін. Қазан үстіне мосы асып, соған ескі алаша жауып егісіп жатқан еттің күнсімеуі үшін көлеңке қылып екі-үш қатын отыр. Соның біреуі Дәрітай. Әйелдер жыбыр-жыбыр, сыбыр-сыбыр әңгімеге кіріскен. Біреуінің құлағына екіншісінің аузы жабысып қалғандай. Кейде осы қатындар қызық, қойшы-қоланды еркекке санамай ма, олардан көп бүкпесі болмайды. Әлде қойшылардың қолынан ештеме келмейді, олар да қатын есепті дей ме, қайдам. Әйтеуір олардан сыр жасыра бермейді.

– Немене, көтен жегің келіп жүр ме? – деді Дәрітай маған қалжындап. Бұл кезде Дәрітайдың емшекте баласы бар, сүтпен естейіп толыса бастаған. Бұрынғыдай емес еңсесі көтеріліп, ажарланған. Сондықтан да ма, қайдам, Дәуқара соңғы кезде Дәрітайды еркелетіп «ақ балық» деп отыратын. Осы ойыма сап ете түсті де, оны бір шошытқым келді.

– Қайнағаң екі қатынды бірдей ала алмас, жесірлер сенің сыбағыңа ортақтасып жүрмесін. «Ақ балық» аттан айрылып, шабақ болып майбалап қалып жүрме.

– Мына шешек бір пәлені біледі-ей, – деп арғы жағындағы жатып атар Дәмет Дәрітайға ой тастады. Дәрітайдың бетіне қан ойнап шыға келді, онысын білгізбеуге тырысты. Ол маған қайта жармасты.

– Дәудің бір қатыны бар ғой, бір басқа бір көз аздық етпейді. Әр кедейдің бірден қатыны болса да жаман болмас. Мына сен сияқты бойдақ бар емес пе?

– Ойбай, бұл нәмеңгершілік жөні емес қой, – деп Дәмет аузын сылп дегізді. Шамасы Дәрітайдың аз да болса ішіне қызғаныш түскенін білсе керек. Жетісуда әмеңгер демейді, нәмеңгер дейді ғой. Оны білуші ме едің, інішек? Шынында әмеңгер емес, нәмеңгер болуы тиіс деп ой-

лаймын. Өйткені ол әйел нәмеңге яғни атақ-туыстығына қарай еңгерілуі керек, басқаша айтқанда меңгерілуі, игерілуі керек. Ту, шал болған соң бірді айтып бірге кете беремін. Дәрітай тырс-тырс етіп, терісіне сыймай тырсия қалды. Сонан соң отауына қарай тұра жөнелді. Сөз кезегі маған тірелді. Мен де қалжындап, бірақ шындықты айтып салдым:

– Рас, арамызда бір жетімек Шапырашты жүр еді деп Дулат маған басыбайлы жесірін бере қоймас.

– Бүгін ебін тапсаң тегін аласың, – деді қазан сапырып жатқан аузы базданған сары жалақ әйел Рәбиға, әлдебір жасырын сырды аңғарып. Дәмет көйлегінің астына қолын жүгіртіп өзінің оң жақ санын екі-үш рет осып-осып жіберіп Рәбиғаға ала көзімен ата қарады. Неге сыр бересің дегендей. Рәбиға оған жауап ретінде «немене ол байдың жақыны ма еді, өзіміз сияқты кедей еді ғой» дегендей маған қайта жауап қатты.

– Түк сезген жоқсың ба?

– Жоға...

– Ей, жалақ отты ақырын жақ. Күн батсын. Қас қарайсын. Етті шикі бермесің бе!?

Күн батсын деген Дәмет сөзінен секем алдым. Жанған күн жалындап Суықтөбенің үстінде қызыл арайын шашып тұрып алғандай. Дегенмен тау үсті салқын тартып, күн қызуын жая алмай қалыпты. Енді бір сәтте-ақ нұры сөніп, сапақ тартып, қара түн себін жаяды. Не болар екен бүгін деп ойладым. Бірақ қатындар өздері айтпаса өзім ұрынғым келмеді.

– Нұрия..., – деді сары жалақ Рәбиға. Аяғын айта алмай қалды. Өйткені Жаубайдың екінші әйелі Түңке келді. Ол қазан астындағы тезек отын қағыстырып, тамақтың түсуін тездетті.

– Қанды көбігі тарқаған жоқ, – деді Дәмет шала жуған екі қолын екі қолтығына кезек-кезек сүргіп.

– Не көрініп осынша тас түсіп кетті қазанға, – деп Түңке ашуланып, тызылдап кетті. – Тездетіндер!

Ол былай жүре бергенде-ақ Аққатын келді жалқындай болып. Шырағым, – деді Шұнақ, – мен жалқындай болып деп әдейі айтып отырмын. Сен үлкен мыс қорытатын заводтарда болғаның бар шығар. Мартен пештен балқып аққан жалқынның түрін, әдемілігін, сұлулығын көріп мен үнемі сол Аққатынды еске алушы едім. Өйткені оның өңділігі сонша – адам қарап болмайтын, балқыған жалқындай еді. Ол келісімен Дәрітайды үйге жұмсап жіберді де, екі жалшы әйелге қысқа бұйрық берді:

– Асықпаңдар. Үйдегілерге де ет әлі жай піседі дегенмін. Ымырт жабылсын. Сен осында ма едің, сенің де жүрмейтін жерің болсашы.

– Ағаларды шақыруға әзір тұрмын да, – деп кекеп қалдым оны. Ол маған өңбенімнен өткізе, бөтен кісіні үндемей келіп қабатын қаншықша бір қарап қойды. Бірақ мен сияқты жабысып айрылмайтын тас кенедей пәлеге жолап қайтсін. Үндемеді. Әрине ол мені есіркеп тұрған жоқ, бұл

кездері әжептәуір тілім шығып, өзіме қарсы келгеннің біразының-ақ бетін қайтарып тастайтын болғанмын. Сондықтан да ол түтеп тұрған қуға от тигізгісі келмеді. Жаубайдың екі қатыны екі түрлі бұйрық берді. Бәйбішесі үшін бәрі бір болса керек, ол көрінбейді. Бұл күндегі көйлек күндестік, бақал бақастық емес екенін сездім. Ақырын байқай тұрмақ болып, тым-тырыс қалдым. Не болды екен деп ойладым. Нұрия дейді. Нұрия демекші, ол осыдан екі күн бұрын мен жатқан жерге – қораның төріне келді. Түн ортасында сұп-суық болып қойныма кіріп келген одан қатты қорқып қалдым. Жүрегім тарсылдап қорқыныш белгісін беріп тұр.

– Немене сонша, үрейің ұшып. Өзің келіп жай сұраудың орнына, – деп жазғырды ол мені. Оның мені аймалаған бет-аузынан әлдеқандай су саулап жүр. Шамасы екі көзі бұлаудай болса керек. Не болды бұл байқұсқа. Менің де құлағыма ештеме тимеген-ді.

– Не болды, саған? – дедім демімді ішіме тартып. Ол өксіп-өксіп жылап жіберді. Екі қолымен мойнымнан қатты қысып алды. Тығылып сөйлей алмай кемсендейді. Өлден уақытта жұбаттым. Ол енді жылауын қойып, анда-санда өксігін тартып ақырын-ақырын сөйледі.

– Сен менің дүниедегі ең қымбат адамымсың. Сенен артық көрерім жоқ. – Шыны осы сияқты. Былтыр Аман Жалдауаттан қайтқаннан соң мен бірсыпыра уақыт енді қалай болар екен деп тіксініп жүріп едім. Нұрия оған жоламады. Үйірінен шашау шыққан биені қайырып алып кетпек болған сәуіріктей Аман біраз оны икемдеп еді, болмады. Менен ажырамай қойды. Жұрт менімен оны өсекке қосқан жоқ. Ел көзін алдау үшін Аман мені әдейі салып қойған десетін. Аман маған бір сөз айтқан емес. Шамасы ол да мені басынатын сияқты. Бірде әңгіме арасында «Нұрия қалай жүр, маған жолауды қойды ғой» деген. Ішімде қызғаныш тұрғандықтан мен Нұрияға оны өліп айтайын ба!? Сонымен Аман сүлесок жүретін. Мен де Аман дегенде сырттан дүңкіген бітеу жарамын.

– Сен жаным, – деді Нұрия мойнымнан қатты қысып, – Мені біржола ал. Екеуміз түнделетіп көз көрмес, құлақ естімес алысқа аттаналық. – Оның жаным деген сөзін естіп дүниеде мені де жақсы көретін адамның барын ойлап, алғаш рет жүрегім елжіреп кетті. Сөйтседе мен ақымақ көрбалалық жасадым. – Алғаның не, осылай жүре бермейміз бе, деппін.

– Жоқ, – деді ол, – бұлай жүре алмайтын болдық. Жыртық көтенді сыйпайтын заман туса керек. Одан да өлгенім артық. Баяғыда Даубайға да келмей-ақ өлер едім, ол кезде ақыл тоқтатапаған сорлы басым, мойынға түскен тұзақты ебін тапса үзуге болатынын біліп-пін бе? Енді көгеннің бұршағы үзілетінін, қазығы суырылатынын білетін болдым. Сен одан да мені тыңда, – деді Нұрия жылауын біржола тыйып. – Екі-үш күнен соң Даубайдың жылын береді. Біздің басымыздағы қараны түсіреді. Сонан соң «жыртық» інісінің екі

қатынына бірдей неке қияды. – Маған таудың салқын ауасы тарылып бара жатқандай болып кетті. Үстімдегі қырық шоқпыт көрпені ашып тастадым. Екі өкпенмен бірдеме қысып барады. Қапаланғаным сонша терлеп, қара суға түстім. Қалай-ақ осы шыбықтай бұралған Нұрияны анау жылан көз құшпақ. Не деген әділетсіз дүние. Бүйткенше неге астын-үстін болып кетпейді екен. Анау бір күні шында жалғыз жүріп Даубай өлгенге жыл толмай жатып-ақ әндетіп жүр деген соң естіп барып едім. Шынымен бұл ән салып жүр ме деп ойласам әні, әннен гөрі көкіректі кернеген қайғы-қасіретке ұқсас екен. Созып ұзақ қайырып салады. Жакынданқырап барып тыңдап едім, екі көзінен жас парлап, жылап жүргенін байқадым. Өлеңді жанынан қиып айтатынын бұрын білгеніммен әнді түсініп, жанымен айтатынын жартастың астында байқадым:

Басың биік Алатау, баурың орман
Қайғы басып жүремін, зордан-зордан-ау.
Сарыжазық біздің жайлау-ай!
Өмірдің бар ма-ей, байлауы-ай!

Ұйқым шайдай ашылар еске түссе,
Құтылсам деп ойласам құрған тордан-ау.
Сарыжазық біздің жайлау-ай!
Өмірдің бар ма-ей, байлауы-ай!..

Ол өлеңін қайта бастай бергенде шыға келіп едім, алғаш қорқып қалып, мен екенімді көріп құшақтай алып еді. Бірақ онда бұл қауіпті айтпап еді. Енді міне сайрап тұр. Өлде ол кездері Жаубай ойы басқа болды ма екен?

– Егер шынымен қатын алғың келсе мені ал да, қалың Шапыраштының ішіне кір де кет. Бір тентегінің тетірлігін, еркелігін көтермесе, өз ет, өз бауырын аямаса, ол бөрі бауырын жеген Шапырашты болмай қалсын. Сонан соң жұрт қатарлы, тіпті мейлі ит көзі түтін танымас өмір сүреміз. Немесе сонау Алматының арғы жағындағы Түрген төңірегіндегі Шапыраштына қаш. Бұтаға қорғалаған торғайдың да жаны қалады, сол қалың ел бұта құрлы жоқ деймісің? Одан қорықсаң қаңғып, одан әрі Іле өтіп кетелік. Жаубайдың аяғы түгіл, аты да жетпес. Қол ұстасып қаңғып жүріп бірге өтсек маған одан артық бақыт керек емес. Байдың малы аттың жалы тақылеттес. Ат ай мінсең ариды, жалынан ажырайды, бай бір жұтта малынан айрылады. Мен малды, шелді байдың қатыны болып көрдім. Іргеде ірікт шіріп, қарында май жарылып жатқанынан, теңіммен отырып жеген бидай талқан, ішкен атала артық. Теңде буулы кілем, алдында тураулы құйрық білем-білем. Оған менің жаным жиренбесе, сүйсінген емен. Үйде мамық жастық, құс төсекте сәскеге дейінгі ұйқыдан, сенің жаныңда қоңыр

шолақ тон астында қалғып кеткенім артық. – Нұрия осы жерге келгенде қайта жылап жіберді. Соқыр ішекпен ауырған адамдай ішін тартып солқ-солқ етті. Маған бүкіл Сарыжазық, Суықтөбе өңірі тегіс егіліп, сөгіліп тұрғандай болды. – Ал, мені ал да қаш. Мен сенің еркінде. Бар арманым, тілегім сен. Мені Жаубай құшағынан құтқаратын сен. Сен үшін мен Аманмен де сөйлесуді қойдым. Сен үшін байлықты, шайлықты қидым. Жаубаймен рақат көргенше, сенімен тозақ кешейін. – Қалай шешен болып кеткен бұл Нұрия деп ойлады, сол күні. Оны шешен қылып тұрған жанының қыспақта қалуы екенін түсінсемші мен пақыр. Оның тілін шығарып, сөзін саудыратып, көзін жаудыратып тұрған мына келеңсіз дүниенің түсірген көлеңкесі екенін ол күндері біліппін бе? Әрбір сөзі жаттағандай есімде қалды.

– Жауапты ертең кешке өзің бересің. Ертеңгі кештен кейін мен сенімен сөйлесуге мұрша таппаспын. – Нұрия мені қатты қысып сүйді. Сонан соң жылап жанымнан тұрып кетті...

Ертеңіне кешке мен Нұрияға жауап бере алмадым. Оның ертеңіне ол сөз мен кеңкелеске әншейін айтыла салған бірдеме көрінді. Енді міне, жерошақ басында «Нұрия» дегенде төбемнен суық су құйып жібергендей болдым. Ішімнен у жегендей бұлан-талан болып отырғанмен сыртыма леп шығармадым. Ішімнен бықсып, шаладай сөніп-тұтанып отырмын. Аққатын жерошақ басынан кетісімен Нұрия қайта сөз болды. Сары жалақ Рәбиға қайта «Нұрия» дей беріп жанымызға қайта жетіп келген Дәрітайды көріп тоқтай қалды. Ол да Нұрия туралы одан жасырын сыр барын байқатады.

– Несін жасырамыз Дәрітайдан, – дедім қатындарға көзімді қысып.

– Е, жасырмасаң өзің айт, – деді Дәмет ышқырын бір мытқып қойып. Шамасы сол жақ бүйірі қатты қышып бара жатса керек.

– Айтсам несі бар, жеңгемнен жасырамын ба? Дәрітай «көсеу ұзын болса қол күймейді». Солай шешілсе керек. – Күлкім қатты келіп-ақ тұр, бірақ Нұрия жайы ішімді жалап барады.

– Не деп тұр мына жүгермек. – Дәрітай жаңағыдай емес, ә дегеннен-ақ қайнап кетті. Тіпті жерошақтың алдына жатқан күлге аунаған тауықтай жалп етті. Қазақы кең, қолқылдақ көйлектің жалп етегімен көтерілген күл төңіректі алып, күлтозаны ауада көкшілденіп барып басылды. Әлденені танауының астынан естіртпей айтқан сары жалақ Рәбиға қазанның қақпағын жаба берді. Көйлек етегімен желп еткен күлдің қаншасы Дәрітайдың денесін қауып, көкірегіне қарай өрлеп кеткенін кім білсін.

– Немене атаң қазақта екі әйелдің бірі болмаған кім бар еді. Көнсен де, көнбесен де Нұрия күндесің болады. Одан да тоқал жұмсап жаныңды күтіп отырмаймысың. Өлсең де болатыны сол, Ақжеңешен (Аққатынды айтқаны). Дәрітайдың бәйбіше болатын уақыты жетті, өздеріне дәулет те бітіп келеді деп болмай отыр. Әйтеуір Аққатынға ұнап қалыпсың ғой. Сыбағана Ақжеңешенді ортақ қылғанды ұнатпап едің, ал енді

өле кет, Нұрия көзінді бақырайтып отырып Дәуінің қойнына жатып алады. Нұрияның төркінін білесің (Дәрітай оның кедей қызы екенін білмейтін), ол саған тоқал бола қояр ма екен? Өзі жас, Дәуің біржола таразының Нұрия тұрған басын басып кетпесіне кім кепіл. Ал енді күлге аунап тауық боласың ба, әлде түнде келіп күлге қонған жын боласың ба, еркін. Маған десен өле кет. Күлді сонша бұрқыратқаны несі-ей! Отыр ғой, әне Құлқаш. Үш қатынның үстіне төртінші болып баруға да келісім беріп. Ал өле кет енді... – Дәмет бұл сөздерді өтірік болса да шынымен ашуланып айтты. Өйткені Дәрітайдың бір сөзге келмей күлге жалп ете түсіп, төңіректі бұрқыратып жібергеніне ыза болмауға мүмкін емес еді. Дәрітай қанын ішіне тартып сәл отырды да, екі көзіне ерікті беріп-ақ жібергені. Бұл қай қазақ әйелінің болса да қолынан келер сол кездегі белді қаруы еді. Жыласа кімнің аузы қисаймайды дегендей Дәрітайдың бет-аузын жас жауып, аузының қиоы қашып, беті жаңағы қаны сыртына теуіп тұрған әдемілігінен айрылып қалды. Екі әйел міз бақпады. Мен ішім бүлкілдеп мынаны босқа жылатқанымыз-ай деп отырмын. Әлден уақытта үнсіздікті Дәрітайдың өзі бұзды.

– Қайтем, Дәуім аман болсын, екі қатынның бірі болып-ақ күн көрермін, – демесі бар ма. Біз еріксіз күліп жібердік. Сонан соң барып біздікінің қалжың екенін біліп, оның аппақ беттерінің үші қызарып кетті. «Құрғыр шешек» деп мені бір қойып қалды. Жаны тыныш тауып жүгіріп үйіне кетті.

Күннің бір шеті Суықтөбені басып, ұясына отыра бастады. Ошақ басы қоңыр көлеңке тартты. Қазанда жылқының сырбазының исі шықты. Жерошақта от маздамай жылтылдап қана көрінеді. Кеш түсіп салқын тартқандықтан ба, қазанның буы бұрқырап, қазаққа ғана белгілі әдемі иісті әлдеқайда әкетіп жатыр. Екі әйел қазанды араластырып, түбінен кішкентай қара тас байлап салған қой өкпесін көп еттің ішінен зорға тауып алды. Қолқасы сылынбаған өкпені әйелдер пышақпен шабақтап, қазанға қайта салды. Інім білуші ме едің, өкпе қазанға салғанда суға батпайды да, піспей қалады. Оның үстіне ішіне су кірмейді де, шикі қалады. Қазақтар сондықтан да оған тас байлап салады. Арасын пышақпен су баруы үшін шабақтап қайта тастайды.

– Әлгі Аман байқұс басқа ет құрып қалғандай осы өкпені тәуір көруші еді. Соған бола салып едім, – деді Дәмет Рәбиғаға.

– Ол әлі көрінбейді ғой, – деді Рәбиға отқа қызған екі беті албырап. – Жаңағы қазыны түсіріп қойдың ба? Өкпені жеп үлгіре ме? Нұрия кетеді, бүгін. Сенен несін жасырамыз. – Жүрегім қабынан шығып кете жаздады. Қайда, кіммен кетпек? Әрине Аманмен болды дағы. Мен Рәбиғадан жауап сұрап үлгіре алмадым. Нақ осы жерге Нұрияның өзі жетіп келді. Күндегі киімі. Тек түрінде кішкене кобалжу бар. Мен үнсізбін. Ол менен іркілместен екі әйелмен жылап қоштасты.

– Топырақтан тысқары болсақ көрісерміз. Байдың қатыны болып адуын сөйлеп көрген жерім жоқ сияқты. Адуын сөзді абысын кешірсін,

ақымақтығымды ағайын кешсін. Ерден де, елден де кетіп барамын. Біз де бір ебелек, қонарын сай, ұшарын жел білген. Барар жер, басар тау бізде жоқ. Нақ тәуекел! Мақсатымыз айқын, бетіміз белгісіз. Жалдауат кетіпті дерсіздер. Издеудің беті өзге болсын да. Қош бол, сары жеңеше, қош бол апа, тентек апама айта алмай барамын. (Сәлиман шешемді айтқаны). Сәлем айтыңыздар. Осы босағадан жапа шеклесем, разы болған, раушан тартқан, рахат шеккен күнім жоқ. Апам өзі жақсы білуші еді. Бірақ айтуға батпадым. Ел ішінде, ашты-тоқты бірге көріп жүрер ме едім. Қайтейін... – Нұрияның иегі-иегіне тимей кетті. Қазан құлағында отырған екі қатын да егіл-тегіл. Дәмет егіліп жүріп қазаннан өкпені суырып алды да, оны сілкіп-сілкіп қалды. Суытқаны.

– Мынау Аманның тәуір көретін асы еді. Осыны салдым, – деп ол ат дорбадағы буманың үстіне тастап жіберді. – Жолдарың болсын, ойбай-ау Аманмен қоштаспай қалдық па?! Қош есен бол! – Дәмет пен Рәбиға жеңдерінің ұшымен көздерін сүртті. Апақ-сапақтағы ошақ басындағы қоштасу осымен бітті. Мен не істерімді білмей тұрғанда Нұрия мені өзі құшақтай алып, солқ-солқ жылады. Ол мені бауырына басып жібермеді. Мен қысылған жоқпын. Ішімнен қимау тұрғаныммен сыр білдірмеуге тырыстым.

–Жүр анау жерге дейін мені шығарып салшы, – деді ол маған қиыла.

Ымырт жабылып барады. Қараңғылық қара орамалын барған сайын жая түсті. Ерте туатын жұлдыздар сығырая бастады. Кешкі қой келіп, қозы жамырап ауыл ию-қию. Барқылдап ұрсып жүрген бай ауылдың балпаң қатындары. Бір күн жамыраған қозыға бола ауылды дүрліктірді. Шынында әдейі ауылды әбігер жасау үшін қойды қоспай тұрып, қозыны жамыратқан. Әлдеқалай қысырақтың үйірі кеш алдында ауылға беттеп келген екен, желі басындағы кексе айғыр оның келуін жер тарпып қарсы алды. Кексе айғырға беріспей бесті айғыр ауылды айнала шапты. Біресе тіктесіп, біресе тістесіп, тебісіп, шабысып жүрген екі жануар мойнын жерге салып биелерді кезек-кезек қуып, жылқы шұрқырап, желі басын шаң-шұң қылды. Екі айғырдың таласын тамашалаған бала-шаға, үлкенді-кішілі адамдар дүниедегі басқа қызықтың бәрін ұмытып, қас қарайғанша желі басының у-дуында. Қас қылғандай кеше асқа сойылған қызыл өгіздің қаны көмілмей қалған екен, соған мына көршілес Екей аулының зор ала бұқасы бас болып өкірісіп, ауылды азан-қазан қылды. Оған жан-жақтан тана-торпақ атой салып, көзі алара өңкілдесті. Осынша әбігерліктің бәрі қазақ аулында күнде кездесе беретінімен бүгін қолдан әдейі істелгені кейін белгілі болды. Оның үстіне анау қырық найзалы үйдің бір келте танау қара баласы Жаубай үйінің жанында тұрып «күри-күри» деп екі айтып еді, тұзсыраған, таудың тұщы шөбіне тұншыққан қалың қой жамыраған қозысын ертіп, барылдай маңырасып осылай қарай тартты. Бұл арасы арқан керерліктей жақын тігілген Жаубай, Даубайдың

үйі жанында тұз болғандықтан қойлар ащылап туырлықты жалмай бастады. Енді үйді басқан қаптаған қалың қойды айдап, сейілтуден біраз адам шұғылданып жатты. Тұзға дәнiккен қойды қуып шығу тым оңай емес еді.

Кім екенін адам біліп болмайды, үлкен алатөбеттің мойнына кірлен байлап, Азбан үйінің сары төбетінің құйрығына жіп байлап оны ала төбет құйрығына түйген. Екі ит екі жаққа тартып, ақыры таласқанда қазақ ауылындағы ит атаулының бәрі дай-дай, жақ-жақ болып керіл-десті де кетті. Таласқан итті көрсе жыны келетін зеңгібаның біразы басы көрші ауылдың ала бұқасы иттер таласқан Даубай үйіне қарай өкіріп-бақырып атой салып берсін. Үлкен сиырлар итті қуаласа, қашқан тана-торпақты тірсектен ит алып, өкіртіп-бақыртып жүр. Кірлен байлаған ала төбетті Жаубай аулының біраз иті түріп тастамақ болып қуып берді. Көп иттен қорлық көрген ала төбет желі басындағы айғыр таласын тамашалаған адамдарға тығылмақ еді. Тасқа қаңғырлап соғылған кірлен даусынан желідегі жылқы қасқыр тигендей шұрқырап, быт-шыт. Желі үзіліп, жылқы дүркіреп үрікті. Ала төбетті «кет-кет» деген дауыстар айғайға аттан қосты. Не болып жатқанын адам білмей, даңғаз болып кетті.

– Ой шырағым, – деді Шұнақ шал, – сол ескі ауылдың сол бір кештегі суреті көз алдымнан күні бүгінге дейін бір кетіп көрген жоқ-ты. Нұрия менің мойнымнан құшақтаған бойы сайға қарай жүрді. Баяғы Аман екеуі тұратын жартастың түбіне келдік. Ол енді жаңағыдай емес, мойнымнан қатты қысып, бетімнен сүйді. Даусын шығарып жылады:

– Осылай етпеске амалым нешік. Сені қимамаймын, әйтседе осыдан өзге қайран жоқ. Мені кіналама, жаным. Саған айтар менде тұрақ жоқ, «бөдененің үйі жоқ, қайда барса бытпылдык» біз болдық. Аманның қай бір жал-құйрығы күлтелі, төрт құбыласы сай адам. Туған-туыстан мақрұм. Әйтеуір нар тәуекелмен кетіп барамыз. Екі қолға бір бейнет, күрекке коқыс табылар дестік. Ал ол байқұс менімен тозаққа баруға да дайын. Өне, ол да келеді. Сен туралы оның пікірі бұрынғыша. Анау ат жетектеп сайға түскен сол. Сені жақсы көреді. Жолдас болуға, көш тартуға жарамдың. Оны жастығына сайдым. Іні болу қолыңнан келер. Мен сені қайда жүрсем де ұмытпаймын. Ер жетіп, өз қолың өз аузыңа жеткен кезде мені есіңе аларсың. Сүйгенім де, сүйенгенім де, жаныма медеу, көңіліме демеу еткенім де сен едің. Сен әлі ақылың басқадан аса тұрып, жол тауып кете алмадың. Мүмкін мені үлкен санаған шығарсың, кісіге «кіші шешен бе?» дегізгің келмеген шығар. Мен сені айыптамаймын. Аз болса да бір уақыт өзіңмен көңілімді көтердім. Осы жарық дүниедегі көрген қызығым сол бір жыл деп өтермін. Сенімен өткен сол жылымды бар өміріме азық етермін. Сен қашанда жанымның түкпірінде жатарсың. Қимамаймын сені, қимағанмен амалым не. Көңілім кежір, жолым бұдыр, алдым бұлдыр. Бұлдырдан үміт іздеп барамын. Одан тұлдыр табам ба, әлде осылай қаңғып, қақсап-жылап өтемін бе

оны білмеймін. Аманды сүйгендіктен кетіп бара жатқан жоқпын. Бірақ су құйған қарындай «жыртықты» құшқаннан тәуір ғой. Қай қазақтың қызы сүйгеніне қосылып жатыр. Дегенмен осы батылдығы, маған деген ақ тілеу, адал көңілі үшін Аманды сыйлап, кішілік істеп өтермін. Құлдық ұрар, көңілім түскен қалауым сен едің, сен әлі солқылдақ шыбықсың. Қатая алмадың. Мен оныға өкпелемеймін. Қайда жүрсем де құлағымды сенің амандығыңа қадармын. Аман бол, жаным. Заман түзелер болса, әлде көрісерміз, – деп Нұрия ышқынып-ышқынып жылады.

Шұнақ әңгімені тауыспай тұрып көз жасын іркіп алды.

– Сен нағып дайын тұрған көз жас деме, шырағым. Жас ұлғаяр, заман өтер, көрік көне тартар, шаш күзгі селеудей селдірер. Сонда адам өткенінің бәрін жас шығара, жаси отыра еске алар. Ол бір менің басымда емес, бар кәрінің көрген күні. Нұрия менен айрылар емес, қатып қалды. Тазы алып ұрған қоян көжегінің бүйірінше өкпесі солқ-солқ етеді. Ол өстіп тұрғанда Аман да келді. Оның қоңырқай өңі қарауытып кетіпті. Жүзінен қуаныштың да, абыржудың да ізі бар. Қуанышы – әйел алып, бас қусырып, үйлі болуы, абыржуы – алдағы беймәлім беталысы, байлаусыз-матаусыз ұзын сонар беймаза күндер. Егер қаңбақтың қонарын сай білсе, мұның алдында сай да, қыр да белгісіз. Құлап түсер апан да, шауып қабар қақпан да құрулы тұрса керек-ті. Белгілі нәрсе – үміт. Боранды күнгі әлсіз, далаға жаққан оттай лып сөнетін бірдеме жылтырағандай. Ол үміттің бір ішек әккі түлкідей бұлаң етіп алдап кетері, әлде жүрер жолын, өтер өткелін самаладай жарық етіп тұрарын кім болжап білмек. Бұл да нар тәуекел. Нұрия екеуінің бір тәуекел, өлсе бір шұңқырда, тірі болса бір төбеде болу. Нұрия Аман келгенде де мені жібермей, құшақтаған қалпында тұрды. Аман оған көңіл аудармағандай. Жартастың түбінен қазан қақпағындай жалпақ қара тасты аударып тастады. Астынан екі басы тықшия толған қызыл шұбар қоржынды өзі мініп келген белгілі жүйрік қайқы күреңге салды, қанжығасымен мықтап буды. Қоржын үстіне әлдеқандай түйежүн шекпенді ішіне барқыт шапан орап бөктерді. Желі басында қашаған қуатын, үнемі жылдамдығынан құлындамай жүретін жарау жорға шұбар биені ерттеп, оның артына да қоржын салды. Жаңа Нұрия екеуіміз әкелген атдорбаны құранды ердің басына ілді де, алдыңғы жағынан шеттікке байлады. Екі аттың ер-тұрманына қарап ешкім де бұларды қашқын демес еді. Әйелін төркіндете бара жатқан біреу демей тұра алмас еді. Күміс құйысқан, күмістеген өмілдірік, түюлі нокта, нақышын өзінен шығарған былғары тоқым бәрі тек төркіндеп бара жатқан бай әйелінің бейнесіне, соның дүние-мүлкіне лайық. Бәрін бітірген соң Аман Нұрияға тіл қатты:

– Ал әзір болдық. Баратын жерден басқаның бәрі даяр. – Нұрия менімен қайта қоштасты. Бетімнен сүйді. Мен неге екенін қайдам, өзімді одан кіші сезіндім. Аман оны сүйеп шұбар биеге мінгізді. Аман менімен төстесіп қоштасты:

– Уақыт осылай, тәуекелге міндік, інім. Қош аман бол! – Ол жылауға жақын тұрды. Бірақ Нұрияға білдіргісі келмеді ме, кірпігін қақпай жасын көзіне қайта жұтқызды. Апақ-сапақта «әуп» деп қайқы күреңге қарғып мінді. Екеуі ат үстінен маған қайта қол берді де, беймәлім сапардың, азапты да, қызықты да жолына аттанып кетті. Олар нақ бағана екеуіміз жүріп келген жота жолға түскенде қас қарайып, ымырт жабылып еді. Олардың кеткен ізіне қарап тұрып, осы жолға өзім де қызықтым. Аман орнында кетпегеніме өкіндім. Енді ғана Нұрияның кеткенін білгендей өксіп-өксіп алдым. Сүлесок ауылға қайттым. Алатау бәріне куә болып қала берді. Иә, Алатау бәріне куә. Бұл көз жас – іреніш, көп күлкі – қуаныш оған жаңалық емес. Өлімге, өмірге таңданбайтын, таңдай қақпайтын көп жасап, көпті көрген қарттай Алатау елен етпей қала берді. Паң Алатау былқ етер емес.

Мен келгенде Дәмет пен Рәбиға жанында зіркілдеп Жаубайдың екінші қатыны Түңке тұр. Бағанағыдай емес, арыны басылыпты. Көмейі бостау сияқты, көз қылып тұрғандай. Ол екеуі үнсіз, еттің нанын салып жатыр. Түңке ұрсып тұр деп қиналған, абыржыған әйелді көрмедім. Ошақ басында көп аялдамай Жаубай үйіне тарттым. Үйге қалай кірердің есебін таппай тұр едім, қолға су құй деген Дәуқара даусы өктем шықты. Жылы су құйылған шәугімді алып үйге зып бердім. Қасқа мен жайсаң қаптап отыр. Жаубайдың жақын-жуықтары. Жаубай оң жақта. Екі қазаннан түсірілген әдемілеп айтсақ екі көтен ішек те оның алдына қойылды. Ол екеуінен де бір-бір кесіп жеп басқаларға бөліп берді. Кешке дейін ас тамағын жеп әбден тояттағандар етке көп сұғынған жоқ, тез аяқтады. Кебеже қарын, кең құрсаққа сыймаған байлар сарқыты – майлы көтен ішек, тақия төбе қақпаршақ, күріш егісінің аңызындай қат-қат, тор көзді жұмыршақ, айналдырған әлденеше ұлтабар, жөргем-жөргем аш ішек бәрі кедей ауылдың үрпек бас сарыларының екі-үш күндік ырзығына айналды. Біреудің сары бауыр уәйім-қайғысы біреуге тойым. Не болар екен деп мен жүрмін.

Төрде отырған молда жесірлерді шақыртты. Даубайдың бәйбішесі теңселіп, кимешегінің оң жақ жағын сыртынан тартқан ақ шаршымен көлегейледі. Ұялғаны ма, әлде ұялшақ болып көріну ме, әйтеуір біреуі. Ол үлкен сегіз қанат үйдің оң жағындағы босағаға дүмін төсей бір тізерлеп отырды. Төрдегі молда төменнен көзін алып, кәдімгі оның сөзін арнап отырған адамы жабыққа әлде жапсарға кіріп кеткендей-ақ, жаман сары кідік тартқан көзін жесірге салмай, ораулы қаптап жасаған киіз есікке қарап сөйледі:

– Даубай дүниеден қайтты, құдай уақтысы. Құдай ісінің бұрыстығы жоқ деген. Жыл өтті, не ойың бар шырағым, – деп тынды. Даубай қатыны Құлқаш көзін басып, пысың-пысың етті де:

– Ерден кетсе де, елден кетпейді деген. Сіздердің ұйғарғандарыңыз болсын, – деп тағы шаршыны көзіне төседі. Сонымен бәйбішенің некесі Жаубайға қиылды. Тез бітті. Құлқаш Жаубайдың қатыны болды.

Әттең номерлейтін ол кезде ЗАГС жоқ, әйтпесе төртінші қатын деп тіркелер еді. Сонан соң Нұрия шақырылды. Жүрегім аттай тулады. Даладан дауыстаған дыбыс шықты. Даубай үйіне қатындар әлденеше рет барып таппады. Аққатын жұмсалды. Ол ұзақ жүріп «жоқ» деп қайтты. Үйдегілер біртіндеп шығып, бәрі іздеуші-жоқшыға айналды. Ауыл-үйдің бәрі тінтілді. Из-тозы жоқ. Жаубай ауылдағы еркектерді түгендетті. Күн бата өріске жылқы шығара кеткен Аманнан басқа еркек атаулы түгел. Ақыры бай ауылдың берекесі қашып, неке жайына қалды. Түнделетіп Нұрияның төркініне адам шапты. Таңертең жоқшы қайтып оралды. Онда да болмады. Ертеніне көрші ауылдың қой күзетушілері екі атты адам Тоқпақ жолына түсіп Қырғыз асып бара жатқанын көріпті деген хабар дүңк-дүңк естілді. Шіп-шикі өтірік екенін өзіміз біліп отырдық. Сол күні-ақ о жаққа да қуғыншы жіберілгенін Аққатын айтып жүрді. Нұрия ескі ауылдың етекбастылығын бұзған Алатау өңіріндегі тұңғыш әйел болды. Бұған дейін Семейден Құнанбай ауылының бір әйелі қамшысынан қан сорғалаған тобықты тентектерінің шеңгелінен шығып, Жетісу босағасын аттағанын, оның қасқарау Ноғайбайға келгені ғана мәлім еді. Енді Жаубай ауылының бар еркегін еркектей көрмей, жерге қаратып, жалғыз басты, салт атты, сабау қамшылы кедеймен Нұрия қашты. «Ой сұмдық-ай, о заманнан бұ заман жесір қашты дегенді кім естіпті, заман өзгереді екен» деп кәриялар жағасын ұстасты. Кеше ғана жесірін жіберіп, салт бұзған Арғын атаулыны ел емес, намысы жоқ деп әжуалаған Жаубайдың өлмегені қара жер болды. Жаубай бірнеше күн үйінен шықпай жатып алды. Намыс байды арты күйген күшікке айналдырды. «Ерден кетсе де елден кетпейді» деп жесірді байлап қоятын ғасырлар тепкініне бой бермей келген шынжыр бұғау Алатау өңірінде тұңғыш рет осылай шарт кетіп, үзілді.

* * *

Шұнақ шал сонау аспан әлемінде жүзіп бара жатқан піл суретті ақ бұлтқа қарап телміріп қалды. Сол бір ноқатқа қараудың аяғы салы қымыз ұсынған ұйқымен ұласып, ол қалғып кетті. Мен де маужырадым...

Көзімді қайта ашып алғанымызда күн түске таяныпты. Екі ат оттауын қойып, әдейі мағастырып қойғандай бірінің құймышағын бірі тістелеп қасынысып тұр. Ұйқысын ашқан Шұнақ шал майлы торсықты сыртынан ұстап шайқап-шайқап жіберіп тостағанға қымыз құйды. Тоңазыған еттен аузына қарпыта асап біреу асықтырып тұрғандай абыл-ғұпыл шайнап, түйіле-қабына жұтты. Ол әңгімені жалғастырғысы келіп отырғаны белгілі еді. Сол қолымен бар сыңар құлағының түбін ол бір қасып қойып сөзге ойысып кетті.

– Аман мен Нұрия хабарсыз кетті. Үш-төрт жылда олар туралы үш-төрт ауыз сөз естілмеді. Дүниеде олардың болғанын бар ауыл ұмытты.

Тек қойшы-қолаң жиналғанда ғана Аманды еске алады. Нұрия есіме түсіп менің ішім бұлк-бұлк етеді. Бұрынғыдай емес жас келіп, бұғанам қатып, буыным бекіді. Кедейлігім болмаса жігіт сияқтымын. Қалың беріп қатын алар заман. Айдап берер мал, санап берер ақша менде жоқ. Қу тіземді құшақтап жүре бердім. Кәсібім Жаубайдың малын бағу. Әрине қайсысын алдыма салса, соны айдап жөнелемін. Тамағым аш болған емес. Бекер обалы не, Жаубайдың тамаққа иттігі жоқ болатын. Жалпы байды жамандағанның жайы солай деп «олар күбіден көже құйып ішсең ұрсатын» дей беру орынсыз ғой. Ал шынына келсек, ішінде қазан түбінде шеміршек қалды дейтін бірлі-жарымдысы ғана болмаса, қазақ байлары тамаққа қытымырлық жасай бермейтін. Тіпті солай еді деп қазақ мінез-құлқын білетін кісіні де сендіру қиын. Өйткені бұл жай байлардың жалпы берегендігінен, жомарттығынан болмаса керек-ті. Тұрмысына, экономикасына, салтына байланысты қазақта тегін тамақ, тегін төсек, қонақ болу жазылмаған заң. Бұрын үйге келген адамға тамақ бермеу, қондырмау деген атымен болмайтын. Егер ондайлар бола қалса, одан айып алынатын. Және пәлен үйіне қондырмапты деген сөз сүйекке таңба болып есептелетін. Сондықтан да емес пе, шырақ, кетіп бара жатқан жолаушыны қазақ «ей шырағым, сусын іше кет» деп өзі шақырып тамақтандырады. Оның үстіне бір де бір өзін қазақ санайтын еркек тамаққа, қазан-аяққа араласпайтын. Кімге тамақ беру, кімді тойындыру әйелдің ісі деп саналатын. Бай үйінің асы-суы, айран-сүті екінші бір қараша үйде, кедей-кепшіктің үйінде болатын. Оның қаншасын ішу, қаншасын жеу көбіне-ақ кедейдің өз қолында еді. Моральдық жағынан, киімнен жүдемесе кедей тамақтан тарықты деу көпе-көрінеу жала болады. Демек тамағы жарымады дегенді байқап айту керек. Рас байлардың көбі-ақ қарауындағы жалшысына мал беруді жөн көрмейтін. Ондағысы ағайын ағарып алдыма түспесін деген іштарлығы, өзіне өзі келсе, өз алдына мал малданып, жан жанданса, менің керегім болмай қалады, одан да кіріптар болып, кішілік етіп тұрсын дегені еді. Шынында да кедей байқұстар момындықпен ақысын даулап ала алмай, байға жалпаң, батырға қошаметпен сүйретіліп жүре беретін. Оның үстіне кейбір қаныпезер, бірлі-жарымды жауыздары болмаса қазақ байының көбі-ақ ағайын «қарайып соңымда қалмасын» дегенді қатты ұстанатын. Есігіңнің алдындағы итің жаман десе, адамның намысы келеді. Ал жалшың жаман деген қайбір келісімді естілсін. Олардың да жақсы ат мініп топқа баруы көзделмей қалмайтын. Ең ақыры жалшы шабандоз болып, көкпар алып кетсе, оның атағы сол байға келетінін байлар да жақсы білетін. Бұл қазіргі біздің адамдарымыздың спортқа қызығуы емес, одан гөрі тереңірек. Мысалы осы кездері үлкен адамдардың спорт үшін қызыл кеңірдек болып, соның намысын қатты жырғатынын байқау қиын емес. Ал бұрынғы кезде бай жалшысының көбі соның өзінің жоқ-жітік ағайындары, туыскандары болушы еді. Алыстан келіп жалданатындар мыңнан бір саналатын. Сондықтан түбі бірге

болғандықтан кейде оның өзіндей бай болуын, балпиуын қаламаса да, қалың шаңның ішінде қарайып жүргенін байлар жек көрмейтін. Әсіресе жалшының басқа бір бай есігіне жалдануын олар қатты намыс тұтатын. Тағы бір шындық мынадай: малдың көптігінен ит басына іркіт төгіліп жатқанын айтпағанда, он үшінші жылы Қазақстанда төрт миллион екі жүз отыз төрт мың жылқы болған. Бұл есептегісі. Ал қазақ әлі күнге дейін екі қойының бірін жазғызатынын өзін білесің. Ақ сүйек болып мал қырылып қалғанда болмаса қазақ тамақтан тарыққан жоқ. «Қасқыр мен малшыдан қалғаны біздікі» дейтін талай салдықпен, серілікпен жүретін адамдардың болғанын да ұмытпау керек. Егер бүгінгі заманның ең көрнекті киімі теріден жасалатын болса, киім туралы да қандай сөз болмақ? Қазіргідей әдемі тігілмеген болар. Бірақ мал терісін жамылған қазақ жаурады дегенге де сенгім келмейді. Ішкі киімдер болса, ол алыс базардан әкелінетін болғандықтан шынымен кедей иығына ол жаңа күйінде тимейді. Қазақ өмірінің қайшылығы мүлдем басқа да еді. Байлар кедей туысқандарын кіріптар етіп, бір жағынан «туысқаным» деп қойып қанын теспей сорды. Оны көркезді, көкірегі бітеу жалшының аңғаруы оңай емес еді. Міне, шырақ, осы жағынан алып қарағанда бұл өзіндік экономикалық, әлеуметтік ішкі талас-тартысы бар, сырт көздің түсінуі қиын қайшылықтар болатын. Егер бұрынырақ біреулер қазақта тап жоқ, болған емес деп таласса, қателесе, осы бір туысқандық мәселені шатыстырып алған болса керек. Әйтпесе тап неге болмасын. «Ойда өгіз өлсе, қырда бұғының мүйізі сырқырайды» дегендей бір байдың қойшысы қожасынан таяқ жесе, соған талай қойшы-ақ кіжініп, кектеніп жүргенін өз көзіммен көрдім. Бұл таптың болғандығының айқын сипаты емес пе? Бірақ өтірік айтудың керегі жоқ. Бірде бір бай, бірде бір қазақ адам өлтіруге жол берген жоқ. Өлімге ешкімді қиған жоқ. Бұл тарихи жай. Қылмысы ауырын етегін кесіп елден шығарды. Жаман кетті, бірақ аман кетті. Өзін білерсіңшырағым, Мұқтар жазатын Қараш-қараш оқиғасы неге сонша қатты естіледі? Өйткені жаныс Саймасай болысты Рысқұлдың өлтіруі бүкіл қазақ өңірінде бұрын болмаған оқиға еді. Өкпелесу бар да, өштесу бар да, өлтіру жоқ еді, кекесін, кекеу, кеміту бар да, кетіру жоқ еді. Міне сондықтан да екі Дулаттың – Шымыр-Дулаттың Жаныс-Дулатты атуы, яғни ресми түрдегі соғыссыз, барымтасыз қазақтың қазақты өлтіруі бұрын болмаған жай еді. Ал бұл бұрын қазақ қазақты өлтірмеп еді деген ұғым бермейді. Өйткені сайланып ұрысқа шығу, барымталасу, ру таласы кезінде өлісу ол талай болса керек-ті. Бірақ ол мына өлтірумен тең бола алмайды. «Ант ұрған ағы құрсын Абай деген... қасқырдай өз күшігін қалай жеген» деу де қазақта бірін-бірі жаманшылыққа қия бермеуден туып отыр. Сондықтан да Жігітек бағланының сотты болып кетуі ел намысына көлеңке түсірер еді. Ол жеңер ақынға айтуға дәп келген. Сара сол арқылы Біржанды кемітпек, қайткенде де сөзден ұтып шықпақ.

Соңғы үш жылда мен жылқыға шыққанмын. Ауыл арасы, жаяу өсек, қаңқу-шаншу сөздер «сен енді жылқы бақтың, Жаубайдың Аққатынын әкетерсің» деседі. Бірақ жасы алшақ Аққатында шаруам не? Менің өз көздеген нысанам бар. Қай кезде де бай қатынына, әсіресе осы ақ тоқала іштей қаным қатып жүремін. Оның себебі де Нұрия. Соны Аманмен аттандырғандардың басы-қасында ол бар. Егер жүрегім дауап Жаубайға айта алсам деп те оқталып қоямын. Бірақ «бөрік кигеннің намысы» жібермейді. Аман сияқты кедейдің – барлық жарлы-жақыбайдың мүддесін өзімнің күншілдік, күйкі күнім үшін сатып жіберсем не болғаны. Мен айтты деп Жаубай тоқалын өлтіріп тастамас. Мықтағанда қан-жоса қылып бір сабар да қояр. (Егер ол қолынан келсе). Сонда өз төңірегіндегілердің бетіне қалай қараймын. Ішіннен бүлінгенше бәрін бүлдіріп тындыр деген бір сайтан кейде ішімнен түрткілеп қояды. Онда із-тозсыз жоғалған Аман мен Нұрияның артына да адам түседі. Ол жолға тіпті мені жұмсауы да мүмкін. Оның үстіне ақ тоқал кейінгі кездері ылғи жалшылардың лашығында жүреді. Солармен ымы-жымы бір. Күндесін жертабандатқаны былай тұрсын, ашық айтпағанымен емеурінімен Жаубайды да жетістірмейді. Қойшы-қолаңмен қосыла жерлеседі. Өңкей қоңыр төбел киімнің ішінде аквариумдағы алтын балықтай болып ерекше көзге түседі. Тоқал оқалы камзол, қос етек жібек көйлектер әлденешеу бола тұрып, оны иығына ілмей есіктегі ебейдің киімін кісе де көрінісі өзгеше. Жұрқа жапсырып қойсаң да туысы бөлек. Бір қарағанда танадай көз есіңнен тандырады. Ол бізге араласып отырғанда тұтана алмай жатқан оттағы су, шала бықсыған отын ішінен көтерілген жалындай лаулап көрінеді. Барлық кедей-кепшік соның қызуына жылынып, қуатынан нәр алып отырғандай болады. Ол бұл ортаға сопа басы келмейді. Есіктегі қатындардың біріне мес арқалатып, тегешке толтыртып бауырсақ, құрт-май көтере келеді. Содан мал өрісте, жайлауға жаңа қонған кездегі тіршілік атаулының жаңбырлы күні үні шықпай қалатын шегіртке, шілдеқоңыздың тынғанындай саябырситын шағында бір кедейдің үйіне дастарқанды жайғызып, қымыз құйғызып, әңгімеге жоқтан өзгені арқау етіп отырар еді. Бір қызығы Сәлиман шешем Нұрия аттанғалы бері ақ тоқалға кежір сөйлеуді қойып, жұрт біле бермейтін оның Инжір дейтін атын айтатын болды.

Ел тегіс тауға қонып болған кез. Бұл кезде Жаубай туыстарын жағалап, өз елінің жайлауы Қарашаға көшіп қонған. Пішен піспеген, шөптің солқылдап тұрған, әлі жайлаудағы елге қой сауудан басқа таукімет артылмаған балауса шақ. Желіге жаңа байланған құлындар ноктаға көне алмай, торс-торс жығылып жатады. Көк жайлауға енбеген шөгежегі майысқан мама биелер сағат жарымда-ақ желіні дертіп сауыны келеді. Ермегіміз асау үйрету. Ойымда әрнәрсе бар. Асау қыздарды да үйретсем деймін. Бірақ кедейдің байлар айтатын «кер» аузына майлы балық қайда, шолпының сылдыраған дауысын есітем, жарқыраған жүзін көрем. «Көзің көрсін, қолың ұстамасын». Арман күш. Ішім қайнап,

арсыз көңіл көрінгенге көз салып жүрген, жігіттік обырлық. Ішінде алау түсіп бара жатқандай. Кейде қарап отырып айқайлағың келеді. Сөйтпін ішінді ортайтқың бар. Әйтпесе толып бара жатқандай. Беймаза көңіл әлденеден жел алып, өзінен өзі құтырынады. Қыста жараған бура екі ай бойы аузына сынық шөп салмай тұрғанда айтады екен: «ашты-тоқты білдірмеген бұтқа біткен екі без...» деп. Сол айтқандай кедейлік, жетімдікті, жалшылықты естен шығарып есерлендіріп тұрған сол шешегі шеруен атқан жастық, албырттық. Қайда ұрынарыңды білмейсің. Өзімнен басқа да біреу бар деп елді көзіңе ілмейсің. Екі көз аспанда, көңіл көкте. Өзіңді Алатаудан да биік ұстайсың.

Асқақ Алатаудың қай қобысы, қай төбесі болса да жаныңа жайлау. Қарашаның сол қанатында Көктепсең деген әдемі, мың қойды мың күн жайлатсаң мың етпейтін, күнде көктеп, күнде шиендеп жататын көк қаптал бар. Бүгін қой жатып тақыр тартқан жерді ертең көк жасын басады. Көктепсеңде көк ауыл. Ауыл жанындағы төбеге шығып, бауырымды жұмсақ шымға төсеп етпеттеп жаттым. Сәскеде желі басындағы жылқыны жиыстырып, көптен көзім тесіп жүрген Тарланкөк деген бестіні үйретпек болдым. Осының алдында ғана үйреткен сал торыны бай баласы Таубай тартып алған. Таубай сұрағанда сал торыны бермей қойып едім. Ол әкесіне айтпапты. Жаубайдың да өзіндік қулығы, сұмдығы бар адам, сал торыны Таубайға берсін демеді. «Маған сал торыны ерттеп әкелсін, мінемін» депті. Бірақ алғызуын ол алғызғанмен мінуін Таубай мінді. Бұл тартып алудың бір әдемі, сыпайы түрі еді. Сал торының жорғасы болғанмен тарлан көктей сұлу емес-ті. Бұрын басы бай ұлы болып тарланкөкті үйретуге талай үміттеніп, біресе бұғалықты, біресе құрықты алып кетіп әбден шатақ болған. Бір күні дәнкеуде бай-баласы желі басындағы құрықты ала салып тарланкөкке салды. Жүген-құрық тимеген шу асау Таубай қолын сілкіп тастап құрықты алып кеп кетсін. Тарланкөк сүріне-қабына ауылды айнала шапты. Мен әлдебір көңілім болмай жота басында жалғыз, ойдағы ауылға бейжай қарап отыр едім. Көңілімнің жайлауынан ел көшіп, құлазып, жалғызсырап жүрген кезім болатын. Ондай кезде оңаша отырып, біраз мұңайып, өшімді еркін жұтып оттегінен алып отырар едім. Тарланкөк шетен құрықты сүйреткен қалпымен шапқылап жүр. Жолындағыға қарар емес. Әсіресе аяғына құрықтың сүйретілген сабы тигенде одан сайын безеді. Тепкілейді. Бірақ құрықтың қыл қосып шыжымдап өрген қара ала бауы мойыннан түспейді. Содан тарланкөк қайта оралып шауып, желі басындағы биелер үркіп, желі үзіліп, шақ-шәлекей болды. Таубай айқайлап мені шақырды. Мен бармай қойдым. Өйткені содан төрт-бес күн бұрын мен үйреткен сал торыны аламын дегенде екеуіміз егесіп қалғанбыз. Мен әбден бүлінсін деп етпедім. «Ескі жұрттың қадірі көшкенде өтер, ер жігіттің қадірі өлгенде өтер» дегізбекші болдым. Тарланкөк сүйреткен құрық бейбіт жылқының аяғын соғып, жылқы қасқыр тигендей шұрқырап, шаң-шұң. Тапжылмадым. Шапанын жел-

бегей жамылып, не болып жатыр дегендей үйінен Жаубай шықты. Ол баласының парықсыз, қолапайсыз туғанына намыстанғандай жылан көзін көлегейлеп, күн шығып тұрған жақтағы желіге қарады. Таубай желі басында үнемі ерттеулі тұратын, қашаған қуатын қысыр торытөбел басына міне салып, асауға бұғалық тастамақ болды. Арқанның ұшын бұғалықтап, желі басын біраз бүлдіріп, жылқыдан шыға шауып жөнелген тарланкөкті қуып берді. Байдың бір-ер алақөтен туысқандары қарап тұр еді. Соның бірі Азбан:

– Бастырт, әкеңнің.. Көрсін бай ұлының кім екенін, – деп шаңқылдады. Кеңк-кеңк күлген болады. Шамасы менің төбе басынан түспей қойғаныма кіді туған бай тұқым кекек жеген жылқыдай кекірейіп қалса керек. Олардың қолынан ештеме келмейтінін білдім. Жалы тікелей асаудың құлағынан қасқырша басып тапжылтпайтын Қойлыбай дейтін қойшы болатын. Әкесі байқұс үлкен үмітпен оның атын бай болсын деп, тіпті бай болғанда шатастырып алар дегендей түлігін де белгілеп берген екен. Бірақ әзірге оның еншісіне тигені – біреудің малын бағу. Қойлыбай өрісте болғандықтан бор кемік, сал сүйек байлардың қолынан құрықты алуға асықпадым.

Торы төбелге мінген Таубай ат үстінде он екі құлаш қарала арқанды ілмектеді. Сонан тебініп, торы төбел биені асаудың артына салды. Қашаған қуып, өкшесінен қайтып үйренген торы төбел ә дегенде-ақ тарланкөкті бас салды. Таубай қолындағы бұғалықты лақтырды. Түсіре алмады. Арқанды қайта жинады. Шауып жөнелді. Торы төбел тағы жетті. Бұл кезде желі басына қатын-қалаш та жиналып еді. Сол кездері Казанско-Богородское аталатын ұзынағашта мұғалім жалдап оқып жүрген Ұлтуғанның ауылға келгеніне де екі-үш күн болған. Желі басындағы асау үйретуді тамашалаған жұрт арасына әлдеқалай ол да келе қалыпты. Тал бойы жолбарыстың жүрегіндей, шынардай тіп-тік өскен Ұлтуғаннан әдемі жан жоқ сияқты. Күз бастала кетіп, жаз бола келген жыл құсындай Ұлтуған қол жетпес бір арман есеп-ті. Ұлтуған Ұлбай бәйбішенің қызы. Бұрынғы әйелі өлгеннен соң алған Ұлтуғанның шешесі аз күнде-ақ өзінің көрегендігімен, біліктілігімен жұртты баурап алып бәйбіше атқа қонған екен. Сол бәйбіше «қыздың еркесі биттің сіркесі, қыз оқыған деген немене» деп Жаубайдың болмағанына қарамай, өз төркінімен келісіп, Ұлтуғанды оқуға жіберген екен. Сол оқыған қыз, жігіт атаулының арманы Ұлтуған желі басына келгенде жүгіріп бара салып, тоғышар Таубайдың қолындағы шұбар жыландай оралар бұғалықты жұлып алып тарланкөкті буындырып жыққым да келді. Бірақ борпаста өскен кеуректей жел болса сынып, күн болса қурап тұрған бай бұласының, яғни нағыз бәйбіше – Жаубайдың өлген әйелінен туған баласының арты үңірейіп, абұйырдан алыстай түссін дедім. Әрқашан-ақ солай ғой. Мықты осал жанында, қатты бос жанында айқын сипатын табады. Екі жүйрік шапқанда бірінен бірі оза алмаса, екеуінің бірінің жүйрік, топтан озар мал екенін кім айыра алады. Ал есекпен атты жа-

рыстыр, көсіліп жылқы баласы алға шыға келсін. Мен де өзімнің тарамыстай тартылған денемнің құрыштай шымырлығын, денімнің тазалығын таразыға салғым келді. Бірақ Таубай әбден титықтасын дедім. Торы төбел асауға тағы жетті. Таубай қолындағы арқанды сілтеп қалды. Осы жолы түсті білем. Тарланкөк шапқан бойымен кетті, арқанды сүйретіп кетті. Мен асаудың сұлу мүсінін тамашалап отырсам, желі басындағы жұрт ойға қарай жапырай жүгіріп барады. Сөйтсем Таубай төрытөбелден жайылып түсіп қалыпты. Бұғалық бестінің мойнына түскеніне масаттанған Таубай арқанды шіреп тартып қалады. О баста осал жаралған, оның үстіне еңбек көріп шынықпаған қолды асау бұйым құрлы көрмей ілгері ұмтылғанда қолына екі орап алған арқанмен бірге аттан ұшады. Далаңдап үйінен Жаубай да кетіп барады. Жығылған Таубайдың басын сүйеліп тұрғызылды. Біреу ұшықтаған болды. Топырлаған көп адам дереу оның оң қолын құрттаған, кескек байлаған қойша мойнына асып қойды. Мен де жылжып бұлардың жанына жеттім. Ұлбайдың үстіне алған үшінші әйелі – Аққатын баласына жекіп тұр:

– Асау үйреткен неңді алған. Бор кемік неме!

Таубайдың оң жақ бұғанасы сынып кетіпті. Бұғана деген де адам денесіндегі Таубай сияқты бір осал сүйек. Әрқашан аттан жығылғанның бұғанасы сынады, сынуы да, бітуі де оңай оның. Көбіне адамның бір иығынан екінші иығының кіші болып қалуы осы бұғанаға байланысты. Кейде оташы болмағандықтан малшылар бұғананы орнына тартып сала алмай, бұғанасы сынған иығы күнжиып, қу жауырын болған тайдың шоқтығындай мұштиып бітеді. Жаубай баласының асты-үстіне түсіп жатыр. Ал Аққатын Таубайды өгейлігі есіне түсіп кеткендей жерлеп тұр:

– Туысы жаман неме. «Бітісі жаман қамысты су ішінде өрт алар, туысы жаман жігітті ел ішінде жау алар». – Айнала беріп артындағы малшы-қосшыға тағы бірдеме айтып еді, аналар күлкіні қойып келіп берді. Баласын сүйеп бара жатқан Жаубай артына жалт бұрылып қарап еді, оны көріп күлкілерін тыйа қойды. Артынан білсем «Жаубайдың сідігі қай жөнді дейсің» деген екен.

– Кеурек! – дедім мен. Сал торыны алып қойғанын ұмыта алмай тұрмын. – Ертең көр, мен ол асауды қалай есектей мінер екенмін.

Ұлтуғанның маған таяу тұрғанын байқамаппын. «Көгерміз» дегенге жалт қарасам сол екен. Бір жағынан бауырының жығылғанына намыстанып, екінші жағынан «күндестің гүлі де күндес» дегендей күндестен туғандығы бар, Таубай қылығын онша ұнатып тұрмағандай.

– Көріңіз, күні ертең-ақ тарланкөкті тарлан есек қылып алдыңызға тартайын! – Жұрт үнсіз тараған. Ертеңіне сол өнерімді көрсетпек болдым. Торы төбел биенің тартпасын мықтап тартып, айылын алып тастадым. Сонан соң бұғалықты қолыма алып торы төбел биеге қарғып міндім. Кешегі күнгіден ығыр болып қалған тарланкөк суырылып шетке

шықты. Мойынында кешегі шетен құрық та, қара ала арқаннан салған бұғалық та әлі сүйретіліп жүр. Кешке оны алып тастасам ба екен деп ойлап, ерініп қалдыра салғанмын. Желі басына бірсыпыра адам жиналды. Мұндайда балалар қандай, «Абақ тарланды үйретейін деп жатыр» деп шіңкілдеп, біріне-бірі айқайлап, тарланның кешегі қылығын өсіре, бөстіре айтысып, көбейтіп алды. Ішінде Ұлтуған да бар. Қыстай орыс арасында оқуда болатын бай қызы шамасы ел ішін, туған табиғатты қатты сағынатын болса керек. Кеше келте танау қара, сайдақ сары балалар айтқанда-ақ ол да желі басына баратынын білдірген екен. Қайткенде де қыз көзінше жаза баспауды ойлады. Жануар сол торытөбел бие де жылдым-ақ жылқы еді. Тақымды қысқанда-ақ тарланкөкке жетіп барды. Көк бесті әдейі мынаның да маскара болғанын жұрт көрсін дегендей оңаша өрге салды. Ауыл жаны көк беткейге бара бұғалықты лақтырдым. Дәл түсті. Шіреніп тұра қалып сәл еркіндік беріп асауды бос жібердім. Ол еркіндеп тартқан кезде торы төбелді солға шұғыл бұрып пәрмендеп тартып қалдым. Шауып бара жатқан тарлан бесті шапши беріп, шалқасынан түсті. Нақ сол кезде бұғалықты тақымға баса қойдым. Өйткені ол тұра салып тартынары белгілі еді. Тарлан қайта шапшып, мойынға түскен шұбар пәледен қалай құтыларын білмей тыртысып қалды. Ол менің тақымымды қозғай алмады. Тарлан буынып жығылып бара жатқанында аттан қарғып түсіп, бұғалықты жанай жанына жақындадым. Асау қозғалса, бұғалықты тарта түсем. Буынып бара жатқан мал өзінен айлалы, күшті қолды сезінді де, тырп етпеді. Бұғалықты босаттым. Еркін ауамен дем алған мал қайта шапшымақ еді. Қос құлақтан тарс басып, тапжылтпаған адамнан шошып дір-дір етті. Кешегі Таубай салған құрықты, бұғалықты алып тастадым. Басын тұқшитып қойып ноқталадық. Екі құлақ қолда. Жүгендедік. Тарлан қамыс ішіндегі қабандай қорс-қорс етеді. Ішкілік салған кезде тағы да қорс етті. Ер салып үзеңгі сыңғыр еткенде бір қарғып кетті. Құлақтан айрылып қала жаздадым. Ит әуремен ерттеп болып, тізгінді басына түрдім. Сонан соң бұғалықарқанды қылта сағақтан күрмеп байлап, оны ноқтаның алқымдығынан өткізіп алдым да, сол жерден бір түйіп тастадым. Енді асау біздің қолда. Ұзын қыл арқанның ұшынан ұстадым да, тарланды қоя бердім. Ол құлақтан қол кетісімен қарғып келіп кетті. Тышқанды бас салған мысықтай тарпаң етті. Үстіндегі ер-тоқымды сезіп, үзеңгі салдырын естіп мөңкіді-ай келіп. Арқанның ұшы менде. Жібберер емеспін. Тіке мойнынан артынан келсең болды, ол алып кетеді. Сондықтан бір қырын тұру керек. Сонда мойын адам қолында болады. Тарлан бие сауым тулап, әбден шаршады. Қара терге түсті. Нақ сол кезде жылқышының біріне құлағынан басқызып қойып қарғып міндім. Алып келіп жоғалды. Үзеңгі салдыры, салдыраған аяқ, тиген қамшы бәрі оған әсер етіп, мөңкіп жүр. Екі аяғымды екі қолтығына тыға қойып, бір уақыт жүргізбей қойдым. Сонан соң аяқты босатып, тебіндім. Ол ытқып-ытқып кетті. Ішінен пор-пор желі де шықты. Бір рет тезегін де

тастадым. Әлден уақытта тізгінді түсініп, қақпалауды ұғып, үстіндегі адам деген пәлені жеңу қиын екенін білгендей ыңғайға көне бастады. Бірде шауып, бірде желіп, аяндап, тоқымды қыссам ытқымай, шаршай бастады... Бие сауымда тарлан көк болдырып қалды. Ол қанша тебініп, қанша қамшыласам да аяғын баспаған соң желі басындағы асауды тамашалағандардың жанына түсіп, терімді сұрттім. Әр жеріне қолымды тигізіп, сыйпалап, адам алақанын ұқтырған болдым.

– Сіз әбден машықтанған екенсіз, – деді Ұлтуған. Менің көкірегімде бай қызының кешегі кекетуі тұр.

– Әлі талай асауды үйретемін, – дедім күлген болып.

– Құлап түсіп жамбасыңыздан шойырылып, шойнақ боларсыз.

– Бір жабыссам таскенедей тістеп жібермейтініме көзіңіз жеткендей болған жоқ па?

– Таскенені әрқашан-ақ жұлып тастайды.

– Онда тұмсығы денеде қалып, кене сорған жер жара болып жазылмайды.

– Таскененің артына шок, от қойсаңыз өз тұмсығын өзі суырып әкетеді.

– Бір жақындап оттай ыстық исімді алған соң отпен өртеу оңай болмас, – дедім мен оған жақындай түсіп. Ол қызарып кетті.

– Ол адамына қарай болса керек-ті.

Көзім бай үйі жағында еді. Үйден Жаубай шықты. Артына бұрылып бірдеме деді. Есігінен Ұлбай бәйбіше көрінді. Ол Ұлтуғанды дыбыстап шақырды. Шамалап тұрмын, Жаубай қызының құл-құтанмен сөйлесіп тұрғанына намыстанса керек. Мен де соны сезіп ыза болып қалдым. Ұлтуған бірден кете қоймады. Оқудан басқаға ден қоймайтын періштенің жанында тұрудың өзі адамды бір белеске көтеріп тастағандай. Ал менімен Ұлтуғанның тіл қатысуы күтпеген жай болатын. Енді әншейінде жанына жанаса алмайтын, қысы-жазы көрмейтін Ұлтуғанды әбден біліп алғым келді. Баяғы қоян сирақ шашты екі бұрып артқа тастапты. Әрқайсысы жеңді білектей болып қолаң қара шаш тірсегін соғады. Япырмай адамға мұнша шаш бітеді екен-ау деп тұрмын. Кейбіреулердің ұзын шашы селдіреген жіңішке, ал қалың шаш көбіне аш беліне жетпейтін қысқа болады. Мынау кәдімгі осы кезде сылқым әйелдер әдейілеп құшқанадан сойған малдан жинаттырып алып түспеу үшін шашын жуатын өт сияқты бірдеме қолданғандай. Кім біледі, ол кездегі бойын күткен сұлулардың шашын айранмен немесе қымызбен жуғанын талай көрдік, мына нықтан құлап түскен қос бұрымға да сол сияқты бірдеменің себі тиген шығар. Үнемі жалаң бас жүреді. Басқа қыздардай шолпы да тақпайды. Шашын өріп артына бос тастайды. Ұзын шашының тарқатылмайтынына сенеді, немесе әдейі әйелге көрік беретін қолаң шашты көрсетпек болады. Әсіресе Ұлтуғанның жаңа туған айдай иілген қап-қара қасы аппақ бетін аша түсейін дегендей ерекше сипат беріп тұр. Тұзу қыр

мұрыны әнтек кішірек сияқты. Қарақаттай көзі маған қадалып еді, жаным дір еткендей, төмен қарап кеттім.

Бұл кезде жасы он жетідегі Ұлтуған ауылда кәрі қыз аталатын. Жұрт әрине байдың қызына оны айта алмайды да, танау астынан пыш-пыш етеді. «Үйде отырып бала тауып қоймаса жарар» деседі. Ал маған Ұлтуған еркекке жоламайтын ерекше туған әйел көрінеді. Бай қызы бола тұра қалың берген қайны жоқ. Жұрттың айтуынша ел оның орысша оқығанынан қашқалақтап құда болмаса керек. Басы бос деп ешкім мазаламайды да. Бірақ көп жігіттің көңілінде, түсінде бар Ұлтуған тілінде, өңінде жоқ. Төтелеп келіп бәрі де тайқып шығады. Оқыған қызға ұрына алмайды да, ұрын бармайды. Сондықтан да ол құр ауыздан су аққызған құрт қалпында қала береді. Оның үстіне ауыл жігіттерін тітіркендіретін тағы бір жай бар еді. Ол – Ұлтуғанның көйлегін тесе жаздап тұрған кеудесі. Орысша оқығандықтың белгісіне айналған сол қос анар не кәрі қыз, не ұятсыз атандырады. Өйткені «қыз басымен, қыл шашымен» кеудесі «иттің басындай» болып кеткен оған қарап жігіт атаулы кейде сырттай безінеді. «Ұятсыз әйелдің кеудесі үлкен болады» деген үнемі естерінде тұрады. Ол тіркестің де өзіндік сыры бар. Расында да арғы жағына үңілсе, сол тіркестердің философиясы дұрыс па дерсің. Себебі біріншіден ұялмаудың салдарынан әйел адам төсін бос жібермеуі ықтимал, екіншіден ескі ауылдың ұғымынша сол зор кеуде көп жүрістің куәсі, бұған қарағанда ол сөздердің жаны бар, үшіншіден кеуденің шығуы тек еркекпен әуейі болудан деген теріс ұғым да орнап алған. Көрдің бе, шырақ, – деді Шұнақ шал, – біздің халқымыз сөзді босқа айтпаған. Оның айтқан әрбір тіркесінің артында үлкен философия жатады. Осыларды ескере келіп байлардың сылқылдаған, тақиясын қисайта, бір шекесіне салып киген мырзалары Ұлтуғанның әдемі кескінін көріп «аһ» дескенмен, кеудесін көріп кекейіп қалады. Ал маған керісінше, сол тікелей тұрған Ұлтуған кеудесі қатты ұнаушы еді. Сол кеудеден жанымға ерекше бір шок түскендей болды. Сөйткен Ұлтуғанды тілдестірмей әкешесі шақырып жатыр.

Шұнақ шал торсықты шайқап-шайқап қымыз құйды. Бірақ ішпеді. Етті де жемеді. Қайта сөйлеп кетті. Дауысы қатқыл, ашуланғандай шықты.

– Мақтадан жүкті болған Мариямша менің сөзімнен бойына бірдеме бітіп қалардай Ұлтуғанның әке-шешесі зар қақты. Бұл жай жасынан байлармен тақасып, өштесіп өскен менің құйқамды құрыстырып, ашындыра түсті. Жанымыздан әлдеқалай өтіп бара жатқан Аққатын:

– Жандары шықпайды, асықпай сөйлесе беріндер, – деді. Неге айтты? Түсіне алмадым. Дегенмен оған ішім жылып қалды. Оқыған, жасы келген қыз болғандықтан ба, әлде әке-шеше тәрбиесінен алыс өскендіктен бе, Ұлтуған кетуге асықпады. Мен жаңағы жеріне жетпей үзілген сөзді немен жалғардың ебін таба алмай қипақтап тұрмын.

Байқаймын, Ұлтуған да бірдеме айтқысы келеді. Бірақ қыз ғой, не демек? Не айтқысы келеді екен оның? Нақ осы бір сәтте Аққатын желі басынан қайта өтті де:

– Қойлыбайдікіне барып қымыз ішіндер, – деді. Мен қыздан бұрын қимылдадым. Ұлтуған орнынан қозғала беріп осындағы ешкімге көз салмастан маған қарап тіл қатты:

– Жүріңіз, женешем шақырып тұр ғой, – деді. Ол кіші шешесі екеніне қарамай Аққатынды жеңеше дейтін. Қойшы-қолаңмен бірге кеткен қызына бәйбіше қайта қадақтамады. Оқыған қызының өлер жерін білетінін еске алды ма, әлде оның көне қоймайтын темірі қаттылығын біле ме қайта өзеуремеді. Шылбырын сүйретіп тарланкөкті қоя бердім.

Қойлыбайдың төрт қанат керегелі үйі шошайға тігілген. Биыл тау үстіндегі жайлауда жаңбыр көп, көк иық. Алатау үстінде күн ашық деп сеніп қалу қиын. Бұлт аяқ астынан көтеріліп, сорғалатып жаңбырын төге-төге салып ашылатын күндер қанша. Жаңа ғана ашық жайлау үсті әбсәтте бұлттың қоңыр көлеңкесіне бөленіп, Тоқпақтан жел тұрып аспан әлемінің суретшісін қаптатып жіберді. Біз Қойлыбай үйіне кіре бере жаңбыр сытырлап тама бастады.

Қойлыбайдың кішкентай үйінің төрі алдында Аққатын. Басқа кедей-малшылар оны қоршай отырған. Бір жағынан жарылып Ұлтуғанға орын берілді. Ол ауыл қыздарынша қысылып-қымтырылмай, қос етек жібек көйлегінің етегін екі жағынан екі қолының сұқ саусақтарымен шымшып ұстап сәл көтеріп, нұсқаған орынға жайласты. Кедейдің жұпыны үйінде кілем бар ма, мен де төсеулі құрым киіздің шетіне іліктім. Қойлыбай делбіректеп ішек-қарын ақтарылған, сілікпесі шыққан көрпесін бәрімізге ала жүгірді. Барын қонаққа ұсынатын қазақ ниеті. Жалпақ, жалпылдақ қазақ. Ақ көңіл, ішінде бүкпесі жоқ, түйсігі болғанмен түйнегі жоқ, түйілері жоқ аңқылдақ қазақ. Тегі маған қазақ атаулының бәріне тән мінез осы ақ көңіл, аңқылдақтық сияқты көрінеді. Барын аузына ұстап, риясыз разы болып аттансын, үйде үлінгір, ауыз толар ас қалмаса да, қонақ қоңырайыспай, қомсынбай жолға түссін дейтін қазақ. Қытымырлықтан, есікке екі кісі отырмасын дегеннен аулақ. Тамақты дастарқанға көру үшін емес, жеу үшін қоятын, «досыңның тамағын дұшпандікіндей іш» дейтін қазақ. Біреуге табаққа салған жаңа тұздалған сары майды, біреуге қымызды ала жүгіріп далбырақтап жүр. Сыздаусыған бай үйінен жеген қазы-қартаңнан, аңқылдақ кедей үйінен ішкен қара су артық. Мынау соның куәсі.

Отырғандардың алдына тегіс қымыз құйылып қойған. Қырғыздың жора бозасының үлгісі. Егер біреу өз кезегін екінші адамға ұсынамын десе, бір ауыз өлең айтып береді. Өз сыбағамды өзім алдым. Ұлтуған шай кесесін көтерді. Жұрт оған көз сала қойып еді, кесені жерге қоя салды. Ішкісі келіп отырғанын көп көз көрді. Жұрт назары басқа жаққа ауғанда қымызды қайта алып ешкімге ұсынбай тартып салды. Желі басында тұрып шөлдеп қалса керек. Маңдайынан тер бұрқ етті.

Енді оған қымыз жәннен кесе толтырылып құйылып қойылды. Әркім өз білген балдыр-батпақ қалжыңдарын айтып отырысты. Аты-жөні жоқ Қойлыбай бір сөз айтып жұртты ду күлдірді:

– Орыс тілі қандай болады? – Отырғандар төте сұрауға ішек-сілесі қата күлісті. Әрине бұл Ұлтуғанға қойылған сауал. Ұлтуған құлағына дейін қызарып кетті де, Дәмет күйеуінің таудан құлаған тастай долаң сұрағына қысылып қалды.

– Кімге айтып тұрғаның?

– Өзіме дағы. – Отырғандар қайта күлісті. Еңкілдескендер езуін жинап бола бергенде есік жаққа таман кереге көгіне сүйеніп отырған Рәбиға мен қырғызша ырлап берейін демесі бар ма. Ән десе құлағы түрік қазақ тегіс елеңдеп, салақ қатын ұстаған сабаның өңезіндей бозданып тұрған сары жалақ ауызға көз тікті. Рәбиға көп күттірген жоқ. Кейбіреулерге ұқсап жөткірінбеді де. Жайбағыстап, дембелше денесін жинай отырып, бұл өңірге тегіс таныс қырғыз жырының мақамына басты. Үнемі қырғыз-қазақ осы Алатау үстін бірге жайлап, бір бұлақтан су ішіп, жаңа піскен қозы сырбазы мен сабадағы сары қымызды бірге тауысып, бірге қотарысатын. Сондықтан да болар Арқадан келген Кенесары-Наурызбай болмаса, Жетісу елі қырғызды шет қақпайламайды да, бөтенсінбейді де. Қыз алысып, қыз берісіп, қазақтар нағашылы-жиенді, қырғыздар тайекелі болып жатады. Ауыс-күйіс, алыс-беріс ара қатынас болған соң көрші ауылдар қырғыз жырын айтып жүреді. Соның бірі Рәбиға еді. Ол сызылтып алып жөнелді:

Көкайрақтан су алып,
Көк көйлегің шұбалып,
Сен үшін кетсем арман жоқ
Үшінші соттан сұралып...

Араға бір-ер көтермеші түсіп, бірі Рәбиғаны қолпаштап, енді бірі танауы астынан жыбырлап әжуалап, «сары балжыр ауыз болмаса...» десіп қалды. Оны тындайтын Рәбиға емес, Шабдан төренің қызынша-ақ безілдеп отыр:

Тоқмақтың басы қызыл тас,
Қима кекіл, ұзын шаш,
Алыстан аңсап келгенде
Ілзатпен сәулем аузыңды аш!

– Оу, Жантайдың жалғызы, безілде! – деді есік жақтағы қойшының бірі. Жантай Шабдан төренің әкесі, қырғыздың ханы болып өгіз, бұғыны тегіс сұраған адам. Отырғандардың бәрі тағы ду күлді. Өздерінің күлкісі ме, әлде қымыздың желігі ме, кім біледі. Менің аңдығаным – Ұлтуған. Бұл бай қызы көп кедейдің ішінде өзін қалай

ұстар екен. Ол тәкаппарсынбады. Кезек оған келгенде бұл орысша оқыған, шоқынуға жақын жүрген қыз не айтар екен дегендей үй толған адам оның аузына қарады. Әнші ме екен деп ойладым. Өйткені мойыны жүзген кудай иіледі. Әкесі анау, шешесі болмаса. Олар тым өңді адамдар емес, кімге тартып сұңғақ, сымбатты жаралған деп отырдым. Жүп-жұмыр мойнында күре тамыры бүлкілдеп, жаңа туған баланың еңбегінше соғып тұр. Шығыңқы жағы сүйірленіп, иегі астында кішкентай бұғағы білінеді. Қарақаттай көзін, қараған жеріне жебедей қадалған кірпігін түрулі тұрған қазақүй есігіне арғы беттегі жайылып жатқан малға салды. Үй іші тым-тырыс. Түндік түсірулі. Жаңбыр сытыр-сытыр тамады. Кедей үйінің жұлдыздай жыпырлаған тесікті үзігінен әлі су өте қойған жоқ. Далада жаңбыр жауып тұрғанын кезек Ұлтуғанға келгенде, қырық найзалы, бірақ думанды үйде тыныштық орнағанда ғана білдік. Қыз тамағын кенеп тұрып, елге үнін естіртті:

Дүние кудым сені жалықпай-ақ,
Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ.
Біреуге мал мен басты үйіп беріп
Біреуді қойдың құдай жарытпай-ақ.
Ақшыны аяқ,
Кәрден аяқ,
Жел сөзді не қылайын сізден аяп.
Артсам түйе,
Саусам бие,
Болаймын қырға шығып серуен дүние.
Құдай-ау қосар болсаң жақсыға қос,
Жаманның-ау салмай-ақ қой, зар-күйіне
Угәй-әй, угәй, угәй-әй угәй-а-а-ау.

Ұлтуған дауысы күмістей сылдырап, кішкене күмбірленкіреп кедесінен шығады. Ән нақышы өз бедер, өз бояуымен сызат түспеген граммафон табағындай әдемі естілді. Алғашқы өлең жағын өзгертіп үш қайырып айтқанша ешкім үн шығармады. Көтермеші де болған жоқ. Шамасы әнде әлдеқандай мұң сарыны бар сияқты. Тіпті ән ұғатын құлақтың әуен зарын, мұңын жауын алдындағы саңырау құлақтай тынып, тыншығып тыңдайтын әдеті емес пе!? Қыбыр еткен біреуі жоқ. «Жаманның салмай-ақ қой, зар-күйіне» дегенді соңғы қайталағанда жартастан жылап аққан бұлақтай Ұлтуғанның көзінен жас парлап, алдындағы алқасын жауып кетті. Шоқынған қыз деп жүргеніміз қазақтың мұң-зарының шежіресіндей, ішінде шемен болып қатқан шерін әнмен, өлеңмен шығаратын тойға айтысқа талай түскен көшелі ақын қыздай болып шықты. Кейде байдың ерке тотайларының арасында-ақ халық қуанышымен жадырап, халық мұңымен түнеретін ақыл

иелері бола береді. Ал Ұлтуғандікі оның қайсысы? Ол әлі белгісіз еді. Тіпті оның мұңы жеке басының сары уәйімінен тумағанын кім біліпті.

– Сен байқадың ба, шырағым, – деді Шұнақ шал әлдене көңіл аударып. – Менің білуімше шын әнші, композитор, ақын, қысқаса өнерлі адамдардан жамандық шықпауға тиісті. Шынайы өнер іштегі арам пиғылды жеңіп, оны ой елегінен өткізіп тазартып жіберсе керек-ті. Жасынан әуенге ұйып, әңгімеге бөленіп өскен адамнан есерсоқ шыққанын, тарихты қайдам, мен өз басым білмеймін. Әншілік, ақындық – ол ізгілік, мөлдірлік, оны тұнықтан қанып ішкен шөлбасар деп ұғамын. Сондықтан да, өнер адамдарының өртен шалған шаладай бықсыған кезін өзім басымнан өткізсем де, әлі де оларды жамандық істейді дегенге қимаймын. Әнінің бұрмасына көз жеткісіз, даусына аспандағы құс айнарлардай Ұлтуғанның музыканы, көркемдікті бағалауы, өзінің өнер әлеміне елтуі, еліктеуі тіпті бөлекше. Ең ақыры сол музыкамен тербеліп, өз жанын да тербеп, керек жерінде көзінен жас төгіп отырғаны анау. Ал әнмен қосыла шыққан жас ізгіліктен пайда болса керек еді. Бірақ... Оны кейінірек айтармын...

Ұлтуған көзінен төгілген жас бәрімізді, өңкей кедейді (Аққатын ғана кедей емес) заманамызды бір-ақ уыс қылды. Бірсыпыра аяушылық білдірдік. Ішінде құсасы бар ма дестік. Сол бір сағатта берекеміз қашып бәріміз Қойлыбайдың шошаласына симай кеткендей болдық. Ешкім үн шығармады. Қымыз да ішілмей жайына қалды. Тек Аққатын ғана Ұлтуғанды айналып-толғанып жатты. Бұйығып не істерімізді білмей бір сәт отырдық. «Шай ішелік» деген соң барып үнсіздік бұзылды. Күн еңкейіп кеткенде ғана Қойлыбай үйін тастап, орнымыздан дүр көтерілдік. Егер Ұлтуғанның басында қайғысы болса ортақтасуға, керек болса жарым-жартылап бөліп алуға бәріміз де так тұрдық.

Күн ұясына еңкейіп барады. Бұлт ыдырап, ашыған сүттен түскен ақірімшіктей іріп, бытырады. Аспан ақірімшіктен ажыраған сүттей көгілдірленіп көрінді. Кешке қарай күн ашылатын сияқты. Мен Ұлтуғанмен қайта тіл қатыса алмадым. Бие сауылып болып, құлын желідегі тиегінен ағытылғандықтан жылқыға кетпек болдым. Ертеңіне бие саууға Аққатын келді. Ұлтуғанды ерте келді. Ол құлын салды. Үлде мен бұлдеге оранып, жылқы иісінен аулақ тұрған одан құлындар да, биелер де тітіркеніп, биенің шамалғыш, тарпаңдау кейбірі иісініп те кетті. Ары тұр, әрі дегім келді. Айта алмадым... Ұлтуған кешегі мұңынан ажырағандай, жаңбырдан кейінгі Алатау-Алматы күніндей шайдай ашылған. Істеген ісінен күмістей күлкісі көп. Оған тіпті бәрі де жарасып тұратындай. Кешегі мұңлы күні де, бүгінгі жайдарылығы да өзіне ерекше көрік береді. Күлген кезде оң жақ ұртынан әлдеқандай шұқыр пайда болып, нұрлы жүзді шырайландыра түседі. Оның бет құбылысындағы әрбір қимыл, сызат менің жүрегімді тулатып, жанымның шоғын үрлейді. Қойлыбай үйіндегідей мөңкелі күндер көп болса деп ойлаймын. Ең болмаса еркін жүзін көріп отырсам деймін.

– Сен шырағым, – деді Шұнақ маған оқыс бұрылып, – қазақ ауылының қызығын тегіс білмеуің мүмкін. Асау үйретудің өнер болғаны сияқты бие сауғыштық та ескі ауылда қатты бағаланатын. Мысалы осы кездері қырықтықшылар, сауыншылар жарысы өткізіледі. Ал ескі ауыл ондайларды қатты дәріптейтін. Келесі күні бие сауу кезегі маған жетті. Ұлтуған құлын салуға келді. Желі басында екеу ғанамыз. Қандай асау бие болса да күнделеп сауып көрген емеспін. Сол жақ бұтын мықтап құшақтап алған соң қандай тарпаңды да жібермеуші едім. Ол кезде бие саууға да барлық жағдай жасалған ғой. Өйткені адамның бар кәсібі мал болған соң соны жақсартуды ойлаған шығар. Биені ол кезде көнекке сауады. Бие әлдеқалай қозғалып кетсе, көнек қазіргі қаңылтыр шелектей қаңғыр қақпайды. Ал арнаулы тізелдірік деген бұл күндері мүлде ұмыт болды ғой.

Менің шынымен тізелдіріктің не екенін білмей отырғанымды Шұнақ сезе қалды. Ол бетіме бажырая қарап алды да:

– Тізелдірікті білмей отырғаныңды байқаймын. Оған сені жазғыруға бола ма? – деді. Тізелдірік те көнек сияқты көбіне былғарыдан жасалады. Былғарыға киізді желдік сияқты тігіп, тізерлеп отыратын оң тізеге байлайды. Сонда оның былғары жағы жерге тиеді. Былғары, қалың киіз тізеден сыз өткізбейді. Тізелдірікті оң тіземе байлап, Ұлтуғанға тіл қата алмай басқы биенің жанына бардым. Ол не істеу керектігін айтқызбай білді. Құланды тартқан соң биені саууға кірістім. Бие иіп кеткенде игеріп тез сауып алу керек. Оған қолдың күші керек. Сондықтан да бұрынғы ауылда көбіне бие сауу жігіттерге жүктелетін. Нағыз сауғыштарға кездескенде иіген биенің сауыры солқылдап кетеді. Мен де сауырын солқылдатып, күрпілдетіп отыз биені тез сауып болдым. Ұлтуғанмен бір ауыз сөз жоқ. Тіл-аузымды қойғандай үндей алмадым. Шынына келсем бағпадым. Төрт шелек сүтті көтерісіп келе жатып қана ол:

– Бұл жағында да өнеріңіз бар екен, – деді. Мен оны жалшылығымды айтып тұр деп ұқтым.

– Мандайымызға әзірге жазылғаны мал, – дедім.

– Жоқ шынымен айтып тұрмын. Қыздан басқаның бәріне қырлы көрінесіз.

Не десем екен, өлтірді-ау мына қыз деп келемін. Үйге жақындап қалдық. Сөз сабақтайтын жердің ыңғайы осы жерде келген сияқты. Дәу шайтан үйден Жаубай мен Ұлбай бәйбішенің біреуі шыға келсе, бұл жусан басына оралған мизамдай әлсіз сабақ үзіліп кететіндей көрінеді. Жүрегім аттай тулап, тар кеудеме сыймай бұлқынып кетті. Бар аузыма түскені сол болды:

– Кешкі сауынға келесіз бе? – деппін. Ұлтуған бір түрлі жылы шыраймен қылымси қарап қойды. Осы қараудың өзі де маған әлдене аңғартқандай еді. Оның үндемегеніне шыдай алмай қайта тіл қаттым:

– Айтыңызшы, келемін деңізші, – деп еміне кеткенімді өзім де байқамаппын. Бұл жыртқық шапан кедейге не жоқ дегендей ол қайта

тесіле қарады. Ол тіпті сүйкімді сияктанды. Бұйрық көз тұндырады деуші еді. Сол айтқандай сол бір кезде мен Ұлтуған басынан кемшілік көре алмадым. Күлген күлкі, сөйлеген сөз бәрі маған мазалы көрінеді. Сәл үндемей барып ол тіл қатты:

– Келейін. – Жүрегім қайта дүрсілдеп қоя берді. Әншейінде көз ілеспей өтетін биенің екі сауымының арасы екі жылдай болып көрінді десем өтірік емес. Желі басына ерте келіп-ап уақытты өткізе алсамшы, қане. Мұндайды ешкімге айта алмайсың. Әйелдердің аузына сөз тұрмайды деп кінәлаймыз. Сол дұрыс емес сияқты. Ұлтуғанның келем дегені ішіме сыймай барады. Өйткені ішіндегісін біреумен бөлісіп, сырын айтса, адам бір түрлі жеңілденіп қалғандай болады. Сырын біреуге айтудан да адам рахат тапса керек-ті. Ал мен Ұлтуған келем дегенмен оның келетініне сене қоймадым. Әлден уақытта Жаубай үйінен бір әйелдің басы көрінді. Көк жібек көйлек киген Ұлтуған екенін біле қойдым. Қолында екі-екіден ұстаған төрт шелек. Алқызыл бұқаба қамзолы батыр күнге шағылып, көкірегі алаулап жанып бара жатқандай. Кеудем от болып жанды, өртеніп кеттім. Шамасы бұл кезде махаббат дегеннің не екенін білсем керек. Шынымен келе жатқанына жүрегім жарыла қатты қуандым. Бұрыннан қас-қабағының түзулігі бар еді, енді оның маған деген көңілінде шитку жоқ екенін ұққандай болдым. Ол жаныма жақындады:

– Сіз үшін-ақ отқа түсіп өлдім ғой, – деп жымыып қойды.

– Ал мен өртеніп жүрмін ғой. – Арамызда басқа сөз болған жоқ. Екеуіміз шамасы түсіністік білем. Көңілде күдік қалдырмас үшін сол кеште екеуіміз ертеңге сөз байластық. Бүгелек қалың шыққан күні жылқы көлеңкелейтін қара жартастың астында кездеспек болдық. Уәдеміз сонымен бітті. Әрине бие сауымды зорға күткен пақырға бір күн, бір түн бір жылдай болғаны белгілі. Жылқы күзетінде жаздың қысқа таңы атпай, ертеңіне күн баппай, жүрісі тасбақаның аяғындай, ұзақтығы оның жасындай созылып кетті. Қараңғы түн, жарық күн бәрі лапылдаған қызумен, лүпілдеген жүректен, санасымен байыған сарт ойындай тиянақсыз, берекетсіз тұңғыық бірдемелермен шатысып, шым-шытырық болып кетті. Шынын айтсам екі күн байлау-матаусыз бір сырғыма оймен өтіпті.

Ол күні кешке дейін Ұлтуғанды көре алмадым. Желі басын тастай салып, Жаубай үйіне жетіп барғым келеді. Бірақ барғызбасың барғызар ма!? Тобылғымен ыстап, сыртын қойдың құйрығымен әбден майлаған үлкен бесемшек емізіктеген сабадан қымыз құйып алып, ұзақ әңгімелесіп отырғым да келді. Оған бола ма, біріміз – бай еркесі, екіншіміз оның басы байлы малайы. Арамызды татулық, табиғат бөлмегенмен адамшылық намысы емес, адам, адамсынғандар намысы, ар кеуде емес, дәнкеуделер намысы бөліп тұр.

– Кел шырағым, – деді Шұнақ шал, – мына қымызды ішіп алып аттаналық. Көш қатынын көжеге қаратты дегендей, сені барар жолыңнан

қалдырдым. Түс ауып барады. Кәрі құлақ адамның, қартайған адамның сөзі көп болады. Сондықтан аттаналық.

– Жоқ, жоқ айта беріңіз, қымыз ішуге қарсы емеспін. – Шал екеуміз тостағандарды босатып қайта толтырып алдық. Қымызды қызықтап, әсіресе айтылмаған қыз әңгімесін қызықтап дегерес үстінде ауызды ашып, көзімді жұмып отыра бердім. Шұнақ шал қайта әңгімеге кірісті, құлшына көңілдене айтты.

– Шіркін өтіп кеткен заман. Заман дегенде сол арқа етім арша, борбай етім борша болған заманды аңсап отырған жоқпын. Сол замандағы жастық шағымды, жыртық-тесігімді, аш-арығымды білдірмеген балауса кезімді аңсаймын. Өстіп ұнға аунаған қара мысықтай ала қаудан болармын деп ойлаппын ба, ол бір кезде.

Шынымен қызыл тілден, көреген көзден аулақ болу үшін мен жылқыны ерте өрістетіп кеттім. Биенің бір сауымы күндегіден кем болды. «Ертең қымыз жетпейтін болды» деп Азбанның қатыны Тойғанбит қыңқылдап қалды. Шынында оның да өзінің әкесі қойған әжептәуір аты бар – Сұлукө. Ол ат алғаш бір-екі ай айтылып жүрді де, бай ауылға жақпаған келін Тойғанбит атанып шыға берді. Өуелі оған ашуланатын ол, артынан Тойғанбит десе өзінің де «ау» деп қалағынын байқамады. Сөйтіп ол солай аталып кете барды. Оған қойылған ат оның сыртқы пішініне, момынсынған түріне қарап қойылса керек-ті. Бұл жұртпен бірге тамақ ішіп алған соң, басқа қақан-сұқанмен, әңгімемен жұмысы болмай, домаланып жатып ұйқтай береді екен. Содан аузы дуалы адамдардың бірі оны «жерін жеп алған соң, тігіс арасына кіріп жата қоятын бит сияқты» деп Тойғанбит атандырған. Бұл атқа оның сыртқы бейнесі келетін сияқты. Өзі доп-домалақ, шәнтиген қарны, тәлтиген бойы мен әңгімеге араласпай, сырттай момын болып көріну үшін арамдықты ішіне токи беретін. Сол Тойғанбит әлденеден секем алып қалды ма деп зәре-құтым қалмады. Балалық па, әлде аңғарттық па оны артынан-ақ ұмытып кетіппін.

Бұл кезде әжептәуір бас біліп қалған Тарланкөкті сыйпай қамшылап, қас қарайып кеткен соң жартас түбіне жақындадым. Сонан соң тарланды сайдың табанына шідерлеп қайтып келдім. Екі қолым алдыма сыймайды. Уақыт өтпейді. Мылқау жартас еш хабар бермейді. Маған дүниенің бәрі осы тастай, жібімей қатып қалған бірдеме көрініп кетеді. Тіпті кейде осы тасқа тіл бітіп сөйлеп: қазір Ұлтуған келеді деп сыбырлайтындай көрінеді. Жаздың даладағы тымырсық түні тау үстінде болмайды. Денем мұздағандай қалтырап кеттім. Әрі қуаныш, әрі түн салқыны, ептеген жүрексіну бәрі қосылып табанымды нық басуға мұршамды келтірмейтіндей. Қорыққан мен қуаңған бірдей деген сол екен. Сол бір күнгі басқа оқиғалар есімде қалмады. Ол ауылдан аз да болса жырақтау осынша жерге қалай келер екен деп көңілім дүмған бола береді. Не жамбастап жатарымды, не тікемнен тік түреге тұрарымды білмеймін. Таудың түнгі тынық ауасына ауық-ауық құлақ тігемін. Сайдағы бұлақтың сарқыраған үні ғана келеді. Басқа сыбдыр

білінбейді. Әлден уақытта Жаубай үйінің ақ төс қара төбеті үн-түнсіз жаныма жетіп келіп, құйрығын қойқақтатып, еркелеп қолымды иіскеп кеп алды, сескеніп қалдым. Иттен бес-алты адым кейін аптығып Ұлтуған да жетті. Тағатымның әбден кеткені ғой деймін, әй-шәй жоқ көп жыл көріспеген етене жекжатыма көріскендей құшақтай алыпмын. Менің өмірімде бұдан асқан қуанышты, қазіргі тілмен айтсақ бақытты минутым болмаған шығар. Сол бір сәтте не болып, не қойғанын да білмеймін. Әйтеуір «белі қылдан жіңішке, үзіліп кетпей неғып тұр» деп Жүсіпбектің Жібекті суреттейтіні сияқты қынамалы камзолдан бір-ақ уыс болып тұрған аш белінен қатты қысып құшақтап алдым. Бетім бетіне тигенде қызулы темірдей қарып жібере жаздады. Сол жақ бетінен құшырлана сүйіп алдым. Ол сәл тартынып тұрды. Бірақ қой деп айтқан жоқ. Мүмкін сол бір ләззатты сәтте ол солай деп айтқан да шығар, мен өз басым оны естімегендеймін. Дүниеде өзге нәрсенің, жандының бәрін ұмыттым, басқаны естімес тасқұлақ кереңмін. Алдымда сымға тартқан күмістей сымбатты қыздан басқа ешнәрсе көрмес зағиппын. Осы қыздан басқаны ұстауға қолы жоқ майыппын.

– Сіз тарлан көкке бұғалық салғанда сол бұғалық өз мойныма түскендей болдым ғой. Сол бұғалықтың ат мойнынан қайта шықпауын, үзілмеуін тілеп тұрдым. Сондағы тілегенім осы бауыры тақыр, есігінің алдында үрерге иті жоқ, сығарға биті жоқ кедей еді-ау. О құдай да күшті-ақ. Кедейдің жәуітігін байдың жұлдызына ыстық қылып қоюын қараңыз, – деп Ұлтуған ақырын ғана жерге абайсызда түсіп кеткен кесе сыңғырындай сыңқ-сыңқ күліп қойды. Енді мен оң қолымды мойнынан асыра құшақтап, қайта бетке ұмтылып едім, оның аузы келіп ерніме жабыса қалды. Арада бұдан кейін сөз болған жоқ. Үнсіз секундтар-ақ уақыты ұтып жіберіпті. Ұзақ тұрып қалыппыз... Әлден уақытта жартастың үстіңгі жағынан әлдекім жөткірінгендей болды. Бағанадан жанымызда жатқан ақ төс қара ит үн-түнсіз үске қарай жөнелді. Үрмегеніне қарағанда тағы да таныс біреу жүр деген сөз. Жалма-жан Ұлтуған екі қолын мойныма асып, ернімнен қатты сүйіп алып, көйлегі шұбалаңдап өрге қарай жүгіре жөнелді. Маған ол менің ернімді қоса жұлып әкеткендей болды. Еркек басыммен есімнен танып қала жаздадым. Бешпентін шешіп басына жамыла кетті.

– Шырайлым-ау, мұнша алысқа қалай қорықпай келіп жүрсің? – деді әйел дауыс. Тойғанбиттің даусы. О, сұмырай! Пәлекәрден қайдан жүр екен. Тыбыр етпен тындап тұрмын. Ұлтуған ығыса қойған жоқ. Нық, беріспей жауап қатты:

– Сен келген жерге мен неге келмейін!

* * *

– Ұлтуғанның жабысқан ернінен маған екі бірдей пәле жабысты, – деді Шұнақ шал аткөрпеге салсүйек адамдай ауырлау қисайып. Бірін-

шіден оның үлбіреген, уқорғасынның гүліндей күлгін қызыл еріні әлі аузыма жабысып тұрғандай, күндіз-түні Ұлтуған сөндесі көз алдыман кетпей қойды. Көзімді жұмсам болды, маған қос қолдап асылып, ерні ерніме такайды да тұрады. Екіншіден қызымен жақындығымды шала-шарпы сезген немесе әшейін жорамалдаған бай тұқым әрбір қадамды санап отыратын болды, сара ізіме шөп салып, қайда жүріп, қайда тұрғанымды анықтап отырды. Тіпті әлгі боркемік Таубайдың да дайрағы маған дегенде теріс келіп тұрып алды. Сөйтп қырсық қылғанда қымыран іріп жүргенде, бір күні абұйырымыз айрандай төгілді. Мұның өзі жағдайымды суға тиген кендір жіптің түйініндей ширықтырып, шиеленістіре түсті.

Нақ осы бір шиеленіске дейін әлеуметтік өмірді мен өз басым түсінбейтінмін де білмейтінмін. Біздің білетініміз – ет жеу, қымыз ішу. Әйтеуір бай үйінен талшықтап тартып болса да, там-тұмдап болса бірдеме іле кету. Мықтағанда байлардың жас тоқалдарын тору. Қандай ат міну ол жылқышының әрқашан өз еркінде болды. Бұл жағынан алғанда қойшыдан жылқышының аз да болса артықшылығы бар сияқты еді. Өйткені қойшы байқұстың алдына салған құйрығын көтере алмайтын керкызыл құнан қойынан не пайда, біреуін сойып жей алмайды. Ал жылқышы болса, ең болмаса атты тандап мінеді. Мен сияқтылардың көбі-ақ ол кезде сондайға-ақ мәз болып жүре беріпті.

Менің бір білетінім екі оқиға еді. Бірақ оған да мән беруге, оны бір сараптап шығуға да ол кезде құлақ ашық болса да, бас бітеу болғандықтан шамасы келмеген. Тіпті бай атаулы табиғатында арпа ішіндегі бір бидайдай, яғни құдай о баста бай болып, балпаюға, басқаға өктемдік, өкімдік жүргізуге жаралғандай көруші едік. Оған сендіретін әсіресе сауатсыздығымыз ғана десек артық болар еді. Ал шын мәнінде ислам діні «құдай о баста артық жаратқан» адамдарды көк табан қылып соқаға құйған қорғасындай жасымыздан құлағымызға құйды және ол үгіттің салмағы да сол қорғасындай болды. Әйтеуір бәріне жететін бір құдай бар. «Құдай тумысымызда құртып қойған» соң байдан несің көреміз десеміз. Кісі өлсе құдай уақтысы, кедей қылған да құдай, байдың есігіне екі көзімізді төрт қылып телмірткен де құдай. Әйтеуір құдай деген бәрін көтеретін қара нардан да күшті біреуге бәрін бастырып арта береміз.

Өстіп жүргенде Талғар төңірегінде Рысқұл Жылқайдаровтың Үшкөмпір баласы Саймасай болысты атқаны елге дүңк-дүңк естілді. Бұл бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген жай еді. Болысқа қарсы сөйлеу, сабау түгіл оны да атып өлтіруге болатын жұмыр басты пенде екенін, оның жанын жанына қосуға болатынын алғаш осыдан аңғардым. Бұл оқиға менің бала кезімде болған екінші бір осындай жайды жұрттың көкейіне түсіріп, біз сияқты сөң туған, көп нәрсені қой соңында құмалақ терумен жүріп білмей, естімей қалғандардың мүйіз құлағын жұбітіп, киіз құлаққа айналдырғандай еді. Ол Нұрқожа оқиғасы. Нақ

осы Қараш-қарашта болған жай кезінде оны да көне құлақ, қазақуар адамдардың аузынан естіп қалдық.

Нұрқожа Ыбырайым ұлы Қашқынбаев болыс түгіл оязды өз кеңесінде ұрып жығып, Жетісу өңірінде ұлыққа қол көтерген алғашқы жан болған. Патшаға қарсы делінген оны патша үкіметі жиырма бес жылға Сібірге жер аударған. Ол кездегі қолы хат білмейтін, көзі қара танымайтын қара қазақтан Итжеккенге айдалғандарынан аман келетіні жоқтың қасы екен. Қайтіп үйіріне қосылатынына, аман қауышатынына сенім болмағандықтан ондайлар бір-екі күнге беделді кісі қолымен кепілге алынып, тірі адамды жуындырып, шомылдырып, кәдімгі өліктей ақ киізге орап алдарына қойып жүздеген адам шұбала тұрып жаназасын шығарған. Бұл былай қараған адамға күлкі де сияқты. Бірақ ол жан түршігерлікті көрмеген бізге ғана күлкі. Ал шынында тірі адамның жаназасын шығару қайбір жетіскендіктен болды дейсіз. Үш күншілік жердегілер тегіс жиналған. Бүкіл осы өңірдегі Дулат Шапыраштының барлығы жаназада боздап тұрған. Дегенмен Нұрқожа бойы екі жарым кез, ден саулығы мықты адам он үш жылда қайтып келді. Мен ол адамды өзім көрдім. Сол оқиғаны бізге көрші ауылдан жиі келетін Қырбай Қараш-қараш оқиғасы кезінде айтып тұрғанында жынымызға келген Азбан әңгіменің төркінін танып, оның аузына қақпақ болғысы келді. Қырбай да өжет, кісілікті жігіт болатын:

– Сен менің аузыма қақпақ болатын кім едің, шәнтік қошқарға ұқсамай жайыңа тұр. Әлде Сарыбайдан кейінгі шенді патшадан сен алмақ па едің, – деді. Мен патшаның әңгімеге кірістірілгеніне таң қалдым. Қойлыбай момын адам еді, дегенмен жүйесін бізден гөрі жақсы аңғарған екен. Ол Қырбайға бір сұрау берді.

– Ойбай-ау, Шынжыр балақ, шұбар төс бай тұқым патшаға неге қарсы болды?

– Дұрыс аңғардың, – деді оған Қырбай. – «Ыбырайымның алты ұлы алтауы бірдей бөрі еді» деп Жәкем Құлманбетпен айтысында келтірген-ді. Бұл сол алты бөрінің бірі болатын. Егер өз бастарына келсе олар «өзім аман, басқалар бұл болмаса, күл болсын» деп қараса, онда сотталмас та, айдау, қуғын-сүргін де көрмес еді. Бірақ халық мүддесін бәрінен ол жоғары қойған. Ақыры қыр Сібір айдалып кетті. Осы екі оқиға ұлықтың да, байдың да өзіміздей адам екенін білдіріп еді. Бірақ балалық па, әлде көр көкіректік пе, оларды сол заматта-ақ ұмытыппыз.

Әлеуметтік өмірге көңіл аударғаным алғаш осы мың тоғыз жүз он алтыншы жылдың жазы еді. Бір күні, Ұлтуғанмен түсінісіп көңіл көкте жүрген күндердің бірінде таңертең жылқыдан келсем желі басына Дәмет келіп мені үйіне шақырды. «Сені Қойлыбай келіп шай ішсін деп еді» дейді. Осы Дәметті аты Дәмет болғандықтан бір түрлі тәуір көремін. Өйткені менің шешемнің аты да Дәметкен еді ғой. Кетіп бара жатқан Дәметке көз салып едім үстіндегі бір кезде көкшіл болған шыт көйлегі күнге оңып ағарып барады екен. Оның күнде киетін көйлегі

осы. Етегі екі-үш жерінен тігінен жыртылған. Жыртықты тепшіп ішкі жағынан тіккен екен, онысы ішінен операция жасатып, сол жарылған жердің біткеніндей білеуленіп тұр. Әрине бұл көйлектің өзі Дәметке дейін қанша киілгені белгісіз. Өйткені бұл Аққатынның көйлегі болатын. Аққатын көктем шыға осы шыт көйлегін Дәметке бергенін анық білетін едім. Сонда тіпті біздің надандығымыз-ай десенші. Табан ет, маңдай терімізді іздемейміз, бай қатыны ескі көйлегін бергеніне қатты риза боламыз.

– Етім бір суып қалды, Сары апа, ақ жеңешем балаларының игілігін көрсін, мына бір көйлегін беріп еді, әжептәуір бүтінделіп қалдым, – деп Сәлиман шешеме қоштатпақ болғаны есімде. Сонда Сәлиман шешем:

– Арқан есіп, жүн түтіп, күннің күнін көресің. Сонда сенің істеген есіл еңбегің ескі шыт көйлек болмады ғой деп пе едің!? – деп зекіп тастаған. Дәмет түгіл Жаубайдың өзі ығысатын Сәлиман шешемнің сөзіне Дәмет байқұс ештеме дей алмай:

– Енді қайтейін, ескі де болса етім суып қалғанын сізге айтып жатқаным ғой, – деген. Енді міне, Дәметке дейін ескіріп, біраз киілген көйлек отын алып, су құюға қайта осынша жерге дейін шыдап келген екен. Кеудесіндегі шолақ жеңі де Ұлбай бәйбішенікі еді. Байдың сары қарын, шар тартқан етті-жанды бәйбішесінің киімі Дәметке қонбай қолқылдап бос тұрады. Түйенің ескі жабуларын ботаға, тайлаққа жапқан сияқты. Жағын кестелеген кимешек те өзіне үлкен. Әрине байдың тағы бір қатынының болуы тиіс. Таң сәриден құс шикылдағаннан тұратын кедей үйдің әйелі барлық бай ауылы жатқан соң солардың түндігін түсіріп, одан соң күлдіретіп саба пісіп, әлде іркіт, әлде қымыз құнтымен айналысады. Сонда да байқұсқа алғыс жоқ, Құлқаш күн көрсетпейді. Иығы жылтырап бір жаңа оң киім кимей-ақ кетер ме екен, байқұс деп ойлады. Кеше ғана оның адам болып, ат жалын тартып мініп қалған баласына өзінің ескі жейдемді беріп едім. Өзі кедейдің ескісі болса, одан не үліңгір қалды дейсіз. Әйтеуір тозақта еті күйіп, қоңырсып жатқан адамға достығын білгізу үшін аузымен су сепкен қарлығаштың кері ғой менікі де. Қолымнан басқа не келеді, егер бар болса байқұстарға үйіп-ақ тастағым келеді. Кейде кім біледі деп ойлаймын, мүмкін Жаубай сияқты төрт түлік алдында, төрт құбыласы сай бай болсам мен де шенейіме шенбақа жоламайтын қатыбас болармын. Егер ондай болатын болсам деп ойлаймын, онда бай болмай-ақ сіңірім шыққан кедей-ақ болып жүрейін деп қоямын. Тіпті кейде сол байлық маған ертең-ақ келетіндей көрініп те кетеді.

Сонымен құлындарды байлап Қойлыбай үйіне беттедім. Үйде Сәлиман шешем бастатқан осы ауылдың жарлы-жақыбайының бәрі отыр. Түстері сынық. Бәрінің де қабақтарына қар жауғандай салбырап кетіпті. Төрде Сәлиман шешем, оған жалғас жасы Қойлыбай қатарлы жігіт – Ұлтарак. Ұлтарак өз үйі жоқ. Мен сияқты кірме. Жалданған

қойшы. Соңғы үш жылдан бері Жаубай үйінің бойдақ қойын бағады. «Үстінде үйі, бауырында қазаны жоқ» деген сөз тура осы Ұлтаракқа айтылғандай. Өзі алпамсадай, екі иығына екі кісі мінгендей, аққұба жігіт. Бір қызығы жаман, ескі түйе жүн шекпеннің ішінде-ақ ол төредей болып көрінеді. Аса келбеттілігімен жүні шығып тұрған бөрік кигізсең де оған жарасып тұрады. Байқайсың ба, інім, – деді Шұнақ шал аткөрпе үстіне малдасын құрып отырып, – екі институт бітіртіп, үлде мен бұлдеге орап қойсаң да киім жараспайтын адамдар болады. Сондай-ақ жыны шала төгілген қарында кептеп қойсаң да ерекше нұрын төгіп тұратын, көп кекіре ішіне шыққан қалампыр гүліндей көркем көркін бажайлап, мен мұңдалап тұратындар кезігеді. Ұлтарак та сондай бір ерекше жаралған жан еді. Аппақ бет, қап-қара қияқтай қас, жіңішке мұрт оның келбетін айқындай түседі. Жиырма төрт таспалы, ішіне өзегіне қорғасын салып өрген, өрімі бүгінгі күннің нәзік капрон шілтерлеріндей көрініс беретін тоғалақ қамшысын ешқашан қолынан тастамайды. Сойылын қолынан тастамайтын көп тентектің бірі ме дейін десең майдай есілген мінезі, үзілдіре айтқан әңгімесі, алыстан орағытып, жан ауырпайтын қалжыңы бар. Өзі менімен бірге менің үйімде тұрады. Екі бойдақ бір үйде жатамыз. Кейде қатын-қалаш қалжындап менің үйімді «қос бойдақтың үйі» деседі. Әдейі өзінің бойдақ екенін ескертетіндей Ұлтарак бір жанға жайлы әнге салады:

«Сыпыра бойдақ, сылқылдақ,
Әнге салдым былқылдап,
Жүре алмадым елді ойлап».

Ұлтарактың әнін естіп отырып бірде «елді ойлап» дегенінен қай жердікі екенін сұрадым. Ондағы ойым ән салуына қарап бұл елдікі емес шығар дейтінмін. Оның да бір себебі бар еді. Осыдан үш жыл бұрын Алматыдан тері-терсек жинаған бір бақал келіп Жаубай үйіне қонып отырып, «қонақ кәде» сұраған қыз-бозбалаға бір ән салып берді. Әннің сөзіне қарағанда ғашығына жете алмаған бір бейшараның мұңы болса керек-ті. Соны айтып болған соң әлгі бақал өз елінің Балқаш сыртында екенін, бай екенін, арғын екенін, елінің жігіттері шетінен әнші болатынын айтып еді. Сонан соң кім біледі, Ұлтарак та сондай бір ерекше ән дарыған жердің адамы шығар дейтінмін. Сөйтсем олай емес, өзіміз ас-суды бірге ішіп, той-томалақты бірге өткізетін осы мына тұрған Қордайдікі болып шықты. Ұлтарак жасынан жетім қалыпты да, әкесінен қалған малын бай ағайындар иемденіп кетіпті. Бұл ер жеткен соң ағайындарынан мал дауламағанмен қалың беріп қатын алып беруін өтініпті. Сөйтсе ағайындары бес күн күні-түні кенесіп ақыры бәрі де қара қора болғандай, ауыздарын қу шөппен сүртіп шыға беріпті. «Ендігі жылы болмаса» депті. Ал ендігі жылы да

осы болатынына Ұлтарактың көзі жетеді де, «ендеше сендер сияқты бай болғанда араларына келермін» деп беті ауған жаққа кете беріпті. Содан Жаубайдың қорасынан бір-ақ шығыпты.

– Ал енді ол Қордайға қайдан келіп едіңіздер? – деп сұраймын мен.

– Қайдан келуші едік, ағамыз Қасқараудың Баба, Құлболды, Сырымбет, Тілеуімбет деген төрт баласы болыпты. Соның Сырымбетіненмін. Тек біразының Оралға кеткені болмаса. Атақты, бүкіл қазаққа қоныс болар жер ұйық іздеген Өтеген батырды естігенің бар ма, ол дүниенің біраз жерін аралаған ғой. Сондағысы өз басын күйттемей, ел қамын жеп, халқын қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын, ашаршылық, азап көрмейтін жерге көшірмек болған. Мен сол Өтеген батырдың туысқандарының баласымын. Батырдың баласы да қойшы бола беретін көрінеді ғой.

– Ал қош, – деймін мен сене алмай, – онда сізге ән қайдан келіп жүр?

– Қайдан келуші еді. Менің айтатыным өзі Іленің арғы жағына өткенде белбеуінің бір ұшы бергі жақта шұбатылып жататын Дәурен салдың әні емес пе?

– Е, кім біледі, осында келген бір бақал әннің бәрі арғында, бізде ғана деп еді.

– Ә, енді түсіндім, – деді күліп Ұлтарак. – «Екі ауыз ән білгені арғынмын дер, қыдырдан түсте бата алғандай-ақ» деп ақын Сарада сондай мінезділерді көріп айтқан емес пе, Біржанмен айтысқанда. – Әрине ол кезде мен Біржан мен Сараны білмейтінмін. Сол Ұлтарак ол айтысты жатқа соғатын. Содан естіп бірінші рет айызым қанған. Дегенмен жаңағы ән мәселесіне қайта оралғым келіп отыр. Мысалы Шоқан көп оқыған адам, бірақ жас өлген. Ол да «Үйсіндерде ән жоқ екен» деп ел ақтаған бақалдың сөзін айтқан. Сол бақалға осы кезде болса «жат елде қайыршылық қылып жүріп, өз елін бай деп мактап құдай қарғап» деген Абай сөзін тосақояр едім. Әрине, менің шырағым, оған намысым келмейді. Бірақ бір адамға, бір ауылға қарап бүкіл бір елге баға беруге бола ма? Мысалы сонау бір жылдары белгілі бір ақын осында жайлауға келіп, сонда көрші колхоздың ферма меңгерушісі Күлпаш деген желөкпелеу әйел онымен айтысамын деп әлек салды. Күлпаштың да өлеңі көп емес, кәдімгі «Ақаудың астығы жоқ шайнағанмен...» дейтін бес-алты ауыз. Соған әлгі пәлен кітабы шыққан ақын жауап таба алмай терлеп-тепшіп жаман қысылды. «Сыймаған тілі аузына ақын десем, ақыным аузын бұған өгіз екен» деп салғаны Күлпаштың. Оның өлеңі кәдімгі осы өңірдегі екінің бірі қиып айтатын қайым еді. Ал ақын оған жауап бере алған жоқ. Соған қарап сол ақынның ауылы, туған жерінің адамдары түк білмейтін надан екен деп қорытынды жасауға бола ма? Немесе сол елде айтыс дегенді атымен білмейді екен деу орынды болар ма еді. Ойбай-ау, айтайын дегенім әлгі Ұлтарак жайы еді ғой. Ескі оқығаны бар сол маған хат танытты. Оны кейін айтармын.

– Біраз туысқаныңның Оралға кеткені қалай? – дедім. Орал деген қай жер екен деп танданып.

– Орал осы жерден суыт жүрген атты кісіге айшылық жол болса керек. Бір туысқанымыз Шу бойынан кісі өлтіріп қашыпты. Содан Оралға барып орналасып бір ошарлы ел болса керек. Атасын, түбін ұрпағым біліп жүрсін деп бұзау терісіне кім екенін жазып кетіпті деседі, – деп жауап берді Ұлтарак.

– Ол да бір қызық оқиға екен, – деймін мен.

– Несі қызық болсын. «Тауда жүріп таста өскен жер қадірін білмейді, ағайыннан басқа өскен ел қадірін білмейді» деген емес пе? Енді олар келіп туысқан болады дейсің бе? Адамды жақын қылатын туысқандығы емес, қонысы. Аулы аралас, қойы қоралас отырғанға не жетсін. Өрісі басқаның өлімі басқа. Өлгенге салауат, тіріге құтты болсын айтысқанға не жетсін. Қоныс, өріс басқа, от пен суат басқа болған соң «әне жерде әкең өліп жатыр» десетін болады дағы. Маған Ұлтарактан өткен білгіш дүниеде жоқ сияктанады. Кейде ол әңгіме айтқанда япырмай бұл осының бәрін іштен туа біледі ме екен деп те қаламын.

Сол Ұлтарак енді міне маған тағы да әңгіме шертіп отырғандай көрініп еді, байқақырап қарасам түрі түпсіз тұңғыықтай өзгеріп кетіпті. Сәлиман шешем де тас құдайдай қатып қалған. Басқа отырған жігіттердің бет-жүзіне қарап едім, бәрі де тұнжыраңқы. Қайсысының бетінен титімдай жылылық ізін табар екенмін деп бет атаулының бәріне қарап шықтым. Осы жерде де Ұлтарактың ерекше келбетін байқадым. Мұндай тұнжырау, көңілсіздік әдетте бір кісі өліп, соны естірте алмай сасып отырғанда болушы еді. Не ешкімге айта алмай, не естірте алмай әрі бала-шағадан естіп қояды-ау деп қысылғанда жұрттың бәрі осылай сыпыра мұңайып қалатын. Не болды екен деп тандандым. Шамамы Аман мен Нұрия бір жерде ұсталып қалған ғой немесе сол екеуінің біреуінен жаманат келіп жүрмесін деген арам ой сап келе қалды. Әйтеуір мыналардың отырысы кәдік. Бұл үйде тыныштық орнаған. Маужырап тұрған тау үстінде күнде есік алдындағы майсада отыратындар үйге тығылып алыпты. Маған ешкім орын ұсынбады. Оң босағадағы жаңа теріп әкеп қойған орта қап тезектің үстіне салмағымды салмай жүрелеп отырдым.

– Мына жерге отыршы, – деп Дәмет бір бөстекті төсеп берді. Тауда отын тауып жағу қиындау. Әсіресе осы төңіректе, тек малдың тезегін теріп келеді. Отын алу үшін терең шыңға түсу керек. Ағаш отын, бұта сонда ғана. Дәмет қаптағы тезекті алып шығып кетті. «Түнде жаңбыр жауып кете ме деп кіргізіп едім» деп қояды өзіне өзі. Оның сөзінде ешкімнің ісі болмады.

– Сен түнде жылқыда жүргенде ұйқтап алып па едің? – деп сұрады Сәлиман шешем жарылып кеткен ерінің бір жалап алып.

– Иә, ұйқтап едім, таң алдында, – деп көріне көзге өтірік айттым. Ұйқы қайда, жылқыдан іңір қараңғысында-ақ келіп, ел жата Ұлтуғанның

жанында болғанмын. Содан таң ата кетіп жылқыны жиыстырып айдап келген едім. Сайға бекітілген Тарланкөктің шідерін ағытып алып жатқанымда ұйқысы жоқ Қойлыбай көріп қойып еді. Бірақ одан онша қысылмадым. Менің жауабымнан кейін үйдің іші тағы да тыныштыққа бөлене қалды. Сыртта араның ызыңы, бөгелектің, шыбын-шіркейдің қанатының дыбысы анық естіліп тұр. Түрүлі тұрған есіктен арғы беттегі құйрығын қоқайтып сәске болмай-ақ оқыралаған бір-екі тананы көрдім. Мұнда төңірек жап-жасыл. Арғы бет көк, одан арғы төбеге көз салсаңыз ол солғын көкшіл, өзің қарашы інішек, ал одан арғысы бозғыл көк, мұнарланып тұрады. Жыл сайын келетін таудың осы бір суретін сол күні аңғарғандай болдым. Есіме отырғандар түсіп Сәлиман шешем бірдеме деп тастар деп қып ете қалдым. Сәлиман шешем қайта сөйлеген жоқ. Сөзді әдеттегіден тыс Ұлтарак бастады:

– Ел жайлауға көшкен кезде казактан солдат алынсын деп патшадан бұйрық келген көрінеді. Мынау бай ауыл бұрын естіп алып үн-түнсіз жүр екен. Кеше Аққатын Жаубай мен әлдеқандай бір қырғыз манабының әңгімелесіп отырғанынан біліп қалыпты. Соны тез анықтау керек. Әңгіме төркініне қарағанда оған өң жоқ-жітік, кедейді кекілінен тізіп берсе керек. Лайым олай болмасын, егер олай бола қалса, құдайға байдың айтып соятын бозқасқа қойы – алдымен мына біз болармыз. Сол жағдайды жұрттың айтуынша бір білсе мына қалың Шапырашты ішіндегі Қырбай біледі деген сөз тарап жүр. Соны сен біліп қайтсаң қайтеді. – Ұлтарак сөзін аяқтағанда әлдеқалай ішім мұздап сала берді. Құдай осы ит көзі түтін танымас күнімізді де көпсінген екен ғой деп ойладым. Ол ел ерсі көшіп, қарсы қонған заманда, үрке қарап, үдере көшкен заманда бізді қара жұмысқа алатынын білеміз бе, су түбіне кеттік деп ойладық қой. Әйтпесе қойдан қоңыр, судан тұнық қой аузынан шөп алмас момын казак оған мөнді-мөнді деп көне салар да еді. Бірақ шын мәнінде қара жұмыс емес, көріне көзге қорлық қой. Қарусыз ел шетіне, жау бетіне апарып, өз көрін өзіне қаздырғандай окоп қаздырып қорлап өлтіргенше мылтықпен жастығынды ала жатқан тәуір ғой. Бірақ біз ол кезде бізді қорлағанын біліппіз бе, солдатқа алатын болды, «бидайдың барар жері диірмен» дегендей солдаттың барар жері соғыс деп қарадық. Жетісу өңіріне жеткені де, жұрттың дүрліккені де сол соғыстың аты еді.

– Жарайды, – дедім мен. Кешке дейін сол күні батырдың ұйқысын ұйқтап, күн екіндіге таянғанда-ақ құлындарды ағыттым. Бұл кезде бұрынғыдай желі басында желік, қызық қалмаған. Мен үшін қызықтың бәрі Ұлтуған еді ғой. Ал Ұлтуғанды анда-санда болмаса жібермейтін болған. Онда да ол орысша оқыған, көзі ашық қыз шешенің сөзіне бірде көнсе де, бірде көнбей шығып кететін. Сондықтан желі басын қызықтауды қойып, енді үйшік-үйшік ойнаған балалар сияқты отау-отаудың оңашасын, той-томалақтың жиі болуын аңсап тұратын болғанбыз. Жылқыны өріске ерте айдап жөнелдім. Мұны бай ауыл

өзінше түсінді. Артынан білсем олар мені кешке аңдыған екен. Мені андушы Азбан мен Тойғанбит. Кейін ұйқысы жоқ Қойлыбай сол күні Азбан мен Тойғанбиттің көрер таңды көзімен атқызғанын айтып күлетін.

Күн бағпай-ақ мен аттанып Сарыжазықтан, Қарашадан, Қоңырдан, Ақтастыдан өтіп кеттім. Ол жаңағы өзіміз шыққан ауыл отырған жер. Түнделетіп Құлансазға жеттім.

Ай ел орынға отыра уатын, толық кезі болатын. Қарақиядан өрлеп Тарланкөкті алқындырып биікке шыға келсем Құлансаздағы үйдің жиілігі маған аспандағы айсыз түнгі жұлдыздай болып елестеді. Осынша үлкен ауылдың қайсысынан жөн сұрарсың. Шеттегі бір үйден ат үстінен сұрастырып едім, үйден әйел шығып жауапты келте қайырды. Бірақ жөн сілтеді. Үйіне кіре берген әйелдің еркегіне «тағы да біреу Қырбайдың үйін сұрайды» дегенін құлағым шалды. Демек менен бұрын да Қырбайды іздеушілер болғаны ғой. Бұл тегін болмады. Інішек басыңды көтер, – деді Шұнақ. – Анау көгерген жота Майтөбе, соның үстін ала жататын Құлансаз өте бір жанға жайлы жайлау. Суды тек Қарақыстақтың өзенінен тасып ішеді. Өзінің табанында да шалшық қара су бар. Бірақ тұнықтан жүзіп ішкен арғымақтай бұл Жетісу елі судың тазалығын, мөлдірлігін қадірлейді. Сондықтан да ол суды мекен бергі өзеннен алады.

Қырбайды үйінен таптым. Бес шам Шапырашты деп аталатын осы елдің одан кейінгі атасы Ыстық деген кісі болыпты. Оның Малды, Қалды, Желді деген үш ұлының Малдысынан Екей, Еміл деген екі бала болса керек-ті. Еміл жасырақ өліпті де, артында Жайық, Алсай, Қойшыман деген үйелмелі-сүйелмелі, сарыауыз балапандай, балалар шүпірлеп жетім қалыпты. Қазіргі бес Шапыраштының бірі атанып жүрген Ескожа руы Қойшыманның ғана баласы. Оған қосылмайтын, бірақ анау екеуін білмейтіндер бәрінің әкесі бір болғандықтан олардан тарағандарды да Ескожа деп қояды. Дүниеде, шырағым, көп казактың дұрыс атын теріске шығарып, ат қойып, айдар тағып жіберетін аузы дуалы адамдар әйелдер. Ат атамаймыз деп жүріп, сызылып, сыздаусып жүріп Жайықтың Құл деген ұлынан туған Тортайды Тайторы жасаған да сайқы мазақ жөңгелер. Алысай баласы Көшектің тұқымы аз болыпты, шырағым. Қойшыманнан тарайтын, кейін бүкіл Шапыраштының ұраны болып кеткен Қарасай батыр тек көзсіз, жай тартып, жау түсірер, қаракүш иесі емес, ақылдың қайнап шыққан бастауындай, ойламай Орда шаппаған, аңдамай атқа қамшы баспаған, он ойлап, он пішетін, бір кесетін сарабдал адам болыпты. Сол Қарасай батыр атасы Көшектің тұқымының көзге сүртер бір тамшы жауын көрмеген егіндей сиреп қалғанын байқайды да, өз баласының бірінің атын Көшек қояды. Сол кездегі кәриялар оны құптамағанына қарамайды. Кейін Қарасайдан туған Көшектің тұқымы Жарқамыс бойын тұтас алып кеткенде соның ішінен басында бағы, күбісінде ағы көп бірі «қай Көшексің» дегенге «біз Қарасай баласымыз, олар жетім

Көшек қой» деп Алысай баласы Көшек тұқымын «жетім Көшек» атандырып жіберген. Інім, Қарасай батырдың сол заманда көре біліп, ат мінгізіп, асық жілік ұстатып жария салмай істеген қарекеті бүгінде ойлағанындай болып шықты. Қазіргілер қай Көшек екенін білмей араласып кетті. Айтпағым әлгі Қырбай еді ғой. Ол Жайықтың Жанай деген баласынан шығатын Сүйіндік деген өспей қалған атадан еді. Ал кейбіреулер Сүйіндіктің кімнің баласы екенін білмейді де, Алысай баласы, яғни арғы, үлкен Көшек десетін. Сондай жаңсақтық ағайындар арасында Қырбайға да айтылып қалып «үлкен Көшек» деп қалжындайтын. Сол Қырбай Бозымбеков өзінің кедейлігіне қарамай киімді барынша сыпа киюге тырысатын сұңғақ бойлы, қыр мұрынды құба жүзді кісі еді. Кейін Совет өкіметі жылдарында болыстық атқару комитетінің председателі, «Қосшы одағының» қатарында қызмет істеп жүріп отыз жетінші жылы ауырып өлді. Оның өлімі де соншалықты аянышты еді. Оның өлімін де кейінге қалдыра тұрайын. Қырбай менің жұмысымды білген соң маған бар жайды айтып түсіндірді. Тоқаш Бокинді білесің бе? Оны білетіңіңе түк күмәнім жоқ. Оны білемін деп айта алатыныңды да білемін. Тоқаштан басқаның әзір атын айта алмайтын болып тұрмыз ғой. Сол Тоқаштың ел аралап келгенін, қазақ болыстары солдат бермейміз деп көтерілгелі жатқанын, тек бірлі-жарымды пұлының күшіне сүйенген адамдар ғана бұл қан шықпай аяқталмайтын қиын да, қысталаң да жолға қатысқысы келмейтінін айтып берді.

– Ауылдарыңнан атқа мінетін адам табылар, құлақдар болып тұрсандар білерсіңдер. Бай мен кедейдің іргесі ажырайтын кезең келді, бауырым, – деді Қырбай түнделетіп келген мені сол түні аттандыра тұрып. Ол жаяулап мені ауылдың шетіне, Құлсансаздың төріне шығарып салды.

Біз тау жайлап отырып көп нәрсені білмеппіз. Біздің етектегі еліміз де дүрлігіп, тегіс атқа қонған екен. Оны да жаяу өсектен естіп ұқтық. Мен қайтып келген күні бұл ауылда бір жаңалық болыпты. Ауыл арасының бір жаяу ақыны шығарса керек, әрине Жаубайды жек көретіндердің бірі, ауылға бір ауыз өлең тарапты. Ол өлең бай ауылға, Жаубайға жанды жарадай жабысыпты.

Жаубай деген бір бай бар сасып жатыр,
Арқасын төрт қатыны қасып жатыр.
Кедейде де арман жоқ сол ауылда,
Байдың қызын бауырына басып жатыр.

«Қашқалы тұрған қоянға тәйт деген соң не жорық» дегендей бұдан кейін біздің арамьыдың жігі ашылып, менің қисық табанымның қалай басылғаны ауылда есепте болды. Бұл өлең Жаубайдың құлағына інісі Даубайдан мұра болған, жаңа қосылған жағымпаз тоқал Құлқаш арқылы

тиеді. Оны естіген Жаубай сегіз өрме бұзау тіс қамшыны қолына алып Құлқашты жондатады-ай келіп. Құлқаш жандәрменде үйден қашып шығып бара жатып «е ол менен туған қыз ба еді?» дейді. Сол кезде Жаубай есінебәйбішесі түсіп үлкен үйіне жөнеледі. Бәйбішенің отырған жерінен қашуға шамасын келтірмей, көк ала қойдай, көк шымшықтай қылып тұрып сабайды. Сен білесің бе, шырағым, қазақ қатын сабайды. Бірақ ол қашып үйден шығып кетсе, қуып ұрмайды. Ал таяқ жейтін әйелдер көбіне көкбеттігінен табады. Қатынын қуып ұрған еркек үлкендер алдында тізерлеп отырып жауап береді. Боз бала күнінде байқамай әйелін қуалап сабаған бір-ер жігітті көргенім бар. Олар бүкіл ауыл алдында, үлкендер алдында қарабет болады. Ұлбай бәйбіше қаннен қаперсіз отырған адам, оның үстіне егі ауырлау қаша алмай қалады. Сөйтіп жасы егде тартқанда мен үшін бетіне қамшы ізі түсті. Мінезі де онша жеңіл емес адам Құлқаштың сыбағасын бір сөзбен береді де қояды: «Қап осырықпен бетін ашқан пәленің қорлығын-ай!» дейді. Мұнысы азғантай ауылға жай оғынан да жылдам тарады. Бұл әжуаның артында біраз әңгіме жатыр еді: Құлқаш алғаш келіншек болып қысты күні түскен екен. Сонау Аңырақайдан түнделетіп әкелген онбес-оналтыдағы жас қыз таңертең Жаубай ауылына жетеді. Даубай жау түсіріп, тындырып келгендей басқа бір үйге барып ұйқыға кетеді. Бір онаша болып, әйелдер шымылдықты ашып тастайды. Үйде Құлқаштан басқа үш әйел қалады. Сәлиман шешем, Ұлбай және Қойлыбайдың келіншегі Дәмет. Сол арада үй онашарған соң үлбіреп, тұмшаланып алған келіншектің бет-жүзін үш әйел көргісі келіп, жаулығын ашайын десе, Құлқаш бетін бүркеген шаршысын ұстап алып, саңлау бермейді. Сонан соң Дәмет шаршайды да, анау екі абысыны да «кейін көресің ғой, қойшы соны» деседі. Дәмет қоя салады. Үш абысын отырып әңгімеге кетеді. Ұзын сүре әңгімені шәлі астында шала естіп жалыққан, әрі түнімен ұйқтамай талыққан Құлқаш мызғып кетеді де, таңқ дегізеді. Сөйтіп өзі біліп қалып, шошып кетіп, бүркенішін серпіп тастап, орнынан атып тұрады. Үй-ішіне қарайды. Шамасы үйде адамның бар-жоғын білгісі келсе керек. Сөйтіп «шақырғанда келмеген келін келсап сұрай өзі келіптінің» кері келіпті. Содан Құлқаш «бетін осырықпен ашқан» атанып кеткен екен. Ол кейін ұмыт болған да, енді бүгін қайта жаңғырғанда ол жанын қоярға жер таппайды. Оның үстіне бозбаланың шымшымасы қандай? Құлқаш таяқ жегенім әлдеқайда жақсы еді деп опақ жейді.

Ұлтуған маған жолаудан қалды. Шешесі оның да сыбағасын беріпті, әйтеуір біреу-біреуге қожа болған заман ғой. – Шұнақ шал тостағандағы қымызын сарқып ішіп, торсықты қайтадан аузынан ұстап тұрып, сілкіп-сілкіп, қымызды араластырып ыдыстарды толтырды. Күн еңкейгендіктен бе, қызуы сәл басылайын дегендей. Мен аткөрпеге қисайып жаттым, ол отыр. Ойым Ұлтуған тағдыры. Бауыры тақыр кедейге тап болған байдың еркетотайы бұдан былай өзін қалай ұстар екен деп ойладым. Ата-ана тілі мен сөзінің сүтті судан айырып жіберген

жағдайы бұл дүниеде аз ба? Әлі кім біледі, «сүтімді көкке сауамын, қу кедейінді қой» деп шешенің айтпасын қайдан білерсін. Шұнақ шал менің бетіме телміре қарап қалғанын байқап ойымды тыя қойдым. Шамасы бұл жолы менің бет құбылысымнан не ойлағанымды аңғара алмаса керек, өзіме сұрақ қойды:

– Байдың бәйбішесіне жаның ашып отырған жоқ па?

– Жоқ. Қыз кейін қалай болар екен деп.

– Қызды қайтесің. Сонан соң-ақ жағдай айран тамған сүттей іріді. Менің Ұлтуғанмен жақындығым көрші Шапырашты ауылдарына да тарап, кейбір ала құйындар «біздің бала бір күні Жаубайдың қызын тоқтыша өңгеріп келер» десіп бұл ауылға қалжың-шынын аралас айтып жүреді. Мұндай немкетер, шымшыма сөздер-ақ әдетті талайды жүйкелетіп кетеді. Сасық намыстар қозып, ішінен түрт шайтан, түрт деп бірдемелер түрткілеп тұрады. Сондай шайтан түртсе керек, ертеңіне таңертеңмен бүлініп, далаға көше жөнелдік. Оны Жаубайдан басқа ешкім де көшер сағатқа дейін білген жоқ. Оның да басты себебі Ұлтуған екеуміз болсақ керек. Өйткені Жаубайға жайлау сұрап қонған кірмеліктен құтылу керек. Оның үстіне менің Ұлтуғанды алып қашып кетпеуім үшін қалың Шапыраштыдан алыстауы да, мені олардан, аластауы да қажет. Егер жазатайым жағдай шиеленісіп бара жатса, бұл жерде отырып менің қызыл жұдырықпен сыбағамды бірге алмайды. Сондықтан мені тікенді гүлдей қылып қолына ұстағысы келмесе де, үн шығармай, сыр бермей, дабырайтпай жылжып кетуі абзал. Сөйтіп анау Шиенді басып, құлдидалап анау қарайып көрінген Дегерестің үстіндегі Әжібай саз арқылы жау қуғандай үдере көшіп бір-ақ күнде Беріктасқа жеттік. Көш жетті, мал айдауда, жолда.

Дала жайлаған ел қатты қобалжулы екен. Солдат алады дегенді естіген ел у жегендей сенделуде. Өзі оқымаған қараңғы халық құлағын әлденеге тігіп, сыбыс естуге әзір. Бірді екі, екіні үш қылып айтушылар да бар. Бір таңданарлығы сол осы қазақ елі сол он алтыншы жылғыдай ешқашанда ауыз бірлікті болмаған шығар. Жұрт не істерін білмей сенделді. Кей жерде байдың малы бағылмай, іркіті пісілмей, сүті пісірілмей ырың-жырың. Су қосып ұйытқан сиырдың айранындай іртік-іртік, тіс-тіс ел, бірін бірі тыңдағыш болып алды. Көрші ауылға атты кісі келсе, соны бала-шағасына дейін біліп отырды. Бұрынғы жағасы жайлау, етегі қыстау заман қалды. Оның үстіне Жайылмыс елінің көтеріліске дайындалып жатқаны да дүңк-дүңк естілді. Бекболат батырдың Алатаудың ең әсем жайлауы – Үшқоңырға ту тігіп, патшаға қарсы шыққанынан хабарсыз ел қалмады.

Дала жайлаған жатақтар ауылында үрей жоқ. Менің әнеуі күнгіден кейін жүрген тұрғаным есепте болғандықтан енді ондайға Ұлтарак жүретін болды. Жоғары тау бауырында Шиенде, сарқамыста, Самсыда жұрт көтерілгелі жатқанын ауылға сол жеткізді.

Беріктаста болғаның бар ма, шырағым. Оның берік тас аталуы үстінен келген кісінің төменге кез келген жерден түсе алмауынан еді. Тұйықтаған ешкідей биік жартастанып бітетін Дегерес, Беріктас жері құламасаң астындағы Шөладырға аяқ баса алмайсың. Ал Шөладырдан тұрып қарасаң Дегерестен, Беріктастан құлайтын Дегерес, Жаманты өзендерінің төмен ағып түсер арнасы күнде қалып, жарылып кеткен тостағанның ауызындай ырсып-ырсып тұрады. Жаманты өзенінің сол кетігіндегі Мойнақ қораның жанына қона қалғанбыз. Нақ осы жерде қозы қыркылмақ болды. Жылда таудан қыркып түсірілетін қой далаға келіп тоғытылды. Жаубайдың төрт қатынының үйі қатар тігіледі. Ортасында бәйбішесі, екі жағында үш тоқалы. Ұлтуған ортаңғы үйде. Мен оны көш жөнекей де көре алмадым. Дәметтен естуімше шешесі ұрғаннан бері ешкімге сөйлемейтін болыпты. Орнынан көп тұрмайды да, ауыл үйлерге де кіруді қойыпты.

Сол жұртта бір күні кеш алдында болыс шабарманы Шортақ суыт келіп, Жаубай үйіне түсті де, тез аттанып кетті. Өлдеқандай бір төре келеді екен деп Жаубай үйі әлекке түсті де қалды. Аяқ астынан мал сойылып, қатын орнына Қойыртпақ ішек-қарын аршып жатты. «Не болып жатыр?» деп Ұлтарак сұраса, әлгі шұлғауын сүйреткен, өзіміз сияқты Қойыртпақ байқұс бай үйінің ең сенімді адамы болғансып:

– Осы пышы-пышы сендерге неге керек, – деп бәлдене қалыпты. Боркемік Таубайдың сабап өлтіріп қоя жаздаған жерінен бай ұлын лақтырып ұрып, сорлы жалшыны сол Ұлтарак екі рет ажыратып алып еді. Бағанағы ферма бастығы бала кезінде өзінің бостығына қарамай бай ұлы – бай-батша болғансып, кедейлерге қодыраңдап тыныштық бермейтін. Кит етсе-ақ әкенің аузынан келіп, қамшы ала жүгіретін. Сол Таубайдың астынан суырып, тұрғызған Қойыртпақ енді Ұлтаракқа «пышы-пышы сендерге неге керек» деп тұрса, бұған күйесің бе, күймейсің бе? Бір пәле салуды ойлап мен де ошақ басына барып едім, Қойыртпақ жоламады. Бір ыңғайы келгенде жауырынынан қаттырақ ұстап, сілкіленкіреп, «не болып жатыр» деп едім. «Төре келеді дейді, кім екенін білмедім, ағатай» деді.

Қойыртпақ әлі үйлене алмай жүрген жасы біз қатарлы жігіт еді. Соңғы кезле Жаубайдың «жанын тындыратын» осы болып алды. Сондықтан да көбіне Құлқаш үйіне көбірек кіріп-шығып Жаубайдың аяғын уқалайтын дәрежеге жеткен. Жаубайдың аяғын алғаш уқалап шыққан күні даладағы Қойлыбайға келіп:

– Қатты шөлдеп тұрғаным-ай, – дейді.

– Не болды, тұс болмай жатып?

– Өй, ертеден бері байдың аяғын уқалап жаңа босаған жоқпын ба? – деп қабағын шытып, аузын дорбаландырады.

Бай аяғын уқалағанын дәреже көріп, мұның ұрты кеуіп тұрғанын Қойлыбай сезе қойып:

– Қортеке, сізге қымыз әкеліп берейін бе? – деп лып ете қалады. Әшейінде сен дейтін Қойлыбай «з»ға көшіп ызылдап.

– Әжелсең әкел, – дейді Қойыртпақ маңғазданып. – Тек бір жапырақ нан тауып ала кел. – Шерменде байқұс бұл неге ызылдап қалды демейді де.

– Ой, Қортеке нанға қор болып қайтесіз, баймен тізелесіп отырып қызыл бауырсақпен фаміле шай ішесіз ғой.

– Саған айтқан сөзді істеуің керек қой, – деп жуан шығады Қойыртпақ. Қойлыбай іштей ыза болады да, біраз онысын сездірмей, «жарайды Қортеке», отау үйлердің біріне жүгіреді.

– Ләббай! – дегенге Қойыртпақ қарай қалады. Алдында Қойлыбай бүгіліп, иіліп тәжім етіп тұр. Бір қолында бір шара айран, бір қолында туырлықтай тұтас бір қазанжаппа нан. Бір шаршы орамалдың үлкендігіндей тайқазанның түбіне төңкеріліп, қатырылған қазанжаппа нанды ол түгел алады деп Қойлыбай ойламаған да екен. Бірақ Қойыртпақ шараны басына бір-ақ көтеріп, нанды тұтас қолына алады да, ошақ басында жатқан ағаштан олақтау шабылған итаяқты төңкеріп тастап, соның үстіне отырып, малжаңдап жей береді. Осы бір сәтте әлдеқайдан көкірегіне нан пісіп, кімге тиісерін білмей жүрген Таубай келеді де, итаяқ үстінде малжаңдап отырған Қойыртпақты көріп:

– Өй әкенің... Қолындағы нан не, астындағы итаяқ не, кәрі төбетше малжаңдап отыр ғой, – деп тұра ұмтылып, анау тұра бергенде май құйрықтан бір тебеді. Алғаш Қойыртпақтың жаңағы қылығын ойлап, сауап болды деп тұрған Қойлыбай Таубай шындап сабай бастаған соң жаны ашып, ажыратып алады. Сөйтсе Қойыртпақ Таубайға да оның әкесінің аяғын уқалағанын айтып жақындығын білдірмек болады.

– Жәкемнің аяғын уқалап едім...

– Иттің шөкесін уқаласаң да саған бәрі бір емес пе!? – деп Таубай жөніне кетеді. Сол мінезін әлі қоймай жүргені есіме түсіп жанына барып едім. Ол менің ит мінезімді білгендіктен бе, әлде жөнін айтқысы келді ме, шынын шығарды.

Кеш алдында күткен төреміз келді. Жылтырауық түймелі қара бешпенті бар, басында мүйіз күнқағары жалтылдап тұрған бас киімі. Етігі де күнге шағылады. Шілпиген көк көз шикіл сары. Екі құлағы қалқиып, жазатайым тиген қурай жырып кетіп, бәсіреге ен салғандай белгі тастарлық жұқа. Сыриған бойы өзі де арық денесін сорайта түскен. Қылқұрт болған қозыдай іші-ішіне қабысып қалған. Оны кешке дейін күнге борсып қырықтық басында отырған Жаубай шантандап өзі қарсы алды. Әріп ақынның «қазаққа келген жанның бәрі төре, ақылдымси келеді ақыл бере» дегеніндей ол кезде көкірегінде жылт еткен сәуесі жоқ сауатсыз елге жылтырақ түймелі бешпент кигеннің бәрі төре. Кейін байқасақ тіпті солардың көбі қарауыл, орманшы сияқтылар екен. Қорыққанға қос көрінген заман емес пе? Өз көзің ештемеге жетіп тұрмаған соң, к... тисе көндік, басқа тисе өлдік деп жүре

бердік қой. Үйде не әңгіме болғанын біз біле алмадық. Аққатынның бізге берген мәліметіне қарағанда оның қызыметі – асыресір. Фамилиясы Шегірев. Ол солма болған түйедей екі күн сол үйден шықпай жатып алды. Өзі арақ ішеді екен деген сөз қатындар арқылы бізге жетті. Өзінің әлдеқандай былғары дорбасынан шыныны алады екен де, ешкім жоқта кесеге құйып іше қояды екен. Бір рет далаға басының сақинасы ұстаған адамдай тәлтіректен шыққанда бір көріп қалдық. Бұл өңірдің арақ ішкен қазақты көргені мүмкін осы ғана болуы тиіс. Бай үйі төңірегінде кіріп-шығып қызмет істеп жүргендердің бірі мұрнын тыжыра шығады да, жүгіре жөнеліп, ауылдан сонау алысқа ұзап лоқсып, жөтеліп көзі жасаурап қайтып келеді. Қазақтың көбі-ақ иіс сезгіш келеді, інім. Сырттан кірген қазақ үйге жылан кірді ме, әлде тышқан кірді ме, солардың иісін біле қояды. Таза ауада туып, далада өскен, иіс-қоңыстан қақас қазақтың мұрнына шүбә келтіруге болмайтын еді. Іші асқа тоймаса да, көкірегі оттегіне толы қазақтар асыресір аузынан шыққан иіске-ақ сонша жирене қарап, әрқайсысы-ақ бай үйіне барғысы келмей «сен бар, мен бар» мен жүрді. Жаубай қонақтың арақ ішкенін ұнатпаса да оның алдында аузын бұған өгіз. Әлде ол солма сарыдан қорықпағанда шығар, өз үйін сыйлайтын, сондықтан қонақ басына дайрағын төгіп кетсе де үндемейтін қазақ әдетін ұстанған болар. Әйтеуір Жаубай арақ ішкенін көріп, жиіркенеді де, Ұлтуған ол үйге кірмесін деген сыңай білдіреді. Жаубаймен әңгіме алғашқы келген сәтте болыпты да, содан шишадағы ащы суын аузына алған соң әлдеқандай Боқы баласы деген бұзық қазақты жамандаумен болыпты. Оның үстіне аузына ақ ит кіріп, қара ит шығып, былапыт сөйлеп, не мағнасыз, ешкімге түсініксіз бірдемелерді тантип кетеді. Алғашқы сөз былай болыпты:

– Сіз қазақтан солдат алғанға қалай қарайсыз? – «Қалай қарайсыз?» деген сөз ол кезде қалыптаспағандықтан оны Жаубай түсіне алмайды да, кері сұрақ береді:

– Неменеге қараймын? – Шегіревтің шегірек көк көзі кішкене тікірейіп кетеді де, саясатпен жұмысы жоқ қазақ байының өзінің сөзінің байыбына бара алмағанына көзі жетіп, ойын біртіндеп түсіндіре бастайды. Айранын ұртттап, қойын құрттап жайына жүрген бұл бай ол тәптіштеп түсіндірсе де ұққан белгі бермейді.

– Сіз ұлыңыз Таубайдың солдат болғанын қалар ма едіңіз? – дейді Шегірев. Мұны Жаубай түсіне кетеді да, шоршып түседі. Дегбірі қалмай асыресір алдында желді күні үрлеп іліп қойған қарындай қалбалақтай береді.

– Не алсаң да менің ұлыма жармаса! – Мұны түсінген Шегірев сықылықтап күліп алады. Сонан соң Жаубайға ақыл береді.

– Ботпай елі көтерілді, Жайылмыс тегіс атқа қонды. Бүкіл қазақ ауылдарының бәрі балқыған қорғасындай толқып тұр. Сіздің елден де көтеріліс шыққалы тұр. Өйткені үшқоңырда қанға қолың

матырыскандардың ішінде сіздің Ырғайты, Самсы елінің адамдары да бар. Ол ру басылары өздерінің балалары бармайтынын түсінгісі келмейді. Бәрі осы тұста қазақшыл бола қалған екен, шіркін. Кеше ғана барымталасып, сырымталасып бас жарып, көз шығарып жатушы еді, бүгін «ит өзі ала болса да, қасқыр көргенде бірігердің» кері келіп қалыпты. Есігіңнің алдында жүрген жок па, әлгі кім еді, қыз ойнақ салып. (Менің атым аузына түспей қалған). Сондайларды жіберсе несі бар, өлмесе өмірем қапсын!

– Астапыралда, – деп орнынан атып тұрады мені айтып отырғанын білген Аққатын. Жаубай отыр дегенді тоқалға қабағымен аңғартады. Аққатын сасып қалып жалп етіп отыра кетеді. Бұл жерде салма сары тағы бірсыпыра аты бұл Беріктас өңіріне белгісіз біреулерді атап, әлдеқандай бір утас өртейтін кедейдің оқудағы баласын, оқудан шығып қалған көкірек ауру жас біреуді, тағы бір ит аттас біреудің оқыған ұлын ұзақ жамандап кетеді. Оның біразын Аққатын түсіне алмайды. Өйткені арақ ішіп, езуінен түкірігі ағып отырған асыресірдің сөзінің бірін ұқса бірін ұға алмайды. Көзі сүзіліп, сөзі үзіліп шыққан әкімнің бет-жүзіне қараудың өзі айдай болған Аққатынға жиіркенішті көрінеді. Шегірев сөйлей береді.

– Біздің болыстарды да құдай ұрды. Ақ патшаға солдат бермейміз деушілердің ішінде олар да жеткілікті. Тіпті бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай. Сонан соң басқалар бүлінбесе бүйі шықсын деп сізді арашалап қалуға келдім. – Жаубай сасып қалып әңгіменің аяғын тыңдауға тағат таппай:

– Сонда мен баламды жалғыз бермекпін бе? – демесі бар ма. Жаубайдың түсіне алмағанына күйіп кеткен Шегірев ежірейе қалып, өзінен ығыса қоймаған Жаубайға қайта ұғындырмақ болады.

– Сіз балаңызды бермеңіз. Бірақ мыналар сияқты бүліншілікке қосылмаңыз да. Көтерілістің аяғы жаман болады. Көп адам қамалады, ит шеккенге айдалады. Содан аман болыңыз демекпін. – Бұл сөз қанша көр көкірек болса да, арамдықты тез ұғатын Жаубайдың көкейіне қона кетеді. Сапылдап сөйлеп қоштамағанымен қапырық күнгі бөгелек қуған жылқыдай иегін изендетеді. Асыресір сонымен жата берсін. Сен, қарағым, Жаубайға өштігінен арамдық қона кетеді деп айтты деме. Өзің жас жігітсің, өмірді бажайлашы. Бір адамдар болады, олар өмірге тек арамдық істеуге, арамды ғана түсінуге келгендей. Олардың құлағына жақсылық туралы ештеме жетпейді. Жұрттың бәрі оған тек жаманшылық істегелі тұрғандай, отқа итере салатындай көрініп тұрады. Олар біреудің бір ауыз сөзінің арғы жағында оған деген жамандық бірдеме жоқ па екен деп тінтеді. Ешкімге сенбейді. Ондайлар көбіне-ақ жұртпен жұғысып кете алмайды. Өйткені бойына біткен арамдық, сенімсіздік басқаға жуыса қалса, қой қатығынша бірдеме жұға қалатындай көреді. Басқаның жөн сөзі де бұларға шаншудай қадалғыш келеді, жалпы айтылатын жанама сөзден жанына бүгін немесе ертең кірш етіп кіріп кеткелі

тұрған жамандықты іздеп тауып ала қояды. Ал енді біреулер өзінен өзі қорсынып, басқалар оны үнемі кемітіп тұрғандай көреді. Өзіне арнап басқалардың сөйлеген сөзін осы тұрғыдан қарап түсінеді. Олар өкпешіл де, мұңайғыш та. Ал Жаубай осы екеуінің алдыңғысына жатушы еді. Солма сарының айтқаны көкейіне ұялаған соң оны Жаубай аяғынан тік тұрып сыйлады.

Асыресірдің арақ ішкені маған жаман болған жоқ. Ұлтуған Аққатын үйіне ауысты. Күндіз бие сауған соң сүтті сабаға құюға апарып едім, Ұлтуған шынтақтаған күйі кітап оқып жатыр екен. Менің келгенімді көріп өңі бір қуарып, бір қызарды. Мен сүтті қоя салып, не дерімді, не істерімді білмей сілейіп тұр едім, ол бері кел деп ымдады. Жанына жақындағанымда орнынан көтеріле беріп, мойнымнан құшақтай алды. Тас болып қолы жазылмады. Екі көзінен жасы парлап ағып менің бетімді жуып барады.

– Бүгін қалайда есебін тауып кел, – деді ол көзін ашпаған күйі. Нақ осы бір сәтте сырттан аяқ дыбыры естілді де:

– Бұл үйде кім бар ей? – деп дыбыстады. Азбанның дауысы.

– Мен, сабаға сүт құйып жатырмын, – дедім Ұлтуғанның айқасқан қолынан зорға ажырап. Мен сүтті тастап қана кетуім керек қой. Өтірікті дұрыстап айта алмағаныма өзіме өзім қатты ренжідім. Адам қашан да жаман қылығынан жерінуге тиіс, жаман әдеттен аулақтануға тиіс. Ал мен болсам өзімнің келістіріп өтірік айта алмағаныма өкіндім. Өйткені сол заманның өзі өтірікке итермелеп тұрса, әуені аяқтай, жерді тебінгідей қылмысқа шара бар ма!? Азбанның қандай ойда кеткенін кім біледі, мен артынан қыпылдап қалдым. Қыпылдамасқа бола ма, байдың өз ордасында басындағы бағыны, мейманасы толған шағына қарамай, тұлымдысын тұл етіп, қызын құшағына қысып жатсаң, бір жағынан мұның өзі оларды басынғандық, екінші жағынан ұрлық сияқты. Ал ұрының қуыстанып тұратын ежелгі әдеті. Өтірікті қысындырып айту да осындайда өнер сияқтанып кетеді. Ол өмірі шын сөйлеп үйренген адамға оңайға түспейді. Менің өтірігімнің де шиі шығып тұрғанын өзім де сезіп қалдым. Өйткені қазақ сауылған бие сүтін сабаға жылыдай құймайды. Ол біраз тұрып салқындауы тиіс. Қай сабаға, қай сүтті құйып жатқаныңды кім біледі деп кеткен де шығар.

– Бүгін келе алмаспын, ертең кешке келейін, мыналар бүгін андиды, – дедім Ұлтуғанға. Ол көзінің жасын іркіп алды, қайта үндемеді. Дайын тұратын әйелдердің көз жасы-ай, шіркін, төгіліп-төгіліп кетеді. Ұлтуған бозарыңқы тартып, кішкене әрі тайған сияқты. Маған шығып бара жатқанда жылап тұрып күле қарады. Бұл да әйелдердің ғана қолынан келетін әдет еді. Күлді, бірақ қарақаттай қап-қара көзінен жасы құйылып кетті.

Ертесіне Аққатын тағы бір қызық айтты. Күндіз менің барып кеткенімді көрген Азбан түнімен Аққатын үйін ториды. Үйдің сыртында бұқпантайлап жатады. Үйден сыбыр естіледі. Жыбыр-жыбыр сөз бо-

лады. Енді шыға бергенде бәлемді ұстап, аттан салайын деп Азбан жатады. Бірақ жігітті ұстап алғанмен ол қызды ауылдың арын төккеннен басқа пайда бермейтініне Азбанның ақылы жетпейді. Сөйтіп жатып ол «мынау қайыссың-ей?» дегенді байқаса үстінде Жаубай тұрады.

– Жәке, мынау Аққатынның үйінің сыртында біреу жатыр. Өне ағарандайды. – Сыбырлап, әрі мұрнынан сөйлейді. Ашуға булыққан Жаубай «көрсетші» десе, анау үйге қарай тұра жүгіреді:

– Міне, мына жатыр, – дейді Азбан ағарандап қимылдап жатқанды нұсқап. Ашулы Жаубай да ұят-намысты қойып оның жанына жетіп келеді.

– Бұл кім ей, сыртта жүрген? – дейді Аққатын. Сырттан Жаубай ашуланып боқтай жөнеледі:

– Ой, әкенің... мынау іргендегі жатқан кім?

– Көрсеңші, – дейді Аққатын айылын жимай, қазақ әйелдерінің өз күйеуін «сіз» деп сөйлеуінен анайы «сенге» көшіп. Оның үнінде тындырарсын деген кекесін айқын білініп тұрады. Өйткені бұл кезде ол Жаубайдан ығыса қоймайтын халге келген еді. Ауылды өзіне біршама қаратып алған Аққатын Жаубайға сөз қайырып қалатын болғанын да әркім ауыл үй арасында әңгімелеп қоятын. Ұлтуған да оянып кетеді. Ағарандағанға келсе құрттап жүрген ақ қой, күндіз бөлек байлап, қойға әдейі қоспай қойған екен. Өйткені қазақ ауылында мұндай құрттаған қой шыбыннан қаша-қаша жоғалып кетуші еді. Содан бөтен ауылдың төбеттерінен құйрығын бұтына қыса қашқан күшіктей дымы шықпай Жаубай да, Азбан да тайып тұрады.

Келесі күні кешке мені аңдитын ешкім болмайтынын білдім. Осы күні Аққатын өз үйіне қонбады. Түнді жамылып ақ үйдің есігін серпе тастап келдім. Ұлтуған ұйқтамаған екен.

– Осынша күттірдіңіз ғой, – деді ол құшақтай алып. – Қатты сағындым ғой. – Осыдан кейін біразға дейін әңгімелесіп жаттық. Ол жақында оқуға кетіп қалатынын, менің де сауатымды ашуым керектігін айтты. Қыздың берген кеңесінен алғаш рет оқу деген сөз ойыма жылт берді. Мені қиял кернеп жатып, тасқындаған албырт көңілдің алып ұйқыға әкеткенін байқамаппын...

Көзімді аша келсем үйдің түндігі әлі ашылмаған екен. Есіктің, босағаның саулауынан күннің сәулесі найзаша қадалып, түсіп тұр. Алдымен қайда жатқанымды біле алмай дал болдым. Іргеден жиналған жасау уықтың қарнына тіреліп тұр. Сол жағымда ұйқтап жатқан Ұлтуғанды көріп жаным мұрнымның ұшына келді.

– Маскара болдық, – дедім Ұлтуғанды жұлқылап. – Күн шығып кетіпті. Ол не айтарын білмей ернін жымырып тістеп қалды. Терлеп сала берді. Қалай шығып кетудің есебін ойластырдық. Ең қиыны өрісте қалған жылқы. Сайда бекітулі тұрған Тарланкөк. Егер осы екеуі болмаса бәрін де мойындамауға болар еді. Әсіресе сауынды биелердің келмеуі, желі басының күн көтерілгенше бос қалуы қиын болды. Мен апыл-құпыл

киіндім. Одан не пайда үйден шыға алмай көп ұйлықтым. Ұлтуған да киіне бастап еді, мен оны қайтадан ұйқтаған болып жат деп жатқызып қойдым. Адамның ары деген бар ғой. Бұл үйден шығармай тұрған сол ар. Әйтпесе мүмкін бізге қарап тұрған көз де жоқ шығар. Тар кеудеде асау жүрек бұлқынды, аттай тулап алып барады. Ақыл тоқтатпауға мұрша жоқ. Не істерімді білмей сасып-салбырадым. Тер қара бақайыма дейін ағып кетті. Буын-буыным да дірілдеп әлі кетіп қалды. Бұл үйден қазір менің еркіммен өзімнің кетуімнен біреудің таяқтың астына алып шығарғаны әлдеқайда жақсы болатын еді. Сен білесің бе, шырағым, бір қылығың үшін біреу ұрысса әлдеқайда жеңілейіп қаласың. Егер өзіңе ағалық ететін адам, ұрыспай, ұрмай, қатты сөзге келмей «байқасаң етті, шырағым» десінші, бұдан өткен ауыр жаза болмайды. Онда өлмегенің қара жер.

Ұлтуған қызыл шәйі көрпенің астында бұлттан шеті көрінген күміс табақ – айдай болып жатыр. Оған көзім түсіп еді, неге екенін білмеймін, қайтіп көріспейтіндей көрініп кетті. Айналып барып бетінен сүйдім. Әлі де кеткім жоқ. Бірақ амал нешік. Алдымен үйдің оң жабығынан сығаладым. Тыбыр еткен жан көрінбейді. Сол жақ та тып-тыныш. Үйдің артына үзіктің жабығынан сығаладым, ешкім көрінбейді. Шығар кезде жүрегім атша тулады. Және бір жамандықтан хабар әкелгендей. Мен кетуге оңтайланып табалдырыққа аяғымды сала бергенде Ұлтуған екі жеңсіз, іштен қиетін көк жібек көйлегі желбіреп жаныма жетіп келді:

– Біз енді көріспейміз. Қайда жүрсеңіз де аман болыңыз! Сіз менің жүрегімнің түкпірінде мәңгі қаласыз, – деп еңіреп жіберді. Ішімнен «әй әйелдердің жылауығы-ай!» деп тұрмын. Күнде көрісетін адам қалай көріспей қоймақ? Ол менің аузымнан қатты жабыса сүйіп алды. Мен тағы да дүниені ұмытып, елпілдеп кеттім.

– Қош болыңыз!

Қыздың ернінен маған әлдеқандай электрдің кернеуін арттыратын күштей леп пайда болды. Сөйтседе есікті серпе тастамай мысықша басып үйден шықтым. Жан-жағымға қарамадым. Тез, бірақ аяғымды аңдап басып үйден ұзай бердім. Бетім Қойлыбай үйінің арғы жағындағы сай. Онда Тарланкөк бекітулі. Сайға жете алмадым. Желі басында барлық жылқының тұрғанын көрдім. Жүрегім су ете түсті. Әлгі Қойыртпақ атқа мініп, қашаған құлындарды қайырып жүр. Осы бір сәтте өкпе тұсымнан:

– Ұста ұры итті! – деген Жаубайдың шаңқ ете түскен дауысын естідім. Жаубай дауысының ащылығы сонша күні бүгінге дейін құлағымда тұр. Сол сол-ақ екен, айтаққа қосылған ауыл итіндей Жаубайдың он шақты туысқаны маған тұра ұмтылысты. Ең алдымен тәлтиген бойымен Азбан жетті. Ол қолындағы шетен таяқпен қақ басымнан салып өтті. Мен шынын айтуым керек, кінәлімін ғой, қол көтере алмадым. Әйтпесе жеткен бетте-ақ оның сойылын жұлып алып, өзін бір салуға әбден болатын еді. Әбсәтте-ақ бәрі жабылып кетті. Мені сойылға жықты. Сөйтпегенде ше? «Қызыңның қойнынан шығып па едім» деген осы дағы.

– Басып отырыңдар, күшікті, – деді Жаубай. Дүниеде өзің кінәлі болып, қол көтере алмаған жаман екен. Әйтпесе бір-екеуін жайратып жастығымды ала жатпас па едім. Қанша мықты болсаң да он жігіт қойсын ба, таспа қылып керіп тастады. Тырп етуге шама да, мұрша да жоқ.

– Ұста, кедейдің жалғыз текесінің басын, – деді. Тағы да Жаубайдың даусы. Сол құлағым шым ете түсті. Бет-аузымды қан жауып кетті. Тигені мені ұрып, тимегені жерді ұрып жатыр. Әкенің аузың, жеті ата, жеті пұстыны бір жола бердік. Тепкілегенде есімнен танып кеттім. Тағы бір дауыс құлағымға келді:

– Құлағы кесік құл деген осы болады, беріндер сазасын. Құнына менің малым жетеді.

Жігіттер тағы тепкілеп жөнелді. Саптама, ауыр қазақы етіктердің қатпар-қатпар өкшесі есімнен тандырып жіберді. Бір шамада «аттан, аттан!» деген дауыс өктем шықты да, аттан біреу қарғып түсті. Көзімді ашсам Дәуқара. Бұл да мені ұруға келген екен деп ойладым. Соңғы кезде оған екі-үш жылқы біткендіктен бізге көп қосылмайтын, Жаубай үйін көбірек жағалайтын. Сондықтан біз кедейлер ол келсе, сөзімізді тыйа қоятынбыз немесе жай ғана тарқап кететін-біз. Бірде Дәрітай Ұлтаракты, мені, Қойлыбайды шақыра да келген. Біз бармаған едік. Бізге кедей Дәуқарадан гөрі бай үйіндегі сырды тегіс білгізіп отыратын бай қатыны – Аққатын ұнайтын. Оған жоламайтынымыздың бір жағында Аққатынның тілі де болатын. Ол оның Дәрітайға үйленіп кеткенін әлі де ұмыта алмайды. Сол Дәуқара аттан қарғып түскенде енді өлдім ғой деп ойладым. Өйткені бұл өңірде Дәуқараға күші тең келетін ешкім жоқ еді. Бірде ойнап он жігіт жабылғанда бірін де бойына дарытпай жан-жаққа лақтырып, ақыры бәрін жығып салып, бірін бірімен бастырып, өзі үстіне шығып отырған болатын. Енді өзіміз ашық кетіспегенімізбен қоңырайысып жүргенде нақ осы бір қысылтаяңда қайтпас қара күш пайда болғанда иманыңды айтпай қалай тұра аларсың. Қожанасыр айтқандай өлді деген осы деп жаттым. Тағы апыр-топыр. Бәрі менің үстімде.

– Саған не жоқ, қара ит! – деген Азбан даусы естілді. Менің үстімнен құдіретті қол Азбанды қаңбақтай жұлып алды да, бір айыр шөпті іліп алып тастай салған адамдай анадай жерге лақтырып түсірді. Қызық. Үстімде бір-ақ адам қалыпты. Ол кедудемнен жұдырықтап жатыр. Басқалардың бәрі маған беттей алмай қалыпты.

– Итаршы неме, саған не жоқ, – деген Дәуқараның даусы естілді. Мені ұрып жатқан Қойыртпақ екен. Жаңа ғана ат үстінде құлындарды қуып жүр еді ғой. Ол қалай келіп қалған. Өлуетті қолға құдіреті жетпеген Қойыртпақ маған аяғын тағы сермей беріп, ана-

дай жерге ұшып түсті. Орнынан мен құсап тұра алмай жатты. Есімнен танып қайта көзімді ашсам, шаң-шұң әйелдер даусы да шығып жатыр.

– Қызың қатын болды, намысың болса өліп кет. Сен оның шешесін өлтіргенсің. Азар болса сенің қызыңның абұйыры соның құны шығар. – О тоба. Тағы да маған арашашы Сәлиман шешем. Жұрт көзінше Жаубайды жерлеп жатыр. Мұндай ашына айтқан сөзді көптен бері бұрынғысының бәрін ұмытқандай қойып кетіп еді. Тіпті әбден ашуланып алса керек, қояр емес. – Мен барлық малымды саған бердім. Сол бір қыз түгіл он қыздың қалың малына жетеді. Сол малды бір жола бердім ғой, саған. Қызыңды бер. Саған адам не керек, малға мал керек!

– Қане бірің жолап көрші осыған, бәрінді шетіңнен бауыздаймын! Өңкей өлікке үймелеген күшіген! – Дәуқараның даусы.

– Не болды? – дейді жаңа жеткен Ұлтарак.

Жаубай да, оның төңірегінде қалың жандайшаптар да енді маған беттей алмады. Үндемеген күйі Жаубай үйіне қарай тартты. Шамасы Сәлиман шешем көбейтіп жіберер деп қорықса керек. Жаңағы қалың тобырдың бәріне Жаубайынан бастап шешем сөзбен сыбағасын бөліп беріп жатыр.

– Ей тойған күшік, – деді алдына келіп қалған Таубайға қарап. – Сенің шешен ажалынан өлді деп пе едің, анау сұмырай маған беттей алмай бара жатқан Жыртық әкең ұрып өлтірген. Есіріп жүргендерің менің малым. Нағып осынша адам бола қалдыңдар. Кет, тұрма жолыма, былай! – Таубай түгіл әкесіне бет бақтырмай тұрғанда ол не істей алсын, тайқып шыға берді. Есімнен танып жатып бәрін ұға алмадым. Сойылсоғарлардың біразының-ақ көзін ашып, шешем көңіліне күдік ұялатып жіберді.

Мен басымды көтеруге тырыстым, көтере алмадым. Есімді жинадым. Беті қан-қан тағы біреу отыр. Қарасам Азбан екен. Сәлиман шешемнің көзі енді Азбанға түсті:

– Ей, шәнтік қошқар, қатын басыммен сені бауыздап өлтіре салайын ба? Сенің әкең де Жыртықтың әкесінің бір қора ыққан қойымен бірге өліп еді ғой. Сен неменеге құтырдың, осынша. Қалыңын төлеп анау Тойғанбитті өзім алып бермеп пе едім. Қашан саған Жыртық жақсылық қылып еді.

Қызық дүние десенші. Сол Сәлиман шешем аузынан жалын атып тұрып та Жаубай демей Жыртық деп әдемілеп тұр. Бүйтіп әдемілегені бар болсын, оның жер-жебіріне жетіп жатыр. Мені киізге салып Дәуқара мен Ұлтарак, Қойлыбай көтеріп кетті. Өзімнің үйіме әкелді.

– Бір құлағы жоқ, – деп Дәрітай жылап жіберді.

– Ештеме етпейді, бір басқа бір құлақ жетеді, бай ен салып бала қылып алды ғой, енді байларды ұмытпайтын болады, – деп Ұлтарак күліп қойды.

– Байдың қызы бір құлақ тұрмаушы ма еді, – деп Дәуқара кеңк-кеңк етті.

– Киіз күйдіріп әкел-ей, Дәрітай, – деп бұйырды Сәлиман шешем. Күйген құрымның ісі мұрнымды жарып барады. Үйге от жағып, құрымды күйдіріп сол құлағымна басты. Ол кезде құлағымның жоқ екенін білмейтінмін. Сондықтан құлағымна басты деп ұқтым. Сөйтсем сол құлақ Ұлтуғанның құрбаны болған екен. Сол күннен бастап менің әкем қойған Абақ атым, қағазда ғана қалды да, Шұнақ атанып кете бердім. Алғаш Шұнақ дегенге намыстанып жүруші едім, кейін құлақ үйреніп кетті. Байқаймын, Дәуқара да, Ұлтарак та менің таяқ жегенім, соққыға жығылғаным, байды масқаралағанымнан он есе жеңіл деп қарайтындай. Қайта таяқ жесем де, есем кетсе де, бай қызының қойнынан шықты деген атты олар ерлік санағандай. Бірақ шынын айту керек, еттен ет кесіп алу оңай ма, бір құлағымды Жаубайдың кесіп алғанына сол сәтте-ақ айықпас ауру, жазылмас жара болып ішіме шемендей байланды.

Сонымен күйдіріп басқан құрымнан соң өзімнің ескі қансұрып жейдемді қак айырып жыртты да, басымды таңып тастады. Қайта есімнен танып кетіппін. Бір кезде көзімді ашсам басымда сол ауылдың малшы-қосшысының бәрі отыр екен. Сөйтсем екі күн есімді жия алмаппын. Аузыма мақтамен су тамызып, Сәлиман шешем, Ұлтарак екеуі отырыпты. Тұлып болып ісіп кеткен дене қозғалтпайды. Сау жер жоқ. Көк ала қойдай, көк шымшықтай екенмін.

– Жаубай жеңілді, – деді Ұлтарак. Кейін білсем менің көзімді ашқаным – өлмеудің белгісі, енді өлмесе байдан кегін алады дегені екен.

– Інжір қымызыңды әкел, – деді Сәлиман шешем. Аққатынның барын да сездім. Басымды көнектей қылып Ұлтарак сүйеп көтермек болды. Жаным шығып барады. Қолым еркiме көнбейдi, өзiмдiкi емес сияқты. Саусақтарыма дейiн барбиып, Жетiсуда сирек болатын зымыстан қыста үсiп кеткен сиырдың емшегiндей молақтанып, талаурап, көк тарғылданып көрiнедi. Шамасы сау жерiм жоқ сияқты.

– Ойбай! – деп қалғанымды өзiм де байқамадым.

– Тәйт ары! – деген сөз құлағымның түбiнен саңк ете қалды. Сәлиман шешем. – Немене бала көрмеген байдың жас босанған тоқалынша ыңқылдап. Еркек болып дүниенi бастаған екенсiң, еркек болып аяқта! Сырты бүтiн, iшi түтiн, жат ауылға сiңген бұралқы иттей, артында бiр жапырақ шикi iшек қалмай дүниеден мен де кетiп бара жатқан жоқпын ба? Сен мынау қиындығы да, қызығы да мол дүниенiң есiгiн жаңа аштың. Өзiлгенiңдi де, еңiрегенiңдi де көрсетпе. Мен еңiреп бiткен жанмын. Сенiң қатарға қосылғаныңды күтiп жүрмiн. Сен өлмейсiң. Кезек менiкi. Менi сен көмбегенде кiм көмедi. Тақасқан екенсiң тайқа соқпа. Сен ыңқылдасаң жауың жымияды. Сен күлсең жауың шытынайды. Соны ойла! – деп Сәлиман шешем тынып қалды. Тағы бiр-деме дер ме екен деп едiм, жоқ қайта сөйлемедi. Өлемiн деген сөздi

бұл кiсiнiң аузынан бiрiншi рет естiдiм. Сырты қалың болғанмен iшi жалын болып жүретiн шешемнiң сырын сыртына шығарғанынан мен iш жиып қалдым. Мәрт адам екенiн жақсы бiлушi едiм. Қайтiп қыңк етiп дыбыс шығармауға iштей ант еттiм. Ол сертiмде тұрдым. Денем сыздап, сырқырап, қозғалсам жаным мұрнымның үшiне келедi, сонда да тiлi жоқ, үнi жоқ адамдай үн шығармаймын. Бәрiбiр қолым ұстауға келмедi. Інжір ұстап iшкiздi. Інжір демекшi мен ұйқтап қалған күнi бұл қайда кеттi екен деп ойладым. Осындай бiрдеме ойлап отырғанымды көз қарасымнан ол сездi де. Бiрақ сыр бермедi. Кәрден кесе қымызды түгел iшiп қойдым. Денеме әйтеуiр әл кiрiп қалғанын байқадым. Бiр қалтарыс оңашада Ұлтарактан Ұлтуған жайын сұрап едiм «алғашқы жанбарақатта-ақ кеткен» дедi.

Шұнақ шал маған қарап «жанбарақатты бiлушi ме едiң» деп күле сұрады. Мен бiлмейтiнiмдi айттым. Ол күлiп алып әңгiмеге қайта кiрiстi.

– Сен сияқты бiр жас жiгiт ұрын барыпты. Күйеуге отау көтерiп салыпты. Бiрақ отау көтергеннен не пайда күндiз түнi жанынан адам арылмайды, күйеудiң бар қимылы, сөзi бәрi аңдуда. Қаптаған балдыз аяғын қия басса түтiп жеуге әзiр отыр. Ертеден кешке дейiн қалың адам қоршауында болған күйеу ел орынға отырған кезде бiр оңаша қалыпты-ау, әйтеуiр. Ертеден етке тойып, ет асаудан iшi кеуiп отырған байқұс оңаша болды-ау дегендей таңк еткiзiп жел шығарыпты. Сөйтiптi де: «үһ, жанбарақат-ай!» дептi. Сәлден кейiн екiншi рет тарс еткiзiп тағы «үһ, жанбарақат-ай!» дейдi. Иле жатқан күйi оң аяғын көтерiп қойып тағы да атып жiбередi, онысы түйе өрiстiгiнен шыққан желдей борылдап алғашқы екеуiнен де қаттырақ естiледi. Ол тағы да «үһ, жанбарақат-ай!» демесi бар ма. Шамасы iшiнiң босағанына шынымен рахаттанса керек. Жаны жай тапқан күйеу ендi есiк жаққа бұрыла берiп, босағада тұрған қалыңдығының жеңгесiн көрiп сасып қалып «сiз қашан келiп едiңiз?» – деп сұрайды. Сонда жеңгесi де қуақы, ойнақы пәле болса керек, «алғашқы жанбарақатта-ақ келгем» дептi. Ұлтарактың айтып отырған «жанбарақаты» осы болатын. Мен одан Ұлтуғанның алғашқы күнi-ақ кеткенiн бiлдiм. Жаныммен қайғы болып жатсам да оны ойламай қоймадым. Ойламауға болатын жан ба едi, ол? Ол үшiн басыңқы бөйгеге тiксең де аз.

– Сенi Жаубай ен салып бала қылып алды ғой, – деп Ұлтарак қалжыңдап қояды. Артынан бiлсем Жаубайдың өзi де «қалмауызға да жан керек» дегендей құйрығына қыл сыймай қылпылдап, жымып жүредi. Тек мен көзi ашты, сусын iштi дегеннен кейiн барып есiн жинағандай болады. Сөйтiп жонын көрсетiп, жалшы-малшыға қоқиланады. Сен бiлмейсiң шырағым, қазақ байының көбi-ақ осы Жаубай сияқты өркөкiрек, қорқақ, томырықтау болатын. Асқан зұлымдары не ескiше оқыған көзi ашық зымияндары болады да, не ата-бабасынан берi қан сорып келе жатқан шынжыр балақ шұбар төстерi едi.

– Өлсін-ақ деп едім, итті, өлмеуін қарашы ит жанды неменің, – дейді Жаубай «көзін ашты» дегенді естіп. Мұны байқаған Қойлыбай оған:

– Кім біледі бай, сіз үндемей қалған соң бәріміз сізді қоштап оның тірлігін тіледік қой, – дейді. Жаубай жылан көзін қадап қарайды да, үндемейді. Қойлыбай сөзі тегін емес еді. Өйткені мына осы ауылмен қабаттаса жатқан Шапыраштылар менің тетірлігімен ісі жоқ, «Жаубайдың қызының құны қанша екен. Бүкіл Шапыраштының малын жинап берелік. Бір қалыңға жетер. Шапырашты кедейлікке үйренген. Малсыз-ақ өмір кешеді. Шапырашты малмен емес, найзасымен күн көрген. Жаубай бүкіл ауылын, үрім-бұтағын найзаның ұшында, қылыштың қырында көрсін» деген сөздер айтқан. Оның ақыл иесі, ел билеген, дуалы ауызды біреу емес, жиналған бозбала, сен тұр мен атайын тентектің бірі айтса керек. Сол сөз түрі өзгеріп, «ертең, бүрсікүні Шапыраштылар Қасқарауды шапқалы жатыр екен» деген сияқты болып, сан құбылып естілген. Содан да Жаубай ауылы бір уыс болған. Қойлыбай әдейі Жаубайға соны ескерткен. Ал сол кезде әлгі өзіміздің Қойыртпақ әңгімеге қойып кетеді:

– Өлтірейін деп едім, итті!

– Батыр-еке, араша, жанын қиыңыз! – дейді Қойлыбай. Мұның келеке етіп тұрғанын білген Жаубай Азбанды ергіп тұра жөнеледі. Қойлыбайға ештеме дей қоймайды. Онысымен қоймайды Қойыртпақ «Жаукең екеуімізге қарап сөйлеген кісі тірі қалмайды» деп кебінеді.

– Бір жолға ашуыңызды беріңіз, батыр-екесі! – дейді Қойлыбай теріс қарап күліп алып. Қойыртпақ үдей соғады.

– Анау жылы қозыны қырды, үндемедік. Тарланкөкті тақымына басып мінді, үндемедік. Таубаймен шәлкем-шалыс келе береді, үндемейміз. Бұл тіпті біздің төбемізге шығып кетті ғой.

– Кең жаралған адамның жөні бөлек қой, кең болсаң кем болмассың деген. Жетімді бір жолға аяңыз! – Қойлыбайдың бұл келеке сөзі Қойыртпаққа әжептәуір әл де, жел де береді:

– Енді аулымның, малымның шенінен жүргізбеспін, итті. Ой, Жәукемнің аяғын уқалайтын да уақыт болып қалған екен...

Бағанадан бері үндемей отырған Дәуқара байдың аяғын уқалағанды мақтаныш көреді дегенді бұрын естігенімен сүйегі жоқ қызыл тілдің қызыл сөзі шығар деп ұғушы еді. Өз құлағымен естіген соң бай сарқытын ішіп, «бұқа бұға, азбан дуға» болып жүрген қара қасқа кедейдің есін кіргізбек болады:

– Ей, жуындыға семірген ит. Намысы жоқ, қор неме, – дейді. Оған ақылы кіретін Қойыртпақ жоқ «Жәукемнің бал сарқытын ішсең, бейіштен қаусар ішкендей боларсың, ойбай Жәукем күтіп қалар» деп тұра жөнеледі. Дәуқара шап беріп, жазғы таң атарда аспанда көрінген жұлдыздай болып әр жерінен жүні шыққан шапанының етегінен ұстай алады. Сол сол-ақ екен, Қойыртпақ ілезде қасқыр басып қалған тоқтыдай тыпырлап, Дәуқараның оң аяғымен бастырылып жатады. Ты-

пырлап құтылмақ болады, аяқ-қолы ербендеп, түкке шамасы келмейді. Сол кезде оның мықынынан мытқыған Дәуқараның мұрнына жаман иіс те жетеді. Осы бір сәтті күтіп тұрғандай Қойлыбай Қойыртпақты ажыратуға ұмтылады. Қолқасын қауып бара жатқан пәледен құтылуға асыққан Дәуқара да оны Қойлыбайға жібере салады. Кескен шөркедей домаланған Қойыртпақты орнынан тұрғызған Қойлыбай:

– Қортеке Дәуіммен ойнап қайтесіз. Ол кешегі өзіңіздің жалшыңыз емес пе, одан да араша беріңіз де, барып Жәукеңмен балдай сары қымызды сапырып ішсеңізші. Осындай иіс шығарып барсаңыз, екеуіңізге де осы бықсық құп жарасады. Екеуіңіз де дүниені нәжіске толтыру үшін келген ерекше бір жаралған жансындар ғой, – дейді. Бұл табиғатында түйсіксіз жаралған байқұсқа амал бар ма, артына бұрылып:

– Осы итті отырған жерінде омалтып кетсем бе екен, – депті. Қойыртпақтың сырқатының қаттылығын, ол сырқат соқтасы алынбай жазылмайтын сомға айналып бара жатқанын отырғандардың бәрі де байқайды. Бұл сырқат байға тайкүшіктенген Қойыртпақ болса, енді патшаға, байға кектенген кедейлерде де кеудесін кернеген кек бар еді. Ол кек осы бір шақта бітеу жарадан үлкейіп сыртқа тебе бастаған-ды. Ал Қойыртпақтың талаураған шиканы да жарылмай, мандамы ақтарылмай қояр ма? Ондай кезде оның исі де жан-жағын шарпып кетері белгілі еді. Дегенмен сол бір сәтте халықтың бітеу жарасы да емшектеңіп, бырт кеткелі, пісіп қалды. Жараның аузы алынғалы тұр еді.

* * *

Мен соққыға жығылған күні Жаубай үйі қатты мазасызданады. Есімді жинай алмай жатқан әрбір сағатты көңілімді сұрамақ, халімді білмек болып әркім келеді. Оның бірсыпырасы Жаубайдың жіберген жансыздары екен. Жаубай ашумен мені соншалықты аямағанымен өліп қалама деп есі кетеді. Дөдегелеп, көкаяқтап тіккен сегіз қанат үйге сыймай, оның туырлығын айнала тегіс түргізіп, алғашқы күні есік пен төр арасында сенделіп жүреді. Әңгіме арасында қорыққаны да, өліп қалады деп қауіптенгені де білініп қалады. «Жаман жығылса жайрай жығылады» деп жатыр да әншейін деген Азбан сөзін де жақтырмай, дүңк етіп ұрсып тастайды. «Сорпа керек пе екен?» деген оның сөзіне де маған келіп сұрауға Сәлиман шешемнен ешкім батпайды. Көзін көргенде ештеме дей алмайтындар «ой әлгі Сары кемпір ұрсады» деп жоламайды. Сондағы Жаубайға Сәлиман шешемді жамандап жақсы көрінбек болғандағысы «апамның» орнына «кемпірді» жалғаумен тынады. «Сары апа» демей «сары кемпір» дегендерге де «кемпірің не, ақымақ!» – деп Жаубай зекіп тастайды.

Мен тәуір болдым. Үш-төрт күннен соң кешке сығырайған май шамның отымен сауат ашуды бастадым. Сабақ беруші Ұлтрақ болды.

Жиырма шақты күн өткен соң-ақ мен жаза алмағаныммен баспа кітаптарды әуелі ежіктеп, артынан жүгіртіп оқитын болдым. Күндіз кешке дейін, кеш бата түннің біршамасына дейін сығырайған соң «ұра берсең құдай да өледі» дегендей сауаттылықтың ұшығына шықтым. Тек жазу құрастыра алмаймын. Ұлтарактың өзі де жазуға шорқақ болатын. Сондықтан ол менен гөрі ірірек молда тауып сабақ ал деп ұқтырды. Өйткені араб әріптерінің сөздің басында, ортасында, аяғында әртүрлі жалғанатынын ол мәндеп түсіндіре алмады. Енді мен алғаш рет атқа мінгенде сауатты, көзі қара танитын «молда» болып әжептәуір көтеріліп шықтым. Бірақ бір құлақ жоқ, шүнтийп қалдым. Құлақтың орны қара қотырланып әлі жазыла қойған жоқ. Жата бергенімде құрыған құлақ өсіп шыға ма? Әрине ұламын. Ал ұялғанмен бәрібір далаға шығуға тура келеді ғой. Сарытөсек болып жатып болдым ғой деп өзімді өзім жаныдым. Енді үйде жата беруге арландым. Оның үстіне әр нәрсені жата-жата ойлап, әбден ширығып кеттім. «Ішім өлген, сыртым сау» дегендей құлағымның кегі ішіме шемен болып байланды. Еркін махаббатым үшін әрине мені сабауға болатын еді, бірақ еттен ет кесіп алу ертедегі құлдық заманда, Алпамыс-Құлтай дәуірінде болса керек. «Қазақ елінде Ұлтанқұлдан кейін құлағы кесілген қу құл мен болдым-ау» деген ой ішімді шілдеде қауға тиген өрттей алып барады. «Құлағы кесік қу құл!» Білгенге онша жақсы естілмесе керек-ті. Жақсы болмағанда қайтпекпін. Құлақ орнына еттен ет кесіп алып жапсырып беретін отаршылық ғылымның ол кезде әлі дамымаған уақыты. Кейде кең қолтық қазақша ойлаймын да: «басқа келген пәледен бастан құлақ садаға» деп өзімді өзім жұбатып қоямын.

– Шырағым сен қазақ болсаң да қазақ жанын түсінбейсің, – деді Шұнақ шал маған бұрылып отырып. – Жатқан он күнде Жаубай біздің үйге үш қой сойғызып жібертті. Сәлиман шешем де шетінен тандатып, арқасын басқызып жүріп екі кері қызыл, керсен құйрықты ісекті бауыздатқан. Даубайдың бәйбішесі, енді Жаубайдың нақ сүйері Құлқаш «мұныңыз не?» деген екен, «мынау» деп қолын шығарыпты. Ол үндей алмай «қызық қой, осы апам» деп танауы астынан күңк етуден аса алмапты. Мұнда қымыз да ағыл-тегіл келіп жатты. Менің құлағымның төлеуі қойшы-қолаңға жаман болған жоқ. Күнде семіз етке тырнақтарын жібітіп, бай ішер бал қымызға ықылық ата тойып шығады.

– Тіпті сен, Абақ тағы бір құлағыңды кесіп берсең деймін, – деп қалжыңдайды Ұлтарак. Сен, інім, Жаубай үлкен жүректі адам екен деп отырмысың. Тіпті де олай емес. Ол да біздің халқымыздың адамы өлімге қимайтын дәстүрінен туындап жатыр. Мүмкін осы күндері Жаубайдың әке-шешесі тірі болса, Жаубайды алдына салып қуып әкеліп менің аяғымға жығар еді. Өйткені өкпелесе де өліспеу керек. Өлісетін, туғанын турап тастап таққа отыратын, ағасын атып, інісін іреп дегеніне өлім арқылы, қан шенгелдеп жететін біз монғол емеспіз. Біз ағайынды кісі балаларын үйлендіре салатын басқа түркілерге де, тісін жасырып,

тілін көрсетіп, өтірік күліп тұрып күмірем қаптыратын көзі қысық, тісі қисық қытайға да, бір үйде он адам сауда қылып он бөлек ақша жинайтын сауанға да, ешбіріне ұқсамайтын қазақ деген дарқан, кең қолтық, кең пейіл, ойы өркен, көңілі көркем халықпыз. Қазақпыз. Біз тамақты жалғыз жемейтін, жалғыз жеген жарты дөнге түйіліп қалатын, жалғыз отырсақ, жалғыз үй қалсақ күйініп қалатын, үйімізге кісі келмесе, үйімізден тегін тамақ, тегін төсек бермесек ішкеніміз ірің, жегеніміз желім болатын, көппен ішкен қара суды мейір қандырар қымыздай көретін, «көппен көргенді ұлы той» дейтін, «жалғыз жүріп жол тапқанша көппен жүріп адасқанды» ұнататын қазақ деген жаны жайсаң, жағасы жайлау, етегі қыстау, жан-жағындағы елдің ешбіріне ұқсамайтын халықпыз. Қазақпыз. Ата салты осылай. Қайта-қайта қой сойылып келуі де сол «бас сынса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде», «атқан жерде оқ қалдының...» ізі болатын. Қазақша төбелестен соң ешкім кек сақтамауға тиіс. Егер олай бола қалса ол онша тәуір кісі болып танылмайды. Төбелесе, жауласа білген адам ерлерше достаса да білуі керек. Сондықтан да Жаубай мен төсекте тәуір болып келе жатқан соңғы күндерде қатындарын да, туыстарын да ашықтан-ашық жіберіп халімді біліп тұрды. Мұны ешкім айып та көрген жоқ, намыссыздық деп те оны жазғырмады. Тіпті бұл кездері нақсүйерге айналған Құлқаш та келіп:

– Атқа мінуге жараса, тарланкөкті ұстап әкеліп ерттеп беріңдер деп еді, ағаң, – деп те жіберді. Бұл жай, шырағым, біздің халқымыздан бөлек қырғыз бен қарақалпақта кездеспесе, басқаларда болмасқа керек. Көп халықтарда пышағы кісесінде, не қоншында өш алу үшін сұғып алуға дайын тұрады ғой. Сен білесің бе, шырағым, адам өз халқын ардақтай, бағалай білмесе, басқа халықтың жақсылығын, ерен дәстүрін қадірлей алмайды. Дүниедегі жақсы халық, бар дәстүрі ғұлама дәрісіндей уағаз болып келетін халық қазақ қана деп ұғу әбестік болар еді. Әрине біз тым сорлы ел емеспіз. Бірақ басқа ұлттың адамы үшін, адамшылық үшін шығарған әділ заңдарын, атам заманнан қалыптасқан жақсы салт, ғұрпын ардақтап, оны осы бір адамның тегіс көзі ашылып, сауаттылығы артқан заманның азығы етсе артық болар ма еді. Мысалы өз ақшама өзімді қонақ қылған Европа елдерінің салтын құптай алмаймын. Өйткені сөзбен солай дейді де, мәселе нақтылана келгенде біреуге бір шәутім шай бермейді. Сонда бір жапырақ нанды тегін бере алмаған адам, ол жақсылық, қайырымдылық істейді дегенге сенбеймін. Басқа елдің ұлылығын білу үшін өзі халқыңды жақсы көріп, оның жақсы дәстүрлерін ардақтай білуің керек.

Мен атқа мініп көрші ауылдарға барып қайтқан күні түнде түн тынышсыз болды. Ел орынға отыра бергенде «ойбай, аттан, аттан» деген дыбыс шықты. «Аттаныңнан ойбайым тыныш» деп қазақ бекер айтпаған. «Ойбайлау» жеңілдеу. Байы сабаған қатын да ойбайлай салады. Ал «аттандырудың» артында үлкен салмақ жатыр. Қазақ аттан салғанда тек жау келгенді білдіреді. Ел шетіне жау, не бөріккен өрт-

қау тигенде ғана осы үрейлі, жұртты түп көтере орнынан өргізетін сөз озан салғызар еді. Аспаннан Иса түсіп, жерден Мәді шықпағанымен сондай бір жанды түршіктіретін, жұртқа селебе әкелетін, оба келетін жағдайда ғана болатын бұл дыбысқа ауылдың бәрі де дүрлігіп кетті. Дауыс шыққан жаққа барсақ Жаубай жақындарынан екі-үш еркек, қатын-қалаш, бала-шаға жиналып қалыпты. Шалқасынан бір әйел сұлық жатыр. Бәрі қоршап алыпты. «Су бүрік, ағыт кеуде түймелерін, қапсырмасын босат!» деген сөздер естіледі.

Ауылдың аяғы тасты-адырлы жер еді. Бір төбе сымақтың түстік жағы тегіс болып келуші еді де, терістік жаға сеңгірленіп, биік жартасты болатын. Әдетте жігіт-желең, қыз-қырқын кеш алдында немесе түннің бір шамасына дейін сол адырдың төңірегінде ойын-сауық, алтыбақан құратын. Бірақ осы бір кезде солдат алады деген сөз «ойбай, жылан!» дегеннен жаман естілетін. Көп ұзамай төсектер суына-тындай, көзжақсылар сирейтіндей болғандықтан, «солдат алады» деген сөз жылан боп қыз-бозбаланың қойнына кіріп алып еді. Сондықтан ашық-жарқын ойын-сауық пышақ кескендей тыйылды да, оның орнын үнсіз, ашқарақ нәпсі басты. Ол кейбір жеңілтектердің аранын ашып, осы төбенің төңірегіне жүгірте берді. Жатқан Тойғанбит болып шықты. Ол жасы елуді алқымдап қалған әйел, тоқталған. Бірақ қызғаныш, сүйекке біткен өсек құмарлық осы жерге қаңбақтай қуып келген екен, жапалақша жар басынан ұшып тыныпты.

Тойғанбит тіл-аузын қойып үш күн жатты. Кейін бұл жарымес болып жазылды. Не айтып, не қойғанын білмейді. Сөзге түрік құлақтар Тойғанбит сырын білсе, сол төңірекке қу тезек тере барады. Бір жаққандай тезекті етегіне салып алып, енді бұрыла бергенде бір ақ көйлектің етегі інірде ағараң ете қалады. Күндіз кімнің қандай көйлек, қандай киіммен жүргені мөрдей басылып тұратын, далада туып, далада өскен көз әлденелерді алдынан елестете қояды. Ақ көйлекті, оның жанындағы інір қараңғысындағы саптама етікті көңіліне арам тұта қалған Азбан бәйбішесі әлгілерге білгізбей артына түседі. Ұрлық қылған екеуі де Тойғанбит сияқты пәленің көзі шалып қалғанын сезіп, ұзаққырап жасырына қашады. Соларды қуып, тас-тастың қуысын аңдып келе жатқан Тойғанбит тастан тайып кетіп, домалап жөнеледі. Бес-алты метрдей тастан құлаған Тойғанбиттің сұлап жатқаны сол – біреуге тор құрмақ болып жүріп, өзі томпиып бір төбешік болып қала жаздады. Тойғанбит аяғынан түрегеп жүргенмен бұрынғыдай сөздің мәнін бақпайтын, есі кіресілі-шығасылы болып қалды. «Киімі жаманды ит қабады, пиғылы жаманды құдай табады» демей ме қазақ. Сол құдай ондайларды өзі аяғынан сандалып іздемейді екен, арам ниетпен отты суға сапырып, жерге өкшесі емес, бақайы тиіп, аяғымен емес, аузымен жүргенде апанға құлаған соқыр түйедей өзі ұрынады екен.

Жаубай аулын жайлы мекен еткен асыресір ертеңгі шайдан соң үшінші күні байды ертіп Тойғанбит көңілін сұрауға кіреді. Тойғанбит

асыресірді көріп, екі көзі ежірейіп, кимешегінің жағынан бір құлағын шығарып, анау екеуі отырмастан сөйлей жөнеледі:

– Сенің Ұлтуған не теңің. Саған Аққатын да қарамайды, онікі басқа. Бірақ айрылып қалған жоқпын ба? Ал саған тура соғылған кебіс Құлқаш. Жәкем жоқта...

Шегірев не дерін білмеді. Аурудың тұтқыны болып, Жаубайдан жақсылық сөз күтіп отырған Азбан қолға үйренбеген маймылдың баласындай екі көзі жапақтай береді. Шикілсары асыресір ақырып жібереді:

– Молчать!

– Мошатың не, шырағым? Емің болса қазақша айт, қазақша айт, – деп Азбан өзі сөйлегенде бірге сөйлеп тұратындай тұштаңдаған қырықпа сақалын қос қолдап сипап-сипап қойды.

– Ем, ем! Ем не керек оған. Емі табылды. Оның емі осылай есінен айырылып қалу болатын, – деді қазақ атаулыдан бұл жерде өзін биік санаған, оқыған сорлы төтесінен кетіп. Жаубайдың жылан көзі ішіне кіріп, екі самайынан тері ағып жүріп берді. Түтігіп тұрса да үндей алмады. Не десін, нақ сүйерім деп жүрген Аққатын тым еркін кетті, Құлқашқа тағы күйе жағылып отырғаны мынау.

– Есінен адасқан адам не айтпайды, шырағым, – деп Азбан қатынына бір, Жаубайға бір қарады. Осы Тойғанбит ауырғалы бері Азбан азбан емес, шәнтік қошқардай тұштиып та, тұқшиып та кетті. Аз-ақ күнде еңсесі түсіп, есінен тана жаздап, кімге жалынарын, кімнен көмек тілерін білмей, салы суға кетіп, сең соққан балықшыдай құрлықта су болып отыратын болды. Біреу әйелінің көңілін сұраса болды, сорлап қалғанын, жырғаймын деп жүріп жылымға түсіп кеткендей айықпас дертке, сөнбес өртке ұрынғанын төгіп айта берер еді. Ол осы жерде де бүктүсіп, екі иығы жаңбырда қалған адамдай салбырап кеткен.

– Сен тұр киін, қазір бір жаққа барасың, – деді Жаубай Азбанға зікіней сөйлеп.

– Ойбай заман болса мынау, өртеніп, қау ете түскелі тұрған. Ауру қатын анау. Қайда?..

– Тәйт ары! Қатын ауырса жазылар, жазылмаса өлер. «Қатын өлді, қамшының сабы сынды». Қой былшылды, жүр бері.

Әншейінде Жаубайдан тапсырма күтіп, тілеп тұратын Азбан амалдың жоғынан құлағынан сүйрегендей, жаман тайлаққа жапқан олақ қатын тіккен жабудай бешпентінің екі етегі делдиіп, екі жаққа қашып, анау екеуіне еріп төбе басына қарай кетіп бара жатты. Олардың Азбанды қайда жұмсағаны да артынан белгілі болды. Асыресірдің сырын білетін Құлқашты қолпаштай отырып оны Дәмет айтқызып алыпты. Ол тіпті оп-оңай шешіліпті. Дәметті сыр тартуға кедейлер әдейі жіберді. Ол барғысы келмей отырыпты да орнынан зорға тұрып кеткен екен. Даубайдың үлкен үйі еді, енді Жаубайдың наксүйері болып,

байдың ішегінің қырындысына дейін біліп алатын Құлқаш Дәмет кіргенде асыресірдің жылтыр түймесін қайта қадап жатады. Шикілсары бешпентінің түймесін қадатқан соң сыртқа беттейді де, екі қатын оңаша қалады. Жылтыр түймені еркін ұстап отырмын дегендей Құлқаш бешпентті иесіне беріп жатып, оның иығындағы жабысып тұрған жіпті алып тастап, Дәметке шикілсарыға еркіндігін байқатады. Ол шығып кеткен соң Дәмет сөз бастайды:

– Келіншек-ау, ұлықтан қорықпайсыз ғой. Жұрт та білгіш. Асыресірдің сырын келіншек біледі, батыл адам ғой десіп еді, рас екен ғой. Өзі де жігіттің сырбазы-ау деймін, оның тізесі тиген әйелдің арманы жоқ қой. Абысын-ажынның бәрінің ішін тесіп жүр ғой, бұл әкім. Сізден басқаға ол қарайды дейсіз бе!? Жұрт та қызық. Сізбен теңескісі келеді.

Құлқаш кішкене ұрты кеуіп тұрады да, басқаның қолы жетпеске өзінің еркіндігін айтып-ақ салады.

– Ибай-ау, өзіңе ғана айтқаным ғой. Менімен ашына ғой, ол мырза.

– Бәсе, қошқарлау Жәкемді жібергенде де сізбен ақылдасыпты деп еді, рас екен ғой. Домаланып қайда кетіп еді, қошқарлау қайнаға?

– Ботбайлар патшаға қарсы шығыпты. Сарықамыстағы Шапыраштылар, Шетбұлақтағы Қасқараулар соған қосылмақ дейді. Соны ұлыққа жеткізуге жіберген жоқ па, оны. Маған солай деген. Ұлық солдат шығарады деді...

Сырды біліп алған соң Дәмет үйден зып береді. Құлқашқа ішінен «ой осырықпен бетін ашқан сорлы» деп күле кетеді.

Кеше ғана ертемен оншақты атты адам ауылға келіп бүгін Ботпай елі көтеріледі деп кеткен еді. Осыдан екі күн бұрын оған Алматыдан Тоқаш деген төре келіп кетіпті деп естідік. Бүгін Самсы жаппай атқа мініп, Ақсеңгірден көтерілгендерге қосылмақ. Ақсеңгірде болған жайлардан түнімен-ақ барлық ел хабардар болды.

Ақсеңгір жатақтар елі. Онда байлар саусақпен санарлық, Елдің көбі егіншілікпен айналысатын. Онда мың жерден түгін шығатын. Ол кездегі қазақ елінде қазақтардың мұнша шоғырланған үлкен орталығы сирек кездесетін. Атам заманнан жатақ жайлап, қыстап Қарақыстақ атанған Саршыбыр бауырында да ел мал баққан сол шақта халық мұнша көп мекендемейтін. Ал Ақсеңгір болса жері тегіс, ортасынан Күрті өзені жарып өтетін еді де, екі жағы шыжандай ел болатын. Сол кедей елдің тұрған жері патша әкімдерінің көзін тесе бастады. Жетісудың бар шұрайлы жерін тартып алып, қазақты құмды далаға итеріп тастап дән деп алған. Фольбаумдардың ендігі алары Ақсеңгір, яғни Ботпай болысының жері еді. Сондықтан да Ботпай елінің жеріне екі жер шенеуші төре жіберілді. Ал нақ сондай жер шенеуші кәсібі тек бір өңкей мал – Күрті болысына да барып еді. Өйткені Күрті болысының жері адыр-адыр, тек көшпелі елдің малына ғана

болмаса сілән салып, бас қосып отырар кең аңғар онда жоқ тәріздес, шөл-шөлейт еді. Өйткені Шыңырау, Сарбастау сияқты аңғарлар ел қоныстауға қолайлы болмағанымен, суы тапшы, тек құдық, оның үстіне ауызсу жоқ. Кеспекті түйеге артып тұшы сулы құдықтардан ауызсу тасымалдап жүргендерді бұл далалы өңірде көп кездестіруге болатын еді. Ал қаптаған кара құрымдай қалың малдың бәріне шыңырау құдықтардан қауғамен су тартатын. Кейде ол құдықтарға даланың түнгі жүргіншісі – қосаяқ секіріп келе жатып қойып кетіп, сол құдықтың суын әбден тауысып тазалап, түбіне шөңген өлексені тегіс алмайынша жылқы су ішпей қоятын. Құдық тазалау деген бұл төңіректе бейнет еді. Міне сол жерге жер шенеуші жібергені Ботпай жерін тартып алған соң, ондағы мың түгін жатақты Адырға айдап тастау мақсаты көзделген-ді. Бірақ он алтыншы жылдың дүрбелеңі патша өкіметінің бұл озбырлығына мүмкіндік бермеді. Ал бұдан бұрын тартып алынған Қаскелең, Шамалған, Ұзынағаш, Талғар сияқты Алатау бауырындағы құнарлы да, шынарлы да жерлердегі қазақ байқұстар байлары болмаса көбі-ақ барар жер, басар тау болмағандықтан, бір жағы кіндік кесіп, кір жуған жерін қимағандықтан орыстың басыбайлы құлына айналған еді. Сондықтан да орыс шаруалары тегін малайға ие болып, бірсыпырасы-ақ тез байи бастаған-ды. Екі адам еңбек етіп оның игілігін біреуі ғана көрсе, әрине үстемі байи бастайды. Сөйтіп басынан соры ажырамаған қазақ кедейлері оп-оңай шідерлеулі аттай, орыс шаруасының шаңырағының биік болуына басын байлады. Ендігі нәубет сонымен шері шөмен болып қатып жүрген бауыртақыр ақсеңгірліктерге келгелі тұр еді.

Басынды көтерші, шырағым. Жаңа анау Дегересті, Беріктасты көрсеттім ғой. Мына көгеріп көрінген Ұзынағаш селосы, соның аяғы сонау Жазық сияқты Ақсеңгір. Ал мына оның батысында жатқан Самсы. Екеуі де Ботпай елі еді. Сондықтан да олардың арасында байланыс күшті болды.

Асыресір деп жүргеніміз Колледж ассессоры екен. Ол кезде сол асыресірмен кеттік қой. Бұл шені кішкентай яғни сегізінші класты чиновник Шегірев қалың қазақ ортасына жансыз ретінде әдейі жіберілген еді. Енді міне, шығар ауыз шықшытта, ертең бұрқ еткелі тұрған көтерілістің қай жерде, қанша адам, қай уақытта болатынын, арағын іше отырып, елеусіз ішіне тоқи берген Шегірев Азбанды суыт аттандырды. Оның кедейлерге қалай мәлім болып қалғанын айттым.

Азбанның үйінен аттануы қиын болды. Өзі қол тоқпақтай кішкентай адам еді. Екі бүйрек бетінен бит домалап түскендей жып-жылтыр. Ұлтарак кейде «Байкелеп» жүріп ойнағанда оны үнемі жалғыз қолымен көтеретін. Тұштиған қысқа сақалын қанша салаласа да өспей-ақ қойды. «Қошқарлау қайын ағаға бір кез кездеме жейде шығады» деп Дәрітай көбіне күліп жүреді. Онысы әрине келекелені, қайын аға болғандықтан келекесін күлкімен көміп білгізбейді.

Әсіресе Азбанның ерттеулі атын көргенде құлмеу мүмкін емес еді. Өйткені үлкен қайқы күреңге құранды ерін салып қоқайтып ерттеп койғанда оның үзеңгі бауын көріп бұл ерттеулі аттың кімдікі екенін ешкім айыра алмас еді. Өйткені екі-ақ елі ақ қайыстан жалғыз қабат таққан үзеңгі бау ашамайға мінетін баланың аяғы тебетін текпішектей-ақ ұзындықта тұрар еді. Оның есесіне Әндіжаннан алғызған құранды ер екі кісі мінгескендей үлкен. Бірақ құнан қой беріп алған құранды ерді қайтейін, кейде жалғыз қабат иі қанбаған ақ қайыс үзіліп кетіп, өзі тері илей алмайтын құнтсыз байқұс кәдімгі қозы көгенінің алажіп бұршағын тағып алатын кезі де болатын. Ал қайқы күреңге мінгендегі көрінісі де қызық. Қысты күні байлауда тұратын атты ауылда кеш алдында суғарады. Сонда егер суат ашық болса, суарылатын атқа бір баланы мінгізе салып өзенге жіберер еді. Сонда кішкене төрт-бес жасар бала үлкен аттың арқасында шүйкедей болып көрінер еді. Азбан да есік пен төрдей қайқы күреңге мінгенде аттың жауырын шоқыған шау қарға, әлде сауысқан сияқты елестеуші еді. Бір күні ол атқа мініп бара жатқанда «анау қайынағаның аяғын қара, қоянның алдыңғы сирағындай» деп Дәрітайдың айтқанын Тойғанбит естіп қойып онымен бір ай ұрысқан. Бір қора қойы бар Азбан ер үстіне өңі бүтін аткөрпе салып көрген жоқ. Қашан да түйе көнімен қапталып тасталуға тиіс құранды ердің үстін кішкентай ескі қара бөстек тегіс жаба алмай, мойны сарайып ердің әдемі өзбек сыры көрініп тұратын. Өзбектің ала шапанындай алақшынданып тұратын ер бұл күндері оңып, қара бөстек те пұшпақ-пұшпағы жыртылып, ел ақтаған цыган баласының бұйра басы мен жыртық көйлегіндей салабаланып жүруші еді. Сол құранды ер бір күні өгізге салған ыңыршақтай шоңқайып шыға келді. Қырықтық басына бір жақтан келіп тоқтай қалған Азбан атының ауыздығын алып, тізгінді қайқы күреңнің алдыңғы сол аяғынан тұқыртып байлай салды да жіберді. Ондағысы бір дем болса да атым жерден үзіп оттай тұрсын дегені екен. Қырықтық жанында Көнтай деген кедейдің бір сала жоңышқасы болатын. Атының сыры иесіне мәлім, оған бармай қайқы күреңнің тоқтамайтынын өзі біледі. Қайқы күрең тақырдан бір-екі рет тырс-тырс үзді де, аузы толатын жоңышқаға қарай тұқырған мойнын жаза алмаған бойы тоқтаусыз жөнелді. Іштей барса барсын деп отырған Азбанның пайдакүнем сырын қайқы күрең де білетіндей. Тұқыртыңқырап байлаған тізгін оның жүрісін өндірмей қойған соң әккі болған, сары табан ат басын кекжиге тартып тізгінді тарс үзді. Май көрмей қурап, шөжіп тұрған тізгіннің жартысы аттың басындағы жүгенде, жартысы аттың шашасында қалды. Көнтай байқұс қайқы күреңнің жоңышқаға барғанын көрсе де, үндей алмады. Бір сағаттай жайылып, қунап қалған ат, жоңышқаға аунап жатқанын кедейлер көрсе де көрмеген болды. Азбаннан өшін олар осылай алмақ еді. Онысы дәл шықты. Екі-үш шалған көрпекөкті пайда көріп отырған Азбан сырты қапталмаған ерінің қайқы күреңнің

арқасында қапталынан, бір жақ қасынан сынып кеткенін бірақ білді. Қырықтық басындағылар «ойбай Қошекеңнің ері сынып қалыпты ғой» деп өтірік қана жылы ұшырап, айнала беріп күліп қаңылтыр салып шегелеп берді. Содан бері құранды ер ат арқасында түйенің шомындай жалпайып жатады да, ортасы сынық болғандықтан басы, кісілігі қайқайып тұрады. Сол ер қайқы күреңге бие сауымда зорға салынып болды. Мұндайда үн-түнсіз сып беріп, ұры тазыдай ізін білгізбей кететін Қошекең (жағымпаздардың оны Азеке десек келісімсіз болады деп Қошқар атамақ болғанынан шыққан) бүгін үйінен шыға алмай-ақ қойды.

Әнеугі құлағаннан бері көзі түзелмей қойған Тойғанбит Азбанға аларып жаман көзімен қарады:

– Сен Жәкемнің жолына құрбан боласың. Сенің жолың құнды жол. Қош бол! Құлқашты қара, қайда кетіп барады... – деп арғы жағын сандырақтап жөнелді. Азбан әйелінің бетіне үңілді де, көзі жасурап, жапақтап кетті. Оттың басында мөліп бір сәт үнсіз тұрды. Мен кеткен соң сорлы күнің не болар екен деп тұрғаны белгілі еді. Тойғанбит болса алдыңғы сөзін қайталай берді: «Жәкемнің жолына құрбан баласың. Жолыңа жау бітеді. Жолың қара жол...» Бұған Азбан жынданған адамның сөзі, сандырағы деп қарағысы келді. Бірақ сөйте тұра үрейленіп, пұстысы кетті. Жаман көзі шарасынан шығып, аласы көбейді. Екі ұрты суалып, өзі де доп-домалақ адам құныс болғандай белін жаза алмай күйбіжіктеп қалды. Нақ осы бір сәтте Жаубайдың ашулы даусы тарғыл-тарғыл болып, қыста мауыққан мысықтың мияуындай естілді:

– Жаманның қызға барғаны тұзға барғандай. Мынау әлі жүр ме-ей?!

Азбан қайта далаға тұра жүгірді де, айнала беріп үйге бұрылды. Әлде бірденені алып барып артына бөктермек болды. Қайқы күреңнің сауырына қысқа қолы еркін жете алмай тұрғандықтан Қойыртпақ бөктеріп берді. Ол күйбеңдеп үйге тағы кірді. Тойғанбитке қарады. Тойғанбит жаңағы сөзін қайталады:

– Қанды жол! Қош бол!

– Қош, аман бол! – деп Азбан жыламсырап қайқы күреңнің үзеңгісіне сол аяғын жеткізе алмай, бір-екі ұмтылып міне алмай, үйдің сыртындағы қара тасқа атын жетектеп барып, тасқа тартып зорға мінді. Азбан кейін ауылдан шыға бере тебініп-тебініп жіберіп, тез қарамды батырайын деген адамша жазғы шаңды бұрқыратып шаба жөнелді. Малды ауылдың әр үйінен екіден болмаса да бірден табылатын ит атаулы Азбанға жосыла қосылып көз көрім жерге шығарып салып қайтты. Әр жерді иіскеп, төбеттер кейбір бұтаға артқы бір аяғын көтеріп сарып, құйрықтарын қоқитып, қайқайтып, мақтана қайтты. Бұл кездері нақ осы қазіргідей болып, күн кешкіріп қызара бастап еді. «Атар таңның өтіне жүрсең де, батар күннің бетіне жүрме» дегендей Азбанның жаушы-жаужәлемде,

ел үркуге дайын, құлағы түрік кезінде күн бата сапар шегуін ауылда ешкім ұната қойған жоқ. Үйде Тойғанбиттің қатты айқайлаған дауысы естілді:

– Бұл жол – қанды жол! Азбан қош бол! Ертең осы уақытта кездесеміз. Ертең осы уақытта түйеге мініп келесің. Атың сенің ертоқымсыз қашып кетеді. Қанды жол...

Жұрт жағасын ұстады. Біразы денесі түршігіп, үрпиісіп кетті. Тіпті Тойғанбиттің сөзін естіген адамның дені сау болмаса қорықпауы мүмкін емес еді. Естіп тұрғандардың ішінен тіпті ештеңені елең қыла бермейтін Қойлыбай да «апыр-ау, мынау сұмдық болды-ау!» деп бір-неше қайталап жіберді. Арқалары шымырлап тұрғандар қанша, бет-жүзден қан-сөл кетіп, бозарып, құты қашқандар не істерін білмей састы.

– Қой енді, қой. Байқұсым-ай, сорлы-ай! – деген Сәлиман шешемнің аяған дауысы естілді:

– Сары апа-ау, қой десең қояйын!

Осыдан кейін Тойғанбит мылқиып сөйлеуді қойды. Ұзақ үнсіз отырды. Бір шамадан соң кәдімгі сау адамдай далаға шықты. Ол батар күннің бетіне жаңа көргендей сығырайып ұзақ үңіліп қалды.

– Күн таласты, күн таласты. Күн таласқан жаман. Қайтейін, қайтейін, – деп ернін күбірлетті де тұрды. Ауылдағылардың көбі-ақ Тойғанбиттікі күндегі сандырақ деп ойлады. «Жаманның айтқаны келмейді, сандырағы келеді» дегенді де сол жерде тұрғандар сол бір күн таласқан шақта еске алып еді. Тойғанбиттің күн таласты дейтініндей-ақ бар. Азбан ұзай бергенде күн алауланып, қып-қызыл болып ұясына тақалып, сонау осы Іле-Шу Алатауының сілемі – Аңырақайға барып та қалып еді. Күннің әдеттегіден тыс қызарып, борлаттай болып батуы дін мен бақсы-балгердің сөзі шарпыған ескі ауылдың әжептәуір есін алып, әлдеқандай үрей туғызды. Сол үрейдің арты шынымен қорқынышқа айналды.

Азбан белден аса бере-ақ Бозбармақ жақтан салт аттылар қаптап шыға келді. Ауыл әжептәуір дүрлігіп қалды. Колледж ассессоры Шегіров Жаубай үйіне он кіріп, он шықты. «Бөрі арығын білгізбес, сыртқа жүнін қампайтар» дегендей Жаубай беймазальық жасамады. Үрпінсіз, үндеспеді. Ауылға ешкім бүлік салған жоқ. Жігіттердің бәрі де әбден сайланып шықса керек. Қолдарында әртүрлі қару, он шақты адамда мылтық та бар сияқты. Біреу қарынға, біреу меске, торсыққа, шанашқа тапқан сусынын құйып алғанға ұқсайды. Кейбіреулері аттарынан түсе қалып, қарыннан кішкентай түйе көзіндей тостағанға тары көженің суын құйып ішіп жатты. Біреуді біреу біліп болмайды. Әйтеуір самсап тұр.

Омырауы есіктей, ойынды еті бесіктей бурыл ат мінген жігіт аттылардың алдында келіп еді, сол қайта алға шықты. Үстінде түйе жүн шекпенін жалаңаш етіне киіпті. Басында тозығы жеткен, ақ киіз қалпақ.

Оның қара дұқаба барқыттан салған қиюы бұл кезде әбден оңып бозғыл тартыпты. Белінде күміс шапқан кемер белдігі бар. Шамасы жейдені таппағандықтан кимеген болуы керек. Салқын болсын деп терлеген соң етке жабысатын жейдеге жоламаған. Ашық көкірегі қып-қызыл болып күнге күйіп кеткені әлі бата қоймаған күн жарығымен анық байқалып тұр. Ат үстінде бұрылып, артындағыларға бірдеме айтқанда мұның жауырынының жалпақтығы маған бір құлаштай болып көрінді. Ол аяғын үзеңгіге шіреп, тізгінін тартты. Қара қырбық мұрты, шоқша сақалы өзіне жарасатын да сияқты. Мойнына асқан мылтығы елде жиі кездесе бермейтіндіктен бе, аса сұсты көрінеді. Оң қолында білегіне ілген бос мойын шоқтары қырғыз өрім, тобылғы сапты қамшысы. Ол оң жақ жеңін бір-екі бүктеп түрді де, бос мойын шоқпарын сабынан қыса ұстап көтерді. Бос мойын шоқпардың сабындағы күмістен жасап шегеленген қасқырдың басының суреті қайтар күнге шағылып, жарқ-жүрқ етті. Қасқырдың басының бейнесін көргенімде мұның Шапырашты екенін біле кеттім. Жас кезімде осы қасқырдың басын үлкен сырықтың басынан бәкімен ойып шығарып, бірге ойнайтын екі баланы «қарасайлап» қуа жөнелгенімде Даубай ұстап алып, «мына арам неменің Шапырашты бола қалуын қара. Қасқараудың жуындысына тойған екенсің» деп қып-қызыл қылып жон терімді алған. «Шапыраштыны өлтірсең мына мені өлтіре қойшы» деп сонда да Сәлиман шешем Даубайды көк желкеден бір қойып, итеріп жіберіп, мені арашалап, ажыратып алған. Енді сол қасқыр суретін мына жауырыны қақпақтай жігіттен көріп тұрмын. Шапыраштысы қанша екен деп көтерілген найзаларға қарап едім, бәрінен де қасқырдың суреті көрінді. Бірақ найза сирек еді. Алқолдан жасалған айырдың жалғыз қалдырылған ортаңғы ашасы, кетпеннің ұңғысы, шалғының мойын темірі сияқты құралдарда ондай ешбір белгі жоқ. Ұлтарақтың қолындағы ескі қара найзада да қасқыр басы. Ұлтарақ алпамсадай-ақ жігіт еді. Тіпті анау алыптың жанында шүйкедей көрінеді. Қамшы саптарында да шот қабақ басы «мен Шапыраштылап» тұр. Оның неден пайда болғанын білуші ме едің, шырағым? Шапыраштының шешесі Шапырашты қасқырдың бауырына жерік болған екен. Бәйдібек бай бір күні қасқыр ұрып алып, үлкен ұлы Жалмамбеттің отауына түсіп сусын ішіпті. Сусынын қандырған соң далаға шығып, соғып алған қасқырын атына бөктерейін десе, бәрінің іші жарылып қалыпты. Сөйтсе анадай жерде Жалмамбеттің үйіндегі келіні қасқырдың бауырын пісіріп жеуге тағат таппай, қанын сорғалатып шикі жеп отыр екен. «Е, келінім, қасқырдай батыр ұл туады екен» деп аттаныпты атасы. «Бөрі бауырын жеген Шапырашты» деген ат содан қалған екен дейді. Кейін содан ба, басқа тағы бірдеме бар ма әйтеуір бәрінің басы белгі болып қалған екен.

Ұлтарақ та ат үстінде. Бұл ауылды танымайтын адам сияқты. Алыпқа таңданып тұрғанымды Қойлыбай дәп басты:

– Тайжан байдың қойшысы Жарлығап батыр деген осы, өзі де Жарлығап. – деді маған Қойлыбай. Ру-атасын айтқаны.

– Қойшың не, батырың не? Батыр кісі қой баға ма екен? – деймін мен де сыбырлап. Біздің әңгімеміз аяқталмай ол сөйлей жөнелді:

– Ей бай, Үшқоңырда қанға қол матырғанда Дулат, Шапыраштыда бөлек қалған адам жоқ еді ғой. Сен бізбен бірге жүремісің? Әлде үйіңе қазақтан шыққан азғынды тығып бағып отырамысың? Азар болса оның біздің қай күні, қай уақытта көтерілетінімізді хабарлаған шығар. Мықтағанда Азбанды төске шаптырған шығарсыңдар. Одан не шығады. Халық жаппай атқа мінді. Оған ешбір күш қарсы тұрмақ емес. Арықтағы суды бөгеуге болар, сел жаппай даланы басқанда ұлығың оның қай жерін тығындар. Жүрегін, жүрмейтініңді айт! Біз аттанғалы тұрмыз. – Жаубай оң қолын көлегейлеп, Жарлығап батырға қарады. Батқалы тұрған күнге көзі түсті. Мыналарға қосылса ана күндей батып кететіндей көрінді. Қып-қызыл болып құрланған жылан көзін одан да жаман сығырайта тұрып сөйледі:

– Мен мал баққаннан басқаны білмейтін момын адаммын. Мына шатақтарыңның басы-қасында мен жоқпын. Патшаны сендер тақтан құлатсаңдар маған да жаман болмас. Соның шарапаты маған да тиер. Сол маған жарар.

– Ей, не малтанды өзіп тұрсың, – деп артқы топтан біреу шаңқ ете түсті. Жұрт жарылып жол берді. Көк ала жорға атын жосылтып алға шыға келді. Үстінде әдемі көк жібек шапаны бар, басында аппақ, жаңа көтерген бай ұлының отауындай ақ қалпағы, отаудың дөдегесіндей гүлдәрі белбеуі бар, орта жастағы қызыл шырайлы, шокша сақалды адам екен. Сыртқы бейнесі-ақ өңшең шокпыт шапан ішінен бөлекше көріне кетті. Байқай келсем Жаубай бұл топқа қосылмайды деген олардың ойында жоқ болу керек, соңғы топтың көбі-ақ осы сияқты ауқатты адамдар екен. Қылдан жасаған шашақты, сүйір тұмсығына бөрі басын орнатқан әртүрлі жарқылдақ металдан жасалған ескі көңсүңгінің көбі соларда. Тіпті кіреуке тон кигендері де бар. Сауыт киіп те құрсаңғандар кездеседі. Бірақ бүкіл топта сауыт киіп сірескендер он шақты ғана адам. Сауыттың жалбағайы салпылдап жауырынында жатыр. Жаз күнінде әлгі батырлар өзі де зорға көтеріп тұрған шығар деп шамаладым. «Мұздай темір құрсаңғаны жөн ғой, бірақ бұлардың өзі осы сауытымен-ақ шаршамас па екен» деп сыбырладым Қойлыбайға. «Қолы көтере алмайтын шокпарды қазақ беліне қыстырмайды. Өзіне өзі сенген соң киеді дағы» деп жауап берді ол. Назарым Тайжанға ауды. Оның жанындағы әлді-ауқатты, жалды ат мінген, жалтырақ шапан кигеннің бәрі алға шықты. Мен де әлі де балалық бар шығар деймін сол кезде, өйткені ішімнен Жаубайды сабап алса деп тұрмын.

– Тайжан деген осы, анау жылы Әндіжанға қойын айдасып барғанмын. Көптен бөлек кетпейтін жөн білгіш адам, – дейді Қойлыбай

желкемде тұрып алып. Тайжан жаңағы қойшысы Жарлығап сияқты шешен сөйлейтін адам екен.

– Ей Жаубай, мына Шапыраштының Өтеп, Көшегін, Жарлығабын, Тайторысын мен бастап шықтым. Мына Қасқарауынды сен баста. «У жесең ұруыңмен, ат сатсаң ағайыныңмен» деген ағаш керегелі алаштың ұлы емес пе едік. Егер «атам Алаш, керегем ағаш» деп тапсаң қон атыңа, ер намысы үшін емес, ел намысы үшін кетіп барамыз. Жердің намысы, ердің намысы, бәрі елдің намысы. Өлсек бір шұқырда, тірі болсақ біртөбеде неге болмаймыз. Елді үркіткен алатайдай сен немене бөлінесің. Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адасайық та. Көппен көрген ұлы той емес пе еді. Атамыз, ауыз бірліктің атасы Қарасай, Төле солай деп жол қалдырмап па еді. Тайжанның тілін алмауға болады, ата-баба салған жолды қайтесің.

Тайжан сөзінің дұрыс екенін білген аттылы қазақтар қатты әдеп сақтады. Дұрыс дұрыс деп дуылдасқан да жоқ, Жаубайдікі дұрыс емес демеді де. Түнерісіп, жауар бұлттай тұрып алды. Жаубай да аузын бұған өгіздей көпке дейін үндемеді. Осы бір үнсіздікті ортаға жақындап келген Сәлиман шешем бұзды. Ол төбесіндегі тесігінен шашы көрініп тұратын кимешегін бір түзеп қойып артында тұрған Аққатынға қарап сөйледі:

– Інжір мына балаларға қымыз әкелдір. Анау толы екі сабаны бері көтеріп шығарыңдар. – Аққатын балқыған жалқындай кешкі батаркүннің қызылымен алауланып, бұрынғыдан да ажарлы көрінді. Жігіттердің бәрі-ақ оның жүзіне қарап сұқтанып тұрды. Әрқайсысы да ішінен менің әйелім болар ма еді деп тұрғанына мен түк те күмәнданбадым. Өйткені әйел атаулының жүзін тани бастаған мен Аққатынның жапсардан көрінген айдай жалт ете түсетінін білуші едім. Талай-талай бетіне жазатайым тырнағы тиіп қанап жататын бет біткеннің сұлулары-ақ Аққатын жанында қырық жетіге келе салатын көп ақжаулықтының біріндегі көрінетін. Тіпті еркек емес, әйелдердің өзі де Аққатынға көзі түскенде қанша сұқ көзбен үңіліп, бір кемшілік тапсам десе де, пішімінен ине жасуындай жараспай тұратын, көз сүрінетін бірдеме таба алмай, көзін ала алмай қалатын. Сен шырағым әйелдердің кемшілігін білемісің? Егер оны білмесең бір әйелдің жанында отыр да, екінші бір қасиеті мол әйелді мақта, соның атына жылы сөздер айт. Сонда әйелдің әйелдігін көресің. Сен мақтаған әйелді жамандап келіп береді. Аққатынның келбетінен мін таппаған әйелдер «жақсы болса Жаубайға неге тиіпті, бәрі бір бізден асып төреге тиген жоқ қой» десетін.

– Балалар қымызды шығарысыңдар, – деді Сәлиман шешем. Аттан төрт жігіт қарғып-қарғып түсті. Бұдан соң басқалары да аттарының белін босатты. Сабаның бір пұшпағын Қойлыбай ұстады. Бір сабаны төрт жігіт зорға көтеріп шықты. Әрине жинақы дүние болса, екі жігіт-ақ көтерер еді, былық-сылық еткен сұйық көлкілдеп ұстауға мүмкіндік бермеді. Саба қырықпа ажырық өскен енді-енді онып, аю жүнденген

көкке қойылды. Тегеш-тегенеге құйып сапырып, сәндеп отырар заман қайда, «аттың жалында, түйенің қомында» дегендей еміздіктеп тұрған сабадан ашқылтым иісі аңқып, сап-сары, қою қымыз құйыла бастады. Сабаның ұзын түйе мойнағындай аузынан ішіндегі қарағай піспекпен Қойлыбай күлдірлетіп пісіп-пісіп жіберіп, құйды. Қойлыбайдың оншақты піскенінің дауысынан-ақ тұрғандардың бәрі сілекейін жұтты. Қымыз үлкен ағаш көне дағара үстіне ұсталған аяққа, шараға құйылып ұсынылды. Қазақ қолына барған меймілдеген шара, аяқ жолын өзі тауып, жасына, жолына қарай тиіп жатты. Үлкенді сыйлау ол заманда қатты сақталар еді. Сол жаушы-жаужәлемде де, ат арқасы майысып, ер көңілі қайысып, тылсымды дүние титығына жетіп, ері мойнына кетіп тұрғанда да тигеніне тиіп, тимегені қалған жоқ, алдымен жасы үлкендері – ақсақалдан бастап ішіп, қарасақалға қарай беттеді.

Бұл топтың арасында кім жоқ дейсің, түбіт иек он алты-он сегіз жасарлар да, кеудіреген бірлі-жарымды арқасы дуға қызған қарттар да бар. «Жігітке сейіл де сейіл, сергелдең де сейіл» деп әйтеуір атқа мініп, тәуекелмен келгендер де табылар еді. Сақал мен мұрттың да, кебіңкі, қуарыңқы ұрттың да талайы кездесер еді. Жібек пен беренге оранғандар да, бұты жылтылдаған тері шалбарлар да, тізе көрінген, қолтық сөгілгеннің де тоқсан түрі бар еді. Киім әртүрлі болғанмен толқу бір, аттаныс бір. Әзірге кең далаға сыйыса алмай келген қазекемнің бірі бау, бірі тау болған жайы осы бір жерде көрінбейтін еді. Жағасы жайлау, етегі қыстау заманда үш басты жыландай үш жаққа тарта-тындар енді сөзі сарасын тауып, басы да, жетегі де бір-ақ бағытқа ауып, бір сыптығырдан шыққандай бірігіп қалған. Жүз қаралы кісі бір сабаны басына көтерді. Бірақ жаңа көтеріліп шығарылған екінші сабаны орта түсіре алмады. Желіде тулап жатқан отыз құлынның сыбағасының тең жартысын зорға түгескен топ аттарына қайта мінді. Сары кемпірге бәрі «рақыметтерін, тәңір жарылқасынын» жаудырды. Тікендей кірпігін сүзе қарап тұрған Аққатынның көзі де көпте. Көпке қарап тұрғаны, әлде көп ішінен біреуді көздеп тұрғаны белгісіз еді. Жаңа ғана осы жерде тұрған Қойлыбай шұнақ кедейдің атын ерттеп алып келіпті. Шынын айтсақ ол аттар әзір тұрған. Бар жұмыс тек ертоқымын салу ғана еді.

Үнсіз қалпымен Жаубай қалды. Шегірев «не ғып жүрсің?» деген сұраққа дұрыс жауап бермеді. Жарлығап батыр оны жалғыз қолымен жерден жұлып алып, төбесіне тік көтерді. «Жерге ұрайын ба, иттің күшігі, сатқын. Сатылғаның орыстың арағы ма, біз сені бие сүтіне шомылдырар едік қой» деді. Ассесордың аяқ-қолы тырбаңдап бала қолындағы тасбақаша көрінді. «Ана тасқа лақтыр!» деген дауыс шықты. Ол қақпақтай, жерден жарты кез шығып тұрған қожыр тасқа тисе, ассесордың аспаннан кәрі бүркіт тасқа тастап жіберетін тасбақаша мылжа-мылжасы шығары сөзсіз. Осыны сезген оның аузынан жаны қысылғанда «ағатай жанымды қи» деген сөз шығып кетті.

– Ой, жігіттер, мына төрең қу кедейге ағатайлап жалынады. Жан керге жоқ екен, шіркінге, – деп Ұлтарак күліп жіберді. Оған біраз адам күлгенмен, көбі құлу орнына ыза болды.

– Қоя бер Жарлығап, құнсыз неме ғой. Ағатайлауын көрмеймісің, – деген Тайжан даусы шықты. Жарлығап Шегіревті жерге қойды да, алқымынан біраз қысып тұрып, ішіндегі қымызын ішкен соң қазақ мектегі анадай жерге тастай салушы еді, нақ сол сияқты Шегіревті итере салды. Шегірев мұрнынан қан кетіп жатты. «Жаубайды тастап кетеміз бе?» деген сөздерге арттан Тайжан даусы шықты:

– Қайтесіндер сол көк есекті, есек есек болып қалады да.

Бұл сөз ассесордың мұрнынан кеткен қаннан әлдеқайда ауыр еді. Бұған шыдау үшін шынымен есек болу керек еді. Жаубай не Тайжанға ашу шақыра алмағанын, не намыстанып көпке қосылмағанын көрген халық сөздің иесін тапқанына түк те шүбәленбады. Мырс-мырс күліп бара жатысты. Одан «шынымен-ақ есек екен ғой» дегенді аңғару қиын емес еді. Алатау бауырында тұлпармен бірге есек те аралас жүргені жасырын емес-ті. Бірақ Алатаудың өзі сияқты асқақ тұлпары көп болатын да, салпаң құлағы аз еді...

Алдыңғы топ желе шоқырақтатып күн шығысқа Самсы жаққа тұра жөнелді – деді Шұнақ шал. – Қойлыбай екеуіміз де дүрмекпен көпке ілесіп кете бардық. Астымдағы тарланкөк басқа аттарға қарағанда тарпаңдау болғанмен бұл кезде әжептәуір адымы ашылып, аршындай басатын болып қалған. Ол бір жұрт арбамен жүрмейтін, көбіне салт кететін шақта қаражол дегенінің өзі де ара-арасына құнанның күземе жалындай шөп өсетін, шаңсыз, топырақсыз далалық еді. Әйтеуір жолдың ізбіні болатын. Жетісу халқы арбамен жүргенді тері сүйреткендей деп ұнатпайды. Ал салт жүрген кісіге жол сүрлеуі тек кең де, керік те далада адасып кетпеу үшін керек болмаса, тыннан, төтелеп жүруді әркім-ақ қалар еді. Оның өзі қазіргідей жүз болса толарсақтан топырақ кешіп, күз болса күпшектен балшыққа батып жатуға кезіктірмейтін. Аттың бір жүріп кеткеніне жусанды, мындаған жылдар тусырап, шымырап жатқан құйқалы даланың түгі құрамайтын. Сондай бір болар болмас сүрлеу сүдіні бар жермен жапа-тармағай, сараң үйдің дастарқанға шашқан бауырсағындай иен далада бытырап келе жатқанбыз. Әлдекім айғай салды.

– Қаптамай-қапталдамай шұбап жүрмендер. Үш-үштен, төрт-төрттен.

– Онда не болады? – дескендер де табылды. Бірақ оған ешкім жауап ала алған жоқ. Қанша сауатсыз, надан десек те нақ сол көптің біреуінен жік шықпай, үштен-төрттен тізіліп кете барды. «Міне енді шеру тартқан әскерге ұқсап қалдық» деп күлісті жігіттер. Андыздамай, аттарының тізгінін тежеп, бірлі-жарымды денесі қыза бастағандықтан тыз етпе жылқының ойнақшып қатардан шығып кеткені болмаса, байсалды, басбілгі мінгендер саптың өнбойын түзіп қалды. Тайпалған жорға да,

тұмақты алшысынан кигізгендей аяңшыл да, төгілген тырапата да шашау шықпай қалыптан озбай, қатарда келе жатты. Самсыға жеткенде күн де қызарып ұясына отырды. Қайда барып, қайдан не алатынын, ешкім біліп болмайды. Әйтеуір қолына кетпеннің ұңғысын саптап алып ұстап шықса да шетінен аттыларға қосылып жатқан ел. Нақ сол жылғы көтерілісте ұйымдасқан басшылық болды дей алмас едім. Жұрт жалпы көтерілуі, атқа мінуі, қарулануы керек екенін білгенмен, кімнің қандай міндеті болатынын айырмады. Әйтеуір аузында көп жүретін алланың аты сол күндері сараң естіліп, «патшаны құртамыз» айырбасталды. Ал ол қазақты тарының қауызына сыйғызбақ болып, жерін тартып алып, айдарлысын аттырып, боздағын құртып боздатпақ болған патшаның тұрағы қайда, оны қалай құртады, онымен жұмысы болған қазақ жоқ. Әйтеуір бір – «құртамыз». Көбінің ойынша ол патша деген ел билеуші біреу келесі бір көрші ауылда, келілі емес, желілі ауылда қымыз ішіп, қуырдақ жеп отырғандай көрінетін. Дегенмен сол солдат алады деген сөз-ақ жұрттың әжептәуір көкірегіне қаяу сала отырып, оларды саяси өмірден хабардар етті. Тіпті бұрын иен далада еркін көшіп жүрген елдің өздері білетін Жаубай, Даубайдан басқа да қожасы бар екенін көбі-ақ осы жолы білді. Баймен сөзге келсе елсізге, сонау Балқаш, Топар бойлап, Ит ішпестің Алакөліне кетіп қалса, бар азаптан азат болатындай еді. Енді байқаса патша деген пәле өздерін көзге көрінбейтін бір тұзақпен торлап тастағандай. Керегінде көрінбейтін құрықсыз-ақ қашаған қазақты ұстап ала салатын. Қайда барсаң Қорқыттың көрі сияқты қазулы тұрған түпсіз терең бір шыңырау аңғарылады. Ол көзге көрінбейді, тек оймен көңілге орала береді. Қазақ біткеннің басында жас қайыстан қақандап түйілген бұра тартқызбас нокта бардай. Ұзын арнау, кең тұсау салынғанына жарты ғасырдан асып бара жатса да, қазақ оны бүгін білген. Қала түскенін, жиі отырғанды жиын отырыс деп ұққан, әуелі жалғыз жарым орысты құдайы қонақ деп құдайындай сыйлаған ел бұл күндері орыс атаулыны бөкеске түсірген бәйектей бір шалғымен қырнап, қырып кете бермек. Әйтеуір қазақ біткеннің бір анық білгені өз басындағы еркін біреудің алып қойғаны. Салған төсектей жап-жазық даласының тарылғанын да, адыр-бұдырын да, өз жері өзіне бұйырмайтын болғанын да сорлы қазақ жаңа білген. Шерлі болғанына да біраз ғана күн болғандай. Қалайда қазақтың алып Алатауы аласарып, кең даласы, керім даласы екі өкпеден қысып тарылғаны, айдарлысының құл болатындығы, тұлымдысының тұл болатындығы бәрінің басына қорғасын болып құйылғандай еді. Сондықтан да патшаң тұрмақ, құдайыңды да қолына түссе түтіп жеуге әзір еді. Ыза мен кек көкіректерде қайнап, баста ақыл ашылғандықтан темірді қызғанда соғып қалмақ еді.

Қосын Самсыға еңкейген шақта артта келе жатқандардан «бәрі тоқтасын» деген шапқыншы келді, ол соны айта салып, шапқан күйімен ілгері кетті. Жұрт иіріліп, аттарын қаңтарысып аңырып тұрды.

Қойлыбай екеуіміз қатар келіп түстік. Біз де қайдан не болатынын білмей, «ел күлгенге күлемін, ыржиамын» дегендей жұрттың істегенін істедік. Нақ осы жерде байқадым, аттылы қазақтың саны – бес жүздей адам. Жылға-жылғадан ағып, өзен арнасына құйған жаңбыр суындай жолшыбай ауыл-ауылдан қосылып адам әбсәтте-ақ көбейген екен. Тасқын тасып, өзен арнасынан асып бара жатқандай. Бірақ шынымен осы көп тобырдың бәрі мына Қойлыбай екеуіміздей болса, онша алысқа ұзай қоймаспыз деп шамалаймын. Ұлтарақ та қолымызға түсетін емес. Сынаптай сырғып тоқтамайды. Ортаға үңірейген ұзын бойлы, ала көз, жалпақ бет қара қазақ атпен шықты. Екей Өмірұзақ жыршы десті тұрғандар. Шынымен елең ете қалдым. Сонау бір жылы осы Беріктас үстімен қырқалатып қой айдап Жаубай екеуіміз Шиендегі сәрсембі базарға барғанбыз. Сонда да осы кісіні көріп едім.

Жетісу елінде жыршы мен жыраудың үлкен айырмасы бар. Және ақын жыршы емес те, жыршы ақын емес. Өйткені мұндағы жыршының бір өзгешелігі жұртқа жар салу, оны көбіне өлеңмен айту. Өлеңі көп те емес. Олар сол үшін ақы алады. Кейде ол жыршылар сайқы мазақ сияқты да, кейде масқарапаздай. Олар ақыны жақсы төлесе, ісіңді көңіліңдегідей жоқтап береді де, көңілінен шыға алмай, алақаныңның ашықтығын көрсете алмасаң, өзіңнің кемшілігіңді қоса қабаттап айтып, кейде әжуа, кейде келемеж-мазақ етіп жібереді. Сол жылы Жаубайдың ақбас атаны жоғалып, соған бір сұрау салғызды. Өмірұзаққа оны жырлап дүйім елге жеткізу үшін бір лақ беруге Жаубай уәде етеді. Азырқанса да Өмірұзақ оны алды да, бірақ артынан тоғызсаққа жүгіртті. Сонда Шиендегі қан базардың ішін астындағы ала байталымен аралап жүріп, озан салғанда даусы ана қыр мен мына қырға кетеді. Естігеннің ішек сілесі қатады. Қызық етіп айтқандықтан да, тіпті кейде көптен ұялмай, беттің әрін белбеуге түйіп бейауыз сөздерді де қосып жібереді. Сонда ол естігенінің бәрін ойында сақтайтын, әлі қағаз-қарындашқа сүйенбеген қазақ көңілінде жатталып қалады да, құлағының қақпаны барлар айта-айта кетеді, жүрген жерлерінде көпірте, әңгімелей жүреді. Сонда Жаубайдың ақбас атанының жыры сол күні-ақ елге жайылды. Мұндай биік, әрі жуан дауысты адамды мен әлі көрген емен. Шырағым сөздің төркінін танитын баласың ғой, ол Өмірұзақ Қарғабай баласын іздеп барып көр, таныс, сонау Майтөбенің бауырындағы Жамбыл атаңның ауылында тұрады. Қазір қартайған. Көпті көрген адам, көп жыр, көп сыр аңғарасың одан. Өмірұзақ жыршы сонда дауыстап жіберді:

Оу-у қан базарға жиналған
Халқым мені тыңдағын
Білген, сезгенің болса,
Маған қарап ымдағын.
Жыртық көтен Жаубайды

Жесірі тастап кеткен-ді.
Ала кетті Ааманды
Қайтеміз айтып өткенді.
Беріктастың белінен,
Қасқарау деген елінен
Ақбас атан жоғалттық.
Айтындар жұртым, айтындар
Аман болса өлімнен.
Қорасанға қолың соз,
Бұқараға бұтың соз,
Көріп тұрып айтпасаң
К...е құйсын құдай қоз.

Көрдің бе, шырағым, сол бала күндегі сөз мәңгі естен кетпей, жадына қарағайдың шайырындай жабысуын. Сол Өмірұзақ тағы ортаға шығып айғайлап жар салды. Оның даусы естілмей қалмады. Бірақ өлеңмен айтқан жоқ, қарасөзбен әндетіп айтты. «Самсыға қонамыз, бірақ онда әскер бар, оны қуамыз, таң азаннан жүреміз, әркім өзі үй тауып қонсын!» дегенді анық естідік. Сол кездегі тәртіпке осы кезде таң қаламын. Әскери заң жоқ, көзге көрініп басқарған адам да көрінбейді, әйтеуір үлкендер айтты десе болды. Ел ашытқысын мол салған сүттей үйи қалады. «Енді аттаныңдар!» дегенше ешкім тыбыр еткен жоқ. Қобырап орнынан тұрғандар да болмады. Елсіз далада ызындап келген бүгелек пен араның қанатының даусы анық естіліп тұрды. Теке мұрын, салпы ерін, қақпан бел сарытабан аттар пысқырынып, бастарын шұлғып, ішін тарта түседі. Кейбірі пысқырығанда пор-пор еткізіп, желін қоса шығарып, танауын алдыңғы аяқтарына сүйкейді. Шыбындап аттар кейде тапыр-тапыр ете түсіп, көбіне құйрығымен сауырына, бауырына қонған қара шыбынды үркітеді. Тымық кешкі ауаны жарған қыл құйрықтың шип-шип еткен даусы естіледі.

Сәлден соң Самсыға еңкейдік. Алдыңғы жақтан гүрсілдеп мылтық даусы естілді. Келе жатқандар күбірлесіп кетті. Көбінің-ақ үрейленгені байқалды. Біз ештеме біле алмадық. Қаптаған қолды көрген жазалаушы отряд сасып-салбырап қаша ұрыс салды. «Қарасайлап» ұран шақырған дауыс бүкіл Жетісу өңірін күңіретіп жібергендей болды. Атыс ұзаққа бармады. Балалардың торсылдақ ақ қурайға шүберек оқ жасап атқанындай тарс-тұрспен бітті. Біз Самсыға кірдік. Бекет тұрғындарында үрей жоқ. Қойдың құмалағындай бытыраңқы жатқан үйлердің арасын патша жендеттерінің аз ғана тобының ат тұяғы-ақ шаңдатып жіберіпті. Өрістен қайтқан кешкі мал мен екі кештің арасында бекетке кірген біздің ызың-шуымыз бұл өңір бұрын естіп-көрмеген әбігерлік салды. Ымырт жабылып, қою қараңғылық қара көрпесімен төңіректі қымтап жіберді. Шілде шыға қоймағандықтан, өзенде көлбақа озан салса, іңірде сары маса ызың қағады. Шілде қоңыз дамылсыз шырылдайды.

Оның солдатқа алатын патшасы жоқ, қазақ даласының қожасы өзі ғана сияқты.

Қонып, қозы сойғызып жеп, құйрық-бауырын асайтын заман қайда? Елді билеп алған қайғы-қасірет, дүрбелең шақ ешкімге де ұйқы берген жоқ. Самсының кішкентай, жазғы жолға жүріп келе жатып жіберген өгіздің кіші дәретіндей ирек-ирек өзенінің бойы қаптаған ерттеулі ат. Үй тауып қонуға ешкім де бармаған секілді. Он-оннан, әлде жиырма шақтыдан бірігіп алып, ертеңгі күннің болашағын, алда нендей ғаламат күтіп тұрғанын әңгімелескен болды. Шамалауымша бәрі де Қойлыбай екеуіміз қатарлы. Мойны озып, суырылып тұрған жігіт жүйрігі арамызда жоқ сияқты. Көбі-ақ аузың қайсы десе, мұрнын көрсететін, қой аузынан шөп алмас момындар. Әрқайсысы-ақ мықтымсынып көрінгісі келеді, әңгімесіне қарағанда ауылдың тойында талай палуанның жауырынын жер иіскеткен, өзінікі әлі жерге тимеген көзелдер. Білетіні де, өнері де күрес пен сайыс. Қой бағу, ең серісінің баққаны жылқы. Соған да риза, сол өмірге де қанағат қылатын сияқты. Айранын ұрттап, қойын құрттап жүргендердің көбі-ақ бүгін бір-ақ күнде батыр болмақ. Қойлыбай екеуіміз келіп түскен топ жиылып отырғандардың ең молы еді. Әңгіме қыза бастаған кезде әлдекім «аттарыңның ер-тоқымын алындар, отқа қойыңдар!» дегенді айтыпты. Арамызда бағанадан бері үндемей отырған бір жігіт дүрсе қоя берді:

– Біз ат бордақылай келген жандар емеспіз, байлардың малын күтіп болғанбыз.

Жігіттер аңырысып қалды. Соның арасында жаңағы хабарды әкелген жас жігіт екен, қайта оралған шамада оны Қойлыбай шап беріп шаужайынан ала кетті. Өмірі желп етпейтін, қатындардың айтуынша басын басып кетсе де мыңқ етпейтін Қойлыбай тіпті көтеріліп алыпты. Күрең мінген жас жігіт атын шаужайлап, жармасқан айырқалпақ қойшыны аттың омырауымен қағып кетпек еді, анау сол қолы күрең аттың жүгенінде, оң қолы бала жігіттің жауырынында тырп дегізбеді.

– Кәне сен кімсің, кімнің бұйрығын жеткізіп жүрсің? – дейді Қойлыбай. Жігіт жауап бергісі келмейді.

– Бері аударып алшы өзін, – деді ертоқым алуға қарсы болған жігіт. Қойлыбайға жаңағы жігіттің сөзі заң сияқты, әлгі күрең аттағыны сопақ еткізіп жұлып алды. Оның айғайлауға шамасы келмеді. Жігіттер күштеп отырғызды. Олар ортаға алған кезде әлгі бар шынын айтты:

– Ағатай мен біреудің атқан оғымын. Бұл қажы үйінен берілген бұйрық. Маған осылай айт деді.

Шынын айтқан соң күрең атты босатылды. Біраз үнсіздіктен кейін үндемес қара қайта сөйледі:

– Жігіттер ер-тоқым алмандар, түнде бізді басып қалуы мүмкін, – деп тоқтады.

– Кім, кім басып қалады? – деген сұрақ жан-жақтан жауып кетті. Бұл үрейлі сұраққа ол жауап бере алмады. «Сен неге дұрыстап айтпайсың?»

дегендерге ол бағана осы топ ішіндегі екі адамның сөзін шала естігенін айтты.

– Е, сол ма, тәйірі, мен де бір көріп кел әулие екен десем, – деп біреу кекете қалды. Ал бағана Азбанның кеткенін білетін Қойлыбайдың ішіне үндемес қараның сөзі кіп ете түссе керек. Сонан соң Қойлыбай екеуміз қосарлана отырып білгенімізді жігіттерге жеткіздік. Жаугершілік заман деген осы, аттың ауыздығы бүгін алынса онда үйден шығып керегі не еді, одан да баратын жерімізге жетіп бір жолата неге тоқтамаймыз деуші желбуаздар да болды. Ешбіреуден жарытып сөз тыңдай алмай, не қайда баратынымызды біле алмай қисайып жатып көзім ілініп кетіпті.

Біреу қатты жұлқылағанда барып көзімді аштым. Қойлыбай екен. Елдің көбі-ақ атына мініп алыпты. Сөйтсем менің көзім ілінген кезде Жарлығап пен Ұлтарак жігіттерге келіп «аттарыңа әзір болыңдар, Алматыдан шыққан әскер келіп қалуы мүмкін» депті. Сонан соң-ақ жұрттың құты қашып, біреуі қорқып, біреуі сақтық қылып аттарына қоныпты. Қараңғыда біреуді біреу біліп болатын емес. Әлдеқайдан келе жатқан бір шал «ұста мынаны» дегенге қолымды соза беріп едім, бір қойдың ортан жілік еті. Қарпып-қарпып жібердім. Түйіле-қабына, шала шайнап қой етін жеп отырмын. Енді біреу бір аяқ қымызды ұстата салды. Сіміріп, сарқ-сұрқ жұттым. Қарлығыңқырап қалған дала қымызы. Әрі саба қымызы емес, азғантай ашытылған, шалаптау екен. Шамасы енді ойлаймын. Самсыдағы жатақтардың жалғыз биесінің сүті болса керек. Сондай ет, бір аяқ қымыз әркімге-ақ берілді. Қымызды айтып отырып тым шөлдетіп жібердім бе, шырағым, кел біз де бір-бір алып қоялық.

Мен аткөрпеден басымды көтеріп алып, қымызды сіміріп салдым. Шұнақ шал қымызды ішіп болып, көзін ашып-жұмып шымырқанды. Туралған еттен ол да, мен де асап-асап жібердік. Екі ат жусап, жайылуын қойып, сілейіп қалыпты. Күн еңкейіп барып қалды.

– Мен анау жылғадан аттарды суғарып келе қояйын, сен дем ала тұр, – деп Шұнақ шал орнынан тұрды. Арқан бойы жерде тұрған Ақжал шабдар шал жанына бара бергенде оқыранып қойды. Ол атының тартпасын қайта тартып, күрең жорғаны мініп, өз атын жетелей жөнелді.

Мен шал кеткен жаққа қарай отырып ойға шомдым. Ертеден бергі әңгімеге көз жіберіп, мына шалды жарымес дегендердің өзі кеңкелес шығар деп шамаладым. «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген осы дағы. Бір күн кешке дейін айтқанда таусымайтын бұл шұнақ шалдың әңгімесі қаншаға барар екен? Бұл шалды неге ферма бастығы жек көреді екен. Баяғыны ұмытпау керек болса, онда шешесін өлтірткен, екі құлақтың бірін берген осы ұмытпауға тиіс қой. Біздің тіліміз байларды жамандаумен шықты. Сол жерге келгенде Жаубай баласына іштей ашынғандай да болдым. Онымды не бет-аузымнан, не сөз арасында білгізбеуге тырыстым. Маған шалдың сөзінің қатты әсері

болды. Дегенмен сыр білдірмей, шамадан тыс шыдамдылық көрсете отырып, әліптің артын бағуды жөн көрдім. Шал аттарды суғарып бері бұрылды. Екі өзі Сарышыбыр үстіндегі Ханай биігінде. Не бақылап келеді екен? Әлде бұл әншейін көп белсенді шалдың бірінше Жандосов пен Голощекиннің атын жаттап алған адам ба екен? Өлкелік Комитеттің екі секретарының атын ол кездегілерден кім білмесін? Сауаттылық аз кезде, сауаттылық болмаған жерде қашанда бағыныштылық күшті болады ғой. Баяғыда қолдан құдай жасаулар сияқты ғой. Оның үстіне біздің ауылдағы Жауболды деген шал құсап жүрмесін. Ол айтар еді: «Голощекинмен талай бірге табақтас болдым. Шоқша сақалы бар, шашы көк бурыл кісі еді» деп. Сөйтсем ол суретін көрген екен де, жұртты сендіру үшін қалғанын орта есеппен айтады екен.

Шұнақ шал бір атты жетектеп, бір атты мініп менің жанымнан өте беріп:

– Мен ешқашанда орта есеппен сөйлеп көрген жан емеспін, – деді. Мен тіпті шошып қалдым. Ауылда шалдар ақсайтаны бар адамдар болады, олар ойынды біледі, бір нәрсені көріп келгендей сөйлейді деуші еді. Мына шұнақ шалдың да сондай бір пәлесі жоқ па екен деп қалдым. Бірақ ештеме білгізбеуге тырыстым. Бірақ мына қалпымен бұл шал мені рентген сәулесінше көріп отырған да шығар. Кім біледі, адам әлі біліп болмаған ағза ғой. Шұнақ шал аттарды бағанағыдай отқа қойды. Өзі келе салып торсықты сілкілеп, қымызды күлдірлетіп араластырып, тостағанды толтырып құйып ішті. Бұл шал менің төбеге келетінімді қалай шамалады екен, әлде мұнда қымыз, ет әкеліп қоятын оның күндегі әдеті ме екен?..

– Сен таңданба, шырағым. Бұл көрген күнің өзіне ұнамаса, өткен күнді сағынбай тұрмайсың. Сондықтан да күнде бір-бір уақыт осы дегереске шығып, өткен-кеткенді, жақсы-жаманды есіме түсіріп қайтамын. Қымыз бен еттің бұл жерде әзір тұратыны да сол. «Балам-балам басыңа келгенде білерсің» деген бұрынғылар. Сенің басың жас, менің көргенімді көрмей-ақ қой. Мына саған қымыз құйып, ет турап беріп отырған тарамысы тартылған қолдарыммен күніне онбес-жиырма адамды көмген күндерім болған. Соның бәрі бүгін де көрген түс сияқты. Өмірге осы шұнақ қалпыммен келген сияқты да көрінемін. Мені бұл дүниеге алпыс екі тамырдың бәрі бірдей суалып, сақал-мұрттың бәрін де қырау басып қуарып тұрған қалпыммен келгендей көретін жандар бар. Осы бір шұнақ шал не біледі, қандай ойы бар демейді, атшы-қосшы бірдеме көреді. Оларды сөуге де болмайды, қадіріңді білетін, көзіне ілетін ер-азаматтың болмағаны да батады. Құлдан қожа шығып бір кезде біз қоқандасақ, бұл біздің құранды еріміз ыңыршақ, өзіміз қуыршақ болған шағымызда таптың жауы бізді табанына салса, оған күйінесің бе, күйінбейсің бе?! Сондай осы дегересте қапамен қан жұтып, өзім тұлған тұтып отырғанымды көргендер Шұнақ жынданды деп те ойлайды. Ол біреулерге пайдаға да асады.

Міне, шырағым, күн кешкірді десең кетелік, ал әңгіменің аяғын тыңдаймын десең оны шертуге жалығатын мен жоқ. Ішіме шемен болып қатқан шерімді сыртыма шығарсам жеңілдеп қалатын сияқты көрінемін. Бірақ ең болмаса екі құлағы түгел емес шалдың балдыр-батпағын кім кезегіне дару қылсын.

Шұнақ шал екі күзін сонау даладағы ауылдардың біріне қадап қалды. Көзінің шарасы жасқа толып, көз нұрын бозамықтандырып жіберді. Бірақ ол кірпігін қағып жасын ірікпей, көздің өзіне жасты қайта жұтқызды. Бір сәт қайта тырп етпей безірейіп қалды. Менің бұл дүниеде барымды қайта ұмытып, күндегі өзінің жалғыз отыратын жайын шамалатты. Әңгімені бастаңыз демек болып, көзіне қарап едім, көзі Ханай биігі төңірегіндегі бір жартасқа қадалғанын анық байқадым. Шалдың жүзі жібіп, өзінен өзі күлімсірегендей болды. Алтынқазған сайының Ақтастыға құяр жеріндегі зауға әлдеқандай құстың келіп қонғанын көрдім.

– Кәрі сорлы, – деді Шұнақ өзінен өзі сөйлеп. – Ол да мен құсап аршындап аң алған, қанағы бұлт шалған кезін есіне түсіреді. Ол да, мен де бұл күнде тышқаншы болдық. Сонау жартастағы бүркітті менің білгеніме міне он алты жыл. Бүркіттің үш-төрт жыл жасайтынын білетін шығарсың, соны еске алсақ мұның біраз өмір көргенін білу қиын емес. Сол он алты жыл ішінде бұл ін аузынан тышқан аңдиды. Не сонау Қызылсоқ қырқасынан, әлде Қараойдан аяғына тасбақа қысып келіп, мына тасқа тастап, сындырып жеп, соны қорек етеді. Сонан соң дегереске келіп өткен-кеткенді еске алған маған ұқсап ұзақ отырады. Мүмкін оның да өлкені, өңірді алған, аспаннан түспей, алты ай қалықтаған, түлкіге түсіп, қасқырды бүрген кезеңдері болған шығар. Бұл күнде біраз екеуміз тағдырласпыз. Екеуміз де тышқаншы болған жайымыз бар. – Ол түсі жылыған қалпымен маған қарады. Мен әңгімені бастаңыз деп айта алмай қипақтап қалдым. Жасыған көңілінің жазынан шықсам дұрыс, әйтпесе бұрқырап отырып қағып тастаса кім біледі. Шалға тура келе алмай; «күн ерте ғой» дей салдым.

– Бұл әңгімені баста дегенің ғой, шырақ. Рақмет. Тыңдайтын құлақ барда айтпаған ауызға боқ тық. Содан жұрттың көңілі тынбады. Түннің жарымында-ақ аттарына қонып алды. Біреуді біреу біліп жатқан жоқ. Менің білетінім жанымдағы Қойлыбай. Екеуміз де атымызға мінуіміз мұң екен, «ал кеттік» деген сөз саңқ етті. Оның кімнің даусы, кімнің бұйрығы екенін білгеніміз жоқ. Шауып әбсәтте қаражолға жеттік. Қаражолды қапталдай жүргізілген телеграф сымдары бар. Осы қара жолды салу, телеграф бағанасын жүргізудің бәрі бала кезімізде біздің көз алдымызда болды. Ауылдағы кедей байқұстардың талай «жалданып барып қайттым» дегенін естідік. Жазғы таңның баяу желімен телеграф сымның ептеген дыңылы естіледі.

– Үзіндер сымды, құлағындар, жұлындар патшаның құлағын, – деді біреу. Жанымнан өте бергенде қарасам Жарлығап екен. Жігіттер ба-

тырсынып-ақ келе жатыр еді, патшаның құлағына қолы тиетіндей ешкім телеграфқа батпады. Жарлығап батыр аттың үстіне тік тұрып, қолындағы әлдеқандай құсмұрын құралмен сымды іліп алып төмен басып көрді. Оған болат сым былқ етпеді. Майысты да жібергенде қалпына келді. Менің көңіл аударып отырғаным сымның қалай үзілуі, оны кімнің үзуі емес, соның үзілуіне, соған қол тигізуге жұрттың батпауы. Біздің халқымыздың тым момын, ұя бұзбастығын осы жерде тағы бір байқадым. Жарлығап Ұлтарақ екеуі имек темірге сымды иліп алып, аттарынан түсе қалып тартқанда көп адам-ақ үзілер сымға көз сала алмай жүзі тайқып сала берді. Әсіресе менің байқағаным маған жақын тұрғандар еді. Жамандар жерге қарағанымен ақыры олар есебін тапты. Телеграфтардың сым оралған шынысын ұрып түсірді. Қарағай бағандар құлатылды. Таң жерге жайылған кезде біз Құтырған өзеніне дейінгі бар бағанды құлатып, сымды үзіп келгенімізде Қарасаз жағымыздан қою шаң көтерілді де, олар әбсәтте-ақ бізге жетті. Олар бізден әлдеқайда көп. Кейін Ботпай көтерілісі аталып кеткен көтеріліс осылардікі еді.

Біреулерден сөз тартып қарасам бұлар жер шенеуші төресін өлтіріпті. Құрманбай үйін мекен еткен инженер аппақ, жиырманың ішіндегі жігіт екен. Өлімге адамның көзі қимайтын жігіт. Бірақ оны патшаның өкілі деп ұққан қараңғы халық топ болып келеді, Шәрәпи Елеу баласы, Бейсенбай Қанафия баласы қылшылбырды мойнына салып сүйреп өлтірді. Ботпай елі екінші жер шенеушіні Жартастың жайылмасын өлшеп жүрген жерінен өлтірген де, ішетін құдыққа тастап жіберген. Көпке дейін ол құдықтың басында бұралған аш, қарала ит кетпей жүреді. Біреулер оның инженердің иті екенін білген соң, өлікті сол құдықтан іздейді. Сөйтсе шынымен адамға адал жануар иесінің өлі денесін күзетіп жүр екен. Кісі өлтірушілер қан жалап, енді батылданып алған соң ештеңеге қарамай Ұзынағашқа тура тартады. Ал төменгі Күрті елінің болысы Кеңсаттың Әбділдасы ел іші бүліне бастағанын сезген соң «ел іші жаман болып барады» деп бір түнде өздеріндегі жершенеушіні қос атпен қашырып жібереді. Күрті көтерілісшілері Қараадыр, Ақадыр, Серектас, Жалпақтастан, Өтеген, Қазыбектен сонау теміржолдың арғы бетіндегі Үшшоқыға жиналып жеткенде төренің орнын сипап қалады. Сөйтіп олар қазақ ауылындағы патшаның оң көзі Кеңсаттың Әбділдасын мес қылып сабап, өлімші етіп тастап кетеді. Көтерілісшілердің біразы Ботпай көтерілісіне қосылады да, біразы Алматы төтелі аттанады. Ал мына бізге жеткен ботпайлықтар Ұзынағашқа дейінгі телеграфты үзіп қиратып кете барды.

Самсы жағынан келген біз алды-артымызды жинап тұрғанда бір бүйірден, батыс жағымыздан мылтық атылды. Байқасақ отрядтан бөлініп бесеу алға шыққан да, бізге қарай оқ атқан. Алғашқы оқ ойқастатып алда келе жатқан Тайжанның көкала жорғасына тиіп, ат құлап үстінен иесі ұшып түсті. Көкала жорғаның ері дереу әлдекімнің жетегіндегі тағы бір жорғаға ілезде ерттелді. Аттылардың біразы кейін

қарай дүркірей қашты. Қызылсоқ қырқасынан асып келе жатқан солдаттар көрінді. Бізден де мылтық тарс етті. Шапырашты Жарлығап батыр екен. Біреу жалп етті. Тағы атты, тағы бірі құлады. Олардың кім екенін он шақты жылдан соң білдім. Екеуі де жеңіл жараланыпты. Бірі Жетісу облысының архитекторы Анатолий Пугаченков «мені сен аттың» деп қалжындайтын. «Сендер енді аз қуғанда біз алды-артымызға қарамай Алматыға дейін қашатын едік» деп күлуші еді. Өйткені Самсыға ат қойған біздің санымызды олар білген екен. Мыңнан астам деп дәл есеп алған. Біз оны білдік пе, өзіміз де зытуға әзір тұрдық. Солдаттар бізге лап бермей аттарынан түсе-түсе қалып оқ шығарды. Біздің патшаны сүйреп әкеліп, сабап-сабап қой бақтырып қоймақ болып жүрген батырларымыз тағы қашты. Жарлығап пен Ұлтаракқа ерген біразымыз жазалаушы отрядқа қарай лап қойдық. Солдаттар аттарына міне сала кейін қарай тартып бергенде, біздің адамдарымыздың көбі оларды бері келе жатыр деп шатасып быт-шыт болды. Мұны байқаған жазалаушылар қайта жаппай оқ атты. Алда ат үстінде мылтық атып жүргендерден Жарлығап батырдың аты ойнап шыға берді. Өзі ортада ұрыс майданында қалып қойды. Мұны анық көрген сол кезде оналты-онжетідегі, қазір осы ауданда тұратын, 1919 жылдан партия мүшесі Қали Тоқанов «ойбауырым» салды. Азан-қазан болдық. Көтерілісшілердің үрейі ұшып жүз қаралыдай ғана адам қалғанын байқадық. Он үш адамға оқ тиді. Бірақ Жарлығаптан басқасы аман еді. Бәрі тегіс қашып зым-зия болды. Одан да осы майданда өлгені-ақ жақсы еді. Кейін білсек көбі Бекболатқа қосылған екен.

– Ұлтарак шырағым, Жарлығаптың өлігін қалдырмауымыз керек. Жазалаушылар оның ауылын іздейді, – деді Тайжан бай.

– Ал кім барады, өлікті ат үстінен алып келуге, – деп Ұлтарак көпке бұрылды. Бұған ешкімнің батылы жетпеді. Мен барар едім, Жарлығап сияқты белгілі палуанды ат үстінен іліп әкетуге шамам жетпейтін болды. Қазір де үлкен емеспін, шырағым, ол кезде дененің әлі балғын шағы. Өзі тілек білдірмегендіктен Қойлыбайға бар дей алмадым. Жұрт жерге қарайды.

– Мен барайын, – деді Ұлтарак. – Мына мылтықты қайыссын дамылсыз атып тұрасың. – Сорлылығымыз осы жерде анық білінді. Арамыздан мылтық ұстап жүргендерден басқа мылтық ата білетін адам табылмады. Енді ойласам бұл күлкі де сияқты. Кетпеннің ұңғысын ағашқа саптап алып, сонымен қарулы патшаны құлатпақпыз. Патша Қызылсоқтың қырқасында мені қашан кетпеннің ұңғысымен ұрып, әлде айырдың ашасымен шаншып өлтіресіңдер деп малдасын құрып, шапанын жамылып отырады. Сонан соң біреуіміз мініп келе жатқан атымыздан түсіп, оның ауыздығын алып, отқа қойып, мүмкін тұсап, әлде шідерлеп жіберіп, шапанымызды шешіп жусанның үстіне екі бүктеп тастап, сонан соң жейденің екі жеңін түріп, жаңағы ауылдан сайлап алған табылмас, таптырмас қаруымызбен патшаны ұстарамен

шашын жаңа алдырған тоқырайған басына қойып қалып, миын аузына түсіре саламыз. Сөйтіп бәрін ыңғайына келтіре саламыз. Сонан соң қазақтың атын қорықпай атайтын адам нырай құриды. Сөйтіп үйге келіп, қойымызды жайып, кең далаға кете береміз. Міне біздің түсінігіміз нақ осы, осындай болмаса да осыған жақын бірдеме болатын. Әйтеуір менің ұғымым осыған жақын еді. Әуселемізді көрдің бе, шырағым. Біздікі ол кезде әншейін әндиша да емес, пәңгінің мыжымасындай бірдеме екен.

– Ей, Абақ кел мұнда, – деді Ұлтарак. Мен жанына жетіп бардым. – Мына мылтықты ұста қолыңа, міне оқтары, мынаны былай саласың. – Ол оқты салуды, атуды көрсетіп, өзі патша әскеріне қарай бір рет көздеп тұрып атып жіберді. – Мен оққа ұшсам Інжірге сәлем айт, сары апаңа да.

Мен не дерімді білмей арыздасып тұрған адамға «қош» дей алмадым. Енді ең ұшқыр ат таңдалды. Тайжан бай өзінің бір жігітіне «Омаржан торыны» әкелуді бұйырды. Омаржан торы сол жылдары Жетісуға мәлім аңызға айналған жүйрік Абаның Көкбайталын екі мәрте артына тастап кетіп еді. «Байтал шауып бәйге алмас» дейтін қазақ Көкбайтал он шақты жыл бүкіл Жетісу өңірінің жүлдесін бермей жүргенде «о сұмдық-ай, заман өзгереді екен» десіп талай жағасын ұстасқан. Соңғы екі жылда Екей Омаржан болыстың торы айғыры оны басып озып, жұрттың көңілі демделген. Заман өзгермейтін болған. Міне, енді ұлы дүбірге қосылатын Торы айғыр әлдеқалай суысып Тайжан қолына келіп еді. Ат қадірін білетін, мал танып үйренген қазақ бір әжетке жарар дегендей Торы айғырды жеңіл ерттетіп, бір қосшысына бос жетектетіп келіп еді. Торы айғырды әкелген жалбыр бешпентті жастау жігіт Ұлтаракқа ұсынып тұрып:

– Аға, аман қайтасыз. Қорықпай шабыңыз. Бүгін Торы айғыр жолы болатын күнгі ырымын істеп, алдыңғы оң аяғымен жерді үш рет тарпыған еді. Тек ер-тоқым ауыстырушы болмаңыз. Тартпасы тартулы, құйысқаны берік. Өмілдірігін алып тастағанмын. Аға қамшы алмай-ақ қойыңыз. Оның қамшы ұнатпайтын әдеті бар. Тізгінді түйіп қойдым. Қайда бара жатқаныңызды ат өзі де шамалайды, – деді. Ұлтарак белінен сыртынан буынатын жалпақ қайыс белдікті шешіп алып ердің басына тоғасынан бір өткізіп алып, аттың оң жағына салбыратып қойды. Сонан соң айыл тартты. Ердің басын, кісілігін екі қолымен қысып ұстап, жұлқып-жұлқып көрді. Маған ердің басы осал емес пе екен, сынып кетпес пе екен дегендей көрінді. Ердің артқы қасын көтеріңкіреп, желдікті түзетті. Сонан соң жаңа ат әкелген бейтаныс баланы құшып тұрып, сүйіп-сүйіп алды. Маған тіл қатқан жоқ. Ұлтарак тізгінді қайырып аяғын үзеңгіге сала бергенде, жігіттердің бірі қолтығынан демеп, аттандырмақ болып еді, ол қолды қағып жіберді. Артына адырайа бір қарап торы айғырға қарғып мінді. Аттандырмақ болған адам тәлтіректеп барып, жығылмай әрең қалды.

– Тұр былай, ақымақ, ол немене құдалыққа келген адам ба еді, аттандыратын, – деп Қойлыбай әрі қарай тағы итеріп жіберді. Атқа мінген соң Ұлтарак қамшысын екі бүктеп жерге лақтырып тастады. Қолға берген жоқ. Алатаудың алыс шоқыларына көзін қадап сәл тынды. Ол маған бұрылды.

– Мен жеке шыққанша мылтық атыңдар да, мен ұзаған соң қоя қойыңдар. Он атты кісі шығысқа қарай, он онбес атты батысқа қарай шапсын, – деді. Томаға көзді торы үстінде таудай Ұлтарак желе шықты да, жиырма-отыз қадамнан кейін шаба жөнелді.

– Қарасай, Қарасай, Қарасай!..

Ұлтарактың әдемі даусы кеудесінен күмбірлеп естіліп бара жатты. Мұндағылар да әр қайсысы «Ия әруақ, ия әруақ!» десіп күбірлесіп, дабырласып кетті. Біз мылтықты әрқайсымыз дамылсыз төрт-бес дүркін аттық та, тыйылып қалдық. Өздеріне қарай жалғыз аттының топтан шыға атой салғанын, біздің атысты тоқтатқанымызды көрген, солдаттар бір сәт тыныстай қалды. Ұлтарак алдымен біраз төмендеп теріс кетті. Аттың жалына жабыса жатқандықтан Ұлтарактың сом денесі көрінбейді. Тіке шаппағаны несі, тез жететін еді деп тұрыстық. Екі жақ төбедегі аттылар да бірінен бірі жасырынып анда-санда төбелері қылт-қылт етіседі. Сәлден соң Ұлтарак арадағы аңғарды бойлап жоғары шапты. Торы айғырдың шын жүйріктігі осы жерде көрінді. Түлкіге төстен қосылған тазыдай зымырады. Кейін Ұлтарак шабысы салған төсектей жатық екен, адамның тақымынан қалай жүруді түсінетін мұндай жылқы көрген жоқпын деп жүрді. Торы айғырды әкеліп берген баланың қамшы алмаңыз, тізгінге әлек болмаңыз дегеніндей-ақ бар екен. Енді бір қарасақ аттың үстінде Ұлтарак жоқ. Біз Ұлтарактың қоржынның бір басындай біз жақта, яғни Торы айғырдың сол жағында, таскенедей жармасып басы салбырап бара жатқанын байқадық. Сонда Ұлтаракқа қатты таңдандым. Осынша өнерін бұл бұрын қалай ішіне сыйғызып келген. Білгізбеген еді. Жарлығап батырдың өлігі жатқан жерге жақындағанда ол бұлт етіп, аттың біз көрмейтін оң жақ бауырына түсті. Жазалаушы отряд енді-енді ғана не екенін аңғарса керек, оқты қарша боратты. Біз де барымызбен базарлап, оқ шығардық. Нақ осы бір сәтте жаңа Ұлтарак айтқандай көп атты атқа қонып жартысы шығысқа, жартысы батысқа құйғыта жөнелді. Мылтық атып тұрған солдаттар атысты қоя салып, аттарына жүгірді. Бір-екеуінің атқа асығыс мінгендігінен басы ауып кетіп, арғы жағына құлап түскенін де көрдік. Арсыз күлкі осы жерде де бізді бір қарқ қылды. Біреуіне оқ тиді білем жалп ете қалды да, басын көтермеді. Аты тізгінін сүйретіп солдаттардың артынан шауып кетті.

Торы айғыр қарайып, сұлап жатқан өлікке тура жетті. Арыстай батырды шапқан күймен іліп әкету оңай болмады. Оның аяғы арқан бойы жерге сүйретіліп барып, кеудесі әйтеуір ат жалына шықты. Жарлығап батыр тіріліп, барған торы айғырға мінгендей ат үстіне көтерілді. Ұлтарактың өзі көрінбеді. Нақ осы кезде Тайжан бұйрық берді:

– Тура солдаттарға қарай шабыңдар да сайға түскен соң төмен қарай бұрылып кетіңдер. Ал маған еріңдер. Жазалаушы отрядтың көзін алдау үшін жиырма-отыз атты отрядқа қарсы шапты. Көп ұзаған жоқ. Оны бастап шапқан Тайжан еді. Жазалаушы отряд аттарына міне-міне қашты. Ол арада Тайжандар төбені айналып, Төрегелдінің аңғарына қарай бет түзеді. Бұл арада Ұлтарак самсаған жаудың оғынан құтылып та еді. Жануар Торы айғыр жігіттерге жақындағанда кісінеп-кісінеп жіберді. Қалт-қалт етіп адамша қорқып кеткен. Жер жағдайын білмейтін солдаттар ит шайнағандай қырқаның арасына кіре алмады.

Өлімнің бетіне тура шапқан Ұлтаракты жамандаушылар да табылды. Өз атасы тұрып Шапыраштының ұранын шақырғаны несі, әлде мұның туысының бір шикілігі бар ма екен десіп гүлдесті. Әрине ондай әңгіме кейін күбіді. Дегенмен Ұлтарактың ерлігіндей іс екінің бірінің қолынан келмес еді. Кейін қалжыңдап Ұлтарактан «Жаубайлап» шаппай «Қарасайлағанын» не дегенімізде «Үйсінде Қарасайдан басқа атаны ұрандап жау түсірген кісіні естіген емеспін» деп қысқа қайырды. Кейін Дулаттың игі жақсылары отырғанда Жаныс Дүйсебай қажы намыстанып «Шапыраштының әруағына бағаларлық Дулат бар ғой, ол ақымақтың ісі болған ғой» деген. Ал жиырма бес жыл Жайылмыстың болысы болған Сәт Ниязбекұлы «Іргеміз ажырап көрген жоқ, Дулаттың жауын, сойылын бар уақытта Шапырашты батырлары соққан, әрқайсысы өз атасын атап шапса, бірлік болар ма еді, Ұлтарактікі дұрыс болған. Атамыз Төле Қарасайдың қара босағасына сонау он күншілік Қазығұрттан талай келіп тәуап еткен емес пе, «Қарасайлау» айып емес» деген. Шырағым Ұлтарактың ерлігі ерекше дейтінім тірі адам үшін болса бір жөн, өлік үшін өз басын бәйгеге тігу ерсіліктің емес, батырлықтың, мәрттіктің ғана белгісі. Және ол ақылға жеңгізген, ел ісіне, ел көгіне ерлерше қарау деген осы болар еді. Әйтпесе өлер адам өлді, өлген артынан өлу жоқ деп қоя салу да нақ осындай ел егер болып, жер қанға шөліккеп жатқанда онша теріс те болмас еді. Бір отырыста:

– Сен өлікке тіке шаппай, төмендеп барып жау солдаттарына бір қырынды беріп шапқаның қалай? – деді Қойлыбай. Ұлтарак жауап берудің орнына қайта сауал қойды:

– Ұшып бара жатқан үйректі алдынан, артынан атып түсіру оңай ма, әлде саған көлденең ұшып бара жатса атып түсіру оңай ма? – Қойлыбай да, басқаларымыз да оған сол жерде үн қатпадық. Біраз күннен соң себептің өзінен сұрап алдық.

Қарулы солдаттарды біз оқсаға алмадық. Олар да тобырлау болсақ та, тобымызды жазбағандықтан төтендеп келе алмай, сүт ұрлап ішкен мысықша ептеп, ұрланып соғысты. Бізді қанға бөктіретін болғандықтан сайда санымыз, құмда ізіміз қалмай зыттық. Артта қуғыншы бары-жоғын білуге екі-үш рет жансыз жіберіп алдық. Түс ауа солдаттар бетін ары салды. Танымаған жердің ойшұқырынан қорықты. Қай қырқаның арасында екенімізді білмеді, қай төбенің бауырынан шыға келерімізге

көздері жетпеді. Көңіл қобалжып, ерін тобарсып, телім-телім болып келе жатсақ, бір жерде он шақты атты адам бізге қолын былғайды. Шауып-шауып барсақ біреу шалқасынан түсіп, айдалада өліп жатыр. Азбан! Япырмау, Тойғанбиттің айтқаны келгені ме? Күн ыстық. Исі шыға бастапты. Киімінің сыртына өткен қаннан дәм татып, шыбын-шіркей оңай олжаға батқандай ұшып-қонып, ызың қағады. Тірісінде оны-мұны өсек қылып жүретін байқұс өлгенде де жаман иісін танытып жатыр. Мұны сол жерде айтқым-ақ келді. Дұшпаным болса да, өлікті құрметтегендіктен үн шығармадым. Өлгенді табаламайтын атамиздың салтын – жақсы дәстүрді бұзбадым. Жанына да бармадым. Оқ көкірегінен тиіпті десті көргендер. Кім атуы тиіс оны? Жігіттерен жақын деген ауылдан барып түйе сұрап әкеліп, шінде Қойлыбай бар, Жаубай ауылына Азбан мәйітін артып әкетті. Ол шақта Азбан өлімін азалауға қатыса алмадым. Өйткені бізге Жарлығап батырды тез жасыру керек болды. Сондықтан Жиренайғыр желкесінде – Теріскендіде отырған үйін, туған-туысқандарын көшіріп, төмен құмға – Қалшеңгел түсіп кеттік. «Құлдың малы жұтамас» дегендей, Ұлтарак екеумізде үй де, күй де, дүние де, күйме де жоқ, «бөдененің үйі жоқ, қайда барса бытпылдақ» кезіміз. Үркіншіліктің қасіретін кедей ауылдармен бірге тартып телім-телім болып үш-төрт ай тентіреп кеттік.

* * *

– Көрдің бе, шырағым, кісі өлтіруді де бізге өмірдің өзі үйретті. Өзін өлмеуің үшін біреуді өлтіруің керек. Өмір деген үміттен құралады. Ал үміт ескі қазақ ауылындағы май шамның оты іспеттес. Сол отқа жетемін деп өлген жынды көбелекше үмітті айналып жүріп тозып, яғни қанатыңның күйіп біткенін білмей қаласың. Аяқ-қол шолақтанған соң ол – жарым жан, біреуге тауқыметін артатын масыл. Тіпті екі аяғыңды салаңдатып әлдекімнің мойнына мініп алмағанмен үміттің отын іздеп, өмір қазанында қайнап жүргенінде мәлінен аса қуырылған картоптай керексіз де болып қалатын жайлар көп кездеседі.

Алыста құм кешіп, құмыршық қуырып жеп күн кешіп жүрсек те ауылдан хабардар болып тұрдық. Көтерілісті бастаушылардың қатарында Ұлтарактың аты аталғандықтан оны патша жендеттері бір-неше мәрте Жаубай ауылына іздеп келіп таппай кетіпті.

Біз сол сергелдең жолға бет қойған сол дүрбелең күннің ертеңіне түс ауа Тойғанбит үйінен далаға ата шығады. Сөйтіп бар даланы басына көтеріп ойбай салады. Оның ербиіп-сербиіп, кимешексіз далаға сексип шыққанынан ауыл адамдары шошынысып қалады. Ол ойбайлаған күйі Жаубай үйіне қарай жүгіреді:

– Ойбай, қайынаға, құрбандығың келе жатыр. Құдай сені мендей қылып жылатсын. Сары апа, ау, Сары апа, қайның түйе үстінде өңгеріліп

келеді. Сары апа, қадірінді білмеппін-ау. Қайынаға қайныңның түбіне жетті ғой...

Сөзінің бірі ұғылып, бірі ұғылмаған Тойғанбит жалаң аяқ, жалаң бас ауылдың шығыс жағындағы белге қарай жүгіреді. Артынан ауылдағы жігіттердің екі-үшеуі ұстап әкелуге жөнеледі. Қатын-қалаш, бала-шаға тегіс ұрадан қашқан әйгілі жындыдай Тойғанбитті ұстасуға ұмтылысады. Тойғанбит құлынды жаяу құрықтап ұстайтын жігіттерге жеткізбейді. Ол артына қарап айғайлайды:

– Сары апа, қайның келеді, қайның келеді...

Жындының жындылығы шығар деседі біразы. Ештеме көрінбейді. Сәлден соң екі-үш атты кісі белден шыға бере, «ойбай, бауырым, Азбан» деп ат қойып келіп береді. Оның артынан түйеге артқан Азбан өлімі де көрінеді. Ауыл алдымен не екенін аңғара алмай аңтарылып тұрады да, сонан соң байыбына барады. Азбанды ел кәдесімен түнетіп, қонақасы бермей-ақ сол күні жерлейді. Өйткені жаздың күні, жанына адам баруға шыдай алмайды. Мүңсіген, күнсіген денеге Қойлыбайдан басқа жан жоламайды. Әйтеуір делдиген екі танауына жас жусанның көк бүрін уқалап тығып алып, Азбанды ол дүниеге сол аттандырады. Ауылдағы қатын-қалаш, малшы-қосшылар мен айта алмаған сөзді ап-ашық-ақ айтып салғандары болыпты. Тірісінде өсек пен өтірікті жүндей сабап, әрнәрсені көңірсітіп жүруші еді, байқұс, өлгенде де даланы сасытып кетті ғой дескен.

Артынан ассессор арқылы Жаубай сұрап білсе, Самсының төңірегінде патшаның жазалаушы отряды Азбанды ұстап алады. Кештетіп, суыт бара жатқан қолтоқпақтай қазақты алдымен әрқайсысы бір келеке қылып тұрткілейді. Бір ауыз орысша білмейтін Азбан көзі алақтап не істерін білмейді.

– Патшаны тақтан жұлатын батырды көріндер!

– Патша орнын басарды көріндер, – десіп гу-гу етиседі. Сағат жарымда Ұзынағаштан қазақша білетін тілмәш келгенше ол көзі жапақтап тордағы маймылша отыра береді. Ақыры тілмәш келгенде де бұлардың кім екенін көріп тұрса да, басынан «мына сөздің арғы жағында не бар?» деп үйренген арам көкірек, шынын айтпай жүре оттаған түйеше әр сөздің басын бір шалып, шата береді. Оның үстіне ассессордың «егер осы хабарды дер кезінде әкімдерге дәл жеткізсең патшаның сенімді адамы сен боласың» дегені де көкірегінен кетпей қалса керек. Ақыры Азбан «ағам өліп хабарға бара жатыр едім», енді біраздан соң «жек-жатшылап бара жатыр едім» дей берген соң, оны ертеңге дейін осында ұстауды жазалаушы отряд жөн көреді. Содан кеш алдында қазақтар Самсыға жаппай ат қойғанда жазалаушы отряд Азбанды бірге ала кетеді. Қашқан әскер Құтырған өзеніне жақындағанда, бір қаға берісте Азбан атымен шаба жөнеледі. Нақ осы кезде өздері қазаққа қаны қарайып тұрғандар мылтықпен басып салады. Азбан жалп түседі. Қайқы күрен тізгінін сүйреткен күйі шаба жөнеледі. Ертеңіне күн батар мезгілде

үстінде ер-тоқымы жоқ, басындағы жүгенімен, үзілген қасаң тізгінін сүйретіп, қайқы күрең ауылға келеді. Ауыл адамдары біраз дүрлігіп, содан Жаубай ұрысқан соң барып тарқасады да, қу тіршілік әркімді өз күнін көруге сүйреп, ертеңіне Азбан өлігі түйеге артылып келгенде ғана кеше көргендері еске алынады. Әрине «жоғалған пышақтың сабы алтын еді» дегендер де, «бекер обалы қане, жаманшылығы жоқ еді» дегендер де болған. Дегенмен өзім көрген, құлағыммен естіген сұмдықты айтып берейін.

Он алтыншы жылдың жазынан тыным таппаған Ұлтарак екеуміз төмендеп біраз Балқаш бойында жүрдік те, Ит ішпестің Алакөлін мекен еттік. Ол көлдің аты жаман болғанымен балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған, сүйрігі қант татыған, ырысқа лайық жер екен. Топар бойындағы тамам Ысты суық күзге дейін бізге ырзық болды. Күн асқан сайын төске қарай жақындай түстік. Қарашада Қарадырдағы Әжіке Қызыл Оспанның ауылын қоныстадық. Қарадыр десе Қарадыр. Қар жатпайды. Қыстан мал аяғынан жайылып шығады екен. «Бір қойды мың қой қылған Қарадыр» дейтініндей бар. Мұнда малдың жұтауы өте сирек болады екен.

Нақ осы ауылға келгенде өмірі естімеген және түсімізге кірмейтін әңгіме құлағымызға тиді. «Патшаға орыстар да қарсы екен» дегенді естігенде менің есім кетті. Балалық па, әлде надандық па маған патша деген орыс, орыс деген патша болып көрінетін. Сондықтан да орысты көргенде құдайды көргендей, аулақ жүретінмін, соның жел жағында болмауға тырысатынмын. Енді міне, орыс орысқа қарсы шықты дегенге таңданбағанда неге таңданарсың. Бұл мен сияқты саясаттан бейхабар сорлыға соны жаңалық болғанымен, бұл кезде орыстармен еркін араласа бастағандарға ол ешқандай таңдай қағатын оқиға емес екен. Мұны естігеніміз де бір ерекше жағдай үстінде еді.

Әлі суық түсе қоймаған, қоңыр күз болатын. Біз сияқты көтерілістен кейін ұзап қашқандардың көбі жараланғандар. Патша жендеттері ондайларды көрсе түрмеден бір-ақ шығарады. Көбіне біз Ұлтарак екеуміз бірге жүреміз. Бізді Жарлығап батырдың өлігін жасырғанымыз үшін қудалауға тиіс. Шегірев біз туралы дәл жеткізген екен. Біз сияқты елінен, жерінен қашып, ел адақтап жүргендер де көп. Ада-күде жерінен безіп кеткендер қанша! Енді-енді ұмыт бола бастап, біз де жоғарылап, елге беттегенбіз. Көбіне төмен жатқан бейбіт Күрті, Іле, Топар бойындағы ел бізді онша ұнатпайды. Кесірілілердің кесірі тиер деп қорқады. Ондайлар бірақ көбіне майдан кекірігі азған, ақ патшаны әкесіндей санайтындар.

Шырағым, осы арада мен саған тағы бір қызық жайды айтайын. Колледж ассессоры Шегіревты үйіне сақтаған Жаубайды көрген мен байдың барлығы патшаның адамы деп есептейтінмін. Көбіне Ұлтарак пәлендей білікті ауыл бар, соған барып қонақасы жейік дегенде мен жоламайтынмын.

– Біз жаулық жасасақ та қонақасы беруге тиіс, – дейді Ұлтарак. Шынында да рас екен. Сен оқыған жігітсің ғой, шырағым. Оның үстіне көп әңгіме құлағыңа тиген адамсың. Кәдімгі Махамбет ақынды білесің. Сол Махамбеттің белгілі жауының бірі Баймағанбет сұлтан. Махамбетті бүкіл хан тұқымы, соның төңірегіндегілер ұстап ала алмай, құрық сілтем жерге бір қақпан құрып жүрген кезде бір күні қыста кешке қарай Махамбет Баймағанбеттің үйіне өзі келіп түседі. Қару асынған, сұсты ақын атынан түсісімен есік алдындағы үлкен ауылдың атын байлар көп жағымпаз-жандайшаптар атты мамаға алып жөнеледі. Махамбет маңман басып, Баймағанбет үйіне кіреді. Сұлтан ауылын сыртынан, ішінен бағатын сайыпқырандар «ал» десе, Махамбетті бас салуға әзір тұрады. Бір кезде үйден «кім бар?» деген сұлтан дауысы шығады. Үйге екі-үш қарулы жігіт кіреді. Сұлтан көптен көріспеген ескі тамыры келгендей:

– Махаң келіп қалды ғой, қонақасы әзірлендер! – деп бұйрық берді. Сәлден кейін Баймағанбет (Байеке) сыртқа шыкса, қой сойылып жатқанға көзі түседі. Сонда Байеке:

– Ей, өңкей шолоқ неме, Махаң сыбағасын жегелі келген ғой, оның теңі қой ма еді, тай сойыңдар! – деп бұйырады. Сөйтіп Махамбет сыбағасын жеп, қонып, ертеңіне аттанып кетеді. Бірақ содан кейін де олар өзара жаулығын қоймаған. Міне, шырағым, жазылмаған заң бар дейтін болсақ, ол біздің қонақасымыз болса керек-ті. Ол жайды, біз өз басымыздан талай кешірдік. Ер жігіт ерге лайық іспен өлуі керек. Ал қазір қарашы, сен бір адаммен сөзге келісіп қалсаң, соған қалай да бір кедергі жасағың келеді. Ал жоғарыдағы әңгімеден көріп отырсың, біздің халқымыз ұсақтықты ұнатпаған, оны ата жауына да жасамаған. Ал жаулық Байеке мен Махамбет арасындағыдан қиын болмаса керек.

«Сендей нарқоспақтың баласы
Оңаша жерде кездессең,
Қайраңнан алған шабақтай,
Қия бір соғып ас етсем,
Тамағыма қылтаның кетер демес ем».

Көрдің бе, шырағым, Баймағанбетті бітеу жұтқалы жүрген адам жұрт дәстүрімен өзі келгенде қалай күткенін. Мен өзім осы дәстүрдің құлы болуға әзірмін. Әрине мен үндеген нәрсеге сен беріліп кете қоймассың. Бірақ кейде жақсы, жаманды дұрыс айыра білмей, бәрін де сылып тастағысы келіп тұратын әдетті мен өз басым ұнатпаймын. Әрине менің ұнатқан, ұнатпағаным ешкімге керек те емес шығар. Дегенмен сөз арасында болса да мен өзімнің азаматтық даусымды білдіріп отыруым керек.

Сондай бір біздей қашқындардан азар болған, жақтырмаса дамылсыз қонақасы беріп отырған жерде едік. Танертенгі шай үстінде ат дүбірі естілді. Үй іші үрпие қалды. Үй иесі далаға шығып келді де: «Ой қайран

берекем-ай! Тірегім-ай!» деп кинала кірді. Біреудің дүниеден қайтқанын біле қойдық. Қожбанбет Қилыбайұлы өліпті. Бұрын Сәлиман шешемнің Жаубай арасындағы дауын шешуі жөніндегі әңгімеден Қожбанбет туралы көп естігенмін.

«...Айқожа мен Байқожа
Қашқынбай ердің баласы.
Қилыбай ұлы Қожбанбет
Әжікенің панасы...»

деген ұзақ өлеңде де оның аты кездесетін.

Енді міне, оның өлімі үстінен шықтық. Атамыздың жолымен ат қойып «атамдап» келдік. Қожбанбет Жетісуға мәлім Қилыбайдың алты ұлының бірі. Жаздағы дүрбелеңнен кейін Жетісудың ел аузына қарайды, тілін алады деген игі жақсыларын қамағанда Қожбанбетті үлкен әйелі Ибадан туған ұлы Күзембаймен қоса отырғызған. Күзембаймен Совет өкіметінің алғашқы жылында біраз істес болған едім. Жұрт көкжал Күзембай дейтін. Басын кессең де айтқанынан қайтпайтын опалы адам еді. Біз келгенде ол әлі қамауда екен. Ендігі әңгімеміздің біразы Жандосовқа байланысты болады. Сен мүмкін оны тындамасың. Онда осымен сөзді доғарамын. Күн де батып барады, – деп шұнақ шал маған тесіле қарады. Сонан соң менің жауап беруімді күтпей қайта сөйлеп кетті. – Сен баланың бет-пішінінде бір жасырын сыр бар. Әттең айыра алмай отырмын. Қалай Жандосов жөніндегі әңгімені тындайсың ба? – деді де ол менің жүзіме көзінің қиығын тастады. Мен барынша өзімді байыппен ұстауға тырыстым. Жүзімнен бірдеме білінбесін деп таңертең өзіміз аттанған ауылды ойлай қойдым. Шұнақ біраз үнсіздіктен кейін барып қана қайта сөйледі. – Әдейі әңгімеге қатысы жоқ ойға кетіп отырсың ғой. Мейлі солай-ақ болсын. Үндемегенің тындаймын дегенің ғой. Оның да дұрыс. Бірақ сен еркін тындауың үшін бір нәрсені ескертіп қойайын. Мен қорқынышты адам емеспін, қорлық көрген адаммын. Қорлық көрген адамның көбі жалтақ болады. Ал жалтақтық менің жауым. Жалтақтық түгіл жалтарып көрген емен. Жаным қашанда арымның садағасы деп жүрген жанмын. Арым алдында, аға алдында ғана бас иіп өткен жұпыны өмірім бар. Ол өмірімді арамшылықтың емес, адамшылықтың құлы етіп өткім келеді.

Көрдің бе, шырағым бірді айтып, бірге кете беремін. Саған Тойғанбиттің Азбанды қалай жоқтағанын айтып берейін деп отырып, бүкіл Күрті болысын кезіп кеттім. Бірақ осының бәрі де айтатын әңгімеге қатысы бар. Сен жазу өнерінің адамы болған соң ұғып алсын деп жатқаным. Сонымен Қожбанбетті баласымен қамағанын айттым. Оның үстіне осы Күрті болысынан ылғи Қожбанбет туыскандарын қамаған. Нұрқасым Ноғайбек баласын, Әбу Жалғаевты отырғызған. Және Бекболат көтерілісіне байланысты отырғызылған Сәт Нияз-

бековті, тіпті екі бірдей төре өлтірілген Ботпай болысы Әбдіғалиды абақтыдан шығарғанда бұларды абақтыдан босатпаған. Оның негізгі себебі бұл ауылдың Жандосовқа туысқан болуы еді. Сен халық жауын бұл шұнақ шал неге айта береді деп отырсың ба, мен оны Чабанов деген наркомыңа да айтқанмын. Оны атаудан қорықпаймын. Мысалы Әбу Жалбағаев Жандосовтың немере ағасы еді. Ол қазір де бар. Содан абақтыдағы қатал қайырымға шыдамай Қожбанбеттің денсаулығы нашарлайды. Үшқоңырда қой сойып, қолдарын қанға матырысқанда Шапыраштыға ұйытқы болған Қожбанбетті қаттырақ ұстаған. Оның үстіне ояздың бұрынғы тілмашы Бақиямен арасы нашар болған. Өйткені бір дау үстіндегі таласта ояз тілмашы Бақия қолын сілтеп сөйлеп тұрып, сұқ саусағы Қожбанбет бетіне тиіп кеткен. Қаны сыртына теуіп, қыпқызыл болып тырсылдап тұрған оның бетінен қан бұрқ ете түскен. Бұған намыстанған Қожбанбет Бақияны да, оязды да ығыстырып алмақ болып, арызданып, ақыры одан айып алып тынған. Қай жерден құдай берер екен деп аңдып жүрген орысша оқыған Бақияға оналтыншы жылғы оқиғаға Қожбанбет қатысы дөп келе кеткен. Кезікті жерде кезеңнен нысанаға алған Бақияға бұл жаман болмаған. Сөйтіп Қожбанбеттің денсаулығы нашарлап, күннен күнге сәл тартып бара жатқан соң актілеп түрмеден шығарған. Бірақ екі айдағы қысым өзі әбден семіз, үнемі абақты түгіл қалаға тұншығатын адамның шыңына жетіп кеткендіктен түрмеден шыққан жерде-ақ Алматыда түрме қақпасы алдында ол қайтыс болған.

Біз келгенде ауыл у-шу, біреуді біреу біліп болмайды. Өзі бай, өзі көп өскен тұқымнан, беделді де адам, сондықтан оған жылаушы да, қошаметші де, көңіл айтушы да көп. Ортадағы сегіз қанат үйден зор қара кемпір шықты да, жуан даусымен айғай салды: «Оу, жұрт-оу, алтын дінгек құлады-ау, бала-шаға жылады-ау!» Кемпір «оу, жұрт-оу» дегенді айғайлап айтады да, қалғанын дауыс қоспай-ақ жай сөйлей салады. Сонан соң шаруасын жайлап, не істеу керектігін, әлде біреуге бұйрықты беріп жатады. Сонан соң есіне түсіп кеткендей «Оу, жұрт-оу!» деп қайта даусы шығады да, артын жайбағыстап кетеді. «Алтын терек сынды ғой, дұшпанның көңлі тынды ғой!» Қайтадан шаруаға билік айтып барып, шалы ойына түсіп кеткендей «Оу, жұрт-оу, жас ет, жалқық су қалдық-ау!» арасында бірдеменің жөнін сұрап келгендерге жөнімен жауап береді, ондайда тіпті киналып тұрғандығын білдірмейді. Қайта даусы шығады: «Оу, жолбарысым-ау, баусыз бастықтай, жеңсіз жастықтай болдық-ау! Оу, биік терегім-ай, жұртқа керегім-ай!» – Басын озандап бастайды да, аяғын жайлап қоя салады. Бір жағынан қарағанда үлкен адамға ойбайлап дауыс салып отырғаннан осының өзі жарасымды сияқты. «Атамдап, ағалап» жатқан ағайын, немере, шөбере, шөпшек жеткілікті. Кейін білсек бұл Қожбанбеттің екінші әйелі Шығай бәйбіше екен. Күзембайдың шешесі алғашқы әйелі болғанымен бәйбіше деп осы қара кемпір саналады екен. Шиден тысқары, әйелдің оты, отауы бөлек, еншісі басқа баласы ретінде Күзембайдың Совет өкіметіне ара-

ласуы да осыдан болған. Соңғы әйелі Келісімнен бір ұл, бір қыз бар екен. Қызы ұзатылмақ болып, жабағы жүнін сатып оңжақта отырған. Біраз адам Қожбанбет қазасын осы соңғы әйелден көрген. Өйткені бес шам Шапыраштының біреуі Асылдан тараған төрт ата Әжіке, Орымбет, Теке, Төлеміс осы әйелге дейін қыз алыспай келген. Арасы он-он екі ата болып кетсе де ешкімнің қыз алысып, қыз берісуге батылы жетпеген. Әулие атадан арғы жерде Сарыағаш-Келеске дейінгі жатқан асылдар әлі күнге дейін қыз алыспайды.

Қожбанбет ақылды адам болғандығын айттым. Ол да қазақ дәстүріне қарсы келмеген. Сегіз жүзінші жылдардың ортасында ағайынды Әжіке-Төлеміс жерге таласып қалған. Бір отырғанда ақбас атанын мақтаған Асанбекке Ішпекбай қарсы шыққан. Ішпекбай палуан өзінің күшін түйемен таластырған. Алты жасар ақбас атанды шөгеріп мойнына арқан байлап, екеуі екі жаққа тартқан. Ақбас атанды Асанбек інісі Түгелбай қырғыз өрме қамшымен айдаған. Арқанның екі жағын екі қолтығының астынан өткізіп, тұйықталған ұшын мойнына салған Ішпекбай палуан ақбас атанды тырп дегізбеген. Осы бір қалжың шыны аралас күш сынасу ағайын арасын ашты қылған. Ішпекбайды ол жиында Қилыбай жақтаған. Мақтаулы ақбас атаны төртбақ, кішкене Ішпекбайды тарта алмағанына ашуланған Асанбек ызалықтан астындағы өз атын өзі жарып жіберген. Сөйтіп атымды Қилыбай жарып тастады деп жар салған. Сонау адырдың ішінде бір төбенің бауыры Атжарылған атанады. Ол содан қалған. Сол ызалықтың соңында Күртідегі он төрт үй Бәйет өздері ағайындарымен ащы болып Таңқыштың Асанбек, Түгелбай, Тасубай балалары төрт-бес үй кедей туысқандарын шеттетіп, ақыры емшек-тес жақындығына қарамай-ақ «шалыңнан малым жақсы» дегендей қонысым-өрісім кеңейсін деп оларды қуып тастайды. Олар туысқаным еді ғой деп Төлемістің игі жақсыларына шағынады. Олардан ештеме шықпайды. Өздері қазақ пен қырғызға жасаған барымтамен байыған жақсы кісі атанып келе жатқан Түгелбаймен арадағы туысқандық қатынасын үзгісі келмейді. Оның үстіне Тұрлымбет деген бір туысқаны топ болған сайын өздерінің үстінен шағым айтып мазасын кетіре бергендіктен «өзіміз қай бір онып тұрмыз, Бәйет араздығына араласпай-ақ қоялық» деген.

Туысқандарынан ештеме өндіре алмаған соң Бәйет-Ішпекбай палуан Әжіке Тайбағар мырзаға барған. Сол кезде бүкіл Шапырашты Дулатқа айтқанын істететін, бірақ жоқтан өзгеге кірісе бермейтін адам шетінен өнерлі, палуан, ұста адамдарды қаңғыртып жібере алмаған. Төлеміс туысқандарына «кедейлерді қайда қаңғыртасың, жаман болса өз жаманың еді ғой» деп қасып-қасып айтып көрген де бірақ оларды қышамаған. Тайбағардың ақырын айтқанын ұға қоймады деп Қилыбай бастаған Әжікелер Таңқыш балаларын жерін тартып алып қуып тастаған. Ағайын арасы ащы болмасын деген мақсатпен Тайбағар сол кездері жүзге келіп отырған ағасы Таңқышты іренжітпеу үшін олардың

жерін қайтарып беріп, өзінің қыстауынан Ішпекбайға Аққораны кесіп беріп ішіне кіргізіп алған. Мұны ала қашпа, адуын сөздер әрқалай айтып жүрген. Тайбағар мұны әдейі Бәйетті Бәйетке айдап салу үшін істеді деп біразы гулесе, енді біразы Төлеміспен әдейі іргесін ажырату үшін, жік шығару үшін істеді дескен. Олардың олай деуіне негіз де болған. Өйткені Тайбағардың замандасы, сол кездегі атақты ақын Сүйінбай оны былай суреттеген:

«Тұрпаннан жалғыз Тайбағар,
Жалғыз да болса айдаһар,
Ол ысқырса Жетісу,
Қайда жоқ та, қайда бар...»

Демек бүкіл Жетісуды аузына қаратқанда он үй Асанбек-Түгелбайға әлі жетпеп пе деседі ғой. Ал шынында да Түргендегі Бәйеттерге көшпек болған төрт-бес үйді бұл төңіректен Тайбағар жібергісі келмеген. Ішпекбай, Қарсақбай, Қайрақбай үшеуі де өнерлі, ауылдың намысын қорғай білетін адам болған. Кейін Әжіке Төлеміс біріне бірі жауығып, содан кейін қыз алысуды, жетіатадан асып кеткендігін кеке-сынды, қалжың әңгімелерде айта бастап, ақыры шынға айналған. Сол кезге Қожбанбет-Келісім қосылуы тап болған да, қазақ дәстүрімен бозбие сойып, елге таратып, шыбық қиысып пәтуаласқан. Бұл некеге Келеске дейін жатқан Асыл руынан тараған төрт атаның тұқымы тегіс қарсы болған. Қожбанбет өлімі бұл некеден жиырма бес жылдан кейін киліксе де, тыйым болмас қызыл тіл әр жаққа ала қашып өлім осы некеден келді, қарғысқа ұрынды дескен. Әулие ата, Шымкент төңірегіндегі асылдар қайта-қайта адам салып, ат сабылтып алыстан ақсақалдар атандырып, үсті-үстіне хат жазып Қожбанбет пен Келісімді ажыратып, талақ қылуды ұсынған. Ақыры Жетісудағы Шапыраштылардан тентекті жөнге салар жауап алмаған соң олар қарғыс айтқан. Сөйтіп Әулие ата, Шымкент Асылдары өздері қанша атаға жетсе де қыз алыспауға, зәу-шайтан ондайлар шыға қалса ажыратып жіберуге, екеуін айырған соң етегін кесіп елден шығаруға уәде еткен. Қожбанбет өлімі жөнінде қызыл тілдің алақашпасының шығуының бір себебі осы еді.

Сен шырағым ру, тайпа, ұлыс жайын білмессің. Бірақ оны мен білу керек пе деп те қаламын. Мысалы қазақтың руға бөлінуінің жалпы зияны белгілі. Үш жүз болып үш басты жыландай үш жаққа тартқанда мен де ата санаған бабаларымды жазғыратын кезім болған. Бірақ руды, атаны білудің қазаққа пайдасы да аз емес. Мен мүмкін қателесетін шығармын, дегенмен мұнымның дұрыстығы мол деп есептеймін. Шығыс ұлттарының ішіндегі ең таланттыларының бірі қазақ деп қараймын. Оқуды, білімді меңгеруі, мәдениетке ұмтылуы, сауаттылығы бәрі бірсыпыра түркі тілдестерден жоғары тұр. Оны кеше ғана ұлы Отан соғысында да көзімізбен көрдік. Осының негізгі түбі қан алмасудан деп

ойлаймын. Жеті атаға толмай қыз беріспеуді мен құптаймын. Ағайынды екі ұлдың балаларын біріне бірін некелестірудің түбі дүниеқоңыздықтан болды-ау деп шамалаймын. Өйткені некелесудің осындай өрескел әдетін ұстаған елдің көбі сауданан айналысады. Кейбіреулер сауданы мәдениет өркендеуінің бір түрі деп қарайды. Мен өз басым олай дей алмаймын. Тіпті қазақстанның оңтүстігінде көбірек ғұмыр кешкен біздің сауатты жігіттеріміздің біразы сауданы мәдениеттілік деп қарайды. Ондағысы сауда басқа жұртпен көбірек араластырады демек. Ол сөздің жаны бар да шығар. Бір-ақ жалдаптық пен мәдениетті айыра білу керек.

Япыр-ай адамды білудің қиыны-ау, – деп ойладым мен. – Түнде осы шұнақ шалды көргенде ғой, ауылдағы көп қарттың бірі шығар деп едім. Асқан психолог адамдар болмаса адамның сыртқы пішінінен ішкі сарайын болжау оңай іс емес-ау. Енді міне, оқыған адамдардың ойына түсе бермейтін нәрселерді толғап отыр.

– Ия, ия адамның сыртқы пішіні көбіне қателестіреді. Оған көп еліктемеу керек. Ойымды аяқтайын, шырағым.

Бұл жолы оның адамның ішкі құбылысын бет-жүзіне қарап айыратынына таң қалмадым. Басымды ізей бердім.

– Сауда адамды ұсақтыққа баулиды, – деді шұнақ шал. – Өйткені сауда адамды адамның алдауының бір түрі ғой. Ислам шариятында бір әңгіме бар. Құдай өзімен күнде тілдесіп тұратын Мұхамед пайғамбарға бір сауал беріпті:

– Халқың қалай жан сақтайды?

– Бірін-бірі алдап, құдай тағала, – деген екен Мұхамед. Арабтар сауданың туын тіккен ел ғой. Ата пайғамбардан саудагерлікпен айналысады. Тіпті Мұхамедтің қай жолмен пайғамбарлыққа жеткенін де тарихтан өзің білсең керек-ті. Ислам шариятының мен өтірігін көп шығарған, оған қарсы жанды насихат жүргізіп, өзін иісі мұсылманмын, әлде құдайдың құлы, Мұхамедтің үмбетімін деп санайтын, аузында алла, шеңгелінде қан жүретін, мүлгіп, мүләйімсіп отырып, арамдықпен бит ішіне қан құйған, алла атымен ант етіп, өлім шыққан жердің отын ойрандап, жылы-жұмсағын жеп, қолына ілінер үліңгірін үптеп кететін құдайдың жердегі кенже ұлдарының бет пердесін талай сыпырған адаммын.

Бірақ жаңағы бір жерде шындық айтылған ғой деймін. Сауда – алдау. Бірақ мемлекеттік сауданы бұған араластыруға болмайды. Сауда адамды өтірікке үйретеді, соны айтуға итермелейді. Ол ұсақтыққа барғанын, алдауды кәсіп, өтірікті өрелі жолдас еткенін өзі де білмей қалады. Құмнан тас, тиыннан сом жасаймын деп өтенінің, кейде тіпті отанының намысын сататынын өзі де сезбейді. Саудагер мұраты – ұту. Ал ұту үшін өзінікін бұлдау керек, тесікті сандай, қараңғыны шамдай етіп мақтау керек. Дайрағы дәрі болса, дарияға отыратын итке ұқсап, оны боталы түйе қылмақ болады. Содан барып адамның жаны ұсақтайды. Мен өз халқымның саудагерлік жасамауын кемшілігі деп санағым кел-

мейді. Сол сауда, алдау, дүниеқұмарлық асқандап, ағайынды екі кісі қолында бар дүниесымағын айдаладағы біреуге жібергенше балаларын үйлендіріп өздерінде қалдыруға ұйғарым жасатқан. Ал жақындарына үйленетін елдің болашағына құмандымын. Одан ақылы асқан, ірі адам туады дегенге сенбеймін.

Ал шымкенттік, әулиеаталық асылдар Жетісудың игі жақсыларына хат жазғанда былай деген: «Ұсақтамайық, сарт болмайық. Тұқымды қолдан бұзбайық. Осы кезге дейінгі дәстүрді сақтайық. Асыл атаулы қыз алыспайтын болсын. Үшбу дүнианың асыл арманынан тағылым етейік. Араб-парсының, түрік-түгейдің кежесі кейін тартқан, ағайынды адамдардың бірін-бірі алдаған арам әдетінен ада болайық. Бабамыздың, арысы Бактиярдың, берісі Бәйдібектің ата салтын, асыл салтын сақтайық. Ақ арымызды қара нардай көтеріп өтейік. Арымызды, адалдығымызды нәсіліміздің асылдығына бағыштайық. Тұқымымыздың мәңгіге ақыл-парасаты орнында болғай...» Мен бұл хатты аса білгірлікпен жазылған деп ұқтым. Өзім де ұлысты ұруды білуді жоққа шығарғым келмейді. Бұл жағынан алғанда оны білудің артығы жоқ. Ол бірігуімізге, елдігімізге зиянын тигізеді десек ол уақытша өткінішті жағдай демекпіз. Өйткені заман өтіп, еліміз жаппай білімді, мәдениетті болғанда бүгінгі бөлінушілікті, күншілдікті, сыйыспаушылықты өзінен өзі қояды. Олардың бәрі біздің халқымыздың қанында, табиғатында жоқ.

Бірді айтып бірге кете беремін. Бұл менің ақыл-есімнің орнында болмауынан деп қарама, шырағым. Көп нәрсені білгендігімнен, соның басын біріктіріп ретке келтіріп, судан тартқан сүйіріктей әдемілеп, майын тамызып айтып бере алмағандығымнан, шешендік өнерімнің жетіспей жатқандығынан деп біл. Кез-келген адамға осынша өз ойын сарқып, сыр-сын сырбаздап айта береді екен деп ойлама. Сөз ұғатын құлаққа ғана анда-санда шешіліп сөйлейтінім бар. Менің мұндай ұзын сонар керексіз әңгімеді тағат тауып тындап отыратын адам да аз.

Күн қызарып, ұясына алтын табақтың шеті кіре бастады. Шұнақ шалдың қытығына тиіп кетемін бе деп мен күн бетіне қарамауға тырыстым. Ол сонау жақта Қордай тауының қоңыр бір төбесінің астына жасырынбақ. Ойыма Пушкин өлеңінің бір жолы орала берді: «Жарқырап жанған күннің нұры сөнді...» Тау үстінің кеші салқын тарта бастады. Шал торсықты ала салып, бір қолымен оның аузын бір қолымен түбін ұстап шылдыр-шылдыр еткізіп шайқады. Торсықта қымыздың аз қалғанын күлдірлемей шылдырлағанынан сездім. Қалған қымызды екеуімізге бөліп құйды. Әңгімемен отырып бір торсық қымызды таусып қойыппыз. Қалғанын сарқа құйғандықтан меймілдеп кеткен өз тостағанының шетінен ортайғанша сіміріп шұнақ шал әңгімесіне қайта кірісіп кетті. Ол әңгімесін де жаңағы жұтқан қымызындай құныға, құйылта айта берді. Әңгімесін айтқан сайын өзінен өзі елігіп, әлде бір нәрсеге көңілі көтеріліп желігіп, тереңнен лағыл тартқандай, сөздің арзанын алмай, маржанын іздей әңгімеледі. Мен оның әңгімесін бөлмеуге

тырыстым. Ол күн кешкіргендіктен айтып түгесе алмай қалармын, бұдан кейін тыңдайтын құлақ кездесе ме, кездеспей ме, осы жерде бауырын жазған жүйріктей бір көсіліп, көрініп қалайын, бар ындынымды салып айтайын дегендей тез-тез сөйледі. Барған сайын қызып, қызған сайын өрге шапса өршелене түсетін жүйріктей сөзден сүрінуді қойып, сыдыртып бара жатты. Әлде әңгіме айтқан сайын төселіп келеме екен, мүмкін әлдебір қашанғы шешендігін қалпына келтіріп, жез тағалы еңіреудей көсіле түскені шығар, мүдірмей ағып барады.

– Қожбанбет ауылы кім келіп, кім кетті дейтін емес, үлкен есікті, кең дастарқанды ауыл. Сан кісі келіп, қымыз ішіп, сусындап, тамағын тойғызып аттанып кетіп жатады. Біздің жайымызды (Ұлтарак екеуміздің) білген соң бұл азалы ауылдың естияр адамдары күйген терідей құрыспай, қайта Қыздарбек деген болыс болған баласының үйіне түсіріп, өзімізге арнап мал сойып, бізді жібермей кір-қоңымызды жуғызып бір аптадай күтті. Қысылып, қымтырылып жұрттың қасқабағын аңдып жүрген біз байқұс жайылып жастық, иіліп төсек болған, ит басына іркіт төгіліп жатқан бай ауылдың пейіліне риза бола отырысып, бір жағынан мұндай көзқарасқа танданбай, сұқтанбай қала алмадық. Өйткені көбіне іргесі іркітке, өресі құртқа толы бай ауылға біз түскенде үй иесі қондырмаймын, қонақасы бермеймін дегенімен су тиген қарақұрттай жиырылып, жақтырмайтынын білгізіп қалып отырғандар болған. Біле келсек патшаға қарсы болуды күна санамайтын бұл Күрті елінің, оның ішінде Әжіке, Төлемістің көптен келе жатқан дәстүрі екен. Өйткені оған тарихтың, тарихи жағдайдан туындап, өмірге өрбіген оқиғалардың өзі оларды итермелеген.

Сегіз жүз тоқсан екінші жылдың күзінде осы ауылдың туысқаны Нұрқожа жиырма бес жылға жер аударылып, итшеккенге айдалып кетті. Абылайдың отыз мың әскері, оның онмыңнан үш әскер басы – Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай басқарғанын тарихтан білетін боларсың. Нұрқожа сол Наурызбай батырдың тұқымы еді. Әжіке, Орымбет, Теке, Төлемістің Асылдың баласы екенін айттым. Төлеміс екі атаға бөлінеді. Олары – Құттымбет, Бәйет. Соңғысы өспей қалған азғантай ауыл. Құттымбеттен тарайтын бес ата – Құдайберген, Наурызбай, Қалбике, Шолпан, Дүйсендердің арасында шашылып жүреді. Ал анау бесеуінің мықты аталғаны Құдайберген, Наурызбай. Сол Наурызбайдан тарайтын Қашқымбай ерден Ыбырайым. Оның Айқожа, Байқожа, Нұрқожа, Мұхаметжан, Райыс, Асқар деген алты ұлы болды. Құлмамбетпен айтысында Жамбылдың «Ыбырайымның алты ұлы, алтауы бірдей бөрі еді» дегені осылар болатын. Сол алтаудың бірі Нұрқожа зорлықшыл, көріне көзге әділетінен тайған, қазаққа қорлық көрсеткен патшаның соғыл соғары оязды өз кеңсесінде сабап, аузын қан жалатқан. Сөйтіп ол патшаға қарсы болды делініп жиырма бес жылға кесілген. Содан туысқаны патшаға қарсы болғандықтан патша өкіметінің жергілікті өкілдері бар, бұл Күрті елінің қазақ арасындағы

бақастары бұл бар ауырсалмақты Асыл-Шыбылға салған. Елдің сөз, ауыз баққан кезінде бұл қысастық бала-шағаға дейін тегіс тарап, ес білер ердің бәрі еңсені көтертпей кеткен әділетсіздіктің қайдан, қалай келіп жатқанын біліп отырған. Халықты қорғап-қоршаған Шапырашты Қарасайдың, Қазыбектің, Қастектің, Наурызбайдың, Сұраншының, Саурықтың, Қасқарының қатарына қойып Ыбырайымның алты ұлын Жәкемнің айтуы осыдан еді.

Енді міне Қожбанбет патша түрмесінен өліп отырса, тағы біраз туған-туысқаны әлі патша түрмесінде теперіш көріп жатса, сонда бұл ауылдың патшаға қарсы болған бастас адамды сыйлап, құрмет көрсетуі болып шықпай ма? Оның үстіне күнелткен ауыл сияқты емес, бұл ауылда орысша оқығандар бар екен. Орысты көру түгел, «орыс келіп қалды» деп қорқытқанда зәре-құты қалмай дегбірсізденіп, көрден көрге, жерден жерге тығылып қашатын біздің балаларымыз сияқты емес, бұлардың от басының күлін шашып, от шығарып ойнап отырған ес білместері болмаса, бес-алтыға келгенінің бәрі үлкендерше әңгіме тыңдап, кеңес ұғып, ауыз аңдып отырады. Қаладан қашықта жатса да бұлардың сапырылысқан байланысының көп екенін аңғардық. Алматыда не болып жатқанын, губернатор тілмашы Ыбырайым төренің, ояз тілмашы Иса төренің үйлерінде кімдердің қонақ болғанын, не айтқанын, қандай сый-сыяпат көргенін, тіпті түрмедегілердің жағдайын, Бекболат, Байбосын, Қалығұлдардың дарға қай күні, қалай тартылғанын, олардың дарға асылған сүйегін келесі жылдың жазына дейін алғызбайтынын тегіс біліп отырады. Былай қарағанда адыр ішінде айдалада жатқандай бұл ауылдың түндігі түнгі хабармен, есігі ертеңгі хабармен ашылар еді. Олар үшін орыс дегенің омыртқа мұжып, жілік жеп отыратын менің жанымдағы Ұлтарактай көрінер еді.

– Бұл саған Жаубай ауылы емес, – деп Ұлтарак күліп қояды. Күндегі жаңалық Алматыдан күнде жетіп жататынына таң қалмасқа болмайтын еді.

Ауырған адамға укол салдырғанды да ең алғаш осы ауылдан көрдім. Қожбанбеттің немере інісі Қожакелді орысша оқу бітірген дәрігер екен. Ұлтарак аяқ астынан сырқаттанып, іші-бауырын жаза алмай қалғанда сол Қожакелді қарыс болмаса да сүйемдей инені Ұлтаракқа сұққанда менің есімнің кеткенін сұрамаңыз. Содан соң сол Қожакелдімен үш күн бірге болғанда да көп нәрсені білгендей болдым. Бұл Жаубай ауылына келген Шегіровтен мүлдем бөлек адам. Мап-майда сөзі, істің мәнін байыбына жеткізіп түсіндіруі, әсіресе адамға деген мейірімі ерекше. Бір әңгіменің арасында Шегіровтың арақ ішетінін әңгімелеп, арақ жайын сұрағанымызда ол адам ағзасына зиян дегенді ашып айтты. Сонан оның көрегендікпен айтқан әңгімесі әлі күнге дейін құлағымда.

– Арақ жөнінде Ислам дінінің, оның пайғамбары Мұхамедтің (оның пайғамбары дегені құлағымызға түрпідей тиді, өйткені осыған дейінгі біздің естігеніміз «пайғамбарым» ғой) ұстаған жолы дұрыс. Мұхамед

өзі арақ іше тұра (мұны естігенде үй толы адам тегіс жағымызды ұстадық. Өйткені пайғамбар арақ ішеді деу бізге естуге болмайтын, айтқан ол емес, естіген боз күнәлі болатындай сезіндік. Кейін байқасақ біздікі соқырлық екен ғой) арақты харам деп, арақ ішпеуге үндеді. Өйткені арақ мәдениеті аз елді бүлдіреді және жаман жұғады. Қазір арақ ішетін қазақ жүзден біреу не табылып, не табылмайды. Бірақ түбінде заман ағымына қарасақ арақ бізге атамыздың асындай сіңеді. Әрбір жаман аурудың тез жұғатынындай ол біздің елдің құлқын қатты бұзатын болады.

Ұлтарак Қожакелдіден біраз сөз тартпақ болды. Өзіміздің ұзақ сонар жайымызды жасырмай айтып, қалай қашқанымызға дейін түгел баяндап берді. Қожакелді түнеріп біраз отырып қалды. Мен өз басым ол біздің қу медиенде қаңғып қашып жүрген, сүргіп салған сорлы екенімізді енді біліп, басына пана, астына шана таппайтын, иттен қашқан еліктей тұрақсыздармен неге ғана тілдесіп, неге ғана табактас, дәмдес-тұздас болып отырмын деп ренжіп қалды деп жорыдым. Ұлтаракқа қарасам оның ойында ештеме жоқ, қашып-пұсып жүрген қуаяқ мен, ол өзі шыққан Сырымбет-Бабаның үлкен үйінде отырғандай, көсілген аяғын жияр емес.

– Сендер жігіттер, – деді Қожакелді, – бір емес, екі емес орыстар дейсіңдер, сендер жек көретін патшаны орыстардың бәрінің жақсы көретінін қайдан білдіңдер?

– Біз қайдан білейік. Орыс болған соң бәрінің аузы бір жерде шығар дейміз де, – дейді Ұлтарак әрнәрседен хабары бола тұра.

– Мен саясаттың адамы емеспін. Мен адам ағзасының маманымын. Ішің-басың ауыра ма, баймысың, кедеймісің, орыспысың, қазақпысың оның бәрі бір, жәрдем көрсетіп, жаныңа шипа беру, деніңе дәру жасау, емдеу менің міндетім. Ал саясатты білгің келсе, осы ауылдың ең қаратабан қойшысына дейін сұрай бер. Оған солардың бәрі ынтық, ындынын салып тындайды, ыңыршағы айланып жүріп ықыласымен түсіндіріп береді. Тіпті мен газет-журналдан оқығанымды жасырып жүрсем, олар кейбірі «Семиречинская ведомость» он үшінші жылғы бір номерінде қазір социал-демократтардың ішінде Лениннен ірісі де, күштісі де жоқ» деп жазды деп соғады. Мен өкіметке таласуды, өкімет ісіне, саясатқа араласуды орыстардың ісі деп ұққан адаммын, бізді оқытқанда да солай оқытқан. Өйткені біз жабайы халықтан шыққандықтан бізге билік қылу бұйырмаған деп ұғынғанбыз. Осы кезде онымның дұрыс емес екенін де аңғарамын. Мұғалім сөзі – кітап сөзі, кітап адамның бәріне бірдей деп ұға тұрып, соның артқы жағына, мән-мағынасына жүгінбеппіз. Билік ету, билік құру орыстардың ісі, мемлекет орыстікі дегенді естіп отырып, жанымыз сол сөздерден жүдеп, жүйкеміз жүндей түтіліп отырса да соны дұрыс емес деуге батылымыз бармапты. Сендер құл болуға жаралған жабайысыңдар дегенді де күнде еститініміз. Ол кезде шынымен табиғатта біз кем жаралған жандар шығармыз деп ойладық.

Шынымен, – деді Шұйнақ шал, – мен өзім, өкімет бар, оған ел басқаруға қазақ та қатысуына болады деп үш ұяқтасам ойыма кірген емес. Қой бағып, қойыртпақ ішу ғана біздің қорлықтан тырысып әжім түскен мандайымызға жазылған деп ойлайтынмын. Тіпті кейде ойлаймын, бағындыру деген ұғымның өзі қазаққа жеткеніне көп болмағанға ұқсайды. Қазақта бағыну емес, үлкенді сыйлау, соның тілін алу ғана болғандай. Мүмкін ондай ұғым хан тағы, хан тұрағы төңірегіндегілерге жеткен де болар. Бірақ жалпы айранын ұрттап, қойын құрттап жүрген қазаққа оның бәрі бір болса керек-ті. Мен оны мына бір жайдан байқаймын. Қытай елінде үстіне киім кигізсең түзге соны шешіп отыру керектігін білмейтіндер әлі де бар. Немесе тұрған малдың тірідей қоң етін кесіп алып жейгіндерді көргендер көп. Оларға біреудің нәрссесіне тиюге болмайды, онда сотталасың, түрмеге қамаласың дегенді түсіндірмек болғанда олар:

– Ол айтқан жерлеріңде тамақ бере ме? – деп сұраған.

– Ия, тамақ береді, – дегенде, олар:

– Онда болды ғой, бәрі бір емес пе? – деп жауап берген.

Сонымен алғаш осы әжікелер ішінен кеткенде көп нәрсені естіп, көп нәрсені үйреніп, біліп кетсем де, ең болмаса осындай малды өсіруін білген, сонымен бірге жұмсауын, қайда, неге жұмсауын білген байға жалшы болмағаныма опындым. Неғып-ақ тағдыр мені «алдына тоқсан мыңды айдап жүрсе, үстіне сілкіп киер шапаны жоқ» көркөз, табиғатында ақыл-парасаттан мақрұм қалған бай ауылға тықты екен дедім. Жалшы болғаным, жамандық көргенім өкінішті емес. Малың, барын жылтыратып жарыққа шығара алмаған, тұл болған мал-мүлкі бар, төріне төрт кісі, есігіне екі кісі отырмаған, хайуаннан дайрағы ғана басқа адамға тап болғаным өкінішті, аянышты да еді. Құзғындай мың жасағанша қаршығаша қиып түсіп, қысқа ғана күн кешкен әлдеқайда артық екенін осы жерде тағы бір аңғардым.

Тоңқайғаны ұл, томырғаны май бұл бай ауылдан көп үйрендім дейтінім ең алғаш Ленин атын осы ауылдың қойшысынан естідім. Қожакелді саясатқа араласпаймын деп қойған соң, ол өзі айтқандай, мұнда басқаларды айналдырдық. Бейсебай Қаратаев деген шаш қойған ақын қазаққа кездестік. Ол кезде жұрттың бәрі тоқырайтып шашын ұстарамен қырғызатын. Қазір шырағым, бір үлкен шәріде бір әйел шашын ұстарамен қырғызып тастаса соған жұрт қалай қарар еді? Бізде ол кезде шаш қойған адамға солай қараушы едік. Тіпті қазақ арасында «секентіп шаш қойғаны несі, елден ерек көзге жаман көрінеді екен» деген қызыл сөздер де жүретін. Бірақ көр көкіректерден жамырай шыққан сөзге шымырқанған Бейсекеңді көрмедік. Қамыт аяқ, талтақ бұтымен-ақ маңғаз басып, сестене, шекесінен қарайтын. Бір көргенде жұрт одан секем алып, сескеніңкіреп состиып та қалатын. Сөйлесе кетсең оның кім екенін, кіші пейілін, кең құшағын тез аңғарар едің. Ол қыздармен көп айтысқа түскен адам болатын. Өзі күнжіған, бойы аласа, қисық аяқ

қазақ еді. Бұл Жетісу өңірі оның Зейнепия, Тұмар деген екі қызбен айтысын аңыз қылып айтып жүреді. Сол қыздың бірі оны былай суреттеген болатын: «... Ит жауырын, бақа төс, шошқа кабак, саған кімнің обыры құрып отыр». Ал оның Совет өкіметіне еткен қызметін сол қыздың бірі былай деп айтқан: «Сен бе едің Бейсебайым медаль таққан, Советтің жалаңаяқ отын жаққан».

Бейсебай Қаратаев өмірінің өзі бір үлкен әңгіме. Тірлік болса оны тағы бір кездескенде шертіп берермін. Сол Совет өкіметінің түтінін түтеткен, ақыры тап жауларының қолынан қаза тапқан Бейсекеңнен саясат сұрағанымызда ол тура былай деді: «Ленинді білемін десең Жандосовқа жолық. Ленинді, оның жолын Жандосовтан көп білетін қазақ жоқ. Жетісуға да таң атады деген Жандосов». Міне бұл ауылдың қойшысы да сөзін осылай аяқтайды: «Жетісуға да таң атады!».

Шұнақ шал Жандосовты атаған соң іле менің бет-жүзіме қарады. Мен де өз әлімше шалды арбағандаймын. Оған еш маңыз бермегендей рай көрсеттім. Шал қалған қымызын сарқып ішіп, тостаған түбіндегі қымыздан қалған еріпті қырықпа көкке сілікті. Сонан соң әңгімеге кірісті.

– Ұлтарак екеуміз Жандосовтың кім екенін білуге тырыстық. Ол әлдеқандай бір оқудағы жас бала жігіт болып шықты. Бейсекеңнің айтуынша Жетісу өңірінде одан білімді қазақ жоқ.

– Тоқаш ше? – деп сұрады Ұлтарак Бейсекеңнен.

– Тоқаш қазір абақтыда. Ол ит жейдесін бұрын тоздырған адам ғой. Ол да оқыған кісі. Бірақ бүкіл Алматыдағы орыстар он жеті жасар Жандосовты бекерге «оқымысты қазақ» деп атамаса керек-ті. – Ол осының бәрін жай сөйлеп отырып, сыпыртып өлеңмен айтты. Кейін ойлай келсем талай қарасөзбен әңгіме айтпайтын, бәрін маржандай сұлу жырмен баяндайтын сорлы қазақтың біразын-ақ білгені, көргені хатқа түспей, өзімен көрге бірге түскен екен ғой. Мүмкін қарасөз сөйлемейтін қазақтың арты сол Бейсебай ма екен деп те ойлаймын. Өйткені жазушызу өнері жетілген соң, соған сүйеніп ауызекі өнер пәлегінен жұлынған қауындай сыртта қала береді екен.

Сергелдең сапарымызды тамәмдамақ болып бұл ауылмен қош айтыстық. Аз күн болса да етене болып кеткен ер көңілді жігіттерді қимадық. Жазда қамалған, көтеріліске қатысқандардың кейбірі елге қайта бастады деген сөз біздің қам көңілімізді көтеріп, жастан жұбымызды жазбай өскен құрбы-құрдас, жақын-туыстарға жетуге асықтық. Беріктасқа бет түзедік. Түскен үйіміздің отағасы Қожакелді. Ұлтарак екеумізге екі ат жетектетті. Сөйте тұрып бір-ер сөз айтты:

– Ер жігіттің басына не келіп не кетпейді, жігіттер. Мына бала елден жырақ өскен екен, туысқандарының ыстық құшағының белгісі болсын деп ер қанаты ғой, мына бір атты жетектей кетсін дедік. Ел егер, ер ереуілді, бас қаралы, бет жаралы кезде келмей, бәйбіше бабында, дастархан тоғында келгенде, ел жаулы, жалаулы кезінде емес, бейбіт кезінде

келгенде ат шаптырып, той қылып, үстіне отау тұрғызып, алдына мал салып берер едік. Амал не, қазір ондай уақыт емес, ел шабынды, жүрек қабынды. «Тауда жүріп таста өскен жер қадірін білмейді, ағайыннан басқа өскен ел қадірін білмейді» дегендей болмасын. Бұл баламен екі көздің бірінде, егіздің сыңарындай болып бір келген екенсің, шырағым Ұлтарак, мына бір күреңді сен де міне қайт. Бір ат бір адамның өміріне тұлдырық бола алмайды, дегенмен қысталаң кезде қысқа қолға құрық болса да деп едік. Төрт-бес ай қорлық көрдік деп қажымаңдар. Жігітке сейіл де сейіл, сергелдең де сейіл деген аталарымыз.

Шіркін ақылды адамдардың жөні бөлек қой. Екеумізге екі ат жетектеткені емес, осы көлеңкеміз қос көрініп, қояндай қорқақ, су жүрек болып, ат сабылтып, тебінгі терге шірітіп, терлікті майдай ерітіп, құдайдың күнін емес, түнін тілеп жарқанатша жан күтіп жүргенімізде жылы сөз айтып, жылыұшыраған адамға соңғы жейдемізді шешіп, қоң етімізді кесіп бергендей едік. Бұл қонақжайлық, бұл сый-сияпат ашаршылықта берген, ауыздан дәмі кетпес құйқадай көп уақыт ұмытылмады. Адамның адамшылығы осындайда ғана көрінсе керек-ті.

Ит шайнағандай қоңыр қырма Ақадырдан екеуміз бір-бір жетекпен нағашысына барып қайтқан жиендей болып аттандық. Алыстан ат ізін тастап, орағыта жүріп Беріктасқа да жеттік. Біз келіп түскенде Қойлыбайдың үйі қатты абыржып қалды. Дәмет төрге бір, есікке бір жүгіріп, «апыр-ай қазір ғана кетіп қалып еді» дей береді. Қойлыбай да қуанғаны, қорыққаны белгісіз сүлесөк болып қалған. Төмендеп, тым алысқа Топар бойлап кеткендіктен бұлар біздің із-тозымызды білмеді. Ал Күртгі болысында болғанымыз бұл ауылға әлі жете қоймаған екен. Қойлыбайдың кішкентай төрт қанат үйі, баяғы баз қалпы сияқты. Үйелмелі-сүйелмелі бес-алты жасар бір ұл, бір қызы биік қалаған тезектен маздап жанған отқа, бұттары шыт-шыт болып қыздырынып, жылынып отыр. Тек от жарығымен алакөлеңкеленіп тұрған бұл үйде кеш алдында қатықсыз тары көже асылып жатыр екен. Дәмет соған қатуға, жазғы жуынды қысқа қатық дегендей, жайпақ ағаш табаққа құрт өзіп отырған жерінен аға түрегелді. Өмірі қора төрі, от басы болып келе жатқан Қойлыбай бұл күндері бітпес, түспес, бай ауыл шаруасынан босағандай, енді кәсібі от жағу болғандай, тезек қалап, отты қағыстырып жатыр. Қойлыбайдың, Дәметтің сәлден уақыттан кейін бізге көрісіп, көз жастарын сығысқандарын көріп балалар таңырқағандай. Ел қыстауға қонар, қыстың бастапқы шағында, шегірткеден ән кетіп, киіз үйден сән кеткен кезде күздеуде онаша қалып қойған Қойлыбай үйінде бір сыр бар сияқты еді. Өйткені бұрын Жаубай қосығын қоштап, бай еншісін егізекі қылып жүрген бұл қараша қостың шешек шыққандай аласталуы әлдеқандай араға алажіп түскенін аңғартпай қоймас еді.

Дәмет төрге тұра жүгіріп, былтырғы күзде әркімнен жүнін аттай қалап, атандай сұрап басқан жалғыз оюлы текеметін жүктен суырып алып төседі. От басындағы түте-түтесі шыққан ескі құрымның бәрі

жоқ болып, текемет үйдің ішіне әжептәуір көрік берді. Отырған көптің көркін кіргізетін Аққатын қайда екен деген ой келе кетті маған текемет түрткі болып. Құлақтың құны қайда жүр екен?

– Аққатын байқұстың қалі нашар, – деді Дәмет біз сұрамай-ақ, – сендер кеткелі түннің бір шамасына дейін осында болып кетеді. Бір күн дұрыс, түгел ұйқтап көрген жоқ. Айтатыны, әңгімесі сендер. – Ол байдың ақ тоқалы неғып бізге еметайы өзіліп қалыпты деп отырмын. Байқаймын Дәмет Аққатын туралы әңгімесін Ұлтаракқа қарап айтатын сияқты. Ұлтаракқа қарасам бет-жүзінен ештеме сезілмейді. – Жана ғана жылап-жылап осынан кетті, – деді Дәмет сөзін жалғап. – Телім-телім болып кеттік қой, әйтеуір. Ақыры қайыр болса болды да, – деп Дәмет көзін жеңімен сүртіп қойды.

– Ол не, Абаққа қызын бергелі бізді сағынып жүр ме екен, қызының қалыңын алған, бір құлағымызды кесіп бергеміз, – деп Ұлтарак түк сездірмей қалжындайды. Бәріміз қарқылдап күліп алдық.

– Көптен осы үйде күлкі болғаны осы, – деді Қойлыбай күлкіден көзінің жасын сүртіп. Ол күлген қалпымен далаға шығып аттанып кетті. Арада бие сауым уақыт өтпей-ақ Сәлиман шешем, Аққатын, өңгерген бір қойы бар Қойлыбай қайтып келді.

– Тірімісің, шырағым, өлгенім тірілді ғой, өшкенім жанды ғой, о ризамын құдайға, – деп Сәлиман шешем мені құшақтап бетімнен сүйіп, біразға дейін қамығып отырды. – Аямас қу шұнақ құдай ең болмаса осы Абақтан да топырақ бұйыртыпды ғой деп едім.

Шешем құшағынан босатқан соң сол жағыма қарасам Аққатын Ұлтаракты құшақтап, жылап отыр.

– Оу, мына байдың тоқалына не жоқ, бізді келіп қойды, айраныма ортақ болады деп жылап отыр ма? – деп едім Ұлтарак:

– Біреуіміздің оған керегіміз болған ғой, – деп ақырын жымияды. Сабырлы адам деген сол Ұлтарактай-ақ болар, сыр сақтағышын қайтерсің. Үш-төрт ай бір төсекте, бір ішіп, бір жеп жүргенде Аққатын туралы тіс жармаған еді. Енді міне ерлі-зайыпты адамдай көрісіп жатыр. Аққатын тіпті ешкімнен қысылатын емес. Ашықтан-ашық сөйлеп отыр.

– Сен кеткелі ішкенім ірің, жегенім желін болды. Қайғымен қан жұтып, күндіз-түні құдайдан сенің амандығыңды тіледім. Енді міне, көріскен соң сырымды жасырғым келмейді. Мен бұл ауылдан кетем. Төркініме хабар айтқанмын. Мені қорлады үстіме қатын алды дегенмін. Бұл сати ауылында тұрғым келмейді. Менің кеткеніме Жаубай риза болмаса берген малын қайтып алуына болады. – Ол әбден ашынып алғанын байқатты. Бұрынғы бай, біздің отағасы деген әдемілеуді қойып тұпа-тура Жаубай деуі-ақ оның өшігіп алғанын білгізіп тұрды. Мен бұл сөздердің артында төркініме барамын, содан алып кетесің деген сөзді аңғардым да, Ұлтаракқа қарадым.

– Қазақтың жері кең, сиярмыз, – дейді жай ғана жымиып Ұлтарак. – Азар болса Қалқаманға ұқсап, нағашыма кетермін.

– Сенің нағашың кім еді, қайда еді, – дейді Қойлыбай. Онысы нағашының сыйғыза, көтере алатын қауқары бар ма еді дегені болатын.

– Менің нағашым қазір елге белгілі адам – Теке Жүнісбайдың жақыны. Түргендегі Шапырашты еді. Бірақ кейде ел бүлдірген, тентек жиеннен туған нағашы да қашады ғой. Егер алда-жалда олар қорғаныш бола алмаса, орысқа тығыламын. Қай көшеде, қай үйде малай болып жүргенімді кім білмек.

– Сонда немене орысқа шоқынбақшымысың? – дейді шошып кетіп Қойлыбай.

– Қорықпай-ақ қой, күрекке жұмыс табыларын білмеуші ме едің? Егер мына Жаубайға істеген қызметіңді бір орыс байына істеші, байып кетеріңе мен кепіл, – дейді Ұлтарак оған жаймен түсіндіріп. Күрті елінен естігендері.

Сәлиман шешем көпке дейін әңгімеге араласа алмай отырды. Байқаймын, бұрынғыдай емес, кәрілік жеңейін деп қалғанға ұқсайды. Басының аз-кем қалтылдағанын байқаймын. Көзінің алды іріңдеп, көкірегі кірілдеп тұр. Бұрынғыша кимешегінің төбесінен шашы шығып тұрма деп қарасам, кимешегі жаңарыпты. Үстіндегі камзолы көнетоз бұрынғы сияқты. Қара елтіріден жасаған ішігін иығына жамылып отыр. Бір кереметі сол осы ауылдағы ескі қасқыр, түлкі, суыр ішкітер, елтірі, сеңсең тондар, сырттан киер тұлыптар, дұқаба камзол, барқыт бешпенттер көбі-ақ Сәлиман шешемнің, оның шалының киімдері. Шешем «жаурап жүрмін» дегендерге біртіндеп үйіндегісін біркіерден басқасын жарлы-жақыбайға үлестіре берген. Қойлыбай, Дәмет, Дәрітай, Рабиға бәрінің кигені Сәлиман шешемнің киімдері. Өзі тым жалтырап киінбейді де, қоңыр төбел болып жүре береді. Жұрт айтатындай өрім-өрім де емес. Жүзіне үңіле қарап едім маздаған отқа тесіліп, кірпігін қақпай қалыпты. Жалынға қараған қарағының оты өшіп, бұрынғы қара көздің орнына боз көз пайда болыпты. Сәлиман шешемнің анда-санда ешкіммен сөйлеспей қамығып, бір жерге тесіліп қалатын әдеті бұрында да болатын. Бұл күнде қоршаған ортадан аулақтап әлдебір ойға түсіп кетуі тым жиілепті. Қайта-қайта сондай бір түпсіз тұңғиыққа батып кетуінен жан-жағындағылардың «сары апалаған» сөзін естімей қалып барып, үсті-үстіне «а, а, аһлап» кетеді. Өмірдің тәлкегіне көнбейтін, мойығанын сыртына шығармайтын, дұшпаны алдында кішірейіп көрінгісі келмейтін суы қатты-ақ адам еді. Түбін су әбден соғып, можып, бұл күнде құлауға бейімделген су жағасындағы кәрі, қарабұжыр талдай қалтылдап қалған жайы бар. Можығанын, бұл бір қас қағымдай уақытта ғана өте шығатын ол үшін өкініші мен реніші, қайғысы мен қапасы көп өмірден жеңілгенін қанша білгізбейін десе де, сыр алғызып қоятын болғанын өзі маған көже ішіп отырып айтып қалды.

Ұстаз болған, өзі үнемі мықтылыққа тәрбиелеген адамға ақыл айта, жұбата алмадым. Еш қайсымыз да оған «әлі бәрі жақсы болады» дей-

тін демеу сөзді аузымыздан шығара алмадық. Өзінен, қарақан басынан басқа қарайлар, көз тоқтатар бүдір бұтасы жоқ, ақылы бәрімізден асып тұрған адамға не айта аларсың. Ондай адамға бірдеме айту, мүмкін, келсе сияқты да болып естілер еді. Сондықтан да біз ләм-мим демедік. Дегенмен де бар бағылдығымызды бойыма жинап, байыптап, қорқа-қорқа отырып бір ауыз сөз айттым:

– Апа-ау қатты болу керек, өмірдің тәлкегіне көнбеу керек деген өзіңіз едіңіз ғой. Бізді солай тәрбиеледіңіз ғой. Қолдан келгенше сондай болғымыз бар. Шәкірт алдында мойып ұстаз осалдық көрсетсе, оның уағызы, үлгісі желге кетпей ме!?

Сары апа басын көтеріп, риза болғандай бір жымыя күліп алды да:

– Адам қартайғанда бір бала деген. Енді мен бала болдым. Сендердің әрқайсыларың қайғыға қарсы тұрардай шамаға жеттіңдер. Енді сендер маған ұстаз, тәрбиеші болатын уақыттарың келді. Сендердің әрбіреуің бір ауылды билеуге ақылдарың жететін болды. Кедейліктеріңе қарамаңдар. Ақылдарың жеткен жерге ақылшы болыңдар. Малды кісі ел сұрайтын болса, онда Жыртық біраз жерге барар еді ғой. Бірақ ол малды болғанмен өзі малдан асып кеткен жоқ. Сорлы Інжірдің сол есекке қосақтаулы күні өтті ғой. Екі айналып келмейтін өмір деген қатыгезді өрге өршеленген жүйріктей болып өткізіндер. Сендер ел сұрасын дегенде байысын, көз алдағыш мал-мүлік жинасын деп отырғаным жоқ. Жас болсаңдар да бас болатын уақыттарың жетті. Сендердің бірденеге қолдарың жетсе, әділет, әділеттік үстем болар ма дегенім ғой.

Әрине Сәлиман шешем бұл жерде Ұлтарак екеуміздің алдымызға болжау жасап, бір әкім болып, ел сұрай қалатынымызды біліп отырған жоқ еді, жай ұмтылу керек, өмірден ұмтылып өз сыбағаларыңды алыңдар дегені екенін біз жақсы түсіндік.

– Таңертең шәңтік қошқарға көңіл айтыңдар. Өзім еріп барайын, – деді Сәлиман шешем кетерінде, ет жеп болған соң. Барғым келмесе де «бармаймын» деу қайда? Қазақша айтқанда «өлімге өкпе жүрмейді». Сондықтан жауың болса да өліміне өкініш білдіру керек. Тіпті қазақтың осы дәстүрі тарихпен астасып жататынына таң қаласың. Өмірінің бәрін Шыңғыс ханмен жауласып өткен Жалалетдин Шыңғыстың өлімін естігенде «ой дүние қызық болмай қалды ғой, ендігі өмір неменеге керек?!» деген екен. Ал оған қарағанда Азбан екеуміздің арамыздағы қыжыл балалардың асыққа таласқанындай сияқты. Бару керек. Бармауға сары апам көне ме және өлген адамға өкпе білдіріп, адамшылықтан шығуға бола ма!?

Қыстың басы ә дегеннен-ақ қатал келіп, тоны жоқ, тоқтысы жоқ кедейлерді кемітіп, кекірігі майдан азған сеңсең тон серілердің, қасқыр ішікті, саптама етікті бай бұласының жағына шығып алды. Қазанның қатты, ақыраптың ақырын келгені жақсы деп қазақ сәуегейлік жасағанымен олардың қалай келуінің қысқа әсер еткенін сауатсыз көп қазақтың ол кезде қайсысы белгі сала қойды дейсің. Жетек аттарымызды

сенімді қолға тапсырып таңертең Ұлтарак екеуміз жұрттың жөнімен Азбан үйіне тарттық. Біздің келгенімізден әркім-ақ азды-көпті хабардар болып қалған екен. Ертемен-ақ күздеуде жалғыз қалған Қойлыбай үйіне жұрт шұбап, әйтеуір зорға босап шықтық.

Қыс қысқанын, әлде пұғылы тарылғанын бай ауылдың қыстауы бізге қораштау көрінді. Өйткені жылда қыстаудағы жалғыз тамның төңірегінде тұратын бес-алты қараша үйден бірді-екілісі ғана қалыпты. Азбан үйі оңашалау тігіліпті, алты қанат үй.

Қазақ кісі өлтіріскен кісі де көріседі деседі. Жек көрсек те Азбанға ат қойып келдік. Оның орнына кім отырғанында жұмысымыз бар ма, «ойбауырым» салып жатырмыз. Малы болса да, мүлкі болмайтын, малын көзіне сүрткен сорлының үйі ақсарының ұсындай бықсып жатыр. Адырлы жерде ақсары деген құс болады, шырағым. Ол өзі тірі жөндікпен күн көретін жыртқыш саналады. Ұясын тасқа салады. Екі ғана балапан шығарады. Оның ұясында далада кездесетін нәрсенің бәрі болады. Тікен жұлып алып қалған қойдың жабағы жүні, ескі құрым киіз, жұртқа қалатын көң-қоқырдың бәрі одан табылады. Оны азырқанғандай кейде әкеліп ұясына жылан салып қояды. Көзі шыққан жылан қайда барарын білмей ирелендеп, біріне бірі оралып, жатады. Мына Азбан байдың үйін көргенде бір жер ойға оралады. Қашып жүріп Ақадырдағы Тайбағар мырзаның балаларының қыстауына соққанымыз бар еді. Қырқалы, тассыз далада ерекше біткен Қаражал аталатын ұзынынан-ұзақ жатқан қап-қара тасты күн қақтаған төбе бар. Оның бәрі қотыр, қожыр қара тастан қолдан жасалғандай. Сонда ақсары көп ұя салады. Мына Азбанның үйі тура сол көрбай-жербайдың бәрін ұясына таси беретін дүниеқоңыз құстың жатағын көз алдына елестетеді.

«Қатын қаралысында семіреді» дейді қазақ. Сол да бір өмір тәжірибесінен әбден зерттеліп алынған нәрсе. Бізге жонын бере жылап отырған Тойғанбит бұрынғысынан әлдеқайда семіріп, болпия, жалпия түсіпті. Неге олай екен деп ойладым. Шынында, шырағым әйелдердің көбі-ақ күйеуі қаза болған соң семіріп жүріп береді. Мен өзім оны екі жағдайдан деп қараймын. Біріншісі байы өлген әйел тізгін-шылбыр өз қолына тиіп аз да болса еркінситін болса керек-ті. Ендігі жайын ойлауы да заңды. Жасырақ қалса, енді қандай еркекті (әрине ауылындағы әмеңгерінің) қалауы тиіс. Қайсысының қас-қабағы дұрыс. Қайсысы қатын үстіне алғанмен мұны дұрыс бағалай біледі. Бәйбішесіне күң орнына ұстай ма, әлде нақ сүйер ете ме. Базар базарлап, жол жүріп келген күні қамшысын қай төсекке тастайды, қай жағын бейімдеп отырады, етігін кімге тартқызады. Көк дөнен көңіл осылардың бәрінің басын шалып шолып өткенде жесір басы қаралы, беті жаралы болса да өзі көңіл тоқтатқан адамға көз салмай отыра алмайды. Тіпті адам болған соң әртүрлісі бар ғой, қара жаулық матанып отырып-ақ, орамал астынан көз сүзіп қалатын жайлар да болады. Тіпті ерінен бұрын көбірек көңілі қалып жүрген әйел болса, ол құтылғанына қуанбаса да, аса

қатты қиналып-қынжылмауы да ықтимал. Сондықтан көп ұзамай-ақ бұралаң жолға ойысады. Көрінгенге көз салып, көз жақсысын қолына қондырған соң, көңілі орнына түсіп, көтеріліп кетеді. Ал тамақ ішу, семіру көңілге байланысты екенін, шырағым, өзің де білерсің. Болары болды ғой деп өлгенді тез ұмытуға тырысатындар, сөйтіп тез-ақ бәрін ұмытып, сәукім салып, ер құшағын аңсап кететіндер қаншама. Енді олар семірмегенде кім семірмек? Міне, бұл әйелдің еркегін көмгеннен кейінгі семіруінің бір себебі. Яғни еркінсуден болады деп есептеймін.

Ал екіншісі, мүмкін қаралы әйелдің семіруінің дұрысырақ себебі осы шығар деп шамалаймын. Күйеуі өлген әйел тыпыр етпей отырады. Оған аяушылық, құрмет көп. Ол шаруа жайынан біраз уақытқа дейін сырт қалады. Оның, қалғандардың қамын бірсыпыраға дейін ағайын-туған, жекжат-жұрт, жақын-жуық жейді. Ас біреудің үйінен әкелініп, басқаның қолымен пісіріліп, түсіріледі. Оның үстіне өлген күйеуін аза тұтып үйден шықпайды, қимыл аз болады. Ішкен-жегені бұрын жүріп-тұруға үйренген ағзаға қозғалмай отырған соң май болып байлана қалады. Арсыз ұйқы, арсыз тамақ. Ол екеуіне тыйым жоқ. Жаны тыныш. Өлер адам өліп, келмеске кеткеннен соң жүйке бір қалыпты жұмыс істей бастайды. Енді сау денеге май байланбағанда қайтпек. Сонан соң бұрын ерім келеді деп, көп шаруасын қамдап, тамақ әзірлеу, таза киім дайындау, тағы басқа тоқсан тоғыз түрлі қам ойластырып тыныш таппау енді жоқ. Оның үстіне дүниеден біршама көңілі қалған адам, енді қалған өмірде жанымды қинамай-ақ өтейін, маған енді бұл өмір неге керек деген сияқты түңілу, торығу, жүйкенің бәрін бетімен жібереді. Міне бұдан кейін семірмегенде қаралы әйел не болсын? Бұған қарағанда қаралысында семірген әйелді жазғыруға да болмайды ғой деп ойлаймын.

Тойғанбиттің дүмденіп, толуы тіпті ол екеуі де емес, басқа бір себептен екенін кейін білдім. Азбанның ағайын-туғаны жылауын тоқтатқанда жалғыз Тойғанбит қана сұңқылдап қалған. Әйелдің басқалардан кейін тоқтауы немесе күйеуінің жүрген-тұрғанын, қасиетін-жақсылығын айтып, келгендерге мұңын шағып жоқтауы бәрі заңды да, жарасымды да. Тойғанбиттің даусы да о қыр мен бұ қырға кететін. Кәдімгі жылау білетін, жылап үйренген әйелдердей-ақ. Бір кезде ол да Азбанның кішкентай бойындағы азғантай қасиетін айтпақ болып, жоқтап жөнелді: «Кішкентай бойға құдайым, бақпенен саған мал берді» дей келгенде, біршама әлдене ойыма түсіп, алыстағы бір қиялға шомып кетсем, отырған әйелдер бетін шымшылап, кейбірі ернін тістеп, енді бірі бетін басып, кейбірі жымыып үйден шығып кетіп жатыр. Не болып қалды деп құлақ салсам, сен шырағым, мұндайды ешқашан естімессің де, кездестірмессің. Мұндай сұмдықты адам баласының түгіл, күлмеген гүлге бермесін. Тойғанбит «Ойбай!» деп озандап алды да, артын термелеп кетті. Термелегені құрысын бәріміз кірерге көр таба алмадық:

«...Оу, үзенгі бауың тасбұршақ,
Ерің бар-ды ыңыршақ,
Ер-тоқымың бір құшақ,
Жасыңнан-ақ туып едің,
Құдай ағып құлға ұқсап,
Мырзам-аһ!»

– Осындай төрт-бес шумақтан менің ойымда біреуі-ақ қалды. Ұлтарак та, мен де күлген жоқпыз. Қазақшалап айтқанда құдай келеке қылған адамды кемкелеп қайтелік. Нақ осындай дәрежеде жамандыққа қазақ барады дегенге өз басым сенбес едім. Бұл әбден бір қаныпезер адамның ісі, не әбден қатты өшіккен, бәріне қидым, бәріне барамын дегеннің қылығы екенін түсіндік. Не істерімізді білмей ұйлығып отырғанымызда Сәлиман шешем орнынан тұрды да, менің бауырдақты қамшымды ала салып еркектерше Тойғанбитті қыр арқадан жондатып салып-салып жіберді.

– Не деп тантип отырсың, құрған қары!

– Ойбай, сары апа-ау, құдай келеке қылғанда келеке болмай не етелік. Нетермін-ау, нетермін, алдымда малым тұрғанда, Таубайға тиіп кетермін... – дейді Тойғанбит. Жұрттың жөнімен бұл үйден тамақ ауыз тиіп кете алмай, бәріміз суырылып сұлқ шықтық. Жолда қайтып келе жатып та, тіпті мұны сөз қыла алмадық. Оған жігіттік арымыз бармады. Қандай қаныпезер адамның мұндай іске барғанына лағынет айттық. Біреу мұны құдасы үйретіпті, біреу Азбан Жаубайға сабатқан біреу үйретіпті дейді. Әйтеуір күздің бір күнінде жалғыз үй қалғанда Тойғанбиттің есінің дұрыс емес екенін пайдаланып біреу түнімен жаттатып кетіпті. Кіресілі-шығасылы есі бар Тойғанбит сорлы ара-тұра осындай бірдемені тантип кететіні бізге дейін де болған екен. Бірақ мұның ешкім артына түскен жоқ, «болмағанға болыспа, жетпесті қума» депті де қойысыпты.

Өзі жоқтың көзі жоқ, менің үйім құрып кетіпті. Керегелерін, уықтарын басқа жалшылар бөлісіп алыпты. Сонымен бөдененің үйі жоқ, қайда барса бытпылдык болып шыға келдім. Үстінде үйі, бауырында қазаны жоқ, тігерге тұяғы жоқ деген бауыры тақыр кедей мен болдым. Бары-жоғы тақымыма басып мінген Тарланкөк пен әжікелер мінгізген торы ат. Азбанға көңіл айтып қайтып барғанда-ақ артымнан Қойыртпақ бар итті абалатып қуа келіп Таубай «қайда кетсе де атты тастап кетсін» деп айтты, соны алуға келдім деді. Қойыртпақ сорлының бастан ардың-күрдің алақөкек екенін білуші едім, «бай не деді?» деген сұрақты қайта қойдым. Қойыртпақ шауып ала жөнелді. Бір кезде шыбын-құйын болып қайта келді.

– Бай басқа ат мінсін, Тарланкөкті Таубай иемденгісі келсе соған берсін деді, – деп солардың айтқанын жеткізгенге әлдеқандай болып ұрты кеуіп тұрды. Сені тапап өтпеске не деп тұрғаны айтпаса да түсінікті

еді. Ердің қанаты ат. Барым да, сүйенерім де, малым да бәрі Тарланкөк болғандықтан бере алмадым. Өмірімнің бәрін сарып қылып, жаңбыр демей, қар демей, ыстық демей, суық демей малын баққанда ақыма бір Тарланкөк тимейтің болса, онда бұл дүниеде тіршілік етіп керегі не? «Жаман адам өз сыбағасына құлдық асады» дегізгім келмеді. Шешемнің есікте ебей болғандығы, малайлығы, ең ақыры шұнақ болған құлағым бәрі есіме түсті. Қалшылдап қайнап кеттім. Ақыл әлдеқайда жоғалып, орнын ақымақ ашу басып барады. Құлағым кесілерде мына Қойыртпақтың да қол жұмсағаны есіме түсіп, тағатым таусыла берді. Сонда да ашуымды басқандай болып, бір рет жай сөйлеуді жөн көрдім:

– Ат берілмейді, бара бер! – дедім. Мені жасымнан білетін Қойыртпақ түсімнің өзгергенін байқады білем, кішкене атының басын ары бұрыңқырап тұрды. Қуса қашуға дайын тұрайын дегендей. Дегенмен бай ауылдың жуындысының дәмі таңдайына қатты татыған ба, әлде ол да өзін бір сынап көргісі келді ме:

– Мені кім деп тұрсың сен? – деп кебінгені. Бастан белгілі сорлының айтаққа абалағанына күлкім келіп, ашуымды ақылға жеңгіздім:

– Оу, Қор-теке (әдейі арасын кере тұрып, бөліп айттым), сені ме, сені кәдімгі мына менің құлағым кесілетін күні Дәуқараның бір мытқығанын көтере алмай, бәрін бұтыңа жіберіп қойған қор болған текешік деп тұрмын. Ашуымды келтірме, мені білуші едің ғой. Тарт көшіңе! Кетесің бе, кетпейсің бе!? – деп тұра ұмтылып едім, атын борбайлап ала жөнелді. Мұның тегін істеліп отырмағанын түсіндім. Әдейі бір шатақ шығару үшін, болмас жекжат сұрайтын ердің артқы қасы екенін білдім. Әйтпесе, былтыр арты күйіп еді, биыл ісі шықты дегісі келмесе, баяғыда тақымынан тартып мініп кеткен Тарланкөкті енді неге сұрасын. Екі атты іңірде көрші қыстақтағы бөлемнің үйіне байлап, өзін солардың көлігімен келіп Қойлыбай үйіне жатып қалдым. Қойлыбай Ұлтарак екеуі соның ауылын шолып, таңертең келуге аттанып кеткен.

Қойлыбайдың төрт қанат үйінің ауасы жетпегендей бастығырылып ояндым. Түсімде мойныма қара жылан орала кетіп, соның басын сығымдап буындырып жатып, өз даусымнан шошып кеттім. Үйдің ішіне жарық түсіп, таң біліне бастапты. Менің даусыммен Дәмет те оянып, «не болдылап» жатыр. Сөйткенше болмай сыртта ат дүбірі естілді де, түсе-түсе қалысқандарды білдім. Басымды көтеріп алдым. Кішкентай үйдің киіз есігін серпе тастап төрт адам кірді. Сыртта да сөйлеп жүргендерді естідім.

– Тұр, – деді шіңкілдеген біреу. Ашық қалған киіз есіктен аппақ болып таң атып келе жатқанын көрдім. Жерде қырбақ қар бар болатын. Жаңа түскен қырбақ та кішкентай кедей қуысына біраз жарық сыйлап тұрса керек-ті.

– Е, немене, жай ма, кімсіңдер? – дедім тұрмай жатып. Әдейі осылай уақытты созбақ болып.

– Құда түсейін деп пе ең? – деді шіңкілдек. Таныс сияқты. Бір жерде көрген адаммы.

– Менен гөрі оған сендер ұқсайсыңдар, – дедім керігіп, болары болды ғой деп.

– Кергіме, – деді ол. Шіңкілдекті таныын дедім, – мені танысын ба, мен Шегіровпын, қашқын неме! – Мәселе айқын бола кетті. Үнемі біздің келуімізді аңдып жүрген екен. Кеше Інжір осыны келе береді дегеннен басқа ештеме айтпап еді. Оны да сыртқа теуіп, сыр бермеген ғой. Мен әуелі сыртқы жейдемді кидім.

– Тез киін, сені әкетеміз, – деді ассессор өзінде қару да, уәкілдік те жоқ болса да. Ондайларда кісі қамайтын уәкілдік болмайтынын Бейсекеңнен естігенбіз. Бейсекең мұның өзін де білетін болып шыққан. Ондайларды тек тыншылыққа пайдаланатынын да айтқан еді, ол кісі.

– Сен кімсің өзі? Неге әкірендейсің? – дедім мен уақыт өткізбек болып, әдейі сөзге келіп, көсілген аяғымды жимаған қалпыммен. Қаруы бар ешкім бар ма екен деп байқап едім, ештеңе көрінбеді. Шегіровпен қатар тұрған бүгін өзін үйіне қонатын ферма менгерушісі Таубай Жаубаев. Жас болса да әкесіне тартып сол кезде-ақ қарны шыға бастаған. Ол Шегіров өндіре алмаса өзін араласармын дегендей, енді бәрі бір ешқайда кете алмайсың деп тоқмейілсігендей. Үй-іші ала көлеңке.

– Кім екенімді көрмеймісің? Сені әкеткелі тұрмын.

– Мен қолбақыр емеспін, қайдағы бір сорлыға ілініп кете баратын. Әкел ордеріңді мені қамайтын болсаң. Әйтпесе тыншымды алма, жарқыным.

– Мынауың заңды біліп қалыпты ғой, – деді ол Таубайға қарап.

– Заң жұрттың бәріне бірдей, – дедім мен Бейсекеңнен үйренгенімді айтып. Үй іші жарық бола бастады. Байқаймын Таубай жарылар шикандай, сыздап терісіне сыймай тұр.

– Киін деген соң киін, – деді Шегіров. Түбінде киінуім керек болған соң асықпай шалбарымды кидім. Еш жақтан қауіп күтіп тұрмаған соң бұлар да асыға қоймады. Әйтпесе былтырғыдай жағдай бола қалса, шорт байланған кендірдей түйін қаттылау болса, Азбанды атандырғандай асығар еді. Әттең деп тұрмын, анау уықтың қарында қыстырулы тұрған бауырдақты қамшыға қол бір тиер ме еді. Ішіне жіңішке майысқақ сым салып өрген қамшымен бір салғанда адамды түсіре беретіндей едім. Орнымнан қозғалмаған күйі етігімді кидім. Қалай-ақ осы ата жаумен айқасатын кез келіп тұр екен деп қоямын ішімнен. Бұл бок қарының ішін тесіп тұрған Тарланкөк қой деймін. Өлмей Тарланкөктің үстіне сені шығармаспын. Қиятын жылқы ма еді, Тарланкөк. Оны тек сойып, не атып алмаса бұларға ұстатпайды да. Тіпті үш-төрт ай бірге жүрген Ұлтаракқа ұстатпайтын. Алдына келсе тістеп, артына келсе теуіп адам

баласын жолатпайтын. Қожбанбет ауылында да оны талай сайыпқыран жігіттер ұстамақ болған. Бірақ ешқайсысына сыр алдырмаған. Бірақ мен қонған жерден аулақ кетпейтін, ұзап жайылмайтын. Нақ осы бір сағатқа дейін оның үстіне шыбын жорғаламаса, менен басқа адам шықпаған-ды.

Таубай ассессорға әлденені сыбырлады. Ол жорғалықтан құр алақан сорлы араға аз да болса уақыт салмай, маған тура қарап аттарың қайда дегенді айтты.

– Есіктің алдында шідерлеулі тұр, – дедім. Шідерлі ат ең ұзап жайылды дегенде дауыс жетерлік жерге барады. Сырттағы біреуге ат іздеу жөнінде бұйрық берілді. Мен орнымнан тұрып, жеңіл жұқа бешпентімді кидім. Күйбеңдеп қамшыға қалай жетердің есебін таппай тұрмын. Ала көбеңде бүрісіп бір бұрышта Дәмет екі баласын құшақтап отыр. Оларда да ес қалмаған, үрпиісіп, біріне бірі қарайды.

– Киін, – деді Шегіров.

– Бас киімді таба алмай тұрмын, – дедім жүкке жақындап. Нақ төрде қамшы. Түрмелі қара елтірі бөркімді ала беріп, қамшыны да жұлып алдым. Бөркімді түсіп қалмастай етіп, баса кидім. Мені жасымнан білетін Таубай іш жиып қалды. Осы арада даладан ат жоқ екені туралы хабар да жетті.

– Ат қайда, көк ат? – дейді Шегіров Тарланкөк деген аузына түспей қалып. Қолыма қамшы тиген соң қорыққанды қойдым.

– Үйде ат болмайтынын білмейтін бе едің?

– Кіммен сөйлесіп тұрғаныңды білесің бе, сен қашқын? – Құдай берген тілді аяйын ба, сұғып алдым.

– Иттің шөкесіндей, шикіл сарымен. – Ол қайнап кетті. Мені ұрмақ болып қамшымен мені салып қалмақ еді. Қамшысын жұлып алдым. Тоқырап қалды да, қайта тілге келді.

– Ат қайда?

– Далада жоқ болса, онда оны сендер құрттындар.

– Ей, Шұнақ, Тарланкөкті бер, әйтпесе айдаласың, – деді Таубай өзім кіріспесем болмас дегендей.

– Атты да береді, өзі де айдалады, – деді Шегіров, жаңағы қамшысынан айрылып қалғанын ұмыта алмай, ыза болып тұр.

– Жүр алдыма түс, – деді Шегіров.

– Батыр қалжындама, – дедім мен күреске дайындалып ыңғайланып, қамшымның сабымен қосып ұстаған өрімін босатып.

– Байландар, – деп ұмтылды Шегіров. Үйдегі төртеу бірдей көктемгі жас тезекке жабысқан қара қоңыздай маған жабыла кетті. Аянбауға бел байлады. Шілтің сары Шегіровты бір теуіп жықтым. Алдында сексеуіл шоғы тұрғандай беттей алмай қалды. Таубайға бастан бір салдым. Беті қан болып құлап түсті. Қазір оң жақ көзінің үсті, маңдайы тыртық. Сол қамшының ізі. Даладан тағы екеу келді. Бәрі де мен танымайтындар. Сабаласып, алысып кеттік.

– Екі балаңды алып далаға шық, – дедім Дәметке. Ол тұра жөнелді. Өзімді де, өзгені де сынамақ болдым. Бұл жолы қол көтере алмас ұры емеспін. Өліспей беріспеуге тырыстым. Олар да аянбады. Мен сабаласып жүріп, қамшымнан айрылып қалдым. Кішкентай үй іші әптер-тәптер. Жұлқыласа жүріп далаға қарай шықтық. «Үйіңе кір, балаларыңмен!» дедім Дәметке. Таң жайылып келеді. Бәріміз қанбыз. Оның кімнен ағып, кімге жұғып жатқаны белгісіз. Ақыры біреуі басымен иегімнің астынан қағып жіберді. Ұшып түстім. Үстіме үшеу-төртеуі міне кетті. Енді амал-айла таба алмайтынымды білген олар, маған атша мініп отырып, азырақ демдерін алды. Сонан соң бір аттың қыл шылбырын шешіп әкеліп мені байлап тастады. Қаңтардың қары етімді қарып барады. Қалай алып жүрудің есебін таба алмай, өңкей салт атты біраз ұйлықты. Өңгерейік десті. Бір атты әкеліп бәрі жабылып аяқ-қолым байлаулы күйінде салбыратып мені артты. Нақ осы кезде ақыр кететін болдым-ау деген ой ішімді өрттей жалап кетті. Ат үстіне артылып тұрып артымнан келген біреуін бар күшімді жинап тұрып теуіп жібердім. Бас-көз аттың екінші жағында. Аяғым салбырап тұрған жақта адамның барын білгенмен қалай тұрғанын қалай білерсің. Дегенмен менің аяғым біреуінің бетіне тиіпті. «Eh-he!» деп ауырсынғанын аңғардым. Аттың бауырынан аяқ-қолымды байластырып тастады.

– Тонын кигізіңдер, айналайын, – деп Дәмет жалынып жүр. Жоқ, оны ешкім тындамайды. Қалай-ақ Ұлтарак кешігіп қалды. Әлде ол сорлы да аяқ-қолы байлауда бара ма екен? Осындай оймен мен су толтырып атқа артқан местей белден аса бердім. Енді мен де бір, жансыз мес те бір. Мес сөйлемейді. Менің тілім бар.

Тарс еткен мылтық дауысы бұл ойымды бұзып жіберді. Бәрі сілтідей тұнды. Тыбыр етпей құлақ тігісті.

– Қимыл еткенің атыласың! – деген Ұлтарактың күмбірлеген, әдемі үнін естідім. «Қапасқа қалдырмас қайран досым, жеткен екенсің-ау» деп босап кеттім. Салбырап бара жатқан басыма, шашыма көз жасым құйылып берді. Бір жақсы жері бұл осалдығымды өзімнен басқа жан сезбеді. Өзің айтшы інім, өз жанын күйттеген адам осынша жауға қарсы тұрар ма еді. Бұған риза болмауға, бұған риза болғандықтан қуаныштан жылап жібермеуге бола ма? Ұлтаракты бір топ сиыр табынына жалғыз шапқан жолбарыспен ғана салыстыруға болар еді, шіркін. Әр қимылына, қылығына сүйсінгенде онашада оны сүймеген әйелдің аузын кесіп тастау керек қой деуші де едім. Мылтық дегенің қиын екенін осы жерде бірінші рет сезіндім. Бірі де қылт ете алмай, қалт тоқтады.

– Шеш Шұнақтың қол-аяғын, – деп бұйырды Таубайға Ұлтарак. Байдың зорға қимылдайтын сорлысы құнжындап жіпті зорға босатты. Қол-аяғым шешілгенде денемнің аман екенін анық білдім.

– Мә, – деп қолыма бір мылтықты ұстата берді Ұлтарак. – Кеше мұны неге тастамай кетті екен деп ойлады. – Қимыл еткенін тартып таста. – Ол аттан қарғып түсті. – Енді бұл елде екеумізге орын жоқ,

қазір кетеміз және үмсімізді алып кетеміз, – деді ол. Мұны естірте қатты айтты.

Ұлтарак не істеу керек екенін айтып тұрды, мен қалт еткізбей бәрін орындадым. Мылтықты жерге қойып іске кірістім. Аналардың мылтыққа ұмтылуға шамасы келмеді.

– Сары күштің екі қолын артына қайырып байла, екі аяғын аттың бауырынан байла. Шылбырын ал, – деді. Жанына барып:

– Кезек келді, бауырым, сен мені айдамақ едің, ал мен сені атамын! – дедім. Қыл шылбырын алып, оң білегінен күрмеп байладым, сонан соң сол білегінен қазықбау шалып, оның үстінен шорт байладым. Әйтпесе қазықбау сыпырылып кетеді. Сонан соң ат үстінде екі қолын айқастырып, тарс байлап, шылбырдың екінші ұшымен екі үзеңгісімен қоса екі аяғын астынан шандып тастадым.

– Тізгінің Таубайдың атының құйысқанына тістестіре күрме, – деді. Оны да Ұлтарак бұйырғандай етіп орындадым. Сонан соң сол әдіспен Таубайды қылшылбырымен матадым. Бәрі тоғыз атты екен. Екі екіден құйысқаннан түйістірген соң, алдыңғы төрт аттың тізгінін қысқа қылып, басы жерге жетпестей етіп байластырдым. Тоғызыншы аттына да бірінің құйысқанына матадым.

– Бәрін қайта қарап шық, байлауың мықты болсын! – деді Ұлтарак. Киімі нашар біреуінің омырауын қымтадым. Таубайдың, Шегіровтің етігін, ішігін шешіп екі нашар киімдіге кигіздім.

– Ойбай, ағатай-ай, біз өлеміз ғой, – деп еңіреп жіберді Шегіров. Шынын айтсам егер мен өзім осы күйге түссем миз бақпас едім. Ез неме екен.

– Сен, бізді семіртуге жібермек пе едің?! Сибирьге айдамақ едің ғой, – деп езу тарттым. – Одан да еркек болуды үйрен, сары балшық. Шешен сені де ұл таптым деп қалжа жеген шығар. Сендер бай, олар кедей. Сендер қалың пұшпақсыңдар. Мықтысыңдар. – Бәрін де қалт дегізбей Ұлтарактың айтуымен істедім. Кедейлердің басына тартса аяғына, аяғына тартса басына жетпейтін шолақ шапанын екі мырзаға жаптым. «Өлерміз» деді білем, жендерін өздері сұғынбақ болды. Бірақ қол байлаулы ғой. Қолдарын шешіп, жыртық шапанды кигізіп алғашқыдай қолды қайта шандыдым. Олар тылтиып-тылтиып, шәнтік қошқардай болып шыға келді. Байлаулы аттың бірі құлап түссе де, шешілмейтін болды. Өйткені өңкей қайыс тізгін қар суымен, суықпен тартыла-тартыла қатып қалатын еді.

– Енді сен барып аттарыңды алып, анау белдің арғы жағында Інжір отыр, соны мінгізіп әкел. Мен мыналарды сонау Тарғаптың желкесіне апарып атамын, сонда кел, – деді.

Әрине оларды атпайтынымыз белгілі еді. Бірақ бір-екі күнге дейін ешкім таба алмайтын етпекпіз. Солай еттік те. Біл астынан Інжірді торыға мінгіздім де, Қойлыбаймен қоштасып үйіне аттандырып Тарғапқа еңкейдім.

Ұлтарак тоғыздың бәрінен «жауап» алып біткен екен. Інжір екеуміз келген соң ол орнынан тұрды да, «айтарың бар ма мыналарға» деді. Мен сөзімді Таубайға арнадым:

– Сен мені өлімге қиып едің, сүтке тойған күшік, мен сенің жаныңды қидым. Есікте жүргеннің бәрі есек деп ойлама! – Артық тілдегім келмеді. Ал Ұлтарак сөзі ащылау естілді:

– Ей, Таубай, шешенді мен алдым. Қарындасыңды бір құлағын берсе де (әзіл-оспағы қалмайды) Абақ қатын етті. Жеңгенді Аман алып қашты. Оны істеген де біз. Жыртық көтен атанған әкең анау, намысың болса өліп кет! Өмір бақи есігінде жүрген кедейге бір қылқұйрықты қимай осынша артына түстің. Өлтіретін қылығың бар еді, сенің арам қаныңмен мынау қасиетті Алатаудың бауырын, Дулағ, Шапыраштының, атам Өтеген-Қазыбектің, Наурызбай, Қарасай батырдың кіндігінің қаны тамған адал жерін былғағымыз келмеді. Ей сары күшік, – деді ол ассессорға қарап, – бұдан былай менімен кездеспеуге тырыс. Сендер, байқұстар, біз сияқты күні үшін қызмет еткен жалшы шығарсыңдар, біраз мұздауға тура келеді. Олай етпеске амал жоқ. Өздерің ойлай жатарсыңдар! Бұдан былай итаршы болмауға тырысыңдар! Адалдықтың, адамдықтың ата қонысы Алатау, сені мына адам киіміндегі, адам суретіндегі қайуандардың қанымен былғамағанымды көр, қуа бол! Ал кеттік, Абақ, тарт! Қош, қасиетті ата қоныс! Сенен кетейік дедік пе, кетірді ғой, мына қанға бөккен қара төбеттер. – Осы Ұлтарактың сөз қай жерінен шығып жатады екен деп таңдандым. Алатауды, аталарымыздың атын атағанда көзімнен жас ытып-ытып кетті. Қалай-ақ тағы да қаңғып кетеміз? Көреміз бе, көрмейміз бе. Ішім әлеп-жалап барады. Жер қызғанышы, жер өкініші! Қайран жер, алтын ұя. Қанша кең болса да үлпек жусаннан салған бозторғай ұясындай жылы, аялы, жұмсақ емес пе, ол!

Інжір тіпті Нұрия сияқты босамады. Әлдеқашан іштей бекінген болса керек. Нақ осы бір сәтте «мына жаққа барамыз» деп Ұлтарак айтпады, «қайда барамыз?» деп мен сұрамадым. Аттың басын жолға салып, артымызға қарағанда тоғыз атты бел астында ескі моладай қарайып, көрініп тұрды. Біз «жігітке сейіл де сейіл, сергелдең де сейіл» деген аталы сөзді паналап аттанып кеттік. Жетісуға таң атып келе жатты.

* * *

– Ал, шырағым, ендігі әңгіменің көбі Жетісуда Совет өкіметін орнатуға байланысты болады. Сондықтан әңгіме Жандосовқа соқпай өтпейді. Қорықсаң үрейінді ұшырмай-ақ қояйын. Онда қазір қош айтсамыз. – Шұнақ шал мұны шын ашуланып, жанын жеп айтты. Ішінен егіліп, сөгіліп тұрғанын тіпті жасырмады. Маңдай терісі тырысып, арқа-басы құрысып шал суырылып шешен сөйлеп кетті: – Қайран Ораз, арттағы ұрпақ менің атымды атауға қорқады деп ойлап па еді. Болашаққа үмітін артқан ол шыбындай жанын шүберекке түйіп Ан-

ненков бандалары арасына екі рет өтіп, астыртын жұмыс жүргізіп еді. Сонда менің атым біреулерге қорқыныш туғызар, жұртқа құбыжық болар деген үш ұйқтаса ойына келді ме екен. Қайран еңіреген ер, дүниеге таң атты, енді менің бетімді көлеңке басар, басыма бұлт орнар дей қойды деймісің. Міне енді ымырт жабылды. Тындаймын десең ертен қонған ауылыңнан осы жерге қайтып кел. Қазір анау ауылға апарып тастаймын.

– Жоқ, мені Таубайдың үйіне апарып тастаңыз, – дедім. Аттанып кеттік. Жолда Шұнақ та, мен де өз ойымызбен болдық. Үн қатысқанымыз жоқ. Жан-жақ тып-тыныш. Әлдеқайда қырғыз елінің үстінде найзағай шақпақ шағады. Бажырайып түстік батыстан Шолпан көріне қалды. Орыстар оны «кешкі жұлдыз» деп бекер айтпағанау. Бірақ қазақтың «таң жұлдызы» деуінің де жаны бар сияқты. Таңның дүниеге жіберген хабаршысындай ол таң ата да көрінеді ғой. Кеште де ерте де көрінетін бұл планета қыс күндері күн ұясына отыра шақырайып батыста тұрады. Ол қыста неғұрлым жоғары тұрса, шаруа баққан қазақ байқұстар оның сұлу бетінен жаманшылық, жұт, зымыстан қыс көреді. Онысы жөнге де келеді. Олар көп нәрсені-ақ осы жұлдыздардың орналасуынан айырады. Мысықтың мияуы, иттің қай жағынан түлеуі, иттің пыскыруы, қай құстың қай уақытта келіп, қай кезде қайтуы, тышқанның көп, аз болуы, кекіліктің балапанды аз, көп шығаруы, қай күні қанатты құмырсқа жаууы – міне, осының бәрі олар үшін табиғаттың тілін адам тіліне тәржімалаушы. Бұл әулиелік немесе еріккендіктен шықпаған. Қазақтың өз жағдайы, шаруасы, күн көрісі үшін сансыз жұлдыздардың шоғыры – шексіз әлемнің сырын ұғынудан туған, соны ғасырлар бойы бақылаған тәжірибенің көп қателеспес көрінісі.

Шұнақ шал – кысық шал. Ол қайта маған тіл қатпады. Оның бұлай етуі бір жағынан дұрыс та сияқты. Әңгіме тыңдағысы келген, оған маңыз берген кісі енді қалғанын өзі іздеуі керек. Мүмкін менің ферма меңгерушісінің үйіне қайта барамын дегенім ұнамай қалды ма екен. Соны ойладым да ойымды аңғарып қалды ма деп шошып кеттім. Әлде кештің қараңғылығының пайдасы ма, әлде маған әдейі-ақ қыр көрсетіп келе ме, шал үндемеді. Мүмкін ферма меңгерушісі демей, Таубай дегенімді арам тұтты ма екен?!

Ферма меңгерушісі едәуір абыржып қалды. Өйткені кеше мұнда он қап ұн түсірілген. Мұның барлығы осындағы малшыларға жіберілгенін әкелген кісі қолындағы накладнойдан көріп алғанмын. Оған қоса қай малшыға қанша ұн берілуі жөніндегі тізім де бар болатын. Кеше ұн келіп түскен соң малшылар әрқайсысы өз сыбағасын, аванс алуға қаптарын көтерісіп, осында келіскен.

– Немене, жандарың шығып бара ма, мына үйдегі үлкен жерден келген адам кетсін де, сонан соң аласыңдар, атау-керелеріңді, – деген ферма меңгерушісі. Кенедей қадалған біреуі тура былай деді:

– Сол кісінің отырғанында алмасақ, ертең сыбағамызға құлдық асармыз. Қазір бересің бе, бермейсің бе, міне безбен. Әйтпесе сол кісіге бәрін айтамыз.

Мен түк сезіп-білмегендей үйде төрде қисайып жаттым. Үйдің сыртында бір еркек әйелге сыбырлағанын, сыр сақтай бермейтін аузы босаң қазақтың өзіне тартқан киіз, кереге маған оны жеткізіп қойды.

– Анау пәледен құтыл, бүлдіріп жүрер. – Ферма меңгерушісі әйеліне айтқан шығар деп ұқтым. Ферма меңгерушісінің пәле деп айтқанындай, жаңағы шынында ақысын жібере, жегізе қоймайтын адам болып шықты. Ол тағы да дау көтерді:

– Осыларыңды қашан қоясыңдар, Совет өкіметінің орнағанына отыз алты жыл болды. Әлі де жеп келе жатырсың, жеп келе жатырсың. Қырық килограмм ұн жазылған екен, соны тегіс аламын. Әйтпесе бергеніңдей отыз килограмм етіп қайта жаз.

– Апыр-ау, Айша, – деді үй иесінің әйелі, – үйде кісі бар, ақырын сөйле.

– Ақырын сөйлемеймін, – деді көкайыл Айша, – үлесімізді толық ала алмайтынымызды ол кісі де естісін. – Сонан соң оларда үн болмады. Шамасы тиістісін алды білем. Айша деген атты қаға берісте қалтамдағы блокнотыма түртіп қойғанмын. Бүгінгі келуім шұнақ шал сөзінен кейін кешегі естігенім тірілгендей болды. Осы ұнның ақыры немен бітті екен деп, соны білуге асықтым. Әрине бұл ойымды шұнақ шалға білгізген жоқпын. Оның ойын білуге асықпадым. Сыр бергім де келмеді. Егер шетін шығарсам, ол шалдың ферма меңгерушісінің ішін жалқыаяқтай ақтаратынына, ішегінің қырындысына дейін білетініне күманым болған жоқ.

Кешегі он қап ұннан әлі жеті қабы бар екен. Қап ұстаған төрт-бес адам есік алдында тұр.

– Кісімен қабаттасып бұл не, күндіз келмедіндер ме? – дейді ферма меңгерушісінің қайрақтай қара қатыны Қатира.

– Малды қоралағанымыз осы ғой, – дейді біреуі. Мен тағы да үйдемін. Жалғызбын. Бұл сыртта не болып жатқанын анық білуге септігін тигізіп тұр.

– Осы үйден ішіп тұрмайсыңдар ма?

– Сонда келген қонағамызға не береміз. Бала-шағамызға тамақ істеп беретін азғантай да болса бірдеме берсеңізші.

– Жарайды, бір он килограмм ұн берейінші саған. Сенің балаларың өз балаларым ғой. – Үлкен адамгершілік жасап, өзінің ұнын қимастықпен беріп тұрғандай болды Қатира. Он килограмм ұн алған кім болды екен? Ішімді тесіп барады. Қап деп отырмын.

– Тұра тұр, бірге кетейік, Қайша, – деді бір әйел. Шамасы он килограмм ұн алған Қайша болды.

– Маған да бір он шақты килограмм ұн бермесең балалардың шайнамы таусылып қалды, шырағым, – деді ер кісі.

– Бір пұт ұн алғаныңызға бір-ақ ай болды ғой, – дейді Қатира. Анау сол үндей алмай тұрып барып міңгір етті:

– Бір ошарым жанбыз ғой.

– Сіз тағы келдіңіз бе, үйде адам барда. – Бұл адамның тоса-тоса шыдамы кеткен болса керек. Шарт кетті:

– Немене ол адам тамақ ішпейтін бітеу ме екен?

Теріс келген тезектей қиғаш келген, тиісе, тигізе келген сөзге іштей сүйсініп отырмын. Сыртта тұрсам да білдірмей, іштей сүйсінер едім. Іштей таразылайтын тілші атаулының әдеті. Не риза, не іреніші білінбеуі керек. Оны қатты ұстанамыз. Баспасөзде жарияланғанша бетіміз белгілі болмауы тиіс. Алдымен істің шетін сезуіміз керек. Қысқасын айтқанда дабыл керек. Енді істің беті айқындалып келеді. Ірі ме, әлде ұсақ па, әйтеуір мұнда бір шатақ бары рас. Енді соны анықтау керек. Мен үйдің ішін көзіммен бір шолып шықтым. Анау жүкте жинаулы тұрған ескі қарасандықтан басқа дүние мәз емес сияқты. Бірақ көрпе-жастық, төсеніш уықтың қарына тіреліп тұр. Шұнақ шал не істеп жүр екен. Әлде мені ферма меңгерушісінің арбауына түсіп қала ма деп қорықты ма екен, неге үндемей кетті? Сырттағы берілгенінен берілмегені көп, дауынан дамайы үлкен ұнның үлесінен оның қандай хабары бар екен. Оған ұн берілді ме екен? Әлде ол да өз үлесін ала алмай, күресуге дәрмен жоқ, іші қазандай қайнап, құса болып жүр ме екен?

Ымырт жабылып, қас қарайғанда барып ферма меңгерушісі әйелімен үйге кірді. Қайрақтай қара қатын Таубайдың жарты жасында сияқты. Мені сөзімен де, ісімен де ішіп-жеп барады. Өзі шалына әбден еркін сияқты. Баласындай әйелге үйленген шалдарды ұрып өлтіру керек-ау деп ойладым. Төрдегі басын есікке сүйреп, енді міне жап-жас келіншек «сен», «сен» дегенде қалай жанына батпайды екен.

– Біраз жалғыз отырып қалдыңыз-ау, сіз мұнда келе қояды деп ойламап едік, – деді Таубай шермиген іші отырғызбай, екі қолымен жер тіреп, түйеше шөкті. – Мал соя алмай қалдық, кеше де, бүгін таңертең де ат пен атан бермесек те, бұйымтайын сұрамадың деп мына жеңген ішкенімді ірің, жегенімді желім қылды. Қайтып келгеніңіз жақсы болды ғой. Жаныңызға бір жөнді адам да қосып бере алмадық. Анау есі ауысқан адам мазаңызды алған жоқ па?

– Жоқ, ол адамды мен мылқау шығар деп ойламадым. Атқа мінгенде тілі бар еді, сонан соң сөйлете алмадым ғой. Өзі сөйлейтін адам ба еді?

– Есі ауысқан адам, сайлауда дауыс бергізуге де болмайды, – деді еріні қаймақтай болып жып-жып етіп Қатира. – Ойбай-ау, қайным, жеңгеңе жеңгелік жаса демедің де, кеше келе салып шалдарша бүктүсіп ұйқтап қалдың. Өзім бірдеме ұйымдастырмасам өзің біліп бір сөз айтар емессің. – Қатира қоңыр-шегір зұлым көздерін ойнақтатып ойнақтатып жіберді. Қайнаң көз талай тантықты тапжылтпай ұстаған болар деп шамалаймын.

– Қайынның жағдайын жеңге біледі ғой, өзің жүргізе бермейсің бе! – деді Таубай ыңқ-ыңқ етіп екі иығынан зорға демалып. Соны айтты да, ол сыртқа шығып кетті. Әйел «қайным тұршы, мына бір қалың көрпені астыңа төсеп берейін» деп жүктен бір көрпені суырып алып төрдің бір жағындағы маған жақындады. Мен тұра бердім. Ол көрпені салып «енді жата беріңіз» деп, қисая берген менің жаныма құлап түсті.

– Үйбай ұят-ай, аяғым тайып кетті-ау, – деп тұра беріп бір жастықты менің басыма жастағансып, шашымды бір сипап өтті. «Я, әуелі қайным екенсің ғой, оны ұмытып барады екенмін, жығылғанда асыла кетсең не етер едім», – деп сықылықтап алды. Күлкісі сынқылдап бөлекше шықты. Түк сезбегендей, түртпесе білмейтін түлейдей бедірейіп жата бердім. Ол қипақтап о жақ, бұ жағыма шығып, одан есікке барып, «үйбай-ау, анау отағасынікі несі, сонау қырға шығып кетіпті ғой, қайнысы мен жеңгесін оңаша қалдырайын дегені ме!?» Ол қайта айналып келіп, етпеттеп ірге жақтан бірдеме алған болып, біраз тырбаңдады. Түк көрмес соқыр, түк білмес түлей болып сайқал қатынның жарқ еткізіп ашып қалған етегін де байқамаған болдым. Қатираға нақ осы қылығымен батып кетті білем, «жігіт болмай жидіп қал» дегенді қабағымен аңғартты, шытынап, шиканының аузы жұлынып кетіп, енді сол удай ашып бара жатқандай беті жылымшы күйге енді.

Әйел кипындап үйден шықпай қойды. Қайта айналып тағы да менің жаныма таман келіп бірдеме демек еді. Үндей алмады. Адамбысың, ағашпысың дегендей мұрны тыжырынып, миығынан жылымсыды. Мен Қатира мен Таубайдың ойы не екенін анық білгім келіп жуғарақпанда үндей қоймадым. Сонда мына әйел күйеуінің көзінше өзін ұсынып тұрғаны мені қатты жиіркендірді. Енді ол бағытын өзгертті. Әлден уақытта сырттан, алыстан жөткірініп Таубай келе жатты. Қатира тағы да сөз бастады:

– Қалада тұратын, жалақыға қараған адамның жайы белгілі ғой, қайным, керегің болса ұялмай-ақ айт. Мал алып кету қолайсыз ғой, көз көп. Қалтада болғанына не жетсін. Сен әңгімелесе тұр Таубай, қайныммен, мен әлгі Бикенді ертіп келейін, маған тамақ істессін, – деп Таубайдың келгенін байқаған болды.

Ұрының қатыны өзіне лайықты дегендей Таубайдың әйелі тым жылпос екені көрініп тұрды. Кейде Таубай сияқтыларды таудай атқа қондыратындар да осындай бит ішіне қан құйған пәлелер. Олар тек баптап тамақ берумен, кісіге мәдениетті қарым-қатынасымен ғана қалмайды, кісілік, жалдаптық сияқты айла-тәсілдің бәрін пайдаланады.

– Рақымет жеңгей, мен бір шай ішейін де демалайын. Қатты шаршап отырмын.

Үйге қайта кірген ферма бастығының да, әйелінің де қабағы түсіп кетті. Екеуі де табанда өзгеріп, қайтадан кешегідей тілқатар ғана қалыпқа келді. Мен төсек салғызып жатып қалдым.

Таңертеңгі шай үстінде де үнсіз болдық. Қатираның кешегі алысқан бала мысықтардай ойнақтап тұрған көзі жоқ. Жарылар, піскен шикандай сыздап отыр. Қимылы да өзге. Кеше орнынан он секундтың ішінде он отырып, он тұрса, бүгін «тұрса отыра алмайтын, отырса тұра алмайтын» болып қалыпты. Ферма меңгерушісінің де бүгін о жер, бұ жері ауырып, дүнидегінің бәрінен күсіп, ыңқыл-сынқылы көбейіпті. Шай ішкенше шаруа бабымен келгендерге «сіркесі су көтермей отырғанын» қайта-қайта ескертті. Кәрі адамның әр жері-ақ ауыра беретінін, әсіресе белі еңкейтпей, қаңқайып қалғанын айта отырды.

– Кешегі екі ат ерттеулі тұр, тілші жолдас, адамды өзіңіз қаласын дедік. – Кешегідей емес, ресми қатқыл сөзге көшіпті.

– Онда кешегі мылқау шал-ақ келсін. Күнде жолдас өзгертпей-ақ қояйын.

Дереу Шұнақ шақырылды. Ол да қамданып-ақ отырған болса керек, әзір бола кетті. Кешегі екі атқа екеуміз қондық.

– Қайда тарттық? – деді Шұнақ түсі жылып, күлімдеп.

– Сіз ықылас білдірсеңіз, дегерес төбеге! – Шал қутындап, ат үстінде көңілденгені белгілі болып, арқасы құнжындап, бар құлағы қимылдап, жоқ құлағының орны жыбырлап кетті. Ақжал шабдар алшаңдай басты. Мен күрең жорғаны тебініп қалдым. Шайқап кетті ол да. Кешегі таныс жолмен тура төбеге тарттық.

– Мен адамды тани білемін, шырағым, – деді шұнақ шал шыға берісте. – Ол көңілденіп қалғанын жасырмады. Бірақ тым лепілдеп кетпеді. Көпті көрген шұнақ құлақ әңгімені, сөзді талғап қабылдайтынын білдірді. Екеуміз кешегідей аттан түскен соң, аттардың ауыздығын алып, тізгінін басына түріп, шылбырын сүйретіп жіберді. Ол кешегідей тастың қуысынан майлы, қоңыр-қызыл торсықты суырып әкелді. Ет те, қымыз да, нан да әзір.

– Әңгімеге кіріспес бұрын қымыз ішіп алалық, – деді ол. Мен қарсы болмадым. Бүгінгі әңгімені неден бастар екенбіз деп ойлады. Жандосовтан шығар.

– Ия, – деді шұнақ шал күлімдеп, – Жандосовтан. Менің сөзім өмір бақи Жандосов. Мені ата ма, қамай ма, оның маған бәрібір. Менің жаным Жандосовтан артық емес, ардақты емес. Жандосов ардақтамаған дүниені ардақтамаймын. Оның ленинизмге берілген жаны сүттен ақ болатын. Кім Жандосовты жәбірлесе, ол ленинизмнің жауы.

Шал көтеріліп, артық сөйлеп кеткен жоқ па деп сынай қарадым. Кім біледі, есі ауысқан адамдар көбіне дұрыс сөйлеп отырып, бір ғана нәрсеге ренжіп, талайынан тас түскендей не бір ғана сөзден көтеріліп бояудай бұзылар еді. Шал менің сынай қарағанымды сезді білем, күлімдеп қойып бір сөз деді:

– Менің ауруым Жандосов, шырағым. Мен ол туралы салқын қандылықпен сөйлей алмаймын. Онымен достығым сонау он жетінші жылдан басталған. Кешегі әңгімеге оралалық. Беріктастан

бері шыға бере тағы да тоқтап артымызға қарадық. Қысқы дала ақ көрпесін қымтай түсіп, суықтан қоңылтақсығандай, ұйқысын, жылы төсегін қимағандай сұлық жатыр. Қаңтардағы Алатау өңірінің жана басталған аязы Жетісудың момын халқынша ашулана алмайды. Таңғы ызғын жел тісі жоқ кемпір аузының от тұтату үшін үрлеген ебедейсіз лебіндей, берекесіз. Алғашқы қар байдың қойшы-қоланға берген ескі көрпесінің жүнінше алашабырланып қалған, қалың жусанның ішіне ойдым-ойдым изен біткен ойыс қоңырқайланып, жыртық көрпенің бүгін-бүгін қалған тысындай. Тоғыз атты көрінбей қалыпты. Ұлтарак та, Инжір де, мен де туған жерді қимай тұрдық. Бір минуттай бірімізге біріміз сөйлеуге сөз таба алмадық. Бәрібір өзіміз туып өскен жерге кимасақ та симайтынымыз белгілі еді. Тыныштықты Ұлтарак бұзды:

– Қимауға бола ма, сыймаған соң. Одан да Инжір тұра тұрсын. Мына құнсыз иттермен анау мылтық аузына байланған сорлы кедейлер қоса өледі ғой. Соларға екеуміз барып келелік, – деді Ұлтарак шаба жөнелді. Мен де қырбақ қарды боратып оның артынан жеттім. Біз жетер жетпестен Шегіров зарлап жүріп берді:

– Ей, ағатайлар, біз өлеміз ғой. Менің бар малымды, дүниемді алындар, өзімді босатындар! Өлсем ұмытпайын.

– Кедейге дүниенің керегі жоқ, мырза. Ол сендердің дүние-мүлкіңді көбейту үшін жаралған. Бізге тірінде, тіршілігінде ұмытпағаның да жетеді. Ұмытпайтын боласың. Бәрінің қолын қайта қарап шығамыз, Абақ. Сыңар құлағыңа абай бол! Қолы байлаулы болғанымен бай ұлының аузы байлаусыз. Жеп үйренген ауыз ғой, кім біледі, тістеп жұлып алмасын. Жасынан құлақ құнтып үйренген бағыр ғой, – дейді Ұлтарак. Оның қалжыңы қайсы, шыны қайсы, кейде айыра алмай қаласың және жеңіл әзілін бір тыймайды. Қолдарын әбден шиелеп тастау бұйырылды маған. Ұлтарак алшаң басып Таубайдың ішігін, етігін кигізген кедейге жақындап барды. Мен Шегіровтың, Таубайдың қолын әбден тас қылып матап тастадым. Бәрі де мықты екеніне көзім жетті. Ұлтарак соңғы аттағыға:

– Түн ортасында, – деді. Мен кедейдің қолының бос екенін аңғардым. Бірақ басқа сегіз аттыға сыр бермеу үшін қыңқ демедім. Сөйтіп аттарымызға мініп Инжірге дейін шыбын-құйын болып шаба жөнелдік. Көрдің бе, шырағым. Ол қазір-ақ анау сегіздің қол-аяғын шешеді, сонан соң артымыздан қуғын салады деген ой бізде мүлде жоқ. Ең болмаса бұрыннан таныс, сырлескі адам болса екен. Осы күнгі көзқараспен қарағанда мұны не деп ұғуға болар еді? Ақымдық па? Аңғырттық па, әлде ақкөңілдік пе? Осы кезде ойласам мұның не екенін өзім түсіне алмаймын. Мына қызықты қараңыз. Кейін білсек олар сол күні кешке дейін сандалып, сол бір орыннан алыстай алмай, матастырылған жылқының бірі бастап кете алмай ұйлығып тұра берген. Жарым түн болғанда екі мырзадан әл қашқан. Тағы біраз уақыт өткенде әлгі қойшы:

– Е, құдай, жігіттер мен бір қолымды босаттым, – деген.

– О ағатай-ай, құдай бізді өлуге жаратпаған екен!

– Ия, әруақ!

– Екінші қолыңды шешуге тырыс! – деген сияқты мұздап қиюы қашқан ауыздан неше түрлі сөз қаптап, бәрінің назары соңғы аттыға ауған. Бәрі де енесінен бірнеше күн бөлініп, енді жамыраған қозыша маңырап жүріп берген. Арада тағы да бие сауым уақыт өткенде анау «екінші қолымды да босаттым» деген. Сөйтіп бос тұрған қол-аяғын бір тәулікке таман уақытта әрең «шешіп» болып, енді басқаларды шешуге кіріскен. Алдымен түкке шамасы келмейтін, шикіл сары беті үсініп, ісініп кеткен Шегіровты шешкен. Оның ешкімді босатуға мұршасы болмайтынын білген. Сөйтіп Таубайды, сонан соң басқаларын. Шамасы кеткен, аузы сөйлеуге, аяғы қимылға келмеген екі мырзаны аттың бір жағына мінгізсе, су құйған қарындай былқылдап, екінші жағына ауып түсе берген. Сонымен оларды алып жүре алмай, тастап та кете алмай әбден қиналып, ит әуреге түскен. Әйтеуір өздері кеше Қойлыбай үйіне шабуыл жасайтын кезде ғана атқа қонған. Сөлбіреп аппақ таң атқанда шұбатылып Жаубай ауылына жеткен. Кедей жігіттің аты Еспер екен, кейін оның колхоз құрылысының белгілі қайраткері болғанын айтып беремін.

– Одан да кешіктіретін едім, – дейтін Еспер күліп, – анау екі мырза өлетін болды. Сонан соң өлімін өңкей кедей сорлы – бізден көрер дедім. Сонда Еспердікі не деп ойлайсың? Момындық па, әлде уәдеде тұрғыштық па? Танымайтын, оның үстіне өзіне жаулық жасап, аяқ-қолын қыстың көзі қырауда матап, бәріне қидым деп бара жатқан адамның айтқанын қалай бұлжытпай атқарған. Шырағым бұл жерде іштей ұғысқан сыр жатыр. Ең алдымен сырын іштеп, түрін түстеп, білмесе де ол адам деп сенім білдірген соң жанын шыдатпаған шымшыма аязға қарысып тұрған. Оның үстіне көкірегінде иненің жасуындай сәулесі бар адам «апыр-ау елден ерек бұл маған неліктен жібіді» деп ойламас па? Екі қошқардың мол пішілген ішігін, былғары етігін арық тоқтыдай екі кедейге кигізгені несі деп те білмей ме? Міне осы жайлар кедейдің намысының, өрде өрісінің, ойда суатының бірін білгізген.

Қонарын сай, ұшарын жел білген біз де бір қаңбақ болдық. Тоғызды қайта матап болған соң Інжірге қарай аяндап келе жаттық. Қайда асықпақпыз. Барар жеріміз белгісіз. «Бөдененің үйі жоқ, қайда барса бытпылдық» дегендей, елімізден, жерімізден кеткен соң басқаның бәрі бір емес пе? Мен енді таудың тағысы не, батпақтың бұланы не, қайсысыда қаңғып жүрген сорлы емес пе деп келе жаттым. Ұлтараққа салсаң ол ертең осы уақытқа дейін бір жақ ашпауға бар адам. Ақыры шыдай алмай:

– Енді қайда тарттық? – дедім.

– Інжірге, – деді Ұлтарақ. Не қалжың, не шыны екенін ажырата алмайсың. Шамасы ол да қайда барып сиярымызды білмей дал болып келе жатса керек. Мен бетіне ажырая қарап едім, ол да маған бажырая

қарады. Екеуіміз де ақыры күлген болдық. Бұл шынымен күлкі ме, әлде ішті жыбырлатып, жылатып бара жатқан көк жөтел ме? «Ит болдырса желеді, адам болдырса күледі» деген осы дағы. Әйтпесе қытқатаса да күлетін шақ па еді, бұл? Барар жер басар тау қайсы? Кімді паналап, кімге қонып, қандай үлкен ауызға ұрынып кетеріміз белгісіз. Ұлтарақты қайдам, мен өзімді айдаһар аузына еріксіз кетіп бара жатқан сұр қояндай сезіндім. Бір көзге көрінбейтін аждаһа аузын ашып, ішіне жұтқан лебімен бізді өзіне тартып бара жатқандай. Ол аждаһаң түпсіз, тұңғыық дүние еді. «Бидайдың барар жері диірмен» екенінің анықтығындай атты қамшылап, тебініп-ақ келеміз. Сараның Жиенқұлды сыртынан мақтап «көріңсін Біржан салға ай секілді, ақ құйрық көңіл ашар шай секілді» дегеніндей Інжірге жаркылдап көрінбекпіз. Сырт бүтін, іш түтін.

Інжір байдың сал бөксе, кеш бата жатып, түс ауа оянатын нақ сүйер тоқалы сықылды емес, кәдімгі ер етігімен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен замандағы ат үстінде күн көрген кедейдің майлық, сулыққа бірдей көнбіс, мыңтөкім әйелі сияқты. Аз тұрса да атым шалып тұрсын деп, ауыздығын алып, жерге түсіп шылбырынан ұстап тұр. Жетектегі менің торымның да оттап тұрғанын көрдім. Майға бөккен тоқал басқа түскен пақырлыққа көне алмай жылап-сықтады ма екен деген арам оймен бет-жүзіне көз қиығымды тастап едім, таңертенгі шақтағы жеңіл аяз сорған беті алаулап, әлемді жалынымен шарпыған күндей күлімдеп тұр. Біз жетуімізбен ол атының ауыздығын салып, мініп алды. Жусанды жердегі етігіне жабысқан қырбақ қарды қамшысын екі бүктеп ұрып-ұрып түсірді. Сөйтіп ат үстінде бұйрық күтіп тұр.

– Тарт Інжір Алматыға. Абақтың ағасының үйіне. – Інжір атын бұра берді. Алматының қай жақта екенін білмейтін етекбасты әйел қалай қарай жүреміз демейді. Менің ағамның жоқ екенін біледі. Тәуекел екенін іштей түсінеді. Әйтеуір бетіміз күн шығыс. Сонымен байдың әспеттеген тоқалы балпиған байды Ұлтарақ құлға айырбастап жолға түсті.

Тарланкөк бұл кезде алшаңдай басатын жер танитын, көшелі жылқы болған. Пысқырып келеді. Жол ұзақ болады деп шамаладым. Үшеуімізде үш ат, жетегімізде торы ат. Кәдімгі әйелін төркіндетіп бара жатқан адамдарға ұқсаймыз. Ат басын Ақсеңгірге асып түсу үшін Дегерес сілемнің етегін ала күн шығысқа бет түзедік. «Бозжорға» жолын жағалап келдік те төмендей салдық. Аттар мықты болған соң ба, әлде әрқайсымыз өз ойымызбен болып білмей қалдық па, Тарғап өтіп, Самсыға тез-ақ жеттік. Таныс жерлер. Жазда Ұлтарақ, Қойлыбай үшеуіміз анау жардан тас жолға тура шауып шығып, телеграф бағанасына ұмтылып едік. Сондағы телеграфтың қалқайған кішкентай ақ шынысын ұрып түсіруге батпай ұйлыққанымыз есіме түсіп күліп жібере жаздадым. Апыр-ай, қараңғылық-ақ, қарағай бағананың жанына келіп оған қолымыз тигенде тура Николайға қол тигізгендей болдық қой. Енді міне ол күлкі сияқты. Маркс айтқан екен, адам өткен өмірімен күле

коштасады деп. Рас-ақ қой. Жас кезде істеген ақылдылық істерің кейін күлкі келтіретіні белгілі. Ақылдылық ісіңнің ақымақтық екеніне кейін көзің жетеді. Күлкің келеді. Ұяласың. – Мына шалдың сағат сайын өзгеріп бара жатқанына таңданамын. Тіпті мынадай бір алыс ауылдағы мыжырайған шалды Маркстің атын біледі деп ойласаң да одан цитата келтіреді деп ойлармысың. Мыжырайған Орал тауының қойны толған кен екені сияқты болған жоқ па, бұл. Япыр-ай адамды сыртқы пішініне қарап бағалау көп қатеге ұрындырады-ау.

Мал баққан, жай жатқан ел әлі тұра қоймапты, – деді шұнақ шал. – Жаз бойы дүрлігіп, олай үркіп, былай үркіп тыныш таппаған ел маған таң ата жатып қатты ұйқтап кеткендей көрінді. Тіпті қазақ ауылында әр түгіннен екіден үретін ит те бүгін мыңқ етпей қалыпты. Байдың қатынын алып қашып бара жатқан кедей байқұстарға болысайын, жұрттың көңілін аудармайын деген секілді. Кейбір ерте тұрып су әкелетін әйелдер болмаса Самсыда біз ешкімнің көзіне түсе қоймадық. Көзге түскенде ол кездегі қой аузынан шөп алмас момын қазақ тіпті біздің жүрісіміз қанша суыт болса да, маңыз бере қоймас еді. Самсыдан шыға тағы төмендеп, қырқалатып, Төрелдіні басып, тура Добаның иінінен шықтық. Шырағым, Ақсеңгір жатақ ел. Онда мындай түгін барын кеше айтқан едім ғой. Бау-бақша егіліп, егін салатын отырықшы халық «тары көжені қатықсыз деме» дейтін кедейлеу. Дода иіні дейтін жер кемерленіп келетін, бір әдемі қойнау. Сол иіннің өрлеп барып өзенге жақындаған жерінде атақты Байсейіт батырдың бейіті болатын. Оны да Ұлтарак білетін болып шықты. Байсейіт батыр бүкіл Ботпай отаулының туы. Руы Шағатай. Сегіз жүз алпыс төртінші жылы орыс әскерлерімен бірге Қокан хандығына қарсы күрескен. Сол жолы белінен жараланып, оқ омыртқада қалып қойған екен. Жүз отыз алты жас жасап тоғыз жүз оныншы жылы өлген Құртқа тәуіптің ол кезде тоқсанға келген кезі екен. Ақыры болмай отырып тәуіпке жарасын ашқызған. «Оқ алынса өлесің» деген Құртқа. Байсейіт болмаған. Ақыры оқ алынған. Байсейіт содан дүние салған. Бұған дейін де ол Сұраншы батырмен Қокан уәтемдігіне бірнеше рет қарсы соғыс ашқан. Иінді өрлеп тұмсыққа келгенде «аттарыңнан түсіңдер» деген Ұлтарактың даусы үрейлі, ақырын, сыбырлап естілді. Бірдеме болып қалғандай Інжір екеуміз домалай түстік.

– Жетектеп жүріңдер аттарыңды! – деді Ұлтарак. Молаға келе жатқанымызды аңғардық. – Тізелеріңді бүгіндер!

Тізерлеп отырдық. Қаншасын, қандайын оқығанын білмеймін, әйтеуір Байсейіттің әруағын Ұлтарак риза етіп, атқа бұттымызды арттық. Сол кезде балалығым ба, әлде басы піспеген шалалығым ба, егер өлгендердің әруағы бізді тірі зұлымдардан қорғайтын болса, онда ол оңай болды деп ойлады. Немене, аттан түсеміз де, тізе бүгеміз, Ұлтарак аузын жыбырлатады, қайта атқа қонып кете барамыз, әруақ бізге риза, бізді қорғап-қоршап, желеп-жебеп жүреді. Көмек беретін тірі

дөйлер сияқты олар бізге ат мінгіз, шапан кигіз демейді, бәлсінбейді, томпайып топырақтың астында жата береді, бәрі оп-оңай.

Байсейіт батырды құран оқып көңілін аулаған соң (оның көңілін бе, әлде өз көңілімізді ме) атқа мініп Ақсеңгір өзенін сол мола тұсынан кесіп өттік. Су мол екен, аттың жалпақ тізесінен келді. Ақсеңгір өзенінің оң жақ бойында ол кездері көше болып салынған қазақ ауылы бар. Оны Сиыршы сіләні дейді. Мұнда барлық қазақ ауылында кездесе бермейтін алма, өрік, алмұрт, нәк, долана, алқоры, шабдалы барлығы өсетін. Сол кезде жұрттың айтуынша осы Ақсеңгір аймағы осыдан үш жүз жыл шамасы бұрын Ботпай әулетінің мәуелі қорығы екен. Одан жеті тоған шығады екен. Содан керуенмен өрік-мейіз артып Бұқардан келген бір саудагер осы жерде бағасы болмай, мұнда бір түнде бірнеше жерден өрт салған екен деседі. Өрт Ақсеңгірдің сол жағындағы бақты тегіс алыпты да, осы Сиыршы сіләні төңірегі ішінара жаныпты. Мынау мәуе сол заманнан бері осы аймаққа мұра болып қалыпты.

– Осы жерден бір жол сұрап алалық, – деді Ұлтарак. Ең басқы үйге бұрылды. «Кім бар-ау?» деген дауысқа орта жасар еркек шығып хабарласты.

– Жол болсын!

– Әлей болсын! Аққабақта әйелімнің төркіні бар еді, соған кетіп бара жатыр едік. Жол сұрап алалық дедік. – Жетекте атымыз бар. Төркіндейтін әйел апару үшін емес, алып қайту үшін барады. Қазақ әйелі үш рет төркіндеуге хақы бар. Бірақ үш рет төркіндеуі түгіл, әке үйінің босағасын аттап шыққан соң әке-шеше өліміне де ат ізін сала алмаған, төркінін тек аңсаумен өткен қазақ әйелі қаншама?! Бұл жағына келгенде біз әйелін төркіндете бара жатқан адамға емес, төркіндеп, төркінінен қалап алған малын жетектеп қайтқан адамдарға ұқсайтын едік.

– Анау иіннен Жаңғызаяқ деген жол басталады. Сол Аққабақ түгіл Алматыға да алып барады.

Ішім қылп ете түсті. Мынау бит ішіне қан құйған бір пәле болып жүрмесін. Біздің Алматыға тартқанымызды біліп тұрмасын, кім біліпті. Ол әйелінді әкелген жерінді білмейсің бе демейді. Өйткені жылдың төрт мезгілін төрт жерде өткізетін қазақ бірінің сырын бірі біледі. Көктемде үйленген кісі қайынының қай төбені жайлап, қай қобыны күздейтінін білмеуі әбден ықтимал.

– Жол жүріп барады екенсіздер, мұздаған шығарсыздар, түсіп тамақ ішіп аттаныңыздар! – деп бәйек болды. Рақымет айтып тоқтамай тартпақпыз.

– Аққабаққа жете қонғымыз келіп тұр. Рахмет! – дейді Ұлтарак.

– Япырмай дайын мал да тұр еді, қонаққа қаратып отыр едік, – дейді үй иесі. Шіркін біздің халқымыздың осы бір дәстүрі қызық-ақ. Үйіне кім келсе ол келсін, әйтеуір қонақ келсе болды, қойын сойып, қолын қусырып, құлдық асып тұрмақ. Қайдан келгенінде, кім келгенінде, төре ме, қара ма жұмысы жоқ, сонымен сұқбаттасып, танымаса да

бала-шағасының амандығын біліп, дәм татқызып, барын аузына ұстап, қызмет етіп қалмақ. – Қап біздің қатын да бүгін бір кісі келсе деп тұрып еді орнынан, – деп қынжылды үй иесі. Әншейінде болса отырып, тіпті қона жатып аттанбас па едік. Қонақасымызды тастап бара жатқанымыз өзіміздің де жанымызды жеп тұр. Ырысымыз қалып бара жатқандай көреміз. Сен шырағым, білесің бе, сенің басың жас қой. Қандай бір үйренбес жамандыққа да көнуге болады, қандай бір адамның асқан барахатты шағын да көксемеге болады. Бұл жағына келгенде біздің халқымыз «үш күннен кейін көрге де үйренеді» деп әбден дұрыс айтқан. Мысалы бүкіл ауыл болып аяқ-табақ араласып, барын бөліп ішетін қазақ өмірінен біз де бір үйге кіріп, бір үйден шығатын қаланың қатыгез салтына бой ұсындық. Сиыршы үйінен қонақасы жемей кету біздің өмір өзгерісіне салған алғашқы қадамымыз болды. Қонақасыға қарамағанымызбен түсіп, бір-бір дәспен аяқ айранды тартып-тартып жібердік. Түспесімізге үй иесі қоймады. Қарызға алғанын беретіндей қиылып тұрып алды.

– Жолдарыңның боларына жақсы, шырақтарым, – дейді ол. Өзіміз де шынымен осы үйден дәм татпай кетсек жолымызға жуа бітердей көріп тұрған едік. «Молданы жықпаспа, ауызына тықпас па» дегенді білуші ме едің? Аштан өліп бара жатқан бір молда жаманшылықта қолға түскен шошқа етін жемей отырған ғой. Аштан өлейін деп тұрғандар бәлсініп қайтсін, жұтқан жұтамас деп соға бастаған. өздері жеген де, бұлар «молдаеке жесеңіші» дегеннен артыққа бармаған. Аузының суы құрыған сорлы молда бір кезде шыдай алмай жоғарыдағыны айтқан ғой. «Ә, ендеше мінеки» деп жігіттер молданың аузына доңыз майын тыққан деседі. Сондай-ақ біз де өзіміз де қарадай жапырылып түсе қалып, өз көңілімізді демдеп аттандық. Кім біледі, ол үйден татпаған дәм Жаңғызаяқтың елсіз жолында атымыздың аяғынан алып жүрсе пәле емес пе!

Шұнақ шалдың аяқ астынан түсі бұзылып кетті. Шұнақ құлағының орны жыбырлап, көлкілденкіреген көз алды тартып, бетіне жылдар салған жылғалар атыздай айғыздалып көрінді. Бетіндегі сызықтарды мен бірі Жаубайдың, бірі Даубайдың, енді болғандары Таубайдың іздеріндей көрдім. Бір кезде бала Абақты сабаған Таубайлар бұл бір соғыстан ел есеңгіреп, шаруашылығы шатқаяқтап шыққан шақта оның бетін тілгілеп жатқандай көрініп кетті. Бұл шұнақ шалды екіесті деп жүргендер осындай бір жан күйзелісін, іштей толғанып, ашынып, аңғырт болса да азаптан ашық кеткен сәттерін айтағын болар. Есті мен есердің айырмасы екі дем. Шын ақылдылықтың арты қайғы болады. Өйткені тым ой тұңғығына терең сүңгіген адам өкпесі ауаға екі толып басылғанша естен танып, танып кетсе керек-ті. Ақылдың ауыр жүгін жүйке көтере алмай кетсе, екі дем тартқанда дүние дәрежесінің естілер тұрған сатысынан сырғып ессіздер құлап жатқан орға жығылмасқа не? Кейде ақыл жүйкені, жүйке денені бітеудей мұжыса, сары уәйім осы

заманның тажалы – үш әріпті ауруға ұрындырып, пәлегінен жұлынған, әлде қазанның қара дауылы соққан қауындай қалт қалмасқа не? Мүмкін ондай суда қалып кеткен қайыс етіктей дүние құрысқан заматта осы бір шұнақ шалдың да шалдықпағанын, шалықтамағанын кім білсін.

– Сен қарағым менің қазіргі сәттегі бояудай бұзылған қас қағым шағымды есеңгірегендік деп жорыма. Өмірдің соқпағы салған ізден түсім төртеу болғанмен есім екеу емес, біреу. Тіпті ол кейбір асы алдында, асасы қолында, өкімдігі, өкіметтігі барлардікінен мысқал артық болмаса да зәредей кем емес те болуы ықтимал. Бұл от басындағы көсеу шалдың мақтаны емес, көсем шалдың көлгірлігі де емес. Туғаннан қолынан қарын, медет, азғантай ақылын ғана мият тұтқан шұнақ шалдың шыны, бірін айтам деп бәрін айтатын жаманның сыры, жаман да болса адамның сыры. – Шал Саршыбыр үстіндегі Ханай биігіне қайта көз тастады. Шамасы тұяғы тұқылданып, қанаты қақыраған, бір кезде ақиық болған досын іздеп отырды. Қабағы қатқылданып, көк тамыры көрінген тарамысты қолымен маңдайын ысып-ысып жіберді. Бірақ бүркіт бүгін әлі ертерек пе, көріне қоймады. Ол тостағандағы қымызын түгел көтеріп тастады. Бір сәт шымырқанып, қымыз дәміне сүйсінгендік көрсетті.

– Шіркін дертке дауа сары қымыз! – деп ол ажырая маған бір қарап қайта сөйлеп кетті. – Мен бояудай бұзыламын. Бірақ әркез оны ақылға жеңгіземін. Өйткені болашаққа сенемін. Өйткені бүгін болмаса шындық ертең қап түбінде жатпайтын асыл кездіктей тесіп шығар деймін. Өйтпесе кей кейде осы зау аспан астында бір жұтым дәмге оттегі қалмағандай көремін. Дүние көңірсінген көмір қышқыл газындай мені қыса түскендей боламын. Коммунистік идея бәрін жеңер деймін, шындықтың жеңгенін көргім келеді, бірақ мен күткен күн ұзап бара жатқаны есіме түскенде құйқам құрысып, кейде ұрысып, тарынып кетемін. Тарынатын оқиғаның куәсі болдым ғой, мен, шырағым. Мына алдыңдағы қымызды сіміріп салшы, сонда кішкене жадырайсың.

Бұрнағы күні кеш алдында осында келіп отырып, ымырт жабылғанда қайттым. Сонда ойлап едім, ең болмаса сөзімді тыңдайтын да адам қалмай бара жатыр ма, қалай деп. Өйткені шырағым жаныңды ашып тастап, ықпасыз, бүкпесіз, шімірікпей, шымқанбай ішінді ақтарып әңгімелескенге не жетсін. Біз әйелдерді аузына сөз тұрмайды деп айыптаймыз. Мүмкін ол әйелдердің бізден артықшылығы шығар деп шамалаймын. Шынында да ол еркек сорлылардың маңдайына жазылмаған, бұйырмаған жақсылық. Әйелдер сол ойын сыртқа шығару арқылы ішіндегісінің бәрінен тазарады. Ішіндегісін жалқаяқтай ақтарып тастап, көзінің жасын екі сығып алғанда әйелдің бар құсасы кетіп, әлдеқайда жеңілейіп қалғанын байқайды. Бұл жағынан келгенде еркектер сыр сақтаған болып, шыдамдылық көрсеткен болып, ішінен бор болып егіліп біткенін білмей қалады. Е, шырағым-ай, дүниенің ылдиы мен өрінің көбі-ай, десеңші! Таз таулардағы қожыр тастар сияқты қу өмір ұзақ

жолда сүріндірмей қояр ма?! Не асыл азаматтың, не бір жаңғыздың, не бір жанпоздың дүниеден кеткені еске түскенде бояудай бұзылмай тұрармысың!?

Жаңа менің мінезімнің өзгергенін, түсімнің құбылғанын байқадың. Бүгін бір досымның дүниеден қайтқан күні еді. Дүниеден қайтқан демей не дейін, осы күні ол тұтқындалды да, қайтіп өзі орнатысқан Совет өкіметінің жақсылығын көре алмады. Ораз Жандосов еді ол. Жаңа сол есіме түсіп кеткені. Кейде осындай бір жадында сақталған саналылықтың жылтын айналаңа айтар болсаң, сен жынды болып шығасың. Нақ бүгін отыз бірінші июль күні ұсталып еді, ол. Соңғы күндері, оның ұсталған уақыты жақындағаннан бері ұйқым қашып, әділеті жоқ осы дүниені әптерлер ме еді деп тарынып жүр едім. Бүгін оған нақ байланысты күнде ішімнен шерімді шығаруға мұрсат тапқаным да жаңа шүкіршілік еттім. Мұның өзі маған бір жақсылықтың нышанындай сезіліп отыр. Әйтеуір інім, менің жүрегім бір қуаныштың жақын екенін сезгендей болады. Кейде өзінен өзі тулағанда ол жақсылық міне-міне келіп қалады деп күтемін. Мүмкін ол, інім, менің сөзімді сенің құлақ қойып тыңдауыңнан болар. Дегенмен менің ағзам әлде қайдан бір қуаныш күтетіндей. Тіпті сенің осында келуің, менің он алты жыл адамның құлағына тигізе алмаған әңгімемді естуің сол бір жақсылықтың қарлығашындай көрініп кетеді.

Енді інім, әлгі әңгімемді жалғастырайын. Сиыршы сіләннен айран ішіп, жолымыздың боларына көзімізді жеткізіп алған соң Жаңғызаяққа түсіп Алматы қайдасың деп тартып отырдық. Сол күні қыстың тоқты тоймас, шөміш кетпес қысқа күні Ақсайға жеткенде-ақ батып кетіп, сонда қонып, Алматыға ертеңіне түске таман жеттік.

Мен бұрын үлкен қаланы көрген емен. Менің көргенімнің үлкені Ұзынағаш. Сол Ұзынағашты көргенде-ақ аузымды ашып, көзімді жұмғанмын. Ұлтарак ол бала кезінде нағашысына бара жатып, кейін есейген соң сәрсенбі базарға қой айдаса келіп бір-ер рет болған екен. Бірақ оның да білетіні, танитыны жоқ. Әйтеуір Шапырышты, Дулаттың бірі екі-үш күн сая берер дейтін болса керек. Бірімізге біріміз сыр бергіміз келмейді. Тіпті Інжір Ұлтарак екеуімізден де мықты сияқты.

– Ағаңның үйі қаланың қай жағында тұрушы еді? – дейді маған Ұлтарак атын тебіне түсіп.

– Келмегеніне көп болған ғой, ұмытып қалған шығар, – деп жауап береді Інжір. Ой сайқымазақтар-ай, бірінен бірі өтеді.

– Жеңгем төркініне кеткен екен, ағама ас қылып берер ешкім болмай отырған көрінеді. Кейін барармыз, – деймін мен. Анау екеуі сақылдап тұрып күледі. Арсыз күлкі. Барар жер, басар тау жоқ. Біз де бір ебелек те бір. Сонда да күлкіміз келеді.

– Сұлтанға бұрылмай-ақ, тура қаланың өзіне тарталық, – деді Ұлтарак күлкісін тыйып.

– Немене, онда сенің қайның тұрушы ма еді!? – деп Інжір бізді тағы күлдірді. Сөйтіп қаланың батыс жақ шетінен кірдік. Ол кезде Алматы енді ойласам кішкентай қазан шұңқырдың ішіне сыып тұр екен. Қазіргі селолардың біріндей-ақ екен ғой. Ауылдан аттап шықпаған, төріне төрт кісі, есігіне екі кісі отырмаған шұнақ кедейге оның сол кездегі көрінісін, әсерін айтпа! Қарамоладан өте беріп ат үстінде бара жатып «қияметқайым жақын, жарықтықтар» дедік. Ауылдағы шала молдалардан үйренгеніміз. Әлде қалай топан су жүреді дейтін ауылда Жұмасай деген дүмше молда. Сол тартыла бере жер астын-үстін болып, аспаннан Иса түседі, жерден Мәді шығады. Өйткені исламды білемін дейтіндердің айтуына қарағанда Иса кәпірлер қауымынан түтіндік арқылы қашып шыққанда, содан аспанға ұшып кеткен. Ал Мәді қазіреті Ғалидың он сегіз ұлының кішісі. Яғни кәпір елінде Дарихадан туып, әкесін көрмей өскені. Діни қиссалардың айтуынша ер жетіп, етек жауып, ат жалын тартып мінген Мәді әкесін іздеп елінен шығады. Ол бір жерде балаларын күрестіріп жатқан бір кісіге жолығады. Балалардың күресін көріп әбден қызынған Мәді «ата, маған да күресуге бола ма?» дейді. Сонан соң Мәді әлгі топты баланың бәрін жығады. Он жеті ұлы түгел жығылған кісі қатты ашуланып, өзі күресуге көңіл білдіреді. «Күш атасын танымас» дегендей он жетінің бәрін сыпыра жыққан келімсек палуан «еңе» дейді. Шалдың белінен ұстай беріп бала жүрексіне тұрып, құдайына, ата-бабасының әруағына сыйынады. Бәрін тізіп айтып келген ұл ақырында «әкем қазіреті Ғали, шешем Дариха қолда» дейді. Оны естіп қалған үлкен кісі қолын босатып «әкең қазіреті Ғали мен» дегенді білдіреді. Сол кезде бала әкеме қолым тиді деп каша жөнеледі. Қазіреті Ғали дүлдүліне міне қуады. Дүлдүл ақыры қоймас болған шақта бала әкесінен ұялып «жарыл қара жер, тарт қара жер!» дейді. Қара жер қақ айырылып, Мәді жердің жарығына түсіп жоқ болады. Сол Мәді қияметқайым болғанда жерден шығады дейді. Сонда өлгендердің бәрі тіріледі. Аттың әр басқан тұяғының ізінен мың-мыңдаған адам өріп шығады-мыс. Сондықтан моланың жанынан өтіп бара жатқанда өліктерге «қияметқайым жақын» десең қуанып қалатын болса керек. Біз де «қара молада» жатқан қазақтарды қуантып өте бердік. Албан Райымбек батырдың моласына тәуап еттік. Қазақтарды дегенім бұл шынында өте үлкен мола болған. Оған тек қазақтар қойылатын. Ол кезде ұйғыр, дүнгандардың Қазақ жеріне келгеніне әлі қырық жыл да толмаған еді ғой. Олар алғаш сексенінші жылдары келе бастаған ғой. Сондықтан олар өліктерін қазақтың бала туған «қарамоласына» қоюға бата алмайтын. Оның үстіне «қарамола» аталған себебі бар. Жетісу қазағы шама-сы келсе өлігін осында жеткізетін болған. О жағы мен бұ жағы құнан бәйгесі берілетіндей жерді алып жатқан мола әр адам бойындай жері онбес-жиырма мәртемен қазылған болса керек-ті.

Шырағым, – деді Шұнақ шал маған күле қарап. – Біз бүгін өзімізді ақылды санаймыз да, бұрынғылардың бәрін сауатсыз, түк білмейтін

мылқау деп қараймыз. Тіпті мен олай деп айта алмас едім. Кез-келген жерді мола жасамай, бір айналаны ғана қазу екі жағынан жақсы. Алдымен мола кез-келген жерде болғанда тозып аяқтың астында қалады. Екіншіден мола қалай да жас адамдарға үрей туғызады. Қанша мықты адам болса да, моланы көргенде ең болмаса өзінің де өлетінін, өзінің де физикалық дене екенін еске алмай тұра алар ма? Сондықтан жұртқа көрінген жерде мола салып үрей туғызбай-ақ өлікті бір-ақ жерге көмген ақылды адамның ісі демей не дерсің. Қазір үлкен қалаларда өлікті өртеп жіберетін орындар бар емес пе? Міне алыстағы ауылда жүрген мен де соны қолдаймын. Қазір қарашы, шырағым. Өлімнің өзі де мақтан болып бара жатыр. Ақшасы бар кісінің бәрі серейтіп сыпа тұрғызып, Қозы көрпеш Баян сұлу бейітіндей бір белгі қалдырмақ болады. Әрине өлікті құрметтеу керек, ақырғы сапарға жақсы аттандырып салу керек. Бірақ өлген адамның бәріне де ақшам бар деп ескерткіш қойғанды мен, шырағым, қолдамас едім. Кім біледі, менің сауатым аз адаммын ғой. Ал моланың мына Қарамола сияқты түрі қазақстанның оңтүстік өңірінде көп болған. Нақ осы сияқты мола Көне Үргеніште де бар. Айшықты бір белгісі болмаса басқасы ескірген соң қайта қазыла береді.

Менің жүйеге түспеген әңгімеге осындай көлденең нәрселер көп кіріп кетіп отырғанын кешіре гөр, шырағым. Қашанда кәрі адам бірін айтып, біріне кете береді. Ол менің өмір тәжірибемнің жинақталмай, әлі бір арнаға түспей жайылып жатқандығынан болса керек. Айтатынымды бір арнаға құямын деп жүріп алпысқа келгенімді де білмей қалдым. Мүмкін сөзімнің алдына тиек, төңірегіне жиек сала алмай жүріп-ақ бұл жарығы да мол, жалғаны да көп дүниеден қисаямын ба, кім біледі. Сонан соң сөзінді тыңдауға біреу құлақ қойып тұрмағаннан кейін де айтылар әңгіме ұмытылып, томай-құлақ болып қалатын көрінесің. Бастаудың көзін аршысаң ашылады, су көбейеді, әнші дауысы айтса арындай шығады, ал әңгіме де солай. Халқымыз «сөйлей сөйлей шешен болады» деп әлдеқашан айтқан емес пе!? Солай шырақ.

Сонымен көшенің басында бірінші кездескен үйге ат басын тіредік. Алматы көшесі сылпылдап еріп жатыр. Мұнда кешегі қырбақтың бары-жоғы белгісіз. Төбеден Алматы шыңы, қазір оны Комсомол дейді ғой деймін, шаншылып тұр. Асқақ Талғар жатыр шалқалап. Найзақараны қар жапқан. Үлкен Алматы аңғарынан ескен леп лүп-лүп соғып қояды. Қаңтардың іші болса да, қысқы желдің ызғары жоқ. Алматыға түсте жеттік. Күн ашық. Есік алдында сақалы белуарына түскен шал шөп төсеп қойып шуақтап отыр. Қора-қопсыға, үйдің сұрына қарап қонторғай тұрмыстың иесі шығар дедім. Қорасы аласа дуал. Бір мал шөп бар екен. Менің көзім түскені сол болды. Сәлемді үсті-үстіне жаудырдық. Інжір атта тұрғанына қатты қысылды. Жаңа түсіп атын жетектеп жүрмек еді. Қалалы жер болған соң біз қойғызғанбыз. Дегенмен ол аттан сып беріп түсіп, үлкен кісіге сәлем қылды. Қариядан бір қап бата қабылдап, ертең-бүрсікүні-ақ тілегіне жететін болып, ол

көңілін демдеп алды. Қарт далбырақтап, үйге қарай жүгірді. Көшенің кіре берісі болған соң біз біраз түспесек пе деп те ойлаған едік. Бірақ онымыз бекершілік болды. Үйден жас ноғай әйел шықты. Екі бетінің ұшы қып-қызыл. Бірақ тілінде мүкісі жоқ, таза қазақша сөйледі.

– Түсіңіздер! – деді ол. Жол болсын айтқан жоқ. Әдетте қазақ әйелге жол болсын айтқызбайды. Бұл оны жақсы білетін болып шықты. Інжірмен қос қолдап төркіндеп келген қыздай-ақ амандасты. Іштей «жол болсын» айтпағанына жолымыз болады деп қуанып тұрдық. Кішкентайдан қанға сіңген әдет солай дегізбей қояр ма!? Атымыздан түстік. Дүниеде білемісің шырағым, жылқыдай жалмауыз мал жоқ. Ол күндіз-түні бірдей жейді. Тәулігіне өрістегі жылқы екі рет жусайды. Бірі таң алдында, бірі інірде. Ол кезде жылқы басын сәл салбыратыңқырап, сілейіп қалады. Жайылымдағы жылқы ғана күндіз сәскеде өрісте бір-ер аунап, не бие сауымдай жатады. Оның өзі де күзде ғана. Осыдан басқа уақыттың бәрінде жылқы аяғынан тік басып тұрады. Бұл жылқының басқа малдан ерекшелігі. Сондықтан да жегенінің бәрі бір демалыс болмаған соң бойға артық сіңбейтін болар. Әдетте күшті адамдар да тамақты көп жейді ғой. Ал біздің төрт атымыз бар. Ол қатар тұрып күртілдеткенде не жан қойсын. Аттан түспей жатып осыны ойлап, қысылып тұрдым.

Ортасында кішкентай тамақ істейтін бөлмесі бар қоржын үйдің бір жағына кірдік. Қып-қызыл текемет төсеп, үстіне шәйі құрақ көрпе салып қойыпты. Бір қабырғада кәдімгі салпыншақты тұскиіз. Тұскиіздің бір жақ басына үкі тағып қойыпты. Бұрын басқа көрген үйлерден ерекшелігі үй қабырғаларының адам арқасын сүйер жерлеріне оймышты кездеме ұстапты. Кәдімгі қазақ үйдегі басқұрдың үстінен ұстайтын тегеріш сияқты көрінеді. Оң жақта екі басы қайқы қазақы ағаш төсек. Беті қазақ ою-өрнегімен әдемі нақышталған. Оның үстінде жүк жоқ, астына киіз салған болуы керек. Үстінде бірсалар қызыл сырмақ. Жарасып-ақ тұр. Кім екенімізді ешкім сұраған жоқ. Оның кезегі тамақ беріп болғаннан кейін келуге тиіс. Тамақтандырып, жылтып, бойына қан жүгіртпей жөн сұрамайтын ескі дәстүр. Ноғай келіншек асты-үстімізге түсіп бәйек болып жатыр. Қарт бұл үйге кірген жоқ. Темір пештегі от бет қаратар емес. Ауа тарылып барады. Өмірінің бәрін қазақ үйде өткізген бізді мына үй қылқындырып, буындарып бара жатқандай. Ұят намысты қойып киіміміздің жейдеден басқасының бәрін шештік. Шілдесінде шырақ көрмеген дегендей біз жел соқпайтын асты-үсті бітеу үйде отырып көріппіз бе?

– Келін Серғазы келе жатыр, – деді ауызғы үйден өтіп бара жатып жаңағы үлкен кісі. Серғазы дегенде құлағым елең ете түсті. Қайдан естігенімді есіме түсіре алмай, Ұлтарақтан сұрап едім, ол да айта алмады. Қайдан ғана естіп едім. Жүрегім бір жақсылықты сезгендей туды. Аздан кейін үйге сәлем беріп, ұзын бойлы, сары кісі кірді. Үстіндегі киімі қалаша. Тіпті орысша десек те болғандай. Көзі қой

көздеу. Жас шамасы бізден гөрі ілгерірек пе екен деп шамаладым. Қырбық мұрт, шоқша сақал қойған. Басында құлақшыны бар. Жетісу халқының ол кезде жаппай бөрік киетін кезі ғой. Тек тапқан кісі ғана түлкі тымақ киеді. Үстіндегі киімі шешкенде ғана байқадық, шолақ ішек. Тізесіне жетпейді. Мен қашанда мұндай киімді, неге екенін қайдам, жаяу жүретін адам ғана киеді деп шамалайтынмын.

Ол бізді бұрыннан танитын адамдардай жақсы амандасты. Жалпы мал-жан аман ба деп басталатын ұзақ сүре амандық екенін «бала-шағаларыңыз аман ба?» дегенде ғана білдік. Ұлтаракты қайдам осы бір «бала-шаға аман баны» естігенде менің де қатты бала-шағалы болғым келіп кетті. Бала-шаға түгіл үстінде үйі, бауырында қазаны жоқ, салт басты, сабау қамшылы адам, қайда барса бытпылдық болып жүрген жоқпын ба? Неге екенін қайдам осындайды ойлағанда жата қалып жылағым келіп кетті. «Өмірі өксіп кетті» дегендегі өксу осы шығар деп ойлаймын. Өйткені өмірімнің бәрі босқа өтіп, азғантайы қалғандай болдым. Әрине мұны өзімнен басқа жан білген жоқ. Серғазы:

– Менің атым Серғазы, жігіттер. Жаңа әлгі Тоқаштың мәселесімен Оразға барып, біраз жұмыстарды ақылдасып қайтып едім. Содан кешігіп қалдым. Тоқаш әлі қамауда отыр ғой. Білетін бе едіңдер? – деді. Бізден жауап күткен жоқ.

Мен Серғазының айтқанын шала тыңдадым. Ойым осы Серғазының атын қайдан естігенімді есіме түсіру. Шай ішіліп болғанша ол әйеліне қалада болып жатқан әлде бір арыздың әңгімесін айтты. Ол неге екенін қайдам, бізге керегі жоқтай ден қоймадым. Ойым Серғазы деген атты қайдан естідім деген сұрақта. Ұлтарак пен Інжір де өз ойларымен.

– Бүгін қайдан шықтыңдар, жігіттер? – деді Серғазы. Жауапты Ұлтарак берді. Мен әдеп сақтап үндемедім.

– Ақсайдан, – деп Ұлтарак әшейіндегі әдемі сөздің бәрі жоқ, келте қайырды.

– Бұрнағы күнгі матаған жігіттеріңнің ешқайсысы өлген жоқ. Тек әлгі Шегіров ауырып Ұзынағашқа әкелініпті, суық өтіп кетсе керек, жұқа сорлыға. Басқасы дін аман.

Ұлтарак та, мен де шошып кеттік. Жаңағы жүрегімің тулауы жаманшылыққа болды деп ойлады. Мынау енді бізді тура патшаға ұстап беретін болды деген ой келгенде төбемнен біреу суық су құйып жібергендей сезіндім. Ұлтаракқа қарап едім, енді ол сасуын қойыпты «су болар тоным су болды» деп отырғандай. Серғазы үнсіз бізге байыптай қарап қалыпты. Әлден уақыттан соң тіл қатты.

– Саспаңдар жігіттер, – деді Серғазы қой көзі күлімдеп. – Күртіден жаңа ғана Бейсекең келіп еді, сендердің жағдайларыңды содан ұққанмын. Кешке ол кісі осында келеді. Мәжіліс құрып көңіл көтеріп отырамыз. – Бәрі де көкейіме түсе кетті. Күз аяғында басымызға зобалаң түсіп қашып жүргенде Әжікелер ішінде естіген екем мұның атын. Қазақ кедейіне қамқор жігіт деп айтқан еді. Бірақ деп ойлады, тұрмысы қоңторғайлау,

ақмай ағып, ит басына іркіт төгіліп жатпаған бұл кедей жұртқа қалай қормалдық көрсете алмақ. Біреуге жақсылық көрсететіндей шама-шарқы бар адам өзі қалады тұрып ең болмаса Жаубайдың тұрмысындай ауқаты болмас па? Ол кездегі менің ұғымымша жақсылықты тек күйі, күймесі бар адам жасай алады. Шынында да жоқ-жітікке көмек беру үшін кесерткелік қауқары болуы керек қой. Бір қаға берісте осы ойымды Ұлтаракқа білдіріп едім, ол да мандыртып жауап бере алмады.

– Білімі жуан мыңды жығады да, – деді де қоя салды. Білімді болғанда не істемек деймін ішімнен, біреудің малын екінші біреуге сөзімен арбап алып бермек пе? Оған осы бір екі иығын жұлып жеп, өткеннің орағын, кеткеннің кетпенін алып қалуға әркім-ақ бір тырмысып қалып отырған құтырған заманда кім берісе қоймақ?

Тағы бірде оңашасын тауып үш қашқын болып шүңкілдесе қалдық.

– Мынау бізді тым жақсы біледі екен, айдаһардың аузына өзіміз келіп қойып кеткен жоқпыз ба, күніміз не болмақ? – дедім мен. – Бұдан да Ақадырдан ары Қараадыр өтіп, одан төмендеп Ысты арасына кіріп кетуіміз керек еді. Қалада қалқып күн көреміз бе деп келгенде, осы көргеніміз көп болып, түрменің төрінен бір-ақ шығып жүрер ме екен-біз.

Мен көбіне Ұлтарак пен Інжірден кіші болғандығымды пайдаланып ойымды ашық айтатынмын.

– Тіпті, – дедім мен ойында түгіл таназарында ештеме жоқ Інжірге, – төркінің келгендей, көсілген аяғыңды жимай қалдың ғой. Немене кедейге қосылып қашқан байдың тоқалына бәйге береді деп естідің бе?

Инжір ығысар да, қысылар да емес. Кермаралдай керіліп, осыған дейін патшаларға лайық болып келген бет-ауызбен, мартеннен шыққан балқыған жалқындай болып жайнап отыр. Ол тіпті осылай қаңғып жүрсе де тек көңілі сүйген адаммен итшеккенге бірге айдалуға даяр.

– Құшағымды енді тек өлім ажыратар. Құдай алдында екі сөйлер жайым жоқ. Сендер үркіп Күртінде жүргенде құдайға берген уәдем бар. Осы кең дүниеден, келісті дүниеден Ұлтарактан басқа үлес алмаймын. Бермесен балаң да өзінде тұрсын, етім жылт-жылт көрініп, етегім жалп-жалп сөгілсе, кедейліктен, кемдіктен көзімнің жасы төгілсе, сонда да құдайдан Ұлтарактан басқа тілегім жоқ деп ант еткенмін. Қыр сібірін түгіл, қияметін де маған әсер етпек емес. Ұлтаракпен бірге ит мініп, ирек қамшылауға әзірмін. Екі сөйлемеймін. Маған қарайламандар. Мен мәңгі сендермен біргемін. Қарыным аш, киімім жыртық болады десем Жаубайдың жанында отырмаспын ба? Жар күтсем де жан күтемін деген жерім жоқ. Ұлтаракпен бірге отқа түсіп өртенуге, суға түсіп малшынуға, тіріде бір төбеде, өлгенде бір шұңқырда болуға дайынмын. Қарным ашқаннан, қабағы жабылады екен деп ойламандар. Адасканның алды жөн, арты соқпақ болса, мен сол жөнімді алдымнан күтемін. Қормен қор болғанша, ерге еріп өлейін деп мен бекінгелі қашан. Адамның еті күйіп жататын қиын нәрсе тозақ деседі. Сол тозаққа Ұлтаракпен қол

ұстасып баруға бақұлмын. – Инжір төгіліп жылап жіберді. Екі көзінен аққан жасы омырауын жуып кетті. Мен Инжірдің ерлердің қолынан келмес ерлікке бара алатын Сары апам сияқты адам болғанына көзім жетпеді. Кейін-кейін ойлайтын болдым: Сары апамның заманы басқа болған адам ғой. Әйелдерге етек басты, ұзын шашты деп қарамайтын, адамға адамшылық көзбен қарайтын осындай өмірдің өріне тап келгенде оралы ойнап жүріп берер-ақ адам еді ғой. Инжір де ереуіл атқа ер салып, еңку-еңку жер шалып, ерлермен бірдей іс етсе, енді оның бізден несі кем? Тіпті біз жерді, елді қимай көзімізге жас алғанда да ол міз бақпап еді, сонда қиындықта болса да Ұлтаракқа қосқан құдайына құлдық ұрып тұрған екен. Жаңа Серғазының сөзінен шошып қалған ба, әлде біраздан бері-ақ айта алмай жүргені ме бір оңаша болған шақта осыларды айтып салды. Ұлтарак риза болғандығын ашық білдіргісі келгендей Инжірді құшақтап бетін сүртіп, құшырлана сүйіп алды.

Менің көзімше Ұлтарактың Инжірді сүюі алғаш оғаш көрінді. Дегенмен осы сүйісте бір жаңалық бар еді. Өйткені нақ осыған дейін әйелін ашық сүйген қазақ бола қойды ма екен? Оның үстіне бұл әйелін шын жақсы көргенін ашық мойындау сияқты да болды. Әрине мұны нақ сол кезде көру түгіл, содан жиырма жылдан кейін көрсе де қазақ әйелдерінің көбі-ақ не бетін шымшып, не бырт дегізіп ернін шығарар еді. «Әдіра қал» дейтіндер қаншама еді. Тіпті нақ сол сәтте де Инжірді сүймеуге болмайтын еді. Сонша берілген, оны ап-ашық мойындап, сай-сүйегінді сырқыратып, жүйе-жүйенді босатып, темірдей қатты суынды қожағайдай балқытып сөз сөйлеген адамды қалай ғана сүймес едің. Ұлтарактың Инжірді сүйгенін кешке жатқанда ойлай келе, мен де Инжірдей берілген әйелім болуын түннің бір уағына дейін армандап, ұйқтамай жаттым. Осындай екі бірдей көрікті адамнан қандай көркем бала туар екен деп те ойлаймын. Қандай бір көңілсіз отырыс болса да Ұлтарак пен Инжір отырған жерінің сәнін келтіріп жібереді. Көріктері де, оған лайық көріністері де ерекше. Тоты құстай құлпырып тұрады. Кейде екеуіне «адамға осынша көрік, тұлға бітеді екен» деп танданып та қоямын. Жасынан, күнде көріп біліп сөйлесіп жүрген мен танданғанда басқалар қалай талып түспесін дер едің. Қайран Инжір қара шұбар жыланның қойнында жатты-ау. Не есті сөзі жоқ, не күлімдеген көзі жоқ, не қызығар түрі жоқ, не еркек-ау дейтін табанының бүрі жоқ Жаубайға қор болып еді. Малдың, малдының заманы болған соң амал не?

Сол бір күнгі кеш менің мәңгі есімде қалды. Кешке қарай бұл үйге біраз адам келді. Жалғыз-жарымдап жиналды. Тек үшеу болып келген Бейсебай Қаратаев қана. Ақын қашанда қошаметсіз, қолпашсыз жүре ме? Бейсекенді аттан екі жігіт түсіріп алды. Ол атынан түсе бере Ұлтарак екеуімізді көріп, қалтиған кішкене бойымен, өңбеннен өтер қаракөзімен бері бұрылып өлең айтып қоя берді:

– Аманбысың, жігіттер, жігітсіңдер!
Әрине бір азырақ жібіпсіңдер.

Әйтпесе о дүниеге аттанар ед,
Адамсыған немелер, жігітсінер.

Келгендер де, тұрғандар да мәз-мейрам күліп жатыр. Шамасы біздің ісімізді бәрі біліп алса керек. «Батыр елдің серкесі, ақын елдің еркесі» дегендей, Бейсекенді қаумалап, тұрғандар құрметтеп үйге бастады. Енді Жаубайдың қатынын ала кетіпсіңдер деп өлеңге қосар ма екен деп едім, одан әйтеуір аман құтылды. Мүмкін кім біледі, ақын адам, біздің жауымыздан өш алу үшін Инжірді алып кеткенімізді дұрыс көрген болар. Өшіне өш, қасына қас дейтін шығар.

Бізді жаңа келген қонақ ретінде төрдің алдына Бейсекеннің жанына отырғызды. Адам көңіліне көп нәрсе керек емес, інім. Бейсекенді көріп, екі-үш ауыз сөзін тындаған соң, жаңа үшеуіміз отырып мұнайғанымыз әбсәтте-ақ естен шықты. Әкеміздің үйіне келгендей қайтадан арқамыз Арқа, төбеміз Алатау болып, мерейіміз үстем болғандай көңіліміз көпіріп кетті. Алақашпа жас көңіл ақыл дариясының арғы жағына шыға алмай бір сәтке дейін ойыммен әлек болып, талай шынға шығып, талай жарға соғылып қайтып келіп отырдым. Бейсекен кішкене қоңыр домбырасын алғанша сол ойдан арыла алмадым. Ол домбырасын шертіп, алдымен амандықтан бастап, артынан жұрттың сұрауымен әртүрлі өлең айтты. Қонаққа айт дегенде Ұлтарак та қарап қалған жоқ, бірнеше әнді нақышына келтіре салып өтті.

«Құдай-ау қосар болсаң жақсыға қос,

Жаманның салмай-ақ қой зар-күйіне», – деп әннің аяғын қайырғанда Бейсекен «Шірік, қайран Дәукең десеңші, бұл дүниеден тұяқсыз кетті-ау!» деп қалды. Дәукең деп отырғаны атақты Дәуренсал. Бұл дүниеден әйелсіз, перзентсіз өткен адам. Алмақ болған ғашығы суға кетіп, соның қайғысымен қара киіп өткен жан. Қазақ даласында қара киіп, қарасын түсірмей өткен еркек адам мүмкін осы Дәуренсал ғана шығар. Шынын айтсам бұл ән менің де жүрегімді тіліп өтті. Ұлтуғаннан естіген едім, ең алғаш бұл әнді. Қайда жүр екен, сол Ұлтуған. Әлде әкесімен біз араз болған соң ол да сол жамбасына аунап түсті ме екен!? Бірақ өмірде жас адамдар ондайға ауытқымаушы еді деп жұбаттым, өзімді өзім. Өйткені өзің байқаймысың шырағым, әкелері араз талай жас бірін бірі тауып, екі елдің, екі үйдің арасы жақындасып, жарасып жатқандар өмірде көп болады. Махаббат, сүйіспеншілікке жаулық шек болмақ емес. Махаббаттың өзі татулықты табиғатында танитын құбылыс. Екі жастың жүрегі әке қабағын баға алмайды, бақса да шыдай алмайды, бұлқынған жүрек қапаста қамалмайды. Әрине жүрек әмірін ақылға жеңгізіп, үлкен адамгершілік тұрғысынан келіп қана орындамауға, көнбеуге болар. Бірақ оның арты қалай да, қашан да қайғы, саруайым. Ел қамын, ер қамын жеген қыздардың ғашықтық уын өзіп ішіп, жегені желім, ішкені ірің болып отырып-ақ қан төгіс, ар сөгіс болмасын деп өзінің басын бодауға байлап, жүрегін жүн етіп жіберер кез әр жерде-ақ, әр қайда-ақ кезде-

седі. Дегенмен махаббат оты сөнугі қиын, күзгі қауға тиген өрттей лаулап, қаулап тұрған алау. Сондықтан бүкіл Дулат-Шапыраштыға әйгілі болып, құнына құлақ берген ғашығыма көңілімнің ауған түйедей бейімдей беретінін осы жерде тағы да бір аңғардым. Бүлдіршіндей ол көзін сүзген соң, мен буыршынша бұйдамды үзбеп пе едім. Жақсы көргенім үшін мен кінәлімін бе? Мені әкесіне ен салғызып тұрып алмап па еді. Ендеше ол менен безбеуге тиіс қой. Бет құбылысымнан ақын бірдеме аңғарып қала ма деп, ойымды жасыруға тырыстым. Бетімді одан бұрып әкеттім.

Аздан соң, ел орынға отыраторы етті, тым арық емес, қара торы, ұзын бойлы жігіт кірді. Жасы оналты-онжетілер шамасында. Үстінде сары жылтыр түймелі қара шолақ бешбенті бар. Сыртқы киімін ауыз үйге шешкен болу керек. Қырықпалап алған қысқа шашы ит көрген кірпінің тікенінше біркелкі тікірейіп тұр. Мұрыны әнтек шолақтау сияқты. Бет пішінінің басқа жерінде кемшілік болмағандықтан ол анықтап қараған кісіге болмаса байқала бермейді. Тебіндеп шыққан мұртын қырып қойғандықтан орны көкпеңбек. Сен шырағым, – деді шұнақ шал маған тіке қарап, – ешкімді шын жақсы көрдің бе? – Ол менен жауап күтпей, тостағандағы қымызды сіміре салып қайта сөйлеп кетті. Бұл әңгімені ол асқан бір ерекше жедел шабытпен, айтты. – Адамды адамның жақсы көруі үшін бірінің әйел, бірінің еркек болуы міндет емес. Мен сол жігітті шынымен жақсы көрдім. Адам адам болған соң неше түрлі кемшілігі болар. Шын жақсы көргендіктен мен оның кемшілігін көре алған емеспін.

– Кім болды ол жігітіңіз, – деп сұрадым шұнақ шалдан.

– Қалай білмей отырсың? Ол Жандосов емес пе? Кәдімгі Ораз Жандосов. Мен саған соны айтамын деп екі күн бойы ескертіп отырған жоқпын ба! – Енді бір сөз десем шалдың мені тіпті сабайтын түрі бар. Елсіз тауда шалдан таяқ жемей жайыма отырғаным жөн болар. Үндемей құтылдым. – Сонымен бала жігіт Жандосов болып шықты.

– Оразжан кел менің жаным, – деді Бейсекең. Ол есік жақтан-ақ отыра кетпек болып еді, оған төмендегілер де көнбеді. Сөйтіп Ораз Бейсекеңмен екеуміздің арамыздан орын алды. Ораздың атын Бейсебай Қарагаевтан Күртінде естігенімізді айтқанмын. Қаңғып жүргендегі жылы тиген сөзден бе, әйтеуір сол Ораз Жандосовты айдалада жүріп-ақ дос көріп кеткен едім. Енді міне лебізін еститін болдым. Сонымен біздің арамызда шашты қазақ төртеу болды. Бейсекең, Серғазы, Ораз, тағы бір екі жағына пышақ жанығандай қара жігіт. Енді әңгіменің түрі өзгерді.

– Молдахмет, әкел қағазыңды, – деді Серғазы есік жақын отырған қара сұр кісіге қарап. Ол қимылдай қоймап еді.

– Қысылмай-ақ қой олардан, олар өздері де патшадан қашып жүр, – деп Бейсекең қарқ-қарқ күлді. Молдахмет қалтасынан бір бума қағаз алды. Бобыраған қағаздың арасынан бірдеме тауып оқудың өзі де онша онайға түспес еді.

– Ал осыдан шынымен бірдеме шыға ма? – деп бадыраң көз екі жағына пышақ жанығандай қара кісі бірнәрсеге сенбей отырғандай

кейіп көрсетті. Қабағын шытып, артына қайырған шашын оң қолымен салалап-салалап қойды.

– Қойсаңшы Қалдыбай, – деді Серғазы. – Өз үйінде отырғанына қарамай әжептәуір шытынып айтты. – Бәрімізге тұлдырық болатын сен болсаң қолыңды қоймай-ақ қой. Онсыз да сен аман қалатын болдың. Біз алтыжүз адаммен бірге көреміз. Ораз түсіндірші мына Қалдыбайға. Ораз үндемей отыр. Нақ осы жерде әңгімеге қазақша киінген, жалпақ жауырынды, сыпа кісі Молдахмет қайта араласып кетті:

– Осы сенің жаның түрмедегі Тоқаштан, мына отырған Серғазыдан, мына уыздай жас Ораздан, мына ел ардақтаған ақын Бейсебайдан артық па? Жарқыным қаныма қарайып жүргенде жолымда тұрма. Сені мұнда ешкім қолқалап әкелген жоқ. Өз аяғыңмен келдің, өз аяғыңмен кет. Алты жүз отыз адам қол қойған жерге алты жүз отыз бірінші адамның қолының керегі болмайды. Сен-ақ аман қалып, осы расы жоқ, азабы көп дүниеге тұлдырық-қазантүп бол, – деді Молдахмет. Қазантүп дегенді білуші ме едің, інім. Дүниенің астаң-кестеңі шығып, ақырзаман болғанда құдайдың ең жек көрген адамы жалғыз тірі қалып, дүниенің таксіретін жалғыз тартады-мыс. Соны қазантүп десе керек-ті. Ескі ұғымда осындай бір гәп бар. Молдахмет сөйлей берді. – Көптің көңіліне іріткі саламын деп әуре болма. Жұрт қазір одан кеткен. Жолында тұрсаң көктей жұлынасың, жуадай соласың. Ел Бекеңнің, Қалығұлдың, Байбосынның, Қозының, Әбілештің өлімін ұмытатындай болған жоқ. Жұрттың жүнін жығамын деген патшаң осы кезде жұртты ашындырып алған. Екі аяғы салбырап мойнынан жұлынып түскенше тұрған ерлердің өлімін халық ұмыта салды ғой деймісің. – Молдахмет дірілдеп, ашуланып алды. Кейін білдім Тоқаштың досы Молдахмет Ыстыбаев деген кісі екен ол. Қалдыбай қайтадан бірдеме дегісі келіп еді, оған жанындағы жігіттер қақпалап сөйлетпеді. Ол мұнайып қалған кезде барып Ораз сөйледі. Жас адамда үнді кісіні көргенім сол Жандосов. Оның жайымен ап-ақырын сөйлеген сөзі үйдің барлық бұршына анық естіліп тұрды:

– Қалдеке, халық істеймін дегенін істейді. Көп қорқытады, терең батырады. Сіздің ұстаған жолыңыз жөнсіз жол. Сіз кірген партия ол халық мұның сөз жүзінде ғана жақтайтын партия. Адасып барасыз. Ал мына хатқа келсек, ол бүгін таңдағы ең көкейкесті мәселе. Тоқаш Бокиннің басына өлім қауіпі төніп тұр. Алты жүз отыз адам қол қойған хаттан губернатордың есі кетеді. Өйткені олар ұйымшылдықтан қорқады. Қазір патша өкіметінде зәре жоқ. Ол қазақтардан қорқып отырған жоқ. Қазақ бір ғана халық. Ондай талай халық патшаны құлағуды көксіп, көздеп отыр. Ең алдымен патша орыс пролетариатынан қорқады. Ленин бастаған большевиктерден қорқады. Патша тағының іргетасы шіріген, ол морып тұр. Ол халықтың тегеурініне шыдай алмақ емес. Ол тегеурінге қазақ күш қосуы керек. Ол күшті бастайтын оның Тоқаш Бокин сияқты ардагерін босату керек. Енді хатты кешіктіруге болмайды. – «Ленин бастаған большевиктер» де-

генде неге екенін қайдам сол Ленин арамызда отырғандай сезіндім. Жан-жағыма қарасам бәрі де қазақ.

Қалдыбай тағы бірдеме демек еді. Оны ешкім сөйлетпеді. Сөйтіп эсер партиясының мүшесі Қалдыбай Абдуллинді де осы жерден көрдім. Нақ осы жерде Ұлтарак та, мен де Тоқашты босату жөніндегі халық үкіметіне қол қойдық. Ол шынында да халық айтқан үкім еді.

* * *

Алматылық болып алдық. Большевик дегендерді бұрын естуші едік, енді көзіміз көрді. Күнде сөйлесіп, күнде көрісіп тұрмағанмен енді олармен қарым-қатысымыз болды. Большевик деген сөз бұрынғыдай емес жұмсақ естіледі. Тек әлгі Қалдыбай Абдуллин ғана өзінің есернемелерін дардай қылып аспансайбақ етеді. Бір күні онымен арамызда мынадай бір әңгіме болды. Ұлтарак екеуміз де Мисауытов деген татардың жүн жуатын зауыдына жұмысқа тұрдық. Ол кезде тегін дерлік жүн – қазақ даласының иен байлығы Мисауытов, Шахворостов сияқты қорқауларға босқа барып жатыр еді. Еш жерге өткізе алмағандықтан жүнді бұрап-бұрап қыста отқа тамызық ететіндер де әлі бар болатын. Оның үстіне бірлі-жарымды біз сияқты елден, байдан қашқан, ағайын-туғаннан көңілі қалған, он алтыншы жылдың дүрбелеңінде дүрдараз болғандар завод-фабрикаларды тегін күшке кенелтіп тастады. Он алтыншы жылдан қазақстандағы орыс капиталистері, алпауыттары, алдымен қазақ жерінен ырзығын торғайша тере келіп, кейін жауыр атқа жабысқан сауысқанша аямай шоқуға айналған орыстың, татардың, өзбектің байлары, бірді-екілі қаладағы қазақтың, ұйғырдың байлары арзан жұмысшы күшін алып, байып кетті. Ұлтарак екеуміз сияқты қызыл аяқ қар кешкен, жалаң аяқ жар кешкен талайлар жұмыс сұрап босып жүр еді. Біздің тұрмысымыз ондайлардың көбіне қарағанда шүкіршілік етерлік болатын.

Серғазының ақылымен торы атты саттық. Оған қалған аттарға қысқа жетерлік шөп алдық. Інжір мінген атты сойдық. Серғазы үйін бізге босатып берді. Інжір Ұлтарак екеумізге тамақ істеп береді. Ол осы тұрмысқа риза сияқты. Ол кездегі қазақтардың көзқарасынша ауыз жарымайтын тамақ – манти, лағман жасап беретін болды. Бірақ алғашқы кезде оны қанша жесек те Ұлтарак екеуміз де түлкіқұрсақтау қалатынымызды жасыра алмадық. Іші жылқының сүріне, майлы етке үйренген қазақтарға майдалаған азғантай көзалдау еті бар, көгілдір пиязы бар мантиң жұмырымызға жұқ болмады. Сондықтан Інжір біразға дейін мантиға қоса балкытып ет асып қойып та жүрді. Негісін жасырайын шырағым, мұндай болса қаладағыларыңның көрген күнін итке берсін деп жүрдім. Түйіле-қабына жеген тырнағың жібіген, тоның, шалбарың майланған етті аңсаған күндер көбейе бастады. Ми-

сауытовтан алған ақша тамақтан артылмады. Жалақы алған күндері мал базарға жүгіретін болдық. Тоқты-торым әкеліп ұртымызды, мұртымызды майлап, бір кенеліп қалып жүрдік.

Мұрат Мисауытов бойы аласалау, қырықпа сарысақалды, шүңірек көзді тек татарша сөйлейтін, төртбақ жуантық адам. Онда жұмыс істейтіндердің бәрі қазақтар. Шамасы жұмыс уақытын, жалақысын көп әңгіме қылмайтын жаны кең қазақтар бұл жұртқа тілін емізіп, тісін жасыратын шақшабасқа да жіліктің майлы басындай тісіне жұмсақ тисе керек-ті. Біз барғанда екеумізді де базарға салған малша қарап:

– Міне, бұл жігіттерді мен қызметке аламын. Екеуің де жүкші боласындар, – деген-ді. Біз ауылдан келген қой аузынан шөп алмас аңқау қазақтар қайдан білейік, біздің күшімізді бағалады ғой деп мақтанып тұрмадық па. Сөйтсек әлі жілік майы үзілмеген, қырдың қымызы мен етінің қуаты әлі кетпеген бізді жұмыстың ауырына салмақ екен ғой. Бізден бұрынғыларды да дәл осылай істеген екен. Осылай жүкші етіп алады екен де, байланған шыры азайып, қайраты қашқан соң жалақысы аз жұмысқа ауыстырады, не есебін, себебін тауып жұмыстан біржолата шығарады екен. Ал жұмысқа жаңа келген байқұстар жан-тәнін салып қимылдайды, арқасы да арзан, ақысы да арзан. Мұның зауыдына үнемі қазақтар келіп жұмысқа тұрып жататыны осы екен. Әлсіреген, дірманы қашқан қазақтарды жұмыстан үнемі қуып отырғандықтан жұмысшы үнемі оған керек болады екен. Оның сырын білмегендер Мисауытовты мақтап та жүреді: «Мұсылман болған соң жаны ашып алады» – десті. Ал шынына келгенде жұмысшы боламын деген қазақтың меселін қайтарған, жілік майын тауысып, жұлынын үзуге тақап жіберіп отырған қансорғыш сүліктің бірі осы болатын.

Қыстың май тоңғысыз күндері Алматыда жиі болады. Ондайда қардың беті болар болмас еріп, сәл жұмсақтанып жатады. Бетінді сорабатын аяз да, өңменнен өтетін өкпек жел де болмайды. Аяғың жұмсақ текеметпен жүргендей қар келеботаланып жатады. Күн бата ғана еріген қар әлсіз қабыршық мұзданып, бассаң қытырлаңқырап жатады. Алматыдағы қыстың жылы осындай кештерінің бірінде бізді осы заводтың байырғы жұмысшысы Бейсенбай Үмбетбаев шақырды. Бұл кәдімгі осы күні опера театрының әншісі Қазақстанның Халық артисі Әнуарбек Үмбетбаевтың әкесі. Үйінде бізден де басқа адам бар екен. Әйелі татарлау ма деп ойлап отырдым. Бірақ кейін білсем әйелінің шешесі семейлік татар, әкесі қазақ екен. Қызық, Серғазының әйелі де осындай жартылай татар, жартылай қазақ еді де, таза қазақша сөйлейді, ал Бейсенбайдың әйелі қазақтың қызы тілі шалалау. Пісірген тамағы да татарша болды. Сол кезде үш-төрт жасар, балпанактай аппақ бала Әнуар Бейсенбайдың гармонын сүйреп ойнап жүретін. Бейсенбай сері жанды, асқан сұлу кісі болатын. Мұртын ширатып қойып, гармонын қолына алып қазақша, татарша жырлап «алсу» ойнап жөнелгенде оған

елікпей қалатын кісі аз еді. Ол көбіне жырлағанда семейлік татарларша «бала міскін» әніне шырқайтын:

Жүні құрсын Мисауыт,
Қағып жібер бір сауыт, –

деп жұртты күлдіретін. Мені көргенде ол менің бойдақ екенімді ескеріп:

«Бар ма екен жігіті,
Жоқ па екен жігіті,
Жоқ па екен жігіті?
Кімде екен үмігі?» –

деп қалжыңдайтын. Оны үнемі татар тілінде айтатын.

Әлгі ауызға онын салсаң бір ұртың толмайтын қуысқұлақ тұшпара деген тамақты алғаш осы үйден жедім. Бұл желініп бола бергенде Бейсенбайдың әйелі ауыз үйге шығып баж ете қалды. Екі-үш жігіт жүгіре шығып, қуыста тығылып тұрған жерінен біреуді суырып алып, түпкі үйге жарыққа сүйреп әкеліп итеріп тастай салды. Айналдырып киген қоңыр шолақ тоны бар біреу бүрісіп, су тиген қарақұрттай жиырылып жатыр. Басын көтермейді. Ауылда нанды илеп, тез ашуы үшін сыпыраға орап қоюшы еді. Мынау да илеген нандай домаланып сұлық қалған. Сыпыра дегенді білуші ме едің шырағым. Ол Қазақстанның оңтүстік аудандарында ғана болады. Иленбеген қойдың терісін жүнін қысқа етіп қырқады да, оған ұн жағып сәл жұмсартады. Сонан соң біраз күннен кейін ол үстіне нан илеуге, не ішіне ашытылған нанды орауға икемді келеді. Кейде тіпті нанды көп ашытқысы келсе, бір шелек ұнды соның үстіне сала салып, ұнның үстіне тұзсуды құйып нан илей де береді. Қысқасын айтқанда ол шала жарғақ, иленбеген шикі тері. Міне мынау да сыпыраша бүктүсіп жатыр. Жаны жоқ құры тері сияқты. Оның жатысын көріп күліп жібердім. Өйткені қыста жатағы жоқ ит тұмсығын бауырына тығып осылай бүрісіп қалушы еді. Мынау нақ сол аязды күні далада жатқан үрендедей бірдеме, не басы көрінбейді, не аяғы жоқ. Аяздан келіп жылы үйге тастай салған сеңсең ішіктей.

– Тұр ей, иттің күшігі, бұл тыңшының тыңшысы, өтірік жатқанын. Қазір өтірік мас болады, – деді Серғазы. – Намысы жоқ, жуындыға семірген ит. Зәкір байың жұмсаған ғой. – Жердегі тұра қоймады. Ыңырсыған болып жатыр. Бұрын мұндайды көрмеген біз әжептәуір абыржып қалдық. Серғазы орнынан атып тұрды да, Бейсенбайға барып сыбырлады. Бірақ бәріміз естіп тұрдық:

– Есін жимаса соның өзі жақсы, үстіне керосин құйындар да, пешке тығып жіберіңдер! – Жатқан кісі кенет атып тұрып:

– Ағатай қасықтай қанымды қия көр, енді сердерге жоламайын, – деп зарлап жүріп берді. Жеген қуысқұлақтарын дастарқанға қойып, аң-таң болып отырғандар «жан керек емес, шіркінге» деп күлкіні қойып кеп берді. Көзі көкпенбек, мұрны пістиген, шикі сары жігіт, онша жас та емес. Киімі жинақы. Арам байға адал қызмет еткен сорлы кедей. Кімге тері, кімге еңбегі кетпеген еді, бұл сорлылардың. Өздері де жоқтамайды. Өзгелер жоқтағысы келсе, бұлар байға барып тығылады. Сол байдан кетсе құдай алдында жауапты болатындай. Көзі көр сорлының бірі ғой деп отырдым. Серғазы ұрып жіберетін кісідей қос жұдырығын түйіп, істік сарыға жақындады.

– Ал өлтірмей-ақ қояйық. Енді шыныңды айт, – деді Серғазы. Қой көзі шатынап, ыза болып отырғаны байқалады. – Сенің атың кім еді, Тұнбай ма еді, кім еді?

– Жұмбай, – деді анау, өзі пысындап өтірік-расты жылай бастады. Жаным да ашып кетті.

– Мейлі маған десең жүн-жүн бай бол, әкең сорлы да сені бір атқа жарытпаған екен, ал екі ортада өргеніп кете жаздадың ғой, сорлы. – Серғазы жан-жағындағыларға қарап жымып қойды. – Нағып жүрсін сонда, жасырынып.

– Біліп кел деді.

– Нені, дұрыстап айтсаңшы, әлгі Зәкірге сайрағандай.

– Кім барын, қанша адам барын. Не істеп отырғандарыңды. Гимназистер болады деген. Кім екенін, қанша адам болатынын көріп кел деген. – Енді ол пысындауын қойды. Жаңағыдай емес, бойына қан жүгірейін деді. Есін жинап алып, кім бар дегендей отырғандардың жүзін жаттап алатындай көк көзін жүгіртіп байыптай қарады. Серғазы Күшіков қызық, ойнақы адам болатын, әсіресе Бейсенбай екеуі қосылғанда езуінді жиғызбайтын.

– Ей Жұмбай, мен Зәкір болайын. Сен көрген-білгеніңді маған баяндашы.

– Жоқ сіз Серғазы Күшіковсіз. Шапырашты тайпасынан, руыңыз Асыл, оның ішінде Төлеміс. Лепсі көшесіндегі екі бөлмелі үйде тұрасыз. Үйіңізде ноғай әйеліңіз, қартайған әкеніз бар.

– Бейсенбай, әкел керосинді, тық отқа иттің тұмсығын. Қайтіп біздің жүрген жерімізді иіскемейтін болсын.

Жұмбай қайта жылай бастады.

– Ағатай, болыңыз, болыңыз!

– Немене, тез отқа тығайын ба?

– Жоқ, жоқ, ағатай Зәкір Исабаев болыңыз.

Ерінбей барып Бейсенбайдың түлкі тұмағын, ішігін киіп, Серғазы Зәкір Исабаев болып, төрдің алдына жантайып жатты.

– Жоқ, – деді Жұмбай, – ол үйінде ала шапан, ала тақия киіп жатады. – Бұл үйден ала шапан табылмады. Зәкір деген саудагерді бір-ақ көргенім бар. Онда да бір қазақтың оның жер-жебіріне жетіп жатқанын

көргенмін. Үркіншілік жылы Тоқаш Бокиннің артынан сауда жасағансып жүріп отырды деп осы Бейсембай мен Серғазы сыртынан ішін кептіріп жүретін. Зымыяндығы жыландай, салған сүргіні тұмандай деседі жұрт. Ақша үшін арын да, барын да береді екен. Патша чиновниктері оны үнемі тыңшы ретінде пайдаланады дейтін. Бірақ сөзін естімеген едім. Отырған жігіттердің айтуынша ол «Ж», «З» әріптерін айта алмайтын көрінеді. Серғазыда солай сөйледі:

– Дүмбай келдің бе? Ал не көрдің? – Жұмбай Зәкірге қалай баяндауы керек болса, нақ солай сайрай бастады:

– Зәкаға, – деді Жұмбай мұрны пістиіп, қолын қусырып, қос тізерлеп отыра кетіп, – Құлболды Бейсенбайдың үйінде он екі адам бар екен. Төрде отырған Серғазы Күшіков – Шапырашты, Асыл, оның ішінде Төлеміс, Лепсі көшесінде тұратын. Біреуі бауырсақ мұрын, бадырайған көзді жылан сасыған тараншы Абдолла Розыбақиев (қытай пияздың – яғни чесноктың ісін қазақтар жылан сасиды деп есептейді. Шынында жыланның ісі де чесноктың ісіндей. Әсіресе жазда көлеңкелеп жылан іргеден үйге кірсе, ісі мұңсіп кеткенін қазақтар тез аңғарады. Шамасы ашық далада ол тез сезілетін болса керек), Күрті болысынан келе беретін талтақ, бүркіт тұмсық, кішкентай ақын Бейсебай Қаратаев, сол болыстағы былтыр камалып түрмеде өлген Қожбанбет бидің баласы көкжал Күзембай, бұл да қамаудан шыққан, әлгі бір көзі шегірейген солардың туысқаны қамаудан шыққан Әбу Жалбағаев... төрге таман жауырыны қақпақтай, палуан келіптес, жүн жуатын заводқа жұмысқа тұрған біреу аты Табанкиіз, сонымен бірге жүкші болып істейтін бір құлағы жоқ шұнақ... бәрі қуысқұлақ жеп отыр. Біреуді күтіп отырғандай кейпі бар. «Келіп қалар» десіп қояды. Мені келетін адамға жеткізбей мысымды құртып отырған жоқ па. Әйтпесе бәрін де біліп келетін едім. Өзім өлім аузынан, өртеніп кете жаздап қалдым. Үйге тірі барарымды бармасымды білмеймін. Көргенім осы Зәйғаға! – Отырғандар тағы да қыран-топан күлкіге көмілді. Бәрі де ішек-сілесі қатып, ішін басып алыпты.

– Дүмбай дүре бер, – деді Серғазы Зәкір байдың тыңшысына қарап. Жұмбай осыны пайдаланып қалғысы келді ме, әлде шынымен «жүре бер» деп айтты деп түсінді ме, ата келіп жөнеліп еді, есікте тұрған Абдолла иығымен қағып жіберіп, отырғызып қойды. Мысы құрып, болдырған иттей Жұмбай жүресінен отырды. Екі көзі жапақтап шын қорқып отыр. Төсегіне жіберіп қойып айта алмай отырған бала сияқты.

– Жіберуге болмайды, мұның артынан пәлесі келеді. Сол келгенше ұстайық, – деді Абдолла. Не пәле келеді екен, бұл мүсәпір сорлының артынан. Біз білмейтін үлкен қаланың сыры көп, соның бірі шығар деп Ұлтарак екеуміз қозғала бастадық. Онымызды Серғазы да, Бейсенбай да құптамады.

– Отыра тұрыңдар, – деді Абдолла. Айтып ауыз жиғанша болған жоқ екі полицей кіріп келді. Екеуі де еңгезердей орыс. Ұлтаракқа көзім

түсіп кетіп еді, түрі бозарыңқы көрінді. Мен шынын айтсам ит жеккенге кетті деген осы шығар деп отырмын. Тіпті ол полицейлер бізді қандай қылмысымыз үшін алады, оны ойлаппыз ба? Шамасы біздің үрейленуіміз үркеншілік болуы тиіс. Ал Серғазының, Бейсенбайдың, Абдолланың ойына ештеме келетін емес. Серғазы да, Абдолла да орысшаға жылмайды екен. Сонда қазақтардың орыстармен ығыспай сөйлескенін тұңғыш рет көрдім.

– Қозғалмандар орындарыңнан, – деген сөз естілді бірінің аузынан. – Тінту жасаймыз. Документ тексереміз.

– Қаңғып жүрген қазақта документ болушы ма еді, – деді екіншісі. – Бұлар осылай ет жеп, қымыз ішіп түні бойы отыра береді. Зиянсыз адамдар ғой. – Олар үйдің әр жерін шошқаша тұртті. Көрпе-жастықтың артын, төсектің астын қарап жүріп полицейдің соңғысы Бейсенбайға көзін қысып қойды. Алдыңғысы иесінің артынан бөтен ауылға жалғыз еріп барып, көк итке таланып қорлық көрген көк төбеттей желке шашы дүрдіп кетіпті. Қимыл еткен әрқайсымызға айбат шегіп ала түсетіндей. Бет-аузын тыржытып, жиіркенішпен қарайды. Алдымен тіл қатқан Серғазы болды:

– Не жоғалттыңдар?

– Сені! – деп алдыңғы полицей ұрмақ па, әлде коқан-локқы ма қолын көтерді. Оған Серғазы ығыса қоймады:

– Ұрып көр! – деді Серғазы. – Тек осыныңды кейін ұмытпа. Заң алдында жауап бересің.

Полицей артық ештемеге бара алмады. Қорқып тұрғанын білгізгісі де келмеді. Маған солай болып көрінді. Мен өз басым ақыр итжеккенге айдалатын болғандықтан бұларды екі шайнап, бір жұтуға әзір едім. Шынымен қимылға даяр тұрдым. Тарланкөк қорада бос тұр. Міне қашуға да дайынмын. Шабатын еті де бар. Ішін тартып жарап жүрген. Жұмыстан шығып тамақ ішкен соң кейде біреуміз, кейде Ұлтарак екеуміз бірдей қаланың сыртына шығып ел жата қайтатынбыз. Әрине кейде тақым жазып та қоямыз. Сондықтан да аттарымыздың жем жеп жүрген аттай түгі тіп-тік. Тарланкөкке қызығушылар да көп. Тіпті Тұрапбай деген ұры талай сұрап та, тарту тарта да келді. Бірақ бірге өсіп келе жатқан қанатымды қия алмадым. Бес ат берген кезі де болды. Оның екінші бір жағы бар. Оны сатқан күнде де ол маған тұрмақ емес. Бәрі бір тірі болса қашып келеді. Оны Тұрапбайдың өзі де біледі. –Өйткені Тарланкөкті бір мәрте ұрлап көрген. Екі тәулік жоқ болып кеткен ат үшінші күні қораға өзі келген. Інжір ұстап отқа қоймақ болса, ойқастап жоламаған. Сонан соң қақпаны ашқан да өзі үйге кіріп кеткен. Ол өзіне үйір тобыршақ торының жанына келіп оттап тұрған. Мен келгенде жануардың мойны-ма асылып ойнағанын айтпаңыз. Тура адам баласы сияқты еді, жануар.

– Мына қымызды ішіп, етті жеп отыралы, әйтпесе таудың күні өткір болады, өтіп кетеді, – деп Шұнақ маған қымыз көтертті. Қанша ішсең кете беретін таудың уыз қымызы бал татиды. Сіміріп салып, тоңазыған

еттен қарпытып-қарпытып асап жібердік. Шал кешегідей бүгін кәрі жолдасын жоқтай қоймады. Тек анда-санда Сарышыбыр жаққа, Ханай биігіне көз тастап қойып, әңгімесін толғай береді. Әңгіме айтып отырып шал бояудай бұзылады. Әлдене ойына түсіп кетіп екі-үш минут үнсіз отырып қалады. Мен де сырын біліп алдым. «Ия сонымен» демеімін үнсіз отыра беремін. Бір кезде өзіне келіп әңгімесін әсерлендіре жалғап әкетеді. Шұнақтың маған телміріп қалғанын аңғармаппын. Ол жоқ шұнақ құлағының орнын бір-екі қасып қойып:

– Сен бір сырды біліп отырсың. Не Жандосовты, не Тұрапбайды білесің. Тіпті жақсы білетін адам сияқтысың. Әрине ақыр заманның бозторғайы оны жасырасың. Өйткені өйтпей көр... – деп шал аттарға бұрылып қарап қалды. Байқасам теріс қарап көзін сүртіп отыр екен. Шынында да мен Тұрапбайды білетінмін. Алпамсадай кісі болатын. Әкем тірі кезінде біздің үйге келген. Жақын ағамыз Қонақбайдың әйелі Хадиша деген жеңгемнің нағашысы екен. Сол үйге келіп, одан біздің үйге кіріп, біздің үйде бір қойлық үлкен құжантаы болатын. Сабы өрнектеліп мүйізден, әртүрлі түске боялып жасалған-ды. Менің шалашарпы білуімше ол құжантаыны әкем Әндіжаннан әкеле жатқан біреуден маған арнап алған екен. «Тауықтың түсіне тары кіреді» дегендей ә деп біздің босағадан аттағанда бау кеспе ұрының көзіне құжантаы түскен. Ұры құжантаыға жата жабысады. «Өлсем ұмытпаймын, қолқасын берейін, балаңмен дос болайын» деп сол құжантаыны алып жоғалған, содан кейін өзі түгіл атын да естімеген едім. Сол есім осы егіз тауда естіліп отыр.

– Сол Тұрапбай біз көрші үйде тамақ жеп отырғанда біздің қораға түскен, – деді Шұнақ көзінің жасын сүртіп болып. – Қора ішіндегі алдыңғы екі аяғы кісендеулі, басы байлаулы атты алу малмен көзі шыққан, оның үстіне баукеспе ұрыға киын болмаған.

– Кісен ше?

– Кісен кәнігі ұрыға бұйым емес қой. Темір аралайтын арамен кесіп жібереді. Шамасы қандай ат ұрлап бара жатқанына ұры әбден қанық болуы керек. Аттың басына шынжырлап нөкта кигізіледі. Содан Шелекке апарған. Қан базарда біреуге сатқан да, ол жүгенін ауыстырмақ болған кезде әлгі кісіні тартып тастап Тарланкөк жүріп кеткен. Жығылған кісі әйтеуір орнынан аман тұрған. Сөйтіп ол да кенедей жабысқан, жылқы сырын білетін пәле болса керекті. Тұрапбайды түп етектен алған.

– Бұл сенің атың емес. Сен ұрысың, – деп жабысқан. Сөйтіп Тұрапбай оның пұлын қайтарып, жалынып-жалпайып зорға құтылған. Жанындағы екі ұры аттарына міне сала Тарланкөкті ұстамақ болған. Бүкіл қан базар қанды шуға айналған. Сол кезде атына міне сала Тұрапбай да зытқан. Ал Тарланкөк ойқастап, олай бір, былай бір жүріп, ақыры базарды қоршаған сартдуалдан бір-ақ қарғыған. Сартдуал деп қазақ қандай дуалды айтатынын білуші ме едің. Қазақ дуалды кіндіктен келтіріп соғады. Ал өзбектер, ұйғырлар кісі бойы қол ұсыным жа-

сайды. Оны біздің қу қазақтар іліп алып, «қазақтар қатынымды көріп қояды деп бұлар дуалды биік соғады» деп кездескенде өзбекке, ұйғырға қалжың айтады. Тарланкөк міне содан қарғыған. Содан кейін Тұрапбай өзі іздеп келіп, өт-кеш деп, атты талай қолқалаған. Ол болмай жабысқан соң шынымды айтқанмын.

– Ол сені мінгізбейді, мінсең бір жерінді мерт қылады. – Өзіне сенімді, талай малдың мойнына бұғалық, аяғына кісен салған баукеспе:

– Осы жерден мініп кетсем кетейін бе? – деді. Мен сөзге мат болмайын дедім де қимасам да «жарайды» дедім. Бірақ ішімнен осы ұры пәле ебін тауып мініп алып кетер ме екен деп қыпылдап қорқып та тұрдым.

– Тарланкөкті сыртқа шығарып бер, – деді Тұрапбай кеудесі аяққаптай болып. Мініп кетсе үш күннен соң күндіз бес атты әкеліп босағаға бодауына байламақ. Ол әрине ұрлық жылқы болмайды. Келісім осы. Тарланкөкті қорадан шығардым, көзімнен жас та бірге шықты. Менің кимағанымды көріп Ұлтарақ Тұрапбайға «осының жалғыз атына несіне жабысасың» деді. Атқа қызыққан кәнігі ұры оны тындамады. Тұрапбай менің қолымнан шылбырды алды. Қолымнан шылбырдың ұшы шыққанда жаным бірге шыққандай болдым. Енді ұры не істер екен деп тұрдық. Тарланкөк тып-тыныш тұр. Тұрапбай оған мінуге жақындады. Ол мінетін адамды тістеп қымтып қалатын атша мойнын бұрды да, ұрыны иіскеді. Тұрапбай аяғын үзеңгіге салып мініп, енді кетемін деп ойлады. Өйткені уәдеміз солай. Нақ осы жерде Тарланкөк артқы екі аяқты көтеріп тастап, мөңкіді-ай келіп. Ұры таскенеше жабысып түспей қойды. Үстіндегі пәленің оңай жау емес екенін сезген соң Тарланкөк басқа өнерге салды. Ол екі алдыңғы аяғын көтеріп тік шапшыды да, арқасына қарай тарс құлады. Тұрапбай аттың астында қалды. Сонан соң ат тұрды. Тұрапбай «осыны алып кетпегенде не дегендей» өлермендікпен атқа қайта жабысып, мініп алды. Тарланкөк қайта шапшып, алдыңғы екі аяғын көтере беріп тағы құлады. Бұл жолы ат тұрды, ұры тұра алмай шалқасынан жатты. Тамашалап тұрғандар Тұрапбайды тұрғызып, әлде біреуі ұшықтап, Тарланкөкті көлденең тартты.

– Мал емес, бұл. Ит қой. Мен жеңілдім, – деді ол. Мәрт жігіт еді ол, қайта Тарланкөкті сөз қылмады.

Ал Ұлтарақ екеуміздің уәдеміз де бар. Бұл қалаға келген соң талай нәрсені үйрендік. Өсектің де, Шегіровтың да болатынын білдік. Егер қауіп болса алдымен мен біреуін ұрып қашамын, олар менімен айналысып жүргенде Ұлтарақ бір жақтан жөнеледі. Табысатын жер белгілі. Бұл кезде қазақ даласының кең екенін, бір жері болмаса, екінші жеріне сиятынымызды анық білгенбіз. Бір жаман жері атымыздың екеу-ақ болғаны өтіп жүрген. Оны әсіресе, Ұлтарақ ойлайды. Ол енді Інжірмен өліспей ажырамақ емес. Көрдің бе, шырағым, қыту тұрмыс қымтып, шымшып жүріп, енді бізді бәріне көнбіс, бәріне шыдамды етіп шығарды. Бұрын

байдың қойын, ауылды тастап кетсек өлетіндей көретін кедейлер енді міне патша жендеттерімен төбелеске әзірміз. Олардың тек бірімізге тиюі мұң. Сонан соң дала-даласын шығармақпыз. Мылтығы бар ғой деп ойлап отырсың ғой. Алдымен мылтықты тартып аламыз ғой. Бірақ біздің мұнымыз дұрыс емес екен. Оны кейін Серғазы айтып түсіндірді:

– Мәселе сен екеуіңе, екі полицейге тіреліп тұр ма? Оларды ұрғаннан не шығады. Сендер құтыларсыңдар. Ал жолдастарың ше? Сендер үшін бәрімізді ұстайды ғой. Сондықтан ондай шешімді түк таппай тұғыр аяқтанғанда ғана қолдану керек.

Сонымен алдыңғы полицей жарылар шикандай тысырайып Ұлтаракқа жақындап барды. Оның бетіне үңіліп сұқ көзін қадап қарады. Мен жұдырығым түюлі күйінде орнымнан тұра беріп едім, Серғазы итеріп қалды. Ыңқ ете түстім. «Отыр» деп ымдады. Нақ осы жерде Жұмбайға жан бітті.

– Полицей мырза, кім екендерін айтып берейін, – деп жып-жып етті. Мұрны пістиіп, көзі көкшиіп иілген күйі оның жанына жетіп барды.

– Айт, – деп зекіді анау. – Жұмбай тура жаңа Серғазыға айтқанындай қос тізерлеп отыра қалып, екі қолын қусырып, сайрай жөнелді.

– Бұл Құлболды Бейсенбайдың үйі. Анау Шапырашты...

– Ақымақ, – деді екінші полицей, – қой оныңды. Одан да бұл үйден шыққан адам бар ма, соны айт, көк есек.

– Жоқ, мырза, ондай болған жоқ, гимназистер келген жоқ. – Енді бірінші полицей ашуланды.

– Жоғал көк есек, тез. – Шамасы іздегенімізді айтып қойды десе керек. Оны оған дейін-ақ біліп алғанымызды қайдан білсін. Жұмбай зытып жоғалды.

– Сорлы ғой, күні үшін, – деді Серғазы оның соңынан қарап тұрып. – Біреудің жалғыз еді, жетім қалған. Бала күнінде басына суық тиіп, екі есті болған.

Оның артынан екі полицей де кетті. Үй іші тым-тырыс бола қалды. Көпке дейін ешкім тілге келмеді. Мен біразға дейін тыныш тауып отыра алмадым. Буын-буыным дірілдеп, бар денем қалтырап кетті. Тыныштықты Серғазы бұзды.

– Олар бір айналып соғады, – деді. Бейсекең домбырасын қолына ала беріп еді, шығыс жақ терезе үш рет шергілді.

– Келді, – деді күлімдеп Бейсенбай. – Мен үрейім ұшып, неге күледі деп ойладым. Мен жаңағы полицейлерді ұмыта алмай тұрмын ғой. Үйге бірдей киінген үш бала жігіт кіріп келді. Бірін жазбай таныдым. Жандосов. Екеуі орыс баласы. Бірінің қолында гармон.

– Келіп кетті, – деді Бейсенбай.

– Онда тездетелік. Қалада жағдай шиеленісті – деді Жандосов түймесін ағытып. Біздің білуімізше екі-үш күнде хабар болады. Иса ағаң маған ескерту жасады. Серғазыға жолама, туысқаным деме. Ол патшаға қарсы орыстармен байланысты. Сен туралы да әңгіме бар деді.

Мынау үшеуімізді есепке алыпты. Әнеугі күнгі әңгіме баз қалпында жетіпті. Мен мойындамадым. Гимназиядан жік шықты деп жатыр деді. Ондағы аты аталғандар да мына үшеуіміз болсақ керек. Арыз үлкендерге жетіпті. Алты жүз адамның қолын көріп, Верный қаласының полицмейстері Паротиков шошып кетті деді. Түркістан әскери-прокуроры генерал Дьяковтан да хат келіпті. Ол Бокин ісінің барысын сұрайды дейді. Шамасы әкесінің соңғы хатынан кейінгі жай болуы керек. Ішкері жақта төңкеріс ереуіл бар. – Ол бір газетті қалтасынан алып бетіне қарап тұрып қазақшалап сөйлей берді. Екі бала жігіт үнсіз отыр. Бірі бұдырайыңқыраған дорба ауыз, сары көзі көкпенбек, тұздай Григорий Федоров. Екіншісі Ставровский сылыңғыр, қоңырлау. Көзі қой көз, беті зиялы семьяда тәрбие алған адам сияқты. Ораз әр жерлердің атын атап көтеріліс, ереуіл болып жатқан қалаларды атады. Сонан соң алғашқы әңгімеге қайта ауысты. – Әңгіме арасында Ибрагим мырза мені қамауға алуды айтыпты. Оған Паротиков «губернаторға айтыңыз» депті.

Ат дүбірі қайта естілді.

– Бәріміз де есік алдына шығалық, – деді Бейсенбай. Топтанып дүңкірей далаға шықтық. Екі полицей қайтып келді. Байқап қарасам Ораз да, екі орыс бала да арамызда жоқ болып шықты. Полицейдің алдыңғысы бізді тегіс шолып шықты да, жүгіріп үйге кіріп кетті. Ол сәл аялдап қайта шықты. Көрші көшеде «Тау бауырында» жырын безілдете ойнаған гармон даусы жоғарылап бара жатты. Тіпті оған қосылған қыздардың да күміс қоңыраулы дауысы алыстаған сайын талып естіліп тұрды.

Сен шырағым әңгіме Қалдыбай турады еді ғой, мына Шұнақ қайда лағып кетті деп отырмысың. Айналып соған келе жатырмын. Бейсенбай үйінен аттанып, екінші көшеге бұрыла бергенде-ақ бір атты тап бола кетті. Қараңғыда әуелде тіксініп қалдық. Амандасқан соң байқадық. Қалдыбай. Амандықтан кейін-ақ әлгі бізге тиісе кетті.

– Большевиктерің не дейді?

– Оның кім еді? – деп сұрады Ұлтарак.

– Әлгі сендердің достарың, – деді Қалдыбай да кергіп.

– Ондай адамды естіген емеспін, – деді Ұлтарак жай ғана мән бермегендей.

– Жігіттердің бірінің орысша аты ма? – дедім мен де әңгімеге араласып.

– Ей қойсандаршы, әукейсімей. Немене сонша керенау бола қалдыңдар. Достарыңды білмеймін демексіндер ме? Білгізерміз.

– Ей, батыр, – деді Ұлтарак, – айтатыныңды қазақшылап-ақ айтшы. Сонан соң тіреп тұрған аспаның болса тастап жіберіп, бізді бастыра саларсың. – Қалдыбайдың қандай жағдайда келе жатқаны белгісіз. Бет-аузы көрінбейді. Қайта-қайта аты ытып-атырылып кетеді. Соған қарап қана байқамай қатты тебініп қалғанын біліп келемін. Аспанда кішкентай саңлауы бар жер жоқ. Тұтасып бұлт басып алған. Түн салбырап тұр.

Аспанмен таласқан Алатау көрінбей қалыпты. Көшені көңілмен ғана біліп келеміз. Аттар әр нәрсеге құлағын тігіп, елендеп қояды. Бұл кезде екі ат та қаладағы қараң-құраңға үйренген. Орынсыз желп етпейді. Ит көрсе Тарланкөктің сайтаны бар, екі жағына кезек қарап келе жатады да, құйрықтан алмаққа жақындаған итті қаңқ еткізіп теуіп түсіреді. Міне қазір де сөйтті. Үлкен қара ит бір қақпаның астынан арпылдап шыға келіп еді, қаңқ дегізіп теуіп түсіріп кетті.

– Большевик деген сендердің достарың Серғазы, Бейсебай, Бейсенбай. Қазір Бейсенбайдың үйінен шықтындар ғой. Гимназистерден өсиет тыңдайсындар.

– Гимасың не тағы? – деді Ұлтарак әдейі бұрып айтып.

– Гимназист деген әнеугі оқыған жас жігіт Ораз Жандосов сендерге үгіт айтатын. Патшаны қай күні түсіретін болдындар.

– Ей, батыр, – деді Ұлтарак, – патшаң түгіл Шегіровты жеңе алмай қызыл итім қыңырт кетіп жүргенде, сен қалжауырды даңғырлақ қаңылтырға айналдырмақ болдың ғой. Өзіміз інге кіре алмай жүрсек. Байламаған енді сенің қоңырауың қалып еді. – Шамасы Ұлтаракты көркіп қалды деп ойласа керек, Қалдыбай жайбағыстап, жылы-жылы сөйлей бастады. Жылы сөйлеп жыланды інінен шығармақ, есер неме.

– Жоқ сендер түсінбей бір нәрсеге ұрынып қала ма деп жүргенім ғой. Жер білмеген жерошаққа жығылар. Қазаққа жақын Эсер партиясы. Ол қазаққа мал бағуға жағдай жасайды. Жолы қазаққа жақын.

– Е дұрыс-ақ – дедім мен. – Қолымызды көкке жеткізеді екен. Жеті миллион қазақтың бәрі қойшы емес пе!?

– Сен өзің бір қыңыр жігіт екенсің, – деді Қойлыбай. Біздің қайда отырып, не істегенімізді білгендіктен мен бұдан кейін оған қайнап кеттім.

– Менің қалған сыңар құлағымды кесіп алып, тезге саларсың. – Бұдан әрі мен шатақ шығара ма деді ме, Ұлтарак Қалдыбайға әдемілеп жұбата тұрып, қайта сөйлемес жасады:

– Батыр, сен бұдан былай мәймөңкелемей, не қоқан-лоққымен сөйлегенінді қой. Біз саясатыңмен жұмысымыз жоқ адамбыз. Әлі кетпеннің жүзі қайсы, сабы қайсы айыра алмай жүрген жайымыз бар. Біз кім айналайын десе, соның құлымыз. Аса момын құдайын танымайды демей ме, сол момын біз. Бізге есерің де, әумесерің де бір. – Нақ осы жерде Қалдыбайдың аты тағы ытырылып, ілгері шығып кетті. Шамасы «әумесер» деген сөз естілгенде атын қатты тебініп қалса керек. Қайнап келеді білем. Ұлтарак жұмсақтап сөзін соза берді. – Өзірге ол айтқан партияның аты бізге ұнамайды. Есермін, екіестімін деп өзі де терісбаққандығын білдіріп тұрған жоқ па? Есерді есер, тентекті тентек табады дейді қазақ. Біз момын болсақ та есімізден ауысқан жоқпыз. Жынды мен сауды ажырата аламыз. – Қалдыбай не дерін білмеді, атын жалына бір салып бұрылды да кетті. Мен аңқайып жанымдағы жолдасымды танымай қалдым. Қалай қисынын, киюын тауып, ақырында

бездіріп жіберді. Бұдан кейін Қалдыбайды февраль революциясынан кейін бір-ақ көрдім. Көрдім дегенде жолыққанымды айтып отырмын. Әйтпесе талай көріп жүрдік қой, енесінен теріс келген бұзаудай кететін-біз. Қашанда қоңырайысып жүреді. Қолынан ештеме келмеді. Өйткені патшаға ол өзі де қарсы. Бірақ бізден жолы басқа. Біз ол бұралаң жолмен жүре алмадық. Өйткені бізді Жандосов тура жолға түсіріп жіберді. Тура жол бізді Совет өкіметіне алып барды.

Февраль айының аяғына таман жер сылпылдап қатты ереді. Мисауытов заводына гимназистердің келуі көбейді. Оларға әйтеуір ешкім тыйым сала алмады. Олай болған себебі де бар еді. Байқап жүрсем менің большевик деп жүргенім әлі мен сияқты ештемеге көздері жете бермейтін, бірақ бірді-екілі орыс жұмысшыларынан патша өкіметі туралы, оған қарсылар туралы хабардар адамдар екен. Ал шын білгіштер гимназист Жандосовтар екенін, оны жұрттың көбі-ақ мойындайтынына бір күні әңгіме арасында әбден көзім жеткендей болды. Жүн тазалайтын жерден өтіп бара жатсам Нұрым деген қазақ жігіт тоқтатты:

– Сіз оқымысты қазақты білесіз бе?

– Ол қандай қазақ, – дедім тұтқиылдан берілген сұраққа не дерімді білмей қалып. Ішімнен оқымаған қазақты біліп болыппын да, енді оқымысты қазақ қалып па деп тұрмын. Жанында жұмысшылардың үлкен кішісі тегіс «дядя Коля» дейтін сорайған ұзын, орта жастан жоғарырақ шүңірек көз орыс. Әйтеуір тым арық, құры терісіне ілініп тұрғанына таңмын. Мен бұл кісіні бір түрлі аяйтын едім. Өйткені өмірі бір иығы жылтырап киім кимейді. Тамағының аш-тоғын білмеймін, әйтеуір қабағы бір ашылмайтын. Қабылмалы ұзын күпісі болады, ол үстінен бір түсіп көрген емес. Жауырынының тұсында екі-үш жерінен мақта шығып тұрады. Не ол мақта түсіп қалмайды, не ішіне кіріп кетпейді. Тақырға әр жерге біткен жалғыз түп теріскен сияктанып көрінеді. Ешкіммен ашық жарқылдап сөйлесіп жатқанын да көрген емеспін. Көбіне-ақ жұрттан шеттеп жалғыз жүреді. Өзінше бірдеме сұрап жалпылдап та жаппайды. Тек өзінен бірдеме сұрасаң ғана дәл жауап береді де, артық сөз сөйлемейді. Қазақша тіпті жылмайды. Тілі бұралмайды да.

– Мына кісі менен сұрайды. Ондай қазақты білмеуің ұят дейді. Соған соң сіздің білетін, білмейтініңізді сұрағымыз келді.

– Білмеймін. Біз қалаға жаңа келген адамбыз ғой, – деймін мен. – Егер Алмағыдағы адам болса түбінде білерміз.

– Түбінде білгеніңнің керегі жоқ, – деді дядя Коля. – Оны қазір білу керек. Қазақ даласында одан білімді адам жоқ. Қазақтар орысша тіл білгенді ардақтайды. Ол неміс, француз, латын тілдерін де жақсы біледі. – Ол мұны асқан ризашылықпен айтты.

– Ондай тілдің бізге керегі не, орыспен сөйлесіп алсақ та жетпей ме? – деймін. Мен оны шынымен айттым. «Қарны ашқан қырсығы бар еркек мысық, сасық дер аузы жетпей майдан жеріп» деп Сара айтқандай,

орыс тілін біле алмай жүргенде, менің неміс тілі қай теңім. Бірақ неге екені белгісіз дядя Коля ойланып тұрып қалды да, бірдеме айтуға оқталды. Сонан соң қайта ойланып, сілекейін жұтты. Үнсіз. Мен оның әлдеқандай бір жүйелі сөз айтатынына шүбәланбадым. Бірақ «мынау ынғай білдіре қалды ғой» дегізгім келмеді. Бұл кезде жұрттың аузын да, өз аузымызды да бағуға жетіліп қалған едік. Екі елі аузыңа төрт елі емес, төрт батпан қақпақ қойсаң, сонда ғана ұтасың. Мына заман артық сөйлеуді көтермейді, білгеннің бәрін еркін сайрайтын гүл бақша болып тұрған жоқ еді. Еркін сайратып алып аузыңа құм құюға, еркін шешек жайғызып алып, су құймай қурауға әзір тұрған сақ құлақ, салпаң құлақ екінің бірінен шығатын еді. Сондықтан да саптыаяқтан ас ішіп, сабынан қарауыл қармауға болмайтын. «Басын жумай биттен көреді, асын жимай иттен көреді» деудің не керегі бар. Одан өзіңе мықты болғаныңа не жетсін. Ең бір сенімді болады-ау дейтін адамның да ішіне үңіліп алмай, сырды шешіп, барды шертіп кету дегенді ұмытқанбыз. Осы кезде қояннан қорқақ, түлкіден жалтақ болған шағымыз. Сауысқаннан сақпыз, иттен иісшілміз. Мен ол өзі сөйлегенше тырс етпеуге бекіндім. Өйткені сәлден соң әңгіме Жандосов туралы болатынын аңғардым. Күртінде қашып жүргенімізде Бейсекең оның атын құлағымызға әбден құйған. Оның алматылықтар арасында «оқымысты қазақ» аталатыны да жадымызда. Бірнеше кездескенде оның оқымыстылығына көзіміз жеткендей де болған. Басқалар әңгіме тұйыққа тірелсе-ақ Жандосовтан сұрап алалық десетін, бәрі соған жүгінуге әзір тұратын.

Дядя Коля айтсам ба, айтпасам ба деп тұрды да, айтуға бекінгендей тамағын кенеп маған жақындай түсті. Жанындағы жігіт те бері бұрылды. Дядя Коля ақырын асықпай сөйледі:

– Верныйға бар шындық жете бермейді. Газет-журнал өте кеш келеді. Ал «Семиреченская ведомость» шындықты жазуға қорқады. Міне сол жетпеген шындықты біз «оқымысты қазақтан» білеміз.

– Ол не шындық, – дедім мен аңқау соғып.

– Мысалы ішкері жақта болып жатқан жағдайларды.

– Түсіне алмадым.

– Түсінбейтін түгі де жоқ, – деді дядя Коля тіпті сыбырлап сөйлеп.

– Мысалы Лениннің еңбектері орыс тілінде жетпейді.

– Ол Ленин деген не еңбек? – дедім нырай түк білмегендей.

– Ленин большевик, – деді ол маған бар жанын сала түсіндірмек болып. – Ол еңбекшілерге бостандық әпермек. Ол өзілген еңбекшілерді жақтайды. Патшаға қарсы.

– Е, солай десенші, – дедім. «Патшаға қарсы» дегенді айтқаннан кейін түсінген болып.

– Міне сол Лениннің жазғандарының орысшасы бізге келмейді. Патша жендеттері ұстап алады. Соны біз басқа тілде шыққандарынан «оқымысты қазақ» арқылы ұғынамыз.

– Ол нендей «оқымысты қазақ». Ол қайда?

– Ол осында гимназияда оқиды. Аты жөні Жандосов. Мысалы Лениннің бір шығармасын ол бізге неміс тілінде шығатын «форбота» журналынан оқып, орысша айтып берді.

– Не депті онда? – деп сұрадым мен дядя Колядан.

– Ол ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы, – деді де өзі де менен онша артық емес болу керек, тереңдеп кете алмады.

– Сол-ақ па?

– Сол-ақ па емес, – деді ол қазақша сөзді келтіре алмай. – Ол біздің оқыған орыстардың да қолынан келе бермейді. Жандосов Пушкинді жатқа соғады.

– Онда әр қазаққа бір-бір зеңбірек істеп бермей ме? – Дядя Коля да, қазақ жігіт те бар даусымен қатты күлді. Мен шынында да Жандосовтың мен білмейтін тағы бір өнері бар екен деп ойлады. Пушкинді зеңбірек екен деп ұқтым. Зеңбіректің де солай аталатыны есімде еді. Сол кезде Жандосовты менің қалай ұққанымды ішіме кіріп білсеңіз. Ол бір даңғайыр, ғажап ұста, исламның уағыздаушылары айтатын Дәуіт пайғамбардай көрдім. Бірақ оным көпке бармады. Анау екеуі күлкісін тыйып, маған бәрін түсіндірді. Пушкинді ашық оқытпайтынын да, «Дубровский», «Капитан қызы» деген шығармасының басылмайтынын да айтып өтті. Тіпті осы Верныйдағы орман-тоғай училищесінде орыстың ең сүйікті жазушысы Лев Толстойдың шығармаларын оқуға тыйым салынып, оған оқушылар ереуіл жасап, бірнешесі оқудан шығарылып, кейбірі каторгаға айдалғанын да жасырмады. Неміс тілін білудің неге керек екенін енді анық аңғардым. Бұдан кейін бұл екі жұмысшы менен естігендерін жасырмайтын болды. Бұлармен бірге Жандосовтың талай әңгімесін тыңдадым. Жандосовты бұларға Бейсенбай Үмбетбаев таныстырыпты. Ол да, Күшіков те большевик ұйымдармен байланысты екен.

Ораз Жандосов он жетінші жылдың январында гимназияда ағарту үйірмесін ұйымдастырады. Содан ол үйірмеде әдебиет, мәдениет сөз болып жүреді де, ақыры олардан большевиктерге бейімделіп Жандосов, Федоров, Ставровский басқарған бір қанаты аналардан іргесін аулақтап, бөлініп шығады. Бір қалт еткенде нағашысының (Үмбетбаевтың) үйіне ол шай ішуге келеді де, әңгіме ұзарып, біраз патша тағының жайын айтады. Сөйтіп нағашы сауатты жиенді өзі жұмыс істейтін заводтағы жұмысшылармен таныстырады. Міне Ораз Жандосовтың революциялық қызметі осылай басталған, – деп Шұнақ тостағанға қымыз құйып тартып жіберді. Мен де қалысқан жоқпын.

– Мен, – деп күлетін дядя Коля, – алғаш жай киіммен келгенде, жаңа келген жұмысшы ғой, өзімізге тартып алайын деп сөз бастап жүрсем, ол бізге күрестің теориясын үйретуге келіпті. – Сол көктемде дядя Коля өлгенде Жандосов оның қабырының басында сөз сөйледі.

Февраль революциясының қалай келгенін білмей қалдым. Айдың аяғы болатын. Екі күн ауырып жұмысқа шыға алмаған едім. Ұлтарақ

жұмыс бабымен Ілеге кеткен. Екі күннен соң таңертең жұмысқа барсам заводта жан жоқ. Бір татар шалы:

– Сен неғып түрмеге шабуыл жасамай жүрсің? – дейді.

– Түрмең не?

– Енді мына сенің құтырған қазақтарың қайда ғой деп едің? Олар жексембілерге қосылып желігіп кетті. Губернатордың кеңесіне, түрмеге шабуыл жасап жүр. Жетіліп келе жатырсыңдар, битті қазақтар. – Нақ осы бір заматта басы іс келсап сияқты шақшабас немені жүн жуатын ыстық суға батырып-батырып алғым келді. Өйткені қатты намыстанып кеттім. Сауаты аз адамға ондай сөз қалай бататынын білемісің, шырағым. Өттең сол бір күндерде айта алмай қалған сөз көп қой. Әр қашан-ақ сол Мисауытов заводындағы бастық татарлар «сендердің ауыздарыңды нанға, үйлеріңді жанға толтырып жатқан біз, бар қазақты асырап адам етіп жатырмыз» деуші еді. Көз ашыла бастағаннан кейін білсек, татарлар үнемі қазаққа келіп есін жинап, етегін жапқан екен. Ауызы асқа, үй іші басқа толуына сол момақан қазақтар себепші болған. Қазанға қап арқалап барып қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болған қазақты тарих әлі білмепті. Ал татардың Ғалымжан Ибрагимов, Ғабдолла Тоқайынан бастап көбі-ақ жіңішкеріп ауырып, жіліншік майы жүлгеленіп бізге келіп, есін жинаған екен. Әрине бұл ерен адамдарға кең қолтық қазақтың «жақсының жаттығы жоқ» деген жылы сөзі, қазан толтырып асқан қазысы, тегене толтырып құйған қымызы еркін болса керек-ті. Үлкенді, сақалды сыйлап өскен қазақпыз ғой, жаңағы татар жасы тым ілгері болмағанда буындырып-буындырып-ақ алатын едім. Үлкен жасынан, ақ басынан қорықтым. Үндемеген күйімше заводтан сыртқа шықтым. Бірақ татар шалдың «битті қазақ» деген сөзін сол күні кешке дейін ұмыта алмай-ақ қойдым. Салбырап та кетсем керек. Сол күні ұлт деген сөзді алғаш рет есіме алдым. «Мынау бізді өздерінен кем көреді екен-ау» деген ой көкейімде картоп жеген өгіздің әукесінше тас түйін болып тұрды да қойды. Оған дейін ешбір басқа ұлттың адамына ісім түсіп көрмегендіктен ондай жәбірленуді білмеген екенмін. Жаубаймен, Даубаймен, Шегіровпен арадағы ерегістер мынаған қарағанда түк емес екен. Тіпті сол татарға мен рахметті жаудыруым да керек шығар. Өйткені егер ол мені «битті қазақ» деп кемітпесе, мен тіпті өзімнің қазақ екенімдім әлде аңғармас па едім, қайтер едім. Бұрын мен көріп жүрген орыстар, ұйғырлар, татарлардан тілден бөлек ешнәрсе байқай алмаппын. Мүмкін бұл менің білімімнің, ілімімнің, мүмкін ақылымның жетілмеген, кемдігінен шығар. Бір құлағымды кесіп, құлақ кесті құл атандырған күні де Жаубайға осынша қапаланбап едім. Қарап келе жатып теріме сыймай, қара бақайыма дейін терлеп, жейдем сығып алғандай су болды. Ішімді бірдеме тырнап бара жатқан секілді. Нақ сол бір шақта дүниеде қазақтан басқа бір де бір халық қалдырмай қырар ма еді деп те ойладым. Дүниедегі ең

үлкен азап халқыңды қорлау екенін осы жерде анық білдім. Мүмкін «битті Шұнақ» десе оны пішту құрлы көрмес пе едім.

Сол бір сәтте Бейсенбайдың әйелінің шүлдірлеп тұрғаны, Серғазының келіншегі, бәрі де көз алдымнан өтті. Жаман битті қазаққа, битсіз қыздарын неге береді екен деп те кіжіндім. Серғазының үйінің қалған тамағының бәрін Марфуғаның туысқандары тышқандай тасиды. Қашанда көрсең бір толмас, тоймас адамдар. Сол үйдің жылы-жұмсағына үнемі ортақ. Оның бәрін түзге жаралған ер адам Серғазы біле бермейді. Шамасы мен келген соң келіп отырған шығар дейтін болса керек. Тәтем еді, тәтемнің үлкен қызының қызы еді, бір нағашымның баласы еді дегендер көжедей көп. Және олар наурыз көженің ішіндегі үйде бар тағамның бәрінен салынған қоюындай қырық түрлі адам. Бәрі Марфуғаның жақыны. Шамасы деп жорамалдаймын, қазаққа тиген бір татар әйел он үй татарды қазаққа асыратады екен-ау! Тіпті бір күні Інжір Серғазының туған күні болғанда «Серғазыға өз атыңнан сый әкел» деп бір сіңлісіне ақша бергенін де көрген. Сөйтіп соқырдың өз бидайын өзіне қуырып берген. Негізі жарыған болса олар мұны неге істейді? Тіпті осы бір сәтте Серғазы мен Бейсенбайды да көргім келмей, қатынсыз өтсе де соларға неге үйленді екен деп ашуландым. Қалың бере алмай қатынсыз, қу тізесін құшақтап өткен қазақ аз ба, бұл дүниеде. Соның бірі болып неге қалмады екен, олар.

Қазақ туралы бір алғашқы ойлаған күнім болды сол. Ойлап-ойлап осы жерде қазақтан жамандық таба алмадым. Менімше ең бірінші жамандығы қой баққандығы ғой деп тапшылады. Егер ол қой бақпаса, соңынан жүрмесе ғой, біз де мына бір жаман шал құрлы қала азаматы болып өсер едік. Егер сол мал соңында, соны жайылым, мөддір суат іздемесек, келістіріп болмаса да, басқа отырықшы халықтардай қалада күн кешер едік. Біздің де моншамыз болар еді. Ол мүмкін басқа елдікіндей бірнеше түрлі болмаса да, болған ғой. Болмаса «монша» деген сөз қайдан шығыпты. Осы жерге келгенде інім ойланып қалдым. Өйткені ойма «монша» деген сөз түскен соң шынымен ойлануым керек болды. Оның да жөнін осы жерде келтірдім. Осы жаңағы шақшабас сияқты келімсектердің біздің елімізге басып кіріп, моншамызды қиратып, тоншамызды тілгілемегенін кім біледі. Нақ осы жерде моншамыз да болған, одан бізді айырған әртүрлі алақөзденген, жат ауылдың бұқасындай жауларымыз деген қорытындыға келдім. Інім шынымен оның солай екенін, моншамызды, шахтамызды, құйған қорғасынымызды, ұстаған зергерлерімізді, қорытқан қоламызды, басқан көрік, еккен өрігімізді, бауымызды-бақшамызды татар-монғол басқыншыларының құртқанын кейін білдім ғой. Егер сол күні білсем сол шақшабастың басын мұжыр едім. Сондай келімсектер, тілемсектер болмаса біздің де завод-фабрикамыз болмағанмен қолөнерімен айналысар ұста дүкендеріміз, зергерлік бұйымдар жасайтын шеберханаларымыз болар еді. Біздің де қыздарымыз қылдай қылып қасын теріп, керіп қояр еді. Кірпігін, көзін

сүрмелеп, ернін далаптап тал шыбықтай бұралып тұрған қыздар қасын теруді білмеді деп кім айтады. Қызымыз жіңішке болып өссін, көп ұйықтамасын деп қызтөсекке көрпе астынан қыл арқан төсегенді, еңіл гүлін алып, шишаға ашытып еңлік бояуын жасап, оны әйел бетін өңдеуге қолдануды, қыз тырнағына қына қоюды білген қазақ бәйбішесі қалай-ақ әйел бет-аузын әрлеуден мақрұм қалды екен. Рас, қыстың қысқан бір-ер айында шаруасы шатқаяқтанған, шаруасына қарай басқадан саяқтанған қазақтың кірлеп, қышынып жүргені болар. Бірақ қай халықтың да жоқ-жітік, жарлы-жақыбайы жүдеп-жадап жүрмей ме? «Өз елінде боқ жейтін ала қарға біздің елге келіп жыл құсы болыпты» дегендей неліктен бай болса елінен қаңғып, қазаққа келіпті, неліктен қазақтың киімінен, киізінен, жүн-жұрқасынан, отқа жаққанынан артылған шайырлы жүнді тазартып, қазақтан қалған нәжісті жуып мал, пұл жасап отыр?

Қазақтың моншасы қазір жоқ болса, ол тұрмысына қарай болған емес пе? Қалада бір күн киноге зорға жарайтын ақ көйлек қазақ көктеп, жайлап, қыстап жүретін аймақта он күнге жағасын кір шалмай жетеді. Ендеше оның жуынуына, жеңіл шайынуына су да жеткілікті емес пе? Осы жерде тағы бір қызық жай есіме түсіп кеткені. Сонау дүрбелеңнен кейін қашып жүрген шағымызда бір күні бір жесір жас әйелдің үйіне түнеп шықтық. Ертең көшіріп алып кетемізбен бір оңаша, жалғыз үй қалып қойған екен. Күйеуінің көз жұмғанына бір жылдан асса да, ас берілмей, сондықтан әлі «аға өлсе іні мұра» бола қоймаған кезі екен. Жел аударған қаңбақтай қаңғып жүрген екі атты кеш алдында келіп түсе қалғанда әлгі жас әйелдің қуанғанын айтпаңыз. Оған күздің ұзақ сары таңы жылмен тең болары өзінен өзі түсінікті. Дала қазақтары көбіне адам қасқырдан гөрі, кәдімгі аң қасқырдан қорқады. Малды қазақ ауылында қасқырдан қауіпті ешнәрсе жоқ еді, ол кезде. Керек десе қазақ тентек баласын да қасқыр деп қорқытады. Ал кейде оның атын атамай итқұс деп, атын атаса келіп қалатындай, алыста апанында жатып естіп қоятындай болады. Шешек шыққандай жалғыз үй әрқашан отыра бергенімен олардың зәресі зәр түбіне-ақ кетіп отырар-ды. Сонымен кешке дейін көлік күткен жас әйел әбден жабығып та, қамығып та тұр екен, бізді көрген соң қуанғаны да сол. Таң бозара біз сол Сарыүйсін жесірінен аттанып кеттік. Сол күні жерге қырбақ қар түскен. Біраз жүрген соң бір жерде шегендеулі құдық көрдік. Ат суаруға ертемен соған бұрылды. Келіп түсе салып Ұлтарак бір баудай қурай жұлып әкеліп, құдық басына төседі. Соның үстіне тұрып ол сыр жалаңаш шешіне бастады. Денесі аппақ екен. Әйтеуір осы бір аса сымбатты жаралған жан.

– Сен қауғамен су тарт, – деді ол маған бұйырып. Сөйтіп ақ қар көк мұзда, елсіз далада, құдықтағы мұз қатқан судан алып оның үстіне құйдым. Ол әбден жуынып болып, ат суарып жүріп кеттік. Сөйтсем Ұлтарак түндегі келіншекпен тіл табысқан екен. Бірақ қашқынға қатын керек пе, өз басын қазақтың ми даласына сыйғыза алмай жүрген жоқ па? Оның үстіне жер дауы, жесір дауы шешілмеген заман. Інге кіре

алмай жүріп қалжауыр байлап керегі не. Үстіміздегі салбырап тұрған пәле аз болғандай, батпандайын тағы жапсырып, енді бүкіл Сарыүйсін – Қалшаны өзімізге жауықтырып артымызға салғанымыздың жөні келмеді. Сондықтан да кең далада кез болған сұлу борықтан тартқан сүйріктей қанша сымбатты болса да айдаладағы үйінде қаңқиып қала берді. Бір күнгі көрген қызығын бір өмірге бағалаған байқұсқа ешбір уәде бере алмай, мұнайып Ұлтарак аттанды.

Я, айтпағым тазалық туралы еді ғой. Міне шомылудың мұндай түрін қазақтан басқа бір халықта бар деп айта алармысың? Байқамаппын, жерді тесіп жібере жаздап қатты жүріп келе жатыппын. Әйтеуір дүниеде қазақтан артық халық жоқ деймін. Титімдай оның кемшілігі бар дегім келмей барамын. Бірақ көңілімдегі түйткіл – қазақтың қой баққаны. Бірақ деп ойлап қоямын ол қой болмаса мына малшылық қайдан пайда болмақ? Қаладағылар темір-терсегін жемек пе? Қазақ даласының өзінен артылған кір-көңісі-ақ мына Мисауытовтарды, Шахворостовтарды ақшадан табыт соқса да жетерлік етіп бөгеп, бөлеп тастап жатқан жоқ па? Қалай ғана татар шал осыны аңғармайды деп мазам кетіп, бар ашуымды жұдырығыма жинап келемін. Көшеде көрінген беті-ауызы бозарыңқы адам бәрі де шүңірек көз, шоқша бас татар шалдай көрінеді. Олардан жиреніп, жеріп келемін. Тіпті ондайлардың бәріне атасына лағнет айтуға дайынмын.

Ал әмеңгерлігі де жаман емес пе деп сұрап қоямын өзімнен өзім. «Жоқ» деп, ыза болғандығым сонша, дауысым да шығып кетіпті. Өз даусымнан өзім шошып түстім. Неге деймін өзіме өзім. Негесі сол, жетім қалған балаға не әкесінің ағасынан, не інісінен артық кімнің жаны ашушы еді. «Ерден кетсе де елден кетпейдіні» қазақ сондықтан шығарған. Сөйтіп бұл жағын да ақтап алдым. Әйтеуір қазаққа шаң жуытпаймын. Қайыстырып қалың бергенін де жөн көресің бе? Баласын асырап-өсірген ін, шұбалтып көйлек кигізіп, бұралтып бой жеткізген адамға ақысын төлеу артық емес деп қоямын. Шынымен, інішек, осы кезде мен сол ойларымды қарастырғанымда кейбірінің жаны барма деп қаламын.

Мысалы осы кезде бүгін некелескендердің ертеңіне ажырап жатқанын көру қиын емес. Екі, үш ай тұратындар да көбейіп барады. Осыдан біздің семьямызда әлі құрыштай бірлік болмай келеді. Ондайларды көргенде бала-шағасы бар адамдардың зәресі кетеді. Шынында да бұл бір үлкен мәселе. Әлі мүмкін заңның осы бір жағын қайта қарастыру керек шығар. Өзің қалап қосылған екенсің енді сонымен өмір бақи тұр деу жөн шығар. Қосылсаң қосыл дегеніміз әрине дұрыс. Бірақ ажырасқың келсе, ажыраса сал дегеніміз қисық. «Қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман» деп біздің халқымыз тауып айтқан ғой. Ал осы кезде дүрілдетіп, думандатып той жасаймыз. Адам өмірінде бір-ақ рет болатын үйлену қуанышын осылай дуылдатып, дулатып, думандатып өткізген әбден әйбат. Онда жаннан қиып ділмарсып ұзақ-ұзақ

сөз сөйлейтініміз қандай! Жақсы тілек, жарым ырыс. «Қосағыңмен қоса ағар» деп баталар беріп, жарылқай саламыз. Сөйтіп тұрып, артынан енем жаман, күйеуім жаман, енем жаман, алғаным жаман десе, соған да ұйый саламыз. Желді күнгі оттай ұйтқып кетеміз. Мұнымыз қисынсыз. Тас түссе талайыңнан деу әрине мұндайға ақылдылық болар еді деп ойлаймын. Қалай інім, менікі дұрыс емес пе? Жарайды сен жас адамсың, жаңа адамсың, сенен жауап күтпей-ақ қояйын. Бірақ сен журналистсің ғой, пікір білдіру, ой тастау сенің міндетің, мұндай сөздерге ерекше маңыз беруің керек. Өйткені біздің заңымыз жақсы. Бірақ ол бұрын социализм болып, сол заңдар қайта жақсартылып отырған жоқ қой. Тыңнан салынған жолда қате болмайды деп кім айта алады. Сондықтан бірді-екілі заңда бұрыс, ағаттық кетуі мүмкін ғой. Сонда оны айтпасаң қалай түзелмек? Шындық деген айна. Айна сенің көңіліңе қарамайды. Сен патшасың ба, байсың ба, батырсың ба, оған бәрі бір, бетіңнің шұбарын шұбар, шұнақ екенсің шұнақ етіп көрсетеді. Жаманды қанша әдемілесек де, қисықты қанша түзу етіп көрсеткің келсе де шындық алдында қыңыр түзу бола алмайды, жаман жақсы көрінбейді. Шындықтың беті жарық. Ал көп адам көріп тұрып-ақ қисықты қисық деп айтқысы келмейді. Мен сияқты шындықты бетке айтқан адам жыңды атанады. Осы кезде шыны керек, мына сен сияқты бәрі де ақылды. Сен мысалы Жандосовты естіген едім дегің де келмей отыр ғой. Бәрі осылай кете берсе не болмақ!? – деп шал біраз тоқтап, үнсіз отырды.

Мен бет-аузымнан түк білдірмеген боламын. Шұнақ шал үндемей қалды. Түпсіз, тұңғық ойдың жетегінде отыр. Әлде тағы да мені сынайын деп отыр ма екен? Жоқ, көзі сонау аяқ астында жатқан далада. Аңырақайдан Ақадырға тартып жаңбыр жауып барады. Бұлттан шыққан жаңбыр жол-жол болып көрініп тұр. Бұлт арасынан сығалаған күн сәулесі де нақ солай жол-жол. Менің әлдеқалай сол далаға кеткім келіп кетті. Табиғатым далаға тарта береді. Шұнақ шал көзі күлімдеңкіреп, маған бұрылды:

– Осы сен әңгімені кеше көбірек құптап едің. Бүгін сұлқ отырсың. Кешегі әңгіме қыз-келіншек жайлы болған соң ұнаған ғой. Бірақ саясаттың әңгімесі журналист үшін бірінші кезекте тұру керек.

– Оныңыз рас, – дедім мен. Шұнақ шал менен қостау алған соң тостағандарды қайта қымызға толтырды. Қымыз құйып жатқанда байқасам, торсық кешегі емес. Одан үлкенірек, мес. Ыстаған, сыртын жалтыратып майлаған, жақсы ұсталған ыдыс екен. Ішіндегі қымызы тіл үйіреді. – Қымыз кешегіден бүгін жақсы екен.

– Қазақ тұрмысын білетін бала сияқтысың. Бірақ күшіңнен ақылң көбірек болуға тиіс. Қара жұмыспен айналыспаған ұлсың ғой. Денен айтып тұр. Сонымен әлгі татар шалдың сөзін ұмыта алмай, жерді тесіп жібере жаздап бара жатқанмын. Жүн жуатын заводтан қаланың

ортасына тез-ақ келіп қалыппын. Үйде адам қалмай бәрі көшеге шыққан ба дерсің. Бір көшеге келгенде үлкен жиын көрдім. Гимназия көшесінде бір адамның белінен арқан салып әрі-бері тартып жүр. Тіпті әлгі әркім бір қойып кетеді. Әншейінде бір бұрыштан шыға келетін полиция қызметкерлері де көрінбейді. Байқасам бірлі-жарымды ондай қызыл жағалылар бар екен. Олар ортаға жақындаса-ақ жиналған көптен үш-төрт адам оны сүйреп сыртқа шығарып тастайды. Олар не ыза боларын, не күлерін білмейді. Тіпті әлгі дүрмектің полицияны елемегені сонша бір жастау орыс жігіті оның құна папахасын басына кептеп уықтың қаламына кигізілген уыққаптай баса салды. Ол көпке дейін иегіне түсіп кеткен папаханы шығара алмай, одан шығарып алған соң әлгі шерменде демін ала алмай, енгігіп тұрды. Мен мұны алдымен көп бола беретін қаладағы дүрмектің бірі деп шамаладым. Өйткені мұндай жиынды қыста талай көргенім бар. Соның бірі есімде қалды. Өйткені ол есте қалмауға болмайтын еді. Он жетінші жылдың январының аяғы болатын. Қатты ойда келе жатыр едім. Түнде Жандосов айтқан әңгіме құлағыма кіре қоймады. Ол ұлттардың ғана емес, жалпы халықтың теңсіздігін айтқан еді. Мысалы дядя Коляны алайық деген. Өмір бақи еңбек етті. Бір жарымай кетті. Өйткені оның істеген еңбегінің ақысы түгел берілмеді деді. Мен мұны шынымен түсіне алмадым. Жалақысын дұрыс бермесе оған кінәлі татар байы Мисауытов емес пе? Оған неге айдалада жатқан патша айыпты болмақ? Осыған миым жетпей келе жатқан едім.

– Айда, Киргиз, жур бизбен, сен де сорлы ғой, – деп бір орыс әйелі иығымнан қағып қалды. Шала білетін қазақшасын айтып мені қолтықтап алды. Таныс па деп бетіне қарасам сол бетінде тырнақтай қалы бар әйел. Байқасам артымда әйел тіпті көп. Олар сол қалпымен Полиция басқармасы кеңсесіне келді. Сөздеріне қарасам бәрінің күйеуі әскерде екен. Олардың арасынан біреуі алға ұмтылып, кеңседен шыққандарға «азық-түлікті көбейтіндер, балаларымыз аш, күйеулерімізді қайтарындар» деп үкім ете сөйлеп еді. Оны офицердің бірі жанына шақырды. Оған барған әйелді екі полицей тырылдатып сүйреп ала жөнелді. Қалған әйелдерді полиция қуды. «Саған не жоқ» деп біреуі мені де май құйрықтан бір тепті. Кейін сауат ашқан соң архивке үңілсем саяси қылмыскерлерді бақылаушы Жандарм ротмистрі Железяков он жетінші жылдың 24 январында Жетісудың соғыс губернаторына былай деп жазыпты: «Әйелдерді Верный құрамаларында қызмет ететін олардың ерлері қоздырып жүр. Олардың төменгі шенділеріне сенім жоқ. Егер қара тобыр қазақтарға тиісе кетсе, олардың тобыр жағына шығып кетуі мүмкін». Мына көргенімді де сондайлар шығар деп бой салмап едім. Бір кезде әлгі арқанға байлап ары итеріп, бері жығып жүрген адамға көзім түсіп кетіп еді, бір жерде көрген адам сияқты. Қайда көргенімді есіме түсіре алмадым. Бір кезде сол тартыстың ішінде Серғазының жүргенін байқадым. Бірақ оның жаны-

на жақындау мүмкін емес еді. Өйткені ол әлгі байланған адамға араша түсіп жүр.

– Анау байлап алғандары кім? – дедім жанымда тұрған жігіттен. Байқасам жанымдағы әнеугі Жұмбаи. Екі көзінен сорасы ағып жылап тұр. «Еңіреуден де екі боз ат» келеді. Оған қарар, жұрт күлер деген Жұмбаи жоқ, пора-пора. Шамасы әбден терлегеніне қарап, оның ананы ажыратып алуға біраз күш жұмсағанын аңғару қиын емес еді. Үстіндегі киімі де өрім-өрім, жалба-жұлба болып жыртылып кетіпті.

– Зәқаға ғой! – дейді әлгі кемсеңдеп. Онда Серғазы неге араша түсіп жүр деп ойладым. Сонан соң барып ұқтым, егер ол араша түспесе мыналар оны көшеде өлтіретін екен. Ауылда балалар шөже торғайды бір аяғынан шуда жіппен байлап алып, одан екі-үш адым жерге ұшырып, тырылдатып қайта сүйреп тартып алып ойнап жүруші еді. Мынау да нақ сондай. Бір кезде оншақты атты полицей бір-ақ келді де, әйтеуір көп қолынан байлаулы торғайды босатып алып, айдап кетті. Оның да сілікпесі шыққаны сонша үстіндегі ши барқыт бешпенттен саутамтық қалмапты. Басы жалаң бас. Ұстарамен қырғызған домаланған, тап-тақыр бастан бу бұрқырап барады. Аяғында бір етігі бар, бір етігі жоқ. Етігі жоқ аяғындағы киіз байпағы сал-баланып, қонышы түйенің мойнағындай қабат-қабат болып тобыққа түсіп кеткен.

– Мен сендердің Жандосовтарыңды оқтан алып қалғаным, қане? – деп айғай салды ол. Шамасы алдағы күнім не болады десе керек, мына сөз соған жасаған қамзауы екен.

– Өз басыңа-ақ, салпаңқұлақ сарт ие бол! – деді біреу көп ішінен. Сонымен ол айдалып кете барды. Аз күннен кейін оның атылып кеткенін де естідік. Көшеде атты қазақтар да толып кетіпті. Қыстай байлауда тұрған құр аттар денесі қызып, ауыздығын шайнайды. Сауыры қақ тұрғандай, жалы сере, түгі тікірейген жануарлар жер тарпиды. Тақымына ат тиген қазақ қандай көтеріліп, лепіріп кетеді десеңізші, аттың танауы да, адамның танауы да делдііп, мұртты қазақтар ерекше айбаттанып, сестене түседі. Ат барған жерден орыстар ығысыңқырап, екінші жаққа жапырылады. «Битті қазақтың мына сұсты түрін көрмейді-ау, жаңағы шақшабас шал» деп те қоямын ішімнен. Қанша оқиға өтіп жатса да оны ұмыта алар емеспін.

Базарға бұрылдым. Әлдеқалай базардағы адамнан қоян көп. Көксүр қоян өріп жүр. Бұл бір көрмеген жайым еді. Адам аяғынан ығысқан қояндар секең-секең етеді, «қанжығада көрісерміз» деп бірімен бірі қоштасып бара жатқандай. Не болғанын біле алмай біраз таңданып тұрдым. Базарда жүрген орыс балалары қоянды қуалап, екі құлағынан көтеріп, шынғыртып жүр. Маған бір қызық ой келді. Базардағы адам шетінен қоян болып бара жатқандай. Адамның қоян болуынан қорқып қашуға жақын тұрғандай атты адамдар. Базардағы атты адам бұрын бірді-екілі қала қазақтары болушы еді, шеттен келген қазақтар орыс араласқан базарға ат мініп келуден қорқатын. Бірақ байқасам аттының

көбі орыстар. Көше бойлап жоғары-төмен шауып сабылып жүргендер көп. Жұрт әлде бір төбелесіп, соған қызынып алғандай. Ешкімге ешкім жауап бермейді. Мен базардың сауда көшесі жағынан кіріп едім. Шығыс жағына шыққанымда бар қызық осы жерден тарап жатыр екен.

Қаланың шығыс жағынан басталып түстік шығысқа қарай кететін сайды Әбілғазы атайтынын естуің бар шығар. Осы сайдың аузынан кіріп өрлегенде қоян өріп жүруші еді. Ол Пашка Пантасовтікі дейтін. Жасы алпысқа таяп қалған Пантасовты ешкім әкесінің атымен құрметтеп айтып көрген емес. Ол балаға да, үлкенге де Пашка болатын. Бірақ өзі жауыздығымен атағы шыққан. Осы саймен жүрген оңай-аспақ жүргіншіні, әрине алдымен қазақты тонап алып, ол сауатсыз қазақ тек орыс тілінде ғана арыз тындайтын кеңселерден теңдік тауып қайтқанша алғанын жоқ қылып жібереді де, тұқ көрмеген болып отыра беретін. Ондай тонаушылығын шамасыз, панасыз орыстарға, көбіне орыс тілін білмейтін қазақтарға жасайтын. Ал осы кезде орыс тілін барлық қазақ білмейді десең де шындықтан жырақ емес-ті. Бір күні таудан есекке отын теңдеп бара жатқан қолтоқпақтай орыс жігіті Никонды тоқтатып, Пашка отынды өзіне түсірткізеді. Никон алдымен мұны өзінше ұғады. Шамасы жалғыз үй отырған соң іші пысатын шығар, шайға шақырар деп қарсылық көрсетпейді. Отынды түсіріп болған соң Пашка «ал енді есегің өзіңе олжа жөнел» дейді. Никон жүн жуатын заводта бізбен бірге істейтін. Жалғыз басты, жетім өскен, туған-туысқаны жоқ жігіт болатын. Бізбен бірге де жүретін. Никон оған жайымен өз халін, жағдайын ұғындырғысы келеді. Жоқ Пашка жауап бермей кетеді. Анау да қадалып «Пашка ойнағаныңды қой» дейді. Никон кетпей қойған соң анау үйінен екі баласын шақырады да, есектің үстіне мұны байлатып, жүгенін сыпырып алады да, қала жаққа шығатын жолға қуып тастайды. Сөйтіп Әбілғазы сайда алғашқы кездескен біреу оның байлауын шешіп босатып алады. Никон қатты ыза болғанын, ақысы кетіп бара жатқанын айтып зар жылады.

– Бәрінен де есекке таңып жібергені өтті-ау. Мені қорлағаны сендердің бәріңді қорлағаны. Бұл маған – орысқа істегені, ал сендер қолына түссеңдер не істейтінін енді айқын аңғарамын. Өш алу керек, одан, өш алу керек.

– Неге барып едің? – дейді оған Ұлтарак.

– Жексенбі болған соң біреудің есегін сұрап алып, отын әкеліп сатып, бір жартылық ақша таба қояйын деп едім, – дейді Никон күліп. Шырағым, ол кезде таудан қурай, бұра әкеліп сатып көп адам күнін сөйтіп те көретін. Әсіресе жексенбі күндері көрсең түстен кейін біреу есекпен, біреу атпен, біреу өгізбен, тіпті жаяу жалпылы отын арқалап, артып келе жататынын көретінсің.

– Енді қайтіп Әбілғазы сайдан отын тасысаң өлдім дей бер, – деген оған Пашка. Бәріміз де бұған қатты құлақ астық. Өйткені бұған дейін де ол талай адамды зарлатқан екен. Жайлаудағы малына азық тасыған

қазақтың барлық қарала қабы осы Пашканың үйінен табылған да, азығы қоянына жем болған. Пашканың қоян сататын уақтысы осы февральдің аяғы екен. Оны білетін Никон қап бәлем деп жүреді. Пашка да баю жолын білетін адам болған. Февральдің аяғында қаладағы қазақтың, орыстың үйіндегі егі таусылған кезін күтеді. Біреу әуес көріп, біреу үнем көріп, әйтеуір қай жағдаймен алса да қоянды қоймайды. Сонымен осы күні Пашка қос ат жеккен бес арбамен қоян әкелген. Дәндеген қарсақ құйрығымен ін қаза бастағанда ішінде Ұлтарак бар Никон бастаған он жігіт арбаларды аударып, шарбақтарды сындырып, базарға қоянды қаптатып жіберген. Алдымен көзіне түскен Никонды бір қойып, ұрып жыққан Пашка Ұлтаракты көргенде тіпті жыны қозып кетеді. Бұрын қазақтарды басынып, ұрып-соғып үйренген, қазақтардың орыстарға қол көтеруден қорқатынын білген Пашка бар ашуын содан алмақ болып Ұлтаракты ұрмақ болып жұдырығын ала жүгіреді. Ол үндемей әдейі қарап тұра қалады. Ұлтарактың жағасына жармаса түсем дегенде Пашканы ол иектің астынан қағып жібереді. Пашка шалқасынан түседі де, тұра беріп айқай салады:

– Жұрт көрдіндер ме, қалбит орысты ұрып жатыр!

–Кешіре көріңіз! – деп Ұлтарак көтеріп алып, аяқ-қолын тарбаңдатып арбасының арғы жағына лақтырып жібереді.

– Әй сонда айызымның бір қаңғаны-ай! – дейтін Никон. Не істерін, кімге шағынарын білмей Пашка қала берген. Сөйтіп арамнан жиналған мал ұстағанның қолында, тістегеннің аузынды кетті. Бекер өлгісі келмеген Пашка Никонды етегінен басып ұстап қалмақ екен. Ұлтарак оны қайта итеріп жіберіп, босатып алған. Нақ осы жерде он шақты атты орыс келіп Пашканы айдап кеткен. Не болып, не қойғанын ұққан жан жоқ. Базарда бақырған, шыңғырған дауыс, азан-қазан. Олсыз да өзіліп, лайсаң болып жатқан жерді қоян қуған балалар шалпылдатып, балшылдатып, үйіндегі жылт етерін үстіне жапсырып келген, шекесінен қараған қала әйелдерін бажылдатып жүр. Ол кезде қалада бұралқы иттің де көп кезі. Қоян қуып, ұстап тістеп кетіп бара жатқан итті көріп, «тістегеннің аузында кетті» деген осы екен-ау деп жағамды ұстадым. Осы жерде менің ойыма өзім қорлық көрген Жаубай түсті. Соның малын да осылай бір таласа шіркін деп армандадым. Ол арманымның алыс емес екенін ол күні білген жоқ едім. Қайтадан ойыма татар шалының «битті қазақ» дегені түсіп, көңілім қабаржып, базардың үстіңгі жағына шығып, сары ала шіркеудің алдына тоқтадым. Губернатор паркіне қазақтарға кіруге рұқсат жоқ екені есіме түсіп тұра қалдым. «Солдаттарға, иттерге, қазақтарға кіруге рұқсат жоқ» дегенге бұрын қалай мән бермегенімді ойладым. Тіпті бұған қарағанда татар шалдың айтқаны түк емес қой. Солдатты, қазақты итпен бірдей көрген ғой. Міне қанымның қайнағанын көрсеңіз. Бұдан бұрын бұл паркке қазақты жібермейтінін талай естіген едім. Тіпті оны «неге» деп қалай ойламағанмын. Қалай біз өз жерімізге өзіміз қожалық ете алмаймыз?

Е, деп «ұлттардың өзін өзі билеуі» деген дядя Коля айтқан Ленин сөзін еске алдым. Оны Жандосовтың оларға неміс тіліндегі журналдан орысшалап бергенін, неге олай еткенін енді ғана түсінгендей болдым.

– Әбеке! – дегенге жалт қарасам Жандосов. Астында торы аты бар. Торы аты да, Ораз да қарасуға түсіп терлеген. Сеңсеннен істелген папахасының жиегінде де тер көрінеді. Мұрнының үсті шып-шып етеді. – Я қайда жүрсіз? Тоқаш Бокин шықты. Зәкір Исабаевты жігіттер ұстап алып, түрмеге қамады. Енді патша тағынан түсті. – Ораз мұның бәрін қуанышпен емес, асқан бір салқындылықпен айтты. Мен біраз оқиғаны көзіммен көргенімді білдірдім.

– Ал ендеше неге көңіліңіздеу тұрсыз? Атыңыз қайда? – жаяу екенім сонда ғана есіме келді. Қатты жүргендіктен болу керек, етігімнің қоншына дейін батпақ. Жер сылпылдап еріп жатыр. Түс ауып кетіпті. Қанша жүріп, таңертеннен бері қандай оқиға көрсем де ол маған «битті қазақ» деген сөзді ұмыттыра алмапты. «Битті қазақ!» Ұмытатын сөз бе, ол. Енді оның үстіне патшаның Алматыдағы оң көзі – губернатордың бізді ит қатарына қойғанын ойлап жаным түршігіп кетті. Сонда біз қайда барып күн көруге тиіспіз. Тіпті осыған дейін Жандосовтың, Күшіковтың айтқандарын қай құлағыммен тыңдағанмын деп күйініп кеттім. Қазақ көрсем-ақ бас салып, құшақтап сүйгім келеді. Ораздың сөзіне жауап та бермеппін. Ораз жас болса да өте шыдамды, басалқалы адам. Мен оның сөзін жауапсыз қалдырып қазақ туралы ұзын сүрелі ойыма түсіп кетіппін.

Сол бір кездері арамызда азды-көпті сөз болғанда қалың беру, құда түсу сияқты әдеттер де әңгімеленетін. Олардың кейбірін Ораз да, Серғазы да теріс әдеттерге жатқызатын. Менің татар шал мен патша губернаторына өкпем сонша, осы жерде соның бәрін ақтап шықтым. Алдымен қызыл құда болуды алдым. Бұл әншейін тілектестік, достастық қана деп қоямын. Одан қазаққа қандай зиян келмек. Екеуінің әйелі болғанымен екеуінде де әлі бала жоқ. Қызыл құда болу осы. Екеуі уәде байласады. Біріміздің әйеліміз ұл, біріміздің әйеліміз қыз туса құда боламыз деседі. Бұл әншейін тілектестік қана. Бұл достасудың бір жолы. Бұл үшін қазақты сөгудің керегі жоқ. Бел құда – екеуінің әйелі екі қабат болғанда. Бесік құда – екі әйел босанып, ұл-қызды болғанда. Бұл да көңіл аударарлық нәрсе емес. Өйткені қазақта баланың төрттен бірі ғана тұрған. Бәрі өкпесінен суық тиіп өліп қалған. Сондықтан бесік құданың жүзден бірі ғана жүзеге асқан. Демек бұл да қазақ мойнынан түсіп қалады. Ең соңында құда түсу, құйрық-бауыр асасуға келдім. Ыза болғандығым сонша, қазақты бұл жерде де ақтап алдым.

Сен сияқты оқуды жаңа бітірген жас журналистің бұған қарсы тұрарын білемін. Дегенмен мен осы пікірімнің дұрыс жері бар екеніне күні бүгінде таласа аламын. Айталық қазақ жылына жайлауда бір кездеседі. Көбіне-ақ осылай. Әйтпесе мал жайымен телім-телім бо-

лып жүреді. Күзден бастап ала қыстай інге кіріп жоқ болған суырдай әркім жалғыз үйден, өз қыстауында. Тіпті керек десеңіз мұндай кезде қастарына біреудің қыстағанын ұнатпайды да. Өйткені қазақ «жаз қазыл, қыс қысыл» деп бекер айтпаған. Жазда жайлау қорымайтын қазақ қыста өз малына шөп тауып беру қиын болғандықтан еркін көсіліп, еркін пиғылды көрсете алмайды, жағасы жайлау, етегі қыстау бола алмайды. Сондықтан да өз қотырын өзі қасып, оңаша отырғанды қоштайды. Кейде амал жоқ, бір жақыны жанына келеді. Қимасын жанына алады да, «қыс қысыл» жасайды. Сөйтіп жүрген қазақ, мал кезегін, мал жайын бірінші қоятын қазақ, күн көріс жайымен көбі-ақ оңаша болады. Енді мұндай кезде ылғи кісімен араласып өспеген, біреудің кеудесіне кіріп кете алмайтын, ұялшак, не ұяң жастардың танымайтын жерден адам тауып ала қоюы оңай емес. Оның үстіне ондай жерлерге қолы түгіл көбіне ат аяғы да жете бермейді. Өйткені ат аяғы жететін жердегілердің бәрі немере, шөбере, шөпшек ағайындары. Жеті ата толмай қыз алыспау шыбық қиып, ант етискен ата-баба заңы. Оны аттап өтуге болмайды. Сондықтан да осыдан барып екі түрлі жол бой көрсеткен. Оның көбіне таңдаулысы қыз айттыру. Яғни көріп жүріп, таңдап жүріп алу. Ондайда ұл да, қыз да әкесіне кісі салып, өз ойын айтады. Бұл ерікті жағдай. Ал еріксіз бүгін мұнда, ертең қайда дегендей қазақ ауылында мүмкіндік бола бере ме, сондықтан қыз көріп құда түсіп, құйрық бауыр асасанды. Бірақ қыздың да, ұлдың да қалыңдықты немесе күйеуді көргенде шануға (ұнатпауға) хақы бар. Әрине ондай жағдайда қайсысы шаныса да көп айып тартады. Әрине шану хұқы көбіне қыздан шыққан. Әрине әке-шеше тілін алмай шану сирек болған. Сонда да шануға праволы екені хақ. Қарап отырғанша әңгіме болсын, шырағым. Сонау бір жылдары Тайбағар мырзаның екінші ұлы Үмбетқұлдың Ақжан деген қызы Шағатай ішіне сіңген Тобықты Торған деген күйеуін шаныды. Ол кезде біз Ұлтарак екеуміздің Күрті түсіп, қашып жүрген кезіміз. Содан құда болып құйрық бауыр асасқан шағатайлар айыбы бар, күні бұрын өткізіп қойғаны бар Үмбетқұлдың үш үйір жылқысын, бес жүздей қойын тігерге тұяқ қоймай қара қора айдап алды. Бұған ешкім қарсы тұрған жоқ. Уәдеге берік, жазылмағанымен жазылғанға бергісіз дала заңы осындай. Бұл уәдешілдігі қазақтың негізінен табанды халық екенін көрсетпей ме!? Ал қара қора болды дегенді білесің бе, шырағым. Қазақ жұттан кейін қара қора болып қалды дегенді көп айтады. Өйткені қойы жоқ қора қап-қара болып қиы көрініп жатпай ма? Бұл сөз алғаш сыртқы көрінісіне қарап айтылғанымен кейін философиялық мәнге ие болған.

Мен сәл ойланып қалдым. Жынды деген шал аяқты қалай-қалай тастайды. Бұл оқыған адамдар аңғармас ұғым ғой.

– Ия шырағым, оқымаған адамдардың ішінде де оқығанға бергісіз болады, – деді шұнақ шал, менің ойымды қағаздан оқығандай. – Менің сенің ойыңды әулиелілікпен немесе көріпкелім болып біліп отырған жоқпын. Мен сенің бет-пішініңнен көп нәрсе ұға аламын. Әңгіме

арасындағы неге сайуы керек сөздің логикасынан тез қорытынды шығара аламын. Осылай шырағым. Айтайын деп отырғаным қыз теңдігі еді ғой. Содан Үмбетқұл ішіндегісін сыртқа шығара бермейтін адам еді. Шынар бәйбіше көңілі келсе көл, көңілі түспесе шөл адам болатын. Байлыққа үйреніп қалған бәйбіше басқа бар ағайындарынан көлік, сауын сұрағанды көтере алмай, асасын жерге ұрып, өз қызын өзі жұлуға дайын тәк-тәкпен зорға жүрді. Сөйтіп жүргенде Шағатай Қашқын қажының баласы Момбек Ақжанды айттырып, жігіт шаныған, атағы шыққан, мың сомға бағаланған қызды алмақ болды. Қыз оған еркімен барды. Енді қыз әкесі өңкей теңбіл көк жылқыдан екі қыздың қалынын алды. Қыздың еркі жоқ болса осы оқиға болар ма еді, шырағым. Кейде біреулер бұрынғыны жамандағанның жайы осылай деп соға береді. «Ерден кетсе де елден кетпейдіні» де осы өңірде бұзған осы қыз болды. Бір жарым жылдан кейін әлгі қыздың қосағы Момбек дүние салды. Үмбетқұлдың өзіне тете інісі Төлеп тентек кісі еді. Жесір қалған қарындасының жағдайын білейін деп барса, көзі іріңдеп, буыны дірілдеп тұрған жетпістен асқан қайынағасы алмақ болып жатқанын біледі. Ағасының мінезін білетін қарындасы ағасын жанып, жайын айтып, бұл ауылдан төркініне кеткісі келетінін білдіреді. Тентек ағасы қарындасын алады да кетеді. Ол кезде «қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман» кезі. Шынар бәйбіше қызы қайтып келгеніне арланып, дауыс салып тұрып жылады. «О заманнан бұ заман, қыз қайтып келді деген не сұмдық» деп тұрып озандады. Оның арасында Октябрь төңкерісі болды да, қыз сүйгеніне кетті. Міне, шырағым осыларды сол кезде де ойладым. Ендеше бұл жерде қандай кемшілік бар деп қоямын. Өзімнің кедейлігімнен әлі қалың бере алмай, қатын ала алмай жүргенімді де ұмытып кетіппін. Ол мүмкін ол кезде әлі ақыл толыса қоймағандығынан да шығар. Шырағым құда түсу ол баста сондай өріс-қоныс алыс болғандықтан, қажеттіліктен туған болар деймін. Сөйтіп татар шал маған көп нәрсені түсіндірді. Осы кезде байқаймысың шырағым, оқу бітіріп, үйлене алмай жүргендер бар. Отырып қалған ақылды қыз қанша? Ал осындайда құда түсу де, жеңгетайлық жасау да артық емес пе деп қаламын. Өйткені ақыл тоқтатып қалған жастар қалай, қалай емес деп жүреді. Міне сөйтіп қазақтың қалың беріп, құда түскенін де теріске шығармадым.

– Жоқ, қазақтан артық халық жоқ, – деп жібергенімді өзім де байқамаппын. Жанымдағы Ораздың жымиып күліп тұрғанын байқадым.

– Әбеке біреу сізге қазақ жаман деді ме? – деп сұрады Ораз басынан папахасын алып, терін сүртіп.

– Қазақтан артық халық жоқ, – дедім мен қайтадан. Жаңағы «битті қазақты» Ораз айтқандай-ақ тепсініп тұрмын. – Өзің қарай ғой. Жамандығы тоқал алғандығы ма. Мүмкін оған бүгінгі қазақ айыпты емес те шығар. Адамзат өмір сүргелі неше ығылым заман болды. Қандай заман өткенін білу керек. Мұны да өмірдің өзі туғызбағанына кім кепіл.

– Ораз менің өзеуреп сөйлегеніме танданған да жоқ, бөлмеді де. Ой шырағым-ай, Ораздай адам туар, бірақ тез тумас. Ол сирек қайталанатын құбылыс. – Шұнақ шал жасып, көзіне тағы да жас келіп қалды. Мен оны байқамаған болып тостағандағы қымызға бас қойдым. Шұнақ шал тағы да Саршыбырға қарап қалыпты. Тағы да бұл дүниені мүлде ұмытып, өзінің өткен өмірінің бір кезеңіне үңіліп кеткендей.

– Ораз ат үстінде тырп етпей тұр. Менің сөзімді құлақ қоя тыңдады, – деді Шұнақ шал көзіндегі жасын іркіп тастап. – Өзімнің ақылым, тілім жеткенінше айтып жатырмын. Тоқал ма, жаман жері. Ол да жаман емес деппін. Ораз неге деген жоқ. Мен жасырақ кезімде Қасқарау ішінде жүргенде Тоқым деген қойшы шалдан бір қызық әңгіме естіген едім. Соны сол жерде Оразға айттым. Ол былай еді: Дулат момын ел еді шырағым. Ұрпағының момын шаруа болатынын Дулат айқын аңғарса керек-ті. «Ата балаға сыншы» деп қазақ бекер айтпаған. Бәйдібек байдың Домалақтан туған ұлы Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат үшеуі. Енші алысарда олар таласып, содан жасы кіші Дулатқа басқа ағайындары да болысып, Албан мен Суан өкпелеп қашқан деседі. Содан Дулат екі ағасынан бөлек өсіп, өзі көп жасап тоқсанның үшіне шығып дүние салыпты. Өлерінің алдында төрт ұлын Ботпай, Шымыр, Сикым, Жанысты шақырып алыпты:

– Мен болсам қартайдым. Сендер азамат болдындар. Енді міне о дүниеге аттанарда сендерге бір ғана сөз айтайын деп едім. Сендердің төртеуіңнің де тұқымың көп, бірақ момын болады. Пысыққа байлық жараспаған. Байлық өз жөнін білген, момын шаруаның ісі. Бірақ ол байлықты ұстап тұру үшін к... керек. Ол сендерде болмайды. Батыр туса да сирек туар. Сондықтан мына Шапырашты ұрпағымен іргенді ажыратпа. Оның ұрпағынан батыр, найзагер көп болмақ. Ағам еді, бірге туып едім деп Албан мен Суанға ауытқыма. Олай істесең әруақ атады. Көрімде тыныш жатпаймын. Өйткені жеті жастағы маған қарамай кеткен ол екеуі, әлде оның тұқымы қашанда Албан мен Суаннан басқаға жақсылық жасамайды деген екен. Қазір бір ауыл Шапырашты, бір ауыл Дулат болып аралас отыратыны міне сол Дулат өсиетінен қалыпты. Сол Дулаттың айтқанын Құлболдыдан тараған Бөлтек деген бір тұқымы сынап көрмек болыпты. Бөлтектің он бір ұлы бар екен. Оны он отау, кішісі үлкен үйін басқан екен. Екі жағына бес-бестен отауын салған, көңілі өсіп, көкірегі кеуіп тұрған Бөлтек осы ағамыз Дулат тым қартайып өлген екен. Мүмкін алжып кеткен де шығар, ағамның сөзін бір сынап көрейінші деп туысқаны Албандарға қарай көшіпті. Шелек өтіп, Сөгеті барыпты. Албанның шетіне жетіпті. Сөгетінің кең аңғарын көріп, отты жерге риза болыпты. Қараса Албандар шіріп жатқан бай, ит басына іркіт төгіліп жатыр. Сонда мейманасы тасып жүрген Бөлтек «атам алжыған екен, Албан ағамның мынандай кең қолтығы, төрт түлігі сай малы тұрғанда қолында бөрілі сүңгісінен басқа түгі жоқ, судан қалған егіндей кедей Шапыраштының ішіне қамағаны несі» деп он бір үйді

қатар тіккізіп, бір ауыл болып отыра беріпті. Көңілі аспандап, аяғының жерде екенін ұмытыпты.

Бір күні түнде құба қалмақтар шабуыл жасап, Бөлтектің он ұлын өлтіріп, малын тегіс айдап әкетіпті. Бір қора қойын түнемелге айдап кеткен кіші Арысбек қана малымен аман қалыпты. Ағам ауылын біліп келіп деп ол есік алдына шығады. Ауылда шоқтығы жауыр болып, лоқыға айналған, ауық-ауық мандамын емдейтін болғандықтан, алысқа ұзап кетпесін деп екі артқы аяғынан тұсап қойған жалғыз ат қалған екен. Соның тұсауын алып, сауырына мініп Бөлтек көрші Албан ауылы отырған жерге барса, аттарының тезегі қурап қалыпты. Сөйтсе олар құба қалмақ шабуылын бұрын білген екен де, Торыайғыр асып көшіп кеткен екен. Шал құдайдың болса да, әруақтың болса да ұрғанын біліп үйіне қайтады. Ызальықтан оң бармағын екі буыннан тістеп жұлып алыпты. Жалғыз ат, бір қора қойдан басқа көшуге көлік те жоқ. Алды отызда, арты жиырмаға жетпеген он келін енді кіші ұлдың әйеліне күн көрсетпейді. «Қойыңда байың бар, қолыңда балаң бар» дегенді шалдың көзінше де, қайнысының көзінше де кіші абысынына ашық айта беретін болыпты. Шал сасыпты. Елге қайтайын десе бет жоқ. Шашын жайған, қара жамылған өңкей бақтықара жесірді қалай көрсетемін деп қысылады. Жақын арада ел жоқ. Шал он келіннің бәрін кіші ұлына қосыпты. Содан шал он келінінің алдынан он, артынан бес-алты немере көрген соң бозқасқасын айтып сойып қайта көшіп Шомқалғанға келіп орналасыпты. Міне, шырағым, мен әлгі тоқал алудың жайын айтамын деп әңгімені тым ұзатып алғанымды өзім де білмеппін. Ораз соның бәрін ат үстінде тырп етпей тыңдап тұрыпты. Міне, дедім Оразға ашуланып, аяқ артуға ат қалмаған, ашу көтеруге еркек қалмаған осындай кезде тоқал алу шықпағанына кім біледі. Сөйтіп тоқалдықты да ақтап алдым. Сөйтіп ашумен айтқан әңгімемнің бәрін Ораз жақсы біледі екен. Өйткені ол Бөлтек Ораздың нағашылары екенін кейін білдім.

Сөйтіп татардың шақшабас шалы мені сауаттандырды. Ораз әбден тыңдап болған соң ғана маған бір-ақ ауыз тіл қатты:

– Әбеке, ойлай білетін адамбыз. Бізде жетіспей жатқаны осы өзінше ойлау жағы. Жаубай айтса, Даубай айтса болды, соны ғана орындап келдік қой. Міне енді дұрысы болар, бұрысы болар, әйтеуір басымызды бас дәрежесіне жеткізіп келе жатқанымыз байқалады. Осының өзі де жаман емес. Сіздің осындайды ойлай бастауыңыз бар қазақтың ойлай бастағаны ғой деймін.

Сол жерде ата жауымның аттары аталған соң сылқ түскенімді өзім де байқамаппын. Кейін білдім, сол жерге тіпті Жаубай мен Даубайдың атын Ораз әдейі мені басу үшін алған екен ғой. Адамның жадысын табушы еді-ау, қайран ер. Дегенмен Жандосов сол бір кемшілімізді дәл басқан. Абай айтқандай «көп айтса көнді, жұрт айтса болды, әдеті жаман адамның» деп осы бәріне, дұрысқа да, бұрысқа да мөңді-мөңді деп көне беретініміз, арғы жағын ойлатпаған да, ол қараңғылыққа, тұңғылыққа

тарта берген ғой. Мен де адаммын-ау, мен де осының айтқанын ойлап көрейінші, сонан барып қарекет қылайыншы деппіз бе біз, ол кезде. Бір күндері сонда соны ойлап күйіп кеттім де, малдан айырмалар ойымыз болса, оны жүзге асыра алмасақ, онда біз де бір, мал да бір емес пе, патша бізді паркке кіргізбесе, 2,4 миллион гектар шұрайлы жерді тартып орыс кулактарына алып берсе, дұрыс істеген ғой дедім. Содан сабама қайта түсіп мүмкін ондай ойды ойлай алмаған, малдан дайрағы ғана басқа болып жүрген жетесіз мен шығармын дедім. Егер барлық қазақ сондай көркірек болса, соны ойлап көтеріліс жасаған Бекболат Әшекеевтің, Қастек болысының азаматы Нүке Сәтібековтің, Күрті болысының, Ботпай болысының ел үшін еңіреген ерлерінің патша жендеттері қолынан қаза табуы қайдан болар еді. Тіпті Жандосов ше?

– Қоян саудасы бітті, Ореке! – деген таныс дауысқа жалт қарасам Ұлтарак. Жүзі жайнап, екі кісі мінгендей екі иығы бұрынғыдан да үлкейіп кеткендей. Оның да астында аты бар.

– Оны білдім, – деді Ораз. Бұл Ілеге кетпеп пе еді, қайдан келіп қалды деп мен тұрмын.

– Кетейік, Әбеке, – деді Ораз. Мен Ұлтаракқа мінгесіп, өз пәтерімізге қарай тарттық. Кез-келген көшеде жиын. Патша билеушілері қанша жасырса да жұрт Николайдың тактан түскенін естіп алған. Пашка сияқты талай кулақтың дәулеті қашып, ырысы ыдырай бастады. Бұл шынында да капитал шаңырағының алғашқы шайқалуы еді.

* * *

Күн сәске болып қалды. Кешегіден гөрі шұнақ шал көңілді. Шамасы менің әңгімесін тындауым оны бір көтеріп тастады. Екі ат екі жерде жусап тұр. Еттің иісімен бірлі-жарымды келген шымалды қағып тастады да, Шұнақ тостағандарға қымыз құйды. Қайта тұрып кетіп, тастың қуысына үңілді. Тағы ақ қағазға ораған бірдеме алып шықты. Қағаздан он шақты құрт, жас ірімшік төкті. Сап-сары ірімшіктің қош иісі ызылдап ұшып-қонып жүрген аралардың да мұрнына жетті. Бағанадан бері бір қадам жерде өсіп тұрған бәршінің гүлінсорып жүрген екі-үш ара бірден ұшып ірімшікке қонды. Шұнақ оларды ұшырып жіберіп, тамақтың бетін жапты. «Ұшқан құс, жүгірген аң бәрі тамақ» деп бір өлең шумағын бастады да, аяғын аяқтатпай маған қарады.

– Ішеміз бе? – деді ол. Бір нәрсе ойына түсіп кеткендей, далаға ұзақ қарап қалды. Бұл жолғы қарасы көңілді, әлденеге сүйсінгендей білдірді. Байқасам даланың біраз жеріне күн жауып өтіп барады екен. – Жетісуда жаңбыр астықты оруға бұрын бөгет жасаған еді ғой. Енді орақ кезіндегі жаңбыр жан рақаты. Өйткені мұнда жаз ұзақ. Қазіргі техника өсіп келе жатқан заманда егін пілде шықпай жинап алынады. Ал мына жаңбыр бірер сағат болса да ыстық аптабын басады. Ішеміз бе? – Мен оның «ішемізбесін» естімеппін, салқын тауда отырып даладағы ыстық апта-

бында күнге қақталып жүрген диқандар қамын жеп отырғанын ойлап кеттім. Неліктен осынша көп көрген, тауда отырып қос басындағы диқан қамын жейтін қормал адамды бұл ферма менгерушісі жек көреді екен? Әлде шынымен-ақ мұның жүрегің қақ етіп, қасаң етіп өтпек пе екен? Әкеңнің құны кетіп пе еді дейді қазақ өштескендерге, ашуланғанда. Ал жүлгелей келсек, Шұнақ сөзін рас десек оның әкесінің емес оның мойнында мұның әке-шешесінің құны бар сияқты. Сонда неге бұған өштесе түседі.

– Асықпай тыңдасаң бәрін де айтып беремін, – деді Шұнақ. Мен шошып қалдым да және үлкен кісіні бір сәтке болса да елеусіз қалдырғаныма қысылып қалдым. – Қысылмай-ақ қой, мен күнде ұрлық істемей ұры атануға, алғыс орнына ұрыс естуге үйренген адаммын. Жасырып істеген жалмауыздық бір жөн, қылмысты істеп, қолыңнан не келеді дегенде күйіп кетпей тұра алармысың. – Шұнақ аздап тығылып қалып, қайта сөйлеп кетті. – Ұлтарак қызық ғалисан жігіт болатын. Сөйте тұра сыр сақтағыш еді. Оның ішіне бәрі сия беретін. «Жер қозғалса, қозғалмайтын» деп халық сірә осы Ұлтарак сияқты ұлды айтқан болса керек-ті. Шіркіннің шыдамы-ай, көнтерілісі-ай!

Алматының көктемі де ерекше. Кей жылы қыс бойы күнде сылпылдап қар еріп жатады да, көктемнің келгенін білмей қаласын. Ал баз бірде қыстай сіресіп жатқан қар сарылдап-күрілдеп бір-ақ күнде кетеді. Осы он жетінші жыл да ерекше жыл болды. Қала төңірегіндегі ауылдар қалаға көбірек келгіштеп кетті. «Таяғын ұстап қалды», «Қара-қора болып қалды», «Ақ сүйек болып қалды» деген сөз күнде естіліп жататын. Бір күні Ұлтарак екеуіміз ауылды сағындық та, жексенбі күні қала маңындағы ауылдың біріне түстенуге аттандық. Март болса да қардың шекесі бұзылмай сіреу тартып баз қалпында жатыр. Аттың жалпақ тізесінен келетін қар сол жылы қысқа шыққан шөптің қылайған қылпығын қалдырмай басып қалған. Қыстың бір шамасына дейін сылпылдап еріп жатқан қар, февральдың аяғында бірнеше күн бұрқасын болды да, Итжоннан қызыл тұрып қатайып, ызғарланып алды. Өрі қалың қар, ат құлағы көрінбес зымыстан боран шаруаның күйін де, иін де, иінін де түсіріп жіберді. Шалдар мұны аю теріс аунап кетті десті. Қыс ұйқысына кеткен аю көктем келе оянып аунайды екен деседі, жұрт. Егер ол оң аунаса, яғни беті іннің аузына қараса, көктем тез шығады. Егер ол теріс аунаса қыс қатая түспек. Енді біреулер жылан жыл жақсы болып көрген емес, жылан бәрін де жалмап бітер десті. Қалай десе де әйтеуір қыстың аяғы қыңыр кетті. Бар шөпті ұстараман қырғандай жинап алатын қазіргідей техника жоқ. Қол шалғымен шауып алған азғантай шөп қазақтың қолға қарап көрмеген көп малына бір айға ғана талшық болады. Осыдан кейін-ақ қойға күрек ашу басталады. Көп малға екі-үш адамның күректеп ашқан жері не болады, мал ашығып бірінің жүнін бірі жұлып жей бастайды. Содан мал қырылады. Біздің алғашқы келгеніміз Ерубай Домбай ауылы екен.

Алыстан биік қораны көріп мынадай қорасы бар адамның малы қалай өлер деп келген болатынбыз. Келсек қора дегеніміз қойдың өлігі. Оны қораның үстіне серейтіп-серейтіп қалап қоя беріпті. Мен өз өмірімде жұтты, жаманшылықты көп көрген адаммын. Бірақ осыған дейін мынадай сұмдықты көрмеген едім. «Қоянның бойын көріп қалжасынан түңіл» дегендей мынандай ауылға қалай түсерсің, қалай түстенем дерсің, қылығымызға өзіміз ұялып ат үстінен қайтпақ болдық. Соның арасында қора шетіндегі тамнан әлі күші қашпаған, тіп-тік, малым өлді деп мойып тұрмаған, айыр сақалды егделеу кісі шықты. Сәлемдескеннен кейін қазақ әдетімен – Жол болсын! – деді үлкен кісі.

– Әлей болсын! – деді Ұлтарак. – Ауылшылап жүрміз.

Қыс күндері күндіз келгендердің бұйымын жетісулықтар айтқызбай біледі.

– Түсіндер балалар, түстеніндер, – деді үлкен кісі. Біз түсу, түспеуді ойлап бұйығып қалдық. Бірақ бәрін түсініп тұрған сұңғыла кісі арғы жағын өзі жөндеп жіберді. – Қазақтың мал қырылғанды көргені осы деймісің, шырағым. Мен мұндай жұттың әлденешесін көрдім. Жүгенімді, қамшымды ұстап, ер-тоқымымды арқалап қалған кезім талай болған. Соған өлмей-ақ Домбай осынша жасқа келді. Түсіндер, сүрі таусылатын уақыт болған жоқ. Бүгін бір кісі келсе деп отыр едім, өзім де. Нақ осы жерде татар шалдың «битті қазақ» дегені есіме түсіп кеткені. Қырылып жойқан төбе болып үйіліп жатқан қой анау, қалған азғантай малға шөп шауып бере алмай отырған иесі мынау, сонда да түсіп тамақ ішіп кет деп қолқалайды. Әлгі есігіне екі кісі, төріне төрт кісі отырып көрмеген, ауызы толып ет жемеген, тақымы толып ат мінбеген татар шал осыны көрер ме еді деп Домбайдың пейіліне риза болғанымнан жылап жібере жаздап тұрдым. Осындай қорасы қойдан айрылып, ауызы ақтан қағылғалы отырған қазақ қоң етін кесіп беруге дайын тұрса, мал пейілге бітпегенде кімге бітсін! Осындай пейілге бітпеген мал оңа ма, осындай қазаққа мал бермеген құдай оңа ма?!

Домбай түспесімізге қоймады. Екі атты ақтасынға байлап, қанжығамыздағы іші толған сұлы атдорбаларды аттарымыздың басына іліп қойдық. Адам көп емес сияқты. Домбайдың бойжеткен қызы, азамат болып қалған ұлы қойға күрек ашып жүр екен. Ұлтарак екеуіміз де біраз жұмыс істедік. Әсіресе мұндайда Ұлтарак қандай, тауды мойнына тесіп ілсең де сүйрей береді. Өзінің де тауды талқан, ойды кезең еткендей күші бар. Ол азғантай уақытта бір қора қойдың орнын қардан аршып тастады. Қары ашылған жерге аш қой кенедей қадалады. Тіпті жусанның түбіріне дейін қажап өліп барады. Тамақ үстінде малдың жайын әңгімелей отырып Домбайға шынымызды айттық. Домбай көпті көрген, көп білетін абзал адам екен. Біздің қазақ құшағын, кең дастарқанын аңсағандар екенімізді ол бірден-ақ аңғарған екен. Мүмкін қала төңірегіндегі қазақ ауылына келген біз ғана емес шығармыз. Шанжағай болса да анда-санда болса да бұл ауылдан келіп-кетіп

дәм татып жүретіндер болса керек-ті. Күрек ашып болып, болашақ «балаларымыздың көзі шегір» болмайтындай етіп үйге кірдік. Жып-жинақы үй іші үпке толы. Ең бай ауылда да кездесе бермейтін қалы кілемді текемет үстінен төсеп қойыпты. Нағашысына келіп еркелеп жатқан жиендей әрқайсымыз қос жастық шынтақтап, шанжиып жаттық. Екі бөлмеден тұратын ауызғы үйдегі темір қаңылтыр пеш үстінде қайнаған тоғыз қарыс қазаннан қазақ рухының иісі бұрқырап шығып жатыр. Аздан соң түсірілген еттен қайқайып қазы көрінді, жылқы мен қой еті араластыра салынған екен. Қалада қанша ет жеп жүргенмен далада піскен еттің, оның үстіне көңге табиғи сүрленген еттің дәміне не жетсін. Піскен еттің арасы тобылғыдай қызарып, кескенде пышақ тиген жері көк-жасылданып мұрынды жарып, тіл үйіріп тұр. Асықпай отырып, еттің ұстағанын алған соң, Ұлтарак сүрді қикызылдап турап, еттің нанын қабырғамен жапырақтап, тұздықты құйып, бабына келтірді. Сонан соң үй иесі үшеуіміз етті ортаға алып тойып жедік. Тураған ет үстіне қиғаш жапырақталған қазыға да есеміз кеткен жоқ. Шын көңілімен тамақ берген үйді «еңбегіміз қайтпады-ау» дегізбейік, ренжітпейік дедік.

Біз шай ішіп аттанарда Домбай екі баласының орысша сауатын ашуды мұрат тұтып жүргенін, қазақша сауаты бар екенін айтты.

– Шырағым, Ұлтарак, не алса да осы екі баламды орыс мектебіне кіргізуге көмектесіңдерші. Сендердің жалғыз атты кедей екендеріңді білемін. Бірақ әйтеуір қаладасыңдар ғой. – Байлауға келсе де күрмеуге келмейтін қысқа жіптей біздің тұрмысымыз ақысын өзі төлеймін деп отырған адамға да уәде бергізбеді. Дегенмен осының өзі үлкен жолға қазақтың бет алғаны сияқты еді. Баласын оқытуға ұмтылған қазақ бір Домбай ғана емес еді. Бұл көптеген қазақтың жас күшіктей көзін жаңа аша бастағаны болатын.

– Қуанышты жағдай ғой, бұл, – деді Ұлтарак. – Қай қазақты алсаң да баласын оқытқысы келеді. Жақсылық емес пе, бұл! Жақсылық нышаны ғой, бұл. – Ұлтарактың нақ осы жерде бұған жүрекжарды қуанғанын мен ол кезде түсіне алмадым. Сөйтсем ол Ұлтарактың сол бір қараңғы қапастан шығардың алдында-ақ көзі ашылып, көкірегі оянып, елінің болашағын ойлағаны екен ғой. Мен жанымда жүрген Ұлтаракты да байқай, байыптай алмаған екенмін.

Ұлтарак екеуіміз қайтып келе жатып, халықтың шаруаның қатты күйзелгенін әңгімелесек ол сонау Беріктастан сыздақтатып хабар жеткізеді. Оны да мына қырылған малдан шығарып айтып келеді. Әйтпесе әлі де бұл сыр құтыда – сегіз жүз жыл жатқан жындай ішіне сия берер еді.

– Сенің де атаңның малы қырылып, бір қора қойы қалыпты.

– Ау, Ұлтеке, қайдағы атамды айтасыз?

– Құлағынды кесіп, ен салып алған атаңды, – дейді Ұлтарак. Ең болмаса күлмейді де.

– Оның малы қырылмаса үйелменімен өртенсін. Оны айтып қайтесің.
– Ұлтарак жайбағыстап анда-санда бір сөз тастап қойып келеді.

– Сен немене сонда құлақты бекер беріп пе едің? – Мен бұл сөзге түсіне алмай қайран қалдым. Неге қозғап келе жатыр.

– Жаубай да, Даубай үйі де қойды азайтыпты. Жаубайдың қыста мың қойы бір күнде ығып кетіпті де, қойшысы да, қойы да Дегереске қараған бетте опат болыпты. Қойы азайған соң Жаубай көктемге сала қайта баюды ойлап, Күнгейдегі Бәйтелі-Қауменнің бір шалына Ұлтуғанды қатын үстіне бермек болыпты. – Мен ат үстінде құлақ ұрып тыңдап қалғанымды біліп Ұлтарак аяғын айтпай қоя салды. Мен шыдай алмай кеттім. Жүрегім соғып, шымылдап, бұлқынып кетті.

– Апыр-ау, күпті қылмай аяғын айтпаймысың!? – деймін. Менің әбден сексеуіл шоғына шыжыған қауап етіндей күйіп тұрғанымды көріп, сонан соң қозғалмақ. – Малы құрысын, Ұлтуған не болыпты?

– Осының бәрін «қоян базар» күні Ұлтуған өзі айтты.

– Ұлтуған қайда?! – Бұрын қалай шыдап жүргенімді қайдам, жүрегім аттай тулап аузыма тығылды. Әлдеқалай денем түршігіп, көңілім лоблып кетті. Ұлтаракта үн жоқ. Әдейі мені жалындыру үшін үндемей келеді. Нақ осы жерде де оның қалжыңы қалмайды.

– Тарланкөкті берсең ғана айтамын. Сенің Ұлтуғанға жақындауыңа себеп болған сол еді ғой. Бір қыз бір ат болмайды ғой дейсің бе? Ұлтуғаннан қымбат десең атыңды өзің-ақ мін. – Шіркін сол Ұлтарактай жігітті осы өмірімде әлі кездестірген жоқпын. Қазақ айтатын жігіттің жеті түрінің үшіншісі яғни ғалисан жігіт еді ол. «Ғалисан деген сол болар, тілінің қызығы мол болар, көңілінің болмас бұзығы, сөзінің болар тұздығы» деуші еді, Бейсебай ақын. Барлық ойын ойнақы, жанауыртпас қалжыңмен жеткізуші еді. Бұл жерде де мені ынтықтыру үшін сөзді суыртпақтап қана айтып келеді.

– Іледе жүр ме екен? – деймін мен тағат таба алмай.

– Ұлтуғанды жақыннан тауып берсем де бермеймісің?

– Ойбай-ау ат беретіндей жақсылық көрмей тұрмыз ғой. Әйтпесе жөні келген жерге түйеше шөге салмаймын ба!? – деймін мен.

– Сен ондай бос сөзінді қой, – дейді ол. – Бересің бе, жоқ па? – Осылай Ұлтарак мені үйге дейін қажады. Ат дүбірінен шыққан болу керек, Інжір бізді даладан қарсы алды. Өзі айт-тойға баратындай жалтылдап киініпті. Інжір қалаға келгеннен бері кимешек киюді қойған. Ол қаладағы қазақ келіншектерінше орамал тартады. Бүгін басына шашақты ақжібек шәлі салыпты. Қызыл жібек көйлек, жасыл шолақжең киіп, кемер белдік буыныпты. Аяғында көксалдаған кебіс мәсі. Інжір басқа біреумен қашуға жиналып, енді мыналар келіп қалған соң амал жоқ тұрғандай. Өзі де келіскен адам, асқан салтанатпен көрінеді. Жалт-жұлт етеді. Ұлтаракқа қарап едім, үнсіз атын байлап жатыр. Ой, ішін жарылып кеткір-ай десеңші. Асығу, аптығу жоқ. Дүние шайқалса да бір қалыптан шықпайды, арнадан ауытқымайды.

– Бүгін сенің атыңды байлайыншы. Мен сияқты қатын алар ма екенсің, – дейді Інжір. Күлмейді.

– Біреудің әйеліне көз салғаныңды қойсаңшы, сен Шұнақ. Өзіңнің де әйел алатын уақытың болды ғой. Жоқ әлде жасыңа жетпей жүрсің бе? Ең болмаса құлағыңның құнын дауламаймысың? Құлақты бекер беріп қоясың ба? – Есіктен Серағаңның келіншегі жылтың ете түсті. Ол да үйіндегі тәуірін киіп алыпты. Әйелдер қыдырып келген ғой деп ойладым.

– Сырттан келгенде бұдан кейін менің үйіме кіргенінді қой, – деді Ұлтарак. – Өз бөлмең бар емес пе, әлде менің әйелімнің бетіне бір қарамасаң болмай ма!? Шыдамым таусылды, менің. Бұл кезде Серғазы өзі отырған үйін бізге беріп, көрші үйге кірген еді. Бұрынғы үй бізге қалған. Інжірді тонап болып қалғанбыз. Мойындағы алқа, меруерт, маржан бәрі төсенішке, көрпе-төсекке кетті. Енді үй әжептәуір үй қалпына кіріп келе жатқан. Мен жататын кіші бөлмеге кеше ғана Інжір бір сырмақ әкеліп салыпты. «Мұны қайдан алдың» дегенде, «жұмыр білезігіме айырбастап алдың» деген-ді. Сол енді өзімізге (үшеуімізге) қараған қоржын үйдің ауызғысына кіріп, пальтоны, құлақшынды ілдім. Бұл кезде қала тәртібін үйреніп, шапан киюды қойғанбыз. Мен аядай бөлмеге жатарда бір-ақ барушы едім. Ұлтаракпен бірге солардың бөлмесіне кіріп отыра беретінмін. Бұл жолы олай болмады. Ұлтарак менен бұрын ішке кіріп, оның ілгегін салып алыпты. Амалсыз кішкентай бөлмеме бұрылдым. Көктемге салымғы қыстың кішіні ұлытқан, үлкенді сұлатқан, шалбардың бауын ұзартқан күні кеш тартып қалған. Бөлмеде шам жанып тұрғанын көрдім. Неге екенін қайдам жүрегім тар кеудеме сыймай бұғалық түскен асаудай бұлқынып кетті. Есікті аша беріп бір аяғым табалдырықтың арғы жағында, бірі бергі жағында аңырып қалдым. Ұлтуған! О кең дүние! Не істерімді білмей қаққан қазықтай қақиып қалыппын. Түрегеліп бұралып тұрған Ұлтуған жүгіріп келіп мойныма қос қолдап тұрып асылып қалды. Өсіп кеткен сақалыма қарамай, қысқы аяздан кеберзіген ерініме еріні жабысып қалды. Көз жасы көл.

– Абағым, Әбекем, сізді де көретін күн бар екен ғой. – Оның екі көзінен жас емес, бастау шыққандай. Көз жас тимеген жерім қалмады. Сөйлеуге шама жоқ. Не айтып, не қоярымды білмеймін. О бір шамада ғана «Амансың ба, жаным» деппін. «Ғашықтық тілі тілсіз тіл, көзбенен көр де ішпен біл». Шіркін Абай, қалай дәл ұстаған. Айтпасақ та, сөйлемесек те бәрі түсінікті, тілсіз ұғысып, тілсіз табысып тұрмыз.

– Е, біреудің әйеліне көз салғанша өстісеңші, – дегенде ғана есімді жидым. Тағы да Ұлтарак. Інжір де, Серғазы келіншегі Марфуға да түгел үйде тұр. Ұлтуғанның қолы мойнымнан зорға айырылды. Нақ осы жерде түнеугі күні Ұлтарак пен Інжір сүйіскенде «менің де осындай әйелім болса» деп армандағаным есіме түсті. Құдай жеткізсе, ол тілегіме жететін болдым деп тұрдым. Ұлтуған мені құшып, сүйгенінен

қысылған жоқ. Орыс мектебін көрген қыз тіпті әңгімені тереңдете түсті. Мүмкін қазақ қызы екені есінде болса да, қазақша бұлары ерсі екенін сезсе де ашынған соң ашылған шығар деп шамаладым.

– Мені қысылмады деменіз Ұлан аға, мен Абақ үшін басымды бәйгеге тіккен адаммын. Өмірімнің ренішін де, рахатын да Абақтан күткенмін. Оны әнеүгі күні өзіңізге айтқанмын. Осы Абақ үшін өскен ұямды тастап, әке босағасын аттап шықтым. Мүмкін менің істегенім әбестік шығар. Мүмкін мен қазақ қыздары арасынан шыққан «жұрттан шыққан» адам аталармын. Абақ үшін дүниенің бәрі талақ. Тек Әбеке Сіздің келісіміңіз болса, мен мәңгі сіз тұрған босағаның күні болуға бейілмін.

Шұнақ шал осы жерге келгенде кемсеңдеп, тамағына бірдеме тығылғандай сөзін айта алмай екі көзін біраз сүрткілеп қалды. Сонан соң сәл үнсіз отырып, сонау сары далаға тау үстінен көз тастап қайта сөз бастады:

– Мына сөздерді айтып тұрғанда ол боздап тұрып сөйледі. Інжір де, Марфуға да мөлтілдеп, төгіліп тұр. Ұлтарактың да кең, аппақ қабағы жабылып кетіпті. Шамасы Ұлтуған сөзі бәрінің де сай сүйегін сырқыратқан болса керек-ті. Ұлтуған екі жылда түк те өзгермеген сияқты. Шыбықтай бұралып, қасы көзі қиылып тұр. Менің оның бетіне қарай бергім келеді. Көзіме құлағым кесілер күнгі таң елестеп кетеді. «Сіз менің жүрегімнің түкпірінде жатасыз» деп еді, соны сақтаған екен. Сол қадіріне жете алсам етті. Бір кездері көктемде нау тартып ашылған гүлім, күзгі салқын соғып, шау тартып салып еді, сол қайта бүрленіп, гүлденгендей, өшкенім жанып, өлгенім тірілгендей. Адам өмірінде қуаныш көп қой. Бірақ нақ осындай қуанышты, осындай ра көңілді күн адам басында мейір шөбіндей сирек болар. Нақ сол бір сәтте дүниеде менен бакытты адам бар деп ойламадым.

– Құшағың құтты болсын, шырағым. Қолыңа қондырған құсың құтты болсын, Абақ. Құлақтың төлеуі келді. Құлақ енді түгелденді. Енді ол құлақты күте біл! – дейді Ұлтарак. – Ал Інжір тойынды жаса. Кім келетін еді, тағы?

– Серғазы біраз адам келеді, – деді ғой деп сызылып жауап берді Марфуға. Ауыз жиғанша-ақ біраз адам кіріп келді. Жасы Серғазылар қатарлы әскери киім киген, киіздей қалың шашын қысқалау қырыққан мұртты қазақ. Танауы желбіренкіреп тұрады. Әлде мақтаншақтық, әлде өркөкіректік мінезі бар шығар деп шамаладым. Жұқа бір, сүзіліңкіреген жас жігіт. Кішкене қырбық мұртын бастырып қойған. Көзі қойкөздеу. Мінезі сынықтау сияқты. Кәдімгі бұрыннан танитын ұйғыр Абдолла Розыбақиев, қолында гармоны бар Бейсенбай Үмбетбаев. Тағы екі-үш бейтаныс жігіт бар. Бәрі де маған құтты болсын айтты да, Ұлтарактар жататын үлкен бөлмеге кірді. Жайғасып отырған соң қымыз әкеліп, құйыла бастады. Қымыз алмас бұрын Бейсекең бізге келгендерді таныстырды.

– Өздерің алты жүз отыздың бірі болып қол қоятын арызда даулаған ағаларың Тоқаш Бокин осы кісі, – деп көрсетті ол қалың қырықпа мұрттың нұсқап. – Ал мынау Жұбаныш...

– Ораз жоқ па, әлі? – деп сұрады Тоқаш қымыз ішіліп болған соң.

– Ол бүгін үйірме өткізеді екен, кешгіп келем деген, – деді Бейсенбай Үмбетбаев мұртын едірейтіңкіреп ширатып қойып. Ел жайы, базар бағасы, түрлі қаладағы саудагер қазақтар арасындағы бақастық әңгіме болды. Сәлден кейін теңдеген екі мес қымызы бар, Оразды ертіп Серғазы да келді. Екеуінің де үсті-басы қырау. Шешініп үйге кірген Оразды Тоқаш басқаларды жылжытып жанына отырғызды. Ол бұрынғыдан үлкейіп, есейіп кеткенге ұқсайды. Ораз екі кесе қымыз ішіп болған соң Тоқаш оған сөз берді:

– Жағдайды баянда, Жандосов, – деді ол қатуланып. Ораз аз-кем тамағын кенеп бөгеліңкіреп отырды да, тамағының түймесін ағытып сөйлей жөнелді:

– Жергілікті патша әкімдері Петроградта болып жатқан оқиғаларды қанша жасырмақ болғанмен бүкіл Жетісу жұрты тегіс құлақтанып болды. Мәскеудегі, Ташкендегі төңкеріс оқиғаларды жұрт почта, телеграф қызметкерлерінен, жеке адамдардан келген хаттардан біліп алды. Әсіресе «Жетісу облыстық ведомостының» сегізінші марттағы санын алған соң жұрттың бәрі құлақтанып болды. Оның «Жергілікті хабарлардан» деген мақаласының алғашқы жолдары былай басталған еді: «Екінші мартта Император II-Николай Бүкілроссиялық тақтан түсті. Жоғарғы өкімет билігін өзінің бауыры, Ұлы князь Михайл Александровқа берді...» делінген. Осы хабарды басып жібергені үшін редактор Крачмер өзінен жоғары кеңселердің бәрін ақтап, босағасын тоздырып жүр. Естігені ұрыс, көргені жәбір. Бұрнағы күні мені көріп: «алтын болсаңдар өкіметті тез алсаңдаршы, большевиктер, өлетін болдық қой, өлтіретін болды ғой, кешке дейін табанымнан таусылып жүрмін» деп жыларманға келді. Қазір жер-жерде жиналыстар басталды. Жетісуда және Түркістанда Советтер ұсақ буржуазиялық меншевиктер мен эсерлердің қолында кетіп отыр. Әзірге өткен бір айдағы жағдайды сайып келгенде февраль төңкерісі еңбекші халыққа ештеме де бере алмақ емес.

– Е, Қалдыбайдың құдайы берді десеңші, – деп мен ренішімді жасыра алмадым.

– Бір қызық жай, – деді Ораз осы бір сөзге қатты маңыз бере, – бүгін Жетісу соғыс губернаторының атына Пшпек гарнизонының бастығынан мынадай телеграмма түскен. – Ол қалтасынан қағаз алып орысша оқи жөнелді. – «Өкімет халық пен солдаттар қолында. Бұрынғы қызымет адамдарына өшпенділікте шек жоқ. Рымшевич қамалды. Әскери бастықты гимназия директоры Матвеевті, мүмкін мені де қамауға алмақ. Уақытша өкімет құлады. Сіздің де, Курапанкиннің де салмақтарыңыз жоқ...»

– Уа, пәлі, – деп Тоқаш қалтасынан қағаз, темекі алып, шылым орады. – Айта бер! – Жандосов қайта сөйледі:

– Әскер бөлімдерінде Ташкенде Курапаткин сөз сөйлеп Түркістандағы ең қауіпті жау жергілікті халық деген. Соған сай он алтыншы жылдың көтерілісіне қатысқандардың көзін құрту үшін кулактарға қару жөнелтуге жарлық берген. Ең жаманы мынау болып отыр, – деп Жандосов шытынып, тамағын кенеп қайта сөйледі. Дауысы қалтырап, ашуланып алды: – Курапаткиннің жоспары бойынша тек Жетісудағы отыз жеті мың үш жүз елу бес жергілікті қазақ пен қырғыздың екі миллион бес жүз он мың үш жүз алпыс алты гектар жерін тартып алмақ. Мен, – деді шұнақ шал, – бұл цифрды басымнан алып отырған жоқпын. Жас кезде жаттағандықтан есте қалып тұр. Егер маған сенбесең Алматыға барған соң тарихи документтерден қарарсың. Сен мұны қағазына түртіп ал. – Шынымен мен сол цифрды жазып қойдым.

– Отырғандардың бәрінің де қабағы түсіп кетті, – деді Шұнақ. Менің де жаным бұл инедей қадалды. Шынын айтуым керек, сыбырлағанды құдай естімей ме дегендей өтірік ура-патриотизм неге керек. Осы әңгіме тез бітсе, жұрт тез тарқаса, мен Ұлтуғанға жетсем деп отырдым. Шырағым мен осындай жанымды қырнап шынымды айтқаннан жынды атанып, сорлап жүрген жанмын. Әйтпесе өтірік көлгірсуге де болар еді. Мысалы кейбіреулер былай дер еді: Ұлтуғанды екі жыл көрмегенім жайыма қалды. Маған халықтың басына түсетін ауырлықты ойлап, өзімді ұмытып кеттім дер еді. Ондай ешкінің құйрығындай шолтайып көрініп тұрған өгірік неме керек. Әңгімені де тыңдап отырдым, бірақ негізгі ойым Ұлтуғанда жатты. Ораз әлі сөйлеп отыр.

– Енді, – деді ол, – барлық жерде жиналыстар өтеді. Қазақ, қырғыз ұлтшылдары өздерінің съезін шақырмақ. Қазақ, қырғыз мүддесі деп көпіреді ғой олар. Бұл жерге келгенде мен әңгімені асқан зейінмен тыңдадым, – деді Шұнақ. Өйткені қазақ дегенде әлгі татар шалдың сөзі ойымда тұрады да қояды. – Біздің таяудағы міндетімізді айқындауымыз керек. Ол міндет қараңғы халық арасында большевиктік идеяны өткізу керек. Шынын айтайын шырағым, Жандосовтың соңғы сөзі маған ұнаған жоқ. Өйткені қазақ деп жүрегі жарылған адамдармен бірге болмай, большевиктерді қолдау деген көкірегіме қона қоймады.

Жандосов сөзін бітірді. Ешкім үндеген жоқ. Бәрі тым-тырыс. Далада ат дүбірі естілді. Әлде біреулердің сөйлеген дыбыстары шықты. Үйде Бейсенбай Үмбетбаевтың гармоны да безілдеп «Гулләула» ойнап жүріп берді. Бір қарасам тіпті сонау бұрышта отырған, орынсыз сөйлей бермейтін Абдолла Розыбақиев екі қолының саусақтарын шапырлатып:

«Сен Гулләула, мен Гулләула, Гулләула,

Жарсыздарға ашна болған Гулләула...» деп қызға бергісіз болып бұралып билеп кетіпті. «Жарсыздарға ашна болған» дегенді естіп әйелдер бетін басып қалыпты. Сөйтсек бекер-ақ шалқыппыз, үйге кірген ұйғыр жігіті, өзіміздің Тайыров. Бәріміз мәз бола күлдік. Тамақ келердің алдында Тоқаш сөйледі. Оның сөзі маған қатқылдау естілді:

– Біз Ораз екеуіміз орысша өтетін жиналыстарға барамыз. Абдолла сен өзін «союз» құруынды айналдыр. Басқаларыңның бәрі қазақша өтетін жиындарды жібермеуге тиіссіндер. Қазір кім не істерін білмейді. Жұрттың көбі-ақ сондай. Әсіресе Жандосов айтқан жер мәселесін қазақтарға баса түсіндіру керек.

Бұдан кейін аз ғана үзіліс болды. Үзілісте Тоқаш, Ораз, Абдолла үшеуі көп сөйлесті. Тамашамен түн орталап тарасты. Үш мес қымыз ішілді. Бәрінен қиыны төсекке келу болды. Ұлтуған әлі де менен келісім күтетіндей. Бір кезде кішкентай бөлмеде екеу қалдық. «Не істесең оны істе, енді өз күндеріңді өздерің көріңдер» дегендей, бәрі жоқ. Екеуіміз екі бұрышта тік түрегеліп тұрмыз. Бағанағыдай емес, жабысып сүйісу түгіл, енді сөйлесу қиын болып қалғандай. Ойының бәрін ашып салып, енді Ұлтуған «сен мендікің» деген сөзді күтіп тұрыпты. Мен жазған бағанағы көрісуіміз көңілімізді білдірмей ме деп тұрдым. Әйтеуір біраз уақыт үнсіз қалдық. Мен не істерімді, не төсек саларымды, не төсек сал деп айтарымды білмей аңырдым. Бір сәт төсек сала берсем деп ойлап, ол қазақ әдетінде болмаған соң бата алмадым. Нақ осы бір сәтте көзің жамандық көрмегір Інжір кіріп келмесі бар ма?

– Бәсе, осыны біліп едім-ау! – деді ол. Ұлтуғанымның көзінен жас парлап жүріп-ақ бергені. Жарыла жаздап зорға тұр екен.

– Төсегіңді өзін сал, жерге, – деп бұйырды Інжір маған. – Сендерге төсек салып беретін адамның жөні болмады. – Кейін білсем шіркін ырым сақтағыш қазақ әйелдері бұл жерде де одан аттап өте алмай жүрген екен. Інім, қазақ баланың кіндігін кестіретінде, бесікке саларда, тұсауын кесерде, жаңа түскен келіннің шымылдығын құрарда, төсегін саларда адамды қатты таңдайды. Жас келіннің тұңғыш баласының кіндігін тумаған әйелге кестірмейді. Онда ондай келін екінші бала тумай қалады деседі. Әрине мұның бәрі көңілге түйткіл қалмасын дегеннен болуы керек. Соның бәрін қарастырып Інжірдің жеткені осы екен. Інжір төсекті өзі салып берейін десе, өзі байдан шығып келіп отыр. Қазақша айтқанда есік көрген. Марфуғаға сал дейін десе, ол Серғазыға қосылғалы жеті жыл болыпты, пұшпағы қанамапты. Көрші көлемнің екі-үш әйелінен де жөні түзуі табылмай, сонымен Інжір кешігіп келгені екен.

– Сырмақты төсе, – деді Інжір. – Үстінен анау қызыл көрпені қос қабаттап сал. Анау шапанды басқа жаста. Екі жастықты бірінің үстіне бірін қой. – Мен оның айтқанын мүлт жібергем жоқ. Ол шамды өшіре салды да, «ал жата беріңдер» деп есікті тарс жапты. Мен шешініп қисая бердім. Ұлтуғанды өзі келіп қойныма кірер деп жата беріппін. Арада үнсіз, қиын уақыттың тасбақа мінген екі-үш минуты өтті. Сәлден кейін

ғана оны шақыруым, әлде бірдеме деуім есіме түсті. «Келе ғой, жаным» деуім мұң екен. Ұлтуған төсекке жете құлады. Қараңғыда тағы да көзінен жас парлап жүр. Бетімді аймапалап «Шұнағым» деп солқ-солқ етті. – Шалдың көзіне тағы да іркіліп жас келіп қалды. Кірпігін қақпай, жасты көзіне сіңіріп қайта сөйледі: – Қазақта сүйгенін шұнағым дейді деген бар ғой. Мен соған дәл келетіндей едім. Өйткені шұнақ десе шұнақпын, сүйгенін айтса оған да дәп келгендей едім, сол бір шақта. «Ай толғанын білмейді, жігіт болғанын білмейді» дегендей мен ол бір дүрбелең, дүбірлі шақта өмірімнің ең тәттісі, ең сәттісі сол кез екенін біліппін бе? Әйтпесе анықтап тағы да бір қарар едім-ау! «Дүние екі келмейді, өгіз аттай желмейді» дегенге сол кезде бір мән берсем етті. Онда сол бір бақытты шағыма, балғын шағыма қайта бір үңіліп, армансыз қарамас па едім, онда Ұлтуғанмен өмір сүрген кезім көрген түстей болып қалмас еді. Мүмкін ондайға өкінген мен ғана емес шығармын. Дегенмен тасты тасқа ұрсаң от шығады, ал балшықты балшыққа ұрсаң не шығады? Былш етіп төңірегін былғайды. Әр нәрсе мәнімен, кезегі-кезеңімен екен ғой, қазіргі менің өмірім балшықты балшыққа ұрғандай. Сонымен Ұлтуған екеуміз ерлі-зайыпты адам болдық. Ертеңіне Ораз қайтып келіп арнап құтты болсын айтып, Ұлтуғанның көзінше өткір қалжыңға басты:

– Әбекең Тұрар ағасына тартқан. Ол Ташкенде патша генералы Колосовскийдің қызын алады. Әбекең Жаубайдың қызын алды. Енді бұл екеуіне де сын. – Бұл беті бүркемеленген қалжың. Бірақ Ораздың сөзі менің жадымда мәңгі қалды. Өйткені оның арғы жағында үлкен күрес арнасының ағысы жатыр еді. Ораздың сөзі енді Тұрар Рысқұлов екеуің сол ағысқа қарсы жүресіңдер ме, әлде болашаққа тура қарайсыңдар ма дегені еді. Ол кезде Тұрар ол генерал қызына үйлене қоймаған екен. Дегенмен ол сөз бұдан кейінгі менің ірілі-ұсақты ісімде мәңгі маяктай болып қалды.

Ұлтуғанның да көрмегені жоқ. Екеуміз ұйқтап қалатын күні менің сайда құлағымды кесіп жатқанда оның да көресісін көрсетіпті. Басы Құлқаш болып, ішінде Тойғанбит бар төрт қатын Ұлтуғанды отырғызып қойып әбден шымшылапты. Өз шешесі «қашанда болса біреудің қатыны болады ғой» деп олармен бірге бармай қойыпты. Сөйтіп үсті-басының сау жері қалмаған соң оны босатыпты да, дереу атқа мінгізіп, Ұзынағашта жалдап оқытып жүрген үйге жөнелтіпті. Жүз шақырым жерге бір тоқтатпай әкеліп түсіргенде Ұлтуғанның кеудесінде жаны бар, есінен танып қалған. Енді Ұлтуған өмірінде сарғаю, зарлану күндері басталған. Қазақ қызы зарлап жылай алмайтынны белгілі. Қайғы үшін жегідей жеп, күткені түн болып, ойлағаны мұң болып, қапалы-жапалы күндер өтіп жатады. Содан ол үйде оны ешбір адамға сөйлестірмей оңаша ұстап, тек Ұлтарактар қашып кеткен соң Жаубай оқуды доғартып, үйіне алып барыпты. Сөйтіп жүргенде бір күні Шағатай Қалақбас балаларының біріне қатын үстіне Ұлтуғанды

айттырған да, оны алып қашып кетуге Жаубаймен келіскен. Сөйтіп Ұлтарактар бай баласын асэссормен қоса матағанның ертеңіне Жаубай Құлқашты төркіндете Шоқпар кетеді. Таубайда ауыл қоритын әл жоқ. Нақ осы кезеңге сол жылы Тілеуқабылдың ішін қыстап қалған Қалақбас он жігіт аттандырады. Мұның бәрін Ұлтуған Жаубай есігіндегі ебей Рабиға айтып қояды. Өйткені шағатай жаушысы келген күні сол үйдің бар қызметі соған тапсырылған екен. «Мен Шоқпар аттанамын. Сол кезде сендер қызды алып қашып кетіңдер» дегенін естіп қалып көңілі қалыспаған, әр қашан артық киімінен қарасатын қайын сіндісіне дереу бәрін жеткізе қойған. Ұлтуған сарыапама Рабиғадан естігенін жайып салған. Мұны Жаубайдың кетуіне әдейі келісіммен ұштастырып отырғандығын аңғартқан.

– Менің бұдан құтылуым үшін, – дейді Ұлтуған, – үлкен шатақ шығару керек. Әйтпесе олар ертең тағы қыдындайды. – Бұл кезде кәрілік жеңе бастаса да ақылдан танбаған Сарыапам «болды шырағым» деп өзі бәрін түсіне кетеді. Сонан соңғы әңгіме былай болған. Уәде өткеннен кейін бір аптадан соң бүгінгі нақсүйері Құлқашты төркіндету қамына кіріседі де, артынып-тартынып тез аттанып кетеді. Содан кейін-ақ бұл ауыл қамсыз болмайды. Жаубай кеткеннен соңғы үшінші күннің түні қауіпсіз болмайды. Ел жата Ұлбай қызын ертіп түзге шығады. Екеуінің қыстауды айнала бергені сол еді, бір жаяу адам қораның бұрышынан жалбаң етіп тұра келеді де, жүгірген қалпымен Ұлтуғанға шап береді. Ұлтуған әдейі оған көп қарсыласа қоймайды. Шешесі де қызына жармасады. Бірақ оны итеріп жалпасынан түсіреді. Соның арасынша арғы жақтан үш атты шығады да, Ұлтуғанды жердегінің көмегімен өңгере жөнеледі. Әйтеуір кімнің айқайлап, кімнің шулап, аттандап жатқанын бай үйі білмейді. Ауыл шу-шұрқан болады. Тасырлаған он аттыға аттандап кесе көлденең үш атты қосылады да, бұра бастырмай қыз өңгергенді ұрып түсіреді. Соңында бара жатқан екі аттыны да құлатады. Үшеуінің де аты ойнап шыға береді. Сөйтсе қызды өңгергенге сенімді Қойлыбай барған екен де, екеуін Дәуқара бас мойын шоқпармен қара саннан ұрып құлатыпты. Екеуінің де сол аяғы қара саннан сынып кетіпті. Сөйтіп бір сау, екі ауру Жаубай келгенше байлауда жатыпты. Шынымен шатақ шығады да, Жаубай өзім алып қаш деп едім дей алсын ба, құдаларын айыптайды. Екі азаматтың аяғы сынған соң құдалық құқайға айналып, дау болып кетеді. Қыз басында өсек бар, алып қашылуы бар, дауы бар әйтеуір Ұлтуған үйінде отыра береді екен. Содан мың қойы қырылған Жаубайдың пейілі тарылып, Ұлтуғанды күнгейлік бір Шапыраштыға қатын үстіне бермек болады. Енді бұлтарарға жер қалмайды. Сонан соң Ұлтуған әкесіне «Ұзынағаш барып киім тіктірейін» деп сөз салады. Қазақ қызының бұлтарарға, бұрыларға жер қалмағанда киімін тіктіріп, мөнді-мөнді деп көне бастайтын әдеті екенін білетін Жаубай «қызым разы болған екен» дейді ме, рұқсатын береді. Үйден шығарда Ұлтуған

Ұлбай бәйбішеге қоштасуға барады. Әке балаға сыншы дегендей Ұлбай бәйбіше қызын құшақтап бетінен сүйіп тұрып:

– Құдай бетіңнен жарылқасын, балам. Қайда жүрсең аман жүр! – дейді. Ұлтуған өзінен басқа білмейтін сырымды шешем қалай біліп қойды деп шошып кетеді. Кете алмай қаламын ба деп қорқады.

– Қорықпа, балам, байыпты шеше баласын таныр болар! – деп көзін сығып қала береді. Қазақта «қыз қашарда қызылын алады» деген мәтел бар. Ақылды шеше ең алдымен алқасын, меруерт-маржанын алған қыздың жолының өзгеше екенін сезген екен. Білсе де шешенің балаға деген ақ тілеуімен ешкімге ештеме сездірмей қала берген. Ұлтуған үйінен шыққан қалпымен ертесіне тура Пристав кеңсесіне түседі. Әкелгендердің көзінше Приставка бәрін айтады. Әкелгендер аузын ашып тұрады. Тыңдап болған соң Пристав:

– Жаубайға айт қыз берілмейді, – дейді. Сол күні-ақ басына бостандық алған Ұлтуған жәмшікке отырып қоңыраулатып Алматы тартады. Қайда кеткенін жан баласына білдірмейді. Келіп бір орыстың бөлмесін жалға алып тұрып жағады. Содан күнде бізді іздеп сандалады. Базарда қоян қаптайтын күні Ұлтаракқа кездеседі. Міне, шырағым, Ұлтарактың ішінде одан үлкен сыр да білінбей жата беретін.

Ұлтуған сауаты жоқ күйеуге шыққан тұңғыш сауатты қыз еді. Сол тақыршылық болған жылан жылдан бері де ширек ғасыр болып қалды. Қазір жаппай сауаттанған заманда қазақ қызының өзінен білімі төмен адамға күйеуге шыққанын кездестірген жоқпын. Мүмкін ел болған соң бар шығар, әйтеуір бұл шанжағай кездесетін құбылыс. Оның неліктен екенін білесің бе, шырағым. Сол күндердің бірінде үйге Ораз келді. Ол әңгіме арасында менен:

– Әбеке, егер Ұлтуған күнгедейгі Шапыраштыларға қатын үстіне ұзатылғанда қалай болар еді? – дейді.

– Онда өкініші кетпес еді, – деймін мен. Ойымда түк жоқ.

– Тоқал алу қалай сонда? Біздің халқымыздың жақсы жағы ма екен? – Мұрныман тер шып ете түсті. Анадан бері сақтап, әбден жөні келгенде мақтамен бауыздап отырғанын көрдіңіз бе? Ол тоқтамай сөйлеп кетті:

– Сіздің әнеуігі сөзіңіздің жаны бар болуы мүмкін. Алғаш ол бір қажеттіліктен тууы ықтимал. Ал қажетсіз уақытта оның керегі не? Міне оның, яғни тоқалдың жайын сіз Ұлтуған екеуіңіз басыңызға түсе жаздаған соң білесіз. Ал басына бұлт айналып, сол мұңлық күн түсіп, көзі жылаудан көр, қайғыдан шер болып өткен қазақ қызы аз ба!? Маңыраған малдың құны қыз, қатыны өліп қалмені бұзылған шалдың құны қыз. Бітуге тиісті даудың құны қыз, көк сүңгісін кезене келген жаудың құны қыз. – Ораз басын бір қолымен сүйеп ойланып, біраз үнсіз отырды. – Айтпақшы сіз Ұлтуғанның орысша сауаты бар деген едіңіз. Сол сауат оны сізге әкеліп қосып отыр. Әйтпесе басқа қазақ қыздарынша әлі екі көзіне жетіп, бұлаудай болып, жүрерге жол таппай

күңірене күндікке кете берер еді. Егер Ұлтуғанның сізге келгені жақсы болса, ол орысша оқығанының жақсы болғаны. Мүмкін орысша оқыған адам қазақ өмірінің, қазақ жанының сол халыққа тән қалтарысын түп-түгел ұға да, біле де бермес. Бірақ оның да өзінесе жақсылығы бар екенін көрдіңіз ғой. Ал он үшке келген қызын отау иесі деп оқытпай, кекілінен ұстап шалға беретін қазақтың ол ағат қылығын да жақсы дей аласыз ба? Халқын жақсы көретін адам басқа халықтың да жақсы жағын көре біліп, ардақтай біліп, оның жақсы дәстүрін өз халқының бойына сіңіре білуі керек. Басқа халықтың жақсылығын екінші халықтың жақсы адамы ғана көреді. Өзіңіз байқаңызшы ойпанда тұрып, таудың биіктігін біле алармысың. Биікке шықсаңыз ғана биік шамасын болжайсыз. Айтпақшы сіз Ұлтарак екеуіңіз енді орысша сауат ашыңыздар. Мұғалім сіздерді жалақы алмай оқытады, – деп Ораз езуінен күліп қойды.

Ораз кеткен соң екі күнге дейін ойланып жүрдім. Шынында егер Ұлтуған орысша оқымаса шалдың адам кейпіндегі малы болып кетер еді-ау деп ойладым. Қазір қазақша жоғары білім алған қыздардың өзінен төмен білімдіге шығуы сирек. Неліктен? Мүмкін жоқ та шығар. Біздің мансапқорлығымыз ұрпағымызға жеткен, оның ішінде қыздарымызға да сіңген де деймін. Осыны ойлағанда да кейде жоқ Ораздан ұялатын едім. Қазақтың ұстап «қатынымнан оқығаным ұят қой» деп екі апта үнсіз жүрдім.

Үшінші аптада Ұлтаракқа кірсем жалғыз өзі қарқылдап күліп жатыр. Сөйтсем қолында «Садақ» деген қазақ, татар, ұйғыр тілінде жаңа шыққан журнал. «Мынаны қара» дегенге көз салсам сәлдесі қазандай молданың суреті. Бір кішкентай шәкіртті құйрығын жалаңаштап қойып дүрелеп жатыр.

– Астын оқысаңшы, – деді Ұлтарак.

– Ораз Жандосов! – деп оқыдым. – Немене мынаны Ораз дегені ме деп көңілім хабаржып қалды.

– Жоқ әрі, – деді Ұлтарак. – Суретті салған Ораз емес пе!? Кейін Жандосов Қазақстанның гербісінің суретіне бәйге жарияланғанда екінші бәйге алғанда оның суретшілігіне ешбір таңданбадым. Бұдан кейін сол журналдан Ораздың мақаласын да жиі оқитын болдым. Ораздың айтқанын Ұлтаракқа жеткізе алмай біраз қипақтап отырдым. Әлден уақытта:

– Ұлтеке орысша сауат ашсақ қайтеді? – деп едім ол жұлып алғандай:

– Немене әйеліңді маған мұғалім қылып беріп, Мисауытов берген ауыз жарымайтын ақшаның жартысына ортақ болмақпысың?

– Жо-жоқ, – дедім мен сасып. – Жай айтқаным ғой.

– Әйтпесе неге Жандосовқа менің әйелімді жалдап алсын дейсің. – Мен шын қысылайын дедім. Осы жерде де Ұлтарак қалжындайды деген ойымда болса ше? – Немене ол сенің құлағыңды қалай кескізіп, қалай шұнақ болғаныңды оқыта ма? Екінші құлағыңды да кесіп берші, тағы

бір үш қой жейік деп едім, болмадың. Міне енді үйде ет болмай отыр. – Осы жерге келгенде өзі де шыдай алмай күліп жіберді. Сонан соң барып көңілім орнына түсті. – Бүгін кешке Серғазы бізге арнап кітап әкеледі, сонан соң сабақ бастаймыз. Бізге ол оңай болады. Қара танитын адамға екінші бір тілдің әріптерін білу қиын емес. Қиыны жазу болмақ. Оған жаттығу керек, – деді Ұлтарак. Біз орысша сауат ашуды сол түнде-ақ бастадық. Алғашқы сабақты аяқтаған соң Ұлтарак Ұлтуғанға:

– Менен жақын көріп Шұнағыңа түнде артық үйретіп қойып жүрме, – дейді. Ұлтуған құлағына дейін қызарады.

– Алдымен түнде әдемі сөздерді үйретеді ғой, – деп қалжыңдайды Інжір кеше оның шешесі болғанын ұмытып.

– Жоқ, – деп жауап береді Ұлтарак, – ол сөздерді жұмысқа алғашқы барған күні-ақ үйреніп қайтқанбыз. Ол түгіл шешесінен жібергенге де құлақ ій болған.

– Онда бәрінен де соны білгендерің олжа болған екен! – дейді Інжір. Бәріміз қарқылдап күлеміз.

Көктемгі бір айда әжептәуір сауаттанып қалдық. Онымыз тек Ұлтуғаннан біздің орысша сабақ алуымызда емес еді. Енді қолға түскен орыс газетін үйге әкеліп, Ұлтуғанға оқытамыз да, қазақшаға аудартамыз. Бұл Ұлтарак екеуімізге саяси сауат ашуға жақсы болғаны сияқты Ұлтуғанға да жаттығу. Даладан кіргенде Ұлтарак «тәржімашы қайда?» деп келеді. Бұл сөзді де алғаш естігенім еді.

Тоқал жөніндегі ойым дұрыс болмай шыққанын мойындай тұрып, қазақ-қазақ деп қақсағандарға ішім бұрып кетеді. Бір күні басқа жолдастарымнан бөлініп Сауда көшесінде тұратын Сайдалиев дейтін саудагердің үйінде қазақтардың жиыны болады дегенді естіп, жаңа, іліп алар деген киімдерімді киіп ыздиып бардым. Киімім шала орысшалау. «Қазақтың танымаған жерге тоны сыйлы» дегеніндей-ақ қораға кіргенімнен-ақ жарлы-жақбайлар аяқ-қолымды жерге тигізбей алып келіп жөнелді. Бүкіл қораның табанына тасты қып төсегендігінен мен келетін жер емес екен-ау деп шамалап едім. Бірақ егер қазақ жиыны болса, мен қазақ емегенде кіммін деп жүре бердім. Қаладағы бай үйінің ішін бұрын көріпін бе, он-он бес бөлме бар-ау деп топшыладым. Мен кірген ауызғы бөлмеден үш бөлмеге кіруге болады. Бәрінің есігі ашық. Қосшылар мені кез-келгеніне кіріңіз деді. Біреуіне бет түзедім. Бәрінің іші сегіз қанат үйдей үлкен екен. Сен бөлмені қазақ үймен салыстырғаныма күлме. Өйткені ол кезде пәлен шаршы метр деген ұғым жоқ қой. Ауызғы үйден бастап бәрі қып-қызыл кілем. Өмірі мұндай жер үстіндегі ұжмақты көрмеген менің тандануымда шек жоқ. Ең бай деп көре алмай жүрген Жаубай үйінде де үш кілем болатын. Саудагердің үйі мынау, патшалар қандай жерде отырып-тұрады екен деп есім кетті. Бұл жердегі ұжмақтың ішін аяғыммен басуға өзімді өзім қорсындым. Кедей болсам да бір кісіге бермейтін-ақ көкірегім бар еді, ол батылдығымның қайда кеткенін білмеймін. Бір кезде апыр-ау мұнда қазақтардың жиыны

болады деген еді ғой. Ендеше мен де қазақпын ғой деп, өзімді демеп, көңлімді демдеп, сәлем беріп табалдырықтан аттадым. Менің сәлеміме жамырай жауап берген жоқ, бір-екі адамның ғана «әлейкі» деп ыңылдап барып, аяғын жұтып қойғанын байқадым. Мен оған қуанбасам ренжіген жоқпын. Өйткені үлкен адамдардың, оқыған адамдардың сөзін бір құлағы жоқ шұнақ құлдың бөліп жатқаны орынды ма!? Оның үстіне әңгіме қызығына түскен адамдар есіктен кірген адамды байқамауы да ықтимал ғой. Сондықтан да сәлемімді алмағанына ренжімедім.

Нақ төрде обадай десем аз болатын сияқты, шоқыдай болып біреу отыр. Малдас құрып отырған кошқылдау кісінің бұтында не киімі бар екенін білмеймін, кеудесінде қара ләмпіктен тіккен түймелі камзол, ішінен аппақ ақ шәйі жейденің қисық жағасы көрініп тұр. Қазандай басында тықыр алғызған киіздей қалың шашы қайта тебіндеп шығып келе жатқаны байқалады. Жуан бұқа мойын бұруға келмейтін сияқты. Бір жағына қарау үшін бар денесімен бұрылады. Ақырын сөйлеп отырғаны есіктері ашық тұрған анау екі бөлмеге де жетіп тұр. Ордабайдың Қалиы деген осы екен. Орысша киінген, қара костюмі көр, тамағына көбелек сияқты қара шүберек жапсырған жайдақ, аласы көбірек көк көзді жұқа қызыл сары кісі, шашы да сары оның оң жағында. Сол жағында да нақ солай киінген бүйрек бет, қара жігіт. Шашын артына қайырған. Жанымдағылардан сыбырлап сұрап едім, олар сарыны Ыбырайым Жайнақов, қараны Әбділда Кәкенов деді. Онымен қоймай маған тізелес отырғаны «қазақтың тағдыры осы екеуінің қолында» деді. Маған аналардың отырғанынан гөрі мынаның айтқаны қорқынышты болды. Менің жанымды қазір мыналардың біреуі қалтасына сала салатындай көрінді. Шамасы жиында сөйлейтін сөздері басталса керек. Алақандай көк көзді, ат жақты сары сөйледі. Енді анық байқадым көзі үнемі кілегейленіп тұрады екен. Сөзі ширақ, жұрт жым-жырт.

– Ел болу үшін біздің партиямыз болу керек. Алаш партиясы болады. Оған мен қазақпын, қазақтың мүддесін қорғаймын дегендер мүше болуға тиіс. Қазақ қашан саған теңдік тиіп еді. Қаны жат, тілі жат, діні жат, жат елдің қол астында қор болып келіп едің. Енді міне теңдік алатын шақ туды. Осы партияны құруға, өз алдына ем болуға малды-жанды аямандар. Сонау Арқаның жазығынан Алатауға дейін, Алтайдан Ақжайыққа дейін кең жерің бар, қазақ. Соны өзің иемденіп, қызығын өзің көруің үшін сол Алаш партиясы керек болып отыр. Төк қолыңдағы барыңды, соған. Мал керек десе, мал бер, жан керек десе, жан бер. Осы отырған қазақтың игі жақсылары, сіздерге арнап отырмын үшбү сөзімді! Сіздер қолдасаңыздар бәрі болады. Әр қайсысың бір-бір елдің иесіңдер, сіздің тіліңізден шыққан елден шықсын, діннен шықсын. Бізге сіздердің қол ұштарың керек. Жұртты, атам Алаш, керегем ағаш дегенді осыған жұмылдырыңыздар.

– Әмин, – деді Қали дәу. – Аллаакбар! – Бәріміз «аллаакбарды» қайталап, Жайнақов сөзін тас бекітіп тастадық. Сөз кезегі келсе, қолдан

келгеннің бәрін істеуге дайынмын деуге әзір отырдым. Дәлемді көрдің бе, шырағым, тіпті маған сөз береді деп ойлаймын. Қазақ үшін дегенде қалай шыдап тұрармын деп қоямын. Жаңағыдай қазақ үшін еңіреп тұрған ердің сөзін қалай құйқа тамырың шымырламай тыңдарсың. Мұны тыңдамаған құлақты жұлу керек, оны істемеген қазақ болмасын деп отырмын ішімнен. «Осы отырған игі жақсылар» дегенде «құдайдың мұнысына шүкір, қазақтың жақсысының қатарына қосылған кісі мен мұны қолдамағанда кім жүзеге асырмақ» деп, ел жақсысы болғанға есекдәмеленіп-ақ қалдым. Сонан соң отырғандардан қай болыстан келгенін, немесе кім екенін, осы келісімді жүзеге асыруға еңесе ме жоқ па уәде алына басталды. Алдымен Қалидан сұралды.

– Ел боламыз, іншалла. Аянбаймыз, жеткіземіз жұртқа. Істетеміз, – деп гүр-гүр етті ол. Бәрінен сұрап жатыр. Әркім Кім екенін, істейтіндерін айтты. Кезек маған да келді.

– Сен бала қайдан келдің? Атың кім?

– Атым Абақ. Мисауытов заводында істеймін. – Тіпті де осылай болар деп мен бейбақ ойлаппын ба!? Бәрі тым-тырыс, Ыбырайым Жайнақов ала көзімен ата бұрылып Сайдалиевке қарады. Сайдалиев есік жақта тұрған белдемше қара жігітке қарады. Жұртта үн жоқ. Сәл үнсіздіктен кейін менен жауап күтпей Жайнақов төңірегіндегілерге ауысып кетті. Енді менің жанымдағы жамбарсығандар сөзіме жауап та бермей, қайта маған тіл-аузы тас болды. Өлмегенім қара жер. Кіруге көр жоқ, шығып кетуге тағы болмайды. Сөйтіп ол жиынға қазақ болып барып, кедей, жұмысшы-құл болып қайттым. Бар тапқаным Жайнақовтың жанында болуға жарамайтындығымды, қолымды қара қойдың жылы қанына матырыса алмайтындығымды жаңартып біліп қайттым. Осында барып нем бар еді деп өзіме өзім ұрысып, саған сол керек Шұнақ неме деп өзімді өзім табалап келемін. Жердің үстімен барып едім, енді астымен қайттым. Әлде оларға қазақ керек емес, қазақтың байы, байлығы керек деген Серғазы мен Ораздың сөзі шын болғаны ма? Мен мұнымен де қорытынды жасағым келмеді. Бірақ ішімнен тынып жүрдім.

Бір күні Түркістанда уақытша өкімет құрылғанын да естідік. Оның құрамында Тынышбаев, Бөкейханов дегендер бар дегенді. Жайнақовтың құнтіған құл деп сөйлеспегенін ұмытып, үкіметке мүше болған қазақтардың атын естіп, өзім сайланғандай бірнеше күн қоқиланып жүрдім. «Қазақтың да қолы жетті» деп қоямын ішімнен. Қазақтың есіктегі басы төрге, жаяудың қолы ерге жетсе бұдан артық не керек. Қандай қазақ, қай қазақ өкімет болып жатқанын қуаныштан езуі құлағына жеткен, мен сорлы жұмысым болып па, әйтеуір еліміз ел қатарына қосылды деп жүрдім.

Көктем шықты. Қыс шаруаны күйзелтіп кетті. Бар малы қырылып, таяғын ұстап қалғандар қалаға көбейді. Енді біз де қаланың ескі тұрғыны ретінде біреуге ақыл-кеңес беруге жарап қалдық. Қалаға келгендердің айтуына қарағанда өмірі бұл өңір көрмеген жұт болған. Қазақ «бай бір

жұттық, батыр бір оқтық» деп бекер айтпаған екен. Маңдайы сірі, жеті атасынан бері бақ байланған дейтіндердің талайы-ақ қара жаяу қалған. Шапырашты ішінде Беласардың Төлеубегі деген пысық жігіт болды. Атасы Тәжі жақсы кісі, бар Шыбылдың басын қоспақ болған деседі. Сол аяқ лауға түк таппай, «біз де қайта атқа мінер ме екенбіз!» деп көзінің жасы тимей-тимей кеткенін өзім көзіммен көрдім. Ал өз малын өзі баққан Домбай сияқтылардан екінің бірі ақ сүйек болып жұтап қалды. Көпке дейін күн түзелмеді. Алматы күні қандай, бір жауса бірнеше күн сүметілітіп тұрып алады. Осы көктем сонша жаңбырлы болды. Сәуірдің аяғында жаңбыр ақ жауын болмағанымен таудың күнінше тез бұлттанып жауып, тез ашылып тұрды.

Сарыала шіркеудің төменгі жағында Дворян клубы дейтін бір үй болатын. Қазір шамасы онда филармония орналасқан ғой деймін. Алаш съезі сонда шақырылды. Оған қазақтармен қоса қырғыздар да келді. Сөздің бәрі бұрынғы жиындардағы сияқты «қазақ, қазақ, қазақ» деп өтті. Қазақ деген сайын менің де делебем қозып отырды. Бұл съезд уақытша өкіметке бағынамыз деп қаулы алды. Ел боламыз несі, уақытша ақ қалпақ киген біреуден «бұл қалай?» деп едім, «жайыңа тұр, ол сен түсінетін, шұнақ ұғатын жай емес» демесі бар ма, күйіп-ақ кеттім. Далада болса ауызын желкесінен шығаратын-ақ неме. Жер тар, ашуымды ішіме бұғып тұра бердім. Артқы жағымнан біреу сыбырлайды:

– Екеуміз сияқты сорлыға душар болған шоқпар, бұл. Бұрылып қарап едім, үстінде орысша жинақы киімі бар, көз етінің алды көлкілдектеу, дөңгелек жүзді, орта бойлы тарамыс қара жігіт. Менен жасы ілгерілеу. Бұрын көрмеген қазағым. Әркім сыйласқанның құлы ғой, шырағым. Мен жылы сөйлеген әлгі жігітке жақындап тұрдым.

– Тыңда, тыңда, міне сорлағаның, – деді әлгі жігіт. Мінбедегі кісі тоқтам оқып жатыр.

– Съезд бұрынғы болыс, старшындарды орнында қалдыруды жөн деп табады. Қазақ пен қырғыздан тағы да екі жарым миллион десятина жерді патшаға беруді жақтайды.

– Міне, сорлаған деп осыны айтады, бауырым, Соры ажырамаған қазақ осыларға да өз оқығандарымыз деп сенеді, – дейді әлгі желкемде тұрған жігіт. – Мінбедегі оқып болды. Алаш басшылары сайланбақ. Кәкеновтың аты шықты. Мейлі әнеугі күнгі бүйрек бет қой деймін ішімнен. Оның саяси бетін қайтем, Шапырашты, Асыл-Төлеміс екенін естіп алғанмын. Ішім жылып қалды. Туысқаның өкіметке мүше болып жатса, оған қуанбаушы ма едің!? Ыбырайым Жайнақов дегенде алдағы біраз адам қол шапалақтады. Мен де қол соқтым. Менің алақан ұрғанымды байқамады ма, әлде байқаса да әдейі айтты ма, желкемдегі жігіт «қорқауды ұсынды» деді. Төңірегінде піші-піші көбейіп кетті: «Былтыр Қозы батыр мен Қалығұл Сыпатаевты аттырғаны үшін бе?» Олар өздерінше сөйлеп тұр. Бірақ мына сөз менің қос өкпемен атқан

оқтай тиді. Жайнақовқа менің алақан сокқанымды көріп әдейі шымшып тұрғандай. Бұған қол соғатының бар, екі жылдан бері неге қашып жүрсің, көк есек дегендей. Менің оның көтерілісшілерді атқызғанын біліппін бе, деймін. Ішімнен Ыбырайымның әкесі Жайнақ, Жайнақтың әкесі Қаратал кедей емес пе еді. Жайнақ «қарадан шыққан хан Жайнақ» атанғанда оған ыза болған бір ақын, сен де кедейден шықпап па едің, енді неге кергисің дегенді өлеңмен былай аңғартпақ болып, жерлеген екен:

«Қаратал сенің әкең жалшымаған,

Жерді мініп жыланды қамшылаған...» Енді ше? Өзі патшаның оң көзі, губернатор тілмашы болып кісі өлтіртті. Әкесі хан болып, қан сорды. Көңілім шиткіп қалды. Нұрғали Нұрмағамбетов деген аталғанда тағы да күбір-сыбыр естілді. Жайнақовтың інісі екен. Е інісі болса ше? Ол Жайнақов сияқты Қозы батырды атқызған жоқ қой. Қалдыбай Абдуллин! Міне керек болса! Қобызының құлақ күйін келтіре алмаған бір жаман бақсы «мен не деймін, қобызым не дейді» деген екен. Сондай-ақ менің ойым қалай, мыналар қайда беттеп барады.

– Ау, бұл әлгі әумесер партияның мүшесі емес пе еді? – деппін артыма бұрылып.

– Әумесер де, эсер де, алаш та, палач та бәрі бір емес пе? Айырмасы тек атында ғой. – Маған түсінік берген тағы әлгі желкездегі жігіт. Енді Шегіров дегендей болды. «Ол ит Байбосынды ұстап атқызып еді ғой» деген сыбырлар шықты.

– Кім? – деп айқайлап жібергенімді өзім де сезбей қалдым.

– Шегіров!

– Әлгі шикіл сары Шегіров пе? Ол патшаның тыңшысы! – дедім бар даусыммен. Жұрт жым-жырт бола қалды. Мінбер жақта біреудің:

– Боқ жемесін! – деген сөзі естілді. Жайнақов айтты білем. Шама-сы нәжісті менің аузыма жағып жатса керек. Менің айқайым өтіп бара жатқан атты кісіге байлаулы тұрып арп ете түскен иттің даусындай еленбей қалды. Өнеугі күні-ақ абұйырмен қоя салуым керек екен. Бір өлмей екі өлдім. Енді шыдай алар емеспін. Өкпем қысылып барады.

– Ақ патша біздің әкеміз, ақымақ! – деді жанымдағы бір таудай сары қазақ.

– Мұндай өкімет кедейге керек емес! – деп айқай салдым. Көпті бұзып-жарып шығып кеттім.

– Мына бір шұнақ қайтеді-ей! – деді біреу өкпе тұсымнан. Бұрын сан адам келекелеп, Ұлтарактан күнде еститін «шұнақ» деген сөз де осы жерде өңбенімнен өтіп кетті. Қазір жаңбыр жауады, шырағым. Сулық киімің бар ма еді? – деді Шұнақ маған тесіле қарап. Аспанның көк күмбезі алып шатырдай үстімізде төңкеріліп тұр. Тоқымдай бұлт жоқ. Далаға көз тастап едім, бағанағы жаңбыр өткен аймақтар тап-таза. Мына еңісте, Қарақыстақ аузында екі-үш жерде егін оруға апарылған комбайндар егін көк болғандықтан қос басында тұр. Ша-

масы комбайндардың июль айының басында әкелгеніне қарағанда арпа болуы керек. Енді бес-алты күнде орақ басталады. Ал жаппай орақ басталуына әлі он-онбес күн бар. Дала аспаны да, тау аспаны да бұлттан азат. Ендеше мына шұнақ шал неге жаңбыр жауады деп отыр.

– Сен далаға, аспанға қарама. Бұл Алматы төңірегіне жаңбыр анау Суықтөбеден келеді. Батыс жағыңа қара. Суықтөбе басына бұлт ілінсе, тауға, Алматыға жаумай кетпейді. Өне басына бұлт қайнап төменнен көтеріліп барады. Енді бие сауым шамасында Ақтастыға да төгіп өтеді. Жауса жаусыншы, кішкене азон жұталық.

– Бөктергімде сулығым бар, – дедім, – қазір алармын. Көп жауа қоймас. Өткінші болар.

– Әрине өткінші болады, – деді Шұнақ мені қостап. Менің де бірдеме білетініме сүйсініп қалды. Шұнақ орнынан тұрып, екі аттың ертоқымын алып, аттарды тұсап, жүгенін сыпырды. Менің бөктергімнен сулығымды алып тастады. Сонан соң екі ерді бірінің үстіне бірін қойды. Менің ерім астында қалды. Әрине бұл қонақтікі су болмасын дегені.

– Өткіншінің өкініші кетпес деген, қарап отырып су болмалық. – Шұнақ қайта отырып әңгімеге кірісті.

Бұдан кейін жиналыстарға Ұлтуған екеуміз қол ұстасып барып жүрдік. Адамның алғашқы бақыты жақсы жары, шырағым. Бірінді бірін түсінісіп, бірінді бірін кешіріп, шын сүйісіп өткеннен артық дүниеде ешнәрсе жоқ. Біреу баласының бақытына риза, енді біреу қызының барған жерінің көпсіген байлығына мас. Енді біреулер қызының барған жерінде құдасы он кісіні басқарса, құдағиының атын он кісі білсе, бұдан гөрі құдасының тұрмыс-күйі дилылау болса, соны мақтан көріп, құдасы түгіл құдағиының да атын атамай «екені» қосып айтуға құмар. Құдасының бүгінгі мәнсабына мән беріп, мәз болатындар қаншама. Ол мәнгі-бақи солай тұратындай көріп, ол жел шығарса «жәрәкімалла» деп, оның алдында құл болып, құрдай жорғалауға даяр. Бірақ соның бәрі қойнындағы жарыңның жаныңның ығын тапқанына жетпейді. Біз сол кездері әйел-еркегі жиындарда бірдей жүретін Жетісудағы бірінші семьялардың бірі едік десек артық болмайды. Мен сияқты орысша оқыған әйел алғандар болды. Бірақ ондайлар сүйіп қосылмаған соң өздері жараспай жүреді. Ал екеуі жарасып жүргісі келсе де «кәрісі бардың кәпірі бар» дегендей әйелдің желкілдегенін не ата, не ене біреуі тыржыңдап жақтырмайды. Қырыс қабақтар, қиыс көңілдер көрінбей тұрмайды. Сонан соң бірде болмаса бірде олардың көңіліне қарайды, бұрыннан ақсақал билеп қалған заман солардың қожалығынан аттап өте алмайды. Оның да артында үлкен философия бар, шырағым. Мысалы қазіргі келін мен бала кемпір-шалды сыйламайды дейміз. Рас, ондайлар бар шығар. Дегенмен ол кәрілер де өздерін шеңберден шығармай ұстаған жөн. Себебін білгің келе ме?

Мысалы бұрынғылар келін мен балаға билік жүргізсе, олардың бешкеш қылатын жайы бар. Өйткені алдындағы мал, үстіндегі үй қалай болса да, тіпті мұра болып атадан балаға қалып келе жатса да көзі жұмылғанша солардың, әке-шешенің, не ата-ененің еншісі. Демек олардың өздері жиған-тергеніне, азды-көпті бейнетін, рахатын көрген дүние-мүлкіне, егіздеп тұғызып, сегіздеп өргізген малына, ең ақыр аяғы ауылдан екінші ауылға дейін сүйреп тепкілеп барып-келіп басқан бірсалар кигізіне қожалық етпе деудің өзі артық болар еді. Адам өз еңбегіне өзі ие болуы, өзі қожа болуы керек. Еңбек еріктілігі міне осы. Бұл марксизм-ленинизм теориясына сай келеді. Өйткені басқа біреудің еңбегін қанайтын адам ол біздің социалистік қоғамымызда өмір сүре алмауға тиіс. Ондай өндіріс-құрал жабдықтарына қоғамдық меншік болып отырған біздің қоғам құрылысымызға жат. Міне байқайсың ба, шырағым, бірді айтып бірге кетемін. Мен бұрынғы ата-ана билігі туралы айтып отырмын ғой. Демек келін мен бала олар жинаған малға, мүлікке еңбегі сіңгенше қожалық ете алмауын бұл жерде құптауға болады ғой деп ойлаймын.

Ал біздің заманда ше? Біздің заманда келін мен бала ата-енеге тәуелді емес. Олар өздері еңбек етеді, өздері табыс табады. Өз тапқанына өздері қожалық еткісі келетіні заңды ғой. Ал осындай жерде кейде бұрынғы билеп үйреніп қалған көкірекпен ата-ене кеңірдек кернеп, кеуде керіп кірісіп кетеді де, семьяда шатақ шығады, шырық бұзылады. Көрдің бе, шырағым, Ұлтуған екеуімізге оның шіріген бай әкесінен жасау-жабдық, мұра жоқ. Мен болсам үрерге иті жоқ, сығарға биті жоқ, берерге киті жоқ, басында күйті жоқ бауыры тақыр, басы пақыр кедей. Оны қазақ қалай деуші еді, үстінде үйі, бауырында қазаны жоқ, қарақасқа кедей демеуші ме еді. Оның үстіне біздің жүрген-тұрғанымызды қадағалап аңдып отырған ешкім жоқ. Ал басқалар болса, ең болмаса ибалылық көрсетіп именеді. Сондықтан ол кезде басқалар біз сияқты қол ұстасып, құшағын жазбай жүре алмады. Қазақ сынамай-мінемей, өсектемей жүре ме, біз туралы да сыртымыздан жыбыр-сыбыр көп болуға тиіс. Өйткені Ұлтуғанға біреу құлағы кесік құлға тиген неме десе, енді бірі атабазер, анабазер неме дейді. Басқалары беті құрысын деседі. Ал мені өзі жетесіз, әйелі некесіз деп кемітеді. Ол да бір ойнас та бір дейді. Әйтеуір ел аузына елек қойған бар ма? Оған қарап жатқан біз жоқ, бірге жүрген бір минутымыз бізге бақыт. Одан зор бақытыңның, алтын тақытыңның керегі де жоқ. Оны ойламадық та. Бір күні кешке жақын кетіп бара жатқанымызда Інжір Ұлтуғанға:

– Сен салаңдап Абақтан қалмайтын болдың ғой, – деген еді. Оған Ұлтуған қатты қысылды. Қанша дегенмен ол оның шешесі еді ғой. Бекер обалы не, Ұлтуған Ұлтаракпен іргеміз ажырағанша Інжірден бұрын бір кесе шай ішіп көрген жоқ. Өзін Інжірдің қызы есепті ұстайтын. Мұны естіп қалған Ұлтарак Інжірге қатты іренжіді:

– Біз осындай еркіндік, бостандық аңсап қаңғыған жоқпыз ба? Жастардың бірге жүргені жарасымды. Құшағын жазба. Бұл өмірден

құшақтасып өтсін. Алда асыл арман бар, мынау соған жетудің нышаны. Жүре бер, Ұлтуған! – деген. Бұдан кейін тіпті Інжірдің өзі де бізге еліктеп Ұлтаракпен ара-тұра болса да қыдыратынды шығарды.

Әдемі май күндерінің бірі болатын. Жер аяғы босанған соң Інжірге қаланы көрсету мақсатымен сонау кіші Алматы өзенін жағалап біраз жүрдік. Өзенде су аз. Түбінде ғана жылтырап бірдеме көрінеді. Арықтар құрғақ. Арықтың екі жағасы сыңсыған ағаш, еркін жапырақ жая алмай бүрісіп тұр. Өріктің гүлі түсе бастапты. Алма ағаштары тегіс әлем-жәлем байлап, аққу киген дуанадай. Сиректеу кездесетін жөке ағашында жаңа жарылып келе жатқан сары гүлден қош иіс майда желмен анда-санда бір соғып тұр. Көктемнің алғашқы күндері сабалап жауған жаңбыр енді бір тамбайды. Ақырындап Рафиков бағына келдік те, оңаша өскен бір еменнің астына отырдық. Төсенішіміз бешпентіміз. Екі әйел тізерлеп бір жерге қол созым отырысты. Ұлтаракқа ән салғызайық дестік. Бұл ән салатын кез емес еді. Өйткені ауылды ашаршылық жайлап алған, мал қырылып қалған. Қаңыраған қыстаулар. Қоралар бос. Ұлтарактың әнімен жанымызды жанып, кішкене өмірдің тастан қатты жолында бір сәт көңілді өтуін, кетілмеуін қарастырғымыз келді. Қыста біздің көргеніміз түк емес сияқты. Өйткені тау бауырында тұрған қаланың іші болмаса осы май айының ішінде даланың қара топырағы шығып жатыр. Тіпті өзендердің, арықтардың жағасы да жылан жалағандай. Қылайған қылпық өспей жер тап-тақыр қалғанын көріппін бе, мен шұнақ. Тақыршылық деп осыны айтады екен ғой. Нағыз тігерге тұяқ қалмайтын жұт келесі, он сегізінші жылдың көктемі болатынына тіпті де құманданбадық. Сол кезде қырықтың біріне шыққан Ұлтарак біздің кеу-кеулегенімізге желпең етпеді. Бірақ оңашада баяулап-жаяулап салғанды жек көрмейді. Ол әнді тербеп, аялап, жанымен айтады. Ән ырғағы, нәзік берілер жерде онымен бірге ол өзі де үзіліп кете жаздайды. Сондықтан да біз оның айтқанына қызығатын едік. Ол көбіне жанынды жайлауда сезінетін, жүрек қылын шертетін Дәуренсал әндерін айтады. Әсіресе, ол айтқан «Әсетті» әлі ешкімнен тыңдай алмай жүрмін. Отыз үшінші жылы сол нұсқаны Әміренің ғана аузынан естігенім бар. Сөйтіп отырғанда желкемізден біреу:

– О, шұнағым, осында жүр ме едің? – дейді. Жалт қарадық. Кәдімгі өзіміз қыста қырқаға матап кететін ассессор Шегіров. Жанында Қалдыбай Абдуллин. Екеуі де өндері күреңітіп, ауыздарынан ішімдіктің исі мұңқ-мұңқ етеді. Екі жанына пышақ жанығандай оқыған жігіт Қалдыбай үстіне қоңыр сәтеннен жейде киген. Оның белін жіңішке кавказ белдікпен бұған да, етегін төгілтіп қойған. Аяғында етік. Басында қолдан тігілген тікірейген фуражкасы бар. Ылғи фуражка киеді. Мен революцияға дейін де, одан кейін де оныталай көргенде үнемі осы бір түрінен айнығанын көрген емеспін. Ол тым жарқырап

киинбейтін. Қыста қоштаспай іренжіп кеткенімен бізбен қол алысып амандасты. Ал әлгі Шегіров иттің шөкесіндей болып, бізді құртып жіберетіндей, шікірейіп үндемейді.

– Е, екінші құлағымды кесейін деп пе едің? – деп мен де шөлкем шалыс келе кеттім.

– Не істесем де қазір қолымнан келеді, – деді ол маңызданып.

– Немене Николай сені орнына патша тағына отырғызып кетіп пе еді!? – дедім мен де тартынбай.

– Сендер қай кезде де қылмыскерсіңдер. Біреудің қалың беріп алған қатынын азғырып, алып қашып кеттіңдер. Енді біреудің қалыңдығын аздырып алып отырсыңдар. Ұрысыңдар!

– Ей батыр, – деп сөзге Ұлтарак араласты. – Саған түсіндіріп айтқан сияқты едік қой. Сүйкенбей жайыңа жүрсен қайтеді. Біз қолымыздан не келетінін көрсеткен сияқты едік қой. Жоқ әлде ұмытып қалдың ба? Онда тағы да есіне түсіруге болады. Біздің істегеніміз кісі өлтіргеннен көп жеңіл болу керек. Кісі өлтірген Шегіров жер басып жүргенде, ұрлық оның жанында аю жанындағы қасқырдың жылмақтай жігіт болатыны сияқты емес пе!?

Қорықты ма, әлде осы жерде болсаң көрермін әлі деді ме, Шегіровтен үн шықпай қалды. Оның есесіне Қалдыбай әдемілей бастады:

– Жігіт адамның басынан бәрі өтеді. Ер шекіспей бекіспес. Қайтесіңдер егесті.

– Жоқ, Қалдеке, – дедім мен, – қазір патша өкіметінің мырзалары жауапқа тартылуы тиіс. Мен бүгін Шегіров жөнінде Жұмысшы өкілдерінің Кеңесіне шағым беремін. Сонан соң көріп алалық, бұл шикі неменің әуселесін. – Бұл кеңес марттың ортасында құрылған еді. Оның құрамында Мұхамедиев, Өтепов, Затылников бәрі 21 адам болатын.

– Оны қойшы, Абақ, одан да кімнің жолы дұрыс болып шықты, соны айталық та. Мен сіздерге айтпап па едім, – деді Қалдыбай қыстағы әңгімені еске салып тұр. Оның үстіне өкімдік эсерлердің қолында тұрғанын мақтан көретін де тәрізді. Әңгімеге тағы да Ұлтарак араласты. Ол қашанда аптықпай келетін әдегіне басты:

– Қалдыбай, біздің ешнәрсеге көзіміз жеткен жоқ. Басымызға бақ, астымызға тақ бермесе де, аяқта ас, көңіл мас болатын, құрық құры емес құба төбел өмір сүрудің жолын көрсеткен ешкімді көре алмай тұрмыз. Патша орнынан түседі, оның орнына князь туысқаны отырады, Алаш партиясы құрылады, оған қазақтардың қолында барын, қойнында жарын тартып алған, оларды атқызған, асқызған Жайнақов, Шегіров өтеді. Біз әзір төбемізден төмен қарай төгіліп алтын құятындарды, аузымыздан ақмай ағызатындарды көріп тұрғанымыз жоқ. Езулеп кетер есер ме, әлде жертесер ме бізге әзір бәрі бір.

Шұнақ шал әңгімесінің қызығына түсіп кетіп, күннің бұлттанғанын білмеппіз. Азғантай қара бұлт жап-жақын келіп қалғанын, жаңбыр тамшылағанда бір-ақ сездік. Сәлден соң-ақ жаңбыр төпеп берді. Екі ат

бастарын шығысқа қаратып, жайылғанын қойып бүкшііп қалды. Күтір-күтір өткен найзағайдың аяғы шатырлап кетті.

– Тез қымызыңды ішіп қой, – деді шұнақ шал. – Ақтың беті ашық тұрмауға тиіс. Екеуміз де тостағандағы қымызды сіміре-сіміре салдық. Тостағанды шал төңкеріп қойды.

– Ердің үстіне шығып отыр, – деді ол маған. Мен тұрған соң астымдағы аткөрпені алып, екеуміздің үстімізге жапты. Әңгіме үзіліп қалды. Екеуміз де жаңбырдың төменде, аяқ астында кетіп бара жатқан бұлттың жүрісін тамашалап тұрдық. Біз бір ғарышқа шығып, бұлт бізге қызымет көрсетіп жүрген бірдемеше оның төбесінен қараймыз. Он шақты минут қана жауған жаңбыр өте шықты. Күн қайта көрінді.

– Жер кішкене дегдісін, сонан соң отыралық, – деді Шұнақ. Ол үстіміздегі аткөрпені тасқа жайып тастады. Сәлден кейін екінші ердегі құрғақ аткөрпені алып екі тоқымның үстінен төседі. Екеуміз қайта отырдық. Күн сәске түс болды. Шал әңгімені айтып үлгірмей қаламын ба деген кісідей тез бастады да, аузы-аузына жұқпай сөйлеп жөнелді.

– Қалдыбай ойланып тұрды, – деді Шұнақ. – Шегіров қайта мысықтың мияуындай да үн шығармады. Тіл-аузын қойып қалғандай мелшиіп тұр. Екі әйелдің құлағы біздің сөзімізде. Бірақ әңгімеге араласқан жоқ.

– Сендер істес болып жүрген жігіттердің қазаққа беті түзу емес. Енді бірнеше күнде Жетісудағы өкімет Эсер партиясының қолына көшеді. Сонда өздерің-ақ ойланарсыңдар, – деді Қалдыбай. Мұны ол нығарлап тұрып айтты. «Көрермін сонда» деген сөздің айтылмай қалып тұрғанын айқын аңғардық. Қалдыбай тырсылдап терісіне сыймай тұрса да, бізбен қолдасып қоштасты. Шегіров бізге, біз оған жат ауылдың бұқасынша одырайыса қарасқан күйімізше бөліндік.

Сол күндердің бірінде кеште үйге Ораз келді. Ол Тоқаш Бокинді сұрады, осында келем деп еді дегенді айтты. Сонан соң оны ұзақ тосып отырдық. Тоқаш, Серғазы бірге кірді. Амандасқан соң Ораз қалтасынан «Правда» газетінің көктемде шыққан бір санының жыртығын алды. Газетке Лениннің бір мақаласы басылған екен. Бірақ оның басы да, аяғы да жоқ. Ортасы қалыпты. Сөздің төркініне қарағанда қазір қос өкімет болып отырған қиын саяси жағдайда социалистік революцияға өту керек деген болса керек. Шынын айтсам шырағым, сол кезде маған уақытша өкіметтіңнің, біратола өкіметтіңнің қайсы екенін айыру қиын еді. Серғазы, Тоқаш, Ораз үшеуі ұзақ сөйлесті. Әңгіме арқауы Жетісуда патша құлады деген сөзден басқаның бәрі патша кезіндегідей болып отырғаны еді.

– Ал бұл жыртық газетті қайдан алдың? – дейді Тоқаш қарқ-қарқ күліп Оразға. Сөйтсе Ораз өзімен бірге гимназияда оқитын бір баланың үйіне барады. Олардың көршісіне сол қолынан жараланған солдат келеді. Кеш алдында есік алдына шығу осы Алматылықтарға әдет болған. Ораз солдаттың жанына барып әңгімелесіп тұрады. Ол қалтасынан махорка алып газеттен

өлшеп жыртып алып орай бастайды. Ораздың «Правда» деген сөзге көзі түседі де, газетін сұрайды.

– Маған бәрібір, сен бір газет бер де мұны ала қой, – дейді ол. Ораз «Жетісу облыстық ведомостының» толық номерін береді. Солдат кішкентай газет жыртығын бүтін газетке айырбастап алып тынады.

Бірдеме айтқысы келіп Серғазы оқтайланды:

– Кеше Әбділда мені іздеп келіп таба алмай кетіпті. Кешке қарай оны Лепсі көшесінде жолықтырдым. Ол біздің ісіміздің оңға бастайтынын түсіндіргісі келеді. Сендер Ораз екеуің біз Иса екеуіміз қайда болсақ сонда неге болмайсыңдар. Неге бірге өлмейміз дейді. Ораз бен Қанайдың түскен жолы бұзық. Соны бұзған сен. Атамыз Құдайберген, Наурызбайдың бір туғаны өтірік пе еді. Одан да Ораз, Қанай сияқты оқыған бауырларымызды тартып, қазақ отын жақпаймыз ба? Ораздар Алашқа керек адам. Мен бір бола алмайтынымды айтқанда Әбділда «Атам Асылдың әруағына салдым, Ораз екеуіңді!» деп айғайлап тұрып айтып жылай жөнелді. Сөйтсем кеше «Алаш» ағалары оған «өз бауырыңа ие бола алмайсың, сенен Алаш не жақсылық көреді» дескен екен. Содан мені үйден іздеп таппай, Лепсі көшесінен кездестірген. – Серғазы сәл дем тартып отырып қайта сөйледі:

– Енді бір хабар бар, – деді Серғазы. – Рахымқұл келіпті деген сөз естідім. – Тоқаш оны білмейтін болып шықты. Патшаның қара жұмысқа алған адамының бірі екен. Сол күні Серғазы Рахымқұл деген кісіні тапқанын, оның большевик болып келгенін айтты.

– Бұл шын большевик, яғни большевиктік партияның мүшесі, бүгін осында келуге тиіс. – деді Серғазы. – Сонымен біз шын большевикті көруге құмартып отырдық. Бір кезде жанында бір адам бар Бейсенбай жетті. Ере келген кісіге бақсам кешегі ұлтшылдар съезінде менің желкемде тұрған қазақ.

– Ойбай-ау, большевиғнді мен бұдан бір ай бұрын көріп едім ғой, – дедім амандықтан соң.

– Ия, мен де көргенде-ақ таныдым, – деді Рахымқұл.

– Мұндай жігітті танымауға бола ма, Алматыда жалғыз аяқпен жүрген кісі бар шығар, бірақ жалғыз құлақпен жүрген кісі жоқ, – дедім өзім де. Өйткені мені жалғыз құлағымнан танып тұрғаны анық еді. Рахымқұл жымып қана күліп қойды. Шынында да Рахымқұл Бейсенбинов шын коммунист еді. Алматыда Совет өкіметі орнап, партия ұйымы құрылғанша бұдан басқа партия мүшесі болған емес. Он партияға окоп қазып жүргенде өткен. Большевиктердің үгітімен бірнеше адам елге қайтқан. Он жетінші жылы үшінші апрельде Ленин Петербургқа келгенде ол Финляндия вокзалында сансыз адамның арасында қарсы алушылардың бірі болған. Вокзал басында жұмысшылар, солдаттар мен матростар Владимир Ильичті поезддан вокзалға көтеріп алып барғанын көзімен көрген. Сонда ол пролетариат көсемінің броневиктің үстінде тұрып: «Бүкіл дүние жүзінде социалистік револю-

ция жасасын!» дегенін өз құлағымен тыңдаған. Сөйтіп ол тау асып, тас басып, қар жастанып, мұз төсеніп Алматыға жеткен күні ұлтшылдар съезі болып жатқанын естіп, тікелей сонда тартқан. Ол сөз сөйлеуге әрекеттенген. Бірақ қақпайлап ұлтшылдар оны сөйлетпеген. «Правда» газетінің көсемінің «Осы революциядағы пролетариаттың міндеті туралы» яғни «Апрель тезистері» басылған саны қалтасында келген. Өнеугі Ораз жаралы солдаттан алған жыртық газет те осы болып шықты. Ленин мақаласын Ораз дауыстап оқыды да, басқалар тыңдады. Түсіне алмасақ та Ұлтарак екеуіміз де отырдық. Тоқаш газеттегі бір сөздерді Ораздан қайталап сұрады. Ораз оған тәптештеп тұрып жауап қайырды.

– Міндет айқын, – деді Тоқаш, – енді осы программаны жүзеге асыру керек. – Тоқаш пен Ораздың сөзіне Рахымқұл ешбір сөз қосқан жоқ. Шамасы сауаты аз екен-ау деп ойлады. Шынында да оның шала сауат екенін бір жылдан кейін ғана білдім. Өйткені сол түні-ақ Түркістан соғыс округі бас штабы бастығының бұйрығымен оны ұстап кеткенін кейін білдік. Рахымқұл содан Алматыда совет өкіметі орнағаннан соң бір-ақ оралды. Рахымқұлдың өмірінің соңы да өкінішті болды. Оны соңырақ өз кезегінен айтып беремін.

Қалдыбай сөзі рас болып шықты. Июнь аяғына таман бір күні таң ертең жұмысқа барсақ қақпа алдында бір топ жұмысшы бір газетті жұлмалап, қолдан қолға тигізбей оқып жатыр. Бұл не болды екен деп Ұлтарак екеуіміз де жақындадық. «Жетісу облыстық ведомостының» бірінші бетінде қаулы басылыпты. «Біз бүгіннен бастап Жетісу облысын басқаруға кірістік» делінген онда. Аяғында Шкапский, Тынышбаев дегендердің қолы бар.

– Бұларың кім еді, Бейсеке? – деп сұрадым Үмбетбаевтан. Ол апашық бар сырды жұмысшыларға жайып салды.

– Шкапский эсер, ал Тынышбаев белгілі Алаш ұлтшылы. Енді көп ұзамай-ақ бұлар өздерін өздері әшкерелейді. Кім екенін әлі-ақ әрқайсысың білетін боласыңдар. Олар жақында большевик Рахымқұл Бейсенбиновты қайта ұстатып жіберді...

– Тағы сен бе, Бейсенбай? – дегенге қарасақ Мисауытов екі көзінің төңірегі құрланып, дәл сыра кеспегіндей домаланып артымызда тұр. Бұрынғыдай емес бұл кездері ол жұмысшылармен жұмсақтау сөйлеседі. Бейсекең оған жауап қатқан жоқ. «Бар ма екен жігітті, жоқ па екен жігітті, жоқ па екен жігітті, кімде екен үміті» деп татарша әндетіп жүре берді. Біз де жөнімізге кеттік. Бірақ Абдуллин мен Шегіровтың айтқаны болғаны ішімді жегідей жеп барады.

Қалада Тоқаш бір айдай болмады. Ораз да жаздай көрінбейді. Оразды сұрағандарға Бейсекең демалысқа кеткен ғой дей салды. Ал шынында Тоқашты, оның төңірегіндегілерді қамайды деген сөз қалада дүңкілдеп кетіп еді. Уақытша өкімет саясатына қарсы шыққандарды қамауға ала бастағанда бұған көз жетті. Дегенмен қалада большевиктерді жақтаушы жұмысшылар үйірмесі ұйымдасып, «Правда» газетін, Лениннің «Ап-

рель тезистерін», тағы да басқа большевиктік әдебиеттерді тарату жиіледі. Соның нақ бел ортасында Серғазы Күшіков, Бейсенбай Үмбетбаев болған еді.

Бір күні кеш алдында көшеде Қалдыбайдың сап ете түспесі бар ма? Аmandықтан кейін-ақ:

– Ал қалай, менің айтқаным келді ме? – деді.

– Айтқаныңыз келді, байыпты болса, – деді Ұлтарак. Ол мені сөзге араластырмай қойды. Мен оған шамалы ыза болып та қалдым. Үндемей әңгіменің артын тоса бердім.

– Неге байыпты болмасын. Үкіметтің Түркістандық бастығы Щепкин де Шкапскийдің досы.

– Ал осы әсерлерің қазаққа не береді?

– Қазақтың автономия алуына көмектеседі.

– Ол шикі сөзіңмен бізді алдама, бауырым. Қазақ, қырғыздың екі жарым миллион десятина жерін қайта тартып алайын деп жатыр ғой. Бұл қазақ пен қырғызға жаны ашығандық па? Ал әйтпесе осы жерді тартып алуды қоштаған анау ұлтшылдарыңның ісі қазаққа жаны ашығандық па? Он алтыншы жылы Жетісу халқын қырумен көзге түскен жазалаушы отрядтің төрт бастығын кеше ғана Пішпек түрмесінен Шкапский мен Тынышбаев босатып жіберді. Бұл қазақ пен қырғызға жаны ашығандық па?

– Олардың барлығы..., – деп Қалдыбай қарсы дау айтпақ болып еді, Ұлтарак оны тырп дегізбеді.

– Сіз оқыған адамсыз, кезекпен мына оқымаған қазақтың да сөзін бір тыңдасаңызшы, – деп Қалдыбайды Ұлтарак қайырып тастап, қайта сөйледі. – Жоқ дәлел керек десең ол адам киімін киген қайуандарыңның атын атап берейін. Жаркент уезінің ауыл уәкілдері Мемлекеттік Думаның председателіне қазақ пен ұйғырдың халінің нашарлығын айтып телеграмма берген. Бұған дейін ол телеграмма жаңағы сіздің бастықтарыңызға да жіберілген. Онда тура былай делінген: «Қазақтар аштан қырылып жатыр... ал азық-түлік комитеті нан сатуға тыйым салды... Кең де, үлкен де жер бізге тарылып барады». Сонда бұл қазаққа көрсеткен қандай жақсылығы? Қытай өкіметі Россия консулы арқылы жүз жиырма мың қазақ пен қырғыздың шекарада жиналып тұрғанын Верныйға хабарлады. Уақытша үкіметтің өкілдері барлық қазақ пен қырғызды бір жерге жинап алып, оларды не Россияға, не әрі қарай Қытайға жібертпей отыр. Жарайды мұның бір манақасы бар шығар делік. Бірақ сонымен бірге оларға тамақ сатқызбай қойған ғой. Сонда бұл көпе көрінеу қазақты қолдан қыру ғой. Олай емес дей аласыз ба? Ол ол ма, екінші июнь күні Қытайдан Жетісуға қайтқан қашқын қазақ пен қырғыздың алдын бөгеу үшін Қытай шекарасына зеңберегі бар полк жіберілді ғой. Ондайлар Жаркент гарнизонынан да жөнелтілді. Мұны қалай дейсің, бауырым, Қалдыбай. Ал екі жылда жеріне зорға

жеткен Рахымқұл Бейсенбиновты қайта ұстап айдап жіберген жоқ па, оларың. Сонда бізге не істе дейсің?

– Рахымқұл қашан келіп еді? – деп сұрады Қалдыбай түтігіп. – Байқұс-ай, туысқаны жоқ жалғыз жігіт еді.

– Сіз таниды екенсіз оны. Біз білмейміз де. Оның келгеніне бір айдай ғана уақыт болған. – Қалдыбай тіпті не дерін білмеді білем, қарасуға түсіп терлеп, орнынан үнсіз тұра берді. Рахымқұлға шын жаны ашығаны көрініп тұрды.

– Жоқ сіз тұра тұрыңыз, біржола аяғын ести кетіңіз. Біздің жауымыз бұрын біреу еді. Ол патша өкіметі болатын. Енді ол үшеу болды. Патшаның жендеттері, жазалаушылары, бұрынғы біздің жауларымыз бәрі отыр. Бұл бір. Оның үстіне Уақытша үкіметтің қосылды. Екі. «Біреу еді маям...» деген мақалды білерсіз, сол сияқты екеуі аз болғандай Алаш деген тағы шықты. Міне сонымен еңбекші халықты талайтындар көбейе түсті. Егер осының бәрін бізге білмей келіп жүрсеңіз сөз басқа, бірақ сіз сияқты оқыған жігіт оны білмейді деп ойламаймын. Ал біле тұрып келіп жүрсеңіз онда сізбен сөз басқа. Сізден арамза, сізден қауіпті жау жоқ.

Күнде бірге жүретін Ұлтаракты тіпті бүгін танымай қалдым. Жетісуды тегіс алақанына қондырып алғандай. Мен бұрын Ұлтаракты да, Бейсенбайды да, Серғазыны да өзім сияқты дейтін едім. Жоқ қатты қателескен екенмін. Мен ұлтшылдардан олардың үміт күтпейтінінің мол себебі бар екенін енді ғана сезе бастадым. Олардың қалың құйқаларының арасында көп сыр жатыр екен. Қазақ даласындағы қалың қырқада не жатқанын біле алмайтының сияқты, олардың ми қатпарларында мен сияқты піспеген үрпек бас, сары ауыз балапан біле бермейтін, мәнді, маңызды іс бар екенін түсіндім. Тап тартысы кезінде бұлталақтамайтын, шелек жалағанға мәз болмайтын адамдардың жаратылысы бөлек екенін аңғардым. Бұдан былайғы жерде ескіден қатқан ішектің қырындысын айдап түсіріп, мөлдір бұлақтан ғана сусындауды ойлады. Ол мөлдірді, ол тұнықты тек большевиктердің төңірегінен, Тоқаш Бокиннің, Ораз Жандосовтың, Серғазы Күшіковтың, Бейсенбай Үмбетбаевтың төңірегінен ғана іздейтін болдым. Нақ сол жерден қалаған, адастырмас, алдамас тұманның көзін таптым да.

Менің білгенім уақытша үкіметтің жоқтағаны да, бар бітіргені де кулактардың дауын даулап, соның мұңын мұқтағаны болды. Болып жатқан пәле атаулының бәрін он алтыншы жылға жапты да, қазақ пен қырғызды кінәлап, олардан көп салық алынды. Мен де қалада ұйымдасқан «Мұсылман жұмысшылардың біріккен одағына» мүше болдым. Оның басында көбіне-ақ большевиктерді жақтаушылар болған еді. Бұдан кейін құрылысшы жұмысшылардың кәсіп одағы құрылды. Оған мүше болғандардың көбі де большевиктердің ықпалындағылар болатын. Сол кезде әйтеуір Алматыда съезден көп нәрсе болмайтын. Мысалы Советтердің Бүкілроссиялық бірінші съезінің өтуіне

арналған митинг, шаруалардың бірінші облыстық съезі, облыстық азық-түлік съезі, Жетісу әскери казактарының съезі, міне осылай кете беретін. Осының көбінде-ақ Бокин мен Березовский сөз сөйлейтін. Бағаның артуына, кулактардың қазақ шаруаларына күн көрсетпеуіне ыза болған халық арасында көтеріліс, толқу үнемі болып тұрды.

Сол кезеңнен есімде анық қалған біреуі патшаның қара жұмысына барып келген Алматы қаласының, үлкен Алматы, Шығыс Талғар, Шамалған болыстарының мыңнан аса кедейлері. Алматыға жиналып, «қара жұмысшылар одағын» құрғандығы еді. Оған бұрын майданға барып келгендер, орыс солдаттары да кірді. Осының барлығы Шкапский мен Тынышбаевты қарағайдан тұрғызған ескі үйдегі ағаш төсекте қандалаға таланған адамдай тыншытпады. Өйткені бұқараның революциялық белсенділігі күннен күнге өсіп бара жатты. Өздері болса да, сөзден болса да әйтеуір «ел құлағы елу» болып, бүгінгі салтты, сананы ұғынып, сайдың сайға, байдың байға құятынына жұрттың көзі жетіп алды. Кімге кездессең де алдыңды кескестеп, қайдағы бір уысқа түспес, қиын қуыстағы сырды жырдай етіп соғып береді. Онысы кейде тарихтың бүгінгі тарауының бір сүресіндей өмірмен шендесіп, шектесіп, астасып жатады. Тандансаң да, тамсансаң да кейде сондықтан да ондай бір жайларға, тіпті келеңсіздіктен баяндалған жайға да жадағай, жайдақ бірдеме деп, жүре тындауға, сүлесөк қарауға болмайтын еді. Халықтың қатты толқуы, дүмді дүрмегі уақытша үкіметті ышқынтпай, қорқытпай қоймады. Өздерінің жандары әлде мұрнының, әлде тырнағының ұшында тұрғандай сезінді. Жылп етіп қолдан суға кеткен сабындай үкімет уысынан шығандап шығып кетеді-ау деген күмән олардың сыбағалы сыры болып алды. Қорыққаннан көлеңкесі қос көрініп тұрса да, сыртқа жүнін кампайтуын қоймады. Бәрі бір өздерінің үкіметінің аты айтып тұрғанындай Шкапский мен Тынышбаевтың естері екеу, түстері төртеу еді. Сондықтан да олар Жетісуды соғыс жағдайында деп жариялап, облыстық, уездік «қоғамдық қауіпсіздік комитетін» құрды. Бұл комитет жиналуға, митинг, съезд өткізуге тыйым салды.

Он жетінші жылдың аяғына таман мен орыс газеттерін оқи алатын дәрежеге жеттім. Қысқа хабарларды оқып, ауылдан келгендерге шамам келгенше аударып беріп жүрдім. Енді мен де көзім ашылып, алды-артымды, кімнің жау, кімнің дос екенін танитын болдым.

Октябрь төңкерісін, қарулы көтеріліс болып, Совет өкіметі орнағанын Ташкентте Совет өкіметі орнаған соң ғана білдік. Жетісудың әскери казактарының билеуші топтары бүлік шығарып ноябрьдің ортасында «Әскери үкімет» құрды. Меншевиктер мен эсерлер ол үкіметті қолдады. Енді эсерлердің, ұлтшылдардың кім екеніне анық көзім жетті. Бұл кездері көшеге еркін жүру қиын болып қалды. Қалада жиналып тұруға болмайды. Көшеде казактар қаптап жүреді. Ұстап қамап тастайды. Осыған қарамай-ақ, ақ казактардың қылышынан

қаны тамып тұрған жағдайда декабрьдің ішінде большевиктер бірнеше митинг өткізді. Оның біразына Ұлтарак екеуміз де бардық. Бір қызығы жерде Ұлтарак бір-ер күн болмай кетеді де, сонан соң ертең бәлен жерде митинг болады. Соған барамыз дейді. Мен оның айтпай кетіп жүргеніне алдында іренжіп те қалдым.

Он сегізінші жыл келді. Өткен декабрь суық болды. Үйде Ұлтарак жоқ еді. Байқұс Инжір ол қай уақытта келеді деп түнімен сарғайып күтіп жүреді. Ұлтарак келмей кірпік жалғап ұйқтағанын көрген емеспін. Кеш ерте түсетін болғандықтан ермегіміз енді кітап оқу. Мен сол кездері арап әрпімен басылған батырлар жырын тауып әкеліп оқып жүргенмін. Біз «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын оқыдық. Мен оқимын да Инжір мен Ұлтуған тыбыр етпей отырып тыңдайды. Мен шырағым, поэзияны бір-ақ тілде, қазақ тілінде ғана ұғамын. Күні бүгінге дейін де сол пікірімнен қайтып көргенім жоқ. Қазақ поэзиясына жететін поэзия бар деп ұқпаймын. Мысалы кейбір халық өлеңді бір буынмен немесе бір әріппен ғана ұйқастырады. Ал енді монғол тұқымдас елдердің поэзиясы жолдың басынан ұйқасады. Қазақтағы шұбыртпалы ұйқасты біз нашар дейміз. Ал басқа халықтардың өлең ұйқастары біз ұнға бермейтін шұбыртпалы ұйқастан төмен тұр. Үш буыннан, төрт буыннан ұйқас көрген адам ондайды поэзия деп айтуы қиын. Оның үстіне қазақ тілінде дауысты дыбыстың көп болуы сөздің ашық, әдемі естілуіне әсер етеді. Бұл біздің музыкалық әуенімізде де жеңілдік туғызады. Поэзия әдемілігінің себептері осындай, шырағым. Рас, олардың айтайын деген ойы терең болатындары көп. Бірақ пікірді өлеңмен айтқан соң, ол өлең болу керек қой.

Сен Илияс Жансүгіровты білесің бе? Айтқын келмейді, ә? Бірақ оны білетіндігіне зәредей күманданбаймын. Және тыңдамасаң тұрып кетерсің, Жансүгіровтың атынан сен қорыққаныңмен мен қорықпаймын. Мен кезінде Жансүгіровты байдың баласы бола тұрып, «орта шаруадан шыққанмын» дегені үшін қатты сынаған кісімін. Мысалы Энгельстің фабриканттың баласы болуы оның революционер болуына кемшілік келтірген жоқ. Валериан Куйбышев полковниктің баласы еді, большевиктік идеяға берілгені сонша әкесінің ат қорасында большевиктік баспахана ұстады. Патша полковнигінің қорасында большевик болады деп сен бір адамды сендіре алар ма едің? Сол сияқты өзі Октябрьді жақсы жырлаған ақын, егер өзі үстем таптың сөзін сөйлемесе, сойылын соқпаса, оның бай баласы болғанынан социализмге ешбір кемшілік келмейді. Бірақ біздің большевиктік айбынымыздан қаймықпауға бола ма. Міне сол Жансүгіров өлеңдерінің сұлулығы, ұйқас ұлылығы менің тілімнен кетпейді. Мысалы мына бір өлеңін қарашы шырағым:

«Тегінде кәр құлаксын, сұңғыласын,
Сондықтан сұлу сөзді жыр қыласын,

Соғайын сөзімнен бір сұлу сарай
Я көрсін, я көрмесін тұрғыласым».

Міне, төрт буыннан ұйқасқан өлең. Бұл нағыз поэзия! Айтайын дегенім әлгі Қозы Көрпеш-Баян сұлу жыры туралы еді ғой. Жырдың соңғы жағына келгенде екі әйел де еңкілдеп тұрып жылайды. Сөйте тұра қайталатып оқытады. Бір күні кешке жақын Інжір ойланып отыр екен.

– Не ойлап отырсың? – деп сұрадым.

– Баян қызды, – дейді ол. – Ол еркекке бергісіз қыз ғой. Шын махаббат үшін солай өлгеннің өзі артық. Көкірегінді көрге басқызып төрге шыққанша, бөріге деген ыстық махабатыммен қара жерге кірген жақсы ғой.

Осылай біздің әйелдеріміз де соңғы кездері дүниеге көзқарасын білгізіп қалып отыратын болды. Мен оған маңыз бермеген едім, ал Ұлтарактың ойы басқа. Тіпті кейде екеуміз сөйлесетін қоғамдық пікір жайында, өмір ағымы жайында ұзақ-ұзақ әңгіме айтады. Мен оны олар ұға қояр ма екен деуші едім. Оным тіпті қате екен. Өйткені Ұлтуған күнде орыс әйелдерінен неше түрлі әңгіме естіп, бізге көп мәлімет беретін болды.

Ұлтарак тағы да үйде жоқ болатын. Біз «Қамбар батыр» жырын оқып кеш жатқанбыз. Бір кезде тасыр-тұсырдан шошып ояндым. Ауыз үй толған адам. Орыс-қазағы аралас. Ішінде Серғазы да, Бейсенбай да бар. Ұлтарак өз бөлмесінен шығып келе жатыр екен. Көзіне ұйқы жұқпағанына қарағанда Інжір әлі көзін ілмеген болса керек.

– Тез жүктеріңді біздің бөлмеге кіргізіндер, – деді Ұлтарак. Бізде симай тұрған қай дүние-мүлік бар. Екі-үш көрпемен, бір текемет, бір сырмақты бір-ақ орап көтеріп кеттім. Не болып қалды дегендей Ұлтуған көйлегімен тұр, дір-дір етеді. Оның әлде қорқып, әлде мұздап қалтырағаны белгісіз еді.

– Біздің үйге бар, Ұлтуған, – деді Ұлтарак. Қалтыраған Ұлтуған екінші бөлмеге кіріп жоқ болды. Інжір де көрінбей қалды. Сырттан кенепке оралған көп нәрсе кіргізілді. Анықтап қарасам бәрі мылтық. Бір ескі көрпеге оралған пулемет те бар. Бір кроватиның бойы ұзынына зорға еңдейтін кішкентай бөлменің іші лық толыпты. Тауға қараған кішкентай терезеден жарық түспей қалыпты. Есік тарс жабылды.

– Енді осы қаруға сен жауап бересің, – деді Серғазы. Қабағы қату, маңдай терісінің бәрі қатпар-қатпар болып екі қасының арасына жиналып қалыпты. Жұқа сұлу мұрты бүгін әлдеқалай айбатты. Байқаймын үнемі сақалын иегін көк тұқылдап қырып өте ұқыпты жүретін Серғазының сақалы өсіп кетіпті. Мен бұл сөзді Ұлтаракқа айтып тұр деп есептедім. – Саған айтып тұрмын, Абақ! – деді ол нығарлап. Мен өзіме үлкен сенім артылғанын сонда ғана білдім. Бұған шынын айтуым керек, қатты қуанып кеттім. Өйткені бергі жағынан жақсы сөйлескенімен

Серғазы да, Бейсенбай да, тіпті Ұлтарак та маған күдікпен қарайтындай көрінетін. Әрине оған өзім кінәлімін. Сайдалиевтің үйіне, ұлтшылдар съезіне барған өзім. Одан бұлардың хабары жоқ деп есептейтінмін. Қайдан олай болсын?!

Таң сәріде тұрып аттарға шөп салайын деп барсам шөп орнында жоқ. Сөйтсем шөп кішкентай бөлменің терезесін бастыра, үйге тіреле жиналыпты. Сырттан қараған адамға үйдің ол жағы биік дуал сияқтанып қалыпты. Содан екі атты суғарып, қораның астын таза-лап, үйге қайта кіре беріп, басқа біреудің үйіне келгендей әсер алдым. Ауызғы бөлмеге киіз төселіп, бұрынғы біздің бөлмемізге өтетін есік жаққа Ұлтарактың қайқы бас қазақша төсекағашы салыныпты. Базардан сатып әкелген, басқұрдан құрап тіккен алаша оның тұсына ұсталыпты. Енді бұрын осы үйде тұрған кісі болмаса бір көрген адам ол жерде есік барын білетін емес. Сонымен біз төргі бөлмеге ие болдық та, Ұлтарактар ауызғы үйге ұйқтап шығып жүрді. Бірақ тамақ түпкі бөлмеге ішіледі де, көбіне сонда боламыз.

– Ой, алла, – депті көрші қашқарлықтың әйелі Ләмхан бір ай өткен соң кешке таман есік алдында тұрған Інжір мен Ұлтуғанға. – Сендер мына түрлеріңмен бір түнде Алматыны да көшіріп қондырарсыңдар. – Ләмхан сол кездері елуді алқымдаған әйел еді. Екі қасының арасын сүрмемен қосып бояп қоятын да, басына қысы-жазы бірдей тақия киетін. Шашын әденешеу етіп өріп тастағандықтан сыртынан қарағанда қыз сияқты көрінетін. Жалпы шырағым, сен журналистсің ғой, байқаймысың, ұйғыр әйелдерінің тұлғасы қара көргендігінен бе, сымбатты келеді. Ал саудаға жақын жүргендіктен болса да осы Ләмханның да, оның ері Илахунның да жаны ұсақ адамдар болатын. Ол бір тиынды пайда көреді де, оған жанын беруге әзір. Інжір оның сөзіне мән бермеген болады да:

– Қыс болса мынау қағынып тұрған, екі атты ұстау оңай емес. Шөп көз алдымызда тұрсын дегеніміз ғой, – дей салады. Дегенмен осыдан кейін Ләмхан да, Илахун да жоқтан өзгені ілэ етіп біздің қораға келгіштеуді көбейтті. Бергі жағынан еркектің үстіне әйел, әйелдің үстіне еркек кірмейтін әдеттерімен біздің үйге кірмей жүрді. Сен шырағым бұл халықтың «кебіс төңкерген» деген заңын естіп пе едің? Әйелге қыдырып әйел келеді. Ол үйге еркек кіруге тиіс емес. Оны білгізу үшін сыртқа есік алдына кебісті, галошын төңкеріп қоя салады. Соған соң ертіп әкелгенің кім болса да еркінше отыра бер. Ал ұйғырдың зинакор әйелдері көбіне ерін осылай алдайтын болған. Осындай бір жағдай біздің заводта істейтін Нұрым дейтін қазақ жігітінің басында болғаны бар. Ол өзі қалада өскен қазақ еді. Сондықтан өзбектерге, ұйғырларға, татарларға аралас жүретін. Бір күні ол үйленіпті деп естідік. Араласымыз жоқ адам «е құтты болсын» дестік. Енді арада ай өтпей жатып-ақ «Нұрым қатынын шығарыпты» деген піш-піш сөз

жүрді. Қазір шырағым «әйелімен ажырасыпты» делінеді. Ол кездегі термин «қатынын шығарыпты». Ал неліктен тез дестік.

Он жетінші жылдың күзі құрғақ болды. Сондай әдемі күндердің бірінде Нұрым үйіне келсе, есігінің алдында бір кебіс төңкеріліп жатыр. Әйелінің бұрын ескертіп жүргені есіне түседі де, үйдің шаруасы қашан біткен, Нұрым тағы бір жаққа кетеді.

–Келген кім, үйге? – дейді Нұрым.

– Ой, алла, оны еркек сұрай ма екен? – Әңгіме осымен бітеді. Нұрым «жарайды, бұл да бір халықтың өкілі ғой, заңдарын құрметтейін» деген ойға келеді. Сөйтіп осындай жағдай бұл үйде жиілей береді. Бірде күздің қысқа күнінде өзі шаршап жұмыстан келсе, есігінің алдындағы тағы да кебіс төңкерулі жатады. Шаршап келген Нұрымның қазақтығы ұстап кетеді де, кебісті теуіп жіберіп, үйге кіріп барады. Үйде аласа столда дастархан жасаулы палау пісіп, манти түсіріліп буы бұрқырап тұр. Төрде малдасын құрып қияқтай мұртын сылап біреу отыр. Ешкімнің үйге кірмейтініне сенімді әйелі тіпті мұны адам демейді.

– Кел, жаным манти жейік, – дейді анаған. Жанынан жұқа қара мұртты базарда қасапшы болып істейтін Мәматахун тұрып келе жатады. Дастарханға келгенше де жартылай жалаңаш екеуі жабысып қалғандай құшағын жазбастан отырып жатады. Тіпті адам бар деп селт етпейді. Отырып болдың-ау деген кезде жаны күйіп тұрған Нұрым иектің асты осысың ғой деп аяқтағы саптама етікпен Мәматахунды теуіп келіп жібереді. Ол сылқ ете түскен кезде қатынды да ұрып түсіріп, еркектің қалған киімін енеден жаңа туғандай етіп шешіп алады. Есін жинаған жігіт үстінде киімін жоқтауға мұршасы болмай.

– Анаңды... сені баспен бір соғып... – деп ұмтыла бергенде төбелестің ұйғырлық тәсілін тәуір білетін Нұрым иектің астынан баспен ұрып, қайта қағып түсіреді. Енді әйел үстіндегі киімді жыртып түсіріп, тырдай жалаңаштап болғанда, анаған жан бітіп далаға жүгіре қашады. Босағада ілулі тұрған Ләмханның қызыл ала көйлегін іле жөнеледі. Нақ осы бір сәтте Нұрым ыза болғаннан табалдырықта жатқан балтаны еңкейіп ала бергенде жан ұшырған Ләмхан жалаңаштығына карамай далаға ытып шығады. Екеуін Нұрым қуып береді. Мәматахун ала қашқан көйлекті үстіне жамылмақ екен, ол қақпаның жуан ілгегіне ілініп қалып жұлқылағанына шыға қоймайды. Нақ осы сәтте қолында балтаның жүзі жарқылдап қақпаға Нұрым жақындап қалады. Балтаның айбынына шыдамаған ол көйлекті тастап, екі бірдей жалаңаш алғашқы қауымның адамындай болып бірінің артынан бірі жөнеледі. Сөйтіп тыр жалаңаш екеуін көшеге қуып шығады. Кеш алдында жұрттың бәрі қақпа алдына шығып, әңгіме соғып, дүкен құрып отыратын әдеті. Біреу бетін басып, біреу күліп, біреу айқайлап, біреу балағаттап көше азан-қазан болады. Қайда кетті дерің бар ма, әйтеуір екеуі көзден ғайып болады. Сөйтіп ұйғыр қатыннан ол біржола құтылады.

– Ажырағаның дұрыс шығар, ал жалаңаштағаныңа жол болсын? – деп сұрайды Ұлтарак Нұрымнан ішек-сілесі қатып.

– Е, оларға керегі ұятсыздық емес пе, сол тілегіне біржола жетсін! – дейді ыза болып Нұрым. Содан Алматыдағылар жақсы білетін Ләмханды Қашқариядан жаңа келген, оның сырын білмейтін Илахун алған. Илахун арғы беттен қашып келгендіктен патша охранкасы күнде жауапқа шақырып, енді Илахунды, Ләмханды да өздеріне тыңшы етіп алған.

– Төрем бір сәт мойын бұрыңыз, – дейді біздің үйге өтіп бара жатқан әскери киім киген Тоқашқа Ләмхан. – Мына көршінің үйінде бір пәле бар. Бір бөлмесінің терезесін шөппен бастырып тастады. – Тоқаш сол минутта оның үйіне кіріп, жауап алып, акт салып, басқа адамға тісінен шығармауға ант еткізеді. Басқа адамға білдірсең, мына көршілеріне сездіріп қойып, сендер жауапты боласыңдар дейді. Тоқаш ол күні келмей ізімен қайтып кетеді. Ертеңіне барып көршілеріне сақ болыңдар дегенді ескертті. Сонан соң-ақ біз іш жиып жүргенбіз.

Ай сәулесімен сүттей жарық болып тұрған Алматының көктемге еңкейген түнінің бірі еді. Алматының осындай түнін көрген кісі басқа жерде түн сұлулығы бар десе, ешқашан сенбес еді. Терезеден Алатауға көз салдым. Неден ояңғанымды аңғармадым. Алатау айқын көрініп, манаурап, шалқалап жатыр. Бір алып батыр ұйқыға кеткендей дүниені ол тыныштыққа шақырады. Қарлы шыңдар, қарағайлы алқап, Талғар, Алматы, Аюлы, Саржалак, Найзақара, Қыземшек, Қатынемшек, бәрі Алматы күзетінде тұрып шаршаған адамдай бір сәтке мүлгіп кетеді. Аспанды көздеген жебедей Найзақара қаладан қалай шаншыла көрінеді десеңші. Ұлтуған аюдың қонжығындай қатты ұйқыда. Үйдің айналасында адам жүрген сияқты. Қар күтір-күтір етеді. Ұлтарак та үйде болатын. Аттарға ұры келіп жүр ме екен деген ой сап ете түсті. Ақырын Ұлтаракты ояттым. Екеуміз құлақ салдық. Шынымен біреу үйді айналып жүр.

– Далаға шық, – деді Ұлтарак. Денем қалтырап кетті. Не де болса деп есікті ептеп ашып, есік алдында жақын жиналған шөптің қуысына сәл отырдым. Тоңқандап біреу үйдің түбінде бірдеме істеп жатыр. Байқап қарасам қолында бір құлаштай ағаш, үйдің сыртын өлшеп жүр. Бетін анық танымаған соң жаныма таман келуін күттім. Міне екі метрдей қалды. Міне бір метрдей. Жолбарысша атылып, үстіне міне түстім. Ол етпеттеп құлады. Үйдің алды тау жаққа яғни күн бетте болғандықтан күндіз еріп, анжырланып қалған. Әлгіні кішкене есінен тандырып алу үшін маңдайын, бет-аузын анжырға соғып-соғып алдым. Әлгі дыбыс шығармайды. Осы кезде үйден Ұлтарак шықты да, жауырынымнан жұлып балаға ұсатып мені былай бір қолымен алып қоя салды да, менің астымдағыны да бір қолымен жағасынан буындыра сүйреп үйге кіргізді.

– Шам жақ, – деді Ұлтарак. Мен сіріңке шақтым. Майшам тұтанбай әуре қылып барып, зорға от алды.

– Илахун! – дедім мен танданып. Ұлтарак таңданған жоқ.

– Ешнәрсе сұраудың керегі жоқ, аяқ-қолын тас қылып байлап таста, аузына орамал тық. – Ұлтарактың айтқаны екі етілген жоқ. Көргің келгені осы ғой дегендей аяқ-қолы байлаулы Илахунды қару-жарақ тұрған кішкентай бөлмеге тастадық. Түн ортасында далаға бір шығарып келіп тұрдық. Оның жалынғанына да қарамадық. Өйткені Ұлтарактың айтуынша Большевиктер қарулы көтеріліске дайындалып жатты.

Марттың екісі күні түстен кейін жұмысты тастап кетіп қалдық. Кешке біздің үйдегі қару-жарақты жұмысшылар үлесіп әкетті:

– Ұлтарак, Абақ, екеуің де менің жанымда боласындар, – деді Тоқаш. Ол күндегіден айбарлы да, ашулы да көрінді. – Аттарың ерттеулі, мылтықтарың оқтаулы болсын. Бүгін қимылдайтын күн. Ел орынға отыра Жандарал паркінің астыңғы жағынан кездесеміз.

Түн тымық екен. Ай жарық. Көктем лебі бар. Тіпті қар көк соқта болып еріп жатыр. Тоң жібіген. Аспанды торлаған өркеш-өркеш ала бұлтқа ай дарияға бір бағып, бір қалқып шыққан кемедей бір кіріп, бір шығып жүзіп барады. Алматы Қазақстандағы ең иті көп қаланың бірі еді. Әйтседе бүгін ауп еткен үренде даусы естілмейді. Әлдеқайда ноғай қаласы жақтан мезгілсіз ақырған есектің даусы шықты. Екіншісі, үшіншісі... әр жақтан-ақ әңкілдеп-еңкілдеп кетті. Көктемнің келгенін аңғартқандай. Сауда көшесінде тальян гармонь безілдетіп «Алсу» жырын ойнап барады. Анда-санда ысқырық естіледі. Бір қызығы осылардың бәрі де көшені даңғазаландыра алмайды. Шыққан дауыс тез басылады. Жылы желпіп жел соғып тұр. Көктем лебі. Әлден уақытта Лепсі көшесімен шапқан көп аттының тасыры шықты. Айқай, шу, ызың. Не екенін ешкім білмейді. Астымыздағы аттарымыз тұрмай, тықыршып барады. Нақ осы бір шақта біздің төменгі жағымыздан да ат дүбірі естілді, Сауда көшесінен Бульварнаяға төрт атты тура бізге салды.

– Нақ офицерлердің шоғырланған жеріне неге жиналды!? – деп қалды Ұлтарак. Төрт атты келісімен жан-жақтан аттылар толып кетті.

– Ораз, тарт белгілі жерге! – деген Тоқаш дауысы саңқ етті. Біз желе шоқырақтатып Сауда көшесінің басына, Кіші Алматы жағасына келдік. Арамызда Серғазы мен Бейсенбай жоқ екен. Тоқаш қазақшалап бізге қысқа түсіндірді. Сонан соң орысша сөйледі. Бұған қарап арамызда орыстың да барын білдік.

– Қазір қаланы большевиктер алуға жақын. Түрме, почта-телеграф алынды. Совет өкіметін мойындамайтындардың күл-талқаны шықты. Біздің алдымыздағы міндет мынау осыдан төмен қарай тай шаптырым жерде казарма тұр. Онда Алаш әскері жатыр. Міндет солардың қаруын тартып алу. Мүмкіндігі болғанша оқ шығармау. Күзетшіге Ұлтарак пен Ораз барады. Басқаларың казармаға кіруге әзір тұрындар.

Бір жақсы жері бұларда қарауыл да, ештеме де жоқ. Аттылар қаптап келгенде казармадан шыққан біреу:

– Бұл қайыссың, ей? – дейді. Кәдімгі ауылда дәрет сындыруға шапанын желбегей жамылып шыққан шалдай.

– Немене елсізде отыр ма едің? – дейді Ұлтарак. – Сендерге қосылғалы келдік, ауылдан.

– Е, онда жөн, – дейді де қайта кіріп кетеді «Алаш» солдатты. Казарманы тегіс атпен қоршап алдық та, он шақты адам ішімізде Тоқаш пен Ораз бар казармаға кірдік. «Алаш» жігіттері жайбарақат әңгіме соғып отыр. Бес-алты бөлмеге бөлініп алыпты. Аتكөрпелерін төсеп тастап, қисайып ұйқыға кіріскендері де бар.

– Тырп етпендер, қимыл еткенің атыласың! – деді Ұлтарак.

– Ал тырп етпедік, – деді бір пысықайы.

– Бастықтарың кім?

– Бастығымыз Әбділда Кәкенов. Ол жоқ.

– Одан кейінгісі ше?

– Ол анау ұйқтап жатқан, – деді бірі осы әңгередей үйге ала-бөтен салынған бір кісілік темір кроватты көрсетіп. Бұл кезде барлық бөлмедегі екі жүздей мылтық жиылып алынған да еді.

– Ей, мырза басыңды көтер, енді сен тұтқынсың! – дейді Ұлтарак. Ол тіпті тұтқын тұрмақ түп орнымен көтеріп кетсең де былқ ететін емес. Екінші жамбасынан аунап түсті.

– Тұр былай, – деді Ұлтарак май құйрықтан екі бүктеп ұстаған қалпымен қамшымен салып қалды. – Большевик дегенді естіп пе едің? – Большевик деген сөз оған жаңағы қамшыдан гөрі қатты тиді. Құры құдықтың түбінде жаңбырдан кейін қалған азғантай судай шүңкиген көзді, сары балшықтай жігіт атып тұрды. Көзін уқалап жіберіп, әлгіге жан бітті:

– Атқа! Атам, кет жолымнан.

– Қаруың болса атарсың кейін, – дейді Ұлтарак. Ол қалтасына қолын апара бергенде артынан тұрған біздің жігіт:

– Көтер қолыңды! – деді. Ол қол көтерудің орнына мойнын бұрғысы келді. Бірақ мойыны құрғыр жуандап кетіп ырқына көне қоймаған соң бүкіл денесімен бұрылды. Арт жағындағы тұрған жігіт ол кезде оның тапаншасын жұлып та алған еді.

– Ал жігіттер, сендердің жазықтарың жоқ, – деді Тоқаш Бокин, – осылай жата беріңдер. Мына бастықтарыңды біз қамауға алдық. – Шамасы әлгі бастығы бір байдың боркемік баласы болуы керек. Жылап қоя берді:

– Ағатайлар жанымды қалдыра көріңдер! – Шамасы ол қамауға алынғанның бәрі өлтіріледі деп ойласа керек. Қалш-қалш етеді.

– Міне, нағыз қамалатын кісі, – дегенге жалт қарасам есіктен Шегіров кіріп келеді. Екі қолы артында. Олсыз да шикіл сары өңі куқыл тартып күнге оңып кеткен шүберектей. Шегір көзі бозарып өлген балықтың

көзіндей шығып барады. Оны бір қазақ жігіт айдап алып келеді. Кейін біле келсек Ыбырайым Жайнақовпен бірге Қытай қашып бара жатқан ол, өздерін қорғауға бұл жерден бірнеше солдатты ала кетпек екен.

Казармаға басы Ұлтарак етіп он адам қалдырып, есікке беттедік. Шегіров пен шүңірек көз сары алдымызда. Екеуі де қалш-қалш етеді. Бұл ежелден ел билеген шынжыр балақ шұбар төстердің, көптен жілік майы үзілмеген үстем таптын біздің алдымызда біржола қалшылдап тұрғаны еді. Таң бозарып атып келе жатыр екен. Жандосов үнемі айтатынындай «Жетісуға да таң атты».

* * *

Жетісуға да таң атты. Кешегіні бүгін білесің. Түнде бір біз емес, бүкіл қала ұйқтамаған. Серғазы мен Бейсенбай оны былай суреттейтін. Орыс және қазақ жұмысшыларынан құрылған қызылгвардиялық отрядтар, майданнан қайтқан солдаттар, Жетісу екінші казак полкінің жауынгерлері бәрі де көтеріліске іңірде-ақ әзір тұрды. Жетісулық екінші казак полкі әскери үкіметке қамауға алынған большевиктерді босатуды талап етті. Олар қарсылық білдірген соң-ақ тұрған жерінде олардың быт-шыты шығарылды да, большевиктер бастаған қызылгвардия отрядтары түрмеге лап қойған. Жолшыбай почтаны, телеграфты, мемлекеттік банкті алып, онда қызылгвардиялық пост қойылып отырған. Солардың бел ортасында болған Тоқаш пен Ораз соңғы жау ошағының отын өшіріп, күлін көкке көтеруге бізге келген екен. Бізден бөлінген соң Тоқаш Шегіровты қысып шынын айтқызған.

– Ыбырайым Қытайға дейін бізді қорғайтын біраз солдат әкел деп еді, – деген Шегіров. Мұны естіген Тоқаш та, Ораз да шыдай алмай оншақты солдатты алып шоқытқан қалпымен Жайнақовтың үйіне келсе, оның үйінде ескі-құсқыдан басқа түк қалмаған. Байлаулы қалпында қалған қарала ит аспанға қарап ұлып жатыр. Сөйтіп Шегіровтың сүйенген Жайнақовы, Қалдыбайдың сиынған Шкапскийі бәрі де зытып кетіпті. Верныйда Совет өкіметі жеңді.

Ертеніңе қалада бүкіл қала тұрғыны жиналған митинг болды. Ол тағы да Жандарал бағында өтті. Жер сылпылдап еріп жатқанына қарамастан оған жиналған адамда есеп жоқ. Көктем күні шақырайып шекемізден өтіп барады. Біз төртеуіміз кәдімгідей көтеріліп, өзіміз Совет өкіметін орнатқандай ең тәуір деген жерге барып тұрдық. Жан-жақтан келген атқа мінген, мінгескен қазақ қаптап кетті. Түйеге екі-үштен мінгесіп алған. Тіпті бір тәуір жабуланған атанның үстінде үш әйел отыр. Ал комдығында бір бала, жармасып тұр да мойнағында бір бала бар. Жалаңаш-жалпылы жүргеніне қарамастан солпылдаған қазіргі кең балақ шалбардай жең, салпы етек, жүні шыққан шапан бәрі де осыдан табылады. Жалтырап киінген аз. Тіпті бір елуді алқымдап қалған қазақтың бөркінің төбесінен шыққан ақ жүн үкідей бұлғандап жүр. Әр

жері тесілген шапан, қоңыр шолақ тон, рауғаш, жоса жетпей қалған бір кезде ақ болған сырты сауыс тон. Бұл жиынға бай келмесе де әлденеше байдың шапаны келді. Өйткені кедей киген жыртық шапанның көбі-ақ байлардан қалған сілімтік еді. Бұған қарап-ақ мұның кәдімгі кедей жиналысы екенін айыру қиын емес-ті. Оның үстіне қырма таздың басындай болып қалған жыланнның жұты міне осы көктем еді. Таяғын ұстап қалған қойшы, құрығын ұстап қалған жылқышы, қыстың қысымын, байдың ұсымын көргеннің бәрі осында келді. Мал қырылып, ырыс жырылып жатқанда бар арманы, бар үміті осы Совет өкіметі еді. Сондықтан да бары атпен, жоғы жаяу, тайлы-таяғы қалмай кеудесінде жаны бары жеткен еді. Қыс пен жұттан аман қалғандар еді, бұлар. Алда көрер күні, жылтыраған үміті барлар еді, бұлар. Сол үмітін көзбен көргісі, бақытын болжағысы келгендер еді, бұлар. Орыстардың киімі де осы сияқты алашұбар. Олардың айырмасы қоншынан басылған пималар. Өкшесі жылтылдаған шолақ ботинкалар. Көлдей-көлдей әйелдер сыртынан жамылған қара, қарала қалың шәлілер. Әлде кімнен қалған, мүмкін бір кезде иесіне тура болған, қазіргі киіп жүрген кісіге шұбатылған, шамадан тыс сүйретілген тұлып, ұзын етегі суға тиіп жібіп, ұзарып кеткен бір кезде қара болған қарақожақ тон. Тіпті бір қызығы сол күні Алматыда орыстан қазақ әлдеқайда көп сияқты көрінді. Солардың бәрі де киімінен қорынбайды, қайта ілгері кимелей түседі. Бәрі-бәрі де кедей деген мен емес кім деп ұмтылатын сияқты. Бұрын орыс дегенді жерін, бар тәуірін тартып алатын отаршылар деп оған жақындауға, жанасуға жүрегі дауаламайтындардың барлығына бүгін көкірегін ойып моторлы жүрек қойғандай, ығыса бермейді.

– Мына жалба тұмақтар ғой, ел билейтіндердің түрі, – дегенге жалт қарасам қолында қара таяғы, көзінде көзілдірігі бар, қара пальто, қара қалпағы бар біреу. Жанында тұрған Әбділда Кәкенов.

– Сол жалба тұмақтар-ақ жалпаңыздан түсірген жоқ па? – деді Ұлтарак жұлып алғандай. – «Асты қорлама құстырады, ерді қорлама» деген емес пе еді, аталарымыз. Сол сіздер қорлаған ерлер осылар болады. Олар қор ма, әлде зор ма енді біле беріңіздер. Олар енді бір мытыса Кәкеновтің жаны мұрнының ұшына келер. Онда оны дәртінен жазып алу сіз сияқты дәрігердің қолынан келе қояр ма екен! – Ұлтарак біліп тұр екен. Дәрігер Жақыпбаев та «Алаштың» сойылын соғатындардың бірі екен. Өзі де Жаныс ішіндегі бір жуан атадан шыққан адам. Осылардың сөзіне қызынып тұрғанымызда жіңішке әйел даусы шығады:

– Ултуған, Ултуған! – Бір жас орыс әйелі. Сол бетінде қара қалы бар. Қайдан көрдім мұны. Біразға дейін есіме түсіре алсамшы. Ия әйелдер көтерілісі күні көрген екенмін. – Сенікі бай кедей, Советке сайлаймыз! – дейді. «Сенікі бай» дегенді естіп Ултуған қып-қызыл болды. Білсем Ултуған Алматыға алғаш келгенде менді әйелдің үйінде пәтерде тұрған екен. Анау тағы байың деп айтама деді ме, Ултуған онымен орысша сөйлесіп кетті. Көрдің бе, шырағым. Біреу бізге билікті қызғанып,

тақымы толмай, балақтағы бит басқа шықты-ау деп тұрса, енді өзіміз сияқты ерні жібіп ас ішпеген, иығы жылтырап киім кимегендер бізді өкіметке сайлағысы келеді. Екеуінікі де заңды құбылыс. Екеуі де шынын, барын айтып тұр. Бұл жерде мен әлгі татар шалға өкпелейтіндей «битті қазақ», «жақсы қазақ», орыс, ноғай жоқ, тек байлар, барлар табы, жоқ-жітік кедей табы ғана бар екен. Осы жерде де бір іштей Ораздан ұтылып, ұялып тұрдым. Митингі мінбесінде басқалармен қатар Тоқаш Бокин бар. Біз оны мінбеде өзіміз тұрғандай сезіндік. Соған жақын жерде Жандосов, Ставровский, Федоров үшеуі көрінді. Үшеуі де өрімдей жас. Гимназияның сыптай киімі бойларына шап-шақ жарасып тұр. Бір қызығы осы үшеуінің көкірегінде де екі елдей салпыншақ қызыл шүберек қадаулы тұр. Көзімді жүгіртіп көріп едім, мұндай қызыл шүберекті басқалардан кездестіре алмадым. Тек сонау шетте папаха киген үш солдаттың маңдайында жолақтап жапсырған қызыл шүберек бар екен. Сәлден кейін сол үш гимназист біздің жанымызға келіп қолымызды қатты-қатты қысты. Олар біздің ұлы Октябрьдің жеңісімен құттықтағанын, бізбен бірге қуанып, сол қуанышқа құтты болсын айтып тұрғанын сезгендей болдым. Көкірегімізді мақтан сезімі биледі. Әсіресе мен ішімнен «Көрдің бе битті қазақты» қай жерде тұрғанын деп татар шалды еске алдым. «Енді, – деймін ішімнен, – түрмеге шабуыл түгіл өкіметті қолға алды!» Сол татар шал қазір көзіме көрінсе айтып-ақ тастар едім деп қоямын. Қазақ кедейлері атынан Тоқаш Бокин сөз сөйледі. Оның кейбір сөзі күні бүгінге дейін көкірегімде жатталып қалды. Шынын айтуым керек, шырағым, Тоқашты соншалықты керемет адам еді деп ұққан жан емеспін. Өйткені арамьзда сөйлегенде үнемі кебіңкіреп, мақтаныңқырап ірі сөйлейтін. Сондықтан да оны жақын жолдастары да ұната бермейтін. Тек Ораз Жандосов оны басына көтеретін, аға тұтатын. Артық сөзін кешіре беретін. Большевиктік жіпті үйреткендіктен оны ардақтайтын.

– Қазақ пен қырғыз еңбекшілері патшаның және уақытша үкіметтің қанауында өзіліп келді. Оларды бай мен манап қоса қанағанын айтсақ, олардан езгіден басқа ештеме де күткен жоқ. Сондықтан Қазақ пен қырғыз Совет өкіметін ұлт мәселесін бірден-бір әділ шешетін өкімет деп қоштайды. Олар бірдей құқықпен орыс жұмысшыларына, шаруаларына және казактарға болыса отырып, жаңа өмірді бірге жасасады. – Бүкіл Алматы қол шапалақтағанда ол найзағай шатырлағанындай естілді. Митинг біткенде алдыңғы жақтан ән естілді. Сөйтсем ол «Интернационал» екен. Бұл күніміз біздің көңілді өтті. Сол күні көп күлдік. Көп сөйледік. Мұндайда Ұлтарак қандай қалжыңнан езуінді жиғызбайды. Екі күннен кейін бүкіл қала халқы болып ақ казактар азаптап өлтірген Березовский мен Овчаровтың денесін жерледік. Қабыр басында жас Жандосов сөз сөйлегенде әлі гимназия оқушысы оны қаладағы орыстардың көбі білетінін байқадым.

– Екі бірдей ерімізден айырылып отырмыз. Екеуі ғана ма, ол? Екеуі мұнда, екі мыңы далада. Бүкіл қазақ даласы өлік сасиды. Адам өлімі! Кісі өлімін кісесінен кездігі түсіп қалғандай көрмеу ол капитализмнің серігі, соның туған табиғаты, бізді сол капитал құлдығынан құтқармақ еді, олар, – дей келіп қоштасып еді Ораз. Менің желкемде тұрған біреу: «Міне, оқымысты қазақ!» дегенге қарасам Жетісу екінші казак полкінің комитет мүшесі Гордоделов екен. Оны қарулы көтеріліс күні көрген едім.

– Орыс тілін осылай білу керек! – деді ол жан-жағындағы солдаттарға қарап.

– Совет өкіметінің, революцияның өзі туғызған ұл ғой, – деді сол полктің комитетінің тағы бір мүшесі Силин. Япыр-ай, деп ойладым сонда, жастай қалай жұрттың бәрін баурап алған, қалай баурап алады? Сол Ораз сөзінен білдім, сөздің құдіреті оның шындығында екен. Кім шын сөйлесе, кім шындықты айтса, сол шешен екен де, сол көсем екен. Қазақ та осал халық емес-ау деп ойладым осы жерде. Өйткені мақал, мәтелдері қалай дәл, қандай қолмен қойғандай. «Ердің сыны сырында, сөздің сыны шынында». Рас-ақ қой. Көпірме сөз қоюы жоқ көжедей ғой. Көмекейі көсілген көсемнің, таңдайы тақылдаған шешеннің сөзінде шындық болмаса, ол әншейін пәтуасыз тіркес болады екен. Сөйлегенде аузыңды ашып, көзіңді жұмып қалатын шешендер бар. Оларды ұйып тындамау мүмкін емес. Бірақ былай шыға беріп сол не айтты десен ішінен іліп алар бірдене таппайсың. Сорпаны суытып бергенді талай көрген шығарсың. Екі ыдысты алады да, сорпаны бірінен біріне сапырылыстыра береді. Кейбір шешеннің сөзі сол сорпаны сапырып, ішпей-ақ осыған риза бол деген сияқты. Ал Ораз сөйлегенде оның ішінде негізгі бір үлкен ой болатын. Сол негізгі ой бұл күні адамның өліміне көңіл аудару еді. Бұл тегін емес еді. Өйткені өткен жылғы тақыршылықтың бар салмағы он сегізінші жылдың көктеміне түсті. Барлық қазақ қорасы босап, төңірегі малдың ақ сүйегінен көрінбей қалды. Былтыр Ұлтарак екеуіміздің көргеніміз биылғыға қарағанда қой түнеткендей екен. Көктем бола аузына ақ тимеген адамның өңі кірмейді. Қап-қара, қара сұрланып, қаны ішіне тартып кетеді. «Аш көзденіп» дегенді талай естіген шығарсың. Сол аш кісінің көзінен алып айтқаны екен ғой. Көздің майы кеткен соң қарасы ары ішіне батып шүңірейіп кетеді екен және ол үнірендеп, телмендеп тамақ іздеп тұрғандықтан қарағанда адамның өңбенінен өтеді. Мұны Ұлтарак екеуіміз көп қызылгвардияшылармен бірге ат үстінде Талғарға бара жатқанда байқадық.

Жетінші март күні Купластов селосының шаруалары Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі Шкапскийді ұстап алып, оны Жетісу екінші казак полкінің жауынгерлері Верныйға айдап келді. Соңғы үміті үзілген атаман-қулактардың басшылары мен Жетісу әскери казактары жауынгерлік кеңесінің таратылып жіберілген мүшелері. Талғарға

жиналып кеңес құрады. Сөйтіп «Жауынгерлік кеңес» ұйымдастырады да, ол ақгвардиялық отряд құрумен шұғылданады. Бұл ақказактар батыс Қытайдағы патшаның бұрынғы консулы Любтен және Ағылшын соғыс миссиясынан көмек алады. Оған қайда да сондайға жарбап етіп бір жабысып қалағын Алаш қосылады. Міне енді жас Совет өкіметін қорғау басталды. Апрельдің басында бәріміз қаруландық. Кез-келген уақытта дайын болуымыз ескертілді.

Кеш алдында жиналуға бұйрық алдық. Атты ерттеп болған соң Ұлтарактың үйден шығуы қиын болды. Бұлар не істеп жатыр деп кірсем Инжір екеуі көрісіп жатыр. Кәдімгідей арыздасып жатқанын байқап күлкім келді. Менің жастығым ба, әлде баратын жолымыздың қауіпті екеніне, соғысқа бара жатқанымызға маңыз бермегендік пе, әлде тірі қаларыма көрініп тұр ма, ойыма түк келген жоқ. Ұлтарак мойымайтын жігіт еді, осы жолы жасып тұрғанына қайран қалдым.

– Қош, Инжір, азды-көпті өмір сүрдік. Сені мен іренжітпесем сен мені іренжіткен жерің жоқ. Бір кезле сүйгеніме қосылып, ертеңіне марғау кетсем арман жоқ, артында аңырап жылап әйелі қалыпты десе болады деген күндерім болған. Енді міне құдайға мың шүкіршілік, біраз қызық көрдік. Бір сен үшін бүкіл ауыл-аймағымды, туған-туысқанымды тастап кетіп едім. Сен де сертінде тұрдың. Ризамын. Кеш мені, артық кеткенім болса! – Ол Инжірді құшақтап тұрып сүйді. Мен тіпті де мұндай жол бар деп ойласамшы, атпен Талғарға жарысып барып, жарысып, ойнап-күліп қайтатындай көріппін. Екеуінің көріскенін, арыздасқанын, төгілген жасты көрген Ұлтуған жуған шүберектей, дір-дір етеді.

– Қош, арысым, асыл арманым, аман барып, сау қайт! – деп төгіліп еңіреп жіберді Инжір. – Осы жерге келгенде Шұнақ шал да босаңқырап, көзіне жасы іркіліп келіп қалды. Арғы жағын айта алмай сәл булығып, беті қатпарланып, әжімі көбейіп отырды. Мен аузыма салған етті жұта алмай, не істерімді білмей састым. Сәлден кейін көзіндегі жасын қолының сыртымен ысырып тастап Шұнақ қайта сөйлеп кетті. – Өткен өмірдің елесін осылай еске алу, кейде шын мұңаю да керек пе деп қаламын. Осындайдан кейін көп жеңілденіп қалғанымды байқаймын, шырағым. Сенімен осы дегересте отырған екі күнім екі жылға бергісіз қуаныш, жақсылық әкелді, маған. Сөзіңді тыңдайтын адамның болғаны жақсы, сөзіңді ұғатын құлақтың болуы бақыт. Ішімде кетіп бара жатқан арманымды он жеті жылдан бері адамша сөйлеген біреуге тыңдата алмай шерменде едім, шырағым. Енді бар шындықты, зәредей жалған қоспай, айнадай жарқыратып, ақтарып салған соң ертең өлсем де ризамын. Бірақ өле салатын бос екен деп ойлама, мені. Мен көзім жұмылғанша күресіп өтемін. Тіпті өлімнің өзімен де күресемін. Сонымен негізгі әңгімеге көшейін. Инжір менімен де көрісті. Мен бұған соншалықты маңыз бермегендігім ақымақтық-жастығым болса керекті. Ұлтарак Ұлтуғанмен де жылап қоштасты.

– Сүйіп қосылған Шұнағынды күт, қалқам. Инжірге өз шешендей қара. Сенің көзің ашық қой, – деді. Аттанып кеттік. Ұлтарак үйден шыға беріп:

– Атар таңның өтіне жүрсен де, батар күннің бетіне жүрме деген еді. – Оның бір түрлі түрі қашып, түсі кетіп келеді. Егер шырағым, Ұлтарак өмірде мойымас, қабак шытпас адам, осы жолға да іренжімей аттанды десем бұл бүгінгі әдебиетшілерге жағары сөзсіз. Бірақ өмірде олай бола бере ме? Менің де саған Ұлтарак мойымас аттанды да, өлерінде ғана «қош» деп бір-ақ сөз айтты дей салуыма болар еді. Ал адам адам ғой. Ол ағаш емес, мал емес. Мал екеш мал да өлерін біледі. Сонау бір жылы құшқанада істегенім бар. Сонда бір бұқаның көзінен жас парлап тұрғанын көрдім. Құшқанаға оны айдап көпке дейін кіргізе алмады. Содан кіріп келе жатқан үлкен қара бұқаны негізгі қасап үлкен екі пұттық балғамен екі мүйіздің арасы осы ғой деп үстінде тұрып қақ маңдайдан періп жіберді. Бұқа құламады. Аларып тұрып, мойнын бұрып үстіндегі қасапқа қарады. Сол кезде қасап екі пұттық балғаны қайта көтеріп, маңдайдан қайта соқты. Қара бұқа бұған да жығылмады. Бұрылып тұрып «менің не жазығым бар» дегендей аларып қарады. Қасап балғаны үшінші рет соқты. Бұқа аларып тағы бұрылды. Сол кезде қасап қолындағы балға түсіп кетті. Өзі далаға қашып шықты. Бұқа құлап бара жатты. Қасап ертеңіне жынданып ауырып, ауруханаға түсті. Осыны көріп қана тұрған мен үш күн ұйқтай алмадым. Тек көзімді жұмсам-ақ аларып қара бұқа қарап тұрады да қояды. Ол кезде елдің сөз баққан кезі. Оның үстіне сауаты ашылмаған. Сондықтан біреу бұқа киелі екен деп, бірі бүкіл бір ауданның зеңгі бабасы екен деп тоғыз сакқа жүгіртті. Көрдің бе, шырағым, мал екеш мал да өлім жақындағанын сезеді. Сондықтан бұл жерде Ұлтаракты айыптаудың керегі жоқ.

Он алтыншы апрель күні таң қылаң бергенде Талғардың батыс жақ желкесінде тұрдық. Жаяу әскерлердің қанша екенін білмеймін, біз екі жүздей атты едік. Күн шығып, жерден бу көтеріліп жатты. Күннің алғашқы қызуымен-ақ жан-жануар, өсімдік әмбесі манаурап, ұйқысына күн ұйқы қосқандай, бауырдай балқып жатты. Өткен жылы түк шықпай қалған алқаптарда ыраңның өзі тұсарға келеді. Дала балқып тұр, тербеліп тұр, ырғалып тұр. Гүлге қонған ара ызыңы естіледі. Шырын сорып олар да жырғап жүргенге ұқсайды. Көктемгі жер жас босанып, қалжа жеген әйелдей тез көтеріліп келе жатты. Біз күнге борсып босқа тұрдық.

– Енді не күтіп тұрмыз? – деген іреніштер әр жерден-ақ естіле бастады.

– Бізді атуға ақтардың мылтығы әлі оқталмапты. Соның мылтығын қолына алып бізді көздеуін күтіп отырмыз, – деп Пономарев деген орыс жігіті орысшашесінен, қазақша әкесінен жіберіп алды. Ол біліп айтса да, білмей айтса да соныкі дұрыс болып шықты. Арада жарты сағат уақыт өткенде барып «Алға!» деген өмір болды. Белге шыға келгеніміз-

де алдымыз жап-жазық ақтардың мылтығы бытырлап, пулеметтері тырылдап басты-ай келіп. Біздің қатарымыз атқа қамшы баса алмай жатып-ақ сиреп қалды. Үстінен иесі түскен аттар құйрығын шаншып, ойқаптап жүр. Көп адам аттан сыпырылып түсті. Дайын отырған жау бізді көрдің бе деп белге шыққан соң баудай түсірді. Қалған бірсыпырамыз қайта бұрылып, ойға жетіп аттан түсе қалып мылтығымызға жармастық. Бос аттың көбі бізбен ілесе шауып келіп, оттап қала берді. Біз де атып жатырмыз. Бірақ өте азбыз. Ақтар бізге шабуылға шықты. Қалған азғана адамға егделеу орыс жігіті әмір берді:

– Атқа! Шегініңдер! – Жаппай атқа жүгірдік. Тарланкөктің бір мінезі барды. Осындай дүбірде аяғыңды үзеңгіге сала бергенде алып жөнелегін. Мен атқа түзеліп мініп, Ұлтаракты іздесем атына әлі мінбеген екен. Қайта бұрылып қасына жақындағанымда атына оң аяғын арта беріп, ердің басын құшып қалды.

– Абақ, аттың тізгінін ал! – деді ол маған бұйырып. Мен де шылбырын ұстап, атты жетекке ала бергенімде ол аттың жалына құсып жіберді. Қан құсты. Артта жаудың жаяу әскері өкшелеп келеді. Біз шаба жөнелдік те, ұзап кеттік. Бірақ жаяудан ат жүйрік болғанымен, аттан оқ жүйрік. Оқ жауып тұр. Сәлден кейін оқтан құтылдык. Ақтұмсыққа келген соң аттарды тоқтатып, Ұлтарактың жарасын байламақ болдым. Басқалардың қайда қашқанын білмеймін, менің артымда екі атты орыс жігіті ғана келеді екен. Оның бірі иығын ұстап қалыпты. Екеуміз аманбыз. Олар да тоқтады.

– Бәрі қырылды, бәрі өлді, – деді жаралы солдат.

– Теркин қайда кетті, атып тастау керек еді итті. Теркин жау. Петров ұмытпа! – Ұлтарак ат үстінде толқып тұр. Мен түсірмек болып едім, ол қатал бұйырды: «Ат үстінен байла, әйтпесе қайта міне алмай қаламын». Үстіндегі түйе жүн шекпенді шешіп, токымнан бір жапырақ киізді жұлып алдым. Шөпшек теріп, киізді күйдірейік десек сіріңке жоқ. Екі солдатта да ондай ештеме болмады. Тай шаптырым жерде бір қыстау көрінген соң соған жетелік деп, Ұлтарактың жейдесін айырып түсіріп, жарасын көрдім. Оқ оң жақ жауырынның қақпағынан тиіпті де, сол жақ қабырғаның астынан шығыпты. «Тез таң!» деді Ұлтарак. Таңған болдым. Өзі үлкен, ұлы кеуденің алды да, арты да талқан, талқан. Қай жерін таңармын. Жейдесін айырып, солдаттың сол жақ иығындағы жарасын тас қылып таңып тастадық.

– Ты будешь жить, Петров! – деді Ұлтарак сөзін нық айтты. Бұған қарап Ұлтарак әлі жақсы екен деп қалдым. Ауылға жете түсіп, үйге кіріп барсам бір еркек, бір әйел өліп жатыр. Кішкентай үш жасар бала жанында «апалап» жылап отыр. Сіріңке табылар ма екен деп о жер, бұ жерді түрткілеп көрдім. Ештеме жоқ. Отты көсесем қоламта әлдеқашан суып қалған. Бұдан әрі үйдің ішіне көз салуға дәтім шыдамады. Әлдәрменым құрып, үйге жарты жасымды тастап үнсіз шықтым. Не істерімді білмедім. Ұлтарактың соғыста алған жарасынан мына

суреттің жаныма салған жарасы өтіп барады. Ұлтарак «Алматыға барып өлемін» деп түспей қойды. Ұлтаракты көтеріп атына мінгіздік, оның артына мен мінгесіп, сүйеп отырдым. Жолда екі-үш рет есінен танды. Екі солдат та бірге келді. Қаланың шығыс жақ шетіндегі уездік ауруханаға түсірдім. Кіргенде Ұлтарак ессіз жатты. Қан көп кетіпті. Оқ жүректі жаралаған деді дәрігерлер. Ұлтарак өледі-ау деген ой сонда ғана келді. Жалма-жан Інжірді алып келіп, қасына отырғыздым. Кешке қарай көзін ашып, Інжірді жұбатып, ақылын айтып жатты да, жұлдыз шыға Ұлтарак қайтыс болды. Өлеріндегі сөзі де аз болды:

– Елге сәлем айт, қателігім болса кешірсін. Бала-шағама көз бол, Абақ! Қош, Інжір! – Шұнақ шал үнсіз қалды. Мен де жұмған аузымды ашқан жоқпын. – Қайран ер-ай! – деді әлден уақытта Шұнақ.

– Бала-шағасы несі? – деп қоямын ішімнен. Шынында он күннен кейін Інжір босанып ұл туды. Бірақ босана салып, ол да дүние салды. Баланы Ұлтуған екеуміз алып келдік.

Ертеңіне-ақ соғыста жеңілуіміздің себебі айқын болды. Пономарев, Петров үшеумізді Соғыс трибуналына шақырды. Фамилиясын ұмытып қалып, Теркин дегенді зорға есіме түсірдім. Бізді басқарған командир «солшыл» эсер Теркин белгіленген операцияны өткізбей, әдейі бізді ақтардың оғына байлап берген екен. Мен орысша жүрген сотта еркін сөйлей алмай әбден қажып шықтым. Сол трибунал үстінде Семен Пономаревтің сауаты әжептәуір ашылған жігіт екенін анық байқадым. Ол жағдайды толық баяндап шықты да:

– Ұлтарак сияқты большевик арамыздан кетті. Артында қызылшақа, жаңа туған жас нәресте құндақта қалды. Егер бізге бұл эсер сатқындық жасамағанда біз қатарымыз сөгілмей, қанымыз төгілмей жауды бір қараңғы, бір жарықта жайпап, Ұлтаракпен социализмнің қызығын бірге көрер едік. – Пономарев осыны айтқанда Петров та, мен де өксіп жібергенімізді байқамай қалдық. Эсер атуға бұйырылды. Одан не пайда, арыстай, арыстандай, бірге тумасам да туғаннан артық болған аға мерт болды. Көрем деген жарығын көрмей көз жұмды. Қабырғам қақырап кеткендей болып жүрдім. Семен Пономарев менен аз қайғырған жоқ. «Қайран бауырым-ай!» дегенде көкірегі қарс айырылатын.

Сонымен көп жыл жолдас болған жігіттің сырттаны Ұлтарактан айырылдым. Ерге ер, серіге сері Інжір де дүние салды. Құндақта екеуінен кішкентай нәресте қалды. Ұлтуған екеуміз ойластырып Ұлтарактың ұлының атын Совет қойдық. Өйткені әкесі сол Совет өкіметі жолында басын бәйгеге тігіп еді. Совет әзірге Ұлтуғанға ермек те, жаттығу да болды. Бетіне қарап біресе Ұлтаракқа, біресе Інжірге ұқсағамыз. Екеуміз де ұстауға қорқамыз. Басқа түскен соң аман не, ілдалдалап құндақтап күттік. Әйтеуір бір көркем ұл жөргекте жатыр. Он сегізінші жылдың шалғыны шүйгін, бетегесі биік, отты көктемінде оған сүт тауып беру соншалықты қиын болды. Өйткені мал қырылып қалған. “Өзінікің өзінен аяймыз ба?” деп, әкесінің атын бір тана бұзаулаған

сиырға айырбастадық. Бәрімізге айран болмағанымен жақсыдан қалған жәдігердің ішуіне мол жетіп тұрды. Совет қоржын шұбар шаранадан бала кейпіне түсіп келе жатты. Тілі шығысымен-ақ біз оған әкем Ұлтарак, шешем Інжір деп үйреттік.

Қалада жағдай қиындап кетті. Ақтар қаланы қоршап тұрып алды. Жан-жақтан жұтап қалған, аш қазақтар қалаға ағылды. Көшедегі қазақтың бәріне еліне қайтуға кеңес берілді. Бір пұт астықтың құны бір сиырмен тең болды. Шайнамасы жоқ, қолында жұттан шыққан бірді-екілі малы барлар оны орыс кулақтарына өте арзан берді. Әсіресе сегіз мың қызыл әскерге тамақ тауып беру қиын болды. Нақ осы ең қиын жағдайдан шығудың жолын табу большевик Тоқаш Бокинге тапсырылды. Тоқаш бұл кездері орыс пен жергілікті халықтың арасындағы жұмысты басқаратын комитет комиссарының орынбасары болатын. Ол кезде комиссардың жолдасы делінетін. Осы Совет өкіметі орнаған алғашқы шақта да қазақтар оны Тоқаш төре дейтін. Бір күні түстен кейін Тоқаш қасында он солдат бар біздің үйге түсті. Ұлтуған құндақтағы Советке шишамен сүт беріп жатқан-ды. Бұл күндері Ұлтуған да, мен де Советті ұстауға үйреніп қалғанбыз. Ұлтуған төңіректегі кемпірлерді шақырып, шомылдыртып, сылатып алатын. Күн асқан сайын «бесік баласы бес түлейді» дегендей, ол адам кейпіне түсті. Енді Совет шынымен айдай сұлу ата-анасының екеуіне де ұқсап, құндақта көзі жылтырады. Солдаттарды көрген Ұлтуған сескеніңкіреп қалды да, Тоқашты көріп, көңілі орнына түсті. Бәрінің қаруы бар солдаттар есік алдында топталып тұр. Тоқаш жаз болып қалса да үстінде шолақ курткасы бар, оның жағасына, етегіне және омырауына пұшпақ қоңыр елтірі ұстаған. Басында фуражка. Омырауының түймесінің бәрі ағытулы. Ішіндегі жасыл сұр кителінің түймелері жылтырап көрініп тұр. Амандықтан соң солдаттарға осы көше тұрғындарын осы үйге шақырындар деп қысқа бұйрық берді. Солдаттар кеткен соң көршілер келгенше ол әңгімелесіп отырды. Тоқаш тұмысында әскери адам болуы керек еді деп ойлаймын. Өйткені сөзді өте тұжырымды айтатын да, сөйлесіп отырған кісі де, өзі де арғы жағына сөз таппай қалатындай еді. Мен өмірімде талай қызмет адамын көрдім ғой. Сонда солардың бәрінен Тоқаштың ерекшелігі бір шешіміне екінші оралмайтын кісі еді. Мысалы Ораз Жандосов та көп сөйлемейтін адам еді. Бірақ, сөйлескісі келгенде оның дариядай біліміне таң қалмасқа болмайтын және әңгімені тепе-тең отырып сөйлесуге мүмкіндік беретін, алды кең адам болатын. Ал Тоқаш әңгімені көсіліп айтпайтын. Сондықтан да кейде оның дұрыс ісін бұрыс ұғып қалу әбден мүмкін еді. Оның артынан жай әңгіме арасында ғана бірер сөз сөйлегенде, Серғазы мен Ораздан оның сөзінің мәнін оңай түсінетінбіз. Солдаттар келгенше, ол келте сұрақ беріп, өзі де төте қайырып отырды. Анық мінезін білмеген кісі оны төрешілдеу кісі шығар дер еді. Қою мұрты, кебіңкі ұрты оны осылай көрсетер еді.

– Ұлтарактың баласының атын кім қойдыңдар? – деп сұрады ол.

– Совет.

– Совет!?! Молодцы! – деді ол риза болып. Оны өзі ойлап тапқандай көзі күліп, құлағы қимылдап кетті. Сөзді сирек айтағын адам, сәл үнсіздіктен кейін барып:

– Мен “Марлен” қой деп айтайын деп едім, – дейді. Біз Ұлтуған екеуміз бірімізге біріміз қарадық. Тоқаш біздің түсінбей отырғанымызды білді.

– Маркс, Ленин деген сөз болар еді. – Ұлтуған да, мен де енді түсіндік. Ленинді білгенмен Марсті көп біле бермейтінбіз. Содан жақында ғана Маркстің жүз жылдығына арнап «Заря свободы» газеті мақала берген болатын. Қайта-қайта оқығанбыз оны.

– Қоярмыз тағы, Тоқа. Құдайдан үмітіміз бар ғой! – дедім мен күліп. Ұлтуған қып-қызыл болып орнынан тұрып сыртқа шығып кетті.

– Молодец! – деді қайталап Тоқаш. Риза болғандығын білдірді. Ол қалтасынан жасаулы темекі алып тұтатып, түтінін үсті-үстіне сорды. Бұл оның не шын көңілденгендегісі, не қатты ашуланғандағы әдеті еді. Темекіден Ораз есіме түсті. Ол да шылым шегетін.

– Айтқандай Оразды көрмегеніме айдан асты, қайда жүр ол? – деп сұрадым Тоқаннан. Тоқаш әдетте көлденең сұрақты ұнатпайтын. Қорқа-қорқа сұрадым. Сонан соң ол өзі де оны қатты жақсы көретін де, аса қадірлеп сыйлайтын. Тіпті он жетінші жылдың қысында бір отырыста империализм жөнінде сұрақ болғанда:

– Қазір Жетісуда Ораздан білгір, одан марксизмді көп білетін адам жоқ. Орыстар оны «ученый Киргиз» деп бекер атап жүрген жоқ. Содан сұрайық, – деген-ді. Ол кезде маған марксизм мен империализм бірдей сөз болып көрінген.

– Оған оқуыңды бітіргенше еш жаққа шықпа деп қадағанмын. Ең болмаса біреуіміз толық білім алайық та, – деді ол. Шамасы өзінің білімінің таяздығын айқын сезінетін болу керек. Өз кемшілігін білген адам бір кісіге төрелік береді деген қазақ. Тоқаштың бүгін үйімде отырғанымен, Жетісудағы революция тарихындағы зор тұлға екенін нақ осы жерде мойындадым. “Бәсе, Жандосов оны бекер сыйламаса керек-ті!” – деп түйдім ішіме.

Үйге уездік совдеп мүшесі, Тоқашпен үнемі бірге жүретін Абрам Иванов кірді. Қой көзді, шашы қоңыр, кескінді жігіт. Маған ол үнемі жұмсақ мінезді болып көрінетін.

– Жұрт жиналды, Тоқа, – деді ол, кірер-кірместен. Үшеуіміз далаға шықтық. Бұл көшеде кім тұрмайды десеңізші! Орыс та, қазақ та, ноғай да (ол кезде Жетісудағы татарлар өздерін ноғаймыз дейтін) тараншы да, өзбек те бар. Ботқа бет, көз еті көлкілдеген, шашын артына тоқпақтай етіп өріп тастаған дүңган шалдары да тұр. Киіміне қарап қай ұлт екенін анық ажыратуға болады. Түрлі ұлттың өкілі келген сияқты кәсібі де олардың тоқсан түрлі еді. Қамырдың ішін пиязға толтырып, ет орнына

ұсынатын манты сатқыш та, бір табалық наннан он күлше шығаратын наубай да, лағман, шимен, гунгурман деп бір кеспені бірнеше атпен сататын аспаз да, бір тоқтының етінен он құнан қойдың құнын шығаратын қуауыш да, жай арбақеш, әртүрлі кәсіптің жұмысшылары бар. Біразы-ақ тиын көрген, дүниені тек тиынмен өлшеп, тиынмен пішетін, бір тиынды қалай екі тиын жасау керек екенін енеден туа үйренгендер еді. Тоқаш олардан жиірек, жақын тұруды өтінді де, сөз бастады.

– Қымбатты достар! Бүгінде Алматыдағы жас Совет өкіметінің басына қауіп төніп тұр. Ақтар қаланы қоршап сырттан азық-түлік әкелуге мүмкіндік бермей отыр. Сегіз мың әскерді ұстауға тамақ та, көрпе жастық та керек. Қалада ашыққандар бар. Революциялық комитеттің атынан сіздерден көмек көрсетуді сұраймыз. Алған дүниемізге, малымызға қолхат береміз. Кейін Совет өкіметі қай жолмен болса да оны өтей алады. Кім не береді, өздеріңіз атаңыздар! – Тұжырымды, түсінікті, қысқа айтты.

Жұғарақпаңда ешкім үндей қоймады. Көшенің аяғында тұратын жүн жуатын заводтың жұмысшысы Нұрым сөз алды:

– Совет өкіметі-өз өкіметіміз. Оған көмек көрсету менің борышым. Менің қорамда байлаулы екі қойым бар. Біреуін алыңыз. Мен болдым. Қазір әкеліп бер десеніз қазір әкелемін.

– Мұны әдейі үйретіп қойған ғой, – деді шеткері тұрған Харсан деген дунган шалы.

– Харсан-ака жұртқа іріткі салмаң, – деді сол кезде тоқтасып қалған жұмысшы Құрбан Тохтимаматов. – Әркім өзі қолынан келгенін береді. Мен бір қап ұн беремін. – Харсан-ака деген соң көңіл аудардым. Дунган шалы бір бұрым етіп, қалың қара шашын артына өріп тастаған. Кеудесінде жабысқан сары жібектен тіккен көкірекше. Бұтында ауы, кісілігі кең балағына қарай төмендеген сайын жіңішкере түсетін батсайыдан тігілген шалбар. Өттеген, аяғы қоянның сирағындай, кебісі қазақтың қолдан шапқан саптама қасығының үлкендігіңдей. Шашының артын кәдімгідей қара лентамен бекітіп қойған. Бай деп еститінмін.

Тоқаш Абрам Ивановқа тізім жазуға бұйырды. Иванов қағаз дайындап алып, қыш кірпіштің сынықтарының үшеу-төртеуін қалап, соның үстіне отырып жаза бастады.

– Мен екі қой беремін, – деді қара жұмысшы Өмірғали Мақашев.

– Бір байлауда тұрған серкем бар, соны алыңдар, – деді Оспанқұл Тұрақбаев.

– Шошқа алыңдар менен, – деп еді, Семен деген ағаш ұста, оған мұсылмандардың бәрі мұрнын тыржитты. Олардың жек көргенінде жұмысы жоқ, үйі жақын Семен екі-үш минутта-ақ қорсылдатып, шыңғыртып шошқаны сүйреп келді. Мұсылмандар үркіп, қораның екінші бетіне шықты.

– Бір қап ұн беремін, – деді Никон. Жазылғанның көбі қазақтар мен орыстар болды да, Тоқтимаматовтан басқа ұйғыр мен дунган қозғала

қоймады. Әркім еркінше жазылып, жақсы өтіп жатқан шараны тағы да Харсан шал айныта бастады.

– Осы неге керек, бәрі де бермейді. Мыналар жасап қойған адамдар. Атайды да кетеді, – деді. Нақ осы жерде үлкен бір шатақ туып кете жаздады. Бағанадан бері әңгімеге араласпай тұрған сыра қайнататын завод жұмысшысы Қораласбай Шобалов қатты кетті.

– Ей шидем шал (көбіне дунгандардың аяғы кішкентай болады, соны айтқаны) сандалмай жайыңа отыр. Атаңның келгеніне әлі қырық жыл да болған жоқ. Сенің біздің елімізге жаның аши ма? Әрине ашымайды. Қамбаң толған бидай, содан төрт-бес қап берсең өлмейсің ғой. Жалғыз серкесін берді ғой, анау Оспанқұл. Отаны жоқ неменің жаны ашушы ма еді. – Тұрғандар дүрліңкіреп кетті. Ұйғырлардың, дунгандардың бір-сыпырасы-ақ шекесі қызарып ыза болып қалды. Көшенің ортасында тұратын Нағым Бурнаев деген татар жігіті алға шықты.

– Егер бұл қазақ пен орыстың Отаны болса, онда солар-ақ берсін. Басқаның бәрі келімсек деп тұрғандарың ғой. Мына Исмаил Яншайло да, анау Хараз да, мына Құрбан-ака да қытайдан келген. Бөліп тұрғандарың осылар ғой, шамасы, – деп көпе көрінеу шатақтың отын үрлеп, бықсытып тұтатпақ болды. Әрине Қораласбай олардың келімсек екенін айтқысы келген жоқ еді, оның өші жаңағы Харсан деген дунган шалында болатын. Өйткені, Қораласбайдың інісі Ырысбай, үш жыл Харсанға жалға тұрып үш тиын алмаған еді. Оның үстіне Харсанның шынымен Совет өкіметін жек көретінін де білуші еді. Сол ашудың бәрі келіп осы жерде шықты. Мың сегіз жүз сексен бірінші жылғы орысқытай келісіміне сәйкес, содан кейінгі жерде біздің елге біраз ұйғыр қоныстанған болатын. Олармен бірге 1864-1878 жылғы батыс қытайдағы зор көтеріліске қатысқан біраз дунгандар да келген. Ұйғырлар мен дунгандарға Пішпек, Алматы, Жаркент уездерінен жиырма мың гектар жер бөлініп берілген. Бұл кезде олардың жерсінбей қайтып кетіп, одан қайтып келіп жүргендері көп еді. Жақында ғана біздің көршіміз Илахунның әйелін өлтіріп Құлжаға қайта қашып кетуі де көршілерден тараншылар мен дунгандарға деген біраз сенімсіздік туғызған. Оның үстіне революцияға бар жанын салып, күндіз түні басын оққа байлап қызмет көрсетіп жүрген Тоқашты қаралап арыз берушілердің көбі де дунган байлары екенін жұмысшылар біліп алған. Сол сөздердің аяғы келіп мына жерден бұрқ ете түсті.

– Сен ондай ұшық-ұшық деп ушықтырып, от жаққаныңды қой, – дедім мен Бурнаевқа. – Өзіңнің береріңді айт.

– Менің берерім жоқ, беретінім өзім, – деді Нағым. Бұған тұрған жұмысшылардың көбінің-ақ қаны қайнап кетті.

– Сендей байдың Совет өкіметіне керегі жоқ, – деп Өмірғали Мақашев қалш-қалш етті.

– Ағаң Хабибрахманның қазақты алдап алған жүз мың сом ақшасы бар. Содан жүз сом әкелсең болмай ма, – деп Оспанқұл шап ете

түсті. Тоқаш әңгіме үлкейіп бара жатқан соң, қолын көтеріп оларды тоқтатты:

– Совет өкіметі ешкімнің ұлтына қарамайды. Ал байлардан кедейдің ақысын алып беру біздің борышымыз. Енді беретіндерінді жаздырыңдар да, қазір осы жерге әкеліп тапсырыңдар. Иванов қолхат береді.

Сәлден кейін біздің есіктің алды үлкен базар болып жағқандай еді. Біреу қойын, біреу ешкісін, біреу бұзауын, тана-торпағын, торай-топайын жетектеп келеді. Ұн, бидай, көрпе-жастық арқалап келгендер де болды. Берілетін қолхаттың үлгісі әзір екен. Мөрі басулы, тек алған нәрсенің атын жаза салады. Жұмысшылардың көбі қолхатты алмай кетті. Әкелген нәрсені солдаттар күзетіп тұрды. Кешке жақын нақ осы жерден он шақты арбамен бір керуен жөнелтілді. Оларды жөнелтіп жіберген Тоқаш солдаттарымен Харсанның үйіне барды. Жаңа кедейлер айтқандай бір қамба емес, үш қамба бидай, бір үй қаптап жинап тастаған ұн екен. Ревкомның қаулысымен мұның барлық бидайы алынды.

– Мынау өкіметің қайыршы ғой, – деп еді тағы да Харсан шал. Оның үстіне біраз жұдырық түйіліп барып қалды. Бұл жұдырық әншейін түйілген жоқ еді, бұл алда күшейе түсетін тап тартысының басы еді, бұл қазақ, орыс, тағы басқа ұлт жұмысшыларының бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып біріккендігінің белгісі еді.

– Бүрсігүні ауылға шығамыз. Таңертең кел! – деді Тоқаш маған бұрылып.

– Жарайды, – дедім мен. Бірақ айтылған күні жүре алмадық. Өйткені, Тоқаш ауруханаға түсіпті. Ертеңіне таңертең Қалдыбай Абдуллин Пушкин көшесімен келе жатқан Тоқашты тоқтатып «Алаш комитетінің кілтін бер» дейді. Тоқаш оны беруге болмайтынын, оны беру үшін Халық Комиссарлар Советінің ұйғарымы керек екенін айтады. Сол-ақ екен Қалдыбай оны аттан аударып түсіріп, жұдырық салады. Оны көрген белгілі феодал Қали Ордабаев пен Алматыдағы қазақ мешітінің имамы Әжібай Шағатаев миығынан күліп тұрады. Ертеңіне «Заря свободы» газетінің редакциясында отырған Тоқашты бастаушы екі татар жігіті, көбі дунған бір тобы келіп қамап, жолда ұрып, есінен тандырып ауруханаға түсіреді.

Кәдімгі жаз болды. Жұрт тойынбағанымен әлденіп қалған кез еді. Тоқаш шақырады деген соң келсем барлығы аттануға дайын кеңсенің алдында тұр екен. Тоқаштың өңі қарауытқан. Бір қолы әлі асулы, өзі бұғауды бұзып шыққан арыстандай ашулы көрінді. Шамасы ішкі жарасы түгіл сыртқы жарасы да айықпаған болуы керек. Әйтеуір атқа мінуге жараған соң революция, халық мүддесі үшін үйде жаға алмаған деп шамаладым. Оң жағында Абрам Иванов тұр. Ол көзі тұнық, үстіңгі ернінен гөрі астыңғы ерні шығыңқы, шашын тік қайыратын әдемі жігіт болатын. Екеуіне амандасқан соң, Тоқаштың сол жағында артына таман бойы биік, аққұба, кең маңдайлы, бір бетінің өзіне жарасатын әдемі бүрткі мені бар жас жігіт тұр. Алғаш ОразЖандосов екен деп, жаны-

на төніп барып қалдым да, салқындау амандастым. Адамға адам қалай ұқсайды деп ойладым. Ораз торылау еді, мынау ақ-құбалау. Ораз да келбетті кісі еді ғой, ал мынау тіпті көркем жігіт. Тоқаш онымен мені таныстырып жатпады. Бірге жүрген соң танымай қояр дейсің бе деген болар.

– Ал, атқа қоныңдар! – деді. Сыпыра атқа міндік. Бәріміз он төрт аттымыз. Алда ақ бойы озып қызыл жорға аты бар Тоқаш жүріп отырады. Одан кейін Иванов пен жаңағы көркем қазақ. Сонан соң он солдат үш-үштен жүреді. Артылған бір солдатпен қатар мен жүремін. Соңғы солдаттың аты жөні есімде жақсы қалды. Тимофей Покудин болатын ол. Ойлы қой көзді, көбіне бір нәрсенің қайғысын тартып жүрген адамға ұқсайтын еді. – Биік мұрнының танауы қалыңдау, жайын ауыздау оған осы сен неге сирек күлесің, – деп сұрақ қойғаным да бар. Одан бері көп заман өткендіктен көбінің аты-жөнін ұмыттым. Возниченко, Кравченко деген фамилиялар есімде қалды.

Шаң түсте Шығыс Талғар болысына жеттік. Бүргенбай Жаныс болысы. Бұрынғы патша заманынан келе жатқан бұқа мойынның бірі екен. Бірысқұл өлтіретін Саймасайдан кейін-ақ сайланып, Совет өкіметі кезінде де беріспей келеді екен. Кедейлердің айтуына қарағанда, Әбділла Кәкеновтың айырылмас досы деседі. Болыс ауылы үйінің жанында үш отаулы, көрші-көлемімен бәрі он шақты үй. Жер еміп тұр. Қайда қарасаң да көкпенбек. Жайлауға жаңа беттеп, тау сағасында отырған ауылдың көрінісі салтанатты. Қараша үйлердің көлеңкесінде көгенде оншақтыдан қозы жатыр. Солдаттарды көрген балалар үйіне кіріп шықпай қалды. Болыстың үйіне кіріп сусын іштік.

– Барлық отағасын шақыртыңыз. Жиналыс ашамын, – деді Тоқаш. Қай жолмен болса да ел тез жиналды. Түс ауа жиналыс ашылды. Жиналыс болғанда Тоқаш жалғыз өзі сөз сөйлеуге ортаға шықты. Айнала отырғандардың бәрін шыр айналып, көзімен шолып өтті. Тоқаш мойнын бұрып қараған жақтағылардың бәрі жерге қарап кетеді. Ол қабағы шытынып, тамағын кенеді де, сөйлеп кетті:

– Жолдастар! Патша өкіметі келмеске кетті. Енді Совет өкіметі орнады. Бұрынғы өзілген еңбекшілердің баршасына теңдік тиді. Бүгін Совет өкіметінің сайлауын өткіземіз. Бұрын айта алмай жүргендерің болса, айтыңдар. Түсінбей жүргендерің болса сұраңдар. Біз кедейге теңдік алып беру үшін келдік. Көрген қорлықтарыңды, кеткен кектеріңді, ала алмаған өштеріңді ортаға салыңдар. Совет өкіметі – кедейдің өкіметі. Осында халықтың алдында дау-дамайды, жер дауын, жесір дауын бәрін де шешеміз. Қане, кім сөйлейді? – Ешкім суырылып шыға алмады. Ешкім үндей қоймаған соң барып тактиканы өзгертіп, әңгімені әр-нәрсені сұраудан бастады:

– Қаладан қайтарылған кедейлер қолдарыңды көтеріңдер! – деді Тоқаш. Бір қолы әлі таңулы қабағының әредік шытылып кететініне қарағанда әлі де қолынан басқа да бір жерінде жарасы болуы хақ.

екі адам қол көтерді. Олардың кімде, қайда, қанша жыл жалшылықта болғаны сұралды. Байларда ақысы кеткен кедейлер маған қазір немесе оңаша жолықсын дегенді айтты Тоқаш. Көп ішінен елуден асып қалған бір адам ортаға шықты. Ортаға шыққанда оң аяғынан ақсандап жүріп келді. Қораланып көк майсада шарта жүгініп немесе малдас құрып отырғандар тына қалды. Жамбастап жатқандар басын көтерісіп алды. Ортаға шыққан кісі мыжырайып көрінгенмен бойы ұзын адам екен. Әр жерден:

– Мынаның тірілгенін кара.

– Заманы туды ғой.

– Енді қайтсін, айтпағанда, – деген жыбыр-сыбыр сөздер естіліп жатты. Күн қызып тұр. Отырғандардың біразы шешіне бастады. Ол ескі күпісін шешіп ортаға қойды. Ішінде лыпасы жоқ, жалаңаш етіне киген екен. Арықтығынан қабырғалары тыржыңдап тұр. Етінде әлдеқалай айғыз-айғыз тыртық бар. Күпіні жерге шешіп тастаған соң тура Тоқаштың жанына келді де, сөз бастады:

– Тоқаш төре!

– Тоқаш деп айта беріңіз!

– Тоқаш төре! – деді ол қайтадан, ойланып. – Мынау отырған Бүргенбай, Түргенбай, Игенбай деген үш ағайынды. Бұлар бізді патша өкіметі кезінде де билеп еді, енді міне Совет өкіметі орнағанда да билеп отыр. Мынау отырған көптің бәрі осыны айтқысы келеді. Бірақ айтуға қорқады. Арасынан мені айт деп отыр.

– Өтірік, мұныкі шіп-шикі өтірік, ешкім бұған өкілдік берген жоқ, – деп Бүргенбай кес-кестеп еді, Тоқаш оны қағып тастады.

– Сіз, тыныш отырыңыз, әйтпесе топтан шығарып жіберемін. – Бүргенбай бүгежектеп үндей алмай қалды.

– Болысың бүгежектеп қалды ғой, – деді менің артымда тұрған тапал сары жігіт.

– Бас көтеріп көрсін, ер болса! – деп біреу жонданып қалды.

– Менің атым Құл, – деді әлгі сөйлеуге шыққан кісі. – Бұл әкем азан айтып қойған атым емес. Менің атым – Мырзабек. Мұны осы шақта өзімнен басқа бір кісі білмейді. Мынау менің үстімдегі тыртық мына Бүргенбайдың әкесі Шанаштың қалдырған тамғасы. – Құл өзі де пысық әлде ашынған болуы керек. – Құл деген атты осы Бүргенбай, Түргенбай өңкей байлардың қойғаны. Мынау Бүргенбайдың қойын тышқақ лақ алмай он бес жыл бақтым. Мен мына Шымыр ішіндегі Шілмәмбеттен шыққан азғантай, өзілген ата Сарымыз. Сонау жылы Ырысқұл Саймасайды өлтірген соң мына Жаныстар сүйегі қызып бәрімізді қуған. Содан ағамыз Шымыр ғой деп Күрті бойындағы, Аққабак төңірегіндегі көл Күнтуға тығылмақ едік. Олар біз барған жерден қан, жүрген жерімізден өрт көрді. Сөйтіп туысқанымыз көп Күнту сыйғызбады. Содан орыстарға, Шапырашты-Текеге тығылып күн көрдік. Шырағым, Тоқаш төре!

– Тоқаш деп-ақ айта берсеңізші!

– Шырағым, Тоқаш төре! Он бес жыл табанымнан өткен сөз, арқама көсеуден, қамшыдан түскен із бар. Қазір үстімде үйім, бауырымда қазаным жоқ. «Бөдененің үйі жоқ, қайда барса бытпылдық» деп мына кедей байқұстар мені түрткілеп, алға салып айтқызып отыр. “Саған бәрі бір емес пе”, – дегені шығар. Егер Совет өкіметі кедейдің өкіметі болса, онда бүгіннен бастап мына бүргеніңнің де, тікеніңнің де керегі жоқ. Бізді өңбенімізге оқ болып атылған, табанымызға шөңге болып қадалған мына болыстан құтқар.

– Құтқар, құтқар! – деген сөздер жан-жақтан көбейіп кетті.

– Мен әлі болған жоқпын. «Ұл туып Сарыбайдай өле бермес, ауылыңа Майкөт ақын келе бермес» дегендей, Тоқаш төре, күнде келе бермес-сіз! Сондықтан бәрін айтайын деп тұрмын. Мына Бүргенбайда анау Шанаштың он жылғы ақысы бар. Ол осының есігінде жүріп Шанаш атынан айырылып мес болды. Жаман кедейге әкесінің атын қойғанға намыстанып, мұның атын өзгертіп, ақысын бермей қуып шықты.

– Қағындардың қойып жүргені ғой, – деп қалды Бүргенбай. Өзі қатты пысынап, терлеп отырғанын байқадым. Құл қайтар болмады. Жабыса түсті. Жабысқан сайын айызым қанып, өзім айтқандай, сөйлей берсе екен деп тұрдым.

– Немене оның он жыл ақысын да қатындардың ақылымен бермей қойдың ба? – деп Тоқаң болысты кекетіп қойды. – Шыны керек, шырағым мен де өз басымды ойлап кеттім. Мынаның бірі Құл, бірі Мес болып аты өзгерген. Мен болсам Шұнақ атандым. Бар кедейдің көрген күні бір екен ғой. Қашанда бай ауылдың бұлықсыған мырзалары, бұралаңдаған келіншектері еркегі қай жерді басарын білмей, әйелі қай жүріске саларын білмей дәулетке мас болып шалқақтайды. Сөйтеді де есіктегі ебейді босағадағы иттен төмен көреді. Ал кейбірі сол жамансынып, көп ішінде көз түрткі ететін қойшы қолаңнан қойнын жылытады, жанның рахатын табады. Олардың дүниеге, мал мүлікке құныққаны, құлқын салғаны сонша бар арын, беттің әрін байдың малына, семіздің жалына айырбастай салады. Сол дүниеқоныздық оларды бай босағасын аттаған соң денеге түскен мерездей билеп алады да, жан азығын жасырып көреді. Шырағым, – деді Шұнақ шал, – сол заман үшін Инжір де, Ұлтуған да ерекше туған, ерге ер, серіге сері адамдар дер едім. Сонымен Тоқаң мәселені қалай шешер екен деп қыпылдап тұрдым. Бүйрегім Құл мен Меске бұрып бара жатыр. Шынында бірінің аты Құл, бірінің аты Мес болмаса менен олардың не айырмасы бар. Құл дегеннің орнына Шұнақ дей салсаң тура келе кететін сияқты. Бүргенбайға енді қарасам бүргеншеу жамылып Жаубай отырғандай көрдім. Өзі беті жылтыр, аққұба, қызыл шырайлы, өңлі кісі екен. Басындағы қара барқытпен қайыған ақ қалпағы жаңа тіккен бай баласының отауындай қонып тұр. Нақ қазір жер шұқып отыр. Бұл жерге қарағаныңның алды деп

қоямын ішімнен. Дегенмен, Тоқаң болыстың беделін сақтау үшін бұрып кетер ме екен деп қорқып отырмын. Ең болмаса бағана жолда анау жас қазақты айналдырып алмаған екенмін. Қолапайсыз туған сорлы Шұнақ деп қоямын. Оған Тоқаң мүмкіндік берді ме? Сапқа тұрған соң саяқ шығып көр, ер болсаң! Жанымдағы Тимофей Покудинге бұрылдым:

– Қалай болады, Тимофей? Шынымен-ақ, байқұстар анау алпауыттан кегін, малын ала алмай ма? – Тимофей күліп жауап берді.

– Сен өзің Бокинді білмейді екенсің ғой. Бокин қашанда істі Бокинше шешеді.

Бокинше шешкені қалай деп ойладым. Қайта сұрауға бүгін табысқан досты мыжуға ұялдым. Мынау бір жабыса кететін майлы күйе болып жүрмесін деген ойда қала ма деп сақтандым. Ішім бүлкілдеп тұрса да дымым ішімде, үн шығармадым. Құл сөзін әлі бітірген жоқ.

– Жеті атасынан бері елді еміп, жерді жалмап келе жатқан бұл Бүргенбайда осы отырған көптің ақысы кетпегені жоқ. Анау отырған он үй Теке ішінде Дәулетбайдың барлық шұрайлы жерін тартып алып, сонау төмен далаға айдап тастады. Өтірік болса, әне, өздері айтсын.

– Рас, рас, – деп бір топ адам шу ете түсті. Осындай бай кедей болып бөлініп жатқанда да Бүргенбай жақта отырғандар үндей қоймады. Біле келсек олар Бүргенбайдың руластары екен. Қараңғы көкірек сорлыларға «у жесең руыңмен» деген нақыл әбден сіңіп қалған. Жейдесінің иығы жыртылған, шалбарының жыртығынан бұты жылтылдаған, жейденің жауырынына жауыр аттың желқомындай бірнеше ініш бастырған талайлар-ақ отыр. Бәрі де басылып, жаншылып қалған. Бәрі мөлтендеп Бүргенбайға немесе сол отырған жаққа көз тастай береді. Оны да тура қарай алмай, көзінің астымен ғана қараған болады. «Күшігінен таланған байқұстар» деп отырмын ішімнен. Нақ осы жиында мырс етіп күліп жібергенім. Анау жылы Даубайдың керегінің басында ілулі тұрған тұмағынан қорыққаным есіме түсіп кетті. «Өлі бураның басынан қорыққан сорлы тірі атан» деп өзімнің қорланғаным нақ осы жерде де жаным батып барады. Тоқашқа Бүргенбай туысқандарының арасынан да осындай біреудің белсеніп шыққаны керек болып тұрғанын сезіп қалдым. Бірақ жуғырақпанда ешкім селт етіп, бас көтере қоймады. Тоқаш темекісін алып тұтатып сорып-сорып жіберді де, отырған орнынан атып тұрды.

– Қане, Бүргенбай өзің айт, мына отырған кедей туысқаныңның қаншасының ақысы бар, мойында?! – Тоқаштың «ыз» деп ызылмағанынан бір нәрсе жасағалы тұрғанын байқап қалдым.

– Ешкімнің малын жеген жоқпын. Ей айтпайсыңдар ма! – деп өзі жақтағыларға қарап еді, ана байқұстар жерге кіріп кете жаздады. Мен байдың мынандай зұлымдарының барын да енді білдім. Бұл айраның ұрттап, қойын құрттап жүрген адам емес екен. Жаубай мен Бүргенбайдың арасындағы айырма жер мен көктей екен.

– Сендер неге үндемейсіңдер? – деп зікінді ол. Тоқаштың күткені де осы болуы керек, екі бүктеп ұстаған сақ өрімді қамшысының өрімін босатты. Бір адым Бүргенбайға жақындады.

– Сен неге әкірлендейсің, оларға. Әлде Совет өкіметіекенін ұмытып қалдың ба!? – деп Тоқаш Бүргенбайды қамшымен салып-салып кегіп, сабап алды. Бүргенбайдың ескі әдеті болуы керек, «Төле-Төле-Төле!» деп ұран шақырып еді, ешкім оның жанына бармады, ешкім коштамады. Мүмкін мылтық асынған солдаттардан қаймықты. Тырп еткен жан жоқ.

– Төледен садаға кет, сен! Төле қазақты бірігуге шақырған. Сен тоқсан бөлек қылдың. Басқаны басқа де, мына өз туысқандарыңды да алалап ұстадың ғой! – Бүргенбайдың беті қанап қалды. Топтан шығып кете де алмады.

– Мынау дұрыс па? – деп сұрадым ақырын Тимофейден. Өзім шынымен тағы сабаса екен деп тұрмын.

– Біліп істеп тұр! – деп сыбырлады маған Тимофей. Жұртта үн жоқ.

– Тоқаш аға! – деп атып тұра келді біреу. Қарасам бағанағы тапал сары.

– Айт, мұңыңды, – деді ашулы Тоқаш. Бұл шақта оның бетіне ешкім де қарай алмас еді.

– Менің әкем Саймасай болыстың қолында жүріп барымтада өлген. Содан әкемнің құнына Саймасай болыс берген тайтұяқты мынау тұрған болыс «бұның кедейге керегі жоқ» деп тартып алды. Өзімнің еңбегім жоқтаусыз. Әкемнің құнына келген дүниені қайтарсын! – Тоқаш бағана айтпадың деген жоқ. Бүргенбай жеген қамшыдан кейін оның руластары арасынан да кедейлердің көтеріле бастағанын көз көрді. Шынында көптен елді билеп-төстеп, бір шыбықпен айдап, бір тарының қауызына сыйғызған, ешкім осы күнге дейін жалына қол тигізбеген асауды алмаса, оған мына отырған көп бадырая қараса да бірдеме деуге батылы баратын емес еді.

– Өзің қанша жыл істейсің? Малың бар ма? – Тоқаш кәрін төгіп, қатты сұрады.

– Туғалы, туғалы осы босағадамын, Тоқаш аға!

– Шілдесінде шырақ көрмеген сорлы осы. Жасы жиырма беске келді. Әлі қу тізесін құшақтап жүр, – деп қосып қойды Құл. Осылай біртіндеп шыққан адамның саны отызға жуықтады. Кеш түсіп кетті. Тамақты Тоқаш бай үйінен ішпей, кедей үйінің бірін босаттырып бәріміз сонда отырып үнсіз тамақтандық.

– Сен аттарын жазып отырдың ба? – деп сұрады Тоқаш жас қазақтан.

– Бәрін, Тоқа, жазып отырдым, – деп жауап берді анау. Түнде қырық минуттан қарауылға тұрдық. Жаздың таңы не, көз ілінгенше құланиектеніп шыға келді. Киізүйдегі ұйқы қалай тез қанады, азғантай ұйқтасақ та тынығып қалғанымызды байқадық. Біз тұрғанда-ақ халық

өріп жүр. Тіпті түнімен үйлерінде ұйқтамаған ба, қалай? Мүмкін кім біледі, түнде Тоқаш төре болыспен тіл тауып қоя ма деп аңдыды ма екен деген де жаман ой келді. Не деп болмайды, халықтың ішінде неше түрлі адам бар.

Күн шайдай ашық. Үстіңгі жағымызда асқақ Талғар шоқысы. Шұбарағаш, Ойжайлау маңында тауға өріп бара жатқан мал көрінеді. Бай ауылдың кешегі сұсты, салтанатты түрі жоқ. Үйдің бәрі аласарып қалған сияқты. Алатау сонша асқақ, аспан тіреп тұрса, бай ауыл, байдың ауылы жермен жексен. Ауыл төңірегінде он-он бес қора қой жатыр. Әр қайсысының жанында-ақ бақташылары жүр. Етекте көз жетер жердің бәрі көкпеңбек. Қызғалдақ бас жара бастаған. Әр жерде қызарып көрінеді. Енді аз күнде бұл дала Жетісулықтардың оюлы текеметінің түріндей болмақ. Әр жердегі жабайы алма ағаштары дуанадай аппақ. Шешегі шеруен атып тұр. Бірақ оны күтетін, қадірлейтін қазақ па, түйесі де, сиыры да сүйкеніп өтіп жатыр. Табиғат байлығы белшеден болғандықтан болар, сонымен жеміс ағаштары құрып кетіп жатқан жоқ. Малмен таласа, тармаса өсіп тұр. Тіпті сонша мал сүйкеніп, қажап өткенде де осы жүрген қазақтың жаздың екінші жартысында аузына алма тимейтіні жоқ. Болмай қалса оны жоқтамайды да. Дегенмен күзде қоржын-қоржын етіп артып-ақ жүреді.

Тоқаш таңертеңгі тамақты ішіп далаға шыққанда жұрт тіпті кешегіден екі есе көп. Матастырып тастаған ат матап, тіздеп тастаған түйе, әйтеуір аяқ лауы бар қазақтың жаяу жүрмейтіні белгілі, осы төңірек қара қорымдай. Бүгін бір қызығы қатын-қалаш та көп келген. Нақ кешегідей қораланып, алқа-қотан отырып алыпты. Тәртіп бойынша он солдат, мен тікемізден тік қаз-қатар тұрмыз. Қолда мылтық. Жұрт бізден айбынып, оралып өтеді. Тоқаш ортаға келгенде жұрт құлаққа ұрған танадай тына қалды.

– Тоқтам оқылады, оқы, – деп бұйырды Тоқаш жас қазаққа. Жас қазақтың Тоқаштан биік екенін оның жанына барғанда көрдім. Ол қазақшалап оқи жөнелді:

– Тоқтам. Жетісу облыстық атқару комитетінің атынан орыс пен жергілікті халық арасының қатынасын басқаратын комиссардың жолдасы Тоқаш Бокин, уездік совдептің мүшесі Абрам Иванов, хатшылықта Оразалы Жандосов Шығыс Талғар болысы жұртының қатысуымен мынадай ұйғарымға келеді:

– Ой, айналайын-ай, – деппін мен Жандосов дегенді естігенде. Сөйтсем Ораздың гимназияда оқитын інісі бар деп естуші едім, жас қазақ деп жүргенім сол болып шықты. Сен менімше Оразды ғана емес, тіпті Оразалыны да жақсы білетін сияқтысың, білсең оны менен несін жасырасың, білгенді жасыратын ештеме жоқ. Өйткені сен бәрін білуге тиіс журналистсің ғой. Журналисттің барлық оқиғаның ішінде болуға қақы бар. Ой, ақырғы заманның бозторғайы, білсең де айтқың келмейді, ә. Жарайды, онда мен айтайын. Дегенмен байқауымша сенің менен

ірікіп отырған көп сырың бар. Ол сыр тура осы Жандосовқа байланысты сияқты көрінеді. Неге екенін қайдам, бүгін сен маған сол Жандосов сияқты көрінесің. Менің болжалым көп қателестіре бермейтін еді. Бірақ қазір басына бұлт айналып, бақыты ұшып, құты қашқан шұнақ шалдың ойын, дегенін кім дұрысқа шығара қойсын. Дегенмен жанымың толқығанына қарағанымда әйтеуір бір қуаныш болатындай көремін де тұрамын. Жарайды, сен Жандосовты білетініңді жасыра тұр. Сонымен Оразалы Жандосов оқи берді.

– Бүргенбай Шанашұлының малынан Құл Қалмырзаұлына бір ат, жиырма бір қой, Тоқыр Қалиұлына бір ат, он бес қой, тайтұяқ, Сарымсақ Сартайұлына бір ат, он бес қой бөлініп берілсін. Түргенбай Шанашұлының, Игенбай Шанашұлының малынан... Осы айтылғандарды жиырма төрт сағаттың ішінде жүзеге асыру Абрам Ивановқа тапсырылсын.

Ауыл сыртында жатқан қойдың барлығы кедейлер мал даулаған байлардікі екен. Олар кезек-кезек айдалып келіп бөлініп берілді. Байлардың көбі қарсылық көрсетуге шамасы жетпеді. Кедейлер алған малын қуана-қуана айдап кетіп жатты. Барлығы осылай өз кезегімен судың ағысынша өтіп жатқан кезде бір қызық жай болды. Оразалы оқып тұрған тізімнен «Малмақұлына бір ат, он қой» делінген еді. Ортаға беті бір таба нан сияқты, мұрыны ішіне батып кеткен, екі құлағы қалқандай, табиғат осының сұрына адам баласы күлсін деп жаратқандай біреу шыға келді де, тура Тоқашқа жүгірді. Жүгіре барып Тоқаштың аяғын құшып ал жыласын:

– Тоқаш төре, садаған кетейін. Атаңа мың рахмет. Бізді адам болсын десең, атам үйінің малына тиме, мен ол бір атыңды, он қойыңды алмай-ақ қояйын. Еңбегім құдай алдында сұраусыз. Бай ауылының пейілін кетірмейік. Ырысын қашырмайық. Құдай бізге бермесе бермесін, соған болсын. Қарап тұрып қаныма мен қарайып кеттім. Жүгіріп барып жатқан жарлыны жауырынынан ұстап аяғына тік қойдым. Құдай құл қылып жаратқан сорлы деп күйіп тұрмын. Бірінші класқа жаңа барған, әлі карандаш ұстауды білмейтін балалар адам суретін салушы еді. Олардың суретінде адамның екі құлағының әрқайсысының үлкендігі бетімен бірдей болып тұрады. Сонда сонау жиырмасыншы жылдардағы сол Малмақовтың бет-аузы есіме түсіп күліп жіберемін. Шынында оның бет алдынан қарағанда үш дөңгелек тұрады. Сол құлақ, бет, оң құлақ. Осы кездері ондай пішінді көбіне сықақ журналдарынан кездестіремін. Бет-аузын қойшы, сонымен мына бай тілеуін тілеген байқұстың қылығы өтіп барады.

– Құдай сорлы қылып жаратқан сорлы, тұр былай, – деп зікінеп жауырынынан сілкіп-сілкіп қойып: – Намысы жоқ, арын сатқан байқұс. – Мен қолымды жіберісіммен ол Тоқаштың аяғына қайта жығылды.

– Алла риза болсын, Тоқаш төре! Байдың мал-басы аман болсын. Мен алмаймын. Құдай алдында сұрамаймын. – Малмақов еңіреп, бірі

естілер, бірі естілмес бірдемені танауынан айтады. Оның үстіне адам жылағанда мұрын бырқылдап бітіп қалатыны бар, сөзін адам ұғып болмайды. Бірдемені барылдап жатыр. Екі көзінен сорасы ағып, оған маңқасы қосылып бетін жуып кеткен. Тоқаш орнынан тұрды да, қалтасынан нағанын алып аспанға атып жіберді. Мылтық даусын естіген жұрт сілтідей тынды.

–Тұр енді жыласаң байыңмен қосып атып тастаймын.

– Ағатай мені ат, оны атпа! – дейді. Япырмай, адам да осынша өз жаратылады екен-ау.

– Шақырындар байды, – деді Тоқаш. Түтігіп кетті. Бай сыпа ғана киінген, денесінде артық еті жоқ, бойы сұңғақ қырықтар шамасындағы кісі екен. Баяу басып жанымызға жақындады. Байыппен амандасты. Тоқымбек Тоқабайұлы деген кісі екен.

–Мынаны осынша үйретіп тастаған сен бе? – деді Тоқаш ашумен қатты сұрады.

–Маған бір ауыз сөз берсеңіз түсіндірер едім.

–Айт.

– Шырағым Тоқаш, мен ешкімнің ақысын жеген адам емеспін. Осы байлыққа ерінбей істеген еңбегіммен жеттім. Қойымды күні бүгінге дейін өзім бағамын. Дәулет біткелі он жылдай болды. Ата-бабадан келе жатқан дәулет емес. Бір жұттық мал ғой. Түгел аламын десең де ал. Бұл шын пейіліммен айтып тұрғаным. Өйткені, Совет өкіметі кезінде де жұмыс болатын шығар. «Айт аттынікі, той тойдынікі» дегендей сол кезде екі қолға бір бейнет берсеңіз, мен содан да байып шығармын деп ойлаймын. Бұл мал менің біреудің еңбегін қанағандығымнан біткен жоқ, ерінбей еткен еңбектен құралды. – Мынау әдемі сөйлеген соң ба, Тоқаш қатты ашуланып тұрса да, оның сөзін бөлмеді. – Ал мына байқұстың жағдайын айтайын. Бұл біздің қабырға ағайынның баласы еді. Жетім қалды да, Шелек жағында бір Албан байының қолында жүрді. Ол кезде өзім де жалға жүрдім. Оған қарасқандай жайым болмады. Сегіз жыл сонда болған еді. Сегіз лақ алған жоқ. Өзіме жүз қой біткен соң мұны іздеп бардым. Бұл сорлының сорлығын айтайын, ғапу етіңіз! Құдай осы босағада өлтірсін деп жүргісі келмейді. Содан байдың өзі дүниеқор Қарабай сияқты адам екен.

– Ол байдың аты кім? – деп сұрады Тоқаш.

– Жомартбай Қатыбасұлы, қыстауы Сөгеті жағында.

– Оразалы жазып қойшы, – деді Тоқаш оған бұрылып темекісін сорып, аузынан түгінді бұрқ еткізді.

– Оның аты Жомарт болғанымен әкесінің атына сәйкес ісі бар адам екен. – Тоқаш күліп жіберді. Бәріміз де езу тарттық. – Ініңді тірі сақтағаным үшін не бересің дейді. Содан атымды түсіп беріп, інімді жаяу жетектеп қайттым. «Өтірікшінің куәсі қасында» деген ғой, дегенмен осы елде осыны білмейтін жан жоқ. Мен көңілі көтерілсін деп

мұны еркінше жүргіздім, астына ат мінгізіп қойдым. Бұл бір намыссыз ит болып өскен екен. Оның намысын қоздырайын деп басымды талай тау мен тасқа ұрдым. Егер осының намысын оятып, адам болу жолына салып берсеңіз менің малымның жартысын бөліп беріңіз. Сөзі «сіз, сіздің малыңыз аман болсын!» Не бұл көк жалқау, не шірік. – Япыр-ай, байдың мұндай да түрі бар екен-ау. Бұл не Жаубайға, не Бүргенбайға ұқсамайды. Бұл қыстағы біз барған Домбай сияқты еңбегіне жалынған жан екен.

– Шырағым, Тоқаш, қазақ «жарлы болсаң арлы болма, қарап тұрып сорлы болма» деген. «Арлы болма» дегенде қазақ арыңды сат деп отырған жоқ. Арланып жұмыс істемей, жалданбай қойма дегені болар. Ал «қарап тұрып сорлы болма» дегенде қарап отырма, кәсіп қыл, ақынды ешкімге жіберме деген болар дедім де, осы мәтелді өмірімнің алдына мақсат тұттым. Жалдандым, ақымды ешкімге жіберген жоқпын. Байыдым. Мал табу жанын аямаған, жалқау болмаған адамға түк емес. Сіз менің мына бар малымды алыңыз. Үш жылда демейін, бес жылда нақ сонша мал құраймын. Және ешкімнің еңбегін қанамаймын, ұрламаймын.

– Оқыған ба едіңіз? – Тоқаш сеннен сізге көшті.

– Кейін оқып сауатымды аштым. Кеше сіз кедей ішінде мына менің мүсәпір інімді шақыртқанда тіпті осы малдың бәрін алсын да, осы адам болсыншы деп ойлап, пікірімді ішімде ұстадым. «Мал басқа бітеді, қына тасқа бітеді» деген ғой. Мен ақыл-есім түгел, дені-қарным сау жанмын. Бес балам мен әйелімді қайтсем де асырай алармын. Мына малдың бәрін алыңыз да осы жүгермекке мұғалім жалдап оқытып, ақыл, намыс қондырып беріңізші.

– Неге әйел алып бермей жүрсіз?

– Тоқа аға-ау өзіңіз-ақ әкеле салмайсыз ба! – дейді маған. – Тоқаш жан-жағына қарап біреуді іздегендей болды. Іздегені көзіне түспеген соң:

– Құл! Қайда Құл?

– Ау, – деп шойнандай баса тұра келді көкте жамбастап жатқан Құл.

– Мына кісінің айтқаны дұрыс па? – Тоқаш тіс қаққан, сарабал, көп қудың бірі ме деп тұрса керек.

– Айтқанының бәрі шын. Қарнымыз ашқанда тамаққа тоятын жеріміз осы Тоқымбектің үйі, бір жаққа барамыз десек, мінетініміз осы Тоқымбектің жылқысы. Биылғыдай жаманшылықта да оның малы аман. Өйткені, шөбін өзі шабады, малын өзі бағады. Қазір де оншақты қой-ешкіден сауында осыдан тегін алып отырмыз. Бұл Бүргенбай емес. «Бардың пайдасы тиеді» дегенде қазақ осындайларды айтса керек-ті. Анау Мес, Өренбек, Өскенбай, Қанатбай, Омарбек бәрі осыдан тегін сауын алып отыр.

– Сауынның басқа қандай түрі бар? – Мұны Тоқаш тіпті де білмей сұрап тұрған жоқ еді.

– Мысалы, мынау отырған Бүргенбай бес кісіге бес сиыр сауын берді, – деді Құл. – Олар күзде әрқайсысы он сиырға жететін шөп шауып береді. Сиыры, бұзауы кедей босағасында өлсе төлейді. Малы жоқ кісі жыл бойы оған бекер жұмыс істейді.

– Жарайды отыра беріңіз! – деді Құлға Тоқаш. Өзі екі қолын артына ұстап ары-бері жүрді. Шамасы жігерсіз Малмақовқа не істерін білмей тұрған болса керек. Мен де ойға қалдым, шырағым. Біздің осы кезге дейінгі әдебиеттерімізде, – деді Шұнақ шал маған қарап, – үнемі бай болса-ақ ақымақ, мінезі жаман етіп көрсету әдетке айналып келді. Мен соны түбірімен дұрыс емес деп есептеймін. Халық болған соң тентегі де, темірі де, зымияны да, сұмы да бар ғой. Жалпы қытмырлық, өшпенділік, сараңдық қазақ байларына тән емес. Өйткені ол байлардың жақсылығы емес, біздің халқымыздың кең пейілділігі еді. Ал бірлі-жарымды ондайлар кездесе, олар ондай болуына жағдай жоқ. Бүкіл халық ағынан жарылып, барын аузына ұстап, үбін жамбасына төсеп тұрса, жылы-жылы сөйлегеннен жылан іннен шығады. Міне қарағым, Тоқымбек байды көргенде мен әлі өз халқымыздың мінез-құлқын, пейілін жетік білмейтініме көзім жетті. Жаны жайлау осындай бір-екі байды үркіншілік жылы қаңғып жүргенде Күрті болысында да көрген едім. Дегенмен адамнан қиын ешнәрсе жоқ шығар. Оны білу үшін бүкіл өмірінді соған бағыштауың керек шығар. Тоқаш ендігі сөзін Тоқымбекке қарап айтты:

– Сіз мұны үйлендіріңіз. Алдына мал салып беріңіз. Мүмкін оған әйелі көмектесер. Өз алдына үй болған соң басқаның тілеуін қояр!

– Жарайды, Тоқаш шырағым. Осыны және балаларымды оқыту үшін мұғалім тауып беріңіз. Үйінің, бала-шағасының барлық шығынын өзін көтерейін.

– Күзге таман келіңіз. Егер мен болмасам қазір Совдептің нұсқаушысы болып істейтін Ораз Жандосов деген жігіт бар, соны іздеп табарсыз. – Күн ысып кетті. Сыртқа көктің үстіне үлкен дастарқан жайылды. Қай байдың үйінде пісірілсе де қызыл бауырсақ төгілді. Сары май, құрт қойылды. Бірақ құрт әлі жастау екен. Жауын да тегін тамақтандырған қазақтың дастарқаны ғой, бұл. Сондықтан біреуін сөгіп, біреуіне ұрсып, біреуінің малын тартып алып отырып-ақ сапырған сары қымызымен сусынымызды қандырдық. Оның үстіне осы бай ауылдың есебінен келгендерге тегін тамақ берілді.

Мен дастарқан шетінде отырғанмын. Бір кезде бір әйел дауыс салып тұрып, мені бас салғаны. Орнымнан үйелеп тұра алмай қалдым. Қымыз қалды жайына. Елдің бәрі аң-таң. Еркектерден ығыспай арасына ұялмай кіріп, көріскен неткен жүрек жұтқан әйел дегендей жұрттың көзі бізде. Тіпті байқасамшы. Анықтап қарасам Нұрия. Кәдімгі Нұрия. Ағыл-тегіл жылап жүр. Мен де көптен көрмеген, өлі-тірісінен бейха-

бар, жасымнан бірге өскен жеңгеммен құшақтасып көкірегіме басып көрістім. Жыласып-сықтасып бола бергенде Аман жетті. Онымен де көрісіп амандық сұрасып отырдық. Тоқаң таңырқап менің бетіме қарап отыр екен. Тоқашқа олардың тарихын қысқа баяндап бір сәтке мұрсат алдым.

– Мына Аманға бар десем батпайды. «Өкімет адамы жақтырмай жүрсе қайтеміз» дейді. Сонан соң анық сіз екеніңізді жыға таныған соң шыдай алмадым. Жыға танудың өзі де қиын болып кетіпті. Көп өзгергенсіз. – Мен Нұрия өзгергенсіз деп шұнақ құлағымды айтып тұрма деп оялады.

– Қане шетке шығайықшы, – дедім олармен әбден сөйлеспек болып.

– Біздің лашығымызға барайық, – деді Аман. Ең шетте тұрған төрт қанат, шаңырағы шоп-шошақ, киіз үйден гөрі уық қапқа ұқсайтын қараша үйге келдік. Нұриядан айнымай қалған екі жастан асып қалған қыз баланы осылардікі екенін айтпай-ақ танып, көтеріп бетінен сүйдім. Үйдің ішінде не дүние болушы еді, ескі аккиздің үстінде, екі бүктелген бір салар текемет жатыр. Үйдің оң жағында қалың төселген киізді төсек деп шамаладым. Кішкентай жүк аяқтың үстінде бір текемет, екі-үш көрпе, бір сеңсең ішік жиюлы тұр. Ауылда бұрын жүгі аз үйлер жағалы киімдерді тысын көрсетіп, көрпеше бүктеп жинап қоятын. Бұлар да сөйткен. Екеуінің үстіндегі киімдері де бегімсал. Бірақ әйтеуір жырттық емес. Ішімнен мұнысы тәуір екен дедім.

– Кеше өзіміз пішеннен келіп сіздерді көре алмадық. Бүгін Аман айтады. Келген солдаттардың ішінде Абақ сияқты біреу бар. Бірақ Абақ дейін десем бір құлағы жоқ дейді. Сонымен жүгіріп екеуіміз де бардық. Әрі қараймыз, бері қараймыз. «Тіпті айнымайды-ау» деп қоямыз бірімізге біріміз. Оның үстіне орыс киімі денеге жабысып, басқа адамға да ұқсатып жібереді. Жасынан пысық еді, осы Абақ-ақ шығар дейді Аман. Жақындауға батпадық, – деп Нұрия иегі кемсендеп, көз жасы тимей-тимей кетеді. Аман көп азап тартқан ба, өңі қашыңқылау, Нұрия көп өзгермепті. Қайта бұрынғы талдырмаш денесі бұл кезде толысып, Инжірге ұқсаңқырап кеткен бе, қалай? Қайран Инжір деп оялады, отырған жердің көркін кіргізіп жіберуші еді-ау, балқыған жалқындай еді-ау! Оның дүние салғанын бірден айтпадым. Кезегі келгенде айтармын дедім. Аман бұрынғы момындау қалпы әлі ашыла қоймағандай, тұйық. Әлде менімен сөйлесуге Нұрия айтқандай батылы жетпей жүр ме, кім біледі? Сақтанып үй ренген адам. Қандай адам болса да басына іс түскен соң иттен қашқан еліктей сақ болады. Әр нәрсенің алды-артын әбден ойламай ілгері қадам салмайды. Оның үстіне Аманның өзі табиғатынан момындау, тойған қозыдай.

– Ал сонымен жағдайларың қалай, әңгімені бастан айтыңдаршы, – дедім мен.

– Биыл сендерден бір хабар алған едік, – деді Аман. – Оны да кіріп- шығып жүріп шала-шарпы естідік. Осы болыс ауылына Әбділда

Кәкенов деген бір оқыған қазақ келіп тұрады. Көктемде сонымен бірге бір бажыр көзі шикі сары келген. Өзі арақ ішеді екен. Боқшасынан дәрі деп құйып ішеді де, қалғанын тығып қояды. Сол аузы қисайып алғанда самыржақтанып көп сөйлейді. Көп сөздің арасында соның бір айтып отырғанын естіп қалып, әйтеуір тірліктеріне қуандық. Нұрия екеуіміз сол күні елді әңгімелеп ұйқтамай шықтық. Болыс үйіне ет әзір болғанда қолдарына су құюға барсам жаңағы шикі сары көзі кілегейленіп сөйлеп отыр екен. Шайдың дастарқаны жиналмай мен босағада тұрыңқырап қалдым. Сондағы естігенім Ұлтарак екеуің қашып жүріп, одан барып Инжірді алып, жаңағы шикі сары мен Таубайды байлап кеткендеріңді, Ұлтуғанды сенің алғаныңды, енді Алматыға жайғасқандарыңды естідім. Енді соларды ұстатуым керек деді ол. Денем мұздап кетіп қолымдағы жез легенмен қақ бастан салып жібере жаздап тұрдым. – Аман күйініп, өшігіп айтты. – Сонан соң Кәкенов оған ұрсып тастады. Сарабал бір ішек түлкідей әккі пәле болуы керек.

– Оқымаған сауатсыз қазақты қайтесің сен. Олар сенің алдына шықпайды. Одан да анау Ыбырайым ағанның алдын кес-кестен жүрген жас бөлтірік Жандосовты, оның қорғаушысы Исаны, Сәтті, Малышевті, анау бұзық Тоқашты құртып алсаңшы деді. Менің қолымнан келгені олардың қолдарына су құймай кетіп қалдым. Жаңағы қайда кетті деп Бүргенбай (ол болыстың атын атағанын біреу естіп қойды ма дегендей жан-жағына алақтап қарап-қарап алды) сұрап еді, есіктегі мен сияқты жалшы Өрен «мұрны қанап кетті» дей салды. Сол күні оны Нұрияға айттым. Алматыға іздеп бармақ та болдық. Қол қысқа. Төрт жылда бар білгеніміз осы еді.

Аман сөзін аяқтап қатты күрсініп алды. Байқап отырмын іші бір ортайып қалды. Енді әңгімені Нұрия айтты:

– Өздеріңнен бөлінген соң іздеуді алдымен қырғыз жаққа жіберетінін білдік. Ақтастыны бойлап, Қарақыстақ өзенімен де жүрмедік. Ақтастының жалғыз аяқ жолымен Алтынқазғанға түстік. Одан өрген Саршыбыр үстіндегі Ханай шоқысының, ол анау тұрған, аспанға атылар жебедей әдемі шоқы, – деді Шұнақ Нұрия әңгімесіне өз жанынан сөз қосып, – бергі түбінде бір құзар бар екен. Оны Аман біледі екен. Малшы байқұстың жүрмейтін жері, көрмейтін шұқыры болушы ма еді. Анау жылы арқасы лоқы болған шабдар ат жоғалып кеткенде содан тапқан екен. Түнде тура соған тарттық. Сол құзардың астында табандап үш күн жаттық. Өйткені, жол кескендердің, шолғыншылардың бірі болмаса бірінің көзіне түсіп қаламыз ба деп қорықтық. Үш күннен соң кішкене көңіліміз орнына түскендей болды, ерлі-зайыпты кісі сияқты үйренісіп те келе жаттық. Өзіміздің тамағымыз да орталана бастады. Піскен ет көп шыдамады. Ақ жеңешем қоржынның бір басына толтырып бауырсақ салған екен, бізді көп жерге апарған сол болды. Төртінші күні күндіз Қарақыстақтың өзенін бойламай Саршыбырдың күн батыс жағымен үстіне шықтық. Нақ осы жерге келгенде бояудай

бұзылдым. Кеткім келмей, Аманға «өзің кете бер, бармаймын» дедім. Сөйтіп жерді, елді кимай екі бие сауымдай жылап отырдым, – деп Нұрия көзінің жасын тағы бір іркіп тастады. Келін болып түскен жер, қайын іні, қайын сіңлі, бастаңғы жасаған, ақсүйек ойнаған жерлер көз алдыман өтіп, ішімнен бірдеме бар ма, қайтіп қиып тастап кетесін деп тұрткілеп тұрғандай. Сонымен бір кезде атқа мініп, төмен түстік. Бұрғанды басып, бөктерлеп кеттік. Бұрғаннан бұрыла бергенде – деп Нұрия тағы көзін сықты, – өрге қарай Қойыртпақ кетіп барады. Астында бай мінетін Айқасқа. Бай атына мінгенде бұлықсып, өзі бай болғандай көңілі семіріп кеткен болуы керек, келеңсіз байқұс, жан-жағымен жұмысы жоқ, салдыртып өте шықты. Сол кездегі жағдайымды білсеңіз, зәрем зәр түбіне кетті. Қорыққаным сонша, жанымдағы Аманды ұмытып кетіппін. Енді көзімді ашып, есімді жинап қарасам Аманның қолында мүйіз сапты пышақ, қарыстыра ұстап, мені ұмытып қалшып қатып қалыпты.

– Неде болса ақыр бізге аттар таң болмады ғой деп өлтірейін деп едім, Қойыртпақты, – деді Аман сөзге араласып.

– Ол көрмей өтіп кеткен соң, жүрегімді баса алсамшы, қане. Бақайыма дейін қара суға түсіп терлеп кетіппін. Аман да біразға дейін өзіне өзі келе алмады. Сонан соң бөктердегі Құлжа жолға түстік. Кәдімгі керуен жүретін жібек жолына. Өйткені ел аралап жүру қауіпті болды. Біреу болмаса таныс біреу кездесіп қалар дедік. Қарғалыға түсте жеттік. Майбұлақтың басында жалғыз үй отырған біреудікінен айран ішіп, ат оттатып аттандық. Содан Әулие ағаш жолымен қайта тауға шығып, Ботасаздан Қарғалының өзеніне түсіп, Үшашадан Аршалы кезеңге көтеріліп, таудың үстіндегі жолмен тура Нарды басып өттік. Мәңке жайлайтын, Сәт отыратын бұл төңірек елге толы екен, сыпыртып өттік. Содан Шамалған өзеніне түсіп, Шөладырға көтерілдік. Айғайға жеткенде түн болып кетті. Күндіз жол-жөнекей жайлаудан көшіп далаға беттеген елдің талайына жолығып жол сұрап, талай өтірік айттық. Адам өтірікті айтайын деп айтпайды екен, оны мұқтаждық істетеді екен ғой. Далаға қондық.

Айғайды Жайылмыстар жайлап отыр екен. Бір үйге түсіп қымыз іштік. Кәриялау бір кісі біз туралы бірдеме оқып білгендей «Сендер қашып жүрген адам сияқтысыңдар ғой» дегені. Мұрнымың үстінен тер бұрқ етті:

– Қашып жүрген кісі біз сияқты ел аралап жүре ме? – деді Аман. – Біз сонау Суықтөбеден шығып едік. Тау үстіндегі жолды таба алмай қиналып келеміз. Мына келініңіз Иса төренің қарындасы еді, соған бір суыт жұмыспен бара жатқанымыз. – Иса қай ел, қандай жақының еді деп мыжыма деп зәрем кетті. Иса төренің Шапырашты екенінен басқа ойымда түк жоқ қой. Сөйтіп қашқын Нұрия, беті жаралы, басы қаралы Нұрия төренің қарындасы бола салды. Кеш бата біз Алматы жасыл көліне жеттік. Оның күн батыс жақ бетіне қондық та, таңертең қалаға

түстік. Шіркін не керек, Жасылкөлдiң әдемілігін, Алматы көшесін көре алмай арманда кеттік. Қашқынның аты қашқын ғой.

Содан Құлжа жолға түсіп бір күнде тура осында келдік. Жалғыз үй отырған бір кедейге келіп түстік. Оның кедей екенін біліппіз бе, Құрақбай деген жаным екен. Шай үстінде жөнi түзу кісі екенін байқадық. Сонан соң әйелі жоқ жерде Құрақбайға Аман шынын айтты.

– Ал енді шырағым, үшеумізден басқа кісі білмесін. Менің мына әйелім бала тұмаған адам. Ондайлардың іші тар болады, басқаның бақытын көре алмайды. Әйелім кешкі дастарханның басына келгенде «ал енді танымадыңыз ба, шынымызды айтайық» деп менің туған жиенім болып шық. Күрті болысына Ақадырдағы Шапыраштыға барған болатын апам. Арғысын өзің келістіре бер. Күн ысып кетті ғой, ал біраз қымыз ішейік те, жарты сағаттай ұйқтап алалық, – деді Шұнақ. Қымызға, етке тойып екеуміз де мүлгіп кеттік. Шал тұра салып бір атты мініп, бірін жетелеп, суғаруға жөнелді. Мен жалғыз отырмын. Шалдың әңгімесі ұзап барады. Бүгін бітіре алар ма екен ол. Бітіре алмаса тағы да барып ферма меңгерушісінің үйіне қонақпын ба? Жоқ енді, оны Шұнақпен ақылдасу керек.

Шұнақ шал қайтып келе месті әкеліп күлдірлетіп шайқап-шайқап жіберіп, екі тостаған қымыз құйды да, аузын буып тастың қуысына тықты.

– Әйтпесе жылып кетеді, – деп маған иегін қақты. Келіп тізерлеп отырар- отырмастан ол әңгімесін бастады. Бүгін айтып үлгірмеймін бе деп асығатын болуы керек.

– Құрақбайдың әйелі түстен кейін шай беруге отырғанда, – деп бастады Шұнақ, – Аман да әңгіме бастайды.

– Ал енді шынымен танымадыңыз ба? – дейді Аман Құрақбайға.

– Жоқ, шырағым, құдайы қонақпыз деген жоқсың ба?

– Сіз өзі таныр ма екен деп едім. Танымадыңыз. Ақадыр деген жерді естуіңіз бар ма?

– Естігенде қандай! Бала кезімде барғаным да бар.

– Онда ұзатылған апаңыз бар ма, еді? Құлай деген. (Кейін шатастырмау үшін Аман әдейі өз шешесінің атын айтқан). Оның Аман деген ұлы бар екенін білуші ме едіңіз?

– Ей, шырағым, не бұлдыратып келесің, олар өздері аман ба? – деді Құрақбай, деп Нұрия күліп қойды.

– Сол Аман деген Шапырашты жиеніңіз мен.

– Ой, айналайын-ай! Ертеден бері бұл сенің ішіңе қалай сыйып отырды, – деп Құрақбай Аманға бас салып көріседі. Сол кісінің өзі, – деді Нұрия, – тіпті жандырып жіберді.

– Ал менің әйелімнің атын білесің бе?

– Жеңгейдің аты ұмытпасам Күлше болуы керек. – Нақ осы кезде бағанадан бергі сахнаға танданып отырған Күлше де «енді балалардан несің сұрай бересің» деп менің бетімнен сүйді.

– Ал жолдарың болсын!

– Әкем, шешем қайтыс болды. Өзім жалғыз атты кедей болып қалдым. Сонан соң нағашыма келдім.

– Сонымен, – деді Нұрия, – екі жыл сонда тұрдық. Нағашымыздың алдымен әйелі, одан кейін өзі қайтыс болды. Содан екі жылдан бері мына болыс қаңғып жүрген немені шақырт депті, бір күні. Екі жылдан бері осының отымен кіріп, күлімен шығамыз, қиярын қыламыз.

Нақ осы бір сәтте «мені іздеп қала ма» деп Аман далаға шығып кетті.

– Бір жылға дейін, – деді Нұрия Аманның шығып кеткенін пайдаланып, – күндіз-түні есі дертім сен болдың. Күндіз есімнен, түнде түсімнен шықпайсың. Тіпті бір күні жаман қатты қорықтым. Сені көріп құшақтап «Абағым келші бермен» деп оянып кетсем, жанымда Аман. Әйтеуір ұйықтап жатыр. Дауысым шығып кетті ме деп есім кетті. Құдай уақтысы қосылды. Аман екеумізді мына бір шикі ет дәнекерлеп отыр. Енді құдай құшағымызды ажыратпай-ақ қойсын. Енді сенімен арамыздағы болған жағдайды, ескіріп те кетті ғой, ұмыттым. Аманға сездірмесем деймін. Ол байқұс ақкөңіл, момын ғой. Сені жақсы көреді, аузынан тастамайды.

Аман қайта келді.

– Сізді шақырып жатыр, – деді.

– Ел жұрт аман ғой. Ақ жеңешем мен Ұлтарак қалай тұрып жатыр? – деп сұрады Нұрия. Жақында екеуінің де дүние салғанын, баласы қалғанын айттым. Екеуі де қатты мұңайып, қайта тостағандарын толтырып, сығып тастады. Дауыс салып жылауға бөтен елдің іші болған соң қысылып тұр.

– Енді біз кетеміз, – деді Нұрия, – тірісіне дұғай-дұғай сәлем.

– Қалай, – деді Аман шошып.

– Оны қазір Тоқамен ақылдасып шешейік, – деп мен далаға беттедім. – Енді Совет өкіметі, қорқатын ештеме жоқ.

Далада қайтадан жиын болып жатыр. Кеше малды қуана-қуана алған Сарымсақ Сарғайұлы деген егделеу шаруа қойды қайта айдап келіпті.

– Алмаймын, айналайын! Қалжан молда «бүлінгеннен бүлдірге алма деген», сендер бекер істедіңдер дейді. Ақиретке барғанда тозаққа күйер жайым жоқ. Осы дүниеде көрген қорлығым да жетеді. – Өзі дірдір етеді. – Пәлеңнен аулақ.

– Сол-ақ па? – деп сұрады Тоқаш. Оны үйге кіргізіп кетті. Тоқаш сұрап білсе кеше кешке Бүргенбай өзінен мал алғандарды бәрінді «ит-жеккенге айдатамын» деп қорқытыпты. Тоқаш үйден түтеп шықты. Бүргенбай мен Қалжан молданы көп ішінде тұрғызып қойып жауап алды. Екеуінің де жер жебіріне жетті. Сонан соң Тоқаш қайтадан ортаға шықты. Тоқаштың іші бұлан-талан еді. Ашуын білгізбеді.

– Жұрт, көріп отырсыңдар, мынау Бүргенбай, ауылдан совдептің аттанбай жатып жарлы-жалшыға тізе көрсетеді. Сондықтан мұны болыстықтан түсіру керек деп ойлаймыз. Қалай қарайсыздар?

– Дұрыс, дұрыс, – десті біразы. Ішінен әрине көбі-ақ қайнап отыр. Арты әлде қалай болады деп сенбейтін сияқты. Бедірейіп безбүйректеніп отырғандар да көп, төмен қарап тұнжырағандар да бар. Бәрі де ертен осы істің артының қайыр боларына сенбейді. Қандай-қандай заман болып, қарағай басын шортан шалар күн туар ма деп қорқады. Тоқаштың сөзіне емексиін десе, ескілік етегінен тартып ілгері аттатпайды. Бәрі де сайып келгенде сауатсыздықтан, арғы жағында не боларына көзін жеткізіп, көңілін орнықтыра алмағаннан болып жатыр. Тоқаш үлестірілген мал жайын ескерте кетті. Егер кедейге берілген атты бай қайта алып қойса, оның орнына үш ат немесе одан да көбейтіп еселеп тартып алып берілетінін баса айтты. Жұрттың «дұрыс-дұрысын» естіп, тағы не дыбыс-сыбыс шығар екен дегендей Тоқаш үнсіз тұрды. Ешкім үндемеді. Олар «дұрыс» демесе де Бүргенбайды қалдырмайтыны белгілі еді. Тоқаш Бүргенбайға бұрылды:

– Бүргенбай болыстың мөрі қайда, әкел бері. – Ол үйіне адам жіберіп, ақ дорбаға салған мөрді алдырды. Оны Тоқашқа қолы дірілдеп берді. Тоқаш мөрді қолына алып, бір қарап өтті де, қайта сөйледі. Ол Совет өкіметінің кедейлерді жақтайтын өкімет екенін, ендігі билік соларға берілетінін қарапайым тілмен жалпақтап түсіндірді.

– Менің сіздерге болыстыққа ұсынар адамым жоқ, өздерің біреді атаңдар, – деп еді, ешкім үндемеді. Кедейлер не істерін білмей отырған болуы керек, ал байлар кедейге болыстықты қимайды. Сонымен арада бес-он минут өтті. Бұл кезде Тоқаш, Абрам, Оразалы үшеуі шүйіркелесті. Біз солдаттар, тікемізден-тік қатар тұрмыз. Мұндайда бізді әдейі революциялық айбын болуы үшін сапқа қояды. Кімді қалай тұрғыз десе, сол бұйрықты мүлт жібермеу біздің борышымыз. Тоқаш та, Абрам да, Оразалы да орнынан тұрды. Енді не болар екен дегендей, жаңбыр алдындағы тымық ауадай жұрт тым-тырыс. Бәрі демін ішіне тартып алғандай. Ашық аспанның астындағы осынша кең далада аттардың пысқырғанынан басқа бір дыбыс шықпай қалды. Тіпті бөрпінің гүлін сорып жүрген аралардың, көктемгі бір сиырдың малағынан мыңдап өретін кара қоңыздың ұшқаны да естіліп тұрды. Тоқаш ойына әлде не түсіп Бүргенбайға бұрылды:

–Кешегі кедейдің Саймасай болыс құнға берген тайтұяғы қайда?

– Үйде еді, – деп миңгір етті Бүргенбай.

– Алғыз! – Бүргенбай жаңа мөр алғызған жігітті қайта жұмсады. Жүгіріп кеткен жігіт қызыл барқытқа ораған жұдырықтай түйіншекті Бүргенбайға ұсына берді. Бүргенбай түйіншекті алмай, Тоқашқа қарай иегін изеді. Анаған бер дегені. Тоқаш түйіншектің бүркеншегін сыпырды. Тайтұяқ дегені тайдың тұяғына құйып жасаған жұдырықтай күміс екен.

– Мә! – деді Тоқаш кешегі тапал сарыға тайтұяқты ұсынып. Ол сенімсіздеу Тоқаш жанына барып тайтұяқты алды. Қолына анық тигенін білген соң үйіне жүгіре жөнелді. Балаша секіріп-секіріп түсті...

– Сіздер үндемесеніздер революциялық комитеттің атынан біз Құл Қалмырзаұлын болыстық совдеп төрағасына ұсынамыз. Қалай көресіздер.

Рас тым-тырыс енді болды. Кімді болыс сайласа да, кіріп үйі жоқ, жатып қатыны жоқ, бауыры тақыр Құлды ұсынады деп кім ойлапты. Көзім түсіп кетіп еді, Бүргенбай жүресінен жер шұқып отыр. Он жыл қалтадан ажырамаған мөр жылп етіп қолдан суға кеткен сабындай шығып жоқ болды. Атадан келе жатқан иен дәулетке ен түсті, шеті кетілді, өзі біреуге ен салып бермесе тышқақ лақ шығын болып көрмеген малдың шілдің саңғырығындай тозғаны анау. Балақтағы бит басқа шығып тұрғаны мынау. Ендігі күн есіктегі табаны тілік, қолы күс Құлға қараған соң не болмақ. Өзі оған аз теперіш көрсетіп пе еді, әкесі қойған атына дейін өзгерткен жоқ па еді, өзінің істегенін өзіне істесе, онда қожанасыр айтқандай өле беру керек шығар. Осыны ойлаған Бүргенбай болыс енді мұң мен зар жайлаған адамдай тұнжырап, ұнжырғасы түсіп кетті. Өлі де ешкім үндей қоймады. Үміттеніп қалды ма, Бүргенбай басын қайта көтеріп, жұртқа көз тастады. Кеше ел көзінше қамшы жеген соң-ақ жүні жығылмай тұра ма, қайта мына пәлен жыл ашса алақанында, жұмса жұдырығында болған ел өзін бір тарының қауызына тығып жібермей отыр-ау! Бүргенбай қылышпен шала шабылғандай салбырап тұрған мойнының қайта көтере беріп еді, Тоқаштың дауысы қайта естілгенде өз мойнына өзінің шамасы келмей кеткендей тағы түсіп кетті.

– Ашық сайлаймын. Кім Құл болыстық совдеп төрағасы болсын десе қол көтерсін! – Жұрт сыпыра қолын көтерді. Бірақ көтермегендері де бар еді. Олардың қарсы шығуға шамасы келмеді.

– Қарсы бар ма? – Ешкім қол көтермеді. – Жоқ. Құл Қалмырзаұлы Шығыс Талғарға болыс болып сайланды. – Құл орнынан тұрды. Тоқаш оған мөрді тапсырып, екі ауыз құттықтау сөз айтты.

– Мынау мөр, бұл патша кезіндегі екен. Оны өзгертеміз. Өзгертілгенше ол жарай тұрады. Кедей болыс орныңыз құтты болсын! Жасасын Совет өкіметі! – Жұрт қол соғуды да білмейді. Бірақ солдаттар сатырлатып қол ұрған соң жұрттың бәрі қоштап алып кетті. Бүргенбай отырған жақ шоғырланып абыр-сабыр бола қалды. Бұрынғы болыс отырған жерінде талып, құлап түсті. Бұл билікті ата мұра етіп алған ауыл билері мен атқамінерлерінің бір жола құлауы еді.

* * *

Ұйықтай алмай дөңбекшіп жатырмын. Біресе оң жамбасыма, біресе сол жамбасыма аунап түсемін. Екі жағымдағы жігіттер кешке дейін жолсоқты болғандықтан ба, әлде табиғатынан ұйқышы ма, тырп етер

емес. Тек сонау шеттеу қарауылда тұрған солдат қана қалғып кетемін деп қорқа ма, әрі-бері тыным таппай жүр. Өкшесі тырс-тырс жерге тигені айқын естіледі. Ұйқыменен өлі тең. Жанымда жатқандар сол қарауылға сенгендіктен де болар, басын кесіп әкетсең түк білетін емес. Менің аунақшып жатқаным олардың құлағына жетпейді. Мүмкін Юсуп Бабаев болса сезе қояр еді де: басын көтеріп алып, «ей, ұйықтамай жатқан қайсысың! Ұйықта!» деп қайта жатар еді. Жұрттың бәрі ондай сергек болса, адамның бәрінің тәртібі, мінезі бірдей болса, онда бұл дүние қызық болар ма еді. Егер ағаш төсекке жатсаң онда бір жөн, сықырлағаны естіліп қалар еді. Ал қу далада бір етегін төсеніп, жеңін жастанып, екінші етегін жамылып жатқан төсектен, төсеніштен не дыбыс шықсын. Шалқалап қайта аунап түстім.

Аспанда жұлдыз жайнап тұр. Нақ төбеде көк жұлдыз. Баяғыда мен елде қой бағып, малды түнемелге шығарып, далаға жатқанда да, Даубай үйінде қара төрінде ұйқтағанда да осылай тас төбеде тұрушы еді. Бір ауытқымайды. Әлі сол баз қалпында. Тек қозғала беретін Жетіқарақшының үстіңгі алты жұлдызы. Жетіқарақшы тікейіп қалыпты, күз де болып қалған екен-ау деймін. Жұлдыздың шамадан тыс жыпырлауына қарағанда ертең күн тағы қайнайды-ау! Япырмай, қараша аяқталғанша, қалай бұл Қоқан жерінің аптабы басылмайды. Бәрінен де сол күні күндіз екі сағат күн астында шаңқайып қарсыға тұрғандай болғанымызды айтсайшы. Бәрі бір қарын майды шіріткен бір құмалақтың кесірі. Өлген адамды жамандаудың өзі болмаған нәрсе. Дегенмен, сол Ерискиннің кесірі. Міне ұйықтай алмай жатқаным да сол жер барып жамандамағыр Ерискиннің әуресі еді. Соғыста біреу өліп, біреу құлап жатады. Оны адам біле қоя ма? Мына көз алдында боқ басындағы өлім жаман екен ғой. Боқ басында демей не дейін... Ерискин атылып кетті. Көзімді жұма берсем-ақ сол көз алдымда тұрады да қояды. Осындай ұйқысыз жайсыз түндер адамның ойына қай-қайдағыны түсіреді. Айтқандай осы Ерискиннің Тоқаштың ісінде де қатысы болып еді-ау деп есіме түсірдім. Тіпті Тоқашты өлтіруге жағдай жасағанның бірі осы болатын. Ия, Жетісудың жер комиссары Затылников ескі офицер, өзі эсер партиясының мүшесі еді. Сол он сегізінші жылдың жазында Қапал уезіндегі жер комитетінің нұсқаушысы Поцелуевқа Тоқаш Бокиннің не қылмысын білесің, соны хабарла деп телеграмма берген. Ал ол ойдан-қырдан өтірік құрастырып арыз жолдаған. Онда Тоқаш Верный төңірегінде бір саудагердің қызын тартып алып, оған атын берген делінген. Ол Тоқашқа келеке-мазақ үшін керек. Тек көңілдес болып, көз сүзісіп, дене түзісіп жүру үшін осылай істеген деп жазған. Большевиктерді атарға оғы жоқ Тимофей Затылников пен Ерискинге керегі де осы болатын. Сен шырағым, тындап отырып бір нәрсені шатастырып алмауың керек. Өйткені, Жетісуда революцияға араласқан екі Затылников, екі Кихтенко болған. Мысалы, Николай Затылников азамат соғысы жылдарында Жетісуда совет қарулы күштерін ұйымдастырған

да, ал Тимофей Затылников әуел баста істеген қызыметі біршама тәуір болғанмен, бері келе большевиктермен өрттей өш болған. Мысалы ағайынды Кихтенколардың бірі қызыл гвардиялық отрядты басқарып жүріп қайтса болса, екіншісі революцияның алғашқы жылдары тон жамылып партизан болғандай көз алдап жүрсе, артынан кулактардың сойылын соққан. Сондықтан да жұртты қан қақсатқан оны ел «қақсақ төре» атандырған. Сонымен әңгімеміз Ерискин туралы еді ғой. Он сегізінші жылдың августында өткен Советтердің Верный уездік бірінші съезінде төрағалық еткен Ерискин Тоқаш туралы таусыла жамандап айта келіп, әдейі мәселе көтерген. Сонда ұлтшылдар бірінен соң бірі шығып Тоқашты жертабандата жамандаған. Шыдай алмаған Абрам Иванов «мұнда кім жиналғанын көріп отырмын» деп айғай салған. Оған да сонда осы Ерискин кектене, ашу-ызамен қатты ескерту жасаған. Сөйтіп олар Тоқашты қаматқан да ақыры. Алаш-ордашылар мен ұйғыр, дунган саудагерлерімен бірігіп әйтеуір Тоқаш Бокинді өлтірткен. Сонда большевиктердің арасында осындай сөз жүргенде, енді бірсыпыра адам Тоқаштың шын большевигіне күмән келтірген. Содан сонау Қоқан даласында сол Тоқаштың кінәсіз екеніне көз жетті.

Қалай болып еді. Саған інім, бір ұйықтамай басымнан өткенімді қорытқан күнімді айтып отырмын. Нақ осылай далаға түнеп жатыр едік. Наманған тауының етегі болатын. Аспанда жұлдыз жыпырлап тұрған. Таң алдында төбе астындағы кішкентай Себет заводы бар қыстақты Көр Шерматтың тонап жатқандығы жөнінде хабар алынған. Көр Шерматтың өз аты Рахманкүл екен. Шерматының не екеніне ол кезде мен маңыз беріппін бе? Мүмкін ол фамилиясы шығар, не жанама, әлде бүркеншік аты болар. Әйтеуір ол кезде қаранғыда шапқан кісідей қай жарға ұрып, қай орға түсерімізге көз жетпесе де, большевиктер осылай деді дегенге көзсіз батырдай ұмтыла бергеніміз де бар ғой. Өлер алдында аяғын ақтық серпіген мал сияқты басмашылардың да бұл соңғы демі еді. Сондықтан да олар жолында тұрғандарды шамасы келсе жүндей түтіп, үрерге итін, сығарға битін қоймай талайтын. Ол шауып, тонап кеткен қыстақ әлегі аспаннан келіп, құс түткен құрымдай тоз-тозы шығып қалатын. Бірінің малын, бірінің арын тонап, өздерін өздері әшкерелеп, артын жалаңаштап көрсетіп алатын. Өйтпегенде ше? Бүгін болмаса ертең, тіпті иегі астында тұрған өлімнің алқымынан алып, тұншықтырып бара жатқанын олар айқын сезді. Шынында да басмашылардың аяқ басқан жері көктемгі тондай күрт ойылып түсіп жатты. Ат тұяғы тиген жері тесіліп, шым батып бара жатқанын білген Көр Шерматтың да белдесіп ұстасып тұратын майдан шебі болмады. Сондықтан бұл тонауға ғана шамасы келетін баскесерлер қаша соғыс салып, бүгін оң бүйірінде отырса, ертең сол бүйірінде тұрды. Олар қаға берістен қағып түсіріп, тіссіз кісінің бір ұрттан екінші ұртқа көшкен тіліндей бұлт етіп, тағы бір жақтан шығып жатты. Большевиктердің өкіметін құлатудан әлі дәмегөйлі, үміті біржола үзіле қоймаған шоң-

шонжарлар да оларға есебін тауып тіл беріп, тілек тілеп, сүрінсе демеп, жығылса көтеріп дегендей ақырғы тынысына дейін қолдай білді. Бел-десіп, келсең кел десіп қай мықтымсынғаны да табандап тұра алмады. Біздің 21-мұсылман полкының андығаны осы Көр Шермат болатын.

Тез атқа қондық. Таң бозамықтанып атып келе жатты. Аспанда жұлдыз сирей бастады. Мақтаның қырманы сияқты аспанда әр жерде қалған жұлдыз шоғыры ағарып көрінеді. Жүз атты кісі тұра жапқанда тасырдан жер жарылардай. Неге екені белгісіз өзіміз қыстақтың шығыс жағынан келуге тиісті едік, Мансуровтың төтенше бұйрығы бойынша біз оның батыс жағынан тидік. Бұл бір нар дегені ботадай, тау дегені жотадай жүдеген жер еді. Қыстақ іші ызың-шу, құм-қуыт. Атылған мылтықтан жұрттың айғайы көп. Біз атой салып, қиқулап кіргенде астында қара жал құла аты бар Көр Шермат қыстақтың шегінде тұр дегенді естідік. Әлі таң жайыла қоймағандықтан анық көру қиын еді. Ұрыларын ел тонауға жіберіп қойып, өзі қарап тұрса керек-ті. Ауылда баласы көп адамдар балаларын күрестіріп қойып, өзі қызығына қарап отырушы еді, мынау қызыққа емес, тонауға, жәбірлеуге сүйсініп тұрған жайы бар. Біз басшыларға қарсы мылтық атқанмен ешқашан Көр Шерматқа оқ арнаған емеспіз. Өйткені жоғарыдан келген бұйрық оны қолға тірі түсіру болатын. Оны қызыл әскерлердің бәрі де жақсы білетін. Полк командирі Мансұров деген татар жігіті де талай ескерткен. Көр Шермат жанындағылар бізге қарай мылтық атты. Оқ ешкімге дарыған жоқ. Тынығып тұрған аттар ә дегенше-ақ қыстаққа кіріп те кеттік. Сыртта бырқылдап, барқылдап керней тартылды. Шамасы бұл басмашыларға қайтуға берілген белгі болса керек-ті. Өйткені олар аттарына міне, міне қашты. Бір-екі жерде өрт шықты. Өзбектің әйелдерінің бажылдаған дауысы естіледі. Басмашыларды қуып шыққанша таң да атып кетті. Жүз қаралы атпен жүрген, өңкей ахал теке, жаумыт тұқымынан сайгүлікті таңдап мінген басмашылар ұшқан құстан ұшқыр десең де айтуға сыярлық еді.

Себет тоқитын завод өзбек байының кәсіпорны екен. Бұл мал баққан мен сияқты қазақтың көзқарасынша көргені кесек, мінгені есек елдің қалай күн көріп, қандай кәсіп қылатынын ақыл жеткізу қиын еді. Себет тоқитын орынның завод атынан басқасы мен сияқты қатардағы солдатқа беймағлұм. Қызыл әскерлер арасындағы сөзге қарағанда үшінші батальон командирі Ергаш Сейітходжаев осы төңіректің, оның ішінде осы қыстақтың жігіті болса керекті. Сондықтан да ол бұл қыстақтың адамдарынан жансыздап сағат сайын хабар алып тұрды десті. Көр Шерматты қолға түсіруге мүмкіндік бар екенін білген Мансұров Сейітходжаевқа өз батальоныңды қалай пайдалансаң да еркін дегенді.

Біз батальонда жүз атты кісі бармыз. Сонау Алматыдан осылай шыққандай. Неге екені белгісіз, барлық батальонда да осындай жүз қаралы атты әскер бар. Бізді эскадрон дейді. Сейітходжаев атпен жүреді, басқа әскерлер жаяу. Тіпті анау Ташкенттіктерге атты мінгізу түгіл, атын

айтсаң безе қашады. Атқа мініп бәлен жерге барып келгенше ол жерге жаяу үш барып келу оған оңай сияқты. Оларды Омарқұл мен Жалбақ «ой есектен басқа ермегі жоқ сарт» деп жек көріп жүреді. Тіпті бір күні олардың сөзін Сейітходжаев естіп қойып, менің ұялғанымды айтсайшы. Ол кезде барлық документтерге, газет-журналдарға сарт деп жазылатын. Сондықтан «есек мінген сарт» дегенге ешкім қабақ шытпайтын, іренжімейтін де. Ал Түркістанда қазақпен араласып өскен Ермат деген жігіт: «есек пен ыстық нанның пайдасын қазақ қайдан білсін» деп қалжыңдап қояды. Ондағы айтып тұрғаны қазақтың өзбектермен қалжыңдасу үшін шығарған «есек пен ыстық нанның пайдасын қазаққа айтпа» депті сарт деген әңгімесі. Өлгі ұялғанымды айтайын деп отырмын ғой. Бір күні Сейітходжаевтың мінген аты босанып кетіпті. Басында не жүген, не нокта жоқ күрең ат алысқа ұзап қашпаса да тұрған ат пен адамның арасына ойкастап, қойқандап атқосшыға ұстаптады.

– Командирдің осы аты шұбарат жасайтын жылқы екен, – деп Омарқұл күлді. Бұл сөзге Жалбақтан басқа адам түсіне алған жоқ. «Не деп тұр, бұлар?» дескендер біріне бірі иығымен құнжың-құнжың етісіп «білмеймін» деген белгі берісті. Ол кезде ондайға мән беруге де кейде мүмкін болмай кетеді. Ары-бері шоқақтап жүрген атты ұстамақ болып жүрген батальон командирінің адъютанты Тәшмат деген жұқалау жігіт шаршады. Нақ осы кезде әлгі Жалбақ келекелеп, Омарқұлға «анау батша шаршады, ат мініп не сорым, бұл сорлы сартқа» демесі бар ма? Байқасам арт жағында Сейітходжаев тұр. Төбемнен суық су құйғандай болды. Мұнымен қоймай оған Омарқұл қосыла кетпесі бар ма: «ей, бұлар қатын ғой, еркек қой дейсің бе!» дегені. Енді тіпті тұра қашуға дайын тұрдым. Өйткені, «әйел десе әжем де кетеді» дегендей «бұлар» дегеннің ішінде Сейітходжаев та кетті ғой. Байқаймын, бұл жолы командиріміз де шекесі шытынап қалған сияқты.

– Жалбақ ұста атты! – деп бұйырды Сейітходжаев. Ол кішкене шолақтық жасады. Қайткенде де сенен артықпын, бастықпын деп ескерткендей болды. Жалбақ та ештемеден сескенбейтін еді (оның кім екенін кейінірек айтамын), бұйрықты орындаудың орнына кері сұрақ берді:

– Қалай ұстап берейін, тік тұрған қалпында ұстап берейін бе, әлде жығып берейін бе? – Ашулы тұрған командир қатты бұйырды:

– Ал қолыңнан келсе жығып ұстап бер! – Мұны да Сейітходжаев ашулы айтты. Алпамсадай Жалбақ миығынан күлді.

– Омарқұл! – деді Жалбақ дауыстап.

– Ұқтым! – деді Омарқұл.

Күрең ат ортада қойқандап, құйрығын шаншып алып шапқылап, дікелектеп-текіректеп жүр. Алғашқыдай емес, желігіп қалған сияқты. Қалай барып қалғанын білмеймін, жердің тарлығынан көсіле алмай, шоқақтап жүрген күреңнің Жалбақ құйрығынан ұстап қалыпты. Дедектеп аттың артынан жүгіріп бара жатқан қалпы, оң қолына ту құйрықты

екі орап алып, сол қолымен атты айдады. Шабысын жаңа түзей бастаған аттың артынан біраз дедектеп жүгіріп барды да, сол қолын қоса құйрыққа салып, солға қарай бұра тартып қалып еді, күрең ат тыраң ете түсті. Жығылған аттың басына Омарқұл жармаса кетті. Күрең ат қайтып тұрған жоқ. Жүгіріп-жүгіріп барсақ Омарқұл екі құлақты шенгелдеп, аттың басын басып отыр. Жалбақ құйрығынан алып, бүйірінде. Міне, қызық! Сейітходжаев келді.

– Ей атымды өлтіресіңдер, жүгендеп беріңдер, қазақтар! – деп күлді.

– Еркектер атты осылай ұстайды, командир жолдас! – деді Жалбақ.

– Жарайды, жарайды, – деді не дерін білмеген Сейітходжаев. Енді жігіттер тарағандай еді, нақ осы бір дүрмек сейілген шақта Тәшмат далбаңдап жүгіріп келеді:

– Қатын мен бе, көрсетейін қатынды! – деп айқайлап келеді. Қолында пышақ. Ол кезде өзбектердің бәрі пышақпен жүретін болуы керек. Өйткені, барлығының мықынында қыны салбырап тұратын. Ол тура Жалбаққа ұмтылды. Менің қаным қызыңқырап бара жатқанын байқап, ашуымды ақылыма жеңгіздім. Жалбақтың көрген құқайы бір бұл емес болуы керек, үнсіз тұр. Жалбаң етіп Жалбаққа кол көтере берген Тәшматты біреу қағып түсірді. Пышағы ұшып кетті. Пышақты Омарқұл жерден алды да, Тәшматты тұрғызды. Ол Жалбаққа тағы ұмтыла беріп, тағы құлады. Жалбақ үнсіз қалпында. Сөйтсек, Тәшматты қағып түсіріп тұрған Ермат екен.

– Қалжың көтере алмас болсаң, бұдан кейін қалжыңдама, ақымақ! – деді Ермат Тәшматқа. Сейітходжаев бәрін де көрмеген болды. Бұдан кейін Сейітходжаев атқосшыға әулиеаталық Баттал деген қазақ жігітін алған болатын.

Қаражал құла атты бес-алты атпен қыстақтан жырақтап бара жатты. Біз артына түстік. Олар бір шақырымдай ұзап шыққанда қыстақта қалғандар атқан болуы керек, қара жал құла ұшып түсті. Екінші, үшінші, төртінші ат та құлады. Бірақ бір қызығы бәрінің адамы атып тұра келіп, бет-алдына жүгіре жөнелді. Екі атты жолдастарына қарамай ұзап кетті. Жаяу қалғанға қарай шапқандардың бәрі омақасты. Бәрі атып түсірілді. Әлде қалай эскадрон командирі «қашқандарды қумандар, Көр Шерматтан көз жазбандар!» деп бұйырды. Біз тұрып қалдық. «Мылтықтарыңды сайландар, жаңағы аттылар қазір қайтады, соларды атуға әзірленіңдер!» деген бұйрық берілді. Шынымен-ақ жаңағы қашқан басмашылар дүркіреп қайта шауып келеді. Көр Шермат мылтығын тастай салып оларға жүгірді. Оған жақындай берген боз атты Көр Шерматты жерден іліп әкетті. Қалың елден оңаша шыға берген боз ат омақаса құлады. Ат иесі де, Көр Шермат та атып-атып тұра келді. Амалы құрыған екі басмашы басын қайда паналатарын білмей, екі қолымен құлағын басты. Әйтеуір артымызда құралайды көздеп ататын, мылтықты дәл кезеп,

оқты дәл көздеп тұрған бір мерген барын білдік. Сәлден соң, біздің жаппай атуымыздан кейін жиырма-отыз атты ғана құтылып кете алды. Ал Көр Шермат аттыларынан қайыр болмаған соң едәуір жерде қалған мылтығына қайта жүгірді. Бірақ бұл жолы ол кеш қалып еді. Желкесінен біздің жаяу қызыл әскер қаптап келе жатты. Басмашылар да осылардан қайта қашқан еді. Көр Шерматқа Сейітходжаев өзі барды.

Көр Шермат бойы биік, сыптығырдай дәу қара кісі екен. Тіпті жаңа осыны ат үстінен іліп әкеткен шабандоз қандай десеңші. Лақтан берілген көкпардай жұлып алып, боз аттың сауырына тастай салды ғой. Көр Шермат бір көзін жіңішке, әдіптелген қара шүберекпен қиғаштап байлап қойыпты. Бұрын көзі ағып түсіп, орны үңдейіп қалған деседі. Басында ала тақиясы бар, бірақ оның ағы өшіп, қазір қара қоңыр тақияға айналған. Оның сыртын айналдыра сәлделеп сарғыш орамал орап қойыпты. Беліндегі алдаспан қылышын әскерлер суырып алыпты да, қынабы салпылдап бос келеді. Қынаптың сәкинегі алтындаған, өрнектеген жерге қараған ұшы да күміспен көмкеріліп, үстінен алтын жалатқан. Артында Тәшмат оның өз қылышымен өзін айдап келеді. Қылыштың да сәкинегі де, кәзінегі де алтын екені байқалады. Оны әртүрлі бояулы өрнекпен әшекейлеген. Тәшмат қылыштың ұшын оның қара бешпентінің арқасынан шаншып-шаншып алады. Көр Шермат ауырсынғанын білгізбеген болады. Шынында қылыштың ұшы тиген жер тесіліп қалып жатқанын байқадым. Тәшмат тәртіп бұзып келеді. Құдыққа түскен құланның құлағында ойнаған құрбақадай көрінеді маған, Тәшмат.

– Қой! – дедім мен. – Ақымақ!

– Немене сен басмашыға жаның аши ма? – деп жабыса кетті әлгі Тәшмат. Көр Шерматты қайта шаншып қалды.

– Қой деген соң, қой! Ол әділ сот алдында өзі жауап береді. Жазасын да, сазасын да алады. – Мен ілгері озыңқырай бергенімде Тәшмат қылыштың ұшын Көр Шерматтың арқасына тағы қадады. Нақ осы кезде көзді ашып жұмғанша Тәшматтың анандай жерге бұрқ ете түскенін көрдім. Көр Шермат Тәшматты көк желкеден лақтырып жіберіпті. Бірақ ол кішірейген жоқ. Кішіреймеді дейтінім, ол Тәшматтың қолынан түскен лыпып тұрған алдаспанды алып, оны оңаша тұрған бір түп тікендей шауып тастай салуына әбден болатын еді. Бетіне қонған шыбынды қолымен желпіп ұшыра салған кісі сияқты «мазамды бүйтіп алма» дегендей лақтырып тастай салумен тынды. Сонан соң екі қолын артына ұстаған қалпымен ілгері жылжи берді. Мен Көр Шерматтың бетіне қарап едім, тіпті оның әлпетінен ештеме байқап болатын емес. Тәшмат екеуіміз ойлағандай оңай-оспақ адам емес екенін аңғардым. Тәшматтың қылығына балалық-шалалық деп қарағандай. Мен оның осал жау емес екенін осы жерде білдім. Пәлендей ашу кернеп келе жатқаны да білінбейді. Қабағы да аса шытыңқы емес. Әлде ертелі-кеш осылай болып тынатынына көзін жеткізген бе екен,

сондықтан да бұған алдын-ала дайындалған шығар. Үнсіз. Үсті-басы шаң, бет-аузы қан Тәшмат ұшып тұра анадай жерде жатқан қылышты алып, Көр Шерматқа ұмтылып еді:

– Кой, – деген Сейітходжаевтың дауысы шықты. Сонда да болмай жүгіріп еді, тағы ұшып түсті. Қылыш енді Ерматтың қолында тұрды. Құры қол Тәшмат не істерін білмей салбырап қалды. Әскерлер ду күлді. Қашан да арсыз ұйқы, арсыз күлкі дайын тұрады ғой. Көріп келе жатқандар күлкіні қойып берді. Тәшматтың бұл күлкіден қалай тірі қалғанын қайдам, егер жұрт маған осылай күлер болса, мен тіке тұрған жерімде ызалдықтан өліп кеткен болар едім. Бірақ амалы құрыған Тәшмат үсті топырақ-топырақ болып, мойны салбырап ілбіп келе жатты. Егер командиріміз Ергаш Сейітходжаев болмаса, мүмкін жаңағы тышқаншылығы үшін ол белдіктен айырылар еді де, екі-үш күн жүз атты тегіс жуып шығуды мойнына алар еді. Басқамыз да өзбек жерін құрметтегендіктен Тәшматқа қатты келе қойғанымыз жоқ.

Сонымен Көр Шермат қолға түсті. Оның тұтқынға алынуы біз үшін үлкен қуаныш еді. Өйткені бұл алдырмай жүрген соңғы көкжал болатын. Енді елге қайтамыз деп қуаныстық. Ол сол күні Қоқанға жөнелтілді. Бұдан басқа бес-он кісілік қана қашқын-пұсқын болмаса, белсеніп күресер жау, көрінеу Совет өкіметіне қарсы шығар күш қалмаған еді.

Бұл ұшан далада Көр Шерматтан басқа да талай басмашы болды. Аман палуан деген біреудің соңында да жүз жетпіс адам жүрді. Бір түнде бізге бір-ер рет мылтық атты да, өзінен өзі қашып жөнелді. Бізбен қатар жатқан дұнған полкінің командирі Мағаз Масанчи оны шабамын деп аттанбақ еді. Оған партия орындары рұқсат бермеді. Сөйтіп жүргенде енді біз соғысуға тиісті Жәнібек деген біреуі Бұқараға қашты. Оны Баһаутдин Шаһабутдинов бастаған қол қуып кетті. Өкініштісі ол осы жолдан қайтпай қалды.

Күн көтеріліп арқан бойы барып қалған. Шыға қайнайтын қоқан жерінің күні әлден-ақ шекеден өтіп барады. Дегенмен бәріміз мәз едік. Ел болмайтын ежелгі дұшпанымызды қолға түсіріп, езуіміз құлағымызда, жағамыз жайлауымызда аппақ тістер сақсиып, қап-қара көздер сықсиып күлісіп келе жатты. Нақ осы бір жауды жеңген, кемелімізге келген, кері-торымызға мінген бейбіт сәтті «Бойдайт, бойдайт» деген өзбектің ащы дауысы бұзып кетті. Көк шұбар жейде-дамбалымен далаға қаша шыққан сидаң қара бірдемелерді айтып, өз басын өзі қос қолдап тоқпақтап жүр. Сейітходжаев тоқтай қалды да, аттан қарғып түсіп, үш-төрт адамды ерте қақпаға кірді. Қақпаға үйдің есігі жақын болып шықты. Терезесі қораның ішіне қарайтын өзбек үйінің екі терезесі де шығыс жақта екен. Қоржын үйдің сол жақтағы ырсылдаған дыбыс шыққан жағына кіріп бардық. Нақ төр алдында етпеттеп тырбандап жатқан адамның жалаңаш құйрығы көрінеді. Астындағы адамның үндеуге шамасы келмей қалғанға ұқсайды. Құры ыңырсыды. Сейітходжаев қолындағы қамшымен жарқырап жатқан құйрыққа тартып-тартып жіберді.

– Тұр, қайуан! – деді ол орысшалап. Ол тұра келгенде әйелдің өз үстін жабуға шамасы келмеді. Неизвигин деген орыс жігіт жүктегі көрпенің бірін әйел үстіне тастай салды. Федор Неизвигин ұяты мол, қазақша ағып тұрған судай, туған-туысқаны жоқ жалғыз жігіт еді. Алматы түбінде туған да, бірақ өскен, жүрген жері Ұзынағаш болатын. Қазақшаға тіпті жылмайтын. Әсіресе теріс қарап отырып сөйлесе оның орыс екенін ешкім сөзінен аңғармайтын. Қазақ жігіттерінің бір жақсысын көрсе, «ей, өзі бір орыс сияқты жақсы жігіт» деп қоятын. Ал қазақ жігіттері де Федорды «өзі қазақ сияқты жақсы жігіт» десетін. Осы бір сөздерді естігенде мен мынадай бір қорытындыға келдім, інім! Шамасы қай халықтың да жақсы адамдарының бәрі бірдей, ұқсас қой деймін. Әйтпесе орыстың жақсысын қазақ «қазақ сияқты» демес еді де, қазақтың жақсысын орыс «орыс сияқты» демес еді. Бұл өзі сен сияқты журналиске ойлана жүретін психологиялық тақырып қой. Журналист адам мінезін аңғарғыш болғаны жөн. Саған ондайды білу керек болады, шырағым. Ол екеуіміз әскерде бір күнде алынып, Ферғана майданына бірге аттанған едік.

Далаға шыққан соң қарасақ әлгі қайуанымыз Ерискин болып шықты. Кәдімгі сонау Алматыдан бірге шыққан, онда Советтердің уездік съезінің төрағасы болған Ерискин.

Далаға шықсақ өзбектің айқайлаған дауысынан болса да, әлде өз басын өзі соққылағанын қызық көрсе де, жоқ теңдік алып береді деп жүрген адамдарымыздың істегені мынау ма десе де, әйтеуір қандай оймен болса да шағын қыстақтың тайлы-таяғына дейін тегіс жиналып қалыпты. Екі-үш жас өзбек жігіті қызулық көрсетіп Ерискинге жұдырық жұмсап та қалды. Қолдары құры емес пышағы бар. Бірақ біз бұзақыны қоршап, ешкімді тигізбедік. Полк командирі Мансуровқа адам жіберілді. Үлкен шатақ шығып кете жаздады.

– Бұзықты өзімізге бер, – деушілер де болды. «Совет өкіметінің бізге көрсететіні осы ма?» дейтіндер де табылды. Өзбектер қыстақты таңмен таласа талаған Көр Шерматты әпсәтте ұмытып, Ерискиннің қылығын бірінші кезекке шығарып алды. Әрине қолтыққа су бүркіп, «түрт шайтан, түрт!» деп тұрғандардың қолы да, тілі де бар екені де белгілі еді. Сейітходжаев істің насырға шабатынын жақсы түсінді. Ол рота командирі Сүлейменов екеуі шүйіркелесті де, дереу Ерискиннің қару-жарағын, белдігін шешіп алынсын деп бұйырды. Екі қызыл әскер Ерискиннің қаруын алуға барды. «Сендер маған қару берген жоқсыңдар» деп арсыз Ерискин айбат шегіп қызыл әскердің бірін жақтан тартып жіберді. Қызыл әскер де есесін жіберген жоқ, айбарланып тас түйіліп алды да, ырк еткізіп оны іштен бір тепті. Айызым қанып мен тұрдым.

– Күштеп алыңдар! – деп бұйырды Сейітходжаев. Ерискиннің қолы артына қайырып байланды. Белдігі шешіп алынды. Жейдесі сал-

пылдап бос қалды. Қаруы сыпырылды. Сөйтіп тұрғанда шауып келген полк командирінің айдауылы:

– Олай сөйлемесін! – деп бұйрық әкелді.

– Олай етілмесін! – деп бұйырды Сейітходжаев. Бірақ неге екені белгісіз, селкілдеп, дірілдеп кетті. Шамасы ыза буып тұр деп ойлады. Жиналған жұрт таңданысып, гуілдесіп, наразылығын байқатып, шуласып кетті. Шапқыншы Сейітходжаевқа бірдемелер айтты да, атын тебініп, шаба жөнелді.

– Сапқа тұрыңдар! – деген Сейітходжаевтың дауысы қатты естілді. Шынын айту керек, Совет өкіметін өзіміз орнаттық деп есептейтіндеріміз Ерискиннің қару-жарағымен қатарымызға тұрғанына қатты абыржыдық. Ондағы ойымыз «мына қыстақ Совет өкіметінен безетін болды-ау!» Сапта кетіп бара жатқанда Федор Неизвизин маған атын тебіне түсіп жақындап:

– Совет өкіметінің беделін түсіретін осындай иттер ғой, – деді.

– Ия, – дедім мен де ыза болғанымды жасыра алмай.

Батальон қыстақтан шыға тоқтап, саптағы қалпын бұзады. Бетін күн шығысқа бере тұрды. Басқа батальондар да келді. Байқасак бүкіл қыстақ тайлы-таяғы, бала-шағасына дейін қалмай ере келіпті. Паранджа дегенді алғашқы рет нақ осы жерде анық көрдім. Өзбек әйелдерінің бәрінің беті жабық. Қап-қара тормен жабулы. Біздің елде қылдан ұн елеп, ұлпасын бір бөлек, ұрпағын бір бөлек ажырататын елеуіш тоқиды. Оны елкезер дейді. Менің білуімше ол ауыл арасында сирек болатын бұйым болса керек-ті. Сондықтан оны жұрт бірінен бірі сұрап алып, қолға тигізбей, ел кездіріп жіберді. Өзбек әйелдерінің бетіндегі паранджа нақ сол жылқының ту құйрығынан тоқылған елкезер сияқты екен. Бұған ойнап болса да тиісуге болмайды. Сондай паранджалы әйелге ойнап қол тигізіп Жалбақ екі күн жаза тартқан. Бұдан кейін ол айшықты пәлеге ешкім оған жоламайтын болған.

– Біздің қазақтың әйелдерінің бетін тегін көріп едің ғой, мына сұлудың біріне бетінді аш десеңші, ең болмаса бір қаралық, – деп қалжындайды Жалбақ Ерматқа. Ол қазақ арасында өскен қазақуар өзбек қалжыңмен жауап береді:

– Тек қолыңды тигізіп көр, екі күн сазайынды тартқызайын!

Полк күнге қарап шаңқиып тұр. Жарты сағат өткенде полк командирі Мансуров келді. Артық еті жоқ, аққұба, көккөз кісі еді. Бүкіл саптың алдынан ары-бері өтті. Сонан соң дауыстап сөйлеп, ферғана майданының аяқталуымен қызыл әскерлерді құттықтайды. Енді елге қайтып, әркімнің Совет өкіметін нығайтуға үлес қосатынын, бейбіт еңбек ететінін айтты. Қызыл әскерлер «уралап» жауап қайырды. Сорлы Бекшұров бейбіт күнді көре алмай кетті-ау деп ойлады. Бекшұров шымкенттік қазақ жігіті еді. Полк командирінің орынбасары болатын. Бір түнде өзін өзі атып жіберді. Оны кәдімгідей салтанатпен қоймадық. Естуімізше, туысқандары патша өкімдеріне қызмет қылған үлкен

тұқымнан екен. Түбі ашылып, өтірігі шығып қалған ол бұл дүниені өзіне көп көрді. Бірі аққа, екіншісі қызылға қызмет еткен адамдар көп еді, сол кезде. Соның бірі болып жүре беретін марқұм жарақты керек етпеді. Бұл да білімнің аздығы, не боларына көзінің жетпегендігінен болып еді. Оның орнына қырғыз жігіті Сүлейменов болды. Оқыған сыпа, мәдениетті жігіт Мансұров кішкене тыныс алды. Сәл үнсіздіктен кейін қайта әмір берілді:

– Түзеліңдер! – Қызыл әскерлер дымы шықпай қақиып қалды. – Қызыл әскер Ерискин он бес қадым алға шық!

Ашық аспан асты қу даладағыдай тып-тыныш. Тіпті осы бір сәтте бір ат та пысқырған жоқ десем артық болмайды. Қыстақтағы өзбек әйеліне зорлықты мен жасағандай жүрегім кеудеме сыймай барады, тарс-тарс ұрады. Қарап тұрып жанымдағы жолдастарымнан қысылдым. Жан-жағымдағы қызыл әскерлердің бетіне қарасам көбі-ақ қаны қашып бозарып кетіпті. Не болар екен деген қобалжу бәрінің бет-аузынан байқалып тұр. Ерискин алға алаңқыға шығып, сүмірейіп тұрды.

– Қаншықтың баласы, бәрімізді масқара қылды-ау! – дегенге қарасам тағы да Неизвигин екен.

– Қаруыңды, белдігіңді таста! – деген әмір естілді. Ерискин мойны салбырап қылышын, белдігін шешіп, жерге тастады. Күзгі курап тұрған бүргенді, жусанды даланың шаңы бұрқ етті. Маған осы қылыш, белдікпен бірге Ерискиннің де жаны жерге түскендей болып кетті. Бағана зорлап шешіп алған соң, бәрі бір өздерінікін істейді ғой деді ме, бұл жолы қарсылық білдірмеді. Әлде полк командирі Мансуровтың сұсы басты ма, ол дірілденкіреп кетті. Шынымды айтсам «ит те болса, жолдас қой» дегендей Алматыдан бірге шыққан Ерискинді аядым. Бірақ осының дұрыс екенін іштей әбден түсініп тұрдым. Бір адамды аяп бүкіл Совет өкіметіне қара жағуға болар ма еді, сазасын өзі тартсын деп тұрдық.

– Түркістан әскери-революциялық комитетінің атынан қайта-қайта тәртіп бұзып, қылмыс жасаған, сөйтіп Совет өкіметін орнату ісіне кесел келтірген, жат қылығымен елге іріткі салған Ерискин ату жазасына бұйырылсын! Бұйрықты орындау екінші батальон қызыл жауынгерлеріне тапсырылсын! – Ызың еткеннің бәрі естіледі, құлаққа ұрған танадаймыз. Бір адамнан дыбыс шықпайды. Әлдекімнің әмірімен ортаға он шақты қызыл әскер шықты да, Ерискинді айдап әкетті...

Мұның арты үлкен жиынға айналды. Жалба киімді өзбектер бірінен кейін бірі шығып, Совет өкіметінің әділдігін айтып, басмашылардың келмеске кеткеніне тоқтап, енді жаңа өмір жасайтынын қозғап кетті. Мүмкін бұл Совет өкіметінің әділдігіне осы қыстақ адамдарының мүмкін өзбектердің көзі жеткен айтулы алғашқы оқиға болған шығар. Әйтеуір қыстақ қатты риза еді...

Сол күні түнде ұйқтай алсамшы. Қалай ғана ұйықтарсың. Тоқашты айыптағанда осы Ерискин белсенділік көрсетіп, ешкіммен келіспей уездік съездің күнтізбесіне оның мәселесін қойған еді. Сол съезде

Алаш партиясының мүшесі Токсанбаев, Кәкеновпен бірігіп ол солшыл эсерлер мен мұсылман тобының атынан Тоқаш Бокинді тұтқынға алуға қаулы шығарған болатын. Ол Талғарда да тал түсте әйел зорлап біраз іс қозғалып еді, енді ақыры сондай оңбағандығы үшін жазасын тартты. Сол түні көзімді жұмсам-ақ алдымда мойыны салбырап Ерискин тұрады, не өз басын өзі тоқпақтаған өзбек елестейді. Тіпті мені дұрысында ұйқатпаған олар емес, босқа кеткен Тоқаш Бокин тағдыры еді. Алматыда Тоқаш туралы тіс жарып, сөз сөйлегенде, оның ісіне шұба келтірушілер де болмай қалмайтын. Тек Тоқаштың ақтығына, революцияның қиын жолында пролетариат үстемдігі жолында адал болғандығына көлеңке түсірмейтін, күдік келтірмейтін Ораз Жандосов еді. Кейде адам болғандықтан онашада Ораз ұстазы болған соң Тоқашты қуаттай беретін шығар деген жаман ой маған да жылт беріп кететін.

Ол кезде Тоқаш Бокин жұмысына дәл баға берілмеді. Оның басты себебі Алматыда әлі біріккен, әрбір істің саяси мәнін ашып беріп отыратын облыстық партия комитеті құрылмаған болатын. Совет жұмыстарын коммунистер басқарды. Олар екі жүздей адам еді. Ал егде азамат соғысы басталып кеткенде коммунистердің көбі соғысқа аттанды. Облыстық комитет он тоғызыншы жылдың март айында бірінші облыстық съезде ғана сайланды. Сол кездері Совет жұмыстарына кіріп алған эсерлер, меньшевиктер, алашордашылар үш басты жыландай үш жаққа тартты. «Солшыл» эсерлер партиясы ашық жұмыс істеді. Барлық облыстық мекемелерде олардың өкілдері топ-тобымен отырды. Мысалы Ташкенттен жіберілген төтенше өкіл Чегодаевтің өзі эсер болатын. Сондықтан да эсерлермен талас-тартыста жүріп партияның қаулы-қарарларын жүзеге асыру Алматы большевиктері үшін өте қиын еді. Сондықтан партия ұйымынан тиісті бағасын алмаған Тоқаш Бокин қызметіне құманданбасқа амал жоқ еді. Соған сонау Қоқан төңірегінде көз жетіп, Ораз Жандосовты айтпай кінәласам да, өзімнен өзім қысылдым. Нақ сол бір жұлдызды түнде ұйықтай алмай, шытыр жеген өгіздей аунақшытқан түнде ар-ұятымның қинап жатқаны еді.

– Сен шырағым, сауаттылық дегеннің не екенін білемісің? – деді Шұнақ шал әңгімені үзіп. – Сендер сауаттылықты бір жақты ұғатындарыңды байқаймын. Ол қазіргі кейбіреулер, дәлірек айтсам мына біздің Жамбыл аудандық партия комитетінің хатшысы Дүйсеновтың ұғымынша орысша білуге саятын сияқты. Онда неге Совет өкіметі орысша оқудан басқаның бәрін жауып тастамайды? Міне шырағым, мәселе осында. Өйткені сауаттылық грамматиканы, морфологияны, синтаксисті білуде емес. Ол бір халықтың немесе дүние жүзіндегі бар халықтың ең жақсы дәстүрінен сусындау, білу болып шығады. Тіпті, егер айталық Дүйсеновтың айтқанындай-ақ оны орысша білу деп ұқсақ, сауатты қазақ Жандосов еді дер едім. Оның сауаттылығын несіне әңгімелеп кетті деп ойлама, сол жиырмасыншы жылдардың ішіндегі ол жазған қаулы-қарарларды қара, басқа жазбадан шоқтығы биік тұрады.

Өйтпесе сол кезде неміс, француз және латын тілін білетін содан өзге қазақты кездестірген емен. Мұны айтып кеткен себебім, Тоқаш Бокин ісіне де сауаттылығы арқасында Жандосовтың көзі жетіп жүрген екен ғой, басқалардан бұл жерде де ерекше тұр екен-ау деу еді.

Жиырма екінші жылдың аяғында жүдеп-жадап Жетісуға жеткен біз келе іске кірісіп кеттік. Біз Ферғана майданында жүрген кезде мұнда жер-су реформасы жүрген екен. Ол өзінің жақсылығымен бірге қиындығын да ала келген. Жақсылығы кеше тау бауырындағы, өлкелі, сулы, нулы жерлерін тартып алып, өздерін патша үкіметі қуып тастаған қазақтар жақсы жайға орналастырылды. Мұны жақсы демеуге бола ма? Өйткені көрінеу көзге жер шенеуші жіберіп, ата мекенін тартып алып, қайда кетсең онда кет деп, өз елінде, өз жерінде отырып бұратана, тіпті жабайы атандырып еді. Жерді қайтарып беру Совет өкіметінің берген алғашқы жақсылығы еді. Сен тіпті арғы жағын қой, Совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы документтерді қарашы, бізді қырғыз деп жазады, онысын қойшы, қырғыз болу қорлық емес, ол төскейде малы, төсекте басы қосылған халық, өз ет, өз бауырымыз. Ең жаманы «жабайы» дегені еді. Бұл жерде Совет документтерінде де солай жазылыпты ғой деудің орны жоқ. Өйткені Совет өкіметі үшін одан үлкенірек іс – Совет өкіметін нығайтып алу сияқты, революцияның жемісін қорғау міндеті тұрды. Ал шынын айтсам, Совет өкіметінің алғашқы жылдарында «жабайы» деп жазудан бізге кемшілік келген жоқ. Өйткені біртіндеп басқа халықпен тереземіз теңесіп келе жатты. Оның үстіне ол жалпы халыққа бостандық алып берумен салыстырғанда түкке тұрғысыз жай еді. Біз оны коммунистік саналылықпен дұрыс ұқтық. Соның өзінде, оның уақытша ғана солай жазылып жүргенін сезіп отырғанның өзінде «жабайы» дегенді оқығанда жанымызды жеп отырдық. Сөйтіп қазақтар айырылып қалған шұрайлы жеріне орналасып, отырықшылыққа айналды. Бірақ, шырағым, мен бір нәрсеге қарсымын. Мен қазақты көшпенді халық дегенге қарсымын. Белгілі жайлауы, белгілі қыстауы, көктеуі, күздеуі бар халық қалай көшпенді болмақ. Егер байлаусыз, матаусыз көшпе долы сияқты жүретін болса бір жөн. Онда совхоз, колхоз малы үшін көшіп жүрген бүгінгі малшыны не дейміз. Оны да көшпенді шаруа дейміз бе? Белгілі жері бар, өтені бар, отаны бар халықты көшпенді деу де патша отаршыларынан қалған жаңсақ айтылған сөз, қате берілген баға дер едім. Қазақтың көші-қоны оның экономикалық жағдайына, тұрмысына байланысты болған. Совет өкіметінің қазаққа жасаған жақсылығын көрсету үшін қазақты мал қатарына қоюдың қажеті жоқ. Олсыз да Совет өкіметінің халыққа берген теңдігі, еркіндігі айдан анық. Ал біздің кейбір марксизм-ленинизмді шала шолған белсенділеріміз көшпенді, жартылай көшпенді деген тіркесті тауып алған да, сол арқылы халықты кемітіп көрсету арқылы, Совет өкіметінің жақсылығын айтқысы келеді. Бірақ

дүниеде ешнәрсеге бағынбайтын ақиқат деген бар. Ол дін бұзатын дүмше молда сияқтыларға жол бермек емес.

Ал жер-су реформасының қуанышына орай реніші де, қиындығы да туды. Түркістан республикасының Советтерінің тоғызыншы съезі қазақ халқына орыс кулактары заңсыз тартып алған жерін қайтарып беруге, сөйтіп көп жағдайда қазақ пен қырғызды өздеріне кіріптар етіп қойған зорлықты біржолы жоюға қаулы алды. Ол жиырма бірінші жылдың басында қолға алынды. Ол жөнінде істелінген ірі шаралар біз Ферғана майданында жүргенде там-тұмдап құлағымызға тиіп жатты.

Бір күні майданда жүргенде шошып ояндым. Ашық аспан астында түнеп жатқан белгісіз күннің бірі болатын. Жамбасымнан жер өтіп ұйықтамай біраз жаттым. Көзім енді ілініп бара жатқанда біреудің ақырын жаныма келіп:

– Абақ! – деп сыбырлағанынан шошып кетіп, басымда жұлып алдым. – Шошыма, мен Федормын, – деді ол сыбырлап.

– Сен маған бір сағат ұйқыңды қи, – деді ол. Даусында, сөзінде бір абыржу бар. «Түнде оятатындай не болып қалды екен?» деп қоямын. Күз келіп қалғандықтан ба, түн салқындау болып жүрген. Федордың үрейлі даусынан ба, әлде түн салқындығы әсер етті ме, мен дірілдеп, тісім-тісіме тимей кетті. Түнде жасырып айтқан әңгіме қашанда қорқынышты болады. Адам арам ойға жүйрік. Мен Федор «түнделетіп бір жаққа қашайық» деп жүрме деген жаман ой басыма сап ете түсті. Өйткені революцияның тыннан салған қиялы да, қиын да жолында не кездеспеді? Тіпті революционер деп жүрген Шаһабутдинов туралы да бір суық сөз шыға қалып басылған еді.

– Жата бер, – деді Федор, – жатып сөйлесейік. Көңілім орнына түскендей болды.

– Абақ, сен Жетісуда жер-су реформасы жүргенін естідің бе?

– Ия, екеуміз газеттен бірге оқыған жоқ па едік, – деймін мен ол мұны не үшін айтып жатыр деп танданғанымды жасыра алмай.

– Екеуміз ғой Абақ қызыл әскерге бір алындық ә?

– Иә, бір күнде алындық қой, екеуміздің ақылшымыз бір адам болған жоқ па?!

– Екеуміз Ферғана майданына Алматыдан бірге аттандық қой.

– Әрине, бір батальонда келдік қой.

– Екеуміз соғыста басмашыға бірге шаптық қой?

– Федор-ау ішімді пыстырдың ғой. Айтатыныңды дүние төңкеріліп кетсе де тез, бір-ақ айтсаңшы. – Федор саса қоймады. Ол алғашқы өгіз аяңымен алға қарай жылжи берді. Қайта алдыңғыдан да созып, тоқтап-тоқтап жайбағыстап айтты. Сөздің ара-арасында әлсін-әлсін күрсініп, демін терең алады. Шамасы іші толып тұрғанға ұқсайды. Мүмкін бет-әлпетінде де үлкен құбылыс бар шығар. Тымық, көзге түртсе көргісіз, айсыз түнде оны көрермісің. Жаны жаралы жолбарысша неге ышқынады бұл, Федор деп қоямын. Өзі жетім жарты көңіл болып өссе де, кім

көрінгеннің босағасында жүрсе де көп қабат шытпайтын оңқай асықтай шымыр жігіттің айта алмай, шін босата алмай, қапа болып тұрғаны не болды екен? Әлде әлгі Омарқұл мен Жалбақ қатты қалжыңдаушы еді, солар сөзінен бір ши шығарып алды ма екен? «Ойыннан өрт шығады» деп қазақ бекер айтпаған ғой. Кім біледі тас жармаса да бас жаратын тіл мұның да бір сызатты жеріне сына қағып жіберді ме екен?

– Сен екеуміз партияға осы Ферғана майданында бірге өттік қой.

– Иә, бірге өттік.

– Өйткені екеуміздің де ұстаған жолымыз, сеніміміз коммунистік партия жолы, соған сенім.

– Оның да рас. Бірақ екеумізді кім ажыратқалы жатыр?

– Майданда басмашылар оқты саған да, маған да атты ғой. Ол саған да, маған да тиюі әбден мүмкін еді ғой.

– Олар, жаудың оғы большевиктерді қазақ, орыс деп бөлмейтін болуы керек.

– Ендеше олардың оғынан екеуміз де өлуіміз мүмкін еді ғой.

– Әрине оқтың көзі жоқ болу керек, – деп мен күліп жібердім.

– Сен күлме. Мен күлетін нәрсе айтайын деп тұрғаным жоқ. Менің күлкім келіп тұрған жоқ. – Ол бұл сөздерді нықтап, салмақ салып айтты. Мұның қалжың емес екенін сездім. Артында әлде қандай бір жанды жауыр етер, жайсыз сөздің барын сездім. Бір уақыт көңілім Алматыны аралап, кезіп кетті. Алыста қалған қатын-бала еске түсіп дегендей күрсініп те алдым. Мүмкін балаларым туралы бір жамандық айтуға алыстан орағытып келе жатыр ма екен, қазағуар пәле. Өз балам тірі болса екі жасқа келіп қалды. Оның атын Тоқаш айтқандай Марлен қойғанбыз. Ұлтуған тірі тұрғанда оны қанаттыға қақтырмайды, тұмсықтыға шоқыттырмайды. Әлде Ұлтарактың артында қалған жетімегі Совет бірдеме болып қалды ма? Анау екеуі тірі болса, ол да тірі болуға тиіс. Кім біледі бірақ деп ойлады, «байдың мың қойының ішінен жарлының жалғыз тоқтысын көреді» дегеннің кері келіп жүрмесе. Жоқ ондай бірдеме болса хабар тік жетер еді ғой. Ол ұрлап айтылатын жай емес қой. Және жаманат құрғыр жата ма? Ол ел шетінде, жау бетінде жүргеніңді екшеп, есептеп жатар ма?! Мен енді әжептәуір сақтанып Федордан бойымды тартып алдым. Не айтқалы жатыр екен, бұл сонда? Не болып қалды сонша. Шамасы мен туралы біреу жаман пікір айтқан, не сені жамандап, сыртыңнан қайбар айтып жүр деген шығар деп қатулана бастадым. Өйткені Федор туралы менің тіпті үш ұйықтасам ойыма жаман нәрсе түспес еді. Мен де қатуландым. Сеніп жүрген жолдасым мені өгей тұтады екен ғой деген тоқтамға келіп, енді неде болса шыдап артын үндемей тоспақ болдым. Көңілім күпті.

– Ендеше, – деді Федор даусы шығыңқырап, – бірге өлу қолымыздан келгенде бірге өмір сүру неге қолымыздан келмейді?

– Оған кім шек қойып жүр, – деп күліп жібердім де, оның жаңағы «күлкім келіп тұрған жоқ» дегені есіме түсе қалып, езуімді жия

койдым. Нақ осы жерде менің ойыма бірдеме түсе кетіп, секем алып қалдым. Өйткені осыдан бір күн бұрын ат суғара барғанымызда қасыма жақындап келген Ерискиннің:

– Куритын болдыңдар, қазақтар, – дегені есіме түсе қалды.

– Сені құртып, құрысақ сонан соң құрдымыз, – деп қалжың шыны аралас жауап қатқанмын.

– Шын айтады, мен, – деді ол жаман қазақшасымен.

– Мен де шын айтамын, – дедім күлмей.

– Қазақты қайта қуады, Совет куметі, кумға, Балкашка.

Бұл не айтқалы келе жатыр деп артына құлақ сала қойғанмын. Сонда ол маған кешегі кулактардан қазақтарға Совет өкіметі алып берген жерді қайтадан өздеріне беретін болыпты, бар қазақты қалған құйқалы жерін тартып алып құмға, шөлге қуып тастайтын болыпты, осының бәрін большевиктер істеп жатқан көрінеді деген болатын. Мен оған пәлендей мән бермеп едім. Енді ондай әңгіме Федор Неизвигин аузынан шығып келе жатса, онда қандай болса да бір қыңның болғаны.

– Сен Абақ күлгенді қой, – деді маған Федор. – Бірге өлуге бел байласқан адамға тіршілігінде бірге өмір сүру қиын ба?

– Сен нені бұлдыратып барасың, әкесі өлгенді де естіртеді, айтайын дегенің одан қиын емес шығар, мәймөңкелемей-ақ айта бермейсің! – Қазақты жерінен қуатын болыпты дегенді айтпаққа келеді екен деп түктеніп, ашуланып кеттім. Ерискиннің айтқаны рас болған ғой деп қаным қайнады. Буын-буыным дірілдеп, біреу буындырғандай булығып кеттім. Шынын айтайын, інім, тіпті қалтамда партиялық билетім бола тұрып, большевиктер партиясына сеніп, сондықтан да оған мүше бола тұрып, қалтырап, дірілдеп кеттім. Енді ойлаймын, партия саналылар отряды болса да, шамасы ол кезде әлі көп нәрсеге көзі жетпейтін Федор екеуміз сияқтылар да қабылданған-ау деп қаламын. Шыны керек шырағым, егер қазақты қайтадан құмға қуып тастайтын болса, онда Совет өкіметі мен патша өкіметінде не айырма қалды деп қалш-қалш еттім.

– Ей саған не жоқ. Ашулансам Жетісудан біржола қуылатын мен ашулануым керек қой, – дейді Федор. Тіпті құлағым тас бітіп қалғандай оны естімеспін.

– Е, бар шұрайлы жерден айрылатын, қайтадан шөлге қуылатын мен неге ашуланбайын! Жоқ, дүниедегі жақсылықтың барлығын орыс қана көруі керек пе екен?!

– Немене қазақ қана көруі керек пе екен?!

Екеуміздің даусымыз шығыңқырап кеткен болу керек, әр жерден бірлі-жарымды қызыл әскерлер басын көтеріп алып, біз тына қалған соң, қайта қисайысты. Содан ол да, мен де үнсіз қалдық. Байқаймын ол да мен сияқты дөңбекшіп, екі жамбасына кезек аунап түсіп жатыр. Шамасы жанын жай таптырмас бірдеме болуы керек. Егер деп ойладым

шынымен бар қазақты Ерискин айтқандай құмға, қу медиен далаға, ит арқасы қиянға қуып тастаса, онда Федор оған неге аунақшымақ. Кім біледі деп қоямын, қазақпен бірге өсіп, біте қайнасақан жігіт әлде бізді қимай жүр ме екен. Нақ осы жерге келгенде оның «Жетісудан біржола қуылатын мен ашулануым керек» деген ойыма орала кетті. Тіпті қатты ашу үстінде Федордың ол сөзін елемепін де. Федормен қайта тілдескім келді. Бірақ осы кезде таң саз беріп, сызылып, ажарланып атып келе жатты. Бәрі бір бұл сөздің ұшығына шыға қоймайтын болғандықтан бүгін қозғағым келмеді. Оның үстіне өзімнің де ашуым басылмаған еді, Федор да тісін қайрап жатқан болса керек, сондықтан оның да шыбын жанын орынсыз отқа салып, шыжылдатпайын дедім. Көріп отырсың ба, інім, дүниедегі ең қиын мәселенің бірі – ұлт мәселесі. Бұл бір арқан емес, бос ескен олақ қатынның ширатқан шуда жібіндей нәрсе. Ол ешбір салмақты, артық-кемді көтере алмайтын нәзік сезім. Ал коммунист болу үшін «ауыр жүкті нар көтерер, ауыр қайғыны ер көтерер» демекші, ауыр да, ашы да болса ұлт мүддесін бүкіл ел мүддесіне, халықтар мүддесіне бағындыра білуге тура келеді. Ал осы тұрғыдан алғанда мен де, Федор да әлі нағыз коммунистік дәрежеге көтеріле алмаған, ұлттық шеңберден шыға алмаған пенде болып шықтық. Інім, мен пенде дегенді әдейі айтып отырмын. Өйткені, бұл жерде «адам болып шықсын» деудің өзі артық болар еді.

Сонымен Федор екеуміз сол өзбек жерінде екі-үш күн дүрдісіп, бірімізге-біріміз жуый алмай, жат ауылдың бұқасынша қарасып жүрдік те, Ерискин өлімінен кейін ғана тілге келістік. Алматыға қайтардан бір күн бұрын елге қайтатынымыз айтылды. Бәріміз де бұрын туған жерден ұзап шығып көрмеген, көргеніміз байдың есігі, құлақтың кесігі сорлылар едік. Ең ұзап көп жерді көрдік дегеніміз Омарқұл мен Жалбақ, олар байдың малын айдасып Жалдауатқа барған екен. Олар бізге, басқа қызыл әскерлерге дүниенің жүзін аралап шыққандай көрінеді. Жалбақ одан әрі екі күндік жерге бардым, мұрынына сырға салған адамдар көрдім дегенге барлық қызыл әскерлер, әсіресе қазақтар жағы ауызымызды ашып, көзімізді жұмдық. Сөйтіп ең ұзақ сонар жол шеккеніміз Жалдауаттан әрі бармаған байқұстар Ферғана жеріне келгенде жердің түбінде жүргендей сезінетінбіз. Сондықтан да елге қайтатынымыз белгілі болған соң орысымыз, қазағымыз алматылықтар бөрімізді аспанға лақтырысып қуаныстық. Сондай шаттық үстінде Федорды да көріп қалып, қалжың айттым:

– Жетісуға барамын, Федорды одан қуамын. – Федор менің сөзіме жауап берудің орнына ақаулап күліп алды да, әдемі қазақшасымен тура қазақтай сөз бастады:

– Ой, жер барып жамандамағыр Ерискин-ай, осы жерде де орыс пен қазақтың арасына от жаққысы келді-ау. Мен аңқа басым қатты сенгенімді көрдің бе?

Мен де Федорға Ерискиннің айтқандарын айтып бердім.

– Мен бір нәрсеге көзім жетті Абақ, – деді ол. – Біздің біріккенімізді көре алмайтын тап жаулары бізді өзара шатастырып, арамызға от жағып, дай-дай қылып төбелестіріп қоймақ. Біздің жолымызда енді бұл аждаһалар әлденеше рет кездесетін болады. Абақ біз коммунист ретінде ондайлармен аяусыз күрес жүргізуіміз керек.

Бұдан кейін екеуіміз егер Жетісудан орысты қуса, не қазақты шұрайлы жерінен айырып құмға айдап тастаса, не істей алар едік, сен маған неге өкпеледің, мен саған неге өкпеледім деп біраз күліп алдық. Партияға өткенімізбен екеуіміз де шала сауат адамдармыз. Шынында да партияға шаласауат адамды алмау керек қой деп ойладымыз. Өйткені партия саналылар ұйымы. Егер не істерімізді білмей тұрсақ, жұртты соңымыздан ілестіре алмасақ онда партия мүшесі болғанымызға несін риза болмақпыз. Дегенмен менің сол бір күндерде анық білетінім біз партия ісіне шын берілген, идеямызға берік адамдар едік. Мүмкін сол кездегі партия мүшесі болған бәріміз бірдей маркстік-лениндік ілімді ұшығына шыға, жеріне жеткізе білмеген шығармыз. Нақ солай да. Бірақ біз Ленин ісі үшін тіке тұрып өліп кетуге бар едік. Сол бір күндерде біз бәріміз де бақытты едік, өзімізге тең келетін адам бар деп ойламайтын едік. Өйткені бәріміз де не үшін соғысқанымызды, қандай заман орнатуымызды жақсы білдік. Біз орыс, қазақ немесе басқа бір ұлт бар дегенді білмедік, бәріміздің бір ұлттық мүддеміз болды. «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас» деп жүргенге құлдың тас түйін болып, біріге алатынын, «жаланаңаш аш құлдың қайрат қылатынын», біздің де ақылымыз басымыздан қайнап ашылғанын айқын көрсеткіміз келді. Оны қазақ жеріндегі кебеже қарын, кең құрсаққа ғана емес, әлемге паш еттік.

Сол күні ат тынықтырмақ болдық. Бізге екі күн мұрсат берілді. Сол екі күн өзбек жерінде жүрген екі жылымызға татыды десем артық болмас. Бәріміз де елді, жерді, бала-шағамызды сағынған едік. Анамыздан артық көрмесек те, кем көрмейтін асқақ Алатауымыз, оның бауырындағы гүлге оранып отырған қыздай сұлу Алматымыз, асқардан ақтарылған Қарағайлы, Қарғалы, Шыбынды, Қастек, Қаскелеңіміз, оның мөлдіреген зәмзәмдай суы, кәусар, қайнаған бұлақтарымыз, ең жақсысы – бұлақтай тұнық, жазғы даладай тымық адамдарымыз, бауыр дегенде бауыр еті сөгіліп тұратын туысқандарымыз көз алдымызға елестеп, тұрып алды. Кететінімізді естіген алғашқы түндері көбіміз-ақ көзімізді ілмей, кірпігімізді қақпай шықтық. Жүдеп-жададық деу інім бұл жерде артық болады, өйткені біз боркемік бай балалары емес едік, бәріміз де құлдықтың, кедейліктің тақсиретін тартқан, қиындықтың нәлет қамытын жас басымыздан киген, бәріне көнген қарғыс тамғасы басылғандар едік. Оның үстіне «жігітке сейіл де сейіл, сергелден де сейіл» емес пе? Қызыл әскерлер соны қатты ұстанған, басқаны білмесе де қазақ тілін, сөз қадірін жақсы білетін жігіттер еді.

Кететін күні қатты шошып ояндым. Өте жаман түс көрдім. «Жақсы ісіне сенеді, жаман түсіне сенеді» деген ғой. Оның жөні де бар шығар. Бірақ шырағым адам ағзасы қиын нәрсе. Оның бәрін білдім деп ешкім де айта алмайды. Менің пайымдауымша дәрігер болу үшін біздің биология, анатомия оқытуымыз жеткіліксіз көрінеді. Меніңше дәрігер инженер-конструктор да болу керек шығар деп шамалаймын. Машинаның жұмыс істеу принципін білген кісі, ол тәуір дәрігер болар еді. Бұларды айтып отырғаным: біздің білгенімізден білмегеніміз көп. Әсіресе адам ағзасын айыру оңай емес. Адам түс көреді делік. Соны «түс түлкінің тезегі» деп қарау орынды ма? Мен оған жоқ деп жауап берер едім. Қазақ «жақынды ит пен бала біледі» дейді. Шынында бала шынымен жақынды біледі. Оны оған туған табиғаты, ағзасы сездіреді. Бұған дау болмаса керек. Ал ит ше? Ит те біледі. Қазақ оны да білмей айтпаған. Ол бір күннің, бір жылдың бір оқиғасынан алынбаса керек. Адам біріне бірі қанша жақын болса да, бұл адамдардың көңіліне келмесін, кейде жамандық істеуге бара береді. Дюманың «Темір пердесі» бекер жазылмаған. Таққа талас, баққа талас, тағы басқа таластардың, тайталастардың, бақастық, тақастықтардың ағайынды адамдар арасында болғанын тарих бекерге шығара алмайды. Ал өз итінің өзіне қастық істегенін бола беретін жағдай деп ешкім де айта алмайды. Шал адам бірді айтып бірге кете береді. Мен ит жөнінде он алтыншы жылғы бір оқиғаны айтып берейін. Ботпай елі жер шенеуші екі төресін өлтіргенін айтқанмын. Сол жер шенеушінің екіншісі Жартастың жайылмасын өлшеуге барған екен. Көтерілісшілер инженерді патшаның өзі демесе де, көзінде көріп, кара халық жерін тартып алып жатқандар сол жер шенеушілердей көріп оны өлтіріп, құдыққа тастап жіберген ғой. Кейін оның өлігін құдыққа не адам, не мал жолатпай қуып тастап жүрген қарала ит арқылы тапқан. Міне иттің адалдығы, «ит опа...» дегенде біздің аталарымыз білмей айтпаса керек-ті. «Пиғылы жаманды ит қабады» деген де бар. Мұндай адалдық адамның қолынан келе бермейді. Демек адамның достығын, әлде қастығын ит біледі дегенге мен иланған адаммын.

Ал енді айтпағым түсім еді ғой. Мен көп жағдайда оған да бөрімізді алып тұратын жайым бар. Бұл менің түске сенуден жасаған қорытынды емес, қайта өмірді, адам ағзасын зерттеп, сонан соң барып жасаған философиялық байламым. Адам өзінің жақындары жайында түс көреді. Оның дәл келуін мен тағы да адам ағзасынан, солардың бәрін қорытқан ми жұмысының жемісі демекпін. Мысалы адам миының кейбір талшықтары ұйқтамайды немесе үйге түскен сәуледен, әлде бір дыбыстан оянып кетіп жұмыс істей бастайды. Сонан соң ол өмірдегідей түйін жасайды, оған адамның жақындарымен қандас ағзасы көмектеседі. Міне, мен сондықтан да кейбір түстің дәл келетіні осыдан демекпін. Мен мұны айтқанда идеялист боламын деп қорықпаймын, қайта бұл оянған ми талшықтарының жұмысының нәтижесі болғандықтан мате-

риалистік қорытынды деп есептеймін. Міне, інішек, мен енді осыдан кейін көрген түсіме көшейін. –

Осы арада алдымдағы бір құлақ шалдың философиялық ойы, байламы мені таң қалдырды. Мұндай қорытынды жасау екінің бірі түгіл, екі жоғары білімді адамның бірінің қолынан келмейтінін ойлап кеттім. Шұнақ шал менің ойымды бұл жолы да бет-пішінімнен болжап білді. Бірақ білгенін айтпады, тек жымыып күліп, жоқ құлағының орнындағы бұдырды бір-екі мәрте сипап-сипап қойды. Тағы да не ойлап отыр екенсің дегендей бетіме қайта бажайлап тұрып қарады. Сонан соң қайта сөзін сабақтап кетті:

– Қолыма екі балапанымен бір кептерді қондырып алып Алматы шыңының басына қарай өрмелеп барады екенмін. Әлде қайдан бір жапалақ ұшып келді де, қолымдағы кептердің мойнын бұрап қиып кетті. Кетіп бара жатқан жолым қия, астында зор өзен ағып жатыр. Екі балапан сол суға құлап барады. Аспаннан бір бүркіт ұшып келді де, екі балапанды қанатына қондырып, маған ұсына берді. «Қап, кептерді жапалақ өлтіріп кетті-ау!» деген айқайлаған даусыммен оянып кеттім. Неге екенін қайдам «ой Ұлтуған аман болмады-ау» деп жорығаным осы күнге дейін өзім де өкінемін. Ол әншейін кімді ұрарын білмей сорлағандықтан туған кердері ой ғой. Сонан соң жастан бойға сіңіп қалған «түстің көруін емес, жоруын айт» дегеннен шыққан далбаса есте тұр. Егер жорысам жағдай басқа болар ма еді деген шемен болып қатқан шерден туған әлсіздік те бар.

Дегенмен інім, Жалбақ пен Омарқұл екеуі менің көңілсіздігімнен болса да, әлде менің түсімнен шошыса да, тіпті бір пәле естіп алып маған айтпай жүрсе де, әйтеуір менің қас қабағымға қарағыш болып кетті. Елден бірге келген, ажал аузына қарай бірге шапқан, ішкен-жегеніміз, жүріс-тұрысымыз бір бұл екі жігітпен бір кісінің баласындай болып кеткен едік. Екеуі де «сен тұр мен атайындығын» айтпағанда адамшылығы жағынан досына қоң етін кесіп беретін дәрежедегі жігіттер еді. Әйтеуір екеуі асты-үстіме түсіп бәйек болып жүр. Бұлардың мұндай ерекше қызметі менің өзі де зәр түбіне кетіп тұрған иманымды қасам етті. Бұлардың майдай еріген бәйпеңі, жібектей жұмсақтығы үрейімді ұшыра түсті. Сол күні кеш батпады. Тарланкөк пысқырынып, ішін тартып күрсіне берді. Мүмкін тіпті осының бірде бірі болмаған да шығар, бірақ маған бәрі бір жамандыққа бастайтындай көрінді де тұрды. Күн батуы қиын болып еді, таңның атуы одан да ұзай салды. Өзі күзгі таң, атып болмады. Жүрегім дүрсілдеп, ауызыма тығыла берді. Дөңбекшіп жаға алмай шықтым. Ал егер адам ағзасы ондай хабарды жеткізе алмайтын болса, басына жамандық келер адамның көбі-ақ осындай қорқынышты жайға неге тап болады? Демек інім, адамның өзінде сол жақындыққа өлшеп қойылған барометр сияқты бірдеме бар болғаны ғой. Оны күні бүгінге дейін ғылым түсіндіріп бере алған жоқ. Мұны дін басылар өзінің керегіне қарай уағыздады. Оны қайдағы

бір әруақтардың аян беруі, әлде құдай тағаланың өзінің білдіруі деп түсіндіріп, құдай атымен жұртты қорқытып бағындырып алуды ойлады. Міне шырағым, көрмей-ақ қоятын сол түсті неге ғана көрдім екен!?

Бір жарым күн жол жүріп Ташкентке жеттік. Ол кездегі Ташкентте екінің бірі қазақ бола беретін. Алматы сияқты көшесі түзу қалаға, оның үстіне оңтүстігінде қаланың төбесінен қарап Алатау тұратын қалаға үйренген адамға басқа бір шәһарға бейімделу қиын-ақ. Ал Ташкент көшесі түйенің мойнағындай иір-иір, екі жағы биік дуал, екі арба қатар келсе өте алмайтын қала екен. Бір жақсы жері Ташкент қаласында тиыны бар кісі аштан өлмейді-ау деп қалдым. Әр үйдің кісі ғана сиятын көшеге шығар есігі алдында сауда жасап отырған адам. Ташкенттің қай жағынан келгенімізді білмеймін, әйтеуір кіре берістегі бір казармадан бізді тамақтандырды да, сонан соң сапқа тұрғызып, енді елімізге қайтатынымызды білгізді. Егер атын тастап кетемін дейтіндер болса поезбен қайтады дегенді айтты. Сол казармадан шығуымыз қиынға соқты. Өзбектер өзі де аз еді, тез-ақ арамыздан жым-жылас болды. Енді бір қарасақ өңкей қазақ пен орыс қалыппыз. Орыс жігіттерінің өз көлігімен барғаны ілуде біреу ғана. Сондықтан олар поезд вокзалына жөнелді. Мен де, Омарқұл да, Жалбақ та атымызды сатып тез баратын поезбен аттансақ деп біраз айнып тұрдық. Әулиеаталық жігіттер аттарымен кетпек болды. Біз соларға қосылдық. Өйткені бәрін біліп жүретін, бәрін көріп жүретін Жалбақ бізге «шойын жол орта жолға да алып бармайды екен» деді.

– Федор, елге бізден бұрын барасың, сәлем айт! – дедім мен. Қазақ жігіттері шетінен бәрі де бізден бұрын Алматыға баратын Федорға қызғана қарап тұрды.

– Сәлемді әлі сендер айтатын боларсындар, сендер атты, мен жаяу-мын ғой.

– Өй сен отарбамен барасың ғой, – дегендерге Федор қолын жай сілтей салды.

Біз жолдас-жорамен қоштасып болғанша Федор әлде қалай қайтып оралды. Өзі әбден терлеген, алқынып екі иығынан демін алады. Сөзін айта алмай ентіге береді.

– Сені, Абақ, шақырып жатыр. Ташкенттегі бір үлкен адам іздеп жатыр дейді. Талғар Шәкиев екеуіңді келсін депті.

– Кім келсін депті, мені Ташкенттен кім тани қойыпты.

– Оны анау штабтан біл. Мен әншейін өзім жорамалдаймын, мүмкін Жандосов шығар.

– Жандосов? Жандосовың не, сенің шатып тұрған. Ол бұл жердің түбіне қайдан келуші еді.

– Менің өзімнің жорамалым ғой. Әйтеуір сені штабта іздеп жатыр. Кетіп қалса қайтарып әкеліндер дейді. Кішкентай адам іздесе олай болмайды. Кетіп қалды дей салар еді.

Штабқа кірдім. Мен үнемі соғыста жүргендіктен штаб дегенді естісем де ішіне кіріп көріпін бе? Үйдің іші жайнап тұр. Енді ойласам ол сол кез үшін жайнап тұр екен, осы күндері ең нашар кеңсенің өзі одан әлдеқайда жақсы болады. Төрде отырған жиырманың о жақ, бұ жағындағы, қошқылдау, сылыңғыр қазақ жігіті бері жақында деп ишара етті. Мен төрге жақындауға имендім.

– Сен кеше басмашылармен қалай соғысқансың? Қабағыңды ашпай, төменшіктей бересің? Жандосовты білесің бе?

– Білетін едім.

– Білсең ол кісі қазір осында қызметте, сені Орталық Комитетке шақыртып жатыр. Қазір Талғар Шәкиев екеуің барасың.

– Қайдан табамыз? – Қазақ жігіті жауап берудің орнына есік жақтан біреуді шақырды. Ұзын бойлы жақтауы көк тұқылданған, арық өзбек жігіті кірді. Жаңағы қазақ оған бізді қайда апаруы керек екенін қысқа айтты да:

– Алматыдағы елге сәлем айт, мен үшін бір кесе қымызды артық іш, талай көрсең де танымай барасың, мен Бекболат батырдың немересі Сейдахмет емеспін бе? Орекең екеумізді таныстырған еді ғой. Әлде жасыңның екі-үш жас үлкендігін бешкеш қыламысың? Бәрін де сағындым. Сәлем айт! – деді ол қайталап. Екеуміз қайта құшақтасып көрістік. Құшақтасып қоштастық.

Талғар Шәкиев Ақсәңгірдегі Ботпай елінің жігіті, жатақ, Өзкент жағындағы басмашыға қарсы соғыста болған да, енді елге қайтуға жиналған екен. Осында кездескенбіз. Ол, – деді Шұнақ шал, – сонау Ұзынағаштың арғы жағында қазір Киров атындағы колхозда жұмыс істейді. Анау соғыс жылдары біраз уақытқа еңбек етуге алынды да, кейін ауылына қайтып оралды. Сол екеуміз аттарымызға мініп, Орталық Комитетке келдік. Өзбек жігіті біздің аттарымызды ұстап сыртта қалды. Мен Жандосовтың Алматыдағы қызметінен хабардар екенімді алдыңғы әңгімелерден білесің, енді ол мұнда партия жөнінде бүкіл Түркістандағы екінші бастық – Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі екен. Ол кезде Түркістан Компартиясының Орталық Комитетінде, облыстық партия комитеттерінде бір ғана хатшы болған. Олар жауапты хатшы деп аталған. Содан отызыншы жылдарға дейін партия комитеттеріндегі екінші басшы насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі болған. Россия Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің Орта Азия бюросының мүшесі Жандосовтың кабинетіне бару ол кезде тіпті қиын емес. Ақсып күлгенде өзінің қаралығынан тісі аппақ болып көрінетін, бұрын да қара, оның үстіне Орта Азияның ерекше ыстығы әбден тоғықтырып жіберген Талғармен Жандосов алдымен амандасты. Ораз да тым ақ кісі емес-ті, дегенмен Талғардың қолымен айқасқанда оның қолы аппақ болып көрінді. Ораз менімен төс тиістіріп көрісіп, ұзақ құшақтап тұрды. Менің жүрегім

нақ осы жерде бір пәле болғанын қайта сезді. Ол амандықтан кейін аздап ішкі жағдайдан әңгіме айтты:

– Кеңес өкіметі Жетісуда жер-су реформасын жүргізді. Кедейлер тендік алды. Жер бөлініп берілді. Өз ел, өз жерінде отырып бұратана атанған халық енді өз жерінің қожасы болды. Сол істі жүргізгенде қате де кеткен болар, оңай іс емес қой. Атасынан жер иемденіп келе жатқан алпауыттар, шонжарлар тегін жан бере ме, большевиктерге жала да жапқысы келді, – деді Ораз. – Інім, осы жерде оның сөзін бөлейін. Сол істі жүргізген өзі, Ораз оны мен істеп едім демейді және маған тап жаулары жала жапқысы келді демейді. Көрдің бе, шырағым, сөз сөйлеуді сол Жандосовтардан үйрену керек. Ол әңгімесін соза түсті:

– Ол тап жауларының тауқыметін мына сіздер де тарттыңыздар. Екі жыл ел көрмей жүдеп-жадап жүрсіздер. Елдегілер де олардың жаулығын көріп отыр. Дутовты өлтіруге қатысқан Махмұт Қожамияров деген ұйғыр жігітін білетін едіңіздер ғой. Бір түнде тап жаулары оның бала-шағасын түк қалдырмай қырып кетті. Көзінің жасы бетін тіліп, аһ дегенде көкірегі қарс айырылып Махмұт байқұс сақияп жалғыз басы қалды. Ойы оңға, санасы санға бөлінген ол бұл күнде не далаға, не үйге сыймайды. «Бөрі арығын білгізбес, сыртқы жүнін кампайтар» дегенмен сырт көзге де басына келген бақытсыздық байқалмай қалмайды. «Ал-даныш етер ең болмаса біреуі қалмады-ау» деп жылағанда көз жасы тимей-тимей кетеді. Түнде де көшеде сандалып жүргенін өз көзіммен көрдім. Бірақ өлген артынан өлмек жоқ. Көкірегі басқаның жаны басқа. Құр сұлдері қалған, аз-ақ күнде екі ұрты суалып, бет жүзі қуарып, айдаған жердей айғыз-айғыз әжімденіп, қап-қара шашына, қияқтай мұртына ақ түсті. Амал нешік, тағдырдың салғанын көтеруге тура келеді, – деді де Жандосов аз кем демін алды. Нақ осы бір кезде менің жүрегім бір жаманшылықты сезгендей дүрсілдеп қоя берді. Жандосов сөзін қайта жалғастырды. – Осындай бір нәубет Әбеке сіздің басыңызға да түсіп отыр. «Ауыр жүкті нар көтерер, ауыр қайғыны ер көтерер» деген, Ұлтуған енді бұл дүниеде жоқ, Әбеке, арты қайырлы болсын, екі балаң аман болсын! – деп мені құшақтап көрісті. –

Нақ осы жерге келгенде Шұнақ шал көзінен сорасы ағып, Жандосов сөзін кемсеңдеп зорға айтты да, ышқынып-ышқынып кетті. Ішін жайлаған қапа көкірегін қарс айыра жаздап, оны жаспен ғана шығару аз болғандай уһлеп-аһлап жіберді. Бұл қапа, бұл қайғы енді қанша жақсылықты басынан төмен қарай құйсаң да бұл шалдан кете қоймайтынын, енді сүйегімен о дүниеге бірге кететінін сездім. Мен үндей алмай мелшиіп қалдым. Шұнақ шал тағы да бір-ер рет аһлап, күрсініп жіберіп, сәл үнсіз отырды. Сонан соң барып әңгімесіне қайта ойысты.

– Дүниеде ақылды адамдар көп қой. Соның бірегейі Ораз еді. Ол бірден жұбату айтқан жоқ, біраз жылап сольғын бассын деп тып-тыныш отырды. Шырағым қазақтың өзіне жетер мәдениеті, өзіне келер

мәміле-мәймөңкесі бар. Ең бір мәдениетті елдің атақты елшілерімен қазақ бәйпегі, жорғалығы қатар тұр десем ол қазақты өз ұлтым болғандықтан мақтағаны емес. Жақсы дәстүр қай халықта болса да бар, оның біздің социалистік қоғамымыздың мүддесіне қайшы келмейтінін алуымыз керек. Жандосов маған алыстан тербеп отырғанда-ақ бір пәленің болғанын біліп, өзімді өзім сол жаман атты естуге әзірледім. Қазақ «сенің пәленің өліп қалды» демес болар. Ең алдымен өлім болған жерде қазақ қаза болған адамның бір көңілі жақындарын, сөз білетін адамдарды ерте барып естіртеді. Алыстан орағытып айтылған сөзден өлген адамның жақыны жамандықты сезе бастайды. Тіпті ол үйден шай ішіп, сонан соң жүректен тербеп сөз бастайды. Ондағысы - өлген адамның жақыны тамақ ішіп, күш жинасын дегендік. Жақыны өлген адамның жүрегі жаман болса, «бауырың өлді» дегенді қалай көтерер. Қазақ соның бәрін ескерген, есептеген. Ораз да қазақ жол-жоралғысын сақтап, алыстан орағытты. Ал қазір шырағым ол жақсы дәстүрден айырылып қалғандар, ол бағыт-бағдардан мақрұм болғандар толып жатыр. Енді телефонмен «экен өліп қалды» дей салатын жағдайға тап болып жүргеніміз ақиқат. Әлден уақытта мен ішімнен шерімді шығарғаннан кейін, солығымды басқаннан кейін барып, Ораз қайта жұбату айтып, қалай болғанын әңгімелеп берді.

Он сегізінші жылы революциялық комитет капиталистерді конфискулеген болатын. Сонда совдеп мүшесі Ораз Жандосов екеуміз Ысқақ Ғабдуәлиевті конфискуалауға барғанбыз. Қазіргі Максим Горький көшесіндегі көп магазиннің иесін көрген емеспін. Менің білетінім Құдыс деген оқыған ұлы еді. Ол мінезі шытыр, Жандосовтан екі-үш жасы үлкен, шақшабас жігіт еді. Он екі қызыләскермен келген совдеп мүшесін ол шәңкілдеп, қанден итше қарсы алды. Үйдегі мүлікті хаттау кезінде де ол: «Совет өкіметі заңсыз өкімет, әлі төбелеріңе шай қайнатармын» деген сияқты, кәдімгі өзінің саудагерлігін жасады. Қорадағы тамақ істейтін жазғы ас үйге келгенде бір әйелдің мұржадан көз алмай тұрғанын байқап қалдым. Нашар киімді ноғай әйелі «мұржа» деп маған сыбыр ете түскені сонда бірдеме барын аңғартқандай еді. Қызыл әскерлер шыға бастаған, Жандосов та, хатшы да есікке бұрылған.

– Мен тұра тұрыңыздар, – дедім. Менің оған орынсыз сөйлемейтінімді білетін Жандосов тоқтай қалды. Үй ішіндегілердің бәрі сілтідей тынды. Бағанадан бері аузына ақ ит кіріп, қара ит шығып жатқан Құдыс та демін де, қанын да ішіне тартып, тыншы қалды. Жаңағы москал ноғай әйелі де пештен көзін алмай, қадалып қалған. Тым-тырыс. Жандосов айтарыңды айт дегендей маған көз тікті.

– Мына пештің ішін қарай кетелік!

– Онда не болушы еді, – деп әйел алдымды кескестей берді. Қызыл әскерлердің бірі әйелді пештің алдынан бір жағына ысырып жібергенде Құдыс ойбай салды:

– Совет өкіметінің әйел сабайтын да өнері бар ма еді!? Оның байбалмауы үйреншікті болатын. Сондықтан оған ешкім көңіл аударған жоқ. Қызыл әскердің бірі күлді бері қалақпен тартып алды. Неге екені белгісіз пештің күлі шамадан тыс көп және ескі күл.

– Қазанды ал! – деді Жандосов қызыл әскерлерге. Жігіттер қазанды көтеріп алғанда күл қазанға тиіп тұрғанын көрдік. Күлдің бәрін бері тартқанда түгіндіктің ұнғасынан салдырлаған дыбыс шықты. Қолымды салып кеп жіберсем бір дорба металл. Сөйтсек көп нәрсе осында екен. Алтын алқа, күміс білезік, меруерт, маржан. Таразыға салғанда сегіз кило тартты. Құдыстың жан даусы шықты.

– Құрттың-ау, Жандосов, сені құдай Ғабдуәлиевтерді құрту үшін жаратқан екен-ау! Көрсермін әлі, ерген біздің де заманымыз туар!

Жандосов мұндай сөздің талайын естіген адам. Сондықтан оған көңіл аудармады. Сонан соң Құдыс маған түсті.

– Құлағы жоқ шұнақ күл, Жандосовтың итаршысы, айтаққа үрген сор төбет, осының саған бір тиыны тиеді дейсің бе, мына Жандосовтардан ол артылар ма!? Өмірінде жарымаған күл-құтан Ғабдуәлиевтің малымен кемтаман тола қоймас. Сен шұнақ тұра тұр, пәлем. Көрсетермін әлі. Тілі ұдай Құдысты мылтық түбімен қойып жібергім де келді.

Мисауытов бізді жұмыстан шығарып тастағанда Ғабдуәлиевтің дүкендерінің бірінде үш ай жүкші болып істеген едім, ақымызды дұрыс бермей Құдыспен ұрсысып ажыраған едік. Енді міне, біздің де оған кезегіміз келді. Шамасы Құдыс кешегі жалшысының бүгін басына ат ойнатып тұрғанына ерекше нала болса керек-ті. Оның үстіне «қарауымда қызмет істеген, сырымды (пеш сырын) осы біледі» деп бәрін менен көргендей. Құдыстың маған қаны қарайған еді.

Ол кезде жастық, жастықтан туған жалын бізге біреу бірдеңе істей алады, біздің басымызға біреу ташалаң сала алады деп ойлатып па, ең күшті біз, ең білгір біз деп жүрген адамдар едік. Бірақ бекер жан бере ме, бауыздаған тауық екеш, тауық та аяғын ақырғы рет бір шалғылап қалмай ма? Көңіл көкте, көз көріктіде, менен асқан кім бар деп жүргенде сол онтоғызыншы жылы сол Құдыс құрған бір қатерден аман қалдым. Аман қалуыма жар болған сол жан жарым Ұлтуған еді. Мен әлдеқалай жұмыспен Ұлттар бөлімінде ұзақ отырып қалыппын. Менің қызметім сонда нұсқаушылық еді. Ол кезде жаңа орнаған Совет өкіметін аяғынан тік бастыру үшін белгілі уақытпен жұмыс істеген бір большевик болды деймісің. Мен шаршадым, жаңа ғана бір жұмыстан келіп едім дейтін, сылтау айтып сырғып кеткісі келетін адам болмайтын. Егер ондай кежірлігі бар адам болса, ол біздің адам емес еді. Ол не бай, не тонын айналдырып киіп қой болып көрінгісі келетін қасқыр, әлде оның бөлтірігі болатын. Ұлттар бөлімінің жұмысы ол кездегі ең қайнап жататын, тынышсыз, барлық мәселені шешетін орын еді. Ұлт адамдарының мейлі жер, мейлі жесір, мейлі сотты-содырлы ісі болсын бәрі сол бөлімге соқпай өтпейтін-ді. Сондықтан жұмысымыз тәуліктің үштен екісінен

көбірегін алатын. Сондай жұмыс қызып, Совет өкіметінің бар мәселесін жалғыз өзі шешіп, ойды орып, қырды қырып отырған сияқты кезімде шалбарының балағы тізесінде, тылтиған кішкентай тақиясын оң жақ шекесіне киген арық, ұзын, кара шұбар, оң көзі соқыр ұйғыр жігіті есіктен үш қарады. Бірақ кірмеді, жұмысын да айтпады. Өлден уақытта жұмыспен көрші кабинетке кірмек едім, әлгі адам дәлізде әлі жүр екен. Ойымда ешнәрсе жоқ. Дәлізде сол кезде, онтоғызыншы жылдың өзінде партияда бар, жас, сауатты қазақ, үнемі Оразалы Жандосовпен бірге жүретін Саймасай Тәтібековті кездестірдім. Ол амандықтан соң дәліздің бір бұрышына тесіле қалды.

– Мына сұмырай қайдан жүр? – дегені. Сөйтсем көріп тұрғаны жаңағы ұйғыр жігіті. Мен оған маңыз бермедім. Өйткені бұл бөлімге ұйғыр, дүңган, тағы басқа неше түрлі ұлттардың адамы сапырылысып жататын. Түннің бір уағында үйге қайттым. Түн айсыз, қараңғы көшесі еді. Түртіп кетсе белгісіз. Аяғымды қараңғыға көз үйренгенше ептеп басып, бір көше айналып, Лепсі көшесіне түсе бергенімде оң жағымнан біреу шыға келді де, бірдемені шақ еткізді. Құлап түстім. Ойбайлаған, орысша сөйлеген әйелдің шаң-шұң даусы шықты. Мылтық атылды. Дабыр-дұбыр маған жақындады. Келе әйел ойбайлап мені құшақтады. Ұлтуған екен.

– Қолым! – дедім мен. Екі-үш жігіт біреуді жұлмалап жатыр. Ол да менің жанымда. Жаз күні, жалаң жейдемен жүретін кез. Үстімде қисық жағалы қоңыр жейде болатын. Жазғы түнде ескі ауылда тарылы қапты тарақ құйрық тышқан дарылдатып жыртушы еді, сол сияқты жейдемді Ұлтуған дырылдатып айырып түсірді. Маған пышақ салыпты. Сол қолымның қарына тиіп, пышақ тіліп кетіпті. Сол жақ қабырғамның үстінде сызат қалыпты. «Пышақ сүйекке тиіп жаның қалған, сәл болса жүрекке тиер еді» деді дәрігерлер. Он шақты күнде жазылып кеттім. Содан аз уақыттан соң Ұлтуған Ішкі істер бөліміне қызметке алынған-ды. Мен басмашыларға қарсы соғысқа аттанғанда Ұлтуған әлі сол жүйеде қызмет атқаратын. «Осы жұмыс қауіпсіздеу болады» деп ақыл берген еді, достарымыз. Ал ұсталған адам мен күндіз көрген, белгілі контрабандист Хабара деген атпен мәлім баскесер екен. Ұлтуған мені күте-күте іші пысқан соң Марфуғаға кірген. Онда дүңганбайы Харсанның есігінде жүретін Айша деген келіншек отырған.

– Барғалы тұр едім, жақсы келдің ғой, – дейді Марфуға. Түсі қашып кеткен. Сөйтсе арғы беттен мені өлтіруге біреу келгендігін жаңағы дүңган келіншектен естіген. Содан есі-түсі қалмай Ұлтуған тура Ұлттар бөліміне жүгірген. Бөлімдегі кезекші «қазір шықты» деген. Бірақ Ұлтуған жалғыз болмаған. Әрине жалғыз емесін ол сезбеген. Бағана Хабараны көрген Саймасай чекистер іздеп жүрген сұмырайды көре сала оны хабарлаған. Олардың өзі де Хабараның келгенін, қандай тапсырмасы барын да білген. Сөйтсем Ұлтуған мені өкшелеп-ақ келіп қалған болса керек-ті. Қараңғыда жығылған мен екеніме ешбір құманданбаған Ұлтуған тік

тұрған адамға жармаса кеткен. Ұрлық істеген кісі қуыстанбай тұра ма, қашамын деп пышағын түсіріп алған. Қолы жауыздың ышқырына тиген Ұлтуған ол қалай жұлқынса да жібермеген. Нақ сол бір шақта «Қолыңды көтер» деген қаһарлы дауыс естілген.

– Өшейін кездейсоқ кездескен әйелдің бірі деп едім, егер Абактың әйелі болғанда буындырып болса да өлтіретін едім, – деген айла-шарғының бәрін білетін Хабара тергеуде.

– Сонша Абакқа неге өшігесің? – деп сұраған тергеуші.

– Тапсырма солай, білмей қалғанымды қарашы, әйелі де өлуге тиіс еді, – деген Хабара. Біле келсе Хабараны Ғабдуәлиевтер жалдап алған. Бір жылдан кейін түрмеден қашып, шекара өтіп кеткен.

– Пышақтап өлтірген бе, Ұлтуғанды, – деп сұрадым Жандосовтан.

– Ия, пышақтап, Ұлтуғанның төркіні жағының қағысы жоқ.

Жандосов екеуіміз бір-бірімізді бірден түсіндік. Өйткені жаңағы оқиғаны бір секунд ішінде шолып шықтым және ең алдымен қауіп сол Ғабдуәлиевтен келген болар деп едім. Пышақтап өлтіргенін сұрағаным қазақтардың қағысы жоқ па екен дегенім еді, Жандосов оны дәл басты. Қазақ пышақ салып өлтіру жоқ, ол бұрын не ұрып, не атып өлтірген. Өйтпесе адам өлтіру деген жалпы жоқ нәрсе еді.

– Тура ойыңыздағы жай. Өзіңіз де біліп отырсыз. Баяғы қашып кеткен Хабара. Ұсталды. Ісі тергеуде еді, екі күн болды атылды деп хабар келді. Екі балаңызды приютқа өткізгенбіз. Әбеке, еліңіз, жеріңіз бар, екі балаңыз бар, революция ісі үшін Ұлтуған қайтыс болды. Амал не, мықты болыңыз. Енді сізге бар айтарымыз өз басыңыз аман болсын. Егер осында қаламын десеңіз біз сізді Қазақ ағарту институтына орналастырайық. Егер алда-жалда Жетісуға кетемін десеңіз Совет қызметінде істеуге жолдама береміз. Сізге Тақа, – деді ол Талғарға қарап, – осында қалып оқуды ұсынамыз. Өйткені сауатыңыз жоқ екен, – деді Жандосов.

Екеуіміз де үнсіз отырып қалдық. Не оқимыз, не кетеміз дей алмадық. Мен үлкен ойға қалдым. Жетісуға баруда ешбір қызық қалмаған сияқты. Басын оққа байлап, мен үшін отқа түсуге дайын Ұлтуған енді бұл дүниеде жоқ. Дүниеде Ұлтуған сияқты әйелдер сирек. Ғасырлар жасаған темір торды бұзып, жаңа дүниенің есігін жаңаша ашып еді, ол. Ерге ер, серіге сері десең ондай әйел сол Ұлтуған еді. Жаңа өмірді ілгері ұлттардың озық әйелдерінше ерлермен тең тұрып бастап еді, ол. Не керек, бәрі көрген түстей болды да қалды. Жандосов кабинетінен шығуым қиын болды, шынын айтсам інім, есеңгіреп қалдым. Қағыны өлді, қалмені бұзылды деген осы. Дүниеде бұдан жаман не бар? «Қағын өлді, қамшының сабы сынды» дегенді қазақ ер адамды жұбату, қатайту үшін ғана айтқан. Өйтпесе бәрін білген қазақтың соған ақылы жетпей қалды деймісің. Ер ерлерше қайғыны оңай көтерсін деген болса керек-ті. Өйтпесе «қағыны өліп, қалмені бұзылды», яғни үй-үйелмені, қара орманы бұзылды деп неге айтпады. Бір сәт осыны ойлап мен де

еркек болған соң сол жерден ерлерше кетуге тырыстым. Кейбіреулер әйел өліміне еркектің жылағанын сөкет көреді. Егер қабырғаң қақырап, жүрегің жүлгеленіп тұрса, шын қайғырып, шын егіліп тұрсаң сүйгеніңе борт болмай не? Егер күні бұрын осындай оқиға болып қала ма, оның үстіне партиялық үлкен үйге барамын, мықты болайын деп іштей дайындалмасам мен де нақ сол жерде егіліп кетер ме едім, қайтер едім. Сол жерден әйтеуір тірі шықтым. Бірақ сұлдерім шықты. Тарланкөктің үстіне мінуім мұң екен, көз жасыма ие бола алмадым. Жылау дегеннің інім, не екенін кеше саған айтқанмын.

Бір кездері есімді жинасам бір үйде отырмын, Талғар да, Жалбақ пен Омарқұл да осында екен, – деп Шұнақ шал көзіне келген жасты бұл кезде тарамыстана бастаған қолының сыртымен ысырып тастады. Сонан соң ішінен қайғы-қасіретін бір шығарып «уһлеп» алып, тым-тырыс бола қалды. Екі аттың ұзап жайылып, бетегені бырт-бырт үзіп тұрғаны естілді. Күн түске таяп келеді. Таудың бұлттан шыққан ашу күні шекеден өтіп барады. Үнсіздікті шал бұзды.

– Менің қандай жағдайда кеткенімді Жандосов жақсы білген. Төртеуімізге бір үй дайындапқан да, кешке қарай өзі әйелі екеуі де сонда келген. Фатима ол кезде сыптай келіншек. Артық еті жоқ. Қазақшасынан сөзінің орысшасы көп, көңілді қазақша айтты. Жалбақ пен Омарқұл да маған қайталап көңіл айтты. Шамасы бұл маған айтқан екінші-үшінші көңілі болса керек-ті. Содан Жандосов мені жұбататын неше түрлі дүниеде болған қайғылы оқиғалардың талайын тізіп, шыжымдап, мөлдіретіп тұрып әңгімеледі. Маған зорлап тамақ жегізді. Асықпай отырып кеш қайтты. Жол білетін кісінің жөні бөлек қой. Ертесіне біз Әулиеаталық жігіттермен бірге елге қайттық. Бұл жолы біз әрқайсымыз Совет өкіметін орнатуға азды-көпті еңбек сіңірген адам екенімізді анық сезіндік. Оны жеңілген Көр Шермет, революция жолында жау оғынан қаза тапқан жолдастарымыз, Ұлтуған өлімі, Түркістан Компартиясы Орталық Комитетіндегі қабылдау бәрі де айтып, айғақтап, шежіре шертіп тұрғандай еді. Жауын жеңген адам елге қандай қуанышпен қайтушы еді, біз де өзімізді солай сезіндік, көкірегімізде мақтаныш қаулап тұрды. Біз өсіп бара жаттық. Алдымызда ұзақ сонар жол сайрап жатты...

* * *

– Жаным, Шұнағым, аман-сау елге қайт. Топырақтан тысқары болсам дұшпаныңа таба қылмаспын. Екі ұлды көзімнің қарашығындай сақтармын. Мені күнде өзіңмен бірге соғыста жүр деп есепте. Сен өзіңді революциялық күресте кішкентай адаммын деп ойлайсың. Тіпті де олай емес. Сенің өмірің қазақ революционерінің сипатты түрі. Сенің өмірің кейінгіге жыр болуға тиіс. Байқа, біз ұзақ өмір сүруге тиіспіз, біз Совет өкіметін нығайтуымыз керек, біз тапсыз қоғам орнатуымыз керек. Біз Советті, Марленді болашақтың белді азаматы етіп өсіруіміз

керек. Сондықтан да біз тірі болуымыз керек. Өзіңді құшақтап сүйемін, Шұнағым! Ұлтуған! – Бұл Ұлтуғанның соңғы, ақтық хаты еді, – деді Шұнақ шал хатты әдеттегіден тыс өте тез, жылап отырып айтып. Шамасы хаттың суресін жаттап алған болса керек-ті. – Міне шырақ, кейде осыларды ойлап отырғанда жынды болып көрінемін. Ол кейбіреулерге пайда. Бұл хат інім жан тебіренгенде шығатын сөз. Мүмкін мұндай мазмұндағы хатты, «құшақтап сүйемін» деген сөзді жазған Ұлтуған тұңғыш қазақ қызы шығар. Егер олай болмаса осы өңірдегі қыз шығар, тіпті мен үшін-ақ бірінші шығар. Маңдайым тайқы болды, ұзақ сүйіне, сүйісе алмадық. Тағдыр солай шығар. Өкінішсіз өтетін өмір аз болады дейді ғой, жұрт. Мүмкін рас шығар. Әңгіме онда емес. Айтайын дегенім Ұлтуғанның соңғы сағаттары туралы еді. Егер інім тыңдағын келмесе өкпелемеймін, мен кәрінің шерінде, шерменінде кімнің жұмысы бар. Ол кімге қызық, оған кім құштар? Екеуімізге оның ортақ жері Совет өкіметі үшін өлгендігі. «Революция ісі үшін Ұлтуған қайтыс болды» деп Жандосовтың айтқаны рас екен. Оны Хабараны айыптаған актімен танысқанда көзім жетті.

Өлерінен бір күн бұрын Ұлтуған тапсырма алған. Қытайлық саудагер Токмақтан Алматыға шыққан. Ол күндіз ұсталуға тиіс екен. Шынында да ол келген, Жандарал бағының ішіндегі қымызханада отырған. Сонда наша сатуға тиіс екен. Соның ізіне түсе барған жерде Ұлтуғанға қақпаға кіре берісте үш мәрте пышақ салған. Саудагер Хабараман байланысты екенін ешкім білмеген. Ол одан бір күн бұрын келген екен. Ұлтуғанның бір рет оқ шығаруға шамасы зорға жеткен. Тілге келмеген. Ақыры алмағайып дүние оны жер бетінен жексен еткен.

Шал қайта қамығып қалды. Әлден уақытта барып қайта үн қатты.

– Өмір деген осы. Ұлтуғанмен тұрған күндерім қас қағымда өткен сияқты. Ұлтуған деп өмірімнің бәрі өксіп өтті. Әрине біз, тірі адам, алдынан үміт күтуі керек. Сол үміт кейде бітпеген бетегенің түбіндегі тумаған ту қоян сияқты. Өмір өтеді, заман кетеді, барлық қайғы-қасірет ұмыт болуға, «Алтынкүректің» өтуге тиіс. Өлген адамның бетін топырақ жабады, ол да күндердің күнінде көмескі тартпақ. Бірақ інім отыз бір жыл бойы Ұлтуғанды есіме алмаған күнім жоқ шығар. Саналы адам ондай жанды қалай ұмыта алар? Бұл інім күйректік емес, бұл қайта жанымға от беретін шақпақ. Соның «ұзақ өмір сүруіміз керек» дегенін ойлап, мен өз күнімнің жақсаруынан, бүгінгі көзтүрткі Шұнақтың Абақ, Әбеке болуынан үміткермін. Сол күнді көргім келеді. Көремін сол күнді деген сенім маған неге екенін қайдам берік орнап алды.

Ұлтуғанның соңғы күндері жөнінде Марфуғадан ұзақ әңгімелер тыңдадым. Серғазы мен Марфуғаны ертіп зияратқа барып, басына гүл қойдым. Шынын айтсам інім, нақ сол моладан қайтпауға да бар едім. Бірақ бір сығырайған үміт сәулесі қабірден жетелеп әкетті. Ол жерде мен Серғазы ағаның да, Марфуғаның да басу айтқан сөздерін естіген жоқпын. Бәрі қайта дүниеге келтірген сол үміт. Ол кішкентай Марлен

еді. Ең болмаса соны көріп, шешесін көргендей болайын, мауқымды басайын деп ойладым. Өтірік айтып не керек, ал Совет – Ұлтарактын ұлы осы жерде ойымда болған жоқ. «Шын жаның қысылып, өлер шаққа таялғанда шешеннен басқа ешкім көз алдыңа келмейді» деп Ферғана аңғарында соғыста жүргенде бір көп білетін, орыс жігіті айтып еді. Сол рас болуы керек. Шын басыма іс түскенде санамда сол ұл – Марлен ғана болды. Соны көрсем деп аңсарым ауды да тұрды.

Сол күні-ақ приютқа бардым. Арасы екі жасар екі ұл Совет пен Марленді алып келгенде Советтің екі бірдей ерекше көрікті адамнан туғандығы сыртында еді. Қап-қара тостағандай екі көз әкесінен айнымапты. Шешесінің кейпі де сақталыпты. Қиылған қасы, қара бұйра шашы, аппақ аршыған жұмыртқадай өңі Ұлтаракты да, Інжірді де елестетеді. Советті қолыма бұрын алдым. Өйткені оның фамилиясы бәрі өз әкесінде, сондықтан мені «әке» деп айтуға үйреткенмен басқа кісінің баласы екені ойында тұрады. Төрт жасар баланың өзін мұндайды білмейді деп қарауға болмайды. Кейбіреулер «ол бала ғой» дейді. Егер бала ондайды сезбейтін болса, әке-шешесін қалай біледі.

Мен інім осы жерде саған бір мысал айтып берейін. Ағайынды екі жігіттің әйелдері бір күнде босаныпты да, екеуі екі ұл туыпты. Босанған сағатында екіншісінің әйелі жан тәсілім қылыпты. Сонан соң жетім қалған баланы да тірі абысынның бауырына салып, ауыстырмай, айырмай екеуіне екі емшегін емізіп отырыпты. Бір күндері қараса бауырға салып алған бала өз баласынан арық екенін байқапты. «Япырым-ай, екеуін алаламай-ақ емізіп едім, мынау неге жүдеу?» депті әйел. Сонда бауырға салып алған бала айтыпты дейді: «Мен қайтіп арық болмайын, шешеміз емізерде анау өз баласының құйрығынан қағып-қағып емізеді». Көрдің бе шырағым, бұл мысал үшін айтылған шығар. Дегенмен мұның жаны бар мысал. Сондықтан да «өз баласының құйрығынан қағып-қағып емізеді» дегізбес үшін Советті қолыма бұрын алдым. Бетінен сүйіп, бауырыма бастым. Енді өз балама қарасам, мұның Ұлтуғанға ұқсайтын бір жері жоқ. Тек екі құлағының бірдей бар болғаны болмаса кәдімгі Шұнақ болыпты да қалыпты. Өз баламның бетінен Ұлтуғанды көремін деген мен ойым орнынан шықпаған соң оны қолыма көңіліздеуді алдым. Оның алғашқы маған қатқан тілі:

– Құлағыңыз қайда кеткен? – деген сөз болды. Міне қызық, мұндай сұрақ қойылады деп ойым тұрмақ таназарыма кіріп пе. «Сенің шешеннің бодауына бергенмін» дер едім, Ұлтуған тірі болса. Тілімнің ұшында тұрған сөз тамағымға тас болып тығылды. Ол қай-қайдағыны қоздырып жүріп берсін... Ішімнен тығылып, қапа кернеп тұр. Оның бетіне бетім тигенде еріп кеттім. Баламның жүзінен Ұлтуғанның түрін көруге қанша үңілсем де, зередей де ұқсастық болса бұйырмасын.

– Шешесіне ұқсамаған екен, – дедім мен ішімдегі ренішімді жасыра алмай.

– Әкесінен айнымай қалған деп сүюші еді, Ұлтуған, – деп Марфуға көзінің жасын іркіп алды.

Балаларды өзім орналасып алғанша приютқа қалдырып кеттім. Олар бірге кетеміз деп азан-қазан болып бақырды дерсің. Мұндайда әйелдердің көз жасы қандай дайын тұрады, Марфуға көзінен аққан жас жыртқық үйден сорғалаған тамшыдай жүріп берді. Дегенмен оларды қалдырмауға болмайтын еді.

Сен шырағым, қоғамдық қызметті қоя тұрып қатын-баласын әңгімелеп кетті ғой деме, өмір болған соң онда бәрі болады. Егер мен кейбір кітаптарда жазылатындай, қызмет істеп, үй-ішін, өз басымды ұмытып кеттім деп айтуыма да болады. Ондай шіп-шикі өтіріктің бір тұтам құйрығы өзбек қолындағы жеңілген бөдене болып көрінбес пе? Жалпы әңгімеде де, тіпті көркем әдебиетте де шындықтан жырақ, әсіре қызылды ұнатпаймын. Оны біздің аталарымыз «әсіре қызыл тез оңар» деп тегін айтпаған.

«Ертеңіне-ақ қызмет сұрап жетіп бардым» деп өтірік айтқым келмейді. Оның үстіне жолдас бар, жора бар, көңіл айту бар, төрт-бес күн үйде отырып, кешке қарай балаларыма барып, демалып, мауқымды басып тұрдым. Келесі аптада уездік атқару комитетіне кірдім. Бұл кезде Жетісуда жағдай күн асқан сайын жақсарып келе жатқан.

Федор Неизвигин екеуімізді өзбек жерінде араздастырған өсек, әрине, Жетісуда жүргізілген жер-су реформасына байланысты еді. Оның кейбір мәселелерін біз соғыста жүріп анда-санда қолымызға түсіп қалған газеттен оқығанбыз да. Патша өкіметі, оның әртүрлі әкімдері қазақтарды шұрайлы жерінен ығыстыруға тырысты. Мысалы сол кездегі бір ресми цифр есімде қалды. Он алтыншы жыл қарсаңында Жетісудағы станциялар мен деревняда тұратын жан басына суармалы жер 3,17 десятинадан келсе, ол қазақтар мен қырғыздарға 0,21 десятинадан ғана айналды. Дәлірек айтқанда қазақтар мен орыс шаруаларынан қазақтардың иемденіп отырған жері онбес есе кем еді. Қазақтардың көбінде 90-120 десятинадан жері бола тұрып, өлгенде топыраққа ғана тоятын көзге бұл аз көрінді. Сондықтан жан басына шыққанда жерді отыз десятинадан айналдыру үшін қазақтар отырған жерлерге ауыз сала бастады. Оның үстіне бұл жер ең алдымен шынжыр балақ, шұбар төстерге берілді. Елу мың орыс шаруасы Жетісуда жерсіз, орналаса алмай жүргенде қазақтан тартып алынған жерден Верный полицмейстрі Поротиков он мың десятина жер алды. Жан болған соң күнкөріс керек. Ал оның негізгі көзінен айрылған, барар жер, басар тауы қалмаған қазақтар кулактарға, байларға жалданып, отымен кіріп, күлімен шықты. Ірі өнеркәсіп, завод-фабрикалар болмағандықтан кулактар арзан малайға кенелді. Ал Шахворостов сияқты жалғыз-жарым фабрикант-капиталистер арзан жұмысшы күшін иеленіп, шаш етекпен пайда тапты. Сонымен бірге өзінің көр қазушысын да туғызып жатты. Ал сол жерінен айрылған қазақтар өз жеріне енді Совет өкіметі тұсында ие бола алмаса, онда оның патша

өкіметінен не айырмасы болар еді. Сондықтан да Ленин бастаған Совет үкіметінің арқасында Совет өкіметіне қарсы екі мыңнан аса кулак жерден аласталды. Қазақтар өз жеріне орналасты. Үлкен істе қате кетуі де мүмкін еді. Менің Жетісуға оралған кезімде енді сол игілікті істің кейбір кем-кетігін жою күн тәртібінде тұр еді.

Інім, сен журналистсің, демек саясаттың адамысың. Осы мәселенің қандай зор маңызы болғанын Түркістан Компартиясына Россия Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің бағыт беруші хатынан айқын көруге болады. Оны одан артық ешкім де түсіндіріп бере алмайды. Ішінде бірге араласып жүрген соң, біраз істі қолмен атқарғандықтан ол қалпымен ойымда қалып қойды. Егер менің айтқанымға күман келтірсең Алматыға барған соң қарарсың. Заманында бұл мәселеге көңіл аудармаған бір де бір қайраткер болмаған. Тіпті Лениннің өзі сол хаттың тез қабылдануын қалаған және бұл мәселеге айрықша маңыз берген. Ол Сталинге телефонограмма жіберіп асықтырған: «Сталин жолдасқа. Бір жарым сағаттан кейін Гусев жүреді, қазір мен онымен не керектің бәрі жөнінде телефонмен сөйлестім, жарты сағаттан кейін ол Красиковтың пәтерінде болады, Сізден телефонограмма күтетін болады. Түркістан Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне циркулярдың жобасын мен қазір оқып шықтым және оған толық қосыламын. Оны бүгін бекітсеңіздер және Гусевке өзімен ала кетуге берсеңіздер жақсы болар еді. Ленин». Гусев белгілі большевик, 1903 жылдан партия мүшесі болатын. 1922 жылы Орталық Комитеттің Орта Азия бюросының председателі еді. Сонымен ол хатта Россия Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің жаңа экономикалық саясат жағдайындағы Түркістан коммунистерінің ұлт саясаты саласындағы міндеттері белгіленіп берілген болатын.

«Түркістан Компартиясына РКП(б) Орталық Комитетінің циркулярлық хаты. 16 январь 1922 жыл.

Қымбатты жолдастар! Түркістан Коммунистік партиясының V съезінде Сіздер Түркістандағы ұлт саясатының негізгі бағытын, РКП(б) Орталық Комитетінің директиваларына толық сәйкестендіре отырып, дұрыс белгілеңіздер.

Саясаттың бұл бағыты Түркістанды мекендейтін барлық тайпалар мен ұлттардың еңбекші бұқараларының бір-бірімен өзара және Орталық Россияның еңбекші бұқарасымен кез-келген шовинизмнен бас тарту негізінде, орыс азшылығының царизм мен орыс буржуазиясы орнатқан «билеп-төстеуші ұлт» деген масқара артықшылықтарынан жүйелі түрде жүргізілетін бас тарту негізінде, «ұлттық ынтымақ» және «ұлттық мүдде» деген жалған туды жамылып жергілікті капитал директурасын орнатпақ болған буржуазиялық әрекеттерге қарсы қырғыз (қазақ), түркімен, өзбек бұқаралары еңбекшілерінің қажымас күресі негізінде, мызғымас ынтымағын және берік топтасқан одағын

жүзеге асыруда болып отыр және тап осылай табанды түрде жүзеге асыра беруде болуы тиіс.

РКП(б) Орталық Комитеті бұл бағытты жүзеге асыруда сіздер кездесіп отырған және, негізінен, Түркістандағы коммунистік қозғалыстың әлі жастығынан, Коммунистік партия кадрларының жеткілікті шырдалмағанынан кездесіп отырған қиыншылықтар жөнінде өзіне өзі толық есеп береді. Өйткені, ондағы кадрлар жеткілікті, негізінен алғанда, жартылай пролетарлық элементтердің (диқан және шаруа кедейлер, қолөнершілер, интеллигенция) арасынан үгіттеп алынуына байланысты пролетариат партиясының идеологиясын өз бойларына енді-енді ғана бірте-бірте дарытып, бұл партияның темірдей қатаң тәртібіне енді-енді ғана біржола бойұсынып келе жатыр; олар Түркістандағы орыс жұмысшылары мен шаруалар арасынан үгіттеп алынуына байланысты жергілікті тұрғын халықтың еңбекшілер бұқарасын қарсы қою арқылы өлкедегі совет және партия саясатын бұрмалауға және оны өздеріне бағындырып алуға ұмтылып отырған кулактық-отаршыл ортаның ықпалынан енді-енді ғана бірте-бірте арылып келе жатыр.

Сонымен қатар Орталық Комитет бұл қиыншылықтар, отаршылдыққа қарай да, ұлтшылыққа қарай да ауытқушылықтың қай-қайсысымен болса да сіздер неғұрлым аяусыз күрес жүргізсеңіздер, соғұрлым тезірек және біржола жойылатын болады деп санайды. Бұл ретте сіздер отаршылдық ауытқушылықты (мұның өзі коммунизмге тікелей опасыздық жасау, үшінші Интернационалдың принциптерін арсыздыққа аяққа басу болып табылады) толық жою неғұрлым қысқа мерзім ішінде жүзеге асырылуы тиіс екенін және асырылатынын, мұның өзі ұлттық қатынастарды жақсартудың және жергілікті ұлттардың еңбекші бұқарасының Коммунистік партия мен Совет өкіметіне сенімін арттырудың негізі болып табылатынын, мейлінше айқын түсініп, өздеріңізге есеп берулеріңіз тиіс.

Орталық Комитет Түркістандағы ұлт саясатының бағыты экономикалық саясаттың «жаңа бағыты» деп аталатынына байланысты ешқандай да өзгермейтінін ашып айту қажет деп санайды. Түркістанда жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру Совет өкіметінің жер жөніндегі саясатын қайта қарауға, мысалы, қырғыз (қазақ) халқына өздерінен тартып алынған жерлерді қайтарып берген Жетісу жер реформасын қайта қарауға апарып соғуы тиіс деп санайтын жолдастардың жасаған қорытындылары мейлінше қате және барынша үстірт; бұл қорытындылар Совет өкіметі қырғыздарды (қазақтарды) фермер-кулактың қанауына қайта беруге әзір отыр деп мейлінше жалған жала жауып отырған жаңа тудың астыңғы ескі отаршылдық болып табылады.

РКП(б) Орталық Комитеті Жетісу жер реформасына санкция берді (оны асығыс түрде жүзеге асырған кезде, әрине, кейбір қателіктер мен кемшіліктер кетуі мүмкін еді) және өткен заманға қайта оралуға

ешқандай жол бермейді, сонымен қатар Түркістанда орыс УЛЬСТЕР-ін, яғни «орталықта» арқа сүйейтін ұлттық азшылықтың отаршылдық фронтдасын құру әрекеттеріне аяусыз соққы беретін болады.

Шын мәнінде Түркістандағы жаңа экономикалық саясат ұсақ жер иеленуші мен қолөнершіге олардың өздері өндірген өнімнің көбін өзінің еркін иемденуіне беру деген сөз, айырбасқа, сауда айналымына кеңінен еркіндік беру, Совет мемлекетінің пайдасына алынатын алым-салықтар мен төлемдерді дәлме-дәл шектеу деген сөз. Түркістандағы жаңа экономикалық саясат рыноктағы товар айналымын нығайтуға және кеңейтуге бағытталған шаралармен қатар жер өңдеуші мен дикан, ұсақ қолөнерші, көзеші мен тері илеуші сияқты басқа да еңбекші бұқараны қолдау жөніндегі шараларды нақты іске асыруы тиіс. Мұның өзі еңбекшілер кооперациясының қандай түріне болса да экономикалық қолдау көрсету арқылы және сауда капиталына қарсы жүргізілуі тиіс. Бірақ Түркістандағы жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру дегеніміз жергілікті сауда және ақша капиталының еркін қимыл жасауына, оның жартылай пролетарий және пролетарий еңбекші бұқараларын экономикалық қанауға алуына және саяси жағынан бағындыруына тіпті де право беру деген сөз емес. Совет мемлекетінің органдары, рыноктың заңдарын қолдана отырып, ұсақ өнім өндірушілермен экономикалық жағынан байланыс жасауы және олардың капиталистік қанаудан құтылуына жол ашуы тиіс, олардан берік саяси тірек табуы, олардың арасында пролетариат партиясының шын берілген және сенімді одақтастары болуын қамтамасыз етуі керек. Атап айтқанда, өзбектер арасындағы күшті саяси жұмыспен толықтырылған жаңа шаруашылық саясат Ферғанада шаруашылықты ыдыратудың бүгінгі таңдағы маңызды факторларының бірі болып табылатын басмашылардың бір-жола басарға жер, барарға тау таппай қалуына көмегін тигізеді.

Түркістандағы Коммунистік партия мен Совет өкіметінің жұмысында сіздер бірінші кезекке, міне, тап осындай творчестволық шаруашылық және шаруашылық-ұйымдастырушылық міндеттерді алға қоюларыңыз тиіс. Суармалы жерлердегі егіс көлемін бұрынғы мөлшерінде қалпына келтіру, тап сондай-ақ телім жерлердегі егіс көлемін арттыру, мақта дақылын өсіруді қайта өркендету, бірінші кезекте пайдаланып жүрген ирригациялық суару жүйелерін жөндеу, мал шаруашылығын қалпына келтіру, ұсақ қолөнер өндірісіне қолдау жасау, ірі өнеркәсіп орындарын жабдықтау, кооперативтердің көмегі арқылы товар айналымын ұйымдастыру, жеке меншіктік сауда аппаратында оған ұйымдық жағынан дұрыс қатысу арқылы мемлекеттің басшылық ролін қамтамасыз ету – шаруашылық жұмысының негізгі бағыттары, міне, осындай.

Мұның соңғысы біздің ұлт саясаты саласындағы принциптерімізден бас тартуға әрекет жасау үшін тіпті де негіз бола алмайды. Ол капиталдың үстемдігіне қарсы Совет өкіметі үшін деген бір ғана жа-

уынгерлік майданның шегінде тұрған барлық еңбекшілердің бірлескен белсенді жұмысы негізінде құрылуы және жүзеге асырылуы тиіс.

Міне, осы міндеттерді жүзеге асыру үшін Түркістан Компартиясы өзінің барлық күш-жігерін жұмылдыруы, партияның барлық мүшелерінің ынтымақты біртұтас жұмысына қол жеткізуі, ұлтшылдық оқшауландудың жол беруге болмайтын бағыттарын жоюы, партияның қызметіне іріткі салушы топтардың өсек-аяны мен күресіне тыйым салуы тиіс.

РКП(б) Орталық Комитеті Түркістан Компартиясы бұл міндеттерді орындап шығады және Түркістанның қалың еңбекші бұқарасын өз соңынан ерте алады деген берік сенімде. РКП(б) Орталық Комитеті»

«Известия» газетінің 1922 жылғы 7 февральдағы 28 санында басылған бұл хатты Жетісудағы барлық коммунистер жаттап алдық десе артық емес. Байқап отырған шығарсың, інім, содан бері отыз жыл өтсе де хатты мен ұмытқан жоқпын. Бұл жөнінде сол кезде РКП(б) Орталық Комитеті Түркістан бюросының председателі болған Ян Эрнестович Рудзутактың да айтқан жақсы сөзі бар еді. Орталық Комитеттің хатын айтқан соң бұл жерде оның керегі бола қоймас.

Осы әңгімелерді Шұнақ шал ерекше шабытпен айтты. РКП(б) Орталық Комитетінің бағыт беруші хатын орысша жатқа соқты. Сонан соң тостағандарға қымызды толтырып, біреуін менің алдыма қойды да, өзі тоқтамастан екіншісін түгел сіміріп салды. Сәл шымырқанды да, тураған қойдың жамбас етінен бір асап жіберді. Мен шалдан көз жазбай қалдым. Ондағы ойым, аузындағы тамағын тауыспай, екі ұртына дән тыққан аламан тышқанша сөйлейтіндер болушы еді, бұл да солай істер ме екен дегенім еді. Ол жақтырмай сырт айналған адамдай маған қарамай, сонау сап-сары болып егіні пісіп келе жатқан, сағымданып көрінген құла даладан бетін алмай қойды. Аузындағы тамағын жеп болып, маған бұрыла беріп:

– Мені сынағың келеді, ә? Әзірге менің артымнан қойған Таубайдың ақаптал сыншылары да жетеді. Менің әрбір басқан ізімді аққұла андиды. Сен зиялы семьяда тәрбие алған алғыр баласың. Жарайды, одан әрі айдыңға құлаш ұрмай-ақ қояйын, – деді.

Осы шалдың ақсайтаны бар шығар, менің ойымды қайдан біледі деп ойлап кеттім.

– Сен жассың әлі. Ақсайтан деген болмайды. Өмірдің тәжірибесі, соны пайымдау, тез қорыту ғана болады. – Мен шалдың айбынынан жасқанып бетімді бұрып әкеттім, жүзіне қарасам не ойлап отырғанымның бәрін біліп алар деп секем ала бастадым.

– Сонымен, – деді Шұнақ шал, – уездік атқару комитеті мені «Дегерес» болысына қызметке жіберді. Сол кезде інім, жергілікті кадрларды өсіру ісі ерекше қолға алынды ғой. Оның жөні де бар еді. Халықтың жетпіс проценті сауатсыз (тоқсан жетінші жылғы бір есеп бойынша қазақ халқының жетпіс төрт проценті сауатсыз делінген, төрт проценті одан

бергі жиырма бес жылға лайықтап, шамамен мен алып тастап отырмын, інім) болса, онда басқа ұлттың адамдарының сөзін, тілін кім ұға алсын. Сондықтан ба жергілікті кадрлардың қаны жерге тимейтін еді. Соны пайдаланып арамызға арамза жау таптардың ақкапитал қулары өтіп кетуі де болып еді. Мысалы жиырма екінші жылы облыстағы екі жүз отыз жауапты қызметкердің сексен төрті жергілікті адамдар болатын. Сонша сауатсыз елге бұл өте мол цифр еді. Сол сексен төрттің бірі болып мен «Дегерес» болыстық атқару комитетінің төрағалығына жіберілдім.

«Дегерес» деген анау судан шығып күнге қыздырынып жатқан итбалықтың жотасындай дөңес, кеше айттым ғой, інім. Алматыдан соған жету ол күнде үш күндік жол. Сондықтан қазіргідей орналасып алып, қайтып келіп кетермін деу алаңғасарлық болар еді. Балаларымды өзіммен біржолға ала кетпек болдым. Бала демекші, інім, екі ұлды үйге алып келгендегі екеуінің қуанышын көрсеніз. Әлгі Совет тақылдап:

– Мына жерде менің әке-шешемнің суреті ілінетін, – дейді. Бізде шынында сол Ұлтарак пен Інжірдің, Ұлтуғанның екі ұлымен түскен суретінен басқа бұл үйде қымбат нәрсе жоқ еді. Алатаңнан ақшамға дейін тыным таппай жүріп жұмысымды түгестім. Ол кездегі қызметкерлерде киетін киімнен (оның өзі де бірсыпыра ғана) басқа ештеме болмайды. Сондықтан Лепсі көшесіндегі аядай екі бөлмелі үйімді тұрғын үй бөліміне аманаттап, көрпе-жастықты буып, жалғыз сырмақты, бір аттық арбаға төсеп, үстіне екі баламды орап отырғыздым. Елдің қалаға келген бір қазағына арбаны айдатып, өзім Тарланкөкке мініп қақпадан шыға бердік. Көшенің төмен жағындағы алаңқайдан екі атты бой көрсетті. Екеуі дауыстап сөйлеп келеді. «Міне, міне, Абақтың өзі» дегенін естідім. Еркек аттан домалай түсіп маған жүгірді. Қарасам кәдімгі Аман. Екінші аттағы Нұрия, алдына алған кішкене қызы. Шұрқырасып, жыласып-сықтасып ебіл-дебіл болып қалдық. Не істеу керек екенін білмей біраз аңырып тұрдық.

– Жүре берейік, – деді Нұрия. – Біз бәрін де біліп келгенбіз. Аманның қызын үшінші бала етіп арбаға отырғыздық. Көліктің бетін жүздеген жылдардың куәсі болып жатқан Жібек жолына салып, «бала туған Қара моладан» батысқа қарай ұзап сала бердік. Аман баяғысынша көп сөйлемейді. Бұрынғыдан етейіп, нәзік денесі толып, сақал-мұрт қойыпты. Нұрия жастай киген кимешектен ажырап, басына бір шаршы орамал тартыпты. «Самайыңның астынан тұрмасын шығып бұрымың, көп ішінде қасынба болса да ондай ырымың» деген беташар осы Нұрияға айтылғанын өзім естігенмін. Бұл екі жол өлеңді қайталап, Нұрияның кимешек тастағанын біраз жерге апарып тастадық. Мен басмашыларға қарсы соғыста жүргенде Амандар мені іздеп келген екен де, содан Ұлтуғанды тауып алып, екеуінің істейтін

жұмысы Іледен балық таситын кіре тарту болғандықтан қалаға жиі келіп тұрған екен. Қашанда қоныс аудармай бір жерде отыратындар қашып-пысып жүргендерден гөрі дүниеде не болып жатқанын азырақ біледі.

Сен шырағым, Жетісу елінің момын екенін білерсің. Оның өзі оның экономикалық, саяси жағдайына байланысты. 136 жасқа келіп мың тоғыз жүз оныншы жылы дүние салған, атақты Құртқа тәуіп: «Жетісуда ашаршылық бес жүз жылда бір болады» деген екен. Ашаршылық, жоқшылықтың болмауының себепкері, қамқоры Алатау болса керекті. Аспанмен астасқан заңғар Алатау босқа сорапып тұрған жоқ. Оның басындағы қар жастанып, мұз төсенген шындары бойына май байлаған бордақы ісектей бұлттың сілекейін жинап, жазда саулы сиырдай бұлақ болып ағады. Оның үстіне жан-жақтан бұлт матап, ауық-ауық нөсерлетіп тұрады. Одан шыққан жүздеген бұлақ жер сүмесін ежелден еміп өскен жетісулықтардың егінінің шөлін қандырады. Жетісуды қай дәрежеде білетінін білмеймін, шырағым, бұл ел ежелден отырықшы және ерте егін салған. Сонау ит шайнаған майлы орамалдай қоңыр қырқаларды көріп отырсың ғой, соның бауырларының бәрі кеудеден қазылған тоған, басылған тоғам, байланған көмей, тартылған арық. Бірақ осыған қарап Асанқайғы айтатын «қатыны семіз ері арық, ел құрғаны мұнда екен, тұтам жері бір арық, жер құрғаны мұнда екен» деген жер осы Жетісу ғой деп ойлап қалма. Ол бұл Алатау маңы емес болса керекті. Өйткені мұнда су суару бар, сонымен бірге аспанмен астасқан, бауырына мақтадай бұлт матаған Алатауы бар, одан көктен құяр мол жаңбыры бар. Сондықтан да олар оқ бойы жерден оқарық қазбайды. Болғанмен «жеті суарған судан желіп өткен жаңбыр артық» деген мәтел тұғызған. Арықпен келген су «жер шала» дегендей бір жерге жетсе, бір жерге жетпейді. Ал жаңбыр кенезесі кепкен даланың су тимеген жерін қоймайды. Дегенмен «бұлттың алалығын» көзімен көріп, басынан кешіріп үйренген дикан дүлей табиғаттың тылсымының қай тілін ұғыппын дегендей өз еңбегіне жалынған. Бұл білгеннің, дүниенің о жақ бұ жағын ақтарып, аптап көрген, болашағын болжап, келешегін келісіп ішкен елдің келелі ісі. Кейде тіпті оған танданбасқа еркің жоқ. Жотаны бауырылап, расына, оқпанына қарамай, топырағының келебота болып иленіп жататынына қарамай қазған тоған қырқ-елу шақырымға кеткендері бар.

Мен мұны әдейі тоған деп отырмын. Қазақ тілін «менің ауылымда айтылмаушы еді» деп қолдан кедейлендірудің қажеті не? Қазір мен тіл білемін деп жүргендердің көбі-ақ тоғанды да тоған, тоғамды да тоған деп айтып, жазып жүр. Бұл екеуі екі бөлек сөз. Тоған ол қазіргі «канал» деп жүргендерінің мағынасында, яғни арықтың ең ұлылары. Ал тоғам – бұл суды бөгеу. Қазақтың өтірік өлеңінде де: «дарияға тоғам бастым ебелекпен, жаратып қасқыр қудым көбелекпен...» деп өте дұрыс алынған. «Университет бітірген маған мына шұнақ шал сөз үйретпек пе» деп отырған жоқсың ба, шал адамның кейде осылай лағып кететіні

де болады. Сол тоғанның сонау Ұзынағаштың аяғындағы Қарасаздан басталып, бүкіл Ақсеңгірді, Көкдаланы суландырып, анау теміржол басып өтетін Қопаға жеткені бар. Ол жиырма бес километр жер. Міне техникасыз кетпен-күрек заманында нағыз дихан болмаса осынша жерге қолдан тоған қазар ма еді!? Құртқа тәуіп жер сүмесін емген елінде егінді сумен алатынын, сондықтан ашаршылық шанғағай ездесетін апат екенін білдірген. Ашаршылық болмаған, тек маңырамаға ғана қарап қалмаған, шайнамасы бар ел елінен, жерінен көп аумаған, жаманшылық көп көрмеген. Сондықтан жетісулықтар момын болмағанда қайтсін. Қазақ «одан қашқан, бұдан қашқан, жаманшылықпен көзін ашқан» деген тіркесті білмей айтпаған. Міне сол Аман мен Нұрия да қашып-пұсып жүріп пысып та қалған, пысық та болған. Сол қуғын-сүргін көріп жүргеннің арқасында Алматыны әлденеше айналған. Менің соғыстан қайтатынымды, Ұлтуған өлімін, тіпті енді бізсіз-ақ елге барса, заң бұлардың жағында екенін, көз алартушылар болғанымен, көзге шұқушылардың енді бола бермейтінін біліп алған. Сондықтан да бұлар бар мал-мүлкін жиыстырып, баяғы Тоқаш сайлайтын Құлдан дастандай документ алып, елге беттеген.

Жол алыс, жүк жеңіл, арбаға жегілген қарагер ат қасқыр бұлкекпен келеді. Бұған Тарланкөк аяңымен-ақ басып барады. Тарланкөкті көріп Аман тани кетті.

– Жолды мал ғой, жануар! Үстіндегі иесін соғыстан аман әкелген соң бұл аттан айналмасың ба? – дейді Аман. Мен малға осындай жылы сөзді, адамға айтатын сөзді қазақтан басқа халық айта алатынын естіген емен. Бұл кездері Нұрия өз ойымен ұзап кетіп еді. Шамасы Тарланкөкті үйретер кездегі екі құлағы да орнында, Жаубайдың жалшысын ойлап келе жатпағанын кім білсін.

– Шырағым, Абак, – деді Аман. – Өздерің кеткен соң бізге көзқарас өзгерді. Ең алдымен «кірме» деген сөзден құтылды. Көзсіз, сенгіш қазақ ауылының адамдары қандай, сендер кетісімен бізді Тоқаш төреге де, Жандосовқа да туысқан етіп қойды. Тіпті алақашпа тіл Тоқаш төре Бүргенбайды қайдан білсін, осы туысқанын малай еткен соң оған қатты кетті десті. Баяғыда қашып бара жатып Иса төре дегеннің атын естіп Нұрияны қарындас ете салып едік, бұл жолы, имандай сырымыз, олай етуге арымыз бармады. Біз Тоқашыңды да, Жандосовыңды да білмейміз ғой. Сендер кеткен соң, – деді Аман атын бір тебініп қойып, – Бүргенбай бізді шақырып алды да: сендер босағама құтсыз жалшы болдыңдар, сендер келген соң жетіатадан ажырамаған ырысым төгілді, шаңырағым шайқалды. Сандығымдағы мөрім кетті, қолымдағы барым кетті. Бір байдың жесірін алып келіп, ауылыма тығылып едің, арық тоқтыны асырағанымда ауызымды май ететін еді, арық адамды асырап аузы-басым қан жалады. Қайқайыңдар, бұл елден, – деді. Мен не дерімді білмей тұрғанда менен мына Нұрия пысық шығып:

– Бай, шаңырағың шайқалса, жұртқа істеген зауалың басыңа нәубет болып жеткен шығар, ырысың төгілсе, адалынан арамы көбейіп кеткен шығар. Біз іздеусіз, сұраусыз адамдар емеспіз. Үш жылғы ақымызды бересіз, кетеміз. Бермесеніз барысатын жеріңе тұр, – демесі бар ма мұның. Бай ауылда әбден қызық болды. Байдың қатындары беттерін шымшып, еркекке қарсы сөйледі, «мынау адам емес, албасты шығар» десе, бай «баяғы уақытым болса, асаудың құйрығына байлап жіберер едім» деп, ары-бері теңселіп жүріп алды. Мынау тағы қатты кетті, – деді Аман, – Бай, енді мен түгіл мына екі қатыныңды да сабай алмайсың. Төбеңе қара, қазір аспан асты өзгерген, қазір Кеңес өкіметі, – деп жіберді. Нақ осы жерде, бір қызығы, байдың қатындары беттерін шымшығанын қоя салып, бұл әңгіме құлағына жағып, тұра қалысты. Бұған бай одан сайын ыза болды.

– Ойбай тыңдамаңдар, мына бетсізді, – деп ойбай салды. Ақыры ревкомға Құлға бармай тоқтамадық. Ол бізді ет бауырынша қарсы алып, жайымызды білген соң, Бүргенбайды шақыртты. Құл қорқақтар ма екен деген едік, олай болмады. Ол арқасында алып Алатаудай Совет өкіметі тұрғанын жақсы біледі екен.

– Бай мына балалардың ақысын төле, әйтпесе шатақ болады. Әйелі екеуі үш жыл бойы отынды жағып, суынды құйды. Өзін де, қатындарын да төбесіне шай қайнатқан жоқсыңдар, одан басқаның бәрін істедіңдер. Енді істі өзің қозғаған екенсің. Оны тындырмай болмас. Бәрі бір бүгін болмаса ертең дауланатын дау еді, ол. Біз мынадай ұйғарымға келдік. Бір ат, бір бие, он қой бересің. – Бүргенбай қорықса да, әлде тіпті осы пәлелерден құтылайын десе де үндемей келісім берді. Бірақ ернін тістеп алғанына қарағанда «қап шулаған шұнақ кедей салдын-ау салықты, күнім туса көрер едім, сендерді, қарыңа қарғыс тамға басар едім» деп тұрғаны хақ еді.

Сол күні тиген биесін, атын, он тоқтысын алып Амандар іргесін аулақ салып, бөлініп қоныпты. Кешке қарай оларға әлгі Малдақтың ағасы Тоқымбек Тоқабайұлы «сауып іше тұрындар» деп бір бұзаулы сиыр айдап келіп беріпті. Аман әңгімені осы жерге әкелгенде Нұрия киіп кетті.

– Қарап отырғанша жол қысқарсын, мен әлгі Малдақтың әңгімесін айттайыншы, деді Нұрия, – деп Шұнақ шал алақанын бірін біріне соғып шарт дегізді. – Өздерің кеткен соң әлгі жиынды жұрт ұзақ әңгіме қылды. Әңгіменің көбі екі бай Бүргенбай және Тоқымбек туралы еді. Бұл екі байдың екі түрлі жолмен байығанын, біреуі қатыбас, екіншісі оған керісінше адал адам екенін айтып, сөз Малдаққа соқпай өтпеді.

– Малдағың кім? – дедім Нұрияға.

– Әлгі байды атпа, мені ат дейтін жаман ше? – Ойыма түсе кетті. Оның ағасын да есіме алдым. Ін аузындағы тышқандай оның қалқан құлағы көз алдымда тұра қалды. – Өздерің кеткен соң-ақ ел аузына елек қойған бар ма, жұрт оған Малмақұлы деген атын өшіріп, жиында өзінің

кім екенін әбден жария еткендіктен «жаман Малмақ» деп жүрді. Сәл күннен кейін оны біреу түзетіп, «мал бергенде алмаған, малды жек көретін оны малдақ деу керек» депті. Содан бері оны ел Малдақ атандырып алды. Қазір өзінің де құлағы үйреніп кетіпті. Малдақ десең ау дейді. Міне соған Тоқымбек Тоқаш төренің сөзін екі етпей қыз айттырды. Қалың беріп, бір момын шаруаның он алты жасар Сара деген қызын алып берді. Қызды әкелген күні әлгі жаман көтеріп салған отауына кірмей қашып жүріпті. Ертеңіне әйелінен білген ағасы шақырып «отауыңа неге бармадың?» десе, «соны қоя-ақ қойсам ба деп едім» депті. Намыссыз неменің сөзі намысты ағаның қанын қайнатып, сол жерде сойып салыпты. Сөйтсе әлгі Малдақ таяқ жеп жатып ағасына «Мені ұрыңыз, аға, ұрғаныңыз дұрыс, отауға кіргенше таяқ жей тұрайын» депті. Ағасы күліп жіберіп, шаршап отырыпты. Кешке қарай жеңгесі отауға зорлап кіргізіпті. Сөйтіп келіншегінің қолын ұстамапты. Сөйтсе «қолы жұп-жұмсақ қой» деп кеңкілдеп күліпті. Әлгі бір күлкілі әңгімедегідей жеңгесі «қазықты жерге қадап тоқпақпен ұрды» ма, ұрмады ма, ол жағын біле алмадым, – деп күлді Нұрия, – ертесіне әйтеуір отауға өзі жетексіз кіріпті деп есіттік.

Күз болған соң уәде бойынша Тоқымбек Тоқашты іздеп барыпты. Тоқаш қайтыс болған екен деді Нұрия, Жандосов деген қазақтан мұғалім сұрап алып келді. Сол мұғалімнен Малдақ та, біз де, басқа балалар да сауат ашты. Енді мына Аман екеуміз де, сусылдатып жазбағанмен судыратып оқитын болдық. Бұл біздің қаңғып елден шығып кеткендегі үлкен олжамыз деп ойлаймыз. Ал Малдақ қазір ауыл-ауылдың бәрі шақырып қисса оқыттыратын тәуір адамы болды. Бір күні Тоқымбек үйіне ат жетектеген біреу келді. Сөйтсе әлгі Сөгетідегі Қатыбас (Қатыбасов еді, оны Нұрия солай атады) екен. Жетегіндегі аты Малдақтың ақысы екен.

– Қол хат бер, айналайын, әйтпесе Алматың сенбейді, – деп жалынады Қатыбас. Малдақ атынан Тоқымбек қол хат берген екен, анау – осы заманның шық бермес Шығайы рахыметін айта-айта кетіпті. Мұны көрген халық енді Совет өкіметіне имандай ұйымай қалай тұра алар. Көрініп көк тіреп тұрған ақбас Алатаудың ұлылығына халық сенбесе де, енді Совет өкіметінің кедей-кепшікке төбесінен төмен қарай алтын құяды десең де иегін изеп, бөркін баса киетін болды.

Мен соны естігенде, – деді Шұнақ шал, – бір адам жігерсіз болса сол Малмақ ұлы еді, бір кісінде намыс жоқ болса сол еді деп ойлады. Совет өкіметі жаманды жақсы етті, қараңғыны ағартты, ол талай Малдақтың тамырына қан жүгіртіп, көкірегінде намысын оятты. Сол кезде Жандосовтың Түркістан Орталық Атқару комитетіне жазғанындай: «қазақ кедейлері Совет өкіметін түсінді. Совет өкіметі қазақ кедейлерін түсінді. Енді қазақ кедейлері, өмірге бұрынғы немкетті, керенаулықпен қараудан арылды».

Шынында да ауылға жаңа леп келген еді, ескі ауыл жаңарып, жасарып, біржола түлемегенімен, жер-су реформасы сияқты ірі істен кейін Совет өкіметі жүргізген ірі шаралар ілгері басты. Бірақ жергілікті кулақтар, байлар әлі де жер-су реформасында болған ұсақ-түйектерді теруде еді. Қай жерде де тап күресі шиеленісе түскен жағдайда болатын. Бұрынғы мың салсаң бір ілгері баспайтын кедей-қосшыға әжептәуір жел бітті, бұрынғы елдің қоры біз, біз тек құл болу үшін жаратылғанбыз, сондықтан бай аман болсын, біз солардың қалғанына ие болсақ та болады дейтін сияқты намыссыздық, керенаулық келмеске кетті. Бұрын туысқаным еді, сонда болса да мен жаман болмаймын дейтін ездіктен, ездіктен болған сорлылықтан құлан таза құтыла бастады. Құлан таза деп айтатын себебім ол елді жайлаған індет сияқты еді. Байға бас ию, қарсы сөзге келмеу ол заңдылыққа айналса, енді ол бұғаудың бұршағы үзілді, темір құрсау қақырады. Оны мен қайта айналып ауылға соққанда анық аңғардым. Бұл сөз жоқ, жаңалықтың, Советтендіру ісінің тамырын кең жайып бара жатқаны еді.

«Дегерестің» желкесіне шыққанда он алтыншы жылдың қысында Ұлтарак, Інжір үшеуміздің жерді қия алмай көп ұйлыққанымыз есіме түсті. Сөйлеуге, тіл қатуға сөз таба алмай тұрып едік. Мен құдайшыл емеспін, шырағым. Сол жерге атымның тұяғы қайта тигенде, үшеу кетіп, үшеу болып оралғаныммен, орны толмас Ұлтарак есіме түсіп қабырғам сөгіліп кетті. Көзіме жас толып атымнан түстім. Аман мен Нұрия аң-таң. Түсе салып, қарды теуіп-теуіп, жусан түбін ашып жіберіп, етпеттеп тұрып «өскен жер саған қайта оралдым, аманбысың!?» деп егіліп кеттім. «Қайран Ұлтаракты, Інжірді әкеле алмадым, ағамекен айыбым болса кеш!» – дедім. «Қарыс жерде жүріп мұнысы несі?» деме шырағым. Қандай болып кетіп едік, бұл жерден. Қандай болып келіп тұрмын. Мұнда қуаныштың лебі, жылы леп бар еді. Қыс күнінде еріп, еміреніп жатқан жерімді тура қазақтың өз пейіліндей көріп, қайта сүйдім. Орнымнан тұрғанда Аман мен Нұрияның да бетін көз жастары жуып тұр еді. Бұл қорыққан мен қуанған бірдей деген, қуаныштан туған жас еді, алдымызға ақ тілеу еді.

«Ел құлағы елу» десең де, жүз десең де болады, менің Ферғанаға соғысқа кеткенім, большевик болғаным, Ұлтуғанның өлгені бәрін де мұндағылар біліп отырыпты. Он алтыншы жылы Күрті болысында көргенімдей, енді Алматыда болған жаңалық мен өскен ел ішіне бірі ерте, бірі кеш еркін жетіп жататын болыпты.

«Дегерес» ол кезде кішкентай ауыл, совхоз орталығы. Жаз болса ел киіз үйін тігіп жиын отырады да, қыс болса қыстау-қыстауды сағалап, шаруа қуып, малын-басын күйттеп жоқ болып кетеді. Менің келуім жиырма үшінші жылдың басы болғандықтан қыс көзі қырауда келіп, бір Бөсер деген байдың тоқалына арнап салған екі бөлмелі тоқал тамына орналастым. Аман мен Нұрияға бөлек тұруға кеңес бердім. Олар біреудің төрт қанат қазақ үйін сұрап алып менен екі-үш шақырым

жерде тұрды. Әзірге бір тұра тұруға екеуінің де құлқы болып еді, мен балаларымды сылтаураттым. Олар да менің балаларыма қарайтын, тамақ істеп беретін кісі жоқтығын тарта берді. Мен інім, бөлек тұруды шынымен қаладым. Біріншіден бұрыннан Нұриямен жағдайымызды айтқанмын. «Мен әлі сені жақсы көремін» деп құшақтап үйренген ақ білек абайсызда мойныма оралып, сүйіп қалған ауыз желімдей жабысып жүрсе, сонда менің кім болғаным. Совет өкіметін орнатуға, нығайтуға жіберілген большевик онда сүттей ұйыған Совет семьясын бұзушы айыр басты жылан болып шықпас па!? Екіншіден бар өсек-аяннан аулақ болғым келді.

Елге келіп, әкім болдым деп аспаннан түскендей шітірейе қалғым келмеді. «Кешегі арамызда-ақ жүрген құлағы кесік қу құл еді ғой» деп жүрсе біреу бұдан өткен өлім бар ма!? Сондықтан елден көп бөлектенбедім, барынша араласып, Совет өкіметінің отын маздата түсуді ойладым. Арасы түстік жер екен, Сәлиман шешемді іздеп бардым. Шешем мені жақсы білген екен «ол мені іздеп келеді және мені алып кетеді» деп берік сеніммен айтып отырады екен.

Шынын айтсам інім мен бір нәрсеге қатты қысылдым. Жаубай ауылына баруым керек пе, жоқ па? Осыған жауапты сен айтшы, інім, – деп Шұнақ шал маған қарады. Мен бір сәт үндей алмай отырдым. Сонан соң барып:

– Оны басынан өткен кісі ғана шешкені дұрыс болар, – деп едім, шал рахаттана қарқ-қарқ күлді. Бұл шалдың екі күннен бергі бірінші күлкісі еді. Өте сирек күледі, тіпті күлкі дегеннің не екенін ұмытқан ғой, бұл шал. Ұмыттырған ғой, анау Таубайлар деп менде іштей таптық намысым қозып отырдым. Іштей Жаубай үйіне бармағанын қаладым. Бірақ бармауыңыз керек демедім.

– Иә шырағым, «Дегереске» келе ойлағаным сол еді. Соның шешімін таба алмай бірнеше күн қиналып жүрдім. Жаубайдың аққатынын біз тартып алып кеттік. Қызын өзінен рұқсатсыз тағы алдым. Қалай болғанда да ол менің әйелімнің әкесі, демек менің де әкем. Менің жалғыз ұлым Марленнің нағашы атасы. Жау болса да – атам. Ал бармай көр! Екінші жағынан өмірімнің ең құлан, қызық шағын бейнетпен, ақы-пұлсыз өткізген, жалшылығында шешем жүріп бар өмірін ит қорлықпен сарып қылған, ауыр бейнеттің бір сағат та болса рахатын көрмей, ақтық деміне дейін қиярын қылған, оның ауырғанына сенбей жауыздық жасаған, маған істегені аз болғандай бір құлағымды кесіп өміріме таңба басқан, сүйгенім үшін күйдірген, оны менен айырып қатын үстіне бермек болған, сан кедейді сарсаңға салған ата жауым. Ал енді барып көр! Тек қауіп Сәлиман шешемде еді. Ол қызын алдың атаң ғой деп отырып ала ма деп зәре-құтым қалмады.

Жаубай қыстауынан шешек шыққандай бөлек тұрған жалғыз үй Қойлыбайдікі екен. Шешек шыққан үй қазақта оңаша отырады ғой. Оған басқа жақтан келген адам кірмейді. Ең мықтағанда сырттан

ғана көңіл сұрап кетеді. Мүмкін сен мұндай ырымды білмейтін де шығарсың. Өйткені сенің заманыңда біздің еліміз ондай адамға келетін селебе аурулардан біржола арылды ғой. Бұрынырақта шешек шыққан үйді тастап басқалар жыраққа көшіп кетеді екен. Бірақ олардан күдер үзбей қамқорлықты сырттан жасайтын болған. Осыдан алты жыл бұрын он алтыншы жылдың декабрінде Шегіровтерді матайтын жерде екенін естігенмін. Үш-төрт кісімен келіп Қойлыбай лашығына түстім. Ол кезде ішетін тамағын ауырсынбасын дей ме, әлде ауыр салмағымыз сонда түссін дей ме, Совет болыстары да, өкілдері де көбіне бай үйлеріне түсетін. Мен інім, шыным, күшігінен таланған сорлы деме, сол байларға баруға дәтім шыдамады, дәлірек айтсам, жанымның оларды көрсе жиренетінін жасыра алмадым. Малмақ ұлын адам еткен Токымбек сияқтылар болса бір сәрі, бір күн тойып жағады екем деп оларға ат басын тіремедім.

Үш-төрт аттың дүбірі әжептәуір. Бұл кім болды екен деп шыққан Қойлыбай мен түсе қояды деп ойламаған. Қартайып, қайраты қажыған Сәлиман шешем енді ешкімге керексіз болғандықтан пәлен жыл дәмдестүздас болып едік, талай пайдасы, ақыл-кеңесі тиіп еді деп дәм алған екен. Мен екенімді айтқан соң есейіп қалған екі ұлы да, Дәмет те үйден жүгіре шықты. Қыс ішінде төбенің ығын ғана паналап отырған киіз үйдегі балалар жалаңаяқ, жалаңбас қар үстінде тұр. Тіпті жалаңаяқ тұрмын деген ойына да келер емес. Қойлыбай сасып-салбырап қалды. Оның болыс туралы ұғымы бұрынғыша екенін сол жерде-ақ байқадым. Қойлыбай егер өзім құшақтап көріспесем жақындайтын сұры жоқ. Шамасы аяғына шегірен етік, үстіне шинель, басына буденовка киген маған жолауға өз киімінен қорынатын, әлде жүрексінетін болса керек. Оған қарағанда Дәмет батылдау шықты. Ол құшақтап көрісіп, көңіл айтты. Шешем шығып үлгере алмады. Мен үстіне кірдім. Бір кезде біркиер болған, қазір қылшығы түсіп, түбіттеніп, жүн болып қалған түлкі ішін жанмылып енді орнынан түрегеліп жатыр.

Қыс болса да күннің бір жылы күні еді. Жылымақ басталып, аздап жер еріп, жылға-жылғадан жылап су ағып жатыр. Сондықтан да болуы керек, Қойлыбайдың аядай төрт канат үйінің түңдігі бір жағынан ашық тұр. Үйдің іші қоңыр төбел. Шаруасына ықтиятты Қойлыбайдың үйі. Бұрынғы кедейлігінен гөрі көтеріңкілеу, өйткені бір жаққа екі басы қайқы ағаш төсек құрып, үстіне сырмақ салып қойыпты. Үйдің киізі бүтінделгенін, боздау екенін сыртынан байқағанмын.

Сәлиман шешемнің көзінен оты қашып, ақшыл тартыпты. Мені құшақтап, бетімнен сүйді. Жылап азан-қазан қылама деп едім, әйтеуір олай болмады. Ұстамды күйде. Отырған соң барып көңіл айтты:

– Ұлтуған ұл болып қана тумай қалған бала еді. Құдай маңдайымызға сыйғызбапты. Арты қайырлы болсын. Осы ат ойланғысыз қалың Қасқарауда жақсы болыпты деп жатқан ешкім жоқ. Бәрі де қабырғасы қайысып, Ұлбайға көңіл айтты. Артында ұл қалыпты, жасамағанын

соған берсін. Құдайдың салғанын көтеру керек. Көтермегенде не істей алар едің. Бір нәубет жеткен екен, енді сұм дүниеге нәлет айтсаң да, налып айтсаң да одан өнер ештеме жоқ. Тіпті Ұлтарак пен Інжірдің арманда кеткенін көрмейсің. Арда емізер ұлын көзін ашпаған жас күшіктей кезінде кейінге тастап кеткені, о дүниеге дейін көңілінде дүмған болып кетті ғой, сорлының. Сен, балам, шүкіршілік ет! – Шешем тосылып қалып, сол үнсіздіктен кейін қайта басын көтеріп алды:

– Ұлбайға баруың керек, Жыртықтың үйі бөлек. Ол Құлқашпен тұрады. Жалғыз қызынан айырылып қай жетісіп отыр дейсің, сорлы, – дейді Сәлиман шешем. Бармауға болмайтынын сездім. Қағанағын қақ жарып Ұлтуған содан туды ғой. Ұлтуған тірі болса сөз басқа. Бармаймын дер алармын ба, бұл жерде. Мен үшін енемнің баяғыда Жаубайдан жазықсыз таяқ жегені де есіме түсті. Ұлтуғанның шешесі ғой, ол. Менің де шешем емес пе!?

– Жарайды, барайын, – дедім.

– Атына мін де қазір бар, жалғыз бар, Қойлыбай қай үйде екенін көрсетеді, – деді шешем. Шамасы мен оған да бармай қояды десе керек. – Қонатын үйің осы болады. Кедей Қойлыбай да бір қонақасы берер. Сен де кеше Қойлыбай сияқты иығың бұйыр құмдай қызарыпкөрініп тұратын бауыры тақыр едің ғой. Сен мына сұсты, сұп-сұр киім киген екен деп өзгере алмаймын. Мен сенен қорқатын Қойлыбай емес. Саған бар, жолық дегеніме бір апта болды. Аяғын баспайды. «Қалай көрерін кім білсін, болыс қой» дейді. Байқаймын, рас болса керек, Қойлыбай қызарып, төмен қарап кетті. Дәмет езу тартты. Енеме бармақ болдым. Шешемнің не ойлап отырғаны белгілі. Шай ішіп жайланып болған соң бару – ол өгйдің ісі болар еді. Сәлиман шешем бұл жерде де маған дұрыс ақыл беріп отыр. Жалбыраған жалбызынан, жалғзынан, мысықтың соқырындай еркесінен айрылған сорлы шешенің не шекесі шылқып отыр дейсің. Естіген бойда-ақ егіліп, төгіліп отырған болар. Ұлтуған болса, шешесіне түспей, ат басын қайбана қазақтың үйіне тірер ме еді. Тіпті ол бар болса енемнің көңіліне көлденең тұрар қылау болар ма еді.

– Қазір барайын, – дедім Сәлиман шешеме. – Шай ішпей тұрып барайын!

– Ия, ол сенің шешең ғой, шешең. Сорлап қалды ғой, сорлы! – Мен есікке беттедім.

– Атың ұстатпай қойған, бос тұр, – деді Қойлыбай.

Далаға мен шыққанда Тарланкөк есікке қарап құлағын тікті де, оқыранып маған қарсы жүрді. Мен оның тізгінін ұстай беріп Қойлыбайға:

– Бұл баяғы Тарланкөк қой, танымадың ба? – дедім.

– Ой жануар-ай, ұстатпай қойды.

Атқа мінген соң бажайлап қарасам бұл ауылда көп өзгеріс жоқ. Қаптаған мал, қараң-құраң адам. Тек Қойлыбай үйіне түскен орыс

киімділерді біле алмай, шерменде болып, көбі есік алдында ошарылып тұр. Саптама етік, сырмалы күпі, қызыл тон, түлкі, қасқыр ішіктілер, кешке дейін аязға байласаң да суықты сезер емес. Бәрінің екі көзі, Тарланкөкпен асылап келе жатқан менде. Ата жауымның ауылы – атамның ауылы. Осыларды ескере келіп жаңа Қойлыбай үйінде ішімнен байланған нағанымды сыртқы белдігіме өткізгенмін. Кім біледі, «жау жоқ деме жар астында». Мүмкін бұл ауылға сұсты көріну керек шығар.

Ұлбай бәйбішенің отырған тамына бір-ақ түстім. Тарланкөкті тізгінін түйіп есік алдына бос қоя салдым. Бір қызығы Тарланкөк байлап қойсаң бәрібір шегініп тұрып, тарс үзеді және иесі осы жерде жүргенде жайылмайды да, басқа жаққа кетпейді де. Оның үстіне біреу қастық қыла ма деп қауіптендім.

Үйге кіріп келсем Ұлбай бәйбіше менің келетінімнен бейхабар болса керек. Бұрын «жеңеше» дей салатын бұл кең жанды, мол жаралған, сонысына қарамай аса пішінді адамды қалай атайтынымды білмедім. Үстінде көк шәйі көйлегі, суыр терісінен жасаған, сыртын қызыл дұқабамен тыстаған шолақ жеңмен пеш түбінде күзеннен ішік құрап отыр. Кере қарыс жағы кестеленген кимешегі аппақ. Сыртқы бейнесі осынша әсем көрінген бәйбішенің өңі отын жетпей қалып, от қызуы болмай сартаптанып зорға піскен нандай, іренкі тартқан. Маңдайын, көзінің алдын әжім басыпты. Жетісу елінде кимешекке маңдай салады, інім. Ол әйелді көкірейтіп биіктеу, маңғаз көрсетеді. Аяғында көксалдаған мәсісі бар екенін тұрғанда барып көрдім.

– Амансыз ба? – дедім. Шеше немесе апа дегенді қоса алмадым. Тіпті соны айтсам аузым қисайып қалатындай. Шынымен сыртым сұсты болуы керек, енем сасып қалып, орнынан тұрды. Біраз үнсіз бетіме телміре қарап тесіліп қалды. Мен жанына жақындай алмадым. Жанына жақындайтын мен қайбір күйеу кәдесін жасап, қалыңдық ойнап, не ұрын барған, атаның, ананың разы-қошын естіген адаммын. Төс жеп, төркін танытқанның жөні бір басқа. Әрине маған енді ұрыспайтынын, ұрыса алмайтынын біліп тұрдым. Тіпті солай етсе де құқы бар адам, не істесе де, тау құлатса да көтеріп алмақ болдым. Тау құлатса да тауап етуім керектігі де ішімде тұрды.

– Ә, Абақысың, шырағым. Өзгеріп кетіпсің. Сені көрмегелі сегіз жыл, не заман. – Ол қасыма келмеді. Расында оны көрмегелі сегіз жыл. Сонау жылы мен үшін бетіне қамшы тамғасы түсіп, таяқ жегеннен кейін көрген енем. Кейде бір ауылда тұрып-ақ айлап, апталап көріспеуге болады. Амандығын, дүниеде барын күнделікті тіршілік барысында абысын-ажыннан, ағайын-туғаннан жыбыр-сыбырдан хабардар болып отырарсың да, содан өзін жоқтай қоймайсың. Оның үстіне ол байдың бәйбішесі, жүрген-тұрғаны есепте. Бәрі үйінен табылғандықтан, жасы да басқалардан ілгері болғандықтан ол ұзап жекжатшылап біржаққа бармаса, үйінен шыға бермейді. Сондықтан мені қайдан көрсін. Мен де

сол ауылдан көп кетпес бұрын Ұлбай бәйбішені көрмеген екенмін. Ол менің шұнақ болғанымды естігенмен, кескінімді көрмеген. Бәйбіше орнына қайта отырды да, бір ноқатқа телміре қарап сөйледі:

– Осындай жағдайда Ұлтуған екеуіңнің қол ұстасып, қатар түзеп келгеніңді көрмеді едім. Амал не, құдай оған жазбапты. Қапа шегіп, төңірегімнен қорлық көрсем де «ерге ер, серіге сері, өз теңіне қосылды, қор болмайтын болды ғой» деп іштей екеуіңе де риза едім. Мен сыртыма шығармаған қуанышымды құдай көп көріпті. Қайтейін, жалғызымның өлімін естиін деп пе едім, жылап келіп, жылан құшақтап жаттым, өмірім өксумен, күрсінуге өтті. «Шал дегенше мал десеңші» деген Құлқаш сияқты санасыз болудың өзі бұл дүниеде артық екен.

Бәйбіше осыларды айтып үндемей отырып қалды. Кейбір әйелдер сияқты сықсындап жылаған да жоқ, не безбүйректеніп бедірейген де жоқ, алпылдап-жалпылдап қызымның күйеуі еді, одан бала қалып отыр деп жалбақтап жәреукеленген де жоқ. Жанымды жаныңмен ұғарсың, балам дегендей етті де қойды. Біршама уақыт үнсіз отырды. Мен де үнсізбін. Әлден уақытта барып, орнынан тұрды да, төр алдында тұрған сандықты ашты. Ішінен көп буыншақ-түйіншекті алып, бір түйіннен болыскей ақсауыт алды да, маған ұсынды:

– Менің сендерге бермегім осы ғана, шырағым. Бұл Ұлтуғанға бір жақын адамның үш жасында сыйлаған сыйы еді. Тірі болса, жаныма балап, жанға шығармаған сырымды ұқтырып өз қолына табыстармын деген едім, оған құдай жеткізбеді. Енді ең болмаса одан қалған шикі тері анда-санда осы құтыны иіскеп, шешесін есіне алып жүрсін. Қош шырағым. Маған көктемде әлгі ұлыңды әкеліп бір иіскетіп кет. Сонан соң мен көпке ұзамаспын. Менде сен екеуіңнен басқа ұрпақ жоқ, менің қазамды үш күн аза тұт, қайда жүрсең де ұлыңды ерте келіп, қолыңмен көм. Байға бармай-ақ қой. Сен оған қарыздар емессің. Қош, шырағым!

Енем ең болмаса, шай іш, отыр да деген жоқ. «Алдыңа келсе атаңның құнын кеш» деген ғой біздің халқымыз. Салқын қабылдаса да енем бізге әлдеқашан-ақ оң батасын бергенге ұқсайды. Байқауымша әлі елуге келмесе де, бұл дүниеде ол кісіні еш нәрсе қызықтырмайтын сияқты, қызық атаулы ол кісі үшін атам заманда ада болып, бұл күнде тек күн өткізіп, өлім күтіп отырғандай. Баяғыда Жаубайдың бәйбішесі атанып тұрғанда бұған жұрт қызыға да, қызғана да қараушы еді. Сонда білгізбейді екен-ау, сырты бүтін, іші түтін екен ғой. Танданбай тұра алмадым. «Сен оған қарыздар емессің» деген сөз құлағымда кетті.

– Қош болыңыз!

Үйден шыққанымда бағанағы топ сол қалпында шырқы бұзылмаған күйінде, тапжылмай тұр. Әрине бекер тұрған жоқ, менің қалай кіріп, қанша отырып, қалай кетерімді бақылап тұр. Ішінде мені танитын Дәуқара да, Қойырtpақ та, Таубай да бар. Мен оларға көз қияғымды салдым да, қарамауға тырыстым.

Есік алдында Тарланкөк жоқ. Оңашарақ барып тұр екен. Мені көріп оқыранып қоя берді де, аяндап маған қарай жүрді. Атымның мандайынан бір сипап аттанып кеттім.

Қойлыбай үйіне түскенімде мені өкшелей бір-екі атты кісі де жеткен еді. Қойлыбай үйінің іші бағанағыдай емес, төрге жаңа текемет төсеп, үстіне көрпе салып қойыпты. Келген екеу Дәуқара мен Дәрітай болып шықты.

– Ревком болдым деп мына Абақ амандаспай кетті. Сонан соң өзіміз ілесе шаптық, – дейді күліп Дәуқара.

– Қой, – дейді Қойлыбай, – шамасы әкім болған кісі ондайды көтере алмайды дейтін болса керек.

– Неменге қоямын, – дейді Дәуқара, – мен егер адам көрген болсам, Абақ өзгермеуге тиіс. Егер әкім болғанын көлденең тартар болса, онда бұдан былай дымымыз ішімізде болады дағы. Онда біз де бір қайбана қазақ. – Қойлыбай бұл сөзді де артық көрді.

– Қойсаңшы, Дәуқара, қонақтың мазасын алма! – Өзі сызылып «сізге» көшіп алған, «сен» деп қойса, менің жаныма байланған наған соған қарай атылатындай, әлде шиканым жарылып кететіндей.

– Үркіншілік жылы әлгі шикіл сары келгенде шөңтігінде шөлмегі болушы еді, ешкімге ұсынбай өзі ішуші еді, егер ол бір тәтті нәрсе болса, ол мына бізге келген әкімде болса дәмін бір-бір татып көрейік деп едік, – деп күледі Дәуқара.

Арада алты жыл өтсе де бұл ауылда көп өзгеріс болмапты. Тек Тойғанбит қайтыс болыпты. Біз Азбанға көңіл айта барғанда: «нетермін-ау, нетермін, алдымда малым тұрғанда Таубайға тиіп кетермін» деген еді, сол ақыры рас болып, сол қыста Тойғанбит Таубайға атастырылыпты. Әрине бұл ауылдың пейілі белгілі. Таубай Тойғанбитті алған жоқ, малды алды. Соңғы күндері Тойғанбит өзі екі есті адам, «пәлен күн болды, менің есігімді ашпады» деп Жаубайға дейін барып, арыз айтып жүріпті.

Ас үстінде ауыл-аймақ, бота-тайлақ амандығы, жаяу өсек, бота қалжыңмен отырдық. «Бота қалжың» дегенді, оның неден шыққанын білуші ме едің, шырағым. Жас бота бірімен бірі ойнағанда ауыздарын маймандатып, тістейтін ыңғай білдірмек болады. Мұны ол ойнап адамға да істейді. Кейде тізесімен адамды қағып қояды. Қазақтың «бота қалжың», «бота былжырақ» дегені жеңіл ойын, қалжыңды айтқаны. Баласын «құлыным», «ботам», «қозым» дейтін қазақ ботаның ойынына дейін өміріне жалғаған ғой. Түс ауа бастағанда елдегі байлардың үстінен арыз айтып, дау-даулап келушілер көбейді. Қойлыбайдың кішкентай үйі болыстық атқару комитетінің кеңсесіне айналды. Ол кездері «мен өз жұмысыммен жүр едім, кеңсеге келерсіңдер» дей алмайсың, сондықтан расы бар, өтірігі бар, шын жылағаны бар, әукейсіп не істей қояр екен деп сынап келгендері бар, бәрін де тыңдауға тура келді. Шетіңнен біртіндеп кіріңдер дейтін емес, өйткені ақ қар-көк мұзда

далаға тұрғызып қоюға болмайды, сондықтан Қойлыбайдың кішкентай үйіне сыйғанша бәрі кіріп, жағалай отырысты. Бұл не айтар екен дегендей алғашқы сәтте ешкім үн шығармады.

Мен Совет өкіметінің жүргізген шаралары туралы, жер-су реформасы туралы, енді сол істің нәтижесін баяндандыруымыз керектігін қысқа айттым. Өйткені алғашқы бетте «кешегі өзіміздей малшы еді ғой, ақылдымсуын» дегізбейін дедім. Өзім де қайбір ағып тұрған, сынаржақ адам, сөзімді созбауға тырыстым.

– Қане жолдастар, кімнің не айтқысы келеді? Ревком төрағасына, – деді хатшы.

– Мен айтсам болар ма екен? – деді босағада отырған жалшы. Жалшы екені киімінен-ақ көрініп тұр. Басында бір кезде қара қазандай қалыбына» барған, сондықтан кедейге өлшеп соққандай болып қалған, әлде байдың, әлде мырзаның басынан ауысқан, қара елтірісі оңып, не боз емес, не қоңыр емес түске енген бөрік. Бұл бөрік басына кеңірек болғандықтан артқы түрмесін шамадан тыс түріңкіреп жібергендіктен оқшырайып, соқыр кісінің оғаласындай болып тұр. Үстінде боялмаған теріден істелген тон. Ол суға, күнге көбірек тигендіктен бұл кезде шолтайып тізесінен шығып кеткен. Белін жіппен бір буа салған. Аяғында киіз етік, оның бас жағын көнмен қаптаған екен, бүгінгі сылпылдаққа тигендіктен ол болбырап бос тұр. Кепкен соң киіз етікті мұның аяғына сиғызбай қояды-ау деп, кедейлік басымнан өткен мен сорлы іштей сезініп отырмын. Жасы егде, елуден асқан. Ал бет-аузы... Бет пішіні таныс сияқты. Қайда көрдім екен, мұны. Есіме түсіре алмадым. Мүмкін осы сияқты біреуді білетін шығармын. Әйтеуір жүзі жылы ұшырайды.

– Атым Еспер Қожақұлы. Мына тұрған Ботпай еліненмін. Үркіншіліктен кейін мына Жаубай байға жалданып едім. Енді Совет өкіметі орнаған соң ағайын-туғанымның ортасына барайын десем, ақымды бермейді.

– Онысы өтірік, – деді біреу. Байқасам Қойыртпақ. Жаңа жұрт кіргенде-ақ бұл не айтпақ екен, әлде бұның да намысы оянып, ақыл кіріп, ел қатарлы адам болайын деді ме екен деп ойлап едім. – Бұл патшаға қарсы соғысып, бізге қашып келіп жан сақтаған. Енді онысы аз болғандай мал даулайды.

– Басқа айтарыңыз бар ма? – дедім Есперге.

– Жоқ, тек осы Жаубай, Таубайдың кесірінен он алтыншы жылы қыста бір тәулік атқа таңулы да тұрдым. – Ішім кіп ете түсті. Біз Таубайдың ішігін кигізіп, бір қолын бос байлап кететін кедей екен ғой. Өзі де жөн білетін адам болуы керек, сыздақтатып, жұқалап қана жеткізіп отыр.

– Сізді кейін шақыртамын, – дедім. Бұл жерде ешбір шешім жасағым келмеді.

– Ал сіз айтыңыз, – дедім.

– Менің атым Көнек Сырымбетов. Менің ешкімде дауым жоқ. Мен мына Сұлутөрден едім. Біздің елде Әлімбаев деген бай бар. Соның байлықпен оқыған Керім деген баласы бар еді. Сол қазір Алматыда бастық екен. Совет өкіметі кедей өкіметі болса, ондай бай баласы неге бастық болады. Мен өзім Әлімбаевтың үйінде төрт жыл үш ай малайлықта жүрдім. Ақымды жеген жоқ. Бірақ бай баласының кедей өкіметін бөлегені қалай? – Мен Керім Әлімбаевты білетінмін. Көнектің айтып отырғаны рас. Ол Түркістан Жер Халық Комиссариатының коллегия мүшесі – облыстық жер бөлімінің бастығы еді. Шынында Керім бай баласы ол қалай өтіп кетті деген сөз Алматыда да бар еді. Менің ойланып, жуғырақпанда үндей қоймағым әлгі одан әрі кенедей жабысты.

– Мүмкін Керіммен жұмысты бірге істеген шығарсыз, әлде онымен жолдас шығарсыз, өзіңіз кедейден-ақ шыққан екенсіз, бірақ сондайларды өкіметке жіберіп қойғандарыңыз болмаған.

– Керім Әлімбаев ол облыстық қызметкер, менің қарауымдағы адам емес, дегенмен мен сіздің сөзіңізді жеткізуге тырысайын.

– Сіз тырыспаңыз, – деді әлгі кенедей пәле, – жеткізіңіз!

Еңбекшілердің осынша белсенділігінің көрінісі әрине жақсы еді, інім. Ол Совет өкіметінің қараңғы халықты оятқанының белгісі болатын, оған сенім артқандықтан олар батыл сөйлей бастаған еді. Дегенмен, інім, сол кезде мені арызқойлық, пәлекорлық та пайда болар ма екен деген бір қауіп те жайлаған еді. Кейінірек шынымен пәлекорлыққа біраз жол ашылып та кетті ғой.

Көп келушілер ішінде Қойыртпақтың да бар екенін айттым. Ол не айтар екен деп отырдым.

– Сіз не айтасыз, – дедім Қойыртпаққа. Ол бұрынғыдан біраз сомданыпты, жұрттың айтуына қарағанда қонданған да болса керек. Бағанағы тон ішінде бір кескен тай шұжығындай болып тұрғанын байқағанмын.

– Мен ана жағында бес, бер жағында алты жыл барлығы Жаубайда онбір жыл жалшылықта жүрдім. Соның ақысын алып берсеңіз, – деп бір тоқтады. Мынаның шынымен ақылы кіріп келе жатыр екен, байдан босағасын аулақ салайын деген екен деп төмен қарап отырдым. Бірақ ол қолма қол өзінің неге келгенін көрсетіп алды. – Әлде сіз жаңа қайныатаңыздың ауылына барып қайттыңыз, мүмкін енді Жаубайыңыздың, Таубайыңыздың сөзін сөйлеп қайтарсыз, сойылын соғарсыз.

Қойлыбай мен Дәуқараның қипақтап маған бірдеме айтқысы, білдіргісі келіп отырғанын қабақтарынан ұқтым. Өзім де тез ойлап, тез қорытынды шығару үшін Қойыртпақтың бар мінезін, қимылын, қай қобыға түсіп, ағып төмендейтінін, қай сайды өрлеп, қай шынның басына шыққысы келетінін есіме алдым.

– Қортеке, айтқаныңыздың бәрі орынды, арызыңыз бар ма, бар болса хатшыға тастап кетіңіз, жоқ болса ертең біз жүргенше әкеліп

беріңіз. Арызыңызды революциялық комитеттің мәжілісіне салып ұйғарынды жасаймыз. – Інім, Қойыртпаққа көріне көзге өтірік айттым. Өйткені мұндай мәселе екінің бірінен кездеседі. Сондықтан оны жиналысқа салып жату деген іс жүзінде кездесе бермейтін. Қойыртпақты Жаубайлардың әдейі жұмсап отырғанын білдім. Әрине егер Ұлтуған тірі тұрса, олар маған жылы ұшырауды, қатынас жасауды, әйбаттасуды, ғайбаттасуды ойластырар еді. Ал енді Ұлтуғанның көзі жоқ болғандықтан менің олармен жақын болуыма шүбәланады. Сондықтан мұның біз жөніндегі пікірін, ойын білейін деп Қойыртпақты әдейі жібергені еді. Бит ішіне қан құйған бай тұқым мені тақырға отырғызу үшін оған ауызша айтқызып, кейін тындырып, «мынау баяғыдан бізбен жау еді, ешкім арыз айтпай-ақ бізді құртқалы жатыр» деп байбалам салу еді. «Арызыңызды қалдырыңыз» дегенім де сол болатын.

– Уһ, тұйықтан жақсы шығып кеттің-ау! – деді Дәуқара кісілер тараған соң.

– Мен де абыржып қалып едім, – деді Қойлыбай. – Ол Қойыртпақ баяғы өзінің көргендегіден өзгерген жоқ. Жаңа ғана «Жаукеммен бірге бір қазы жеп едім, көбірек жеп қойып жүргімінің айнып тұрғанын қарашы» деп тұрған. Сол Жаукемінің ақылы ғой, мұнда келуі.

– Олар Қойыртпаққа соңғы кезде көбірек қамқорлық жасайтын болып кетті. Кейде Таубайдың өзі Қортекелеп қояды. Анау соған мәз. Одан да саған Қортекенің қойлы болғанын айтып берейінші, – деді Дәуқара.

– Өткен күзде, – деді Дәуқара әңгімесін соза түсіп, – Жаубай үйі аяқ астынан жасанды да қалды. Кейбіреулер «ау Алматыдан күйеу баласы, қызы келеді екен» десті. Енді біреулер неге екені белгісіз бай бәйбішесін түп-орнымен еншісін бөліп тастамақ, Құлқашты алғалы бәйбіше үйіне (үлкен үй бола тұрса да) кіруді қойыпты десті. Ал сол үйдің соңғы кезде тоқ ішегін айналдыратын әккі Еспердің айтуынша «біреуді бала қылып алмақ». Соны көзіммен көрейін деп бай үйіне кірсем Құлқаш бар өнерін салыпты. Төрге биік етіп жүкті сандықтай етіп тұрып жинап, тоқсан басты үйдің бір басы жоқ, үйде өмірі жарық көрмей теңде буулы жататын асыл киімдерді, илеулі түлкі-қарсақтың, сусары-бұлғынның ұлпанын, бір-екі кілемін бәрін шығарып іліп тастапты. Жаубай қанша бай болғанмен ұқыпсыздау, алдындағы малдан басқаға маңыз бермейтін сорлы ғой, өзің көргендегіден өзгерген жоқ. Мына дүние тұқшындап, әр нәрсені жинап, тығып жүретін Даубайдан қалған мұра екен.

– Кел Дәу қайным, – деді Құлқаш. Онысы «көрдің бе, үйді жайнапты тастадым. Мен Ұлбай емес» дегені.

– Бәйбіше үйі жасаусыз да әдемі, – дедім шымбайына тиіп.

– Ә, солай ма, онда теңде әлі он биқасам шапан бар, соны қоса аламын. Бәйбішен қалай жетер екен! – Сонан кешке қой сойылды

да, ең жақын, сорпа бетіне шығарларын шақырды. Қойыртпақты да шақырып, оған оң босағадан орын берілді. Соған-ақ көңілі үрлеген қарындай кепкен Қойыртпақ өзінің демнің арасында қалай көженің қоюын ішетін болып қалғанын танданбады да, ешнәрсе таназарына кірмеді де. Керісінше шай мен еттің арасында далаға шыққанда:

– Құлқанның (Құлқашты айтқаны) оң тізесін баса отырып едім, «іш қайным, іш» деп шайды көбірек ішіп қойғанымды қарашы, қашанда біз Жаукем мен Құлқанның көңілінде тұрамыз ғой, – деп кебеді. Ет жерде бұл кезде қартаң тартып, жылан көзі бұрынғыдан да ішіне кіре түсіп, құр құдықтың түбінде қалған бір ұрттам судай жылтыраған Жаубай сөз бастады:

– Соңғы жылдары Даубайым өліп, Ұлтуғаным өліп, жалғыз Таубайым қалып жаным жүдеп, көңілім хабаржып жүр. Оның үстіне кедейдің заманы туды деп құл-құтанға жал бітіп, жанына торсық байлап аса қалай келіп тұр. Құдай бермеген құт бәрі бір оларға дары-маса керек. Басқа байланған бақ, астыдағы тақ ол ата мұрасынан келмей, босағаға тұрақтамайды. Бауырым өліп, бауыр етім күйіп жүргенде мына Қойыртпақ жанымға жалау, отыма алау болып жүр. Елен-алаңда шоғымды үрлеп, отымды тұтататын, жоғымды іздеп, түйемді тіздейтін, қыста қасымда, жазда жанымда болатын осы Қойыртпағым. Ағайынның азғанын да, безгенін де көзім көрді. Бірақ Қойыртпағым қашанда жанымнан табылды. Енді мен, ағайын, осы Таубайымның таудай сүйенері болсын деп, мына асық жілікті Қойыртпаққа ұсынамын. Қойыртпақ Таубай қандай болса, сондай көрер балам болады. Атадан қалған аздық-көпті дәулеттің тең жартысы енді сонікі. Мені сыйлаған ағайын мұны енді ұғып қойындар. – Асық жілік қолына тиген Қойыртпақ Жаубайдың мың қойының жартысы қолына келгендей қоқиланып, асық жіліктің көк етіне ауызды салды да, қарпытып асап кеп жіберді. Сөйтті де қақалып, қиқылдап-шиқылдап көрер көзге өлер халге келді. Нақ сол кезде «енді болмаса өліп пе ең, әкеңнің...» деп Таубай көк желкеден періп келіп жіберді. Қойыртпақтың аузынан қол басындай ет салқ етіп, табакқа түсті. Сөйтсек келеңсіз байқұс асық жіліктің көк етінде шыбық болатынын білмеген де, алмаған да екен. Тамағына инедей қадалған сүйектен қақалған екен.

– Өй антұрған, бір асам ет үшін мойнымды үзе жаздадың ғой, ағасын сөйте ме екен? – деді әлгі шерменде.

– Ағасы атасының малына жаудай шапса, інісі оның жанын жаһаннамға жіберер, – деді Таубай. Келеңсіз байқұс «інісі» дегенге іркілдеп, көлкілдеп қалды да, соған мәз болды. Он шақты күннен кейін Таубай бір жақтан келсе, әлгі Қойыртпақ жүз құнан қойды бөліп, оны бір кедейге айдатып, өзі Таубайдың бес кекіл деген жорғасын күміс ертоқымымен мініп алыпты.

– Бұл не, Қор-теке? – дейді Таубай әдейі «қор» мен «текенің» арасын үзіп-созып айтып.

– Бала-шағаның киімі тозып кетті, Шиенге сәрсенбі базарға айда-тайын деп едім.

– Онда мына ақшаны ала кет! – деп Таубай Қортекеңе қолын созады. Алайын деп еңкейсе, бүгілген екі саусақтың арасынан сойдыып бас бармақ шығып тұр. Сонда да түк сезбепті әлгі сорлы. Нақ сол жерде бескесілден аударып алып, інісі ағасын қызыл жоса қылыпты. Сөйтіп Қортекең бірнеше күнге дейін піштірген текедей шөмендеп, белінен баса алмай шын қор теке болып қалыпты. Он шақты күннен кейін Қойыртпақты Жаубай шақырып алыпты да:

– Тұлпардың өз тұяғы өзіне деген, ініңнің тентектігін кеше сал, – депті.

– Жоқ кешпеймін, – деп Жаубай көзінше Таубайға қожандап қызыл тақияны тағы киіп шығыпты. Екі-үш күннен кейін Жаубай шақырып:

– Ағайынды кісінің арасында ондай-ондай бола береді, – десе, анау:

– Таубайымның өзінен де, жұдырығынан да айналайын. Бай баласы екенін бір кісіге танытардай қарулы екен, – депті. Тағы бір күні Жаубай Қойыртпақты шақырып алыпты да:

– Малыңа өзің ие бол. Базарға айдамай-ақ қой. Қашан да ол өз малың емес пе, қайда кетеді дейсің. Заман түзелгенше тұра тұр, – деген екен. Енді әлгі бұға семірген бұқа «заман түзелгенше базарға қой айдатпаймын» деп жүрсе керек.

– Енді біраздан соң бар ақымды алдым дегізіп қағаз жасатады, – деп едім мен, – деді Шұнақ шал, – Дәуқара ішек сілесі қата күлмесі бар ма, сөйтсе осының алдында ғана «көп жылғы ақым үшін төрт жүз тоқсан жеті тұяқ алдым» дегізіп, балшитып бармағын бастырып қолхат алған екен. Сол бір жылдары ондай жалшысын бауыр еткен байлар да, кулактар да көп еді. Олар азық-түлік салығын төлемеу үшін, мал мүлкін азайтып көрсету үшін айла-амалдың бәрін жасап бақты. Бірақ көз-құлағы, сүйеніші қалың бұқара болған Совет өкіметі олардың бет пердесін ашып, жұлып тастап отырды. Ауылда Совет өкіметі нығайып келе жатты.

* * *

– Кір Еспер, кел, – дедім Жаубай жалшысына. – Ризамын, уәдеде қалай тұрғышың. Мұны жігіттің жігіті ғана істей алады.

– Сол-ақ па? Мен содан басқа ештеме істемеппін бе? – Мен оның не айтқысы келгенін ұқпай қалдым. – Ұлтуғанды саған жіберген мен емес пе? Қойлыбай мен Дәуқараға қосыла шапқан мен едім. Өйткені Қалақбас балаларымен келген жалшының бірі менің ағайыным еді. Қай жолмен қашатынын содан білген едім. Ұлтуғанды дау-жанжалсыз пристав кеңсесіне апарып тастаған да мен.

– Бәріне де рахмет. Ақыңды алып береміз. Тағы бір өтініш бар өзіңе. Маған кандидат боласың.

– Ойбай-ау, мен хат танымаймын ғой.

– Осында сауат ашасың, сен сияқты адал адам сирек. Сондықтан екі-үш күннен қалмай көшіп келесің.

– Мына сұрыммен қалай басшы болмақпын?

– Боласың, он сегізінші жылы Совдептің нұсқаушысы Жандосовтың да ботинканы киіз байпақпен киіп жүргенін көргенмін. Ерді кебенек ішінде танитын заман келгенін білмеуші ме едің?

– Онда қойдым!

Болыстық атқару комитетінің хатшысына бүгіннен бастап Еспер Қожақовтың болыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болатынын, оған бір айлық жалақысын беруі керектігін, хатшы кооперативке ертіп барып, киім сатып беруін бұйырдым.

Қайтып келгенде Есперді өзім де танымай қалдым. «Адам көркі шүберектің» де өмірден өзінің алатын орыны бар екенін көрдім. Үстіне шолақтау пальто, бұтына екі саны едірейген шалбар, аяғына етік сатып алыпты. Азғантай ақшаға қарыз болыпты. Онысын келесі айда беруге дүкенші де келісіпті.

– Басы болмай тұр, – деді хатшы.

– Басы да болады, көзелдің, Совет өкіметі тұрса! – дедім мен. Хатшы мен түсінбей қалды деп ойласа керек.

– Бас киімін айтамын, – деді.

– Түсіндім, менің көк құлақшынымды әкеліп беріңіз! – Басына менің әскери құлақшынымды кигенде Еспер өзгеріп сала берді. Осы сияқты кедейлерді көтеріп, киіндіргенімізде үстем таптан шыққан бір ақын былай деп өлең таратқан:

«Оралбай омырайған өзі дардай,
Күзеген, көнтек-котыр қара нардай.
Жасы келіп қалғанын ойламайды,
Комсомол жаңа өспірім балалардай.
Арба майлап, боқ құйған Оралбайды
Өкімет қосып қойды қалың шаңға-ай!
Отыз бес жыл қой баққан Еспер сорлы
Бұ дағы жетіліпті закон-заңға-ай.
Киізетік пен киетін жаман тонды,
Кедейге наржұн шекпен болды сандай».

Сол Еспер екеуіміз «Дегересте» Түркістан Компартиясы Жетісу облыстық-қалалық комитеті атқару бюросының жер-су реформасы нәтижесін шаруашылықтарда орнықтыру жөніндегі жиырма екінші жылдың декабріндегі тоқтамын жүзеге асыруымыз керек еді. Он жеті пункттан тұратын ол қаулыны да мен күнделікті жұмысымда қолданатын

болғандықтан жаттап алдым және әр сөйлемін әбден түсініп алуға тырыстым. Басқа жолдастарға да соны ұқтырдым. Біз сол жолда бар жігерімізді салып, білгенімізше Совет саясатын жүзеге асырдық. Білгенімізше дейтінім, біз қайбір марксизм-ленинизмді жеріне жеткізе білетін адамдар едік. Бірақ әйтеуір Совет өкіметіне, Ленин ісіне адал жандар едік, жүрегіміз аппақ болатын.

«Дегерес» коммуна болып он сегізінші жылы ұйымдасқанда малды шаруашылық деп есептелетін. Мына бір ауылды көрдің бе, шырағым, – деді Шұнақ шал аяғымыздың астында, тау бауырында тұрған бір ауылды көрсетіп. – Соны ауыл ретінде «Прудки» деп атайды. Колхоз. Аты – «Новая жизнь». Қазір сол колхоздың Гушин деген председатели бар, қырықжетінші жылы астықтан мол өнім алғаны үшін оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Жиырмасыншы жылдары сол жас Гушин облыстық жер бөлімінде істейтін еді. Біраз уақыт облыстық Жер бөлімі менгерушісінің міндетін де атқарған. Қазір кездескенде «Абақ ренжіме, ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді, бір кісідей Совет өкіметіне еңбек сіңірдің, әділдік әлі үстем болады», – деп қояды. Егер екеуміз білетін Коммунистік партия болса, барлық қатені түзетеді дегені еді оның. Бірақ ол да жанынан қорқады. Қате кетті деп айта алмайды. Айтайын дегенім ол емес еді ғой. «Дегерес» жайы. Сонау жиырмасыншы жылдары сол Гушин қол қойған бір документке былай деп көрсетілген. «2) «Дегерес» малды шаруашылығында жай мынадай: Сиырдың (Жергілікті қандысын қоса санағанда) швиц тұқымы – 189, оның ішінде жұмыс өгізі – 19, бір жарым жастағы және одан жоғарысы – 11, он тоғызыншы жылғы өгізше – 21 және тана бұқа – 16, құнажын және сиыр – 72, тайынша – 27 және биылғы бұзау – 23.

Қойдың үш тұқымы бар: қазақы қой – 1241, шропшир – 287, рамбульс – 32.»

Жөндеу шеберханасымен машина жалға беретін орын бар...»

Міне біз істі осылай бастадық. Басқа мал-мүліктің бәрі негізі байлардың, кулактардың қолында. Бұл кезде менің төңірегімде де біраз салпаңқулақтар жұмыс істеп, шөпшең еріндер, желім ауыз жез таңдайлар оған сөз қосып, отыз тістен шыққан сөзді отыз рулы елге таратып әкетіп жатты: Абақ атасы ауылына барыпты. Бірақ оған сәлем бермей, енесі үйінен ғана, керек десе, шай да ішпей кетіпті. Шамасы енесі Жаубай соңғы жылдары Құлқашты қолпаштап, қошаметті көбіне соған, соның Қордай асуындағы қырғыз салты төркініне көрсетемінін күйеу баласына тәптештеп айтып, «Жаубай қорлық көрсетті, қолыңнан егер бірдеме келетін болса, соған істе, мен енді байсырап бара жатқан жоқпын» депті десе, енді бірсыпырасы жаңа болысымыз да өзіміз сияқты қарға тамырлы қазақ емен. Бұлталағы да бар көрінеді. Қайын атасына Қойыртпаққа малыңның тең жартысын бөліп бере тұр, сонда басқа келген пәледен басқан құлақ садаға болады. Ертең ел егер болар шақ туса, байдың малын хаттайтын, атын даттайтын күн туса, шаңырағың шайқалмай, босаған

берік болуға жәрдемдеседі. Бәйбішенді бөліп таста, балаларыңның еншісін беріп, бәрін бөлек-бөлек қондыр, қараңғыда қабандай күркіреп сөйлескеніммен, күндің жыландай жылыстап жоқ болып кетіндер. Істерің бірге болсын, сөздерің басқа болсын деп ақыл берген көрінеді десіпті. Енді біразы Абақ тасқа желіндеп, мұзға бұзаулаған адамнан туған, жатбауыр. Оның досы да, туысқаны да большевиктер. Оның ішінде түк шықпайтын, тігерге тұяғы жоқ, үстінде үйі жоқ, бауырында қазаны жоқ, теке лақ сойса тұйе сойғандай, атала ішсе азып, тойғандай болатын кедей-кембағалды, жоқ-жітікті, кемтарларды жақтайды. Өзі де бір мүшесі жоқ болған соң сөйтпей қайтеді. (Шамасы құлағымды айтатын болса керек). Қысқасы атасы атқа мінбеген, Майқы биден бергі жердегі бабасы таққа мінбеген, ит мініп, ирек қамшылаған (жыланмен қамшыланған деген сөз болар) жоқты қоштайды, қолпаштайды. Көрмейсің бе, кем салып Еспер сияқты қоға төсенген, доға көтерген, бауыры тақырды қолға алды. Солардан кейінгі досы да, ақылшысы да алжыған сары кемпір көрінеді. Сары кемпір санатқа ілінді дегенше, бай атаулының басына әңгір таяқ ойнайды. Орыстың кулактары қалай ойрандалса, қазақтың қадірменді, қыдыр қонған байлары солай су түбіне кетеді деген сөз десіпті.

Әрине осының бір де бірін кедейлер айтқан жоқ. Ол момын байқұстардың көбісінің мойнынан бай кигізген, бәйбіше түзген нәлет қамыт әлі арылған жоқ еді, сондықтан да бірді-екілі көкірегіңде сәулесі барлары болмаса ғасырлар бойғы ұйқысынан марғаулықтан әлі жалпы, тегіс ояна алмаған еді.

Енді біреулер бәйбіше үйіне барғанда күйеу баласына шай бермегенімен, Жаубайдың жеті ата, жеті пұстысынан келе жатқан алтыны бар екен. Ол бәйбіше қолында болатын. Бәйбіше Жаубайға өшіккеннен соны Абаққа беріп жіберіпті. Суықтөбеге маталған бір шөкім бұлттың бүкіл Жетісу өңіріне азық апарып, су салатыны сияқты Жаубай әулеті де сол алтынға байланып тұрса керек. Енді ол құтты бәйбіше болыс-кей құтыға салып, сорлы, шұңтиған шұнаққа беріп жібергендіктен көпке ұзамай Жаубайдың босағасы бұзылады, шаңырағы шарт кетіп, ортасына түседі. Япырым-ай, інішек, ол кішкентай құтыны енем маған ұстатқанда жан баласы жоқ еді, өсек қайдан, қалай шығады. Әлде біреу сығалап, тыңдап тұрған болар ма?

Расым інішек, ол құтыға мен пәлендей мән берген жоқ едім. Осы күзгі қауға тиген өрттей қаулаған өсектен кейін ғана оны қолыма алдым. Мұны ешкімге де айтқан емен. Тіпті Сәлиман шешеме де айтуды жұмыс бабымен жүріп ұмытып кетіппін. Оны еске салатын Сәлиман шешем де «жазға салым барармын» деп жүрмей қалған.

Сол жылы көктем ерте басталды. Және ерекше бір жанға жайлы болды. Жаңбыр алғашқы кезде көбірек жауды да, артынан түнде жауып, күндіз ашылып, күн оның үстіне жылы болып көп жылғы

шықпаған шөп шығып келе жатты. Раңның өзі-ақ қар кеткеннен кейінгі он күнде ду көтеріліп, жерді жасыл кілем тегіс жапты.

Дегерес төңірегіне қоныстанғандар мойын серікке ұйымдасып, азды-көпті ең сала бастады. Барлық назарымыз сол «Дегерес» шаруашылығының малы мен жаңадан жер алып, қоныстанған қазақтар мен орыстарда. Жер жиырма бірінші жылы Рихард Егоров деген кулактан тартылып алынған екен. Оның өзіне үш десятина жер қалдырылыпты да, мал-мүліктің көбі конфискеленген екен. Бес ұл, үш қызы бар Егоров жасы қырықтан асып қалған, өзі де, басы да, сақалы да қып-қызыл кісі. Әйелі Дарья қазақтармен ашына-жай, сөйлегіш, тіл тапқыш адам. Керісінше Рихард қазақ десе қаны қас, оны тек малайлық үшін жаратылған деп ұғады да, өмірі олармен дұрыс, боктамай сөйлесіп көрмеген кісі. Оның осындай қазаққа деген толғатқан әйелдің баласының теріс келгеніндей көзқарасы жиырма бірінші жылғы жер-су реформасынан кейін тіпті өзгеріп, қазақ дегенде қаны қарайып, құйқасы құрысып, жұдырығы қарап отырып түйіліп кететін болған. Оның үйелмелі-сүйелмелі бес ұлы да, ары-бері өткен қазақ ауылдарының көшінің соры. Он алтыншы, он жетінші жылдары бұл төңіректен қазақ малының үстіне қонған шыбыны болмаса, басқа нәрсе Рихард өзінше тартып алған жердің маңына жоламайды екен. Совет өкіметі орнаған алғашқы он сегізінші, он тоғызыншы жылы алпауыт біраз уақыт тыншталып қалады да, капиталистерді конфискация жасап болған соң Совет өкіметінің әуеселесі осымен бітті дегендей Рихард қайта кеуде көтеріп, шенейінен шен бақа жолатпайтын болған. Жер-сусыз қаңғып қалған үш қазақты, сонау Россиядан-Воронежден келген жерсіз төрт орысты малай етіп алып байу жолына түскен. Қазақтардың әйелдерін мал деп есептеген де, қарауындағы төрт орысты кез-келген уақытта орнынан тұрғызып жұмсап жіберіп, төсегіне жатып алатын болған. Алыстан жүдеп-жадап келген жерсіз орыстың бірі Неизвигиннің үлкен ұлы Федор Рихардтың қайуандығына шыдамай үйінен безіп кеткен. Бір күні іңірде – дейді Федор, – Рихард біздің үйге келді. Біз жатып қалғанбыз. Өйткені қазақтар сияқты май шам жағатын малымыз жоқ, егер шешем қазақтардан май сұрап әкеле қалса, оны шам білтелеп жаққанша, нан батырып жегеніміз жақсы дейтінбіз. Ал жермай біздің қолға түсе бермейді. Сондықтан ерте жатамыз. Менің көзім ұйқылы еді. Жаз күні.

– Алексей, шық бері! – деген Рихардтың дауысы естілді. Олар бірдеме сөйлесті. Әкем қайтып үйге кірмей, бір жаққа кетті. Сәлден кейін үйдегі шыққан дауысқа басымды көтерсем Рихард шешемнің жанына келіп шешініп жатыр. Мен қарауға қорқып, көрпеге тығылдым.

– Хозяйн, мұның адамшылық емес қой, – деген менің шешемнің ащы дауысы естілді.

– Міне саған адамшылық! Саған айтылған екен, қаншық, жатуың керек! – деді. Бұдан кейін шешемнің гүрс етіп жығылғанын естідім. Одан әрі бақырып жылау, ыр-ыр еткен дыбыстар естілді. Сол күні таң атар-

да оянып кетсем шешем әлі жылап жатыр екен. Таңертең әкем келді. Бет-ауызы, аяқ-қолы батпақ. Шамасы түнімен егін суарған.

– Кетейік, бұл жерден әке! – дедім.

– Неге? – дейді әкем.

– Кетейік! – Әкем үндемеді. Мен қашып кеттім. Кейін шешем өліпті. Әкем Рихардты біреудің мылтығын сұрап алып атып тигізе алмапты. Ол әкемді ұстап алып, сабап-сабап Сибирьге айдатып жіберіпті. Енді бұған қалай қаным қатпасын, Абақ! – Федор ыза болғандықтан жұдырығының жұмылып, өзінің ашуланып кеткенін де сезбейтін.

– Менің қолыма мылтық берсе Абақ, – дейтін Федор сонау Ферғана майданында жүргенінде, – коммунистігім балаларын да құртар едім дегенге тілімді барғызбай тұр, ал өзін атқанда қолым қалт етпес еді.

Бұл төңіректен қазақ ауылының жайлауға, қыстауға көші бір қиян-кескі майдансыз өтпеген. Қазақтың өмірі мойыны байлау көрмеген қазақы иттері осы жерде бұғалықтанып, бала-шағасы дыбысын шығармай, бір уыс болып өтетін болған. Егер жазы тайым тауық көрмеген қазақ итінің бірі бір тауықты қуып, қоқылықтаған дауысын шығаратын болса, ол ең кемі бір қойын, әйтпесе ірі қарасының бірін алып қалады екен. Сөйтіп дөңдеген Рихард бір күні өзінің қазақ малайы Дастанның жаңа алған жас келіншегін көріп қызығады. Дастанды жұмсап жіберіп, тапа-тал түсте жерде кір жуып отырған Рауанды бас салады. Келіншек ойбайлайды. Келіншектің аяғында кебіс-мәсісі бар екен, болмаған соң ырқ еткізіп қазантолмастан Рихардты бір тебеді. Нәзік қазақ келіншек мұндай күш көрсетеді деп ойламаған Рихард шалқасынан түседі де, талып қалады. Мұның осындайы барын Алексейге, тағы басқа қарауындағы орыстарға істеген қиянатынан хабардар Дастан төңіректі тілтінектеп әлі ұзай қоймаған екен. Жүгіріп келсе Рихард есін жимапты. Оның есесіне келіншегі есік алдында жатқан түймені әкеле жатыр.

– Ей тұра тұр, не болды, – дейді.

– Орыстың басын шабамын, – дейді Рауан. Сол арада көзін ашқан Рихард ызалықтан Дастанды көрмей, Рауанға қайта ұмтылады. Дастан қарсы тұрады. Рихард биік бойлы, сойлы орыс еді. Өзінен әлдеқайда кішкентай көрінген Дастанды лақтырып жіберіп, өз жұмысын бітірмек болады. Бірақ палуанға түсіп, танымал болып қалған Дастанды қозғалта алмайды. Оған одан сайын ызаланып, Дастанды құлақ шекеден қойып жіберіп жоқ қылмақ болады. Сотқардың қимылын аңдып тұрған Дастан бұғып қалады да, өз пәрменімен Рихард ұшып түседі. Нақ осы кезде Дастан үстіне міне түседі. Аударып кетпек болған Рихардты жиырманың ішіндегі алпамсадай жігіт тырп дегізбейді. Өлмес жерден Рихардты әбден тепкілейді. Рихард естен танады. Сонан соң көтеріп алып, анадай жерге лақтырып тастай салады. Сәлден соң есін жинап Рихард тұра қашады. Ал Дастан болса, бұл тұрып есін жинап кешірім сұрайды деп күтіп отырады. Енді шынымен ыза болған Дастан қуып жетіп, жығып салып әбден тепкілейді. Қарауындағы үш орыс Дастанның күшіне

қайран болып қарап тұрады. Осы кезде екі қазақ малай оны ажыратады. Әбден сілікпесі шыққан Рихард қазақтың мұндай батырын жалғыз оқпен жайратпақ болып үйінен мылтығын алып қорасынан шығып келе жатады. Нақ осы кезде оның үлкен ұлының жан даусы шығады:

– Әке, қаш, өлесің!

Қараса қайдан естіді дерін бар ма, атты қазақтар «Қарасай, Қарасай!» деп қаптап, жан-жақтан шауып келеді. Рихард «Қарасайлаудың» не екенін бұрыннан білетін. «Қарасай, Қарасай!» деген дыбыс шыққанда бұл Алатау бөктерлеген елдің тайлы-таяғы қалмай, қолына не түссе соны алып миятқа шабағын. Ондай кезде Шапырашты тұқымы атанатын ел алдында не тұрса да таптап кететін, өлген-тірілгеніне қарамайтын. Тіпті кейбір жігіттері сабында қасқырдың басын жезден, әлде мыстан қақтап, қиып шегелеп қойған соң өрімді қамшысымен-ақ «мен күштімін» деген талай дәң кеудені бір-бір салып кетіп атынан түсіре беретін. Бұрын кейде бұл «Қарасайлауды» талай тамашалаған Рихард бұл зобалаң өз басына түскенде «Қарасай, Қарасай!» деген әр бір айғай мұның миына бізді бір-бір сұғып тартып алып жатқандай болды. Амал жоқ, көпке топырақ шаша алмайтынын білген Рихард ертеулі атына міне қашады. Сол арада қайда кеткенін білмеген қазақтар үйінен таба алмай, аңтарылып қалады. Бірақ үш-төрт күн оның үйін андиды да, табылмаған соң қазақтар ат үстінде пәтуаласып, бәрі бір-бір қой бермек болып, Дастанды көшіріп алып кетеді. Зәресі қалмай қорыққан Рихард он шақты солдатпен үйіне зорға келеді. Кейін істің байыбына барған әкімдер Рихардты жауапқа тартып, ол ақша күшімен зорға құтылады.

Көкірегін қайта көтере бастаған Рихард жиырма бірінші жылы жым болды. Бұл жерде Совет өкіметімен ойнауға болмайтынын біледі, жан ұшырып, қозыдан қоңыр, моп-момақан бола қалады. Оның да өз сыры бар еді. Алматыда бір кездері облыстық атқару комитетінің председателі бола қалып, ұлтшылдығы үшін орнынан босаған Быков жиырма бірінші жылы Рихардпен тойда кездеседі де, жөн сұрасады:

– Қанша жерің бар?

– Тигені бар ғой, – дейді Рихард жөнін айтқысы келмей.

– Сорлы екенсің ғой, құрсын ғой. Менің естуімше сенің жүз десятина сулы жерің бар. Сен Жетісудан кетесің.

Алдымен бұған бой салмай тұрған Рихард мына сөзді естіген соң шошып кетеді.

– Кетпеу үшін не істеуім керек?

– Бірақ амал бар. Биыл жүргізіліп жатқан жер-су реформасын қоштап, жеріңді, малыңды, бәрін бер.

– Одан да өлгенім жақсы емес пе?

– Өлгің келсе, онда өзің біл. Сен сияқты адамға кешірім болмақ емес. Қазақтармен қалай едің?

– Жерді соларды ығыстырып алып едім.

– Онда солардың бір мықтысымен жақын бол.

– Көрмегенім қазақ болсын!

– Онда Қазақстанда тұрып қазақты көрмеуге бола ма? – Быков аузын бағып одан арғыға бармайды. Рихард қанша сыр тартайын десе де жөнге келмей кетеді. Осыдан кейін-ақ қазақша жақсы білсе де сөйлемейтін Рихард Егоров енді орысша сөйлемейтін болып алады. Ревком оның жерін, мал-мүлкін конфискулеп, өзін Жетісудан кетіруді ұсынады. Нақ осы жерде оған болыстық қосшы одағының алқасына өтіп алған Таубай ара түсе кетеді.

– Жерін алдық, малын алдық. Қарсылық білдірген жоқ. Ешкімге қиянаты болмаған, ешкімді қанамаған. Сондықтан үш десятина жер беріп қалдырайық. Басқалар мұны білмейтін болғандықтан ешкім үндемейді. Сөйтіп амалдап қалған Рихард Егоровпен менің айқасуыма тура келді.

Көктемнің ақ жаңбырлы күні еді. Ревком кеңсесі де Рихардтың конфискуленген үйінде болатын. Есіктен кіріп келе жатқан оның түрінен адам шошырлық еді. Сұп-сұр болып қанын ішіне тартып алған. Қолына кепкасын уыстап ұстап, бар ашуын содан алып тұрғандай. Кеше ғана «бізге тиген жерді де, өзіне тиген жерді де Рихард жырта бастады. Андрей Пешковты, Қосшыбай Құлқаевты сілейтіп сабады» деген арыз түскен еді. Неге екені белгісіз таяқ жеді деп көрсетілген екі жалшы да келген жоқ.

– Келіңіз, Егоров жолдас.

– Келгенім сол, ертеңнен бастап мына үйді босатасың. Балам үйленеді. Сендер маған бермегенде мен сендерге неге беремін. – Ойыма түсе кетті. Осыдан жарты ай бұрын қаладағы жұмысшылар бізге біраз құрал-сайман жіберген. Мұнымен кімнің тілдесетіні белгісіз, ол оны жұрттан бұрын білген де «маған екі соқа, бір арба, бес ат жабдығын беріңіз» деген арыз әкелген. Оны құрал-сайманнан ештемесі жоқ, мойынсерікке ұйымдасып жатқандарға, қалғанын «Дегерес» шаруашылығына беретінімізді айтқан едім.

– Ал сізде мұндай құрал-сайман, күш-көлік жеткілікті болғандықтан одан ештеңе тимейді. – Ол есікті сындыра жаздап тарс ұрған. Содан бара үш үйдегі екі орыс, бір қазақ семьясын қуып шыққан. Онымен қоймай екі адамды сілейте сабап, енді ревком кеңсесіне ауыз салды. Ол онымен қоймаған, бұрынғы оның жері саналған аймақтың бәрін босатып алмақ болып, шаруалардың бәріне «кетіндер жеріменен» деп шыққан. Ең соңында Дастанға келген. Дастан қос атпен айдауын бітіріп, енді тұқым себуге дайындалып жатыр екен.

– Тұра тұршы, Дастан, – дейді қаптың аузын шешкелі жатқан Рауан, – естимісің, бір ән естіледі.

– Қайдағы ән, Рихардтың әні ме, ол әне бізге келе жатыр. Не демек екен? – Рихард дегенге Рауан сескеніңкіреп қалып барып әнге құлағын тосып тұрып қалды. Соның арасында төбені бауырлап, келе жатқан қызыл-жасыл киінген он шақты атты көрінді. Ән шырқаушылар

да солар екен. Жасынан естігені мұң мен зар болса да, бұл күнде өзін аса бақытты сезінетін Рауан әнге беріліп, бұл дүниені ұмытқандай елтіп тұрды. Оңашада өзін әнмен тербететін келіншегінің осы бір бейбіт, сәукімді жанын бұзғысы келмей, Дастан да құлаққа ұрған танадай тынды. Ән де, оның сөзі де қайта-қайта талана береді. Жігіт бастайды да, қыз-бозбала қостап іліп әкетеді. Аттары жай аяндап келеді. Шамасы әннің өлеңнің қайталана бергеніне қарағанда біріне-бірі үйретіп келе жатса керек:

Кеттің бе, Жетісудан қайран Ораз!?

Байға қас, капиталға ойран Ораз-а-ау-ау!

Контрдың жерін бөліп бергенінде

Кедейге тиіп еді пайдаң Ораз-а-а-ау! қайран Ораз-ау!

Барын киіп, бақанын қолына ұстаған жастардың той-томалаққа бара жатқаны сөзсіз еді.

– Мен естімеген ән екен, Дастан! Шала үйреніп қалдым-ау, – дейді Рауан.

– Мен былтыр естігенмін, ол Жандосов кеткенде шыққан ән ғой, – дейді Дастан.

– Қалай, қалай? Жандосов кеткенде? – Біліп алғысы келіп Рауан Дастанды тақымдап қоймайды. Дастан сол жерде ол әннің шығу тарихын баяндап береді:

– Жиырма бірінші жылы Жандосов бастаған Жетісу большевиктері жер-су реформасын жүргізді. Бұл Совет өкіметінің қазаққа көрсеткен зор көмегі болатын. Жетісудағы кулактардың қазақтардан тартып алған жерін олардан алып кедейлерге қайтарған. Соған байланысты кулактар көп арыз ұйымдастырып, жоғарыға аттандырған. Содан соң Жандосов мұндағы қызметтен босатылып, Ташкетке шақырылған. Кедейге көп еңбек сіңірген Жандосовты қимаған халық алды Қордайға, арты Меркеге дейін ілесіп, шығарып салған. Сол жолда осы ән шығарылған...

– Қазақ үшін қайран ер құрбан болған екен ғой.

– Қазақ үшін емес, кедейлер үшін, – деп түзеткен болыпты келіншегін Дастан, – деді Шұнақ шал. Ол әнді Ферғанадан Алматыға келгенде-ақ естіген едім, інім. Әрине Дастанның, ол кездегі қазақтың, тіпті сауаты бар-ау деген қазақтың бұл үлкен мәселені одан жақсы түсіндіріп беруі мүмкін емес еді. Ал шынында жер-су реформасы дұрыс жүргізілген. 45 селодан 2122 орыс қулағы көшіріліп, олардың 123157 десятина жері қайтарылып алынды. Тіпті оны, інім, тартып алынды десем де болады. Олар оны қазақ жерін отарлап басып алғанда, біз неге оларды жұмсақтап көшіруге тиіс едік. Тіпті екі ұлттың арасына от жаққысы келген үстем тап оқығандары «тіпті орыстар біздің жерімізге неге келеді, оларды кім шақырыпты? Олар біржола кетсін» деп қазақ кедейлерінің қолтығына су бүріккісі келгендері болды. Ол ол ма, сөз жоқ, барлық ұлттардағы сияқты інім, біздің де оқығандарымыздың бәрі дерлік бай баласы еді. Олардың біразы большевиктік идеяға берілгенімен көбі-ақ іннің түбіне

қарап жатты ғой. Олар да бергі жағынан бірсыпырасы жер-су реформасын қолдаған болып, араласып жүргендері әдейі кейбір орыс шаруасын тізімге қолдан қосып жіберіп отырды. Өйткені бұл Совет өкіметі жүргізіп жатқан шараның зор ұйымдастырушылық күші бар екенін олар анық көрді. Оның үстіне бүгін орыс кулактарының басына түскен жағдайдың ертең қазақ байына келетінін олар білмейтін ақымақ емес еді. Сондықтан конфискациялауға жатпайтын орыс шаруасын қосып жіберіп отыру шатақ шығару үшін, арыз жаздыру үшін керек болады. Тексере келсе, оның дәлелденетінін білді. Нақ осы жерде қазақ пен орыс арасына сына қағу, от жағу үшін де ол бірден бір қолайлы шара да, кезең де еді. Ал орыс кулактары, патшаны жақтайтын, одан шен-шекпен кигендері, жақындары – олар да тыныш жатқан жоқ. Қателіктен, немесе жоғарыда айтылғандай жолмен бір әлді шаруа тізімге ілініп кетсе, көрдің бе, Совет өкіметінің не беретінін, олар қазақтарды ғана қолдайды дегенді шаруа құлағына сіңіруге тырысты. Сондайға еліккендерді кулактар тәуір пайдаланады.

Міне, осындай ірі істегі ұсақ-түйек қателер болса да оған біреу жауап беруге тиіс емес пе, облыста жүргізілген осы шараға жауапты адам Жетісу облыстық әскери-революциялық комитетінің председателі Ораз Жандосов еді. Сондықтан да сол мәселе бойынша орнынан босатылды. Халық жүрегінен орын алған адамды халық ұмытуға тиіс емес. Сондықтан оған деген махаббатын халық әнмен бейнелеген. Ол ән бүгінге дейін Жетісу үстінде халықтап жүр. Біреу ол әнді Кенен шығарды, біреу Шүкітай шығарды деседі. Кенен шығарған әнді өз аузынан талай естідім, оның мақамы да, өлеңі де тіпті бөлек. Дұрысы сол әнді алғаш айтушы біреу болуы мүмкін. Бірақ келе-келе әні де, өлеңі де тиісті өзгерістен өтіп, ешбір шығармаға ұқсамай өзіндік сипат алған. Ол әннің екінші шумағы «Қаскелең-Шамалғандай жерің қалды, Әжіке-Орынбеттей елің қалды...» делінеді. Ал мен білетін Жандосов інім ешқашан Әжіке-Орынбет, тіпті Шапырашты болып көрген емес, Қаскелең-Шамалғаншыл да емес, большевик болатын, сонан соң барып қазақ болатын. Біз Жандосовты большевик деп қана білетінбіз. Ол бар мәселені сол тұрғыдан шешті. Ал РКП(б) Орталық Комитеті Жетісудағы жер-су реформасы мәселесін әбден зерттеп, Жандосовты бұрынғыдан жоғары қызметке, яғни РКП(б) Орта Азия бюросының мүшесі Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің Насихат және үгіт бөлімін басқаруға жіберді. Бірақ кешегідей көз алдында бастық болып, күнде Жандосов делініп жатпаған соң ол кездегі сауатсыз жұрт оның қайда жүргенін қайдан біле берсін.

Міне, інім, сонымен әлгі Рихард екі жас неге аңырып тұр десе, Ораз туралы әнді тыңдап тұрғанын біледі. Бұрын ол әнді Рихард та естігенімен мән бермеген. Нақ осы бір сәтте Жандосов аты естілгенде жерін тартып алып мал-мүлкін конфискулеп мойнына күнде, аяғына кісен салмағанымен, бұрын ашса алақанында, жұмса жұдырығында кедей-

лерді енді бірін бау, бірін тау қылғаны жанына найзадай шаншылады. Шамасы Дастанның жұдырығын ұмыта қоймаса керек, алысырақтан тұрып сөйлескен.

– Сендердің ол Жандосовтарыңды мына біз құрттып жібердік, – дейді Рихард Егоров.

– Ей шал, не деп оттап тұрсың сен?

– Ия, мына жерді айдап бердің рахмет, тұқымды өзім себемін, енді жерімнен кетіндер.

– Сенің жеріңді алғаным жоқ. Мен Совет өкіметі берген жерді алғанмын. Егер шындыққа келсек, сенің жерің жалпы болмаған. – Нақ осы жерге келгенде Рихардтың шыдамы таусылған. Кешегі балақтағы биттің басқа шапқанын көтере алмай шарт кеткен де, баяғы әуеніне басқан. Ол жерден қос жұдырықтай тасты алып Дастанды періп кеткен. Дастан қалпақтай түскен. Сөйтсе тас сол қабырғадан тиіп екі қабырғаны сындырған да, арқа омыртқаны зақымдаған. Тұра берген Дастан оны өлтіруді ойлаған. Бірақ қайта құлап түскен.

– Тек бір етегін қолыма тигізіндерші, – деп жалынған жан-жақтан жиналып қалған кедейлерге. Рихардты нақ сол жерде екі орыс, екі қазақ төртеуі ұстап алып, қолын артына байлап, ревкомға айдап әкелген.

Жандосовтың Жетісудан кетуінен енді-енді құлақтанған кулактар, ірі байлар әр жерде-ақ бас көтеріп, атқа еркін мініп, датты ашық айта бастады. Бұл бір жағынан біздің таптық намысымызды қорлау екенін, екінші жағынан Совет өкіметін басыну шаң бергенін білдік. Сондықтан тап жауларын тұқыртып алу керек деп ойладым. Түркістан Компартиясы Жетісу облыстық комитетінің қаулысын ашық талқылай отырып, бір шара көргім келді. Өйткені кулактардың жеріне өздеріне қайтарылып берілуі керек деген өсектің ызыңы да тақыршылық болар жылғы көктемдегі суық желдей бір тынбай қойып еді. Сондықтан мұны көпке созбай, бастап жібермек болдым.

Майдың ортасы болып қалған. Жерге неше жылғы шықпаған шөп шығып, төбе-төбенің бәрі жасыл кілемге орана бастаған. Далада жусанның исі аңқып, боз торғайдың дамылсыз шырылы, ұзақ ән болып, әлдебір көктемнің ұзақ күйіне жалғасқандай. Күнде болмаса да күнара жауған жаңбыр диханның шаруасына болысайын дегендей үнемі түнде жауады және майдалап, сіркіреп тұрады. Таңертең де жауып тұрған жаңбыр тыйылып, күн ашылып кетті. Жер дегдip ұлы сәске болғанда жиналысымызды бастадық.

Дегерестің үсті барқыт кілемдей. Аяғыңды басуға аяйсың. Жұрт беткейде бірі атты, бірі жаяу, кейбірі көкке жантайып жатыр. Атын сенгені тұсап, сенбегені өрелеп, шідерлеп жіберген. Халық жаңбырлы жылғы шырыштай қалың. Дегерес болысына қарайтындардан ешкім қалмаған ба, деймін. Байқаймын баяғы санатпен ауылды ақсақалдар, байлар, ең болмаса ауқатты-атқамінерлер бастап келгенге ұқсайды. Әлі қалпаққа көше қоймай, көбі-ақ қысқы баскиіммен отыр. Мұнда

әсіресе көзге ерекше түсетін қарабұйра елтірі бөрік. Ол көптігімен көз тұндырады. Оның ішінде қап-қара, өзі қара қазандай үлкен де, жаңа да тігілгендері де, бір кезде үлкен болып бұл күнде күнге, жаңбырға тигендіктен сыннан, сипаттан арылған, шөжіп не қара, не қоңыр емес болып қалғандары да толып жатыр. Бөріктің көбі осындай оңып, түсі өзгергендер, немесе жалбағай, далбай кигендер. Шекпен де, шапан да осы сияқты қырық түрлі. Әдемі, сәнді шекпен де, шапан да аз. Жаз басталса да түсе қоймаған қоңыр шолақ тон да жетерлік. Оған қарап келушілердің көбінің қоңторғай тұрмыстылар не кедейлер екенін ажырату қиын емес еді.

Жиналысты ашып, оның төрағасына дауды бастан көбейтпес үшін ревкомның хатшысына бес адам ұсындырдық. Мен, Еспер Қожақұлы, Қойлыбай Қорымбайұлы, Дастан Тастемірұлы, Бошан Амантайұлы.

Жұрттың ішінде жыбыр-сыбыр көбейді. Олардың бәрінің не айтып жатқандары белгілі еді. Бірсыпырасы байлар, байды жақтайтындар жиналыс төрағасына ұсынылған адамдардың сұрын қара, өңкей бауыры тақырлар, екі кісі бас қосқан жерге барып кеңес ұққан, не бір кісіге ақыл айтатын, не барған кісіге қонақасы беретін біреуі жоқ десе, енді кедейлер байлардың біреуі де жоқ, енді бай санаттан шықты, кедейдің күні туды деген осы, дүниеде шынымен әділдік бар екен, Совет өкіметі енді күшіне кіре бастады деп қуанды.

Байқаймын, төр осы болар-ау, жиналыс беткейдің жоғары жағынан басталмағанда бастық төменнен сөйлейді деймісің деп көктемде қысқы ұйқысынан оянып, апаны аузында қонжиып отырған аю сияқты жуан ата балалары, ежелден ел билеп, қалай-ақ маған бір ақыл салмас екен десіп, өзіне өзі сенген, сөйлеп үйренген ауыздылар біз төменнен тұрып сөйлегенде қабақтары түсіп кетті. Балпиған байдан бастамай шілпиген кедейден төраға ұсынғанымыз, өрден өктем сөйлемей, төменнен түре сөйлегеніміз олардың ойынан шықпайтынымызды әуелден-ақ танытқандай еді.

– Төраға дегенді халық сайламайтын ба еді, өздерің сайлап өздерің өткізетін болсаңдар біз несіне келдік. Советім деп жар құлағымыз жастыққа тимей жүргендегіміз осы ма еді, – деп Таубай ет иісіне келген құрт салатын көк шыбынша даңылдап кетті. Жиналыс басқаруға таласу әжептәуір нәрсені аңғартады, інім. Өйткені жиналыстың жүруі, қалай бағыт алуы оны басқарушыға көп байланысты. Таубайдың бұған таласы күрестің жәдісін біліп қалғандығы еді. Мен оның бұл сұрағын бұрынғы айранын ұрттап, қойын құрттап жүретін бай емес, саясатжасауға тырысатын, керек жерінде кезеңнен тұрып атып қалмаса да, тасада тұрып тас лақтыратын, шылауында жүріп қалатын, түбінде кезі келгенде қияда қылтып жасырынып тұрып атып кететін, жағдайға қарай өзгере білетін байдың жана бір түрі қазақ даласында пайда болды деп білдім. Таубайдың арғы жағы күйіп тұрса да бергі жағы күліп тұрған сөзіне-ақ үстем таптың өкілдері әжептәуір сүйсініп, Таубай сөзі бәрінің қышыған

жеріне тиіп, қозғалақтап, дүрілдесінкіреп, дабырласып бара жатты. Он жақтан біреу шақ ете түсті:

– Сендер сөйлеп біткен жоқ па едіңдер? Кедейді жарылқайтын болсаңдар, баяғыдан бері қайда қалып едіңдер!? – Қарасам жырым-жырым тұмағы, жотасынан жүні шыққан шапаны бар жиырманың о жақ, бұ жағындағы жігіт екен. Көзі оттай жайнап тұр. Жаз шығып, балауса кезі болса да аяғынан киіз етігі түсе қоймапты. Шынын айтайын, інім, өзімнің нақ осындай сұрықсыз өткен жастық шағым есіме түсіп кетті. Киіз етік жүрегімді тіліп өтті. Бет-жүзі қандай жылы еді, киімі қандай жаман еді деп отырмын. Өзін кебенек ішінде танытатын ердің бірі осы болар.

– Бастай беріңіз, аға. Қолға салыңыз! – Қолға салатынды бұл қайдан білді екен. Япырым-ай, өзі Ұлтараққа қалай ұқсайды. Байлардың саяси беттерін көрсете түсуі үшін Таубайды бірден кесіп тастамадым. Мүмкін оным сол бір минутта менің жақтастарым – кедейлерге, жарлы-жақпайға ұнамаған да шығар. Егер Таубайды үндетпей, ін аузынан шыға келіп шақылдап тұрған суырды атып жіберсең, мылтық тимесе де ініне кіріп жым-жылас болғанындай жасағым келмеді. Байлардың, байды қоштаушылардың ішіне үңілу үшін әдейі сөйлеткім келді. Егер Таубайды тыйып тастасам басқалары үндемей, бітеу жараша дүңкіген қалпында кетер еді. Сондықтан Таубайға айтқан болып, халыққа сала сөйледім:

– Сізге жиналыс ағалығына ұсынылғандардан кімнің аты ұнамай тұр. Еспер Қожақұлы ма, ол жеті атасынан бері кедей, он жыл бидас Тойбайдың, жеті жыл сіздің қойыңызды бағып, жалшылық еткен. – Жұрт шу ете түсті.

– Ол нағыз бауыры тақыр!

– Сайлансын, сайлансын! – Мен оны әдейі қолға салмай қоя тұрдым.

– Немесе Қойлыбай Қорымбайұлы ма?

– Ойбай-ау, – деді бір жалба тұмақ, – ол Таубайдың әкесі Жаубайдың құлақкесті құлы емес пе!?

– Құлым өтіп өзім қалдым деп ішіне алау түсіп барады ғой, – Бұл дауыс екінші бір жақтан, басқа ауылдардан келгендер арасынан естілді. Бұл кезде ауылда әлі де рулық қалып сақталып қалғанымен байлар дауыс көтеруге байқап-байқап баратын болған. Шаруалардың көбін салықтан босататынбыз да, барлық шаруа салықтың отыздан сәл астам процентін төлейтін, ал жетпіс процентін малды да, астықты да байларға артатынбыз. Сондықтан олардың өздері де ері мойнына кетіп, атқа түзеліп отыра алмайтын болған. Дегенмен бәрінің де тегін бергісі келмейтін. Ал кедейлер, шаруалар болса, Совет өкіметінің өзіне қамқорлықпен қарайтынын айқын сезді. Сондықтан да олар Совет өкіметін арқалануды біліп қалған болатын. Байлар бұғып даусы естілмеді де, керісінше кедейлер айқайлап:

– Сайлансын, сайлансын! – десті.

– Сайлансын! – Мұны да әдейі қолға салған жоқпын.

– Әлде Дастан Тастемірұлы, Бошан Амантайұлы ма? Қайсысына қарсысыз? Әлде осылар байдың сөзін сөйлейтіндер ме еді? Онда ашып айтыңыздар!

– Онда Таубайдың жұмысы не? Былжырамасын! – деп біреу беткейдің жоғары жағынан гүр ете түсті. Оның ақырын айтқан сөзі елдің бәріне естілді. Қарасам қашаннан Жаубай ауылымен бақас, соңғы жылан жылғы жұтта ақсүйек болып жұтап қалып, қайтып атқа түзеліп міне алмай, қара-құраның басы құралмай жүрген Қаржақ деген ірі денелі Қасқарау байы еді. Байлықтан, мансаптан әлі үміткер, бірақ бұл екеуі де аңшының сырын біліп алған әккі түлкідей оған ұстатпай жүрген жайы бар-ды.

– Былжырамасаң, былжырама, өйтіп шалғырттап былшылдама! – деді Таубай. Бірақ оның сөзі көптің, әсіресе кедейлер жағының дабыр-дұбырынан естілмей қалды. Байқаймын, Таубай жаңағы сөзі естілмегеніне арманда еді. Өйткені атасынан бері қатар қонған екі ауылдың итіндей ырылдасып, таласып келе жатқан Қаржақтан бұл кезде басым болып көріну Жаубайдың болмаса да Таубайдың арман-қиялы болатын. Әкесіне «Әлгі Қаржақ жұтап қалыпты» десе, «Е, байқұс-ай!» дейді. «Әлгі Қаржақтың малы өсіп кетіпті» десе, «Е, сөйтіп пе?» дейді. Әкесі қатарындағы байлармен бақталас болмағанымен тайталас тұрмағанына Таубай заманнан іштей іренішті еді. Шынында да жақсыға қуану, жаманға іренжі, ішіндегісін адамша сыртқа шығару Жаубайда болмай-ды. Тіпті басқаны былай қойғанда Таубайға әкесі арбаға жеккенде жата қалғанды ғана білетін, басқа кезде дүниедегінің бәрі тамақтан өтетін шөп деп қарайтын Қойлыбайға берген қызыл өгіздей көруші еді. Ал Таубай болса, ешкімге ақысын да, сөзін де жібергісі келмейді. Сөзінің естілмей қалғанына ол тырылдап, терісіне әрең сиып тұрды.

– Ендеше қайсысы? – Мені айтар ма екен деп тұрдым. Жоқ, Совет өкіметіне ашық қарсы тұрғысы келмейді.

– Бәрі де өтсін!

– Өтсін, кедейлер! – Жұрт шуласып барады.

– Ендеше қолға саламын. Аталған адамдар тегіс жиналыс ағалығына өтсін дегендеріңіз қол көтеріңіздер! – Бәрі түгел көтерді деп есептедік. Қол көтермеген байлар ішіндегісін айта алмай құса болып қалды. Мен Совет өкіметінің бүгінгі жүргізіп отырған саясаты, қай мәселеге көңіл аударғысы келіп отырғанын, жүргізілген жер реформасының жетістіктерін баяндандыру туралы айта келіп, Рихард Егоровқа тоқталдым. Оның жайын тегіс баяндадым. Жиырма бірінші жылдан қалып қойғаны құманды дегенді де қыстыра кеттім.

– Мұндай кулақты арамызда қалдыруға бола ма? – дедім мен жұрт пікірін білмек болып.

– Кетсін, арамыздан кетсін. Жетісудан кетсін!
– Жетісудан аласталсын! – Бұл дауыс тек кедейлердікі ғана емес болатын, онда байлардың да дауысы бар еді. Әрине кедейлердің көбі-ақ үстем тап ретінде кулақтың ауыздықталғанын жақтады, ал байлардың да көбі-ақ арындап тұрып бұл ұсынысты қолдады. Бірақ олардың жақтауы бір таптың екінші тапқа деген көзқарасы емес, бір ұлттың екінші ұлтқа жауығуы еді. Біреу қол көтерді. Таубай екен.

– Сөйлеңіз!

– Сөйлесем мен Рихард Егоровты қосшы одағына мүше болғалы білемін. Ол жерін, мал-мүлкін берді. Совет өкіметіне қарсы келген жоқ. Мал ашуы жан ашуы деген. Күйіп кеткен шығар. Ешкімге қиянат еткен жоқ. Сондықтан оны қууға болмайды деп есептеймін.

Жиналған жұрт дүрлігіп, тіпті байлар арасынан да біреулер: «Атаңа нәлет Таубай, қазақтың әруағы атсын!» деп жатты. «Бұқаға туған күн бұзауға да туады» деп үндемей, іштен тынып, арғы жағын, біздің түпкі мақсатамызды біліп отырған зымиян байлар да аз емес еді. Рихард Егоровтың жауыздығын біле тұрып, тағы бет көрсететін қолдаушы бар-жоғын көргім келді.

– Қане, жолдастар, онда айтыңдар. Рихард Егоров босқа күйіп кетіп жүрмесін. Жұрт дүрлігіп, қобыраңқырап кеткен шақта Дастан сөз сұрады. Ол жөтеліп, ақырын сөйледі. Бірақ алдында дуылдасқан жұрт гуілдеп ұшып жүріп, жаңбырда тынған шыбынша жым-жырт қалды.

– Мен сөйлеп көрмеген адаммын, – деп Рихардтың өзіне қылған қиянатын тегіс айтып, сонан соң қарауындағы орыстарға істеген жауыздығын тізді.

– Алексейдің әйелін баласының көзінше басып, қайуандық жасады. Алексейдің өзін патша әкімдеріне айтып сибирь айдатты. Осындай қайуандықты Андрейге де, Егорқаға, Тимошкаға да істеді. Өтірік болса анау тұр ғой, өздері айтсын! – Жұрт жағасын ұстады. – Бұдан өткен жауыздық, бұдан өткен қорлық бола ма, адам басына. Сіз жақында үшінші әйел алыпсыз, Таубай аға. Өзіңізді біреу тұрғызып жіберіп, төсегіңізге жатып алса...

– Қой, қой, Дастан, оны айтпа!

– Бүйтіп Таубай аға дегені бар болсын!

– Ашынған соң қайтпек! – десіп жұрт дүрлігіп кетті.

– Мен айтайыншы, – деді әдемі қазақшасымен Андрей Пархоменко, үстінде жалаң жейде, басы жалаң бас, – менің Рихардтан көрген қорлығымды адамның басына бермесін. Дастанның айтқанының бәрі рас. Рихард Егоровты мұнда қалдыруға болмайды, жер аударылысын!

– Андрей, черт, не быть тебе русским, – деп Рихард еңкілдеп жылап жіберді.

– Орыстан садаға кет, орыс болғанда маған істегенің сол ма? – деді Андрей Рихардқа қазақшалап, жиіркенішпен қарап. – Сонан соң ағайын, мынау Таубай Жаубаевич та «сау сиырдың жапасы» емес. – «Жапасы»

деп әдемілегеніне жұрт ду күлді. Біреу қазақша жылмайтынына, біреу тапқырлығына күлді. Бәрі де сүйсініп күлді. – Таубай Жаубаевич күнде кулақтың үйінде болып, онымен шошқаның майын бірге жеп, арақты бірге ішеді. – Таубай аты аталғанда жұрт сілтідей тынды да, «арақ ішеді, шошқаның майын жейді» дегенде талайлар «астапырал-лалап» жағасын ұстады, жерге түкірмеген кісі қалмады. Кейін Андрей: арақ ішетіні, пікірлестігі рас еді, ал шошқаның майын жейді дегенді Таубайды жек көрсету үшін әдейі айттым деп күлетін. – Ол да арам бай, оны қосшы одағына кім өткізген, оны қосшы мүшесінен де, алқасынан да шығару керек. – Халық мені аңдыды, інім. Ондағысы Таубайды қалай қорғар екен дегені еді. Олар солай дей тұрсын деп, Таубай мәселесіне көңіл аудармаған болып Тимофей Ивановқа сөз бердім. Тимофей Андрейдей сөзге ұста емес еді, ол болған оқиғаны қолмен қойғандай етіп айтты, бірақ анайы айтты:

– Біреудің әйелін де алады ғой. Мен балаларым үшін тұрып қалдым. Әйелім кінәлі де емес еді, Егорканың айтатыны да осы. Кулак Рихард Егоров бұл жерден кетсін! – Мүмкін жақтаушы болар ма екен деп «тағы кім айтқысы келедіні» бірнеше қайталадым. Жұрт сілтідей тынды. Елдің бет-жүзінен Рихардқа деген лағнетті көру қиын емес еді. «Ту әділет» дегендер де үнсіздікті бұзып, бірнеше жерден естілді.

– Қайуан ғой, ол, адам емес! – дейді біреу. Бағанағы бала жігіт екен. – Озбырлық қой, қайуан! – Егоровтың бұл жерден кетуін қолға салдым. Таубайдан басқаның бәрі қолын көтерді. Сол жерде-ақ Рихард Егоров топтан аласталды. Бұл оның Жетісудан біржола аласталуы еді.

Рихард Егоров кеткен соң жұрт ендігі мәселенің не болатынын білмей аңырып отырды. Күн түске таласты. Бірақ тырп еткен, кетуге ыңғай білдірген бір адам болмады. Осындай бір жиынды көпшіліктің көптен күткені көрініп-ақ тұр. Сөйлемесе де, белсенділік көрсетпесе де өздерін көзге іліп, санатқа қосып, пікірмен санасқанына шокпыт шапан жалшылар әлденеше инішті жейдесіне сыймай, әбден риза еді. Мен орнымнан көтерілгенде жұрт қайта үндеспей қалды.

– Екінші мәселеге көшеміз. Екінші мәселе бірінші мәселеден туады. Қазір қосшы одағының мүшесі, алқа мүшесі Таубай Жаубайұлы туралы мәселе қараймыз.

– Мен құлақ емеспін, – деп баж ете түсті Таубай отырған жерінен атып тұрып.

– Кулак болмасаң, кулакпен пікірлессің, күнде соның үйінен шықпайсың, кулак болмасаң осы өңірдегі бар кедейдің қанын сорған сүліксің, – деді Андрей. Тіпті қазақшасы соншалықты жатық, сөйлетіп қойып тындап отырғандай еді. Байлардың ішінде қозғалақтап, қалай болар екен дегендері сезіліп-ақ тұрды.

– Қосшы одағына қалай өтіп кеткен? – деді Дастан даусы зорға шығып.

– Сөз Қойлыбай Қорымбайұлына беріледі. – Қойлыбай жиналыс басқарушыларға қойылған, үстіне қызыл борлат жапқан столдан сонша қолапайсыздықпен тұрды. Қызыл борлатты сүйреңкіреп, бір жағын салбыратып жіберді. Қызыл борлат ұрысқақ әйелдің астыңғы ернін шығарғанындай салпынып қалды. Оны Дастан қайта түзеген болды. Бір жақтан арып-ашып жаяу келе жатқан адамдай белдігіне қыстырып қойған екі етегін де түсірмепті. Таныс шекпен. Анау жағасына салған көк масаты қырқылып, тықырланып қалыпты. Сонау жылы қашып келіп, Қойлыбай үйіне қонғанымызда Ұлтарак осы шекпенді үстінен «көзімдей көріп жүр» деп шешіп беріп еді. Сонда марқұм Ұлтарак:

«Өзім бай, нағашым бай, қайыным бай,

Қайтсең кедей қыласың құдайым-ай...» деп күлдіріп еді. Бәрі есіме түсе кетті. Осы Таубайдың, Жаубайдың Ұлтаракқа көрсетпегені бар ма еді? Әсіресе бір қыста көшіп, сонда мұзы қатқан Жаманты өзенінен біраз қозы-лақты көтеріп, сүйреп өткізген болатын. Сонда Ұлтарактың аппақ балтырын әлденеше жерден мұз тіліп кеткен-ді. Түріп қойған балтырдан қан қып-қызыл болып ағып тұрғанын көріп нақ мына отырған Таубай:

– Қаныңды ұрайынның қанының қып-қызылын қайтерсің. Бір ауылдың тонын бояғандай екен, деген-ді. Өмірі мұнаймайтын Ұлтарак үндемей күліп сол аяғын үзеңгіге тіреп, оң аяғын әкеліп аттың жалына салып, ердің басынан ұстап күреңге мініп тұрған Таубайдың жанына барады. Оны аттан жерге асықпай аударып алды. Таубайды тоқты басқан қасқырдай тыпырлатып астына азырақ бүктеп салып, тізесімен нығарлап отырды да:

– Қызыққаның менің қаным еді ғой, онда іш, – деп балтырынан аққан қанды Таубайдың аузы-басына жаққан болатын. Қойлыбай үшеуміз қатар отырғандықтан бай ауылдың туыстарының бір де бірі бізге батпаған. Ұлтарак күліп отырып-ақ:

– Батыр, бір ауыл болмағанмен бір кісінің тонына жететін қаным бар, міне, бояп берейін, – деп Таубай дәл сол күні киіп шыққан көк бикасам шапанының бәріне аяғын сүртті. Қан шықпаса, қасып-қасып шығарды. Аздан соң көк бақасам, қоңыр ала шапан болып еді. Босаған соң Таубай:

– Немене сонша, ойнағанға өтің жарылып кетті ме? Үстімді әбдан былғадың ғой, – деді беті кәдімгі цирктегі маскарапаздың бетіндей болып. Байқасақ Ұлтарак бет-ауызға қанды тегіс жаға беріпті. Ол сурет салыпты. Таубайдың мұрынын, екі құлағын, екі бетінің ұшын, аузын бояпты.

– Батыр-еке, сен ойнағанда мен ойнамасам іренжіп қала ма дегенім ғой. – Сонда Ұлтарак күлмейді де. Сөйткен Ұлтарактың шапаны еді, бұл. Қойлыбай тоқтап-тоқтап, мыңқылдап зорға сөйледі:

– Мен айтсам, былай деймін. Жаубайдың баласы мына Таубайдың өмір бақи жалшысы болдым. Жиырма бес жыл ақыма жалғыз шабан

қызыл өгіз алдым. Енді... – Қойлыбай тығылып қалды. Сөйлей алмады.

– Мен, – деді орнынан тұра сөйлеп Бошан, Таубайдың малын баққан жоқпын. Бірақ осы топта Жаубай қойын бақпаған, тышқақ лақ алмай кеткендердің бәрі отыр. Таубай қосшы одағына мүше болыпты дегенде, шынымды айтайын, онда Советіңнің бізге беретін ештемесі жоқ екен ғой, дедік мына отырған Дастан екеуміз.

– Таубай аға мүше болған Қосшы одағының бізге не керегі бар. Одан да байларға берейік. Әйтпесе Таубай ағаны ол одақтан шығарайық. Баймен қандай одақ болмақ. Бай болғанда қандайы, жуан жұдырығы, сойқан-содырлысы. – Бұл кезексіз сөйлеген бағанағы Ұлтаракқа ұқсас жас жігіт екен.

– Мынау кім еді? – деп сұрадым Есперден.

– Тәшен байдың жалшысы Құлболды деген жігіт.

– Мен сөйлейінші, – деген әйел даусына қарасам Нұрия. Байқаймын, әйелдің сөйлеймін дегенін қазақтың осында отырған еркек атаулысының бәрі де ұнатпай қалды. Тіпті күнде қызметте өзіммен бірге болатын, Совет өкіметінің жер дауы, жесір дауы, қалың мал тағы басқалары жөнінде көрген шараларын бірге қостап, қоштап отыратын Есперімнің де қабағы түсіп кетіпті. Бұл өңірде баяғыда топта сөз сөйлеп өз басын қорғап шыққан Сәлиман шешемнен кейін жиында әйел даусы естілмесе керек-ті. Енді міне бір кездері «қатын би болды, сиыр пұл болды» деп Шортанбай зар қаққанмен адамзаттың тең жартысына жуығы – әйел атаулының дауысын Совет өкіметі дүниеге паш етті. Соның бірі болып, қараңғы халық ішінде қак жарып тұн сапағынан шапақ жарған шолпандай Нұрия тұрды.

– Сөйлеңіз, – дедім. Енді не демекпін!? Егер Совет өкіметі болмаса Нұрияға сөз қайда, маған осындай ұлы жиынды басқару қайда?

Нұрияны Таубайдың көргені осы болуы керек, сұқтанып, Жаубайдан мұра болған жылан қарағын қадап қалыпты. Нұрия бұл кезде шар тартып, байсалды әйел болған. Нақ сол шақта ол осындағы сауаты бар екі-үш әйелдің бірі еді. Үстіне киген киімі қалаша, басындағы бір тартар орамалын қайта таңып қойып сөйлей жөнелді.

– О дүние-ай, әйелге теңдік тиіп заман өзгерді-ау, – деп беткейде жатқан шалдау кісі басын көтеріп отырды.

– Заман өзгерді, – дегенді әркім-ақ қайталады. Ол орнынан тұрып, сөз сұрап, орамалын қаттырақ байлап алғанша, біреулер сыбырласып оның Жаубайдың інісі Даубайдың тоқалы, Таубайдың жесірі еді дегенді білдіріп жатты.

– Тақымынан шыққан көйлегін қара, – деп бір шал аунап теріс қарап жатты. Нұрия қысылмады, шешінген судан тайынбас деді ме, бәрін жайып салып, қалай Жаубай ауылына келін болып түскенін, қысқасы жыртық құйрықты сипағанша деп Аманмен қашқанын айта келіп соңында былай деді:

– Мынау Таубай менің қайным еді.

– Тайсалмай Таубай деуін қарашы, имансыз қатын ғой, бұл. Енді осылай болып кетті ғой, әйел атаулының беті ашылғанының алды ғой, бұл, – деп жатар теріс қараған шал. Бырқылдап сөйлеп жатыр.

– Даубайдың барында-ақ, – деді Нұрия, – мына Таубай Аманмен неге жылы сөйлесесің деп мені ұрып жыққан. Мен әйел емес, ол ауылда есіктегі ебей, күн болдым. Мен білетін анау Тайбек, мына отырған Сәрсенбай, Тіләш, Керім осылардың бәрі де бұл бай ауылдан соқыр тиын алмай кеткендер. Бәріне мына қаныпезер Таубайдың таяғы тиген. Тіләш сені Сарыжазықта ұрып жыққаны қане!? Керім саған үш жылғы ақыңа құрттаған ешкі ал деп келеке қылмап па еді. «Сен сорлының құрттаған ешкің де жоқ қой» демеп пе еді. Нағып бүгін бұғып отырсыңдар. Таубайдан қорқудың керегі жоқ, оның күні батқан, атқан таң біздікі. Міне, мына «Тілші» газеті былай деп жазып отыр. – Ол қойнынан газетті суырып алып оқи жөнелді. Бағанадан бері мұны әйел деп қарап, еркексіп отырғандардың біразы-ақ басын жерден жұлып-жұлып алды.

«...Қазір байлар, бай балалары қулыққа көшті. Олар айла-амалын тауып партияға кіріп, қосшы одағына мүше болып алды. Олардың қосшы одағына өтіп кетуіне тыйым салу керек». Міне, қалайық, сол аңқау елге қамқор болып көрінбек мына Таубайды қосшы одағынан аластау керек.

Інім, еркек Қойлыбайдан әйел Нұрияның сөзі тиімді болды. Енді жаңағы Нұрия атын атағандардың бәрі сөйлеуге қол көтерді, – деді Шұнақ шал есінеп. Сонан соң ол күн көзіне қарады. Суықтөбеге көз салды. Күн қызды. Бірақ нақ осы тау күнінің көзіне жақсылап ұйқтап алуға болады. Бәрі бір даладағыдай емес, қоңыр жай. Дұқаба барқыттай болып, Ақтасты үсті көрпесін жайып тастаған. Қай жерге, қай жамбасыңмен түссең де, былқ ете қаласың. Абайдың көңіліндегі шыбынсыз жазды жетісулықтар күнде көреді. «Түріп тастап туырлығын, ұйқта, шыбын шақпайды» деп Бейсебайдың айтқаны осы жер дағы. Егер ислам діні айтатындай бейіш деген болса, нақ сол бейіш осы Ақтастыдан артық болды дейсің бе!? Бір кездері Ақтасты демей мұны хан жайлауы дейді екен. Сонда (қай кездегі екенін кім білсін) Әшеке хан да осы мақпал көрпедей жұмсақ жеріне, қазақ пен қырғыз жерінің бәрі көрініп тұрған биігіне қызыққан болар.

– Кел қымызды көтеріп тастайық, – деді Шұнақ шал. – Мына еттен, ірімшіктен алып отырсаңшы. Алжыған шалдың әңгімесі саған азық болмайды. «Айт аттыңікі, той тойдыңікі» деген емес пе, әңгіме, серуен ол тоқ кісінің тірлігі. Егер ішінде тамақ жоқ болсын ше, күлкіне, әңгімеңе кім құлақ асар екен. Осылай інім.

Нұрияның газетті судыратып оқығанына басы Таубай, Қаржак болып бәрі танданды. Ескі адамның көбі еркектер бас қосатын жиында әйелдің сөз сөйлеп көсемсуін, одан қағаздан жазу оқуын құдайдың

мына қу заманға шығарып тұрған құдіреті деп ұқты. Ал керісінше, кедейлерге Нұрияның газеттен оқып берген сөзі «құдай сөзі» деп молдалар айтатын уағыздан әлде қайда күшті болды.

Күн ұлы сәскеден асып, түс болып қалғанда күн батыстан бір шөкім қара бұлт көрінді де, кәдімгі паровоз түтінінше бұрқылдап, ирелендеп жиналыс өткізіп жатқан бізге қарай келе жатты. Демнің арасында күн түнеріп кетті де, үлкен-үлкен тамшылар бетке балш-балш ұра бастады. Жиналыс басқаратын тақтайдан істелген столдың анау шетінен тұрып Қойлыбай маған келді.

– Үзіліс жариялаңыз, қазір қатты нөсер жауады және арты бұршаққа айналады. Жиналысты сол өткен соң өткізерсіз, бағана айтамын деп ұмытып кетіппін, – дейді. Өмірі қой соңында, күн райын байқап өрісте өткен Қойлыбаймен бұл мәселемен таласу қиын еді. Оның ауа-райын байқаудағы «әулиелігін» төңіректегі ауылдардың бәрі де мойындаушы еді. Тіпті Жаубайдың да қыста ертемен Қойлыбайды шайға шақырып, күннің қандай болатынын талай сұрағанын көргенім бар. Сонау он алтыншы жылдың қысында Таубаймен ұрсып Қойлыбай іргесін аулақ салғаннан кейін Жаубайдың бір қора қойы ығып кетіп, қойшысымен қатып қалған ғой. Сонда Жаубай Таубайға ұрсыпты дер еді:

– Кедейдің де кеңесін тыңдау керек. Сен тым тықырсың, басыңнан сөз асырып жібере алмайсың. Тықырлық байға жараспаған. Көн теріліктен көгермеген бай көрген жоқпын. Көн мен қағаздың қайсысы жақсы. Қағаз әдемі, көн құрысқан тері. Қағаздай шытырлап тұрған кісі қағаздай тез жыртылады. Сен тез жыртылдың. Қойлыбайды қолдан шығармағанда бір қора қойың он қора болатын еді, – депті. Қойлыбай қазір бұршақ жауатынын айтқанда Жаубай солай депті деген сөз есіме сап ете түсіп, «осы Қойлыбайды «Дегерестін» қой фермасына бастық қойсақ қайтеді» деп ойладым. Бұл қалай осыған дейін ойыма келмеген.

– Қазір бие сауым үзіліс жариялаймыз. Мына Қойлыбай бұршақ жауады деп тұр. Жаңбыр басылған соң жиналысты қайта бастаймыз.

– Біледі дегенге мына кедейлер қайтеді-ей, аспандағы құдаймен де тілдесіп қойғандай болғысы келеді ғой, – дегенге қарасам Қаржак екен.

Қойлыбаймен ойнауға болмайтын еді. Таңертең қойдың қорада құлағын қағуы, иттің желге танауын төсеуі, жылқының пысқырынуы, жер тарпуы, қойдың өруі осының бәрі оның күн райын аңғарар барометрі еді. Мұның сыртында жазбай оқымай-ақ күзде солай болған, енді көктемнің пәлендей күні жаңбыр әлде қар жауады деп отырады. Солай болады да. Бұл жолы да солай болды. Біз тұра бергенде-ақ жаңағы үлкен тамшылар жиіледі де, нөсер сорғалап, құйып кетті. Топқа келгендердің аттары теріс айналды. Тұсаулы, шідерлі тұрған аттар құйрығын күн батысқа бұрып тұқырып, бүрсие қалды.

– Ал бұршақ төгеді және етік басы көміледі. Бірақ әйтеуір ірі болмайды, – деді Қойлыбай. Жұрт тасаға тығылып үлгірді ме, үлгірмеді ме, нөсердің арты бұршаққа айналып төпеді-ай келіп. Бие сауым жауған ұсақ, жүгері дәніндей бұршақ үйіп салды. Етік басы көміліп, сай-сайдан су ағып жүріп берді. Қойлыбай сияқты ауа райын білетін, малдын көші-қонын, өріс-жайылымын, суатын бағдарлайтын, қысқасы байды бай қылып балпитқанның бәрі кедейлер. Ендеше бізге байымай, социализм орнатпай, жалпы халыққа береке-молшылық жасамай не? Кедейсіз бай бай бола алар ма? Байдың байлығын да, бақытын да жасап жатқан кедейлер өзінікіне өгіз қара күшін салмас па!? Шырағым аты-жөні жоқ, осы бұршақ жауғанының бұл жерде неге керегі бар еді деме. Айтайын дегенім әлгі Таубай ғой. Жаңа жауған бұршақта Таубайдың аты бүрсеңдеп айналып тұрып, жартастан құлап, пышаққа ілінді. Астыңда атың өлсе, қойныңда қатының өлсе қырсықтың шырмап-шалғаны, атың дауылдан, қатының аурудан аман қалса, бар пәле артта қалғаны. Нақ сол жерде-ақ отырғандар дүрлігіп «Таубай енді судың түбіне кетті» деп жатса керек. Мұны кедейлер де өзінше жақсылыққа жорыды: байдың аты жығылды, аузына кесек тығылды десіпті. Енді біразы бұршақ жауып ауа райының бүлінуіне Нұриядан көріпті.

– Жаңағы қатын сөйлемегенде бұлай болмайтын еді.

– Соған қарап қалды дейсің бе? – деген сияқты сөздер жиналысқа қайта келгенде гу-гу естіліп жатты.

Бір шай қайнатым ішінде бірнеше рет өзгеретін таулы өлке күнінің әдеті. Демнің арасында күн қайта шықты да, бұршақты ерітіп аяқ астының миы шығып кетті. Бұрын талай жаңбырда қалып, кепкен соң шуып кеткен қоңыр шолақ тондар енді бұршақты жаңбыр астында қалған соң ездің киіміндей сөлбірейіп, кешке өрістен қайтқан бұзаулы сиырдың желініндей жер сызып кеткен жайы бар. Соған лайықтанғандай талай кедей бөріктері кеңейіп милығына түсіп, тайлаққа бастыра артқан шаңырақтай көрінеді. Бұршақ еріген соң жерге әлі сіңе алмаған қақ суы көп қайнап шулығып, қазан түбінде қалған сорпадай әр жерде-ақ жылтырайды. Аяқтан сыз өтіп, шекеден күн өтіп тұрса да жиналысымызды қайта бастадық. Жұрт түрегеліп тұрды. Шеттегілерінің біразы атына да мініп алды. Бәрі бір кеткен адам жоқ. Әсіресе кедейлер жағы қозғалмайды. Олардың көрген қарлы-жаңбыры осы дейсің бе?!

– Мен бір ауыз айтсам болар ма екен, аға? – деді бағанағы жас жігіт Құлболды.

– Болады.

– Шыны керек, аға, бұл жұрт Таубай аға туралы келістіріп-ақ айтқысы бар. Бірақ ол сіздің қайын ағаңыз болған соң қысылып-қымтырылып тұр. Мына жалба тұмақ, жыртық бешпенттің бәрі маған «сен айт, сен айт» деп тұр. Менің қорқатын түгім жоқ. Егер «Дегерес» болысы болмаса, бұрынғымша-ақ мына Қарашадағы орыстардың шошқасын бағып-ақ жан сақтармын. «Бөдененің үйі жоқ, қайда барса бытпылды» деген

біз боламыз. Шымылдығы желпілдеп тұрған да мен емес, он саулық бітпей, ақ жаулық ұстататын түрі жоқ. Ал он саулық біз сияқты сори ажырамаған адамға, Таубай сияқты екі мың қойдың иесі Қосшының мүшесі болып өтіп кеткен жағдайда әлі көп жыл бойы ұстатпақ емес. Мынау кедейлердің ішінде Жаубай үйінің жоғары босағасына отырғаны, бәйбіше-тоқалы алдында бәйек болмағаны жоқ екен. Сондай атасынан қан сорған кісі Қосшыға мүшелікке өтіп кетуі үлкен қателік болған ғой деймін, аға. Сіз менің сөзімді ұнатыңыз, ұнатпаңыз, бірақ Таубай Жаубайұлы қосшы одағынан шығарылуы керек. Не Таубайлар болсын, не біз болайық. Ол қалай большевик болып партияға кіріп кеткен болса, Қосшыға да солай кіріп кеткен шығар. Енді ол большевиктік-тен қалай шыққан болса, Қосшы одағынан да солай аласталсын.

Құлболды бір құдай құл қылмағыр екен, ішіме сөзі жағып барады, айта түссе екен деп отырмын. Шынында Таубай сонау он тоғызыншы жылы ептеп партияға өтіп кетіпті. Кейін партияға тазалау жүргенде белгілі бай екені білініп, шығып қалыпты.

– Мен Әлімбаидың Керімінен бай емеспін. Ол облыстық болыстың бірі ғой, – деп өкіректеген-ақ екен, бірақ облыстан келген өкіл Серғазы Күшіков оны кесіп тастапты: «Коммунистік (большевиктер) партиясы қан сорғыштар партиясы емес, оған қарсы партия. Сіз ондай партияның мүшесі бола алмайсыз». – Сондай тазалау нәтижесінде жиырмамыншы жылы облыста партияға мүше болған 17912 адамнан жиырма бірінші жылы 6542 коммунист қалған.

– Сауатың бар ма, шырағым, – деп сұрадым Құлболдыдан.

– Орыста малайлықта жүріп, сауатымды орысша аштым, аға, – деді ол. Бұл мәселені енді созуды жөн көрмедім. Қосшы одағының ережесін айта тұрып, оған кімдердің мүше болуы керектігін қайталап оқып шығып, сондықтан бұл одаққа Таубай Жаубайұлының мүше бола алмайтынын ашып айтып, қолға салдым. Кедейлер тегіс қол көтерді. Байлар қарсыға да, қалысқа да үнсіз, тілсіз қалды. Бұл байлардың санаттан шыққан алғашқы жиыны еді. Аздан соң құздан құлаған торы жорғаның терісін бөктеріп, салбырап Таубай кетіп бара жатты. Ол үйіне келгенде:

– Атым құздан құлағанда өзім қоса құлағандай болдым, – депті.

– Расында да Таубайдың біржола құлайтын күні алыс емес болатын.

* * *

Ұлбай бәйбіше берген құтыны қолыма алдым. Жұрттың күбіте айтқан өсегінің бәрі де есімде тұрды. Егер ел айтып жүргендей мұның ішінде алтын болса қайтпекпін деп ойлады. «Алтын мемлекеттік қор, ол жалғыз адамның игілігі болып қалуға тиіс емес» деген еді Жандосов. Егер алтын болса тапсыруым керек болар. Бірақ «алтын-күміс тас

екен» дегендей, алтын болса, ол ауыр болмай ма, тіпті құры болыс-кей құтының өзі ғана сияқты. Неде болса ашып көрмек болдым. Үйде екі балам жоқта құтыны қолыма алып толқып тұрдым. Мүмкін тіпті мұнда түк те жоқ шығар, бірақ «Ұлтуғанның өзіне берейін деп едім» деді ғой, шешесі. Соншалықты қымбат дүние саналған ғой. Не сыр бар екен, мұнда? Құтының топшылы болысқей қақпағы бос жабулы екен. Оны ашсам астында тығын, кәдімгі пробка ағашынан жасалған, кішкене, қызыл жібектен тартатын бауы бар тығын. Нығыз жабылған екен. Оны суырып алдым. Міне керемет! Дүниеде мұндай қош иіс бар ма екен? Үйдің ішін алып кетті. Ол иіс ашып қойсам кетіп қалатындай тығынды қайта жаба салып, сәл ойланып тұрдым. «Одан қалған шикі тері анда-санда осы құтыны иіскеп, шешесін есіне алып жүрсін» деген бәйбіше сөзі құлағымда тұр. Ішінде не бар екенін көргім келді. Тығынды қайта алып құтыны төңкердім. Құтыдан бармақ басындай бірдеме түсті. Сырты балық терісі сияқты, ұсақ түкті бірдеме. Кәдімгі егін бас тартар кезде қаракұлпыланып, жап-жасыл болып тұрады ғой. Нақ соның түріндей. Қара қошқылданған жасыл. Екі бүктеулі. Арасында кәдімгі Каспийдің қызыл балығының егі сияқты кепкен еті бар, түсі де нақ сондай, солғын қызыл немесе тіпті сары қызыл деп айтуға болады. Егін ішіне келтіріп, екі бүктепті. Екі жағы тұптура болып кесілген. Қалыңдығы бүктелгенде бір жарым сантиметрдей, ұзындығы үш сантиметр. Сырты әлде май шығып тұрғандай, әлде түктенгендей. Қара құлпы жасыл. Көрген соң көңілім оған тола қоймады. Қысқасы қалың көн терілі балықты бір кесіп қойғандай бірдеме. Қайта құтыға салып, неде болса бұл Марленнің әжесінің сыйы ғой деп сақтап қоймақ болдым. Мұны үйге тастауға болмады. Өйткені ол кезде біз есікті жаппайтын едік қой. Есік жабылмайды да, ешкім келмейді де. Келсе келген адам қарыны ашса, тамақ ішеді, ештеме алмайды. Бұрынғы қазақ ауылы солай болатын, шырағым. Ал мынаны орнына қоймай портфеліме салдым. Өйткені сауытты басқа балалар көрсе ойнауға алып кетуі мүмкін. Бірақ шыны керек, ешкім ештеме ұрламайтын. Бұрынырақ балалар да ойнап болса да ешкімнен ештеме ала алмайды. Өйткені ауыл бірінен бірі жырақ отырады ғой. Сол күні кешке дейін үйге кіріп шыққан адам «осы үйде ненің иісі бар, неткен керемет иіс» деп жүрді. Мен ешкімге тіс жармадым.

Мен Жаубай ауылына бармадым. Марленнің бетінен әжесіне сүйгізе алмадым. Уақыт болмады деп айту тіпті де ұят болар еді. Уақыт та, мүмкіндік те болды. Бірақ сол ауылға баруға бетімнен басып, көкжелкемнен бірдеме тартып тұрғандай көргім келмейтін едім. Жаубай ауылы дегенде кегежемнен бірдеме тартып, митыңдап жүріп суға келіп тоқтап қалатын мәстектей ілгері баса алмаушы еді. Адам өткен күнін сағынады. Менде ондай сағынатын күн бар ма еді. Жаубай ауылында Ұлтуғанмен кездескен үш-төрт күннен басқа есте қалар не бар

еді, мен бейбақта. Басқаның бәрі арқалаған ауыр жүк, азап. Тән азабы емес, жан азабы. Біреудің біреуге қожа болуы, құлдануы. Інім еңбектің бай ауылындағыдай ауыр түрлері қазірде де бар ғой. Бірақ ол біреудікі емес. Біреу үшін, біреуге істеп жатпағаныңды сезесің, сондықтан да оны бар жаныңды салып істейсің. Одан ләззат аласың. Жұмысыңның ауырлығына қарай ақың да төленеді. Әрі-беріден соң, ақы дегенді былай қоя тұр. Өйткені капиталистік дүниеде де ақыны көп төлейтін жұмыстар бар. Оны ешкім жоққа шығармайды. Сол көп ақыдан менің бүгінгі алатын ең аз ақымды артық дер едім. Неге? Өйткені мені біреу зорлап, қорлап істетіп тұрған жоқ. Өзім істеймін, қоғамға, қоғамның игілігіне істеймін. Басқамен бірдей оның игілігін көремін, мен көрмесем менің балам көреді. Мен жасаған нәрсе не Жаубайдың ғана, не Таубайдың ғана игілігі үшін жұмсалмақ емес. Ол мындағандардың игілігі, үлесі. Мен де басқа бір жолдастың жасаған еңбегінің игілігінен өз үлесімді, сыбағамды ала аламын. Мен бүгін егін салып мемлекетке астық тапсырсам, мен үшін басқа жерде бір совет азаматы костюм тігіп жатыр. Әрине ол нанға өз ақшасын төлеп алады, мен де костюмді сатып аламын. Ақша деген әншейін бұл жерде шартты белгі ғана, яғни айырбастың құралы, кісіге кісінің жұғысуының құралы ғана, інім.

Мен дұрыс айтып отырмын ба, інім. Әлде мен марксизмнен ауытқып кеттім бе? Жан азабына қарағанда, тән азабы түк емес қой, інім. Бүгін ауыр дене еңбегімен айналыстың, ұйқтап тұрдың бітті, сап-саусың. Ал жан азабын ешкімге көрсетпей-ақ қойсын. Сен біреуге жұмыс істеу дегеннен хабарың жоқ қой, інім. Оны сен теориялық жағдайда ғана, не кітаптан оқып қана білесің. Ал біз оны басымыздан кешірдік. Сондықтан да Совет өкіметінің қадірін біз, інім, сенен гөрі, көптеген сен сияқтылардан гөрі жақсырақ білеміз, өйткені сенің еңбегінді қанаған ешкім жоқ. Ал біз қаналып, қанымызды біреудің малын екеу ету үшін судай шаштық. Сондықтан да Жаубай ауылына бару маған өлгенде жататын моланды көріп келші дегенмен бірдей еді. Адам өткен өмірін сағынады дедім, мен. Тіпті сол өткен азапқа, қорлыққа толы өмірін де сағынады. Адам оны өзі сезбейді. Шынында адамның сағынып отырғаны азапты өмірі емес, сол азапты көтере білген жастық өмірі болуы керек.

Сөйтіп мен Жаубай ауылына бара алмай жүргенімде бір күні біздің есіктің алдына жалғыз ат жеккен арба келіп тоқтады. Арбаны Қойлыбайдың он үш-он төрт жасар ұлы Қазыбек айдап келіпті. Арбаның үстінде Ұлбай бәйбіше. Үстінде киім кию салтанаты бұрынғы парасатымен. Бұлғын ішік арбаның артында бос жатыр. Тізеге жетер-жетпес қошқыл жасыл дұқаба барқыттан тігілген бешпенгі бар. Кимешектің сыртынан күндік орамай, үлкен бір шәліні бос салыпты. Мен сонадай жерден келгенше арбадан өзі түсті. Киімі бірдей қалаша киінген үйелмелі-сүйелмелі менің екі ұлым жүгіріп келіп, состиып қарап тұрысты. Мен келсін деді ме, бәйбіше оларды жанына шақырмады да, жылы ұшырамады да. Кейуана қазақтай жай тұра берді. Бірақ дегенмен

бәйбішенің сыртқа қарап көзін сүртіп тұрғанын байқадым. Әрине ол менің баламды көріп босап тұрған жоқ еді, менің баламды көріп, қызы есіне түсіп, жас шығарып еді.

– Амансыз ба, женеңе, – дедім өзімді өзім зорлап, аузым «апаға» бармай-ақ қойды.

– Аман ба, Абақ, шырағым, малы-басың аман ба? Балаларың қалай, ауру-сырқаудан, тұмау-сымаудан аман ба?

– Жаман емес, артыңызда тұр.

– Көрдім ғой, тұрғандарын. – Бәйбіше балаларды шақырмады, беттерінен сүймеді. Үнсіз үйге кірді. Төрде жақында Қойлыбайдан Сәлиман шешем жіберген қызыл текеметтің үстіне көрпе салып, қос жастық қойып бердік. Ол шынтақтамай бір тізерлеп, тіп-тік болып отырды. Үйге ере кірген Совет пен Марлен көздерінің астымен бір-бір қарасып, біріне-бірі үндеспей отырды. Әкем неге бәйек болады, соншалықты бұл кемпірдің әкем жүгіретін несі бар екен дегендей, балалар таңданғандай. Амандықты қысқа сұрасып, көрші әйелдердің бірін шақыртуға далаға шығып кеттім. Бұл кезде көздері алақандай болып кеткен екі балам артымнан қуып келіп тұр:

– Әке, жаңағы әже құлап қалды, жылап жатыр, – дейді бір жаста болса Марленнен естирлау Совет. Жүгіре басып келсем Ұлбай бәйбіше етпеттеп жатыр. Солқылдап, өксіп жатыр. Қарасам бауырына бірдемені қысып алыпты. Сөйтсем мен шыққан соң үйдің ішіне тегіс көз салған Ұлбай бәйбіше стол үстінде тұрған Ұлтуғанның екі ұлмен түскен суретін көрген. Оны қолына алып қараған да, талып түскен екен. Мен есіктен кіре бергенде есін сәл жинаған да, суретті қайта қолына алып, бауырына басқан. Мен жұбата алмадым. Шынын айтсам әдейі жұбатпадым. Әбден ішінен шерін шығарсын дедім. Бәйбіше көрші әйелдердің «тұрыңыз» дегеніне құлақ аспады. Таң атқанша сол суретті құшақтап, егіліп-төгіліп жатты. Таңертең орнынан тұрып, суретті орнына қойды. Көзі басы бұлаудай, ісіп кетіпті. Беті көлкілдеп тұр. Өңі қашып, қызының өлімін жаңа естіген адамдай. Басындағы жастықтың бәрі су, жасқа бұлынып шығыпты. Ұлбай бәйбішенің бетінен Ұлтуғанға ұқсайтын ешнәрсе таба алмадым. Ол не Жаубайға, не Ұлбай бәйбішеге ұқсамаған екен-ау дедім.

Бәйбіше далаға шығып, жуынып келіп таңертеңгі шайға отырды. Түнде оған арнап сойған малдың етінен дәм татты. Құр шайды ұзақ ішті, бірақ әлі де ешкіммен тілдеспей өз ойымен әлек болып отырды. Шай ішіп болған соң кетер алдында бір сұрақ қойды.

– Ұлтуғанмен соңғы тілдесулерің қашан? – деді. Мен оның соңғы хатын, ардақтап, көкірегімде бұрынғылардың иманшартты сақтағанындай сақтап жүрген екі бүктелген ақ қағазды алып оқып бердім. Ол үнсіз тыңдады. Мен хатты оқып болған соң сұрап алып, ұзақ иіскеп, бетіне басып отырып қалды. Бірақ бұл жолы жыламады. Маған қайтарарда хатты қайта-қайта демін ұзақ тартып иіскеді. Мен де жетісіп тұрған жоқ

едім, әйтеуір шыдадым. Кетерінде: «мен өлгенде Марленіңді әкеліп, қолыңнан көм» деп есікке беттеді. «Япырмай, мына кемпір Марленді бір иіскемес пе екен, шынымен-ақ» деп ойлады. Арбаға отырарда екі ұлдың да мұрынынан иіскеп «ит-ай, Ұлтуғанға ең болмаса бір жерің тартсашы» деп Марленнің мұрнын сұқ саусағымен бір басты. Бірақ еміренбеді, көп аналар сияқты май болып еріп кетпеді.

– Ұзақ өмір сүріңдер, Ұлтуған солай депті ғой! – деді арба жүре бергенде. Енді айналып екі ұлыма бір қарасам әлгі менің түк білмейді деген жетімегімнің көзінен жасы сорғалап, мұрны пысылдап кетіпті. Мен не жетісіп тұр едім, бұрылып кеттім, төгіліп, егіліп кеттім.

Шұнақ шал әжептәуір уақыт сөйлей алмай қалды. Мен де әкесіз баланың жөні бір бөлек, шешесіз баланыкі қиын-ау деп Марленді аяп, толқып отырдым. Екі ат оттауын қойып, сілейіп қалыпты. Күн шақырайып түс болды. Тау үсті ыссы тартты. Шал аттарды суарып келейін деп орнынан тұрды. Мүмкін біраз солығын басып келейін деген шығар. Мен үнсіз отыра бердім. Шал қалт тоқтай қалып, сәл қарап тұрды да:

– Ә, келдің бе, кәрім, – деп Ақжал шабдардың үзеңгісіне аяғын сала беріп маған бұрылды. – Енді сөз саған жақпайтын болады, тыңдау, тыңдамауыңды ойлай отыр, – деп атқа мінді. Екіншісін жетелеп түсіп бара жатты. Мен Шұнақ шалды тағы бірнеше күн тыңдауға бар едім. Бірақ менде ондай уақыт бар ма? Дегенмен тыбыр етпей бүгін бұл әңгімені аяқтатып, Таубай басқарып отырған фермаға қайта оралғым келді.

Шұнақ шал аттарды жайғастырып, тастың қуысынан месті көтеріп келіп, байлауын шешіп, аузын қайырды. Сонан сон оның қымыз құйылар жағын сүйірлеп, екі тостағанды шүпілдетіп толтырды. Қымыздың майы қап-қара ноқаттанып бетінде жүзіп жүрді. Әбден өлтіре піскен екен дедім.

– Қымыз әбден бабында, інім. Тек ішуге іштап, ал көтерейік, бұйыртып ішкізсін, – деді. Екеуміз қатар тартып, тостағанды жерге қойдық. Қымыз қайта-қайта құйылды. Мейіздей болып ысталып, сырты құйрықпен майланған месті шал тастың қуысына қайта тықты. – Әйтпесе жылыңқырап кетер.

– Әңгімені бастаңыз, – дедім шұнақ шалға. Шал сәл маған қарап жымыды да, қос тізерлеп, арқасын күнге бере терістікке қарап отырды. Тыңдайсың ба деп сұрамады.

– Ұлбай бәйбіше кеткен күні кешке дейін Ұлтуған есімнен кетпей қойды. Қасы-көзі қиылып, маған жәудіреп қарап тұрғандай болады. Жаманы кешке болды. Ұлтуғанмен көрісіп жатып екі рет өксіп ояндым. Қазақтың «өмірі өксумен өтті» дейтіні осындайдан алынған болуы керек, інім. Өмірге екі келген адам жоқ. Қолдан келсе адамның олсыз да қысқы күндей шолтаң етіп өте шығар ғұмырын жайдары жаздай етіп өткергенге не жетсін. Бірақ ол біздің қолдан келді ме? Ал өмірді жай-

дары өткізу үшін жарамсақтану, жағымпаздық, арсыздық жасау ол да қыста үйге темір пешке жаққан оттың қызуындай өткінші, уақытша жылу. Артынан қайта мұздамай, үсімей тұрмайсың. Ал мына, сендер, шынымен өз өмірлерінде өздерің жасай аласыңдар. Бақыт жасау, бақытты болу бүгінде еңбекке байланысты. Ал еңбек ету – еркің!

Арада он күн өткенде бір күні түнде шапқыншы келді. Ұлбай бәйбіше қайтыс болды дегенді естірте, хабар айта келіпті. Екі баламды ашамай салып екі атқа мінгізіп, қоятын күннен бір күн бұрын барып Қойлыбай үйіне түстім. Ертеңіне түс ауа Ұлбай бәйбішені жерледік. Марлен қолымен топырақ салды. Бәйбішені жерлеп бола бергенде біреу шыбын-құйын болып шауып, мола басына келіп жайдақ аттан домалай түсті.

– Шұнақ қайда? Шұнақ! – деді киімі жалба-жұлба біреу көп арасына кіре беріп.

– Мен мұнда! – дедім. Аттан түскен байқұс кеңкілдеп, рабайсыздықпен қатты күліп алды да, Таубайға қарап:

– Атаңның басын ұстадың. Міне енді қайтер екенсің, мә, мынаны бәйбіше Шұнақтан басқаға берме деген, – деп бәркінің түрмесінен алып маған бір жапырақ қағаз ұсынды. Мен қағазды алған соң, кеңкілдеп ол қайта күліп алды, Таубайға қарап ернін шығарды, тілін қоса көрсетті. – Атаңның басы ұстадың, атаңның басы! Мынау қағазды маған бересің дейді. Мен бермеймін дедім. Мені сабады. Мен қашып кеттім. Түнде жардың қуысына кіріп жаттым. Таптың ба, таба алмадың. E-eh-e-h-he! Мен бәйбішенің айтқанын ғана істейтінмін. Маған одан басқа қайсысың тамақ беруші едіңдер. Әсіресе қаймаққа тары шылап, мә байқұс, жетімегім бір тойып алшы демеуші ме еді. Енді қайыссың менің маңдайымнан жұп-жұмсақ алақанмен сыйпайсың? Апам, қайран, Ұлбай апам-ай! – деп жаңағы жылап жіберді. Мұның күле келіп, жылағанына ешкім күлмеді. Біраз адам тысыңдап, ышқынып қосыла дыбыс шығарды.

– Сен енді мені ұрсаң Шұнаққа айтам, – деді бала. – Eh-he, атаңның басын ұрарсың! – Бала Таубайға кір-қожалақ жұдырығын көрсетті.

Шамасы бала жігіттің есі кіресілі-шығасылы болса керек. Таубайды келекелеп, ышқырын бір көтеріп қойды. Мен жұрт ішінде қағазды оқыған жоқпын. Қайта Жаубай үйіне кірмей бейіт басынан тура Қойлыбайдікіне тарттым. Келген соң хатты ашып оқысам былай депті: «Абақ! Балам! Ұлтуғанға айтатын сырымды саған да айта алмадым. Барлық жағдайды Сары апаңнан есті. Мен үшін Сары апаңның жанында бір күн отырып сырды ұқ. Мені айыптама. Қош, ұлыңды өсір. Сен екеуіңнен басқа кім бар менде. Ұлбай!» Ұлбай бәйбіше хат танығанымен жаза білмейтін. Кімге жазғызды екен, мұны? Не де болса Сәлиман шешемнің Жаубай үйінен келуін күттім.

Сәлиман шешем сол күні кешке келмей ертеңіне сәскеде келді. Әбден шаршаған:

– Жыртық ауылындағы соңғы адамды көміп келдік, – деді ол отырғандарға. – Ендігісін май құйып өртеп жіберсең де бәрі бір. Ендігілері мал, малдан даярағы ғана басқалар. Дәмет, бір шай әкел!

Шай ішіп болған соң мен Ұлбай бәйбішенің хатын, көктемде берген құтыны, оның ішінде не бар екенін айттым. Сәлиман шешем түрүлі тұрған есіктен сонау алыста көшіп бара жатқан, күзге қарай түсі өзгеріп, аппақ ұлпасынан айрылып, сұрға айналған бұлттарға қарап ұзақ үндемей отырды. Ойымен алысты шолып кетті-ау деп шамалаймын.

– Бұлттың түсі өзгерді. Қыс жақын. Бұлттай өміріміз көшіп өтті ғой. Менің өмірімнің қысы да жақындап қалды. Көпке бара қояр ма екенмін, Абақ. Менің науқасым суық күзде козады. Қи қатқанда кетермін, шырағым. Мен асаны өлім күтпеймін. Азғантай ауру күтемін. Жанымды қинамай алса болды. Ағаш бесікке түскен жер бесікке түспей қоймайды. Туған соң өлім ақ. Ұлбай менімен тағдырлас, бастас еді, ол да дүниеге артында өзінен туған баласын қалдыра алмай, ит көзі түгін танымас өмір кешіп, қысқы зымыстан ішінде кетті ғой. Жас өлсе де бізден Інжірдің өлімі артық, өйткені артында ұрпағы қалды. – Ол шаршап қалғандай тағы біраз үнсіз отырды.

– Бұл тіпті де уәйім емес, – деді шешем, – менің әңгімелеп отырғаным өмірдің толғанысы. Барлық жан-жануар, ұшқан құс, жүгірген аң бәрі артына ұрпағын қалдырғысы келеді. Дүниедегі ең кішкентай нәрсенің бірі құмырсқа. Ал содан еңбекшіл жәндік дүниеде бар деп есептемеймін. Соның өмір үшін күресі бүкіл адамзат баласына үлгі боларға керек. Мен тіршілік үшін құмырсқаша адал тырбандым. Жұмыссыз, кәсіпсіз өткізген, қол қусырып бекер отырған бір күнім болған жоқ. Мен де бір байша, бір бәйбішеше өмір сүруіме болатын еді. Бірақ мен оны өзім қаламадым. Мүмкін егер Совет өкіметі осыдан отыз бес жыл бұрын орнаған болса, мен не істеуді білетін едім. Онда бар малымды Жыртыққа бергенше, қойшы-қоланмен не бөлісіп, не ортақтасып бағатын едім. Мен бейшара ең болмаса бір көкірегінде кішкентай сәулесі бар адамы бар жерге де бармаған екенмін. Мүмкін сондай кезде Совет өкіметі жасап, ортақтастырып жатқан өрелі өмірдің пікірін ғана біреуден ұқсам етті. Енді оны ойлағанда не, ойламағанда не!? Кеше Қойлыбайға айттым, бір ат, бір өгіз, он қойым бар демеу, егер соны ортаға салу керек болса аяма дедім. Сен білуші ме едің, шырағым, Қойлыбай менің туған жиенім ғой. Оның шешесі менің бірге туған апам еді ғой.

Бұл Қойлыбай бейнетқор, адал болды, бірақ бір ауыз сөз білмейтін, сөйлей білмейтін мақау болды. Әзір айтқанымды екі етіп көрген жоқ. Сөзді мәнерлеп, әдемілеп сөйлей алмағанымен істің мәнісін, жәдісін жақсы біледі, көзін тауып істейді. Бір адамдай ақылы бар. Тым шаруақор. Шаруаға кіріскенде ол өзінікі ме, Жыртықтікі ме, Таубайдікі ме, бәрі бір, қолына алған істі тап тұйнақтай тындырмай көңілі тыншымайды. Марқұм әкесі Қорымбай да сөзі жоқ, ісі көп адам болатын. Менің апама тартса сартылдап сөйлеп тұрар еді.

Сен, шырағым Абақ «Дегерес» болысындағы Совет өкіметінің көзің. Сені төңкеріс комитетінің бастығы етіп жібергенде ең алдымен адалдығыңа сенген болар. Қашан да сол өзінді өсірген, адам еткен Совет өкіметінің құдығына түкірмеуге тиіссің. Сен жалғыз большевик емессің, осында сенен де жүрегі ақ адамдар арамызда толып жатыр. Сенің артықшылығың сол Совет өкіметіне бұрын барғандығың. Мына біздің ішіміздегі кедейдің балаларының сенен дарындысы, артық туғаны, сенен ақылдырағы көп болуы да мүмкін. Олардың басында не бар екенін әлі ешкім таразылап, қазылап көрген жоқ. Бастаудың көзін ашсаң бұлақ болып су ағады, көзі ашылмаған бастау осы заңғар Алатаудың бауырында қанша? Солардың қайнарын тауып көрші. Жырада жылап қана көрініп жатқан жер астынан лықсып келіп жатқан ыза тіпті жеткіліксіз. Соны кетпенмен қазбай-ақ тек қолыңмен тырнап көрші, тез тұмаға айналсын. Нақ сол жырадағы ызадай түртсең бұрқ ете түсейін деп тұрған су көзі сияқты, тек себепші болсаң адам болып кетейін деп тұрған кедей қаншама. Соларды сен таппағанда Совет өкіметін қолынан келсе құр құдыққа итере салғысы келетін Таубай табады дейсің бе? Бұл сенің борышың Абақ. Айтайын дегенім мынау Қойлыбай сияқты шаруақор, қормал адам да Совет өкіметіне керек. Ол байды балпитіп байытқан адал Қойлыбайлар өз өкіметінен ол бейнетін, зейнетін аямақ емес. Сондайларды сен тауып пайдалан.

Сәлиман шешем тағы да демалып отырды. Азырақ жөтелді. Жөтелі аздап сырылмен аралас. Қақырық түспей құрғы қақылдататын, енді қоймайтын, сүйегімен кететін жөтел екені маған көрініп тұрды. Жөтелі қойған соң сәл алқынып қалды. Үйге сырттан Дәмет кіріп еді, оған ескертпе жасады:

– Мен Абақпен ұзақ сөйлесемін, жылтындап бұл үйге кіре берулеріңді қойыңдар. – Дәмет «жарайды» демей, үн-түнсіз зып берді. Екі ұл сыртта атқа шауып ойнап жүрді. Біздің әңгімемізге бөгет болатын енді ешкім жоқ еді.

– Менің ит көзі түтін танымас өмір сүргенімді білесің. Жыртықша өтірік өмір сүргенше, кедей болып, жыртығыңды жамай алмай, тесігінді бүтіндей алмай, тамағыңды тойғыза алмай, бал тілеуін қойғыза алмай жүргенінді анық көрсетіп, шын өмір сүрген артық. Жыртық өзінің бар өмірінде бір ғана еркектік, бір ғана намыстық, бір ғана дұрыс іс істеді. Ол мына сенің құлағыңды кесуі. – Мен сары апама қарап шошып қалдым. Менің құлағымды кескенін дұрыс деп есептейтін болса, онда сол күні бұл кісі неліктен сонша оларға ащы сөз айтты.

– Мен оны неліктен дұрыс деп отыр дейсің. Мен білсем қазақтың өзіне тән байларының көбі-ақ тура осы Жыртық сияқты. Бұл көп ешкіммен байланыспайды. Жәбі-шенді өсек-аянды елемейді, басынан асып жатса да көрмеген болады. Сөз де тыңдамайды. Ешкімге ақыл да айтпайды, айтар ақылы да жоқ. Қорасындағы малға ие, көбіне соның атағына ие. Тек малының ғана ма, жанының да атағына ғана ие. Тым

пысық болып, әуедегіні арбап, жердегіні жалмап тұрған қазақ байы емес. Ондай байларды ноғайдан, сарттан іздеу керек. Ондайларды мен жасымда көргенмін. Сауда жасап біреуді ұтып кетейін деп тұру қазақ байында жоқ. Мүмкін оған жалқаулығы кежегесінен тартып олардың бермейтін шығар, тұйықтығы, батылсыздығы тағы бар. Әйтеуір жолардың бір айнымас жолдасы бар, ол – бойкүйездік. Келеңсіздік болмағанмен елеңсіздік те, еренсіздік те қазақ байына тән. Сен менің сөзімді бұзбай тыңда, Абақ. Әйтпесе мен кәрі кісі, бұрынғыдай емеспін, айтайын дегенімді ұмытып қаламын.

Мен ұзатылғанда сенің кеше өлген енең Ұлбай туған еді. Оны білетінім біз екеуміз де Алматыдағы елдің қызы едік. Мен кәрі қыз болып, он сегізге келіп ұзатылдым. Қарағайлы өзенінің екі жағында бөлініп отырушы еді, біздің ауылдарымыз. Алматының үстінде Найзақара дейтін ұшы сүйір әдемі тау бар, білерсің. «Басында Алматының Найзақара, көңілім сол сияқты биік, дара...» «Алматы туған жерім аспан сайбақ» дейтін Дәурен салдың әнін естігенің бар ма? Сол таудың түбіне жайлауға беттей барғанда Ұлбайдың ауылымен біздің ауылымыз ерулік-қарулық берісетін. Қарағайлы өзенінің шығыс жағы Шапырашты – біздің ауылымыздың жері еді де, батысы Ұлбайдың төркіні Дулат-жаныстардың қонысы болатын. Қарағайлы өзеніндегі Алма-Арасан, оның арғы жағындағы Күкірт бұлақ, Сүт бұлақ, Көкжанбас, батысындағы Қыземшек, Қатынемшек, Өркеш бәрі бүлдірген теріп, етегімізді қып-қызыл қылып қайтатын өрісіміз болатын. Ұлбай менің тойым болып жатқан күні туып еді. Оның әкелері Жаныс ішінде Жайылмыста Тайланғалы делінеді де, Тоқа баласы атанатын келімді-кетімді кісісі көп, берекелі ауыл болатын. Қанша бай болса да ішерге іркіт, сұрағанға саумал бермейтін сарандау ауыл болса оған көп кісі бармайды. Кісіде түсетін жерін біледі, «қонақ тандап қонады» деген сол. Ұлбайдың әкесі Марқа беделі бар, орыстармен жақын болған, он ағайынды жігіт еді. Тек сол он ағайындыны былай қой, бүкіл бір ауыл Тоқа баласынан қалған Ұлбайды кеше көмдік. Адам қалай таусылады, ел қалай жаңарады десеңші. Бәрі тағдырдың ісі. Он ағайындыдан біреуі қалсашы.

Қазақ әйелі әке үйінің босағасын аттап шыққан соң төркіндеп бірер рет бармаса, қайтіп төркінін көрмейді. Мен де сол өзім он сегіз жыл ойнақ салып, асық атып, кейін алтыбақан тепкен жерімді бір көрген емен. Асық атып дейтін себебім он жасқа дейін ерке шора болып, ұл балаша киініп, балалармен ат үстінде аударыспақ ойнап, күресіп тыным таппайтынмын. Содан қайтып қыз киімін кию қиын болды. Он-бір жасқа келгенде қыздарша киінгенмен ел жоқ болса, екі етегімді дамбалдың ышқырына ұрып жіберетінмін. Сөйтіп бір жыл бойы ұзын шұбатылған қыз көйлегіне үйренумен жүрдім. Қыз санатын соңғы екі жылда, яғни он алтыға келген соң ғана құрдым. Сондықтан да «бұл

бопақай жаман қатын болады» деп жақын жердегі сырлескі ауылдар маған құда түспеді. Ал бірге өскен ұл балалар қалжыңдаса алып ұрып, қығып, мыжғылап, тізерленкіреп жіберетінмін. Олар мені төмен етектегі қыз дей ме, көп қарсылық білдірмейді. Жеңіліп қалған бола салады. Ал Ұлбайдың туғаны есімде қалғаны осы Қасқараулар Алматы базарына қой айдай келіп маған құда түскен екен. Содан үш-төрт айдан кейін келіп, мені алып кететінде Қарағайлыға кіре берістегі Алаңқыда отырғанбыз. Марқаның әйелі қатарынан үш қыз туып еді, бүгін тағы босанды, тағы қыз туды деп жатты. Осы көп «тағы» менің есімде Ұлбайдың туғанын, атын қойғанын қалдырып еді. Содан Дулаттың жөргектегі қызы Ұлбай түглі, өз төркіні де ұмыт болды. Әйтеуір Сарыпапанның төркіні Алма-тыда дегеннен басқа ештеме есте қалмаған.

– Інім, – деді Шұнақ шал сары апамның әңгімесін қоя тұрып. Төркініне әйелдің өмірі бір бармауы, көрмеуі дұрыс емес шығар. Бірақ мен осы бір жерден дұрыстық, тәрбиелік ізін, нұсқасын көремін. Қалай дейсің ғой. Қазақта осы жайында екі мақал бар. «Төркіні жақынның төбесі биік», «Төркіні жақынның төсегі жиналмайды». Өмірдің ғасырлар бойғы тәжірибесінен жасалған осы мақал, әлде мәтел өте дәл айтылған, тіпті бүгін сол мәтелге үңілші, көзің қазір бәріне жетеді. Осы төркінің жақындығы, әйелдің төркініне барғыштауы әйелді екі мінез, екі тілеу етеді. Інім бір үйде бір тілек болуы керек. Бір үйдегі адам екі жарылып, еркегі өз туыскандарының, әйелі өз төркінінің тілеуін тілесе, ондай үй екі басты жыландай екі жаққа қарамай тұрмайды. Сондықтан олар жарылмай, бүлінбей, бөлінбей тынбайды. Біз біраз дүние көрдік қой, інім. Осы күндері бір колхозда бірнеше ру бар да, сол ауылдағы жастар өз ара жарасып қалып көңіл қосып жатады. Былтыр біздің бір көршіміздің қызын сол өзіміздің колхоздағы бір тракторист бала алды. Әлгі біздің көршіміздің әйелі – қыздың шешесі қызының үйінде не болып, не қойып жатқанының бәрін жіпке тізіп отырады. Күйеудің әкесі былай деді, шешесі былай деді дегенді қойшы, шырағым, ол түк емес екен. Күйеу баласы сырттан қай сағатта кірді, бүгін қызына асылды ма, жоқ па, күйеуі жұмысқа бара жатқанда, не келгенде сүйісті ме, жоқ па, енесі көріп қойып не деді, «адыра қалғыр өліп бара жатырсың ба, әйелін сүйген деген не сұмдық» деді ме, демеді ме, мінеки осының бәрін біліп отырады. Танертең шымылдық ішінде жатқан келін- баласын көрген ене келініне «сенің басың неге Ботанның басынан озып жатады, төмен жатуың керек» деді. Шай құйып бергенде Ботанның әкесі (Атам деген ауызына түспейді немесе айтқысы келмейді) «шырағым алдымен шай құймай кісіге, сүт құй» деп айтты. Міне, сонда мұнда ене білмеген не қалды, бүгін қызы төсектен ләззат алды ма, алмады ма, осы қалды, тіпті мен білетін кейбір құдағи оны да біліп отырады. Егер қызы төсектен ләззат алмаса, күйеу баласының күші басқа жаққа бөлініп жүрмегенін кім білсін, тіпті әлде бір бөтен жерде бұрыннан көзтананы болмас па!? Міне шырағым, сонан соң пәленің басы «былжырамадан» шығады де-

гендей «сапсиган сақалымен шайды қалай құйғанында әлгі мауыздай құздиған құданың жұмысы не екен, аузына тигенін іше бермей ме екен» деген сөз айтылады. Ол құздиған ба, әлде қоқиланған ба, тіпті шын мәнінде баласының әкесі не осының бәрі алақандай ауылда құданың құрағына жетеді. Өйткені келіннің төркіні жақын, олар да өздері туралы құда-құдағи «қалай құртып жатқанын» білмей қоймайды. Міне осылардың үстіне келіннің әкесі, не ағасы биіктеу мансап иесі болса «біздің қызға олар неге қандайды, олар кім, біз кім?» деседі. Нақ осы жерде келіннің төбесінің биіктігі көрінеді. Сонан соң төркіні жақын келін кеше мамасының басы ауырып отырғанын білетін, бүгін төсегінен тұрып жатқанда ойына түсе кетеді де, үй арасы жақын, біліп келе қоймақ болады. Барса шешесі бір жақсы тамақ істеп жатыр. «Ішіп кете ғой, үй арасы жақын ғой, барарсың» дейді шешесі. Ол төркіні үйінен ас ішіп, өз тамағын тойғызып жүргенде, мұндағы тамақтың пісуі түглі, төсегі де жиылмай жатады. Оны ұл тапқан қатын-ене қалай айтпай отыра алады. Осылардың арты ажырастырмай қояр ма?! Егер төркіні алыс болса, қызының алғашқы іренішін естіп үлгіргенше, қызының басында тағы бір қуаныш та болып қалар еді. Алғашқы ащы іренішті соңғы тұшқы қуаныш ұмыттырып, бірін-бірі басып, тұз дәмі жарасып, құда да тыныш, құдағи да тыныш болар еді. Міне шырағым, қазақтың «қыздың төркіні өрде болсын, келгенде төрде болсын» дейтіні осыдан. Алыстағы құда анда-санда бір келеді, сыйлы болып, төрге отырады. Қазақ өлшемей сөз айтпаған.

Орайы келген соң, інім, тағы бір ойыма оралған, көңіліме сыймай жүрген әңгімені саған айтайыншы. Сен идеология майданының адамысың, бірде болмаса бірде керек болар. Жасы бізден көп ілгері, ағарған басы бар екі кісіні білетін едім. Екеуі туысқан емес, ағайын адамдардай болып кеткен, жандай достар болатын. Біреуінің үйі ауданның орталығында тұратын да, екіншісі бір колхозда еді. Екеуінің аты да ұқсас Бартай, Алтай болатын. Екеуі де серілеу, жасынан бірге өсіп біте қайнасқан, сырлас адамдар. Қысқа қарай Алтайдың үйінде Бартайдың бар баласы аудан орталығында оқуда жүрсе, жазда Бартайдың бар баласы ағылып-төгіліп Алтай үйіне түседі. Мұнда күнде той, күнде думан сияқты. Бұл екі шалдың туыстығына «әкесі құрдастың баласы да құрдас» дегендей балаларының да достығына дос-дұшпандары қатты қызығатын.

Сөйтіп жүргенде үй ішінен үй тігілді. Алтайдың кіші қызын Бартайдың бір ұлы алып, бұлар қуанышқа қарқ болып кенелді. Бұрынғы бұрынғы ма, енді бұлардың араласы қитықсыз кетті. Достық, жолдастықтың үстіне құданда болу, құйрық-бауыр асасу сыйластықты арттыра түсті. Арада он-онбес жыл өріп екі құданың достықты тастай бекітіп тастаған соңғы дөнекерінен туған балалары да азамат болып қалды. Бері келе Алтай қызы Қырмызының аяғына жел бітіп, қылтың-сылтыңды көбейтті. Бұрын өзі тыңдап, құдалықсыз, жеңгетайсыз

косылған Қаратайсыз жалғыз жүріп кетуге әуестенді. Сыңқылдап күлкісін әркіммен түзетті. Егер ерлі-зайыпты адамдардың ары таза болса, мейілі еркін жүріп-тұрсын деуге, мүмкін, болар. Бірақ мен соған да қарсымын, інім. Қосылған екенсің бірге бол. «Өлсек бір шұңқырда, тірі болсақ бір төбеде» деп қазақ жақсы айтқан, қай жағдайға бейімдесе де бірлікті айтқан. Бір кездері ол ел егер болған, туысқан қат, балаң жат болған соғыс жағдайында айтылды ма екен деп шамалауға болады, дегенмен ол ауыз бірлік үшін айтылғаны сөзсіз еді. Сондықтан інім, қанша еркіндік болса да, қанша мәдениеттеніп кеттік десек те, қанша бірімізге біріміз сенімділік көрсетсек те бошалаған сиырдай жалғыз жүруге жол беруге болмайды. Өмірдің бар қызығы, сол қосағымен мәңгі бақи көзі жұмылғанша қосақтасып өмір сүру дейтін болсақ, алабөтен бөлек жүруде не мағына бар. Егер бөлек жүруге де болады десек несіне қосыламыз. Сондықтан ондай еркіндікті семьядағы одаққа бағындыру керек. Сонымен соғыстан кейін әлгі Алтайдың бір ұлы облыстың бір бастығы бола қалды. Ол кезде екі шалдың екеуі де көз жұмған кезі болатын. Қартайғанда кәрі боз жорға шығарды дегендей, онбес жыл тұрған күйеуінің көзіне шөп салған Қырмызыға Қаратай ескерту жасаса анау:

– Хатшының қарындасына бәрі жарасады, менің сенімен отасып жүргеніме құдайыңа қой айт, – дейді. Қаратай шыдап бағады. Бірақ қайын ағасына тіс жарып үндемейді. Екеумізді қосқан ол емес, ендеше бұған неге араласуға тиіс, өзіміз-ақ жөндейміз ғой деген ойға келеді. Асқынып бара жатқан соң Қаратай бір күні тағы да оған шынымен өтініш жасап, жалынғандай болады:

– Қойсаншы, Қырмызы екеуміздің арамызда дәнекер – бала-шағамыз бар, жас болса қырыққа келіп қалды, бұның не? – Ол қысқа жауап алады:

– Мен хатшының қарындасымын, сен кімсің? – Сонымен сол екеуі ажырап тынды. Көздері мөлтілдеп жасқа толып, ел бетіне қарағысыз, өлмегені қара жер болып екі бала қалды. Әрине ес біліп, етек жапқан балалар өлетін емес еді. Ұят оларды тірідей көмді. Шыны керек, олардың арасындағы қыжылды әкім ағасы білді ме, білмеді ме кім білсін, бірақ өмір бұзылды. Сонда хатшының қарындасының ойынша күйеу де хатшы дәрежесіне дейін өсуі керек, әйтпесе оған күйеу болуға жарамайды. Көрдің бе, шырақ, өмірде қандай тоғышарлықтың, қандай мансапқорлықтың болатынын. Өкінішті-ақ, амал не?

Сонымен сары апамның әңгімесіне қайта оралайын. Шешем шынында шаршаңқырап қалған екен. Әңгіме айтып отырып арасында тоқтап, демалып, терең-терең күрсініп алады. Бұл мен білетін шешемнің ішіндегі қайғы-қапасын шығаруы емес, ауруының асқынғандығы еді. Мен Сәлиман шешемнің бұл менімен соңғы әңгімесі екенін білдім, бірақ рай бермедім.

Ол кездері қай қазақтың әйелі төркін іздепті. Мен де солардың бірі едім, – деді шешем. Төркінімнің еске түскені – сол Ұлбай ұзатылып кел-

генде. Ұлбай Алматыдан келді деген соң бес-алты күннен кейін білсем, баяғы мен әке босағасынан аттанатын күні туған Марқаның қызы болып шықты. Ұлбай менің төркінімнің бәрін сайрап айтып отыр. Олардан да бас көтерер ешкім қалмапты. Әңгімені сонымен бітірген едік. Бірнеше ай өткенде Ұлбай мені үйге іздеп келді. Кіре берді де, егіліп жылады-ай келіп. Не болды десем айта алмайды, құр жылай береді. Әбден егіліп болған соң:

– Ішім ауырып жүр, апа, – дейді. Онда Ұлбайдың келгеніне жеті ай болып қалған еді. Мен түсінгендей болдым. Сонан соң ол өз өмірін алдыма жайып салды.

Алматы ол кезде де жұрттың бәрінің баратын жері еді. Тайланғалының Тоқа балаларының ауылына әлдеқайдан бір жалғыз атты жігіт сіңеді. Алдымен әуелден кең-мол жаратылған Дулаттар «сен кімсің» демейді, күнде келіп бірінің үйіне қонып, таңертең аттанып кетіп жүреді. Астындағы жалғыз атының жалы тік тұрады, үстінен бит домалап түскендей семіз. Өзінің киімі де тым сыпа, бір өңкей қарадан киеді. Қара ләмпік бешпенті, қызыл барқыттан жаға салған жүйежүн шекпені бәрі бойына жарасып тұрады. Алтыбақан тепкенде, той-томалақта төр сонікі, сөз де сонікі. Әңгіме айтса майын тамызады, ән салудан да құралақан емес. Бір күні ақсүйек ойнап жүріп, Ұлбай екеуі оңаша кетіп қалады. Сөйтіп таныс болады. Аты Дархан екен. Ол кезде қазақ баласы руын сұраспай жуыспайды ғой. Түбін сұрай келсе көп жөнін айта қоймайды. Ұлбай оны елінен қашып жүрген ұры шығар деп есептейді. Бірақ ананың жанпоздығы жанын шымшылап, төсегіне тыныш жатқызбайды. Әйтеуір салт атты, сабау қамшылы жалғыз жігітті жақсы көріп қалады. Көңіл қоса келгенде оның барар жер басар тауы жоқ адам болып шығады. Бұл оның ұзатылатынынан екі-үш ай шамасы бұрын болса керек. Ауылдағылардың да кейбірі сезіп қалып аңдушы көп болады. Өйткені бай ауыл қызын қаңғып жүрген жалғыз аттыға мінгестіріп жібере алмайтыны белгілі еді. Шыққан тегін, елін жігіт Ұлбайға өзі айтып береді. Ол Тескенсу төңірегіндегі Қаңлы ауылынан екен. Сонда бір үлкен жиында елінің әйгілі биін сабаған. Сол тәртіпсіздігі үшін оны билер үлкен топта қарап, мал айып салайын десе малы жоқ, не ара түсер жақыны жоқ сорлыны көп ортасына жалғыз тұрғызып қояды. Бір үйде кеңесіп отырған билер бір кезде шығып жиылған елдің ортасына келіп билігін айтады. Ара түскен кісі он байтал төлеп алсын, әйтпесе етегі кесіліп елден шығарылсын дейді. Ортадағы Дарханға бидің көмекшісі келіп:

– Ара түсер адамның бар ма? Он байтал төлей алармысың? Тұзың татып па еді? – деп сұрайды.

– Тұзым ашы? – дейді Дархан. Би көмекші жұртқа жар салады:

– Он байтал төлеп Дархан ісін аткез қылар ешкім бар ма, бұл төңіреkte? – Ешкім тіс жармайды. Сонан соң:

– Жігіттер Дарханды елден шығарыңдар! – дейді би көмекшісі. Ортаға қолында пышағы бар екі жігіт шыға келеді де, Дарханның түп етегіне жармасып, екеуі шапанның екі етегінің ұшынан бір-бір қарыс кесіп алып, көптің ортасына лақтырып тастайды. Етегін қабаған ит жұлып әкеткен баладай сұрқы кетіп Дархан тұрады. Жаңағы екі жігіт ызадан, ашудан есі кетіп, есеңгіреп тұрған Дарханды көп ішінен жетектеп топтан шығарады. Етегін кесіп елден шығарған деген осы екен. Жігіт басына бұдан өткен қорлық жоқ, жігіттің жалғыз шешесі жылап-еңіреп елінде қала берген. Талайлар-ақ солқылдап жылап отырған. Тепсе темір үзетін, намысты, қарулы жігіт басқа жаққа кетуге арланып, екі жыл тауда саятшылық құрып, көп адамдармен танысып, қырғыз бен қазақтың мен тәуірмін дегенінің көбімен-ақ жолдас болған. Содан жер аударған қанбақтай бір күні Дархан Алматыдан шыққан. Бұрын бір ауылға бірер күннен ары тоқтамайтын жігіт мұнда Ұлбаймен байланысқан соң ұзап кете алмай айналсоқтап жүрген. Малымен Ұлбай төркінін бөгең тастаған қара шұбар күйеуге алғаш жаныстар жан ұшырады. Бірақ Ұлбай Жыртықтың сұрықсыз түрін көрген соң не де болса теңім ғой деп Дарханмен қашпақ болады.

– Қырғыз асайық, – дейді Дархан Ұлбайға. Қыз әйтеуір Жыртыққа тимеу үшін марғау кетсе де әзір болады. Қыздың жеңгелері де мұны коштап, «азар болса бір-бір соққыға жығылармыз, жемей жүрген таяқ па, тимей жүрген қамшы ма, еркем, сен жылама» дейді. Бірақ сол болып жатқанның бәрін қыз әкесі Марқа біліп отырады. «Қалыңдығын алып кетсін» деп Жыртыққа сәлем айтып жібереді де, өзі қызға да, жеңгелеріне де, басқа балаларына да білдірмей алыстан күзет қояды. Дархан мен Ұлбай Қарағайлы өзені бойымен көтеріліп, Жасылкөл арқылы Көкайрақ аспақ болады. Сөйтіп дүйсенбі күні ел жата аттанған Ұлбай сол күні түнде Жасылкөлдегі шыға беріс текшеде, қалың қарағай арасында жасырынып тұрғандарға ұсталып қалады. Ертеңіне Жыртық келеді де, Ұлбайды төркіні күзетпен аттандырады. Дархан байлаудан дос біреу қолын шешіп, қашып құтылады. Саған Абақ «жылап келіп жылан құшақтап жаттым» дегені Ұлбайдың сол еді. Сол Ұлбайдың маған жылап келгені шынымен тегін болмады. Онiкі толғақ екен. Ертеңіне босанды. Мен бала шала туды деп жар салдым. Сонымен әбден айы, күніне жетіп туған баланы екі ай бойы Жыртықтың түлкі тұмағына құндақтап, ешкімге көрсетпей кереге басына іліп қойып жүрдім. Бірақ ел аузына елек қойған бар ма, «Ұлбай үйінен жүктеп келіп туды» деген сөзді күбітіп айтып жүрген болса керек. Ал Жыртықтың жамандығы және бұл қазақ байларына тән жамандық, Ұлбайдың Ұлтуғанды үйден жүктеп келгенін білсе де білмеген бола салды. Өйткені Ұлбайға малы шықты ол – бір, екіншіден «айғыр кімдікі болса онікі болсын, бие кімдікі болса құлын сонікі» деген де бар бұл қазақта. Егер Жыртықтан басқа біреу болса, айына жетпей туған бала менікі емес демес пе? Бұл оның дұрыс істегені ме? Өлде намысының жоқтығы, әлде жамандығы.

«Байға бармай-ақ қой. Сен оған қарыздар емессің» дегені «Жыртық Ұлтуғанның әкесі емес» дегені еді.

Ұлтуғанның әкесі Дархан ер жігіт екен. Ол көбіне саят жасап, серілік құрып жүрген адам. Ұлтуған кішкентай кезінде ол бірнеше рет келді. Соңғы келгені ауылда жан жоқ, бәрі Жалдауатқа мал айдап кеткен кезі еді. Бұл әлгі Даубай өлетін жолы. Саятшы, батыр жігіт Қырғыз жерінде жүріп жұпар жылан атып алыпты. Бұл жылан менің білуімше, Абақ, – деді Сәлиман шешем, – Алатаудан басқа жерде кездеспесе керек. Алатау болғанда ол Қырғыз жерінде, Көкайрақ маңында ғана деседі. Күн көріс үшін ол бір жылан үлкен олжа болып саналады. Өнеугі саған берген құты ішіндегі сол жұпар жыланның бір кесіндісі, сол бармақ басындай жұпардың бағасы – он ат, Абақ! Әрине осының бәрін Ұлтуғанға өз аузымен айтпақ, жұпарды қолына ұстатпақ еді ғой, әлгі Ұлбай, сорлы. Ол тілегіне жетпей кетті ғой. Ал саған айта алмауы орынды еді деп ойлаймын. Ол жұпар жыланның бір кескінін сен өмір бақи сақта. Оның иісін бақа-шаян алыстан сезеді деседі. Сондықтан оның иісі шыққан жерге ешқашан жәндік атаулы жоламақ емес. Сен менсінбей жүрген сыйлық сондай қымбат нәрсе. «Алтын-күмісті әркім сыйлайды, өмірімді өлім қаупіне байлап жұпар аулағанда жалғыз басым күн көре алмай қаламын демеген едім, Ұлбай. Қайтейін балам басқаның бауырында өсті, әкелік борышымды өтей алмадым, ең болмаса, балам әке құшағын көрмесе осы жұпар иіспен мауқын бассын. Тірі болса, есін білген соң осылай айтып тұрып қолына ұстатарсың» деген екен Дархан мерген. Ұлбай өзінің ойымен өмір сүрді. Ол Жыртықпен жатса да, бар ойы, көңілі әлдеқайда алыстағы Дарханда еді. Көрмесе де көргендей болып, сөйлеспесе де сөйлескендей болып жүрді. Ұлбай өзінің ойы, қиялы арқылы мәңгі Дарханмен кетті. Өйткенше, – деді Шұнақ шал Сәлиман шешемнің еңгімесін қоя салып, өзінің ойын айтып, – Ұлбай неге кетіп қалмады деп отырсың ғой, інім. Қыздың күйеуді шануға қақы бар екенін айтқанмын, ал зорлап жібергеннен кейін біраз уақыт оған күзет те болады. Сонан соң ескі ауылда «күйеуден шығыпты» деген нашар естілер еді. Ол да намыс болады. «Қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман» демей ме қазақ. Біздің өкіметіміз алып берген теңдікті дұрыс түсінбегендер қазір бүгін еркімен келіп, ертең кетіп қалып жүр ғой. Ұлбай бәйбіше «қапалы болсам болайын, байдан шықты дегізбейін» деген болса керек.

Ұлтуғанды білесің, не Жыртыққа, не Ұлбайға ұқсайтын бір жері жоқ еді, – деді шешем. Ол сойып қаптап қойғандай Дархан мерген еді. Дархан өте әдемі, сырбаз, сыпа жігіт болатын. Сенің кішкентай Марленінді көруге барғанда сол арқылы Ұлтуғанды, Дарханды көрем бе деген еді. «Баласы тура Абақ болып қалыпты» деп келді. Баланың әкеге тартқанын мен қатты құрмет тұтамын, бірақ Ұлбайға керегі табылмаған екен. Ол мауқын Ұлтуғанның суретімен басқан көрінеді. Ұлтуғанды ол сол үшін ардақтайтын еді. Ол өмір бақи сол Дархан өсиетімен кетті. Ұлтуғанды орысша оқыту деген де соның ақылы. «Қызды оқыту, оның

үстіне орысша оқыту деген немене, ол кімге тұлға болады, кімге мұра жасамақ» деп Жыртық қикандағанда ол кезде өктемдігі жүріп тұрған Ұлбай төркініне «Мені еркелете тұрып, еркінсіте тұрып сүйгеніме бермеді. Ең болмаса төркінім осы айтқанымды екі етпесін. Менен туған мына Ұлтуған Қасқараулардың орысша оқытқысы келмейді. Соған ықпал жасасын. Бұл менің Жайылмыс баласына соңғы жасаған өтінішім болсын» деп хабар айтқан. Солардың дүмпуімен, солардан қаймыққандықтан Ұлтуған Ұзынағаштағы нағашысының тамыр орыстарына жіберіліп еді. Егер Ұлтуған Дархан талабымен орысша оқымаса, сені тауып бару қайда, көп көрбола, от басы, ошақ қасының иесі, қазақ қатынының бірі болып қала берер еді, мықтағанда күніне келістіріп бір жылап алып, сонымен етекбасты болып тынар еді. Е, шырағым Абақ, дүние деген бірі кем болып өтеді деген екен. Мына менің басымда бірі емес, бәрі кем болып өтті. Солай болды екен деп өле кетуім керек пе, жоқ, олай етуге болмайды. «Түстік өмірің болса, кештік мал жи» деген халық. Мен мал жиған жоқпын, бірақ жаман да болса өмір сүрдім. Бұл жерде «мың күнгі ұрмақтан бір күнгі жарық» дегенді өмірімнің шамы еттім. Саған да солай етуге кеңес беремін. Өлуге асықпа, бәрі бір өлесің. «Өлмейтұғын адам жоқ темірөзек» деп Сүйекем әбден дұрыс айтқан. Ал өлсең жұрт көмуге асығады. Өйткені бәрі бір өліп қалған, енді еш нәрсеге жарамайтын өліктен құтылуға асыққан да жөн шығар. Сондықтан «асықсаң өлімге асық» делінген. Ол бірақ өлу үшін асығу емес, өлген адамды көмуге асығу ғана.

Өмірінде Жыртықтың жалғыз дұрыс істеген ісі бар дедім саған Абақ. Ол – сенің құлағыңды кескені. Еркек адам мәңгі сондай қадамдар, батыл қадам жасау керек. Егер Жыртықтың орнында сен болсаң не істер едің. «Е, қызымның қойнынан шығыпсың, жақсы болыпты» дер ме едің. Меніңше ешбір әке намысын олай қорлатпауы керек. Егер көрмей қалса, білмей қалса бір жөн, нақ түсте көзіне өзінің ең жақындары, ағайындары, қатындары шұқып отырса, ол не істеуі керек. Бір рет ең болмаса намыстануға болады деп есептеймін. Сенің құлағыңды кесе ме, әлде ашу үстінде өлтіріп тастай ма, ол үшін Жыртықты айыптауға болмайды. Бұл жерде тетірлік сенде, көпе көрінеу басыну сияқты болып шыққан жоқ па!? Оның өміріндегі батыл барған бір ісі осы ғана. Әйтеуір өмірінде ол бір рет еркек болып батыл қимылдады. Ал соның артынша-ақ қазақ байына тән қорқақтығын істеді. Ал енді білгенін істеп алсын деп шіреніп жата алмады. Ондай мықтылық, ондай салмақ оған қайдан бітіпті. Ондай болу үшін көп нәрсеге көзі жетіп тұрған, ақылмен болашағын болжайтын адам болуы керек. Сенің халіңді біліп келіп тұрмайсыңдар деп үйінің ішіне ұрысқаны – қорқақтығы. Ал артынан қайта-қайта қалжа жіберіп, саба-саба қымыз жөнелткені не? Істерін істеп алып, еркек болса көріп алдым деп отырар болар. Ол жерде бай жел жарған жалғыз қурайдай діріл қақты. Айыптың аяғы

кімге тиеді, құйрығы кімді соғады деп қуыстанды. Өйткені ол өзінің қолымен істеген ісінің дұрыс-бұрыстығына көзі, ақылы жетпейтін.

Сендер Инжірді алып кеттіңдер. Ол мына тұрған Алматыға жете алмады дейсің бе? Ол жетпесе қағаз жетер еді. Құдайға шүкір, бұл кезде арыз-құрызды айдауды жұрт біліп келеді. Өлде сендерді тауып алу қиын ба еді? Тауып алатынын ол біледі, бірақ қалай шешілеріне құманды болады. Ал қазақ байының ішіндегі пысықтары мұндайды тәуекелмен істейді. Жыртық тәуекелшіл адам емес, тәуелділікке бейім, «қалай болып кетер екеннің» адамы. Оның үстіне атадан мұра болып келе жатқан бойкүйездік мұрсат бермейді. Жіпсіз, шынжырсыз, байлау-матаусыз аяқ-қолды кісендеп тастайды. Қазақ байының көбі-ақ осындай. Алдымдағым аман болсын дейді дағы қалғанына береке тілейді. Шындығы көбі тек мал-жанның атағына ие. Ал Жыртық сенің ата жауың. Көп жыл сол босағаның мықты таянышы болған Ұлбайдың айтқысы келгені осы болуы керек. Ұлтуғанның түбінің шикілігіне Ұлбай кінәлі емес, оған заман кінәлі. Әрі-беріден соң күйеуге кімнің қызын алғаны, ол қай атадан туғаны, бәрі бір емес пе!? Ұлбай өзінің сүйгеніне қосылғаны келгеніне кінәлі бола алмайды. Біреудің бастап, ұрттап қойған асын ішкендер қарабет. Мұны Ұлбай саған білгізбей, сұлу торы аттай кете беруіне де болар еді, бірақ сен өзіңнің жауыңа «жаман болса да атам еді» деп қипақтап қалмасын дегені болатын. Бірақ саған Ұлбай Жыртықты «құрту керек» демейді. Өз ақылымен, Совет өкіметінің дегеніне қарай іс қылсын дейді. Мүмкін, – деді Сәлиман шешем сөзінің аяқтап келе жатқанын орнынан қимылдауымен білдіріп, – Ұлбайды алғанына Жыртық кінәлі емес те болар. Бәрі бір ол болмаса жат жұрттыққа жаратылған қыз тағы басқа біреуге ұзатылар. Сонда ол Ұлбайдың көңілінен шыға қоярын кім біліпті? Тіпті басқа біреуге барды дегенде Ұлбай осылай тып-тыныш Жыртық ауылындағыдай өз қотырын өзі қасып, өз қайғысын өзі жұтып еркінше жүруіне мұрсат боларын кім біледі. «Сенің арың таза емес, баланы басқадан жүктеп келдің» деп көзіне күнде шұқып, мыжындап, құлағынан кіку кетірмей, отырса опак, тұрса сопақ етіп, ауылға қадір-қасиетін кетіріп қойса қайтер еді. Саған мұны да айтпақ еді, Ұлбай. Сарыапа айтарсың дегендері осылар, байқұстың. Біраз құлағын шулаттым, топырағы торқа болсын.

Енді соңында айтарым, шырағым, Абақ, мені осы Қойлыбайдың үйінен қозғамай-ақ қой, үйреніп қалған Дәметті-ақ мұжып отырайын. Сен болсаң ат үстінде жүресің, екі баланы күтуге түбінде біреуді әкелмей тұрмасың. Ол қандай адам болады? Мені емес екі баланы сыйғызатын бола ма, ол. Ең алдымен, міне, соны ойла. Жарайды саған бара қойғанда да мен саған масылмын ғой. Ат үстіндегі адамның алпыс апасы, жетпіс жездесі болады, келімді-кетімді кісісі болады. Егер маған жақсылық жасаймын десең мені қозғама, Қойлыбайды қозғасаң, сонымен бірге қозғалармын, мүмкін. Қайда жүрсең аман бол, сенің адам

болғаныңды көрсем дейтін едім, оны көрдім, – деді де Сәлиман шешем қайта ұзақ үнсіз отырды. Әлден уақытта барып:

– Әлгі Інжірдің баласын жетектеп келіндерші, анықтап көрейін, – деді. Марленді демеді. Онысын мен жақсы түсіндім. Әке-шешесі жоқ Советті мүсіркегісі келгенін біліп отырдым. Әкесі бар Марленнің жетім емес екенін ол біледі. Аппақ сазандай ұл әлде Ұлтарак, әлде Інжір томпылып кіріп келді. Оны Сәлиман шешем жанына шақырды. Ол жақындағанда мандайынан иіскеді:

– Әкең де, шешең де жақсы еді, жақсы бол! – деді шешем.

– Жақсы боламын, апа! – деді Совет, үндемеудің орнына. Өйткені балалар үйінен келген екі ұл да әлі қазақ болып қалыптасып кете қойған жоқ еді. Советтің орысшалау кеткеніне үй ішіндегілер күліп алды. Тоқыс кемпір Марленді басынан да сыйпаған жоқ. Ал басқалар керісінше, Советке көңіл аудармайды да, Марленнің бетінен сүйіп оны қолпаштайды. Әрине ол Марленге емес, оның әкесіне жасалған құрмет, қошамет екенін, тіпті кейбірінікі өтірік екенін де сеземін. Өз баласынан біреудің баласын жақсы көретін едім дегенге ешқашан, інім, сенбеймін. Әрине Марленнен Советті жақсы көруші едім деп айта салуға болар. Бірақ мен басқалардың Советті көбірек қолпаштап, көбірек назар аударғанын қалап тұрар едім. Ол Советті Марленнен жақсы көргендігім емес, оған жұрт назар аудармағанын сезбесін, көңіліне қаяу түспесін дегендік еді.

Сол күзде екі баламды интернатқа оқуға бердім. Жат болып кетпесін деп айына бір қабат барып тұрдым. Алғаш барғанда Марленім жылаушы еді, аздан кейін көндігіп кетті. Сол күзде өзі айтқандай қи қатқан кезде Сәлиман шешемді де жерледік. Тынымсыз, бірбеткей жан, турашыл жан дүниеден кетті. Ал Советтер, Марлендер өсіп келе жатты.

* * *

Дүниенің түбіне жеткен бар ма, інім. Сол дүниенің түбіне жетемін деп, біреуді екеу етемін деп жүріп, мен сияқты ревкомға бастық болғандардың кейбірі байып кетті. Тіпті солардың ішінде бірді-жарымдылары жиырма сегізінші жылы конфискацияға ілінді. Жиырма төртінші жылы Жетісу, Сырдария облыстары Қазақ Автономиялы республикасының қарауына берілді. Енді бұрынғы Түркістан республикасынан Өзбек, Тәжік, Түркмен, Қырғыз бөлінді. Жиырма бесінші жылдың май айында Қазақстан Өлкелік Партия комитетінің пленумы болды. Сол пленумда бірінші секретарь болып Филипп Исаевич Голощекин, секретары болып Жандосов сайланды, әрі ол Насихат және үгіт бөлімін басқарды.

Жер барып жамандамасын Голощекин көбіне асыра сілтейтін адам еді. Тіпті Қазақстанға келісімен ол октябрь революциясы қазақ ауылына соқпай жанап өтіпті, ауылды Советтендіру керек деп даурықты.

Қазақстанда өзіне дейінгі Советтендіру жұмысын көрмеуге тырысты немесе жоққа шығарды. Голощекин Қазақстанда октябрьді жасаған өзі болғысы келді. Мұның өзі осыған дейін революция тек Россияның орталығында ғана жеңді, ал Түркістан мен Қазақстанда жергілікті байлар мен отаршылар билігін жүргізіп қала берді деп Сұлтанбек Ходжанов пен Г.Сафаровтың сөзінің бір жаңарған, басқа бір бояумен айтылған түрі еді. Біздің Рихард Егоров, Қали Ордабаев сияқтыларды жерден қуып шыққанымызды көзге ілмей, отаршылар барлық жерде ойына келгенін істеуде деп даурығатын еді, олар. Ал Голощекин сөйлесе-ақ болды қазақ арасында нағыз Коммунистік партия болмай отыр деп соғатын. Мүмкін інім, ол кезде сауатымыз төмен, теориялық даярлығымыз аз болған шығар, бірақ Совет өкіметін, Коммунистік партияның идеясын жақтауда біз өзімізді Голощекиннен кембіз деп есептегеніміз жоқ. Бірақ мансапқорлық, сол саяси сауаттың аздығы байқалып қалып отырды. Әсіресе жағымпаздық, мансапқорлық көзге басылушы еді. Өйткені Голощекинге бірді-жарымды қазақ коммунистері жағымпазданып, сөзін сөйледі. Капиталистер он сегізінші жылы-ақ конфисқаланды. Қазақтардың жерін тартып алған капиталистер, ірі кулактар Жетісудан аласталды. Кейбір қазақ феодалдары да жер аударылды. Жер-су реформасы жүргізіліп, қазақ кедейлерінің бәрі жер иемденді. Мысалы қазақтан шыққан ірі феодал Қали Ордабаев Жетісудан нақ жиырма бірінші жылы аласталды.

Інім, нақ осы жерде Жандосовтың тап жауларына жібімейтіндігінен мысал келтіргелі отырмын. Заманында гимназия бітірген сауатты қазақ Қали Ордабаевты Жандосов өте жақсы білетін. Оның бір ұлы инженер Рамазан Ордабаевпен жолдас болып та жүрген. Бірақ принципті іске келгенде оны ешбір туысқандық, тамыр-таныстық жолдан шығара алмаған. Жер аударылатынын білген Қали араға бірнеше адам салған. Оның ішінде Қалимен рулас, Жандосовпен дос ірі партия қызметкерлері де бар. Бірақ Жандосов Совет өкіметі қолданған шараны жүзеге асыруды ғана білген, достық, жолдастық бәрі де ол істе жолда қалған. Бәрінен күдер үзген Қали бір шилі киізден бір-ақ істеген қалпағын басына киіп, төбедей болып Жандосовты өзім де танушы едім ғой деп өзі барған Қали:

– Оразжан, қазақ баласында мен сияқты бай толып жатыр. Бүкіл қазақ атаулыға мені құрбан етемісің, – деген екен. Жандосов оның бетіне қарапты. Қали бет-жүзінің жылылығына қарап қуанып қалыпты. Жандосов оған:

– Қалеке, сізге сол жақтан дәм бұйырып тұр, барыңыз, – депті. Жандосовтың қатты айтпағанына ыза болған Қали: «бүйткен Қалекесі құрысын» деп шығып кетіпті. Міне Голощекин бір Жетісу емес, бүкіл Қазақстандағы осындай жұмыстың бәріне көзін жұмып қарады. Голощекин айтады екен деп сақалын тұштитып ол келгенше біз қарап

отырмаған едік, інім. Сол жылдардың өзінде болыс сайын бір-бір мектеп салынды. Мен оның бәрін тізіп жата алармын ба, дегенмен Дегерестіктер жиырма бірінші жылы болған Советтердің облыстық бірінші съезіне делегат сайлап, оған берген аманатынан кішкентай мысал келтірейін. Кіріспе жағында жағдайды баяндай келіп олар былай деп көрсеткен:

1) Қайткен күнде де біздің тілегімізді, керегімізді айту үшін сіздердің біреуіңіз Советтердің өлкелік съезіне делегат болыңыздар.

2) Қараңғы халық жетіліп, жаңа өмірді сезіну үшін, теңдік пен бауырмалдықты айқын түсіну үшін біздің уезде сауатсыздықты жою жөнінде облыстық Советтер съезіне мәселе қойыңыздар. Осы мақсатпен бізге бір қызметкер жіберсін, сондай адамның жоқтығы көрініп тұр.

3) Азғана сауаты бар адам онысын әрі қарай жетілдіруі үшін әдеби құралдар жіберілсін, біздің болыстың әрбір ауылында кітапхана, оқу үйі, клуб ашылсын.

4) Қазір ашаршылыққа ұрынған қазақтарға да, сондай-ақ орыстарға астықтан көмек көрсетілсін, өйткені ашаршылық жаңа егіннің астығын күтіп тұрмайды. Өткен жылғы егіннен біз тұқым да жинап ала алмағанбыз.

5) Малсыз адамдарға көмек берілсін, облыстық съезд бізге ағаш, тағы басқа шалғы, орақ, балта сияқты құралдар, әйнек берілуіне көмектессін...

Міне інім, осылай кете береді. Егер Совет өкіметі Голощекинге дейін жоқ болса, егер ауылда Совет өкіметі орнамаған болса, мұндай қаулы алынар ма еді, Совет өкіметін арқа тұтып, осындай керекдар нәрселерінің бір парасын сұрай алар ма еді.

Бірақ Нәптің кезінде байлардың біраз бас көтергені жасырын емес. Әр жерде кедейді сабау, ақысын бермеу, шала байығандардың қайта жалшы ұстай бастауы сияқты оғаш қылықтар бой көрсетті. Тіпті кедейді келеке етудің сан жолдары ойлап табылды. Менің бір жолдасым жиырма сегізінші жылы Ұзын Қарғалыдағы бір қыз ұзатылатын тойға шақырды. Әлгі «шымылдығың желпілдеп бара ма» дегендей мен де әйел де жоқ, әйелі жоқ үйде береке де жоқ қой. Сондықтан бос уақытта жолдастардың шақырғанына барып жүрдім. Ол кезде той болады дегенді естисе «Той дегенде қу бас домалайды» дегенді ту етіп ұстап, шақырмаса да тамаша көруге жұрттың жүре беретін әдеті бар. Бірақ мен ол тойға бара алмадым. Мені аяқ астынан Алматыға шақырды. Той қылған Қыстықбай деген Айқым екен. Ол тойға барған Қойлыбай мынадай сұмдықты айтты:

– Көкпар, сайыс, жаяу жарыс, қатын жарыс, теңге ілу сияқты ойындар өтіп, күн еңкейіп барып қалғанда бір жыршы айғай салып, өлеңдете жөнелді. Ең қызық ойын басталды, бәйге атан түйе деді. Ортаға атпен

біреу шығып жұртты қораландырып отырғызды. Халық шырыштай қалың, беткейде жантайып жатқандар да, ат үстінде тұрғандар да бар. Желі бойындай жерге қызыл жібек бұйдасы бар бір сары атан апарып шөгерілді, қазыққа күрмеп, оның үстіне шиеленіп байланды. Осы кезде жұрт жым бола қалды. Сентябрьдің бұлтсыз, ашық, әдемі күндерінің бірі еді.

– Қалайық, – деді той басқарушы, – мынау шөгіп жатқан атан түйе. Осы көптің арасынан қай әйел енеден тумай жалаңаш барып түйені шешіп алса, түйе сонікі! – Атан түйе күйсеп, жайымен жатыр. Қызыл болсын, көк болсын, түсті айыра алмайтын малға көзіне әйелдің киімен келгені не, жалаңаш келгені не. Қайсысың жетелесең соған еріп жүре беремін дегендей, паң. Мүмкін оған адамша ми, тіл бітсе, «мұндай қорлыққа шыдамаймын» дер ме еді, әлде қайтер еді.

– Қорлық қой, бұл!

– Мұндай сұмдықты кім ойлап тапқан.

– Қорлық санаған кісі шықпасын.

Жұрттың бір жағы дүрлігінкіреп, қобырап бара жатты. Енді біраз адамдар тапжылмайды, бедірейіп отыр. Әйелдер беттерін шымшыласады. Тойшылар арасында сабыр-күбір көбейді. Ешкімде үн жоқ. Қарқаралы қыз, қасабалы қатын толып отыр. Бір шетте кимешегінің жағы есегінде иті жоқ сорлылар» деген сөз естілді. Дарақылау әйелдің айтқаны біраз кимешек киген, күндік ораған, жаулық тартқан, ілешек ілгендердің көбінің-ақ құлағын қарс айырып өтті. Қалай болар екен деп жұрттың бәрі жауандап біріне бірі қарады. Сол қанаттағылар ду ете түсті.

– Ойбай-ау, Орысбайдың қатыны шығайын деп жатыр.

– Қой, әрі! Қай Орысбайдың? Әлгі өзіміздің Айқым Рысбайдың інісі Орысбайдың ше?

– Мына байлардың келекесіне көнбек пе?

– Бір түйені көрінеу көзге жібере саламыз ба?

– Байқұстың есігінің алдында иті де жоқ.

Жұрттың көзі сол қанатта. Жамал алдымен кимешегін шешті. Оған жұрт қарап отырды. Көйлегін шеше бастағанда-ақ отырған естілердің көзі тайып кетті. Байлар жағы «атан түйені қас қағымда-ақ мынау алып кететін болды-ау» деп қызғанышпен қарады.

– Сары атаннан айырылдым-ау, – деді Қыстықбайдың баласы Омар.

– Онда өз қатыныңды шығара ғой, қазақ баласы ойламаған нәрсені істеп отырғаныңды білмейсің бе? Адамның арынан әлі де сен түйенді қымбат санайсың, – деп қырын келді Мақыш палуан. Есім деген жақындары Омарды қоштады. Бай балалары осылай ырың-кезек отырғанда Жамал сары атанға енеден тумай, сыр жалаңаш кетіп бара жатты.

– Сары атаннан айырылды, Омар. Одан да өз қатыныңды шешіндіріп көріп алмадың ба? – деді Мақыш. Жұрт ду күлді. Көп ішінде шешінген жалғыз әйелге адам қарай алмайды екен, – деді Қойлыбай. – Енді бір қарасам әйел еңкейіп, қос анары салбырап шиі қылып байлап тастаған бұйданы шеше алмай беті көгеріп, ыза болып кеткен екен. Енді бір қарағанымда түйені тұрғызып жатты. Үшінші рет қарағанымда әйелдің екі көзінен жас парлап келе жатқанын байқадым. Жалғыз мен ғана емес, жұрттың көбі-ақ жалаңаш әйелге қарай алмады. Мүмкін сары атанын қимаған Омар жалғыз қараған шығар.

Сөйтіп бір рет келеке болса да, інім, кедей ауыл сары атанды жетектеп қайтыпты. Бірақ бұл жағдай Алматы уезінің бір кедейінің құжырын түсіріп, ашу-ызасын арттырды. Енді байларды қай жолмен болса да таптап тастауға олар дайын еді. Сол жылдың күзінде ондай күн де жетіп еді. Мені Алматыға осы мәселемен шақырған екен.

Алматыға шақырған сайын қуана-қуана баратынмын. Өйткені екі баламды көруге асығатынмын. Жұрт бас қусырсаңшы деп қанша айтқан мен мен оған желп ете қоймаймын. Өйткені балалардың өгей шешеден таяқ жемейтіндей болып, қабырғасы қатып, буыны бекісін дедім. Қандай адам тұс келерін кім біліпті. Егер ойдағыдай болып, баланы басынан ғана сипайтын адам болса жақсы, егер шапалақ салса, олардың бар өмірі өксіп өтпей ме? Әр жерден жақсы қыздардың аты көп естіліп, әсіресе бай қыздары большевикке ұзатылуға эзир тұратын. Сондықтан шок, әлде шоңайна басып алмайын деп аяғымды андап жүрдім. Мен саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын қазақ емеспін, шырағым. Көбіне адамға сеніп үйренген кісімін. Бұл «аузыңды ашсаң сенемін, өтірік айтсаң құдай зауалыңды берсін» дегендікте емес. Мен ондай біреуге құдайдан жақсылық та, зауал да тілейтін кісі емен. Бәрін қолыммен істеп, өзім істеген ісімді ешкімнен көрмей, соған лайық нәтиже күтіп үйренген жанмын. Маған оны тағы да Совет өкіметіне сіңірген еңбегім үйретті. Азды-көпті қорытындыны содан жасап жүрдім. Білмеген жерім, ағат кеткенім болса партия өзі түзетіп, көмектесіп жолға салып отырды. Дегенмен інім, билеушінің біреу болғанынан, екеу болғаны жақсы және екеуінің де құқы бірдей болғаны артық.

Ол кезде болыста билеуші біреу ғана болды. Қазіргідей бізді бақылап отыратын жанымызда партия ұйымы болмады. Болыстық ревком председателі уездік атқару комитетіне, уездік партия комитетіне бір-ақ бағынатын. Жанында қатенді, қате басқан қадамыңды біреу көрсетіп, көзіңе шұқып отырмайтын болған соң, бір өңірде ақ дегенің алғыс, қара дегенің қарғыс болады да, соған жаман үйреніп бір күні болмаса, бір күні мүлт кетуің мүмкін еді. Дегенмен совет өкіметі орнаған бұл он жылда біраз нәрсенің жігі ашылып, көп жағдай бадырайып көзге көрініп те тұр еді. Мысалы кедей мен орташа шаруалар байдан іргесін бөлек сала бастаған болатын. Совет өкіметі ауылдағы

байлардың өктемдігін және ескі әдет-ғұрыптармен күресті күшейтуге бағыт алған. Ол жүзеге толық асқанда кедейдің байдан біржола күдер үзуіне, еңбекшілердің санасын көтеруге, сөйтіп Совет өкіметінің, оның ұлт саясатының мәнін терең түсінуге жол ашатын еді. Сондықтан да ірі байларды – жартылай феодалдарды ауыздықтау міндеті алда тұрды.

Қазақстанда ірі байларды конфискуелеудің авторы Жандосов еді, шырағым. Барлық жүргізілуге тиісті шараларды жасаған да, оған ілінген 695 байды іріктеген де сол болатын. Ол шараларды Өлкелік Комитет бекіткен. Ол өзі Жетісуда конфискация жүргізудің председателі болып бізге келген еді. Жиырма сегізге келген Жандосов екі иығына екі кісі мінгендей зор денелі кісі болыпты. Бір талы түсіп көрмеген қалың шашын қысқалау етіп қырыққызыпты. Қара елтіріден жағасы бар қара пальто, қара елтіріден папахасы бар Жандосовтың сыртқы бейнесі аса сүйкімді көрінетін. Әнтек келтелеу танауының астына ғана төрт бұрышты етіп қойған мұрты қарасұрлау өңін сұсты көрсетеді. Ол менімен жылы амандасып менің жетімемімнің амандығын сұрады. Үлкен залға отырған соң ол қысқаша сөз сөйледі. Мұны айтып жатқаным басшы қызметтегілердің көбі бір-ақ тіл біледі ғой. Ал Жандосов екі тілде де сөйлейтін және екі тілді де түбін түсіре білетін. Сөзінің соңын ол былай аяқтады:

– Бұл Совет өкіметі үшін үлкен сын, бізді сынаушылар да, аңдушылар да көп. Аяғыңды қия бассаң тап жаулары біліп отырады. Сондықтан конфискация жүргізуде өте әділ болу керек. Қолымда тұр екен деп ауытқуға болмайды. Жеке бастың жауынан өш алу, жеке бастың жекжатын қорғау – бұл партия маңыз беріп отырған ұлы істе болмауға тиіс. Демек партия белгілеп берген цифрларды бақылауға ала отырып, қара қылды қажарған әділ болу большевиктік борыш. – Оңашасын тауып маған ол жеңіл қалжың да тастап қояды:

– Бай ауылдың қыздары бойдақтың иісін алыстан сезеді деседі, Әбеке, иіс алдырып жүрмеңіз.

Сөйтіп мен Алматы уезі бойынша конфискация өткізетін комиссияның мүшесі болдым. «Дегереспен», дегерестіктермен қош айтыстым. Жиылмай жатқан дүнием бар ма, жегілмей жатқан күйем бар ма, мен Жандосовтың жанына еріп, ел аралап кеттім. Ол бізбен бір-екі байды конфискуелеуге ғана қатысты, көбіне бақылаушы болды. Қызметтің арасында менің баяғы қазақты мақтағанымды әдемілеп, жұқалап қана ол еске салып қояды.

– Ұзын Қарғалыда бір той болыпты ғой, Әбеке? Барған ба едіңіз. Қызық болды дейді ғой, – дейді. Менің ойымда ештеме жоқ.

– Бара алмадым. Естідім.

– Тойға атан бәйге тігіпті ғой?

– Ия, оны да естідім.

– Сонда кедей қатынын жалаңаштап көру, бұл қазақтың қандай жақсылығына жатады!? – Он жыл бұрынғыны еске салып тұр. Ол

менің көзіме шұқу емес, біздің халқымыздың да басқа халықтар сияқты жақсылығымен қабат жаман жақтары да бар демек. Әбден түсінген сияқтымын.

Конфискаға ілінетін байлардың тізімі алдын ала жасалған. Бірақ ол жарияланған жоқ. Мынадай бай ілінді екен десе, онда байлар бар малды құртқан болар еді. Дегенмен ел құлағы елу, оның үстіне біреудің досы бар, біреудің тамыры бар, біреудің құдасы деген секілді әйтеуір қай жолмен болса да олардың көбі конфискация жайын біліп отырды. Бірақ шықпаған жаннан үміткер дегендей, конфискация комиссиясы ауыл үстіне келгенше малын қолынан шығармай тұтамып ұстап, қарысып қалғандары еді.

Уездік конфискация комиссиясының председателі Федор Неизвигин менімен әбден жолға шығарда Жандосовпен фазтоңға отырып жатқанда ғана кездесті. Көсем жегілген төрт ат бітеу арбаны ала жөнелді. Артқы екі орында Федор Жандосовпен қатар отыр. Мен жалғыз алдыңғы орынға жайғастым. Онымен жиындарда үнемі жолығып тұратынбыз. Көре сала ол маған қалжың айтады:

– Сен Абақ, оңбайсын, менің Рихард ағамды Жетісудан қуып едің, бәлем кезгің келді. Енді сенің Жаубай атаңды, Таубай қайынағанды мен де қуармын, көзінен сорапын ағызып. Бірақ ол саған құлақ бола қояр ма екен, Абақ!

– Федор, сенің әлгі Ерискин ағаңнан қалған кегің бар еді, соныңды қоса ал, Ферғанада бір түн ұйқы бермеп едің, – деймін мен.

– Өй, құдай ұрсын, Абақ. Сен-ақ қашанғыны ұмытпайсың, – деп мені иығымен салып жіберді. Жандосов Ерискиннің фамилиясы аталғанда елең ете қалды. Сонан соң жол қысқарту үшін Федор бар әңгімені айтты берді. Жандосов ықылас қойып байыптылықпен тыңдады. Ол сөйлегенде асығуы мүмкін еді. Бірақ сөйлеуге асықпайтын. Жұрттың бәрін тыңдап, түсініксізін сұрап алмай қозғала қоймайтын. Көп нәрсені үндемей, бейіл қоя тыңдайтын. Байлам айту оның үлесі болғанымен, ол үлесті алуға шыдамсызданбайтын. Тіпті кез-келген мәселеге билік айту оның табиғатында жоқ болатын. Бұл жолы да ол Федор екеуміз сөйлеп болған соң ғана бір-ақ ауыз сөз айтты:

– Ондай Ерискиндер арамызда әлі де бар, қолынан келсе олар большевиктерді дай-дай қылып төбелестіріп қоймақ, – деді.

Жаубай ауылына түнді орталап жеттік. Ерте жататын қазақ ауылы қалың ұйқыда. Ауылда ешбір жерде жылт еткен от көрінбейді. Тек иттің абалағанынан киіз үйдегі кедейлерге ғана жан біткендей. Ойда жоқта, түнді дүрліктіріп келген он шақты арбаны – жүргіншіні кедейлердің бәрі де жабықтан сығалап көріп тұрғанына күман жоқ еді. Бірақ бірі далаға шықпады. Не болып қалғанына көздері жете алмай, бәрі де дауыстары қалтырап, тізелері дірілдеп, бірімен бірі күбірлеп-сыбырлап қана сөйлесіп тұрғандарында күман жоқ еді. Қалжыңбас Федор маған тиіседі:

– Бай ауылға түнде кіріп ұрлық қып үйренген едің ғой, хабарлаساңшы. Жоқ екінші құлағыңды кесіп алады ғой деп қорқасың ба?

– Сенің Рихард ағаң да бұл ауылға түнде келіп сөйлесетін. Таубай үйінен шыға келіп, інісімен сөйлесіп қоя ма деп соны бағып тұрмын, – дедім. Інім осынша орыс, қазақ деп айтып жатқан шымшыманың бәрі зілсіз, кәдімгі достың досқа жан ауыртпас қалжыңы еді. Менің жауым Федордың, Федордың жауы менің жауым екенін айқын түсінетінбіз. Сондықтан да орыс, қазақ дегенімізге қанымыз қызбайтын. Оның үстіне Федор қазақшаны қазақтан артық білетін, әсіресе өлтіре қалжыңдауды жаны жақсы көретін. Басқаға да қалжыңдай білетін, өзі де әзілді қатты көтеретін.

Жана түскен қар аппақ. Сондықтан да дала жарық сияқты. Аспанда ай жоқ. Мен бір үйге жақындасам ері мен әйелі екеуі сыбырласып сөйлесіп тұр. Шамасы екеуі де жабықтың жанында тұрса керек. Сырын көп жасырмайтын қазақтың өзіне тартқан киіз үйі ішіндегі болып жатқанның бәрін сыртқа беріп тұр.

– Орыстары бар, содан жүрексініп тұрмын, – дейді еркек әйеліне. Әйелі үнсіз қалады да, сәлден соң қайта сөйлейді.

– Жоқ, қазақтары көбірек сияқты.

– Кім бар бұл үйде, тілдесіндер, мен Абақпын.

– Өй-бүй, ұят-ай, далада тұрғызып қойғанымыз ұят болды-ау, – дейді әйел даусы сыбырлап.

– Біз біліппіз бе? – дейді жігіт сыбырлап. Сонан соң дауыстап хабарласты: – Қазір шығамын.

Сәлден соң бойы биік жасы жиырмаға жете қоймаған жігіт тон жамылып сыртқа шықты. Басы жалаң бас, аяғына киіз етік киіпті.

– Сен кімсің? Кімнің баласысың? – дедім мен.

– Мен Құтпанмын ғой, аға. Қойыртпақтың баласымын.

– Сен қашан үйленіп едің?

– Үйленген жоқпын, аға. Бойдақпын. Әлі үйлене алатын түрім жоқ. Сіздерді күтіп жүр едім. – Ішім кіп ете түсті. Мүлт кеткенімді білдім. Қойшының белгілі кәсібі. Артын білдірмей жібермек болдым.

– Қойыртпақтың бес жүз қойы бар емес пе? Нағып саған әлі қалың бермей жүр? – Біле тұрып сұрадым.

– Аға, ол әншейін, ақылы аз адамды алдау ғой. Аға сіздерді мен күткелі үш күн болды. Кедейлердің бәрі де күтіп жүр.

– Қай үй бос?

– Ұлбай апаның үйі бос. Балхан жатып жүр.

– Балханың кім?

– Бабақ ағамның баласы ше!? – Сорлы Бабақ деп ойлады. Қандай мықты жігіт еді. Қойлыбай екеуі шыңырау құдықтан қатар тұрып қауға тартқанда екі-үш мың қойды, мындай жылқыны бие сауымда суарып болушы еді. Содан он алтыншы жылдың басында бір қора қоймен ығып кетіп, суықта қатып қалыпты.

– Баласы қаншаға келіп еді? Сен құралпы шығар.

– Ия, аға. Менімен жасты ғой. Ол да үйлене алмай жүр.

– Онда бар, оны тұрғыз. Сол үйдің ішін жинандар. Қазір үлкен кісіні сонда түсіреміз.

Үйді әзірлетіп қайтып келсем Жандосов фазтоннан сыртқа шығып, шылым шегіп тұр екен. Оны орналастырып Федор Неизвигин екеуміз жұмысқа кірістік. Құтпан мен Балхан бар жасырын сырды ашып салды.

– Осы үйдің иесімін деп айт деді, маған, – дейді Балхан.

– Үш жүз қойға сен иесің деді, – дейді Құтпан.

Федор екеуміз біздің келгенімізді түн іші болса да ауыл құлақтанып қалғандықтан ұйықтамадық. Өйткені малды ғана емес, мүлікті де, бар байлықты жіп-шырғасын шығармай түгел қаттау керек еді. Сондықтан Құтпан мен Балханды білгізбей көз болуды тапсырсақ та, олардың сыртынан тағы да өзіміздің адамды қою керек болды. Ауытқып тұрған жас жігіттер, кім біледі деп күмандандық. Бірақ біздің күمانымыз беркер болып шықты.

Таң қылаң бергенде-ақ малмен бірге тұратын кедейлер бірін-бірі оятып бәрі сыртта еді. Ноябрьдың ортасы болып қалған. Жетісудың қаңтарға дейін түсіп болмайтын қысы әлі алыс. Қырбақ қар жауып, ақырап болған. «Жандосов келіпті» деген сөз бұл өңірге найзағай оғының жылдамдығынан кем тараған жоқ. Әлділер жүрексінді, кедейлер бөркін аспанға лақтырып қуанды. Әсіресе Жаубайдың бұрын-соңды малын баққан, отын жаққан байқұстар таң қараңғысында-ақ күзгі қара суықты тыңдамай, жалғыз шолағына мініп, тігерге тұяғы, ақырда құрағы жоқтар мінгесіп-ұштасып жетті. Шұлғауын сүйреткен талай ұлтарақтар, күшікбайлар, атқа да, асқа да жарымаған жалшылар, бәрі-бәрі Жандосовтың қолын қысып, Совет өкіметін көзімен көрмек еді. Олар жиналып тас-түйін тұрғанда күзгі ауаны жылытып, қақ жарып, қып-қызыл болып кедейлер күні шығып келе жатты. Ұлбай бәйбішенің төрт жылдан бері қаңырап бос тұрған үйіне бай балаларымен тегіс шақырылды. Қаңырап бос тұр дегенде ол үйде тек адам жоқ, дүние-мүлік баяғы баз қалпында. Оның өзінше сыры бар еді. Ұлбай бәйбіше өлген соң Құлқаш нақ сүйер болғандықтан өзінің Даубайдан қалған Жалбай деген кенже баласын осы үйге кіргізбек екен. Оған Таубай қарсы болады.

– Өзіңнен туған ұл Шаубай он үшке келді, он үште отау иесі. Жалбайдың үстінде үйі бар ғой. Қоя тұрмайсың ба, – депті Таубай әкесіне. Ондағы ойы жаңадан он үшке келген, Жаубайдың Құлқаштан туған ұлы Шаубай емес екен, әкесінің жолын құшып өзінің тағы бір төсек жаңғыртқысы келген екен. Сондықтан Даубай баласы кірмеген соң анау ер жеткенше Ұлбай бәйбіше үйі тұл қалпында тұр екен.

Таңертеңге дейін бай ешнәрседен хабарсыз екен. Құлқашпен және Құлқаштан туған Шаубай үшеуі тұратын тоқал там үш бөлмеден – ауыз

үй, түпкі үй, ас үйден тұрады. Сонау жылы ол үйді Даубай кіреді деп салдырып, одан біткен соң Інжір тартып алып еді. Даубай өліп, іні өлгеннен соң, аға мұра болған соң Құлқаш бұл үйді Інжірден оп-оңай алды. Жаубайға үй түгілі үйелменіңмен өргеніп кет деп жүрген Інжір үстіме қатын алдың дегенді сылтауратып, Жаубайды да, үйді де тастап шығып еді. Содан Інжір Ұлтарақпен қашқан соң Құлқаш бәйбіше атанбаса да, бұл ауылда әжептәуір салмаққа ие болып барлығын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған жайы бар-ды. Осы кезде Таубайдан басқаның бәрі Құлқаштан қаймығып, оның алдында бәйек қағатын. Өзі ерсілеу, дарақылау әйел Құлқаш Жаубайдың оңтзесіне отырған соң байым өліп, бағым күйіп еді демей, жүдеп-жадамай, бақырауық, байбалам салғыш бәйбіше болды. Арасы екі-үш жасы ғана алшақ Даубайдан Жаубайдың өзі, яғни байдың өзінің әйелі болғанына, әйелі ғана емес, оның ішінде нақ сүйері болғандығына ол тіпті қуанышты да болатын. Жасы сол кездері елуден асып бара жатқан Жаубай үйіне Құтпан кіріп барғанда ақ жейде-дамбалмен Құлқаш төсегінен тұрып келе жатады. «Сізді Жандосов шақырып жатыр» дегенде Жаубай «а, ah, ah, не дейсің?» деп сасып, жалп ете түсіпті. Жалма-жан есін жинап, түрегеліп екі аяғын шалбардың бір балағына тығып алып, одан қайта шығара алмай әлек болыпты.

– Бай, сонша не болды, сізге, – деп Құлқаш дұрыстап кигізіпті. Етігін зорға киген Жаубай тұра келе беріп, тағы жалпасынан түседі. Сөйтсе екі тізесі қалтылдап, денесі дірілдеп кетіпті. Өзін талай сабағанын ұмытпаған Құтпан бірінші кездескен кедей Қойлыбайға:

– Қойлыбай аға, Совет өкіметі енді маған түк бермесе де ризамын. Жандосовтың атын атағанымда бай екі рет жалп-жалп етіп аяғым құлап түсті, – депті. Бұл шын қуанышы еді. Бұл тек бір Құтпанның емес, қаптаған кедейдің бәрінің көрген шаттығы еді, көптен күткен көрмек арманы еді.

Кәрі төбеттен жасынан қорлық көріп, тісі батып өскен мен сорлы Жаубай үйге кіріп келе жатқанда атып тұра жаздадым. Өзімді өзім ақылмен бастым, сол тіземді баса менен жоғары отырған Федор Неизвигин, мені мытып қалды. Шамасы қызарып кеттім білем, Федор бетіме қарап жымыып қойды. Федор ештеме емес, әйтеуір Жандосов байқамаса болды.

Жаубай үстіне жамылған қасқыр ішігі бар, келді де заманнан кірмеген бәйбіше үйінің төріне отырды. Денесінің әлі де қалтылдағаны басылмай тұрғаны созып отырған аяғынан, екі тізесінен белгілі еді.

– Қалтылдадың ба, бәлем! – деп отырмын. Нақ сол сәтте бар ғой інім, ендігі көретін қызығыңды көрмей-ақ қой, өле сал, Совет өкіметі сенен осыны тілейді десе, мен соны шын ықыласыммен орындар едім. Ата жауың алдыңда күзгі суық соққан жапырақтай жалпандап, қалтаңдап тұрса, адам басына осыдан артық бақыт бар ма? Мен Совет өкіметіне, аты Совет өкіметі болып естілетін Жандосовқа мың да бір риза едім,

інім. Осындай жақсылықтан кейін Совет өкіметін, оның сол жердегі, сол сәтте біздің арамыздағы көрнісі – Жандосовты ұмыта алармысың! Төменіректен келіп Таубай орын алды. Түнеріп алыпты. Асасын жерге ұрған бақсыдай. Сол бір сәтте соның көзі жылан қарақтанып, әкесінен айнымай қалыпты.

Жандосов пальтосын жамылып, жалаң бас отырған. Қысқа шашы тіп-тік, тікелей тұр. Долырма, ашулы отырғандай. Жандосовтың мұндай түрін бұрын-соңды көрмеген едім. Жаубайды қайдам, бірге жүрген, сырлескі болған мен өзім оның бетіне тура қарай алмадым, бет-жүзім төменшіктей берді. Кейін білсем Федор да «тіл қатуға батпадым» дегенді айтады.

Жандосов әңгімені бастады. Ол әдемілеген де жоқ, көпке де созбады:

– Бай Совет өкіметінің ұйғаруы бойынша Сізді конфискелейміз. Сіз ірі байсыз және көп адамды қанап, еңбегін тегін пайдаланып, сол арқылы байып келдіңіз. Мойныңызда көп адамның ақысы, қаны бар, солардың ақысын бөліп береміз. Сіздің төңірегіңіздегі сізге риза емес адамдардың арызын істің барысында шешеміз. Қазір әңгімені осымен бітіреміз. Бар малыңызды жинатыңыз. – Ол орнынан тұрып далаға беттеді, есікке барғанда табалдырыққа сүрініп, босағадан ұстап қалды. Мен Токаштың байлармен сөйлескенін көрген адаммын, шырағым. Екеуінің жолы бір болғанмен екеуінің сөз сөйлеуі екі түрлі. Токаш «сен» дей сөйлеп істі қатал шешсе, Жандосов «сіз» деп отырып-ақ істі сәтіне келтіре береді. Ашуланып отырғанда да «сізден» танбайды, қандай ұстамдылық!

– Федор, енді барлық істі жүргізе бер! – деді ол далаға шыққан соң. Істі маған әдейі тапсырмай тұр. Күн май тоңғысыз жылы, мал қораларда өрмеген қалпында екен.

– Қойыңыз қанша? – деді Федор таза қазақша сөйлеп.

– Төрт жүз сексен тоғыз, – деді Жаубай төмен қарап.

– Жылқы қанша?

– Отыз бие құлындайды.

– Сиыр қанша?

– Елу-алпыс, кім санапты оны, мал ма сол?

– Осы-ақ па, онда сіз конфискалауға жатпайсыз ғой.

– Бары осы, шырағым. Біз жылан жылы жұтап қалдық қой.

– Бай бар малыңызды жасырмай түгел айтыңыз. Малыңыздың бізде есебі түгел.

– Ойбай, бары осы болса жоқты қайдан табамын?

Федор ашулаңқырап кетті. Қаны қайнап қып-қызыл болып бетіне шықты. Адам қалай бұл мәселеге салқын қанмен қарай алсын, егер мен болсам әлде Жаубайды тапап жіберер ме едім, қайтер едім. Дегенмен Федор да қатты кетпеді.

– Онда Жаубай Жаманбайұлы, сізге малыңызды мен айтып берейін. Қой – 2300, жылқы – 370, сиыр – 89, түйе – 42.

– Жоқ малды өлмелі шал сендерге қайдан тауып береді? – Аяқ астынан Таубай шарт кетті.

– Шытырлама, Таубай, шыбық тимес шыңқ етер күнің өткен, сенің. Сенің еркелігінді көтеретіндер келмесе кетті. Одан да мына малды түгендейік.

– Мен малымды бере алмаймын. Менің малым біреудің бодауына кетпейді. Менің малымның саны конфискация шартына жетпейді.

– Сіздің қанша малыңыз бар? – деп сұрады Федор жаңағыдан сәл жұмсақтау келіп.

– Бес жүздей қой-ешкім бар.

– Алты жүз он тоғыз деңіз.

– Оншалықты дәл білсеңіз несін сұрайсыз?

– Қойшыңыз Сартай Сарымсақұлы. Бұл қойды қорадан айдап шығып санаңдар.

– Түгел, алты жүз он тоғыз, – деді санап келген комиссия мүшесінің бірі Әдей Қибасаров. – Құлқаш бәйбішенің қорасындағы – төрт жүз сексен тоғыз. Кіші қорадағы қой – үш жүз.

– Ол менің малым емес, Құтпан Қойыртпақ баласының малы. Өзінен сұраңыз! – деді Жаубай әйтеуір үн қатып.

– Менің малым жоқ. Өтірік айтады. Маған менің қойым деп айтпасаң әкеңмен қосып жер аудартамын. Болыс менің күйеу балам деді мына Таубай, – деп бәрін безілдеп жайып салды. Ол осыған дейін Таубай аға дейді екен, бірден Таубайға көшті. – Менің сегіз жылғы ақым бар, аға, мұның мойнында. Соны алып беріңіздер.

– Әжібай саздағы жар қорада бес жүздей қой, – деді Әдей, бөрік оң құлағына қарай баса киді, шамасы ашық құлағы мұздап кетсе керек.

– Онда не жұмыстарың бар, ол менің қойым, – демесі бар ма, әлгі Қойыртпақтың.

– Қойы жоқ, оныкі емес. Алдағанға сенеді ол аңғал байқұс, – деп Құтпан орнынан қайта көтеріліп еді, Қойыртпақ қолындағы шолақ төрт таспа қамшысымен оны салып-салып жіберді. Екеуінің арасына бажылдап бір әйел түсе кетті. Қойыртпақтың әйелі Гүлнаш.

– Ей орыс, – деді Гүлнаш Федорға қарап. – Мынау менің байым әңгүдік, мынау менің балам. Балам дұрыс айтады, бізде мал түгіл тышқақ лағымыз да жоқ. Намыссыз сорлы, кеше бұл қой менікі деп бір тоқтыны соймақ болып, мынау отырған Таубайдан оңдырмай таяқ жеді. Қит етсе сабайды, мынау отырған Таубай. Өтірік десе, айтсын мына қалайық. – Шынымен қалайық демекші, ауыл үстінде адам өте көп еді. Бұл өңірде жүргізілген алғашқы конфиска болған соң ба, әлде біреуі қызық көріп, әлде біреуі шындыққа көзін жеткізгісі келіп, енді біреулер Жаубайды табалау үшін әдейі келген. Әйтеуір қара құрымдай мал, қыбырлаған адам. Гүлнаш ері мен баласын ажыратамын деп кимешегінен шығып қобырап кеткен шашын жинау үшін кимешегінің төбесін жоғары көтеріп, қайта киді. Ербиіп-сербиіп Гүлнашты адам кейпінен

шығарып тұрған шаш әпсәтте жоқ болып, оның бет-аузы дөңгеленіп шыға келді. Гүлнаш сөйлемейтін-ақ адам еді, шешіліп, тіпті тіл мен жағына сүйеніп кетті:

– Ол мына әңкүдікті (ол Қойыртпақты қашаннан солай атайтын) сабап-сабап алады да, сен менің ағамсың ғой деп бір шайға шақырса, ол келеңсіз сорлы бәрін ұмыта салады. Мына менің балам Құтпанның айтқаны дұрыс. Бізде мал жоқ. Қайта мынау Қасбайдан жиырма бес жылғы ақымызды алып бер. – Федор да, мен де Жаубайдың атын атамай Қасбай дегеніне күліп жібердік. Жандосов та естіген екен күлген жоқ, жымысып қана қойды, жазып қойындар деген ишара білдірді.

– Ой қатын деген..., – деп қамшысын көтеріп Қойыртпақ Гүлнашқа тұра жүгіріп еді, артта тұрған қызыл әскердің бірі оны тырылдатып сүйреп әкетті. Ешкім бұған күлген жоқ, шерменде болған Қойыртпақты бәрі де айыптаған жоқ, аяды. Қойыртпақ енді үн шығара алмады.

– Сорлы ғой, сорлы, – деді Дәмет. – Гүлнаш байқұс осының ақымақтығымен қартайды.

Жаубай жүресінен отыр, үн жоқ. Екі қабағы түксініп, жылан көзі жұмылып кетіпті. Бет-жүзінен түк білінбейді. Кәдімгі біреудің малы хатталып, ол соған қуа болуға келген адамдай. Анда-санда қақырынып қояды. Малдың барлығын бөліп, «мұншасын мынанікі» деп айтамыз деп Таубай келгенде Жаубай «Құйысқан босап, еріміз мойнымызға кетіп тұрғанда біреу сөзінді сөйлеуші ме еді, осынан ештеме шықпайды-ау, балам» деген екен. Өзін әкесінен әлдеқайда ақылдымын, қумын деп санайтын Таубай әкесінің өзінен әлдеқайда көрегендігіне енді танданғандай жайы бар еді. «Әкесінен артық тудым деген бала сынық сүйем кем туады» деген екен бұрынғылар. «Япыр-ай, шынымен-ақ солардікі дұрыс болғаны ғой». Өйткені «үндемеген үйдей пәледен құтылады» дегенді жасынан қатты ұстанған Жаубай нақ осы бір үйі үптеліп, малы маталып, мүлкі хатталып жатқанда да «жаны жайлау, етегі қыстау» адамдай, әлде істің беті осылай боларына бұрыннан әзірленгендей еді. Ал керісінше әр нәрсеге шаптығып, не ештемеге шамасы келмей, жиырма-отыз жыл сырлескі болдым дегендердің сырт айналғанына шыдамсызданған Таубай әкесінен әлдеқайда кем туғанын осы жерде аңғарғандай еді.

– Ал қалған төрт жүз қой қайда? – деді Федор. Қойыртпақ қатынының дауын тыңдап болған соң Жаубай да, Таубай да үнсіз. Күн сәске түс болып қалған. Күннің көзі суықты сындырып, дала әжептәуір жылынды. Тіпті бұл суықты елеп жатқан адам жоқ. Бағанадан бері бірімен бірі иық қағыстырып, екі аяғын біріне бірін ұрып тұрған қызыл әскерлер де жылынып, төңірек толған малға, адамға қайран қалғандай. Келгендер берекесі қашып, шаңырағы шайқалып тұрған Жаубай үйін басынғандай қорадағы шөпті аттарына салуға құшақ-құшақ етіп көтере бастады. Егер келген жүз қаралы кісінің атына шөпті осылай шаша берсе, көпке ұзамай-ақ мұнда ештеме қалмасы белгілі еді. Жандосов

Федорға шөп алуға тыйым салуды бұйырды. Федор тиісті бұйрықты берді. Қызыл әскерлер әпсәтте шашылған шөпті тегіс жинатып, қасына қарауыл қойды. Бағанадан бері мал түбінде еркін тұрған ерттеулі аттан домалақ тұяқ қалмады. Мұны басқалар түгілі Федор екеуміз де түсіне алмадық. Маған салса Жаубайдың анау Кебіннен-Қырғыздан алдырған, шаңырағын атқа мініп көтеретін бүгінде Құлқаш қорасында тігулі тұрған дөдегелеген сегіз қанат үйінің туырлығын тіліп, тоқым еткізіп, шаңырағын ортасына түсірер едім.

– Барлық мал-мүлік, қора-жай есепке алынбай ешкім тимейтін болсын, бір суыртпақ жіп алуға рұқсат жоқ, – деді Жандосов. – Ол Жаубайдың дүниесі емес, халықтың мүлкі. Халық мүлкіне қол сұғу – ол да Совет өкіметінің жауы. – Жандосов қасына қызыл әскерлер командирін шақырып алып, әлдеқандай тапсырмалар берді. Командир бағанадан бері жұртпен сөйлескенін қойып, қатая түсті. Жаубайдың төрт-бес үйінің алдына бір-бірден қызыл әскер тұрды. Орынсыз кіріп шыққан адамдардың аяғы тыйылды. Сөз, гуіл азайды. Таңертеңнен бері Жаубай ауылын жаудай шапқызым келіп тұрған менің көркездігім көзіме соқты. Мен әлі танауымнан арғы жерді көрмейді екенмін ғой деп өзімнен өзім түңіліп кеттім. Бұл рас сырым еді, інім. Менімше Жаубайдың дүниесін осынша тәпшестеп, есептеп керегі не, деймін. Талап алсын, жұрт демек едім. Ойым шынымен талату еді. Жаубай дүниесі тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетсе, үйі-мүлкі құс түскендей тамтығы шығып жатса, мен соны көріп құдайыма қой айтып сойып, қуанып, талап жатқан ашкөздерге миығымнан күліп тұрмақ едім. Жандосов алдында тағы бір шолалығымды көрсетіп алдым. Ұят-ай!

Федор маған қарады. Енді түсінгендеймін дегені еді, оның. Анық не болатынын білмесем де, менің миыма да бір жылт енгендей. Бірақ ұяттан өліп бара жаттым. Бір қаға берісте Жандосов:

– Қалай Әбеке, қоғамды байытқанымыз дұрыс емес пе, жеке адамды байытсақ, Жаубай дүниесін пышақ ұшынан бөліп берсек, ертең шапаны ғана өзгерген Жаубайлар тағы пайда болмай ма? Егер сіз қарсы болмасаңыз осылай істейік, – дейді. «Егер сіз қарсы болмасаңыз» дегені қалжың, әрине. – Әлде менің Қашабай ағамнан үлгі алғыңыз келе ме!? – Ол ақырындап қана күліп қояды. Бұдан ұрсып тастағаны-ақ жақсы еді, деймін ішімнен. Өстіп Жандосов достарын сынағанда мақтамен бауыздайтын еді. Қашабай Жарқынбайұлы, ол Жандосовтың шын туысқаны болатын. Дулат-Шапыраштыда «адам баласының қара тілі» атанған шешен кісі Қашабай жиырмасыншы жылы Күрті болысында ревком төрағасы болып сайланған. Қолынан домбырасы түспейтін, жанынан қиып кәдімгі суырып салма ақындарша өлең айта беретін сүйір иек, шоқша сақалды кісі болатын. Топта, жиналыста сөйлегенде де арасында домбыраны қағып-қағып қоюшы еді. Дүниеде не тілмар, не шешен, түптен тартып толғайтын адамдар бар ғой, інім. Мен сол Қашабайдай шешен адамды сирек көрдім. Ол қандай жиында да жұртты

елітіп, еліктіріп, ертіп әкете алатын. Бірақ Жандосов маған оны бекер айтып тұрған жоқ еді, ол ревком төрағасы болған соң дүниеқоңызданып, біраз байып, буржуазияланған большевик ретінде орнынан алынған.

«Буржуазияланған большевик» дегенге таңданып отырмысың? Голлошекинге дейін-ақ ондайлардың талайының басына су құйғанбыз. Мысалы, інім, төңкерістен кейінгі жылдары шаруашылықты басқару үшін Халық шаруашылығы Советі (Совнархоз) құрылған болатын. Соның жетісулық төрағасы болып белгіленген Шидло да өзіне мемлекет ақшасына үй салдырып, буржуазияланған большевик ретінде партиядан шығып, орнынан алынған. Енді осы кезде естимін және газеттерден де атын көріп қаламын: мен «правдист, большевик» болып едім дейтін көрінеді. Ал көңіліңе келмесін, інім, тіпті келсе келе берсін, сен сияқты бірлі-жарымды журналистер мен сияқты шалдардың бос мақтаны бойынша, архивке үңілмей, документтерді көрмей, шындықты салғастырмай, Шидлоны, әлде сол сияқты біреуді «большевик еді» деп очерк жаза салады. Сонда төңкеріске қатыспай-ақ жасына қарап революционер болып шығатындар көбейіп барады. Сол жаңағы Шидло осы кезде «Мені ұлтшыл Жандосов партиядан шығарып еді, мені партиядан қайта алуды сұраймын» деп арыз да беріпті. Көрсем мен ондайлардың бетіне түкірер едім, інім. Өзінің жақын туысқаны Қашабайды орнынан алғызған Жандосовқа большевиктік, Ленин жолынан таймау қашанда бірінші кезекте тұратын. Әрине он тоғызыншы жылы Жандосов та обком хатшысы болатын еді. Ал обкомның жауапты хатшысы Лепа деген латыш жігіті еді. Сонда обком қаулысымен партиядан шыққан адамға неліктен жалғыз Жандосов жауапты болады. Мен ол мәселені тіпті жақсы білетін едім, өйткені ол кезде Алматыда болатынмын. Дүние қозғалыста. Ол бір орында тұрмайды. Коммунистік партия меніңше Жандосов сияқты ұлын ақтап алады деп ойлаймын. Ал сонда Шидлолар қалай ел бетіне қарамақ? Міне інім, тағы да лағып кеттім білем. Жандосовтың маған ескерткені сол Қашабай еді. Сен де Қашабайша жолдан шығып кетіп жүрме дегені болатын.

Төрт жүз қойға ешкім жауап бере алған жоқ. Қайда жіберді екен деп мені жағалап жүрген Еспердің жаны бір тыншымады. Нақ осы бір сәтте үстінде жұқа қызыл барқыт қынамалы бешпент, аяғында қызыл етігі бар, бағанадан бері көріне қоймаған ұзын бойлы, жұқа өңді жас келіншек тұпа-тура Жандосовқа жақындай берді. Оны қызмет адамдары қақпалап, Федорға бар дегендей ым жасап еді, Жандосов келе берсін дегендей қабақ көрсетті. Келіншек тым өңді емес, үлкен қара көзді сұрлау адам екен. Жасы он алты-он жеті шамасы. Келтелеу тануы оны батылдыққа бастап тұрғандай. Келіншек сөзін неден бастарын білмегендей кішкене тұрыңқырап, демін терең алып, күрсініп қалды. Мұны жаңа ғана көрген Таубай «өй мынау...» деп оған ұмтыла беріп еді, таяу тұрған қызыл әскердің бірі оны иығынан басып, қозғалма дегенді аңғартты. «Сыбай дегенім сыпыра жау болды-ау...» деді естірте Таубай.

Әрине естірту үшін айтпаса керек, қалай шығып кеткенін өзі де білмеді. Бағанадан бері бірінің үстіне бірін қойып екі көңде отыр еді, қайта ашумен отырғанда көң уатылып, Таубай жерде қалды. Ол қайтадан көң әкеліп қойып шоқайды. Келіншек Жандосовқа тура қарай алмай, бір қырын тұрды. Тағы аузын аша беріп, демін қайта тартты. Жүрексініп тұрғаны көрінді:

– Айта беріңіз! – деді Жандосов шытынған қабағын сәл көтеріп.

– Аға, аға, – деп келіншектің иегі кемсендеп, көзінен жасы төгіліп кетті. Тағы бір күрсініп, тығылып қалды. – Аға, алдыңызға рұқсатсыз келдім. Бұл айыбымды жақсы білемін. Келмеске болмады. Кешіңіз, аға!

– Қысылмай еркін айта беріңіз, – деді Жандосов. Ақырын, жай сөйлегені тұрғандарға ап-анық естілді. Келіншек қозғалақтап, оң аяғындағы қызыл етігінің басын көтеріп, бір өкшесін қарға қадай тұрды.

– Аға, Сізге келмеске болмады. Мен мына Ботпай-Шағатай еліндегі Балуан баласының қызы едім. Әкем кедей, тоғыз баланың бірі едім. Жан сақтауымыз қиын болды. Әкеме сөз салып, дәм бұйырып мен осында келдім. Қатын үстіне. Мұндағы әйел де көртайып тұрған жоқ, отызға жетпеген адам. Бірақ қазір маған бұл үйден кетпесем болмайды. Екінші қатында бай біреу болмайды екен, бірінші қатын да оған бай екен. – Нақ осы жерге келгенде келіншек кемсендеп, бір ышқынып алды. Менің көз алдыма Даубайдың барындағы Құлқаш пен Нұрияның жанжалдары келе қалды. Сорлы болған тоқал Нұрия да түнде төсек қызығын көргенмен таңертеңмен Құлқашқа көзтүрткі болар еді. Мынаның айттып тұрғаны тура мен көрген Нұрия. Ол көз жасын сүртіп, сөзін қайта құрастырды. – Менің күйеуім бір сабаса, бәйбішесі тағы сабайды. Маған басыма бостандық алып беріңіз. Ал таба алмай отырған төрт жүз қой, екі айғырдың үйірі мына қырдың астында Әжібай сазда Қос қора деген бар. Сонда қамаулы тұр. Ешкім білмесін деп менің ініме айдатып барды. Мұндағы қойшыларға, жылқышыларға сенбеді.

– Сіздің атыңыз кім, күйеуіңіз кім еді? – деді Жандосов өзі де шамалағанмен анықтағысы келіп.

– Менің атым Нақыш, күйеуім анау, түлкі тұмақ. Егер мені бүгін ажыратып кетпесеңіз, онда өлтіріп кетіңіздер. Ол бәрі бір енді мені өлтіреді.

– Қосылатын күйеуіңіз бар ма, мұнда? – деп сұрады Жандосов. Біз мұнысы қалай деп бәріміз де Жандосовты жазғырып қалып едік. Бұл бізге ұят болып көрінгенмен Жандосовты таңдандыратын жай емес екен. Байдың мұндай келіншектері жалшылар ішінен біреуді сайлап, сонан соң барып, батыл қадам жасайды екен. Жандосов келіншектің кілтпанын біліп сұрап отыр екен. Апыр-ау, түндегі Қойыртпақтың баласымен киіз үйде тұрған осы болмағай деп ойладым. Ойым дүп-дұрыс шықты. Келіншек сәл үндеңкіремей, қипақтап айта алмай, атай алмай тұрды.

– Айта беріңіз, қысылмаңыз! – деді Жандосов. Мұны да біз артық көрдік.

– Бар еді, аға. Анау тұрған Құтпан.

– Не дейді мына қарабет!? – деп Таубай келіншекке тұра ұмтылды. Қызыл әскердің бірі оны мытыңқырап, нығарлап орнына басып отырғыза бергенде көң қайта уатылып қайта жерге отырып қалды. Ол енді жүрелеп отырды да, қолына бір жусанның сынығын алып, қарды шұқылады. Жаубайдың көзі мүлдем ашылудан қалды. Ол тіпті осының бәрін естімегендей. Бір құшақ шөптің үстінде отыр. Айдаладағы үнсіз обадай меңірейіп қалған. Құтпан аты аталғанда жып-жинақы, әзір тұрды.

– Қайсысын? – деді Жандосов.

– Мен едім. – Жандосов ә түнде алғаш көрген бала екенсің ғой дегендей бетіне бір қарады. Жылы қабақпен қарады. Есіктен сығалаған, алысырақ тұрған әйелдердің бәрінің көзі Нақышта. Әлде жүрексіңсе де, әлде орынды санаса да еш әйел бүгін бетін шымшып, «ұят-ай, ұятсыз-ай!» деген жоқ.

– Федор, мына әйелді қызыл әскерлердің арасына жібере тұр!

– Жарайды. – Федор Таубай тоқалын қызыл әскерлер арасынан жібермеуді тапсырды. Неге олай істелгенін айтқызыбай-ақ ұқтық.

– Қой түгел екен, – деді аттан түскен Әбей Қибасаров пен Еспер Қожақов.

Мал түгелденген соң Жандосов демалуға бізге екі сағаттай мәулет берді. Бой жазып, шай қайнатымдай уақыттан соң қайтадан Ұлбай бәйбіше үйіне кірдік. Бұл жерде Жаубай «Бұл үй Балхан Бабақұлыныңкі» дей алмады. Көрпе, жастық, төсеніштен басқа бұл үйдегі буулы екі тең ақтарылды. Теңнің бірінен екі кілем, шымылдық, тұскиіз, төрт жібек көрпе, төрт жастық шықты. Маған жақын тұрған Қойлыбай: «Қыз жасауы еді, байқұс Ұлбай бәйбіше қызы өлген соң қайтып бұл теңдерге жақындамады» деді. «Адыра қалған, тұл болған мүлік қой, енді бұл неме керек» деп еді, дейді Дәмет. Оларды ақтарса, өзінің іші бірге ақтарылатынын Ұлбай бәйбіше білсе керек. Қайткенде де балама деп жасаған дүниесін баласы игілігіне ұстай алмаса, ол да бір тоған табанындағы өлексе емес пе? Екінші тең шешілгенде менің тұруым қиын болды. Бұдан тек Ұлтуғанның киімдері шықты. Тіпті кейбір маған таныс қос етек көйлек, көкірекше, белдемше, шолпы, алқа, дүмбір сырға бәрі көз алдымнан өтіп, көңілім бұзылып кетті. Сыр бермеуге тырыстым. Әсіресе қызыл шәйі көрпені көргенде шыдай алмай теріс айналып кеттім. Менің құлағым кесілер күні Ұлтуған жағасы деп есептелген жағына жарқыраған екі жақұт тана тағылған сол қызыл шәйі көрпені жамылып жатыр еді.

– Бұл қызының киімдері еді ғой, байқұстың, – деді Дәмет.

– Мынаны қараңыз, – дегенге қарасам бір шолақ мылтық, екі бүктеулі Ұлбай бәйбіше жататын төсектің басында жастаулы жатыр.

– Бұл қайдан? – деп сұрады Федор Жаубайдан.

– Білмеймін, көріп тұрғаным осы, – деді Жаубай жылан көзін төмен салып. – Осы үйге жатып жүрген бала әкелген шығар.

Даладан Балхан шақырылды.

– Ұлбай апаның мылтығы, басына жастанып жататын. Біз оны билетіңбіз. Бірақ ол кісінің өтінішімен ешкімге тіс жарған емеспіз. Бай да, Таубай аға да білмейтін. – Бұған жұрттың бәрі таң қалысты. Таң қалмаған мен ғана. «Соңғы рет келгенде мылтығын тастап, көріскеніміздің соңы болар депті Дархан» деген еді Сәлиман шешем Ұлбай бәйбіше әңгімесін айтқанда. Мүмкін жұпар жыланды атқан осы мылтық шығар, мүмкін Дархан мергеннің қолының іздері тұрған шығар. Мылтықты ұстап, қолыма алып көргім келді. Бірақ осындай жаушы-жаужәлемде ішкі жан сезімінді қозғап жата алармысың. Тіпті Федорға шындықты айтып, мұны хаттау актына жазғызбай алып қалып, Марленге ұстатуды да ойладым. Бірақ ол қазір Марленнің нағашы атасының мылтығы болып тұр ма, жылан көз, аю қабақ Жаубай үйінің мүлкі есепті ғой. Ішім қайнап тұр, бәрі ішімде сайрап тұр. Жағдай тілді байлап тұр. Бәйбіше төсегінің басына жасталған он екі кітап алынды. Оның үшеуі қолжазба. Ол кітаптардан анық есімде қалғаны «Қыз жібек» киссасының 1896 жылы Қазанда басылған бір кітабы, «Боз жігіт», «Алпамыс» киссасының 1898 жылғы басылған кітаптары бар. Кітапты көргенде мен «мен туғанда шыққан екен» деп танданып қалдым. Жандосовтың бетіне қарап едім, танданған тұр байқалмады.

– Кітап кімдікі? – деп сұрады Федор.

– Апам әркімді шақырып алып оқытатын. Сол кісінікі. Оған ешкімді тигізбейтін, – деді бала жігіт.

– Революцияға дейін әр қалада қазақ тілінде 617 кітап басылған ғой, содан бұл ауылға да он шақтысы жеткен екен, – деді Жандосов. Ол бұл сөздерді орысша айтты. Шамасы Федор танданып қалған соң соған берген жауабы болса керек. Сол жерде, інім, қандай сорлымыз біз деп ойладым. Сонша кітаптан мен де он шақтысын ғана оқыған екенмін. Өзімнің тоғышарлығымды ойлап іштей жүдеп тұрдым. Оны қойшы інім, ол көрмеген дүние ғой. Бәрінен де Ұлтуғанның киімімен бірге ол көп жыл ұстаған, елік сирағына саптаған жиырма төрт таспа сақ өрімді қамшы шыққанда не болғанымды білмей кеттім. Сары жазықты жайлаған жылы қыз-бозбала болып, айттап қырғыз ауылдарын қыдырып едік. Сонда осы қамшы Ұлтуғанның қолында еді. Қамшыны ұстаған, көрген болып, әрі қарай ақ білегінен талай қысып едім. Қамшы кішкентай нәрсе. Мұны да ескерткіш ретінде, шешеннің көзіндей көріп жүр деп балама ұстатуыма әбден болар еді. Бірақ кішкентай да болса, ол Жаубай үйінің дүниесі есепті ғой. Мен қамшы ғой деп алсам, тағы біреу мосы ғой, шөңке ғой деп шетінен тартпақтай, суыртпақтай берсе, сонда халық мүлкі болып жариялануға тиісті

нәрседен не қалады?! Сабақты жіпке өзім де тимедім, басқаны да жолатпадым. Халық мүлкіне айналар Жаубай мүлкінің қатты қарауылы болдық, бәріміз де.

Қызықты Құлқаш үйіне барғанда көрдік. Байдың атағын алып, бай атанып «алдында тоқсан мыңды айдап жүрсе, үстінде сілкіп киер шапаны жок» деп Қарабайды айтқан бай, інім, бұл Жаубай Қарабайдың басқа бір, жиырмасыншы ғасырдағы өзгерген түрі екен. Қарабай үстіне шапан кимей, малды айдап жүре берсе, бұл үйіне жиып қойып, қимай жүре береді екен. Үйелмені мол екен. Құлқаш үйіндегі теңдерді шешкенде отыз байқасам шапан шықты. Сонда иығын жылтыратып мынау отырған Жаубай осының бірін кимей кетті-ау деп бетіне түкіріп жібергім келді. Қан жоса қылып, арқадан қамшымен жосығар ма еді деп кіжіндім. Әрине ішімнен. Әттең қызмет бабы бұған құлаш серметпеді. Әйтпесе... Теңде не жоқ десенші, әкеле берген, тыға берген. Інім кеше әңгімеде Азбанның үйінің ақсарының ұясындай екенін айтып едім ғой, ал мына Құлқаштың үйі нағыз дүниеқоңыздың үңгіріндей екен. Дүниеқоңыз деген қоңыз болады дейді, бірақ мен інім, оны өзім көріп, білген жәндігім емес. Жұрттың айтуынша ол сырттан нәрсені әкеле береді, үңгіріне жинай береді, жинай береді. Бір қалт еткенде Жандосов «Әбеке, мынау қазақтың қандай жақсылығына жатады» деп қояды. «Дүниеқоңыздық дегенге жатса керек» деймін. Ол қатты күлмейді, езу тартып, бір жақ қасын көтеріп қояды.

Таубай үйінің үбі бәрінен көп болды. Тек осы қыста жинаған түлкі мен күзен ұлпаны жүзден асады. Сен қазақты білмейсің, шырағым. Осы өңірде түлкі, қасқыр алғандар тіпті сұрамаса да атақты адамдарға, байларға, тағы басқа биік тұғырдан көрінгендерге біреуі байладым деп, біреуі тарту деп беріп кете береді. Ал мен білетін ескі ауылда бұл асыл терілердің аулануы қанша қиын болғанмен жұрт алмай қоймайтын. Өгіз мінген қойшы да, ат жалын тартып мінген бала да қыста бір-бір мес суды байланып алып, қырқаны аралап жүрер еді. Саятқа шығатын кез-келген кісі сол бір кезде ізді жақсы айыратын. Өйткені жасынан көзі ізге қарап шыққан баланың қай шидің түбінде жатып, түлкі қалай із тастайды, осының бәрін жатқа білетін. Егер алдынан күзен іні кездесе, ішінде аң бар делінсе, бір мес суды құйып жіберіп, шыға бергенде ұрып алады. Күзен де шақылдап оңай алдыра қоймайтын пәле. Ол итті тістесе ит екінші рет оған беттемейді. Суы жоқ болса қыс демей-ақ інді қазатындар да, түтін салатындар да көп болады. Жейтіні жылан бұл аңның иісі өте сасық. Сасық күзен аталатыны да сондықтан. Сонарда аңға шығатындардан бірлі-жарымдысы бос қайтпаса, көбі-ақ бір-ер күзенді қанжығасына салбыратып байлап алар еді. Оны алғашқы кездескен кісіге байлау – халық дәстүрі. Ал Таубай қай дәстүрден жинағанын кім білсін, үй толған елтірі, жылбысқа, ұлпан.

Осы далада, – деді Шұнақ шал сонау алыс көкжиекті нұсқап, – қыста күзен, күзде қоян жырттылып айырылатын. Қазір егін салудың

көбеюімен байланысты болса да, әйтеуір күзен азайды да, сарышұнақ көбейді. Ал андатра дейтін тышқан ол кезде бұл өңірде атымен болмайды. Оны менен гөрі өзің жақсы білетін шығарсың. Оны Қазақстанға отызыншы жылдардың аяғында әкеліп, жіберген ғой. Соның өзінде Қазақстаннан жиырмасыншы жылдардың аяғында жиырма тоғыз миллион ұлпан тапсырылады екен. Ал қазір күзен қолға түспейтін болды. Мүмкін мылтықтың көбеюі, оның иесі де аңның азаюына себепкер болды-ау деймін.

Қазақ та тонды қастерлей, ат қоя білген. Хандар киер қамқа тон, батырлар киер кіреуке, уәзір мен би жамылған шен тон, құда киер бас тон, олжадан алар ілім тон, ұзатылған қыз әкелер шығыт тон, сонан соң қызыл тон, қара тон, боялмаған ақ тон, қойшы киер қоңыр шалақ тон, тағы тағылар. Осындай алтын жіппен кестеленген, оқа бастырған, зерленген тоннан бастап бір Таубай отауынан он бес тон алынды. Сауып ішіп сүті жоқ, киіліп көркі жоқ, жеп еті жоқ бұл тондардың қызығын тең ғана көрген. Өлі дүние. Бұл да жоғарыда айтылған қоңыздың тірлігі болатын.

Күн түс болды. Ауылға жиналған атты қазақтар тарқамады. Не болатынын білгісі келеді. Жан-жақтағы ауылдардан ас ішіп, аттарын оттатып барып-келіп жүрген жайы бар. Конфиске ішінде мен жүргендіктен сырттай «бай күйеуін» сыбап жүргендер де болса керек. Жалшының көбі аталас ағайын болғандықтан «ағайынның азары болса да, безері жоқ» дегендей, жеме-жемге келгенде аяушылық білдіріп, іштей егіліп жүргендер де жоқ емес.

Ең соңынан сегіз қанат Жаубай үйіне кіріп келгенімізде бір қызық суретке тап болдық. Төрдің алдына төселген, ойып жасалған откиіздің үсті көң шоғы, күл. Ортадағы оттың күлі де шашылған. Бір бала жігіт пен он екі-он үш жасар бір бала алысып, кішісі жылап жүр. Үлкені қолында күлді-көмеш ет, кішіні итеріп тастап асап жатыр. Екеуінің де бет-аузы адам көргісіз, қара күйелеш.

– Әке, анау менің өзіме отқа пісірген боршамды тартып алды, – деп жылап қоя берді кішісі. Сөйтсек Құлқаштың Даубайдан туған он сегіз жасар ұлы Жалбай мен Жаубайдан туған кішісі Шаубай екен. Екеуі жақында соғымға сойылған түйенің боршасын отқа көміп, соған тала-сып жатқан түрі екен. Жаубай бұларға да үндемеді. Бір жауының екі баласы төбелесіп, соған «бірің өліп, бірің қал» деп тұрғандай.

Төрді тез сыпырып үстіне киіз, көрпе салғыздық. Жандосов төрге шығып отырды. Көңді Қойлыбай үлкен етіп қайта қалап, тамызық әкеліп, тез тұтатты. Іргенің бәрін көміп тастаған, екі-үш қабат киізден суық өтетін емес. От маздап жанған соң үйдің ішіне жылу жайыла бастады. «Үйі жылы киіз тұтқан айналасы» деп Абай айтқан үй ғой, бұл. Бай үйі. Бізге ата-бабамыз мұра етіп қалдырған үй – қазақ үйі. Үлкені, жақсысы байдікі, кішісі, жаманы кедейдікі болып келген үй. Біз қазіргі малшыға інім тура сондай үй жасап бере алсақ, мен киіз үйде отырамын

деп олар өкпе айта алмас еді. Жаубай үйінде туырлық уықтың қарынан жоғары тұр. Ал туырлық жеткен жерден жоғары көлденені бір метрдей қызылкөк киізді жиектеп құрастырған тегеріш ұстаған. Оның сыртынан үзік салған да уық тұрған жердің бәрі екі қабат киіз болып шыққан. Кереге ішіне айнала тұскиіз ұсталған. Сонда барлық киіз екі қабат болып шыққан. Түндіктің етегі үзікті басып, онда да киіз екі қабат. Маған Абай тура осы үйді жырлағандай. Ал қазір киізді үнемдеу ме інім, әлде оны білмей ме, туырлық кереге басында қалады да, ол үзікпен зорға ендеседі. Кейде үнемдеудің кесірінен туырлық пен туырлық, үзік пен үзік біріне бірі жетпей, жабық та, жапсар да ашық қалады.

Енді осында кірген соң Жандосов есепті өз қолына алып үн-түнсіз бір қарап өтті. Сәл ойланып отырды. Жандосовтың менің ойымнан шықпайтын түрі бар. Менің ойымша Жаубай дүниесін, малын тутақтай талатқандай едім. Сәлден кейін байды, оның адамдарын далаға шығарып жіберіп, өзі хатшыға тоқтамды айтып жазғызды. Одан сол күні ұққаным мынау болды: Жаубай Жаманбайұлы жесір әйел Сәлиман Мақабай келінінің жеті жүз қойын тартып алған. Ол өзіне қайтарылуға жатады. Сәлиман өзі өліп, артында бала-шағасы қалмағандықтан мал түгелдей мемлекет меншігіне алынады. Ал Жаубай Жаманбайұлы жалшы жұмсап, оларды қанап келген. Олардың бір де бірі ақы алмаған. Барлығы 19 жалшыға үш жүз тоқсан тоғыз қой, он тоғыз ат, он тоғыз құлынды бие берілсін. Тізімі осы актыға тіркеледі. Қалған 1186 қой, 332 жылқы, 89 сиыр, 42 түйе, барлығы он екі бөлме төрт үй, алты киіз үй, мүлік... (бәрі хаттаулы) түгел мемлекет меншігіне алынсын. Нақыш Жаубай келінінің Таубай Жаубайұлының екінші әйелі болып қалғысы келмегендіктен, басына бостандық берілсін. Оған күн көріс үшін бір ат, он бес қой бөлінсін. Жаубай Жаманбайұлы үй-ішімен Оралға жер аударылсын.

Жандосов актыны жазғызып болған соң қысқа-қысқа бұйрық берді. Қойыртпақ бағып жүрген қой айдалып келіп бір қораға кіргізілді де, содан бес жүздей қой қосақталды. Екінші қораға құлынымен алпыстай жылқы қамалды. Көрші ауылдан Тәшен байдың жалшысы Құлболды Кеңесбеков шақырылды. Қойлыбай Қорымбайұлының да осында болуы керек делінді. Екі ат арба әзірленді. Барлығы құзырыңызда делінген соң бәріміз далаға шықтық. Төңіректе жүрген жұрт Жаубайдың сегіз қанат үйі тұрған жерге жиналды. Конфискация жөнінде тоқтамды Федор Неизвигин айта бастады. Жұрт құлаққа ұрған танадай тынды. Шаң түсте күн әжептәуір жылынып қалған-ды. Ешкім не боларын білмегендіктен қуанып тұрғандар да, іренжіп тұрғандар да белгісіз, бәрі жауар бұлттай тұнжыраулы. Федор соңғы сөйлемді дауысын кенеп, анықтай айтып, әрбір сөзді түсінікті жеткізуге тырысты: «Нақыш Жаубай келінінің басына бостандық берілсін!» Қызыл әскерлер арасында тұрған Нақыш жалп етіп құлап түсті. Танертеңнен бері сіресіп тұрған жүйке «бостандық берілсін» дегенді естігенде бойды ұстауға шамасы

келмей кетті. Федор одан кейін «Жеті атасынан бері жұртты қанап келген шынжыр балақ, шұбар төс, ірі бай Жаубай Жаманбайұлының мал-мүлкі жалшыларға үлестірілгенінен қалғаны тегіс мемлекет қорына алынсын, өзі үй-ішімен Оралға жер аударылсын» дегенді оқыды. Бай тұқым, кейбір туысқандары жылап, кедейлер қуанып ыю-қию болып кетті...

Есін жиып ала салып Нақыш Құтпанды іздесе, ол өзін құшақтап тұрғанын көрді. Қуаныштан жүрегі жарыла жаздаған Нақыш бұл жолы ешкімнен де ұялмай: «Құтпан мен енді мәңгі сенімен біргемін» деп мойнына асыла түсті. Оны қарсы құшқан баласын көрген Қойыртпақ:

– Ойбай, құрттың ғой сорлы мені. Таубай өлтіреді ғой мені, – деп қамшысын Құтпанға ала жүгірді. Оны қызыл әскердің бірі итеріп жіберіп, жолатпады.

Жаубайдың көп жыл есігінде жүргендердің бәрі бір ат, бір құлынды бие, жиырма бірден қой алып, сыртқа айдап шығып жатты. Тек аты аталса да бармаған Қойыртпақ болды. Оның есесіне Гүлнаш жиырма бір қойды көгендеп, осы ауылға белгілі көнек бие аталған құлынды Көкбиені жүгендеп, үстіне он жасар баласы Жарасты мінгізіп қойды. Дәмет:

– Сен малыңды алмайсың ба? – дегенде Нақыш:

– Ол не мал? – депті. Сөйтсе байқұс келіншек «басына бостандық» дегеннен соңғыны естімеген екен.

Жаубай, Таубай бала-шағасымен екі арбаға отырғызылды. Құлқаш дауыс салып жылады. Таубайдың әйелі безбүйректеніп, үнсіз еді. Ол неде болса тоқалдан құтылғанына, Таубай өзіне жеке тигеніне риза сияқты көрінді жұртқа. Арбаның екі жағында атты қызыл әскерлер тұрды. Арба сырғып жүріп кетті. Сол арада еркек адамның өгіздей өкіріп, кенкілдеп жылағаны естілді. Сөйтсек тура шана жүріп кеткен жерде Қойыртпақ отыр. Екі көзінен аққан жас теке сақалынан тамып тұр. Жұрттың назары соған ауа бергенде сол жерге Гүлнаш та жетіп еді:

– Өй, жұртта қалып ұлыған... Жетесіз! – деп орнынан тұрғызды да, жақын тұрған қазақ үйдің есігіне жете беріп, итеріп кіргізіп жіберді. Сөйтсе үйге кірген соң Қойыртпақ Гүлнашқа айтады дейді:

– Бай кетті, енді қалай күн көреміз? – «Былай!» деп көк желкеден бір түйіп жібердім, құдай өзі кешірсін! – деп күліпті кейін Гүлнаш.

Арба он-он бес қадам ұзай бергенде біреудің айқайлаған дауысы шықты. Үстінде қырық шокпыт шапаны бар біреу қалбырақтап жүгіріп келеді. Қолында әлдеқандай ешкі терісі бар. Былтырғы мола басындағы бала жігіт. Тани кеттім.

– Таубай аға, кешегі текенің терісі, ех-хе-хе! Ит жеп жатқан жерінен алдым. – Бетін жыржитып, Таубайды жақтырмағанын көрсетті. – Кеше мені теріні сен құрттың деп ұрып едің ғой. Міне текенің терісі, ала кет! Ех-хе-хе! – деп күліп алып, не жылаған, не күлген емес бір қилы

сөйледі. – Төсеніп отыратын бөстек қыласың! Оралда саған кім бөстек дайындап тұр дейсің! Еһ-хе-хе! Жігіт өзі-өзінен кеңкілдеп күлді. Теріні Таубайдың басына лақтырып ұрды. Сонан соң қарға отыра қалып жылады: «Кеше мені әбден сабады, мен не жаздым?..» Әрине мұны екі есті бала айтып отыр. Саулар да осыны қайталар еді. Ал баланың бұл келісі Жаубай мен Таубайға деген халықтың ыза-кегінен шыққан ащы әжуадай еді. Арба жүріп белден асып кетті. Ауыл оңашарғандай, кеңгендей. Барлық кежірлік пен кесірлік, барлық пәлекет сол екі арбада кеткендей көрінді. Арбаның артынан біреу ілесер ме екен деп мен арамдықпен қарап тұрдым, – деді Шұнақ шал, – бірақ тырп еткен ешкім болмады. Өйткені байлар жағы Жаубайдың малын біз өзара бөлісіп алмағанда не қылсын деп ұйлығып қалып еді. Нақ осы бір тыныштықты әдейі бұзайын дегендей қараша лашықтың бірінен кимешегі бар егделеу әйел шыға келді де:

– Қу пәлекет, арман кет! – деп кетіп бара жатқан арба артынан бір уыс топырақ шашып жіберді. Қазақтың пәленің артынан құтылғанда топырақ шашты дейтінін сол күні көрдім.

– Сартайдың шешесі ғой, – деді Дәмет.

– Дұрыс істеді, менің ойымда да бар еді, қуаныштан ұмытып кетіпін, – деді Гүлнаш.

Дегенмен байлар жағы Жаубай малын «не істер екен?» дегенді өзара ойласып, өсекті күбітіп біраз жерге апарып та тастап еді:

– Қойдың жартысын Қойлыбайға беретін болыпты.

– Жоқ бүтін беретін болыпты.

– Жоқ, олай емес. Жартысы Құлболдының үлесіне тисе керек, әдейі шақыртып алыпты. – Жаубаймен оңаша қоштасқысы келсе де, ішін мал тесіп қалып қойған байлардың сөзі еді, бұл. Байлар солай жорамалдап жатқанда шынында да ол малдың ендігі иесі Қойлыбай Қорымбайұлы сияқты кедейлер болып еді.

– Бұл малға сіз мемлекет алдында жауап бересіз, – деді Жандосов Қойлыбайға. – Сізді малдың жайын жақсы біледі деседі, жолдастар. Сіз ферманың бастығы боласыз. Бұл мал енді ортақ, бұл мемлекеттің меншігі, еліміздің меншігі. Сен інішек, Құлболды, осы малдың есебін жүргізесің. Қазір мына Абақ пен Федор сіздерге малшы тауып береді. Сонымен бұл малды өсіріп, көбейте бересіздер. Қойшылар, жылқышылар, тағы басқа жалшылар мына мемлекеттің үйінде тұрады (ол Жаубайдың үйлерін нұсқады). Ол үйлерді де күтіп ұстау керек. Тозған жерін уақтысымен жамау керек. Ол енді сіздердің – мемлекет малын бағушылардың игілігіне жұмсалады. Мемлекет малын баққандарыңыз үшін бәріңіз мемлекеттен жалақы алатын боласыздар. Ал ішіндегі мүлік Алматыда ашылатын Музейге жіберіледі. Алматыдан көлік, адам келеді. Оған дейін бір сабақты жібі жоғалмайтын болсын! Түсінікті ме?

– Түсінікті, түсінікті, – десті Қойлыбай мен Құлболды. Түсінбегенімізді Федор мен Абақтан сұрап алармыз деп ойлады. Шынында түсінгендері шамалы еді.

– Ал онда іске сәт! Жұмысқа кірісіңіздер! – деді Жандосов. Нақ осы жерде ауылда «менікі» деген сөзбен енді бұдан былай қатар жүретін «біздікі» деген сөз туды. Жаубайдың малы енді біздікі – мемлекеттікі болды. «Дегерес» совхозының бір фермасының шаңырағы осылай көтеріліп, түтіні түзу ұша бастады.

* * *

– Тау күні қанша ысыды, түс болды десе де бастан өтпейді, Суықтөбенің бұлт бауырында болғанмен басында жоқ, інім, жаңбыр әзір жаумайды, аздап мызғып ал, қазір күннің ең қызған кезі, – деді Шұнақ шал. Жаубайдың Оралға айдалғаны жаңа, мұның конфискация жасағаны жаңа сияқты. Көңілді отыр. Айтқан әңгімесінен-ақ әжептәуір көтеріліп қалғаны көрініп тұр еді. Қартайғанда бір бала деген осы шығар. Жынды, есі ауысқан деп бұл Шұнақты маған қосқысы келмеп еді, қанша оқиғаны, қанша кісінің атын айтты. Тіпті жалшының балаларына дейін ұмытпаған. Сонда қалай бұл шалды жынды деп көрсетпек. Мүмкін Совет өкіметіне жасынан араласқан адам қолымен құраған ісіне жаны ашитын, оны қорғайтын шығар. Ал ол анау жегіштерге ұнамайтын болар. Мен мұның бәрін етпеттеп жатып ойладым. Әйтпесе бетімнен Шұнақ шал бәрін оқып қоюы мүмкін. Ал сонда конфискацияланған адам қалай қазір ферма меңгерушілігіне өтіп кеткен. Әлде бұл да қу соғыстың салдары ма екен?

Соғыс талай бітеу жара болып жүргендердің бет пердесін ашып берді ғой. Бұрын үндемей іштен тынып жүретін кейбіреулердің ашық сөйлеуіне мүмкіндік жасады. Әрине олар енді Совет өкіметіне ештеме жасай алмайтынын, қолдарының қысқалығын өздері де біліп жүрді. Дегенмен фашистер жеңіп кетсе қалай болар екен дейтіндей сыңай көрсетті. Соларды ойлап жатып мызғып кетіпін.

Басымды жұлып алсам маған тесіліп қарап Шұнақ шал малдас құрып отыр. Шәугімде шай қайнап тұр. Астында тезектің шоғы. Дастарқан жаюлы. Осында бір кісі жеуге керекті тамақтың бәрі де әзір. Бір кеседі сары май, кішкентай шөңкеде шайға қататын сүт, бір дүңгіршекте бал, оны айнала шауып ызылдап бір-екі ара жүр. Құрт, ірімшік, ежігей – бәрі түгел. Бауырсақты төгіп қойыпты.

– Інім, – деді Шұнақ шал мен басымды көтерісімен, – менің көңілім қатты көтеріңкі. Он жеті жыл шемен қылған осы әңгімені саған айтып ішімді ортайттым. Менің де әңгімемді тыңдайтын бұл дүниеде адам барына қатты қуандым. Маған осының өзі жақсылықтың нышанындай елестейді. Ал енді әңгімені бастамас бұрын шайға әбден қанып алалық. – Ол шайды құйып менің алдыма қойып жатып, қайта сөйледі. – Сен іні-

шек Жандосовты жақсы білесің, тіпті менен артық білетін сияқтысың. Қалай? – Мен үндемедім. – Мейілің үндемесең еркінде. Бірақ сенде де бір сыр бар. Жас басыңнан қалай аузыңды бағып үйренгенсің. Журналист чекіст емес. Ол сөйлескенмен сөйлесуге тиіс. Чекістер аз сөйлеп, көп тыңдайды. Олардың қызметінің өзі сондай. – Мен шалдың бетіне қарамай жемі мол шайға әбден қанып іштім. Елсізде, ашық аспан астында ішкен шайдың дәмі көпке дейін аузымнан кетпей жүрді. Шынымен Шұнақ шал көңілді. Ішіліп болған шай дастарханын жинап, апарып тасқа тығып келді де, екі-үш құртты тостағанға салып қойды. Тураған еттің ұсақ-ұнтағын апарып құмырсқа илеуіне төкті. Бір қарыстай шұжықты алып, кеспей қағазға ораулы күйінде жаюлы қап үстінде қалдырды. Сонан соң екі тостағанға қымызды толтырып құйды да, әңгіме айтатынын білдіргендей тамағын кенеді. Мен құлақ түре бердім.

– Жаубай төңірегіндегі малшының көбі де, барлық қазаққа тән, өз ағайындары болатын, – деп бастады Шұнақ сөзін. – «У жесен руынмен» деп жүргендердің бір парасы конфискеден кейін көктемде қарс айрылған мұздай жігі ашылып, баймен бірікпес болып бөлініп алды. Бірсыпырасын байдан бездірген байлардың өз сөздері болды: мал байға бітеді, су сайға бітеді. Кедейден туған малбақпасқа не бітеді? Әлі-ақ алған ала байталы кедейдің қырық қаңтаруына шыдамай қырын кетеді, ақтылы қой, алалы жылқы болатын қай ата-бабасынан ырыс орнаған, құт қонған немелер еді, олар, десті байлар. Кедейдің ішінде де Қойыртпақ сияқты керікеткендері бай кетті, баттасып жабысқан бақ, ырыс солардың өзімен бірге кетті. Құл болуға жаралған, байдың байқұсы болуға жаралған бізге енді «байқұсым-ай» деп кім аяныш білдірмек десті. Ондайлар бірлі-жарымды еді, бірақ бар еді. Ал енді қазына малын бағып, жер сүмесін еме бастаған, отырықшылыққа, оңаша бұзаудан ортақ өгізге үйрене бастаған, мойын серік болса да, әлі тақияға өлшеп тары сепсе де, оның игілігін көре бастаған кедейлер мүлдем басқа ойда болды. Алғаш ұйымдасқан совхоздарды, ондағы адамдардың атқарған еңбегінің нәтижесін ай сайын бажайлап, «ақшаны уыстап алып» отырғандарын көргендер мемлекеттік шаруашылықтың бір пұшпағынан ұстауға құмар-ақ еді. Қалағандары шетінен орналасып та жатты. Бірақ шаруаның көбі айранын ұрттап, қойын құрттап дегендей өз қотырын әлі де өзі қасуда болатын. Ішпей-жемей жинап, он саулығын жиырма, бірін екі етіп көтеріле бастағандары да баршылық еді.

Мына аяғыңның астына қара, шырағым. Мынау үлкен селонны Қарақыстақ дейді. Отыз үшінші жылдың көктеміне дейін бұл осы ауданның орталығы болатын. Бұл Ұзынағашқа қарағанда аудан орталығы болуға әбден лайықты, ауасы да өзгеше жақсы жер еді. Жері де тастақтау, көп өзіліп балшық болмайды. Ал Ұзынағаш та жаман жер емес. Ол көкпеңбек саз еді. Кез-келген жері шылқылдап, түртіп қалсаң

су шығатын. Біз жерді құрғатып егін салуға құмармыз, шырағым. Ал құрғатамыз деп кейде қуартатынымызды сезбейміз. Он гектар егін салу үшін он мың қой жайылатын жерді бүлдіреміз. Алматы төңірегі, Қаскелеңнің асты, Ұзынағаштың тұрған жерлері қандай әдемі саз еді. Жаздай мың бие байлап тастасаң мыңқ етпес, шаңы шықпас жер еді. Мын бие дегеннен еске түседі.

Бір кезде, қай заманда екенін кім білсін, Жетісуды Әшеке деген хан билеген екен. Бұл Бекболат батырдың әкесі емес. Оның қыстауының қайда болғанын ешкім айта алмайды. Ал осы Ұзынағаш ханның көктеуі екен. Әшеке ауылы мамыр, маусым айларында осында көшіп келіп, жүз-жүзден он жерге мың бие байлатады екен деседі. Сол мың биенің қымызын ішкен мас, жеген тоқ болып ертеден кешке сәугім салған жұрт тамашалап жатады екен. Сонда емізіктеп тұрған үш жүз саба ортаймаса керек-ті. Содан да болар «Қымыз Әшеке ханның ауылындағыдай мол» деген тіркес пайда болған. Сол мың бие мал тауға біткенше екі ай байланғанда осы Ұзынағаш сазы шетінен шиендеп, көкпеңбек болып өң бермейді екен. Ал Әшеке хан ауылы мың бие байлап, күніне мың адам қымыз ішіп тұрды ма, әлде әншейін дақпыртпа, бірақ Ұзынағаштың тұрткен жерінен су бұрқ ететінін өзіміз көрдік. Ол бүгінге дейін де солай еді. Енді терен арықтар қазылды да, саз да құрыды, су да жердің астына түсіп жоқ болды.

Ұзынағаш жері құнарлы қара топырақ. Әсіресе картоп салуға таптырмайтын-ақ жер болатын. Мұнда көктемде қара балшық тура қызыласықтан келеді. Ал оған қарағанда Қарақыстақ орталық болуға лайықты-ақ еді. Осы Қарақыстақта аудан орталығы тұрғанда мен аудандық атқару комитетінің төрағасы болдым. Ол кезде төраға дейтін кез, Қастек ауданы аталады. Жиырма сегізінші жылы осы ауданды Бозжанов ұйымдастырды. Ұйымдастыру бюросының председателі бола жүріп жұртшылықтың пікірін біліп, ішіне кіре әңгімелесетін кісі еді. Ол кәдімгі осыдан үш-төрт жыл бұрын Алматы облыстық партия комитетінің бірінші секретары болып тұрып самолет пропеллері қағып қаза тапқан Бозжанов. Аппақ сазандай, көрікті жігіт еді. Республиканың кадрларын, елдің жайын, ру айырмашылығын жақсы айыратын, көргені көп, түйгені мол кісі болатын. Біз сол Бозжанов осы ауданда-ақ қалса екен дедік. Өйткені ол кездегі жағдайға қарағанда жергілікті адамдардан ешкімді аупарком секретары етіп қоймайтынын білетінбіз. Ақыры Әбдірахман Күзелбаев аупарком хатшысы болды. Бұл соншалықты іскер адам емес-ті. Бірақ мыңтөкім, жуғарақпандағы сөзге елп етіп еліге қоймайтын, зиянсыз кісі еді. Бірақ белгілі бір ауруы болатын. Сол кезде Оралдан қуылып келген байлардың балалары үйінен бірі шығып, бірі кіріп сапырылысып жататын. Мәселені жап-жақсы шешіп, артынан солардың бірі «мынаны былай істе» десе, соған ойланып қала беретін. Бір жылдай бізде қызмет істеген кезінде

бір нәрсенің көзін тауып жібермегенмен, жалпы елге, қоғамға зиянын тигізген жоқ. Көбіне аудандағы ұйымдасқан он алты ауылды аралаумен ғана жүретін. Сауаты да бізден артық емес еді. Сол кездегі екінші хатшы Байқанов жұртты сыпыра орнынан алғысы келіп, оның орнына адамды өзі күні бұрын әзірлеп жүретін. Бірақ оған Күзелбаев:

– Шырақ, қайда отырғаныңды білсеңші! – деп күліп қоятын. Бір қызығы оның «қояйық» дейтін адамдарының бәрі менің Күзелбаевтың үйінде кездестіретін адамдарым болатын.

Жазда біздің кеңселеріміз киіз үйде болушы еді. Ол тіпті де тамның болмауынан емес болатын. Өйткені Жетісудың көбіне жұмсақ келетін қысында киіз үйде отырып үйренген адамдар тамға қақаған қыс болмаса шыдай бермейді. Тұншығып кеткендей болып отырады. Ол өзіміздің басымыздан да өткен. Он жетінші жылдың басында алғаш Алматыға қашып барғанымызда Серғазы үйіне Ұлтарак екеуміз де тұншығып отыра алмағанбыз. Сол кезде міне, осы Қарақыстақтың төріне – Сарышыбырға үйді тіккізіп, туырлықты түргізіп, кереге көгінен, бір жағы қазір екеуміз отырғандай даланы көздеп, екінші жағынан Алатауға қарап қойып жататынбыз. Алматы үстінде Найзақара қандай сұлу тұрса, мынау тұрған Ханай биігі Қарақыстақтан аспанға ағылар жегедей сондай әдемі көрінеді. Осы биіктің асты – Сарышыбыр делінеді. Ол таудың қапталы қаптаған қазақ үй болатын. Олардың көбі-ақ колхозға кіруге тілек білдіргендер. Тау бауырындағы кедейлерді, кедей шаруаларды колхозға тарту онша қиын болмады. Әсіресе бұрынғы жатақ аталатын Ақсеңгір, Қарақыстақ, Прудки, Сергеевка сияқты жерлерді мекендегендер колхозға кіруге қашанда бейіл болды. Ең қиыны інім, сонау көрінген қалың адыр ішіндегі үш бұдырды, сонау көз ұшындағы кара бұдырды көріп отырмысың, соның шығыс жақтағысын Үшшоқы дейді, батыстағысын Алмалы-Долаңқара атайды. Үшшоқыдан әрі Терістікке – Итжонға қарай Күрті елі жатады. Олардың жерін Ащысу, Серектас, Жалпақтас, Өтеген, Қазыбек, Жолбарысты дейді. Мұның бәрі Күрті елінің қыстаулары. Жайлауы Алатау үсті – Үлкенсаз, Кішісаз, Құлансаз, Ботасаз. Ал Алмалы-Долаңқарадан Аңырақай тауына дейін Ботпайлар жатады. Бұл екі болыс елдің екеуі де малды келетін. Сол мал жағдайымен жайыла қоныстанған. Ақсеңгірді жайлап, қыстап жататын Ботпайларды колхозға ұйымдастыру қаншалықты оңай болса, төменгі ауқатты шаруаларын қозғау, қоныстандыру сонша қиын болды.

Інім, сен бұл Шұнақ шал қайта-қайта айналып руға соғады деме. Өйткені жұрт әбден отырықшылыққа айналып, әр колхозға қоныстандыру жүргізілгенге дейінгі жағдай бұған соқпай өтпеді. Сонау Күрті болысында мың екі жүз түтін болатын. Олардың бәрі Шапырашты тайпасының Ыстық баласы Желді деген кісіден егіз туған Асыл, Шыбыл деген екі рулы ел еді. Олардың арасында тіпті сол жылдары ең ақыр аяғы кірме болып жүрген басқа рудың бір адамы жоқ-ты. Сонда мұндай қиын жағдайда Советтендіруді қалай жүргізу керек? Әрине

солардың арасынан шыққан пысық кедей жігіттерді, ең болмаса бай тұқымның көз тұрткі болған тоқалдан туған балаларын пайдалану қажет болды. Біз солай істедік те. Ондай адамдарды тауып алдық та.

Жасыратын несі бар інім, колхоз ұйымдастырды деген аты болмаса алғашқы екі жыл әшейін тайға бас білгізу, әлде ойын жол сияқты бірдеме болды. Мысалы жиырма сегізінші жылдың күзіне бір үлкен топ өткіздік. Қазақ арасына жиналыс деген сөз сіңе қоймаған, көбіне топ болады дейтінбіз. Сол топта Күрті болысының азаматтары колхоз болуға тоқтам жасады. Олар екіге бөлініп жазылды. Сенің ойыңша Асыл бір колхоз, Шыбыл бір колхоз болған ғой деп ойлап отырған шығарсың. Тіпті де олай болмады. Облыстан келген нұсқау бойынша мың екі жүз түтін бір жерге сыймайды. Сондықтан бұл елді жоғары, тау бауырына жақын жерге – екі жерге бөліп колхоздастыру керек, кейін қоныстандыру жүргізілгенде де жеңіл болады деген еді. Сондықтан Қастек ауданынан бір қоныс, Іле ауданынан екінші қоныс аталды. Елдің жартысы Қастек ауданындағы өздеріне бөлінген Сарышыбырға бармай Қарасаз деген жерге қоныстанбақ болды да, енді бірсыпырасы Іле ауданына Құмтоғанда ұйымдастырылатын колхозға жазылды.

Інім, елді ата қонысынан қозғаудың өзі тым ауыр нәрсе ғой. Ешкім ешқашанда туған жерді жоққа шығарып көрген жоқ. Мысалы «жер аударылды» дейтін сөз тым қатал естіледі, құлаққа түрпідей тиеді. Ал шынын ойлап қарасаң екінші бір қыр Сібірге барғанда да істейтінің осы еңбек. Еңбек етпесең туған ауылыңда да жексұрын боласың. Еңбек еткен соң қайда да сорлы болмасыңа мен кепіл. Сонда оның қай жері жаза? Байқасаң жаза сол туған жерінді, кіндігінің қаны тамған жерінді, балалығыңды өткізген ортаны тастап кету ғана екен. Жалпы туған жер дегеннің өзі кең ұғым ғой деп ойлаймын. Сені басқа шет мемлекеттің біріне апарып тастаса, сен СССР шекарасынан өтіп өлуге бейіл боласың. Ал өз ауылыңды, кір жуып, кіндік кескен жерінде жүрсең, арасы долы әйелдің несебі жететін, жерде тұрған, бес-алты шақырым жердегі екінші ауылға барып тұрудың өзін шекара өтіп, шет кеткеннен кем көрмейсің. Сонау Үшшоқы осы тау бауырынан алпыс-жетпіс километр ғана. Содан мына сулы, шұрайлы жерге жоғары орналастыру үшін соларды көшіру ит айдағаннан кем болған жоқ.

Мысалы сол күртіліктерді осы мына Қарақыстақ үстіне Сарышыбыр бауырына орналастыру жөнінде сөз болғанда ел сонау судың аяғындағы Қарасазды қалап отырып алды. Ондағы ойлары төменірек қоныстанып, ең болмаса Үшшоқының төбесін көріп отыру еді. Ал енді сол болысқа қарайтын адамның көбі-ақ үгітке көніп, жағдайды түсініп, Іле, кейін Қаскелең ауданына қараған колхоздарға бірікті. «Путь Ильича», «Он жылдық», Менжинский атындағы колхоздар сол Асыл-Шыбылдан құралған болатын. Айтайын дегенім, тіпті соларды сол өздерінің үйренген ата мекенінен көшіргеніміздің дұрыс болмағанын мен енді-енді түсінгендеймін. Мысалы малды колхоз-совхоздар үшін

сол адырлы дала таптырмайтын жер еді. Мүмкін саясат үшін, сол кездегі жағдайға қарап олардың сол аймақтан көшірілгені дұрыс шығар. Егер оларды сол бір коллективтендіру заманында көшірмей-ақ, мал өсіретін колхоз, совхоз етіп ұйымдастырсақ халық жерінен, қора-қосысынан көп ажырамай, шұбырындыға ұрынбас па еді деп ойлаймын. Мен бұл пікірім қатесіз деп есептемеймін, інім, дегенмен кун асқан сайын сол пікірімнің дұрыстығына көз жеткізген деймін.

Неге? Негесі сол, біз кеше ғана сусыз, шөл деген сол адырлы Ащысу, Серектас, Жалпақтас, Үшшоқы, Қарашоқыға арада алты-жеті жыл өткенде-ақ қайта оралуға мәжбүр болдық. Өйткені жұрт қоғамдық талқыға, колхозға бастығып, қайта мал өсе бастағанда жұрт жиі қоныстанған аймаққа оны сапырылыстырып, сыйғызып отыру қиын болды. Оның үстіне бұрынғы қазақтардың малдың жайын бізден жақсы білгені, малсақтығы тіпті де жасырын емес. Солардікі дұрыс болып, малды енді солай, адырға, құмға қыстататын болдық. Ал қазір інім, сулы жерлерді сүт, овощ-бақша өсіретін бірыңғай шаруашылыққа айналдырғанда, малды совхоздарды өзіміз менсінбей кеткен жерлерден қайта аша бастадық. Ал енді жұртты солай қарай барғызып көр. Ол оңайға түспейді.

Сонымен інім, менің айтайын дегенім әлгі колхоз ұйымдастыру еді ғой. Алғашқы екі-үш жыл былай өтті. Жаз болса елді жиып бір өзеннің жағасына көшіріп келеміз. Азын-аулақ егін салған боламыз. Оны да ит қорлықпен өткіземіз. Әрине нақ осы 16-ауылда күш көлік көп болды. Өйткені осы ауылға бірікпек болған бес жүз үйдің үш мыңдай жылқысы бар, әлі малды орталыққа ұйымдастырмағандықтан белсенділер аттарды сұрап әкеліп, сақаға саламыз. Күзге қарай жұрт қыстайтын жер іздеп быт-шыт болып кетеді. Алғашқы екі жылда інім, жұрт алыс та болса өз қыстауларына барып қыстап, малын қыстан аман шығарды. Келесі жылғы көктемде Күрті елінің қалғанын жоғары қарай қайта көшірді. Мен ауданнан осы 16-ауылдың жұмысына жауапты болып бөліндім. Қалғанын дейтінім – үш жүз үйдің азаматы малын ұйымдастырмай тұрып салынып жатқан Түркістан-Сибирь темір жолын салуға жұмысқа шартпен кетті. Олардың азды-көпті малы қолында қалды. Оның үстіне мемлекеттен алатын жалақысы бар. Ашаршылықтан аман қалғандар кейін солар болды.

Жоғарыдан келген нұсқаулар да әртүрлі. Бірін бірі жоққа шығарып жатады. Бүгін біреуін жүзеге асырайын деп жатсаң ертең басқасы келеді. Кейде біз сияқты Совет өкіметінің азды-көпті жолын түсініп қалған адам өз басымен істейді де, ал қағаздың қарасын танитындар кешегі нұсқауды бүгінгісі бұзған соң, ертең басқасы келеді ғой дейді де, жұмысты мүлдем қояды. Сол түсінбестіктің салдары ғой, шырағым, елді, малды бәрін жүдеткен. Мысалы біз сол жылы июнь айында малды ұйымдастырдық. Бір Күрті болысындағы он алтыншы ауылға ұйымдасқан бес жүз үйден мың екі жүз түйе, жиырма бес

мыңнан аса қой, мың жарым жылқы, үш жүз қаралы ғана сиыр алынды.

Ол кезде бір ғана осы Күрті елі емес, бүкіл қазақ даласында сиыр өте аз болатын. Сиырды о баста қазақ өзінің экономикасына, жеріне лайықсыз болған соң малданбаған. Оның көп себебі болған ғой деймін, інім. Сиырдың бойындағы берері еті мен сүті деп қаралық. Оның етінен сапалы етті қазақ көбіне қойдан алады. Сиыр еті менімше қай халықта болса да қой етімен теңесе алмайды. Сиыр еті қайдағы бір жағымсыз нәрселерге толы деп есептеледі. Сондықтан қазақ сиыр етін басқа малдың етінен гөрі ұзақ қайнатады. Оның үстіне қазақ қонақжай халық, сиырды қонағына соя алмайсың. Алып ұрып бауыздап тастайтын қойға не жетсін. Қой еті, әсіресе, жас сорпасы бар ауруға ем делінсе, сиыр еті, сорпасы тамақ және күшсіз тамақ делінген. Қазақ сүзек ауырған адамға қайнатқан қара судан кейін, салма көже (қатықсыз кеспе, тұзы да татымайды) істеп береді. Ал ет атаулыдан алдымен сол сиырдың етінен, сорпасынан бастайды. Демек қазақ үшін сиыр еті – аурудың асы. Ал сүті ше? Көл-көсір емес пе? Сүті көп, сұйық болғандықтан жұғымы жоқ, «сиыр сүтіндей көкпенбек», «сиырдың айранындай іртік-іртік», «сиыр айранындай сарысуланып тұр» – міне, осының бәрі сиыр сүтін сұйық деп жақтырмағандықтан айтылған сөздер. Бір жәннен кесесін ішсе ұйқататын қой қатығына, әрине, ол жете алмақ емес. Қойдың сүтін ішкен кісі сиыр сүтін менсінбейтіндігі заңды деп ойлаймын.

Інім, сен журналист екенсің. Мен шаруашылықпен көзім шыққан адаммын. Ет жөнінде байқаған бір ойымды білдіре кетейін деп едім. Ірі қара – сиыр қазір екі бағытта өсіріледі. Мысалы бір ыңғай сиырды ет үшін өсіретін немесе сүт үшін өсіретін совхоздар бар. Бұл өте дұрыс табылған шешім деп ойлаймын. Ал қойға келгенде бұл жағдай жүзеге аспай отыр. Қойдың біз етінен гөрі жүнін көбірек ойлап кеттік. Қазір меніңше Қазақстанның барлық бұрышында жүнді қой өсірілуде. Қылшық жүнді, етті қой өте санаулы совхоздарда қалды. Інім қойды да ет үшін өсіретін уақыт болды ғой деп ойлаймын. Бұрынғы қазақы тұқымды керсен құйрық керқызыл қойдың біреуі жүз қырық килограмм тартқанын мен өзім көрген едім. Ал қазіргі жүні үшін өсірілетін қой оның жанында қоян емес пе? Қазақы қойдың еті – майының күштілігін мынадан-ақ көруге болушы еді. Мысалы еріткен құйрық майы жөбішенді суыққа қата бермейді. Сондықтан етке арнап қой өсіретін уақыт жеткен сияқты. Мына биязы жүнді қойдың терісі де тым жұқа, өнеркәсіптік өңдеуге қолайсыз. Ал етті қойдың жүні нашар болғанмен тон жасауға, былғары илеуге оны қолайлы ғой деп есептеймін. Ал сиыр? Сиыр табиғатында жалаңаш мал, жүні жоқ. Оның көктемде түсетін тобары балалардың тарап-тарап, сілемейлеп домалақтап алатын добына ғана жарамаса, басқа ештемеге іске аспайды. Жалпы зеңгібаба түкке жарамаған мал ғой. Ал сүтін сусын ету

керек десе, ол бие сүтімен – қымызбен таласа ала ма? Құрт, ірімшік, сүзбе, іркіт бәрі де майлылығына байланысты тағамдар. Сондықтан ол да қой сүтінен ғана алынған.

Бәлкім ойында түйе сүті де отырған шығар, інім. Жетісу елі түйені көп саумайтын ел. Ол мұнда шұбат, қымыран ашыту үшін сауылмайды, көбіне шайға қату үшін сауылады. Ал қой сүті мол жерде ол да жоқталмайды. Міне інім, осының бәрін есептей келгенде қазаққа сиыр оншалық тиімді мал делінбеген. Оның ең өсірілмейтін негізгі себебі жұт болса, ең алдымен ұрынатын, суыққа шыдамсыз, жерден аузымен алып жейтін шөбінің түрі де, саны да аз түлік. Алпыс бес түрлі ғана шөп жейді екен. Осыларды ойлап қазақ оған жолай қоймаған. Көлік ретінде де ол керексіз, өйткені одан жүрдек жылқы, түйе тұрғанда ол аяқ артар болар ма? Әңгімені жүйесіз айтатын мені інім, ғафу ет. Айтайын дегенім орталыққа түскен сонша малдың тез құруы еді.

Қопада жаңа ұйымдасып жатқан он алтыншы ауылға барғаным есімде. Кеш алдында атпен келе жатсам он шақты адам түйе сойып жатыр. Мал тегіс ұйымдастырылғандықтан бұлай мал сойыла қоймауға тиіс еді. Одан өте берсем, тағы он шақты жігіт тағы бір түйені шөгеріп қойып бұзып жатыр. Інім білуші ме едің, түйені тамағынан, сонан соң өндірішегінен – екі жерінен бауыздаған соң шөгеріп қойып етін бұзады ғой. Оның арғы жағында тағы біреулер түйе бауыздап жатыр. Адам арам ойға жүйрік қой, шырағым. Бұл ауыл ел болып көтеріліп, колхоз малын шетінен талап жатыр екен деген қорытындыға келдім. Бірақ солай дейін десем не маған ешкім тиіспейді, не ешкім ығыспайды. Күн батарда жайраған үш түйе қуырдақтың үлкенін міне мына бізді сойғанда көр дегендей, кез-келген жер ет, ақтарылған аппақ май, «ақ шелегі түсіпті», аршылып жатқан ішек-қарын. Баяғыда бір бай өліп артында жалғыз баласы қалған екен. Баласы әкесінің асына тоғыз түйе сойып жайратып тастап, жер-көкті ет қылып тұрса, шешесі пұшық кемпір екен, сол оны азырқанып: «Сұрап алған қу Егіммай, мар сойғаның осы ма-ай!», яғни Егінбай, бар сойғаның осы ма-ай! деген екен. Сол сияқты бір байдың Егінбайы әкесіне ас берейін деп жатқандай.

– Бұларың не, жігіттер? – деймін мен.

– Сой деді, сойып жатырмыз. Күніне осындай үш тайлақ соямыз. Тайлақ сойып жатқан адамдардың бәрі кедейлер екені көрініп тұр, үндемей жүріп кеттім. Колхоз бастығы Сейсенбай Дәлібаев сол ауылдың өзінен шыққан, кедей жігіт еді. Кедейлігі сонша жалаңаш етіне шекпен киіп жүретін ұсқыныздау біз қатарлы жігіт еді. Сабырқұл деген көзі қыли қырғыз әйелі болатын. Әлгіден сұрасам:

– Өздерің айтасындар да, өздерің сұрайсындар, – дейді.

– Батыр-ау, мен қашан саған түйе сой деп едім.

– Байханов күніне үш түйе сойындар, бір тайлақтың етін маған жіберіп тұрындар деп жанымды шығарып жатқан жоқ па? – дейді. Не дерімді білмедім інім. Байханов бірінші секретарь бола қалған.

– Қос ат жеккен арбамен күнде кешке қарай бір тайлақтың етін өздеріңе жіберіп жатқан жоқпын ба? Екеуін елге таратып беремін. – Өзіңнен зор шықса, екі көзің сонда шығады деген ғой. Байханов деген соң үндемей қала тұрдым. Дегенмен ішімнен қайнап барамын. Егер күніне үш түйеден сояр болсақ, сонда бұл ауылдағы мал қаншаға жетпек? Бұл не деген нұсқау. Күнде бір тайлақтың етін бұл Байханов қайда жіберіп жатыр екен. Ақтүйенің қарыны күнде ақтарылып жатыр. Егер осылай бола берсе біздің де жайрайтын, ақшелегіміз түсетін күніміз жақын болар. Сол күні алыс та болса Қопадан ат сабылтып Қарақыстаққа бір-ақ тарттым. Түннің бір шамасында келсем де ұйқтай алмадым. Көзім ілініп кетсе жігіттер жабылып түйе сойып жатады. Үш тайлақтан басқа да заңсыздық жетерлік еді.

Түзелбаев кеткен соң атқа түзеліп отырған Байханов ойды орып, қырды қырып жүріп берді. Түзелбаевқа арқа сүйеп жүргендердің көбі-ақ аз-ақ күнде алдыңғы ағасын ұмытып, жарлықар, жар болар құдай болса, берерін Байханов арқылы берсін десті. Кеше жүні жығылып жүргендердің бірсыпырасы желке жүнін күдірейтіп, жонданып, жуа-астап жуандап шығып жүрді. Сөйтсек жер аударылып келген бай балаларының кейбірі өздерінің кім екенін Түзелбаев жақсы білгендіктен көп бай көрсете бермейді екен, ал ол болса олардың да күн көруі керек дейді екен де, адал еңбек етерлеріне дұрыс қабақ көрсетіп, бірақ жеме жемге келгенде совет өкіметінің мүддесін олардың, яғни бай балаларының мүддесінен жоғары қойып, жерлестік, білістікке бой алдырмайды екен. Қазақ жолымен Түзелбаев үйінен шай ішіп жүретіндердің біразы, қызмет сұрап қыңк ете алмайды екен. Ондайларды біз байқайтынбыз, бірақ Түзелбаевтің өзі де оларға ырық бермейтін болғандықтан қыңыр келгендеріне болмаса қиғай кетпейтінбіз. Бірақ күн туып, совет өкіметінің басына ташалаң түсетін болса, қия бір соғып ас етіп, тамағына қылтанымыз қадалар демей жұтқысы келетін кеу тамақ, шынжыр балақ, шұбар төстердің сынайын да байқап жүретінбіз. Нақ сондайлар ашық бас көтеріп, Байхановқа арқа сүйеген кезде Байханов бірезу болған жылқыша қиғай тартты.

Ауданның қай жеріне барсам да Байханов берді деген нұсқаудан со-райып бірдеме шығып тұратын еді. Соның бәрін таң атқанша ойландым. Кейде адам біреуді жек көріп қалса, қайтіп оның жақсылығын көруі қиын болады. Мен де Байханов туралы сөйтіп жүрмейін деп өз ойымды, ол берген нұсқауларды, колхоз құрудағы кетіп жатқан қателерді қайта електен өткіздім. Бағаны дұрыс берген сияқтымын. Дегенмен де жауапты істе ағаттық жібергім келмеді, айтатын адамдың кім екенін білдім. Оны қолдайтын адамдардың да жеткілікті екенін ескердім. Інім, саған осы жерде әлгі тайлақ сойылмастан бұрынғы оқиғаларды әңгімелеп берейін. Мен сонау Шолақ Қарғалыдағы бірінші ауылда өкіл едім. Олардың жері он алтыншы ауылмен шектесетін. Бір күні бірінші ауылдықтар маған әжептәуір реніш айтады. «Қызылсырап өлетін

болдық, мына Қарасаздағылар жырғап жатыр. Күніне он шақты жылқы сояды» деседі. Айтқандар мұны жасырып жаппайды, барлығы жамырай сөйлейді. Көпке топырақ шашармысың. Не дерімді де білмедім. Дегенмен бұл сөздің ұшығына шығуды ойлады. Сөйтіп отырғанда бір бума қара-ала қапты бір жігіт ат үстінен салқ еткізіп тастай салды. Қаптын сыртына қан шығып тұрғанына қарағанда ет екенін айыру қиын емес еді.

– Бұл сұмдық қой, таң атпай жатып екі жылқы өлтіріпті, – дейді ет әкелген жігіт, өзі қап-қара болып түтігіп кеткен. Мен үнсіз орнымнан тұрдым. Екі иығымнан екі пұт гір бастырып қойғандай зорға қимылдаймын. Жаңа ғана осында келгенде шып-ширақ, оңқай асықтай, ебдейлі едім. Енді міне өз денем өзіме ауыр соғып тұр. «Аузымызға қызыл тимегелі көп болды» деген жаңағы кедей топ та бұл жолы бірі дыбыс шығармады. Күн сәске болмай жатып екі жылқы өлтірсе, жаздың ұзақ күні батқанша не болмақ? Деген ой бәрін де жегідей жеп тұрса керек. Маған кекетіп, не қалжындап, не тіпті шынымен «ет жей кетіңіз» деп ешкім айта алмады. Көзі малмен шыққан қарақ баласы шын мәредеп, бұлдіріп жатқандарды көріп іштерінен бәрі де кіжініп тұрғандай еді. Інім, қазақ ет жейді, көп жейді, бірақ малым бар екен деп оны бауыздай бермейді. Таң атпай екі жылқыны өлтіру малды, жылқыны ерекше құрметтейтін елдің баласының еңсесін түсіріп-ақ кеткендей. Адымым қысқарып қалғандай мимырттап Тарланкөкке зорға жеттім. Атқа қонуым да қиын болды. Атқа мінген соң, екі ауылдың қосының арасында бір бел ғана жатқан, тез жеттім. Белге шыға келгенде-ақ арғы жағындағы жай тегіс көз алдыма келді.

Беткейде екі-үш жерде екі керегенің басын түйістіріп ит арқа жасаған қос тұр. Оның бірінің алдында жерошақта үлкен тай қазан асулы. Жерошақ желкесінен будақтап түтін шығып жатыр. Ит шайнағандай қырқаның жыртылмаған жері қалмағанға ұқсайды. Қап-қара. Қостан тай шаптырым жерде көп жылқы иірулі тұр. Маған бірінші ауылдықтардың айтуынша бұл жылқы кешке дейін осылай қос басында болады, жайылтпай иіріп отырады. Рас-ақ сияқты. Құрығын шошандатқан екі атты қалың жылқының шашау шыққанын құрық астына алып, үйірге қуып тығады. Шеттегі жылқылардың аузына ілінген раңды қоймай шөпшендеп жерге жабысқаны байқалады. Аспанда шырылдаған бозторғай үні мен жерді жаңа басқан көктің әдемі естілісі мен көрінісін мына еркіндікті уысына жинап алған екі жылқышы тежеп тұрғанға ұқсайды. Төңірегі қап-қара айдаудың ортасындағы жыртылмаған жер көктемгі жаңбырдан қалған көлтабандай бөлекше көрінеді. Онда қос аттан жеккен он шақты соқа. Бір-екеуі ат айырбастап жатыр. Соқадан босаған бір ат айдаудың шетіне шықпай-ақ қисая кетті. Оған қостан екі кісі жүгіре жөнелді. Біреуінің қолында арқан, біреуінің қолында пышақ. Қос ат жегіп, біріне мініп тырма тартып жүрген он шақты бала айдауда желіп жүр. Маған бәрі де айқын болды.

Жаңағы екеу бара-ақ соқадан шыққан атты мен жеткенше бауыздап үлгерді. Артымнан тасыр естілгенге қарасам он шақты атқа жайдақ мініп, аяқтары саландап бірінші ауылдықтар шауып келеді. Бұларға жол болсын деп танданып қалдым. Өздері дуылдап сөйлеп келеді:

– Өне тағы біреуін жайратып жатыр, – дейді айқайлап біреуі. Ендігі бір дауыс мал сойып жатқан екеудің бірінен естілді.

– Шықты анау, сүтке тойған күшік, қу құлқынын тығындап болса керек, – деді қосқа қарап. Жалт қарасам қостан жұқа пальтосын желбегей жамылып Байханов шығып келеді.

– Арғы жағына ел қонған, жебір неменің, – дейді екіншісі және бұлар сөзін естісе ести берсін дегендей қатты-қатты айтады. Менен тер бұрк ете түсті. Жанына жеткен маған бажайлап әбден қарап алған мұрты дүрдиген қалың, көзінің қарасынан аласы көп жасы жиырма бестер шамасындағы қара жігіт дүрсе қоя берді және мәймөңкелеп жатпай қатал келді. Қареке Мұратов деген жігіт екен, кейін білдім.

– Ей, өкіл, сендердің мақсаттарың мал қыру көрінеді ғой, соқаға салып жанын қинамай-ақ малды неге сойғыза бермейсіңдер. Осы қос айдап біткенше үш жүз жылқы қырылды. Сұмдық қой бұл. – Аттан түсіп жандарына келдім. Бірінші ауылдықтар ат үстінде самсап, анталап тұр.

Жігіт амандасқан да жоқ, онысынан қысылған да жоқ. Қою-қара мұртын бір сылап қойды да, қолы қолына жұқпай, жылқының терісіне кішкентай сары ет жібермей, қабырға тұстарын жұдырығымен қойғылап ірей берді. Оның мүйіздей қолы барған жерлердің еті әпсәтте жалаңаштанып, тері қыр арқаға қарай төмен жылжып бара жатты. Қарекенің шамдағайлығы соншалық екінші жағындағы жігіт артқы аяқтың терісін ажыратқанша, ол өз жағын сойып бітірді. Ерте-ректе құшканада істегенімде де талай қасапты көріп едім, нақ мынадай жылдам, он саусағы он кісі болып туған адамды күні бүгінге дейін көрген емен. Сәлден соң аттың қолын қол, бұтын бұт етіп, мүшелеп, жіліктеп тастаған жігіт тағы қатал сөйледі:

– Ал қайсысыңа қай жерін артып берейін. – Ол бұл сөзді тура маған қарап айтты. Қолындағы пышақты маған салып алуға да дайын екенін қатқыл қабағынан, көз қарасынан оңай аңғаруға болар еді.

– Ей, шырағым, артып берейінің қалай? Маған қашан ет артып беріп едің? – дедім әдейі сөз тартпақ болып.

– Сендерге адам сойып артып берсе де алып кетесіңдер. Несіне намыстанасың. – Ол тіпті де ығыспайды. Қатқыл, анайы сөйлегеніне қысылар емес. «Адам сойып берсе де!» Не деген жәбір. Бұдан артық бізді не деп кемітпек. Азғантай сөз түсінер, басында торғайдың миындай бірдемесі бар кісіге осы сөз жетерлік жүк сияқты. Енді бір әзірде артымнан қосыла шапқан бірінші ауылдықтардың арасынан сыбыр-сыбыр естіліп қалды. Түстері де жылып, алғашқы сұсынан айырылып бара жатқанын байқадым.

– Бәсе, бұларға не болыпты деп едім-ау, – деді Шарымбайдың Әміресі деген жігіт. Ол сол кезде колхоз құрылысындағы белгілі белсендінің бірі болатын. – Себеп басқада болды ғой.

– Жоға деймін-ау, – деді басынан буы бұрқырап, бетін моншақ-моншақ тер басып кеткен сары сақалды көк көз сары кісі Үйсінбай. – Бәрі де бауыры тақыр кедейдің өзі. Қалай жаны ашымайды деп едім. – Астындағы жайдақ міне салған жатаған торыдан аяғы салбырап тұр. Астыңғы еріні жалақ білем, қағаз жапсырып қойыпты.

Байханов пальтосын желең жамылған күйі аттылар жанына найқалып, өзін кара жер көтере ме, көтере алмай, ойылып түсіп кете ме деген кісіше әрең басып келді. Сыртқа шығыңқы екі бүйрек беті бұрынғыдан еттеніп те, қанданып та кеткенін осында байқадым. Салпылау астыңғы еріні бұрынғыдан жайылып, көнтектеңіп, тайға салған, үлкен атқа пішілген тоқымдай болып түсіп кетіпті. Көп ұйқтағаннан ба, әлде сұйық тамақты көп ішкен бе, көздің үсті домбығып, алды дүңган шалдарының бетінше көлкілдеп тұр. Амандық-саулықты былай жинап қойып ол келгендерді жазғыра бастады.

– Нағып жұмыс уақытында ат сабылтып жүрсіндер? Абақ, сен бе бұларды хан қызының нөкерінше салпылдатып ертіп алған.

Мен үндей қоймадым. Бәрін де анық түсініп тұрдым. Мен саяси басшымын. Сен маған не істей алушы едің дегені көмейінен көрініп тұр. Әйтпесе хан қызының, оның нөкерінің бұл жерге қыстырыла қоятын жөні жоқ. Суырылып шешен сөйлей алмайтын сорлылардың сөйлегенде бытыстырып жіберетін қашанғы әдеті. Әрине шешен сөйлеу, теңеу тауып айту ниеті бар, бірақ о баста табиғаты кем жаратылған, көргені көп, естігені ұшантеңіз болмаған байқұстың аузына хан, оның уәзірі түспей, айтуға аяғын шалғылағандағы тіліне оралғаны осы болды. Әдептен аспаған қазақ жігіттері Байхановтың ағалығын сыйлады білем үн-түнсіз тұра берді. Сәл үнсіздік орнады. Тырма тартып желіп жүрген балалардың шу-шулеген дыбысы, бозторғайдың көктемнің майда желіне қосқан өзіне ғана тән қошәуезі, иірулі жылқының пыскырығы, құйрығының шылпылы анық естіліп тұрды. Бір қызық болып қалды деді ме, құрықтарын сүйреткен екі жылқышы да астындағы аттарының танауын делдендетіп жегіп келді. Мен жігіттерден осындай көктемнің әдемі күнінде жылқыны неге иіріп тұрғанын сұрадым. Қоңқақ мұрынды кара жігіт Бектемір Тілеубай баласы деп атады өзін. Көзі сәл шүңіректеу, бойы онша биік емес әлгі жігіттің иегі сүйірлеу, ақын емес пе екен деп ойладым.

– Мына жылқышының аты Қали Байысбайұлы, – деді жаңағы жасырағы. Шоқша сакалы бар алдыңғыдан жасы ілгері бұл жігіт үндей қойған жоқ. Мен оны тани кеттім. Оналтыншы жылы ес кетіп, етек басып қашып жүргенде біз қатарлы бойдақ жігіттің үйіне екі-үш қонып, кір-қоңымызды жуғызып алған болатынбыз. Енді міне он төрт

жылдан кейін көріскенде жаңаша киініп, шітірейе қалған маған оның еркін амандасуға батылы бармай тұр.

– Қалеке, жылқыны неге жаймай иіріп тұрсындар, – дедім әдейі танытындығымды білдірейін деп.

– Әбеке, – деді ол танығанын білдіріп, – бізде ерік бар ма, жай дейді жаямыз, иір десе иіреміз. Осылай бола берсе түкті пұшпақтан түк қала қоймас. Малдың обалы бар емес пе, Әбеке. Көктемнен бері үш жүз он алты жылқы өлтірдік. Бәрі зорығып, қызылмай болып пышаққа ілінді. Тышқаншық болып, жамандатып өлген бірі жоқ. Мен мұндай мал қыратын колхозыңа қоныс тебе алмаймын. Ертеннен бастап жылқы бақпаймын.

Бағанадан бері шыдай алмай тұрған ба, жылқы сойып жатқан кара мұртты қатты кетті:

– Ей өкіл, мына бір талтақ немеңе айт, – деді, Байхановты көрсетті ол. Әбден ашынып алғанға ұқсайды. – Бүгін жөніне кетпесе үш жүз он жетінші пышақ осының өндірішегіне тиеді.

Байхановтың өзі де түсіне бермейтін байқұс па, әлде бұлардың сөзін ұлық болғанын, пандықпен елемей ме, қарап тұрмай қайта Қарекеге тіл қатты:

– Ей, мұрт, – деді ол. – Семіз бе екен, қанша қазы шықты?

– Әкеңе ас берейін деп пе едің? Атаусыз қалған әкенді Күртінің көп жылқысына қаратқан екенсің ғой. – Байханов осы сөзден кейін кетіп қалар деп едім, жоқ тағы сөйледі:

– Ей, мұрт, қылжағыңды қой.

– Қылжақ емес, шындық. Есенінде еліңді тап. Басың өзіңе олжа. Кешіккен жаның жаһаннамға кетеді.

Бұл қалжың емес екенін білдім, інім. Жетісу елі момын ел. Ол етінен өткеніне үндей қоймайды. Таяқ қасқыр қақпанынша сүйегін қаққанда болмаса жеңіл-желпіге қозғала қоймайтын шыдамды ел. Ал мына сөз шыдамы таусылған, сексеуілге қайнаған қазандай бұрқ-сарқ етер шағы жеткеннің кезеңі.

– Ей мыналарды кара, мынау сұмдық қой. Бұл мал өлмегенде мен өлемін бе!? Тоқтат, шапшаң! – деп сары сақал баж ете қалды. Сөйтсем тырма тартқан балалардың желіп жүргенін жаңа байқаған екен. Ол атынан түсе жүгіре жөнелді де, жаңа жыртылып тұқым себілген айдауға малтығып, аяғын барған сайын сирек көтеріп, алқынып тырма тартқан балалардың алдыңғысына жетті.

– Тоқтат жылдам! Неге ақырын жүрмейсің?

– Өкіл ұрсады!

– Өй, өкіліңмен қосып әкеңнің... Тоқтат! – Үйсінбай қатар жеккен екі аттың бала мінгеніне жармаса кетті. Сол қолы аттың тізгінінде, оң қолы ердің басында. Аттырма тапжылмай қалды. Оның артындағылар да тоқтады. Аттың бәрі жан терге түсіп барып-келіп тұр. Бауырынан тамшылаған ащы тері тұрған жеріне жаңбыр жауғандай сорғалады.

Аттар тыныс алғанда демі жетпегені сонша ышқынып ішін тартады. Демі пысқырына шығады. Алдыңғы бір керіаттың кекілінен сыйпап Үйсінбай:

– Жануарым-ай, жануарым-ай! – дей береді. Қарасам оның көзінен аққан жасы сары қызыл бетін, мәңгі жалақ ерінін, сары сақалын қуалап кетіп барады. Осы жерде інім, мен өзім де жүйе-жүйем босап әрең тұрдым. Ол атты аяумен бірге малды соншалықты баласындай жақсы көретін осы малсақ қазаққа мал қалай бітпесін деген толқудан туған еді. Сонымен бірге Үйсінбай сияқты жай шаруаның «тоқтат!» деп бұйыра сөйлеуі бұл да Совет өкіметінің бұқараға берген правосы – қоғамдық меншікке басшылыққа араласуы еді. Ол кезде оны аңғара алармысың. Ол кейін еске түседі ғой. Байханов бірдеме деуге ыңғай білдіріп келе жатыр еді, мен енді кою керек дегенді ыммен білдірдім. Мәселенің бетінің киын ауға шырмалып бара жатқанын ол енді ғана сезді. Жым болды. Ішімнен шикі сары сенде тезқатар, тыс етпе немесең-ау деп қалып едім, оның сақалынан аққан алты тарам жас оны жоққа шығарды. Сол Үйсінбай қой аузынан шөп алмайтын момынның өзі екен, содан күні бүгінге дейін сонау Киров атындағы колхозда қой бағады. Үндемейтін, киіпкетпе мінезі жоқ, байсалды шаруа. Бұл кезде алды-артымызды танып қалғандықтан жігіттерге тоқтау айттым. Жігіттерді майдалап жөніне жібердім. Мен араласқан соң Байханов үнсіз тұра берді. Жігіттердің көзінше оған бірауыз сөз айтпадым. Қысқа-қысқа бұйрық бердім. «Сен екеуің жылқыға барыңдар. Өрістетіп, өз малдарыңша жайыңдар. Ал балалар малды қинамай атты еркінше жүргізіңдер. Тұқым себілмейтін құры жусанды қырканы жыртқанды қазірден бастап тоқтатыңдар. Малды жаюға да жер керек...» Кейін Шырымбайдың Әміресі:

– Егер Байхановқа сіз қырын қабақ байқатқанда жігіттер оны түтіп жейтін еді, – деп күлетін.

Байқасам жігіттердің ашынатынындай-ақ бар. Екі жүз гектар сулы жер жыртудың орнына Байханов мың гектар қоңыр қырканы жыртқызған. Көп жылқыны иіріп қойып, бірін тастап бірін салып, малға малдақтық жасаған. Оның үстіне «малға обал болды ғой» дегендерді сыпыра сыбап бәрін «байдың құйыршығына» айналдырған. Қасып-қасып ақырындап айтқандардың сөзін ол құлағына ілмеген. Артын байқайын деп бұларды қоя тұрған едім, енді мына тайлақ сойғызу шыдамымды таусып кетті.

Түнімен ұйқтай алмай, күннің бір жағы шығып бір жағы шықпастан кеңсеге келдім. Кеңсе дегеніміз сол кезде Совет өкіметіне жасырын оқ атып, қашып жүрген Шалтабайдың алтықанат киіз үйі. Төрде ұзыны бір метрден зорға асатын жалғыз суырмалы кішкене қара стол. Оның төр жағында арқалығы жоқ төртбақ орындық. Оның үстінде уық пен керегенің жалғасатын жерінде айнала араб әрпімен қызыл борлатқа сүтке езген бормен жазылған «Дүние жүзінің өзілген еңбекшілері бірігіңдер!» деген ұранды керіп, қойған. Ұран үстінде уықтың жалпақ

қарында Лениннің суреті екі жағын уықпен киіздің арасына тыға іліп қойған. Мұның өзі де көп жерде кездесе бермейтін, бізде ғана бар нәрсе. Төрдегі столға жете бергенімде атпен келіп біреудің түсіп жатқанын көрдім. Аудандық жер бөлімі бастығының орынбасары Тұрысжан Ақшалов дейтін жігіт. Ескіше азғана оқуы бар, Совет өкіметіне ерте араласып келе жатқан кісі еді. Еңгезердей Тұрысжан екі иығы түсіп, қой көздері шүңірейіп, кірнелеп қалған адамдай кіртііп кіріп келді. Түсі күл беттеніп, әлемтапырық. Бетіндегі әжімі сол кездегі атжал қалдырып, шала-шала жырттылатын қазақ ауылдарының егістігіндей айғыздалып кеткен. Қақпақтай жауырыны дөнестеніп, мойыны салбырап төменшіктеген. Түрін көріп шошып кеттім. Бір пәленің болғанын білдім. Іші құрғырым да кіп ете түсті.

Інім, менің бір жаман әдетім бар. Бір жаманшылық боларда екі-үш күн бойы жүрегім суылдап, ұйқым қашып кетеді. Сол жамандық мінеміне келіп қалады деген кісідей тосып жүремін. Бұл менің табиғатта артық жаратылғандығым, табиғаттан тыс бір күштің болғандығынан емес. Мұндай сезім көп адамдарда-ақ болады-ау деймін. Тек соны біреу пайымдап, біреу мән бермей шығарып салатын болса керек. Кеше оны тайлақ сойылып, колхоз малы талан-таражға ұшырағанына көрінген шығар деген болатынмын. Бірақ түннің бір шамасында жүрегім суылдап, ұйқым шайдай ашылып кетті. Ол кезде ұйқы шақыратын, денеге байсалдылық беріп, жүйкені жайбағыстандыратын қазіргідей дәрі-дәрмек пайдаланатын заман емес. Ондайлардың болғанын білетіндер болған шығар. Біз олардан бейхабармыз ғой.

– Түсің суық қой, жарқыным, жай ма? Нағып ертелетіп жүрсің? – дедім. Жүрегім лүпілдеп, буын-буынымнан әл-дәрменім кетіп бұл сөздерді тоқсан бөліп зорға айттым.

Тұрысжан жеттім бе, жетпедім бе деген кісіше керегеге арқасын сүйей оң босағаға сылқ отыра кетті. Сонан соң қайта басын көтеріп шалқалап отырды. Сол күйі сөйлей берді:

– Жай болушы ма еді, қырды ғой тап жаулары. Қырып барады, қашанғы өстіп қоямыз оларды. – Үні бітіп бара жатқандай ол қырылдап қалды. Қайта тамағын кенеді де, шығармады.

– Шырағым-ау, үздік-үздік қылып тамтығын айттың ғой. Дұрыстап әңгімені бастан баяндасаңшы, – деймін мен. Дұрыстап баяндауға шама-сы келмей отырғанын анық түсініп тұрмын.

– Пономаревті өлтіріп кетті. Бекетовті де, Қадыровты да. Рахымбердіні бауыздапты. – Тереште кешеден беті кілегейленіп тұрған қымызды сапырып-сапырып жіберіп, бір аяғын құйып бердім. Тұрысжан отырған күйі бір тамшысын қалдырмай бір аяқ қымызды бір-ақ тартты. Мандайына бұрқ етіп суық тер де шыға келді. Ол оң жақ жан қалтасына қолын салып төрт бұрышына жөрмемелеп кесте тігіп, шашақтаған беторамалын алып, тершіген маңдайын, аузын сүртті. Шырағым қазақ тамақты сұрап бермейді. Сондықтан да «сұрап бергенше ұрып бер»

дейді. Алғашқы бір аяқ қымызды сарқып ішіп қойған соң екіншісін құйдым. Ол аяқты қолына алып тағы бір сімірді де, қолына қымызды ұстаған күйі түзеліп отырып әңгімені бастады.

– Екі күннен бері үйге қарап отырған соң уақыт өтпейді екен. Әкем үйдің есігі алдындағы жыраны жыртып тастаған екен. Соны тырмаладым. Оны кеш бата бітіріп, қораның ішіне кірсем екі-үш ескі бөстек, тулақ төсеулі жатыр. Соған отырып демалмақ болдым. Қай мезгіл екенін білмеймін біздің үйді тарсылдатып мылтықпен атып жатқанынан ояндым. Қора ішіне қатып ұйқтап кеткенімді білмеппін. Есімді жисам үйдің тау жақ терезесін қиратып бірнеше адамның үйге кіргенін білдім. Сыртта топырлаған аттылар тұр. Үйден әкемді сүйреп шығарды. Бірақ оны ұрмады.

– Тұрысжан қайда? Бізді қашан ұстап алмақ? – деп сұрады. Омарбектің дауысы екенін анық сездім. Асықпай-аптықпай сөйлейтін, Совет өкіметі десе безбүйректене қалатын қаныпезер адам. – Өлтіретін нақ осының баласы. Балаңды тауып бер. Әйтпесе жаңағы үшеудің керін келтіремін. – Шамасы үшеуді өлтірген ғой деп шамаладым. Шалға біреу ара түсті. Дауысын танымадым. «Шалды әурелеме! Оған қай өкімет болса да бәрібір» дейді әлгі. Омарбек әкемнің жанын алып барады. «Айт балаңның қайда екенін, оны біз байлап әкетеміз. Бәрібір Совет өкіметі оның басына да шырақ жаққан жоқ қой. Совет өкіметінің итаршысын енді біз асыранды күшік етіп алалық. Оның досы енді біз. Бізге сондай жігіт керек» дейді. Әкем «білмейміннен» басқаны білмейді. –

Тұрысжан Болай қыстауында Орыс тоғанының жағасында тұратын. Куәлектен салынған үй тау бауырындағы бірнеше үйдің оңтүстік шетінде еді. Жыра бойлай салынған он шақты үй күнбатысқа қарай созылып жататын. Бұлардың үйінен тау басталады десе де болатындай еді. Ал таумен үй арасы қорыс, тікен. Есік алды торсылдақ балқурай. Тұрысжан үйін, әке-шешесін ойыммен есіме түсіріп отырдым. Ол сәл кідіріп демін алды да, әңгімесін қайта бастады. – «Қой, Омарбек!» дейді жаңағы «әурелеме» деген дауыс. «Осы төңіректі іздендер» дегенде мен үй артындағы қалың түйе тікеннің ішіне де кіріп кеткен едім. Ит мұрыны өтпейтін қалыңға бұл аттылар түгіл жабайы шошқа да кіре алмас еді. Мен өзім ғана білетін шоңайна ішіндегі жалғыз аяқ ізбінмен тоған жағалап, көлденең сайдың арғы бетіндегі төбедегі молаға келіп, соны қамалқа қылдым. Ондағы ойым нақ осы жерден Қарақыстақтан Қастекке қарай жол өтеді. Біреу-міреу жүреді деп немесе қашанда киелі молаға тірі адамның баруы оңайға түспес еді. Олар мұнда ат басын ірке алмайды деп есептедім. Естіп жатырмын: түнгі таза ауадағы дауыс маған анық жетіп тұр. Әкемді тағы қинай бастады. Омарбек болса керек. «Не болса да маған істе» деп жетіп барғым да келді. Ақыл тоқтатып, сабама түсіп тыңдасам бейтаныс дауыс ара түсіп жатыр. Шаңқылдап шешемнің де дауысы шығады. Әлден уақытта біреудің «бұл төңіректе жоқ» дегенін естідім. «Қап әлгі Есперді бауыздағандай қанын ішетін

едім» дейді. Тағы да Омарбек. Аздан кейін әлгілер аттанып, топылда-тып, батырлатып бауырдағы көккетік керуен жолмен құлдилап түсті де, Суықтөбеге қарай шаба жөнелді. Олар кете салысымен үйге келген мені көріп шешем дауыс салып жылады.

– Бармысың, жалғызым! Ой-б-а-а-й! – Шешемнің озандаған дауысына әкем күле қарап тұр. Тіпті жаңағы баскесерлердің иегінің астына пышақ тақағаны ойына да келмегендей. Үйдің ішінің әлегі аспаннан келіп жатыр. Шошқа түрткендей, астаң-кестең. Әкем «ей кемпір қойшы озандамай, балаң жаныңда тұр ғой. Одан да жаңағы менің өндірішегіме қадаған сапыны көрдің бе, соны айтсайшы. Шіркін қандай зергердің қолынан шықты екен. Нақ анадай сапыдан өлген кісінің арманы жоқ шығар. Сәкинегіне үш жақұт, кәзинегіне үш лағыл орнатыпты. Шіркін, көздің жауын алатындай етіп кім жасады екен!» дейді. Тіпті күлерімді де, жыларымды да білмедім, – деп тоқтады Тұрысжан.

Шынында інім, өнер адамының жөні бөлек қой. Тұрысжанның әкесі Ақшал ұста кісі еді. Өзіне өлім тақалып, ажал иегі астында тұрғанда да оның ойы сапының әдемілігінде болған. Анау жылы Қарғалыда тұратын жасында сері болған Баймағамбет деген сексен жетідегі шал Кененнің Балуан Шолақтың «Тікшырқау» деген әнін салғанын естігенде: «oh, шіркін жиырма бесімде кездесер ме едің» деген екен. Өнге құмар сол кісі жас кезінде керуенде кетіп бара жатқан екі жігіт Дәурен салдың «Ақшыны аяқ» деген әнін шырқап бара жатса, соны үйреніп алу үшін орып жатқан орағын тастай салып, атына мініп, Алматыға дейін ілесіп, ара қонып қайтқан екен. Өнер бағалау өнерлі адамның ғана қолынан келеді. Түсінбес құлаққа есектің ақырғаны не, тауықтың шақырғаны не, сырлы сыбызғының сазы не, бәрі бір. Көрдін бе, өзіне өлім тақалып, иегі пышаққа ілініп тұрғанда да өнер адамының ойы, көңілі сонау көкжиекті көздеп тұр. Айтқандай, інім, айтып келе жатқаным әлгі бандиттер салған ылаң еді ғой.

– Қалай өлгендерін, не болғанын дәл білмеймін, – деді Тұрысжан, – қазір көше ызың шу, ой бауырым салған, ат қойған дауыстар. Қайда құлақ салсаң да ойбай. Шыңғырған балалар дауысы, «боздағымдаған» әйел жылауы сай сүйегінді сырқыратады. Молаға тығылуға түнде қайта кеткенмін. Өйткені әке-шешем олардың қайта айналып соғарына күманы болмады. Расында да түнді жартылап олар қайта келді. Келген сайын мылтық ата келеді. Ұйқы дұшпан демекші молада да ұйқтап кеткен екенмін, гүрс еткен дыбыстан ояндым. Тағы да әкемді далаға сүйреп шығарып, тағы да Омарбек жауап алып жатыр.

– Бәрі бір сенің балаңды ертең қамайды. Оны қамау үшін кеше әдейі орнынан алды. Ал ол Совет өкіметіне керек болмаса бізге керек. – Әкем «білмейміннен» танбады. Шамасы үйді тінтіп жүрген болса керек, бір сәт дабырлаған дауыстары шықпай қалды. Сәлден соң дабырласып, аттарына мінді де, бұл жолы Қызылауызға қарай жөнелді. Олардың атының дүбірі түнгі тымық ауада көпке дейін естіліп тұрды. Жаңа мола

басына ат іздей келген Жаманқұлдан білгенім – төртеуінің өлімі. Содан тікелей осында тарттым. – Тұрысжан үнсіз отырып қалды.

Жаңағыдай емес, бойымды билеген қорқыныш жымып кетті де, ашу-быза бар, кайнаған кек бар, жайбасар ақыл да жаңа жылжып жеткен болу керек, жағдайды ойластыра бастадым. Келгендерге кесіп-кесіп бұйрық бердім. Кенсені қыстаққа көшіруді бұйырдым. Қара қыстақтың ортасында жиналыс өткізуді ойладым. Сөйтіп Тұрысжанға бұрылдым:

– Сен өз адамдарыңды жинап, жер-жерде жиын жасауға бұйрық бер, – дедім.

– Менде адам жоқ қой, мен екі күннен бері үйдемін ғой. – Тіпті адам өлімі деген соң сөздің бірін естіп, бірін естімеген екенмін. Сондықтан:

– Адамдарың қайда? – деп дүрсе қоя бердім.

– Ойбай-ау, мені орнымнан алғанына екі күн болды ғой.

– Не дейді, мынау? Кім алды орныңнан? – Тұрысжан біреуді біреуге соғып алам ба дегендей абайлап қарап, ашыла қоймады.

– Айтпайсың ба, тілің байланып қалды ма? Неменеге көлегейлеп отырсың. Ақтарып тастамайсың ба? – Тұрысжан тарсылдап кетпейтін табиғатында ұяндау кісі болатын. Әбден жанынан өтіп кеткенде болмаса қозғала бермейтін. Ол мен қатты келгенде де ашыла қоймай, баяулап, жаяулап қана жауап қайтарды:

– Сізден де басқа бастықтар бар емес пе? – Біле келсем аупарткомге Байханов оны шақырып алады да, 10-ауылдан екі тайлақ сойғызуға бұйрық береді. Ондай бұйрықты тек Совет орындары беретінін білетін Тұрысжан «қағаз жазып беріңіз» дейді. «Абақ келген соң алып беремін» дейді Байханов. Тұрысжан қағаз жүзінде бұйрық болмаса орындай алмайтынын айтады. Анау ашуланып тілдей бастайды, Тұрысжан үнсіз шығып бара жатады, есік алдында «сен баста, мен баста»деп оншақты жігіт тұрғанын көреді.

–Неғып тұрсыңдар? – дейді Тұрысжан жайбарақат.

–Байхановты сабайық деп тұрмыз.

–Е, неге?

– Сіздің жер-жебіріңізге жетіп жатқан жоқ па!?! Намысымыз қозып тұрғаны!

– Қойыңдар, ұят болады. Оның айтуға қақы бар адам. Ал былалапты сөз айтуы ақымақтығы.

– Ендеше біздікі дұрыс, – дейді Әбілахат шабандоздығымен көзге түскен 14-ауылдың қайрақтай қара жігіті. – Өзін бір көкпарша тартайық. Аупартком хатшысы ақымақ болуға хақы жоқ. – Тұрысжан жалынып-жалпайып жігіттерді басады. Сөйтіп үйіне кетеді. Сөйтсе артынан қолында қағазы бар орындаушы қуа келеді. Қолына бір жапырақ қағазды ұстата салады. Қараса аупаркомның қаулысы, қол қойылған, мөр басылған: «Аупаркомды аяқасты еткені үшін Тұрысжан Ақшалов орнынан алынсын». Тап жаулары бар, Байханов жақтастары бар, бұл ол кездегі кішкентай Қарақыстаққа биесауымда-ақ тарап кеткен. Сөйтіп екі

күннен бері Тұрысжан қызметтен босап үйінде жатқан. Мұның өзі қиын мәселе інім. Көріне көзге істелген қиянат орындалмауға тиіс, ал орындамайын десең аупаркомның қаулысы бар. Аупарком қаулысын жалғыз адам жазғанын кім біледі. Дегенмен аудандық жер бөлімі бастығының орынбасарына қай бұйрықты болса да, аупарком қаулысына сүйене отырып, аудандық жер бөлімінің бастығы беруі керек. Ол бауыздалып қалған. Тіпті Ырғайты жағынан ол да бауыздалардан бір сағат бұрын ғана келген. Сонымен жауаптылықтың бәрін өзіме алып, Тұрысжанға іске кірісуге бұйрық беріп, өлгендерге көңіл айтуға кеттім.

Алдымен аудандық милиция бастығы Семен Пономарев үйіне кірдім. Оның әйелі Марта қазақша дауыс салып тұрып көрісті. Пономарев Алматыда Совет өкіметін бірге орнатысқан, баяғыда Ұлтарак өлетін күнгі соғыста бірге болған жігіт еді. Көңілі қалыспаған, бір ішіп, бір жеп, бірге қойындасып жатып жүрген Ұлтарак өлімін естігенде «ой бауырымдап» ат қойып келген еді. Сонда мына «жаман орысқа не жок» деген талай жаман қазақтар да болған-ды. Сөйтсек Пономарев Ұлтаракты менен бұрын біледі екен. Ұлтарак екеуі Қордай желкесіндегі Қарақоңызда «тыртық Иван» деген орыс байында бірге малайлықта болған екен. Ұлтарактың күшін, ісін көп көрген, қазақ арасында өсіп, қазақпен етене болып кеткен ол Мартамен танысқанын қызық қылып айтар еді.

Ұлтаракқа еріп Семен Сұлутөртегі біреудің қыз ұзататын тойына барады. Сұлутөртегі көргенің бар ма, інім. Көрмесең көр. Сұлутөртегі көрмеген журналист, жазушы болмағаны абзал. Сұлутөртегі тау үстіндегі таудың бауыры. Оның күзі де, жазы да, көктемі де көктем. Оның сұлулығы сонша ағаш өспесе де, көгерген дарағы, қарайған барағы болмаса да күнге қарап сыланған сұлу қыздай әсер береді. Үйде қымыз ішіп отырып мал түгендейсің, малың, жаның көз алдында. Қысы ертерек түсіп, көктемі кешірек шығады демесең бозбаланың бой жазар, қызға қырыңдар жері осы, қыздың да қырық үйден тыю дегенді есінен шығарып, еркек атаулыға көз қиығын тастайтын жері осы, кемпір мен шалдың құрбысымен қалжыңдасар, қаујандасар жері де осы. Жоғары төмен сымпылдап ұшып тұрған қаз-үйрегі болмағанымен күн көрмей, түн түнемей осы жердің аман-саулығын біліп кетіп тұратын қыраны, қыран қанатты бұлты бар. Шарт-шұрт нажағай ойнап, гүрілдеп-сарылдап аспан жерге түсердей болып, көкпен жаңбыр шелектеп құйса, аяқ астынан кемпірқосақ көрініп, аспан көкторғын тарта салады.

Сұлутөртегі төріне тігілген оншақты қазақ үйдің біріне түсіп сусын қандырған Ұлтарак пен Семен Пономарев далаға шыққанда күн түске таялып та қалған екен. Терістік жақтағы ең шеткі үй жанынан сызылып сырнай даусы естіледі. Есік алдында қыз-бозбала қаптап жүреді. «Жігіттің делебесі дуда қозар» дегендей желөкпе Ұлтарак Семенді солай сүйрей жөнеледі. Келсе көзі тұздай сары қыз қолында гармонь сызылтып қазақша ән салып отыр. Ойыма ең бірінші түскені дейтін Се-

мен сырнай жөніндегі қазақтардың жұмбағы: «Базардан алып келген Жиделі бай, үсті-басы шұп-шұбар түймелі бай, сегіз жігіт ән салады, япырмай не екенін білмедім-ай!» Апыр-ау қазақ қалай мұны дәл берген деп, қыздың жүзіне қарасам сап-сары сары қазақ екен. Мұндай да қазақ болады екен деп көз ала алмай тұрсам, – дейтін Семен, – ол да мені көзімен ішіп-жеп барады екен. Арқасында екі бұрым білектей боп құлап жатыр. Сырнайға даусын қосып жалғыз өзі екі жігітті өлеңмен қуып шығыпты. Мұндайда жанып кететін Ұлтарак Семенді қосып алып, тізерлеп отыра кетіп өлең айтып қоя береді:

Апыр-ау, өзің сары, шашың сары,
Ақ па еді, сен тұрғанда таудың қары,
Басы бос біреу болса іле кетсек,
Бұл өзі кімнің қызы, кімнің жары?

– Гармонь нақ осы бір сәтте қайта созылып, боздап береді. Сары қыз өзінің дауысының ауанына қарай қалап алған болса керек-ті «Ақдарихаға» салып, әу деді:

Қазақта бос бола ма қыздың басы,
Алмай ма қалың төлеп кәрі-жасы,
Басым бос, орыс қызы, атым Марта,
Басқандікі болам да шары-тасы.

Қыз басының бостығын айтқан соң Ұлтарак Семенмен бір сыбырласып алады да, өлеңді соза түседі. Қайда тұратын мекен-жайын, әке-шешесін, ағаларын бәрін өлең үстінде біліп ақыры «Менің атым Семен-ді, мен де орыспын, кел екеуіміз қашалық біздің елге» дейді. Сөйтіп қосылған. Семеннен айырылған Марта орысша да, қазақша да осылардың бәрін тізіп айтып зор-мұңын көңіл айта келгендерге шаққанда бұл өңірде көңілі босап, көзінен жас парламаған кісі қалмады.

Бұл өңірде болмаған жылау болды. Өйткені үш үйде, үш адамның өлімі бүкіл Қарақыстақты тітіретті. Қайда қарасаң «ой бауырымдап», аспан астын жаңғыртып шауып келе жатқан адам. Ұлардай шулап өлгендердің балалары жүйкені жеп барады. Нақ сол күні інім, егер ызадан шаш ағаратын болса, менің басыма алғашқы қырау сол күні түсті, алғашқы сызық-әжім де сол күні пайда болған болар. Қисыбай Бекетов аудандық милицияда учаске басқаратын. Ол Қарабұлақ жағына отряд басқарып кеткен екен. Өрімдей жас жігіт қыршын кетті. Ал Нұрғали Қыдыров жетінші ауылдың Совет председателі еді. Өлкелік партия комитетінің өкілі Шәлін Байсаловпен шаруашылықты аралап, кешке үйіне келіп жатқан. Бандылар түнде оның үйіне келіп Байсаловты бірден атып жібереді де, Нұрғалиды айуандықпен азаптап, қинап өлтіреді. Нұрғалидың бірге туған апасы Рахия ауыр жараланады. Бірі бесік-

те, екіншісі жүгіріп жүрген екі баласы жетім қалды. Ол кездегілердің қайсысы тұғырдан түсіп тұрған адам дейсің, бәрі де жиырма-отыздың ішіндегілер еді ғой.

Адамның, мүмкін бүкіл адамзаттың бақыты жолында шейіт болды десем де қателеспесін, інім, оларды. Өйткені бүкіл адамзат бақыты біздің Октябрьден басталады. Қазақ айтқан қарағым «бір адам таққа мінсе, жүз адам атқа мінеді» деп, сол сияқты олар Қырбайды сағалап шыққан азаматтар болатын. Кейде біз бір жерден екі-үш адам атқа мінсе, бірін бірі тартқандай көреміз, оның бәрі олай емес. Көбіне үлгілі туысқанын көріп өздері ұмтылатын жағдайлар көп. Ауылдан біреу оқуға кетсе, екінші біреу өзінен өзі-ақ анау туысқанына ұқсағысы келеді. Бұлар да солай. Қырбайға ере шыққан інілері еді. Ол кезде ызғытып кететін машина бар ма, атпен 7-ауылға ат қойдым. Шынымен жыладым, інім. Ел үшін, елінің болашағы үшін өлгенге жыламаған көзге шөл бітіп, оғала орнасын. Үй-іші, туған-туысқандары ғана емес, естіген, көрген елдің бәрі де егіліп-төгіліп тұр. Шырағым, сен қазақша фамилия жоқ екенін білесің, егер фамилия болса бүкіл сол жетінші ауыл Сүйіндіков бола салар еді, мүмкін Шымкент, Жамбыл, Алматы, Талдықорған облысы түгелге жуық Байдібеков болып шығар еді. Міне сол Сүйіндік балалары бәрі жылағанда, бүкіл бір ауыл болып жылағанда не болады, ұлардың шулағаны оның жанында не дейсің.

Қисыбай үйінен «ой бауырымнан, ой боздағым-аудан» құлағым тұнып, көзім қарауыттып шықты. Еңірегінде етегі толған ағайын-туғанның бауырымдағанын естігенде ішің елжіреп, бүлкілдеп, кеңкілдеп жүріп бересің. Әрине тоқтау айтушылар да көп, шын жылағандар одан көп. Ол шырағым, мынау Ханай биігінің астында тұрған Қарақыстақтан батысқа қарашы. Сонау ойда жатқан 7-ауыл. Оны «Прудки» деп те атайды. Ол орыстармен аралас колхоз. Қазір жиырмасыншы жылдары облыстық жер бөлімінде істеген Гуцин колхоз председателі, Социалистік Еңбек Ері. Аудандық жер бөлімінің бастығы Рахымберді мінезі ауырлау, тез сөйлей қоймайтын, тап жауларына деген кегі қара тастан қайнап шыққан қара бұлақтай екпінді де, асау да болатын. Рахымбердіні тура сол құлақтың түбін ала тамақты орып жіберген екен, бандиттер асыққандықтан пышақ тамақтан тегіс өтпей, қасқыр тамақтап кеткен қой сияқтанып қалыпты. Қан көп кетіп қалғандықтан Рахымбердінің есі кіресілі-шығасылы. Қабағы олсыз да түксиіп, қалың қастары жауып тұратын оның жүзіне адам қарағысыз. Сол жақ шықшыттан ала тартылған пышақ оң жақ құлақтың артына жетіпті. Тамағының астына киіз күйдіріп басқандықтан жараның тереңдігін анық байқау қиын болып қалыпты. Оны дереу ауруханаға жөнелттік. Жаны қылдың үстінде тұрды.

Зығырданым қайнап, бүкіл байды, бай атаулыны тізіп, тікесінен тік қойып атқым да келді. Мұндай кезде мекемені иесіз тастау ол барып тұрған микқұлалық болар еді. Бұл жау салған жарақат маған біраз

шұғыл шаралар көруге, құлашты кең сермеуге жолымды даңғыратып ашып жібергендей болды. Сол жерде Тұрысжанды аудандық жер бөлімі бастығының міндетін атқаруға бұйрық бердім. Милиция бастығының орынбасары Әбдіқадыр Бабажановты іздетіп, таптырып алдым. Әбдіқадыр әлде араб, әлде индиялық дейтіндей алып тұлғалы қара жігіт еді. Қасы көзі қиылып, қап-қара қою мұрты бойындағы жігерді, қара нардай қайыспас қара күші бар дірмандылықты аңғартып тұратын. Сол бір жігіттің қарымдылығына қайран қалмайтын кісі аз болушы еді. Қолын бүкпеген күйі екі пұттық таразы гiрiн иығына тұспа тұс апарып, қайта жерге қоятын. Өзі серілеу жігіт болатын, қыз-бозбала төңірегінде көбірек жүретін. Өзінің қаралығына қарамай тершендеу еді, маңдайы, сүдініне ерекше көркемдік беріп тұратын қыр мұрыны шыпшып тершіп, жылтырап көрінетін. Қап-қара мойылдай көзі мөлтілдеп, шұңғылдау жататын. Ол милиция киімімен келді. Жағасының түймесін ағытып қойыпты. Әдемі мойыл көз кіртіп, шаршағандығын жасыра алмай тұр.

– Әбеке Семеннен айырылып қалдым. Аңырап Марта қалды. Бүкіл аудан күңіреніп тұр. Алматыға хабарласып едім, көмек береміз, соны алып кеткенің жөн болар деді. Соған жүрмек едім. Сіз шақырды деген соң келдім.

– Барғаның жөн. Бірақ екі сағат кешігесің. Оны қазір білесің, – дедім Әбдіқадырға қабағыммен ғана бір сыр бар екенін аңғартып. Ойды қабақтан танып, біліп үйренген ұтқыр ойлы ұл емеурінімді түсіне кетті.

– Құп, Әбеке. Айтқаныңыз болсын! – деп қосымша бұйрық күтіп, сілейіп қалды. Қап-қара мұртының екі сапары құлағына дейін жетіп, ол да оған бір көрік беріп тұр. Кеңседе отырғандардың бәрін далаға шығарып жіберіп бұйрықты келте қайыра бастадым. Әбдіқадыр үн-түнсіз. Жактырмай тұрған кісі сияқты. Мен не істеу керек екенін, қалай істеу керек екенін тәптештеп жарғақ құлаққа қорғасынша құйып жатырмын деп мәз болып, айтып отырмын. Ол тағы үндемейді. Мен айтып болып, енді осыны орындауға кірісіңіз дегенімде де ол орнынан тапжылмады.

– Орындалды! – деді Әбдіқадыр. Мен «орындалды» дегенді «орындалады» деп естіп:

– Орындалатын болса іске кірісе бер, – дедім. Ол міз бақпай орнында қалшып қатып қалған.

– Орындалды, Әбеке!

– Қалай, қашан? – деп мен сасыңқырап қалдым.

– Бәрі де, құзырыңызға құлдық, айтқаныңыздай болып шықты. Тек енді жоғарыға беретін пакетіңізді берсеңіз болғаны. Алматыға суыт жүріп кетемін. – Мен тағы сасып қалдым. Бұл менің ойымдағыны ақсайтаны бардай біліп тұр. Әлде бет-жүзімнен менің пікірімді оқып қойды ма?.. Тіпті де олай емес, інім. Бізде большевиктерде мақсат

біреу ғана, ол революция ісіне адал болу, халық мүддесін ойлау, халық мүлкін көздің қарашығындай сақтау. Міне барлық істі осы тұрғыдан қорытып, електен өткізгенде логикасы бар адамға не істеу керектігі, не болатындығы айдан анық көрініп тұрады. Сөйтсем Пономарев барлығын да бұрын білген, тапсырма берген екен. Байхановтың революция ісіне қайшы келіп отырғанын Әбдіқадырға тапсырма бере отырып айтыпты да:

– Революцияның от-жалынында қайнаған Абақтың осыған қалай шыдап жүргеніне таңмын, – деген.

Күртіліктер арба жегуді білмейтін, қамытты атқа теріс кигізетін ел болатын. Сондықтан Байханов сойғызған тайлақтардың етін күндегі арбасы болмай қалып екі түйеге теңдеп жіберген екен. Бастығынан ерекше тапсырма алған Әбдіқадыр оны ат арбамен келеді деп жүрсе, мерзімді уақытта ол болмай қалады. Сөйтіп «енді не істеймін» деп Пономаревқа хабарласса, оның атылып қалғанын біледі. Бірақ қалайда қоғам мүлкіне суық қолдарын сұққандарды қылмыс үстінде ұстау керек. Асығып соған кетеді. Ат арба келмей-ақ қояды. Қойған адамдар түйелі екі адам өтті, одан басқа тірі тышқан жоқ дейді. Байхановтың бай туысқандарының екеуі Ұзынағашта да тұратын еді. Мүмкін ет сонда жіберілген шығар деп тұрғанда Мамыт деген пысық бала жүгіріп Әбдіқадырды іздеп келеді. Сөйтіп етті әкеліп түсірілген екі үйдің иесі де, ет әкелген екі жігіт те ұсталады. Байхановтың үйіне түсіріліп жатқан бір жылқының еті де алынады. Барлығы жергілікті дүкендерге жіберілген соң келіп тұрғаны екен. Арада жарты сағат өткен соң аузы мықтап желімделіп, үстіне бірнеше жерден ауатком мөрі соғылған пакетті алып Әбдіқадыр Алматыға кетті. Нақ осы жерде оны аудандық милицияға бастық етіп тағайындадым. Түнделетіп болса да қайтып келуі керектігін қатты ескерттім.

Осы күндері, інім, бір зор заңсыздық жасадым. Совет өкіметі салған салықты төлемедің дегенді сылтауратып, қитықтан ситық шығарып, конфискациядан қалып қойған әлі де жұртқа айтқанын істетіп, айдауына көндіретін, ішегінің қырындысы кетпеген, тілін көрсетіп, тісін жасыратын, біреудің қолын отқа көсеп қойып, өзі түк көрмегендей отыратын бірсыпыра зәлім байларды қаматтырдым. Қамағанымыз да қызық. Үлкен алты қанат ақ ордаға қамап тастаймыз, олар керегені түріп қойып сыртқа қарап, ары-бері жүрген адамдарды көріп-біліп отырады. Оларға тамақ әкеп берем деушілерге де рұқсат. Өйтпеуге болмайтын еді, інім. Өйткені қамалды деген атының өзі осы өңірге жаман естіледі. Жұрт оларға тіксіне қарайтын болады. Қамалғандарды бір жағынан осылай әдейі ұстадық. Олардың ел ішіндегі қимастары өздері тікелей келіп көрінбегендіктен Қарақыстаққа бір шаң берері сөзсіз еді. Жіптің ұшы қайда тиянақ тауып, тұзақ тастаушы кімді матамақ немесе бұл жерде сөйленген сөз не көздейді, бұл жерде отырғандар кімге сәлем жолдап,

кімнен сәлемдеме алады, алыстан асамай тастаушы кім, міне осыларды түгел біліп алу керек еді.

Біз ол ойымызға жеттік. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге кететіні сияқты дәл болмағанмен мақсатқа жететіндей, күдірейген желкеден алмағанмен етектен тұтамдап ұстауға болатындай қиынның-дыңның ұшығына шыққандай болдық, тамырын тереңге жіберген татымық-жылымдардың жымына қақпан құра алдық. Мес-мес қымыз, сойылған, түгел асылған қой еті, құлаш-құлаш сере қазылар, жал-жая, ірімшігі, ежігейі, мейізі бәрі де түгел жент осынан табылатын еді. Көбіне тамақ әкелетіндер есігінде үрерге иті жоқ, есігіне екі кісі отырып көрмеген, байлардың ырысы болып кіріп, соры болып шыққан, күні біреудің отын жағумен, малын бағумен өткен сіңіріне ілінген кедейлер. Бірақ бұл жерге солар келгенмен оларды жұмсап отырған, қазір пәлен байдың, түген байдың үйінде түстеніп, қонақасы жеп жатқандардың бәрі біздің есебімізде еді. Қарға тамырлы қазақ демекші бірімен бірі жалғасып, астасып, кейде бір ұшы совет кеңселерінен де шығып қалатындар да бар. Құданың құдасы, құйқаның сорпасы болып шығатындар толып жатыр. Оның бәріне күмандана, сезіктене қарауға болады. Бірақ бәрін тап жауының жақыны етіп шығаруға болмайтын еді. Өйткені өрмекшінің ұясындай ілік-шатыстық бар қазаққа тән жағдай болатын. Олардың бәрінің алыс-беріс жолын қырқып тастағанмен өздерін құртып жіберу шындықты мойындамау, қайта соған мою болып шығар еді. Сондықтан ондай өрісі басқа болғанмен өзени бір, өзегі бір адамдарды қылмысқа ұрынғанша шыдамдылықпен ұстап отыру жөн болатын еді. Совет өкіметі ең соңғы мүмкіндікке дейін оларға теріс келген жоқ, жолға түсіп жөнімен кеткендерді қолдан келгенше өз жағына тартып, адал еңбекке баулыды. Ал бөрілігін қоймай орманға қарап ұлығандарын ғана қыспаққа алып отырды. Талқыға көнбей, тезге түспей, шығаннан шыққандарға ғана совет өкіметі өкілдік жасады.

Кешке жақын келген асығыс пакет Байхановтың Алматыға шақырылғанын хабарлапты. «Артынан семьясын тез жөнелтіңіздер» делініпті екінші пакетте. Кеш алдында ауданға келіп, бәрін шақыра бастаған Байханов қолына тиген пакетті ашып оқысымен түсі бұзылып отыра кетіпті. Мені аупарткомге шақырып «қайтып келген соң бәрінмен дұрыстап сөйлесемін» деп қоқан-лоққы жасады. Бірақ екінші пакеттен оқылған сөзден соң Байхановтан ешкім айылын жия қойған жоқ. Кейін білсек ол Қызылорда облысына қызметке ауыстырылыпты. «Нағыз тайлақ жейтін жерге барған екен» десіп Қастек ауданындағылар күлісіп жүрді. Қоғам малына суық қолын сұққандар күн өткен сайын көбірек аласталып, советтің егізі екі болсын дегендердің мерейі үстем болды. Совет өкіметі нығайып Ленин сызған жолмен ілгері шеру тартып бара жатты.

* * *

Шұнақ шал бір сәт үнсіз отырды. Қабағы түсіп, түксініп түрі өзгеріп сала берді. Екі қасы үйіліп мандайының ортасына қарай ойысып қозғалмай қалды. Қасаласқан жауынан жеңіліп қалып қапылатпен ғамкүн отырғандай. Шал бұл дүниені ұмытып әлдебір басқа жаһанға көшіп кеткендей екі бетінің ұшы сәл жыбырлап барып басылды да, жансыз қалыпқа келіп сазарып мелшиіп отырды. Оның ойын тіпті бұзуға болмайтын еді. Адамның осындай дүние шеңберінен шығып, даққа батып, ойы он, санасы сан бөлінетін сәттерінде оған жай ғана тіл қатудың өзі қиын да, қиянат та. Ондай қиялдану мезеті домбыраның тартыла-тартыла жұлымданып тозған ішегіндей бырт кетуге аз-ақ тұратын үзілер, үздігер шағындай болады. Бұл сәтте сөз қатса өз ойынын, сары уәйімінің дариясына түсіп, жан ұшырып малтығып ұшығына шыға алмай отырған жан «ойбай, жылан!» деп қорқытқандай шошып, шоршып түседі. Осы жолы мен де елсізге орнатылған балбал тастай қатып қалдым. Шұнақ шал өзі жауап қатқанша тыр етпедім.

– Оның дұрыс! – деді Шұнақ шал. Мен селк етіп, шошып кеттім. – Адамның ойын бұзу оның ар-намысына тиімен бірдей. Көбіне оқыған адам сақын болуы керек. Мен қазір алыс бір дүниеге аттанып барып келдім. Дәл осындай сәттерде қияпатты қиялымды ешкімнің бұзбағанын ұнатамын. Шырағым, сенің ойыңды білуім әулиелік емес. Нақ қазіргі бір мезетте сен менің ойымды бұзбаудан басқа ештеме де ойламауға тиіс едің. Соны пайымдап қана білдім. Ал мен болсам өткен өмірімнің бастан кешкен бір кезеңін өкіліме түсіріп, тұңғыққа батып кете жаздап қайттым. Кейде ондай шақта біреу келіп тұртып жібермесе, дыбыс, дауыс атаулыны мен естімей кенірейіп, кеңкейіп қаламын. Ондайда көңілім қарау, ләпсім қарар тартып, о дүниеге болмағанмен осы қапылатпен сонымен шектесер, шендесер жеріне жетіп қайтамын. Мен шырағым, бейнетті көп тартқаныма іренжімеймін. Сол көп бейнеттің рахатын көре алмағандығыма кейде тарығып, тарынып қаламын, налимын, тағдырыма өкпелеймін. Бірақ біреу болмаса біреуге, бәрі бір солай болуы керек қой деп те нобайлаймын. Дегенмен бәрі бірдей далалық жердегі айнакөлдін бетіндей тұзу, тұнық, тымық болса онда өмірдің қызығы болар ма еді дегенге мен қорқамын. Коммунистік идеяны салушылар жұрттың бәрінің бірдей бақытты, рахат, өмір кешуін аңсап, сол жолда жанын пида еткен адамдар емес пе!? Жан рахатын, жан тыныштығын күткен кісі коммунист болушы ма еді дегенге де қарсымын. Бейнетті дәулеттің рахаты болуы абзал. «Бейнетсіз дәулеттің рахаты жоқтығын» қазақ та білген. Рахаттың бейнет, яғни қиындық, еңбек арқылы келетініне қазақ бейкүмән, шұбалаңбаған. Әйтпесе ондай мәтел шықпас та еді. Бірақ еткен еңбектің, қылған қайырдың рахатын көре алмауға басқа бір қаскөй күш кіріп кеткенде, яғни еңбегін еш, неген кеткенде кейде еңсең түсіп кететін мезет болмай тұрмайды. Бірақ сондай шақта ұнжырғанды

түсірмей, жермен жексен болмай, пыран киіп, пырақ мінгендей қайта көтеріліп, атқа түзеліп отырған сайдауыл, ұйық батпаққа сіңіп, мүрдем кетпеген пенде коммунистік идеяның досы. Ал қасқой, қарсыласқан күш мен мұндадан келгенде қасарысып қарсы тұра алмаса, бетпе-бет келген жаудан тайқып кетсе, ондай адамды кіналамауға шара жоқ. Ал жау тұқылдан тұтқиыл келгенде арманда кетсе, оның өкініші көп. Жаңа мен ойға шомғанда нақ сондай оқиғаны ойлап кеткен едім.

Кеше саған Еспер деген кедейдің, өзіме орынбасар болғанын айтқанмын. Кейін оны Ботпай болысына атқару комитеттің төрағалығына жібергенбіз. Ауылды советтендіру жөнінде көп қызмет істеген сол азаматты бір күні өлтіріп кетіпті деген хабарды Алматыда естідім. Мен ол күндері екі күнге сұранып балаларымды көруге қалаға келген едім. Үйелмелі-сүйелмелі екі ұл – Совет пен Марлен Қазақтың тоғыз жылдық үлгілі мектебінде интернатта шәкірт еді. Бұл кездері екеуі де зіңгіттей жігіт болып, алды-артын танып, досын-дұшпанын, большевикті, меншевикті, тапты, тап жауын айырып қалған. Екеуінің газет-журналдарды оқығанын, саясатты біле бастағанын көргенде көңілім раушан болып жүрегім жарылып кете жаздап жүрдім. Орыс тілін де біршама меңгерген. Екі ұлымды көріп екі күн аймаалап, мауқымды басып, Ұлтаракты, Інжірді, Ұлтуғанды еске алып, сәл мұнайып, сонан соң «талайыма бұлар түспесе тағдырға не істей алар едім» деген сергек ой да мені бір кезек самалдай желпіп өтті.

Сонау бір революцияның отты жылдарында мені Ташкентке «Казинпросқа» оқуға жібермек болды. Облыстық ағарту бөлімінің меңгерушісі Біләл Сүлеев бұрыннан таныс кісі болатын. Екі иығына екі кісі мінгендей, төртбақ, бойы да, ойы да бар оқыған жігіт. Ол барлық қағаздарды қолыма бере тұрып:

– Абақ, жолың болсын, елге керекті азамат болып қайт! – деді. Қағаздарды қолыма алып, үйге келе жатып ойға кеттім. Екі бала, әйел күн көрер. Атымды қайтер екенмін деп қатты састым. Ұлтуған оны баға алмайтыны белгілі. Ол ешбір адамның малдануына көнбейді. Қыздың көркі құлпыда, жігіттің көркі жылқыда. Ол менің көркім де, көңілім де еді. Бір-ақ амал бар – тек үйге сойып беріп кету. Құлынынан құрықтап ұстап, құлағымды құнына берген атым – қанатым. Қалай союға көзім қисын. Қатты терлеп кеттім. Жоқ, үйге келсем жағдай мүлдем басқа екен. Ертеңге әскерге алынатын болыппын. Енді ат мәселесі шешілді, тек бала-шаға болмаса.

Аядай екі кішкене бөлменің төрдегісінде екі ұл пысылдап ұйықтап жатыр. Ұлтуған менің жол жабдығымды әзірлеп отырғанға ұқсайды. Мен кірген бойда ол орнынан тұрып келіп менің мойныма асылды. Бұл оның бұрын мінезінде болмайтын жай. Көзінің еті домбыққан, қабағы түсіңкі. Күндік тартқанын маған байқатпауға тырысады. Бірақ жасыңнан сырдескі, етене адамның мінезін білмеуші ме едің. Сауатымның аз екенін білемін. Оқуға баруға соның айтуымен «екі ұлды

қиын болса да өзім асырауды мойныма алайын Абақ, сен оқығаның жөн болар» деген соң келісім берген едім. «Совет өкіметін қорғау бірінші кезек болуы жөн ғой, егер ол болмаса бәрі бір оқымайсың. Ал Совет өкіметі тұрса, бәрі бір оқымай тұра алмайсың» деген еді Ұлтуған. Сол күнгі сырласуым онымен ақырғы сырласу, күндіз көшеде серуендеуім соңғы қыдыру екенін біліппін бе, мен бейбақ. Байрақ көтеріп сайраққа аттанғанда оны қайта көрмейтінімді білсем етті. Ақылды туған жан еді ғой, ол. Егер Совет пен Марленнің мынадай болып жетілгенін, оқығанын көргенде қандай қуанып, шадыман болар еді. Бірақ жазмыш бізді бірге ұзақ өмір сүруге қоспапты ғой. Балаларымның білімге кенделгенін, жетіліп қалғанын көргенде төбем көкке аз-ақ тимей тұрды. Тіпті әлгі Совет тура әкесі Ұлтаракша асықпай, байыппен сөйлеп:

– Көке, біздің елде ірі байларды тап ретінде жою аяқталып қалды ғой, енді біраздан соң олардың құйыршықтары – қашып жүрген бандиттар да жойылып бітеді. Сонан соң апам айтқандай, оқуға бармайсыз ба? – дейді. Тіпті басқа аудандардағы жағдайды да жақсы біліп тұр. Япырмай деп ойлады он үш жаста айтып тұрғаны мынау, кейін аман болса, оқудың түбін түсірер. Уақыттың өзі де, заман да адамның есеюін тездетеді ғой, шырағым. Мен балаларымның тез жетілуін заман ағымы деп білдім. Алматыдан қайтар үшінші күні әлде неден шошып ояндым. Қонғанымыз Серғазы Күшіковтың үйі болатын. Жерге екі ұлымды екі жағыма алып жатып едім. Оларды интернаттан бір түнге сұрап алғанмын. Оң жағымда Марлен қаннен қаперсіз, аюдың қонжығындай қатты ұйықтап жатыр. Сол жағымдағы Совет жоқ. Шығыстағы терезеден күн түсіп тұр. Сөйтсем Совет бұрышта кішкентай мүшкет-топа орындықта газет қарап отыр. Қабағы түсіп кетіпті. Ол менің шошып оянганымды байқап қалып:

– Шошып ояндыңыз ғой, көке, – деді. Советтің қабағына қарап көңілсіздене қалдым. Мен баяғы ол әке-шешесін ойлап жасиды ма екен деймін дағы. Менің оянганымды, ұйқымның ашылғанын білген ол маған қарап үлкен кісіше сөйледі:

– Көке, – дейді Совет, – Сіздің аудан тынышсыз болуы керек. Еспер Қожақовты байлар өлтіріпті. Өлігі табылмапты. – Қолындағы газетті жұлып алып оқып жіберсем кішкентай хабар берілген екен. Не істерімді білмей сасып қалдым. Балалар басымды сүйеп, су жұтқызды. Ұстатпай, қашып жүрген сұмның бірі болды ма екен, әлде көрінбей жүрген іштегі мерез бе екен. Кім өлтірді екен, оны!?

Созылып жүруге уақыт жоқ. Атымды тез ерттеп, шайға қарамай, балаларыммен қоштасып, суыт кеттім. Қандай уәдеде тұрғыш, ұстаған жерінен сынағын, судай басынан тұнатын, досы үшін басын бәйгеге тігетін жігіт еді, Еспер. Сонау он алтыншы жылдың қысы есіме орала кетті. Кірірге көр, барарға жер таппай, біз қашып Алматы кететінде, басы Таубайды, оның сойыл соғар сегізін матап, бірінің қол аяғын бос

қойып кететінде сенгеніміз осы жасы қырықтан асып қалған кедей еді. Танымайтын да, біліскен де адам емес едік. Біліспей тұрып бір пікірден шыққан Еспер міне өлді дегенге шыдай алмай кеттім.

Қарақыстаққа кіресап істі қолыма алып, шұғыл шешім қабылдадым. Есперді жақсы көрмеу мүмкін емес еді. Өйткені оны бізбен жақындастырған тап тартысы болатын. Тап тартысы – туыстықты, жақындықты білмейтін, нағыз интернационалистік қозғалыс. Оны нақ осы Еспер өлімі дәлелдеп берді. Еспер байларға қатты тиген, қайсар, өз жанын қорықтап көрмеген большевик еді. Сөйлесе қарқуардай шешен еді.

Басыңды көтерші, шырағым, – деді Шұнақ шал. – Сонау көп бұдырмақ адырды Алмалы-Долаңқара дейді. Долаңқара деген жер аты қалмақ Долаңқара батырды қазақтан шыққан Шапырашты, Теке Бөлек бағыр жекпе жекте өлтірген, бұл ат содан қалған. Содан төмен Айдарке деген тау бар. Айдарке Ботпай болысының Бидас деген тармағының жері еді. Байлардың Совет өкіметінен жасырып тыққан малын үнемі тауып беретін Есперді бір күні бай туысканы Тойбай шақыртады. Оған негізгі себепкердің бірі Еспердің туған ағасы Байеке болады. Ол сол елдің игі жақсылары Тойбай мен Жаркымбайды «мына Еспер менің сөзімді тыңдауды қойды. Мені «ку бас» деп тілдеді» дейді. Өзі ілә таппай, балақтағы бит басқа шықты-ау деп Оралдан қашып келіп, елге сыймай, қашып жүрген Тойбай Бидастың сорпа бетіне шығарларын жинап Есперді өлтірмек болады. Қара қой сойып бармақтарын қанға матырысады. Бармақты қанға матыру бір адамды өлтіретінде істелетін уәде болса керек-ті. Сол кезде бай топтың сөзін сөйлейтін бір ақынның мынадай өлеңі де болған:

«Бидаста бір белсенді Еспер деген,
Неме екен діті қатты, дес бермеген.
Кедейге көмектесем дейді дағы
Байларға бір жақсылық естірмеген.
Большевиктің Еспер атын естігенде
Біз тұрмақ бала жылар ес білмеген».

Міне шырағым, бұл өлеңге түсінік берудің керегі жоқ. Жау не демейді. Жаулығын да, Еспердің кім екенін де айқын айтып беріп тұр.

Ол әсіресе өзінің үйленгенін ұзақ сыр ғып айтар еді. Онысы құлаққа әдемі естілетін. Міне, енді сол Күніші жесір қалды. Есперді байлар жер жастандырды.

...Қар кетіп сылқылдап, күндіз көксоқта, түнде анжыр болып құбылған көктемнің кезі еді. Сол бір жылы жаңбыр да шамадан тыс мол болды. Еспер таңертеңмен есік алдына шығып келген. Жаңа ғана киіп жатып көрген кірлеген жейдесін жуғызбақ болады.

– Күніш, – деді Еспер, – жейдем кірлеп кетті, мен шешіп бере қойайын, жуып берші. Түске дейін ешжаққа бара қоймаспын. Күн жылы екен, тез кеуіп қалар. Шіркін өлмеген құлға жаз да жақындап келеді.

– Жарайды, шешіп бере қойшы, – деді Күніш. Еспер жейдесін шешіп, кірленге су құйып отыра берген әйелінің алдына тастады. Алмастыра салатын басы артық жейде жоқ. Жалаңаш етіне шапанын киді. Беліне ештеме бұмай ол, өңірін қаусырынды да әйелінің жанында тікесінен тік тұра берді. Күніш күндегідей емес, кір жуып отырғанда тым көркем, бейнелі көрінді. Күнде қалай байқамағанмын, мұны деп ойлады ол. Кимешегінен шығып жерде жатқан қос бұрымын қарашы, әр қайсысы жеңді білектей. Осы қолаң шаш ең алғаш кедейдің мойнына қашан, қалай оралып еді.

...Сонау Алматы жақтан жалғыз атына мінгестіріп келіп еді-ау, мұны. Ол да нақ осындай көктемнің шағы еді. Алматыдан шыққан Еспер үш жыл жалға жүріп алған шабан торысын аяп аяндап келе жатқан. Шамалағаннан өтіп, Шомқалғанды басып, жалғызаяққа таянғанда айдалада, қырқа ішінде кез болды, осы алғыншы Күніш.

Қырқа іші. Елсіз дала. Жұрт әлі қыстаудан шыға қоймаған кез болатын. Қырканың қары сөгіліп жатқан. Мұқым ерімеген. Қары кеткен күнге беттер кемботаланып, аттың шашасынан келетін балшық. Кей жерде асты еріп қуыстанған қауылдырық қар. Әсіресе жол күнгейді жанап өткенде торыға ауырлау соқты деп ойлаған Еспер. Бірақ торы шабан болғандықтан шығар, еті қалың. Бұрын ат бітпеген Есперге мая мініп келе жатқандай болатын. Тіпті туғалы бері бүйірі шығып, ет бітіп көрмеген Есперді ол шыбын құрлы көрмегендей, тер де шықпап еді. Атка ауырлау тиіп келе ме деген Еспердің өз ойы болатын.

Алты жыл Тойбайда құтан атанып, жалға жүргенде бір баспаққа қолы зорға жеткен-ді. Енді міне, үш жылда жылқылы болды. Шабан болса да ат қой, ағы бар демес пе, жұрт. Елден жаяу кетіп, атты болып қайтудың өзі бір ғанибет емес пе? Осы оймен торыны батпақтатып келе жатқан Есперге жаяулап, елсіз-күнсінде қорықпай кетіп бара жатқан жалғыз адам кездесті. Жаяу кетіп бара жатқан адамның жүрісі ширақ. Аяғында етігі, үстінде түйе жүн шекпені бар. Оның белін жалпақ күміс кемер белдікпен буып қойыпты. Басында түлкі бөрік. Алтайы қызыл түлкіден тігілген бөріктің жасыл мәуліммен тысталған төбесі бұл Алматы төңірегінде бола бермейтіндей, биіктеу. «Қалпағымның төбесі мұнара ғой...» деген өлең бар еді-ау деп ойлады Еспер. Кемер күміс белдік, түйе жүн шекпен, түлкі бөрік, бірақ жаяу жүргені қалай? Мынадай киімді адам жаяу жүруші ме еді. Аяғындағы етігі ше? Етігі де әдемі, сақтиян. Бірақ көбіне сал-салқам жігіттер болмаса мұндай етікті жұрт жазда киюші еді. Жаяуға жақындағанша Еспер түрлі ойға кетеді. Бөксесі үлкендеу, шынымен сал бөксе бай баласы болар. Атынан айырылып қалған ғой деп түйеді, Еспер.

Атты кісінің жақындап, тақымдап келіп қалғанын білсе де жаяу оған бұрылып қарамады. Еспер жетті. Артынан келгендіктен бұл бұрын амандасты:

– Ассалаумағаләйкөм!

– Саламатсыз ба? – деді жаяу. Тіктеп қарамады. Неге екені белгісіз қазақ жоралғысымен «уағаләйкіассалам» демеді. Мейлі демей-ақ қойсын, оған қарап, одан бірдеме айырып жатқан Еспер ме, оған маңыз бермеді.

– Жолыңыз болсын!

– Әлей болсын! – Сөз тағы осымен бітті. Жаяу жігіт әңгіме айтпай ішті көгертті. Озып кете берсем бе екен деп ойлады, Еспер. Айдаладағы жалғызды жолға тастап кетіп, атам Қазақтың дәстүрін қалай бұзамын. «Алдыңнан кара шұбар жылан шықсын!» демес пе ол маған. Өстіп Еспер үнсіз келе жатады. Озып та кетпейді, бұл да үнсіз, бұл қай бір суырылған шешен еді.

– Әңгіме айтыңыз, – деді түк таба алмаған Еспер.

– «Аттыға ілесіп жаяудың таңы айырылыпты» демеу пе еді қазақ атаңыз. Мен жаяу, қайбір сізге жолдас болатын адам. – Еспер таңырқап қалады. Өйткені сөзі жігіт лебізі сияқты емес. Егер бұл еркек болса, неге «не айтпақпын, сен атты мен жаяу» деп қатқылдау да, қалжыңдай да сөйлесмес пе. Бірақ бұл атынан айырылып қалған болса, қолында неге қамшысы жоқ. Не де болса мұнымен біраз бірге жүрейін, егер әйел болса тағы көрейін. Ал неге ол әйел болмақ? Зінгіттей жігітті әйел деп менің көзім қарайған ба ей? Бұным қалай? Ал ол неге тура қарамайды. Неге жерге қарап сөйлейді. Танып қоймасын дегені дағы. Сонымен бұлар тағы біраз жер үндемей жүреді. Жігітке жан бітіп бір кезде Есперді өзі сөзге тартып бір сөз дейді:

– Әңгімені өзіңіз айтыңыз, қайдан келесіз, қайда барасыз? – деп ол бұрынғысынша төмен қараған күйі айтты да, иегін көтермеген бойы көзін Еспер жаққа тастады. Ия, деп ойлайды Еспер әйел екен. Еркек болса бұл маған көз қиығын тастағанда иегін көтерер еді. Еспер шабан торыны жақындатып оған үңіле қарады. Уыздай жап-жас, шамасы он жеті-он сегіздер шамасында. Еспер өз басынан өткенін айта бастайды. Кейін өзі де танданатын. Шамасы Күнішке қосылғалы тұрғаным көрінген болар, әншейінде сөйлемейтін басым төгіліп кетіппін дейтін.

– Алматыдан келемін. Жалға тұрғанмын. Үш жыл жүріп ақыма бір ат алып содан келе жатқаным. Үстімде үйім, бауырымда қазаным жоқ, әлі бойдақпын, жас отыздан асты. Қашан қатын алып, қашан балалы боларымды, қашан үйлі-үйелменді болып, үліңгір жамыларымды білмеймін. Қатын алу үшін қалың беру керек. Ондай мал менде жоқ, мажал да жоқ. Сонымен қызылбұт атанып, бас қатып жүрген жайымыз бар. Басында елден шыққанда ата-бабаның ескі қонысын көріп қайтайын, Іле өтіп атамыздың кіндік қаны тамған Қапал-Көксуды, жайлау-жонсауын көрейін деген оймен шығып, оған жете алмай, Алматыда үш жыл

болып, енді елге беттегенім. Бар тұрмыс үстімдегі рауғашқа боялған қызыл тон, астымдағы торы ат. Қысқасы салт басты, сабау қамшылы деп қазақ айтатын қарақан бас – осы біз. – Жігіт әлдеқалай танданған, мәуреті өтіп бара жатыр екен-ау дегендей, иегін көтермеген бойы көз қиығын тағы бір тастап біраз үнсіздіктен кейін тіл қатты:

– Қалай қалай дедіңіз? Көксу-Қапал? Сонда туыстарыңыз бар ма еді? – Еспер бұл бұған неге қадала қалды деп ойламайды да. Оны әңгімелеп кетеді. Інім, Жетісу тарихынан қанша хабарынның барын білмеймін, тіпті бәлкім мұны тарихшылардың бірі білсе де бірі білмейді. Еспер айтып келе жатқан Көксу-Қапал әңгімесі де сен сияқты журналист-жазушылар біле жүрсе артық болмайтын жай.

Шұнақ шал тағы бір тарихи деректі әңгімелейін деп келе жатқанын түсіндім. Ол шарта жүгінген аяғын көсіліп отырды. Шамасы тізесі шыдамай кеткен болса керек, екі тізесінің ұршығын екі қолымен кезек-кезек уқалады. Оң қолының бармағымен оң тізесінің көзін тауып алып, оны да бір-екі толғап өтті. Сонан соң екі көзін алыстағы даладан алмаған күйі маған қарамай сөйледі.

– Інім, мың сегіз жүз елуінші жылдары Жетісуды тегіс қаратып алған Колпаковский қазақтарды ойына келгенінше билеп, көп зорлық-зомбылық көрсетті. Осы кезде біз оны «Россияға еркімен қосылды» деп соғамыз. Інім, кішкентай сауаты бар адам айыра алатын саясатты «өзімнен басқаның бәрі ақымақ немесе осыған көнсең де көнесің, көнбесең де көнесің, осылай деуің керек» деп күштеуге бола ма. Басында еркі бар, еркін киер бөркі бар адам не ақымақ, не сатқын болмаса, бас бостандығын қолдан біреуге беріп, еркін киер бөркіне тәуелді болып, ләппай деп қолын қусырып құлдық ұрып, әлде тізерлеп қолын жайып кіріптар болып отырар ма! Саясатты да ойланып, артының жалаңаш екені көзге шалынып, әбиірі көрініп қалмайтын етіп жүргізген дұрыс. Ал шынына келсек, ең дұрысы інім, патшалық Россия қазақ жерін отарлады деп туралап, айту болмақ. Егер біз елімізді, болашағымызды ойласақ, жастарға дәл мағынасындағы коммунистік, интернационалдық тәрбие бергіміз келсе, орыс патшалығының отарлау саясатын ашық, етпетті жүргізгенін ашық, сара айтуымыз керек. Ал көпе-көрінеу, арты жалаңаштанып көрініп тұрған істі мәймөңкелеу, тіпті кейде мәймөңке, мәміле де жоқ күш көрсету тұрғысынан саясаттаса, оны «ия солай» деген боласың, ал арғы жағында ішің қыжылдап қайнап жатады. Алдымен күш көрсету тұрғысынан жасалған саясатқа бір кіжінесің, сонан соң рас-ты өтірікке айналдырғанға тағы қынжыласың. Ал әйтпесе осыларды яғни отаршылдықты отаршылық деп айтудан біз революцияның отты жылдарында ұтпасақ ұтылғанымыз жоқ, інім. Менің бұл сөздерім құлағыңа жақпай, түрпідей тисе, онда ендігі әңгімемді естімей де, тындамай да қоя-ақ қой. Мен саған бұларды тындағың келмесе зорлап тындаптаймын.

Лениннің көзі тірі кезінде Қазақстанды орыс патшалығының отарлағаны ашып айтылып келді. Енді сол кездегі тарихтың бәрін өзгертіп, «Қазақстанның Россияға қосылып алынуы» деп сипақтатып болдық. Тіпті таптық тұрғыдан жүргізілуге тиісті саясатымыз да өзгеріп, бүкіл халықтың еркіндігін сатқан Әбілқайырды ең ілгерішіл, адамгершілікті адам етіп шығармақпыз. Өсти берсек інім, әлі Әбілқайырға ескерткіш орнату жөнінде де сөз қозғалысына кім кепіл. Көрдің бе, інім, саясатты қалай бұрмалап барамыз. Ортамызға Ермак сияқты қанішерге ескерткішке қала атын беріп қойып, осыны жақсы көрсең де жақсы көресің, жақсы көрмесең де жақсы көресің деуді не деп ұғу керек. Кейбір тарихшысымақтар Көшімді қазақ емес ноғай еді демек болады. Жарайды ол ноғай болсын, ал ол бір кері заманда, халықтың басы дауға түскен, малы талауға түскен заманда қазақ пен ноғайдың арасын кім ажырата қойыпты. Бүгінгі бір елде бір-ақ адамның сөзі жүріп тұрған заманда, сол ғана ақылды, басқаның бәрі көрөкірек, әйтпесе тіпті мақтағанда, адам адамша даққа қалып, ойлап кесіп-пішуден гөрі бас изегіш, құптағыш болған заманда өмір сүріп тарихты жазып жүргендер Ермакты «Великий освободитель Сибири» деп көрсетеді. Інім, мына сенің омырауыңда университет бітіргенінді куәландыратын ромб тұр. Жоғары білімді адам мұны білуге тиіс, ал маған айта қойшы, Ермак сибирьді кімнен босатыпты? Ноғайларды қырып, ноғай сібірді, Новосибирск атандырғаны ма? Әлде ғайыптан түскен біз білмейтін басқыншы бар ма? Інім, сен білмейтін бір шындық бар. Мен соны саған айтып берейін. Естимісің? Бұл сенің құлағыңа жақпайтын сөз болады.

Шұнақ шал маған сынап қарады. Мен бүгін әңгімені тоқтап пауды өзім сұрадым ғой, сондықтан шұнақ шалдың бетіне қарамай, алдымдағы тостағандағы қымызды басыма көтере бердім.

– Үндемегенің айта бер дегенің шығар, жарайды онда. Сендер білмейтін, сендердің қолдарыңа түспеген талай әдеби шығарма бар. Соның бірі «Сәтбек батыр» аталады. Бұл Ермак туралы, оның ит өлімі туралы дастан. Адамша өлімі емес, қайталап айтамын, ит өлімі туралы.

Қазақ жерін қырып-жойып, үрерге итін қоймай, қырды қырып, ойды орып, қанды судай ағызып келген Ермак кеш батып кеткен соң бір қазақтың үйіне келеді. Бұл Сәтбектің үйі екен. Жанында сайыпқыран қырық дүбірі бар. Мал сойылып оған тамақ тартылмақ болады. Сәтбектің әйелі мендуананың қоңырауын қайнатып, сол суды қымызға қосып Ермактарға береді. Ермак та, жігіттері де әбден мас болады. Мас болған соң жігіттер түнде біргіндеп далаға шыға береді. Біргіндеп шыққандарды бір-бірілеп есік алдында тұрған Сәтбек басын қылышпен шауып, сүйреп тастай береді. Біршамада қасында жігіттері қалмаған Ермак «бұл нөкер-дүбір қайда кетті?» деп мас, тәнтіректен өзі шығып келе жатады. Бағанадан бері қырық жігітті шауып өлтірген Сәтбек шаршады ма, әлде Ермактан жүрексінді ме, қапелімде оны шапқанда тая соғып, басын емес, бір қолын шауып түсіреді. Қарусыз, бойы екі жарым кез,

бір қолы жоқ Ермак Сәтбекпен алыса түседі. Көпе-көрінеу Сәтбекке бой бермей, қарманғанда тіпті жалғыз қолымен-ақ буындырып өлтіріп болады. Сәтбектің қасқыр алатын маң төбеті байлаулы тұрады. Өліп бара жатқан Сәтбек жандәрменде «итті жібер!» деп айғай салады. Әйелі итті босатады. Ермакты ит талап өлтіреді. Сәтбек сүйреп барып Ермак өлігін жардан Ертіске итеріп тастайды. Міне, інім, бұл адам өлімі емес, ит өлімі емегенде немене? Бәлкім тарихта ит талап өлтірген адам Ермак шығар. Ермакты мақтағысы келгендер «тарихта бұдан басқа ит талап өлтірген адам жоқ. Ол бірінші» деп дәріптеуіне, дарбитуына болады-ау деп ойлаймын. Сөйтіп қазақты қан жылатып, жерін қан жалатып, әйелдерін қанқасатқан Ермакқа еліміздің ортасынан Совет заманында қала тұрғызу – бұл қай интернационалдық тәрбиеге сияды. Міне, қарағым, Ермак туралы қазақ білетін шындық осындай. Ендігісін өзін ойлай бер. Қазақ халқын сондай ғайыптан «жарлықаушының» бірі Колпаковский болатын.

Еспердің айтпағы сол Колпаковскийдің зорлық-зомбылығынан сол кездегі Күрті, Ботбай, Мойынкұм болыстарының қазағы Іленің бағысына көшкен. Олар Іледен арғы Алатаудың етегін сығалап, Қапалға дейінгі жерде, бұрынғы Қапал уезінде Баянжүрек тауына дейін жатады екен. Ал Найманның Садыр-Матайы Аягөзден ары екен де, Жалайырлар соған дейін созылып қоныстанады екен. Қапал қаласы (бір кезде қала еді ғой) тұрған жер қазіргі Алматы облысының 1-май колхозын мекендеген Дулаттың Қапал, Қыбырай деген руының кірті-қияуы еді. Мысалы Еспердің аталарының ауылдары Көксу бойында болған-ды. Алғаш Еспер Алматыға сол жақты бір көріп қайту үшін аттанады. Онысы жастығынан, алабұртқан баламұрт көңілден туған өрепкі қиял болса керек-ті. Осыларды жол үстінде, айдалада, итшайнаған майлы орамалдай қырқада бінә болған бала жігітке Еспер айтып береді. Ойда жоқта жолда кездескен жас жігіт:

– Мен де сол жақтан едім, – деп Есперге қиыла қарайды. Қиыла қараған сәтте жігіттің самайынан шыққан қап-қара бір тұлымдай шашын көреді. Бұл әйел екен ғой деген қорытындыға сонда да келеңсіз Еспер келе қоймайды. Үндемей келе жатады да, осыны мінгестіріп алсам қайтеді деген ойға келеді. Еспер өз атын айтады да:

– Атың кім інім, – дейді.

– Атым Күнбай, – дейді жас жігіт. Енді Еспер шамасы бұл бір дөйдің оқудан келе жатқан ұлы болар деп түйеді. Тегін адам шаш қоюшы ма еді. Қудың сұңғағындай мойыны қалай әдемі, тамағы торғындай екен-ау деп ойлап қояды Еспер. Бет бернесі де келіскен екен. Оқыған, мектеп көрген адам ғой.

– Кел мінгес, інім, – дейді Еспер. Жігіт сөз айтпайды. Қолын береді. Еспер мінер жақ үзеңгісін босатып, жігіттің қолын алады. Қолы тіпті жұп-жұмсақ, сымға тартқан күмістей екен. Жас жігіт қой, шабан торының жап-жалпақ сауырына жып етіп оп-оңай міне салды.

– Ой, аға, құйысқанның көкілдірігі үлкен екен, батып барады, – деді жігіт. – Құйысқанды алып тастасақ қайтеді. – Еспер аттың басын тежеді.

– Жоқ, – деді жігіт, – осылай жүре беріңіз. Қазір өзім алып тастаймын. – Ол құйысқан байлаған шығыршықтан оның байлауын шешіп, тіпті, ат құйрығынан қалай алып қойғанын Еспер сезбей де қалды. Тек құйысқанды екі-үш бүктеп қолына бергенде бір-ақ білді. Бәрі де еркектің ісі, еркекше істеді. Сәлден кейін барып жігіт жауап қатты:

– Аға алдағы ауыл қанша жер?

– Кешке жетеміз. Немене бұл жақта болмап па едің?

– Болмаған едім, аға. – Қалай жұмсақ сөйлейді, қыздарша деп ойлады Еспер.

– Өзің қайда барасың? Кімнің үйіне? Қайдан келесің?

– Аға ол көп әңгіме. Қонаға баратын жерге дейін таусылмайды.

– Айта бер, жол қысқарсын, – деп ойында ештеме жоқ Еспер.

– Аға ол айтыла салатын сөз емес, алдымен менен естіген әңгімені ешбір жанға тісіңізден шығармауға уәде берсеңіз ғана ол сырды шерте аламын.

– Жап-жас жігітсің, сонша уағда алатындай біреудің жіберген жансызы ма едің? Не жанбақы болмаса, не жансыз болмаса, қазақтың осы далдып жатқан сайын даласында кімнің сырын, күнәсін кім біліп болмақ? Қолыңа қарасам кардар-зергер сияқтысың, бернең, сымбатың қызға бергісіз, бірақ, зайыры түсіне алмадым, інім.

– Аға «отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге кетеді» демей ме, қазақ. Пелде-пелде өмірде не болмайды, бүлген заманда бүлініп жүрсем... – Жігіт мұңайып барып сөзін жалғастырды. – Анадан бергі сабылыс жүрісім зая кетіп жүрсе...

– Жарайды, қасам ішейін бе? – дейді Еспер.

– Жоқ, аға, осы сөзіңізге сенемін. – Ол тағы бірсыпыра жерге дейін үндемей қалды. Шамасы айтсам ба, айтпасам ба деп екі ұдай ойлы боп келе жатса керек. Еспер де тіс жармады. Өлден уақытта барып ол қайта тіл қатты:

– Аға мен қызбын. Сипатымнан байқамадыңыз ба? – Бір мүбәйі пәле емес пе деп:

– А, а? – деп Еспер сасып қалды. – А, қызбын? Онда түсімі аттан! – Қыз қарсыласпады. Аттан түсті. Аттан Еспердің өзі де түсті. Түскен жерде, шабан торының мінер жағында екеуі біріне бірі тесіліп, таңданып-тамсанып ұзақ қарап қалды. Сонан соң барып Еспер аттың тартпасын босатып, аткөрпені басып тұрған пыстаннан оны шығарып алды. Оны үш қабат қалпымен аттың сауырына қойды да, төсайылды қайта қатты тартты. Торы іші қысылып кеткен соң құлағын жымырды. Енді басы былғарымен көмкеріліп, мыс мық шегелермен шекілген ердің түйе көнімен қапталған кісілігі тақырайып жалаңаш қалды. Аتكөрпені жайластырып салып:

– Ал енді атқа мін, – деді Еспер, – бұл күнге шек, жәукен алсын, мұндайды кім көріпті. – Ол ойына бірдене түсіп кеткендей үзенгіге аяғын сала берген қызға бұрылды. – Онда сенің атың неге Күнбай?

– Күнбай емес, – деді жымып қыз. – Күніш. Күніш атқа түскен сияқты лып етіп тез мініп, ер артындағы аткөрпеге отырды. Еспер жүгеннің сол жақ сулығынан байлаған шыжымдап есілген қара қыл шылбырды шешіп алды. Оның бір басын ілмектеді де, күрмеп байлап қойды. Шылбырдың ілмектелген басын қыздың алдынан аттың қамшылар жағына түсірді де:

– Аяғыңды сал! – деді Күнішке. Бағанадан бері «шылбыр неге керек» деп отырған Күніш енді түсінді, оған үзенгі жасап бермек екен. Күніштің мінер жақтағы сол аяғына шылбырдың ұзындығын дәлдеу үшін аяғын ұстай беріп, денем дір ете түсті, дейтін Еспер. Бұл қыздың аяғы ғой, ұрықсатсыз ұстағаным ұят-ау деген бір ой желпіп өтті. Қыз шылбырдың ұзындығын өзі өлшеді:

– Осы жерден түйе беріңіз, аға. – деді. Еспер шылбырдың екінші басын да ілмектеп байлады. – Міне, енді үзенгі дайын.

– Енді өзің теңестір, – деп өз аяғын үзенгіге салып, атқа мінді. Сонымен Еспер алдында, артында мінгесіп Күніш келеді.

– Ал, – дейді Еспер, – енді әлгі ант алған әңгіменді баста.

– Аға атымның Күніш екенін айттым. Өзім Қапалдан қашып келемін. Ауылымыз Баянжүректің батыс жақ етегінде. Мен бір ауқатты адамның жалғыз қызы едім. Маған ешкім атастырылып, қалың бермепті. Осыдан бес ай бұрын әкем де, шешем де арасына бір-ақ апта салып қайтыс болды. Әкем Кәрім жалғыз кісі еді. Қабырға ағайындар кеңесіп мені бір шал адамға екі қатынның үстіне бермек болады. Сөйтпін менің қалыңыма тағы да мал алып, майға қақалып, қарқ болғысы келеді. Жансыз боп білсем бәрі рас. Бір кедей ағайынымыздың жас түскен әйелі бәрін қолмен қойғандай етіп айтып берді. Содан бір түнде еркекше киініп, қашып кеттім. Малдан да, дүниеден де бейдама болып, безіндім. Содан жаяулап-жалпылап аптада Алматыға жеттім. Әдейі құлақ естімес, көз көрмес жерге кеттім. Егер жайым бұл жақта да болмаса, мекеге дейін жүре бермекпін ақтап, босып кетпекпін. Осыларды айтып келе жатып, ол қалғып кетіп, басын екі рет Еспердің арқасына соғып алады. Ол әңгімесін бітірген соң Есперге:

– Аға егер сіз іренжімесеңіз мен кішкене қалғиыншы.

– Қалғысаң қалғы, немене ұйықтамап па едің?

– Түні бойы көз ілмедім, алдағы өмірім не болады деп күңіреніп шықтым. Оның үстіне қонғаным бір орыстың үйі еді. Бірдеме шағып үстімнің бәрі ісіп кетті.

Күніш Есперді белінен тас қылып құшақтап алады да, екі-үш сағат ұйықтайды. Есперге Күніштің қолы әлде қалай бір жылу әкелгендей қолын алмаса екен, құшағын жазбаса екен деп тілейді.

Күн кешкіріп, сабыр жер қатқак тартады. Шабан торының жүрісі де өнімдірек болады. Дегенмен мінгескен екеу ел қарасын көре алмай, осы көктемде ғана тартылып алынған бір мая жоңышқаның орынына кездеседі де, соған қонбақ болады. Торының тартпасын босатып, аяғына шідер салып, тізгінді басына түріп, ауыздығын алып отқа қояды. Аттын ерін алып, арқасын жел көтермесін деп ішкілікті салып, тартпасын тартып, ыстықтай болса да отқа қояды. Кешке дейін екі кісі мінгескен торы арқамнан бұлар түсті ме, түспеді ме дегендей күртілдетіп жоңышқаға бас қояды. Ал Еспер жоңышқаның қалғанын жинап, қалың ғып салып, үстіне ат жабуын жайып, басына ерді, қоржынды жаптап, кеуде жағына таман тоқымды көлденеңінен төсеп:

– Ал, Күніш, енді жат, – дейді. – Мен аткөрпемен аяғыңды ораймын.

Еспер тонын шешіп Күнішке жабуға дайын тұрады. Күніш қысылып ақырын қисаяды. Еспер оның аяғын аткөрпемен орап, үстіне тонын жауып, оның бір етегін өз үстіне жауып жатады. Екеуі де жуғарақпанда көзі іліне қоймайды. Түннің бір шамасы кезінде қыз тыншымай қимылдай береді.

– Не, жаурап жатсың ба? – Еспер оны қымтамақ болады. Болбол тарыдай тез піскен қыз екен деп ойлады, ішінен.

– Жоқ, ыстықтадым, шекпенімді шешемін. – Еспер үндемейді. Күніш шекпенін шешіп, тонның ішінен екеуіне бірдей кигізе жабады да, үстінен тонды тастайды. Біршама тыныстағандай болады. Әрі-беріден соң тағы тыпыршып, сонан соң Еспердің бауырына кіре түседі...

Қатты дүбірден Еспер көзін ашып алса, жоңышқаның орынына келген жылқы екен. Таң атып қалыпты. Үсдеспей жатқан екеу ерлі-зайыптыларша тұра келеді. Сол күні кешке Еспер Күнішті мінгестіріп ауылына да жетеді...

Сөйтіп қосылған Күніш бүгін тіпті ерекше сымбатты бияқ көрінеді. Өмірі Күнішке ондай сөз айтып көрмеген Еспер:

– Күніш сен ерекше көркемсің. Бұрын қалай байқамағанмын, – деп естіртіп айтады. Өзі одан көзін алмай тұрады.

– Неге сонша қарайсың, жаңа көргендей, – дейді Күніш. – Анау жылы Далақорадан тауып, өңгеріп келіп, тірілтіп алғанымда, онда әлдеқайда жас едім, онда неге байқамағансың. – Расында барыс жылы, орыстарды жаппай патша әскерге алып жатқан жылы Еспер Тойбайдың қойын бағатын еді. Қазактар, інім, жалпы барыс жылы қыс қатты болмайды деп есептейтін. Сондықтан да әлде байдың екі бірдей қойшыға ақы төлегісі келмеді ме, Тойғанбай деген ағайындарын қуып жіберіп қойға жалғыз Есперді салған. Көктемге салым қыс қысырап, жылы болды, енді мал қыстан аман шықты деп жұрт қуанып жүргенде осы Долаңқарада бір күні түстен кейін аяқ астынан ертелі бері қып-жылы май тоңғысыз болып тұрған күн бүлініп, түстен кейін бұлан-талан болады. Қатты дауыл тұрады да, ұрып-ұйтқып жауған қар әбсәтте көміп са-

лады. Ат құлағы көрінбейтін зымыстан боран. Кеш батып, түн болып кетіп, ауылға қой да, қойшы да қайтпайды. Түннің ортасында қойды іздеушілер қойды табады да, оны сол маңайдағы Далақораға каматып, бір адамды күзетке қалдырып, өздері ауылға келеді.

– Еспер қайда? – дейді бір жыл бұрын түскен келіншек. Бұл сөзге ешкім жауап бермейді. Сөйтсе қойды тапқанына куанған Тойбай бай, оның бай туысқандары қойшыны іздеуді ұмытып кетеді. Есік алдына жылай шыққан Күніш байдың байлаулы тұрған, үстінен бит домалап түскендей семіз ерттеулі торышасын көреді. Ол міне салып шаба жөнеледі.

Түн түлей боран, ақтүтек түтіп жей жаздап тұрады. Күніш «қойды Көн сайдан таптық» деген соң тура соған тартады. Дала аппақ. Қылайған қылпық көрінбейді. Бір кезде ат та, Күніш те жоқ болады да кетеді. Әйтеуір Күніш шылбырдан айырылмайды. Күніш аттан бұрын тұрады. Байдың торышасы, орнынан тұра беріп, оқыранып сілкінеді. Ат қорқып кетіпті. Дір-дір етеді. Сөйтсе үй орынындай оқпандағы оппа қарға түсіп кеткен екен. Көзі жер жайын біліп, малмен-жермен көзі шыққан Күніш оқпанның осы жағы жыра болуы керек деп, атты жетектеп, сайдың аузына қарай жүреді. Он шақты қадам салған Күніш әлденеге аяғы тиіп етпетінен кетеді. Сөйтсе сүрініп жығылғаны жатқан Еспер болып шығады. Еспер өлген екен деп жас Күніштің есі шығады да, кешегі қойындасып жатқан Есперімнен несін қорқамын деп, ақыл тоқтатып, өліктің қойынына қолын тығады. Сөйтсе Еспердің денесінде әлі жылу бар, жүрегі соғып тұрғанға ұқсайды. Күніш оны қармен уқалап, есін жиғызамын деген ойына келмейді. Торышаны ылди жаққа тартып, оны ерге салмақ болады. Әлі келмей әлек болады. Байдың аты қанша семіз болса да, соншалықты жуас екен. Қақсал, жасамыс жылқы маңқиып тұра береді. Бір заматта иығындағы Еспер денесінің кеудесін өлгенде әрең ерге шығарады да, енді жоғары қарай итере бастайды. Түннің бір шамасы болып қалады. Еспердің екі қолын буып, бұған жіпті аттың бауырынан өткізіп, мінер жақтан әкеліп ер басына байлайды. Сонан соң аяғын үзеңгіге салып, атқа мінеді. Енді барып бұл үсіп кетті ме деген ой келіп, тұмақтың бауын қатты тартып байлап, екі қолын шешіп, өңгеріп келе жатып, еңкейіп Еспердің екі қолын кезек-кезек уқалайды. Сөйтіп келе жатып аттың тоқтай қалғанын бірақ біледі. Сөйтсе ат басын бай үйіне тіреген екен. Одан өз үйіне барады. Таң қылаң бере саландатып Есперді өңгерген Күніш үйге түсіріп, жұрт аяқ-қолын, денесін қармен ысқылап тірілтіп алады.

Күніш келсе ауыл абыр-сабыр. Сөйтсе адам Есперді жоқтамаған ауыл Торышаны іздеп, «ұры әкеттіге» жориды. Бірақ десетін көрінеді ауылдағылар, ерттеулі атты ұры әкетсе, тізгінді кесіп алмай ма? Онда жартысы байлаған жерде қалар еді. Байлаулы малды ұры алғанын қазақ осыдан біледі. Атты жоқтағандар Күнішті де іздемепті. Күніш мінгенін естіген бай біресе қызарақтап, біресе сызданып:

– Басқа ат жетпей қалып па. Атты босқа кинады ғой, – депті. Ауыл адамдары осы күндері де екі бөлініпті. Жартысы «Адам өліп жатқанда атты аяймыз ба?» десе, енді бай жағымпаздары «басқа ат беретін едік кой» депті. Ал бүгін Еспер, сөйтіп өзін о дүниеден әкелген Күнішті жана көргендей, тіпті оның көркемдігіне шынымен тәнті болып тұрады.

– Шын сен тіпті әдемісің ғой, – дейді Еспер тағы да алдыңғы сөзін қайталап.

Нақ осы бір сәтте сырттан көп аттың шапқан тасыры естіледі. Ал-мала-Долаңқара тастақтылау дала. Оның үстінде жоталы жерде ат шабылғанда дүбірге дүбір қосылып, дүңкілдеп кетер еді. Бұл жолғы дыбыс ерекше болды.

– Не бұл, жау келгендей? – деп Күніш есікке қарайды. Шауып келе жатқандардың түрі ерекше жаман, бәрі түнеріңкі, қанына қарайып алған адамдар сияқты. Алда келе жатқан он шақты аттының ішінен Күніш өзінің туған қайын ағасы Байскені көріп көңілі орынына түскендей болады. Артқы топтан басында қара бұйра елтірі, қара мәліскеймен тысталған бөркі, тізесіне жетер-жетпес қысқа, жосамен бояған тоны бар Тойбайды танып, шошып кетеді.

– Құрыдық, құрыдық, Оралдан қашып келген қызыл қайнаға келеді. Тығыл, тығыл. Тез жөнел. Мыналардың қалпы жаман! – деп Есперді құшақтап жылап жібереді. Еспер де түсі бұзылыңқырайды да, бірақ ақыл тоқтатып, енді бәрібір құтыла алмасын біліп, тәуекелге бел байлайды. Бел байламағанда не істемек, жаяу адам аттылардан құтыла ала ма. Қанына қарайып әбден өшігіп алған топ сау етіп түсе қалды. Ат үстінде шіреніп, тек бұйрық беріп Тойбай, Сыбанқұл қожа, Иманқұл тұр.

– Шығарыңдар бері, жалаңаш к... балшайбекті. Көрейік бір әуселесін. Қалай-қалай сөйлесер екен бізбен. Ақ көкірек болғанды көрсетейік біз оған. Қызыл ғой, бұлар. Қызылды жақсы көретін немені қып-қызыл қан қылайық. – Жарқынбай деген Тойбайдың ең жақын бай туысқаны екен. Жандайшап екеуі аттан түсіп, үйге кіріп, Есперді сүйрелеп шығарды. Еспер көп қарсыласпады. Бәрі бір олардың сүйреп-байлап шығарары хақ еді. Күніштің бір байқағаны күнде Еспермен бірге белсенді болып жүретін Жаманбай, Ғизат, Қасабек те бұлармен бірге.

– Тұрғыз мына ортаға, шеш киімін, – деді. Тағы Жарқымбай молда. Еспердің киіп тұрған шапанын еңгезердей екі жігіт Алданыш, Мақсұт шешіп лақтырып тастады. Тойбай мен Жарқымбайдың жақындары, екеуі де қара табан қойшылар. Ауызы жарып ас ішіп, иығы жылтырап киім кимеген, құйкалак жеп құрсағын тығындаған сорлылар.

– Міне, бізді билейтін балшайбелің жалаңаш етіне шапанын киіп тұр, жарымаған, атасы жарымаған жалшы, – деді ат үстіндегі Тойбай.

– Қане, айт, бізді сатқаныңды қоясың ба, қоймайсың ба? – деді Жарқымбай. – Сенің әкенді біз өлтірген жоқ едік кой. – Еспер үндемей

тұра берді. Кеудесі жалаңаш, аяғы жалаң аяқ. Көксокта қардың үстінде.

– Отырғыз, тізерлет. Тойкемнің алдында тізерлеп отырып жауап берсін, итаршы неме. Мен қағынғалы біраз болды ғой, бәрін көтердік. Напақанды бізден-ақ теріп жемедің бе, біз-ақ сенің ындыныңды тойғызатын едік кой.

Алданыш пен Мақсұт желкелеп Есперді тізерлетіп отырғызды. Ол тұрмақ болды. Алпамсадай екі жігіттің қарулы қолдары оның қозғалуға мұршасын келтірмеді. Екеуі иығынан басып тұрды. Бағанадан бері шыдап тұрған Күніш осы жерде тұра жүгіріп келіп араша түсті:

– Өлтіресіңдер ме, тізесімен көксоктаға отырғызып... – Ол келе екі қойшының қолына жармасты. Арттан екеуі келіп Күнішті сүйреп бара жатты. Бірі Далабай екен.

– Сазасын беріңдер, Көксуға сыймай келген сайқалдың. Көксокқанды көксокта түгіл жалаңаштап қарға көміп қою керек еді. – Тағы бір бейтаныс байдың бірі болса керек-ті. Сүйретіліп бара жатқан Күніш дауысы жарықшақтанып тағы дыбыстады:

– Есперден садаға кетіңдер, есіріктер. Еспер! Мен мәңгі сенімен біргемін.

Күнішті жігіттердің бірі іштен бір теуіп, үйге итеріп тастады. Күніш талып кетті. Нақ осы жерде Еспер өзі сөйледі:

– Не істесіңдер де өзіме істендер. Алған бетімнен таймаймын. Мен көзім жұмылғанша Совет өкіметінің отын жағамын. – Байлар күйіп кетті білем.

– Міне жағасың! – деп Жарқымбай Есперді қамшымен салып қалып еді, бәрі қамшыны жаудырып берді. Тигені оны ұрды, тимегені жерді ұрды. Екі қолымен басын қорғалаған Еспер басы-көзін қан жауып жығылып қалды. Басын көтере беріп қайта сөз қатты:

– Ей, Жарқымбай, сенің күнің біткен. Мықтағанда мені өлтіресіңдер. Тыққан малдарыңның қай тұғылда, қай қорада, қай бағдарда жатқанының бәрін Совет өкіметі біледі. Қай кедейге қанша мал қосқаныңның да есебін алғанмын. Совет өкіметі сендерге қатты келмеп еді, ши шығарған өздерің. Сорлы кедейлерді айдап салып тұрсың. Бәрі бір жауапты сен бересің.

– Ей, Тойғанбай, сен неге қамшы салмай тұрсың. Колхозға бірінші етіп сені жазбап па еді. О, шығымсыз сорлы. Сал қамшыны! – Тойғанбай қамшы салудың орнына теріс қарап кетті. Тойғанбай Еспермен байларда бірнеше жыл бірге жалға жүрген, бала-шағасы жоқ, ыңыршағы айналған, бауыры тақыр кедей еді. Өлі де Тойбайдың отыншысы болатын.

– Бұл бұйықтан туған қиық. Түзелмес нарқы пәс парықсыздың өзі. Мұнымен сөйлесіп болмайсың, Жарқымбай, – деді бағанадан ат үстінде үнсіз тұрған Тойбай.

– Бұл жүгермектің саған мал не керек, қу басыңа не жетпейді дегені өтіп кетті ғой. Қубас деді ғой мені, – деп Еспердің туған ағасы Байеке оның үстіне төне түсті. Байеке оған жақындағанда Жарқымбай былай тұр дегендей Еспер жанындағы екі жігітке ым қақты. Осыны пайдаланған Еспер қатты бар жігерін жинап сөйлеп кетті. Байеке камшы салмады. Нақ осы сәтте Еспердің мойнына қыл шылбырды өз туысқаны әңкүдік-дәлдүңгір Далабай салды. Есперге жаны ашып кеткен Тойғанбай бері бұрылып:

– Байқұс-ау, ең болмаса қасықтай қаныңды қисын, Тойекеме жалынсаңшы, – деді. Еспер міз бақпады. Тілін де тартпай сөйлеп кетті. Еспердің он жасар жалғызы шыр-шыр қақты.

– Тойекең тойып болды ғой, енді жарылар кезі келді. Мені өлтіресіңдер, екі миллион большевикті қалай өлтіресіңдер. Ей, Тойғанбай, Алданыш, Мақсұт, – дейді Еспер айғайлап, – бұл менің мойныма салған шылбыр сендердің де мойындарыңа түскен бұғалық. Мені өлтіргені кедейлер сені өлтіргені. Мен сендердің теңдіктерің үшін, табан ақы, мандай терлерің үшін күрестім. Сендердің ақыларыңды алып беруге тырыстым. Тойбай емессің сен, сен тоймайтын жалмауызысың. Мауыздың бәрі құриды, кедейлер үстемдігі жасайды. Байдың күні қараң. Совет... – Бұл сөздер тұрғандарға инеше қадалды.

– Құрт көзін, қақсапмай, жағын қарыстыр! – деді ат үстіндегі Тойбай. Аттылар Есперді сүйрей жөнелді. Тасырлаған ат тұяғының дыбысы келді Күніштің құлағына. Басын көтере алмады. Басының қолы тиген жерінің бәрі желімдей, ұйып қалған қан. Он жасар Ұлан шешесінің басын құшақтап жылап отыр.

– Қан ішерлер, Есперімнен садаға кет! – Күніштің бұл сөзін өзінен басқа ешкім естімеді. Ал Еспердің соңғы сөзін буынып бара жатып, үні өшіп айтса да жанындағылар тегіс естіді:

– Совет өкіметі жасасын!

Інім, Күнішке Еспердің үйленуі ол кездейсоқ нәрсе емес-ті. Жаңа оның Күнішке қалай қосылғанын айттым. Оны ұзақ әңгімелегенім оның кім екенін, кейінгі ерлігін айту еді.

Еспер өлтірілген күнінің ертеңіне таңға жуық өзіне өзі келген Күніш белін буынып, жеңін сұғынып еркекше киініп жалғыз ұлының жалынғанына қарамай Тойбай ауылына келеді. Еспердің өлімін Совет өкіметі тегін қалдырмайтынын білген қашқын Тойбай ауылынан іс-тоссыз жоғалады. Оның ауылы төңірегінде жүретін кешегі екі жігіттің бірі Алданышты үйінен табады:

– Есперді қайда жібердіңдер, тауып беріңдер, – дейді. Алданыш түсінен адам шошитын Күніштен іш жиғанымен бірдеме істей қояды деп ойламайды. Еркексіп ыңыранып сөйлей қоймайды. Күнішке жауап бергісі келмейді. Күніш от басында отырып қайта жауап сұрайды:

– Еспердің ең болмаса өлігін тауып беріңдер. – Ол тағы үндемейді. От басында жатқан темір көсеудің қысқаш жағын жымырып қолына

ұсттаған, ескі ауылдың тілімен айтқанда «қатыннан таяқ жеген» Жарқымбай мен Алданыш та бар еді.

Сен журналиссің ғой, – деді Шұнақ шал. – Бүкіл советтік шығыстан Ұлы Отан соғысында неге екі қазақ қызы батыр болды. Бұл тіпті де кездейсоқ жағдай емес болатын. Құқы, көзелдігі кемітілмей, еркекпен бірдей баланған қазақ қыздары баяғыдан-ақ шашын төбесіне түйіп, еркекше, ықшам киініп, қарындасымен жауға бірге шапқан. Барлық майданда ағасына сүйеу, үкісіне медеу-демеу болған. Бірақ сондай ерлік жасап, батырлармен бастас, ерлермен егес жасаған, ерге ер, серіге сері қазақ қызы жау жоқ жерде ақ көбелі, айдар төбелі айбарлы ерге лайқатты, «белі нәзік жіңішке, үзіліп кетпей неғып тұр» дейтіндей, мың бұралған, пейілді де, бернелі де, жібектей мүнәйім, мақтадай жұмсақ, майдай есілген қалыңдық, жар бола білді. Соның бірі Күніш еді.

Суыт жүріп Қарақыстаққа келген соң прокурор Калмагоровты алып екінші күні таңертең Ботпай еліне мен де келдім.

Ботпай елі абыржулы екен, інім. Оның себебін сен кешегі әңгімеден білсең керек-ті. Патшаның отаршылдық саясатын жүзеге асырушы, жер шенеуші инженерді он алтыншы жылы өлтіріп, артынан көп адам сотталғанын білесің. Енді совет болысын өлтірген де жақсы болмайтынын ел түсінген. Нақақ біреуіміз ілініп кетеміз бе деген хауіп ауылды жайлап алған сияқты. Совет өкіметінің сойылын соғып, оны барынша дәріптеген Ботбай болыстық атқару комитеті төрағасының өлтірілуі лақабы ауданға тегіс тарап, арты не болар екен деп дос та, дұшпан да құлағын түріп, көзін тігуде еді.

Совет өкіметі Есперді – «Ботбай болысындағы совет өкіметінің он көзін» жоқтады. Оның өлігі көпке дейін табылмады. Қанға қолын матырасып, Есперді өлтіруге келіскен жиырма бір адамды тегіс қамауға алдық. Ақыры Тойғанбайды таптық намыс шыдатпады. Ол тергеушіге қалай өлтірілгенін, өлігінің қайда екенін қолмен қойғандай етіп айтып берді. Тоғыз адамды соттадық. Тойбай қолға түспей, қашып жүрді.

Есперденесін арқан салып сүйреткен күйі алып барып Далақорадағы жерошаққа көміп тастаған екен. Оның өлігін әкеліп Күрті өзенінің жағасына, Ұзынағаш станциясының аяғына қойдық. Басына шабыра тұрғыздық. Сырланған шабыра алыстан киізі сыпырылған қазақ үйдің сүйегі сияқты еді. Балалар оны «жалаңаш үй» деп жүрді. Келесі жылы Ботпай елінен екі колхоз ұйымдастырылғанда оның бірінің атын Есперге бердік. Кейін Ақсеңгірден Асанжан деген біреу көтеріліс жасап, біраз үй колхоздан қашып, адам азайып, екі ауылдан «Ақсеңгір» атты бір-ақ колхоз құрылды. Кейін отыз төртінші жылы ол колхоз бірінші ауылға қосылды. Сөйтіп Еспер аты ұмыт қалды. Егер біздің ендігі аудан басшыларымыздың оған мәдениеті жетсе, қапаста қапыл кеткен есілкөз ердің атын қалпына келтірген жөн болар еді, большевик Еспер мәңгі жасауға тиіс, інім.

Шұнақ шал тағы мұңайып қалды. Тағы үнсіз. Тағы да өзімен өзі. Мен оған қарамауға тырыстым. Өткен өмірінің сәтті шағын, мүлт кеткен кезеңін тағы да кезіп кетті білем. Көзімді Шұнақ шалдан бұрып алып кетті. Көзім Аңырақай тауларына түсті. Қазақ та қызық. Аңырақайды өлтіріп, сол жерді Аңырақай атандырды. Долаңқара, Шамалхан, Қаскелең, Боралдай бәрі де басқыншылар. Қазақ жерін қанға бояған қарсыласқан жаулар. Мүмкін қазақтар ол жерді олай атай қояйық деген де шығар. «Қаскелең өлген жер», «Боралдай өлген жер» деп жүріп, солардың аттарын мәңгі есте қалдырғанын өздері де аңламай қалған болар. Дегенмен де інім, халқы үшін қанын төккен Наурызбай, Бөлек, Қасқары аттары қалмай, қан ішер, басқыншы аттарының жариялылығы жаныңды жеп-ақ тұрады.

Тарихты қайта жасау қиын, інім. Жаңсақтықтан, мән-маңыз бермегендіктен жасалған атауларды, ескерткіштерді өзгерту оңай емес. Дегенмен жасалатынын, біздің, саналылар заманында санасыздық ескерткіштер қойылуын мен кешірімсіз күнә деп есептеймін. Айталық анау Ұзынағашта орыс армиясына орнатылған ескерткіш сегіз жүз алпыс төртінші жылдан бері тұр. Мұның ол кездегі тұрғызылуы, мүмкін, дұрыс шығар. Бұрын қойылған ескерткішті бұзу – ол усойқылық, қанқұйлылық болар еді. Ал қазақ жеріне «отаршылдық» ескерткіштерді совет заманында, көріп, біліп отырып орнатуды отаршылдыққа ашқарақтық, дүзіқаралық, өзін өзі әшкереп ету, ол оған көну, соған мөнді-мөнді деп бас шұлғып отыру – біздің тарапымыздан болған тоғышарлық демеі не дерсің! –

Шал іші толып бара жатқандай тағы күрсініп салды. Көкірегі қарс опырылғандай еді. Бәлкім осы ойларын ішінен шығара алмағанына күстанана болып, құсаланатын-ды. Мен үнсіз отырдым.

– Сен қорқақсың, – деді Шұнақ – бүкіл сен қатарлылардың бәрі қорқақ, су жүрек. Олары заңды да. Сондықтан ауызыңды баққан «үндемеген үйдей пәледен құтылады» деп үйренген, ойындағысын ірікпей айта алмайтын сені сөкпеймін де, айыптамаймын да. – Шал тағы да үнсіз қалды. Алыста, Қордай сілеміне барып қалған күн көзіне бір қарап қойып, тездете сөйледі.

– Біз байларға қатты тиістік, – деді Шұнақ шал. – Енді оларға оң келмейтін болдық. Оның басты себебі олардың бізге теріс, кері келуінен, ілгері басқан аяғымызды кейін кетіріп болып, арбамыздың дөңгелегіне ағаш қоюында еді. Шырағым, мен өзімді қатып қалған, сұм қатты адам едім деп есептемеймін. Жеке өз басым большевик дегенді ең алдымен адамшылық, адамға қамқорлық, адамға сену деп нобайлаймын да, солай ұғынамын. Елiрген, есiрiк бастық бола алмадым. Заманында ондай «ұр да жық» әпербақан бастықтар болды. Тiптi ондай алақұйын көкiректер кейбiр мардымды мансаптыларға ұнады да. Олар қазiрде де бар. Ондайлардың болғанын, бар екенiн несiне жасырамыз. Әрине мәселеге таптық тұрғыдан қарауға тырыстық. Сол көзқарасымыздан та-

лай ағаттық та, ақымақтық та жіберген болармын. Қитықтан ситық тауып, күйедей жұққан, аңғыртқа шапқан, домбайдың әңгісіндей ұрынған жерім болған емес. Көбіне-ақ ісімді байыппен жүргізуге, ашуымды ақылға жеңгізуге тырыстым. Бірақ адаммын ғой, бірде болмаса бірде өз мінезінді өзін билей алмайтын кез болмай тұрмайды ғой. Дегенмен адамға – ол бай болса да, кедей болса да адам деп қарадым. Ал бұл жерде аяушылықтың арты омындыратынын айқын сездім. Сонда да кейде біле тұрып оған да баруға тура келді.

Шынын айту керек, інім, Еспердің өлтірілуі талайымыздың-ақ намысымызды қоздырды. Оны өлтірушілер заң жүзімен сазайын тартты, сотталды. Бірақ Тойбай сияқты тоңмойындар қызыл қасқырша ауыл торып жүргенде жекеменшіктік пиғыл жасынан билеп, илеп алған шаруалар оған елірмей, еліктемей тұрмады.

Осыны бізге партия да айқын сездірді, ауыл шаруашылығын коллективтендіру алдында елге мұрындық болар, шаруаларды баса көктеп, билеп үйреніп қалғандарды біраз ауыздықтап алмауға болмайтын-ды. Кім қалай десе олай десін, егер кулактар, байлар таптық тұрғыдан нокталанбаса, олар бұл іске көш-қоң бермес еді. Партия көрсеткен бұл істі біз өзіміз дұрыс жүргіздік деп есептедік. Олардың малын, шаруашылығын қаттап, қатты есепке алдық. Соған лайықты салық салдық. Көтерсең де көтересің, көтермесең де көтересің дегендей зіл-мауыр салмақты оларға тастадық. Ауылшаруашылық салғыртын дұрыс төлегендерді көп айналдырмаған да едік. Кейін оларға көзқарас өзгерді, оларды қыспаққа алу жөн деп табылды. Олардың салғыртты төлей алмайтындықтарын білдіріп, арызданып-шағымданғандары да жетерлік болды. Кейбірі большевиктерге жұғысып, жақындасуға бет қойды. Қай жолмен болса да оларға жағынып, тіпті жекжат бола қалуды, қыздарын беріп белсенділерді күйеу етіп, кіріптар етуді қарастырды. Әрине байлармен ілік-шатыс, құдандалы, күйеу бала болып жұғысып қалғандар да жеткілікті еді.

Ірі байларды конфескелегенде Жетісуда оған қойы мыңнан асқандары ілінді. Оған ілінбеген, әлі де совет өкіметі құласа, үстіне қонжия түсеміз деп іш құса болып жүргендер, кісі еңбегін қанап үйренгендер де, малын құрттап, айранын ұрттап, саясат, қоғамымен жұмысы жоқ момын, қой аузынан шөп алмас байлар да баршылық болатын. Конфескеге ілінбегендердің де біразы екі жылда-ақ байып, алғашқылардың деңгейіне жетіп еді. Отызыншы жылдың январынан кейін байларды жер бетінен біржола құртып жіберу ұраны басталды. Бұған дейін де оларды қысып жатқанбыз. Енді тіпті аз ғана дәулеті барларды да қыспаққа алу науқаны туды.

Қастек ауданында орысы, қазағы бар жүз қоралы байға салық салдық. Оларды малы-жаны тегіс есепке алынған. Бірақ қашанда да ешкім тегін жан бере ме, өлерінде тауық екеш тауық та аяғын шалғылап өледі емес пе. Сол сияқты төстегі бірсыпыра байлар өз малын кедей ағайын-

туғанының атына жаздыртып қойып, ауызын қу шөппен сүртіп жүрді. Ал Күрті, Ботпай елдерінің кедейлерінің азды-көпті қорасы құры болмағандықтан олар бай малын сыйғыза алмады. Сондықтан да олар да есебин тауып, жыра-жырадағы, қолат-қойнаудағы өздері ғана білетін қораларға мал тықты. Еспердің өлтірілуі де сондай малдардың ашылып қалуында еді.

Інім, ел ағадан тозады, тон жағадан тозады. Халық өзіне лайықты ел қамын жейтін еңіреген ерден басшы таңдап ала білмесе, онда ит көзі түтін танымас, белден соры бар ғұмыр кешеді, құнжын болады. Қайыңның үйіліндей бүйрегінен бірдеме шыға қалса, аттандап, жау мұңдалап тұрса, жылы-жылы сөйлеп жыланды іннен шығаратындай мәміле-бәйпегі болмаса, ондай ел тозады. Басшысы бастың орнында, кеудесі күмбірлеген күй болмағанымен сан алуан сыр шертетін, жұртының барысын-қонысын, есеп-қисабын біліп сөйлеп, қара қылды қақ жарып шешіп отырса, ондай басшылы елдің асығы алшасынан да, оңқасынан да тұрады. Төңкерістен кейінгі біздің еліміз кебене киген ебене, кедей-кепшіктен ғана құралды десек онымыз артық болмайды, інім. «Қақса-соқса бір пайда түсе ме деп, елдің бойын кетірген жау мұңдалап» деп Абай айтқандай бізде «жау мұңдалап» жүріп елдің байын, елдің байлығын да кетіріп алған жайымыз бар. Інім, Шұнақ шал бухариншіл екен деп жүрме, мен жаңа тап жөніндегі көзқарасымды айтқанмын, мен бухариншіл болған емен. Бірақ жалпы кісі еңбегін қанамаған, өз еңбегімен байыған адамдар болды ғой. Кейде солардың бай аталса бітті, бәрін құрту керек деген кезіміз болды ғой. Ол мына отырған шұнақ шалдың да басынан өткен болар, тіпті сыңар құлағын да кесіп алатындай жай болған шығар. Өйткені, інім, қарап отырғанымыз жоқ, жұмыс істедік қой. Істе қате болмай тұра ма? Кейде сондай қолдан жасалған қиянат арынды қинап, абылыққан асау көңілінді бұғалықтап, матап тастайды.

Байларға салық салғанымызды айттым, інім. Солардың біразынан-ақ шағым түсті. Әрине шағымында малым, егінім аз еді, маған салғыртты шамадан көп салды, мен төлей алмаймын деді дағы. Соны тексеруге шығатын болдық. Бірақ негізгі қазылық айтушы адам Алматыдан келді. Арыз берушілердің бесеуі мынау, – деді Шұнақ шал аяқ астындағы «Прудки» селосындағы «Новая жизнь» колхозын көрсетіп. – Сүйіндік ауылынан екі орыс, бір қазақ. Білмейтін адамдарым. Біреуі Жылқыбай белгілі бай. Оны сыртынан көргенмін. Ол басқа ауылдан.

Қара қыстақтан «Прудки» жақын. Арасы алты-жеті километр. Келген комиссияның төрағасы Андрей Малыгин деген орыс жігіті. Мойыны жақсылап айтсақ аққудың сұңғағындай, жамандап айтсақ құтанның құлқынындай сорайған, ішін алған тораңғыдай қарынсыз, екі бүктелуге жаралғандай тура бөксесінен жоғарғы жері алға имііп тұратын, жұқа өңді отыздың аржақ-бержағындағы адам. Байқауымша мінезі сынықтау сияқты. Құтпан жалды құла айғырдың үстінде аяғы

сүйретіле жаздап келді. Үзеңгі төралғысының ең соңғы тесігіне салып бауды ұзартқанда да тізесі бүйендей ириіп, аттың жалында тұрды. Басы қашқарлықтың тәртесіндей сопақ. Жайын ауыз, қушық бет. Пәмлеп сөйлеуді білмейтін, діліндегісі тілінде жігіт екен. Онымен бірге келген қазақ жігіт те жарыса өскен қос теректей Малыгин сияқты ұзын, Көмек Түйтебаев. Мұның да сөзі аз, бірақ дүңктеу мінезді сияқты. Тәрізі екеуінің де алған нұсқауы қатты болса керек-ті, арыз жазушыларды бармай жатып сыбайды. Екеуінің сылайын байқап, бара көрерміз деген болдым. Бірақ, інім, менің сөзім сөз бола қояр ма екен деген ділімде тұрған күдік-құманым да жоқ емес. Біздің келетінімізден хабардар болса керек, есік алдында адам көп. Болыстық атқару комитетінің төрағасы Федор Неизвигин мені қағыта сөйледі:

– Сенбейтінің бар, мені несіне ауылға төраға қоясың, – дейді ол.

– Кім біледі, – деп қалжындаймын мен, – Рихард сынды ағаларыңның бірін қолдан күнәйі де, құманы да жоқ, жұмыртқадай аппақ еді деп жүрерсің. Оқта-санда тексеріп қоймасам болмайды.

– Саған ділгер болып тұрмаған едім, – дейді ол жымысып. Әрине облыстан келгендерді айтқаны. Федордың кім екенін кеше айтқанмын. Басмашыға қарсы, ақтарға қарсы бірге соғысқанбыз. Көңілімізде қаяу жоқ дос едік. Өзі де талантты ер еді. Ол әлі де бар ғой, інім. Анау Қастек МТС-інде директор. Ауыл ауткомының аядай кеңсесіне кірген соң арызшыларды біртіндеп шақырттық.

Төрдегі ауыл ауткомы төрағасының жалғыз суырмалы қара столына Малыгин отырып алды. Кабинет иесі тұр-ау деген жоқ. Оған мінгесе Түйтебаев отырды. Федор екеуіміз біреуіміз ауыл ағасы, біреуіміз аудан ағасы – шақырылған адамдай арқалықсыз төртбақ орындықтарға жайғастық. Ол кезде ауылдық Советте орындаушы деген қызмет бар. Орындаушы жұқа қара бала жігіт Жантаев босағаға сүйеніп тұр.

– Жарбай Шардақов кірсін, – деді Малыгин. Шардақов үстінде салаба-салаба қоңыр шұбар шыттан тігілген шапаны бар, сәнді түрмемен белін буынған артық еті жоқ, епсекті кісі екен.

– Бір сұмырай, – деді Федор. – Киген шапаның қарашы. Бәрін тығып қойып, қайыршыға ұқсап жүреді.

– Үйретіп қойғансың да, – деймін қалжындап.

– Шын айтам Абақ, қазіргі ең бай осы, зайыры.

Малыгин сөзді қойындар дегендей біз жаққа шүңірек көзін тастады. Біз үнсіз қалдық. Малыгин байдың сәлемін алмады.

– Қанша малың бар? – «Малыңыз» демеді. Менің үмітім зая кетті.

– Екі жүз елудей қой, жеті жылқы, үш түйе.

– Басқасын қайда жібердің?

– Бары, құдайдың бұйыртықаны сол.

– Басқасын құдай қайда тықтырды? Астығың қайда?

– Құдай алдында айтарым осы. – Сөз осыған келгенде кабинетке аудандық прокурор мен милиция бастығы кірді.

– Басқасы қайда дейсің? Жүз пұт бидайды неге төлемейсің?
– Басқасы жоқ. Маған салған салық артық. Екі жүз елу қой, он жылқыны мен қайдан табамын. Барын алыңдар.
– Малшың бар ма?
– Жоқ, айналайын, өзім бағамын.
– Өгірік айтпаңыз. Ержанов сіздің малшыңыз. Жүз он қой, бес жылқы, екі түйені соған жаздыртқансыз. Міне түсінігі, – деп Колмогоров бір бет арап әрпімен жазылған қағазды жан-жағына қаранған Малыгиннің алдына тастады. Малыгин менің ұрықсатымсыз неге әңгімеге кірісесің дегендей сынайы танытып, бірақ ештеме дей алмады. Колмогоров өзі орынсыз сөйлемейтін, ондайлардың өрескелдігін көтере алмайтын кескір қылыштай, жалғаны-қалпы жоқ мәрт жігіт болатын. Малыгин тағы да байға қарап сөйледі:
– Неизвигин, қанша малы бар мына Шардақовтың?
– Салық дұрыс салынған. 361 қойы, 12 жылқы, 5 түйесі бар. Салықты төлегісі келмейді. Романовқа да арыз жазайық деп үгіттейтін осы. Ержанов та осында, одан да сұрауға болады.
– Шақырыңдар, кедейді! – деді Малыгин барлық денесі столдың үстінде отырғандай болып. Ержанов астыңғы еріні жырық, елуді алқымдап қалған ділуарлау кісі екен. Ол бөркін алып, қолтығына қысып тұрды. Өзі қарап тұрып терлеп тұр. Сүдініне қарап бұл не жауап беріп жетістірер дейсің дегендей Малыгин менсінбей сұрады:
– Не айтасың?
– Не айт десең соны айтамын.
– Малың бар ма?
– Бар, жиырма қойым, бір бием бар.
– 110 қой, 5 жылқы, екі түйең бар ғой, тағы да.
– Оны Колмогоровқа айтып едім ғой. Мынау Жаркең сенікі болып тұрсын деді. Тұрсын дедім. Тұрмасын десе тұрмасын. Зайыры менің малым жаңа айтқаным. Зады Жаркеңнің малы өзінікі ғой. Ертең сіздер кеткен соң өзі алады ғой. Оның несін менікі деймін.
– Ой тегені жоқ, ит. Онысы несі ей. Өз малын біреудікі деп, – деді Жарбай оясы орта түскен жылқыдай ашқарақтанып.
– Жарайды, – деді қисық Ержанов, – ол менікі болса, бәрін өкіметке бердім. Алыңдар.
– Не дейді мына көксөкқан, пәтуасыз мұндар. – Жарбай күйіп кетті білем, орнынан ағып тұрып, қайта отырды. Бай керленіп қанаға сыймады. Байдың іспегінен ештеме сезіп болмайтындай, нақақ отқа түсіп, жалаға күйіп бара жатқандай.
– Шынымен-ақ Ержановтікі дұрыс па? – деп сұрадым Федордан.
– Көңілі жошып-ақ келіп еді, болмай қалды-ау!
– Сіздерді көріп Совет өкіметі өлтірмейді, шындыққа жетеді деп көңілім жошып келіп едім. Үмітімді ақтамадыңдар. Тағы жоғарыға арызданам. Неизвигин сені құртпай қойман.

– Малыңды аламыз. Өзінді қамаймыз. Бара бер. Колмогоров ала бер. – Колмогоров Пономаревқа емеурін білдірді. Шығып бара жатып Жарбай сөйлей кетті:
– Ей, ауызын бұған екі өгіз. Сендерді де қазақ дейді-ау. Бір ауыз лебіз білдіруге шамаларың келмеген соң несін адаммын деп жүрсің ей, сен Шүнақ. – Ол жөңше нарша аузынан жынын шашып бара жатты.
Жарбай қамауға алынды. Қамайтын жеріміз белгілі, оңаша тігілген киіз үй. Онда Жарбайдан басқа да байлар бар. Олар азық-түліктің салығын төлемегендер. Ондай Жарбайлардың барлығы осы кереге көгінен сыртқа қарап отырып-ақ, ағайын-туғанының бет жүзін қаласа сағат сайын көріп отырып-ақ «камалды» деген аты жаман сөзге мұқап, мұқырап, жасып қалады. Әлі Қаракыстақтағы қазақ үй түрмеге жібермедік. Өйткені арыз-шағымдар әлі тексеріліп бітпеп едік.
Кезектегі Мериновты шақырттық. Бөлмеге киімі бүтін, аяғында былғары етігі, үстінде шалбарланып алған ақ жейдесі бар, қара шалбарлы, сақал-мұрты басылған сыпа орыс кірді. Ұйпалақтанған сары шашы өсіңкіреген. Жалаң бас. Мүйіз күнкағары бар қара фуражжасын қолына ұстай кірді.
– Здравствуйте! – деді босағадан аттай беріп. Малыгин де, Түйтебаев та егер амандық білдірсе, сәлем алса ауызын қайта жабылмайтындай, әлде баймен туысқан бола қалатындай көрді білем, амандаспады. Біз сәлемдестік.
– Отырыңыз! – дедім мен. Өйткені ортаға келушілер үшін орындық қойылса да, Малыгин мен Түйтебаев түрегелтіп қойып жауап алғанды ұнатады. Иван Меринов онсыз да отырмады.
– Менің сөзім қысқа. Арызымда бәрін жазғанмын. Мен өткен күзде екі жүз пұттай астық алғанмын, – деді Меринов шашын бос оң қолымен бір сыйпап қойып, ешкім сөйле демесе де өзі сөз бастап. – Содан елу пұттайын өзіміз жұмсадық. Жүз пұт астық салық еді, оны төлегенмін. Енді жүз пұт астық төлейсің дейді мына Неизвигин, мен оны қайдан аламын? – Меринов қатты терлеп кетті.
– Ол Неизвигин нұсқауы емес, облыстан берілген нұсқау, – деді Малыгин. Ол бұл жерде Неизвигинді қорғау үшін емес, облыстың, яғни облыстан келген өздерінің мықтылығын танытпақ еді. Неизвигин орынынан бір қозғалып отырды.
– Үйде қырық пұттай астық бар еді. Соның отыз пұтын бердім, ал қалғаны күзге дейін бізге напақа болсын. Колхозға кіруге де бейілмін. Оны Неизвигинге айтқанмын.
– Жоқ, жүз пұтты төлейсің! – Малыгин қысқа қайырды.
– Жоқ болса не беремін, жалғыз сиырымды сатсам да төлей алмаймын ғой, – дейді Иван мөлііп. Бағанадан бері үнсіз отырған Түйтебаевқа жан бітті:
– Сиырыңды, бұзауыңды астыққа айырбаста. Жүз пұтты төлейсің. Төлемесең сотталасың.

– Төлеймін. Бірақ менде жоқ қой. Тіпті қалған он пұтты да алыңдар. Бірақ балалар аш қалады ғой.

– Сиырын астыққа бағалап алыңдар! – деді Малыгин.

– Балалар нырай аш қалады ғой. – Бірақ Мериновтың сөзі облыс өкілдерінің өкіліне түспеді, ақылына қонбады.

– Тыққан астығын ашып алады! – деді Малыгин. Иван Меринов аузын ашып қалды.

– Ол қандай астық? – деп сұрады ол Малыгиннен.

– Сенің өкіметтен, Совет өкіметінен жасырған астығың, – деді Түйтебаев, сөзді ол нығарлап айтты.

– Мериновты алу керек, бұл астық төлейтін адам емес. – Осыны айтып Малыгин Колмогоровқа қарады. Иван Меринов мойны салбырап шығып бара жатты.

– Обал болып бара жатқан жоқ па, Федор? – деп сұрадым мен Неизвигиннен. Ол ашып айтпағанымен маған:

– Дұрыс байқап отырсың, – деді. Қабағы шытылып кетті. Бұлар әддінен асып кетті-ау деп мені де мөлөлдік билеп алды. Өйткені, інім, теңізден қазған керіз емес, малдың, мүліктің шегі бар ғой. Жоқты адам жонып таба ма. Дәрпі шашылған, аты белгілі Рихард, Жаубай сияқты жұрттың бәрі бай бола бере ме. Мен ділімде күман, даққа қалып отырдым. Бәрі бір Мериновты да милиция адамдары ұстап қалды. Олардың ұстамасына болмайтын еді, інім, өйткені правоның бәрі облыстан келгендерде еді. Осы бір кезеңде олар ерекше уәкілдікпен келіп жүрді.

Үшінші арыз осы өңірдегі ендігі шіріп жатқан бай делінетін Жылқыбайдікі еді. Қабағы қырысқан, қатпарланған, айыр сақалды, басында жаңа мұрақ, үстінде бикасамнан тігілген шапаны, оның ішінде, қызыл кәріспен астарланған мәуіті бешпенті, аяғында қоңыр қызыл былғарыдан етігі бар, ат жақтылы, қып-қызыл нұрлы кісі кірді. Киім үлгісі ноғайшалау, көнте белбеуді мойнына бос сала салыпты. Бұл құдайдан тілек тілеп, әруақтарға, әулие-әмбиелерге жалбарынып келген порымы. Белбеудің неге мойнында тұрғанын менен басқа ешкім түсінбеді. Үйге кіргенде сол жақ тізесін сипап тастап кірді:

«Іліп ақбоз үйге кіріп келді

Сол жағының тізесін сипап тастап» деген жырдың бір-екі жолы тіліме орала кетті. Шамасы қазақ дәстүрін, әдет-ғұрпын жетік білетін, қатты ұстанатын адам болса керек-ті. Бұл алғашқы байдан ерекшелеу, киімі де таза, өзі амандаса келді.

– Ассалаумағаләйкөм! – Дауысын созып тұрып айтты. Малыгин мен Түйтебаев бұрынғысынша түйтіп амандаспады, үнсіз. Прокурор мен милиция басын изеді. Федор екеуміз сәлемдестік. Ол бізге бұрылып, қайта басын игендей болды.

– Арызыңа қоса не айтасың? – деді Малыгин. Бай Малыгиннің «сен» дей сөйлегенін ауырлап қалды. Қабағы шытылып кетті.

– Арызыма қосар айтарым – мен тыныш болуым үшін не істеуім керек? Төрт жүз пұт астық салдыңыздар, екі жүз қойды сатып, оны төледім. Тағы жүз елу пұт астық салдыңыздар, тағы жүзден аса қой, үш-төрт қара сатып оны төледім. Менің егін салмайтынымды осы Шапырашты-Дулат теріс біледі. Енді екі жүз пұт астық салып отырсыздар. Оны да бірдеме етіп бір-ер күнде төлермін. Тек бұдан кейін тыныштық берсеңіздер екен. Қалшақтатпай тура айтыңызшы!

– Саған тыныштық болмайды, – деп өрескел айтты Түйтебаев.

– Түйтебаев дұрыс айтады, сен жиырма сегізінші жылы конфескеленуің керек еді. Қате болып одан қалып қойғансың. – Жылқыбай шыдамай кетті білем, шақ ете түсті:

– Мен ешкімге пара берген жоқпын. Бар малымды алыңдар, тек тыныштық беріңдер. Қазір жалшы менде жоқ. Бар малын Шөжеғұл өзі бағатын еді, енді ол мал бітті. Ол малдан бейдама болды. Совет өкіметі тек біздің кедейленуімізді керек етіп отырса, үстіміздегі үйіміз бен киімімізден басқа ештеме қалмады. Маған тыныштық керек. Бәрін алыңыздар, тыныштық беріңіздер.

Жылқыбай сөзді серлетіп еркін, шешен сөйлейді екен. Ол қамайды екен, малым кетеді екен деп тұрған жаңағы Жарбай емес. Осында да сәнін бұзбай сыпа киініп, Жарбай сынды салдаман киіп келген жоқ. Тек белбеуін мойнына бас салғаннан басқасы орынынша.

– Арлаған атыңыз бар емес пе? Сол да екі жүз қой болады ғой, – дедім мен жартылай шындықты айтып, күлген болып.

– Рас, шырағым, Абақ. Ол да екі жүз қой болды. Совет өкіметіне ондай бір желқабыз, жаз тағала еңіреу, сайкүлік те керек шығар. Жас келгенде жаяу қалдырып Салкүреңді алам десеңіздер оған да мақұл. Керек болса өзімді де аласыздар ғой.

– Ия, өзінді де аламыз, – деді әдебі аз Малыгин.

– Маған осы шал ұнайды, – деді Федор сыбырлап.

– Саған соңғы кезде шамасы байлар ұнайтын болған ғой, – деп мен оны бір шымшып қалдым.

– Шын айтам, Абақ. Шын сөйлеп тұр ғой.

– Мен де шын айтамын, – дедім. Өйткені ауданда бір кездесе кеткенімізде Федор маған:

– Орталықта шаруаларға тиіспеу керек деген сөз шығып жатыр ғой, Абақ. Біз тым қатты кетіп жатқан сияқтымыз. Жалшы ұстамай, өз егінін өзі салған, өз малын өзі баққандарға тиіспесек те болмай ма! Алымын алар едік қой, – деген-ді. Мен оған сонда да қалжың-шыны аралас сөйлегенмін:

– Бухаринге ауытқып жүрмін десеңші, одан да.

– Ой, құдай ұрсын сені Абақ, саған сөйлеп болмайды, – деп мені қойып қалған-ды. Федор бұл жерде де соны айтып отыр.

Малыгин Жылқыбаймен сөзді «аламызбен» бітірді. Жылқыбай ашу да шақырмады, сасқан да жоқ, аяғын абайлап басқан күйі үйден шықты.

Жылқыбайдың қияпаттылығы отырғандарды ойға қалдырғандай еді, інім. Өйткені ол Жарбай сияқты тек мал иесі емес еді, ақыл иесі де еді. Пардамен сөйлеп-ақ біздің негізгі ойымыз неде екенін анық түсініп, алапасын арттырып кетті. Ал істі шама-шарқын шамалай алмаған Жарбайлар арызданып, одан қайыр-қайырым болмаса арсыздықпен малды өзімде сақтап қалсам деп отыр. Онысынан қайран болмайтынын да біледі Жарбайлар. Алайда бір қарманып қалсам қамқа тон болмаса да, шыт жейде қолыма ілініп қалса дейді. Ол да болса қайда тұр деген далбай, оныкі. Ал оясы толымды сұлу тораттай болып кеткен Жылқыбай бәріне көзі жетіп тұрған сұңғыла адам еді.

Төртінші болып кірген екі көзінің алды іріңдеген, екі көзі көп ішуден домбығып ісіп кеткен, беті бір жалқаяқтай көлкілдеген егделеу, Жылқыбай қатарлы адам. Николай Романов.

– Патшаның өзі келді, – деді тұрпайы қалжындап Малыгин рабайсыздықпен қарқылдай күлді. Бұл оның күні бойы бірінші рет езу тартқаны еді.

– Біз патшаны да сұраққа алатын болғанбыз, – деп қоса күлген болды Түйтебаев.

– Патшаны сұраққа алмай-ақ бала-шағасымен атып тастағанбыз, – деп тағы да Малыгин әддінен асып кетті. Романов Жарбайша үндемей тұра берді. Қолындағы құлақшынын уыстап ұстап, екі самайында ғана қалған сирек сары шашын сипалап қойды.

– Қанша астығың бар, Романов? – деп сұрады Малыгин.

– Бәрін алдыңдар ғой. – Бұл да «ыз» деп ызылмай, Малыгин кенже ұлынша «сенмен» кетті.

– Қаншасын бердің?

– Төрт жүз пұт төледім. Тағы екі жүз пұт астық салды. Сонда Қастек ауданындағы барлық киргиздің салығын маған төлетесіндер ме?

– Жоқ өз салығыңды төлейсің. Қазақтар өз салығын өздері төлеп жатыр.

– Киргиздардың салығын орыстарға салып жатыр, мына Неизвигин. Өзі киргиздармен тамыр. Киргиздар өздері айтты ғой маған. Менің енді берерім жоқ. Төрт жүз пұт төледім. Жетеді сол.

– Былтыр қанша астық алдың? Қанша адам жалдадың?

– Азғантай, төрт жүз қырық пұт.

– Екі есе көбейт, Матвеевич, – деді Федор.

– Сен немене, киргиздің астығын маған саласың! – деп Романов Федорға таскенеше жабыса кетті. Тойтармаған шегедей ілінді. Шамасы осыған жабыссам істің беті менен аулақтар деп дәмеленетін көрінеді. – Олсыз да мен төрт жүз пұт бердім. Тағы екі жүз... Тағы екі жүз... – Ол танауының астынан міңгірледі. – Сақи адамды айналдыра бересіндер. Қалпы айтып көргем жоқ, барымды бердім.

Шынымен басқалардан бұған көп салған екен-ау дегендей Малыгин үндемей қалды. Мен осыдан екі күн бұрын Романов мәселесімен айналысқан едім. Өйткені Дегерестен осында келген Андрей Пархомен-

ко мен Тимофей Ивановтың арызын алған едім. Ол екеуі де өткен жылдан бері, осы Романовқа жалданған, ақысын алмаған. Былтыр қанша астық алғанын, бұрынғы жылдан қалған астығын, көмген астығын бәрі олар көрсеткен еді. Малыгин де, Түйтебаев та үнсіз қалған соң маған араласуға тура келді.

– Романов, сіз өткен жылы жеті жүз алпыс пұтастық алдыңыз. Арғы жылдан ашылмай қалған екі ұраңызда жүз жиырма пұт астығыңыз бар. Барлығы тоғыз жүз сексен пұт болады. Рас сіз содан төрт жүз пұт тапсырдыңыз. Сізге соңғы салықты салғанда біз көмулі астығыңыздан бейхабар едік. Енді сізге ол екі жүзді төрт жүз пұт етіп қайта саламыз. Пономарев, астықты таптыңдар ма? Тапсаң комиссияға сөзіңді естірт-ші, – дедім мен. Семенге қарадым.

Малыгин сен айтшы дегендей Пономаревқа қарады. Пономарев:

– Әбеке, екі ұраны да таптық. Тура арызда көрсетілген жерде екен. Қазір астық сыртқа шығарылып жатыр.

– Қалай, менің астығымды менің рұқсатымсыз алдыңдар ма?!

– Жаңа астығым жоқ дедің ғой, өзің, – деп Малыгин қарқылдап күлді.

– Оның үстіне Пархоменко, Иванов деген екі азаматты жалдап алған. Ақысын төлемеген, – дедім мен. Нақ осы жерде Түйтебаев та, Малыгин де шарт кетті.

– Соттау керек Николай-үшіншіні, – деді Түйтебаев.

– Соттау керек. Астықтың бәрін алу керек. Тез! – деп Малыгин Колмогоровқа бұрылды. – Жалданған екі азаматтың ақысын тез өндіріп беру керек. Совет өкіметі кезінде малай ұстайды, ақысын төлемейді...

– Мен астығымды бермеймін, бермеймін деген соң бермеймін, – деп Романов есіктен шыға берді де, қолтығынан ұстаған милиционерді байқап, – бер, – деді де «меймінін» айта алмай тұтығып қалды. Орындаушы бала Жантаев қатты күліп:

– Романов кешегі мені боктаған арының қайда? – деді. Романов та алғашқы үшеуге қосылды...

Інім, дүниенің ылди-өрің, қырын-қырқасын тегіс біліп болармысың. Тонын айналдырып киген кейбір шынжыр-балақ, шұбар төс Таубайлар партияға мүше болып жатса, кеше ғана сіңіре шыққан, бүгін болар болмас иінінен иі түспеген киім жаңа көріне қалған біреулер сотталып кетіп жатты. Оның бәрі шырағым, тап жауларының көзге шұқып көрсеткісі келгеніндей, Совет өкіметінің немесе социалистік системаның туғызған мәлөлі, кез келген адамның ақты-қарасына жетпей көрсетпек болған тепенегі емес, мен сияқты сауаты аздардың, шаш ал десе бас алған, Голощекиннің асыра сілтеуінің құлы болғандардың, кейбірі өз құлқынының құрғамауы үшін, астындағы жұмсақ, күмпілдек креслодан айырылып қалмай, жақтауына жармасып отыратын сатқын, бит ішіне қан құйған зымияндардың ісі еді. Жеп үйренген ауыздары желімденген, биік беделі жер болған, келешегі кер болған біреудің қасалас-

қысастығының көп адам құрбаны да болды. Сондай бір кедей байлар сауатын жерге кіріп келе жатты және қымсынбай еркін кірді.

Түсі таныс бұл жігітті қайда көрдім деп қалдым. Ақыры таныдым. Тәшен байдың жалшысы, Қарашада орыстың шошқасын бағып жүріп сауатын ашқан. Қазір жасы бұрынғыдан байсал тартып, салауатты жігітті болыпты. Үстіндегі киімі де басқалардан өзгеше, жанаша. Бұл неғып арыз жазды екен деп даққа қалдым. Өйткені жиырма сегізінші жылы Жаубайды конфискулегенде оны бай малынан ұйымдастырылған фермаға есепші етіп орналастырған едік қой. Әрқашан-ақ содан бері оны сыртынан сұрастырып қоятынмын. Ол бұрынғысынша совхоз жұмысшысы болып жүрген. Тіпті арызданушының бірі бұл Құлболды Кеңесбеков деген үш ұйықтасам да өкіліме түспейтін еді. Ал салықтың бәрі менің қолымнан өтті ғой, бұл қалай қосылып кеткен? Қалай менсіз шешілген? Мен танданып қалғанымды жасыра алмай Федорға қарадым.

– Бұл қалай салық төлемек?

– Маған ең болмаса бір ауыз ақылдаспай салық салған өзің ғой. – Федор менің өзіме жабыса кетті.

– Здравствуйте, – деп Құлболды орысша амандасты. Малыгин бұрынғысынша жақ аспады.

– Ой, азамат! Сен қайдан жүрсің, мұнда? – деп сұрадым мен Құлболдыдан.

– Астық салған өзіңіз ғой, аға! Енді мына Федекең күнде тыныштық бермейді. Сонан соң енді арыз бермей қарап өлейін бе?! Сауатымды сондай керегіме де жаратуым керек шығар.

– Ауданға неге хабарласпадың?

– Салық төлейтін тізімде сіздің қолыңыз бар ғой, аға.

– Япыр-ай, ә?! – дедім мен танданғанымды жасыра алмай. Малыгин Құлболды екеуіміздің сөзімізден бір туысқандық, бауырмалдық бірдеме іздегендей тыныш отыра қалыпты. Құлболдыны көрген Семен Пономарев тіпті іренішін жасыра алмады.

– Бұл не сұмдық? Совхоздың жұмысшысына да бидай салғанбыз ба? – Семен Пономарев Колмогоровқа қарады. Прокурор ештеме білмеймін дегендей иығын қиқаң еткізді.

– Сен «Дегерестен» кетіп қалып па едің? – деп сұрадым мен.

– Жоқ, аға. Жандосов орналастырған фермада істеймін әлі. Ол жерден өздеріңіз алмасаңыздар кетпек емеспін. – Мен әңгімені созғым келмеді. Малыгиндерді отырғызып қойып менің сөйлесіп кеткенім әдемі болмайтын еді, інім.

– Тап жауының айтқанын істей берсек барлық кедейді соттармыз.

Ешкім үндемей қалды. Сөз енді Малыгинге тиді.

– Сенің қанша жерің бар?

– Совхоздың жұмысшысымын. Жер мемлекеттікі, – деп жауап берді Құлболды. – Екі сиырым бар. Жалақы аламын.

– Жүз пұт бидайды төлейсің, – деді Малыгин шімірікпестен.

– Олай болмайды, заңсыз болады, – деді Колмогоров байыппен.

– Болады, төлейсің! – деп Малыгин нығарлай айтты.

– Жарайды, – деді Құлболды, – екі сиырым жүз пұт астық болса, сағып төлейін. Мал бітпеске немене жігіт жанын бұласа. Бітер тағы.

– Жоқ, болмайды, – деді Колмогоров кәдімгідей қызарақтап.

– Жоқ болады, болдырамыз. Тізімдегі адамдар салықты тегіс төлеуі керек. Нұсқау солай. Ал осыған дейін төлемегені үшін оны тұтқындайсың. Ол қамалуға тиіс. Қамайсың!

– Сөз таластырудың қажеті жоқ, – дедім мен Колмогоровқа. Есіктен шыға берген Құлболдыны да милиция қызметкері ұстап қалды.

Құлболды шығып бара жатқанда бөркінен жүні шыққан, бегімсал бешпенті бар тағы бір кедей кіріп келе жатты. Оның кедей екендігі тіпті жүріс-тұрысынан айқын көрініп тұр еді. Жаңағылардың бәрінен жас. Байқаңқырап қарасам Қойырпақтың баласы Құтпан. Мен танданып қалдым.

– Бұл не? – дедім шыдамай, – саф кедейді қамай береміз бе? Бұған кім салық салды?

– Аға, – деп аузы кемседеп Құтпан жылап жіберді, – бір құлынды бие, бес қойым бар, маған 70 қой, 3 сиыр төлейсің дейді. Абақ аға, қайдан аламын оны!?

– Кедей салық төлемейді, бара бер, – дедім мен күйіп кетіп.

– Жоқ, салған салықты төлейді, – деп дүрсе қоя берді Малыгин. – Салған екен төлейді.

– Мен оның әке-шешесін де білемін, сіңірі шыққан кедейлер. Жиырма сегізінші жылы бір құлынды бие, жиырма қой бергенбіз, Жаубай қойынан.

– Брось-те панибратство! – деді Малыгин көтеріліп. Мен ол көтерілер деп ойламаған едім, абдырап қалдым.

– Қойыңыз Малыгин, ауданға сіз емес, Үйсінбаев жауап береді. Малы жоқ қара қасқа кедей ол жоқты қайдан табады? – деді Колмогоров. Малыгин одырайып оған қарады, қайта үндемеді.

– Кете бер, төлемейсің, – дедім мен Құтпанға. Ол шығып кетті.

– Қамау керек! – деді Малыгин.

– Қамалмайды! – деді Колмогоров, – Тиюші болмаңдар оған! – Бұл сөзді ол милиция қызметкеріне айтты.

Міне, інім. Сонымен төлемеймін дегенді де, төлеймін дегенді де, төлемеуге тиістіні де, төлегенді де қамауға алдық. Семеннің адамдары үш байды, бір шаруаны, бір жұмысшыны Қарақыстаққа айдап келіп, қазақ үй-түрмеге қамады. Әрине Советтік шараларға қарсы шыққан Жарбай Шардақовты, Николай Романовты қамағанымыз дұрыс деп ойлаймын, інім. Ал бәрін, қолында барындай құйған Жылқыбайды қамағанымыз томпақтау. Ал қолында барын берген Мериновты, әйтеуір аты аталды деп сол жұмысшы Кеңесбековті отырғызғанымыз зорлық еді. Шынын айтсақ сол нұсқаулар бізге жоғарыдан келіп жатты.

Жердің жарығын көктегендей Малыгин мен Түйтебаев далаға шығып бара жатты.

– Мизантроп! – деді Колмогоров Малыгинді нұсқап. Мен ол сөзді түсіне алмадым.

– Мен бұл сөзінді түсіне алмадым, – деді Федор Колмогоровқа қарап. Семен Пономарев те түсіне алмаса керек, маған иығын кикан еткізді. Оны Колмогоров бізге өзі түсіндірді:

– Латын сөзі, адамды, жалпы адам атаулыны жек көретін адамды ғылымда мизантроп дейді.

– Оны қазақ сарамас дейді, – деді қазақ тілін қазақтан артық білетін Федор Неизвигин. Бәріміз қосылып бір күліп алдық.

Біз ол кезде оны Малыгин сияқты өкілдердің асыра сілтеуі деп ұқтық. Ал зайыры оған Малыгин мен Түйтебаев та кінәлі деу қиын. Әрине олар іске нақты келу керек еді. Ал олар өз жанынан қорықты. Өйткені оларды да бақылап, «бол, бол!» деп отырғандар бар. Қашанда шала піскен тамақтың, мейілі ол жеміс-жидек болсын, мейілі қауын-қарбыз болсын іш ауыртатыны сияқты асыра сілтеуді көпе-көрінеу істеген мына шала піскен белсенді – біз едік. Мүмкіндігі болғанша әділ болуға, істің байыбына баруға тырыстым, інім. Бірақ жоғарыдан келген нұсқауды қалай орындамай отыра аларсың. Шардақовты, Романовты, Таубай Жаубаевты, Рихард Егоровты Совет өкіметіне қарсы деп жойдық, Жылқыбай сияқтыларды бай едің, біреудің еңбегін қазір қанамасаң бұрын қанадың деп отырғыздық, ал Мериновты, сол сияқты ауылшаруашылық байлығын жасаушыларды не деп құртқанымызды түсіну қиын еді.

Қарақыстаққа келе атқару комитетінің секретары Нұртасты шақырып, Құлболдының тізімге қалай кіргенін білдім. Атқару комитетте істейтін Құлболды жалға жүрген Тәшен байдың ағайыны Қармыс деген жігіт «Әбекең айтты» деп болмай кіргіздіріпті. Оны шақырсам:

– Тізімнің аяғында сіздің қолыңыз бар! – дейді. Табан аузында Қармысты қызметтен қудым. Нұртасқа сөгіс жарияладым, Құлболдыны абақтыдан шығардым. Салықты төлемейтінін де ескерттім. Мериновты да босаттырдым. Бірақ олар үшін өзім облыстан ұрыс естідім. Міне, інім, бит ішіне қан құйған қанқұйлы, зымиян тап жаулары да іштен ірітуді ойлап, барлық жолды, барлық өткелек-өтімдіні пайдаланып жатты. Қарға тамырлы қазақтың қай туысқанын, қай жекжатын білерсің. Сонан соң біздің большевиктердің міндеті жұртты сен пәленің нағашысының қайынының жиеншары екенсің деп ыдырату емес, бірінші кезек қайтсек те халықтың басын қосу, ұйымдастыру болатын, тәрбиелеу бірінші кезекке қойылатын. Барлық адамға сен тап жауының жақыны екенсің деп оларға жақындата бермей, социалистік ұлы іске тату алғашқы мұрат еді. Қателесек те, асыра сілтесек те, асығып-аптығып ағат кетсек те, білместіктен бұра тартсақ та інім, көш жүріп келе жатқан сайрақтан алыс кетпеген едік, мұратымыз да, мақсатымыз да, бет-бағдарымыз да дұрыс еді. Ілгері жылжып бара жаттық.



ЕКІНШІ КІТАП



Айта берсе екен, тек айта түссе екен.

Ақтасты үстіндегі хан жайлауда, Дегересте Шұнақ шал екеуміз әлі отырмыз. Күн еңкейіп, кіші бесін болып қалды. Әңгіме тығыны ағытылды. Сөйлеуші Шұнақ, тыңдаушы мен. Ол айтудан жалықпаса, мен тыңдаудан жалығар емеспін. Жасынан кемпір-шал арасында кәріқұлақ болып, тынуар тартып өскен менің әңгіме жанымның жәдісін қуалайды, түйінді сөз түйдек-түйдегімен көкейімнен тың орын тауып, мәлел көңілдің тың да таң пердесін ашып, арай таратқандай. Шұнақ шалдың сөзін ындынымды салып тыңдауым оның алдынан әлдеқандай бір жақсылықтың жаршысын күткендей әсер берсе, құлақсыз шалдың құлықты, хошуақты лепесі маған да бір қараңғы қапасты түріп, рауандап сәуле түсетіндей болып барамын. Айта берсе екен, тек айта түссе екен, күн кешеу тартқанмен адал көңіл аласұрып шал әңгімесін тілей түседі.

Шұнақ шал түрегеліп, аткөрпесін төрт бүктеп төсеп, шарта жүгініп, маған тіке, қадала сөйледі:

— Шырағым,— деді ол,— әңгіме тыңдау үшін үлкен шыдам керек, айту үшін ақылдылық керек. Мен шері шеменге айналған шал кісі ұзақ мыжып кеттім білем. Күн болса екіндіге таянып қалды. Шегіртке шырылын тоқтатты. Бұл кеш нышанын білдіргені. Баратын жеріңе күн жарықта жеткенің жөн. Егер топырақтан тысқары болып, тағы бір алапатқа ілініп, бүлініп кетіп жүрмесем, аман жүрсек, әңгіменің аяғын сонда жалғастырамыз. Ал аттанайық.

— Жо-жоқ, ағатай,— деп жалындым мен.— Осы көрпелдес көкте отырып күн шыққанша кірпік қақпай тындайын. Тек сіз кете көрменіз. Мың болыңыз! Айта беріңізші! — Шұнақ шалдың көзіне жас іркілді. Жасын селдетіп, сақалына алты тарам етіп ағызып:

— Құдай сені маған қайдан айдап келді, айналайын,— деп мені бас салып сүйді. Жасы көпке дейін тыйылмады. Әлден уақыттан кейін барып қайта сөйледі:

— Ұлылықтың сын-сипатын сөз тындырмас, іс тындырар, інім,— деді Шұнақ шал,— біз әдемі сөйледік, соған сәйкес ісіміз тым мінсіз, қаяусыз қияпатты болмады. Большевик болған осы деп тіпті аңғыртқа шауып, адас, әбес кеткен жеріміз көп болды. Оны қазақ большевиктері біліп істеді деу ағаттық болар еді. Өйткені Октябрьге келген большевиктердің көбі көңілі түзу, көкірегі ақ болғанымен, көргені-білгені, оқығаны-тоқығаны аздау, шала түсініктілеу, мен сияқты еді. Оқыған, революцияға саналы түрде келген Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сей-

фуллин, Ораз Жандосов сияқты көзі ашық азаматтар аз еді. Ал шын-ын айту керек, оқығандардың көбі үстем таптың өкілі болғандықтан, олар үнемі-ақ бізден ат құйрығын алыс салып, кездесе қалса шөлкем-ша-лыс келетін. Тіпті жел шығарып қойса, біз «жәрәкімалла» дейтін облыстың кейбір басшылары да нақ өзіміздей, білігінің бір қайнауы ішінде, шикілеу кісілер екенін ол кезде біле бердік пе? Солардың айтқанын екі етпейміз деп етпетімізден түсіп, мұрнымыздан қан кеткенін білмей жүріппіз.

Отыз бірінші жылдың көктемі болатын. Облыстан Қамысбаев деген өкіл келді. Қамысбаев шашын дудардай қылып қойған, сақал-мұрты жоқ, жылмағай, екі беті қып-қызыл, сопақ астаудай шоң мұрын қырықтан асқан кісі болатын. Ол кезде сауаты аз қазақтардың шашты кісіден де сескенетін кезі. Қазір көптің ішінде шашын ұстарамен қырғызған бір тоқыр бас қандай ерекше көрінсе, шашты кісі де солай оғаштау, өрескелдеу шалынатын. Қамысбаев та солшашына әдейі жұртты қаратқысы келе ме, ішінде қағаздан гөрі шүберегі көп, шама-сы іш киімдері болса керек, жуан қара бокшадан көбіне тарақ іздейді. Бірақ қара бокша қара тарақты бірден бере қоймайды. Танертен үй жинаушы су сеуіп сыпырамын деп едені тақтайланбаған ауатком төрағасының кабинетінің кейбір шұқырлау жеріне қақ тұрып қалады. Сабырланып жататын үй табанына өкшесі тиген қара портфельдің біраз жері-ақ балшықтанып қалады. Қамысбаев түбі балшықты портфельді алдына алып кілтін тартқылай бастайды. Ол ашылмайды. Сонан соң қабағы қатпарланып, самардай қызыл беті қызарып, ол дозданады. Оны сыртына шығара алмай, шеттікті төге қадаған кимешекті әйел жағындай, бетінде моншақ-моншақ тер тұрады. Шықылдатып-тықылдатып жатып, өлгенде әрең бокшаны ашып, ішінен тарақты іздейді. Тарақ, әрине, түбінде. Сондықтан салпылдаған, алақандап тоқылған сала құлаш бауы бар көлкілдек көкала домбалын, неге екені белгісіз бадырайған қара түймелер тағылған ақ жейдесін былай шығарып қояды. Сонан соң сылдырлатып тарақты (бокша түбінде одан басқа да ұсақ-түйек бұйым бар болса керек) алады. Неге екенін қайдам, бір жағы еркек, бір жағы ұрғашы жүзі бар делінетін қара тарақты кәдімгі насыбай шақшасынша етігінің өкше сірісіне қағып-қағып жіберіп, бір-екі үрлеп шашына салады. Оның бас киімен басылып, жылмиып қалған қою қара шашы тараған соң дудырап, түрегеп кетеді. Сонан соң Қамысбаев тарақты қайта бокша түбіне тастап, бағанадан бері мені көрдің бе деп жатқан ақ жейде мен көкала дамбалды да тығады. Сонан соң кемеліне келіп, кері-торысына мінген адамдай сөз бастайды:

— Қамысбаев деген қасқаң біз боламыз. Мен — облатком төрағасының орнын басатын кісі. Менің айтқаным екі болмауға тиіс. Ботпай болысындағыларды қалқозға ұйымдастырамыз. Маған Үйсінбаев көмекші болады. Кеттік. Контрларды ауыздықтаймыз.

Кеттік. Кетпегенде қайтеміз. Өзіңнен зор шықса, екі көзің сонда шығады. Ауатком алдында ерттеулі екі ат тұр. Қара мәліскейден тіккен жұқа сымның екі тізелігі балшық-балшық болып Қамысбаев атқа жақындады. Шынымен оған сес беріп тұрған шашы екен, жаңағыдай емес, басына сегіз шабулы, тө бесінде түймесі бар қоңырала кепка киген соң жымырайып бізбен бірге Ботпай болысына аттанғалы тұрған біздің ауаткомның жауапты хатшысынан айнымай қалыпты. Далаға шыққанда қабағын қатты түйіп алыпты. Айбынды көрінбек болғаны шығар. Ұры тамақтанып, компылдап қатты сөйледі:

— Қайсысына мінеміз?

Ауатком хатшысы шәпеті ғана акті, тоқтам жазарлық қана сауаты бар, жиырма бестердегі, қоңырқай түсті, қагілез Нұртас деген жігіт еді. Қамысбаев қолындағы боқшаны көрген Нұртас:

— Ағатай, боқшаныздыберіңіз. Қоржынғасалайын,— деді

— Жоқ, болмайды. Ішінде документ бар.— Қамысбаев қабағы ашылмаған күйі түксііп, келте қайырды. Мен «үндеме» деген ишаратпен басымды шайқадым. Сырдескі Нұртас менің ымымды түсіне қойды. Енді портфель туралы сөйлемейтін болды.

— Мына атқа мінесіз,— деп Нұртас томаға көз торыны Қамысбаевқа көлденең тартты. Нұртас торының шаужайынан ұстап өкілді аттандырмақ еді, ол тізгінді өзі алып, қолтығына барған қосшының қолын итеріп тастап, жәрдемсіз мінбек болды. Танауының астынан бұрқ етті:

— Ескі әдетті қоятын уақыт жетті ғой.— Нұртас кейін шегіне берді. Оның «итке сый жараспас» деп тұрғаны аян еді. Өйткені жауға аттанып бара жатқан жоқ, қолтығынан демеп, атқа мінгізуден, сый керсетуден де саясат шығарады. Ата-баба салтының бәрінен безбек. О ата-бабадан садаға кеткір деп тұрдым ішімнен, айтуға ауыз бар, айтқызуға дәрмен жоқ, сөйлесуге тіл бар, сөйлетуге діл жоқ. Діл мен дақ тілді байлап, екі елі аузына төрт елі қақпақ қой деп тұр.

— Ағай, боқшаңызды мен ұстай тұрайын,— деді Нұртас. Қамысбаев аяғын үзеңгіге сала беріп, артына бұрылып, алая бір қарады. Нұртаста жазық жоқ, анау атқа мініп алсын деп тұр. Ал осы сәтте Қамысбаев үзеңгіден аяғын алып, Нұртасқа біржола бұрылды:

— Ағай, ағай немене қашан бір туып едік?! — Нұртас не дерін білмей бұйығып барып, ол да танауының астынан мыңқ етті:

— Атыңызды білмеген соң...

— Атым не керек! Фамилиям бар менің, фамилиям! Қамысбаев! Жолдас Қамысбаев дегенді неге үйренбейсіңдер! — Нұртас түтігіп кетті. Мынаумен бірге жүріп оңбаспыз деп тұрғаны белгілі еді. Мүмкін ішінен «фамилияңмен қосып» деп, жеті ата, жеті пұстысынан жіберіп тұрған да шығар. Нұртас қолындағы қоржынды апарып өз атына салды да, Қамысбаевтың мінуін күтіп тұрды. Қазақ қой, Қамысбаев сыйды ұнатпаса да, Нұртас үлкен кісі атқа мінбей, өз атына бармады. Томса-

рып, өкпелеген баладай. Қамысбаев портфельді сол қолымен аттың жалына қойып, аяғын үзеңгіге апара бергенде, торы құлағын жымырып, басын солға бұрып май құйрықтан ернімен бір қымқып қалды. Салқ етіп кара портфель торының арғы жағына түсті. Бағана ауатком кеңсесінде ашылмаған кілт сарт етіп ашылып, ішіндегі ақ жейде, көкала дамбал, қара тарақ, ұстара, бір сарғыш тартқан блокнот ақтарылып қалды. Қара боқшаның ішінде не қалғанын Қамысбаевтың өзі білер, әзірге біз көрген жаңалық ұстара мен блокнот қана. Нұртас бұл жолы орнынан тапжылмай, бұздай кілшиіп қалды. Енді қайтпек.

— Бұл елдің малы да контр,— деді Қамысбаев.

— Контрды ауыздықтау керек,— деді Нұртас. Еңкейгенде қарыны салпайып, дүниесін боқшасына жинап салып жатқан Қамысбаев жамандатып бұйіріне қараған жылқыша тағы да бұрылып Нұртасқа алая көз тастады. Нұртас теріс қарап кетті. Қамысбаев боқжамасын жинап болып, енді боқшаны жерге қалдырып, атқа мінбек еді. Ол аяғын үзеңгіге апарғанда, торы тағы құлағын жымырды.

— Оң жақ тізгінін тарта ұстаңыз,— деді Нұртас. Қамысбаев оны түсіне алмады. Сонан соң мен түсіндірдім. Ол әйтеуір зорға мініп, жерде қалған қара боқшаға көз қиығын тастады. Нұртасқа «алып берші» деп енді айта алмады.

— Боқшаны алып бер,— дедім мен Нұртасқа. Ол жүгіріп портфельді ұстай беріп:

— Ішінде документ бар ғой,— деді. Мен қатал қараған соң, Нұртас портфельді Қамысбаевқа өңгерті. Лып етіп Нұртас та атына мінді. Аттың басын терістікке бұрып, жолға сала бергеніміз сол еді, Қамысбаев торыны одырандатып, Қарақыстақтың ортасымен шаба жөнелді. Бірақ онысы ұзаққа бармады. Оны Нұртас екеуміз білдік те. Өйткені қолындағы портфель оған шабуға мұрша бермейтін еді. Ол текіректеткен күйі көшенің аяғына жетті де, бар ышқысы сонымен шығып кетті ме, іші ауырып кеткен адамдай аяңға көшті. Желе аяндатып оған біз де жеттік. Оның кешеді шапқанын да түсініп тұрдық. «Мынау баса жаздап, ауыл үстінде шауып жүр» дегізу еді оныкі. Сес көрсетемін деп ойлады Қамысбаев. Ал оныкі сес емес, тентектің текірегі екенін түсініп тұрдық.

Былай шыға бере-ақ Қамысбаев боқшаны қайда тығарын білмеді. Ақыры ол Нұртас бөктерген қызыл қоржынға түсіп тыныш тапты.

— Алмалы — Долаңқара,— деді Шұнақ, — анау қарайып көрінген жер, інім. Соған түнде жеттік.— Шұнақ шарта жүгінген күйі мойнын терістікке сәл бұрып, маған ағалымыш өлкені тағы нұсқады. Тау үстінде дала ойыншы алдындағы шатыраш тақтасындай ап-айқын көрініп тұр. Ал сол кездері аудан орталығы болған Қарақыстақ тіпті аяқ астында жатыр. Шұнақ ресмилікті азайтып, маған інісінше, сеніммен, етбауыр жақынымен сөйлескендей ішіне тарта әңгімелесті. «Қымыз ішіп, ет жеп отырысты» да бағанағыдан көбейтті. Шұнақ ішіне тартқан соң,

журналистік дәсерлікті қойып, бетегеден биік, жусаннан аласа болып, әйнектей шытырламай, бәйектей жапырылып мен отырдым. Өйткені ендігі әңгімені өзім қалап алдым ғой. Шал шұнақ құлағының түбін бір тырнап қойып, әңгімеге қайта ойысты.

— Арпа, сеуіп, алма алмас болар. «Не ексең, соны орасың». Досыңа досша қарамасаң, қас аяқ астынан табылады. «Жылы-жылы сөйлесен жылан іннен шығады». Біз колхоздастыру кезінде осының бірін де істемедік. Көнсең де көнесің, көнбесең де көнесің. Бұны пролетариат диктатурасы деп есептедік. Онымызды дұрыс деп есептемегенмен, кейде адамшылықтың жазылмаған заңынан шығып кеткен жерде жанымыз шығып кетсе де, жан-таласып қалдық. Қызылымыздың барында қиялай басқан боламыз. Қысталаң жағдайда қисусан ақыл-айла тапқан шағымыз да болды. Қарекет қылмағанмен қам жасадық. Інім, жанымның күйзелген, күйінген, бірақ амалдың жоғынан жоғарыдан келген нұсқауды жанымды жеп отырып орындағанымды айтып берейін саған. Бүгін әңгімені өзің қаладың ғой.

Алмалы — Долаңқарадағы Ботпай ауылының итін шулата келіп, бір үйге хабарластық. Болыстық атқару комитеті дегенге жұрт әлі үйрене қоймаған. Ол қызметті атқарушыны ол кезде де болыс десетін.

— Тайшықұлының үйі қайсы? — деп хабарластық, желмен есігіне қарай итіне біткен уыққаптай төртқанат үйдегілерге. Үйден шыққан жастау адамның дауысы гүрілдеп, зор естілді. Кеш түсіп, ымырт жабыла бастағандықтан, оның саданы байқалмады.

— Артыңызда қалды, — деді жас жігіт. Ат басын қайта бұрдық.

Тайшықов қалыс болыс. Ол — тау етегінде туып өскен жігіт. Мұнда өткен сайлауда келген. Ауданға жұртқа жайсыздау деген сөз жетіп жататын.

Ауыл үсті қараң-құраң. Үш-төрттен байлаған, матастырылған ат, шөгеріп тіздеп тастаған түйе. Үштен-төрттен, кей жерде кораланып отырған адам. Бәрі де қарайып көрінеді. Ақжаулықты, төмен етектерілерден ешкім жоқ. Күн бата туған айдың әлі толысы болмаған. Ай толық кезінде, отырып туады. Дегенмен айдың сүт жарығы жабылып бара жатқан тун шымалдығына сәуле шашып, бозамықтандырып тұр. Шөлейт, үстірт даланың майлы майсасын жасынын еркін төсеніп жатқандар да бар сияқты. Ауыл үсті дүбірлі де, күбірлі де. Мал аяғымен дүбірлейді, адам аузымен күбірлейді. Осының бәрі жазғы көңілді көктемге үн қосып тұрғандай жайбарақат. Жайбарақаттықты да, күйлі-дилылықты да біз апалаң-топалаң қылдық. Қалай дейсің бе, інім. Қалайы сол, бізді көрген біреу «келіп қалды» деп дабыстады. Үлкен боз үйден біраз адам дүрліге шықты. Облыстық милиция бастығы Шемішев, оның екі-үш қызметкері, аудандық милиция бастығының орынбасары Бабажанов, оның да екі-үш қызметкері, аудандық жер бөлімінің екі-үш адамы, жазғытұры түлкі тымақ киген Тайшықовтың өзі, бәрі аттан түскен бізді қоршап алды. Біз үйге беттедік...

Інім, біз өзіміз ымыртта келдік. Одан үйге кіріп, тамақтанып шыққанша, «жапсардағы жарты күлше» біраз жерге барып қалды. Біздің халқымыз ерекше тәртіпті ғой. Сонда да қабырғасы сөгілмей, түн болды деп тарқамай әлі күтіп отыр. Түн болса да орталанып қалды, бәрібір бүгін іс бітпейді, жиналысты ертеңге қалдырайық дегенге Қамысбаевты көндіре алмадық. Бізге сабағат салмады.

Долаңқараның етегіне, беткейге жұрт қисайып жатты. Адам қанша қалың болғанмен, ың-жың жоқ. Бәрі де жоғарыдан келген аудан, облыс өкілдерінің аузын бағып қалған. Тек тізделіп жатқан түйенің пысылы-ыңқылы, байлаулы аттардың топылдап аяқ салмағын ауыстырып тұрғаны ғана естіледі. Біз жиналған жұрттың еңіс жағынан өрлеп келдік. Еңкерісте болғандықтан, ылдидағы бізді бұлар анық көре алмайды, беткей-биіктегі көпті біз айқын байқап тұрдық.

Жиналысты Тайшықов ашып, Қамысбаевқа сөз берді. Қамысбаев қолынан тастамай келген бокшасына тағы жармасып, қара таракты іздер ме екен деп қорқып тұр едім, нақ солай болып шықты. Жүресінен отыра қалып портфельдің аузына жармасты. Оның кілтті тістесуге көптен ұялғандай әйтеуір күндегісінен жылдамрақ ашылды. Ол көкала дамбалды (әрине оның түсі байқалып тұрған жоқ, оны мен оймен біліп тұрмын), қара түймелі ақ жейдені алып қойып, қара таракты тапты. Сонан соң отырған күйі оны басына апарып, жабысып жатқан шашын дудыратып тарады. Сонан соң таракты орнына салып, портфельдің аузын жапты-ау. «Уһ» дедім мен. Содан соң жүрелеп түрегеле бере-ақ сөйлей жөнелді.

— Қамысбаев деген қасқан мен боламын. Мен облыстық атқару комитеті төрағасының орнын басатын кісімін. Менің айтқаным екі болмауға тиіс. Менің көмекшім Үйсінбаев. Ертең қалқоз болып ұйысасындар. Малды аламыз. Ертең ертемен Ақсеңгірге көшесіндер. Алмалы — Долаңқарамен біржола қоштасасындар. Малдан бейдама боласындар. Мал орталыққа кете-ді. Қамысбаев сөзі қысқа болды. Мен бұлай тез бітірер деп ойламап едім.

— Бәрі түсінікті ғой? Ендеше, қазірден іске кірісіңдер, — деп аяқтады сабазың сөзін. Тіпті жұртты еңсеріп, есеңгіретіп кетті. Жұрт жиналыс тез бітер, және бір кісі сөйлеп, тоқтамды бір кісі айтар деп ойламаған. Дегенмен көптің аты көп, арасынан бір адам суырылып шығып, орнынан тұрды. Серейген ұзын адам екен, мүмкін түнде солай көрінді ме, әйтеуір үстіндегі боз шекпені сүйретіліп тұрды да:

— Өкіл-еке, бір ауыз сөзім бар еді, — деп сөзін сабақтады.

— Жолдас Қамысбаев де. Мынау бір контр шығар, — деді Қамысбаев Тайшықовқа қарап. Бәріміз үнсізбіз.

— Қамысеке, мен көнтек емеспін. Маған, ең болмаса, көнтек тоқты да біткен адам емеспін. Көнтек болсам қотырымды сіз қасып бермей-ақ қойыңыз. Бірақ мына отырған кедейлер сұрап отыр. Қалқоз деген не? Оған бару-бармау біздің құқымызда деп еді, сіз ертемен көшесіз

дейсіз. Шәңгі жұрт мәңгіріп, сіздің сөзіңізден пәсті-пәлей ештеме ұға алмай отыр. Сөзіңіздің пайыз-бағдарынан мақұрым тұрмыз. Несібеміз сол жақтан болса, нәсіп айдаса барармыз. Бірақ қосы арбамызды жегіп, қосымызды қозғалтпай, қосығымызды тартпай тұрып, қосынның бет-бернесін, сүдінін білсек деп едік. Долаңқара ата қоныс-кіртіміз. Қыстауымыз, көктеу-күздеуіміз осында, неге кетеміз өтенімізден?

Қамысбаев жігітке жауап бермеді. Артына Шемишевке бұрылып, «мына адамды ұстап қал, ол контр» деді. Шемишев иығын құнжың еткізді де, тұра берді. Жаңағы жігіт қайта сөйлемек болды:

— Қамысеке!

— Жолдас Қамысбаев де, контр.— Араға Тайшықов түсті. Ол миығына түсіп кеткен түлкі тұмағын кежегесіне қарай ысырып қойып:

— Құрманбай, койсаңшы, сен не, елден ерек,— деді.

— Әбеке, бұл не, жұрт сұрақ та қоя алмай ма? — деді Әбдіқадыр Бабажанов маған қарап. Бәрін біліп тұрмын, бірақ жоғарыдан келген бұйрық тығыз. Колхоздастыруды тез бітіру керек деген. Тығылып қалдым.

— Мынау білетін, нұсқа көрген адамның ісі емес қой,— дегенге қарасам, ауаткомның хатшысы Нұртас екен. Қамысбаев шүйіле Әбдіқадыр Бабажановқа да, Нұртасқа да қарады. Бірақ Бабажанов одан ығыса қоймады.

— Сұрауға құқы бар ғой,— деп қайталады ол. Қамысбаев оған тағы бұрылды. Түн іші оның алара қарағанын, әлде ежірейе-бажырая қарағанын кім білмек. Ал Құрманбайды милиция қызметкерлері қамажаулап шетке алып шығып бара жатты.

— Немене дозымды айтуыма болмай ма? — деп ол қасқарған күйі кетті. Жұрт ың-жың. Ешкім енді бас көтере алмады. Алдыңғы сөйлеген адамды қызыл жағалылар ұстаған соң басқалардың аузы жабылды, ешкім белсеніп шықпады, бәрі де сиыршылап қалды. Тәуір сайлап бір адам шығып еді, оған қиғылықты салып жатқаны анау. Мен артын күттім.

Інім, іс осылай бітер деп мен үш ұйықтасам ойлаған емен жиналыс ашып, жұрттың сөзін тындап, сырын түйіп, шынын ұғып, жайымен бәрін байыз тапқызармыз дегенмін. Бүйтіп қағырлап-қақпайлап жібереміз демеп едім. Құрманбай ала күдек адам емес еді, ол ұя бұзбайтын, кедей жігіт еді, қызылбұт болатын: Ол кезде бойдақ, бір үйдің сабағында жүретіндерді қызыл бұт дейтін. Егер әйел болса, құйын жығар үйі жоқ, қуалап соғар байы жоқ дер еді қазекем. Құрманбай осы бір жерде пайда бақыр таба қоямын дейтін кез томақ жігіт емес-ті. Қайта, әр нәрсенің жөнін білетін, топта торай бермейтін көсілген көсем, суырылған шешен, сыңаржақ болмағанымен, сөзден ешкімге есесін жібермейтін жігіт еді. Сонау төңкерістің отты жылдарында Ұзынағаштағы орыс байы Сигитовтың сиырын баққаннан білетінмін. Енді, міне, сол үрерге иті жоқ, киерге киті жоқ, бауыры тақыр кедейді контрға шығарып

тұрмыз. Ішімде алау ойнап, өртеніп от болып кеттім. Өттең ауданның бастығымын. Әйтпесе деп кіжініп, тістеніп, тікенек атып тұрдым...

Түн тынышсыз өтті. Әйтеуір ауыл төңірегі ың-жың. Бұл Долаңқараны мекендеген ел көбі-ақ ауқатты еді. Әр үйден алдынан мыңдап, артынан жүздеп мал өретін. Малы көбіне қазақы керкызыл қойды. Әр үйдің өз көлігі өзінде бірден-екіден ойсыл қара түйесі, кісі басына мінер қылқұйрығы бар еді. Сиыр атаулы бұл елде некен-саяқты. Өйткені қазақ елінің экономика-сында оның үлес салмағы жоқ-ты, інім. Сонда да сол бір көктемнің әдемі түнінде сиыр мөңіреп, ит ұлып, ауыл төңірегі жау тигендей жайрасып, тынышы кетті. Менің қошым келмей, кірпік қақпай, көз ілмей шықтым.

Күн шыға бозторғайдың шырылымен ояндым. Тайшықов үйінің қонған жері Еспе өзенінен алыс емес, жан-жағы қырқалы қойнау екен. Боз жусанның иісі мұрынды жарып тұр. Ыраң бас тартып, арпа масағы сияқты мысық мұрты шығып, ұша бастапты. Оның орынына боз жусан тебіндеп, үлпілдеп өсіпті. Түстік жақта асқақ Алатау алыстан сәлем жолдап, бәрін көріп, біліп басу айтып тұрғандай. Мен не көрмеп едім! Құба қалмақ шабуылын да көзден атқарғанмын. Қоқандықтардың қоқаңын да білем. Колпаковскийдің қазақтардың шұрайлы, сулы жерін тартып алып, өздерін қаңғытып жібергенінің де куәсі болғанмын дегендей. Мына ақ бас не көрмеді. Басым сонымен ағарып, уақыт өтіп, обыр қонып, орда көшкен заманның бәрі де ұмыт болып, мына Октябрь таңын қарсы алып едім. Үмітім әлі де осы! Май жентексіз, ел тентексіз болмайды. Сол тентектің бірі келіп, мазаларыңды алып тұрған шығар. Ел әулетсіз болмайды, ұлы іс нәубетсіз болмайды. Оның бәрі өтер, артын күт, Абақ, деп тұрғандай болады. Артын күттік, інім. Артын күтпегенде не істей алар едім. Өзіміз қанымызды төгіп, жанымызды жалдап орнатқан Совет өкіметі осындай жарлық беріп отырса, оған қарсы тұрып оңамыз ба? Тіпті ол қарсы болатын нәрсе деген біздің, інім, басымызға келген емес. Тек Қамысбаевтың қысқа шешімі жанымды жеп барады.

Қазақ ауылдары ол кездері он-он бес түгіннен бір ауыл болып отыратын да, сол ауылдың бар малы бірігіп бағылатын. Оны өздері көбіне кезектесіп бағатын. «Қой кезегі» деген сөз қазақта осыдан қалған. Ал ірі қараны айдап тастайтын, жер кең болғандықтан, оны ешкім бақпайтын. Мал көптіктен ол ұрланып кетеді деп те ешкім абыржи қоймайтын. Сондықтан әр ауылға бір-бір адамнан бөліп, малын ауылы жанында ұстаттық.

Таңертең Қамысбаев, Шемишев, Бабажанов, Тайшықов бесеуіміз аттанып бидас Тойбай ауылына келдік. Байдың өзіне қараған алты-жеті түгін алғау судай бөлініп, түнделетіп көше қашып құмға түсіп кетіпті. Оларды орынынан баса алмай, Совет өкіметінен бар жақсылықты күтіп отырған он жеті түгін кедейлерге келдік.

Жотаның етегін ала қонған он жеті түтіннің малы ауылдың көз алдында ойда жатыр. Таң ата өрген қой әжептәуір тойып қалған ба, қозғалар емес. Қойдың арғы жағында екі үйір жылқы, екі келе түйе, бес-алты сиыр көрінеді. Оны қайырып жүрген бірді-екілі ғана малшы. Ауылдың жанында беткейде шідерлеулі қызыл ат тұр. Бір жақ бұты қан. Шамасы ақтатып қойған болса керек-ті. Ауыл ортасында құйрығы керсендей үлкен қызыл қошқар екі артқы аяғымен кезек-кезек ішін соққылайды. Үпегі құрттаған болар. Шеткі үйдің жанында кескек байлаған бір кара қой күн қызбай-ақ көлеңкелеп тұр. Ауыл үрейлі ме қалай, біздің қарамыз көрінісімен ауыл ортасында ойнаған балалар тым-тырақай қашып, үйлеріне қойып кетіп жоқ болды.

Қарасы бар, ағы бар, бір-екі жаңа көтерілген отауы бар, он жеті үй қораланып тігіліпті. Жаңа көтерілген отау бесенеден белгілі. Өйткені ол өзге үйлерден кішірек, төрт қанат, киізі аппақ, басқаларынан гөрі тікшелуе, бау-шуының да жаңа екені алыстан-ақ танылып тұр. Ауылға жақындай бере Қамысбаев торыңы шаужайлап, текіректете жөнелді. Оның артынан Шемишев шапты. Шапқан аттарға елеңдеп ала қашпақ болған аттарымыздың біз тізгінін тежеп қалдық. Ауылға қарай тұра шапқан екеуге әлде қайдан бір сұр төбет қосыла кетіп, Шемишев атының басына ие бола алмай, бір езулеген ат ауыл сыртына шығып кетті. Өзі аттан түсіп қала жаздап копақтап барады. Бізден ауылға бір-екі минут бұрын барған Қамысбаев пен Шемишевке ешкім шығып шаужайына оралмады. Ауыл әйелдері, әрине, жабықтан, есіктен сығалап оларды бақылап тұрғаны күмәнсіз еді. Өйткені қазақта жөнді, есі дұрыс кісі ауылға қарай шаппайды. Тай үйретіп, құнан жарыстырып жүрген бір-ер ерке шора, итқуар тетір-тентектер болмаса, немесе ауылда кісі өлімі болып ат қойып келгендер болмаса, әдетте, ондай оспадарсыздар қызыл тақия киіп қайтады.

Қамысбаев пен Шемишев ауыл ортасында ат ойнатып тұрды. Біз ауылға жетуге асықпадық. Қамысбаев ат үстінде тыныш тұрмады, екі өкшесін торының бауырына қадап, тебініп қояды. Желі бойындай жерге танау көтерген томаға көз торы да, Шемишев астындағы қолтыраудай танаулы жирен де көтеріліп, делендеп, тыпыршып тұр. Қамысбаевтың тебініп тұрғанын байқаған Бабажанов шыдамады білем:

— Мынаның есі дұрыс па? Облыс басқаратын адам осындай есерсоқ болғанда, басқаларды жын ұрып кетпей ме?! — деп жіберді.

Ауыл шетіне түсіп аттарымызды матастырғанымызды көрген Қамысбаевтар қайтып біздің жанымызға оралды.

— Иеге шаппай қалдыңдар, — деді Қамысбаев делендеп.

— Әзір есімізден адасқанымыз жоқ, — деді Бабажанов. Әбдіқадыр бұл сөзді катуланып айтты. Қамысбаев үндей алмай қызараңдап қалды. Шемишев қазақша шала түсінетін кісі еді, дегенмен ол мұны сезді. Көк көзі шегірейіп, қып-қызыл болды. Бұдан әрі мұны ешкім тереңдетпеді.

Ортадағы үйдің бірінен Нұртас, екі милиционер, жер бөлімінің өкілі, тағы бір қартандау кісі шықты. Сәлден кейін-ақ бұл ауылдың барлық тайлы-таяғына дейін қалмай бізді қоршап алды. Мұнда ақсақалды шал да, бет аузы айғыз-айғыз, айдаған жердей кемпірлер де, кестелі жағы бар, биік мандайлы кимешекті, қасабалы қатын, бір-ер қарқаралы қыз да бар. Көбі қалама көйлекті қатын, қаудырлақ тонды еркек. Қындай бойлы, қынадай көрікті бияқтар да бар болар. Бірақ ондайлар үйден ұзап шыға қоймаған. Еш нәрсені сезбеген, ертеңгі күніміз не болады деумен ісі жоқ, кетік, сетік, бір балағы түрүлі, бір балағы жалпылдап бос жатқан қызыл сирақ балалар да айнала шауып жүр. Жұрттың жерден, ата қонысынан аууы оңай ма? Көбі үрейлі.

— Малды жыыстырып санап, тізімін алдыңдар ма? — деп сұрадым мен Нұртастан. Ол тез жауап берді:

— Жеті жүз он төрт қой, жетпіс үш жылқы, жиырма бес түйе, жеті сиыр. Бәрі мына ойда жатыр.— Ол әр үйдің отағасының атын атап, қайсысынан қанша мал алынғанын оқи жөнелді.— Ардақ Әлімжан баласынан 47 қой, бес жылқы, 2 түйе, Сәрсентай Жетер баласынан 25 қой, бір ат, бір түйе, Тоқтам Төрібай баласынан 71 қой, 4 жылқы, 2 түйе...

— Беткейде ат тұр, ауылда екі қой жүр. Оны неге алмағаныңдар, — деп дүрсе қоя берді Қамысбаев.

— Қанды бұт, жаңа піштірілген, ал екі қой да құрттап кеткен, — деп жауап қайырды Нұртас.

— Тез апарып малға қосыңдар!

— Екі қойды айдауға болады, ал атты қозғауға болмайды ғой, — деді Нұртас тағы да.

— Айтылғанды істеу керек.— Қамысбаев ақырып айтты. Шемишев милиционерді жұмсады.

— Атқа тиюші болмаңдар, ол жүрмейді, — дедім мен өңкей малдаққа. Бәрі тыбыр етпей қалды.

Інім, біздің халқымыз тым кенбіс пе, әлде тым момын ба, әлде жанман ба, «мұны неге бәрін аласыздар, біз енді немен күн көреміз» деген бірі болмады. Бәрі үнсіз. Қабағы ашылып, колхоз боламыз деп қуанып тұр десем, оным, інім, қып-қызыл өтірік болар еді. Тіпті олардың қабағымен есептесіп жатқан біз жоқ. Нақ сол бір сәтте, інім, бұлар енді не істемек, қалай жан сақтайды, тамағына талшық етіп отырған бар күнкөрісінің көзін бітеп Кеттік-ау деген менің де есіме келмепті. Ойымыз жоғарыдан келген нұсқауды мүлт жібермей орындау. Шынын айтсам, ертең не боларын ол шақта мен білмейтін едім. Маған берілген нұсқау малды жер белімінің адамына түгендеп өткізу, елді жоғары қарай Ақсенгірге көшіру. Көшіру, әрине, менсіз шешілген жоқ. Халықты сулы жерге қоныстандыру жөнінде қатар жатқан Күрті, Ботпай болыстарын көшіру туралы сөз болғанда мен бұл мәселеге қарсы болдым. Өйткені, оларды ата-қонысынан көшірелік, бірақ қайда орналастырамыз деген күдігімді айтқанмын. Бірақ көп ауыз бірігіп бір ауызды жоқ қылған.

«Ертеңің ертең көреміз, бүгінгі нұсқауды бүгін орындау керек» деп басы аупартком хатшысы Түзелбаев болып болмаған. Енді, міне, малын сыпырып алып, соқа бастарын сопайтып қойдық. Қазақ өте шыдамды халық, інім. Білгізбей сыртқа жауырды, атан тартар ауырды. Сол ауырды тартқан атан — қазақ. Біздің халқымыз ішінен қан жылап, қайғы мен қанды жұтып тұрып соны сыртқа білгізбеуге тырысады. Осы жерде де сол атан түйеге біткен зілмауыр салмақтылықты байқап тұрдым. Сонша ұстамды-байсалдылыққа сүйсінбеу мүмкін емес еді, інім.

Нақ осы бір сәтте екі көзінің алды іріндеген, ұзын теке сақалы бар, бегімсал киімі бар Қонысбай қарт бір сөз деді:

— Балаларым, малымызды ортаға ұйыстырамыз деп бәрін алдырдыңдар. Барын бердік. Бірақ маған бір сойыс керек еді. Кемпірім қадақ болып, аурудың беті жаңа қайтып еді. Соған қалжа керек болып тұр. Бір байлап жүрген құнан қойым бар еді, соны сойып алсам.

Жұрттан бұрын Қамысбаев шақ ете түсті. Ал шынына келсек шал мұны бізден сұрамай-ақ сойып алуы керек еді, бірақ момын ел өз малын бізден сұрап тұр және өзіліп, екшеліп тұр. Мен не дерімді білмедім. Ал Қамысбаев тіке:

— Ей, шал, мал енді мемлекеттікі. Сандалмай жайыңа қарап тұр,— демесі бар ма. Шал шарт кетер ме екен деп қыпылдап-ақ қалып едім, жоқ ол:

— Шырағым, жарайды, жай айтсаң да болады ғой,— деп теріс айналып кетті. Әрине, көз жасын сүрте кетті. Өксіген, қапылатпен өткізген өмірін жаманды-жақсыны бір кешкен адал жары, өлім аузынан қалып, енді бір ұрттам сорпаға зар болып жатқанда да, шал шыдамдылық көрсетіп тұр. Інім, шыдамдылық па, әлде біздікі жамандық па, ездік пе деп қаламын. «Сорлы» деймінішімнен. «Жаманадам өзсыбағасынақұлдық асады» деген осы дағы. Өз малын бізден сұрап, енді бізге тәуелді болып қалды. Әрине, шал ештеме демеді. Бірақ ішінен не деп тұрғаны белгілі еді. Енді деп ойладым мен, бұл Қонысбай қарт Совет өкіметі туралы не ойламақ? Қашанда мал өкпесімен ұшықтап, мал сорпасымен емделіп жазылатын қазақ еді ғой бұл. Денінің емі жас сорпа, жанының емі жақсы сөз. Сондықтан да «жақсы сөз жарым ырыс» деген еді ғой. Қалжа дегенде қарасын тегін беретін, бүгін бір тоятын, ертеңіні ертең көретін, «таңғы нәсіпті тәңірден» күтетін ел емес пе еді ол. «Ал да, сой» деп айтқым да келді. Оным, әрине, адамшылық жағынан да, тектілік жағынан да дұрыс болмас еді. Қайыңның безі қатты, жаманның сөзі қатты. Сол жаманның қатты сөзі Совет өкіметін мына шалға құбыжық қылып көрсететін болды-ау деп қыпылдап қалдым.

Бабажанов шалды білетін болса керек-ті. Ол қабағын шытып шалға қарап сейледі, тұрғандардан ықпай-ығыспай ашық кетті:

— Әнеугі күннен бері неге сойып алмадың. Қартайғанда біреу сенің тері-тарамысыңды тартар деп қорықтың ба?! — Шал қоңыр

шибарқыттан тігілген жұқа бешпентінің қалтасынан көлдей ақ ормалды алып көзінің алдын сүртті. Енді оған әл біткендей қатқылдау келді.

— Қайдан білейін, шырағым, мына Тайшықтың баласы малға тиюші болмандар деп кұнара санатып қойған жоқ па. Малды алатындар да адам шығар деп шыдап едім.— Сөздің түп-төркіні түсінікті. Кім болып шыққанымыз да белгілі. Шалдың сөзі өңменімнен өтіп кетті. Бабажанов Қамысбаевқа қарап сөйледі:

— Он сегізінші жылы бір жұртта азамат болған тоғыз ұлын ақтар бір-ақ өлтіріп, кемпірі екеуі ғана қалған еді. Бір қойды қиялық, мына өлмелі шал-кемпірге. Тіпті болмайды десеңіздер оның ақысын мен өз жалақымнан төлейін.— Қамысбаев қылима-ды. Ол ашу шақырып:

— Сендер маған болысудың орнына бөгет жасайсыңдар. Бәрің де ескіліктен арылмаған, ескілік етектеріңнен тартқан оңбағансыңдар, ұйыстырудың орнына малды таратқыларың келеді,— деді бұртандап, сопақ астаудай қызыл беті қызара түсіп, көзінің алды жыбырлап, оң жақ езуі бір жағына қисайып, көтеріліп кетті.

— Сіз кімді оңбаған деп тұрсыз? — деп Бабажанов қап-қара әдемі мұрты тікелейіп Қамысбаевтың жанына жетіп-ақ барсын. Өңгімеге Шемишев араласты:

— Бабажанов, спокойно! — деп жымыып қойды. Бұл бағана ауылға қарай адырандап шапқанынан ұялып үндемей тұрған-ды. Бабажанов көбіне тәуекелге иек артатын, онысы көбінесе-ақ шамадан бұрыс кетпейтін батыр да, байыпты да кісі еді. Бір алған бетінен таймайтын да. Және ол адамды қызметімен емес, адамшылығымен өлшеп үйренген. Сондықтан жанама бастығы болса да, ол Шемишев сөзіне тынши қоймады.

— Сіз, Қамысбаев жолдас, бізді кімге санап тұрсыз. Біз Совет өкіметін орнатқанда, сіз Сарытауқұмда жекеменшік қойыңызды бағып жүргенсіз. Байқап-байқап сөйлеңіз!

Қамысбаевты Бабажанов жақсы біледі екен. Ол Сарытауқұмдағы орта шаруадан шыққан, сауаты жоқ, әйтеуір қатардағы адамиан қызметке жоғарылату керек болғанда өскен кісі болса керек-ті. Оның үстіне Алматыдағылар мұны Жұбаныш сүйреп әкелді деген өсекті де жапсыра жүреді екен. Мың тоғыз жүз жиырма бірінші жылы Талдықорғанға жер аударылған қазақ феодалы сарыүйсін Қали Ордабаев тапсырыпты оған деседі екен.

Әбдіқадыр көріне көзге Қамысбаевпен байланыспақ болды. Мен араласқан соң барып, ол сабасына түсті. Бабажанов басылған соң, Қамысбаев атқа қайта қамшы басты. Ол қабағын көтерместен бақа тамақтанып бар жігерін иегінің астына жинап алды. Енді ол барлық бұйрықты маған бере бастады. Ол менің облыстағы тікелей бастығымның бірі. Оның үстінде облаткомның төрағасы, облыстық партия комитеті бар ғой дейін десең, ол бұл жолы төтенше уәкілдікпен

келген адам. «Колхоздастыру жөніндегі барлық шараларды жүргізуге оған төтенше уәкілдік беріледі. Қастек ауданында колхоздастыруды жүргізуде оның бұйрығы екі болмауға тиіс»,— деген дастанадай қағазы бар қолында. Бұдан кейін оған қыңқ етіп көр. Бір қызығы ол сөйлейін деп келе жатқанда тамағымен қоса ұрты да кебеді. Кәдімгідей аузына астық толтырып алған аламан тышқандай бола қалады:

— Үйдің бәрін жыққызу керек. Қазір алдымен үйлерді тегіс аралап шығамыз. Мүмкін үйге жасырып қалған мал бар шығар.— Мен осы жерде бір сөз айттым:

— Малды ұйыстыру ерікті іс қой.

— Ерік, ерік. Ерік деген мына біз. Біз не істе десек, сол болады. Бізде Филипп Исаевичтің айрықша нұсқауы бар.

Біз қоралана қондырылған он жеті қазақ үйді шетінен араламақ болып, Тайшықовқа ердік. Алда ол, сонан соң Қамысбаев, Шемишев, мен. Осылай Тайшықов артынан сүмендеп еріп келеміз. Алғашқы Өренбай Шоғанов дегеннің үйі екен. Алдымен бастаушы кірді. Сегіз, алты қаннат үй бұл ауылда атымен жоқ. Кішкентай сықырлауықсыз, шиден тоқылып, сырты киізбен қапталған есікті түріп қойған. Есіктен күн түскен жерге бөстек төсеп алып бір кемпір ұршық иіріп отыр. Сыртта болып жатқан әңгімеден бұл адам бейхабар сияқты. Үйге кіргенде Қамысбаев аман-даспай кірді де, тура өрешені ашты. Өреше шиден тоқылған екен. Тоғыз қарыс шағын қазанға сүт пісіріп қойыпты. Жүкте екі-үш көрпе, ескі екі тон, тысын көрсетіп көрпеше жинаған шыт шапан. Сүрелеп, тайлап жинаған тең көрінбейді. Төр алдында құрым киіз. Мүмкін осы кедей үйдің бұрынғы үзігі. Бай үйіндегідей шетін жиектеген, оюлаған от киіз жоқ. Күлі жоқ от орыны ой түсіп, төбел таздың төбесіндегі тақырайып жатыр. Бетіне әр түрлі қаңылтырдан өрнек салған ескі сандық оң жақта тұр. Басқа көзге ілінер, керегенің сағанағына жауып тұрған ілім тон, бас тон, тіпті қоңыр шолақ тон да көрінбейді.

— Тыққан мал жоқ па? — деп сұрады Қамысбаев кемпірден. Кемпір кимешегінің самайынан бір құлағын шығарып тыңдаймын дегенше, Нұртас:

— Он қозды қойын алдық. Алды төртте, арты бірде терт баласы бар екен. Енді немен күн көрер екен,— деді.

— Мен сенен сұраған жоқпын! — деп оқыс айтты Қамысбаев,— Нұртас ғафу өтінбеді. Сұлық. Ауыл адамдары үйлерінің сыртында үшеу-тертеуден тұр. Сұрсыз, сұрықсыз. Бұлар енді немен күн көреді деп біз ойламағанмен, бұлардың тілінде де, ділінде де осы бір сөз тұрғаны күмәнсіз еді. Бірақ налығын ешкім білгізбейді.

— Көріп тұрсыз ғой,— деген дыбыс арттан келді. Үй иесінің дауысы.

— Үйді жығындар, көшіндер қазір,— деді Қамысбаев. Ол әлдеқандай Шемишевке ым жасады. Сақау баланың тілін шешесі біледі демекші бастығының сөзін ол емеурінінен түсінеді.

— Тоқаев,— деді Шемишев,— бұйрықты орындауға кір»,— Артта тұрған қаладан келген милиционер жігіт үй иесіне бірдемені мыңқ етті. Шоғанов екі-ақ аттап Қамысбаев пен менің жаныма жетті.

— Бәрі дұрыс. Біз бәріне қайылымыз. Қазір үйді жығамыз. Көшуге әзірміз. Наруанға артып, кілем жауып, бұрау салып ыргалар біз емес. Бірақ, жолдас Қамысбаев, балалар ертең не ішеді. Осы үйде шайнам азық жоқ.

Бұған ешкім жауап бермеді. Бәріміздің де аузымызға құм құйылды. Ол көңіліндегісін айтып тынды.

— Балалары шиедәй екен, «жоқты» білмейді-ау! — деп Нұртас Бабажановқа қарады.

— Елге жоқшы болатын сен емессің! — тағы да Қамысбаев.

Осылай тоғыз үйге кірдік. Бәрі де қонторғай, жасауы-жабдығы толып тұрмаған, тулақ төсеніп, тон жастанған, жабы мініп, ер бастанған, шідері жоқ, тұсамысы бұршақтан, үзеңгі бауы, айылы құршақтан кедейлер. Енді малын алып қойған соң, мүсәпір, кембағал десең де болады.

Оныншы үйге келдік, інім. Оң жақ босағада сыртта төрт-бес жасар қуыршақтай киінген, екі көзі мойылдай, қап-қара, торы өнді қыз бала отыр. Оның қызыл құлпы киімінің екі иығына екі уыс үкі, омырауына екі сөлкебайды тесіп тағып қойыпты. Қолында түйе көзіндегі дөңгелек бұлғар айнасы, ісек қойдың жіліншігінен істелген шақылдағы бар. Белдеуге әлдене қыстырып қойып, соған қарап отыр. Оң жағында екібақайшы ықтанбайластырған, екі жағында тартпалы жібі бар гуілдек. Теңірегінде кішкентай қара лақ секектеп жүр. Лақтың екі құлағына қызыл шашақ тағып қойыпты. Қыздың төңірегінде қара лақ секең-секең етіп, ойнақ салады. Кішкентай қыз лақты ұстап алып, мойнынан құшақтап, лақтың жағын бетіне басып-басып қойып қайта жібереді. Лақ екі үш секең-секең етіп, ойнақ салып тағы қыздың жанына келеді. Ол қайта құшып, қайта жібереді. Лақ ойнағын тағы салады. Тағы ойнақтай келеді. Осы бір әдемі көріністі Қамысбаевтың түйеден түскендей сөзі бұзды:

— Міне, тыққан мал! Шемишев, мынаны есепке ал! — Алаңсыз ойнап отырған қыз бала атып түрегеліп өрге қарай жүгіре жөнелді. Екі құлағындағы қызыл жіптен таққан шашақ желпілдеп қара лақ та ойнақ салып қыз артынан кетті.

— Ұстандар ешкіні,— деді Қамысбаев.— Осылай әр үйде бір малдан қала берсе, не болмақ? Шемишев! Аша тұяқ қалмасын! — Шемишев те өз адамдарына бұйрық берді:

— Тоқаев! — Милиционер қара лақты қуып берді. Лақ қашқан бойы үй артындағы түйе бойы қара тасқа ойнақтап шығып кетті. Қолапайсыздау Тоқаев дардаңдап тасты айнала жүгірді. Осы кезде кішкентай қыздың шырылдап жылағандауысы шықты.

— Тиме лағыма! — Қыз тағы бірдемелерді айтып бажылдады. Оны тындаған милиционер жоқ, ол тасқа шыға алмай тырмысуда. Ақыры ол тасқа шықты. Ол тасқа шығып лаққа ұмтылғанда, лақ бір-ақ секіріп

түсіп, қыз жанына келді. Лақты қыз көтеріп алып тұра қашты. Осы кезде аяқ-қолы арбаңдап тастан домалай түскен Тоқаев аттап-бұттап қызды қуып берді. Бес жасар қыздың адымы қанша, Тоқаев ұзатпай-ақ қуып жетіп, қара лаққа көршеңгелін салатын еді.

Ауыл адамдарының бәрінің көзі осы бір көріністе. Тұра жүргірген Тоқаевты екі-үш ит қуып берді. Қашқан адамға қосыла кететін иттің қашаннан әдеті. Бұрын жеткен ала ит милиционерді май құйрықтан бір тартып кетті. Милиционер қызды қоя салып, тапаншасын алып итті қуып берді. Ол арада анау екі ит те жетіп, абалап келген шақта тарс еткен дабыс таулы-тасты жерді жаңғырықтырып жіберді. Ала төбет қаңқ етіп, қиңсылады да кетті. Анау екі ит те құйрығын бұтына қысып ауылдан шығып жөнелді. Үш итті үш жаққа қуып, ісініп-кебініп алған Тоқаев ерлік көрсетіп, енді қара лаққа қайта ұмтылды. Егескен соң алмай қоймасын дегендей Тоқаев бара-ақ баланың шарылдап жылағанына қарамай лақты тартып алмақ болды. Лақ тартысқа түскендіктен бе, әлде бейсауат адамның сойдиган зардапты саусақтары батты ма, бақырып мазаны алды. Бұлқан-талқан жылаған баланың даусынан бүкіл Алмалы — Долаңқара күңіреніп кеткендей болды. Тіпті солай болмағанның өзінде ауылдың бала-шағасы, шал-кемпірі, қағын-қалашы тегіс жас төгіп тұр еді. Жылап жүріп жеті жылда зорға көрген, «қыз түгіл, қызыл жүнге зар болып жүр емеспін бе» деген Мәриза тіпті еңіреп дауысы шығып кетті. Мұндайда әйелдердің көз жасы қалай дайын тұрады десеңізші, кемпірлер кемсеңдеп, қатындар қарғап: «бала көрмегір, баланы жылатқаны несі» десіп жамырасыш, жыласып-сықтасып жатты. Оқ бүйірінен тиген ала төбет қиңсылап үріп, өз бүйірін өзі тістелеп, не өле алмай, не жараға көне алмай, ойбайға аттан қосып, есті алды. Ала төбетті қоршай тұрған көп баланың ішінен де бір дауыс бақырып, барылдап дүниені көшірді. Ауыл ызың-шу, құм-қуыт болды. Алғашқы біз кірген үйлер жығылып, шөгерілген қалбағай түйелер бақырып, қарбаласта енесінен ажырап қалған құлындар шіңгір-шіңгір кісінеп, оның енелері желіні дерткен мама биелер оқыранып, ұлы сәскеде ауыл үсті ың-жың дыбыс, ығы-жығы жүріс-тұрыс, сабылыс еді. Бұған жаңағы мылтық дауысын ұмыта алмаған иттердің үргені, құйрығын бұтына қысып өздерінен өздері қиңсылағаны қосылды. Көз томақ тартып, құлақ естуден қалды.

Тоқаев кідірместен қызға барып қара лақты тартып алмақ болды. Лақ қасқыр аузында кеткендей бақырып, оған баланың жылағаны қосылды. Бұған шыдай алмаған жалғыз қыздың шешесі Мәриза, әкесі Оңабай қосылып, дау ұлғайып, ауыл әбігерленді.

— Айналайын, өзіміз алып берейік, — дегенді Тоқаев тыңдай қоймады. Ит сүйекті біледі, қошқар күйекті біледі, інім. Милиционер Тоқаевтың білетіні — Шемишевтің бұйрығы, қара лақты тартып алу. Ал өлгенде көрген жалғызының жылаған дауысы жарғақ құлағын жарып бара жатқан Оңабай да жетті енді. Лақтан қыздың қолын ажыратамын деген Тоқаев батырып жіберді де, қыз қолын ұстап жылап отырып қалды.

Қыздың дауысы қатты шыққанда, жаны бірге шыққандай болған Мәриза көк желкесінен алып, милиционерді қойып-қойып жіберді. Милиционер қара лақты қоя бере салып, Мәризаны теуіп-теуіп қалды. Оңабайдың арашаға түспеуге лажы болмады. Ол Тоқаевты ұстай алғанда, Шемишев аспанға мылтық атты. Бәрі қайта тына қалды. Бірақ Тоқаев қара лақты алуға қыздың жанына қайта барып жармасып еді, нақ осы сәтте Бабажанов милиционерді жағасынан алып лақтырып жіберді.

— Хайуан!

Милиционер тұра сала қайта ұмтылмақ еді, Бабажанов екенін білген соң, мойнына су кетіп тоқтап қалды. Сонда да мен облыстан келдім деген көкірегі болса керек:

— Сіздің не шаруаңыз бар? — деген болды.

— Шаруам сол әйел мен баланы сабағаның үшін, қаруыңды тартып алып, қаматып қоямын.

— Милиционер қайта бас көтермеді.

Лаққа тиюші болмандар! — дедім мен Қамысбаевқа қарап. Қамысбаев реңі бұзылып, бұрқылдамақ еді, дегенмен қарсы тұрудың жөні жоғын ұқты. Өйткені осы бір кішкентай оқиға үлкен әлеуметтік шараны бұлдіріп жіберетін-ді. Халық мүнәйім қалпын өзгертіп, азғантай, қас қағым уақыт толқып қасаң тартып қалды. Оны Қамысбаев, сол сияқтылар көре ала ма, ал бізге коллективтендіру шарасын жүргізуіміз керек. Сондықтан Қамысбаев қара лақты қара пәле етіп жапса да, көтеріп алмақ болдым.

— Лақты баланың өзіне қалдырыңдар! — деп қатты, бар даусыммен айттым. Камшат «шөре-шөрелеп» лағын шақырып жатты.

— Рақымет, аға! — деп Мәриза жылап жіберді. Бірақ сол бір сәтте оның шын жылайтыны алда екенін ол да, мен де білмеген едік. Інім, мәселе тіпті де қара лақта емес. Қара лақ түгіл қарасын біреуге жетектетіп жіберетін қазақ емес пе едік біз. Жарайды, інім, үлкен әлеуметтік іс кезінде қара лақ та есепке алынсын делік. Ал мәселеге жалпы келелікші, інім. Мен білетін Коммунистік саясат адамзат баласының барлық игілікті дәстүрін, ғұрпын, ісін пайдалануға тиіс. Тіпті оны біз Коммунистік партияның Уставына да жаздық. Дүние жүзі ғылымының игілігімен білімімізді байытамыз дедік. Демек дүние жүзіндегі барлық игі дәстүр Коммунистік құрылысымызда пайдаланылуы, қолданылуы тиіс. Ендеше, неліктен қасықты қарасуды сатып беретін жарымаған әдет, жаман ырым барлық халыққа үстемдік етпек. Айталық сонау астанадан Твардовский сияқты ақын, Шолохов, Фадеев сияқты жазушы маған қонаққа келсін. Неліктен мен соларға есік алдында қорам толған қойым тұрып, ауызға бір-ақ тығатын, ауыз жарымайтын котлет беруім керек. Жок болса бір сәрі, неге мен бар бола тұрып қазақ дәстүрімен бір жылқымды жарып тастамаймын. Қазақ атам айтпап па еді: «бір мінсен де жорға мін бұлкілдесін бүйрегің, бір жесең де май шайна кілкілдесін

жүрегін» деп. Алыстан ат арытып, тон тоздырып ақынның қызыл желі Сүйінбай Арқаға барғанда бір үйір жылқы айдатып қайтармап па еді, сондағы туғандар. Әулиеатада жұтап қалған Кемпірбай Алатаудан Арқаға барғанда алдына мал салып бермеп пе еді, туғандар. Арқадан «қалтасының түбі тесік, байымайтын Шашубай келгенде жетісулықтар бір үйір жылқыны айғырымен айдатқан еді ғой. Ендеше малымды, дүние-мүлкімді неліктен бірге туған адамға ғана сыйлай алатын заңға мен бағынуға тиіспін. Өзім де, өзгені де жарытпайтын заң, жоба-жоралғы маған қалай үлгі болады. Мен өзімнің бір жылқымды (заңда) немере ағама бере алмайды екенмін. Сонда менің кім болғаным. Неге мен өзімнің табан ақы, маңдай теріммен тапқан еңбегімнің жемісіне өзім қожалық жасай алмаймын? Сонда біз жұртқа тегін тамақ қонақ асы, тегін жамбас ақысыз жатар орын бере алмай хайуаннан дайрағымыз басқа ғана жан болатын болдық қой. Солай ете отырып қалай біз өткен қайыршы заман, тар заман, зар замандарда ғұмыр кешкен жеті ата, жеті пұстыларымыздан арғылып кеттік дейміз, қайта көш төмен болдық қой. Онда біз оқыдық, жоғары білім алдық, жетілдік, мәдениетіміз өсті, ілгері бастық, қарыштадық, адамшылығымыз артты, интернационалистпіз, аршындадық деп жүргеніміз қайда? Әлде, інім, менікі дұрыс емес пе? Егер дұрыс емес болса маған дәлелдеші. Сонда біздің жетілгеніміз, жетіскеніміз біреуге қол ұшын бере алмай, кембағалға қараспау, басына іс түсіп, іштей іріп, ішкені ірің, жегені желім болып жүрген бір байқұс-пәңгіге теріс қарау болса, онда ондай жетістікке түкіру керек болар. Шыны інім, коммунизм адамын тәрбиелеу тек бір халықтың әдет-ғұрыпына сайып, соның негізінде дамитын болса, ол коммунизмдік, жалпыхалықтық бола алмайды. Мұны күй оң құлағыңмен есті, күй сол құлағыңмен есті, ондай тәрбиеден коммунистік, интернационалистік шығады деп дәмеленбей-ақ қой. Дүние жүзінде қандай жақсы дәстүр, жоралғы-жосық бар, соның бәрі біздің социалистік қоғамымыздың төрінен орын алуын құптау керек.

Шырағым, қазақтың да толып жатқан опық жегізер, одағай, оғаш әдеттері, оқыс қылықтары, қате көзқарастары, ағат ғұрыптары бар. Ол ыбырсық, ыбылыстық, әбілеттік әбес әрекеттерінен безейік, ал жақсы дәстүріміз жалғасуы абзал. Көрдің бе, інім, тағы да тақырыптан алыстап кеттім білем. Айтпағым колхоздастыру жайы еді ғой. Сонда да сөзге сөз келгенде айтпаса атасы өледі дейді халық. Ендеше тағы бір білетін фактімді айтайын. Қазақ жерін, елін көп зерттеген ғалым Румянцев қазақ семьясының орташа табысының сексен проценті қонағына жұмсалады деп көрсеткен. Егер менің сөзіме сенбесең Алматыға барған сон оның Жетісу жөнінде жүргізген зерттеулерін қарарсың. Бір нашар адамға қол ұшын бере алмағанды, яғни еңбегінің бар жақсылығын өзі ғана көрген адамға қазақ «жалғыз басы бұралқы ит те күнін көреді» деген. Ал осындай кең жаны, жылы жүрегі, еріген бауыры бар елдің басқа халыққа

балдай батып, судай сіңер дәстүрі, әдеті, әдебі адамзаттың бар ұрпағына ортақ болса артық бола ма, інім.

Мен осы аз өмірімде дарқандықтың талай үлгісін, сараңдықтың талай тағылымын көрдім. Сонау он алтыншы жылы Ұлтарак екеуіміз кіре-рге көр таппай, отыраға төр таппай жүргенімізде Қараадырдан шығып жоғары Ақадырға беттеп келе жаттық. Жолда біз осы ауылдың бір қазағы Жолсейіт баласы Оспанға жолықтық. Ол да жолаушылап, әлдеқайдан ауылына беттеп келе жатқаны екен. Күз болған, жер құрғақ.

Сонау төбе басында екі адам отыр. Бауырында қой жайылып жатыр. Төбе басындағы обада отырған екеудің бірі бізді көріп бізге қарай жүгірді-ай келіп. Еңіске қарай түсіп келе жатып:

— Сүйінші, Осеке, сүйінші! — депайғайлап келеді. Жұлым бөрікті, қоңыр шолақ тонды жаяу бізге жақындады:

— Сүйінші, Осеке, сүйінші! — дейді еңтігіп.

— Ал қалағаныңды! — деді Оспан деген сары кісі желпілдеп. Екі езуі екі құлағына жетіп, ыржиды.

— Еркебала ұл туды. Ұлды болдыңыз! — деді жұлым бөрікті.

Оспан «А құдай, ақсары бас!» деп аттан қарғып түсті. Дереву беліндегі кемер белдігін шешіп мойнына салды да:

— Мә, сүйіншің, мына торы атқа мін де, осыған риза бол, Үйніс, — деді. Үйніс кедей адам. Кейін колхоз ұйымдасқан кезде белсенді болып жүрді. Бұл да Еспер сияқты ақ көкірек кісі болатын. Үйніс Оспан түсіп берген торы атқа мінер-мінбесін білмей состиып қалды.

— Мә, ал сүйіншінді, риза бол! — деп Оспан екі көзінен аққан жасы сақалын жуып кетті. Ат бергеніне сене қоймаған Үйністі Оспан өзі әкеліп мінгізіп:

— Риза бол! — деді. Үйніс шыбын-құйын болып ауылына шаба жөнелді. Оспан екі әйелі бар адам екен. Екі әйелінен жеті-сегіз қыз көріп, ұлды болмаған екен. «Ұл туды» дегенді естігенде Оспанның жүрегі жарылып кете жаздады. Жаяу қалған Оспанға мен Ұлтаракқа мінгесіп, атымды беріп едім, ол мінбей, белдігін мойнына салған қалпымен үйіне жаяу келді. Міне, інім. Жақсы лепес шығарып, жақсылықты жеткізген адамға астындағы атын түсіп беріп кеткен қазақты бүгін қасықты қара суды сатып беруге үйреткіміз келеді. Сонда бұл біздің жақсы дәстүрді ардақтағанымыз дей алармысың? Мұндай дарқандық қолынан келген қазақ басқаға жамандық жасамақ емес, ол жақсылық, жарқындық үшін жаратылғандай көремін, мен. Бәлкім, інім, сен Оспанды бір шіріп жатқан бай шығар деп отырған боларсың. Үш жүздей қойы, бес-алты қарасы бар адам болатын. Бай болмағандықтан да ол кейін колхозға кірді. Міне, інім, қазақ дархандығы, жомарттық-шүленгерлігі осындай еді.

Інім, жігіттің әншейінде бәрі жігіт, басына іс түскенде сонда қиын. Оның жігіттігі де, адамшылығы да ашылады, жігерлілігі көрінеді. Ақылы ақтарылған теңіздей, қайраты қара өгіздей немесе өзі пәңгі,

ақылы шәңгі делінетін жігіт атаулының бәрі басқа біреудің басына іс түсіп, іргесі сөгіліп, жасы төгіліп жүргенде де сыналады. Басына іс түсіп, жанбырсыз су болып, жазықсыз, төңірегін шу болып, қайратынды қарыз басып, жаныннан жол-дасың қашып жүргенде кешегі өзін қолыңмен қоқайтып, адам қатарына қосқандардың өзі «сені қай жерде көріп едім» дейді. Тіпті сені жазықсыз жәбірлеп жатқанда кеше еке дескен, сандақпын деп жүргендер тұңғыққа түсіп, құрдым кеткендей жоқ болатынын қайтерсің. Нақ сондай бірінсіз-бірі тәтті асын ішпейтін, ішшай деспейтін жолдастар еді Тайшықов пен Оңабай. Бірақ оның баласын, әйелін Тоқаев сабап жатқанда үндемей қарап тұрғанда, інім, ондай достығың құрысын деп тұрдым. Әрине Тайшықовтың ол жерде араласуы жөнсіз болар еді, бірақ Бабажановтың арашасындай арашаны оның жасауына ешкім қой демес еді, оны тентектік те көрмес еді. Әйтеуір Тайшықов мысықтың мияуындай үн шығармады.

Доланқараны мекендеген Ботпай ауылдары үйлерін тегіс жығып, жүктерін түйеге, атқа арта бастады. Көздерінен сорасы аққан әйелдер, қабағы түскен еркектер. Бірақ ешкім көшпейміз, колхоз болмаймыз демеі. Колхозға ұйысуға қарсы болса, Тойбай туыскандарынша қашып кетер еді, оларды нақ осы бір қарбалас та, қатқыл да шақта ешкім іздеп, құм кешіп, құрдым түсіп, құрық сала қоймас еді.

Бұл ауыл қозғала бастаған соң Берікқорадағы жиырма шақты үйге бармақ болдық. Атқа бұрыла беріп Қамысбаев есіне әлдене түсіп кеткендей Шемишевке бұрылды. Ол:

— Жаңағы Оңабайды, түндегі Құрманбайды, Қонысбай шалды қамауға алу керек! — деп бұйырды. Шемишев үндеместен Тоқаев пен Алматыдан келген қазақшаға жылмайтын милиционер Котовқа қарады. Котов бұрын осы ауданда туып өскен екен, бұл жолы бұрын болған жерлерді көрейінші деп сұранып келіпті. Қой көзді, істік мұрынды жұқа жігіт Котовты білетін адамдар болмады. Кейбіреулерді бұл өзі таныды. Ол енді келгеніне ренжіді. Шемишев екі милиционерге қысқа-қысқа бұйрық берді. Бабажанов түтігіп кетті. Мен де ішім түтін, сыртым бүтін болып, қайнап тұрдым. Тіпті не істерімізді білмедік. Әлі біз бармаған ауыл көп. Соның әрқайсысынан үш-төрт адамнан қамауға ала берсек, қит еткенді ұстасақ олар түрме түгіл Алматының тұғыл-тұғылына сыймас. Қайтпек керек? Қамысбаевқа жауаптассақ сөзді келте қайырады:

— Филип Исаевичтен келген төтенше нұсқау бар. Филип Исаевич (Шая Ицкович) Голощекин. Голощекиннің аты естілгенде құйқам құрысып-ақ кетеді. Бірақ бүгін соның сөзі сөз. Бабажановқа қарасам, екі көзін сонау Суықтөбеге қадап алып, ешкімге тіл қатпайды. Жүйкелеп тұрғаны белгілі. Қолындағы бауырдақты, елік сапты қамшысымен етігінің қонышын сарт-сарт ұрады. Қап-қара мойылдай көзін алысқа жіберіп, қасы қиылып, шып-шып терлеп тұр. Әдемі қыр мұрынының үсті моншақ-моншақ. Бір көзім түсіп кетіп еді, Нұртас жерден көзін алмай, жусанның сынығымен жер шұқып отыр. Облыстық, аудандық

жер бөлімінен келгендер де бірі қолын уқалап, екіншісі етігінің өкшесіменжерді теуіптүр. Бұдандақаражер неге жарылып кетпейді, біз неге жер жарығына түсіп, бұл дүниеден ада болмаймыз дейтіндей. Мұндай жосықсыздықты, жолсыздықты көрмей-ақ қояйын дегендей Алматыдан келген екі жігіт — милиция қызметкерлері көзін жұмып алыпты. Қамысбаев жалғыз өзі адам да, басқамыз әруей болғандаймыз, Совет өкіметінің жоқтаушысы жалғыз сол да, басқамыз тиеннен туған баладай, шет қақпаймыз. Не болғаны бұл, сонда? Шамасы біз өзіміз көкірегімізді соғып, большевикпіз, Ленин құрған Коммунистік партияның мүшесіміз деп жүргеніміз бекер болды. Әрқайсымыз өзіміздің коммунистігімізге, большевиктігімізге күмәнданып қалдық. Шемишев Қамысбаев бұйрығын орындамайтын шығар деп дәмелендім. Оным есекдәме болды.

Асығыс атқа мінген Тоқаев пен Котов Құрманбайды, Оңабайды, Қонысбай шалды екі қолдарын артына ұстатып, өздері атты, бұлар жаяу алдарына салып айдап келді. Екі атты милиционердің артында кішкентай қарақат көзді қызын жетектеп зар еңіреп Мәриза келеді. Олардың артында екі құлағындағы қызыл шашақ селкілдеп, күшікше еріп қара лақ жүр.

— Құдай-ау, көрсетпегенің осы ма еді! Оңабай-ау, бізді тастап қайда барасың? Зарлап жүріп, зарығып көрген Камшатты қайтып көзің қиып тастайсың! — Осы сияқты сөзбен сай сүйегінді сырқыратып, бірде дауыстап, бірде сөйлеп Мәриза зар еңіреді. Ол келе-ақ Тайшықовқа қарап сөйледі:

— Бореке-ау, бұл қалай болғаны? Қара аспан бір-ақ сәтте жауып, қара жамылып қалғаным ба! Құдай-ау, құдай, о қу шұнақ құдай, бұлай құртатының бар, басында неге жараттың?! — Басынан қорыққан Тайшықов көре тұра көрмеген болып теріс айналды. Мәриза қайта зарлады: — Қаралақ құрысын, ол қара пәлені алындар да, Оңабайымды босатып беріндер. О сорлы қылған құдай! Тілеуім бұлай емес еді ғой!..

Інім, осы бір тұста нақ осы көрініске қайғыра да, қызғана да қарадым. Қайғырғаным — осындай адал жары, қаршадай баласы қалады-ау, Оңабайдың десем, қызғанғаным — тұңғық, терең ділінен тебіреніп айттып келе жатқан, артында қайда кетсе де, тіпті марғау кетсе де осындай шығарда жаны басқа жары қалған адамның арманы бар ма екен деген еді. Егер Ұлтуған өлмей, мен өліп, артымда ол осылай зарлап, екі баламен қалса деген бір қиял мені соғып өтті. Әркімнің өз арманы бар дағы. Ошақ ауыс, қатын күйіс болған сол бір өмірімнің қысталаң да, қапыл да шағы көкірегімді жарып тұрады, қашанда. Көңілімді мәлелдік басты. Бір сәт Тарланкөкке мініп, ауданға бір-ақ тартқым да келді, тарығып та, тарынып та кеттім. Денем дел-сал болып, жер тартып барады.

Құрманбайдың қызылбұт екенін жаңа айтқанмын. Ал Қонысбай шалдың ауру кемпірі не халде екен. Үйінде оған қарайтын шалдан

басқа адам жоқ екен, сонда бұл қара жүректігімізді жұрт қалай ұғынар екен? Бір Қамысбаев Совет өкіметіне, барлық большевик атаулыға деген елдің сенімін біржола құртты-ау деген күдік көңілімді билеп алды, ол ел басына әңгір таяқ ойнатып барады.

Берікқорадағы ауылға жүріп кеттік. Алдымызға салып үш контрды айдап алдық. Олжамыз мол. Жауды аяқ астынан таптық. Сөздің жөнін айтқандарды осылай тұтқындай берсек, көп ұзамай осы ауылдың тең жартысын шынымен жау етіп, ауданға шағын, бір ауыл боп барарымыз күмәнсыз.

Бұл ауылға ауданнан бөлінген өкіл — екі мұғалім Қасымалы Нұрпейісов пен Нығымет Қасқарауов екен. Бұлар бірге ере келген милиционерлерге қарсы тұрып, ауылдың өз еркімен қозғалуына жағдай жасамақ болыпты. Мұндай жайбарақаттықты Қамысбаевтың да, Шемишевтің де жаны көтере алмады. Енді Қамысбаевқа Шемишев қосылып, милиционерлерге зікінеп-зіркілдеп, зәресін алды. Облыстық милиция бастығының жанындағыларға да жан бітті. Олар да шаш алу орнына бас алғандай мінез көрсетті. Олардың өйтпесіне болмады. Өйткені ортасы тай шаптырым екі ауылдың арасында Шемишев пен Қамысбаев солардың жер-жебіріне жеткен-ді. Сондықтан да олар «қап енді, алдағы ауылға барғанда болсын» деген болса керекті, аяқ ас-тынан мінез көрсетіп, қатын-баланың есін алды. Сұсты қызыл жағалы адамдарды керген соң ауыл алғашқы жайбасарлығын қойып, дүрлігіп, дүрмекке ілесе шалт қимылдады. Түйені тез әкеліп, шомдап-қомдай қоймадың деп Алматыдан келген милиционердің бірі Құраңбек деген жігітке бір-екі жұдырық салып жіберді. Маңдайынан діректеп қан ақты.

Нақ осы бір сәтте мұны да бір қырыма алып, аяғының ұшынан бастырып қояйын деді ме, Шемишев Бабажановқа ауыз салды:

— Егер сен жұмысты осылай баяу атқарсаң, орныңнан аламын, сен менің көңілімнен шықпайсың,— деді. Бабажанов «сізді» ұмытып, бірден «сенге» көшті және кекете-күле сөйледі:

— Мен сені тыңдамаймын. Менің бастығым жанымда. Қастек аудандық Совет атқару комитеті. Сен мені орнымнан ала алмайсың. Және осы істеп жатқан бассыздықтарың жетеді. Аяқтарыңды тарта басыңдар! — Бабажанов мойыл көзі тікірейіп, мұрты едірейіп қатты қалшылдап кетті. Ол мәрт, өте адал жігіт болатын. Егер шынымен ол қимылдар болса, он кісіге бой бермейтін, жойқын қара күштің иесі еді. Мен басу айттым.

— Әбеке,— деді ол,— ашынып кеттім ғой. Істеп жатқандары зорлық қой. Қарсы болып тұрған адам жоқ, бәрі де колхоз болуға қайылмыздесті. Енді жұртты неге осынша желкелейді, неге қорлайды? — Ол жыларманға келіп тұр. Менен медет тілейді. Мен дес бермедім.

Құй ашын, Әбдіқадыр, құй ашынба, енді осылай болады деп мен оны басқа ауылға жұмсап жібердім.

Бұл берікқоралықтардан да бір-екі контр таптық. Әбдіқадыр ішінен ашуланып алған Шемишев енді ауыл адамдарын жәбірлей жүріп іске өзі кірісті.

- Тез, тез. Тез қимылдаңдар шешен...— деп өз адамдарын Ырмеше қабақтап боқтап шықты. Сарымағын алдырған өлекшін-дей ыңыранып, екі бетінен қаны сыртқа теуіп Қамысбаев тұрды. Мүмкін деп ойладым, інім, бұлардікі де дұрыс шығар. Тығыз тапсырма алған болар деймін. Бірақ Ақсеңгірде суып қалған сыбаға жоқ, істелінбей жатқан, адам қолын, күш-көлік керек етіп тұрған жұмыс та жоқ. Керіш, шер, жалаң қия, жартастан бір күнде елу-алпыс километр жерге бір болыс елдің жартысын көшіріп бару оңай-оспақ іс пе? Арада батпағы қызыл-асықтан келіп, келе боталанып Қопа жатыр. Оның сорлы батпағынан өтудің өзі мына жаңбырлы, жылауық көктемде бір қиямет, құмыр болған түйеге сілікпе салудай қиын іс. Оның үстіне Алмалы — Долаңқараның жыра-жырасында, қоқты-қолатында қырат-қырат рулы ел отыр. Оның бәрін жиып, басын қосып, бір таңда бір сәтте түп көтере үдере көшіру асығып-аптығып бітіруге болатын шаруа емес-ті. Қалай-ақ Қазақстанның бастықтары осы бір жұртты қонысынан қозғау сияқты құшырлы қаракетті елдің талқысына салмай-ақ қызыл бет қазақтың қапыл қимылымен, жұдырығының күшімен, қамшысының ұшымен бітіре салар берекет деп ұқты екен. Дегенмен, інім, партияның игілікті ісіне шәк келтірмей, шек болмау үшін домбыққалы тұрған ел әрекетін ісікке айналдырмауды, дүңкітпеуді, асқындырмауды қарастырдым. Қамысбаевқа душар қылған тағдырға амал нешік, иманыма қамшы басып өтірік айтпағаныммен, ілдалдалап әлеуметтік істі сәтіне келтіруді коммунистік парызым деп санадым. Сондықтан да сөзге баққан адамға жай көзге бадырайып көрінген заңсыздықтың тігісін жатқызып түсіндіруге тырыстым.

Осылай даққа кетіп тұрғанымда жанымызға басында сусар бөркі, үстінде жеңіл қара дұқабадан тігілген бешпенті бар, көзіне көзілдірік киген орта жастан асып кеткен, сақал-мұртын ұқыппен басқан, мешіттің қалпесіндей бір ер адам келді. Аяғындағы қара етігі де жылтырап тұр. Ол бәрімізбен жалпы амандасты да, арамызда орыстар болғандықтан ба орысша сөйлей бастады:

— Мен медициналық фельдшер едім. Мына қатар жатқан Күрті болысынанмын. Осында бір әйел босана алмай жатқан соң мені шақырған екен. Әйел мен жеткенше дүние салыпты. Мына елдің азаматтары маған сіздерге бір сөзімізді жеткізіп беріңіз деп қолқасалып тұр. Соныайтқалы, аңғартайын, депкелдім.— Ол қалтасынан төрт бүктелген беторамалын алып, көзілдірігін сүртті. Сонан соң оны киіп қайта сөйлей жөнелді. Мен оны таныдым. Он алтыншы жылы патшадан қашып жүргенде кездестірген едім. Қожагелді Қилыбаев деген адам. Саясатпен мұқым ісі жоқ, адамгершілік үшін жанын жалдайтын, жаны таза пакиза кісі сияқты еді. Енді, міне, сол фельдшер не айтқалы тұр екен. Ол мені танымады.

Бәлкім тосырқамаса да білгізгісі келмеді. Әлде сонысы да дұрыс шығар деп мен тұрдым. Фельдшер неге екенін кім білсін қалтасынан қалам, қағаз алды. Зәуімен әдейі сөйлеуге дайындалып, айтысқа түсуге келген адамдай. Ол сөзін бастап кетті, әлдеқалай Қамысбаев үндемей қалды:

— Бұл Алмалы — Долаңқараны Ботпай болысының жарты елі мекендейді. Таудың қолтық-қойнауында, сонау Айдарке тауына дейін осы ел жатыр. Осы төңіректе, туғанының кіндігінің қаны тамған, өлгенінің моласы бар өлкеде олардың барлығының да азды-көпті, жақсылы-жаманды қора-қопсысы, қыстау-рабаты бар екен. Тіпті қыстауларындағы Домбаев, Дилыбаев, Сәрсенбаев тағы басқа он бес адамның алдының екі-үш десятина, артының он бес — жиырма түп алма ағашы бар екен. Көп адамның қыстауларындағы бұлақ басында, егін салатын тоспатоқтауына еккен, бүгінде үй салуға жарайтын ағаштары, тігулі тұрған киіз үйі, дүние-жиһаздары, жазға жарамайтын, қысқа керекті үбі-жүгі, мүліктері қалыпты. Егер жиналыста сөйлеуге мүмкіндік болғанда колхозды осы жерден ұйымдастырса демек екен. Ал сіздер оларды сөйлетпепсіздер. Жарайды деседі олар, біз колхоз болуға бейілміз, бірақ жаңағы дүние-мүлкімізді жинап-теріп, буып-шуып алуға екі-үш күн мұрсат берсеңіздер дейді. Бүгін-ертең көші-қон жайымызды қаузап, Ақсенгірге өлу үшін емес, өмір суру үшін баратын шығармыз, сондықтан ол жаққа барғанда да біреу бізге алтын аяқпен сары қымызды сапырып бере қоймас, осы бастан қамалқа жасайық деседі. Міне, осы.

Фельдшер сөзін аяқтады. Шемишев аузын ашып қалыпты. Мен де Қожагелдінің осынша орысшаға жетік екеніне мән-маңыз бермеген екенмін, енді ұқтым, мектеп көргеннің аты мектеп көрген. Бәрін қолымен қойғандай етіп, кімнің киіз үйі, кімнің жазға көшуге жеңілдеп шыққанынан қалған текемет-сырмағы, бірді-екілі арба-шанасы, ауылшаруашылық саймандары қалғанын тізімдеп тұрып айтты. Қожагелді сөйлеп болған соң барып Қамысбаевқа жан бітті:

— Мұны кім айтқызып тұр? — деп сұрады. Орысшасы өте нашар екен, орыс сөздерінің басын жарып, көзін шығарып сөйледі. — Сені уәкіл етіп сайлаған кім. Кімнің атынан сайрап тұрсың? — Қожагелді Қамысбаевтан ығыспады да, айылын да жимады, қайымай сөйлеп, қасқайып тұрды.

— Алдымен «сен» дегеніңізді қойыңыз. Дұрыстап сөйлеңіз.

Әрі-беріден соң менің жасым үлкен. Екіншіден айтқызып тұрған жамағат, айт деп тұрған бір адам емес. Мына артымда тұрғанның бәрі айтқаным үшін кінәлі болсам, мені жазалай қойыңыз. Менсіз де үш-төрт адамды қосақтап алыпсыздар ғой. — Мұны Қожагелді тағы да орысша айтты. Артағы көп ішінде орысша түсінетіндер болуы керек, Қамысбаев сөзіне шулап кетті де, үш адам қатарынан:

— Мен айтып беріңіз дедім, — деді бегімсал лыпасы бар, жабырқан жастау жігіт.

— Мен айт дедім, — деді ақсақалды шал. Тіп-тік, сұңғақ бойлы, сақалы күректтей, киімі бегімсал, бірақ үсті таза кісі.

— Мен де өтініш жасадым, айтпағанда қарап тұрып өлеміз бе? Ойындағыны жасырмай айт деген Совет өкіметінің өзі, — деді киімі нашарлау, жаз болса да қара сеңсең бөркі басынан түспеген адам. Бұл Тайшықовтың сән үшін киіп алған түлкі тымағы емес екенін түсініп тұрдым.

Қамысбаев елді тындаудың орнына еліріп, ерегісіп жүріп берді. Бір кезек майлы сірне жеп, енді сол жүрегін айнытып, құсқысы келгендей шытынап, лоблып тұрды. Көзі жұмылып барады. Сонан соң бақжаң еткізіп ежір көзін ашып алып жаңағы соңғы кедеймен егесіп, салғыласып кетті:

— Сен өзің осылардың қолтығына су бүркіп жүрген контр шығарсың, аты-жөнің кім? — деді Қамысбаев.

— Мен су бүркетін етікші емеспін. Онда мынадай етікпен жүрер ме едім. Ал құда түсетін болсаңыз аты-жөнім Темір Бүркітбаев. — Бүркітбаев та қиямпұрыстау қазақ болса керек, Қамысбаевпен дәреті теріс келе кетті. Шамасы «мені отырғызып береке табарсың» деп тұрса керек.

— Қикағынды қой, Бүркітбаев, мен сенің қылжақтайтын адамың емес. Әйтпесе алдыма түсесің.

— Сіздің алдыңызда жүрсем болдыдағы. Артымнан демеп отырарсыз, — дейді Бүркітбаев. Шамасы байларда көп жалға жүріп байдың кертақыс тоқалдарымен сөз жарыстырып, тақасып үйренген батырсың ғой деп мен тұрдым. Бүркітбаев тағы егесе берер ме еді, қайтер еді, сөзге ақсақал араласты:

— Менің атым Қасым Еренов, Қожагелді біздің өтінішімізді дұрыс жеткізді. Біз контр болатын колхозға қарсы болғанымыз жоқ. Екі күн мұрсат сұрап тұрмыз. — Шалдың сөзі пысық, өзі қунақ екен. Ол антқор кейбіреудей ұзартқан жоқ, тұжырымды, нұсқалы сөз айтты. »

— Шал малтанды езбе. Көш деген соң көшесің! — демесі бар ма Қамысбаевтың. Нақ осы жерде алғашқы жас жігіт шарт кетті:

— Қалай-қалай сөйлейсіз. Тіліңізді тартыңыз, әкеңдей адамға тіл тигізесің. — Ол ұмтылып Қамысбаевқа жақындай берді. Көріне көзге шатақ шығатын болды, жиналған топтың ашуы көбейіп кетті.

— Мынаның өзі контр шығар.

— Ой, саппас ай! Нағыз сарамас екен ғой.

— Мұндай большевикті көрмеп едік қой.

— Жұртқа ұрса сөйлеп үйренген бай баласы шығар, бұл. Саданынан бәрі көрініп тұр.

— Бітімінен байқап тұрмын, бір жынды желбе шығар.

Жиналған самарқау жұрт ала қашып жатты. Қамысбаев тізгіннен айрылып, Шемишекті жұмсады. Ол Тоқаевтың құлағына сыбырлады. Қожагелдімен қоса бұл төртеу болып тұтқынға алынды.

Сөйтіп, інім, түске таман зорлықпен жұртты тегіс жолға салдық. Көште бір аттық екі шағын арба бар. Басқасының бәрі түйелі, атты кеш, Жаяу-жалпылап келе жатқандар да көп. Жермен қоштасың бір-екі әйел дауыс салды. Біле келсек жақында ғана олардың біреуінің азамат болған баласы — боздағы өліп боздап қалған да, екіншісінің күйеуі қайтқан екен. Ал жұрттың көпшілігі-ақ «көпнен көрген ұлы той», өлмесек басқа түскенді көрерміз деп үндей қоймайды, дүрмекке ілесе берді. Қозы көш жерге созылған, көштің бастаушысы да, қуғыны да милиционерлер, өкілдер. Ауыл белсенділері аздау, бұл жолы оларға сенім 33 болды. Өйткені олардың бірсыпырасы Еспердің өліміне ортақ еді. Көш көңілсіз, інім. Әрине, жұрт колхоз болатын болдық деп қуанулы еді деп, менің саған өтірік айтуыма да болады. Шы-ныңда, оның не екенінен-бейхабар болса да ешкім ұя бұзған жоқ. Шатақты сұрап алған біз шолақ белсенділер өзіміз. Жерден желкек тапқандай жиырма үш адамның қолын артына қайырып байлап, контрды қолдан жасап алдық. Ең болмаса солардың біреуі колхоз болуға қарсымыз десе екен. Ондай сынаржақ адамды мен өз басым кездестірмедім. Ондайлар күні ілгері-ақ колхоздан іргесін аулақ салып, көз кермес, құлақ естімес жерге, қу медиен құмға құлаған. Олардың біз ешқайда кете алмайтынын білдік, бірақ дәп қазір солардың артына түсіп қуа жөнелу нақ сол бір шақта еренді, құлаққа ілер әрекет болғанмен, шешімін таба қояр, шеруен атар іс емес-ті.

Сен, інім, өйтіп ауданға бастық болып нең бар еді, тек столды күзетіп отырғаның ғой деп отырғаныңды білемін. Інім, біліп отырып істей алмайтын нәрселер өмірде көп. Мен де осы Ботпай болысын колхозға ұйымдастырғанда қан жылап қайттым. Әсіресе жиырма үш адамды қамап, олардың артынан қоржын асынған зайыптарын, бала-шағасын зарлатқанда тірі жүрді ғой деп ойлайсың ба? Әр қайсысын көрген сайын бір өлдім.

Әлі, інім, мен саған ең сұмдығын айтқан жоқпын. Түнделетіп көшіп келеміз. Түннің жарымынан ауған кезде көштегі жұрт дүрлігіп, абыр-сабыр болды да кетті. Қопаға еңкейіп қалғанбыз. Сейтсек Қонысбай шалдың кемпірі жан тәсілім қылыпты. Болар-болмасқа контр атанып қорқып қалған жұрт оны бізге айта алмай көп ұйлығыпты. Кештің шеруін бақылап келе жатқан Әбдіқадыр Бабажанов бір бөлек көштің тоқтап, абдырап-абыржып қалғанын көріпті. Жанына келсе жұрттың қабағы түсіп, әйелдер оріндерін тістеп, кимешегінің етегімен көзін сүртіп, үн шығара алмай тұрады. Біле келсе Қонысбайдың кемпірі көш-жөнекей дүние салыпты. «Тоқтат түйені» деуге ғана шамасы келіпті. Өзі де іші морып, кеуектеніп қалған кәрі тораңғыдай зорға ілініп келе жатқан кемпір шалының қамалуы бар, жол ауырлығы бар үзіліп кетіпті. Көп ауырған адам өлді дейік, қарайтын басқа адамы жоқ кісінің жанындағы жалғыз шалын алдық. Бұл кімнің қолында қалады, оған кім қарайды дегенді, тіпті Қамысбаев тыңдағысы да келмеді. Өлмесе

ома қапсын дейді. Ең болмаса шал бір үлкен қылмыс істеген, қоғамға қауіпті адам болса екен.

Ай жарық, бірақ жартыкеш. Кештің алдына таман бара жатқан бізге шауып Бабажанов келді.

— Қонысбай шалды босату керек, кемпірі қайтыс болды,— деді ол Қамысбаевқа қарап. Қамысбаев адам өлімін шыбын өліміндей көрмеді, үндемеген күйі жүре берді. Шемишев сасыңқырап оған қарады.

— Қатыны өлді деп түрмеден адам босатқанды қайсысың көріп едің. Шал босатылмайды.— Бабажанов та, мен де күйіп кеттік. Екеуіміз қосамжарлай сөйледік:

— Ойбай-ау, адам өліп отыр ғой,— дедім мен.

— Тіпті шалдың қылмысы жоқ қой,— деп Бабажанов Қамысбаев жанына төніп барды. Егер, інім, мен енді «Бабажановтікі дұрыс» деген бір ауыз сөз айтсам, онда дүние бүлінеді. Қазір-ақ Бабажанов, Қамысбаев пен Шемишевтің өздерін қамауға алып жайғастыра салады. Оның қанының қайнағаны сонша:

— Әбеке-ау, бір ауыз сөз айтыңызшы! — дейді. Оның не айт деп тұрғаны белгілі. Бабажанов мүдәйілік-аярлықты білмейтін; әділетсіздікке шыдай алмайтын, билігі дауға сай, ерлігі жауға сай большевик болатын. Осыған дейін оның революция жолындағы ісінде бір мүкіс-нұқыс болып көрмеген-ді. Шыдам керек, інім мұндайда, шыдам. Бірақ шыдамы құрғырдың да шегі бар ғой. Сол шыдам менде де таусылып бара жатқандай еді. Қамысбаев:

— Немене, Әбеке, Әбеке дейсің. Мұнда қожа біреу. Қонысбаев қоғамға қауіпті адам. Ол колхоздастыру ісіне қарсы болды, ол сотталуға тиісе,— деді. Бұл сөз ауыр болса да менің намысыма тиген жоқ. Өйткені біз істеп жатқан зор партиялық-мемлекеттік шара бір кісінің басындағы намысқа қарап шешілсе, онда ол бар маңызынан айырылады. Оның үстіне, інім, әр қайсысымыз өз намысымызды ойлап, бір күндік жағдаймен өмір сүрсек, онда коммунизм үшін күресімізде не мағына қалмақ. Әрине, Қамысбаевтың ісінің көбі заңға да, адамшылыққа да томпақ екенін біліп тұрдым. Егер ол ісік-лоқыны осы жерде жарар болсақ, ол оташы-дәрігері жоқ жерде жарылған мандамдай бүкіл Ботпай болысып, Қастек ауданын былғап кетер еді. Өсетін елдің баласы өрге жүзіп ту алар, өнбейтін даудың ізінен өспейтін жігіт қуалар. Бұл жерде ондай ши шығару әлеуметтік шараны бүлдірмегенімен біздің пайдамызға шешілмес еді. Осыларды ойлады да Бабажановқа ақыл бердім. Кемпір Қопадан өткенше түйеге артылған күйінде келіп, Жиренайғыр өзенін кесіп өрге тартқан беткейдегі Ақмолаға таң қылаң бере, сахарда жамбасы жерге тиді. Сөйтіп кемпірінің өлігінен арқан бойы жерде тұрып Қонысбай шал моласына бір уыс топырақ сала алмады. Інім, бұл адамзат баласының қай жердегі, қай елдегі заңына салсаң да ешбір статъяға сыймайтын, адамшылықпен қоңсы қона алмайтын жағдай еді. Өмірімде орнына келтіре алмаған шаруам көп шығар, інім. Қанша жерден от от-

тап, су ішерімізді кім біледі, бірақ осы кемпірдің өлімі коммунистік көкірегіме қадалды да тұрды. Бәлкім, інім, Қонысбайдың кемпірі көшпей отырған еру жұртында да өлер. Қайырға біткен шынар, бітсе күні сонар. Дегенмен адам өлігін көмдірмейтін коммунизмді кім қоштай қойсын. Қамысбаев осындай мәрттік жасады.

Көкдаланың желкесінде аппақ таң атты. Сахарда атты бұрып кештің алдынан артына көз жібердім. Жиренайғырдың желкесінде Ақмола деген биік бар, одан көз тастағанда алды домалап Көкдалаға көтеріліп қалған көштің арты әлі қиыр-шиыр болып Қопадан жаңа шығып келеді екен. Бұл коммунизмге қарай шеру тартқан көрім көш еді десем, әрине, саған ұнарын білемін. Бұл көш бартал тарттырған қазақтың көшінен гөрі салабалау, қоңыр төбел, жарқылы-жарқыны жоқ, шұбырынды көшпе-долылардың жүргініне ұқсар еді. Еру кезде ел жақсы, шеру кезде көлік жақсы. Көлікті көш, көрікті көш. Малсыз ел шолпы тартып қалып еді. Өйткені бұрын қазақ көшінде жаяу-жалпылы адамды кездестірмейтінсің. Ал мына біз жау тигендей үйді сыпыра жығып, үйелменін алғызбай сыдыра көшірген көшіміз «көш келікті болсын!» көші емес, ақтабан шұбырындыны еске салып тұрғандай еді. Оны кім көріпті дерсің, інім. Оны ақылмен білу керек. Өйткені мен ес біліп, етек жапқалы қазақ көшінде жаяу адам кездестірген емен. Оның екі себебі бар. Ол тіпті де қазақтың бәрі жетегінде аты, көңілінде шаты бар еді деген сөз емес. Ең алдымен бұрын елде мал көп, өзінде болмаса көшке көліктің майын сұрап мінеді. «Атыңның майын берші!» дер еді қазақ. Майы — мінгенде мықтағанда аттың аритыны. Мүмкін бұл біздің халқымыздың артықшылығы шығар, әлде жерінің кеңістігінен, елінің ниетінің кеңдігінен, бәлкім жазылмаған заңынан, жөргегінен таңынан шығар, ешбір үйді жұртта қалдырмайтын. Сұлыбынан қайырымдылығы дер едім, мен. Әдейілеп жатақ жатып, күтіп қалатындар болмаса, жаз-жайлау пейіл-береке көрсетіп дегенді көптеп-көлемдеп алып кететін. Сондықтан да көште жаяу адам кездеспейтін, сондықтан да мына көш шұбырынды сияқты еді. Табаныңнан тапқыр деген осы болды.

Қазақ «бидайды қуырған тауысады, жылқыны шұбырған тауысады» демей ме. Сондағысы басынан пішіліп, кесілмеген, алдын ала ойластырмағанда аяғы құт болмай, жұт болатынын айтқаны. Егер інім сол Ботпай елін отырған жерінде мейілі колхоз ұйымдастырсақ, ең болмаса жау тигендей жұла қашпай, үдере үркітпей, еркімен көшіп, шеруін ерулеп тартса да халқы кейін соншалық қысылып, соншалық нәубетке ұрынбас еді. Ал біз еру елге сүрен салдық қой.

Күн шыға көштің алды Ақсеңгірге жетті. Түске таман Күрті өзенінің сол жақ беті — жонсауға, асқа тіккендей, жапырлаған қазақ үй болды. Қатарланған қазақ үй — бес жүз түтін, Еспер атындағы колхоз не алдында малы жоқ, не салған егіні жоқ, кәсібі тағы жоқ қаздай тізіліп қалып бара жатты. Біз сарамас Қамысбаевтың қара жүректігін

арқалап ауданға тарттық. «Жаз жазыл». Ал қыста бұларды қайтер екенбіз деген күмәнды ауданға арқалай кеттік.

* * *

Егер біз сол кездері істегендеріміздің бәрін айтар болсақ, інім, сенің кәрш келер. Кезі Дағыстанның нәркесіндей болып тұрып-ақ өзі шыққан қара қазаққа қаттық жасап, қатты сейлегендерді, олардың діліндегісін де, тіліндегісін де ойына қондырып, екілше түсіріп тұрып-ақ, адамша айтып түсіндірудің орнына өгізше өңкілдітіп қуып жөнелгеннің талайын кердік. Соның бірі қызталақ Қамысбаев еді. Ол Ботпай еліне қатты нәмәрттық жасады. Өзен, сала бойына қыста қайнасып мұз қатар еді. Алдын мұз байлаған сала суы бір жерден сыртқа шығып, қызылсу мұз үстін қаптайды. Ол кейде өткел үстіндегі ойдым мұзға дере болып жатады. Өткел үстіндегі дөре жолаушының жолын байлайды. Егер біздің игілікті, үлкен, социалистік-әлеуметтік шараларымызға кейбіреулердің зияны тиді десек, жолымыздағы сол дере жаны ұсақ, адымын аршындап, алшандап баспай, мимырттаған, адамсыған адамсымақтардың пиғылынан туған қылықтар еді.

Қызылсудан тұрған дереге байқамай аяғын тығып алған адам сасып салбырап жүріп, тайып, сақылдаған сары аязда құзғындап жатқан қабыспай қалған қауызға қойып кетіп, жылымға жымып женелетші болады. Тексгз иен адамдардың сондай әдейі жасалған дересшен су түбіне кетіп, қайта бұл дүниенің жарығын көрмейтіндер қаншама. Олардың кейбірі ол дерелерді өзінің күн керісі үшін, сопа басын күйттеп, көребіле тұрып жасаса, енді біреулері осы жерден социалистік қоғамның алып денесіне бір жарықшақ түсірсем, сол жарықшақ үлкейіп оған бір ойсырау туғызбас па, екен, сөйтіп бұрынғы жеке меншіктік заманға қайта айналып соғып қалмас па екенбіз, деген есекдәмемен, арам пиғылмен жасады. Осының қайсысы болса да біздің көшімізге көлденең тұра алмады, тегеурінімізге шыдамады, тегеурінімізге төтеп бере алмады. Өйткені жалпы халық Совет өкіметін қолдады, бұл жаңа заманда біреуге біреу кіріптар болмайтынын, біреуді біреу қанамайтынын, біреудің еңбегін біреу жемейтінін, енді бір ауылда, бір шаруашылықта, бір ауданда бір-ақ адам қожа болмайтынын сезіп, аздап болса да біліп, көзі жете бастап еді.

Сонымен бұрын Ботпай болысы аталып келген елді тегіс Күрті өзенінің екі жағына көшіріп келдік. Алмалы — Долаңқа-радан келген бес жүздей түтін өзеннің батыс жағында жонсауда шыжандай болып отыр. Елдің көптігі сонша көшіп келіп еруленгендер жомарт, берген үйдің дастарханына төккен бауырсақтай қаптап жатыр. Інім, ауданның тау бауырын, төскейін, сағада жатқан елін колхоздастыру осынау екі болыс ел Күрті, Ботпайды колхоздастырудан әлдеқайда жеңіл болды. Егер Күрті болысын қонысынан тұтас қозғап, көшіргенімізді айтар болсам

оған тағы екі тәулік керек болар еді. Сондықтан жартылай көшірілген ботпайлықтардың бір-екі есте қалған елестерін әңгімелеп берейін. Егер, інім, менің әңгімем іш пыстыратындай мылжындау болып кетсе, онда ұятты қойып, бұныңыз маған ұнамайды деп ашып айт.

Анау көгеріп жатқан Ұзынағаштың аяғында он алты шақырым жерде атақты Байсейіт батырдың бейіті бар. Мен оны кеше саған айтқанмын. Інжірді алып қашып, елден шығып бара жатқанымызда Ұлтарак үшеуіміз оның басына түскенбіз. Сол бейіттен саланың ағысына қарай, төмендете сонау Ақсеңгірдің аяғындағы Қаракөлге дейін Күртінің екі беті, қолат-қойнау, жыра-жыра тегіс қыстау болатын. Тіпті өзеннің шығыс бетінде Сиыршы сіләнi атанатын, кәдімгідей көше қылып салған қыстақ, кедейлердің-ақ бау-бағы, егін-төгіні, арық-тоғаны, боғатты албары, екен талдары барды, Төмендеген сайын ол қыстаулар сиреп барып, жалпы жайылым, өріс-қоныс болып жарамықталатын. Өзеннің сол қанаты Байсейіт бейіті бар, ақ тұмсықтан бастап үлкен бір қойнау Дода иіні аталады. Дода аталағын бұл ауылдың атасы Жәнібек деген кісі беркінің төбесінен жүні шығып додаланып тұратын кедей екен. Содан барып Дода атанып кетіпті. Сол кедейлік ұрпағына да мұра болып қалып, бар тұқымы көбіне жатақ жататын, азғантайдан болса да егін салатын, күш-көлігіне жететін жоңышқа-бедесі, қонақжай кәдесі болатын, шетінен ақын, ойымпаз-сауықшылдау келетін. Егер қазақ «ер жігіт мал табады жаяу жатып» десе, тура осы ауылдың адамдарын айтқандай еді.

Олар қыс бойы шілге тұзақ, күзенге қақпан құрып ермек қылатын. Қуатын түлкісі де, тыйылмайтын күлкісі де бар еді. Егер Марк күлкі де бір революциялық жай десе, ол да осы ауылға келер еді. Бірақ сол күлкіні біз пышақ кескендей тыйдық. Тұғырда тұрған жиі салар қиғағын да, аспандағы аққуға қоспағанмен, баяулатып жаяулатып айтатын әнінің ырғағын да біз құрттық, үш-төрт жылға ұмыттырдық. Өйткені жерге егін салуға тыйым салдық, малын тартып алдық, қолдарында тігерге тұяқ қалмады.

Ауданда болып жатқан жағдайға, әрине, аудан басшысы жауап береді. Бірақ екі жүз-үш жүз шаршы километр жерде болып жатқан жайдың бәрін біліп болармысың. Оның үстіне бар мәселені мен ғана біліп, мен ғана шешем деп отыру мүмкін бе? Совет мекемесіндегі адамдардың әрқайсысына бөлінген учасок, берілген тапсырма бар, «алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» дегендей, олардың бәрі өз ісін өздері білгенінше шешіп жатады. Ол кездегі істің әмбесін мүлтіксіз біткердік десек, тіпті де орынсыз болар еді. Қыбайда қияуы бар, жырақта қыстауы бар ағайын қанша. Соның қабасын шама-шарқымыз келгенше Советтер ісіне тарттық. Бұрынғы елдің қоры, бастан шоры делінетін кейбір сорсопақтарды Совет өкіметі қолға алып, қолпаштап, қошамет көрсеткен соң әжептәуір жанданып, жалпы ісіне араласып, белсенділік танытып жүрді. Ондайларды кейде бай таптан шыққан ақын-сүрейдер

іліп-қағып, қағытып өлеңге де қосты. Мысалға мына бір-екі ауыз өлеңді айтып берсем де болады:

Оралбай омырайған өзі дардай
Күзеген көнтек-қотыр қара нардай,
Жасы келіп қалғанын ойламайды,
Комсомол жас өспірім балалардай.
Арба майлап, қи құйған Оралбайды,
Өкімет қосып қойды қалың шаңға-ай.
Отыз бес жыл қой баққан Сатыпалды,
Бұл дағы жетік бопты закон-заңға-ай.
Киіз етік, жаман тонды кедейіңнің,
Енді үстінде наржүн шекпен, болды сандай.—

— Міне, інім, бұл өлеңге түсінік беру артық та. Бұрынғы адам қатарына қосылмағандардың наржүн шекпен киюге жеткенін, заңнан хабардар болғанын айтып тұр. Тіпті Оралбай жасы келіп қалғанына қарамай жастарша құлшынатынын, өмірінің көбін қой соңында өткізген Сатыпалдының енді заңды білгенін, белсенділігін аша түсіп тұр. Расында Совет өкіметі болмаса Сатыпалдылар сол бір күйінде, қосағасының босағасында мықтағанда қосшы болар еді. .

Сатыпалды жоғарыда аталған Дода ауылындағы Бітен дейтін байдың қойын бес жасынан отыз бес жыл бағыпты. Оның момындығын ауыл былай әңгімелер еді: Бір күні бай таңертең жұқана жеп болған соң, тісін тазаламақ болып аршасын іздейді.

Аршасы табыла қоймайды. Есік алдында көзге түсе кеткен Сатыпалдыға:

— Тісімді шұкитын бір жусан әкелші,— дейді, Сатыпалды кетеді. Бай күтіп отырады. Сатыпалды жоқ. Содан кешке бір-ақ қайтыпты. Сөйтсе бай тісін шұкитын жусан таза болуы керек, ондай жусан ауылдан, мал өрісінен аулақ, жел жортпаса, жан жортпаған жерден ғана алынса керек деп ұзап сала беріпті. Бұл тіпті нақ солай болмаған да шығар, Сатыпалдының қой аузынан шөп алмайтын момындығын көрсеткісі келгеннен айтылса керек-ті. Оның үстіне кедей деп кекетіп те отыр. Дегенмен шындығы бар. Міне, сондай момындарды Совет өкіметі оятты, көзін ашты, көкірегіне сәуле салды. Бұл Совет өкіметі жеткізген, белсенділігін көтерген, желпіндірген, жетістірген бір Ес-пер Қожақов қана емес, ондай оқиға бұқаралық сыйпат алғанын, талай құрдымды, «жарымаған-жалшымаған, жерді мың жыланды қамшылаған» талайды жеткізгенін, олардың кеудесіне нұр құйғанын паш етеді. Сол тіс шұкитын жусанды бір күн іздеген Сатыпалды кейін колхоз ісіне белсене араласа жүріп, Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапты. Артында бала-шағасы қалмады. Осы екі кедей де жоғарыда айтылған кедей ауылдікі еді.

Өлеңдегі Оралбайды көргенім бар. Од шынымен-ақ күзеген нардай, мойыны сорайған, тамағындағы бұдырмағы сөйлегенде жоғары-төмен жүгіріп тұратын жасы сол кездерде елуден асып қалған кісі болатын. Інім, «елу ердің жасы» атанғаны қазір. Тұрмыс біршама жақсы-жарасты болғанда адамның жасы да ұзарды. Сондықтан елу қазір онша көп жас емес сияқты. Әйтпесе ескі ауылда қырықтан асқан адамды қырқылжын тартты деп есептейтін. Сонау үркіншілік жылы қашып жүріп Әжіке ауылына келгенімізде Сұлтан деген бір жігіт қырық тоғыз жасында, мүшелінде қайтқанында біреулердің «жақсы жасады, арманы жоқ» деп жатқанын естігенім бар-ды. Енді өзіміз алпысқа келгенде сол қырық тоғызға көзіміз түссе, оны қылшылдаған жігіт екен-ау дейтін болдым. «Отызда жанып тұрған шырақтайсың, қырықта атқа садған құрақтайсың» дегендікі дұрыс шығар деймін. Сол Оралбай елуден асып қалса да Совет өкіметіне көп көмек жасады, белсенділік танытты.

...Ол кезде мен ірі байларды конфискулейтін комиссияның мүшесі едім. Осы Ботпай болысында жүргенбіз.

Сахарда Федор Неизвигин екеуміз жатқан үйдің есігін біреу ашты. Біз әлі төсектен тұрғанымыз жоқ. «Жаман айтпай жақсы жоқ» дегендейін біз аса сақ жүретін кезіміз. Қазақ үйдің есігі ашылысымен-ақ төр алдында жерде қатар жатқан екеуміз де басымызды көтеріп алдық. Өңкіген, тіпті шынын әдемілемей айтсам құлқиған бегімсал киімді біреу кіріп келді. Ол:

— Ассалау...— деп тілі жаңа шыққан балаша сәлемінің жартысын айтты да — мырзалар әлі ұйықтап жатыр екен ғой,— деп тоқтап қалды. Басымызды көтеріп алған бізге ол бір қарады да, ұрыларша үйдің ішіне тегіс көз жүгіртіп шықты. Іле кететін бірдеңе бар ма екен дегендей. Мүліксіз, қаңыраған бос үйде бұлар несіне жатыр дегендей таңданып тұрып қалды. Неизвигин мұны сөйлетпек болды:

— Бізде шаруаңыз бар ма еді?

— Иә бар. Мына кісі де естісін,— деді ол, біреуіне айтсам жасырып қояды ма деген кісіше.

— Ия, айтыңыз,— деді Федор, отырыңыз. Босағаға сүйеніп, ол тақыр жерге отыра кетті. Қоңыр сабалақ теріден тіккен құлақшынын қолына алды. Шашын ұстарамен қырғызған екен, бұл күнде өсіңкіреп кетіпті. Мұрты да, сақалы да қаудыған. Ол бас киімін алып оң қолымен басын бір сипап өтті. Қолы көсеудей қап-қара. Өзі солай ма, әлде күзгі суықтан ба саусақтарының көбесі сөгіліп, өсіп кеткен тырнақтың әрқайсысының асты көкпеңбек болып көрінді. Кедей және жалшы деп шамаладым. Ол ешкімді жамандамады, көргенін ғана айтты:

— Жалғыз бием жоғалып соны екі күннен бері жаяу іздеп жүр едім, мына Ақсеңгірдің Жыңғылдыға қараған бетінде, екі белдің астында иесіз, бағусыз төрт қора қой көрдім. Шамасы «қасқырдан қалғаны менікі» деп айдап тастаған болуы керек. Басқа айтарым жоқ.

Мәселені біз сол жерде-ақ шешіп, оны осы ауылдың байларын конфискулеу ісіндегі өзіміздің көмекшіміз етіп алғанбыз. Есік алдынан милиция қызметкерін, тағы екі жігітті шақырып, Оралбайды қосып жіберсек, шынымен төрт қора қой, екі мың жиырма үш тұяқ. Қойдың ені біз конфискулеуге тиіс Ботпай болысы байлардың малының еніне келмеді. Сонда оны Еспер қарап жіберіп, сол құлағы ойық, оң құлағы тілік, бұл Айқым Таңабай ауылының деп табанда анықтап берді. Бірақ қойға ие шықпады. Сондықтан Сартжан Сұраншиевті шақырып алып, (сол кездегі Ботпай болысы) акт жасағып қазынаға кірістіргенбіз. Осыдан кейін-ақ осы елдегі біздің көз құлағымыз болған...

«Өткір қырғыш қазанның түбін теседі». Осындай кедейлерден алған кеңесшілеріміздің кейбірі сарымақтай азулы бола жүріп, қасқырдай қорқаулық жасағанын қайтерсің. Алдымен ірі байларды конфискулегенде бізге ере жүріп, жұрттан пара жеп байып кетіп, коллективтендірудің кезінде олардың кейбірі жылып етіп, үстем тап жағына шығыш алды. Ондай қып-қызыл белсенділердің Есперді өлтіруге қатысқанын айттым. Біздің ішімізге кіре жүріп түпкі бүйенінде құрты быжынап қайнап жатқандарды тауып алып, қытқыттап, «сен-ақ елдің серкесілеп» бізге айдап салды.

Сондай аңғыртқа ұшып, қолтығына су бүріккен тап жауының сөзіне еріп Совет өкіметіне қол көтергендердің бірі Асанжан болды. Асанжанды да көргенім бар. Сонау жылдары Алматыға қашып барғанымызда, мен Тарланкөкті алдырып іздеп жүргенімізде ұрылар арасынан көрген едім. Жылмақтай, көз еті ісіктеу, екі жағына пышақ жанығандай, иегіне бір тал қыл шықпаған көсе, сіріңке қара жігіт болатын. Ол кездері жас еді, біз құралпы. Алмалы — Долаңқарадан осы ауылды көшіргенде де ұшырасқан-мын. Е, шамасы ұрлығын қойып адал еңбегімен күн көрмек болған ғой деп қойғанмын. Ол көре тұрып, мені танымаған садан көрсетті. Бәлкім ұрлығымды бетіме басар деп қаймықты ма екен деп мен де түк байқамаған әлпет таныттым.

— Малың алған соң бұл ел қалай күн көреді,— деген еді сонда ол төңірегіндегілерге қарап.

— Сен күн көресің ғой. Аспанда көкшулан, жерде Асанжан аштан өлуші ме еді,— деген көзі алақандай, уыздай бозбала жігіт.

— Қойсаңшы бала,— деген сонда Асанжан, ашусыз,— сендердің ала жіптеріңді аттаған жоқ едім ғой. Өкең Совет өкіметінің оң көзі болды деп сен де мені иықтағың келеді, ә!

— Осы елде екі тайдан озған құнанның адымын аштырмай құртқан сен едің ғой, енді моп-момақан бола қалыпсың.

— Қой, Бейсенбай,— деген Тайшықов жас жігітке бұрылып.— Бұрын болса болған шығар. Енді ол райынан қайтты. Ескі жараның аузын тырнаудың не қажеті бар.— Е, бұл ұрлықтан бейдама болған екен ғой деп менің Асанжанға ішім жылып қалған. Енді, міне, сол

Асанжан колхоз ұйымдаса салып, бүлік шығарып жатыр дегенде тігіркеніп кеттім.

Қалай болды деп еді, әлгі Нұрқалық, — деп Шұнақ сәл көзін жұмып отырып қалды. Өлденені есіне түсіріп отыр. Мен шал ойын түгендеп, өкіліне түсіріп алсын деп оған қарамадым. Шұнақ көзін сонау Ақсенгір тұмсықтарына тастады. Асанжан көтерілісті сонда қазір жасап, бұл бір тебеден соның аңысын аңдып отырғандай. Ол шүңіректеу көздерін даладан алмай, сол жақтан көтеріліс айқасын шолғандай, кәдімгі футбол алаңынан репортаж жүргізіп тұрған журналистей оқиғаны тізіп айта бастады. Көзі сонда, далада.

— Июнь айының ортасы, даланың майдай есіліп тұрған балауса шағы еді, — деді Шұнақ. Көктемнен-ақ жаңбыр жиі себелеп, әсіресе түнде жауып, күндіз ашылып, жер ыңдыны бір қанып, жусан бүрлеп, раң, қасқалдақ тегіс ұшқан. Даланың әрі кіріп, әр жерден шытыр екі-үш жапырақ тастап, бірліжарымды қызғалдақ бас жарып, дала қырмызы тартқан. Алғашқы ебелек киіздей қаптап келе жатқан еді. Жонсауда жиі отырған қаптаған қазақ үйлі ауылға бірі ұзын, бірі тапалтақ екі кісі бінә бола кеткен де, Асанжан үйінен көріне бастаған.

Бұрын Асанжан үйіне мұндай бейтаныс кісілер пайда болғанда ауыл ашық айтпаса да, біріне бірі сыбырлай, жыбырлай жүріп, бәрі де Асанжан үйіне келгендерден құлақтанатын. Сонан соң-ақ олар «өзіне өзін мықты бол, қоңсыңды ұры тұтпа» деп малын байлап-жайлап, арқандап-кісендеп дегендей көз алдына ұстауға тырысатын. Бірақ ол кезде ондай Асанжан сыбайластары жалпы мал — қапелімшіл, желқуық байталды менсінбейді, бәйгеден озған еңіреу-жүйрікті, желқабыз, таспадай талан, су төгілмес жорғаны, шаңы ілеспес жармажалды алар еді. Және олардың алғаны бұл Асанжан ауылынан алыстау, пәлен ауылдың бәйге торысы, жорға күреңі болып шығады. «Алып кетіпті» деп дақ-пырты ғана естіліп жататын. Қашанда қазақта ұрының бәрі қауымда, бірі ауылда. Бұрын Асанжан үйіне келгендерден ауыл-үй іш жиып отырар еді. Енді не? Ауылда тышқақ лақ та жоқ. Секектеп, екі құлағындағы қызыл шашағы селпілдеп Камшаттың қара шікірәсі ғана жүгіріп жүруші еді, ішетін сүті болмаған соң ба, әлде Камшатты үйіне тастап, апта сайын Мәриза ауданға кететін болғандықтан күтімі болмады ма, қара лақ та екі-үш бақырып өліп қалды. Өлген лақты мойнынан құшақтап Камшат бие сауым уақыт жылап отырыпты... Ауыл адамдары бұл жолы Асанжан сыбайластары қай бір малымызды алып, басымызға азар берер деп қысылсын, олардың келген кеткеніне де кеңіл аудар-мапты. Тек екеудің бірі — тапал қараның бір ауыл сыртына шыққанда жанындағыларға «Ақкелде, Созақта, Таласта колхоз болмаймыз дегендер көтеріліс жасады, сендер неге қарап отырсыңдар» дегенін Бейсенбай естіп, Нұрқалыққа ертеңіне айтыпты. Нұрқалық оған үндемепті. Қазіргі колхоздастыру жағдайында кім не демейді, сандырақтап жүрген біреу шығар дейді де, жөніне кете барады. Өйткені інім ол бір шақта әлі екі елі ауызға төрт елі

қақпақ қою, сен сияқты тумай жатып аузын бағатын адамның аз кезі. Біреу Совет өкіметін мақтап, енді біреу іске алғысыз қылып шенеп жататын. Мысалы сол кездері өмір сүрген Күрті болысының азаматы Байғазы ақын, кеше оны айтып едім ғой, колхоз туралы былай деп елең шығарыпты:

Қайтемің мұндай болса қалхозыңды, қағазсыз жібермейді салт өзінді. Белгілі белсендіге жақпай қалсаң, бес тиынға сағады малша өзінді. Олсыз да жүргенімде далбасалап шарт бұзып кетер ме екен, шалт тезімді.

Інім, байқап қараған кісіге осының арғы жағында көп мән жатыр еді. Бір Байғазы емес, жұрттың бәрі далбасалап қалған-ды. Далада істейін десе жұмыс, кәсіп жоқ, үйіне келсе бала-шаға аш, өңмендеп отыр. Және осы қу далаға елді қамап қойдық та, анықтамасыз бір адам аттатпадық. Әрбір колхозға колхоздан қашып теніп кетпесін деп екіден, үштен атты қарауыл сайладық.

Олар түнде көше қашқандарды ұстап, кеңселерге әкеледі. Қашпақ болғандарды белсенділер ұрсып-ұрсып қайтарады.

Ұзынды-қысқалы екеудің Күрті өзенінің батыс жағындағы Еспер атындағы колхозға келуін көп ешкім байқамайды. Сол күні кеште ауыл арасы сыпсындаған сөзге құлақ түріп, ауданнан өкіл келіпті, олар колхоз болмаймын дегендерге рұқсат беретін көрі-неді дегенді естіп, олар түскен Асанжан үйіне жүгіріп келіп жатты. «Ел құлағы елу». Сымсыз телефон-ақ бұл сөзді сонау Байсейітте, Дода иінінде жатқандарға дейін хабарлады.

Жотаны жағалап, иінді кемерлей жүрген «Алтын арықты» жағалай отырған ауыл адамдары қас қарая Асанжан ауылына жиналып-ақ қалды. Айсыз, дала түні, айдың кешесі. Біреуді біреу дауысынан, сөзінен танымаса түстеп, түгендеп болмайды. Екі-үш өгіз мінген адам бар. Әлдеқайдан келген аттылар да қаптап жүр. Оларды танып, біліп жатқандар да шамалы. Аттылар аттарынан түспеді, ал өгізді үшеу танауын тесіп өткізген шүрекке байланған бұйданы ұстап, қара жерде жатыр.

— Ей, ауыл үстіне ат ойнатып жүрген бұл қай тентектіктерің, — деп еді қисайып жатқан біреу, оған ат үстінен біреу қатты кетті:

— Тентегің не, ей! Тіліңді кесейін бе!? — Жерде қисайып жатқанның жүйкесі жұқармаған, көшілдей көнтерілі біреу болуы керек, оған онша шамданбады.

— Ойбой, мынауын бір кесір ғой, — деді де тына қалды. Одан әрісөзді көбейтпеді. Бірақатүстіндегініңбіріқайта сөйледі.

— Қасаласып жүргенде қан төгуге дайынмын. Қаныма қарайып жүргенде шалуы сөзінді қой, бауырым. Ал өндігімді солдырып, астымдағы ардакүреңді болдыртып ойнап келіп тұр деп пе едің. — Артта отырған екеудің сыбыры естілді: «Ойбай Тойкекменің адамдары

екен ғой». «Ойпырмай, жер түбінен, сонау Текеліктің Қара адырынан келген ғой». Шамасы бұл сыбырдың иелері Тойбай байдың қай жерде жүріп, қай өзеннен — саладан су ішіп жүргенін анық білетін, іштен іріндеп жүргендер болса керек.

— Бастамаймыз ба? Жұртты тегіс жинаймыз деп тұрып, күлкімізді тыя алмай қалып жүрмейік.

— Тойекең сөйлемей-ақ қойсын.

— Жоқ, Тойекең сөйлемесе бізді кім тыңдамақ.

— Оның шекпенін ауырлатып қайтеміз. Әлгі Алматыдан келгендерге айтқызайық. Оларды ешкім біліп жатқан жоқ.

— Жарайды! — Бұл сөздерді айтушылар ат үстіндегілер. Сәлден соң үйден бір топ адам шықты. Кешегі келген бір ұзын, бір қысқа алға тартты. Тапалы ілгері таман тұрып сөз бастады.

— Ағайын, аттан май кетті, елден бай кетті, басымызға тілеп алған пәлекетіміз жетті. Ертеңіміз ерлікке емес, шерлікке толы болмақ, бәрінің бір тесікке көз тігіп, бір қазанға қарайтын күнің алыс емес. Аша тұяқтан ажырап, болдындар, ертең қатын-балаңа ие болмайсың. Бәрі ортақтасады. Кеше Оңабайдың қызының қара лағын бермедің деп оны қамаса, қарыс жерде тұрған Қонысбайға қатыны өліп, қалмені бұзылғанда бір уыс топырақ бұйыртыпаса, сөздің жөнін айтқан Қожагелдіні, Құрманбайды қамаса, мұндай қалқоздың қатыгездіктің қара ордасы емес пе? Қалқоз болу өз еркіміз екен, ертеңнен бастап қыбайда қалған қыстау-қияуымызға қайтайық. Азар керіп, азат болғанша, басымыз байлауда болған-мен малымыз айдауда болғаны жөн емес пе. Менің айтып тұрғаным сендердің қамың, бәрі қара қазан, сары баланың қамы. Менің тілімді алатын болсаңдар айтатыным сол.

Өгіздің бірі өгізін «өк-өктеп» итіндеп ілгері келді де, түсіп жерге жамбастай жата кетті:

— Ой, сен кім едің, бізге ақыл айтатын? — деп сұрады өгізді колхоздың азғантай егінінің сушысы Төлентай. Мұның сұрағы аттыларға ұнамады, біреудің дауысы қатты шықты:

— Жатқан жерінде жайратшы, қызталақты.— Егізді орнынан көтеріле берді. Бірақ оған ешкім ұмтылмады. Тапал қара түнді түріп қайта сөйледі, кеп ауырлықты мойнына ала сөйледі:

— Мен облыстан келген өкілмін.— Көп ішінен бірнеше адамның сөзі қоса естілді, біраз адам даурығып кетті:

— Облыстан жаяу келдің бе?

— Қалқозды тарату үшін облыс жіберді ме?

— Қалқозды тарат деді ме?

— Ой жаның шықсын! — деп біреу ілгері итіне түсіп отырды.

— Мынау бір залым шығар, бізді бірдемеге ұрындырмақ.

— Сөйлесендерші-ей, естіік! — деді тағы біреу. Қобырап, даурығып кеткендер сабыр суын жинап, саябырсыды. Облыстан келген жаяу өкіл

сасып, салбырамады, қайта кергіп, тамағын кенеп-қырнап, жөткірініп, даусын бекемірек шығарды.

— Біз Алматыда көп сөйлестік. Бұл елі үшін еңіреген ерлердің келісімі. Мен осы істі біткермей сендердің араларыңнан кетпек емеспін. Сендердің қайтадан ел болғандарыңды көргім келеді. Қалқоз деген кері кеткеннің ұйымы екен. Ендігісін өздерің біліңдер! — Оның бағанадан бергі се-зінен «Ендігісін өздерің біліңдер» дегені етімді болды. Өйткені кейбір көркіректер:

— Е, сөйтіп жөніңе көшсеңші — десе, енді өгіздің бірі:

— Біз әлі қалқоздың не екенін білгеніміз жоқ. Оның жамандығына көзіміз жеткен жоқ, жақсылығын да көрген жоқпыз. Көреміз әлі, қалай болар екен, қазір қалқозға өзіміз ұйыстық,— деді.

— Мына бір өгізділер сөзге көлденең тұра берді ғой,— деді аттының бірі.

Жатқан жерде жалпайтсам ба екен?!

— Қой, жұртты ашындырып алармыз. Қалқоздың жаман екенін «жаман» деп тұрған өзіміз де білмейміз ғой,— деді екінші атты.

— Онда атыңды тапсыр да, қалқозға кір,— деді алдыңғы атты.

— Кірсем несі бар, кіремін. Анау Төлентай сияқты қашпай-пыспай, қасықты қара су ішсем де қорықпай-үрікпей отырып ішпеймін бе! — Алдыңғы атты күйіп кетті білем:

— Мына жаманға жан бітті-ей, ауызыңды қариын ба, осы!

— Мынауымды қарисың! — деп анау да көкәйылдау шықты. Алдыңғы аттағы бұрылып арттағыны қамшының астына алсын-ай келіп. Анау да қарап тұрмады, ат үстінде сабаласып кетті. Өгізді үшеу тыныш жатқан жерінен түрегеліп араша түсті. Қамшыны бұрың салған, тезқатар жігітті өгіздің бірі аттан атдорбаша жұлып алып, шөпшек теріп келіп отбасына тастаған адамша итере салды. Ол аттан түнгі ұшқан қалбағайша аударылғанда колхоз болғысы келгенмен екінші бір атты сабаласып кетті. Айқай-ұйқай көбейіп, жердегі ошарылған жаяулардың кейбірі аттыларға жармасып, аударып түсіріп, жұдырық салысып, қып-қызыл төбелес басталды. Аттылар дегенмен ат үстінде екенін пайдаланып, омыраулатып, ауылдағы бірлі-жарымды араға түскен әйелдерді, топты тамашалап келген қаратабан, қызылжұдырық балаларды бақыртып, ат ойнатып жұртты шу-шұрқан қылды. Байлардың балалары қашып жүрсе де барлығын, байлығын жасап, жердегілерді самсатып кетті. Шуланнан туған бөлтірік шу қылмай қоймас қоранды. Нақ солай болып шықты. Біреуді біреу біліп болмайды. Әр жерде сокқыға жығылып сұлап жатқандар, отырған, басын, қолын ұстағандар. Біреудің әкесінен, біреудің шешесінен, жеті ата, жеті пұстысынан жіберіп жатқандар да бар. «Өлтірді, өлтірді» деп айғайға аттан қосқан әйел одан да көп. Не болып, не қойғанын ешкім білмей қалды. Әлдекімнің:

— Қайт! — деген, шаңқ еткен дауысы шықты. Аттағылар тасырлатып шаба жөнелді де, әп-сәтте жым-жырт қалғандай еді. Жоқ, енді

бағанадаң бергі сарт-сұрт төбелес, сайыстан естілмей қалған ыңыранған, ыңқылдаған дыбыстар құлаққа жетті. Шәңп жұрт не істерін білмей мәңгіріп қалды. Садаптан байқаған адам еш нәрсеге ақыл-ой тоқтатып, байыбына бармайтын шәлкей болды.

Жиналған тобыр бір тоқтамға келе алмай үш өгіздіші айналдырды.

— Сен айтшы! Төлентай, мына қалқозың не береді? — Сушы Төлентай не дерін де білмеді. Беретіні кейін шығар, әзір маған берген жоқ. Егін суғар дейді, егінді суғарамын, жоңышқа суар десе, соған барамын.

Інім, Төлентай ғана ма, осы сұрақты сол кездегі сол Ботпай болысындағы ең мен тәуірмін, мұрнымнан есек құрты түсіп тұр деген белсенділер — Сартжан, Нұрлан, Нұрқалыққа берші, олар да жарытып ештеме айтпас еді. Бар айтары:

— Сілән саламыз, отырықшы боламыз! — Осыдан басқа ешкім жарытып, ауыз түшитын бірдеме айтпайды. Сонда Төлентай не біледі? Колхоз боласың, енді егін салма деп екі-үш сала жерге тары егуші еді, оны еккізбеді. Екі бұзаулы сиырын, он шақты қозды қойын бәрін де алды. Бұрын үйінде қарап отырмай жер сүмесін еміп, тұқшындап, шаруа жайлап үйренген дикан үйде отыра алмай колхоз кеңсесіне барған. Колхоз кеңсесі саланың сағасындағы Мұтбай деген кедейдің жалғыз бөлмелі тамы. Оны да Мұтбай нақ осы жерден — Жайсаннан осыдан бес жыл бұрын салынған мектепке қарауыл болған соң су балшықтан дуал соғып тұрғызған. Жиырма бесінші жылы Ботпай елінің дінгегі және кездеге жақындау деп елдің ортасындағы мидай, жазық дала Жайсаңға осы мектеп тұрғызылған. Шынын айтсақ інім, ол мектептер қарағайдан қиып істелген, төбесі қызыл қаңылтырмен жабылған, сапалы салынған үй еді, төрт бөлме болатын. Сол бір сауаттылыққа алғаш бас қойған кезде басқа жерді қайдам, біздің ауданда осындай мектеп барлық болыста-ақ салынған еді. Енді колхоз жаңа ұйымдастырылған кезде осы мектеп тұрған жерден колхозды-ауылдың сіләні тұрғызылатын болды, ел осыған қоныс тебеді делінді. Оны жұрт қоныстандыру атап кеткен. Енді колхоз кеңсесі деп оған Төлентай келген шақта да, мұнда басқа құрылыс, ғимарат жоқ. Колхоз болғандар мұнда әр жерді ойып, балшық айдап, қамкірпіш басып, кепкендерін суындап жинап қойған болатын. Одан басқа бұл ел қоныс тебеді деген ми далада жусан мен шиден басқа ештеме көрінбейтін. Төлентайға, сіңірі шыққан кедейге ешкім «жолың болсын!» демеген. Ақыры кеңсеге келгендер ада-күде кетіп болғанда да ол мөлініп отырып алған. Сонда барып одан төраға сұрапты:

— Төлентай, неғып жүрсің?

— Мен не істеймін?

— Мен қайдан білейін? — дейді Еспер колхозының төрағасы Байзақ Рахыметбаев.

— Ендеше мен білемін, — дейді Төлентай. — Дода иінінде елу гектар сулы жерде бидай себілген еді ғой, соны суарайын.

— Е, ендеше, сөйте ғой, — дейді Рахыметбаев. Сонда інім, колхоз басқарады деген адамның сөзі анау болғанда, басқасын өзің шамалай берерсің. Ал орталық — Москва біздің республикамызда мал бар екенін және оны Голощекиннің жеткізгеніндей көп екенін (жиырма бесінші жылы ол өлкелік комитеттің хат-шысы болып сайланғанда Қазақстанда қырық жеті миллион қой, алты миллионға жуық жылқы болған ғой) қазақтың әрқайсысы «помещик» екенін білгенмен, біздің көшпелі, сарай-рабат салмаған, көше, үй тұрғызбаған, күнінің көбін қазақ үйде өткізетін ел екенін дәл білмеген деп топшылаймын. Өйткені логика оны ойлауға, даққа қалуға мұрсат бермейді. Егер әрбір қазақ феодал болса, оның қыстауы-қияуы, рабаты-рақаты болмаушы ма еді, дастарқанында қазысы-қартасы, мейізі-женті болған елдің абатты кенті болмаушы ма еді. Қазақ отбасының мол дастарқанын, кең пейілін ғана көрген адам, онда басқасы жоқ деп ойлар ма? Төрт құбыласы түгел, дәулетіне сәулеті сай деп ойлайды ғой.

Міне, інім, тағы да лағып кеттім білем. Төлентайдан колхоз жөнінде ештеме біле алмай, бітеу жара болып тұрғандар енді тармақ болғанда еңкілдеп жылаған біреу келіп қалың көптің ортасына отыра кетеді. Өксігін баса алмай еңірейді.

— Өй мынау Тоқаш қой, кім тиген бұған? — дейді қараңғыда біреу. Бәрі де жылап-еңіреп келгенге үңіліп:

— Не болды? — деседі.

— Ағамды қамады, милиция ауданға алып кетті.

— Неге?

— Не болып қалды? — деген сұраулар жауып кетеді.

Біз Алмалы — Долаңқарадан осы Ботпай елінің жартысын көшіріп келерден бір күн бұрын бір айтақаларлық оқиға болады. Тайшықов бұл жақтағы ауылдардың да малының есеп-қисабын алып, бәріне де малға тиюге тыйым салады.

Жаңа әңгімелеген Дода ауылында Оспан деген екі кісі бар еді. Оның бірі кейін Қазақстанның халық ақыны болатын Оспан Тұяқбаев, колхоздағы қызметін темір ұстасы болып бастаған. Екіншісі шаруа адам, бірсыпыра бала-шағасы да бар екен. Өзі жасы анау Оспаннан үлкен, одырлау-содырлау мінезі бар адам болса керек-ті. Ауыл оны «больпой» Оспан атандырған екен.

Колхоз ұйысады деген сөз дүңк-дүңк естіледі. Малды-жанды бәрін ортаға салады екен деп жұрт әңгіме, өсекке құлағын тігіп, кейбірі «көппен көрген — ұлы той», көрерміз жалпы жұртпен деседі. Күн де бір түрлі сөз естіледі: Малды ортаға жиып алып, шетінен сойып беріп отырады екен, жоқ, бәрін алған соң оның шенінен шен-бақа жолатпайды екен десіп, гүйдесіп жатады. Сол күні сырттан тоғыз саққа жүгірген әңгімеге құлағын сасытқан «больпой» Оспан үйіне келе шұбар қайрағын іздейді.

— Байқұс-ау, оны қайтесің? — дейді әйелі.

— Көк сиырды сойып аламын.

— Ойбай, сығыр-ау, малды хаттап кетіп еді ғой.

— Тайшықов айтты деп өлемін бе, бала-шағам қыркұлақ болатын болды. Бәрінің тісі босап кетті.

— Ойбай, жәукен алсын сен, сотталып кетесің, — деп әйелі көршісі Қашаған деген ағайындарына барады. — Басу айтыңдар, Большойға, сотталып тынады ғой. «Большой» әйелінің жылағанымен жұмысы болмайды, кара құжантысын алып, шұбар қайраққа жани-қынай береді...

Әр жерде отырған ауыл құлақтанып, әркімнің өз тірлік-тіршілігі бар, малын байлап-жайғап «Большойға» ақыл айтуға жиналып келгенше, ол көк сиырды бауыздап тастапты.

— Жалғыз өзің сиырды қалай жықтың? — дейді доп-домалақ Қасымхан деген туысқаны күліп, — қуырдаққа бір тоятын болдық.

— Тоясың, құдай бұйыртса! — дейді Оспан. Сөйтсе ағайындар келсе, сойғызбай қояды деп Оспан асығады, сиырдың алдыңғы екі аяғын да, артқы екі аяғын да тұсайды. Сонан қыл арқанды алдыңғы аяқтағы тұсаудан байлап, оны артқы аяқтағы тұсаудан өткізіп алып алға қарай тартса, көк сиыр тонқалаң асады. Сонан соң сиырдың мүйізінен шалып алып, оны апарып талға байлап қойып, тұсауын алмаған күйі біріктіріп байлап, кескір қылыштай құжантымен шалып-ақ тастайды. Ағайындары жиналып келгенде кірленде сиырдың бауыздау қаны ұйып та қалып еді. Сонымен тентектеу ағасының арқасында ағайындарының ұрты да, мұрты да майланып, майлы, ащы қуырдаққа тойып, әңгімені соғып, гулдесіп, күліп-күліп тарқайды. Сөйтіп біз Қо-нысбай қарттың қатынына бір тоқты қалжа береміз бе, бермейміз бе деп Қамысбаевпен қажасып жатқанда Осекең көк сиырдың аяғын көктен келтіріп, жайратып тастапты. Ертеңіне малдың бәрі орталыққа алынып, енді аурудан тұрған адамға ауыл қалжа да таппай қалады. Алдымен мал ұйыстырғанда керегінде сұрап алармыз деп дәмегей болғандар енді малдан аспандағы бұлт жуық екенін сезеді. Қыс болып қысылмай, жұт болып жұтамай ақсирақ-қарақора болғанына жұрт танданып та, ашынып та кетеді. Бұрынғы түкті пұшпағы барларда енді түк қалмай, енді бауыры тақыр, тіпті тап-тақыр болды. Бұрынғы пақыр деп жүргендер енді тақыр болғанда бұл шыдамның ең шегі еді, пышақтан мал кетпесе, қазан оттан түспесе, адам сапырылысып келіп жатса, келгендер ықылық атып тойып кетіп жатса дейтін қазақ, қанша қайнатсаң қойылмайтын қара суға қарап қалғанда, дерттіге қалжа табу қасқалдақтың қанынан да қиындағанда қалай саспасын. Осы бір кезде Оспанның сиырын сойып алғаны жөнінде Ботпай болысына бір ауыз өлең де тарап үлгеріп еді:

«Кешегі ауқаттылар пақыр болды, ол кезде пақыр адам тақыр бол-

ды. Сойып ап кек сиырын ауқат қылып, Бәрінен «Большойдікі» ақыл болды».

Інім, бұл ащы сөз. Бірақ шындық. Ащы шындық. Мен мұны айтуғатіптіқорықпаймын. Енді алпысқа келгенде шындықты айттың деп қалған сынар құлағымды кесіп алсын. Құдайдан да қорықпаймын. Бұл дүниеде көрсетпеген қырмызы қызыл тұрмысын о дүниеде бермей-ақ қойсын. Пейіште көгерген көсегені көрмей-ақ қояйын. Ауқаттылардың тақыр болғаны да рас, пақырлардың тақыр болғаны да рас. Осы бір өлең құлағына тиген Қоңқаш деген кісінің де мал союға көңілі бұзылады. Он шақты баласы бар адам кешке қарай даладан келгенде, ұядағы қарлығаштың балапанындай, олар тамақ сұрап шулап бергенде құйқа тамыры шымырлап кетеді. Не істерін білмей сасады. Сасып жүріп далаға шықса, үйінің есігі алдына өзінің колхозға ұйыстырған үш жылқысының бірі — қасқа құнан енді иесін иіскелеп, танып, айдаса да кетпей қояды. Сонан соң қасқа құнанды сойып алсам ба екен деп көңілі бұзылып, іші ұйытқып, алай-түлей болып бір кетеді. Өзін иіскелеп, жем сұрап тұрған қасқа құнанды союға қимайды да, ноқталап, үлкен ұлы Өргенді шақырып:

— Мына қасқа құнанды жетектеп, ауылдан ұзатып бар да, өріске, жылқыға қарай айдап жібер, — дейді. Өрген қасқа құнанға міне салып, ауылдан шығып, жылқы осы тұста жатыр-ау деген нобаймен құнанның ноқтасын сыпырып алып:

— Бар жануар, барған жерің от болсын, пәлекеті жоқ болсын! — деп шылбырының ұшымен қасқа құнанның жалпақ сауырынан салып қалады. Қасқа құнан секең етіп, сауырына тиген шылбырдан шошып қалып, арқан бойы жерге желіп барып, оттап тұра береді. Бала үйге қайтып келеді. Бір шамадан кейін, іңір қараңғысында есік алдынан қасқа құнанның оқыранған дыбысы шығады. Баласына ұрыса үйден шыққан Қоңқаш енді қасқа құнанды өзі өріске алып жөнеледі. Ол құнанды ауылдан ұзатып, Көкдала бетке қарай айдап жібереді. Үйге қайтып келген Қоңқаш шиеттей балаларымен отырып, жаңа әйелі далбай қылып, қаптың түбін қағып алған қос уыс ақтаған тарыдан жасаған аталаны алдына ала бергені сол еді, қасқа құнан қайта оқыранды. Ол Өргенді қайта жұмсады.

— Үйден жыраққа қуып тасташы! — деді. Өзі ағаш аяққа құйылған тары көжені қасықпен араластыра бастады. Аты көже, қасыққа ілінер қоюы жоқ. Мейілің сапыр, мейілің араластыр одан қойылатын түрі көрінбейді. Қоңқаш бір сәт аталаны араластыра отырып даққа кетті. «Қаптың түбі қағылды, қатын саған нағылды» деген бүгін осы үйде болды. Ішінде жейтін қоюы жоқ, бұл атала балаларына қалай тамақ болмақ? Ең болмаса ауызды бір толтырар төбі болса екен-ау. Төп неңді алған, тіске тұрар кебегі жоқ. Ал ертең қалай болады? Ол ертеңгі күнді ойлағанда төбе шашы тік тұрды. Ертең балалар шулағанда не айта-

ды? Құйқа тамыры шымырлап кетті. Аталаның бетіне қарап отырып осындай қоюынан сұйығы көп көжеге сырттан мұздап келіп кездескен біреудің бір ауыз елеңі түсті:

Көже көже көлкілдек, Көженің суы мөлтілдек, Осы көже болмаса, Кетіп едім селкілдеп.

Ол көлденеңінен сапталған қазақы қасықты ауызына апара берді. Қасқа құнан тағы оқыранды. Қоңқаш көжені жұта алмады, тамағына кептеліп қалды. Бұл неге қайта-қайта келе береді. Қоңқаш аталаны тастай беріп далаға шықты. Сәлден кейін оның:

— Тоқаш, ей, Тоқаш! — деген дауысы шықты.— Бері шықшы.— Қоңқаш екі ағайынды еді. Інісі Тоқаш екеуінің жасы тым алшақ болатын. Баяғыда Тоқаш Бокиннің атағы қатты шыққан, он сегізінші жылы туып еді. «Тоқаштай болар ма екен» деп әке-шешесінің қойғаны. Қоңқаштың үлкен баласынан бір-ақ жасы үлкен. Қоңқаш інісімен сыртта бірдеме деп күнкілdestі. Тоқаш қайта кірді де, пышақ, білеу, жіп алып шығып кетті. Енді бие сауымнан кейін қасқа құнанның егі жілік-жілік болып үйге кіргізілді. Қазы шықпады, жегілікті ғана еті болды.

Тоқаштың жылап келгені қасқа құнан сойылғанының ертеңіне еді. Өзі де дүрлігіп, не істерін білмей, шыдам шегінен шығып тұрғандарға Тоқаштың еңірегін қатты әсер етті:

— Немене сонша, өз малын сойып жегенге соттай бере ме?

— Өзінің ақ-адал малы еді ғой. Бәріміз білеміз ғой. Жиналған тобыр тіпті қобырап, Қоңқаштың айдалғанын көтере алмай, қатты дүрлікті. Нақ осы бір сәтте Алматыдан келген екеуге қайта жан бітті. Тапалы бір кескен тайдың шұжығындай болып қайта көптің ішіне араласты:

— Бұл, бұл ма? Әлі бәрің сорлайсың. Көрдін бе, өз малдарыңды өздеріңе бұйыртпайды. Мұндай қалқоз неменеге керек? Құрсын, бұл, қалқоз, құрысын! Бұдан да бет-бетімізбен кеткеніміз жақсы... Е, қалайық, бұл әлі жылағаныңның басы. Жылайтын күнің әлі алда.

Бірінің ұнжырғасы түсіп, бірінің ашуы басына шығып тұрғандарға тапал қараның сөзі енді жетті, ойына қонып өкіліне түсе кетті. Бәрі де оны ұйып тыңдап қалды.

— Әлі бұл жылағаныңның басы. Одан да жөнімізді тапқанымыз жақсы.— Тапал қара осы ауылдың адамдарынша сөйледі:

— Бұдан да тарағанымыз жақсы!

— Сонда не істеуіміз керек, біздің? —деді біреу. —Малдарыңды бөліп алып, тарқап кету керек.

Түн күтіп, түсі қашқан жұрт әлі де ұйлығып тұра берер ме еді, осы бір сәтте бүйірден біреу сөйлей, ойбайлай, есті ала келді.

— Ойбай, мынау кенесің қыратын болды ғой, бәрімізді айдап, қамап, соттай бере ме? Сұмдық қой, бұл, сұмдық қой, ойбай!

— Бәрменқұл ғой,— деді тұрғандардың бірі.

— О не боп қалды, тағы?

— Нұрланды боқтадың деп Дәуренқұлды айдап кетті! Түн жарым-да жиналғандар бағанағыдан әлдеқайда көбейіп еді. Енді бүкіл ауыл жиналып, дыбыр-дыбыр, сыбыр-сыбыр орнап қалды. Жиналған жұрт «Дәуренқұлды айдап әкетті» дегенді естіп, тіпті түңіліп, қиналып, қапаланды. Тапал қара жаңағыдан да жандана түсті.

— Айттым ғой, бұлар осылай құрта береді! — Сұрап біле келсе Қоңқашты ұстап әкетіп бара жатқанда Дәуренқұл Нұрланға.

— Өй, тумай туа шөк! Мына туысқаныңды қолыңмен айдатып жатырсың ба?! — депті. Сөйтсе Нұрлан бұған «контр» деп дүрсе қоя беріпті. Сонда Дәуренқұл әкенің аузынан жібереді ғой, келіп. Қазаққа оңай баяғы әкенің ауызы бар емес пе?! Сол жерде белсенді топ «партияны боқтады, партия мүшесі Нұрланды тілдеді» деп актыны салып, Қоңқаштан кейін төрт-бес сағаттан соң оны да милицияға тапсырыпты.

Қане, бұдан кейін, көзі соқыр, көкірегі бітеу адамдарға Совет өкіметінің жақсылығын айтып түсіндіріп көр, ер болсаң. «Қашқалы тұрған қоянға тәйт деген соң не сорым». Қолынан малын алғызып, ерінен әйелінің көңілін қалғызып, не қорасында жоқ, не қабында жоқ, не қарнында жоқ қазаққа бұдан кейін қай үгітің етсін, қай насихатың жетсін. Көкте бұлт сөгілсе көктеп қоя алармысың. Ауыл адамдарын Асанжан үйіне келген екеу қот-қоттап, ел бүгінгі ұйқыны ұмытты, бәрі бала-шағасына дейін көздеріне тіреуіш қойғандай, тынышы кетті. Бәрменқұлдың жеткізген сөзінен кейін ауылдың ерулік берекесі қашты.

— Сәмен! Сәмен! — деп өнештеп, үсті-үстіне айғайлаған он шақты жігіт Асанжан үйінен шығып, Көкдала бетке қарай жаяу жүгірісіп бара жатты. Олардың артынан Шағатай ауылының еркек кіндіктісінің бәрі кетіп еді...

Көзге түртсе көргісіз, қара қаптан қараңғы. Жұрт жылықты, ұйлықты. Қараңғыда баспайтын немене баспақ пе едің, әлде бұзау ма едің деген қазақ емес пе. Ақыры қараңғыда-ақ әркім өз жайын күйттеп, күйбендеп жөнелді. Бықылдаған түйе, пысылдаған өгіз, пыскырынған жылқы тіпті осы жиі отырған үйдің әрқайсысының есігінің алдында тұрды. Ауыл ұйқысыз. Кімнің не істеп жатқанын тірі жан біліп болатын емес. Бұл кезде өзеннің арғы бетіндегі ұйым ел — «Ақсегірт» колхозы бұл жайдан бейхабар, қатты ұйқы құшағында еді.

Жазғы таңның тез қылаң ететін, күннің ең ұзарған, түннің ең қысқарған шағы. Рауланған алтындай құлан иектеніп таң атты. Түрлі-түсті палас жайғандай жер ашылып берді. Бірақ таңмен тұрған елдің қабағы қатулы, кірпігі қатқан, көзі томақ тартқан. Әлде алдағы белгісіз сайрақтан, әлде сахардан тұрудан бәрі көңілсіз, медет қылар сүйеніш жоқ. Тек «ел күлгенге кулемш мржиямын» дегендей қараға қарадай ілесіп бара жатқандар. Ертеңінің не болары белгісіз. Сонда да жұрттан әйтеуір қалмау. Құрым киізі қапылы қамқадай алендік жаққан өтенің

тастап жлкенсіз қайықден желді күні қиянға бет алғандай. Алмалы — Долаңқарадан келген Ботпай ауылы көтерілді. Жыпырлай отырған бес жүздей үйдің таңертең азғанасы қалыпты. Оларды қайда кетті дерің бар ма, әйтеуір жиі қонған ауыл жазғы таң алдындағы жұлдыздай тозып, әр жерде біреуі тұр. Тіпті қашан қазір жолға салып жатқандар да бар. Аттылы, түйелі, өгізді көш бір бағытқа қарай емес, сан бағытпен кетіп бара жатыр. Талыққан, налыққан ел босып барады. Тіпті әйтеуір осы жерден көшу керек дегендей екі-үш үй өзеннің шығыс бетіне көшіп, үйші тігіп те жатыр. Шамасы бұлар колхоз боламыз, бірақ мына Еспер колхозындағылармен болмаймыз дейтіндер болса керек-ті. Бұлар колхозбен мақсат-мәддұғымы жарасқандар.

Киіз үй сиреп қалған ауылдың шығыс бетінде кеп атты тұр. Шаршы алдында ақбоз атқа мінген Асанжан ойқастатып жүр. Інім ұрылардың да неше түрлі қияпаттары болады. Ауыздыға сөз бермейтін шешендері, аяқтыға жол бермейтін жүйріктері кездеседі. Ал Асанжан деген адам емес-ті, не ақыл-парасатымен, не құлпы киімімен ерекше тұратын, не ақыл иесі адам емес болатын. Қолына алған істі біткеріп қайтатын кейпаты көрінбейтін. Көбіне үлкен ауылдың мама ағашы жанында тұратын ат ұстар, не аяқшы балалар сияқты еді. Зарпынан ақыл иесі болып тұмаған кісі, шарқы-шалғайдан шаршап келгендей болып діңкелеп жүретін. Сонысына қарамай асы бола, артық, есіріп сөйлейтін. Ұрылардың көбі-ақ мәрт болады, ал Асанжан уәдеде тұрмайтын нәмерттау. Кейде адам киімімен де жақсы көріне береді. Оның інісі Құрманжан да салғырт кісі еді, енді міне, ат үстінде, қолында ақ жалау. Бұлар өзі бір атадан көп болатын. Асанжан, Құрманжан, Тұрманжан, Тұрғанжан, тағы талай «жаны» бар еді. Солардың бәрі ат үстінде. Басына дулыға орнына мұрақ киген, үстінде ақкөбе, жылан қат байланған Асанжан қалмақ көзі сығырайып, жылтыр қара қайыстай, әжімсіз, сақалсыз беті түтеп тұрғаны ап-анық байқалады. Мойнында бес атар мылтығы бар, қолында сүңгі. Астындағы тақымын қысса ытырылып тұрған, шығыршық ойнаған ақ боз бұрнағы жылы конфискеленген Әбдіғали ауылының арлаған аты еді. Аққоян дейтін оны. Аққоян десе, аққоян. Сауырлы бұлт, күпшек сан, омырауы есіктей, ойынды еті бесіктей сұлу жылқы еді. Ол ауыздықты басып, ауызш арандай ашады. Ұзап шаппағанымен ә дегенде ұшқан дуадақты қағып алып кететін ұшқыр жылқы десетін. «Атыңнан айрылсаң да ер-тоқымыңнан айырылма» деген қазақ малдан ажырағанымен ер-тұрманын ұстап қалған екен. Бәрі де атқа сай. Аққоянмен әрі-бері ойқастатқан Асанжанды садаптан көрген кісі қолындағы сүңгісі, байланған қылышы жөн, басындағы мұрағы несі деп күлер еді. Ол анда-санда «Сәмен, Сәмен!» деп айғайлап қояды. Ол есылай айғайлаған сайын оған екі-үш атты кісі келіп қосылады. Тіпті тойға, топқа баратындай көгілдірікті өмілдірік салып, ат-жабу жауып алғандары бар. Соның бірі Тұрманжан екен. Астындағы жорға

торыға өмілдірік салып, атын бөрікөз бөзбен жабулапты, өз үстінде қаражамшы, қолында қайқы.

— Тұрманжан! Өмілдірігінді алып таста! Жабуыңды бөктеріп ал! — деп айғайлады Асанжан. — Бәрің де өмілдірікті алыңдар, аттын шабуына бөгет жасайды. Сәмен, Сәмен! — Даусы киеніңін дауысындай ащы екен.

— Ой, атаға тартып туған қаракөгім-ай! — деді інісі Құрманжан лағына мекіренген ешкіше.

Күн шығардың алдында шапқылап жоғары жақтан тағы да он шақты атты келді. Дода ауылына сіңбе Бектесбай екен. Ішінде Қали деген інісі бар. Бәрі де мылтық асынған, бәрі сұсты көрінеді. Екпіндері үй жыққандай, Совет өкіметін құлатпасқа немене дейтін сияқты. Шамасы олар Совет өкіметін жұлып алып тастай салатын, байдан қалған қойшының ескі жалбақ тұмағындай көретін болса керек-ті. Тобыншақ мінген Бектесбай тобы келген соң, Асанжан кіндіктегі, Жайсаңда отырған ауылға қарай ат қойды, әлемет жасамақ, талайын сынамақ.

— Сәмен, Сәмен! — Екі жүздей атты адам қиқулаған қызғыштай ұран салып, патырлатып шаба жөнелді. Әрине осының бәрі бірдей бірдеме біліп, Совет өкіметіне саналы түрде қарсы шықты деу зайғы еді. Түндегі екі жаяу екіл таңертең аттылар арасында да, ауылда да болмай шықты. Мүмкін десті кейбіреулер олар түнде қаша көшкен Асанжан ауылымен бірге кеткен болар. Әйтеуір жөпелдемеге келгенде ұзынды-қысқалы екеу құмға сіңген судай қарасын көрсетпей жоғалды.

Жайсаңдағы кіндік ауыл бұлардан мол хабардар болып шық-ты. Ұйқыдағы ауылды, қолхоз басшыларын байлап аламыз деген атты тобырды әскер мылтық атып қарсы алды. Бізге қарсы тұрар күш жоқ деп келе жатқан Асанжан тобыры қатты сасып қалды. Абылыққан, ұрма көңіл әп-сәтте су сепкендей басылды. Тобырдың алды қайта айтатырға қашты. Он шақты адам аттарының басына ие бола алмай, ауылға қойып кетті. Қалшан түкті қара айғырға мінген біреу атының басын тура мектептен бір-ақ тартты. Қара айғыр бір езу жылқы екен, бет алдына шауып, шаужайлап, иментіп алуға кенбейді. Ат тұмсығын мектепке тірегенде, ол жерде тұрғандар өзінен-өзі тұра қалған қара айғырдағы сылаң қара мұртты, мылтық асынған салдауыр жігітті аттан аударып алды. Қасабек? Кәдімгі Совет өкіметі орнағанда белсенді болып, бірақ артынан Есперді өлтіруге қатысып, сотталып кеткен Қасабек. Ол жөнінде «түрмеден қашып кетіпті» деген сөз жүретін. Енді жылан арбаған торғайдай өзі келіп қолға түсіп тұрғаны мынау. Ол асты аяғымен, шанақты шанағымен ішетін мешкей кісі болатын. Қараңғы қорадағы ақырға байлаған аттай семіз, қомақты кісі еді, енді жалқау қатынның ұршығындағы шүйкедей мұштиып қалыпты. Сасқаны әлде діңкелегені екені белгісіз, ыржыңдап күлген болады.

«Ит болдырса үреді, адам болдырса күледі» деген, шамасы, осы болса керек.

— Е, Қасеке, бізді әуре қылмай өзің келгенің жақсы болды,— деп күліп жіберді Әбдіқадыр Бабажанов.

— Адамның бақыты ұшқанда, құты қашқанда қашанда осылай ісі қырын кетеді білем, енді біттік қой, қолға түсуге еркім бар дүр,— деп пұшайман болып отыра кетті Қасабек.

Асанжан адамдары ат басын іркіп кейін қарай атыса қашады. Колхоздағы еңкей қаса тұлпар, сайгүлікті түнімен таңдап мінген олар әдепкідей құйғыта шауып, әскерлер атына мінгенше Кек далаға жетеді. Ауылда тұрып атқанда ұңғыдан ұшқан оқ үш адамға тиді. Біреуі атқа сүйретіліп кетеді де, екеуі аттың жалын құшқан қалпымен жөней берді. Біле келсек бұлар таң атып кетіп, қыл құйрық деп кез келген тобышақты ұстап мінген Бектесбай адамдары екен.

Әскерлер аңқытып Жиренайғырға еңкейгенше кетерілісшілерді қуады. Ақмолаға жеткенде алдында он шақты атты ғана қалады. Басқалары қайда кеткенін білмей, көз жазады. Тек аттың жалын құшқан Бектесбайдан басқа ешкім қолға түспейді. Оқ қара саны-нан тиген екен, қансырап атқа жүруге мұршасы келмей, жаралы он аяғының санын қолымен басып, ілбіп қалған жерінде ұсталды. Қасаласқанымды оңдырман деп жүрген Асанжан қашып, әйтеуір қолға түспей, Алмалы-Долаңқара қайдасың деп шыңайтқа тартып, жымып кетті.

Сол күні кешке Алмалы-Долаңқарадан келген ауылдың тоқсан бес түтінінен басқасы қайда кеткені белгісіз, зым-зия жоқ болды. Еспер колхозы көпе-көрінеу колхоз болудан қалып, оның үстіне Асанжан көтерілісі «Ақсенгір» колхозындағыларға да әсер етіп, екі колхоздағы мыңнан аса түтіннен бес жүздейі ғана қалған соң бір-ақ колхозға біріктіруге тура келді.

Ертеңіне әскерлер ерттеулі он жеті атты айдап қайтты. Бір қызығы он жеті аттың бәрінің ауыздығы алулы, тізгіндерін басына түйіп қойған. Аттың әрқайсысын әр сайдан алған. Әскерлер олардың үстіндегілердің бәрі өлді деп есептеген. Тіпті де олай болмапты, інім. Ол кезде сайсайдың, қобы-қобының бәрі шырыштай қалың, ит мұрыны өтпейтін қорыс, шоқ-шоқпыт, бұта-сая, түйетікен, шоңайна. Көтерілісші қазақтар біртіндеп аттарынан түскен де, аттың тартпасын мықтап тартып, ауыздықтарын алып, тізгінін түйіп, қамшымен сауырынан салып-салып қалып жіберген. Ат ет қызуымен біраз жерге шауып барып, жайылып тұра берген. Көрдің бе, інім, өлім артынан қуып келе жатқанда да қазақ мал өлмесін, оттасын деп ауыздығын алып жіберген. Осы жерде халықта айтылатын бір аңыз ойына орала береді. Қай заманда, қай дәуірде екенін кім білсін, шамасы құл ұстайтын заман болса керек. Бір құл қашып бара жатыпты. Ол жылқы бағатын құл екен. Кетіп бара жатып қалып бара жатқандарға айтыпты: «жаңбыр жауып тұр деп жылқыны жаңбырлы күні де суғармай қоймасын». Көрдің бе, інім, ата-

дан қалған сол мұра-малсақтық бұл жерде де орнын тауып отыр, кейде соны ойлағанда малдың жайын өлерінде де ойлап жатқан қазаққа қалай ғана мал бітпесін деп ойлайсың. Ал өздері кез келген су орган оқпанға, шұңқырға, бұта-бұтаға шоқпыт-шоққа, шидің арасына жермен жексен болып жатып қалған.

Ертеңіне екі топ аттарымен ауылдарына қайтып келген «Қайда, қалай жасырындыңдар?» дегенге олар аттарымызды жы-ғып, аяғын байлап тастап, өзіміз сол төңіректе жасырынып жаттық дескен. Әскерлер ұзаған соң екітүгей аттарына мініп ауылға қайтқан да, колхозға жақындай бере аттың ер-то-қымын сыпырып алып қоя берген де, өздері ер-тұрманды арқалап ауылға келген...

Асанжан көтерілісі басылған соң, Бабажановты шақырып алың сұрасам ол жоғарыдағы әңгімелерді айтады да:

— Бірде бір адам өлген жоқ. Тек Бектесбай қара санынан жараланыш қолға түсті,— дейді. Інім, бұрынғы, жиырма сегізінші жылы Оралға айдалып, ол жақтан қашып-пысып келіп, енді малды ауылды торыған қасқырдай осы төңіректе қашып жүргендерге тағы біраз адам қосылды. Асанжанмен бірге отыздай адам кетті. Мұның бәрі кәсіп етпей, колхоз малын талаушылар болды, сөйтіп, інім, жоқшылықты бірінен бірін өзіміз туындатып, көбейтіп алып жаттық, Колхоздарымыздың берекесі қашып, әйтеуір барына ие болып отырдық.

Мына бір жайға қараңыз. Колхоз басшылары көтерілісшілер атты қайдан алды, қалай алды демес болар ма? Жоқ, колхоз малын жоқтау ешкімнің қаперіне келмейді. Үш күннен кейін колхоз кеңсесіне ілбіп зорға кірген Құмарбайды көргенде ғана малды еске алады.

Қашанда бір бөрі ұйыққан кез болмаса, қазақ жылқы күзетпейді. Тек бір шуланның артына он арлан түсіп, әуегіленіп жүргенде қасқыр қауіпті. Мұны мал баққан ел атам заманнан біледі. Егер жылқышы түнде жылқыға келсе, жаз болса кебен-тайын, қыс болса кебенегін киіп, мінер атының шылбырын білегіне байлап ұйықтайды. Әрине үйдегілер мұны күзетте деп ұғады. Құмарбай да жылқы өрістете кеткен.

Құмарбай ол кезде жас жігіт еді, інім. Өзі сорайған ұзын, арық болатын. Ол кезде де, қазір де сонау Киров колхозында әлі жылқы бағады. Салдырлаған, көп сыр сақтамайтын, әңгүдіктеу, дәлдүңгір адам Құмарбай іңірдегі ызындаған маса кетіп, жел тұрған шақта керіскей кебентайын төсей салып, бешпентімен көз шырымын алуға кіріседі. Бір уақытта жылқы шұрқыраған соң көзін ашып алса, қолына байлаған атының шылбыры сол қалпында байлаулы, аты жоқ. Шылбырдың екінші ұшы құрық бойы жерде жатыр. Жанындағы құрығы да құрышты. Ол қарбаң-құрбаң түрегеліп, көзін уқалап, жан-жағына қараса, жетіқарақшы әлі жамбастамапты, Жылқы жатқан беткейге көз салса, жылқының пысқырыңғаны, дүркіреп қашқаны естіледі. Тіпті қара қаптан түн болса да көзі қараңғылыққа үйренген Құмарбай жылқының ішінде адам жүргенін байқайды. Ақбоз атпен сыпыртқан біреу асқан

сақауаттықпен «Сен Сартжан, көкті мін», «Жомарт, сен Қараманның шұбарын ұста» деп жұртқа ат үлестіріп, шүлен тарқатып жатыр. Құмарбай байқаңқырап қараса, жылқының арасында адам толып жүр. Не болса да деп Құмарбай:

— Аттан, аттан! Ұры келді, ұры! Аттан, аттан! — деп айғайын салады. Қу даладағы медиен қырқа ішінде менің дауысымды кім естиді деп ойламайды да. Сөйтіп өзін-өзі әшкерелейді. Ұрылар аттандаған жылқышының қасына жетіп келеді де:

— Ей, айғайлағанша ат ұстап бер! — дейді.

— Сен кім едің, мен ат ұстап беретін, ұры неме! — дейді Құмарбай тұра жүгіріп. Құмарбайды екі-үш жігіт бас салып, ұстап алады да, қолындағы қыл шылбырмен қол-аяғын байлап, тұрған жеріне тастай салады...

Құмарбайдың аяқ-қолын байласқан Құракбай деген жігіт үшінші күні ауылда ол көрінбеген соң, өздерінің оны қырқаға байлап тастап кеткені есіне түсіп, екі сағаттай жүріп жылқы алған қырқаға жетеді. Құракбай барғанда Құмарбай:

— Ой, ағатай, адам баласын көретін күн болады екен-ау! — деп жылап жібереді. Құракбай Құмарбайдың аяқ-қолын шешіп, ауылға ертіп келеді. Екі күн тамақ ішпеген, бүрісіп бұғаулы жатқан Құмарбай аяғына шөптің түбірі тиіп кетсе құлап, колхоз кеңсесіне зорға жетеді.

— Ия, малың аман ба? — дейді колхоз бастығы Байзақ Рахметбаев.

— Қайдағы мал? Мені байлап тастап жылқыны Асанжан әкеткен. Қалғанының қайда екенін білмеймін...

Құмарбайдан бар жайды білген соң ғана адам жіберіп, та-ланды малдан жылқыны, сиырды жинайды. Бақташы екі жігіт — Көркем мен Сәрсен де жоқ, сөйтсе олар көше қашқан жұрт әрқайсысы өздерінің колхозға ұйыстырған малын алған соң, өздерінің сиырларын ұстап алып, қалғанын өзенге айдап тастап, кетіп қалған. Сонымен жылқының тең жартысынан көбі жоқ, сиырдан жиырма шақты тана-торпақ қалыпты. Інім, тағы да жиналыс өткізу кезегі маған келіп, Ақсенгірге бардым. Адамы қашып, малы талауға түскен екі колхоздың басшыларын іздесем ауыл белсенділерін Орымбек деген ауқатты адамның үйінен таптым.

Сәске түс. Күн ысып, әуе айналып жерге түскендей. Күн таңертең шағырмақтанады да, түске таман шарбы бұлттар ыдырап, аспан ашылады. Сонан соң күн батқанша қайнайды.

Шөп шабылып жатқан екі жерде де не бригадир, не колхоз басшыларынан адам жоқ. Кеңсе сып-сипалама. Қайда кетті деп, екі колхоздың сулы жеріне салған егінін де аралап шықтым. Басшылар онда да болмады.

Түске дейін арасына сала ғана сына болып тұрған екі колхоздың да барлық егісін, шөбін аралап болдым. Ешкімді таба алмай колхоз

кеңсесінің жанына келіп, аттан түсіп тұрдым. Әдеттегідей атымның ауыздығын алып, бос қоя бердім. Атым осы жердегі ескі жоңышканың орынынан бір-екі үзді де, бүтелектеп, оттамай қасыма қайтып келді. Сонан соң Тарланкөкті колхоз кеңсесінің жанындағы лапасқа апарып қойдым. Енді қайтып келіп, кеңсенің көлеңкесіне жүрелеп отырдым. Қайда кетті екен, бұлар. Япыр-ай, науқанның қызған шағы. Шөп шабуды аяқтап, енді егін жинауға кірісетін уақыт болды. Ең болмаса кеңседе колхоз есепшісі де жоқ. Әлден уақытта екі-үш жасар қыз баланы арқалап, басын ұстарамен тап-тақыр етіп алғызған бес жасар ұл баланы қолынан жетектеп бір кемпір қасымнан өте берді.

— Шеше, ауылдың белсенділерінің қайда екенін білмейсіз бе? — Кемпір кір-кір кимешегінің етегімен көзін сүртіп, сол қолымен арқасындағы қызды ұстап тұрып, оң қолын маңдайына көлегейлеп маған қарады.

— Е, қай баласың? :— Ауданнан келіп едім.

— Е, келсең қайтейін. Келгіш-ақ бұлар. Сідігін ішіп, мас болып қалғып-шұлғып қайтады. Отыр анау Орымбектің үйінде. Бастықсың-ау, шамасы. Аналардың дымы шықпай қалды ғой, гуілдеп жатыр еді.

— Орымбектің үйі қайсы, шеше?

— Анау шеттегі көк есікті үй.

— Рақымет, шеше!

— Е, қой, әрі. Рақыметшіл екен, бұлар. Анау жынды суыңды ішкен соң рақыметінді қойып, боқтауға, сабауға дайын тұрасың ғой.— Кемпір қисықтау, турашылдау кісі болуы керек. Бұрын, інім, қазақтың кемпірінің көбі ақ осындай ағынан жарылатын, барын ауызына ұстап, ішіндегісін ақтарып салып отыратын. Барлық жай-жапсарды осы ауызы омырайған кемпірлер жасырмай жосытып, айтып отырушы еді. Кемпір өтіп барып қайта бұрылды. Маған ақия қарады.

— Немене бір құлағың жоқ па, өзі? Андағылар шұнақ келді деп жатыр еді. Е, шынымен бір құлағың жоқ екен ғой. Алда қарағым-ай, бір құлағың түп орынымен жоқ қой. Оны қайнына қалыңмалға беріп пе едің? — Мені танып тұрған, әлде мен туралы жайдың бәрін естіп алып, әукейсіп, мүдәйіленіп тұр ма екен деп қалдым- Бірақ пішіні ондай кеткіш, кер адам сияқты емес. ,

— Ия, шеше, шұнақпын. Құдай бір басқа бір құлақ жетеді депті ғой,

— Халықтың сүйгені шұнақ болады дағы.

— Кім біледі, шеше. Жұрттың қалай дейтінін.

— Ой, балам-ай, далада сұңқар түлесе, жүніне қарға жоламас. Кейпіңнен жұрт қорқып отырған жоқ па! Андағылар сөйтіп тыбыр етпей отыр ғой. Күнде отырыс, күнде мас. Бұл елдің қамын кім ойлар. «Белсенді, белсенді, жүрген жерің өргенді» деп Байғазының айтқаны дұрыс болды-ау деймін, балам.— Кемпір маған ой салдым, миы болса қалғанын өзі жалғастырар дегендей одан әрі сезді көбейтпеді. Жиыр-

ма шақты қадам жүрген соң қайта бұрылды.— Издегеніңнің бәрі сонда отыр.

Үйге жақындағанымда әлдеқандай бір егес, керілдес естілді: «Кеп қалды, қойыңдар!», «Қойдык қой, болмайды!» деген дауыс шығады. Оған қарайтын адамдар емес сияқты, аналар. Табаны қызып алған тыз етпе жылқыдай жұлқынады екеуі.

— Сен әдейі істедің,— дейді бірі.

— Жоқ, өзі солай келді,— дейді екіншісі.

— Жоқ, сен әдейі маған келтірдің,— дейді шамасы алғашқысы.

— Ал ендеше кесіп ал, әдейі істедім,— дейді соңғысы.

— Қойыңдар, ойбай, қойыңдар! Келіп қалды,— дейді тағы бірі. Дәп осы бір сәтте амандасып мен кіріп бардым.

Орымбектің үйі едәуір үпті екен. Алты қанат үйдің төріне жұкаяқ үстіне жиналған жүк уықтың қарына тіреліп тұр. Үйдің бау-шуы да әдемі. Көзіме айрықша түскені оң босағадағы адал бақан. Таныс сияқты. Қайда көрдім екен. Ту, қазақ даласында адалбақан жалғыз жасалды дейсің бе? Мықтағанда бір дүр шіленгер зергердің қолынан шыққан болар. Даңғайыр ұста аз ба, бұл елде. Бетіндегі іреусіз күмістің нақышы қандай әсем, қандай таныс. Ағашқа сапталған жердегі сәкинегін байқайыншы. Шапқан нақышы да сондай. Отырған соң қарайын деп енді адалбақанға қадалғанымды біреу сезіп қала ма деп көзімді аударып әкеттім. Терден төселген откиіз үйдің табанын тегіс алып жатыр. Тек төрде отырған белсенділерге төселген ыдырыс көрпе оның біраз жерін қымтап, жауып қалған. Менің бұл үйге келмеуіме, белсенділерді кеңсеге шақыруыма да болатын еді. Олай етсем кейбіреулері «жоқ деп айт» деп келмей қалуы кәдік еді. Сонан соң мына отырған үйдің кімдікі екенін, қандай тұрмысы бар екенін де көзіммен көргім келді.

Менің бұл үйге бұрылғанымды бұлар жабықтан, керегенің көгінен сығалап керіп отырса керек-ті. Бірақ мен осылай кіріп келеді деп ешкім ойламайды білем. Шамасы даладан хабарласады десе керек. Ол кезде қазіргідей ресмилік жоқ. Інім, танымайтын үйге үйдің іші тегіс ұйқыда жатқанда да сәлемдесіп кіре беруге болады. Сол дәстүрді мықтап ұстанған мен де кіріп бардым. Бұлай рұқсатсыз кіру қазақ ауылында сөкет емес. Қайта, керісінше, үлкен кісілер отырған үйге сырттан дабыстаған ұят. Кісімсінгенің кім, бұл кімнің шікірәсі деген қың сонда естіледі. Төрде Тайшықов пен Байзақ Рахыметбаев екеуі қатар отыр. Оған жалғас Нұрлан Тоққұлов. Бұл жақында Дәуренкүл боқтап, оны соттатып жіберетін белсенді. Сонан соң танығаным тайқы маңдай, бүйрек бет, селдір мұртты қайрақтай қара жігіт Әбілахат Әбді-рахимов. Оны сонау он алтыншы жылғы көтерілістен білетінмін. Патша жер шенеушісіне Бейсенбай мойнына арқан салғанда үйден далаға сүйреп шығысқанның бірі. Ол кезде он алты-он жетідегі Әбілахат та патша түрмесін бір сүзіп шыққан. Сонан соңғы отырған Есперді өлтірушінің бірі Жарқымбай молданың баласы Әубәкір. Әкесі қамалғанда алдыма

талай келген. Тапалтақ сары жігіт — Мақа Мұқаев. Соңғы екеуі мен кірісімен қарғып тұрды да, Мақа шала амандасып, есікке көбелеп барып, ата жөнелді. Шамасы төрдегі екі қошқардың басы бір қазанға сыймай жатса керек. Мен кіргенде төрдегі екеуінің қолы айқасып, жағаларына жармасып қалған екен. Сол қалпымен ол екеуі қатып қалды. Кәдімгі қапылыста тоққа тиіп тартып алынбай қалған қол сияқты. Бала қораздай біріне бірі қожандаған екеуі тұруға ыңғайланып, тізерлепті. Тұрмақ болса керек. Енді аз болса жұдырық салысатындай. Не істерін білмей қалғандар сәлден кейін күлген болып отыра кетті.

Үйден арақтың иісі мұнкіп тұр. Арақ ауылға отызыншы жылдары келді. Тіпті алғаш арақ ішуді біреулер дәреже көргендей де болған. Отырғандардың кебі-ақ бұлғарыдай бұлқыған мырза, масан. Әсіресе төрдегі екі бастық шамадан тыс борлаттай қып-қызыл. Төмен отырғандардың да қисандап, езуі жиылмай қалғандары көрінеді. Ал үй иесі Орымбек бұл ауылға Самсыдан жаңа қоныс аударған деп еститінмін. Колхозға кірмей қойған, жекеменшік. Өткен күзде «салған астықты төлей алмаймын, мен кедеймін, Ақсеңгірге құрымсақ-кірмемін» деп келген болатын. Ақыры ол астықты төлеген. Ол ішпеген сияқты. Сүп-сұр өңінен ештеме байқалмады, қағанағы қарқ. Әбдесте шалып, ақбүркеншек жамылған мұнда ешкім жоқ.

— Әбеке,— деді Әбілахат,— біздің күнде көрген күніміз осы. Танертең бас жазуға келеміз. Содан түнімен ішеміз де, ертеңіне тағы бас жазамыз. Сол бас жазумен жаз өтіп барады. Әбілахат жалпы арақ ішкенмен бұл үйде ішпеген. Ол тура Нұрланға жармасты. Және сол кезден «Әбілахат қара книжка» атанған, үнемі арыз жазатын адам еді. Жазғандарының көбі расталатын да. Бұл жолы ашық кетті:

— Арақты бастаушы мына Нұрлан. Мас болып алады да, жұртқа тиіседі, сонан соң мені — партияны боқтады деп жұртқа жала жабады.

— Ей,— деді Нұрлан, беті қызарып.— Ұры бауырыңды ұс-татқанға өліп бара жатырсың ба, әлде Асанжаныңның көтерілісі тұншығып қалды деп ішің ұдай ашып бара ма?

— Сен Маман қашаннан бері жетіліп қалып едің, ей. Ит жарыстыратын Маман едің ғой, кешегі. Көп ит жүйрік, көп иттен көк ит жүйрік. Жоқ, ақ ит жүйрік, ақ иттен қара ит жүйрік дейтін итін мақтаған белгілі желкөтен емес пе едің!..

Мен дастарқаннан ауыз тиіп колхоз кеңсесіне кеттім. Бірі жел шайқағандай қаңғалақтап, енді бірі су ішіндегі қоғадай жапырылып белсенділер еріп жүріп берді. Колхоздың бар шаруасы иесіз қалған. Асанжан көтерілісі де мұнда емес, әлдебір басқа жақта болғандай. Колхозға ұйымдасқан бес жүз түтіннен төрт жүзден асасы үш-төрт күннің ішінде ақ тарап кеткен. Кімнің колхозда қалып, кімнің қашқанын да, олардың қайда кеткенін де бұлар білмейді, жұмысы жоқ сияқты. Талауға түскен мал анау. Қалған малдың есебі де алынбаған. Асанжан көтерілісінің салдарынан толқыған жұрт жұмысты қойған. Соңғы төрт-бес күнде кол-

хозда жалғыз Төлентайдан басқа ешкім жұмысқа шықпаған. Көк шолақ атын борбайлап Төлешбай бригадир басын тауға да, тасқа да ұрып ешкімді жұмысқа шығара алмаған. Ал жұртты ұйымдастыруға тиісті екі бастық — ауылдық Совет төрағасы Тайшықов, колхоз бастығы Рахметбаев ауылға жаңа жұға бастаған ермек арақты қызықтап, артына түсіп күнде бас жазып кеткен.

Інім, колхоздың өзінде бұларға шара керуіме, сол жерде-ақ оларды орнынан алуыма болатын еді. Ол кезде ондай жағдай бола беретін. Мүмкін ол сол кездегі ұр да жық, Голощекиндік басшылықтың ұшқын-әсері болар. Бірақ мен әлі біраз нәрселерді анықтап алмай тұрып, оларды қозғағым келмеді. Менің артымнан арызын алып, сол күні-ақ Әбілахан та жетті. Мұндай мәселені ұзатып жіберуге де болмайтын еді, өйткені өзі де үлiнгiрдей үлпiлдеп ұшқалы, әлде үзілгелі тұрған колхоз құрылысын дереу қолға алып, шара көрмесе болмайтын еді. Сондықтан ауданнан үш адам жіберіп, үш күн ішінде мәселені тексеріп алып, Тайшықовты да, Рахыметбаевты да орнынан алдық. Екі колхоздан бір колхоз жасадық.

Біле келсек Асанжанның Совет өкіметіне наразылығы, көтеріліс жасайтындығы он шақты күн бұрын-ақ мәлім болған. Кол-хоз бастығының орынбасары Нұрқалық Әлімбаев оны Тайшықовқа да, Рахыметбаевқа да айтқан. Олардың басынан асып кете алмаған. Ал анау екеуі шөлмектің түбіне таласып жүріп оған мән бермеген, бұл шиі шыққалы тұрған істі ескерусіз қалдырған. Тіпті бұрсанған ұрының іле таппай, әркімге тиісіп жүргені де күні ілгері белгілі болған. Ол үнемі Орымбектің үйіне келіп жүрген. Бұл жерде тап жауларының да қолы бар болар. Бірақ інім, шамадан тыс заңды бұзу, озбырлық, зорлық шаруалардың ашық көтерілісін, наразылығын туғызды. Сондықтан да болар бір жиырма тоғызыншы жылдың өзінде елімізде мың үш жүздей «кулактар» бүліншілігі болған еді.

Шөлмектің түбіне таласып демекші, інім, жаңа ауылға жаңалық сияқты, жігітке көрік, ерік беретіндей болып кірген арақты ішудің де өз жоралғысы қоса кірген. Мысалы Тайшықов пен Рахыметбаевтың егесін айтайыншы. Тайшықов Ботпай ауылына қалыстан келген-ді. Соны пайдаланған Рахыметбаев қораланып арақ ішуге жиналғанда арақ құятын жігіттерге (бәрі өз туысқаны ғой) шөлмектің түбін ылғи Тайшықовқа келтіруді айтып қояды. Өйткені шөлмектегі арақтың түбі кімге құйылса, келесі арақты алу соның еншісіне тиеді. Міне, сөйтіп ботпайлықтар арақ ішкенде де Тайшықовты жалғыздап, басқалар бір шөлмектен арақ алғанда ол екеуін, кейде үшеуіне шығындар болуға тұс болады. Мен көргендегі бұлардың даулары да сол шөлмек түбінен туып, жағаға жармасып жатқаны екен...

Үш күннен кейін екі жылдан бері таба алмай жүрген ұрымызды да ұстадық. Ол жекеменшік, Ақсеңгірдің кірмесі Орымбек болып шықты. Жиырма сегізінші жылдың күзінде Жаубайды конфискулеп, мүлкін

хаттап, кедейлерге баққызып қойғанда, Ұлбай бәйбіше үйіне ұры түсіп, үптеп кеткен-ді. Сол мүлктің бәрі бір-ақ жерден, самсыдан көше қашқан Орымбек үйінен табылды. Күміс адал бақан, Ұлбай бәйбішенің төсегінің басынан алынған мылтық, еліксапты, жиырма төрт таспа сақ өрімді қамшы, он шақты кітап, екі түкті кілем, тағы басқа Ұлбай бәйбіше үйінің үйелмені алынды. Қоныс аударудың себебі белгілі болды...

Қазақ «бүлінгеннен бүлдірге алма» деген ғой, інім. Дүние деген көздің құрты. Оған адам тоймайды, тек ақылы асқан адам ғана барына қанағат қылады, көз құртынан жоғары тұрады. Ал мынау Орымбек «ұры иттің артын сұқ ит жалайды» дегендей Жаубайға бұйырмаған дүниені иемденбек болып, ұрлап, сол үпті сақтау үшін атақонысын тастапқашты. «Ұрлық, ұрлық түбі қорлық». Міне, енді сол қомағай, қорқаулықтың азарын тартып, түрменің түбін көздеп кетті. Халық «нысап сайын береке» дейді, інім. Бар уақытта адам нысапты болуы тиіс. Нысапсыздық, қанағатсыздық қашанда пәлеге ұрындырмай қоймақ емес. Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыздық жалғыз атын сойғызады. Мұны бұрынғылар да білген. Олар ұрпағын одан сақтандырған. Есіңде бар шығар, інім. «Мұңлық — Зарлық деген дастанды оқығаның бар ма? Ия, сен оны оқымаған шығарсың. Сенің оқитын кезінде ол дастанды шығармай қойды ғой. Сол дастанда Қаншайым менің қалыңыма осы қалтаны толтырып алтын ал деп әкесіне екі елі қалта береді ғой. Шаншархан алдымен Жаудыр шалды келеке қышады, қызына сұраған қалыңының сияғын дейді. Ақыры оны толтыра алмайды. Сонда мыстан келіп ханның бүкіл қазынасын қырнап, түк қоймай салғанда толмаған екі елі дорбаға бір шым-шым топырақ салады. Нақ сол сәтте дорба толып, асып төгіледі. Сөйтсе дорба көз терісінен жасалған екен. Демек, інім, адамның көзі еш нәрсеге тоймайды, өлгенде топыраққа ғана тояды деп тұр ғой, кисса. Адамға ақыл берер, адамның тойымсыздығын айтқан осындай ғибратты шығарманы да қазір оқытпай қойдық қой. Оны оқуға тыйым салғандар одан діни бірдеме тапқанға ұқсайды. Сорлылық емес пе, өзін айтшы, інім. Әйтпесе бұл киссаны оқыған адам көзқалтаны неге айтты деп даққа қалмас па, адамның көзінің тұңғыық тойымсыздығы оқығанның ділінде мәңгі ұмытылмай қалып қоймас па. Солай інім. Сол тоймас көз, толмас құлқын, қомағай пиғыл Орымбекке Жаубай дүниесін ұрлатты. Өз малын сыйғыза алмай жүріп, құйрығына дарбитып қалжуыр байлап алды. Енді ол тойымсыздықтың сазасын да, жазасын да тартағын болды.

Сонымен, інім, колхоз болдық. Азғантай егін салдық. Малсыз, егінсіз ел әлі қарекетсіз жүріп жатты. Жоғын бары асырап жатты. Қарға тамырлы қазақ. Бүтінін бөліп жеді, жартысын жарып жеді. Қазір, інім, басқа ұлттың адамдарымен араласуымыз көп қой. Олар жұмыссыз, қызмет істемей жүрген қазаққа «қалай жан сақтайды?» деп таңданады. Өйткені олар бәрін өздерінің әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен есептейді. Шырағым, мына сен журналиссің, мен мына бүгінгі қызметім атшы.

Шынын айтсақ сен де, мен де жұмыс істемей-ақ бір-ер жыл елді-күнді жан сақтай алар едік. Оны сен жақсы түсінесің. Сенің нағашың бар, жиенің бар, құда-жекжатың бар, біреуге әкеңнің өткізгені бар, өзіңнің біреумен үзірің бар. Осылардан сұрасаң әрқайсысынан бір-бір қара аласың, тіпті жүдеп жүргенінді көргенде саған сұрамай-ақ бір-бір атын өздері мінгізеді. Егер олардың басына күн туса, ондай жақсылықты оларға сен де жасайсың, қол ұшын бересің. Ал құда-жекжаты емес, не-мере-шөбере туысқанымен емес, өзінің бірге туған ағасымен, апасымен қатыспай, жылына не бір көрісіп, не көріспей жүретін, келе қалса бірінен бірі тамақ ақысын, жамбас ақысын алатын адамдар «жұмыс істемей қалай күн көреді?» дегенде таңданасың ба, таңданбайсың ба! Тіпті, інім, мен теріме сыймай құрсанып, ыза боламын. Әрине, жұмыссыз жүрмеу керек, қарекет қылу керек. Ал адам болған соң, басына сондай бір іс түспей тұра ма? Сондайда қазақты бір-ер жыл ағайын-туғаны асырай береді. Оны қазақ елді-күнді күн көреді дейді. Отызыншы, отыз бірінші жылы қазақтың бәрі сол елді-күнді күн көріп жатты. Алда сайрақ жатты. Ол сайрап жағпады. Оның байраққа апарарын, әлде дайраққа анарарын білмей мен өз басым дүмгандау болып, сенімсіздеу жүрдім. Шерменделігімді сыртыма шығара алмадым. Өзіңнен зор шықса, екі көзін сонда шығады!

* * *

Шұнақ шал өзінен-өзі қарқылдап күліп жіберді. Мұным рабайсыздау болды ма дегендей езуін тез жиып, көзінің дымын сүртіп, түнере қалды. Сонан соң алдыңдағы төңкерулі жатқан тостағандарға қайта шүпілдете қымыз құйды. Қымыз таусыла бастады дегендей месті сілкіп-сілкіп қойып, шылдыр-шылдыр еткізіп, маған қымыздың аз қалғанын аңғартты.

— Мейілі, кешке дейін іштік қой, таусылатын уақыты да болды ғой,— дедім мен. Шал бір қулығы бардай езуінен жымылып, шұнақ құлағының орнын оң қолымен бір сипап қойды. Сонан соң сол қолымен оң жақ шынтағын, қолының қарын бір сәт укалап отырды. Аспанды тегіс қайта шолды. Еш жерде бұлт жоқ, Суықтөбе басында ғана бір шөкім ақ бұлт ілініп тұр. Күн жауады ма дегені болуы керек, басын шайқап-шайқап жіберді, әлде сүйегі сырқырап кетті. Жаста көрген азаптың тебіні қартайғанда азар береді. Ол енді жазылмайды, сүйекпен кетеді, көбіне қартайған адамдарға жолап кетсең ауруын айтып жүріп береді. Ал Шұнақ ол жөнінде әзір қыңқ деген жоқ. Ол әңгімені жалғауға ыңғайланып отырды.

— Сұлыбынан текті жаралған адамдар болады. Сен бүгінгі коммунистсің. ғой. Оны ұнатпайтын боларсың,— деді ол маған көз қиығын бір тастап.— Ұнат, ұнатпа, тұқым қуалаушылықтың болатыны ақиқат. Тіпті мына фермадан-ақ мысал алалық. Егер тұқым қуалаушылық

жоқ болса, неге шәндік қошқарды күйек алуға жібермейміз. Неліктен Европа елдерінен әр түрлі асыл тұқымды бұқалар тасимыз. Кейде істеп жатқан ісімізге сөзіміз сай емес, кейде керісінше. Тіпті әлімсақтан атадан балаға мирас болып келе жатқан сонау Майқыдан, Асаннан қалған сөзге шәк келтіретін боддық қой. Әр сөзден саясат іздейміз. Алашордашылар пионираны күйсандық деп айтыпты, сондықтан ол сөзді айтауымыз керек екен. Па, шіркін! Саясатымыздың сияғын! Немене сонда басқа қазақ күйсандық деп айтпап па? Ал соны да бізге Москва айтқызбай отыр ма? Сен журналистсің ғой, айтшы, қане! Күйсан-дықтан қандай жаулық, қандай ұлтшылдық тауып отырсың? «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас». Міне, бұл мақалды да орыстар айтпа деді ме? Мәтелді марксизм бойынша жасау керек пе. Қап, әттегене-ай, біздің ата-бабаларымыз сөз жасағанда, мақалдап-мәтелдеп сөйлегенде оған таптық көзқараспен қарай алмапты! Олары ұят болған екен. Сендердің газеттерің «қазір» демей «қазір» деп жазатын болды. Бір оқыған таныстан сұрап білсем әлгі «Тасбақа торының» істеп жүргені екен. Сонда түбінде коммунизмге жақындағанда «к» дан безіп, «к» ге жақындай беруіміз керек көрінеді. Өйткені «Қ» қазаққа тән әріп екен, шамасы «к» ден гөрі ұлтшылдау болса керек-ті. Ал соны да Москвадан көреміз бе?

— Сен өзіңше ойға кеттің ғой. Әңгімем ұнамай бара ма?

Айтып едім ғой, ендігі әңгіме саған жақпайтын болуы мүмкін деп. Міне, бірді айтып тағы бірге кетіп қалдым. Адамның сұлыбын, зарпын әңгімелеп кеткенім әлгі Қамысбаевты айтпақ едім, інім. Сол Қамысбаев тексіз иен адам екен, жұртты текке қан қақсатты ғой.

Ботпай болысының жартысын Алмалы-Долаңқарадан көшіріп келіп, колхоз ұйыстырған болып, Қамысбаевтың қара жүректігін арқалап ауданға қайттық деген жоқпын ба. Ботпай болысын екі колхоз етіп ұйымдастырған соң облаткомге, обкомге істелген іс жайында, оның барысы туралы анықтама жаздым. Онда жа-сыратын не бар деп болған істі болғандай баяндадым. Қамысбаев пен Шемишевті адамшышықпен, коммунистік идеямен қоңсы-сы-бай қона алмайтын адамдар деп көрсеттім.

Сол күндері біз Ақсенгірден жеткенше-ақ Алматыдан облыстық прокурордан телеграмма келіпті: «Фельдшер Қожагелді Қилыбаев тез тұтқыннан босатылсын» делініпті. Білсем облыстық денсаулық сақтау бөлімі мәселені бүйірден қойып, Қожагелді мәселесін тез шешіпті.

— Ал басқаларын ше? — деймін мен Колмогоровқа қа-рап.— Басқаларының да кінәсі жоқ қой.

— Ондай жауаптылықты мойныма ала алмаймын. Босат десеңіз қағаз жазып беріңіз.— Оныкі де дұрыс. Басы екеу емес. Аяқ астынан контр болып шығу кімге қолайлы.— Дегенмен,— деді Колмогоров,— кішкене уақыт өтсін, мәселе ескірсін. Сонан соң көрейік.

— Сонда қалай, айыбы жоқ адамның бәрін абаққа қамап, соттай береміз бе?

— Мен не істей алмақпын, Абақ Үйсінбаевич, менің үстімде де бақылап отырған адам көп. Аудан басшысы сіз дәрмәнсіз болып отырған жоқсыз ба? Жүрегімді жыртып қамап отырған жоқпын ба!? — Не дей аларсың оған, енді. Сонымен әр болыстан-ақ осылай адамдар топылдап түрмеге түсіп, теперіш көріп жатты, жұртқа сабыт-ауырталық түсті.

Осы арада мен жазған анықтама облаткомде қаралды. Мені мұнда тыңдаған адам болмады. Қамысбаевтікі дұрыс болып шықты. Облатком мәжілісіне қатысып отырған облыстық соттың председателі Серғазы Күшіков бірдеме дер ме екен деп дәмеленіп едім, одан да қайыр жоқ. Ол үнсіз қалды. Қамысбаев маған қандікеден ырғыған жебедей қадалды. Үйсінбаев «колхоз құрылысына қарсы болғандарға ымырашылдық жасады, большевиктік танытпады. Ал Бабажанов ашық жақтап шықты. Екеуін де орнынан алу керек» деп мәселені тіке қойды. Бірақ мәселе осылай қатты қойылса да, бұл да жаңбырлы күнгі өрттей ерістемей, жайына қалды. Бабажановтың аты аталғанда Шемишев өзеуреп көріп еді, облатком председателі «ауатком өзі көрер» деп қолын сілттей салды. Мен қатты налып шықтым. Артымнан үндемей шыққан Серғазы:

— Абақ, іренжіме. Уақыт осылай болып тұр ғой. Бәрін де босатамыз. Қылмысы жоқ адамды соттамаймыз. Одан да балаларыңды алып кешке біздің үйге кел,— деді. Менің көңілім тоғайып қалды. «Жақсы сөз жарым ырыс», жан жадыратады. Оның сөзі көңіліме медеу болды, әжептәуір көтеріліп қалдым. Бірақ, інім сол кезде Совет Одағындағы (отызыншы-отыз екінші жылғы) коллективтендіру Тундраға он миллион адамды айдап әкетті деген сөз жүрді. Солар Оңабай, Қонысбайлармен толтырылған болса керек-ті.

Інім, сұлыбынан тексіз адам екен Қамысбаев. Облаткомде қарағанда да, қарап жатқанда да мен бұл іске Қамысбаевты көп айыптамап едім. Бірақ қазақ «жөргегінде ұрған» демей ме, бұл нақ сондай кісі екен. Ол енді менің артыма жарық алып түсті. Мен жөнінде обкомға жазба түсіріпті. Зады ол жақта да Шұнақ байқұсты шүнтитқалы жатыр дегенді естідім. Бірақ зайыры оған онша жүлгелене қоймадым. Әділет үшін күресуді өзімнің коммунистік борышым деп санадым.

Қазақта «шығасыға иесі басшы болады» деген мәтел бар, інім. Қамысбаев сөзінің ілгері өрбуіне ең алдымен өзімнің ауажайылғандығым себеп болды. Ауажайылғандық емей не, бай қызымен байланысып қалдым.

Қыз деген қырмызы гүлмен бірдей. Неғұрлым ол құлпырып, мың құбылған сайын әдемі көрінеді. Қалай ғана үзіп алмассың оны, қалай ғана иіскегің келмес. Гүлдің солғынынан шолғыны, көрнектісі жақсы. Ал менің тапқан көрікті гүлім бай қызы болды.

Оның да түрлі себептері бар еді, інім. Гүл күтіміне қарай өседі. Гүл күнде суарсаң гүл болады, уақытында суармасаң қурап күл болады. Ал

күтімді гүл көбіне-ақ байларда еді. Кедей қызына қарағанда олар бой түзеп, күтініп үйренген. Бет әлпеттері де тәуір, киімдері де асылдан, қонымды да. Адам көркі шүберек демекші жігіт адам сөйлескенше, әбден біліскенше әйелдің сыртқы бейнесіне, пішініне, порым-бернесіне қарап ой түйеді. Бай қыздарының пішіні де, дене бітімі де көбіне-ақ әдемі еді. Мен мұны айтуға қорықпаймын. Бұл сөзімнің дұрыстығына шүбәланбаймын. Сен кешеден бері жамандағаны байлар еді, енді неге бай қыздарын мақтап-мадақтап барады деп отырған шығарсың. Дұрысы солай. Байлар үнемі малының барлығын істеп қолы жетер жердегі ең сұлуларды құшуға ұмтылды. Әрине, оған еркек адамның бәрі де жетуге тырмысты. Кім әйелім жаман болсын десін. Дүрбелжін, ойқы-шойқыны, не сойқыны кім ұната қойсын. Бірақ тандағанына, бірін-бірі қитықсыз сүйсе де кедейдің қолы жете берді ме. Ал малы бар қазаққа қатын арзан болды, дегеніне жетті. Тіпті керек десең кедейдің сұлу әйелдерін де солар тартып алды. Әрине сұлудан сумұрын туатыны да болады, дегенмен көбі тегіне, тұқымына тартып көркем, келбетті-тұрпатты туатынына күман келтірмесең керек. Ал сұлудан туған қыз сұлулық дегеннің не екенін жасынан байқап, бажайлайды. Бет қызартап еңлікті, қастауышты, сүрмені, далапты алғаш мен солардан көрдім. Сүдінін сылауды, шашын сүзуді, қолын бұлауды, тырнағына қына қондыруды да кезінде солардан аңладым. Не ішем, не кием дейтін, ертеңгі күннің қамын армандайтын да олар емес. Ішкені алдында, ішпегені артында. Сондықтан бойын күткен, сыланған-таранған бай қызы жігітті өзіне тартпай қояр ма еді. Оның үстіне махаббат кедейлікке, байлыққа қарата ма. Бетінен нұры тамып тұрған сұлуды көрген соң ер жігіт төніп түспей тұра алар ма?! Бұл бір жағы. Екінші жағы кедей қыздарында бойын күтіп, тотыдайын таранып отыруға мұрша бар ма? Өз басында билігі жоқ, байдың есігіндегі ебей емес пе еді, ол. Ал киімі туралы тіпті сөз айтудың керегі жоқ. Жыртық бешпент, жырым етек көйлек ішіндегі қыздың данышпандығы сыртынан көріне қояр ма. Сондықтан да большевиктердің ішінде махаббаттан тыс жылтыраған бетке қызығып, ұрынып қалушылық болмай қалмады. Мен де соның бір құрбаны болдым.

Бір күні қызметте отырғанымда есіктен бір әйел көрінді де, кіруге рұқсат сұрады. Біктіярлық алған соң кіріп келе жатты. Көзіме ол Ұлтуған сияқтанып кетті. Мойыны аққудың сұңғағындай жұп-жұмыр. Бірақ өзі Ұлтуғаннан гөрі торылау. Сүдіні сынды да, денесі сымбатты. Күлімдеген мойыл көздер жайнаңдап мені ішіп-жеп барады. Тік сандалдың терегіндегі бойы қандай. Қызыр келіп нұрына қор құйғандай. Үстіндегі киімі қалаша. Тек екі бұрымын өріп арқасына тастаған да, оның желке тұсында кішкене өрнекті шарқаты жалбырап, гүлге қонған көбелектей ілініп тұр. Бұрымының әрқайсысы жеңдібілектей десең бар. Аяғында ол кездері қазақ әйелдеріне әлі тегіс жете қоймаған ұзын қонышты біз өкше бәтеңке-штиблет. Кіріп келе жатқанда байқадым, ол кез үшін тым қысқалау көрінетін қызыл

жібек көйлек тізесінен болар-болмас төменірек түсіп тұр, екі жіліншігі түп-түзу. Қара дұқабдан қамзолы жапсыра тігілген. Оны алдына жалғыз қапсырмамен қауыштырып қойыпты. Қамзолдың қынай тігілгені соншалық, құмырсқа белі бөлектеніп, үзіліпкете жаздап тұр. «Белі қылдан жіңішке, үзіліп кетпей нағып тұр» деген Қыз Жібек бейнесі көзіме елестеп кетті. Бетін жеңіл опалаған. Інім, еркекті тартатын көбіне әйелдің көзі. Жалпы қай адамның болса да нұры көзінде. Оның қайнаңдаған қара көзін көріп, қылаңдауы жаман, қырымпоз пәле болып жүрмесін дер едің. Жоқ, көзді көмкерген ұзын, сояу кірпіктері оның сырын іркіп қалуға әдейі жаралғандай, найзадай қадалып өтіп барады. Алғаш Ұлтуғанға ұқсатқаныммен көзінен сескеніп, тіксініп қалдым. Көзін қалай қайнаңдатқанмен, жүзінде сәл ызғар бар сияқты. Екі самайында әдейі қырқып қойған ба дейтіндей тұлымдай шаш қап-қара болып, оралып, орақ сияқтанып орай жасап тұр. Орайдың ұшыбетінің шығытына жақындап, есіліп қалыпты. Бұл оралған шаш та оған айрықша көрік беріп, оралын асыра түскендей. Ол күлімсірей сөйледі:

— Сәламатсыз -ба, ағай! — «Жылуы жоқ бойының, жылмиғаны не-ткені» деген ойыма орала кетіп, тағы да тіксініп қалдым.

— Сәламат, сауымысыз, келіңіз! — Ол именін қалғандай түр көрсетті.

— Отыруға рұқсат беріңіз,— деді ол қымсынған болып. Бірақ неге екені белгісіз, маған ол ишара жасанды, мүдәйі аярлық болып көрінді. Сезімді пәмлеп айтып тұрмын дейтін болуы керек. Сөзін қалай мақтадай ұлпалап, ұлпандай мүнәйімдеп сөйлесе де, түрпідей болмаса да іріген қымыз түбіндегі ерпідей екені білініп, іртіктеніп тұр.

— Отырыңыз,— дедім мен салқындау. Алғашқы керінгеніндей емес, енді ол Ұлтуғаннан алыстап, бөдейіленіп бара жатқандай еді. Ол орыидықтың шетіне ғана ілініп отырды. Маған мұнысы да жасанды көрінді.

— Менің атым Мақпыр Шойқара қызымын. Қызмет сұрап келдім. Алты айлық медицина фельдшерін даярлайтын курс бітіріп едім. Сізден бір жәрдем болар ма екен деп келдім,— деді. «Жәрдем боларма екен деп келдім» дегені де маған өтірік көрінді. Өйткені ауданда жәрдемді ауатком төрағасы көрсетпесе, онда басқа кім қол ұшын бере алмақ. Шамадан тыс мәймөңке, пәмлеп сөйлеу, әлде аярлық, мүдәйілік.

— Қандай жұмыс істей аласыз? — деп сұрадым Мақпырдан.

— Сеніп тапсырғаныңыздың бәрін де.

— Ағарту бөліміне тексерушілік қызметке барсаңыз қайтеді.

— Жарайды, сонда жасайын.— Сөз осымен тәмам болды. Сол кездегі аудандық ағарту бөлімінің бастығы Ыбырайым Избасаровқа Мақпырды ауызба-ауыз тапсырдым. Бұл бикештің жұмысы сонымен бітті дедім. Жоқ, ертеңіне ол қайта келіп отыр. Киімі кешегіден өзге, тіпті құлпырып кеткен. Ал қара қаттаудан көйлек, бұл өңірде әзірге кездесе

қоймаған қызыл тоқымадаи қамзол киіпті. Бір сәт тесіліп қалғанымды өзім де байқап, сұғымды тыйып, сұқ көзімді оның алаулаған келбетінен аударып іжеттім. Порымы қандай тамаша еді, бернесі қандай керемет. Түлкінің жаутаңынша көзін жайтаңдатып, қырғиландырып, аударып төңкереді. Алөңдіп құлжа алмадай албырап тұр. Еңіл өзі жаққан ба дегендейсін. Бойымды жинап, өзіме өзім тыйым салдым.

— Шаруаңызды айтыңыз,— деймін мен.

— Шаруам жоқ, тек сізді көріп кетуге келдім,— дейді ол. Орган ән салып тұрғандай дауысы күміс толқынданып, күмбірлеп кеудесінен шығады. Нем келіспей тұр дейтіндей-ақ.

— Онда, міне, көрдіңіз. Аман-есенмін. Бір құлақтан басқасы түгел. Қош болыңыз!

Мақпыр кібіртктеп, маймандай басып, бұраң-бұраң етіп зорға шықты. Бұл маған күнде қадалатын шаншудай бір пәле болды, әр нәрсені желеу етіп маған күнде бір жолығып кетеді. Мен оны бойыма дарытпауға тырыстым. Масаты-мәулім киіп, малынып күнде келеді де тұрады. Ұрсып, дөрекі, тұрпайы сөздер айтып қайтып келмес қылып жібергім де келді. Бірақ оған коммунистік арым жібермеді, қызмет бабым барғызбады. Шойқара қызымын дейді. Қайдан естіп едім, бұл атты? Әлде тым қапелімше күдікшіл болып барамын ба. Шойқара, Шойқара! Ей мейлі, Шойқара тұрмақ шойдай қара, шоң қара болсын деп аны ойымнан шығаруға тырыстым. Бірақ... қайдан естіп едім, ә?..

Аупарткомның жаңа келген хатшысы Абат Мырзалин менімен тезегі теріс келе беретін болды. Ондағысы алдымен «Ақсеңгір» колхозына Кермекбаевты төрағалыққа ұсынып, екеуміз келіспей қалғанбыз. Кермекбаев кедейден шыққан-ақ жігіт еді, бірақ біз отырғызған, бар бола тұрып, салығын төлемегендердің бір сыпырасы-ақ осымен ілікшатыстығы болып шықты. Әсіресе төртінші ауылдан қамалған байларға Кермекбаев қазы-қарта, жал^ жая асып жеткізді деп хабарлаған Пономорев. Жиырмасыншы жылдары басмашыға қарсы соғысқа барғанда Үшкенттен қашып партиядан шығып қалып, Ленин шақыруы кезінде кіріп алыпты деген есегі де бар еді. Оның үстіне аудандық жер бөлімінде қызметі де мені қанағаттандыра қоймайтын, бастықтарға жағынатын жаман әдегі соншалықты жиренішті. Осының кандидатурасы жөнінде Мырзалин екеуміздің пікіріміз кереғар келіп қалған.

Екінші бір сылтауы Мақпырды ол білетін болса керек-ті, және оны ұнатпайтын көрінеді. Іштегі ашу тепкіні жай айтыла салмаған. Сентябрь туып, оқу басталған шақта аудан мектептерінде үш күн сабақ етпей қалады. Біле келсе аудандық ағарту бөлімінің бастығы Избасаров Алматыдан келмей кешігіп қалады да, бұйрық жоқ дегенді сылтауратып Мақпыр ол келмей сабақ басталмайды дейді. Нұсқау ауызша беріледі. Әр қап астықты аш адамдай аңдып, науқанмен, жоспар бидаймен жүрген мен оны білмеппін. Әрине ол менің жіберген кенереге сыймайтын қатем еді. Сабақ неге болмай қалғанын мұғалімдерден

сұрасам олар айтпа-айтпа деп біреу көк желкесінен қойғылап тұрғандай бүгежектеп, кегежектей береді. Кейін уақыт өтіп, қар жауып, із басылған соң сұрастырғанда мұғалімдер мені Мақпыр істеткен нәрсені бұл білмеуші ме еді, әншейін айтқызып, сырымызды біліп алып, бізді жер жастандырғалы отыр деседі екен. Танауларының астынан ғана мінгірлеп, ашық сөйлемейтіні сол екен. Мырзалин де мұны Абақтың білмеуі неғайбіл деп мені кінәлайды екен. Оның үстіне Мақпыр мен мені жұрт өсектегендіктен ол да ашық кете алмай:

«Абақ пролетарлық сезімін жоғалтты» дейтін көрінеді.

Ал мен шынымен ондай нәрселерден бейхабар едім. Мақпыр маған күнде келеді, мен суық қабылдап, сұлық шығарып саламын. Мен жылы қабақ бермеймін, ол келгіштеуін қоймайды. Арамызда аз да болса сөз болған емес-ті. Егер ондай бірдеме болса, ол кеңсеге неге келеді деп ойламас болар ма, бұл жұрт. Қанын шығарып, тұрпайы сөйлеуге хақым жоқ, мен ауданның ағасымын.

Бұл кезде барлық колхоздың байтағы болады деген жердің бәріне қам кірпіш басып, қоныстандыру сала бастағанбыз. Онымыздың он екі де бір нұсқасы жоқ. Әр колхозда он шақты үйдің қалқайтып қабырғасын тұрғызған болдық, мықтағанында төрт-бес үйдің төбесін шине салып, оның үстіне қамыс, немесе шыбық-бұтақ тастап, оның сыртына бір күрек бойы топырақ тастап, үстіне сылақ салдық. Шатыр жасау атымен жоқ. Есік тапсақ терезе кәсегін, жақтауын, оны тапсақ шине, белағаш таба алмай жігеріміз құм болып жүрдік. Сондықтан да «Атқа сатып, атанға қатын алсам, есек кетті маңына жақындатпай» деп Омарқұлдың айтқанындай бәрін түгендей алмай жүргенімізде отыз бірінші жылдан отыз екінші жылға қараған қыс та келіп қалды. Елді киіз үйде бір мекенде ұстап тұра алмадық. Колхозшылар қыстау іздеп жан-жаққа тарап кетті. Шама-шарқымызша салған егіннен алған өнімді мемлекетке тапсырған болдық. Мықтады дегенде колхозымыз екі жүз гектар егін салады. Мүмкін егін сол кезде де қазіргідейбітікшыққаны барболар. Бірақору, тасу,бастыру кезінде көбі ысырап, рәсуа болатын. Аңызда масақ бықып жататын. Оны жұртқа келдектеп тергізетінбіз. Көбіне оған балаларды салатынбыз. Қырманға егінді арбамен тасимыз. Оның жабақысына ол кезде елдің үйінің үзік-туырлығын әкеліп төсей саламыз. Онымыз дән жерге түспесін дегеніміз. Ал құдайға шүкір киіз жетеді. Өйткені колхоздан қашқандардың үйлері тігулі қалпымен, бау-шуымен самсап тұрады. Үйімнің киізін неге аласың, неге бүлдіресің дейді-ау деген біздің таназарымызға кірмейді. Бізге барлығын істей беруімізге болады. Керегесін қақыратып жағу, уығынан қол тырмаға тіс жасау, бау-шуымен арбаға (тиелген егінді байлау, белдеуінен — жетек, уық баудан — камыт бау, бас жіп, делбе жасау біздің келіп ала салатын, әкеміздің еншілеп берген отауының дүниесіндей кереміз.

Қырманға бауланған егінді түсіріп, суынын қиып, шашып тастап бастыруға кірісеміз. Бастырық тас бізде бола бермейді. Оны атпен бас-

тырамыз. Аттың тұяғы қайбір барлық масақты шайнап үлгіретін комбайн. Әйтеуір бастырдым, егін салдым ат. Одан әрбір масақты қолмен жеке үгіп, дәнді ауызыңмен үрлеп тазартып алған әлдеқайда жақсы еді. Шығарып тастаған сабан-топанда қауызды, таза дән саулап жүретін. Шыны аптен бастыру жоқтың күні болатын. Егіннің гектарынан орта есеппен төрт-бес центнер түсім алсақ, оны көп астық деп есептейтінбіз. Егер түсім жеті-сегіз центнерге жетсе, ақ түйенің қарыны жарылды дейтінбіз. Оның інім күлкісі жоқ, өмірінің азапты, азарлы шағын жер сүмесін емес, мал сүмесін емуге, соның ыстық-суығына шыдап үйренуге арнағандарды пәсті-пәлен дегеніне қарамай, байыбына бармай, «берсең де бер бес теңге, бермесең де бер бес теңге» деп таздарға салық салып, бірақ жинауын таз бен саудан бірдей алған ханның қатыгез уәзірінше білсең де саласың егінді, білмесең де саласың егінді дедік қой. Әрине, інім, біз оларды түсіндік те, білдік те. Бірақ бізде айтуға ауыз табылғанмен жоғарыдағы теке сақалда, оған жағынушыларда оны тындайтын құлақ болмады. Біз, інім, үйретілген ит тәріздес, айт десе өрекип жөнеліп, тәйт десе құйрығымызды бұтқымызға қысып жата қалғандай жағдайда едік. Е, інім, не дүние өтті ғой, бұл сыңар құлақты бастан.— Шұнақ шал тағы да мұңайып, жаны күйзеліп кетті. Иегі кемсеңдеңкіреп барып қайта түзелді. Ол әңгімесін қайта айтты:

— Ал тестегі бұрыннан диқаншылықпен айналысқан Екей, Еміл, Айқым колхоздары егіннен әжептәуір өнім алды... Отыз бірінші жылдың егіні мол болмаса да, тәуір делінді. Аз да болса егін салдық. Мемлекетке де астық өткіздік. Жекешелер әлі бар еді, салмақ соларға көбірек түсті. Колхоз, ауылдық Совет басшылары, белсенділер бір-бір екі метрлік ұшы үшкір темір таяқпен қаруланды, ұра іздейтін болды. Колхоздың астығын ұрлаушылар да аз болмады. Соның біразы ұралардан алынды.

— Інім, мен сол кездегі бір нәрсеге қайран болатынмын. Қазіргі мың кісінің қолымен істейтін жұмысын бір машина яғни жалғыз адам бітіретін арынды техниканың заманында қазылмаған арықтардың бұрын болғанына таңданбай тұра алмайтынмын. Сөйтсем, інім, менікі білместік, тіпті әбестік екен. Қазір егін салуды білмеді деп мен айыптап отырған елдің төбе-төбені бауырлатып, жыра-жырадан жер жағдайына қарай тартқан, қазған тоғанын, арығын көрсең. Олар тоған қазған, тоғам басқан. Бірақ кез келген жерге бізге ұқсап аққан суды бөгеп, төменгі құрдымына жібермей қоймаған. Алғау сулар жаңбыр суынан тосылған. Алегінге пайдаланылған ақаба суды құлақ ашып жайып жіберіп отырған. Біздің еліміз ежелден егінші-диқан болған екен. Жеті суды жете зерттеген орыс оқымыстысы Румянцев тек бұрынғы Верный уезінде ғана екі жүзден астам арық болғанын жазады. Олардың алды отыз километрге, арты бес километрге созылған. Мен көріп таңырқайтын орлар суару жүйесінің — бұрынғы тоғандардың, бас арық, оқ арық, тік арық, қарық, салма аталатын арық-ағыздардың ізбіні екен. Шыным, інім, егін салу бізге орыстардың келуімен басталған, ал совет өкіметі жыл-

дарында өрістеген деп ойлайтынмын. Рас, Совет өкіметі жылдарында егіншіліктің өрістегені рас. Ал Бартольдтің жазғанындай орыстардың келуімен Орта Азиядағы суару жүйелері бұзылған. Өйткені олар өздері суарудың жайынан бейхабар бола отырып, жергілікті халықтың суару жүйелерін нашарлатқан. Інім, сен бұл ұлтшылдық деп қарама. Тіпті десең дей бер. Бұл шындық. Өйткені орыс жері суды көп керек етпейтін, жауын-шашынды жер, көк майса. Әрине, олар да егін суарған шығар, бірақ Орта Азиядағыдай оларда суландыру жүйесі қатты өрістемеген. Егер менің сөзіме сенбесең Алматыға барған соң Румянцевтің төрт томдығын, Бартольд еңбектерін қарарсың. Бірақ зайыры осы. Соңғы үш жүз жылы монғол, құба қалмақ шапқыншылығымен, кейінгі жүз жылы орыс отаршылдығымен өткен қазақтар соғыс бола қалса, үйін, үбін көлігіне артып, малын алдына салып қуып кетуге бейімделген. Сондықтан мыңдаған жылғы ата-баба кәсібі — егіншілік азайып қалған да, тіпті қыратты орталық Қазақстанда ол ұмыт бола бастаған. Кейбір көркірек, көкірек-кеудемсоқтардың бізді егіншілікке үйреттік дейтіндей емес, керісінше Совет елі аймағында егіншілік, суландыру жүйесі Орта Азия мен Қазақстан жерінде қатты дамыған болса керекті.

Айтайын дегенім, інім, ол емес еді. Менің қалай «жаулық» жасағаным болатын. Жазда қоныстанатын жерге жинап алынған ел суық күз болған соң, қазақ үйде отырып қысыла бастады. Не алдында малы жоқ, азғантай егін алынған, қыстыгүні жасар кәсіп — жұмысжоқ, не қыстау жоқ. Сасқанауылбасшылары жан-жақтан ауданға шапты. Не істейміз деседі, бала-шаға мұздап барады. Бұрынғы қыстаулардың бәрі бос тұр. Оның қолайсыздығы сол әр үй әр жерде, әр төбенің бауырында, әр жыра-жықпылда, қолат-қойнауда. Қаракыстақ, Сиыршы, Балпық сіләнi сияқты қазіргі селолық үлгіде салынған ауылдар некен саяқ. Қатты толғандым. Балалар бүрсеңдеп қазақ үйде үсіп барады. Тік көйлек киіп шығанағы көрінген қатындар, жалаң аяқ, қызыл жұдырық балалар ақыраптың қауылдырық қары түскенде дірдек қақты. Қара қоңыр қойдың егіне тойып алып, құртты езгізіп ішіп, денесі қызып, ішіне алау түсіп бара жатқан олар емес. Енді не істеу жөн болмақ? — Сол бұрынғы қаңырап бос қалған, бұл кезде иесіз дүние — ескі қыстауларға жұрттың қыстап шығуына мұрсат беру керек деп ойладым. Амал жоқ. Басқа ілдалдайтын ештеме болмады. Шынын айтсақ біздің оларға бешкеш қылар, тілге тиек етер ештемеміз жоқ. Қолдарында көнтек тоқты, қотыр лақ жоқ. Нені міндет қыламыз оларға. Жұмыс істеп жүрген кезде килалап астық беріп тұрушы едік, оның бәрінен ада болдық. Ел бәрінен бейдама, ескі жың тоғымен, ел күн көріп жатты. Осындай қысылтаяң кезде жұрттың бала-шағасы ең болмаса жылы отыруы керек еді. Сондықтан ескі қыстауларды паналап шығуға рұқсат бердім. Және мұны өзiм ғана істедім. Ол кезде қазіргідей қит етсе ауарткомге қарай шаппайтынбыз. Советтер атқаруға тиісті істі өзіміз өткеретінбіз.

Жауаптылықты бөлісу үшін, не одан жалтару үшін бәрiн ауарткомге айту әрине қолайлы-ақ. Бірақ оның зияны да жеткілікті. Қазір істейтін ісiндi, бiр күн істеуiн мүмкiн. Тiптi оны шешiп аламын деп ауарткомге қарап ауызыңды ашып жүргенде уақыт сенi күтiп тұрмайды. Кеш қаласың. Сонан соң бәрiн ауартком шешетiн болса, онда Советтердiң керегi не? Міне сондықтан бар жауаптылықты өз мойныма алдым. Өйткені декабрь қатты қысып барады. «Қыс қысыл, жаз жазыл». Қысылып, қымтырылып жекжат-жұратын, құдандасын сағалап, жұрт амалдап қыстап шықса, көктемде қоныстандыруға көшіріп алу қиын болмайды деп шамаладым. Қарға тамырлы қазақты осы жылы аш еді деп айтуға болмайтын. Бірақ тоя тамақ ішу де қиындап кеткен. Оралы барлар да азайған. Ал «Дегерес», «Қастек» совхоздарындағы малшылардың колхоздардағыдай емес, қарындары тоқ болатын. Мемлекеттік шаруашылықтың артықшылығы нақ осы жылдары білген кісіге көрініп-ақ тұрды. Бірақ сауаты ашылмаған, кеше ғана жекеменшік иесі болған шаруаны көндіру Қырғыз асумен бірдей еді. «Қырғыз асу» дегенді ұқпай отырған жоқсың ба? Қазақстан мен Қырғызстан арасында осы өзің отырған заңғар тау жатқан жоқ па? Соны асып, арғы жағындағы қырғызға барудан қиын нәрсе бұрын болмаған. Сондықтан осы елде «Қырғыз асудан да қиын» деген тіркес пайда болған. Бірақ жұрттың қыстау-қияуды сағалап кетуін біреулер жоғарыға колхозтарап кетті, оған аудан төрағасы өзі жол берді деп жеткізді. Ал шынында ел тарап қайда барады. Ата мекенінен алыстай ала ма, олар?! Өтенім-өтенім деп к... түскенін білмей қалған қазақ емес пе, бұл. Кір жуып, кіндік кескен жерім деп тауы тұрып құмында, көлі тұрып шөлінде қалған қазақ емес пе, бұл. Балдырғаны білектей, бүлдіргені жүректей, ат басындай алмасы, балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған көлді, сылдыраған бұлақты, сарқыраған өзенді, Алатаудың, Алтайдың, Қаратаудың, Көкшетаудың, Баянтаудың, Саянтаудың бал емізген балаусалы баурайы тұрғанда Қызылқұмға, Қарақұмға, Нарынқұмға, Сартауға, Бетпақтың бет қаратпас шөліне жайылған қазақ емес пе, бұл. Қашанда жер жады қазақ емес пе, бұл! Ал түсінгісі келмегендер мұны түсіне қоя ма?

Көктем келісімен-ақ елді тез жинап алу оңай болатын. Оған ел көндігіп те қалған. Бірақ жұрттың қыстау қуалап кетуі қиындық та туғызды. Совет өкіметі жүргізетін шараларды ұйымдастыру қиындады, жұрттың басын қосу ауырлады. Көптеген мектеп керген балалар оқудан қалды. Оның үстінде мектеп жанында тұрып-ақ оның есігінен сығалап көрмегендер де жеткілікті еді. Міне, осы бір адамшылықтан туған шара мені айыптауға жетерлік жүк болды. Елді неге таратасың деген сұрақ бар да, бірақ оларды енді қайда қыстатар едік деген нәрсе еленбей, керенау күйінде, «онда біздің жұмысымыз жоқ» дегендей қала берді. Марксизмді творчестволықпен пайдалану керек, ол догма емес деген қағида да бұл жерде жүзеге аспады. Елің суықтан өле ме, қырыла

ма, бұнда ешкімнің жұмысы жоқ, бір жерге ұйысу керек деген нұсқау бұрмаланбауы керек. Сондықтан сенің басыңның керегі де жоқ, өйткені жоғарыда ойлап шешкен адам бар, енді сен нұсқауды соқыр орындаушы, адам бейнесіндегі механизм болуың керек. Әрине, осының бәрін партия біліп отырды дей алмаймын. Бұл өз қарақан бастарының ғана қамын ойлайтын бергілердің ісі болуы да ықтимал. Мені олардың аямайтынын білдім, інім. Сонда да басымды бәйгеге тіктім. Ішінде арқауы жоқтар мұздап марғау кеткенше, бәрі өлгенше мен өлейін дедім. Қарыны аш байқұстар ең болмаса жылы отырсын, жұрттың бәрі жылағанша бар ауыртпалықты мойныма алып, ташалаңды да, тасырлықты да мен-ақ керейін дедім. Партия елді суыққа қамап қыр демейтінін білдім, бірақ менің айтқанымды тыңдайтын құлақ таппадым.

Бұл аз болғандай тағы пәле тап бола кетті. Біз большевиктер тыңнан жол салып келе жатқандықтан болса да, не аңғырт соғып қалсақта, әйтеуір аяқты ағат басып, мүлт кеткен жерлеріміз де аз болмады. Қанша сақ, қанша ұтқыр болсаң да зымияндықтың бит ішіне қан құйған неше түрі бар екенін біле берермісің. Мақпырмен — бай қызымен байланысты, колхозды таратты деген айып тағылып жатқан күндерде Байхановтың қалған туысқандары да маған келгіштеп, жан-жақтан шабуылын көбейтті.

Үнемі Түзелбаевтың, кейін Байхановтың үйінен шықпайтын, Қарақыстақтағылар біз тұмсық атандырып жіберген Кебеғалиев деген бір күні кабинетке кіріп келді. Тұмсығы біздей, екі көзі тұздай бұл адамның көзі бір жерде тұрмайды. Жылтың-жылтың етіп, ойнақшыған ұры көз адамға тура қарамайды, ылғи тайқып кете береді. Шығыңқы сүйір иегі де біз тұмсығына лайықтап соққандай кәрі мысықтың жағындай пістиіп тұрады. Және ол иекте бір тал қыл жоқ, көсе. «Көсені үйге кіргізбе, к... жерге тигізбе» деген қазақ мәтелі есімде тұрса да бұрын алдыма келмеген кісіге сыпайылық керсетіп «отырыңыз» дедім. Байқаймын, әлгінің айтар сөзі жоқ, аман-түгел айтысқан соң сөзі жуыспай, қожырап бет-бетіне кетті. «Ал басқа айтарыңыз жоқ болса» дей бергенімде есіктен ішкі істер қызметкері Припоров кіріп қалды. Сол сәтте Кебеғалиев шарап шөлмегінің тығынынша атылып орнынан тұрды да:

— Әбден дұрыс болды, осылай жүргізе беріңіз, — деп есіктен жылыстап шыға берді. Және бұл сөздерді орысша айтты. Мен «нені?» деп сұрауға үлгірмей қалдым. Сол күні әлгі бізтұмсықты жер-көктен іздеп таба алсамшы, қане. Бұл бұл ма, одан да сорақы бір жағдай және болды.

Келесі күні кеш алдында Мырзалинге кірдім. Ол аппақ, шашы қап-қара өте сынды-пішінді жігіт еді. Кабинетте жалғыз екен. Мені суық қабылдады. Бірақ талай адаммен жұмыс істесіп, көпті көрген, сыннан еткен партия қызметкері ішіндегі өліп жатқан итін білгізгісі келмейді. Дегенмен саясатпен көзін ашқан, жасынан адам қабағын аңдып ескен

адамға оның маған деген кірбіңді пішінін, қойнындағы тартылғалы тұрған адырнаны, атылғалы тұрған салақпанды аңғару қиын емес еді. Мен отырып үлгерместен үстімізге бұза-жара сауда төңірегінде жүретін, бір жақтан конфискеленіп келген бай баласы Бақас кірді. Мырзалин оған «тоқтай тұр» деп айтпады. Ол кезде, інім, «тоқтай тұр» деу де, «рұқсат па?» деу де сирек айтылатын. Ондай ресмилік кейінірек келді ғой. Басы бақырдай Бақас аты-жөні жоқ келе мені құшақтады да: «Айтқаныңыздың, Әбеке, бәрін жасадым. Енді маған риза шығарсыз, тапсырманы тағы жасауға әзірмін», — деді де, шыға женелді. Мен бұл жолы ашуланып қалдым. Өйткені енді ұға бастағандаймын, бір ермекші торын құрып, мені шыбындай быжылдатқысы келгенін айқын ұқтым. Жалма-жан тырыс дегізіп, тапанша кісесін ашып қалыпшын. Қолымның тапаншаға қалай барып қалғанын қайдам, Мырзалиннен қысылып кеттім. Байсалды деп санаған адамым мынадай болды ма дей ме деп, ұшқалақтық жасағанымға қынжылып отырдым.

— Бұл не, Әбеке, сізді өңкей контрлар қоршап, буып алған ба, қалай, — деді. Ол сызданып айтты. Беті күреңітіп, сөзін ызалы күлкімен көмді. — Тіпті ашық кеткенсіздер ме!? — Мен көрінер көзге жасалған арандатушылықты ол көріп отыр деп, қолымды тапаншаға апарғанымға қысылып қалсам, ол мені арам тұтады, мені тап жауларымен қосақтап қояды.

— Қалай? Қалай дедің? Не деп барасың, сен! — деп қайта тапаншаға қолым барып қалғанына өзіме-өзім таң қалдым. Мұндай қызбалық, ұшқалақтық менде бұрын атымен болмайтын. Жүйкем жұқарғанын анық байқадым. Отырғаным аупартком екені есіме түсіп, қысылып та қалдым. Отырғаным аупартком ғой. Онда Мырзалин отыр ма, әлде басқа біреу ме, қасиетті орын ғой, ол. Суық тер бұрқ ете түсті. «Іші өткеннің арты білер» дегендей ішкі киімдерімнің сығып алғандай су болғанын сезіп отырдым. Кетіп қалу жеңілтектік болар еді. Қалшылдап, дірілдеп, ашуланып, буырқанып кеттім. Жоқ құлағымның орынын бір-неше рет ысып-ысып жіберіппін. Ақыры отыра алмадым. Жарылар шиқандай сыздап отырған Мырзалинді көргім келмей кетті. Оның аппақ мандайы маған қара тақтадай, қап-қара шашы бурылданып Голощекиннің шашына ұқсап бара жатқандай, көгеріп көрінді. Хатшымен енді сөйлескім келмеді. Оның маған деген беті белгілі болды. Ол өзі сөзге шақырмады, тырс етпеді. Маған енді мұнда отырудың жөні жоқ екенін айқын түсіндім. Орнымнан тұрып, пұшайман боп шығып кеттім. Тымырайған күйінде Мырзалин қалды. Сол қалпымен кеңсеге барып арпа шай дайындаттым. Ашуым басылар емес. Арпа шайды білуші ме едің, інім. Кәдімгі арпаны күйдіре қуырып, оны қол диірменге тартып бидайды да, бір кесе суға бір шай қасығын тастап, үстіне қант салсаң кәдуілгі осы заманғы кофе дайын болады. Содан толтыра бір кесесін ішіп, терімді кеңіттім. Қап деп ойлады, осы бір ашу үстінде әдепкі келе беретін сайқал келер ме еді, қаз болып көрінген қарабайды по-

рым-пошымына қарамай женде киіп, акиланған дуанадай басына әңгір таяқ ойнатар едім. Бір мүскінді шауып тастай жаздайтын, жылан қат қылышын лоқылдатқан одыраң, әңкүдік ба-тырша тапаншаға қолым барып-барып қалғанын тағы байқадым. «Менің мұным не, осынша?» деп өзіме-өзім басу айттым. Сонда да көңілім ғамкүн. Бал ашатын календардай селкіледім, ыза билеп алды. Жалғыздық басыма түсіп, қапаланып, күлпет тар қылды. Не шүйетін құсым жоқ, не сүйетін қызым жоқ, Тарлан көктен өзге жанымда тіршілік иесі жоқ. Бар өмірімді Совет өкіметінің отын түтетіп, алендігін алаулатып, егізін екі қылу жолында күн кешіп келемін. Әдіден асқан жерім жоқ, еңсіретіп біреудің жесірін алмадым, қара жорға мінбедім, қара торқа кимедім, әзірге аспандағы мисақтай жалғыз тартып барамын. Қалай-аққұмайтта өскен кеуректей желге ұшып жоқболамын.

Хауыздан каусар ішкендей дәуренімнің мәулеті аз болды, мәуреті өтті. Алтынды алжассыз айыратын қардар зергердей-ақпын деп жүретін едім. Сонда да ісім оңға баспады. Шарболаттай мықтымын деуші едім, шатқаяқтап, тас тиген әйнектей шытынадым. Осыларды ойлап күйініп, күйзеліп біраз отырдым. Менің мұным не, сонша қапаланып дедім бір кезде. Жаубайдың есігінде де жүріп күн көріп едім ғой, «бұдан жаманымда да тойға барғамын» демей ме қазақ. Шіркін аталарымыз қандай оптимист. Ашықса: «қазан ауызы жоғары», «таңғы нәсіп тәңірден», «біз де қатын болармыз, қапқа тары салармыз», «біздің де қолымызға қарға...»; жат жерлік, жат елдіктер басып алып, құлданса: «бізге де күн туар», «біз де тауға шығармыз» деп үмітін ертеңге артты. Баласын қай жолмен болса да болашағына, алдағы алар асуына үндеп, «үмітсіз сайтан», «қамшы салсаң жаманға, қамығып қалар сан жылға» деп шындады. Қыңбады. Осындай қаяусыз тәрбие берген аға үкесін үлгімен баулыды. Ыстанының ышқырын ұстауға шамасы келгені ат жалын тартып мінуге тырысты. Дұшпанына ағынбады, досына әбілет дегізбеді. Ендеше менікі не? Керімсал кімнің басына келмес, парша жамылып, бүркеншекпен туған адам аз. Жайрап қайтам ба деп құманданатын сайраққа жиналған мен емес, екі қолға бір бейнет, күрекке малақ табылады дағы. Осылай өзімді өзім жанып көтеріліп отырдым.

Есіме Әбдіқадыр түсіп оны шақырттым. Ол көп күттірмей жетті. Жел ұқсатқан қарт көк сендей уатылып барып ес жиып отырғанда ол менің көңілімді аулай кірді:

— Әбеке, күн кешкіріп қалды. Сыртқы босағаны иіскелеп Тарланкөгіңіз тұр. Атқа мініп Саршыбырға көтеріліп қайталық.

Өлгі Ермекбай «біздің үйден бір шай ішіңіз» деп еді.

Ермекбай «Бұрған» колхозының азаматы. Қарақыстақ өзенінің бойында диірмен ұстайтын кісі. Жасы қырықтың үстіне шығып қалған адам. Үстінде үйі бар дегені болмаса мен сияқты жалғыз басты жігіт. Қарақыстақ саласынан бір құлақ суды жырып алып диірмен салған ұста кісі еді. Диірмен тұрған жерде бірер гектар алма бағы да болатын.

Ол колхоз ұйымдасарда «менің колхозға берер малым жоқ, атсыз ар-бам бар, алма ағашым, диірменім бар, осыны алыңдар» деген-ді, сөйтіп «Бұрған» колхозына мүше болған. Мен аз да болса басыма айналған бұлтты сейілтпесем де, ойды ыдыратпақ болдым. Тарланкөкке мініп, Әбдіқадырмен бірге Саршыбырға тарттым. Баратын жеріміз онша алыс болмағандықтан күн шығу болса да аяңдап келе жаттық. Бағанадан бері қатар келе жатқан Әбдіқадыр желі бойы кейін қалып қойды да, сонан соң жанымнан желіп өте шығып, ілгері барып маған қарап тұрды. Жақындағанда байқасам ол маған емес, атқа — Тарланкөкке қарап тұр екен.

— Жануар бәйгеге бір түспей-ақ кетті-ау,— деді де әдепкі атпазылардай сөйлеп кетті.— Осы мисыз жүйрік болса керек-ті, және өте алысқа шабатын ат болған. Бірақ енді жасы кетіп қалды ғой. Алды аяңдап, арты желіп отырған осындай бота тірсек, шыт бұттаншығады ғой, шын жүйрік.

— Немене? Енді менің пешенеме біткен жалғыз атыма көз тіктіндер ме? Өзің Тұрапбайға шығарып бергелі жүрген жоқсың ба? Тарланкөкті жаңа көргендей болдың ғой.— Екеуміз Саршыбыр алқабын жаңғырта күліп алдық. Бұл менің өткен көктемнен бері бірінші езу тартуым еді, інім. Кейде жұрт бастықтардікі рахат қой, оларға бәрі әзір, жағдайлары да бар деп ойлайды. Рас, інім. Бастық болған адамның жағдайы болады, бәрін жасап алу қолынан келеді, «ләппай» деп от айнала жүгірген ала күшіктер қанша. Бірақ, шырағым, шын ел басқарған адамның ішкені ірің, жегені желім. Ауданда, облыста, республикада, Одақта болып жатқан кемшіліктің бәрі басқарған аймағына қарай соны табады, ауылда лақтың аяғы сынып қалса, оған да ренжитін кез болады. Өйткені өзі бастықтығын өткеретін аймақтың бар ауыртпалығы соған түседі, бір қарағанда төңірегінде нөкер, дүбірлері толып жүрген бастықтың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс сияқты. Ол солайы солай. Бірақ, інім, жауаптылықты сезінген бастықты айтар болсақ жаны тырнағының ұшында жүреді. Бір ауданның адамы, малы-мүлкі түгіл, бір қора қой бағудың өзі қандай. Бір тоқтым өлмесе екен деп ыстықта пысынап, суықта дірдектеп шопан еңбектеніп, бар ындын-ықыласын төгіп жүрмей ме? Ендеше сол бір қора қой баққан адамның жауаптылығын бір колхоздың, небір кәсіпорынның, ауданның, облыстың көлеміне қарай ұлғайта ойлап көрші, онда төбе шашың тік тұрады, арқана қоңыз кіріп кеткендей абыржисың. Інім, бастық болу оңай нәрсе емес, ол айтуға оңай, не садаптан қарағанға оңай болып көрінеді. Өзің аңлап қарашы, не өзің танитын бастықтың бірін ойыңа түсірші. Бір-екі жылдың ішінде самайын қырау шалып, үш-төрт жылда басы тұз түйген келсаптай әлде ұнға аунаған қара мысықтай болып шыға бермей ме. Ол қызметтің, бастықтықтың оңай болмағаны, ондай шаш ағаруы бастықтардың әйтеуір бастық болу үшін жүрмегенінің нышаны. Әрине, адам болған соң олардың арасында неше түрлісі кездеседі. Осы жұмсақ

креслода уақытша отырып, қалтамды толтырып, қаражатымды көбейтіп қайтайын дейтін алғал адамдар да болады, олар жұмыс істеген болып көрінеді, ал шын мәнінде тек өзінің жеке басының мүддесі үшін күн кешеді. Оның бетіне әжім де түспейді, самайына ақ та кірмейді, жылтырайды да тұрады. Ондай адамның досы көп, дұшпаны жоқ. Дұшпаны жоқтығы оның кісілігі, жақсылығы молдығынан, сұлыбынан адамгершілікті болып жаратылуынан емес өзі басқарып отырған мекеменің ісіне жаны ашымағандығынан сондықтан өгіз өлмес, арба сынбас күн кешуінен, еш адамға қатты сөйлемей, досша жылатып айтпағандығынан болады. Ал адамның атқарған жұмысының кемшілігін қазып, жеткізіп айту «жылатып» айту ол біле білген кісіге дұшпандық емес, ол достық. Ол оның алдағы өміріне сабақ, істеген ісінің өнімді болуына кепіл. Көбіміз опы дер кезінде түсіне аламыз ба, оны адамшылық тұрғысынан ұғамыз ба. Көбіне-ақ біз өзімізге сөйлемесе, жұмысымыздағы кемшілікке төзе беретін болса, сондай бастықты көбірек ұнатамыз. Ал нағыз дұшпаның да, жауың да сол саған қалай болсаң, олай бол, яғни бұл болмасаң күл бол деп қараған бастық. Шынын ойлап қарасаң, ол сенің бүгінгіңе жақсы көзбен қараған болып отырып, ертеңгі күніңнің бәрін кара қаптан түнекке айналдырып, бүкіл болашағыңды зағип қылып отыр. Кемшілігіңді досша түсіндіріп жайлап ұғындырған бастығың — әкең, ұрсып айтқан бастығың — ағаң, оған ренжіме, мәлөл болма. Ал ұрыспаған, үндемеген бастығың ол сенің — жауың. Әрі-беріден соң ол саған ескертпе жасамай-ақ, ақыл айтпай-ақ, «оған мен үйретуге тиіс емеспін, оның маман деген дипломы бар, қолынан жұмыс кел-меді» деп үндемеген күйінде қызметтен шығара салады. Ал көбіне ескертпе жасамайтын, ұрыспайтын бастық не ол өзі бұл жерде уақытша қалтасын кампайту үшін жүрген адам, не сені ертең қызметтен шығармақ. Ал барлық жауаптылықты мойнына алған бастық шын жұмысына жаны ашыса, оның күлкісінен мәлөлі көп, сөзінен үндемеуі көп. Інім, мен сондай жұмысқа жаны ашығыш, жанымдағыларға жанымды беретін бастық болдым деп айтқым келіп отырған жоқ, төңірегінде болып жатқан толып жатқан жігеріңді құм қылған, сұмдықты көре отырып өзіңді сұм қылған жағдайдан көріксіз де, көңілісіз де тартқандығымды айту еді. Аяғың, қолың бос, бірақ ділінде зәнжір, мойнында күнде, аяғыңда кісен. Басыңа көзге көрінбейтін бұғау түскен. Ол сенің күлкіңді де, қартамыс ақылыңды да алған. Сондықтан, інім, мәлөл, көңілісіздік билеп көптен күле алмай жүр едім, ол көңілісіздіктен ұзақ-ұзақ даққа қалар едім, одан бойыма дімкәстік түсер еді, күндік тартар едім.

— Шын айтамын, Әбеке. Жақсы аттың жөні басқа ғой. Жылқыбайдың салкүреңі де жақсы жылқы, — дейді Әбдіқадыр. Оны неге айтып келе жатыр десемші бір.

— Жаман болса арламас еді ғой, — деймін мен.

— Салкүреңді мінгіңіз келе ме? Датыңызға атыңыз сай болсын!

— Жаяу жүрген жоқпын ғой. Астымда атым бар ғой. Талайыма мінсем де, талауыма байласаң дабір ат маған жетер.

— Ендеше неге оны бізтұмсықты жіберіп ұрлатып аласыз? Сол Салкүрең сіздің шығытыңыз болыпты, — деп қаркылдап күледі Әбдіқадыр. Енді бірдеңе түсінгендей болдым.

— Не оны кара көтеріп білдің бе, не деп келе жатырсың, сен? — деп мен Әбдіқадырға қарадым.

— Е, баяғыда болыстардың бәрі ұры ұстаған, — деп Әбдіқадыр тағы қаркылдап күлді. — Сол сияқты сіз де ұры ұстапсыз ғой.

— Ия, шығыт ат жасайын деп едім, біліп қойдыңдар ма? — деп мен де күлдім. — Көбеғалиевты таба алмай жүрмін, иттің күшігін.

— Сіздің «ұрыңызды» отырғызып қойдық қой, — дейді Әбдіқадыр. Сөйтсе, інім, менен шыққан күні бізтұмсық түнделетіп Майтөбе бауырындағы Қарасайда отырған Жылқыбай бай ауылына барады. Бар малын салынған бидай салығына төлеп, екі-үш кара, жиырма шақты уақ жанмен қалған Жылқыбай үйінің төңірегінде адам аяғының саябырсуын аңдып жатады. Олардың да ендігі үміті — Салкүрең. Күнде кекілін тарап, құйрығын сүзіп бар ермегі жалғыз аты болған бай өзі атының атдорбасын алып, желі бойы жерге жетектеп барып екі алдыңғы аяғына кісен салып, оған қоса ағаш тиекті, күдері баулы, тірсектігі қызыл былғарыдан жасалған шідерді салып қайтады. Жылқыбайдың үйге кіргені де сол еді, сыртта айғай-ұйғай естіліп, біреулер шаңқылдасып жатады. Шыдамаған шал далаға шықса баласы Шөжеғұл және бір ағайыны екеуі біреуді желкесінен алып, май құйрығынан тепкілеп, үйге айдап келеді. Мал жайлайтын, біреуді біреу біліп болмайтын, апақ-сапақта бұл не шу екенін Жылқыбай түсіне алмай тұрады. Айғайлап сейлеген Шөжеғұл әкесіне:

— Әке, ұры ұстадым, — дейді.

— Не дейді, мына бәтшағар? — деп Жылқыбайдың есі шығып кетеді. Ұсталған ұрыны үйге кіргізеді. Аспалы отызыншы шамнан үйдің іші жап-жарық. Тұмсығы біздиген, бұл өңірде бұлар көрмеген біреу:

— Мен ұры емеспін, — деп безілдеп қоя берді.

— Енді нағып жүрсің? Ұры болмасаң кісенді қалай аш-тың? — деді Шөжеғұл бізтұмсықтың желкесінен алып.

— Әкел деді, әкетейін дедім, — дейді бізтұмсық.

— Кім әкел деді. Не малтанды өзіп тұрсың? — деп сөзге байдың өзі араласады.

— Үйсінбаев сіздің атыңызды алып кел, ұрлап әкел деді, — бізтұмсық кірпігін қақпады да, шімірікпеді де.

— Ей қой, Абақ ұры ұстайтын адам емес, — дейді Жылқыбай.

— Е оның байларға қамқоршы екенін білемін, сендердің үш жүз қойға бермейтін аттарыңды орталыққа алмай отырғаны да сол, сендермен жақын екен ғой, — деп шатады бізтұмсық.

Содан кейінгісін Бабажанов былай суреттеді. Әлдеқалай бай баласы Шөжеғұл бір туысқанымен келе жатса, Салкүреннің жанында біреудің тұқшындап жатқанын керемі де, әкем атты кісендегелі жатыр екен ғой, шалды әурелемей кісенді өзім салайын деп атқа бұрылады. Сөйтсе шілпиген біреу, киімі, қомағы іжесіне ұқсамайды. Салып жетіп екі атты Салкүреннің жанына келсе, ұры кісенді ашыпты, енді шідерді алмақ екен.

— Ей, ұры шешіп алмайды, кесіп алады, ақымақ,— дейді Шөжеғұл. Кісеннің салдырымен екі аттының жанына келгенін білмей қалған ұры:

— А, а, мен әншейін, керейін деп...— деп сасып-салбырап қалады. Олар түнделетіп ұрыны Қарақыстаққа жеткізеді. Одан кейін Әбдіқадыр жүргізген тергеуге бізтұмсық жауапты былай береді:

— Көбеғалиев, Жылқыбайдың атын неге алдың?

— Үйсінбаев әкел деген соң алдым.

— Онда неге иесіне айтпадыңыз?

— Иесіне Үйсінбаев айтқан ғой дедім.

— Кісенге кілтті қайдан алдыңыз?

— Өзімде бұрыннан жүрген еді.

— Демек, кісендеулі атты алуға бұрыннан қамданғансыз ғой.

— Ия, ия. Жо-жоқ. Абаққа сыйға тартайын деп едім. Үйсінбаев өзі әкел деген. Припоров естіген.

Припоров: — Үйсінбаевқа «солай істей беріңіз» деп тапсырманы сіз бердіңіз ғой.

Көбеғалиев: — Жоқ ол берді,— жо-жоқ мен бердім айтқандай. Жылқыбай байдың атын алып бер дедім. Ол байлармен жақсы ғой...

Мен, інім, бізтұмсықтың қамалғанына қуанған жоқпын, атымның атала бергеніне ренжідім. Амал не? Бұлар маған осынша неліктен жабысты деп себебін таба алмадым...

Сонымен диірменші Ермекбайдың үйіне түсе бергенімізде Саршыбырдан шыбын-құйын болып бір атты шауып келді. Әбдіқадыр да, мен де тесіліп қарап қалдық. Оның ауылға қарай шабуы тегін емес екенін білдік, далада қарсы алдық. Аттың да, оның да үсті ақ қырау.

— Сейдахметті бандиттар атып кетті.

— Қайда, қайда? Кімді атып кетті? — деп Әбдіқадыр қайталап сұрады.

— Сейдахмет Ысқақовты атып кетті. Қансырап жатыр. Есі кіресілі-шығасылы.— Інім, іс теріс бағарында қашанда қисыны кетіп, болар-болмас нәрседен басыңа пәле бінә бола береді. Кейде істеген жақсылығың өзіңе пәле болып жабысады. Сонымен Ермекбай үйіндегі шай жайына қалды, «байтал түгіл бас қайғы» демекші, енді қайткенде де жылқышыны аман алып қалу шарасы басқаның бәрін ысырып кетті. Хабарға келген жылқышыны Қарақыстаққа дәрігер әкелуге, милицияға хабарлауға шаптырдық та, өзіміз тура Саршыбырға тарттық.

Қанай биігінің астына жылқыны салып қойып, екі жылқышыны сайдан су әкелуге жұмсаған Сейдахмет біраз белімді жазайын деп кебенегін төсеп, соның үстіне тонымен қисайып жатады. Күн кешкіріп батқалы барады. Өзі де тоқты тоймас, шөміш кеппес уақыт. Кезеңнен жалғыз атты қылт ете түседі де, тура жылқыға қарай ұмтылады. Жылқышы оны ұры деп ойламайды. Жылқыға тигенде барып іш жияды. Кебенегін жинауға шамасы келмеген Сейдахмет жер шамасын шенейді де, құрығын алып, атына мініп тұра шабады. Ұры жылқышы жоқ деп ойласа керек, Сейдахметті көрген соң Саршыбырды бөктерлеп, Саржазыққа қарай шаба жөнеледі. Сейдахмет қуып береді. Жылқышы жаман ат міне ме, ә дегенше топыраш мінген оған жетіп қалады. Екі кештің арасында қашқынды тану қиын. Дегенмен қуғыншы жақындап қалғанда артына қараған ұрыны ол таныған сияқты. Үңірейген, аш көзді сары кісі. Қайдан көріп едім мұны деп ойлады Сейдахмет. Ия, есіне түсірді. Жиырма сегізінші жылы Шалтабай қажының үйінен көрген еді-ау. Бұл ол кезде Дәуітқұлдың қойын бағатын еді. Сонда ірі байларды конфеске-лейді деген сөз шыққанда бірдеме білсе осы Шалтабай білетін болар дей ме, соның үйіне жан-жақтан талай қамқа тон, күзен ішікті алпауыттар келуші еді. Соның арасында осы да болатын. Ақназар!

— Ақназар! Токта, бәрібір құтылмайсың,— дейді Сейдахмет.

Ақназар мұның танып қойғанынан қауіптенді ме, әлде жетіп ұстап

алады деді ме, мойнындағы мылтығын алып басып салды. Оқ кеудеден тиді. Қыстың суық, таза ауалы кешінде, есіз тау бауырында мылтық даусы тау күңіренгіп жіберді. Мұны естіген суат

басындағы екі жылқышы тура шапты. Олар келгенде Сейдахметтің аты оттап тұр да, өзі ат жалын құшып қалыпты. Еш нәрсе айта алмайды, былқ-сылқ етеді...

Айнала аппақ қар. Біз шауып жеткенде жылқышының бірі ақ киізден жасаған контиген кебенегін төсеп, оның үстіне өзінің тұлпыбын салып Сейдахметті жатқызып қойыпты. Ол әр нәрсені түрткілеп бірдеме іздеп жүргенге ұқсады. Біз асығыс аттан түстік.

— Не іздеп жүрсің? — деп сұрады Әбдіқадыр.

— Пышақ.

— Мә! — Әбдіқадыр қалтасынан сүйемдей екі басты жасыл бәкі суырып берді. Жылқышы кебенектің етегінен алақандай киізді кесіп алып, қар үстінде жанып жатқан отқа ұстай бастады. Бұл бізге таныс ем. Ол емді құлағымды кескізгенде өзім де алғанмын.

Жылқышы өз ісіне әбден машықтанған адам болса керек. «Қалауын тапса қар жанар» дегендей қар үстінде тобылғы маздап жанып тұр. От астына қарасам қарды етігімен ысырып-ысырып тастап, тақырланған жерге тобылғының ірілерін төсеп тастапты да, үстіне шипаясын,

қыршынын, басқа отынды қалапты. Асты құрғақ тобылғы болған соң от тиген үстіңгі отын маздап жанып тұр.

— Шеш киімін,— деді киіз күйдірген жылқышы. Жастау жігіт, шамасы бақыршы бала, алып Сейдахметті тұрғыза алмады. Сейдахметтің арқасына тонын ұстап тұрып, киімін шешіп, жейдесін айырып алдық. Оқ сол жақ емшектің астынан, қабырғаны соте тиіпті. Біраз қан кеткенге ұқсайды. Жейденің ішіне де қан ұйып қалыпты. Жарадан шыққан қанды жейдесімен сүртіп, танылаған болып, күйдірген киізді жараның аузына бастық. Сәлден кейін қан тыйылғандай болды. Оқтың кірген орыны бар, шыққан ізі жоқ. Науқастың арқасы да бүтін. Демек, оқ іште қалған.

Мұндайда қазақтар оқ түседі деп еркектен бейдама әйелді — қызды оның үстінен аттатады екен. Әзір қазақ даласында одан түсіп қалған оқты жан баласы көрген жоқ, сонда да әдет солай.

Жаралы жігіт ес-түссіз сұлқ жатыр, әйтеуір дем тартады. Енді не істеу керек?

Сейдахметтің есі кірмеді. Шамасы жара ауыр болуы керек. Мына жағдайда қозғауға болмайтын сияқты. Бабажановқа тез Ермекбайдың қазақ үйін жеткізуді тапсырдым. Сол арада Қара қыстақтан да адамдар келді. Бірақ дәрігер жоқ, ол Алматыға кетіпті, бір медицина биісі келді. Ол біздің білгенімізден артық ештеме білмеді.

— Бұрғанда Москвадан келген бір дәрігер бар деген,— деді Бабажанов.

— Жоқ, онда келгендер мал мамандары еді,— дедім мен.

— Не де болса, себі тиер соны алғызып көрелік,— деді Бабажанов. Оған Бабажановтың өзін жібердім. Әйтпесе ол келмеуі мүмкін.

Ермекбайдың үйі де тез әкелінді. Үйді Сейдахметтің үстіне көшіріп тіктік. Қарын күреп, сыпырып, төсекті қайта салу үшін он бес-жиырма сантиметр жердің тоңын алуға тура келді. Онымен іргені сыртынан жаптық. Сонан соң киізді қалыңдап төсеп, артық екі туырлықты іргеден керегенің ішінен айналдыра ұстадық. Жігіттер әп-сәтте жерді талқандап, іргені көміп тастады. Алты қанат үйді төрт қанат қылып тіккен соң көп киіз артылды. Олармен үйді жылыладық. Ортада от та маздап жана бастады. Қазақ үйге үйренген жігіттер бұл үйдің ішін қыз-қыз қайнап тұр деп есептеді. Бұл менің атақты Құртқа ғұламаның тәжірибесінен алғаным еді. Ол баяғыда Тойшыбек баласы Байсейіт батырдың омыртқасынан оқ тиіп, сүйегінде қалып қойғанда құлаған жеріне, үстіне үй тіккізіп, оташылық жасап, оқты алған екен. Сонда ғұлама: «Оқ тиген адамды аман алып қалудың алғы шарты жатқан орнынан қозғамау» депті. Сол құлағымда қалған мен де Сейдахметті қозғамауға тырыстым. Ол кезде зыр ете түсетін машина жоқ. Таулы жердің тасты жолында шоқалақтатып арбамен жеткізгенше, науқас үзіліп кетер деп қорықтым.

Екі жорғамен Бұрғанда жатқан дәрігерді алғыздық. Бірақ Москвадан келген адам Сальников Николай Николаевич малдәрігері болып шықты. Орта жастан асқан, толық қысқа қылып қырыққан сақалды сары кісі. Олар бірнеше адам «Дегерес» совхозының жағдайын білуге келген болатын. Енді, міне, біздің зорлығымызбен адамды дарымдамақ.

— Мен малдәрігерімін. Ондай жауаптылықты мойныма ала алмаймын. Оны заң да көтермейді,— дейді Сальников.

— Ең болмаса көмек көрсетіңіз,— деп қиылады Бабажанов. Шамасы оның өзінің де көргісі келсе керек, көп ағындырмапты. Сейдахметтің жарасын көрген соң, ол қатты толқып тұрды.

— Япыр-ай, өлетін болды-ау, оқ жүректі жаралапты,— дейді Сальников.

— Енді не істеу керек, Николай Николаевич,— деймін мен.

— Операция жасап, оқты алу керек. Оқ шықпаған.

— Оны қалай алу керек,— дейді шамалы орысшасы бар жылқышы.

— Сою керек! — дейді Сальников,— Тәкбір құрып отырар кез емес.

— Астапыралла! — десті тұрғандар. Байқаймын бәрінің де төбе шашы тік тұрды. Қазір, інім, оташылық, операция жасау деген күнделікті, үйреншікті әдетке айналған. Ол заманда адамға пышақ тигізу «өлді» дегенмен бірдей естілер еді.

— Николай Николаевич! Бір тәуекел деп көрсеңіз қайтеді. Бәрібір оқ алынбаса өледі ғой. Уақыт өткізуге болмас дедім.— Николай Николаевич екі қолымен басын ұстап сәл отырды. Әрине жүрексініп отыр. Істемеймін деп кетіп қалуға адамгершілігі жібермейді. Жайсаң мінезді адам екені көрініп-ақ тұр. Амал не, басты бәйгеге тігетін қиын жағдай, әйтпесе аянар ма еді? Баршаның тіліне еріп, ене десе, жақсылығы жыраққа кетіп кебенек киген адамды кебін киер етсе... Дәрігер шамырқанып кетті. Ресми түрде бұл малдәрігері. Бірақ ағзаның бәрі шамалас. Бұл тек адам болған соң жауаптылығы артық. Әйтпесе... Сальников өзінен-өзі шошып кетті.

— Қой, қой, мен малдәрігерімін ғой,— деп естіртіп айтты.

Науқастың жағдайы сағат сайын нашарлап бара жатты. Ыстығы көтеріліп, дем алысы жиілеп, ентіге бастады. Екі иығынан алған демнің ысылы үйдің ішіне тегіс естіліп тұр. Адам демінің ұзақтығы екі-ақ минут. Екі минуттан соң, жан тәсілім қылады. «Кірген лебіз шықса жоқ» деп қазақ әбден біліп айтқан болса керек-ті.

Сейдахметтің жағдайы ауырлап бара жатты. Көзін ашып мен қайда жатырмын дегендей үйдің ішінің бәріне қарады. Сонан соң Бабажановқа қарап бір ауыз тіл қатты:

- Ақназар! — Бұл ұры емес, Совет өкіметінен қашып жүрген бандит. Оның аты бәрімізге тегіс таныс. Сейдахметтің қайта сөйлеуге шамасы келмеді. Көзі қайта жұмылып кетті. Екі жылқышы жылап жіберді, бақыршы бала да пысындады. Сальников орнынан тұрып от басында

қайнап тұрған шәугімдегі суды томыртқалатты. Жылқышының бірі оны ортайтып үстіне қар салды. Су енді қол жууға келді.

— Ия, сәт! — деді Бабажанов. Сальников кішкентай қолсандығын ашып қойды. Ішінде әр түрлі бізге түсініксіз зат. Қолына жылқышы су құйды. Бибі қарап тұрмады:

— Қалай, сіз, операция жасамақсыз ба?

— Ия! — Сальников қолын сүлгіге сүрткен соң, кішкентай шишадағы спиртпен қолын тағы жуды. Сейдахметтің екі қолын екі жігіт, екі аяғын екі жігіт басып отырды.

— Тырп деуге мұрша бермейсіңдер! — Жігіттер үнсіз.

— Мен сізге операция жасауға рұқсат ете алмаймын, — демесі бар ма, бибінің. Сальников кәдімгідей бөгеліп қалды. Бабажанов «сенен кім сұрап тұр» дегендей бибінің қолынан алып далаға шығарып жіберді. Ермекбай үйінің аспалы оныншы шамы жерге түсірілді. Сальников қандауырын қолына алды. Тобылғы маздап жанып жатыр. Онда шәугім ысылдап, шетінде тұр. Дәрігер пысылдап, еңкендеп жыбырлап жатыр. Бибіні шақырды. Бибі енді көмекші болды. Ауық-ауық дәрігердің бетін сүртіп, керек еткен аспаптарын тез алып беріп тұрды. Арада біршама уақыт өтті. Бибі де, Әбдіқадыр да жараны тануға көмектесті. Денесі дірілдеп, аяқ-қолы әлсізденген Сальниковтың қолын жуып, спирттеуге ғана шамасы келді. Қара бақайына дейін терледі. Бетінен, самайынан тер құйылып ақты. Ол киіз үстіне құлай кетті. Дәрігерді Ермекбайдың қасқыр ішігіне орап тастадық. Екі милиционерден басқа ешкім Қарақыстаққа қайтқан жоқ. Әмбесі осында киіз үйдің ішіндегі киізге құлай-құлай кеттік. Жылқышының біріне науқасты күзеттірдік. Таңға жуық Сейдахмет біркелкі дем алып, тыншығып мызғып кетті. Ертеңіне күн ашық, шыңылтырлау екен. Сахардан тұрған жігіттер есік алдына тобылғыны, ырғайды, шетенді, ұяғаржанды, шеттеуікті, баялышты, тасжарғанды, тал-дың берегін, теректің бостанын үйіп тастапты. Есік алдына үйге орнатуға кернейімен темір пеш те әкелініп қойылыпты. Күн шыққанша докторда да, Сейдахметте де дыбыс жоқ. Сейдахметтің жанында бір жылқышы кірпік қақтастан отыр.

Қысқы күн құлақтанып шықты. Батыс жақтан — Суықтөбеден ызғырық соқты. Күн сәске болғанда Сейдахмет жыбырлап, дыбыс шығарды. Нақ осы сәтте доктор да оянды. Науқас болар болмас:

— Су! — деді. Доктор шай қасықпен ғана ауызына су тамызуға рұқсат етті. Өзі бір стакан шай ішіп барып сөйледі:

— Құс мылтықтан атқан болса керек-ті. Оқ әлсіреп жеткен, жүректің сол жағын жырып, дардаң қабырғаның арасында қалыпты. Қайда, ол оқ? — Бабажанов төс қалтасына қолын салып, қағазға, оның ішінен мақтаға оралған оқты алып көрсетті.

— Тіпті оқ науқас пен менен де ардақты болыпты ғой, — деп күлді дәрігер. Отырғандардың бәрі де езу тартты. Түс әлетінде Сейдахмет әжептәуір көзін ашып зорға бір сөз айтты:

— Шөлдедім! — Жұрт қуанысып қалды.

— Сіз екі-үш күн осында боласыз, басқа жұмысыңызға біз жауап береміз, — деді дәрігерге Бабажанов. Түстен кейін көңілім мекемеденіп раушан болды. Мен кеткенде науқас қайта ұйықтап еді...

Е, інім, бұл дүниенің теріс ауналуы қиын емес екен. Екі айдан соң мені Алматыға шақырды. Обкомда мені орнымнан алды. Маған талай айып тағылды. Колхозды таратты, конфискеленіп келген қасқырдың бөлтірігімен, тағы басқа революцияға қарсы жау құйыршықтарымен байланыс жасады, сөйтіп колхоз құрылысына зиянкестік жасады, колхоз ұйымдастыру кезінде оған қарсы болған адамдарды жақтады, Үйсінбаев өкіл болған Ботпай болысында көтеріліс жасалды, колхоз малы талауға түсті делінді. Ең батып кеткені, інім, колхоз құрылысына зиянкестік жасады дегені. Ауданды тастап Үйсінбаев саятшылық жасады, шәулі салды, құс шүйді, жанына милиция бастығының орынбасары Бабажановты ертіп алды. Екеуі саятта жүріп жанындағы Сейдахмет Ысқақовты атып алған. Оған малдәрігеріне зорлап операция жасатқан. Осыларды жасыру үшін жараланған адамды аудандықауруханаға әкелмей, тауда едетемін деп, ол өлген.

— Өлген жоқ, тірі, бәрі өтірік, — деп айғайлап жіберді Бабажанов. Обкомның жауапты хатшысы Тоболов Шемишевке ала көзімен қарап қойды. Мен шыдай алмай қарғып тұрдым:

— Онда мені ату керек! — деп қатты кеттім.

— Жалпы қамау керек Үйсінбаевты, — дегенге қарасам Қамысбаев екен. Артынан білсем бар мәселені дайындауға сол қатысқан екен. — Как вы думаешь? — деді ол Тоболовқа қарап. Ол үндемеген күйі төмен қарап әлдебірдемелерді жаза берді.

Сонымен мені орнымнан алды. Егер жоғарыдағының бәрі рас болса, онда, інім, мені шынында да ату керек қой. Бірақ қалайда мәселе қатты қойылды да, қиямпұрыс шешім тапты. Революция алдындағы, Совет өкіметін орнату және оны нығайту жолындағы еңбегі ескеріліп, Үйсінбаев партияда қалдырылсын делінді. Мен енді «Ақсөңгір» колхозына төрағалыққа жіберілдім. Ол мәселе де сол жерде шешілді. Мырзалиннен сұрамады да, ол өзінше түрегеліп қарсылық білдірмеді де. Өйткені оның ойы белгілі еді.

— Бабажановты да орнынан алу керек, — деген біреудің қайта дау-сы шықты. Шемишев екен. Ол тіпті қоқиланып алыпты. Бабажановтікі жетерлік болды. Енді шыдауға болмайды. Обком хатшысы оған қолын бір сілтеді де:

— Оны аупартком шешсін, — дей салды. Сонымен, інім, енді мен колхоз бастығы болатын болдым. Ол кезде бізде «бармай-мын» деген сөз жоқ. Қызмет таңдау да болмайды. Күні ілгері ешкімге кіріп ағынып-жалынбадым да. Ол жалпы менің мінезімде жоқ еді, інім. Өлсем де тіке тұрып өліп кетейін дейтінмін. Оным да қате болса керек. Біреуге кіріп ағынбағанмен жөнін айтып, жай-жапсарын түсіндіріп шықсам, бәлкім,

кім біледі, мәселе мұндай шешім таппас та еді. Ол сезді Мырзалин айтуға тиіс еді, ол үнсіз қалды. Шамасы менің большевиктігіме ол да күмәнданатын шығар. Онда мені колхозға бастық етуге де болмайды ғой.

Інім, жолдастық та, достық та басына іс түскенде білінеді. Бюрода біздің мәселеміз соңынан қаралған. Есік алдына шықсам артымнан Серғазы Күшіков өкшелеп келеді екен.

— Абақ, ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді. Әлі-ақ бәрі ұмыт болады. Одан да екі ұлыңды алып кешке бізге қонақ бол! — деді.

Танертең үйінен аттанғалы жатқанымда Серғазы:

— Абақ, сен түстен кейін жүрерсің, маған түсте кеңсеге бір соғып кетші,— деді. Түске дейін балаларымның интернатына барып, мұғалімдерге жолығып, магазиндерге кіріп, киім-кешек алып Серғазыға кірдім. Ол кеңседе жалғыз екен, орындық ұсынды.

— Жеген-ішкенің жоқ, партбилетің таза. Сен Қамысбаев емессің. Ол жаңа қамалды. Сартауқұмның бір байынан бес жылқы пара алғаны мойнына қойылды. Сен соны ести кетсін деп едім. Кеше айта алмадым, онда ол бюроның мүшесі еді ғой. Кеше біз кеткен соң жабық бюро болыпты.

Өмір деген осылай болады екен, інім, Менің бүлдіріп қойғаным жоқ, ал Қамысбаевтар өзінен басқа большевик жоқтай болатын, іші толған пара екен ғой. «Өзі, ұры, ұры дейді, өзі...» деген осы.

— Інім, сол күні ұйықтай алмадым. Ойыма көп нәрсе түсті.

Отызыншы жылдың кектеміндегі Асанжан кетерілісінен кейін мен саясатымыздағы, Қазақстандағы жүргізген ісіміздің ақауы да, ағаттығы да бар ма деп кеп уақыт даққа қалдым. Ділімде болғаныммен тісімнен оны шығара алмай жүргенде «Правдада» июнь айының аяғында Жетісу облыстық партия комитетінің хатшысы Коста Тоболовтың «Революция және ұлттар» деген мақаласы шықты. Ол партияның Орталық Комитетінің ұлттар жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі еді. Облысымыздың басшысы не айтты екен деп оқимыз дағы, баяғы. Авторханов деген біреуді қатты сынапты. «Бір тасты бір тас қозғайды» дегендей, сонан соң Авторхановтың мақаласын іздейін. Ол одан төрт-бес күн бұрын «Правдада» шыққан екен. Ол қазіргі жағдайдың барысына қарағанда партияның X-XII съездерінің шешімдері орындалмайды, сондықтан ұлттық аймақтарда шараларды үдете түсу пайда бермейді, ұлт аймақтарында бұл шараны жүргізу үшін оларды Россия аймақтарына теңгеріп барып қолға алу керек. Серіктікке де, колхозға да көшуді (ұлт республикаларында) жерге орналастырудан бастау керек депті. Ал біздің бастығымыз Авторхановтың қатесі ең артта қалған чечендердің мысалын барлық түкпірге тән деуі дұрыс емес дей келіп, X-XII съездің шешімдері қазірдің өзінде толық орындалды деп көрсетіпті. Әрине, інім, біз ол кезде оның қалай орындалғанына көз жібердік, қатені көріп отырдық десем оным артық болар еді. Біз партияның айтқанын орын-

дап жатырмыз деп ойладық. Ал шынына келсек Қазақстанның жағдайы чечендердің жағдайынан артып тұр еді деу қиын. Қайта чечендер бізден әлдеқайда отырғышы ел болатын. Отыз бірінші жылдың аяғында колхоздастырған адамдарды қайда қыстатарымызды білмей сасқанда біз тым асығыстық жасадық па деп қалып жүрдім. Тіліме тыйым салып, екі елі ауызға төрт елі қақпақ қойып, тісімнен шығармаған ойымның дұрыстығын алдағы екі жыл тайға таңба басқандай десем ол аз болады, ақ шаңқан шымылдыққа балшитып батпақ ұрғандай қылып көзіме көрсетті.

* * *

Таланды туған ердің талайы тайқы келгенін талай көрдім, інім. Сондай талайына тасы ауыр түскен кісінің бірі мен. Ердің қосы оңалмай ісі оңалмайды деп қазақ жақсы айтқан. Бұл жерде қосы деп отырғаным қоса ағаратын алғаны. Өйткені қос деген үй десең, ақ жаулықтысы болмаған үйдің ісі оңалуы қиын. Ал бір салдақының кесір-кесепатынан салы суға кетіп, ыңыршағы айналып, ұнжырғасы түсіп, табанынан тайрылған ер-азамат қанша! Қындай мүсінді бияқтың нашына, шашына қарап, сымбат-сияғына қарап, көз тұндырған бұйрықтың бұлқына алмас бұғаулы құлы болғанның бірі тағы мен. Еркекке шоры боламын деп келіп, соры болған бір хикаяны тәкбірлеп берейін, інім.

Сонымен, інім, үй де жоқ, күй де жоқ, қонарын сай, ұшарын жел билетін қаңбақтай Шұнақ байкұс Тарланкөкке мініп, Ақсеңгірге тартып кетті. Бар дүние де, мал да, жан да жалғыз ат, жалғыз қоржын. Бұл шақта Тарланкөк он жетіге келген. Қазақ ұғымында ол кәрі ат. Бірақ «аттың сыры иесіне мәлім», әлі құлан мүшесін сақтап қалған, құланның қодығынша ширақ басады, домбай тұяқ сөгілмеген, дымағы шақ болып тұрмағанын өзім байқаймын, қырыншыл. Мініп алып жосытып кетсем барар жеріме дер шағында жеткізеді. Маңқа-қолқадан аман. Ат та жалғыз, өзім де жалғыз, құлағым да жалғыз, Күрті өзенінің бойындағы «Ақсеңгір» колхозына келдім.

Күрті Ілеге құятын өзен. Басы Шолақ Қарғалы, Ұзынағаш, Қарасу, Құтырған, Тенірекқұршын болып басталып, Ақсеңгірден өтерде үш су құятын Күртінің негізгі арнасын құрайды. Өлкенің кең аңғарының екі жағы қырқа, адыр. Оң жақ қырқа жоталары өзеннен алыстап кетіп барып, далалық жасап, қайтып иіліп биік тұмсығын арнаға тірейді де, қайта ұзай салып кетеді. Осындай сеңгір үш-төртеу. Олардың түстікке бейім, күнге қақталған тұмсығына шөп шықпайды да, қысы-жазы бірдей топырағы көрініп, ағарып тұрады. Жердің Ақсеңгір аталуы да осыдан болса керек. Бұл — өзеннің күн шығыс жағы. Ал күн батыс жағындағы аңғар алыстап, ащы сулы Төрегелді шалшығын қосып алады. Оны Ботпайлардың Дода деген тармағы қоныстанғандықтан Дода иіні деп аталады. Мен осы кең аңғардың, өзеннің екі жағы

калың қамыс, қарасора, қоға, андыз, желкен, тағы басқа жүз түрлі шөп өскендіктен бұрын мың түгін болса да қырғауыл, қоян қаптап жүретін. Темені шалулығы белдеі қоғалы көл, қом сулар. Екі жағындағы қырқа толған күзен, борсық, түлкі, қарсақ еді. Абаданы бастаған бөрі әуегі де, бөлтірігін шұбатқан жеке-жеке арлан-шуланы да қобы-қойнаудағы апандарында сапандап кездесетін. Ауылдағы саятқа шыға алмай тентіреп қалған тазылар борсық-борақты, ор қоянды таңынан тартып әкеле беретін. Не оларды алған жерінде-ақ жәукемдеп ауылға ауыздары қанқан болып қайтатын. Отызыншы жылға дейін қазақ даласынан жиырма тоғыз миллион дана ұлпан тапсырылып келсе, онда осы Ботпай ауылының да мол үлесі, үзірі бар еді.

Атам заманнан жартғысынан көбі жатақ бұл ел егіншілікті біршама жақсы білетін. Білгендігі емес пе, Байсейіт бейіті тұрған тұмсықтан Күрті өзенінен тартылған «алтын арық» тура он бес километрге созылар еді. Аяғы Көкдала аталатын екі мың гектарлық жазықтағы, сол кезде тек тары егетін алқапты суландыратын. Бір қиын жері бұл егіншілікпен күн көрген жатақтар ауылында ұйымдастырылған мал көршілес он алтыншы ауылдан әлдеқайда аз болатын. Сондықтан күш көлік те тапшылау еді. Мұның біраз тақсиретін де тарттық.

Інім, біз бірсыпыра қате жібердік. Әсіресе Қазақстанда асыра сілтеушіліктен орны толмас қате кетті. Мысалы сол «Ақсеңгір» колхозына үш жүз гектар егін салу белгіленді. Мұндай шешімдер көбіне көзжұмбаймен пішіліп берілді де, жергілікті жердің нақты жағдайын ешкім зереттемей, болған істі зерттемей, көз жетпегенге бой алдырды. Мүмкін бұл сол кездегі мен тәріздес аудан басшыларының сауатсыздығынан, шала оқығандығынан, көркіректігінен болған шығар. Өйткені Голощекиннің Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайлануына байланысты бұрынғы ел жағдайын, жер жағдайын жетік білетін, Қазақстанда революция жасаған басшы коммунистердің көбі ел басқару ісінен шеттетіліп жіберілді. Ондағысы олардың пәлендей бір сарайып, соқыр көзге көрініп тұрған қателігінен емес, ел алдында беделі бар, айтқанын өткізе алатындығынан, Голощекинге қатесін бадырайтып, бетіне айтып бере алатындығынан еді. Оларды басшылықтан ысырып жіберген соң, Голощекин Қазақстан көлемінде жалғыз көсем болып отырғысы келді. Жасыратын несі бар, шырағым, Жандосов, Сейфуллин, Нұрмақов, Ысмағұл Садуақасов сияқты сауатты қазақтарды есебін тауып ығыстырды. Бұл барлық буында жүргізілгендіктен революция жасаған саналы азаматтардың орнына енді халқын креслоға айырбастағандар, жағымпаздар, не құры дәнкеуде қуыстар отырып алды. Олар басқа-көзге қарамай, мәселенің байыбына бармай, жоғарыдан келген нұсқауды саналылықпен өкіліне түсіріп, салмақтап-жобалап алып, нақты жағдайға қарай жүзеге асырмай, қара дүрсін, немкеттілікпен «жаса да жаса, сөйт те сөйт» деумен үстірт, ұрда қық басшылық жасады. Соның бірін жоғарыда айттым.

Мен «Ақсеңгірге» көк шығып, егіс айдала бастаған шақта келдім. Ол кезде бастықтар жиі ауысатын болғандықтан ел де ығыр болып кеткен, «келгендер келер, келер де кетер» деп отыратын. Және олардың көбі айқайлай, қырамын да жоямын деп келер еді. Мәселен отыз төртінші жылы «Ақсеңгірге» келген бастықтың аты Құрпан еді. Соның атынан жұрт мынандай бір сөз шығарып алды: «Менің атым Құрпан, «Ақсеңгірді» құртам». Халықты құрту мүмкін емес, інім. Оны құртам дегендер қашан да өзі құриды.

Мені «Ақсеңгірге» Мырзалин алып келді. Менің алдымда болған бастық жоғарылатылып Сарқант ауданына ауатком төрағасы етіп жіберілмек. Мені сайлайтын жиналыс егіс басында өткізілетін болды.

Жалпақ дала төңкеріліп, көкпеңбек болып жағыр. Жыртағын былтырғы егіндік болғандықтан көк көктей қоймаған, алағаздау, жасыл ала. Дүниенің ең уыз шағы — апрель. Дала бозторғайдың үніне бөленіп тұр. Жыртылған жер қоңыр барқыттай, оның үстіне араласа түскен күнмен кепкен үстіңгі ақ топырақ бір түрлі әдемі жерге шым-шұбар кескін береді. Айдау үсті қара-қорымдай қара қарға, ұзақ. Тірі жаңға қашанда тіршілік керек, олар да айдалған жерден өз нәпақасын теріп жеп күн көріп жүр. Анда-санда егістіктегі былтыр қалған атжалдардан көбіне шыбалшаң шығады, ал бос топырақтан есек құрт өзі аппақ, басы сап-сары болып, бүйенше иріліп жатыр. Оларды теріп жеп қарқ болған қарақарға ұзақ қарқылдап, шықылдап азан-қазан. Ол үнге бозторғай әуені қосылып, бүкіл дала бойында бір нәзік әуезді оркестр ойнап, береке маршын тартып тұрғандай. Далада көп кездесетін бытпылдықтаған бөдене үні естілмейді. Ол өзінің оркестрін жазға қарай жасақтайды.

Айдалып жатқан жер он гектардай алаңқай. Аяғы да жазық, оған түрен түспепті. Өйткені айтатыр екен. Егістік алаңының шеттері әжептәуір жыртылыпты. Біраз адам оны қатар тұрып күрекпен де аударып жатыр. Еркектер көбірек, басы ағараңдағандар да бар. Жетісуда әйелдер ақ орамал салады, ол әрі әйел екенінің, яғни некеде тұратындығының да белгісі болады. Қызыл орамалды ол кезде тек қыздар салатын. Ол да босаға аттамағанның белгісіндей. Айдаудың ортасына көзім түскенде көзім ағып түскендей болдым. Сұмдық! Бірінен кейін бірі салынған екі аттық төрт соқа. Алдыңғы соқада бір ат, кейінгі соқаларда бір-бір өгізден. Екі аттық соқаның екінші ат тұратын орынында алты адам, кәдімгі шыжымдап ескен, қыл арқанды үш-үштен жетекке байлап, ілмектеп мойындарына киіп, қолтығының астынан өткізіп, жегіліп, ителіп сүйреп барады. Алты адамның күші біркелкі бірікпегендіктен бір аттың дымағына тең болмай, жығылып-сүрініп тартып барады. Егер қызыл мияның түбірі, тағы басқа әлді бұтаның тамыры кездесе, ат ілгері жұлқа тартқан кезде мына алтауы оның тегеурініне тең келе алмай шегіншектеп, еркінен тыс артқа кетіп, барып соқаға ұрынады. Сонан соң жалғыз аттың шамасы кел-

мей тоқтап қалады. Біреуі мойнына асынып алған тарақ балтамен, не темір күрекпен өздеріне бөгет болып тұрған тамырды шауып жіберіп, қайта жегіледі. Бұрын шала жыртылған ескі аңызда қурай тамыры жиі ұшырасқандықтан жаңағы көрініс тағы қайталайды. Өгіздің жанындағы жағдай да солай. Мен мынаны көргенде қатты күйініп кеттім.

— Тоқтатындар мына масқараны! — деп айғайлады аттан түсе беріп. — Сұмдық қой, бұл!

— Сұмдығы жоқ, осылай-ақ егінді бітіріп келеміз, — деді Сарқантқа ауатком төрағасы болып бекітілген Кермекбаев. Тіпті соқаға мал орнына адам жегіп тұрмын-ау деген оның таназарына кіретін емес.

— Адам жегіп бітірген жұмысың құрысын, — дедім мен. Мырзалин тіс жарып үндемеді.

— Қане, қойындар бұл әлекті. О заманнан бұ заман адам соқаға жегілді деген не сұмдық! — Алты-алтыдан соқаның бір жағына ат, өгіз болып жегілгендер терлерін сүртіп, бір жақсылық естігендей қабақтарын аспаған күйі түнеріп тұрды. Бір-екі әйелдің көңілі босап шәлісінің, кимешегінің етегімен көздерін сүртті. Шырағым, көз жас адам жанының, тәнінің ең айқын айғағы, ол қуанышты да, ренішті де көзге ұрып көрсететін белгісіпетті. Қатты қапа болдым.

— Ағатай, соңғы кезде, теңдік алу не екен десек мал орнына қамыт кию екен ғой деп күйзеліп жүр едік. Бұл Совет өкіметінің ісі емес, Кермекбаевтың кесепаты екен ғой, — деді ұзын бойлы, көзінің арты шалыс, ыдырыс қарайтын, көзі қызарыңқы, жиырманың ар жақ-бер жағындағы сйдаң қара торы жігіт. Киімі ескі болғанымен тап-таза, аяғында былғары етігі бар. Ол тіпті қапылатты жүрген болса керек, аттап-бұттап жанымызға жетіп келді. Кермекбаевқа жақындап барды да, қатты кетті. Мен тіпті ұрып жіберер ме екен деп қыпылдап қалдым.

— Совет өкіметіне сен сияқты кермек татитындар дос емес, сен оны жұртқа әдейі құбыжық етіп көрсеткің келеді. Саған жұрттың азар көріп, күндік тартып жүргені керек. Бәрі бір қазақ еңбекшілерін Совет өкіметінен бездіре алмайсың. Білуімше, сіз аупартком хатшысы болсаңыз керек, — деді ол Мырзалинге қарап. — Олай болса мына Кермек татитыныңды ал да, бізге адамша, кедеймен кедейше сөйлесе білетін бастық жіберіндер. Шыдамымыз таусылды. Азар болса мені соттарсыңдар. Сотталғанда көретінім осыдан қиын болмас. — Жігіттің танауы кебіңкіреп, кеудесі көтеріліп сөзін тоқтатты. Кермекбаевтың көзі шадырайып кетті. Салған сүрені аз болғандай бірдеме демек еді, Мырзалин зекіп, тыйып тастады:

— Доғар! — Кермекбаев танауының астынан бірдеңе мыңқылдады, бірақ онысын басқалар түгіл қасындағы мен де естімедім.

Егіс басындағы, ашық аспан астындағы жиналыста да Кермекбаевтың өлмегені қара жер болды. Ақсеңгірліктердің бет-аузын көргеннен соң,

үке болып үкідей үлпілдеп тұрмаған соң, Мырзалин ағаларың арлап, ірілеп ауатком төрағасы болып бара жатыр демеді. Жоғарыға ұсыныс енгізген өзі болғандықтан оны жамандай да алмады. «Басқа жұмысқа ауысуына байланысты Кермекбаев колхоз басқармасынан босатылды» дегенде жұрт қол соқты. Е, қарағым, бастыққа қадірің болмаса да жұртқа қадірің кетпесін. Дүниенің қиыны осы екен.

Ертеңіне оны көшірісуге ауыл үйден ешкім аттап баспады. Жүгін арбаға жалғыз өзі салды. Арба айдап баруға ешкім келіспей Толешбай деген бригадир көкшолағымен бірнеше рет жоғары-төмен шапты. Адамды мал орнына соқаға жеккен қаныпезер, тасжүрек, сарамас немеге мен де ешкімді бар дей қоймадым, — деп Шұнақ шал бір көтеріліп отырды. Кермекбаевтың көшір-тіп, тіл алғыш, көнбіс қазақ Талғарды отырғызды. Өйткені колхоздың көлігін кім де болса біреу алып қайтуы керек қой. Екі ат жегілген жабақылы, радуан арба жолға түсті. Осыдан тез құтылайын дегендей Талғар да атты желдіріп, арбаны шықырлатып тартып берді. Тоғыз-он жасар екі-үш бала итті айтақтап, иттер үріп, құйрығын қайқайтып ұзатып салып қайтты. Үйлерінің ішінде есігі алдында тұрып балаларын жұмсап тұрған жасамыс адамдарды байқадым. «Ауылына ит қосып қуды» деген осы екен-ау деп ойлады, сонда. Жиырма сегізінші жылы Жаубай үйі көшінің артынан бір кемпірдің «қу пәлекет, арман кет!» деп топырақ шашқанын көріп едім. Енді жек көрудің қазақта мұндай да шығарып салу түрі бар екен-ау деп түйдім ішіме.

Сол күні кешке қарай басмашыға қарсы соғыста болғанда Ташкентте кездескен Талғар Шакиевтің үйіне келдім. Егер ол Кермекбаевтың үйін кешіруге келмесе мен оны тағы бірнеше күн көрмеуім де мүмкін еді. Оның бірге туған інісі Нұрқалық колхоздың төраға орынбасары екен. Талғар оқымай қалған кісі. Колхозда бригадир қай жұмысқа жұмсаса сол жұмысқа бара беретін, тіл қайырмайтын, мың болғыр кісі. Өзінен кеп кіші келіншегі Сейілхан танауы келтелеу, еркек пішіндес, аса қайратты адам. Ол да тиген жұмыс иесі. Ол кезде қалыстан келген басшыны кімнің үйіне түсер екен деп жұрт аңдып тұрады. Сондықтан белсенділіктен енші тимеген, бірақ Совет өкіметін орнатқысына қатысқан партияда жоқ большевиктің үйіне түстім. Салт басты, сабау қамшылы болғанмен колхоз бастығының қызметі бірде ерте, бірде кеш, ертемен, күннің шығысымен жұмысқа кетіп, күн батып, ымырт жабылған соң ғана қайтатын олардың үйінде тұруға обалсындым. Солардың көршілерінен бір бөлме үй босаттырдым. Шине үстіне салған қамысы салбырап тұрған, бірақ табаны саңдай қылып сыланған бір терезелі белмеге кірдім. Кірдім дегенде менде дүние бар ма, күйме бар ма, жалғыз қызыл қоржын. Текемет, сырмақ менде болса-болмаса жоқ. Ойымда ештеме жоқ, «ең болмаса шырыш болып тұнып тұрған Қаракөлдің бір бау қамысы да бұйырмаған» екен дедім, үйдің төбесіне қарап. Африкалық

болмаса да Азиядағы ең қара кісінің бірі Талғар шиыршықтап оралған бір бойра көтеріп келіп еденге теседі. Қамыс отқа жақсаң пайра болар, тоқысаң бойра болар. Еденнің көркі кіріп қалды. Аздан соң ол екі басы қайқайған, бетіне ойып өрнек нақыштаған қазақы ағаш төсек әкеліп салды. Сейілхан оның үстіне бір салар ақ сырмақ әкеліп теседі. Тесектің аяқ жағын ала сойдатып бір сүйем қалпақ бас шеге қағып шинелімді іліп қойдым. Үй жасауы осымен бітті. Тамақты кез келген жерден ішіп, тек жатар орында ғана сол тоқал тамды тауып жүрдім. Ерте кетемін, кеш келемін.

Ерім мойныма кетіп, есім екеу, түсім тертеу болып жүйкем жұқарып жүрген сол бір кезде де Совет өкіметін нығайту ісіндегі жұмысымды мүлт жібермей атқардым деп жүрдім. Олай бос көмей айтатын себебім мен ауатком төрағасы болып тұрғанда да мықтадым деп жүрдім ғой. Бірақ мықтай алмағанымды, қайта колхоз құрылысына кесел келтіргенімді көзіме шұқып көрсетті емес пе? Дегенмен өзім орнатқан Совет өкіметіне қолдан келген қызметті барынша аямадым, аянбадым.

Ертеңіне ертемен кешегі қос басына келдім. Біраз адам жерді темір күрекпен аударып жатыр. Соқаға жегілгендер не істерін білмесе керек, ошарылып тұр. Маған ешкім тіл қата алмады. Шамасы сөйлейміз деп бүлдіріп аламыз ба деп жүрексінеді, әлдекім біледі, «бір Кермекбаев кетіп, екінші Кермекбаев келді, қойшы сонь» деп тұрғандар да бар болар.

Таңертең колхоз бастығының мінетін атын маған әкелген. Мен оны «егіс басына апарындар, менің ағым бар» деп жіберген едім. Ол жирен төбел байлаулы тұр. Соқаға салуға ешкім батпаса керек. Сәлемдесіп болғаннан соң өздеріне ақыл сала сөйледім:

— Не істейміз, жігіттер.— Кедейдің бір де бірі жақ ашпады.

Былай істейік деп кеңес бермеді.

— Контр болып қаламыз ба деп қорқып тұрмыз.— Кешегі сидаң қара жігіт.— Байдан қалған шайлыққан жүректі Голощекиннің бақырған белсенділеріне бердік. Қит етсек байдың құйыршығы дейді. Не де болса, тұштаңдаған құйыршық болғанша, май құйыршықтың өзі-ақ болғанымыз жөн еді.— Жігіттің мысқылы күлдірмей қоймады. Сөз білетіндігі көрініп тұр. Мен қатты күлдім және әдейі күлдім. Колхозшылармен етене араласудың жолын іздегенім еді ол. Шынында менімен бірге отыздай адам бәрі де қарқылдап күлді.

— Екі құлаққа жетпеген сөзді сынар құлақ қалай қабылдар екен,— деді қып-қызыл екі бетінен қаны тамған келіншек. Тұрғандар тағы күлді.

— Ол жалғыз болса да большевиктің құлағы,— дедім мен күлген болып. Әңгіме осылай жалғаса берді.

— Кім біледі, қамқа тонын айналдырып киіп большевик болып келеді де, контр болып шығады. Сенім азайып барады,— деді сөзге

қайта араласып алдыңғы әңгіме бастаған жігіт. Сөзге тым ширақсың, іске қалайсың деп мен тұрдым. Әлде сенікі тақылдаған тіл ме екен. Байлауы жоқ шешеннен үндемеген есті артық. Кім біледі осы ауылда мақалдап-мәтелдеп өте шешен сөйлейтін Денгелбайдың Әмірі дейтін кісі болатын. Оны жұрт кейде бақсыз шешен дейтін. Әлде сондайдың бірімсің?

— Сынап көріңіздер, ендеше,— деп мен не істеулері керек екені жөнінде қысқа бұйрық бердім. Колхоз бастық мінген жирен төбелді кешегі жалғыз аттың жанына жектік. Соқаларға өгізді екіден салдық. Өгіздің басын жетелеуге бір кісі, соқаны ұстауға бір кісі, бәрі екі кісі жеткілікті болды. Осыдан кейін күндегі бес соқа жырта алмайтын жерді үш соқа талқан қылды. Жұмыста қарқынтуып, ғамкункөңілдерсерпілгендей болды. Оншақты күнде егісті сеуіп бітірдік. Бірақ менің көңілімде бір нәрсе түйткілденіп тұрды да қойды.

Колхоз үш жүз гектар егін егеді. Мың адам соған қарап отырады. Жұмысшы қолы бастан асып жатыр. Егінге тиісті адамды шақтап алып, артығын мал бағуға пайдалануға болар еді. Бірақ ол кездегі көзқарас біз қайтып малмен айналыспайтындай, мал өсірмейтіндей едік. Тек жер жырту, қоныстану ғана Совет «өкіметінің жұмысы, ал мал бағу байлардың ісі сияқты көрінетін. Оны айтқан кісінің тіліне шикан шығатындай еді де, қатені түзетуге ұмтылған орта буында басшы болмады. Ал оны сөз еткен адамның аты Голощекинге жетсе, ол темір тордың арғы жағынан бір-ақ көрінетін. Сондықтан білгендердің көбі іштен, тынып, малды ауызына алмайтын. Ал ұйыстырылған малға келсек, ол қай жолмен болса да құрып кете жаздап тұр еді. Нақ осы «Ақсеңгір» колхозынан мың үйден ұйымдасқан алты мың қойдан сол жазға мыңы ғана жеткен екен. Қайда кеткенін, қалай құрығанын ешкім білмейді. Әйтеуір жоқ. Шамасы бұған да күртіліктердің тайлақ сойғанындай әлемет келген болса керек-ті.

Май айының ортасы. Шөптің шығымы нашар. Өйткені жаңбыр күн ара ерлетіп, не сіркіреп, себелеп тұрғанымен күн жылымағандықтан шөп бұғып өспей, аласа қалпымен бас тартты. Раң жердің бетіне шықты да, өшті. Колхозға келген қадамым сәтті болмады деген бір жаман ой мені билеп алды. Көкірегім дүмгән. Тағы да қапаланыңқырап, жалғызсырап, балаларымды сағынып жүр едім. Колхоз кеңсесіне еңсем түсіңкіреп кірсем бір әйел отыр. Байқаңқырап қарасам баяғы ағарту бөліміне өзім орналастырған Мақпыр. Алғаш оның келуіне тіксініп қалғаныммен, жалғызсырап, көңілім жүдеп жүргенде мұның келгенін бұл жолы теріс көрмедім. Біраздан бері көрмегендіктен бе, әлде бұрын көңіл аудармай бүгін үңіле қарағандықтан ба Мақпыр тым әдемі сияқты, құлпы киіп, тауыстай құлшырып тұр. Тіпті адам ләпсінен жаңылайын десе қиын емес екен, оны барып құшақтай алғым да, алқалағым да, аймалағым да келді. Бұл осалдығымды ол сезіп қалды ма деп қысылып та кеттім.

Дегенмен мен сүлесоктау амандастым. Ол жайдарыланып, жайраңдап тұр. Көптен көрмеген досын кездестіргендей. Қысқа амандықтан кейін шаруасын тура айтты:

— Сізді көрмеген екі ай екі жылдай сезілді. Егер маған осында әлдеқандай қызмет тауып берсеңіз, сізді күнде бір көргенімді өзіме медеу етіп жүрер едім.— «Бойдақтың түске дейін есі бар, түстен кейін есі жоқ». Тіпті мұның маған нағып жан жүрегі жарылып, үміті үйіріліп қалды деп бір ойласамшы. Сонан соң жөндем қазақ әйелінің бұлай ашыла бермейтінін қалай есімнен шығарып алғанмын. Мақпырдың айтқан сөзінің бәрі жаныма нұр болып құйылып, жылы қымталған айрандай ұйытып тастағанын айтсаңшы! Сорлы болғанда «Сізді көргенімді өзіме медеу етіп жүрер едім» деген сөз де жаныма жағып кеткенін қайтерсің. Мақпырды өз өтініші бойынша балалар бақшасына меңгерушілікке орналастырдым. Ол үш-төрт күн істеп жатты. «Қайда тұрасыз?» демеген екенмін, бір келгенде оны да сұрап көңілін аулаған болдым. Өйткені осыған үйлене салсам ба екен деген ой да жылт беріп кетті. Бірақ өлгеніне он жыл болса да Ұлтуғанды ұмыта алмай жүрдім. Ұмыту мүмкін бе ондай нәзік жанды. Оның әр қылығы күндіз де, түнде де ділімде тұрады да қояды. Мені таниғындар арасында «Абақ басмашыларға қарсы соғыста жүргенінде оқ тиіп, әтек болып қалыпты», «Алматыда алайын деп жүрген әйелі бар екен, онысы ауылға келгісі келмейтін болса керек-ті» деген сияқты сөздер артымнан еріп жүріпті. Ол кезде меноларды естіпін бе!?

Майайының аяғында күн қаттысыпкетті.Кешалдында дамылдап қайтуға атыма мініп өзенге бардым. Күн еңкейіп барып қалса да ыстығы қайтпай шақырайып тұр. Ми қайнататын шілде-тамыз болмаса да күн тірідейшыжғырып барады.Мен жа-сымнан қалың ет бітіп көрмеген жанмын. Арық болсам да ыстыққа тым шыдамсызбын. Өлке бойынан бір оңашалау жерді тауып алып, Тарланкөкті ауыздығын алып, жүгенін басына түріп жібердім де, арнаға жақындадым. Мен келген жер көп адам жүре бермейтін шырыш-қорыс. Айнала қамыс, қоға. Нақ арнаның жағасына жалбыз өсіпті. Иісі мұрынымды жарып кетті. Шайшөптің, кәдуілгі қой жуаның, татымықтың иісі шығады. Шамасы оның бәрі арғы бетте болса керек. Шешіне бастадым. Суға түспей ішкі киім мен ағысқа қарап біраз тұрдым. Су шымырлап ағып барып, арпа керіліп кеткенде су тасымықтанып, тайыздап қалады. Сонан соң тырдай жалаңаштанып ақырындап суға түстім. Күмп беретін су терең емес. Су жылы екен. Екі қолтығым су жағып, шомыла бастадым. Ағынға қарсы басымды қақштып ұзақ жаттым. Жалғыз адамның тұңғыққа түспей, даққа бойламай жүретін кезі өте сирек,шырағым.Су ішінде де балаларымды, өткен-кеткенді ойлап отырып, ділімде жүрген, күпті-күмәнды қылып жүрген бірсыпыра істеген жұмысымды сарапқа салдым, ой елегінен қайта өткізіп, жіберген қателерімдідеқарастыра кеттім. Ағаттығым, оқастығым болса да қателігім жоқ сияқты. Адам қашанда өзінікін жөн

дейді. Ондай түзілістен де ісімді қайта өткізіп шықтым. Не керек, тағдыр осылай шығар деп ұзақ отырыпқалған екем, бір кездерылдижақта судың емескі шалпылы естілді.Кәдімгіит су ішіп жатқандай шалпыл. Дыбысы нәренжу. Көз тастасам бір топ ешкіталдың арғы жағындағы қызылқыршын арасынан жалаңаш тәнді көрдім. Біреу шомылып жүр. Байқаңқырап қарасам әйел адам. Екі бұрымының жуандығына қарап Мақпырды бірден айырдым.Маңдай жақ шашын қара насармен бастырып қойыпты. Мақпыр! Қандай қызық кездесу.

Май, июнь айларында ол кезде «Ақсеңгір» тұсында өзенде су тым азайып, бір-ақ құлақ су қалатын. Өйткені арна бойының он-он екі шақырым бойынан жеті тоған су алғанда өзен табаны кейде құрғап, кейде там-тұмдап, ауанынан айырылып, тоқтап, кейде тіпті алғауланып та қала беретін. Сондықтан иірімдерде болмаса әншейін жерде су тобықтан аспайды. Адам денесін жасыра алмайды. Содан әбден егін піскен соң барып өзен қайта кенересіне келетін, жаз бойы шөліркеп қалған саздың өлеңі, саланың сынымық-жұмсақ шөбі ындыны қанып, көгеріп қайта шиендеп, қайта құлақтанып, тіпті шешек те атағын. Мақпыр да тырдай, анандан туғандай жалаңаш. Шамасы ол да елсіз жерді іздеп келген ғой деймін. Отырғанда өрістікті ғана иектеген ағыннан оның бар денесі көрінеді. Мен алдымен сасыңқырап қалдым. Соның арасында Мақпыр денесін жазып түрегелді. Аппақ сазандай денені көріп, ол киініп кетіп қалуға түрегелген шығар деп жүрегім дүпілдеп соғып жүріп берді. Менен он жастан аса кіші әйелдің сүйегі әлі жарылмаған болуы керек, дірілдеген кеудесінің баулығы үзілмеген қалпы, тырсылдап тұр. Бұзылмаған денесіне қарап әлі бала тумаған шығарсың деген ой келді. Не істесем екен деп жүрегім аттай тулады. Бары-жоғы желі бойындай жерде қаса сұлу шомылып жатса, жігіт адамның оны көріп шыдап отыруы оңай ма?! «Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл, ұқсайды қаса сұлу шомылғанға». Шіркін Абай ағаң да сол бір суретті дәп басқан-ау! Сол қаса сұлу «қоянды көр де жоным көр» деп өзі тыр жалаңаш шешініп жаныңа келіп тұр. Қалай? Ұят деген де бар. Қызбалық, қызығушылық сұғанақтыққа ұласып кетсе, ол жігіт басына лайық па?! Үстінде лыпасы жоқ тырдай адамға бетінің шым етер ұяты бар кісі жақындар ма? Ұяттан аттап өту оңай ма? «Ұятыңыз қайда, не деген тебір едіңіз» десе, бозбала емес, жігіт ағасы болған адамға одан асқан өлім бар ма?! Ол көрмеген болар. Мен не де болса көргенімді сездіруім керек шығар. Қалай? Жөтеліп, жөткірініп пе? Мен естіген судың шалпылын ол неге естімеуге тиіс? «Киініңіз судан шығайық» десем, не дер еді. Әлде түк көрмеген, сезбеген қалпыммен зым-зия жоқ болсам ба екен? Ол көрген болса бойын жазып неге түрегеледі? Әлде әдейі... Мүдәйілік, аярлық. Бәлкім жала жапқысы келетін шығар. Не деп болмайды. Қой ондай алғал, арам ойды қоя тұрайын. Көрмеген болып кетіп тынайын. Неге ол ауылдан жыраққа атты кісі адымына ілесе келеді? Әлде бір жақтан жолсоқты болып шаршап жетіп, сергіп алмақ болды ма екен. Мені

көрмесе де ол жайылып тұрған ерттеулі атты көрмей ме? Міне бір-ер минуттың ішінде осынша сауал бірінен кейін бірі лек-легімен келіп тыным бермеді. Бойдақтық арсындықты адамдық ар жемді, мен түк билдірмей кетпек болдым. Дымымды шығармай, жөтеліп-жөткерінбей киіндім де, Тарланкөкті ауыздықтамастан, тізгінін ұстамастан бұтымды арта салып, жөнеп бердім. Ол әрине мені қайда апаруды біледі. Бірақ су жағасындағы сурет көзімде кете барды...

Талғар үйінің жанындағы жалғыз бөлме келіп біраз тыныстамақ болдым. Бірақ ешқашан ешкім, ешбір сүңгуір, малтымақ түбіне жете алмаған және жете алмақ емес тұңғыққа — ойға түсіп, ойды ой қуып тыншым кетті. Аппақ жұмыр дене көз алдымнан кетпей сыландап тұрып алды. Салдақы мені көріп әдейі келген шығар дегім де келді. Олай деуге ауызым бармай-ақ қойды. Тағы да қырымпоз неме әдейі қылаңдайтын шығар деймін. Соған ақылым жетіп тұрса да теріс айналдырып тастауға шамам келмей барады. Ақтай бергім келеді, оны. Тырсылдаған кеуде, құмырсқа бел, түп-түзу қабығы түскен қайындай балтыр, ер жігітті елттетін епсекті дене. Біресе Мақпырдың шомылып отырғаны, біресе тіте түрегелгені елестейді. Адамның сезімі қызық. Тыншымай әйтеуір алабұрттып барамын. Тұрып киініп, көршіден шай ішіп, кеңсеге кеттім.

Кеңседе колхозшаруаларын реттеп, қағаздарға қолқойып, кеш алдында үйіме келсем есік алдында тотыдай таранған Мақпыр тұр. Басы жалаң бас, маңдай жағы екі жарылған қолаң қара шашын бағанағы қара насармен бастырып қойыпты. Желке тұсында, екі бұрымының арасында кішкене ғана шарқатты түйреуішпен іліп қойған. Мүнәйім қара дұқабадан тігілген қамзолдың сыртынан қаракемербуыныпты. Оның қапсырмасына шапқан күміс нақыстары жарқ-жұрқ етеді. Тіпті айқыш-ұйқыш нақыстар мені соққан шіленгер-зергер ерекше деп айғайлап тұрғандай. Кемерді белінің жіңішкелігін әдейі байқату үшін буынғандай. Қытайы қызыл көйлектің етегі тарлау да, қысқалау да сияқты. Албыраған екі беті жазғы батар күннің қызылымен нарттай шырайланып тұр. Көйлектің өндіріске тие келген омырау қақпағында құйысқанға, өмілдірікке орнатылған көгілдіріктей көксауыр тана бақырайып мен мұндалайды. Інім, нақ осы жерде саған «менің Ұлтуғаным осыларсыз-ақ жақсы еді-ау» деп ойладым десем саған ұнарын білемін. Нақ сол сәтте Ұлтуғанды ойламаппын. Мұны, інім, мен өзіме ешқашан кеше алмаймын. Інім, орыста «әйел алғашқы күйеуімен, еркек соңғы әйелімен тұрады» деген мәтел бар. Рас та шығар. Бірақ Ұлтуған есіме түскенде бүкіл дүниені әлі де тәрік етемін. Үнемі оны ойлап күндік тартып, қайғыланып жүремін. Ұлтуған есіме түскенде қай жерде жүрсем де өзімді өзім құмырсқа көріп, өгей санаймын. Жасыратын несі бар, інім, кейде осы дүниенің маған тіпті керегі жоқтай түгесіліп кетемін.

— Міне, керексізін келді, — дейді көршінін әйелі. Амандықтан соң «менің қошым келмейді сеніменен» дегім де келіп тұрды. Дей алма-

дым. Бірдеме айтқызбай кежегемнен кейін кетіп, кок желкемен бірдеме тартты да қалды. Айта алмадым. Ауызым бармады.

— Үйге кіріңіз, — деппін бұйымтайын сұрап қайтарып жіберудің орнына. Қалай ол сөз ауызымнан шығып кеткенін де білмеймін. Шама-сы мені билеп алған күндізгі көрініс болса керек.

Жалғыз бөлмелі үйде перде атаулыны салынғалы білмеген әңгередей терезеден жарық түсіп тұр. Кеш батып бара жатқандықтан бәрі бір бөлме іші қоңырқай. Еркек тұрған, әйелсіз үйде не береке болушы еді, не жерде төсеніш жоқ, не орындық жоқ. Шамдалды іздемедім, сірәңке шақпадым, жарыққа қам жасамадым.

— Төсекке отыра беріңіз, — дедім Мақпырға. Енді қайда отырғызбақпын қонақты. Әлі де әдіден аспадым.

— Күн ысып кетті ғой, қамзолымды шешіп қойсам бола ма?

— Шешінуге жалпы рұқсат! — Пәлегінен жаңа үзілетін күләба емес екенін білдім. Мен оның қасына келіп отырдым...

Мақпыр сол түні ол үйден шыққан жоқ. Осылай бірге тұра бердік. «Менің мұным не?» демеді ол, мен де «қалай болды» дегем жоқ.

Жаз ыстық. Әуе айналып жерге түскендей. Арада екі-үш күн өткенде әлгі бір бөлменің жанына біреудің тастап қашып кеткен сыртын дөдегелеп, көкаяқтаған алты канат қазақ үйін әкеліп тіктіріп, сонда тұрдық. Өзімізде төсеніш жоқ болғанымен елді күнді күн көру қиын болмады. Талғардың келіншегі үйіндегі оюлап жасаған откізін әкеліп, жаман салабасы шыққан алашаның үстінен салды. Қазақ үйдің түрі өзгеріп жүріп берді. Бір жолдас қайқы қазақы төсектің тұсына бізбен іліп тіккен кестесі, екі-үш жерінде емшектеніп тұратын әсем салпыншағы бар, қара дұқабаман кемкерілген тұскиіз ілді. Отауларыңа қосқанымыз деді. Шыны-шәйнек, аяқ-табақ осы жолмен біздің босағадан орын тепті. Мен оны алмаймын демедім. Ол ата-бабадан қалған жол, отауды жасау жолы. Қаскелең ауданындағы Ораз атындағы колхозда есепші болып жүретін бір туысқаным — Әміржан Но-ғайбеков келіп маған күләлі бір бикасап шапан, Мақпырға батсайы көйлек кигізді. Бір-екі көрпе-жастық та осылай жиналды. Қашанда қазақ отауды осылай жасақтайды. Халық дәстүрін сыйлап ескен меті мұны әкелгендерге қарсылық білдірген емес. Өйткені әкелген нәрселер ескі, тіпті кенелері де бар. Ыдыс-аяқ та, мүлік те ұсталған дүниелер. Өздерінде жоқ жаңаны олар қайдан тауып әкелсін. Жаңа нәрсе жалғыз Мақпырға сыйланған батсайы көйлек.

Осылай күн көріп жаттым. Колхоз шаруашылығы да күннен күнге жөнделіп келе жатты. Кеңдалаға салған тары жайқалып өсті. Енді шыбын көтеріп кетпесе деп диқандар зыр қағады. Шынын айтсам, інім, «шыбын тары жеуші ме еді» деп қойып жүре бердім. Бір күні оны маған өзімнің орынбасарым, ата-бабасынан жатақ жатып, қара сирақ, қарамойын атанып егін салған адамдар тұқымы Нұрқалық әбден түсіндірді. Тары бас тартып, дән сала бастаған кезде бұл дақылдың да өз жауы жетеді екен. Тарыға түсер құртты ол кезде ұстап алған қазақ

жоқ, сонда да біте тәріздес бірдеме түседі екен де, айналдырған төрт-бес күнде басын көтере алмай салбырап тұрған тарының дәнінен түк қалмай, қауызы, сабағын басар салмақ болмаған соң қаудып аспанға қарап қалады екен. Осыны қазақ «шыбын көтеріп кетті» дейді. Мұны, інім, білмегенім жақсы еді, естіп алған соң жаным тырнағымның ұшына келіп жүрдім. Басқа шаруашылық өз кезегімен жүріп жатты.

Осы жаз күні ауданға шұғыл шақырылдым. Тура Мырзалинге келсін депті. Ол кезде зу ете түсетін машина жоқ. Тарланкөкке мініп Төңірекқұршын өзенін бойлап, Көкөзек арқылы төтелей тартып, суыт жүріп, түсте Қарақыстаққа жеттім. «Сізді тосып отыр» десті мені көрген аупартком қызметкерлері. Бұл ауданға келгелі бір дұрыс сөйлесіп көрмеген, мені көбеген таздай жек көретін Мырзалин жақсы амандасты. Колхоз жағдайын әбден сұрап болған соң:

— Мына бір қағазбен таныс,— деп араб әрпімен, қара қарындашпен жазылған екі бет қағазды алдыма тастады. Ол менің үстімнен жазылған арыз болып шықты. Арызды «бұл колхозды таратқалы жүр» деп бастапты да, тұскиіз, откиіз, көрпе-жастық, шыны-шәйнек пара алды делініпті. Оларды кім бергені, аты-жөндері қолмен қойғандай дәл тізіліпті. Бұл ауданда тұрмайтын және ешкім танымайтын Әміржанның аты да жазылыпты. Ол әкелген күләлі биқасап шапан мен батсайы көйлекті Мақпыр екеумізден басқа жан білмейтін де. Оқып шыққан соң арызды Мырзалиннің өзіне қайтардым. Шамасы өңім қатты түтігіп, күйініп кетсем керек, хатшы алдыма тостағанмен су құйып қойып:

— Іш, солығыңызды басыңыз,— деді. Мен суды бір-ақ тарттым. Өйткені ішім күйіп тұр еді. Сол үнсіздіктен кейін ол өңімені өзі бастап кетті. Мен не дерімді де білмедім. Бәрі рас. Батып кеткені «колхозды таратқалы жүр» дегені. Шынымен, інім, мен ондай тәрбие алмаған адаммын. Колхоздың, оны ұйымдастырып отырған Совет өкіметінің табанына кірген тікен, менің маңдайыма шөңге болып қадалсын деп жүргенде бұл жаққан күйеге қалай жаның шыдасын.— Біз бұл арызды тексердік. Сен оны білген де жоқсың,— деді Мырзалин.— Ол ауылда арыз жазатын және шындық жазатын екі-үш адам бар екенін өзіңіз де білесіз. Тексергенде олар болмай шықты. Мақтанып кетпессіз, расын айтсам олар сіздің жұмысыңызға риза. Кеше шауып Қарақыстаққа өздері келіп қайтты. Мұндай көпе-көрнеу жалаға қатты қынжылғанын білдірді.

— Абақ бізге мәлім большевик,— деді Нұрлан Тоққұлов.— Біз, біздің ауылдағы коммунистер оны Ленин ісіне берілген адам ретінде ғана біледі. Сондықтан да ауыл адамдары ондай арыз жазған жоқ және жазбақ та емес. Әйтеуір бұл біздің ауылдың ісі емес. Қалай тексерсеңіз де солай болып шығады,— деп ашып айтты деді Мырзалин. Шыны-шәйнек берген, тұскиіз, откиіз берген адамдар да «бергеніміз рас, жолдасымыз жерде жатқан соң жанымыз ашыды» десіпті. Ал биқасап шапан мен батсайы көйлекті қанша адамнан сұраса да ешкім білмеген.

Осыны өзіне айтайын дедім және өте сақ болуыңды ескертейін деп едім. Арыз иесін өз төңірегіңізден іздегеніңіз дұрыс,— деді Мырзалин қоштасарда.

Қарақыстаққа екі сағатта барып, қайтарда Тарланкөкті ілбітіп төрт сағат жолда жүрдім. «Ақсенгірдегілерді» тегіс сарапқа салып, арыз жазған адамды таба алмадым.

Кеш бата ауылға жеттім. Менің есігімнің алды толған адам. Шамасы осы үйлерде той-томалақ, не кісі өлімі болар ма деп тіксініп қалдым. Тіпті бүкіл ауыл-аймағымен, бота-тайлағымен дегендей жиналған десе де болады. Совет өкіметі бұл кезде жұртты киіндіріп үлгірмеген. Келген адамның киімі ала-құла, оны он түрлі болса, олардың іші де нақ солай. Қазіргі сыртқы көрінісі адамдардың ішкі жан дүниесіне ұқсас еді. Бірақ негізгі халық Совет өкіметі жағында екені көпке аян болатын. Колхоз ұрат-ұрат рулардан құралса да, жырттық киімді, тамағы аш болса да мінез-құлықтан, сөйлеген сөзден Совет өкіметіне деген бірлігін білу қиын болмайтын. Көбі ауызын ашса көмекейі көрінетін аңқылдақ іші таза, ісі сара жан дар еді.

Мен Тарланкөкті байлап көрген адам емеспін. Сайраққа — алыс жолға шығып келгенде суыту керек болса, тізгінін ердің басына іліп, қаңтарып, тартпасын, шагі айылын босатып қоя салатынмын. Тіпті оның үстіне менен басқа шыбын жорғаламаса, тірі жан шыққан емес десем де болады. Баяғыда Тұрапбай ұрлап кеткеннен қайтіп ол менен басқа адам баласын үстіне шығармайды. Зәу-шайтан біреу міне қалса, мөңкіп-мөңкіп, не аспанға шапшып, тіпті кенеше жабысатын біреу болса, жата қалып аунап тастап кететін. Суатқа да тізгінін түйіп, ауыздығын алып өзін қоя бере салатынмын. Сөйтіп бұл жолы да тарланды қаңтара салып көптің қоюлау ортасына қарсы жүрдім. Олар да топ-тобымен бері беттерін бұрды. Ауылдың мен тәуірмін деген, сорпа бетіне шығарының бәрі осында. Шеттегі топ ішінен баяғыда он алтыншы жылы көтеріліске бірге аттанған Нұрлан Тоққұловты, Әбілахат Әбдірахимовты, түнеугі күнгі пысық жас жігіт Исахан Телтаевты, үнемі үлкен березент қапшығын қошқардың күйегінде салпылдатып мойынынан тастамайтын, орындаушы болып жүретін Өнербай Оңғарбаевты, өзімнің орынбасарым, жылтыр қара өңінде аппақ тістері сақсиып көрініп тұратын Нұрқалық Әлімбаевты көрдім. Бәрінің де қабақтары қату, түстері түнеріңкі. Он алтыншы жылы июнь жарлығы шығып, он тоғыз бен отыздың арасын оқпанға алатында халықтың осылай қанына қарайғанын, салыңқы қабағын көрген едім. Бүгін де нақ солай. Не болып, бәрі қантүленіп қалды екен деп ойлады.

— Тарағалы жатырмыз, таратқалы жатқан көрінесің,— деді Нұрлан Тоққұлов жасы мен құралпы адам еді. Сүйексіз қызыл найзасын тіке салды.

— Қайда тармақсыңдар, қайда таратқалы жатыр екенмін?

— Оны сен білесің де. Елтайдан бұйрық алған көрінесің ғой.

— Жөнімен айтыңдаршы, ештеме түсіне алмай тұрмын.

Қоп-қоңыр бетінде аппақ тістері жарқырап алған ұрқалық шықты. Нұрлан, Нұрқалық бәрі туысқан адамдар. Шамасы сол сөйлемек.

— Сен жай-жапсарын айтшы, Нұрқалық, — деп Нұрлан сәл басылайын деді. Арттан біреу: «бәсе, бұл білмейді» деді. Қалың адам ортасынан шыққан ол дауысты естігенде мойнымды басып, титықтап тұрған батпандай ауырлық түсіп қалғандай сезіндім.

— Таңертең екеуіміз айырылысқан соң жұмыс басына барып қайтып келсем, — деді Нұрқалық, — кеңсе жаны шу-шұрқан. Мына жұрт содан бері әлі тараған жоқ. Кеңсеге сіздің әйеліңіз келіпті де, есепшіге қысқа жарлық беріпті:

— Абақ ауданға кетті. Енді колхоз болмаймыз, облыстан солай хабар келді деп айтты, орталықтағы қойдың бәрін таратып, үлесіп алсын деді, өзі бұдан кейінгі жағдайдың не болатынын білуге кетті депті. Содан бірінен-бірі естіген жұрт жұмысты қойып, егер колхоз тараса қолымыздан колхозға қосқан тоқты-торымымызды, шыбыш-тушамызды ала алмай қалармыз, — деп тарамай тұрғаны дейді Нұрқалық. Не дерімді білмедім. Сенерімді де, сенбесімді де біле алмай таңданып тұрдым. «Арызды өз төңірегіңнен ізде» деген еді Мырзалин. «Өз төңірегіңнен ізде!» Мен кешке дейін оны мына Нұрлан, Нұрқалық, Мақалардың қайсысы екен деп бас қатырып едім. Мәселенің беті қалай қисайып бара жатыр. «Өз төңірегіңнен ізде!» Өз төңірегімдегі таныстарым Талғар мен Сейілхан екеуі, қанды көйлек жолдас, Жаубай малын бір бағысқан Қойлыбай, Дәмет. Қойлыбай демекші, мен келместен бұрын ауыспарком Қойлыбайды осы ауылға қой фермасының меңгерушісі етіп жіберген еді. Бір қызығы Қойлыбай да, Дәмет те үйге бас сұғуды қойды. Алғаш үйленген күндері келгіш еді, кейін пышақ кескендей тыйылды. Неге? Кейде жасымнан бірге өсіп, біте қайнасқан досым Қойлыбай үйін өзім іздеп барып та жүрдім. Өйткені өткен-кеткенді айтып, еске түсіріп, шын шүйіркелескің келеді, сағынасың. Сонда да олар біздің босағаны аттамайды. Неге келмейсіңдер дегенге:

— Қол тимейді, — дейді де қояды. Ал осында келгеннен кейінгі тапқан дос жаранға неге келмейсіңдер десең «әйеліңнен сұра» деседі. Мақпыр деп атын да атамайды. Бір күні үсті-үстіне тақақтап жанын қоймаған соң, әлгі Дәмет ашық айтпағанмен біраз нәрседен мәлімет бергендей жауап айтты:

— Әйеліңіздің ойы тұңғыық, қабағы қатқыл. Қашанда «кедей байқұстар» деп бізді кемітіп отырады. Кедей жаман болса, ол нағып кедей өкіметінің сойылын соққан адамға тиеді. Әйеліңіз қабағын бір ашпайды, тұнжырайды да жүреді. Үндемеуі жаман, үндемегеннен үйдей пәле шығады демей ме қазақ. — Әрине Дәметтің сөзі көңілімнің бір бұрышына қара тастай қатқан қара пәле болып орнап алды. Дәметті жасымнан білсем де, маған деген ақ көңіл, ақ жүрегін анық байқасам да енді оны кергім келмей кетті. Қойындағы қатыныңды жаман деуді

есту оңай емес. Ал Мақпыр мені көргенде күлмендеп, жағасы жайлау, етегі қыстау, жаны жаз болып, өзі мәз болып кетеді. Менің жанымда ол көңілді болса болады дағы. Немене мен жоқта да әлдекімнің әйеліне ұқсап, ыржындай, ыржақтаса беруі керек пе? Рас, әдетте әйелің жөніндегі жақсы лепесті де, жаныңа жай түсірер, бәлкім мәңгіге жарықшақ түсірер алғал сөзді де ағайындарыңнан естисің. Олардың кейбірі от басының кикілжіңіне бола әйелінді жамандағанымен, кебі-ақ сені отқа итермейді, сенің жайраңдап жақсы жүргенінді қалайды, шыбышың лақтап, тоқтың қоздасын дейді, бірін екі, екеуің көп болсын дейді. Ағайындарды тыңдау керек, дегенмен от басы, ошақ қасындағы абысын-ажын келіспеуінен шығатын сөзді тыңдағанмен байқау керек. «Сүйрендеген жаман тіл, сүйгеніңнен айырар». Осылай жүріп жатқанбыз. Ал мына оқиға күтпеген, тосын жай болды. Жай болды деп жайбағыстайтын ештемесі жоқ, жай түскендей болды.

Мен даққа кетіп шамасы ұзақ тұрып қалсам керек.

— Олай емес дөші, — деп Қойлыбай қатты күйзеліп айтты.

Қойлыбайдың шынымен маған жаны ашып, шырылдап тұрғаны, мені большевик қылып шығарғысы келіп тұрғаны айдан айқын еді.

— Нұрқалық, — дедім мен орынбасарыма қарап, — мына тұрған кепшілік бытырамай қаз қалпында кеңсеге жүрсін. Әңгіменің аяғын жерге тигізбесек, есектен ерт шығады.

Сәлден кейін колхоз кеңсесінің алдында жиналыс басталды. Ол кезде екі жүз-үш жүз адам сиятын үй жоқ, сондықтан жиналысты далаға өткізбегуге амал жоқ. Жиналыста колхоз құрылысының барысын не істеуіміз керектігі туралы, әлі де тап жаулары ескі қоғамнан үмітін үзбей, аяғын соңғы рет шалғылап жатқандығы жөнінде баяндама жасадым. Сөз кімнен шықса да ол отар ішінде қой терісін жамылып жүрген қасқыр, таптың жауы екенін ашып айттым. Жұрт ішінде өзара күнкілдескендер болды, бірақ «әңгіме сіздің әйеліңізден шықты ғой» дегенді ешкім бетіме баспады. Жиналыс бітіп, жұрт тым-тырағай тарағаннан кейін партия тобымен әңгіме өткіздім. Колхозшылар көңілдері жайланып үйлеріне тараған соң, мен Нұрқалықты жеке алып қалып арыз жайын, несін жасырайын, шырағым, Мақпыр екеуімізден басқа ешкім білмейтін биқасап шапан мен батсайы көйлекті, тіпті шапанның береннен тігілген бөлек күләсі барын да жазғанын айттым.

— Әбеке, — деді Нұрқалық аппақ тістері жарқырап, — сіздің ондай биқасап шапан кигеніңізді осы ауылдағылар естіген емес. Егер олар білсе, маған жетеді. Кесенің, аяқ-табақтың саны кімге керек. Елдің сіз жөніндегі пікірін жаңа жиында өзіңіз көрдіңіз ғой. Әсіресе әйелдер қатты жақтады ғой, сізді. Нұрқалық екеуіміз отырып Мақа деген есепші жігітті шақырдық. Бойы тапалдау, сары кісі, ақындықты қойып, аздаған оқуы болғандықтан колхоз-дың есеп-қисабын жүргізетін. Ол кездегі есептің әмбесі көбіне ауданға кетер бескүндік ақпарға тірелетін. Оған

пәлендей көп сауаттылық керек емес, төрт амалды, жаза-оқи білгеннің бәрі де оңай атқарып кететін іс болатын. Әлі ел латын әрпіне көшіп үлгірмегендіктен оған шамасы жететін кісі көп табылатын. Шырағым, бұрынғыны жамандағанда да жөнімен жамандау керек, егер өтірік айтсақ, оның ешкіні қүйрығындай шолтпаған пішімі артынан-ақ көрінеді. Айтайын дегенім революцияға дейін халық-тың екі проценті ғана сауатты болды деген пікір жөнінде еді. Егер шындықты көзге ұрып айтар болсақ шикі өтірік осы. Қара танымайтын, әптік оқымаған адам бір үйде біреуден артпайтын. Мақа Муқаев ұялып кеңсеге зорға кірді.

— Мен оны айттайын деген ниетім жоқ еді, өзіңізге ғана бөлектеп білдірермін деп едім. Туысқаным болған соң әлгі Исаханға ғана айтып едім. Ол жайып жіберіпті. Жағдай былай болды,— деді Мақа қысыла тұрып.— Сіз осыдан шыға сала Мақпыр жеңгей кірді. Өңінен адам шошырлық. Қанын ішіне тартып алған. Қадіпкі сіз ауылдан шыға беріп, аттан жығылып, соған қатты күйінген адамдай. Көзі шүңірейіп ішіне кіріп кеткен. Жеңгейдің таңертеңгі саданын айтып жеткізу үшін жазушы болу керек, Ораз молда керек.— Мақа сөйлегенде оқыған кітаптарынан мысал ала отыратын кісі болатын. Мұнда да байқап отырмысың, інім, Ораз молданы бекер алып отырған жоқ, ол әйел мекерлігін көп жазған адам. Ол оның ғана әдеті емес, осы ауылда жеті-сегіз ақын бар еді. Олар өздері домбыра алып өлеңді бастағанда айтатындай «Ақынның ең үлкені Оспан еді, жүйріктің талай жолын тосқан еді». Сонан соң Таңсық, Қасымхан, Исахан болып кете баратын. Ең кіші ақын Әсімхан екі көзі алақандай, екі құлағы бет-ауызына қарағанда үлкендеу, мұрты жаңа тебіндеп, иегі түбіттеніп келе жатқан бозбала еді. Осылардың қай-қайсысы да ақындықты кәсіп етпеген, мысалы Оспан ақын колхозда темір ұстасы болып қызмет атқаратын. Бұлардың үлкенінен кішісіне дейін астарлап, тұспалдап, мақалдап-мәтелдеп сөйлегенде ауызына қарап отырғандай еді. Мақа да солай суреттей сөйлеп отыр.

— Жеңеміз Абақ тез жұртты жинап, орталыққа ұйымдасқан қойды бөліп берсін деп кетті деді,— деп Мақа маған бір қарап қойды.— Түгін сайын бір қой шалып құдайы берсін деп кетті. Ол қазір ғана осы жерден шықты ғой, ондай сөз айтқан жоқ дедім мен. Жеңеміз қатты кетті. «Ой өңкей, қыраспас, тоғышар кедей. Жақсылықты білмейтін жары-местер. Алматыдағы Елтай ағанның өзінен келіп отыр, бұл жарлық. Орындамасандар атыласыңдар дейді. Әбеке, мен оны жан адамға тісімнен шығармақ емес едім, үстімізге Исахан кіріп қалып шет жағалап алғал сөзді естіп қойыпты. Сонан соң оған шынын айтып едім. Егінді бүгін суармай-ақ қойсын, жұрт тасаттық беріп, өзен жағасында тынықсын дегенін де айту керек шығар. Бір сөз қосқан жоқпын, Әбеке.— Нұрқалық әңгімеге араласпады, тындаушы ғана болды. Өңінде түңіліп, тандандың ғана емескі белгісі бар. Мұнымен жеңгей не істегісі келді екен дегендей, әңгіме өкіліне түспей отыр. Расында адам сенетін сөз емес, бірақ шындық. Ойға шомған Нұрқалық әлден уақытта:

— Айтар атқа ұят болды-ау! — деп қиналды.

Түннің біршамасы болып қалды. Айдың кешесі болғандықтан дала шырғттай қараңғы, көзге түртсе көргісіз. Далада әлдекім дабырлағандай. Құлақ түрдік. Біреу мамаға ат байлап жатқандай, аттың ауыздығын шайнап тұрған дыбысы келеді. Шамасы қатты жүріс көрген жылқы болса керек. Мен ешқандай байлам айтпадым. Өйткені тағы бір сұмдық нәрсені анықтаудың кезегі келіп тұр еді, ол да мені көптен күпті қылып жүрген.

Мен үйге баруға асықпадым. Шынын айтсам барғым да келмейді. Үйде әлдеқандай бір ілбісін жатқандай көрінеді. Дегенмен кетпек болып орнымыздан тұрдық. Тағы отыратын едік, ондық шамдал ішінде майы таусылғандықтан қарауытып, білтесін көтере-көтере шынысы жартылай күйеленіп кетіп еді. Кеңсе іші қара көлеңке, менің ішімді көрсетіп тұрғандай бар дүние қараң тартып, ләпсім қуырылып, күлпет тарықтырды.

Кеңсеге бір еркек, бір әйел кірді. Біз түрегеп тұрмыз. Қысқа амандықтан соң екеуі куәліктерін көрсетті, аутком төрағасы, аупартком хатшысы қол қойған екеуінің екі бөлек қатынас қағазы бар. Жігітті шамалап шырамыттым. Бірақ есіме түсіре алмадым. Көзі қап-қара, қияқтай сұлу мұрты бар, торылау жігіт. Жасы бізден кішілеу сияқты. Ырысбек Сәрсенов деп таныстырды өзін.

— Мен де бөтен емеспін. Мен мына Жандосов колхозының қазағымын. Бурын Алматыда істеуші едім, енді әкемнің жағдайы-на байланысты ауданға ауысуға тура келді. Аупартком осында жіберді.

— Нина Андреевна Андреева, мамандығым жоқ. Бірақ аупартком мені балалар бақшасында, не мектепте істерсіз деп еді. Содан осында келгеніміз.— Әйел орыс, отызға жетіңкіремеген. Қазақша білмейтіндігін баса ескертті. Бірақ аз күн ішінде түсініп кететінін білдірді. «Колхозға кеңсе хатшылығына пайдаланған жөн болар» деген Сәрсенов жөніндегі қатынаста. Ертеніне солай істелді де. Андрееваны балалар бақшасына жібердік, бірақ онда-ғылардың Мақпырдан басқасы бір ауыз орысша білмейді. Жалпы бұл үлкен колхозда бір үй орыс жоқ. Андрееваға қалай болар екен деп ойлады. Бірақ оған басымды ауыртып жатпадым. Болбол тары сияқты тез пісіп, тез жетіліп, тез өзгеріп жататын пелде-пелде өмірде мұндай талай алақүдек нәрсе кездесіп тұрады.

Кеңседен шыққаннан кейін тұңғыық ойға шомдым. Дүние маған бір тары қауызы сияқты тар қыспақ, жеркепе болып көрініп кетті. Ол қалугі бір үлкен өзеннің қапшағайындай қысталаң тартып, екі өкпемен қысып бара жатқандай. Дүние меңіреу тас үңгірдей қараңғы-қапас бірдеме сияқты. Мен соның ішіне еркім-мен еніп кеткендеймін. Не болып барады бұл дүние?! Қандай әсем басталып еді жігіттігім, қандай қызық еді, бұл дүние. Октябрь теңкерісін өткіздік. Барлық ісім ілгерілеп кетті. Байлар-ды конфискеледік. Жағдай мүлдем өзгерді. Кедейдің таңы атты. Елді колхоздастырдық. Оның да өз қызығы болды. Құдай жайқап, дари-

яда шолан ұрып жүргенімде Ұлтуған өлді. Одан соң он жыл қу тіземді құшақтап жүрдім. Еңсемей саумал ішпедім, екшемеи тары жемедім. Ыдырыс көрпе жамылып, қалы кілем төсеніп көрмедім. Әддімнен асып, асылық жасаған, асыра сілтеген жерім де жоқ. Мақпырға қосылдым. Төңірегімдегілер көре сала безді, ағайын-туған ұнатпады. Сонда мен солардың айтуынша уйленуім керек пе? Кеше кеңсе сыпырушы әйел далада жүрген біреуге не деп еді. Иығы тимеген есік қалмаған, еріні тимеген қасық қалмаған, етегі тимеген ер қалмаған, аяғы тимеген жер қалмаған біреу демеді ме. Сұмдық қой, бұл. Қайдан біледі екен, сол әйел. Әлде өзі нобайлай ма екен, киінісіне қарап айта ма екен. Әлде Мақпырды білетін, сырдаңның сырын сырлы аяқтың бедеріндей тани-тын басқа біреулер де бұл төңіректе бар ма екен? Неге олар біледі, мен неге одан мақұрыммын. Міне, осыларды ойлап үйіме тірелгенімді бір-ақ білдім. Мақпыр ондық шамды жағып қойып, сұлқ отыр. Мені тосып отырған жайы бар. Отырысы қандай жаман еді. Оң қолы неге омырауына тығулы. Жүрегі ауырып тұр ма екен? Қалай түрі түнектей. Не істеуім керек? Түк білмеуім керек пе, оныма ол сене қоя ма. Онда ол менен ойын, ісін жасырды деп қалуы мүмкін. Сондықтан «мұның не?» деген бір-екі ауыз сөз айтуым керек болар. Менің білгенімді біліп отыр. Епді тұруға болмайды. Мен бес-алты қадам басқандай болдым.

Мен есікті аша бергенімді біліп отырып селк ете түсті. Сурыма бір қарады да, көкірегіндегі қолын ары тығып жіберіп, қайта суырып алды да, ата тұра келді. Маған қарсы жүрді де, жаз күні, шешіп алатын сырт киім жоқ, соқиып тұрып қалды. Бет-жүзімді қайта шолып отті де, оң жақ қолтығына тыға қойған қолын суырды. Ұра ма, ұрса ма деп қорыққан әйелдей бәйпек қағын, қабағымды бағып тұр. Бәрі көлгір, аяр-мүдәйілік.

— Өлтірдің ғой, мұның қалай? — дедім мен. Сөзіме сендіру үшін «өлтірдің ғой» дегенді әдейі қыстырдым.

— Жазығым жоқ! — деп еңіреп жіберді. Мақпыр мойнымнан құшақтап. Қолын өкпелеген адамша қағып тастаған болдым. Қолын қаққан болып, шынтағымды сол жақ кеудесіне тигіздім, шынтағым қатты нәрсеге тиді. Өтірік теріс қараған болдым. Ол артымнан қайта құшақтамақ, қолын шынтағыммен тағы қақтым. Қарулы. Бәлкім... Әуелгіде солай көрінген болар. Ол бажалақтап жылап отыра кетті, еңіреп, ағыл-тегіл көз жасты саланың суын-дай жібере отырып:

— Бәрі осылай деп, сен айтты деп құртқызамыз, саған сене ме, көпке сене ме көреміз дейді. Жазығым жоқ, ауыл болып ешігетіндей не істеппін оларға. Онда мен өзім-ақ өлейін! — деп от басында жатқан шолақ қара пышақты кенірдегіне ала жүгірді. Қолынан пышақты қағып түсірдім. Алдыңғы сөзбен тұрғанда бәлкім сенуге болар ма еді, өлейін деп пышаққа жармасқаны күдігімді арттыра түсті. Сонда бұл маған неге келген десемші бір, ақ көңіл мүскін басым. Сырын бір жола біліп, соның жағына шыққан кісі болып көріну үшін «колхозды ондай жол-

мен құртуға болмайды, одан жіңішкерек тәсіл ойлау керек» дегім келді. Оған большевиктік басым бұрылмай-ақ қойды. Тіке кет дейді. Оны кейін де ойладым, ондай мүдәйілік қолымнан келмеді. Не деуім керек екенін сәл богеліп ойладым. Іштегі қыжылды, құдісті білгізбей тұра турмақ болдым. Жұртты тым қатты жамандап жіберсем де ол зымыян іш жиып қалуы мүмкін. Сондықтан сеніп, қайыл болатындай бірдеме деуім керек. Бірақ, інім, оны зорға айттым.

— Сейтіп құртады ғой, бұлар, — дедім.

Кеш жатқандықтан ба қатты ұйықтаппын. Бірақ кешегі, ал-дыңғы күні керген түсімді тағы кердім. Күнде бір-ақ түрлі түс керемін. Ол, міне, соңғы үш-төрт күн бойы қайталана береді. Алдымен біреу ішіме найза сұғып алады. Ол тоқал найза екен, өтпейді. Бірақ ішім ауырып қалады. Найза күнде кіндігімнің үстінен тиеді. Бірақ дарымайды. Сонан соң ішіме біреу операция жасамақ болып пышақпен тілгілейді келіп, тілгілейді. Сонан соң әлдеқандай керосин шам күйленіп барып, өшіп қалады. Дәрігер шам өшкен соң маған операция жасай алмай қалады. Інім, адам әр түрлі түс көре береді. Мысалы түнде аяғың жаурап жатса түсінде су кешіп жүресің. Арқаң ашық қалса қар жауып кетеді. Бірақ бір түстің күнде қайталана беруі екі талай. Не болды екен деп, тіпті күндіз оны ойлауға қорқатын болдым. Алғашқы күні оны Мақпырға айтып қоя жаздап «түнде» деп барып тоқтап қалдым.

— Түнде немене? — деп ол да кенедей сұраққа жабыса кетті.

— Түнде тесек қатты болды ма, жамбасым ауырып қалып-ты, — дей салдым. Енді екі-үш күннен кейін бойымды әлдеқандай бір үрей билеп алды. Көзім жұмсам болды, ішімді біреу пышақпен тілгілейтіндей көремін де тұрамын.

Бір күні ауыл дүрлігіп кетті. Шатақ бала бақшадан шықты. Бала бақшаға барған балалардың бәрі мезгілден тыс ұйқыға кетіп, ешбірі оянбай, көзін аша алмай жатады. Балаларды алуға келген колхозшылардың бәрі есік алдында жаңбыр жауып ашылардағы кемпіркосаққа қараған адамдай ошарылып тұрады. Балалар оянбайды. Тәрбиеші қазақ әйелдің бірі балалардың түскі тамақтан кейін-ақ отырған жерлерінде қылжия бастағанын айтады. Ішілген тамақты, ыдыс-аяқты тексерейін десе, бәрін бүгін бала бақша бастығы жанында тұрып тез жуғызып, өзі де жуысып, тіпті күлдетіп жуғызғанын айтады. Сол күні Нина Андреевна Ұзынағашқа сұранып кеткен екен, «түскі тамақ істеген кезде ас үйде тіпті бала бақша бастығы да болған, тамақты қалай істегенімізді көрген» деп аспаз әйел зар қағады. Балалар оянбай жұрттың тынышы кетіп, шыдамы таусыла бастаған кезде бір жақтан Мақпыр келеді де, балалардың ауызына сүт құйғызып, өлейін деп жатқан балаларды тірілт-тіп алады. Енді ел бала бақшаң құрысын дегенді шығарды.

— Ойбай, Мақпыр болмағанда баламыз өліп қалатын екен.

— Ой, оқыған әйел оқығандығын істеді ғой.

— Әйтпесе барлық бала жойқан төбе болатын еді,— деген алақашпа сөз ауыздан-ауызға, үйден-үйге көшіп жүрді.

— Ойбай, анау орыс қатыннан келді-ау деймін пәле!

— Ол да мүмкін.

— Ұзынағаш кеткен екен ол, сол күні!,— деген сөздер де күпілдеп, дүпілдеп бірге жүреді. Әйтеуір жұрт бала бақшадан түңіліп қалды. Ұзынағаштан келген комиссия да ештеме болмағандай қайтып кетіпті.

Сам жамырап, ымырт үйіріле Нұрқалық екеуіміз үйге келсек сыртта кездескен біреулер «үйіңізде қонақ бар деп естідік» деседі. Үйге сәлем бере кірдік. Көзінде әйнегі бар, қалаша киінген ботқа бет қара шал. Шойыннан құйған будданың суретін кезге елес-тетеді. Төрдің алдында шалжиып жатыр екен. Кеудесі кетпендей шалдың екі бұты кеуде жағының жартысындай. Өзі де қысқа бақайға тылтиған шалбар киген екен, онысы одан сайын ұсқынын кетіріп сирағы көрініп жатыр. Егер басқа бір жерде сыртынан «мынау сенің әйеліңнің әкесі десе, тіпті де сене алмайтындай. Тал бойы тік сандалдың терегіндей, әлде Кавказдың сәруіндей болып тұрған мақпал Мақпыр мынадай маймыл пішіндес адамнан қалай туды екен деп ойлар едіңіз. Біз кірген соң атам басын көтеріп, малдас құрып отырды. Ең алдымен маған келген ой Шойқара десе шойдай қара екен ғой болды. Неге екенін қайдам «ит мініп ирек қамшылаған сұмырайсың-ау» деген ой бірге келді. Қашан да, інім, күйеу балалар енемен жаман бола береді де, атасына онша теріс келмейді. Мен ол екеуінің де қызық-шыжығын көрмеген бейбақпын ғой. Сонда осы шалдың өңі маған неге таныс көрінеді, әлде бір жерде көрдім бе екен. Інім, менің жалпы көзім өте қырағы, бір көрген адамды жазбай тани беретін әдетім бар. Бұл шойдай қараны да бір жерде көрдім-ау, шамасы. Отырған соң анықтап қарармын дедім. Бәрінен де таңданғаным колхоздың хатшысы Сәрсенов мұрты қияқтай болып, менің жалдамалы малайымдай, отпен кіріп, күлмен шығып жүр. Тіпті сырттағы ошаққа асылған қазанның астына ағаш отын жарып, жағып жатыр.

— Атаңыз келді! — деген еді ол алдымыздан шығып.

— Күйеу балаңыз, осы, әке! — деді Мақпыр менімен ілесе кіріп. Атам тым-ақ көңілді сияқты, Мақпыр да жайнап кетіпті. Амандығымыз қысқалау болды. Шұбыртатын менде толып жатқан ешкім жоқ, қызын көріп отыр, ал одан сұрайтын мен несін білермін, оның. Сонымен тұмтиісіп қалғандай жайымыз бар еді, әйтеуір Нұрқалық әңгімелескен болып отырды.

Қазақ үйге іші кең болып тұруы үшін әдейі ағаш төсекті төмен орналастырғанбыз да төрге киіз тосеп, көрпе салып қойғанбыз. Аспаннан жаңа көрпе түскен жоқ, кәдімгі мені ауданға шақыртатын жолдастар әкеліп берген бегімсал көрпелер дағы, баяғы. Жастан қанға сіңген көрініс, дағды болғандықтан соны аңсай беретінмін. Інім, жалпы жерге отыруды мәдениетсіздеу мәдениетсіздік қой деймін. Өйткені қонақ көп келетін және оны құдайдай күтетін қазақ үшін осыдан қолайлы жағдай

жоқ. Келген адам тез демалады, өйткені ол отырғаны сияқты, шаршап келгенде жата да алады. Қодастың бұқасындай кеуделі атам да шойдиып, қос жастықты сол жақ шынтағына алып, жантайып жатыр. Қазақ дәстүрімен келген қонаққа бірінші кезекте шай да берілген екен. Мен одан соң келіпмін. Мен келген соң шай да қайтадан әкелінді. Дәстүр осылай. Менімен екі кесе шай ішті де, атам шайды доғарып, әңгімеге көшті:

— Балам, көп жұмысым жоқ, таңертең қайтамын. Баламның барған жерін көре кетейін деп келіп едім. Ешкімге өтініш айтып, ағынып-жалынатындай емес көрінеді. Қандай жерде жүр, қандай халде деп тыншымаушы едім. Көңілім орнына түсті. Қыз құтты жерге қоныпты.

Атамның көргені көп, білетіні де аз емес, оқыған адам болса керек-ті. Ойдағы-қырдағыны, патша өкіметін, уақытша өкіметті, Алаш партиясын, оның жеке бір басшыларын олардың әңгімелерін сапырып отырды. Ал менің онымен жұмысым жоқ, осыны қайда көрдім екен деп есім екеу, түсім төртеу болып отырдым. Япыр-ай, әлде әйтеуір біреуге ұқсатып отырмын ба? Өз көзіме өзім қатты сенетін едім. Қалай-ақ біле алмас екем. Қайда көр-генімді, атамның өзі есіме салды. Ал Алаш партиясын әңгімелеп отырып былай деді:

— Қолдарына өкімет тимей кетті ғой, ол байқұстардың. Бәлкім қазақ отын солар жандырар ма еді. Кедейлер үстемдік алып кетті ғой, болашағының қандай боларын кім білсін.— Өне, бұл сұмырай шал мені улағысы келеді. «Әттең, Алаш партиясының қолына ештеме тимей кетті ғой». Ия, ия, ой сұмырай. — Баяғыда он алтыншы жылы мен де қазақ болғансып Алматыдағы Сауда көшесіндегі Сейдалиевтің үйіне барғанмын. Сонда «сен, бала, қайдансың?» дегенге «заводтанмын» дегенімде Жайнақов ала көзімен ата қарап еді. Белгілі болатын. Бұл ит қайдан кіріп кетті дегені еді. Сонда осы шойқара желке жағымда отырып: енді дымынды шығарма, к... қысып отыр» деп еді-ау. Онымен қоймай, шығып бара жатқанда «Мына Шұнақ итті кім шақырған» деген болатын. Пешінің мұржасына тыққан (он сегізінші жылы) ал-тын-күмісін, асыл тастарын алғанымда Құддыс Ғабдуәлиев мені бар білетін сөзімен тілдей келіп: «...Сен Шұнақ, тұра тұр, бәлем. Көрсетермін әлі» деп еді. Сонда осы шойқара есіктен шыға бергенімде «иттің баласы екенсін» деген. Енді маған он бес жылдан кейін ата болып төрімде сайрап отыр. Өз үйім болған соң әрең шыдап отырдым. «Үйіңе келгенде үйдей дауыңды айтпа!» деген қазақ. Қазақтың ойлайтыны баяғы қонағының жайы дағы. Қашанда қонақ сыйлап өткен ел ғой ол. Келген отаршылдарды да, басқыншылардың жансызын да қонақ деп қабылдаған ақ көңіл, кең-пейіл байқұс. Үйге келген адамның бар тетір-гентектігін көтеруің керек. Ол жақсы дәстүрді сыйламауға, құрметтемеуге бола ма? Ішімде ит өліп жатса да білгізбеуге тырыстым. Бір таңданып отырғаным колхоздың хатшысының біздің үйдің ыдыс-

аяғына дейін тасып, қолбаладай лыпылдауы. «малай ұстайтын мен бай емеспін, жөнінді тап» дегім де келді. Кісі келгенде үйде біреуге ұрысу сол сыйлы қонаққа ұрысу болатыны тағы бар. Әйтеуір қазақ байқұсткі әмәнда шамасы келсе келген қонақтың басынан құс ұшырмау. Қалай да қонақ еркіндігін сақтау: Ата-баба дәстүрі осы.

Шойқара әңгіме үстінде қалайда еркін кете берді. Өйтпегенде ше? Бұл ауылда Шұнақтан жоғары бастық жоқ. Ал ол бастық өзінің күйеуі. Сондықтан бейпіл сөйлеуге де, артық кетуге де болады десе керек:

— Кедей байқұстар өкіметті басқарып кете алса жарады. Қиын ғой, ел басқару. Шөре-шөре қылып жүрмесе жарар еді.— Шыдамай кеттім:

— Өзір ақыл сұрауға байларға барған жоқпыз.

Шойқара сәл тосылып қалды. Қызын алакөзімен атып жіберді. Қызы маған қабақ көрсете алмай, әкесінің көзқарасынан қаймыққандықтан жерге кіріп кете жаздады. Кішкене арбасудан кейін Шойқара бәрін қойып жөнге көшті. Енді әңгіме жараспағанда айтылатын «жоқтан өзгеге» жол тиді. Ет келердің алдында атам далаға шығып, іші ауырған адамша ұзап ши ішіне кіріп қырық минуттай жоқ болып кетті. Қонақты жоғалтып алған Нұрқалық екеуіміз жұмсамақ болып Сәрсеновты із-дедік. Ол да болмай шықты. Ол бір тығыз шаруамен кеңсеге кетіпті. Мақпырға айтыпты: «Столымның суырмасын ашық қалдырып кетіп-пін, мөр сонда еді» деп. Шал келгенде кеңседен ол да жетті.

Ет келгенде шалдың қабағы қайта түсті. Тұңғыш рет зәуімен босағасын аттап отырғанда мына күйеу бала шынымен бір бас бере алмады дейтін болуы керек. Әрине, беру керек еді. Расында өзімде мал жоқ, атам келді екен деп колхоздың қойын жарып тастай алмадым. Сонымен табаққа Сәрсенов турап әкеліп қойған етке бәріміз қол қойдық. Ет желініп болған кезде үйге Нұрқалық кірді. Неге екенін қайдан ол қазақ дәстүрімен дастарқанға кел-меді. «Тойып отырмын» деп босағадағы бір кескен шөркенің үстінде отырып, құйрығын қоқайтып сүйкене келген күл түстенген көк мысықты алдына алып сипалай бастады. Мысық оған тұрақтамай, табақтағы еттен дәмәткендей үй иесі маған келіп сүйкәніп, жүресінен отырды. Шойқара ет жерге келгенде қабағын шытынғанымен бұлты тез тараған тау күніндей көңіл ашып еді. Ас үстінде қозғалақтап тыныш та таппады, әңгімеден аузы да тынбады. Сапылдап, сапырып сөйлеп отыр. Осы ауылдың адамдарынан да хабардар екенін аузынан шығарып алып, қипақтап қалған да жері болды. Сөйлегенде теке сақалы салпылдап, мұртының ұшы қимылдап, даладан біреудің келуін тосып отырғандай жан-жағына қарана берді, қысқа жуан мойынын созбақ болды. Бір омыртқасы о бастан кем жаратылған мыртық мойын бұруға келмей, семірген өгізше бар денесімен бұрылады. Ол солай оң жағына бұрылып қалтасынан әлдеқандай дәрі алып: «Ауырып жүр едім» деп аузына салды. Алдына күні бұрын қойылған сорпадан қорп еткізіп бір ұрттап жұтты. Жетісуда, інім, жасы келген кісілердің алдына сорпаны бұрын құйып қоя береді. Кәрі кісі

етке түйіліп-қабынып қалғандай бола ма, ұрттап отырсын дейді. Мен атамның келгеніне қуанудың орынына денем бір түрлі бейжайланып, көңілімнің қошы болмай, арық тоқтыша тырысып отырдым Оны білгізбейін деп шалға қарамадым.

— Балам,— деді шал бір кезде,— мен ертемен кетермін, шайға қарамаспын. Кетерімде қолыммен бір ет асатайын, кел ауызың-ды аш.— Шал қолындағы етті маған ұсынды. Мен баяғы Жаубай уйіндегіден кейін ауызыммен ет асаған емес едім. Сондықтан қолыммен алуға ұмтылдым. Неге екені белгісіз Сәрсенов отырған жерінен ұмтылып тұра беріп менің қолымдағы бір шөкім етті қағып түсірді. От басында құйрығын қоқайтып, тамақ сұрап әрқайсымызға бір сүйкәніп жүрген көк мысық гүрілдеп-сарылдап етке ауыз салды. Сәрсенов менің оң қолыма жармаса кетті. Оң қолымның білегінен тас қылып ұстап алып:

— Қолыңызды ауызыңызға апармаңыз! — Ол бұйыра сөйледі. Мен дәнемеге түсінбей қалдым. Не болып қалғанына ділім де жетпеді.— Көтер қолыңды, жауыз. Ол даусын көтеріп, қатты айтты. Байқасам сол қолымен менің оң қолымды ұстап алған, оң қолында тапанша, атам кезеніп тұр.— Нүреке, оң жақ қалтасында тапаншасы бар, алыңыз! Қолын байлаңыз, шалдың! — Нұрқалық ебедейсіздікпен шалдың қалтасына қолын салып, та-паншасын алып, ол қолында тұрса қолын жазым қылатындай Сәрсеновке берді. Нұрқалық сасып жіп таба алмады.

— Желбаумен байлай тұрыңыз! — Нұрқалық желбаудың бі-реуін керегенің басынан жұлып алды да, Шойқараның қолын артына байлады.

— Балалық қылмаңдар, келген қонақты байлап,— деді Шойқара.— Мен не істедім сондай-ақ.

— Сөзді қойыңыз! — деген бөгде дауыс естілген соң қарасам, есік алдында тапаншасын төрге қарай кезеніп тағы бір адам тұр. Жұпыны киімді адам көш алдында келген, «почтаның адамы едім» деген-ді.

— Ауылға келген қонақтың бәрін қамайтын ба едіңдер, бұ-ларын адамшылық емес қой, мен не қылдым, бәрібір ештеме дәлелдей алмайсыңдар,— деп Шойқараның ауызы тыныш таппады.

— Мысыққа қараңдар. Байқұс, жазықсыз мақұлық, обалың мына жауызға болсын! — деді Сәрсенов. Енді ғана байқадым, көк мысық тырп етуге шамасы келмей, қатып қалыпты. Жұрт мысыққа қарағанда Мақпырға көзім түсіп еді, оң қолын сол жақ қолтығынан тартып алды.

— Әбеке, ыстық сумен қолыңызды сабындап жуыңыз! — деді Сәрсенов. Қол жууға бара жатқанда ғана көк мысықтың орнында өзім жататынымды аңғарып, атама көз тастап едім, ол жанына барған «почта адамына»: «Менің жазығым не?», «Бұларын қылмыс қой!» — деген сөздерін естідім. Көзім көк мысыққа қайта түсті.

Көк мысық жау сарқытының құрбаны болды. Ертесіне көміп тастадық. О тоба, сөйтіп бір ажалдан қалдым. Енді Мақпыр менің бетіме қалай қарар екен деп тұр едім, осыны сезгендей Сәрсенов:

— Сіздің әйеліңіз бұл іске кінәлі емес, ата қылмысына бала жау-ап бермек емес,— деді, мұны Сәрсенов жұрттың бәріне естірте айтты. Танертен кетпек атам, батқан күнмен алыс сапарға аттанды.

— Жанағыны қалай еттіңдер? — деп Сәрсенов «почта адамына» тіл қатып еді, ол:

— Ұстай алмай қалдық. Сізді атып алармыз деп қорықтық, мынадан білерміз!.. — деді. Кейін білсем шал ет алдында атын ары қалдырып, ши арасымен жаяу келген Асанжанға жолыққан екен. Кетіп бара жатып, бір қаға берісте Сәрсенов:

— Сақ болыңыз! — деді. Мен басымды изедім. Сонымен Сәрсеновтың біздің кеңседегі жұмысы біткендей болды...

Енді Мақпыр қойнына жату жылан жанына жатумен бірдей еді. Амал не, сол жыланмен арбаса тұруға тура келді. Дүние деген осы, інім, көргеніңнен көп екен көрмегенің, тірі жүрсең көресің өлмегенің. Бірақ, шыны керек, менің өлмегенім қара жер. Атам күдіс желкесін көрсетіп аттанғанда Мақпыр бет-жүзінен аяушылық байқалмады. Әкесі оған көзімен болса да бірдеме ымдамақ еді, оған қарамады да, қоштасуға бармады. Не деп барады, «менің күйеуімді өлтіруге келген екенсің, оның болмай қалды-ау» дей ме? Ымырт жабылып, қас қарайып кеткенмен көңілім бір түрлі көтеріңкі, жеті қат көкте еді, інім. Ертең гу ете түсетін, күзгі қауға тиген оттай өршитін өсек те ойымда тұрды. Сонда да ішімнен мені сыртымнан бақылатып қойған мемлекетке мың да бір алғысымды жаудырдым. Қараңғы болса да түннің бір шамасына дейін жатпай, әсілі ұйықтамайтын адамдай есік ал-дында жүрдім. Өтешек өмірдің мұндай бір барқадар тарттырған шағы да болатынына көңілім раушан. Бірақ айпарадай ақ жүзі алаулап тұратын Мақпырды ойлап, бір сәтте-ақ бұзыла салдым. Өйткенмен әдіден аспай, жанасалай сұлудың қасына келіп тізе бүгіп, қисайдым...

Қатты ұйқыдан шошып ояндым. Өйткені Тарланкөктің кісінеген дауысы жарғақ құлағымды жарып кетті. Атты ұры алады деп қауіптенбейтінмін. Өйткені бұл ауылға келгелі оған мініп, байқап көрмеген адам аз. Бәрі де оны тамашалаған. Тек біреу қастық қылуы мүмкін. Атына қылбұрау салғанда шыдай алмай «дұшпан не істесең де өзіме істе» деп түрменің босағасын мойнына іле шыққан Қобыландыша ішкі киіммен сыртқа тұра жүгірдім. Есік алдында атқора бар, жоңышқа орып әкеліп Тарланды соған қоятынмын. Басы қашанда бос. Тұсамыс, шідер, арқан дегенді ол ешқашан керген емес. Мен бар жерден оның алыстап кетпейтіні өзіме белгілі. Алты жасында ақтатқанмын. Одан басқа жерінде азулы айғырдың тісі де тимеген. Өйткені «л жылқыға қосылмайды. Менің жүрген, жатқан жерімнің төңірегінде болады. Үнемі ер-тоқымсыз, жүген-ноқтасыз бос тұрады.

Мұны мейлі тұлпар десеңіз де, мейлі пырақ десеңіз де сияды, нағыз желқабыз, жез тағалы еңіреудің өзі еді. Қорадан Мақпыр шығып келеді. Таң атып, жерге жарық тартып, кісі танитын уақыт болып қалыпты. Шашы жалбырап, ұлы суретшілердің судан шыққан су перісінің қызындай, омырауы ашық, ақ ішкөйлекпен келеді.

— Ат емес қой, бұл. Ит. Адамға тұра шабады.— Шырағым, бұрыннан қалып жүрген көңіл жаман болады екен, Мақпыр өзімді «ит» дегендей естілді, бұл сөз.

— Беймезгіл, сахарда қораға неге барасың,— деймін мен.

— Енді дәретке де рұқсат сұрап шығамыз ба? — деді де ол, дәретхананың қорада емес екені есіне түсіп: — Мен осы үйдің әйелімін бе, жоқ па? Алдындағы шөбін ысырып салайын, сағырлап-кәшектеп тастады ма деп едім,— деді өз сөзінің аяғын түзетіп. Мен әңгімені көбейтпедім. «Ә, солай ма еді» деп қоя салдым. Мақпыр мені иландырдым деп ойлады. Дуакөй адамдаймын-ау деп те ойлаған шығар ол. Және ол көмескі нәрселерге қасам ішуге дайын тұрады. Шамасы антты қалай ішіп, көкірегіне құран ұрса да одан пәле келмейтінін әбден біліп алғандай. Ол айдындағы аққудың көгілдіріндей қобалжып басып үйге кетті. Жаздың қысқа таңы шолтаң етті. Түзге шығуға қораны айнала берсем, бұрын біздің үйде жоқ ұзын, екі жүзді қара пышақ дуалдың жанында жатыр. Ұстап көрсем сабы жып-жылы. Даң-ғайыр ұстаның-ақ қолынан шыққан дүние. Енді алғал-арам іске жұмсалмақ. Орнына тастай салдым. Күн шыға шай ішіп кеңсеге кеттім. Аппақ көңілім қап-қара болды, жақсы ниетім зайғы, шіркін ешкімнен көрудің керегі жоқ, мандайым тайқы. Пұшайман боп жүрдім...

Арада апта өтті. Апта айдай. Әрине ол тек үй жағдайына келгенде, әйтпесе жұмыс ретімен жүріп жатты. Тағы бір күні кешке біраз күн арасы үзіліп қалған қорқынышты түсті тағы көрдім. Оянып кеттім. Мақпыр от жақта ұйықтап жатыр. Үйден керосин шамның өшкен иісі шығады. Әншейінде жаға салатын үштік шамның білтесі шоқтанып, қызарып тұр. Мақпырға сезік-теніп қалды ма дегізбеу үшін ұйықтап кеткен болдым және солай болды да. Сол түсті көрер ме екенмін деп келесі күні де жатып, тура сол түсті көріп, шошып ояндым. Бұл не де болса тегін болмады деген жорамал жасадым.

Келесі кешке ұйықтамауға тырыстым. Осы маған не болды, үнемі бір түсті көре беруім қалай? Әлде миым шатасып бара ма деп өзіме өзім күмәндана қарап жаттым. Бірақ «андушыны алушы жеңіпті» деген мәтелдей ұйықтап кеткенімді білмеймін. Қорқынышты түсті тағы көрдім. Ояна кетсем шамның білтесі тағы шоқтанып тұр. Әдейі білмеген болып жата бердім. Қайта ұйықтап кеткен екем, тағы сол түс. Енді ол түстің бір түнде екеуін көретін болдым ғой. Ертеңіне денем дімкәс тартып, ұрып тастағандай ауырады.

Күдік тартып, бұл не деп ақылым жетпеді, даққа қалдым. Сол күні оңашаға кетіп, түстен кейін Тарланды қоя беріп, жаңа тұрғызылған бір

маяның түбіне, шөп төсеп тұрып, күн ұясына отырғанша ұйқымды әбден қандырдым. Тұрсам ымырт үйіріліп, бөдене «бытпылдағын», шегіртке шырылын аяқтап, кезек шілде қоңызға тиіпті. Тарланкөк от-тауын қойып, келіп аяғымды иіскелеп тұр. Күртiге келіп бір сүңгіп, атқа мініп күндегiдей кеңсеге барып ұзақ отырдым. Біреуге осылар-қы білдірсем бе екен деп те ойладым. Күндіз ойлағанда жүрегiм зырк ете түседі, ал кеш батқанда ол қорқыныш одан да ұлғаяды. Шынын айтсам алты қанат үй мені жұтатын аждаһадай. Бірақ бармауға бола ма, кеңседе жан қалмады. Аяғымды санап басып, қорқынышты түн болғандықтан сақтанып келдім. Сирек, маң басып үйге жақындағанда Мақпырдың сыртта менің жолыма қарап тұрғанын көр-дім. Қараңғыда бәрiн танып үйренген малшының көзі ондайдан көп мүлт жібермей-ді. Сонан соң алғашқыдан гөрі жүрісімді жылдамдатып, жөткерiндiм. Мақпыр менің қарамды көрген соң қолын қусырып, екі аяқтап тұрып, адам жақындағанда iніне қойып кеткен суырша үйге зып берді. Жай-дарланып, лепiре сөйлеп отыр. Шын көңiлденiп көрiнген болады. Көңiлiнде иненің жасуындай ештеме жоқ дегiзбек.

Мақпыр қазаннан тамақ құйды. Кеспе екен. Ол кеспе кесе бiлмей-тiн. Бүгiн әдейi менің қыбымды тапқан болып көрiну үшiн кеспенi көршiлерге жасатып алған. «Бетiн сылағанша кеспе кесудi үйренбей ме» дегендi де талай естiген. Сонда да бетiнiң суын бес төгiп оты-рып жасатып алған сынайы бар. Міне, мұның iшiнде у жоқ дегендi аңлатқалы маған тамақ құйған табақтан қасықпен бiр ұрттады да, қазаннан ожаумен «қыз аларымды» құйып маған ұсынды. Бәрiбiр тамақтың алдын оған iшкiзетiнiмдi бiлiп отыр. Қисусан пәленi тоқыған бiтiнә. Тамақ iшiп, тоқ басып болған соң, төсекке жатуым қиын бол-ды. Төсек бүгiн күндегiден де қорқынышты, түн күндегiден түнек, тылсымданып кеткендей. Сыртым жалындап көрiнгенiммен iшiм он мың жылдық мұзарт, анжырланып, қайнасып қатып қалған. Оның ендi ерiмек түгiл жiбiмейтiнi өзiме мәлiм. Бiр сәт есiк алдында жүрдiм. Осының өзi де үрейлi, таңертеңгi қара пышақты қарыс ұзартатындай.

— Кiрсеңiзшi үйге,— деп қиылды Мақпыр. Мен шешiнiп, төсекке сұлық жаттым. Ол келiп асыла құлады. Сәл кеудеме басын қойып жат-ты да, мойныма қолын орап алды. Нақ осы жолы, iнiм, мойнымды ақ бiлек емес, қара жылан бунап тұрғандай сезiндiм. Мақпыр тамағыма, ерiнiме жабысып сүйе бердi. Оған селт етпедiм. Көңiлiм тастай қараңғы, ойым зымыстан борандай түнек. Шегендеулi шыңырау құдық түбiнде қатқан мұздай жаз шiлдесi түгiл мартен пешiне салсаң да жылымайтын бiрдеме жатыр. Жiби қоятын емеспiн. Мақпыр тек бiр мен деп ындыны құрып бара жатқаны белгiлi. Менi қалайда шар-шатып қатты ұйықтату. Ендi ол қолын арқама, әр жерiме жүгiртiп, етiмдi сыйпалай бастады.

— Маған көңiл аудармай кеттiң ғой,— дедi ернiме жабысып.

Мен көңiлiм баяғыдай деуiм керек. Оны iсiммен көрсетуiм жөн. Солай... Солай болғанмен оның дiлiндегiсi бiлiнiп тұрғандай. Ол менi жалап-жұқтап ұзақ сыйпалады. Бұл ендi ұйықтатудың емi. Аздан соң мен қорылға бастым.

— Абақ, Абақ жаным! — деп қайта құшты ол. Сынау үшiн болу керек.— Абақ, Абақ! Жан!— Менде дыбыс жоқ.— Ұйықтап қалдың ба, жаным! — Ол қаттырақ иығымен итерiп қалды. Қарынымды сыйпалаған боп бiр уыстап мытып жiбердi. Егер шала ұйықтаса оянып кетсiн дегенi. Сонан соң жарты сағаттай сұлық, үнсiз, тыбыр етпей жат-ты. Ол менi өлiмен тең болсын деп жатқаны едi. Мен алғашқы қорылдан гөрі бәсеңдеп бiр қалыпты дем алып, қалың ұйқыға кеткенiмдi бiлдiр-дiм. Осы сәттi күткен екен, Мақпыр менi иығымен тағы қатты соғып қалды. Сәл тынышталды. Сыртқа құлақ тiктi деп ойладым мен. Сонан соң басын көтерiп, ұйқысыраған кiсiдей тып-тыныш отырды. Көрпенi еппен ашып,суырылыптөсектеншықты.Түрегепесiкжаққатаман барды. Қараңғыда осындай жүрiс қандай суық, қандай қорқынышты, көз көрiп тұрған жоқ, тыпың-тыпың етпейдi де. Жыландай жылыс, жылжып жүрген сияқты. Көзiме таңертеңгi Тарланкөкке салмақ болған екi жүздi қара пышақ елестеп кеттi. Соны қолына қарымдай ұстап, iшiме салғалы келе жатыр ма екен деп денем мұздап, суық тер жауып кеттi. Жүрегiмнiң соғысы жиiлеп, көкiрегiм қысылып бара жатқандай. Шыдамның да шегi бар. Бiрақ шыдамауғаболама!? Шыда, Абақ, шыдадепқоямын iш-тей. Құлағыңды құнтитып Жаубай кескенде де шыдаған жаның едi ғой. Азар болса, тағы бiр қиналарсың.Шыда, Абақ, шыда.Ол қолын жабыққа сұғып бiрдеме алғандай болды. Қайта келе жатыр.

Мiне, келiп тұрды. Тағы тыныштала қалды. Менің демалысым-ды тындаптұрғанғаұқсайды.Қағазсыбдырыестiлдi,бiрнәрсенi тышқан кемiрiп жатқандай қытырлайды. Қағаз. Әрине қағаз. Жерге қойды. Сiрiңке шақты. Ол да қолында дайын екен. Үштiк май, шамға от қойды. Ол түгiнденiп барып зорға жанды. Сығырайсада бәрiн көрсетiп тұрды. Төсектiң жанына еппенлып отырдыда,көрпенi ашты. Көрпенi жылан ашқандай болдым.

Iшiмдi бiр сыйпады да, қолын тартып ала қойды. Ұйқылы адамнан суық тер шықпауға тиiс. Содан секем алды ма, мелшиiп отырды.

Сарабалдау iптердей бәрiн бiледi, пәле. Ендi уағдасын қылап қып қайтсiн,недеболса дедiбiлем,пыранкиiпжатқанменемес, жейдемдi түрдi. Көзiмдi бiр сығырайтып едiм, түрi жауға шабатын кiсiдей түкерiп, қан түленiп алыпты. Адам баласы түсiне тiке көз тiге алмайтындай. Қолын киiздiң астына тығып жiберiп кiшкентай қара кездiк алды. Тiптi бұл үйдiң iшiнiң бәрi маған қарап анталап тұрған қорқа қасқырдай қара пышақтар болып кеткен бе қалай, атып тұрғым келдi, Оны он қолына мықтап ұстап, ернi күбiрлеп, бет-ауызы әлемтапырактанып, күлбеттенiп кеттi. Япыр-ай, адам баласы қандай сұм, қандай зымиян,

ал мынау қандай зәндемi едi. Жаңа ғана едi ғой, екеумiздiң ерлi-зайыпты жатқанымыз, жаңа ғана едi ғой, бет-аузымды сипап, денемде қолы тимеген жер қалдырмағаны. Расы, iнiм, зорға шыдап жатырмын. Не болса да ақырын күтпек болдым. Орнынан атып тұрды да, пышақты өз өндiршегiне апарды. Өлгiсi келiп тұр ма, әлде менiң өндiршегiмнен осылай осып жiберсем деп тұр ма екен. Ол екi қолымен екi шекесiн басып, көзiн жұмып алды. Сонан соң кездiктi оң қолына қысқан күйi, көзiн ашып, маған үнiле қарады. Оң қолын аспанға көтерiп, маған ұмтыла бердi де, әлденеден тып-тыныш бола қалды. Тағы сәл мелшиiп отырды. Тың тыңдады. Тыбыр еткен тышқан жоқ. Сонан соң кездiктi алған жерiне тыға салды. Ол жейденi түрiп, жалаңаштап қойған қарынды уалап-уалап жiбердi де, сұқ саусағын екi-үш дүркiн қадап-қадап алды. Менi оянар ма екен деп сынағаны болуы керек. Сонан соң сыбдырлатып-қытырлатып қағазды ашты. Одан қолы қайта менiң қарныма тидi. Дұрысы қолы емес, қап-қатты бiрдеме, ағаш сияқты. Сұп-суық бiрдеменi жақты. Қолындағы нәрсемен iшiмдi айғыздап, жаңағы суық пәленi сiңiру үшiн болу керек, осып-осып өттi. Нақ осы кезде екi қолынан шап бердiм. Қолын бұрап жiберiп едiм, ыңқ етiп жаныма құлап түстi. Шам жалп етiп өшiп қалды. Бiлтенiң ұшы күндегi мен көретiндей шоқтанып тұрды.

— Ағатай, қолым сынып кеттi, бiреуiн босатшы!

Қазақ үйдiң сықырлауығы осы сәтте сарт етiп екi жағына ашылып кеттi. Үйге бiреулер кiрдi. Өлген жерiм осы болар деп ойладым. Шiркiн өмiр, қолымды бiр жылы суға матыртпай-ақ, бiр күн еркiн күлгiзбей-ақ бiткенiң бе? Марленiм қалай күн көрер екен.

— Қозғалма! — деген Ырысбек Сәрсенов дауысы қатты естiлдi. Мен Мақпырдың екiншi қолын да бұрап жiбердiм. Ол сылқ түстi.— Қолын жiбермеңiз! — Тағы Ырысбек. Сiрiңке пыр еттi.

Құлап жанымда жатқан Мақпырдың iшкөйлегi түрiлiп, бөксесiн жаба алмай қалыпты, жарқ еттi. Аспалы ондық шамның шынысы алынды да, алендiк лап еттi. Шам отынан қара түтiн шықты. Иiсi де мұңкiп кеттi. Шыны киiлген соң барып үй iшi көрiне бастады.

Шам жакқан Нина Андреева екен. Ырысбек қолында тапанша. Бiзге қарай кезенiп тұр. Iш көйлегi кеудесiне жиналып кеткен

Мақпыр тыртып бiр жамбастап жатыр. Сәрсеновтың артында бiреу тұр. Нұрқалық екен.

— Нұреке, от жақтағы жастықтың бергi астында қару бар, алыңыз! — дедi Ырысбек Сәрсенов. Нұрқалық жалаңаш әйелдiң жанына баруға имендi.— Именбеңiз, ол әйел емес.— Менен суық тер бұрқ ете түстi. Бұл тура маған тиген оқтай болды. Нұрқалық қолы қолына жуыспай жастықтың астынан тапанша алды. Алақанға сиятын қара тапанша. Сәрсенов қайта сөйледi:

— Төсектiң бергi жанына, көрпе астына қол тығып қараңызшы! — Бұл Нұрқалыққа тiптi ауыр болды. Тiптi бұл әйелге қол жүгiртумен

бiрдей едi.— Көрпенiң астында болмаса, киiздiң астын ашыңыз! — Нұрқалық қолы дiрiлдеп жаңағы менiң өндiршегiме салмақ болған қара кездiктi алып, Нина Андрееваға бердi. Өзi жаураған адамдай қалт-қалт етедi.

— Өбеке, ендi қолын жiберiңiз! — Мен Мақпырдың қолын босатып, жейдемдi түсiрiп киiне бастадым.

— Iшкi киiмдерiңiздi отырған күйiңiзде киiнiңiз! — деп бұйыр-ды Мақпырға Сәрсенов. Төр алдындағы қағаз iшiндегi шыны сауытты алған Андреева:

— Нақ өзi,— дедi.— Алмас! — Мен қылмыс iстегендей Мақпырдың өңiне қарай алмадым. Ол үнсiз, сазарып қалған. Тiл аузын қойған адам сияқтанып, бедiрейiп, қанын iшiне тартып алған.

— Қалғаны қайда? — дедi Нина Андреева Мақпырға қарап.

— Бала бақшада.

— Оны алғанбыз. Одан басқасы ше? — Мақпыр сәл кешiгiп жауап бердi. Ол орнынан тұрып:

— Алып берейiн, мына чемоданда едi,— дедi.

— Жоқ, орныңнан қозғалма, өзiмiз аламыз,— дедi Сәрсенов, iлгерi ұмтылып.

— Әйелдiң туалетiне араласасыз ба? Ұятыңыз қайда? — Ол әлi Сәрсеновтi ұялтпақ. Ол әйел емес деп айтпады ма Сәрсенов жаңа ғана.

Сәрсенов Андрееваға ым қақты. Ол төрдегi чемоданды ашып iшiнен тағы бiр тапанша алды. Әрине Мақпырдың алмағы осы едi. Чемоданнан тағы тапанша алынғанда «бiр ажалдан құтылдым» деп тұрған менiң денем мұздап кеттi. Егер Мақпырдың қолы чемоданға жеткенде жер жастанатын екем. Издеген дәрiнiң қалғанын да содан тапты.

Таң сызат бердi. Шығыс жақ құланиектенiп, рауандап келе жатты. Мақпырдың қолы артына байланды. Нұрқалық бiр аттық арба жеткiзiп алып келдi. Арбаға отырғызылған зымиянның қолы шешiлдi де, оң қолына кiсеннiң бiр басы салынып, кiлтi сырт еттi. Одан төмен отырған Нина Андрееваға оның екiншi басы кигiзiлдi. Ендi ол Нина Андреева мен Ырысбек Сәрсеновтың ортасында арбада мөлиiп отырды. Елең-алаңда оның жүзiн кiм көрiптi, ала көлеңкеде жау сарқыты арба үстiнде түнек iшiнде кете барды. Сәлден соң түнек түрiлiп, жаздың шолақ таңы аппақ боп атты. Ертеңiне Абақтың әйелiнiң түнде жоқ болғанын жүрт әр түрлi саққа жүгiртiп айтып жүрдi, ешкiм мұны менiң бетiме басқан жоқ. Тек көршi кемпiр:

— Шырағым, құтылғаның жақсы болыпты. Әйтпесе ол бүкiл елге кесiрi тиетiн адам едi. Қойдың басын жарып асты ғой. Жалғыз басты жарып асканды кiм көрiптi,— дедi. Жолда Мақпыр Андрееваға бiр ауыз сөз айтыпты:

— Көрген қызығым да, қорқынышым да Абақпен өмiр сүрген кез. Бәрiне әкем кiнәлi, өмiрiме өшпес iз салды, оны ауданда-ақ атып тастайтын едiм,— дептi.

Інім, қойныңнан жылан шықты ма? — деген осы болды. Шынымен менің қойнымнан жылан шықты. Жасымнан жаратылысқа көп әуестігім бар еді. Сонау бір жылдары Украинаның бір жаудан босаған селосынан қолыма түскен бір кітапты оқығаным бар. Дүниеде планария аталатын бір жәндік болады екен. Ол ешқашанда өлмейтін болса керек. Әлгі жәндік өзіне жау жақындап шабуыл жасай бергенде жиырмаға бөлініп кетеді екен. Оған шабуыл жасамақ, оған қасаласқан жәндік жаңағы жиырма бөліктің қайсысына шабарын білмей, быт-шыт болған планарияға қарап таң болып тұрып қалса керек-ті. Әлгі жәндік азақ уақытта өсіп бұрынғы қалпына келеді екен. Егер ол өзіне тамақ таппай қалса, өзін-өзі мұжып, яғни миына тимейді екен де, бұлшық еттерін жұлып жеп күн көреді екен. Мына менің артыма түскендер де сол планария сияқты таусылмайтын пәле болып кеткендей. Денені қуалап шыққан құлғанадай біресе ол жерден, біресе бұл жерден шыға берді. Көзімді ашқалы бері жамандық артыма түсіп наруанға мініп қуып келеді, мен жер танабын қусырған тұлпарға мініп, қаша ұрыс салып бара жатқандаймын. Қатынымды өлтірді, атыма, балаларыма, өзіме бір-бір рет қастандық-шабуыл жасап, бәрінен де ештеме шығара алмады. Енді қай жерден жұлып шығар екен деп қорқа бастадым. Қорықпадым деп өтірік айтқым келмейді, інім. Қорықпау үшін адам болмай, мақұлық болу керек. Төтендеп келіп қалғанда мақұлық та қорқады. Ал қорқу тым жаман нәрсе емес. Ол сақтықпен де, жауаптылықпен де ұштасып жатады. Осы жұлып шыққан құлғанадай қуалаған пәлелердің қылығынан көпке дейін ел бетіне қарай алмай, бетім күйіп жүрдім. Қалай ұялмайын. Абақ революциялық қырағылы-ғын жоғалтты деп маған айып тақса, ол жөн болар еді. Соның артынша мені Мырзалин шақырып алып көп нәрсе айтты. Әсіресе тайлақ етімен қоса ұры есебінде қаматқан адамдарымыздың екеуі мемлекеттік қылмыскер екен. Шойқара да, оның қызы Мақыр да кісі өлтіруге қолы қалт етпейтін, революция жауларының одақтастары екен. Олар Совет өкіметіне осылай зиянкестік жасауды, колхоз құрылысына кесел келтіруді, сөйтіп колхоздардың тарап кетуіне жетуді өздеріне мақсат етіп қойған екен. Алғаш мені орнымнан алғанмен артынан мен туралы басқа нұсқау келген болса керек-ті. Мені өлтіруге жасалған қастандық білініп қалып, мен тұрған жерлерге әдейі арнаулы адамдар жіберіліп отырған. Шырағым, ол маған, менің мемлекет алдындағы қыз-метім үшін жасалған жақсылық емес, жалпы ол қоғамдық мен-шікке негізделген біздің мемлекетіміздің адамға деген қамқорлы-ғынан туындаған шешім болса керекті. Егер жазықсыз бір адамның басына қауіп төнсе, оған да нақ осындай қызмет көрсетілетініне менің шүбәм болған емес, болмақ емес. Бірақ, інім, тыңнан жол салу оңай іс емес. Социализм орнатуда осындай келелі істермен қабат келеңсіз жайлардың да болғанын жасыруға болар ма?

Мысалы отызыншы жылдардың ішінде адамды апарып қамай салу, оны бес-алты айдан кейін шығара салу, тіпті көп болды десем өтірікші болмаймын. Оған жүздеп мысал келтіруге болар еді.

Қолайсыз бір жайды білуші едім, інім. Жиырма сегізінші жылы Жетісу байларын Оралға айдағанын айтқанмын. Оралдан қайтадан қашып келіп, Еспер Қожақовты өлтіруді ұйымдастырған Тойбай байдды отыз бірінші жылдың күзінде жергілікті халық өздері ұстап алды. Қашып жүрсе де ағы ақ, қызылы қызыл қалпында түйе жүн шекпен, түлкі тымақ киген Тойбайды колхоз кеңсесіне алып кірген. Күнде болмаса да азығы таусылғанда колхоз малына шабуыл жасап, тыныштық бермей жүрген Тойбайға бұрынғы кезде қамшысы, тілі өтсе де ешкім беттемейді, бетін жырттып тастамайды. Сол кездері ауылдық Советтің төрағасы болған Сартжан Сұраншиев тыныштық бермей, ауыл жағалап жүрген, Асанжан көтерілісіне де дем берген Тойбайға қатты азуын басып жүреді екен. Жортулы абаданның қақпанға түскенін көрген Сартжан ызалығын баса алмай:

— Ә, әкеңнің аузын... қақпастың басын кесіп алыңдаршы,— депті. Оған жұлып алғандай Тойбай да жауап берген:

— Ә, айналайын Сартжан, кессең өзің кешші, осы бастан өзім де қатты қорлық көріп жүрмін.— Бұл ештеме емес, інім. Батпан құйрық артында жатыр. Сол жылдың қысында аяқ астынан Сартжан да қамалды. Оның үстінен берілген арызда «біздің жалғыз сиырымызды тартып алып, ұйыстырды» делініпті. Сартжанның бұл жердегі жазығы жоғарыдан келген нұсқауды бұлжытпай орындауы еді. Ол әдейі істелінгендей тура Тойбай отырған камераға кіргізілген. Сонда Тойбай:

— Ә, шырағым Сартжан, келіп қалдың ба, төрге шық! — деген. «Сонда өлмегенім қара жер болды» дейтін Сартжан. Көрдің бе, қарағым, өмір деген қашқан түлкінің құйрығындай қалай бұлғандайды. Сол Сартжан алты ай отырғанда Шойқараның үстіне де кірген.

Камераның құлпысын шылдырлатып түрме қызметкері есікті ашқанда есікке отырған жұрттың қарай қалатын әдеті. Түрмеде де талай тарланды, талантты, талапты ерлердің отырғаны толып жатыр. Оның бірі ескі көз қарасы үшін, енді Шойқара сияқтылар мемлекет алдындағы қылмысы үшін, енді біреулер тіпті әншейін жаламен де ұсталады. Олардың барлығының қылмысын дәлелдеп алып отырғызу қайда ол кезде, кейде қылдан тайған сорлының біреу қыр соңынан қалмайды да, дәм-тұзы түрмеден болады. Шылдырлаған есікке қарай қалғанда киім лыпасы дұрыстау адамға Шойқараның көзі бұрын түседі. Отырғандардың ішінде қазақтар көбірек екен. Түрмеге үйреніп, енді ойын-қалжыңын да қаддырмаған біреу:

— Е, жоғары шық, Совет өкіметінің оң көзі,— дейді. Шынымен төрге таман, бір орын бос екен, Сартжан сәумендеп тұзға кенге қарай бәйпендей басқан пұшық түйедей ұмтылып бара жатады. Бара жатып етпетінен кетеді. Сөйтсе біреу аяғынан шалып қалған екен. Енді басын

көтеріп, тұра берейін десе, отырғандардың бірі екі сирағынан ұстап, артына тартып қалып тағы ұзынынан кетіреді. Өстіп бос орынға барғанша жарты сағаттай уақыт кетеді. Жоғарыдағы бос орынға жете алмайтынын білген соң ол енді төртінші, бесінші құлаған жерінде отырады. Енді жатқан біреу «ей, төсегіне отырып қойған баладай жалпимай бар анау жаққа» деп тағы бір теуіп жібереді. Қозғалайын десе шапанының етегін біреу басып отырып алып, қозғала алмайды. Енді не істерін білмеген Сартжан қорланып, «е, бүйтіп қор болғанымша өлгенім-ақ жақсы еді-ау» деп жыларманға келеді. Сол кезде төрдегі біреу: «Оу, мынау кедейдің түсі таныс, бері жіберіңдерші» дейді. Енді жаңағы тепенектен құтылдым ба дегендей жаңағылар тие қоймаған соң қуанып қалады. Шалжиып үлкен үйдің иесіндей төрде жатқан бұқа мойын, теке сақал, кодас кеуделіге Сартжан жақындайды.

— Е, кедейім, қайдан келдің?

— «Ақсенгірден».

— «Ақсенгірден?» Е, мені осында жібергеннің бірі екенсің ғой.

— Мен сізді білмеймін.

— Білмесең мен білгізейін, сенің атың Сартжан, әкең Сұраншы, битті кедейді өлтірдің деп елдің байының бәрін құртқан итсің. Тойбайды да әкеліп, ұстап берген сен. Насыбай атқызыңдар, мына большевикке.— Есік жақтанжұқа сары орысжігіті

Сартжанның жанына келеді. «На возьми» дегенге Сартжан бұрыла беріп, мұрнына сарт еткен жұдырықтан қан саулап жүріп берді. Жұқа сары жұмысым осымен бітті деп барып отырды. — Жорка, шай әкел, қонаққа! — деді шоң қара. Желкесінен келіп біреу тұр еді, сол Сартжанның мойнына жібере бастады.— Жетеді! — деді Шойқара жекіп. Анау да өз жұмысын бітіріп, орнына жөнелді. Өстіп отырғанда түскі тамақ келді. Сартжандікін жұқа сары алды да, Шойқараның табағына салып берді.

— Ал сен,— деді жұқа сары Сартжанға,— әзірге мынаны жей тұр. Ол екі саусағының арасынан басбармағын искетіп кетеді. Түрмеде де түрлі жазылмаған заң бар екен-ау деп тамақсыз, үш бүктеліп Сартжан қалады. Мысалы кісі өлтірген, немесе соған ұқсас қылмыстың статьясын түрмедегілер тәуір біледі. Түрме ішіндегі құрметті орын да соларға тиеді, әкімдік жүргізетін де солар болады. Түрменің ішіндегі, яғни соттылардың арасындағы құрметке қалай ие болғанын кім білсін, әйтеуір Шойқара Сартжан барған камерада сөзін тыңдататын бірінші адам болса керек. Сартжан сол камерада отырып, мойныны ырғайдай болып азады, аузына тамақ тимейді, басынан таяқ кетпейді.

Бір күні дейтін Сартжан көзім ашылды. Қалай дейміз, біз тыңдаушылар. Түннің бір мезгілінде үстінде судай жаңа киімі, басында түлкі бөркі бар, кеудесі аяққаптай, екі иығына екі кісі мінгендей, екі беті қып-қызыл нарттауы бірәуді кіргізіп жіберіп, есікші шылдырлатып құлыпты салды. Сол сол-ақ екен, төрде ең «құрметті» орында жатқан

Шойқара басын көтеріп алды да, «ей, бастарыңды көтеріңдер!» дейді. Мен дейді Сартжан бүк түсіп есік жақтағы бұрышта жатыр едім, Шойқара түрмедегінің бәрін өзіне қаратты да, есіктен кірген келімсекке тіке тіл қатты:

— Ей, бері кел, киімің жақсы екен! — дейді. Түрмені өзінің үйі санап алған Шойқара әбден еркінсіп кеткен.

— Немене? Құда түсетін бе едің? — дейді жаңа кірген.

— Ей, мынауың ер ғой. Бері кел, есеп бер, маған,— деп кергіп кетті Шойқара.

— Есепті саған көрсетермін.— Келімсектің ығыса қоймағанын білген Шойқара келушінің желке жағына шығып алған жұқа сарыға ым қағады. Сырттан келгенді көк желкеден берді-ай келіп, ол. Келуші оның ұрғанын бит шаққандай көрмеді. Бұрылып әлгіні шап беріп ұстап алып, тік көтеріп төрде жатқан Шойқараның үстіне лақтырып ұрды. Онымен қоймады, жатқан Шойқараны бір қолымен жерден жұлып түрегелтіп, шықшытынан бір қойып құлатты, тұра келе бергенде теуіп түсірді. Шамасы осылай боларын күні бұрын біліп келген. Енді төр жақта жатқан жұқа сары, орнынан тұра беріп:

— Теперь он мой бата! — деді. Келуші ортада екі бүйірін таянып тұрып «қане, тағы қайсысың барсың?» дейді. Мынаның қимылына сүйсініп жатқан Сартжан анықтап қараса, кәдімгі мен әңгіменің бас жағында айтқан, белгілі ұры Тұрапбай екен. Шатасыпқалмайын деп Сартжаның анықтап қарапалады. Дәл өзі.

Тұрапбай.

— Мен бармын! — дейді Сартжан. «Бұл қандай батыр» деп түрмедегілер демдерін іштеріне тартып дым болады. Сөйтсе қадепкі күнде тамағын Шойқара тартып ішіп, төбесінен әңгір таяқ кетпейтін Сартжан болып шығады. Сартжан дәудің жанына барғанда анау:

— Ой, тәңір алғыр, сен де осында ма едің? — деп құшақтап көріседі. Сонан соң ашығу кезегі, әрине, менің қайран атама келгенге ұқсайды. Сартжан ақталып шыққан соң күліп: «Ұры туысқанның да пайдасын көрдім» деп айтушы еді. Сол Тұрапбай әлі бар, әлі түзелген жоқ. Патша өкіметі кезінде бастаған ұрлығын әлі істеп келеді. Түрме оның екінші үйі. Сотталады, шығады, қайта түрмеге түседі, қайта босанады. Қартайса да ұрлығын қоймайды. Міне, тағдыр деген осылай.

Бірақ адамның бәрі бірдей емес. Кеше Көр Шерметті ұстауға қатысқан өзбек командирдің атын құйрығынан ұстап, жығып берген Омарқұл, Жалбық деген екі жігіт туралы айтқанмын. Оларды ілгеріде айтамын ғой деп едім, міне, ыңғайы келген соң соларды айтпасқа болмас.

Басмашыларға қарсы соғысқа барған сол екі жігіт те баукеспе ұры еді. Кетіп бара жатқанның кетпенін алатын, жатқанның жамбасын кесетін сол екеуіне алғаш Тарланкөкті жоғалтқанда кездескенмін. Түйе қарап жүріп тойға жолығып, жоқ қарап жүріп, қалың ұрының ішіне кір-

генім бар еді. Ол да бір біле жүретін әңгіме. Журналиске әңгіме артық болмайды.

Ол кезде Мисауытовтың жүн жуатын заводында істейтін кезім. Тарланымды алдырып, талайыма тас түсіп, таланым бүлініп, қабағым қарыс жабылып, ішкенім ірің, жегенім желім болып жүрген шағым еді. Заводта істейтін Құрбан дейтін ұйғыр жігіті менің атым жоғалып, қиналып жүргенімді білген соң бір оңашасын тауып маған:

— Егер еш жанға білгізбеуге қасам ішсең дағдылы ұрылар тобына жолықтырамын, мүмкін олардың білетіндері бар болар,— деген еді.

— Жарайды ант іш десең ант ішейін!

— Қасам ішпесең де сенемін.

— Ендеше жолықтыр соларыңа,— дедім Құрбанға жалынып ағынып.

— Кешке кеш бата Лепсі көшесі мен Ташкен көшесінің бұрышында кездесейік,— деді ол. Мен басымды изедім.

Кеш батқан соң уағдаласқан жерге бардым. Құрбан мені күтіп тұр екен. Жанында сыйдиган алакөз қара жігіт бар. Шашы өсіп кеткен. Лапасы жұпыны. Амандық та, саулық та жоқ, қара жігіт найзасын тіке салды:

— Егер сенен пәле шықса, мына жолдасыңның келласын кесеміз, шаруанды айт! — деді. Мен де жоғымды тағатсыздықпен айттым.

— Мен бұл мәшбәтке қылап қыла алмаймын,— деді ол.— Қазір тұра тұр. Мен біліп келейін.— Ол Құрбан екеуі албарға кіріп зымзия жоқ болды. Мен шоқ басқан тайлақтай шыдамсыздықпен күттім. Жаңбыр себезгілей бастады. Мен үйдің ығына тұрдым. Әлден уақытта жаңағы сұңғыт шықты.

— Кір үйге,— деді сыйдаң қара.

Екі бөлмелі қоржын үйдің бір жағына кірдім. Ішінде көзге ілінер еш нәрсе жоқ. Жерде атам заманда тоқылып, өмірінде қағу-сілку дегеннің не екенін білмей тозып бара жатқан, әр жерінен тігісі сөтілген, үзіліп жібі селкеуленген, бір кездері әр түрлі түсті жіптен тоқылып, бұл күнде үйдің иелері білмесе басқа адам түсін айырып болмайтын алаша топыраққа батып жатыр. Үйдің екі терезесі бар, ол сыртынан тақтаймен шегелеулі екенін даладан байқағанмын. Бір қабырғада үстінде ескі құрым төселген жалғыз кісілік кереует. Балшық үйге ұқыпсыз қағылған ұзын-ұзын үш шегеде үш қазақ шекпені ілулі тұр. Босағадағы бір арқалықсыз, баттауықтай қалың орындықта жаман, жүні шыққан екі шыт шапан айқасып жатыр. Төбесі мұнарадай биік ескі түлкі тымақ шапандарды баса құлапты. Үлгісіне қарағанда біздің елде жасалған киімге ұқсамайды. Мұндайды бізде найман тымақ деседі. Бізде тымақтың екі құлағы екі жағына делдиіп, артқы салпыншағы-желкелігі кішілеу болады. Ал желкелігі үлкенін, жауырынын жауып тұратынды малшыларға тігеді.

Көрші үйден бір жігіт кірді. Алпамсадай. Сары. Шегір көзді. Киімі сыпайы. Бойы да бар сияқты. Артынан тағы бірі келді. Бұл да алдыңғыдан айнымайды. Тіпті әлпеттері де, реңі де бір-біріне келіп тұр. Білмеген екеуін ағайынды деп айтар еді. Алғаш мен де екеуі бір туған екен, әттеген-ай, екеуі бірдей ұры болғаны-ай деп қалып едім. Соңғысы мені бұрын көрген кісідей:

— О, шұнағым, қайдан жүрсің? — демесі бар ма. Мені танитын шығар деп қалдым. «О, шіркін-ай, шұнағым, қайда кеткен құлағың? Айрылғанда құлақтан, бір күн, бір түн жыладың» деп шұбатып, өлеңдетіп кетті. Мен аңқайып отырып қалыппын. Ол тағы өлеңдетті: «О, шіркін-ай, бір құлақ, шұнақ құлақ, құл қылған-ау өзінді қанға бұлап. Бастан құлақ садаға демеуші ме еді, Жоқ қылсаң құлағыңды құздан құлап». Ол осылай айта берер түрі бар. Мен сәл қозғалақтап кеттім. Мені таниды деп ойладым. Жоқ, сөйтсем ол белгілі ұрылардың танысу тәсілі екен. Мен оңтайлы жерге отырып жағдайымды айттым.

— Жарлының жалғыз атын біз алмаймыз. Тұлпар болса да арымызға сыймайды,— деді соңғысы. Ұрыға ар не керек деп мен отырмын.— Біздің адамдар алған жоқ. Ол жалғыздардың қолы.

— Жалғыздарыңыз кім?

— Сен ыңыз деп ызылдама, жасымыз қатар, менің атым Жалбық. Мына ақынның аты Омарқұл, сен деп сөйлей бер. Одан ішегіміз түсіп кетпейді... Жалғыз дейтініміз ешбір ұрымен ақылдаспай ұрлайтындар бар. Соларды айтамын. Біздің жігіттер бізге айтпай қимыл жасамайды.— Сонан соң атымның басқаны мінгізгенмен жүрмейтін, ұстатпайтын қыямпұрыс мінезін айттым.

— Я, ондай жылқы болады,— деді Жалбық, тіпті ұрлығын жасырмайды.— Сонау жылы Қордайдан бір жылқы алдық. Ноғайбай ауылының еді. Әлгіні жүргізе алмадық. Мінсек тулайды. Сонан соң, ал ендеше деп шанаға басып кеттік. Алдыңғы екі аяғын тұсап, артқы екі аяғын тірсектеп, қысқасы төрт аяғын тегіс матап қойып, бір жарым ай ақырға қараңғы азбарға байладық. Үстін шұбарлап, адам танымас еттік.

— Қалай? — деппін мен.

— Ұрының сырын бір-ақ күнде білгің келеді, ә?!

— Жоқ, жарайды айтпай-ақ қой.

— Саған айтайын, сен маған ұнап тұрсың. Жоғалып кетпейтін белгің де бар екен. Біз ұры, сен шұнақ, бәрібір емес пе?! Бекер шұнақ болмаған шығарсың. Саған біреу әдейілеп белгі салған ғой.— Біліп тұрған пәле ғой деп тұрдым. Сөйтсем ұрының әдеттегі нобайлап соғуы екен ғой. Оны кейін әбден танысқан соң білдім.— Алыстан атты аламыз да, үстіне қайнап тұрған шәугімнен суды тамызып-тамызып күйдіреміз. Бір жарым айдан соң күйген жерге ақ жүн шығады. Қара ат болса, қара шұбар болады. Бір жарым айдан соң, әлігі Қордай жылқысын далаға шығарып ер салдық. Тыныш тұрды. Омарқұл мінді, пәле басталды. Мөңкіді-ай келіп. Ұрының атқа мықты болатынын білесің. Сол бізді

тастап кетті. Әйтеуір ер-тұрманымызды алып қалдық. Кейін білсек қара шұбар ат болып еліне барыпты. Ондай жылқыны тек сою керек. Ал бір асым ет үшін ондай екі түгей, сауырлы бұлт жылқыны қор қылуудың қажеті жоқ. Біз білсек, Тарланыңды Тұрапбай алған ғой. Кісен ашу, кесу соның тәсілі, өнері. Онда Шұнағым атың екі-үш күнде келеді.

«Шұнағым, жасыңнан-ақ шұнақ болдың,
Жігітсің бір де жоқсың, бір де толдың.
Ер атқа емес, ат ерге бітед деген,
Дүние деген солай-ды, кірі — қолдың»,—

деп Омарқұл тағы біраз жерге апарып тастады. Інім, бұл Омарқұл мына Еңбекші колхозының азаматы еді, атақты Омарқұлмен Тәбия деген философиялық айтысты оқыған шығарсың. Соның авторы. Омарқұл мен Тәбия он алтыншы жылы айтысқан. Ұзатылмақ Тәбияға аужар айту рәсімімен тұсына Омарқұлды отырғызған. Тәбияның да, Омарқұлдың да ақындығы бұл төңіректегі елге бала кезінен белгілі екен. Бұл өте мәнді, ақындық тұңғығы түбінен қайнап шыққан асыл сөз Жетісуға әп-сәтте жайылған. Бірақ ол кезде оны жазып қағазға түсіріп ала қоятын адам қайда, сол қалпымен қалған. Олардың айтысынан құлақта қалғанын жұрт айтып жүрді. Содан отыз алтыншы жылы белгілі ақын Саяділ Керімбеков екеуін қайтадан айтыстырып, оны жазып алып, Қазақ ССР Ғылым Академиясына тапсырған. Омарқұл Ұлы Отан соғысында қайтыс болды, ал Тәбия Қаскелең ауданының бұрынғы Ораз атындағы, қазіргі Ворошилов колхозында тұрады, інім. Әлі бар, қартайып қалды. Баласы жоқ адам, орыстан асырап алған бір баласы бар деп еститінмін, ол облыста сауда жағында істейтін болса керек-ті. Жоқ қарап жүріп ақын Омарқұлмен, ұрылармен таныс болдым. Басмашыларға соғысқа бірге барғанымды айтқанмын. Отыз бесінші жылы колхозшылардың республикалық съезіне делегат болып барғанымда Омарқұл мен Жалбықты көрдім. Қаскелең ауданының бір колхозында тұрады екен. Амандықтан соң: — Қалай, шұбар ат жасап жүрсің бе? — деп қалжыңдадым.

— Ой, құдай ұрсын, қу шұнақ, шұнаңдаған,
Бұл айтқаның қалжың да, шының маған.
Колхоз болып Жалбықпен ұйысқанбыз,
Оңа ма осы кезде ұрлық қылған,—

деп жауап берген. Шыны екен. Басмашыға қарсы соғыстан келген сон екеуі де колхозға кіріп, адал еңбек етіп, Омарқұл колхозға председатель, Жалбық орынбасар болыпты. Мен сияқты бұрыннан білетіндер: «бұлар бәрін орындайды, толмағанын ұрлап толтырады»,— деп қалжыңдайды екен. Айтпағым ол емес еді, інім. Айтқым келгені екеуінің де соғыстан

оралмағаны еді. Ал олармен бірге ұрлық қылған алақөз қара Оразақ Алматыда әлі күнге сол кәсіппен айналысады екен. Міне, інім, адамның тағдырының қалай қалыптасқанын көрдің бе?

Ал енді,— деді шұнақ шал,— өкінішті жерін қара, інім.— Ұрлығын қоймаған Тұрапбай мен Оразақ әлі тірі, әлі ұры. Адал қызмет қылған Омарқұл мен Жалбық қайтыс болды. Ал шынында елдің малын ұрлап, қан қақсатқан, жылатқан мына екі ұры құруы керек еді ғой. Өмір деген осындай. Бұдан шығатын қорытынды дүниеде алғал-арамдар да өмір сүреді, бірақ түбінде олар итқорлықпен өледі. Ит қорлықпен... Бірақ ондайлар өлгенше табан ет, маңдай терімен күн көрген адал адамдарды өлтіріп барады-ау. Бататыны — осы! Осындайды тарынбай ойлау мүмкін бе, інім? «Ұрыға құдай жоқ» деп қазақ бекер айтпаған. Оның арғы жағында терең философия жатыр. Мен мұндай жаманнан жақсы болған, арамнан адам болғандарды көп көрдім. Бірақ бит ішіне қан құйған сұмдардың судан құрғақ, оттан күймей шығатынын да кездестірдім. Кейде солардың дегені болып кететін жағдай да көп. Бірақ адалдың, ақтың беті қашанда жарық, екіншілері ше? Олар да бір, жарқанат та бір. Жарқанат жарық дүниеге керексіз жәндік. Оның дүниеде болмағанын ешкім жоқтамайды. Ұрылар бүгін сәт-сәттің арасымен ғұмыр кешер, ертеңі, болашағы өкіндірмей қоймас. «Диқан түбі — кеніш, саудагер түбі — борыш» деген қазақ «ұрлық түбі қорлық» деп мыңдаған жылдың тәжірибесінен алған. Ұрлықпен байығанды әлі ешкім көрген жоқ, көрмек емес. Бүгін уақытша шекесі шылыққан ондайлар ертең сұрықсыз күн кешері ақиқат, оған бөркінді баса ки!

Шұнақ шал мың құбылады. Жаңа ғана сазарып барып, бет-ауызы жыбырлап кетіп еді, демнің арасында көңілі тау күніндей көтерілді. Әсіресе жүзеге асырған істерін ділінен тіліне оралтқанда шал тым құлшынып, құнжындап қалады. Қымызды тостағандарға толтырып, менің тойып отырмын дегеніме қарамай, зорлап ішкізді. Орнынан тұра салып, дедектеп, балаша басып екі атқа кетті. Күн еңкейсе де қызуы басылған жоқ. Қалайда тау самалы оны байқата қоймайды. Мен салуалы ордада отырғандаймын. Бұлттан биікпін, көңілім де жоғары. Етекте жатқан бұлттар көтеріліп, бізден төмен төбенің ұшар басына шықты. Ақ мақтадай үлпілдеп аяқ астында жатыр. Қолмен ұстап көргің келеді. Үстіне қарғып түссем дейсің. Кеудені көбелеп барып, жоғарылады. Бір-неше минут күннің бетін бүркеді. Қайта ашылды. «Бұлттан шыққан күн ащы, жаман қатынның тілі ащы». Шіркін десеңші! Жаман еркектің тілі тәп-тәтті! Ашуы келсе, кәрін шақырса, намысына тисең кімнің сөзі ащы естілмес. Әйелдермен салысып тұрып ұрсысып жатқан еркекті талай көрдім, сонда «айналайын» деп жатқанын көрмедім. Жақсы сөзбен, жанын ауыртпай, иландырып жатқанына куә болмадым. Ұрсысу — ол қалайда қарсы жақты мұқату. Мұқату үшін тілдеу керек.

Шұнақ шал аттан қайтып келгенде өзгеріп, қабағы қайта құрысып, маған тіке сөйледі:

— Сен осы мен айтқан адамның біразын білетін сияқтысың. Несін жасырасың. Жарайды, сен Жандосовты білетінінді айтпа, ал мен көп адамның атын атадым ғой, соларды сен білетіндей көрінесің. Менің көңілім мені алдамайды.— Мен тақыс шалдың сауалына үндемей құтылуды ойладым.

— Үндемей құтылғың келеді, ә. Жарайды үндемегеніңмен менің ішіме шемен болып қатқан әңгімемді зейін сала, ұйып тындағаның да мені бір көтеріп тастады. Әңгімені айтқанда тындаған құлақ жақсы, ал ұғып тындаған одан да жоғары. Сен бар ықыласыңмен тыңдап отырсың.

Отыз екінші жылдың егінін аяқтадық. Мемлекетке астық өткіздік. Қызыл керуен жүргіздік. Ауданның астық жоспарын орындауы екі талай еді. Егін жинау басталған соң облыстан да, Қазақстап өлкелік партия комитетінен де өкілдер қаптап кетті, оларды Өлкелік Комитетте таптап жібергені соншалық, астық тартқан әрбір көліктің артынан екі елі қалмайды. Қызыл керуеннің артында да солар, қырманда да солар. Інім, сол бір кезеңнің қазақ халқы үшін, оны көріп отырып, ішінен қан жылап, лаждың жоғынан адамшылықпен сыйыспайтын нәрселерді жасатқан біз үшін сол бір кезеңді, қатыгездік дәуірді еске түсірудің өзі ауыр. Егер көрмесен, білмесен бір жөн, бәрін сезіп, аяғының неге соғарын біліп істегенің жаныңды жеп, жүйкенді құртып кетер еді. Інім, отыз үшінші жылдың басталуының қазақстандықтарға, әсіресе қазақтарға нәубет әкелетіні белгілі еді. Бірақ біздің ойымыз жеткен жерден ол он есе сұмдық селебе апат болды. Ол кезде ауданда да, ауылда да бастықтар өзгере беретін. Сондай өзгерістердің бірінде, отыз екінші жылдың жиын-теріні кезінде мен «Ақсеңгір» колхозын өткізіп, ауаткомге қайта председатель болдым. «Өткіздім» деп отырғаным, інім, колхоздың әрбір қойын, әрбір дәнін, қамыт доғасын, суыртпақты жібіне дейін біртіндеп басқа ұрып санап жаңа председателге өткізгенбіз. Қазір колхоз председатели бір жаққа кетсе, ол материалдық жауапты адам болмағандықтан моральдық жағынан ғана қуаныш, іренішке ортақ болады. Қазіргі жаппай сауатты заманда бұл дұрыс та. Шаруашылықтарды жаңа ұйымдастырып жатқан сол бір шақта колхоз қамбасынан он кило бидай жетпесе, оған колхоздың бастығы жауапты. Сөйтіп талай байқұс ішпей-жемей, қолы ұстап, көзі көрмей сотталады, не орнынан алынды. «Ақсеңгірден» де он екі қасық, екі ожау, үш шелек жоқ болып шықты. Қазір ол күлкі сияқты болса да, мен олардың бағасын қалтамнан төледім. Оған тікелей жауапты қамбашы, бір бригадир орнынан алынды.

Ол кезде егін оратын машинаның екі түрі бар. Бірі өзі тастағыш, екіншісі лобагрейка деп аталады. Өзі тастағыш машинаның алымы тар, шабылған астықты кезектесіп келіп, өзі жерге десте қылып түсіріп кететін тарағы болады. Оған екі ат жегіледі, айдаушысы да, қараушысы да бір-ақ адам. Ал екінші машина — лобагрейканың қазіргі комбайндардікіндей егін қағары бар алымы өзі тастағыштан әлдеқайда кең. Сондықтан екі ат оны сүйрей алмайды. Екі атты қатар, бір атты көсем

жегеді. Көсем жегілген аттың үстіне бала мінеді. Машина үстінде екі орындық бар. Оның бірі соңғы екі атты айдаушы да, біреуі шабылған егін шөмеле болмағанымен, соның төрттен біріндей болып машина табанына жиналған кезде қолындағы айырман оны сырғытып аңызға түсіреді. Сол кездегі ең ауыр жұмыстың бірі, інім, осы айырман жұмыс істеу. Онда отырған кісі ең таңдаулы, күші мол адам болушы еді. Ол жұмысқа адам шыдай бермейтін. Сондықтан айырышы мезгіл-мезгіл алмасып тұратын. Ал одан да қиын іс бар еді. Атпен айналдыратын қызыл барабан болатын. Оның егін шайнайтын жемсауына шабылған егінді беріп тұру еш адамды шақ келтірмейтін. Жұмыстың бұл екі түрі де қаншалықты игілікті болғанмен бейнеті ауыр-ды. Бұл машиналар қазақ жеріндегі ауыл шаруашылығын механикаландырудың алғашқы қарлығашы бола-тын. Сонымен қабат бір атқа жегілетін, қырманға қалың төселген егінді бастыратын сегіз қырлы бастырық тас бар-ды. Бұл ата-бабадан қалған егіншілік мұрасы — жәдігер. Оның атына мінетін бала бір сағаттан соң басы айналып құлайтын. Ата мұраның екінші түрі — аттарды матап, кесемдеп, олардың аяғымен егін бастыру. Бұл екі тәсіл де отыз төртінші жылға дейін қабаттасып қалмаған-ды. Екі-үш жыл жоғалып кетті де, жаманшылықта, яғни соғыс басталғанда қайта шықты. Сен әлде білерсің, інім, бидайды қуырып жеу қазақта ылғи жаманшылықта бінә бола кетеді. Ол уыстап алған азғантай бидайды диірменге салып жұғын қылмау, диірменшіге қалда бермеуден шығады. Көп астықтан қашанда ондай шығын білінбес еді. Бұл машина түрлерін, бастырық тасты, қызыл барабанның жемсауына жем беруді неге айтып кетті деп отырған шығарсың. Сол «Ақсеңгір» колхозында ерлі-зайыпты Талғар, Сейілхан, Қасымхан, Жаңыл деген адамдар колхоздың ең жүйелі де, күйелі де жұмысынан жаздың аптапты, көктемнің лайсаңды, күздің қара суығында бір күк қалып көрмеп еді. Сол осынша қиын жұмыста, колхоздың керегесін керіп, уығын шан-шыған, колхозды егізекі жасамақ болғандар балпыып байып кетпегенімен шілпиіп шидамшех қалмауы да керек қой, інім. Жаңа мен жоғарыдағы айтқан лобагрейкадан шабылған егінді аңызға ысыру сияқты ауыр жұмысты Қасымхан атқарды. Міне, осындай қиын жұмыстың төлеуі отыз екінші жылдың жазында қырман басында ішкен бидай талқаннан істелген қара көжемен тәмемдалып жатты. Балалар бала бақшадан ішті. Нан жылдың басынан-ақ ауылда көзге түскен емес. Ал ертең егін бастырылып болып, жиын-теріні аяқталғанда тамақты қайдан ішеміз, немен жан сақтаймыз деген колхозшылардың ділінде болса да, тілінен естілмеді. Шынында немен күн қоретінін ешкім ойластырмады. Жер сүмесінен гөрі мал кіндігіне жақын қазақ халқында надандықтың басымдығы ма, әмбе жұрт ертеңінен бейхабар, «таңғы нәсіп тәңірден» деп жүре береді. Құдай ертең шаңырағынан кісі басы бір күлше тастайтындай көреді. Күзгі жиын-теріні де үйіне қос уыс астық кірмеді.

Август айының ортасында Қастек ауданына Голощекин келді. Екі көзінің шарасы кең, теке сақалы сөйлегенде бірге сөйлегендей тұштандақырап тұратын шағын денелі кісіні Қазақстан Өлкелік партия комитетін басқаруға алғаш сайлағанда, Николай II патшаны өлтіргеш үшін даңқын қазақ арасында асырып марапаттағанымызбен, кейін Өлкелік Комитеттің жиырма бесінші жылғы май Пленумының өзінде сөйлеген сөзінен соң-ақ, іш жиып қалғанбыз. Енді бізге келгенде барлық қоршаған ортаға, адамдарға жақтырмай қарағаны соншалық, оның бетіне, көк бурыл басына, сақалына қырау тұрып, содан бүкіл қазақ атаулыға суық соғып тұрғандай болды. Басқа ортада өзін қалай ұстағаны маған беймәлім, бізге келгендегі кейпі Ленинді көрген, Ленинмен істес болған деуге ауыз бармайтын еді.

Ол бұл кабинеттің иесі бар-ау демей, аупартком хатшысының орнына отырып алды да, әркімнен жеке-жеке жауап алды. Ешкімге отыр деген жоқ, келгендер өздігінен отырмады да. Сөйлегенде бір адамның бетіне қарамады, егер зәушайтан көзі түсе кетсе, тура қазақтарға ұқсап, азиат болып қаламын ба деп қорыққандай. Оның аузынан сөз шықты, сақалы бірге сөйледі:

— Астығымды түгел бересіңдер,— деді ол. Бұған бір сөз қосып, алғаным жоқ, інім. Ол аузы-басы қисаймай тура осылай деді.— Совет өкіметін аяқтан шалуды қою керек. Онда бәрінді құртамын. Бәрін оңбағансың, бәрін Совет өкіметіне қарсысыңдар. Бәрінді де отырғызу керек.

— Тұқымдық та қалдырмаймыз ба? — деп сұрады Мырзалин. Ол тұқымтуралысауалдыестімегендейаяқсызқалдырдыда:

— Астығымды тегіс құйып бересіңдер! — дегенді қайталады. Бұрышқа қарап айтты. «Астығымды» дейді, тасыған ол. Кәдімгі әкесі салып, жинап берген астығын біз қарыз алғандай. Осындай түрпідей сөзді, ежірейген ешкі көзді қалай ғана Ленин тәрбиесін көрді деп айтарсың, садаға кетсін, ол Ленин атынан.

— Бәрін береміз!

— Орындаймыз! — Бәріміздің де сөзіміз осы болды. Енді не демекпіз. Бірімізге жылы сөз жоқ, басымыз Мырзалин қылып бәрімізді байлардың құйыршығы, ертең түрмеге отыруға тиісті адамдар етіп шығарды. Зікінеп-зікінеп, бәрімізге кенже ұлынша ұрсып, жөнеп кетті. Одан көргенін облыс басшылары бізге, біз ауыл басшыларына істейміз, осылай кете береді дағы. Сонымен Голощекин астығын тегіс беруге қызыл танау болып, күнді күнге, түнді түнге ұрып жаттық. Қастек ауданы ол кезде астығын Шамалған станциясына тасиды. Көлігі жеткіліксіз елге қиралаң, алыс жолдың өзі бір бейнет. Нақ осы жылы егін орағы кезінде 7 август заңы шықты. Бұл Голощекин сияқты ұр да жық адамның қолына ұстатқан жанды жерден де, жансыз жерден де соғып түсіре алатын босмойын шокпардай еді. Сөйтіп жанымыз қылыштың

қырында, ұстараның жүзінде тұрды. Қыл үстінде жүріп жұмыс істедік. Ертеңіміз не болады деп ойлауға мұршамыз да келмеді.«Түстік өміріңболса,кештік мал жиі»дегенбіржола естен шықты. «Бүгін бармыз» ұранымен өмір сүрдік. Кеусен құлақ та, басқа бір үйден шай ішу де, бас қосу да, бәрі де жер сілкіністегі зілзаладай тымрайып зым-зия жоқ болды. Белгілі ақын, композитор Кенен Әзербайтұлының екі баласы — Базар, Назардың өліп, зарлап қалатыны да осы отыз екінші жылы еді ғой. Ол жоспарды орындаймыз деп, күндіз-түні үй көрмей, түн қатып, түсі қашып, төсектен безініп, ұлы төсекке ұрына алмай, қу толағай бастанып жүргенде екі ұлы көк шешектен өлген. Сондықтан да оның әнінің бір жерінде сол кезде «ойхой дүние-ай, жоспар бидай, салдым күйге-ай!» деп айтылатын. Өлім халінде жатқан балаларының жанына отыруға мұршасы болмаған, өзі далада жүргенде егіз ұл омыраудан үзіліп түскен түймедей жұлынып кеткен. Міне, інім, Қонысбай қарыс жерде тұрып кемпірінің өліміне топырақ сала алмаса, Кенен екі баласының көз жұмғанын көре алмай қалған.

Августың аяғында ауданда астық жиналып болып қалды. Колхоздардың ақылды бастықтары «елді қайтеміз?» деп қыңқылдай бастады. Барлық колхоздарда адамдар күнделікті екі-үш кило бидай жазғызып алумен тынып жүрді. Шамасы жұрт колхоздан там-тұмдап, уыстап-дорбалап алып тұрармыз десе керек. Өстіп жүргенде колхоздарда тұқым да қалдырмай, қамбаны таза ұстау науқаны басталды. Енді есеп білмейтін бастығы бар жерлерде «ақ үй, айраны жоқ қақ үй» дегендей қамбалар қаңырап бос қалды. Оған ақ түйенің қарыны жарылған, ақ сабан, қызыл қырман кезде де бір дән құйылған жоқ. Қамбалар ескі сыпыртқы, кетпен-күрек, мұжық тесе, майрық шелектердің сауытына айналды. Тұқымды мемлекет өзі береді деген қағазсыз нұсқаумен сынық дәнді ұшығына дейін қалдырмай Шамалған қайдасың деп «қызыл керуендетіп» тартып жаттық. Дегенмен ақылы бар жігіттерді бұл жай ойландырмай қоймады. Мырзалин екеуміз састық.

Жоғарыдан келген нұсқаулар ішінде тілге тиек етерлік бір нәрсе болды. Колхоз мемлекетке өткізген астықтың он бес-жиырма проценті көлемінде колхозшыларға аванс бере алады делінген еді онда. Кейін отыз алтыншы жылы ауылшаруашылық артелінің үлгі Уставы қабылданғанда сол он бес процент заң болып қалды. Маған тыныштық бермей, «елді қайтеміз?» дей беретіннің бірі бірінші ауылдың — Шолақ Қарғалы колхозының бастығы Шарымбайдың Әміресі аталып кеткен жігіт еді. Бір апта ойланып жүрдім де: «тұқым құйыңдар» деген бұйрық бердім. Ал, нұсқаудағы он бес процентке де рұқсат бермек болдым. Жанымды жеп бара жатқан осы ойымды Мырзалинге айтып едім, ол бұл істе бақтиярлық көрсете алмады, істеме деген рай да көрсетпеді. Әрине, бұл жерде Мырзалинді ағынан жарылмады деп айыптауға болмайды. Голощекиннің күшінде, найзаның ұшында тұрған шыбын жанымызды шиық дегізіп, торғайдың мойнындай бұрап, үзіп тастай салу

түк емес еді. «Жарайды» деуге өз тағдыры, партиялығы, болашағы толғандырады, «кой» дейін десе, менің нұсқауға сүйене отырып, қисайта тартатын бірмойындығымды да біледі. Оның үстіне қолында тышқак лағы жоқ халықтың тағдырын тебірене ойланбайтын жігіт емес еді. Облысқа айтса, онда Голощекиншілер аттана шауып, қазір ауданға милициямен жететінін біледі. Сондықтан ол не «иия», не «жжж» демеген күйі қалды. Мен ауатком председателі ретінде колхоздарға жазба түрде жарлық бердім. Жарлықта қандай документке сүйенгенімді де ашып көрсеттім. Несін жасырайын, інім, қорықтым да. Өйткені ақырының абыройсыз қалдыратынын да білдім. Пыран киіп, пырақ мінген батырдай-ақ әдейі басымды бәйгеге тіктім. Өйтпегенде не істейін. Бірақ не керек, оны колхоздардың бәрі жүзеге асырып үлгірмей қалды. Бұрыннан еңбеккүнге тізім жасап, дайын жүрген Шолак Қарғалы, «Жаңа құрылыс» колхоздары астықты үлестіріп үлгерді.

...Сол бір күні аспанды бұлт бүркеп, бұлыңғыр тартып тұрады. Танертеңмен бірінші ауылдың қырманьына келген облыстық партия комитетінің өкілі Итқараев шұбап жүрген колхозшыларды көріп таңданып қалады. Әрқайсысы-ақ қап арқалап, қабағы ашылып қырманға жеткенін көреді. Енді қырмандағы қызылдың жанына келсе, жұрт астық қаптап жатыр. Кейбірі тіпті арба, көлік іздемей-ақ белі қайысып, қапты жаяу арқалап барады. Итқараев қазақылау, бірақ мінезі тіке, тезқатар, әр нәрсеге көзі түскіш, мазасыздау адам болатын. Ол жұқа өңді қара сұр кісі еді. Түтігіп, қанын ішіне тартқан облыс өкілі қатулана айғайлайды:

— Тоқтат, астықты талауды! — деп біресе анаған, біресе мынаған жүгіреді. Оған колхозшылар күле қарайды. Содан қырман басындағы қамбашыға келсе, ол колхоз басқармасының бұйрығын, қол қойылған, мөр басылған тізімді көрсетеді. Ол енді астықты бергізбеу үшін тізімді қалтасына салып алып, колхоз бастығын іздеуге аттанбақ болады. Осы бір сәтте өте шамдағай, барлық істі шамадан тыс тез шешіп, тез істейтін Шарымбайдың Әміресі де қырманға келе қалады. Түтігіп, бетінің түгі сыртына шығып, ашуланып алған Итқараев ойбайын салады:

— Ойбай-ау, Әміре, мынауың не? Талатып жатқаның! — дейді Итқараев. Ол түк болмағандай, жайбағыстап майдалау келеді:

— Жолдас, дұрыстап сөйлеңіз, талап жатқаның не, ит емес кой олар, бәрі адам, колхозшылар, Совет адамы.

— Мынауың не? — дейді Итқараев күйіп, председателді қорқытпақ болып, оның көз алдына астық алушылар тізімін ұстап.

— Не ол? — дейді председатель тізімді алып қойғанын біліп, оны әдейі қолына түсіріп алғысы келіп. Өкілдің қолындағы тізімді жұлып алып, председатель қамбашыға қатты зекіп, әкесінен боқтап жіберіп:

— Неге айырылып қаласың, тоғышар неме. Тездетіңдер, жұртқа тез хабарлаңдар! — дейді. — Ал, сіз, колхоздың ішкі ісіне неге араласасыз? Байлаңдар, мына тәртіпсіз өкілді!

Төрт жігіт Итқараевты тырп дегізбей байлап, сусындатып, қызылдың үстіне жатқызып қояды.

— Демалыңыз! — дейді Шарымбайдың Әміресі ендікүліп.

— Құрысың ғой, — дейді Итқараев, қызылдың үстінде байлаулы жатып.

— Бірге құримыз ғой, — дейді председатель.

— Байлап тастағаныңа ризамын, — дейді Итқараев. — Осының дұрыс болды, бәрі де дұрыс деп ойлаймын.

— Ендеше неге бағана шырылдадыңыз?

— Қол-аяғымды босатсаң, тағы ойбайлаймын. Ауданға шабамын.

— Бізде ауданның рұқсаты бар.

— Мүмкін емес, — дейді Итқараев.

— Мінеки, — деп мен қол қойған қатынасты Әміре Итқараевтың көз алдына тосады. Итқараев көзімен қағазды сүзіп шығады да:

— Жігіт екен ғой, мынау Абақ, мен-ақ өлейін деген ғой, — дейді. Кейін әңгімелескенде Әміре айтатын: Итқараевтың бала-шағасы көп адам екен, мен-ақ Голощекиннің құрбаны болайын дедім. Оның үстіне оны жіберсем, ол облысқа жетсе, жұрт астық ала алмай қалады ғой, сондықтан байлатып тастадым дейтін. Ал «Жаңа Құрылыстың» бастығы олай істей алмапты. Біраз ел астық алып қойғанда жеткен облыс өкілі тізімді қалтасына салып ауданға шауыпты. Олар тізімді қайта жасап үлгіргенше Қастек ауданындағы «бассыздық» туралы облыс, республика басшылары тегіс құлақтанып, астық үлестіруге тыйым салынды. Ал ауданнан рұқсат келді деп жай басқан тоғышар председательдер жағасы жайлауына кетіп жүргенде, жұртты тотитқанын өздері де білмей қалыпты.

Колхоз осы қалпымен колхоз бола салған жоқ. Ол да талай толды, талай ортайды. Ал біздің санақ басқармамыздың есебіне қарасақ, олар үнемі өсу жолында, кемшілігіміз де жоқ, жып-жылмағай. Тек өрге қарай қарыштап бара жатқандаймыз. Кемшілігімізді көлегейлеп көрсетпейміз де, ылғи жетістігімізді, бірімізді екі қылып көрсетіп, өзімізді өзіміз алдап келе жатырмыз. Колхоз толды дейтінім алғаш колхоз ұйымдасқанда ғана арнаға сыймаған толқынды өзен суындай ел де, мал да көп болса, кейін шыдай алмай, колхоздан жұрт қашып ол арна ортайды. Оған мысалға Жандосов колхозын айтсам да болады. Төрт жүз үй Құмтоғанға, үш жүз түтін шартпен темір жолға кеткенде, қалғанының өзі бес жүз отыз түтін болған-ды. Содан отыз үшінші жылдың көктемінде отыз үш-ақ түтін қалды. Ондағы адамдарды әзір айтпай-ақ қояйын. Мал да солай орталыққа ұйымдастырылған, сегіз мыңдай қой, мың үш жүз жылқы, мың екі жүз түйеден, екі жүз отыз үш қой, бес жылқы, екі түйе қалды. Міне, бұл колхоздың ортайғаны емей немене? Оны да ортайтқан, құртқан өзіміз. Қит еткенді қамаймыз. Колхоздың председателі де, ауылдық Советтің председателі де, ауданнан, облыстан келген өкілдер де көңіліне жақпағандарды қамай салады. Ал қолында заң тұрған

ОГПУ, прокуратура, сот, милиция туралы тіпті айтпаса да болады. Бір күні мұрты қияқтай, көзі мойылдай болып кабинетке Бабажанов кірді. Түтігіп, қап-қара болып кетіпті, әлдебіреумен жүз шайысып қалған ба деп, бетіне тесіле қарап қалыппын. Аmandықтан кейін ол:

— Әбеке, елге кім қожа? — деді. Мен тіпті не дерімді білмедім. Ол шынымен сұрап тұрғанға ұқсайды.— Жұртты осылай сыпыра қамайберемізбе? Сонда тіпті ауылдаадам қала ма?

— Не болды, сонша? — дедім мен. Ол қолындағы портфелінен екі келдек бидай масағын шығарды. Шамасы мықтағанда екеуінен екі уыс бидай түседі. Әр келдектің түбін екі-үш бидай сабағымен байлап қойыпты. — Міне, осы үшін екі адамды қамап отырмыз. Не сұмдық болып барады, бұл, Әбеке? — деп ол іренішін жасыра алмай күйініп отырды.

— Шығарып жібермейсің бе?

— Қайтіп шығарамын? Итқараев айдатып әкеліпті де, прокурордың санкциясынсыз-ақ қаматып тастапты. Итқараев облыс өкілі. Сөйтсе өкіл егіс басынан келе жатса, егіні жиналған аңызда екі жігіт масақ теріп жүреді. Екеуі жаңа ғана келсе керек, бар тергені бір-бір келдек. Итқараев екеуін апарып колхоз қамбасына қаматыпты да, бүгін Қарақыстаққа жеткізіпті. Бар болғаны осы.

— Фамилиясы кім? — деп сұрадым мен Бабажановтан.— Қай колхоздан?

— Жиренбаев, Сарбасов, «Жаңа құрылыс» колхозы-нан.— Жалмажан прокурорға телефон соғып колхозшыларды босаттырдым. Екі-үш күннен кейін колхоз председателі Айтбаевтан әлгі екі колхозшыны сұрасам, тігулі үйін тастап, бала-шағасын алып колхоздан тайып отырыпты. Жерде жатқан, ұзамай қар астында қалатын масақтан бір келдек тергені үшін соттайтын колхозда кім тұрмақ? Міне, колхоз осылай ортайды.

...Науқан аяқталып келе жатқан кез еді. Жандосов колхозына облатком орынбасары Қалдыбаев келеді. Қырманға келіп аттан түскен өкіл екі-үш адамның қап түбіне астық салып әкеліп, таразыға қойып жатқанын көреді.

— Бұл не? — дейді Қалдыбаев шіреніп.

— Төрт кило бидай жаздырып алып едім,— дейді бір колхозшы. Екіншісі де, үшіншісі де осы сөздерді қайталайды. Олардың колхоз кеңсесінен жаздырып алған астығын дереу қырманға төккізеді де, үшеуін де қамбаға қаматады. Жазғы астығы жоқ бос қамбада ушеуі жаға береді.

Қалдыбаев енді колхоздың председателін іздейді. Оны да қиналмай-ақ тауып алады. Колхоз председателі Ырысменде Қожаев көзі аларған, сөйлегенде мақтанған адамдай ұрты кебіңкіреп тұратын, жай сөйлейтін кісі еді. Қалдыбаев оны көрісімен дүрсе қоя береді:

— Сен сабатажник неге астықты үлестіресің?

— Үлестірген жоқпын,— дейді жайымен сейлеп Ырысменде. Оның жайымен сөйлегені Қалдыбаевты күлпетпендіре түседі.

— Сен кіммен сөйлесіп тұрсың?

— Адаммен,— дейді Ырысменде.

— Адаммен сөйлесетін сен адам ба едің? — деп жәбірлейді Қалдыбаев. Оған жүйкесі жұқармаған, ұрыс тілемейтін қыр қазағы ашу шақыра қоймайды. Бірақ үндемей қала алмайды:

— Адамбыз деп жүрміз ғой.

Қалдыбаев осы жерде өзімен бірге келгендерге тапсырма берді.

— Тез қамандар. Орынбасарын да тауып қамандар. Бұлар колхоз астығын талан-таражға салып жатыр. Бұл Сталин жолдастың астық туралы нұсқауын бұзды...

Сонымен сол түні Ырысменде Қожаев, оның орынбасары Ыбый Мүсірепов, партия ячейкасының хатшысы Әлімқұл Төлеңұтов, колхоз бригадирі Байғабатов төртеуі, заңды түрде үш колхозшыға төрт килодан он екі килограмм бидай босатуға жарлық бергені үшін қамалып, ауданға айдалып кетеді.

Қамбада қамалып жатқан үш адамды ешкім жоқтамайды. Сөйтсе олар сол күні кешке таман-ақ бірін-бірі көтеріп, қамбаның терезесінен біреуін шығарып, іште қалған екеуін үйлерінен арқан әкеліп босатып алады. Сол түнде-ақ олар да үйі-жайын тастап, әйтеуір киім кешегін алып колхоздан қашып кетеді. Жасыратын несі бар, інім, басқа колхоздарда да тура осы жағдай болды. Колхозды өзіміз осылай бытыратып алдық... Ал қайта тола бастағаны отыз сегізінші жылдан соң, ауылшаруашылық артельдері экономикалық жағынан нығайып, еңбеккүнге астық, ақша ала бастағанда бір кезде сыртқа қашып кеткендер, қайта ағайындарын сағалап-көбелеп келіп, арыз беріп колхозға кіре бастады.

Ең алдымен, інім, колхозға кірген тәртіпті тебіз адамдарды (ол кезде жұрттың бәрі тәртіпті десем де болады) колхоз қалыбына, тәртібіне, қоғам мүлкіне қол сұқпауға үйрету оңай болған жоқ. Өйткені піскен тамақ, жатын орын ортақ қой. Колхоз тәртібіне түсіне алмай, білместіктен ұрынып қалып, талай мүскін сорлы сотталып кетіп, сол кезде жаңа ашылып жатқан Қарағандыға жөнелтілді. Інім, қазақ дүниедегі ең тебіз халықтың бірі, тәртіпке бойсынбау біздің халқымыздың табиғатында жоқ нәрсе. Мен мұны мақтаньш сезіммен айта аламын. Халқымның қасиетін айтқаннан ұлтшыл бола қоймаспын деп ойлаймын. Бірақ білмегендіктен, бұрын қақаң-сұқаңды көрмегендіктен, елінен, жерінен ауып көзтүрткі болмағандықтан, басқа халық арасына барса келімсек-құмырсақ атанудан қорқып, басқа бір халықтың ішіне кіріп кимелеп-шалқалап, баса көктеп үйренбегендіктен кей қазақ, тіпті талай қазақ біраз таяқ жеді.

Отыз екінші жылдың аяғында, отыз үштің басында, аласапыран кезде аудан орталығы Ұзынағашқа көшіріліп, бір-екі ай Ұзынағаш ауданы аталып та жүрді. Орталықтың көшу себебі бар тіршілік иесіне бірдей

камкор асқақ Алатаудың Қарақыстаққа тым тие тұрғандығы еді. Өйткені колхоз құрылысының жаулары, ірі байлар таудың шат-шатқалына, қуыс үңгіріне кіріп алып, түнде ауданға, колхоздарға шабуыл жасап, қайта таудың жықпыл-жықпылына кіріп таптырмай кетіп жүрді. Сондықтан күнде дүрлігіп, қай жағымыздан соғыл, талап кетеді деп отырғанша аудан орталығын әдейі қозғадық.

Ұзынағаш сазды сулы жер. Түртгіп қалсаң су шығады. Кеңселікке үй табу да, оны босату да оңай болмады. Оның кара батпағын тізеден кешіп жүріп аудан мекемелерін енді орналастырып болдық па деп отырғанда Қарақыстақтан хабар жетті. «Бұрған» колхозының қамбасы өртеніп кетіпті. Міне, пәле керек болса! Бұл маған жығылған үстіне жұдырық болатыны белгілі еді. Шырағым, адамның басынан бақыты бір таймасын, егер олай болса, басқа кара күйенің бәрі «қасқырдың ауызы жесе де қан, жемесе де қан» дегендей жұға береді. Жиырма километрлік екі ортаның ол кездегі ирек-ирек, ойқы-шойқы жолымен атпен жету оңай болған жоқ. Заң қызметкерлерін атқа қондырған біз Мырзалин екеуміз соңыра шықтық. Мырзалин атқа мінуге шорқақтау қазақ еді. Оның ауанына да қарау керек. Ал маған салса Ұзынағаштан жіберген аттың тізгінін Қарақыстақтан бірақ тартар едім. Мырзалин екеуміз бұл кезде ұғысқан, сыйласқан партиялық жолдастар едік. Дегенмен ол екеуміз келіспейтін жерде келіспей де қала беретінбіз. Мысалы совхоздастыру жөніндегі мәселе төңірегінде келісе алмай керілдесіп қалатынбыз. Ол толық орта білімі бар, оқыған жігіт маған «сен Феликс Эдмундовичтің қатесін қайталағың келеді. Ол да Совет өкіметі орнаған жерлерге совхоз ұйымдастырған» дейді. «Совхозға колхоз арқылы өткеніміз жөн болады. Кешегі жеке шаруалар бүгін коллективтік шаруашылыққа үйренсе, одан мемлекеттік шаруашылық құру ауырға түспейді». Мен, әрине, оған түсінгендей боламын. Дегенмен совхоз құруға жұртты зорлап жібергім келіп тұрады. Шамасы әлгі асыра сілтеушілік, сөйтіп ушықтыру осы мен сияқты шала сауаттылардан болатын шығар.

Сен, інім, журналиссің. Қазір партия орындары шаруашылықпен көбірек айналысады. Оны байқайтын шығарсың. Қалай сол дұрыс па? Үндемейсің ә! Мейілің. Партиялық жұмыс қашанда бақылау арқылы басшылық беруге тиіс. Егер партия орындары шаруашылықты басқарумен тікелей айналысатын болса, онда бізге Совет орындарының не керегі бар. Ленин Совет өкіметі орнағаннан кейін партия органдарын партияның атқару комитеті етіп құруды білмеді дейсің бе? Совет өкіметін орнатқан адам оны жете ойластырмады деп ойлау тіпті де шындықпен қоңсы қонбас еді. Бірі істеген жұмысты екіншісі бақылап отыру үшін ол әдейі жасалған. Сондықтан да барлық істі Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Советтер атқаратын. Мүлт кетіп бара жатқанымыз болса, түзетіп, партия дұрыс жолға бағыттап отыратын. Ал менің практикалық жұмыста анық бір көзім жеткен нәрсе, пікір таласы болмаған жерде шындық болмайды, оның беті-

не шіркеу түседі. Бір колхозда бір кісі ақылды саналса, ол қызмет орнына қарай белгіленсе не болмақ? Ауданда бір кісі, облыста бір кісі ғана ақылды саналса, онда шындықтың мойынына су құйылады. Ол демократиялық басшылықтан алыстап, диктаторлыққа ұрындырмай қоймайды. Жеке бір адамға табынушылықтың о бастағы қайнары осы болмақ. Мен басшылықтан қол үзіп кеткеніме біраз жыл болды. Бәлкім мен қателесіп отырған шығармын. Бірақ біздегі қатенің кебі жалғыз кісінің ауызына қарағандықтан болар деймін. Міне, осындай іш ауыртатын мәселелерді Мырзалин екеуміз ашық сөйлесетінбіз. Сенің адамың, менің адамым деген бізде болған емес. Кім болса да Совет өкіметі тапсырған жұмысты адал атқарса, сол екеуміздің де адамымыз болатын. Кадр партияның үлесі дегенмен онымен жұмыс біткертін совет орындары болғандықтан, атқару жұмыстарының бәрі соған келіп тірелетіндіктен Мырзалин қызметке баратындарды менсіз шешкен емес, үнемі ақылдасып отыратын. Кадрлар туралы пікірімізді ашық айтқандықтан оның ұсынған адамы да, менің ұсынған адамым да өтпей қалатын жағдайлар бола беретін. Інім, сенің қай туған екеніңді мен білмеймін. Оның маған керегі жоқ. Оны айтып отырғаным қазір ауданға бір бастық келсе, Мирзояншылап ар-тынан пәлен адамды сүйрей келетін әдет болып барады. Егер бұл жақта жоқ маманды шақырса, ол туралы сөз қозғаған адамның аузына құм құйылсын, әйтпесе елуінші жылдардың колхоздарына бригадирді басқа бір облыстан әкелуді не деп ұғуға болады. Мұндайлармен күресу ең алдымен мына журналистер сендердің міндеттерің. Мына жалғыз құлақ мені үйретейін деп отыр ма дейтін шығарсың. «Сөзге сөз келгенде айтпасаң атасы өледі» деген бар емес пе, сондықтан жолай соғып кетіп жатқаным ғой.

Ал тіпті үйретсем несі бар, сен жассың, мен қартпын, ағасы інісіне ақыл айтса, оның несі айып. Астында креслосы бар адамдардың бәрі бірдей ақылды емес. Бұл жалпы сөз, сені айтып отырған жоқпыш. Сен жаяу журналиссің, бірақ әлеумет пікірінің нартысың. Творчество адамының қандайы болса да креслосы бар адамдардан жоғары тұрады. Өйткені олар терең ойлауға, пайымдауға бейім. Креслода отырғандар да ойлайды, бірақ көбіне олар ағымдағыны, ең мықтағанда он жылғыны діттейді. Сондықтан олар мәңгі аты жазылып қалатын, адамзатты ойландыруға, ой салуға жаралған творчество адамдарымен қатар тұра алмақ емес. Рас, қызмет адамдары ақымақ болса да, кейде ақылдыны тұншықтырып тастайтын фактілері толып жатыр. Ал күндердің күнінде жұмсақ, айналмалы орындық сынып түскенде, үстіндегі қолдан жасалған ақылды адам өмірден орын таппай қалады. Бұл өмірдің шындығы. Қарасуды қанша қайнатқанмен қойылмайды. Кездейсоқ келгендер кездейсоқ кетеді, өйткені қойылу оның табиғатында жоқ, атала, сұйық күйінде қалады. Бір табақ суға бір уыс дән салып қайнат, су қайнап таусылғанда, дән төп болып қалады. Өйткені оның ішінде дән болатын. Ол абсолют-

тік шындық қой деп отырған шығарсың. Дегенмен оны ауылдағы атшы аузынан әредік есту де бір ғанибет емес пе!?

Сөз Мырзалиннен шығып ұзап кетті, білем. Шал кісінің көргені көп, мысалы да көп болады, сондықтан алыстан орағытып жатырмын, інім.

Сонымен Мырзалинмен Қарақыстаққа бет алдық. Мен атқа мықтымын. Мырзалиннің ауанына қарау керек. Тарланкөктің қатғы аяңына желіп отырған торы Мырзалиннің бар ішек-қарнын ауызына тыққан болса керек-ті. Ол орта жолға жетпей-ақ:

— Ойбай, ішек-қарным үзіліп барады,— дейді. Тарланкөктің өзімен басқаны мінгізбейтін мінезінен осы жерде қорлық көрдім.

— Мынаған мін де, атыңды маған берші,— дейді ол, торының торсылдақ желісімен екі етегіне де ие болмай жаурап та кеткен жайы бар.

— Ол мінгеніңмен жығып кетеді,— деймін мен. Мырзалин оған сене қоймады. Мен жүрісі жақсы атымды қимай келе жатқандай көрді. Ақыры көңілі қалыспаған жолдастың қабағында кірбің болмасын деп Тарланкөктен түстім. Жерде қар бар. Суық та бір шама. Мырзалинді Тарланкөкке мінгіздім. Өзім оның астындағы «жүйрік торы» дейтінге міндім. Тарланкөктің жүрмейтінін білсем де ішімнен жүріп-ақ кетсе екен деп тілеп тұрмын. «Ал жүрелік» деп тебінгенде Тарланкөк аспанға екі шапшыды да, ақырындап құлай кетті. Онысына да рақмет. Әйтеуір Мырзалиннің еш жері ауырмай, аман тұра келді. Тұрғанымыз беткей-леу жер екен, қары жіпсігендіктен Мырзалиннің жамбасы балшық, үсті қар болып қалды. Тарланкөк түрегеліп сілкінді де, жерден ең болмаса шөп үзбей, тып-тынғыш тұр. Мені күтіп тұр.

— Қой,— деді Мырзалин,— өлсем де торыға мінейін. Атың бар болсын, мұндай!

— Қайтеміз, басқаны ұнатпайтын мінезіміз бар,— деп күлдім мен. Сонан соң іш ауыртпау үшін шауып кеттік. Жер қар. Қатты шабуға қорықтық. Шаппаған кезде торының аяңымен жүрдік. Жол қысқару үшін мен Мырзалинге Тұрапбайдың Тарланкөкті ұрлап сыйғыза алмағанын айттым...

Итшілеп Қаракөтермеге шыққанда тау бауырындағы колхоздың бергі шетіне салынған қамба жанындағы қаптаған халықты көрдік. Қаракөтерме демекші, інім, бұл бір заманда қолдан жасалған жота. Ол Қарақыстаққа барар жолда, шығыс жағында үш-төрт шақырым жер. Бір кездері диқандар таудан келген суды арықпен төмен өткізу үшін бұл биіктің су өтер, яғни арық жүргізілетін біраз кезең жерін қолдан көтерген. Сөйтіп суды егінге жеткізген. Сондықтан да ол Қаракөтерме атанған. Оған жеткенде арғы жағында Қарақыстақ алақандағыдай сайрап жа-тады. «Бұрғанға» тура баратын кемер жолмен тіке тартып қамбаға да жеттік. Мырзалин ауырсынып аттан зорға түсті.

«Бұрған» колхозы Қарақыстақтың өзенінен бұрып су алған үлкен тоғанның атымен аталған. Бұл ауыл атам заманнан ди-қандықпен ай-

налысады. Жастайынан егін салып, суарумен айна-лысқандықтан бұларды қара сирақ Қосай атаған. Ол енді күні туған кедейлер заманында бұрынғы кемсітушілікке керісінше диқандығын көрсететін мақтаншықа айналып еді. Ақынның қызыл жаласының оң жағында Сүйімбай ақынның бейіті осы Қарақыстақ жаласының оң жағында тұрушы еді. «Бұрған» деген мынау жатқан ауыл,— деді Шұнақ шал тура біз отырған дегерестің оң жақ бауырын нұсқап. Мен де үңілген болдым. Өзім талай үстің басып өткен «Бұрғанды», онда халық ақыны Әбдіғали тұратыны көңілімде «Бозжорға» сайрағындай сайрап жатты. Менің мұны біліп отырғанымды да барлап, шұнақ шал менің жүзіме көзін бір жүгіртіп өтті.

— Келсек жұрт ұйлығып, жылығып тұр,— деп сөзін қайта жалғап кетті Шұнақ.— Қамба өртенген. Ол кездегі салынған үйдің бәрінің құны сіріңкенің бір тал шырпысы еді. Өйткені, төбесіне шине үстінен не қамыс, не ағаш бұтақтары — теректің бостаны, талдың берегі, немесе балқашты алаңның қоға-құрағы, шілігі, ешкі талы салынады. Ол әбден қурап тек от тілеп тұрады.

Оған бір тал сіріңке жалынсын. Сол бар мәшпітін бітіреді. Іші бұлың-бұлың қам кірпішпен бөлінген қамбаның ішінде тұқымға арналған астық та көп емес. «Тұқым құйып алындар» деп кешірек келген нұсқаудан кейін екі жүз центнердей ғана дән құйылған екен. Үстіне өртеніп түскен берек пен бостан шоқтарынан қамба ішіндегі дән де өртеніп, күйіп, бықсып жатыр. Қоңырсық иіс бүкіл «Бұрған» төңірегін алып кеткен. Не істеуді білмеген халық тез жиналғанымен аңтарылып қалған. Дүниедегі қиын өрт дәннің, оның ішінде бидайдың өртенуі. Өйткені ол қой құмалағының жалындамай, шоқтанып, қоздап жанғанындай, арасын қуалап, қуыстап шоқтана береді. Астықтың сабан топаны да осылай, сыртынан лаулап жанбай, ішінен түтейді. Оған от бір тисе болды, ақырындап ішін кеулеп, алманың өзегіне түсіп, ішінен шіріткен белек құрттай кеулеп кетеді. Оны өшіру мүмкін емес.

— Үстінен су құйдық. Біраздан соң басқа жерінен тұтанады,— дейді сол кездегі колхоз бастығы Жиренбаев. Бидайды шыламаса су бидай қызылының ішіне өтпейтінін ол білмейтін болса керек. Шырағым, білуші ме едің, қырмандағы қызылдап, майқандап қойған бидайдан су өтпейді. Ол мықтағанда екі-үш елі жерге барады да, тоқтайды. Диқандар қырманды ылғи биік, дөң жерден қыршиды. Ондағысы астықтың астына су кетпесін дегені. Бидайдың астына су кетсе, қызып жатқан дән тез өніп, көктеп, астықты бүлдіреді. Мырзалин ешбір ақыл бере алмады. Өйткені, ол диқандықтан аулақ, мал ғана өсіретін, мықтағанда құмнан құмаршық жинайтын Нарын құмының қазағы болатын.

— Әбеке, бір шара жасаңыз, Әбеке! — дей береді.

— Астықты далаға тасып шығару керек,— дедім мен. Бірақ жер қар. Асты тон. Біздің халқымыз дарқан ғой, інім. Үш-төрт адам қазақ үйін жалаңаштап туырлық, үзік, түңлік атаулыны әкеліп қамба алдына төседі.

Ешкім қыңқ деген жоқ. Бидай пұттап-сандап, дорбалап-қаптап, шелектеп, қысқасы кімнің неге шамасы келсе, сонымен далаға киіз үстіне тасылды. Әрине мұндайда өртенгенін өшіру де, өрт шалғанын бөлектеу де оңай. Енді күйген бидай тұқымға жарамайды. Екі жүз центнер бидай жартылайы қалды. Бірақ ол тамаққа ғана жаратылмаса, енді тұқым болмайды. Өрт неден кеткенін ешкім білмейді. Дағдарысып бір сәт үнсіз қалдық. Әлдебір жақтан ыңырсыған, күшіктеген қаншықтың қыңсылындай дауыс шығады. Алыстан естілетіндей.

— Тұра тұрыңдаршы,— дедім мен.— Бір қың естіледі. Мылқау, тұншыққан үн. Қайдан шығады? — Жұрт тегіс құлақ салды. Ия, шынымен қамбаның артынан шығады.

— Қарауыл қайда? Қарауыл қойып па едіңдер? — деп сұрадым мен Жиренбаевтан.

— Шынымен ыңырсыған дыбыс шығады. Қамбаның артынан,— дейді бір жастау, бала жігіт.

— Қарауыл қойғанбыз, қайда кетті екен, ол? — деп Жиренбаев адамын енді ғана іздей бастады. Жұрт дыбыс шыққан жаққа жүгіріп кетіп, қамбаның артындағы қам кірпіш құйған кезде балшық басылған шұқырдан қарауылды тауып алды. Басы-көзі қан, аяқ-қолы байлаулы қарауылды көтеріп әкеліп, шала күйген бидайдың үстіне жатқызды. Енді екі-үш сағат жатса, үсіп-ақ өлетін екен. Аяқ-қолы шешілген қарауылдың ауызы сөйлеуге келмейді. Есі әлі шала. Дерев қарыс жердегі Қарақыстақтан дәрігер, спирт алғыздық. Ең жақын үйге кіргізіп бар киімін шешіп, үстін тегіс спиртпен ысқыладық. Ауызы дорбадай ісік. Сөздің нобайын ғана айтады. Бір жақсы жері оң қолы сау екен. Ескіше жаза білетін Мақан деген кісі екен.

Кеш алдында қара қасқа атқа мініп бейтаныс бір адам келген. Қырғызстаннан жоқ қарап жүрген адам едім деген. Әр нәрсені сұраған, қамбаның есігіне көз салған. Аудан орталығының тегіс көшкен, көшпегенін сұраған. Милицияға баратын едім, олар осында ма, әлде көшіп кетті ме деген. Мақан ол кете салысымен жүгіріп Жиренбаевқа барып жағдайды айтып, қарауылдың сыртынан қарауыл қоюды өтінген.

— Ей, қойшы саксынбай, көрінген көлденең көк аттыдан қорқамыз ба? — деп жекіп тастаған бастық. Амалы таусылған Мақан өзінде мылтық жоқ болғандықтан жалынып-жалпайып жергілікті саятшылардың бірінен он бес пестон, бір уыс мылтық дәрісін сұрап алған. Сөйтіп қамбаның бір бұрышында сыртта тұрған диірмен тасының үстіне дәріні бір жерге үйіп, пестондарды соған қойып, салмағы он килодай жұмыр дуал ұратын соқпа тасты боғаттың үстіне шығарып қойған. Оның ортан белінен сол кезде өте көп шуда жіпті екі-үш қабаттап есіп байлаған да, бір ұшын өзінің аяғынан шалып қойған. Егер кішкентай қозғалса-ақ тас пестон, дәрі үстіне құлайды да, одан дәрі от алып гүрс еткен дауыс шығарады деп жобалаған. Сөйтіп енді көңілі жайланып, көп нәрсе бітіріп тастағандай болып, бірсыпыра уақыт аспандағы жұлдызды

түгендеп, Мүсіреп есепшіше қыс барысын нобайлаған. Қыстың аты қыс, киімі қанша қалың болғанымен мұрнының үстін ызғырық жалап барады. Сонан соң тұмсығын ішігінің жағасына тыға қойған. Сөйтіп қамбаның есігінің сыртынан бастыра салған жалпақ темірге телміріп отырып таң алдында қалғып кеткен екен, екі-үш адам бас салған. Сөз жоқ, тас пестон үстіне құлап түскен. Оның он шақтысы пырс еткен дыбыс берген. Қалған төрт-бесін жұмыр тас жаба алмаған. Ал дәрі пышырлап қана жанып қоя салған. Пырс еткен дыбыстан алғаш қорқып қалып, оған жүгіріп барған бандиттер Мақанның істеген аяласын көріп одан сайын өшіге түскен.

— Аяласын иттің күшігінің,— деген дауыстан осы төңіректегі бандиттер бастығы Омарбектің дауысын анық таныған.— Есінен тандырып байлап тастаңдар! — Ауызына орамал тығып, тепкілегеннен кейін не болғанын бұл білмейді. Тағы біреу таң алдында астық тиеген екі аттық арбаның Қызылауызға кіріп бара жатқанын көрген. Не керек, ізіне түсіп сол күні милиция қызметкерлері ұрланған астықты тапты. Оның жанында отырған бір адам оққа ұшқан, бір адам тірі ұсталды. Жаралы. Өлген мен қолға түскен екеуі де Қастек ауданының адамы емес екен. Барлығы он жеті кісі екен, ол басқаларының қайда екенін білмеді. «Тұқымынды құртайын» деген осы екен, інім. Тұқымымызды құртты. Бір колхоз тұқымсыз қалды. Тұқым! Барлық жан-жануар, адам-зат, бүкіл өсімдік атаулы сол тұқымнан өніп-өседі. Дүниенің бастауы сол тұқымда. Дүниенің ақыры да сол тұқымда. Өйткені көз жұмған адам артында ұрпағы қалғанына риза. Құмырсқа екеш құмырсқа да артында тұқымын қалдыру үшін күн кешеді, тұқым қалдыру үшін адам тіршілік етеді, сол тұқымы аман болуы үшін жануар да жәндік те жауымен таласып, қан майдан ашады. Міне, жауларымыз сол тұқымды құртып отырғанда бұған күйінбегенде неге күйзелерсің!?

Нақ осы отыз екінші жылдың көктемінде бір оқиғаның куәсі болған едім. Жандосов колхозының бір мүшесі Қыдыкей Ұзын Қарғалының аяғында темір жолға тақау бір бос тамды қыстаған. Мен бір жұмыс бабымен сол жаққа барып, түсте әлгі үйден шай іштім. Шай ішіп бола бергенде үйге жетпістің үстіне шыққан ұзын бойлы, өңкіген қара кемпір кіріп келіп, үй иесі әйелге дүрсе қоя берді:

— Сен менің қурайымды неге орасың. Өзен бойындағы қурайдың бәрі менікі екенін білмеймісің?

— Өпкетай,— дейді әлгі үйдің әйелі,— бұдан былай сұрамай ормайын, етіп-кешіңіз.— Кемпір кеткен соң білсем ол осы дау салып тұрған ауылдың қызы, келген жері бай тұқым екен. Баласы сол кездері қырықтың мол ішіндегі Есім өздерінің туысқаны Омар Қыстықбай баласы екеуі бандит болып, қашып жүрген. Ол екеуі де колхоз құрылысына үлкен жаулық істеген адамдар болатын. Ал оның бірінің шешесі бос жатқан, бүкіл бір өзеннің қурайын алғызбаймын деп, қорып жүр екен. Мен шай ішкен соң аттанып кеттім. Ал Қыдыкей де арба әкеліп,

сол күні түстен кейін колхозына көшіпті. Ертеңіне өзеннің қурайын қорыған кемпір колхозға, сол үйге қайыр сұрап келген. Сөйтсе ішкі істер қызметкерлері қолға түспей жүрген, қыс бойы колхоз малына аш бөріше жалғыз екі бандит — Есім мен Омарды көптен аңдиы екен. Бір сайда тапқан тұрған үйін тастап, колхозға көшуге кеңес берген. Қағаз да жазып, ескертпе тастап кеткен. Бірақ олар колхоздарды талап, колхоздасудан қашқан бірлі-жарымды адамдарды ұйымдастырып, жардан жасырынып тұрып оқ атқан. Жан сауғалап жүріп жаулық қылған. Мен шешесін көрген күні кешке бандиттер үйіне келеді. Бұл олардың ата қонысы кірті, өтенім деп ол жерді қимайтын болса керек-ті. Бандиттар біздің адамдармен атысып, қашып құтылады. Бұлардың алба-рында дүние қоңыздықпен жинаған(егер сайдағы тік тұрған қурайды қызғанса, қорасына не жинамады дейсіз) бірнеше жылғы ескі шөп болады. Өзен аңғарындағы қурап тұрған ескі қыстауға оқтан от кетеді де, бандиттар өтені-ұясы түп-түгел өртенеді. Осыны естігенде сыр-тыма шығармағаныммен іштей, «қап бала-шағасына обал болған екен» деген едім. Ал енді бандиттар тұқымды өртегенде тұқымын тып-типыл құртпаған екен деп өкіндім және сол бір шақта «обал болған екен» деп ойлағаным өзімді өзім жазғырдым. Бұл жай шынымен бандиттарды құрту міндетін біздің алдымызға қойды. Бұлардан болған тауқымет, күн асқан сайын иелі дерттей дендеп бара жатты. Енді олардың салған «лаңының тақсіретін тартатын кезі алыс емес еді.

Інім, жаңа сөздің басында жаңа тәртіпке халықты бойсындыру оңай болмады дедім. Бір өте қызық, бір жағынан қатты іреніш қапылатты, әрі қайғылы-қапалы, жанашырлық іс болды. Мұны ойлағанда көпке дейін жаныңды жүлгелеп, өз жүйкенді өзің құртар едің...

Жандосов колхозының қамбасындағы жүз елу центнер тұқымнан жыл қорытындысында түк жоқ болып шықты. Колхоздың председателі мінезі өте нашар Бекболат деген қанын ішіне тартқан, қазанның түп күйесіндей қара кісі болатын. Ол онда сол күзде барған-ды. Бастықтарының алдына келгенде болмаса бағыныштылар көзінше күлмейтін де, жібімейтін де жігіт еді. Ақырып-жекіру, ұрсу-боқтау, жұдырық жұмсау да оған жат емес болатын. Совет өкіметі ондайларға қалай жол берді деп отырған шығарсың. Әрине ондайға жол болған жоқ. Бірақ қайткенде де бастық болу біреуге ұрсу, тілдеу, жәбірлеу деп ұғатын тебір, тоғышар басшылар да болатын. Байқалғанын партия, Совет өкіметі дер кезінде тәрбиелеп, көнбегендерін басшылықтан аластап отырды. Дегенмен халықтың әлі сауаты ашыла қоймағандықтан, басшының міндеті ұрысу, ұру деп түсінетін бағыныштылар да бар еді. Олардың көпшілігі байлардан әбден тепкі көріп, иі болып кеткен, өздерін тек құл болуға жаралған, бұларға басқалар қожалық етуге тиісті, ал бұлар ол шонжарлардың ұрысын естіп, қорлығына шыдауға тиісті деп ойлайтындар еді. Ондайлар колхоз бригадирінің алдында мәнді-мәнді деп иіні түсіп, мойыны салбырап, салпылдап жүруді ғана білді.

Сондықтан Бекболат Богбаев сияқты «ұр да жық» бастықтар да әлі сәт-сәттің арасымен өмір сүріп жатты. Дегенмен «көзінді аша қара, Совет өкіметі бар екенін ұмытпа» дейтіндер де көбейіп келе жатты. Міне, сол қаһарлы бастыққа ыза болу бар, ырыққа көнбеу бар, тәртіп дегеннің не екенін білмеу бар, «көрген астан бермеген көргенсіздің баласы» деген қазақтық бар, әйтеуір колхоздағы тұқым атаулы қамбада ада болып шықты. Колхоздың бастығы Бекболат «мен қалыс болғандықтан мына жандосовтықтар мені құрту үшін әдейі істеді» деп басын алып қашты. Ол бұл ауылға келгеніне екі-үш ай болғандықтан аупартком оны қызметте қалдыра тұруды жөн деп тапты. Ал колхоздың қамбашысы Құдайберген Қожаев қамалды.

Құдайберген Қожаев сол ауылдың адамы, өте әдепті, инабатты, қайырымды, сақы кісі болатын. Бір адамға оның жаман сөйлегенін қалқан құлақ та, салпаң құлақ та естіген емес. Оның есесіне оның әйелі Торғын аты соншалықты әдемі, жібек болғанымен жаңбырлы күнгі кендір түйініндей, шиеленіп қатып қалған, бір көрмеге сыр бермейтін, жалтылдап жақсы көрінетін солай ақ жарқын көріну үшін сампылдап қатты сөйлейтін жұқалау, ақ құба, қаймақ ерін, шыту қабақ кісі болатын. Өзі бала тумаған адам, қайнысы Ырысменденің Мәлике деген қызын асырап жүретін. Қазақ не тым дарқан, не тым дарақы халық. Мал емес, дүниелік емес, адам беру, бала тағдырын басқаға сеніп беру басқа халықта сирек ұшырасатын құбылыс. Құбылыс деп әдейі айтып отырмын.

Нақ осы бір жерде мен тіпті бұл шұнақ шалдың оқығанын және жақсы оқығанын, оқығанын зейінімен ұққанын әбден түсіндім. Міне қараңыз, енді ол философияға барды. Айтқан сөзінің бәрі орынды, теңіздің тұңғиығына терең бойлап, маржан терген, керіз қазған адамдай барған сайын сыңар құлақ шал ірепдел тартып барады. Шынымен-ақ ол ірепдел де, сарапдал да адам екен деген қорытынды жасадым. Әлі де үнсізбін. Құбылыс! Философиялық термин. Өте орынды қолданып отыр. Ия, шынында қазақ пен қырғыздан басқа бір халық бала бере алушы ма еді. Оны әлі тарих білген емес.

— Ия, шырағым, қазақ туралы ойың дұрыс. Осы жердегісің ғана айтып отырмын, яғни біріне бірінің бала бергенін. Бірақ қазақ та басқа халық сияқты жақсылығымен бірдей соры да, сорлылығы да бар халық. Сен оның жақсылығын ғана көріп, жамандығын байқамасаң, мына алдында отырған сыңар құлақ шалға ұқсап, Жандосов алдында оның ұялғанындай, жерге қарап қалатын боласың. Ал менің философияны білуім туралы ойладың. Рас, ол терминді сөз ретінде білгеніммен екінші бірі термин ретінде қолданбайды. Бірақ ол менің ілімнен хабарым барын білгізгеніммен, менің саяси бағытымды, адамшылық бетімді айыра алмайды. Айтпағымыз бала беру туралы еді ғой. Сол Құдайберген інісі Ырысменде ол да басқа жарыған адам емес болатын. Бүбісара деген әйелі сол кездері аздаған кесірі бар, менмендеу, жалпы табиғаты

тәуір кісі болатын. Айналырған Қапарбек, Мәлікке деген бір қыз, бір ұлының бірін ағасының пұшпағы қанамаған бедеу, қатыбас әйеліне беруі қазақ, қырғыз өмірінің ғана ерекшелігі. Ал дүние жүзілік ортада ол шынымен құбылыс, інім. Мен мұны әдейі айтып отырмын. Өйткені қазақ пен қырғыздың осы адамгершілігі кейде заңды түсінбестігінен, мемлекет болып әбден қалыптасып, бағынып үйренбегендігінен, тіпті олардың тұрмыс-салт, санасының бір шеті анархистікпен шектесіп жатқандығынан. Қазақ социалистік мемлекеттілігінің алғаш қалыптасуы кезеңінде осы бір жанының кендігінен, өзі туып, өскен даласындай пейілінің дарқандығынан қорлық та көрді. Сол қайырымдылық, тым ақ көңіл аңқылдақтық өзіне пәле болып жабысып, жағасына жармасты.

Бір колхоздың тұқымсыз қалуы, әрине, мемлекеттік қылмыс болатын. Сондықтан оның тергеуіне күнделікті көңіл аудармауға, бақылап отырмауға болмайтын еді. Өйткені ондай оқиға облысқа да, республикаға да белгілі болған-ды. Әрине колхоз тұқымсыз қалмайды. Менің негізгі айтпағым сол тұқымның құруына қандай мінез-құлық әсер еткені, салдарын тигізгені туралы еді. Қамбашы Құдайберген Қожаевқа тергеу жүріп жатқанда бұрын кездеспеген істің беті ашылды.

Жүз елу центнер тұқым шынымен Бекболат председатель болып келгенде де қамбада бар екен. Тұқым жалпы керек екенін жұрт білгенмен оған тиюге тыйым салынғанын білмейді. Аштан өліп бара жатса, оған қалай қарамақ. «Ораза-намаз тоқтықта, иман кетер жоқтықта». Қыстың басына дейін өйтіп-бүйтіп жан сақтап келген елдің енді жағын ашып, тіске басуға ештеме таппай қалғаны байқалды. Бірінде жарты уыс болса, жарып жейтін байқұс қазақтардың бәрі нырай қарап қалғанда көздегені колхоз қамбасы болды. Қамбаның бәріне ортақ екенін біледі. Астық сұрап, ең болмаса талшық етер бірдеме сұрап Құдайбергенге барады. Одан арғысы сотта былай баяндалады. Сот жүргізу тәретуіндегі әдепкі сұрақтарын бітірген соң, енді қылмысқа байланысты сауалдарын қоя бастайды:

— Азамат Құдайберген Қожаев, жүз елу центнер астықты қайда, қалай құртып жібердіңіз?

— Құртқаным жоқ. Осы ел жел обады ғой деп ойлайсыз ба, соларға бердім.

— Кімнің рұқсатымен бердіңіз?

— Кімнің рұқсатын күтпекпін? Кім рұқсат бермек. Ортақ астықты бөліп жемегенде, енді қалай? Өзім бердім.

— Рұқсат керек екенін білетін бе едіңіз?

— Білгенде не істемекпін. Жұрт аш отырса...

— Колхоз құрылысының жауларына, байларға арттырдыңыз ба?

— Мен астық бергендердің тізімі ішінде бай бар болса, мына кепшілік айтсын. Ондайлар маған келген емес.

— Сонша астықты қалай тез құрттыңыз?

— Құртқаным жоқ. Сонау сентябрьден бері бес жүз түтінге ол көп пе?

Сот колхоздың орталығында болған еді. Ашық сот жасағанына сот өзі риза болмайды. Соттан ешқандай түйін-түйсігі жоқ колхозшылар қаптап кетеді де, шу-шу етіп отырып алады. Жұрт;

— Тізім оқылысың! Тізімде бай жоқ, бәріміз колхозшымыз.

— Аталғанның бәрі осында отыр. Бәрі колхоз мүшесі.

— Өзіміз жинаған астығымыз, өзіміз жедік.

— Құдайберген сұрағанда бермесе, тартып жейтін едік.

Сот председателі халықты тәртіпке шақырады. Оны ешкім тыңдамайды. Ақыры колхозда сотты өткізе алмайтын болған соң, сот мәжілісін Ұзынағашқа көшірді. Тізімде жеті жүз он бес адам болады. Олардың ішінде тіпті балалардың аттары да бар. Көршіге балаларды жүгіртіп жіберіп, шайға қататын сүтті тегін алғыза беретін қазақ емес пе? Бұл жерде де тұп-тура солай істеген, Дорба көтеріп Рағұл деген қыз келген, жиырма килограмм көтере алады екен. Соны әкеткен. Құлжанат деген қыз келген ол да дорба толтырып жөнелген. Несіпбай деген бала келген ол еркек бала, көбірек 34 кило алған. Міне, осылай кете берген. Астық алған жеті жүз он бес адамның бәрінен жауап сұралған. Барлығы екі-үш қайтара астық алғанын, қуырып, талқандап, қатықсыз қара көже істеп ішкенін айтқан. Сот соңғы сұрақтарына мынадай жауап алған:

— Азамат Қожаев, колхоз астығын бермеу керек екенін білдіңіз бе?

— Айыпкер керісінше сот председателінің өзіне сұрақ берген:

— Неге бермеймін? Жоқ болса бір сәрі, бар бола тұрып бермеу — атам қазақта жоқ нәрсесі. «Көрген астан бермеген — көргенсіздің баласы» деген емес пе?

— Неге бересің? Колхоз астығы ғой,— дейді түсіндіре алмаған сот председателі әбден қажып, титықтап.

— Ей шырағым, Қонақов! Әкеңнің аты қонақ екен. Соны неге қойғанын білесің бе? Ендеше мен айтайын. Әкеңнің әкесі баласының атын Қонақ деп қонағы көп, сақы кісі болсын деп қойған. Сенің әкең үйіне қонақ келген күні туған болуы керек. Сол қонаққа береміз бе, бермейміз бе деп біреуден сұрады дейсің бе? Бір қамба астық тұрса, біреудің бала-шағасы шулап аш отырса, үйінде бір түйір дән, бір шайнам нан жоқ болса, сонда сонша астықтан екі пұт астық бермей мені кім деп отырсың. Барды бермесем, мені Асыл-Шыбылдың әруағы аспай ма!/? — Қонақов та әбден таусылып кетсе керек:

— Сізді колхоздың тұқымдық астығын құртқан, колхоз құрылысының жауы Қожаев деп отырмын.

— Мен қалай жау боламын. Мен жұрттікін тартып алған жоқпын. Мен қолымдағы барды аш екенін көрдім де, елге бердім. Көздерін жаудыратып қалай оларды аштан өлтірмекпін. Өлтіруге құмар болсаңдар, өліп жатыр, әне, бәрі, анау Ноғайбайдың үйі тегіс қырылып қалды, жеті адам еді, бәрі елді. Енді не ғыл дейсіңдер.— Құдайберген көзінен жасы

ағып, сақалын жауып кетті. Кемсеңдеңкіреп барып қайта сөйледі.— Кеше Әйнеш әйелімен өлді, бүгін Демесін өлді. Тоғыз ұлымен, әйелімен Омар өлді, есік алдына шықшы, бәрі өліп жатыр. Қырдық қой, бәрін...

Сот председателі еңсегей, төртбақ, зор жігіт болатын. Ол да жетісіп отырмаған болса керек, теріс қарап, беторамалымен көзін сүртіп алады. Сонда да сот қой, тағы бір ілгіш тапқысы келеді:

— Сізге колхоздың бұрынғы бастығы, ініңіз Ырысменде Қожаев астықты құрт деп айтты ғой.

— Жок, құрт деп айтқан жоқ. Бірнеше адамға, аш адамға астық бер деп айтқан болатын. Ол айтпаса да, берме десе де беретін едім. Өйткені сырты қандай қара болса, іші сондай қара, анау отырған колхоз бастық Бекболат астық сұрағанды боктап, қуып шығады, аш кісіге жұдырық салады, сабайды. Өзі үзілгелі тұрған аш адамды ұрады.

— Жарайды, солай болсын. Ал жеті жүз он бес адамға берген астығыңыздан жүз елу центнерге 117 кило жетпей тұр ғой. Оны кімге бердіңіз?

— Ешкімге берген жоқпын, мені, менің үй ішімді бітеу деп пе едің?
— Қонаков үзіліс жариялап, сот үкімін шығармас бұрын бізге келді, інім. Сен қандай шешім шығарар едің. Қиын мәселе емес пе, бұл. Құдайберген Қожақовтың ісі заңсыз, қылмыс. Бірақ өзі жеген жоқ қой. Ол бір аласапыранда бола беретіндей, басқа жерлердегідей байларға арттырған жоқ, жекжат-жұраттарына үлестірмеген де. Астық алғандардың бәрі растап, мойындап отыр. Соттамауға болмайды. Ал соттасан құрт үшін күйіп барады. Інім, нақ сол күні біз колхоздастырудағы жіберген зор қатемізді айқын байқадық. Елдің малын түгел алдық, ұйыстырдық. Сонда олар енді немен күн көреді, қалай жан сақтайды демедік. Салған егіміз жұртты асырауға жете ме, бұл жағы атаусыз қалыпты. Бірақ ол бір маған, немесе бір Мырзалинге байланысты ма еді? Өтіп кеткен жайға не істей алар едік. Бір жерде, жалғыз ауылда емес, бүкіл Қазақстанда солай істелді. Көз жұмып, Голощекин не айтса, соған ләппай дей беріптіз. Ал орталықтағы малдың өнімін пайдалану дегенді білмей, оны талатып бітірдік. Ең дұрыс болмағаны енді мал өсірмейтіндей болдық қой. Жасыратын не бар, інім, Мырзалин екеуіміз кеңестік те сот председателі Қонақовқа қолқа салдық. «Сотталды ат жаса» дестік. Қонаков өзі де бізден батпай, не істерін білмей сасып отыр екен, қуанып кетті. Ал соттапнауға болмайтын еді, інім. Өйткені Голощекин онда бізді қоса соттатар еді. Сондықтан оның бала-шағасы, біздің бала-шағамыз (менің, Мырзалиннің, облыстық, аудандық соттардың, прокурорлардың) бәрі жыламас үшін Қожаев ісінің статьясын өзгерттірдік. Өз қызметіне салақ қарағаны үшін деген Қылмыс кодексінің жүз он бірінші статьясы болатын, ол бойынша екі жылдан сегіз жылға дейін бас бостандығынан айырады. Соның алғашқысын беріп, Құдайберген Қожаевты соттады. Өтірік айтып не керек, босқа кеткенін біліп отырдық, бұдан өзге жақсылық жасау мүмкін емес еді. Әрине, Қожаев жүз елу центнер астықты қыс

басына дейін үлестіріп бергенде онымен Жандосов колхозының адамдары қабырғасын жапқан жоқ, ашаршылықтан аман қалған жоқ. Оны қыс қысқанға дейін-ақ жеп қойған. Дегенмен Қожаевтың істегені елді қоғалы көл, қом суға шығармағанымен аз күн болса да олардың кебін кимей кебенек киіп, жер басып жүруіне жағдай жасады. Мұны біреу бүгін дұрыс дер, біреу бұрыс дер, біздің ымырашылдығымыз коммунистікке жата ма, жатпай ма, ол жағын айту қиын, дегенмен дұрыс істедік деп есептедік. Өйткені Қожаевты соттапнау үшін, оның дұрыстығын дәлелдеу үшін істі бүкілодақтық мәселе дәрежесіне көтеру керек еді. Ол Мырзалин екеуіміздің қолымыздан келмеді. Бәрі бір кейін Ізмұқан Құрамысов Мырзалинді шақырып алып, өз ойын ашық айтқаны үшін Голощекинге қарсы Қожанов, Жандосов, Сейфуллин, Нұрмақов, Ысмағұл Садуақасов, Рысқұловтар ұйымдастырған топтың жетегінде, ыңғайында кетіп жүрсің деп жер-жебіріне жетті. Әйтеуір Мырзалин оның жерлесі болғандықтан ғана қызметте қалды. Міне, інім, бір үйден тамақ сатып ішіп көрмеген, ас та, жатын орын да тегін болған қазаққа бар тұрып бермеу, тәртіп деген болады, оның арғы жағында заң бар дегенді түсіндірудің оңай болмағанын көрдің бе? Мұндай мәселе болады деген орыс жолдастардың есінде болмайды, өйткені қазынанікі, біреудікі дегенді атам заманнан олар біледі, заңсыз алса сотталатыны да естерінде. Ал қазақтарға қызыл қырман кезінде келгендерге колхоз қырмананын болса да кеусен-құлақ бермеу де тексіздің, беріп көрмегеннің ісі, сарандық болып көрінді. Колхоз қырмананы екенін былай қоя салып, кеусен деп бір-ер қап бидай арттырып жіберіп, өздері де, өзгені де ұрындырғандар қаншама!

Інім, ешбір жасырыны жоқ, алғаш сүт сатқанды көргенде қазақтардың аза бойы қаза тұрған ғой. «Ұят-ай, әлгі Алматыдағы Сәрсембай көршісі Бейсембайдың үйіне шайға қатық сүтті ақша алып береді екен» дегенді естігенде, екіншілері танданғаннан жағасын ұстаған қазақтар емес пе, бұл. Тамақты сатып беру, қазақтан тамақты сатып ішу деген олар үшін жабайылықпен бірдей көрінетін. Мүмкін сатып ішуді жабайылық көргеніміз европалықтарға жабайылық көрінетін болар. Ал қазаққа тамақты сатып берудің қасында енеден тумай жалаңаш жүру әлдеқайда сыпайысыяқты болатын. Осындай жағдайлардан кейін халық арасында түсінік жұмысын жүргізуге тура келді. Оған Мырзалин екеуіміз де қатыстық.

* * *

— Қолым көтере алмайтын шокпарды,— деді шал,— беліме қыстырғанымды өзім де білдім. Қолыммен істегенімді мойыныммен көтермек болдым. Өлкелік Комитетте менің мәселем қаралатын болды. Мүмкін Қожаев екеуіміздің үлестірген астығымыз ешкімнің жаиын алып

қалмаған да шығар, дегенмен өлмегенге себепші болғаны сөзсіз еді. Ен болмаса сол өлген үш-төрт колхоздағы адамдардың өмірін екі-үш айға созсақ та, соның өзі маған дәтке қуат еді. Егер мен аван беруге рұқсат еткенде оны І-ауылдағы Шарымбаевша пайдаланғанда жұрт көктемге жетіп те қалар ма еді. Бірақ салбөксе, танауынан арғыны көрмейтін көрлаттар қолына берілген напаканы тамағынан өткізе алмай қалды. Сонымен, інім, аван бергенге рұқсат беруім бар, «Бұрған» колхозындағы тұқымның өртенуі бар, Жандосов колхозындағы тұқымның там-тұмдап жүріп-ақ үлесіп кетуі бар, бәрі жамалды. Менің берген бұйрығымнан астық алғандар тірі қалмаған да шығар, ол азғантай дән ештемеге тұлдырық болмаған да болар, сонда да соны істегеніме өкінбедім. Бәрін өз мойныма алып, партиядан шықсам да, сотталсам да өзім тауқыметін арқаламақ болдым. Менің жаным сотталып кеткен Қожаевтан, көшеде аштан өлген, сыпыра қырылып жатқандардан артық па. Өлкелік Комитетке осы оймен кірдім. Мені Құрамысов қабылдамақ десті. Ол Өлкелік Комитеттің екінші хатшысы. Құрамысовты бұрын жиналыстарда алыстан көргенім болмаса, алдында болмаған кісім. Партияға кейін кірген адам. Болары болды, бәрібір мені партиядан шығарады деп оялады. Мені жобамен таныстырмады. Мен оны сұрамадым да. Енді несіне қысылып-қымтырылайын, ешкімге ағынып-жалынбақ емеспін, ойымдағыны тегіс ақтарып тастамақпын. Беті барының бетін тырнайын, сақалы барының сақалына жармасайын. Осылай Құрамысов кабинетінің алдында ділімдегіні діттеп, тіліме жинап, даққа қалып, әлденелерді өкіліме түсіріп отырдым. Қоңырау шылдыр етті. Көмекші жігіт ішке кіріп кетті:

— Сізді шақырады,— деді ол шыға беріп.

Кабинетке кіргенімде Құрамысов өзінің орнында ін түбіне қарап жатқан аңша теріс қарап түрегеп тұр екен. Бойы менен әлдеқайда аласа, екі бүйірі шығып жалпая бастағандығын үстіндегі қалың қара сырт жейдесінің белінен тартқан шап айылдай жалпақ белдігінен аңғардым. Қарағысы, сөйлескісі келмесе несіне шақырған деп тұрдым. Шынын айтсам, інім, Қарамысовыңнан ығысқаным да, қысылғаным да жоқ. Сөйтсем ол графиннен су құйып ішіп тұр екен. Әрине аш отырған ол емес, жегені күш болуы керек. Сүрі ет жемеген қазақ қысты күні су іше бермейді ғой. Ол қалтасынан беторамалын алып аузын сүртіп, бері бұрылды. Қабағы қатулы. Екі беті бүйректеніп, жылтырап тұр. Қою қап-қара шашы қатындардың шашынша тура қасқа маңдайдан екіге жарылып кетіпті. Ала көздеу қара кісі екен. Ол менің амандығыма жауап бермеді. Бұл менің біржола қытығыма тиді. Өлтірейін деп тұрса да амандасуы керек еді, тебірлігін көрсетіп алды. Аспаныңды тастап жібер деп мен тұрдым.

— Отыр,— деді ол тұрпайылау. «Ыңыз» демеді. Сонан соң барынша салмақ салып нығарлап сөйледі: — Саботажник! — Мен бірден қатты кеттім:

— Тіліңді тарта сөйле, әкеңнің үйінде отырған жоқсың.

— Тартпасам не істей алар едің?

— Дәулік көрсетіп тұрған әзірге сен ғой. Бірақ шаңыраққа қара, бұл үй екеумізге бірдей, ортақ.

— Жоқ, саған ортақ емес, сен партиядан шықтың.

— Сен партияға алған жоқсың, сен партиядан шығара алмайсың.—

Інім, ол кезде партияға ертелеу кіргендеріміз оны бешкеш қыла сөйлеу әдетімізде болатын. Сондықтан тартынбадым. Болары болды. Құрамысов екеуміз салғыласып біраз жерге бардық. Сонан соң екеуміз де шаршадық білем, үндемей қалдық. Өлден уақытта Құрамысов үнсіздікті үзді:

— Кімнің нұсқауыбұл? Мырзалинқалай қарайды, бұған?

— СССР Жер Халық Комиссариатының нұсқауына сәйкес өзім істедім. Мырзалиннің бұған қатысы жоқ.— Бұл сөз, соңғы сөз, Құрамысовтың көңілінен шықты білем, беті жылып сала берді. Ол Мырзалин аман болатын болды дегені екенін мен түсініп тұрдым. Құрамысов қалай қараса олай қарасын, көңіліміз қалыспай бірге большевиктерше қызмет істескен жолдасты, адал коммунисті сақтағым келді. Шынында да ол маған осылай істе деген жоқ қой. Тас түссе талайыма, өзім қолыммен істегенімді мойныммен көтерейін дедім. Пенделіліктен аулақ болдым.

— Мырзалиннің білмейтінін бюрода да айтасың ба?

— ВКП [Б]Орталық Комитетінде де айтамын.

— Дұрыс ендеше,— деді Құрамысов жайнап.— Бара бер, партиядан қаласың, орыныңнан аламыз.

— Сенің шығара алмайтыныңды білемін.— Есікті тарс жаптым. Амандаспағанымыздай қоштасқанымыз жоқ. Қап-қара болып түтігіп шықсам керек, есік алдында қабылдау күтіп тұрғандар мен құлап түсетіндей көріп, графиннен су құйып, маған ала жүгірді:

— Құрамысовқа берерсіз,— дедім де, оларға рақымет айтып дәлізге шығып кеттім.

«Жетісу» қонақ үйіне түстім. Өйткені ол кезде біреуді біреудің көтеріп алардай шамасы жоқ еді. Қанша жақын жолдасың болса да берері жоқ болған соң, қара суды құры қайнатып жерге қарап отырғанда оның үйіне барып мелию жігіт адамның басына лайық емес еді. «Барғанша қонақ ұялады, барған соң үй иесі ұялады» десек те, енді сол жай екі жағына да жеңіл тимей тұр еді. «Жетісу» қонақ үйінің жанында ат, атарба, қыста шана қоятын да жері болатын. Тарланды ат қорасына бос қойып, атшыға арнайы тапсырдым.

Таңертең күн шығулау екен, ашық. Заңғар Алатау төбеден қарап тұр. Ұшар бастары ғана қоңырайып көрінген шындар болмаса, басқа жердің бәрі ақ көрпесін бүркей жамылып алыпты. Таң ертеңмен балаларыма барып келдім де, сағат он екіде шығып, жоғарылап, Үкімет үйіне қарай жүрдім. «Жетісу» қонақ үйі егіз. Екеуі бірдей етіп салынған екі үй Пуш-

кин көшесінің Гоголь көшесімен түйіскен жерінде. Мейманхана — екі үй, Пушкин көшесінің екі жағында. Сол кезде жаңа салынғандықтан сыры, бояуы кетпегендіктен болса да тым әдемі көрінер еді. Есіктің алды қаптаған адам, бәрі қазақ десем өтірікші болмаймын. Мұнда неше түрлі киімді адамдар, жастары да солай. Бәрі жұмыс сұрайды, бәрі қайыр садақа тілейді. Дегенмен бұл шақта әлі жаппай қырылу басталмаған болар. Бірақ іскен-кепкен, беті-қолдары үсіп қап-қара болып кеткендер толып жүр. Федерация паркін аралап тік шыққанымша бірнеше жерде қисайып жатқан, отырған адамдарды кердім. Көшеге қарап күйігіп Үкімет үйіне де жеттім.

Үкімет үйінің алды да толған қазақ. Әйтеуір қаңғып жүр. Осылай қарай ағылып келеді, бәрі де мен сияқты бюроға шақырылғандай. Сендей соғысады. Бірінен-бірі нан сұрайды, тамақ тілейді. Бала жетектеген адам тіпті көп. Жаным күйзелген қалпымен Өлкелік Комитетке кірдім.

Өлкелік Комитет пен Халық Комиссарлар Советіне бірақ есіктен кіретін. Екінші қабатқа көтерілгеннен кейін барып бір жағы Өлкелік Комитет (батыс жағы), екінші жағы Халық Комиссарлар Советі болып бөлінетін. Осы екінші қабатта әжептәуір үлкен дәліз бар. Дәліз сонша жарық болмағанымен кең еді. Бюро сағат екіде басталады. Көтеріліп келе жатып Жандосовты байқап қалдым. Жанында Сәкен Сейфуллин. Қолдарын арттарына ұстап әрі-бері жүр. Сәкең маған дүрдіңкіреп қабағын шытып қарады да, күлімсіреп, мұртын бір сипап қойды. Менің бұрыннан білетінімдей, әсте бұл екі большевиктің басы көп қосыла бермейтін. Соған қарап бірін бірі ұнатпай ма екен деп ойлайтынмын. Қызылордада бір сөйлескенімде Сәкең маған: — Партия қыз-меткері Жандосов сияқты адам болуы керек. Әдебиетті, мәдениетті жетік білмей, оған әділ төреші, өз дәрежесіндегі жетекші бола алмақ емес, Төрекұлов, Исаевтар да әдебиетті білемін десеңді, бірақ олар оның қасында жіп есе алмайды, — деген еді. Кейін сол пікірін Сәкең баспасөз бетінде де айтты. Менің білуімше Жандосов пен Төрекұловтар дос адамдар болатын, оларды неге бөледі екен дегенмін де қойғанмын. Мен әдебиеттен аулақтау адаммын. Бірақ әдебиетке барлық адамның қатысы болуы керек қой. Менің де білуге ғана құмартқан қатысым бар. Сонымен ол ойды әрі апармағанмын. Енді, міне, қазақтың екі ардақты ұлын бір көргенде шын мәз болып қалдым. Жандосов бұл кезде Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтында директор еді. Екеуі де маған жылы амандасты.

— Қасымызда тұрмай-ақ өтіп кете бер, — деді Сәкен. Олардың айтқанын екі етпедім, партиялық істе ит жейдесін бұрын тоздырған адамдардың маған жамандық ойламайтынын білдім. Және менің жағдайымнан мол хабардар екенін аңғардым. Қолдарын қысқан күйде ілгері кетіп қалдым.

Түстен кейін бюрода мәселеміз қаралды. Төрде басы көкпеңбек болып, көзі шүңірейіп Голощекин жалғыз отыр. Бюро мүшелері алға таман отырады екен. Залдың артқы жағында қалың мұртының ұшы сүйірленіп, әжімсіз қабағы қаскиып Сәкен Сейфуллин отыр. Сәкен қара кісі болатын. Қасы, мұрты, шашы ерекше мойылдай қара және қою болғандықтан оның жүзі үнемі аппақ болып көрінетін. Жандосов оның жанында болмай, залдың екінші бір жағында отырды. Бұлар бюроға неге шақырылды екен деп ойладым. Сөйтсем олар екеуі де Өлкелік Комитеттің мүшесі ретінде аудандарда егін жинау және астық тапсыру жөніндегі өкіл болған екен. Бюроға әдейі шақырылған болса керек-ті. Біздің мәселеміз бірінші болып қаралды. Мен алдыңғы орынға келіп отырдым. Мырзалин де осында. Голощекин сөз бастады:

— Қастек ауданында астықты талан-таражға салу жөнінде. Сөз аудандық Совет атқару комитетінің председатели, Абақ Усунбаев, — Ол менің Уйсінбаев деген фамилиямды бұрмалап айтты. — Баяндасын. — Мен мінбеге келе жатырмын. Екі көзім бюро мүшелерінде. Голощекин мінбеге емес, екінші жаққа қарап отыр. Маған қарағысы келмейді. Мен оның әкесін өлтіріп, әлде бір жақынын жәбірлеп, сондықтан мені жек көріп, тыжырынып отырған адам сияқты. Мен мінбеге келдім. Ол кезде қазіргідей қағазбен баяндау жоқ. Сөзімді бастай бердім:

— Қастек ауданында биыл егін нашар болды, — дей беруім мұн екен, көзің жамандық көрмегір Голощекин мені сөйлетпей, бәйге аттарына жолдан қосыла шапқан бұзауша ала қашты да кетті. Бір езулеп бұра тартты:

— Жұмыс істемеген өңкей оңбағандар отырған жерде егін шыға ма? Бар шыққанын бөліп алған соң не айтпақсың. Астығымды бересіңдер ме, жоқ па? Саған кім нұсқау берді. Нұсқау бергендер де Совет өкіметінің жауы. — Нақ осы жерге келгенде жағаласып мен де бір ауыз сөз айтып қалдым:

— Ешкім нұсқау берген жоқ, өзім істедім. — Ол қайта іліп әкетті:

— Өзі істеген!? Қашаннан бері сендер өз бастарыңмен істеп қалып едіңдер. Қанша болды жетілгендеріңе?! — деп алқынып тоқтады. Бұл көпе-көрінеу маған ғана емес, мына бюрода отырған қазақтардың барлығына, бүкіл қазақ халқына жасалған масқаралау еді. Бюрода ауызды бағып сөйлеу керек, інім. Оның екі иығынан демін әрең алғанын тағы бір пайдаланып қалдым:

— 1917 жылдан бері. Он алты жыл болды, — дедім. Голощекин жым бола қалды. Өзінің мүлт кеткенін білді ме, әлде залдың алған әсерін байқайын деді ме, сәл үнсіз отырды. Залдағылардың біразының күлкісі келіп төмен қарасты. Жымыңдасып отырғандар да бар. Көпшілігі маған екені, әлде Голощекинге екені белгісіз сазарып қалған. Бұның мені әдейі сөйлетпей отырғаны шығар деген қорытындыға келдім. Соңғы бір сөзді сақтап тұрып айтпай кетпейін деп ойладым. Голощекин даурығуынан бір басыла бергенде мен:

— Ауылшаруашылық артельдеріне жазылған нұсқау біреу ғана. Мен соны орындағым келді. Әттеген, орындап үлгіре алмай қалдым. Ол нұсқауды кім жіберетінін сіздер білсеңіздер керек-ті. Ал ол нұсқауды жергілікті жерде, яғни Қастек ауданында жүзеге асыруға жарлық берген мен. Колхоздар менсіз-ақ оны өздері жүзеге асыруға тиіс еді. Ондағы басшылар тебірлік, тоғышарлық жасады.— Мен мұны тәртіпсіздік жасап Голощекинмен қабаттаса, дауысымды асыра сөйледім десем де болады. Ол менің бұл қылығыма маңыз бермеген болды. Егер ол менің бұл жердегі тәртіп бұзғанымды айтса, өз беделіне нұқсан келетінін әбден білді.

— Абат Мырзалин,— деді Голощекин,— аупартком хатшысы. Баяндаңыз.— Голощекин маған «отыр» деген жоқ. Мырзалин шақырылғанда мен мінбеден өзім түсіп кеттім. Отырдым. Мен жаңағы бүкіл қазақты масқаралаудан кейін залды тастап, шығып кетуге бар едім. Мырзалин бастап келе жатқанда оған да маған кигізген таз кепті қаптады.

— Үйсінбаев жолдастың сөзіне қосарым жоқ,— дей берген еді Мырзалин, көкпарға көлденең шапқан аттыдай Голощекин оны да киіп кетті:

— Аупартком ауаткомның қызметіне бақылау жасамаған. Усунбаевтың айтқаны бола берген. Бұл ауданда Коммунистік партия қызметін тоқтатқан...— Ол тағы бір тыныстағанда Мырзалин іліп әкетті:

— Меніңше біз нұсқауға сәйкес жұмысты дұрыс бастап едік деп ойлаймын.

— Қалай? — деді Голощекин.— Сіз мұны білмей қалған деді ғой, Құрамысов.

— Жоқ, жақсы білемін. Үйсінбаев маған айтқан, мен нұсқауды орындаудың жөн екенін аңғартқанмын.— Шамасы Абақтан артықпын ба деген болса керек-ті Мырзалин де. Бюрода артық сөз болмайды, інім. Мені орнымнан алып, сөгіс беруге, Мырзалинге сөгіс беріп орнында қалдыруға деп қаулы жобасы жазылған екен. Голощекин мұны естірткенде арттан бір қол көтерілді:

— Кім бұл, не айтқысы келеді. Сейфуллин.— Сәкең асықпай, Голощекин күтіп отыр-ау демей, бір-бір басып мінбеге келді де, қою қара мұртын бір сылап әріден бастап, біраз айтып келіп, тіке кетті:

— Өлкелік партия комитетінің астық тапсыру жөніндегі нұсқауын бұлжытпай орындамағаны үшін Үйсінбаев, Мырзалин жолдастарды орындарынан алып, екеуін де партиядан шығару керек,— деп тоқтады. Жаңа ғана маған қас-қабағы дұрыс жазушының тіке найза салуы мені қатты таңдандырды және қатты ренжіп қалдым. Менікі шолақтық екен, інім. Сәкең әріден ойлаған екен. Егер Мырзалин екеумізді орынымыздан алса, онда іс осымен бітеді. Ал екеумізді партиядан шығарса, партияға революцияның от жалынды жылдарында кірген адамдар мәселесі

Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитетінде қаралады. Сонда мәселенің шындық беті ашылатынын білген Сәкен Сейфуллин бізді партиядан шығаруға әдейі ұсыныс жасаған болып шықты. Голощекин сөз таластырмады.

— Менімше жобаны қабылдау керек. Бірақ Мырзалинді де орнынан алу керек деген өзгеріс енгізу керек.— Елшім үн шығарған жоқ. Біз Мырзалин екеуміз шығып кеттік. Әрине Сейфуллиндер ойын Голощекин де біліп отыр. Екі бірдей революциялық партиялық стажы бар адамды партиядан шығарудың оңай емес екенін, онда істің насырға шабатынын, Қазақстан тарихының сол кездегі қаралы беті ашылып қалатынын ол жақсы білді. Оның үстіне неге сонша Сейфуллин осы мәселеге көңіл аудара қалды деген күдігі де болмай қалмады. Әншейінде шаруашылық мәселесінде осылай белсенділік көрсетсе оның көзі көрмей қалып па, демес пе. Одан да жауырды жаба тоқып отырудың өзі артық. Голощекин түшкіріп қойса «жәрәкімалла» деп отырған Құрамысовтармен осылай кегілдірдей кобальжи басып жүре тұрған жақсы емес пе. Осылай әйтеуір біз аман қалдық. Мүмкін менің жанымда Мырзалиннің болуының әсері де болған шығар. Шынын айтсам, інім, егер бізді партиядан шығарса қамар еді, онда біз 7 август заңымен он жыл алып кете баратын едік.

Мен, інім, Мырзалинге таң қалмадым. Өйткені оның партия уставындағы- дай коммунист екеніне шүбәм қалмаған еді. Бұл жерде ол менің ішімдегіні тауып тұр. Бұл Құрамысовқа жақын туысқан болса да, менімен бірге кетті. Мен оның атын бір жерде атағаным жоқ. Сөйтсе де халық үшін өлсем өлейін, жұрттан жаным ардақты ма деді, өз басын күйттеген жоқ. Ол шамамен, мен атпен бірге қайттық. Мойымай, кездеміз көтеріңкі кеттік. Енді қандай дұшпанымыз болса да бізге «бетіңе бес қазанның, жүзіңе жүз қазанның күйесі» дей алмайды. Біз жұрт бетіне ұялмай тура қарай алатын болдық. Көңіліміз сарық болса да, жүзіміз жарық. Бірақ сол отыз үшінші жылдың басында бізге кейбіреулер собатажник деп қарайтын, бұл біздің Голощекиннен, Голощекиншілерден алған лақабымыз. Партияға, партия жолына қарсы іс істемегенімізді сауатты жігіттер жақсы білді. Біздің ұрыс естіген, қызмет бабында бізден бірлі-жарымды азар көргендер, шолақ белсенділер бізге үдірейе, желке жүнін дүрдите қарады және кейбіреуі пышы-пышылап, кейбір жеңілтектер собатажник деп ашық күліп жүрді. Бірақ көп ұзамай арада ай өтпей біздің кім екенімізге жұрттың көбінің көзі жетті деп шамалауға болады.

Абатқа обал болды-ау, менің бір езулігім оған да кесірін тигізіп, кесел келтірді-ау деп кейде қысылып та қоямын.

Абат Мырзалин ұзын бойлы, екі танауынан күн көрінгендей, кең маңдайы жарқырап тұратын, аппақ жігіт болатын. Оған қап-қара қою шашы ерекше көрік беретін. Шашын артына тік қайыратын.. Дөңдөңгелек көзі, ұзын кірпіктері өңіне ерекше нұр беріп тұратын. Мен, інім, адамды сирек мақтайтын қазақпын. Ал осы Мырзалин қазақ

қайсы десең «мынау» деп көрсетуге тұратын ерекше бітімді жан еді. Алғаш екеуіміз шөлкем-шалыс келе бергенімізбен кейін қатты достасып, ұғысып кеттік. Махамбет жырларын жатқа айтатын:

«Ей қызғыш құс, қызғыш құс,
Көл қорыған сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.
Ел қорыған мен едім,
Мен де айрылдым елімнен...»

деп бір кеткенде оны ешкім де партия қызметкері демейтін. Халық көбіне оны мұғалім деп ұғушы еді. Үнемі кір баспайтын ақ саусақтары салаланып, сымға тартқан күмістей болып, тырнағының сөгілмеген көбесі оның зиялылығын паш етіп тұрса, сөйлеген сөзі зияпаттығынан мол хабар беретін. Ол кезде қазіргідей емес, интеллигент дегенде есте тұратындар мұғалімдер болатын. Жұртта қалыптасып кеткеніндей мұғалім ең зиялылықтың бейнесі еді. Сондықтан білімді-ілімділігімен, сыртқы сүрепетімен ерекшеленетін адам да мұғалім болып көрінетін. Татар әйелі тілді бұзып, шүлдірленкіреп сөйлегенімен қазақтарға деген құрметі, сыйы ерекше еді.

Ол:

— Қойшы, Абат, бас аман болсын! — деді де қоя салды. Бәлкім басқасы ішінде шығар. Әйтеуір садаптан қараған маған ол мінез көрсетпегендей. Семьясында келіп-кетіп, сапырылысып жататын ешкім болмағандықтан ба, үй іші тыныш болатын. Әлде Мырзалинді сақтап қалғысы келген, әлде оны осындай содырлы сойқанға ұрындырған маған ештеме білдіргісі келмес. Әйтеуір Сәлима бұрынғы қалпын өзгертпеді, мен де олардың үйіне барғыш қазақ емес едім.

Облыстық партия комитеті бес-алты күннен кейін екеуімізді шақырып алып, «Ақсеңгір» колхозына бірін председателі, бірін партия ячейкасының хатшысы болып барасың деді. Енді атам жау, қойнымдағы қатыным жау болып шыққан «Ақсеңгірге» қайта баруға тура келді. Несі бар деп ойлады, ауданда ағалалы ордам, қара орманым қалып бара ма, салт басты, сабау қамшылы адамға қайда қызмет істегенің бәрібір емес пе, шешемнен аудан ағасы болып туған мен емес, оның үстіне мен ол ауылдан абыроймен жоғарылап кеткен болатынмын. Ұрыспай ажырасқан ұялмай қосылатын болса, (адам болған соң ел ішінде бірді-екілі ренжігендер бар болар) негізгі бұқара халық кетерімде жыласып-сықтасып қош айтысқан. Ендеше неге бармасқа? Ал қармағанда маған кім қызмет дайындап, таңдауыңды ал деп тұр. Екі қолға бір бейнет. Бәрібір жұмыс істеу керек. Есектің артын жуып мал тап деген аталарымыз. Сондықтан қарайламай тарта бердім. Мырзалин менен бір айдан соң келді.

Колхозда ол кездері қыста жұмыс жоқ. Жұмыс соқа-сайман жөндеу, қайыс-әбзелдерді қалпына келтіру, арбаның шенін тарту. Жөндеу болғанда соқа жүзін таптап, шындау, жер тырмасының әрбір тісін шығарып алып, қолдан соғып үшкірлеу, қамыт, доға, жетек сияқты ұсақ-түйек мүліктің кеткен жерлерін жамап-жасқау. Бұларға ұста немесе ұсталықтан мол хабардар адам болмаса екінің бірі оларды істей алмайды. Ал бұл істер колхоздағы Оспан Тұяқбаев, Алмабай Денгелбаев деген екі ұстадан артылмайды. Ал партия ұйымының хатшысы Мырзалиннің істейтін ісі де шамалы.

Мен колхозға келгенде халық аштықтан ісіне бастаған екен. Жылдың басында әрбір үйге ауданнан екі пұттан тары берілді. Оны әркім өзі барып алуы керек еді. Ауданның мекемелерінен басқасы әлі де Қарақыстақтан көшіп үлгермеген-ді. Қыс көзі қырауда әлім келеді-ау дегендер солай қарай шұбады. «Ақсеңгір» колхозындағыларға тиістісін біз тасып әкеліп, осыннан бермек едік, оған ауданның жаңа бастықтары рұқсат етпеді. Шамасы колхоз белсенділері бөліп жеп қояды дегеннен болса керек-ті. Жұрт ашыққан, жүруге шамасы жоқ. Сонан соң Мырзалин екеуіміз бірдей ауданға шаптық.

Күн қақап тұр. Күрті өзені қатып, кейбір жерінің мұзы ілініп, ары-бері өтуге де мол мүмкіндік болып қалған. Бірақ мұз үстіне түскен қардан саланың қай жерінің мұзы көтеретіні белгісіз еді. Екі атқа мінген Мырзалин екеуіміз ауданға жөнep бердік. Әр түтінге екі пұт астық беріледі дегенді естіген ел енді тоқтар болмады. Ауылға бір-ер күнде өзіміз жеткізіп берейік дегенге ешкім қарамады. «Ораза намаз тоқтықта, иман кетер жоқтықта», мұндай адам баласы басына ташалаң түскенде кімді кім тындай қойсын. Олардың тындамағанына ренжу-ге болмайтын еді, інім. Олар өзіміз әкеп берейік дегенге сенбеуі де дұрыс. Оны да айыптауға болмайды. Жылға нәпақа қылар, қауызынан ажырамаған айналдырған екі пұт тары. Түйіп ақтай келгенде одан несі қалады. Әкеліп береміз деп үстінен бір уысын алып қоймайты-нына кімнің көзі жетіпті. Міне, сондықтан да «менікі деген басын ұстайды» дегендей, тарының құлаққабынан өзі ұстап тұрғанға не жетсін. Сол күні таңертеңмен кенсеге түрі кетіп, түсі қашып Нұрлан кірді. Артынан Нұрқалық келді. Екеуінің де жылап-сықтағаны көзінен көрініп тұр.

— Он бір үйдің есігі жабылды, — деді Нұрлан. — Қалай кемерімізді қайдам.

— Қанша? Не болды, оларға? — деп Мырзалин шошып кетті. Ол ашаршылықты білгенімен нақ осылай болар деп ойламаса керек.

— Аштан қырылып қалды. Екі-үш түтіннің иелері алдыңғы күні маған келген. Не істейміз? — деп еді. Енді міне... — Нұрлан сөйлей алмай қалды.

— Сіздер тездетіп Қарақыстақтан беретін екі пұтты алуға қам жасамасаңыздар болмайды, — деді Нұрлан Токқұлов.

— Болмады,— деді Нұрқалық. Үнемі аппақ тісі сақсиып күліп жүретін жігіттің қабағы күзден бері ашылууды қойған.— Қарақыстаққа бардым. Әркім өзі қол қойып алмаса болмайды дейді. Нұсқау солай.

Осындай әңгімеден кейін біз отыра алмадық. Екеулеп айтпақ болдық. Жолға шыққанымыз да осы.

Желе шоқырақтатып Байсейітке жеткенімізше мола қазуға бара жатқан, қазып жатқан, өлікті қол шанаға салып сүйреп бара жатқан адамдарды көрдік. Жол бойы шұбаған адам. Олардың бәрінің беті Қарақыстақ, бәлкім одан ары...

Байсейіт қорғанының астыңғы жағында үлкен «Алтын арықтың» жағасында күзде қырман болған. Соған қарай ойысқан кеп халық. Оның басы да толып жүрген ілбіген адам. Мұның бәріне қарауға қазір мұрса жоқ, әрі қарай жөндей бердік...

Ауатком председателі Сағатовты іздеп, оны аупартком хатшысы Саттаровтан таптық. Бұл екеуі де біздің орнымызға келген жаңабастықтар. Мырзалин екеуіміз баса-көктепкірдік. Олай етпегенде қайтпекпіз. «Өліп бара жатырсындар ма?» деген осы. Әрі-беріден соң одан да жаман, өліп бара жатқан жоқпыз, қырылып барамыз, құрып барамыз. Барлыққаннан, барлықтан рұқсатсыз кіргеніміз жоқ, бұрлыққаннан, жоқтықтан, амал жоқ-тықтан істеп тұрмыз.

— Ей, қазақтар, жау қуды ма? — дейді тілі ащы жігіт Саттаров.

— Жоқ, жау емес, жаудан жаман ашаршылық қуды,— деді Мырзалин түтеп. Мырзалин көп артық сөйлемейтін жігіт еді, жол бойы көргендері жанын күйдіріп жіберді білем.— Сенің күлкің түзу екен, біз күле алмаймыз!

— Сендердің күлкілеріңді мен алған жоқпын ғой,— деп шеке тамыры білініп, терісі тар Саттаров қызараңдап қалды.

— Елдің Қарақыстаққа барар шамасы жоқ, колхозшыларға тиісті астыққа көлік жіберелік, соған рұқсат етіңіздер,— деді Мырзалин өзінен жасы үлкен жігіттерге «сіз» дей сөйлеп.

— Жоқ, болмайды. Жоғарыдан берілген нұсқау солай,— деді Саттаров тырысып.

— Ойбай-ау, оған жете алмайды ғой, ол сорлылар,— дейді Мырзалин.

— Жете алмаса алмайды да,— дейді Саттаров жайбағыс. Оған жұрттың қырылып бара жатқаны бәрібір сияқты. Ауатком төрағасы Сағатовта үн жоқ, шала піскен бүйректей болып, тымырайып отыр. Мен қатты күйініп кеттім:

— Сендерге немене, жұрттың қырылып жатқаны шыбынның өлгеніндей көрінбей ме? Ең болмаса мемлекет берген екі пұт қауызды тарыны өлмей тұрғанда ауыздарына тигізейік те, мүскіндердің,— дедім.

— Жоқ, Филип Исаевичтің нұсқауы солай, өздері алуы керек.

— Өздері барамын деп-ақ өледі ғой.

— Бармаса алмайды.— Аупартком хатшысы енді Сағатовқа қарап зікіней сөйледі.— Көлікпен келген бір адамға астық берілмесін. Сағатов жолдас, қатты бақылаңыз. Астықты орталық қоймадан әркім өзі алады.— Сағатов Саттаровқа кіріптар адамдай, оған тура қарай алмай танауының астынан:

— Жарайды, жарайды. Солай етеміз — дейді.

— Сонда онда тізім бола ма? — деп сұрады Мырзалин.

— Жоқ,— деп жан бітті Сағатовқа.— Алдымен менен бұйрық алуы керек.

— Ей, жігіттер,— деймін мен,— егер олардың Ұзынағашқа, одан Қарақыстаққа бара алатын шамасы болса, онда оларға екі пұт қауызды тары керек болар ма еді.

— Керек болмаса алмай-ақ қойсын! — деп кергіді Саттаров.— Тоқ болса алмай-ақ қояды да. Сөз бітті. Бара беріндер — Бұған енді күйерсің бе, күймесің бе!» «Кеше келген тоқалдар, шөміш алып қоқандар» деп, қазақ жеріне аяқ басқанына елу жыл жаңа болған мынаның қорлығы-ай деп күйіп тұрмын, інім. Өтірік айтып не керек, бұл жерде коммунистікті былай жинап қойып, қазақ болып кеттім. Егер Коммунистік партияның басындағы адам сенің халқыңның өліміне күле қараса, ондай коммунистік маған керек пе, інім. Әрине, бұл сөз саған ұнамас. Менің халқым сыпыра қырылып жатқанда мен тірі қалып кімге тұлдырық болмақпын. Халқым ертең тұтас қырылатын болса, мен бүгін неге өлмеймін. Халқымнан қалған өмір маған немене керек. Қалшылдап, жөңше нардай бұрқылдап Саттаров жанына жетіп барыпшы. Мырзалин шамасы мен Саттаровты ұрып жібереді деп ойласа керек, ол да түрегеліп араға түсе кетті. Басу айтты:

— Әбеке, бұлар нұсқауға сәйкес істеп отырған болар.

— Немене олардың басы жоқ па? Сен Саттаров осы сөздеріңді ұмытпа. Жауап бересің, әлі. Қырылып жатқан қазақпен ісің жоқ қой, сенің. Үйінде тандыр наның болған соң солай кергінсің,— деп жібердім, інім. Қайтейін, айтпайтын-ақ сөз еді, айтып тындым. Шышын айтуым керек, інім, қазақ көшеде қырылып жатқанда маған енді тіршілік не керек, «өз бетін аямаған кісі бетін дал-дал қылады» деген емес пе!?

Амал таусылды, мойнымызға су кетті. Шапқан күйімізбен «Ақсеңгірге» келдік. Болған жағдайды партия ячейкасында хабарлап, не істеу керектігімізді ақылдастық. Астыққа баратын адамды жалғыз жібермейік, топтап жіберелік дедік. Сол күні екі темір ұстасы Алмабай Денгелбаев пен Оспан Тұяқбаевты шақырып алып, табаны темірден он шақты қолшана соғуды тапсырдым. Таңертеңге дейін ең болмаса үшеуі дайын болсын дедім. Нұр-қалықты ұста дүкенінің басына қақитып қойдым.

Таңертең алғашқы партияны жөнелтпек болдық. Бару әркімнің қалауынша болды. Бармағанда не істемек? Үйде отырса да еледі.

Адамды топтап жібермек болғанымыз ең болмаса біріне бірі демеу-сүйеу болсын дедік. Оның ішінен әлдірек бір-екі жігітті басшы етіп белгіледік. Бұл жолы баратын адам жиырма жеті болды. Оған аздаған сауаты, әр нәрседен түйсік-хабары бар Исахан Телтаевты басшы етіп белгіледік. Бұдан кейін кететін топтарға қолшана соқтырып, басшысын белгілеп, Нұрқалық айналысып жатты.

Енді жиырма жетінің бұдан кейінгі жайын Исаханнан естіңіз. Ыдырыстау көзі үнемі қанталап тұратын Исахан қатты күрсініп алып, ол сапарды былай әңгімелейтін:

— Таңертең «Ақсеңгірдегі» қоныстандырудан шұбап жиырма жеті адам жолға шыққан соң, ішіндегі денсаулығы да, әлі де мықтырақ Қасымхан жолаушыларды шұбатып тұрғызды да, қабынан ұзын ала арқанды шығарып, созып бәріне ұстатты. Ондағысы әлсіздеріне әлдірегі сеп-медеу болсын дейді. Үш қолшананы Қасымхан, Жорахан үшеуміз сүйредік. Табаны ғана темір қолшана сырғанап тұр, адам қолына бір-ер килограмм ғана салмақ түсіреді. Басқалары ез бастарын еркін көтеріп жүрсе сол олжа.

Күн құлактанып шықты да, солтүстіктен қызыл тұрды. Әйте-уір ол арттан болған соң жаяуларға көп әсер етпеді. Жиырма жетісінің де киімдері тәуір еді. Жоқ дегенінің қоңыр шолақ тоны болатын. Мұндайда нарпостаған қылқара бешпент, шапаның не керек, «тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық». Бастарында қой терісінен, елтіріден, ұлпаннан жасалған тымақ, бөрік, құлақшын. Тек аяқ киім әр түрлі, бірінде етік, енді біреулерінде қалың қылып киізбен ұлтарған киіз етік. Бәрінің белінде белдігі де бар, сонымен бірге қап арқалай қалсақ деп, шылбыр, жіңішке арқандар буынған, оған екі пұт астық сиятын екенше, қапты қыстырып алған. Пысығырақтары етектерінің шалғайын белдік-теріне қыстырып алған. Қасымхан жетегіндегі қадлшана үстінде қабына қоса бір шотты да ұңғысынан тана салыпты. «Арық атқа камшы ауыр». Ол не үшін керек дегендер де болды.

Жүргіншілер шұбап Күртінің сол қанатындағы жолмен өрге тартып келеді. Қарт Алатау көлбеп сонау алыста жатыр. Қар қалың, күн суық. Қар ұшқындап барып басылды. Күннің көзі бұлыңғырланып көрінеді. Арада үш шақырым жүргенде-ақ Бидас Ботқаев деген жиырмалардағы жігіттің басы бұлғалақтап, ілгері басқан аяғы кейін кетіп, шамасы бітті. Ол тұра қалды да, сылқ құлап түсті, құлаған қалпында тіл тартпады. Нәрігіп кетті. Шамасы ер жігіт соңғы деміне дейін жүрсе керек. Жүргіндер жолдан шығып, ұйлығып қалды. Оның туысқаны Жаркен інісінің шын өлгенін білген соң «Бауырым-ай, бауырым-ай!» деп екі айтты да, тұншығып құлап түсті. Ол да үзіліп кетіпті. Рас, сұмдық осы болды.

— Қайтайық ауылға,— дескендер болды.

— Жоқ, осы жерге қоямыз,— деді Исахан.

— Күрек жоқ, кетпен жоқ, қалай көмеміз? — деп екі көзі шадырлау сары Бәрменкұл шатынады.

— Жоқ, анау дуалдың түбіне бетін жасырайық. Үйіне апарғанмен оларды көмуге кімнің шамасы келмек?

Екі адамның өлігін шанаға салып, дуалдың қасына жеткіздік.

— Ал қалай қазамыз? — деді Бәрменкұл. Жұрт дағдарыңқырап тұрды. Нақ осы сәтте негрдей қап-қара жігіт Аманбай алға жақындады да, інісі Есенді шақырды:

— Есен көрсетші мыналарға қалай қазуды.— Қаралығы ағасы Аманбайдан айнымайтын Есен аппақ тістері қасқып, жаңа өсіп келе жатқан сирек мұрты селдіреп ілгері шықты.

— Шотыңды бере тұр. Оған күш жұмсаудың керегі жоқ,— деп ол Қасымхан қолынан шотты алып, от орнындай жердің қарын киіз етігімен теуіп ысырып, тазартты да, жүресшен отыра қалып, тостағандай жердің тонын ойып алып тастады. Жігіттердің көзі Есенде. Есен басқа жерді қазбады, жаңағы тостағандай ойылған жерді шотпен әрі қарай үнгіді де, тостағандай тесікті аяқтай етіп, мұзын, тонын түсіріп кеңейтті. Басқалар қарап тұр. Шыдамсыз Қасымхан:

— Ей, бір кісіге қарап басқамыз қарекетсіз тұрамыз ба? — деп быжылдап жүр. Есен енді қоңыр тонының екі етегін тізесіне төсеп, тізерлеп, жаңағы аяқтай жердің ішкі екі жағын шотпен оскылап жатты. Ол әлден уақытта орнынан тұрды да, келеңсіз тұрғандарды «әрі тұрындаршы» деп қолымен кейін ысырды. Тонының жеңімен маңдайын сүртті. Керік маңдайы әжімсіз қап-қара болып, тершіп кетіпті: Ол:

— Нұрым ағам осылай істейтін,— деп жаңағы аяқтай жердің төңірегін теуіп-теуіп қалды. Тоң құрт-құрт түсіп кетті.— Ал енді тонды шығарындар да, шотпен қаза беріндер. Жиырма бес адам әп-сәтте-ақ адам сияр жерді қазып, екі жігіттің өлігін қатар салып көмді. Өздері қайбір ішін қара-қоңыр қойдың еті тесіп, шекесі қызып тұрған адамдар, әйтеуір «көмдік» деп көңілдерін жұбатып, ала арқанға тізіліп әрі қарай жылжыды. Олар көп жүре алмады. Арада бір жарым, екі километрдей жүріп, Байсейіт батырдың бейіті тұрған тұмсыққа келгенше үшеуі тағы бұл дүниемен қоштасты. Керімкұл деген өткен күзде ғана үйленген жігіттің жан тапсыруы қиын болды. Бұл дүниені қымай қиналып жатты:

— Исахан,— деді ол,— құрбы едік қой, Шәрипаға сәлем айт, артық кеткен жерім болса кешірсін, егер ішіндегісін аман тапса, мені ұмытпас. Шіркін кең дүние, осынша тар, осынша қатыгез екенінді біліпшің бе? Егер үйленген соң, үш айдан кейін өлерімді білсем үйленер ме едім. Шарипаға сал...— Ол аяғын айта алмай үзілді. Бұл үшеуін көму қиындыққа түспеді. Үшеуін Күртінің батыс бетіндегі жардың астындағы дайын қуысқа салып, бетіне жардың үгілмелі топырағын түсірген болдық. Мазасыз Қасымхан моланың жас топырағының үстіне қарды аяғымен ысырып жинап, беліне байлаған сапты аяқпен он шақты рет су әкеліп тапталған қар үстіне септі. Күннің қатты суықтығы сонша,

қар үстіне тиген су әп-сәтте анжырланып, көксауырланып қатып қалды. Тағы жиырма шақты сапты аяқ су әкелінді. Енді мола үсті анжырлады. Ең болмаса жыртықш тісінен тысқары болсын дегендері.

Жігіттерге жаңа үленген жігіттің өлімі қатты батып кетті. Бәрі мөлелденіп, түнеріп, үндеспей қалды. Арқанға тізіліп қалған жиырма екісі кетіп бара жатты.

Арғы бетте Жандосов колхозы, саланың батыс жағындағы жол қырканы бауырлап жүргендіктен биік еді. 16-ауыл алақандағыдай көрінеді. Бұл жерді Қарасаз деп атайды. Қарасаздан өте Тақырсаз басталады. Биіктен келген жол шуама жардан өткен соң сазға түседі де, өзенді жағалап жүреді. Кейде жолдың осы бір бөлегін қызыл су қаптап, мұз үстіндегі ойдымға дере тұрып, жолды бөгеуші еді. Бұл жолы күн суық болғандықтан өзен қатып қалған, жылымық жоқтықтан қызыл су жүрмепті. Өзен жағалаған жолда су аяқ астында. Қашанда аш кісі шөлдеуік. Қараман су ішпек болып жылымға жақындады.

— Қараман, су ішпе, әлің кетеді,— деп Қасымхан зар қақты.

Қараман өзіншілдеу, басқаны жүре тыңдайтын жігіт еді. Ол ала арқанды тастай салып киімімен мұз үстіне жата қалып, бауырын төсеп, арғы жақпен ілінуге аз қалған жерге, суға бас қойды. Нақ осы кезде кеудесі жатқан жердің мұзы күрт ойылып түсті де, Қараман мұз астына жылымға басымен жылжып барып, жоқ болды. Қараманның аталары сегіз жүз тоқсан жетінші жылы Шағатай — Маман ауылына Тобықтыдан келіп сіңген болатын.

Келген бес үй өсіп, өніп, осы кезде он шақтыға жетіп еді, бірге өсіп, біте қайнасып кеткен. Олардың кірмелігін ешкім айтпайтын да, қарттар айтқызбайтын. Егер ондай сөз бола қалса ауыл ақсақалдары тетірлерді «кірме» атанып жәбірленушінің аяғына жығатын. Солардан да төрт жігіт бұл қосынға қосылған. Соның бірі Қараман көпе-көрінеу суға кетті. «Ой, бауырым» салған оның жақын інісі Жүкен Қараманды құтқарамын деп жүгірген бойымен екпінін тоқтата алмай жылымға түсіп кетті. Аш адамның өз тегенін тоқтатуға шамасы болмады. Қарап тұрып екі жігіттен айырылған жиырма ұйлығын біраз тұрып қайта жылжыды.

Шаңқай түс болды. Күннің көзі бір көрініп қайта бұлт басып алды. Тас жолға да жақын қалды. Ол жолда жүргінші көп, енді шығындар болса, бетін жасыру қиын болмас десті келе жатқандар. Енді өлімді бәрі де ашық мойындағандай еді. Жиренбай деген жігіттің ауызы тынбай сөйлейді. Ол Исаханның да, Қасымханның да: «Көп сөйлеме күшің кетеді»,— дегеніне қарамады.

— Егер,— деді ол жүріп келе жатып,— мен өліп кетсем менің кәрі әке-шешем қалай күн көрер екен. Біреуінің көзі жоқ, біреуінің аяғы жоқ. Мен жалғыз ұлы едім. Алмалы-Долаңқарада тігулі үйіміз, ішінде бес қап бидай, бір қамба арпасымен қалың еді. Егер осыдан аман қайтар болсам екі кәрімді сол жерге қайта жеткізсем. Тамның төріндегі

ұрада да үш-төрт қап бидай қалып еді. Енді бір дөнге зар болып келе жатқанымыз мынау. Есік алдында он бес түп алма ағаш, екі жүз түп тал, қара ағаш кесусіз тіке қалып еді. Талдың берегінен осы жаққа көшер кектемеде өзін жүз қазық қағып едім.

— Қазық қаққанын қалай? — деді жылымға кетіп өлген Қараманның туысқаны Қалтай. Жиренбай соны білмейтін неткен жансың дегендей оған алая бір қарап алып, оған байыппен түсіндірді:

— Үш құлаш талдың берегін алсаң онда он — он бес бүртік болады. Сол беректі әр бүртік сайын бөліп кесу керек. Әрине қаламдап кесесің. Сонан соң жаңағы бүртікті жер бетіне қалдырып оны ойлауыт, су жиналар ойдымға қазық қылып қағасың. Бір бүршігі қалса болды, ол жер бетіне ағаш болып көктейді. Теректің бостаны, талдың берегі тамырсыз-ақ өсе береді, жерде аздап ылғал болса жетеді. Ағаш өсірудің одан басқа да тәсілі бар. Мысалы он құлаштай жерге арық-атыз қазып, үш-төрт құлаштық теректің берегін көміп тастасаң ол да көктей береді. Егер қаласаң өніп шыққан соң арасын қиып-қиып жіберіп, басқа жерге көшет етіп отырғызуға болады. Түсіндің бе?

— Түсіндім,— деді анау. Аш адам түсіне беруші ме еді. Бір күн тамақ ішпегеннен қырық күн ақыл сұрама!

— Осыдан тірі қайтсам үйленіп бас қосуды да ойлар едім. Әке-шешем де мазамды алып жүр.

— Жиренбай, сөзді қой шаршап қаласың,— деді Қасымхан.

— Қасымхан аға, өлсем де сөйлеп өлейін де. Құдай тілді сөйлесін деп берді ғой. Ойласын деп діл берді, сөйлесін деп тіл берді. Көрер қызығың, жасар уақытың біткен соң қылтылдаған қызыл тіл де пышақ кескендей тыйылады екен ғой.

Жаралы аюдай қар үстінде ілбіген жиырма тас жолға тие тұрған Балпық сіләнине келгенде азырақ дем алып, тізе бүкпек болды.

— Азырақ дем алсақ, мына үйлер қарасу қайнатып берер ме екен? — деп Исахан артта доп-домалақ болып қолшананы сүйретіп келе жатқан қортиған Қасымханға қарады.

— Не болса да кірелік,— деді Қасымхан.

Үй есік алды дуалмен қоршалған, үйге кірер сыртқы есігіне жылы болсын деп киіз жамаған, әжептәуір шаруаның үйі болса керек-ті. Сыртқы есік ашық екен.

— Ассалаумағаләйкөм! — деп амандаса алдымен Қасымхан кірді. Үйден жауап болмады. Ауыз үйде балшықтан жасаған қазан пеш бар екен. Оның үстінде кәдімгі он екі қарыс тайқазан орнатулы тұр. Есік алдында жинолы отын да жатыр. Әрине, үйдегі отын құрғақ. Жағуға оңай болсын деп үйге кіргізіп қойған. Тіпті күз басында кесіп дайындаған болуы керек, келтелеп, арамен бірдей аралап жинаған шөркелер де бір шама. Иелері түпкі үйде болар десті, бұлар. Үй иелерін әурелемей-ақ осы ауыз үйден су қайнатып ішіп кетейік деп келісті Исахан мен Қасымхан.

Исахан темекі тартады да, Қасымхан шылым түтінін көтере алмайтын. Мұндай ит көзі түтін танымас заманда сіріңке қайда, Исахан кестелі темекі дорбасын алып, газет қағазына махорка орай бастайды. Тұрған шелекпен даладан қазанға бірнеше шелек қар салып үлгірген Қасымхан Исаханның темекі тұтатуын күтеді.

Жиырма адам ауыз үйге кіре қисая кетеді. Исахан бір дорбадағы қудан алып, үстіне шақпақ шаға бастайды. Шақпақ тас осы Күрті өзенінің кез келген жерінен табылады. Тасқа шағар темір кәдімгі шөп шабатын машина шалғысының жарты жүзі. Қу кәдімгі сиырқұйрық қоңыр курайдың бүрі, соны қуырып, кептіріп дорбаға салып алады. Исахан қуды дорба үстіне жайып, тасты темірмен ұрғыштап біршамада от алдырып, темекісін тұтатты. Сонан соң темекіні жалпылдақ отынға тигізіп от тұтатты. Қасымхан отты дүркіретіп жағып, суды қайната бастады. Ауыз үйімізге кірген кім деп түпкі бөлмеден ешкім шықпады. Су қайнаған кезде осы қазан пештің үстіндегі екі тостаған, екі-үш кесе, бір-екі табақ пайдаланылды. Жұрт су құйғызып ала бергенде:

— Қане, кімнің қандай тамағы бар, ортаға салыңдар! — деді Исахан. Жуғарақпанда ешкім үндей қоймады деп Шұнақ әңгімені өз атынан баяндап кетті:

— Міне, менде бір күлше нан бар, — деді Қасымхан. — Жігіттердің аш көздері күлшені тесіп кетті.

— Менде бір шілдің піскен еті бар, — деді Исахан. Ол үнемі тұзақ құрып шіл ұстайтынын жігіттер білуші еді.

— Есен екеумізде екі кесе талқан бар, — деді Аманбай. Ол да талқанды алып, жердегі Қасымханның белбеуінің үстіне қойды. Әркім өзінде бар тістеуге келетін, тамақтан өтетін нәрсесінің бәрін ортаға салды. Он кісіден ештеме шықпады. Оның біреуі бағана ауызы тынбай сөйлеп келе жатқан Жиренбай еді.

— Қасымхан аға, тілімді тістеп қалғалы үш күн болды. Нәр татқан жоқпын. Қырман суырып алған қос уыс бидайды әке-шешеме тастап кеттім. — Әрине, мұны отырғандардың көбі-ақ ұнатпай қалды. Бірақ дымдары ішінде. Лөкиген Оман деген жігіт бірдемесі бар екенін білдірді, бірақ қипақтап отырды. Сәлден кейін мандайы тершіп:

— Мендебір құйкабареді. Шығаруғаұялыпотырмын, — деді.

— Ол не құйқа? Шығар, ұялатын немене қайныңа ұрын келіп отыр ма едің, — деп Қасымхан жанын қоймады. Шынымен қос алақандай піскен құйқа. Оны көргендердің бәрі де бұдан неге ұялады екен деп қалысты. Отен деген жігіт ешкімге түсі таныс емес тамақ шығарды. Кәдімгі жаңа иленген, пайдаланбаған қайыс, отқа көміп пісірген. Шет-шеті сарғайып, күйіңкіреп қалған, піспеген екі құлаштай тізгіндік қайысты да шығарды. Оны да Қасымхан белбеуінің үстіне қойды.

— Менде де бірдеме бар еді, басқаларың жемейсіңдер ғой, — деп Бәрменкүл көзі шақшиып әркімге қарады.

— Шығар бері, не болса да, бүгін тамақтан өткеннің бәрі тамақ, — деп Исаханболмады. Бәрменкүл дорбаданкөкпеңбек, жартылай қоңырқай уақ шөп шығарды. Бұл жоңышқаның ұрығы екен. Қуырғандықтан азырақ қоңырқай тартқан.

Алдымен желінген Қасымхан әкелген күлше еді. Күлше арпа ұнынан істелген екен. Сындыруға, бәкімен кесуге келмеді. Шотпен шауып жиырма бөлек жасалды. Оның бөліктері жан-жаққа ұшып кетпесін деп үстіне, жан-жағына белбеу ұсталып қойды. Сонан соң Исахан оны теңдей етіп, теңгерді. Бірінен сындырып, біріне қосты. Исахан тағы бір өнер шығарды. Есік жақта отырған Есенге:

— Есен, теріс қара! — деді. Есен есікке қарап кеңкейіп қалды. Ол жиырма бөлек қатқан күлшенің бір бөлегін ұстап:

— Мынау кімге? — деді. — Аманбайға, — деді Есен ағасы аузына бұрын түсіп. Исахан қолындағы кішкентай нан сынығын Аманбайға ұсынды, ол басқалардан бұрын алуға ұялды.

— Мен бәрінің атасы ма едім, бұрын жейтін, — деді.

— Ал, бол! — деп зекіді жасы кіші болса да Исахан. Басқалар Аманбайға қызғана да, қызыға да қарап қалып еді.

— Мынау кімге? — деген Исахан дауысы олардың көңілін тағы бөліп жіберді. Дегенмен қолына алған нан сынығын тісіне салып, түнде бірдемені кемірген тышқанша тықырлатқан Аманбайға бәрі тағы көзін салып қалды.

— Жиренбайға! — деді теріс қарап отырған Есен. Есік жаққа таман отырған Жиренбай нанның бір үзімі (үзімі деуге келмейді, өйткені шотпен шауып бөлді ғой) тие ме, жоқ па дегендей көзі алақ-жұлақ етіп, Исаханға қарай ұмтыла түсті. Исахан өзі қатарлы жігіттің сонша ашкөзденуінен сескеніңкіреп барып, бетіне тесіле қарап, қолын созды. Күлшенің жиырмадан бір бөлігі тиген Жиренбай бес жасар баланың алақанындай нанды одан қайтадан біреу тартып алып қоятындай, екі алақанын бүрістіріп, ортасына тығып алды. Қарыш дегізіп күрек тісті салып жіберіп еді, қатып қалған арпа нан оған бой берер болмады. Ол осыған жеткенім рас па, өтірік пе дегендей, нанды уысына тығып, екі көзі орнында тұрмай, телмеңдеп кетті. Қырт дегізді. Шамасы шетінен титімдей тістемін бөліп алған болуы керек. Япыр-ай деп ойлады Қасымхан жаңа ғана мынау тіпті ішкені алдында, ішпегеш артында, ішіп мас, жеп тоқ адамдардай-ақ байыппен сөйлеп келе жатыр еді ғой, неге байқұс баланың осынша дегбірі кетті деп ойлады. Ол апыл-құпыл шайнады, қашыратып тұрып қажады, тісі нанды бірде сындырып, бірде сындыра алмай әлек болып отырды.

— Кімге? — деген Исахан дауысы қайта-қайта естіліп жатты. Есен қара креммен майлап, тазалағышпен ысып, барқытпен сипап қойғандай жалтырап, тісі ақсып жауап айтып отырды. Нан, қатып-семіп қалған арпа нан үлестіріліп болды. Бәрі де қытырлатып, алдарындағы ыстық суға матырып, нанды тістелеп жатты. Арпа ұнынан пісірілген бұл нан

тұрып қалған нан емес-ті. Оны бүгін пісіріп қойсаң да үш-төрт сағаттақ ағаштай қатып қалады. Керісінше жүгері наны басы зорға бірігіп піседі де, бас бармақ тырнағындай болып, торғай бастанып бөлініп, сынып түседі. Ал тары нанын айтпаңыз. Ол уатылып талқан болып кетуге даяр тұрады, өзі ашы болады. Бірақ ашы болса да жер еді, оны кім беріп жатыр деп ойлады, Исахан.— Енді Шұнақ біресе өз атынан, біресе әңгімені Исахан атынан араластырып айтты.

Ендігі кезек жұдырықтай шілдікі еді. Шілдің жұдырықтай еті де теңдей етіп жиырмаға бөлінді. Екі саны екіге, қанаты екіге, төс еті төртке... Осылай жиырма бөлек. Оған ауыз жарыған жоқ, әйтеуір еншіге тигенін тісіне басып, ауыздарының дәмін алды. Шіл семіз екен. Бірақ не керек, таңдайлар тақылдап, бармақтар сорылып қалды.

Кезек екі кесе талқанға келіп бұл да жиырма адамға бір уыстан бөлінді. Оны Жиренбай қақалып-шашалып, сумен ұрттап тез жұтты.

Қасымхан қос алақандай құйқаны алып, қандай құйқа дегендей айналдырып қарай бастады. Дорбаларынан ештеме шықпаған он адам Қасымханға қатты көзін сатып, осы бізге бермей қоя ма дегендей үңірендеп кетті. Ақыры Қасымхан тіл қатты:

— Оман мынау құйқанның не екенін біле алмай отырмын? Бұл неден, қалай піскен құйқа? Не қайнатқан емес, не қуырған емес.— Арғы жағына нәр барған жігіттер басын көтергендей болды. Оман ішіп отырған ыстық суын жерге қоя салып құйқа тарихын айта бастады. Ол жұтқынып, тамағындағы бұдырмағын адыраң еткізді. Тамағындағы бұдырмақ тамақ сұрап тұрғандай бұл сөйлеген сайын жоғары-төмен жүгіре түсті.

— Бір күні даладан келсем,— деді Оман,— балаларым шу-шу етіп, бірдемеге таласа-тармаса бас қойып жатыр. Бұлардың қауқандап отырғаны не екенін біле алмай таңданып тұрдым. Аш балалар үстінде менің тұрғаныма қарайтын емес, әрқайсысы етектей бірдеменің шетінен кесіп алып, малжандап шайнайды. Кәдімгідей ауыздарының дәмін алғанын байқадым. Аңлап қарасам әлгі Желдіаяқ деген итіміз суық күзде бір орқоянды қағып, үйге тістеп келген болатын. Сонан соң қоянның терісін сыпырып, тұздап қоя салғанмын да, әлігі қоянның аппақ етін қосуыс тары салып бөкпен қылып жеген едік.

— Ту, мынау адамның іші шұрылдап тамақ сұрап тұрғанда өткен жылы желінген тары бөкпенді айтып ауызымның суын құртты-ау,— деп кашаннан қалжыңбас Қасымхан отырғандарды бір езу тартқызды. Тамақ тоқта қарқылдап тұрып дауыс қосып күлетін сөзге жігіттер езу тартқан болды, әлде құлуге шамасы келмей ыржиды. Жылымшы ғана ыржию.

— Сонымен,— деді өліп жатқанды күлдіретін Қасымхан.

— Сонымен,— деді сөзге сараң Оман,— әлгі қоянның терісі екен. Кенже ұлыма құлақшын істемек қоян ұлпанын үлкен ұлым байқамай ортада қазақ ұйде маздап жанып жатқан от үстіне түсіріп алыпты.

Жүні үйтілген теріден май шығып тұрғанын байқай қойыпты. Ақыры жүнінің біразы үйтіліп кетті ғой дейді де, қоян терісін қақтап, пісіреді. Отқа қақталған теріден кәдімгі тестік пісіргендей иіс шығады. Қауап иісі бұрқырайды. Терінің отқа жақындаған, піскен жерінен май тамып кетіп, пыш ете түсіп, лап етеді. Бала теріде нәр бар екенін аңғарады. Сөйтіп әбден пісіріп балаларға кесіп беріп отырғанда мен келіпмін. Мен де кесіп алып жеп көрсем, тұз сінген тері, кәдімгі төстік тәріздес. Сонан соң тері іздей бастадық. Күзден бергі қорегіміз осындай терілер. Ал мынау күзде бір құдамыз бір жақтан бір қара қой сатып алып, біздің үйге сойып, терісін тастап, етін алып кетіп еді. Соның терісі. Бұл семіз қойдың терісі жақсы төстік болды. Мен мұны үйтіп, суға қайнатқанша деп, кәдімгі төстік етіп пісіріп едім. Дәмді болды. Екі күннен бері балаларым осымен күн көріп жатыр.

Тері-төстікті Қасымхан тағы жиырмаға бөлді. Құйқа әркімге үш елідейден тиді. Бұл көп болса дәмсіз болар ма еді, тіпті жаңағы шілдің бір шайнам етінен артық болмаса кем болмады, дейді Исахан,— деп Шұнақ енді өз жанынан сөз қоса сөйледі.— Інім, дүние жүзінде тамақты ең дәмді жасайтын елдің бірі Қытай. Олар он жыл жатқан өгіз тулағынан тамақ жасап бергенде ешкім оны байқамай, оның дәмділігіне таң қалады екен. «Жоқшылықта жеген құйқанын баршылықта ауыздан дәмі кетпес» деп қазақ өз тәжірибесінен, осындай бір таршылық-тақыршылықта көрген-түйгенінен алған болар. Сөйтіп бұлар да құйқаны пышақ ұшынан үлескен.

— Арманды жері деді Исахан,— деп Шұнақ шал бір күрсі-ніп алды.— Төстіктері Жиренбайға бұйырмады. Мынау кімге дегенде Жиренбайға деп Есен айтқанда одан дыбыс шықпай қалды.

— Жиренбай, Жиренбай! — деп Қасымхан дабыстады. Жиренбай жүріп кетіпті. Аш өзегіне түсіп кетті депті ол тағы да. Жиренбайды көмуге дайындалғанда оған қоса тағы үш жігіт дыбыс бермеді. Бәрі де ыңқ етпей кетті. Қайран ерлер соңғы деміне дейін түк білгізбеді. Олардың бетін жасыру қиын болмады. Еру елдің кетпен-күрегін, балта-шотын алып, әлгі су қайнатып ішкен үйіміздің түстік жақтағы дуалының күнгеі бетіне төрт жігітті көмдік.

Үйге сырт киімдерімізді алуға қайта кірдім деді Исахан. Басымды сұға кетейінші деп төргі үйдің есігін аштым. Үйдің іші жайнап тұр десе де болады. Бәрі бар. Адамы жоқ, қаңғып кеткен. Үй қақырап бос қалған. Тіршілікте таласа-тармаса жинаған дүние пұл болып, көрге бірге түспей әлде иесімен еріп кетпей жайнаған күйінше қалған.

“Ең сұмдығы тас жолға шыққанда болды деді Исахан. Айнала аппақ қар. Қарлы жолдың үстінде ісініп-қабынған, ыңырсыған, құлап, жылап жатқан, көздері аларған, қу сүйегі қалған, көздерінің оты өшкен адамдар. Жол үстінде бір жас әйел өліп жатыр, оның кеудесіне жармасқан сәби қатып қалған. Баланың ауызы қан... Балажанды Қасымхан бөбекті көтеріп алып, өліп қалғанын көрген соң жылап «көрмесем еді, мұны»

деп жерге қоя салды. Бәріміз де қан жыладық, қатты күңірендік. Жансыз қысқы қатыгез далада баланы қалдыру тіпті қиын болды... Өзіміз де екі-үш жіптті жол жағасына қармен ғана бетін бүркей алдық. Бізде де шама қалмады. Ұзынағашқа кіре берісте үшеуі тағы қалды. Күн батып кеткендіктен шанаға салып сүйреп, өліп жатқан өліктерге қостық. Ұзынағаштағылардың айтуынша оларды біраздан соң жинап алып кетеді.

Ауаткомға он біріміз жеттік, деді Исахан. Он бірдің бірі нақ Сағатовтың алдында қайтты. Тіпті Сағатовтың алдына кірерде салдырлап сөйлеп кірген еді, отыра беріп құлап түсті. Оған бір гостаған көже, бір үзім нан беріліп еді, іше де, жей де алмады, мәлшен өтіп кетіпті. «Қош жалғызым, Мұрат!» деді. Екі ағайынды жігіт еді. Інісін айтты. Сөйтіп Жұрат дүние салды. Осы жерде тағы бірі қисайды. Берім деген төменгі қамаудағы елден сіңген жігіт еді. Оны біздің көзімізше көшеден тиелген көп өліктің үстіне салды.

Екі пұт қауызды тарының қағазын әрқайсымызды тергеп-тексеріп жатып зорға берді, қағазды көз байланғанда алдық. Бірақ қағаз қолына бұрын тиген бесеу бізге қарамай Қарақыстаққа түнделетіп тартыпты. Оларды есік алдынан таба алмай қалдық.

Қалғанымыз ертеңіне таң қараңғысымен тұрып жолға шықтық. Бір тәуірі әйтеуір жол тақ-тақ, таптаурын болған. Ол кезде машина жүрмегендіктен жол тайғақ та емес, жүруге жеңіл. Бесеуіміз келе жаттырмыз. Үшеуіміздің жетегімізде шана. Шықпаған жаннан үміткерміз. Анау түнгі кеткен бесеуді де астығын осы қолшаналарға тиеп аламыз деп ойлаймыз. Бірақ олай болмады.

Жол бойы өлік. Көзіміз үйреніп болдық, етіміз де өліп кетті десек те болады. Далалық жердегі қар үрлеген жолды қарайып бірде жотасы, бірде басы, немесе денесінің он екі мүшесінің бірі көрініп жатқан өліктермен айырып, бағытымызды айқындап отырдық. Бір кезде артта келе жатқан Қасымхан алдағыларға:

— Ей, тоқтандар. Анау жатқан Қарбас қой,— деді. Бәріміз де кідіріп, Қасымхан нұсқаған өлікке қарадық. Қаракөтермеге жақындап қалғанбыз. Оның шығыс жағындағы беткейде Қарбастың денесі жатыр. Соншалықты қолайсыз болса да айтайын, денесінде сау тамтық жоқ. Үстіндегі қоңыр дұқаба барқытпен тысталған суыр ішігінен, сондаймен тысталған дөңгелек әдемі суыр бөркінен таныдық. Суыр бөрік домалап жол үстінде қалып-ты. Ішік шұрық тесік, берен бешпенттің сау жері қалмаған. Дүниенің кең кезінде бір атқа бермейтін суыр ішік бір тілім нан болмағандықтан далада сүтегін қалды.

— Бөркін алып балаларына берелік,— деп едім дейді Исахан, Қасымхан алдырмады. Өз басыңды жеткізіп алсаңшы деп болмады. Оның денесінің тамтық-тозын жинап көметін бізде қауқар болмады. Одан өте беріп тағы екеуінің өлігін таныдық. Оларды да киімінен. Несін жасырайын денесінің несі бар, несі жоқ дейтін емес. Өйткені дал-

дал киім, қар үсті қып-қызыл қан, бірінің жеңі жұлынып бөлек жатыр, ішінде қол жоқ, қол денесінде де болмады, быт-шыт. Есіл ерлер көмүсіз қалды. Біз аштықтан аяғымызды зорға көтеріп келе жаттық. Ілбіп, қалжырап Қарақыстаққа зорға жеттік.

Түс әлеті. Түскейде аспан көздеген Қанай биігінің ұшы жебенің масағындай шаншылады. Алатау қашанда асқақ, қай кезде де заңғар, тәкәппар. Қойнымдағы бар ырысым-суымды беріп сендерді миллиондаған жылдар бойы асырап келе жатыр емеспін бе, адам баласы өздерің ала болып, кереге басы сайын пәле болып, жастарың жетпей қыршындарыңнан қиылып жатқан өздерің емеспісіңдер дегендей шекесінен қарайды.

Қойма есігі алдында кеше кеткен бесеудің екеуі қалғып отыр. Оларды көріп аз да болса шүкіршілік еттік.

Қойманың кілтшісі Николаев екі көзі тұздай, сап-сары майда шашы құлақшынынан шығып кеткен, істік мұрын орыс жігіті екен. Ауатком төрағасы Сағатовқа кіруден Николаевқа жолығу әлдеқайда қиын болды. Өлгі біздің екі жігіт, оған сөзін өткізе алмай шаршап отырғаны екен. Николаев мұрнынан есекқұрт түсіп, бізбен жүре сөйлесіп, мойнын толғап қойып, паңданып жауап бермейді. Біз жанына барып едік, ол әрі қарай кете бастады. Қасымхан оны иығынан ұстай алды. Өзінің емшегінен ғана келген Қасымханды ол қағып жібермек еді, тастай қатты, домаланған ол сорайып тұрған Николаевты тырп деуге шамасын келтірмеді.

— Оқы мына қағазды,— деді Қасымхан.

— Қағазың болса кайтед, ондай қағазда жүз кісі әкелед,— деп қисайып болмады. Бәріміз жалынып, ағынып жатырмыз. Барлығымыз «батырекелеп» тұрмыз. Мұнда бізден басқа ауылдардан келгендер де көп. Сенделіп отыр. Жасы жетпісті еңсеріп қалған кәрі кісілер де жалбарды. Тіпті бірінің сақалынан алты тарам болып жасы ағып тұр. Николаев тіпті болар емес, міз бақпайды.

— Ей, әкеннің егіп алған астығын бергелі тұрған жоқсың ғой, өкіметтікі ғой,— деп байланыса кетті Қасымхан шалыс сөйлеп. Николаев күнде ағылып келіп жатқан момын, әрі-беріден соң ағынып-жалынатын, не «қой болмас» деп, қудың жағы болды деп құдайын айыптап кетіп қалатын момындарды әбден басынып алса керек-ті.

— Ей,— деді Қасымхан,— жиырма жеті адам едік, содан онтоғызымыз өліп, сегізіміз ғана аман келіп тұрмыз. Үйімізге қаншамыздың тірі жететінімізді бір құдай ғана біледі. Қой қикақты. Босат, астықты! — Өзі Николаевтың жағасынан алып, жіберер емес. Анау тыртысып көріп еді, Қасымханды қозғалта алмады.

— Өлсең өл, онда менің жұмысым не,— деді Николаев.

— Ендеше, мә, сен де өл! — деп Қасымхан Николаевты құлақ-шекеден қойып-ақ жібергені. Еркінсіп, тіл білмейтін қазақтарды басынып алған Николаев ұрады деген ойда жоқ, бос тұрады ғой, ұшып түсті. Қап,

бәрін мына Қасымхан бүлдірді-ау, енді шын өлетін болдық-ау деп мен тұрдым. Николаев тұра бергенде Қасымхан тағы ұрмақ болып жұдырық ала жүгірді. Алғашқы жұдырықтан беті қайтып, жүні жығылып қалған Николаев орнынан тұрып қамбаның ауызын ашты, астық алуға мұрсат берді. Қасымханды біз ұстап қалдық. Сөйтіп бәріміз астықты қаптап алдық. Қаптағандағымыз екі пұт қой. Қасымхан басқа ауылдықтарға да олжа салды.

Қасымхан Қосбасаров аздаған ақындығы бар, аласа бойлы, доп-домалақ, шымыр жаралған қазақ болатын, інім,— деді Шұнақ шал. Ол қазір анау Ұзынағашта тұрады. Бір аяғына жара түсіп, қағынып кетіп, соны кескізіп ақсақ болып қалды. Өте көңілді, расы-өтірігі бар, мақтандарданы бар жұртты күлкіге бөлейтін, тамашасы мол, қонақжай, ұрма-берме жігіт еді. Соның салған бір жұдырығы біраз адамға олжа салып, аз да болса нәпақа қылар тары арқалап қайтады. Міне, көрдің бе, інім, егер Қасымхан сол күні Николаевтың шекесінен жұдырықты қондырып жібермегенде, оның тетірлігі болмағанда Қарақыстаққа барған бар қазақ бос қайтатын еді, не қаңғып өледі, Николаев бастаған дау бұлай оңай бітпейтін де еді. Әйтпесе, інім, Сағатов, Саттаровтың ауызына қарап отырғанша осындай қиын-қыстау кезде қамбашыны бақылайтын адам қоймас болар ма? Ол кездегі қазақтардың бәрі істің жөнін біле беретін адам емес, одан қашып, бұдан қашып, жаманшылықпен көзін ашып, қуғын-сүргін көріп, ішіне пәле тоқып үйренген адамдар емес еді. Көбі-ақ не айтсаң соған сенетін, басын кесіп алам десең өздері бір ауыз өтірік айтпайтын, марғауға жұмсасаң сен отқа итереді деп ойламай жүре беретін қарашылар болатын. Айналайын десең өзіңнен пәруана болар аңқылдаған, ақкөкірек, жаны жадыраңқы кек сақтамайтын, жібек орамал кепкенше көңіліндегі мәләлдік тегіс ада болар адамдар еді.

Сонан соң Исахан былай дер еді,— деп Шұнақ қалған сегізді әңгімелеп кетті. — Ірепдел сегізіміз екі пұттан тарыны өлшетіп алып, қауызды тарыны шикідей бір-бір уыстап ауызымызға құйдық. Кебекті шикі тары түгіл, ақтаған шикі тарыны жемейтін есіл көзелдер енді ауызына қауызды тары тигенде топан жеген танадай пысылдап, төбелері көкке тигендей болды. Бәрі де томпандап, компандап қалды.

— Обан көп беге бомады,— дейді Қасымхан ауызы толған тарыдан «одан көп жеуге болмайды» дегенді бұзып айтып.— Ітеріңді адап кетеді. — «Іштеріңді айдап кетеді» дегені. Лайсандық, баршылықта қолына ұстағанмен ауызына қауызды тарыны салып көрмеген жігіттер бір-екі уыс тарыдан бір мытым қуат алып қайта жолға шықты. Енді Ұзынағаш айналып жүрмей қыс та, қар да болса Көкөзектетіп, Төңірекқұршындатып Ақсеңгірге тура тарттық.

Екі пұт тары төрт еннен тігілген қаптың түбінде ғана жатты. Екенше екеу-ақ екен. Үш қол шанаға бөліп барлық қап артылып, әкелген арқанмен, жіппен әбден шандып тасталды. Жігіттер әжептәуір күш

алып, жанданып қалды. Шамасы іштеріне мәз ештеме түспегенімен «бар ғой» деп, қаптың түбіндегі қауызды тарыны дәтке қуат қылып, содан күш алғандай.

Жол Көкөзектегі Каганович, Төңірек құршындағы қазіргі Куйбышев колхозын басып өтеді. Куйбышев колхозы ол кезде Рыков атында еді. Сол Рыков колхозына жеткенше жол тақ-тақ жақсы болды да, одан өткен соң жалғыз аяқтап барып, төмен Құтырғанға таялғанда біраз омбылап қалдық. Әрине, қолшанадағы астық соншалықты ауыр емес, екеуінде тоқсан алты килограмнан да, бір шанада қырық сегіз килограмм. Бұл зуылдап тұрған қолшана адамға пәлендей салмақ түсірмейді, сонда да ішінде тамақ жоқ, аш-арыққа «арық атқа қамшы ауыр» болып келеді. Құтырғанға еңкейген соң жол бітеліп, жалпақ тізеден қар кешіп, малтығып қалдық. Өзіміз көнімізді зорға сүйреп келе жатсақ Қасымхан сөйлемес жерде сөйлеп, болдырған бізді күлкіге көмді. Ол бәрімізден мықты. Біздің тіземізден келген қар оның қара санынан болады. Сонда да ол сөйлеп келеді.

— Ей,— дейді ол,— кешегілердің өлген өлімі жақсы-ей. Бәрі киімімен көмілді ғой. Егер ел тоғайып, біз сонан соң өлсек киім қайда, әлгі дәке кигізіп құртады-ау, бізді. Исламның құлы боламыз ғой. Сөйтіп қара жерге тастай салады-ау! — Ал енді бұған күлмеуге бола ма. Болдырып, қалжырап келе жатқан бізге, бұл күлкі ауыр жүк. Дегенмен кешегіден көңіліміз көтеріңкі. Төңірек құршының бір құлақ суы жып-жылмағай қатып қалыпты. Әр жерден көрінген су көздерінен шыққан сызашық он шақты қадам өтпей-ақ қатып қалыпты. Ол бізге көп қиындық туғызбады, қайта шана табаны жеңіліп қалды.

Сегізіміз жолсызбен қарға малтығып келіп, Күрті жағалаған жолға түскенімізде шанадағы жүк түсіп қалғандай сезіндік. Жол Құтырған саласының Күрті өзеніне құйған жеріне тоғысқанда жолаушылар қар үстіне отырып, тізе бүгіп, дем алдық. Қыстың тоқты тоймас, шөміш кеппес күні еңкейіп, Қызылсоқ қырқаларына таялып барып та қалды. Бет алдымыз — терістік. Одан соққан ызғырық-қызыл жалап барады. Бірақ қаптағы екі пұт тары оны бізге сездірер емес. Бәріміз санатқа қосылып қалғандаймыз.

Солтүстіктен соққан сары аяз жалап тұр. Оның үстіне екі өзеннің арасында, құйылыста суық ерекше. Киіміміз жылы борақтай.— Борақтай демекші, інім, борақты білетін бе едің? — деп Шұнақ Исаханның әңгімесін доғара салып сөз төркінін қуалап кетті. Ол сәл ойланып отырды.— Мына сендер қазақ тілін ұмытып барасындар. Сен істейтін газеттің тілі сіресіп тұрады. Көңіліңе келсе де айттайын, інім, газеттеріңнің тілін аударма мақалалар жүдетіп барады. Борақты білмейтініңді де білемін. Борақ деп борсықтың тебетін айтады. Борсық ұрғашысы. Ұра берсең семіре береді дейтін борсық ұрғашысы болғанда еркегінің қалыңдығы қандай болатыны белгілі емес пе?

Қаяусыз түкті тонды қазақ бұрын борақ терісінен тіккен. Қасқыр ішік жасағанда да қазақ шулан терісін алмайды, бір өңкей арлан терісінен сұрыптайды. Ал шулан, бөлтірік терісін келін-кепшік төсенетін бөстек жасайды. Міне, борақтай тон дегені — «қалың» мағынасын береді. Қой, күн кешкіріп барады. Исахан әңгімесін тауысайын.

Сонымендейді Исахан екі өзеннің құйылысында, яғни Құтырғанның Күртгіге құйған жерінде дем алып енді түрегелгенімізде, бәрімізден пысық Қасымхан дыбыс бермейді. Әрі-бері тербетіп, жұлқылаймыз дыбыс жоқ. Менің есім кетті. Бақырып қоя бердім:

— Ойбой, қайран бауырым Қасымхан. Сені жолға көміп Жаңылға не бетімді айтып барамын. Қайран салқамым-ай! Тан-тық басым бағанадан бері сенің өлетінін қалай білмей қара басқан, мені! Алда қайраным-ай! Көрпіндес, көңілшегім-ай, жүзім жарық болмай, сарық болып баратын болдым-ау. Ұшанда қаласың-ау! Сен барда төрт құбылам мұқамал, түгел еді-ау! Серлеп жүріп, жерлеп қайтатын болдым-ау, жер болып қайтатын болдым-ау! Лайсандық, баршылықта өлмей таршылықта өлдің-ау. Бұл дүниеден жамшылап ұштың-ау. Өстіп мен жылап жүрсем, екінші жақтан Бәрменкүл ойбайын салсын. Екеуміз Күртгі мен Құтырған арасын азан-қазан қылдық. Басқа жігіттер жар жағалап Қасымханды көметін қуыс іздеп кетті. Бәрменкүл да өз ойын айтып жүр.

— Ой, асылдан ұшқан қаяудай қарағым-ай, жебедей кірістен шығып кеттің-ау. Ойбай-ай!.. Қайран бауырым-ай! — Дегенмен Қасымханды өлді дегім келмей жылағанымды қоя салып, тағы да басын көтермек болдым. Былқ-сылқ. Оң қолының саусағынан ұстап көтере беріп түсіріп алдым. Салқ ете түсті. Шынымен кетті ме деп тағы деміне құлақ тіктім. Түк естілмейді. Қайдан естисің мына жақта Бәрменкүл: «Қарланбай арланған, қарағым-ай, жанымдағы жарағым-ай, қарағым-ай!» деп жер көшіріп жүр. Қойнына қолымды салсам жып-жылы сияқты, денесі суымаған.

— Қасымхан, Қасымхан, ау деші, — деп аузымнан сөз бен жалын бірдей шыққанын өзім де байқамай қалдым. Енді шын жыладым. Бір-жола бұл дүниемен қош айтысқан екен-ау деп қоямын. Бәрменкүл жылағанын қоя салып:

— Көмбейміз, мен өзім шанаға салып сүйреп ауылға апарып қоямын, — деп көзі тағы шақшиды. Ішімнен көбе киген батырдай, бұздай кілшейтіп, серейтіп, қатырып апаратын болдық-ау деп қоямын.

Қасымхан өледі деген ешкімнің есіне келмеген. Қайта тығылып, бір нәрсеге тұмсығы тіреліп қалған шаналарды осы Қасымхан шығарысып, ара-арасында күлдіріп, тілін екі күрек тісіне тірей салып ысқырады, ол кезде оң қолының сұқ саусағымен оң жақ ұртын қағып, ысқырық даусын не қилы қылып шығарар еді.

— Өстіп тоқтауалақтың балапанын шақырып, ұстап алатын едік, — деп қоятын. Кейде мақтаныңқырап, артығырақ кетіп, әдейі жұрттың күлуі үшін масқарапазша неше түрлі кейіпке түсетін.

Сонан соң «ш» әрпімен ежелеп сөйлеп кететін. Оны көбінесе екеумізден басқа адам түсіне алмай қалатын. Бұл Қасымхан екеуміздің бала күннен әптік оқып, сауат ашқаннан бергі әдегіміз еді. Енді міне, сол ойнақы мінез Қасымхан ағам, бірге өсіп, біте қайнасқан ағам арыстай болып жол үстінде, арманда кетіп отырса, оған жыламаған көзімді шығарып жібермес болар ма!

Көп сөз білмейтін, момын Аманбай да:

— Япыр-ай, өледі деген ойда жоқ. Салқам жігіт еді-ау!

Жүрген жері күлкі, тамаша еді, жеткен жері осы болғаны ғой. Иман-ды болсын. Бұл болмағанда мына екі пұт тарыны да ала-алмайтын едік-ау. Жігітім-ақ еді. Сұм қара жер біртіндеп жұтып жақсыны қоймайтын болды, — деп кемсендеңкіреп тоқтады.

— Ей, бұл Қасекең кешеден бері өлгендерді киімімен көміп келеміз, осылай өлген жөн-ау деп еді, — дейді Оман. — Әншейінде өлсең өз киімің өзіңе бұйырмай, ислам дінінің үшкіл кейлегін дәкеден киеміз-ау деп қиналып еді, япыр-ай енді... — Жігіттер оның кешеден бергі көрсеткен еңбегін айтып та жатыр. Көбінің әңгімесі бағанағы қоймадағы тары үшін болған төбелес. Кебегі алынбаған, аузына бір-бір құйғанда осынша жерге келген тарының топыраққа аралас дәмі шамасы таңдайларынан кетпей тұрса керек-ті. Есен енді Қасымхан шанағынан шотты шешіп алып, көр қазуға дайындалды. Айнала аппақ қар. Күртгі өзенінің қыста күркіреп жататын әдеті. Үстіне мұз қатып, бірнеше рет қызыл су жүрген соң мұз асты қуыстана ма, әйтеуір қыста өзеннің дауысы қатты естіледі. Қазір де солай. Есен келіп шотты шешіп ала бергенде Қасымхан басқаларға түсініксіз маған түсінікті тілмен ежелей сөйлеп қоя берді:

— Мешкенешкен тішкірішкілешкейін дешкеешкеп жашқа-тышқырмышқың, — дейді. Мен тірілейін деп жатырмын дегені. Не дерімді білмедім. Ұрсайын десем жасы үлкен, ұрыспайын десем дап-дардай болып, осындай қиын-қыстау жолда істеп отырғаны мынау. Күйіп кеттім. Осы ойынның орны ма? Жанына барып жерден жұлып алмақ болып «тұр былай» деп омырауынан алып көтерейін десем қара тас, зілдей. Көтере алмадым. Анау жар жағалап, Қасымханға көр іздеп жүргендерді дабыстап шақыр-дым.

— Өй, келіндер бері, көмбей-ақ кетеміз! — дедім, айғайлап. Жігіттер оны шын деп түсінсе керек, бәрі жиналды. Орнынан түрегеліп келе жатқан Қасымханға қарап Аманбайдың бар айтқаны:

— Ой, жолың болғыр, балаға ұсағаның не? Өлімді аз көріп келе жатыр ма едік. — Қасымхан ыржындап күле береді.

— Сендер мені Көрұғылыдан кем жоқтаған жоқсындар! Қаракөз әйім де осындай-ақ, сендердей-ақ айтқан, — дейді. Көрұғылы да өтірік өліп қатындарының жоқтауын тыңдаған ғой.

— Ой, жолың болғыр, мұның қалай? — деуден ешкім әріге бармады. Осыдап кейін ешкім Ақсеңгірге дейін Қасымханмен сөйлеспей қойды.

Мен бұған әбден сенемін,— деп Шұнақ Исахан сезін қоя салып, өзі сөйлеп кетті. — Отыз екінші жылдың Октябрь мейрамында «Ақсеңгір» мен “Жандосов” колхозына жиналысты бір ашып, екі ауылдың ортасында жиын болды. Мен соған баяндама жасауға бардым. Сонда осы Қасымхан мен Исахан байдың тоқал алуы деген бір ойын көрсеткен болатын. Сонда бұлар ислам дінін, тоқал алуды сұқпатына кіргізе көрсетіп, зияпатын асырып, жұрт-тың алғысына бөленген еді. Енді қыс кезі қырауда, бір жағынан ел еліп, жылап жатқанда да көңілді, ойнақылығын қоймай жүргені дағы. Міне, інім, ертеңіне таңертеңмен кеңсеге Исахан келіп, жиырма жетіден сегізі қалғанын айтты. Ғайыбына қайғырдым. Шымбайыма батып кетті. Қайтейін. Бұлардың артынан отыздан үш кезек адам жібердік. Олар бұдан да аз болып қайтты. Исахандардан кейінгі отыздан жеті, одан кейінгі отыздан бес, соңғы отыздан үш-ақ адам үйірге қосылды. Міне, інім, Мырзалин екеуміздің «Ақсеңгірде» еткізген күндеріміз осылай өлім мен өмірдің, тірі мен өлінің арасында күн сайын еңіреп-егілгендердің, тозғын-босқындардың, аш-арықтардың арасында тірі тозақта өтіп жатты.

* * *

— Мен кісі өлтірдім, інім,— деді Шұнақ шал. Мен шошып кеттім. Оның түксіп кеткен қабағына, таңертеңнен бері өсіп қалған сакалына, шұнақ құлағына тағы бір қайта қарап шықтым. — Қарамай-ақ қой, менің бет-аузымда өзгеріс жоқ. Ол ұмыт болған нәрсе еді, енді, міне, есіме түсіп отыр. Мүмкін сол кісінің қаны менің мойнымнан түсіп те қалар. Бірақ Ақсеңгірде өлген мың кісінің қанын қайтесің, оған кім жауапты. Бәлкім, оған мен де ортақ шығармын. Дегенмен оған біреу жауап беруі керек еді, ол аяқсыз сұраусыз кетті ғой. Қазақстанда ашаршылықтан өлген адам үшін сотталған, атылған, асылған адам жоқ. Мыңның, миллионның қаны сұраусыз кетті. Ой, інім, ол күндерді енді көзіме көрсететінін білсем, осы мына Алтынқазғанның құзынан құлап өлуге дайынмын. Бізді тірі адам деп отырсың ғой, шырағым. Біз әлдеқашан өліп қалған адамбыз. Біздің құры сұлдеріміз жүреді. Өлейін десең өз жаныңды қия алмайсың. Өз жаныңды қию, өзінді өзің өлтіру — доңыз өлімі. Қазақ осылай дейді. Дұрысы да сол. Оны қай кезде де адамзат баласы құптамаған. Тіпті ислам діні де, қазақ жорық-жосығы да, қазіргі Коммунистік сенім де ешбірі өзін өзі елтіруді жөнге шығармайды, жөнге шығармақ та емес. Дүниеге шыр етіп, етпеттеп келген ер бала, шалқалап келген қыз бала бәрі жарық керіп, жарық дүниеде өмір үшін келеді, өмір сүруге тиіс. Сен білмейтін шығарсың, інім, «етпеттеп келген ер бала, шалқалап келген қыз бала» дегенді қызыл сөз үшін айтып отырғаным жоқ. Нәресте дүниеге келгенде еркек бала етпетінен,

қыз бала шалқасынан туады. Мен соны айтып отырмын. Демек, туған екенсің ағзаң тозып, аңқаң суалып, қаңқаң курағанша, соңғы демің қалғанша өмір үшін күресу керек. Мүмкін менікі қате шығар. Жаман өмір сүргенше өлген жақсы дейтіндер де бар. Бірақ итқорлықпен өмір сүрсен де жарық дүниеде жүргенге не жетсін. Қазақ оптимист және атеист халық, інім. Сондықтан да ол ислам насихатшыларының о дүниеде ұжмақ бар, адам сол шын дүниеде өмір сүреді дегеніне «мың күнгі ұжмақтан бір күнгі жарық» деген. Қандай керемет. Қазақтың бұл сөзінен артық атеистікті кім айтып бере алады? Ал қазақтың Ошақтыдан шыққан ақын қызы Ұлбике Күдері жожамен айтысында: «Бұл, дүниеден о дүние жақсы болса, адамға айтпай қожалар кетер еді» деген болатын. Сондықтан да, інім, ит кезі түгін танымас өмір сүріп жүрсек те жарық дүниені қимай жүрміз дағы. Әйтпесе біз көргенді ит те көрмесін.

Айтқандай айтпағым, әлгі кісіні қалай өлтіргенім еді ғой. Аяз жалап, аштық жайлап алған шақ. Қақаған қаңтардың суығы ішінде арқауы жоқ аш адамды бір жағынан шыдатпай барады. Біздің де жейтініміз таусылып, тілімізді тістеп, тұғыраяқтап қалдық. Мырзалиннің үш жасар Әмина деген үкідей сары қызы бар. Ол қарыны аштықтан жылағанда адам шыдап тұра алмайды. Жоқ дегенінді бала білмейді. Амал таусылып не істерімізді білмей қатты састық. Мырзалинде құс мылтық, менде тапанша бар. Екеуміз саятқа шықтық. Қазақта саятқа шығу — саяхатқа шығу, сайраққа аттану сияқты еріккеннің, көңіл көтеріп, уақыт өткізу шарасы еді. Бұл кездегі біздің саятшылығымыз серілік-салқамдықтан емес, кәдімгі аштықтан, қажеттіліктен шықты. Екеуміз жаяулап қоныстандыру аяғындағы қалың шиге кіреміз де қоян атамыз. Қоян сорлының да жауы көп. Оған кожа мылтық ұстаған Мырзалин мен Шұнақ болса бірсәрі, түлкі де, қасқыр да оған мәтіби. Бір қоян атып алу бізге бір жылқыны соғымға жығып алумен бірдей. «Қоянның бойын көріп қалжасынан түңіл» деген-мен ол әжептәуір тамақ. Жалпы сирек те болса ет жеп, сорпа ішкен кісі өле ме? Кейде қоянның екеуі қолға түссе, онда біреуін кездескендерге байлап кетеміз. Әрине, бұл жерде «байлап» кетеміз деген қызыл сөз. Ол кәдімгі еріккеннен саятқа шыққан адамның істейтіні. Ол алғашқы кездескен адамға олжа салады, олжасын байлайды. Ал біздікі олжа салу емес, қажеттіліктен, қарынына қоян еті болса да барсын дегеннен. Бәлкім неге жаяу, неге аш, тым аш болса Тарланкөкті сойып алмай ма деп отырған шығарсың. Осының алдында мен жаяу қалдым.

...Таңертең Тарланкөктің қатты кісінегенінен шошып оянып, жейде-дамбалшаң далаға ата шықтым. Таң атыпты. Айнала ап-пақ. Тарланкөктің үсті де аппақ қырау. Байқасам атымды бес қасқыр қамап тұр. Үстінің қырауының мұз бола бастағанына қарағанда бір-екі сағат қуған болуы керек. Мені көріп атым кісінеп-кісінеп жіберді. Оның даусы шыққанда өзімнің жаным шыққандай болдым. Жануарды сол жақ жұқа шаптан тартқан екен, ішегі сүйретілген қалпында үйге жеткені

екен. Көзі құнығып кеткен аш бөрілер тіпті менен қаймықпады. «Аш бөрідей жалақ-тап» деген осы екен. Тарланды есік алдында да қамап тұр. Үйдің жанында да көкжал шынғыртып бір тартып кетті. Бірақ қатты серіпкен артқы абадан көкжал сеспей қатты. Ауызы екі құлағына жеткен бөрілердің абаданы Тарланкөктің иегінің астында жүр. Тарланкөк қайта-қайта кісінеп, айналып, артқы аяқты серпеді. Абадан айналып тағы алдына келеді. Олардың адамды басынғаны сонша, мен үйден тапанша алып шыққанша кетпеді. Тіпті Тар-ланды біржола жәукемдемей кетер түрі жоқ. Көзі тұнып кеткен болса керек. Атты бәрі қаумалап тұр. Тарлан ішегін шұбатып, алдына келген абаданға ауызды бір салды. Тарланның аузы шонданайдан ғана тиді. Абаданға аттың тісі дарымады білем. Артындағыларға айналып тұрып, қайта-қайта аяқ серпеді. Бөрілер қашып аяқ жетпейтін жерге барады да, қайта жақындайды. Мен үйден қайта шыққанда Тарланкөк абаданды алдыңғы оң аяғымен тартып жіберді. Абадан кирелендеп аттың артына барды. Үйінен Мырзалин де шықты. Атым жанұшырып қайта кісінегенде арқам шымырлап, жаным мұрнымның ұшына келді. Бар ашу-ызамен тапаншаны көздемей, қасқырларды тартып-тартып жібердім. Үш оқ кетті. Екеуі бажылдап-арылдап, өзін өзі тістелеп, айналып-айналып құлап түсті. Қалған екеуі тұра қашты да, енді мылтық жетпейді-ау дегендей әрі қарай бүлкектеп сүмеңдей жөнелді. Мырзалин де қос ауызын басып-басып қалды. Құс мылтық жет-педі. Тек қорқытты. Тепкі тиген арланның басы мыж-мыж болып кетіпті. Адамды басынған жыртқыштың үшеуі қаны шашылып есік алдында қалды.

Тарланкөк бөрілер ары салғанда-ақ жығылды. Сәл басын құшақтап отырдым. Көзі аларып, басын көтеріп, маған адамша қарады. Қарай амай шімірігіп кеттім. Абатқа ымдап пышақ әкел дедім. Тіпті шыным, інім, тілім келмей қалды. Тарланым пышаққа ілінді. Мен бір-ақ сөз айттым: «мен жемеймін, халыққа үлестіріп бер» дедім. Үйге кіріп кеттім.

Аштық, ашаршылық не істетпейді. Аштық не жегізбейді, тоқшылық не дегізбейді. Мырзалин менің көзімше айғайлап Нұрлан мен Нұрқалықты шақыртты, қамбадан қол таразыны алғызыпты. Тарланкөкті осы менің есігімнің алдына сойғызып, сүйек-саяғына дейін, сирақ-терісіне дейін, тіпті бауыздау қанына дейін жұртқа теңдей етіп бөліп беріпті. Ауыл жарты килодан ет үлесіп, ауыздарының дәмін алыпты. Қанша алып болса да бір жылқының еті бір ауылға тұлдыр бола ма, жұғын бола ма? Баяғыда бір сараң әйел ит басына іркіт төгіліп жатқанда үйінің жанына келген балалардың ауызына айран жағып: «Үйлеріңе айран іштім деп барыңдар» дейді екен. Тарланкөктің еті де бес жүз үйлік Ақсеңгірге ауызына айран жаққандай ғана болғаны белгілі. Мен он сегіз жылғы жолдасымды — Тарланкөктің етін жей алмадым. Маған оның етін жеу — ең жақынымның етін жеумен бірдей еді. Тарланымның өлігі де үш қасқыр болды. Оның бірін Мырзалинге байладым. Қазақ салған жол солай. Жау оғынан, жау сарқытының қолынан

аман қалған Тарлан осылай өлді. Енді інім, жалғыз ат та бітті, сыңар құлақ қана қалды.

«Аштық не жегізбейді» демекші, інім, сол күні түннің бір мезгілінде біреулер қатты дабырлаған соң терезеге келсем, терезенің қырауынан ештеме көре алмадым. Терезе қырауын кетірем бе деп үрлеп көріп едім, үй шамасы тым суық болуы керек, қырау қалың тұрыпты, кетпей қойды. Ол кезде үйдің суықтығы сонша үйде тұрған шелектегі су қатып қала беретін. Сол үйлерде-ақ біз жатып-тұрып, ауырмай-сырқамай кете беретін едік. Сонан соң жүгіріп есікке бардым. Қолыма тапаншамды ұстап тұрып есікті аштым. Үйден жүз метрдей жерде үш адам дауласып тұр. Шамасы бағана терісін алып, қасқыр етін тастаған жерде. Біреуі айтады: «Бұл ойды естеріңе салған мен ғой, сондықтан сен екеуің біреуін аласың, мен екеуін аламын» дейді. Бұл ауылға осы күзде бінә болған Арқадан келген жалғыз басты жігіт Томақбайдың дауысы. Енді бірі: «Ей, кеше келген тоқалдар, шөміш алып қоқандар» деп, мұның қалай, бұл менің жерімнің қасқыры, алдымен таңдау менікі болады» дейді. Бұл — Берікқұл деген осы Алатаудың бауырында туған жігіттің даусы. «Жоқ,— дейді үшіншісі,— сонау алыстағы Атыраудан келіп, мен неге екеуін алмай, жартысын алып сорлы боламын? Мұның жатқан жерін осы түнде мен болмасам, екеуің қалай табар едің?» Бұл — осы төңірекке жиырма сегізінші жылы келіп, содан осы Ақсеңгірге тұрақтап қалған Тонауғалидың сөзі. Байқап тұрсам, үшеуінің таласы Тарланкөк соққан үш қасқырдың еті. Інім, пендешілік деген бар емес пе? Мен де ойға кеттім. Тарланымды бұл қасқырлар өлтірді. Екеуін өзім аттым, біреуі Тарланкөк тұяғынан сеспей қатты. Сонда бұл қасқыр даусыз менікі ғой. Егер бөрінің еті жеуге келсе, онда одан неге мен май қуырдақ жасамаймын. Онда мыналарға неге беріп қоюым керек...

Дауласқан үшеу қар үстінде ұзақ тұрды. Менің де денем тоңази бастады. Қой деп ойладым, осылардан қасқырдың етін қызғанбай-ай қояйын. Қасқыр түгіл, қолдан бауыздаған Тарлан-көктің етінен де ауыз тиген жоқпын ғой. Ендеше неге арамға ауыз салмақпын. Қараңғыда есік алдында тұрып, жаңағы ойлаған ойымнан өзім ұялдым. Жылқының етін жемей, енді қасқырдың етін жемекпін. Бұл қалай сонда? Осы жерде екі нәрсе бар. Оның бірі қасқырдың етін анау аш үшеуден қызғанған пендешілік, екіншісі — дұрысы қасқырға қасқырдай өштік. Енді адам болып ол ойдан, райымнан қайтып тұрсам, онда әлі дұрыс жолда екенмін деген қорытындыға келдім де, «кой бұлай тұрмайын» деп, үйге кіріп төсегіме қисайдым. Інім, сол күні не-сін айтасын, қай қайдағым қозып, Ұлтұған ойыма көзімді жұмған сайын оралып, революцияның отты жылдары менің махаббатымның да отты жылы болғаны тарпыма түсіп, одан орнымнан алынғаным, сегіс арқалағаным, енді жалғыз атымнан айырылып, жаяу қалғаным, мынау

нақ қазіргі мылқау дүниеде жаман үйде жалғыз жатқаным бәрі есіме оралып, жаным жүдеп, төсегімде таң атқанша дөңбекшіп шықтым.

Қысқы таң жылдай ұзақ. Әсіресе, ұйқың қашып, сүзекі тартып жатқаныңда оның атпай қоятын әдеті. Әрине, ол күндегісінен ұзарып кеткен жоқ. Менің таңды тосып, асығуым оның раулауын ұзартып тұр. Үйге алақалға тусе бастағанда-ақ төсектен тұра киіндім. Аяғыма былғары етік, үстіме келте тон, басыма құлақ-шын киіп қысқы таңды қарсы алдым. Таң рауаны мен аққар кекшіл тартып жатыр. Ауыл тып-тыныш. Бұл кезде ауылда үретінітте жоқ. Иттің көп болатыны да тоқшылықта екен. Әншейінде таңға жақын қыс ауғанда жылаған балаша бақыратын, мауыққан мысықты арсылдап қуатын ит те, одан қашып, желке жүнін дүрдитіп, ағашқа, үйдің төбесіне тармасып шығатын мысық та ауылда ада. Олардың да әуілдеп, мияулап жүретіні лайсаң баршылықта екен. Мысық демекші түндегі үшеу қасқыр етін алды ма екен, деген ой сап ете түсті. Жайсаң жігіттер еді, шіркін. Енді қасқыр етіне таласып қор болуын қарашы. Ас адамның арқауы, ішінен арқау кеткен марғау кетеді. Үшеуі де жұбы жазылмай жаз бойы жалықпай, талықпай еңбектеніп еді. «Ақсеңгірдің» көсегесін көгертер, көрпесін ұзартар осылар болар деуші едім. Япыр-ай, солардан өлген бөрінің етін қызғанғаным қай хайуандығым? Түнгі түнек ойымнан өзімнен өзім ұялдым. Шіркін, жаздағы жардай жігіттердің енді қуауырын болған тайдай құнжиуын қарашы. «Ат арыса тулақ, ер арыса әруақ». Япыр-ай, алдыңғы күні түндегі жұбы жазылмайтын үшеудің бірі Тонауғалиды көріп едім, көзі шүңірейіп ішіне кіріп, әдемі қыр мұрыны қонқиып, киімінің бәрі қылыштың кең қынабындай лоқылдап-қолпылдап неген қалыпты. Ақырын жүріп қасқырлар тасталған өзекшеге бардым. Ішек-қарыны ақтарылып жатыр, денесі жоқ. Япырым-ай шынымен-ақ әкеттіме екен. Қасқыр етінің қандай болатынын кім біліпті, ал түлкі етін асып бермесең, ит жемейді. Саятшылардың түлкінің етін жүгіртетін тазыларына асып беріп жатқанын талай көрдім. Әнеугі күні Томақбайдың өлген тарақ құйрық тышқанның етін әкеле жатқанын көріп, атып алған қоянымды беріп, онысын тастатып едім. Бір айналып тышқан денесі жатқан жеріне барып едім, тышқан тастаған жерде жоқ. Оны Томақбай айналып келіп өзі әкеткенін, әлде мүскін болған байқұстың бірі жымқырғанын біле алмадым. Қайран бұлықсыған мырза, бақтиярларым-ай, ма-рапатқа ғана лайық бауырларым-ай, қор болды-ау. Ішінен ірепдел онын тандап алып тасқа салсаң, тауды бұзып беретін ақиықтарым-ай, көзсіз, ессіз қалды-ау, шөре-шөре болды-ау. Осыларды ойлап сүкіт-сүлесок тұрып қалыппын. Денем тоңази бастағанын сезініп қалыңшиг еқарай, қардыкешіп тартып кеттім. Бірақ әрнәрсө өкіліме қонып, діліме орнап, ілгері басқан аяғым кейін кетіп жүйкелеп келемін. Тарпымнан аң аулайтыным шығып кетіп, пыр етіп алдымнан қырғауылдың шұбар мекиені ұша жөнелгенде селк ете түстім. Тысқарда бостап келе жатқаным

сонда барып ойыма оралды. Жауланып, айбаттанып сүкіт-сүлесок денемді жинап ала қойдым. Мекиенді атпадым. Өйткені, тапанша әлі кіседен алынған жоқ еді.

Таңғы суық әлі сынған жоқ. Әсіресе, Көкдалаға, терістікке бет алып келе жатқан мені ызғырық жалап тұр. Құлағымды уқалап жылытып, құлақшынның құлағын түсірдім. Өзен бойындағы шырыш-қорысқа бармадым. Ши аралап келемін. Қоян жымын іздегім келді. Бірақ түнгі ысырма қар бетін тегістеп кеткен. Әйтеуір бұл келе жатқан далада ошақтай да шұқыр жоқ. Оны бұрыннан білемін. Қырқаға таман жақындап, Алтынарық бойына жақын өскен қалың теріскенге бармақпын. Бірақ көбіне қоян теріскен түбінен гөрі, ши түбін көбірек жайқайды. Жауланып, кеудемді көтергенім ұзаққа бармады. Қайта мөлөл басып, сүріне бердім. Келеңсіз байқұс басым ұшанда келе жатқанымды ұмытып, алыстан мылтық даусы дүңк естілгенде ғана, қайта бойымды жинап алдым. Бадамды баса киіп келе жатқан мен емес, бір жағымнан ит-құс шықса қайтер едім, менің бұным не, осынша салбырағаным деп өзімді өзім қолға алып, алдымда үлкен күзгі тұрып, соған қарап бойымды түзеткендей, тіктеліп киімімді жөндеп, қолыма тапаншаны алып, шүріппесін қайырдым.

Тағы біраз жер жүрдім. Бойымды сақыт ұстап сүтін-бағдарым дұрыс па деп төңіректі бір шолып шықтым. Таң аппақ болып атты. Мылқау дала мені қалай бассаң олай бас, оған менің нем кетеді дегендей далилып, мейірімсіздікпен сіресіп, қар құрсанып жатыр. Түстікке қараған беткейлерде жусан түбі ашылып қалған. Жалпы қар аттың тізесінен. Кей жерде үрлеген қардың қатып қалғандығы сонша, менің басқан ізім зорға түседі. Кейде қар түсіп кетіп, омбылап қаламын. Сондықтан енді қырқаға бұдан ары жақындамауға тырыстым.

Мылтық атқан кім болды екен деп ойладым. Тысқардан шыққан мылтық дауысы иесіз, мазалы далада қатты естіледі. Мырзолин шығар дедім. Төмендеп Қаракөлдің төңірегіне барсам қырғауылды ендігі атып та алар ма едім. Бірақ колхоз жұмысы бар емес пе? Уақтысымен қайту керек. Ата қоятын бірдеме кездесе қалмады деп маңдайым шытыр етіп, құрсант болдым. Жүріп келемін.

Сонандай жерде жусанды далада жалғыз ши тұр. Жанына таман жақындадым. Шиді бір сәт айналдырып қарадым. Адамда да бір қызық, өзі білмейтін керекдар нәрсеңнің бар екенін сездіретін бір жүйке талшығы болса керек-ті. Осы жерде маған да ши түбінде бірдеме бар екенін біреу құлағымға сыбырлағандай. Шиді тағы бір айналып шықтым. Менің көкейімді тесіп тұрған қоян ғой, бағы. Тапаншаны қолыма ұстап, атуға әзірлеп, шидің түбін теуіп-теуіп қалдым. Ондайда қоян болса атып кетеді. Жоқ ештеме болмады. Шидің шығыс жақ түбінде емескі бірдеме сарғаяды. Жақындап үніліп қарадым. Кәдімгі қаптың ауызы. Қазақтың алаша қабы емес, мемлекет тоқыған кен-

дiр қап. Тозық-тұлдыр шығар дедiм. Тапаншаны кiсеге сала салып, көңiлiм алабұртып, әлгiнi қолымның ұшымен ала салмақ болсам арғы жағы жердiң астына қарай кетiп жатыр. Ұшанда жын шақырып, зiкiр салған пұрқыдай қолға iлiнген қап аузынан күшенiп тар-тайын кеп. Бар пәрменiммен шегiншектеп жұлып алмақ болып, жұлқа берiп, қолымнан жазылы шығып кетiп, Қожанәсiрдiң керiмi келiп шалқамнан түстiм. Шалқамнан жатып шиге қарасам түбi жердiң үстiнде тұр. Түрегелiп, шидi айналдырып, уыстап тартсам, ол неген тұрған сияқты. Түбiмен қозғалады. Қайта мол уыстап, қос қолдап, сүйрей жұлқып едiм, ол орнынан жылжып кеттi. Шидi тағы сүйреп бiр қадым жылжыттым. Ши түбiмен басқа жақтан әкелiнген екен, орны теп-тегiс. Қаптың аузы ендi анық көрiндi. Қалтамнан ауыр ақ бәкiмдi алып, қаптың шетi шыққан жердi түрткiлеп қаздым. Ақыры аяқтай жердi ойып, қайта жұлмалап жазылыдан ұстап тарттым. Көңiлге болмаса босап қалды. Әлден уақытта әлгiнi жұлып алдым. Қаптың түбiнде астық болар деп шамаладым. Бiр пұттай ғана. Байлауын шешiп, қолымды салып бiр уысын алып қарасам ақтаған тары-сөк. Әлгiнi шалқайып тұрып аузыма құйып, көңiлiм хошуақтанып, шаттанып, ши үстiне отырып оразамды аштым. Сөктен үш-төрт рет аузыма құйып, шай-нан, арғы жағыма ел қондырып алған соң, шидi сүйреп қаптың орнын бастырып, тарыны иығыма салдым.

Қалың шидiң iшiме келемiн. «Өлмегенге өлi балық жолы-ғады» деген осы екен-ау деп қоямын. Ауыл төбесi көрiнгенде бiр шиге аяғымның басы тiрелiп қалып етпетiмнен кеттiм. Өтiрiк айтқан кiсiге қары ұнымы қойдай ақ қоян атып кеттi де, қаша жөнелдi. Қоян байқұстың сонадай жерге барып состыып «артым-дағы не екен?» дейтiндей қарайтыны бар. Бұл да екi құлағы серейiп, екi көзi бадырайып, екi алдыңғы аяғын көтерiп тұра қалды. Қолымда дайын келе жатқан тапаншамен жатқан күйiмде шүрiппенi басып қалдым. Тапанша тарс еттi, ақ қоян ақ қар үстiне жалпаң ете түстi. Дереву атып тұрып, қоянға қарай жүгiрiп едiм, екiншi шиден тағы бiрi атып кеттi. Атып жiбердiм. Тағы құлады. Секектеп тағы екi қоян шықты да, кесiлiп жөнелдi. Оларды атуға қолым бармады. Осы да аз олжа емес, бiр пұттай ақтаған тары, екi қоянды бауыздап, белдiгiме байлап, тарыны көтерiп келе жатсам, өзен жақтан Мырзалин келедi. Байланған бiр үйрегi бар, үйiне кiрiп кеттi. Мен аяндап ауыл шетiне кiрдiм.

Ауылдың күн батыс жақ шетiнде колхоз ұстасы, кейiн Қазақстанның халық ақыны атанған Оспан Тұяқбаев тұратын. Ол селдiрлеу сақал-мұртты, бозқұба, орта бойлыдан жоғарырақ бойы бар, сылыңғыр кiсi болатын. Жұрт оны күндiз есiгiн бекiтiп отырады, ешкiмдi кiргiзбейдi деп өсек қылатын. Соның есiгi алдында бiреу тұр. Нұржан деген жұмысты берiлiп, жанын салып iстейтiн жiгiт. Анау жылы бұларды Алмалы-Долаңқарадан көшiргенде жолда Қонысбай шалдың кемпiрi өлген түнде көргенмiн.

Онда басқа да жiгiттер бар едi. Түнде ұйқының кезi, жол жүрiп әбден қажыған жiгiттер басы былғалақтап жер қаза алмаған. Сонда осы Нұржан сыбанып тастап, кемпiрдiң ақымын түнде жалғыз өзi қазып шығарған. Басқалар сияқты «қыбайда қияу-қыстауым қалды-ау» деп киналғанын да бiлдiрмеген, өр көңiлдi жiгiт едi. Ендi, мiне, Оспан есiгiнде телмiрiп, қайыр сұрап, құлбар асынып, сүкiт-сүлесок тұр. Шiр-кiн тепсе темiр үзетiн жiгiттiң құны бiр тiлiм нан екен-ау. Жаным қатты ашып кеттi.

Мен көргенде Оспан ақын үш ағайынды кiсi едi. Ағасы Ыбырайым жарбиған, сақал-мұрты сап-сары, өзi де сары, көзi көкшiлдеу, мұрыны батыңқы тырысқақтау кiсi едi. Былай садаптан қараған кiсi бұл аласа бойлы адамды мiнезi жаман шығар дер едi. Бiрақ шамалап ескi оқығаны бар бұл адамның аузынан жаман сөз шықпайтын, боқтау дегендi күнә деп қана есептейтiн, артық сөз айтпайтын адам болатын. Бұл да, Оспанның Биғайша деген көрiктi апасы да бiрге тұратын. Инiм, мен бiр нәрсеге қайранмын. Ұста, ақын адамдар табиғат дарынды аямай берген адамдар ғой. Бала кезiмде мен соларды дарқан, сақы адамдар шығар деп ойлайтынмын. Берi келе кезiм жеткен бiр нәрсе — осы өнердiң адамдары бүрiскен, үйiнен тамақты таңдап қана беретiн, сараң деуге ауызым бармай отыр, әйтпесе солай дер едiм, кiшкене үйiне кiрiп-шыққан адамдарға қыгтымырлау болады. Оспанның Биғайша деген апасы да өнерлi кiсi едi. Ақсегiрде қанша түлкi тұмақ тiгiлсе, бәрiн сол жасар едi. Сайлап, бидайлап, тұмаштап, тұрғылап дегендей бар өнерiн салып, кiсi басының көркiн келтiретiндей етiп тiгетiн. Киiм пiшiп тiгетiн Биғайшаға да, ұста, ақын Оспанға да жұрттың бәрiнiң iсi түседi. Сондықтан да олар басқалардан қорлы, iшiп-жемi бар кiсiлер болады. «Қайырсыз жерге қақ тұрар, қайырлы ерге бақ тұрар» десе қазақ, соның осылар алдыңғысына жататындай едi. Мiне, солардың есiгiнде Нұржан мөлиiп кетпей тұр.

— Бар ендi, байғұс, бар,— деп тұр екен Биғайша. Оны үйiне кiргiзбей тұрған Биғайшаға көзiм түспедi, бар ындын-ықыласым Нұржанда болды. Оның адам кейпiнен шыққандығы сонша, адам танып болмастай екен. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпей» кең кеуде, керме иық қалған. Ет кетiп, епсектiлiк жайына қалып, ерi мойнына кетiп тұр. «Жыласа кiмнiң аузы қисаймайды». Нұржанның сүдiнi қара қожалақ, екi кездiң алды көлкiлдеп, бетi жаңа сойылған сиырдың талағындай, денесiнiң бәрi iсiк. Кезi бiр түрлi тағыланып, өзi сөз түсiнуден қалған. Ашкөзденген деген осы екен. Ол маған қарамайды, екi көзi Биғайшаның қолында, iшiп-жеп барады. Әйтеуiр бiрдеме бар болса, осы үйде болар дегендей өңмендеп, еңiрендеп кеткен. Кеше де осы төңiректе жүргенiн көрiп едiм, бүгiн тағы тұр. Қолына бiр уыс бидай салса да кеткiсi келмейдi. Ол Биғайша үлкен пышақ болып ұялғанынан өтiп тұрғанымен iсi жоқ, есiнен айрылғандай кеңiрейiп, iлгерi үмтыла бередi. Биғайшадан

басқа біреу болса: — Кет, айда! — деп итеріп тастап, есігін жауып алар еді. Мен, тіпті, Нұржанға жаным ашығандықтан жылап жібере жаздадым. Сасып қалып, белдігімдегі қоянның бірін Нұржанға ұстата бердім. Қоян қолына тиісімен, ол тұра жүгіріп кеткен болды. Бұл қашпақ болғандағысы. Шамасымен айнып қалып, қоянды қайта алып қояды деп ойлайды.

— Байғұс-ай, қайтемін енді, байғұс-ай! Әкесі бала көрмей, сақалынан жасы алты тарам болып ағып жүріп көріп еді,— деді Биғайша. Ол екі иығы түсіп, үстіндегі бір кездегі шақ киімі бұл күнде қолқылдап, бақшаға қойған қарақшыға кигізген киімдей бос қалған, қасқыр бүлкекке салып кетіп бара жатты.

— Қояныңды бекер-ақ бердің-ау, өледі-ау, сорлы,— деді Биғайша маған қарамай, соның соңынан қоз алмай.— Бірақ бәрі бір өлер еді ғой.

Керсендей ақ қоянды, бір пұттай ақтаған тарыны көтеріп кіртіме келдім. Қарағым, қатыны жоқ үйдің берекесі бола ма, екі терезеге қонған қырау далаға шідерлеп қойған аттың түгіне тұрғандай. Есіктен соққан жел аңырап төрді қаптайды. Ортадағы бітеу, бесік пешке мен жоқта Талғар мен Сейілхан от жағып қойған болады. Ашық-тесігі көп, қам кірпіштен тұрғызылған үйге жалпы отын түгіл, тас кемір жақсаң да, мұрныңның ұшы жылынбайды. Біз, інім, біреуге ақыл үйретеміз, оған құмармыз. Мен бұл үйге қыста келдім. Жаздан бері отырған Нұрланның, Нұрқалықтың үйі де осындай, азынап тұр.

Ауыз үйге жиналған қурайды әкеліп, темір пешке тығып, от жақтым. Темір пеш үйді тез жылтады. Бірақ тез жылытқанындай тез суиды. От жаққан соң Талғар мен Сейілханды шақырып, мықтап тамақ істеп қоюды тапсырып жұмысқа кеттім.

Қыс күні. Таң атса, күн батады. Түс ауа үйге келсем от жағылып, тамақ істелген соң, үйдің берекесі кіріп қалыпты. Үйден еттің, тары ботқаның иісі шығады. Абатты үй ішімен шақырдым. Олар үш адам. Талғарлармен қосылып қоян еті салынған тары бекпенді бәріміз тойып жедік. Ғайыптан пайда болғандай, тарыны үшке теңдей етіп бөліп, екі бөлігін Абаттың, Талғардың үйіне бердім. Өле жегенше бөле жеуді жөн көрдім.

Таңертең ойбайлаған дауыстан оянып кеттім. Тез киініп далаға шықтым. Сөйтсем, Жорахан деген жасы жиырмаға жаңа келген жігіт. Бұл да Алмалы-Долаңқарадан қоныс аударғандардың бірі еді. Далада, екі-үш үйден кейін үш-төрт адам жиналып тұр. Үйдің есігі алдында далада етпетінен түсіп, Нұржан өліп жатыр. Биғайшаның айтқаны келді. Жорахан пысықшалау, еті тірі жігіт еді.

— Кеше,— деді ол,— үлкен ақ қоян әкелді. Оның ішін жара салып отқа терісімен қақтады. Сонан соң шала піскен қоянның етін күлді-күйесімен іспелеп жей бастады. «Өлесің ғой. Ертенге қалдыр қалғанын» дедім мен. Ол мені айғайлап қуып шықты. Қоянды қайдан алғанын да

білмеймін. Қоян етін түк қоймай жеп қойғанын бүгін біліп отырмын. Үйінде бір түйірі де қалмаған.

Міне, інім, сөйтіп Нұржанды мен өлтірдім. Мен өлтірмей, кім? Сорлы болған байқұс, қоян етін бір-ақ жепті де өліпті. Көптен аш адамға тамақты аздан беріп, ішін де, өзін де қанағатқа қалыптастыру керек екен ғой. Бірден тоя жеген тамақ өлтіріп жібереді екен. Оны қазақ «аш өзегіне түсіп кетті» дейді екен. Ол кезде мен оны біліппін бе, інім? Мен оған жақсылық жасамақ болдым ғой. Жақсылығым оны жайратып кетіпті. Сөйтіп Голо-щекинге қосылып бір кісіні мен өлтірдім. Бірақ мен пақыр оған қоянды өлтіру үшін емес, тірі қалсын, өмір сүрсін деп беріп едім ғой.

Нұржанды көмдік. Жорахан моласын өзі қазыпты. Мола қазуға әлі жететін адам да санаулы. Ешкім моланы кетпенмен, күрекпен қазбайды. Күректі, кетпенді, балтаны көтеруге шама керек. Ондай шарқымыз өзімізге белгілі. Сондықтан да көрді шотпен қазады да, топырағын уыстап шығарады. Сөйтіп-ақ кейбіреулерді көміп жүрдік. Нұржанды көміп қайтып келе жатқанда Нұрқалық:

— Қоңқаштың үйінен үш күннен бері түгін шықпай қалды дейді Жомарт,— деді. Жомарт сары шұбар, ешқашан басынан киімін тастамайтын жігіт еді. Жасы бізден әлдеқайда кіші. Осы Нұрқалықтарға қабырға ағайын.

Қоңқаш! Қай Қоңқаш! Мен есіме түсіре алмай барып, артынан білдім. Балалары көп адам екен, Асанжан көтерілісі алдында колхозға ұйыстырған қасқа құнанын сойып жеймін деп сотталып кеткен. Інім, ол сотталды ғой. Бірақ ол кезде ауданның бір бастығы болсам да, мен оның сотты болғанын құптамадым. Бірақ, жалғыз менің қолымнан не келеді. Шулап артында жеті баласы қалды дегенде тебе шашым тік тұрды. Міне, інім, қазір екеуміз де тоқпыз. Таңертеңнен бері бір мес қымыз іштік, ет жедік. Екеуміз тоқ отырып аш адам болып ойлайықшы. Сол Қоңқаштың орнында сен болсаң, мен болсам не істер едік? Шиеттей жеті бала бар. Олар шулап аш отыр. Бір құлынды биесі мен қасқа құнанын, отыз шақты қойын, түйесін колхозға ұйыстырасың деп алды. Қолда мал да, астық та жоқ. Сонда не істеу керек? Сен, әрине, жұмыс істеу керек деп отырсың. Ол жұмыстан қашқан жоқ. «Есектің артын жуып мал тап» деген қазақтың баласы. Бірақ ол кезде жұмыс та жоқ. Істеген жұмысқа ақы да жоқ. Жоқ, жоқ, жоқ. Қаптаған жоқ. Ал енді бір-ақ жол қалады. Бардан ұрлау керек. Міне, сондай өзі шыға алмай тұрған көз, қасқа құнан үйге келіп тұрса, бір емес, екі мәртеме айдап тастаса, ол тағы қайта келсе, оған аш кісінің көзі тұнбас па? Інім, мейлі сен қалай десең олай де, онда басқа амал жоқ болатын. «Жарлы болсаң арлы болма, қарап тұрып сорлы болма» дейді қазақ. Ол арын сақтап қасқа құнанды екі рет айдап тастады. Ал аш отырған, көз алдында үзіліп бара жатқан кеген көздерді көрді де, «қарап отырып сорлы болмайын» деді. Бірақ ол сорлы болмау арамдық, яки ұрлық жолымен істелді. Ал ұрлықтың түбі

қорлық еді, сол қорлық Қоңқашқа тап бола салды. Міне, інім, сорлылық, қорлық бұл жерде еріктен тыс жасалып отыр ғой. Ал басқа жол бар ма? Бар. Бір жол бар. Ол — өлу. Әйтпесе өлмеу үшін ұрлық істеу керек еді. Ендеше Қоңқаштың сотталғанын мен аудан бастығы болып отырсам да қалай қоштай алмақпын. Қоштай алмадым. Бірақ сотталып кетті, шулап көп бала қала берген еді. Енді сол үйден түгін шықпай қалғанына үш күн болған. Төбемнен біреу мұздай су құйып жібергендей болдым. Түгін шықпай қалса, бәрі қырыл-ған ғой. Оның жанында Нұржан өлімі әлдеқайда жеңіл-ау. Анау жеті баланың бәрі өндірі ғой. Балалар ойыма түскенде суық су құйғандай болмай қайтейін. Өзімнің де жалғыз ұлым бар, соның амандығын ойлағанда жаным тырнағымның ұшында тұрады. Қо-лымның көбесі тызылдап кетеді. Қоңқаштың да сондай балалары ғой...

— Қоңқаштың үйінен түгін шықпай қалыпты дейді, — деді Нұрқалық мен үндей қоймаған соң қайталап. «Дейді» дейтін себебі бар. Қолхозға ұйысқан ауыл бір-ақ жерде емес. Қоныстандыру әлі салынып бітпеген, сондықтан ел төңіректегі бос қыстауларды кіртілеп, қыстау аралары жырақ болғандықтан өзара жиі қатысып тұра алмайды. Әйтеуір «ел құлағы елу», бірінен-бірі естіп, жа-налыққа құлақтанып-ақ қалады.

— Кіріп шығайық, — дедім мен Мырзалинге қарап. Қоныстандыруға қарсы арғы беттегі үйлерде екен. Өзеннің мұзы ілініп, үстінен жаяу адам жүре береді. Күн шығыс беттегі ескі қыстаудың бірі. Бұрын әжептәуір абатты албар болса керек. Қазір оны қоршаған дуал мүжіліп, құлап, үстіне салған боғаттары түсіп қалған. Қораның ішіне жалғыз аяқ қана жол кіріп жатыр, басқа жеріндегі қар күрелу түгіл үстінен тірі тышқан жорғаламаған. Қашанда қыстау-қияуларда төбе-төбе болып үйіліп жататын кү-ресін де, қоралардан аударылып кірелеп жинап қоятын қызыл қи да, ескі көң де жоқ. Тура есіктің көзінде екі арқадай түйе тікен, шоңайна, қарасора жатыр. Албарға тігілген бес қанат үйдің түңлігі түсірулі, есігі жабулы. Киізі де онша ескі емес, жұлдыз көрінетін, Қарашаш сұлу айтатын қырық найзалы үй бұл емес. Ол үйдің есігі алдына да соңғы қар жауғалы із түспепті. Тамның киіз жамаған есігінің арғы жағында не бар екен деп жүрегімнің соғуы жиілеп, біртүрлі бей-жай, әлем тапырық кейіпке түстім. Оны жанындағы Абатқа, Нұрқалыққа білдірмеуге тырыстым.

Сыртқы есік ішінен жабық екен. Алдымен Нұрқалық есікті қағып көрді. «Кім бар хабарласқалы» деп дабыстады. «Хабарла-сатын» демеді. Бұл мұның ескі кітаптарды көбірек оқығандығы-ның айғағы еді. Ешқандай дыбыс жоқ. Қора да, төңірек те тып-тыныш. Қайта-қайта қаққандықтан есіктің сыртындағы киізге жабысқан қардың бәрі есік алдына бұрқырап түсті. Нұрқалық қалтасынан бәкісін суырып есіктің саңлауына жүгіртіп, жүзімен егеп-егеп бәкіні жоғары тартты. Жоғары тартқаны дұрыс, ал егегені несі деп тұрмын. Сөйтсем Нұрқалық білген екен. Есігін бекітіп көрмеген қазақтың тамының есігінде де ілгек

болмайды. Егер есік жабық болса, онда іштен байлап қойғаны болады. Шынында бұлар да есігін іштен байлап қойған екен.

— Кестім, — деді Нұрқалық. Есік ашылды. Ішке кіріп-кіріп бардық. Үйдің ішінің суықтығы даламен бірдей, азынап тұр. Сығырайған, жерге жақын салынған жалғыз терезені қырау басып қалыпты. Үйдің іші ала көлеңкеу. Төрдің алдындағы киіз үстінен салынған әдемі оюлы қызыл текеметтің үстінде әйел көлденең жатыр. Қойнында екі жасар қыз бала тұлымшағы салбырап, қағты ұйықтап кеткендей, бір қолы шешесінің омырауында, қол басы көйлектің ішінде. Үстерінде күндіз киетін киімдері бар, көрпе төсеніп, жастық жастанып, немесе көрпе жамылып жатпаған. Соған қарағанда азғантай көсіліп жатып, түрегеле қояйын дегендей. Әйелдің басында кимешегі, оның жағында кере қарыс кестесі бар. Екі жағына үш-үштен алты шеттік қадаған. Шамасы келіншек таза, сәнді жүретін адам болғанға ұқсайды. Үстіндегі қызыл кәрістен тігілген қосетек көйлек мәсі киген аяғының тобығын атуісіп жатыр. Бегім салдау қаракөк дұқабадан тігілген бешпенті тізесіне жетеқабыл. Әйел балаға, бала анасына қарап жатыр. Екеуінің де көзі ашық қалған, бақшиып, қараған адамның өңменінен өтіп барады. Бұлардан басқа алты бала бәрі де ұл. Ортада кернейі үш шынтақты бітеу, дөңгелек пеш. Қазанды да осыған асатын болса керек, қақпағы алмалы-салмалы. Жаңағы алтауы да пешке жақын. Кішірек үшеуі пешке жылынып, қолын қақтаған күйі жан берген. Арқасын тамға тірей отырған біреуі мүлде тірі, тек қалғып қана кеткендей. Екеуі төрге таман текемет үстіндегі жаңа жуырқан (түйе жүнін салған көрпе) үстінде судан шығарып тастаған балықтай қалай болса солай құлаған. Үлкенірек біреуі пештің алдында, екі аяғы тізе-сінен бүгілген қалпында, шалқалап жығылған. Бір қолында бір уыс қураған жусан. Екінші қолында оттар, оған тие құлқалақ жатыр. Баланың үлкені басқаларына қамқорлық жасап, от жағып інілерін жылытып жүрген болса керек-ті.

— Мүмкін бұларға ыс тиген шығар, — дейді Абат Мырзалин.

Нұрқалық далаға жүгіріп шығып, мұржаның ашық екенін көріп қайтты. Кернейде де кедергі жоқ, терезенің бір көзі де ашық. Жаққандары көң-қи емес, көмір емес, жалпылдақ отын, яғни қурай. Одан ешқашан ыс тиіп қазақ өлген емес. Оның үстіне кернейлі темір пештен ыс тимейтіні тағы бар. Ол иіс-қоңыстың бәрін сыртқа тартып кетеді. Үй ішін қарастырғанымызда тамақтан басқаның бәрі бар. Ыдырыс, маңлық көрпенің өзі он бес шақты, күмбілдек құс жастықтар да сонша. Үш-төрт екі салар (екі шилі киіз) текемет, оймышты сырмақ. Есік жақта екі-үш бумалы киіз тұр. Есіктің көзіне дейін төсеніш. Бірнеше қара сеңсең — бөстек. Осылардың бәрі кіреленіп жинаулы тұр. Екі-үш елтірі ішік те көрінеді. Олардың астына қаз қатар қойылған жұқаяқта үш әдемі сыңғыр кілтті, өрнекті-нақышты сандық. Оның іші де толған адамға керекті дүние-мүлік екені аян. Босаға жақта қазақ үйдің бау-шуы, басқұр,

тегеріші, түрлі түсті құртанғыш, уықбау, желбау, түрлі әсемдік дегері, дөдегесі.

— Шіркін боқтық-дүние-ай, қояр да қоймай жүріп әлгі Қоңқаш үш-төрт күнге сұранып барып Алмалы-Доланқарадағы қалған үйін басқа бір жақтан көлік тауып, алып келіп еді. Енді, міне, бәрі қалды. Қайран бауырларым-ай, әр қайсысы ертең бір-бір отаудың иесі болып, қазақтың бір-бір шаңырағын көтеретін еді. О, жалған, опасыз, сұм дүние! — деп Нұрқалық егіліп кетті. Мырзалинде ес-түс жоқ, сазарып қалған. Мен нақ осындай болмағанмен мұндай өлімді баяғыда, он сегізінші жылы Алматы түбінде көрген едім. Бірақ қолында малы бар, күш көлігі, ескі қоры бар, қыс басында азды-көпті, арық-семізді соғым сойған ел нақ мұндай сыпыра қырылысты ешқашан да көрмеп еді. Мен де жетісіп тұрғам жоқ, қан жылап тұрдым. Дегенмен Абат пен Нұрқалықтан гөрі мықтырақ екенмін. — Міне, дүние-дүние деп безек қағып, жаныңды жалдап, тісінді қайрап жинаған дүние. Қоңқаштың келіншегі кедей демей келген еді оған дейді, — Нұрқалық. Ол оны былай айтатын еді:

Совет өкіметі орнап, кедейлерге дес тиіп жатқанда Күрті болысындағы Асыл-Төлеміс Хасен байдың бәйбішесінен туған ерке өскен, осы жалғыз қыз — Бикен әкесінен рұқсат алып тұрып, осы қара қасқа кедейге кеткен. Жұрт біраз Бикенді келеке де еткен. Көлден шөлге келдім демей Бикен Қоңқашпен бірігіп, адам қатарына қосылып, балалы-шағалы болып келе жатыр еді. Енді аяғы мұндай болды.

Балалар өлімін көріп тітіркеніп кеттім. Жанымдағы екеуге білгізбеуге тырыстым. Алматыдағы екі ұлымды есіме алдым. Қалай дегенде де олар әйтеуір мемлекет қамқорлығында ғой деп өзімді өзім жұбаттым.

Үйден құр сұлдеріміз шықты. Мұнда бәрі де бар. Тек тамақ жоқ. «Арпа бидай ас екен, алтын-күміс тас екен» деген осы.

Боқтық та тоқтықта керек. «Ойной дүние, көп едің, тесек тартып жатқанда, қайдасың Төле демедің» деп қазақтың басын құрап ел қылған үштің бірі, атақты Төле би ауырып жатып айтқан екен. Сол айтқандай мынау аштан қырылып қалған үйде де аз ба, кеп пе, дүние бар, одан не пайда!? Күні жетіп, талқаны таусылған соң, бәрі көз жұмған. Өндірілер өліп жатыр. Талқаны таусылды! Осылай дейді қазақ. Бұларды көмуге қам жасауға кеңсеге бару керек еді. Дегенмен мына үйлерге де кіре кетпек болдық.

— Мынау Томақбайдың үйі, — деді Нұрқалық. — Екі ұлы мен әйелі әнеуегіні өліп қалған. Өзін қайдан. — Менің ойыма өлген қасқырлардың етіне үшеудің таласы түсе кетті. Не болды екен. Мүмкін қасқыр еті өлмегенге себепші болды ма екен. Қандай керік маңдай, керме иық еді-ау, не болды екен. Ол көргенімді Абат пен Нұрқалыққа айтпадым. Айттып не, сүйінші сұрайтын нәрсе емес қой, ол.

Тоқал тамның түстікке қараған жағында екі есік, екі терезе. Бұдан мұның екі үй екенін білу қиын. Кәдімгідей көше етіп салынған бұл сіләннің барлық үйінің де қорасы бар. Көше жақтағы үйдің есігін

аштық. Дыбыс жоқ. Есік ашылғанда жаман иіс бұрқ ете түсті. Ішінде адам жоқ сияқты. Жоқ, бар екен. Өлі екен. Қазан асылған балшық пештің түбінде екі-үш жілік жатыр. Томақбайдың өзі пешке бір қолын сүйеген қалпымен жүріп кетіпті. Нұрқалық жіліктерді аяғымен түртіп көріп:

— Қасқырдың жілігі, — деді.

— Қайдан білдің? — деймін мен.

— Мынау асық жіліктен біліп тұрмын.

— Оның асық жілік екенін қайдан білдің?

— Мынау асығынан. Мынау мұжық, — деді Нұрқалық, — қас-қырдың асығы. Оның асығының төрттен бір бөлігі жоқ болады. Сондықтан да қазақ «қасқырдың асығындай мұжық» дейді. Шынында да кейін талай көрдім, кәдімгі қой асығын — оққайын бүгесінен қойып, соның он жақ артын сындырып тастасаң қас-қырдың шүкмайтына ұқсап қалады. Бұл үйде көп дүние де жоқ. «Бидайды қуырған тауысады, жылқыны шұбырған тауысады». Басқа жерден қоныс аударып келген адамда не дүние болсын. Екі-үш кісіге жетерлік бір-екі көрпе, киім дағы. Томақбай байқұс шалқалап қалыпты. Үй суық. Соған қарағанда мұнда ешбір иіс болмауға тиіс еді. Мен жаман иісті қасқыр етінен қалған болар деген қорытындыға келдім.

Көршісіне де кірдік. Бұл қасқыр етіне таласқан Берікқұлдың үйі. Ол жалғыз басты жігіт еді. Ол да төр алдында жатыр. Жансыз. Жаңағы иіс осы Берікқұл үйінде де бар. Шамасы менің жобам дұрыс. Осылай тоғыз үйге кірдік. Бір де бірінде тірі адам жоқ. Төрт-бес үйден кейін Тонауғалидың үйі. Он екі жасар қыз бұрышта бүрісіп отыр. Зорға сөйлейді. Қазанда бірдеме қайнап жатыр. Балшық пештің астында от маздап жанып тұр. Түйегі-кеннің бірнешеуінің өзегі отта жатыр. Үйдің іші мұнда да суық. Бала бізден қорқыңқырап қалып, Нұрқалықты көріп соған жы-ламсырап ұшырасты.

— Нұрқалық аға! Әкем кеше өлді. Қасқырдың етің жеді.

Жеме десем болмады. Одан да мына жоңышқаны жеу керек еді, — дейді. — Көме алмай отырмын. — Не істеу керек? Басқа түссе баспақшыл деген осы. Кәмелетке жетпеген бала өлікпен бір үйде жатқан. Қалай ғана шыдарсың мұндай сұмдыққа! Қара жер қалай қарс айрылмай, осындай пәлені бізге көрсетіп тұр. Бала жыламсырады. Жылай алмады. Кемсеңдеді де қойды. Аузы да икемге келмейді. Бұл кіргеніміз он төртінші үй. Он төрт үйде жалғыз он екі жасар қыз қалыпты. Ал үш үйдің адамының тірі қалған терт адамы босып кетіпті. Байқаймын Мырзалинде пұсты қалмады.

Осыдан үш күн бұрын да бір сұмдық оқиға болды. Көп адам сандалып колхоз кеңсесіне келді. Бізде берер ештеме жоқ екенін білгендердің бәрі кеткен соң, есік қайта тырылдап-сықырлап зорға ашылды. Есіктің төмен жағынан кішкентай қолдың төрт саусағы көрінді де, санлаудан басында түрмелі қара бөркі бар, үстінде өзіне шақ жасалған қоңыр

тоны бар бала пысылдап кірді де, есікті жаппаққа тұтқаға қайта жармасты. Қолы зорға жетті ме, әлде икемге зорға келді ме тұтқаға болар-болмас ілінді. Ол есікті тартқан болды. Шамасы есік жабуға келмеді. Мырзалин жүгіріп барып есікті жауып, орнына отырды. Сүйегіне ілініп тұрған баланың көзі аларып кеткен, бірдеме сұрауға да мұршасы жоқтай. Жалбырап, жалдырап бізге телмірді де тұрды. Мойыны ырғайдай. Ол қылдырықтай мойын анау қара бұйра бөрікті басты қалай көтеріп тұр екен. Әйтеуір дене, аяқ-қол киім ішінде болғандықтан жүдеулігі керінбейді. Суықтан болса да, аштықтан болса да баланың ауызы сөйлеуге келмейді.

— Ағ,— деді бала, аяғындағы «а»-ны айта алмады.— На...

Мырзалин орнынан үш тұрып, үш отырды. Шыдамай кетті.

Қолын артына ұстап түк көрінбей тұрған қыраулы терезеден тысқа қараған болады. Тыста не бар оған, мына баланың жағдайын көріп шыдай алмай тұр. Бала бір кезде бар күшін жинап бір сөз айтты:

— Аға-тай-лар! Ағ...

Мырзалиннің аяғы тыпырлап, едені жоқ, топырақ табанды тесіп жібере жаздады. Жерді теуіп-теуіп қалды. Немізді береміз. Өзімізде екі-үш күн аш едік. Мұндайда қалтаңа қолыңды салып жіберіп, ең болмаса бір тілім нан алып, «мә, байқұсым, жей қойшы!» десең. Ой, шіркін-ай, ондай күнде болар ма екен. Осыларды ойлап жаным шыдамай, не істерімді білмей, өз маң-дайыма өзімнің қойып қалғанымды бір-ақ білдім. Жұдырығым жұмылып столға соғылды. Бала қайта бірдеме демек еді, ауызы келмей кеңсеге құлап-ақ түсті.

— Мұны көргенше, Әбеке, өлген жақсы еді ғой,— деп Мырзалин отыра қалып, екі қолын біріне-бірін қапсырған қалпымен столға қойып қалды да, кәдімгідей балаларша кеңкілдеп жылап жіберді. Шынын айтсам, інім, жетімдікті көп көрген менің халім Мырзалиннен әлдеқайда нашар еді... Мен екі-үш жас үлкен болғандықтан, ит жейдені бұрын тоздырғандықтан зорға шыдап тұр едім. Көзімнен жасым атып кетті.

— Айналайын, Абат! — деп оны құшақтай алдым. Менің де екі көзімнен жасым ағып, омырауымды жауып кетіп еді.

Кеш батып бара жатқан. Ала көлеңке кеңседе, інім, Абат екеуміз шынымен жыладық, даусымыз да шығып кетті. Өксігімізді баса алмай, солықтап, солқылдап тұрдық. Інім, шынын айтсам, осы жылағанымыз жақсы болды, аз да болса содан кейін қатайып қалдым. Бір шамада қарасам Мырзалин талықсып кетіпті. Оның қолын уқалап, зорға есін жиғыздым. Аш көзді, арық қара баланы жерден көтеріп, ұзын отырғышқа шалқасынан салып қойдым. Бала кеңсеге соңғы күшін жинап, ақырғы демін тартып, ақтық сөзін айта, көзін сата келген екен ғой. Қайтеміз, көмектесе алмадық. Арықтың жағасын жарып шығып, жаңа бас көтерген жас шыбық қыршын үзіліп кетті, бырт сынып мерт болды. Ой, шіркін, қатыгез дүние десеңші!

Шұнақ шалдың көзінен жасы ағып, екі қолының сыртымен көзінің жасын ықтырды. Іштей солықтап қалды, сыртына шығара алмады. Булығып отыр, шамасы. Адамзат баласы қашанда өмірінің қапылатты шағын осылай қамыға еске алады. Ділінде сақтағанын өкіліне түсіре отырып өкінеді, әлде бекінеді. Өкінесе сары уайымға түсіп, оның арты созылмалы ауруға айналады, егер бекінсе шыныға, ширьға түседі. Шал осылай бір сәт күндік тартқанымен, артынан тез ашылған тау күніндей жадырай қалып, мамыражай қалыпқа келеді. Әрине, осы жастағы адамдарды күлпет тар қылды деп ренжуге болмас еді. Өйткені осы бір ашаршылық атты халық басына түскен нәубеттің шет жағасын ғана емес-емес есте сақтай алған біздің өзіміз ойласақ көкірегіміз қарс айырылады. «Жұртқа келген селебе, селебені елем» деген біздің оптимист халқымыз, бірақ сол бір жылдарғы бұл көрініс болатты босатып, құрышты құртып, жермен жексен етіп кетпеді ме. Оны қалай ғана қапаланбай еске аларсың, қалай ғана қан жыламассың. Шал әлден уақытта барып әңгімеге оралды. Оған дейін мен де үндемей отырдым.

Сонымен баланы көмуге қам жасауға есік алдына шықтық. Жаңағы келген адамдардың екеуі есік алдына он қадам барып құлапты. Не істеу керек? Осылай жатса жаманшылықта жағаласа жүрген итқұс жеп кетеді, сондықтан ол екеуін Мырзалин екеуміз көтеріп кеңсеге кіргіздік те, ертеңіне үшеуін бір жерге бетін жасырдық. Содан Абат ертеңіне де түзеле алмай жүрді. Қабағын ішшайтын болып алған еді. Енді бүгінгі жағдай мынау. Мырзалинде тұр жоқ.

Сонымен он үш үйден кәрілеу кемпір адам, он екі жасар қызды ғана кездестірдік. Қыз бен кемпірді бір үйге ұстау керек деп ойладым. Сіләннің ең аяғындағы үйге келгенде төбе шашымыз тік тұрды.

Жаманшылықта бәрі тұс бола беретін қашанғы жай, соңғы үйге келгенде көргеніміз күні бүгінге дейін түсіме кіреді. Ауыз үйі жоқ, сырттан кіретін есік тура төрге қарама-қарсы екен. Бұл үйдің де есігі сырттан жабық екен. Үйге кіре беріп Нұрқалық «ойбай!» деп айқайлап жіберді. Айқасып жатып өлген ерлі-зайыпты егде адамдардың екеуінің де киімдері дал-дал, еркектің де, әйелдің де құйрығы, саны қан-қан, ойылып қалған. Алдымен бұлардың етін адам кесіп әкетті ме екен деген жаман ой маған ду етіп басыма келе қалып еді. Жоқ, тамның терістік жағынан тесік көрінді. Дуалдың астын қазып, кеулеп шүйебері кіріпті... Үйдің артына шыққанда бұл анықтала түсті. Түнде қазған жаңа топырақ төрт-бес метр жерге шашылып жатыр. Өлген адамдардың жамбас сүйектері, орган жіліктері етсіз, саудырап бос қалыпты.

— Шүйебері кірген,— деді Нұрқалық. Оны мен де айтпақ едім. Өйткені мен де мал баққан елдің баласымын, өзім де малшы болғанмын. Шүйебері осылай жейді. Ол тірі қозының құйрығын түк қоймай сорып жеп кеткенінің куәсі болғанмын. Қойдың етін жегенде

де саудыратып сүйегін қалдырады да, етін сорып қояды. Ол кезде тіпті қойдың тірі жататындары болады.

— Бұл кешке қайта келеді,— деді Нұрқалық.— Сондықтан осы үйді күзету керек. Мырзалин бұған ақыл қоса алмады.

Алдымен осы сілэндағы өлген адамдарды бір үйге жинадық. Жиырма сегіз адам болды. Сонан соң ол үйдің есік-терезесін шегеледік. Қолымыздан келгенінше үйдің түбіне қарды үйдік те, қарға арықтан бірнеше шелек су құйдық. Қар анжырланып, сонан соң тас болып, көк мұзданып қатып қалды. Енді шүйебері тұрмақ арлан-абдан ала алмас болды. Ауылда тірі қалған екі-үш адамды арғы беттегі қоныстандыруға алып кеттік. Осыларды істеп болғанша күн де батып кетті. Енді төменгі, ең шеткі үйді аңдымақ болдық. Бұл іске Мырзалинді араластырмадық. Ол біз сияқты жоқшылықты, ыстық-суықты басынан кешірген адам емес-ті. Көргені мектеп, одан семинария. Сондықтан оның тағы да жүрегін жаралағымыз келмеді, оны өзеннің арғы жағындағы ауылға жібердік.

Нұрқалық екеуміз иесіз, қаңырап қалған үйдің біріне су қай-натып ішіп, әбден ел орынға отыра соңғы, он төртінші үйге келдік.

— Енді сөйлемейміз,— дедім Нұрқалыққа.

— Жарайды,— деді Нұрқалық.

Үйдің іші қараңғы. Тесік үй қабырғасының терістік жағында. Тура соған қарама-қарсы жаққа келіп, үнсіз кіріп, Нұрқалық екеуміз дүмімізді төсеп отырдық. Үйдің іші ық дегенің болмаса, суықтығы даламен бірдей. Төрте екі адамның өлігі жатыр. Оны әдейі бағана алмағанбыз.

Үйдің іші түнек. Тылсымданып тұр. Сәл отырғаннан кейін қай-қайдағы еске түсіп, даққа батып, малтып, арғы жағына шыға алмай кеттім...

...Отыз екінші жылғы июльдің басында Алматыға барып, обком секретарының кабинетінен шығып келе жатқанымда сы-лыңғырлап өткір қара кезді жігіт:

— Аға, сізді Жандосов іздеп жатыр, жолыға кетсін деді,— дейді.

Жандосов ол кезде Ауылшаруашылық институтының директоры. Ол әлдеқалай маған дәлізде кездесті де, амандықтан соң аудан жағдайын сұрап алып маған тіке сөйледі:

— Алатау көшесіндегі Мамандар үйінде Ғатауллин деген жігіт тұрады. Сонда Ғабит Мүсірепов отыр, соған жолыға кеті-ңізші,— деп қиылды Жандосов. Ол қиылмаса да айтқаны екі болмас еді.

— Жарайды,— дедім мен.

Астымда атым бар, онда Алматының көшесінің бәрінде атпен жүруге болады. Салып ұрып Алатау көшесіне де кеддім. Есікті жас ноғай әйел ашты. Бұл шамасы үй иесінің келіншегі. Түрі жылы, жұмсақ сөйледі.

— Кіріңіз! — Мен сәлемдесе үйге кірдім. Үйде бес жігіт отыр.

— Е, кел, Шұнақ,— деді біреуі. Тани кеттім. Жиырма тоғызыншы жылы Қызылордада көрген жігітім Емберген Алтынбеков. Ол жиырма алтыншы жылы Қызылордаға жиналысқа Шымкенттен барған еді. Басқаларын танымадым. Төрте отырған, шашын бір жағына қарай тараған жұқалау жігіт басын қараған қағазынан әрең алып, мойнын зорға бұрып ыңырана сөйледі:

— Қойсаңшы Емберген,— деді жайлап созып. Шамасы Ембергеннің менің шұнақтығымды айтқанына риза болмай қалды. Байқаймын Емберген сөзіне анау үш жігіт те қысылыңқырап отырған жайы бар.

— Қысылмай-ақ қойындар, оны шұнақ қылған құдай мен емес, өзінің Жаубай деген атасы. Өзі ғой, кедей басымен бай қызына қолсалған. Сонан соң құлағын кесіп, ен салып бала қылып алған.

— Мен неде болса күндіз ұсталып құлақтан айырылдым, бай қызына түнде барамын деп аяғын сындырып ақсақ болғандар да жүр ғой астанада,— дедім.

— Ей, ей, аяққа барыспа. Әйел десең, әжем де кетеді. Үкіметтен абайла,— деді Емберген. Ол Ораз Исаевты айтып отырғаны. Енді жігіттердің бәрінің сарық жүзі жылып сала берді. Мен қайта:

— Е, өзің ғой, құлағымды құтыртқан. Менің құлағым жоқ, сенің аяғың жоқ, бәрі бір емес пе! — дедім. Шынында Емберген сылттып басып, ол қатты жүргенде ғана білінетін. Сондықтан «ақсақ» дегенге ол да арланбайтын. Төртегі танаулы, жұқалау шашын бір жағына қайырған жігіт қайта ыңырана сөйледі:

— Е, шұнағым, өзіңде де бар екен ғой, мен Ембергенді айыптап отырсам,— деп болар болмас езу тартты. Күлгенде сирек өскен екі қасының қияғы аспанды кездеп кетті. Ол тіпті зорға қимылдап, әрең сөйлейді. Сөйлеуге ерінетіндей. Жанындағы адамға бұрылып қарауы үшін оған бір бес минут керек сияқты. «Кер маралдай керіліп, бір басарға ерініп»,...» деп Қыз Жібекті айтушы еді. Жігіттің осынша керілегенін кім көріпті. Менің іздеп келгенім де осы болып шықты.

— Жүр, Абақ, екеуміз есік алдына шығалық,— деді. Тағы да зорға айтты. Екеуміз көшеге шықтық. Ол қалтасынан мүштек алып, оған папиростың жазылысын тықты. Сонан соң қимылдағанда бешпентім жырттылып кете ме деген кісіше зорға қозғалып, қалтасынан сіріңкені әрең алып шықты. Темекісін тұтатты. Қи-мылы ішімді пыстырып жіберді. Темекісін бұрқ дегізіп сорып, иегін көтере түтінін шығарып аяндап жүрді. Жүргені де баяу. Тіпті бір аяғын сылти басытын сияқты көрінді маған. Сөйлегенімен аяғының басысында айырма жоқ. Сөзі де, жүрісі де, отырысы да маңғаз. Асығу-аптығу деген бұған жат болса керек-ті. Күлген күлкісі де шамадан тыс мазалы. Өтірік күлгендей болып көрінеді. Ол темекінің өзін де жай анда-санда сорады. Бір шама уақыт өткен соң барып маған қарай сөйледі:

— Ал айта бер, Абақ,— деді тағы жайлап, баз-сазданып, созып.

— Не айтамын?

Әлден уақытта барып сөйледі:

— Жандосов айтпады ма? — деді ол. Маған оның Жандосов дегені ұнамай қалды. Ораз әлде Ореке демеді. Шамасы аралары онша емес шығар деп ойлаған едім. Жоқ, қателескен екенмін.

Керісінше жазушы атаулының ішінде Жандосовпен ең жақын осы екен. Сонан соң ол оған не керек екенін айтып, ауданның жағдайын тәптештеп сұрады. Мен бар жағдайды баз қалпында, таз қалпында жеткіздім. Сонымен мен ол жағдайды ұмытып та кеткенмін. Сөйтсем басы осы Ғабит болып, Мансұр Ғатауллин, Емберген Алтынбеков, экономист ғалымдар Қадыр Қуанышев, Мұташ Дәулетқалиев бесеуі Өлкелік Комитетке Қазақстанның жағдайын айтып хат жазады. Онда Ф. И. Голощекиннің партия тұрмысының лениндік қалпын бұзуы, партияның ішкі демократиясын бұзуға апарғанын, жергілікті ерекшелік талаптарын ескермеу, оны айтқан жеке адал коммунистерді қудалауға ұшыратып, жергілікті ұлтшылдық деген айдар тағып, оны оппортунизм деп көрсететінін, мал шаруашылығы саласында терең олқылық орын алғанын, сөйтіп Қазақстан Одақтың негізгі мал шаруашылықты базасынан кейінге ығысып кеткенін айтып, оның өзі тек байлардың үгітінен ғана болып отырмағанын, сонымен қабат, ең бастысы, мал шаруашылығын өркендетуге бағытталған Орталық Комитеттің шешімдерін жүзеге асыруды «солшылдардың» қисайта тартқанынан болып отырғанын ашып жазыпты. Ауылдың және ауданның партия ұйымдары бұл асыра сілтеуден қорытынды шығармағанын да, бұл асыра сілтеудің және әкімгершіліктің бүгінге дейін болып отырғанын да айтыпты. Голощекин бұл ауылда жіберілген қатені, бұрмалаушылықты білдірген хат қолына тиісімен осының төңірегінде қатты шу шығарды. Ол оңшыл оппортунистік топ табылды, олар Өлкелік Комитеттің және оның басшылығының беделін түсіргісі келеді деп соқты. Өлкелік Комитет хат авторлары буржуазиялық ұлтшылдық жолына түсіп отыр деген арнаулы шешім алды: Сондықтан авторлар өз хаттарынан бас тартуға мәжбүр болды. Осылай біз жалтақ болдық, түзелмес қорқақтығымыз осылай басталды. Енді, міне, қазақ қырылып, тесіктен адам етін жеуге келетін шүйе бөріні андып отырмыз деп ойлап, тесік қалтаның түбіне жетемін деп отырып, қасқырды ұмытып кеткенім ойыма оралып жүрегім су ете түсті. Бойымды жинақырап тесікке тесіліп қалдым.

Үйдің іші шырғай қараңғы. Маған әлдеқалай өлген екеуі үйдің ішінде түреген жүргендей әсер етеді. Қолымдағы тапаншаны қыса ұстап қайта қатып қалдым. Осындайда мұрныңның ұшы, тамағың жыбырлап, арқаң қышып, бүйіріңе де бірдеме қадалып, тыныштықты бұзғың келетін жаман әдет болады. Менің де екі аяғым сыздап, шүйебөрі келіп қалғандай, тықыр білінгендей болады. Әлі түк жоқ.

Бір кезде тесік осы жерде деп қарап отырған бағытымыздан бір тықыр естілді. Жоқ бола қалды. Шамасы шүйебөрі біздің, яғни тірі адамның иісін сезді. Бірақ бәрібір ол келсе, кете алмайды. Өйткені біздің иісімізден өліктің иісі оның мұрнына бұрың жетеді. Тағы тықырлады. Жүрегім соғып кетті. Дүк-дүк етіп соққаны өзіме естіліп тұр. Ал Нұрқалық бұл дүниеде жоқтай, тіпті демалғаны да білінбейді. Тықыр естілгенде өліктер тұрып кеткендей әсер алдым. Үйді аралап келіп, бізді бас салатындай. Қанша батыр болсаң да айдалада, иесіз тамда қара түнек-тылсым ішінде, жаныңда адам өліп жатқанда, (ол өліп жатыр ма, оның бір жағын бірдеме жеп қойған) қалай жүрексіңбессің. Тағы осы жерде бір сұмдық есіме түсіп иманым зәр түбіне кетті, біреу төбемнен суық су құйғандай бірдеме болып, басым дың етті. Осылардың етін жеп жүрген адам емес пе екен деген сұмдық бойымды жайлап алды. Ішек-бауырым мұздап, дірілдеп кеттім. Екі тізем қалтылдап, арқам жыбырлап барады, сол жақ иығым қолымның қарына қарай ұйып, шымырлап жүріп берді. Оң жағымда біреу мұрнын тартқандай болады, пысылдайды. Қой құлағым шатасып тұрған болар. Нұрқалық сол жағымда отыр. Әншейін елес шығар... Үйде біреу бар сияқты... Япыр-ай, онда неге есік ашылғанын білмей қалдық. Ол қалай? Ұйықтаған жоқпыз ғой.

Ойыммен алысып отырғанда оң жағымнан пысыл тағы ес-тілгендей. Қалай-ақ құлағым шатасып тұр. Енді шынымен қор-қайын дедім. Егер кісі жейтін біреу болса, бізді де осындағы өліктерді жеп жатыр деп ойлайтын болар. Бірақ адам қайдан кірмек мұнда? Әлде біз су қайнатып ішіп отырғанда кірді ме? Адам жегіштің қараңғыда қасында тұруы қалай болар еді. Денем тағы мұздап кетті. Адам жегіш... Аты қандай жаман. Жоқ ондайлар бар дейсің бе. Бірақ... «Жоқтық не жегізбейді...» дегенді қазақ неге шығарды. Оны неген айтпаған ғой. Шынымен осында адам жегіш тұрмасын... Жаным мұрнымның ұшына келді. Өне тағы пысыл. Шынымен-ақ біреу тұр ма?.. Жүрегім дүрсілдеп, атша шауып кетті. Тесік жақ тықырлайды. Тағы тым-тырыс.

Енді тықыр тесік жақтан естілді. Тыпыр-тыпыр етті. Тура жаңағы өліктер тіріліп түрегеліп жатқандай. Екі жасыл от жылытырады. Қайта жоқ болды. Енді біреуі көрінді, қайта жоғалды. Тесік жақ та, есік жақ та тықырлады. Қайта тыныштық орнады. Қайта тыпырлады. Екі жасыл от маған қарай жақындап келе жатыр. Тапаншаны екі оттың ортасы осысың ғой деп басып қалдым. Қаңқ етіп, қыңсылап қалған дауыспен қабат оң жағымнан тапыр-тұпыр біреудің есікке қарай ұра жөнелгенін байқадым. Мен Нұрқалық қашты деп ойладым. Жасыл от шыққан жерді тағы аттым. Менің сол жағымдағы Нұрқалық айғай салды. Үйден ата шықтық.

— Тоқта иттің баласы, атамын! — Нұрқалықта мылтық жоқ. Біреу ақ қардың үстінде қарбаң-құрбаң жүгіріп барады. Өліктер, өлік жатқан үй, шүйебөрі жөніне қалды. Екеуіміз қашқынды қуа жөнелдік. Нұрқалық

жете беріп көкжелкеден бірді отырғызды. Анау етпетінен кетті де, тұруға қарманды. Нұрқалық үстіне міне түсті. Тағы да әлін кетіру үшін болар, оның басын желкесінен көтеріп, жерге соғып-соғып жіберді. Менде жүгіріп олардың жанына жеттім.

— Бұл иттің баласын бес-алты күннен бері аңдып ұстай алмай жүр едім. Дода сіләнінде өлгендердің сан етін кесіп әкетті.

Сіздерге айтпап едім, әдейі.— Нұрқалық алқынып отырып айтты, бұларды. Сөйтсек осындай біреудің пайда болғанына бірнеше күн болған екен. Еті көп арымай өлгендердің күнде сан еті кесіліп қалып жүреді. Абұйыр сақтап, өлген адамға жаман атақ келтірмеу үшін жергілікті адамдар мұны тіпті бәрі көріп тұрып, біріне-бірі айта алмай ішінен тынады. Мұның кім екенін де білмейді, алдымен мысық ойып жеп қойды деп жүреді жұрт. Бірақ адам еті пышақпен кесілгендігі белгілі болады. Содан кімнен көрерін білмейді. Сөйтсе осыдан екі күн бұрын Дода сіләнінде өлген Көмекбай үйінен таңға жуық біреудің өзенге қарай жүгіріп бара жатқанын көреді, тұрғындар. Оның да сан еті кесіліп қалады.

Нұрқалық ең жақын үйден жіп алып шықты, мұның екі қолын артына тас қылып байлап, алдымызға салып айдап алдық. Қай-тадан жаңағы үйге кірдік. Шүйебөрі сүйретіліп қуыстан шыға беріп өліпті. Түн ішінде топырақпен тесікті бекітіп, есік алдындағы Теріс арықтан су әкеліп оның үстіне құйып, кілең жасадық. Таңертеңге деиін деп есікті сыртынан бекіттік. Сөйтіп жауызды алдымызға салып, айдап арғы беттегі қоныстандыруға кеттік.

Тұтқынды кенсеге әкелдік те, аяғын да байлап, бүк түсіріп шырмап тастадық. Өзіміз әбден қалжырадық. Түннің бір шамасы болған. Сонан соң үйді-үйімізге тарадық.

Таңертең кенсеге келгенде қалған тірі жан осында екен. Әркім бір ұрып түнгі тұтқынды жұрт өлтіріп тастапты. Мұны ешкім танымады. Тіпті оның ұлтын да ешкім ажырата алмады. Мырзалин көріп тұрып оған ара түспепті.

— Киімін шешіп, жалаңаштап, далаға лақтырып тасталық, қасқыр жесін өлігін,— деп шуласты жұрт. Халық ашынып кеткен.

Дегенмен адамзатты олай қорлай алмадық. Бір дуалдың түбінен оған да орын табылды.

Біз колхозға келгенде-ақ халықтан ісік шыға бастаған екен. Қайта содан бері ілініп-салынып жұрт келе жатыр. Февраль, март айлары жұрттың бықпырт тигендей қырылған кезеңі болды. Інім, ол бір көріністі адам баласы көрмей-ақ қойсын. Жылдың басында әрбір үйге ауданнан екі пұттан тары берілгенін бағана айттым. Жаяу барып көтеріп қайтамын деп біржола қайтпайтын сапарға аттанғандар қанша! Екі пұт тарыдан бар түсетіні бір пұттай ақтаған сөк. Оны қос уыстап қайнаған суға салып көже, дұрысы көже емес, сол кезде дұрыс атағанындай атала істеп, адамдар күніне бір қабат өздерін

өздері алдайды. Шайнауға қоюы жоқ, атала да қыс ортасында біржола ада болды. Қаптың түбі бүкіл ауылда қағылды. Ел тентіреп қайын сауып кетті. Біреу жекжат-жұратын жағалап, біреу қалаларды сағалап қаңғыды. Жолда жан тапсырған адамдар қар үстінде қатып қалған. Қолдан келгенше оларды жолдан шығарып қоюға тырыстық. Оларды көмуге кетпен, күрек ұстауға шамасы келетін адам ада, болса оларда әлдірман жоқ. Бәрі әруей, ер арып әруақ болып қалған. Баяғыда естуші едік: қыста өлген адамды күн жылып, жер жібігенше тамның үстіне шығарып қояды екен, ал киіз үйде өлгендерді көшкендей жағдай болса, өлігін атқа мінгізіп, екі аяғының астынан таңып, ердің басына екі аша ағаш орнатып, қатқан адамды иегінен соған асып, алып жүре береді екен. Міне, ол кезде жер қазуға неге шамалары келмегенін кім білсін, мүмкін ол да осындай бір қатыгез, қара күн заман ба екен, кім біледі, ал біздің шынымен өлгендерді көмуге шамамыз келмеді. Шырағым, «түтінің шықпай қалғыр» деген қарғысты естіген шығарсың. Біз сол түтіні шықпай қалғанды көзбен көрдік. Күрті өзенінің екі жағындағы қыстаулар қаңырап бос қалды. Ішінде өлік жатқандары қаншама. Есікте-резелерін тақтаймен шегелеп тастап жүрдік. Өйткені «Ақсеңгір» судың аяғындағы колхоз еді. Оның қоныстандыру салған «Жай-саң» аталатын жердің төмен жағы қаптаған қалың ши еді де, өзеннің шеті ит мұрыны өтпейтін шырыш-қорыс болатын. Әсіресе төмендеп Қаракөлге жақындағанда қамыс-құрақ қаптап тұрады да, арасында қырғауыл, жабайы шошқа, ши арасында қоян жыртылып айырылады. Құр қол, жаяу адамға одан не пайда? Осы жылы қасқыр да қаптап кетті. Ол адамға ашаршылықпен бірге шабуыл жасады. Қақпан басып, солтүстіктен соққан сары аязға бой бермейтін ішік жасап киіп алатын қайран қазақ енді бәрі алдында мүсәпір сорлы болды да қалды. Бәрі тіпті күндіз екі үйдің арасында жүретін болды. Ә, шіркін-ай, құлағына жеткен қара ауызыңды қарс айырып, ыржыңдатып, ырылдатып, ырситып ұрып алатын күн қашан туар екен деп армандау мен қала береміз...

— Бұл бас не көрмеді. Мына қолмен бір күнде қырық — елу адамды көмдім,— деді Шұнақ шал сырты быт-шыт болып, терісі жұқара бастаған оң қолының саусақтарын салалап көрсетіп. Сол өліктердің таңбасы әлі алақанында тұрғандай қолына қарадым. Шалдың қолы жаман емес. Әжім басқан ұзын-ұзын сойдыған саусақтарының әрқайсысы жас баланың білегіндей. Тарланкөкті үйретіп, Ұлтуған сияқты тауық тамақ, құралайдай сұлуды қызық-тырған саусақтар ғой, бұл деп ойладым.— Соның бәрін әдемілеп, арулап қойдық деп өтірік айтсам, інім, бұл жерде ешкім де сенбес еді. Әйтеуір бетін жасырдық. Оларды көтеріп көрге салуға күші келер адамның өзі аз. Көктемде жұрттың қалғанының бәрі қаңқау-саңқау, үрген қарынды жүк көретін шамада еді.

Көктем келгенде қыста есік-терезелері шегеленген үйлердің бәрін аштық. Солардан иіс шыққан үй болған жоқ. Торы еттен ажырап, әбден арығы жетіп, сүйегіне құр терісі ілініп қалған адамдарда иіс те

болмайды екен. Біз жол үстіндегі өлікті ғана біледі екенбіз, қар кетіп, жер ашылған соң, өлік тіпті көбейді. Оларды енді көмбеуге болмайтын еді. Қатып, қар басып қалған-дарын қасқыр да жей алмапты. Бөрі де ақымақ емес болса керек-ті, ол көбіне қаңғып бара жатқан қазакты тірідей, қаны, денесі қатпай тұрғанда жеген. Өзі әлсіз, күш, дәрменнен айырылған адамның алдынан қасқыр қарды боратып шашады екен де, анау әлсіреп қалғанда бас салады екен. Сонан соң адамды аяқ-қолын серендетіп, тоқты басқандай, жәукемдей береді екен. Сөйтіп үрендеге үнем болған қазактың өлімін теріп жүріп, өткен жылдың қырымандары жанынан оларды тіпті көп алдық. Оның да өзіндік себебі бар еді. «Қарны ашқан қараша үйге шабар» дегендей бірдеме болса, осы жерде болар деп қырманға келушілер көп болған. Қырман ол кезде қайбір елді-күнді жерде. Қырман суырып, сабанды қайта табандарына басып, топанды ұшырып, қауызды уысымен уқалап, талшық етер бірдеме тауып жүргендер де болды. Ал соған барып-келіп жүріп, ит-құсқа жем болғандары да жетерлік еді.

Ал шынына келсек, сол кезде қырымандардан біраз адам шын жан сақтап қалды. Атпен, таспен басқан егін өз алдына, күзгі дымқылға ұрынған жасық масақтың дәнін сол кезде ауылға жаңа жеткен, атпен айналдыратын қызыл барабан да тегіс ала алмай-тын. Сабан-топанның астын үңгіп бірдеме алғандар оны шикі жеп те күн көрді. Қанша айтқанмен дәннің аты дән. Тамағынан дән өткендер өлмеді, ал қар басып, ат құлағы көрінбейтін, ақ түтек зымыстан тұрған кезде оған қолы жетпей, не жылы үйге жетпей көп адам сол төңіректе қаза болды. «Екі тесік бір келсе әбиіріңнің кеткені, екі ауру бір келсе, ажалыңның жеткені». Ашаршылыққа суық қосылған соң ірепдел жігіт сүкіт тартады да, сүрініп кетеді... Көкдаладағы бір қырманнан отыз жеті адамның өлігін таптық. Соның бәрін тәретулеп отыруға күш қайда, дуал соғылған жерлердің орына, оқпанды, апанды жерлерге өлікті сүйреп салып, бетін жасырған болдық. Кейін ол өліктердің сүйектері шығып қалып, бас сүйектерімен балалардың ойнап жүргенін талай көрдік.

Көктем келіп, қар кетуі ашаршылықты ала кетті деуге болады. Тірі қалып өлмегенге жаз болды. Көтерем ат болды, көлденең шөп ас болды дейтін көктемде тірілер кеудесін сүйреп, былтырғы қырымандарға жетті. Ал бала-шаға өткен жылдың жыртылмаған аңыздарына қайта жайылды. Кейбіреулер масактан күніне бір-екі килограмға дейін бидай үгітіп алып жүрді. Жаңа түйілген, ат теріне тимеген қайыс нөкта, жүгенді отқа пісіріп жеп жан сақтағандар енді сай бойлап, жуа теріп, өзен бойындағы талдағы құс ұяларын қуалап кетті. Дүние жүзілік аспаздар тәжірибесінде он жылғы өгіз терісінен котлет жасағанда адам ештеме сезбей, бар ындынын салып, ықыласпен жейтін тамақ істейтін өнер иелері бар. Оған қарағанда жаңа илеген қайыс арпа нан қасындағы бидай ұнынан пісірілген шелпектей емес пе.

Осы ашаршылық жылдары, інім, мен ислам дінінің пайғамбары Мұхамедке қатты ренжідім. Оның діні бізге майы сере қарыс, ұшасы ұшандай жайылып жатқан шошқаны жегізбей қойды. Ал бұл жағынан алғанда Будда діні барлық діннен артық па деп қаламын. Оларда тамақтан өткеннің бәрін жеу керек. Ғажап емес пе! Егер жасынан орыстарға ұқсап тасбақа, фран-цуздарға ұқсап көлбақа, қытайларға ұқсап жылан жесе, біздің қазағымыз қырылар ма еді. «Ораза, намаз тоқтықта, иман кетер жоқтықта!» Қандай дұрыс айтылған сөз. Ас адамның арқауы болса онда жоқшылықта бәрін де жеуге болады ғой деп ойлаймын. Өйткені ішінен ас кеткен соң кісі кеңкііп, адам кейпінен шығып қалады екен ғой, інім. Адам «миы өсіп жетілген жоғары сатыдағы хайуан» екеніне ашықтырып көрсен көзің әбден жетеді. Ашықса ол да хайуан болады да қалады. Біздің халқымызда «Бір күн тамақ ішпегеннен қырық күн ақыл сұрама» деген мақал бар. Мен бұдан артық дүниеде данышпандық сөз бар дегенге сенбеймін, сене алмаймын. Дүниенің арқауы тамақ екенін маған отыз екінші, отыз үшінші жыл айқын дәлелдеп берді. Ашыққанда мұсылмандығың жолбарыс көрген қасқырдай құйрығын бұтына қысып жымып кетеді екен.

Мен тасбақа жеген қазақтарды көрдім. Өліп бара жатқан соң жемегенде қайтеді. Көктемде төбе-төбеге жайылып кеткен қазақтардың ішінен ондайларды кездестірдім. Дұрыс істеді деп ойлаймын, інім. «Оны жегенше аштан адам қалпыммен өлгенім жақсы» деп отырсың, ә, інім. Оның дұрыс емес және ол кебеже қарын, кең құрсақ кездегі сөз. Өлгеннен тасбақаны қайзаған артық. Европадағы мәдениетті елдерде тасбақа сорпасын ең әуес, таңсық ас ретінде береді. Сонда қалай деп ойлайсың, олар адамшылықтан шығып кетті ме? Жерінде тарбаңдап тасбақа қос-қостан еркін жайылып жүрсе, ол ең мәдениетті елдерде татымды ас болса, сен оны жемей аштан өлесің, адам-ақ екенсің! Ең болмаса оны ұстауға әлдеқандай бір күш жұмсайтын болсаң екен-ау, жерден еңкейіп ал да дорбана сала бер. Еңбек етпей, тер төкпей жейтін астан, жеңсік астан қарап жүріп құр қалған елге не айтарсың. Тіпті өмір сүру дегеннің не екенін қазақ қалай ғана тар шеңберде түсінген, інім. Жылқының жал-жаясы, қазы-қартасы, қойдың сүбесі ғана өмір сүру азығы болыпты, оларға. Жөн бе, осы, інім? «Ақсеңгірден» ат шаптырым жерде жататын Төрегелді деген ащы сулы өзен бар. Жазда көбіне құрғап қалады, не шалшық болып жатады. Осы аңғарда саршұнақ та бар еді, екі алдыңғы аяғын айқастырып, құлдық ұрған кісіше ін аузында шақылдап тұрар еді. Әрине, ол кезде ол сиректеу болатын. Қазір егіннің көптігіне байланысты ол бүкіл Ақсеңгір өңіріне жайылып кетіпті. Оны қазір қазақтар аулап, ұлпанын алады да, етін лақ-тырып тастай салады. Ал ашыққанға ол май қуырдақ болмас па? Ел аман, жұрт тынышта, жан тоқшылықта оның ұлпанын да алып, етін де қуырып жеп жүргендер өлген жоқ қой. Өлгенің не? Өлетін адамдарға ем болады екен. Оның майын шыжғырып көкірек ауруға ем

қылады деседі. Ал суыр ше? «Жоны қашқан итке дайрақ табылмас» деген ғой, әрине, ол кезде қақпан арқалауға, не оны басуға адамның шамасы келмеген де болар еді. Осы жерде, інім, халық арасындағы бір әңгіме еске түседі.

Нарынқол төңірегіндегі бір бай, саудагер қазақ Нүсіпбек бір қалмақпен дос болыпты. Қалмақтың аты Серен екен. Бір күні қазақ бай қалмақ досын қонаққа шақырыпты. Қалмақ досы қартайыңқыраған, аузынан азу тісін аршыған, шалдау кісі екен. Нүсіпбек нағып бұл кәсіппен айналысқанын кім білсін, үйіне тауық та асырайды екен. Қазақта еттен бұрын шай әкелетін ежелгі әдет. Шай келтіріліпті. Қазақ тауықтың жұмыртқасын қуыртып, досының тісіне жұмсақ болсын деп, алдына қойыпты. Серен шайды ішіпті де, жұмыртқаны жемепті. Нүсіпбек майға қуырған жұмыртқаны өзі соғып алыпты. Артынан ет келген соң Серен етті жеп, қымызды ішіп кетіпті. Содан бір күні қалмақ Серен қазақ досын қонаққа шақырыпты. Қазақ, япыр-ай, бұлар доңыздың да етін жеуші еді, қалай болар екен, біліндерші деп бармай тұрып жансыз жіберіпті. Барған жансыз «кой сойып, бас бергелі жатыр» деп келсе керек-ті.

Нүсекең қалмақ досының үйіне барып отырыпты. Қалмақ дастарқанына ұсақ майда тураған суыр етінен әдемі қуырдақ әкеліпті. Нүсекең бұл әлдененің еті деп жемепті. Сонан соң Серен сұрапты:

— Нүсеке, неге жемей отырсың?

— Ненің еті екенін біле алмай отырмын,— депті Нүсіпбек.

— Же, тарбағанның еті,— депті Серен.

— Онда жемеймін, адамның етін жей алмаймын,— дейді ғой Нүсіпбек. Сонда қалмақ айтыпты:

— Ей қазақ, бұл қалай болды. Боқ жейтін тауықтың жұмыртқасын жейсің де, шөптен басқаны татпайтын тарбағанның етін жемейсің. Тауығыңа қарағанда тарбағанның еті қазақтың қара-қоңыр қойының етіндей емес пе? — Міне, інім, дін ісінде осындай кереғар нәрсе көп екен. Сол қалмақ айтқандай, қазақ мұсылман болғансып суыр етін жемейді. Ал мұсылмандардың бәрі жемейтін жылқы етін жеп, сүтін ішіп алады.

Өлмеудің сан жолы бар екен ғой, інім. Қазақтар Голощекиннің қолдан жасаған селебесіне қарсы осының бәрін қолдануы керек еді. Пысықтау қазақтардың шілге тұзақ құрып жүргенін көрдім. Бірақ ол елдің бәрінің қолынан келе ме. Қолына өзі келіп түсіп тұрған тасбақаны жемеген қазаққа кейде өлмесең еме қап дегің де келеді. Қап, шіркін-ай, десеңші!

Інім, соғыста өлгеннің жөні басқа екен. Алдымен қайда бара жатқаныңды білесің. Не үшін соғысқаныңды, Отаның үшін, ата-баба жері үшін жан қиятыныңды білесің. Бұл қасиетті өлім деп ойлаймын. Елің үшін өлсең — шейітсің! Ал қарекетсіз, қарап отырып елгенді

көруден азап бұл дүниеде жоқ екен. Қарыны аш, қара баланың қолын жайып, мүсәпір болып, өлежіп тұрғанын, кінәсіз, бар күнәдан пәк сәбидің жарық дүниеге келе салып, түк көрмей, сұм дүниеден еншісін ала алмай, қыршынынан қиылғанын көру — міне, азап осы.

Мен, інім, қазақтардың осынша аштыққа ұрынғанын, болмаса олардың қолында малы, астығы жоқ, түбінде ашығатынын Москва дер кезінде білді деп ойламаймын. Голощекин, оның жанында құдай осы жұмсақ креслодан айыра көрме, алатын болсаң был-қылдақ креслоның үстінде ал деп отырған Исаев, Құрамысов шындықты айтпады, бұл, інім, жауырды жаба тоқыды деуден ауырлау. Лоқы-мандам үстіне ерді ішкіліксіз-тоқымсыз салу деп түсіну керек, мұны. Ал Исаев Голощекинге тықыр таялғанда ғана қулықпен қозғалды. Голощекин жел шығарса «жәрәкімалла» деп жәреу келеніп отырған осылар — қазақ өліміне кінәлілер. Інім, мен қазақтың қырылғанын айтуға қорықпаймын. Біреу екі миллион, біреу үш миллион адам қырылды деседі. Олардың айтқанының да жаны бар. Жиырма бірінші жылы жас революционер большевик ақын Баймағамбет Ізтолин өлгенде газеттер «жеті жарым миллион қазақ халқы саған басын иеді» деп жазды. Ал ресми цифрдың өзі бұл шындықты маған ашық сөйлеуге право береді. Өзің бұрын шыққан Кіші Совет энциклопедиясын алып қарарсың. Онда Совет Одағында тұратын қазақтың саны мың тоғыз жүз жиырма алтыншы жылғы қарахат бойынша төрт миллион алпыс еңкіз мың деп берілген. Ал елуінші жылдары шыққан Үлкен Совет энциклопедиясында Совет Одағында тұратын қазақ саны отыз тоғызмың жылғы есеп бойынша үш миллион бір жүз мың делінген. Қарахат жүргізілген жылдардың арасындағы он төрт жылғы өсімді есептемегеннің өзінде бір миллион адам жоқ болып шығады. Сонда ол қазақ қайда кетті? Әлде Голощекиннің қазақтан тартып алған қырық үш миллион қойын Израильге айдап кетті ме? — Бұған әрбір хат танитын адамның-ақ ақылы жетеді. Оған саясатты білудің, математикалық факультетті бітірудің қажеті жоқ. Ал жиырма алтыншы жылғы есептің өзінің дұрыстығы да күмән келтіреді. Баласын он алтыншы жылы оқпанға қызметке алғанда су жүрек болып қалған қазақ екі ұлының бірін хатқа салғызбағаны өзімізге мәлім. Ендеше мұны айтуға қорқудың керегі бар ма? Бұл біздің социалистік системамызға көлеңке түсіре алмайды. Ол системаның кемшілігі емес, Голощекин және оның төңірегіндегі оның жағымпаздарының қылмысы. Өйткені дұрыс қоғамдық құрылыс бар, оны көрсетіп берген жолды бұрмалап, дұрыс бастап кете алмаушылық бар. Ол екеуін шатастырмау керек. Сондай бастай алмаушылық, өтірік мәлімет, жалған мақтан Голощекиннің ауруы болды. Ал ол науқастың аяғы дендеп кетіп, Қазақстанға, қазаққа індет болып жолықты. Селебе құртын таратушы сол Голощекин болатын. Тіпті ол малдың құруы және жұрттың шұбырындыға ұрынуы байлардың ғана кесепаты деп

қарап, әрі-беріден соң малдың азаюын жартылай феодалдық қоғамнан социалистік қоғамға өтудегі заңды құбылыс деп түсіндірмек болды. Олардың пікірінше Қазақстан сияқты артта қалған республиканы сілкілеусіз социализмге жеткізу мүмкін емес деп қарады. Көшпелі және жартылай көшпелі елдің отырықшылыққа көшуі апатсыз болмақ емес деп көрсетті Голощекин. Қысқасын айтқанда оның ойынша социализм орнату үшін ойсырап қыры-луымыз керек екен.

Москва Қазақстандағы жағдайды дұрыс білгеннен кейін шұғыл шаралар қолданды. Мемлекет ауыл тұрғындарына 5,6 мил-лион пұт астық берді. «Продпомощь» деген орыс сөзі сол күндері әр қазақтың кеудесінен орын алып, бүгінге дейін жатталып қалды. Бірақ не керек, кешірек келді. Азық-түлік көмегі көктемде ғана беріле бастады. Ол бидайдай жіберілді. Жұртты бір орталықтан тамақтандыру міндеті қойылды. Келген астықты елге бөліп беруге тыйым салынды. Бұл ең бір дұрыс шешім еді. Өйткені ашар-шылықтан шыққан адам оны келістіріп, жеткізіп, ойдағыдай пайдалануы қиын еді. Оның үстіне үйдегі дәнді екінші біреулердің ұрлап әкетуі де бейім болатын. Сондықтан әлсіздігірдірманды таптамасы, таламасы үшін ауылда тірі қалған адамның дәл есебі алынды да, балалары бала бақшадан, басқалары үлкендер асханасынан тамақтандырылды. Адамдар бірнеше топқа бөлінді. Халі тәуірлер, шамалылар, ісік жайлағандар. Осы бөлініске орай тамақ берілетін болды.

Жұрт қаз қатар отырады. Әр қайсысы үйінен аяқ-табағын көтеріп келеді. Әрине көбі-ақ бидай талқаннан істелген қара көжені құйғызып алу үшін ыдыстың үлкенірегін, бұйірлісін әкеледі. Бірақ алғашында тәжірибесіздіктен олардың ыдысына қарай құйылған көже екінші күні-ақ әділетке көшіп, және кесемен өлшеніп берілетін болды. Адамның адамшылық психологиясы тіпті осы ашыққан жағдайда да анық көріне түсіп отырды.

Құрбангүл деген әйел екі жәннен қара көжені бір шетінде отырып ішіп алып, енді аяғына барып қайта құйғызып алды. Оның аспаздарды бірер рет алдағанын жұрт көріп, әйелдер беттерін ийымшысты. Құрбангүл үшін ұялып жүрді. Біздің халқымыз парасатты, текті халық, інім. Осындай қиын-қысталаң заманда да бірлі-жарымдысы ғана болмаса, бұзып-жарып тәртіп бұзған тебірді өз сопа басым көрген емен. Тектілігі сол емес пе, тіпті Құрбангүлдің істеген әбестігін, «аш болған соң істеді ғой» деп бетіне де баспады. Солардың көбі астың құлы болмай, ардың құлы болуды армандауын сол күндері де қойған жоқ. Олар ас, аштық алдында әлсіз болса да, арықтығын білгізбей, сыртқа жүнін кампайтты. Құлқын алдында әлсіздігін білгізбей, бүгілмей, иілмей, тіке тұрған күйі дүние салды. Ерлігінен ездігі басым кейбіреулерді көргенде, адамдықтың үлгісін қатты ұстанатындар қара жерден саңлау іздеді.

Адамды, адам ағзасын ширату үшін тұзын басым салған қара көже-ақ құлқынның ашқарақтығына тұзақ салды. Мөншамен емес, сорпамен емделетін қазақ ағзасына осы жолы қатықсыз қара көже қара қоңыр қойдың етінен кем болмады. Өйткені қара көженің анасы дән еді. Басқа шаралар да қолданылды. Орталықта қалған азғантай қойдан көжеқатық берілді. Тірілердің өзі де тіршілік жасады. Мысалы жер жырттылып жатқан жерлерде қарғалар ұзақ, құзғын соқаны өкшелеп есекқұрт теріп жеп жүріп отырады. Соқаны ұстаушы қолындағы шыбыртқысымен артындағы қарғаны салып қалып, ұрып түсіру әдісін пайдаланды. Ол қарғалар да жеуге жарамды болды. Енді осы әжептәуір арқау боларлық асқа қанағаттанбағандар талға салған қарға ұяларынан жұмыртқа алып, отқа пісіріп, күлді-көмеш қалпымен жеп жүрді. Қалай да тірілер тірлік істей бастады. Олар аз күнде-ақ түзеліп келе жатты, нәрігіп қалғандар ес жиыды.

Қазақстанда қазақтың, малдың ең аз болған жылы соңғы жүз жылда отыз үшінші жылдың көктемі болар. 1897 жылғы есеп бойынша қазақтың саны үш миллион тоғыз жүз сексен төрт мың болған екен. Сонда қырық екі жылдан кейін жүргізілген есепте одан әлдеқайда кем болып үш миллион бір жүз мың болып қалуы жанынды жейді, тіпті іштей қан жыламасақ амал жоқ. Ал біз төрт миллион болған кезімізде өзбектер жеті жүз мың ғана халық екен. Мал да солай, Голощекин келердің алдында бізде қырық жеті миллион мал бар екен. Ал жүдеген отыз үшінші жылы содан бар-жоғы бес-ақ миллион қалыпты. Ал он жетінші жылдың өзінде тек есепке алынған жылқы ғана төрт миллион екі жүз отыз үш мың екен. Тек бір Көкшетау уезінде ғана төрт жүз жетпіс алты мың жылқы болған. Міне, бұдан кейін Голощекинді не деп айтсаң да болмас па!? Бұрын қазақтар: адам жұтамай мал жұтамайды дейді екен. Отыз үште «Ақсенгір» колхозында үш жүз елу ғана қой, отыз бірінші жылғы мың түтіннен асқан елден алпыс үш түтін қалды. Қазақ халқы үшін қараланып келіп, қаралы болған сол бір отыз үштің қысы мен көктемі біздің тарихымыздың ең бір сорлы болған, бұрынғы «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама-мен» бірдей мүскін беттері деп айту керек. Бұл отыз үшінші жылдың жүз жылдығын қазақ халқы қара күн жариялап, қаралы жалау іліп қарсы алса да болар еді. Мысалы: інім, ұлы Отан соғысына Қазақстаннан әрбір төрт қазақтың бірі қатысты. Өлгені де аз емес. Халықтың он екі процентіне жетіпті. Бірақ олар соғысып, ерлік көрсетіп, Отаны үшін мерт болды ғой. Ел шетінде, жау бетінде өлсе де отыз үшінші жылмен салыстырғанда оны қой түнеткендей деу керек.

Адамзат баласының тарихындағы ең асыл, еңіреген ерлер аталатынның, фольклор қаһармандарының бәрі елі, жері, Отаны, өтені үшін жанын пида еткендер. Ендеше тіпті олардың өлімінің өкініші жоқ десек керек. Елінде, жерінде, көшпей, аумап отырып қырылған қазақтар өлімі — шын арманды қазақ осы! Жалпы елі, ата-жұрты, баба

кірті, саф халқы, салуалы ордасы үшін шейіт болған ердің арманы жоқ деу артық болар, өйткені олар о дүниеге елін, жерін аңсап аттанды ғой, дегенмен қалайда олардың қазасы қасиетті де, қадірлі де.

Қазақта «қайың сауып кетті», «табанынан сауып отыр» деген тіркес, ұғым бар. Інім, сен журналиссің ғой, оны білетін де шығарсың. Қайың сауу қалың қазақ алғаш мың жеті жүз жиырма үшінші жылы қалмақтар шабуыл жасап, сүрен аттап, шұрқан салып, тұлымдыны тұл, айдарлыны құл етіп, қазақ шығарға өр, кірерге көр таппай, бет-бетіне тентіреп кеткенде болды. Елінен, ерінен айырылған, қанатынан қайырылған халық шұбырындыға ұшырады. Сұлудың шашы жайылды, ал өндігі сойылды, күн көріс қиылды, күлкі біржола тыйылды. Тамақтан өтер талшық табу, қарға адым жер жүру мұң болған сол бір сор қайнаған заманда, пыран киіп, пырақ мінген бұлықсыған мырзаның басынан бағы тайған заманда, кимешегінің жағы меруерт-маржанмен шеттік-телген, кер маралдай керілген сұлудың шытырма көйлек етінен, нұр сәулесі бетінен кеткен заманда, сор дария, қан өзен болып аққан заманда не істерін білмей сасқан, етегін басқан халық тентіреп, қаңғып, біреуі жекжат-жұрат қуалап күн кешсе, енді бірі кәдімгі сыңсыған орманға кіріп, қайыңды тесіп, оның сөлін ағызып, не сорып күн көрді. Ел еңіреген, табаны тілініп тенті-реген, не істеп, не қойғанын білмей сенделген сол жағдайлар кейін «қайың сауып кетті» деген ұғымды қалыптастырды. Ал екінші ұғым «табанынан сауып отыр» деген де осы ақ жүзі сары, жас басы кәрі болған, күндік тартып кімдік-науқас болған заманда қалыптасқан. Сол бақыт ұшқан, сор құшқан заманды қазақтар «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деседі. Алдымен «ақтабан» туралы. «Ақтабан» жаңа айтқанымдай «табанынан сауып отыр» екеуі бір ұғым. Жүре-жүре шұбырындыға ұрынған, дінке-дірманы құрыған байқұстың табаны тиеді де, көгілдірдей қобалжи басатын болады. Табан ішінен дүңкіп іріңдейді. Ірің-жалқық кеулеген табан ақ сары тартады. Сонан соң ол емшектеніп әр жерінен тесіледі. Әрине, оны сауып тастау, ағызып жіберу керек болады. Табаны жара адам жүре алмайтыны түсінікті. Міне, осы жерден келіп «табанынан сауып отыр» ұғымы шығады. «Табаныңнан сапқыр!» деген қарғыс та осыдан алынған, яғни «табаныңнан сауғыр» деген сөз ғой, ол.

«Алқа көл сұлама» дегенді, інім, біреулер Алқакөл деген жерде ел қырылыпты деп көрсетпек болады. Тіпті сондай бір көлді Қазақстанның оңтүстігінде болған екен деп те соғады. Мүмкін, інім, ондай атты көл бар да шығар. Бұл жерде қоғалы келді, ком суды кірістірудің ешбір логикасы жоқ. Егер сонша зор аймақты алып жатқан салуалы ордалы, байтақ Отанды қазақ бір-ақ жерде қырылған болса, ол сөз болар ма еді? Бұлай айдай әлемді, аяқтай жерге тіреудің орыны жоқ. Қазақ бұл мәтелге айналған тіркесте бастан кешкен жағдайды жалпы баяндап отыр. Ол бір шок теректі, шокпытты даланы ғана көрсетуі мүмкін емес. Өйткені қазақ шекпенінің етегі сияқты

далиып жатқан кең де, сайқын да жерінің бәрін-ақ басқыншылар билеп-төстеп, алтын айдар ұлды кесік құлақ құл қылды, ай десе аузы, күн десе көзі бар қызды шүйке басты күң қылды. Елімізге шұрқан салды. Зығырды қайнаған ерге зәнжір кигізді, таландыны табанынан тайрылтты. Бұл бір қазақтың емес, бар қазақтың басына түскен нәубет, ауырмалық еді. Ендеше қазақ бір Алқакөл туралы айтпайды. Оны өйтіп қиындатудың қажеті жоқ. Ақтабан болды, яғни табаны көлдіреп іріндеді, шұбырынды болды, жылады, алқасы көл болды, сұлады — елді деп өзі анық айтып тұрған жоқ па?! Яғни алқа-сы — омырауы көл болып жылады. Халық жасаған ұғымды өз-гертуге болмайды. Өйткені ол мыңдаған жылдардың ісі, істелген істің жемісі. Оның артығын жонып алып тастаған, кемін қосып толтырған. Ұлы теңіздің жағасындағы еңсегеннен малтаға айналған тастай әбден білеуленген, құрттай езген, малтадай жондаған. Оны өзгертемін деу бос әурешілік.

Айтайын дегенім, інім, қайың сауып кеткендіктің бір ұшқыны еді. Әуелі біз ашаршылық осы Жетісуда ғана болып жатқандай сезіндік. Сөйтсек Голошекиннің құрты бүкіл қазақ елін жайлап алған екен. Олай дейтінім Қырғыз елі ашаршылық көрмеді десек те болады. Өзбектер де солай. Өйткені біздің елден Алатау асып қырғыз барғандардың көбі-ақ ашаршылықтан қалыс қалып елге қосылды. Егер Қырғызстанда қазақ бар деп есептесең сол қазақ-тың бәрі тау асып, тас басып, тентіреп, тамақ іздеп барып қалғандар. Інім, жамандығыңды жасырсаң жақсылығың көмескіленеді. Жасыратыны жоқ, қызын қырғызға ұзатып, тіпті қатын үстіне беріп, жекжат-жұрағат болып күн көрген қазақтар көп болды. Қыз алысып, қыз берісіп, қан араласқан соң өрмекшінің” торына шатылған шыбындай елге қайта алмай жүргендері әлі де толып жатыр. Ал өзбектердің ашаршылықты көрмеуі отырық-шылығының арқасы еді. Өзбектер жер сүмесін емген ел.

Інім, бірді айтып бірге кете берді деме, осы жерде «қайың сауғанның» бір ұшығы — көптен көңіліме сыймай жүрген бір арманды әңгімені айтайын.

Соғыстың әлі қайнап тұрған кезінде, қырық үшінші жылдың декабрінде Украинаның «Колос» деген кішкене селосында дамылдап отыр едік, «қайран бауырым-ай, сені де көретін күн болады екен-ау» деген күңіренген дауысты естіп, қайдағы қазақ-тар, кім де болса қан майданда бірін-бірі көрген бақытты адамдар екен деп орнымнан тұрдым. Сөйтсем жасы мен қатарлы Жуалы ауданының Сәрсенбай деген қазағы бар еді, сол біреумен құшақ-тасып көрісіп жатыр. Екеуі де көз жастарын төгіп жүр, пора-пора. Біріне-бірі қарайды, қарайды да жылайды. «Не болды?» деп сұрағандарға ауыздары кемсендеп, айтуға келмейді. Әлден уақытта екеуі де жылауын саябырсытты.

Өксіктерін басып, солықтап барып, темекі тартысты. Саясы мол, беректі бір ғасырлық талдың көлеңкесіне отырдық. Төңірек тып-тыныш. Дүңкілдеген соғыстың жаңғырығы әлдеқандай бір тына қалған сәт еді. Сәрсенбайдың көріскені де екінші бір Сәрсенбай. Тіпті егіздер де мұндай біріне-бірі ұқсай бермес, екеуінің де қияқтай мұртының жебесі салбырап, қасы-көздері қиылып тұр. Дөң мұрындары да бір қалыптан шыққандай, қонқаштау. Қап-қара отты тұнжыр көздер егіздің сыңарындай.

— Не болды, Сәрсенбай? — деймін мен. Сәрсенбай қайтадан кемседеп, айта алмай, өксіп-өксіп жіберді. Арманды бір жағдайы бары білініп тұрды.

— Ей, еркек болып жөніңді айтсаңшы, өзілмей,— дедім мен қаттырақ сөйлеп. Мені аға санайтын Сәрсенбай жасын тыйып, кемседей отырып айта бастады.

— Мынау отырған менің туған інім Бейсенбай,— деді ол,— сонау отыз екінші жылдан отыз үшінші жылға қарағанда екеуміз Жуальдан Шымкент барғанбыз. Баяғы тамақ іздеп, құлқынымызды бітемекпіз де. Екеуміз Шымкенттегі бір сарттың үйінде жалшылыққа тұрдық. Әлгі саудагер екен де. Ол ертеден кешке дейін екеумізге отын әкелдіріп, оған тандырға нан пісіреді. Екі қатынымен үшеуі оны сағады. Бізге күніне бір күлшеден нан береді. Біз соған риза боламыз. Кейде күйеуі базарда кешіге қалса, кіші қатын мені жағалап, қойныма жарты күлше тығып кетеді. Бірақ өзбектер әйелін қатты ұстайды. Қатты ұстайтыны сол емес пе, ол жоқта маған жарты күлше беріп кететін Гүлсім ол келсе аузын бұғандай тіл аузын қояды. Үлкен қатынның да әлденеден үміті бар. Ол да жылы ұшырамақ болады. Бірақ ол күшігінен таланған иттей, тіпті аяғын абай басады. Ол кезде Бейсенбай жастау, сондықтан егер ретін тапса екі қатын да мені айналдырмақ. Байы жоқта екеуі де жылпындап тұрады. Әсіресе кішісі де. Ал күнін көре алмай жүрген біз сорлы қазақтар, ол көңілді аулайтындай шақуатты емеспіз. Осы күніміз көп болып қалмасын деп, аяғымыздың ұшынан басамыз да.

Бір күні Бейсенбай ауырып, ауруханаға түсті. Артынан барып, өзіме тиетін бір күлшенің жартысын тасып жүрдім. Сарттың ішкері үйінің бірі толған ұн. Ол үйге үнемі бір қара мысықты қамап қояды да, тек тамақ ішерінде шығарып алады. Бізден қара мысық та бақытты. Ол дастарқанның басына еркін бара алады, біз жағалай да, тіпті жанасалай да алмаймыз. Сөйтіп жүргенде мен Гүлсіммен жақындасып қалдым. Енді не керек, тамақ көп, жырғап жүрдім. Бейсенбайға да енді бүтін күлше апаратын болдым. Сөзді көп созып не керек, бір күні сарт мені үйінен қуып шықты. Оның басты себебі бір оңашасын тауып үлкен қатын да мені қолына түсірмек болды. Мен оған көнбедім. Сондай жағдай екі-үш рет қайталанды. Мен міз бақпадым. Ақыры Рахымжан ака маған «кетуің керек» дегенді ескертті. Мен сол күні-ақ кетпек едім, Бейсенбайдың өлгенін біліп бір күн аялдадым. Аурухана-

дан көмуге алып кетіпті. Өлігін таба алмадым. Сөйтсек мұны есінен танып кеткен кезінде өлді деп молаға алып кетіп, бетін топырақпен жаба салып кеткен. Бір кезде біреу қара санынан қойып қалғанда, басын жұлып алады. Сөйтсе айдалада, шұқырда көп өліктің ішінде жатады. Қаптаған өлік, қазулы мола. Көміп жатқандар бет-бетіне тұра қашады. Бейсенбай қалғанын өзің айтшы,— деді Сәрсенбай інісіне қарап. Бейсенбай сөйлей бастаған-да-ақ біз Алматы қазақтары түк түсіне алмай қалдық. Ол өзбек-шелеп кетті.

— Ей, мынауың қазақ емес қой, інім, дейсің! — деді алматылық қазақ Рахымбай.— Сөзіне түсіне алмадым.— Енді бәріміз Бейсенбайды қоя салып Сәрсенбайдың өзіне жабыстық.

— Сен өзің айт, мына сарттыңның сөзін түсінбедік,— деді Рахымбай деген жігіт мұрты едірейіп. Жігіт деп қоямыз-ау, бәріміз қатар едік, біз сол кездің өзінде елуді алқымдап қалған-быз. Біз соғысқа ең соңғы алынған адамдар едік. Россияда, Украинада қалай болғанын білмеймін, Қазақстанда тоқсан алтыншы жылғы адамдарды сол жылы соғысқа алған болатын. Оған «сен сарт дейсің» деп ағайынды екеу Рахымбаймен біраз керілдісіп алды. Сонан соң «қой, қой» көбейген соң әңгімені Сәрсенбай өзі айтты:

— Бұл басын көтеріп,— деді Сәрсенбай.— Төсегіне отырып қойған балаға ұқсап, топыраққа белшесінен батып отырыпты.

Көміп жатқандар қашып біраз жерге барған соң діңкесі құрып тоқтайды да, сабасына түсіп, екі-үшеу екен, қайтып келеді. Таң атып келеді екен. Бейсенбай ағынып: «Ей, ағатайлар, тастап кетпендерші!» деген болады. Олар мұның сөзін түсінбейді. Сүдіндері адам айтқысыз, сақал-мұрты қаудиган, басқа тілде сөйлейтін адамдар. Тілдері өзбекше де емес. Әсіресе шеткерірек тұрған тапалтақ, бадырақ көз қараның айшықты белгісі бар, оң жақ беті көлденеңінен тілінген де, сол көзінің асты тыртық, күйіп жазылған тәрізді. Бұлар үш адам қайта келіп, өздерінше сөйлесіп тұрады. Нақ осы бір сәтте, ертемен екі аттан жеккен үш арба салдырлатып келе жатады. Жаңағы үшеу быт-шыт болып үш жаққа қаша жөнеледі. Түк түсінбей Бейсенбай отырады. Арбадағы біреу қазақша әлгілердің әке-шешесінен жіберіп, арбасын тоқтата салып тұра қуады да, бастарынан асыра екі-үш рет мылтық атып, арбасына келеді. Басын көтеріп, орнынан тұра алмай отырғанды да, жаңағылардың бірі екен деп үстіне төне түсіп, көзі бақырайып тұрып қалады. Есі шығып кетеді.

— Қарағым-ай, сені тірі көмген екенбіз-ау. Бәсе, мына бір мұртты, әдемі жігіт өлімге қимайтын адам екен деп әңгіме қылып едік. Осы тірі шығар деп еді, әлгі Әлім.— Сөйтіп Бейсенбайды орнынан көтеріп, көрден шығарып алып, ауруханаға қайтып алып келеді. Содан бұл ауруханада құяңы, сарбуыны, сарыбы бар сарытап болып алты ай жатып, суық күзде бірақ шығады. Ауруханадан шыққан соң, баяғы екеуміз жалданған саудагер сарттың үйіне келеді. Інім, өзбек үйінің есігі көшеге

қарамайды. Өзбек үйіне кіру үшін алдымен албарына кіру керек. Ал албардың дарбиған дарбазасы болады. Соны қағады. Дарбазадағы шағын есікті сау-дагердің кіші әйелі ашады да: «уайдайт, уайдайт»,— деп есікті тастай салып, тұра келіп қашады. Есік алдында күліп Бейсенбай тұрады. Әйеліне біреу қол салып жатыр деп ұққан саудагер балтасын ала салып есікке тап береді. Өліп қалған Бейсенбай тіріліп келіп тұрған соң, балтасын тастай салып, есікті тарс ұрып қаша жөнеледі. Сөйтіп ағасының қайда екенін біле алмай шерменде болған Бейсенбай жылыстап кетеді. Қаңғып жүріп Ташкент барып жан сақтайды. Содан соғыс алдында ғана Жуальға келіп Сәрсенбайды табады. Бұл жолы ол кәдімгідей адам болған. Бірақ тілі де, паспорты да өзбек, тіпті үстінде белін бір буған ала шапан, басында ала тақия. Сонымен,— деді Шұнақ шал,— арыс күлкі, үстімізден бомба түседі, соғысқа бара жатырмыз деген ділімізден шығып әлгінің әскери документін көрелік. Қусираков Бейсенбай, ұлты өзбек деп жазулы тұр. Біздің жолдасымыздың да Қусираков екенін бұрыннан білеміз. Бейсенбайдың команди-рінен оны сол күні жалынып-жалпайып сұрап алдық. Ол ағасымен қойындасып жатты. Түнімен далада болдық. Командирдің ұрысқанына қарамай әңгімені соқтық. Бейсенбай бірін өзбекше, бірін қазақша баяғы өзін моладан қазып алғандардың бірін әңгімеледі.

— Ол моладағы өлікті тонағандар менің өлімнен құтқарушыларым ғой,— деді Бейсенбай.— Егер моладағы өлікті тонауға сол түні олар келмесе мен онда о дүниеге аттанатын едім. Сол жылдың қысында Ташкенттің Алай базарында нанды кірелеп жинап қойып сатып тұрған кісі бір жерде көрген адамым сияқ-ғанды. Оң жақ беті көлденең тілінген, сол жақ көзінің асты күйіп қалғандай тырысып-бырысып тұр. «Қайдан көріп едім мұны» деп бетіне тесіле қараймын. Ол теріс айнала береді. Аузы-аузына жұқпай өзбекше сөйлеп, нанын саудалай береді. Бұл маған неге қарағысы келмейді? Қайда көрдім? Ақыры таныдым.

— Өй, көр қазғыш, неге қарамайсың? — дедім.

— Ей, ағатай,— деп ол ауызымды баса қалды. Қазақша сөй-леді.— Ағатай, ауызыңнан шығармашы. Мына әйелім естіп қалмасын.

— Жарайды,— дедім мен. Ол мені тура жұмысқа тұрғанша бір ай асырады. Ол бұқарлық еврей екен, тілдері бүгінде өзбекше сөйлегенмен өздерінше әңгімелесе ұға алмайсың, тәжікше сөй-лейді. Бір күні ол күн бата базар шетінде тұрса:

— Мал тапқың келе ме,— депті, оның бетіндегі тыртығынан әлде бірдеме оқып білгендей болған екеудің бірі. Есектің құйры-ғын жууды қайдан табамын деп аңырып тұрған бұл мүскін келісе кетіпті.

— Жүр, ендеше! — Бұлар кеш батқанша бір көгалда жатады да, кешке тура тартып молаға келеді. Бір арыққа жасырып қойған кетпен-күрегін алып, моланың жаңа жабылған топырағын қаза бастайды. Сөйтсе олар өлгендердің жарамды киімдерін алып сататын қорқаулар екен.

— Кетпенмен сен жатқан жердің топырағын ысыра бергенде сен басыңды жұлып алдың. Одан арғысын өзін білесің,— дейді тыртық бет. Сөйтіп ол әлгі екі сұңғыттан зорға қашып құтылыпты. Мола қазып тапқан малың құрсын деп Ташкентке қашыпты. Бір өзбекке жалданып, ол оған жалғыз қызын қосып, күйеу бала етіпті. Сөйтіп ол да тілі де, паспорты да өзбек болып шыға беріпті. Ала шапан мен ала тақияны ол бұрыннан-ақ қиетін болса керек-ті. Мен-ақ емес өзбек болып кеткен,— деді Бейсенбай,— басқа тілдегілер де сініп кетті. Оған қарағанда менің тілімнің айырмасы түк емес қой.

Ағайынды екеу таң қылаң бере-ақ тұрып алды. Айырылысуы қиын болды. Қу бауырын қия алмай, екеуі еңіреп тұрып қош-тасты:

— Егер тірі қайтсаңыз менің бала-шағамды жинап алыңыз,— деп зар еңіреді Бейсенбай.— Еліме барып ұлтан болайын, көке! — Екеуі қайта құшақтасып көрісті. Сөйтіп бір әке, бір шешеден туған екі қазақ-бірі қазақ, бірі өзбек болып соғысқа кірді. Көрдің бе, інім, егер Голошекин лаңы болмаса сол Қусирақовтар бала-шағасымен қу сирақ болса да, май сирақ болса да қазақ болып жүрмес пе еді. Қайың сауып кеткеннің жайы осы. Әуелі қайың сауып жүріп туысқанын тапқандарды айтпақ едім, қайың сауып басқа ұлт болып шыққандарға түсіп кеткенімді көрдің бе? Бәрі ашаршылықтың кесірі. Голошекиннің лаңы.

Лаң. Лаң демекші інім, ол адам баласының басына түскен індет, сүзек құрты, әлде малдың топалаңы, адамға келген оба сияқты сыпырып, түк қоймай кететін бықпырт — селебе. Бірақ отыз екі-отыз үш селебесін адам баласы өзі қолдан жасады. Өзін өзі қыруды да өзі жасады. Оған бәлкім ақылы жетпеді. Бірақ ақылы жетіп тұрып та осы заманда өзін қыратын қаруды, өз тажалын өзі жасап жатқан жоқ па, адам баласы?!

Көктем келісімен соқа шықты. Жұмысқа жарамды адамдар асханадан атала ішті. Балалар бақшаға барды. Әйтеуір қалайда ауырмалық көтеріліп, адам адам қатарына қосылып келе жатты. Бірақ оның зардабы отыз төртінші жылға дейін жетті.

Отыз үшінші жылдың май айында мені Жандосов шақырды. Қазақ ауылшаруашылық институтының іргетасын қалаған ол сонда директор еді. Бір күн жүріп жеткен мен ертеңіне Гоголь көшесіндегі Жандосов кабинетіне кірдім. Ол кең кабинет ішінде екі қолын артына ұстап жүр екен. Үстінде төс қалталары сыр-тынан салынған қалың сырт жейдесі бар. Оның белін жалпақ белдікпен буған. Аяғында көнетоз етігі бар. Үнемі тік түрегеп тұратын қою қара шашы өсіңкірегендіктен екі жағына жарылыңқырап кеткен. Бір топ шаш маңдайына салбырап, өңін аша түскен. Қабағы көтеріңкілеу. Соңғы көргенімде онсыз да тез сөйлей қоймайтын мінезі қоюланып, маңдайы түйіліңкі жүретін. Қабағына қарап көңілінің сергектігін, біразын жабыңқы маңдайдың қырыс-тырысының азайғанын байқадым. Ол өзінің үш інісі-нен басқаға «сен» деп сөйлемейтін. Өзі сызылып тұрған, қызметі жас кезі-

нен үлкен болған адамға «сен» деп өзімісініп болса да сөйлегендерді көргенім жоқ. Оның ашусыз, көңілді кезінде де бетіне бажырайып қарау бізге орынсыз көрінетін. Соларды ескере, неге шақырғанын ойлай тұрып:

— СәлаMATсыз ба!? — дедім.

— СәлаMAT-саумысыз, Әбеке, төрлетіңіз! — деді ол. Төрдегі түрлі нақышты, өрнекті емен столдың алдындағы күмпілдек, былғары қапты креслоға отырдым. Ол кездегі кеңселердегі жа-сау-жабдықтың көбі-ақ революция кезіндегі байлардан, капита-листерден алынған мүлік болатын. Жандосов орнына отырған жоқ, қарсыдағы креслоға жайғасты. Менің де бойым, денем бар, інім, бірақ Жандосов жанында мен өзімді бүркіт жанындағы торғайдай сезіндім. Ол әңгімені жеке басымның саулығынан, екі ұлымның амандығынан бастады. Сонан соң елдің жайын, колхоз құрылысын, өзі білетін ескі большевиктерді, бандиттер шабуылын, дотқтың тұрмысын, малдың, жанның есебін сұрастырды және оның барлығын, менің айтқандарымды шығар, тегіс дәптерге жазып отырды. Кейбір нәрселерді қайталап сұрады. Ұйымдастыру ісіндегі өрескелдікті, жетістікті де жазып алды. Мен, інім, түртіп алды деп әдейі айтпай отырмын. Ол мұндай нәрселерді өзінің маржандай тізілген әдемі жазуымен қорытып жазып алатын. Әңгіме бүгінгі күнге ойысқанда өзінің жанынан да бірер сөз айтты.

— Енді,— деді ол шашын саусақтарымен бір салалап қойып,— колхоз құрылысы нығая беретін кезеңге жетті. Келесі жылдары ауыл шаруашылығы кеп жаңа құрал-сайман алады.

Ұзамай ат соқамен қош айтысатын боласыздар. Олардың орнын техника-трактор, комбайн басады. Енді оқыған маман адамдар көбірек керек болады. Ауылшаруашылық артельдері күрделене түседі. Күрделі, механикаландырылған шаруашылықты басқару үшін күрделі білімді, тегеурінді адамдар керек. Сіздің де біліміңізді көтеруді ойлайтын кез келді. Оны бүгін бастауыңыз керек демеймін. Мүмкін бірер жылдан соң оқу керек болар.

Жандосов мәселе мұндай жеке бастың мүддесіне келгенде кеңес қана беретін. Былай істе демейтін. Бірақ оның кеңесінен біз мәселенің беті қайда ауып бара жатқанын, Жандосов нені көздеп, неге мегзеп отырғанын түсінетінбіз. Ол бізді отқа итермейтінін, дүниенің жарығына сүйрейтінін білетінбіз. Сондықтан мен өз тарапымнан солай істеуім жөн болар дегенді аңғарттым.

Жандосов сырт жейдесінің түймесін ағытып, тамағын кенеді. Ол ешқашан жөтелмейтін. Бір ұзақ әңгіме айтқысы келіп отырғанын ұқтым. Оңаша отырған екеумізге әңгімемізге бөгде ешкім кес-кес тұрған жоқ.

— Әбеке, жасыңыздан басқа елдің арасында өстіңіз. Ағайын-туғаныңызды да адам болып, ат жалын тартып мініп, жігіт санатына

жеткен соң тани бастадыңыз. Сондықтан ағайындар арасындағы жыр-дан, сыр-дан жырақ, қыбайда қалдыңыз.— Ол, інім, сіз білмейтін сыр да, жыр да көп деп айтуды білмей отырған жоқ. Көрдін бе, «сіз білмейтін» демейді, жырақта жүргендіктен білмедіңіз деп отыр. Міне, інім, әңгімені қашанда қазақтар жан ауыртпай, осылай алыстан орағытып, елшілерше сабақтар еді. Ал біз болсақ «сіз білмейтін сыр көп» дей салар едік.— Шал бұдан кейін қайтадан Жандосов сөзіне ойысты.— Оның біреуі құлағыңызға тигенмен, бірін естімеген боларсыз. Көздің құртын жейтін байлықты, дүние-мүлікті қазақ ауылының бәрінен кездестіруге болады. Ал құлақтың құршын қандыратын әңгімені екі ауылдың бірінен ести алмайсыз. «Токсан атқа бір белбеу сатып алып, не қыласың дегенге шұлғау депті» деген Қарабай сияқтылар аз ба еді, бізде. Ондайларды өзіңіз де көрдіңіз. Айранын ұрттап, қойын құрттап, мал өрісін, жұрт-қонысын ғана білетін малдан дайрағы басқа адам киімін кигендер қаншама. Солардың бәрі келіскен кенес беріп, тәкбір айтып, жұртты тебідікке баулыса, баулымаса да сөз ұғар құлаққа білгенін, көргенін жеткізіп отырса, біздің халқымыз қазіргіден әлдеқайда ілгері болар еді.

Қазақта әңгіме айтатын, әңгіме тыңдайтын дәстүрлі ауылдар болады. Олардың адамдарының сол дәстүрге үйренгені сонша «сен кімсің, нағып жүрсің» демей, етке, қымызға тойғызып, әңгіме-тәкбірине араластыра береді. Егер сіз өз жаныңыздан бір әңгіме айтар болсаңыз, ол ортада бағаңыз арта түседі. «Сен әңгімеге неге кірісесің» демейді. Сондай ауылдың бірі біздің Күртгі елі еді.

Сиыршы деген атамыз жүз бір жасқа келіп жиырма екінші жылы қайтыс болды. Жүзге келген адамға қайда тұрдың, қайда жүрдің дерін бар ма. Көргені де, көкейіне тоқығаны да көп. Сиыршы атамның төңірегінен ылғи әңгіме өріп, тарап жатар еді. Ол сонау ақындардың қызыл желі Сүйінбайды, оның қамқоры Тайбағар мырзаны, өзі Іленің арғы жағына өткенде белбеуінің ұшы Іленің бергі жағында сүйретіліп жатады екен дейтін Дәурен салды, қазақта сұлулықтың құдайындай болып туған Көркем салды, екі көзі біріне-бірі атысып атасы Шапыраштыға ұқсап туған, қара қабыландай Сұраншыны, жауын айғайымен қорқытқан атаң Саурықты, қара шешекпен ауырған баланы буаз қойдың қанына бөлеп жазған, мың тоғыз жүз алтыншы жылы жүз отыз алты жасында қайтыс болған көкемді — Құртқа тәуіпті көріп бірге жүрген, жосықты жорықтың жоқшысы, ит мұрыны өтпейтін, жолбарыс жортқан қорықтың садақ тартқан саятшы-саяхатшысы болған кісі еді. Ол әңгіме айтқанда ұшқан шыбынның ызыңы естілетін. «Құбылтып жүз күй тартқан» Шанышқылы ішінде Тарханнан тараған Әл-Фарабиді, желдей есіп, қазақты желмаймен аралаған Асанқайғыны, түгел сөзді түгендеп кеткен Майқы биді, ауыздыға сөз бермеген Сырым сүлейді, өлгенше жұбын жазбаған, өзі болған

жігіттің арғы атасын қазбаған Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды қазақ камқорларын, Абылай атқа мінгенде, ата жауын қуғанда отыз мың әскерін үшке бөліп басқартқан түменбасылар Қаракерей Қабанбайды, Қанжығалы Бөгенбайды, Шапырашты Наурызбайды, адырнасын ала өгіздей мәңгіреткен, айтқан сөзі бар қазаққа жеткен, ел қорыған мінкен ер Исатай, Махамбетті, сандалтып Орта жүзді әнмен қырған Біржан салды сапырып әңгімелегенде, қазақ шежіресін таратқанда аузымызды ашып, көзімізді жұматын едік.

Сиыршы атам айтатын әңгіме Кенесары — Наурызбайға да соқпай өтпейтін. Кене хан Жетісу елінен қолдау таппаған да, одан Қордай асып Шуға бет алған. Сонда Алатау өңірінен оның сойылын соққан жалғыз Бұғыбай батыр болған. Бұл кәдімгі Пысамбай ақын: «Шұбыртпалы Ағыбай, Шапырашты Бұғыбай...» деп жырлайтын Бұғыбай. О баста Бұғыбай батыр саудамен айналысады екен. — Бұл Жандосов әңгімесін неге айтып кетті деме, бұл да жаңағы Голощекин құртының құны болғандарға байланысты әңгіме — деді Шұнақ. Сонымен Жандосов өте алыс-тан орағытып Бұғыбай батырды әңгімелеп кетті. Бұғыбай батыр Кенесарыға қосылып, орысқа қарсы шыққаны тіпті де саналылықтан тумаған, кездейсоқ оқиғадан болып еді. Әуел баста ол оған ашумен барған, — деді Жандосов.

Ол кездері бұрынғы Қапал уезіне қарайтын Құрымбелді мекендеген көп қазақтың бірі Бұғыбай батыр жеміспен сауда жасайды екен. Аяғөз маңына сауда қыла барған оның үш бірдей ұлы — Айдархан, Жайдархан, Хайдарханды отаршылар — Колпаковский әскерлері ұрып өлтірген.

...Кіресін тартып, тау бөктерлей жүріп отырып үш ұл түс ауа Аяғөзге жетеді. Үлкен ұл Айдархан он түйеден өрік-мейізін өзен бойына түсіріп, түйе белін көтеріп алмақ болады. Түйелерді шөккен қалпында суыту үшін тіздеп тастап, енді көрпе төсеп көк үстіне демалуға жатса, екі орыс солдатты келеді. Олар жүктің о жер, бұ жерін шұқып көріп жүреді де, алма, өрігін алып жей бастайды. Екі адам қанша жейді дейсің деген пікірмен Айдархан жайбарақат жата береді. Сөйтсе бір кезде әлгі екеуі әбден тойып алған соң, екі қап өрік-мейізді көтере бастайды. Айдархан екеуі көтеріп алған жемісті үндемей олардың арқасынан түсіреді. Сөйтсе біреуі қол жұмсап Айдарханға жұдырық салады. Өйткені осыған дейін олар қазақтың бәрі өзiмдікі деп, тартып алып үйренген, дәндегендер болса керек-ті. Бірсыпыраға дейін Айдархан оның ұрғанына жауап бере қоймайды. Шамадан тыс дәу жігіт екен. Қазақты әбден басынып алған солдаттың енді екеуі де қол жұмсайды. Сонан соң бұл ыза болады да, екеуін екі қойып ұрып жығып, екеуінің қолын артына байлап, екеуінің құйрығына екі теуіп қоя береді. Сәлден кейін бұл жерге он солдат келіп, енді келген Жайдархан мен Хайдарханға да тиісіп, жабылып үшеуін ұра бастайды. Сөйтпін жүргенде кіші ұл сайыпқыран Хайдархан солдаттың біреуінің

тамағын өзіп жіберген екен, ол табанда жан тәсілім қылады. Сонан соң он солдат қаша жөнеледі де, жүздей солдат келіп, бұлардың үшеуін де өлтіріп, мал-мүлкін талап алып кетеді. Қазақта күшімен де, ісімен де көзге түскен Бұғыбай батыр бұл қорлыққа шыдамай, құсалықпен патшаға қарсы болып жүргенінде Кенесарыға түс болады. Міне, Бұғыбай батырдың Кене-сары әскеріне қосылу себебі осылай болады.

Кенесары жеңіліп, қолға түсіп қалған соң қырғыздар қайта шатақ шығарады. Өйткені Алатаудың суын қатар ішіп, төсекте басы, төскейде малы қосылған қырғыздар Бұғыбайдың бұл кездері мына Қарашасуыныңарғы жағындағы Шапырашты-Шыбылдың Жәдік ауылынан екенін білетін. Оның үстіне Кенесарыға еріп кеткендіктен елінің Бұғыбайға теріс айналғанынан да хабардар еді. Алатауды бірге мекендеп, көкпарды бірге тартып, той-думанды бірге өткізіп, жауласпау үшін қыз алысып, қыз берісіп, құда-құдандалы болып жатқан қырғыздың сорпа бетіне шығарлары сәлем айтып, «Бұғыбайды ұстап берсін, одан еріміз кекті болды, қызымыз жүкті болды, балаға бауыздатып, қасықтап қанын ұрттаймыз. Бұғыбай батыр күллі қырғызға бүйідей тиді, егер ол болмаса Кенесары — Наурызбай қырғызға жол тауып келе алмас еді» дейді. «Сондықтан қазақтар Бұғыбай батырды ұстап бересіндер, әйтпесе ел болмаймыз, соғысамыз» деседі. Әбеке, «балаға бауыздатамыз» дегенін түсініп отырған шығарсыз, жанын қинап өлтіреміз дегені ғой. Бұған қазақ жағы — жаңа ғана тыныс алған ел басу айтады: «Қатар жатқан ел едік, егес болған шығар, егерлікпен, есерлікпен пендешілік еткен болармыз, қой көнтексіз, ел тентексіз болмайды, жауласпайық, ел болалық» десе, қырғыздар көнбейді. Нақ осы жерде Шапырашты екі жарылған. Бұғыбай батыр туыскандары Асыл, Шыбылдар өзара ұнатпай жүрсе де, бауырын ұстап беруге қимайды, «шабысса, шабысамыз» дейді. Үш-төрт жыл осылай өтеді. Ақыры ойластыра келіп қатар жатқан қазақ пен қырғыз арасы ащы болмасын, «мен кетейін» деп Бұғыбай өзі ақыл ұсынған. Тайбағар мырза қырғыздың Әтекесіне кісі салады: «Бұғыбайдың басын малға бағаласын да, қанша мал керек болса алсын, ел болайық» деп араға туысканы Қилыбай байды салады. Өйткені Қилыбайдың шешесі Әтекенің немере апасыекен. Ол кезде Әтеке қартайып баласы Бәйтіктің атқа мінген кезі болса керек-ті. «Жоқ, мен білмеймін, мұны Жантай біледі, Бәйтік менің балам ғой, ол менің айтқаным көнер, ал Жантай көнбес» дейді. Бірақ Жантай да көнеді. Қазақ үш жүз жылқы берсін, құлын-тайымен үш жүз жылқы берсе, Бұғыбайдың тентектігін кештік» дейді. Тайбағар мырза өзінен жасы үлкен ағасы Бұғыбай батырды шақыртып алып, «менің малым сіздің малыңыз, қырғызға үш жүз жылқы айдап берем, Арқаға кетемін дегеніңізді қойыңыз» дейді. Оған Бұғыбай қасарысып көнбейді. — Сонан соң Ескелді сияқты бір қырғыздың шықпасын кім біліпті? — деп болмайды. Мұнысының да жөні бар еді.

Өзі Іленің арғы жағына өтіп кеткенде белбеуінің ұшы Іленің бергі жағында жатады дейтін атақты Дәурен сал отыз жасына дейін үйленбей салдық құрып, сәукім салып жүре беріпті де, содан бір жылы аржақтағы Жалайыр Күшіктің Төрінбегінің Нұрқа атты қызына ғашық болып, көңіл қосыпты. Нұрқа сол жылы он алттыдан он жетіге шыққан кезі екен. Қысқа ұласуға жақын қалған қара күздің бір сәтсіз күнінде Дәурен сал байласқан уағдасын қылап қылмай, екі түгей ат мініп, қара қаптан болып, көз байлағанда Күшік ауылына бінә бола кетіпті. Масаты-мәулімге малынған, переннен шекпен, камшат бөрік киіп, көксауыр етігімен Нұрқа уәделі жерге жетіп келіпті. Екеуі атқа мінген кезде жалайыр сезіп қалып қуып беріпті. Анталап қуған, дозды, күлпетті теркін өкшелеп келе жатыр. Алда Іле, артта қуғыншылар. Не істеу керек? Іле арнасына симай тасып, қыстың басы, сең жүріп жатыр. Тосылып біраз тұрыпты. Жын шақырған шайқы-пұркыдай бақырып-шақырып қалың топтың алды өкшеліп келіп-ақ қалыпты. Шолпы тартқан көңіл қанша бойды сақыт ұстамақ болса да қараңға бастай беріпті. Жігіт жанын қыз жанып «бет алған жолдан ат басын ерлер бұрар болар ма, түстік суға» деп Нұрқа атына қамшы басыпты. Амаз жоқ, Дәурен де түсіп, арғы бетке Нұрқаны алып кете барыпты. Қуғын дозды-өкпелі, ашулы топ, ұйлығып арна шетінде шоғылыпты. Не болар екен деп қарап тұрса керек-ті. Екі атты сең соғып, Нұрқа мінген ат сыр бере бастапты. Ол кезде суы мол, ағысы қатты Іледе қақпақтай мұз сал мінген атты соғып құлатады. Дәурен сал атқа жармасып: «Нұрқа жағалауға тарта бер, маған қарама, мен шығамын» дейді. Бірақ күші қашқан қыз астындағы ат та құлап, Нұрқа суға кетеді. Оның алдын кескестеген Дәурен сал оған жетуге ұмтылады. Бірақ аттарды да, қызды да сең ұрып, Дәурен салдың сопа басы арғы бетке зорға шығады. Мұның бәрін ар жақта көріп, біліп тұрған қуғын топ, Нұрқаға бет сипап, бара құн даулайды. Жұрт тентектік жасаған салды ұстап беріп «құртсаң осының өзін құрт» депті. Күшіктер құныкер басына бәйге жариялап, оны не мың тоқты, не жүз байтал бергенге сатпақ болыпты. Дәурен сал ұсталғанда елде болмаған Тайбағар мырза бұл құныкерлік әңгіме құлағына тиген соң, өз жылқысынан жүз байталды айдап беріп салды босатып алыпты. Біраз уақыт өткен соң Жалайыр биі Ескелді «қап арзан айтып қойған екенбіз, екі жүз байтал десек те беретін екен» деп қайта дау даулайды. Бірақ Ескелді ел ішінен қостаушы таппайды, бітіп кеткен істі енді жаңғыртуды Жалайырдың игі жақсылары қош алмайды. Сөйтіп, олар өз тентектерін өздері басады. Осыны білетін Бұғыбай батыр: «Бір туған Ақсақал-Жансақалдың баласы даулы болғанда Жансақалдар (Жалайырды айтқаны) қайта дау шығарғанда, Алатаудың арғы жағында жатқан Қырғыз, бөтен ел дау бітті» деп қоя саларын қайдан білдің. Тайбағар қарағым, алдыма екі үйір жылқы салып бер, мен Арқаға кетейін» дейді. Сонан соң Шапыраштының игі жақсылары, оның ішінде егіз туған Асыл-Шыбыл

балалары келісіп, мырза малынан екі айғырымен елу бие салып беріп батырды Арқаға аттандырыпты, ол да Қарасай бабамыздың жатқан жері емес пе еді, десіпті аттанғандар.

Бұғыбай батырды жалғыз жібермейміз деп төрт ата Шыбылдың Жәдік деген атасынан тарайтын сен тұр, мен айтайын, сайыпқыран жүз жігіт бөлініп шығып, Бұғыбаймен тірі болсақ бір төбеде, өлсек бір шұқырда боламыз деседі. Сонымен олар Көкшетау уезіне барып Атығай-Қарауылға елу-елуден бөлініп сіңіп кеткен. Ал неге Көкшетауға кетті деген сұрақ осындайда туа қалмас па? Кейін Верный уезі кезінде Күрті болысы атанған Асыл-Шыбыл ауылдары бұрын былай көшіп жүреді екен. Олар осыдан Талас барып, ондағы ағайын-туғандарының амандығын біліп, одан Ақмола-Көкшетау көшіп, сол жақты жайлап, күзге қарай Қарқаралыға қарай тартып, содан не Аягөздетіп, кейде Тарбағатайлатып Көксу төңірегіне (бұрынғы Қапал уезі), Іле-Шу бойына оралады екен. Сондай көші-қон кезінде бұрын да Ақмолада, Көкшетауда қалған туысқандары бар екен. Сондықтан Бұғыбай қырғыздардың аяғы жете бермейтін Ақмола-Көкшетауға тартыпты.

Үш жылдан соң Бұғыбай туысқандары намыстанып, сол Жәдіктерді қайтарып әкелуді ойластырған. Жәдікпен бірге туған Байыс деген атадан жүз атығай-сайдауыт жігітті Арқаға аттандырмақ болып жатқанда Асылдар шатақ шығарады. «Екі көзіңнің бірі, егізіңнің сыңары деген мына біз. Бұларын қалай? Егіз туғанымыз өтірік пе еді, бізге неге айтпайсындар? Егер Шыбылды шыбыл ғана жоқтаса, оның намысын сол ғана жыртса, біздің егіз туғанымыз, қағанағымыз бірге жарылғаны, туысқан болғанымыз қайсы? Біз де іздесеміз»,— деседі. Ол кезде «ат сатсаң ағайының мен, у жесең руыңмен» деген заман. Сондықтан төрт ата Асылдың бір тармағы Әжікелерден жүз жігіт таңдап алған. Таңдау былай жасалыпты: құнан өгізді айдатып, құйрығынан ұстап жыққандарынан арлап-баптаған аттай, палуан білекті, жолбарыс жүректі жүз жігітті іріктепті. Өйткені бұл адамдарды бір атадан ғана жіберуді былай сипаттайды екен. Қаны өте жақын адамдар бірі жау қолында қалғанда екіншісі шыдап тұра алмайды, туысқанын жау қолына тастап кетпейді деп есептеледі. «Тірі болса бір төбеде, өлсе бір шұқырда» дегенде осы соғыстағы құрыштай бірлік болуынан, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарудан туса керек. Сол мақсатпен тағы жүз жігіт жолға шығады. Бәріне пыран кигізіп, пырақ мінгізіп, бір ереуіл ат, бір ерулі ат беріледі. Лайсандық-баршылықта жабдықталғандықтан ер қаруы — бес қаруы да түгел болады, ішінен нартын белгілейді. Жігіттің бәрі нартынан басқасы артымда балашағам жылап қалды-ау, ағалалы ордам, алалы жылқым, ақтылы қойым бар еді-ау деп қарайламайтын, сүтінін-түтінін жақсы айыратын, қар жастанып, мұз төсенгендей жайболса, қыңқ деп жөтелмейтін ірепдел

бойдақтардан жасақталыпты. Бұл жүзді Мыңаралға дейін бес жүз адам шығарып салыпты. Сөйтіп Бұғыбай бастатқан туысқанын тауып қайтатын жүз Бетпақта екі-үшеуі өліп, Қара-өткелдегі Арғын ішінде Қуандық тұқымы Темештерге жеткенде сыпыра іш ауру болады. Одан әрі Көкшеге құлай алмай, олар Қорғалжын төңірегінде қоныстанып, қалып қояды. Қоғалы көл, қом сулы жерден кірті тауып, қыстау-қияу салып, үйленіп, сел-бесіп тұрақтайды. Сиыршы атамның айтуынша алдыңғы Көкшеге кеткендер, кейінгі Қорғалжында қалғандар біршама ел болады. Бұл сегіз жүз елу тоғызыншы жылы болса керек-ті.

Кейін де бұл Күрті елі ол жаққа кешіп барып қайтуын қоймаған. Олармен кейбіреулері кері келіп, қайта кетіп жүрген. Сейтіп туған-туысқандарының ақ дидарын көріп, алендігін өбіп, алендік жаққан жерлерін біліп қайтып тұрған. Жетісуды патша өкіметі отарлап басып алғанша, тіпті жетпісінші, сексенінші жылдарға дейін солай сәлем-сауқаттасып келген. Басқа облысқа, Арқаға көшіп барып қайту тоғыз жүз он бірінші жылғы жер-суды қаттау, зерттеуден кейін пышақ кескендей тыйылған.

— Жандосовтың айтуынша — деді Шұнақ шал.— Қарасай бабамның моласы да Көкшетау төңірегінде болса керек. Інім, оны Румянцев те жазған деді Жандосов. Оны Алматыға барған соң қарарсың.— Шынында да қалаға келген соң, Румянцев еңбектерін бір сүзіп өттім. Онда былай депті: «Бір замандарда Қарасай руы Ақмола облысы төңірегінде тұрған екен; аңызға қарағанда, Қа-расайдың моласы Көкшетау уезіндегі Айыртау маңында екен. Қарасайлар осыдан Қапал уезіне кешіпті... Осы соңғы қоныстан Верный уезіне көшкен».

Жандосов жайлап отырып, әңгімесін асықпай айтты. Байқаймын,— деді Шұнақ,— бұл жерде де өзі сонша ұната бермейтін ру жағына үстірт тоқтап, тек тарихи деректі, керекті жерлерін ғана алды. Бірақ осынша әңгімені неге айтып кеткенін мен діліме сақтағанмен өкіліме түсіре алмай отырдым. Ол менің бет құбылысымды аңғарды. Ақырын ғана салалы саусақтарымен тікендей, қайратты қара шашын салалап, ақырын жымып қойды да, қайта сейледі дей беріп, Шұнақ шал маған көңіл аударды.

— Сен қу бала, бұл әңгімені де білетін сияқтысың. Бәрін де жасырғың келеді. Оны жүзің, бет құбылысың айтып тұр,— деді. Шұнақ кеңілденіп, құнжындап, екі иығын көтеріп, жауырындарын қимылдатты. Шытыныңқырап, бір жері ауырып тұрғандай ыңғай көрсетті. Қайта қабағын көтеріп, Жандосов айтқан әңгімеге ойысты...

— Бұл әңгімені неге айтып отыр деп отырсыз ғой, Әбеке. Бұғыбай батыр келмегенімен Ақмола, Көкшетаудан үш мәрте туғандар көшіп келген. Мен туғаннан он жыл бұрын Қорғалжыннан Арқарбай бастаған он бес үй, Көкшетаудан Бектұр, Шәлімбет бастаған он алты үй кешіп келген. Бәрі де жанды-жақты, үйлі-баранды, дәулетті, үнемі

қарланып-жауланып жүретін адамдар болған. Олардың алтауы ақын-сері, әнші болады. Осы жерде,— деді Жандосов,— олардың Арқадан кеп ән арқалап жеткенін, өздерінің де жандарынан ән шығаратын өнерлілігіне қатысты бір әңгімені айта кеткен жөн.

Бір күні Дулат — Шапырашты бас қосқан үлкен топқа Шыбыл ауылының нарты, өз туыстарын ойдан-қырдан жинап ел қылған Тәжі шақырылды. Ойында ештеме жоқ Тәжі даудың астында қалады. Арқадан көшіп келген Арқарбайлардың екі түйесі жоғалған екен, соны тауып бересің, айып төлейсің дейді елдің билері.

— Неге оны мен төлеуім керек, оны қалай мойныма қо-ясың? — дейді Тәжі. Сөйтсе жағдай былай екен. Күн сайын олар түнге қарай малына күзет қояды. Күзетте ауылдың қыз-келіншектері ән салады. Сол кезде Шыбыл ауылынан шыққан екі ұры мықты болып, жан-жақты қан қақсатады. «Шокпардан Шоқаш шықты, Мәжегі бой бермейді тіпті мықты» деген лақап Алатау бауырына кең жайылып кеткен. Мен өзім,— деді Шұнақ шал.— Шоқаш деген кісіні көрдім. Отыз төртінші жылға дейін Жандосов қолхозында тұрды. Отырғанда обадай болып көрінетін, екі көзі түйенің көзіндей тұнжыр, тым үлкен қазақ болатын. Мен Ақсеңгірде председатель болып жүргенде оның Қасабек деген бухгалтер баласының үйінен талай шай ішкенмін. Сол екі ұры түн жамылып Шамалған өзені бойында отырған елге келеді. Ұрының бірі бел астында ат ұстап тұрып қалады да. Мәжек жаяулап ауылға кетеді. Қораны айнала бірнеше түйені тіздеп тастаған екен. Он шақты үйден құралған ауыл ортасында екі қора қой қатар салыныпты. Бір қыз, бір келіншек қой күзетіп жүр. Екеуінің жағы бір тынбайды, ән салады. Құлағын әсем ән тұндырған, өзі де әннен қара жаяу емес Мәжек тізделген түйелердің арасында жатып әнді ұйып тыңдап қалады. Қыз бен келіншек «Ауып келдік Арқадан, енді неден қорқалы» деп қайырады әннің аяғын. Мәжек әнді әбден құлағыма сіңірдім-ау дегенде абайлап жатып, тізделген түйелердің екеуінің арқанын қияды. Тіздеуі қиылған түйенің бірі орнынан атып тұрады. Түйе тез тұрады деп ойламаған Мәжек сасып қалып, мойнағының астына тұра қалады.

— Ей, тұлымдым, анау сары атан нағып тұрып кетті,— дейді келіншек.

— Жага-жата шаршаған да,— дейді тұлымдысы. Әйел адамдардың түйені тіздеп қойып еді-ау, ол қалай шешіліп кетті деген ойларына келмейді. Құланды да жыландай кісі атады деген, бір қаға берісте екі түйені де шемшірліктеп Мәжек зып еткізіп, алып женеледі... Жоқ іздеушілер Күргідегі ағайындарына түйесін іздеп сұрау салады да, бірер апта еткен соң Шыбыл ішіндегі Өмір балаларының ауылына барып сусындайды. Жоқ қарап жүрмін деп ешкімге ештеме білдірмейді. Сусындап, біраз ыстықтан дамыл-дап-сабаттап отырған жоқшы ауыл балаларының қыңқылдап «Ауып келдік Арқадан, енді неден қорқалы» деп әндетіп жүргенін естиді, түйе ұрланған күнгі ән. Ұры осы ауыл

болып шығады. Сөйтсе Арқадан келген әжікелер күнде бір ғана эн салады екен, оны «өзіңе өзің мықты бол, қоңсыңды ұры тұтпа» деген мақсатпен айтқызады екен. Сөйтіп эн ұққан құлақ ұрлығын сіңіре алмай еннен ұсталып, жаңа келген ағайынға жәбір-жапа көрсеткені үшін екі түйесіне қоса айыбын төлеп, Мәжек пен Шоқаш Тәжіні жерге қаратып кетіпті. Біржан сал мен Ақан серінің әнін Жетісуға көбірек жайған да осылар болса керек-ті.

Ол кезде кеткендеріне жиырма жылдай ғана болғандықтан оларды білетін адам әлі көп еді. Келгендер «Арқадан келген алты ақын» аталады. Біреуінің өзі, біреуінің көзі келіп Алатаудың атырабын шаң қылып көкпар тартып, даңғазы той болады. Ел болып жасаған тойда алғашқы ат бәйгесіне, жауырыны жерге тимеген палуанға түйе тіккен екен.

Елден жырақ-қыбай жүргендіктен бе, сағыныштан ба, әлгі келгендер бұл жақтағы туысқандарын бірге өскендей сапырып айтып отырады. Мұндағылар біреудің атын атаса, оның әкесінің кім екенін сұрап алады да, арғы жағын кәрікұлақ шежірешіше таратып жүріп береді. Арқаға кеткенде жиырма бес жастары Арқарбай қырықтың сегізіне келіп, кемел шағында қайтқан. Оның аға-інілері Құттыбай, Шектібай, Мықтыбай, Тұңғат, Таңат алты ағайындының қазір бәрінің тұқымы бар. Олар еліне қырықтың ішінде жетті.

Екінші толқын одан жиырма жылдан кейін, менің он бір жасымда келді, — деді Жандосов. — Енді олардың ішінде алпысқа келген үшеуі ғана болды. Олар да бұрын өздері кетпей тұрғандағы тірі қалған, көнетоз қарияларды, өздерінің тұрғыластарың көріп, шынымен елге жеткендерін біліп қуанысты. Артында қырық жыл тұрған Қараөткел, Қорғалжын, әсіресе емшектөс, тай-құлындай тебіскен, үш күн көрмесе өбіскен туысқандары қалғандығын, енді оларға кездеспейміз-ау деген арман-тілегін айтып қабаржыды, күндік тартты. Бастап келген Алакез деген кісінің үш ұлы бар. Олар да мұндағы туысқандарына қосылып, бала кезінде торғай ұясын бұзған, түлкі інін қазған, асық ойнап атысқан, тай мініп жарысқан жерлерін есіне түсіріп қайта туғандай болып ал олардың балалары бірер жылда-ақ сіңіп кетті. Мұның бәрін неге осынша ұзақ әңгімеледі деп отырсыз ғой, Әбеке, — деді Жандосов маған қарап. — Үш күн болды, тағы он шақты үй бала-шағасымен көшіп келді. Аталарын айтады. Елінен, жерінен ауып келген адамды мыжып отыра алармысың. Аш, жалаңаш қаңғып келгендердің білетіні мен, Арқарбай, Алакез. Жолда өлім-жітімге де ұшыраған. Олар да шамасы ашаршылық тек Ақмола төңірегінде ғана болып тұр, Алатауға — Жетісуға барсақ тойынамыз, онда лайсаңдық, тоқшылық деген үмітте болса керек. Ол жақтағы ел жағдайын сұрап едім, «жұтта қырылған қойдай қылжиып жатқан адам» деп иектері кемсеңдеп, көздерінен жас та шықпайды. Біле келсем олар Қорғалжында «Жұмай», «Коммуна» деген екі колхоз болып тұрған екен. «Ендігі онда туысқандар қалмаған

да шығар» деседі. Сонымен, Әбеке, сол туысқандарың осында. Қайда, қалай орналастырасыз? Шамалауымша, Бекарыстан балалары болуы керек. Әбеке, олар кім болса да, әйтеуір енді оларды тірі алып қалу керек. Бар мәселе осында.

Мен Жандосовтың тына қалған сәтін пайдаланып:

— Ал Жәдіктерден не хабар? — деймін ішім удай ашып. Шын, інім, ішім бүлкілдеп, туысқан тілеп тұрды. Оған Жандосов жайбаракат жауап береді:

— Шекара өтіп шет жайлап кеткен жоқ қой, Әбеке. Мына тұрған Көкшетауда жүрген шығар. Көкшеде жүрген туысқаныңыз қазақ болмай кетеді, деп қорықпай-ақ қойыңыз. Аман-есен, өсіп-өніп жатса болды да. Бірақ халықтың тең жартысы қырылды-ау, — деп өзі көп ұната бермейтін руды жіктегісі келмеді. Қашанда оған көп бара бермеу тәсілімен қозғап отырған әңгімесіне қайта ойысты. — Одан да мына келген адамдардың өлмеуі үшін қам жасау керек. — Жандосовқа ләм дей алмадым. Бірақ ішім қайнап тұрды. Бұл менің ол кезде алдымен коммунист бола алмай, бірінші кезекке туысқандықты қойғандығым, коммунист ретінде шикілігім болса керек-ті. Несін жасырайын, інім, жүз үй Көкшетауда, жүз үй Ақмолада елге жете алмай қалды-ау, деген бір шемен ішіме байланып, көпке дейін көкейімнен кетпей қойды. Тіпті олардың кеткенінен бергі өсімі немесе бүгінгі ашаршылықта қырылып қалғаны деген есіме келмейді. Бірақ шынымды айтсам, інім, мұны сыртыма бүгін ғана шығарып отырмын. Дүниеде сыртыңа шығара алмай бітеу жарадай іштен дүңкіп, тынып жүргеннен жаман не бар. Мен пәлен жыл ішке қатқан жалқаяқты жаңа шығарып жеңілейіп қалдым.

Сонымен, інім, ішім бүлкілдеп туысқан тартқан менің немді алған десеңші, мен алыстан Арқадан шұбырып келген туысқандарға жақсылық жасай алмадым. Бұл жерде нағыз тоғышарлық көрсеттім. Іш қазандай қайнағанмен, жүрек судан шыққан сазандай тулағанмен, Жандосов алдында желі кеткен қарындай солып, мыжылып, мәлелдік билеп, тойтарылған шегедей тұқиып қалдым. Мың сыйласқа бір ықылас білдіру қолдан келмеді. Бұзаудың бас жібіндей үзік-үзік құрдан жасаған бауым күрмеу түгіл, қазықбау шалуға да келмеді. Қарыз, сойыс сұрап барған кедейге түк бермейтін қатыбас байдай, тұқырайып жерге қарап кеткенімді өзім де артынан білдім. Осы институттың кабинетінде стол астына кіріп кетуге жалғыз құлағым ілініп қалып, бөгет жасап тұрғандай, оны да артық көрдім. Бүйтіп тіршілік құрып, бүйтіп жер басып жүргенім құрысын! Қарсы алдымда отырған, күніне алдынан жүз адамды өткізіп жатқан сұңғыла адам менің мүшкіл, мүскін халімді айқын сезді. Ол мені бұдан артық қинап, буынсыз жерге пышақ ұрғаным қиянат болар дегендей, әңгіменің қанасын басқа бір арнаға салып, суды басқа бір арыққа-қашыртқыға бұрып жіберді.

— Оларды Қыр-Балтабайға орналастыратын болдым. Сіз танысың деп қана шақырып едім. Ішінде Адырбек деген жігерлі жігіт бар. Нардың жүгін көтерер, тауды мойнына тесіп ілсең қыңқ етпеуге бар. Бақытын еңбегінен күтетін, шолпы тартқан көңілдерін бар қадарынша сергек, жоғары ұстағысы келетін тебіз жігіт.

Оның әлі айтулы адам болып кеткенін көресіз. Жасы әлі жиырманың ішінде.

Әрине, Қыр-Балтабай қырдай өтірік. Мені қиналпайын, өзін бірдене өтермін дегені болса керек. Сөйтіп жандай жақсы көретін достымның емірінде білдірген жалғыз сабағын желге ұшырдым, «тозақтағы ағзасы шыжып жатқан жанға аузымен су сепкен қарлығаш» құрлы бола алмадым. Адам жанының жарықшақ-қа-яуын жүзінен, жүрімінен танитын сұңғыла ер менің бөтен елге келген құрымсақтай қорғалап зәһар жұтып, ғамкүн болып отырғанымды бірден аңғарды.

— Әбеке, күндік тартамын деп кімдік тартарсыз, қабаржымаңыз. Жоқ жомарттың қолын байлайды демеп пе еді, аталарыңыз. Қабақтан аңғарылған мәлел, кірбің қашанда қабынып, қайнасып біткен әйнектей тұнық достыққа шым-шытырық із қалдырады. Мен сіздің қаюсыз, ағынан ақтарылған кеңіліңізді көріп отырмын. Ырықсыз нәрсенің болмайтынын айтудан жалтармау керек. Отқа итере тастағанымды көрмеген едіңіз ғой. Ендеше неге сонша теменшіктей бересіз. Сізге оларды таныстырайын. Сонан соң бірдеме бөліп бермегенмен көңіл бөліп беруді ұмытпайық. Өз еңбегімен күн көрер. Бейнеттен қашатын адамдар емес.

Жандосов қоңырауды басып көмекшісін шақырды. Есіктен көзі алақандай және өңменіңнен өтіп кететін өткір, қара көзді, ұзын бойлы, артық еті жоқ, сылыңғыр жігіт кірді. Жасы жиырмадан жаңа ғана асқан болар. Ол тез-тез басып Жандосовтың жанына жақындап келіп, маған бас изеп амандасып үнсіз тұрды.

— Бауыржан, Ақмоладан келген қазақтарды шақыршы!— Жігіт үнсіз, шалт бұрылып, шығып кетті. Жігіттің ізіне қарап қалдым. Қайда көргенімді есіме түсіре алмай отырдым. Осыны сезген Жандосов, оның кім екенін айта бастады:

— Бауыржан Момышұлы деген бала. Өте сауатты, айтқанды екі етпей, тап-тұйнақтай орындайтын жігіт. Жанымды тындырады. Институттағылар жас жігітті «кіші Жандосов» деп күлетін көрінеді.

— Бір жерде көрген сияқтымын.

— Иә, көргенсіз. Сізді шақырып келу үшін оны обкомға жұмсағанмын,— деді ол. Кейін Ұлы Отан соғысы кезінде Бауыржанның аты шыққанда, Жандосов кабинетінде көргенім есіме сап ете түсті.

Бауыржан Адырбек деген екі құлағынан күн көрінетіндей арық, аппақ жігіт бастаған топты кабинетке ертіп кірді. Бірсыпырасы менімен қолдасып амандасты, Аздап өздерінің жүрісінен қорынатын бол-

са керек. Інім, «ағайынның азары болса да, безері болмайды». Жолдасты тауып аларсың, әйелге де үйленуге болады, екіншісін аларсың. Ағайынның жаманын да жасай алмайсың. Ол министр ме, қойшы ма, бәрібір сенің туысқаның. «Қанды қалпақ кисе де қиыспайтындар» осылар. Бәрін де құшақтап сүйгім келді. Мемлекет босағасында оны істей алмадым. Оның үстіне үнсіз отырған Жандосовтан батпадым. Қарыны ашқан қараша үйге шабар дегенмен, тамақ іздеп келді десек те, олар екі желеу, бір сылтаумен көкірегінің түкпірінде жатқан тұнық та, тұщы да арманын жүзеге асырды. «Қысылғанды қымыз шығарады» десең де, ол арман ашаршылық айдамаса да, бәрібір түбінде қаймақ-кілегейін бетіне шығармай қоймайтын сүттей асылын аяқ астында қалдырмайтыны белгілі еді.

Бауыржанның екі көзі бізді тесіп, өтіп барады. Бар ықыласы, ділі-ойы Жандосовта. Аузын бағып тұр. Қысқалау қырықтырған шашы әдейі бастығына ұқсатып қойғандай тікелей көзіне сәйкес.

— Бұл кісілер тамақ ішті ме? — деп сұрады Жандосов.

— Иә, ішті. Сізден он үш сом жиырма тиын,— деді Бауыржан. Е, деп ойлады мен, Жандосов бұларды өз ақшасына тамақтандырып жатыр екен ғой. Жандосов шашын екі-үш рет салалап қойып қалың сырт жейдесінің сол жақ төс қалтасының түймесін ағытты да: — Жатын орынды да есептеді ме? — деп сұрады Бауыржаннан.

— Жоқ, оны көтерінде бірақ айтамыз,— деді. Бұларды институт жатақханасына орналастырған деп ұқтым. Жандосов қалтасынан ақша шығарып, Бауыржанға ұсынды. Ол ақшаны алып, тез-тез басып шығып кетті...

Сәлден кейін мен де кеттім. Жандосов алдынан көнімді зорға сүйреп шықтым. Өлмегенім қара жер. Мұндайда басын қара шұбар жыланды қайқайтып шыға беретін, шімірікпейтін адамдар да болады. Ұяты мен арын алға ұстап өскен адам олай ете алмақ емес. Сол бір күнді кейін ойыма алғанда да жүрегім зырк ете түсер еді, бетім де дуылдап жүріп беретін. «Малдының беті жарық, малсыздың беті көншарық» деген қазақ осындайды айтса керек. Егер менде күш, мал болса, ашығып келген ағайынды алып кетпес пе едім. Онда менің бетім жарық, Жандосовқа да, Адырбекке де ұялмай қарап, жарқ-жұрқ етіп жүрмес пе едім. Ал «малсыздың беті көншарық» дегеннің жөні басқа. Мұны түсіну де оңай емес. Қазақ бұл жерде малы жоқтың беті жоқ деп кедейлігін айтып, кемітіп отырған жоқ. Қайта оны қорғап отыр. Малы жоқтың амалы жоқ, сол амалсыздықтан ұялса да сүдіні шойыннан жаралғандай, көннен жасалған шарықтай ештеме өтпейді, өйткені ол ұялғанмен не істей алар еді, ұялмаған немесе ұят-арын жоғалтқан жандай безірейіп қала береді деп отыр. Мен де «өлімнен ұят күшті» екенін біле тұрып, бетім көн болып құрысқандай, сезбегендей кеттім. Кейін білсем, інім, ақмолалықтарды Жандосов Қыр-Балтабайға ор-

наластырыпты. Бірлі-жарымы болмаса, көбі-ақ тірі қалып, нәсібесін теріп жеп, күнелтіп кетіпті.

* * *

Тұс ауып барады. Аспанда шөкімдей бұлт қалған жоқ. Шұнақ шал әңгімесін соза түсті. Тіпті, кейде айдалада, тау үстінде отырғанын, бет алдындағы мені ұмытып, сапырған әңгімесі ба-сынан жаңадан өтіп жатқандай кейіпке келеді. Әредікте көзіне жас толып, тамағының күре тамырлары адырайып, жұтынып, кірпігін үсті-үстіне қағады. Онысы көз жасын іркіп, көзіне қайта сіңіру үшін істеп отырған қарекеті. Жоқ құлақтың орнын бір сипап қойып, қабағы көтеріліп, маңдайы бірнеше рет жыбырлап, сөзге қайта ойысты.

— Қазақстан басшылығында өзгеріс болды! — деп Шұнақтың дауысы ерекше қатты шықты. — Қу жақ кетті. — Түсіне кеттім. Голощекинді айтқаны. Оның орнына Левон Исаевич Мирзоян келді. Шыны керек, інім, партия тарапынан болса да, оның басшылығындағы адамдар тарапынан болса да, біз қазақтар әлі сенімге ие бола алмағанымызды сездік. Қазақтан да бірінші хатшы қоятын уақыт болғандай көрінеді, бізге. Оны сыртымызға шығара алмаймыз. Іштен тынамыз. Арамызда сөз таситындар да жеткілікті. Көбіне сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарай бастады. Өйтпеуге болмады, екі көзіннің бірі, егізіннің сынары сенің жаныңдағы бақылаушың. Мирзоян орта бойлыдан жоғарылау, мойыны шамадан тыс сарайыңқырағағы, танауының астына ғана қоятын екі елі қырбық мұрты бар, қалың шашты, көзінің қарасынан аласы көп, жылтыр қоңыр кісі болатын. (Сталинше үстіне көбіне китель киеді). Өтірік айтып не керек, інім, мен онымен тілдескен қазақ емеспін. Алдында да болғаным жоқ. Алыстан, алыстан болғанда бір үйдің ішінен, мысалы қазіргі филармонияның залынан талай көрдім. Өйтеуір екі шекесі шығынқы, иегінің бәрі қап-қара сақалдың орны, ат жақтылау кісіні мен басқалар сияқты Мырзажан дегім де келмейді, сол кездегі қазақтардың бәрінің үстінен қарап, төбесінде тұрса да, олардан ақылды еді деп айту артық болар еді. Шырағым, Мирзоянға балайтын, одан тәжірибесі, білімі жағынан артық болмаса кем емес қазақтар сол кездің өзінде де бар, жетерлік те болатын. Інім, басындағы бағына, астындағы тағына қарап адамды бағалауды біз кеңірдегін үзіп келмесе жіббердік десек те, ол жағаласып бүгінге дейін қалмай келеді. Біз садаптан қарағанда мансапқор, атаққұмар халықпыз ба деп те қаламын. Неге? Өйткені қызметіне қарай сыйлауды әлі де қоймаймыз-ау деп қорқамын. Сен бүгін «Социалистік Қазақстанның» тілшісі болып келіп отырсың, ертең осы «қызметіңнен басқа жаққа кетші, басқаны қойғанда көптен сырлескі болған жолдастарың да жүре сөйлесетін болады. Қазір бағыныштылығымыз да, сыйластығымыз да өзгерген сияқты. Адам адамшылығымен емес, істеген қызметімен өлшенетін ауруға тап болдық. Ауылда бір адам, яғни колхоздың председателі,

әлде совхоздың директоры, ауданда бір адам, облыста бір адам ақылды, яғни кім ауданның, облыстың бірінші басшылығында отырса, сол осындағы ең ақылды адам болып барады. Соның басы Қазақстанда осы Мирзояннан басталды десем, артық айтқандық болмайды.

Голощекиннен абден қорлық көріп, көп сабылудан, орынсыз күндіз-түні бірдей шабылып-шаншылудан буыны құрып, дірілдеп жүрген көптеген қазақ қызметкерлер Мирзоянның келуімен тұспа-тұс болған азғантай кеңшілікті соның жақсылығы, жарқын жандылығы деп ұқты. Тіпті, Голощекин кезінде кеткен асыра сілтеуді, бәрін адыра қалдырған ұр да жықтықты Коммунистік партия түзетіп жатқанымен ісі болмай, сол жақсылық лебі, тек Мирзояннан есіп тұр деп есептелді. Қашаннан жағымпаздық жанына жайлы тиген, оның барлық тәсіл-тәжірибесін бес саусағындай жаттап алған, бағынудан гөрі жағынуды, жарамсақтануды, жәреукеленуді қолына құрал қылып үйренгендер бұл кезде де үлесін ала бастады. Мақтағанды кім жек көрсін, ебін тауып еңсесін көтергендер Мирзоян болмағанмен оның әйелі Тевосянға жаққандар еді. Жалпы барлық адам баласына тән кемшілік басында болғанмен, Мирзоян Қазақстанға жайлы бастық болды, жұмысы негізінен жақсы бағаланды. Ауданда жүргендіктен «ел күлгенге күлемін, ыржиямын» деп, біз де республиканың жаңа басшылығын мақтап, ала қашып жүрдік.

Жетіліп те, желкілдеп те келе жатқан Қазақстан ауыл шаруашылығында зор өзгеріс бола бастады. Соның бәрін халық жасамай Мирзоян жасағандай көрдік. Шамасы біз тым аңғыртқа ұшатын, даңғазалау, алақашпа аттай мінезіміз мол халықпыз. Біреудің бір істеген жақсылығын, ол әсіресе қазақ болмаса, дабылдатып-алаулатып жібереміз. Ал айталық, отыз үшінші жылдың басына таман келген Мирзоян төрт жылдың ішінде бізге Алатауды сол өсіріп шығарғандай, Көкшені сол кегерткендей, Атырауды сол ағызғандай даңғазаланып кеттік. Демнің арасында жансақтаудың жолын жақсы біліп алған жағымпаздар Әулиеатаны Мирзоян атандыра салды. Мұны қане, даңғой, алакөектік, дарақылық демей не дерсің, әйтпесе нені сонша сұқпатына келтіріп жіберіпті?

Сөйтіп сол даңғаз, кеуекірек қазақтың бірі мен Алматыдан «ой, Мирзоян келді, Мирзоян дегенше, Мырзажан десеңші» деп қайттым. Арбамен ара қонып, түс әлетінде «Ақсеңгірге» жеттім. Жан-жағыма көз тастап, даланы барлап келемін. Шіркін, лайсандық-баршылықтың шеті қашан көрінер екен деп даққа қаламын. Қазір жан-жануардың тегіс жанданып, жалауланып, жердің еміп тұрар шағы. Осы бір бақылдақтан бал сорар мезетте де шөптің сиректігінен түбі көрініп жатыр. Әдетте ондай шөп түбінен топырақ күнгей бетте ғана көрінуші еді. Япыр-ай деп ойлады, жердің танабы биыл да тартық екен-ау. Шөп шабудың нағыз қызған бұл шағында мал жібермей қорыған бәйектің үш мая тұратын жерінен бір-ақ мая шөп жиналыпты. Міне ауылға да

келіп қалдым. Өне, анау кеңсе. Кеңсе жаны тағы толып жүрген адам. Менің келуімді аңдып жүргендей. Бәрі тағы неге дүрлікті екен деп ойладым. Бір пәленің болғанын білдім. Бірақ бұл жолы дүрмек менің қойнымнан шыққан жыланға байланысты емес екені көңілімде сайрап тұрды. Сол өмірімнің сұрқай түстенген күндері есіме түсіп денем мұздап кетті. Күн әжептәуір-ақ ыстық болатын. Шекемнен де күн етіп-ақ тұр. Сонда да қойнымнан шыққан сұр жылан есімнен кетер емес. Бір түрлі түршігіп кеттім. Мен қайбір шымылдығы желпілдеп тұрған, әлде үйде бала-шағасы күтіп отырған адам, кеңсеге түстім. Жиналған жұрттың жүзіне қарап ашулы екенін аңғардым. Мен арбадан түсіп жатқанда-ақ Нұрқалық жетті. Өңі өзі де қара адам түтігіп кеткен. Жұрт жапа-тармағай маған келді. Қысқа амандықтан соң:

— Не болды? — деп сұрадым.

— Не болғаны сол, бандиттер бес мая шөпті өртеп, ауылға шабуыл жасады. Біраз жылқыны айдап әкетті. Мырзалинді байлап әкетіп бара жатқанынан жұрт ажыратып алып қалған. Қазір жараланып үйінде жатыр. Екі жылқышыны Жортақ пен Құрымбайды атып кеткен. Мына ел соған қарланып, ызаланып түп көтеріле келіп тұр. Барлығы да жауды қууға әзір. Қандарына қарайып алған. Қолға түскен Қартабай деген қордайлық қазақты «бер, өлтіреміз, екі жылқышының қанын қанмен жуамыз» деп болмай тұр. Қолға түскен бандитті түтіп жейтін болған соң, кеңсеге каматып, қасына Нұрлан бастатқан бес адамды қарауыл қойдым. Көпшіліктің ашу-ызасы кернеп, арна-қанадан асып кеткені сонша қайта-қайта жігіттерді мазалайды. Тіпті, менің өзімді «жауды қорғайсың, сен де контрсың» деп ұруға дайын жүр. Ауданға Өнербайды шаптырғанбыз, әлі хабар жоқ. Жұртты «так-так» деп зорға ұстап тұрмыз. Мырзалиннің сөз сөйлеуге шамасы келмеді. Мына жұртқа басу айтпасаңыз болатын емес. Қару-жарақсыз, жалаң төс батырлар бір-бір атқа мініп бандыларды қумақ. Кәдімгі оларды белдесіп күресетіндей көреді. Негеннен-неген ағылып қаласындар десем, «көпке топырақ шашпақ па» деп болмайды, түсіндіре алмадым.

Мен кеңсеге кіріп отырып болмай-ақ бірнеше аттының келіп түсіп жатқаны белгілі болды. Жанында үш милиция қызметкері бар Өнербай екен. Үлкен, аяққаптай, тозығы жетіп жұқарған, осы кезде бекер берсең алғысыз баулықты брезент қапшықты салпылдатып мойнынан тастамайтын Өнербай бары-жоғы ауылдық Советтің орындаушысы болатын. Жаңағы тозған қапшықпен ол кезде бір буда ғана болатын газет, ауданның ауылға жіберетін қатынас қағаздары немесе ауылдың ауданға жөнелтетін бес күндік ақпары, анда-санда ғана болатын бірлі-жарымды хат тасылатын. Бірлі-жарымды дейтінім қазақтың бәрі тек өз ауылында тұрғандықтан көп хат келмейді, бірді-екілі туысқаны басқа жерде тұрса хат жазумен ісі жоқ, не ескермейді, еренсіз. Сондықтан Сәрсенбайға хат келіпті дегеннің өзі де бір елен

еткізетін жағдай еді. Егер оқта-санда ондай бір жақын-жуығынан хат алғандар болса, «хат алып көзәйім болдың ба?» дей барып, ағайынтуған алыстағы жолаушының келуіне тоқымқақты жасатып, ет жеп, шай ішіп қайтуға желеу еді. Міне, Өнербайдың орындаушылық қызметі шын мәнінде почтаның сияқты ғана іс еді. Сирек сарғыш мұртты, бетінде байқалар-байқалмас секпілі, аздаған қорасан дағы бар, еңкіген сары кісі Өнербай Совет өкіметін өзі тіреп тұрғандай, ұрты кебіңкіреп мақтанып та қоятын. Әйтеуір ат үстінде далбақтап жүргенге маз еді. Өзін өзі әжептәуір өкімет санайтын. Міне, осы жерде де желпіне кірді.

— Міне, милицияңды алдыма салып қуып келдім,— деді ол таңауы да, ұрты да кебіңкіреп. Оның сөзін екі орыс жігіті түсінбеді де, қазақ милиционер шамданыңқырап қалды.

— Сіз, немене жорықсыз сөйлейсіз! — деді милиционер.

— Е, мен болмасам келер ме едіңдер!/? — деді Өнербай. Мұнымен сөз таластыруды артық көрген милиция қызметкері біреуін осында қалдырды да, екеуі қордайлық бандитті екі қолын артына байлап айдап әкетті. Қазақ жігіті маған қарап:

— Бүгін олар қайта айналып соғады, сақ болыңыздар,— деді.

— Кім? — деді Өнербай шала естіп, жалтаң ете түсті. Милиция қызметкері оған жауап қатпады. Милиция қызметкерлері аттанды. Біз колхоздың бітіп болмайтын шаруасына кірісіп кеттік...

Күн тал түс. Дүние мамыражай жағдайдан мазасыздау, шеке қыздырып, жан-жануарға көлеңке іздеткендей еді. Кеңседе биылғы егін жинау мәселесін әңгімелесіп отырғанбыз. Әлде қайдан бір дабыс естілді. Алдымен біреу өліп, соған біреулер «ой, бауырымдап» деп қойып келеме деп бәрімізде құлағымызды тосып едік. Жоқ, дауыс басқаша.

— Аттан, аттан! - Бәріміз де дүрліге далаға жүгіре шықтық. Қоныстандырудың солтүстік шығысынан біреу далбақтап, аттандап шауып келеді. Қазақ қашанда алыстан келе жатқанның адамынан бұрын атын таниды. Шабдар ат. Кәдімгі бір салып қалсаң екі артқы аяғын көтеріп шоқаң ете түсетін шабдар. Онда Өнербай болды ғой. Өнербай! Ескі сарғыш шекпенінің екі етегі екі жаққа кеткен. Аттың шабысымен кеулеген жел омырауын екі жаққа әкетіп, жағасы жайлауына кетіп, күнге тотыққан көкірегі тандырдан піскен нан алып жатқан сарттың көкірегінше ашық қалған. Ішінде ештеме жоқ ескі брезент қапшық салпылдап Өнербайдың біресе алдына, біресе артына барады.

— Аттан, аттан! — Ол шабдардан домалай түсті. Түсе бергенде жанымды қинап едің, құтылдым ба, кет әрман дегендей шабдар артқы сол аяғын шолтаң еткізді.

— О, не болды? — дейді Нұрқалық түсі қашып.

— Ойбай, мын-а-... өзен ішінде... — ол айта алмай тұтықты.

— Ей, жау келсе де дұрыстап айтсаңшы! — деді Нұрқалық зекіп.

— Өзен ішінде мені екі бандит тұра қуды. Ұстатпай кеттім. Шабдардың жылдамдығынан қашып құтылдым.— Бәріміз дүрлігіп қалдық. Япыр-ай, мына бандиттер тапайдың тал түсінде тыныштық бермей бізді басынып бара ма, қалай деп көңілім думгән болды. Жебелей ат дайындап, қару-сайман дегендей, қолда бар екі құс мылттықты алып, он бес атты кісі төмен қарай лап бердік.

— Жаңа ғана осы жақтан келіп едім ғой,— деді Нұрқалық.

— Ойбай, олар қайта айналып сокқан ғой,— дейді Өнербай, шеке тамыры білеуленіп, қан қысымы артқандай қызара бөрітіп тұр, өзеуреп болмайды. Кетпеннің ұңғысындай кеңірдегі бүлк-бүлк етеді.— Менен басқа біреу болғанда ұсталып қалып, ендігі о дүниеде мүңкір-нәңкірдің алдында сұрақта отыратын еді.

— Япыр-ай, құдай сені біз үшін бір сақтаған екен,— дейді Нұрқалық. Мен Нұрқалыққа таңданып келемін. Әлде ол жүрген бандиттарды Нұрқалық қорғағысы келе ме екен?

— Ал көрсетші, қайда? — дейді Нұрқалық. Ауылдың аяқ жағында Таңабай орының маңында қос ат жеккен өзі тастағыш екі машинамен екі жігіт жоңышқа шауып жүр. Олар қаннен-қаперсіз. Қоныстандырудан Таңабай оры да біраз жер. Дабыр-дұбырмен талай жерге кетіп қалғанымызды енді ғана байқадым.

— Міне, мына сайда! — деді Өнербай. Өзеннің екі жағасындағы жарға байқап түсіп, барлық талды, бұта-бұтаны тінте бастадық. Жігіттер қобы-қобыны, сай-саланы қуалап, Көкдалаға дейін шауып барып қайтты. Он-он бес километрдегі жер тегіс көрінетін керіп тастаған өгіз терісіндей Көкдала ши, өзен түбінде жатқан қоянның көжегіне дейін көрсетіп, барын алдымызға жа-йып салды. Ол кезде жыртылып айырылатын сұр қоян әр бұтаның түбінен тұра қашып, зытып барады.

Сәл ошарылып ойланып қалдық. Тіпті осы төңіректе бандиттардың жүруін өкілімізге түсіре алмадық. Олар әддінен асып, жоғары Жандосов колхозына кетпейтіні белгілі. Олкенің шығыс беті шыжандай ел. Ат басын олай бұрып, тастай алмай жүрген жаны бар ма?! Төменгі терістік жақ темір жол. Кетуі мүмкін деген терістікке өзенді бойлатып алты-жеті кісі жөнелттік. «Абай болыңдар!» дегенді де ұмытпадық. Біз сол төңіректегі егістікті аралап болғанша аттарының ақ көбігін шығарып олар да қайтып келді. Бандыларды жер жұтып қойғандай зым-зия. Айналып шөп шауып жатқан екі жігітке келдік. Олар ат басын ірікті.

— Бандыларды көрдіңдер ме? — деп сұрады Нұрқалық.

— Жоқ, қайда?! — деп жігіттердің үрейі ұшып кетті.

— Жаңа осы жерден Өнербайды қуыпты ғой.

— Ойбай-ау, ол кісінің көргені біз ғой...

— Ей, аттарына мініп мені тұра қуды ғой.— Жігіттердің түрі өзгеріп, жүздері жылып сала берді. Бірақ әдеп сақтап, ашық күле алмады. «Ой, айғайға аттан қосқан жынды!» дегісі келіп, күлкі қысып тұрғандары белгілі еді. Сөйтсе бұлар сәл дамылдамақ болып, екі атпен өзенге түседі. Нақ осы бір сәтте Өнербайдың жақындап қалғанын көреді. Жұмыс уақытысында «бұларың не» деп айта ма деп аттарына тұра жүгіреді. Олар атына мінген кезде Өнекеңнің бірденені айғайлап, шыбын-құйын болып шауып бара жатқанын көреді. Екі жігіт бізді көріп өздерінше қысылады. Сөйтіп, Өнербай ауылды қудың сахарынша дүрліктірді. Жүрісіміз неген болды, аттанысымыз зайғы еді. Күлкілісі Өнербайдың өтірігіне аңғыртқа ұшып аттана шапқанымыз еді. Мұны айтып отырғаным, інім, бұл бір Өнербай басындағы ғана үрей емес еді, ол кезде «қорыққанға қос көрініп», ауданға шапқандар да жиі болатын. Оның бәрі негізсіз де емес, тап жаулары салған ташалаңнан туып жатар еді. Олар ойсыратып, опырып түсірмегенімен күндіз ұйықтаған адамның мазасын кетірген шыбындай о жер, бұ жерден қара көрсетіп, шаң беріп қалып жүрді.

Інім, небір дүние бастан кешті ғой. Адам баласының жауы — қашанда тілі. Тіліңе тыйым сала алмасаң, екі елі ауызына төрт елі қақпақ қоя алмасаң, онда судың түбіне кеттім дей бер. Бұл қақпақ, әсіресе осы біздің заманымызда керек болып отыр. Өз ауынды өзіне пәле етіп жабыстыру, қазақтың «ауызыңнан шығып жағаңа тармасқыр» деген қарғысындай, жабыса түсуі кебейіп кетті ғой. Жанында жігіт отырғанына, әлде жылан жатқанына сену қиын болып барады. Әрине, інім, коммунист адам адамға сенуі керек, бірақ біздікі бірімізге-біріміздің сенуімізден гөрі бірімізді-біріміз аңду болып шығып жатқан жоқ па? Көргеніңді адал айту керек, партияға сенуің керек. Ал оған шыныңды айтамын деп кейде шықшытың шығады. Бізде мынадай пиғылдың бар екенін жасыра алармысың? Мысалы, фермада бір лақ өлсе, ол лақтың сұрауы бар, ол неге өлді, оған акт салынды ма, мал-дәрігері көрді ме, оның жанында еңбекшілер депутаты болды ма, ол лақтың өлімін көзімен көрді ме, көрмесе ең болмаса актінде қолы бар ма? Лақ қандай аурудан өлді? Міне, осының бәрін анықтау керек. Дұрыс-ақ. Бір-ақ кісінің малы емес, қоғамның малын осылай жоқтау артық емес. Ал адамды ше? Осы үш жылда Қазақстанда өлген адамды адамға айтудың өзі ауыр. Ал солар жоқтаусыз кетті ғой. Мен осы бір саясатты ойлап-ойлап, өкіліме түсіре, көкейіме қондыра алмадым. Адам өлімінің сұраусыз кетуі қандай адамшылық статъясына сиятынын білмедім. Қасаласқан-дар болса, қарғыс атсын. Олардың обалы жоқ, құрту керек болар. «Егер жау берілмесе, оны құртар болар». Дұрыс! Егер берілмесе солай болсын. Ал берілсе ше? Ол берілдім, жаздым, жаңылдым десе, оның сезіне сенбейміз. Оның берілгеніне сенуіміз үшін ол өлуі керек. Бұл не, інім? Үндемейсің ә? Мейлің үндемесең үндеме.

Нақ осы отыз үшінші жылдың жазында июнь айының ішінде ерекше бір тапсырма алдым да, үш күн колхозда болмадым. Қайда кеткенімді адам баласы сезбеді. Оны аупартком де, Мырзалин де білмеді. Колхоздың председателінің үш күн бойы не ресми түрде бір жаққа кету емес, не үйінде ауырып жату емес, жерде де, кекте де болмауы жұртты тандандырды. Қайтып келгеннен кейін оны ешкім әңгіме қылмады, сұрамады.

...«Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас». Құр өзектің ішімен келген жалғыз жаяуды өзім ғана білдім. Жаяу адамды қазақ біреу келе жатыр деп елеп кермеген кез. Ол апақ-сапақта үйіме кірді де, ілмекті сала салды. Іңір қараңғысында үйден шығып кеткенімізді де тірі тышқан сезген жоқ. Қоныстан-дырудың батыс жағында тұратын мен жаяумен еріп, батыс бетке шықтық та, жұрт көзінен сақат болғанда сіләннің аяғындағы қалың ши арасымен Күртіннің арнасына түсіп, суды етігімізбен кешіп өттік. Тұсардан ғана келетін еткелден кешу кешкен соң шығыс бетке шығып, Құрөзектің ауызында үш атты матастырып қойып, малдас құрып отырған адамға жақындадым. Ол орнынан тұрды. Таныдым және жақсы білдім.

Ол тапсырманы қысқа берді де:

— Ал жолың болсын, мына торы жорғаға мін. Қоржында үш күнге жететін аттың жемі бар. Өзіңе «ер азығы мен бөрі азығы жолда» деген қазақ мақалын ғана дайындадық. Тапаншаң бар, оғы ердің шеттігіндегі кішкентай байлаулы қапшықта. Әдейі құранды ер ерттеттім. Үзенгі бауыңның ұзын-қысқасын өзің теңгерерсің.

Ал жөнел! Таң қылаң бергенше темір жолдан өтіп кетуге тырыс. Қош!

«Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме» дегендей Тарланкөк өлгелі бері тақымыма бір ат толған емес, сырлескі емес атқа міндім. Мінгелі жатып қазақ жоралғысымен тартпасының беріктігін байқап, қайта тарттым. Шынын айтайын, інім, мінгелі тұрып талайыма мінем бе, әлде талауыма мінем бе деп жүрексіндім. Сайраққа тартып барамын, ажал күтіп тұр ма, азап күтіп тұр ма, жол ауыр. Бармауға, бас тартуға болмайды. Партия, мемлекет тапсырмасы. Атым омырауы есіктей, ойынды еті бесіктей, қақсал жылқы екен. Қақсалдығы ғой маған міңейін деп тұрған сенсің-ау дегендей торы сол жаққа мойнын бұрып, мені бір иіскеп, иіс алды. Жаман ат болмады деп түйдім ішімнен. Сайраққа жол тартқа-нымды ескеріп, ат үстінен үзенгі бауымды сәл ұзарттым. Үзенгі бау қысқа болса, екі тізе шыдамай кетеді. Салмақ тізе мен белге бірдей түсуі тиіс. Сайрақты сонда ғана көтересің.

Торы жорғаға тола мініп, басын батыс-терістікке бұрып тебінгенімде жануар «пысқырып-пысқырып» жіберді. Қазақ мұны ердің жолы болады, ат қиналады, ер қиналмайды деп есептейді. Күртін ауылдан төменіректен кесіп өтіп, Жирен айғырдың желкесіне қарай тарттым. Түнге жаңа-жаңа көзім үйреніп, Көкдалаға әне-міне деген-

ше-ақ келіп қалдым. Жануар торы жорға су төгілмес қой жорға екен, қамшы салдырмай келеді. Тіпті кейде арындап, шүрегейге түсетін тұйғындай құнтитып, ауыздықты баса береді. Қу далада майданда шолан ұрған батырдай жалғыз жосылтып келемін. Міне, Жиренайғыр өзені. Өткелдің өте қалған жерінде тұщы бастау бар. Өзен суы ащы, жер сор, табиғат қызық, өзен жағасында қашанда осындай ащы сулармен қатар тұщы қайнар тұмалар болады. Өте қалған жерде үстінде тұрып ауыздығын алып суарып көріп едім, жануар ернін малды да, қойды. Шөлдемеген екен. Өйткені енді темір жолды кесіп, елсізбен кетпекпін. Тұщы су сонау Үшшоқыға дейін кездеспейді. Әрі қарай тартып кеттім. Таң атқанда Үшшоқыдан өтіп бара жаттым. Бурылға келген соң, ат белін көтергім келді. Аттан түсіп, ауыздығын алып, шылбырынан ұстап отырдым. Торы желкілдеп өсіп қалған жусан ұлпасын күртілдетіп ұрып жіберді.

Енді жалғыз отырып қалай жүруге жоспар құрдым. Қия жайлап, шет қонған Бидастар жерін шолғым келді. Ұрат-ұрат рулардың қытайдағы қыстау-қияуларын, кіртілерін көріп, шолып шыққаным жөн болар деп шамаладым. Онда не де болса Алмалы — Долаңқараға тартайын. Тәуекел, өлсем Совет өкіметі жоқтайды.

Торыға қонып сетілген танаудай Бурылдан, оған мұнасып жатқан қалың қырқадан жалғыз аяқ жол тауып, бөктерлеп батысқа қарай тарттым. Күн сонша ыстық емес, жер іренді екен, барлық жерде әндетіп, менің келе жатқанымға қуанғандай бозторғай шырылдайды. Басқа құс көрінбейді. Бұл жақта тіршілік атаулы бітіп, барлық байлық-бақыт, дала, су бозторғайдың ғана еншісіне тигендей. Он алтыншы жылы осы жерлерді үш-төрт ай кезгенде бармаған жерін, баспаған тауын қалдырмағандай едік. Марқұм Ұлтарак енді ойласам сол үш-төрт айда бір айтқан әңгімесін қайталамаған еді. Япыр-ай, соның бәрін ішіне қалай сыйғызып, қалай тоқи берді екен. Одан қалған, жақсыдан қалған жәдігер Совет қандай жігіт болар екен, Екі бірдей көркем адамнан туған балаға сұқтанбай қарау мүмкін емес. Тіл-көзден аман бөлсын, әйтеуір. Бірақ еркек әдемі болса, әрине, ол да бір ғанибет, бірақ бернесінен пейілі көрініп тұратын әйел адам емес, еркектің қандай болғанының бәрібір де. Нақ осы жерде Ұлтуғанның шешесінің Марленнің бет-жүзіне риза болмағандығы есіме түсті. «Ең болмаса Ұлтуғанға бір жерің тартса етті», - деді-ау, байқұс. Қызын тірі көргендей болғысы келгендігі ғой, марқұмның. Бірақ табиғат шебер, қасы мәтті, еріні нұнды, танадай көзі жалтылдап Ұлтуғанға-ақ тартса, мен де оны көргендей болып жүрмес пе едім. Өттең... Осы әттеңмен өтеді екен ғой, өмір шіркін. Күпшек санды торы есектей қайқалап өрге салып келе жатып, қорс етіп үркіп кетті. Сөйтсем бір сайда толып қарақұйрық жайылып жүр. Кеше ел жүретін жерде бүгін аң жүр, елсіздің жануары. О дүние, десеңші. Кеше осы жерде аттылы қазақ осы кезде жайлауға шығуға

қам жасап жортып жүруші еді. Енді, міне, бұл адам кірті аң мекеніне айналған. Адам қайдан келіп қалды дегендей үркіп, бір-бір атырылып кетті де, тұра қалып, құлақтары қалқайып бірер сәт қарап, сонан соң дүркіреп қаша жөнелді. «Атып алсам ба екен, біреуін» деп, кешке не ішуімді ойладым. Қарным аша бастағанын сездім. Алғашқы кездескен жануарларға тимедім. Аттың басын іркіп, алты атарды мойнымнан алып, көздеп көрдім де, шүріппені баспадым. Соның арасында-ақ үйірлі қаракүйрек белден асып көзден ғайып болды. Жым-жылас. Қайта далада тыныштық орнады, тек бозторғайдың ғана дамылсыз әні құлақ тұндырады. Белден аса беріп алдымнан далалық кішкентай ғана айна көл көрдім. Шынында да айнадай. Өйткені үп еткен жел жоқ. Бұл қоғалы көл емес, көктемгі қарғыннан қалған алғау су. Көлдің арғы бетінде жағада екі сарала қаз таранып отыр екен, мені көріп ұша жөнелді. Қанатымен ән салып барады. Атайын деп ойлап, оның бірін түсірермін, сыңары қалады, Шұнақ. Сен сияқты біреуі жесір қалады, бір жерге салған жұмыртқасы әлде, тіпті шығарған балапаны бар шығар, қазір көктемнің аяғы, жан-жануардың балалап, балапан шығарып, жұмыртқа салып, уылды-рық төгіп, қозықалап, қодығалап, қодықтап болған шағы. Осы мүсәпір жолда, сайраққа бара жатып қиянат қылмасаң да болмай ма деп өзімді өзім тыйдым.

Торыдан түсіп, екі алдыңғы аяғын тұсап қойсам ба дедім де, сырлескі болмаған атқа сенбедім. Баяғы әке мен аталаның жолдағы әңгімесі есіме түсті.

Әке мен бала ара қонып жетерлік сайраққа шығышты дейді. Осындай бір елсізге келіп екеуі қонбақ болыпты. Жол жүріп келген аттар күн таласа суыған соң, екеуі аттарын отқа қоймақ болыпты. Әкесі атына шідер салыпты да баласына:

— Балам, атыңды бекітіп қой,— депті.

— Ой, әке, осынша көк жайлаудан қайда кетеді дейсің. Бұдан шүйгінді қайдан таппақ. Еркін жайылып, тоғайсын,— дейді баласы.

— Балам, атыңды бекітіп қой,— дейді тағы да.

— Ой, әке, қоймадыңыз ғой, ешқайда кетпейді, атым тоймай қалады,— дейді баласы өзінікін қайталап.

— Балам, атыңды бекітіп қой,— дейді әкесі үшінші рет. Соны айтады да, тоқымын төсеніп, ерін жастанып тегілдірігі мен тер-лігін жайып тастап, шекпенін басына бүркей жамылып жатып қалыпты. Баласы ерте тұрып аттарды әкелейін десе, баланың аты жоқ. Жүгіріп ана жотаға, мына жотаға шығады. Баланың аты жоқ. Шал шідерлеулі, тай шаптырым жерге ғана барған атын әкеліп кете барыпты. Әкесінің кетіп бара жатқанын көрген бала жан ұшырып жүгіріп келіп:

— Атыңызды беріңіз, атымды тауып алайын,— депті. Сонда шал:

— Аш атым — бар атым, тоқ атым — жоқ атым,— деп жүріп кетіпті. Жаяу қалған бала ер-тоқымын арқалап келе жатып:

— Өзінде жоқ болса егер әкең де жат, енді қу бас көрінсе арқандап жат! — деп есі кіріпті деседі. Сондай-ақ елсізде еңіреп, жоқ қарап, дала қарап қалармын дегенмен атым бір үзсе де пайда, бірақ бар болғаны олжа деп қанжығадағы байлаулы қайыс шідерді шешіп алып, атымды шідерлеп қойдым.

Көзімді ашып алсам күн еңкейіп қалыпты. Сағым әлі жүріп тұр. Демек, күн ыстық. Жорға торы тойған ба, жусап тұр. Жата қалып жерге құлағымды төседім, ешбір дыбыс білінбейді. Атты әкеліп, ат дорбамен қос уыс сұлы жегіздім. Торы әжептәуір тынығып қалғанға ұқсайды. Ердің оқпанына қарадым, ердің асты көрініп тұр. Желдігі де қалың, былғарымен қаптапты. Өмілдірігі, құйысқаны, жүгені, бәрі көгілдірікті. Тегілдірігі қалың былғары екен, салбырап тоқым етегіне түсіп, тартпадан өткізген пыстаны аткөрпені тегіс басып тұр. Жақсы ер-тоқым екен деп ойладым. Атқа қонып, басын қайта Алмалы — Долаңқара қайдасың деп жолға салдым. Торы жорғасын төгіп, шайқап басып жөнелді. Тағы ойда жайылған екі сарала қаз көрдім. Атадым. Өстіп жүріп аш қалар ма екенмін деп те қойдым ішімнен. Қоралы қыстаулар кездесе бастады. Бәрі иесіз. Тағы бір белге шыға келсем бір топ дуадақ жайылып жатыр. Енді осының бірін азық қылғым келді. Өйткені үш кездескен аңға, құсқа тимедім. Бұйырса жалғыз оқпен ғана осының бірін атып алуды ойладым. Кім біледі, қол үйренбеген мылтық тигізе алмай аш қалар ма екем деп те қоямын. Өйткені «құланды да жыландай кісі атады», ол үшін мылтығына қолы үйренген болуы керек. Ескі жолдас тапаншаны алып көріп едім, оның оғы, әрине, жетпейді. Неде болса деп алтыатарды қолыма алдым. Тапанша жететін жерге барамын дегенше ол ұшып та кетеді. Рас, дуадақтың көтерілуі қиын. Ол ұшып үлгіргенше ұшқыр ат мінген жылқышылардың құрықпен дуадақты ұрып алғанын өзім талай көрдім. Бірақ торының жүгірісінің қанша екенін кім біліпті. Нәсіп болса кете қоймас. Мылтықты қолыма алып, тағы бір қойдым. Жақсы жайылып жатыр. Бірақ мен ашпын ғой. «Болыссаң жанға болыс». Қазақтар қой сойғанда «жануар, сенің жазығың жоқ, менің азығым жоқ» деуші еді, жарайды менде де азық жоқ. Үлкен біреуі қанатын қомдады. Сахары шығар. Шамасы мені сезген болар. Жарайды, тура сол үлкенін. Міне, қарауылға ілінді, топшысынан.— Мұның мойыны құдың сұңғағындай, құтанның құлқынындай емес, қысқа. Ал...

— Тарс! — Елсіз дала жаңғырығып кетті.

Көздегенім домалап қалды. Басқасы жүгіре барып, ауыр денелерін зорға көтеріп ұшты. Салып ұрып жетіп бардым. Дуадақтың қоразы екен, өліпті. Торы, үркіп жоламады. Оны шылбырмен бір аяғынан байлай салып, дуадаққа келіп қолыма алайын десем, тіпті ауыр. Жеті-сегіз килограммдай. Оқ тиген құсты бауыздамаса да болады. Дегенмен, бауыздап, қанын әбден ағызып жібердім. Сонан соң торыны

қорсылдатып жатып, қанжығама зорға байладым. Сабылып жүріп кеттім.

Әдемі шағын тас қораның жанына келдім. Тігулі үй тұр. Мал жайымен жүргендер шығар дедім. Нұрқалықша:

— Кім бар екен, хабарласқалы? — дедім. Жауап болмады. Сонан соң қораны аттан түспеген күйімде айналып шықтым. Аттан түсіп, анау жердегі тас мамаға шылбырынан қазық бау шалып байладым. Өйткені, маматас аласалау, бір жарым метр шамасында екен. Күн ұясына еңкейіп қалды. Бірақ әлі жылы. Күн жақта көрінбей тұрғандар жоқ па деп ол жақты да абайладым. Дыбыс жоқ. Мылтықты кезене ұстап саманнан салынған там үйге жақындадым. Сығырайған терезесі бар, одан қарап іштен ештеме көре алмадым. Үйдің төңірегінде тірі жанның жүрген-тұрған ізі, ізбіні білінбейді. Терезе бүтін. Есікке келдім. Онда екі шығыршық бар екен, арасын шуда жіппен байлапты. Шуда жіпті шешпек едім, ол мoryп кетіпті, бөлек-бөлек болып, біте жеген келеп жіптей түсіп қалды. Тірі жанның жоқ екенін білсем де үйге кіруге жүрексініп, тың-тындап сәл тұрдым. Күн кешкіргендіктен боз-торғай әнін тыйыпты. Әлдеқайда ескі қияулардың бірінен байғыздың сызылғаны естіледі. Елсізде байғыздың даусы да адамға жаман әсер етеді. Дегенмен есікті аштым. Есіктің көзінде жез леген жатыр. Оны аяғыммен шетке ысырдым. Екі үй екен. Ауыз үйде балшық пеш тұр. Онда үлкен он екі қарыс қазан асулы. Қазан пеш төңірегінде төселген ескі құрым киіз. Қазанның жабулы жан-жағын от шалып күйелештенген қақпақтың үстінде төңкерулі шелек. Бұрышта ағаштан жонылған адалбақан, мойын ағаш. Қазір ғана онымен біреу екі шелек су әкеліп, сүйей салғандай. Түпкі үйдің есігін аштым. Төрде кәдімгідей ақ киіз салулы жатыр. Жүкаяқтың үстінде буулы тең. Қарала алашаға бұған. Оны ашып көруге тағатым бармады. Бір ағаш қобди беті жабық. Суырымалы қақпақты ысырып едім, іші толған асық. Түрлі түске бояған. Асық бояу есіме түсе кетті. Қатындар текемет, сырмақ жасарда жүн бояр еді. Балалар шешелеріне жалынып-ағынып, жүн ішіне асықтарын тастар еді. Сонда жаңа сойылған қойдың асығының бояуы қанық, ескі ақ асықтың бояуы солғын, баршын тартып шығар еді. Шешеме менің де асық боятқаным есіме түсіп кетті. Басқа үйде көз тоқтатар ештеме болмады. Сыртқа шықтым.

Енді қазақ үйге келдім. Оның сықырлауығының шығыршығына көлденең шыбық өткізіпті. Ол да әбден қурап тұр екен. Оны алып сынып қалмас үшін жерге ақырындап қойдым. Атыма да бір қарап қойдым. Суып үйренген қазақы жылқы тып-тыныш тұр. Бүгін осы төңірекке қонармын деп атымның тізгінін ердің басына іліп, қаңтардым. Тартпа-сын босаттым. Торы мені бір иіскеп қойды. Қайтадан киіз үйдің жанына келдім. Тағы да күн бар да төңірекке көз салдым. Үйдің жанындағы жотада оба бар екен. Жүгіріп соған шықтым. Қойнау, қолаттардың

бәрінен қыстау, тігулі үйлер көрінеді. Онда тірі жан жоқ, бәрі қаңырап бос қалған. Егер осы қыстауларында, ата қоныс-кіртісінде отырса, қазақ сорлылар осынша қырылмас еді-ау. Бейқұтшылық заманда-ақ аузымыз шөл тартты-ау! Осы жерден Ботпайларды көшіргеннің ішінде мен де бар едім ғой. Бәрімізге қар қылған Қамысбаевқа қарсы шыға алмай мөңді-мөңді деп көнгеннің бірі мен емес пе едім. Бабажанов сияқты адал ұл дауыс көтергенде соған медеу болудың орнына, басу айтып, істі шарға жібермеуді ойлаған осы сұмырай Шұнақ сен емес пе едің. Қопаға еңкейгенде жаңбыр шелектеп құйып, нөсер болып, сел жүргенде жұрттың су болмаған жері қалмап еді. Жердің ыза-ызғары кетпегенде ашық-тесік келе жатқан бір бала қыңқ етіп жөтелмеп еді, ауырмай-ақ Ақсенгірге жетіп еді. Өгіздей саулығы, темірдей тепкіні, үй жыққандай екпіні бар іребдел, сайдауыл жігіттер бір тілім нанға зар болып о дүниеге аттанды-ау. О, Шұнақ, ку Шұнақ, сол жерде Қамысбаевтың қолында неге влмедің. Қазақтың өліміне кінәлінің бірі сені шұнақ. Адам болмай, ада болғыр Шұнақ, жерге кір, жерге кіргір. Осы обада отырып, ал босап жылайын. Көз жасымды тыя алмадым.— Шұнақ — кәдімгідей жылап жіберді. Сәл утм қалды. Сонан соң көз жасын сүртіп әңгімеге қайта кірісіп. Осылай сағым сынып, өзімді өзім аямай жазалап ұзақ отырыппын. Күн батуға таялып қалыпты. Орнымнан тұрдым. Ерте жарықта тамақ істеп ішудің жөнін қарастыруым керек. Қазан-ошақ дайын, үй бар, тіпті кім біледі, жаңағы теңде көрпе-жастық, кілемге дейін бар болар. Тек су табу керек болар.

Төмендегі көгерген жыраға бардым. Судың көзі бар. Ызашық көрінеді. Көзі бекіп қалған. Қазатын ештеме табылар ма екен. Қораға қайта кірдім. Сабы қысқа мұжық тесе тауып алдым. Онымен барып судың көзін тырнап көрдім. Көп күттірген жоқ, су жылап ағып жүріп берді. Оның қайнарын сәл аршып едім, су тіпті жаңағыдан әлдеқайда ағындай бастады. Маған бір сімі-ретін су болса жетеді. Қазан асып отыратын заман ба! Судың алдын ағызып жіберіп, ұрттап дәмін тагтым. Сәл кермектеу, кәдімгі адырлы жердің ауыз суы. Су жиналатындай етіп бастау жасадым. Алдын сәл бөгедім де, енді киіз үйдің ішін көруге кеттім.

Киіз үйдің есігін аштым. Жетпіс басты үй екен. Түңлігі түсірулі. Үйдің төрінде біріне-бірі жалғас екі жүкаяқ. Беті ұлттық өрнекпен нақышталған. Нақыш ойылып салынған. Оның үстінде жүк жоқ. Үйде киіз де көрінбейді. Тақырайып оттың орыны жатыр. Басқа жеріне аздап шөп шыға бастаған. Керегені, уықты, үзікті, туырлықты, жоғарыдан түсіп тұрған желбауды бәрін ұстап көрдім. Бәрі әлі қалпында, шірімепті. Бір кезек осының ішіне отырып, тамақты осында ішсем бе екем деп саным ауды. Әлде қалай қазақ үйдің төрінде отырып сораптап ішкен қымызды аңсап кеттім. Қазір қымыздың уақтысы, ең көп болар кезі. Бірақ мұнда отыруға да, жатуға да болмайды. Онда келгендер болса білмей қаламын ғой. Сондықтан ашық далаға демалу керек.

Теменірек өсіп тұрған екі-үш талдың қасына барып аз ғана сабаттадым. Селбілерін алмақ едім. Жерде де қу бұтақ толып жатыр. Оны жинап киіз үйдің жанына әкелдім. Мұнда мосы да, ошақ та бар. Бірақ ол маған керек пе? Қораның ауызына таман ыққа қу бұтақтарды жағуға ыңғайлап қаладым. Тіпті керек десең бірнеше жылғы ойып жиналған қызыл ки да тұр. Ол кең болып, кеуіп қалған. Тіпті, шеті ойылмапты. Бұл байқұс үй иесінің келесі қысқа дайындаған отыны ғой. Келесі қыс түгіл үш қыс өтті, тұл қалды. Бұл қораның иесі тірі қалмаған да шығар. Торының жанына барып жерде жатқан қоржын мен дуадақты алып келдім. Торы тыбыр етпей, мойынын салбыратып тұр. Суып үйренген мал екеніне көзім жетті. Мосыны темір ошақтың үстіне қойдым да, отты тұтатып, дуадақтың жүнін жұла бастадым. Оның жүнін, қанатын, құйрығын отқа жағып жібердім. Отырған жерімді ыбыр-сытқым келмеді. Дуадақты қазақша жотасынан жарып ішек-қарнын алып тастадым. Бөтекесін тазаладым. Бірақ жуылмаған бөтекені пісіріп жеуге қорықтым. Маған басқасы да жетеді ғой. Басқа денесін отқа қақтай бастадым. Керегенің басында дорба көріп едім, сонда тұз бар ма десе, болмады. Жарты құрт таптым. Сағырдан болып қалыпты. Дәмін татып көрдім. Жемедім. Дуадақты пісірдім. Қанша семіз дәмді ет, тұзы болмаған соң су татитындай. Су татыса да жеп тоғайып алдым. Енді бір тәулік тамақ ішпеуге шыдай аламын. Інім, біз, қазақтар, уақтысымен тамақ ішпеуге шыдай беретін халық едік қой. Бұл мүмкін біздің зор кемшілігіміз шығар. Мына Европа бетке қараған елдер сонша оңаза болады. Олар тамақ ішетін уақыты өтіп кетсе жылап жібереді. Тамақты уақтысымен ішпеуге шыдамдылық парасатты-лық емес. Өйткені ол денсаулыққа зиян ғой. Ішек-қарын бос тұрмауы керек. Ол үнемі жұмыс істеп тұрмақ.

Жатуды ойластырғаным жоқ. Бөктергіде бір тайжақы бар екен, соны алып кидім. Отырған жерімде қисайдым. Ұйықтап кетіппін. Біршама көзімді ашып алсам, сонау жерде екі шам жылтырайды. Екі жасыл от. Қыстығүні аштан өлгендердің етін жеуге келген шүйебөрінің көзі, айнымайды. Атып тастасам ба екен деп ойладым. Оны сойып, ұлпанын алмаған соң қайтемін. Әрине ол дуадақтың ақтарып тастаған ішек-қарнының иісіне келіп жүр. Түнде атыма зиян жасап жүрмес пе екен. Бірақ ол не екен? Бұл өңірде қасқыр болмасқа керек. Өйткені бөрі ел жағалап, мал жағалап жүреді. Ол көшкен қазақпен бірге тау жайлауына шығады, далаға да бірге түседі. Сондықтан бұл қасқыр емес. Түрегелдім. Шұбалаңдап кетіп барады. Түлкі екен Торы ат оқыранды суыған екен. Енді отқа қоюға болады. Бағанағы бастауға бардым. Су жиналып, аяғы сыздықтап ағып жатыр. Қос уыстап сімірдім. Шөлдеп қалған екенмін. Қайта келіп, тағы да дуадақ етінен аузымды толтыра бір қарпып шайнадым. Торыға бардым. Оқыранып тұр. Түн орталанып-ақ қалса керек. Дуадақтың қалған етін май қағазға орап қоржынға салдым. Қоржынды қолыма алып, осы жерот-ау деген қалың шөптің ортасына

бардым. Атты қалай қойсам екен. Ер-тоқымын алдым. Арқасы кебу. Әбден суыған екен. Ертең жарап тұрады деп ойладым. Қазақы ерді жастап, тоқымды төсеп қойдым. Ішкілікті тер-шуаш сасытып жайып тастадым. Атты шідерлемедім. «Тоқ атым — жоқ атым» болып жүргенше, «аш атым, бар атым» болсын дедім. Сондықтан атты бақайламай, тұсап, оған арқанды, арқанға сексеуілдің жіге-ріндей қатты, шыжым шылбырымды жалғап, аяғыма байлап ұйықтадым. Шын ұйықтаған болдым. Өйткені минут сайын тартқылап тұрса, қандай ұйқы, ол? Қасқырдан қорықпадым, адам қорқауынан қорықтым.

Таң қылаң берген соң орнымнан тұрып, арқанды жинап, торыны шідерлеп қойып, енді шын ұйықтадым.

Оянғанымда күн көтеріліп қалыпты. Торыны әкеліп ерттеп, қомдығын көтеріп, төсайылын тартып, қоржынды бөктеріп, ауыздығын салмай бастауға келдім. Торыны суғардым. Шалдырып, аузын шайғыздым. Сонан соң атдорбаға қос уыс сұлы салып, жемге қойдым. Өзім түнде дуадақ пісірген жерге келіп, ошақты, мосыны бұрынғы орындарына апардым. Дуадақтың ішек-қарыны, бөтекесі, басы, аяқтары жоқ, шамасы түлкі қу жеп кеткен. Сәлден соң атқа қондым.

Күн шығыста азғантай бұлт бар.

Күн көтеріліп, даланың қаусарға бергісіз таза ауасы көкіректі ашып жіберді. Ашқылтым жусан иісі мұрынды жарады. Торы тағы пысырынды. Енді қатты жүргенді қойдым. Көп қоралардың тағы біріне түстім.

Қора қара тастан қаланған. Еш жері кетпеген, бір ұқыпты адамның қорасы болса керек-ті. Қораның оң жақ босағасына қаланған қора тасының үстін ала қарабура жинаған. Оның үстінде әлдеқандай күмбез сияқты бірдеме жалтырайды. Бұл не екен деп жақындасам, төрт құлақты мыс қазан. Қазанды күйесін кетіріп, құммен әбден ысқылап жалтыратып төңкеріп қойыпты. «Қазаны төңкеріліп қалыпты» деген осы екен-ау деп ойладым. Қазақ қазаны үнемі отта болуы керек қой. Қораның оң бүйірінде екі терезелі там тұр. Шамасы бірінен-біріне өтетін екі үй. Есік алдында кешегі үйден киізі жаңа, әжептәуір тоқсан басты үй тігулі қалпымен. Тек адам жоқ, басқасы әзір. Кәдімгі қудай жайпаң жеңгелер бұрала басып, былқылдап жүріп тіккен үй. Есігін ашып қарадым. Үйдің бау-шуы түгел және әдемі екен, бірақ іші бос. Тамға кірдім. Төртегі жұқаяқ үстінде ұзын, бетіне өрнектеп қаңылтыр шегелеген екі бұралмалы, бұрағанда кілті сыңғырлайтын сандық. Ауызы жабық. Екі тең. Ішінде не бар екенін иесі ғана біледі. Үйдің тері жалаңаш. Бір-екі қораны араға салып тағы бір үйге кірдім. Еңсесі биік, әжептәуір албары бар. Киіз үйі кішкентай. Бірақ бұларда да азды-көпті мүлік бар.

Есік алдына шыға беріп өз көзіме өзім сенбей қалдым. Анау жерде бір қартаң адам бүгежектеп қашып барады. Адымы да қысқа. Киімі жүдеу.

— Тоқтаныз! — дедім айғайлап. Одан жауап жоқ. Қашып барады. Әжептәуір жерге кетіп қалды. Торыға міне салып, тай-палтып қуып жеттім. Кісі тоқтамайды. Бүгежектеп, екі шынтағы бүгіліп, басы тұқыып, шегелеп ешкі қуған адамша кетіп барады.

— Тоқта, әйтпесе атам! — дедім. Ол тоқтамады. Құнжындап әлі жүгірген болады. Адымы өнбейді.— Тоқта, атам! — Атып, оған оғымды шығындап қайтемін. Жанына жақындап:

— Ассалаумәлейкөм! — дедім. Ол бетіме қарамайды. Жауап бермейді. Кісі киік болып кеткен бе деген ой келді маған. Адам жоқ сияқты еді, бұл манда. Әлде анау елеусіз сағананы мекендей ме екен? Амандықты тағы қайталадым: — Ассалаумәлейкөм! Ол бетіме қарамаған күйі «әлейкісалам!» деп естілер-естілмес мінгір етті.

— Қорықпаңыз, тимеймін. Ант ішейін, алғалдық жасаман,— деп жібітпек болдым. Ол ажырайып бетіме қарады. Қою мұртты, айыр сақалды сары кісі. Екі көзінен жасы парлап тұр. Қорқып, әлде менің тимеймін дегеніме қуанып жылап тұрса, білмеймін. Үстіндегі киімі бегімсал. Екі бетінің ұшы шығыңқы, бүйрек беттеу кісі маған сенбегендей жалт-жалт қарайды. Мен аттан түстім. Ол иығымдағы мылтығыма қарап қояды. Жай сезіме көнбейтін бол-ған соң дауыс көтере:

— Былай жүріңіз! — дедім жанағы үйлерге қарай бұрылып. Ол үнсіз алдыма түсіп жүріп берді де, аяғы бірдемеге тиіп құлап түсті. Мен оны орнынан тұрғызып, көк шөпке жайғастырып, жанына отырдым.

— Неге қорықтыңыз, адам көрмеп пе едіңіз?

— М-м-м...

— Сізден басқа адам бар ма, мұнда? — Ол сәл үндемей отырып жауап берді:

— Жоқ.

— Қайдан жүрсіз, мұнда?

— Су қайнатып ішетін жер бар ма, мұнда?

— Бар,— деді қарт.

— Бастаныз, онда,— дедім мен. Шал алдыма түсіп жүріп келеді. Мен артында. Ол сонау бір қойнауадағы төңірегін ағаш тігілген қыстауға әкелді. Тура үйдің есігі алдында екі терек. Екеуі де зәулім биік өскен, сабатты. Әр жерінен ақ өзегі көрініп, қабығы түскен селбісі ақсөңке. Бостаны да, жапырағы да қалың теректің селбісі түсіп, талқан болып жатыр. Бірақ отынға жарамды. Үйдің кішкене, оңтүстікке қараған екі терезесі де бүтін. Маған шалды сендіру керек еді, оның нақ үстінен түстім.

— Қамбадағы арпа таусылды ма, бар ма? — дедім.

— Сол қалпымен жатыр. Жақында бір сапырып, ұшырып қайта құйдым, біте түсейін деген екен. Күнге жайдым.

— Бес қап бидайды ішіп тауыстыңыз ба?

— Жоқ, әлі екі қабы бар.— Енді мен үндемей қалдым. Шалдың ойлауына, тарпындағысын тіліне жинақтауына, өзінің өмірін өкіліне

түсіруіне мұрсат бердім. Онда да оны әдейі істемедім. Сорлы бала Жиренбай «тігулі үйіміз, ішінде бес қап бидай, бір камба арпасымен қалып еді» деген ғой, өлерінде. Егер осынша дәннен бір уысы ауызына уақтысымен тисе, әке-шешесі де, өзі де аман жүрер еді-ау». «Тамның төріндегі ұрада да үш-төрт қап бидай қалып еді» деген ғой. Байқұс бала десеңші. Көк шыбықтай қиылып, қыршын кетті-ау». «О дүние!» деп жібергенімді өзім де білмей қалдым. Шал маған қарап қалды. Тұнжырап отыр. Ол бұл үйдің иесі емес екенімді бәлкім білетін де шығар. Егер осы жердің қазағы болса, бұл үйдің кімдікі екенін білмеуі неғайбіл. Егер «бұл үй менікі еді» десем, «өтірік айтпа» деуі әбден ықтимал. Осы жерде Жиренбайдың әкесінің атын есіме түсіре алсам ше, қане! Ыржақбай — жоқ. Қалжыңбай, жо-жоқ. Тырқы... ол да емес. Қалай еді? Күлкі... Ә, ия, Күлембай! Міне, таптым.

— Інім, бұл сенің үйің бе еді? — деп сұрады шал. Сынап отыр. Өзі ештеме айтпайды. Менің өтірігімді шығарғысы келеді.

— Жоқ, ақсақал, менің нағашымның үйі еді.

— Нағашымның деп айта салуға болады ғой.— Көрдің бе, шал пәле!

— Нағашым Күлембайдың үйі. Енді сендіңіз бе? — Шалдың жүзі жылып, беті бері қарағандай болды.

— Е, шырағым, Советіңнің жұртты қан сигізіп көшіргендегісі қыру екен ғой. Одан да оларды осы жерде-ақ атып тастауға болатын еді ғой. Міне, Күлембайдың тігулі үйі тігулі қалпымен қалыпты. Қамбасындағы қап-қап астығы анау!..— Шал мұнайып төмен қарады. Расын айтсам, інім, шалдың қанын шығарып айтқан ащы шындығына тәнті болдым. Не дей аларсың. Кеше ғана обаның басында осылардың бәрін қайта есіме түсіріп жалғыз өзім еңіреп алған жоқпын ба!?

— Ия солай болды ғой, ақсақал.— Бірге қосыла жамандаспа-дым. Өйткені онда мынау әдейі келген пәле деп іш жиып қалуы мүмкін. Мұндайда аузыңнан шыққан әр сөз есептеулі болуы керек. Шал басындағы тоза бастаған қара елтірі бөрікті алды да, оның ішіндегі тері телпекті киіп, бөрікті көк жусан үстіне қойды. Үстіндегі шибарқыт көнетоз бешпентінің түймесін ағытты. Енді шал ағытылар деп ойлады. Бешпенттің ішінде жейде жоқпа екен деп отыр едім, бар екен. Ақ қансұрып жейде. Сарғайыңқыраған. Не кірден, не терден. Бәлкім екеуінен де. Аяғындағы етігі әжептәуір, әлі тұмсығы ақ жоңқа болмапты. Байқұс шал елсізде көмусіз қаласың-ау, нағып қана елден қалдың екен деп отырдым.

— Ел көшкенде мұнда жоқ па едіңіз?

— Жоқ едім. Бар болғанда не істей алар едім? — Шал мұнайып, сарғыш тартып, алдың ет басқан көзі жыртиыңқырап, жасаурап қалды. Енді хал-жайын өзі айтар деп шамаладым. Ол маған тағы сынап қарады. Сенуге болатын адам ба, жоқ па дегендей тесіліп қалды.

— Айта беріңіз. Менің сізге зияным жоқ, — дедім. Шал көз алдының ірінін қолымен сүртіп, қалтасынан шақшасын алды. Көріп отырмын, қолдан жасаған насыбай. Кәдімгі қылшаның күлінен осы төңіректің қазақтары жасайды да, оны «қара бұйра» делінетін насыбайыңа айыр-бастамайды. Өйткені «қара бұйраның» күші аз деп есептейді. Арақ бола тұрып самогон салып ішетіндердікі сияқты. Шал шақшасын етігіне соғып насыбайды сол қолының алақанына түсірді де, астыңғы ерініне қағып салды.

— Жоқ едім, шырағым. Ол кезде Оралда қаңғып жүр едім.— Ө белгілі болды. Жиырма сегізінші жылғы 696 байдың бірі болдың ғой деп отырдым.

— Онда неге барып едіңіз?

— Ей, шырағым, енді әукейсімей-ақ қой. Сендер айдап жіберген жоқ па едіңдер, елді бүлдіресің деп,— деді шал.— Менің атым Құбанбай. Жұрт Құбаш дей салады. Біліп отырсың ғой, енді. Мен сияқтылар көп емес. Шыным, інім. Мен сияқтылар көп емес.

— Неге олай дейсіз? — Менікі тіпті орынсыз сұрақ. Не айтар екен дедім.

— Сенің атың Абақ. Әкең Үйсінбай. Анау Беріктастағы Қасқарау ішінде өскенсің. Мұны әулиелікпен біліп отырғаным жоқ. Сенің атаң Жаубаймен Оралға бірге айдалғанмын. Оны құлағыңнан танып отырмын. Мен қолыңа түстім. Атып тастасаң мыл-тығың бар, қашсам астыңда атың бар, өзін тепсең темір үзгендей жігітсің, алыссаң маған әлің жетеді. Дымағың шақ болып тұрған жоқ. Дер шағың сияқты, мәулегің өтпеген, қардар да, қаһарлы да кезің. Бірақ тұрмығын тістеп қалған шал сенің де теңің.— Құбанбай шал маңдайы тершіп, қабағын шытты.— Саған шынын айтайын деп келе жатқанмын. Абақ қарағым, айдасаң айдап кетерсің. Анау Күлембайдың қазақ үйін мұраға тұтып, сонда жатып тұрамын. Қыста соның тамына кіремін де, қыстай қысылып жан сақтаймын. Жүр соған барып отырып әңгімелесейік.

— Жарайды, ақсақал — дедім мен, жөні келген жерге түйе де шөгеді.

Бағанадан бері ауыздықпен оттап тұрған торының ауыздығын алып, жетектедім. Құбанбай екеуіміз қатарласып келеміз. Шал әлі еңкейе қоймапты. Бірақ жүргенде аздап алқынады, әңгімені са-ғыздай созады. Торы жусанды тырыс-тырыс үзіп келеді.

— Абақ шырағым, әлгі қайуаннан даярағы ғана басқа, көрлат Жаубаймен Қандыағашта ажырастым. Оның одан кейінгісін біл-меймін. Баласы Таубай Оралдан қашып келіпті дегенді былтыр Тойбайдан естігенмін. Жаяу, елсіздегі жалғыз не естіп не білмек.

— Қазақ үйдің жанына келдік. Қазақ жоралғысымен шал торыны маматасқа байлады. Жалғыз адамның жүргенінен шөп жапырылушы ма еді, үйге кіріп шыққан ізінен басқа жердің шөбі.

Сол қалпымен. Киіз үйдің іргесіне дейін өскен шөп. Қазақ қарғыстың жаманы — «Шалғының жапырылмасын» деседі. Өйткені бала-шағасы жоқ үйдің ғана төңірегіндегі шөбі сол қалпымен тұрады. Міне, бұл үйдің де шалғыны жапырылмапты. Шіркін, қазақ та айтқыш.— Үйге кір, сусында. Қашып келген соң осы маңды сағаладым.

Үйдің түнлігі ашық екен. Іші жарық. Киізі әлі ескірмепті. Өйткені шаңырақтан басқа жерден сәуле түсіп тұрған жоқ. Байқұс Жиренбай, не әкесі Күлембай бұл үлкен үйін қыстауында қал-дырып, кішкене жолым үйімен кеткен екен-ау. Керегенің басында тұз салатын баспаққа дейін тұр. Төрде жүкайк үстінде екі тең. Ортада мосы, мосыда екі мыс шәугім асулы. Бұл әрине Құбан-байдың істегені. Шалдың отыны да әзір екен. Дереву шақпақ шағып от тұтатты. Мен әдейі сіріңке шығармап едім. Құдды жусанның бүрінен жасаған сияқты. Айырып сұрамадым. От тез тұтанды. Қалаулы тұрған қара көңнің ішіне бір-екі уыс жалпы отын — қурайды сындырып-сындырып салды. Қурай жалпылдап жанып, көнді де шоктандыра бастады... Шал енді от басында отырып әңгімесін жалғастырды:

— Мен үй ішімнен Үйшік деген қалаға бардым. Мал сойып садаға берер мен емес, түкті пұшпақ жоқ. Кембағалға ұсақ садақа үлестірумен қанағат таптым. Қала Жайықтың екі жағына салынған екен. Оның басқа орысша аты бар. Қысы тым қатал емес. Біз қысқа қарай бардық қой. Жетісуда бермеген ұлды құдай сонда беріп атын Сақдолла қойдым. Көрген күніміз иттің күніндей болды. Жаз шыға жақсарамыз ғой дедік. Көктем шығысымен тірілген сары масасы сары атанды шыдатпай ма дедім... Ішкендері түйенің сүті, жегендері балық. Бір қызығы, інім, олардың балығы ерекше. Балық етінде сүйек болмайды екен. Оны асып та, қуырып та жеуге болады. Басқа түскен соң балығыңды қара қоңыр қойдың етіндей жейтін болдық. Жалпы, шырағым, қазақтың бәрі бір қазақ қой, олар да қонақжай, барын бөлісіп ішіп-жегенді жақсы көреді. Ал шынын айтсам, інім, елі біздің елден кедейлеу ғой деп қалдым. Мысалы, мені конфискеледіндер, “үш мың қойың бар” дедіндер, ал оларда конфискеленген қалыпсыз деген байлардың қойы оның жартысына жетпейді. Жерді жамандауға болмайды, шырағым. Бірақ Алатауға жететін жер көрмедім. Әрине, қоғалы көл, қом сулы жерлері бар. Негізі құм, құмдауыт, шағыл. Даласында маса жоқ, тек Жайық бойында шығар деп жүрсем, жоқ қырында да, қыбайда да маса қара бұлттай қаптап жүр. Халық болған соң неше түрлі болады, біреулері елінен-жерінен айырылған мүсәпір ғой немесе өз елінде қасқасы мен жайсаңы болғандар ғой десе, енді бірі кірме, келімсек атандырады. Әсіресе жастар жағы контр деп көзімізге шұқып кетеді. Інім, «өзен жағалағанның өзегі талмас» деген. Балық болса да аш болмадық. Дегенмен мен шыдай алмадым. Сөйтіп жүргенде әлдеқандай бір қуырған балықтың етінен үйдің іші, әйелімнен басқа ересектері қырылып қалды. Жылап-сықтап қойған болдым. Әйелім мен емшектегі балам бір түнде жоқ болды. Кеш жатып,

қатты ұйықтап қалған екенмін. Шошып ояндым. Қасымдағы қатын-балам жоқ. Ұшып тұрып іздедім. Таппадым. Әйелім «елге кетейік» деп қыңқылдап жүруші еді, «Жетісу мына жақ» дегенге қарап қаңғып кетті ме деп те күмәндандым. Дүдәмал көңілден ештеме шықпады. Сол Үйшік төңірегін үш ай іздедім. Таппадым. Сайдақ ұстаған сайдауыл жігіттерді түгендедім. Мен білетіндері түгел. Ақыры жалғыз қалдым. Жалғыз басты ит те күн көреді демей ме қазақ, мен де ит құрлы күн көрермін, шулап жылап жатқан бала жоқ, «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деп сәйгел тиген сиырдай елге қаштым. Ол жақта, әрине, еркінше жүрдік. Бізді есепке алып, «қайда тұрдың, қайда жүрсің, қайда барасың» деген ешкім жоқ, сонда да туған жердің топырағын жастанып жатқалы келдім. Енді пенденің ілігіне жарамаймын.

Бұрнағы жылы көктемде Отардан поездан түстім де, бір өзім сияқты шалмен сөйлестім. Алмалы — Долаңқараның қаңырап бос қалғанын естідім. Былтыр осы уақытта тағы біреулерді көріп, елдің қырылып жатқанын білдім. Салдауыр жүгім жоқ осылай тартып кеттім. Салтаң жүріп бір күнде жеттім. Екі жылдан бері осы иесіз қалған үйлерді жайлап, қыстап, көрінген қояннан қорқып жүріп жатқан жайым бар. Естуімше қайтып келген байларды, бай болмай қалсын олар, қаңғырып қалғандарды әлі ұстайтын көрінесіндер, інім, ұстасаң мен дайын. Мына ыстық суды ішелік, сонан соң алдына салып, мүскін болған шалды қу да жөнел.

Жаңа, інім, мен сияқтылар аз дедім. Мен Совет өкіметін құлатқалы жүрген жан емен. Мен қалқозыңның малын талағаным жоқ, бір адамның ала жібін аттағаным жоқ, зияным да жоқ, тигізетін пайдам да болмайды, өйткені жасым, міне, жетпіс екіге келді. Келесі жылы мүшелім, содан қала қоймаспын. Егер өкіметіңнің тегін тамағын ішіп түрмеде жат десең, міне, мен алдыңда. Сенімен тіресер қауқар жоқ. Баяғы жасырақ кезім болса, әлі де қалқозыңа кіріп, сыбанып көрер едім. Ол енді қолдан келмейді. Мен бұл жерге Тойбайшылап, Шалтабайшылап келгем жоқ, өлу үшін келдім. Осы кіндігімнің қаны тамған, атабабам жатқан жерде сүйегім қалсын деп едім. Ендігісі сенің қолыңда. Бір заманда елдің қардар-қадірлісі едік, асылық айтып, артық кеткен жеріміз де болған шығар, бірақ Жәлменденің Пышаны сияқты жалғыз атты жарлыға жабырқау жасаған жерім жоқ еді, жасаған жамандықты басқа салса, баспақшылықпен көтермеске не, амал бар ма. Переннен бешпент, ләмпіктен шапан, мәутіден шекпен, сусардан бөрік киіп жүрдік, екі түгей еңіреуді таңдап міндік, мүйіз шыққан жоқ. Жетпіске келіп жер тістеп отырмыз. Інім, қазақ өлшемей сөз айтпаған: «Адам жақсылыққа жарылмайды, жамандыққа өлмейді» деген, тағдырдың салғанын көрерміз. Бадакөзді баса киген батырды көрдік, батырға бергісіз қатынды көрдік. Ерке бұла болдық, шүленгер мырза болдық, сексеуілдің жігеріндей мықты болдық. Алатаудай ықты болдық. Соның бәрі бүгін көрген түстей. Күнделеп күң, бұғаулап құл ұстаған емеспін.

Мені конфискелегенде маған ондай еді деп тірі пенде пердемді бұза алмады. Рас, малшыларымыз, қосшыларымыз болды. Сөзіміз тиген шығар, сөзіміз болмаса көзіміз тиген шығар. Тірі адам тіршілігінде не істемейді. Енді, жетпіске келгенде жеріңнен ауып Үйшік бар дедіндер, оған бардық, тағы дәм бұйырып тұрған жер болса, құдай осы Алмалы — Долаңқарада сүйегімнің қалуын маң-дайыма жазбаған болса, оны маған көп көріп тұрса, оны да көрейін, інім. Міне, осылай. Ал бір-екі кесе ыстық су ұрттайық.— Шал ділуарланды, камықпады, қайта қайсарлана түскендей. Үре сапты аяққа маған ыстық су құйып берді. Мен торы аттағы қоржыннан дуадақтың етін алып келдім. Оны Құбанбай екеуіміз отырып жедік. Дуадақтың жарты еті тағы қалды. Мен оны шалдың дастарқанынан қайта алмадым.

— Екі жылдан бері осы жерден тірі пенде көрмедіңіз бе, бандиттар өлтіріп кетеді деп қорықпайсыз ба?

— Ой, шырағым-ай, жетпіске келген адамды өліммен қорқытуға бола ма. Осы жерде біреу өлтіріп, сүйегім осы төңіректе қалса маған болды емес пе?

— Дегенмен де жалғыздықтың аты жалғыздық қой. Мына иесіз қалған тұл дүниені аралап көрсек қайтеді.

— Жарайды, шырағым,— деді Құбанбай. Сәске болып қалды. Бозторғайдың дауысынан басқа далада ештеме естілмейді. Қыстау жанында тұрған киіз үй, тіпті жиі десем де болады. Бәрі де әлі бүліне қоймапты, бау-шуының бояуына дейін оңбапты. Он шақты үйге кіріп көргім келді. Жерден әжептәуір көтеріп, қам кірпіштен қалап шығарған үйге жақындадық. Қорада күржиіп қара мысық жатыр. Адамды әлі ұмытпаған болуы керек. Қашпады. Үй екі бөлмелі. Төбесін тақтаймен жапқан екен. Басқа үйлердікіндей емес, терезесі де үлкен. Ішінде екі жұқаяқ, екі басы қайқы өрнекті қазақы төсек салулы тұр. Осылай үш-төрт үйден кейін есігі алдында тігулі қазақ үйі бар, тоқал тамға келдік. Шалда үн жоқ, сұрамасан ештеме айтпайды. Жетпіс басты қазақ үйдің ішіне кіргенімде бірінші көзіме түскені төрде ілулі тұрған қылқобыз болды. Оған таяу шың. Үйдің төріндегі жұқаяқ үстінде бір үлкен сандық. Беті аймышталып, түрлі түсті қаңылтырмен өрнектелген. Оң жақта үлкен үш бұрышты қырғыз ошақ. Үстінде үлкен тай қазан, қақпағы жабулы. Қақпақ шаң басып, уақыттың ескірткені болмаса бір жерін от шалмаған, күйесіз. Киізден қос қолға арналған тұтқыш кереге басында, өрешеге тақау ілінген. Үсті лағыл-жақұттан көрінбейтін қыз баланың тақиясы жерде жатыр. Қолыма алып көрдім. Уықтың қарына қыстырдым. Япыр-ай деп ойлады, тіпті жау тигендей жасаған екенбіз-ау. Мен ауылдың шығыс жағында ғана болған едім-ау, онда. Есіме түсірдім. Үйдің ішін қайта шолдым. Үйдің уықтың қарынан жоғары жері, үзінттің астының бәрі тегеріш үлгісімен шаңыраққа дейін оймышталған, кәдімгі қошқар мүйіз етіп, қызыл, көк киізден ойылып, сырылған. Шаңырақтың күлдіреуіштері бітеу ағаштан қиылған, төрт

бұрышты өрнекті тиекпен әшекейленген. Уықбау, желбаудың бәріне шок, шашақ байлап тігіп тастаған. Олардың бояуының қанықтығы сонша, көздің жауын алады, бәрі термелеп тоқылған. Керегенің сағанағына көзім түсіп кетіп еді, құрлы таңғышпен орапты, керегенің екі көзіне дейін көкаяқталыпты. Төрге шығып қобызды қолыма алып көрдім. Мен көрген қобыз екі ішекті болушы еді, бұл бес ішекті. Ең үстіңгі қылы үзік, қобыздың бір құлағы сынық. Қияғының да бір-екі қылы салбырап тұр. Қандай қол ұстады екен? Сары жезден жасалған шындауылы екі табақ екен, біріне-бірін беттестіріп, сыртын таспамен шандып байлап тастапты. Шандыған таспамен кереге басына іліпті. Нақ төрдің алдында бас-мойын шоқпар жатыр. Інім, босмойын шоқпарды көргенің бар ма? Бір ағашты қос жұдырықтай етіп домалақтап жонады да, әр жерінен ыстық жіңішке темірдің қожағайымен теседі. Тесіктердің бәріне қорғасын құяды. Сонан соң оған қайыс шегелеп, оны жазылыға, яғни сапқа шегелейді. Сөйтіп босмойын шоқпар дайын болады. Шоқпардың сабы еменнің берегінен. Алақан қайысы тозған, бір жағы жырымдалып қалыпты. Әлде тышқан қажады ма екен деп ойладым. Шоқпарды жерден алып жазылын керегенің басқы көзіне сұқтым. Енді шоқпар сағағынан үзілер құлжа алмадай салбырап тұрды. Шіркін қандай жанның мүлкі болды екен?

— Көп қарадың ғой, шырағым. Бұл Қалдыбек бақсының үйі ғой, — деді шал. — Әлгі Байзақ, Тайшық деген өңкей өртең шалған ағаштай, өрепкі немелер, жұрттың үйін-мүлкін алғызбай, алдына салып қуыпты ғой. Сонда тастап кеткен мүлік қой. — Е, оның ішінде мына қу шұнақ өзің де бар едің ғой деп даққа кетіп тұрдым. Асылықты асырып жіберген екенбіз-ау. Бірақ мажал болды ма, онда менде. Соңыратын осы елдің сөзін сөйледің деп сөгіс бермеп пе еді маған. Байқұс, шаруаларай! Е, мына шал айтып тұрған бидас Қалдыбек бақсыны талай естігенмін. Бұл жөнінде колхозда көңіл аударатын әңгіме де жүрген. Белсенділер «көп-көштің» астына алғанда Қалдыбектің әйелі қорасының желкесіндегі ұрадан бір буда он тоғыз қарыстық уық шығарып, қаламына уыққап кигізіпті, сонан соң тамының ауыз үйінен буулы киізді, екі көрпе, бір текемет алыпты да:

— Сері, көзіңнің тірісіндегідей бәрін тікесінен өзіңе қалдырдым. Үйіңе келіп жүрерсің. Өзің барыңдағыңнан бұзбаған едім, бұзбай кеттім, — деп он екі жасар қызын жетектеп, жылап шығып кетіпті. Үйінен сабақты жіп алмапты, «бәрі серінің өзі барыңдағыдай тұрсын да депті, десер еді ауылдағылар. Сол босағаға бұрыла беріп, екі қанжығаны байдастырып бау жасап ілген, басын қызыл былғарымен қаптаған құранды ер, оның жанында екеуінің де көгілдірігі жайнаған құйысқан, өмілдірік көрдім. Өрілген нөкта, тартпа. Керегенің үшінші көгінде темір кісен. Көз ала алмай, бір музейге кіргендей тұрып қалдым. Қалдыбек бақсының үйі деген соң әбден қарадым. Қоңыр, ақ киізден

ойылған откиіз үстінде төрт қабат салынған көрпе, бірінің үстіне бірі қойылған екі жастық. Шамасы сүлейдің өзі осы жерге шынтақтап жататын болуы керек. Бір қызығы ағашқа сапталған адал бақан от орнынан тура шаңыраққа тіреліп қойылыпты. Жастықтың, көрпенің үсті ерине топырақ. Бірақ әлі бәрі қалпында сақтаулы.

Қазақ үйден ішім бүлкілдеп зорға шықтым. Байлығы жоқ бақсы әдемілікті, өнерді қалай бағалаған. Тамына кірдім. Кіре бергенде Құбанбай шал бір ауыз сөз айтты:

— Қалдыбек өз басы қыста да қазақ үйде жататын. — Қоралары қойнауға, батыс жағында биік төбе бар екен. Мүмкін үйді, қораны желдің өтінен сол төбе қағатын болар. «Жалғыз қурай жел жарар», ал бұл үлкен төбе ғой.

Ауыз үйде басқа ауылдағы сияқты балшықтан істелген қазан пеш. Үстінде кішірек қазан. Мұнда кетпен, күрек, балта, шот бір бұрышта жиюлы тұр. Ағашын әлі кір баспаған талқы жатыр. Талқының не екенін білуші ме едің, інім. Иленген қайысты жұмсартып, иін қандыру үшін талқыға салады. Ол тіс-тіс, тісі емшектенген ағаш. Оны кәдімгі станок сияқты етіп жасайды.

Кереметті түпкі үйден көрдім. Үйдің едені жалаңаш. Төрте жүкаяқ үстінде екі тең*жүк. Не, бар екенін біле алмадым. Босаға жақта қолдан қиюлап тұрып істеген үлкен абажа. Оның іші толған ыдыс-аяқ. Кәдімгі фаянс және фарфордан жасалған неше түрлі табақ. Інім, шынын айтсам, бұл Қалдыбек кедейдің үйіндегі ыдысты сол кездегі ең бай ауылдан кездестірмеп едім. Таң қалмасқа шара жоқ. Есік жақтағы бұрышқа таман жасалған әңгеренің беткі сылағы түсіп, қуысынан он шақты кітап көрінеді. Ескі аптиек, мәнбай баспалы құран, Шаһмаран әңгімелері. Менің тағы көзім түскені бұл кездегі біздің өнерімізде аты да қалмаған бір шылдырман, бір қалған, бір нуғара. Шылдырман аты айтып тұрғандай жеті ұсақ қоңыраудан тұрады. Қолыма алып көріп едім, әр қоңыраудың дауысы бөлек-бөлек. Бабында. Ал қалғаны ескір-ген екен, әр жері майысыпты, кернейінің етегі, ернеуі жапырылыпты. Нуғарасы тегенедей төңкерулі, ілулі. Осыларды көрген соң көңілім бей-жай тартып, мені мәлелдік билеп алды. Енді кетуге айналғайымда оң жақтан екі-үш нәрсеге көзім түсті. Біреуін анық білдім, аққу терісінен жасалған күлө. Қасына күлбар ілініпті.

Қызыл-қызыл жібек жіптен кенере салынған, үлек жүнінен құмдай етіп тоқылған шекпен иыққа ілінбей қалған болуы керек. Енді үсті жүз түрлі десем болар, түрлі-түсті алабажақ-алақшын киім, ұзын, екі жеңі қысқа. Құбанбай қарттан не екенін ұялмай сұрадым:

— Мынау не киім?

— Женде деген осы болады. Атқа мінгенде басына күла, үстіне женде киетін, — деді шал. — Марқұмға менен топырақ бұйырмады, бітіргенім осындағы мүрдесіне барып құран оқып қайтамын. Өлім ақ қой, шырағым, бәріміз өлеміз, бірақ қалай өлу де. бар. Аталарымыз

«азғантай ауру бер, асантаы өлім бер» деп сұраған екен. Маған соның екеуінің де керегі жоқ, тек осы Алмалы-Долаңқарада сүйегім қалса болады.

Шіркін, Қалдыбек осы заманға жеткенде өнердің майталман қайраткері болар ма еді деп ойладым. Осынша нәрсенің бәрі тұл қалды-ау, бір музейді жабдықтауға жететін жәдігер.

Інім, осы кезге дейін екі ішекті аспап біздің дәуіріміздің басында шыққан делініп келеді. Мен оған сене алмаймын. Біздің домбырамыз одан әлдеқайда бұрын жасалған деп ойлаймын. Сонымен бірге біреулер қазақта би болмаған деп те соғады. Би болмаса «би» сөзі қайдан шығады. Мен мұны бекер айтып отырғаным жоқ. Қойшы, жылқышы болып жүріп осы төңіректің тау-тасын, адам аяқ баспады дейтін қожыр тас, құди құздарды кеп аралап, көп тамашалаған қазақтың. Сол кезде көргендерімді бүгін ойласам біздің халқымыз да, музыкалық аспаптарымыз да ғылым айтқанынан әлдеқайда көне екеніне көз жетеді. Сонау он алтыншы жылы түнделетіп көтеріліс жайын білуге Майтөбе аттанып, қайтарда адасып, сол тау ішінде таң атқыздым. Үлкен қарагастан керемет сурет көріп таң-тамаша қалдым. Ол кезде оған мән бере қойыппын ба, мен сауатсыз байқұс. Ондай суреттерді Адырдағы Жалпақтастан да, Сарыжазық төңірегіндегі тастардан кеп кездестірген едім. Сол Майтөбедегі сурет ешқашан көз алдымнан кеткен емес. Онда билеп жүрген төрт (бәлкім бес) адам сурет-телген, жерде басына үкі тағылған тұмар домбыра жатыр Олар соны айналып билесе керек. Адам әлде терт, әлде бес дейтінім, адамның біреуінің бойы шамадан тыс ұзын. Оның иығында екінші адам отыр деп жобаладым мен. Ал төмендегі адамның қолы көрінбейді, оның орнында таста шала көрінетін ізбін қалған. Мүмкін деп ойлаймын мен, тас дәуірінде қашалған суретке суретшінің қиялы, өнері жеткенмен қолындағы құралының күші жетпеген, әлде заманалар созылмалығы, табиғаттың дүлей күші төменгі адамның суреттегі қолын өшіріп жібермегенін кім біліпті. Тіпті, екінші адамды басына көтерген биші тез айналғандықтан, оның қолын суретші шала көрінеді деп шамалауы мүмкін. Інім, бүгіндері мен сол суретті ойлап, біріншіден біздің пұстыларымыз би билеген және біздің екі ішекті домбырамыз көненің кезі — көп халықтардың шертпелі аспаптарының атасы дегім келеді. Сол мыңдаған жылдар бұрын тасқа тамға сурет — би, домбыра салған ата-бабаларымыз жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдарының аяғына дейін жасаған, үйін өлерінде де елге ұмыт болып бара жатқан музыкалық аспапқа толтырып кеткен Қалдыбектің пұстысы-құяны емес еді дей аламыз ба? Сондай он мыңдаған жылдар бұрын, тас дәуірінде тасқа сурет салып соңғы заманға өнерін паш еткен елдің ұрпағының бала-шағасы аштан елгенін, өзінің тірнектеп жинаған өнер аспаптарының тұл қалғанын көргенде қалай қан жыламассың! Әуезді аспаптан тағы не бар екен деп қарадым. Басқа нәрсе көрмедім. Желғабыз, кепшік деген аспап

болды деседі, оны мен керген емен. Тіпті, Қалдыбектің әйелі де ерекше адам болар. Ойындағысы болмаған соң «адыра қалған дүние» деген ғой. Ендігі үйлердің бәрінен де осындай жайды көретінімді білдім, азды-көпті еңбектеніп-тырбанып жинаған мүлік алыстағы адыр ішінде тұл қалған. Басқа үйге кіруге зауқым соқпады. Зайғы болған еңбек десенші. Біреу мойнымнан су құйғандай үйден кенімді зорға сүйреп шықтым. Екі иығымнан екі кісі төмен қарай басып тұрғандай денем жер тартып, ауырлап кеттім.

— Бұған ешкім тимейді, інім. Өткен жылы күзде осында Шалтабай, онымен бірге келгендердің біреуі Қалдыбек үйін көргенмен бір мүлкіне қол ұшын тигізген жоқ. «Тұл дүниеге тимес болар» десті.

— Қай кезде келіп еді, олар? — деп сұрадым.

— Былтыр күз түсе келген. Биыл білмеймін. Маған астыңа ат береміз, бізбен жүр деді. Мен Жетісуға елу үшін келгенмін. Бармадым. Жүрмедің деп жігіттері мені қинамақ болып еді, Шалтабай:

— Жетісуға мен де өлу үшін келгенмін, тимендер, — деп тигізбеді. Сонымен, інім, өлім күтіп жүрмін. — Шал көзінің астымен маған қарап қойды.

— Былтыр олар осы Алмалыны қыстады ма?

— Жоқ, төмен құмға, Қамаудағы елдің жеріне кетті.

Күн ұлы сәске болды. Енді уақыт өткізуге болмайды. Әлі бару-қайту екі күндік жол бар. Жолды білуім, байқауым керек.

— Ал мен жүремін. Мені көрген жоқсыз. Күлембайдың түпкі үйінің төрінде ұра бар. Онда да үш-төрт қап бидай бар. Жаныңызды сақтай беріңіз. Қош аман болыңыз! — дегенімде шал:

— Қарағым-ай, бала-шағанның игілігін көр! — деп еңіреп жі-берді. Мен торыға тола мініп, төмен тарттым. Бетім Сарытауқұм, Қызыдқұм, Жайпақ, Шансуат, Шутоғай, Мыңшұрат, Жаршаған, Көкжиде.

Түсте Қарадырға жетіп, одан ыра төмен қу медиен даладан өтіп, құмның шетінде сексеуілге екі сағаттай сабаттап-дамылдап, ат шалдырдым, жем бердім. Бұлдырық атып алып, қақтап, қауап жедім. Тағы төмендедім. Сайқын далаға шықтым. Аттың жүрісі қиындады, бұйрат-бұйрат құм, әр жерде ойдым-ойдым көл. Алғау су. Ауан су табу қиындап кетті. Ат та, мен де салықтым. Он алтыншы жылы күзде осы төңіректегі Сопы ауылдарын аралағаным барды. Ұмытпасам осы тұста Шансуат деген елді мекен болған еді. Адасып кеттім бе деп сол жерді бағдарлап сүтіндеп тұрдым. Жоқ, бетім дұрыс. Күн қатты ысып кетті. Тау етегіндегі июль — августың ортасындағыдай. Торыны тебініп бір құм төбеге шыға келсем, отыз шақты қазақ үй тізіліп, салқалау көрінді. Садаптан қараған адамға ауыл ыстықтан теп-тегіс сабаттап дамылдағандай. Торыны салдырып жетіп келдім. Есік алдында із жоқ, бұйырғын, құмшық, сабыршөп, үртек өсіп тұр. Ауыл алдын-дағы шеті саяз қоғалы көлдің ортасы айнадай жарқырап жатыр. Торыдан түсіп сүлесөк-сүкіт тұрдым.

Парылдап құстың бірі ұшып, бірі қонып жатыр. Шалулығы, оты бар, байрақты-балқашты, малын өсіріп барлатқан, кейде жұтатып сорлатқан жер екен. Тірлік-тіршіліктен аулақ, тіл-аузын қойған, салқын тиген адамдай мелшііп қалған мына үйлердің біріне кіріп тұрып сабаттасам ба екен деп ойладым. Ең соңғы ноқат осы. Егер іздегендерім осында болмаса, онда болмағаны. Күн батып барады. Сексеуілдің үлкен тома-рын сүйреп келіп, торыны шеткі үйдің есігі ал-дына байладым, тізгінін қаңтардым, тартпасын босаттым. Ол енді жүрмейтінін сезгендей, басын жерге салып, көзі тұнып қалды.

Үйдің шеткісіне кірдім. Он тоғыз қарысты уықты жүз он басты, алты қанат үй. Оң босағада шоқ байлаған бір қарағай сапты найза сүйеулі. Әлдеқалай адам терінің иісі шығады. Қорқып қалдым. Бірақ үйдің сұрына қарап адам бар деп айтуға болмайды. Төрде буулы киіздерге қоса бір тон, бір ішік, ішік болғанда ауыр тұлып болуы керек, жинаулы тұр. Мылтықты жаныма қойып, төрдегі киізге сүйеніп, көрпелдеске отырдым. Үйдің іші қараңғы тартты. Сыртқа құлағымды тостым, көлдегі құстың қаңқылы мен шаңқылынан басқа ештеме естілмейді. Тыныштықтан құлақ тынып та, тұнып та қалған. Сартылдап ұшқан қанаттың дауысы, судың шылпылы. Тыныштық дүниесі, күндізгі жаныңды қоярға жер тапқызбаған ыстық қайтып, кешкі салқын денені сүйсіндіріп, ракатқа бөлеп барады.

...Әлде той, әлде жиын. Жұрт сапырылысып жүріп жатыр. Топылдап біреулер көлге қарай жүгіріп барады. Қудың саңқыған, қаздың қаңқылдаған, байғыздың сұңқылдаған дауысы естіледі. Әлде біреу айғай салады. Бұлтты күн екен. Жарқ етіп бұлттан күн шықты. Көзімді ашып алсам киіз үйдің есігін біреу түріп қойған екен. Атсоқты болған мен сол төрдегі киізге сүйенген күйі қатып қалыппын. Күн шығып кетіпті. Түрген есіктен менің бетіме күн түсіп тұр. Мен сол жақ иығымды баса ұйықтаппын. Қолтығыма қолымды салып қарасам тапанша орнында екен. Оң жағымдағы алты атар жоқ. «Мылтығын алып қойдық, тындырдық» деп жүрген болулары керек. Қап, атым аш қалды-ау деп ойладым. Есіктен айыр сақалды, жаз күнінде аяғына саптама етік киген, ақ жейдесін шалбарланып алған егде кісі көрінді:

— Е, батыр, ұйқың қанды ма? Бізді торығанның бәрі осылай өзі торға түседі.— Док көрсетті, доз шақырмады.

— Ассалаумағаләйкөм! — дедім өтірік көзімді уқалап. Шал сәлемімді алмады. Мен оны дық алмаған болып қайта сөйле-дім.— Япыр-ай, қатты ұйықтап қалыппын. Түк білмеймін. Атым аш қалды-ау.

— Атың жайылып тұр. Уақтысында отқа қойғанбыз. Сені жеткізген мал байқұстың жазығы бар ма? Ал бұл ашаршылыққа үйренген болшайбек қой, тамақ бермесек те болады. Атын әкеліндер, болшайбектің. Сыртқа шық, атам.— Сайыпқыран, сай-дауыт жігіттер жүгіріп қызмет көрсетуде. Арасында сақа, жасамыс адамдар да бар. Жүрегім сазғанын да сезіндім, қарным ашқан болар.

— Ата алмайсыз ғой, мен атқыза қоятын осал жау емеспін.

— Ой, мына болшайбегің әлі күш көрсетеді. Атың да, мылтығың да бізде. Біз көппіз. Сен жалғызсың. Сені Үш шоқыдан шыққаныңнан бері-ақ аңдып келеміз. Әдейі қайда барар екен деп сыртыңнан торыдық. Енді сенен күш кетті. Бұл Балқаш бойында қожа екеу-ақ, бірі жалғыз жолбарыстар, екіншісі мына біз — қашып жүрген байлар. Әрі-беріден соң жолбарысың да біздің қолда, керек емес десек атып тастаймыз. Сонда қожа біз ғана. Ал сен енді мәңгі тұтқынсың. Өңкей көпектер, адам бола қалыпты.

— Жоқ, мен тұтқын емеспін. Мен сіздерді өзім іздеп келдім.

— Ия, бізбен құдандалы болмақ па едің? — деді шал жебелей.— Өтініңді айт!

— Кекетпеңіз, мен кекті болып келген жанмын.

— Сене қойдық, оныца,— деп кезікті шал.

— Сенбесеңіз өзіңіз біліңіз. Мықтағанда елтіресіз. Онымен не бітеді?

— Атын әкеліндер болшайбектің.— Есік алдына торы көл-денен тартылды. Мен домбай тұяқ торыма міндім. Қоржыным бөктерулі тұр. Қамшым қолымда.

— Ал анау белге қарай жүр. Сол белге шығарып ата-мын.— Мен қарсыласпай торыны тайпалтып жүре бердім.— Қашсаң мына өз мылтығыңмен атам.— Ол менің мылтығымды мойныңа салып алыпты. Аңқаулықтан ба, әлде мылтықсыз патронмен не істейді деді ме, жақы ішінен буынған патронтажды белімнен алмапты. Оның ішінде енді бес оқ бар. Кеше біреуімен дуадақ атқанмын. Шал артымда. Белге жеттік.

— Тоқта,— деп бұйырды шал.— Алдына қара.— Ойда тағы да жаңағы жердегідей әдемі ойдым кел. Көл жағалап тігілген ауыл, бағаналы, байсалы ордалар.— Міне, жаңағы үйлердегідей мынау да қаңырап бос қалған үйлер. Тура он тоғыз үй. Қаск-леңге көшіріп апарған осы он тоғыз үйден бір тірі жан қалмапты. Енді атыңнан түс, анау үшінші үйге кір.— Мен аттан түсіп, торының шылбырынан ұстап үйге кірдім. Үйдің іші жайнап тұр. Тек уақыт, жел-топырақ өзінікін істеп үйді шаң басқан. Үйге қарап тұрғандай. Сырттан шалдың «төрдегі абдыраны аш» деген даусы естілді. Оны ашып жіберсем үлкен, ұзын, екі метр абдырада не жоқ десеңші. «Асықпай көр» деді. Дүрия бешпент, шәйі, жібек көйлектер. «Жағланды аш» деді шал. Жеті қабат маржан, күміс шашбау, шолпы, алқа бәрі жағыр. «Енді кебезені аш» деді тыстан шал. Онда да толған дүние — бес шәйі көрпе, екі жібек жуырқан (түйе жүнді көрпе), тағы тағылар. Япыр-ай, деп ойладым мен, мұнда келген өкіл Алмалы — Долаңқарадағы елді көшірген бізден де қатал, қатыгез болған екен-ау. «Көріп болсаң шық, бері!» деді шал. Шықтым. «Мін, атыңа!» Міндім. Бұр, атыңның басын. Былай шығысқа. Анау белге тарт. Жосытып оған да келдік. Бірақ шал төрт бес қадамдай артта жүреді.

Байқұс шал мықтадым деп келеді. Белге шыққан соң тағы да әмір берді:

— Тоқта. Қара алдына. Мынау ауыл отыз бір үй. Осы ауылды Шамалғанға Көлащыға көшіргенсіңдер. Үйлері, міне, тігулі күйінде қалды. Анау арғы шетінен екінші үйдің осында қалған сандығында жаңа бес шәйі керпе жатыр. Осы ауылдың адамдарынан отыз үш адам қалыпты. Сонда ағалалы ордасын, дүние-мүлкін, киім-кешегін алғызбай үдере көшіргенде не көрсеттіңдер, ол елге. Сені атып тастау қиын ба, онымен не бітеді. Шіркін, бәрің қолыма түссең, Советінді тірі шайнап жұтар едім. Әй, сонда да кегім қайтпайды-ау! Бұр, аттың басын! Сол жаққа. Анау Құмтөбеге тарт! — Оған да келдік.

— Көр, мынау, менің ауылым.— Сопы ауылы еді. Осы он үш үйден менен басқа тірі жан қалмады. Ал енді Совет өкіметіне мені қалай дос бол дейсің?

Шал жылап жіберді. Сақалынан алты тарам болып жасы ақты. Мен үнсіз тұрдым. Бірақ бұл шал ұзақ жасымады. Тез қайтадан қалпына келді.

— Мен Совет өкіметінің жауымын. Қасық қаным қалғанша күресемін. Әрине, мен Совет өкіметін құлағуға шамам келмейді, әйткенмен қолымнан келгенінше жаулығымды істеп бағамын.— Менің ойым басқа жақта. Жаңағы ауылдағы көп тобырдан қанша жер кеттік екен деп шамаладым. Біраз жер. Екі сағаттай уақыт болыпты. Аз болса он бес километрдей кеткен екенбіз. Шал артымда он қадамдай тұр. Дереву қойнымдағы тапаншаны алып, ат басын бұрдым да:

— Ал кезек менікі. Қане, таста мылтықты,— деп тапаншаны шалға кезеніп тұра қалдым. Шалдың сұры қашып кетті.— Таста мылтықты.— Шал сасып-салбырамады. Мылтықты жерге тастады. Сонан соң тағы не бұйырасың дегендей қасқайып қарап тұрды.

— Енді қозғалма, қозғалсаң атамын! — Мен торыдан түсіп, мылтығымды мойныма салдым.— Енді аттан түс.

Шал аттан түсті. Қарқын судай бастым білем.

— Аттың тізгінін басына түй! — Шал тізгінді сағалдырыққа іле бергенде қайта әмір бердім.— Тізгінді ал қолыңа! Мін атыңа!

Шал атына үнсіз мінді. Мен бір сәт үндемей тұрдым. Сонан соң:

— Міне, көрдіңіз бе? Сіздің тағдырыңыз осы жерде де менің қолымда. Мен сіздерге қол ұшын беруге, байланысуға келіп едім. Сіздер мені жау санадыңыздар.— Осы жерде шалға тағы бір сес көрсеткім келді. Жоғары-төмен сымпылдап ұшып жатқан үйректің бірін атып түсірмек болдым. Оны шалға білдірмей, мылтықтың жазылын қайырдым. Шал мені атады деп ойлады. Мылтықтың ұңғысын көтердім.

— Тарс! — Шал шошып қалды. Сымпылдап бара жатқан үйректің бірі екеуіміздің арамызға түсті. Үйректі бауыздап қанын ағыздым. Әйтеуір бүгін тамақ ішуім керек қой. Мен әңгімеге қайта кірістім.— Мен осыдан барған соң сіздерге біржола қосыламын. Мен сіздерге дос

адаммын. Сонан соң күресті бірге саламыз. Қазір қалдарыңызды білмек едім. Міне, келген шаруам осы. Сенсеңіз де, сенбесеңіз де осы. Енді боссыз. Жүре беріңіз!

Шал сенерін де, сенбесін де білмей ақырын аяндап, басы салбырап кете барды. Мен өз жөніме тарттым...

...Ит аулақта доңыз төбеге шығады» деген, інім. Ол кезде қасқыр ауылдың жанында қойдай өріп жүреді. Ауылда ит атымен жоқ. «Ораза намаз тоқтықта, иман кетер жоқтықта» дегендей өздері ішуге тамақ таппай жүрген адам ит асырамас болар. Қазақтың «есігінің алдында иті де жоқ» дейтін тіркесі әбден дұрыс екенін осы бір екі-үш жылда көрдік. Ит жақсы заманның, тоқшылық орнаған лайсаң-баршылық шақтың, «ит басына іркіт төгілген» кездің өкілі. Егер қазақ «ит жеті қазынаның бірі» деген болса, оны арысы Майқы, бергісі Төле, Қазыбек, Әйтеке қайсысы айтса да дұрыс, дәп келтіріп, дәл айтқан. Қазақ айтты деген сөздің қайсысын алсаң да жаңсақтығы жоқ, замана қазанының қайнаған көзінен құйып, өзінен құйып, алғандығы көрініп-ақ тұрады. Тіпті іңір қараңғысында екі үйдің арасында қасқырдың жүргенін көру бүгін айтсаң шіп-шикі өтірік сияқты көрінеді.

Отыз үшінші жылдан отыз төртінші жылға қараған қыс қатты болмады. Бірақ жұрт былтырғыдай нырай дым сызбай қалған жоқ, тақ-тұқ болса да, аздан нормалап-дорбалап болса да тіске сыздық етер дән беріліп тұрды. Тамақтың бір-ақ түрі болды. Ол — бидай талқаннан істелген қара көже, не сол бидай талқанды құрғақ өзін ортаға қойып, қасықпен шалқалап ауызға құйып, оны шай ұрттап жұту. Бидай талқан деммен тартуға келмейді, деммен тартсаң өнешіңе кетіп, қақалып-шашаласың. Сондықтан шалқайып ауызға құю керек. Талқанды жұрттың «алакөз шалқайма» атандыруы, міне, содан. Колхоз председателінің үйінде де, басқа үйде де бәрі осы. Ауылда нан жоқ. Бірақ бір қызығы зәу-шайтан шайдың, не қара көженің үстінен шығып қалсаң, қазақтар ертеңге өзіме керек болады демейді, әлгі бір уыс талқанның жартысын бөліп алақаныңа салады. Мұны қазақтың қанына сіңген, әлде сүтпен бірге енген қайырымдылығы, дарқандығы демей басқаша қалай демексің. Жомарттық, сақылық, мәрттік де, бірақ қалайда ол даракылық емес. Інім, біз талай халықты көрдік. Өздері тамақ ішіп отырса, «кел батырды» былай қойғанда, ең болмаса сыпайылық үшін болса да ішкен тамағын былай қоя тұрмай, ауызы толған тамақпен «неменеге келдің?» дейтіндерді көп кездестірдік. Қазақ байқұс болса, көзі жәудіреп қарап отырғанда қалай жалғыз ішерсің дер еді. Социалистік қоғамда барлық жақсы дәстүр сақталуы керек, інім. «Өле жегенше, бөле жейік» деген қазақтың осы дәстүрі қоғамдық меншікке негізделген біздің қоғамымыздың еншісі болып қалса деп талай армандадым. Бірақ қашанда жаман әдет жұққыш келеді ғой. Қымбаттан арзан бұрын өтеді. Дегенмен, идеалист Гегельдің диалектикалық әдісінің екшеп ең нәрлі дәнін алған Марксше біз де ескінің бәріне отызыншы жылдардағыдай көз жұмып қарамай,

халықтың ғасырлар бойғы қазынасынан лағылын, ақығын таңдап, қоғамымыздың кетігіне кірпіш етіп қалауымыз керек.

Інім, кәрі кісінің ақылы да көп киген жейдесіндей шұрк тесік, әңгімені қасқырдан бастап қайда алып кетті деме, оны ұмытқаным жоқ, ескі жейде жамауға келгенімен жаңартуға келмейді, ал адамның ақылы әлденеше ескіріп, әлденеше жаңарып, марқайып, жаңа мазмұн алып жетіліп тұрады. Көрдің бе, шырағым, тағы лағып барамын. Айтпағым, әлгі қасқыр еді ғой. Мырзалин біздің ауданнан басқа қызметке ауысып кетпек болып жатқан. Оның кішкентай сары қызына үйде тұрған қансұрып дорбадағы талқанды беріп жіберуді ойлап, оны алып, іңір қараңғысында далаға шықтым. Нақ менің есігімнің алдында аппақ қар үстінде алыс-жұлыс болып жатыр. Қар ақтүтектегініп борап кеткен. Ырылдаған, ырсылдаған, ыңкылдап-күрсінген дыбыс шығады. Бір сәт не болып жатқанын аңғара алмай аңырып қалдым. Байқаңқырап қарасам бір адам бірдемені қойғылап жатыр. Дорбаны жолға қоя салып, төбелескен екеуді арашалауға жанына жетіп бардым. Сөйтсем адамның астында бір ит ырылдап-қырылдап жатыр. Маған көзі түскен адам:

— Мынаның қорлығы-ай, қасқыр ғой,— дейді. Жан дауысы шығыш, арпалыса берді. Буын-буыным дірілдеп, әлдәрманым құрып кетіп барып, есімді жинап, адамға болысуым керек екенін ойыма зорға түсірдім.

— Кісемде кездік бар, ал тез! — деді әлгі адам, Сасып-салбырап жүріп белдігіндегі кездікті зорға суырдым. Өзі де сабы бір тұтам ғана бірдеме екен. Астымда қасқыр екі артқы аяғымен үстімізді тырнап, киімді, қарды тырылдатып жатыр.

— Ішін осып жібер! — деді кісі. Дауысынан енді таныдым, үнемі саятшылықпен айналысатын еңгезердей кісі Нұрым. Ол адам келбетіне қарап отырғандай нұрлы кісі еді. Оның үстіне пішіні де келісімді, әдемі қыр мұрынының танауынан күн көрінгендей. Әрқашан оны көргенде осы Нұрымды туған адам неткен бернелі сұлу адам болды екен деп таңданушы едім. Күнде өзімізбен бірге жүретін басқарма мүшесі Нұрланның ағасы.

Кездікті қолыма қыса ұстап, төстіктің басы осының ғой деп шамамен қасқырға салып жіберіп, бар күшіммен төмен тар-тып қалдым. Арланның ырылдаған, ыңыранып-ышқынған дауысы шықты. Артқы екі аяғын серпігенде мен шалқамнан түстім. Тепкіні мұндай қатты болар ма! Қайта тұрдым, кездік қолымда екен.

— Бітті! — деді Нұрым.— Қолымды жаз, қарысып қалыпты.— Жаңағы жұлқыныс жоқ, бір ышқынып қасқыр сұлық түсті. Нұрымның сол қолы қасқырдың тамағында қатып қалыпты. Білекті, қолдың сыртын уқалап, әр саусақты жеке ысқылап жатып қолды зорға жазып алдым.

— Кәрі иттің мықтысын,— деді Нұрым түрегеліп, оң қолының жеңімен терін сүртіп.— Мырзалин сені шақырып келе ғой, шай ішелік деген соң, ойымда ештеме жоқ келе жатсам әрр етіп ала түскені. Ит жоқ

екенін білгендіктен қасқыр ғой дедім, бірден. Аузында тісі жоқ, қызыл иегімен қауып жүр. Қасқырдың тамағын тұтқанша біраз уақыт кетті. Сен оның тамағын өзіп әлің кетіргенде келдің.

— Ал қойғылап жатқаныңыз қалай?

— Сасқанда адам не істемеуші еді. Кездік ойыма түспей, бос оң қолыммен ішінен ұрып жатқандағым ғой,— деп күледі Нұрым.— Күнде ауыл торып жүргенін көретін едім. Аяқ астынан, қапелімде кездесер деп кім ойлапты. Алғаш ауыз салғанда-ақ тістен түк жоқ, қояниек екені белгілі болды.

Көкжалды сүйреп Мырзалин үйінің жанына әкелдік. Олар қаннен қаперсіз, буынып-түйініп жатыр. Осы кезде күлкі болса да бір дорба талқанды ат мінгізгендей етіп Мырзалиннің кіш-кентай Әминасының қолына ұстаттым. Бұл шақта өте сирек көретін нанды аңсауды қойып, Әмина да талқан жеудің тәсілін біліп алған. Ол дорбаға кіп-кішкентай былтық қолын сұғып жіберіп, бидай талқанды бір уыстап алып, шалқайып тұрып, төгіп-шашып ауызына құйып жіберді. Аппақ талқаннан бет-ауызы шаңғытып, топан жеген танадай сөйлей алмай, тек мұрнынан дыбыс шығарып қалды. Ол дорбаны шешесіне бермей біразға дейін құшақтап жүрді. Мен де құры қол келгем жоқ,— деді Нұрым күлімдеп Мырзалинге қарап. Жаңа ғана осы үйден шығып едің ғой, қас пен көздің арасында не таба қойып едің дегендей Сәлима да оған қой көзін қадай қалды,— Қасқыр ұрып әкеліп қойдым. Есік алдында. Қасқыр ұрып алдым. Соны сізге байладым.— Мырзалин бұл не айтып тұр дегендей, сенерін де, сенбесін де білмей аңырып тұрды. Жағдайды айтқан соң барып қана ол есік алдына шығып көзі жетіп қайтты.

Шығарып салуды ілә етіп, түнімен гуілдесіп ет жеп, қымыз ішер заман емес, (әрине, бар болса одан жеріп ме едік), қоян етін қосып бөктірген талқанмен ішкен шай тез бітті. Жүк қос ат жеккен арбаға тез салынды. Көкжалдың жаңа сойылып алынған ұлпаны да бүктеліп, арбаның бір бұрышынан орын алды. Жұрт Мырзалинмен қимастықпен қоштасты. Қысқы арба шикылдап қатқан қармен ілгері жылжи берді. Жұрт арбаның артынан Мырзалин атына лепес айтып тұрғанда, «ат-тандап» жаяу жүгіріп келе жатқандар көрінді. Біреу далбандап елсізге қарай ауылдан шыға қашып барады. Үш-төрт адам азан салып, «ұста-ұсталап» қуып барады. «Бандит-бандит!» деген айқай тұрғандардың бәрі-нің-ақ бойын мұздатып жіберді. Мен қорабынан тапаншамды жұлып алып, «тоқта атам!» деп айғай салдым. Көп ұзамаған ол одан сайын зытты. Қашқынды тартып салдым. Тапанша тарс еткенде, анау жалп етіп құлады. Аппақ қар үстінде бәрі де анық көрініп тұр.

— Ойбай, сорлы Асанжан, өлді-ау! — деп баж етті әйелдердің бірі. Қуған үшеу де, мен де жеттім. Анау қозғалар емес.

— Тұрғызындар! — дедім мен.

— Өліп қалыпты! — дейді қуғандардың бірі.

— Өлген жоқ. Тұр! — дедім мен зікінеп. Қуғанның бірі Нұрқалық екен.

— Тұр! — деді ол да. Шолақ қоңыр тоны бар бандит тұра беріп, қашуға ұмтылып еді, жігіттердің бірі бақайынан қағып түсірді. Енді ол жатқан жерінде бас салынып байланып, кеңсеге айдап апарылды.

Білте шам жағылған соң қарасам тапалтақ, секпіл қара беті жүдеген, қайратты қалың шашы, сирек сақалы өсіп кеткен, бақа басы жап-жалпақ, мұрыны бетіне батыңқырап кеткен қалмақ пішіндес кісі екен. Мен оны он алтыншы жылы да, колхоз ұйыстырарда да көргенмін. Бірақ сүдіні ойымда қалмаған. Екі-үш жыл бұрын бірталай адамды ертіп, көтеріліп, одан ұстатпай кетіп, әрқашан колхозға шабуыл жасап жүрген банды бұл күнде жалғыз да, жаяу да қалған. Бұрынырақ ұры болып жұртты қан қақсатса, енді Совет өкіметіне қарсылық көрсетіп, ақыры дүбірлері-нөкерлерінен айырылып, сүмсік жаяу ұрлыққа көшкен. Бұл «туған жерімде өлейін» деген Құбанбай емес, шыбындай ғана шақса да Совет өкіметінің, қоғамдық меншіктің жауы болатын.

— Совет өкіметін құлагатын батырдың сұрын, сұрқын қара,— деп күлді Мақа. Колхозшылар бандиттардың бес маяны өртеп, біраз жылқы қуып кеткен жазғы шабуылын әлі ұмыта алмай жүрген.

— Жаяу жүріп жау түсірмек!

— Ой, соры қайнаған сорлы. Одан да Совет өкіметінен кешірім сұрап, ұлыңның тілеуін тілесен етті,— деді Нұрлан. Түнделетіп оны да ауданға аттандырдық. Дірманынан, дүбірлерінен айырылған жалғыз да, жаяу да қалған банды мен тісінен де, күшінен де айырылған көрі қасқырдың арасында аз да болса ұқсастық бар еді, інім. Совет өкіметінің жаулары осылай титықтап, жалғыз-жарымдап қалғандай көрінді маған. Совет өкіметінің қарулы, ашық жаулары шынымен құрып, шілдің саңғырығынша тозып бара жатыр еді.

* * *

...Колхоз қамбасынан килолап алған бидай тарттырып ұн, одан пісіріп нан жасауға келмесе де, азғантай ғана «алакөз шалқаймасын» бірінен-бірі аямады. Сөйтіп талқанын бөлісіп жеп, «Ақсеңгір» колхозының адамдары да отыз төртінші жылдың көктеміне жетіп еді.

Қыс басында Ұзынағашқа оқуға жіберілген Жомарт, Жетібай, Төлентай, Сәрсенбектер «тері тонды тасбақа» мініп ауылға келді. Ауылға келген үш трактор барлық күш көлікті жұмыстан босатты. Енді егін салу жеңілдеді. Трактормен жер айдадық, сеялкамен астық септік. Бұрын астық себу де шеберлік деп саналатын. Өйткені тұқымды жерге біркелкі шашып түсіру шынымен оңай іс емес. Тұқым себушінің мойнында бір пұттан астам тұқым, оны кешке дейін көтеріп, айдау

кешіп жүру керек. Енді оны атқаратын Сәрсенбек сеялқаның артында тақтай үстінде тұратын болды. Колхозды ауылға осылай жаңалық кіріп, жұрттың көңілі бұлттан ашылған күндей жадырай бастады. Енді үш жыл бойы ұмытылып кеткен ән-өлең ыңылдаумен болса да, жұрттың аузынан болмаса да, танауынан естілетін еді. Колхоз жаңа-жаңа күшіне кіріп келе жатты. Ол күшті ауылға техника ала келді десек те болады. Бірақ колхозшылар әлі де Төлешбай бригадир көкшолағын сабалап әр үйдің есігінің алдына келіп:

— Жұмысқа шығындар-ей! — демейінше қозғалмайтын. Оған бір жағынан алғанда колхозшылар да, Төлешбай бригадир де кінәлі емес еді. Шамасы жұмысты дұрыс жоспарлай білмейтін оған мен ортақ шығармын. Егер жұмысты күні бұрын жоспарлап, ертең мынадай жұмыстар істеледі десек, онда бригадир «ертең мына жұмысқа барасың» деп айтып қоймас па еді. Дегенмен осылай-ақ колхоздың жұмысы бітіп жатты. Бірақ колхозшылардың санасында орын теуіп қалған жекеменшіктік пиғыл әлі де бар еді. Өйткені олар істеген жұмысына әлдеқандай төлем, ақы алмағаннан кейін босқа-тегін істейтіндей пиғылда болатын. Бұл бір жағы болса, екіншіден, оны қоздырушылар болмай қалмайтын. Жекеменшік пиғылдың енді лаулап жана алмайтын отын-ендігін ең болмаса бықсып жатсын деп үрлей түсетіндер бар болатын. Олар бұрынғы байлардың былқылдаған балалары, не қашып жүрген өздері еді. Түнді жамылып келіп қораға түсіп қой алып, қамбаға түсіп тышқанша астық таситын олар әлі де тілін өткізетін көркөкірек туысқандарын біртіндеп болса да үгіттеп жүрді. Он-дайлар кейде аңғыртқа ұшып, ағаларының тіліне еріп, екі-үш күн бойы жұмысқа шықпай жатып алатын. Сондайлардың бірі Мол дағазы деген отыздың ішіне кірген қаймақ ерін, қысық көз, қалмақ бет қазақ еді. Әсіресе туысқаны Асанжан ұсталып кеткелі бері оның ұнжырғасы түсіп, қырдай желкесінен қайратты қысқа шашы салтиіп шығып, ұсқынын кетіріп тұратын. Жұқалау қоңырқай өңі садаптан қараған адамға ақын ба екен деген ой қалдырар еді. Шынымен-ақ ол той-томалақта әйелдермен айтысқа түсетін, өлеңді жанынан қиып айтар өнері болатын. Асанжан тұтқындалып, айдалып кеткелі үш күн бойы ол тақыстанып жатып алды деген сөз ауылға тарап кетті. Ол кезде колхоз бригадирі күн сайын таң қылаң бере әр үйдің алдына келіп, үй иесін оятып, қай жұмысқа баратынын хабарлайтынын жаңа айттым. Бригадир кейде дігерлеп, адамды желкелегендей қылып алып кететін. Бір жағынан жұмысқа үйрене алмай, еріншектік етегінен, жалқаулық жағасынан тартып тұратын. Қалыпсыз қазаққа мәмілемен айту жете де бермейтін. Әйтеуір белсенділер жаман еді десек, ол шындыққа жатпас еді. Жұрт күнде жұмыс істеуге үйрене алмай жатқан. Егер Төлешбай бригадирдің дауысы шықпаса, өздігінен жұмысқа барайықшы дейтін адам әлі аз болатын. Ол кездегі бригадир қайбір жұмыстың көзін тауып жіберетін адам. Бұрын арық қазып, кетпен шауып, егіншілікпен

айналысқандар болса бірсәрі, ал малды өріске, иен далаға айдап тастап, «қасқырдан қалғаны өзімдікі» деп жүрген көбіне ат үстінде ауыл қыдырып, әңгіме соғатын жалқау қазаққа, бүгінде тамағы тоймаған қазаққа күнделікті жұмыс ауырлау тиіп, титықтатып та жүрсе керекті. Дегенмен Молдағазының үйінде жатып алуы колхозшылардың көбінің-ақ қанын қайнатты.

— Ол байлармен тілдес, өлтіру керек. Мойнына арқан салып өлтіреміз,— деп өлген жылқышы Жортақтың інісі Орынбай міз-бақпай тұрып алды. Оны Жұрымбайдың ағайындары да қоштап бандиттардың ауылға салған ыланы үшін көрінер көзге Молдағазыны өлтірмек болды. Бәрі қанына қарайып алған.

— Асанжанның туысқаны ғой, ол біздің арамыздағы байлардың жансызы,— деп Мақа көтеріліп алды. Сонымен мен қорқайын дедім. Екі ортада сотсыз үйінде жалқаулық кежегесінен кейін тартып жатқан сорлы Молдағазыны ашумен мерт қыла ма деп қыпылдап барамын. Сонан соң көптің сөзін тыңдамауға болмады; «көп қорқытады, терең батырады» дегендей ауырып жағырмын деген Молдағазыны кеңсеге шақырттық. Ауырып жатқан адамды шақырудың орынсыз екенін білгенмен, желпініп алған көпшілік оны өлтіріп қоймауы үшін оны әдейі істедім. Белсендінің бірі Төлешбай бригадир жалақ ернін бір жалап алып, оны зорлап алдына салып келді. Молдағазы көзі кіртііп, өзі де бұрын онып тұрмаған қысық көзі жыртиып, тырнап ашқандай ғана жылтырайды. Демін екі иығынан алады. Ауырғаны өтірік емес сияқты. Ол кезде кеңседе орындық та жоқ. Кірген бетте ышқынып, ауырсынып, шаңы шығып жатқан жерге отыра беріп, бір-екі жөтеліп қалды. Ентігін баса алмай, қайнатып даладан жаңа кіргізген самауырдай демігіп отыр.

— Ауырғаны өтірік,— деді Төлешбай. — Бандит ағасы тұтқындалғанына жаны күйіп барады.

— Оның бұл жолы шынымен жазығы жоқ еді,— деді Молдағазы демін зорға алып. Ағайындары өлген колхозшылар тірідей шайнап жұтуға дайын еді, Молдағазыға тап-тап береді.

— Көрдің бе, сығырайған иттің бандитті ақтауын, — деп Орынбай оған тұра ұмтылды. — Олардың кісі өлтіргенін бұл ақ-тағысы келеді, жаудың інісі, іннің түбіне қарап жатыр ғой — Іннің түбіне қарап жатыр ғой дегенін айқын түсіндім. Ол арам дегені. Барлық қайуан — адам жемейтіндері түлкі, қарсақ, борсық, суыр іннің түбіне қарап жатады, ол арамдығы делінеді.

— Оның бұл жолы жазығы жоқ,— деді ыңкылдап Молдағазы.

— Қоя тұрыңыз, оны,— дедім мен бандитті ашық ақтағанын шынымен ұнатпадым.— Алдымен неге жұмысқа шықпағаныңыз-ды айтыңыз. Үш күннен бері жатырсыз, бұл не?

Көрмей отырсыз ба дегендей Молдағазы ұзақ жөтеліп, енті-гіп, екі иінінен демін әрең алып, сол қабырғасын қолымен басты. Тағы жөтеліп, сол қолын қабырғасынан алмай, ұзақ күркілдеді. Ол кезде ауылда

дәрігер бар ма, жанына барып қолымды мандайына тигізіп көрсем, денесі қолымды қарып кетті, күйіп тұр. Бұл жай менің жүгімді әжептәуір жеңілдетті.

— Қазір арбаға қос ат жеккізіп әкел,— деп бұйрық бердім Төлешбайға.

— Есік алдында даяр арба тұр, оны қайтесіз? — дейді Төлешбай.

— Жүріңіз, — дедім Молдағазыға. Жерден қолтығынан сүйеп тұрғыздым. Ол әрең көтерілді. Оны тездетіп Ұзынағашқа ауруханаға жөнелттім. Арба айдаушы Талғар екен.

— Еш жерге тоқтамай, тура ауруханаға апар, — деп бұйырдым оған.

— Жарайды,— деп сақиды Талғар, аппақ тістері жарқырап. Арба қозғалып жүріп кетті. «Өтірік ауырып жатыр» дегендердің ауызы аңқайып қалды. Ел әлі ескі күйбең мен күйкіліктен арылмаған, халық жоқ дәрігерден гөрі бар бақсы-балгерге үйір кез еді. Ыстығы көтерілгеулер, жеңіл-желпі аурумен ұшынғандар, шікірттенгендер үйінде жатып, ауырып-ауырып тұрып кететін. Қазақтың көнбіс халық екенін кешеден бері әлденеше рет айттым ғой, аздаған дімкәстік-кімдігін олар айта бермейді. Жанынан өтіп кеткенде болмаса шайқы-пұрқыны іздемейді де. Тұра алмай қалғанша ілініп-салынып жүре береді. Ал, інім, Молдағазыны әдейі қашырып жібердім. Көзден таса бола тұрса, көңілден де ұмыт боларына шүбәм болмады. «Қап қысық көз иттің тері-тарамысын тартайын деп едім» деп Орынбай кіжініп қалды. Бас-қалар да енді не істерін білмей, одан әріге бара алмай бармақтарын шайнап, кеңсе алдында ұзақ тұрып тарқады.

Халықтың ашу-ызасын басу қиындап кетті. Өйткені әне жерде колхоздың шөбін өртеп кетіпті, міне жерде атын ұрлап кетті деген бұрынғы жағдай өзгеріп, енді белсенділерді, колхоз, ауылдық Совет басшыларын бауыздап кету сияқты оқиға о жер, бұ жерден естіле берді. Жұрт сабыт тартты. Тарғапта Ақпанбетов деген колхоз председателінің орынбасарын, сол Тайторылар ауылынан Боққетов деген бригадирді өлтіріп кетті деген сөздерді телеграфтан кем істемейтін ұзынқұлақтан қазақтың бәрі заматта біліп отырды. Бұл тегін емес-ті. Жиырма сегізінші жылы мал-мүлкі конфискеленіп, өздері Оралға айдалған байлардың біразы қашып келіп, ауылды төңіректеп жүрді. Олар енді елге ашық араласа алмай жол торып, ұрлық, бандиттік жасап, жалғыз аттының атын аударып тастап мініп кету сияқты ұсақ-жаяу ұрлықпен айналысты да, бірер жылда одан-бұдан құралып, енді колхозға шабуылды үдете бастады. Бейқұтшылықтағы ел жүрексініп, үрей жайлап алды. Түнде далаға шығудан қалды. Арамыздағы байлардың туған-туысқандарына да күмәндана қарау, оларды көріне көзге көзтүрткі жасау да көбейіп бара жатты. Бұл да түсінікті еді. Өйткені «қарға тамырлы қазақ», өлгендер біреудің нағашысы, біреудің жиені, біреудің құдасы болып ілік-шатғыс жағады. Сондықтан да біразының зығырданы қайнады.

Отағасы өліп, оты өшіп, өтені өртеніп, үйелмені үңірейіп қалғандардың жекжат-жұраты бар, ағайын-туғаны бар бәрі де қыз-қыз қайнап, Салулы төсек, салқын үйдің шырқын бұзып, елге шұрқан салғандарға деген кекесіні қанадан асып, шіпілдеп, төгілуге жақын еді, қарап жатқан халықты қанға бұлғағандарды кебінге шұлғар ма еді десті. Бұлшықтай ел ширығып, тас түйін болып, бандылар қолына түссе түтіп жегендей еді.

Қастек ауданында бандиттардың екі-үш ұясы болды. Бұл баскесерлер ұясын талқандамай, бандиттардың нартын тұтқын-дап, қақпанның қанды аузына қаптырмай, не соттамай жұрт тыныштанбайтын еді. Осылардың бәрін сарыла ойлап, түннің бір уағына дейін кірпік іле алмадым. Оның тағы бір ақсеңгірліктер білмейтін сыры да бар болатын. «Ақсеңгір» төменгі, таудан алыстау колхоздың бірі еді. Халқы да аз қалды, өзі егіні бір жыл шығып, бір жыл шықпайды, сондықтан мұндағы елді жоғарғы, төстегі колхоздардың біріне қосу жөнінде аудан басшылары шешім қабылдапты да, оны облысқа бекіттіріп алыпты. Оны мен білмеймін. Менің алдымда осы колхозда болған председателдердің бірі «Менің атым Құрпан, «Ақсеңгірді құртам» деп жүріп өзінің құрып кеткенін білмей қалған екен. Елге елеулі болып жүріп-ақ «Ақсеңгірді» мен құртатын болдым-ау деп қатты қысылып, төсекте жалғыз жатып, терлеп сала бердім. Менің қарсылығымнан ештеме шықпады. Бәрін менсіз шешіп, кесіп-пішіп қойыпты. «Жер жаман емес, жерді ұқсата алмай отырған біз жаман, көмек көрсетіңіздер, біз колхозды көтереміз» деп ауданда, облыста ешкімді сендіре алмадым. Менің сөзімді «қодар тантық-тық» деп ұқты олар. Қоныстандыруды бітіріп, ауыспалы егіс жасауды жоспарлап, егістікке су шығаратын бес тоғанның бәрін терендетіп, қайта қазып, малды-жанды енді жөнге салдық па деп отырғанда мұндай шешім болғаны колхоз коммунистеріне қатты батты. Тізеден балшық айдап, қам кірпіш құйып, енді көше түзейміз бе деп жүргенде мынадай шешім болды. Жарайды, маған қызмет табылар, сонау Алмалы — Долаңқарадан бір көшіріп, енді тағы жоғары Шолақ Қарғалыға көшірсек бұл ауыл бізді кім дейді дегенді ойлап, бұл шешімді көкейіме қондыра, өкіліме түсіре алмай қысылдым. Тағы маған қай жерден дәм бұйырып тұр екен, қай жерден от оттап, су ішер екенмін дегенді де ойламай қоймадым. Салт басты, сабау қамшылы адамға бәрі бір сияқты, бірақ Ақсеңгірге де, оның адамдарына да бауыр басып қалып едім. Ақыры кететін болсам ертерек кетсем екен, Алматыға жақындап, балаларыма таман барсам екен деп армандап жатып ұйықтап кетіппін. Мен ешқашан осы өмірімде қатты қағып ұйықтап көрген адам емеспін. Терезені ақырын біреудің шерткенінен оянып кеттім. Қорқып та, шошып та қалдым. Неде болса бандиттар бұлғалығы маған түскен екен деген ой сап ете түсті. Жалма-жан тапаншамды қасыма қоя отырып, тез шалбарымды кидім. Ол кезде етік ішінен шұлғау шұлғанатын шақ. Оны орай алмай, ол етіктің кежесінен өтпей біраз әуре болдым. Де-

генмен екі етікті де киіп үлгірдім. Терезе ақырын ғана еппен шертіледі. Үстіме китель кидім. Сонан соң тапаншаны қолыма алып терезеге жақындадым. Сыртта біреудің қараңдаған бейнесі елестейді. Денем тітіренкіреп, қаңтарда суықта қалған адамдай іші-бауырым қалтырап барады. Терезеге үңіле түстім.

— Кім? — дедім бар даусыммен.

— Мен, — дейді тыстан естілген дауыс. Нәренжу естіледі. Кім екенін ай қараңғы, көзге түртсе көргісіз түнде айыра алмадым. Болса да бандиттар үйді қоршап алған екен деген тұжырымға келдім. Тапаншаның құлағын қайырып, кезей ұстап есікке жақындадым. Неде болса ағысып өлуге бел байлады. Есікке жақындағанда оның ашық екені есіме оралды. Бандиттар неге кіріп келіп, ұйықтап жатқанда бас салмады екен деп те қоямын. Қараңғы бұрышқа тұрып алып, есікті пәрмендеп тұрып теуіп жібердім. Өзі де шегесі шығып, саңлау-саңлау болып қаңсып тұрған салқы есік салдыр-салдыр етіп, үйдің босаға дуалына соғылды.

— Мен ғой, Ырысбекпін! — дейді Сәрсенов. Дауысын тани кеттім. — Тез киіне қойыңыз. Кеңсеге барамыз. — Жазда не киінуші еді, бешпентімді кигенмін, былғары фуражканы қолыма ұстап шықтым. Ырысбек анадай жерде күтіп тұр. Кеңсе желі бойындай ғана жерде еді, Ырысбек кеңсеге бұрын кірді. Шам жоқ.

— Нүреке! Қайда отырсыз? — дейді қараңғы кеңсеге кіре беріп Сәрсенов.

— Мұнда! — Нұрқалықтың дауысын таныдым. — Ат дайын! —

Мен бандиттар шабуыл жасаған, енді соларды қуамыз ғой деп ойладым.

— Әбеке, — дейді Нұрқалық, — Сіз түнделетіп мына Сәрсеновпен ауданға жетуіңіз керек. Аупартком секретары Колмого-ровтың тапсырмасы солай. Сәрсеновты әдейі жіберген.

— Шам жағып сөйлесейік те, — деймін мен.

— Болмайды, сіздің қайда кеткеніңізді ешкім білмеуге тиіс, — дейді Сәрсенов сыбырлай сөйлеп. — Колхозға енді қайтпасаңыз керек. — Мен өзімді қамауға алынған екенмін деп жорамалдадым. Қас қағымда өмірімді түгел шолып, Совет өкіметіне иненің жасуындай қиянат жасамағанымды есіме алдым. Не де болса жала шығар дедім. Үйге жаяу келіп портфелімді алдым. Киімдерімді жағланға салып қойып кеттім. Атқа мініп, Күртіннің күн батысындағы елсіздеу жолмен тарттық. Жолда Сәрсеновқа тіл қатпадым. Ол да бұл жолы үнсіз. Жолдағы екі сағатта бір ауыз сөз айтты:

— Шамасы маған бастық боласыз-ау! — дейді. Жақ ашпадым. Кебежеге түскірдің кекетуін деп қоямын, ішімнен. Ең болмаса Марленімді бір иіскемей кеттім-ау деген ой ішімді бір осып өтті. Шынын айтуым керек, жеме-жемге келгенде Ұлтарактың ұлы Советті ойлағаным жоқ. Түн тымық. Кеш батып, көз байланған соң жолдың ұзарып кететін әдеті. Әйтеуір түннің бір шамасында аупарткомға жеттік.

Аупарткомге келген соң көңілім орнына түскендей болды. Жалғыз Колмогоров кабинетінде ғана шам бар. Түнгі сағат екі болыпты. Аупартком секретарының кабинетінің есігін ашқанда-ақ неге келгенім белгілі болды. Өйткені алдымен көзім төрде отырған кісіге түсті. Колмогоров жанында белгілі чекист Серікқали Жақыпов отыр екен. Алдымен сол ма, сол емес пе деп анықтап қайта қарадым. Серікқали. Кәдімгі Серікқали. Көзі сүзілген, қоңқақ мұрын, қалың қасты, шашын қысқа қырыққызатын, жұқа мұрт қоятын кісі. Басына қарағанда құлағы үлкендеу, екі жағына пышақ жанығандай арық, бетінде де, денесінде де артық еті жоқ, үнемі ойда жүретін еді. Ораз Жандосовпен жақсы дос болатын, үнемі соның жанынан көретінмін. Сүзіліңкіреген көзі денінде кімдік-кінәраты, әлде созылмалы науқасы барын анық байқатып тұратын. Соған қарамай еркін, ашық сөйлейтін, көңілді болуға тырысатын. Оған саулығы мүмкіндік бермейтіндей шытынып қалып отыратын Гурьев жағында туған бұл жігіт үнемі Жандо-совтың, Сейфуллиннің жанынан көрінетін. Есіктен сәлемдесе кірдім.

— Ұйқыңды бұздық па, Абақ! Аман-есен жүрмісің? — деп қос қолдап амандасты. Неге екенін қайдам Колмогоров оның менімен жалпылдап амандасқанына таңданып қалғандай. — Бұрынғы тапсырманы жақсы орындап қайтқаның. Енді соны жалғастырған жөн. Жау саябырсымады, соның аяғын жерге тигізу керек. «Ақсеңгір» колхозы бәрібір енді болмайды, сондықтан басқа қызметке баруың керек. Ол қызметің бізде болатын болды. Республикада бұл қызметті мен басқаратынымды білесің, ал аудандағыны сен басқарасың. — Мен Колмогоровқа қарадым. Ол да маған басын изеді. Мен сәл үндемей отырдым. — Неге үндемейсің? Әлде көңілің жоқ па? — деді Серікқали көзі сүзіліп. Көзі сүзіліп демекші, сонау жиырмасыншы жылдары алғаш көргенімде обком секретары Жұбаныш Бәрібаевтың көзі неге сүзіліп тұрады дейтінмін. Сөйтсем оның өкпесі ауырады екен. Ал Серікқалидың да осындай дімкәстігі-кінәраты бар еді.

— Жоқ, партия солай ұйғарса барамыз ғой. Балаларымды көрмегеніме біраз болып еді.

— Балаларың аман. Осылай шығарда арнаулы адам жіберіп халдарын білгенмін. Он шақты күнде оларды әкеліп көрсетіп кетерміз. Әзірге сен қамауда деп жариялаймыз. Таңертең Ақсеңгір, Тарғап, Самсы, Үлгілі, Ырғайты, Мәтібұлақ сенің қамалғаныңды тегіс білетін болады. Әзірге бар жұмысың бір қораның ішінде, жоспарыңды жасайсың. Бандиттар арасына өзің барасың ба, басқа біреуді жібересің бе, оны өзің білесің. Керекті адамыңның бәрін береміз.

— Жарайды! — Жарайды демегенде не демекпін. Партия тап жауларының қалған құйыршықтарын жоюды маған сеніп тапсырып отырса, онда сенімді ақтау керек. Ол менің сұлыбымнан, жаратылысымнан, большевиктік болмысымнан әдетім.

Енді мен қылмыстыларды іздеушілер бөлімінің бастығымын, шынымен Ырысбек Сәрсеновке бастық болдым. Тұрағым милиция албарындағы үлкен үйдің бір бөлмесі. Одан шықпаймын. Осында тамақ ішіп, осында ұйықтаймын. Міндетім белгілі — бандиттар ұясын талқандау.

Інім, партия сеніп тапсырған бұл мемлекеттік құпия іс оңай емес еді. Егер осы аудандағы ғана бандиттарды тұту, жою болса, ол онша үлкен жұмыс болмайтын. Мәселе тек осындағы бүлікшілерді алу емес, оның түп-тамырын, басқа жерлердегі байланыстарын, тіпті басқа қалаларда жасырынып, оларға садаптан, жырақтан басшылық жасап жатқандардың бет пернесін ашу еді. Оның бір жағы Шу, Балқаш ауданымен, Қырғызстанмен, екінші жіптің ұшы Қытайға, Ауғанстанға шығатын еді. Сонымен, інім, бандиттардың басына бір жола су құю, қақпанның қанды ауызына қаптыру үшін маған революцияның тарихына, шекара жайлап, шет кеткен акгвардияшыларға қолданылған тәсілдерге біраз үңілуге, терең бойлап үйренуге, оны сарапқа салып, көкейіме қондыруыма тура келді. Өйткені мұндай оқиғалар аз емес болатын. Жаудың қалған сарқытын сарқуға Дутовтың апанын талқандаудың тәсілінен үйренсем де болар еді. Бір айдай бөлмеден шықпай отырып бандиттардың қалғанын құрту үшін жан-жақты ойланған жоспар жасадым. Өйткені маған бұл іс кездейсоқ тапсырылған жоқ-ты. Облыста бұл шытырман да, шырғалаң да істі коммунист Үйсінбаевқа жүктегенде ең алдымен оның қазақ екені ескерілсе керек-ті. Әйтпесе егер орыстардан адам жіберу керек болғанда неше қилы сыннан өткен жансызды тауып алуға болар еді. Қазақ байларынан шыққан бандиттардың да өзіндік қулық-сұмдығы, бит ішіне қан құйған зымияндары бар болатын. Жаманның жаманы бар, адам таппас амалы бар. Олардың ішінде де не түрлі пәле-кәрденді ойлап табу, беті күліп тұрып, беріш болып жатқан іштегі-ішектегі мерезін жасыру, күліп, біліп тұрып көлгірсу қолынан келетіндері бар-ды. Әрине, олар өздерінің қатарының сиреп, шілдің саңғырығынша тозып бара жатқанын сезіп те жүрді, өздерінің өмірінің көпке бармайтынын да білді. Сонда да өлетін ешкі де соңғы рет аяғын шалғылайды, сол ғұрлы жоқпыз ба дейтін еді.

Інім, Дутовты өз апанында талқандаудың ұйымдастырушысы да, адамдарын іріктеген де Ораз Жандосов болатын. Шанышевті де, Қожамяровты да, Жүнісовті де, Жігітековті де тауып, басына қауіп төндіретін, өлім мен өмірдің арасында тұрған отты ортаға жұмсаған да сол болатын. Ол кезде ол Жетісудағы революциялық барлық істі басқаратын және оған бір іс ұсағына дейін соқпай өтпейтін. Мысалы қазір біреулер айтып жүргеніндей Қасымхан Шанышев Сүйдінге барған жоқ болатын. Ол Дутов апанынан елу километр қашықтықта тұрған. Барғандар соңғы аталған үшеуі еді. Олар бәрі атаман албарына он екі адам кірген. Бірақ қиын да, жауапты да істі басқарған сол Қасымхан Шанышев еді. Осы аты аталған төртеудің бәрімен де жақсы таныс,

табактас, сырлас, жолдас болдым. Чекистердің Дутовты талқандау тәсілі отызыншы жылдары қазақ даласына әбден әйгілі емес еді. Сондықтан да ол тәсілден менің үйренерім де, аларым да мол болды.

Мен жоспарды бір ай жасадым дедім. Бірақ сол уақыттың көбі бандиттардың әрқайсысының өмірін, туған-туысқандарын жақсы білуге, олардың жекжат-жұраттарын зерттеуге кетті. Бұл да онай іс емес-ті. Бұл бөлімге қазақ бастық қоюдың бір себебі де осы болатын.

Өзім келіп отырған соң мен жөніндегі қауесеттің қанша жерге жеткенін» біліп отырдым. Ойбай ол Шұнағның баяғы байдың қызын алғалы-ақ ескі дүние, байлар бір бүйрегінде жатады екен, Советке жүргені олардың сырын біліп, бандиттарға, Совет өкіметінің жауларына жеткізіп отыру мақсаты екен. Енді Алматыдағы оқудағы балаларын да оқудан шығарып жіберіпті. Сондықтан оны қамапты деген есек күзгі өрттей өрбіп кетті. Өзім жөніндегі өсек сонау Аңырақай, Іле-Топардан шыққан соң басқа шараларға кірістім.

Алдымен осы төңіректегі бірсыпыра бандылар бастығының бірі Омарбектің ауылда жүрген інісі Сәтті алғызып қамадым. Онымен күндіз-түні жарты айдай жұмыс жүргіздім. Қаскелеңнен колхоз председателінің орынбасары болып жүрген, бұл кезде ысылып қалған, бұрын патша өкіметі кезінде ұрлықпен айналысқан Жалбықты шақырттым. Онымен Тарланкөкті Тұрапбайға ұрлатқанда жоқ қарап жүріп танысқанымды айтқанмын. Мұндай ебдейлі, ебін табатындарды есепке ала жүрдім.

...Сәт түрменің түстік жақ көшеге шығатын бетін тесіп шығып қашып кетті. Ол ұсталған жерінде атылады екен, ағам Омарбектің жолынан тайсам тәңірім тапсын, атам арысы Шапыраштының, берісі Еміл, Есқожаның әруағы атсын деп ант етіпті. Тіпті онысын чекалықтарға да айтыпты. Сәттің үй-ішін, бала-шағасын чека қамауға алыпты... Міне, бұл қауесет сол кездегі Қастек ауданының түпкір-түпкіріне тарап, гугу әңгіме көп еді. Оның үстіне мұндайда әңгімеге жанынан сөз қосуға қазақ қандай құмар, ойнатып-ойнақтатып, құтыртып әкетеді емес пе! Сәттің бір жақыны орыстың үйінен бір бөлке нан сатып алып, ішіне асыл кездік тығып жіберген екен, сонымен ол түрменді тесіп шығыпты. Ол кездікті баяғыда Омарбек Әндіжан барғанда әкелген екен. Темірді кескенде әлгі кездік оны қамыр-іңкәл кескендей көрмейді екен... Мұндай жердегі желкекті желпілдетіп аспанға ұшырып алып кеткен қауесетті естіген бай тұқымның, әлде тұтқындалған бандылар жұрағаттарының арманы осындай қап түбінде жатпайтын бір-бір асыл кездік болды десек те болады.

Біз түрмені тесілген, адам сиятындай үңгірі үңірейген қал-пымен бірнеше күн бекітпей қойдық. Талайлар-ақ әр нәрсені сылтауратып Ұзынағаш келіп, түрменің түстік жағынан өтіп, Сәтке бостандық алып берген қайырымды). сақауат үңгірге көз салып жүрді. Бір қызығы, олар

оны тұрып қарай алмайды. Өтіп кетіп, қайта өтіп, әншейін өз шаруасымен жүрген адам болып, бізге түк білгізбеген болады. Көбі-ақ ішін өсек құрты жыбырлатып тесіп жүргендер еді. Бірдеме бітірмек болып жүргендері де шамалы.

Сәт өзі бұл оқиғаны Омарбекке былай жеткізеді.

— Шырт ұйқыда жатыр екенмін, біреу есікті сындыра жаздап ұрды. Ол әлгі сізге тамақ апарып бергеннен бес күн кейін. Сол күні кешке қарай аспанды бұлт торлады да, жаңбыр нөсер болып жауғанды. Бір пәленің келгенін білдім. Не істеу керек? Есік, терезе аңдулы. Терезені сындырып шығайын десем одан шыққа-ным не, есіктен шыққаным не? Сонан соң қазан пештің түтіндікке жалғасқан кернейін жұлып алдым. Керней түбіндегі сылаған балшық бос тұр екен, саудырап жерге түсті. Оның артынан қатқан кесектер сауылдап түсіп-түсіп, қазан пештің үсті үлкен үйінді болып қалды. Сөйтсем сырттағы мұржаның бәрі іштегісімен бірге құлапты. Мұржаның орыны үңірейіп бос қалды. Аяқ қоюға текпішек дайын. Өліп-талып жатып үйдің үстіне шықтым. Жаңбыр сорғалап тұр. Енді мен есікті ашпаған соң олар есікті бұзып ішке кіреді деп нобайлады. Үйдің төбесінде тыбыр етпей етпетімнен жаттым. Шыдамы таусылған сұмырайлар бір уақытта есікті сындыра-мындыра үйге лап қойды. Даусынан байқағаным ішінде Бабажанов бар. Сол ит-ақ құртты ғой, бізді. Үйде мен жоқ болған соң, олар дүркіреп далаға шықты. Мен ол кезде сайдағы қалың ерменнің ішінде едім.

— Ол алысқа ұзаған жоқ. Өйткені, үйінен шыққан жоқ болатын, ол қазір ғана шыққан болуы керек,— деді біреу. Дауысын танымадым. Бірақ шырамыттым. Әлгі мені ылғи сұраққа шақыратын Шыбылдың аты кім еді, сол, әлгі Ырысбек Сәрсенов-ау дедім. Шамасы ол мені күндізден аңдыған болуы керек. Мен ақырындап отырған күйімде бір адым да болса деп өзенге қарай жылжи бердім.

— Қап таптырмай кетті-ау, ит! — деп бәрі аттарына мініп кетіп бара жатыр еді, жаңағы шырамытқан дауысым тағы шықты.

— Мына ерменнің ішін қарай кетейікші. — Енді он шақты қадам жүргенде құтылатын едім. Болмай қалды. Бес атты кісі ермен ішін ары-бері кезіп, енді сайға түсе бергенімде ұстап алды. Содан әкеліп Ұзынағаш түрмесіне қамады. Алғашқы күні үш адам болдық. Бірі орыс. Ол ертеңіне-ақ жоқ болды. Алып кетті. Содан қайтпады. Екіншісі бір құлағы жоқ Шұнақ қазақ.

— Шұнақ деймісің?

— Ия, сол құлағы түбінен жоқ, орнында бүртік-бүртік бір демесі бар, өзі көп сөйлемейтін адам екен, әрнәрсені сұрап едім, көп білсең тез қартайып кетесің, деп қайта жауап қатпай қойды

— Япыр-ай, ә! Сол құлағы түбінен жоқ дейсің бе? Ол әлгі осы ауданға конфиске жүргізетін, мына Дегересте болыс болатын ше? Сол емес пе?

— Мен қайдан білейін. Әйтеуір күнде таяқ жеп қайтады. Аузы-басы қан-қан болып, көнін зорға сүйреп келеді де, үш-төрт сағаттан кейін есін жинайды. Тағы үндемейді. «Қап, осыдан құтылар болсам әуселесін көрер едім, бұлардың!» дейді. Қайта сөйлемейді. Мұнаймайды. Ер-ау деп қалдым.

— Шұнақ қамалды деп еді, рас екен ғой! — деді Омарбек бір қозғалып.

— Білмеймін, аға, кім екенін, әйтеуір оны қатты ұстайды. Порымына, орысша сөйлегенше қарағанда бір мықты ма деп қалдым. Әйтеуір күнде де, түнде де ол таяқ жеп қайтады.

— Япыр-ай, ә! — Омарбек қозғалақтап танданып отырды.

— Бір күні түнде оған аяғына кісен, қолына зәнжір салып әкеліп итеріп тастады. Тұрғызайын деп ойлап батпадым.

— Тұрғызуың керек еді, әлде... — Омарбек енді үнсіз қалды да, әлден уақытта барыпсөзқатты. — Аяғындакісен деймісің.

— Ия, аяғында кісен, қолында зәнжір. Қозғалғанда салдыр-салдыр етеді. Түнімен ұйқы бермей, денесін ауырсынып, қиналып, уһлеп шығады.

— Япыр-ай, ә! — Бұдан әрі Сәт Шұнақ туралы сөзді терең-детпейді, солай ғана жай мәлімет бергендей, екі ұшты қылып қоя салады да өз сөзіне кіріседі:

— Сонымен бес-алты күннен кейін мен камерада жалғыз қалдым. Қараңғы түрмеде күн де бір, түн де бір, уақыт өтпейді. Бір мезгіл түнде мені сұраққа шақырады. Сұрайтындары баяғы сіз. Қандай жерде жүр. Сен тамақ апарып беріп тұрыпсың, қайда екенін білесің, жанында кімдер бар, қанша адам деп күнде мыжиды. Мен де қайсарланып, қарланып, жалауланып-жауланып сіресіп отырып аламын. Түк өндіре алмаған соң қорқытады. Қорықпаған соң алдайды. Сені шығарамыз, тек Омарбектің қай жерлерде жүретінін, ауылда кіммен байланыс жасайтынын айт-саң болды. Өздері әсілі ауылдағы белсенділерге де сенбейді білем, зәу-шайтан олардың бірінің ныспысын атап қалсаң қуанып, саған жабыса кетіп, сол төңіректе әңгімені өрбітіп, күбітіп әкеткісі келеді. Оған бой беретін мен бе, мізбақпай, оқтау жұтқандай қайқаямын да қаламын. Кейде бір мен өмір-бақи атын естімеген Сыматай деген біреуді сұрайды. Шалтабаймен Омарбек бірге жүре ме дейді. Мен баяғы «білмейміннен» танбаймын. Сонан соң тергеуші жалығады да, жалынады. Айта салсаң нең кетеді, біз сізге жағдай жасайық, бала-шағанды да жақсылап орналастырайық дегенді айтады. Мен қасаласқан адамға, аға, өмірімді қапылатпен өткізем де қасарысып қаламын. Өзіңіз солай үйретіп едіңіз ғой. Бұл ағасы Омарбектен айнамай қалған, тарпындағысын тарапқа таратпайтын сұмырай деседі. Сіздің атыңызды естігенде, аға, мен қамауда жатып-ақ шын көтеріліп қалып жүрдім. Өйткені жұрттың бәрінің ағасы Омарбек болып Совет өкіметін қалтыратса көзі көрмей ме, әлде жасы-

на жетпей жүр ме? Елдің бәрі Омарбек емес, оған мақтанбағанда қайда мақтанамын.

Омарбек қозғалақтап, мұртының оң жақ жебесі жыбырлап, ұрты кебіңкіреп, өлең айтуға дайындалған кісідей тамағын бірер рет кенеп, жаңағы сүкіт, сүлесоктықтан сейілгендей райланып, жауланып, кеудесін көтеріп, осы бір үй-үйелменінен, ата қоныс өтенинен безіп жүрген қашқын, күлемдік өмірінен барқадар шегіп жүргендей, көңілі мәлелдіктен абылығып, сестеніп-қодыраңдап отырды. Садаптан қараған адам мұны бір келеңсіз, тантық біреу шығар, мәулеті өтіп, мәуреті жеткен шағында мынау қай қаси-етсіздігі дері анық еді. Заты, Омарбек сұлыбынан әңгүдіктеу жаралған жан ба демеу мүмкін емес еді. Жар басына жарты лашық тіге алмай жүріп, салуалы ордадағы салдарлы, санатты жандай шіренеді.

Аға, тергеуші сізді қашқын, бандит деп отырса да сіздің батырлығыңызды, заманы туса пыран киіп, пырақ мінер, көк сүңгіні көлденең ұстап, қайқысы әлде турасы белінде, түн қатып, түсі қашып жүріп, қу толағай бастанатын-ақ ер екеніңізді жоққа шығара алмады. Осы жерде мен де тергеушіні қостадым. Ағам, ағалалы ордасын, қойлы қора-қордасын, жылқылы өрісін, кірті-қонысын тастап жүргенде бір басы үшін емес, елі үшін еңіреп жүр емес пе, осындай қысылтаяң заманда, ел егер болғанда ері екшеліп шықпас па, мұндайда сөздің шартын елдің нарты ғана айта алады емес пе дедім. Оным рас қой, аға, қай қазақ сіз сияқты жауын тітіретіп жатыр. Сондықтан сізді марапаттамағанда кімді мадақтайын. Менің ағам мәйпарас емес, шараптың күшімен жүрген жоқ, найзаның ұшымен жүр. Жал-құйрығы күлтеленген, күгішек санды күрең мінсе, елі үшін мінді, қарланса, қаһарланса сол елінің қамы еді, бауар-олжа табайын деп жүрген ол емес дедім. Бірақ қайда екенін білмеймін деп, сазарып кірпік қақпай қалдым. Бірнеше күнім осылай нараду таппаған құр егеспен өтіп жатты. Ол шақырады, мен барамын. Ол сұрайды, менікі баяғы «білмеймін», міз бақпаймын. Ол құрсанса, мен құрыстым, ол боктаса, мен ұрыстым. Тілімді тартпадым, айтқан сөзімнен қайтпадым. Жауын тәрік еткен ағасына бір інісі тартса ол айып па деп ойлады. Сонан соң тергеуші менімен тәжікелесуден жалығады. Мен түрмеге келіп мамық төсетіп қойғандай жата кетемін.

Біраз жібіген Омарбек әлде не есіне түскендей есін жиып, қайта қарланып, қабағын қарыс түйіп, еңкерістен жау көргендей шытынып алды.

— Кім екенін білмеймін, аға, біздің орыспен жақын туысқандарымыздың біреуі болуы керек, дәу, бір бөлке нан жіберіпті. Ол да сіздің мерейіңіз, сіздің арқаңыз ғой, әйтпесе қу жауырын болған тайдай Сәт кімге дәрі. Оны қай туысқан керек естіп, қай орыс кезеп не ем қылсын. Имандай сырым, ойымда түк жоқ. Орыс пешіне көмпиіп піскен ақ бөлкенің үсті күйіңкіреп кеткен екен. Нанды кешкі тұры алып едім, шетінен, қатырлақ жерінен бір сындырып алып жеп, қалғанын қоя

салғанмын. Ертеңіне түске таман, «бұйырған малға тіс тисін» деп нанды опыра берсем, қолым шым ете түскені. Алақанымның ортасынан қан шығып қалыпты. Не болды деп үңіле қарап жіберсем сіздің үйдің қара кездігі. Нанның арасында тұр. Жүрегім тарпаңдай тулап, қара кездікті біреу көріп қоятындай қолтығымға тыға қойыппын. Сонан соң барып түрменің бұл ит жағағындай қараңғы қуысында жалғыз екенім есіме түсе кетті. Кездікті қолыма алғанда, аға, Сіз соны қолыма өзіңіз ұстатқандай болып, денем шымырлап, көзімнен жас парлап кетті. Қуанышымда шек жоқ. Көңілім абылығып, мәлелдік әбсәтте жоқ болды. Сол бір қас қағым сәтте түйіле-қабына нанды көмейлеп асай беріппін. Тіпті раушандығым шектен шығып кетсе керек, бір кезде байқасам қара кездік қарыстай болып оң қолымда қысулы, нанды кеудеме қойып алып, шалқамнан жатып қарпытып жеп жатыр екенмін. Осы жерде барып, кездік өкіліме оралып, «ойпыр-ау кездікті неге жіберген» деген ой сап ете түсті. Ойыма әлгі заманның тұзу шағында қыстығүні ерігіп жатып, сіз молда ағама оқытқан Бекет батыр дастаны есіме түсе кеткені. Сонда да Бекет батыр, қазының ішінен шыққан қанжармен түрмені тесіп шыққаны ойыма түсті. Япырай, ә деп ойладым мен де мына кездікпен деп... жүрегім дүрсілдеп қоя берсін. Тіпті енді мстандыққа шықпаған не қалды дегендей көңілім жошып, шар тарапқа кетіп, алабұрттым.

Біраз ой тұңғиығына түсіп шыға алмай жүзіп кетіппін. Сіз хан болсаңыз, Ақтастыға — Ханжайлауға, оның Көкқапталына он екі қанат үйдің керегесін жайғызып, шаңырағын атпен өзім көтерсем. Дөдегелеген, манат бастырған ағалалы орданы тіккізіп, екі жағына бесбестен он үй қондырып, үйлердің арасына ала арқаннан керме тартып, бәйге аттарын тізіп тастасам. Үйден екі-үш жігіт жабылып емізіктеген бес емшекті сабаны зорға көтеріп шығып, алқақотан отырған қасқа мен жайсаңға саба езуінен қап-қара ноқаттанып майы түскен сары қымызды құя бастаса, сонда азуымен құс тістеген Шалтабай:

— Хан ием, дат, Мырзабек — Қашкенің де бір арызын тындасанызшы,— деп екі қолын қусырып, қос тізерлеп қолын жайып, медет тілеп жалбарынып отырғанын көрсем, бұл фәни дүниеден армансыз болар едім деп талай жерге кетіп қалыппын.

— Оһ, шіркін-ай, — деді ағасы көкірегі қарс айырылын,— ондай күн туар болса, Өтеп атамның баласының сүлейін де, сүрейін де бір-бір бұлықсыған мырза қылып шығармаспын ба!? Бәрі-ақ бай болып балпиып кетер еді-ау!

— Аға-ау, ондай күнде туар. Хан болып таққа да отырарсыз, баққа да белшеңізден ораларсыз. Қатты жерге қақ тұрар, қайырымды ерге бақ тұрар. Сонда бірге туған Көшек, Түрікпенге қандай орын бересіз?

— Көшегің не? — деп ағасы Сәтке жаман көзімен қарады.

— Аға-ау! Мен сонау Емілден қалған он шақты үй жетім көшекті айтып отыр дейсіз бе, Қарасай батырдан қағанағы бірге жарылған екеуді айтып отырмын да. Омарбектің түсі жылыды да

— Одан да әңгіменді айта бер,— деді. Зады қолына бірдеме тисе бірге туған екеуіне де таң атыратын түрі көрінбейді.

— Жоға, аға-ау, Ханжайлауда Өшеке хан қоныпты дейтін Көкқапталдағы жайлы жұрттан сіздің салуалы орданы, кіріп-шығып жатқан сан саңлақты көрсем-ау деген арманым ғой.

— О, дүние! — деп Омарбектің көкірегі тағы толып кетті.

Енді ол өзі армандап, алысқа кетіп қайта тарта алмай, Сәт отырған түрмені не қылсын, көкейінде Көкқаптал, оған тігілетін, тұңлігіне мәулімнен, үзігіне масатыдан ою бастырған, дөдегелеген, көкаяқталған, баулы-шулы салуалы ақ орда орнап алып еді.

Ол тіпті қазір-ақ қан болып қалғандай құрсанып, күпсініп, алдында торғайдай топылдап жүгіріп қызмет қылып жүрген, доқсыз-дозсыз, ләппайлаған Шапырашты — Дулатты көз алдынан өткізіп жатты. Бәрі де: «Хан ием, ләппай, не бұйырасыз?» деп иіліп-бүгіліп, тізерлеп-ызылып тұрғандар. Олар кім еді, сонша? Ханға қызмет қылмағанда қарашыға қызмет қылмақ па! Омарбектің көзі жұмылып, ұзақ отырып қалды. Мен оның бұйрығын күттім. Бір әлетте барып ол ой тізгінін тартып, аттың басын тежеді. Есін жиғандай

— Ия, әлгі түрмеден қашқаныңды айтшы! — деді. Бұл шақта Сәт те өз ойымен болып еді — деді Шұнақ. Бүгін ол өлтіре қоймас, ертең Шалтабай сияқты жердің астындағыны білетін зымияндар айнытып қойып жүрмесе, кім білсін. Шалтабайды көргенде Омарбек түлкі көрген кірпідей тыжырынып, тікенегін сыртына шығарып, кежігіп, күжірейе қалушы еді. Енді тек осы екеуі тіл тауып қалмаса екен. Шалтабай сияқты өткен-кеткеннен тәжірибесі-тәлімі мол, жәреуке, жарамсақты ұнатпайтын, бәріне көзі жетіп, біліп тұратын білімді жаудың Омарбек сияқты тебіздіктен тебірлікті, сыпайылықтан тұрпайы-дөрекілікті, қызнақтықтан обырлықты артық көретін дөкірлеу қазақтан жырақ, қыбай тұрғаны абзал. Кім біледі, ит өзі ала болса да қасқыр көргенде бірігер дегендей, Совет өкіметіне қарсы шыққанда бәрінің мүддесі бір болып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып жүрсе, Сәттің жаман-жәутік мәміле-бәйпегін ашып тастауы әбден мүмкін. Сондықтан да Сәт Шалтабайды осы жерде әдейі Омарбек алдына тартып, кес-кес қоя сөйлеп еді. Шалулы сөз салулы төсек емес, шатақ «былжырамадан» шығатын болса, анда-санда болса да, үсту-үсту деп ұшындырып, Шалтабайдың атын атап отырғаны жөн. Ойткені Омарбек Шалтабай тұрғанда өзінің жіп есе алмайтынын айдан анық білетін, сондықтан да оны көргенде су тиген қарақұрттай жиырылатын.

— Ия, әлгі түрмеден қашқаныңды айтшы! — деді қайталап Омарбек. Өз ойымен болып кеткен Сәт Омарбек сөзінен шошып қалып, өп-өтірік байлаулы қолын арқан қиып бара жатқандай ауырсынған кейін көрсетеді. Сонан соң сөзінің неге тоқтағанын есіне түсіріп алып қайта әңгімеге кіріседі.

— Кездікті қолыма алып, баяғы бал дәуренім басыма қайта қонғандай болып, рухтанып қалдым, — дейді Сәт. Бұған Омарбек те көтеріліп, тамағын кенеп кеудесін көтеріңкіреп отырды. «Міне мен кім-мін?! Менің қара кездігімнің өзі қолына тигенде адамның рухын көтеріп, әруақтандырып, сестендіріп жіберетін болса, онда менің төңірегімде шамды айналған көбелекше қалбалақтап жүрген сендер әйтеуір аспанға ұшып кетпей жүрсіндер-ау!» дегендей жан-жағына жауланып-жалаула-нып қарап қойды. Сәт әңгімесін жалғастырып жөнелді.

— Сіздің қара кездік қолыма қара орманымды, керегелі кіртімді қайта оралтқандай, қоғалы көл, қом сулы, балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған, жігіті оттай дулаған, дастарқаны шумаған Жегісуды, ата қонысымды өзіме түгел қайырғандай көрдім. Өзім Ханай биігінің басына шыққан ақиық-шәулідей сезіндім, мәлөлдіктен ажырап көңілім асып-тасып барамын.— Омарбек Сәтке тіктеп қарайды. Мына Сәттің осынша шешендігін бұрын қалай байқамағанмын, «қолдан өскен тайлақтың буыршын болғаны байқалмас» деген осы екен-ау деп отырады.

Бұндай көзқарасты Сәт өзінше түсініп тым артық кетіп қалмадым ба деп қуыстанып, қипақтап қалады. Сөйтіп әрі қарай қайта әңгімені қаракөкке мініп жылыстағандай тігісін жатқыза, бәйпектете сөйлейді.

— Қара кездік қынаптан жаңа шыққан қайқы қылыштай қылпып тұр екен. Нақ осы сәтте Бекет батырдың оқиғасы есіме түсіп, мен де түрменің түбін қазсам қайтеді деген даққа қалдым. Омекемнің рухы осы жерде қысылып жатқан інісін қалай-ақ бір қолдамас екен деп ойла-дым. — Бұл сөз Омарбектің құлағына ерекше тиеді.

— Сәтті қолдамағанда кімді қолдамақ! — деп жібереді ол. Ондай болса деп ойлайды Сәт қыл арқанды қырмызы жібек деп отыр ма, неге қолымды шешкізбейді? — Айта бере Сәт қайта әңгімесін желдіртіп жөнеледі.

— Ал түрменің түбін қаздым-ақ, қара кездікпен керегімше кескілеп тастадым, сонда топырақты қайда тастаймын? Түрменің іші түмегей, қара көлеңкеден топырақ көріне қояды дейсің бе? Тәуекел дария-сына бет түзесем қалай болады? Ой, аға, құдай абұйыр берейін десе қиын емес екен, түрме деген аузы-мұрны жоқ, бітеу құйматастай пәле шығар десек, ол әншейін балшықтан қалыпқа құйылған қам кесектен тұрғызылғын үй болып шықты. Басқасын қайдам, көретін жарығым бар шығар, мен жатқан қуыс балшықтан құйылған екен. Қарап жатқанша деп қара кездіктің ұшын сүңгіше қадап көріп едім, пышақ кіріш етіп кіріп-ақ кеткені. Ары таман, пышақтың сәкинегіне дейін салып, толғап көрсем, кездіктің қылауы тиген жер пышырап жүріп берді. Қам кесек-ке сабан-топанды шамадан тым көп қосқан ба, пышырлап-шытырлап үгітіліп барады. Нақ оңтүстік ірге осысың ғой деп кездікті салдым-ай келіп. Әп-сәтте бас сиятындай жерді ойып тастаппын. Қызып кеттім бе, әлде түрме іргесінің іріп тұрғанына қызығып кеттім бе, тіпті қатты

кетіп қалғанымды абайламаппын. Түскен топырақ үйіліп жатыр. Оған көзім түсіп еді, зәрем зәр түбіне кетті. Сасқанымнан үйіндіні қос қолыммен баса қалыппын. Ешкімнің жоқ екені ойыма орала кетіп өз осалдығымнан өзім ұялып, бетім ду ете түсті. Сонан соң аға, өзіңізге ұқсап біраз ойланып алдым. «Өзіңізге ұқсап» деген сөз Омарбекке жағып кетті:

— Ойлап алу керек! — деп қойды аузын дорбаландырып, құм кіріп кететіндей екі көзін шарт жұмып алған Омарбек. Содан көпке дейін көзін ашпады.

— Мен бірсыпыра уақыт ойланып отырдым. Не істеуім керек, қалай істеуім керек, қайткенде осы қараңғы қапастан құтылып, үйіріме қосыламын?! Ал қаздым, топырақты қайтем. Сонан соң ойластырған жоба бойынша «Қарасайлап» іске кірісіп, қара кездікті қаршылдатып дуалға ұрдым. Түскен топырақты жарық аз түсетін бұрышқа қос уыс-тап тасып төктім де, үстіме әзірге бөркімді қойдым.

— Ия,— дейді Омарбек,— жаңа топырақ көрініп қалмауы керек қой.

— Ия,— дейді Сәт те,— істі түстен кейін бастауды ойлады. Бір нәрсені тосып отырғанда уақыт тасбақаның аяғындай өтпей қоятын әдеті емес пе? Жарық жүзімді сарық етіп, сарғайып, сарыла түсті күттім. Уақыт өтпейді. Күн күндегіден ұзарып кеткендей. Енді ағам қайда жүр екен, қарыны ашып қалған жоқ па екен деп те қиналдым. Сонан соң «ер азығы мен бөрі азығы жолда» деген, тамағын тауып іше алмайтын менің ағам кім сонша, ондай мүскін емес, бөрі болғанда ар-лан-абаданы емес пе, абаданың не, арыстан болғанда сырттаны емес пе деп өзімді өзім жұбаттым. Ағаны шыға қалсам қайдан табамын де-ген де ділімде орнап, бір сәт көкейімнен шықпай қойды.

Бір кездері әйтеуір есіктің құлпы, шынжыры сылдырлап ашылды. Есіктен қарауыл кіріп келе жатты. Көңілім бұзылды. Қара кездікті қаракұстан бір салып, мұны жер қаптырып, осының киімін киіп тар-тып тұрсам ба екен? Әлде есік алдында ұсталып қалам ба? Ең болмаса кеш емес-ау. Егер апақ-сапақта, түнде болса бір сәрі. Қой, оны түстен кейін кешке қарай көрейін. Әзірге алғашқы жобамен тұра тұрайын деп қорыттым. Қарауыл қаңылтыр шөңкемен шай, үре табакпен атала әкеліп берді. Шай деген аты, әйтпесе түсі өзгерген жылы су. Жанында бір жапырақ қара наны бар. Оны тез алдым. Шөңкедегі суды тауысып іштім. Қарауыл көңілінде күдік қалдырмау үшін қара нанды да алып қалдым. Он минуттан кейін қарауыл есікті сылдырлатып қайта ашты. Мен ыдысты қайтардым. Ойым бұрышта. Қара кездік сонда қадаулы тұр. Кездікті қолыма ұстап, іске кірісе бергенімде есік шылдырлап ашылды да, сұраққа алып барды. Тергеуден сол құлағы жоқ, әнеуі күнгі шұнақ қазақты шығарып келеді. Ол аяғын әрең басып теңселіп барады.

— Ол иттің баласы соңғы кезде, айтқандай, қалқоз бастық болатын. Жоғалып кетті деп еді, шынымен қамалған екен ғой.

Мен оны әлгі Қасымхан сияқты етіп қамады ма деп едім. — Қасымхан Шанышевті айтқаны.

— Білмеймін, аға, әйтеуір ауызынан қан ағып барады. — Омарбек ойланып қалды. Ол ойын естірте айтып кетті:

— Балқаш бойына барған мақсаты рас болды ғой, тәкбір жасап, нараду-келісім тауып қайтам ба деп барған екен ғой, біздің адамдар шолақтық жасаған екен ау...— Ол үнсіз отырып қалды. Тағы бірдемелерді ойлап тұңғиыққа түсіп кетті. Жадау тартып отырған саданы жылып, кезі қайта жұмылды.

— Аға, неге ойланып кеттіңіз? — дейді Сәт Омарбекке. Ол ұйқысынан ояңғандай селт етіп: — Бұл бір жағынан жақсы, бір жағынан жаман. Жақсысы Советтің көрнекті адамының біздің жағымызға шығуы. Бұл ел арасында біздің беделімізді арттыра түседі, Шіркін, оны қосып алар ма еді. Жаманы енді өздері ішінен бүлініп жатса, бізге бұдан былай бұрынғыдан дөмбейілді көбірек қазады, қырқа сайын қақпан құрады, енді бізге шабуылды үдетеді. — Ағасының ойын біліп алған соң Сәт әңгімесін жалғайды:

— Кешке дейін тереңдіп де, ені де екі қарыстай қабырғаны үңгіп, топырағын қоңырқай бұрышқа үйдім. Енді ол мол топы-рақты бөркім жаба алмады. Сондықтан үстіне, құдай берген етек-жеңі кең, қазақтың өзіндей жалпайған шекпенімді екі бүктеп тастадыш. Шекпенімді тастағаным оған топырақ жұқпайды, жұққан топырақ көрінбейді. Кешкі тамақты берген соң-ақ мені қайта тергеуге шақырды. Сәті түсті деп ойладым. Өйткені ерте шақырған соң ерте жібереді. Ертерек шығып кетсем, ұзап кетемін ғой деген қуанышым ішімде, тергеуге ішімнен жымың-жымың етіп күліп бардым. Омарбек тергеуге көп мән бере қоймады. Сондықтан енді оны Сәттің айтқысы келмейді. Оған бір жағынан қуанады да. Өйткені тергеуді ежіктеп сұрай берсе, бір жері болмаса, бір жерінен шиі шығып қалып, өтірігі ұсталып қалуы ықтимал.

— Қайта келген соң «бісмілла, менің қолым емес Өмекемнің қолы» деп қара кездікті алып, кірпішті кеулеп жібердім. Сәлден кейін-ақ тышқан інінің аузындай тесіктен тыстағы таза салқын ауаның иісі келе бастады. Әлі қызыл інір. Сондықтан сыртқа шығар жағына тимей, ішкі қабырғаны екі иығым сиятындай етіп оя бердім. Ел аяғы басылды-ау деген кезде дыбыс-дыбырын шығармай індей тесікті үлкейтіп, топырағын ішке көртышқанша тасып кеттім. Қабырғаның өзім де сыртқы сылағын ғана қалдырған екенмін. Ол көп күш керек етпеді. Итеріп-итеріп түсіре салып, топырағын тартып алдым. Енді тастай қараңғы дала анық көрінді. Өзім сиятындай тесік болған соң алдымен шекпенімді сыртқа ығырып жібердім. Бөркімді де лақтырдым. Өзім үңгірді тәп-тәуір үңгіген екенмін. Алдымен құлағымды салып тың-тыңдадым. Көшеде жүрген адам естілмейді. Сонан соң басымды тесікке тығып сыртқа қарадым. Келе

жатқан аяқ дыбыры жоқ. Тәуекел! Ия, аруақ, қолдай көр! — деп зып бердім. Жымы, мысықша басып бірден көшенің қарсы бетіне шығып кеттім. Көшеде кім жүрмеуші еді. Ұзынағашта не көп, ағаш көп, бір ешкіталдың тасасына тұрып үстіді қактым. Сонан соң тез басып барып шекпенімді, бөркімді алдым. Енді оны киген соң көшедегі көп қазақтың бірі болдым да қалдым. О жарық, дүние! Бостандық, құтылдым ба, құтылмадым ба деп кете беріп ойыма бір нәрсе сап ете түсті. Аға мен Омарбектің інісімін ғой, осы жерде чеканың да шекесін шеруен аттырып кетейін деп, түрменің батыс бет, көшежағынашықтым. Аспанмен таласқан зәулім ақ теректің тасасында тұрып, милиция қорасының алдына көз тастадым. Екі үлкен дінгектің үстіне бір бөренені көлденең қойып, оны темірмен бүкпелеп тастаған ағашқа милиция қызметкерлері ат байлайтын. Бір адам мына менің астымадағы торсылдақ торымен түсіп жатыр. Түнде милиция қызметкері екенін бас киімінен таныдым. Ол қораға кіріп кетсін деп тырп етпедім. Сәлден кейін ол сарт еткізіп қашаны жапты. Баспалап, аяғымды еппен бір-бір басып аттың жанына келдім. Шама-сы мынау торы үнемі бір-ақ адам мінетін ат болуы керек, мен жанына барғанда шошқаша қорс-қорс етіп, үріккендей болады. Тізгінді шешіш әуре болмадым. Қара кездікті алып шорт кесіп, атқа қарғып мінш, ақырын ғана үйді айналдым. Шырағым, ұрылар атты шешіп алмайтынын айтқанмын, — деп Шұнақ шал ұрылар дәстүрін еске салды. — Екі көше өтіп, Қарасуды атты батпақтата басып өттім де, орыс моласының үстіне шығып кеттім. Төбеде тұрып азырақ тың тыңдадым. Мұным да бекершілік екенін ойыма алып, тағы қысылып кеттім. Өйткені милиция қызметкерінің, әсіресе милиция албарынан атты ұры алады деген ешкімнің де есіне келмейді. Олар өздеріне ешкім батпайды деп есептейді. Сондықтан да олар атты көшеден, мықтағанда өзен жағасынан ғана іздеп қайтады. Қуғын жоқ па деп арт жаққа құлақ тіккенімді артық санадым. Әр жерде иттің үргенінен басқа дыбыс жоқ. Қазір иттің өзі де көп емес қой. Қырды жалдап отырып Тікендіге бірақ тарттым да, кәдімгі атам заманнан келе жатқан Жібек жолына түсіп, тауды бауырлап, күн батысқа бет алдым. Кейде желіп, кейде қасқыр бүлкекке салып түннің бір шамасында Шірікбай бұлақты басып өтіп, Қызыл-ауызда сиыр бағып отырған Шүкірей соқырдың үйіне келіп түстім. Олар шырты ұйқыда екен. Мені қараңғыда танымаған Шүкірей соқыр, атымды айтқанда «а, ah, а» деп шошып, есі шығып қорықты. Оның үйінен сиырдың іртік-іртік айранынан басқа ішуге ештеме табылмады. Сол арада-ақ оның үй ішінің бір дорба сүзбесін алып, Алағудың қойнына кірдім де кеттім. Таң атқан соң барламасам ештеме біліп болатын емеспін, сондықтан аттың ауыздығын алдым да, шылбырын қолыма байлап қисая кеттім. Денем мұздап ояндым. Таң сызат беріп келеді. Күн ашық. Қарашаның ұзақ таңын ұйқымен өткізіп, раң жеген малдай көбеңсіп, көтеріліп қалыппын. Ат мені айнала жайылып, төңірегімдегі шөпті түк қоймапты. Бұта-шоқытты сайдың ішімен екінші бір жерге жиырма шақты қадым салып қайта жантайдым.

Ұйқым қаныпты. Көзім де, көкірегім де оянып, не істеуім, қалай жүруім керектігін ойластырдым.

Таң атты. Мінгенім торы ат екен, арқа-басы бүтін, атқа жайлы болғанымен адамға жайсыз былғары ер-тоқымы бар. Қоңы да әжептәуір, бұлт етті. Шылбырынан қазақ мінген ат деп жорамалдадым. Өйткені шылбыры қылдан, шыжымдап есілген, пысық.

Оны шешіп алып, торыны қуысқа мықтап шідерлеп, бір тобылғының түбіне жатып ал ойла! Түрмеден құтылдым, олардың түре іздейтін хақ, Омарбектің інісі болса, ол түрмені тесіп қашса, оны іздемей чекаң кімді іздемек? Қой дедім өзіме өзім, бұлай жатпайын, алдымен қай жерде, қандай тұғырда жатқанымды сүзіп бағдарлайын. Қойнымда наным болмағанмен астымда қыл-құйрығым бар, өзі тоғынды. Мені кірмем-бес-қалың қол қуып келмес-ті. Бір сойдыға бой беретін Омарбектің ішкі ме, бірме-бірге берісе қоймаспын. Қуғынның сақ етері саныма тиіп, ал қанымды ағызғанша, ал кіндігімді жаралағанша қарманып қалайын дедім. Шөже кез сауыт киген мен емес, ажалым жетсе сазамды жалғыз сайгез оқ береді. Жер шарасын тегіс тентісең де өтешек өмір өтеді, ажалын жетсе үйде де өлесің. Зәрураттық көрермін, бірақ ағамды табармын, Алатауға арқамды тірегендей соның арқасында күнінді көрермін. Мамық жастанып, жуырқан тосатып жатар күн ағаның арқасында ғана болмақ. Ертерек ағамды табайын дедім де, торыға қарғып мініп, тау бөктерлеп Бұрған үстімен, Саршыбыр астымен Қараршаға қарай тарттым. Саксырым толып қаныма, зығырданым қайнап кете бардым үнемі жолсызбен, елсізбен жүріп түнделетіп Дегереске келдім. Үмітті жерде аға жоқ. Дал болдым Содан неде болса Шұбарбайтал болар бір гұрағы деп, торыны болдыртып, қарным ашып, кәдірім қашып келе жатқан бетім еді. Ойым онға, санам санға бөлініп, мұнда болмаса енді қайдан іздейін, неде болса, Топар түсіп, Іле бойлап, ит мініп, ирек камшыланып кетейін деп едім. Өздеріңіз ұстап алдыңыздар. Ханды көрген өлмейді, күнді көрген тоңбайды, өзіңіздің нұрлы жүзіңізді аман көрдім. Енді арман жоқ. Бауыз-дасаң қолыңмен бауызда, міне, кездігің! — деп сәкинегін топырақ қапқан қара кездікті Омарбектің алдына тастайды. Кездікті қолына алып Омарбек бір кез ойға кетіп отырыпты. Шамасы сол бір Әндіжан барып, қашпай-пұспай еркін, еру жүрген, еңсесі биік ағалалы ордаға еңкейе кірген, сары қымызды сапыртпай ішпеген, сарықпай ішкен күндерін есіне алған болар Қабағы қатып, аңқасы құрып көзін жұмып алды. Бір кездері барып күлікке шығар мисыз жүйріктей көзі жайнап, екі қолы байлаулы Сәтті босаттырды. Сәт орнынан тұрып, ағасына жете беріп жығылып, аяғын құшты... Інім, Алматы мен Фрунзенің арасына талай жүрген боларсың. Ол жол сонау қарайып тұрған Дегерестің арғы астында. Мына өзің үстінде отырған Алатаудың Іле — Шу тармағы анау көрінген шар тау Бұғымүйіз, Бесмойнаққа жеткен соң аласарыңқырап Ырғайты, Атжайлау, Балажан, Шұбарбайтал, Шетбұлақ, Сұлутөр болып Қордайға мұнасып, одан терістікке бұрылып Аңырақай, Айдарке де-

лініп, ақыры адырға, ит шайнаған орамалдай қоңыр қырқаға айналады. Осыларды аралас жайлап, алас-күдес қыстайтын Дулат Шапырашты отызыншы жылдары адырдағы далалық қыстауларын Голощекиннің бодауына қалдырып, кеудеге көшірілгенін бағана айтқанмын. Енді онда ел қалмайды, адам қоныс, ата қоныс — аң апаны, қайуан қияуы, жабайы шиыры болып қала берді. Білетін боларсың, інім, Фрунзеге баратын жолдың бір бөлегі сонау Тарғаптан бастап атқан оқтай жүріп отырып, Кеуде Отарға тіреледі. Содан әрі түстік батысқа бұрылып, Қордай асады, Қарақоңыз, Қарабалта, Қайыңды кетеді. Сол тартқан сымдай түзу жолды бұрын қазақтар «Бозжорға» дейтін. Оның себебі ілгері кезде Қасқарау Қоңырбай байға ас бергенде сол жердің, шамасы Сырымбет ауылының, боз жорғасы жорға жүрісте жерге таспадай жабысып озып келген екен. Бұл кәдімгі ақынның қызыл желі атанған Сүйімбай мен қырғыздың жезтаңдай, осы «Қоңырбайдың асында бес жүз жылқы матаған» ақыны Қатағанның айтысын туғызған асанта ас. Сол асқа сауын айтқанда аржақтағы Жалайыр Ақбұйымның бір ұрысы сол бүкіл қазақ, қырғыз тайпалмасынан озған бозды жұрт жаппай асқа отырған қызыл іңірде жытырып кеткен деседі. Қазақ желғабыз, жез тағалы еңіреуді мақтағанда «мисыз жүйрік» деп те мақтап, марапаттайды. Ал сол «мисызы» нағыз миль, адамша болмаса да, хайуанат атаулыдан жоғары тұрып сезіп-білетін мал болады. Боз жорға да сондай жершіл, ереннен ерек, зерек туған жылқы екен. Бір босанғанда қыстың кезі қырауда жерге қашқан сол Боз жорға Кеуде Отардағы Сырымбет ауылына осы жолмен қыстағы сіреу қарды тура сызып тартқан екен. Боз жорғаны өкшелей қос атпен қуа келген Ақбұйым ұрысы атқа риза болғандықтан иесінен ғафу өтініп, ағынып-жалынып, ат шапан айыбын тартып қайтқан екен дейді. Мүмкін, інім, бұл аңыз шығар, нақ осындай оқиға болмаған да шығар. Дегенмен осыған ұқсас оқиға болуы әбден ықтимал. Қалай болғанда да жазықпен Шелкопаны басып, оны таспадай тіліп өтетін түзу жолды қазекем тез жететін, өте төте, өте тура, жайлы жол болғандықтан «Боз жорға» атандырған. Өйтеуір сол Боз жорға жолы да сен тентек, сен тетірсін демей, жақсыға да, жаманға да қамқор болып, бәрін бауырына басып, бұлағын емізген Алатаудай жолаушының бәріне бірдей қызмет етсе керек-ті. Бұл «Боз жорғаны» әңгімелеп кеткенім, інім, ендігі бандылар өмірінің біразы осы жол төңірегінде өтеді. Өйткені бірнеше жыл биік тауларды, тарғыл тастарды, қарағайлы кедікті мекендеген баскесерлер бір оқиғадан кейін осылай ойысқан болатын. Оның өзіндік сыры бар еді.

Конфискаленген соң Жетісу байлары Оралға айдалғанын айтқанмын. Солар біртіндеп қашып келіп, отыз бірінші — отыз үшінші жылдары бірталай топ құрды. Оларға өгізге туған күн бұзауға да туады деп, түбінде Совет екіметінің мүддесі қоғамдық меншікке негізделгенін, ол бұлардың пиғылына қайшы келетінін білген, конфискулеуге ілінбеген байлар, бұрын халықты сүліктей сорып әдеттенген, енді құмның

жиналып тас болатынын, құлдың жиналып бас болатынын көрген, ол арқасына аяздай батып ауырсынған, бұл кезде сіркесі су көтермей жүрген үстем тап өкілдері, олардың оқығандары қосылып, қашқындармен аста-сып, Совет өкіметін құлатпасқа не деп әр жерге бірікті. Ал бұлар Совет өкіметіне оншалықты қауіп төнгізбегенімен, тиіп-қашып тыныштық таптырмады. Одан бұдан құралып, қарасы көбейген кезде енді оларды бұлай қоландатып-шабуылдатып, жұрттың үрейін алдырып, берекесін қашырып қоюға болмайтын еді. Сондықтан да партия-совет активистерінен біраз адамды оларға қарсы аттандырған еді. Сол тізімге мен де іліккен екенмін.

Қастек ауданы көлемінде олардың үш ұясы болды. Оның ең күштірегі Емілдің бір баласы Қойшыманның Ескожа деген ұлынан тарайтын Өтеп деген атадан шыққан Омарбек болатын. Ол көбіне сен тұр, мен атайын, өңкей баскесерді жинап алып, Алатаудың Қарақыстақ, Қастек, Қарарша, Қызылауыз деген өзен сайларына тығылып, ауданға, жеке ауылдарға шабуыл жасап жүрді. Оның екі бірдей қойшысы Байдалы мен Ұлтарак Совет өкіметін қолдап, большевик болып, кешегі қожасын тындамай кетуі оны жөңше нарша құтыртып, дозын арттыра түсті. Дегенмен ол алғаш бандыларға бастық болуға қызыға қоймады. Суықтөбе бауырындағы Кеңсайда бандылар басшысын сайлағанда олардың көбі өзін қалағанын көре отырса да, ене деп, нарттыққа ұмтылып кеңірдек кермеді. Бұл оның әкімдікке қызықпағандығынан, мәнсапты ұнатпағандығынан емес-ті, ол Сыматай, Ағыбай бастаған Қасқараулар тобы бұларды мансұқ етеді, күш ыдырайды деп қорыққаны болатын. Егер артында біраз дүбірі-нөкері бар Сматай кетсе, қалған қоянтөбел аз топ шілдің саңғырығындай тозатынын ол анық білді. Сондықтан бандылар тобына Сматайдың басшылық етуіне ындынын салып, ынта-шынтасымен кірісті.

Бандылардың екінші ұясы Қасқараулар тобы еді. Олардың атқа қонған жері де Дегерес, Беріктас, Ақтерек төңірегі болатын. Бастаушысы Сматай, қаныпезер, бір айтар, айтқан сөзінде табандап қатып қалатын көкайыл кісі болатын. Оның соңына ергендердің ішіне көрші отырған Тайторылар да кіріп кеткен. Бұлар Алматыдан алысырақ жатқандықтан Совет өкіметінің күшін әлі ұға алмаған, оны құлатудан әжептәуір дәмелі еді. Сондықтан олар төске қарай жылжып жеткен-ді. Ондағы көкейіндегі есек-дәмесі большевиктердің ұясы да, ұйытқысы да болып келген Қарақыстақты басып алмақ еді. Бірақ Қарақыстақты басып ала қойғанда одан әрі не істейтінін Сматай өзі де, оның көмекшісі Ағыбай да айтып бере алмайтын. Олардың пәлендей бір басшысы бар еді, ол түгенмен байланысты болып еді деп қалпы айтқым келмейді, інім. Олар ондай ұйымшылдыққа жеткен, бір орталыққа бағынған адамдар емес-ті. Оған Сматайдың да, Омарбектің де ақылы жеткен жоқ, көр-көкірек, өзіншіл болатын. Әрқайсысы Совет өкіметіне өзінше қарсылық көрсеткен болады. Бірақ бір жақтан келіп қалатындай бір күшке сенетіндей еді. Ол да

бітеу-көкіректердің долбар-далбасасы ғана. Сөйтіп Қасқараулар тобы жоғарылап келді де, Алматыдан бандаларды талқандайтын әскер шықты деген қауесеттен кейін Ақтасты, Қарақыстақ, Суықтөбе маңын біржола тастап кетті, әрі қатары ыдыраңқырап, біразы бұл жосықсыз лайсаңның батпағына белден батып, ол ұйық түбіне тартып бара жатқандықтан, олардан безіп, көз көрмес, құлақ естімес, елден жырақ, қыбайға тартты. Оның себебі мынау еді.

Отыз бірінші жылдың жазында Сматай мен Омарбек арасында керіс болды. Омарбек бұл өңір біздің күн көрісімізге қиындап барады, төмендеп, қиырлап Аңырақай түсіп, арқар құлжадай алыстап кетелі дейді. Бұған Сматай мен Ағыбай қарсы шығады: «Сен өз елің болған соң жаның ашып тұр ғой. Сол елің-ақ етегіңді кесіп қуып шықпап па еді» деседі. Сөйтіп итіс-таргыс жүргенде бұлар жетінші ауылға шабуыл жасап, түнде ауылдық Совет председатели Нұрғали Қыдыровты, оның үйіне қонып жатқан өкіл Шәлін Байсаловты өлтірді. Ауылдың басына ол күндері қандай ауырмалық түскенін бағана айтқанмын, інім. Қаралы ауыл адамдары ауданға хабарлауын хабарлайды да, бандылар артынан төрт адам қуғын жібереді. Бандылар кәдімгі «кел біз кінәліміз, бізді байлап алып барыңдар» дейтіндей төрт адамды жолға салады. Оларды жиырма бірінші жылдан партия мүшесі, қосшы одағының бастығы болған Құрамыс Тастанов бастап шығады. Көзі ашық Құрамыс олардың өліспей беріспейтінін біледі. Дегенмен жаудың жатқан жерінен хабардар болайық, шолайық деседі. Тауда тасқа бекінген бандылар ойда келе жатқандарды алдындағы шахматтың тасындай анық көріп отырады. Аттағы тортеу де қауіпсіз болмайды, бірақ тасада тұрғандар бұл қуғын төртеуді оп-онай-ақ сұлатып салады. Өлген төртеудің — Құрамыс Тастановтың, Шауқар Сәмбетовтің, Шаяхмет Ақтанбердиевтің, Найман Шарғыновтың денесі Суықтөбе бауырында қала береді. Ардақтысынан айырылған ашынған халық тайлы-тайлағы қалмай бандыларға қарсы тегіс аттанғанда, олар тоз-тоз болып, біразы темендеп екі жылдан соң Шұбарбайталдан табылады. Сәттің түрмені тесіп шығып келіп, әңгімесін шертіп отырғаны нақ осы бір кезең еді.

Інім, осы бір жерде ішіме сыймай жүрген бір сезімді де айта кетейін. Сол Суықтөбе бауырында өлген, Совет өкіметі жолында құрбан болғандар басында осы күнге дейін таудың көп тасынан бір тас бұйырмай, жер томпайтып қала берді. Енді олардың көмілген жерін табу да қиын шығар.

Үшінші ұя ұшарын жел, қонарын сай білген ебелектей Шалтабай Құдайбергенұлының тобы еді. Інім, Жамбыл атаңның атакты Құлмамбетпен айтысын оқыған шығарсың. Інім ол кездері Құлмамбет ақын Тарғапта тұрады екен. Өмірінің ақырын да осы анау Тарғаптың Беріктасқа қараған бетінде өткізіпті. Содан Түргенде қызына барғанда аяқ астынан ауырып өлген екен. Моласы Түргенде. Мұны айтып кеткенім сол Құлмамбет бейітінің басы да қарайтылмай жатыр ғой. Жәкен

Құлмамбетті жендім деп масайрап кетпеген, өмірбақи рны сыйлап, ардақтап өткен. Ол айтсы Құдайберген қажының үйінде болған ғой. Сол Құдайберген қажы қайырымды, өте бір ғалисан адам болғанға ұқсайды. «Жаманнан жақсы туар адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туар, бекер берсе алғысыз» демей ме, қазақ. Сол жақсыдан жаман туған адам Шалтабай еді. Інім, сен Шалтабайды тап жауы, бандит болған соң жамандап отыр деп ойлама. Шапырашты, Дулатта адам баласының қара тілі атанған Шалтабай өте шешен, ақыл иесі кісі болған. Ол сөйлегенде жұрт айрандай ұйып қалады екен. Жамандады деме, інім, оны мен айтқан жоқпын осы қалың ел «Дәуітқұлдың үйіне барсаң етке тоясың, Шалтабайдың үйіне барсаң көпке тоясың» деген мәтел шығарған. Бұл мәтелді тіпті түсіндіріп жатудың өзі артық. Шалтабай үйіне барған кісіге қазан көтеріп, ас қылмайтын қара қазан кісі екен. «Мынадай бір кеп болды» деп қонағына тілін емізіп, құры кеңеспен келгеннің ішін кептіріп, қызыл сөзбен шығарып салатын болса керек-ті. Сондықтан да байларды көбіне сөзіне емес, ісіне, оның басқа қайырымдылығына қарап бағалаған халық «дастарқаны жиналмайтын», «ит басына іркіт төгіліп жатқанды» ғана басына көтереді емес пе. «Мың сіз-бізден бір шыж-быж артық», яғни сіз, біз десіп құры ауыз, күрғақ сыйласқаннан бір қуырдақ жеген артық деген, қарын қамып жақсы білетін қазақ жоғарғы мәтелді шығарған. Ағайынды екі кісіге осындай сипаттама берген елді әділ емес деп айтып көрші. «Халық айтса қалып айтпайды», яғни етірік айтпайды. Оның екізген бау-бағы соңғы кезге дейін келді. Бай жиырма сегізінші жылы конфискеленіп, Оралға айдалған. Содан қашып келіп, бандылық жасап жүрген. Мұның теңірегінде де біраз адам болатын. Совет болысы, яғни ревком председателі болған менің туысқаным Қашабай Жарқынбаевтың баю жолына түсуіне де ол себепші болған. Өйткені Шалтабайдың Шарымхан деген бір қызы Қашабайдың әйелі еді. Қашабай барлық жағынан атасына ұқсаған, келін қайын ененің топырағынан делінсе, Қашабай атасының топырағынан жаратылған деп замандастары күлетін. Егер Шалтабай бағынан бір өрік үзіп жегеннен айып алса, Қашабай үйіне келген кісіге «аяғынды тазалап кел» деп отырады екен.

Інім, Шалтабай сияқты оқыған адамды «Совет өкіметін құлатамын» деді, оған ақылы жетпейді деу қиын. Осы Совет өкіметі орнап қалақоймас, мүмкін басқа жақтан ондай бір тегеурін болады деп шамаласа, ол ішінде болған болса керек-ті. Оның бар арманы кәрі қойдың жасындай өмірі қалғанда, егде тартып, етек басқан шағында түрме қорлығын көрмей, осы ата-баба, туып-өскен Алатаудың төңірегінде көз жұму болған. Егер нақ осылай болса, оны қудаламауға да болар еді. Бұл жерде Шалтабай Совет өкіметіне, Совет өкіметі Шалтабайға сене алмады. Өйткені бірлі-жарымды біз тілін таба алмаған әлді шаруалар сырғып Шалтабай тобына қаша берді. Менің өзімнің көзім жеткеніндей, «Бұл Шалтабай ғой» деп ергісі келген басқа бандыларды да ол «жаман топ көбейтеді,

алма боқ көбейтеді» деп бойына дарытпаған, қарауына алмаған. Дегенмен осы үш топ та бізді ілгері бастырмай қоймағанымен аяққа кірген шеңгедей жүру-тұруымызды қиындатты. Менің алдымда осы бандылар тобын Жетісудан біржола аластау міндеті тұрды. Мен білек сыбанып осы бір іске кірістім. Егер осылардың көбі Құбанбай сияқты болса, онда оларға тигендер де оңбас еді, бірақ олардың нарттарының ниеті басқа болатын.

* * *

Бір күні бандылардың үш тобының басы қосылды.

Інім, «Боз жорға» жолымен кетіп бара жатып түстікке көз қиығынды салсаң Дегерес, одан биіктеу Бесмойнақ, Атжайлау, Балажан биіктері дөңкиіп-дөңкиіп жатады. Оның үстіңгі жағынан ағып келіп, далаға — терістікке қарайтын ауызы бірдеме қатты жырып кетіп, қара қотырланып жазылып келе жатқан жар сияқтанған Жаманты, Ақтерек, Шұбарбайтал өзендерінің сағасы ғасы керінеді. Сол «Боз жорғамен» кетіп бара жатып, биік нәрсеге сүйеп қойған қатқайдай тұзу беткейге қызықпау мүмкін емес.

Шұбарбайтал өзенінің таудан жарып шығар аузында ұзын сырық тұр. Оның басында әйелдердің дір тартар орамалындай ақ шүберек байлаулы, — деді Құрамыс. Інім, бір Құрамыс өліп еді ғой деме. Бұл Суықтобеде өлген Құрамыстан басқа. — Шелкопаның еңісінен көрінген шаң жиырма шақты атты кісінікі еді. Олар құйындатқан күйінде жаңағы шүберек байлаған сырық түбіне түсіп жатты. Бұл қопалатып, кеудеге қарай шапқандар Шалтабай тобы екен.

Шалтабай таза киінетін, бұл күндері қашып-пұсып жүрсе де үстіне кір жуытпаған, қаба сақалдау, сары сұр кісі екен. Садаптан бажайламай қараған кісі өзбек пе, әлде тәжік пе деп қалатындай. Астында ақбоз аты бар, ер-тұрманының бәрі күмістелген. Өмілдірігі, құйысқан, жүген, ноқтасы бір-ақ қолдан шыққан болса керек, бәрі қайыс таспадан өрілген. Тоқымы былғары-мен қапталған болса да, үстінде тегілдірігі салпылдап жүр, ұзындау. Бұл да балағым, әлде етігім ат теріне былғанбасын деген тазалықтан болса керек-ті. Қанжығасы да, шеттігі де бос. Ақбоз қолтыраудай танаулы жылқы екен, күнде мінілгендіктен бе, жарау, екі бүйірі тартылып кеткен. Еті тым ояз емес, екі құлағының түбінен ғана тер шығыпты. Шабысының қанша екенін, әрине, Шалтабай ғана білсе керек-ті. Қайткенде де оның күші де, жүрісі де, мініске беріктігі де оның дүбірлерінің атынан артық екені сезсіз. Өйткені бандылардың нартты тобыршақ мінбейтіні белгілі. Шалтабайдың сыртынан киген түйе жүн шеккенінің оң жақ жамбас тұсын іштен байланған тапанша түртіп тұр. Оның артынан өкшелей келген қарагерлі қырықты алқымдап қалған жігіт айқұш-ұйқыш екі мылтық асынған. Оның бірі Шалтабайдікі екені сөзсіз. Басқа салттылардың бәрі де тегіс мылтықты. Ат құйырығы

тістесе келген қарагердегі Шалтабайды түсіріп алды. Анау боз атты әрі таман жетектеп барып, өзінің қарагерімен матастырып қойды. Басқалар жерге түсіп, аттарын шылбырынан ұстап, мойындарындағы мылтықтарын атуға ыңғайлағандай алдарына көлденең қойып отырды. Атты тұсап, шідерлеп, өрелеп жіберген ешкім болған жоқ. Бұл олардың сауысқандай сақтығы еді.

Басқалардың бәрі, яғни біз,— дейтін Құрамыс, Шұбарбайталдың аузынан, жырадан, Омарбек бастағандары оң жағалауынан, Саматай бастағандары сол жағалаунан ұлыққан итше шұбап шықтық. Екі жағын қосқанда жүз қаралы адам болады. Сайдан шыққан топ беткейге жақындағанда жаңа Шалтабайды аттан түсіріп алған сидан қара орнынан атып түрегелді. Шалтабай қозғалмаған күйі зеки сөйледі:

— Сәкебай, отыр, тырп етпе! — Орнынан тұруға кейбірі тізесін жинап, кейбірі жер таянып, енді біреулері тізерлей бастап еді, Шалтабай сөзінен кейін бәрі тасқұдайдай әлде балбалтастай орындарында қатып қалды. Сматай тобының аяғы жерге аналардан бұрын тиді, олардың бес-алтауы жүгіре барып Омарбекті аттан түсіріп алды. Қамажаулап, алқалап оны екі қолтығынан сүйегені сонша, Омарбектің аяғының ұшы әр жерге бір тиді. Омарбек беткейдің ең жоғары жағына апарылып отырғызылды. Бұл қошаметті көріп отырған Шалтабай қажы бедірейіп оларға амандаспады да. Шалтабай қошығын қоштағандар да түк естімеген керендей, түк сезбеген мылқаудай мылқиып отыра берді. Бәрі де қазақ даласындағы әр жерде кездесе беретін балбалдай, жансыз. Еріккен қойшылар төбе басына адам бейнесіне келтіріп тас қалап қоюшы еді, Шалтабай адамдары да обадай, сүлесок. Менің артымда мұнша адам жүр, менің жанымда сен кімсің дегендей Омарбек жасы үлкен Шалтабай қажыға жұрттың жөнін жасамады, сәлемдеспеді. Сөйлесе ауызы қисайып қалатындай бұдырайып қалды. Оның шашбауын көтерген көп тобырдың біразы үнсіз, тек Сматай ғана алыстан «Салаумәлейкім» дей салды.

Егер ол шын амандасса, алыстан болса да аузын толтырып «ассалаумағаләйкәеом!» деп созар еді. Мұны сезген Шалтабай оған да жауап қатпады. Бағанағы кілшиген қалпында. Мүмкін Шалтабайдың ойында жасының үлкендігінен басқасы да тұрған шығар. Мынау көп тобырдың ішінде оқығаны осы Шалтабай. Шіркін баяғыда Меккеге барып, Байтолла босағасына тауап етіп Жетісуға қайта келгенде Дулат, Шапыраштының сорпа бетіне шығарының бәрі келіп, жас қажының қолын құдай қолын ұстағандай ұстап, қос алақанын бетіне сыйпаған еді. Енді дүние өзгеріп мына томартебер, ақылдан ада, қуыс кеуде Омарбек бұған сәлемдеспей отыр. Шалтабай әжептәуір қорланып, ішінен құса, ғамкүн болып отырды. Келгенім зайғы болды ма деп те қояды. Осы өңшең көркөкірек, әліп пен биді білмейтін, екі әріптің басын қоса алмайтын немелермен неге ғана байланысып, неге ғана керіндім екен. Тоқтышақ табатын ақылы жоқ боқтышақтарға бұдан былай моламды

жақындатпауға тырысармын. Жарайды Омарбек келмей-ақ қойсын, мына осындағы Дулат Шапыраштының бұрынғы шөпке отырар, мен тәуірмін дегендерінің ақылы қайда кеткен, олар неге келіп қажының қолын алмайды, қалай-ақ осынша тобырдың ішінде Шалтабайдың Омарбектен елсе елігі артық болатынын білетін бір адам қалмады екен?

Шалтабай өз ойымен болып, ұзап кетіп еді. Екі жақтың біріне-бірі жауыға қарауы сиреп, дабыр-дұбыр, сыбыр-күбірден кейін Омарбек жағындағы да, Сматай жағындағылардан да сөз шығып қалды:

— Қажыға сәлемдеспейміз бе?

— Ей, ол Шапырашты — Дулаттың Шалтабайы еді ғой, басынан бағы тайса да ол адам ғой.

— Қой, Омекем ұнатпайды.

Осындай сөздер әр екі-үш жігіттің арасында болды, бірақ Омарбек пен Сматайдан батып ешкім келіп Шалтабайға сәлем бере алмады. Арада бір дем өткенде барып жырадан шыққан топтан бір адам орнынан тұрып:

— О, халайық, жарандар! — деп дабыстап еді, осы сәтте:

— Шаң көрінеді, екі атты шауып келеді! — деп біреудің айтуы мұн екен, отырған бандылардың берекесі қашып кетті. Шалтабай адамдары аттарына қарғып-қарғып мініп, ақбоздағы Шалтабайды ортасына алып қоршай қалды. Қажы да ат үстінде.

Тау бауыры теп-тегіс беткей. Беткейде көкпенбек көкемарал мен бәрпі өскен. Көк жалаған етік табаны сырғанап тұрмайтын беткейде жатып қырық-елу шақырым жердегінің бәрін керуге болады. Сонау теменде Қоланы таспадай тіліп темір жол жатыр. Онымен түтінін будактатып өз түтінімен поезд кетіп барады. Поезд өткен сайын мына отырғандардың бәрінің көкірегін темір тілгендей еңселері түсіп кетеді. Бұл жақта да жол кесіліп қалды-ау деген діліне оралғанда бандылардың құйқа тамыры шымырлап, арқасын белгісіз бірдеме тілгілеп жатқандай болады. Бағанадан бері жамбастап жатып, қарағын сонау алыстағы Алматы — Долаңқараға қадап алған. Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе, көктің жүзін, жердің бетін бір шарлап кетсе, ол ойды біразға дейін тоқтата алармысың. Бұл «Боз жорға» жолымен қарулы мемлекеттік почта тартқандар болмаса, бандылар осы төңіректі жайлап алғаннан бері ешкім жүрмейді. Некен-саяқ шыққан мал, жалғыз жарым жолаушы бәрі қарақшылардың олжасы. Сондықтан да Шөлқопа үсті тып-тыныш. Мұндағы ну қамыс, жыңғыл арасын мекендеген мәлін, дегелек сияқты қопалы, далалы жердің жануар-жәндігі, аңы-құсы болмаса көзге ілінер жерде ештеме көрінбеп еді. Міне, бір шаң ғана бәрінің үрейін алып жіберді. Кірмембес қол болса қайтер еді. Шаң тез-ақ жақындап қалды. Екі атты емес, жетегінде аты бар біреу. Шапқан күйі келеді. Қызарып Қордай үстіне батуға таяп барып қалған күнді қуып жетуге асыққандай, жүрісі қатты. Қазақ қашан да кешке қарай елге, ауылға қарай шапқан

адамнан көбіне жаман хабар күтер еді. Мынау да күн таласа келіп, ол ұясына отырмай айтатынымды айтып үлгерейін дегендей. Омарбек, Смағайлар жағы жалғыз аттыдан қорқып біз Шалтабай болып кетіппіз бе дегендей тыбыр еткен жоқпыз. Оның кім екені маған ғана белгілі еді. Екі ат та, өзі де қара тер.

— Ей, мынау қайдан жүр? Жалбық деген ұры ғой, — деді Сәкебай Боранбаев. Ұры дегеніңіз Шалтабай отырған топты айналып, тура Омарбектің алдына барды:

— Алдияр! — деді әлгі аттан түсе қамшысын екі бүктеп жерге тастап. Інім, біліп отырсың ба, бұл баяғыда Ферғанада Сейітходжаев деген өзбек командирінің атын жығып ұстап беретін Жалбық. Совет болайын деп едім қолымнан келетін емес. Мені осы отырған жігіттердің біразы біледі, кеткеннің кетпенін алатын, жатқанның жамбасын кесетін, Іле мен Шу арасын шу-шұрқан қылатын Жалбық деген бауқеспе ұрымын. Мынау қарагер сізге тартуым, мені қасыңызға алыңыз. Атыңыз Алатаудай шығып, әлемге естіліп жатыр. Пұл десеңіз пұл болып, құл десеңіз құл болып қызметіңізді-қиярыңызды қыламын. Сіздің құзырыңызға келдім. Құлдық. Жалбық екі тізерлеп отыра қалып, екі қолын айқастырып құлдық етті.

— Ойпыр-ай, мынау ұрыдан гөрі маскарапаз болуға лайық екен, мынанікі, көпе-көрнеу өтірік! — деді жай ғана Шалтабай Сәкебайға. Мұны мен естіп қалып, иманым зәр түбіне кетті. Мына бит ішіне қан құйған сұмырай қақы мына күдігін Омарбекке айтып қойса, дүние бүлінеді-ау деп отырдым. Омарбек Шалтабай емес, ол әңгіуді «Алдияр, алдияр десе дандияр» дегендей, «алдияр» дегенге мен хан болып таққа отырып қалған екем деді.

Тұр, саған мың ерлік! деді Омарбек жаңағы сөз сөйлеуге дайындалған, қолтоқпақтай қазақ Жалбықты қолтығынан сүйеп орнынан тұрғызып, топқа қосты. Көселеу, құмырсқа інше біткен бір түп жусандай он тал ұзын сақалы бар, алакөз кісі тамағын кенеп бірдеме демек еді, Омарбек тұра тұр деген ишара білдірді. Шоқша сақал тосылып қалды Ағыбай деген осы екен. Бұл мына Омарбек бастаған топтағы үшінші кісі Мұның айтқанын осындағы жігіттің ешбірі қалт жібермейді, дегені мүлтіксіз орындалады. Омарбек оң қолын көтерді де, басындағы құндыз жекейін түзей киіп, бір сөз деді:

Сен қалқоз болды деп естіп едім ғой, Омарбек кежігіп керіліп, ыңыранып мұны зорға айтты «Қалқоз» деп отырғаны қолхоз председателі дегені. Мұны Жалбыққа арнады. Бұрын жылдам сөйлейтін бандылар нарттының бұл жолы нағып кергіп шолқындап қалғанын ешкім түсіне алмай біріне-бірі қарады. Кейбірінің күлкісі де келді. Күле алмады. Күліп көрсін күмірем қаптырсын.

Қалқоз? Қалқоз түгіл Совет болайын деп едім «Қожаның көңші құртты сүйер, көжесінің қатығы жоқ» Маған оны кім берсін. Бола алма-

дым, қалқозыңа көне алмадым. Жүрсен-тұрсаң бәріне қағаз керек. Мен еркін ұшып, еркін қонған даланың дуадағы емеспін бе?! Еркім жортып үйренген абаданға, сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарап отыру ұнамады. Шыдай алмадым. Одан ен далада ұрлық істегенім жақсы екен. Жалбық кірпік қақпай, міз бақпай, қасқайып осыларды айтып шықты. Сөзді дақ осылай сықпырту, әй, ұрыдан басқаның қолынан келе қоймас.

— Не келеді қолыңнан? — деді Омарбек.

— Ұрлық келеді. Менің кәсімі сол. Әлі-ақ әуселемді көресіз. Тек қуа көрменіз, алдияр, — деп ағынып қалды Жалбық. Тіпті ибалы, жібектен де мүнәйім.

Шалтабай Сәкебайға тағы күбірлеп жатты «Ойпырым-ай, мынау да нағыз су жұқпас сұмырай екен, қарашы өтірік айтқанда кірпігін қақпайды. Қалай үйретш тастаған. Омарбектің түбше жететін осы болады. О, соры қайнаған сорлы Омарбек. Алдияр дегенге әлдеқандай болады».

Омарбек мойнын зорға бұрып жаңағы ұрыға — Жалбыққа жәреуке көрсетті:

— Жарайды, ұры деген де керек. Қала берсін! — деп Омарбек сөзінің аяғын жұтып қойды. Сөздің соңын жанындағы дүбірлері зорға естіді. Омарбек ерінген кейін көрсетті. Бандыларға нартты ашқан ауызын әрең жапқандай елестеді. Ол «бастай бер» дегендей қолын сілттеді. Енді шоқша сақалға сөз кезегі тиді.

Қарашы қарақшылар сілтідей тынды. Бәрі де Ағыбайдың ауызын бақты. Біріне-бірі «тыныш, Ақаң сөйлейін деп жатыр» десіп, сап басыла қалды. Енді күбір-күбір бітіп, аттардың пысқырғаны, тапыр-тұпыр бүгелектегені, жер тарпығаны анық естілді. Ызындап, кең дыбыссыз даланы гүілдетіп ары-бері ұшқан бүгелектің, күзге қарай тауға беттеген сонаның дыбысы жарып тұр. Ертеңге дейін біраз уақыт бар, күн батып қалды, кеш түскенше «жылқының қанын сорып үлгірейік дегендей матастырылған жылқыға олар тыныштық бермейді.

Ұзын, сирек сақал Ағыбай бір жөтеліп алып, сөйледі:

— О, халайық! Дулат, Шапыраштының сайыпқыран батырлары! Атам Бәйдібектің тұқымы үш Алатаудың бауырын тегіс алып жатса да, біз аттың төбеліндейміз. Төбелдей болғанмен арамызда арқа сүйер төбедей ығай мен сығайымыз бар, сонау Алматы мен Піспектің арасының ел сыйлаған ерлері осында отыр. Кешегі бастығымыз Смағай арамыздан хан сайлайық, ел болайық дейді. Әбсін басымыз қосыла бермейді, хан сайлап, соның жанынан сайғақ табайық. Төбелдей азшылықты түктей көпке айналдыру үшін ақылы асқан аға, хан керек екен бізге дейді.— Ханға менің атым аталып қалмас па екен дегендей Шалтабай көзін сүзінкіреп қарап, аққудың саһарынша мойнынын созып, жауланып, арланып, көтеріліп отырды. Бет аузынан «бұл несі?» деген танданғандық та білінді. Бұдырайып отырған Сәкебайға күбір етті:

— Бұл не деген алақөкектік? — Сәкебай түсіне алмады. Үнсіз қалды. Ағыбай сөз білмейтін, суырылып кете алмайтын, аяғынан қолтаулаған тайша кібірткіттеп қалған кісі екен. Ол Сматайдың сөзін жеткізген болды, бірақ тамтығын айтты.

— Біз хан сайладық. Жо-жоқ, сайлайық деп отырмыз. Омарбек хан болуға лайық. Осыған пәтуаласайық!

— Қалай пәтуаласамыз? — деді отырған орнынан қозғалмаған күйі Шалтабай. — Сөйлеспей, пікірлеспей жатып.

— Немене?! — Біреу ақиланып, жын шақырған бақсыдай жан-жағына қаранды. — Сен Омарбекті танымайсың ба? Танытайын! — Ақназар орнынан атып тұрды. Ол орнынан тұрғанда Шалтабай жағындағы жігіттердің жиырма мылтығының ұңғысы үңірейіп Омарбектер жақты көздеп қалып еді. Омарбек жағындағылардың қимылдауға мұршасы келмеді. Тұрт шайтан, тұрт деп мен отырдым. Мылтықтың ауызы үңірейіп бізге қарап тұрғанда қозғалу қиын екен, мұндай үрейді тұңғыш рет сездім, — дейді Құрамыс. — Ақиланып түрегелген Ақназар аяқ астынан жалп етіп құлап түсті. Мылтық атылған жоқ, не де болса Омарбек адамдарының бірінен келген сияқты.

— Ақымақ, — деді бір көзі шапыраштанған қара, — ол Дулат, Шапырашты аузына қараған Шалтабай емес пе, кіммен кімді салыстырып тұрсың. Сенің қолпаштаған, қошаметтеген Омарбектің, сипаланған Сматайың қашан Шалтабайдың алдына түсіп еді. Құл мен Домбайды салыстырасың. Шалтабай құландай құрық тимес екі түгей жүйрік болғанда, Омарбек домбай-жабайы есек емес пе? Қаршыға мен құладынды салыстырмас болар, ақымақ! — Шалтабай селт етпеді. Менің сезімді сөйлеп жатыр-ау деп бұған көтерілмеді, қабағы да қатыңқы қалпымен қалды. Ал жаңағы соңғы сөзді айтқан дәу қара қарауында отырмын-ау деп Омарбектен айылын жимады. Омарбек шытынды, бірақ тіс жарып үндемеді. Қайткенде де оның көп ішіндегі бағасы айқындалып қалып еді.

— Ей, қойсаңшы, қыли, — деп Ағыбай қыли қараға бірдеме демек еді, оны анау таназарына да ілмеді. Қайта жауланып, қарланып, қамшысын екі бүктеп, бөркін алшысынан киіп, «мықтымын» дегендей талтайып тұрды. Ақназар жығылған орнынан тұрып, маған болысар кім бар дегендей шүңірек көк көзін әркімге тастап еді, оған Сәттен басқа ешкім қабақ көрсетпеді. Бәрі де ақымақтың сыбағасы сол деп отырған тәрізді. Сәт Ақназардың үстін қаққан болып, қолтығынан демеді. Ақназар тұра салып, жүгіріп барып қыли қараның жағасына жармасты:

— Сен қашаннан бері жетісіп қалып едің. Мені бақайдан қағатын кім едің? Әкеннің... — деп тереңнен бастап еді, қыли қара оның жағадағы қолын қағып жібергенде Ақназар етпетінен кетті. Ақназар да бойы сұңғақ, үңірейген аш көзді, бірме-бірге болмасын дейтін, кедудесін бермейтін кісі еді, қыли қараның жанында адам болмай әруей болып қалды. «Жығылған күреске тоймайды» демей ме қазақ, Ақназар

әлі жетпейтініне көзі жете тұрып тағы жүгірді. Енді ол үшінші рет жалп түскенде, соған жақын біреулер болуы керек, екі-үш адам қыли қараға жабыла кетті. Төртеуі қыли қараны қоймас болып жығып салып тепкілей бастағанда оның да мияттары, медет берерлері, медеу боларлары табылды. Бұрынғылармен олар да жағаласып, жұдырық, қамшы салысты. Орнынан тұрған қыли қара қасаласқан қарсыларының әрқайсысын әр жаққа лақтырды. Жеке келгенін шыдатпады. Ауыздары қан жалап, әр жерде құлап жатты. Енді көріне көзге екі жақ Дулат, Шапырашты болып төбелес салмақ болғанда араға Ағыбай келіп түсіп еді. Оның ұзын, бірақ сирек, он тал сақалын біреу сұқ саусағына екі орап пәрмендеп тартып қалды. Сақал қылиды жақтағанның қолында кетті. Жаңағы епті қол құтсыз, жабайы қамыс мысығының мұрттыдай жебені жұлмақ еді, ол қолға жуғарақпанда іліне қоймады. Енді Ағыбайдың он тал сақалы орнынан шып-шып қан шықты. Жағы аласарып, кемпіриектеніп қалды. Дикандар жаңбыр аз жылдары аласа өскен тарыны оруға келмегендіктен жұлып алушы еді, енді Ағыбайдың иегі тарысы паясымен жұлынған айдаудай болып тұрды. Ағыбай ағасы сақалынан айырылып, қызыл иек қалған соң қасқараулар намысқа шапты. Біреу «Бұқар, Бұқар» деп айғай салып еді, Омарбек жанынан «Қарасайлаған» біраз адам төбелеске тұра жүгірісті. Сөйтіп қып-қызыл төбелес, сайсары жағалас болып кетті. «Қарасайлаған» дауыс шыққанда Шалтабай жағындағылардың бәрі орындарынан атып-атып тұрып еді, жанындағы Сәкебайды нарты етегінен басып отырғызып қойды. Шалтабай жігіттері қайта дым бола қалды. Ел болып, қазан көтеріп, хан сайламақ болып отырғандардың бұл ұрыс-керісі Шалтабайдың ызалы күлкисін келтірді. «Ел болатындардың сұрын» деп күбір етті. Егер осы бір сәтте мылтық атылмаса, бұл сабалас кешке дейін созылар ма еді, қайтер еді. Мылтық дауысы шыққанда алысып-жұлысып, сабаласып-қарбаласып жүргеннің бәрі жата қалысты. Жан керек екен. Көпке дейін ешкімнен үн шықпады. Сәлден кейін естері кіріп, абайлап біртіндеп орындарынан тұрып, қайта керілдесіп келе жатыр еді.

— Қойыңдар, енді! Қайсың қимылдасаң атып тастаймын, — деген қатқыл дауыс естілді. Мылтық атқан да, «қойыңдар!» деген де Сматай екен. Қара барқыт жағалы түйе жүн шекпені, басында бай баласының жаңа тұрғызған, дөдегелеген отауындай ақ киізден тышқан із салған қалпағы бар, қара сұр кісі екен. Жаңағы бір алас-күлес жағдайға қапылатты ма, әлде өзі де осылай түнеріңкі ме, әйтеуір түтігіп кетіпті.

— «Итті күшігім десең аузыңды жалайды» деген. Еркінш барады ғой, бассыз иттер. Немене бастарың екеу ме еді? — Ол сөз шамасы Ақназар мен Қылиға арнап тұрса керек-ті. Бірақ Қылиға қатты кетіп:

— Күш Қодарда да болған, қыли неме! — деді. Қыли одан да айылын жимады, қайта оны тағы қауып тастады.

— Қодарды көрсетермін сендерге! — Сматай сөйлеген соң тыйылды ма, әлде жаңағы жұлықта іштерінен ышқысы шығып, арыны басы-

лып қалған ба, әйтеуір енді ешкім желігіп, желпендемеді, бәрі аузын бұған өгіздей үнсіз қалды. Бірақ біріне-бірі жат ауылдың бұқасынша қарап, алакөзденіп отырғаны хақ еді.

— Бастай бер, Ағыбай! — деп бұйырды Сматай. Омарбекте үн жоқ. Шіреніп, сызданып, жамбастап жатыр.

Ортаға Ағыбай қайта шықты. Енді бұл бағанағы ұзын, он тал сақалы бар, иман жүзді Ағыбай емес, құмырсқа илеуіндегі бір түп жусанды біреу жұлып әкетіп, илеу үстіне бір шелек құм төгіп кеткендей қан жалаған иекті, алакөз кісі еді. Төбелеске араласпағандар Ағыбайдың ендігі сақалсыз сұрын көріп жымың-жымың етісті. Қылиды жақтағандардың да жаны кіріп отырғаны сөзсіз болатын. Садаптан осының бәрін көріп куә болып отырған Шалтабай тобы тыбыр етпеді, мылтықтары, аттарының шылбыры қолдарында.

— Ағайын,— деді Ағыбай,— Омарбекті хан сайлайық, осыған плтуаласайық.— Омарбектің төңірегіндегілер:

— Болсын, болсын! — десті. Бола салды. Оп-оңай.

— Ал ендеше, ханға уәзір сайлау керек. Бас уәзір Сматай болсын! Бұрын бәрімізді басқарып келді. Тағы да «болсын, болсын» көбейді. Бола салды. Оны нақты кім айтқаны белгісіз. Осы бір сәтте беткейдің жоғарғы жағында жантайып жатқан Омарбекке жан бітті. Ол басын көтеріп отырды. Сматай орнынан тұрып Омарбектің басындағы құндыз жекейін алып тастады. Бір қоржыннан қызарған бірдеме алды. Төбесі мұнарадай, екі жағындағы құлақ үстіне келер етегі делдиген мұрақ алып, оны сілкіп, Омарбектің басына кигізді. Шамасы хандар киер тәж таппаған болса керек-ті. Жаңағы қоржыннан тағы да қызарған бірдеме шығарды. Шапан екен. Көнетоз қызыл шапан. Бірақ үстіне кигізгенде байқадық, белі қынамалы, екі жеңінің ұшы бүріскен әйел киімі. Дұрыс-ақ, кіреуке тон, басқа киер тәж, қолға ұстар музей болмаған соң, әйтеуір хан тұқымы қызыл киюші еді ғой десе керек, Омарбек хан қынамалы әйел бешпентін, басына мұрақты киіп, қып-қызыл хан болды.

— Ей, Құрамыс, хан болу оңай екен ғой, үйде біздің қатын-ның былтыр тіктірген қызыл борлат көйлегі бар еді, әкеліп берейін, киіп алып, сен де хан бола салсаңшы,— дейді Жалбық маған. Біреу естіп қоя ма деп жаным шығып барады. Сөйтсем Жалбық оны көбейте түседі:

— Құдай ақы, мына хан бешпентшен ескі емес үйде леген де бар.

— Легенің не?

— Кәдімгі ет жерде қол жуатын жез леген. Мына ханың таппаған тәжді анау Жандосов колхозында Әбдіқасым деген зергер, данғайыр ұста бар. Өй, сен күлме. Ол кәдімгі өзіне-өзі сұқтанған Шыбыл Боқтыбай ұстаның немересі. Соған жез легеннен тәжіңді ойғызып беремін. Ол жезінді сом алтыннан айырғысыз етіп жалтыратып жібереді. Ал анау Алмалы Долаңқараға бір барып келсем, мүсейін

де әзір болады. Онда атақты Қалдыбек бақсының асатаяғы бар десеңді. Е, оның асасы не, мүсесі не, бәрібір біраз ұстаған соң екі қолың тотыяйындағандай болып көкпенбек болып шығасың. Сонан соң хан болмағанда нең қалды.

— Ей, қойсаңшы, Жалбық,— деймін мен аналар естіп қоя ма деп қорқып. Жалбықтың сөзін Шалтабай естіп отыр екен, күлімсіреп барып, езуін жиып ала қойды.

— Ей, шын айтам, Құрамыс, қызыл шапан табу деген не, ұрыға. Кез келген қатынның үстінен сыпырып алмаймын ба, сен де хан бола сал!

Жұрт хан басындағы екі құлағын үстіне қарай иіргіп жасаған, төбесі биік қалпақты, үстіндегі қатын бешпентті тамашалап қалғанда, бір жігіт шеттен ораулы бірдемені көтеріп әкеліп ортаға жайды. Бұл қалугі «жабу астында жал қалады, жал қалмаса жан қалады» деп жасалған тозған, бір кезде әдемі болған атжабу. Аттың құндыздығына келер жер сүйірленіп тұр, екі құлағының орыны алақандай тесік. Аттың сауырына лайықталып, кесіп-пішілген жері жерден көтеріліп, әкелген жігіт тегістейін деп алақандап қанша сипаса да болмай, астында тасбақа жатқандай томпайып, о баста неге арналғанын жасыра алмай жатты. Атжабу сүзіліп, жұқарған екен, өзі де арлаған атқа көп жабылған, сарғыш тартқан. Жабу шамасы қысқы жабу емес, бәйге атына арналған жазғы жабынды. Мұны жабу демей жамшы десең де болатындай, жұқа.

Сматай мен Ағыбай Омарбекті сүйіп орнынан тұрғызды. Енді әйел бешпент анық байқалды. Бешпенттің қынтиған белі жуан қарынға жуыспай кейін қаша береді. Тоза бастаған, өзі қоржынға салынып мыжылған мұрақтың екі мүйізі де шаршаған есектің қайшылаған құлағындай салпылдап тікейіп тұрмай-ақ қойды. Омарбек құяны ұстаған адамдай орнынан эрең түрегелді. Бұрыннан дайындап, қалай көтеруді үйретіп қойса керек-ті, төрт жігіт екі қолдарын ұстасып, Омарбекті көтерді. Екі жігіт артынан сүйеді. Сөйтіп оны енді екі қолтығынан Сматай мен Ағыбай демеп, атжабу үстінде түрегеп тұрды. Он шақты жігіт атжабуды тік көтерді. Жігіттер киізді көтерерде отыру керек екенін Омарбек білмеді. Сонымен үлдіреген киіздің хан аяғы тұрған жерлері ыдырап тесіліп бара жатты. Он жігіт ханды көптің алдынан көтеріп өткенше тесілген жерден оның екі аяғы жерге салтақтап, киізге құйрығы тиіп тұрды. Жерге тимеген екі аяқ үрлеп, кепсін деп байлап қойған бүйендей қалтылдайды. Аяғында бастама көрпілдек былғары етігі бар екен, бірақ жаз күнінде не үшін керек болғанын кім білсін, етік ішінен киген киіз байпақтың қонышы тізесін жауып тұрды. Ол көргендерге мені киген кісі хан емес, жай ғана ауыл арасындағы қибасар, көп тентектің бірі деп Омарбектің кім екенін көпке жариялағандай. Жігіттер хан көтерген ақ киізді «атжабуды» жерге қоймақ болғанда жабудан бұрын Омарбектің екі аяғы жерге тиді. Атжабу жерге түсірілген соң, хан екі көрпілдек етігін тесілген киізден зорға шығарып алды. Көрпілдек бастама етік де-

генді көргенің бар ма, інім? Бұл заманға оның бірлі-жарымдысы ғана жетті. Қазір етіктің әдемі болуы үшін басы бір бөлек, кейде сірісі бір бөлек, қонышы үшінші бөлек былғарыдан жасалады. Ертеректе етіктің қонышы, басы бітеу бір-ақ былғарыдан қалыпқа ұрылатын. Сондықтан ол қазіргідей алқымы аяққа жабысып тұрмай бос тұратын. Бастама көрпілдек етік деп соны айтамын.

Шіркін бақыт дегенің қонайын десе қиын емес екен, Омарбек бандылардың «болсын, болсын» дегенімен-ақ хан болып, қоқиланып, айбарланып, жалауланып шыға салды. Тіпті аяғын бір басарға ерініп, киіз үстіне отырудың өзі қиын-қыстау болды. Енді анау отырған аузымен құс ұстаған жүйрік, ауыздыға сөз бермеген шешен, бұрын Қастек жеріндегі құдайыңыздың өкілі, дәретсіз жер баспайтын мүлгіген қажы Шалтабай қазір жүгіріп келіп, мына Сматай мен Ағыбайша алдиярлап, қос тізерлеп, құлдық ұрып тұрады деп ойлады. Осыларды ойлағанда мына мың ат шауып өтсе, мыңқ етпейтін Шөлқопаға сыймай, қатынның, қызыл бешпентін жарып жібере жаздап тұрды.

Ол отырған кезде Шалтабай орнынан қарғып тұрды. Оның адамдарының бәрі орындарынан қымыз құйған шыны ыдыстың тығынындай атып-атып кетті. Бәрі сол қолымен атының тізгінін қайырды. Шалтабай ортаға қарай жүрді. Осы кезде Омарбектің жүзі албырап барып, бір қуарып, бір қызарды. Ол шынымен Шалтабай өзіме бас қойып, құлдық ұрады деп ойлап, қуаныштан жанын қоярға жер таппады. Жұрттың бәрінің көзі Шалтабайда. Қалай-ақ қажы дөңкеуде Омарбектің аяғына бас ұрмақ деп, шыдамсызданып тұрғандар да бар. Сөйлегенде төңірегін жеміріп, бәрін жеріне жеткізіп жіберетін қаусырма жақтың бұл кезде жүдеп, пышақ жанығандай болып қалғанын жұрт байқады. Тұрмыс адамды билейді. Сол тұрмыс, жағдай енді Шалтабайды Омарбектің аяғына жығады. Ал жалпы, інім,— деді Шұнақ шал,— тұрмысты адам билеуге тиіс. Өзін-өзі қор қылатын адамның өзі. Тұрмыс ешқашан адамды билеп көрген жоқ. Тұрмысты жасайтын адамның өзі, оның екі қолға бір бейнеті, оны билейтін қолындағы күрек, таза, пәк жүрегі. Сол күрек әмірін дәл басқан кісі, жалқаулықтан асқан кісі ешқашан тұрмысқа билетпейді Тұрмыс билеуге жаралмаған, ол адамға қызмет қылуға жаралған көрдің бе, інім, Құрамыстың сөзін бұзып, өзімдікі соғып кеткенімді сонымен деді Құрамыс,— Шалтабай ілгері тағы екі-үш қадым салды. Жұрт сілтідей тынды. Не болар екен деген жаудыраған көздер. Шалтабайдың әрбір қимылын бағдарлап, сүтіндеп қалып еді. Омарбек те дәмегөйленіп қажының аяғына жығылғанын көрмекке, егер ол аяғына жығылып, тізерлегендей болса, оны ұшып түрегеліп, өзі орнынан тұрғызуға әзір отырды. Жоқ, олай болмады. Шалтабай тағы бір-екі қадым салды да, сәрудей сыптып тұрды. Сәлден кейін сөйлеп кетті:

— Ей, Омарбек, мен сендер тәкбірлесейік, кеңесейік деді деген соң келіп едім. Сен әлі кеңес дәрежесіне жетпепсің. Мен сені бұрынғы

дөкір Омарбек емес, қуғыннан-сүргіннен ақылы кірген, ақылының кем-кемтігі жетілген, елге аға да, панада болатын Омарбек деп келіп едім. Сен баланың ойыны, әлде бақсының жыны екені белгісіз, есі бар түгіл, есалаң адам істемейтін тебірлік-тоғышарлық бірдеме жасап жатырсың. Нақ осы жерде еріксіз күліп жібердім деді Құрамыс, өйткені оны құдай соққан, сайқымазақ Жалбық маған қарап қатындарша бетін шымшиды. Теріс қарап күлкімді зорға басып, бетімді қайта Шалта-байға бұрдым. Ол бұрынғы әдемі сарынына, дауыс ырғағына жаңа түсе бастады. Сен бүгін,— деді Шалтабай таққа отырып хан болудан гөрі, қып-қызыл қан болмасынды ойлауың керек еді, бас боламын деуден гөрі, басынды сақтауыңды ойлауың керек еді. Өне, ажал босағанды қағып тұр. Төреде отырып төре боламын деуден гөрі шөре-шөре болып, қата ешкідей қатып қалмасынды ойлауың керек еді.— Осы жерде тағы күліп жібердім. Жалбық Шалтабай «әне, ажал босағанды қағып тұр» дегенде етігінің табанын екі бүктелген қамшысымен қағып-қағып жіберді. Сонан соң Жалбықтан жүзімді бұрып теріс қарап кеттім. Шалтабай жерді жеміріп сөйлеп тұр.— Қазір бізге төре болу, төр не керек. Қазір бізге төрден көр жақын емес пе!? Сен ертеңгі күннен гөрі ендігі сағатты, ендігі минуттыңды ойлауың керек емес пе? Әр минутың ажал әкелуге, аждаһадай жұтуға әзір тұр емес пе. Сен соны ойладың ба? Үйдің іші ала болса, кереге бас сайын пәле болады дегенді білсең етті. Тілге келмей тітіреніп, бір күн үшін дос болып, бір сөз үшін жау болатын, ақыл-парасаттан ада, күнкөріс үшін күнелткендермен, өңкей өнез телімен қанша алысқа барасың. Адымыңды алысқа салудың орнына сен тізгініңді қысқа ұстайсың. Ең болмаса төңірегіндегі тобырдың бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарғанын көре алмай отырып хан болмақсың. Сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын заман болды, екі көзіңнің бірі, егізіңнің сыңары қазір сені сатып кетуі әбден ықтимал. Рас, қасыңа іребдел, сайдауыл жігіттер жинапсың. Бірақ «бай бір жұттық, батыр бір октық» қой. Сайгез оқты сырқыратып, кірістен жебе жіберетіп атамның заманы атам заманда өткен. Қазір адам соғыспайды, темір соғысады. Қазір қол көтеретін шоқпарды ғана белге қыстырсаң да оныңтан түк шықпайды. Қазір қол соғыспайды, қазір ми соғысады. Сен Совет өкіметі дегеннің кім екенін білемісің. Ол сенің нақ жаныңнан шығуы мүмкін.

Омарбек қатты қопақтап қалды. Шамасы Шалтабай сөзінен қорқып арқасы шымырлап кетті деп отырдым. Сматай жер шұқып, төмен қарап тұқия түсті. Топырақтың арасындағы шөре-шөренің ұясынан «шөре-шөре май берем» деп шөптің сынығымен ұя ішіндегі құртын іздеген балаша шұқиып отыр. Шамасы Шалтабай сөзі өңбенінен өтіп, сүйегін қауып тұрғандай. Ағыбайдың екі қолы иегінде, жұлынған сақалы орнында, қайта-қайта сыйпай береді. Шалтабайдың тілдемей-ақ тіліп түсіп жатқан сөзі мұны да же-гідей жеп жатса керек.

Шалтабай сөзін соза түсті. Сендер Совет өкіметін білмейсіңдер. Ол сеніңжаныңнаншығады, --- деп қайталады ол менің жаным мұрнымның

ұшына келгендей. Сұмырай Шалтабай не мені, не Жалбықты біліп алып соғып тұрмасын деп қуыстанып барамын.— Қазір қасыңдағы қатының қара танымай тұрып-ақ жыланша жорғалап Совет өкіметі жағына шығады. Өйткені оның адамдары жәдігөй, сөзі жағымды, ағанды, інінді өзіне айдап салады. Сен жалған дүниеде жалпақ басып жүрмін деп ойлайсың. Аяғыңның асты жанағы өзінді көтерген ақ киіздей ыдырап, морып тұрғанын байқамапсың. Табаныңның асты тұңғиық теңіз қия бассаң жылымға кетесің. Тантықтық ісінді жауға үйрет, ақымақтық сөзінді қарға жаз. Сенімен нараду, келісім табамын деп адасып, алжасып келіппін, сенімен қарарға келе алман. Сен Совет өкіметін әлі білмепсің. Сен оны бөрікпен ұрып алатындай көресің. Біз Совет өкіметін құлату үшін емес, бір күн жарық дүниеде жүру үшін, басымызды күйттеп қашып жүрміз. Ал сен әлі дәмелі екенсің. Оның есекдәме. Совет өкіметі сен ойлағандай Қастек ауданында ғана тұрған жоқ. Оның ауаны да, ауқымы да кең, үлкен. Ол осы уақытқа дейін сені мен мені құртып жібере алмады деп ойлайсың. Жоқ, олардың екеуімізден гөрі ауқымды, орасан зор ісі бар. Енді кезек бізге келеді. Күліміз көкке ұшады. Енді оның құрығынан құтылу қиын болады. Сен жаның мұрныңның ұшында тұрғанын сезбейді екенсің. Ал мен кеттім. Сен нарт боламысың, мәрт боламысың, жоқ мерт боламысың мен сенімен бір бола алмаймын. Екеуіміз бірігіп жүре алмақ емеспіз. Мен Совет өкіметіне көп қиянат жасадым, қалқозының малын таладым, адамдарын үгіттеп ертіп кеттім. Қылмыс істедім. Мен сол қылмысымнан қашамын, жарық дүниеде жүргім келеді. Сендермен бір болмаймын, маған дуыңның да, туыңның да керегі жоқ. Қош!

Шалтабай соңғы сөзін айтқанда адамдары ат үстіне қонып болған еді. Бозат көлденең тартылған кезде олардан бес атты бөлініп ұзаққырап барып, ат үстінде мылтықтарын Омарбектерге қарай кезеніп тұрды. Сонан соң қалғандары оларға жеткенде бәрі қосылып, шыбын-құйын болып, тура темір жолға бет қойып шаба жөнелді. Алысты көздеп үйренген қазақтың жіті көзі олар сонау жиырма шақты шақырым келетін темір жолдан өтіп кеткенше көріп отырдық.

Інім, мен Шалтабай сөзін естігенде япыр-ай, мына байқұс шал басында шатасып қалып, енді қайта тарта алмай жүр екен ғой, Совет өкіметін мойындаған екен ғой деп ойлап қалдым. Өйткені Құрамыс оның әрбір сөзін дәл ұғып, басыма ұстап, сізге жеткізу үшін ындынымды салып тыңдадым деді. Бірақ Шалтабай ол әккі, бірішек түлкі еді. Ол Омарбек сияқты дәнкеуде адамның жиған адамының арасында Совет жансыздары бар болар деп, сөздің біразы шындық болса да, елік-тіріп те айтатыны сөз жоқ еді. Ол айтада, бағдарлайда білетін. «Мынау байқұс Совет өкіметін түсінген екен, кеш түсінген екен» деп айтқызбақ, ойлатпақ еді. Шынында да Совет өкіметімен, Ленин идеясымен көз аштым дейтін менің өзім де иланып қалып едім. Оның үстіне бандылар абаданының басқа бір есебі де болуға тиіс. Ол бұдан былай ел шауып,

жұрт тонағанда «жоқ, Шалтабай оны істемейді, ол солай деген» дегіз-гісі келген. Ол қай жолмен болса да бізге ол әңгіменің жететінін білген еді. Сондықтан да айтқан сөзінде шындық бола тұрып, түлкі бұлаңын да ұмытпаған еді.

Омарбек пен Сматай тобы,— деді Құрамыс, одан әрі қарай сөзін жалғап,— естерінен танып, есенгіреп қалды десем де болады. Олар сен соққандай, көпке дейін есін жинай алмай, сүлесөк отырды. Тізе бүгіп аяғыма жығылады деп отырған Шалтабайдың қашып, қашқын атанып, көрінген аттыдан қорқып, ел тонап, жер шолып жүргенде де есі екеу, түсі төртеу болмағанына, әлі де Омарбектердің ақылы жетпеген жерді шолып қайтып жүргеніне танданбай қала алмады. Тіпті бір шамаға дейін біреу біреуге тіл қатпады. Шалтабай сөзі бәрінің-ақ жүйе-жүйесіне түсіп, бәрі де алдағы күніміз не болады деп даққа кетті. Өкілдеріне әр нәрсе қонып, өз жүрістерінен өздері шошыды. Мен, деді Құрамыс,— деп шұнақ шал құнжындап, оң иығын ілгері бір қозғап қойып әңгімені жалғастырды,— бандылардың араларына қалай от тастап, алалық туғыза алмай отырғанымда Шалтабай сөзі әжептәуір қамшы болды. Бәрі ұйлығып отырған жерлерінде біреу етектерін әлі келмейтін батпанмен бастырып қойғандай қозғала алмады. Ханымыздың бағанағы әр сөзінің арасын бір минут созған, кергіген әуірі жоқ, ішінен желі кеткен қарындай солып, ұнжырғасы түсіп кетті.

— Ханымыздың әуселесі белгілі болды,— деп сыбырлады Жалбық Құрамысқа.

— Шұрқ етпе, бірсікүш осы уақытта көресің.— Көптің үн-сіздігін тағы да қыли қара бұзды:

— Ол бәрін біліп тұрған, бәрін сезіп тұрған Шалтабай ғой. Аңғыртқа ұшқан сорлы біз ғой. Босқа сорлап, елден безіп жүрміз. Қыли соқыр көзім ашылып қалды ғой, «палуанмен күреспе, күштімен тіреспе». Бастарыңа қыстау түседі, күлемге сөз боласың, масарапазға мазақ боласың деп кетті ғой Шалтабай.— Омарбек қыли қараға басын көтермеген күйі көзінің астымен қарады, жеп қоя жаздап жаман қарады.

Қыли сөзінен кейін Омарбек орнынан зорға тұрды. Бағанағы арыны жоқ. Танауының астынан ғана Сматайға бірдемені міңгір етті. Сматай дауыстап

— Атқа қонындар! — деп бұйырды. Бәріміз аттанып, кешке қарай салқындай бастаған Шұбарбайталға шұбап кірдік. Ханды қайғы басты, әлде қара басты, енді желпініп, не кергіп сөйлеуді қойды. Шұбарбайталды өрлеп, Кеңсайға жеткенде күн де ұясына барып қалып еді. Көнсынулар кегеріп жайқалған қойнауға жайғастық.

Ұштағанның үстіндегі тайқазанда кешке дейін пісіп, былқып тұрған ет күндегідей жақсы желінбеді. Етті жақсы жеген Жалбық екеуіміз-ақ болдық. Кесек-кесек ет дорбалардың түбін көздеп жатты. Ет желініп болды-ау делінгенде екі кештің ортасында үш атқа ер тоқым салынды. Жігіттердің арасында сыбыр-күбір көбейіп кетті. «Омарбек

қызын бір жаққа жібермек көрінеді» деген сөз сыпсындап сыбырмен-ақ бандылардың бәріне жетіп еді. Мұның өзі де Омарбек төңірегіндегі жұртты аққудың көгілдіріндей қобалжытты...

Ерттелген үш ат қара тастың үстінде отырған Омарбектің жанына жетектеп апарылды. Омарбек аттарға қарамауға тырыс-қандай жерден көзін алмай отыр. Бұл аттар екі кештің арасында неге ерттелгеніне жігіттердің бәрінің де көңілі ауды. Не болар екен деп, біріне - бірі айтпай, бәрінің де бір көзі, бір құлағы осы ерттеулі үш ат жақта еді. Тоқымы ұзын, тіпті салпылдаған, артына қызыл шұбар қоржын бөктерілген атқа Омарбектің қызы Зәбира мінгізілді, жанындағы аттарға Омарбектің кебісін салып, шапанын кигізіп жүрген, жиырманың ішіндегі қылшылдаған жас жігіт мінді. Омарбек қара тастың үстінен ауыр көтеріліп тұрды да, қызының жанына келді. Ол сұрланып, қаны қашып сәл үнсіз қалды да, ақыры жылап жіберді.

— Балам, қыз болсаң да ұлдай қылып өсіріп едім. Өзің де маған ұлдан кем қызмет қылған жоқсың. Біздің күніміз бүгін бар, ертең жоқ. Құдай бет алдыңнан жарылқасын! — Омарбек бүк түсіп, қара тасқа сылқ отыра кетті. Әрине, нартының қызымен қоштасуы қашқындарға ауыр болды. Бәрі де әр жерде көзтүрткі болып қаңғып жүрген бала-шағасын ойлап, мұнайысты. Кейбірі көзіне жас та алды. Әркім өз жарасын сипайды, әркім өз қышыған жерін қасиды. Біреудің қайғысы қашанда екінші біреудің күндігін қозғайды. Өзің жаралы болмай біреудің жарасының ауырғанын сезбейсің. Омарбектің қызының аттануы осылай жүргендердің талайына-ақ ой салды. Мұны көрген соң бір сөздің ұшығын шығардым және қанын шығара, қайғылана естірттім:

— Менің шырақтарым қандай халде жүр екен? — Әрине, күрсініп, торығып айттым.

— Ой, шіркін-ай, замана-ай, десеңші, — деп екі-үш жігіт қатарынан дыбыс шығарып, күрсініп-күрсініп жіберді. — Бұдан да, бүйтіп қашып жүріп май қапқанша бала-шағаммен атала ішіп, бірге болғаным абзал еді ғой. — Мен бұдан әрі тереңдетпедім. Бәрінің ішін бұлан-талан ету үшін бала-шағаны естеріне салдым да қоя қойдым. Жігіттердің көбі-ақ мұнайып, тұқшындап бірдеме істеген болып, теріс айналып, көздерін сүртті. Маған бұдан арғысының керегі жоқ, тек ой салып қою керек.

Үш атты күн батысқа бет түзеп, аттарын қамшылап, ылдиға түсіп жөнеді. Нақ осы бір сәтте Жалбық жайдақ атқа қарғып мініп өрге қарай аттанды. Бұл қайда барады деп таңданып қалдым. Таудың, сайдың бәрі алақанындағыдай белгілі, жол алған ұры бір төбені айналып, Шұбарбайталдың аузына шығар жотаға жетсе, үш атты кеуделетіп, жүріжолға түспей Қордай асуына төтелей бет түзепті. Ә, бетің Қырғыз екен ғой деп қайтып келіп, маған айтты да, ұйқыға кетті.

...— Ойбай бауырым, қайран бауырым! — деген күңіренген дауыстан бандылар дүрліге түрегелсек, арыстай болып кешегі Ақназармен қағысатын, көзінің шапыраштануынан өзінің Қали аты ұмытылып,

Қыли атанып кеткен дәу қара жігіт арыстай болып өліп жатыр. Он шақты жігіт төңірегінде бетіне қарап қойып ойбайлап тұр. Күн көтеріліп, арқан бойы барып қалыпты. Жерге түскен шық та кеуіп кетіпті. Мұндайда жұрттың бәрі де жиналып қалуы керек еді, көп ешкім жоламайды.

— Не болды? — деп барып Жалбық ұстап көрді. Денесі сұп-суық. Түннің бір шамасында өлген. Жалбық Қылидың жейдесінің түймесін ағытып жіберіп қараса, тамақта қолдың ізі қалыпты, көкпеңбек. Буындырып өлтірген. Сөйтсе Жалбық оны бүгін түннен тірі шығармайтынын шамалаған екен. Бірақ ескертуге болмайды, онда өзі ұсталады. Жалбық Қылидың жейдесін жыртып жіберіп жігіттерге әдейі қолдың табын қайта көрсетті. Іштен біреу өлтіруі мүмкін деген басына келмеген жігіттер бұған түсіне қоймады. Алысырақ отырған Омарбектер естімесін деп Жалбық буындырып өлтірген дегенді ымдап көрсетті. Содан кейін жігіттер жылауын пышақ кескендей тыйып, түнеріп, іштеріне қандары қатып қалды.

— Бірдеме шағып өлтірген ғой, — дейді Омарбек бүлк етпестен.

— Бәріміз де өлеміз ғой, — дей салды Смағай.

Таудың үсті тас, жігіттер үшкір таспен жерошақтай жерді зорға қазып, қолмен тазалады да, Қалидың бетін жасырды. Қылидың дүниеден кетуі менің жұмысымды әжептәуір жеңілдетті деді Құрамыс маған. Шырағым, — деді шұнақ шал, — қымызың тұнып қалды. Араластырып берейін ішіп қой. Мен қымызды ішіп, тұшырканып, аузымды сүрттім. Сонан соң бетін жауып қойған дастарқанды ашып, жапырақталған еттен бір кесегін алып, қарпыта шайнадым. Менің ет шайнауымнан да Шұнақ саясат жасады: — Сен ашуланып отырсың ғой, құшырлана шайнауыңнан біліп отырмын.

— Ия, — дедім мен бұл жолы ішкі сырымды жасырмай.

— Солай болуға тиіс, сенің қай жағына ауып отырғаныңды шамаладым. Партия саясатын жүргізетін адам солай болуға тиіс. — Шұнақ қайтадан Құрамыс әңгімесіне ойысты.

Түске дейін Қылидың өлімімен айналысқан жігіттер түстен кейін қос басында болды. Күн бата қоймады. Дегенмен күн еңкейгенше де талай сөздің басын шалдық. Кеш басталып, ымырт жабылды. Айдың кешесі, көзге түртсе көргісіз. Мен де, Жалбық та көзіміз қараңғыға үйренген қазақтармыз. Тіпті осы отырғанның бәрі де біз сияқты айсыз түнде жолды оймен, жұлдызбен түсінетін мал баққандар. Кеш алдында Жалбық екеуіміз кешке жігіттермен сөз жүргізуге келістік.

Жігіттер іңір қараңғысында-ақ қисаяды да, бозала таңнан тұрып алады. Бүгін де ерте жатты. Жылы жату үшін біріне бірі жамбас тиістіре жантайды. Тас жастанып, мұз төсеніп дегендей бұларға кез келген жер тесек. Әңгіме нақ осыдан басталды:

— Қазір жаздың аяғы. Жазда кез-келген жер төсек. Ертең қылышын сүйретіп қыс келгенде қайтеміз. Біреу емес, екеу емес, осынша кірмем-бес қайда сиямыз. Сендер осыны ойладыңдар ма? Қысты ойласам ба-

сыма қыстау түсіп қазірден жаураймын,— деді Жалбық. Шетте жатқан Құрамыс сөз қосты:

— Шалтабайдың артық адам алмайтыны осы шығар.

— Ей жігіттер, Шалтабайың терең бе деп қалдым. Ол біздің абаданымызды жермен жексен етті ғой,— деді Жалбық. Бұл жолы Жалбық ханды абадан деді, ендігіде төбет дері хақ еді. Ол басын өп-өтірік көтеріп,— ойбой, құрысын інге кіре алмай жүріп құйрығыма қалжуыр байлап, Қыли мүскіннің керін киіп жүрмейін.

Осы жерде мен не болса ол болсын деп қойып қалдым.

— Бәріміз де Қылидың бір күні кебін де, кебінің де киеміз ғой. Бір сөз айттың деп қыра берсе, одан азар болса соттар, тірі болатын түрменнің өзі жақсы емес пе? Оның сабағатын Омарбегі, сабайтын, өлтіретін Ақназары жоқ.

— Ей, ағатайлар, мен кеше ғана келдім ғой. Кеше келіп, бүгін кетуге ұялып отырмын. Мен мына ханыңнан да, қан сасығандарыңнан да қорқайын дедім. Мен өзім аузым жеңіл сорлы едім, бір сөз айтып қалып, ертеңіне тамағым көкала қойдай, көк шымшықтай болып өліп жатсам, онда қайда өлудің бәрі бір емес пе? Мен мұнда өлмеу үшін, жан сақтау үшін келіп едім, енді әр минут сайын өміріме қауіп төніп тұрса, сонда мен не таптым?!

Жалбық осы сөздерді айтып, сәл аялдады. Жігіттердің ау-жайын байқайын дегені. Менде де үн жоқ. Сәлден соң жігіттердің бірі:

— Ей, байқаңдар, жігіттер. Жидіп қалып жүрмейік,— деді.

— Жидімеу үшін кетемін. Қыли байқұс бір жұдырық сала алмай бок басында, арманда кетті-ау. Сендер өздерің білесіңдер, жігіттер, мен өзім енді ауылыма кетемін,— деді Жалбық.— Ит болып бекер-ақ келген екенмін.

— Менде кетем, ағатай. Мені тастай көрме дедім мен жалбарынған болып Жалбыққа. Жігіттердің егделеу бірі басын көтеріп алды. Жан-жаққа көз тіге қарады. Сәл басын көтеріп отырды. Тың тыңдады. Сонан соң қайта жатты да үн қатты:

— Балалар,— деді ол өзінің кекселеу жасын ескере сөйлеп.— Сен екеуің де зерделі жігіт екенсіңдер. Біздің көрген күнімізді итке берсін. Біз жетісулықтар басқаны ұмытсақ та қысты ұмытатын жөніміз жоқ, өйткені анау асқар Алатаудың басынан қар кетіп көрген жоқ. Соңғы күндері алда күніміз не болады деп ішкенім ірің болып жүрмін. Бір күні тұрмығымызды тістеп қалып жүрмейік.

— Қалай кетесіңдер? — деп тағы біреу елең етті.

— Ағатай мені тастамандаршы,— деді тағы біреу.— Біреу буындырып өлтіргенше ажалыманнан өлейін.— Жігіттердің әр жерден-ақ басы қамыс арасынан көрген құтан құлқынындай қылтындап көтеріліп, жиырма шақтысы қашпақ болды. Біз осылай тәкбірлесіп, кеңес құрып жатқанда, кеше хан сайланып, мейманасы тасып, алтын тақты басып

отыратын Омарбек қызын аттандырып, қырғыз асырып жібергеннен бүктүскенінен қайта жазылмай, тұрмай жатты.

Түн түнек. Ешкім ештеңе біліп болмайды. Бастаған Жалбық. Ең алдымен тұрған да сол. «Мен кеттім» деп сыбырлап, ер-тоқымын ала жөнелді. Осыдан соң-ақ кешікпей жігіттер біртіндеп түрегеліп, ер-тоқымын көтеріп, арқандап қойған аттарына барып ерттей бастады. Жылыстап, біртіндеп тұрып кеткендерге ешкім күдік келтірмеді. Түн ортасы болғанда жиырма шақты жігіт таудың тасын күтірлетіп, шабықтан от шығара шауып, қаша жөнелді. Тау үсті дүсірлеп, қатты ұйқыға кеткен Омарбек, Сматай, Ағыбайлар шошып оянды. Қашқанның бірсыпырасы олардың ат ұстарлары қосшылары еді. Әрине арттан қуғын болмайтынын біз Жалбық екеуіміз жақсы білдік. Шошып оянған нарттар не болғанын білмей көздерін уқалай берді. Олар мылтығын алып кезенем дегенше қашқындар ұзап кетті. Атқанда да оқ түнге тимесе, мыңға тимес еді. Өйткені аспан бұлтты, түн тым қараңғы болатын. Қашқындардың артын ала шапқан мен әдейі мүдәйілік жасап, айғайға аттан қостым. «Тоқта, атам, әкеңнің... Аттан, аттан!» — деген дауыстан қашқындар бұрынғыдан жаман зытты. «Аттандаған» дауыс олардан гөрі жатқандарға қатты естілді, қашқындар ұзап кетті. Гүрс-гүрс атылған мылтық даусы біразға дейін тынбады. Өйткені аналардың есін алу үшін оқты аспанға жіберіп тұрдым. Арада бие сауымдай уақыт өткенде ойбай салып қайтып келдім. «Қап әкеңнің... қолыма түскенде етін тірідей жейтін едім», «Қап иттің күшіктері-ай!», «Бәрі Шалтабайдың сөзіне елікті-ау!» деп жібердім. Бұл бандылардың басы бірікпеуіне жасаған айламы болатын. Одан әрі бармадым, сақындым. — Жиырма-отыз атты қашты. Колхоз боламыз деп жатқанын естіп қалып тұра кудым. Жете алмадым, әттең! Өйтпесе жер жастандыратын едім деп күйіп-пістім. Алдағыларды бездіре түсу үйіп, арттағыларға қайтып келу үшін мылтықты үстің-үстің әдейі аттым,— деп күлетін Құрамыс. Арттан мылтық даусын естігендер шынымен зытады. Бәрі сол күні-ақ әрқайсысы елінің ішіне барып сіңіп кетеді. Ол кездері кім қайда жүр дерің бар ма, оларды ешкім тексермеді де.

Бозала таңнан тұрып алған Омарбек пен Сматай кім бар, кім жоғын түгендеді. Екеуінің де қабағы түксиіп түсіп кеткен. Жігіттерді аралап жүрген Омарбек түнере сұрады:

— Әлгі ұры да қашқан ба?

— Солай шығар,— дей салдым мен. Бірақ Жалбықтың қазір келетінін біліп тұрдым. Айтқандай-ақ сәске түс болмай Жалбық жетіп келді. Жетегінде шемшірліктеп алған жуан торы аты бар. Шемшірліктегенді білуші ме едің, інім,— деді Шұнақ,— сен қазақ тілінің маманысың — журналиссің. Дегенмен ауылдан кеткеніңе көп болған, тіл айналысқан кәсіпке байланысты өрістейді, көзден ғайып нәрселер әбсін көріп жүрмеген соң есіңе түсе бермейді. Бұл сен қазақ тілін білмейді деп жатқаным емес, сөз қолданыл-мағанда тіл ұмытылады.

Сондықтан саған шемшірлікті айтып жатырмын. Қазақ өрістен атты кездейсоқ ұстаса, күні бұрын ат ұстауға әзірленіп бармаса, жүген, ноқтасы болмай қалмай ма? Осындайда шылбырынан уақытша ноқта түйеді, соны шемшірлік дейді. Сөйтіп Омарбек оны түгі сыртына жеки қарсы алды:

— Нағып қайтып келдің, жұқсыз ұры! — Жалбық оған айылын жыя қоймады:

— Алдияр, енді қайда бармақпын?! — деді қасқарып.

— Түнде қашып кетіп едің ғой.

— Қашып? Қайда қашпақпын. Іңірде сойыс әкелуге кетке-німді көріп едіңіздер ғой,— деп мойындарына Жалбық қиып сала салды.— Хан иемнің қарыны ашпасын деп жүрміндағы. Хан тоқ болса, қарашысы да тоқ. Жалбық бұларды айтқанда міз бақпайды. Мен бір жерінен шиі шығып қала ма деп қылпылдап отырамын.

Інім, Жалбық сияқты адамдарды да пайдалану керек болды, ол кезде,— деді Шұнақ. Кейін ол колхоз басқарды. Жандосов Махмут Қожамияровты да осындай жолдан алған. Кейін қандай сырбаз қызметкер болып еді, ол МТС директоры болды.

...Біз ол күні Жамантының аузында едік, інім. Түнделетіп жеткен Жалбық болған жайды, қай сайда екенін жеткізді. Бірақ түндегі оқиғадан кейін Омарбектер қонысын өзгертуі заңды еді. Біз оларды түске жеткізбей орнында баспақ болдық. Бірақ салт атты, сабау қамшылы адамды қайда жүр, қайда тұр дерің бар ма, қазір атқа мінсе, оясы толы жылқымен екі сағаттан кейін қырғыз асып кетуі мүмкін. Түнделетіп әскерді Шұбарбайталдың ауызына жеткіздік. Мақсат белгілі Омарбек пен Смағайды қолға тірі түсіру. Шалтабайдың Шұбарбайталда жоқ екенін білдік. Ол ыра төмен құлдилап Топар түсіп кетсе керек-ті. Біз таң белгі бергенде Шұбарбайталдың ішіне кіргенде Жалбық бізден қарасын үзген еді.

Біз адамдарымызды төртке бөлдік. Шұбарбайталдың желке жағынан шабуыл жасауға Ырысбек Сәрсенов бастаған жиырма адамды аттандырдық. Оның ішіне бұл маңның ұңғыл-шұңғылын жақсы білетін, Сарықамыстың көшегі ағайынды Дүйсебай, Қали Тоқановтарды қостық. Ал Қордай жағына Әбдіқадыр Бабажанов бастаған жиырма адам бөлдік. Оларға да тапсырма батыстан тиісуге, сөйтіп қайткенде де бандылардың бетін терістік-шығысқа беттету еді. Ал терістік мидай дала, ол жақта қамыс арасында адам бар. Шығыс жағы біз,— деді Шұнақ, қазір жаумен бетпе-бет келетін адамдай қагуланып.— Менің жанымда Омарбектің бұрынғы қойшысы Ұлтарак Байботанов бар. Біз осылай адамдарымызды тегіс реттеп, бандыларды құланды дөмбейілге айдағандай қыспаққа алмақ болған кезде Омарбектерге жеткен Жалбық бандылар ханымен болған жоғарғы әңгімеден кейін әкелген жуан торысының алдыңғы екі аяғын тұсай бастайды. Сонан соң артқы сол жақ аяғының бақайынан арқанды іліп алып, тұсаудан бір өткізіп, жуан

торыны жерге гүрс еткізеді. «Мұның не?» дегендерге «түнде ұстатпай қорлығы әбден өтіп еді» дейді.

— Ханға шеке ұстатамын. Хан сайлап алып енді оған бір бас бермегеніміз жөн бе, өзіміз де етке бір тоймағанымыз келісе ме? — дейді. Ішінен, әрине, «жерсің шекесін» деп тұрғанын Құрамыс түсінеді. Шынында ет жолсоқты болып келе жатқан, қазір бандылармен соғысағындарға дайындалмақ еді. Сонымен қашқындар ішек-қарын, қазан-ошақ қамымен болып бір-екі сағат уақыт өтіп те кетеді. Қазанға жілік-жілігімен салынған ет бір қайнаған кезде-ақ жаңа сойылған семіз жылқының сырбаз еті былқып, иісі даланы алып жағыр. Жігіттер үлкен кәкбірді қолына алып, сорпа бетінің көбігін сүзіп ала бастағаны жаңа еді.

— Бауырды тұздықтап әкеліндерші! — деген Ағыбай дауысымен желкеден, оңтүстік жақтан атылған мылтықтың даусы бірге шықты,— деді Құрамыс.— Мылтық даусының қайдан шыққанын білмей аңырған бандылар әйтеуір атқа міну керек екені ойларына түсіп, мылтықтарын алып аттарына жүгірді. Бауыр жеп, аузының дәмін алып, кекірігін майдан аздырып отырмақ нарт та, дүбір де бәрі байтал түгіл бас қайғы болып, сасып-салбырап етегін басты. Соның арасында енді мылтық дауысы батыстан да шықты, екі жақтан бірдей оқ қардай борады. Ет жеп, ермек құрып отыру түгіл, сопа басыңды тығарға жер болмады. Атқа мінген бірлі-жарымдылар артына қарай оқ шығарып, терістік шығысқа қарай қаша ұрыс салмақ болды. Арада азғантай уақыт өткенде-ақ сатырлатып мылтық атып, дүбірлетіп шауып қызыл әскерлер жетіп қалды. Сонан соң мен атымның жанына барып күйбеңдеп қалдым. Жалбық оқ тиген болып «жайрап» қалды. Одан кейін Омарбектер атына мініп тұра қашқанда бірге аттандым. Омарбек басында ыра төмен жұртпен бірге ат қойды да, тізгінін тарта шапты. Бір тұғылға келгенде атты шорт бұрып, сайды өрлеп оңтүстік шығысқа беттеді. Мен олардың артында едім. Омарбек пен Смағай, Ағыбай, Сәт бірге кетті. Омарбек маған бұрылып «бөлек кет» деді. Мен «сіз өлген жерде өлемін» дедім. Ол қайта сөз қатпады артына бұрыла беріп мылтығын маған кезеп басып салды. Мен ұшып түстім. Өлді деген осы ғой деп Қожанәсіршілеп жатсам тірі сияқтымын. Байқасам денемнің бәрі сау. Есімді жинап қарағанымша төрт атты жыраның басына шығып қалыпты. Мылтықты алып тартып қалдым. Арттағысы ат-матымен омақа асты. Байқасам Ағыбай екен. Шамдағай Смағай қайта айналып келіп, Ағыбайды миңгестіріп жөнелді. Тағы басып қалдым. Болмады. Үш атты төртеу белді асып кетті. Жүгіріп атыма келсем оң жақ шекесінен тиген оқ бассүйекті талқандап кетіпті. Атты бауыздап, қанын ағызып, бүйіріне пышақты бір тығып пыш еткізіп кеуіп бара жатқан іштен желін шығарып, мылтығымды асынып, аяндап қазан асулы тұрған жерге жаяулап жарты сағатта жеттім. Қазан сол қалпында бүлкілдеп қайнап жатыр. Мен қазанның астындағы отты қағыстырып, қайтадан ошаққа отын салдым. Ендік жаңағыдан гөрі маздап, жанданды. Үлкен кәкбірді қолыма алып сорпасының бетіне шыққан

қанды көбікті сүзіп алып-алып тастадым. Алысырақтан ыңырысқан дауыс естіледі. Қайдан шыққанын білуге құлағымды тіктім. Бұл жерде адам өлді деген ойым тұрмақ таназарыма кірменгі. Байқасам тіпті менен он қадым жерде екі адам өліп жатыр. Екеуі де қызыл әскер. Одан әрі бір дүңкиген біреу етпетінен құлапты. Аты белгісіз, жұрт әйтеуір оны Қарасарт ағандырып жіберген, бандит. Ыңырысқан дыбыс қайдан шығады. Қара қақпатастың астына үнілдім. Осы жерде жатып Жалбық Омарбектердің сөзін тыңдайтын. Біреу жатыр. Жылжып, ыңырысып, бері тастың үстіне шықпақ болады. Шамасы келмейді. Ағантай. Жүгіріп жанына бардым. Сылқ түсті. Бұл нағып қалды екен! Сматайдың атқосшысы еді.

— Ағам атып кетті,— дейді Ағантай. Есін жинапты. Оқ сол жіліншіктен тиіпті. Жанында аты да жатыр. Оқ аттың сол жақ құлақ шекесін талқандапты.

— Алда сорлы бала-ай! Сматай десе жанын беруші еді,— дедім өзіме өзім сөйлеп.

— Аға, ит болған екенбіз ғой. Олар бізді уақытша пайдаланған екен. Ол атына міне беріп-ақ, бірге кетпек болған мені бірінші атты. Онда қызыл әскерлер жоқ болатын. Тек мылтық даусын ғана естіген едік,— дейді Ағантай. Өрімдей жас жігіт. Жейдесін айырып алып, аяғының сүйектерін шықырлатып тұрып салдым. Ол қайта есінен танып кетті. Бір-бір қарыс үш-төрт ағашты алып жіліншікке бойымен бой етіп салып, жейдесімен қатты таңып тастадым. Ол көзін ашты. Мен жанымызда ағып жатқан бұлақтан бір жұтым су бердім. Ол қайта көзін жұмып ұйықтап кетті.

Сайдың табанында өлген екі солдатты, екі қашқынды бері сүйреп жеткіздім. Осы жерден тағы екі қызыл әскердің өлігін алдым. Олар жеті адам болды. Бандиттардан өлгені он бір. Бәрі қалай болса солай жайрап қалған. Өлген адамға өшікпес болар. Олар да енді бандит емес, өлген адам ғана. Сондықтан оларды да жинадым Тарс еткен мылтық даусынан басымдағы бөркім ұшып түсті. Жата кеттім. Желке жағымдағы қорымтастың үстінде болар болмас бірдеме жыбырлайды. Бір қызыл әскер Сүйретіліп жатып мені атыпты. Бұл да жаралы болса керек. Тағы атты. Оқ тасқа тиді. Менен желі бойы жер. Айғай салдым.

— Атпа, ақымақ! Мен Құрамыспын!

— Мә, Құрамыс болсаң! Тарс! — Оқ тағы тасқа тиді. Байқаймын, ол берісетін пәле емес. Не істеу керек! Мен ет пісіруім керек, ал бұл мені тұрғызбайды. Мен көтеріле беріп едім, ол тағы атты. Оқ қазан үстінде тұрған бақырға тиіш, ол салдыр-күлдір құлады. Қап мынаның қорлығы-ай. Оны атып тастай салу маған түкке де тұрмайды. Және оғымды босқа шығындап көрмеген адаммын. Ол өледі де қалады. Жап-жас қазақ екен. Тастың жырмыш басынан көріп жатырмын. Ол мылтықты солақай ұстап отыр. Солақай ма екен дедім, жоқ, оң қолы жаралы болса керек Аяғы сау болса неге келмейді, неге қашпайды. Екеуміз ұзақ аңдыстық.

Ошақта ендік жылтылдап қана қалды. Етпеттеп үш тағанға жеттім. Жатқан күйімде қазан астына екі-үш ағаш тастадым Сәлден кейін от маздай бастады.

Күн батуға таялғанша қызыл әскер мені әбден аңдыды Жыбыр етсем мылтық тарс етеді Қимылдаудан қалдым.

— Мен Құрамыспын, қызылмын! — деп айғайлады. Ол мылтық атып жауап береді. Мен енді тыбыр етпей жаттым.

Күн батар алдында екі қызыл әскермен ошақ басына Жалбық келіп түсті Қорым тас арасындағы қызыл әскерге қайта жан бітті

Ей, Жанбай, жандарыңда тірі бандит бар, деп айғайлады, қорым таста жатқан қызыл әскер. Жалбықтың жанындағы қызыл әскердің бірі шошып кетті. Жан-жағына алақ-жұлақ қарады.

— Ей, Жалбық, анау итке атуды тоқтат деші. Ет шпей қалатын болды.— Жалбықтың жанындағы екі қызыл әскер, екеуі де қазақ, олар тағы шошып кетті.

— Қайдасың Құрамыс? — дейді Жалбық.

— Қазанның жанында.— Жалбықта, екі қызыл әскерде аттарының тізгінін сүйретіп тастай салып, қазан жанындағы маған келді.

— Тұр,— деді Жалбық.

— Тұрмаймын, анау мені аңдып жатыр, атып жібереді.

— Ей, сен кімсің? — деп айғайлады қызыл әскердің бірі.— Атуды қой!

— Мен Көкенмін,— деді қорым тастан шыққан дауыс.

— Ой Көкен болғаныңды... Сенің Көкен болғаның не, к... болғаның не, ақымақ,— дедім мен. Екі қызыл әскер жүгіріп оған кетті де, көтеріп келді. Бұл да жиырмалар шамасындағы жігіт екен, оң қолының білегінен, сол жақ жіліншігінен жараланыпты. Енді тағы оған мен ем жасамас болдым. Бір-бір қарыс тағы да оншақты бұтақты алып, тағы да аяқ-қолды сықырлатып, сы-ныңын орнына салдым. Бұл есінен танбады. Сөйлеп жатыр:

— Егер жаңа сізді атып тастасам, жарамды танатын адам табылар, сынығымды кім салар еді,— дейді.

— Аттың ғой, бөркімді түсірдің.

— Ағатай,— деді жігіт,— қайдан білейін, ағатай. Егер оң қолыммен атсам, сұлап қалатын едіңіз-ау, ажалыңыз жоқ екен, ағатай, кешіңізі

— Жарайды, жарайды! — деді Жалбық,— болды енді. Құрамыс түсінді.

Мен ет пісіруге кірістім. Тірі бесеуге «біреуі ақ, төртеуі қызыл» бауырды алып, тұздықтап бердім. Олар әп-сәтте-ақ бауырды сап соққандай қылды. Бір кезде бауыр жеп отырған Жалбық:

— Ананы қара, ах-ха-ха-ха! — деп қарқылдап күледі. Мен қарасам одан сайын күледі.— Етегіңе қара, етегіңе! — Сөйтсем оң жақ етегім, дала-дала, тіпті түстен бері байқамаппын. Аттың шекесіне тиген оқ, менің етегімді де талқандап кеткен екен.

— Біз келгенде Жалбық пен Құрамыс осы төңіректегі өліктің бәрін жинастырыпты. Кеш алдында бәрін көмдік,— деді Шұнақ.

Үш атпен бөліне шапқан төртеу өрге қарай беттеп бара жатқанда алдынан атылған мылтықтан енді тура бізге қарай қашады. Бандыларды қуып ұйренген Ырысбек Сәрсенов біраз адамды олардың артына салғанмен, өзі үш-төрт жігітпен атын бұрып, тауды бөктерлеп кетеді де, олардың кес-кестеп алдында тұрады. Ылди төмен құдилап шапқан үш аттыға біздің оғымыз алыстан дари қоймады. Тура екіндіде таудың етегінде Ырысбек-термен біріктік. Бандиттардың көбі жаяу қалды, қолға түсті. Өлгені де көп. Үш атты төртеу Шолқопаның қамысына кіргенде күн де батып еді. Ағыбайды мінгестірген Сматай қамысқа кіре-ақ жоқ болды. Одан көз жазып қалдық. Ымырт жабылған кезде Сәт те, Омарбек те көз ұшында кетіп бара жатты. Ол кезде Шөл қопада қамыс ну. Ит мұрыны өтпейтін қорыс-шырыш. Қамысты жердің бәрі шалшық, кей жері ұйық, кей жері батпақ. Егер ұйыққа тура түссең ат-матыңмен жоқ боласың. Атта қалған екеуді қуып, көз байлана бастағанда екеуінің де атын атып түсірдік. Екі жаяу жүгіріп қамысқа кіріп жоқ болды. Көз жазып қалдық. Бірақ осы Шетбұлақта екенін анық білеміз. Сондықтан біраз адамды осы төңіректе қалдырдық. Міндетіміз Омарбекті де, Шалтабайды да, Сматайды да тірі ұстау. Сол күні тау қойнауында түнедік. Арада екі күн өтіп кетті.

— Інім, бандылардың әккісі де, қуы да, ақылдысы да Шалтабай еді, бірақ Омарбекті ұстауды бірінші кезекке қойдық. Өйткені Совет өкіметінен қашқан-пұсқанның бәрі Омарбек қосынан қолдау тапты. Сондықтан да ол үлкейіп бара жатты. Ал Шалтабай қашқанның бәрін қабылдамады Сондықтан да оның тобы аз еді, көбінде төмендеп, кеудеге жақындамады. Ол да қауіпті жау, бірақ Омарбектің халыққа зәбірі көп еді. Сондықтан мұны індетпей еш жаққа кетпеуді ұйғардым. Шалтабайды да, Сматайды да қоя тұрдым.

Таң қылаң бере-ақ Шетбұлақты қамап алдық. Өзіміз әбден ызалы едік. Жиырма жеті адамымыздан айырылды. Бандылардың өлімі, әрине, әлдеқайда көп. Екі күнде олардың бәрін дерлік ұстадық.

Таң атқанда Омарбек пен Сәт жатқан жерден біз өлген, жараланған адамдарды жинап жүрдік. Омарбек те, Сәт те бізді көреді. Омарбек дереу мылтықтың жазылысын қайырып кезеп мені атпақ болады. Сәт мылтықты баса қалады. Омарбек інісінің қолын қағып жіберіп, мылтықты қайта кезенгенде Сәт.

— Ұсталамыз ғой,— дейді. Омарбек өзінің жаяу екені есіне түсіп:

— Сені берген құдайдан айналайын,— деп сабасына түседі. Мен тұтқындарды, жараланғандарды «Боз жорғаға» салып, Алматы жөнелтіп, енді бандылар нартын іздеуге қайтқанмын. Жиырма шақты ғана шағын топ қалдық та, басқаларды қайтардық.

«Боз жорғамен» шұбап келеміз. Күн шашырап шығып келе жатты. Терісбұтақтан келе жатқан жалғыз жаяу көрінді. Біз қайдан болса да

Сәтті күткен едік. Жақындаған соң Сәт екенін таныдық. Ол жүгіріп келеді. Жақындады. Түсі әлем-тапырық. Бірнеше күн жуынбаған, көптен тамақ ішпеген, әлпеті адам көргісіз. Жан-жағына алақтап қарай береді. Шамасы тым үрейлі. Бір пәленің болғанын аңғардым. Өйткені ол жалғыз жүруге тиіс емес еді. Шыдамай сұрақ бердім:

— Омарбек қайда?

— Өлтірдім,— дейді Сәт. Байқасам үсті қан. Түсінен адам шошырлық. Екі қолы да қып-қызыл.

— Ей, есің дұрыс па? — дедім күйіп кетіп.

- Есімнің дұрыс-бұрысын қайдам, ағамды өлтірдім,— деп ыржиып күлген болады. Бірақ күлкісі сау адамдікі емес және нағыз күлкі емес. Кір-кожалак өңінен әйтеуір тісі көрінеді. Сөйлеген сөзінде маза жоқ, сөзінен ыржаланы көп. Інім, мен көп күйгелектенбейтін салқын қанды адаммын. Ал нақ осы жолы денемді билеген дозды айтпа. Егер менің өмірімде күйгелектеніп, шыдамнан шыққан кезім санаулы болса, соның басында осы Омарбектің өлтірілуі тұрар еді. Қалтылдап кеттім. Өзімді ашу әбден буды. Өзі есінен адасып тұрған Сәтке ашу шақырып, доқ көрсетіп не бітірерсің. Бірақ қайткенде де не болғанымды білмей кеттім. Ашуым қайнап басыма шықты. Осы жерде, інім, бір арам ойда бінә бола кетті. Білетін боларсың, қазақтың әдебиетінде ханның өзінің баласын, әлде әйелін өлтіруге бұйрық бергені Сирек те болса бар. Сонда хан төңірегіндегі ақылды адамдар оны сақтап қалу үшін көйлектерін қанға бояп ханға апарып көрсетеді. Мені соғып өткен арам ой да осы тектес еді. Сондықтан Сәтті жігіттерге мінгестіріп, тездетіп өлік жатқан жерге тарттық.

Түйе көрінбес ну қамыстың іші екен. Ит мұрыны өтпейтін қорыс. Қайда қарасаң да аспаннан басқа түк көрінбейді. Жылап аққан, аяғы көлкіп жатқан тұма-бастау. Бастаудың батыс жағасында Омарбектің денесі бір бөлек, басы бір бөлек жатыр. Інім, адам өлімінің ауыр-жеңілдігі қандай жағдайда өлуіне байланысты екенін осы жерде бірінші рет аңғардым. Кеше ғана бандиттармен атыста талай адам өліп, көмгенде өлім осынша ауыр тимеген еді. Енді, міне, жалғыз адамның өлімі бәрімізді састырды. Бұл ресми соғыс емес, бандиттармен атыс емес. Жеке адамның өлімі. Адамды адам өлтірген. Ендеше мұны терең тексеру керек, зерттеу керек. Ешкім Сәтке Омарбекті өлтіру жөнінде нұсқау берген жоқ. Сондықтан Сәтті сұраққа алмасқа болмайтын еді. Бабажановқа нұсқау бердім:

— Сәттен жауап ал, Әбдіқадыр!

— Қойыңызшы Әбеке, бандылардың бастығын өлтірді, болды,— дейді Әбдіқадыр бұған маңыз бермей.

— Жоқ, болмайды, Әбдіқадыр. Бұл ресми іс. Омарбек екінің бірі емес, оның мойнында көп адамның қаны бар, Совет мемлекетіне көп зиянкестік жасады. Совет адамдарын жәбірледі, зәбір-жапа шектірді. Ол, сөз жоқ, ауыр жазалануға тиіс еді, бірақ ол заң жүзімен болуы тиіс.

Сондықтан Сәтті сұраққа алу қажет. Және өте қатал сұралуы керек.— Әбдіқадыр ақылды жігіт, оның артын да ойлау керек екені оның өкіліне түсе кетті.

— Жарайды, Әбеке!

Бабажанов боқшасын алып, қағазын жайып, ну қамыстың ішіндегі бұлақ басында Омарбектің өлімі туралы сұрақты бастады. Сәт жаңағыдай емес, енді заң қызметкері ресми түрде жауап алатын болғандықтан жаңағы есі шыққанынан тартылып, жинақыланып қалды. Тіпті сұраққа алғанымыз оның есін жиғызу үшін пайдалы болды:

— Азамат Сәт... Омарбекті қандай жағдайда өлтірдіңіз. Басынан бастап дұрыстап баяндаңыз.— Сәт қысылып, қыпылдап қалды.

— Ең болмаса қолымды, бет-аузымды жуайыншы.

— Жоқ. Болмайды. Бұталақтамай сұраққа тура жауап беріңіз. Сәт енді шынымен терлеп, басынан бастап оқиғаны ойына түсіре бастады:

— Ту сыртымыздан мылтық даусы естілгенде бандиттар сияқты мен де қатты састым. Олар мен сияқты емес күнде мылтық атып, күнде мылтық даусын естіп жүргендер, сонда да сасып қалды. Мен қорықтым. Олардың сасқан себебі мылтық атылады деген ойында жоқ болатын. Хан жаңа ғана Жалбық әкеліп жарқыратып сойып тастаған жуан торының бауырын әкеледі деп күтіп отырған. Желкемізден мылтық атылғанда ең алдымен хан қарғып тұрды. Жұрт атына жаппай мінгенде, хан көріне көзге атына мінбей тұрып алды. Ол кезде теңбіл көк көлденең тартылған болатын. Құрамыс та еңкейдеп-тоңқандап атының жалына асылмады. Мен Құрамыстың бізге қызмет істейтін адам екенін білмейтінмін. Ал Жалбықты жалпы сезбедім. Бірақ екеуінің де жүрісі тым бөлекше. Әсіресе Жалбық еркін, ал керісінше Құрамыс құрдай жорғалайды. Сондықтан бұл ханмен бірге қашпақ деп ойладым. Хан атына мінгенде мен де атта едім. Ол тізгінін тарта шапқанда-ақ іш жидым. Сматай атына міне беріп-ақ інісін атып тастады. Мен іш жиып қалдым. Ендігі кезек менікі деп ойладым. Әспеттеп жүрген ағасы алдынан қия өтпеген інісін атып кеткенде-ақ қатты шошыдым. Жәреукелілік, берілгендік Ағантайдай-ақ болар. Олардың сүтіні бөлектеніп тауға беттегенде артымызда Құрамыстан басқа ұшқан құс жоқ болатын. Омарбек Құрамысқа «бөлек кет» дегенде ішім бұлк ете түсті. Маған да айтатын шығар дедім. Онда сөз жоқ сотты болсам да артынан ататын едім.

— Сіздің міндетіңіз оны тірі сақтау еді ғой,— деді Әбдіқадыр.

— Ия,— деді Сәт,— тапсырма солай болатын.

— Айта беріңіз,— деді Әбдіқадыр мұрттын бір сылап қойып.

— Сонан соң артымыздағы Құрамысты хан тартып қалды. Ол қалпақтай түсті. Бірақ артымыздан мылтық атылып Ағыбайдың атына тигенде Құрамыстың тірі қалғанын білдім. Өйткені артымызда одан басқа жан жоқ еді. Мен басқалардан бөліне шабатынымызды алдын-ала білгенмін. Өйткені Омарбек, Сматай, Ағыбай үшеуінің төрт жақтан келетін жауды да бағдарлап, ондай болса, қалай құтылуды жобалағанын

естіген едім. Алдымыздан енді жау шығады деп банды — бастықтар ойламады. Енді олар ыра төмен құлдилағанда да қайда бұрылатыны белгілі болатын.

Ондай жағдайда Сматай мен Ағыбай бөлек, өз ауылы жағына кетінішешілген. Сонан соң олар Сұлутөрден табыспақ еді

— Демек, Сматай мен Ағыбай Кеуде Отарға кетті ғой.

— Ия, олар Сұлутөрден, не ауылы төңірегінен табылады.— Сәт үндемей қалып еді. Тағы сұрақ бола ма десе керек. Бабажанов:

— Айта беріңіз,— деді.

— Біз Шетбұлаққа тартпақпыз. Шетбұлаққа тұрақтай алмадық. Меніңше хан маған сенбеді. Сматайға солай дегенмен жаяулап екеуіміз Терісбұтаққа келдік. Мұнда үш күн жаттық Қарын аш. Ат үстінде күн көрген сорлы қазақтар аяқлау болмаған соң кәріп болып қалдық.

— Тұра тұр, тамақ ішпегеніңе қанша болды? — деді Бабажанов.

— Нәр татпағалы үш күн болды. Ішім шұрқырап тұр.— Сәт қағы үнсіз. Бабажанов оған қолымен тұра тұр деген белгі берді де, қолын жуғызды, бір кесек майлы ет, нан бергізді. Сәттің қолы тамаққа барғанда көзі жайнап кетті. Қарпытып тез жеп, бір сапты аяқ су ішті.

— Ал енді әңгіменді айта бер, екеулеріңнің араларыңда бол ған әңгімені де айт,— деді Бабажанов.— Ештеме қалдырма.

— Жоқ, ештеме қалдырған жоқпын,— деді Сәт.— Бұлай жатқанымыз болмайды, ат табу керек, деді Омарбек.— «Шіркін Байботановтың шұбары қолға тиер ме еді» Онда қарап жатып өлеміз бе, мен барайын, дешм мен өзім де қалай хабар берудің есебін таба алмай отыр едім. Бірақ қателескенімді бірден сездім. Мен Омарбектен айырылып қалмауым керек қой. Ол қалай да менен құтылудың жолын іздестіретін сияқты.

— Барсаң бар, Шұбараттан басқаның кереп жоқ.— Сөзді көрдің бе, інім, ханның сөзі емес пе!? — Сонымен бір мылтықты алып Сәт жолға шықты. Жалғыз адам ойшыл,— деп Шұнақ түсінік бере кетті. Осы үшін-ақ өлетін болдым ғой дейді ол.

— Осы жерде бояудай бұзылдым. Бала-шағаны көрмей жүргенім мынау Осыны бітіре салайын да одан да. Сөйтіп Омарбек қалған жерге қайтып келсем ол қатты қорылға кеткен екен. Атыш тастасам ба екен деп бір тұрдым. Қой мылтық даусын біреу естіп қояр. Бұл үшін оның бәрібір еді, әрине.

Шұнақ аспанды бір шолып өтті де, өз жанынан сөйлеп кетті.— Адам өлтіру түгіл торғай өлтіру оңай емес. Оның үстіне туысқаны. Бірақ бұл аяйтын туысқан ба еді дейді Сәт өзіне-өзі Талай жазықсыз туысқанды өлтірді, талайдың қанын жүктеді. Бұл аға емес, апан түбіндегі қасқыр және әншейін көп қасқырдың бірі емес, өз күшігін өзі жеген қорқау.

— Осыдан кейін не болғанымызды білмей кеттім,— деді Сәт.

Омарбектің өз құжантысын алады да, өндіріштен пәрменімен періп қалады. Сонан соң орып жібереді. Сол кезде тамағынан қан саулағанын Омарбек атып тұрып, мұны жағадан ала түседі. Бірақ құлап түседі де,

қорылдап жатады. Сонан соң бұл жанын кинамайын дейді де, басын кесіп тастайды. Біраздан кейін барып оны өлтіргенінің бұрыстығын, оның өліміне жауап беретіні есіне түседі. Қатты сасады да, алыстан көрінген бізге жүгіреді.

Бабажанов сұрақты бітіріп, Сәтке қол қойғызды. Оны тұтқынға алып Ұзынағашқа жібердік. Әрине оны қамау үшін емес, оны басқалардан қорғау үшін тұтқынға алдық. Әйтпесе ашумен мұны да біреу өлтіріп қояр еді.

Ұзынағаш станциясынан Отарға дейінгі жүз километрді сорғаң қопа басып жатыр. Бұдан мыңдаған жылдар бұрын көлтабан болған бұл аймақ жан-жағынан ойпаңда жатқаны көрініп тұрады Самсыдан талай өткен боларсың, інім. Сол өзеннің аяғы Сарқамысқа құяды. Сарқамыстың Жиренайғыр өзеніне құяр жерін Теріскенді дейді. Шалтабай тобын осы төңіректен кездестірдік Қажы бұл жерде де бір ішек түлкідей әккілік жасады. Біздің қарамыз көрінген соң-ақ қаша атыс салды. Жартастыға жеткенде Малай деген біреуін қуып ұстадық. Сөйтсек Малай бандының бала-шағасының атын әкеп жүруге тастап кеткен адамы екен. Өздері қашыпты. Темендеп оларды іздеп бара жатсақ егінде кеп ат жайылып жүр. Бандылар намаз оқып жатыр. Бір бала жігіт жаңсақ мылтық атып еді, олар орындарынан тұрмады. Барсақ әйелдері мен балаларын әдейі көз алдау үшін, өздері ұзай салуға бізді алдарқатып отырғызып кеткен. Өздері әлдеқашан зытқан Тасқа желіндеп, мұзға бұзаулаған қатыгез бандылар жеме-жемге келгенде бала-шағасын тастап кетті. ...Әрине, біздің ұстамағымыз Шалтабай, Атагелді, Әбдібай еді, олар бұл өңірге қайта айналып соқпады.

Ендігі кезек Сматайға келді. Боз жорға жолының үстіндеп Кеуде Отарға келдік. Сматай інісі үй салып жатыр. Бізге жеткен мәлімет бойынша соңғы күндері Сматай таудан түсіп келіп, тамақ ішіп кетіп тұрады. Інім, бандылардың туған-туыскандары да олардан безер-ығыр болса керек. Інісі ол туралы сұрағанымызда ұстап алсын, тыныш болайық дегендей қай уақытта, қалай келгенін тәптіштеп айтып берді. Ұстар кезде оның айтқанынан бір шикілік шыққан жоқ.

Кеш бата салысымен-ақ тез келді, ол. Шамасы күн кешкіргенде-ақ етекке келіп, ауылға көзін сатып тұратын болса керек Аттарымызды көрші үйлердің қорасына қалдырдық та, үшеуміз далаға бекіндік. Сәрсенов пен Бабажанов қора ішінде қалды Сматай астында күрең жорғасы бар, тайпалтып жалғыз келді Салдырған бойы қораға атпен бір-ақ кірді Мылтығы бүктемелі екен. Қойнында екені аттан түскенде байқалды.

— Ешкім бар ма? — деді інісіне түксиген күйі. Інісі жауап қатқанша ұрлық қылатын кісіше жан-жағына қаранып алды да, үйге қойып кетті. Дайын тұрған кеспе көжені үйге алып кіргенде Сәрсенов бірге кетті. Ол тамаққа бас қойды-ау деген кезде Сәрсенов сәлем беріп кіріп барды. Сыртта Жалбықты ғана қалдырып, біз де есік-терезеде тұрдық.

— Шырағым-ау, адам дайындап қойып па едіңдер? — дейді келініне. Келіні үн шығармайды. Бұл істе тәжірибесі бар Сәрсенов:

— Тамағыңызды іше беріңіз, асықпаңыз. Үй қоршаулы, қарсылық көрсетсеңіз атыласыз — дейді. Қайдан ішеді, тамақ жайына қалады. Бабажанов кіргенде селк ете түседі. Мен кірмедім. Өйткені байлар салған, бұл өңірге таныс белгім бар. Ол түнере отырып:

— Бір ғана тілегім бар, соны орындар ма екенсіздер? — дейді.

— Айтыңыз, — дейді Әбдіқадыр.

— Нақ осы үйде атылып өлуге мұрсат беріңіздер. Туған жердің топырағында қалайын. — Ешкім жауап бере алмайды. Ол жүгіріп далаға шықты.

— Осы жерде өлуге мұрсат сұрайды, — деді Әбдіқадыр. Оның өмірі үшін біз Совет өкіметі алдында жауап береміз. Ол сотталуға тиіс.

— Ол болмайды, — дейді қайта кірген Әбдіқадыр, — сіздің тағдырыңызды біз шеше алмаймыз. Әділ сот қана біледі, оны. Бандиттің мойыны салбырап түсіп кетеді. Оның жүйкесі жұқарып, қайратының мұқалғандығы айқын көрініп тұрады. Пұшайман болып отырады. Ол екі қолы артына байланып, жорғасына мінгізілді. Атты жолға салғанда «Қош, туған жер, кір жуып, кіндігімді кескен жер!» — деп өкіріп жіберді. Сонымен хан жайрап қалды, бас уәзір қолға түсті. Басқаларының да қақпанға түсер күні алыс емес еді.

* * *

«Боз жорға» жолынан тік жоғары Дегереске көтерілер жүрі жол бар. Ол кездегі жолдың бәрімен салт атты адам ғана жүретін еді ғой. Арба-шана бұл өңірде аздау. Ол отызыншы жылдардан кейін ғана көбейе бастады. Міне, сол Дегереске барар жол басталатын жерден шығысқа қарай қалың қырқа. Он шақты ағымызды тұсап қойып, жаяулап қана төбеге шығып, кезеңнен сайраққа апарар сүрені көздеп отырмыз. Әбдіқадыр Бабажанов пен Федор Неизвигин тұтқындарды алып «Боз жорғамен» Алматы беттеп барады. Оларда үш қана қызыл әскер бар, олардың мылтығында оғы жоқ. Оны ездері білмейді. Үшеуі де атта. Бұл қосындағы тұтқынның бәрі де ат үстінде. Олардың бәрінің қолы артында байлаулы. Ал Сматай сияқтылардың аяғы ат бауырына байланған. Жалбық пен Құрамыс та осында. Олар да байлауда. Міне, олар таяп та қалды. Күн батты. Қас қарайып, ымырт жабылып барады. Күн қысқарып қалған. Әп-сәтте-ақ төңірек қараңғы тартып, көз байлануға жақын. Кезеңнен бінә бола кеткен он шақты атты тұтқындарды алып бара жатқан қосынға лап қойдық. Мылтықты тарсылдатып, Ырысбек Сәрсенов екеуміз алға шықтық. Бабажанов пен Неизвигин екеуі де бізге оқ атты Шапқылап жеткен біз бесінші, алтыншы аттағы екі тұтқынға жармастық. Үш қызыл әскер мылтықтарын шық-шық еткізеді. Айқай-

шу. Әп-сәтте-ақ Жалбық пен Құрамысты, тағы бір тұтқын бандит — Шоманды босатып алып, айдап жөнелдік. Артымыздан оқ атылып жатыр, оған қараған біз жоқ. Арттан айғайлаған Неизвигиннің даусы естілді:

— Иттің баласы, Абақ, қалған бір құлағыңды жұлармын әлі, тұратұр қолға түсерсің!” — Оған қараған біз жоқ, патырлатып шауып, ылди төмен құдилап, жолсызбен кеттік. Арттан әлі тарсылдатып мылтық атып жатыр. Сол түні-ақ біз Қарадырдан өтіп, құмға түсіп кеттік. Бетіміз Сарүйсіннің Сартауқұмы.

Таң алдында әлсіз далаға, бір-екі сағаттай ат белін босатып, өзіміз көз шырымын алдық. Күн шыға қайта атқа қонып, Шан-суатты, Шутоғайды басып өтіп, Мыңшұратқа жетіп-ақ қалдық.

Мыңшұрат! Мыңшұрат десе, мың шұрат әр жерде ойдым-ойдым көгал, байрақты, балқашты орта. Бұлағы да бар және бұлағының суы тұщы. Сексеуілдің шабыры. Арасы толған қоян, қырғауыл. Мұнда құр қол жүрген адамның өзі аштан өлмейді. Өйткені кез келген бұтаның түбінде бүйірі солқылдап жатқан қоянның көжегі, епті кісі қоянды қолымен ұстайтындай, төңірек толған жым. Жалғыз аяқ жол, жәндік ізбіні, қырқылдаған қыр-ғауылдың қанат көтермеген балапаны, көл-көлмек, алғау суда да, ауан суда да шоршыған, шолпыған балық. Кір-мембес ауыр қол бізде жоқ, сайдың тасындай іріктелген ірепдел, атығай жігіттер әп-сәтте-ақ екі қоянды атып әкеліп қақтап пісірді. Аттардың иесі Жалбық пен Құрамыс. Олар жан-жақты шолады. Бұл жерде ешкім жоғына көзіміз жеткен соң барақаттанып отырып қоян қауабын жедік. Қашып жүрген адамда нан бола ма, қолға түскен тағаммен қанағаттандық. Барқадар табамыз, барлығымыз деп келген жоқпыз ғой, аштықтан бұрлығып, арық-шеру тартсақ та жүзіміз сарық, бетіміз кеншарық болмай, абыройлы қайтсақ жарар еді.

Қоян еті қой еті емес, он шақты жігіт әп-сәтте-ақ жайпап тастады. Шамасы көбі-ақ түлкіқұрсак қалды.

— Тойсандар қатты ұйықтап қаласыңдар! — деп қалжыңдайды жігіттерге Ырысбек Сәрсенов.

— Ұйықтасақ та тойсақ-ақ болар еді, — дейді Құрамыс. Жігіттердің бәрі де көңілді. Тек Сматай қолынан тұтқынға түсіп, кеше біз босатып алған Шоман ғана қабағын ашпайды. Оның ойы екі ұдай еді. Бізді түсіне алмай жүрген жайы бар-ды. «Мені босатып алды, өзім сияқты Совет өкіметінен қашқан адамдар ғой» дейін десе, тым көңілді, қашып-пұсып, сасып-салбырап, етегін басып жүрген бұлар емес, еркіндеу сияқты. Ал бандиттарды ұстауға жүрген жандар дейін десе, онда тұтқындалған Жалбықты, Құрамысты, мені неге босатып алады дейді дағы. Жарайды, тіпті Жалбық пен Құрамыс бұларға қызмет істейтін адам болсын, ал бұған, яғни Сматайдың ең сенімді адам-ының бірі Шоманды босатып қайтеді. Бірақ мына Шұнақ қамалды деп бандиттардың жаз бойғы әңгімесі осы болып еді ғой. Сонда бұл да Сәтке ұқсап түрмені тесіп

шықпағанымен қашып шыққан болар. Бұлардың бәрі де әр нәрседен хабардар, көзі ашық адам сияқты, бұлар басына қаншенгел түсейін деп тұрғанда хан сайлауымен деп қағынатын тантық Омарбек емес. Айтқандай Омарбек қайда кетті екен. Қалай қашып құтылды екен, оның інісі Сәт те ұсталыпты, сонда жалғыз кеткен-ау, сұмырай. Соны да нарт деп, мәрт деп жүрдік-ау. Сопа басын күйтеген күйкентай. Алып басып, алшандап жүрген нарт мәрттік жасап, қарашысы өлген жерде өліп, тірі болса бір төбеде болмас па. Тіпті артына ерген Құрамысты атып кеткенін көрмеймісің, қаныпезердің. Шоман көңілі шолпы тартып, ғамкүн болып жүрді.

Ол осындай ойда отыр-ау деп, өкіліме алып, мен де біраз жерге кетіп қалып едім. Япыр-ай, — деп ойладым, сонау алыста, құм ішінде жатып, бандылар да бітер, қалғандарын да ұстап алармыз, енді Шалтабай мен Жатқұлақтан басқаларын бітірген сияқтымыз. Сонан соңғы өмірім не болады. Өмір болса өтіп барады, шешеден қайта туа алармысың? Қайуан шарап ішпегенмен адам болмайды, үйлі-баранды адам күйсіз болса да жаман болмайды. Ал мен кіріп кіртім жоқ, қорымға туған қодығадай жалғыз жүрмін. Мен де бір, нуғара соғып, шылдырман ұрған пұрқы да бір. Менің тебезділігім, санаттылығым кімге дәрі. Зәрураттықпен өтіп өмір барады. Көңілімнің мөләл болмай, раушан болғанын ойласам, ондай күндерім аз екен. Тарпымда талай нәрсе бар, бірақ талабыңды жүзеге асыру үшін қарекет жасадың ба? Совет өкіметін нығайту жолында талайдың зарарын көтердің. Сонда не таптың. Әлі сол жолда жүрсің. Рас, бұл коммунистік борышың, оны ақтағаның азаматтық. Ал азаматтығың, адамшылығың тек коммунистік борышыңды ғана ақтаумен біте ме? Кеше Омарбекті, Сматайды қолға түсірдік. Мәйпарас болған адамдай бір пәс көңіл шалқып, социализм мұратын жүзеге асырғаныңа марапаттандың. Тек сондайға ғана риза болып, сонымен ғана келе жатырсың-ау, Шұнақ. Өмірде мат болмай шат ғана болып өткен жан бар ма? Рас, сүтінің дұрыс. Жарайды бактиярлық тұрмыс кешпей-ақ қой, бірақ жезайыр оқтай жарып өтетін ажал деген бар емес пе? Ағаш бесікке түскен адам жер бесікке түспей қоя ма? Өміріңнің түсі ауып бара жатқан жоқ па? Құлбар асынып, күлә киіп күпшек сан күрең мінген дуанадан сенің айырмаң шамалы. Жүпті болатын уақыт жеткен сияқты. Тіпті жұрттың бәрі елден шыққан Мақпыр деп ұққан дұрыс бола ма. Өмірің Тундрадағыдай кілең болып өтіп жатыр ғой. Жарайды, ол магмадағыдай күрең болмай-ақ қойсын, бірақ қазіргідей тым сүрең болмауы керек қой. Ал өңдігі ренді болмағанмен, ал иіндігі жылы адам өмірде аз емес болар. Ерен үй тіктіріп, салуалы орда жасамағаныңмен салулы төсегін болғаны абзал ғой. Мәулетің өтіп барады, Шұнақ. Мүскіннен мүсін, мәстектен тұлпар шығатын уақыт болған болса керек-ті. Әлі төріңе төрт кісі, есігіңе екі кісі отырып көрген жоқ. Қазақ «бекерден отырғанша дабыр жақсы, үйлерден кісі кірмес қабір жақсы» деген болса, сенде ең болмаса қабір сияқты үй де жоқ. Салт

ат, сабау қамшы. Бір күні дүние қарғын судай басып өтсе, сақа тиген кенендей ұшып түсесің... Мылтық дүрс етті. Отырған бәріміз түгелміз. Оқ ешкімге дарымады. Он шақты мылтықтың ұңғысы бізге қарап тұр. Шамасы біз түк сезбегеннен кейін мылтығын аспанға атса керек. Ортаға айырсақал шықты. Тани кеттім. Түнеугі күні өзім қай-тарған қарашылары «жәкелеп» тұратын кісі. Аты Жатқұлақ екенін кейін, Алматыда айтқан болатын. Сол қалпы, тіпті әлі сол жаз күніндегідей киімімен, ақ жейде, қара шолақ жең.

— Ассалаумәлейкөөм, Жәке! — дедім. Ол түнеугі күнгідей тағы да сәлемімді алмады. Тұқырая, түксие қарады. Көзі ішіне кіріп кетіпті. Кәдімгі іш ауру болған адамдай.

— Ә, батыр, енді қолға мықтап түстің. Енді құтыла алмайсың.

— Жоқ, қолға түскен жоқпын. Өзім іздеп келдім.

— Сене қоярмын, сенің сөзіңе.— Ол менің жаныма келіп демін басты.

— Неге сенбейсіз? Түрмеден -қашып шыққанда бұтаға қорғалаған торғайдай ағ аяғы жетпейтін жерге келдім десем, бұта құрлы болғыңыз келмейді.

Жатқұлақ сөз жарыстырмады, қарланып ашу шақырмады, тіпті бұл өңірдегі қожа өзім ғана дегендей айылын жимайды.

— Қане, қаруларыңды тапсырыңдар. Сөз сонымен бітеді.

— Бітпейді. Қару тапсырылмайды. Соғыссаңыз соғысамыз.

— Қайдан соғысасың, қоршауда отырсың.

— Жоқ, сіз жанымдасыз ғой, маған қазір ешкім мылтық ата алмайды. Мен онша осал жау емеспін. Және мынау жігіттеріңнің ішінде адам ататын ешқайсысын көрмей тұрмын. Бұлар қоян ата алады, адам ата алмайды. Бұл жігіттердің ішінде ондай оңбаған бар деп ойламаймын.

— Үгітінді қой, бұлардың барлығы да сенің үгітіңе көнетін адамның баласы емес, бәрі де байдың бұласы, серкесан сайгүлік.

— Байдың бұласы шығар, баскесер емес шығар.

— Қой дедім ғой үгітінді.

— Неге менің аузымды тиясыз. Әзірге қолға түскен мен емес, сіз; Мына сіз тұтқынсыз. Сенбесеңіз тұрып көріңіз, қазір атып тастаймын.

— Сен жыңды шығарсың,— деп кеңкілдеп күлді, жатқұлақ. Жатқұлақтың кім екенін білгенмін. Бүкіл осы Сарыүйсіндегі Сопы ауылы тегіс соның аузына қараған адам. Оның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. Бір кездері қажы болуға жиналып Алматыдан аттанып, Қожа Ахмет күмбезіне — Өзіреті сұлтанға барып құран оқып, әрі қарай жүргісі келмей қайтқан көрінеді. Аман-есен осы Мыңшұратқа қайта жеткен соң бір боз биені құдайға айтып сойып, құдай жолына бармай, жарты жолдан қайтқанына кешірім сұрап, мінәжат етіпті. Етке тойған қазақтар алақандарын, құлаштарын кең аша жайып, нарадулап батасын берген соң Жатқұлақтың Байтолла босағасын құшпаған күнәсін құдай кешіре салыпты, етке тойсаңдар бопты, онда кешіре салдым де-

ген көрінеді. Содан бері Жатқұлақ сәждені бір жола ұмытып, сәлдені лақтырып ұрып, тек бау жолына түскен екен. Құдай бір алдағаныңды боз бие сойған соң кеше салып едім, енді бау жолына түсіп, жарлы-жақыбайды қышағаныңды кешіре алмаспын деп малын конфискелетіпті. Мұны құдай енді біржола өліп қалар, одан да жұрттың, колхоздың малын талап күн көрсін деп қойыпты. Сөйтіп сексеуіл шабырының ішін билеп алған соң бүкіл қазақты ашса алақаныңда, жұмса жұдырығыңда көретін болса керек-ті. Әйтеуір аяғын алысқа салады.

— Сізге қайтып келемін деп едім ғой, міне, келдім, уәдемде тұрдым.

— Келдің, бір топ болып мені қорқыта келдің ғой,— деді ол тыржиып.

— Сіз қорықпайсыз ғой, осында екі-ақ мықты бар емес пе, бірі жолбарыс, бірі сіз. Сонан соңғы мықты мен болам. Айырمامыз сол сіздердің екі құлақтарыңыз бар, менің құлағым сыңар.

— Құлағым сыңар? Шұнақпысың? Әлгі қалқоз бастық болып жүріп қамалып қалған, қалқозды таратпақ болды деген шұнақ сенбісің!?

— Құлағы жоқ кісі керек болса, міне,— деп мен жоқ құлағымды шал жаққа бұрдым. Ол үңіліп тұрып қарады. Ол тұнжырап, төмен қарап кетті. Не ойлап кеткенін кім біліпті. Айырсақал шал өзі сөйлегенше мен үндемедім. Ол үнсіз. Жан-жағымдағы бізге ажал төндіріп тұрған он-он бес жігітке қарадым. Бәрі де өрімдей, ішінде кәрі-құртаң ешкім жоқ, бір өңкей сыла мұрт қойған, көп өсірмей қырқып, жебесін де доғап тастаған. Тепсе темір үзетін жігіттер, егер осылардың бәрі Совет өкіметі үшін жұмыс істер болса, колхоз ісінің бір жағын жапырып жіберер еді. Түнеугі күні мына айырсақалға көрсеткендей бұларға бір сес жасағым келді. Шал төмен қарап отыр. Күн екіндіге барып қалды. Маған уақыт ұту керек, әңгімені неғұрлым соза түссем, ол маған сол ғұрлы көмектесер еді. Мен үйректің ұшқанын аңдып отырмын. Шал әлі үнсіз. Міне, бір топ сам, бұл үйректер араласып барады. Жігіттерге азырақ ой салып қоймақ болдым. Өйтпеске болмайды. Мен қолтығым қолымды тықтым. Қолтығымда мылтық болады деп мына байқұс жігіттер — алданған жігіттер ойламайды да. Тапаншаны суырып алып отырған күйімде үйректің бірін тартып қалдым. Үйрек құлап жиырмаотыз қадымдай жердегі шабырдың үстіне түсті де, бір бұтаққа ілініп қалды. Мойыны жап-жасыл, қоңыр үйрек. Оң қанатынан ілініп салбырап тұр. Шал шошып ояңандай селк ете түсті. Менің қолымдағы тапаншаны көріп түсі қашып кетті. Түнеугі күні де осы тапанша аяқ астынан пайда болып, шалдың аузын аңқайтып кетіп еді, міне, тағы солай болып тұр. Шалдың жаны мұрнының ұшына келіп отырғаны белгілі. Егер аналар бірдеме дер болса, мынау мені атып тастайды деп отыр. Дегенмен, інім, шалдың жаны менің қолымда болғанымен аналар бізді атар еді. Әрине, олар біз өре тұра келсек, біреуі тигізіп, біреуі тигізе алмай қалары сөзсіз. Бірақ екі жақтан да адам шығын болар еді. Бірақ

әзірге күш олар жағында. Өйткені он бес мылтықтың ұңғысы бізді қалт жібермей көздеп тұр. Тек айырсақалдың бір ауыз сөзі болсын, онда олар басып-басып салады. Мен мықтағанда шалды өлтірем, сонда жігіттердің бәрі-нен айырылмағанмен біразы шығындайды. Ойымды осылай пай-ымдадым да, тапаншаны қойныма тықтым. Айырсақал бұған танданғандай қарап қойды. Сонан соң барып басын көтерді. Шабырға ілінген үйрекке қарады. Өз жігіттерінің біріне, шамасы ебесіне иегін изеді. Әкеліп беріңдер дегені. Жастау жігіт үйректі алып келді. Қоразы екен. Шалдың жігіттері менің үйректі қалай болса солай атып түсіргеніме таңырқап, біріне-бірі «көрдін бе» дегендей көздерінің астымен қарасты. Мен түк сезбегендей, маңыз бермей отырған болдым. Денем тітіркеніп, түршіккендей болған соң үстімдегі қазақша күпіме шымқанып алдым. Айырсақал үндемейді. Неге? Білмедім. Мен үндемесем уақыт ұту үшін, сөзді соза түсу үшін, күнді кешкірту үшін отырмын. Шал не күтіп отыр? Әлде ол да сырттан күш тосып отыр ма?

Айырсақал енді малдасын құрып отырды. Шал аңқасы құрып, кенезесі тепкен адамдай тамсанып, жұтқынып қояды. Ол жұтқынған кезде тамағындағы бұдырмақ жоғары, төмен бұлт-бұлт етіп жүгіріп кетеді. Әлі үнсіз. Басы төмен салбырап кетті, ине түсіріп алып іздеген адамдай. Мен де, жігіттер де тырс етпеді.

Тек айырсақалдың жігіттері қозғалақтап, қолдары талғандай жыбырланқырап, тыбырлап тұрды. Әлден уақытта шал.

— Сенің әкеңнің аты Үйсінбай ма?

— Ия, оны осы өңірге жайғанмын. Әкем — Үйсінбай.— Шал тағы үнсіз қалды. Тағы бір шамадан кейін барып:

— Шешеннің аты Дәметкен бе еді? — деді. Мен ойланып қалдым. Фамилиямнан әкемнің атын әркім-ақ шамалауы мүмкін. Бірақ менің шешемді білетін адам бұл Балқаш бойы түгіл өзім өскен ауылда да қалмады.

— Ия,— дедім танданғанымды жасыра алмай.

— Ендеше сені өтірік қамаған. Сен менің нағыз жауымсың. Сен бізді алдамақ боласың. Оныңнан ештеме шықпайды. Мен Совет өкіметін жек көремін. Неге жек көретінімді түнеугі күні келгенінде көрсеткенмін. Енді сені тірідей шайнап жұтамын.

— Мен тамағыңызға тұрып қаламын. Қақалып өлесіз.

— Сен тәжікелеспе, одан да Үйсінбайдың әкесі Ағынай ма?

— Ия, оның әкесін де білетін шығарсыз,— деп кекеттім мен.

— Сен мені кекетпе және кежікпе де, кергіме де. Ағынайдың әкесі Жамансарт, оның әкесі Қазыбек. Рас па? — Шал үңірейіп менің бетіме қарады. Екі көзінің түбі шүңірейіп, бағанағы алғашқы көргеннен әлдеқайда жүдеп кетті. Іші ауырған адамдай шал тағы үнсіз қалды. Және ұзақ үнсіз. Мен де даққа қалдым. Бұл шал немене менің жеті ата, жеті пұстымды қуалап сұрайды. Не сыр бар бұл Совет өкіметінің

ашық жауында? Бәлкім түнеу күні мені қамады деген өсек тарағаннан кейін әдейі ата-бабамды сұрастырған шығар. Ел құлағы елу, біреу болмаса біреу білгенін ортаға салған дағы. Енді мен бұған онша маңыз бергім келмеді. Шал тағы бет-жүзі тыржиыңқырады да, қайта сөйледі:

— Осыдан түстік жерде Өтеген, Қазыбек деген екі өзен бар. Сол жерде Қазыбек аталатын тау бар. Сол тау сенің пұстың Қазыбектің моласы да. Сүйеи сонда, бірақ қай жерінде екенін білмеймін. Өзім көрген емеспін. Бұл сенің жүзге келіп өлген атаң Сиыршының әңгімесі. Менің бала кезімде ол кісі осында Мың шұратқа келген. Екі-үш күн қонақ болған. Сонда өз аузынан естігенмін. Міне, қызық деп ойладым. Қазақ «сұраса келсең қойныңдағы қатының қарын бөле шығады» деген. Дәл келіп тұр-ау. Япыр-ай, бұл Совет өкіметінің жауы, менің жауым, әлі менімен қарын-бөле шығып жүрмесін. Сөйтіп жаумен жақын болып жүрме, Абақ.

— Анау жігіттеріңізге отыруға рұқсат беріңіз. Мылтығын мейлі кезенш қала берсін. Қалаған уақытыңызда әмір бере аласыз ғой.— Жігіттерге шынымен жаным ашыды. Біздің ыңыранып-ойланып сөйлеген әңгімеміз әзірге екі сағатқа созылды. Олар тікесінен тік тұр. Қолдарында бізге кезенген мылтығы. Айырсақалдың көзі жұмылып кетті. Бір сәт үнсіздіктен кейін көзін ашты:

— Отырыңдар. Мылтық кезенулі тұрсын,— деді шал. Жігіттердің өзі де зәрға тұр екен, бәрі малдастарын құрып, кілемге отырғандай құмға дүмін төсеп отыра-отыра кетті. Осы бір сәтте біздің арамыздағы тұтқыннан босатып алған Шоманға жан бітті:

— Жәке, мен Сматайдың туған жиенімін. Мені, тағы екі жігітті бұлар қызылдар ұстап, айдап бара жатқан жерімізден босатып алды. Бірақ, аға, мені осылар тұтқыннан босатса да, мен бұларға сенбеймін. Өйткені Шетбұлақта бізге қызылдар шабуыл жасағанда желкемізден келгендердің бастаушысын танып қалып едім. Сол арамызда. Мен сондықтан бұларға сене алмаймын.— Шал сергіп ұйқысынан оянғандай, әлде күмәнді болып, дүмгандыққа ұрындырып отырған мәселесінің енді бет-пердесі ашыла бастағанына қуанғандай жинақыланып, қутындап қалды.

— Е, бәсе, осылай болса керек еді. Ол қайсысың едің?

— Мен,— деді Ырысбек.— Советтердің ішінде Совет өкіметінің жауының жансызы болса жаман бола ма? — Шал қайта тұңғыыққа түскендей, түнеріп кетті. Тағы да алғашқыдай жерге қарап тесіліп, біздің жау екенімізді, әлде дос екенімізді өкіліне түсіре алмай отырды. Қанына сақсыры толғандай қызарып, доз шақыратындай тас түйін болып басын жерден жұлып алды. Ол маған қарап сөйледі:

— Мен түнеугі күні келгенінде сенің құлағыңды байқамаппын. Мен сонда-ақ, сенімен білісетін едім. Артынан балалар айтқанда өкініп қалдым.

— Әлі де кеш емес, күн ерте, кеш батқанша шай қайнайтындай уақыт бар, үлгіресіз.

— Кеш батқан соң не болады?

— Сөзімізнараду — келісім таппаса кешпен бірге батамыз.

— Кім батады? Сендер ме, біз бе? Ей, қайсысың едің, әлгі Сматайдың жиені. Мынаның қайсысы балшайбек?

— Білмеймін, аға, бұлардың екі адамы аң аулап кетті. Әлгі менімен бірге тұтқыннан босағандар. Мені жібермей ол екеуін неге жібереді? Аға, мені қарауыңызға алыңызшы.

— Алдым, тұр орныңнан. Біздің жігіттердің қатарына бар. Шоман апыл-құпыл орнынан тұрып, біз берген мылтығын алып, Жатқұлақ жігіттерінің ортасына кетті. Бізге оның керегі де осы үшін ғана еді, біздің тұтқындарға шабуыл жасауымызды айтқызу болатын.

— Адамдарың біртіндеп осылай бізге қосыла береді,— деді шал ыржиып.

— Бәріміз де қосылуға келгенбіз, мен мажардан солаймын,- дедім мен. Шал тағы бірдеме ойлап кетті. Сәлден кейін орнынан тік тұрды да, сұңғағын созған аққудың саһарынша мойнын созып біреуді іздеді.

— Ей, Жөкен, мына балшайбектерді тамақтандырайық. Тез қой сойындар да етін қуырып жеткізіңдер! Мен сенің түп нағашыңмын. Сенің әкен Үйсінбайдың шешесі менің әкемнің бірге туған үлкен апасы. Бірақ сен жасырсаң да білемін, сен балшай-бексің, мен балшайбектің жауымын. Сен енді менің тұтқыным-сың, екеуміз туысқанбыз, бірақ бітіспес жаумыз.— Шал осыны айтып сылқ құлап түсті. Отырған жігіттері де, біз де сасып қалдық. Мен шалдың басын көтердім, Ырысбек аузына су тамызды. Қайта жерге салдық. Жатқұлақ жігіттері абыржып, абдырап не істерін білмеді. Ырысбек айырсақалдың кеудесін ашып, су бүрікті. Шал сәлден кейін көзін ашты. Қайта сөйледі:

— Сен менің жақынымсың, туған жиенімнің баласысың Байларға жасыннан қаның қас, жібімейтініңді білемін. Өйткеш ананан жалғыз едің Жалғыздың мейірі қатты болады. Соңғы айтайын дегенім сендер көп адамды жазықсыз қырдыңдар, сендерді жек көремін. Сен менің жауымсың. Ал менің жалғыз ұлым бар, Талғарда кірпіш зауытында жұмыс істейді. Ол сенің бөтенің емес. Соны сен тәрбиеле, балшайбек жасап ал. Аты Дәуітқұл. Әй балалар балшайбектерге қонақасы бе...

Шалдың шарпу жаны тынып қалды. Мен көзін жаптым Жігіттер көрбалалау болса керек, не істерін білмей ұйлығып қалды. Әлден уақытта барып жігіттердің бірі:

— Қайран бауырым-ай!Медетім-ай,айтатыныңды айта алмай арманда кеттің-ау! — деп дауыс салды. Айырсақал түп нағашымды — жау нағашымды сол төңірекке қойдық. Бұл бандыларда бәрі де бар екен, күрек, кетпен әзір. Күн бата Жатқұлақтың жамбасы жерге тиді.

Не істеу керек? Жігіттер мылтықтарын тастай салып бәрі топырақ салып жатыр. Бәрінің мылтығын жинап алып, мола басынан айдасақ

сонда бізді кім дейді. Ырысбек екеуміз ақылдасып тұрдық. Қалай істегеніміз жөн. Және елу -алпыс адамның қайсысын ұстарсыз. Не де болса шалдың қонақасын күтелік дедік

Біз Жатқұлақты көміп болмай-ақ Жалбық жетіп келді. Демек біздің тосып отырған адамдарымыз жетіпті. Жұрт жапырлап қонақасыға отырғанда әскерді жеткізбек болдық. Үн-түнсіз айыр сақалды жерледік. Тамақ әзір екен. Бандылар қосыны біз түскен жерден алыс емес-ті. Бір шақырымдай. Біз бандылармен бармадық, орнымызда қала бердік. Олардың бағатыны біз ғана. Сондықтан күзет қойып, әскермен таң алдында олардың қосын қор-шамақ болдық.

Нартын көміп болған соң бандылар тәкбірлесіп ұзақ отырды Шоман бірден-ақ бізден іргесін аулақ салып, солардың жағына шығып алды. Бізге оларға енді бастық болады-ау дейтіндерді сөзін басқаларға тындата алатын адамдарын білу керек. Қары ұнымы елу-алпыс адамдай бандылардың басшысы Барақбай деген бақырбастау жігіт тағайындалған. Бұл осыған дейін де Жатқұлақтың ең сенімді серігі болып келген. Біз олардың іңірде бас-талған кеңес-тәкбіріне Құрамысты жібердік те, Жалбықты қосқа қарауылға қойып, жігіттерді түн жарымына дейін демалуға бұйырдық. Олар жаға салып пырылдады. Мен де қалғып кетіп көзімді ашсам Ырысбек, Жалбық, Құрамыс үшеуі салдырлатып бірдемені жерге қойып жатыр. Сөйтсек күнде еркін, қызыл іңірден ұйықтап үйренген бандылар түн жарымына дейін бастықтыққа таласып, ақыры Барақбайды бастық қойған соң басқасы ұйқыға бас қояды. Бәрінің қатты ұйқыға кеткен хошуақ шағын білген Жалбық пен Құрамыс Ырысбекті оятып, олардың мылтығын тегіс жинап алуды ойлайды. Алпыстай адамда отыз бір мылтық бар екен. Тапаншаның бары-жоғын кім біліпті, Жалбық пен Құрамыс бандылардың мылтығын сыпырып алыпты. Шіркін екеуі де атығай жігіт еді ғой.

Таңсәріден тұрып, еркін, қалай болса солай құлаған бандылардың қосынын қоршап алдық. Бұларда қарауыл да жоқ. Ағалалы ордада ақ төсекте жатқандай. Біз шын ұрып, қалған тартып «тұрындар» деген белгі бердік. Біздің кернейіміздің даусынан шошыған бандылар шолан ұрып ортаға шықпақ болса да, шолпы тартып тұрып-тұрып қалды. Мылтықсыз бәрінің қарақан бастары қалған. Қалғанның кернейлеткен әуезі бандылардың миын шаққандай. Кейбірі екі қолымен екі шекесін басып, жүресінен отырып қалды. Қызыл әскерлер кешеп бізді қамаған бұлардың өздерінше тұр Бірақ бәрі атты Олар жаяу болатын Менің көзім бір шалғанда Шоман Барақбайдың жанында тұр еді, енді жанын қоярға жер таппай әркімді бір сағалайды. Құдайдың ұрғаны-ай, дейтін болса керек.

Мен Ырысбекті ертіп ортаға шықтым. Бандылар қаз қатар тұр. Барлығы елу үш адам екен. Оның мылтық ұстағаны отыз бір Демек, жиырма екі адам аңғыртқа ұшып жүрген сорлылар, анау ру басылардың қошығын қошықтап, табағын тасысып, айылын тартысқан байқұстар.

Мылтықтарың жоқтарың, мылтық ұстамағандарың алға шығындар, қане! дедім дауыстап. Біразы ілгері шықты Санап едік, жиырма алты адам болды.

— Бұл қалай? Қайсысың өтірікшісің? Төрт адам өтірік айтып тұр. Мылтығы жоқ жиырма екі адам ғана болуы керек.

— Жоқ, ағай, жиырма үш адам болуы керек,— деді жастау жігіт. Сіздер алған мылтықтың бірі өлген жәкемдікі еді ғой.

— Ал сонда да үш адам артық. Қайсысың. Бәрібір тауып аламын, одан да өздерің мойындандар. Ал мылтық ұстағандарың орындарына қайта барындар. Екі жігіт қайтты. Шыдай алмады білем. Біреу мылтықсыздар ішінде қалып қойды.

— Мынаның ішінде бірі мылтық ұстаған. Тапқан соң атып тастаймыз,— дедім Ырысбекке қарап.— Баракбай деген қайсысың?

Ешкім дыбыс шығармады. Мынау деп ешкім көрсетпеді.

— Мынау,— деді Құрамыс, мылтықсыздар ішіндегі жуан сарыны нұсқап.— Түнде нарт болып белгіленген осы.

— Алындар, Баракбайды! — Ырысбек оның жанына екі қызыл әскермен барды да, қолына кісен салып, біздің адамдардың ішіне жөнелтті.

— Ал қалған мылтықсыздар! Сендер аңғыртқа ұшып, босқа сабылып, босқа бала-шағаларыңнан безіп жүрсіндер. Қазірден бастап боссындар, әрқайсысың қатын-баланды тауып алып, адал еңбек етіңдер. Ал қазір аттарына мініңдер де жөнеліндер. Енді бұл жаққа келсеңдер кешірім болмайды.— Ырысбек олардың тізімін алған соң тарқатып жіберді. Аттарына мінген олар тым-тырақай, әлде асқа келіп тарқап бара жатқан, әлде көкпардан қайтқан адамдай жөнөп бара жатты. Құтылдық па, құтылмадық па дейтіндей.

Қалғандарының бәрін сұраққа алдық. Отыз адамның, Шоманмен отыз бірдің бәрін айдап, қамағымыз келмеді. Мүмкіндігі бар, райынан тез қайтатындарын қолынан қағаз алып қайтармақпыз. Ол біздің өз қолымыздағы нәрсе.

Інім отыздың бәрі бірдей Совет өкіметінің жауы емес екен. Тіпті арасындағы бір салдама киімді жігіт аса сауатты адамдардың сөзін айтты. Орта жастағы кісі. Аты Асан. Онымен Ырысбек екеуіміз ұзақ әңгімелестік. Ол алдымен жауап бергісі де келмеді, біраз сұрақтан кейін барып шынын айтты:

— Мен бай емеспін, бай баласы да емеспін. Менің қатын-балам жоқ. Жалғыз басты жігітпін. Сондықтан нақ қазіргі мезетте маған қайда жүріп, қайда тұрудың бәрібір. Мен Совет өкіметін дұрыс қарсы алдым деуіме болады. Бұл тіпті де оның жүргізер өкімдігін, берер бағыт-бағдарын, сүтінін-түтінін ұққандықтан емес, мен оған былай қарадым. Кеше бізді — қазақтарды Патша өкіметі қаратып алды. Ол бізді жерімізден қуып, бар шұрайлы жерімізді келімсектерге тартып алып берді. Мен сіздерге бәрін жасырмай айтайын. Ең алдымен, Әбеке, адам ашық пікірі

үшін жазаланбауы тиіс. Ал, сіздер, ашық пікір айтқап Байтұрсыновты, Дулатовты, Аймауытовты соттап жібердіңіздер. Мен сауатсыз адаммын. Сөзіме қарап бұл оқыған адам екен деп ойламай-ақ қойыңыздар. Тек өзімше қара танып, газет оқи алатын ғана шамам бар. Менің бар оқығаным «Еңбекші Қазақ» қазіргі «Социалды Қазақстан». Осыны оқып-ақ мен көп нәрсені аңғара алдым. Оқуды оқу үшін оқымау керек, Әбеке, сіз оны менен гөрі жақсы түсінесіз. Оқудан нәр алу керек, сол оқуыңнан бір қорытынды шығара білуің керек. Сіздер он тоғызыншы жылы кешірім берілген «Алаш» партиясын қайта-қайта айта бердіңіздер де, жұртты ашық пікір айтқаны үшін соттадыңыздар. Сіздер оны жұртқа жау деп түсіндірдіңіздер. Ал жұрттың ішш-де олардың барлығы бірдей жау еместігін, тек пікірі барлығын, олардың сіздердің істеп жатқан істеріңізді сарапқа сала алғандығы үшін жауапқа тартылғанын білетіндер көп екенін ойламадыңыздар. Олар ешкімді, сіздерге қарсы үгіттемесе де жазалағандарыңызды газет жазған мақалалардан-ақ түсіне, арғы жағын көре-біле алатын адам бар-ау деп ұқпағандарыңызды айтқым келеді. Міне, мысалы қазір, сіздер, осындай ашық пікір айтқаны үшін, Алашты жақтады деп акт жазып, мені де соттай салатындарыңызды білемін. Егер олар қолына қару алып, жұртты Совет өкіметін құлатуға бастап, көтеріліс-ұйымдастырса, яғни қылмыс үстінде ұстасаңыздар, әрине, атуға да, асуға да болады деп ойлаймын. Өйткені олар онда ашық жаулық істеген болып шығады. Бірақ сіздер болмаған нәрсе үшін, өздеріңіз болуы мүмкін, түбінде осылардан бірдеме шығып кетуі мүмкін деген күдікпен оларды соттадыңыздар. Бұны, мен де, мен сияқты газет қана оқи алған талай адам білді, көзі жетті деп ойлаймын.

Мысалы, Әбеке, мен Совет өкіметін жақтағанда алғаш сіздердің жолдарыңыздың кереметтігіне көзім жеткендіктен жақтағаным жоқ. Мен жерінен айырылған қазақпын. Мен сонау Белшандырдың қазағымын. Ал Балқаш бойына үш қайнасам сорпам қосылмайды. Алдымен Колпаковский Іленің арғы жағындағы жерінен менің атамды Іленің батыс жағына бір құды. Біздің жеріміз Көксу, Құрымбел, Алтын-немел, Матай —Бақай тауы екен. Ал енді Верный уезін қаратып алған соң, аталарымыз туысқан-дарынан жалынып-жалпайып, ақтарылып-ағынып жүріп Белшандырды сұрап алыпты. Тоғызыншы жылы Белшандырды патша өкіметі тағы тартып алып, біз тағы жерсіз қаңғып қалдық. Өйтеуір енді қалай болғанда да патша отаршылдығынан құтыла алмайтын болдық. Сондықтан мен сияқты жерінен айырылып, өз елінде, өз жерінде шығарға өр таппай, кірерге көр таппай бұратана атанып, көрінгенге көзін сатып қалған қазаққа қай орысқа, тіпті басқа бір ұлттың қайсысына бағынғанның бәрі бір емес пе? Қане, осым дұрыс емес деңізші! — Белшандырдың қазағымын дейді ә? - деп ойлады мен. Бұл жерінен айырылған Орымбеттердің өкілі екен ғой. Олар қазір Қаскелең маңында, Еңбекшіқазақ ауданындағы Талдыбұлақта тұрады

гой. Айтып отырғанының бәрі рас. Менің аталарым да сол Іленің арғы жағындағы Құрымбел, Алтынемел, Шаңқанай, Матай-Бақайда тұрған.

— Совет өкіметі қазақтарды қайтадан жеріне орналастырды ғой, оларға шұрайлы жер берілді ғой,— дедім мен.

— Мені алдарқақтай-ақ қойыңыз. Қалай орналастырғаны белгілі. Орналастырмақ болған Жандосовты Жетісудан орынынан алып, қуғынға түсірдіңіздер емес пе? Тіпті жиырма бірінші жылы болған мәселені сіздер қайта жаңғыртып, арада сегіз-тоғыз жыл өткенде Жандосовты «Қазақтарды жерге бірінші орналастырғаны үшін» сөгіс беріп, одан Өлкелік Комитеттен кетірдіңіздер емес пе? Мен мұның бәрін тегіс газет хабарларынан алған мағлұматтарымнан ақылға салып қорытынды шығарамын. Шынымен саясатты аңлаған кісіге не болып, не қойып жатқанына газеттің берген, большевиктердің пайдасына айтылған сөздің өзінен-ақ пайым шығаруға әбден болады.

Мен бастан бандит емеспін. Өйткені тап күресі дегендеріңізге де мен еліге қоймадым. Ал шынымен колхоздастырудан мен үлкен үміт күткенмін. Бірақ оным желге кетті. Мен бір атадан тараған он үйден жалғыз қалдым. Бәрі аштан қырылды. Тігерге тұяғын қоймай, бар малын тартып алдыңыздар. Оларға екі жыл бойы не жұмыс тауып бере алмадыңыздар. Ақыры қазақтың тең жартысынан көбін қырдыңыздар. Міне, осыдан кейін сіздер мені қалай Совет өкіметіне дос бол дей аласыздар. Сіздер мені қамайсыздар, мен үшін қайда жүргеннің бәрібір. Мен сіздердің түрмеңізден де, итжеккеніңізден де қорықпаймын. Ашық пікір айтқаным үшін айыпты жасайсыздар. Ата алмайтындарыңызды білемін. Өйткені ол сот арқылы ғана істелуі мүмкін. Мені бұл жерде ату қолдарыңыздан келмейді.

— Ал біз сізді босатып жіберсек не істер едіңіз? — дедім мен.

— Онда енді күн көрістің көзін іздеймін дағы.

— Мылтықты қайдан алдыңыз, мұнда қалай келдіңіз?

— Мұнда балық аулай келгендерге жалданғанмын. Сонан соң мына жігіттердің еркін өмірі ұнады. Мылтықты кезеп өлген Жатқұлақ берді.

— Онымен қанша кісіні аттыңыз?

— Екі қоян аттым,— деді Асан, адам ату ойыма келген жоқ, және ол менің қолымнан келмейтін шара ғой деймін.

— Онда неге бандиттарға қосылдыңыз?

— Еркін далада жүргім келді,— деді Асан. Ырысбек екеуміз ақылдастық. Асанды босатуды жөн көрдік.

— Сіз енді боссыз. Енді бұл өңірге соқпаңыз, теріс жолға түспеңіз, жоғарылап, кәсіп қылыңыз.— Асан біразға дейін біздің босатқанымызға сене алмай ұйлықты.

— Тез аттаныңыз да, жөнеліңіз,— деді Ырысбек. Сәлден кейін Асан қайта айналып келді.

— Бір сөзім бар еді,— дейді ол.

— Айтыңыз!

— Осында бір ауылдан келген үш жігіт едік, олардың да жазығы жоқ, тек маған еріп келіп еді.

— Бала-шағасы бар ма еді?

— Жоқ, мен сияқты үйсіз-үйелменсіз, қонарын сай, ұшарын жел билетін жалғыз бастылар.

Асанның атаған жігіттері де өзі сияқты, әр нәрседен хабардар, бірақ бұзықтығы жоқ жандар болып шықты. Оларды да босатып қоя бердік.

Ортаға кебеже қарын кең құрсақ, бойы аласа балшық сары жігіт Баракбай шақырылды. Екі беті ботқадай, бір қараған адам қазақтан гөрі сақа ма деп қалар ма еді. Екі көзі не көк емес не қоңыр емес, кілегейленіңкіреген. Қалыңсарышашы әрталықөптенжуылмағандықтан салабаланып, сапандана түскен. Отірік күліп үйренген адамға ұқсайды. Садаптан қараған адам «жылуы жоқ бойының жылмиғаны неткені» дейтіндей, бізге қарап ыржияды. Кейде осындай танымайтын адамдарға қарап та күлкісі келіп тұратын адам болады. Әсілі ондайлардың көбінің көңілі жайсаң жандар еді. Мынау кім біледі, сондай бір жағасы жайлау, етегі қыстау адам шығар. Жасы қырықты алқымдап қалған, тепсе темір үзер кезі екен. Ол бізге ә дегеннен-ақ теріс келді.

— Енді бізді орыстың өзі қойып малайлары сұрайтын болды ғой,— деп бастады ол сөзін.— Өз бастарында билік жоқ, сорлы-мүскіндер, өмірде орыстың алдында ләппайлап өтетін болдыңдар ғой.

— Ал айтпағыңыз болса, армансыз айтып алыңызшы, мек сұраққа кіріспес бұрын. Арманда қаларсыз. Айтпағыңыз көп сияқты ғой,— деді бәрінен жауап алып отырған Ырысбек. Ол мұны ашу шақырмай жайбағыстап отырып айтты. Балшық сары түнере түсіп, қабағын қайта көтеріп, өп-өтірік ыржиды. «Жаңа-ғым қалжың» дегендей. Бұл бер жағындағы бізге көрсеткен қулығы еді. Бізді иландырамын деп ойлайды. Өзін әлде қу, әлде ақылды санайтын адамдарда көбіне осындай қылық болады.

— Жай, менікі әзіл ғой. Қолға түскен тұтқын қалай сіздерге тіл тигізе алсын, онда тілімізді кесерсіндер. Орыс қожаларың солай істе деп үйретіп жіберсе, істемеске амалдарың қайсы? — Мен ойланып қалдым. Бұрнағы күні біз бөлінерде Федор «мен де барайын» деп көңіл білдіріп еді. Бара жатқанымыз тым төмен болғандықтан оны әдейі алмаған едік. Енді соның дұрыс болғанын көріп отырмын.— Мен мына Сопы ауылының қазағымын. Бізді бұрынғыша Сарыүйсін ішінде Қалша дейді. Әлгі сонау жылы өлген шошқа баққыштың баласы бастық болған соң-ақ Советіңнен шашынғанмын.

Кімді айтып отыр деп мен таңданып қалдым. Менің есіме түсіре алмай отырғанымды білген Ырысбек:

— Бәрібаевты айтып отыр,— деп сыбыр етті. Енді есіме түскен іспетті. Жиырма екінші жылы Ташкенттен Рысқұлов ұшып келіп, сонда Ұзынағашта көрме болған. «Өстепкеде» деген Жәкеңнің өлеңі бар, сол көрмелерге барғанда айтқан. Көрменің қызығы, ат шапқаны, көкпары,

күрес-сайысы аяқталып болған соң, түстен кейін жұрт тамақ ішуге отырады. Жамбыл атаң жағалап үйлерді тамашалап, домбырасы қолында келе жатады. Ол әр үйдің есігінен қарап, үйлердің жасау-жабдығын, жайыптастаған себін көреді. Бір боз үйдің жанына келгенде есік алдындағы адамдар Жәкенді бұл үйдің есігіне жақындатқысы келмейді. Жәкен сұлыбынан еркіндікке жаратылған адам жаңағы үйге жақындап бармаққа ерегесе кетеді. Сөйтіп біреу оны жасқамақ болып «бұл үйде Жандосов, Бәрібаев отыр, аулақ жүр» дейді. Сонда Жәкең «әкеңнің... утас жаққан, шошқа баққан, әділет керек болса мені тапқан, екеуің де бокмұрын бала едің, қалайша енді маған құрдың қақпан» деп өлеңдетіп жібереді ғой, сөйтсе Жандосов пен Бәрібаев үйден жүгіре шығып, қартты екі қолтығынан алып кіргізіп кетеді. Сөйтсе «утас жаққан дегені Жандосовтың әкесі Қырым екен де, шошқа баққаны Жұбаныш Бәрібаевтың әкесі Бәрібай екен. Бәрібай, Бәрібай екі ағайынды еді, інім. Бәрібайдың баласы Бекұзақ анау Шамалғанның аяғындағы Көлащы деген жердеп бұрын Тұрар колхозы, қазір Киров атанған колхозда тұрады. Ал Бәрібайдың баласы Жұбаныш жиырма жетінші жылы Жетісу облыстық партия комитетінің жауапты хатшысы болып тұрғанда құрт аурудан қайтты Ол кезде бірінші хатшы демейтін, інім, жауапты хатшы дейтін. Баласын ер балалар гимназиясының бірінші класына берерде Бәрібай бір жыл орыстың шошқасын баққан екен. Бәрібаев оқуға келгенде онымен жасты Жандосов гимназияның төртінші класында оқып жүрген. Мынабалшық сарының айтып отырғаны сол кедей деп бізді кемітіп отырғаны да, баяғы. Інім, қазақ қызық халық. Ол біреудің айыбын, кемдігін көзіне айтпайды Мысалы біреудің таздығын, әлде біреудің ақ сақтығын бетіне баспайды. Ондай адамды тебір, тексіз деп есептейді. Тіпті қазақ біреудің кедейлігін де айтқызып емес. «Құрдасын кедей деп кемітеді оңбаған» деп ондай сөкет, анайы сөйлегенді зарпынан ұнатпайды. Бір кездегі біздің большевиктің нартымызды «шошқа баққыштың баласы» деген өңменімізден өтіп кетсе де, оны Ырысбек екеуміз әдейі елемеген болдық. Біз өзіміз қай бір бұлықсыған мырзадан шығып едік, мен кешегі қойшы, Ырысбек те солай. Сөйтіп балшық сарыны тындап қалдық. Оның бетіне қараған сайын маған таныс сияқты болып барады. Ия, ия ескі «дос» Сонау он сегізінші жылы «Алаш» қазармасынан Шепров екеуін қамауға алған едік. Осы жерде Махамбеттің бір ауыз өлеңі ойыма оралып дауыстап айтып жібердім

«Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас»

Е, батыр, баяғыда Алматыда Алаш қазармасында қолыма түсіп едің, әлі оңбай жүр екенсің ғой!

— Ағатайлар, жанымды қалдыра көріңдер! — деп зарлап қоя берді балшық сары. Тура баяғы сөзі, сарыүйсін Сарының, немересі. Белгілі

феодал тұқымынан, Совет өкіметінің қас жауы, әлі сөзі бұзық. Енді тағы да «жанымды қалдыра көріңдер» деп жалынады. Балшық сары азырақ жалынып-ағынып, жалбыштанып отырды да, тағы күшейіп шыға келді:

— Орыс қожаларың мені ұстап әкеліндер деп пе еді, онда ұстадыңдар. Орыссыз күндерің бар ма, құл-құтандар...

Сөзді көрдің бе, інім, «құл-құтандар» дейді. Өлгелі жатқан шошқа да қорс еткенін қоймайды. Бандылардың бұл төңіректегі ақырғы апанынан ұсталғандардан он бір адамды қалдырдық та, басқасын босатып қоя бердік. Бұл бандылардың ерекшелігі сол — кейбіреулері әйел, бала-шағасымен қашып жүр еді. Олар, әрине, ірілері болатын. Сонымен ақырғы апан талқандалды, бірақ бұлар ақырғы бандылар емес-ті Шалтабай, Ағыбай, тағы біразы жеке-жеке кеткен еді.

..Шалтабай Ошта жүр екен.

Бұл сөз Қастек ауданындағыларға тегіс жайылып кетіп еді. Бірақ ол кетерінде тағы да жұртты шулаған жасады. Ең шеттегі Бұғымүйіз — Бесмойнақтағы Қасқарау ауылының жылқышысын соққыға жығып, он шақты атын алдына салып айдап Қырғыз асыпты. Жалғыз емес, жанында Атагелді, Әбдібай деген бірге туған бауырлары бар. Бұл кездері Жалбықты да, Құрамысты да ауылдарына қайтарған болатынбыз. Енді оларды қайта іздеуге тура келді. Қаскеленнен қайта алғызған Жалбықты атқа мінгізіп Әбдіқадыр екеуміз Құрамысты іздейік.

Құрамыс Ақшап баласы. Оны көбіне елде Тайторы Құрамыс дейтін. Ол ірі байларды конфискулеуге, колхоз ұйымдастыруға белсене қатысқан, «Қоғамшыл» колхозын ұйымдастырып, оның председателі де болды. Енді, міне, Шалтабайды іздеуге аттанғанда ол бізге тағы керек еді. Өйткені ол да, Жалбық та тым епті, әрнәрсеге епсекті, жүзіктің көзінен өткендей пысық жігіттер. Құрамысты кеш алдында бір қойшы үйінде шай ішіп отырған жерінен таптық. Оны атына мінгізіп алып ауылдан ұзап шыққанда «Мынаны жібере салайын» дейді Құрамыс. «Нені?» деймін мен. Сөйтсем Құрамыс қорада жатқан қойдың бірін ат үстінен іліп әкетіп, серендетіп, екі алдыңғы аяғынан ұстап алып келе жатыр. Төрт-бес атты кісі қатарласып келе жатып, соны білмеппіз. Кердің бе, інім, «құланды да жыландай кісі атады» деген қазақ. Біз осындай жігіттерді де пайдаландық. Олар шын мәніндегі өнерлі жігіттер болатын.

Сол екі жігітпен, он шақты солдатпен мен Қырғызстан кеттім. Ол Қырғыздың Өзбектің Ферғана аңғарымен шектес жатқан қаласы. Қалаға біз Қызылқиялағып жеттік. Қала халқының көбі өзбек. Бізге жеткен мәлімет дәл екен. Солдат киімін киген Құрамыс Ош базарын аралап жөнелді. Сәлден кейін-ақ басына ала тақия киіп, жылқы етін сағып тұрған жерінен Шалтабайды ұстап алып келді. Ол тіпті бұл жерге іздеп келе қояды демесе керек, мені көріп түсі бұзылып кетті. Шалтабайдың өзі айтқандай-ақ біз оған Совет өкіметінің құрығының ұзын екенін

көрсеттік... Ал қаныпезер Ақназар Бекназаровты ұстау мүмкін болмады. Ол біз қуғаннан екі күннен кейін-ақ Қытай өтіп кетіпті.

Енді мен Алматылық болдым. Мұның өзі бір жағынан жаман да болмады. Қолым тиіп, қалт еткенде Совет пен Марленге барып тұруға мүмкіндік туды. Алматыға, әрине, қызмет бабымен келдім. Міндетіміз енді Алматыға келіп кеп ішіне сіңіп кеткен, көп адамды өлтіріп, көп малды ұрлаған Ағыбайды ұстау.

Алматы ол кездері кішкене қала. Аяғынан басына қарасаң сайрап жататын көшелерде машина аз, ат арба, ат та, түйе де көп. Жан-жақтан алма, қауын-қарбыз сататын колхоздардың бәрі көлікпен келеді. Алматының көкбазарының бір шетінен кірген кісі ол шақта екінші жағына шыққанша тойып қалады. Інім, адам сауатты болған сайын сараң, көзі ашылған сайын қытымыр, қатыгез бола ма деп те қаламын. Әрине, теориялық жағынан алсақ бұл дұрыс болмайтынын білемін. Өйткені теория қашанда адам ойын жақсылыққа сүтіндеуі тиіс. Сондықтан сұлыбынан жаман нәрсе жоқ, ол жүре-келе жаман болады, бірақ ақырында ол жақсылыққа барады деуіміз керек. Бірақ, інім, теория, яғни қисын жасалады, ол өзгермеуге тиіс. Бірақ өмірде солай ма? Мен де Коммунистік партияның мүшесі болғанмын. Өзгермейтін қисын тек шындықтан қыбайы болмақ. Шындыққа негізделген қисын өзгермей тұра алмақ емес. Әрине, оны біз мойындағымыз келмейді. Сондықтан теорияға догмалықпен қарамау керек, оны жасампаздықпен пайдалану керек деп сүйей салды жасаймыз. Ал менімше, керісінше, қисын өзгере береді, ол тіпті жағдайға қарай құбыла түседі. Ал саясат қайта көбіне тұрақтырақ. Мысалы алайықшы, ұлт саясатын алайық. Ол қай қоғамдық құрылыста болса да көп ұлттың аз ұлтқа үстемдігі тұрғысында жүргізіледі. Қазақ оны көп теоретиктен «қисыншылдан» бұрын білген. Мысалы айталық. Қазақ «көп қорқытады, терең батырады» деген. Өтірік дей аласың ба, осыны, інім. Әрине, сен марксизмді жетік білетін баласың. Мен, інім, бүгін атшы-қосшы болып отырсам да, оны сенен аз білемін дегім келмейді. Менің осы айтып отырғаным ленинизмге қайшы емес. Тек соны бүгін жүзеге асырушыларға, теорияны теріс жүргізушілерге қарсы. Әйтпесе, інім, айта ғой, неге біздегі саясат бір ғана ұлы халықтың психологиясына сәйкес жүргізіледі? Үндемейсің ә? Мейлі үндемей-ақ қой. Неліктен ұсақ ұлттардың мүддесі ескеріле бермейді. Өйткені теорияның айтқанын саясат жеңіп кете береді. Ал дұрысында саясаттың емес, теорияның дегені болуы керек. Бұл да тек теориялық жағынан ғана дұрыс. Іс жүзінде олай болмайды. Мен ісіміз теориямызға сәйкес болсын дейтін адаммын, бірақ теорияның емес, саясаттың айқаны болып жатады ғой. Айтайын дегенім әлгі адамның сараң тартқандығы еді ғой. Сол кездері, әлі еліміздің тепс сауаты ашылмаған кезінде көкбазардағы алма сатушылар, «дәмін көр» деп қолыңа алманы қалай болса солай ұстата салушы еді, сонда қарны ашып қалған адам базардың екінші шетіне шыққанша бірде

өрік, бірде алма, бірде алмұрт, бірде нәк, алқоры, інжір, нарт, анар жеп ішін теңдеп алушы еді. Енді сауаттанған заманда біреудің бір өрігін алып аузына салып көр, саған қызыл тақия кигізбегенімен жеті ата, жеті тұстына жетсін. Міне, сондықтан да мен адам сауаттанған сайын сараң, қытымыр бола ма деймін. Әрине, сен оны маған «жоқ, олай емес, қазір сауаттанған сайын адам да еңбегінің қадірін, қиындығын білген, сондықтан еңбекпен тапқан нәрсесін — затын, өнімін саған неге бергісі келмейді» дейсің. Әрине, мұның да жаны бар, бірақ бұл жерде молшылық пен жоқшылықтың алатын орыны да ерекше. Неге? Сол кездері Алматыда жеміс көп қой деймін. Мүмкін базардағы мырзалық содан келш тұрған болар. Ол кезде алманы арбамен әкеліп базарға төгетін де, сатқанынша сатып, қалғанын кілттеп, бекітіп кету дегенді ағымен білмейтін, сол жерге үстін киізбен, әлде сабанмен жауып тастап кете баратын да, ертеңіне қайта сатуға келетін. Ал қазір тастап кетіп көрші, ертеңіне не қалар екен?! Ең алдымен базардағы қарауылдың өзі оны түнімен үйіне тасып шықсын. Біз капиталистік-жекеменшіктікке негізделген қоғамнан қоғамдық меншікке негізделген социалистік қоғамға өттік. Ал біздің психологиямыз қалай өзгеріп кетті. Бұрынғыдан ұрлық неге көбейіп кетті? Мысалы қыркыншы жылға дейін қазақ ауылдары құлып, кілт дегенінді біле бермейтін. Есігі ашық болар еді. Қазір керісінше, социалистік қоғамда ұрлық болмауы керек қой. Теориялық жағынан алғанда солай болуға тиіс. Ал біз бір жамандық көрсек ескі капиталистік қоғамның сарқыншағы, қалдығы дейміз. Ал Қазақстанда капиталистік қоғам кезінде барымта-сырымта ретінде жылқы алу болмаса, үй тонау, кісі тонау, біреудің бірдемесін іле кету жоқ еді ғой. Сонда бұл қайдан қалай пайда болды!? Осындайды білеміз, айтамыз. Біз енді осы шындықты білгеніміз үшін кінәлі болатын болдық қой. Бұл қалай, інім? Сол білгенінді айтсаң, социалистік қоғамға қарсы болып шығасың. Ал қазақ «ауруын жасырған өледі» деген. Ал осындай социализм кезінде етек алып кеткен тебірлік-тәртіпсіздікті айтпағандықтан, әрқайсысымыз өзімізге «ұлтшылдық» әлде «қоғамға қарсы» деген айдар тағылмауы үшін, от басымызда аман жүруіміз үшін аузымызды бағатын болдық, ал кемшілікті айтпадық, айтқызбады оны, оны айтқан кісі жау болады, сонда ол кемшілік қалай жойылады, қате қалай түзеледі? Оны үндемей отырып, екі елі аузына төрт елі қақпақ қойып отырып, былай жою керек, былай түзеу қажет деген адам көрмей тұрмыз ғой.

Інім, міне, тағы лағып кеттім. Сол Көкбазарды, сауда көшесіндегі көп магазинді Жалбық, Құрамыс үшеуіміз кешке дейін кеземіз. Алматы көшелерін сандаламыз. Іздейтініміз Ағыбай. Оның осы Алматыда екеніне күмәніміз жоқ. Мәліметім сенімді болатын. Қашқында жатып тұратын үй де бола бермейді. Өйткені оған қазақ үйінің бәрі кірті, бәрі қоныс. Қазақтың кең пейілі Совет өкіметінің жауын ұстауға кедергі жасады. Неліктен дейсің ғой. Ол кезде біздің жерімізге ресмилік әлі әбден кіріп болмаған. Кез келген қазақтың үйіне барып «қонақпын,

құдайы қонақпын» десе, қолын қусырып, текеметін төсеп, сырмағын салып, бар тәтті-дәмдісін, жылы-жұмсағын аузына ұстап, құшақ жайып қарсы алады. Бір келген қонақпен бір күн дидарласып, сұқпаттасу оған бір ганибет. Пыран киіп, пырақ мінген батырды, соғым байлап, бордақылаған қараңғы азбар, ақырды, желі тартып, құлын байлаған тақырды айтып, өткен-кеткенді еске түсіріп отыруды бір жасап қалдық деп есептейді. Тіпті кейде есім-ныспысын ғана сұрап, әңгімесі жарасса, кім екенін де білмей, құдайы қонақ деп қала береді. Ол бір аңқаулықтан, алжасқандықтан емес, еренсіздіктен де болмайды, мықтағанда басына іс түсіп жүрген қазақтың ер-азаматы, кебенек киген кебені дей салады. Міне, сондықтан біз Ағыбайды үйден іздемейміз, оны олай табу мүмкін емес, жұрт жиналған, құрттай қайнаған қан базардан іздейміз. Сол көп сандалыстың бір күнінде ойламаған жерден қызық оқиғаға кез болдым.

Көкбазарды аралап, шаршап бір түйелі арбаның үстіне шығып отырдым. Тіршілік істеген тірі адамдар құрттай қайнап жатыр. Қаршылдатып алма шайнаған балалар, дауласқан саудагерлер, араға түскен делдалдар, алыпсатар-қызылқұлақтар. Кәдімгі қоңыр күздің шуақты күні нұрын төгіп тұр. Кейбіреулер арқасын күнге төсеп мүлгіп отыр. Біреудің біреумен ісі жоқ. Әркім өз шаруасымен. Күні өтіп бара жатқан, қураған шөптен сорар шырын таппаған жабайы аралар ұшып-қонып, алмадан алмаға, өріктен өрікке қонып тызылдап жүр. Анда-санда ақырған есектерге қосылған базардың басқа бұрышындағы әңгінің дауысы озан салады. Көкбазар төңірегіндегі жалғыз қабатты үйлердің тауықтары да нәпахасын осы базардан келіп теріп жейді. Олардың жалбағы жалпыштанған қораздары да көзін қырғиландырып, тың-тындағандай кокиланып барып шақырып қояды. Әр жерден «манту алын» деген ұйғыр әйелдерінің дабысы естіледі. Біреулердің күліскен, біреулердің дауласып ұрысқаны да құлақты тұндырады. Шарт-шұрт ұрысып саудаласқан алақандар. Он бес-жиырма минут сайын Жалбық пен Құрамыс бір қолығып кетіп тұрады. Түйелі арба иесіз сияқты. Үстінде қарала қаптары, арқандары жатыр. Әкелген жемісін жапқан, немесе әдейі-ақ үйінен төсенуге алып шыққан шұрық-тесік құрым киіз. Әжептәуір қара шапан, қара елтіріден тігілген төрт сайлы бөрік жатыр. Мұнымды біреу алар-ау деген ойда жоқ, түйелі арбаның иесі бұл дүниеден көшкендей. Базардың үстін ала қойған арбада отырып сонау бала күнімді шолып, сол жоқшылық билеген, жалаң аяқ, жалаң бас Беріктас төңірегін шарлаған шағым есіме түссін. Ұлбай бәйбіше, Ұлтуған бәрін бір-бір шолып шықтым. Құлағымды кестіріп шұнақ болған кездерім, біраз уақыт ұялып, жоқ құлақтың орнын қолыммен басып жүрген шағымды да еске алып, сол ұялғаныма жымыып қойдым. Қойыртпақ байқұстың қылықтары қандай еді. Құтпаны да, бәрі де ашаршылықта қырылып қалыпты. Одан Жаубайға, Таубайға түстім. Таубай қайда жүр екен? Таубай былтыр Оралдан қашып келіпті деп Тойбай айтты деп еді-ау, әлгі

Алмалы — Долаңқарада кездескен Құбанбай деген шал. Мүмкін ол да осы төңіректе... Нақ осы бір сәтте күйсеп, шөгіп жатқан түйе алдынан бір адам өтіп барады. Желкесі таныс сияқты көрінеді. Мүмкін Таубай шығар. Тіпті-ақ! Шұнақтың ойына Таубай түсе кеткен екен, ол алдына келе қойыпты. Әбден-ақ. Күжірейген желке, жаңбырдан тірілген жаужапырақтай қалқиған құлақ, биік дене біреуді аңғартатын сияқты. Қалқан құлақ кете берген шақта сол түйенің алдынан бір шаң-шұң пайда бола кетті. Әуелде мен оған бой салыңқырамай отырдым. Шаң-шұңға елігіп жаңағы қалқан құлақты да ұмыттым. Шаң-шұң ұлғайып бара жатты. Мұндайда Алматы халқы қандай, демнің арасында шу-шұрқанға жиналып, ол жерді қоршап алыпты. Жұрттың үстінен үңіле, мойнымды созып көз салдым. Не болғанын көрмекпін. Бір әйел бір еркектің етегінен мықтап ұстап алыпты. Әйел ойбайлап, бажылдап, бірдемелерді айтып, екі көзінен жасы парлап ағып жүр. Құлақ салсам әйелдің сөзі сұмдық, естіген құлақ сенетін нәрсе емес:

— Мынау кісі өлтіргіш, дүзқара, банды, менің күйеуімді, қайнымды өлтірді. Өкімет, бармысың? Ұстандар мына баскесерді! — дейді. Бажайлап еркектің бетіне қарасам кәдімгі Таубай. Шау тартып қалыпты. Жаңағы қалқан құлақ та осынікі екен. Інiм, бiз ескiлiк-тi жамандағанның жайы осылай екен деп бұрынғының бәрін жоққа шығардық. Адамда болжағыш әлде білгізгіш бірдеме бар болар, біз оны байқамайтын шығармыз. Бұрынғы құмалақшы, бақсы-балгер — біз бәрінікі өтірік дедік қой. Рас, олардың ара-сында аңқау елге арамза молда болып жүргендер де бар шығар, тіпті көп шығар. Ал кейде болжамның растығы да бар ма деп қаламын. Міне, менің ойыма аты-жөні жоқ Таубай түсті. Енді, міне, нақ сол сәтте ол бінә бола кетті. Неліктен? Демек, бір адамда аз, бір адамда көп болжам мүмкіндіктері бар болар деп шамалаймын. Әйтпесе Таубай менің ойыма түседі, сол кезде ол қалай пайда бола салады. Таубай! Кәдімгі өзіміз қолымызбен Оралға айдап, аластап жіберетін Жаубай баласы Таубай. Қайдан жүр екен, бұл? Құбанбайға Тойбайдың айтқаны рас болды ғой. Қашып келген. Бұл қалай-ақ бандиттарға қосылмады екен? Көп көрмеген сияқты. Ата жауым ғой, дірілдеп, ашу буып барады. Сан, сап, сап деймін өзіме. Әйел түп етектен мықтап ұстап алған, айғай салады.

— Ағайын, аттан, аттан! Мынау кісі өлтіргіш, баскесер! — Анау етегін тартқылап жұлып алмақ болды. Тістей қатып әйел жіберер емес. Үстінде қоңыр бобріктен пәлтесі бар екен, ол тегін әйел қолынан ала алмайтынын білген соң оны иығынан сырғытып, жылыстай жөнелмек болды. Жанасалай оның алдына Жалбық пен Құрамыс шықты. Жаңағы әйел енді бүкіл Көкбазарды көмекке шақырды:

— Көпшілік, мынау кісі өлтіргіш, екі кісіні өлтірді.— Мен бізге қызмет істеп жүрген милиционерді жұмсадым. Бұл кезде Жалбық пен Құрамыс Таубайды құрметтеп аттан түсіріп алғандай екі қолтығынан демеп те қалып еді. Таубайдан да тақыстық табылды:

— Көпшілік бұл әйелді танымаймын, бір жәдігөй, мекер қатын болу керек. Танымаймын, ойбай, танымаймын.— Дап-дардай адам айғайлап тұрған соң жұрт ошарылып қалды. Кәдімгідей оның сөзін сөйлегісі келгендер де табылып, көп ішінен Таубай намысын жыртушылар да кездесті.

— Немене, көшеде қатын көп, сол кісі өлтірді деп жармасса, кісі өлтіргіш бола береміз бе? — деген бір-екі адам да табылды.

— Қоя беріңдер!

— Жіберіңдер, жігіттер! — деп Жалбық пен Құрамысқа жабысқандар да бар. Жұрттың сөзін естіген милиционер босаңси бастады. Мен қатты кеттім:

— Алыңыз! — Менің даусымды естіген Таубай алаң етіп маған қарады да, төмен қарап тұқиып кетті...

...Әйелдің күйеуі Сартауқұмдағы сарыүйсін Сыдық деген ауқатты адам екен. Онда бірнеше бөлме үйі бар, сол ата қонысын қимайды да, колхоз болуға құлқы соқпай сонда қала береді. Оны әйел былай айтып жеткізді:

— Менің күйеуім ауқатты адам еді.

— Аты кім?

— Атын атамаушы едім.

— Енді оның атын қалай білеміз? — Нақ осы кезде Таубайға жан бітті:

— Өтірік айтқан кісі кімді атамақ!? — деді.

— Өтірік емес, әлгінің аты... япырай, атамаушы едім. М-м-м Сыдық — Ол тіпті мұны сыбырлап айтты.— Сарытауқұмда бірнеше бөлме тамымыз болатын. Әлгі (күйеуінің атын атамау үшін алған сөзі) ата қонысымызды қимады. Колхозға біріккісі келмей, жоғары көшпей қойды. Жекеменшік болып қала бердік. Біз Сарытауқұмда жалғыз үй қалдық. Бір күні тоспаға салған егімізді суарып болып, әлгі екеуіміз бір атқа мінгесіп қайтып келе жатыр едік, аннау отырған бай, аты Таубай, астында шабдар жорғасы бар алдымыздан көлденең шыға келді. Ұрыша алдымыздан кезеңнен кездесе қалған соң әлгі жалма-жан ат үстінде мылтығын кезеніп тұра қалды:

— Елмісің, жаумысың?

— Елмін, ағатай, мылтығыңды тартшы,— деді мына бай. Сонан соң әлгі жібіп «жөніңді айт» деді. Бұл мына Бұғымүйіз — Бесмойнақтағы бір байдың баласы екенін, ол конфискеге жатпауы керек екенін, бірақ бір жалшысы «кедей өкімет» шығып, соның кесірінен аласталғанын айтты. Сонан соң біз мал сойып қонақ еттік. Әлгінің оқудағы інісі келіп жатқан болатын. Сонымен бұл біздің үйде тұра берді. Біздің қияуымыз бір түпте, қыбай-жырақта болғандықтан көзден тым таса болатын. Ол сарыүйсін жерінің Балқаш бетіндегі ең шеті-шығаны еді. Сондықтан біреу ат арытып, тон тоздырып әдейі іздеп келмесе, жұрттың жолы түсе бермейтін де, тасадағы біздің кіртіні қыбайдан көз шалмайтын да. Біздің

қыстаудан әрі елсіз-қиыр еді. Туған-туысқандарымыз «Көлащыға» барып колхоз болып кеткен. Менің қайныммен мынау сұм екеуі түпкі үйге ұйықтайтын. Біз әлгі екеуіміз далада жататын едік. Бір күні, бір күні болғанда осыдан он үш күн бұрын мынау сұм орнынан ұрланып тұрып, ұйықтап жатқан біздің төсегіміздің жанына келіп, мылтықты алған. Тарс еткен мылтық даусынан оянып кетсем, таң атып қалған екен, мылтық ұстап мынау сұмдай тұр. Күйеуімнің кеудесінен қан ағып жатыр. Үйден далаға «не болды, ағатай?» деп жейде-дамбалшаң қайным шығып еді, оны да мынау атып салды. Енді кезек маған келген шығар, мені біткеретін болар деп едім, жоқ, маған тимеді. «Е мені ат» деп жалындым, ағындым. Болмады. Екеуін үйдің артына көмді. Сонан соң мынау бай мені алды.— Осы кезде Таубай қозғалақтап шыдамай кеткендей, дөз шақыры дөңайбат жасады.

— Ей, қатын, өлгің келіп отыр ма? — деді.

— Бұл не деген сөз? — деді сұрақ алып отырған Ырысбек Сәрсенов.

— Енді мен шын өлтіремін, мынау өтірікші қатынды.

— Кім өтірікші? — деп шабалана жабысты әйел.

— Сен өтірікші. Мынау не деген аяр, жәдігөй қатын, қалай өтірікті судай сіміреді,— деп еді Таубай, әйел жаңағыдан бетер өршелене түсіп, Таубайдың жағасына жармаспақ болды. Ырысбек екеуін екі жаққа бірінен бірін алыстау отырғызды.

— Мен өтірікшімін бе? Өйтіп иманыңа қамшы баспа, сен бетсіз. Ей, алғаш маған артылғаныңда көптен әйел көрмеп едім дегенің, қане, ашқарақтанып.

— Өтірік, мекерлік-мүдәйлік жасап отыр,— деп Таубай бет бақтырмақ еді, әйел ашынып кетті.

— Ей, кім мүдәйі? Екі кісіні жазықсыз өлтірген сен мүдәйі-аяр болмай мен мекер боламын ба? Антқор! — Таубай тағы бірдеме деп келе жатыр еді, оны тергеуші Ырысбек тыйып тастады да, әйелге қарап сөйледі:

— Жеңгей, оны қалай дәлелдейсіз? — Әйел бажылдап жылап жіберді:

— Мен дәлел-пәлелінді білмеймін. Шансуаттағы біздің қыстауымызға барыңыз. Үйдің артында екі арыс көмулі жатыр.— Әйел осы жерге келгенде булығып, көзі бұлаудай болып, жас құйылып омырауын жауып кетті. Өзі солқылдап, өкпесін баса алмай өксіп-өксіп жіберді. Дем ала алмай қалды. Ырысбек әйелге стаканмен су ұрттатты. Әйел сәл есін жинағандай қайта сөйледі.— Мен дәлел-пәлелінді білмеймін. Анау бай сымын шешсін,— Інім, «сым» демекші, осы жерде бір нәрсе есіме түсіп отыр. Арқа қазақтары Жетісу, Оңтүстік Қазақстан қазақтары шалбарды «сым» дейді деп, Алатау төңірегіндегі елді, әлде өзбекшілейді, әлде ұйғыршылайды демек болады. Олар шалбарды мақұлдайды. Дұрыс «шалбар» дейік. Мен оған қарсы емен. Бірақ «шал-

бар» қазақ түгіл, түркі сөзі емес, оның өзі парсылардан сіңген кірме сөз. Дұрысы парсыша «шалуар». Егер қазақтың оңтүстік батысындағы өзбек «ішім» десе, шығысындағы ұйғыр «ісім» десе, көне түркі сөзінен шыққан сөзді жетісулықтар өгейсітпей «сым» десе оның несі айып. Демек «сымның» парсы сөзі «шалуардан» қазақ тіліне бұрын кіруге қақы бар емес пе? Әйелдің айтып отырғаны ол бұтқа киетін сым еді.

— Ішінде көк гүлі бар,— деді әйел жылауын қоя салып,— еркеккол шыттан тігілген дамбалы бар. Мына қолыммен өзім тіккенмін. Бауы көк шуда жіптен таңдайланып тоқылған. Менің күйеуімнің дамбалы.— Әйел үнсіз тығылып отырып қалды. Ырысбек Таубайды көрші бөлмеге алып кетіп, шешіндіріп көрді. дұп-дұрыс. Әйелдікі дұрыс. Бұл жерде, інім, шалбарын шешіндірмесе де болар еді деп отырсың, білем. Олай істемеуге болмайды. Таубайды қамауға алу үшін ең болмаса бір дәлел керек қой. Оны сонау Сартауқұмға Шансуатқа апарғанша бос жіберіп көр, ол тескен тау өтіп кетсін, не Ақназарша Қытайдан бір-ақ шықсын. Ырысбек Таубайды қайта әкеліп әйелдің бет алдына отырғызды да:

— Айта беріңіз, жеңгей,— деді.

— Айтсам былай,— деді әйел,— Жеті күн бұған қатын болдым. Кетудің ыңғайын таба алмай жүрдім. Сегізінші күні кешке жел соғып, алай-түлей күн бұзылды. Түпеп, серлетіп-селдетіп тұрып жаңбыр құйды-ай десеңші. Осы іңірде мына бай мызғып кеткенде мен де қараңғыға сүңгіп кеттім. Содан қашып, тобылғылы сайға күндіз шөпшек тере барғанда тығып қойған нанымды алып бездім десеңші. Қатты жүргенім сонша екі күнде құр аттың жүрісін жүріп темір жолға жетіп, үшінші күні Алматыға келдім...

Ол мойнында бірнеше кісінің қаны бар Таубай түнде өзің үйіне қонып шыққан ферманың меңгерушісі. Ол он жыл алған болатын. Содан соғыс кезінде қайтып келіп, ерлердің аздығы ма, қалай болғанын кім білсін, көп шалдардың соғыс кезінде ферма меңгерушісі, бригадир болып алғанындай бұл да колхоз малының бір сирағын ұстап қалыпты, інім. «...Ит жоқта шошқа үреді қорағаның» кері келген болар деп шамалаймын.

Таубай әкетіле бергенде Жалбық кіріп келді. Әбден терлеп, қара суға түскен, сылқ етіп орындыққа отыра кетті.

— Айырылып қалдым, Ағыбайдан,— дейді.

— Қай жерден?

— Көкбазардан. Таубаймен бір жүр екен. Қалың көпке кіріп таптырмай кетті.

Тағы бірнеше күн Алматы көшесін таптадық. Көкбазарды торыдық. Ағыбай табылмады. Күздің қысқа күні тағы ұясына барып қалды. Кешкі базар тарқағалы абыр-сабыр. Жалбық, Құрамыс үшеуміз базарды тағы бір айналып шықпақ болдық. Базардың шығыс жағын жағалап келе жатсақ, бір қазақ әйел бізге қарсы келе жатты да, шалт бұрылып, бізге жауырынын көрсетті.

— Мынау не деген биік әйел? — деді Құрамыс... — Жүрісі қандай сөлекет,— дейді Жалбық.

— Жүрісі дейсін, ә? — дедім мен.— Ол неге бізге қарай келе жатып жалт бұрылды, а?

Қандай биік әйел деп ойладым тағы да. Бір соры бар еркектің әйелі шығар. «Кедейдің қатынының биігі жаман, бидай көженің сұйығы жаман» деп біраз күлісіп алдық. Бидай көженің сұйығы жаманы белгілі, дұрыс-ақ. Ал кедейдің қатынының неге биігі жаман?

— Өйткені,— дейді Жалбық,— төрт метр матаның орнына бес метр кездеме алатын болса, жаман болмағанда не болады. Кедейге көйлек табу оп-оңай ғой дейсіндер ме? Бір метр мата бес жасар бір баласына жейде шығар еді ғой.— Тағы күлдік. Жаңағы ұзын әйел қикалаңдап алдымызда кетіп барады. Үстінде қосетек көк тауар көйлегі, қаттаудан тігілген солғын қызыл бешпенті, кәдімгі жағы кере қарыс кестелі кимешегі бар. Жүрісі тым сөлекеттеу.

— Мынау дәу де болса әйел емес, мынау еркек,— деді бәрін білгіш Жалбық — аңдиықшы.

— Ей, қойшы, сен де сақалыңды бояп барасың ғой,— деді Құрамыс.

— Жо-жоқ, мынау әйел емес,— дейді Жалбық.

Сауда көшесімен батысқа қарай кетіп барамыз. Әйел тезірек жүрді. Біз де қадамды тезірек салдық. Бір қызығы көше толған көрме. Әйел біріне де бұрылмайды.

— Әйел болса,— деді Жалбық,— мына көрменің біріне бұрылмас па, оның неге мына жайнап тұрған дүниеге көзі түспейді.

— Байдың әйелі шығар,— дейді Құрамыс.

— Жоқ,— деді Жалбық.— Қандай әйел болса да, алмаса да мұндай дүниенің біріне бұрылмай өтпейді.— Әйел енді кәдімгі еркектерше аттап-бұттап бізден құтылғысы келгендей тездете жүрді. Тез жүрген сайын оның жүрісі бұзыла берді. Жол-жөнекей көрменің біріне тоқтамады. Жалбық жүгіріп көшенің арғы бетіне өтті де, жүгіріп бірсыпыра жерге барды да, көшенің астына қайта түсті. Сонан соң тура бізге қарсы келе жатты. Ол тура әйелдің алдына тұра қалды. Әйел оңға бұрылмақ еді, ол да сол жаққа бұрылды. Енді оң жаққа шықпақ еді, тағы алдына шықты.

— Ақа, сәламетсыз ба? — деді Жалбық. Әйел үндемеген күйі оңға бұрыла берді. Жеделдетіп біз де жеттік.— Ақа, ұсталдыңыз — Ағыбай артына жалт бұрылып еді, тапанша ұстаған бізді көріп, түрі қашып кетті.

— Нақ алдына келгенімде сақал орнына қарадым. Иегі әлі қара қотыр екен, тани кеттім,— деп күлетін Жалбық.

Сонымен, інім, бандылардың апандары тегіс талқандалды, індеріне су құйылды. Қастек ауданындағы бандылардың бастығы Омарбекті құртуға көмектескен Сәтті селолық тұтынушылар одағына бастық

койдық. Бірақ қасқырдың бөлтірігі қора күзете алмады, орманға қарап ұлыды, ол екі жылдай әжептәуір қызмет істеген сияқты болды. Біз «енді адам болған шығар» десе бір арбакешті тонап, тұтқындалып, сотталып кетті. Көн құрысып қалпына барды. Жазуға, жазылуға зауқы соқпады, іннің түбіне қарап кетті. Кейін Шалтабай жанында жүретін Сәкебай Боранбаев екеуі Тундрада кездесіп қалыпты. Сонда Сәт:

— Көзімді жұмсам өндірішегінен қан атылған Омарбек жағама жар-масады. Әбсін шошып оянамын да ұйықтай алмаймын,— депті.

Арада біраз күн өткенде Ырысбек, Жалбық, Құрамыс алғыс алды. Бәрі де өз жұмыстарына қайта жіберілді. Ырысбек Сәрсенов үлкейіп, қызметі Алматыға ауысты. Мен Омарбекті өлтіртіп қойғаным үшін әкімшілік жолмен жазаландым. Сөгіс алдым. Омарбек жау еді, інім. Ол Совет өкіметінің бітіспес жауы болатын. Әрине, тірі жүруге құқы жоқ болатын. Ол солай болуға тиіс еді. Бірақ жауды да сот қана жазалап, қылмысын мойнына қойып барып, істеген ылаңының тауқыметін тартуы жөн еді. Әркім қылмысты адамды өзінше жазалай берсе, онда мемлекет, мемлекеттік заң не үшін жасалмақ. Ондай істе әділет болуы мүмкін емес. Мүмкін әбден жүйкесі құрып, жұлыны жұқарған, жілік майы үзілуге қалған Сәтті де ұғуға болар. Басқаларға үлгі болуы үшін менің жазалануым да әділ еді.

Міне, інім, Совет өкіметін орнату, оны нығайту ісінде осындай жұмыстар жүргіздік. Мен туған атамды конфискеледім, ол менің ғана жауым емес еді, таптың жауы болатын. Қайын ағамды қосшы одағынан, партиядан шығарттым, көп ішінде аластадым. Түп нағашым Жағқұлақты да ұстап, тұтқындайтын едім, ол өзі өліп кетті. Оның өлімі де, әрине, маған байланысты. Біреуміз ұлдың баласымыз, біреуміз қыздың баласымыз, қазақша айтқанда ол ақ дамбал да, мен көк дамбал. Екеуміз туысқан адамбыз. Ал идеямыз екі басқа. Ол ескілікті көксейді. Менімен келісе алмайды. Ол нараду тапқысы келеді, бірақ менің көнбейтініме көзі жеткен, менің өз идеяма берік екеніме шүбәсы қалмаған. Ал мені өлтіруге көзі қимайды, өйткені мен қандаспын, одан жаспын. Әйтпесе ол мені алғаш ұстағанда-ақ жоқ қыла алар еді, ол оны істемеді. Ол Совет өкіметіне жау екенін ашып айта тұрып, менің большевиктігіме шәк келтірмесе де, өлтірмеді. Өйткені оған оның туыстық қаны жібермеді. Екі ортада дал болып, даққа кетіп тұрды. Мені өлтірейін десе, ет жақынымын. Өлтірмейін десе, менің жібімейтінімді біледі. Сөйтіп екі оттың ортасында тұрып ол бұл дүниеден жүріп кетті, жүрегі жарылды. Міне, сөйтіп біз таптың мүддесі үшін бәрін де қия алдық. Өз идеямыз үшін, маркстік-лениндік идеяны жүзеге асыру үшін жеке басымыздың мүддесін жинап тастап, бірінші кезекке қоғамдық меншікке негізделген социалистік мақсатты қойдық. Өйткені таптың мүддесін бәрінен жоғары санадық. Соңыратын бәлкім біздің бұл ісіміз біреулерге томпақтау да көрінер, бірақ ұлы істің мүддесі бізге осыны істетті. Егер Ленин дүниедегі ұлы нәрсе өзінген елдердің революциясы десе, біз сол

революциядан туындаған мақсат жолында басымызды бәйгеге тіктік. Заман өтер, тарих беті сарғаяр, сонда біздің осы жүргізген істеріміздің кейбір кеткен кемшілігіне болашақ ұрпақ күле қарай отырып, теңдік заман — социализм орнатудағы істерімізді, бақтиярлыққа бастаған хошуақ жұмысымызды қошамен теп марапаттайтын да болар.

Сөгіс алсам да сол күні жақсы ұйықтадым. Інім, сен бүгінгі өмірді көрдің. Біз екі дүние өттік. Өткен заманды, әрине, сен де білесің. Бірақ сен оны оқып қана білесің. Біз феодалдық қоғамды көзбен көріп, бастан кештік. Нау тартып гүл ашылады, мау тартып жетіледі, шау тартып ол қартайып, құрап солады. Жаңа туады, ескі өледі. Туды — қуанды, өлді — жылады. Міне, өмірдің айнымас заңы осылай. Адам жақсыға жарылмайды, жа-маншылыққа өлмейді. Екеуін де көтере алады. Бәлкім, інім, адамның өмірі басқа тіршілік иелерінің жасынан қысқа да, қызықты да болғандықтан да артық шығар. Дүниедегі көп өмір сүретін жәндіктің бірі тасбақа екен. Ол төрт жүз жыл жасаса керек. Көпті көретін, сағырдан тартып жасайтын құс құмай — тазғара екен. Ол өлексе жеп, жалқаяқ жұтып өтеді, бұл дүниеден. Бес жүз жыл аузын араммен аптап өткізетін көрінеді. Сор мен зордан сүрген өмір не өмір?! Өлексе аңдып, өлмес күн көріп бес жүз жыл жер бетін былғағанша жалт етіп өте шыққан құйрықты жұлдыздай қас қағым ғұмыр кешкен артық-ақ қой. Дүниеде адамның ақылы жетпес ғажайыптар болады. Анақанда деген бес-алты метрлік жылан екі жыл тамақ жемей жүре алады. Үнді мұхитындағы бір аралда сокатра деген ағаш өседі. Оны сол маңдағы ел айдаһар ағаш деседі екен. Өйткені оның теңірегіндегі мал-жан, өсімдік, тіршілік атаулының бәрі өліп, өртеніп жоқ болып, қайта өсіп, жаңарып, жетіліп жатқанда, жаңағы ағаш бес-алты мың жыл өсіп, жапырақ жайып тұра береді екен. Сөйлеп тілі жоқ, ішіп-жеп тамағы жоқ қатқан ағаштың дүниеде бары не, жоғы не!? Меңірейіп, серейіп алты мың жыл тұрғанша мөңіреп бес күн кешкен өмір артық емес пе одан. Інім, қазақ оны жақсы айтқан; «Дүркін-дүркін дүркінде, дүниең өтер бір күнде. Алпыс күн атан болғанша, алты күн бура болып зіркілде!» Дұрыс-ақ емес пе? Қазақ халқы, жалпы қай халық болса да халық айтқан сөз өлшемей, пішпей айтылмаған. «Шөлмек мың күнде сынбайды, бір күнде сынады», яғни мың күнгі өмірің түк болмай, бір-ақ күнде мүрдем, кетесің. Жер томпайтасың, өлесің деген хабар болмайды, бір-ақ күнде жоқ бола саласың, сондықтан әбсін сүкіт-сүжесөк жүре бермей белде-белде өмірде анда-санда болса да, яғни дүркін-дүркін сілкініп, желпініп, дүркіндеп-дүркіндеп қой деп отыр ғой, қазақ. Ал осында артық нәрсе бар ма? Өзің той-томалаққа, топқа-тобырға араласпай, торқалы той, топырақты өлімнің біріне төбеңді көрсетпей үйелменіңе үйелеп отыра-омала берші, өзіңнен өзің басылып, көңілің түнеріңкі, ләпсің қарар тартып, еңкерістен жау көргендей еңсең түсіп, бұл кең де, көрік те дүниеде өзіңнің бар екенінді ұмытасың, жүнжисің. Қазақ «алпыс күн атан болғанша, алты күн бура болып зіркілде» дегенде, бастық бол да біреуді

сабап ал деп отырған жоқ, мейлі маулетті» мейлі сәулетті, мейлі нәубетті ғұмыр кешсең де, сол тоқты тоймас, шеміш кеппес қысқы күндей қысқа өмірді барқадар тауып өткіз, нәмәрттікпен емес, мәрттікпен өткер деп отыр ғой. «Алпыс күн атан болғанша» яғни тасбақаша төрт жүз жыл мимырт өмір сүргенше, қаңтарда жараған бурадай өміріңді бұрк-сарқ қайнатып өткіз, бір күні бұл дүниеден қолыңнан суға кеткен сабындай жылп ете түсетініңді естен шығарма деп отыр, қазақ. Мен де өлетінімді білемін. Мен бурадай зіркілдеп өмір сүрдім дей алмаймын. Бірақ қай кезде де әдептен аттап кетпей, әлдімнен аспай, Коммунистік партияның дегенін қолымнан келгенше жүзеге асыруға тырыстым. Бұл өзім қалап алған жолымда ешнәрседен қаймыққан да, қысылған да жоқпын. Дүние қуалап, дүниеқоңызданған да мен емен.

Дүние жинауда жігіттің үш түрі болады дейді, қазақ. Оның бірі дастарқанына жинайтын жігіт болса керек-ті, яғни бірінші кезекке ішетін тамағын қояды. Ондай жігіттің кіртіне келімді-кетімді кісісі көп болады. Шырағым, «қонақтандап қонады» дегенді естіген боларсың. Әрине, таңдап қонғанда қазақ ең алдымен тамағы тойып, ішек-қарны шұрылдамай жататын жерге түскісікеледі. Таңдап қону мәселесі осы. Мұндайда жұрттың көбінің-ақ жағалайтыны жаңағы дастарқанына жинаған жігіт болады. Әриие, жамбасы да жұмсақ, сұлгісі де таза, иіс-қоңыс болмағаны да жақсы. Бірақ тамағы тоймаған жерде төсегінің жұмсағы, сабынының құмсағы керекбола қоя ма? Сондықтан да қашанда дастарқаны ағып-төгіліп жатқан үй ғана қазақ ара-сында бағалы да, ардақты да. Ал дастарқан деген көбіне әйелге байланысты. Менде әйел о баста болғанмен, кейін құтаймағандықтан дастарқанымда не сән болсын. Жалпы әйел жоқ үйде береке бола ма!? Демек, мен жігіттің алғашқы түріне жатпадым. Екінші жігіт үйіне жинайтын жігіт деседі. Өзі иығы жылтырап киім киіп, аузы жарып ас ішпегенімен үйі бұрыштай болып, дүниесі тіреліп тұрса керек-ті. Шамасы мұндайеректің әйелі қатты, «үйдегім үйде бітпейді, түздегім түзде бітпейді, құдай саған қарғы сөтпейді» дейтін, осындай қатыбас қатындар екен. Інім, жүрісі салбыр, ісі болбыр әйелдер қозы қарнын майға толтыра алмай жатқанда, үйге жиятын жігіттің епсекті, алақаны бүріскен шық бермес әйелі тана қарын түйрейді дейді. «Қатты жерге қақ тұрар» деген де шамасы осыдан алынған. Мұндай үйлер көбіне жұрттың сұғының ғана иесі, ел сұқтанады, «ой үйі жайнап тұр екен» деседі. Содан барып «ақ үй, айраны жоқ қай үй» туады. Ал менде үй де, үйге ондай дүние жиятын әйел де сипалама болғандықтан мен жігіттің бұл түріне де жатпадым.

Жігіттің үшінші түрі үстіне жинайды деседі. Бұл әйелі салдыбалақ, малы саржамбас, көрпе-жастығы сары ала адам. Төсегінің мамығы жоқ, шайының бояуының қанығы жоқ. Нағыз еңбегі еш, тұзы сор, тапқаны құралмайтын сормандай. Егер қазақ «мал таппас еркек болмас құрарын айт» деген болса, сол тапқанды басын біріктіріп үйелмен жасайтын, яғни бит терісін биялай жасайтын әйел. Ұсынақты, ұқыпты әйел ғана

дүниені сәтіне келтіре алады. Талай, күніне жүзді беріп, мыңды алатын таланды жігітті көрдім, інім. Үйіндегі әйелі ештеменің басын қоса алмаған соң, егізің екі болмайды, мейлі масаты, мейлі мәулім әкел ол үйге, құрымдай құны болмай топыраққа былғанып жатады. «Жүнді жүнге қосатын жаман қатын» болғанша «құртты құртқа қосатын» сараң қатыным болсашы деп армандаған жігіттерді талай көрдім. Басында жастық желікпен ұрынып қалып, соңыратын балалы-шағалы болған соң, көзі жылтырап көрінген тірі тұяқты көрген соң, оларды қимайды да, өгіз өлмес, арба сынбас немесе ит көзі түтін танымас өмірге бейімделіп алып жүре береді. Әйелінің сыры өзіне мәлім болған соң, әйелінің ештемені ұқсата, жөніне келтіре алмайтынын білген соң ондай жігіттер тапқанына өзіне киім алады да, ең болмаса иығым жылтырап жүрсін дейді. Міне, үстіне жиған жігіт осыдан шығады. Кейде ондай өтенінде ішіп асы жоқ, жамылып көрпесі жоқ, төсеніп текеметі жоқ жігіт бір көрмеге сыпайы аталуы да мүмкін. Үйінен бір шәугім шай бере алмайтын, сырты жылтырап жүретін кісіні қазақ тек сыртта көретін жігіт, үйінен ит жаланып шықпайды атандырады. Мен бұған да жатпаймын. Өйткені үйімде әйелім жоқ, киімім қашанда құбатөбел.

Мен дүние жинап жарытқан адам емеспін. Осы құбатөбел өмірге-ақ қанағат тұтып, барды місе санап жүрдім. Оны да маған көпсінетін адамдар табылады, осының екі құлағы бірдей неге құрымаған, сыңар құлағы нағып қалып қойды екен дейтіндер бар. Олар менің жауым — таптың жауы. Егер ондайларды таптың жауы демей менің жауым деп қарасам, онда оларды құрта салуыма болады. «Батыр бір оқтық» дегендей бата тимесе, қаға тиген бір жұдырықпен Таубайды жайрата салу қиын емес. Онда мен әншейін ауыл арасындағы көп тентектің бірі болып шығар едім. Ол жалғыз өштескен өрепкі тебірдің бір дұшпанына деген кегі ғана болар еді. Ал менің жауым — саяси жау. Сондықтан таптың саяси жауы заң жолымен ғана, мемлекеттің араласуымен ғана жазалануға тиіс. Ол әділетке мен әлі жете алмай жүрмін. Бірақ мен үмітсіз шайтан болғым келмейді, мен болашаққа, маркстік-лениндік шындыққа сенетін, оны ақыры жеңеді деп білетін большевикпін. Сондықтан мен ешқашан үмітімді жоғалтпақ емеспін. Саптан шығып, санатқа ілінбей қалған қазіргі мүскіл шағымда да мен кектілікті тектілікке, тебірлікті тебіздікке ба-ғындырамын. Қынау киіп қынтып, лау мініп лықиып жүрмесем де әлі де таптың жауына жанымды, арымды бергенім жоқ, бермеймін де. Менің арым коммунистік ар, ол өмірде біреудің біреуге жасар сәттілігіне сатылмақ емес. Үмітім үзілмейді, ол бұдан қиын жерде де үзілген жоқ. Алдымда ол үнемі сәуле шашып, сәуе беріп тұрады.

Біздің маркстік идеямыздың бастауында сол үміт тұр емес пе!? Оқыған жігітсің ғой «Коммунистік манифестің» қалай басталатыны есіңде болар. «Европаны бір елес кезіп жүр» демейтін бе еді. Сол елес шындыққа айналып бүкіл дүние жүзі пролетариатына бірігуге үн тастаған еді ғой. Оның нәтижесі не болғанын көріп отырсың. Елімізде

қоғамдық меншікке негізделген қоғам орнады, социалистік лагерь жылдан жылға кеңейіп келеді. Ал сондай жағдайда социализмнің, Совет өкіметінің жауы болғандардың алшандауы қалай? Оған кеудесінде жаны бар, өзіні коммунист деп санайтын адам қалай шыдамақ. Сондықтан, інім, жауыммен өмірімнің ақырына дейін, кірсе лебіз шықса жоқ, соңғы деміме дейін күресермін және қашан да болса жеңіс иесі мен боларыма күмәнім жоқ. Бірақ нақ қазір мажал жоқ, ол түбінде қара қаптан бұлт ашылып, қазіргі шолиы тартып, күндік ұрған қаңдім шолан ұрыш ілгері шығары сөзсіз. Менің алдағы үмітім осы. Көңілімде бұған дүмгандық, күмән жоқ. Сенімен кеше, бүгін жолдас қылған да сол большевиктік үміт. Әрине, соқатра ағашы сияқты бес-алты мың жыл жасамайтынымды білемін. Дегенмен ақтық демім біткенше күресіп өтермін, ал күрес жеңіске жеткізбей қоймақ емес.

Інім, көргені көп шал кісі ілгерінді-кейінді сөйлеп кетеді. Мен әлгі жұрт айта беретін шалдың үш шағына «мақтаншақ, ашуланшақ, қызғаншақ» шағына іліне қойған жоқпын. Жас, әрине, өз орынын адамнан алмай қоймайды. Дегенмен мен әлі берісе қоймаспын деп ойлаймын. Сонымен, інім, сол күні жақсы ұйықтап, тынығып түрегелдім. Ояна кетсем күн түс болыпты. Соңғы кездердегі тұрағым «Сауда» көшесіндегі «Дикандар үйі» болатын. Ол бір қабатты, әлденеше бөлмелі, сауда көшесін бойлай салынған, Карл Маркс көшесінен басталатын, ағаштан салынған жай еді. Неге екенін қайдам, көбіне ол үйдің сырты қызыл сырмен боялатын. Сол бояуы әлі де өзгерген жоқ-ау, деймін, Терезелері ерекше әшекейлі, қиып-қымтап салған. Түрегелген соң іш киіммен тау жаққа қараған терезеден әдеттегідей Алатауға көз тастадым. Алматы, Саржалақ, Аюлы, Найзақара, Қыземшек, Қатынтөс, Көкшоқы, Сұршанақ бәріне бір-бір қарап өттім. Бәрінің де басы ашық, бұлт бауырында болмаса, төбесінде жоқ екен. Аспан атар жебедей шаншылып Найзақара тұр. Басына қар ілініп қалыпты, таз таулардың жырмыш бастарының бәрі алақшын, белдеуі көкпенбек — қарағайлы көдік қабат, етегі жасыл сары тартып далалық төбелермен мұнасып-жалғасып, қалаға тіреліп жатыр. Ағаш жапырақтары сарғыш тартып, жерге жапырлап түсіпті... Әр жерде жап-жасыл қарағай көрінеді. Аспанмен тілдескен эулім теректер әлі жапырағын тастамаған. Өрік ағаштарының, алманың жапырақ, беректері қызғылтсары, қызғылт қоңырланып, қалаға ерекше көрік береді. Қара ағаштың кейбірі тіпті қазірден, күз басынан-ақ жалаңаштанып, сидиып қалыпты.

«Дикандар үйінің» ауласы кең, Оңтүстік батыс бұрышта бірнеше ат байлаулы тұр, арбалар көрінеді. Албар ішінде бірнеше самауыр қайнап тұрған сияқты. Өйткені оттығына кигізілген бүгіл кернейлерден будақтап жеңіл түгін шығып жатыр. Албардың ішіндегі лапастардың астында, ағаштың түбінде бірнеше жерде үштен-төрттен адамдар шай ішіп отыр. Бәрі де ауылдан келгендер. Ортадағы лапаста шай ішіп отырғандар таныс сияқты. Көлеңке қысқарып ағаштардың оңтүстік жақ астында қалыпты.

Шамасы шаң түс. Ол кезде қоңырауы сыңғырлап әдемі соғатын, «Киров» қалта сағаты тарай бастаған еді. Сол ақ сағаттың бірі менде де бар болатын. Қарасам он екі жарым болыпты. Албардағылардікі түскі шай болды. Арғы жағына үш-төрт атты қазақтар келіп түсіп жатыр. Ол кездері киім қазіргідей бір ыңғай емес, ала-құла киіне беретін. Мен оның түсін айтып отырған жоқпын, Дүние жүзілік киімнің үлгісі жаңа кіре бастаған. Мұнда тышқан із салып тескен жетісулық ақ қалпақты да, күнқағары ақын жаралған адамның иегіндей сүйриген кепкаларды да, алды көкірейген, желке жағы аласара барып біткен фуражкалар да, қолдан жұқалап сырылған дегелек қара қалпақтар да бар. Бұл шақта қонышсыз аяқ киім сіңе қоймаған, жайылмаған да. Еркек те, әйел де қазақы үлгімен былғары етік киеді. Бұл ата-баба, түптіқұяннаи келе жатқан киім. Өйткені ат үстінде күн көрген қазаққа одан өзге аяқ киім лайық емес. Тобығын үзетін қақпайтын, кейде болып, кейде болмайтын тегілдірікті жоқтатпайтын, аттың тері қоныштың сыртында қалатын етікке не жетсін. Сондықтан да келунгілердің аяғында етік. Әйел мен еркектің етігінің айырмасы жоқ, тұрқы, тұрпы тура келсе болды, ауыс-күйіс киі беруге болады. Той-томалаққа қиетін бізкеше, қызкеше, қызылөкеше, көксал, көк-сауыр, жезбақай етіктер бұл бір жоқшылықтан жаңа шыққан қазақ әйелдерінде әлі жоқ. Көкетікті іздеп жатқандар аз. Көнетікке-ақ көне салған. Оны әзірге ұмыттырып тұрған Совет өкіметі берген бостандық қуанышы, Киакене ғана кезі ашынғандары, жалпы бәрі десек те болады, «Совет өкіметі тұрса әлі бәрі болады» деседі. Оны бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай қайталайды. Бәрі болашаққа сенімді «қазан аузы жоғары», деседі. Шұбаландағам, кең етекті, етіктің қонышын жауып кететін әйел көйлектері де үстінде тізе жалтырап көрінбеуі үшін лайықталып тігілген. Қынама бешпент, кемер белдіктер аз. Әйелдер тигенін кигенге ұқсайды.

Аттан түсіп жатқандарға байқаңқырап қарасам Омарқұл мен Жалбық. Олар да жалтылдап, жаркылдап киініп тұрған жоқ, киімдері құбатөбел. Екеуінің де аяғында қонышы тізесін соғып тұрған қара былғары етік, екеуінің де басында ақ киіз қалпақ. Сырттарында бөз шекпендері бар. Белдерінде жалпақ белдік. Әдетте, қазақта жалпақ белдік, діңмент, кемер баршылықтың-лайсандықтың белгісі іспетті. Қазақтың «би болмас бежің жалнақ бұғаяменен» дейтіні де содан. Екеуі бұрынғының биіндей бол-мағанымен әйтеуір жалпақ белдік буыныпты, тапқаны шығар. Жалбық әдеттегісіндей ағынан түсе салып-ақ оң етегін беліне қыстыра салды. Бұл әлі жігітпін әр нәрсеге-ақ әзірмін деп тұрғаны. Екі жеңін де түріңкіреп, қамшысын да беліне қыстырды. Бұл отырғысы келмегені. Аттан түсе салып бұл қайда барғысы келіп тұр екен деп ойлады. Алматыда колхозшылар съезі өтпек еді. Бұлар соған келген болса керек-ті. Ауылдары қалаға жақын болғандықтан салт келген деп мажалдадым. Енді мен оларға жетуге асықтым. Мен тездетіп жуынып, қырынып аулаға шықтым. Бұлар тобымен маған қарсы жүрді. Ішінде Жалбық

жоқ. Мен оларды отырған жерінен ұзатпай қарсы алдым. Менің артымнан Жалбық жетті. Ол мені іздеп барған екен. Бәріміз, ескі достар, қауқылдасып, аман-түгел айтысып, жамырасқан қозыдай шулап, тойда кездескен бозбаладай дуылдасып, ауладағы дастарқан басына қайта келіп отырдық. Тамақты қайта, молырақ келтіруге жөн сілтеніп, жай сұрасып, бас құрасып жатырмыз. Інім, жасың алпысқа келсе де қатар-құрбыңды көргенде бір жасарып, жасап қаласың. Өткен-кеткен есіңе түседі, жастық шақтағы адыр бұдырлық, тетір-тентектік бәрі сорайып шығып, бұл еңіске беттеп, жасың еңкейе бастаған шақта күлкі шақырып тұрады, жасыңда көре алмаған кемшіліктерің бақырайып, кейбірінен өзің ұялып та отырасың, ақымақтығыңа күлкің де келеді. Бірақ қалайда да сол жасыңнан бірге өскен, құлын-тайдай тебіскен, көріспесе өбіскен жолдас-жоранға жететін адам аз болады. Есейіп, еңкейе бастағандағы тапқан жолдас-жоранның қартайғанда бірі есте қалса да, бірі қалмайды. Ал жасыңдағының бәрі жайнап, көз алдыңда сайрап тұрады. Омаркұл мені көре салып өлендетіп қоя берді:

— Жігіт едің жасыңнан сен бір епті, содан бері мінеки заман өтті, Шұнақтың жоқ құлағы сол қалпында Басқаның бәрі дағы өсті, жетті,— дейді. Жігіттердің бірі бұған күліп, енді біразы мен белгілі бастықтың бірі болғандықтан бұған ыза болып, шытынып көтере алмай қалама деп үндемей ұялып, қысылады. Арамыздағы әйелдер бетін шымшысты. Ұят-ай, бекер айтты дегені дағы.

— Құлақтың құны бір шұбарат көрінеді. Жандай жолдас бір атты қияр маған,— деймін мен. Жаңағы қысылып, үндемей қалғандарға жан бітіп, сөйлей бастайды.

— Бір шұбарат жасаудан он қара арғымақ табу оңай,— дейді Омаркұл күліп. Байқап отырған шығарсың бұл ұрлықты ұмытқанын айтып отыр.

— Үйлендің бе? — деп сұрады Омаркұл. Бұл кезде ол Қаскелең ауданындағы «Еңбекші» колхозының председателі. Кәдімгі Омаркұл мен Тәбияның айтысы аталатын айтыстың авторы.

— Жоқ, әзір ол болмай тұр,— дедім. Енді не деймін. Үйленуге қолым тиді ме, оның үстіне аузым күйіп қалып, бұл күнде әлі асты үрлеп ішіп жүрген жайым бар еді.— Тамақты үрлеп ішіп жүрмін. — Ей, Шұнақ-ау, ол тамақтың суитын уақыты болды ғой. Бас екеу болмай, мал екеу болмайды демей ме қазақ.

— Оның рас. Бірақ ыңғайы келмей жүр. Бір жерден қымқырып әкеліп беретін ойларың болса айтыңдар, үйлене салайын.

— Оны мына Жалбыққа айтсаңшы, менен гөрі мұның ыңғайы көбірек екенін өзің көрдің ғой. Жұмсап, қиынға салып үйреніп те қалдың.

— Ол шынымен жаужүрек азамат, оның қолынан келетін іс қонқалаған жамандардың қолынан бәрі келмейді. Совет өкіметін нығайту жолында талай өлімге жұмсадық, бәрін мін шығармай, жіп-

тіктей қылып, тігісін білдірмей, атқарып та, біткеріп те берді. Ол Совет өкіметінің алғысына лайық. Өзің қалай үй-ішің бала-шағаң аман ба, балаларың бар ма?

Омаркұл үнсіз қалды. Өлден уақытта барып:

— Әйел бар ғой, бала жоқ,— деді. Ол қайта мұнайып төмен қарап кетті. Оның ең шаншулы жеріне тигенімді сездім. Оны сұрағанымға өзім де қатты ренжіп қалдым. Бала! Мал, жан-жануар, ұшқан құс, жүгірген аң бәрі ұрпағы үшін өмір сүреді, артына ұрпағын қалдырғысы келеді, ол жолда аянбай тіршілік етеді, адам баласы бар тапқан-таянғанын баласына қалдырғысы келеді. Қазақ шынын айтқанда «балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» дейді. Бұдан өткір, бұдан жеткізіп айту мүмкін емес деп ойлаймын, інім. Бала болмаса бұл дүниеге келгенің не, келмегенің не? Қаншалықты данышпан, қандайлық арыстан болсаң да, аузыңмен құс ұстаған шешен, елді қаптатаып соңынан ерткен көсем болсаң да, әлемге атың әйгілі нарт, жүз жасаған қарт болсаң да артыңда аңырап жылап балаң қалмаса, бұл өмірде болғаның, алаулатып алтын ұстағаның, күмбірлетіп күй тартқаның, ақиық ақын болғаның, жомарт, шүленгер мырза сақын, шіленгер зергер болғаның не керек! Мүмкін менікі қата шығар, інім, Әрине, жігіт адамның жағдайы басқа. Оның болашағы алда.

Оны қазақ «бала белде, қатын жолда» деген. Мұны жеңілдетіп, бастағы қара тұман, шырматылған қайғының қара жыланын айыру үшін ер-азаматқа айтқан. Жұбату үшін баланы да, әйелді де оңайлату әрқашан-ақ әдебиетімізден де, ақын аузынан да орын алған. Мысалы Тезекке көңіл айтқанда ақынның қызыл желі

Сүйімбай «бала өлсе бір түнгі ұйқы емес пе, қатын өлсе бір үйір жылқы емес пе» деген. Онысы қайғының бұлтын ыдырату үшін айтқаны. Мұны халық жақсы түсінген. Адам баласы оңай нәрсені қаламаған. Мысалы балалы адамнан баласыз адамның өмірі әлдеқайда жеңіл, өз басы үшін әлдеқайда пайдалы. Ал адамзат, оның ішінде, қазақ «жалғыз басы ит те күн көреді» деп қарайды ғой оған. «Баласыздікі бір қайғы, балалыныкі мың қайғы». Міне, шындық осы. Баласыз балам жоқ деп бір қайғырады. Ал балалы ше? Балам қайда кетті, қашан келеді, аман келе ме, ол бақытты бола ма, бұл өмірден орнын тауып кірпіш болып қалана ала ма, әлде пәлегінен жұлынған қауындай қалыпты өмірдің сыртында қала ма, міне, осының бәрі ата-ананың мойнына түсер сегіз бен тоғыз. Бірақ осының бәрі қаншалықты қолға салар зәңжірдей аяққа салар шынжырдай, мойынға салар күндедей бүкшірейгіп бүрістіріп тастаса да, бәрібір «балам бар» деген көңілдегі бір медеу оның бар өмірінің демеуі, медеті. Ал сол демеу мен медеу Омаркұлда болмай отыр. Сондықтан да оның бір қайғысы, балалы адам басындағы мың қайғыдан мың есе ауыр. Мен сол қала ішіне келіп, жұртты көріп, аман-сәлем айтысып, бір сәт ұмыта қалған Омаркұл қайғысын, кезек болған жараның аузын тырнағандай қанатып, қан жылатып қойдым

білем. Өмірде қашанда осылай. Адам баласы көбіне өзін-өзі сорлы қылады, өзінің батылсыздығынан, өзінің еркін өзі пайымдап, өзі билей алмайтындығынан, өз ынжықтығынан қор болады. Әйтпесе сұлыбынан кем жаратылған адам болмаса, өзінің табиғи кемшілігінің жоғина көзі жетіп тұрса, онда қарап тұрып сорлы болуға болмайды, құмырсқа екеш құмырсқа да артына ұрпағын қалдыру үшін жұмыртқа салады. Егер өзі кең де келісті дүниеден құмырсқа құрлы орнын таба алмаса, ол кімге өкпелейді. Өзіне ғана өкпелеуге тиіс. Інім, біз көп еркекті партия атымен қорқытып келдік. Бала үшін талай қасқа мен жайсаң бедеу, мекер қатынның арызымен партиядан шығып қалды. Ал өзі қалап кірген партиядан шығып қалмауы үшін талай таранды ер мүйізгек, термешелі інгендей әйелмен қосақтаулы қалды, бұл дүниеден бала сүймей, еріні жібімей өтті. Дұрыс дей аласың ба, мұны. Құптамаймын мұндай басыбайлылықты. Егер біз еркін, демократиялық өмірді қалайды екенбіз, сонда ерлі-зайыпты адамның жараса алмағанын көре отырып, оны неге біріне-бірін матастырып қоямыз? Үндемейсің ә, інім. Мұның онша дұрыс емес екенін біліп отырсың, бірақ үңдей алмайсың. Өйткені бізді аузымызды бағуға бағындырған, сондықтан тірі отырып тірінің ісін істемейміз, біріміз жанымыздан қорқып, біріміз қызметімізден қорқып аузын бұған өгіздей үнсіз қала береміз. Сонда біздің он жетінші жылы алған еркіндігіміз қайда? Сен мұны ойладың ба, інім. Міне, тағы да біраз жерге кетіп қалдым, білем. Еркін кеткеніме кешірім өтінемін, інім. Кешіре алмасаң оған да мейлің. Менің енді алпысқа келгенде қорқар жайым жоқ. Қасқыр тартқан таңымды иттен несін аяйын!

Менің ойланып қалғанымды көрген Омарқұл тыныштықты өзі бұзды, ол мені қайта сөзге тартты.

— Сен бақытты жігітсің,— деді ол,— өз кіндігіңнен ұлың бар, «өзіңнен тумай ұл болмас, сатып алмай құл болмас» деген қазақ...— Ол тағы үнсіз қалды. Бұл жолғы сөзін кейін Жалбық түсіндірді. Өзінде бала жоқ Омарқұл бірағайындарынан бала асырап алған екен, бала бергендер де, бала да Омарқұлдың көңіліне қарамай туған босағаға тарта берсе керек-ті. Сондықтан да Омарқұл белгілі мақалды әдейі айтқан екен. Ол біразға дейін колхозының жағдайын айтып, менің балаларымның жайын сұрады.

Шырағым, азға қанағат қылып үйренген адам көпке үйрене алмайтын да жағдайы болады екен. Омарқұл өз ауылындағы бір жағдайды шынымен күлкілі етіп айтты. «Еңбекші» колхозы еңбеккерге үш килодан бидай, бір сомнан ақша берген екен. Колхоздың маңдай алды майталман озаты астығын алуға колхоз қамбасына келіпті. Көрпеш келіп шынымен астық беріле ме, әлде әншейін сөз бе деп состиып тұрады. Көрпешке қамбашы:

— Көрпеш, астығыңды қапта,— дейді. Сөйтсе оның қолында екі қабы ғана бар екен, оған ақ бидайды қаптап, біреумен қолдасын таразыға қояды. Сонан соң қамбашы:

— Қалғанын қашан аласың? — дейді.

— Осы жетеді,— дейді Көрпеш.

— Енді осындай шамамен он бес қап астығың бар, тез ал! — десе қамбашы, Көрпеш:

— Сен мені неге келеке қыласың! — деп қырманнан тұра қашыпты. Інім, мұны не деп ойлайсың. Менімше біз жұртты жақсы тұрмыстан, молшылық-берекеден бездіріп жібергенбіз ғой деп ойлаймын.

— Шырағым, Абақ,— деді оңашалау отырған мосқалдау кісі.— Мені танымадың білем. Сонау жылан жылы Ұлтарак екеуің келіп түстеніп кететін Домбай деген ағам емеспін бе? — Ол баяғысындай әңгімеге еркін араласып, өз жөнін шерттіп кетті. Өзгеріп, егде тартып қалыпты.— Өздерің қыстығүні келіп кеткен соң үйдегі бар қаражатты жинап, ұл мен қызды оқуға жібердім. Қаладан бір үй жалдап алып екі баланы оқыттым. Қазір екеуі де сауатты, оң мен солын танытын, үйлі-баранды, жанды-жақты адамдар болды. Екеуі де мұғалім. Өзіміз сол жылдан қара қора, ақсирақ болып, таяғымды ұстап жұтап қалдық. Қарманған, жанын аямаған, жалқаулықтан іргесін аулақ салған адамға мал көп екен, шырағым. Көктем шығысымен қайта мал құрап, екі-ақ жылда ауқаттанып, қалпыма келдім. Екі баламның адам болуы үшін жанымды отқа да, суға да салдым, тыныштық таппадым. Он тоғызыншы жылы Жандосовқа барып, екі баламды «Үлгілі тоғыз жылдық» деген мектепке өткіздім. Олар әжептәуір хат танығанда қуанышымда шек болған жоқ. Көзімді ашқан, көңілімді оятқан Совет өкіметіне алғысымды жаудыра жүріп, жаздығүні балаларым демалысқа келгенде кітап оқытып естігенде төбем көкке жеткендей болып жүрдім,— деді Домбай. Одан кейінгі әңгімесі былай болыпты:

— Жиырмасыншы жылдың қысына әжептәуір малмен жеттім,— деді Домбай ағай.— Содан жиырма тоғызыншы жылға дейін малдың өсімін екі баламның оқуда еркін жүріп-тұруы үшін аямадым. Баю жолына түспедім. Бірақ малымды өзім бағамын да шығындар да болмаймын, тіпті тышқақ лағым өлмейтін болды. Мен енді әжептәуір бай болдым. Малымды өзім баққанымды кейбіреулер өсек қылды. «Жылына беретін бір қарасын қимамай малын өзі бағады, Қарабай» десті. Оған мен көңіл аудармадым, және сол жолымнан айныған да жоқпын. Мен қатарлы екі-үш жүз тұяғы, бес-алты қарасы барлар колхозға кірмей жекеменшік болып малын қимамай жүргенде мен қатынның қарсылығына қарамай бәрін айдап бердім. «Өжет» деген колхоз ұйымдасты, соған ұйыстым. Мені орта шаруаға жатқызығысы келгендердің ауызына сөйтіп құм құйып, жағын қарыстырдым. Оны жасамақ болған Күзбай деген бір бай ағайынның өтірік Совет өкіметін жақтап, бірақ жеме-жемге келгенде аяқтан шалып қалып немесе қапылыста төсайылды тіліп жіберіп, құйысқанды үзіп жіберіп, аттан аударып тастап отыратын бөлтірігі болатын. Өздері малын колхоздастыруға қимады да, мені қосағына ала кеткісі келді. Ондағысы «анау Домбай да мен қатарлы шаруа ғой» деп

мені көз қылып, алға салып отыру еді. Шырағым, ағайын-туған арасындағы бақастық-тақастық, тақыстық қалушы ма еді. Ағайын бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды. Мен түкті пұшпақтан түк қалдырмай колхозға ұйымдастырғанымда Күзбай шамасы шалбарын дымдап қойған шығар. Ал мен колхозға кіріп, жұртпен араласып, колхозды-ауылға көшіп қонған соң олар маған бұрынғыдан да өшіге түсті. Тек ит қосып қуған жоқ, одан басқаның бәрін істеді. Бірақ ит қосты десем де болады. Өйткені бұрын есігінде жүретін екі жалшыны маған ылғи айдап салып, жиналыс болса сол екеуі мені жамандап сөйлейді де тұрады. Көп уақыт шыдап үндемей жүрдім. Ақыры қуа берсең қорқақты батыр болып шынығар дегендей бір үлкен жұрт тегіс жиналған жиналыста ызалана тұрып бәрін ақтарып салдым.

...Жұрт шыжандай. Қыс қақап тұрған. «Өжеттің» кеңсесіне мықтағанда елу адам сиятын. Үлкен, жабық, жылқы қамайтын сарай болатын. Жиналыс сонда өтті. Жұрт тонымен, ішігімен жерде отырды. Ешкім атқорада отырмыз-ау, мұнымыз болмады демеді, одан жиіркенбеді де. Қораның төбесіне тал-шыбық, теректің бостаны, алма, өрік ағашының берегі, қайыңның тозы тасталып, оның үстіне шөп үйілген. Шөп күз басында оған мая болып үйіледі де, жазға қарай ол таусылып, қораның үсті арса-арса болып ашылып, шөпті ұстап тұрған ағаштар, бұтақтар, шинелер далада өліп қалған малдың қаңқасындай күнге тосқау бола алмай қалады. Сонан соң күзде жаңағы қораның үстіне салған ағаштарды қайта жаңалайды да, қысқа қарай қайта шөп үйеді. Жылдағы әдет осы. Кейде жазда үстінде шөбі жоқ қораның шығып тұрған ағаштарын жұрт самауырынға салуға біртіндеп тартып-тасып кетіп, оның әр жерге қазып орнатқан жуан-жуан тіреулері-діңгектері ғана қалады. Сонан соң оның бәрін күзде қайта жаңалайды. Міне, сол төбесіне шөп жаңа үйілген қорада жұрт жапырлап, жыбырлап отыр.

Қораның түкпір жағына ұзын-ұзын үш-төрт тақтайдан президиумға стол жасалған. Жиналыс есеп-беру сайлау еді. Оған «Қошмамбетов келіпті» деген сыбыс та ауылды тез қыдырып өткен. Менің сөйлейін деген таназарымда жоқ еді. Бір шошақ, не бір күде шөпті екінші бір қораға арқалап жеткізіп беру маған жиналыста сөз сөйлеуден гөрі оңай еді. Жұртпен бірге суыр ішігімді сүйретіп мен де келіп, қалың колхозшының арасынан орындастым. Жазы-қысы бірдей арыстағаным колхозшылардың арасы. Сондықтан оларға ығыспай-қағыспай келіп жанастым. Мені бұл кезде ешкім жатсынбайтын, көбімен-ақ істес, бастас болғанмын. Тек жасым көбінен ілгерілеу, жасамыстауым.

Жиналыстың президиумына екі-ақ адам шықты. Бірі колхоз бастығы Несіпбай. Ол кезде жастау, қазымырлау сары жігіт. Кейде жоқтан өзгені қажып, жұртты сонысымен мезі етіп жіберетін. Жаны да ұсақтау кісі еді. Кіріспес нәрсеге кірісіп қадірін кетіріп алатын. Колхозшылар оған риза емес-ті. Екіншісі Қарынбай Қошмамбетов Іле аудандық партия комитетінің хатшысы. Ол жүзі жылы, көп сөйлей бер-

мейтін, әулиеаталық қазақ, бұрын Тұрар Рысқұловпен, Қабылбек Сармолдаевпен он алтыншы жылғы Меркі көтерілісіне араласқан кісі деп, ол жөнінде көбіне жақсы лепес еститінмін. Екеуі президиум столына орналасты. Бес-алты адамды президиумға сайлады. Председатель баяндамасын қағазсыз сөзбен айтып шықты да, цифрдың бәрін колхоздың есепшісі оқыды. Сөйтсем Несіпбай да мен сияқты сауатсыз жігіт екен. Екі кісіден кейін Көсебай қол көтерді. Ол ылғи менімен шәлкем-шалыс келе беретін жігіт еді. Бұрын Күзбайдың жалшысы болған. Совет өкіметі орнағанда жиырмаға жете қоймаған еді, одан кейін он екі жыл Күзбайдың есігінде жүріп, қиярын қылған. Байлықтың бәрі бұрынғы байларда кетті дейтін сорлының бірі болатын. Ол орнынан тұрды да, тіке кетті: — Мен Домбайды колхоздан шығару керек деймін. Ол бай болатын. Қазірде де байың деп барады. Менің сөзім осымен бітті,— деп отыра кетті. Колхоз-шылар дүрлігіп, кейбірі оған дүрсе қоя берісті:

— Оңбаған!

— Күзбайдың итаршысы!

— Домбайда нең бар, кержалқау! — Президиумда жиналысты басқарып отырған колхоз председателі Несіпбай қозғалақтап Көсебай сөзін қоштағандай түр көрсетті. Колхозшылар тыныштала қоймады. Оны ешкім тыңдамады. Айқайлап жатып колхозшыларды Несіпбай тыныштандырып екі адам тағы сөйледі. Сонан соң, жаным Абақ, маған жан бітті. Ақылдасам мен де сөйлей алатын сияқтымын. Мен де қол көтердім. Сөз алып, колхоздасқаннан бергі алты жылда істеген жұмысымды, Күзбайдың, оның баласының, колхоз бастық Несіпбайдың, жаңа мені жамандап сөйлеген Көсебайдың бар қылығын ақтарып айттым. Орныма отырған соң байқадым, Қошмамбетов әр түрлі қағаздар, кітаптар алғызып жатты.

Жиналыстың артын ала Қошмамбетов сөйледі. Ол колхоз жұмысының біраз жетістігін, одан кемшілігін айтып келіп Көсебай сөзіне тоқтады. Қошмамбетов оған сауал қойды.

“ — Көсебай айтшы,— деді ол,— сонда Домбай колхозда жұмыс істей ме?”

— Істейді. Бірақ дұрыс істемейді,— деді Көсебай.

— Сонда қалай дұрыс істемейді? Тапсырмасын орындамай ма?

— Тапсырмасын екі есе орындайды. Мен жүз метр арықтың өлексесін алғанша ол екі жүз метрді тап-тұйнақтай тазалап қояды.

— Ендеше оның несі жаман?

— Ол өзі бай болған соң көзге түсу үшін артық істейді.— Қошмамбетов колхоз председателіне әлденені сыбырлады. Есепші бір-неше кітапты Қошмамбетовтың алдына қойды. Мен Қошмамбетовтың бет-жүзін, құбылысын бақылап отырдым. Кітаптың тағы бірін ашып көрді де, оның жүзі жылып сала берді. Сөйтсем ол беттік есебімді ашып көрген екен. Қошмамбетов қайта сөйлеп менің де, басқалардың да көзін ашты:

— Егер Домбай жұмысты жаман істесе айтайық, ашып айтайық. Онда жамандасақ, колхоздан шығару мәселесін қойсақ әбден болады. Қалай Домбай, сізден, яғни Көсебайдан жұмысты жақсы істегені үшін кінәлі бола ма? Бес жыл бойы Домбай сіздей екі есе еңбек еткен. Сіз тап жауларының сөзін, алдарқатуын тыңдап алаңдап жүргеніңізде ол тындырымдылықпен жұмысын ұқыпты, тыңғылықты атқарған. Сіз шұқындап істегенсіз де, колхоздан шөмшектеп алғансыз, ал ол толымды істеген де колхоздан талыстап алған. Ол колхозға да пайда келтірген, өзін де қамтамасыз еткен. Бір ай емес, бір жыл емес, бес жыл бойы басқаларыңыздан тәбияға жаралған күпшек санды күреңдей мойны озып келе жатса, мұндай адамды нағыз социализмді орнатушы деу керек. Егер бірер ай тұқшындап істеген болып ілгерілік танытып, тамыр-таныстық қуып, қызметте жоғарылап кете қалса, онда бірсәрі. Соңғы бес жылда әбсін жұмысты сізбен бірге істепті және сізден үнемі озып отырыпты. Ал сіз Домбайдан әлдеқайда жассыз, тепсе темір үзетін қауқарың, қарманың бар, сөйте тұрып мүшел жасы үлкен адамнан қалып тұрсыз. Демек, Домбай нағыз еңбектің ері, оны колхозшылардың қазақстандық съезіне делегат етіп ұсыну керек. Көрдіңіз бе, жыл қорытындысында сіз жеті жүз кило астық алғансыз, ол мың жарым кило астық алған. Бізде еңбегіне қарай бағаланады. Ал Домбайдың еңбегі бар, табысы мол. Ол нағыз социализм орнатушы,— деді. Сөйтіп көзім ашылды, Абақ. Көзің жамандық көрмегір адам екен, Қошмамбетовың!

— Астық демекші,— деді сөзге араласып Еңбекшіқазақ ауданынан келген Тоқымбек,— біз астықты сыйғыза алмадық. Баяғыда өзіңіз Тоқаш Бокинмен барғандағы жаман інім, малдақ аталатын Малмақ ше, Абақ, есіңізде бар ма, сол екеуміз де трактор айдаймыз. Есіңізде болар, мен Тоқаш Бокинге Совет өкіметі кезінде де жұмыс болар демедім бе, сол уәдемде тұрып, колхозыңда белсеніп тұрып еңбек еттім. «Қызыл алмас жан қияр, қызыл талға қынаса, мал бітпеске немене жігіт жанды бұласа» демеп пе еді аталарымыз. Жанымды күйттеп, қорғайлағаным жоқ. Халық қоныстанған жонсауға көшіп барып, колхозға мүше болдым да, алдымен жұрт қатарлы қоныстандыруға кіріп, содан белсеніп іске кірістім. Кермеге ат байлап, құлпы киіп құлпыр-мағанмен желкендей сусылдап өсіп-өнген жайымыз бар. Ақбытпаланып жұрттан әдейі асуға талпынған да жоқпын. Бірақ аянбадым. Қазір қидасын кәріжілікті екі түгей ат та бітті, ораздының ұлы, жиырлының қызы өсіп, ілгері ұмтылып жатқанда көптен бөлек жүрген көмусіз қалады дегенді ойлап, жұртпен қатты, қитықсыз араласып кеттім. Өлгі Малмақ жұмысқа мыңтөкім адам болды, еріну, екшелу дегенінді білмейді, бригадир күндіз жұмсаса күндіз, түнде жұмсаса түнде кете береді. Оны жұрт осы кезде «өзі бір мың болғыр жігіт» деседі.

Сонау жылдары Абақ Тоқаш Бокинге айтқан сөзімді естіген едің. Мен бүгінде сол сөзімнің үдесінен шықтым. Алдыңғы қатарлы колхозшы болдым. Он-он бес уақ жан бітті, екі-үш қара бар. Өзің де білетін

шығарсың, алдымен колхоз меншікке мал ұстатуды бәйге ретінде бастады. Онда мен екі ешкі алдым. Келесі жылы екі қой берді. Бұл да бәйге ретінде берілді. Сонан соң колхозшылар мал малдансын деген нұсқауға байланысты барлық колхозшыға алдымен екіден уақ жан, келесі жылы сиыр берілді. Өткен күзде астыққа бір бие сатып алдым. Жұрт осылай ауқаттанып келеді, Абақ. Енді келген қонағымызға қой сойып беретін шақта алыс емес. Былтырғы көп астықтың бір жарым тоннасын мемлекетке сатып, көп пұл алып, мұздай кілшиіп киіндік. Сонымен ерінбей істеген еңбек тіленбей жеуге жеткізді. Енді, міне, колхозшылардың съезіне де келіп отырмын. Балалардың екеуі ер жетіп, тракторшы болды. Машинаға қызыға ма, қайдам, бір қызым да тракторшы боламын деп қоймай жүр. Кеше «Темір тонды тасбақа, келді ауылға трактор» деп Бейімбет жырласа, бүгін Бүргенбайдың, Түргенбайдың балаларының көзін қызартып бір-біреуін біздің балалар тақымына басып мініп алды.— Көрдің бе, інім,— деді Шұнақ.

Тоқымбек әңгімесін бітіргенде Жалбық аспазға қалжыңдап жатты.

— Тоқаңның есебінен болады дағы, Тоқаңның есебінен.— Бұл ішілген тамақтың есебін айырысудан туған әңгіме. Бірақ тағамның бар құнын өзі төлеп қойды.

— Әрине, әрине, осында менен көп табыс алған адам аз болса керек-ті,— деді Тоқымбек.— Сондықтан мен төлейін. Тағы қымыз әкелдіріңдер.— Қазақша ізет сақтап бағанадан бері ағаларының алдына шықпай отырған Адырбек қозғалақтап қалды. Оның да бірдеме айтқысы келгендей. Бұл сонау елді ашаршылық жайлаған отыз үшінші жылы Ақмоладан келген жігіт. Оны Жандосовтың «Қыр Балтабайға орналастыратын болдым» дегені есінде шығар. Бұл екі жылдай колхоздың қойын бағыпты да, содан тракторшылар даярлайтын курсқа барыпты. Қазір тракторынды қойып, енді комбайнға ойысты. Өзі бұрынғыдан толысып, шәпеті қалпынан өзгеріпті. Үстіндегі киімі де жинақы, басқалардікіндей өңіріне өгіз өріп, етегіне егін салынып жатқан жоқ.

— Аға,— деді ол маған қарап,— бір күн бос күнім болған соң, кеше сізді іздеп Ұзынағаш барып едім, Алматыда деді. Содан түнделетіп қайтып келдім. Ол үй ішінің амандығын қысқа айтып, жұмысын шолып кетті:

— Отыз үшінші жылдың ақырында таланымды сынамақ болдым. Тракторшы болуға талаптандым,— деді Адырбек,— ол талабымды орындау маған онша қиынға түспеді. Қыста үш айлық оқуына бардым да, отыз төртінші жылдың көктемінде МТС-тен трактор айдап қайттым. Трактор келе жатыр дегенді ұзынқұлақтан хабарланған ауыл адамдары тайлы-тайлағы қалмай алдымыздан шықты. Жұрттың арасында кимешегі ағараңдап кемпірлер, сақалы желбіреп шалдар да жүр. Қасқия соғып, ездеріне қарай тура тартып жер күңіретіп, ыңыранып, гүрілдеп-сарылдап келе жатқан бір шемеле шептей темірді көрген ауыл

адамдары оған тура қарай алмай, бір жағына қарай дүрліге ығысты. Сталинград, Харьков трактор заводтарынан келген бұл тракторлар СТЗ,ХТЗ аталатын. Соның бірінің рулінде отырған мені нұсқап келіншегім шешеме:

— Апа, баланды қара, тракторыңды ауыздықтап мініп алыпты,— десе, шешем оған сенбей:

— Айтпа ондайынды, менің балам ондай пәледен не алады,— деп баласына тракторды жолатқысы келмейді. Екі-үш айдан бері үй ішімді қврмегенмен шешемді көрген соң, тракторды тоқтата салып, жүгіре басып жанына жақындап келсем, үстім, бет-аузым қап-қара май, сауыс, екі көзімнен басқа түк керінбейтін менен шешем тұра қашты.

— Апа-ау, бұл мен ғой! — дегенде даусымнан ғана танып, сәл кідіріп:

— Апыр-ау, шынымен бұл менің Адырбегім бе, шынымен анау темір сауытты тасбақадан түстің бе?! — деп айран-асыр, таң-тамаша болды. Тек шешем ғана емес, кеше өзіммен Ақмоладан бірге қаңғып келген туысқандарымның кейбірі қуаныштан жас шығарып, сенер-сенбестерін білмей, бір қолатқа трактор туренің салғанша артыманнан шұбап, еріп барды. Соқаны түсіріп, қара жердің қыртысын аударып, жыртылуға тиісті қолатты екі-үш айналып тоқтағанымда, аударылып түскен мақпалдай мұнайым топырақты бәрі таңдана қарап жатты.

— Жердің астындағы асылын шығарып кетіпті,— дейді бірі әлі кебе қоймаған жердің балшықтау топырағының соқа қанатына тиіп тегістеліп жылтырап қалғанын көріп.

— Тереңдігін қара, тереңдігін. Тіпті тізеден келеді-ау! — дейді екіншісі. Ал үшіншісі:

— Бұған егін шықпаса өзі де оңбас,— дейді. Бұл күні кешке дейін бала-шаға кезек-кезек тракторға мініп, шулап, төңірегінде жүрді. Қазір бәрі трактормен, комбайнмен бірге туысқандай болып кетті ғой деп әңгімесін аяқтады. Шынымен, інім, солай еді. Ауылға қаптап техника келген соң, шаруаның ақсақ аяғы теңелді, шолақ қолы ұзарды, етегі жер сызды, беркі қара қазандай болды. Шырағым, «беркі қара қазандай болды» дегенді түсіне алмай отырмысың. Мүмкін бұл бір сөз тіркесі Жетісуда ғана бар шығар. Дүние жүзіндегі мың түрлі халықта дәстүр де мың қырлы. Мысалы тау мекендеген халықтарда бір қызық дәстүр бар. Оларда кімнің дәрежесі жоғары болса, соның бөркі биік болады. Дәрежесі жоғарылаған сайын, бөркінің төбесі де биіктей түседі. Дәл осындай болмаса да қазақта да, шамасы, осы тұрғылас бір рәсім болса керек-ті. Мысалы хан, хан уәзірі киер мұрақты — делбе қалпақты шонжар балалары, шоралар, мырзалар киеді. Шора киер қалпақты шоры кимеген. Тіпті оның тозын да бермеген. «Бөркі қара қазандай болды» яғни бөркін үлкейтіп тіктіріп киді, әйтпесе мақтанды, қуанды. Мысалы қазақта «қуанғаннан бөркін аспанға лақтырды» деген тіркес бар. Ал қуанғанда бөркін аспанға лақтыру көп халықта-ақ бар. «Мы-

нау шұнақ шал дүниедегі кітаптың ілкім жақсыларының бетін тегіс аударған маған тіл үйретпек пе» деп отырған шығарсың. Тіпті де олай емес, інім. Жай ыңғайы келген соң сөздің атасы өлмесін деп жатқаным ғой. Сен ондай тіркестерді білмеуің мүмкін. Бірақ білмеуге құқың жоқ, өйткені сен сөз қуған, сонымен нан тауып жеп жүрген адамсың. Ал ұмытып қалуың әбден ықтимал. Сен жазып отырғанда бәрі бірдей есіне түсе бере ме? Сен ондай тіркесті күнделікті өмірде қолданбайсың. Мысалы жылқышыны алшы, ол жылқыға байланысты сөзді сенен он есе артық та, жақсы да біледі. Ол таңертең оразасын сол жылқыға байланысты сөзбен ашады. Өне, жаңа мен айтқан қазақтың атының бірі Домбай. Домбай деген жабайы есек екенін екі журналистің бірі біледі деп айта аласың ба? Сол тілді де, малды да, мал туралы ескі сөздерді де білетін адамдар сиреді. Сондықтан сендер ендігі тілді ұмытып бара жатқандарға жабайы есек — домбайды құлан деп үйретесіңдер. Мал маманымыз, әлде зоотехникалық ғылымды терең зерттеген ғалымбыз дегендер шатасып, қазақ, қырғыз жеріндегі жабайы жылқы-құланға Прежевальский жылқысы деп ат қоя салады да, жабайы есекті құлан деп түсіндіреді. Інім, баяғыда күйеуі көңілінен шықпай отырған бір қыз күйеуінің қабағынан өзін жақламаған тетірлікті байқапты. Шамасы жаңа ұзатылып келіп отырса керек. Сонда күйіп кетіп: «Жақтырсаң жақтыр, жақтырмасаң төркінімнен қалдырма!» деген екен. Сен менің айтқанымды жақтырсаң да, жақтырмасаң да шындық солай. Немене сонда қазақ, қырғыз жеріндегі жабайы жылқыны Прежевальскийден бұрын адам көрмеп пе? Не деп ұғуға болады, мұны? Тіпті естір құлаққа ұят, бұдан өткен даңғойлық бола ма? Мысалы өкпе ауруынан табылған құртты Кохтың құрты дейміз. Бұл жөн сияқты. Өйткені ондай құртты одан бұрын ешкім таба алған жоқ. Енді оны тапқан ғаяымның атынан атау әбден-ақ ыңғайлы, орынды. Ал қырғыз бен қазақ күнде көріп, күзде қуып келіп, үй басына біреуін сойып, жығып, қазы-қартасын жеп, жырғап отыратынын былай жиып қоя салыш, енді оның құлай аташ есекке таңып, ат берген боламыз. Інім, анау Қаскелең мен Шамалғанның арасында жатқан жыра — құр өзекті қазақтар баяғыда қолдан тереңдетіп қазып, Құланөтпес атандырған емес пе. Сол Құланөтпестен сен зуылдап машинамен ары-бері талай өтесің, енді оның атын да ұмытып барамыз. Өзің арнайы тоқтап қарашы, соған. Оның тереңдігі қазір он-он бес метр, қазылған дөмбейілдің көлденеңі де соншалық. Бір кезде ол, әрине, терең болса керек-ті. Қазақтар күзге қарай ханы бар, қарашысы бар, қарасы бар тайлы-тайлағына дейін қалмай бұтын атқа артып, қолдарына шыңын, нуғарасын, қалғанды ұстап қағып-даңғырлатып, сонау жалпақ даладан құланды үркітіп жоғары қарай қуады екен. Қатты ағынымен келген құлан алдындағы жан-жағында бұдыры-сыдыры байқалмайтын дембейілорға омакасады екен. Семіз, тығыршындай күзгі, қонды құланды жығып алған қазақтар ұрты да, мұрты да май болып жатады екен. «Далада құлан, домбай шұбырса, о дағы бір егеулі оққа

жолығар» демеп пе еді Шалкиіз жырау. Кешегі тарп ұрған құлан бүгін азайса, зырқыраған сайгез октың, ұңғыдан ұшқан темір жұмыртқаның тегеуріні дағы. Кеше ғана поезбен Семейден Алматыға келе жатқан кісі күнде көретін Сарыөзек, Жоламан төңірегіндегі Іле ойпатында қора-қора болып жортып жүрген қарақұйрық қазір жоқтың қасы. Енді бірнеше жылда әлдеқайдан келген біреу соның бір-екеуін көріп, оны да өзінің атына қойып алар. Кешегі бұздай кілшиіп жатқан табиғатты қолдан бұздық, көп жан-жануар, жәндік, құс өксісе де, жерінен көксіп кетті, енді оның кейбірінің сайда саны жоқ, құмда ізі жоқ. Жазымда басы қалатын болған соң жазығын қимаса да көксіді, шығандады. Қиянға, қиырға ауды. Амал не? Бұған, інім, илансаң да, иланбасаң да солай. Алабілек оқ пәйкесіне тиген соң, майсасына безіп кетпеске не? Мажардан сүйесін болған жерін тастап, құлатыға қол артпасқа, аяқ баспасқа не? Жануарлар жанын қорғтап, арту-артуды асып кетеді дағы. Айтпағымыз сөздің ұмытылуы еді ғой. Жанағы мен әңгімелеп отырған Домбай деген кісіге «ой, есек!» деді. Сенімен шешініп тастап төбелессін. Ал оның баласы жіті қарасаң есек емес, есектің қодығы-күрәсі болып шығады. Оған күнде айтылып, құлағы үйреніп кеткендіктен Домбай дегенін басқаға «доңыз» дегендей естілгенімен бұған жібектей есіліп, мақтадай мұнайім болып жетеді. Е, інім, қазақ та, басқа халық та ондай аттарды қоя берген ғой. Орыс халқында да Медведев, Борсуков, Свинин дегендер толып жатыр. Ал төтесінен барып сол фамилиясын «Бей, медведь» деп көр, ер болсаң. Ашылмас тұманға қалар едің. Баршындамағанмен мау тартып жетілген баласың, өзің ақылдашы, менің айтқанымды теріс дей аламысың. Қазақтың өзіне жетер мол тілі бар, соны ұмытып қаламыз да бұл біздің ауылда айтылмайды деп отырамыз. Інім, саған тіл білетіндігімізді көрсетіп алапамды арттырайын деп отырған жоқпын, сен маған ой келмей мүдіретін, тіл келмей мүлтігетін кезімде тұс болып отырсың. Ол менің сұлыбымнан емес, мүмкін құлығымнан, тіпті көрген теперіш-қорлығымнан болар. Құладынды қайырып қуға салатын кезіміз кетті енді ептеп басып, еңкейіп жүретін кезге келдік. Ол табиғаттың заңы, оған мойымаймын да, күндік те тартпаймын. Менің мысымды құртып отырған жайларды жоғарыда жағалатып айттым. Дегенмен саған ойымды айтқан соң арпа жеген аттай қунап қалдым. Пұстарымыз жас жүрсе қунайды, қарт жатса қунайды дейді ғой. Ал мен сенімен сөйлескенге-ақ қунап, қарға ауаған түлкідей жайнап қалдым.

Осылай лапас астында әңгіме соғып гулеп отырғанымызда Жалбық мейманханаға қарай тұра жүгірді. Ол бірдемесін ұмытып кеткендей. Сәлден кейін одан қайта шықты да, Адырбекті шақырып әкетті. Арада бір дем еткенде Жалбық пен Адырбек екі табақ ет көтеріп келді. Лақтың басы бар табақты ол Домбай екеуміздің алдымызға қойды. Екінші табақтағы ет — жаубүйрек екен. Шырағым, Жетісу елі август айы басталған соң, көбіне лақ сояды. Бұл сыйлы қонақ үшін емес, кәдімгі күнделікті тамақ ретінде ұсынылады. Өйткені лақтың еті жеңіл және майы қатпайтын

осындай қоңыр күзге дейін тәуір саналады. Қазір жұртқа ұмыта басталған жаубүйректі жеп көргенің бар ма? Жаубүйрек семіз лақты сойғанда бүйрегінің майын сылымай, арқа омыртқаға жабысып тұрған қалпында, омыртқаларды да опырмай бөліп алып пісіріледі. Кейбір тоғышарлар оның жаубүйрек аталуы жауға шабарда бітеу пісіріліп әкетілетіндігінен деседі. Тіпті де олай емес, інім. Саған тағы да тіл үйретейін.— Шұнақ сәл ыржиып мұртынан күліп алды. Жаубүйректі мен шынымен сондай бір кезеңді жағдайға о баста арналып пісірілген тамақ деп ойлайтынмын. Шұнақ шалдың мына сөзі мені енді елең еткізді. Шынымен сыңар құлақты шалға ұйымау енді мүмкін емес еді. Намазға тұрғандар ұзын бойлы адамнан бір намаздық имам сайлап алып, соған жалпысының ұйитынын естіген боларсың, мен де енді соларша Шұнақтың аузына бір-жола бас қойдым. Шал маған сынай бір қарап қойды. Ол әңгімесіне қайта ойыса берді:

— Жаубүйрек — майбүйрек деген сөз. Семіз лақтың бүйрегінің сырты маймен жабулы тұрады. Соны сол қалпында пісіреді.

Жау деген көне түркі тілінде, балқар, қарашай тілдерінде де май екен. Демек, бір кезде майды біз де жау деген болсақ керек.

Көрдің бе, інім, өзіміз майды жау дегенімізді ұмытып қалғанбыз.

Егер жаубүйрек деген тамағымызда оның аты қалмаса, жаубүйректің — майбүйрек екенін білмес едік.

Мен алдымдағы лақтың басын Домбайға қойдым. Домбай жасым үлкен еді деп басты ала салмады. Ол маған қарай қайта жылжытты. Бас — ауызы ырсыып екі мүйізі шікірейіп «қайсың жесең де мейлің» деп тұрғандай.

— Шырағым, Абақ,— деді Домбай,— алдына келген басты жасым үлкен еді деп бас салатын оңаза, қомағай шалың мен емес. Басты бас болатын адам жеуі керек. Қасында ел басқарған, жұрт көрген, басқадан ақылы асқан адам отырғанда бас жеу — қорқаулықтың, не көрлаттықтың ісі. Бұрын басты шалдар жеген болса, ол кезде ел басқарғанның бәрі ақсақалдар еді. Сондықтан бұл бастың иесі сен.— Мен басты алмадым. Домбайға ұсындым. Ол алмаған соң барып екі мүйізі сұқ саусақтай болып өскен лақтың басын қолыма алып, езуінен, құйқадан бір кесіп жеп, басты Домбай алдына қайта қойдым. Домбай:

— Е, енді жөні болды, енді менің жеуіме болады,— деп бастың құйқасын сыпырып отырғандарға үлестірді де, екі мүйізінен қысып басты қақ бөлді. Лақтың басының екі көзі, миы бас сүйектен арылған соң судағы қолбақаның сыртқа шығып тұратын көзін елестетіп, бақырайып қалды. Домбай оны менің алдыма қайта қойды. Әрине, миды бәріміз бөліп дәм тағтық. Қазақ одан да саясат шығарған, інім. Бастың миынан отырғандар жеткенінше дәм татуға тиіс. Ондағысы ми ортақ, оның ойы, ісі ортақ, ми барлық қауымға қызмет істеуге тиіс де-

лінген. Осы лақтың басынан шығарып Домбаймағантағы бір ғибратты әңгіме айтты. Ет желініп болып, қайта шай келгенше тізе жаздық.

— Атаң Құртқаның жүз отыз алты жасқа келіп, мың тоғыз жүз алтыншы жылы дүниеден қайтқанын білесің. Сол бүкіл қазақ қауымы «көкелеп» өткен Құртқа тәуіп өзіне арналып сойылған малдың ғана басын жейді екен. Бір күні тәуіп қасқарау Ноғайбаймен табақтас болып қалыпты. Ноқаң да ақылды адам, білімі-ілімімен қазақтың жанына арашасы болып жүрген Құртқаның асты-үстіне түсіп жаны қалмай жатады. Бір кездері ет келіп, бас тартылады. Ноғайбай:

— Көкеме тарт, Көке, басты алыңыз! — дейді. Осылай боларын білген Құртқа қатты кетіпті:

— Ұста басынды, басын ұста жұрттың! — деп зекіп тастапты. Үй ішіндегілер көкең қатты дауыс шығарып, дозданғандай болған соң, әлде бірдемеге разы болмай қалды, біз көңілінен шыға алмадық деп қысылып, сасып-салбырап қалады. «Лай аумин» деп қолын жайып, Тілеміс қу тұр. Ноғайбай мен Тілеміс аталас та, ағайындас. Тілеміс жастау, бірақ бәрі үзегілес. Көбіне Ноғайбай қайда жүрсе, Тілеміс сонда жүрсе керек-ті. Үй Тілемістікі. Ноғайбай көкеңе сәлем бере келген екен. Жұрт сілтідей тынып ешкім үн шығара алмапты. Мал Құртқаға сойылған. Нақ сол сәтте жайды ақылдап болған Ноғайбай қол көтеріпті:

— Е, құдай алдымда атамды қой, артымда батамды қой, аға тұрып бас жеген қатамды жой, ата ақылғөй, мен бастық! Аллау-акбар! — депті. Ноғайбай басты мұжып, бола беріп:

— Тілеміс! — дейді. Бірақ Тілемістің «ау» дегенін естіген соң қайта дыбыс шығармайды. Сонымен сөз тамам болады. Ол арада Құртқа сол ауылдың науқас адамдарын қарайды. Есік алдында жұрттың ішінде шалқалап жатқан жігіттің қасына жақындап тамырын ұстайды. Тәуіп ойланып отырады. Жиырма бірге келген жігіт, жеті жылдан бері сал болып жатқан көрінеді. Көзі жауаңдап, тәуіп не ем айтар екен дегендей одан көзін алмайды. Көкең бір шамадан кейін жігіттің қолын жібереді де, езуіне күлкі орнайды. Мұны жұрт қалай түсінерін білмей қайран болады:

— Мына жатқанның ауылы қанша жер? — деп сұрайды тәуіп.

— Мына белдің астында, — деп жауап береді, Тілеміс.

— Бір шара қымыз әкеліндер! — деп бұйырады тәуіп. Бір шара меймілдеген қымызды бір жігіт көкеңе ұсынса:

— Анау жатқан батырға ішкізіндер, — дейді тәуіп. Қымызды қолына алған мешел іше бастайды.

— Бір тамшысын қалдырмай іш! — деп бұйырады тәуіп. Қымызды сарқып ішіп болғанда тәуіп зембілде жатқан жігітті қамшымен салып-салып жібереді де:

— Тұр, иттің күшігі! — дейді. Жұрт дүрлігіп, тәуіптің мынасы несі дей алмай, іштей ұнатпай тұрады. — Тұрғызындар, жалқау күшікті. Тұр шапшаң! — Жүгіріп барып екі жігіт жеті жыл жатқан мешелді екі

қолтығынан демейді, — Япыр-ай, мына тәуіптің не деген дәті қатты кісі еді, — деп бала шешесіне жылап жібереді. Орнынан жігіт тұрғызылған соң тәуіп қайта бұйрық берді:

— Алыңдар қолдарыңды! Жөндеріңе кетіндер! — Жеті жыл жатқан сал екі тізесі дірілдеп қалт-қалт етеді. Науқас қимылын қалт жібермеген көп көзі енді оның не шалқасынан не етпетінен кететінін күтіп отырады. Науқас сәл дірілдеп тұрады. Осы сәтте тәуіптің күдіретті, айбынды даусы қайта қатты естіледі:

— Кет үйіңе. Артыңа қарама? Жоғал! Көзімнен құры. — Жиналған ауыл адамдары жеті жыл жатқан мешелдің аяғынан қаз тұрғанына бірі қуанып, бірі қорыққаннан тұр-ау деп аяп, жылап, енді бірі:

— Бас, бас аяғыңды, бас! — деп демеу беріп жатты. Науқас бір адым басып, екі қолы селтең етті. Шамасы жығыламын ба деп қалды. Жығылмаған соң қалтылдап екінші аяғының өкшесін көтерді. Сөйтіп ілбіп, одан әрі дірілдеп кете берді. Ол он шақты қадым салған соң тәуіп.

— Аурудан айыққанына үш жыл болған. Қорқақ, жан аяр. Ертен қара қой сойып, жас сорпа беріндер, — деді.

Ауыл адамдарының науқастарын қарап болып, енді қымызға келіп отырған Құртқаға.

— Лай аумин? — дегенге қараса Ноғайбай, қолында табақ, табақта шеке. Сөйтсе бұл Ноғайбай мен Тілеміс бүкіл қазақ қадірлеген ағасына бас жегізбей жібермеу үшін демнің арасында құлын сойып тастаған екен. Құртқа тәуіп бата беріп, құлынның шекесін мұжыған соң, Ноғайбай мен Тілеміске қарап бір сөз депті:

— Ноғайбай балам, дүниеде көп жасағандар да, көп жасайтындар да көп. Қазақ егер көп жасағанға бас берсе, онда мың жыл жасайтын құзғын қарғаға тартар еді. Бастың қадірін көп жасағанға беріп қадірін кетіруге болмайды. Қазақта менен көп жасаған да адам болған. Сыпыра жырау қария жүз алпыс сегіз жас жасап, жеті ханның қасына отырып, ақыл қосып, мінін, айыбын бадырайтып бетіне басып отырған. Қазақ біреудің айыбын бетіне басқанды ұнатпайды. Ол үлкен хан жиында, ерегісте, содырлы-сойқанды жерлерде ғана айтылған, Бұл олардың айта алмаған жалтақтық-қорқақтығынан немесе жағымпаз-жарамсақтығынан болмаған. Бұл тек қана адамгершілік тұрғыдан еді. Оны айтқысы келгендерге тиым сала отырып, айтып жіберген аузы жылдамдарға азды-көпті жаза да қолданған. Оның себебі оны аяушылықтан, өзі сабасына түссін, намысына тимелік, жүрегін жараламалық дегеннен болған. Сол Сыпыра жырау — кәрі жырау кәпір жырау да атанған. Кәпір сезі қазақта ислам дінін мойындамағандарға ғана айтылмаған. Ол суы-дәті қатты, аяушылығы аз деген мағынада да қолданылған. Сондықтан да кімнің кемшілігі, кемістігі болса да бетіне айтқан Сыпыра атаң кәпір жырау болып бет қаратпай, қылышынан қан, найзасынан зәр тамған хандарынды ығыстыра отырғанда хан қасында отырып бас жемеген, бастың йесі бастық, елге ие болатын, жығылып бара жатқанға сүйеу,

панасызға медеу, әлсізге демеу болатын адам деп білген. Халық жасаған данышпандық дәстүрді, мамырасып са-натқа ілген игі ғұрыпты барла-ту ғана бағаналы, байсалды ордаға жеткізер болар. Ұстанындар, ата дәстүрін, жақсы дәстүрін! — деп бітірген екен сөзін Құртқа көкен. Інім, міне, бас жеудің де өз дәстүрі, тәрбиелік мәні болғаны ғой. Мен содан бері жасым үлкен деп басты бас салатын адамдарды ұнатпаймын. Қанағаттықты қадір тұтқан Құртқа атамның ескертпесін есіме бәһіре алып отырамын.

Қанағат демекші, інім, жаңағы әңгімелеп отырғандардың бәрі барға қанағат қылып, бірақ онымен қалмай ілгеріге қол созып, құрық салып үйренген адамдар. Көрдің бе, бәрі де өз ауылдарындағы жағдайды қанағаттанғандықпен айтып, тіпті мадақтауға жақын отыр. Шырағым, біздің халқымыз қанағатшыл, көнбіс, шыдамды халық. Оңазалық, ашқарақтың оған тән емес. Екі-үш күн тамақ ішпей аш келген қазаққа қос уыс қуырған бидай беріп, жанына бір табақ піскен тамақ қойып, «мынаған тиюші болма, бұл кісіге арналған» деші. Ол ертеңіне сол орнынан да, табақтағы тағамға тимеген уәдесінен де табылады. Міне, інім, бұны қазақ қана істей алады.

Інім, халық болған соң оның арасында жақсысы да, жаманы да бо-лады ғой. Бірақ біздің халқымыз адал халық. Ол барға қанағат қылып үйренген. Сондықтан да ол «қанағат қарын тойғызады, қанағатсыз жалғыз атын сойғызады» деген. Бірақ қанағат қылу енді еш нәрсеге ұмтылма, осымен қал деген сөз емес. Сонымен бірге ол «түстік өмірің болса, кештік мал жи» деген де халық. Қанағаттылықты қазақ тойым-сыз, сұғанақ, барға місе тұтпай әр нәрсеге ұрынған мінез-құлыққа қарсы қойған. Ондай тым дүниеқоңыздық, қанағат сезімінен айырылғандық түбінде қадіріңнен айырмай қоймайды. Інім, қазақ «көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген. Көп көріп, кеп қызмет қылып, көп жасаған соң адам ойына тоқып, екіліне түсірген нәрселерін кейде ішінен шығарып қойғысы да келеді. Сондай бір көрген қанағатсыздықтың мысалын саған әңгімелегім келіп отыр.

Жиырма сегізінші жылы аудан ұйымдастырылғаннан кейін ел іші-нен сауаты бар, еті тірі адамдар іздестіріле бастады. Үстем тап ішінен санатқа ілінетін егде тірі, сауаты да барлар табылды, ал сізге керегі ке-дейлер. Кедейлер ішінде еті тірі, пысықтары, сөз білетін шешендері табылғанмен баршасының-ақ сауаты болмады. Оларды тауып іріктеген де, екшеген де болдық. Жазу-сызу қолынан келмеген соң, олар әмсе бай балаларынан сөзден де, істен де ұтылып қала берді. Ісірібі тоқтастан соғылған адамдарды әбсін іздеумен болатын едік. Сондай дарияға қармақ салып жайын аламыз дегенде ілмегімізге балаңқы, бірақ қадалған жері-не қалжуырдай шаншылған бір жігіт еді, ол. Пейісов орта бойлыдан аласа, екі иығы тіктеу, сондықтан мойны қысқа болып көрінетін сары жігіт. Бетінде білінер, білінбес қорасан дағы күлгенде анық байқалатын. Бірақ ол басқалар сияқты қарқылдап, немесе қауқылдап дарақыланып

қатты күлмейтін. Көбіне ыржиятын. Оны көп жұрт ұстамды деп есеп-тейтін де, сырлескі достары ішмерез, бір беткей, безбүйрек Еспембет десетін. Еспембеттің кім екенін білсең керек-ті, шырағым. Ол Еңлік — Көбектегі Еспембет би ғой. Не сары емес, не қоңыр емес майда шашы кейде екі жағына жарылып тұратын. Тапқанының қайда кететінін қайдам, ол жар-қырап киінбейтін де. Егер зәу-шайтан жаңа костюм кесе, онысының жағасы қыртық мойнына тиіп, екі иығы көтеріліп тұрар еді. Сөйлегенде бір көрмеге мазалы, жай, түсіндіріп анық сөйлейтін. Мойны бір бұрылған жақтан оны қайтарып алу қиын еді. Егер бүгін жамандаған адамын өзі ғана мақтамаса басқаның дегеніне көнбейтін. Оны тапқан да, таңдаған да сол кездегі аупартком хатшысы Түзелбаев болатын. Дауысын көтермей, бір келкі сөйлейтін, ақбытпадан аулақ жігітті Түзелбаев жерден желкек тапқандай желкілдетіп, желпілдетіп ұстады. Екпетті жігіттің баршындап-байыздап айтқан сөзі де, Үңгіртас ауылдық Советіндегі ісі де көңілден шығып, шернеуішінде хаты бар адамдай көрінетін еді. Ондайды халық талағының биті бар дейді. Бірақ біздің қазақы дарақылығымыз, аңғырттығымыз ұстап кетіп, арамызды арыстап, еркін жайлап жүрген оның бұл жүрісін азырқандық. Ол деген-де бәріміз де шүленгір тартып қолымыздағымызды аямадық. Пейісовке шыр бітіп келе жатты. Оған қуанбасақ ренжімедік. Әсіресе Түзелбаев оның басынан құс ұшырмай аспалап жүк артқан атандай ардақтап, тәбияға берік тұлпардай күтті. Жұмысы да біршама жақсы болып, алдыңғылар санатында жүрді. Барлық ауылдық Советтерге оны мысал қылып, көлденең тарттық. Оның байсасы-жалы тудай болды. Көргені, түйгені болғанымен сауаты шамадан төмен жатқан соң Түзелбаев оны алты айлық партия-совет қызметкерлерінің курсына жібертіп оқытты. Ол үйленіп бұл кезде балалы-шағалы да болған еді. Зар деген секпіл бетті, жай сөйлейтін әйелі бар. Жалақ емес, бірақ үнемі ернін жалап жүретін, мәдениетті болып көрінгісі келіп, жұрт сыпыра киетін киім-дерді алдымен алатын. Бірақ қай киімді кесе де жарасымдылығы бол-майтын. Бұл жағынан қарағанда «ұрының қатыны өзіне лайық» деген-дей Пейісовтың өзіне ұқсайтын еді. Ал Пейісов көбіне-ақ алқа-салқа жүретін. Оның тамағының түймесін салып жүргенін ешқашан көрген емес едім. Оның үстіне жақын-жуық жолдастары «үйіне қуалаған шошқа кірмейді» деп ажуалайтын. Тіпті Шалтай деген бір қу тілді, сықаққой жолдасы «Пейісовтың үйіндегі тарақан тегіс аштан қырылып қалыпты» депті деген әңгіме Қастек ауданына жайылып та кетіп еді.

Оқудан келгеннен кейін де Түзелбаев Пейісовті тәп-тәуір қызметке қойды. Аупарткомның төрағасының орынбасары болып сайланды. Жұрт қатарлы жалақы алатын Пейісовтың үйіне барғанын оның Кермек деген жолдасы былай әңгімелер еді:

— Бір күні Пейісовтың үйіне барсам өзі үйінде жоқ екен, дер еді ол,— Зар ерінін жалап ас үйінен шығып келеді екен. Ақырын ғана ол жайбағыстап амандасты.

— Қалай Күмісжан аман-есен бе? Кермек он-он бес сом ақшаң бар ма, қалтаңда, бере тұршы.— Ойында ештеме жоқ Кермек қалтасындағы он бес сомын суырып береді. Сәл отырып кетіп қалады. Тағы бір күні Кермектің Пейісов үйіне жолы түседі. Бұл жолы отағасы үйінде екен. Астыңғы ернін жалаған Зар алдынан шыға келеді де, Кермекке мәймөңкелей сөйлейді:

— Кермек он шақты сом ақшаң болса бере тұршы. Үйде майдамыз болмай қалыпты, нан алдырайын деп едім.— Бұл жолы да ойына арамдық келмеген Кермек қалтасындағы бары он төрт сомын алып береді. Кермек үшінші мәрте барғанда күн жексенбі екен. Пейісов те үйінде отыр екен. Зар тағы да Кермекке келеді:

— Кермек, он үш-он төрт сом ақшаң бар ма? Бүгін күн жексенбі ғой. Жинақ кассасы жабылып қалыпты.

— Ия, ақша алуды ұмытып кетіппіз,— деп міңгірлейді Пейісов. Тағы да онбес сом ақша берген Кермек бұл үйден шыға беріп даққа қалады. «Қалай-ақ мен келгенде бұлардың ақшасы таусылып тұрады». Келесі барғанда Кермек қалтасына қырық бес тиын салып барыпты.

— Кермек он шақты сомың бар ма? — дей бастағанда Зар, іліп алғандай Кермек:

— Қырық бес-ақ тиыным бар,— дейді.

— Қырық бес тиын? Мейлі болады сол да. Жарты кило нан келеді ғой,— дейді Зар. Ол отызыншы жылдары қоңыр нанның kilosы тоқсан тиын ғой. Сонымен қырық бес тиынды беріп Кермек ол үйге үнемі құр жан баратын болыпты. Бұл Пейісов үйінің бір қыры еді. Ал ол оқудан келген соң тура Түзелбаевтің өзіне жабысып, жиналыс болса, соны сынайтұнды шығарды. Аупартком хатшысы болса, өзі асырап өсірген текешіктің қайда аяқ басып, кімге ауыз салғанына қайран қалды. Бұған басқалар да таңданды. Ол аупартком мүшесі, аудандық Советтің мүшесі болғанды місе тұтпады, оны азырқанды. Бірақ көп ұзамай Түзелбаев кетіп, оның орнына отырған Байхановпен де шайқасты. Одан соң Саттаровпен, одан Колмогоровпен алысты. Ақыры Жұмағұлов деген хатым келгенде оны да бірнеше рет сынады. Айтатыны бір сөз. «Сен бұл орынға лайық емессің». Содан отыз бесінші жылы аудандық партия конференциясында ол әдемілеп бастап, тағы да Жұмағұловқа түсе беріп еді, жұрт шатырлатып қолды соғып келіп берсін. Алғаш «менің сөзімді жұрт қатты ұнатып отыр екен деп қалған ол даусын жарқын-жарқын шығарып, жандана бастап еді, ақыры жұрт қол соғуын қоймады, Президиум председателі жұртты баспақ болып, «сөзін айтсын» деп еді, көпшілік «жоқ берілмесін!» деп айғайлайды. Ол мінбеден кетуге мәжбүр болды.

Осыдан кейінгі тағы бір пленумда ол баяғы әуеніне сала беріп еді, жұрт оны тағы мінбеден қуып түсірді. Үшінші бір жиналыста ол мінбеге бара бергенде бүкіл зал орнынан тұрып далаға шығып кетіп қалды. Інім, бұл ұяты аз адамдарға мен қызғаныш білдірдім. Таңданып

отырмысың? Егер оның орнында мен болсам, інім, шыным, мен сол жерде өліп кетер ме едім, қайтер едім. Мен Пейісов ең болмаса бірнеше күн ауырып жатар деп дәмеленіп, қос арысы сынған арбадай қирап қалған шығар деп едім, жоқ ондай осалдықтан аман болып шықты. Қалай қызғанбасың, ойланбас-сың?! Енді осыдан кейін қалай ондай адамның денсаулығына таңданбасың. Бірақ, інім, өлмегені қара жер, бұдан кейінол жиынға, жиналысқа келуді қойды. Орыс қорасының шәуілдек қандек итіндей екі-үш жігітті тауып алып, енді соларды жиналыста басшылыққа айдап салатын болды. Өзі келейін десе бет жоқ. Сөйтіп жүргенде отыз жетінші жыл келіп, оның көктен іздегені жерден табылып, құдайы берді. Сыпыра жұрттың үстінен арызды айдап бәрін қаматты. Ақыры «көп асқанға бір тосқан». Оны да біреу көрсетіп келмес марғау сапарға жол шекті... Егер, інім, сол кезде ол Пейісов аз да болса қанағат қылса, сол көздеген бірінші бастықтыққа жететін де еді. Амал нешік қанағатсыздық оны ел бетіне қарағысыз етті, бұл ұлы бар, қызы бар адамның басына бермейтін-ақ әреке-пәле, бір ауданның елі бетіне қарап отырған ерді ланаттаймын деп, бүкіл елден лағынет алды. Бұған намысты, өзім адаммын, ермін, мені де шешем ұл деп тауып, қалжа жеген деп, өзін бағалай білетін адам шыдай ала ма? Бірақ мәнсапқа жету үшін ұятты да, намысты да жинап қойып, беттің арын бес төгіп кірісетіндер бар екен, ондайлар ел үшін емес, жем үшін өмір сүреді екен. Бірақ асыл білес сутасты гауһар деп қателесетін әдетіміз әрқашан-ақ алдымыздан шығып жатпай ма?1 Жаңбырдың іріткісін келмек деп, келмекті көл деп көрсететін дарақылық-тебірлігіміз, даңғойлығымыз ғой, баяғы. Біреу «үлкен рақмет!» деген екі сөзді бұзып қазақша айтса, мәзболатын сорлымыз. Ол сол екі сөзді ықыласымен айтты ма, әлде мүләйім, аярлық па, ол жағына көз жібере бермейміз. Сол дарақылық, даңғойлығымыз бізді тілімізден де, ділімізден де айырып барады емес пе? Ойладық па, осыны бір?! Мәзіреті жасаудың орнына мәз боламыз, сол әулекілігіміз бізді көзден айырып, көрге сүйреп барады. Тіліміз шау тартып, өз баламыз жау тартып бара жатқанын аңлай алмаймыз, Өкілімізге түсіре алмаймыз. Міне, көрдің бе, шырағым, әр нәрсеге -ақ қанағат керек, бәрі маған болсын, мен ғана адаммын, басқаларың былай тұрындар, менен қалса ішесіндер, аласындар, менен қалмаса, ештемеге иектерің қышымасын деу бұл қай адамшылыққа сыймақ.

Отыз бесінші жылы стахановшылар қозғалысының өріс алғанын тарихтан білесің. ВКП(б) Орталық Комитеті ол қозғалыстың күші бұқаралығында деп көрсеткен еді. Бұл қозғалыс ауыл шаруашылығын да кең қамтыды. Екінші бесжылдықта сексен мың тракторшы, он үш мың комбайншы даярланған. Соның ішінде отыз мыңнан астамы қазақтар еді. Міне, бұл съезге келген Домбай, Жалбық, Омарқұл, Адырбек, Тоқымбек бәрі де сол отыз мыңның өкілі болатын. Сол сырлескі жолдастармен екі-үш күн Алматыда колхозшылар съезінде бірге болып, бір жасап қалдым. Қазір, шырағым, олардың Домбайдан басқа бір де

бірі жоқ. Бәрі Ұлы Отан соғысында шейіт болды, ерлікпен қаза тапты. Егер қулықпен, жылдамдықпен шешілетін соғыс болса, одан Омарқұл мен Жалбық сияқты атығайлар аман қайтар еді. Екеуі де тұяқсыз кетті. Аман еншік. Өмір. Оның мақтаны да, кейісі де, өрі де, ойысы да көп. Оның тіресі де, күресі де жеткілікті. Тіреуін тірестім, күресуін күрестім, бірақ әлі жығу түгіл, итжығыс та түсе алмай жүрмін.

* * *

Таудың үсті қоңыр салқын тартты. Шұнақтың да қабағы түсіп, соғыстан қайтпай қалған қатар-құрбысын есіне алып, қабаржыды. Күн еңкейіп Қордайдың үстіне барып қалды. Күннің ұясына еңкеюі жасы алпысқа келген сыңар құлақ шалдың қалған өмірін елестеткендей. Шұнақ шалдың әңгімесі әлі түгесілетін емес, ұзақ сияқты. Мен аспанға, күн көзіне, жалпы батыс жаққа қарамауға тырыстым. Ондағы ойым шұнақ шал әңгімесін доғарып қоя ма деп қорыққаным еді. Кім біледі, жасы келген кісі ойынан шықпай қалсаң, қамшыдан ығыр болған қырсау жылқыша теріс айналып кетпесін кім біліпті. Бұл күнде әңгімені бұл сияқты майын тамызып айтатын кісі де аз. Ауылдағы бір үлкен кісімен сөйлесе кетсең не кешегісін, не бүгінгісін айтып бере алмайды. Әсіресе шопандармен сөйлесіп көрші. «Жүз саулықтан жүз жиырма қозы алдым» дегеннен басқаны айта алмайды, әңгімені өрістетіп әкетпейді. Қазір тыңдауға құлақ та, тапжылмай отыруға құлық та табу оңай емес. Ал көпті көрген, көргенін тоқыған, тоқығанын, оқығанын тіпті қызыл сөзбен болса да қыздырып айтып бере алатын оған тағат, байыз табатын кісіні кездестіру одан қиын. Сондықтан да бұл әңгімені екі күн отырып тыңдауға бар едім. Шалдың бетіне көзім түсіп, осы кісі неге балаларын, өз жағдайын айтпайды екен деп ойладым. Баласы қандай адам болып, қалай өсті екен, әңгіме болып отырған кезде Ұлтарактың Советі жігіт те болған шағы ғой. Оның болашағы, өмірге жанасымдылығы қалай болды екен деп ойладым. Шұнақ менің ойымды аңғарды. Өйткені шүңіректеу көзі маған қатты қадалып қалған екен. Жоқ құлағының орны, сол жақ бетінің ұшы жыбырлап, әлдебір терең ғылымды барлауға кеткен адамдай көзі төңкеріліп барып түзелді. Шалдың шұқшия қадалған көзі өңменімнен өтіп кетті. Мен мойнымды бұрып далаға, алыстағы адырға қарадым. Сонау аппақ болып жатқан Сорбұлақты шолып, төмендеп кеттім. Шұнақ менен көзін алмай қайта сөйледі. Мен тыңдап қалдым.

— Сен қазір менің балаларым қайда жүр екен деп ойладың ғой, осы жолы шыныңды айтшы, шырағым. Ия деңші!

— Ия, сіздің балаларыңыздың болашағы не болды екен деп ойлап едім.

— Мені тасқа желіндеп, мұзға бұзаулаған, безбүйрек екен деп ойлама, шырағым. Мен де қуана білемін, ашулана, іренжи аламын. Туғаным деген ыстық ықыласым, туған халқыма деген асыл сезімім бар. Ол

менің жаратылысым, сұлыбым. Оны жер зыңыранып, астын-үстін болып, қырық жыл қырғын тұрса да өзгерте алмаймын. Досына қоң етін кесіп беретін, жанпоз жігіт деп қазақтың мәрт, сақи-жомарт жігіттерді мақтағанын талай естіген боларсың. Қоң ет деген не, ол? Оны қазір біздің елімізде өртке күйіп, отқа түсіп қалған адамға жамауға алдыңғы қатарлы жұмысшылар кесіп береді. Менімше одан онша қиын нәрсе емес. Бәлкім бұл саған күлкі көрінер, не шал атаулының мақтаны дерсің, мен қоң етім емес, досыма жанымды қия аламын. Жан қиюды одан артық ешбір әдемі сөзбен жеткізу мүмкін емес, әйтпесе сол маржандай тізілген, күмістей сыңғыраған, аққудай саңқыған дауыспен, сөзбен жан қиюды жеткізген болар едім. Бұл қызыл сөз емес, қызынғанда айтатын мақтан да емес. Оны осы екі күнгі әңгіме барысында өзін аңғарарсың. Сен зерделі бала сияқтысың, бірақ шамадан тыс сақтық жасайсың, бәрінен бойынды сақтап ұстамақ боларсың. Осы сапты аяққа ас құйып сабынан қарауыл қараған, екі көзіңнің бірі, егізіңнің сыңары өз жанынан қорыққандықтан сені сатып жіберіп жатқан заманда бұның дұрыс та шығар. Бірақ, інім, арымас ат болмас, қарымас жан болмас, сонда, сол бір есіктің сықырынан, аяқтың тықырынан қорыққан кезіңді соңыратын еске алғанда өкінбейтін болуды да өкіліне түсіргейсің. Дүние екі айналып келмейді, дүниеге екі келер жай жоқ, сол бір сүретін өмірді шын күліп, шын сөйлеп өткізбеу де дерт болмасын кім біліпті. Ең болмаса иесіз тауда, басқа куә жоқ, екеуміз отырған жерде ғана өзінді еркін ұстамауың жігіттік жүйкеңнің байсасының жығылғаны ма деп қорқамын. Өйткені тым балаңқы емессің, бидайықтай қиып түсетін шағында ешкінің шікірәсіндей де кеуденді көтере алмауың мен басқан қақпанды баспағаныңмен, тұтылмағаныңмен қанды ауызды көріп, көңілің күпті болған ба деп отырмын. Ол оқа емес, бірақ бұл кепіеттен арылғаның жөн.

Сонымен, шырағым, колхозшылар съезі өткен соң Алматы облыстық партия комитетіне келдім. Маған бір ай демалыс берілгенін білдім. Ол біткен соң коммунистік жоғары оқу орнына барарсың, тыңдаушы боларсың дегенді айтты. Енді көптен іште жүрген арманға қол жеткендей болды. Бұған қатты қуандым. Ең алдымен бұған балаларым алақайлайтын еді. Әжептәуір қыз-мет істейтін әкесінің сауатының аздығы оларға да қатты бататын. Бірақ екеуі де оны сыртына шығарып айтпайтын, ішінен тынатын.

Ол шақта «құйын жығар үйі жоқ, қуалап соғар байы жоқ» дейтін бойдақ қатыннан менің де айырмам бөтен емес. Ақыры енді алматылық болатын болсам деп үй жалдап алуды ойладым. Ондай үйді Серғазы Күшқов көп қиналмай-ақ тауып берді. Қазіргі темір жол вокзалының жанында «Төңкеріс» дейтін Ташкент көшесіне жарыса жататын көше болушы еді. Сондағы Серғазы туысқанының бір бөлмесін жалдап алдым.

Көше көкпенбек, шаңы да, топырағы да жоқ. Күн кешкіріп қалған. Кеше тұрғындарының көбі қазақтар, бақтың көлеңкесіне киіз, текемет төсеп алып, соның үстінде екіден, үштен әңгіме соғып отыр. Кейбіреулері көше демей-ақ сол жерге дастарқан жайып, палауын, мантысын қойып, қызыл бауырсақты төгіп тастап, екі иығынан демалған сары самауырдан айнала отырып шай тартып жатыр. Көшеден өткендерін «шай іше кет», «кел шайға» деп шақырысады. Таныған, танымағаны есеп емес. Әйтеуір біріне бірі дәм татқызса болды, кім екенінде, қайдан келе жатқанында, қайда баратынында жұмысы жоқ. Қазақтың байырғы әдет-ғұрпы. Інім, қазақта «дәмдес, тұздас болғанбыз» деген тіркес бар ғой. Сол дәмдес болу, немесе дәм татқызу бекерден жасалған нәрсе емес. Дәм татқызу достықтың, жақындықтың басы, сондықтан да қазақ келген адамның жөнін сұрап үлгірмей-ақ тамақ, сусын ұсынады. Ол егер ертең қастық қылар, дұшпандық етер болса, «ой, дәміміз ұрғыр-ай, дәм атсын» деп жатады. Жалғыз аттық арба жалдап келген мен Серғазы берген адресі іздеп шай үстінен түстім.

— Шамасы осы жер болар, — деді көшір-арбакеш. Ол атын бұрып, арбасын шикылдатып кетіп бара жатты.

— Ей, ей, Шабдарбай, шай іше кет. Немене мына жігітті түсірдің де қаштың, — деді текемет үстінде жастыққа шынтақтап жатқан қазақ. Мені әкелген кісінің аты Шабдарбай екен. Мен үйдің номерін қарай бастадым. Жатқан адам енді маған қарап сейледі:

— Ей, шырағым, не қарап жүрсің?

— Он бесінші үйді қарап жүрмін, — дедім мен.

— Е, он бесінші үй осы, кел шайға. Қолыңды жу, — деді жамбастаған кісі басын көтеріп. Шай құйып отырған ақ құба орта жастағы әйел еріне сүзіле, көзінің астымен бір қарап қойды. Ер күлімсіреді. Жүгіріп есік алдына шыққан он екі — он үш жасар қыздың иығында сүлгі, қолында шойын құмған. «Қалай мев* тосып отырған» деп ойлады. Қолымды жуып мен шайға отыр-дым. Болашақ көршінің үйінің тамағын тартынбай тойып іштім. Үй иесі жөн сұраған жоқ. Мен кесенің бетін басқаннан кейік отағасы жөткерініп маған қарады да:

— Ия, бала, жөніңді айта отыр, — деді. Мен танданып қалдым. «Япыр-ай, Серғазы бәрін айтып түсіндіріп қойдым дегені қане? Енді мына отағасының «жөніңді айта отыры» несі. Мен үй иесі қалжыңдап отыр ма деп бетіне қарадым. Шал енді күлімсіреді де:

— Іздегенің он бесінші үй болса, ол Отарбектің үйі ғой. Ол көшенің арғы бетінде. Анау қызыл төңкелі үй. Не шаруаң бар еді, шырағым?

— Бөлме жалдап алып едім.

— Е, ендеше күнде көрісіп тұрады екенбіз ғой. Шырағым-ау, ақыр үй жалдап алған соң кеудеден неге алмадың. Мына Қарасаз жаңбырлы күні тізеден батпақ болады ғой. — Шалдың онысы, рас. Ол кезде вокзалдың төңірегіннің кез келген жерінен су шығып шылқылдап, жаңбырдың іріткісіндей болып жататын. Ал вокзалдың астыңғы жағы күні бігінге

дейін қызыл асықтан келетін саз ғой. Інім, сен он алтыншы жылы біз қашып барғандағы Алматыны көрсең етті. Онда қазіргі қаланың Гоголь көшесінен төмен жерінің бәрінен сызашық боздап жататын. Сондықтан да қала төңірегі тартып тастаған желі, желіде тулап жатқан құлын, оған иегін артып, құйрығымен шылпылдап, шыбындап тұрған, желіні дерткен мама биелер болатын. Бірақ шыны керек, інім, ешкім қымыз сатпайтын, «ақ сатқанның арты оңалмас» дегенді ел қатты ұстанатын шағы еді ғой. Қай үйге түссең де айранды, қымызды тегін ішетін едік, жалпы қазақ ол кезде тамақ сатқан дегенге арланатын. Енді ол жақсы дәстүрдің басына біз су құйдық қой, шырағым. Кейбір нәрселерді артық істейміз деп тыртық істегенімізді енді анық біле бастадық. Тағы адасып барамын ба, сонымен әлгі шал маған бұрылып:

— Егер Отарбектің үйі жамбас ақы алар болса, онда біздің үйге келіп-ақ тұрарсың, шырағым, бос бөлме бар, — деді. Мен рақмет айтып Отарбек үйіне кеттім. Көрдің бе, інім, маған тамақ ішкізу үшін «он бесінші үй осы» деген. Қазақтың бөлінбеген еншісі дағы баяғы.

Отарбек үйіне келсем есік алдынан мені Серғазы қарсы алды.

Жанында мен бұрын бірер рет көрген домалақ, шегір көз сары жігіт Бекей Байқанаев бар. Көшенің ортасында артқы түгіндігінен будақ-будақ түгін жіберіп үсті кенеппен жабылған жеңіл машина тұр. Бұл, әрине, Байқанаевтың көлігі еді. Ол сол кездері Кеген жағында саяси бөлімнің бастығы болатын. Өмірде талай кертақыс істер болды ғой, шырағым. Мысалы отызыншы жылдарда ауатком хатшысында да болмайтын машина МТС-тегі, совхоздағы саяси бөлім бастығында бар еді. Бұл да сол кездегі іркіс-тіркіс шешілген мәселенің бірі болса керек-ті. Партияның Орталық Комитеті Қазақстанға МТС-тердің саяси бөлімдеріне алты жүз елу адам жіберген болатын. Өлкелік партия комитеті МТС-терге жетпіс бес коммунист аттандырған. Бекей соның бірі еді.

— Мына Бекейдің машинасына мін де, Ұзынағаштан үйінді көшіріп кел, — деп күлді Серғазы. Оның күлкісі «көшіріп келі». Өйткені менде үй де, күй де жоқ екенін білетін Серғазы оны әдейі айтып тұр. Қашықтығы алпыс километрлік Алматы мен Ұзынағаш арасына ара қонып жететін-біз. Қазіргідей ағылып жататын машина жоқ. Ал жеңіл машинаның өзі жолдың жамандығынан оған үш сағаттай жүретін. Мен қатты қуанып кеттім. Сол күні-ақ кешке қарай көрпе-жастығымды Отарбектің үйіне кіргіздім. Біз әрқайсымыз жалпы кемшілікті қазір айтпайтын мылқау, көрмейтін соқыр, естімейтін керең болдық. Адамдар десек, бүкіл совет адамына тиеді дедік. Сөйттік те адамшылықты, оған бастайтын ағымды жоғалтып алдық. Мысалы қарашы, қарағым, мен Серғазыдан көлік сұрағаным жоқ. Ол маған қамқорлықты айтқызбай жасап отыр. Ал жасыратыны жоқ, біз мұндай адамға деген қамқорлықтан да ада болып барамыз. Өтірік дей алармысың мұны. Айтқызбай жасату түгіл, жақсылықты жалынып жасата алмайтын болдық.

Сол күні түс ауа Ташкент көшесінің бойындағы балалар қалашығына, балаларымның байтағына бардым. Балаларымды қуантпақ болдым. Білетін шығарсың Ташкент көшесі бұрынғы жібек жолының орнына салынған. Оның ирек-ирек болатыны да сондықтан. Өйткені ол кезде Алматының шығысынан басталған сазды, тұрткен жерінен су шығатын көк майса Қаскелеңнен ары созылып, Құләнәтпеске барып шектелсе керек-ті. Сол саздың батпақсыз, ат тұяғы батпайтын, түйе табаны таймайтын жерін қуалап жүргенде жол да лақтырып тастаған арқандай бұралаңдап жатқан ғой. Сол жолдың екі жағы қаптаған мола болатын. Оның ұзындығы екі-үш шақырымға созылатын.

Жібек жолының Қарамолаға шектескен жерінен жол үстінен салынған балалар қалашығының ішіне кірсең шыққысыз. Осы жерден өтетін жолдың үстіңгі өр жақ бойы аспанмен таласқан зәулім ақ терек. Жолдың екі жағы қаптаған бүлдіргеннің желісі. Ол суық күзге дейін жап-жасыл қалпымен түрін бермей жатыр. Қалашықтың ауызы Ташкент көшесінің үстінде, бірақ жолдан алысырақ екен. Кіреберістен басталған екі жағы қышпен қып-қызыл қылып қаланған да, ортасын әбден таптап, оның үстіне майда құмды жұқалап төгіп қойған. Жолының екі жағы бай қатынының кимешегінің жағына сере қарыс қылып тігілген кестедей гүлзар. Оның әр жеріне сиректеу өсірілген құлқайыр кимешек жағы кестесінің үстін бастыра тізіп тастаған күміс шет-тіктей. Қалашықтың төрін ала сол жылы салынып біткен отыз төртінші дейтін қазақша-орысша аралас мектеп бар. Менің екі ұлым осында оқиды. Осындағы балалар үйінде үш жүздей бала тәрбиеленетін. Отыз төртінші мектепте орыс, қазақ балалары аралас оқығаны өзінше, оның үстіне жан-жақтағы қала тұрғындарының балалары да осында келетін. Екі ұлымның жас айырмашылығы екі жас болғанмен оқу айырмашылығы бір-ақ класс еді. Өткен жылы осы мектепті бітірген Совет күзіне жаңа ашылған Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне оқуға түссе де, екеуі бірге тұруы үшін Ағарту Халық Комиссариатына барып жүріп, бір жылға інісінің жанында қалған.

Балалар үйінің есігінен кірген бетте жазбай таныған күзетші қартандау орыс әйел мені балалар үйінің оқу бөлімінің меңгерушісіне баруымды өтінді. Мұнда мені бәрі де білетін, өйткені бір құлағы жоқ адам бүкіл қалада мен-ақ болсам керек-ті. Кейде Ұлтарақтың «сен Жаубайға рақмет айт, жұртқа осынша танымал жасады. Жауға шаппай қызға шауып-ақ белгілі адам болдың. Бір қолы, не бір аяғы жоқ әрқайда бар, ал бір құлағы жоқ дәл қайда бар?» — дегені есіме түсіп, жынды кісіше онашада жымып күліп қоятын едім. Шынымен, інім, Ұлы Отан соғысына дейін он екі мүшесінің бірі кем адамды кездестірмейтін едік. Егер не қолы, не аяғы жоқ бір адам көрінсе, балалар қорқып, ересектері соны таң көріп, ондайлардың артынан еріп, бірі тамашалап, бірі таң-данып ұзатып салар еді. Ал құлағы жоқ дегенді жұрт Қамбар батыр жырынан Алшораз екі құлағын кесіп құнтитқан Келмембетті ғана оқып

білуші еді. Сонымен бүкіл Алматыға мәлім шұнақ балалар үйіне қойып кетті.

— Оқу ісінің меңгерушісінің керегі жоқ қой, маған тәрбиешісі болса да жетер еді, — дедім мен күзетшіге қарап.

— Жоқ, оқу ісінің меңгерушісіне баруыңыз керек. Ол кісі сізді көргісі келеді, — дейді күзетші. Мен азырақ тіксініп қалдым. Неліктен олай? Әлде Марленнің сабақ үлгірімі нашарлап кетті ме екен. Әлде... деп өз ойымнан өзім шошып кеттім. Мұндай бір болар-болмас ілгіште адам арам ойға қандай жүйрік десеңші. Жүрегім дүрсілдеп қағып, аузыма тығылып байыз таппай тықыршып кеттім. Шамасы қаным қашып, саданым да өзгеріп, сұрым кетіп қалса керек-ті. Мұны аңғара қалған күзетші әйел:

— Сіздің түріңіз өзгеріп кетті ғой. Ештеме де жоқ. Балаларыңыз аман, тек оқу ісінің меңгерушісіне жолығыңыз, — деді.

Інім, өтірік айтып не керек, ойымда тұрғаны өзімнің жалғызым ғой. Совет әкесі сияқты басалқалы, көп ештемеге еліге, ұрына қоймайды. Ал Марленнің мінезінде көңіл шиткітетін әлеке жоқ болса да, әбсін көкейімде сол тұрады да қояды. Бұл жолы да солай. Күзетші сөзінен кейін кеуілім кеңіп, жайбағыстана қалдым. Онда неге керек екенмін деген ой ділімде қалжуырдай шаншылып тұрды.

Оқу ісінің меңгерушісі аппақ сазандай, орта бойлыдан ұзынырақ, артық еті жоқ, тығыз денелі орыс әйелі еді. Үнемі жемді білектей екі бұрымын өріп артына тастайтын. Бекітілмеген бұрымның ұшы бұйраланыңқырап, дудырап тұратын. Қоңырлау шаштың екі-үш қысқа талы маңдайына түсіп, жүзін аша түсетіндей еді. Көзі де шашы сияқты қоңыр, қой көз. Бұрын да талай көргенмін. Балалар үйі қаланың шығыс жақ шетінде тұрғанда да ол осында істейтін, тілдескенмін де. Екі рет Тарланкөкпен келгенде ат үстіндегі менімен еріп, біраз жерге шығарып салған да болатын. Ольга Александровна десетін оны.

Далада еркін басып үйренген қазақ, аяғым шамадан тыс дүңкілдеп кеткендей көрдім. Қысылыңқырап дәлізге ендім. Күзетші маған бір шеттегі есікті нұсқады. Екі жарылып ашылатын ақшыл көкпен боялған есікті оның үйі деген ойыма келсеші. Есігін қағып, арғы жақтан кіруіме құптау-мұрсат алған соң, батыл басып еніп кетсем, кәдімгі тұрғын бөлме. Қысылыңқырап қалдым. Бірақ болары болды. Бітеу қабырғада жалғыз темір төсек, үстіндегі жүкте не бар екенін кім біледі, ақ жамылғының үстінде үлкен екі ақ жастық, бірінің үстіне бірін жинап қойыпты. Еденге әлдеқандай басқұрдан құрастырылған қазақы алаша. Бір столдың үстінде ішінде шаласы бар, шұбала, жұлындай түтін шығып тұрған өтекпен кішілеу еркек баланың жейдесін үтіктеп, оқу ісінің меңгерушісі Ольга Александровна тұр. Үйге кіріп кеткеніме сасып қалып:

— Балаларымды іздеп жүр едім, — депмін. Кіргеннен көз алмай қарап қадалып тұрған әйел:

— Амансыз ба?! Балалар керек те, олардың шешесі керек емес пе?! — деді. Амандаспай мұлт кеткенім есіме түсіп маңдайымнан тер бұрқ ете қалды. Ұялғаннан еденге қарап едім, темір төсектің аяқ жағындағы екі жағлан көзіме оттай басылды. Менің екі ұлымның жағланы сияқты. Бірақ дедім ішімнен байтақ еліміздегі жүздеген фабрика қалай-ақ менің екі балама сүтіндеп екі жағлан шығарыпты. Ал анау жейде ше деймін. Марлендікі емес пе. Бәлкім өз баласынікі шығар. Отызды алқымдап қалған әйелдің баласы болмаушы ма еді. Ол қай сандырағың, Шұнақ деп қоямын ішімнен. Тіпті баласы біреу емес, бірнешеу болуы да мүмкін ғой. Мен ағаттығымды түзетіп амандасқан болдым.

— Сәләмат, саумысыз? Олардың шешесі... — Күмілжіп қалдым. «Жоқ еді» дей алмадым. Оны ол әлдеқашан-ақ естіген болар. Интернатта тұратын балалардың жайын мұғалімдер бес саусағындай біледі ғой.

— Олардың шешесі алдыңызда тұр, — деді Ольга Александровна бір қызарып, бір қуарып. Езуінде жымыған ғана күлкісі бар. Бәлкім ұялғаннан болар. Қызыл жағалы жейдеге өтекті бір жүргізіп өтті.

— Ия, — дедім мен, — олардың он шақты шешесі бар ғой. — Жаңа-жаңа жөнге келе бастадым. Бойымды жинап алдым.

— Жоқ, — деді Ольга Александровна, — мен көп шешенің бірі болуға келісім бере алмаймын. Бәйбіше-тоқалдың заманы өткен. Және екі ұлымды біреуге иемдендіріп қойып тірі отыра алмаймын. Асырауын мен асырап, қызығын біреу көрмек пе? Оған көнетін салп етек шеше мен емес. — Бұл жолы Ольга Александровна таза қазақша сөйледі. Орысша сөйлеп тұрып, тілі аз да болса бұрмаланбай, күрмелмей ағып барады. Сәл ғана әдіден аспай, рабайлықпен ғана жеңіл күлген болды. Менің таңданғанымды байқап қалды білем, сәл әлпетімді бажайлап барып:

— Қазақша сөйлеген орыс көргеніңіз жаңа ма еді? — деп ұяң ғана айтты да, тағы да құлағына дейін қызарып кетті. Енді ол біржола қазақша сөйлеуге көшіп алды.

— Неге көрмейік, — дедім жаңа-жаңа еркін сөйлей бастап, — күйеуі өлгенде қазақша дауыс салып жылаған орыс әйелін де, қазақ сөзінің орысша баламасын қазақтардан сұрап алатын орысты да білетін едім. Әрине, ойымда Марта, Федор тұрған болатын. Әңгіме осымен бітіп қала жаздады. Мен артық сөз таппай қалдым. Шырағым, қырыққа келген еркектің әйел алдында сөз таппай, суда қалып, күн шығып кеткен соң бодырап тарқатылған кендір жіптей мүдіріп, бейшара болып қалғанын көрсен етті, Оның бәрі баламның мұғалімімен сөйлесіп тұрғандығымнан болса керек.

— Сізбен сөйлескенде ылғи балалар жанымызда тұратын еді ғой. Сондықтан қазақша сөйлемейтінмін. Өйткені ол кезде олардың тілі орысшаға әбден жаттықпаған, орыс сөзіне тояттамаған болатын. Егер ол кезде мен сізбен қазақша сөйлескенімді аңғарып қалса, олар менімен орысша сөйлеспес еді. Енді олар орысша суырылып сөйлейтін дәрежеге жетті. — Осыдан кейін Ольга Александровна да тіл-ауыздан

қалғандай бет-жүзі албырап, маңдайы тершіп кетті. Бетіне қайта қан жүгірді де, батар күннің қызылындай шырайланып шыға келді. Екеумізді біраз үнсіздік билеп алды. Менің көңілімде әлі де күдік, дүмған болып тұрмын:

— Балалар аман ба, өзі? Оқулары жақсы ма? Маған қоятын кінәларыңыз бар ма? Тыныштық па, әйтеуір?

— Сізді Мария апай қорқытып жіберді ме? Ондай ештеме жоқ, қапылатқан көңіліңізді басыңыз, бәрі орнынша. Жай, мен сізбен сөйлесейін деп...

Ольга Александровна осыны айтты да, қайтадан қызарып кетті. Енді біржола үнсіз қалды. Әлден уақытта мен үнсіздікті үздім.

— Мен балаларымды қайдан табар екенмін, — дедім. Ол маған қарап жымыды. Маған бұл дүниеде одан сүйкімді адам жоқтай сезіндім. Алдына түсіп кеткен сол жақ бұрымын артына лықсытты да, маған тіктеп қарады, оның келген сайын көретін қой көзі қарақаттай болып көрініп кетті. Япыр-ай, мойылдай екен-ау, — деп ойлады. Ол сәл күлімдеді де:

— Неге ортақ балаларды жалғыз иемдене бергіңіз келеді, — деді. Бұл жолы ол менің балаларымды өзімнен қызғанатындай көрінді. Мен ойланып барып әлдененің ұшқынын сезгендей болдым. Бірақ сөзді көбейте алмадым, «балаларымның мұғалімі ғой» деген бір қамал алдымнан тұрып алып ілгері аттатпай қойды. Мамырасып, еркін сөйлесіп кете алмадым, бүгежектей бердім.

Ольга Александровна балаларыңыздың келетін уақыты болған жоқ па? — Мен қалай болар екен деп өз қатемді түзеткендей сөйледім. Ол езуінен ғана жымыды да,

— Е, міне, жаңа түзедіңіз. Совет кеш келеді, Марлен келіп қалар. Ол балалармен паркке кетіп еді. Ойбұй, мен сізге орын да ұсынбаппын ғой. Ұят-ай, бағанадан бері сізді тұрғызып қойып сөйлесіппін-ау. Отырыңыз. Ол маған орындық ұсынды. Мен балалар мекемесінде тұрғаным ойыма оралып, мұнда ұзақ тұру, тізе бұғу жөн болмайтынын есіме алдым. — Отырыңыз. Сізді осында ұзақ отыруға жазсын. — Мұндай сөзді қазақтардың өзі тауып айтуы да қиын еді. Мен тағы ойланып қалдым. Бұл тұспалдаған, буалдыр әрі үміт отына толы сөзді не деп түсіне-рiмдi бiлмедiм. Бұрыштағы арқа тірері жоқ, қалың тақтайдан жасалған тікше орындыққа отырдым. Отырмауым керек дей тұра отырып алдым. Бұл тіпті менің еркімнен тыс, екі иінімнен біреу, етегімнен екеу басып зорлап отырғызғандай. Енді не айтарымды ойлады. Амандаспай кіргенімдей тағы ұмытып барады екенмін дауысымды зорға шығарып «рақмет» дедім.

— Рақметіңіз қалай көп? Оныңыз қазақша емес қой. — Енді ол еркін сөйледі. Онысы рас. Қазақ көрінген нәрсеге рақмет айта бермейді. Үйге келген екенсің отыруға тиіссің, тіпті демалып қисайып жатуыңа да болады. Онымен дебілемін. Бірақ мен ресми жерге келіп

тұрмын ғой, сондықтан рәсім сақтауым керек. Егер ауылдағы қазақтың үйіне барайыншы, төрден бір-ақ шығай-ын. Олар «төрге шығыңыз», «төрлетіңізді» айтып үлгіргенше мен жайғасып та алармын.

— Ольга Александровна...— Ол неде болса бір батылдық жасай-ын деген кісідей киіп кетті. Оның үстіне оның өз үйі ғой, ол қысылуға тиісті емес қой.

— Сіз тым ресмилікті қойыңыз. Мен Сіздің балаларыңыздың шешесі болсам, онда маған неге Ольга Алесандровна дей бересіз.— Ол тағы да сәл күлген болды, бірақ екі бетінің ұшы еңлік жаққандай қыпқызыл болып шыға келді. Сонан соң кішкентай бөлмені қайта үнсіздік билеп алды. Ол да, мен де тымырайып қалдық. Екеуіміздің де сөзіміз ада болғандай. Дегенмен мен өзімнің еркектігімді ойлап, сөз тауып сөйлеу менің міндетім екенін білдім. Не айтуым керек. Әншейінде ағылып келіп жататын сөз ауызға түспейді. «Әншейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас» деген осы болды. Ольга да үнсіз. Жалбырап түскен, бұрымына ілінбей қалған бір сүлебе сары-қоңыр шашын сол жақ қолымен қайта-қайта самайына, құлағының үстіне ысырып қояды. Маңдайы тершіп өтектелип болған жейдені шамадан тыс айналдырып, ақыры өтекті далаға алып шығып кетті. Ол кеткен соң жерім де, терім де кеңіп, енді кішкентай бөлменің ішіне көз жүгірте бастадым.

Үйде артық еш нәрсе жоқ. Төр алдында менің екі ұлымның суреті жақтауға салынып қойылыпты. Бұл не сонда деп ойлады. Менің рұқсатымсыз-ақ менің екі баламды өзіне бала қылып жаздырып алғаннан сау ма? Мұнда Совет пен Марлен сияқты үш жүз бала бар емес пе? Онда неге менің ұлдарымның суреті оның бөлмесінде тұрады. Бәлкім бұл менің балаларымның бөлмесі болар. Онда неге ол мұнда тұрмақ, неге олардың бөлмесін жайлап-арыстап алған. Бірақ онда төсек екеу болуы керек қой. Ол ойдың ұшығына шыға алмай, Ольга Александровнаның мұнда болуын көкейіме қондыра алмай үй ішіне тағы көз тастадым. Екі ұлдың суретінен жоғарырақ ұсқынсыздау бір қазақтың суреті ілінген. Жалғыз. Бір жерде көрген адамым сияқты. Өлгі келбетсіз қазақтың суретке бір құлағы түспей қалыпты. Үстінде қызыл әскер киімі, басында буденовка. Шалқайып-ақ отырған екен, бірақ құлағы жоқ, сол жағы қуарыңқы тартып, басты сымпитып, суреттің ұсқынын кетіріп тұрған құлақтың жоқтығы екен. Әй, сурет басушылар да соншалықты ұқыпсыз-ақ екен, адамның суретте бір құлағы шықпай қалғаннан кейін оны қайта жасауы керек қой, әйтпесе мүлдем жасамауы жөн ғой. Кім болды екен, бұл? Мүмкін күйеуі шығар. Күйеуі қазақ болар. Менің балаларыма іш тартатыны сондықтан дағы. Бірақ мұнда көбі-ақ қазақ баласы ғой. Дал болып отырдым, ақылымды жинақтай алмай бытыратып жібердім.

Бір кезде жағландарға көзім түсіп еді, шынымен-ақ мынау менің балаларымның мүлкі болып шықты. Жағланның ашылар жағында жапсырылып түсірілген қасқырдың басының суреті. Ауылда шал-кемпірден

естігелі, әсіресе аталарымыз Қазыбек, Қастек, Наурызбай, Қасқары, Қарасай, Сұраншы, Саурық қазақ елінің қасаласқан қас дұшпанына бөрілі байрақ ұстап аттанған, жау түсірген дегенді білгелі балалар қасқыр басының бейнесіне қатты көңіл бөлетін болған. Кім біледі, бұл үйде де шапыраштылар бар шығар. Тіпті менің ойымдағыдай емес, жай балалықтың ермегі болар. Тұра тұр, Шұнақ, аптықпа, ақбытпа. Алматы облысының жеті ауданын алып жатқан Шапырашты бар екенін ұмытпа. Сол жеті ауданнан неге ғана бұл интернатта сенің ғана балаң оқымақ? Оны ойладың ба? Іленің арғы жағындағы Матай, Бақай тауларының сағасындағы, Шаңқанай, Алтынемел, Көксу, Құрымбел, Қапал, Баянжүрек төңірегіндегі ата қонысын қимай, Колпаковский бұйрығынан қорықса да тауға, тасқа тығылып қалып қойғандарды қайтесің. Олардан оқуға бала келмеді деп кім айта алады. Жетпіс жыл Арқада тұрып, Шапырашты болып барып, шалақазақ атанып қайтқан анау Талғар етегіндегі, Пішпек етегіндегі туысқандарының балалары бар емес пе? Ендеше ол жағландарға жабысатын қандай құқың бар деп отырдым. Інім, осы жерде тарихтағы, білместіктен туған бір қиянатты айта кетейінші. Шырағым, шежірені білу рушылдық емес, ол тарихшылық, оның шын аты білімділік. Қазақ руды әңгімелегенде үш басты жыландай үшке бөліну, Алатауға, Арқаға, Атырауға тарту үшін айтпайды. Шыққан тегін, елін, кім екенін білу үшін айтады. Европаның мәдениетті елдерінде, мысалы Францияда шежірелер әлденеше том болып шығып, бірнеше рет басылған. Кімнің кімнен тарағанын олар көп қиналмай-ақ тауып алады. Тек бізде ғана ру, тайпа сөз бола қалса, шолақ білгіштер ондай сөз болған жерден ат-тонын ала қашады. Ал шынына келсек, нағыз рушыл пасықтар «анау рушыл» дейтіндер. Олар өйткені басқаларды өзі сияқты рушыл көреді. Осындайдан барып қазақтың «өзі ұры дейді, өзі...» дейтін мәтелі шығады. Ұлтсыз, ұлыссыз, тайпасыз, русыз адамның өмірі қу медиен құмда жүрген кесірткемен тең. Егер оның ата-бабасы, туған жері, отаны, өтені, кірті, қонысы болмаса ол да бір, жабайы да бір. Інім, біздің үгіт-насихатымыз кейде біріне бірі кереғар шығады. Егер бізді ата-баба, жеті пұсты дәстүрі, тарту-таралғысы, әдеті-ғұрпы керек болмаса, ол рушылдықты қоздыратын болса, онда бізге Отанның да керегі болмағаны ғой. Сонда біздің Америкада тұрғанымыз не, Мадагаскарда тұрғанымыз не, бәрібір болмай ма? Онда біз отаншыл, ер жүрек, елі үшін жан пида дейтін ер болмай, тамағы тойған жерде жүретін ез, отансыз космополит болмаймыз ба? Ал ондайды қазақ әдемі айтқан: «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген. Бұдан өткір, бұдан сұрыптап тауып айту мүмкін емес, ол қазақ баласының мыңдаған жылдар бойғы тәжірибесінің, тебіз-тектілігінің, уытты ойының, ділінің түбінен, тереңнен тартқан маржаны, халық жасаған данышпандықты бүгінгі күнкөріс үшін өмір суретін қоңқалаған қоңырсықтар ешқашан жоққа шығара алмақ емес. Данышпан Пушкин: «Ата-бабаны қадірлеумен»

тағылық пен мауыздықтың елесі болады» деген. Сондықтан, інім, сен екеуміз жақтырамыз ба, жақтырмаймыз ба, мажардан, ежелден келе жатқан жәдігер жер зыңыранып, зұлжалал болғанша өмір сүреді. Оны немен дәлелдер едің дерсің. Әрине, оны айтуға батпайотырсың. Ол — оп-оңай. Батыс пен Шығыстың жиһанкез саяхатшыларының қалдырған жазба мұраларын, Рашидаддиннің, Бұқардан шыққан Хафиз баласы Тыныштың, Әбілғазы Баһадүрдың, Дулат Мухамед Хайдардың, Жалайыр Қадырғали Қосынбекұлының қалдырған шежіре еңбектерін жоққа шығара алдық па, шығара аламыз ба? Жоқ. Ол бүкіл адамзат баласына ортақ мұра, ондай арманшылдықтан туған ұлылық істер Голощекиннің шолақ белсенділері құртып жіберетін қазақтың қорасындағы қойы емес, ысқырса желдікі, айдаса жаудікі болатын Алатау, Арқа, Атырау, Алтай арасын алып жатқан қазақтың кидасын кәрі жілікті жыл-қысыемес, алдына салып қуа берсең, мөнді-мөнді деп көне беретін, етінен өтіп сүйегіне жеткенше үн шығармайтын қазақтың өзі де емес. Ол замандар, дәуірлер туғызған ұлы құбылыс. Оны құрту мүмкін емес. Оны құртамын дегендер өзі құрып, бұл дүниеден жексұрын болып өтеді.

Шұнақ шал осы жерге келгенде азырақ қызынып кетті. Алдындағы тостағандағы қымызды басына бір-ақ көтере салды. Беті газетпен жабулы жатқан тамақты ашып, кесекілеген еттің бірін екі саусағымен алып аузына тығып жіберіп, қарпыта шайнады. Екі көзі сонау табанымызда жатқан жазғы шілдедегі шаңытқан далаға түсті. Етті шайнап, түйіле-қабына жұта салып маған үздіге қарады. Менің әлпетімнен бірдеме аңғарғысы келді. Бұл әңгімені қалай қабылдап отыр екен дегені. Мен де қолымнан келгенше оның әуеніне төңкеріліп, райына қарай бейімделдім. Жадында жатталып қалған сөз, оқиға қандай көп. Сонша адамдардың, жердің, судың атын қалай ділінде сақтаған. Әлде басы-мыздан өткізген жағдайды заманында біз де осылай тізіп айтатын болар ма екенбіз. Кім біледі, жасындағы кездескен оқиға адам жадысында жақсы сақталады деседі ғой. Шұнақ қайта маған қарап әңгімесін жалғай берді:

— Айтпағым әлгі қасқырдың басынан туған әңгіме еді ғой. Тарихты білмей тұрып жазғанда дүниедегі үлкен қиянаттың бірі сол болмақ. Мысалы Румянцев те, басқа тарихшылар да қазақ елін зерттегенде және білмегендіктен, не тілді әбден түсінбегендіктен, Измаилов сияқты қазақ өмірін шала білетін адамдар арқылы сөйлескендіктен көп нәрсені шатастырған. Жаңа жетпіс жыл Арқада тұрған Шапыраштының бір бұтағы қайта Жетісуға келгенде шалақазақ атанып қайтыпты дедім, інім. Шапыраштының бір ұрпағы Ыстық деген кісінің Малды, Қалды, Желді деген үш ұрпағы болған екен. Кіші баланың Асыл, Шыбыл деген екі баласы егіз туыпты. Жаугершілік, ел егер болған заманда Асылдың Байбағыс деген баласының алты ұлынан төрт ұлы Үргенішке мал айдап кетіп, сол жақта мал малданып, жан жанданып қалып қойыпты.

Олар бүгін өзбек пе, түрікпен бе кім болып жүргенін кім біледі. Ал мұнда қалған екі бала — Батыр, Тұнқатар біраз ел болған. Мың жеті жүз алпысыншы жылдары құба қалмақ басқыншылығынан арқасы кеңіген Жетісу елі бұрынғы ата-баба салтымен шолғындап Арқа көшіп, сол жақты біраз арыстап, жайлап қайтпақ болады. Олар Ақмола барып одан Қарқаралы үстіне келгенде ағайынды екі кісінің тұқымы — екі ауыл Асыл балалары — Батыр, Тұнқатар көш жөніне келісе алмапты. Батыр балалары «Тарбағатайлатып көшеміз» десе, тұнқатарлар «жоқ осы Қарқаралы жерін жайлаймыз да, күз болса Балқаш өрлеп, алғаш қатқан мұздан көшіп өтеміз» деп қалыпты. Батыр тұқымы Тарбағатай өтіп Жетісуға ат басын тірегенде Қарқаралы төңірегіне тағы жау тигені ұзынқұлақпен жедел жетіпті. Жау тиген ел оңушы ма еді, содан Тұнқатар балалары Жетісуға жетпіс жыл бойы жете алмапты. Олар есін жинап, «есің барда елің тап» деп көшіп келген кезде «Жетісуды Колпаковский басып алған еді. Содан олар Талғар етегіне қоныстаныпты. Ал Асыл — Тұнқатарлардың біразы патша отаршыларынан қорқып Мыңарал айналып, Балқаштың бағысымен Қордай асуы арқылы қайтпақ еді. Олар Алматы төңірегіне келуге отаршылардан жүрексініп Пішпек етегін мекендепті. Міне, көрдің бе, шырағым, шала қазақтың қалай жасалғанын. Тарихта оларды Семей, Павлодар жағынан көшіп келген дейді де, олар «неге ол жақтан Жетісуға ауды?» деген сұрақты ашық қалдыра салады. Әрине, Тұнқатар балалары Қарқаралы маңынан тегіс көтеріле алмаған да. Онда да бірсыпырасы арыстады да, шала қазақ аталып қала берді. Ал Пішпекті қоныстанған Асыл — Тұнқатарлар руы шала қазақ делініп, Қырғыз болып жазылып кете барды. Қарқаралыда Асыл — Тұнқатар қызы айтты деген бір ауыз өлең осы күнге дейін жұрттың аузында келеді:

«Үш — Алматы албыраған алмасы Алатауға көшем десе қалмашы, Көзімізден бұлбұл ұшты-ау бұл күнде, Шашпа ғалау, шұбатылған алмасы».

Сөйтіп Алматысын сағына, сарғая келген туғанның балалары бұл интернатта жоқ дейалмадым. Сөйтіпнешетүрлі ойғатүсіп, сайраққа жортып кетіп, қиялға беріліп отырғанда Ольга Александровна кірді. Неге екені белгісіз қоңырлау қой көздері шыланып тұр, жылаған сияқты. Қазір ғана жадырап тұрғандай еді ғой деп отырдым. Тіл қатуым керек екенін ұқтым. Ұната ма, ұнатпай ма, тарпаңдау болып тарпып тастаса деймін, іштей. Дегенмен сурет жайын сұрай салдым:

— Мынау сурет сіздің күйеуіңіз бе?

— Лайым күйеуім болғай. Ольга Александровна теріс қарап кетті. Осы жолы шарасы кең қоңыр көздерін сүртіп тұрғаны анық еді. Мен сырттан бір нәрсеге ренжіп келді деп ойлады. Өмір болған соң ондай жағдай болмай тұра ма. Біреудің ренішіне ортақтасып нем бар, отырмауға бекіндім. Бәрібір әңгімеміз қиысып жатқан жоқ, оны қиюластырайын деген мен де жоқ. Оның үстіне «сырын білмеген

аттың сыртынан жүрме» деген. Егер күйеуі келіп қалса, бір құлағы жоқ шұнақ қазақтың омалып отырғанын қай бір қадір тұта қояды дейсің. «Балаңды іздесең интернатқа бармаймысың» десе, мен өліп қалмаймын ба. Балаңды біреудің үйінен іздемекпісің дер, сонда не бетімді айтамын. Бұл жерден тез кетуге бекініп орнымнан асығыс тұрдым.

— Фафу етіңіз, Ольга Александровна, менің балаларым келсе мына адреске жібере салсаңыз екен. Мүмкін олардың ертең жүгін де алармын.— Мен осында оқитын болдым, демалысқа шықтым деп сыр шашып нем бар, оның оған керегі де жоқ қой. Өзі ренжіп тұрған адамның жанынан тез кете бердім. Адрес жазған қағазды бердім.

— Сізге дауа жоқ екен,— деді шығып бара жатқанымда Ольга Александровна.— Қайтсеңіз де балаларға мен ортақпын. Ресми бола берсеңіз балаларымды жібермей қоямын.— Мен артын естімеуге тырыстым.

— Қош болыңыз! — Бұл жолы Ольга Александровна теріс қарап, үнсіз қалды. Несін жасырайын, інім, бұдан ары қалуға болмайды, жас, әдемі әйелге қызығып та кеттім. Бірақ «аузы күйген үріп ішеді», қолымды орынсыз сермеп, орға жығылып жүрсем... Оңбай бір қателестім, оны жұрт кешті. Ал ата сақалы аузына біткен, елге ақыл айтатын Абақ сияқты ардакүрең аза-маттың қайта-қайта сүрініп, кешірім күтуі орынды болар ма? Басынан, зарпынан арсы-күрсі алақудік адам болса бірсәрі. Орынсыз ұрынып, от кешпей жүргенім жөн болар. Табаны жұқа сорлы шұнақтан ол өтіп кетер деген тоқтамға тұрдым. Екінші барғанда сақтанған жөн тұрар, тағы біреудің үйіне кіріп кетіп жүрмейін деп іштей уәде еттім. Сондықтан да қаусырма жақ қарысып, қызыл тіл байланып жалдап алған үйіме кеттім.

Үйге келген соң да Ольга Александровнаны есіме түсіріп, сонау жиырма бесінші жылдан бері түс таныс қызды ойлап жатқан жерімде киіміммен ұйықтап таңертең бір-ақ ояндым. Онда да Ұлтуғанға «Марленді сағынамын ғой» деген өз дауысымнан шошып ояндым. Қайда, қалай жатқанымды, қай уақыт екенін есіме түсіре алмай біраз дал болып жаттым. Ақыры сабама түстім. Кеше балаларымды тосып кіші бесінде төсекке киіміммен қисайғанмын. Әбден қатты бұрап тастаған жүйке босап кеткен болса керек, он алты сағат ұйықтап ертеңіне сағат онда бір-ақ ояныппын. Қас батырдың ұйқысы. Бұл көп жылдан бергі болмаған ұйқы. Шырағым, түс деген де қызық. Сонау бір жылдары Жандосов бір әңгімені айтқан еді, сол әлі есімнен шыққан жоқ. Жандосов жазуға сондай бейім адам болатын. Ол бірде ұзақ түс көргенін, сол түсін қаз қалпында қағазға түсіргенде ете айта қаларлық қысқа әңгіме болып шыққанын айтқан еді. Ол қазақша мақала жазатын, өйткені «Еңбекші қазақ» редактор болды ғой. Бірақ әңгіме, көркем нәрселерді орысша түсіретін. Өйткені екі тілді де жақсы білгенімен орыс тілі оның

ана тіліндей еді. Бар болса мүмкін соның бәрі оның архивінде жатқан да шығар. Мен Жандосов жамандалған қалпында қалады дегенге сенбеймін, қарайған, кірлеген ақты жусаң ағаратынына сенемін, өйткені шындық қап түбінде жатпайтын асыл кездік сияқты, бүгін болмаса бір сәтті күні тесіп шығары сөзсіз. Ол шындық қой, шындық. Шындық жеңуге тиіс! — Шұнақтың дауысы қатты шықты. Айқайлап шықты. Ол екеуден-екеу отырған маған шындықтың өзіндей көрініп кетті.

Мен де түс көріппін, інім. Шамасы ұйқым әбден қанған болса керек. Түсіме Ұлтуған кіріпті. Екі ұлмен төртеуіміз үлкен көлді жағалап келе жатыр екенбіз. Ұлтуғанның қолында бір буда гүл. Алдымен бір көк гүлді маған береді. Мен оны алып иіскеп, төсіме басып тұрмын. Советке де бір гүл ұсынады. Қызыл гүл. Қызыл гүл демнің арасында сабалақтанып жырым-жырым болып, басқа бір адамның қолына көшіп кетеді. Мені Ұлтуған көлді айналып келуге жұмсайды. Мен «бармаймын, Марленді сағынамын ғой» деп өз даусымнан оянып кеттім.

Оянып, дал болып біраз отырдым. Балаларымның қалай келмегенін ойлады. Шамасы Ольга Александровна айтпаған болды. Әйтпесе олар өкпесін қолына алып әлдеқашан жетер еді. Тағы да арам ой ойлады. Шынымен-ақ балаларымның бетіне шіркеу боларлық бірдеме, сәл болса да оқастық болған ғой. Неге ғана оларды байыз тауып тосып отырмады. Тіпті интернаттың ішінде болмаса дарбаза алдында күтуге болар еді ғой. Түске дейін балаларды күттім, келмеді. Түстен кейін салбырап балалар қалашығына көңілсіздеу жеттім.

Интернат алдында мені тағы да Мария апай қарсы алды. Амандықтан соң:

— Кіре беріңіз,— деді ол.

— Кірмей-ақ қояйын, балаларымды шақырып жіберсеңіз,— деймін мен. Ол маған таңданғандай, тіпті жаңа көргендей тесіле қарады.

— Жоқ кіріңіз, әйтпесе бала берілмейді,— деп күледі ол.— Шынымен бұйрық солай. Кіруіңіз керек.

— Директор бар ма?

— Ол кісі демалысқа кетті ғой. Оның орнында Ольга Александровна. Сол кісіге барыңыз.— Мен тіпті не дерімді білмедім. Мария апайдың сапылдап сөйлеп жатқанын естіген болуы керек, дәлізде Ольга Александровна көрінді.

— Сәламатсыз ба? — дедім. Шынын айтсам салқын амандастым.

— Сәламатпысыз,— деп сызылды Ольга Александровна, шамасы балаларды жібермей мені келтіргеніне насаттанып тұрған болса керек. Ол жақындап келіп қолын, созды. Ұсынған қолды алуға тура келді.— Міне, балаларды жібермей қойғаным жақсы болды, әйтпесе бүгін сіз келмей қояр едіңіз. Қане, ішке кіріп сөйлеселі. Сөйлесейік демейді. Жетісуда осылай айта салады.

Аяғымды ықылассыз бастым. Бүгін директор кабинетінде

сөйлесермін деп үміттеніп едім, ол кешегі өз тұрағына қарай тура тартты. Мен мәмілемен ғана ойымды жұқалап жеткіздім.

— Мен интернатқа келдім ғой.

— Жоқ, сіз бүгін біздің үйге шай ішуге келдіңіз. Балаларыңыздың шешесімен бір сағат отыруға уақыт табарсыз.— Кешегі екі жарылып ашылған есік, темір төсек. Суреттер де орнында. Бүгін неде болса суреттерге қарамауға бекіндім. Ортадағы кеше киім өтектелген столда шай жабдығы дайын тұр. Есік алдында самауыр да әзір.

— Жоғары шығыңыз, отырыңыз. Кеше құры ауыз кеттіңіз. «Қуыс үйден құр шықпа» деген ғой. Кеше шай іш дей алмай...— Ол зияпатын асырды.

— Оқасы жоқ,— дедім мен, енді не дейін, ия кеше шай іш демегенің дұрыс болмады демекпін бе. Нақ кешегі орындыққа төрге шығып отырдым. Не айтар екен, не айтсам екен. Қой кешегідей тымыраймай мұның жауабына тартынбай жауап берейін, қалжыңдасып та көрейін дедім. Дегенмен ізетті де ұмытпауым керек екені есімде тұрды. Сөзді мен өзім бастадым.

— Балаларыңызға жақынырақ жүргеніңізді көрсеттіңіз. Енді шамасы балаларды тіліме бағындыруым үшін шешесіне ағынуым керек болды.— Ол қалжыңмен жауап қайырды:

— Сөйтіп кішкене жібісеңізші, ол қылымсымады, көзін төңкеріп бір күліп қойды. Маған кешегідей ол тағы сүйкімді көрінді. Әйтпесе баласы керек болады да, шешесі керек болмайды, ол қалай. Олардың шешелері көп те емес.

— Олардың шешесін көбейтудің ыңғайы келіп жатыр ма?

— Жоқ,— деп күлді Ольга Александровна,— мен үстіне әйел алғызатын салпы етек, жаман қатын емеспін.

— Дегенмен «көсеу ұзын болса қол күймейді» ғой.

— Жо-жоқ, мен ондайға көне алмаймын.— Ол күлген болды, бірақ түрі құбылып, күрең тартып барып, қайта бозарды. Бір түрлі қолы дірілдеп, сүт құйғышты кесеге соғып алып, кеседегі шайды төгіп қойды. Оған қайта қысылып, маңдайынан тер шықты. Маңдай жағындағы шашының түбі моншақтап тұрды. Ол енді сөзді біржола қойды. Қараптан қарап отырып, бір қуарып, бір қызарды. Сөйлейін-ақ дегені де білініп тұрды. Бұғағы бүлкілдеп бірдеме дегісі келді, айта алмады.

— Қазір келемін,— деп есікке шығып кетті. Әлден уақытта қайта кірді. Бетін жуғаны байқалды. Мен енді бұдан көп отырудың жөнін таппадым. Адам жанының құпиясы көп, бір қыты-ғына тиіп кетіп, жанының жарасын тырнап алып жүрермін деп қорықтым. Және маған керегі балаларым ғой, бір жақтағы орыс әйелде нем бар. Қазақша сөйлеген орыс әйел осы Ольга Александровна ғана емес, оған немене сонша үйірсектенбекпін. Мен кетпек болып:

— Ольга Александровна,— дей беріп едім, ол жұлып алғандай:

— Менің әкемнің атын сіз ғана білетін болдыңыз ғой,— деді. Мен түсіне алмадым. Енді ол ашуланып, доз шақырмай тұрғанда кеткенім орынды болар дедім:

— Балалар келсе, жіберерсіз. Қош болыңыз!

— Мен сізбен қоштаспаймын! — Онысын да түсінбедім. Жаман сөйлеген жокпын, әлдінен асағын Абақ емес. Мен көбіне-ақ ондай да жеткізбей қоюым мүмкін, артық, ағат кетпен.

Ташкент көшесін бойлап үйіме жаяу кеттім. Әдейі жаяу жүрдім. Көше сапырылысып жатыр. Өгіз арба да, ат арба да, түйелісі де, есегі де, жаяуы да бәрі бар. Жанағы отырысты ойлауға көше қозғалысы мұрша бермейді. Сталин проспектінен төмен қарай бір көше өтіп «Төңкеріс» көшесіндегі пәтеріме келдім. Шешініп жуынып, сәл дамылдадым. Кешегі он алты сағат ұйқыдан соң бой сергек, ой да шартарапты шарлап кетті.

Сонау жиырма бесінші жылғы шыбықтай жіңішке, бұралған он сегіз — он тоғыз жасар Оляны есіме түсірдім. Сәмбі талдай еді-ау ол кезде. Оймақ аузы, қан шиедей еріні, кеше маған қарақаттай болып көрініп кеткен қой көзі бір түрлі сүйкімді көрінетін. Бірақ осы ресмилік жап-жас Ольганы ол шақта да Оля дегізбей Ольга Александровна дейтінбіз. Алғаш оны көргенде әлі Ұлтуған қайғысы басылмаған, мен қай әйелге қарағандай едім. Қайтіп қана, қандай халде жүргенде қосылған Ұлтуған еді, ол. Шолпып есіп, бай ауылда шолан ұрған, айдындағы ақ балықтай, торғынға оранып, тотыдай таранған Ұлтуған шокпыт шапан, жұлым бөрік, киіз етік ішіндегі, есігінде иті жоқ, кірерге кірті жоқ Абақты қаламап па еді. Сол соры ажырамаған, мүскін үшін өскен ортасын талақ етпеп пе еді. Етпетті адамның епсекті келетінін де, көзі ашық адамның көңілі ашық екенін де осы Ұлтуғаннан көрген едім ғой. Қайткенде ұмыта алармын оны. Мәңгі ұмытпасын, ұмытылмайын деп жібектен де мүнәйім мінезін сыйлап еді ол, әкесінің фамилиясын мәңгі арқалап жүрсін деп Марленің қалдырып еді ол. Бетіме ажырая бір қарамаған, не бір «болмайды» демеген Ұлтуғанды ұмыту мүмкін бе еді!..

Ал Ольга Александровна... Балаларымды приюттан интернатқа алып келгенде де осы Ольга қарсы алып еді. Көзі жасты, көңілі пәсті осы екі ұлға алғаш «айналайынды» айтқанның бірі осы еді. Қаланың оқу бөлімінен барлық жағдайды байыздап ұққан Ольга Александровна өзілген жаның ширап, еріген жүрегің еміренгендей бой шымырлата, шыжымдап көңіл айтып еді. Япыр-ай, ойлап отырсам сол күні де ол көңіл айту орыс тілінде айтылғанмен қазақ логикасымен, қазақ көңіл айтуының ізімен түзілген екен-ау. Қайғымен қан жұтып, қара түндей қапалы жапа шегіп жүргенде оған көп көңіл жұбатудың бірі деп қарағанымды енді білдім. «Япыр-ай, сол бір жиырмасыншы жылдары-ақ қазақша жақсы біледі екен-ау! — дегенімді сездім. Жынды кісідей ойымды сыртқа шығарып айтқанымнан шошып қалдым. Ия, ия, бір жылы қоңырайыңқы жүргені де болды. Не деп еді, сонда?

«Қызығыңызбен жүріп балаларды ұмытып кетпеңіз» демеді ме. Ия, сонда не? Мені қызғанғаны ма, әлде сөз ыңғайымен айта салды ма? Одан бұрын да, соңыратын да мен келген сайын екі ұлымның жағдайын өзі баяндап, оларға жасалып жатқан мемлекеттік қамқорлықты, сабақтарын, үлгерімін әбден тәтпіштеп, сүттеп түсіндіріп, мені екі баламен бірге қақпадан ұзатып салатын еді. Сол бір кездері де:

— Совет пен Марлен өз баламдай болып кетті,— дегенін есіме түсірдім. Сонда не айтқысы келді екен. Бірақ ондай сөзді тәрбиешінің бәрі де айтады ғой. Жарым көңіл, сорлы шұнақ мен оған балаларымның мұғалімі деп қарадым ғой. Ой көзің шықсын, қу шұнақ деп түбі жоқ ойдың тұңғығына сүңгіп кетіпін. Бірақ.. Анау жылдары қол артсам бір жөн, жас қырыққа келді. Жылан құшып, жарға деген құшағымды мұздай суытып, аркама аяз батқандай, ашылмас тұманға ұрындым. Ендігім жөн бола қояр ма екен? Тұра тұр, шұнақ, шұнандамай, оның өзінің от басы болуы тиіс емес пе? Нақ осы жерге келгенде ішім әлем-жәлем болып кетті. Тіпті болмаған күнде ше? Ол сені ұнатады деуге қандай құқығың бар? Бірақ неге қайта-қайта: «Балалар керек те, олардың шешесі керек емес пе?» дей береді. Кешегі сөзді де біраз сарапқа салайын. Мүмкін, ол тіпті кеше еш нәрсеге ренжімеген де болар. Әйел адам ойын ашық айта алмағанына, оны мына сорлы болған шұнақ түсіне алмағанына шыдамай кеткен шығар. «Жоқ, мен көп шешенің бірі болуға келісім бере алмаймын», «рақметіңіз қалай көп?» А? Неге бөтенсі бересіз дегені ғой. Ал күйеуінің суреті ше? Ия, ия! «Менің әкемнің атын сіз ғана білетін болдыңыз ғой». Ол не дегені. Неге Ольга демейсің дей ме? Қой шатаспай-ақ қояйын...

Ал менің балаларымның суреті неге тұрады, онда? Көптің ішінен мұғалімдердің жақсы көретіндері болады. «Сүйгенін шұнағым дейді» дағы. Шұнақ... Шұнақ? Ия, әлгі буденовка киген сұрықсыз қызыл әскердің де бір құлағы жоқ қой. Әй, құдай ұрсын, қу шұнақ. Ура! О, көзің шықсын шұнақ! Өз суретінді өзің танымағаның ба, сонда. Бірақ бөлме менің үлкен ұлымдікі шығар...

Айталық сурет менікі. Бөлме Ольга Александровнанікі. Онда сөз басқа. Ал солай болсын делік. Сол жерде, інім, тағы даққа кеттім. Нақ осы жерде, інім, бір сөздің басын ашып алайық. Біз тегінде «сарт» деген сөзді айтқымыз келмейді. «Әйел десе әжем де кетеді» дегендей біз ол сөзді айтуға қорқатын болдық. Оны айтсақ өзбекке тиеді, өзбекті жәбірлеу болады дейміз. Бұл тарихтан хабары жоқ адамдардың ісі. «Сарт» деген «саудагер» деген сөз, ол индия, пакистаннан келген. Алғаш индиялықтар Орта Азияға өзінің сарттарын жіберген ғой. Олар біраз сауда жасап қайтқан. Бірақ сауда жасаудың тәсілін Орта Азиялықтар олардан әлдеқайда арттырып жібергендіктен бұлар да «сарт» атанған. Ал Семенов-Тяньшанский сартты, тіпті бір бөлек ұлт ретінде қарайды. Біздің қорқақтап, өзбек бауырлардың көңіліне келеді деген сөз түк емес екен. Тіпті қазақтағы «сарт санасымен байиды» деген мәтел де, ол тура-

лы әңгіме де саудаға байланысты ғой. Міне, шырағым, шындық солай. Сонымен, шырағым, мен де Ольганың келісімін алып, ертең қосылатын адамдай даққа кеттім, санаммен байыдым.

Мен — қазақ, ол — орыс, орайласа аламыз ба деймін өзіме-өзім. Жастықта жақсы, ахахаумен жүріп бүкпелі пелде-пелде өмірдің көп қыры біліне қоймайды. Ал қартайғанда қалай болады? Сол бір, әлі қазіргідей ұлттармен ақылалғы, сырлескі болмаған отызыншы жылдарда мұндай ой тұңғыққа тартпай тұра алар ма еді?! Қазіргідей екінің бірі орыс қызына үйленіп жатқан кез емес, ал қазақ қыздарының орыспен от жаққаны шанжағай, жүз мыңнан не табылып, не табылмас, дариядан керіз келтіргендей еді ғой. Інім, мен саған: «Ой Ольга Александровнаның орыс екендігі ойыма келген жоқ»,— деп өтірік айта салуыма да болар еді. Сен қанша жерден большевик, қанша жерден коммунист болсаң да бұл ойландырмай, толғандырмай, айнытпай қоймайтын жағдай. Ұлт мәселесі, тіпті бұл екі адамның некелесуіне келгенде де ойнайтын нәрсе емес. Ол ойлайтын, ойландырмай қоймайтын, таудан үлкен, қылдан жіңішке, қиын іс. Отыз жыл отасқан әйеліңе әкең әлде шешен жаман еді деп көр. Ал ұлт дегенің тарихи категория деп қаралғанымен сенің ұлтың — әкең, шешен. Менің ұлтымды жамандаған, жек көрген адам ол менің ата жауым, бітіспес дұшпаным. Ұлт дегенің де, отан, ел дегенің де мен үшін бір ұғым. Менің тілім — менің өмірім, көрер жарығым. Сондықтан да, ұлт жағынан кімге болса соған үйлене салуға бейтарап қарай алмаймын. Ол мәселе бәрібір деп қарауға келмейді. Өйткені әр ұлттың өзінше ерекшелігі болады. Оны бір арнаға ерлі-зайыпты адам түсіре алса жарар, әйтпесе екеуі екі басты жыландай, айыр тілін жаландатып екі жаққа тартса, ертең екеуінен туған бала бірі әкем, бірі шешем, қайсысының сөзін сөйлеймін деп дал болып, еңірегінде етегі толып, жігері құм болып, болаттай асыл саздың өлең шөбіндей жасық тартып отырса, мұны ойламауға бола ма?! Біз болашақ ұрпақты туғызатын, оған тебізді тәрбие беретін совет семьясын жасауымыз керек. Ал ол семья болашақ балаларын тәрбиелемек түгіл өзіне тәрбиеші, не сод, не прокурор керек етіп отырса, ондай семьядан қандай тәрбие шықсын! От басында, ошақ қасында көргені ұрыс, мандайда көргені құрыс баланың өмірінен жақсылық күту. Бетпақтан қазған құдықтан су күтумен бірдей. Ондай балалар өмірден өзі өксіп өтеді, басқаларға да салдарын тигізеді. Сондықтан, інім, ол жағын да ойладым.

Егер, шырағым, әрекет басына түспесе ешкім оны біле бермейді. Екі ұлттан қосылу түгіл, бір ұлттан-ақ өмір жолы тоғысып, екеуі тоқайласып, екеуін екі облыстан болшы, соның өзінде біріннен бірін әжептәуір айырмашылықты аңғарасың. Әрине, соның бәрі жайбасар, шамықпас ақыл жылжып жетіп, бәрін жарастырғанша тезқатар, желбуаз ашу суыт келіп, мұз үстінен жүрген қызыл судай сызып-жарып өтпес пе!? Міне, сондықтан осы ойланатын нәрсе ме, жоқ па дегенде ең

өмірлік маңызы бар, бүгін ұлттар аралас, қойы қоралас отырған шақта, орта толып, таулы өзендей бұрқ-сарқ тасыған шақта бұл жеті өлшеп бір кесетін емес, жүз өлшеп бір кесетін шешім болуға тиіс. Өйткені тұрмыстың жақсылығы да кейде әр нәрсені асқындырып, асқақтатып жібереді. Шырағым, бізде қазіргі өмірге, тұрмысқа риза болмайтын адамдар толып жатыр, олардың көбі жастар. Өйткені дүние жүзінен алатын хабар, мағлұмат жеткілікті. Сондықтан ілгеріден өркендеп келе жатқан елдердің жағдайымен өзінің жағдайын салыстырғанда, әрине, өзінікі қоңторғайлау, қанағаттанғысыздау, сүреңсіздеу болып шығады. Оларға біз көргенімізді айтар болсақ, «сіздің замандарыңыз басқа» демек болады. Ал шынына келсек, осының бәрі де тойып секіргендіктен, семіздікті көтере алмаудан болып жатады. Кейде ол қанағатсыздықтың аяғы Пушкиннің жарық астауына апарып соғады... Інім, менікі дұрыс па, әлде лағып кеттім бе? Үндемейсің. Жарайды. Мен жауап күтпей-ақ қойдым. Сен кіммен көңілің жарасса, кімді сүйсең соған қосыл деп отырсың. Оның дұрыс. Бірақ ол сен ойлағандай жеңіл шешімін табар мәселе емес.

Бір уақыт сусып басқа бір жаман ойға кеттім. Менің осым өзімнің ғана болжамым болып, алақөкектеніп қалсам қайттым деймін. Ольга Александровнаныкі жай қалжың болуы да мүмкін ғой. Ертең некелесе қойық деп отырғандай болғаным қай есек дәмем деп өзімді тағы бір жазғырып алдым. Мұны ойлағанда денем мұздап сала берді. Маңдайымнан сұп-суық тер бұрқ ете түсті, пұшайман болып қамығып қалдым. Ол жалтыр мұздың үстінде менен жырақтап, қыбайға кетіп бара жатқандай, мен сол мұзбен оны жалаңаяқ қуып бара жатқан сияқтымын. Жаңағы алас ұрған көңілім су сепкендей басылып, шып мұздап, тұңғиыққа тым батып бара жатқандай едім. Адам темір емес, темір де күні жеткенде сынады. Мен осы бір ұл ер жетіп, жас марқайған шақта жалғыздық әбден қалжыратып, қажытып, ерқашты болған жылқыдай әбден шыңыма жетіп жүр едім.

Сонымен балаларымды күтіп отырдым. Күз күні. Бірақ әлі Алматы салқындаған жоқ. Үйден дала жылы. Есікті аңқайтып ашып тастадым. Даланың жылы ауасы кірсін дедім. Ол кездегі түнімен таудан аңырап соғатын ескек желден тез тазаратын Алматы ауасы жанымды жай таптырып, балбыратып жіберді. Жақсы ой да жаныңа маза туғызады. Жағымды оң қолыммен тіреп отырған күйімде мызғып кетіппін. Дабырласқан дыбыстан көзімді ашып алсам екі ұлым жаныма жақындап қалыпты, олардың артында Ольга Александровна есік алдында тікесінен тік қақшып тұр. Оның көз қарасынан өзімнің мүшкіл халімді, білдім, менің мүскін болған басымды аяп, мүсіркегенін аңғардым. Келе мойнымнан құшақтап, «көкелеген» екі ұлымның еркелеуі, жарқын-жарқын шыққан дауыстары, шалт қимылдары бағанадан бері арыла алмай отырған тұңғиық дақтан таққа шығарғандай, тәуекел қайығындай тез әкетіп, қоршаған қара тұманды серпілтіп жі-

берді, ортамның бәрі толып, төрт құбылам түгенделіп кетті. Қапаста қалып енді еркін ауаға шыққан жандай сергіп те, сейіліп те барамын. Балаларымды сүйіп, мауқымды басып, есікке көзім түскенде Ольга Александровнаның әлі түрегеліп тұрғанын байқадым. Ол бірі университетте оқитын, екіншісі орта мектепті бітіріп, жаңа ғана студент қатарына ілігіп отырған балаларымның жігіт болып қалғандығына қарамай аймалап жатқанымды жақсы түсінгендей, көзін сулап тұр. Шынында да менің бұл шұрқырасып көрісуімжалғыздығымды жұртқа жария еткендей еді, жаным жазды күнгі жаңбырдан кейінгі жердей жадырап еді.

— Көке, Ольга апайға отыр демейсіз бе! — деді әке-шешесін бірдей еске салатын көркем де тұрпатты ұл Совет. Шынымен бір қараған кісі көзін қайта тартып ала алмай, сұғын қадап қалатындай ерекше көрікті де, нұрлы да еді, ол. Мінезінің жатық мәміле-мәймөңкесі де аумаған әкесі.

— Ғафу етіңіз, жоғары шығыңыз!

— Ғафу етіңіз дегеніңіз не, көке. Ол бөтен адам емес. Менің мамам ғой, — дейді Марлен. — Солай емес пе, апа!? Ия деңізші, апа! Енді біз Совет екеуміз апаммен бірге тұратын боламыз, Бізді интернаттан шығарды ғой. «КазГУ-дің жатақханасына бармай-ақ менімен бірге тұра беріңдер» деді ғой апам. — Ольга Александровна жымиып езу тартты, бірақ «ия» демеді. Ол сәл қысылғандай да жайы бар, төсекке, нұсқаған орынға тізе бүкті.

— Сонда екеуің апаңмен тұрып мұнда мені жалғыз қалдырмақсыңдар ма? Енді мен де студент болдым ғой. Қалада тұратын болдым.

Бұл сөз екі баланың да, Ольга Александровнаның да күтпеген бауар олжасы еді. Бәрі де маған бұрылып таңырқап қалды.

— Қалай, қалай? — деп Марлен мойныма асыла кетті.

— Мен енді Коммунистік жоғары оқу орнында оқитын болдым.

— Көке, кешеден бері бұл ішіңізге қалай сыйып тұрды? — дейді Совет.

— Балам-ау, сендерді көргенім қазір ғой.

— Апама айтпадыңыз ба, көке, ол бізге айтатын еді ғой, — дейді Марлен тағат таппай. Не деп айтпақпын оған және айтқанда кімім деп айтамын. Ол менің қуанышымды не қылмақ? Менің қуанышым екі балама шаттық әкелер, ол басқаға не керек? Әрине, мұны сыртыма шығармадым.

— Марлен, — деді Ольга Александровна менің ойымды оқып білгендей-ақ. — Көкең мені кім деп айтпақ. Міне, сендерге айтты, енді мен де естідім. Балаларынан естір деген ғой.

— Болды, қалас. Біз енді өз үйімізде тұратын болдық! — деп қуанды Совет. Бұған Марленнің даурыққан, азан-қазан дауысы қосылды:

— Ура, ура, ура! — Ол кішкентай бөлмені айнала жүгірді. Арасында секіріп-секіріп қояды. Балаларымның зорға, амалсыздан шыдап жүргенін сонда анық байқадым. Інім, шынын айтсам жылап жібере жаздадым. Азамат болған, сомадай жігіттер әкесінің жанында тұратын болғанына сонша қуанғанда балалар үйіндегілердің жанын оймен ұқшы, інім, шықпаған жаны жүреді дағы. Әке-шеше құшағы олардың мәңгі аңсаған арманы ғой. Ондай жылу табыла ма басқа жерден. Жыртық-тесік жүрсе де ене-көкірек қой, интернаттың май бергені, әке-шешенің су бергені.

Екі ұлдың қабағындағы кірбің әп-сәтте жоқ болып, жанбырдан соңғы Алматы күнідей ашылды. Әсіресе Марлен Советтен екі ғана жас кіші болса да соны көрсетіп, әндетіп-өлеңдетіп, уралап жібереді.

Сонау бір жылы қыста интернатқа бардым. Сонда мен әкелген тамаққа Совет бір баланы қатты іздеді.

— Ешкімі жоқ еді, көке. Мен іздеп келейін,— деді. Интернат қорасының іші толған адам, біреудің ағасы, біреудің туысқаны, әйтеуір бәрінің де біреулері келіп жатыр. Совет іздеген Азат деген бала бұл жерде болмады, жатақхана ішінде де жоқ. Екі баламның көңілі үшін мен Азатты қоса іздедім. Ақыры Кіші Алматы өзенін жағалап кеттік. Күн болса суық, аздаған ызғырық бар.

— Осындай суықта далада жүрмес,— деймін мен. Кіші Алматының басы шоқы-шоқы үй тастар, дөңкиіп жатқан қой тастар. Тас болып қатып қалған мұздан арнаның дәл қай жерде екенін аңғару қиын. Судың тура жағасында тұрған ақ гранит үстінде бір таңқы танау қара бала отыр. Қолында шыбығы бар. Шолақ қара жақының жағасын көтеріп алған баланың екі көзі мұзы қатпаған, бүлкілдеп аққан суда. Тесіліп қалған. Анда-санда шыбықпен ал-дыңғы жағын бір салып қалады. Жылап отыр ма деп едім, тек бедірейіп қалған. Біз сол күні оны бірге тамақтандырдық та, қаланы қыдыртуға, күндіз қойылатын «Айман — Шолпанға» алып кеттік. Азаттың қабағы ашылмайды, ол бізден ажырағанда үлкен адамдарша «рақмет» айтты. Совет:

— Көке, Азаттың артынан адам келмейді. Демалыс күні балалардың артынан адамдар келе бастағанда ол жалғыз өзі өзен жағалап, айдалаға кетіп қалады,— деді. Жетімдіктің қорлығын көп көрген мен Азаттың бар болмысын көзіме елестете қойдым. Мына менің балаларым да зорға шыдап жүрген ғой деп шамалаймын. Байқаймын Марлен Ольга Александровнаға тым еркіндеу, тіпті өзінің шешесіндей санайтындай, ал Ұлтараттың ұлы Совет әкесі сияқты ұстамды, салмақпен ғана сөйлейді, сөзін өлшеп-пішіп айтады.

Совет пен Марлен примусты алып шай қоюға есік алдына шығып кетті. Мен әңгімені қалай бастаудың ретін таба алмай қипақтап отырдым. Ольга Александровна бірдеме айтуға ыңғайланғандай кейіп білдірді де, тына қалды. Мұным орынсыз бола ма дегендік екенін аңғардым. Еркекпін ғой, сөзді тәуекел деп өзім бастамақ болдым. Япыр-ау деп

ойладым, ең болмаса балалардан күйеуі бары жоғын да білмеген екем. Қазақша қазақтай сөйлейтін әйелге сөз айтуды жөн көрдім. Ұнатпаса «қызды кім айттырмай-ды, қымызды кім ішпейді» дегеннің кері болар, онымды айыпқа санап да қоймас. Бәлкім әңгіменің барысында семья жайын да аңғарып қалармын. Тәуекел.

— Әйелдің жасын сұрау онша орынды емес, дегенмен шамасын білуге болар ма екен?

— Менің жасым бірдемеге бөгет болып тұр ма?— деп Ольга Александровна езу тартып күлді.— Үш күн болды, жиырма то-ғызға шықтым.— Менен бақандай он бір жасы кіші екен. Арамыз алшақтау ғой деп жүреме деп жүрексініп үндемей қалдым. Бұл үнсіздікті үйге кіріп келген Совет бұзды:

— Көке, шай әзір, шайнамы бар ма еді? — Мен есікке таман тұрған кебезені нұсқадым:

— Бары мынаның ішінде.— Совет пен Марлен бәрін кішкентай столдың үстіне қойып, көршіден шыны аяқ сұрап әкеліп, төртеуіміз шай іштік.

— Ольга Александровна, шайға отырыңыз,— дедім мен. Ол балаларға қарап:

— Совет, көкелерің менің әкемнің атын жақсы біледі,— деп күлген болды. Оған ұстамды Совет үнсіз қалды да, Марлен:

— Оныңыз не, көке, бөтен адамға ұсатып, апамның атын ғана айтпайсыз ба — деді. Менің Ольга деуге аузым бармай-ақ қойды.

Шайдан кейін балалар жағландарын әкелуге кетті де, Ольга Александровна олар келгенше отыра тұрмақ болды.

— Суреттерді алмай-ақ қойындар,— деді ол балаларға.

— Суреттерді? — дедім мен таңданып.

— Өзіңіз танымаған сурет сізге керек бола қоймас,— деп күлді Ольга Александровна. Апыр-ау, кешегі сыңар құлақты сурет менікі болғаны ғой. «Лайым күйеуім болғай» деп еді-ау, ә. О қу шұнақ, өз суретінді өзін танымағаның да, шынымен-ақ.

— Шынымен-ақ танымап едім. Оны мен сіздің күйуіңіз шығар деп едім.

— Сол әлі күйеуіміз болмай тұр ғой.— Ал ұғып көр бұл сөзді. Бұл әлі күйеуім жоқ дегені ме, әлде сол суреттегі кісі күйеуім бола алмай жүр дегені ме? Мұнша екі ұдай сөзді қазақтың өзі де дәп басып айтпайды. Ольга Александровна енді менен жауап күтпей-ақ өзі сөйлеп кетті.

— Құлақтың жайы да, одан кейінгілері де, сіздің өміріңіз маған бес саусағымдай мәлім. Менің өмірім де сіздің өмір жолыңызға ұқсас. Сіз маған өз жай-жағдайыңызды айтпасаңыз да болады. Мен орыстың қазақуар қызымын. Мен қазақуар деген сөзді тауып айтқанына, тіпті қайран қалдым. Менің қазақша жақсы білуіме танданбай-ақ қойыңыз. Менің әкем көп қазақтың ішінде туып, ер жетіп, кедейліктен отызға келгенде зорға үйленіпті. Шешем Шилікемердегі бір орыс шаруасының

қызы екен. Қосылған соң шешем қазақ ауылындағы жалғыз үйлі орыс болып тұруға көне алмапты. Бірде жылап, бірде күліп, бірде жалынып айтып әкемді Шилікемердегі төркініне көшуге көндіріпті. Әкем қайнына барған соң, өзі өскен ауылын аңсап, қолы босаса-ақ солай қарай жүгіре беріпті. Ақыры әкемнің ауылым деп сол жаққа аңсары ауған ыңғайын білген, мұнда бір үйден кіріп, бір үйден шығатын өмірге қамаудағы қасқырдай көне алмағанына көзі жеткен шешем қайта көшуге келісіпті. Сонымен біздің үйіміз Сұлтанның (Бірінші Алматыны қазақтар солай атайтын) аяғындағы Жайнақтың байламасында болатын. Қазіргі қаладағы балалардың тілінің орысша шыққаны сияқты менің тілім қазақша шығыпты. Менің әкем қазақтарға өте сүйкімді, ақ көңіл кісі болатын. Оны қазақтар Әлкен дейтін. Ешбір үйдің соғымы менің әкемсіз сойылмайтын, тарысы менің әкемсіз түйілмейтін. Қуырымды келіге салып қос келсап тартқанда әкемнің тегеурініне қыздар түгіл жігіттер шыдамайтын. Ол қай қазақтың үйіне де еркін кіріп, шығып жүретін. Бір сәтті күні әкем екеуміз Сұлтанға базар базарлауға бара жаттық. Жолда әкеме шөлдегенімді білдірдім. Әкем бір үйге кірді. Үйде адам жоқ, есік ашық. Күбінде ашыған тары көже бар екен, бір аяққа құйып әкем маған берді, сонан соң дәспен аяқ көжені өзі ішті. Әкем күбінің қақпағын мықтап жапты, далаға шықтық. Далаға шыққан соң әкемнен «иесіз үйге кіріп рұқсатсыз тамақ ішкеніміз қалай?» деп сұрадым. «Балам, қазақ жаны кең ел, егер жаңа ол үйдің иесі екеумізді көрсе, өздері шақырып сусын ішкізер еді, қазақта үйге кіріп тамақ ішу тәртіпсіздік саналмайды» деді.

Мен он бірге келгенімде біз байламаның басында жалғыз үй отыратын едік. Бір күні шешем даладан жан ұшырып келді де:

— Қаш, қамыстың ішіне қаш! — деді. Мен жүгіре жөнелдім. Неге деуге шамам да келмеді. Апрельдің аяғы болатын. Әбден жаурап қалжыраған соң түннің бір шамасында ептеп, баспалап үйге келсем шешем шалажансар, кіресілі-шығасылы есі бар, бір қолы кесіліп қалған, бөлек жатыр. Ыңырсып жанталасады. Қимылдауға шамасы жоқ, маған бірдеме демек болады, қайта есінен танып кетеді. Аузына қасықпен су тамызып едім, көзін ашты. Сөйтіп жатып бір есі кіргенде.

— Әкеңді ақтар байлап әкетті. Менің қолымды қылышпен шапты, енді өз күніңді көр, балам,— деді. Таңертең шешем өлді. Көрші қазақтар келіп шешемді көмді. Екі күннен соң атып кеткен жерінен, өзен жағасынан әкемнің өлігін тауып алдық,— деп Ольга көзінің жасын іркіп алды. Сәл үндемей отырды.— Оны да қазақтар үйге әкеліп, төрегулеп көмді. Бұл он сегізінші жылы еді Сонан соң мен қалаға кеттім,— деп Ольга Александровна тығылықырап қалып дем алып отырды. Оның шарасы кең қой көздерін жас басып, мөлтілдеді. Сонан соң көзінің жасын сығып, қапшығынан бір жапырақ орамалын алып, бетін сүртті. Ол әңгімесінің арғы жағын ойластырғандай аз-кем үнсіз отырды.— Одан интернатта жеті жыл оқыдым, одан соң бір жыл мұғалімдік

курс оқып өз мектебіме қайтып оралдым. Сол келген күні сіз де балаларыңызды әкелгенсіз. Содан бері сізден көз жазған емен... Мен де өзіңіз сияқты Коммунистік партияның мүшесімін.— Ол қайта қабағын сәл шытыңқырап, босаған бұрымының ұшын өрді де, арқасына тастады. Екеуміз де өз ойымызбен болып кеттік. Мен бұл күйеуі бары жағын неге айтпайды деп отырмын. Күйеуі бар адам оңаша үйде сыралғы болмаған еркектің жанында неге отырмақ деймін де, сонда да көңілім дүмған бола береді. Ол оңаша отырғанымызды да елемейтіндей. Сонан соң балалар қайтып келіп қалама деп асыққандай сөзін жалғай берді:

— Совет пен Марлен интернатқа мен келген соң маған тым жақындап кетті. Оларды айтып нетейін. Сізден өтінішім мені осы екі баладан айырмаңыз. Менің жаным солардың қолында тұр. Олардың табанына кірген тікен менің маңдайыма шөнге болып қадалсын. Әрине, бала сіздікі. Бірақ он жыл бойы осы екі ұлдың күнін күйттедім. Олардың да менен ажырауы қиын болар. Мен Марлен мен Советсіз өмір сүре алмақ емеспін. Әрине, «ол болмас» десеңіз жөніме кетермін, сыртынан тілектес болып жүрермін. Бірақ Марленнің менсіз тұруы оңай болмас. Ол кішілеу болған соң ба, маған тым етене жақын еді. Әрине, түбінде бір үйленерсіз, бірақ ол әйел кішкентай Марленнің бабын таба ала ма? — деп бір тоқтады. Марлен қайдан кішкентай болсын. Орта мектеп бітірді. Тек жасынан қолында өскен соң кіші көрінеді дағы. Қазақ оны да «Қолдан өскен тайлақтың буыршын болғаны білінбес» деп айтып қойыптығой. Енді қалай жауап берудің есебін таппай басымды тауға да, тасқа да ұрып отырдым. Бағанағы қабырғада ілулі тұрған, бір құлағы жоқ шұнақ қазақтың кәдімгі Абақ Үйсінбаев екенін енді біліп, өзіме өзім күліп алдым. Тіпті неғып шұнақ адам көбейіп кетіпті деген ойыма келсеңі бір. Сөйтсем сонау жылы Ташкентте түскен суретім екен.

Інім, адам деген қиын тұлға. Оның сырын, қырын, жырын мұқым тауысып білу мүмкін болмайды. Міне, мына Ольга біреудің балалары үшін үздігіп отыр. Ал кейбіреулер балаларынан безіп жүр. Енді бір ақылын ашуға жеңгізіп алған сорлының өмір бақи өкініп өтетін іс қылғанының куәсі боласың. Мен, інім, быыл Алматы бардым. Линияда тұратын Жапар деген інілеріміздің үйіне түсіп, үй иесі екеуміз әңгімелесіп отырсақ төрт-бес жасар қыз бала ойнап есік алдына келді. Лена деген сап-сары сары шашты баланың оң қолы асулы екен. Қолының бас жағы дәкемен шырмап орап тасталыпты.

— Лена қолың жазылды ма,— деді Жапар кішкентайдың көңілін сұрап.

— Жазылды,— деді Лена.

— Әкесі қолын шауып тастап,— деді Жапар,— кемболып қалды.— Сөйтсе Ленаның әкесі жүз сомдық заемға бес мың сом ұтады. Оны стол үстіне қоя салады. Бір нәрсеге айналып кетіп заемды іздесе жоқ, сөйтсе кішкентай Лена оны турап тастапты. Ыза болған, ашулы әке балтаны ала салып кішкентайдың қолын шауып тастапты. Ленаның ауруханадан

шыққаны сол екен, әкесін қамапты. Жақында сот болған екен, әкесін көрген кішкентай Лена:

— Әке, менің қолымды әкелдің бе? — депті. Қалай, інім, анау әке тірі отыр ғой, дейсің бе? Өлмегені қара жер ғой. Оны үш жылға соттапты. Егер оны соттамаса, ол бәлкім жындынып кетер еді. Жаза тартуы оның есендігіне кепіл, әйтпесе ашумен істеген ісіне құса болып-ақ жазым болар еді. Ол тірі жүр деудің өзі артық. Ол күнде өліп жүр ғой. Ал менің туысқаным Жапар:

— Шіркін-ай, менің сондай бір шолақ қызым да болмады-ау,— дегенде көкірегі қарс айырылады. Міне, негізгі әңгімеден тағы ауытқып кеттім. Ал Ольга «екі ұлдан ажырата көрме» деп қатты ағынады. Ольга бірдеме айтпак болды да, төмен қараған күйі сөйледі:

— Несін жасырайын, сіз екі балаға келіп кеткен сайын бір артық сөз айтпай, ең болмаса бір ауыз қалжың айтпай аттанғанда екі күн тамақ іше алмай жүретін едім. Енді, міне, сізге бәрін айттым. Сөксеңіз де, қайтейін, осы. Өйткені қазақ қызының ойын ашық білдірмейтін, шамадан тыс ұяңдығы, әлде ізеттілігі барын білемін. Нақ осы жерде мені орыс қызы болған соң, ойын ашық айтып отыр деп ұғыңыз. Бұны әдепсіздік деп ұқпаңыз, орыстығыма сындыратаға салыңыз. Бірақ қалай да мені осы екі ұлдан бөлмеңіз. Мен айтып болдым. — Ол солқылдап жылап жіберді. Несін жасырайын, інім, менің өз көңілім де босады. Оны жұбатуға қасына бардым. Денемнің бәрі шымырлап, орамалымды алып оның бетін сүртіп, құшақтап жұбаттым. Ол құшағыма ене берді, мен де дегбірім кетіп оны сүйе беріппін. Бетімді жас жуып кетті. Айқасқан қол, сүйіскен еріндер есіктен дыбыр білінгенде барып бір-ақ жазылды...

Ольга ертеңіне ауруханаға түсіп қалды. Тынышсыз Марлен:

— Көке, ауруханаға апама бармайсыз ба?! — деп мазасы кетті. Бұл қазақ мектебіне орыс тілінен сабақ беретін Ольга апай деген сөз емес, «мама» деген сөздің қазақша баламы, кәдімгі шеше — апа еді. Інім, құшақтасу, сүйісу ол некелесу емес, ол көңіл қосу ғана. Сондықтан маған енді шын ойлану керек болды.

Екі ұлдың ойы белгілі. Он жыл деген де біраз уақыт. Олардың Ольгаға бауыр басып қалғаны да, рас. Менің ойлануым да заңды. Қашанғы ку тіземді құшақтап жүре беремін дегенмен, қара шұбар жыланға қарылып қалған басым бүгежектей бердім. Ойымды сарапқа салдым. Бір ұлттан екінші ұлт адамдарына қосылатындар көбіне сол ұлттың таты деген әңгіме сол кезде қаланы кезіп жүретін. Оның жаны да бар еді. Өйткені өз ұлтынан кексіген-дердің біразы-ақ ісірібі тоқтастан, байсасы тікелей-ген адамдар болмайтыны да шындық еді. Кейде тіпті ондайлар жанасалап келіп, аңқасы құрығандай жармасып алады да, артынан қалжуырын байлап алғанын көрсетеді, немесе термешелі, мүйізгек інгендей бедеулер, не иығы тимеген есік қалмағандар болушы еді, әлде бір маймылдан адамға жаңа айналып келе жатқандай кей-іпсіз жұрттан шыққандар бо-

лады. Бұл жағынан қарағанда Ольга олардың ешқайсысына жатпайтын еді. Тайлы биеге жолама тайы тебеді дейтін де ол емес. Иығы тимеген есік қалдырмаған, ерні тимеген қасық қалдырмаған деуге келмейді, көргені мектеп, интернат. Оқуы да, қызметі де бір ортада өткен. «Ой, сүдіні бар болсын» деп ешкім айта алмайды, ұялмай ертіп жүруге болатын көркі бар. Ал мен өзім қай оңып тұрған адаммын, екі қатын алған, оның бірінен елі, бірінен тірі айырылғанмын, еламан, жұрт тынышта құлағын күнтиттырған қазақтағы Келмембетпін. Сонда ендігі қалғаны — орыстығы. Албұл жағына келгенде де мен жалғыз емеспін. Дүйсенге ғашық болған Мариям анау, оның «Дудар-ай» әні бүкіл қазақ даласын күңіретті. Басқасын қойғанда сонау заман өткен Пожарскийдің, Кутузовтың шешелері қазақ қызы болғанда, мажардан қыз алысып, қыз беріскен салтымыз болса, онда менің балаларымның шешесі неге орыс қызы — Ольга болмасқа. Міне, інім, үш-төрт күн толғанып, бесінші күні Ольга ауруханадан шыққанда мен Марленнің апасына жүпті болмақ болдым. Оны аурухана есігінен ат-арбамен некелі жарымдай қарсы алдым...

Ертеңіне-ақ жалдап алған бөлменің отағасынан кешірім сұрап, мектеп жанындағы Ольгаға бөлінген үйге көштім. Совет пен Марлен университетте, мен Коммунистік жоғары оқу орнында, бір үйде үш бірдей студентті Ольга асырап жатты.

Отыз алтыншы жылдың августында Марлен қарындасты болды. Атын ойланып-ойланып Владилена қойдық. Үйге келіп-кетіп жүретін қазақтардың тілі келмей де жүрді. Артынан бәрі де үйреніп кетті. Сейсенкүл, Бейсенкүл, Жұмакүлге үйреніп қалғандар ұнатпаған да болар, бірақ біз атымызға дейін өзіміздің алған бағдар-сүтінімізге қарай бейімдей бердік. Сол күзде Совет армия қатарына шақырылды. Қиыр Шығыста қызметін атқарып жатты. Марлен тарихшы болу үшін Пушкин атындағы кітапханадағы ең сарғайған қонан кітаптарды ақтарып, аударып, теңіз түбінен маржан іздеген адамдай алапатын асырды.

Халық ауқаттанып, жаппай сауаттылыққа бас қойды. Республиканың егін даласында трактор, комбайн өріп жүрді. Жол қатынасы да жолға қойылды, аудандарға жолаушы таситын автобустар жіберіліп тұрды. Осыған дейінгі саналы өмірімді ауылда социализм орнатуға бағыштаған екенмін, енді қаланың да өз қызығы, өз жаңғырығы өзіне жетерлік екенін аңғардым. Көп жылғы белсенділіктен кейінгі студенттік өмір маған инемен болмаса да тебенмен әлде жуалдызбен құдық-құй қазғаннан оңай болмады. Бірақ қалада өзімді көлінен көксіген сам үйректей сезінетін едім. Соңыратын қудай саңқып, қаздай қалқымағанмен малтығып болса да ілгері беттеп бара жаттым.

Інім,— деді Шұнақ, сөздің басын ашып алалық. Ендігі сөз менің және басқалардың халық жауы болғандығы туралы болады. Бұл ешкімнің құлағына жақпайтын, өкіліне түспейтін кесепатты сөз.

Мен оны қаншалықты пасылдап, қарқуардай шешендікпен айтсам да, сен қайыспайтын қатепті қара нардай шыдамды болсаң да, қаржалған тұлпардай қалжыраңқы тартасың. Сондықтан бас ізеп құптамағаныңмен қорықпай-қоңқаламай, үрікпей-үрейленбей тыңдаймын десең ғана айтамын. Мені аузымнан шыққан сөзге тоқымдығы жұқа ердің қапталының ат арқасына батқанындай қапқатар болсаң оныңды ашып айт. Сен олсыз да мені екі күн тыңдадың, мен разымын, мың бол, шырағым. Енді қалғанын тыңдамай-ақ, сескенсең ақтігер алдына жусаған арғымақтай мелиіп отырмай-ақ қой.

Сыңар құлақ шал шынын айтып отыр. Енді отыз жетінші жылға жақындап қалғаны әңгіменің барыс-тұрғысынан білініп тұр. Алты миллион қазақтың тең жартысы қырылып қалған отыз екінші — отыз үшінші жыл оқиғасын тегіс тыңдап алған соң, Қазақстаннан 100971 адамды алған отыз жетінші жыл оқиғасын тыңдауға несіне бас тартпақпын. Қазақтың бар сүт бетіне шығар қаймағын сыпырып кеткені өтірік пе?

Шұнақ менің кескінімнен бір құбылыс байқамақ. Садаптан сынай қарап қалыпты. Мен көп ойланған жоқпын. Шалдың әңгімені жанданып, көтеріңкі көңілмен айтуы үшін келісімді тез бердім.

— Айта беріңіз. Аббар асығыс айтпаңыз, баппен тарта беріңіз. Мен сізді түнімен тыңдауға қайылмын. Шал көңілденіп кетті білем, малдас құрған аяғын жазып, шарта жүгініп маған қарап отырды. Әңгімені неден бастаймын дегендей ойланып барып, бір жөткерініп сөйлеп кетті;

— Отыз жетінші жылдың қысы жұмсақтау болды,— деді ол.— Біз алматылық болып алдық. Әжептәуір ілгерілеп кеткен қазақ өнерін — Қазақ драма театрын, опера театрын күн сайын тамашалап жүрдік. Қазақ филармониясын да өкпелеткеніміз жоқ. Сахнада Құрманбек Жандарбековтің жалт-жұлт етіп шыққанын бір көру маған бірнеше күнге рухани азық болғандай еді.

Түстігімізде айбарлы, асқар Алатау бар болмысымен тегіс көрініп, әлемге ұлылығын паш еткендей асқақ тұрады. Осы қыста ашық күндер көп болды. Ондай кезде тауға қарамау мүмкін емес.

Ол бар сұлулығын алдына жайып салады, суретіне көңіл раушан болып бір көтеріліп қалады. Әсіресе түскен қар қаудырқұлақ тартып, жол тапталып қалғаннан соң, бірер градусты аяздарда күн ашық болса, таудың сұлу, тәкаппарлығына, ұлылығына сұқтанбай қарау мүмкін емес еді. Қаптан қатық жалаған баланың ауызындай, әлде көк нілге матырып жайған ақ сейсептей тау көлбеп жатады. Осындай май тоңғысыз аталатын күндері Ольга екеуіміздің көшеге шығып серуендейтініміз болатын. Қолтықтасып қыдыра жүріп дүкеннен газет алатынбыз да кейде жолда, кейде үйге келіп қарайтынбыз. Ольга бұл кезде салықалы, салдарлы, қазақ әйелі болған. Оның жұртпен сөзі жарасып, мәмілесі арта түскен. Кейде біз саясатқа да барып қоятынбыз. Менің өзім таңданатын бір жай болар еді. Егер ауылдан біреу-міреу келер болса, Ольга қарға

аунаған түлкідей жайнап кететін. Оның денесі қалада, жаны ауылда екенін ұғып болғанмын. Тіпті өзінің ауылды сағынатынын жасырмай бүгін де маған:

— Кешке дейін ішкен тамағым бір тостаған қой қатығына тұрмайды. «Қожаның көңілі күртты сүйер, көжесінің қатығы жоқ» дегендей. Кейде, шіркін, жоқты аңсаймын. Ірімшіктің сарсуын бір жалап ауыздың дәмін алар ма еді деп те қоямын,— деді. Мұны айтқанда маған Ольга тіпті сүйкімді көрініп кетеді. Ол әлде не ойлап, тұнжырап біршама отырып қалады. Мен бұл тағыда құрсақтануға дәмелі ме екен деп қаламын. Сонан соң қайта газетке үңіле түсемін. Газеттер ол кездері бухариншіл-троцкийшілдердің қылмысын әшкерелеген мақалаларды көбірек беретін болған. Олардың он сегізінші жылы Брест келісімін бұзуға тырысқанын, «солшыл» эсерлердің Ленинге қастандық жасамақ болғанын, сол жылы Ленинді жаралағанын, солшыл эсерлердің он сегізінші жылдың жазында бүліншілік жасағанын, отыз төртінші жылдың бірінші декабрінде Кировтың өлтірілгенін есіме алып, Троцкийге, Бухаринге кегім арта түседі, тіпті іштей кіжініп те қоямын. Не жетпейді соларға деймін дағы, баяғы. Сол жылғы февральдың аяғында Орталық Комитеттің Пленумы болды. Онда Жданов СССР Жоғарғы Советінің сайлауына партия ұйымдарының әзірлігі жөніндегі мәселе бойынша баяндама жасады. Пленум партия ұйымдарындағы демократиялық централизмнің бұзылуы, тізім мен дауыс беру, жабық дауыс берудің орнына ашық сайлау сияқты біраз кемшіліктің бетін ашқандығын газеттен оқыдым. Бұл кездері оқу орнының тыңдаушысы болғандықтан бұл қаулының жүзеге асуына белсеніп араластым дей алмаймын.

Менің үлесіме тигені дұрыстап теориялық білім алу, марксизм-ленинизм іліміне жетіле түсу. Газет-журналды жібермеймін, бұрын жұрт ішінде қайнап үйреніп қалған басым, бүкіл республикада, елімізде болған жағдайдың бәрінен хабардар болып отыруды әбсін бірінші кезекке қоямын. Сондықтан да Ольга екеуіміз көшеге шыққанда ең алдымен жергілікті газеттерді қарайтын едім. Ол кезде бес күн өтіп алтыншы күні демалатынбыз. Сондықтан бізге күннің сейсенбісі, бейсенбісі керек бола бермейтін. Әр айдың алтысы, он екісі, он сегізі, жиырма төрті, отызы күндерін жұрт асыға күтетін. Ал біз үшін түстен кейінгі уақыттың бәрі бос, еркіміз еді. Марттың ортасы болып қалған. Күн ашық болса-ақ Алматы көшесі сылпылдап, қар еріп, тас-тастың арасын қарқын су басып, жылға-жылғадан жылтылдап, бүлкілдейді. Ол жылдары Алматыға асфальт жаңа жеткен, Ленин, Сталин проспектілерінде ғана болатын. Фурманов, Дзержинский көшелері асфальт төсеуге дайындалып жататын. Ал тас төселген көшелер бар болатын. Жаяу адамдарға арналған жанама жолдың көбі құм аралас қиыршық тас төгіліп тапталған еді. Біз дүкеннен газет сатып алып, «Коминтерн» алаңындағы бір орындыққа отырдық. Газет қарай бастаған Ольга:

— Мына сұмдықты кара! — деп сыбыр етті маған, біреу естіп қояма деген кісідей. Ол қарап отырған «Правда» газетін алып жіберсем Пospelовтың мақаласы бар екен.

— Міне, міне, мына жерді оқы,— дейді Ольга. Бухарин және бухариншілдер деп жазыпты ол «саяси ағым болудан қалды... халық жауының жалақтаған бандыларына айналды». Шыны керек, інім, нақ бұлай болар деп ойлай қоймаған едім, орнымыздан тұруымыз ауыр болды. Екеуміз де үнсіз қалдық. Расы қорқып кеттік. Бұрын партияның басында отырған адамның бірі халық жауы делініп жатса, енді кімге сенерсің. Қорықпай көр.

— Буын-буыным дірілдеп, жан кеткендей,— дейді Ольга маған ақырын ғана. Оның шырайынан қан кетіп, қуқылданып барады. Мен де жетісіп тұрған жоқ едім, дегенмен Ольгаға сыр бермеуге тырыстым:

— Ол солай болуға тиісті еді ғой. Әнеугі күні Пленум оны партиядан шығарды ғой,— дедім мен. Тартар сазайын.

Інім, бұл менің шын сөзім еді. Өйткені Бухарин төңірегінде сонау революцияның отты жылдарынан бері-ақ үнемі сөз көп жүретінді. Тіпті осының алдында ғана Қалдыбай Абдуллинді көргенмін. Ол бұл кезде эсер партиясын қойып, Коммунистік партияға кіргенді. Шамасы бұрынғы достарынан ести ме, қайдам, әлдеқандай фамилиясы «Р» әрпімен басталатын біреу Сталинге қарсы хат жазып, оны Бухарин, Рыков, Радек, тағы басқалары редакторлап, сонан оны Орталық Комитеттің мүшелеріне таратыпты-мыс. Хатта Сталинді бас секретарьлықтан алу керек, оның ұстаған саясаты теріс делінген болса керек-ті деген еді. Бірақ мен Қалдыбай сөзін тыңдаған да қойғанмын. Өйткені шыны, інім, мен оның қалтасында партиялық билеті болғанымен сене бермейтінмін. Ал енді Орталық Комитет Пленумда партиядан шығарып отырса, партияға қарсы деген сөз он шақты жылдан бері қой бастайтын серкеге байлаған қоңыраудай сылдырлап артынан қалмай келе жатса, енді партияға қарсы, Совет өкіметіне қарсы қылмыс жасады деп партия оны әшкерелеп отырса, оның жаулығына қалай сенбессің. Дегенмен Ольга екеуміздің де кеуіліміз басылып, үйге қарай аяндап үнсіз келе жаттық. Әркім өз ойымен. Біз Сталин проспектісімен Ташкент көшесіне жетіп, батысқа бұрыла бергеніміз сол еді, алдымыздан Серғазы Күшіков шыға келді. Ашық ақ көңіл Серғазы түнеріңкі. Басында құндыз бөрік, оң жақ көзіне қарай бастыра киіпті. Жеңіл қоңыр пальтосы тізесінен төмен түсіп тұр. Анау жерден сөйлей келетін Секең бұл жолы үнсіз. Мен тоқтап амандаспақ едім, ол басын изеп өте шықты. Мен таңданып қалдым.

— Ағайдың амандаспағаны несі? — деп сұрады Ольга. Мен оған жауап беріп үлгіргенше, көше ортасымен гүрілдеп өткен жүк машинасы бізді жанағанда желкемізден Серғазының:

— Кешке сағат тоғызға біздің үйге кел, келінсіз, өзің ғана,— деп жанымнан өте шықты. Ол қатты жүріп, адымдап озып ілгері кетті. Енді біршамадан кейін бізге қарсы келе жатты:

— Біз басқа үйге көшкенбіз, Фурманов көшесі, 19,— деді де тоқтамаған бойы жөнеле берді. Серғазының бұрын-соңды мұндай мінезін байқаған емес едік. Ольга да, мен де айран-асырмыз. Артымызға бұрылып қарасақ, Серғазы Ташкент көшесін бойлап Қызылскер көшесіне барып қалыпты.

Ташкент көшесі тізеден лай, батпақ. Онымен мойыны сорайған түйелі, адуынды қос ат жеккен, митыңдаған есекті, біріне-бірі сүйене, асықпай жылжыған өгізді арба, салт атты, есекті, өгізді адамдар, жеңіл, жүк машиналары бәрі жүреді. Түйе бақырып, жол сұраған машиналар өкіріп ың-жың, гүріл, тарсыл. Өгізін сабаймын деп қорқытқан арбақештің ұзын шыбыртқысының шарт-шарт еткен дыбысы, «әтшулеген» түйешінің айқайы. Көше күзге қарайғы құмырсқа илеуінің ізбініндей. Осы кездегі көзқараспен алсаң жол үсті тәртіпсіздікке толы дер едің, бірақ ұрсысқан, боқтасқан, біріне бірі дауыс көтерген ешкім көрінбейді, танымаса да біріне бірі сәлемдеседі, тұрып жөн сұрасады, сұраса кетіп, білісіп, таба нандарын бөліп жеседі, одан басқасы өзінде де жоқ, барына (риза болысады, ақыры әрқайсысы жөніне кетіседі. Төтеннен келген біреу:

— Ей, нандарыңнан әкелсеңдерші бері,— дейді. Оған да бір сындырып береді. «Көрген астан бермеген көргенсіздің баласы» болғысы келмейді. «Өй, сен кімім едің? деп сұрамайды. Анау да нанды кімнен жедім демейді, бағана саған беріп керегінде аламын деп қойғандай. Бәрі де өле жегенше, бөле жегенді ұнатады. Мына бір нан жесіскендер менің көңілімді бір көтеріп тастады, тұғылда жатқан бұлттай басып алған ойды әб-сәтте ыдыратып жіберді. Өзіне бесенеден белгілі, қағырлап, қазаны төңкеріліп қалғанша берген қолын жұмбайтын қазақтың етене ақпейілдігін қаланың қайнаған ортасында да көрген Ольга да бір сәт көңілі көтерілгендей еді. Нақ осы жерде тағы бір қызық жайдың куәсі болдық.

Біз үйімізге жақындап қалғанбыз. Көше қозғалысқа лық толы, біреу шығысқа, біреу батысқа тартып барады. Жаяулар да көп. Балалар қалашығы алдында өскен аспанмен таласқан зәулім теректердің түбінде ұйғыр әйелдері, қыздары үлкен-үлкен керсен көтеріп тұрады. Оның сыртын жылылап, қалың орап, бір бүйіріне ұстап алады. Оның іші толған манти болады. Көктемнің лайсаң, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілген, кішінің ұлымасы, үлкеннің сұламасы болатын, жылдай ұзақ күнінде ауыз жылытуға әркім-ақ бейіл. Осында тоқтаған көлік иелері манти сатып алып кәрілері қауғандап, балаңқылары томпаңдап түрегелген күйі жеп жүр. Біз бұларға жақындап қалғанда тас жолдан жалғыз түйе жеккен арбалы осылай бұрылып тоқтады. Көшені

жаңғыртып, бақырып келе жатқан жөңше жаны тынғандай жағы да тына қалды. Арба үстінде бір темір кеспек бар, шамасы, жермай тартатын болса керек-ті. Басында түрмелі көнелеу қара бұйра бөрік, үстінде қабулы қара шапан, сырмалы сымы бар, аяғында сырып, басын былғарымен қаптап, ұлтанмен ұлтарған киіз етігі бар жасы он алты-он жетілер шамасындағы жас жігіт манти сатып тұрған ұйғыр әйеліне жақындады.

— Екеуін берші, мантиңның,— деді ол екі қасының арасын осмамен біріктіріп боянған, төрткөзденіп тұрған ұйғыр әйелге. Әйел керсеннің қақпағын ашып жіберіп, буы бұрқыраған мантиның екеуін алып берді. Бала жігіт екі мантины екі қарпып жоқ қылып, арбасына беттеді.

— Ей, қазақ, пұлын бергін ! — деді ұйғыр әйел ышқынып біреу буындырғандай.

— Қандай пұл? — дейді жігіт.

— Екі мантиның пұлын төле! — деп жігіт тұра қашатындай әйел оның жеңінен ұстап алды.

— Өй, менің ақшам жоқ,— деді жігіт,— сұқ саусақтай екі мантиға да ақша сұрай ма, ей! — Біз түсіне кеттік. Баяғыда Алматыға алғаш келгенде Серғазының әйелі көршісінен шайға қататын сүтті сатып әкелгенде, біз, Ұлтарак екеуміз де қатты таңырқап, жағамызды ұстаған болатынбыз.

— Шамасы,— деді Ольга,— бұл бала қала көрмеген ғой. Тамақты сатып береді деген оның ұғымында жоқ қой.— Ольга қолына қапшығын алып оның ақшасын төлемек болды. Ұйғыр әйел ойбайлап, Ташкент көшесін басына көтерді.

— Оңбаған сүмелек, қазақ. Тегін жегісі келеді, мантины. Тапқан екенсің алдайтын кісіні:

— Алдағаның не? — дейді жас жігіт. — Екі манти әкеңнің құны ма еді, сонша.— Екі мантиның ақшасын төлемек болған Ольгаға ұйғыр әйел, тіпті қарар емес. Ол анау қашып кететіндей түпетектеп ұстап тастай қатты.

— Жіберіңіз баланы,— деді Ольга,— ақшасын мен төлеймін.

— Токтай тұрыңыз, жеңгей,— деді шатаққа төтелеп кіріскен, отызға таяп қалған жаңа ғана келген, жұптап екі құла жеккен арбакеш еңгезердей жігіт.— Мен қазір оның бар мантисын сатып аламын, ол арзымайтын ақшаны төлей саламын.

Ей, тараншы, бақырма, мынау мантиң қаншау? Оның ақшасын мен төлеймін. Керсеніңді мына менің арбама қой.— Екі жағынан екі адам «мен төлеймін» «мен төлеймін» деп тұрған соң, ұйғыр әйел жас жігіттің етегін сенімсіздеу жіберді. Жігіт қабыл-малы шапанының әйелдің жұла тартқанынан салбыраған етегін түзетіп, жіңішке қайыс белдігін қайта буынды. Ыржиып күлді.

Жегенім саусақтай екі манти, ұялмай ақша сұрайды, ал менің ақшам жоқ еді, қарным ашып кеткен соң бұрылып едім,— дейді жігіт

таңырқап. Екі құла жеккен, еңгезердей жігіт жас жігітке қарап күліп қойды. Мұрнын тыжырып жақамаған пішінмен әйелге бұрылды.

— Қаншау мантиң?

— Елу қалған шығар,— деді ұйғыр әйел, мантины арба үстіндегі жаюлы газетке салып жатып. Қырық бес екен, анау сараң жеген екеуімен қырық жеті.

— Жоқ, сараң ол емес, сен. Екі мантиға өле жаздадың ғой,— деді ол, ұйғырша сараң деген сөздің «жынды» екенін білмей, қалтасынан отыз сомдық қызыл қағаз суырып беріп. Ұйғыр әйел жалма-жан аузы жыбырлап елу тиыннан тұратын мантисының бағасын есептеп:

— Мә, алты сум елік тиының,— деді. Ол ақшаны күпісінің сыртқы қалтасына сұға салды.

Ей, бала, кел бері мына мантины жейміз, деді де, жеңгей,— деп Ольгаға бұрыла беріп орыс әйелді көріп аңырып қалды. Шамасы жаңағы ақша төлейін деп жатқан әйел қазақша сөйлеп еді ғой десе керек. Бірақ киімі сол ғой. Жасанды ұлпаннан тігілген сары қоңыр пальтосы, сондай дөңгелек бөрік бар. Бірақ жаңа сөйлеген қазақ әйел сияқты еді. Жігіт сәл аңырып қалды. Нақ осы жерде Ольганың бұрын өзі екі жылдан бері білмеген бір өнерін байқадым. Ол үй ішінде күйбегідеп, әйелдің бітпейтін шаруасын жасап жүргенде үнемі қыңқылдап ән салып жүретін. Оны мен радиодан, мектептен естігендері деп мән бермейтінмін. Одырая таңырқап қарап тұрған жігітке Ольга:

— Орыс қой деп тұрсыз-ау ойыңызда, Қазақтың бірі жатыр қойнымызда. Орыс дағы сізге бір жеңге болады, Жеңге сыйлау жөні бар мойныңызда,— деп өлеңдетіп-ақ жібергені. Жігіт таңырқағанын қоя салып:

— Жеңешетай, кешіре гөр, тіліңнен айналайын,— деп Ольгаға оң қолын ұсына берді. Келіңіз манти алыңыз.— Мен енді Ольга «рақмет» айтып, мантиға ұмсынбас па екен деп қысылып тұр едім. Жоқ, Ольга мантиның бірін алып маған берді де, екіншісін өзі алып дәм татты. Жас жігіт таңырқап ол да мантиға қол салды. Жас арбакештің сөзімен айтқанда «сұқ саусақтай» мантины біреуін бір-ақ асап, түпкі бүйенге жөнелтіп, екі жігіт әп-сәтте сап қылды. Қолдарын екеуі арба үстіндегі қапқа сүртіп болғанда еңсегей жігіт күпісінің қалтасындағы жаңағы ұйғыр саудагер қайтарған алты сомды алып жас жігітке берді де

— Мә, бұдан кейін қалаға ақшасыз келме! деді. Жас жігіт қоштасып түйесін бақыртып бұрып жатып.

— Қайдан білейін, біз тамақты сатып бермеуші едік,— деді де, қош айтысып арбасын жолға салды. Күпілі жігіт жас жігіттің ізіне ұзақ қарап тұрып:

— Қаланы қазақ ауылындай көрген ғой, дастарқанға отыра қалатын, деп күлді де, әлде бірдеме ойына түскендей қабағы шытылып кетті. Көрдің бе, інім, мынау атын білмейтін қайбана қазаққа ақша берді,

ол нағыз қазақ ақшаны алып қалтасына салды, рақмет деген жоқ. Қос құланы жұптап жеккен күпілі ол «рақметті» жоқтамады да. Міне, нағыз қазақтар осындай болу керек. Бері шыға беріп Ольга

— Міне, осы қайырымдылық басқа бір халықтың қолынан келеді деп айтыңызшы, Әбеке!? Осындай пейіліне берекесі сай ел осы кең далада ғана болады, ал дүниеде өздерін ұлы халықтың деп санайтын ешбір елдің адамы жомарттық, жанпоздық істей алмайды. Бұл пейіл, салқамдыққа жаныңды берсең де аз,— деді де, көзіне келген жасын іркіп жіберіп қайта сөйлеп кетті.— Бұл, Әбеке, менің сөзім емес, бұл менің әкемнің сөзі, ол маған қазақты жек көру мүмкін емес деген еді Сондықтан да мен сыңар құлақты қазақты таңдаған болатынмын Ал ол болса, Жібек пен Баянды тек қазақтарынан іздеп, көзін тұнжыр қара көзге, қолаң қара шашқа ғана сүзіп жүрді. Сөйтіп бір ығылым уақытты бекер өткізіп алды. Енді, міне, балаларының шешесіне бір жалайтын сарысу тауып бере алмай жүр. Ольга ірікпесіз, риясыз күлді. Мен тіпті екі жыл қойнымда жатқан әйелімді өзім танымай қалдым...

Сағат кешкі сегіз жарымда Ташкент көшесімен аяндап Серғазының үйіне келе жатырмын. Күн батып, ымырт жабылып қалған. Күн кешке қарай шытынып, жер қақпақтанды. Күндізгі бусанған көшенің суы тартылып, жылғаланған қарқын су беті қаймыжықтанып жатты. Күнге бетін берген түйетайлы жерлер күндізгі батпақтанған келеботадан суып, қатып шоқалаққа айналды. Мен Фурманов көшесіне жетіп, тауға қарай беттей бергенім сол еді, бір ғасырлық құшақ жетпес еменнің тасасынан шыға келген біреу қара жамшыны басыма жаба салды. Өзі де жамшының астында. Қатты шошып қалдым. «Қорықпа мен ғой, Серғазы, ойнап бара жатқан қыз бен жігіт екен десін» дейді.

— Мұныңыз не? — деймін мен даурығып.

— Дымыңды шығарма, заман осылай...— Екеуміз қара жамшы астында құшақтасқан, сағынысып көріскен іңкәр ғашық қыз бен жігіттей болып үйге кірдік. Марфуға да аңдып тұрса керек-ті есікті ашып, біз кірген соң тарс жапты да, шылдырлатып ілгекті салды. «Сәламатсыз ба?» деген менің амандығыма Марфуға аузы жыбырлап, сыбырлап қана жауап берді:

— Аман-есенсіз бе? Бала-шағаңыз аман ба?

— Шүкір,— дедім мен дауысымды көтермей, мыналардың ауанымен.

Серғазының тұрғаны Фурманов көшесінің батыс бойында, өңкей көп ағаш үйлердің бірі екен. Әуелі қораға кірдік те, одан айванға бұрылды. Шағын екі бөлменің іші бұрынғыдан гөрі жасаулы. Марфуға мені жылы қарсы алды. Ол бұл кездері бұрынғыдан гөрі шар тартып, шаулана бастаған. Бетінде екі жағында да тікесінен тік тартылған әжім иегіне жетіп тұр. Денесі толысып, жүрісі баяулағандай. Өзгермегені қарақаттай көзі ғана. Қасын әдеттегідей керіп қойған. Сырлы аяқтың сыры кеткенмен сыны кетпеген. Дене пішімі, бернесі бұрынғыша

жадыраңқы. Бұрынғысынша Серғазының асты-үстіне түсіп, қас-қабағын қалт жібермейді. Інім, «бедеу қатын бойын сылайды» дегенді естіген боларсың. Қашанда бала тумаған әйелдер жәдігөйлеу келеді. Оларға күйеулері айранша ұйиды, ал әйелдер қатықша жұғады. Бедеудің пейілі тар, беті әжімсіз. Етекпен тартқан бала жоқ, ертеден кешке дейін ойлайтыны қайткенде үйде алданышы жоқ еркекке жағыну, жарамсақтану, қылығымен ұнау. Қыз туарсың, қылығын тумассың десең, сол қылықтың бәрі осы тар құрсағы кеңімеген, сүйегі жарылмаған баладан ада әйелдерде болады. Бірақ ол туа біткен, жастан қалыптасқан табиғи тебіздік емес, қолдан жасалған, жүре пайда болған, жәдігөй, мүдәйі-аярлықтан туған тебір қылық. Ондай «бір көрме, бір көрмеге сыр берме» деген жасанды жұмсақтықтан Марфуға да құр алақан емес-ті.

— Жоғары шығыңыз! — деді ол сызылған болып. Мен екі бөлмелі үйдің түпкісіне етіп, ортада тұрған стол айналасындағы бес-алты отырғыштың біріне жайғастым. Үйдегі үлкен жалғыз терезе шымқап тасталыныпты. Терезеге ұсталған шілтерлі перденің бір жағынан қара мәліскейден үлкен шымылдық тартып тастапты. Сырттағы адам іште отырған адам түгіл шам жарығын көруі де екі талай. Шай әзір екен. Мен отыра бере-ақ дастарқан жайылып, екі иінінен демін алып сары самауыр да столдың үстінен орын алды. Столдың бір жағына келіп отырған мені Серғазы тұрғызып төрге отырғызды. Өзі столдың бір жағына маған жақындау отырды. Шай үстінде бүгінгі қала өмірі, жеңіл-желпі ағайын-туған әңгімесі ғана айтылды. Шайдан кейін Марфуға ауызғы бөлмеге шығып кетті де, жоқ болды. Серғазы жақындап маған тақала отырды.

— Жағдай қиындады,— деді ол сыбырлай сөйлеп.— Москвада бірнеше адам қамалды. Халықтың жауы дейді. Осы пәле бізде де бас-талды-ау деймін, Абақ.— Серғазы үндемей қабағын шытып, түнеріп кетті. Қой көздері қабықтанып, қыртыс-қыртыс тері көз алдына жиналды. Енді байқадым. Серғазы әжептәуір егде тартып қалыпты. Екі самайындағы шаштары қырауланғанын да енді ғана байқадым. Майда, жұқалау қоңырқай шашы да сиреп қалғандай. Мен Серғазыға сен деп сөйлеп көрмеген адамым. Оны қай жағынан да аға тұтатынмын. Партияға өтуге ол маған кепілдеме берген, көп революциялық жұмысты Ұлтрақ екеуміз осы Секеннің нұсқауымен атқардық. Тек жасы емес, осы от шайнап, мұз бүріккен жастық шақтың біразына ол менімен ортақ та, басшы да еді. Сондықтан да ағаның қиналысы тегін емес екенін жаныммен ұқтым.

— Неге сонша қамықтыңыз? — деймін мен.

— Саяси ауанның сүтіні шырғалаң тартып барады. Жақында Серікқалиды көріп едім «Секе, бұл дүние не болып кетер екен» деді де, жанымнан өте шықты. Онысы сөйлескенін білдірмеу еді.

— Сәке-ау, бізге не істейді, сонда? Өміріміздің бәрі Совет өкіметі деп өтіп келе жатқан жоқ па?

— Солайы солай ғой. Бірақ революцияға, Совет өкіметіне бізден әлдеқайда көп еңбек сіңірген, тіпті Совет өкіметін орнатқан адамдарға құман туып отырған жоқ па?!

— Мен сөзіңізге сенбеймін, Секе!

— Ой, байқұс бала,— деді ол, мені аяғандағысы.— Рысқұловқа, Сейфуллинге, Құлымбетовқа, олардың большевиктігіне құман туып жатса, сонда дүниенің не болғаны деп ойлайсың?

— Құлымбетовтың алаш әскерінің полкін басқарғаны, қане. Оны Киселев айтпап па еді.

— Киселев қайдан біледі оны. Ол Қазақстанға кейін келді ғой.

— Жоқ, сіз Алматы обкомының секретары Киселевті айтып отырсыз ғой. Ол емес. Кәдімгі Ырғыз, Торғайда Совет өкіметін орнатысатын қазақстандық Иван Федорович Киселев. Анау жылы Советтердің съезіне делегат ұсынғанда айтып еді ғой. Не деп еді? Ия, он тоғызыншы жылы Шалқар төңірегінде қызылдар ақтармен кездесіп, кескілескен соғыс болды. Бізге ақтармен қосылып алаштың атты әскерлері шабуыл жасады. Сонда кеш батып, қас қарайып кеткенде қолға түскендердің ішінде осы Ұзақбай Құлымбетов сияқты полк командирі бар сияқты еді. Осы Құлымбетов сияқты-ақ еді,— деген болатын. Сонда Құлымбетов орнынан тұрып:

— Ия, рас. Сол мен едім. Ол кезде апалаң-топалаң, біліміміз төмен, кімнің жолы қандай екенін білмейтін кезіміз еді. Содан кейін-ақ мен Совет өкіметі жағына шыққанмын, Коммунистік партияға мүше болдым. Бұл жолдан одан кейін ауытқыған емеспін — деді.

— Ол Киселевтің кім еді, қазір қайда еді? — деп сұрады Серғазы.

— Иван Федорович Киселев белгілі большевик, Жангелдин отрядінде болған. Қазір баспасөз жөніндегі басқарманың бастығы еді ғой,— дедім мен.

Киселевті мен жақсы білетін едім. Жиырма жетінші жылы Қызылордада оны маған Ораз Жандосов таныстырған-ды. Сонда ол екеуміз бір күн әңгімелескен біз. Киселев ырғыздық большевик Баймен Алмановпен шығарда жаны басқа дос еді. Өте сауатты, жаны таза Баймен кейінгі кезде, қазіргі Қазақ педагогикалық институты ол кезде университет болып тұрғанда, Санжар Асфендияровтан кейін ректор болған. Киселев Баймен туралы айта келіп, «ол ақтардан он сегізінші жылы қашып жүргенде Ырғызда Алмановты Құлымбетовтың руласы Тел Жаманмұрынов ұстап алып, аяқ-қолын байлап, түйеге теріс қаратып мінгізіп, ауыл ауылды қыдыртып «большевик мынау» деп көрсеткен, ал ол кезде Құлымбетов бізге қарсы соғыста болатын» деген еді. Мен оны тыңдағамын да қойғанмын. Дегенмен, кім біледі, не деп болмайды...

— Е, Құлымбетов өзі оны дұрыс айтыпты ғой, ол кезде білместіктен шатаскандар көп болды. Халық Комиссарлар Советінің төрағасы

болатын Нығымет Нұрмақов та он жетінші-он сегізінші жылдары алаш жағында болған ғой. Кейін Совет өкіметін орнату, нығайту ісінде көп еңбек сіңірді.

Дегенмен өз тұрғымды Серғазыға бермедім. Шынымен-ақ олардың бір пәлесі бар шығар деп отырдым.

— Ал онда айта ғой, Сейфуллин ше? Оның несі бар еді?

— «Үш жүз» партиясының тізімінде болмап па еді

— Оның идеясы большевиктерге жақын еді ғой.

— Жоқ, олар эсерлердің жолын ұстаған.

— Ал Рысқұлов ше?

— Кім біледі,— деп күмілжідім мен,— он алтыншы жылғы Меркедегі көтеріліске араласқанында бірдемесі...

— Несі, несі? Бірдемесі? Несі? — Серғазы дозданып, долданып, менің жанымға түрегеліп жетіп келді. Қой көзі шатынап, екі қасының арасы қосылып, шып-шып тер шығып кетті. Үстімде төніп тұр. Мен отырмын. Есіктен ауызғы үйден Марфуға қарады.

— Жап, есікті,— деп зекіді Серғазы Марфуғаға. Сонан соң орнына отырды. Біреудің басынан тырнақтай тыртық көрсе таз екен дейтін сорлы қазақ. Өстіп бірінің бірің бірдемеңді қоқсытып шығарып жүрмесен оңамысың! Ал айтшы, онда осы құман Ораз Жандосовқа келтірілсе ше?

Мен орнымнан атып тұрдым. Денем дірілдеп, бар бойымды ашу быуып, долырқау кезегі маған келді. Түтеп кеттім:

— Қойыңыз Секе! Жандосовты атаманыз!

— Ә, солай ма!? Ал маған кінәң бар ма? — Ол ызалана күлді.

— Сіз туралы сөз жоқ қой.

— Қайдан білесің оны? Айтқандай,— деді Серғазы сабасына түсіп,— Киселев демекші, бұрнағы күні Киселевті қамады.

— Қай Киселевті?

— Алматы обкомының секретары.

— Ойбай-ау, Мирзоян отыр емес пе? Ол сонымен бірге келмеп пе еді!

— Оны Мирзояннан кім сұрап жатыр,— деді Серғазы. Мен таңданып, ренжіп қалдым. «Ал маған кінәң бар ма?» дейді Серғазы. Алматыда Совет өкіметі орнамай тұрғанда, партияға жасырын ұйымда кірген адам. Өмірінің бәрін Совет өкіметі жолында өткізіп келеді. Ал сонда бұл кісі маған не айтпақ? Сонда бұған да, тіпті Жандосовқа да қауіп төніп тұрғаны ма? Япыр-ай, сонда бұл не болғаны? Әлде мен білмейтін бұлардың да бірдемесі... Қой, қой, Абақ, шатаспа, неге қара ниеттеніп кеттің! Егер Серғазы мен Оразға сенбесең кімге сенерсің?! Өзіңді партияға осылар жетектеп, байсаңды тікрейтіп тұрып өткізбек пе еді. Әлде сен осы екеуінен де қызыл ма едің? Сонда осы екеуінен мен тазамын дегеніңе кім сенеді? Тіпті Жандосовтың атына бір кішкентай, зәредей көлеңке түсіретін сөз айтып көрші, жетісу-лықтар сені не істер

екен, бөтен ауылға барған бұралқы иттей таласын. Тек бір ауыз. Сонда Жандосовтың кім екенін көресің.— Шұнактікі рас. Осындай бір қолайсыз жайды өзім көзіммен көргенім де бар еді.

Қырықтөртінші жылы Алматы облысының осы Жамбыл ауданы мал шаруашылығынан Қызыл ту алды. Соған Алатау үстінде Құлансазда үлкен, асарты жиын болды. Алатау үстін қақ жарып өтетін сайрақтың шығыс жақтан барып Қарақыстақ өзеніне түсе қалған жерін Қарақия дейді. Сол жерге өзен бойына жағалата ол кездегі жиырма сегіз колхоз, екі совхоздан отыз бес үй тігілді. Қарақияға сауын биелерді де айдап келіп, құлындарды тулатып желіге байлап тастады. Атшабыс, көкпар, сайыс Қарақия үстіндегі Құлансазда болды. Соғыс кезі ер азаматтың бәрі майданда. Сондықтан малшылар да, оны басқаратын ферма менгерушілері де көбіне кәудіреген шалдар, майданнан жараланып не көзден, не қолдан, не аяқтан айырылып, майып болып, зағип болып келгендер еді. «Қарасу» колхозы қой фермасының менгерушісі Нүсіп деген қып-қызыл нарттай шал көрші тігілген Таран атындағы колхоздың үйінде қымыз ішіп отырған. Нақ осы бір сәтте үйлерді аралап көріп жүрген аудан басшылары жағалап осында келіп қалып еді. Аупарткомның насихат бөліміндегі хатшысы Нартбаев кіріп төр алдына отырды. Өзі де сиректеу, жұқалап алдыратын шашы тықырайған шекесін жасыра алмай тұрады. Шамасы мінезі шарт па шұрт, шадырлау, тіктеу адам шығарсың деп ойлайтынмын мен. Ол отырып, бір кесе қымыз ішкен соң:

— Осы ауыл бұрыннан Таран колхозы аталатын ба еді? — деп сұрады. Шамасы сырттан келген жігіт болса керекті.

— Жоқ, отыз жетінші жылдан бері осылай аталады,— деді орынсыз сөйлей бермейтін ферма менгерушісі Ырысалды Молдабаев.

— Одан бұрын қалай еді? — деп сұрады Нартбаев.

— Бұрын Жандосов атындағы колхоз болатын.

— Жандосов — деп мұрнын тыржитты Нартбаев.— Халық жауы Жандосов? Е, солай де!

— Ей, мұрныңды неге тыржитасың? Сен өзің халықтың жауы? Жандосовтан садаға кеткір, мұрнын тыржитады ғой,— деп Нүсіп шал өзі де қып-қызыл адам, одан сайын шикандай болып, көтеріліп кетті. Аупартком секретары өз өресінде бола алмады. Ол да дозданып, шалмен байланыса кетті:

— Мына шалды қара! Халық жауын мақтайды. Оңбаған!

— Кім оңбаған! Оңбаған мына сен. Қазір осы айтқаныңды мына елге білдірейінші, сені жабағы жүндей түтіп жіберсін.

— Сен неге халық жауын мақтайсың? — деді сипап қоя салудың орнына аупартком секретары. Шал енді жирен сақалы тұштаңдап тіпті ашуланып алды. «Қойыңыз, Нүсеке, қойыңыз!» — деп оң қолы жаралы Ырысалды ара түсіп, қартты тыныштандырмақ болып, сол қолымен арқасынан қақты. Нүсіп ашуланып:

— Сен Жандосовты жамандайтын кімсің? Ал мені Жандосовты мақтады деп соттата бер. Қорықтым мен сенің сотыннан. Менің Жандосовтан жаным ардақты дейсің бе?! Соттасын мені! Сен Жандосов түгіл оның басқан ізінен садаға кет! — Үй иесі Ырысалды Молдабаев абыржып қалды. Шал тым көтеріліп кетті Есік алдында қалған ауатком председателінің орынбасары Нұрлан Бейсембаев кіріп, Нартбаевты зорлағандай жетектеп шығып кетті. Кейін Нүсіп шалды мемлекет қауіпсіздігі министрлігінің аудан-дық бөлімінің бастығы Шалаев көпке дейін шақырып тыныштық бермей жүрді... Шал қамалған жоқ. Өйткені Нартбаев сөзіне ешкім куәлік бермеді...

— Сен шырағым, ұзақ ойға кетіп қалдың ғой,— деді Шұнақ маған.

— Бір жай есіме түсіп кетіп,— деп міңгірледім мен. Бір жақсы жері ол «не ой?» демеді.

— Сонымен,— деді Шұнақ,— арам ойымнан тыйыла қалдым. Мен осы екі кісіні де білемін, олар жау болса, мен кім болмақпын деп ойладым.

— Бүгін обкомға секретарь болып Жанайдар Садуақасов келді,— деді Серғазы.— Қанша отырарын...— Ол сөзінің аяғын жұтып қойды. Мен енді оны жақсы түсіндім. «Қанша отырарын кім білсін» демек. Мен оған да қосыла алмадым. Неге отырмасын деймін дағы іштей. Ал отыра алмағандарыңыз... тағы құманданамын, қалай-ақ бәріне бірдей жала жабыла бермек. Тіпті сенгім келмейді де, нанбаймын.

— Мен сені жақсы түсініп отырмын. Жазықсыз адамды қамайды дегенге менің де нанғым келмейді. Бірақ Москвадағы жағдайға қарап жүрегің бейтап болмай, қобалжымай тұра алмайды. Кеше Қазақстан әскери комиссары Желябинді тұтқын-дады. Партияға революцияның от жалынды жылдарында өтіп еді. Осыларды естігеннен бері ішкенім ірің,— деп Серғазы түнеріп, бір қауырт та, қалың да ойға шомып, жанында мен отырғанымды ұмытып кетті. Мен томсарып қалдым. Ол әлден уақытта басын жұлып алып, күлімсірей маған қарады.

— Мұнаймайық, Абақ. Артын байқайық. Тек шіркін, сонау қоңыр қырқа Ақадырды, Қарадырды, Қарадырды, Ащысу-Серектасты, Өтеген, Қазыбекті, сол кең даланы бір аралап келер ме едім, соның кең ауасын бір жұтып көкірегімді желге төсеп бір сағат тұрсам...

Серғазы сөзінің аяғын айтпады. Екі қарағы мөлтілдеп жаңа ғана жуып қойған жүзімдей тұнып қалды, қарап отырып терлеп, қалтасынан төрт бүктеулі беторамалын алып, жазып, жалғыз қабатымен бетін, көзін сүртті. Ол ішінен бар арманын шығарғандай «уһлеп» қатты күрсінді. Маған оның көкірегі қарс айырылғандай болды. Басы салбырап, төмен қарап кетті де, екі жауырыны бүкірейіп, екі иығы құнжиып, басына нәубет қазір-ақ түскендей, інге кірер күзендей бүгілді. Сонан соң екі алақанымен жүзін басып отырған күйі сөйледі.

— Ораз да, сен де маған қарағанда қай жағынан болсаңдар да армансыз сияқтысыңдар. Екеуіңнің артыңда да екі-үштен шикіөкпе қалып ба-

рады. Тірлік болса шикі өкпе піседі, жетіледі, дүниеге жалаңаш келіп, жалаңаш кететін мына мені айтсаңшы.— Жалаңашы несі деп мен түсіне алмадым, сөйтсем баласыздығын айтып отыр екен ғой. Серғазының мұндай күйрегенін, мұнайып, пұшайман болғанын көрмеген едім, тіпті жаңағыны айтты да, бауырын жаза алмай, соқыр ішек болған адамдай бүрісе түсті. Шамасы бұл тартқан күндігі бүгін ғана болмаса керек, үлкен қызмет иесі, бүкіл Жетісуға белгілі адам, талайға ақыл айтып, мажардан жұртқа тәкбір-кеңес беріп, нараду таптырған адам, енді өзіне біреуге тоқтам шығартып, тоқтау айтқызғысы келмеген, шенен күйініп, күстаналанып, күйе қапалықпен өткен екен. Нақ осындай бір шақта ақылды болудан арсы-күрсі, ұрма-берме адам болудың да артықтығы бар ма деп мажалдауға болар еді. Жігіттің басын пұшайман еткен оқтаудай түзу денелі, оймақ ауызды, қыр мұрын, қыпша белден дүрбелжін, балшып отырып бала тапқан әйел-ақ артық екен. О, шіркін бала! Даладан ренжш келсең сені күлдіретін бала, долзданып, долданып келсең ашуыңды тарқататын бала, шаршағаныңды білдірмей жаныңды отқа-суға салдыратын бала! Сол бала үшін, соның адам болуы үшін, әйтеуір артында қалуы үшін өмір сүресің. Бар қайғы-қаранды, жазылмас жараңды жоған бір қарап ұмытасың. Мен де ойланып қалдым. Мына Серғазының сөзі ойландырмай қоятын емес, ертең-бүрсі-гүні-ақ бізге біреу құрық салайын деп тұрғандай сөйлейді. Әркім өз өмірін өзі біледі. Сонда менен не табады? Иланбадым, Серғазы сөзіне иланбадым. Жанын салып Совет өкіметін орнаттықсан, сол жолда бар саналы өмірін сарп еткен адамға кім не істемек?.. — Ыпыр-ау, соншалықты сізге не болды. Тіпті тақалып тұрған ештеме жоқ қой,— дедім мен сөзге түспей.

Ойбұй, Абақ, бағанадан бері мен саған не айтыш отырмын Мен заң қызметкерімш ғой.

Ал! — деймш мен ол сөзге маңыз бермей.

Шырағым-ау...— деді де, Серғазы тыйылып қалды. Нақ осы сәтте есіктен Марфуға көрінді.

Тамақ әзір, деді ол қиылып. Біз тұрып қол жуып келгенде буы бұрқырап, туралған ет столда, дастарқанда дайын тұрды. Жаңағыдан кейін ет бата ма, мен де, Серғазы да «ет жедім» ырымын жасадық. Марфуға да «алсаңызшы, Абақ» дегеннен артыққа бара алмады. Қазіргі аужайды ол да сезетін болса керек-ті. Мен кетерде Серғазы есікке шығарып сала тұрып.

Екеуміз сонар кездескен адам емеспіз, жасымыздан жолдасып келеміз, шерік-шеру тартқан қолда да, сайраққа тартқан жолда да бірге болған жершіз көп. Малың кізшеген, жанын күйттеген біз емес, кезі келгенде партия жолынан аянып, бұра тартып көрмедік. Елімізді барла-тамыз-байытамыз деп қидасын кәріжілікті тарландай-ақ ілгері тарттық. Қаба елді қаптай, сыпыра тұтқындаса, косақ арасында кете береріміз хақ. Оның үстіне бір нұсқауды екеу ететш жаман әдетіміз де бар, Абақ.

Қош, әзірге аман тұр. Тәуекел, көппен көрген ұлы той дейміз дағы! — деп ол мені құшақтап тұрып көрісті. Ауыз үйдегі күнпрт ғана жарығы бар шамда оның екі шырағында мөлтілдеп жас тұрғанын байқа-дым. Шығып кеттім.

Көшеге түскеннен кейін ал ойла. Серғазы күдігіне әлі де беріскім келмейді. «Не істейді, бізге?» деп қоямын. Бар өміріміз партияның көз алдында өтіп келеді емес пе Бұлтарыс, қалтарысымыз болған емес. Совет өкіметі жолында басқаның оғының жарқасы дарымайтын қалаң, тобылғының берегіндей-ақ болдық. Баяжан-бастауды көл жасауға, аталаны сөл жасауға тырыстық. Тобыршықты әндігенді толтыра тартқан күніміз болған емес, бірақ түбінде тоямыз, молығымыз, байлыққа барлығымыз деп үміттенеміз. Рас, жылдан-жыл ортамыз толып, шөліміз көліп, азымыз молығып, мәзіміз шаттанып келеміз, мезеті болғанда ормандағы бұландай еркіндерміз, буымыз бұрқырап бұрқар тартармыз десіп келдік қой. Енді ұлпанының әдемілігіне ғана жазған қармалжық қара түлкідей қай інге кірерімізді білмей сасамыз ба? Мен Серғазы сөзін бойыма дарытқым келмеді. Ақылымды қанша шайнап, қанша қайзасам да Серғазы сөзі өкіліме түспеді.

Арада үш ай өткенде жауапты қызметкерлерді қамау жиілеп кетті. Түнеугі күні обкомға секретарь болып келген Жанайдар Садуақасов қамалды деген сөз қалаға дүңкілдеп естілді. Ешкім ешкіммен сөйлеспейтін, көшеде бірімен-бірі амандаспайтын күнге жетті. Бұрынғы шығарда жаны басқа айырылмас достар біріне бірі көзінің астымен қабаған итше қарасып өтеді-, қараса көзі шығатындай, сөйлесе тілі кесілетіндей. Біз де жазғы каникулды төрт қабырғаның арасында үйде өткіздік. Серғазының айтқаны келді. Оны қамапты.

Июнь айы орталанып, екінші жартысы басталып кеткен. Күн шыжып, ыси бастады. Мен «Социалистік Қазақстанды» қолыма ала беріп қатып қалдым. Бірінші бетте, тура газет фирмасының астында басы Рысқұлов қылып бес адамның суретін түлкі етіп салыпты да, «Қазақстан түлкі құйрықтары» деп тақырып беріпті. Енді қамсыз болмау керек екенін ұққандаймын. Бірақ... дей бергенімде көшеден Ольга кірді. Күнде қалып қураған шүберектей түсі қашып кетіпті.

— Жандосовты орнынан алып, қамапты,— деді Ольга. Жұрт оны көбіне Ораз деген атынан гөрі Жандосов деген фамилиясын көбірек атайтын.— Жандосовты,— деп қайталады Ольга.

Нені шатастырып тұрсың? дедім мен.

— Шатастырған емен, «қайран қарағым-ай!» деп бір шал жылап барады, халық үшін туған ерім-ай! — дегенін естідім.

Екінші бір қолында қамшысы бар шал: «кім?» — деп сұрап еді,— «Жандосовты қамады»,— деді алғашқы шал. Екінші шал: «Сонда кім қалады!» — деп толғамалы қамшысымен жерді салып-салып қалды,— деп Ольга состиып есік алдында тұрды. Енді «тәуекелден» басқа ештеме қалмады.

Түстен кейін жиналысқа барып кеш қайттым. Алматы обко-мына Жанайдар Садуақасовтан кейін келген Шақпақ Артықбаев та ұсталыпты. Революционер ақын Сәкен Сейфуллин де қамал-ғалы екі ай болыпты. Жапырлап түрмеге бәрі түсіп жатыр, қырқай зиялылар-интеллигенттер, қияпатты ығай мен сығайлар.

Не болып барады, бұл дүние?! Осыларды байлап үйге қалай келгенімді де білмей қалдым. Пәтеріміз мектеп жанында еді. Мектептің екі бөлмелі үйінде тұратынбыз. Үйде шам бар екен. Ольга әлі ұйықтамаған екен деп ойладымы. Албардың іші қап-қараңғы. Жапырағы әлі түсе қоймаған теректің бостаны сыбдырлап, түнгі желмен тербеліп тұр. Албарда біреулердің қараңдап жүр-генін сезіп қалдым. Жүрегім аттай тулап, қабынан шығып кете жаздап тарсылдап жүріп берді. Өзім де қауіпсіз емес едім. Сауатты, қызмет адамының бәрі-ақ, менің жағдайым да «қалай болар екен, аман-есен босанам ба, жоқ па» деген құрсақтанған, айы-күні жеткен әйелдің халінде еді. Жалма-жан тапаншамды қолыма алдым. Мектептің үлкен бес бөлмелі үйі албардың бір шетінде еді. Оның үш бөлмесінде екі көзі біріне-бірі атысқан, толық денелі, пішіні кескіңсіз, қара шұбар Базарбаев дейтін кісі тұратын. Біз некелескеннен кейін Ольга қалалық оқу бөліміне барып, қояр да қоймай жүріп біз тұратын екі бөлменің есігін екінші жағынан шығартып алған. Алдында тақтайдан шағын дәліз де жасатып еді. Ат айналмас дәлізді сырттан соққан аяз бірден үйге кірмесін деп істеттік. Ольга әлі ұйықтамаған, өйткені терезеге келіп-кетіп жүргенін қараңғыда сырттан көрдім. Есікке жақындағанымда қараңдап біреу алдыма шығып, жолымды кесті.

— Тұр, былай жолыннан, атам, әйтпесе! — дедім тапаншаны кезеніп.

— Қойыңыз, Үйсінбаев. Мен Сәрсеновпын, — дейді таныс дауыс.

— Сәрсенов болсаң нағып ұрыларша үй торып жүрсің?

— Сізді қашаннан күзетіп үйренген емес пе едің.

— Сәрсенов, қой артық сөзді, — деген гүжілдеген өктем дауыс желке жағымнан естілді. Орысша сөйледі. Тегін емес екенін ішім сезді.

— Кет жолымнан, үйге кірмей сөйлеспеймін. Жақындасандар атам. — Дауысым қатты шығып кетті білем, Базарбаевтың үйінің терезесі сарт етіп ашылып кетті, қараңғыда тыңдап қалған болса керек-ті. Мысықтың миауындай үн шығармады. Сәрсенов жолымнан тайқып кетті. Байқаймын гүжілдеген дауысты адам соның жанына барды. Маған бата алмады. Екеуі де шегіншектеп тұрды. Нақ осы бір қысылтаянда егер олар жармасар болса, жайратар едім, інім. Өйткені үйге кіріп, балашағаммен қоштасайын, «ең болмаса бір құшып сүйе алмадым-ау» деп арманда кетпейін дедім.

— Надо взять здесь, — деп гүжілдеді жаңағы жуан дауысты орысша лап.

— Он вооружен, — деді Сәрсенов. Оған болмай анау қайта жақындамақ болып бері бір-екі қадым салып еді, қатты кеттім:

— Атам, тоқта, енді бір аттасаң өлесің, үйге кірмей берілмеймін. Мен тапанша ұстаған қолымды соза түстім. Олар тосылып қалды. Есікте Ольга дайын тұр екен, тез ашты.

— Есікті ашық қалдыр, — дедім Ольгаға. Жаңағылар артымнан ере кірді. Үш адам екен. Бірі өзімнің қанды көйлек жолдасым Ырысбек, Кеген ауданында НКВД бөлімін басқарған Садықов деген өңкіген, дәу татар жігіті, тағы бір күжірейген орыс жігіті, шамасы бұл анау екеуіне бастық болуы керек. Оларға өктем сөйлейді.

— Маған жоламаңдар, бала-шағаммен қоштаспай беріспеймін, тыбыр етсеңдер біреуіміз өлеміз, — деп қайталап, тапаншаны оларға кезендім. Ол кезде төртеу болатынбыз... Ерлі-зайыпты екеуіміз, Марлен, оның кішкентай қарындасы Владилена. Екі бала түпкі шағын бөлмеде ұйықтайтын. Ауызғы бөлме кең еді, бір жағында бір жарым кісілік делінетін болысқей кереует бар да, ортада стол. Төрде түпкі үйге өтетін есік. Мен төргі бөлмеге өттім. Есікті ашық қалдырдым. Егер аналар төрге ұмтылса шынымен атпақпын. Жоқ, олар енді бері баспады. Марлен оянып кетті. Ұйықтап жатқан қызымның бетінен сүйдім. Марлен түрегелді. Оны құшақтап сүйіп, арқасынан бір-екі қақтым.

— Мен халық жауы емеспін, мен большевикпін, мен коммунистпін. Басқалардың айтқанына сенбе! — деп әдейі баламның құлағында қалсын деп айғайлап айттым. Марлен дір-дір еткен қалпымен кереует алдында қалтырып тұрды. Енді ауыз үйге шықтым. Ольга құп-қу, қан-сөл жоқ, әйтеуір кеудесінде жаны бар. Бірақ қорықса да ақылынан адаспапты. Адаспағаны сол емес пе, ортаға мен саятқа шыққанда киетін қалың былғарыдан тігілген, көнтіген әскери етікті, мақта салып сырыған сарғыштау сымымды, қабылмалы күпіні, қыстық құлақшынды әзірлеп қойыпты.

— Бол, тез, — деді гүжілдеген сары.

— Қозғалма, — дедім мен, — бұл менің үйім. Қозғалсаң... — Аяғымдағы ботинканы тастадым. Дайындалған киімді кие бастадым. Жуан сары енді осы болған шығар дегендей тікесінен тік тұрған күйі маған ордер ұсынды. Оны қолыма алмадым. Қолыма кісен салар деп қауіптендім. Ольга жылай алмады. Ернін қатты тістеп алыпты. Мен үнсізбін. Есіктегі үшеуіміз бақпай тұр. Қапсағай сары ордерді қайта ұсынды, алмадым. Қолыма тапаншаны ұстай отырып, Ольга шұлғауды ораған соң, сол қолыммен етіктің қонышын тартып кидім. Күпіні де, сымды да, құлақшынды да осындай жолмен үстіме ілдім. Бұл киініп болған соң қаша ма дегендей орыс жігіті есікке жақын орналасқан терезеге жақындады. Ондағысы есікте Сәрсенов пен Садықов тұр, терезе алды бос дегені. Ақымақ деп ойладымы. Қашатын кісі сыртта қараңғыда үшеуін үш басып салмай ма, сонан соң кейінгісін көрермін деп беті ауған жаққа кетпей ме. Мен тапаншаны кезенген бойы шалбарын іле салып, қалш-қалш етіп ауызғы бөлмеге шығып тік тұрған Марленге барып қайта бетінен сүйіп:

— Жағдай ауырлайды. Апаңа көмекші бол! — дедім. Марленнің көзінен жасы төгіліп кетті. Марлен студент қой, жағдайды жақсы түсініп тұр. Ләм-мим демеді. Шіркін, деп ойладым, Марленім де Владиленадай кішкентай болмаған екен, қарашы әкесінің төбесінен жай түскенімен ісі жоқ, каннен-қаперсіз ұйықтап жатыр. Баламның ештеме сезбей, білмей қалғанына не жетеді. Енді, міне, әке-шеше қайғысына ортақтасып, пұшаймандықты бірге тартып тұр. Соры ажырамаған сорлы балам! Бесіктен белі шықпай, шешесі Совет өкіметі жаулары қолынан мерт болып, жетім қалды. Мемлекет босағасында күн көрді. Ол шешесінен жетім қалғанда Совет өкіметінің жауларымен соғысып, жетімгеінің басынан сипай алмаған әкенің сиқы бүгін мынау. Сонда сорлы болған, мүскін баламның әкемен тұрған бар өмірі басмашылардан соғыстан қайтқаннан кейінгі үш жыл, соңғы екі жыл. Байқұс балама өмірі ата-ана қызығын көрмей, олардың аялы алақанын, ыстық ықыласын, кең құшағын көрмей өсуге жазған екен деп ішімнен қан жылап тұрдым. Ал анау әке мойнына түскен бұғалықтан, шеше мойнына оралған қайғының қара жыланынан бей-хабар жатқан бейкүнә, пәледен пәк балапан тағдыры не болмақ?! Тағы да құрсақты қалып бара жатқан Ольганың түрі мынау Жүлтісімен екі-ақ жыл отасты. О, дүние, неткен қатыгез, неткен қараң едің. Туғалы бір жақсылық көрмей өмірім осылай өтпек пе? Жетім қалдым, үстіме Жаубайдың, Даубайдың камшысы ойнады, өрім-өрім, жеті елдің жебіріндей, ердің қорындай, қоянның орындай қорқып күн кештім, ауызым жарып ас ішпедім десем өтірік болар, иығым жылтырап киім кимедім, оған бір құлақты беріп, құлағы кесік құл атанып құтылдым. Ұлтуғанға қосылып енді жетеміз бе дегенде көзін ашпаған мысықтың соқырындай екі бірдей жетімді арқалап, өлерінде жарымның аузына су тамыза алмай арманда қалдым. Артыма Совет өкіметінің жаулары түсті. Әлденеше рет өлтірмек болды. Талай жазым бола жаздап қатерден аман қалдым. Хабараның пышағы, шойқараның тамағыма салған уы, қойныма салған жыланы. Тіпті менде бір сілкінетіндей, басымды көтеріп, кеудемді керетін мұрша болды ма? Тек соңғы екі жылда енді адамша күн кешеміз бе деп жүргенде тұңғиық түбіндегі айдаһардың түпкі бүйеніне кеткелі тұрғаным мынау. Қу дүние, қалай ғана маған сонша қатігез, қайырымсыз келді, мен дегенде бұлаң еткізіп құйрығын сыртқа салып, қайқаң еткізіп қылышын қынабынан суырып алады да тұрады. Бұдан да қой соңында көрген қоңыр төбел өмір артық екен-ау, Алатау атырабының кәусардай жұпарын еркін жұтып жүре бермес пе едім, онда.

Інім, бүкіл өмірімді екі-үш секундтың ішінде шолып шықтым.

Совет өкіметіне істеген қылдай қиянатым жоқ екен. Қолымнан келгенше аянбай Совет өкіметінің отын жақтым, соның егізі екі болсын, шырағы сөнбесін дедім. Әрине, қызметте жүріп ұқсатып істей алмағаным бар шығар, бар хадарымша іс қылдым, жанымды Совет өкіметі жолынан аяп қалмадым. Осыларды ойлай келіп, апыр-ау Со-

вет өкіметін орнатуға белсене қатысқан Жандосовты да алды ғой, содан жаным ардақты ма? Ол алынғалы бері-ақ іштей қапаланып, қайғыланып жүр едім. Ольга байқұс «Жандосов сияқты адамды қателіктен алған болар, зобатар» деп үміттенуші еді. Ол үміт үзілді, зайғы кетті. Енді, міне, зобалаң менің басыма туып тұр. Тірі көрісеміз бе, жоқ, болған біткеніміз осы ма, тағдырдың маңдайыма не жазғанын кім біледі. Шіркін, Серғазы да көреген екен-ау, ол бар болмысымен большевик еді ғой. Мен шерменде соның сөзіне шұба келтірдім-ау, міне, енді қақпан өз аяғымды қауып, зәнжір өз қолыма түскенде ғана Серғазының сезімталдығын зорға аңғардым-ау. О, сорлы болған, Абақ. Ең болмаса сондай көкірегінің сәулесі мол адамдармен көбірек көрісіп, көбірек дастарқандас болу да қолыңнан келмеді-ау. Соры қайнаған сорлы! Күлікке мінер жалғыз күреңмін деп жүрдің-ау, байқұс. Ең болмаса соларға ұрты толатын ет жегізіп, аузы тұшитын бір шай бере алмадың-ау, сере қазы, семіз қой жегізбегенмен бір асым ет табатын едің ғой. Шіркін дүние, бөдененің құйрығындай шолтаң етіп өте шығарынды кім біліпті. Көрісе алармын ба енді ондай ел үшін еңіреген мінкен ерлермен?! Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған екі баланың, алғыншының күні қалай болар екен. Есіктегілерге тапаншамды кезенген күйі Ольгамен көрісіп қоштастым.

— Жаным, Абағым бұл өмірдегі бар тапқаным, асыл арманым, қош, бар тілегім сен боларсың, бар ғұмырым сен деп өтер! — Бұл жерде, інім, көз жас көл дария болды деу аз болар еді. Қоштасып болған соң, тапаншаны стол үстіне қойдым. Ольга да, мен де, Марлен де тікемізден тұрмыз.

— Еще по казахски прощается! — деді гүжілдек жуан сары, Ольганың қазақша қоштасқаны оған ұнамай кетті білем.

Екі-үш аттап үңірендеп Садықов жанымға келді. Тапаншаны алып жуан сарыға ұсынды. Қолыма зәнжір салар ма екен деп тұр едім, жоқ олай етпеді. Садықовты бұрыннан білетінмін. Ол Кеген ауданында НКВД-ның аудандық бөлімінің бастығы болып тұрғанда біреудің от басын ойрандап, партиядан шығып қала жаздап, ақырғы сөгіспен «шықпа жаным шықпа» деп зорға қалып еді. Енді осындай партия жолына қырын жүргендер қазір күш алып, қатепті қара нардай болып есептелепті. Бұрын Кегеннен Алматыға ауысқанда көкжантық қояндай шоқаландап қалып еді, енді көңілі қалас, көралын көк баспастай екпін-деп тұр, деміне нан пісетіндей.

Бұрын да садаптан маған қайырсыз адам көрінетін еді, енді тіпті жеқсұрындық танытты.

— Партиялық билетінді берші, маған,— деді ол, алақанын жайып. Мен тіл-аузын бұған адамдай міз бақпадым.

— Азамат Үйсінбаев, маған партиялық билетінді бер,— дейді ол қайталап, нығарлап.

— Мен сенен партиялық билет алғаным жоқ. Билетті берген орын алады.

— Бер деймін, Үйсінбаев,— деді күшке мініп. Менде үн жоқ. Ол жаныма келіп қойныма қолын тығып, қалтамдағы қағаздарым-ды алды. Партиялық билетті алып, арасын парақтап өтті. Қағаздарды Сәрсеновке ұсынды. Енді қағаздың бәрін Сәрсенов қарай бастады.

— Есікке барып тұр,— деді жуан гүжілдек сары Садықовқа бұйырып. Садықов есікке барып тікесінен тік қағып қалды. Жуан сары Сәрсенов екеуі үйдің ішін ақтарып, тінте бастады. Көрпелердің бәрін ортаға түсіріп, олардың тігіс-тігісің қолдарымен ұстап, болыскей керуетке үстін-үстін қайта лақтырып жатты. Төрт-бес жастықты да алып ұстап көріп, Марленнің басына жастайтын жастығын қалтасынан бәкі алып тіліп-тіліп жіберді. Үйдің ішіне құстың жүні қобырап ұшып, мамық ауада қалқып жүрді. Марлен үнемі түнде терлеп шығатын еді, сондықтан жастық ішіндегі мамық илектеніп қалған болса керек. Ол жуан сарының қолына қатты тиді білем, сонан соң мамықты илектеп, уыстап-уыстап көрді. Төрде жатқан сырмақтың бәрін қолымен сипап, умаждап ұстап шықты. Кітаптардың бәрін Сәрсенов парақтап, арасын қарады. Марленнің нағашы шешесі берген күміс құтыны ашты. Ішіндегі бармақтай бір кескен жұпарды алып қолына ұстап көріп, қайта салып, тығынын жапты. Орнына қойды. Үйдің ішін жұпардың қош иісі алып, тұрғандардың бәрінің мұрынын қытықтап өтті. Ыдыс-аяқ тұрған абажаны, киім тұрған абдыраны, кебежені қарады. Киімдердің қалталарының бәріне жуан сарының қолы бір-бір сүңгіп шықты. Мен орындықта отыр-дым. Ольга мен Марлен түрегеп тұрды. Екеуі де жуған шүберектей. Маған отырма демеді. Ольганың, менің, Марленнің қыстық пальтоларының бойын, өңірін, етегін тегіс көріп өтті. Абажа ішіндегі айырықша қатты суғарылып жасаған бастың қарақұсын ашып миын алатын қара пышақты жуан сары біраз айналдырды. Шамасы сол май-май пышақтан да бір саясат шығармақ болды. Бірақ сәл ойланып тұрып оны орнына қойды. Бұл үйде қарамаған ештеме қалмады.

Жуан сары Сәрсенов екеуі ат айланбас кішкентай бөлмеге өтті. Мен Ольгаға сен де бар деген белгі бердім. Ольга кірді.

Жуан сары Владилена жатқан жастықты жұлып алды. Бала шар ете түсті де, қайта ұйықтап кетті. Ольга сарамастар үйді әбден қарасын деп Владиленаны қолына алды.

Жуан сары Марленнің қағазын өзі қарауға кірісті. Ол кітаптарды жалғыз парақтап тұрып қарап, түптеуіне дейін зерттеді. Ол Марлен столында тұрған Советтің әскерден жіберген суретін қолына алып ұзақ қарады. Түпкі үйді де жаңағы жолмен тексеріп болып Советтің суретін ұстаған күйі ауызғы үйге шықты. Ол суретке тағы ұзақ үңілді.

— Мынау кім? — деп сұрады ол менен.

— Менің асырап алған ұлым. Революционер жолдасымның баласы.

— Аты кім еді, оның, жолдасыңның? — Сарының беті жылығандай.

— Ұлтарак!

— Ұлтарак? Он сегізінші жылы өліп еді?

— Ия, Талғардағы соғыста. Теркиннің сатқындығынан.

Жуан сары ойланып, тұрып қалды. Бұл неге бүйтті деген ой ол жерде маған келмеді. Басымен қайғы болып отырған адамның барлық ұсақ-түйекті есіне алуы мүмкін бе? Мен оған маңыз бермедім. Жуан сары да маған енді қарамады, басқа сыр білдірмеді.

Үйдің ішінің әптер-тәптері шығып, әлегі аспаннан келді. Шашылған қағаз, ұшып жүрген мамық. Көрпе-жастық шөмеле болып үйіліп қалды. Владиленаны орнына жатқызып, Ольга ауыз үйге шықты. Марлен қалш-қалш етеді, мұздаған адам сияқты.

— Садықов, азамат Үйсінбаевтың үстін тінт,— деді жуан сары. Есікте тұрған Садықов менің жаныма келді. Шалбарымның белдігін шығарып алып тастады. Түймелерінің бәрін ұстап көрді. Қалталарыма қол салып қарандаш ұстайтын екі басты бәкіні, Киров қол сағатын алып тастады. Жаңа ғана өздерінің көзінше киген етігімнің қонышын ұстап көрді. «Болды» дегендей жуан сарыға басын изеді.

— Азамат Үйсінбаев, жүріңіз! — деді жуан сары. Алдымда біреуі, артымда екеуі.— Қолыңызды артыңызға ұстаңыз, басыңызды көтермеңіз!

Айдың көшесі. Дала шырғтай қараңғы. Көзге түртсе көргісіз. Оның үстіне күн бұлттанып алыпты. Аспанда жұлдыз да көрінбейді. Албардың ішінде бұрыштарда тұрған екі-үш адамды байқадым. Алдымдағы Садықов, артымда жуан сары мен Сәрсенов. Аталарымыздың «жасауыл-мен жолдас болма» дегені осы екен-ау деп ойладым. Басқа, басқа, ал нақ осы Сәрсенов мені бақайшағымның арасына тұратын қапалағына дейін білетін еді-ау. Маған тап жауларының қалай қастандық жасағанын, тіпті одан құтқарушының бірі осы еді ғой. Енді, міне, сол өзі жаны қалмай қорғап жүрген Абақты алдына салып, өз қолымен түрмеге алып бара жатыр. О, астаң-кестең дүние десеңші Қақпа алдында «қара қарға» тұр. Міне, оған да жақындадық. Машинаға сүңгіп кеттім. Артымнан үшеуі кірді. Алып келіп жөнелді. Қайда апарар екен? Машинада ешкім үн шығармады.

Машинадан түсірді. Қарағайлы парктың алды екенін білдім. Комендатураға әкеліп кіргізді де, біздің жұмысымыз осымен бітті дегендей жаңағы үшеуі жоқ болды. Мөлііп мен отырмын. Жауапсыз, сөзсіз сол жерде тура төрт сағат отырдым. Тіпті мені бәрі ұмытып кеткендей.

Таңға жуықтағандай. Күздің сары таңы атып бола ма. Жылдай. Әсіресе қарекетсіз қарап отырған адамға уақыт қандай ұзақ. Бір мажалда әскери киім киген біреу келді. Қолында бос мойын ұстарасы бар.

— Ал бас киімді,— деді. Мен құлақшынды қолыма алдым. Ол отырған жерімде құрғақ шашымды тырылдатып ұстарамен қыра бас-

тады. Бастан билік кеткені осы-ау деп көзімнен жас шығып кетті. Ұстараның ауыртқаны бар, жанымның күйзелгені бар мені шын жылатты. Әлден уақытта басым тап-тақыр болып шыға берді. Сипап көріп едім, қылайған қылпық қалмағанға ұқсайды. «Бастан билік кетті-ау!» дейді ішімнен біреу тұрткілеп. «Басқа келген пәледен бастан құлақ садаға» деген, шаш кемтігі жетіледі, тірі адамның шашы түгіл өлген адамның шашы да біраз уақытқа дейін өседі, мұнайма! — дейді тағы бір ақылым. Сөйтіп отырғанда шаш алынып бітуі мұң екен, әскери киім киген екі жігіт жетіп келді де, мені қолтықтап ала жөнелді. Алдымен үйдің екінші қабатына шығарды. Одан кейін дәлізбен жүріп үшінші қабатқа шықтық. Қайта екінші қабатқа түстік. Одан қайта жүріп, сәлден соң үшінші қабатқа көтерілдік те, енді құлдилап төмен түстік. Бір үлкен құлыпты темір есікті ашып, итеріп жіберді де, шылдырлатып есікті жапты. Іші қап-қараңғы, көзге тұртсе көр-гісіз. Кіргізерде дәлізден түскен жарықта камерада ешкім жоқ екенін байқағанмын. Төрт қабырға да тас, еден де тас. Терезе орнында болар болмас сәуле түсетін бірдеме бар. Түнде оны байқау мүмкін емес. Отыра кеттім. Отыра кетпегенде маған мамық жастық, құс төсекті кім береді?

Ұйқы болмады. Астымнан тастың суығы өтіп барады. Өткенде не істемекпін. Қазақпын ғой, жүремнен отырдым. Қазақтар бұрын топ болғанда ертеден кешке дейін жүресінен отырған күйі тәкбір құратын. Сонда олардың екі тізесі, тобығы неткен мықты деп ойлайтын едім. Тіпті бұлтты, күзгі, көктемгі лайсаң, батпақты күндері төбе басында осылай отырып әңгіме соға беретін. Бірақ менің тізем оған шыдамады. Шай қайнаттым уақыттан кейін түрегеліп тұрдым. Сөйтіп көрер таңды көзіммен атырдым. Терезе деген жерімнен бозамық сәуле түсті. Терезенің сыртынан тақтай шегелеп тастаған екен. Енді дүмімді басып отырып, мызғып кетіппін, есік шылдырынан ояндым. Тағы кешегі сияқты әскери киімді екеу. Қарулы, қатулы. Жылы қабақ атымен жоқ.

— Шық бері! — дейді бірі. «Ыңыз» деп ызылмайды. Дәретке апарды. Қайтып әкеліп жаңағы камераға кіргізді де, бір сапты аяқ ыстық су, екі жүз граммдай ғой деп мажалдадым, нан әкеліп берді. Ішпедім де, жемедім де. Кімді тындырып аламын дегенімді қайдам, әйтеуір су мен нанға қол созбадым. Сәлден кейін шалт кимылды екеуі сапты аяқты, суды алып кетіп қалды. Түскі ас келгенше аядай камераның ішінде ары-бері жүрген болдым. Көлденең жүрсем екі адым, ұзынынан жүрсем төрт адым. Ша-масы індей қуыс болуы керек. Екі өкпемен бірдеме қысып бара жатқандай дем алысым жиілеп, тынысым тарылды. Түнде оны білмегендіктен кең дем алып отыра беріппін. Енді отырған жерім тым қысыңқы екен деген ойыма келгенде ауа жетпей талып барамын. Жоқ, өлмедім, құладым. Басымды көтеріп отырдым. Алдағы күнімнің не болатынын ойладым. Шелдей бастағанымды аңғардым. Қарным да ашқан сияқты. Ау, осы менің берген тамағын ішпегенім не? Онымен кімді мұқатпақпын, оған біреудің бірдемесі кете ме? «Алыстан

ш-абынған бураның күші кетеді» Маған тамақ ішпеген немді алған. Бұралып өзім аш қалдым. Әлі алдағы күніңнің не болатынын қайдан білдің, Абақ? Сорлы-ау тамақ таңдап отырсың ба? Мына бір құлағы жоқ шұнақ таңертеңп суды ішпей, нанды жемей қойды деп Ежовка баяндайды ғой дейсің бе? Шыны керек, інім, осы жерде де Сталинге ештеме жолатқым келмейді. Бірақ дегенмен ақылым кірейін деген сияқты. Қанша жақсы көргенмен бұрын қамалғандарға іштей күдіктене қарайтынмын. Ал Жандосов алынған соң ойланып қалып едім, енді өзімді тұтқындаған соң көзім ашылғандай. Е, дедім, халық жауының бәрі мен сияқты болса, онда олар «қауіпті-ақ» екен!? Жоға, таңертеңп суды ішпей қойғаның қай бектігің, Абақ? Саған бір тай сойып, қазы-қарта тартады ғой деп пе едің. Сорлы, шұнақ-ау, қашаннан-ақ құлағы кесік құл емес пе едің, ендеше алдыңа берген тамақты ішпеген неңді алған. Әлде сенің тамақ ішпегеніңнен НКВД қорқып, көтеріле қашады ғой дедің бе? Сорлы болғанда адам осылай істер болар. Әйтпесе қайткенде де күшті қашырмауды ойлауың керек еді ғой. Алдыңда не тұрғанына көзін жете ме, мүскінім-ау. Өттеген! Оның бекер-ақ болған. Сөйтіп бұл жағын шештім. Енді әкелген тамақты не де болса тастамай ішіп алуға бекіндім. Бірінші күні, інім, мен әлі бостандықтан, жарық дүниеден үміткер едім, сондықтан неге қамады, не істеуім керек, олар маған не кінә қояды дегенді ойламадым. Өйткені қамалғанымның өзін сіндіре алмай отырдым. Ойыма ештеме түспеді.

Арсыз тамақты ғана ойлап, сол келеленді шешіп тастадым.

Уақыт тұс болған шығар дегенімде есік шылдырлап ашылды. Ұзыны бір жарым метрдей отырғыш кіргізді. Сонан соң бір дүңгіршекпен тамақ әкелді. Таңертеңгідей наны бар. Дүңгіршекті қолыма алып, үре қасықпен тамақты араластырдым. Ішінде анда-санда бір қоюы бар ата-ла, берген нанымен қосып соғып алдым. Мен қайбір тамақ таңдайтын ішкені алдында, ішпегені артындағы ырысы ырғын үйде тәрбие көрген адам едім, Шұнаққа лайықты-сын берген дағы. Және берген тамағын қанағат қылуға бекіндім. Інім, адамда қанағат болу керек, егер бергенді місе тұтпасан, онда өңірендеп майлы қуырдақ берсе де тоймайсың. Бұл тамақ жағына келгенде де біздің халқымыз шыдамды, бергенді мүсе тұтып, оңазалық көрсетпейді. Неғұрлым адам оңаза болса, солғұрлым ол тойымсыз болады да, оның аяғы көнек ауруға ұшырайды. Ал көнек ауру тамақтан басқа ойлаған, күткені болмайды, тек ішсем, жесем деп тұрады. Бұл қырқарлық емес, інім, бұл мешкейлік те емес, бұл түйеде болатын құмыр ауруы сияқты науқас. Қазақ оны қойдың құйрығын шыжғырып, бір аяғын бір-ақ ішкізумен жазады. Қазақтардың айтуынша іште әлдеқандай шұбалаңқы құрт пайда болады да, сол тамаққа тойғызбайды-мыс, ішін жалап тұрады. Ал оның көкірігін майдан аздырмаса, көнек ауру қанша ішіп, қанша жеп отырып-ақ өледі. Міне, сондықтан да бар, алға келген тағамды қанағат тұтып үйрену керек. Мен де өзімді осыған баулыдым.

Кешке бір сапты аяқ қайнаған су, екі жүз грамм нан. Бұл берген тамағына шыдауға болады, одан өлмейтініме көзім жеткендей.

Екінші күні жан-жаққа құлақ тігіп, екі мезгіл кірген шыққанда көз салатын болдым. Маған мәлім болатыны тарпылдаған адам аяғының жүрісі естіледі де, ыңқылдаған, ыңыранған дауыстар шығады, қилы-қилы дыбыс білінеді. Әсіресе мұндай дыбыстар түннің бір шамасында көбейеді. Түнгі жауап-сұрақтан қайтқандар шығар деп шамалаймын. Күндіз бір кезек тыныштық орнағандай болады, әлдеқайда бір айқай шыққандай жаңғырығады. Үлкен қаланың у-шуы шығар деп қоя саламын. Мен осылай тура жиырма бір күн жаттым. Маған үш рет тамақ бергеннен басқа ешкім мазаламайды, тіпті мені ұмытып кеткендей.

Бір күні дәретке шығып бара жатқанда қарсы камерадан Сара Есованы көріп қалдым. Сараны сонау жиырмасыншы жылдан танитынымын. Ол кезде Сара — сауатты қазақ қызы Жетісуда шығатын «Тілші» газетінің редакторы еді. Ораз Жандосовпен жақсы жолдастар еді, үзеңгілес жүретін. Оның сол кездегі күйеуі Тайыров менің тәуір көретін жолдасым болатын. Мен Сараның отырғанына таңданып қалдым. Өйткені Халық Комиссарлар Советінің председателі Ораз Исаев оның қазіргі күйеуі, ол мен алынғанда үкіметтік құрып отырған. Сонда үкімет басшысы қойнындағы әйелін халық жауы етіп ұстатып жіберіп, өзі Қазақстанға әмірін жүргізіп жатқан болар ма. Әлде бәлкім Исаев пен

Есованың арасы мені мен Мақпыр сияқты бір пәлесі болған дағы. Ал енді түсініп көр мұны. Тілдесе алмайсың, ол да, мен де бірімізге біріміз бір-бір қараумен шектелдік. Екі көзі бұлаудай, домбығып кеткен. Маған көңіліме ме, қайдам, бет-жүзі көлкілдеп кеткендей көрінді. Бүйрегі ауырған кісідей оң жағына қисайыңқырап, камераға кіріп бара жатты. Үстінде жеңіл көк ала көйлек, аяғында туфли, шамасы жазғы киімімен кете берген ғой деп ойлады. Ол да, мен де екінші айналып қарауға шамамыз келмеді. Бұл қалай деп даққа қалдым. Ділімдегі күманымды айтар болсам, онда оны да Жандосовқа байланыстырды ма екен дер едім. Әлде Исаевты да тұтқындады ма екен. Егер дүние әділеттілікке сүтінделген десек, онда қазақ халқының тең жартысының қырылуына себеп болған Голощекинді, Исаевты, Құрамысовты, Голкодовты қамау керек еді ғой. Бірақ ашаршылық өткелі төрт жыл, ол қырғынға ешкім жауап берген жоқ, қаба қазақтың топалаң келген қойдай, әлде бықырт тигендей қырылуы жоқтаусыз кетті ғой.

Жиырма екі күн болғанда түнгі сағат он бір жарымда камераның темір есігінің құлпысы сылдырлады. Бойы бір жарым метр отырғышта шалқамнан жатқанмын. Бұл бұрынғы тас еденге қарағанда мамыққа жатқандай еді. Аяғым салбырап жерде қалғанмен арқамның таста болмағаны қой түнеткендей еді. Мезгілсіз ашылған есік жай болмайды. Басымды көтеріп алдым. Әскери киімді екеу тағы алып жөнелді. Күпімді қалдырып кеттім. Түймесінің бәрі қырқып алынған қалың сырт

жейде алқа-салқа. Бұтымдағы сырымалы шалбардан күз күні болса да пысынамадым. Ол қайта тас еден үстінде өзіме қамзау болды.

Жер астындағы бір кабинетке әкелді. Кабинетте үш адам. Столда Ырысбек Сәрсенов, оның жанына мінгесе әнеугі жуан сары. Бір шеттегі орындықта Садықов. Тергеуді Сәрсенов жүргізді. Ол туған жерімді, туған жылымды, қызмет орнымды, кімдермен қатысатынымды, соңғы жылы, соңғы айда қайда қонақта болғанымды сұрап жазды. Бірге оқитын жігіттерді де сұрады.

— Ешкіммен қатынасқан жоқпын, — дедім мен.

— Жандосовпен ше? — деді Сәрсенов.

— Қатынасым жоқ, қызмет бабында көргенім бар.

— Қане, айт, Үйсінбаев, Жандосовпен қандай жақындығың бар?

— Совет өкіметін бірге орнатыстық.

— Жандосов Совет өкіметінің, халықтың жауы.

— Садаға кет, сен, Жандосовтан, — деймін мен. Сәрсеновтің түсі бұзылып кетті. — Совет өкіметін орнатқан кісі қалай Совет өкіметіне жау болмақ!?

— Жандосов халықтың жауы.

— Онда мен де жаумын.

— Дұрыс сөйле Үйсінбаев, Жандосов жау.

— Онда мен де жаумын. — Осылай біраз тәжікелестік. Жуан сары сұрақ беруге әзірленгендей ыңғай көрсетті.

— Сіз Ұлтаракты қайдан білесіз?

— Он алтыншы жылғы көтеріліске бірге қатыстық. Алматыға бірге қашып келдік. Он сегізінші жылы Талғардағы ақ казактарға қарсы соғысқа бірге -бардық. Оқ оның жүрегіне тиді. Теркин деген сатқын бізге оқ шығартпай, ақтар бізді қырып салды. Ұлтаракты мен алдыма мінгізіп, Алматыға уездік ауруханаға әкелдім. Сол жерде қайтыс болды. Оны білетін Пономарев, Петров дейтін жігіттер бар еді. Пономарев тап жаулары қолынан қаза тапты. Петровты содан кейін көрген емен. — Сәрсенов жуан сарыға көзінің астымен қарап қойды. Жуан сарының түсі бұзылып, бір түрлі абыржығандай болып отырды. Енді Сәрсенов сұрақты қайта бастады.

— Жандосов сізге колхозды тарат деп нұсқау берді ме?

— Жоқ. Жандосов колхозды нығайт деді.

— Жандосов сізге колхозды тарат деп нұсқау бердім деп өзі мойындап отыр ғой.

— Ол ондай нұсқау бермейді.

— Жандосов жау, халық жауы.

— Онда мен де жаумын.

— Бұл есі дұрыс адамның жауабы емес.

— Жандосов жау болса, кім сау болмақ!? — Екі ай бойғы сауал да, жауап та осы. Тек сұрақ арасында жуан сары Советтің әскерден қашан қайтатынын сұрады. Мен енді бір жылы қалғанын айттым.

Бір күні мен сұраққа апарылмадым да, содан алты-жеті күн тыншығып қалдым. Арада апта өткенде түн ішінде камераның шокпардай құлыбы салдырлады да, темір есік ашылды. Камераға бес адам кірді. Екеуі таныс — Сәрсенов пен жуан сары. Үшеуі ақ желені бар, шамасы дәрігер болуы керек. Сөзді жуан сары бастады:

— Айтыңыз Үйсінбаев, Жандосов жау ғой.

— Мен де жаумын.

— Қандай жаулық жасадыңыз?

— Жандосов қандай жаулық жасаса, сондай жаулық жасадым.

— Жандосов халық жауы.

— Мен де жаумын.

Жуан сары да, Сәрсенов та дәрігерлерге қарады. Дәрігерлер мені отырғызып қойып, басымды айналдырып көрді. Шүйдемді, екі самайымды, қабағымды басып-басып байқады. Мен енді ашулана бастадым:

— Несін қарайсыз, мен жаумын. Сіздерге жаудың өлгені керек.

Он күн бойы түнде екі тергеуші, үш дәрігер келеді де тұрады.

— Сіз жаумысыз? — деп сұрайды дәрігердің бірі.

— Жау десеніз жаумын, — деймін мен.

— Жок, сіз жау емессіз, Жандосов жау.

— Онда мен де жаумын.

Он күннен кейін екі тергеуші де, дәрігерлер де келуін тоқтатты да, мен тағы да ұмыт қалдым. Камера іші бұрынғыдан салқын тартты. Енді жаурап, жүріп шығатын болдым. Ноябрьдің аяғында мені басқа бір орыс жігіті тергеді. Менің сөзім біреу «Жандосов жау болса, мен де жаумын». Декабрьдің басында дәрігерлер мені түнде келіп қайта қарады. Сонымен үш күн тағы ұмыт қалдым. Декабрьдің он тоғызы күні таңертен салдырлап құлып ашылды. Мен күндегі әдет бойынша дәретке шықпақ едім, «Үйсінбаев барлық затыңды алып бері шық!» деді екі жазалаушы. Енді алысқа айдайтын шығар деген ой сап ете түсті. Бірақ неге екенін қайдам жүрегім қорқа қоймайды. Түнеугі күнгідей жоғары бірнеше көтеріліп, төмен бірнеше түсіп, айналып комендатураға әкел-ді. Менің паспортымды қолыма берді де, «жүріңіз» деді. Мен солдатқа еріп есікке келдім.

— Ал сіз боссыз, жүре беріңіз! — деді ол. Мен аңырып сәл тұрып қалыппын. Сенерсің бе, сенбессің бе. Сеніңкіремей әскери адамның бетіне қарадым. Сенімсіздікпен көшеге беттедім.

Кәдімгі қыс болыпты. Жерде қар бар. Күн суық болса керек, оны мен байқадым. Асқақ Алатауға қарадым. Дзержинский көшесінің басынан тау етегіне дейін көрініп тұр. Аппақ. НКВД үйінің бет алдындағы балалар паркі — қарағайлы бактың бәрі ақ көрпеге оранған. Бетімді терістікке түзеп жөнөп бердім. Өкпемді қолыма алып, жүгіре басып үйіме келейін. Есікті бір қазақ әйел ашты.

— Сізге кім керек? — деді ол шытына сөйлеп.

— Үйіме келіп тұрмын ғой, — дедім мен.

— Мен сіздің семьяңыздың қайда екенін білмеймін, — деді тықырайған, қабағы қатыңқы әйел, есікті тарс жапты. Мен қайда барарымды білмей аңырып тұрып қалдым. Алматы мені қабылдамады...

* * *

Адамды қорлау нақ осы отыз жетінші жылғыдай дүниеде болмаған шығар. Үш ай көрген қорлығымнан үй-ішімнің орнында жоқ екенін білген үш минут маған төбемді тесіп қорғасын ерітіп құйғанмен бірдей болды. Қайда барарымды, кімнен сұрарымды білмей қақпа алдында есенгіреп тұрдым. Үмітпен келіп, ол мүрдем кетіп, желкесі қиылғанда адам баласына бұдан азалы, бұдан азапты шақ жоқ болар. Сенің тақытыңда, бақытыңда қара орманыңда, бұзылмаған қалменіңде екен. Салуалы ордан болмағанмен морттық та болса, мөрып та тұрса, өз үйің, өлең төсегің болғанға не жетсін. Өстіп есенгіреп тұрғанда ойыма Ырысбек Сәрсенов түссін. Соның үйіне кіріп ең болмаса жөн сілтеп жібер демек болдым. Қайтып Дзержинский көшесіне келу қиын болды. Қиын да болса, қиналсам да отызыншы жылдары асығыс салынған, қамыстан тұрғызылған Қашқар көшесінің бұрышындағы Ырысбек үйіне келдім. Есік ашқан оның әйелі Бәтін мені бас салып жылап көрісті. Ағыл-тегіл жылаған Бәтін жасын тыйып, Ырысбекті алып кеткеніне бір айдай болғанын айтты.

— Өкерттерден бір күн бұрын Абакты жынды деп қорытынды бердің деп ұрысты деп келген еді. Сол күні Петровты да қамады, — деді Бәтін.

— Петровыңыз кім?

— Сонау он сегізінші жылы сізбен соғыста бірге болыпты ғой Петров. Сізді ол таныпты, сіз танымапсыз. Екеуіне де қойылған айып сіз болсаңыз керек. Анна Николаевна да бес баласын шұбатып көшеде қалып, Семейге Ұрыжарға төркініне көшіп кетті. Оны үйінен шығарып тастады ғой. Бізге де кезек келетін шығар деп отырмыз...

Бұдан кейін бұл жерде отырып көр. Байқұс, жуан сары деп жазғырып жүргенім он сегізінші жылы Ұлтаракпен бірге жараланған Петров екен. Оны білгенім маған мылтықтай тиді. Екі ортада кесірім екі үйдің от басын ойрандады-ау деп, іштей, бұдан да мен-ақ пәлені көргенім дұрыс еді-ау дегізді. Опынып қалдым. Опынғанда амал не, енді ол орнына келе ме. Бәтін менің бала-шағамнан бейхабар болды. Сенделіп, қайда ұрынарымды білмей көшеге шықтым. Бір кезде тура тағы өз үйім тұрған албардың алдында тұрғанымды аңғардым. Сол жылдың көктемінде Райымбек атаның моласы жанынан екі көше түскен-ді. Оның бірі Діқан көшесі, екіншісі 1 көше аталған-ды. Сол жаңа Діқан көшесінің бірінші үйінде Жандосовтың жақын ағасы Әбу Жалбағаев тұратын. Екі кішкентай бөлмеден тұратын жатаған, шатырсыз тамның

есігін ашсам екі беті қып-қызыл, көзі ылғи суланып тұратын, былтиған, аласалау жеңгеміз Айгерім жерде кір жуып отыр екен. Ол кірін тастай салып, қолының сабынды суын сорғалатып, мен үйге кіріп кетпесін деген кісіше есікке тұра жүгірді. Мен кірмедім. Ол да мені кіргізбеу үшін бір аяғы табалдырықтың сыртында, біреуі ішінде адымын кере тұрған қалпымен, он қолымен есікті мықтап ұстап тұрып сөйлесті.

— Ойбай, мұнда неге келдің, қатының Қастек ауданы жаққа кеткен, сонда барғаның жөн, — дейді. Менен безе қашуға, әлде есікті тарс ілгегін іліп алуға бар. Осы бір сәтте дырылдап-шикылдап, шықырлап түпкі үйдің есігі ашылды. Көзі көкшиіп, шегірейіп, иек жағы мәштиіп, сақалшашы әппақ құдай болып Әбекең өзі шығып келеді.

— Кім ей, ол, Айгерім? Ә!? Абақысың ей? Ей қатын, кет былай жолдан, кел төрлет. Мына қатын сенен қорқып тұр ғой. Менің жаным Ораздан ардақты ма еді, енді аянған жанды ит жесін. Кел бері! — Ол мені құшақтап көрісті, көзінен аққан жасы сақалын жуып кетті. Шынын айтсам, інім, Айгерімнің қорлығы бәрінен асып түсіп, жанымды жеп жіберіп еді, көңілім босап кетті. Төрге шығып отыратын менде уақыт қайда, Әбекеңнің осы пейілі де маған айға азық боларлық еді. Сол жылы жасы қырық сегіздегі Әбу бізге үлкен, ақсақалды шал көрінетін. Әбекең көзін сүртіп, мені құшақтаған бойы төрге шығарды. Ол жасуын ұзартып жіберетін кейбір шал-шауқан сияқты пысындамады, бойын да, ойын да тез жинап алды. Екеуіміз киіз үстіндегі көрпеге бірімізге біріміз бетпе-бет қарап, малдас құрып отырдық.

— Көп жүдемеңсің. Шыққан соң бір күнгідей болмайды, бәрі ұмыт болады, — деп мені жұбатты. — Менің қорқағын ештеме жоқ, қорқып жүрген ана қатын ғой, оныкін көңіліңе алма. — Әбекең жастыққа бір жамбастап қисайды да, сол аяғының табанын бүгілген оң тізесіне тіреп қойды. Сонан соң қайта сөйлеп кетті. — Жұрт қатты дүрлігіп кетті ғой. Көршідегі бір үйде қарызға берген ақшам бар еді, соны алайын деп кеше барсам, сол үйдің алғыншысы жаңағы Айгерімше «Үйге кірмей-ақ қойыңыз, қазір балалардан беріп жіберейін» деп безек қағады. Күйіп кеткенім соншалықты оған:

— Ертең мені қамайды, сонда Зағипа досым еді деп айтамын, сонан соң басыңды арашалап көр, — дедім. Ондағысы мені Жандосовтың туысқаны, пәлесі жұғар деп тұрғаны. Бұрылып кетіп қалдым. Абақ, сен қорықпасаң мен қорықпаймын. Туысқанымнан қалай безем? Танымайтын едім деймін бе? Жандосовтың туысқаны екенімді бүкіл Алматы облысы біледі. Оларға не бетімді айтамын!?

Әбекең ақылды адам, көрген қорлығымды, зорлық-зомбылықты сұраған жоқ. Оны сұрасам жасып қалады деп ойлайды. Бәрін де біліп отыр, осы менбітті деп отырмағаны сөзінен сезіледі.

— Әлі де мықты бол, не деп болмайды. Заман желді күнгі қауға тиген өрттей ұйытқып тұр ғой, — деді, көзі шегірейіп, қараған жерін тесіп

өтетіндей болып. — Ольганы көргенмін, сені қамаған соң партиядан да, мұғалімдіктен де, үйден де шығарыпты. Марленді де университеттен, комсомолдан кетіріпті. Қастек ауданы жаққа баратын шығармыз деді.

Мен Әбекеңнің үйінен шай ішіп, отыз сом ақша алып, Ұзынағашқа тарттым. Аудандық оқу бөлімінен келіп білсем «ия, Кузнецова деген орыс әйел келген, оны «Пруджидің» жетіжылдық мектебіне орыс тілінен сабақ беруге жібердік» дейді бір әйел. Ол мынау тұрған ауыл, — деді Шұнақ етекте жатқан ауылды нұсқап, өзі екі-үш рет уһлеп алды. Қайта сөзге оралды. — Ұзынағашта майда сауда істейтін Күрті болысының Нүсіпбай деген бір елеусіз егделеу қазағы болатын. Соның жеке меншік жуан қарагер атын сұрап мініп «Пруджиге» жөнөдім. Атты әкелуге он бес-он алтыға келген ұзын сирақ Көке деген баласын артыма мінгестіріп жіберді. Менің жүдеп-жадап, түрмеден шығып келе жатқаныммен шаруа адамның ісі де болмады. «Рақметті» жаудыра-жаудыра жолға түстім. «Рақметті» жаудырмай қайтем, сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған ол заманда кімге кім қарасқандай еді, «балапан басына, тұрымтай тұсына» болып кеткен-ді.

Бұралаң, қисық жолдың кезінде салт жүрген адамға «Прудки» селосы төрт сағаттық жол. Түс ауа селого жақындадым да, Көкені ауылға кіргізбей шеттен қайтардым. Бұл өзімше істеген сақтығым. Кейін біреу-міреу қарагер атпен келді десе, қайырымды қартқа зияным тимесін дедім.

Анау Суықтөбе сонда да нақ осындай, дөңкиіп, арқасын күнге қақтап жатыр. Аппақ. Табиғат деген қызық, інім. Осы Қаскелеңнен бергі тауларда ағаш аз. Былай қарағанда жалаңаш көрінеді. Ал жанына барсаң шырыш-қорыс, жаяу жалғыз адам жүре алмайды. Бұл таудың бауыры күзде де көктемдегідей десем де болады. Шебі көбе, күнде соны, күнде шиен, күнде жасын. Тау бауыры, сағасы қыста далалықтан жылы болады, жалтанда жалап тұратын аяз мұнда мунәйім, жұмсақ. Күнге бет қардан ашылып, құмсақ сабындай топырағы келеботаланып жатады. «Прудки» ауылы да Ұзынағаштан жылы көрінді. Менің отбасым тұрған үй есігі бірден сыртқа шығатын екі бөлмелі үйдің ортақ қабырғалы бірі. Мектептен көп алыс емес екен. Тез таптым. Есік алдында арбадан қурай түсіріп жатқан Марлен айғай салды:

— Апа, көкем келді! — Өзі арбадан қарғып түсіп келіп мойныма асылды. Мен кеткендегі екіқабат Ольга сыптай болып, Владиленаны көтеріп жүгіре шықты. Көз жас ағыл-тегіл. Ольгаға таңданып жүрген қазақтар сауалына жауапты көзбен алды. Нақ сол түні үшеуіміз әңгімелесіп ұзақ ұйықтамай жаттық. Көптен сағынысқан жүрек тоқтамай, қауысқан қуаныштан ұйқы қашып кетті.

— Сізді алып кеткен соң Марлен екеуіміз таң атқанша жата алмай, көрер танды көзімізден сорапызды ағызып отырып қарсы алдық, — деді әлі де солығын баса алмай уһлеген Ольга. — Марленім біресе түрегеліп, біресе тарс етіп еденге отыра қалып жылайды. Жаңа ғана бас құрап,

от жағып, түтін түтеттім бе деп жүргенде ошағымның басы жасыл түскендей ойран болды-ау деп мен солқылдаймын. Марлен мені, мен Марленді жұбатудан сағат жеті болды. Сегізде сабағым бар еді. Мектепке бірінші рет даярлықсыз бардым. Класқа кіре бергенде жүрегім бір жамандықты сезгендей дүрсілдеп қатты соғып кетті. Менің кіріп келе жатқанымды көрген балалар дүр етіп орындарынан тұрды.

— Отырындар, балалар! — дей бергенімде кластың есігі ашылды да, есіктен оқу бөлімінің меңгерушісі Шынықұлов қарады. Ол:

— Сіз мұғалімдер бөлмесіне кіріп кетіңіз, — деді. Мен балаларға:

— Балалар, орындарыңнан қозғалмандар, қазір келемін, — деп шақырушының артынан ермек едім, ол

— Қағазыңызды жинап, киіміңізді киіп шығыңыз, — деді. Мен нақ осылай мәселе ертемен біткерілер демеп едім. Менің тағдырым дәлізде шешілді.

— Сіз, қызметтен босадыңыз, халық жауының әйелін ұстай алмаймыз, бір тәулік ішінде үйді босатыңыз, — деді мектеп директоры Базарбаев бір көзі бір көзімен атысып, быттиған бұжыр беті ботқаланып. Қабағын қарс жауып алыпты.

— Мен партия мүшесімін ғой, — дедім оған.

— Оны қалалық комитетке айтыңыз, — деп сөзді қысқа қайырды Базарбаев. Состиып не істерімді білмей тұрып қалыппын. Әмина Сүлеймен қызы Мәметова екінші сағатқа сабаққа келе жатыр екен:

Не болды, Ольга Александровна, түсіңіз қашып кетіпті ғой, деді Әмина Мәметова, деді Шұнақ Ольга сөзіне жанынан сөз қосып, ол кездері сол Жамбыл атындағы № 18 қазақ орта мектебінде орыс әдебиетінен сабақ беретін. Сол кезде-ақ ол жазушылар одағының мүшесі, қазақ жазушыларының шығармаларын орысшаға тәржімалайтын. Бұл кәдімгі Совет Одағының Батыры Мәншүктің шешесі ғой. — Шұнақ Ольга сөзін қайта сабақтады.

— Мен болған жайды айтқан соң, Әмина мені көшеге шығарып салып: «Енді қайтесің, қазір жағдай осылай, енді қалалық комитетке бар» деп ақыл берді. Қалалық комитетте билетімді оп-оңай ала салды. Мен үйді босатқым келмей прокуратураға бардым. Ол үйде тоғыз күн тұрды. Сол тоғыз күн ішінде әділеттік іздеп Алматы кеңсесінің бәрін адақтап шықтым. Сіз алынғаннан бес күннен кейін Марленді де комсомолдан, университеттен шығарды. Менен Марлен де жақсы. Оның комсомол билетін жиналыс жасап, мәселесін қарап алыпты. Ең оңайы партиялық билет болды. Содан таныстарға көзтүрткі болғанша деп ұзай салғандағымыз осы Суықтөбе бауыры болды деп Ольга аузын жинап ала бергенде біреу есік қақты.

Қыстың ұзақ түні, жылдай. Әңгіме бітпей қалды. Түннің бір шама-сы болды білем. Қояннан да қорқақ, су жүрек байқұспыз. Қақпанның қанды аузын көрген суыр сияқты сыңар құлақ сорлыға неге қорқа бересің дерің бар ма. Ольга орнынан тұрып білте шамды жақты. Мар-

лен де басын жұлып алды. Япыр-ай деп ойладым мен, ең болмаса балашағамның жанына бір қондыр-мады-ау, Мен күпімді, көн етігімді, құлақшынымды киіп дайындала бастадым. Абайлап есікті аштық. Есік алдында әскери адамдарға ұқсамайтын біреу тұр.

— Мен Қырбаймын, — деп сыбырлады ол. — Киін әңгімем бар. — Қырбайдың кім екенін кеше айтқанмын. Дауысы нәренжу зорға шығады. Қол алысып қана амандық белгісін жасадық. «Бала-шағаң, дені-қарның» деп шұбатып жататын еркіншілік заман жоқ, есендікті қысқа қайырыстық.

— Шық бері, жүр менімен, — деп ол үйдің көлеңкесіне барып тұрды. Мен де асығыс бастым. Күн бағанағы кеш алдындағы тымықтықты қойып, солтүстіктен жел тұрып, аласапыран болып, қар борап тұр. Алатаудың ең үлкен шоқысының бірі Суықтөбе ақтүтектен көрінбей қалыпты. Екі адым жердегі кісіні көру екі талай. Күн райы Қырбай екеуіміздің ұрланып жүргенімізді ұнатпағандай ішін ышқына тартып дүлейленеді, қардың борағаны сонша, қыста қасқыр қамаған адамдай сезінесің. Ал қасқыр қа-мағанын бағана айтқанмын, жалғыз адамды қасқырлар қамап алады да, жан-жағынан қарды бората шашады. Адам көзін аша алмай әбден сілесі қатқанда абаданы бас салады, сонан соң арлан-шуланы, бөлтірігі жабылып кетеді. Қардың борауы түнде нақ сондай екен. Ат құлағы көрінбейтін зымыстан ішінде Қырбай екеуіміз кимылдаймыз. Ол алда, мен артта.

Алатауға жарыса жатқан ауылда қазақ пен орыс бірдей. Ауылдың солтүстік шығысында адырлы бел бар. Белдің үстінде сүйіндіктердің бейігі. Моланың көбі жалаңаш. Кейбірі қорғанды. Қырбай тура тартып осы төрт құлақты қорғанның біріне кірдік. Төбесі ашық, іші тізеден қар. Ортада томпайып мұрде жатыр. Біз оның терістік жағына шығып қорған дуалына жабыса отырдық.

— Міне, бұл жер қауіпсіздеу, — деді Қырбай жүресінен отыра беріп. — Мен келгеніңді кешке жақын білген едім. Біреулер сені бұл өңірге аян белгіңнен таныпты. — Ол да, мен де бұған күл-медік. Әншейінде болса күлуге жақсы бұралқы сөз. Күлкің келер мұндай сор қайнап, бакыт ұшқан шақта! — Күндіз әдейі келмедім. Зиянымды тигізбейін дедім. Келін қазақша жақсы біледі дейді, бірақ, шыны керек, орыс болған соң ерулік же дей алмадық. Сырын білмеген аттың сыртынан жүргіміз келмеді. Осындағылар «ол орыс емес-ау деймін» деп жүрсе керек-ті. Зады сөйлеген сөзіне қарап айтса керек. — Мұндай жылы төсектен тұрып далаға шыққанда тісің-тісіңе тимей сақылдап, мұздап кететін едік, осы бір бет қаратпай осып тұрған дүлейде таудағы сала бұғыдай суықтың бар екінін де, жаурағанымызды да білмедік.

— Абақ, — деді Қырбай сыбырлап. Оның сыбыры еңкерістен түскен қарулы қалың жаудан қорқынышты болды, зәре-құтым қалмады. Етегімнен үрей үрлей кіріп, бүкіл бойымды алып кетті. — Мен он күн

болды сұрақта жүрмін. Күнде түнде шақырады. Үш күн әйтеуір тынышпын. Ертең күндіз Ұзынағашқа шақырды. Күнде сұраққа алады. Бүгін талып кетіппін. Байқамаппын. Сұрайтыны — Жандосов. Ол колхозды таратуға қандай нұсқау берді. Берген нұсқауын, кімге нұсқау бергенін айтсаң сені шақырмаймыз, жауаптан босатамыз дейді. Мажалы олардың білгісі келетіні мен емес, осы Қастек ауданында сорпа бетіне шығарлар-ау деймін. Сені де сұрады. Оған Жандосов не деп еді, сен бірге болыпсың ғой деп мойныма өтірікті қиып салады.— Қырбай сөз арасында аһлап-уһлеп жібереді. Бір сәт аяқ жазып түрегеп тұрдық. Боран түтеп тұрса да аппақ қар үстінде қара киімді Қырбай сораып көрінеді. Мен сырықтай болсам керек. Ол отырайық деп ымдады. Қырбай қорғанның дуалынан мойнын созып, ауыл жаққа, далаға бір карап қойды да, қайта жүрелеп әңгімесін соза түсті. Жүйкесі жұқарып титықтағанын, әлде суықтан мұздап тұрғанын білмедім, дауысы осы жерге келгенде қалтырап шықты.

— Мені кім деп ұғатынын қайдам,— деді ол,— Жандосовтың жаңдай досы болғаныңды білеміз, қимайтыныңды да ұғамыз, сонда да сен Совет өкіметіне шыныңды айтуың керек. Егер біздің дегенімізді істесең, мойныға алсаң, тағы Жандосовпен жақындарды мойнынан тізіп берсең, сенің достығыңды да кешіре саламыз. Абақ, мен он күннен бері бір көз ілген жоқпын. Бар өмірін революцияға, Ленин ісіне бағыттап-сүтіндеген адамды, партия ісі жолында жанын пиде етуге дайын ардагерді қалай ғана қаралай алармын. Тіпті ең болмаса ол сондай бір емеурін біл-дірген болса екен. Онда бірсәрі, соның төңірегінде бірдеме құрап айтуға болар еді. Ал сүттен ақ адамға қалай ғана қара күйе жағарсың. Совет өкіметін біз Жандосов арқылы білдік қой. Совет өкіметін орнатқан кісіні сол өкіметті құлат деп айтты деп қалай обалын, күнәсін көтерерсің. Сенің жағдайыңнан да хабардар едім, бірақ абақтыдан шыққаныңды естімеп едім. Шынын айтсам, Абақ, сенің босанып шығуың маған түсініксіз, саған сенерімді де, сенбесімді де білмеймін. Сенбейін десем жасымыздан бірімізді-біріміз білетін сияқты едік.— Қырбай сәл тыныстап жүресінен отырды. Мен де тізе бүктім. Егер осы түннің беймезгіл шағында мола сыртынан біреу-міреу өткендей болса «моладағы өліктер күңгірлеп сөйлеп жатыр» деп тұра қашар еді де, ертеңіне осы ауыл дүрлігер еді. Ол сәл ойланып отырған соң мен өз жағдайымды жасырмай бәрін айттым. Бұл әңгіменің Қырбайға қалай әсер еткенін білмеймін, түнек қараңғыда бет-жүзің бағдарлап-барлау мүмкін емес, бірақ сөз саптасына қарағанда маған сенген сияқты. Ол сөзді аузынан жалын атып, қиналып айтты:

— Байқұс Ырысбек, қайран жігіт. Ереді. Ерлігін істеген екен. Саған жаны ашыған ғой, екі ортада өзі босқа кетті-ау, асқан тәжірибелі чекист еді ғой.

— Жоқ,— дедім мен. Қырбай состиып мені ұнатпай қалды білем. Үнсіз тұрды.— Өзі ғана емес, мен үшін екеуі кетті. Петров деген он

сегізінші жылы менімен соғыста болған жігіт те кетті.— Қырбай жаңағыдан гөрі жібігендей әңгімесін жалғап жөнелді.

— Мен өлмей шындықты бұрмалай алмаспын. Егер мен олардың дегенін істеп Жандосовты жау десем, бүкіл Жетісу халқының бетіне қалай қараймын, онда олар Қырбайдың қылтып тірі жүруін көздеріне шыққан сүйелдей көрмес пе? Жандосовты жамандап қалай жұрт бетіне қарармын. Одан да жер том-пайтқаным жақсы емес пе!? Осылар ішіме сыймай ішқұса болып жүр едім, міне, саған айтып әжептәуір жеңілейін қалдым. Оның үстіне сенің келгеніңді естіген соң ахуалыңды білейін дегенім еді...

Екі күннен кейін мен колхоз кеңсесіне барып жұмыс сұрадым. Енді қалай қарекетсіз жүрмекпін. Әрине, партиялықымды қуалармын, ол бір күнде індетер нәрсе емес. Коммунистік жоғары мектепке де барып келдім. Шығарып тастапты. Партиялығыңыз шешілмей біз қабылдай алмаймыз дегенді айтты ондағылар.

Колхоз председателі Гушин сонау жиырмасыншы жылдардан білетін жігітім, үзеңгілес келе жатқан адамбыз. Ол тым жақсы қарсы алды деу өтірік болар еді, бірақ тұздай көзін маған қадай сөйледі:

— Мен сізге қандай қызмет берер екенмін? — деп қиналды ол.— Бұрын маған бастық болған адамсыз.

— Кәдімгі шөп таситын арба берсең болады,— дедім мен. Әрине, ол белсенділік қызмет беруге қорқып, арба айдауға ұялып отырғанын білдім. Сонымен арбамен фермаға шөп таситын болдым. Арада үш күн өткенде Қырбай дүние салды. Әйелі «таң ата зорға келіп кіріп еді, күн шыға қайтыс болды» деп өңіреді. Қайран ер күйіктен кетті. Күндіз-түні ойлаған ой, сары уәйім Қырбайды мұжып аз-ақ күнде алып тынды. Бірақ ол о дүниеге ешкімнің тұнығын лайламай, толысын төкпей, ортасын шайқамай, арына дақ түсірмей аттанды. Есіл ерді ауылы жылап-сықтап соңғы сапарға шығарып салды.

Шұнақ сазарып отырып қалды. Мен бұрынғымша үнсізбін. Күн Қордайға арқан бойы қалды. Жайлау үсті салқын тартты. Сонау дала әлі күйіп тұрғанына шұба жоқ. Шұнақ месті әкеліп, ішінде қалған қымызды шайқап-шайқап екі тостағанға толтырды. Қымыз шылдырлап местің түбінде әлі де қалды. Бұл жолы Шұнақ месті апарып тастың түбіне тықпай ауызын өрге қаратып тастады да, үстін аткөрпенің шетімен бүркей салды. Өзі тостағандағы қымызды сіміріп, орталады. Бір кесек етті шайнап, сол қолының қарын уқалап отырды. Шытынаған қабағынан кішкене ауырсынғаны белгілі еді.

— Іш, інім, досыңның тамағын дұшпаныңдікідей іш деген.

Бүгін, інім, менің көңілім ерекше көтеріңкі. Соңғы он алты жылда осынша жадырап, осынша терім кеңіп келген емес. Суға матырылып, артынан күнде қалған тулақтай қатырлап, құрысып көн болып жүретін көңілім бүгін май жағып жібіткендей. Оның қырыс-тырысы жаңа өтекелтелген жібек шәлідей жазылды. Бір жылылық, бір жақсылық

жақындап жылжып келе жатқандай көремін. Ақпандағы қардай көксіреу, сүрі-қасаң көңілім жібі салып барады. Інім, бұл менің жәреукеленуім емес. Саған жә- реукеленіп, жағымпазданғанымда қолыңнан не келеді? Әрине, қолыңда болса екі күнгі әңгімеме қарап менің төбемнен төмен қарай алтын құяр едің.

Отыз сегізінші жылдың февралінің ортасында мен қайта қамалдым. Қаннен-қаперсіз жатыр едім деп қалай өтірік айтамын, өзім де қауіпсіз емес едім. Есік алдына түннің бір уағында келіп тоқтай қалған машина дыбысынан оянып кеттім.

— Келді, — дедім мен.

— Кім? — деп шошып кетті Ольга. Соның арасында-ақ есік қағылды. Ольга түрегеліп шам жақты. Білте шам тұтанбай зорға жанды. Тағы да Марлен бірге оянды. Ол да сужүрек болып қалған. Сүлесок тұрды. Ольга есікке барып:

— Бұл кім? — деді.

— Ашыңыз, біз, — дейді дауыс.

— Аша бер, белгілі ғой, — дедім мен. Бұл жолы бұрынғыдай емес қатайып қалғанымды сездім. Үйге екі адам кірді. Бейтаныс. Ұзынағаштікі емес. Тәрізі Алматыдан болар.

— Үйсінбаев, сіз тұтқындалдыңыз. Міне, ордер, — деді орыс жігіті.

Үнсіз киіндім. Бәрі бұрынғыша. Қабулы шолбар, кен етік, сырымалы күпі. Тіземе түсетін белін бүрмелеп тіккен қара тонымды алдым. Үйді онша бұрынғыдай тінтпеді. Әр нәрселерді шұқылап көрді. Жүрерде:

— Ольга мықты бол, балаларыңа ие бол! — деп бір ауыз сөз айттым.

— Мықты болмасқа болар ма, қош, жаным Абағым! — деді ол.

— Көке! — деп ұмтылған Марленді екеудің біреуі итеріп жіберіп жолатпады.

— Марлен! Мен жау емеспін, мен коммунистпін! — дедім есіктен шыға беріп. Есік алдына шыққанда ай жап-жарық екен, Суықтөбе көзіме түсіп, туған жерден кетемін-ау деген усойқылы ой ішімді осып өтті. Іші-бауырым өзіліп кетті. Бұл жолы балаларыммен дұрыстап қоштаса да алмадым. Ішім оттай жанып барады.

— Қош, туған жер, сенің алдында арым таза еді, — деген сөз аузымнан шығып кеткенін өзім де байқамай қалдым.

Тағы да комендатура. Ұстарасын жалаңдатып шаштараз кірді. Шашты жібітпей-ақ тырылдатып қырды. Он шақты минутта-ақ баяғыдай тап-тақыр болып шыға бердім. Қолыммен басымды сипап едім, алақаным қан болып қалды. Шамасы шаштараз аямай кессе керек-ті. Үш-төрт сағат мөлііп отырдым. Түннің бір шамасында әскери киімді екеу келді де, ала жөнелді. Бұрынғыдай жоғары-төмен жүргізіп, тас табанды, жер астындағы камераға әкеліп итеріп жіберді.

Камерада адам көп екен, олардың бәрі де бастарын көтеріп отырды. Ішінен танығаным Қазақстан Әскери комиссары Желябин, Алматы об-

латкомы төрағасының бірінші орынбасары Варов еді. Олар кезек-кезек сұрақты жаудырды. Көбіне әңгімелескен Желябин болды.

— Алматы обкомында кім хатшы?

— Нұралы Юсупов.

— Ол қайдан шыққан?

— Мирзоянмен бірге келген. Қырым татары. Осыған дейін Шелекте аупарткомның екінші хатшысы болатын.

— Ол кімнің орнына келді. Киселевтің бе?

— Жок, Киселевтің орнына Жанайдар Садуақасов, одан кейін Шақпақ Артықбаев, енді Юсупов.

— Мирзоян бар ма?

— Бар.

— Жандосов ше?

— Ол өткен жылдың июль айында алынған, — дедім мен. Бұдан кейін ол маған еш нәрсені мойындамауымды, еркек болуым керек екенін айтты. Інім, шыны, мен оларға сеніңкіремей отыр-дым. Олар жау, мен өзім таза адам, қатеден ұсталдым, қайта шығып кетем деп ойлаймын.

Ертегіне түнгі сағат он екіде әскери киімді екеу дедектетіп ала жөнелді. Бірінші қабаттағы үлкен кабинет екен. Үш-төрт адам отыр. Біреуі бұрыннан өзім білетін Садықов деген татар жігіті. Олар жадырап жақсы қабылдады. Әр нәрсені сұрады. Ежовтың суреті тұр. Бәрімізді отырғызып, құртып жатқан осы қортық қой деп ойладым. Сурет астындағы столда тергеуші. Алдымен туған жылым, жерім сұралды.

— Мен сені білемін ғой, Үйсінбаев, — деді Садықов. — Осында Сара Есова да жағыр көрдің бе? — деді. — Оның күйеуі Халық Комиссарлар Советінің Председателі, біз оны сонда да отырғыздық. — Күшімізді көрдің бе? — дегені екенін мен түсіндім. Сөйтті де ол сөзін қайта жалғап аяр қатынша алдай сөйледі. Біз адал адамдарды ұстамаймыз. Босатып қоя береміз. Бәрін өзің мойындасаң сені несін әурелейміз. — Мен, інім, шынымен бұлардың сөзіне елігіп қалдым. Камерадағы Желябин сөзін есіме алып, іштей «жаудың аты жау ғой» деп қоямын. Мені камераға қай-тарды. Ондағылар бәрі өре түрегелді.

— Қалай? — деді Желябин.

— Ештеңе жоқ, — дедім мен Желябин сөзін жақамай. Менің жақамағанымды ол білді де, қайта сауал қоймады. Мен олармен сөйлеспей жатып қалдым. Ия, жаулармен сөйлесіп қайтпекпін. Өзінде кінәсі жоқ адамға НКВД тимесе керек. Маған тіпті жақсы сөйледі ғой. Отырғандардың бәліміз әрқайсысының кінәсі де, күнәсі де мол болар. «Осалдық көрсетпе!» деп қояды мына Желябин. Мені дұрыс жауап бермеуге итермелейді. Мен неге оларға дұрыс жауап бермеуге тиіспін. Сауалының бәрі де орынды, теріс кетіп отырған, мені отқа итермелеген ешкімді көрген жоқпын.

Тақырайған тас еденге тонымды төседім. Басыма күпімді жастанып жатып қалдым. Менің сол жағымдағы екеудің сыбырласқанын естідім. Түнде кім екенін аңғара алмадым.

— Бұл байқұс,— деді сыбырласқанның бірі,— алғашқы алдаумен алданып жатыр ғой. Ертең көреді ғой сорлы.

— Ертең не болатынын біледі дейсің бе? — Есік сылдырлап ашылды. Жатқандардың бәрі басын жұлып-жұлып алды.

— Желябин шық бері!..

Желябин таң алдында әкелінді, итеріп жібергендіктен ол тура менің үстіме құлап түсті. Мен сырғып орын бердім. Ол таң атқанша тілге келмеді. Ертеңгісін оның кеудесін көтеруге шамасы жетпеді. Екі қолымен жер тіреп көріп еді, оны қолы тірей алмады. Мен демеп едім, ол «өзім көрейін» деді. Өзінің әлі келмеді.

— Абақ Үйсінбаевич,— деді ол,— кеше мен айтқан сөзді оларға айтып қойдың ба? Сен Үйсінбаевқа біреуге куәлік берме депсің деп мені тепкіледі ғой.

— Жоқ,— дедім мен,— ол туралы тіпті әңгіме болған жоқ.— Мен қатты қысылып қалдым. Ішімнен ұялып өліп барамын, шынымен менен көруге Желябиннің хақы бар еді. Бірақ сұраққа үш-төрт кісі барды ғой. Кім болды екен?

— Абақ, шынындай айтшы! — деді Желябин.

— Шыным, мен сіз туралы тіс жарған жоқпын.

— Онда біздің арамдыда бір тоқылдақ бар. Баладар,— деді ол,— тоқылдақ бар. Сақ болындар. Ауыздарыңа ие болың-дар! — Ол қайта талықсып кетті. Содан кешке дейін есін жия алмады. Түске таман Желябин сандырақтады. Қилы-қилы сөздер айтты. «Жоқ, білмеймін», «Естігенім жоқ», «Коргенім жоқ», «жок», «ондай болған жоқ», «жок, ол өтірік», «жок, жоқ, жоқ!» Әйтеуір Желябиннің аузынан шыққан сөзінің бәрі «жок». Мажалы ол тергеушіге жауап беріп жатса керек. Ол қайтадан «жок, жоқ» деп жатты да, бір кездері бар даусымен айғай салды: «Жоқ!». Өз даусымен шошып кетіп, басын жұлып алды. Тақтаймен шегеленген қабырғаның төбемен жалғасар жерінде сығырайған терезеден түскен жарықтан оның бет-жүзі көрініп қалды. Беті көлкілдеген ісік, құлағынан, езуінен қан шығып тұр. Аузы көнтііп ісіп кетіпті. Інім, бізде нақ мынадай сұмдық болады деп менің үш ұйықтасам ойымда болмайтын Көптен таныс қатар жүрген жолдас, оған осы жерде қатты жаным ашып, елжіреп кеттш. Бірінші рет осы Желябинді Балқаш бойында Жандосов жанында көріп едім. Отыз бесінші жылдың октябрі еді, онда кешке жақын ортадағы маздақ жанында Жандосов екеуі Пушкин мен Лермонтовты кезек-кезек жатқа айтып, қалғандарымыздың құлақ құршын қандырған еді. Сонда осы Желябин мен Жандосов әлдеқандай бір тілде Шая Ицкович жөнінде ұзақ сөйлесіп еді. Ертесіне бір қаға берісте Желябиннен:

Қай тілде сөйлестіңіздер? деп сұрадым. Француз тілінде, деді осы Желябин. Шая Ицкович әңгіменің ішінде көп айтылғаннан кейін есімде қалды. Кейін біле келсем әңгіме қу жақ Голошекин туралы болған екен ғой.

Кешке қарай Желябин есін жиды. Мен оның басын көтеріп, басына тонымды, күшімді жастап кеудесін көтердім.

— Қабырғам сынды, Абақ,— деді Желябин,— мен бәрібір жолдастарымды жау деп өтірік айта алмадым. Өлтірсе өлтірсін, қалай өтірік айтамын? Екі троцкийшіл бар бізде, соны айт деді. Абақ Жандосовтың оқыған інісі бар ма еді, мен інілерінің бар екенін білетін едім, бірақ оқығаны барын білмейтін едім. Соның інісінің бірін айтады, Сейфуллинді атайды. Екеуі де троцкийшіл, сен білесің дейді Мен Сейфуллинді көргенім болмаса сөйлескең емес едім. Ол Троцкийге арнап өлең жазып па еді? Менен соны сұрайды. Мен қазақша оқи алмаймын ғой. Желябин бұл сөздерді әр сөз сайын дем алып, зорға айтады.— Мен коммунистпін, Абақ. Мен әскери адаммын ғой, жау қолынан өлуім керек еді, онда арманда болмас еді. Әттең өз адамдарымыз «сен неге жаулық жасадым демейсін» деп қорлайды. Біз ит қорлықпен өлетін болдық қой. Мен өтірік айтпағаным үшін қабырғамды сындырды, Абақ! Сен тірі болсаң айта жүр, мен коммунистпін. Мен Коммунистік партияға сенемін, коммунизм мен үшін елес емес, мен оның болашағына қол қоямын. Бірақ, бірақ...— Желябин талықсып кетіп біразға дейін өзіне өзі келе алмады. Өлден уақытта есін жиып қайта сөйледі: — Неге бізден қоядан жау жасағысы келеді. Маған осы жері түсініксіз. Мен қалай жау боламын, мен... мен... коммунистпін!

Желябин түсте аузынан шайнауға келмеген. Мен оның аталасына нанның ішіндегі жұмсағын салып,өзім аузына құйғанмын. Кешке де жағы нан шайнай алмады. Қолы бүрісіп қалған, икемсіз. Кешке жақын нанды саптыаяқтағы суға матырып, аузына тықтым. Ол қылғынып, қақалып әрең жұтты Сөйтіп екі жүз грамм нанның бәрін өзіп аузына салдым Күш жинасын дедім. Бірақ көкірегімде әлі де ұялап алған күдік кетер емес, мүмкін бұл... Әйтпесе маған неге... Кім біледі, әлі көретінім алдымда шығар.

Желябиннің сөзінен бе, әлде күнде-ақ осылай ма, камерадағылар бірімен-бірі сөйлесуін қойды. Ешкім үндемейді Кейде тек біреулері қабағымен ымдасады Кешкі ыстық судан кейін Варов менің жаныма жақындады. Ымдап бірдеме айтып өзінің көкірегін шұқыды. Мен зорға түсіндім. Мен туралы сұрады ма дегені:

— Жоқ, сұраған жоқ,— дедім мен Варовпен екі жыл істес болғанбыз. Ол облаткомда бірінші орынбасар болатын. Бірақ тым жақын болған адамым емес-ті. Ол жақындап аузын жалғыз құлағыма тақады:

— Мені сұраса білмеймін де. Жандосовпен қатысы жоқ де,— дейді.

— Қалай? Сен оның бірінші орынбасары болдың ғой.

— Орынбасары болдым ғой Бірақ анау жағын..

— Қай жағын? Жау жағын ба? Оңбаған!..— Мен тұтығып қалдым. Желябин Варовқа жаман көзімен қарады Бірақ сөйлеуге шамасы келмеді. Тіпті ызалықтан қалтылдап-дірілдеп кеттім. Не дерімді де біл-

медім. Варовпен сөз осымен тамәм болды. Ол енді маған жолай алмады. Қабырғасы сынғандықтан болуы керек Желябин жөтеле берді, жөтелін көтере алмай әлсіреп кетеді.

Камераның іші күнгірт тартты. Күн батқан болса керек. Кеш бата тұтқындардың қабағы түсіп, күндізгі бірлі-жарымды сөзден арылып, әрқайсысы өз ойымен әуре. Ол маған әбден түсінікті. Қайсымызды шақырар екен, не сұрар екен, қалай қинар екен... Міне, осыларды кеш бата отырғандар уәйімдей бастайды. Үй іштерін, бала-шағасын ойлайды. Ой түбіне жеткен барма, бір ой бір ойды қуалап, тұңғыққа түсіп, малтығып шыға алмай жатады. Желябиннің жағдайын көргеннен кейін менің де көңіл күйім төмендеп, зәрем зәр түбіне кетіп отырдым. Сөйтіп жағып қалғып кеткен екенмін, есік сылдырлап хабар берді. Ашылған темір қапталған есіктен:

— Үйсінбаев шық бері! — деген жазалаушының даусы естілді. Екі жазалаушы қадаң қаққызып алып келіп кешегі кабинеттен бір-ақ шығарды. Бүгін мұнда төрт адам отыр. Біреуі кәдімгі өзіме таныс Садықов, екі көзі көкшііп, көкбауыр сияқты тарғыл беті талақтанып маған қарап бедірейіп қалыпты. Енді бірі төрде отыр, байқасам Шемишев, бұл басқаларына бастық болса керек. Екеуі орыс жігіттері — көрмеген адамдарым. Бүгін ортада орындық тұр, арқалығы жоқ, қалың тақтайдан жасалған. Үстінің бәрі қожалақ, кір сияқты, маған ол Садықовтың беті тәріздес болып көрінді. Сыртта гүрілдеп-гүжілдеген мотор даусы естіледі.

— Отыр! — деп зікінеді Шемишев. — Ескі дос. Колхоз ұйымдастыруға қарсы болған. Мен мұны отыз бірінші жылдан білемін. Ал айта бер. Колхозды қалай таратпақ болдыңдар?

— Ондайды білмеймін, — дедім. Енді не демекпін, етірік айтамын ба?!

— Қойсаңшы, Үйсінбаев, Жандосовтың колхозды тарат дегенін айтсайшы, — деді Садықов жарылар шикандай талаурап.

— Жоқ, ондайды естіген жоқпын. Жандосовты сен менен жақсы білесің, екеуің Кеген ауданында бірге істеген едіңдер ғой.

— Мынаны қара, тірілейін депті.

— Мен әлі өліп көрген жоқпын.

— Егер Жандосовтың колхозды тарат дегенін айтпасаң өлесің.

— Жандосов колхозды нығайт деген.

— Жандосов жау, Үйсінбаев, одан да жаулығыңды айт!

— Садаға кет, Жандосовтан! Жандосов большевик. Жандосовты жау дегеннің өзі жау.

— Ия, КомВУЗда отырғанда да сен солай дегенсің. Сонда сен кімді айтып отырсың? — Інім, мен Жандосовтың алынуын Ежовтан көретін едім. Өйткені партияның XIV съезіне делегат ұсынған кезде Қызылордада Ежов пен Жандосовтың бірталай сөзге барысқанын білетін едім. Ақыры сол жолы Жандосовтың сөзін сөйлеген көпшілік Ежовты кеңесші дауыспен ғана съезге делегат етіп ұсынған. Ежов онда

Семей облыстық комитетінің хатшысы болатын. Талас Ежов пен Жетісу облыстық комитетінің хатшысы Жұбаныш Бәрібаев екеуінің XIV съезге қайсысы шешуші дауыспен делегат болуы туралы еді. Ақыры таластан кейін екеуі де кеңесші дауыспен делегат болған. Содан кейін-ақ Жандосов пен Ежов әбсін шәлкем-шалыс, қырғи қабақ келе беретін. Ал Голощекин болса көбіне Ежов жағынан табылатын. Сондықтан да мен Жандосовтың алынуының бар себебі Ежовтың қысастығы деп ұғатынмын.

— Кім Жандосовты жау десе, сол жау. — Садықов жаныма жақындап келді.

— Сен июнь айының аяғында Есіктіге Жандосовқа барғанда колхозды таратуды қай уақытқа белгіледіңдер, — деді Садықов тағы да.

— Жандосов ондай сөз айтқан жоқ, маған.

— Айтқан жоқ па? — деп қайталап сұрады Садықов. — Мә, саған айтқан жоқ! — Ол көк желкемнен періп кеп жіберді. Мен орындықтан жалп түстім. Басымды көтере бергенде құлақ шекемнен тағы бір жұдырықты қонжитты. Қайта құлап түстім. Екі тергеуші орнынан тұрып келіп мені сүйеп тұрғызып, орындыққа қайта отырғызды. Басым айналып, мең-зең болып кетті. Құлағым шуылдап тұрды. Жоқ, шұнақ құлағымның орны дуылдап, құлақ орнындағы тесік бітеліп қалғандай, күңгірлейді. Енді қай жағымнан ұрар екен деп қуыстанып отырдым. Терезеден естілген мотор үні гүрілдеп құлағымды жеп қойды. Бұл неге кетпейтін машина деп қоямын. Әйтеуір терезе жақта қатты гүріл. Тергеуші мені қадағалап отыр. Мен сырттағы мотор үнін тындауды қойдым.

— Жандосов колхозды тарат деді ме? — Садықов майдалап, күлген болып, жылмандай сұрады.

— Жоқ. Жандосов Совет өкіметін нығайту керек, колхоз құрылысын өрістетуге керек деген. — Орнынан жастау тергеуші түрегелді. Ол оң жағымнан келіп:

— Мынау не? — деді. Мен жалт қарадым. Шықшытымнан періп қалды. Тағы құлап қалдым. — Ойлан, ойыңа түсір. — Мен үнсізбін. Шаршап кеттім. Даубайдан жеген жұдырығым түк емес екен ғой деп ойладым. Баяғыда отыз төрт қозыны қасқыр қырып кеткенде шекемнен тиген жұдырық басыма жабысып қалғандай еді, сол бүгін күштірек болып қайта тигендей. Маған жаңағы жұдырықты көрден тіріліп келіп Даубай ұрғандай елестеді. Бірақ онда жанымда Даубайдан өшімді алып беретін Сарыапам бар еді-ау. Қайран Сары апа! Ол да өтті-ау, дүниеден. Енді нәубет бізге де жеткен шығар. Күнде осылай ұра берсе өлмегенде не қалады!?

— Әкет! — деді Шемишев. Есіктен екі жазалаушы келді де, сүйреп ала жөнелді. Камераға итеріп жіберді. Мен шайқалақтап, өз денемді өзім билей алмай барып, қабырғаға сүйеніп зорға жығылмай қалдым. Сәл босағада тұрып есімді жинап орныма беттедім.

— Демек, бұл емес, балалар! — деді Желябин. Әңгіме не туралы болғаны көкейіме қона кетті. Отырғандар «тоқылдақты» іздеп отырғаны белгілі еді. Таңертең құлақ шекем ісіп түрегелдім. Басым әңкі-тәңкі. Кешке дейінгі әңгімеміз қайсысымыздың «тоқылдақ» екенімізде болды.

Сол күні кешке тағы алып жөнелді. Тағы сұрақ. Мен тағы мойындамадым. Немді мойындаймын. Тіпті айтатын ештеме де жоқ. Бір күні сұрақта есімнен танып кетіппін. Көзімді ашсам екі кісілік камерада жатырмын. Бетіме үңіле қарап отырған адам таныс сияқты. Максим Тиранов. Бұл мың тоғыз жүз он бірінші жылдан партия мүшесі, Алматы облыстық жер бөлімінің бастығы болатын. Ол да Желябин сияқты отыз жетінің мартынан отыр екен. Жасы егделеу, сақал, мұрт қоятын зиялы адам еді. Онымен де талай мәселе шешкенмін. Енді, міне, егін жиналмады деп, мал аштан қырылды деп қайғырмайтын «құлдың малы жұтамас, күннің күлі шашылмас» жерде кездесіп отырмыз. Қырылатын мал жоқ, салатын егіннен де адамыз, күйттейтініміз де, күңк дейтініміз де өз сопа басымыз. Інім, тергеуге ілінгеннен кейінгі жерде бір нәрсені армандау, өткен өмірді шолу, алдағы күнді болжау, жоспарлау, бірнәрсені мұнша болады деп болжалдау деген атымен болмайды, оның барлығы үстінде әуе, ойында сәуе барында екен. Еш нәрсемен ісің болмай көбіне кеңірейіп қалады екенсің. Дегенмен кейін лагерьде болғанда басқалармен әңгімелесе отырып білгенімдей мен мықтырақ, шыдамдырақ болған екем. Максим Тиранов тіпті маған таңданғанын жасырмады.

— Мен он бірінші жыл мен он жетінші жыл арасында төрт дүркін патша түрмесіне отырдым, — деді ол. — Сонда мен патшаның түрме жазалаушыларынан да мұндай теперіш көрмеп едім. Біздің тергеуіміз патша тергеушілерінен жүз есе асып түсті. Бұлар ешкімді тірі шығармайтын шығар. Мен осы жасымның ішінде тергеудің мұндай түрін естіп білген емеспін. Сен әлі ештеме көрмеген екенсің, Абақ. Сені күні бұрын айтып қорқытпай-ақ қояйын, бұлардың адам тергеу әдісі тіпті ешбір рабайға сыймайды. — Тиранов сөзі көп адам емес, оның үстіне жасы ілгері адам, тергеуді, сұрақты көтере алмайды білем. Кешке дейін ұйықтай береді. Бірдемені сұрасаң ғана жөнін айтады, көбіне көзін жұмып жатады да қояды. Газет, кітап бізге берілмейді. Радио атымен жоқ. Тас құлақ кереңбіз, тілсіз мылқауымыз. Әйтеуір әзір мені жалғыз отырғызған жоқ, онда мен сол жалғыздықты көтеруім бәрінен қиын-қыстау болар еді. Төрт қабырғаның бәрі тас, еден тас, терезенің жоғарыда орны бар. Одан ең болмаса аспанның бір шегі көрінер ме екен деп мойнымды талай создым, жылт жоқ. Күндіз де қара көлеңке. Біздің жердің астындағы көртышқаннан айырмалар аз. Мүмкін осылай отыра берсек бізге көздің де, құлақтың да, тілдің де керегі болмай қалар. Максим Тиранов пырылдап, пеш үстіндегі мысықтай ұйықтайды. Мен ондай кезде сыңар құлақты қабырғаларға тосамын,

тіпті тықыр білінбейді. Анда-санда дәлізде жазалаушылардың кілтті салдырлатып жүргені ғана естіледі. Түнгі сұраққа апармаған күндергі ұйқы да тыным болмайды. Бытықы-шытықы түс көремін. Әлде-қашан өліп қалған Ұлтұғанмен құшақтасып жүремін. Марленді күнде түсімде көремін, жаныма келмейді, ылғи қалтырап-дірілдеп тұрады. Өстіп жатып таңға пәлен дүркін оянамын. Тирановты марттан бері тергеп болған ба көп шақырмайды.

Түннің бір шамасында жазалаушылар мені еңкедетіп алып жөнелді. Бұл жерде бірдеме ойладым деудің өзі артық, інім. Өйткені сенің басың ойлаудан қалады. Малдан айырмаң екі аяқтап жүргенің ғана. Басыма ештеме кірмеген күйі тергеуші кабинетіне кірдім. Төрт-бес адам отыр. Қатуланып отырған ешкімді байқамадым. Тағы да баяғы сұрақтар. Қарсыға тұрған ескі мектептің шәкіртінше бір бұрышқа тікемнен тік қойды. Ортадағы Садықовтың бетіне ұқсайтын баттиған, тарғақ орындық бүгін жоқ. Сыртта тағы мотор үні, гүрілдеп тұр.

— Көтерілісті қай уақытқа белгілеп едіңдер? — деді бірі аты-жөні жоқ, қайдағы бірдемені айтып.

— Қандай көтерілісті?

— Қойсаңшы әукейсімей, Үйсінбаев. Әлгі Жандосов айтқан көтерілісті айтамыз, — деді Садықов, беті тарғылданып.

— Ондайды білмеймін, — дедім мен. Төрде маңдайы тайқылау, кездесі шалқақтау, екі бетінің ұшы бүйректтей шығыңқы, қара сұр жігіт отыр. Қазақ ондай түстілерді ор дейді. Және қазақ ор адамнан ешқашан жақсылық күтпейді. Түрегелгенде байқадым, екі жіліншігі қамыттау, екі тізесінің арасынан ат өтіп кеткендей арбиып көрінеді. Ол кездегі аяқтағы қара шегірен былғары етік, сыптай, екі санына жеткен жері аузын бидайға толтырған ат-жалманның екі ұртындай едірейген, сары жасыл сымы оның дене бітімінің кемшілігін бадырайтып жалғанға жария етіп тұр. Жүрісі кесір, шалқақ-шалқақ етеді. Көзі сықсық, жыртыңқырап біткен, мұрнының маңдаймен жалғасқан жері — кеңсірігі тым шөгінкі де, оның есесіне кеуілжірінен ары ұшына қарай қобаған, қора төрінде шоңқайып отырған иттің бейнесін білдіретіндей. Маңдайы тайқы. Алдымен маңғаз жігіт екен-ау деп тұр едім, жоқ, сейлегенде, жүргенде шалт қимылды, жыпылдаңқыраған, артын байқап, абайлаған, бірақ қаныпезер адам екенін аңғардым. Ендігі сұрақтың біразын сол берді:

— Сендер қанша адамсындар?

— Отбасымыз төрт адам. Әйелім, екі балам.

— Ой, балаң балшыққа батсын, шүңтиған шұнақ. Советке қарсы ұйымдарыңда қанша адам бар? — деді жаңағы сықсық көз. Інім, күнде еститін, күнде жұрт жүз айтып, мың қалжыңдайтын «шұнақ» деген сөз өмірімде тұңғыш рет соншалықты ауыр тиді, мұны бүгін өзімнің дене кемшілігім екенін алғаш сезіндім, «шұнақ» қос өкпемен атқан оқтан кем тимеді.

— Сіз немене менің жеке басымның кемшілігіне тиесіз! — деп қарсыластым. Өйткені бұл кезде әлі тың едім, күшім де бар еді.

— Сенде жеке бас бар ма, сен Жандосов сияқты жаудың құлақкесті құлысың, соның жалдамалы, басыбайлы малайысың. Жандосов десе жан ұшыра жүгіретін жандайшабысың.

— Мен үнемі-ақ большевиктік жолға қызмет еткенмін. Одан айныған жерім жоқ. Жандосов большевик, большевиктің нұсқауымен өмір бақи жұмыс істедім.

— Жандосовтың нұсқауымен жұмыс істедің ғой?

— Большевик Жандосовтың большевиктік нұсқауымен жұмыс істедім, партиялық тапсырмасын орындадым.

— Демек, Жандосов бастығың болды ғой?

— Жандосов Қазақстанның, Түркістан республикасының бастықтарының бірі болды, Алматы, Жетісу облысының бастығы болды. Сіздің де бастығыңыз болды.

— Сен дұрыстап айтсаңшы, Жандосов бастығың болды десеңші.

— Мен дұрыс айтып тұрмын, Жандосов Өлкелік Комитеттің хатшысы болды, ВЦИК-тің мүшесі болды.— Нақ осы бір сәтте есіктен біреу көрінді де:

— Секенов жодас, сізді жоғарыға шақырады.— Сықсық көз жылымшы бірдеме ұрттап алып жиіркенген адам тыжырынып, бет-аузын бірнеше бөлек қылып жіберіп есікке беттеді. Оның беті беске бөлініп кетті. Маңдайы бір бөлек, екі беті екі бөлек, мұрны, иегі екі бөлек. Осы кездері халық жауы деп неше түрлі сықақ суреттер салынушы еді, оны басқа жақтан іздеп әуре болмай-ақ, осы Секеновке қарап салса болар еді деп ойладым. Арада екі сағаттай уақыт өткенде екінші бір тергеуші келді. Осылай мені екі тәулік тік тұрғызып қойып сұрады. Мен шаршадым. Бірақ жығылмадым. Әрбір екі-үш сағат сайын тергеуші ауысады. Алдыңғы тергеушінің сұрағандарын, тағы басқа өздерінің ойларына келгенін мыжи береді. Екі күн бұл кабинеттің терезесінен даланы, күндізгі жарықты көріп тұрдым. Күндіз де, түнде де осындамын. Тамақ та жоқ, ішуге су да бермеді. Тікемнен тік тұрмын. Аяғым сыздағанын екінші тәулікте аңғардым. Екінші тәулікте кешке қарай аяғымның ісігі көбейіп етікке сыймай кетті. Ісік тіземе шапты. Әлі есімнен танбадым. Жауабымның бәрі қалпында, Жандосовқа да, басқа аты аталғандарға да ештеме жолатпадым. Түннің бір шамасында камераға апарып тастады. Кіргенімді білемін, жығылғанымды білемін, ертеңіне күндіз есімді жидым. Қарасам шикылдақ темір төсекте екенмін. Күнде басыма жастаулы тоным аяғымның астында жатыр. Мен оған маңыз бермедім.

— Жігіт-ақ екенсің, денсаулығың да бар екен, елу сағаттан артыққа шыдапсың,— деді Максим Тиранов.

Үш күннен соң түннің бір мезгілінде мені тағы алып жөнелді. Өнеугі кабинет. Тағы да бірнеше адам. Кірісімен ортаға орындық қойды да, көн етігімді шештірді. Отырғандардың бірі үлкен ақ пышақты алып,

етігімнің қонышын өкше сірісімен кесіп тастады. Екі етіктің басын шәркей жасап, аяғыма ілгізді. Оған шұлғау тұрмайды, сондықтан ішіндегі жұқа башайлықпен қалдым.

— Е, бұл шыныққан, көтеріліске әзірленген адам аяғы мұздамайды,— деді кешегі сықсық көз Секенов.

— Ия, Үйсінбаев,— деді көзі жымығып тексіз иен Секенов,— Жандосов бастығың екенін айттың, енді одақтарыңдағы басқаларын айт!

Мені қайтадан кешегі бұрышқа апарып қойды. Тікемнен тік тұрмын. Ішімнен «шыда Шұнақ, мықты бол!» деп өзімді өзім жаныдым. Дегенмен жанымды жеп тұрдым. Енді кешегі пәлені қайталайтынын білдім. Япырым-ай деп ойладым, мені әкелгенде сыртта Совет өкіметі бар сияқты еді ғой. Әлде Совет өкіметінің кезінде-ақ осындай сұмдық істеліп жатыр ма екен? Қалай-ақ өмірімнің басы бапан, аяғы сапан болып аяқталар екен, мен тағдырыма осынша не жазып едім. Адамға берілер азғантай өмірді ит қорлықпен өткізетін болдым-ау деп күйініп те, күйзеліп те кеттім. Дегенмен бойымды жинап алып сұраққа жауап бердім.

— Жандосов Алматы облыстық Советі атқару комитетінің төрағасы. Облыс соның басшылығымен жұмыс істеді,— дедім мен Секеновке.

— Сен енді одақтарыңда кімдер болғанын айт.

— Мен ешқандай одақты білмеймін.

— Сұлтанғалиевті білесің бе?

— Білем. Кеген аудандық партия комитетінің хатшысы болса керекті.

— Онымен қандай байланысың бар?

— Ешқандай байланысым жоқ. Кеген ауданының хатшысы екенін білемін. Танымаймын.

— Сұлтанғалиев Жандосов бәрімізге колхозды тарату керек деп айтты деді ғой. Оны Үйсінбаев та біледі деді.

— Білмеймін. Естігенім жоқ.

— Ал Байқанаев сенің қандай жақының? Туысқаның ба?

— Жоқ. Шелек ауданының хатшысы. Танимын. Білемін.

— Ол да сендердің ұйымдарыңның мүшесі ме?

— Ешқандай ұйымды білмеймін. Бір-ақ ұйымды білемін.

— Ол қандай ұйым? — деп тергеуші Секенов елең ете түсті.

Бүкілодақтық Коммунистік «большевиктер» партиясының ұйымы. Коммунистік партияның ұйымында Жандосов та, Байқанаев та, мен тұрамыз. Байқанаев Шелек аудандық коммунистерін басқарады.

— Айтқың келмейді, фашист! — деп қазантолмастан оң қолының жұдырығымен қойып жіберді. Құлап түстім. Талып кетіппін. Баеыма бір шелек суды ақтара салды. Көзімді ашып алдым. Екі жазалаушы мені тұрғызып, аяғымнан бастырып қойды. Күшім қашқан жоқ, мықтымысынып тұрмын.

— Құдамановқа қандай қатысың бар?

— Құдаманов Шеген, Қаратал ауданының хатшысы. Соны ғана білем.

— Дәулетқалиев айтты ғой, ұйымның бастығының бірі Үйсінбаев деп.

— Қордай ауданында хатшы екенін ғана білемін.— Дәулетқалиевті алғаш Ғағауллинің үйінде Ғабит Мүсірепов менен ауданның жағдайын білуге шақырғанда көргенмін. Онда онымен сөйлесе де алмағанмын. Онда ыңыраңа отырып Ғабит қана сөйлеген болатын. Одан кейін ол кезде Алматы облысына қарайтын Қордай ауданына хатшы болғанын ғана білетінмін. Мен «бесеудің хатына» материал беріпсің деп айтар ма екен деп тұр едім, жоқ, Секенов оны білмейтін болса керек. Содан кейін тергеуші Аяғөз аудандық партия комитетінің хатшысы Рахымжан Хайруллиннің, Алматы облыстық «Сталин жолы» газетінің редакторы Хасен Өзденбаевті, облыстық жер бөлімі бастығының орынбасары Сырғабаевты да тімтініп, көп мыжып сұрады. Жауап алу әдісі бұрынғыша. Әрбір екі-үш сағатта тергеушілер ауысады, мен орнымда, бұрышта, қақиған қалпыммен қала беремін. Өзір бұлардың дегеніне төтеп тұрмын.

Екі тәулік өткенде шөлдеп ыңдыным құрып, бір жұтым су сұрадым. Қайдан берсін. Тергеуші Садықов өзі суды графиннен лақылдатып стаканға құйып, менің алдыма әкелді де

— Ал көтерілісті қай кезге шамалап едіңдер? — деді.

— Көтеріліс дегенді естіген емен, — дедім мен. Ол стакандағы суды менің бетіме шашып кеп жіберді. Мен бетіме тиген суды оң қолымның сұқ саусағымен төмен ысырып-ысырып, ерніме тигізіп, тамсандым. Құрғап, аңқасы кеуіп, кеңдірі кесіліп тұрған адамға сол таңдайыма тиген судың шашындысынан барған бір-екі тамшы күн ыстықта мейір қандырар шербеттен артық болды. Жүгіріп барып графиндегі суды бермесе, ұрғанына қарамай сімірсем бе екен деп те қоямын. Әлі өзімді өзім билей алатын дәрежедемін. Мен бұларға осалдық көрсеткім келмеді. Артық етім жоқ, сонда да әлі денем шымыр, босаған жоқ, сыптығырдай болатынмын. Сұлыбымнан мықты жаралған болсам керек. Ісірібін тоқтастан соққан, жер сілкініске бойбермей қалған сарайдай әлі бекем тұрмын. Бірақ аяғым ісш, екінші күні тіземе жетті. Неге екенін қайдам ісік төменнен басталады екен. Осы күні жүреп ауырған адамдарды да дәрігерлер жіліншігін жалаңаштап, балтырын, басып көрмей ме? Сонда ажал да, ісік те, зақым да адамға аяқтан келетін болғаны да. Өйткені ұзақ ауырып, өлім халінде жатқан, ауызына су тамызып жатқан адамдардың қазақ та алдымен аяғын ұстап кереді. Ондағысы жансыздану да адамның аяғынан басталса керек-ті. Ажал жақындағанда аяқ суи бастайды екен дағы. Күндіз-түні бірдей түрегеп тұрмын. Басым бас емес, оның орнына бір қазан төңкеріп қойғандай, зілмауыр тартып, екі құлағым шыңылдап, әлде бірдемелер бас ішінде зыңылдап, дүрілдеп барады. Үш тәулік бойы беріскен емен. Жауабымнан танбадым да, ай-

нымадым да. Төртінші тәулікте екі балтырым ғана емес, қара саным да ісіп, шалбарыма сыймай кетті. Ісік кіндігіме келіп қалды. Ең соңғы білгенім бір орыс жіпті сұрады:

— Жандосов қандай жау?

— Жандосов большевик.

— Мә, саған, большевик!

— Оң жақ құлағымға бірдеме сақ ете түсті. Немен ұрғанын білмеймін. Құлап түстім. Олар тепкілеп жатқанда көзім ілініп кетіпті. Үстіме құйылған судан көзімді ашып алғанымда сол жатқан көп болғанда бір минуттағы ұйқы мені тынықтырғаны сонша құр аттай сергіп, шаршауымды ұмытып түрегелдім. Тіпті тергеуге тыңнан келгендеймін. Осыдан кейін екі тергеуші ауысқанын білемін, есік жақтағы тұрған жазалаушы жаным келіп, ішімнен жұдырығымен бірнеше ұрып құлатып, есімнен тандырды. Су құйып қайта тұрғызды. Міне, төртінші тәулік аяқталарда олардың не сұрағанын, өзімнің не айтып, не қойғанымды білмеймін...

Көзімді ашып алсам екі аяғым темір төсектің басына шығарылып, күпінің жеңімен байланып, асылып қойылыпты. Өзім төсектің ортасынан төмен жатырмын. Тура үш күн ұйықтаппын. Еш нәрсе сезбеппін де, білмеппін де.

— Сен өзін келген жоқсың, сені өлік сияқты көтеріп келді, — деді Максим Тиранов.— Сені семіртіп әкеліп тастады.

— Аяғымды нағып асып қойдыңыз?

— Өйтпесе өліп қалар едің, — дейді Тиранов.— Ісік қайтсын дедім.

Арада он шақты күн өтті. Тып-тынышпын. Маған да, Тирановқа да ешкім келмейді. Таңертең бір саптыаяқ ыстық су екі жүз грамм нан, түсте екі жүз грамм нан мен атала, кешке таңертеңгіні қайталайды.

Бір күні түстен кейін жазалаушылар тағы ала жөнелді.

— Абак! — дегенге жалт қарасам Жандосов екен, оны есіктің артына итеріп тұрғыза қойды. Қарадың дегені болу керек, жазалаушының бірі кек желкемнен түйіп жіберді. Мен етпеттеп жығыла жаздап барып түзелдім.

Тағы да белгілі кабинетке әкелді. Үш-төрт тергеуші отыр. Ортадағы екі орындықтың біріне мені отырғызды.

— Сен бәрін мойындадың. Енді куәлармен беттестіреміз, — деді тергеуші Секенов. Есеңгіреп кеткенде не сандалдым екен, не деп, не қойғанымды білмегенім ғой. Інім, осы жерде бір нәрсе есіме түсе кетті. Баяғыда, революция алдында Дәуқара Бұғымүйіздің бір жалаң қия-жартасына шығып, бүркіттің балапанын аламын деп, ақыры ұяда балапан болмай тұзақ құрып қойса, үлкен бүркіттің өзі тұзаққа түсіп қалыпты. Балапандай емес, үлкен бүркітті қолға үйрету қиын болады екен. Оны үйрету үшін ауылға Қызылқамшы Сомбай бүркітші алғызылды. Бүркітші бүркітті тура бір ай жатып баулыды. Оның

тәрбиесіне бүкіл ауыл болып қатыстық. Алдымен үлкен бүркітті есінен тандыру керек екен. Ол үшін оны ұйықтатпау керек делінді. Тамақ бермеу өз алдына. Он шақты күн бүркіт қасынан адам кетпеді. Мен де бір түн бүркіт күзеттім. Менің істейтін қызметім — бүркіт қалғып бара жатады, оны қолымдағы қамшының сабымен түртіп жіберемін. Ол көзін ашып алады. Бүркіт екі минут қалғыса, ол екі тәулік ұйықтамауға бар. Сондықтан оның көзін аңду керек. Көзін жұмғызуға бол-майды. Ол үшін оны бүкіл ауыл болып күзетіп, он бір күн дегенде жығылып түсуге жақындаттық. Беретін тамағымыз суға салып қан-сөлін кетірген қаракесек ет, оның өзіне де тәулігіне бір-ақ татырады. Он бірінші күні бүркіт есеңгіреп, тұмсығынан тіреле жығылды. Осыдан кейін барып, аспан әлемін шарықтаған асау жануар, мешітке имамға ұйыған, намазға тұрғандардай мүлгіп, көнбіс болып, қолға үйренді. Мені де сол қолға түскен асау бүркіттей бұлар есеңгіретіп жықты ғой. Не айттым, не шаттым, екен? Япыр-ай, тура сол Бұғымүйізден алынған бүркіттің кебін кигенім ғой. Бір үкіні бір күн ұстау қырық кісіні қамағанмен бірдей деуші еді-ау, аталарымыз. Сонда мен де аспан адақдап, құзар қонған жазықсыз жануарды бір күн күзетіп, минут сайын түрткілеп шығып едім, басым келді-ау! О, дүние деңіз! Үкіні бір күн тұтқындаған кісі қырық күндік күнә аркаласа, одан үлкен бүркітке теперіш көрсеткен менің күнәм, тіпті шамасыз үлкен болды ғой. О, сорлы шұнақ, тарт енді сазайынды!

Төрдегі тергеушілер бастығы есіктегіге иек қақты.

Есіктен шүйкедей біреуді кіргізді. Шашы жоқ, жалаң бас, ешкі бастау, мойыны қылдырықтай, екі иығы кужауырын болған тайдай қолтаулағандай, бөксе жағы жұттан шыққан тайыншадай мүштіып қалған, оның есесіне сақал-мұртты өсіп, жыраға шыққан жантақтай қаптап кеткен. Байқанқырап қарасам таныс адам сияқты. Шақпақ Артықбаев. Шақпақ отыз жетінші жылдың ортасынан ауғандағы апалаң-топалаңда Жеңіл өнеркәсіп Халық Комиссары, Алматы обкомының бірінші хатшысы болған. Мен алғашқы қамалып шыққанда бар болатын, соңынан менен бұрын тұтқындалыпты. Менің онымен араласым болмаған адам, тек сыртынан танитынмын. «Бұрын да болсаң сорлы едің, ит қапқан соң не сорым» дегендей бұрын да кішкене адам, тіпті жұдырықтай болыпты, өзінде қырым ет қалмапты. Өзінен бойы сәл ұзындау орыс әйелі бар болатын. Е, бажа екенбіз ғой деп күлген едім ішімнен сол кездері. Ауыз-ба-ауыз сөйлесіп пікір алысқан, не дастарқан басында дәмдес болған адам емес-ті. Маған беттестіретін адамы бұл деп тіпті де ойламағанмын. Ортада тұрған арқалықсыз екі орындыққа бірімізге бірімізді қаратып отырғызды. Мен Артықбаевқа тік қарадым. Ол көзін төменшіктетіп, мойыны салбырап кетті, маған тіктеп қарамады.

— Танисың ба, мына алдындағы адамды? — деді төмен қарап отырған Артықбаевқа тергеуші.

— Танимын.

— Қалай танисың?

— Бұл Үйсінбаев. Осыны көтеріліс басшысына сайлағанбыз, — ол жүзі жанбайды және енді бетіме тік қарап тұрып соғып отыр. Мойныға өтіріктен қиып келгенде не дерінді білмейді екенсің. Ой, сабаз-ай!

— Қандай көтерілістің? — дедім мен.

— Жап аузыңды! — деп мені жазалаушының бірі салып жіберді. Төрдегінің иегі қағылды. Артықбаевтың артық дәлелі керек болмады. Сөйтіп мен бір-ақ сәтте он алтыншы жылғы ұлт-азаттық көтерілісін бастаған атам Бекболат Әшекеев сияқты көсем болып шыға кеттім. Артықбаевты алып жөнелді. Иегіме соққы тиген жерін укалап ұстап мен қала бердім.

Есіктен тағы бірі кіргізілді. Орта бойлыдан жоғарылау, қасы қатты өсіп тікелей кеткен, онысы аңызда жалғыз қалған масақтың қылпығындай жан-жаққа тартып тұр. Қалың қас астынан құр құдықтың түбінде қалған бір ұрттам судай көзі жылтырайды, жылтындайды. Япыр-ай, осындай жылтындаған көздері бар адам қашанда тұрақсыз, сатқындар болушы еді деп ойладым. Қанша үңілсем де, зерделей қарасам да оны танымадым. Көрмеген адамым сияқты. Қоңырқай өңінде бір жылылық жоқ. Бәлкім бұл байқұстың жылылығын мына тергеушілер құртқан шығар. Ол маған да, тергеушілердің бәріне жалтақ-жалтақ қарап шықты. Сонау он алтыншы жылдың декабрінде Беріктастан Алматыға қашып келгенімізде Көкбазарда маймыл жетектеген бір сұңқиған қара кісі жүретін. Сонда жетегіндегі маймыл бүкіл базардағы жанынан өткен адамның бәріне жалтақ-жалтақ қарап, біреуі ұра ма әлде теуіп жібере ме дегендей жыбырлап тұратын. Мына қазақ маған тура сол он алтыншы жылғы маймылды есіме түсірді.

— Мына адамды танисың? — деп сұрады тергеуші менен.

— Жоқ, танымаймын. Көрген адамым емес, — дедім мен.

— Егер ол сені көтерілісшілердің басшысына ұсынса қалай көрмейсің.

— Көрген де жоқпын, ұсынылған да жоқпын. Білмеймін.

— Мен білемін, көтерілісшілердің басшысына Үйсінбаевты өзім ұсынғанмын. Бір ауыздан сайлағанбыз. Қалай танымай қалдың? Мен Кеген аудандық партия комитетінің хатшысы болатын Сұлтанғалиевпын ғой.— Ой, азамат! Бұл да менің көтерілістің басшысы болып сайланғанымды мойныма қиып салды. Мен жауап беруге әзірленіп сөйлемек едім, желкемдегі жазалаушы мойнымды мытып-мытып жіберді. О дүние деңіз! Мен бүкіл Жетісу қазақтары аузына қарайтын, енді болмаса ертең бе, бүрсігүні ме көтеріліс бастайтын қасқырдың абаданы болып шықтым. Желкемде тұрған жуан жұдырық мені сөйлетпей, аузыма құм құйды. Ініне кіре алмай жүріп құйрығына қалжуыр байлаған балаңқы тышқан мен болдым.

Жандосовпен беттестірмеді. Беттестірсе ең болмаса бір көріп қалайын-ақ деп едім. Азар біткендей. Енді бағпайтын күн атпайтын түндер басталды. Тек ертелі-кеш дәретке шыққанда кейбір жүзі танысты

көріп қаласың. Сонда маған республиканың, облыстың барлық бастығы осы үйдің астында жатқандай көрініп кетеді, сырттағы дүниеден бәрі бейдама, азат. Сарылып, сарсылып күндіз-түні темір есікке телміру, аяқ басқан сымдырға құлақ тігу. Осындайда бұрынғы өмірің елес береді. Бұрын өмірім өмір емес болды-ау дегеніңнің бекершілік екенін осында аңғарасың.

«Мың күнгі ұжмактан бір күнгі жарық» деп біздің аталарымыз қалай жақсы айтқан, қандай атеист болған. Шынымен-ақ бұл дүниеде көрмеген қызықты жоқ дүниеде көрем деп илану ең барып тұрған мүскіндік-мүсәпірлік қой. Бұл дүниеде рақат көрмеген соң дәмегөйленіп, е, әлі о дүние бар екен ғой деп есекдәмеленсін деген сөз ғой. Беретін жақсылығы болса ол құдай осы дүниеде-ақ бере салмай ма, ақыр түбінде бермей қоймайтын болса ол дүниеге қалдырып қайтеді, құдай өз мойнына қарыз қылып қайтеді, қарыздан жылдам құтылған абзал дүр. Ал береген құдай нағып әйтпесе бізден ақы-пұл сұрамайтын ақ жарықты аяйды. Бізге тіпті бақыты, тақыты керек емес, жарық дүниесі ғана керек болып тұр ғой. Тәбияға жаралған тарланды неге құрсауға салады, әйтпесе? Өстіп бір-бір уақыт құдай деген, бәрін көтере беретін қара өгіздің жауырынына да жармасамыз. Ал Марксизм ше? Біз сол Маркстің, Лениннің ілімін жақтап, қолымыздан келгенше тебіздеп жүзеге асырған жоқпыз ба!? Асыра алмағанымыз, келістіре алмағанымыз бар шығар, бірақ оған дегенде түтіміміз тузу ұшушы еді ғой. Біздің сеніп, имандай ұйитын партиямыз қайда, ол бізді тірідей отқа салғаны несі? Егер партия бізді тірідей отқа, тозаққа салатын болса, онда өлгеннен кейін мұсылманшылық жасамдың, құдайға құлшылық етпедің, тағы сөйтпедің, бүйтпедің дейтін құдайымыз-ақ жақсы болды ғой.

Өйткені өлгеннен кейін итке сүйреп салса да білермісің. Не болса да құдай тірімізде істемей, өлгеннен кейін шыжылдатып етімізді тозаққа күйдіретін керінеді. Ал біз тірімізде-ақ көрдік қой, ол тозақты. Одан да өлгеннен кейін тозаққа күйдіру түгіл қауап етіп қақтаса да, қуырып жесе де бәрібір емес пе еді. Бірақ қалай-ақ осылай қала берер екен, ерте ме, кеш пе әділет атаулы, шындық атаулы женеді деп үйретпеп пе еді, марксизм-ленинизм ілімі. Ендеше үмітсіз болмау керек шығар. Үміт! Бірақ қашанғы үміттенерсің. Сол үмітпен тыбыр етпей отырғаным алты ай болды. Әлде үміттің де Устав, Программасы, кестесі бар ма екен, үміттің де уақытын кесіп тастайтын соты бар ма екен. Амалы таусылып сандалған, үміті кесілген адам не ойламайды. Бұл менің ғана ойым емес, бар тұтқында отырғандардың әмбесінің тарпында ұялаған пікірі осындай еді. Сонымен отыз сегізінші жылдың августына дейін осылай күнді, түнді білмей бәрін көр деп өткіздік. Үміттің өзі құманға айналды. Жүрмегендіктен барт болып ісіп кеттім. Барт болу да ісіну, інім. Бірақ бұл жүрмегендіктен, қимыл болмағандықтан ісіну. Жүрсен, қимылдасаң ол тез-ақ тарап кетеді, сыптиып шыға бересің. Кәдімгі семірген адам-

дай екі білезігім де жас баланың білегіндей етейіп, бунақталып қалды. Алғаш апыр-ай, қалай-ақ, қара су мен қара нанға семіріп бара жатырмын деп ойлап жүрдім. Барт болғаным ойыма кейін оралды.

Бір күні он бір адамға сот болды. Ол сотты, інім, саған айтпасам да болады. Ол аты сот, біздің тағдырымызды күні бұрын кесіп, пішіп қойған болса керек. Біздің сөзімізді тыңдап, оған құлақ қойған сот жоқ. Жаңа ғана саған айтқан, тергеушінің менен сұраған адамдары менімен бірге сотталды. Колхозды таратпақ болды, Совет өкіметіне қарсы көтеріліс ашпақ болды деген айып тағылды бізге. Үш адамға жиырма жылдан, одан он бес, он жылдан, артымызға екі адамға бес жылдан бәрімізді соттап, Алматының Өзбек көшесі мен Ташкент көшесінің бұрышындағы түрмеге апарып қойып қалды.

Інім, түрмеде адам лық толы. Бір камерада жетпіс адам жатамыз. Санап кіргізіп, санап шығарады. Түнде сыймаймыз. Бәріміз бірімізді біріміз қуалап бір жамбаспен жатамыз. Үш адам түнімен жата алмайды. Екеуі дәреттенетін нәжіс-кеспектің жанында тұрады да, бірі соны ашып-жабатын адам соның үстінде отырады. Кім түнде тұрып дәреттенер болса, соның орнына нәжіс-кеспек жанындағының бірі келіп жайғасады. Дәреттенген адам жаңа азапты-азарлы кеспектің иесіне айналады. Онда тұрған кісі жердегі екеудің бірі болып жататын орынға көзін сатып тұрады. Екінші жамбасына ауып түсуге құқың жоқ, оған мүмкіндік те жоқ, тізең бүгілмейді. Түрме арбып-сарбып еркін жатар сенің үйің емес. Жамбасың ауырмақ түгіл тесіліп кетсе де әмір берілмей екінші жамбасқа аударылмайсың. Екі сағаттан кейін әмір беріледі. Жатқандардың қуығының шыдамсыздығын шыдамсыздана күтіп нәжіс жанындағы үшеу тұрады. Дегенмен, інім, анау жер астындағы көртышқандық көресіден мына азапты жатыс әлдеқайда жақсы. Өйткені мұнда адаммен аралас, азды-көпті сырттан келер хабар бар. Кімдердің камалғанын, қандай азап көргенін, азар берген тергеушінің, жазалаушының да аты жетіп жағайды. «Түрмеге түсіпті» деген сөз бар да, «түрмеден шығыпты» деген атымен естілмейді.

Бір күні таңертең албарға шығарғанда көптің ішінен алпамсадай біреу бұзып-жарып маған қарай тұра жүгірді. Оның жанына келген жазалаушыны ол бірін бір, екісін екі лақтырып жіберді. Оған аналар беттеңкірмей, тек сөзімен ғана «Турака, Турака нельзя!» дегеннен басқаға бара алмады. Жақындағанда қарасам кәдімгі ұры Тұрапбай. Қып-қызыл нарғтай, түрмедемін-ау деп жүдеп жүрген Тұрапбайды көрмедім. Ол жүгіре келіп мені құшақтай алды. «Абақ, бауырым, бармысың?» Япыр-ай, інім, бір таныс көргеніме, ұры да болса атымды білетін адамды көргеніме, оның менен қорықпай-үрікпей оңындағысын оң жағына, солындағысын сол жағына лақтырып жаныма жетіп құшақтағанына қатты қуандым. Інім, шыны, оны ұры еді деп ойламадым. Мен қай жетісіп тұрған адам, ол ұры болса, мен халық жауымын. Мен де құшақтадым, тіпті көзімнен жас шығып кетті. Түрме жазалаушылары үшеу-төртеу болып келгенше

ол маған айтарын айтып тынды. «Амандығыңды жеткіземін, осында екенінді айтамын, қамықпа, мықты бол!» деді. Маған бұдан басқаның керегі де жоқ. Түрмешілер оған тиісе де, желкелей де алмады. «Тура-калап» төртеуі алып жөнелді. Шынын айтайын, інім, сызылған, маған жақын жүрген мың интеллигент істей алмайтын Тұрапбай жақсылығы менің өмірімнің ең жарқын бетіне жазылып қалды.

Бір күні таңертең Дәулетқалиев басқалардан бұрын орнынан тұрды да:

— Азаматтар, мен бүгін аштық жариялаймын,— деді. Көбіміз-ақ бұған күле қарадық. Дәулетқалиев арамыздағы сауатты жігіт еді. Әсіресе экономикалық мәселелерге келгенде өгіз жанында желген аттай болатын. Оның республиканың шаруашылығына талдау жасауы тым ерекше еді. Ал мына бір ісіне біз таңғаддық. Онымен кімді тындырып алады дестік. Сөйтсек қызметкерміз деп көбіміз көкірекке ұрып жүре берген екенбіз, саяси мәселеге келгенде әлі де көрсоқырлығымыз көп екен. Дәулетқалиев бізден жоғары тұр екен, жолды да біледі екен. Ол сөз сол сәтте-ақ түрме бастығына жеткізіліп, оған талабын айтуы үшін қалам, қағаз берілді. Оны бізден айырып алып кетпек екен, апаратын орын болмағандықтан осында қала берді. Ол түрме бастығына үш талап қойды. Әйелімді қызметке орналастырасыңдар, бала-шағамның күн көрісін қамтамасыз етесіңдер, әйеліммен көрістіресіңдер.

Дәулетқалиев сұлық жатты. Бәріміз оған жағдай жасауға тырыстық. Ол көзін сүзінкіреп жүретін, жүдеу, көкірегінде кімдігі бар жігіт болатын. Сол дімкәсі енді, арта түсіп, жөтелі көбейіп кеткен-ді. Әсіресе соңғы күндері әбсін даққа қалып, оған жалғыз шомып кетуші еді. Ділінде не барын біліппіз бе, біз оның. Әркімнің өз қайғысы өзіне жүк. Бәрі де қабағын ашпай ғамкүн болады. Өзің мойныңды басқан батпаннан басыңды көтере алмай отырып кімнің қайғы-қасіретіне ортақтасқандайсың. Бәрі де қайғыға белшесінен батып, қабақтары қарс түсіп отырады. Дегенмен біз Дәулетқалиевті ардақтадық. Оны ашық терезенің жанына жатқыздық. Мүмкіндігінше оны оңашалауға тырыстық. Оның дімкәсті өкпесіне олсыз да ауа жетпей тұрады. Сонда да қолдан келгенін жасамақтық. Әкелген нан, су сол қалпымен оның жанында тұрды. Түскі атала әкелінгенде таңертеңгісін алып кетті.

Өлмесен ома қап дегендей оған түрме бастықтары алғашқы екі тәулік бойы жоламай қойды. Үшінші күні түрме бастығы келді.

— Кімнің несі кетеді, өзің аштан өлесің,— деді. Дәулетқалиевта үн жоқ. Оның еріні кеберзіп, көзінің аласы көбейіп кеткендей еді. Күн қызуы әлі басыла қоймаған, сентябрьдің іші. Оның үстіне жетпіс кісі жататын түрменің ішінде демалудың өзі азап. Жетпіс өкпенің шығарған кемір қышқыл газы ауаға көтеріліп үлгірмей, өкпелерге қайта жететіндей. Сырттан оттегін біреу әдейі бір белгісіз құралмен сорып алып, бұл жаққа лүп етер ештеме жібермей қойғандай. Не бо-

лар екен деп жүрдік. Үшінші күні Дәулетқалиевті біздің арамыздан алып кетті. Ертеңіне түрме бастығы бізге:

— Дәулетқалиев Советке қарсы шара жасады. Аштық жариялау ол Совет өкіметіне екінші рет қарсылық көрсету болады,— деді. Барлығы еркек, бәрі де кемел шағындағы адамдар бұл сөзге желп етпеді де, сөз екен демеді де. Түрме бастығының сөзін жел шығарғанмен бірдей көрді. Өйткені бұл кезде бәріміз де босқа кетіп бара жатқанымызды, қамалғандардың әмбесі кінәсіз де, күнәсіз де екеніне көзіміз жеткен. Сонда да жетпіс адамның ішіне кіріп шыққан ешкім жоқ, ішімізде «тоқылдақ» бар екенін сезетінбіз, аузымызды бағамыз, дымымыз ішімізде болатын. Анда-санда жігіттер «ұры туысқаның қайда, хабарсыз кетті ғой» дейтін. Мен үндемей құтыламын. Көбіміз жүрмеген соң барт бола бастадық.

Арада екі ай өтіп кеткенде, таңертең түрме албарында басқаларды киіп-жарып, жүгірген түрме қызметкерлеріне бой бермей менің жаныма Тұрапбай жетті. «Турака, Турака» деп артынан түрме адамдары да келіп қалды. Байқаймын, Тұрапбай оларды адам екен деп тұрған жоқ, бірі қолын ұстамақ еді, оны итеріп жіберді. Анау шайқалақтап барып әрең құламай қалды. Екіншісі тіпті оған жоламай ай даладан «Туракалап» жүр. Алпамсадай, алып Тұрапбай кеудесі аяққаптай болып келе мені құшақтады. Шырағым мен де кішкентай адам емеспін, көріп отырсың, сонда да оның құшағында жоқ болып кеттім. Құшақтап тұрып сол қолымның алақанына сұп-суық бірдемені қыстыра қойды. Сонан соң жұртқа естірте:

— Қамықпа, мықты бол! — деді бұрыла беріп.— Аузыңа тыға сал!

Қолымдағы конфет екен десем, шыны. Шынашақтай шыны. Пәле қуалап үйренбеген мен сорлы оны біліппін бе, аңырып қалдым. Шынашақтай шыныны не істерімді білмей састым. Камераның есігіне қарай беттеп келеміз. Артымдағы Желябин «аузыңа тық!» — деді. Сонда ғана кеңкелес басыма бірдеме кірді білем. Шынашақтай шыныны аузыма сала салдым. Аузым дорбаланып, енді ашуға келмей қалды. Өйткені шыны ыдыс тілім мен тандайымның ортасында жатыр. Егер ұртыма шығарар болсам, онда ол тісі іскен адамдай компиып кетуі мүмкін, оның үстіне шыны тісіме тиіп шықырлап дыбыс шығуы да ықтимал. Бұл түрмеде үйренген алғашқы шарғым болды. Есікте тұрған түрме қызметкері кіргендерді тінтіп жатыр. Мен де жақындадым. Менің алдымда келе жатқан Желябин артыма шықты. Желябин бойы биік, еңсегей адам еді, бұл кезде еті қашып, аздап бүгіле бастаған. Байқайтынмын, ол есіктегі тұрғанның бірімен таныс сияқты еді, әрқашан осы жігіт кезекшілікке келгенде Желябиннің қабағы ашылып қалатын. Екі кезекші мені қарай бастады. Анау екеуі қалталарымды тінтіп жатыр. Аузын бұған өгіздей мен тұрмын. Артымда тұрған Желябин өз танысына қарап:

— Не өзгеріп қалды дейсің. Жүр, ей, бассаңшы аяғыңды! — деп мені итеріп жіберді. Кезекшілер мені ілгері жіберді. «Уһ» деп демімді бір-ақ алдым. Олар Желябинді қарай бастады. Ит жатағымызға келдік. Өп-өтірік жөтелген болып шынашақтай шишаны қолыма алу үшін аузымды сүрткен болдым. Сілкеймен суланған шишаны қалтама салдым. Көруге болмайды. Екі көзіңнің бірі жау. Біреу жеткізіп қояр деп қорықтым. Інім, сол күні күн батпай қойды. Күн батқан соң таң атпады. Тыпыршып шықтым. Камераға сәуле түскенде-ақ ояу едім. Желябиннің желкесінде жатып шынашақтай шыныны қолыма алдым. Аузында кішкентай ағаш тығыны бар. Оны тісімен әрең суырдым. Ішіндегі үлдірек, пияздың қабығындай қағазды шығардым. Желябиннің аркасына тығыла жаттым. Екі қолым екеуміздің арасымызда. Дыбысын шығармай қағазды жаздым. Жазу арабша. Ольганың жазуы. «Абақ, сәләматсыз ба? Бәріміз аманбыз. Бәрін білемін. Қуып жатырмын. Ольга», депті. Бар болғаны осы-ақ. Адам дегенде қанағат болмайды, інім. Тоғыз ай құлаққа ұрған танадай хабарсыз жатқан адаммын ғой, мына екі ауыз лебізді оқып білген соң «неге сонша сөзін аяды екен» деп ренжідім. Ал ол келмесе, өлмегенге өлі балық болып жолығып, арасында Тұрапбай жүрмесе қайтер едім. Осында үй іші, бала-шағасынан он жеті ай хабарсыз адамдар бар, олардың шықпаған жаны-ай, десеңші! Осыларды ойлап шүкіршілік еттім.

— Не депті? — деп сұрады Желябин естілер-естілмес сыбырлап.

— Екі ауыз сөз, аманбыз қуып жатырмын депті.

— Сен бақытты адамсың, Абақ, — деді Желябин. — Ал менің әйелім де отыр деседі. Балаларым қайда қаңғып жүр екен. Сенің ең болмаса әйелің балаларыңа ие болып отыр ғой. — Желябин жасымайтын мықты кісі еді, осы жерде көзінен моншақтап жасы ағып кетті. Екеуміздің сыбырымыздан төңірегіміздегілер құлақтанып тыбырлай-жыбырлай бастады. Біз дым болдық, дегенмен Желябин үнлегенде қарс айырылған, көкірегінен шыққан демі бұл камераға сәуле жаңа түскен таң сәріде талайдың-ақ қай-қайдағысын қозғап, әмбесіне ой салып, камера ішін күңіретіп жіберді. Бәрі сақырлаған, кеше әрқайсысы бір кісіден кеммін деп жүрмеген сайдың тасындай жігіттер. Бүгін мүсәпір болып отырғанда да іштен тынып сыртына қапакүндігін шығармайды. Дымағы бітіп, әлі қашып, оты шала жанған көмбедегі нандай сары тап болып, дүмбілез жатыр. Дүмпіген мандам бір-ақ күнде ақтарылса, лоқының жалқаяғы жарылса деседі. Бірақ ондай күн қайда? Көңіл күдікті, ділі дүмған, ақылы алтау, есі төртеу. Қазақ «түйесі жоғалмағанның ақылы түгел» дейді. Басыңа түспей пақыршылықты түсінбейсің де, білмейсің де. Бір-бір елді басқарып, ақылы-парасаты басынан асып жататын есіл ерлер бүгін түрме қызметкерлерінің қас-қабағын аңиды. Түрме қызметкерлерінің үні тимесін, үні тисе де мылтығының дүмі тимесін дейді. Мылтық дүмі тисе де дүрмекпен керсем дейді. «Көппен көрген — ұлы той» Басқа

ауырлық басқалармен бірдей түскен соң ғамкүн болудың өзі артық. Анау Желябиннен, сонау он бірінші жылдан партия мүшесі Тирановтан, кеше аштық жариялаған Дәулетқалиевтан артықпын ба деп өзіңді өзің жұбатасың. Өзіңді өзің жұбатпасаң, өз кеуденің өзің көтермесең сарыуайым жайлап алады. Жігітті сары уайым оңдыра ма? Ол сенің дымақ-күшінді іштен ірітіп, ілгері басқан аяғыңды кейін кетіріп, жегідей жеп, бітедей бітіреді. Сөйтіп өзіме өзім демеу-медеу бердім, басымды көтеріп, тәубама келдім.

Отыз сегізінші жылғы декабрьдің аяғы. Күніне мемлекеттің алты жүз грамм қоңыр нанын тегін жеп жатырмыз. Бұл кімге пайда, кімге зиян деген бір жан жоқ. Түрме толы адам, үлкен жолдағы көпір аузына жиналған малдай бық-бық, лық-лық етеді. Осының бәрі азды-көпті түрме қорлығын көреді ғой, бірақ мемлекетке келтірер бір тиын пайдасы жоқ, тегін нан жейді. Осынша адамды мемлекетке тегін асыратқан адам рас жау болса керек-ті, інім. Тіпті бізді соттап болғаннан кейін де осынша ұстауы түсініксіз. Мажалы солардың алдыңғысын жіберіп үлгіре алмай жатыр деймін мен.

Бір күні камера іші жыбырлаған қозғалыс, сыбырлаған сыбысқа толып кетті. Отырғандар абыржып, қабақтары қарс жабылып, күлпат болды. «Айдайды» деген сөз бір құлақтан бір құлаққа сыбырмен жетіп, күндегідей емес, көрші камераларда да дүркін-дүркін дүбір-дүбірі естіліп, кейде тіпті шаң-шұң шығып жатты. Таңертең ыстық су ішкен соң бәрімізге орнымыздан тұруға әмір берілді. Түрме албарына айдап шықты. Күн шыту екен, аяз бетті жалап тұр. Есік алдында әлденеше жүк машинасы. Ашық машина, қорабы жайдақ. Қалың киімімізді киіп, дорбамызды аркалап, қарулы адамдардың қақпайлауымен машинаға міндік. Мен отырарда машина қорабы лық толды, артынан екінші қатарға теріс қарап отырдым. Мойын бұруға рұқсат жоқ, машина қорабының алдында екі әскери адам, қолында мылтық. Қырық-елу адам отырған машина абақты қорасынан ыңырана-гүрілдеп шықты. Жолдың екі жағы, түрме алды толған адам, көбі қатын-қалаш. «Үмітсіз сайтан», балаларым бар ма деп мен де жалғыз құлағымды дыбысқа тосып, алаңдап отырдым. Ызың-шу, жылаған, айғайлағандар көп. Біреуді біреу біліп болмайды. Жер тайғақ, машина сырғып Ташкент көшесіне түсе бергенде өкпе тұсымнан «Апа, көкемді қара!» деген Марлен даусы құлағымға сап ете түсті. Көшеде Ольга екі баласымен тұр. Олар да, мен де анық көрдік. Олар қолын еркін сілтеді, мен болар-болмас көтердім. Машина сырғып барады. Владиленаны Марлен алдына көтеріп тұр екен. Мені көрген соң, оны жоғары көтере түсті. Ольга ақ шүберекпен көзін сүртті. «Көке!» деп көше жаңғыртқан Марленнің жылаумен аралас жарықшақтанған, тарғылданған даусы құлағымды жарып тұрды. Түрме-вагонның жайдағына тонымды, дорбамды тастай беріп-ақ саңылау-саңылаудан сығалап бақтым. Ешкімді көре алмадым. Әмбеге аян, әлемге айқын асқақ та, асқар да Алатау көлбеп оңтүстікте

жатты. Поезд қозғалғанда Талғар, Алматы, Саржалақ, Аюлы, Найзақара, Қыземшек, Қатынтөс бірінен кейін бірі тізіліп қалып бара жатты. Одан басқа түк көрінбесе де, бәріміз Алатаудың басын көргенімізді дәтке қуат қылып тұрдық. Арада үш сағат өткенде де Ұяғаржан, Көктөбе, Майтөбе, Суықтөбе қалмай поезбен жарысып, бізбен қоштасып келе жатқандай еді. Алатау біздің әкеміздей, қол сілтеп тұрғандай еді. Ділімде туған жер — Алатау, құлағымда Марленнің «Көке!» деп айғайлаған жарықшақтанған даусы кете барды...

* * *

«Жандосов жау болса, мен де жаумын» деп Свердловскіден бір-ақ шықтым. Бұл төңірекке түнде түстік. Әлдеқандай бір орманның іші. Көбіне аспан көрінеді, жан-жағың ағаш. Сол орманның ішінде он шақты гектардай жерді лагерь алып жатыр. Оның жан-жағы биік тақтайдан тұрғызылған қоршау. Тақтай қоршаудың биіктігі үш метрдей, оның әр он метріне биік қадалар орнатылып, үстіне темірден тікенді сымнан аран тартылған. Аранның арасы жиырма сантиметрдей де, бес қабат, сонда жалпы қоршаудың бойы төрт метрдей болады. Оның сегіз жерінде, яғни төрт бұрышында, сонан соң араларыңда күзет мұнаралары бар. Күзет мұнараларының сыртқа қараған екі жағы қоршаулы да, төбесі жабық. Жабық төбеден төмен қарай салбыратып іліп қойған әлдеқандай поезд вагонының тегені сияқты қалпақ темір. Оның жазылын жоғары ілген де, қалпағы төмен қарап тұрады. Жанында күндіз-түні көз жазбайтын, тізе бүкпейтін жасауыл.

Күндіз де, түнде де жасауыл даң еткізіп әлгі қалпақ тегенді бір соғып қояды. Оған екіншісі, үшіншісі, төртіншісі... сегізіншісі даңылдатып жауап береді. Қаңғыр еткен теген дауысы даңылдап бүкіл орманды алып кетеді де, сегізінші дауысы біріне бірі жалғасып, біршамаға дейін сембей тұрады. Алғаш мен оны белгілі уақытта соғатын уақыт өлшемі, әлде жұмысқа шығу, қайту, үзіліс, тынығудың бітуі, әлде бірдемеге шақыру деп ұғып жүрдім. Сөйтсем тіпті де олай емес. «Мен қарап, көріп тұрмын», «мен де...», «мен де...» деген абақтыдағы жазаланушыларды қорқыту үшін берілетін белгі болса керек-ті. Оның қанша уақытта, қай кезде берілетінін білген емен. Өйткені күндіз лагерьден тыс жерде жүресің, кешке сілең құрып келесің, ол түгіл жер зыңыранып, сілкініп, астын-үстін зұлжалал болса да білуге шамаң келмейді.

Сағат алтыда тұрып ыстық су ішкен соң, төрт-төрттен тұрғазып бізді ағаш кесуге орманға әкетеді. Аяғыңды қия бассаң болды, атып тастайды. Егер жаза тайым саптан бір адым ауытқысаң ол қашқанмен бірдей дейді де, тартып жібереді. Далада көмусіз ит-құсқа жем болып қала бересің. Ең арзан өлім адам өлімі, оны ешкім сұрамайды, неге аттың демейді. Сенен гөрі дұрыс кесілмеген, немесе жерге құлағанда сынып, бөлек-бөлек қалған қарағайдың сұрауы күш. Осылай азарлы-аза-

пты өмір кешіп жүрдік. Жігіттің не бір бұланы, не бір құланы құлаған жерінде қалып жатты. Мойнымыз ырғайдай, битіміз торғайдай болып жүдедік. Мұнда адамның нояны да, қояны да қоян, қорқак. Өйткені қорқытып тастаған. Таңертең орныңнан тұрғанда тірі қайтам ба, жоқ па деп тұрасың. Тұра алмай қалмасаң, ыстығың-ның қандай болғаны есеп емес.

Інім, лагерьдегі көрген қорлықты, зорлық-зомбылықты айтып жүрегі еш нәрседен шайлықпаған сенің пәк көңіліңді кірлемей-ақ қояйын. Саған өзімің қалай тірі қалғанымды айтып берейін.

Ит қорлықпен жаз өтіп күз келіп қалды. Бұл отыз тоғыздың күзі. Жүдеп жүргенмін. Ауырғандар қисайып өзі өлгенше жұмыста жүреді. Августың аяғы еді. Орманнан күн батпай қайттық. Дәрігерге көрінуге келе жаттым. Дәрігер де біз сияқты елу сегізді арқалаған, басы аппак қудай, еңгезердей ірі адам. Жұрт оны профессор Петров десетін. Мен дәрігерлік пунктке келгенде профессор далада жүр. Және тімтініп ағаштан түскен қу жапырақтарды жинап, алақанына салып уатып, қағазға орады. Біле қойдым, темекі тартады екен. Мен осының алдында ғана үйден кездейсоқ сәлемдеме алдым. Алған сәлемдеменің алды да, арты да осы болды. Бұдан кейін сәлем-сауқат түгіл, дұғай сәлем, хат та жоқ. Бәрінен махрұм қалдым. Сауқат ішінен терт папирос, екі махорка шыққан. Тамақты бөліп жеп, махорканы бір шылымнан түрмедегілер пышақ ұшынан үлесіп алды. Төрт папиросты өзімің үнемі қалтамда ұстадым. Өйткені, інім, денсаулығымды сақтауым үшін темекі тартпауға бекіндім. Бірақ зәушайтан тым аңсап кетсем деп папиросты сақтадым. Қазақ «шай қорлығы жаман» демей ме, інім. Ал темекінің қорлығы одан он есе десем аз болар. Темекіні жігіттің жігіті ғана бір тастағаннан тартпай кетеді. Шылымды қойдым деген талай қасқа мен жайсаңның он қойып, он тартқанын көрдім. Талай марқасқа нанын темекіге айырбастап жібереді.

— Маған келдіңіз бе? — деді доктор. Бұл бүкіл лагерьде «сіз» деп сөйлейтін жалғыз адам.

— Ия,— дедім,— ауырып жүрмін.— Ол дереу жаңағы ораған жапырақты қалтасына сұға салып ішке кірді. Отырғанда «осы темекі менің не теңім, елден жырақ, бала-шаға жоқ, қаңғып жүргенім мынау, көнімді елге аман сүйреп жеткізгенім олжа емес пе, одан да осы профессорға бере салсам қайтеді» деген бір ой мені соғып өтті. «Өзі қартаң адам, ешкімі жоқ көрінеді, дәрігерлік құрып үйде отырады дегені болмаса күні итке бергісіз ғой. Менің ең болмаса артымда балаларым, әйелім бар ғой» деймін. Мен қалтама қолымды салып папиростың тертеуін де алдына қойдым. Ол дереу біреуін алып тұтатып тартып, сорып-сорып жіберіп, кәдімгі алыстан шөлдеп, аңсап келіп қымыз ішкен кісідей сел-сел болып тұрып терлеп, жадырап, пора-пора болды. Қалтасынан беторамалын алып маңдайын сүртіп, маған қарап жымыды. Те-мекінің ашылғанын қалтасына салды да, үшеуін столының

суырмасына тығып аузын кілттеді. Профессордың шылымды сорып сүйсініп, содан бір жан рақатын тапқанына, темекіні бергеніме мен өзіме өзім қатты риза болдым. Әрине, темекі жақсы нәрсе емес. Дегенмен дүниеде адамға жақсылық жасаудан артық не бар екен. Ол темекіден жанына жақсылық тапты ғой, мен соған қуандым.

Доктор мені шешіндіріп қарады. Әбден тыңдады. Сонан соң қалтасына қолын салып, жаңағы папиростың бірін алып тұтатып, қайта тартты. Тағы пора-пора болып терледі. Асықпай ұзақ сорып, еркін бұрқыратты. Бөлменің ішін көкпеңбек көкала түгін етті. Мен үнсіз отырмын. Ол темекі тартып болған соң да бірсыпыра уақыт үнсіз қалды. Әлденелерді есіне түсіргендей, оң қолын жазу столына қойып, үстінде жатқан кітаптың бетін шертті. Менің бір жаман науқасымды тапты ма деп мен қыпылықтай бастадым. Әлден уақытта ол маған бұрылды:

— Денсаулығыңыз темірдей-ақ екен. Бірақ жүдеп бітіпсіз. Сары аурудың белгісі бар. Ауруханаға саламыз.

— Ауыруым жоқ, тек шаршап жүрмін.

— Ауруды дәрігер біледі, сіз ауыруды біліңіз. Қазір ауруханаға саламыз.

Сонымен ауруханаға түстім. Қуыстағы бір төсектік індей бммеде жалғыз жатамын. Күндіз-түні ұйықтаймын. Маған ешкім келмейді. Науқасым жұғады деп қорқады. Тек дәрігер күніне екі рет кіріп шығады. Бірақ кірген сайын мен ұйықтап жатқанымның үстінен түседі. Күледі де, шығып кетеді. Сөйтіп мен тура жарты ай жатып әжептәуір тынығып қалдым. Сонымен мен жиырма бір күн дегенде далаға жұрт қатарына қосылдым. Осылай мен үш төрт дүркін ауруханаға түстім. Енді бұл жағдайдан өзім қысыла бастадым. Мен жиырма күн ауруханада жатқанда лагерьдегі бұрынғылардың бәрі қырылып та бітіпті. Енді адамның бөрі жанарды. Мен қатарлы келгендерден қалғандары бірді-екілі адам. Енді мен дәрігерге көрінуден қашатын болдым.

Күннің бәрі бірдей, біреуіне біреуі ұқсас. Күнде бозала таңнан тұрамыз, кеш бата лагерьге келіп құлаймыз. Өлім көрмеген күніміз болмайды. Тәулік сайын бір жолдасымызды, кейде екеу-үшеуін көлеміз. Өлімді көре берген соң адам бұл дүниеде барын да ұмытады екен. Бізге хат жазғызбайды, хат келмейді. Жыбыр-сыбырдан ештемеге естіп жарымаймыз. Үш күннен кейін көрге де үйренеді демей ме халық, лагерь өміріне де үйрене бастадық. Бірақ қит етсек атылып қаламыз, бетегеден биік, жусаннан аласа, жыбырлап жүріп, сыбырлап сөйлеп күн кереміз.

Бір күні мені дәрігерлік пунктке шақырды. Профессор Петров мені дұрыстап қарсы алды да, әңгімені қысқа қайырды.

— Сіз мал баға аласыз ба? Сіздің ел мал бағатын ел ғой.

— Ия — дедім мен. — Баға аламын.

— Мен сіз жөнінде лагерь бастығымен сөйлесіп едім. Егер қаласа жылқы бағуға жіберейін деді.

Інім, шынын айтайын қуанып кеттім. Қуанбағанда ше? Ежелден ата-баба кәсібі, өзімнің де көзім мал бағумен шықты. Ал лагерьде он бес текшеметр ағаш дайындауың керек. Әйтпесе наның азаяды. Жеті жүз грамм нан алу үшін жаныңды жалдап, тісінді қайрап күн кешесің. Егер норма орындалмаса, қарның тоймайды. Оның үстіне желкенде жасауыл, қия басуға болмайды. Міне, сондықтан да жылқы бағуға қайыл болдым.

Алдымен жылқы аз еді, жиырма шақты ғана болатын. Кейін көбейіп отызға жетті. Ішінде екі құлынды бие, қысыр еметін екі тайлы бие бар. Бұрын кергенде шіркін мына биелерді сауып ішер ме еді деп іштей ойлап қоюшы едім. Енді, міне, сол қолға тиетін болды.

Апрель бола жинаған жемшөп таусылды. Сондықтан малды жайылымға жібермесе болмайды екен. Кешке дейін қарағай сүйрететін аттар көп шаршай да қоймайды. Айдап жіберіп, қасқыр мен желден қалғаны өзімдікі дейтін бұл қазақтың кең даласы емес. Сособа жері ит мұрыны өтпес орман. Арасында бос алаңқылар бар. Мен кеш бата жылқыны алдыма салып айдаймын да, орманның ортасындағы соны алаңқыны тауып, бәрін тұсаймын. Бұрынғыдай байлауда тұрмайтын болғандықтан жылқы тез қонданып, кейбіріне жал бітіп, жаясы жалпайып, сауырланып келе жатты. Мұны көрген лагерь бастығы маған риза болғандығын жасыра алмады. Енді атшы болғандықтан еркін жүріп тұратын болдым. Осындай бір күнде лагерь ас үйіне кіріп эмальданған екі құлақты ескі керсен сұрап алдым. Оны өріске ала кеттім. Жас құлындаған екі биені жұмысқа салуға болмайтынын айттым. Екі биенің белі бекіді-ау дегенде көктем бола кендірден нокта түйіп, кәдімгідей желі жасап, екі құлынды байлады. Екі биені алдымен күнделеп сауып жүрдім. Жуас биелердің үйренуі қиын болмады. Екі-үш-ақ күнде сауыны келгенде Абақ байдың желісіне келіп, құлынға иегін артып, құйрығы шыппылдап, шыбындап тұратын болды. Сөйтіп екі биені күніне екі-үш рет табаққа сауып, сүтті суыған соң керсенге құямын. Жас шыбықтан, қара талдың берегінен керсенге лайықтап себет тоқып, сүті бар керсенді соған салып, қарағайдың селбісіне іліп қоятын болдым. Ішіне қара нанның жұмсағын салдым. Алғашқы екі күнде ол ашымады. Түн суықтау. Төртінші күн дегенде әлгі сүт бұқырып, кәдімгі қымыз иісі шыға берді. Қолым босаса-ақ талдың жас шыбығын піспек қылып, саумалданып келе жатқан сүтті араластырып тыныштық бермедім. Сүт саумалдана бастағандағы қуанышымды айтпа, інім. Сен оны ішетін болдым деп қуанды деп отырсың ғой. Жоқ, інім. Саумал маған бүкіл қазақ даласының иісін әкелгендей болды. Саумалдың жас қымыз иісі Оралдың бүкіл даласын алып тұрғандай еді. Елді сағынғаным сонша, желі басындағы кебе бастаған жылқы тезегінің иісі менің мұрыныма жағып бара жатты. Ол да жанымды шымшылап, жас кезімдегі желі ба-

сын есіме салып тұрды. Менің бүгінгі медетім — Марленім. Ал сол Марленнің шешесі Ұлтуғанмен нақ осындай желі басында шірнеу ішімдегіні айтып тынған жоқ па едім, алғашқы махаббатымды осы желі басынан тапқан едім ғой, тұңғыш қызығым еді ғой ол. Шіркін өмір не деген қатыгез едің. Сол Марленді кетерімде бір иіскей де алмадым-ау. Қалай күн көріп жүр екен, олар? Ольга байқұс екі баланы асырай алмай ғамкүн болады деуге болмас. Өйткені ол көзі ашық мұғалім ғой. Ал ол қалай-ақ хат жазбайды екен. Дұрысы ол хаттарды мұнда жібермейтін болар. Владилена да тірі болса беске келіп қалды. Ол да енді шешесінің қолын байламайды. Ольга мен Марлен күндік тартса да кімдік тартпаса болды. Екі қолға бір күрек қой. Ол қайдан да табылады емес пе. Аббар көшіп шет қонып жүрмегенін кім біліпті. Бәлкім Алматыға тұрақтаппағандар Алматы облысынан да шеттетер. Анда-санда болса да мамырасып сөйлесіп, жамырасып көрісер ағайын-тумадан жырақ қыбайға кетсе бастарына қыстау сонда түсер. Ел іші алтын бесік. Бірі болмаса бірінің жаны ашиды, ең ақыр аяғы отын түсіріп алар көліктің майын берсе де қайда тұр. Бірақ қазіргі жағдайға қарағанда солар елде жоқ-ау, сірә. Пәлекерден, сарамастар аз ба бұл дүниеде. Ол ел ішінде жоқ деп айта алармысың. Шұнақ жаудың қатын-баласы деп көзге шұқитындар болуы да әбден ықтимал. Қатепті қара нардаймын дегенмен жүйкесі құрғырдың да жұқарар шағы бар ғой. Мұндайда көңілің қалас болып жатуы қиын, дегенмен оқтасанда болса да жылы қабақ көрсетіп, жылы ұшырап жүрер адамның болғанына не жетсін. Көралын кесел баспаса Ольга да қарап өлетін адам емес, арту-арту өмірден өксісе де көксі-мейтіндей еді. Кім біледі, қалбағайдай қажуы ғажап емес қой. Қажытпай қояр ма, мына, бір көзіңді бір көзіңе атыстырып қойған заман. Қаржалған да, қажыған да шығар байқұс Ольга. Қалжыраңқы тартса ол, сүйеу бола алар ма Марлен? Марлен де азамат болды, әлде оны әскерге алып кетті ме екен? Халық жауының баласын ала қойды ма екен?! Алса Ольгаға ауыр, армияға алмаса екеуіне де осал тимейді-ау, уайым ішті жегідей жейді-ау.

Осылай інім біраз жерге кетіп қалыппын. Сонан соң керсенді шыбықпен пісіп-пісіп жіберіп, үре саптыаяққа қымызды толтырып құйдым. Қымыз иісі мұрнымды жарып барады. Сонан соң ауыз тигізіп дәмін алсам кәдімгі қымыз, тартып-ақ жібердім. Денемнен суық тер бұрқ ете түсті. Екінші сапты аяқты тағы сылқыта жұттым. Екі самайымнан аққан тер бетімді жуып кетті. Нақ күзді күнгі темекі шегіп терлеген Петровтай болдым-ау деп, қарағайлы көдік ішінде айдалада жапажалғыз отырып күліп жібердім. Арсыз күлкі! Тамаққа, ұйқыға, күлкіге тоқтау жоқ деген кәриялар сөзі есіме түсті. Үшіншісін тағы тартып, құмарымнан шықтым. Қымыз мекте әлде шанашта ашымады демесен кәдімгі-ақ қымыз. Ыдысы темір және екі-ақ биенің сүті болғандықтан болса керек, сәл сұйықтау. Бәлкім пісуі жетпеген. Шыбықпен араластыру піспекпен күлдірлетіп саба пісу емес, әрине. Інім, шыным, бес-алты күнде-ақ қалыпқа келдім. Бір қалт еткенде профессор Петровқа көрініп,

одан бір шыны шертпек (шыны кеспек) сұрап алдым. Оған қымыздың өзім ішкенінен артылғанын құйып Петровқа әкеліп бердім. Оның не екенін түсіндірдім. Ол бұрын Бурабайды тексеруге барғанда қымызды көрген екен, бірақ мұнша күшті тағам екенінен хабары аз болса керекті.

Профессор Петров та аз-ақ күнде түзелді. Бір күні тіпті мен кешке жылқы бағатын жерге ол лагерьдің бастығы екеуі келді. Маған тиген бес жүз грамм қара нанмен отырып екеуі қымызға әбден тойды. Қымыз бастықтың аяғына түсіп екі тізесін баса алмай, ақыры орманға менімен бірге ұйықтап шықты. Енді анда-санда болса да бұл екі азамат маған келіп тұратын болды.

...Кеш орман іші тып-тыныш. Аттар тұсаулы, анда-санда бастарын көтеріп, секең етіп тұсаулы екі аяғын бірдей көтеріп, ілгері басқан болады. Алысқа ұзай алмайды. Ұзағысы келгенмен жан-жақ сірескен, біріне-бірі иін тіресе өскен ағаш. Аспаннан басқа түк көрінбейді. Орманның алаңқидан басқа жерінде, ағаш көлеңкесі түскен жеріндегі шөп малға азық болмайды. Аттарды тұсап, ал өте жүреген қызыл атты екі артқы аяғынан матап қойып, елді, бала-шағамды ойлап, шөпті күрт-күрт үзіп, емін-еркін жайылып тұрған жылқының аузына қарап отыр едім, әлде қайдан адам айқайы естіледі. Айқайға құлағымды тоссам тым алыс емес жерден шығатындай. Япыр-ай, бұл елсіз-күнсіз жерге түн ішінде адам қайдан келмек? Тіпті бұл төңіректе адам көрінбейтін еді ғой деймін өзіме өзім. Құлағымды салсам әйел дауысы сияқты. Бұл ит мұрыны өтпейтін шырыш-қорыста адам қайдан болсын? Бала кезімізде көп естіген жын-шайтан есіме түсіп, денем мұздап кетті. Айғай тынбайды. Кейде барылдап, кейде қырылдап қарлығып естіледі. Шамасы айғайлай-айғайлай дауыс желініп бітсе керек. Құлағымды тігіп отырдым. Адам даусы. Анық естілді: «Көмектесіңіз!» дейді. Орнымнан тұрып, адамды іздемек болдым. Бірақ лагерь тәртібі аттан аулақ кетпеуім керек. Тұрған жерімде айғай салдым. «Ей!» Ол енді бар даусымен айғайлады. «Көмектесіңіздер!» Кім болды екен? Ол қандай көмек сұрайды? Мен тағы айғайладым. «Сіз қайдасыз?» Әйел даусы тағы шықты. Шыңғырып шықты. Мен дауыс шыққан жаққа қарай айқайлай жүгірдім. Алаңқының дауыс шыққан жақ шетіне барып тағы қатты айқайладым. Жүз метрдей орман ішіне ендім. Одан әрі баруға болмайды. Онда адасып кетуім мүмкін. Ол да, мен де айқайды қойғанымыз жоқ. Маған бұдан әрі аттап басу алғал. Онда аттарды таба алмай қаламын. Айғайлап тұрмын. Әйел айғайы жақындап келеді. Міне, бірдеме ағараңдады. Әйел сияқты. Жүрегім аттай тулап кетті. Елсізде түнде адам келуінен де адам қорқады. Ол маған ойбайлаған күйінде жақындай бере құлап түсті. Есі жоқ. Мен тіпті не істерімді білмей састым. Сәлден кейін ғана өзіме өзім келіп, жығылып, етпеттеп жатқан адамға жақындадым. Жаздың түні, әлі салқындай қойған жоқ.

Байқұстан сыз өтіп кетер деп басын көтерсем еш нәрсе білмейді. Әлі есінен танып жатыр. Сонан соң әйел адамды қозғап шалқалаттым да, жерден көтеріп алып, өз жатағымның жанына әкелдім. Ол білмеді. Есін жиғызу үшін су бүрку керек. Ал менде ол жоқ. Әйел жас адам сияқты. Басын көтеріп, аузына қымыз апардым. Іше алмады. Қайта жатқызып, аузын зорлап ашып, бір ұрттам қымызды құйып жібердім. Ол шашала жұтты. Тағы құйдым. Тағы жұтты.

— Келші, екеуміз де жұтып қоялықшы,— деді Шұнақ маған. Өзі тостағанды қолына алды. Мен де ағаш тостақты ұстадым. Екеуміз де сіміріп салып, аузымызды сұрттік. Шұнақ еңкейіп қалған күн көзіне қарады. Күн алыста Аңырақайға барып қалды.

Жайлау үсті салқын тартты. Мен түрегеліп аткөрпені жайып жіберіп, екі қолымды иегіме тіреп, етпеттеп шалға қарап жаттым. Қалған қымызды екі тостағанға шал сарқып құйды. Месте қымыз қалмады.

— Шаршадың ба, жалықтың ба? Онда қоялық, әңгімені,— деді шал.

Жо-жоқ, айта беріңіз. Күн қайта шыққанша бітірсеңіз болды,— дедім мен. Шал көңілденіп қалды. Шұнақ әңгімесіне қайта кірісті.

— Енді әйелдің басын көтеріп, қымызды жұтқыздым. Ол жұтты. Әжептәуір, жарты саптыаяқ қымызды ішті. Сонан соң сұлық жатты. Мен әйелдің бетіне төніп отырмын. Арада біршама уақыт өткенде әйел көзі ашып тілге келді

Сіз адамбысыз? деді әйел кемсеңдеп жылап.

— Ия, адаммын деп жүрмін.

— Онда мен бақытты екенмін, мен онда өлімнен құтылған екенмін,— ол сөзінің аяғын айта алмай, тамағына бірдеме кептеліп қалғандай, булығып, жас буып қалды. Ұйықтап кетті. Мен оның үстіне күпімді жауып қойдым.

Мен биені түнде сауатынмын. Өйткені күндіз мал жұмысқа түсетін болғандықтан ондай шаралар жасауға мүмкіндік болмайтын. Ал енесі жұмыстағы құлын күндіз жайылып, енесін еміп жүреді. Жаздың қысқа таңы мен биені үшінші сауғанда-ақ ағарып, сызылып келе жатты. Бүгін биені үш саудым. Өйткені артық ауыз қосылды ғой. Әйел де ерте оянды. Үстінде жалаң көйлек. Оның әр жерін бұта жырттып кетіпті. Одан біраз қысылды. Мен ине-жіп бердім. Ол көйлегінің кеткен, еті көрініп тұрған жерлерін бүріп тігіп алды. Әйел жас адам екен, он жеті — он сегіздер шамасында. Қаладан үш қыз саңырауқұлақ тере шығыпты да, бұл адасып қалыпты. Содан үш күн бойы орманды кезіп жүріпті. Көзі көкпеңбек, екі беті қаны қашыңқыраған, аппақ аршыған жұмыртқадай адам екен. Маған оның өмір-баяны керек болмады, сондықтан:

— Ал жиналыңыз, кетеміз,— дедім.

— Қайда? — дейді Наталья.

— Мына аттарды лагерьге жұмысқа айдап алып барамын.

Одан қашан келесіз?

Сіз әрі қарай үйіңізге кетесіз, мен кешке бір-ақ келемін.

Сіз мұнда қайтып келесіз бе?

Ия, кешке бір-ақ келемін.

Онда кешке дейін мен бүгін осы жерде бола тұрайын.

— Аштан өлесіз. Менде сізге беретін тамақ жоқ.

— Сіз мені бүгінше қумаңыз, осында қалдырыңыз. Жалынамын, маған бүгінге осында болуға мүрсат беріңіз.— Мен сәл таңданып тұрдым. Өйткені адасып кетіп, орманнан адамды жаңа тауып, енді тағы орманда бола тұрайын дейді. Қалай таңданбассың, Ал шынында менің онда жұмысым не, елсіз орманды аяймын ба, қала берсін деген ойға келдім. Тіпті оның қайда болғанында менің, нем бар.

Мен керсендегі қымызды бір сіміріп, оны қарағайдың селбісіне ілдім де, аттарды екі-екіден қосарлап айдап кете бардым. Содан кеш бата өріске бір-ақ қайттым. Бұл күндегі әдет. Күндіз мен лагерьде демаламын да, жылқы жұмыстан босаған соң жайылымға айдап әкетемін.

Тіпті өрісте бүгін адам бар екені ойымнан шығып кетті. Наталья жөніне кеткен болар дегенмін. Жоқ олай болмады. Жылқы әлденеден үркіп, жалт берді. Сөйтсем Натальядан үріккен екен. Ол мені атам заманнан таныс адамындай жайраңдап қарсы алды.

Мен күндегі кәсібімді біткеріп, аттарды отқа қойып, екі құлынды байлап, тайлы биелерді сауып алып қыздың жанына келдім. Сен, інім, бие сүтін пісіріп ішіп көріп пе едің? Ішпесең пісіріп ішіп көр. Мен әзірге одан тәтті сүт көрген емен. Мен екі қысыр биені сауғанда қыз қарап тұрды. Тіл қатқан жоқ. Кейбір күні бір уақыт мен бие сүтін пісіріп те ішетінмін. Орманда үш таған жасауға тас жоқ. Сондықтан томар, әлде ағаш түбірін тауып келіп, ошақ жасап қойғанмын. Сол жартысы жанған ағаш ошаққа үре табакты қойып сүтті пісірдім. Сонан соң бір үзім нанмен бір сапты аяқ сүтті Натальяға ұсындым. Ол алғаш бие сүтін ішкенім қалай болар екен дегендей, батылы бармай, саптыаяқты ерніне тигізе алмай отырды. Мен үнсіз қараймын. Бірде профессор Петров мен осындай сүт пісіріп ішіп отырғанымда келгені бар. Мен оған да сүт бергенмін. Ол көп тартынған жоқ, оқыған адам ғой. Ұрттап көрді де:

— Қантты қайдан алдыңыз? — деп сұрады. Ол сүтке қант салған деп ойласа керек.

— Қант жоқ қой, оны қайдан алмақпын?

— Сүт тым тәтті ғой.

— Өзіңікі ғой. Бие сүті сондай болады.— Доктор оған сене алмаған. Сонан соң бір келгенде биені көзінше сауып, көзінше пісіріп бердім. Сонда көзі жетіп, «мұның күші де осында екен ғой» деген. Енді мына Наталья не дер екен деп отырдым. Ол ернін саптыаяққа апара беріп тартып алды. Сонан тәуекел деді білем. Бір ұрттады. Бір ұрттауы мұң екен, сүтті тез ішіп бітірді.

Кеш батты. Түн болып аспанға жұлдыз қаптады. Күнде жұлдызға қарап, елді есіме алатын едім. Өйткені аспан әлемі әлдеқалай біздің

елмен жалғасып жатқандай еді. Баяғы Жетіқаракшы, Темірқазық, Аққошқар, Көкқошқар, Үш арқар, Болпан, Шолпан, тура елдегідей айырмасы жоқ. Түннің бір уағына дейін отырдық». Наталья қипақтап отырып сөз бастады:

— Сіз менің құтқарушымысыз, Абақ Үйсінбаевич. Сізге мен қандай сыйлық берерімді білмеймін. Қаласаңыз өзімді алыңыз. Мен енді бір-екі күнде өліп те қалар едім. Сізге жолықтырған құдайға мың шүкіршілік. Мен күйеуге шықпаған адаммын, мен сіздің әйеліңіз болайын.

Бұл мен күтпеген сөз еді. Тіпті бұлай болар деп ойламағанмын. Мен, інім, ат-тонымды ала қаштым. Әрине, бұл еркек адамның ісі де емес. Сонда да Натальяны маған біреу әдейі жіберіп тұрғандай есім шығып кетті. Оның үстіне осы бір сәтте кішкентай Владилена көзіме елестеп, оның соңғы балалық қылықтары есіме түсіп, көңілім бұзылып тұрды. Натальяны да айыптауға болмайды. Не десем екен, бұл қызға. Бұл байқұстың шын көңілі ғой, шынында да мен бұл өлмеген мүскінге өлі балық болып жолықтым. Егер мен осы орманның ішінде жылқы бақпаған болсам бұл сорлы тайгада қаңғып жүріп өліп, ит-құсқа жем болар еді. Мықтағанда енді екі-үш күн тұрар еді. Сонан соң аштан қатар еді. Өйткені нақ біз тұрған орман төңірегінде елу километр жерде тірі жан жоқ болатын. Не десем болар бұған. Егер байсасы тікелей, айдарынан желі есіп тұрған болса бұл маған жалынан ұстатар ма еді?! Нақ осы біз отырған жерден де ол жол тауып кете алмақ емес. Лагерге шығар жолды да тек мен ғана білемін. Төрт құбыланың бәрі меніреу орман, ит мұрыны «өтпейтін қорыс, тоғай. Егер мен бұған қазір жылы қабақ бермесем, аттарымды айдап, өзім білетін алаңқының біріне қоныс аударып кетер болсам, бұл соры қайнаған, айдынынан көксіген самұйректей бұлғырған бейшара тайгадан ізбін таба алмас еді. Қараша торғайдай шоққа тығылғанда қолыма қапылыста түскен екенсің деп қорқаулық көрсетер болсам, сонда менің осы тайгада жүріп тайға жабайыларындай зұлым болғаны емес пе? Онда адам атты алып жүріп қайтемін. Бала-шағам бар, көңілімді қалдырмаған, қыздай алған әйелім бар, олардың көз жас, мұрын боғы бар емес пе. Ал тіпті бір күндік қызық көрдім дейін. Сонда бұл сорлы болған жанның бар өмірін бұзғаным былай тұрсын, бала-шағамның алдында ділімде арымды қалай тазартпақпын. Көңілімде топ болып, тамаққа тұрып қалған тағамдай кетпей қоймас па. Менің ұлым да, қызым да бар, олардың болашағының қандай боларын болжаппын ба, мен бейбақ. Осындай бір сойқанды соқпақ олардың алдынан шықпасына менің көзім жетіп пе. Не десем екен, бұл маған кіріп-тар, пенде болған байқұсқа. Бұл менің тұтқыным, егер мен бұл орманнан оны құтқарсам ол жылт тауып бұл түнектен шыға алмақ емес. Рас, мен жасымнан бауырсақ та, малсақ та болып өстім. Бауырсақпын деп жауымды жасқамай тұра алмадым, малсақпын деп ет жемей қоймадым. Сөйте тұра бибауырмалдық, малдақтық менде атымен жоқ. Керек жерінде түйеше шөктім, атша адымдадым, адамша сүйе білдім,

адамша жек көрдім. Бірақ қалай да жексұрындыққа ұрынбадым, оған хал-қадарымша жол бермедім. Енді мынау, елсіз орманда он екіде бір гүлі ашылмаған қыз маған өзі келіп тығылып, өзі еркімен беріліп отыр. Не істеуім керек. Ия, ең алдымен мен адам болуым керек, адамшылық көрсетуім керек. Осыларды ойлап жауабымды жиыстырдым, қайткенде де бір жауап беруім керек. — Ең алдымен,— дедім мен Натальяға,— сізден менің жасым жырақ, екеуіміздің арамызда жиырма жыл жатыр. Айталық, сүйген жүрекке, айкасқан құшаққа бұл онша көлденең тұрар кесел емес. Және жасы алшақ қосылған адамдар бұрын да, соң да толып жатыр. Біз алды да емеспіз, біз оның соңы да болмаспыз делік. Жас алшақтығы бөгет болмасқа керек. Бірақ қайткенде де ол да кезінде өз дегенін, дымақ кемдігін көрсетеді. Мен оның үстіне басым бос адам емеспін, алыста болса да әйелім, бала-шағам бар. Әйелімнен көңілім қалған адам емеспін. Айталық, әйелінің көзіне шөп салып, не одан айнып кеткен адамдар да толып жатыр, өмірдің ағымына қарай бейімделіп кеткендер көп делік. Ал менің балаларым бар ғой. Әйелім менің балаларымның шешесі. Сонда балаларым алдында қандай беделім қалмақ, қара бет болмаймын ба!? Ең бастысы — мен басыбайлы, аяқ-қолы жіпсіз байланған, көрінбес темір құрсау ішіндегі құлдығөймін, саяси тұтқынмын. Мен жиырма жыл тұтқын болуға кесілген жанмын. Бұл жиырма жыл маған қатер. Әрине, құтылып, бір күн болмаса бір күні ақталып шығармын деген үмітім бар. Үмітімді жоғалтқан жоқпын. Дегенмен сіз жас адамсыз, жиырма жылдың әлі он жеті жылы бар. Сіз жас өміріңізді кәрі қылып, ақ жүзіңізді сары қылып мені күтіп отыруыңыз қиын. Ол өз жас өміріңізді өзіңіз байлағаныңыз болады. Оның үстіне менің елім бар, жерім бар. Осы орман арасында маған төбемнен төмен қарай алтын құямын десе де, мен босансам бір минут тұра алмақ емеспін. Сіз біздің халқымызды білмейсіз. Оның қандай дәстүрі, қандай жетістігі, қандай кемшілігі барынан бейхабарсыз. Әзірге Совет елі қазақ халқы туралы олар көшпенді болған ел дегенді ғана біледі. Ол көшпенді ме, әлде көшпелі ме, оны мынадан біліңіз. Оның көшетін жерінің шегі бар, қыстау-қияуы бар, өзінің шаруашылық-экономикалық жағдайына байланысты ғана көлік қинар мәзіреті бар. Басына іс түсіп, малы-жаны күйзеліп, ері түйілгендей, әйелі күйінгендей жай болмаса, ол белгілі мал өрісінен, ата кірті-қонысынан қыбайға көшпек те, көтерілмек те емес. Мен де сол қазақ деген елдің бел баласымын. Мен өтенімді өмірдің ең ұшпаққа шығарар, осы дүниеде бейіш болса сол бейішті жеріне айырбастамақ емеспін. Біз дүниенің төрт бұрышының бәрібір, «қай жерде тұрмысың жақсы болса, сол сенің Отаның» дейтін елден емеспіз. Біздің елімізде «ер туған жеріне, ит тойған жеріне» дейтін мәтел бар. Мен де, мен сияқты еліме адалмын дейтін қазақ ұлына ол мәтелге қарсы тұрар қауқар, дымақ болу мүмкін емес. Біз туған ел, туған жер деп өлетін елдің баласымыз. Бізде екі Отан болмайды. Зәушайтан тағдырдың салған шырғалаңымен ташалаң түсіп аббар көшіп, шет жай-

лап кеткендер бұрын да біздің халқымызда болған. Бірақ солар арада ғасырлар, дәуірлер өткен соң да қайта Отанына — өтеніне көшіп келген, ондай тарих тағылымын татқандар аз емес. Олар, көлінен көксіген бұлдіректей бүгін кеткенімен ертең, болмаса бүрсігүні кірін жуып, кіндігін кескен, атасының бейіті бар жеріне, бетінде атасының кейпі бар еліне қайта оралмай қоймайды. Бұл жеті ата, жеті пұсты, түптікұян ғұрпы, дәстүрі. Осылай, қарындасым. Мен сіздің жақсы ниеттен туған жақсы пейіліңізді құптаймын, құптай отырып қабыл ала алмаймын. Етегін кескендей етіп елден шығып жүргенде менде бүгін бет те, өт те жоқ. Елге қарауға бет жоқ, қайрат қылуға от жоқ, кеудеде жанып тұрған от жоқ. От денеден өшіп тұрған, бастан бақыт көшіп тұрған замаг-мезетте сіз кез болып тұрсыз. Кешіріңіз, қарындасым, менің жағдайым-жапсарым осындай. Ендігісін өзіңіз өкіліңізге түсірерсіз. Дәуренім — мәулетім өтіп бара жатқанын білемін, құрымсақ болып құрдым келіп жүріп, бағаналы-байсалы ордадағы мырзадай бұлықсымын деу ағаттық, тіпті ағаттық емес, кешірілмес күнә болар еді. Осыларды айтып алдымызда жылтылдап жанып тұрған отқа бір-екі селбі — қу бұтақ тастадым. Ол қайта маздап жана бастады. От орнының тақыршық тартқан жерінде түнде де бірлі-жарымды шымалдың тыным таппай жыбырлап жүргенін байқадым. Шіркін, қу тіршілік десеңші деп ойлады. Еркін жүрген, мына көзге ілінер-ілінбес шымал екеш шымалдың өмірі де менікінен артық-ау, қайда барып, қайда тұратынын өзі біледі, өз тағдырының қожасы өзі.

Інім, пәлеге енді қалдым. Наталья кәдімгідей еңкілдеп тұрып жылап берсін. Қоймай жылады, ұзақ жылады. Мен де жалықпай отырып ұзақ жұбаттым. Өксіп-өксіп, бір кездері солығын басты. Бірақ жылауын тоқтатпады. Сөйте отырып сөйледі.

— Мен сізді дұрыс танып, дұрыс бағалаған екенмін, сіз менің жарым болуға тиісті едіңіз, жасыңыздың алшақтығы түк емес, — деп ол қайта солқылдап, ішін тартып жылады. — Іңкәрлігімді айттым, қайтейін, өйткені мені сізге бірдеме итермелеп тұрғандай еді. Тіпті сізге бейілімнің түскені сонша, сіздің ұлтыңыздың басқа екені де ойыма келмепті. Меніреу орманда шіритін едім, тірі қалғандығым үшін сізге құтқарушым деп шынымен өзіме ер етуді ойлап едім. Сіз одан безе қашып отырсыз. Енді сіздің жақсылығыңызды немен өтеймін? Сіз маған өмір сыйладыңыз, бұдан артық не болу керек!? Амал нешік, сіздің жаныңыздан жылай-жылай кетемін дағы.

— Ол ұзақ өксіп, ара-арасында бірлі-жарымды сөз тастап қойып отырды. Мен оған тағы да орман балаусасынан, кепкен шөптен төсек салып бердім. Ол тосын келген адамды бөтенсінген мысықтың соқырынша пырсылдап көпке дейін тынши алмай жатты.

Таңертең оны лагерьге жеткізуім қиын болды. Алдымен ол: «Мен осы орманда сіздің жаныңызда қала берейін», — деп пәле салды. Содан оған жалынып-ағынып өзім жайдақ атқа мініп, ерттеулі атымды беріп

лагерьге қарай жүрдім. Ол атқа мініп көрмеген екен. Оның ауанына төңкерілетін мен байқұс қайбір еркін Мұса, оның ойбайына қарамай біраз желіп жүруге тура келді. Аздан кейін аттан түсіп жаяу жүрді. Ат желісіне ілесіп жүгіріп отырды. Маған аттарды лагерьге уақтысымен жеткізуім керек. Ит әуремнен әйтеуір лагерьге дер шағында жеттім. Оны қалаға апарды дейтін жолға шығарып салдым. Ол ажырауда мені құшақтап тұрып жылады:

— Мен сізді ешқашанда ұмытпаймын, қош болыңыз! — деп көз жасын сұрткен қалпымен лагерьден ұзай салды. Оны құтқарушы өлі балық қала берді...

Орманда өткізген, қымыз ішіп қызара бөрткен күн де бітті. Енді аттар байлауға тұрды. Мен баяғы таз кепті қайта кидім. Таңның атысы, күннің батысы жұмыс. Орманнан ағаш кесу. Төрт-төрттен тұрамыз, жаяулап орманға барамыз. Жағдай өзгерген жоқ, кит етсек атып тастайды. Жаза басқан аяғыңнан сазайыңды тартасың, жаза баспа, жаза бассаң қаза басасың. Мен күз күнінің суығына бой бере қоймадым. Жаздай ішкен қымыз денсаулығымды әжептәуір-ақ көтеріп тастапты. Күннің бірі біріне ұқсас. Лагерьде күндіз де, түнде де қаңғырлап қағылған темір-қоңырау дабысы құлағыңнан мәңгі орын алғандай. Даң етеді, сонан соң даң-даң, қаңғыр-күңгір біразға дейін кетеді.

Ноябрьдің ортасы болып қалған. Қыркыншы жыл. Түнімен жүрегім алапқып, көңілім абылығып-алабұртып ұйықтай алмадым. Көзімді жұмсам-ақ Владиленаны жетектеген Марлен көз алдымда тұрады да қояды. Ольга да елестеп кетеді. Қап, ертең жұмыс істей алмайтын, шаршап қайтатын болдым-ау деп қоямын. Әбден қалжырап, таң алдында көзім ілініп кеткен екен, «Көке!» деген Марлен даусынан оянып кеттім. Барактың ішіне таң сәулесі түсіпті. Есік алдында біреу «Үйсінбаев» дегендей болады. Мен өзіме өзім осы мен жынданбасам жарар еді деп қоямын. Жо-жоқ, жынданбаппын. Есіктен қараған жасауыл «Үйсінбаев» деп менің фамилиямды дабыстады. «Мен» дедім орнымнан атып тұрып. Жүрегім лоблып ауызыма тығылды, тарс-тарс ұрады, тіпті өзіме естіліп тұрды.

— Үйсінбаев, шық бері, барлық мүлкінді алып, біржола шық! — деді есіктен келіп тұрған дауыс. Шұрым-бұрымды жинап, «тағы қайда айдар екен?» деп есікке беттедім. Тоным, дорбам қолымда. — Түрме бастығына бар!

Түрме бастығы есік алдында кездесті. Бұрыннан таныс, қысыр биенің қымызын бірге ішіскенбіз, еңгезердей орыс жігіті еді.

— Сен босадың, той жаса! — деді ол. Өзі басқалардай емес, көбіне қамаудағы түрмені арыстаған сорлыларға жұмсақ сөйлейтін кісі еді. Шынын айтсам інім, бұл жолы алғашқы босанғандағымдай қуанғаным жоқ. Несін қуанамын? Барлық жолдастар қалып, сопа басым босанғаным қуанбақпын ба?! Ол сорлылардың менен не айырмасы бар, бәрі де коммунист болған, бәрі де Совет өкіметінің отын Бейсебай ағам сияқты

жалаң аяқ жаққан көзелдер. Кінәсіз отырған жалғыз мен бе екенмін?.. Дегенмен еркін, жарық дүниенің жөні басқа ғой. Жәнібек хан:

— Жиреншем, дүниенің байлығы не? — депті.

— Өтірігі ме, расы ма? — деп қайта сұрақ беріпті ханға Жиренше шешен.

— Екеуі де, — депті хан.

— Өтірігі арақ, расы бостандық! — депті ғой, Жиренше. Міне сол Жиренше көксеген бостандық маған да тиген сияқты. Қолыма поезға мінетін билет берді. Мынау семьяңыздың адресі деп бір тілдей қағаз ұстатты. Қорыққан мен қуанған бірдей деген есім шығып, тіпті дегбір таппай кеттім. Екі күн кешке дейін орманнан құтыла алмадым. Кез келген көлікке міндім. Жаяулап-жалпылап та жүрдім. Орманнан шыққан соң Оралдың қызыл сары топырағын кешіп батпақтап тағы екі күн өткіздім. Қанша асыққанмен Свердлов қаласына төртінші тәулікте жеттім. Свердлов та ол кезде халқы шамалы, Алматы сияқты шағын қала екен. Төтесінен тартып, ешнәрсеге көз тоқтатпастан вокзалға бір-ақ тарттым. Қаланы аралап, көшесін, ғимараттарын тамашалайтын мен қайбір қалтасы ақшаға, қарыны тамаққа тойып тұрған адам. Алыстан үйдің ақдігерін көрген адамдай әсердемін. Қалтама қолымды салып билетті растатып алу үшін кассаға ұсынайын. Билетті қолына алған кассир.

— Фрунзеге билет растамаймыз, тек Ташкентке ғана, — дейді.

— Алматыға деңіз, — деп түзетемін мен кассирді.

— Алматыңыз не, Фрунзе деп тұр ғой билетіңізде.

— Жок, Алматыға, — деймін мен езеуреп. Кассир билетті өзіме ұстата салды. Қолыма алып қарап жіберсем Фрунзе облысына деп тұр, онда. Қап мыналар шатастырды-ау, «ашқа тартқан, кешке тартады» деген осы болды деп тарындым. Есіме лагерь бастығы берген адрес түсіп, қойныма қолымды тығып тілдей қағазды алып шықтым. Қойныма қолымды салғанда барып ойым орнына келе кетті. Е, бала-шағамды қоса қаңғытқан екен ғой деген ой сап ете қалды. Әйеліңнің адресі деген қағазға көз салсам «Қырғыз ССР-і, Фрунзе облысы, Қант селосы» делініпті.

Көңілім әп-сәтте су сепкендей басылып, қуаныш інге кіріп, іннен реніштің буалдыры басын көтеріп алды, қабаржып қалдым асқар Алатаудың сөндесі көз алдыма елестеп, жүрегім лоблып, майды тоя жеген кісідей бейжайланып кеттім. Алматының түп-түзу көшесі, екі жағын көмкерген, сапқа тұрған солдаттай сымдай теректері, көшенің екі жағындағы арықтардан сылдырап аққан тұнық сулары, албыраған алмасы көз алдымнан тізіліп өтіп жатты. Енді маған Жетісуды көру жазылмаған екен деп сең соққан кісідей әрі-бері теңселіп жүрдім. Қамаудан босанып туған жерге бармау қалай деген ой мені есеңгіретіп жіберді. Сәлден соң қатайып, не де болса Алматыға-ақ бір-ақ тартып кетсем қайтеді деген асау көңіл айдалаға ала қашып барады. Онда

кімге бармақпын, бала-шаға Фрунзеде болса деген ой жеткенде бәрі жөнше келе кетті. Оның үстіне қаршадайынан ұя бұзып көрмеген тартыншақтық та тырыстырып өған жіберер емес Бұл көңілімнің тас қараңғы түбінде таскенедей жабысып жатқан сенімсіздігің ұлғайта түскендей. Босатқаны қалай, еліме жібермегені қалай дейді дағы. Құман да, күдік те осындайда келе қалатын әдеті.

...Поезд Қазақстан шекарасына кіргенде, шім, не болғанымды білмеймін, көңілім дариядай толқып-толқып, жағаға соғылып арыны басылған судай босып жүріп берді. Станцияларда көрінген қазақтарды ұстап алып, құшақтап көріскім келді. Көрісермін-ақ. Сонан соң халық жауымен көріскен оларға көресіш көрсетпей ме, басына тапалаң салмай ма. Туғаны емес, туысқаны емес, қаңғып келе жатқан қайбана қазақты бір құшақтап, дәм-тұзы көтерілш, маған ұсап не Тайгадан, не Тундрадан бір-ақ шығып жүрсе, ұяда енесінен жем сұраған торғайдың қызылшақа баласындай ауыздарын ашып бала-шағасы қалса, бұдан өткен сор бар ма?! Сондықтан олармен тіл қатыспай, жауап сормай жайыма жүрдім, кесір-кесепатымды типзбей жүруді жөн көрдім. Алдымен інге кірш алайын, қалжуырды сонан соң байланайын дедім.

Міне, поезд сырғып Електі өтіп барады. «Електі өтсең, Есімбай, қыс қыстауға борсық жай» деген Қобыланды жырының жолдары есіме орала кетті. Міне, ел деген осы емес пе деп ойладым, тіпті әрбір станцияның аты-ақ есіме әрнәрсені салып, етек-жеңімді далитып барады. Електіден кейш бір кішкентай станцияда поезд көп тұрды. Жер қара, күн әлі жылы екен. Алда поезд бар көрінеді, жол кестесі де осылай болса керек-ті. Жері копалы, сортаңдау екен, алысырақта жыңғыл өсіп тұрғанын көрдім. Станцияның өзінен басқа барак сияқты салынған төрт-бес үй ғана бар екен. Олардың есіктері алдында уақ жан, бұзаулар өріп жүр. Алысырақта тұсаулы аттар тұр. Таныс табиғат. Қазақ жүрген жерде мал да жүреді. Станция үйінің бір жағында оның кезекшілері, стрелка қараушылар тұрса керек-ті. Далада киіз төсеп алып, жылы киінген төрт-бес ұл-қыз патефон тындап отыр. Жайлап басып солардың жанына келіп тізе бүкпей, тікемнен тік тұрдым. Балалар мені көрген соң жүннен созып өрнек салған текеметтен сыпыра түрегелді. «Аға, отырыңыз!» деді. «Тіліңнен айналайын!» деп тұрдым ішімнен. Бұрнағы күні ғана Свердловқа жетпей күн батып кетіп, ешкім үйіне қондырмай далаға түнегенімді есіме алдым. Қазақ ықыласын бесіктен белі шықпаған балаларынан көріп ішім жылып, елжіреп тұрдым. Мен рақмет айтып, балаларға «отыра беріңдер» дедім. Патефон жаңа екен. Шамасы ол кезде жаңа тарай бастаған әуез аспабының бұл ауылда да қызығы әлі басыла қоймаған болса керек. Патефон құлағын ұстаған қыз бала ғана отырды да, қалғаны мен кеткенше қайта тізе бүкпеді. Біздің балаларымыздың ізеттілігі, инабаттылығы, үлкенді сыйлауы елді сағынып келе жатқан, екі-үш жыл қазақ көрмеген менің ет жүрегімді бауырдай елжіретіп,

майдай ерітіп жіберді. Патефонға бір табақ қойылып еді, «Сұржекей» әнін салған Жүсіпбек Елебековтің дауысы шықты. «Мінгенім дәйім менің Сұржекейім, Бүлкілде әнге салсам о-о-өу, көмекейім...» Жүсіпбек үзілтіп, үздігіп бір кетті дерсің, әншінің өзі де нақ Сұржекейше бүлкілдеп құлақтан кіріп, бойды алып, денені белгісіз бір, суықта ішкен ыстық шайдай жылытып, ерітіп бара жатты. Үш жылдан бері қазақ дауысын, әуезін естімеген менің бұл ән қайдағы-жайдағымды қозғап кетті. Екі көзімнен аққан жасыма өзім ие бола алмай қалдым. Балалар менің көңіл-күйімді тез ұқты. Содан балалардан ұялып, тағы біреулер келіп, адам жинала қалса ұят болар деп вагонға кірдім. Вагонға келген соң да жүйе-жүйем босап, көңілімнің жігі жарықшақтанып ашылып, қатай алсамшы, қане. Көп жылдан бері бітеліп қалған тұманың көзін кетпенмен ашқанда судың саулағаны сияқты бұл үш жылғы сіресіп, қасанданып, сіңірге айналған жүйкенің бор болып егіліп-сегіліп, есіліп кеткені болса керек-ті. Орныма шалқамнан жатқанымда жас екі самайымды жауып, жастығымды сулады. Інім, адамзат баласының көңіл күйі о баста әуен, би арқылы сыртына шыққан ғой. Сол нар идіргендей күй болмағанмен Жүсіпбектің үзілте салған әні көкірегімді кеулеп, орнап алып еді.

Нақ поезд жүрерде бір мұрыны шолақтау, ақ құба бала жүгіріп вагонға кірді де, біреуді іздегендей жан-жағына алақтап қарап келе жатты. Ол маған көзі түсіп кетті де, әлі пора-пора болып, көңілі босап отырған менің жаныма келіп, үш таба нан, он шақты құрт, бір шөңкеге құйылған сүтті тез столға қоя салды да, қоштасып тұра жүгіріп түсіп кетті. Поезд жылжып жүре берді. Мен терезеге қарадым. Жанағы балалардың бәрі телміріп терезе аңдып тұр екен, мен қолымды сілтедім, олар да жапатармағай қол бұлғасты. Поезд станциядан ұзап сала берді. Қанғып келе жатқан жолаушыға түрегеліп орын беру, бейтаныс қазаққа үйіндегі тамағын ала жүгіріп, әкеліп тастау, Елебековтің жүректің нәзік қылын шертетін көркем, мың бұралған әні бәрі қосылып, көңілім одан сайын босасын. Менің туған халқымда ғана бар қасиеттерді ойлап, ел шетіне жеткенімді айқын сезініп, босаған күйі ұйықтап кетіппін. Ояна кетсем, түннің бір уағы, поезд бір екі-үш үйлі разъезге тоқтап тұр. Жатқан бойы тағы даққа баттым.

Шіркін үзілтіп-үздіктіріп, жаныңның жәдісін табатын, жүйкенді-жүйенді жібітетін Елебековтің әні десеңші! Дауысына лайық домбыра шертісін қайтерсің. Домбыраны құйрығынан алып сабаған иттей саба-ламай, іліп-қағып қана дауысқа қосу, айнытпай, аптамай баптап қосу Жүсіпбек пен Манарбектің ғана үлесі-ау. Жаныңның қырын-сырын тегіс оятып, еліктіріп әкетіп, елітіп тастайды емес пе! Қай халықтың болса да қасиет-қадірін, сы-рын-сыйпатын, тұрқын-тұрпатын әнінен, әуенінен-әуезінен аңға-расың. Қазақтың әнінен көңілді сәтті аңғаратын ойнақылықты байқағанмен жеңілтектікті сезбейсің. Негізінен одан кең жанын, келелі ойын, ақ көңілін, дарқан пейілін білесің. Қазақтың әні мен

күйінен түйелі көштің ырғағы, балаңқылардың тай мініп жарыс-қан, батырдың пырақ мініп, пыран киіп сайысқан дабылды дабысы, бәйгеге қосқан аттың, елге найзасын түйрей келген жаттың қимылы төгіліп тұрмай ма. Журналист бәрін білуі керек, дүниеде қанша үн, қанша әуез болса, қанша жаңалық, қанша ғылым болса соның бәрінен мағлұматы болғаны абзал. Інім, сен күй аңғара білесің бе? Мысалы Құрманғазының күйінен далада еркін дүркірей шапқан жылқының тұяғының дыбысы, кейде құйындатып, кейде текіректетіп шапқан аттының жүрісі, әсіресе күйшінің адуын, ер көңілді, кеуделі мінезі аңғарылады. Жел шайқаған боз жусан, сусыған, жел суырған құм, сәйгүліктің жер дүбірлете орғығаны, қойшы атының текіректегені көз алдына елестеп отырады. Ал Дәулеткерей Құрманғазыдан мүлдем бөлек адам. Ол ерте жатып, кеш тұратын, малым өрістемей, түйем күйістемей қалды-ау демейтін, көңілі жай, асықпайтын, аптықпайтын, біреуді ықтырмаса өзі басқадан ығыспайтын үстем таптың өкілі. Оның күйлерінен керілген сырбаз, не нәрсені болса да баппен ұстайтын, киімі, аты, ат-тұрманы қыз қарағандай сәнді, өзі маңғаз адам екені байқалады. Ән ұғудан күй аңғару әлдеқайда қиын. Оның тоқсан тарау буын-бунағын, сазын-сарының айыру екінің бірінің қолынан келмейді. Ал Тәттімбет күйлерінің үні, әуезі бөлекше. Қазақ халқының ғасырлар бойғы арқалаған азабы, сол азабынан туған уәйімі, арманы, мұны-шері, қуаныш іреніші тегіс қос ішекке сыйып тұр емес пе?! Бір сәт басыңыздан қас қағымда өте шыққан мәулет-дәуреніңізді еске түсірсе, одан сырғып гүлді көктем жасыл жаз өтіп, сарғайған, сары сайғақ тартқан, есейген, әлде еңіске қарай етпеттеген, белі бүгіліп, тырнағы сөгілген еңкейген, тарлан тартқан, баршын өмірден елес береді. Әлде қазақтың кең даласына қызыққан дүбірлеткен, жалаулатқан жау шабуылынан кейінгі қайғы-қапа, еңкілдеп-сұңқылдаған жоқтау, өксіп ішін тартқан жылау, елінен, жерінен босқан, тентіретіп, ақтабан-шұбырындыға ұрынған жалпақ елдің күйіс-күйзелісі, реніші-күйініші екі желі, үш қазыққа ырғалып, шайқалып сыйып тұрады. Адамның қуанғаны сияқты, інім, мұңаюы, ренжуі заңды құбылыс. Мұңаймау керек дейміз, біз.

Мұңаймау, қынжылмау үшін адам болмау керек. Мал екеш мал да қынжылады. Біз мал баққан, жілік шаққан елдің баласымыз. Малдың күйін, халін қабағынан аңғаратын қазақ кәрілерін, тәжірибені басына тоқыған қартамыстарын талай көрдім. Олар бәйгеге қосар аттың қанша жерге алдына жан салмай жететінін, қанша шапқан соң салғырт тартатынын тап басып айтатынының талай куәсі болдым. Бұл малдың реніш-күйініші емей немене? Өзің қарашы, інім, бір спектакль, әлде кино көрсең ондағы қаһарманның өмірі айнаның бетіндей тұнық, жазғы күнгі дала көлінің бетіндей жылтыр болса ұнатпай қаласың. Өйткені ол шындықтан жырақ. «Түу бәрі жақсы болып кетіпті ғой» деп ап-ашық айтып саласың. Өйткені адам болған соң оның басында қуаныш та, іреніш те, шаттық та, қайғы да болуы керек. Оны жұрттың

бәрі біледі. Біле отырып біз кітаптардағы қаһармандарымызды көзіне жас алмайтын, басына қайғы түссе де мойымайтын етіп көрсетсек ғана мақтаймыз, кейде тіпті ондай бола қалса күйректікті уағыздады деп айыптаймыз. Ал сонда ол қаһарманымыз адам ба, әлде ағаш па, оған көз жібере бермейміз. Біздің жаманға ренжімейтін, қайғыға берілмейтін қаһарманнан үйренген, әлде үлгі алған оқушымыздың қандай адам болып шығатынын, қандай тәрбие алатынын ойлаймыз ба? Ондай кітаптан тәрбие алған бала көшеде құлағанды тұрғызбайтын, біреудің қайғысына ортақтаса алмайтын кара жүрек, темірі қатты біреу болып шығатыны неге біздің ойымызға оралмайды. Інім, сен журналиссің, менікі жай оқушы пікірі ғой. Бала тәрбиесі аспаннан түсетін жайдың шұбар тасы емес, ол осындай бүршіктен бөргіп, көктеп, бұтағын, бостанын, берегін шығарып, жапырағын жайып өседі де, ұлылықты да, кірпияздықты да, сыпайылықты да, түрпідей тұрпайылықты да, ұрыны да, ұсақтықты да жасай алады. Сондықтан адамға тән сақылқ та, сақындық та, салдарлылық та бәрі де өнерде бейнеленуі жөн. Мен, інім, сол шындықты, яғни адамзат баласының басында болатын қайғы-қасіретті құйқа тамырыңды шымырлатып, шыпылдатып қос ішекке сыйғызып бергені үшін Тәттібетті дүниеге тәтті-тәбәрік етер едім. Бармағына қырық түрлі күй айналған Тәттібетті, әнінің бұрмасына көз жетпейтін, дауысына аспандағы құс қайрылған Біржанды, қайғысын, қапыдағы қапасын, шаттығын-шабытын әнге, күйге сыйғызған әр кезеңдегі қазақ ақын-серілерінің шығармаларын мен сияқты қапастан жаңа құтылған адамға егілмей-төгілмей тыңдау мүмкін бе? Тименнен туған балалардай құранды әуезді естігенде тұра қаш-қандай боласың. Басын Бразилиядан, ортасын Орта Азиядан, аяғын Австралиядан алған әндер құлағыңның құршын қандырмайды, қайта жаныңды жейді. Шіркін, деп ойладым, інім, сол поезд үстінде жатып, осынша түптен тартып шығатын тебіренген ащы күйді, жан жадырататын әнді жасаған халықтың теңіздің тереңінен алған маржандай талай күш әуезі заман, уақыт буал-дырына орана барып, өшіп, қаншасы ұмыт болды екен. Ән тарихы, ән ұмытылады, жаңа әуез дүниеге келеді. Бірақ халықтың көп мұрасы ел егер болған, еркегі жаралы, қатын басы қаралы болған, адамда сияқ, тігерге тұяқ қалмаған кешегі кері замандарда ұмыт болды ғой, көкіректі жарып шыққан талай асылды уақыт топырағы бетін жауып қалды ғой. Біржан салдан бұрын ән шығарған, Құрманғазыдан бұрын күй шерген, еліктің лағындай билеген адам болмады дейсің бе? Тіпті кешегі Сүйінбай заманындағы Дәурен салды-ақ алшы. «Өзі Іленің арғы жағына өтіп кеткенде, белбеуінің ұшы бергі жақта жағады екен» дегеннен басқа не қалды, одан. Оның әндерін де біреу жылқышы әні, біреу қойшы әні деп бұрмалап пайдаланып жүр емес пе? Ал бір күні әуез-музыка зерттеуші зерделі азамат табылып, оның әндерін өзіне қайтарып бергенде олар қайтпек? Қалай ғана сол арзан табыс көзін іздеген адамдар ұялмай жер басып жүрмек!?

Інім, арын бір жоғалтқан адамдардың түзелуі қиын болады. Ондайлар бүгін ұрлығы ашылып қалса, «олда-білде, енді қойдым, жаздым-жаңылдым» деп тырнағын жалап-жалап алады да, ертеңіне былай шыға беріп тағы қарақшылық жасайды. Күйеуімен бір ұрсысқан әйел екіншісінде тіпті де тартынбайды. Әрі-беріден соң ұрыс-керіс, ұрлық-қорлық олардың ит-ырғылжың өмірінің қалыпты мөлшеріне айналып кетеді. Ұрсысып үйренген адамдарда ұят болады деп ойламай-ақ қой. Ондайлар тез ұрсысқаны сияқты тез табыса да салады. Жаңа табысып отырып-ақ бір болар болмас нәрсеге ерегесіп, қайта бет жыртыса береді. Оны өздері артық та санамайды, онысының томпақтығын сезбейді де. Ұрылар да сондайлармен ағайындас. Айтпағым әлгі әуез-музыка жайы еді ғой, інім. Тағы да станциялардағы қазақ дауысын естиін деп жатып ұйықтап кетіппін. Поезд да тербеп, ырғап ұйықтамасыма қоймады. Жалпы, інім, ұйқым аз. Ақты кара, сауды жара қылған сонау отыз жетінші жылдан бері бір түнді түгел ұйықтап көрген емен.

Қазақ арасында,— деді Шұнақ сол қолының қарын ұстап бір шытынып қойып,— талай аңыз-әңгіме бар ғой. Соның бірі ән туралы. Дүниеге құдай ән үлестіргенде ән шүленін алдымен алған құс екен дейді. Қалған тіршілік иелері сол құстан немесе сол құстан үйренген басқа жан-жануарлардан әлде мақұлықтан-жәндіктен естігенін айтатын болса керек-ті. Қазақ та ән үлестірген жерге бара жатып жолда талдың берегінде, әлде теректің бос-танында немесе сексеуілдің жігерінде ән салып отырған шынашақтай құсты ұзақ тыңдап қалыпты. Ол құстың аты — Тита, үлкендігі домбыраның құлағындай екен деседі. Шамасы өзінің кішкентайлығын пайдаланып, ән күткен тіршілік иелерінің арасынан инедей сырғып өтіп, әуез үлестірген қауыстың дәл аузына жетіп, әнді мол қамтыпты. Сондықтан да оның құбылтып-құйқылжытып сайрағандағы дауысы-үні қозы көш жерге жетеді екен. Қазақ әлігі титаның әнін тыңдап, үзіліп, үздігіп тұрып, біразын үйреніп, оның ессесіне әуез ұясына кеш барыпты.

— Мен де үлесімді алуға келдім,— депті қазақ.

— Өзің ешкімнен ән тыңдап көрдің бе? — депті ән құдіреті, шүленгер.

— Титаның әнін тыңдап едім,— депті қазақ. Сонда әуез иесі:

— Тита ән ұясына басқадан бұрын жетіп, мол қамтып, барлық құс-әуездің тоқсан бөлегін әкетті. Қалған он бөлігін он сегіз мың ғаламға бөліп бердім. Енді әуез ұясы көл табан татырдай болып тақыршық тартып бос қалды,— депті ән құдіреті.

— Әннің ұраны — Тита, сенің одан үйренгенің бар ұрпағыңа жетер.

— Жоқ, мен оған риза болман,— депті қазақ. Қасарысып тұрып алыпты.

— Онда саған сөз құдіретін қоса бердім, өнеріңнің алды қызыл тіл болсын,— депті құдай тағала. Қазақ сөз құдіретін алыпты, бірақ оған

қанағаттанбапты. Ол ән үйренуге Титаны қайта іздеп жөнеліпті. Оған келсе Тита тауға тұрақтай алмай, оған дауысы — үні сыймай, кең далаға кетіпті. Қазақ сағағы алманың сабағындай арғымағына міне салып, дауысы кудай саңқыған Титаны қуып жетіп, тоқсан бөлек әуездің тоғызын сұрап алып қайтыпты. Содан қазақ әнінің атасы Тита болыпты. Інім, өзің де «тита-тита-тита» деп әндетіп жүрген қазақты талай көрген боларсың. Тита әннің атасы болуымен қабат ол өте кішкентай, шынашақтай құс болғандықтан «титадай», «титімдай» делініп кішіліктің бейнесіндей де болып қалыпты. Титаның кішкентайлықтың кейпі ретінде айтылатын қазақта ұяттау тіркес те бар. Оны өзің қатар-құрбыларыңнан сұрап аларсың. Сол дала қазағының титадан тыңдаған әнін естігенде егіліп жүріп бергенім тегін емес. Онда ата-баба дауысы, дыбысы-үні, ұраны-ұрғаны, мұны-шері, қуаныш-реніші бар еді.

Қазақ «ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» деп дұрыс айтқан. Егер жасыңнан татардың әлде ұйғырдың әні құлағыңа сіңіп өссең, ұлғайғанда қазақ болсаң да соны оқта-текте аңсайсың. Бірақ өз халқымыңның әнінен оны жоғары қоямын десең ол менің құлағыма кірмейді, оны құптай алмаймын. Онда ол өз ұлтының өкілі бола алмайды. Өз ұлтының әнін, тілін, салтын сыйламаған, ардақтамағанның басқаны сыйлауы, жақсы көруі өтірік, әншейін қызыл сөз. Ондайлар кімнің тарысы піссе, соның тауығы. Осы тұрғыдан келгенде, інім, менің егілуім заңды ғой деп ойлаймын, сондықтан да мен жас шығарғаным жасықтық, күйректік көрсеттім деп қысылмаймын. Менің жас шығаруым жасуым емес, сағынудың, сарғаюдың сарқыны, салқыны еді.

Інім, бірнеше поезға мініп итшілеп жарты айда Луговойға түстім. Енді Қырғызстанға барғым келмей, екі көзім телміріп Алматы бетіне жарыса кетіп жатқан қос темір таспаға қараумен болдым. Атқа да, арбаға да, жаяулап-жалпылап та жүріп Қантқа қырқыншы жылдың декабрінде жеттім. Фрунзе шаһарына тоқтамай жаяу кеттім. Қант кең аңғарға орналасқан, ойдым-ойдым суы, шұрат-шұрат көгі бар, балқашты-байрақты қамыс пен қоғадан мал көрінбейтін жер екен. Қашанда сулы жер нулы жер. Жердің шырайын кіргізіп, шұрайландырып тұрған қанасынан асып-төгіліп жатқан Шу өзені. Жерде жұқалау, қауылдырық қар бар. Бұл күндіз беті еріп қабыршықтанғаннан болса керек-ті. Аспанмен астасқан Алатау біздің Алматы үстін еске салады. Терістік жағы қоңыр қырка, шамасы ол біздің Қордайға мұнасады-ау деп ойлады. Жердің аты — Қант — яғни қала деген ескі түркі сөзі. Бәлкім, тәтті тамыр шырыны — тағам. Шамасы қызылша өңдейтін, қант шығаратын завод бар болар.

Фрунзеден Қантқа кіретін жол кәдімгі тасы да, құмы да жоқ, көмкерусіз, бір арба зорға сиятындай сүрлеу екен. Қаудырқұлақ қар арба жолды жасыра алмапты. Жолдың екі жағы да ойдым-ойдым су, оның беті қаймыжықтанып қатыпты. Судың ортасында бірді-екілі барылдауық қоңыр үйректер жүр. Олар қаннен-қаперсіз. Шамасы оларға ешкім қол

көтермейтін болса керек. Қамыс арасынан алысырақта қырғауылдың қиқырығы естіледі. Серігін шақырады білем. Жол жағасындағы жұқа қардың үсті әлде қоянның, әлде күзеннің, әлде түлкінің шиыры. Өйтеуір аймұш-ұймыш із, сөлекет, шұбырынды соқпақ. Жол белеске көтерілді. Ауыл төбесі алыстан көрінді. Жетісудың кәдімгі ақ терегі, кегейі, қызыл, қара талдары алыстан мойнын созып, жол қарайды. Сығырайған терезелі, сылақты тоқал тамдар да көзге түсе бастады. Ауылдан әлдеқайда бері бел жатыр. Оның жолға ұласар жері тұмсықтау болып биік біткен екен. Оның үстінде қарайған екі ноқат тұр. Бірі биік, бірі аласа. Бір шақырымдай қалғанда оның екі адам екенін аңғардым. Бір уақытта екі ноқат төбеден түсіп маған қарай тура жүгірді. Кішісі ере алмаған соң үлкені оны көтеріп ала, бері ұмтылды. Жақындағанда бұлар менің балаларым екенін таныдым. Марленді құшақтап сүйіп мауқымды басып, кішісін қолыма алдым. Владилена беске шыққан. Әрине мені танымайтын Владилена кереметтей киінген, тап-таза, сымбатты адам — әкемді көремін дегенінде сөз бар ма? Мына бір құлағы жоқ, қайыршының дорбасындай арқасына қап таңған, бір иығына бүктеп салған тоны бар, киімі жүдеу, сүреңсіз, өзі ұсқынсыз қазақ қалай-ақ менің әкем бола салмақ дегендей Владилена маған сенімсіздікпен қарайды. Марлен мені қайта-қайта құшақтай берген соң ғана бұл да жақындығын біле бастады. Өз әкесі өзіне жат болған мұндай Владиленалар — тірі жетімдер ол кездері баршылық еді.

— Балам, қалай, апаң аман-сау бар ма? — дедім Марленге.

Сөйтсем Марленім маған қалжың айтады:

Егер менің апам болмаса, Берия менің әкемді бір құлағы жоқ еді, байқұстың деп аяп жіберді дейсіз бе?! — Сөзімнен жазған сорлы басым қасқыр тартқан қойдай жан-жағыма сол айдалада-ақ алақтап қарап алдым. Оқ тимесе де дүмпуін естіп шошынған торғайдай сауатты ұл:

— Бұл жер қу дала ғой, көке, — деді. Осы жерде ел арасындағы бір әңгіме есіме түсіп жымып қойдым. Баяғыда бір қарға балапанына өсиет айтып отырса керек:

— Екі шокып бір қара, екі шокып бір қара! — Сөйтсе енесіне балапаны айтады дейді:

— Ой, сорлы анам, басқа балаларыңды өстіп құртқан екенсің ғой. Бір шокып, бір қара, бір шокып бір қара демеймісің, — депті. Сол айтқандай менің ұлым мені үйретеді. Иығыма бос салған тонымды, арқамдағы дорбамды Марлен алды. Мен әке қызығын көрмеген Владиленаны көтеріп келе жаттым. Марлен жігіт болды, арқамдағы жүгімді түсірді. «Баласы қолынан бейнетін алды» деген осы дағы деп ойлады.

Аяндап бала-шағам тұратын үйге келдім. Олга саспады да, салбырамады да, келіп көрісіп, көзін сығып алды. Соңғы үш жыл оның әжімсіз өңіне өз мөрін аямай басыпты. Бұрынғы ұртындағы күлгенде айқын көрінетін шұңқырдың екі жағы созылып, бірі өрге көзге қарай, екіншісі иекке қарай кетіпті. Самай шашты да боз қырау шалыпты.

Артық ет бітпегенше қарағанда тұрмыстың тәтті болмағандығы көрініп тұр. Үстіндегі киімі бегімсал, айнымағаны, өзгермегені қоңырқай көзі, әлі де отғы қалпында. Тамағын да бір-ер қыл көлденең буып алыпты. Ол жайымен байсалдылықпен жағдайымды, денсаулығымды сұрады:

— Қалай аман-есен жеттіңіз бе? Дені-қарныңыз сау ма? Денсаулығыңыз бұзылмай келсе, одан басқаның бәрі орнына келеді.

— Шүкір, жаман емеспін,— дедім. Шынында да денсаулығым қалпында болатын.

— Сізді күткелі он шақты күн болды. Екі балаңыз күннің суығына қарамай ертеден кешке дейін жол қарайды.

— Үлкен ұлын армиядан қайтты ма? Қайда? — деп сұрадым Советті.

— Қайтып келіп КазГУ-ді бітірді. Енді сонда сабақ береді. Жақында үйленді. Алматыда тұрып жатыр. Хат келіп тұрады.— Мен үйді шолып қарай бастадым. Үй кішкентай үш бөлме екен. Қоржын үй. Мен отырған бөлменің екі жағында екі есік. Қай жерге көзім түссе де кітап. Әсіресе қазақша кітаптар көбірек. «Батырлар жыры», «Жұмбақ жалау» деген жуан-жуан кітаптар-дың атын дауыстап оқыдым.

— Қазақша кітаптар ғой,— деді Ольга.— Балаларым қазақшаны ұмытып кете ме деп, Қордай ауданынан алып келіп едім. Қазір Марлен Владиленаға оқып береді. Ол тыбыр етпей отырып тыңдайды. Сәлден соң:

Үйді Марлен өзі салды,— деді Ольга.— Жаз күні ұзақ. Кеші бос. Кірпішті қам кесектен құйып, өзі қалады.—Екі жағындағы бөлменің бірі үлкен, бірі кішірек екен. Кішісінде Марлен ұйықтайды екен де, үлкенінде Ольга Владиленамен жатады екен.

— Марленді әскерге шақырды ма?

— Шақырған жоқ қой,— деп Ольга сөзінің аяғын жұтып қоя салды. Маған бәрі де түсінікті болды. Сорлы Шұнақ дедім өзіме өзім ішімнен, кім екеніңді, кім болғаныңды қалай-ақ бір ай ішінде ұмытып қалдың. Көрінгенге көз түрткі болған бала-шағаның ескі жарасының аузын тағы бір тырнап алғаның қалай? Сорлы-ау, олар сонау Алматыдан Қырғызстанға саяхат жасап келді ғой деп пе едің, әлде еріккеннен көшіп пе еді. Еріксе қазақтың кең даласы аздық қылды ғой деп пе едің. Өй сорлы Шұнақ. Байқұс-ау, бас бостандығың өзіңе тигеніне бір-ақ ай болды ғой. Ал ол тиді ме? Бірнеше күннен кейін тағы темір тордың арғы жағынан зоопарк-тегі хайуандай отырмасына көзің жетті ме? Бүйтіп шығып көріп едің ғой, бұрын да. Жылқы мінезді қоятын уақытың болып еді ғой. Аңғыртқа ұшқан сорлы. «Арты жаман сауғаның, одан жаман ауғаның» деген қазақ сол сөзді де білмей, өлшемей айтпаған шығар. Басынан талай қысталаң, жалаң қия, жартасты жолдарды өткізгенде, құба қалмақтар басып басына әңгір таяқ ойнағанда, әлде көзі қысық, тісі қисық, иегіне он тал сақал не бітіп, не бітпегендер келгенде айтпағанын кім білсін, сол мәтелді. Әлде қатын-балаңның туған жерінен ауып, та-

банын сауып, өтенінен көкси қашқаны аз болып отыр ма? Осыны ойлай отырып бір нәрсе есіме түсіп күліп жібергенімді байқамай қалдым. Ольга мынау есі ауыса бастаған ба дегендей бұл жолы бетіме үңіле әрі түңіле қарады. Ойыма түскен жай мынау еді: Сонау отыз бесінші жылы Жандосов колхозының партия ұйымының секретары болып жұртын Әлімқұл Төлеңұтов дейтін қазақ болды. Сол бір жаламен сотталады да, алты-жеті айдан кейін қамаудан босанды. Күйеуі үйіне келген соң Қалия деген әйелі «қоймай қуып жүріп шығарып алдым ғой» десе, анау отырып: «Табысқа мастанба деген Сталин жолдас!» дейді. Жұрт сол кезде оны «қып-қызыл коммунист қой, жазықсыз қамалып келіп, жеті ай босқа жазаланып отырып та Сталин жолдас дейді» деп келекелеп жүрді. Бірақ, шырағым, келеке қылатын оның ештеңесі де жоқ еді, өйткені арғы жағында оның партияға деген адал көңілі, аппақ жүрегі көрініп тұр еді. Мен де Марленді ақ көңілділікпен айтып қалып, у жегендей өкініп, опынып отырдым. Ольганың көз қарасын аңғардым да, неге күлгенімді айттым. Ол қосыла күлді.

— Менімше,— деді ол,— нағыз коммунист солай ойлауға ти-іс. Өйткені Совет өкіметін орнатқан большевиктерге қысастық жасап жатқан партия емес, оның ішіне алма езегіне түскен жегідей бүлдіру үшін кіріп кеткендер болса керек-ті. Бүгін болып жатқан қиқақ пен қинау бәрі уақытша, өткінші толағай болуы керек. Шын большевик бүгін басына түскен қиыншылыққа мойымауға, болашаққа сенуі абзал. Әрине, өзі еркіндік үшін орнатқан өкіметтен өзінің қорлық көруі өкпелерлік те, ренжітерлік те қарекет. Бірақ коммунист идеяның, саналылықтың, сенімнің адамы. Бізді,— деді Ольга сәл үнсіз қалып барып,— партияға біреу зорлап кіргізген жоқ, өзіміз осы жолды, марксизм-ленинизм жолын қалап алдық. Өйткені адамзат баласы бүгінге дейін ойлап тапқан идеясының ішінде біздің жанымызға жағатыны, жайлысы осы ғана. Оның дұрыстығына әбден көзіміз жеткен. Оған сенімдіміз. Сондықтан біз адамды адамның қанауынан құтқарған, адам баласының бәрін тең көретін Коммунистік партияны қалап алдық, осы жолда жанымызды пайда етеміз. Егер бүгінгі саяси негізі Советтер, экономикалық негізі өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік болып отырған, жұмысшылар мен шаруалардың одағын ту етіп берік ұстаған мемлекетте біреулер әлдеқандай басбұзарлық, заңсыздық жасаса, оған қоғамдық құрылыс кінәлі емес. Ол өткінші жағдай болса керек. Бүгін қалтамызда партиялық билетіміз жоқ болса да, біз өзімізді партиядан тыс адамдармыз деп санамауымыз керек. Мен болашаққа сенемін, Әбеке, ерте ме, кеш пе партия бұл кеткен қатені түзетеді, кемшілікті жояды деген сенімдемін. Мен сіздің де, өзімнің де өткен жолымды мың тексердім, мың рет сарапқа салдым, ақтара тексеріп, аудара қарастырдым. Сонда екеуінен де не партияға, не мемлекетке істеген иненің жасуындай зиянымыз болмаған екен, бар саналы өмірімізді Совет өкіметінің қиярын қылуға, отынын жинап, отын тұтатуға, түтінін

түзу шығаруға жұмсаппыз. Партия алдында да, мемлекет алдында да адал болыппыз. Алғал сөйлеген, бұрыс істеген ісіміз болмапты. Әрине білмей қалғанымыз, шамамыз жетпегені, маркстік алған іліміміздің тайыздығынан жіберген ағаттығымыз, асығыстығымыз болған болар, бірақ ісіміздің бәрі партия алдындағы адалдыққа негізделіпті. Демек, жұрт не десе де, Әбеке, біз коммунистпіз.— Ольга көгеріп-сазарып ұзақ үнсіз отырып қалды. Мен әйелімнің көрген теперіші кезінде де шыныға, ширай түскенінің куәсі болдым, оған сүй-сіндім, сүйіндім. Айтпасам да оған білдірмей күйініп, күйзелдім. Партияға осынша ағынан жарылып отырған адамдарға да алғал-дық таңу, кара жалау байлау караудың, кара ниеттінің ісі демей тұра алмадым. Ольганы құшып тұрып, жаңа көргендей сүйдім. Ол да, мен де босаңқырап та кеттік. Бұл бүгінгі аман сау қауышқан көңілдің түкпірде жатқан, соның тұнығынан шыққан пәктік, пә-кизалық болатын.

* * *

Шұнақ қайта күннің көзіне қарады. Таудың кешкі күні салқын тартты. Күн Қордайдан әрі Аңыркайға барып қалды. Енді Шұнақ менің көңіліме қарай бастады. Жасымды сыйлап, әңгімеге қызығып жұмысынан қалып қоя ма дейтіндей. Бәрібір бүгін бітетін жұмыс жоқ. Мен ат көрпе үстінде екі қолымды иегіме тіреп етпетімнен жатқан күйімді бұзбадым. Шұнақ маған қайта көз салды. Мені қайта барлап, сынап өтті. Мен тыбыр етпедім. Екі ат кешкі салқынмен бетегені қайта тырсылдатып үзе бастады. Дала шаңытып тұр. Бірақ қай ауыл болса да бәрі алақандағыдай көрінеді. Шал жаңағы сол қолының қарын уқалағандай сол жақ жіліншігін де ұстап, оны да мыжып-мыжып қойды. Дауысын кенеді, тамағын қырнады. Бұл әңгімені айта беремін дегені.

— Жата жастана келіп білсем Ольга әбден арызданған екен. Алматыда бармаған мекеме қалдырмапты. Әрине тамыр-таныстарға бармапты. Олардың өзі де қалмаған. Барған мекемелерде сауаттары аз, көлеңкесінен қорқатын қоян жүректер отыр, әңгімені шала тындайды, не қорқа тындайды да әлде бірдемені желеу қылып кеңсесінен шыға жөнеледі. Алматыдағы көркөкіректерден қайыр болмайды. Дұрысы ешкім сөйлескісі келмейді, ат-тонын ала қашады. Бұдан түк шықпаған соң биыл жазғы екі айлық каникулын пайдаланып Москваға барыпты.

— Су болар тоным су болды, халық жауының қатынымын. Жер аударды, елімізден босытып, қырғыз асырды. Енді осыдан жаман не болады. Марлен адам болды. Азар болса мені қамар, Владиленаны мықтағанда балалар үйіне берер. Ал Марлен азамат, ол үшін сейіл де сейіл, сергелдең де сейіл. Оны қоса соттаса да ештеңесі кетпейді, бір-екі жыл шетте жүріп қайтар. Мені соттаса да сол. Несін аянайын, Абақтан жаным ардақты ма дедім,— дейді Ольга. Москвада екі айдың ішінде

ашпаған есік қалмапты. Ішкі істер Халық Комиссариатындағылар бұған есі ауысқан қатын деп күле қарапты. Сонан соң Ольга Сталиннің қабылдауына өтініп он-он бес хат, он шақты телеграмма беріпті. Әрине, хат, телеграмма аяғында уақытша жалдап алған пәтерінің тұрағын көрсетіп отырған. Бір күні мұның пәтеріне НКВД адамдары келіп, «енді арыздансаң қамаймыз, қаншық» деп қорқытқан. Үй иелеріне де дүрсе қоя беріп, енді Ольганы пәтерден кетірсенің шатақ болатынын ескерткен. Сонымен тағы екі-үш пәтер ауыстырып, соның бәрінен қуыла берген соң, вокзалдарға түнеп жүріпті. Ақыры бір күні Қазан вокзалынан Ольганы біреу іздеп тауыпты да, машинасына салып бір үйге алып келіпті. Машина бірден албарға кіріп, үйдің артқы есігіне келгендіктен Ольга қайда келгенін де білмейді. «Азар болса қамап қояр» дейді де, кіре береді.

— Тіпті ашынғаным сонша,— дейді Ольга көзін сығып алып,— тіпті қамап тастамақ түгіл атып жіберсе де мейлі. Жәпелдемеге келгенде Марленді де Владиленаны да ойламадым. Бәрібір олардың көрінгенге көзтүрткі болып, азар көріп жүргенінен өлгені де жақсы ғой дедім.

Ол да рас, інім,— деді шұнақ шал, сол қолының қарын уқалап, шытынып қойып.— Мынау жаудың ұлы, әлде қызы деп көзтүрткі болудан біреудің есігінде жүріп малай болу көп артық. Онда әйтеуір қызмет қылған адамыңның үй ішінен басқа ешкім қожаңдамайды ғой. Ал мына жағдайда көшедегі көңілі түспегеннің бәрі тілдейтін, көзге біткен күйік, табанға кірген тікенек боласың. Сонда тірі жүргенің не, әлде өлгенің не? Өлмегенің кара жер. Ит көзі түтін танымас болып, адамнан ары, иттен бері болып жүргенің.

Көп есіктен өткен соң апарған адам «осында сәл күтіңіз» дейді. Өзі ішке кіріп кетеді. Әлден уақытта іштен басқа бір адам шығып жылы амандасады да, ішке кіргізіп, шешіндіріп отырғызады. «Сәл шыдап отыра тұрыңыз» деп одан арғы қызыл қоңыр былғарымен қапталған есікке енеді. Ертіп келген кісі шығып кетеді. Ольга былғары есікке үмітпен қарайды. Қызыл қоңыр былғары да, оны ұстатқан жез қалпақты, нақыра шаптырған нық шегелер де бұған бір түрлі жылылық әкелгендей болады. Жүрегі аттай тулап, лоблып та, бейжайланып та кетеді. Столда шамасы хатшы болса керек, орта жастағы еркек адам: «су ішіңіз, бәрі жақсы болады» деп жұбату айтады. Іштен жаңағы сыптай жігіт шығады да, есікті ашып Ольганы ілгері жібереді.

Кіріп барсам,— дейді Ольга,— деді Шұнақ,— сіз қатарлы мұрнының ұшы сәл қайқайыңқыраған, көзінің қарасынан аласы көбірек, онша қалың емес сары қоңыр шашын сол жақ шекесінен оң жағына қарай жара тараған, жұқа мұртты, семіз емес, қоңырқай өңді кісі маған қарсы жүрді. Бір жерде көрген адамым сияқты. Қайда көрдім деп есіме түсіре алсамшы, қане. Жоқ өкіліме түспеді, көзімде тұрған сурет, көңіліме орнамай қойды. Өлгі адам қабағы қатулау болғанмен жылы сөйлесті. Ольга,— деді Шұнақ өз сөзімен сөйлеп менің өмірімді,

өзінің баянын жарты сағатта қолмен қойғандай қылып айта шығады. Неге олай екенін білесің бе, інім, өйткені жазылған хаттың бәрінің сөзі бір де, оны әлденеше көшіріп жазған соң көкейде қалған ғой. Оның үстіне басында Сталин жолдасқа барамын деп шыққан соң алты күн хат текісін әдейі күндіз-түні жаттаған екен. Абұйыр болғанда кабинет иесі Ольганың сөзін бөлмейді, сұрақ та бермейді. Байыппен байсалды отырып әбден тыңдайды. Ольга сөзін аяқтап, үндемей қалған кезде ғана:

— Сізге кейін хабарласады, қош болыңыз! — дейді де, алдындағы екі метрлік, үстін жасыл шұғамен жапқан стол үстінде тұрған қара ноқатты басып қалады. Қоңырау шар етеді. Ольга селк ете түседі. Ішке кірген орта жастағы жаңағы жұбату-басу айтқан адам:

— Андрей Андреевич, бәрі әзір! — дейді. Сонда да бұл қайдан естіген таныс атым деп ойлайды да қояды. Ауызғы бөлмеге шыққан соң хатшы:

— Мынау сізге Фрунзеге дейін ертеңгі поезға мінетін билетіңіз, мынау жолыңызға қаражат, қазір есік алдында машина тұр сізді «Балчук» қонақ үйіне апарып салады. Сізге ертең поезға отырғаныңызша жатып-тұратын номер дайын. Қош болыңыз! — дейді. Ауыздағы үлкен кіре беріс бөлменің сыртына, дәлізге шыққан соң қараса «А. А. Андреевтің қабылдау орыны» деп жазылыпты. Онда да ойыма түк түспепті дейді, Ольга. Әбден қонақ-үйге келіп, әдемі бөлмеге орналасқан соң «бұл мені құдайдай жарылқаған кім болды екен?» деп ойлайды да, санын бір-ақ соғып, ернін тістеп қалады. Оның кәдімгі ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, ВКП(б) Орталық Комитетінің хатшысы Андрей Андреевич Андреев екенін біліп, жүрегі тулап, өзі азырақ толқып кетеді. Ол сондай үлкен адамның қабылдауында болған соң, енді үміті үлкейгенмен, сенімсіздік жайлап алған, барлығынан қалған көңіл Шұнақ шығады дегенді ұмыттыра береді. Қантқа келіп, мектептегі қызметіне кіріп, уақыт ұзап бара жатқан соң көңілі құрғыр қайта шиткіп жүреді. Содан мен келгеннен жарты айдай бұрын Фрунзеге шақырып, хабар берген соң үміттен бастайды. Сонымен, інім, тар қапастан кең дүниенің бетін көрдік.

Мынау қуарған сыңар құлақты бас не көрмеді. Пәлен жыл тұрып күйеуінен екі-үш бала сүйген әйелдердің де ерінен безініп, оның үстінен келістіріп тұрып арыз жазып бергенін білдік. Осы өңірде Рахымалы Байжарасов дейтін, бізден жасы кіші жігерлі жігіт болды. Ол Қарағанды қалалық партия комитетінде хатшы болып тұрғанда алынды. Соның сауаты бар қазақ әйелі Рахила Сарсенова Рахымалыдан безіп, соның арқасында партияда қалып, осы кезде Ақтөбе облысында облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі, одан облатком председателінің орынбасары болып жүргенін білемін. Інім, менің білуімше ол әйелдің Рахымалыдан ұлы бар, ертең қазіргі «жаулар» ақталып, қатарға келер болса, ол екі жүзді аяр мүдәйі қатын қалай жұрт бетіне қарар екен? Бірақ кім біледі, інім, ондайлар біздің су түбіне кеткенімізді мәңгі кілеңдей деп ұғатын

болар. Енді сол Сәрсенова Рахымалыдан тапқан ұлын өз фамилиясына көшіріп, жұмыртқасын күлге аунап тапқан тауықша күн кешіп жатыр. Баласы есейгенде оған не бетін айтатынын кім біледі, әзірге беті былш етпей, міз бақпай Байжарасов «халық жауы деп келе жатса керекті». Е, шырағым, бір Сәрсенова ма, ондайлар Қазақстанның бұрынғы басшыларының семьясында да болды. Сауатты, көзі ашық, ескі партия мүшесі әйелдердің де сондай опасыздыққа барғандары бар. Ал еркектер ше? Әйелі камерада күнде таяқ жеп жатқанда үкімет креслосында отырғандар да болды ғой. Ал мен үйленгенде «орыс қой» деп сенімсіздікпен қарағандар Ольганың менен безбегені былай тұрсын, Москваға дейін қуалап, қорықпай-үрікпей мен үшін басын бәйгеге тігіп, өзін тұңғықтың түбіне түсуге қиғанда ауыздарын ашып, көздерін жұмды. Ольга жалғыз емес еді, інім. Он тоғызыншы жылдан партия мүшесі Саймасай Тәтібеков деген қазақ Қырғызстанда Халық Комиссары болып жүрді. Оның әйелі Мария Ильинична Васильеваны Жандосов Өлкелік комитеттің хатшысы болған кезде Қызылордада соның қарауында нұсқаушы болып істегенінен білетінмін. Ал Саймасаймен Мисауытов заводында оның қазақтан жиған арзан жүнін бірге жуысқанбыз, шуаш, шайыр сасып заводтан бірге шығатынбыз. Ол мен сияқты емес, Мария Ильиничнаға ерте, жиырма алтыншы жылы қосылған болатын. Ол да ВКП(б) Орталық Комитетіне дейін барып Саймасайды босатып алды. Қазір ол Қырғызстан жағында тұрады білем. Көрдің бе, інім, менің халқым ғана жақсы қасиетке ие десең, оны да менің Жандосов алдында қызарғанымдай ұятқа қаласың. Қазақ әйелдерінің күйеуінен қалған жанымды құдай алсын деп асылып өлгендерін мынау шүңірек көз көрді, шұнақ құлақ талай естіді. Бұл жерде күйеуіне опасыздық жасаған, жармын деп жүріп жеме-жемге келгенде жылан болып шаққандарды қай халықтан да кездесетін шіріген жұмыртқа деп қарасақ, қазақ әйелдерінің көбі қайрат қылмады, қаракет жасамады деп айыптауға болмайтын еді. Өйткені оған бұрынғы феодалдық қоғамның мешелігі тұрғысынан қарау керек. Өйткені олардың көбі-ақ сауаты аз еді, сондықтан да көрбалалық көңіл арғы жағында не болатынына көзі жетпеді де, ескілік етегінен тартып тапжылтпаған еді. Оған дәлел болатын Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова. Совет мектебінде тәрбие алған қыздардың үлгісі емес пе, олар. Отаны үшін қан төгіп, ерліктің асқан үлгісін көрсетуі, бүкіл Советтік шығыста олардың мойны озып шығуы қазақ әйелдерінің орыны бөлек екенін көрсетпей ме?! О баста адамның әмбесінің бірдей болып туатынын еске алсаң, оның қарапайым мысалы бірінің масағы-мәулім, екіншісінің құрым киізге әлде шұлғауға оранып тумай, жалаңаш туатыны десек, онда сол адамдардың әр түрлі, бірі батыр, бірі ез болатыны өскен ортасына, алған тебіз әлде тебір тәрбиесіне, ең дұрысы өмір сүрген қоғамына саяды екен.

Барлық халықтың жақсы адамдары ұқсас болады,— деді Шұнақ,— Сол сияқты опасыз, сатқын, тебір-тоғышар адамдар да барлық халықта

кездеседі. Ондайдың бірі өз босағамыздан да шықты.— Шұнақ әпсәтте түйіліп, бет-ауызы қуарыңқырап, қаны кетіп, шытынды. Көкірегі қарс айырылғандай күрсінді. Сонан соң мұны неге айтып қалдым, осыны айтсам ба, айтпасам ба деген кісідей ойланып ойға қалып отырды. Сонан соң барып маған қарап күлімсіреді де, әңгімесін жалғап кетті.— Ольганың Советтің семьясына көп әңгімесін аялдаптай, «келіннің тарапынан мұрсат алса» деп сыпыртып өте шығып, аяғын күмілжітіп жібергенінен секем алып қалып едім, сол төңіректе бір жидіген, қоңырсық иіс шығатындай еді, көп ұзамай ол да белгілі болды. Үш күннен соң Совет келді. Жылап көрістік. Келгенде онша көңілі шат-шадыман емес екенін аңғарғандай едік, байқағанымыздай болып шықты. Ол кетерінде «келіншегіммен ажырасамын» дейді. «Келініңізбен» демеді. Мен ондай сөзге қатты маңыз беретін қазақпын. Ол Ұлтарактан туған сұлыбынан тебіз жаралған, салуалы ордадай, салған төсектей мінезі бар, ісірібі оңайлықпен қозғалмайтын ұл ол сөзді әдейі пайдаланбай отыр. Қолдарына түсіріп, келін болып, қолынан бір кесе шай құйып бермеген адамды қалай «келініңіз» деп айтамын деп тұрғанын ұқтым. «Сақау баланың тілін шешесі білетіні» сияқты дариядай ақылы бар ұлдың сөзінің қай бастаудан шығып, қай қобыға құятынын сезетінімді бастан білгендігі.

— Келіншегіммен ажырасамын,— деді Совет.

— Неге? — деймін мен.

— Сен Фрунзе жаққа баруыңды қой дейді. Сол үшін-ақ ажыраса саламысыңдар?

— Тумаған адамдар неге керек, менің әке-шешем бар ғой дейді.

— Тумаған дейді?! — деп Марлен айғайлап жіберді. Түсі бұзылып, жуған шүберектей қуарып кетті. Оның шын ашу-ыза кернегенде екі қолын уқалай беретін әдеті бар еді. Сонысын істеп, саусақтарын жеке-жеке ысқылап, қолының сыртын уқалап, бас бармағын созғылай берді. Ольга баласының тым ашуланғанын басайын дегендей орнынан тұрып келіп, Марленнің шашын қолымен тарақтап, маңдайынан иіскеді.

Ольга екеуіміз Советті жұбатып, әйелді тәрбиелеу керек екенін, еркек адам тек қана әйелінің күйеуі болу жеткіліксіз, сонымен бірге ол оның тәрбиешісі де болуы керек екенін түсіндіргендей болдық. Совет аттанып кетті, біз қатты ренжіп қалдық. Советтің көңілі үшін ренішімізді білдірмеуге тырыстық. Бірақ білмеуші ме еді... Бірақ, інім, ол-ақ емес екен. Келініміз «әке-шешенмен қатысуыңды қой» деген болса, ол онша қиын да болмас еді. Олар Алматыда, біз Фрунзеде. Жылына бір қатысамыз ба, қатыспаймыз ба, бөлек тұратын адамдарға біздің қаншалықты бөгетіміз болмақ? Бірақ келініміздің о бастан-ақ ойы да, өрісі де бөтен, түнек екен. Әке-шеше баласының бақытынан басқа не тілейді, оның табанына кірген тікен маңдайыма қадалсын демес пе? Олардың жалақысына ортақ болып, қыбайда жатып қияуымызға жыра тартып жатқан жеріміз жоқ. Үшеуіміз бірдей жұмыс істейміз, арамызда

бес жасар Владилена ғана. Өзіміздікі өзімізге жетеді, «сонда бұларға не жетпейді» деп болмадым мен. Ольга менің көңіліме қарап олардың арасындағы кикілжіңнің қианға айналып кеткенін маған көптен кейін білгізді. Алдымен келініміз үш-төрт айда Советтің бізге бір келіп кеткенін көтере алмай жүріпті. Кейін бұған біратола тыйым салғысы келіпті де, бұл халық жауы Үйсінбаевтың семьясымен араласады, ылғи Фрунзеге барып тұрады деп арыз беріпті. Інім ауызекі ұрыстың жөні бір басқа, ал арыз қағазға түскен соң ол бәріне қидым, ат кекілін-құйрығын кесістім деген сөз болады. Ат кекілін-құйрығын кесіскенді білетін бе едің, інім. Бұрынырақта бірінен бірі кеңілі қалған жекжаттар, не құдалықты бұзатындар екінші жақтың атының кекілін немесе құйрығын кесіп алатын болған. Шамасы бұл соншалықты үлкен болмағанымен кетісуге, араздасуға ілә, себеп болса керек-ті. Мысалы әлгі «болмас жекжат ердің артқы қасын сұрайды» деген сияқты ғой. Атқа салатын ердің бір қасын яғни артқы қапталын кесіп берген соң оның қалғанын атқа қалай ерттемек. Көрдің бе, інім, сондықтан да жекжат болғысы келмеген соң ердің артқы қасын бере алмайтынын біле тұрып сұрайды да. Сол сияқты, інім, біздің келін де баламызды тыйып аламын деп, оның ең ауыратын ескі шиін шығарып, бітеу жарасын жарып алған жайы бар. Інім, дүниеде жанында жатқан жарың адал болмаса, бұдан өткен сұмдық адам басында бола қояр ма екен. Бұрын қазақ оған көп мән бермеген. Неге? Өйткені әйелі ашса алақанында, жұмса жұдырығында. Ал бұл кезде өзіңмен бірдей оқып, бірдей білім алып, бірдей қызмет істейтін әйелдің ерікті одақ, ортақ түсіністік болмаса уысыңа сыя қоя ма? Дегенмен сол ертеде де, басқа атаның баласы десе де, не арты қалай болар екен, «атасы басқа аттан түс» деп жүргенде сырымызды төркініне, егер төркіні жауы болса, өйткені жаудан бауарға, олжаға түсірген қыздарды да қазақтар көп алған ғой, сол бітіспес, қасаласқан, қарысқан қасымызға айтып қоя ма десе де әйтеуір әйеліне де сенбеген жағдайлары болса керек-ті. сондай бір заманда болса керек, жан тәсілім қылғалы жатқан әке өліп бара жатып баласына білген ақылын айтыпты деседі халық,-деді Шұнақ сол қолының қарын уқалап қойып.— Балам, отыр жаным, «атадан ақыл» деген қазақ. Менде ол көп те емес. Сонда да айтпағым, сақтағаным бар еді депті әкесі. Оңашада айтайын: әйеліне сырынды шашпа, саудагерден ақша қарыз алма, жасауылмен жолдас болма, осы айтар ақылым деп науқасы мендеген әке о дүниеге сапар салыпты.

Әкесін қойған ақылды ұл, енді өзі тіршілік етіп тез-ақ дәулетін арттырыпты. Мал да, жан да бітіпті. «Мал бітпеске немене, жігіт жанын бұласа» деп бел шешпей, маңдай терін мың сыпырып қайрат қылыпты. Жұрт сыйлап, беделі-әтуері артып, атына елі қолтығынан сүйеп мінгізер дәрежеге жетіп, кісілікті болғанда әке сөзі — ақылы ойынан кетпей жүрген ораздының ұлы көпті көрген әкенің ақтық сөзін сынап көрмек болыпты.

Жігіт жасы өзі құралпы хан ордасын күзететін жасауылмен біраз жыл сыйласып, алыс-беріс жасап, шай ішісіп жүріпті. Сонан соң жаңа байып келе жатқан бір саудагермен де жақындасып азғантай ақша қарыз сұрап алыпты. Бір күні түнде үйіне кешірек келіпті де, үйінің тура ішкі босағасының жанынан шұқыр қаза бастапты. Мұны көрген әйелі:

— Байқұс-ау жер таппағандай үйдің ішін қазғаның не? — деп сұрайды.

— Ойбай, сорлы-ау, сорлап қалдық қой. Біреумен сөзге келіп қалып, ерегісте көкірегің қаздай шулатайын деп қойып келіп жіберсем, бата тиеді дегенім қате тиіп, әлгі өле алмай тұрған неме ме, қылжия кетіп жан тапсырғаны. Енді соны көмбесем болмайды ғой. Басқа жерге көмсем жұрт көріп қалады, сондықтан үйге көмбеске амалым қайсы. Құритын болдым ғой, қатын, құритын болдым. Жұртқа білгізбеудің жолы үйге көму ғана. Қатын, ауызыңа ие бол, тісіңнен шығарсаң құрыдық. — Сонымен киізге ораған серейген өлікті жігіт әкеліп, босағадағы шұқырға көміп тастайды. Жаңа топырақтың үстіне қорда төгіп, топырақты есіртіп тегістейді.

Араға біраз уақыт салып жігіт қитықтан ситық тауып әйеліне қамшы салады. Әйелі ойбайлап, байбайлам салып, аузына ақ ит кіріп, қара ит шығып, анадағы өлтіріп босағаға көміп қойған кісіні жұртқа жария қылады.

— Бұл құныкер, кісі өлтіргіш. Мені де соның таз кебін кигізіп, мүрдем кетіргелі отыр. Анада біреуді ұрып өлтіріп қойып, оң босағаға көмген. Ойбой, бұл мені де өлтірмек. Бұл кісі өлтіріп, ойбай, кісі өлтіргіш, — деп бозборандатып, сөзге қонақ бермей біраз жерге апарып тастайды. Оған күйеуі жалынып-ағынады:

— Ойбай, байқұс-ау, біраз дәмдес-түздас болдық. Айтпайтын нәрсені айтқаның не! Қой райыңнан қайт. Жұртқа сырды шашпа! — Күйеуі әйелінің асты-үстіне түсіп, әбігер болады.

— Ойбай, айтамын, ойбай, айтпақ түгіл айтамын. Бұл кісі өлтіргіш, құныкер. Кісі өлтіріп отырып мені сабайсың! О, жұртым, мына кісі өлтіргішті қараңдар, енді мені өлтірмек. — Осының арасында-ақ ерлі-зайыпты екеудің ұрыс-керісі көрші-көлемге, қоңсы-қобайға, одан хан ордасына жетеді. Хан шатақтасқан екеуді тез ордаға жеткізуге бұйрық береді. Хан сарайынан келген жасауыл баяғыдан бері өзінің бір ішіп, бірге жесіп жүрген жандай досы болып шығады. Жігіт оны көрген соң, өлердегі сөзін айтып жалына бастайды.

— Батыр-ау, мені көптен білесің, арамызда алыс-берісіміз де, салып жүрген қолқамыз да бар еді. Бір жолға мені алмай-ақ кетсең нетеді, қайтесің ағатай! Ханға қашып кетіпті дей салмайсың ба. Екеуміздің арамыздағы пәлен жылғы достық-татулығымыз бір бажылдақ, ұрысқақ қатынның шайпаулығы құрлы болмағаны ма?! Дәмдес едік қой, ағатай!

— Жоқ, болмайды, — деп жасауыл қылимайды. Қайқы қылышын қылшылдатып-жарқылдатып жігітті алдына салып айдап алады. Жігіттің кісі өлтіргенінен, жасауыл айдап бара жатқанынан құлақтанған саудагер келе оны түп етектен алады, бақырып төңіректі азан-қазан қылады.

— Оңбаған, жауыз, қарызымды беріп кет!

— Ей, ағатай, мына бір пәлеге тұс болып тұрмын ғой, осыдан құтылып алайын. Сонан соң азғантай пұлынды берермін, кішкене мұрсат беріңіз! — дейді жігіт.

— Жоқ, қарызымды бересің, азғантай деп пұлымды жеп кетпексің ғой, — деп түп етектен ұстаған бойы хан ордасына ол бірге келіпті. Хан жігіттен жауап сорып, жайды білмек болыпты.

— Кісіні нағып өлтірдің?

— Кісі өлтірген жоқпын, тақсыр!

— Жоқ, өтірік айтады, өлтірген, оң босағаға көмген, — деп бажылдайды әбден долданып, өшігіп алған қатыны, киімі жаман кісіге үрген қаншықтай шабаланып қоймайды.

— Өлтіргені рас, — дейді жасауыл досы, — бұл мені ханға апармай-ақ қой деп ағатайлап жалынды.

— Ойбай тақсыр, басынан-ақ оңбаған адам. Елдің ақшасын-ақысын жегіш. Менен қарыз алған ақшасын бермей жүр. Мына пәледен құтылып алайын дейді. Сонда бұл зынданның түбін көздеп кеткенде мен ақшамды кімнен өндіріп алмақпын? — Саудагер тіпті күйініп кетеді. Жігіт мыналардың қалпын, бағыт-бағдарын әбден сүтіндеген соң барып ханға жай-жапсарды, әке өсиетін, оны сынап көрмек болғанын айтады да, аяғында келіп: — Тақсыр, өлтіргенім де, көмгенім де қара ешкі! — дейді. Хан дереу жігіт үйіне уәзірін қосып, жасауыл аттандырып, олар оң босағаны қазып жіберсе, киізге орап көмгені мүйізі қайқайған қара ешкі екен, серейтіп, өлген адамша көрге созып салған екен. Содан «әкемнің сөзі ақыл екен, әйелден ақыл жақын екен» деп қайтқан екен жігіт хан ордасынан. Менің балам Советке нақ сондай әйел тап келген болса керек. Ал мына сыңар құлақты пақырыңның басына пәле түскенде от басы, ошақ қасындағы, дос-жаран арасындағы жағдай жоғарыдағыдан мүлдем басқа болды. Заман да, адам да өзгереді, мінез де, құлық та соған қарай түрліше болады. Бес саусақ бірдей емес, адамның да тебірі бар, тебізі бар. Менің жолдасым Ырысбек Сәрсенов мені қорғап өзі қамалды, ал Ольганың «Абақтан жаным ардақты ма» деген опалылығын, өзін мен үшін құрбан қылуға барғанын айттым. Көрдің бе, інім, шын дос, қырық жыл қырғын болса да сапайды да, алған оң бетінен қайтпайды да екен. Балапан басына, тұрымтай тұсына болған кезде Ырысбек өз басы үшін қам-қарекет жасаса, бәлкім ол артық та болмас еді. Ольганы да Ырысбекті де адалдық жолынан алғалдық жолға тайғызбаған адамгершілігі, коммунистік ары, намысы еді. Ырысбек Сәрсеновті былай қойғанда менің арым, менің жарым Ольга менен

бездім, ол халықтың жауы деген болса, қамау-қапастағы мен не істей алар едім, бала-шағаның қамы үшін, жан сақтамақ үшін солай ұйғарған болар дей салар едім. Сөйте тұрсам да, тіпті расы солай болса да онда ішке он мың жылдық мұзарт қағып, жүз жылыған болып көрінгенімен іш жібімей, жеті аяз болып қатар еді.

Біз партиялығымызды қайтып алуға талай талап қылдық. Ол қылған қам-қарекетіміз тасқа тиген оқтай ештемеге дарымады. Алты алашқа салған айғайымыздың әмбесі Алатаудың заңғар-зауына тиіп, өзімізге қайта жеткен жаңғырықтай еді. Бәрі де зайғы кетті. Ол әлде заңғарды қуалап кеткен жаңғырықтай, әлде құрдымға сіңген судай жоғалды да жатты. Бірақ біз өзімізді партиядан тыс адамбыз деп есептегеніміз жоқ.

Мен де балам істейтін жаңа салынып жатқан шағын завод құрылысына жұмысқа орналастым. Ешкім маған жұмысты нашар істейсің деп ескертпе жасаған емес, бірақ қанша озық іс атқарсақ та артымызға байланған шала бықсып, ілгері басқан аяғымызды кейін кетіре берді. Нақ осы жерде, інім, кейбір сендер жазатын кітаптың қаһармандарындай оған мойымадық деп жіберу ойыма келіп-ақ тұр. Бірақ, амал нешік, өтірік айта алмаймын. Істеген ісің, қылған қайырың сел, еңбегің еш, тұзың сор болған соң ренжімей тұра алармысың. Бірақ мен де, Ольга да, Марлен де оны сыртқа шығармадық. Ішімізден күйіндік те, түйілдік те. Бірақ «бәрі арығын білгізбес, сыртқа жүнін қампайтардың» қарекетін жасадық.

Ілгері, іргелі ісімізге бәйге алмадық, ол еленбеді. Жұмысымызды екшеп сағын, іріктеп қағын шығарғандар керді, білді. Біле тұрып, кере тұрып білмеген, көрмеген болды. «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас». Бәйгені неге алмайтынымызды ұқтық. Бұдан да түрмеде отырғаным жақсы екен деген кездерім де бар. Қалай кейімейсің! Кею де, кіжіну де ішімізде. Іштен тынып үнсіздік, мылқаулық, соқырлық, керенаулық өмір өткіздік. Қайта Марлен екеуімізден гөрі жұмысының нәтижесі көріне бермейтін, бірсыдырғы қалыпты сақтайтын, артық жонған болты, артық түсіретін жүгі болмайтын Ольганың жұмысы тыныш та, жанға жайлылау еді. Әйтеуір жалақымызды дұрыс алып тұрдық. Тұрмысымыз ел алдына түсіп кетпегенмен жаман болған жоқ. Кейбір шолақтардың істеген ісімізді екінші біреуге аударып жазып қоятынын да бастан өткіздік. Оны да мәдениетті түрде ғана, мәмлемен ғана ескертіп отырдық. Кейде біздің аппақ көңілімізді қап-қара, ақ-адал еңбегімізді арамдайтын адам киіміндегі азғын-дардың бізге істеген қысастығына шыдамай кететін жолдастар да болады. Олардың алал жанына риза болып сүйсінгенімізбен, жәдісін, ыңғайын тауып «шырағым, оған араласпай-ақ қой» деу де керек болды.

Қырық бірінші жылдың бірінші майы күні даладан ымырт жабылып, қас қарайғанда ғана келіп кірдім. Оның да себебі бар еді. Марлен тердің алдындағы текеметте етпетінен түсіп жағыр. Басын көтермейді.

Ольга ортадағы столға жақын тұрған шикыл-дақ орындықта отыр. Екі шынтағы столда, екі алақаны екі бетінде, кезінен жас парлап столға тырс-тырс тамады. Сам жамырса да үйге шам жағылмаған. Кішкентай Владилена екеуінен жауап ала алмай, екі көзі екеуіне телмендеп, жау-тандап араларында жүр. Қара көлеңке болса да бәрі анық керініп тұр. Владилена ағасының барып басын құшады, одан жауап болмаған соң шешесіне келеді. Менің кіргенімді білсе де екеуі де қозғалыссыз, үнсіз, тыбыр етпейді. Владилена жүгіріп маған келді. Мен оны жерден көтеріп алдым. Сол бойыммен Ольгаға жақындадым. Мұндай бір кеңілсіздік туған кезде Ольгаға орысша сөйлеп қоятын әдетім болатын:

— Ольга Александровна, не болды қымбаттым, саған,— дедім. Ольга жауап берудің орнына еңіреп тұрып жылап жіберді.

— Әбеке, балаларымызды көзімізше кемсітіп, жәбірлегенін кергенімізше өлгеніміз жақсы еді ғой. Қалай шыдарсың бұл қорлыққа! — Ольганың мұнша мойып, осынша қорланғанын бұрын көрген емес едім.— Осы заводта Марленнің қолының ұшын бермеген адамы жоқ. Барлығының баяндамасын жазып, сырттай оқитын бас инженердің есебін шығарып береді. Тіпті білімнің барлық саласынан бәріне кеңес, көмек береді. Сонда да еңбегі жанбады-ау, мұндай қорлық көргенше неге біржола құрымай-мыз.— Ольга қайта солқылдап, екі көзіне әлі жетті, үнлегенде көкірегі қарс айырылды. Ол қоймай-қоймай жылады.

...Күндіз завод алаңында әртүрлі тамаша болды. Сол көп жүзеге асырылған шараның бірі жұмысшы жігіттердің жаяу жарысы еді. Екі мың метрлік жаяу жарыста Марлен сөреге бірінші келген-ді. Оның басқалардан жүз метрдей алда келгенін көргенмін. Сөйтсе Марленнің артынан екінші келген қырғыз баласына бірінші бәйгені береді де, менің ұлыма ештеме ырым-дамайды. Бірлі-жарымды қазақтар намысқа шауып шатақ шығарады. Төрт-бес орыс жігіті де мұндай әділетсіздікті көре тұрып үндемей қала алмайды. Сөйтсе төреші тура былай депті:

— Халық жауының баласына бәйге берілмейді.— Бірге істейтін жігіттер төрешіге жабысып шатақтаса бастаған соң, Марлен кетіп қалады. Келіп мұның шешесіне шағады да, екеуі кешке дейін қосылып мұңдасып, жасиды. Бәйгеден екінші келген қырғыз баласы «мұндай әділетсіз бәйгенің маған керегі жоқ» деп төреші берген он сомын лақтырып кетеді. Түстен кейін бұл бір кейіпсіз қарекетті мен де естіген болатыным. Үйге ашуымды басып, түк болмағандай болып барайын деп село сыртында ұзақ жүріп кеш келіп едім. Марлен орнынан қарғып тұрды да, еңіреп жіберді:

— Қазақстанға көшейікші, көке! Сонда қой бағайын, қойшы болайын!

Нақ осы жерде босандық көрсетуге болмайтын еді, інім. Бергі жағымнан «сол сөз бе екен, ақымақтық болған шығар» деп Марленге басу айтып, жұбатып қайрат бердім. Ольганың баласына қосыла жылағанына ұрысқан болдым. Бірақ, інім, ішімнен қан жылап отырдым.

Баламның, әйелімнің «Қазақстанға көшейікші» дегені жүрегімді тіліп жіберді. Жүрегім сыздап, денем мұздап жүріп берді. Қазақстанның аты осындайда аталуы жүрегіңді жаныштамай, жаныңды жалаңаштамай тұра ма? Қазақстан ғой ол, қазақ елі ғой ол. Кейбір ақымақтар осы кезде «қазақ жері» деп айтқысы келмей «Қазақстан жері» дейді. Шерменде болған байқұстар. «Қазақстанның» «қазақ елі» деген сөз екенін де білмегені ғой, олардың. Өйтпесе «қазақ жері» деген не, «қазақ елінің жері» деген не, бәрібір емес пе?! Кейбіреулердің қазақ жері дегенді айтса тілі кесіліп қалатындай, аузына күйдіргі шығатын-дай болады, қазақ жерін иемденгісі келетін пиғыл байқатады. Қазақстан! Сағынып, сарғайып жүргенде ол сөзді естудің өзі жүректі жарып кетеді. Бірақ Қазақстанда да айдарымыздан жел есе қоя ма? Онда да көретіні осы болатыны ішімде сайрап тұрды. Оны Ольгаға айтқанымда ол:

— Құланның өз қағы өзіне адал емес пе!? Қазақтардың көрсеткен дозы тез ұмытылады ғой,— деді. Ол да рас еді, інім. Ал Қазақстанға көшіп-ақ кеттік. Бірақ онда ешкім көзге шұқымайды деп кім кепілдік бермек? Әрине, ондай есіріктер онда да табылады. Дегенмен онда бір адам ренжітсе, он адам жұба-тушы болары хақ. Қайткенде де өз елің, өз жұртың. Бірі әкесінің жақыны, бірі шешесінің туысы, бірі жиені, бірі нағашысы. Осылай болып кете береді. Солардың бірі болмаса да бірі есіріктің есін кіргізуге көмектеседі, ашық болыса кетеді. Осыларды ойластыра келіп Ольга екеуіміз Қазақстанға көшпек болдық. Оның үстіне бұл ойымызды тез жүзеге асыруға май мейрамы күнгі оқиғадан кейін Марлен жұртқа араласуды қойғаны бізге өтіп барады. Күндіз-түні оқитыны да, табынатыны да кітап. Жұмысын істеп келеді де, кітабын қолына алып, қарындасын ертіп, күн батқанша үйге келмей, село сыртында жүреді де қояды. Бұрынғы жолдас болып жүрген жігіттері келсе, «қолым тимейді» деп қысқа қайырады. Өйткені үшінші май күні Марленді парткомге шақырыпты. Барса әлде қандай милиция қызметкері мұны сұраққа ала бастайды. Сөйтсе бірінші май күнгі жарыс төрешісін жас жігіттер сабап жарақаттаған екен. Ол соның бастаушысы Марлен Үйсінбаев деп көрсетіпті. Бұл да, Марленнің ешкіммен араласпауы да бізді Қазақстанға көшуге иттермеледі.

Бір күні Марлен қарындасы екеуі сөйлесіп отыр. Құлағымды салсам сөз басқа бір тілде. Сөйтсем Марлен қарындасына неміс тілін үйретеді екен. Ал орыс тілін екеуі де ана тіліндей білетін. Бір оңашасын тауып аған неміс тілінде саған не айтады деп сұрадым.

— Біздің туған жеріміз, Алматы туралы, қазақтар туралы,— дейді кішкентай Владилена.— Көке біздің туған жерміз әдемі, онда тұратын адамдардың бәрі көпшіл, мінезі жайдары дейді ғой ағам. Алматыға көшейік те.

Міне, қызық керек болса! Енді көшпеймін деп көр. Енді мен жалғыз қалдым. Егер шынын айтсам, олардың «көшейік» дегені жаны-

ма жағып тұрады. Сонымен біз үйімізді сатып көшпек болдық. Бірақ үйді алушы болмай-ақ қойды. «Мен үй салып алам, сатпай-ақ тастап кетейік» дейді Марлен. Өстіп үйге алушы таба алмай дал болып, көш қамымен қопандап, дүміміз қоныс таппай жүргенде соғыс шығып кетті. Содан бес-алты күннен соң Советтен хат келді. Ол майданға сұранып арыз беріпті. Көзтүрткі болып жүргенше «кетейін» деген ой Марленде де болды. Бірақ алмай қойса, тағы да меселіміз қайтып қала ма деп жүрексінді. Июнь айының аяғында Совет әке-шешесімен қоштасуға келді. Ольга оны егіліп-төгіліп шығарып салды. Алматыға бара салысымен аттанғаны жөнінде хат та келді. Августта Марлен де шақырылды. Сөйтіп екі ұлды да соғысқа аттандырып, тілеуші болып қалдық.

...Қырық екінші жылдың қысы болатын. Ол кезде екі ұлдан да салмай хат келіп тұратын. Екі баланың хатын бірнеше қайталап оқып, өзімізге дәтке қуат қылатын едік. Екеуі де офицерлік оқуда болатын. Бір күні даладан келсем үйде Ольга жалғыз еді, аяқ-қолын бауырына алып бүк түсіп жатыр. Жанында жаюлы дәптер. Оның беті ашық қалыпты. Ортасынан екі жары-лып ашық жатқан дәптердің көк сиямен жазған жазуы көзіме оттай басылды. Марленнің жазуы. Моншактай тізіп, ол өте көркем де, әдемі де жазатын еді. Ольга бетіне көкшілдеу бірдеме басып алыпты. Басын көтермейді. Екі бүйірі солық-сольқ етеді. Владилена далада ойнап жүрген болса керек-ті, ол жоқ: Мен еңкейіп дәптерді қолыма алдым. Ашық тұрған жерге көзім түсіп кетті: «1938 жылғы 5 февраль. Апаммен келісіп, рұқсатын алып Алматыға бардым. Ойым түрмедегі көкемді көру еді. Екі күн жүріп ештеме шығара алмадым. Мені НКВД адамдары келеке қылды. Көкемді сағындым. Интернатта жүргенде көкемді ұзақ, екі-үш ай көрмей жүре беретін едім. Онда ойыма түк те келмейтін. Сонда оқымай-ақ күнде көкемнің жанында жүре берсемші, сорлы басым. Енді, міне, басқан ізіне зар болып қалдым...»

Әрі қарай оқи алмадым. Көзіме жас толып кетті. «...1938 жығы 14 апрель. Бұл күн ескіше дүниедегі құрт-құмырсқаның, жануар-жәндіктің бәрінің тегіс ұясы, іні-үңгірі ашылатын күні. Тек ашылмайтын бір-ақ ұя бар. Ол менің көкем жатқан түрменің қақпасы. Қашан барсаң да бедірейіп, баттасып, тоттанып-ақ тұрғаны. Қашан ашылар екен, оның есігі. Қашан көрер екенмін, көкемді!» Тағы да арғы жағын оқи алмадым. Жүрегім аузыма тығылып, бір түрлі жаман болып кеттім.

«1938 жылғы 19 август. Апам байқұсты аяймын. Түнде бір түгел ұйықтағанын көре алмай жүрмін. Кейде көкемді ойлағанда Владилена екеуімізді де ұмытып кетеді. Жар құлағы жастыққа тимей, бар тапқанын жолға беріп келеді. Алматы мен Суықтөбенің арасын әбден шыырлады. Қалт етсе Алматыға жөнеледі. Өзі де арықтап, жүдеп бітті...»

«1938 жылғы 17 сентябрь. Апам Алматы барып түрмеде ұрлық ісімен отырған Тұрапбай деген кісіні көріпті. Көкем оны жақсы білетін, ескі танысы еді. Сол түрмеде киіп-жарып көкеме жолығып, амандығынды айтамын депті. Одан апама көкемнің есендігін жеткізіпті. Тұрапбайдың

ұры болғаны маған не керек. Әкемнен хабар жеткізген кісі менің досым. НКВД-ның ұрлық қылмайтын, менің көкемді қамап отырған адамдарынан тозаққа аузымен су сепкен қарлығаштай ұры Тұрапбай ағам жақсы...» «1938 жылғы 5 октябрь. Апам жазған хатты — екі ауыз сөзді Тұрапбай аға көкеме қолма-қол беріпті. Апам қуанып келді. Апамның қуанышын көру маған қуаныш...»

«1938 жылғы 21 октябрь. Апаммен келісіп Алматы бардым. Көкемді бір көрсем деп едім. Көре алмадым. Оны түрмеден шығармайды. Соты біткелі де біраз болды. Сонда да түрмеде ұстайды. Ең болмаса жұмысқа жіберсе көрер едім-ау. Көкемді әбден сағындым, Үйге келіп, әкемнің ескі киімін алып, апама көрсетпей иіскеп жаттым. Апам көрсе, ол кісі қатты жылайды ғой. Көкемнің иісі тұрғандай мына жейдеде. Бүгін қойныма алып жаттым. Иіскелеп жаттым...» Дәптердің жаңағы ашық тұрған жері осы еді. Осыны Ольга байқұс оқыған екен де, ол да Марленнің көк жейдесін құшақтап, иіскелеп, жылап отыр екен. «1938 жылғы 23 декабрь. Апам, Владилена үшеміз Алматыға бардық. Көкемді басқа жаққа айдайды дегенді Тұрапбай аға апама білдіріпті. Тұрапбай бұл Алматы өңіріне белгілі ұры. Маған осы ұрыдан жақсы адам жоқ сияқты көрінеді. Оның маған ұрлық қылғаны не керек, көкемнен хабар жеткізіп тұрғандықтан маған бақыт, бостандық әкелетін осы кісідей көрінеді...»

«1938 жылғы 25 декабрь. Тұрапбай ағайдың айтқаны рас болды. Бүгін көкемді ауыр жүк машинасымен алып кетті, Машина артында отырған көкемді анық көрдім. Ол да бізді көрді. Қолын сілтеді. Кішкентай Владилена түк білмейді. Ол көре алмады. Апам екеуміз анық көрдік. Көкем жүдемеген сияқты. Вокзал басына келдік. Поезға бізді жолатпады. Сонан соң ол поезды сексеуіл баздың жанынан өткенде көрдік. Поезды көріп-ақ көкемді көргендей болдық. Қайтеміз енді. Жылай-сықтай үйге келдік. Апам екі күн тұра алмай жатты. Шайды өзім қойып беріп жүрдім...» інім, Ольганың ішін ақтарып жіберген жазулар осы екен. Сен менің бұл күнделікті жатқа айтқаныма танданба да, өтірік те деме. Өйткені біз Ольга екеуміз мұны жүз қайтара оқығанбыз десем аз болар.

Дәптерді жауып былай алып қойып, Ольгаға жақындадым. Ол басын көтерер емес. Ақыры Владилена екеуміз екі жақтап жалынып оны сол күні орнынан тұрғыза алмадық. Ол баласының көк жейдесін құшақтаған күйі жатып, таңертең көзі добалдай болып ісіп түрегелді. Мүмкін біраз Ольга жеңілденіп қалған болар, ішіндегі қайғы-қапасының бірсыпырасын шығарған болар, әйтеуір осыдан кейін мен оның оңашада тұнжырап отыратынын жиі ұшыраттым.

Қырық үшінші жылдың октябрінде мен де майданға аттандым. Фрунзеден бізді жаяулатып Луговой апарды. Одан поезға отырдық. Поезд үстінде Алматыдан алынған көп туыскандарды көрдім. Біз Воронежге поезбен жеттік те, сонда жарты айдай соғыс өнеріне жаттыққан болдық. Шынын айтар болсам, ауылдан келген көп сақалды қазақ одан

ештеме түсінді деп айту қиын. Содан біз сапқа тұрғызылды. Жаяу шеру тартып бара жаттық. Сумы деген шағын қаладан өттік. Бір шағын қарағайлы көдіктің арасына бір күн аялдадық. Бізге осы жерде біраз тексеру жүргізіліп, қару-жарақ қайта түгенделді. Біз Бірінші Украин майда-һында соғысатын болғанымызды полк саяси нарты подполковник айтып, одан бізге сұрақ қойды:

— Конфескеленген кулактың балалары, жақындары бар ма? — деді. Ешкімнен үн шыққан жоқ. Шамасы бәрі де мен сияқты жалшы болса керек-ті. Сапта тұрғандарға көз жүгіртіп қарап едім, бәрі мен сияқты егде тартқан, елуді алқымдап қалғандар. Саяси командир қайта сұрақ берді:

— Халық жауы болып айыпталғандар, халық жауының туыстары бар ма?

— Мен, — дедім, — өзім халық жауы деп айыпталып, үш жыл отырдым, партиядан шықтым. Өте жақын досым Ораз Жандосов халық жауы деп ұсталған. — Інім, су болар тоным су болды, несіне жасырайын дедім. Командир алаң етіп маған қарады. Сәл ойланып қалғандай:

— Қай Жандосов, Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясында оқыған Жандосов па?

— Ия, — дедім мен. Бірақ командир одан арыға бармады, сонымен қоя салды. Мұндай сұрақ кейін де әлденеше жерде-ақ қойылды. Мен соның бәрінде де жоғарыдағы сөзді қайталап отырдым. Он бес-жиырма күн бір жерде қарекетсіз жатқан күндеріміз де болды. Соғыстың гуіліне, бомбаның шыңғыруына, түрлі гүрсіл-тарсылға құлақ үйренген. Декабрьдің аяғы болып қалған. Күн суық. Жерде қар бар, қалың. Бірақ кім жүргенін кім білсін, әйтеуір біз келе жатқан жол таптаурын. Екі жақта сиректе болса тырбық өскен ағаш бар. Жер адырлылау, ойлы-қырлы. Түс ауып, күн кешкіріп қалған. Бірақ аппақ қар барлық жерді жарқыратып, күннің ұясына тақағанын әлі білгізбей тұр. Тағы да сапқа тұрып кетіп бара жатқанымызда жау самолеттері бізді бомбалады. Кіреге көр таппай шұқыр-шұқырды, ағаш түбін. қарайған шоқ-шоқытты паналаған болдық. Бір кездері сол қолым шым ете түсті. Етпеттеп жатырмын. Сол қолымның қарынан оқ тисе керек, қан киімнің сыртына шыға бастады. Оң қолыммен оны басып ұстап алдым. Жанымда жатқан взвод командирі орыс жігіті Кочетов оң қолынан, сол аяғынан жараланды. Есім бар.

Басымды көтерсем әлдеқандай ұзын бойлы біреу екі қолында да тапаншасы бар, жатқандарды сыпыра атып келеді. Мен оны алғаш түсіне алмай қалдым. Мен шұқырдан басымды ғана шығарып отырдым.

— Командир, мынау не істеп келеді? — Кочетовтың да есі бар. Ол да көріп отыр екен. Ол маған сыбырлады:

— Менің тапаншамды ал, ат ананы! — Соның арасында біреудің айғайы естілді.

— Фашиссің сен, неге тірі қалғандарды атып жүрсің!

— Мә, саған, көрсетермін саған фашисті, орыс шошқасы! — Жаңағы ұзын тұра тағы атты. Ол бізге жақындап келе жатты. Жирма шақты қадым қалды. Мен мылтығымды алмақ едім, Кочетов қайта сыбырлады:

— Ал менің тапаншамды, ат анау иттің баласын! — Мұндайда ойлап тұрудың өзі зиян. Дереву Кочетовтың тапаншасын кісесінен жұлып алдым. Шыны, інім, түрегеліп тұрған анау ұзынтұраны ату маған оңай болмады. Қолым дірілдеп-қалтылдап кетті.

— Келіп қалды ғой, енді бізді өлтіреді, ат! — деді Кочетов. Дауысы шығып кетті. Анау біз жаққа жалт қарады. Міне, бұрылды. Ажал дегенің адам екен. Ол ұрыс даласында жан алу үшін адам киімін киіп келеді екен. Басы салбыраңқы, жауырыны еңкіштеу ажал біз жаққа біржола бұрылды. «Өлгің келмей ме, өлтір немісті!» Бұл Баубек Бұлқышевтің сөзі болатын. Өлмеуім үшін өлтіруім керек. Оның үстіне командир бұйрық берді ғой. Міне, ажал бері қарай бір, екі, үш... адым салды. Ұзын бойлы, бетінде қырым еті жоқ, шүңірек көзді, ішін алған тораңғыдай иілген жігіт екен. Ол бізге тапаншасын кезене берді. Мен тартып жібердім. Құлап түсті. Екі тапанша екі жаққа ұшып кетті. Мен орнымнан атып тұрдым. Басым айналып кетті. Құлап түстім. Қайта тұрдым. Оң жағымнан тағы біреудің дауысы шықты:

— Дұрыс істедің, фашисті! — Орнымнан енді жайлап тұр-дым. Ұзынтұраның жанына бардым. Өліпті. Тапаншаның бірін қолыма алып оны тағы аттым. Ұзынтұраның аяқ жағында жатқан солдат тірі екен. «Дұрыс болды, он бір адамды өлтірді» деді. Жүгіре басып Кочетовтың жанына келдім. Дереву шинелімді шешіп, оң қолыммен сол жақ жеңімді түрдім. Қан саулап тұр. Оқ шынтағыма таман, қолымның сыртынан тиіпті. Сүйегі де сау емес. Сықыр-сықыр етеді. Жаным шығып барады. Дорбамнан дәке алып жарамды тас қылып орап тастадым. Әрине ол көңіліме солай. Әйтпесе жалғыз қолмен істеген іс қай бір онушы еді. Дәкенің қалғанымен Кочетовтың оң қолының білезігін таңдым. Талқан болыпты. Оның жарасын зерттеуге уақыт бар ма? Добалдап орап тастадым. Оң аяғының етігін тіліп алдым. Оқ тобықтан тиіпті. Оны да қатты таңған болдым. Оң жағымдағы балаңқы жігіт Никонга бұрылдым. Оның оқ бұғанасын опырып кетіпті.

Көрген екі жігіттің жеңіл жарасын таңдым. Революцияның кезінде менің Никон дейтін жолдасым болып еді. Япырмай, мынау қалай содан айнымайды. Жап-жас балаң жігіт, он сегізге толғанына алты ай болыпты. Осы жерде де ойыма Марленім түсіп кетті. Сонан соң Кочетовты арқалап санбатқа тарттым. Бір кезде артыма қарасам Никон жоқ. Құры дыбыс шығады. Ұйыққа түсіп кетіпті. Кочетовты тастайсалып оған ұмтылдым. Жалғыз қолыммен-ақ сопаң еткізіп батпақтан оны жұлып алдым. Оны тазалап отыруға уақыт жоқ. Менің ізіммен ғана жүруді тапсырдым да, Кочетовты арқалап ілгері жөнелдім...

Есімнен таңған жоқпын. Жарамды таңып гипске салған соң-ақ ұйықтап кетіппін. Госпитальда үш ай жаттым. Менің аяғым сау, жүріп тыныш таппаймын. Үйден Ольгадан хат алып тұрдым.

Екі ұлдан да хат келіп тұрғанын жазады. Қырық төртінші жылдың марты болып, енді жеңіс болатынына үміттен бастаған кезіміз. Енді бір аптадан кейін госпитальдан шығатын болған соң хат жазып, почтаға салуға шығып бара жатсам біреу:

— Абақ! — дейді. Таңданып қалдым. Таңертегі шақ болатын. Бұл жақта мартта қардың мұрты бұзылмайды екен. Күн әлі шыту Сұр шинельдің ішінде жұрттың бәрі бірдей. Атымды атаған адамды тани алмай барып, зорға байқадым. Доп-домалақ қазақ, отыз сегізінші жылы бірге сотталған, өзім сияқты халық жауы болып айыпталып, жиырма жылды арқалаған Бекей Байғанаев. Сол ма, сол емес пе деп абайлап қарадым. Танымауымның себебі де бар еді. Өйткені оң жақ шекесі көзімен қоса байлап-матап тасталған. Кәдімгі Шелекте аупартком хатшысы болатын Бекей.

— Мен жалғыз көзіммен танығанда екі көзі бар сен неге танымайсың? — дейді ол маған. Шырағым, адамның бар нұры, өзгешелігі ең алдымен көзі арқылы айырылады. Егер екі шырағынды жауып қойса онда адамды тануың мүлде қиындайды. Екеуміз шұрқырасып көрістік. Оның соғысқа қалай келгенін, қайда болғанын сұрайын.

— Түрме азабын, одан кейінгі азар-теперішті сен де аз көрмеген шығарсың, — деді ол. — Оның бәрі басыңнан өткен, оны айтып қайтемін. Алғаш Свердлов маңында, одан Магнитогорскіде заводта, одан Тайгада жүрдім. Көрмеген қорлық, естімеген сөз жоқ. Жігіт адамбыз ғой, оны қойшы. Басқа түскеннің бәрін көрдік. Өткен күзде соғысқа барғысы келетін адам бар ма деп сұрады, бізден. Мен барамын деп тілендім. Содан Волга бойында Қамышевода біраз күн соғыс өнерін үйреткен болды да, соғысқа әкелді. Соғысып мәз таптырмадым, үш-ақ күн майданда болдым. Міне, мынау оң көзімнен оқ тиді де, осы госпитальға әкелді. Үй ішімнен, бала-шағадан бейхабармын. Соғыста да артымда адам жүргенін байқаймын. Соғысып қанымды төксем де бақылаудан құтылатын түрім жоқ. Хат жазайын десем қайда жазарымды білмеймін. Олар орнында жоқ. Бәрін қаңғыртып-тентіретіп жі-берсе керек.

Бекей онша жасымады. Азамат-ақ еді. «Егер енді жіберсе де бала-шағаны, елді бір көріп өлсек армансыз болар едім», — деді Бекей. Мен де өзімнің көзтүрткі, күйкі халімнен хабар бердім. Госпитальда көрісіп тұрармыз деп ойладық. Жоқ, Бекей ертесіне-ақ бұл төңіректе болмай шықты. Ол жатқан жердегі медицина бибілерінен білсем оны қайта ұстап, госпитальдан алып кетіпті...

Бекеймен сөйлескеннен кейінгі күні-ақ мені арнаулы бөлімге шақырды. Қайда жүрдің, қайда тұрдың, Байғанаевты қайдан танысың? Ол не деді, сен не айттың, әңгіме не туралы болды? Міне, содан кейінгі жеті күннің бәрі осылай өтті. Жасыратын несі бар еді, екеуміздің бірге

сотталғанымызды Жандосовпен жақын болғанымыз үшін кеткенімізді, екеуміздің де халық жауы ретінде, колхоз құрылысын құртпақ «болғанымыз» үшін айыпталғанымыз-ды айттым. Ақыры Отаны үшін қанын төккен, Сібір тайгасынан соғысқа еркімен сұранып келген Байғанаевпен сөйлескенім бұдан кейінгі өміріме қызыл жүндей, қыпқызыл пәле болып жабысты. Оның салдарын көп ұзамай-ақ көрдім.

Арада апта өткенде қырық төртінші жылдың апрелінде майданға кіретін болдық. Бірінші Украин майданы ол кезде соғысты Тернополь маңында жүргізіп жатқан. Қолым тыртық болып, бірақ ақаусыз жазылып, сүйегі де бітіп кетті. Шамалы уақыт кейбір нәрселерді ауырсынып жүргенімнен жасынан шынығып, қиындықпен жетілген адамға одан еш кемшілік келмеді. Түнде келш, теріскей беткейлерде әлі де кете қоймаған тоңы бар жерлерді қашырлатып, орлар қазып алып, шабуылға әзірлендік. Таңмен таласа Серет өзенінің арғы жағасына өтуіміз керек. Осыдан Сереттің басталар жері де алыс болмаса керек. Кеш алдында үш-төрт жігітпен бірге мен де партияға кіруге арыз бердім. Кескілескен ұрыстан бірнеше рет аман шықтым. Жолдастарым партияға қабылданыпты. Мен баяғы халық жауы қалпымда қала бердім. Сереттің арғы жағасына шыққан соң, Павел Брусков «бұл біздің селомыз еді, көріп келейін» деп командирден сұранды. Бұл кезде беті қайтқан жаудың жеке солдаттары әр жерде-ақ кездесе беретін. Сондықтан командир Павелға жалғыз жүруге рұқсат бермеді. Павел маған қиыла қарады. «Мен барайын» деп келісім бердім. Село орыны жер болып қалған. Кей жерлерде үйілген кірпіш, құлаған дуал, ұшып-ұшып түскен үйдің төбе тақтайлары. Павелдің үйі де жермен жексен болып қалған. Әке-шешесі, әйелі, бала-шағасы бәрі қырылған. Үйдің қыштан салған пеші, оның сорайып мұржасы қалыпты. Павел мұржаны құшақтап тұрып жылады. Елдегі бала-шағам менің де есіме түсіп кетті...

— Қой Павел, мықты бол. Жақында біз де фашистердің ордасын ойрандаймыз, шаңырағын ортасына түсіреміз,— деп жұбатпақ болдым.

— Сонда біз де біреулерді жетім-жесір қалдырамыз ғой,— деп Павел одан да қатты солқылдады. Павелді жуатқан соң селоның бір шетінде жаққан отқа жақындадық. Май туып, күн жылып кеткен. Ортада кішірек шелек, оны көлденең ағашқа асып, астына от жағып қойыпты. Қайнатып отырғандары құры су Оттың төңірегінде екі әйел, жеті бала. Бәрі де жас, тауықтың жаңа шыққан үрпек бас балапанындай үпір-шүпір етеді. Бізді көріп балалар екі әйелге тығыла түсті. Әйелдің орта жастағы бірі кеудесі жалаңаш, екі анары салпылдап екі қолымен оны баса қойды. Мен шинелімді шеше бастадым. Павел таңданып қалды. Мен сырт жейдеменің қалтасындағы қағаздарымды алып, жейдені шешіп әйелге бердім. Ол оны қолына үндемеген күйінде алып, үн-түнсіз тұрды. Көкірегіне басты. Сонан соң барып оны киюі керек екені есіне түскендей жейдеге басын сұқты. Балалардың бәрі де аш,

көздері аларып, отыз екінші-отыз үшінші жылғы біздің ауылдың балаларын көзіме елестетті. Тек олардың үстінде киімдері бар еді, ал мыналардың көбі жалаңаш. Дорбамыздағы нан-панымызды, бірді-екілі консерв қалбырларын от басында қалдырдық. Павелда да, менде де үн жоқ. Мылқау кісіше осы-ларды істедік те жөнімізге кеттік. Нақ менің жейдемді шешіп беруіме қарап тұрғандай ертеңіне-ақ күн ысып берсін. Солдаттардың әмбесі шинельдерін бүктеп мойындарына асып алғанда мен екі етегім салпылдап, пысынап, сөлбірейіп жүрдім. Бір қаға берісте командир бәрімізді тұрғызып алып, менің «совет солдаты сияқты емес, жинақы жүрмейтінімді» сыбады-ай келіп. Соңан соң маған «шеш шинелінді» деген әмір берді. Ішімде сырт жейде жоқ, жағасы жоқ, кіркір, баттасқан ақ көйлектен мойным сорайып шығып тұрды. Жағасы жоқ жейде, одан шыққан қылдырықтай арық мойын, оның үстінде бір құлағы жоқ, бір жағы сымпиған шұнақ бас. Арсыз күлкіге тыйым бар ма? Менің ұсқынсыз көрінісім кейбір қуақы-сайқымазақ солдаттардың күлкісін де келтірді. Ха-ха-халаған, хи-хи-хилаған дыбыстар да естіліп қалды. Командир сібірлік орыс жігіті Тараков айқай салды:

— Күлкіні қойыңдар! Қайда сырт жейдең?-деп зікінеді ол. Мен үндей қоймадым. Павел айтайын деп «рұқсат етіңізші» деп еді, командир «сөйлеме» деп айқайды үдете түсті. Сөйтіп маған командир жаза беріп, мені жезектен тыс қарауылға жібермек болып, бір солдат мені ертіп бара жатқанда Павел да менің артымнан сүмендеп ере жөнелді. Командир:

— Брусов, қайт кейін! — деп зікінеп жатқанда батальон саяси жетекшісі келіп қалмасы барма. Ол болған жағдайды тәптіштеп сұрады. Жағдайды Павел тегіс баяндайды. Сөйтіп мен жаза орнына сол күні алғыс алдым. Бірақ құр алғысты қайтемін, одан кейін қанша соғысқа кірсем де партияға өткізбей-ақ қойды. Оның бар себебі Байғанаевпен госпитальда бір сағат сөйлескенім, арнаулы бөлімнің артыма түсіп алғандығы еді. Расын айтсам інім, бұл жерде оған мойымадым, өйткені ол күні бұрын осылай болуы мүмкін деп өзімді өзім әбден қатырған, дайындаған көнбіс жай болатын. Дегенмен інім, елге келген соң барып ол еске түсті.

Мысалы анау Қаскелең ауданының Ворошилов атындағы колхозда Ораз Жандосовтың туған, өзіне тете інісі Оразтай тұрады. Ол соғыста партияға қайтадан өтіп келді. Осындайда әділетсіздік ойға оралмай қоймайды...

Жаздың ортасы ауып бара жатты. Біз Украина жерінде едік. Таңертең тағы шабуылға шықпақпыз. Қазған орларымызда отырғанбыз. Кей-біріміз қалғып та кеткен едік. Нақ осы бір сәтте жаудың зеңбірегі зіркілдеп бізді бір ұрып берді дейсің. Олар тура бір жарым сағат төмпештеді. Кірерге көрімізді таппай қалғандай болдық. Не болып, не қойғанын білмеймін. Көзімді ашсам шатырдың астында жатырмын. Сол жағым ап-

ауыр қозғалтпайды. Жараланғанымды сездім. Тірі қалдым деп қуанған да жоқпын, шамасы нақ сол бір сәтте есім де әлі кіресілі-шығасылы ғой деймін. Енді бір көзімді ашсам кәдімгі темір кереуетте жатырмын.

— Су! — дедім, тандайым кеуіп жатыр екен. Медициналық бибі су жұтқызды. — Бүгін қай күн?

— 25 август, — деп үн қатты бибі. Менің есімді білетінім 16 август болатын.

— Қай жерде жатырмын?

— Киевте. Енді сөйлемеңіз. Тірі қалдыңыз, енді өмір сүресіз. — Есім кіре бастаған соң байқасам екі аяғым да ораулы, сол аяғым аспанға асулы қозғалтпайды. Сол қолым шынтағымнан иығыма дейін шырмалып тасталыпты. Япыр-ай, бұл сол қолым жазылып кетіп еді ғой деймін. Қалай-ақ бір қолыма қайта-қайта оқ тие берген? Не болғанын білгім келеді. Бірақ әлсін-әлсін есімнен тана беремін. Жарты айдан кейін есімді жидым. Сол аяғымның жіліншігінен снарядтің жаңқасы тиіп, сүйектің күл-талқанын шығарыпты. Сол жақ санымның қалың жұмсақ етін жұлып кетіпті. Оң аяғымды не үшін орағанын білмеймін. Сол қолымды ше?

Сол қолыңызға ештеме тимеген. Бірақ бұрынғы жара ашылып кеткен, — деді дәрігер. — Саныңыздың сүйегі аман. Жіліншігіңізді... Дәрігер айта алмай бүгежектейді... Қан көп кеткен. Сізді жараланғаннан кейін үш күннен соң тауып алған. Қазған орда ес-түссіз қалыпсыз. — Мен ор ішінде қалып қойыппын. Мені ешкім көрмейтін де, қуыста үш тәулік жатыппын. Содан қан кеткен соң есім кірмесе керек, дыбыс шығармаппын. Әр нәрсеге бір себепші дегендей, ілгері кеткен майданнан жаралыларды алып келе жатқан керуенді фашистер бомбылап, мен жатқан шұңқырға бір медициналық бибі құлап түсіпті. Әрине, оныкі бой жасыру мақсаты болса керек. Ол түскен қуыста ыңыранып мен жатыппын. Мен қайбір қолтыққа қысып кететін кішкентай адам. Бибі сүйресе арыстай болып жатқан маған шамасы жетпейді. Содан өтіп бара жатқан бір жеңіл машинадағы офицерлерден көмек сұрап, мені ордан зорға шығарыпты. Сөйтіп санбатқа әкеліпті. Аурудың асқынуы ұзақ уақыт көмек көрсетілмей, қанның көбірек кетуінен болыпты. Өкпем де қабыныпты, оң аяғымның жіліншігінің терісін бірдеме сындырыпты. Сонымен Киевте сол аяғымды асып қойып екі жарым ай жаттым. Қолымның ашылған жарасы гипске салған соң тез бітті. Екі айдан аса өкпе желпілдеп, жөтел тыныштық бермей, ол жөтел аяқтың сынығын қозғап науқас ұзай салды.

Декабрьде Свердловқа жіберілдім. Жүре алмаймын. Ақыл-ес, ішек-қарын, тамақ сау. Соғыс бітіп келе жатқанынан күнделікті хабардармыз. Қырық төрттің қысының аяғы қиындау болды. Дегенмен жеңіс жақын делінгендіктен жұрттың көңілі көтеріле бастады. Декабрьде соғыс шет жерде жүріп жатты. Қырық бестің январы басталды. Бір күні таңертең палатада басымды көтеріп отырсам тура Ольга сияқты біреу

палатаға кіріп келе жатыр. Шынымен Ольга. Шашы жартылай ағарған, бетінің әжімі де көбейген. Жаралы солдаттардың бәрінің көзі бізде. Ольга көрісіп, ұзақ солқылдады. Жаралылар екеуміз қазақша сөйлесе бастағанда аң-таң болды. Шамасы сөз орысша болады десе керек.

— Жаным, Абағым, сізді де тірі көрер күн болады екен ғой!

— Болды, болды. Енді елге қайтамын. Тіпті жақында, — деймін мен Ольганы жұбатып, Ольга қолыма, аяғыма қарайды да жылайды. Аяқ гипсте, төсектің басына асып қойған.

— Қол орнында, — дедім мен. — Тек мына сол аяқ. Жіліншік сынған. — Ольга елдің амандығын, ел болғанда жалғыз Владилена ғой. Одан басқа бізде кім бар? Менен октябрьде қара қағаз алған Ольга ноябрь жылаумен болады да, бір күні даққа кетеді: екі баладан хат келіп тұр. Жылап қалған, қара қағаз алған жалғыз мен емес. Қазір жылау кірмеген үй жоқ, қара байламаған қатын жоқ. Абақ Тайгада «халық жауы» болып жүргенде өліп қалса қайтер едім, менің қолымнан онда не келер еді. Халық жауы деген күйені өлгенімше жуып кетіре алар ма едім. Одан да екі балам-ның амандығын тілейін, Марленім мен Владилена екеуінің амандығы маған аз бақыт болмас. Жұрт сияқты жер сипап қалсам қайтер едім, халық жауы деген атты өмір бақи көтеріп, көзтүргі болып өтсем не амал-айла жасай алар едім, одан құтыла алар ма едім. Ендеше тәуба қылайын. Бұздай кілшііп тұрған қазір кім бар? Барлық от басына жарықшақ түсті емес пе. Тарп ұрып ашу шақырғанда не, сары уайым салып қайғырғанда не? Одан келер не бар. Тек денсаулығымды құртып, енді Владиленаны асырауға да жарамай қалармын. Абақтың денсаулығы темірдей-ақ, ісірібін тоқтастан соққан қамалдай-ақ қиындыққа беріспеуші еді, амал не, ажалына тура келген сайгез оқтан өмірі сарқылған болар, көрер жарығы, татар дәмі таусылған шығар. Баршындап өмір сүрсек те барлап көрмедік, толықсыған наһан, қамқа киіп бұлықсыған, бағаналы, байсалы ордада тұрған күніміз болмады. Егер қырғыз құлап, құлаты кетіп жүргенімізді де табиғат көп көрсе амал бар ма? Кетқұда болып, келіп түсіріп, қыз ұзатпадық. Ұлпанының әдемілігіне жазған қармалжақ қара, әлде алтайы қызыл түлкідей біз-ақ көзге түсе беретін болдық. Кіргімізді-кияуымызды қыбайда қалдырып қырғыз ассақ та, аббар кешіп шет қонсақ та көрген күніміз қудалау болды. Бәріне де тәбияға жаратылған жылқыдай-ақ шыдап бақтық. Біз үшін бәрі әзір қырын кетіп тұр ғой. Біздің көреріміз, жазмышта жауыру өмір сүру шығар. Жазмыштан озмыш жоқ демеуші ме еді қазақтар. Сүйесін болар кімім бар, одан да өзіме мықты болайын, белімді буынып, жеңімді сұғынып қызметімді қияусыз атқарып, мемлекеттің қиярын қылайын... Жексенбіге қараған бір кеште осыны ойлап жатып ұйықтап кеткен Ольга есікті тарсылдатып қатты ұрған дүңкілден жүрегі қатты соғып оянады. Есіктің арғы жағында даурыққан сөздер, айқай-ұйқай. Көзін жыртитып аша салып жүгірген Владилена есікке шешесінен бұрын жетіп

ашып жібереді. Декабрьдің таңғы суығын ала кірген бір топ адамды көріп, күйеуінен қара қағаз алып су жүрек болып қалған Ольганың қорқыңқырап қалғанын байқаған егде қазақ әйел:

— Сүйінші, Оля, сүйінші! Абақтан хат келді! — дейді. Ольга қараса осындағы айналдырған бес-алты үй қазақтың қатын-қалашының бәрі түгел жиналып алышты.

— Алыңыз, апа, алыңыз сүйіншіңізді! — дейді Ольга, Мекембай деген сұлутөрлік қазақтың әйелі Зағипаға.

— Шырағым, өшкенің жанып, өлгенің тірілді ғой, бәрімізге осы Абақтың жолын берсін деп, қуанышымызды білдіруге келдік. — Ольга сенерін де, сенбесін де білмей бір шама тұрып қалыпты. Сонан соң қолына хат тигенде барып түсі жылып, ашып оқи бастапты. Ауыл-аймақ жиналып Ольгаға «тоқымқақты» жасатып қайтыпты.

— Қуанған мен қорыққан бірдей деген рас екен, Әбеке. Сол күні кешке дейін жүрегім қайта-қайта дір-дір етіп, суылдап жүрді, — дейді Ольга. Хатты қолына алып таңқалады. Сенейін десе, қарақағаз алған, сенбейін десе кәдімгі шұнақ байының жазуы. Содан екі-үш рет хат қатарынан келген соң Владиленаны жалынып-жалпайып көршіге тастап, тірлігін көзімен көрейін деп маған жетеді. Ол қасымда төрт-бес күн отырып, өлмегеніме, өлмейтініме көзін жеткізіп қайтып кетті.

Мен госпитальда ұзақ жаттым. Аяғымның жарасы жазылып келеді де, қайта іріңдейді, сөйтіп қайта тесіледі. Дәрігерлер кеңесіп аяғымды кесуге еңеседі. Мен келісім бермедім. «Аяғыңыз шіріп кетіп, сонан соң жоғарыдан, қара саннан кесуге тура келеді» дейді олар. «Шіріп түсіп қалса да мейлі, мен кескізбеймін» деп міз бақпадым. Кілеңдей қатып қалдым. Сонан олар басқа бір жерден профессор шақырды. Бір күні профессор көріп, ішінде оқ қалған деді. Оны сегізінші айда алды. Апрельдің ортасына таман ақсап, бірақ түреге жүрдім. Жіліншігімнің үстіңгі жағында бір сүйек шодырайып шығып тұрды. Жиырма мен отыздың ішіндегілердің мұндай жарасы тез айығады екен, жас елуге тақалып, өмірінің көбі кетіп азы қалған адамға бұл зор жүк, айықпас ауру болады екен.

Қырық бесінші жылдың апрелінің аяғында Қантқа қайттым, Сол аяғымнан ақсап шойнаңдап қайттым. Жіліншігімнің үстіңдегі қыр сүйектің бір жері бұрышғыша қодастың шоқтығындай күжірейіп, етіктің қонышына сыймай. Сонда да етіктің қонышының артын сөгіңкіреп қойып киіп жүрдім. Енді қайтпекпін, жалаң аяқ жүрмекпін бе? Арнаулы етік тіккізіп алатын соғыс кезі, дүниенің бәрі жетімсіз, бар тапқаның тамаққа жетсе, соның өзі дәтке қуат. Ермагім Владилена, ертеден кешке дейін сонымен әңгімелесемін, ол ағасы туралы, екеуінің ауылдың сыртына шығып алып неміс тілінде әңгімелесетінін, өздерінің туған жері Алматысын, ондағы оқу орындарын, театрдағы ойындарды, Алатаудың үстінде Жасылкөл деген үш көл, Құмбел деген үш тау, Алматыны бұрын үш Алматы дегенін, бұрын Алматы үстіндегі,

тауды Үш Алматы дегенін, өзені де Үш Алматы болғанын, одан басқа да Үш Қараш, Үш Бақанас, Үш Қоңыр, Үш Қарқара деп аталатын жерлерді, оның өсімдігін, жан-жануарын әңгімелегендерін айтады. Бұл кез де үшінші класс оқитын, оңға келіп қалған Владилена «ағамды бір көрсем, бүйтіп бір құшақтасам» деп кейде менің мойнымнан құшақтап, менің жанымның жарасын тырнап босатып қояды. Адамды жақын қылатын қоныс деген рас екен, інім. Владилена Марленді айтады да, Советті сөз қылмайды. Ал Советпен бірге өскен Марленнің екі сөзінің бірі Совет болушы еді. Советтен бөлек өскендіктен Владилена оны көп жоқтамайды.

Айтпақшы кетемін, міне кетемін деп жүргенде апрельдің ортасында құзғыш сәріде бір биби маған жүгіріп жетті. Ол асыға-аптыға сөйледі:

— Сіз қазақ едіңіз ғой? — дейді.

— Ия, қазақтың. Қазаққа берілер бәйге болса мен даяр!

— Жоқ, қалжың емес. Бір қазақ жаңа әкелінді. Әлім халінде жатыр. «Қазақ болса шақырып кел» дейді.

— Қайда? — деп тұра жүгірдім шойнаңдап, қолыма балдағымды ала. Ол кезде әлі балдақпен жүретінмін. Госпиталь бұрын мектеп болған екі қабат үйде еді. Үстінде деген соң өкпемді қолыма ала жеттім. Темір төсекте жатқан солдат өліммен арпалысып, барып келіп жатыр. Екі иығынан демін әрең алады. Өліммен күресіп жатыр. Екі жұдырығын қатты түйіп, екі көзін шарт жұмып тістеніп алған. Сандырақтап кетті білем, сөйлеп, сарнап жөнелді:

— Өлмеймін, өлмеймін мен, елім аулақ!

Сөйлесін тілім аман, аман-сау жақ,

Зіл қара көкірегім басып қалды,

Қалай-ақ келіп қалды өлетін шақ.

— Таныс дауыс. Япыр-ай! Қалай-ақ? Зерделеп қарасам кәдімгі Омарқұл. Өлім мен өмір арасында да өлендетіп жатыр.

— Омарқұл!

— Әбеке, бауырым. Бүкіл Қазақстан көшіп келгендей болдым ғой. — Омарқұлмен жатқан жерінде құшақтасып керістім. Кемсеңдеп еді, жылай алмады, шамасы келмеді. Жылауға да күш-дымақ керек екен. Жүрегінен жараланыпты. Мұнда самолетпен жеткізіпті.

— Әбеке, жарық дүниемен қоштасатын болдым. Бір қазақ көріп өлсем деген соңғы тілегім еді. Ол тілегім орындалған сияқты. Ел шетінде, жау бетінде шейіт болдық. Елге сәлем айт! Мен үшін Үш Алматының тұнығынан мөлдіретіп бір кесе су жүт! Шіркін Алатау! Бұлағынан бір сімірер ме еді. Жалпақ елге сәлем айт! Әбеке, шалғыным жапырылмай қалды. Арманым сол... Қош, Абақ! Жапырылмай қалды, шалғыным! Алатауға мен үшін бір ауна!.. Сөйтті де, Омарқұл қайта сөйлеуге шама-

сы келмеді, талықсып кетті. Сәлден соң қайта көзін ашты да: Алатауға... әттең... Шалғыным...— Қайта көзін жұмды. Бұл жолы ол көзін мәңгі жұмып еді. Бұрынғылар «шалғыны жапырылмаған» деп баласы жоқты айтады екен. Омаркұл байқұс баланы армандай-армандай о дүниеге аттанды. Інім, бұл баланы, Омаркұлды неге айтып кетті деп отырмысың? Оның да бір себебі бар.

Енді бізге елге — Қазақстанға қайтуға жол ашылды. Бір-ақ балаларымыз таппай қалар деп қоныс ауыстырмадық. Е, інім, дүние дегенді қойсаңшы, бұл. Менің қайтқан қуанышым Ольгаға көп болып кетер дегендей апрельдің аяғында, мен келген соң бір апта ішінде-ақ Советтен қара қағаз алдық. Біз елгеніміз жоқ. Өлген артынан өлу жоқ. Бізді өлтірген Советтің өлімі емес, оның келіншегінің қылығы болды. Біз қара қағаз алғаннан үш күннен соң Советтің келіншегі келді. Ұрықсатсыз нақ түс әлетінде үйге бала жетектеп жас әйел кіріп келгенде, інім, жүрегім су ете түсті. Адамның кейде жаманшылықты сезетіні болады. Жетектеген бес жасар баласы бар әйел отырмаған, түреген тұрған бойы екі ауыз сөз айтты:

— Мен Советтің әйелімін. (Советтің үйіндегі келіндеріңізбін демеді). Мынау Советтің ұлы. Аты—Кеңес. Мынау документтері. Мен енді бұл ұлды сіздерге бердім. Өзім күйеуге тидім.

Жетім асырап үйренген екенсіздер, мұны да өсірерсіздер! — Ол баланы төрге қарай итеріп жіберді, сәби басы артына қарай қайқан ете түсті де, етпетінен кете құлады. Біз есімізді жинап алғанша аузынан кебік атқан жас әйел көзден ғайып болды. Мен де, Ольга да құлап қалған балаға тұра жүгірдік. Оны жерден тұрғызып бетіне қарадық. Бала Советтің аузынан түсіп қалғандай, айнымайды. Міне, шырағым, біз бір өлмедік, сөйтіп екі өлдік. Мұндай күйікті адам баласының басына бермесін, «Жазған құлда шаршау жоқ», біз Кекесті де бауырымызға салдық. — Міне, көрдің бе, інім. Омаркұл көз жұмып, соңғы сапарға аттанғалы жатып та: «Әттең дүние, шалғыным жапырылмай қалды-ау» деп армандап, бала дегенде көкірегі қарс айырылып кетсе, Советтің келіншегі итеріп тастап кетті, Әрине, інім, егер ол жөнімен-ақ, бір шай ішіп отырып-ақ, «күдай ісі балаларыңызды тастап бара жатқан жоқпын, елімнен айрылдым. Менің басым жас, бағымды байлап қайтесіздер, мына Советтен қалған көзді сіздер туған ата-анасы болмағанмен, туғандай болған әке-шешесісіздер, Советтің көргені де, білгені де сіздер екем, алып қалып, бір кезек бетіне қарап мауықтарыңызды басыңыздар» десе, біз ол баладан безер ме едік. Жылай-сықтай, Советтің туғанын, өскенін еске түсіре отырып Кеңесті алып қалмас па едік.

Інім, таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді, Ол бізді, бұдан да екеумізді жұдырықпен екі қойып баланы тастап кетсе, бізге жеңілірек тиер ме еді, қайтер еді, Бес жасар ұлдың көкірегіне қаяу салғаны анау, тірі жетім болды. Томпып ол тұрды. Шамасы кішкентай Кеңес бұл қарғысты күнде көкесін еститін болу керек, шешесінің артынан жыла-

мады да, ұмтылмады. Інім, қазақ арасынан «баланы асырай алмасын деп күнге береді, «биірі ашылсын деп қызға береді» дегенді талай естіген боларсың. Соғыс кезінде дүниеге талай олжабайлар келді, талай тименнен туғандар талай босағада қабырғасы қатпай, бұғанасы бекімей маңдайы тер болып, көзі көр болып, қағытпа, кері сөзді естіген сайын жер болып, бәрібір тірі тұлға өсіп жетілді. Сұм соғыс талайдың боздағын алып боздатып кетті, олардың жесірі күйеуінің қарт әке-шешесін тастап, қолындағы ұлдан қалған баланы алып кетіп аныратты. Күйеуінің орнын жоқтатпау үшін өмір бақи қара жамылып, дүниені тұл тұтып өткендер қаншама. Оңқай асықтың тәйкесіндей, сала бұғының пәйкесіндей қайран Ұлтарактың немересін — Кеңесті құшақтап біз қалдық, Жанын қорықтап, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүріп көрген, қисыны осы деп қисайта басқан, жіліктің майлы басын иемдену үшін бұра тартқан біз емес едік. Сонда да ісіміз оңға баспай, әсіресе Советтің өлімі жүйкелетіп кетіп еді. Енді қотыр үстіне шыққан шикандай, келіннің «жетім асыраға үйренген екенсіздер» деген кетпендей сөзі көкірегімізге о дүниеге аттанғанша кетпестей, шер болып байланып қалды... Омаркұл байқұс тұяқсыз кетті. Әрине, Совет бұл дүниеден жас аттанды. Ондайлар көп болды ғой, Бірақ Омаркұлға қарағанда Советтің артында бір жапырақ шикі ет қалды, біз осыған шүкіршілік еттік.

Жетісудағыдай Қантта да оңтүстігімізде Алатау көлбеп жатады. Бірақ бұл Қырғыз Алатауы. Қазақстанды, Алматыны сағынғанда Алатауға қараймын. Бұл қазақ пен қырғыздың туыскандық ұқсастығындай, Іле Алатауының егізінің сыңарындай. Мұның да басынан қысы-жазы қар кетпейді, мұның да сағасынан мың бұлақ қайнап шығып, бұрқырап ағып қазақ пен қырғыз жерінің шөлін қандырып жатады. Күнгей Алатауы мен Қырғыз Алатауының түйіекен жерін жарып ететін Шу өзені бауырлас, қатар жатқан екі ресиубликаның телі емер бұлағы, өмірінің нәрі. «Арыстанның жалындай бұйра толқын» Терекке емес, тура осы Шуға арналып жазылған десең қателеспейсің, айдаһардай бүктеліп, жүз толғанады. Көктем кездерінде тауды-тасты бұзып, буырқанып, долданып, сай-саланы алыш кетеді, Ойдым-ойдымды суға толтырып, жазда олардың теңірегі шұрат-шұрат балқашты бағаналы құрғақ болып көлгеріп жатады, Қолыңды созсаң Қазақстанның мына Қордай ауданына жетеді. Қазақтарды да күнде көріп тұрамыз, сонда да бүйірімізде Алматы жатады да, бүйрегім солай қарай бұрып тұрады.

Апрельдің соңғы күндері еді. Соғыс аяқталуға жақын, Берлинде ұрыс болып жатыр. Бүгін-ертең Берлин алынады деп екі езуіміз құлағымызда. Марленнен әзір хат келіп тұрған. Соңғы хаты келгелі де он шақты-ақ күн болды. Құлақ түріп, атың өшкір соғыстың аты біржола өхсе екен дейміз. Жер жайнап кеткен, көкемнің балбыраған, майса да, байса да кезі, жерді раң басып, қай жағына қарасаң да жап-жасыл болды. Қыр да, ой да құлпырып, шешек атып, шеруендеп келе жатты.

Қантқа бес-алты қазақ үйі тұрады. Олар бірдей басына іс түскен, қысталаң-қиын кезде табан тіреген адамдар емес, бұрын келіп орналасып, қырғыздармен құда-құдандалы болып, шырмалып, енді сол жеқжаттарын тастап Қазақстанға кете алмай қалған адамдар. Олардың туған-туыстары тым алыста емес, ертеңгісін асықпай үйінен шайын ішіп шығып, туысканының үйінен түстеніп, аман-саулығын біліп, кешке жақын қайтып келетін жерде. Сонда да, олар да «Қазақстан-ай!» деп отырады. Соның бірі Мекембайдың үйі. Өздері ауқатты, жанды-жақты адамдар, Сұлтөрдің қазағы. Сол үй, Завина жеңгей сабын былғайын деп жатыр деп жүрді Ольга.

— Ойбай-ау, осындай көктемнің кезінде сақарды қайдан алмақ? Сабынды күзде шыламаушы ма еді? — деймін мен.

— Өткен жазда алабота, теріскей өртеп жүрген,— деді Ольга. Беймезгіл сабын былғамай-ақ қойса қайтеді екен деп ойладым. Оның өзі бір ырым-жырымы көп, шамшыл нәрсе еді дегім келді.

Бірақ мен айтқанда қоя салса жақсы, қоя салмай, ертең сабын шылап, онысы байланбай қалса, менен көріп жүрер деп үндемей қоя салдым. Бар қолымнан келгені Ольганы жібермей қойдым Ольга да сабын шылағанды көрейін деп едім деп қиқаңдайды. Сонан соң «әлгі орыс келін келіп еді, сонан соң сабын оралмай қалды» дегенге қаларсың дегенді ескерттім.

— Бұзаушық алайын деп едім,— дейді қазағуар Ольга.

— Артынан сұрарсың,— деп жібермедім. Ольганикі де жөн. Ең алдымен ол қазақтың қатыны, ол бұзаушық сұрап алуға тиіс Бұл да қазақтың жазылмаған заңы, дәстүрі. Өйткені бұзаушық сұрап алу, тазалану, кірін жуу сәтін нәрсе емес, құптайтын іс. Сондықтан бұзаушықты қазақ басына қылып та, әдейілеп те сұрауға тиіс. Бұл да «ерулік» сияқты. Қазақ інім «ерулікті» де сұрап алады, «ерулігімді бермедің», «ерулігімді бермейсіндер ме?» деп қазақ дауласады, оны басына қылады. Өйткені көшкен елге, көшіп келіп жатқанға «ерулік» беруге қазақ міндеткер, ол да қазақтың жазылмаған, бірақ жазылған заңына, бүгінгі указына бергісіз заңы. Ол орындалмай қалмақ емес. Бұл жағынан келгенде қазақ әйелі ретінде Ольганикінің жөні бар. Екіншіден соғыс кезі, сабын дегенің шынымен қат. Бұл кезде әскерден, майданнан қайтқандар сабын сияқты ұсақ-түйекті де ала келетін болған. Дегенмен әлі оның табылуы қиындау еді. Сонымен Ольга сабын шылаған үйге бармады.

Сабын былғау қазақта бар болашаққа жоралғы деп саналады. Оны білуші ме едің, шырағым? Сабын шылайтын жерге бала-шағаны, қыз-қырқынды, қылтың-сылтыңы бар келіншекті жібермейді. Алғалдықтан аулақ, адал жүріп, адал тұратын адам ғана сабын шылаған жерге дүмін басады. Сабын жасау үшін алдымен сақар жасалады. Алабота, теріскен, торғай оты деген бұталылау шөп болады. Албота тақырға да, сулы жерге де өсе береді, ал теріскен шөлдің, даланың өсімдігі. Соларды күзде шауып алып, әбден кептіріп, сонан соң өртейді. Оған сексеуіл күлі де

жарамды. Күлдің бәрін қапқа салып, үстіне су құяды. Қаптан ағатын күл суының астына қазан қояды. Суды күл үстіне құя береді. Қаптан сүзіліп шыққан, сарқыған су бір қазандай болған соң оны енді ошаққа қойып қайнатады. Бұл інім, сабын алу емес, сабын шылауға керекті сақар алу жұмысы. Сақар қайнату деген осы. Күлдің суы әбден қайнап қойылғанда, түбінде қалған төпті енді қуыру дәрежесіне дейін жеткізеді. Ол аппақ болып ұнданған кезде оттан түсіріп алады. Енді сақар дайын болды. Болашақ сабынның ақ әлде қара болуы осы сақардың мәлімен қуырылуына, яғни оттан қай дәрежеде түсірілуіне байланысты. Яғни салақтау, сақардың қуырылу мәлін білмеген, күйдіріңкіреп жіберген әйелдің сақары қара, қоңыр, білгір, пысық, он саусағы он кісі әйелдердің сақары керегіндей ақ болады. Сайып келгенде әйелді ауылда салдыбалақ немесе пысық, таза атқа қондыратын істің бірі осы. Мұны сақтап қоюға да болады. Сабын былғау, міне, осыдан келіп басталады. Бұдан кейін қазанға от жағылады да, тоң май еріп, шымырлап қайнай бастағанда сақарды үстіне салады. Мұны араластыру яғни былғапшылау ең тәжірибелі, ең ұсынақты, күнәдан пәк, пейілі кең адамдарға берілмек. Өргелермен айналысатын, жарсызға ашына, әйелі нашар, өзі мінкен, айтулы ерге әуейі болатын ұрғашыларға мұндайда есік жабық, оларды әуел бастан-ақ шеттетіп тастайды.

Мекембайдың әйелі Зағипа орнықты да, ұқыпты да адам болатын Сондықтан да болар, шылауға оның сақары да, майы да дайын еді. Төрт ұлын төрт отау қылып төңірегіне қондырған, ұлын ұяға, қызын қияға салған, құт-береке дарыған адамдар еді, Мекембайдың отбасы. Брысқа лайықты дейтін Зағипа да көрші көлемге, ағайын-туғанына жағымды, қазақтардың көзқарасымен айтқанда қазаны оттан түспеген, өздері қонақтан күспеген, дас-тарқаны жиылмайтын мың болғыр әйел делінетін. Зағипаның өзі бұрын да талай сабын шылаған. Әсіресе, осы соғысы құрғыр бәрін жалмап жұтып, дүние қат бола бастағалы бері мұндай ұмы-тылған бұрынғы қолөнер, кәсіптер амалсыздан өрістегенде Зағипа да ондай өнерден құралақан болмағандықтан білгенін шығара қойған.

Зағипа өз сабынын өзі былғады. Май қайнағанда ол сақарды қазанға төге бастады. Сақар әлі де аз болғандықтан май кілкілдеп бетінде жүрді де, сабын орала қоймады. Ондайда бетіне су себілуші еді, Зағипа да су септі. Сабын оралып барды да, енді жүндене бастады. Мұндайда шеберлер қазанға қайта май тамызады. Нақ осы тұстағы шеберлік мәлімен дәл мөлшерде беріл-месе, сабын бұзылады. Зағипа да май тамызады. Сабын былғау кезінде іске байланысты ғана сөз сөйленеді де, артық қылжақ, күлкі о бастан тыйылады. Бұл жерде де қатысқан қатындар аузына құм құйылғандай тып-тыныш. Тек Зағипа өзі ғана «ананы бер, мынаны әпер» дегендерді айтып тұр. Зағипаның сабыны орала қоймады. Әйелдердің бәрі қабағы жабық, түнеріңкі. Сабын біресе қойылып, біресе сұйылып, тағы да жүнденіп, ақыры ірігендей бұзылды. «Сабындай

бұзылды» деген тіркес осындайдан қалған-ды, шырағым. Аздан соң Мекембайдың үйіне жиналған қатын-қалаш мысықтың мияуындай үн шығармай, зытып кетісті. Зағипа «Кұдай, сабыным бұзылатындай не жазып едім» деп тұрып дауыс салып жылады. Бұл жерде, шырағым, Зағипаның жылауы тіпті де сабын емес еді. Өйткені азар болса оған екі килограмм қойдың майы, күзде бір күн әуре болып жағып, сүзіп, қуырып алған сақары кеткен шығар. Көңілде тұрғаны соғыста жүрген төрт бірдей азамат-ұлдың келмей қалу қаупі еді. Абы-сын-ажын, көрші-көлемде жақтыратындар да, жақтырмайтындар да бола береді. Жаксы көретін Зағипаның жақындары: «Байқұстар-ай, ешкімге жамандығы жоқ, момын жандар еді, аман болғай еді» десе, енді жақмайтын кей-бір желімауыз, жез таңдайяар: «Сабыны бұзылды, бұларға бір қара көрінеді», «соғым сойғанда біздің Төкенге бір шұжық ырымдамап па еді, енді міне, сабыны бұзылды, бұл үйге бір пәле боимасын кім біліпті» десті. Сып-сындаған сөздер осы ауылдағы қырғыз-қазақтың бәрінің қалқан құлағына жетіп, жыпбикелер әңгімені жымдастырып, құрастырып үйден үйге өткізіп, жарамықтап жатты.

— Ойбай-ау, әлгі Зағипаның сабыны бұзылыпты ғой, обал-ай!

— Ойбай, төрт бірдей азаматы мүсәпір жолда жүргенде...

— Қой, ондайды айтпа!

— Е, әркімнің пейіліне қарай да...— Өстіп бірі жаны ашығансып, енді бірі табалап, тағы біреуі шынымен бірдеме болып кетпес пе екен деп тоқсан саққа жүгіртті. Байқұс Зағипаның өзі де жүдеп қалды. «Осы көктемде көк суымен араласып сабын шылап нем бар еді» деп жүрді. Бір күні таңертеңмен Зағипа біздің үйге от ала кірді. Інім, от ала келу бұл жерде шын мағынасында. Соғыс кезінде сіріңке жоқ, жұрт шақпақ шағады. Көбіне тезектің шоғын күл-қоламтаға көміп қояды. Кейде ол шоқ егер жел тигендей болса түнімен қоздап, ішінен шоқтанып-ақ жанып бігіп қалады. Мұндайда кебірек шыдайтыны, әрине, көңнің шоғы, тезектің шоғы ұзақ тұра алмайды. Көң мен тезектің айырмасын білерсің, інім. Тезек биылғысы, көң былтырғы қи, әлде бірнеше жыл бұрынғысы. Сондай бір оты өшіп қалған күві ертелетіп Зағипа біздің үйге келді. Ол салдырлап сөйлей кірді:

— Ойбұй, қайным әлі ұйықтап жатыр екен ғой...

«Отқа келген қатынның отыз ауыз сезі бар». Соны бастап жүріп берді. Ольга кулқаяқпен оған отты көсеп, алып берді. Бірақ оттан айтқан әңгіме қымбат.

— Әнеугі күні саған бұзаушық бере алмадым, Ольга. Сабыным бұзылып кетті. Қорқып жүрмін. Әлгі күндерім аман келсе деймін дағы, баяғы. Кеше әлгі екі қатын ұрысып, мазам кеткенін көрдің бе? Әлгі үлкен келіміз шайнаулау ғой. Ол анау үш келінге тыныштық бермейді. Анау кіші келін он алты жасында жас келіп еді ғой, міне, жиырма екіге шықты. Сол әлгі үлкен келін, ор қара неме Шүміт кіші келін Өрікке ұрысып, қарағым, Ольга-ау, әлгі кіші келіннің де тілі шықсын. Анау шай-

пау Шүміт еріні қаймақтай болып, суйриін күндегі ұрсып үйренген әдеті бойынша:

— Ей, Өрік, өрік емес, сен жеріксің. Өкеңнің көріне... деп жібермесі бар ма, ойбай, Ольга әлігі біздің үйдегі кісіден (өзінің шалын айтады)ұялып өлгенім-ай, әлгі үндемейтін келіннің тілі сала құлаш екен.

— Өкеден әке әулие емес, сенің, әкеңнің көріне... деп жібермесі бар ма, ойбай-ай, ойбай-ай, ұят-ай!

— Өй, мына жаманға тіл бітіпті ғой, маған сөйлейді ғой, әкеңнің — деп келе жатыр еді, кіші келін бастырмалатып кеп бергені:

— Е, тіл бітпей нағыпты? Бес жылда кісі институт бітіреді. Сен маған бес жыл бойы ұрысып, ұрысты үйреттің ғой, мен ұрыстың институтын бітірдім ғой дегені! — Нақ осы жерде, інім, Ольга екеуіміз күлкіні қойып кеп бердік. Бұл біздің көптен күлгеніміз еді. Зағипаның өзі де күлді. Бірақ күліп алып жылады, көз жасын сыға отырып бір сөз айтты, оны да шынымен сеніп айтты:

— Шырағым, Ольга. Бұл да жаман ырым. Сабыным бұзылды. Енді қой аузынан шөп алмайтын ең кіші келінім ұрыса бастаған соң,, пәле болмай не болады. «Үй. айнала болса, кереге бас сайын пәле болады» демеп пе еді, бұрынғылар, Көрдін бе, Ольга, бұл заман қайда барады!? — Зағипа жеңгей әңгімесін бітіргенше ертеңгі шай да қайнап «ертеңгі асты тастамай» шай ішіп, отты алып үйіне кетті. Інім, қазақ та бәрін ырым етеді. Сабынның бұзылуы, екі келіннің нақ осы күндері ұрысуы — Зағипа бәрінен қауіптенеді. Оның бәрі де әскерге аттанған төрт ұлдың шеше ділінен шықпай тұрып алуында еді. Өйтпесе қазақ «ұрыспайтын ұл болмас, керіспейтін келін болмас» демеп пе еді. Бәрі келіндердің ұрысына қарап тұр деймісің. Қоймай біреуі ұрыса берген соң екіншісінің тілі шыққан дағы. Қуа берген соң кіші келін енді батыр шыққан да» Осы жай халық арасындағы бір әңгімені еске түсіреді.

...Қызын қатты ұстап, енегелі тебіз тәрбие берген бір шеше қызын ұзатып жатып,, қызына жасау ретінде берген сандыққа қызына көрсетіп бір қара тас салыпты дейді.

— Осы қара тас жарылып қақ бөлінгенше сейлеуші болма! — Жасынан шеше тындап, айтқанын екі қылмай өскен қыз келіншек болып барған жерінде де шеше сөзін жерге тастамапты. Сәукелесін тастап қамқа тон, қасаба киген соң да сейлей қоймапты. Барлық істі орынымен біткереді, бірақ сөйлемейді, жағын ашпайды. Біреу жақсы айтып жатыр ма, жамандап қойды ма, оның бәріне іштей күле қарап, үндемей жүре беріпті. Енді абысын-ажыш оны «мылқау» атандырып, одан- күйеуі қатын үстіне қатын алмақ болыпты. Бір күні әкеліпті де. Жаңа түсіп келе жатқан келіншек үйге сөйлей кіріпті:

— Тілділер кірсін, тілсіздер шықсын! — Сол кезде бұрынғы әйел жүгіріп барып төрдегі қара сандықты ашып жіберсе, қара тас қақ бөлінген екен дейді. Сонда ол тұрып айтыпты:

— Келін, келін, келін бақ, Келмей жатып сөзім бақ,
Мен келгелі бес жыл-ақ,
Сөйлегенім биыл-ақ! —

Әрине, інім, бұл тәрбие үшін айтылған әңгіме. Ей, жас келіншек, сен бұрын білмейтін, көрмеген елге келін болып ба-расың. Барған жеріңде балдай батып, судай сіңуің керек. Олай болуы үшін ең алдымен ауызыңды бақ, тіліңе тыйым сал. Ол әкеңнің үйі емес, тайтаңдайтын. Қыз бала еркелеуі, ерке болуы мүмкін, бірақ әке үйінде де тайтаңдамас болар. Неғұрлым сызылып, неғұрлым ызылып тұрсаң, бойыңды сылағанмен бой бермей кетпесең, кішіні кішідей, үлкенді үлкендей сыйлап, үлкен алдынан көлденең өтпесең, көңіліңе ұнамағанның бәріне бірдей тілінді жұмсап, олардың жеті пұстысына жетпесең солғұрлым жақсы атанасың, жаман аттан бейдама боласың деп тұрған жоқ па, бұл әңгіме. Шыдамды бол, басқа пәле тілден, әр нәрсеге байлаулы иттей арпылдай берме. Сонда еліңе елеулі, халқыңа қалаулы боласың дейді. Бірақ, інім, тайтаңдау да, қайқандау да қазір көбейді ғой. Ал соны ескі дүниеден келді деп айта аласың ба? Рас, әйелдердің бұрын правосы қысаң болған шығар. Бірақ әйелдерге право берілгенде орынсыз тайтаңдау үшін, өзінен үлкеннің, әлде білгеннің тілін алмай қайқандау үшін берілген жоқ қой. Керілсе де кердеңдемегені жақсы. Әйел қашанда әйел болу керек. Ол нәзік, үлбіреген гүл сияқты болғанда ұнасымды. Күзгі қурайдай борт кететін құр кеуек, әлде морт болуы қаншалықты өмірге жанасымды. Біз тәрбиені қолдан бұзып жібердік қой. Ерімен шатаққан әйелдің ісі қаралғанда дұрыс болса да әйелдікі дұрыс, бұрыс болса да әйелдікі дұрыс. Сонда бұл не болды. Енді осы кезде әрбір үйден бір-бірден не күйеуімен әлде әйелімен ажырасқан адам кездестіресің. Шырағым, мен діншіл адам емеспін, мен дінге ауылда бірінші қарсы шыққандардың бірімін. Бірақ дінді бұл жөнінде жамандай алармысың? Шынында нақ осы жерде діннің еркекті әйеліне, әйелін еріне байлау жөніндегі пікірін мен жоққа шығара алмаймын. Дін басындағы, оны ойлап тапқан адамдардың да басы болған. Тіпті болашақты ойлауға келгенде олардың басы жұмысты жақсырақ істеп кеткен бе деймін. Неге? Өйткені адам болашаққа қарау керек. Адамның болашағы — баласы. Дін осы балалардың өміріне сіз бен бізден гөрі тиянақты қамқорлық жасаған. Қосылма, қосылған екенсің ажырама деп тұрған жоқ па дін, ерлі-зайыптыларға. Дін басылары еріне қатын, қатынға бай табылатынын білген. Ал балаларға әке табылмайтынын қатты сезінген. Қаншалықты қайырымды өгей әке, қаншалықты жылы жүректі өгей шеше болса да, аты айтып тұрғандай ол өгей ғой. Айталық, інім, күйеуімен ажырасқан әйел екі-үш баласымен басқа күйеуге тиді немесе керісінше болды делік. Өгей шешенің өгейлік көрсеткен бажылдақ ұрысынан өгей әкенің түксіп жетімге бір қарағаны әлдеқайда өткір, жерге қазық қылып қағып жіберердей болады. Оның себебі әйел адамның қайтымы тез, жүрегінің жылуы да жылдам. Ол жетімге ұрысқанымен от айналмай жатып-ақ

балаға жылы қабақ көрсетуі ықтимал. Ал өгей әке бір түксигеннен соң, оның қабағының ашылуы поляр түнінің ұзақтығындай қиын, кілеңдей жібімей қояды. Ал біздің заманымыздағы әйелге жасалатын жақсылық оның тілін шығарды, оны еркектердей жуан сіңір, томартебер, тұрпайы жасады. Сол тебірлік тәліміміз Мекембайдың үйінен де келіп шығып еді.

Шынымен Мекембайдың үйі біраз күннен кейін қара жамылды. Төрт ұлынан олар бірінен соң бірінен қарақағаз алды. «Ойпырай сабыны оралмағаны осы екен-ау» десіп жүрді жұрт. Әрине, жігіттердің өлімі сабынның шылданбауына байланысты емес еді, бірақ осындай бір нышанды қазақтар мажардан арқалап, ырымдап келеді. Сабын былғамай-ақ ол кездері түгін сайын қара қағаз алып жатты ғой.

Сабыны бұзылмай-ақ, біреудің ала жібін аттамай-ақ Ольга да Марленнен қара қағаз алды. Ала жіпті білетін бе едің? Қазақта арқанның бәрі ала. Жаңа қонған қой қоралайтын жерге қазақ айналдыра бірнеше қазық қағады да, қазықтардың бастарына арқанды қазықбау шала отырып, керіп тастайды немесе үйге жылан кірмеуі үшін де арқанды айналдыра тастайды. Шамасы арқанның тікендей қадалатын қылынан жылан өте алмайтын болса керек. Егер ұрлық қылатын кісі болса, керген арқанның үстінен аттап өтпегенде қайтеді. Міне, «ала жібін аттамау» — яғни, біреудің бір сабақ жібін алмау болып шығады. Қара қағаз! Конвертті қолға ала бергенде-ақ белгілі еді. Менің қолым дірілдеп, дегбірім қашып кеттім. Ольга «Әбеке, сізге не болды?» дей беріп, хаттың сыртқы жазуларын, конверттің ресми штампыларын көріп-ақ отыра кетті. Әрине, осындай хаттар әскери бөлімдерден де келеді. Онда кейде жеке бір жауынгердің ерлігін көрсетіп, әке-шешесіне рақмет айтылады. Бірақ сондай алғыс айтқан хат-тардың артынан бірер күннен кейін: «Сіздің ұлыңыз ерлікпен қайтыс болды» деген қағаз да қуа келетін. Менің қолым дірілдеп ашуға шамам келмей, хат сырғып жерге түсті. Ол хатты жерден алуға мен де, Ольга да батылымыз бармадық. Еденде жатқан хатты ұстау бізге қара шұбар жыланды тұтумен бірдей болды. Екеуіміз де қорқып тұрмыз, екеуіміздің көзімізден де жас шыққан жоқ. Еңкейсек беліміз сынататындай, қолымыз хатқа тисе, саусағымыз күйетіндей, есеңгіреп тұрмыз. Тіпті Марленнің соңғы хаты келгеніне жарты ай да болған жоқ. Әкесін соғыста деп ойлайтын ол, хатты шешесіне жазады. Ол былай басталатын:

«...Апа, мен елден алабөтен, осы мен ерлік көрсетейінші деп соғысқан емес. Өзіме сеніп тапсырылған міндетті үнемі үйдегідей; абыроймен атқаруға ұмтылдым. Біреуден артық бірдеме істей қоймай деген ой менде болған жоқ. Тіпті ондай ой болса несі бар, мен соғысқа «халық жауынын» баласы болып аттандым ғой. Ендеше жұрттан артық ерлік көрсетіп, ол жабысқан қара дақты жуып түсіруге ұмтылсам, несі айып. Бірақ, мен ерекшелікке, көзге түсуге ұмтылмадым. Өйткені, бұрын алған сабағым бар ғой. Дегенмен, апа, мұнда көзге түскен, ерлік көрсеткен

адамның еңбегі еш кетпейтініне жаңа кезім жете бастады. Мен әкем, шешем мүше болған Коммунистік партияның мүшесі болдым. Мен де сіздер сияқты марксизм-ленинизм жолына өзімді жеткізіп, партияға сеніммен кірдім. Бұл жолдан мені ешкім ешқашанда тайғыз алмақ емес. Өмірдің, табиғаттың алай-дүлей, түнекті, дауылды-толағайлы кезі болатынындай қиын-қыстауы, тылсымды-жұмбақты шағы бола берер. Бірақ ол мені қалап алған, өзім сүтіндеп, өзім бағдарлаған бетімнен қайтара алмайды. Жарыста артымнан келген адамға алдымен келген бәйгемді бергізбейтіндей, өз сыбағам үшін таласа, керек десе тайталаса алатын дәрежеге жеттім-ау деп санаймын.

Сіздер менің хатыма қарамай-ақ Қазақстанға, мүмкін болса мен туған Алматыға, егер ыңғайы келмесе қалаған жерлеріңізге көшіңіздер. Өз республикамызда ұлтан болайық. Ұлтан болайық, ұл болайық, ұлы болайық, сонда болайық! Соғыстың аты соғыс. Былай қарағанда соңғы күндері соғыста бізге қарем тұрарлық-шу жоқ сияқты. Жау қашып, біз қуып барамыз. Сонда да жолдастарымыздың қазір бары, қазір жоқ. Қазақ атам дұрыс айтқан: кірсе бар лебіз шықса жоқ. Нақ осылай. Сөйлеп келе жатқан, жанында жатқан жолдасың бір секундта жоқ. Соғыстың аяқталуына санаулы күн қалды деп шамалаймын. Бүгін Берлин операциясы басталды. Біз фашистің ордасын қоршай бастадық; Енді айнала қоршау болатын сияқты. Енді ордалы жыланның ұясының шаңырағы шарт кетіп, ортасына түсер күні, күлі көкке ұшатын күні тіпті жақын. Дегенмен, атың өшкір соғысты біткеріп қалдық білем. Адам өлтіруге қарсымын. Бірақ өзімнің өлмеуім, тірлігім үшін фашисті өлтіруім керек екенін білемін. Жастықсыз жатады екен деп ойламаңыз. Амандық болса көрісерміз; Қош, апа, Владиленаның бетінен сүйіңіз. Ұлыңыз Марлен. 20 апрель 1945 жыл, Берлин маңы. Кеше ғана еді ғой, осы хат келгені деп ойлаймын. Қалай-ақ...

Хат әлі жерде жатыр. Мен Ольгаға қараймын, Ольга маған қарайды. Хатты алуға екеуіміздің де қолымыз бармайды. Конверт сыртындағы қара жазу қара жыланның ізіндей көрінеді. Сәлден кейін қолым дірілдеген күйі хатты жерден алып, ауызын жыртайын десем қане қолым жуысса ше, саусағым саусағыма тимейді. Әйтеуір ашып, екі бүктелген жарты жапырақ қағаздағы бесбұрышты штампты көрген соң-ақ Марленнің қайтпас сапарға аттанғанын білдім. Не болса да деп, өзіме өзім бекемдік беріп, қатайып қағаз бетіне көз салдым: «Сіздің ұлыңыз, Марлен Абақұлы Үйсінбаев Берлин түбінде болған кескілескен шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ұлыңыздың өліміне байланысты қайғыңызға ортақтасып көңіл айтамыз...» Мен тым күйрек адам емеспін. Дегенмен, бала адамның бауыр еті, талып кетіппін. Көзімді ашсам Владилена басымды құшақтап отыр. Көкірегімді ашып қойыпты.

Шамасы су бүріккен бояуы керек. Жейдем су болып қалыпты. Басымды көтеріп едім, Владилена құшақтап айырылмай жылады. Ольга маған қайта көрісіп, көпке дейін солығымызды баса алмадық. Ел ішінде

болмағанның ең жаманы осындайда көрінеді. «Ағайын бір өліде, бір тіріде» дейді қазақ. Тіріде кездесетіні тойда, өліде азада. «Сыйласуға жат жақсы, жыласуға өз жақсы». Міне, жыласуға ешкім балмады. Мекембай кемпірі Зағипа екеуі де төрт ұлынан бірдей қара қағаз алған соң орындарынан тұра алмай, жүрмей қаяған. Оның төртеуі бірдей жесір қалған бақты-қара келіндері бірі бау, бірі тау болып басы бірікпей, бытшыт болып жүрген. Сондықтан бұл төңіректе біздің қайғымызға ортақтасып, «байқұстарға обал болды ғой» деп бірге аза тұттысар, кештің біразын бірге отырысар ешкім болмады. Көр ойбай, жер ойбай салдық, бір-ақ Владиленаның ағалап-бауырымдап шырылдап жылағанында біздікі оның жанында түк болмай қалды. Оның құлындағы дауысы шығын, шыңғырғанда жан шыдап тұра аларлық емес еді. Қайтеміз жетпесті кума, демеп пе еді қазақ. Шыдадық. Өлген артынан өлмек жоқ. Бірақ қазақ «атамдатсаң атамдат, ботамдатпа!», «Өлім төтендеп келмесін, төрелеп келсін» деп тілеген екен, мен «ботамдап» қалдым, елім төрелеп, жол осынікі деп мені алмай, төтендеп Марленді алды. Артымда «атамдап» Марлен қалса арман бар ма еді, бұл қазақ атаулының тілегі емес пе еді. Бірақ ол орнына келіп жатыр ма? Өмір шіркін өкінішсіз өткен бе?

Шұнақ үнсіз отырды. Бұл жолы жас шығармады да, күрсіне де алмады, тығылып қалды. Шынын айтсам, табиғат қандай күшті, бұл қандай қиянатты зауал, тіпті адам баласының тымағында шек жоқ екен-ау, осынша қорлықты, зорлық-зомбылықты, қайғы-қасіретті қалай кетере береді деп мен шыдамнан шығып, егіліп кете жаздап отырдым. Оны білгізбеуге тырыстым. Шал теріс айналып аттарға қарағая болды, тостағаны енді ғана толып, әрі қарай беріп, қасын қағып, іркілген жасты домалатып жіберді. Сонан соң екі көзінің жасын екі қолының сыртымен жасырды. Көкірегі толып, уһлеп жіберді де, қайта сөйлеп жөнелді:

— О, шіркін қатыгез дүние! Мені сөйтіп ботамдатып кетті. Шарқ ұрып, зар шегіп ерлі-зайыпты екеуіміз бірнеше күн тамақтан қалып қойдық. Әрине, «кім үшін енді өмір сүрмекпіз» дей алмадық. Өйткені Владиленамыз бар. Владиленаның жылағанына қосыла жылаған Советтің ұлы Кеңес бар. Інім, қазақ жұбату үшін де талай сөз айтқан. «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ», «ауыр жүкті нар көтерер, ауыр қайғыны ер көтерер». Дегенмен, інім, нар да ер де болмай-ақ еріні құрттаған, жалақ, қайғысыз жаман қазақ болғаным-ақ жақсы еді. Амал не! Япыр-ай деп ойлады, інім. Марлен өміріне қарағанда Советтің өмірі де жұбанарлық екен-ау, өйткені артында ұл қалды ғой, тірі тұлға, жақсыдан жәдігер қалды ғой. Інім, бала ғой деп жүрсем Владилена да ақыл тоқтатып, адам болып қалған екен, ол жуған шүберектей оңып, аз-ақ күнде сылынып түсті. Тіпті Марлен өлімі Ольга екеуімізден гөрі соған қатты батты.

Ольга енді екі ұлымнан айырылдым, бұл құтсыз қоныс болды, Қазақстанға көшемін дегенді шығарды. Біз майдың үш күні Марленнен қарақағаз алдық, бес күннен кейін соғыс бітті деп жарияланды.

Сол соңғы күндергі соғыс менің ұлымды қыршы-нынан қиды. Ұлымыз Берлин түбінде қайтыс болыпты. «Ұлы Отан соғысы» орденінің екі дәрежесімен де наградталыпты. Бұл соғыста талай боздақ қыршын кетті, соның бір нәубеті біздің басымызға да түсті. «Жұртқа келген селебе, селебені елеме» деген, шырағым! Елегенде де, елемегенде де не, орны толмас қаза оңай ұмытылар ма, мұндай боздақтың өлімі мен сияқты егде тартқан адамның сүйегімен бірге кетер болар.

Енді бұл Қантта естір дат болғанмен күтер хат жоқ. Соғыс толағайы өтті. Екі бірдей ұлымды алып, белімді сындырып, мертіктіріп кетті. «Енді мұнда бір күн тұрмаймын» деп, Ольга өмірге өкпесіне Қант кіләлідей көрді. Көшуге мен де қарсы болмадым. Үйі-жайымызды сатып, өтпегенін таныстарға қалдырып Қазақстанға көшіп, қырық алтыншы жылдың жазында Ұзынағашқа орын тептік. Дегенмен, өз елінің жөні басқа. Бірі амандасамыз деп, бірі көңіл айтамыз деп, тоқты-торымын сойып ағайын-туған күн сайын келіп жатты. Бірақ қайғымызды туған, кір жуып кіндік кескен жер де ұмыттыра алмады. Оны ең алдымен есімізге салып, өкілімізге түсіре беретін Валдилена еді. Ол күндіз де, түнде де қолы боса бұл ағасының қағазын ақтарып, оның суретін, күнделігін көріп егіліп-төгіліп жүрді. Біздің жұбануымыз да оңай емес еді. Қайғымен қан жұтып тағы төрт жылды өткіздік. Сөйтіп жүргенімізде елуінші жылдың июль айында таңғажайып телеграмма алдық. «Алматы облысы, Ұзы-нағаш селосы, Өзен жағалауы көшесі, 24 үй, Үйсінбаевтарға. Келініңіз қайтыс болды, немереңізді алып кетіңіз. Адрес Ленин-град, Сурет академиясы, Селиванов». Мен Ольгаға қараймын, Ольга маған қарайды. Бұл не жаңылтпаш? Нақ осы бір сәтте қолымыздан телеграмманы алып оқыған Владилена айғай салып қуанып, әрі екі көзінен жасы парлап:

— Сүйінші, көке, сүйінші! Менің ағамның баласы бар екен, енді менің інім бар.— Мұның не екенін түсінбей жаның барі ан

Кеңесті құшақтап,— енді сенің інің бар, біз енді үшеу болдық!

Ура! — деп айғайлады. Ольга да жылады. Бұл әрине қуап жылауы еді. Менің де көзімнен жас атып кетті. Менің көзімің жас шығарған телеграмма емес, Владиленаның қуануы болатын. Советтің баласы Кеңес күндіз-түні бірдей жанында жүргенмен ол жалғызсырап жүр екен ғой. Енді қуанышын көрсен! Ольга екеуміз не істерімізді білмей қатты састық. Сөйтсек Владилена:

— Сіздер бармасаңыз мен барамын. Мен інімді жетім қалдырмаймын! — деп зар қағады. Мұның сөзі біздің жүрегімізді тіліп-тіліп кетеді. Ойлана келіп Ольга екеуміз бармақ болдық.

«Барайық деп жиналып жатырмыз» деп сол кеште телеграмма жібердік те, екі күннен соң поезбен шыққанымыз жөнінде тағы телеграмма жөнелттік.

Жүрдек поезд батыс бетке бізді алып жөнелді. Поезға мінгенше Владиленаның асықтыруымен, соның мазасыздығымен кү-дікке орын

болмаған екен, енді поезға отырған соң «осы бір жапырақ қағазға сеніп қайда қаңғып бара жатырмыз» деп ойла. Ешкімге сабағат салмай, ақылдаспай шыққанымыз енді поезға жайласқаннан кейін есімізге түсті. Көкейіміздің түбінде үміт сәулесі, ділімізде күман да тұрып алды. Дегенмен салбұрынға шыққан бүркітшідей көңілім алып ұшты.

— Өнеубіреу қыз да жылап есімізді алып, ойлауға мұрса бермеді ғой,— дейді Ольга Владиленаның жанын қоярға жер таппағанын есіне алып.— Тіпті кеткенше жанымызды алды ғой.

— Мейлі енді, «жігітке сейіл де сейіл, сергелден де сейіл» деген. Көрмеген жеріміз ғой, көріп қайтармыз азар болса. Әйтпесе біздің адресімізді кім іздеп тауып алмақ. Ұзынағашқа келгеніміз де жаңа.

— Жоқ, алдымен хат жазу керек пе еді дегенім ғой.

— Екеуі қосылғалы бірігіп саяхат жасамаған екен, ләззат айын өткізбеген екен, соған бір саяхаттап қайтсын деп біреу телеграмма берген болар,— деймін мен. Ольга жымыяды. Өйткені қатты күлуді біз Марлен өлгелі ұмытып қалдық қой. Әрине бұл біздің Алматыдан жаңа шыққандағы ойымыз еді. Енді Москвадан Ленинградқа жүретін поезға мінгенде үміт оты жылтылдап, көңіліміз көтеріле бастап еді. Ленинград біздің болмаған жеріміз. Оған жақындаған сайын жүрегіміз кеудемізге сыймай, тулап, бұлқынып жүріп берсін. Үміт те, күдік те көкіректен қатар орын теуіп тыпыршып келеміз.

Поезд тоқтағанда біздің вокзалды тамашалауға мұршамыз келмеді, шынын айтсақ оған қарауға тағат таппадық. Вокзал алаңынан бір жасыл көз машинаны жалдап, Ленинград Сурет академиясына тартып кеттік. Сурет академиясы кіреберісі өзенге қараған Нева жағалауына салынған үш қабатты үлкен үй екен. Кіре беріс есігі сырттан қарағанда онша салтанатты емес. Ма-шина тура есік алдына тоқтады. Ольганы қайдам менің жүрегім тоқтамай жиі соғып кетті. Ольгаға қарасам жуған шүберектей, алған телеграмманы рас бола ма, әлде әуресарсаң болып қайтамыз ба дегендей. Есіктен кіре бере-ақ қарсы жолыққан әдемі әйелден:

— Селивановты қайдан табуға болады,— деп сұрадым. Әйел сәл таңданып қалды да:

— Селиванов алдыңызда тұр ғой, ол мына кісі,— демесі бар ма. Нақ алдымызда жасы жетпісті еңсерген сақал мұртын жіберген, жұп-жұқа қағаздай шал тұрды. Қасы өсіңкіреген, содан болар қабағы түксіңкіреп көрінеді.

— Мен Селиванов, сіздерге не керек еді? — Бұл сөз шыны керек, інім, біздің жүрегімізді зырқ еткізді. Өзі шақырған кісі «сіздерге не керек еді» деп айтушы ма еді.

— Сізден телеграмма алған едік. Біз Үйсінбаевтармыз.— Ол біздің бас-аяғымызға әбден қарап алды. Осылар ма, осылар емес пе деп тұрғандай.

— Мен сіздерді ертен келер деп күткен едім. Немереңіз біздің үйде. Иә, айтқандай, документтеріңіз бар ма? Екеуіңіз де паспорттарыңызды көрсетіңіздер.— Ол отыр, біз түреге тұрмыз. Ол біздің паспорттарымызды ала отырып, бірнеше кикақ сұрақтар берді:

— Келініңіз кім? — Ол бізге сынай қарады.

— Білмейміз— дедім мен. Енді не демекпін. Шынымен білмейміз ғой.

— Онда несіне келдіңіздер? — дейді ол. Өзі күлімсірейді. Паспортқа үніле түсті;— Біріңіз орыс, біріңіз қазақ. Қалай сенемін? — Шамасы Селиванов біздің еш нәрседен хабарымыз жоқ екенін, білмейтінімізді де білетін болса керек.

— Шақырған өзіңіз ғой.— Ольга шыдамсызданып кетті. Тіпті байқаймын, жылауға әзір тұр;

— Балаңыз кім еді? — деді шал. Ежіктеуін қоймады. — Исі ұлымыз: бар еді, екеуі де...— Ольга кемсеңдеңкіреп барып тоқтады. Шал сынағандай бетіне қарады. Бұдан әрі қинап, жарасының аузын тырнап қайтейін деді ме, шал «отыра тұрыңыздар» деп орындық ұсынып өзі артқы жағындағы тұрған есікке кіріп кетті. Ол бірер минутта қайта шықты да:

— Ал жүріңіздер — деді. Шал алда, біз артта. Неваны жағалап келеміз. Соғыс кезінде көл-көсір төгілген көз жастан құралғандай Нева шымырлай ағын жатты. Ол бізге басу айтқандай, баяу. Асықпаңыз-аптықпаңыз, бәрі орнына келеді дегендей Селиванов үйі алыс болмады. Жағалаудағы үйдің біріне кірдік. Екі бөлмелі пәтер. Бір жағында біздің келін тұрыпты.

Сіздер кемпірмен әңгімелесе тұрыңыздар. Мен сіздерге қайтар жолға билет алып, бақшадан немереңізді алып келейін,— деді Селиванов.

— Сізге ақша берейін,— деді Ольга қолын қапшығына жүгіртіп.

— Жо-жоқ,— деді шал,— барлығының ақшасы төленген. Сіздер тек баланы, документтерін, бір-екі чемоданды аласыз да қайтасыздар.— Шал шығып кетті. Кемпір көп сөзі жоқ, басалқалы адам екен. Әдетте мұндай жасы келген адамдардың аузына тыйым болмаушы ед, бұл осы әңгімеге кірісуге рұқсат берілмегендей, бұл тақырыпқа қадам салмады. Қала жайын, біздің немереміз баратын бақшаның, вокзалдың алыс-жақындығын ғана әңгімеледі. Шал жарты сағат ішінде қайта оралды. Қолынан жетектеп кірген бала қазақша «ата!» деп маған тұра жүгіріп мойнымнан құшақтады. Қашанда мұндайда қатындардың көз жасы дайын тұрады емес пе, Ольганың ағыл-тегіл болғанын көрсең. Екеуміз де баланы сүйіп, бетіне зер сала қарадық, Марленге тартқан бір жері жоқ.

— Марленге бір жері де тартпаған екен! — деді Ольга қазақша.

— Ольга, бұл кішкентай ұл Ұлтуғаннан айнымай қалыпты,— дедім мен тура соны көргендей қуанышымды жасыра алмай.

— Япыр-ай, рас екен, Әбеке. Сол суреттен аумақ қалып-ты.— Екеуіміз қазақша сөйлеп кетіппіз. Үй иелері — шал мен кемпір бізге тесіліп қарап қалыпты. Шалдың қолында бір топ қағаз.

— Мынау немереңіздің тууы туралы куәлігі.— Мен куәлік жазыл қағазды қолыма алып қарадым. Тек аты, жөніне ғана көзім түсті. Басқасына көз тоқтата алмай оны Ольгаға ұсындым. «Үйсінбаев Ораз Марленұлы» депті куәлікте. Ораз?! Япыр-ай, ғажайып! — Мынау балаңыз бен келініңіздің некелескен куәлігі, олар балаңыз қайтыс болардан екі күн бұрын ғана актіге қол қойған екен. Ал мынау екеуі некелескен соң Берлин түбінде түскен суреті. Мынау ауызы сүргіштелген пакетті сіздің қолыңызға беру тапсырылған. Оны қазір ашуыңызға да болады деген. Бірақ... Нақ осындай пакет мынау аузы бекітулі екі жағланның бірінде де болуға тиіс. Қайсысында екенін де айтқан еді, оны мен қазір шатастырып тұрмын. Дәл айта алмаймын. Атың өшкір соғыс есімізді алды ғой. Оның үстіне жаста келіп қалды. Міне, бүгінгі поезға билетіңіз, екі сағаттап кейін поезд келеді. Маған жүктелген міндеттер осылар. Мен барлық істелген, істейтін қызметімнің ақысын алғанмын,— деп шал езбей қысқа сөйледі.— Баланың бір айлық асырау ақысын да алғанмын. Егер баланы алғыңыз келмесе, одан безгендей болсаңыздар, оны он күн ішінде балалар үйіне орналастырамын. Олардың бәрін де келініңіз өзі келісіп, бітіріп кеткен. Мен білсем олар тез келіп баланы алуға тиіс деген келініңіз.

Суретті, пакетті қолыма алып, оны да Ольгаға ұсындым. Бұл жерде де Марленнен қалған жәдігерге Ольга өзі ие болсын дедім. Ол куәлікті алып оқыған соң маған қайта ұсынды: «Үйсінбаев Ораз Марленұлы, бір мың тоғыз жүз қырық бесінші жылдың он бесінші июлінде Ленинград қаласында туған. Әкесі: Үйсінбаев Марлен Абақұлы, шешесі: Сарымсақова Балқия Арыстанқызы...» делініпті. Келін мен Марленнің түскен суретін көріп Ольга ал тағы жыласын келіп... Жылауға бола ма, жылама деуге бола ма?! Баласынан айырылып, ботасынан айырылған боз інгендей боздап жүргенде, жақсыдан жәдігер қалу қуанышы жылатпай қоя ма! Өлгені тіріліп, өшкені жанды деген осы емес пе! Бұл қайғыдан емес, қуаныштан туған көз жас қой. Қуанышта шек жоқ, бірақ сағатта жасарып кеттік білем. Біз енді өзімізді сергек сезіндік. Мен тіпті бар самарқаулықтың қайда кеткенін білмей қалдым, саңлақтанып өзімді бір сайыпқырандай көрдім. Байқаймын көзін-де жас болғанмен көңілінде қуаныш Ольга қунақы да, жинақы да сияқты.

— Пакетті кейін ашсаңыз да болады,— деді Селиванов шал. Бұл уақыт бітіп бара жатыр дегені екенін жақсы түсіндік. Орнымыздан тұруға қозғала бергенімізде бағанадан бері менің тіземде отырған кішкентай Ораз жүгіріп керші бөлмеге кетті. Одан бір қағазды қолына ұстап қайта шықты. Қолында айдаудан қайтқаннан кейін Ольга, Марлен, Владилена төртеуіміздің түскен суретіміз.

— Мынау менің атам,— деді кішкентай ұл ұсқынсыз Шұнақты қолымен түрткіп көрсетіп, орысша. Ольга тағы көзін сығып, Ораздың бетінен сүйді, суретті қапшығына салды да, баланың қолынан жетелеп алды.

— Қош болыңыз, ата-әже! Бізге Қазақстанға қонаққа келіңіздер! — деді кішкентай Ораз үй иелеріне қолын сермеп. Біз де қош-қош айтыстық. Бір сағаттан соң біз балалы болып, басымызға бас қосылып, сонау отыз бесінші — отыз алтыншы жылғы бақытымыз қайтып оралғандай поезд үстінде кетіп бара жаттық. Екі езуіміз екі құлағымызда еді...

Қырық төртке келген Ольганың жұмысы ауырлай түсті. Совет пен Марленді өсіріп еді, енді олардың баласы Кеңес пен Оразды жетілдіруі керек болды. «Менің қартаюға правом жоқ» деп ол күліп қояды. Үйге келген соң дырду той-томалақпен жүріп пакетті де, жағландарды да ашуды ұмытып кетіппіз.

Екі-үш күннен кейін бір кеште, балалар ұйықтаған соң сыр-тын сүргіштеген пакетті таңдана, жүрексіне отырып аштық. Ольга хат ішінен бір қағазды алып «мынаны кара» дейді. Аккредитив. Менің атыма жазылған. Бес мың сом. Жалма-жан екі бет дәптер қағазына маржандай әріптермен орыс тілінде жазылған хатты оқуға кірістік. Онда былай депті: «Папа, мама! Көрмей жатып папа, мама дегеніме ғапу өтінемін. Сіздермен мұндай жағдайда кездесемін деп ойлаған жоқ едім. Қайтейін ауру қор қылды. Енді бүгін өлім есік қағып тұр. Сонан соң асықпауға болмады. Жағдайдың қалай болғанын қызыл жағыланың түбінде жатқан көк пакеттен оқып білесіздер. Сіздердің келетіндеріңізге ешқандай күманым болған жоқ. Өйткені, мен көрген, мен білген Марленді туған, оған тебіз тәрбие берген әке-шеше болса, олар ұрпағын далада қалдырмақ емес екеніне көзім жеткендей еді. Опалы жігіт опалы, мол адамшылығы бар отбасынан ғана шығады. Сондықтан да сіздердің келетіндеріңізге сендім. Оған шүбәм болған жоқ. Келмесеңіздер деп (ғапу өтінемін, папа, мама, мені айыпқа бұйырмаңыз, бүгін бар өмір ертең жоқ, адам баласының басында ондай болмай тұрмайды ғой), Оразды қабылдайтын балалар үйіне дейін дайындап, қолдарына қалалық Советтің Оразды орналастыруға тиісті адамдардың кім екенін де тапсырып кеттім. Мына бір азғантай ақшаны сіздер жолда қысылып қалмасын, жолға қажетке жаратсын деп сыртқы пакетке салдым. Қиылып алдыңызда қызмет көрсетуге, сәлем етуге тағдыр жазбапты. Немереңізге өмір берсін. Сіздердің тұрағыңызды бес ай іздеп зорға таптым. Өлерде ғана. Қош болыңыздар! Сіздерді құрметтеуші, сіздердің балаңыз — Балкия. Ленинград, 10 май, 1950 жыл».

Шай қайнатымдай уақыт Ольга екеуіміз сең соққандай сұлқ отырдық. Бірімізге біріміз не дерімізді білмедік. Адамның іші-бауырына кіріп тұрған ұшбу хатты жазған адамның Советтің келінше-

гінен мүлдем бөлек адам екені ойымда тұрды. Бірақ оны сыртыма шығармадым.

— Япыр-ай,— деді Ольга әлден уақытта тыныштықты бұзып,— есімізден танып қала жаздадық-ау. Не деген қайраткер адам еді!

Енді неде болса деп қызыл жағланды ашпақ болдық. Бізді қызықтырған оның ішінде не бар екендік деген емес еді, сандық түбінде жатқан, Балкия өзі айтқан көк пакетте не жазылғаны болатын. Қызыл чемоданды аштық. Алдымен ұл баланың жеті, тоғыз, он екі жасарлық үш костюмы шықты. Тағы да сол жастағы балаға лайықты жейде, ішкі киімдер. Екі әдемі күздік пальто. Баланың көмелетке толғанға дейінгі киімі жеткілікті екен. Оларға қарамай біз пакетті іздедік. Таптық. Көк пакеттің де сырты, жағлан ішінде жатса да сүргіштеулі. Ол алғашқы қолымызға шал ұстатқан пакеттен қалың да, көлемді де. «Ораз Үйсінбаевтың атасы мен әжесінің ғана ашуына рұқсат етіледі», делініпті сыртында. Бұл сөз Ольганы толқытып жіберді. Оның қолы қайшы ұстай алмай дірілдеп, пакетті мен аштым. Пакет ішінен екі жинақ кітапшасы шықты. Оның бірі менің атыма салынған жиырма бес мың сом жинақ кітапшасы. Екіншісі кішкентай Ораздың атына, алатын мерзімі — бір мың тоғыз жүз алпыс төртінші жыл, яғни он сегізге толатын кезі көрсетіліп салынған. Жиырма бес мың сом. Мұнша көп ақшаны өмірінде қолына ұстау түгіл түсінде көрмеген Ольга қорқып, түсі қашып кетті. Ольга қолы дірілдеп, дауысы да қалтырап хатты да оқи алмады. Мен өзім дауыстап оқыдым:

«Қадірлі папа, мама! Екі кітапшадағы көп ақшаны көріп саспаныздар. Менің ақшам бұдан әлдеқайда көбірек еді. Шешем — сіздің құдағиларыңыз өлгенде біраз шығындаған жайым бар. Мұндай қаріп болып жатамын, төсек тартамын, сабыт көтеремін деп ешқашан ойламап едім. Өлім деген ит есікті қағып, тыныштық бермей тұр. Адамзат баласы туған соң өлетіні белгілі ғой. Дегенмен өлім мені ерте айналдырды. Маған өлім қорқынышты емес. Мен өлімді, өлікті қолыммен сан рет ұстап көрдім. Тек ертерек, сіздердің немереңізді жеткізе алмай, салдауырдай ауырлықты сіздердің мойындарыңызға артып кетіп бара жатқаным өгіп барады. Менің барлық сырым, Марленнің жазған хаттары, мен жазған күнделік кара чемоданда. Оны жата-жастана жатып оқып көрерсіздер және бір оқымассыздар, әлденеше оқырсыздар. Өйткені көңілдің сағынышын, кара тұман қайғыны сөйтіп арылту керек болар. Сіздер көп қайғырмауға тиіссіздер. Өйткені балаңыздың орнында жас болса да бала қалды. Өзірге айтарым мынау: көрмей, білмей папа, мамалап жабысты дей сөкпеңіздер. Қазіргі сағатта, бұл шоп-шолоқ дүниеде Ораздан кейінгі жақыным сіз екеуіңіз. Немереңіздің атын Ораз қойғанымның өзі-ақ сіздерге көп нәрсені аңғартып тұрған болар. Совет өкіметі жолындағы революционер-күрескерлерден Марленнің көбірек, сүйіспеншілікпен ағайтын адамы Ораз Жандосов деген кісі еді. Мен ол кісіні білмеймін. Әйтеуір Марлен ол туралы үнемі

жақсы сөз айтатын. Сондықтан ат қоюдың біздің семьядағы дәстүрін ұстай отырып, немереңіздің есімін осылай атадым. Сіздердің қайғы-қасіретіңіз менің ортақ болар еншім. Әттең, сіздермен бірге күйініп, бірге күйзеліп, бірге қуанып, бірге қуанып отыра алмадым. Бұл күнді көрейін деп пе едім. Көрсетті ғой, фашист сұмырайлар. Жаздың самалы жайдарысында, аспанның ашығында келін болып түсіп, кездеспек едім, сіздермен. Амал қанша, ақыры өкінішпен тынды. От болып жанған көңілімнің су сепкендей басыларын, асау өзендей тасыған бақытымның құрысқан көндей тартыларын біліппін бе, мен бейбақ. Бақыт, бақ деген соқыр кісі екен деуші еді, Марлен. Сол көзі көр кісі бұрылып адасып, бізге соқпайтын сайраққа түсіп кеткенге ұқсайды. Мүмкін папа, сіздің немереңіз өсіп жетілгенше ол адасқан бактың да оралар уақыты, кездесер шағы болар. Солай деп кетсін дағы сіздің бакытсыз келініңіз. Сіздердің көзіңіз тірі тұрғанда Ораздың жетімдік көрмейтініне әбден сенемін...

...Менің әкем Лев Ысқақ Дүйсенбаев деген қазақтың заңсыз-туған баласы екен. (Анайы сөзіме кешірім өтінемін). Ол кісі осы ғасырдың жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, онбірінші: жылдары Петербургте тұрыпты да университеттің физика математика факультетінде оқыпты. Ол мұнда Васильев аралының Кіші проспектінің 12 үйінде тұрып, революциялық қызметі үшін оқудан шығарылып, он бірінші жылдың март айында туған жері Жеті-суға кетіпті, Әкемнің айтуына қарағанда ол Шапырашты болысының үшінші ауылының қазағы болса керекті. Оның ата-анасы Алматы қаласының өзінде Қырғыз көшесінде өмір сүріпті. Патшаға қарсы делінген, Алматы төңірегіндегі Шапырашты тайпасының бір жуанаталарынан шыққан менің атам қайтіп бұл төңіректі көре алмаған. Әкемнің шешесі осындағы бір белгілі адамның қызы екен. Сегізінші жылы үйінде жүкті болып әкесін, шыққан тегін маскаралағаны үшін оның үстіне көңілі жарасқан адамы орыс емес, киргиз, өзі патша өкіметіне қауіпті адам болғандықтан қызын үйінен қуып жіберіпті. Менің әкем Лев (Арыстан деп Ораз куәлігіне қазақшалаған мен едім) шешесімен бұралқы иттің күнін көріп, қайыршылық, жалшылық тұрмыста өсіпті. Он екі-он үш жасқа келгенде өзінің тегін біліп Петроградтан Верныйға қашыпты. Қаңғып жүрген тіл білмейтін орыс бала Түркістан өтіп, Әулие-атаға барып біреуге бала болыпты. Сол жерде өзінің Лыков деген фамилиясын (нағашы атасы князь болса керек) өзгертіп, өзін асырап алған Сарымсақов фамилиясын алған екен. Оған бала болып жүріпті. Есін жинап, етегін жапқан соң он алтыға келгенде Алматы барып Приют алаңында тұратын әкесінің шешесін тауып, жылап көрісіпті. Қалып қоюға болмапты, өйткені менің шешем Наргүлге берген уәдесі бар екен. Алматыдан қайтып келесалып Сарымсақовтың он бесжасар Наргүл деген қызын алып қашып, Россияға кетіпті... Қойшы, әйтеуір мен есімді білгенде әкем әскери адам болатын. Шешем екеуінің менен басқа баласы бол-

мады. Мен жиырма бесінші жылы Пензада туыппын. Өмір бақи әскери өмір сүрген адамдарға бүгін Пензада, ертең Самарада, бүрсігүні Сібірде деген сияқты ақша керек болмаған, дүние жинамаған сондықтан бәрін қассаға сала берген. Әкем соғысқа осы Ленинградтан подполковник болып кіріп алғашқы күндері-ақ қайтыс болды. Шешем өмірінің бәрін Қазақстанды бір көруді армандап, былтыр дүниеден өтті. Қырық үшінші жылдың июлінде университеттің тарих факультетінің үшінші курсынан оқуды тастап, жас қазақ офицері Марленге еріп, майданға сұранып кеттім. Марленмен бірге жүрген жиырма ай менің өмірімнің бар мазмұн-мағынасы. Мен папа, мама, сол әдемі күндерді ол дүниеге өзіммен бірге алып кетіп барамын. Ол уақытымның бір күні бір жылға бергісіз. Папа, мама, кейде мүмкін мен онымен бірге соғысқа бармасам ол өлмес пе еді деп, өзімді өзім айыптаған күндерім де болды. Шынын айтсам, бір күн болса да Марленнің жанында болайын деп едім. Бірақ, ұят та болса айтайын, содан бала сүйгенімді бүкіл ғұмырымның ең бақытты, бұл шоп-шолақ дүниеден барқадар тапқан шағым деп есептеймін.

Папа, мама! Сіздер бәлкім бес жылдан бері неге хабарласпаған дерсіздер. Заңды сұрақ. Ең болмаса шешем өле салысы мен-ақ кетуім керек еді, шешем де солай деп еді. Ол кезде сіздердің қайда тұратындарыңызды білмей аңырдым. Егер сол кезде кетсем де сіздерді тірі кезімде бір көріп, қолымнан бір кес шай құйып беретін едім. Ол кезде қайта түсіп оқыған университетті бітіру қамымен жүріп едім. Өйткені баласының орнындағы баласымын ғой, ең болмаса ата-енемді асырамағаныммен салмағымды, сабытымды салмайын, немерелеріңізді еш нәрседен кем болмай өсуі үшін жарасымды, жеткілікті тұрмыста болайын дегенім еді ғой. Оған жетіп отырмын ба!? Ауру мәшпітімді бітіріп отыр емес пе? Шынын айтсам, папа, мама, бір үлкен, кешірілмеген қате де жібердім. Сіздер баланы алып қойып, жалғыз қалам біз деп қорқып, ақымақтық жасадым. Адам болған соң әр түрлі ойға барады ғой. Менің бұл ақымақтығымды сіздер кешіреді деп ойлаймын, тым кешірілмес күнә да емес қой. Көрмеген соң, білмеген соң, сырларыңызды алмаған соң бәріне көзің жете бере ме? Енді оны айтып айтпай немене!? Бірақ осы арам ойым үшін Марлен алдында кінәлі болып қалдым ба деп ренжимін. Ол менің ұйынатын имамым еді ғой, соған шәк келтірдім бе деп қорқамын. Немерелеріңізді сіздерге қолыммен табыс етуім керек еді, алда-рыңызда қызмет көрсетіп, жарқын жүздеріңізді көруім керек еді. Оған жете алатын емеспін, дәм-тұзым, көретін жарығым таусылған болса керек.

Марленнің сүйегі Берлин түбінде. Апрельдің жиырма бесінде көз жұмды. Атыс үстінде қайтты. Өзім қолыммен көмдім. Жарты ай жүріп басына құлпытас қойдым. Астына өзімнің атымды жаздым. Сіздерден бұл үшін де ғауа өтінемін. Егер баласы тірі болса, ат жалын тартып мінген соң іздеп барар. Ақшаны әдейі екі кітапшаға салдым. Бұл сіздерге сенбегендіктен емес, өзін сеніп тапсырғанда ақша не тәйірі? Ше-

шемнен де бірдеме қалыпты дегізу үшін істедім. Ол үшін мені айыптай көрмеңіздер. Кеудесі басқаның жаны басқа. Жаның басқа болған соң өлмей қалады екенсің. Сол күндері Баянша бірге өлгім де келді. Онымның әбес екенін ерте ұқтым. Сол ерте ұққаным да игі болды. Баланы туып, Марленнен тұяқ қалдырғаным орынды деп таптым. Онымның әбден дұрыс екеніне күн асқан сайын кезім жетіп, өзіме-өзім шын риза болдым. Бірақ Марленімнің (иемденгеніме кешірім сұраймын) өлімін көтере алмадым. Қайта баланы аман туғаныма таңданамын. Ауру болдым. Ауруым күйіктен болды. Неге ғана бірге, құшағым жазылмай қайтпадым екен деймін. Артынша Оразды ойлап, ол асылықтан қайта қоямын, әділмен аспайын деймін. Бірақ ауру меңдеп кетті. Ораз үшін-ақ өмір сүруім керек еді, ол қолымнан келмеді. Бір апталық өмірім қалғанға ұқсайды. Ол уақытта сіздерге жете алар емеспін. Соңғы үш айымды сіздерді іздеумен өткіздім. Сіздердің тұрағыңызды тапқаныма бір апта ғана болды. Соңғы күндерімді Оразды сіздерге жөнелту қамымен, сіздер келе алмағандай болса деген іспен өткіздім. Қара чemoдандағы пакетті есейген соң Оразға берерсіздер.

Ораз сіздің ұрпағыңыз, папа! Оны өзегіңізді жарып шыққан Марленнен кем көрмейтініңізді білемін. Бірақ Ораздың Марленге титімдей ұқсамағанына қатты өкіндім. Ол маған да, менің әке-шешеме де ұқсамаған. Мүмкін өздеріңіздің біріңізге тартқан болар. Бірақ ол кішкентай ұлды сіздерге қолыммен табыстай алмай арманда кетіп барамын. Оны «ата» дегізіп үйреткен болдым. Менің қазақшам қай бір көп адаммын, тілін өскен ортасы билеп кетті. Жастарыңыз келгенде сіздерді асыраудың орнына бастарыңызға бейнет салғаныма мың кешірім өтінемін. Қош, немерелеріңізді жеткізу үшін ұзақ өмір сүріңіздер! Сіздердің балаңыз — Балқия. 11 июль, 1950 жыл. Ленинград қаласы».

Ольга екеуіміз тағы да үнсіз отырмыз. Оның да, менің де ішіміз қайнап тұрғаны белгілі еді. Мына хат жүрегімізді суырып алып, есеңгіретіп кетті.

— Адам екен ғой, шіркін, маңдайға сыймаған екен. Бұл Советтің келіншегіне кері жаралған адам ғой,— деді Ольга. сол-қылдап ұзақ жылады. Сол күні көрер таңды көзбен атырдық. Інім, біз социализм орнаттық дедік. Өндіріс құрал-жабдығын ұлт мүлкі деп жариялап, бұл қоғамдық меншік десек болады деп ойладық. Адам психологиясын тәрбиелеу таз қалпында қалып қойды. Керісінше бұрын гимназияларда оқылатын әдет-ғұрып сабақтарын жүргізбедік. Адам мінез-құлқы бұрынғысынан көп өзгере қоймады. Жұрттың бәрі Балқия болып туа бере ме. Ал адам қайуан дәрежесінде тұрса, дүниенің молдығы не керек, оны сиыр сияқты таптап өтпес пе? Інім сонау отызыншы жылдары Балқаш бойында Балтағұл, Қожағұл деген екі пысық жігіт болды. Екеуі екі рудан Балтағұл Ыстыдан еді де, Қожағұл Жалайыр болатын. Екеуі де ауданның білдей бастықтары. Бір күні 12-ауылға ауыл Совет председателін жібермек болады. Екеуі де әрқайсысы өз туысқанын

еткізгісі келеді. Балтағұлдың адамын Қожағұл, Қожағұлдың адамын Балтағұл жібермейді. Бірде екеуі нараду тауып, ортақ бір адамға келіседі. Ол Бүкебай деген үстіңгі ерініне мерез түсіп, құрт жеп, жырық болып, қоян ерінденіп қалған кедей екен. Балтағұл туысқаны болса керек. Бірақ Қожағұлға да бір жекжаттық жақындығы бар екен. Балтағұл мен Қожағұл Бүкебай жырықты ауылдық Совет төрағалығына сайаап, үстіне алты қанат ақ үй көтеріп салыпты. Бір күні қысқа таман ауыл алты қанат ақ орданың шаңырағы ортасына түсіп қалғанын көріпті. Сөйтсе бәрін жұрт жасап береді, бастық болғанның жайы осылай деп екі жалқау — Бүкебай әйелі екеуі үйінде отыра беріпті. Жұрт отын әкеліп бермеген соң алдымен керегенің сағанақтарын жұлып алып отқа жағыпты. Сонан соң мына тұрған кішкене шаңыраққа жүз он уықтың керегі не деп, бір уықтан, бір шабықтан алып шетінен жаға беріпті. Ақыры шаңырақ ортасына түсіп, Бүкебай жырықты үй басып қалыпты. Көрдің бе, інім, адам психологиясына көңіл аудармағанның кесірін. Ал адамның бәрі Балқия сияқты санасы жетілген болса, шаңырақ ортасына түсер ме еді. Егер, інім, ең болмаса Бүкебайдың әйелінің шамалы ақыды болса жоғарыдағыдай жай болар ма еді. Әйел тауып алу оңай, таңдап алу қиын. Ал Марленім желінді келістіріп-ақ тапқан екен, амал не, ол біздің маңдайымызға сыймады. Бізде әйелге әйел деп қана қарайтын жаман әдет те кездеседі. Әрине, әйел әйел болуы керек. Бірақ оған тиісінше көңіл бөліп қамқорлық жасау керек. «Қарамасаң қатын кетеді, бақпасаң мал кетеді» деп аталарымыз жақсы айтқан. Әйел — бір шок гүл, оны уақтысымен еуғарсаң, күтсең нау тартып ашылып, мал тартып жетіледі. Назар аудармасаң шау тартып курай қалады. Біз, еркектер әр қайсысымыз батыр болып көріңгіміз келеді. Әйелді тыңдамаған боламыз, оның сөзін алмаймыз деп қампаямыз. Өтірік. Жанында жатқан әйелін тыңдамайтын, оның тіліне ермейтін адам кем де кем. Оның үстіне әйел тәрбиесін де қоядан бұздық. Оны жоғарыда айттым.

«Қатыннан хан да қорқады» дегенді естігенің бар ма? Жәнібек ханның кезінде ғұмыр кешкен Жиренше шешен Қарашаш сұлға қызыққан ханды ақылмен қатырғанын талай естіген боларсың. Оған Қарашаш сұлудың сүтін ішкізіп құтылған ғой. Хан Жиреншеден жеңіліп қалған соң бір күні оны кемітпек болып: «Қатын тілін алған, одан қорыққан адам адам ба» депті. Жиренше ол күні үндемей хан сарайынан аттаныпты да, араға күн салып, хан сөзін ұмыттырып жіберіп бірде келіп:

— Хан ием, дат! — депті.

— Датың болса айт! — дейді хан.

— Сіздің дүбірлеріңіздің бәрі қатыннан қорқады екен.

— Жоқ. Менде ондай нөкер жоқ. Егер менде ондай дүйір болса, егер олардың қатынынан қорқатынын дәлелдесең бір-бір қой айып ал! — депті хан. Жиренше хан сөзін құп алып кетсе керек. Арада апта өткеннен кейін бір қора қой айдап Жиренше хан ордасына келіпті.

— Қалай екен? — депті хан.

— Міне, бір қора қой әкелдім. Бәрі де қатынынан қорқады екен. Бірақ оны қойыңызшы, хан ием;— депті Жиренше.— Мен ел аралап жүріп тура сізге лайықты бір қыз көрдім.

— Өй, ақырын, қатын естіп қоймасын.

— Хан ием, ондасізден де бір қой! — депті Жиренше. «Қатыннан хан да қорқады» деген осыдан қалыпты. Халық мұны әлде- мысқылдап, әлде хан әтеуірін кемітпек үшін шығарған болар. Бірақ бұл әңгіменің төркіні әйеліңмен есептесуің керек, тым әуектей, көкірегіңді көтере берме деп тұр ғой. Қазақ көп халыққа қарағанда әйелді еркін ұстаған; Мысалы әйелдің жүзін жасырмауы, еркекпен араласып отыруы, қыздардың айттырып, атастырған күйеуін шануы, тағы тағылар: Бұл қазақтардың мақтануына болатын жайда шығар; Бірақ қазақтың әйелінің жүзін жасырып оңаша үйге ұстауына оған экономикалық-әлеуметтік жағдайы мұрсатта да бермеген. Өйткені жаугершілік, шапқыншылық көріп аббар көшіп, шет қонып жүргенде сол төртеудің бәрін ұстау мүмкін бе? Сондықтан да қазақ әйелі белін буынын, жеңін сұғынып, аяғына етік, басына күлә киіп, дауға да жауға да бірге барған. Ол өлсе бір шұқырда, тірі болса бір төбеде болуға, мамырасып жүруге мүмкіндік те, еркіндік те берген. Қазақтың сол қызының бірі Балқия арымен, адамшылығымен біздің ғұмырымыздың ең ардақты жерінен орын алды. Ертеңіне қара чемоданды ашқанда ішіміз қоса ақтарылғандай еді. Одан да бір пакет шықты. Оны баласына арнаған. Сыртында «оразға мамасынан» делініпті. Інім, бір газеттен мақала оқыдым. Онда адам өз баласын кәметке жеткізіп, ол он негізге толғанша жүз жетпіс мың — екі жүз елу мың сом жұмсайды депті. Менімше, інім ата-ананың балаларына, керісінше балаларының ата-анаға жұмсаған шығыны ешбір өлшемге сыймасы тиіс, ол ақшамен мөлшерленбеуі керек. Өйткені ата-ананың балаға айтқан бір «айналайыны» миллион сом тұрады десең көп болмайды. Бір Америка жазушысы өзінің көкірегін жарып шыққан баласына шығарған шығынын жөргекте жатқан кезінен оның жаялығынан бастап, он сегізге толғанға дейінгі шығарған шығынын жаза беріпті. Сөйтіп баласы он сегізге толған соң «мынаны төлейсің» деп есепті қолына беріпті. Қалай, шырағым, осы да адамшылық па? Міне, біздің қазіргі алдымызға әйтеуір, бедел, үлгі қылып ұстайтын бағыс елдерінің тәлімі! «Таздан жарғақбас туар, жаманнан малбақпас туар, соқырдан көрмес туар, сараңнан бермес туар» дейді қазақ. Егер осы мақал дұрыс болса, жоғарыдағы жазушыны көрген, одан туған бала не оңады, бала алдындағы әкенің құны қанша!? Ондай, баласына істеген жақсылығын ақшамен өлшейтін болса, онда ол баланы дүниеге несін келтірген!? Онда баланы туғызғанына да ақша алу керек шығар. Міне, жоғарыдағы әкені көрген бала не тебір, не жебір болмағанда тебіз бола ала ма!? Ал ержеткен соң кішкентай Ораз Балқияның хатын оқыса, ол оның өміріне азық

болады. Оны дана түгіл шала туған бала ақшаға айырбас-тамас болар. Миллион сомға берер ме ол хатты! Әсіресе көрмеген шешенің хатын торғайдың миындай миы бар адам ақшаға бағалар ма. «Оразға мамасынан» деген Балқия жазушының өзі балаға не тұрады! Неткен көрегендік, неткен батырлық. Өлетінін білген, санаулы күні қалған адамның осынша батылдық, батырлық жасауы, әй, екінің бірінің қолынан келмес. О, шіркін дүние!

Шұнақ шал батар күннің бетіне қарап, телміріп бір сәт отырып қалды. Тағы да сол қолының қарын уқалады. Ал аяғының сүйегі шығып тұрғаны білінбейді. Сол жақ етігінің қонышына қарадым, тігісі сөгілмеген, ақсамайды да. Өзінің маған айтқан сөзіне қарағанда ол ақсап жүруге тиіс еді.

— Інім,— деді Шұнақ.— Ольга Ұзынағаш мектебінде мұғалім, екі немересі де мектепте оқиды. Владилена он жылдық бітіріп Алматыға оқуға түсуге кетті. Биыл, інім, жылдың басында сонау Қаскелең жанындағы «Интернационал» деген ауылға бардым. Сонда бір туысканымның үйінде отырғанымда үстімізге үлкен ақсақалды кісі келді. Қапсағай, сақалы күректей, ірі адам екен. Кебісін шешіп мәсісімен төрге шығып отырды. Қанталаған үлкен көк кездері маған тесіле түсті.

— Шырағым, неге ақсап жүрсің? — деп сұрады.— Әлде сұлыбыңнан кем бе едің? Қатты ақсайсың ғой.

— Жоқ, соғыста аяғыма оқ тиген, сынған болатын. Сол шоқырайып бітті.

— Орнына түспеген шығар мен көрейінші.— Жасы жетпістен асып қалған адамға көрсетпеймін деуге ұялдым. Сол аяғымның етігін шешіп, сымымның балағын тіземе дейін түрдім. Шырағым, Қапал жолымен Ілеге қарай жүріп көріп пе едің? Егер жүрмесен жүрерсің. Сол Қапал жолында Ілеге жақындағанда сол жағындағы жазық далада жалғыз жота жатыр. Кішкене ғана аласа жота — Шошқалы керім далада жайылған жалғыз керіктей салқалау көрінеді. Менің жіліншігімнің үсті де жазыққа біткен Шошқалының жотасы сияқты шоқырайып тұр. Кейде аяғыма қарап, анау сынық сүйек терімді қалай тесіп кетпей тұр деп өзім де таңданыпмын. Басқанда жіліншігім сынып бара жатқандай жанымды көзіме көрсетеді.

— Қане, мына жерге келіп отыршы, анықтап көрейін,— деді ақсақал. Мен төрге оның сол жағына қатарласа-жанаса отырдым. Ол жіліншігімді сыйпап отырды, тобығыма дейін барды.

— Енді шалқаңнан жат,— деді. Ойымда түк жоқ, шалқалап жаттым. Шал аяғымды сыйпап отырып, аяғыма шақ дегізіп бірдемемен қойып қалды. Көзімнің оты жарқ ете түсті, «ойбай» деуге ғана шамам келді. Есім ауып кетті. Бірақ өзіме өзім тез келдім.

— Аяғыңды сындырдым, енді сынықты орнына саламын.

Шыдап жат, еркек бол! — деп зікінеді. Бірдеме деуге ұялдым. «Оны қайта салуды сенен кім сұрады» деген сөз көкірегімде сайрап тұрды.

Үйдің иесі Әбілқасым жаныма жақындап мен бірдеме деп қояды деді білем, үндеме дегендей ишара білдірді. Шал аяғымды әлі сыйпап отыр. Ол енді ештеме істемеді, сыйпай беретін сияқты. Қарауға шама жоқ. Шалқалап жатырмын. Шалдың қолында пышақ. Бірақ менің етімді оның сыртымен ысырып-сыйпап отырғанын байқадым. Әлден уақытта ол шүңірек көк көздерін маған қадады да:

— Енді ақсамайтын боласың,— деп жымыды. Ол үй иесіне қарап:

— Әбілқасым, алақандай екі тақтай тап, біздің үйден барып жеңгеннен сұра, бір кесім қазы берсін,— деді. Қозғалуға шама келмеді, басымды көтерсем жаным шығып барады. Әбілқасым әкелген қазыны аяғымның сынық жеріне салды да, үстіне май қағаз, оның үстіне мақтаны қалың салып, дәкемен орады. Оның үстіне жіліншігімнің үстіне біреуін, астына қалың етке біреуін екі тақтайды салып, енді қалың нәрсемен тартып тастады.

— Қозғалма, осы жерде жат! — деді. Үй иесі үстіме тон жауып қойды. Шал орнынан тез көтерілді де, аттап-бұттап үйден шығып кетті.

— Сені құдай жарылқады,— деді үй иесі.— Бұл атақты Түймебай тәуіп қой. Сәті түсті, сенің аяғыңда енді ақау қалмайды. Әбілқасымның сөзі қамшы болды, ұйықтап кетіпмін. Сол ұйықтағаннан екі тәулік ұйықтаппын. Көзімді ашсам, сол орнымнан қозғалмаппын. Бұл биылғы апрель болатын. Үш күннен кейін мені Ольга келіп алып кетті. Бір айдан кейін аяғым жазылды. Жара да жоқ, шоқырайған сынық та жоқ, ақсақтық та жоқ. Енді сап-сау адаммын. Міне, інім, адамға деген қамқорлық. Оқыған пәлен дәрігер тоғыз айда істемегенін оқымаған оташы сыпттып бір айда қалпына келтірді.

— Інім,— деді Шұнақ, әңгімені бітіргісі келді білем, батар күн бетіне тағы қарады.— Аяқ жазылып қалыпқа келген соң ауатқомге барып, әдейі осы колхоздың фермасынан жұмыс сұрап алдым. Енді мені бұрынғыдай екінші топтағы емес, үшінші топтағы мүгедекпін. Жұмыс істеуіме болады. Бұл ферманы неге сұрап алғанымды шамалаған боларсың. Соғыс талай ішегінің қырындысы кетпегендердің бетін ашты. Талай тап жауы тіріліп, ер-азамат азайғанын пайдаланып басшы қызметке өтіп алды. Біздің қоғамымызда санатта қашанда адам тұруы тиіс. Бірақ соғыстан кейінгі кезде адам өлімінен гөрі мал өлімі тез жоқталатын сияқты.

Бұл сөзім, інім, саған ұнамаған шығар. Бірақ шындық солай. Мен осыдан жарты ай бұрын Алматыға барып бір жолдасыма топырақ салып қайттым. Ол кеше айтқан Рахманқұл Райымқұлов еді он жетінші жылдан партия мүшесі, он алтыншы жылғы қара жұмысқа алынып; билетті ішкі Россиядан алған; Сол көшеде қайыр сұрап тұрып өлді, жарымай қайтты дүниеден. Әрине, шындық, әділет жеңбей тұрмайды. Әлі қатенің бәрі түзетіледі, кемшілік жойылады. Егер мен Коммунистік партияның ұстаған жолын аздап қана сезсем, мәселе ақиқатына шешілуі керек. Сен өзі «халық жауы» болып сотталып, партиядан шығып жүріп

те осыны айтып отыр, бұл шындыққа жанаспайды деп қарарсың. Жоқ, інім. Мен партияға сеніммен кірген кісімін. Мені, бұл жолдан ешбір күдіретті күш тайдыра алмақ емес. Неге?

Қазақ топырағында, жалпы адамзат баласының тарихында адамды жарқын дүниеге шығарғысы келген қайраткерлер көп болды. Қазақты да өз шаңырағын көтеремін, ел қатарына қосамын, басына бейбіт күн туғызып, бейқұтшылықта ғұмыр кешкіземін, басқаның тоқпағын жегіз-беймін деп, елім деп еңіреген ерлердің талайы арманына жете алмай кетті. Соның бір жарқын мысалын саған айтып берейінде осы әңгімені бітірейін. Күн де кешкіріп барады. «Кеш қатынын көжеге қаратты» дегендей. Әрине сенің жұмысың жұрттың ойын, пікірін, тіршілігін білу, одан қоғамдық пікір туғызу. Менімен әңгіме де соған кіреді. Дегенмен басқа арнайы тапсырма да болуы мүмкін. Сондықтан әңгімені аяқтау жөн. Сонымен халық аузында бар қағазда жоқ бұл бір әңгіме құлағыңа әлде тиіп, әлде тимеген шығар. Байқаймын сен де кәріқұлақты, кәртамыс бада сияқтысың. Айталық қазақтың қамшысының қанша таспадан тұруының да заңы бар. Соның өзі де жұрттың басын құрап, ел қылуға бағытталған. Қазақтың қамын жеген үш бірдей ұлы адамы Төле, Қазыбек, Әйтеке әрқайсысы өзіне қараған елінің басын құрау, жорғы ретінде қамшы жасатыпты. Бір күні қазақ халқының бесігі Қаратауда үшеуі бас қосып:

— Ал қалай болды? — дейді Төле Қазыбекке.

— Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Уақ, Керей алты арыс болғандықтан алты таспа қамшы жасаттым;— депті ол;

— Дұрыс,— депті Төле,— аты қасқатіс болсын. Ал сен ше?—дейді Әйтеке биге қарап.

— Мен ыңғайын келтіре алмадым,— депті ол. — Байұлы Әлім-ұлы, Жетіруды алайын десем үш-ақ таспа. Қатынның бұрымындай қамшы бола ма? Ал Байұлы онекі, Әлімұлы алты Әлім, төрт Шөмекей он, Жетіру жеті, бәрі жиырма тоғыз таңбаны қоссам, қамшы емес, дойыр болады. Сонан соң сіздермен ақылдаспақ едім.

— Өзің батыр елсің, саған дойыр лайықты,— деп қалжыңдапты қаз дауысты Қазыбек би.

— Қоя тұр, қалжыңды, ел болу ісі қалжыңды көтермейді. Жетірудың немесе Тама; Табын, Кердері, Керейт, Рамадан, Телеу Жағалбайлының басын қосатын жерің бар ма?

— Жоқ,— депті Әйтеке би.

— Ендеше болды ғой, жетеуі жетеу, Байұлы, Әлімұлы екеу, тоғыз таспа жаса! — депт Қазыбек.

— Олай етсем жетеуінің арасы алыстап кетеді,— дейді Әйтеке.

— Оның да жөн. Ойлан! — депті Төле би.

— Ойлан!—депті Қазыбек.— Ал сізде қалай болды? — деп Төле биге қарапты.

— Сегіз таспа!

— Неге алтау емес пе? — деп қосарлана айтыпты Қазыбек пен Әйтеке.

— Сегіз! — депті Төле би, — Тебейден тарайтын Қаңлы, Шанышқылы — екі, Ойсылдан тарайтын Сіргелі, Шақшам — екі, Үйсіннен тарайтын Ақсақал, Жансақал — екі. Бәрі алты.

— Болды ғой, — дейді Қазыбек.

— Жоқ, келіп үлкен үйден көже ішіп тұратын екі інісі — Ортаншы мен Кішіні есептеп екі таспа қостым, — дейді Төле.

— Төсекте басымды, төскейде малымды қосқан қайран бауырым! — деп Қазыбек би ағасын құшақтай алып жылап жіберіпті. Сонымен ұлы жүз ұстайтын сегіз таспа — бұзаутіс қамшы осылай шығыпты.

Көшпелі елдің билері бұдан әрі тәкбір жасап қазақтың басын қосады деп, Абылайға да қамшының таспасын санап ұстатпақ болыпты. Басқасы айқын болған соң Әйтекені шақырса, ол «жиырма тоғыздың бәрін қосамын» депті. Сонан соң Кіші жүз — жиырма тоғыз, Орта жүз — алты, Ұлы жүз — алты, бәрі қырық бір болыпты. Тәкбірлескен билер нараду тауып, қазақ біткен тегіс қосылуы керек деп төре, төленғұт, кожа, сұнақ деп төрт таспа, аталарымыз үш тектен құралған — сақ, ғұн, түркі деп оған үш таспа, бәрі қырық сегіз таспаға келісіпті. Ол машина жібіндей етіп тілініп, өзегіне жіңішке қа мысқа құйылған қорғасынды былғарыға орап салып, жыланбауыр етіп, жиырма төрт таспаның ізімен өріп Абылайға ұстатқан дейді. Көрдің бе, інім, сөйтіп қамшы салдауырлап ардақтаса да, Абылай қазақтың ел болуына ерен үлес қосқанымен басын тегіс құрай алмады. Сонау заманда өткен Тоқа, Тәттімбеттің күйлері күңіреніп халықтың мұң-зарын шерткенде ел бола алмай еңірегенін, егілген күйзелгесін бүгінгі күнге жеткізген жоқ па!? Бұл да олардың қазақты ел болып, басын біріктіруге үндегендігі, ұйыстырғысы келгендігі емес пе? Сонау Атырауда туған Құрманғазы Жетісуға келіп «Алатау», Арқаны кезіп «Сарыарқа» күйін шығарғаны еріккендіктің ермегі, серілік-салқамдықтың саяхаты емес болатын. Қазақтың сайқын кең даласында, Алатауда, Арқада елің, жерің бар, оларды да біле жүр, ол сенің емшектеп бірге туған қарындасың, қандасың, соның бірлігін, соның тірлігін ойлай жүр, жалғыз басы ит те күн көреді, сопа басынды ғана күйттеп, қорытпап кетпе деп тұр ғой. Соның бәрі өрісің бөлек болған мен өренің, ендірің тату болсын, түтінің түзу шықсын деді ғой. Бірақ армандарына жете алмай өксіп-өкініп, күйініп-күйзеліп кетті. Інім, қазақ жігіттің жеті түрі болады деп есептейді. «Әуелгі жігіт арыстан, несібесі алыстан» дейді. Мен ондай пыран киіп, пырақ мініп, жау түсірген, жұрт айран-асыр болатын асқан ерлік көрсеткен адам емеспін. Азамат соғысына да, Ұлы Отан соғысына да қатыстым. Екі рет жаралан-дым. Не үшін соғысқанымды білдім, оғым кімге тиіп жатқанынан бейхабар болдым. Соғыста сабаттағаным болса да самарқаулы-ғым, салғырттығым болған жоқ. Мен немістің «тигрін» тіліп түстім дей алмаймын. Демек, мен арыстандыقتан алыспын. «Екін-

ші жігіт данышпан, хабар алар ғарыштан» десе, мен оқуға қолын мезгілінен кеш сермеген, талабым болғанмен табандап оқи алмаған, оған мұрсат да берілмеген сауаты аз адаммын. Әлемнен хабар алар, жердің, аспаннан сырын ашар ғалым, инженер немесе астроном бола алмадым. Оқымаған кісіден ақылды адам шығуы мүмкін, данышпан шығуы екі талай. «Үшінші жігіт ғалисан, ғалисан деген сол болады, тілінің қызығы мол болады. Көрсетер көпті қызығы, ділінің болмас бұзығы» делінсе, бұл жерде діл деген көңілінде ешкімге деген қаяуы, кірбіңі жоқ, ақ жарқын, идеясы таза деген мағына атқарып тұр. Сөз жоқ, мен идеяма берік адаммын, ешкімге арамдық, алғалдық еткен емен, бірақ алдыңғы жағы менде жоқ. Ол бір қарқуардай асқан шешен, әлде жұртты уытты сөзімен, оңтайлы өнерімен ерітіп, елгітіп жіберетін жазушы, артист болса керек. Мен керісінше оған доғалдауым, шешендік, ақындықтан марқұммын. Ендеше үшінші жігіт те болмағаным. «Төртінші жігіт түз жігіт». Дәлірек айтқанда несібесі салымы ылғи түзден болатын, үйде жүргенінен түзде, яғни ат үстінде жүргені көбірек, елдің еркесі болмаса да серкесіндей дейтін жігіт деген сөз болуы керек. Ал білесің, шырағым, бізде бүгін бәрі еңбекпен келуге тиіс. Серке санды ат мініп сергелдең жолына түспегенмен селтендеп белсенді болған едік. Бірақ оның арты өкінішпен, өксікпен мұнасып, мұңға батқызып кеткен жайы бар. Оны әңгіменің өнбойында айттым. Сондықтан мен бұл түз жігіт те бола алмаймын. «Бесінші жігіт қыз жігіт», яғни қыздай мінезді, биязы, сырбаз. Бұл майыстырып, марапаттап сөйлеп жүріп-ақ дегеніне жететін, мәмілелеп отырып мән-мәнісін табатын жігіт деген сөз болар. Мен оған оу баста табиғат-тағдырым кері жаралған-ау деймін. Өйткені жетім қалып, кек сақтап, дық ұстап, күн көрісі күнелтуден аспаған адам қыз жігіт болуы қиын. Егер ондай болсам екі құлағым бүтін болар еді. Қыз мінез байларға қырын келмес еді, «тек жүрсең тоқ жүресің, домаланып көп жүресің» дегендей Ұлы Октябрь революциясы болғанша бай ауылда малшы-жалшы қалпында қала берер еді. Содан соңғы екі жігіт — «Зорға туған бір жігіт, сорға туған бір жігіт». Мен зорға туған да жігіт болмаймын. Өйткені бұл қыздардың «ой, жігіт болмай жидіп қал!» дейтін адамдары, яғни қолынан түк келмейтін, өзінің басын зорға алып жүретін біреу. Екі күн шолған әңгімеді естіп менің кешкен ғұмырымнан хабардар болған адам бұл топқа мені жатқыза қоймас. Ал «сорға туған» — тумысында, тіпті зарпынан біреуге масыл шығар. Тіпті ол ең жақсы болғанда өз сыбағасына өзі құлдық асатын мүскін болса керек. Ондай сорлы болмағанымды да екі күнде бажайлаған боларсың. Ондай сорлының «Жандосов жау болса, мен де жаумын» деу қолынан келе қояр ма екен!? Ол кез келген тіршілік иесінің алдына түсіп, құрдай жорғалап, сол ақ десе ақ, қара десе қара деп митындап, есекше баса берсе керек-ті. Мен бұл қазақ көрсеткен жетеудің біріне де жатпаймын. Мен жүрерде сүтіні, беті бар, айтарда өті бар, ардынамысты қолдан бермеген, «ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді» деген, ақиқат,

шындық жолында басы кетсе де бас тартпайтын большевик болдым. Коммунистік партия тапсырған істі екі айтқызған жоқпын, оны тек айтқандай ғана етіп тындыру-біткеру жеткіліксіз екенін де сүтіндеген, бағдарлаған, сезген адаммын. Сондықтан оны ақылмен, оймен, творчестволықпен, жасампаздықпен жүзеге асырып отырдым. Бар саналы өмірімді осыған бағыштадым.

Неге?

Жоғарыда айттым, інім, адамзаттың, қазақтың игі жақсылары жүз ойланып, мың толғанып, ақылын таусып елін ел қыла алмады. Ісірібі тоқтастан іргелі ел болу дәуірлер, ғасырлар бойы шешілмей келгенде, ежелден еркіндік аңсаған, бостандық жолына жанын қиған қазақты Ұлы Октябрь социалистік революциясы ғана бағаналы-байсалы ордалы, терезесі басқалармен тең ел етті. Бұрынғылар сөзімен қара тасты бауырдай балқытқан, аузымен құс ұстаған шешен, елінің ебейін батырға балаған көсем болса да коммунистік идеяны, оны жүзеге асыратын пролетариаты, оны теориялық жағынан қаруландырып, жарқын жолға бастайтын жұмысшы табының авангарды — маркстік-лениндік партиясы болмаған еді. Міне, інім, еліңді ел, өзінді ер, төбенді тау, бастауынды көл қылған, есіктегі басты төрге, халқыңды басқа жұртпен үзеңгі қағыстыруға жеткізген Коммунистік партияның идеясының жүзеге асуына соның бәрін біліп тұрып мен жанымды салмағанда кім салмақ!? Әрине, тыңнан салған жолда түйе тас, қой тас, шоқалақ болуы заңды, көп әділетсіздік, қиындық, сабыт болғаны да рас. Бірақ мен мәңгі осы жолдан ғана табылармын. — Шұнақ шал дүниені нұрға бөлеп, қызыл шұғыласын әлемге жайып тұрған күн бетіне қарады. Орнынан тұрды, Месті, дастарқанды жинап тастың қуысына тықты. Екі атты келіп ерттеді.

— Тартпасын мықтап тарттыңыз ба?

— Мен тартқан айыл босамақ емес! — Екі атта тым ширақ, шұнақ шал да тым қунақ еді. Аттар ілгері аршындай басты. Алдым-да ат үстінде отырған ағаның тұрпаты мен тұлғасы маған салбұрынға шығардағы тұғырдағы ақиық-мұзбалақ тау қыранындай елестейді. Ол бейненің ұлы Ленин типтес большевиктің бейнесі, Алатаудай мызғымас алып бейне екеніне құманым жоқ еді. Абақ ілгері тартып бара жатты...

ЭПИЛОГ

Сол елу үшінші жылдың күзінде Абақ Үйсінбаевтан хат келді. Ол дабыл бойынша «Көкөзек»- колхозындағы ферма менгерушісінің ауылшаруашылық Уставын бұзып жүргенін тексеріп мен «Токтыны коздатады, торайды жейді» деген фельетон жаздым. Арада ай өткенде артель Уставын бұзушының орнынан алынып, жауапқа тартылғаны туралы жауап та келді..

Арада зымырап бес жыл өтіп кетті Шұнақ шал да, тау үстіндегі әңгіме де ұмытылып кеткен болатын. Қоңыр күз еді, редакцияда отырғанмын. Есік тықылдап біреу кіруге рұқсат сұрады,

— Кіріңіз! — дедім мені Мойылдай қара костюм, ақ жейде, қызыл-қоңыр галстук таққан, таныс адам кіріп келеді. Артық еті жоқ сылыңғыр адам, екі езуі екі құлағында. Ғафу етіңіздер, құлағы біреу. Абақ Үйсінбаев.

— Мен сізді таныдым,— дедім мен.

— Мен де сені білдім,— деді ол сол қолының қарын бір уқалап қойып. Мен орындық ұсындым. Отырды. — Міне, енді мен сенімен, інім, тең отырып сөйлесетін партияның мүшесімін. Мені КПСС Орталық Комитеті шақырып, партиялық билетімді қайтарып берді, тура Москвадан алдым. Келе жатқан бетім осы...

Оның партиялығына, коммунистігіне менде зәредей шұба жоқ еді, ол Алатаудай айқын да, мәртебелі де еді.

1968—1980 ж.

“Ел-шежіре” қоғамдық қорының президенті
Дидахмет Әшімханұлы

АЛАТАУ
(роман-диптих)

Редакторы А. Алматықызы
Техникалық редакторы Д. Тікебай
Суретші Ж. Айдос
Компьютерде беттеген М. Шаяхметұлы

ИБ №91

Теруге 11.09.2010 берілді. Басуға 10.10.2010 қол қойылды.
Пішімі 84x108^{1/32}. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Times New Roman”.
Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 54,5
Есептік баспа табағы 59,0 Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс №

“Ел-шежіре” қоғамдық қоры. 050009. Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй, 517-кеңсе.

ЖШС “Жедел басу баспаханасы”
050030, Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 71.

Из личной библиотеки Балнур Кыдырбек
www.balnur-qydyrbek.com